ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АЙМАҚТЫҚ СӨЗДІГІ

ТІЛТАНЫМ



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайын К.Ш.

ТІЛТАНЫМ

- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (I-XV т.т.)
- Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі
- Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі
- Қазақ тілінің синонимдер сөздігі
- Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі (I-II т.т.)
- Қазақ тілінің аймақтық сөздігі (I-III т.т.)

ТІЛТАНЫМ

Серияның Бас редакция алқасы:

Көбей ХҰСАЙЫН, *төраға*
Әбдуәли ҚАЙДАР
Рәбиға СЫЗДЫҚ
Шора САРЫБАЕВ
Өмірзақ АЙТБАЕВ
Бауыржан ОМАРОВ
Нұргелді УӘЛИ, *төрағаның орынбасары*
Ғарифолла ӘНЕС, *жауапты шығарушы*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АЙМАҚТЫҚ СӨЗДІГІ

22 000 сөз

Жауапты редакторы
Ұлттық Ғылым академиясының академигі,
профессор Ш. Ш. Сарыбаев

АРЫС
АЛМАТЫ
2005

ББК 81.2 Қаз-923
Қ 18

Бұл туынды Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің тапсырмасы бойынша дайындалып, басылып шықты

Сөздікті құрастырушылар:
А (ф.ғ.д. Қалиев Ғ., ф.ғ.д. Нұрмағамбетов Ә.), Ә, М (ф.ғ.д. Қалиев Ғ.),
Б (ф.ғ.д. Нақысбеков О., ф.ғ.д. Құрманәлиев К., ф.ғ.к. Әлиев Ф.),
Г, Ғ (ф.ғ.д. Сарыбаев Ш., ф.ғ.д. Омарбеков С.), Д (ф.ғ.д. Омарбеков С.,
ф.ғ.к. Үдербаев А.), Е (ф.ғ.к. Үдербаев А., Иманбаев А.),
Ж, К, Қ, Х, Һ, І, Я (ф.ғ.д. Нақысбеков О.), З (ф.ғ.д. Нақысбеков О.,
Иманбаев А.), И (ф.ғ.д. Нақысбеков О., Иманбаев А.),
Л, Р, Т, Ч (ф.ғ.д. Сарыбаев Ш.), Н (ф.ғ.д. Нақысбеков О., Бисембаева Ж.),
О (ф.ғ.д. Нақысбеков О., Сағындықова Ф.), Ө (Бисембаева Ж., Исаева Г.),
П (ф.ғ.д. Сарыбаев Ш., ф.ғ.к. Әлиев Ф.), С (ф.ғ.д. Нұрмағамбетов Ә.,
ф.ғ.к. Үдербаев А.), У, Ұ, Ү (ф.ғ.д. Сарыбаев Ш., ф.ғ.к. Айтазин Қ.),
Ш (ф.ғ.д. Омарбеков С., ф.ғ.к. Есімболова М.), Ы (ф.ғ.к. Айтазин Қ., Исаева Г.)

Жауапты шығарушы:
ф.ғ.к. Үдербаев А.

Пікір жазғандар:
ф.ғ.д. Жанпейісов Е., ф.ғ.д. Жанұзақов Т.

Қ 18 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. –824 бет.
ISBN 9965-17-261-7

Қолыңыздағы сездікте қазіргі қазақ тілі диалектілерінің, оның ішінде жеке сөйленістерінің лексикалық ерекшеліктерінен мәлімет беретін 22 мыңнан аса сез қамтылып отыр. Бұл сездіктің бір ерекшелігі – құрамында сирек кездесетін фонетикалық, грамматикалық құбылыстарды қамтитын сездер де енгізілді. Сондай-ақ, сездікке Қазақстан аумағында жиналған материалдармен қатар Қытай, Монғолия, Ауған, Иран, Ресей, т.б. шет елдердегі қазақ диаспорасының тілін қамтитын деректер де пайдаланылды.

Сездік тіл мамандарына, ғылыми қызметкерлерге, жогары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, оқу-ағарту ісі мен мәдениет қызметкерлеріне және калың кепшілік қауымға арналады.

Қ 4602020400
00(05)-04

ББК 81.2 Қаз-923

ISBN 9965-17-261-7

© Тіл білімі институты, 2005
© Құраст. Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, К. Құрманалиев, А. Үдербаев, М. Есімболова, Г. Исаева, 2005
© «Арыс» баспасы, 2005

Алғы сөз

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алып, қолданыс аясының кеңеюіне байланысты оның қоғамның түрлі саласында қатынас құралы қызметін атқару сапасына ерекше назар аударылып отыр. Яғни тіліміздің лексикасының әлеуетін, оның қолданылу сапасын, қоғамымыздың тілтанымдық мәдениетін арттыру мәселелері тек қана тіл мамандарының емес, сонымен бірге жалпы республика зиялы жұртшылығының алдына тартылғаны мәлім.

Осы орайда қазақ тілінің әдеби және бейәдеби қолданыстарын ажырату, соңғысындағы жергілікті ерекшеліктерін саралауға көмекші бола алатын әдеби нормадағы қолданыстардың баю көздерінің мол қазынасын жинақтаушы диалектологиялық сөздіктер шығару қоғам сұранысына жауап береді.

Қай тіл болмасын оның құрамында үйреншікті норма болып қалыптасқан жалпыхалықтық деңгейде қолданылатын баршаға мәлім түсінікті әдеби сездермен қатар сөйлеу тілінде көне тілдің көрінісі ретінде сақталып қалған ертедегі тайпа тілдерінің қалдықтары, қазақ халқының әр дәуірде іргелес, көрші жатқан халықтармен қарым-қатынасын көрсететін ауыс-түйіс сөздер де кездеседі. Бұлардың ішінде ескі жазба ескерткіштерде кездеспейтін, әдеби тілде қолданылмайтын, белгілі бір аймақ тұрғындары тілінде ғана сақталып, сол өңірге тән тілдік ерекшеліктер ретінде көнеден қалыптасқан және кейінгі кезде пайда болған бірліктер бар. Жинақталып сараланған мұндай тілдік ерекшеліктер қазақ тілі тарихының маңызды мәселелерін айқындауға, сондай-ақ туыстас түркі тілдері мен өзге де тілдердің тарихына қатысты кейбір мәселелерді шешуге бай материал бола алады.

Осы материалдарды жинақтау мақсатымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 1950 жылдан бері диалектологиялық экспедициялар ұйымдастырып келеді. Сол экспедицияларда зерттеушілердің жиып-терген материалдары негізінде диалектологиялық жинақтар, монографиялық еңбектер, мақалалар мен сөздіктер жарық көрді.

Аймақтық ерекшеліктерді сөз еткенде ең алдымен қазақ диалектологиясының, оның ішінде аймақтық лексикографиясының негізін қалап, әрі қарай дамуына зор үлес қосқан проф. С.Аманжолов пен Ж.Досқараевтың есімдері ерекше аталу керек. С.Аманжоловтың 1959 жылы орыс тілінде басылып шыққан «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» деген монографиясының соңына тіркеліп берілген 4000-ға жуық сөзді қамтитын сөздігі мен Ж.Досқараевтың 1955 жылы жарық көрген 1500-ге жуық сөзді қамтитын «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (Лексика)» атты еңбегі қазақ диалектологиясы саласы бойынша құрастырылған алғашқы сөздіктер еді. 1969 жылы «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» деген атпен 6000 сөзді қамтитын бір томдық ұжымдық еңбек жарық көрді. Бұдан кейін де іздестіру жұмыстарының нәтижесінде үш томдық сөздік шығару жоспарланып, оның бірінші және екінші кітаптары басылып шықты. Жоғарыда аталған сөздіктердің негізінде және соңғы 10-15 жылдарда жүргізілген диалектологиялық зерттеулердегі, жарияланған мақалалардағы материалдардың басын қосып, толықтырудың нәтижесінде жаңадан 22 мыңнан асатын сөз бен сөз тіркестерін қамтитын «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» тұтас бір кітап түрінде оқырман назарына ұсынылып отыр.

Сездікті құрастыруда көп жылдар бойы диалектологиялық экспедицияларға қатысып, Тіл білімі институты жанындағы диалектология бөлімінің картотекалық қорын үнемі толықтырып отырған диалектологтердің, жоғары оқу орындарында қызмет істеп жүріп диалектология

саласы бойынша диссертациялық еңбек жазған, сондай-ақ шет ел қазақтарының тілін зерттеген ғалымдардың зерттеулері де пайдаланылды.

Сөздікке Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Ресей федерациясындағы, сонымен қатар алыс шет елдер Монғолия, Қытай, Ауғанстан, Иран елдерінде орналасқан қазақтардың тілі бойынша едәуір көлемді материал енгізілді. Бұрын жарық көрген диалектологиялық сөздіктерде Қазақстан территориясынан тыс жерлерде қоныстанған қазақтардың тілдік ерекшеліктері аз қамтылған еді. Ал ұсынылып отырған аймақтық сөздікте шет елдердегі қазақ диаспорасы бойынша материалдар тыңнан қосылып отыр. Сөздіктің атының да «Диалектологиялық» емес, «Аймақтық сөздік» болуы осымен байланысты. Өйткені Қазақстан жеріндегі сөйленістермен қатар, белгілі бір тілдік жағдайда өзге аймақтарда, өзге тілдік ортада езіндік жазбаша және ауызша да әдеби нормаларын қалыптастырып, өз бетінше дамып келе жатқан қазақтардың тілінің мәртебесін тек сөйленіс, диалект деген-нен гөрі а й м а қ т ы қ т і л деп атауға тура келеді. Мұның мысалы ретінде өз жазу-сызуы, сөйлеу тілі негізінде нормаланған аймақтық әдеби тілі қалыптасқан Монғолиядағы, Қытайдағы қазақтардың тілін келтіруге болады.

Әдеби тілде қолданылмайтын сөздердің бәрін диалектизм, аймақтық сөздер, жергілікті ерекшеліктер қатарына жатқызуға болмайтыны белгілі. Өйткені олардың ішінде кітаби сөздерге, қарапайым, тосын (окказионализмдер) сөздерге, варваризмдерге жататындары кездеседі. Аймақтық сөздерге әдеби тіл нормасына жатпайтын таралу шегі белгілі бір аймақ шеңберімен шектелетін бейәдеби қолданыстар жатады. Бұлар, яғни аймақтық сездер, жергілікті ерекшеліктер әдеби тілді байытудың сөзжасам арқылы жаңа сөз тудыру, көрші тілдерден сөз алу және т.б. сияқты бірнеше жолдарының бірі. Қазақ диалектологиясы бойынша тұңғыш мақала жазып, «жергілікті ерекшеліктер» деген атауды алғаш ұсынған Ж.Аймауытұлы әдеби тілді байыту үшін көрші тілдерден сөз алудан бұрын оларды өз тілімізден іздеп табу жағына ерекше көңіл бөлген. Автор *жетек, тәрте* түрғанда *әглөтті* (орысша *оглобля*), *ершік* түрғанда *сөделкені* немесе *мая, шөмеле* түрғанда *іскіртті* (ор. *скирда*) қолдануды теріс деп есептеген (*Ж. Аймауытұлы.* Тіл туралы // Еңбекші қазақ, 09.03.1926). Әрине, жергілікті ерекшеліктерді бет алды әдеби тілге тоғыта бермей, белгілі бір принципті ұстану керек. Диалектілік сөздердің әдеби тілді байытатын немесе байытпайтын, керісінше бұлардың құрамында әдеби тілге ену мүмкіндігі шектеулі сөздер де бар.

Осы жағынан Ж.Аймауытұлының ұсынған принципін ұстана отырып, диалектілердің құрамындағы әдеби тілді шұбарлайтын сөздермен қатар оны байыта түсетін сөздердің де молдығын назардан шығармаған жөн. Бұларға аймақтық сипат алғанымен әдеби тіл құрамына ене қоймаған түрлі шаруашылық салаларында қолданылып жүрген кәсіби сөздерді жатқызуға болады. Олардың ішінде мақта, балық, бау-бақша, мал, диқаншылық, т.б. шаруашылық, кәсіппен байланысты әдеби тілде баламасы жоқ көптеген сөздер кездеседі. Мәселен, оңтүстік аймақтарда әдеби тілге ену әлеуеті жоғары қауынның 20, арық-атыздың 15 түрлі атаулары бар. Тек түйенің өзіне ғана байланысты қолданылатын жалпыхалықтық сипатқа ие болмаған ондаған атаулар кездеседі. Мысалы, күні кеше ғана белгілі бір аймақ көлемінде қолданылған *шабандоз, диқан, мұрап, дуал, зембіл, арасан суы, дәліз* сияқты сөздер әдеби тіл қорына еніп отыр. Сол себепті *көсек* – мақта түйнегі; *өттік* – қармақтың тілі; *жұтпа* – үлкен қармақ; *гүлше* – гүл шығара бастаған мақтаның шанағы; *күләбі, болбол, қызыл ұрық* (қауын аттары), т.б. көптеген сөздер жалпыхалықтың игілігіне айналдыру мақсатымен сөздікке енгізілді. Олардың көпшілігі қазіргі қазақ әдеби тіліне ене бастаған келешегі мол сөздер. Келешекте *лөтта* (макулатура), *көрәм* (капуста), *пендір* (брынза), *жеңсе* (нарукавник), *лоңқа* (банка), *шаңғалақ* (өріктің сүйегі), *қаудан* (кочан), *нәскүрік* (рубанок), *метей* (ағаш шелек), *жозы* (аласа дөңгелек үстел), *айлақ* (бухта), *балбауырсақ* (печенье), *бармақнан* (галушки) сияқты әдеби тілге сұранып тұрған сөздерді түрлі әдеби сөздіктерге батыл түрде енгізіп, тұрақтандырып, көпшіліктің игілігіне айналдыруымыз керек. Мұндай сөздерді жиып-теріп әдеби тілдің қажетіне, кәдесіне жаратпасақ, олар не аймақтық, не әдеби тіл сөздіктеріне енгізілмесе, онда бара-бара ұмытылып, тілдік қордан шығып қалуы мүмкін.

Сондықтан Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі, сонымен бірге қазақ жұрты тараған басқа мемлекет территориясындағы бір аудан не бір облыс көлемінде ғана айтылатын, көпшілікке беймәлім, бірақ әдеби тіл терминологиясын байытуға қажетті сөздерді жарыққа шығарып, әдеби тілге енгізу арқылы көпшілік қауымның игілігіне айналдыруда бұл сөздіктің пайдасы мол.

Сөздікте тіл білімпаздарына, әсіресе тіл тарихы, тіл мәдениеті, этимология, лингвогеография, текстология мәселелерімен шұғылданып жүрген мамандарға, сөздікшілексикографтарға қажетті тың, соны материал ұсынылған.

Сөзтізбеде берілген жер ерекшеліктерінің, ландшафт, есімдік пен жануар, ауру түрлерінің және т.б. халықтық атаулары тіл мамандарына ғана емес, жаратылыстану ғылымдарының мамандарына да, сонымен бірге ақын-жазушылар мен публицистерге, тарихшы-этнографтар мен өнертанушыларға да қызықты дерек бола алады. Сондай-ақ сөздікті жоғары оқу орындарының студенттеріне, мектеп оқушылары мен тіл үйренушілерге көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Сөз соңында «Арыс» баспасының тәжірибелі аға редакторлары Ғ. Молдамұратов пен Ш. Әлдибекұлына осы жұмысты баспаға дайындауға белсене қатысқандары үшін алғыс айтамыз.

Сөздіктің құрамы мен құрылысы

Сөздіктің негізгі құрамына әдеби тілде қолданылмайтын, норма болып қалыптаспаған белгілі бір таралу шегі (изоглосы) бар аймақтық сөздер (диалектілік лексика, лексикалық диалектизмдер) енді.

Сөзтізбеде (реестр) мына сөздер көрсетілмеді:

а) әдеби тілде норма болып қалыптасқан жалпыхалықтық сөздер *(ағаш, адам, жер, отыру, күлу, т.б.)*;

ә) құрамында түрлі жалғаулар кездесетін сөздер *(барасыңыз, келесіңіз, арбамынан)*;

б) құрамында өте кең тараған әрі жиі кездесетін фонетикалық ерекшеліктері бар сөздер (*чал, чапан, малчы, чыбыртқы, джалчы, джаңа*, т.б.). Бұлар лексикалық диалектизм деп танылып отырған сөздердің құрамында кездессе ғана есепке алынады (*чорағай* – балықтың шортаннан кіші түрі, *чоң* – үлкен, зор, *чаландату* – сирету, *чарық* – қайрақ, т.б). Ал дыбыстардың түсіп немесе сақталып қалуы, кірігіп кетуі, орын ауыстыруы, сөздердің жуан-жіңішке айтылуы сияқты фонетикалық ерекшеліктерді сирек кездесетін құбылыстар болғандықтан, сөздікке енгізуді мақұл көрдік (*еге* – ие, *құмған* – құман, *жоңыршқа* – жоңышқа, *жасыт* – жасты, *кигіз үй* – киіз үй, *аштау* – ащы, *әсілі* – асылы, *адауыр* – едәуір, *әбіржу* – абыржу, т.б.);

в) жалпыхалықтық сипаты бар кәсіби сездер (*жүгері, қарбыз, қауын, мақта, шортан, күнбағыс*, т.б.);

г) кейбір қарттардың тілінде сақталып қалған кітаби тіл элементтері (*уа һәм гәйри, ләкін, мілләт, ғаділ, мәзкур, ғұмыр*, т.б.);

ғ) әдеби дублеттер мен әдеби-қарапайым дублеттер (*егер – әгәр, себеп – сәбәп, фікір – пікір, разы – риза – ырза*, т.б.);

д) топонимика мен ономастика топтарына жататын сөздер.

Реестрлік сездерді іріктеуде құрастырушыларға қиындық келтірген жай – жарыспалы сөздер мәселесі. Әр түрлі диалектілерде, аймақтық тілдерде қолданылатын сөздердің бір сыңары да әдеби тілде норма болып қалыптаспай, екі немесе бірнеше вариант күйінде жарыспалы түрде қолданылып жүрген фонетикалық және лексикалық дублеттер көп.

Осыған орай тіліміздегі фонетикалық, лексикалық дублеттер үш топқа бөлінді:

1) **Ә**деби дублеттер (бұл топқа изоглостық шегі жоқ, бірақ әдеби тілде қатар, жарыса қолданылып жүрген сөздер жатады. Мысалы: *разы // риза // ырза; жалғыз // жаңғыз; залал // зарар; мысалы // мәселен*, т.б.);

2) Әдеби-қарапайым дублеттер (бұл топқа бір сыңары әдеби тіл нормасы ретінде анықталып, екінші сыңары қарапайым сөз дәрежесінде қалып қойған *себеп // сәбәп; егер // әгәр; еден // иден; уәде // уагда; мысалы // мисалы* сияқты сөздер жатады).

Әдеби дублеттер мен әдеби-қарапайым дублеттер де диалектизмдерге қатысты болмағандықтан, олар сөздікке енгізілген жоқ.

3) Әдеби-диалектілік дублеттердің алғашқы екі топтағы дублеттерден айырмашылығы – мұнда белгілі бір изоглостық таралу шегі болады. Олар әдеби тілге қатысына қарай ішінара екі топқа бөлінеді:

1) әдеби варианты анықталған дублеттік қатарлар. Бұл топқа жататын дублеттік қатардың бір сыңары әдеби тілде норма болып қалыптасып, қалғандары диалектизм дәрежесінде ғана қолданылады. Мысалы, *жүгері // борми // көмбеқонақ* сөздерінің алғашқы *жүгері* сөзі әдеби тіл нормасы да, қалғандары аймақтық соз екендігіне ешбір дау болмаса керек. Сол сияқты *кебек // ұрпақ // буызы // күрпі* деген синонимдік қатардағы алғашқы *кебек* сыңары алынбай, тек диалектілік сыңарлары алынып отырды;

2) әдеби варианты анықталмаған дублеттік қатарлар. Бұған әдеби компоненті анықталмаған, сыңарлары әдеби тілде қатар қолданылып жүрген синонимдік қатарлар мен фонетикалық дублеттер жатады. Мысалы: *әтеш // қораз; атауыз // кемпірауыз // тістеуік; сақпаншы // сақманшы; палуан // балуан; пияз // бияз; әтір // иіс су // иіс май; көкейтесті // көкейкесті; басқалай // басқадай*, т.б.

Бұл дублеттік варианттардың қай сыңары әдеби тіл, қайсысы диалектизмге жататынын анықтау қиын. Олар әдеби тілде қатар, жарыса қолданылып жүрген сөздер. Сондықтан мұндай аймақтық дублеттердің бәрі де сөздікке енгізілді.

Әдеби тіл лексикасының белгілі бір бөлігі әлі де болса қалыптасу, баю, өсу, жетілу үстінде екенін және екі тілді сөздіктерді, терминологиялық, түсіндірме, әсіресе, орфографиялық сөздіктерді құрастырушылардың қолында мұндай нұсқалардың бәрі болу қажеттігін ескерсек, дублеттік варианттардың түгелдей аймақтық сөздікке сңгізілуі орынды сияқты.

Кейде дублет-варианттарды семантикалық дифференциация арқылы әрбір сыңарына жекежеке мағына беріп, екеуін екі түрлі мағынада жұмсау арқылы кәдеге жарату – әдеби тіл дәстүрінде бар нәрсе. Мысалы, *ілім* – учение, *ғылым* – наука, *білім* – знание; *салыстыру* – сравнение, *салғастыру* – сопоставление; *өкімет* – власть, *үкімет* – правительство; *жиналыс* – собрание, *жиылыс* – сбор. Осы сияқты әр жерде, әр өлкеде бір мағынада айтылатын бірсыпыра сөздердің бірін алып, екіншісін тастамай, мағыналық дифференциация үлгісімен әдеби тілге жарату мүмкіндігін пайдалануға болады. Мәселен, *одеколонды* да, *духиді* де оңтүстікте *әтір* десе, батыста *иіс су*, солтүстікте *иіс май* дейді. Осы сыңарлардың бірін алып, бірін тастамай, мағыналық дифференциация принципі негізінде әдеби тіл қажетіне пайдалануға әбден болар еді. Сол сияқты *биялай* мен *қолғап* создерінің бірін *варежки*, екіншісін *перчатки* мағынасында тұрақтандырған жөн.

Орыс тілінде қысқаштың әр түрін білдіретін, әрбіреуінің дербес мағынада қолданылатын *клещи, кусачки, плоскогубцы, шипцы* сияқты сөздер бар. Қазақ диалектілерінде қысып алатын құралдың аттары *кемпірауыз* (оңтүстік), *атауыз* (батыс), *тістеуік* (солтүстік), кей жерде *қысқаш, балықауыз* түрінде кездеседі. Олардың бірін алып, бірін тастамай, орыс тіліндегідей әрбіреуіне жеке мағына беріп қалыптастыруға әбден болар еді.

Енді сөздіктің құрылысына тоқталар болсақ, ең алдымен, бас сөз ретінде реестрлік сөз берілді. Егер оның дублеттік варианттары болса, қоса берілді. Одан кейін іле-шала жақшаның ішінде сол сөздің жазылып алынған облысы мен ауданының аты көрсетілді. Бұдан түсіндіріліп отырған сөз тек сол ауданда ғана қолданылады, басқа көрші аудандарда не көрші облыстарда қолданылмайды деген ұғым тумауы керек. Өйткені бұл мәлімет реестрдегі сөздің таралу шегін емес, ол сөздің жазылып алынған ауданын ғана көрсету мақсатымен беріліп отыр. Сөздің таралу шегін, изоглосын көрсету – диалектологиялық атластың міндеті. Сөздікті пайдаланушы оқырмандардың бірқатары жақша ішіндегі географиялық атауларды көріп отырып, бұл сөз біздің жақта айтылмайды, қолданылмайды деуі мүмкін. Мұндайда төмендегі

жағдайды ескеру керек. Тіліміздегі диалектілер – тарихи категория. Ондағы ерекшеліктер заман өткен сайын бірқатары әдеби тілге етіп, жалпыхалықтық сипат алады, ал бірқатарының әдеби тілде баламасы болмағандықтан бірте-бірте ұмытылып, қолданыстан шығып қалып отырады. Олар аға буын өкілдерінің арасында немесе ертеректегі жазба нұсқаларда ғана сақталып қалуы мүмкін. Мысалы, Батыс өңірдегі үлкен кісілер сөйленісіндегі *барасыңыз, келесіңіз* (барасыз, келесіз), Шығыс Қазақстан жағында *баргайы, келгейі* (баргалы, келгелі) немесе кейбір аймақтарда *бөрдек* (ертеректе құдықтан су алу үшін теріден не кенептен істелген шелек сияқты ыдыс), *киіз үй* (киіз үй), *пысыру* (пісіру), *ырамат* (көне салықтың бір түрі), т.б. сақталып қалған ерекшеліктерді жастардың білмеуі де, қолданбауы да мүмкін.

Географиялық деректерден кейін реестрдегі сөз әдеби тілдегі балама синоним сөздермен түсіндірілді. Егер әдеби тілде бұл сөздің баламасы болмаған жағдайда онда реестрлік сөз баяндау түрінде бірнеше сөзбен немесе диалектілік синонимі арқылы (әрқайсысынан кейін жақшаның ішінде қ. белгісі қойылып отырып) түсіндірілді де, экспедиция материалдарынан мысалдар келтіріліп, соңында жақша ішінде сол мысалдардың қай жерден жазылып алынғандығы жөнінде географиялық деректеме көрсетілді. Одан кейін көркем әдебиет пен мерзімді баспасез материалдарынан алынған мысалдар берілді. Кейбір сөздер мен сөз тіркестерінің сөздік мақалаларының соңында жаңа жолдан қоршаудың ішінде ескі түркі жазба ескерткіштерінен, түркі және өзге де араб, парсы, монғол сияқты т.б. тілдерге қатысты қосымша этимологиялық деректер беріліп отырды.

Жергілікті тұрғындар тілінде кездесетін мақал-мәтел, жұмбақтар да мысал ретінде пайдаланылды. Мысалы: *Бозбайтал* – есекші: *арадағы б о з б а й т а л, андағыны мұнда айтар, мұндағыны анда айтар. Жап* – арықтың кішірек түрі: *жылай-жылай ж а п қазсаң, күле-күле су ішерсің. Құмған* – құман: *меш алдында қ ұ м г а н, екі көзін жұмған* (шешуі – мысық); *Пияда* – жаяу адам: *өзі түйе үстінде жүріп, п и я д а г а бұқ дейді*, т.б. Мұндай материалдарға қоса сездікке мысал ретінде фольклорлық шығармалардан мысалдар да келтірілді.

Диалектілік тіркестердің құрамындағы сөздер әдеби тілде жеке, дара тұлғада қолданылғанымен, сөз тіркестерінде ғана диалектілік мағына беретін болса, онда ол тіркестер лұғаттық сез ретінде жеке реестрге шығарылды. Мысалы, *жұмыс жасау; не зат?; жер шығып кету; қаза біту; я ма?*, т.б.

Егер сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің құрамында кездесетін аймақтық сөздер сол өз алдына жеке мағынаға ие болатын болса, онда жеке реестрге шығарылды да сол тіркес, мақал-мәтелдер мысал ретінде лұғаттық мақаланың ішінде келтірілді.

Омоним сөздер мен көп мағыналы сөздер басқа сөздіктердегідей берілді. Егер жеке сөз бір жердің езінде 2-3 түрлі нұсқада айтылса, онда бір реестрге шығарылып, араларына параллель белгісі [//] қойылды. Мысалы: *айырмақ//айырмақшылық; анжы//әнжі; аңаза//аңыза*, т.б. Егер ондай варианттар бір аумақта ғана емес, әр аймақта қолданылған жағдайда олардың әрбіреуі жеке реестр ретінде берілді.

Бұрынғы шыққан диалектологиялық сөздіктерде келтірілген бірқатар жер-су атаулары, облыс пен аудандардың, кейбір ауыл, селолардың аттары кейінгі 10-15 жыл ішінде Ономастикалық комиссияның ұйғаруымен едәуір өзгеріске түсті. Біраз атаулар қысқарып, енді бірқатарының территориялық аумағы өзгертіліп, өзара қосылып біріктірілді. Алда әлі қанша жаңару-өзгертулер күтіп тұрғаны белгісіз. Егер солардың барлығының жаңа атауларын езгерген түрінде енгізсек, онда нақты деректік мәліметтерге, филологиялық дәлдікке нұқсан келеді. Осы жайларды ескеріп, құрастырушылар создіктегі жер-су, аудан, облыс, село, ауыл атауларының көбін бұрынғы диалектологиялық сөздіктерде берілгендей, халықтың ұғымында сақталған түрі бойынша қалдыруды жөн көрді.

Академик *Шора САРЫБАЕВ*

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

А а	Ә ә	Б б	В в	Г г
Ғ ғ	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж
З з	И и	Й й	К к	Қ қ
Л л	М м	Н н	Ң ң	О о
Ө ө	П п	Р р	С с	Т т
У у	Ұ ұ	Ү ү	Ф ф	Х х
Һ һ	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ
Ъ ъ	Ы ы	І і	Ь ь	Э э
Ю ю	Я я			

А

АБА (Ауғ.; Ир.) жеңсіз шапан.

АБАДАН (ҚХР) қасқыр әуегінің (үйірінің) бастаушысы. *Қасқырдың а б а д а н ы әуегіндегі басқа қасқырлардың атасы да, мықтысы да болса керек. Ау, бөрілер, бөрілер, Бөрімін деп жүрерлер. Әу, бірінің баласы алтау болар, бес болар, Ішінде а б а д а н ы бір болар. А б а д а н н а н айрылса, Олардың әрбіреуі әрбір итке жем болар* (Жиембет жырау).

АБАДАНДЫҚ (Қарақ.) байлық.

АБАДАНШЫЛЫҚ (Қ.орда, Арал) жақсылық, жетісушілік, жабдықталған. *Октябрь революциясынан кейін бізге а б а д а н ш ы л ы қ болды. Біздің шаруашылық, тұрмысымызда да а б а д а н ш ы л ы қ көп* (Қ.орда, Арал).

[Әзірбайжанша *абад*: 1) ел қоныстанған; 2) жабдықталған (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 33); түр. *абадан*: 1) жақсы жабдықталған; 2) гүлденген мағынасында қолданылады (Тур.-рус. сл., 1977, 19); өзб. *ободонлик* немесе *ободончилик* жақсы жабдықталған; ел қоныстанған дегенді білдіреді (Узб.-рус. сл., 1959, 293). Осы тілдегі соңғы *ободончилик* көрші отырған қазақтар тіліне ауысып, *абаданшылық* түлғасында қалыптасқан. *Абадан* түлғасын біз көрсеткен мағыналарда ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен де кездестіреміз. Онда бұл сөздің төркіні парсы тілі екендігі белгіленген (ДТС, I)].

АБАЖА[1] (Түрікм.: Кенеүр., Таш., Тедж.) үлкен кебеже. *Бізде а б а ж а д а ыдыс-аяқ, ауқат сақтайды* (Түрікм., Көнеүр.).

АБАЖА[2] (Гур., Маңғ.) үлкен. *Ендеше, мынау күнде-күнде жатып-өріп жүрген а б а ж а бөлме...* (Ә. Кекіл., Құс қан., 29).

АБАЙ (Орал: Жымп., Шыңғ.) ынта, ықылас, зейін. *Әрине, а б а й қойып оқымаса, түсіну қиын* (Орал, Жымп.). *Үйден шаршап барып, кластағы сабаққа да дұрыс а б а й ы н, ырқын тоқтатып тыңдай алмайды* («Қ. ту», 8.06.1941).

АБАЙ-ҚОҚАЙ (Орал, Жөн.) қоқан-лоқы. *Қабдыр а б а й-қ о қ а й м е н қорқыта алмайды* (Орал, Жөн.). *Бұрын Жоңғарға алыстан а б а й-қ о қ а й жасап қояды екен, қазір қол жиып кеп соғысып жатқан түрлері бар сияқты* (Ә. Кекіл., Үркер, 172).

АБАЙМА (Қар.) шен темір.

АБАҚ[1] 1. (Қ.орда, Арал) жылымның (қ.) екі басына байланатын қысқа ағаш (жылымның екі арасын керіп түрған ағаш); жылымның бір бөлегі. *А б а қ жылымның арқаны оралмауы үшін байланады* (Қ.орда, Арал). *Қыс болса имеңдеп прагон айдап, жаз болса қайықпен а б а қ жағалап, шырышты* (қ.) *қолын судан шығармайтын қызу еңбек майданы басталады* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 266). Орысша *абака* (Рус.-каз. сл., 1951). Жылымның бүл белігі Каспий балықшылары тілінде *кілəш* делінеді (ҚТТДМ, 1-шығ., 116). 2. (ҚХР) ау түбіндегі дорба.

АБАҚ[2] (Сем.: Абай, Шүб.; ҚХР) түрме, абақты. *Сығалап қана қарар саңылауы, ас құйған аяқ қана сыяр тесігі бар бітеу тас а б а қ* (М. Мағ., Алас., 507).

АБАҚОҢЫР//ӘБЕҚОҢЫР (Қост.: Торғ., Аман.) орташа күй. *Сенің атыңның а б а қ о ң ы р күйі бар* (Қост., Аман.). *...атағы шыққан зергердің алдына мал түспейді емес, бірақ сол баягы төрт қанат шатпа, көк ала түтін, ə б е қ о ң ы р күн көріс* (Ә. Кекіл., Үркер, 482).

АБАҚЫ[1] (Шымк., Арыс) түрме, абақты. *А б а қ ы д а да жатты* (Шымк., Арыс).

[Өзбекше *авахта*, ал осы тілде оның ауызекі қалпы *авакти* (Узб.-рус. сл., 1959, 20). Өзбектермен іргелес қоныстанған қазақтар осы сөздегі *т* дыбысын түсіріп айту нәтижесінде *абақы* пайда болған].

АБАҚЫ[2] (ҚХР) қорадағы малды тілкөзден, сүқтан қорғап түрады деп қойылатын қарақшының бір түрі.

АБАЛАҚТАУ (Сем., Акс.) абдырау, сасқалақтау. *Көңілін қатер жайлағанымен, түршігіп қорыққан да жоқ, абдырап, а б а л а қ т а г а н да жоқ* (М. Мағ., Алас., 642).

АБАМ (ҚХР) мәңгілік, бақи.

АБАН (Ир.) қараша.

АБАТТАУ (Ауғ.; Ир.) **1.** жинау. **2.** реттеу. **3.** тазалау. *Қызым, үйді а б а т т а п қой* (Ауғ.).

АБАТШЫЛЫҚ (Қ.орда, Арал) теңдік, кеңшілік, бостандық. *Октябрь революциясы гана бізге а б а т ш ы л ы қ әперді гой* (Қ.орда, Арал).

[Түрік тілінде бұл сөздің тұлғасы *абат* қалпында, мағынасы: 1) жақсы, жайлы жабдықталған; 2) гүлденген дегенді түсіндіреді (Тур.-рус. сл., 1977, 19). Өзбек тілінде де осы мағынада, *обод* тұлғасында келеді (Узб.-рус. сл., 1959, 293). Бұл сөздің *абаданшылық* сөзімен түбірлестігін өрі төркіні иран тілі екендігін ертедегі түркі жазба ескерткіштері арқылы білеміз. Онда *абад* қалпында берілген (ДТС, I). Қазақтың жергілікті тіл ерекшелігінде мағынасына біршама өзгеріс кіргендігі байқалады].

АББАР (ҚХР) ұзақ. *А б б а р көшіп шет қонған, жау алдына бет қонған* (Шалкиіз жырау).

АБДАН[1] (Алм., Шел.; Тау., Қош.) әбден. *Қызыл дөненді жарысқа а б д а н жаратып қосқанда алдымен келді* (Алм., Шел.).

АБДАН[2] (ҚХР) арыстанның баласы. *Арыстан көп, а б д а н ы біреу* («Сөз сан.»).

АБДАП (Қ.орда, Арал) лебі, ызғары. *Бұл жердің салқын болуы, теңіздің а б д а б ы бар гой* (Қ.орда, Арал).

АБДАСТА (ҚХР) алжапқыш. *Пияласы қолында, а б д а с т а с ы белінде* (Қобыланды батыр).

АБДӘСТЕ (Шымк.: Мақт., Шәу.) дәрет құман, қолға су құятын құман. *А б д ә с т е н і алып, апам тысқа шықты* (Шымк., Мақт.).

[Өзбекше *обдасте* дәрет алуға кажетті мойны жіңішке, шүмегі ұзын құман (Узб.-рус. сл., 1959, 293); қырғ. *абдесте* ұзын шүмекті құмыра (К. Юд., КРС, 18). Сөз төркіні иран тілінен екендігі көрсетілген].

АБДЫРА (Алм.: Кег., Нар., Жам.; Жезқ., Ағад.; Павл.; Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы; МХР; Жамб.: Шу, Қорд.) үлкен ағаш сандық. *Үйде бір айбат а б д ы р а м бар* (Алм., Нар.). *А б д ы р а д а г ы жейдемді алып берші* (Алм., Жам.). *А б д ы р а г а киім көп кетеді* (Көкш., Қ.ту). *Ескі а б д ы р а н ы ақтарып, кемпір Рабиғаның тәуір киімдерін әперген боп жатыр* (Б. Майл., Шығ., V, 239). *Кішкене гана қараша үй, төрінде бір-екі ескі а б д ы р а* (Б. Майл., Шығ., III, 234).

[Қырғызша *абдыра* үлкен жәшік, үлкен сандық (К. Юд., КРС, 18); тув. *аптара не аптыра* сандық (Рус.-тув. сл., 1980, 572); хақ. *абдыра* қобдиша (кішкене сандық, сандықша) (Хак.-рус. сл., 1953, 13); монғ. *авдар* кебеже, сандық (Монғ.-қаз. соз., 1954, 13); қалм. *авдр* сандық (Рус.-калм. сл., 1964, 693); тұнғыс-маньч. тілдерінде *абдора* сандық, жөшік. Осы тұлғалы соз (*абдари*) парсы тілінде де кездеседі, мағынасы – саквояж (қол сумка) (Пер.-рус. сл., 1, 1983, 35). Әрине, бұларға моңғол не түркі тілдерінен ауыскан. Сөз төркінін тұнғұс-маньчжур тілдерінен деп шамалаймыз. Өйткені маньчжур тілінде *абдари мо́о* тіркесі емен тұкымдас ағаш атауын береді (ССТМЯ, I, 1975, 5). Алгаш кебеже, сандық сияқты нәрселер осы ағаштан жасалып, кейін *абдари* атауы сол ағаштан жасалған затқа көшкен төрізді. Мұнда сол тілде *ағаш* мағынасын беретін *мо́о* сөзі түсірілген]. Қ. **әбдірә.**

АБДЫРИЯ (Жамб.: Сар., Тал.) жастықтың астына қоятын ағаш. *А б д ы р и я болмаса, жастық аласа болады* (Жамб., Тал.).

АБЕТАЙ//ӘБЕТАЙ (Талд., Гв.) таза, тазалыққа мықты. *Омардың өйелі а б е т а й кісі гой* (Талд., Гв.).

АБЖАУҚЫН 1. (Жамб., Қорд.) мардымсыз, болмашы, жартымсыз, азғана. *А б ж а у қ ы н ауқаттың үстіне келдіңдер, дастарқанга отырыңдар, бәрімізге жетеді* (Жамб., Қорд.). 2. (ҚХР) жеңіл ас.

АБЖОР (Түрікм.: Ашх., Таш., Бекд.) тентек, бұзық, төбелескіш. *Адай а б ж о р л ы г ы н қойды гой қайта* (Түрікм., Бекд.).

[Иран тілінен ауыскан бұл сөз қырғыздарда *абжор* калпында айтылып, *пысық, епті* мағынасында қолданылады (К. Юд., КРС, 18), дәл осы мағынада өзбектерде *абжир* калпында кездеседі (Узб.-рус. сл., 1959, 19). Қазак тілінін жергілікті ерекшелігінде сәл мағына езгерісіне ұшыраған].

АБЗАЛ (Қ.орда, Арал) шама, жөн. *Жолдас кіші лейтенант, біз бұл жерге а б з а л ы бекер тоқтадық* (**Ә**. Нұрп., Курл., 219).

АБЗАЛЫ (Қар.) кей уақытта.

АБЛЫҒУ (ҚХР) лепіру, көңілі (шаттықтан) алып ұшу, леку. *А б л ы қ қ а н көңіл толық басылмай тұр, бұл үйде адам бар ма сөйлескендей* (Базар жырау).

АБРАЙ-ӘЖЕТ (Гур., Маңғ.) абырой, әдет. *А б р а й-ә ж е т т е н жұрдай, құр қалған жігіт* (Гур., Маңғ.).

АБҰЙЫР (Сем.: Абай, Шұб.; Павл.) абырой. *А б ұ й ы р ы бардан тұңілме* (Павл.). *Отырганда ауы согіліп кетіп, а б ұ й ы р ы м ы з д ы ашып қалып жүрмейміз бе?* («Жұлдыз», 1988, №4, 5-6). Қ. абырай, әбиір, әбүйір, абыри.

АБҰС (ҚХР) балауыз.

АБЫ ЖАУҚЫН (Алм., Жам.) азғантай. *А б ы ж а у қ ы н ауқат болды* (Алм., Жам.).

АБЫЗДАНУ (Сем., Көкп.) маңыздану. *Баягысы есіне түсті ме, аспандай қарап, а б ы з д а н а шіреніп, басу айтты* (О. Бөк., Өз от. ош., 139).

АБЫЗДЫ (Жамб.: Сар., Тал.) білімді, ақылды адам. *Бекен а б ы з д ы адам* (Жамб., Сар.).

АБЫЗЫНДАҒЫ (Қ.орда, Арал) қарауындағы. *Итжемес – Сүйеу қарттың а б ы з ы н д а г ы адам* (Қ.орда, Арал).

АБЫЙ (Қарақ.) ақ көңіл.

АБЫЛ (ҚХР) әке, ата.

АБЫЛАЙДЫҢ ҚАРА ҚОСЫ (МХР) шаңырақты уыққа шаншып жасаған керегесіз қос.

АБЫЛАЙША (Жамб., Шу) қос, шаңыраққа уықтың өзін ғана шаншып тұрғызатын керегесіз кішкене үй. *А б ы л а й ш а ілгеріде болған екен* (Жамб., Шу). *Айдалада, аппақ қар үстінде, қар жамылған жалғыз а б ы л а й ш а д а н көк түтін үйтқи ұшып жатты* (**F**. Мұст., Дау. кейін, 203).

[Дөл осындай үйді әзірбайжанша *алачыг* (Азерб.-рус. сл., 1962, 100); түр. *алажык* (Тур.-рус. сл., 1977, 42); өзб. *олачиқ* (Узб.-рус. сл., I, 1959, 300); хақ. *алачых* (*иб*) (Хак.-рус. сл., 1953, 22) калпында қолданылса, ертедегі түркі тілдерінде қостың бүл түрін *алачу* деп атаған (ДТС, 33)].

АБЫЛАҢҚЫ[1] (Гур., Бақс.; Сем.: Мақ., Үрж.; Рес.: Орын., Омбы) ерте туған төл. *Мынауың тайынша ма, баспақ па дегенде, жоқ а б ы л а ң қ ы дейміз* (Орын., Ад.). *Колхозда а б ы л а ң қ ы қозы да бар* (Гур., Бақс.). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде: *аөлак* қозы, кейде *оглақ* қозы (Ат-тухфа., 1978, 259, 353). Қазақ тілінің жергілікті ерекшелігінде осы түлға сәл дыбыстық өзгеріске түсіп әрі *-қы* қосымшасы арқылы «абылаңқы» болып қалыптасқан.

АБЫЛАҢҚЫ[2] (Орал, Жымп.) сөзі көп, сөзуар адам. *А б ы л а ң қ ы адам* (Орал, Жымп.).

АБЫЛАҢҚЫ[3] (Гур., Есб.) аңыру, таң қалу. *Бағытжан а б ы л а ң қ ы л а н д ы да қалды өзінен-өзі* (Гур., Есб.).

АБЫЛАҢҚЫ[4] (ҚХР) қазақ жеріндегі иттің бір түрі, иттің бұл түрінен қасқыр алатын «бөрі басарлар» кеп шығады.

АБЫЛАУ (Шығ. Қаз., Зайс.) жан-жағынан айнала қоршап, қамалау. *Аңдарды ұстаудың ең бір қолайлы әдісі – а б ы л а у жасау болатын, бүгінде бұл қойылды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

[Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: *абла* аң аулау (С. Мал., ПДПМҚ, 88). Бурят тілінде *ау* қоршап қамалау (Ц. Буд., Лекс. бур. диал., 1978, 255). Сөздің түбірі осы *ау* түлғасы болса керек. Мұны дәлелдейтін тағы бір дерек түрік тілінен кездеседі; *аблатия* ұзындығы 150 метр, ені торттен 10 құлашқа дейін жететін балық аулайтын құрал, ау (Тур.-рус. сл., 1977. 20). Құрал, сөз жоқ, балықты қоршап, қамалап ұстауға арналған].

АБЫЛ-ҚҰБЫЛ (Ақт., Ырғ.; Жезқ., Ағад.; Қ.орда, Арал; Жамб., Жам.) асығыс, ылдым-жылдым. *Ол етті а б ы л-қ ұ б ы л жейді* (Ақт., Ырғ.). *Ол үйден а б ы л-қ ұ б ы л шықты* (Жамб., Жам.).

АБЫЛЫҒУ (Қ.орда, Жаңақор.) ентігу. *Жанұшыра а б ы л ы қ қ а н ұн «ә» дегеннен жетегінен алып, дедектетіп сүйрей жөнелгендей күй кешті* («Жұлдыз», 1978, №9, 28).

АБЫЛЫҚТЫРУ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі, Арал) ентіктіру, деміктіру. *Малды жайлауға а б ы л ы қ т ы р м а й еркімен жайып айдаймыз* (Қ.орда, Қарм.). *Атты көп а б ы л ы қ т ы р м а й мінсе болады* (Қ.орда, Арал).

АБЫЛЫП БІТУ (Қ.орда: Арал, Қарм.) арықтау, күйі кету. *Былтыргы семіз қара бура биыл а б ы л ы п б і т к е н екен* (Қ.орда, Қарм.).

АБЫҢ-ҚҰБЫҢ (Сем.: Көкп., Ақс.) күтпеген кезде, мезгілсіз. *Іргеқұмның жазығында отырған Өтеміс ауылы бүгін бесін кезінде а б ы ң-қ ұ б і ң болды да қалды...* («Жұлдыз», 1978, №3, 91).

АБЫРА (ҚХР) арпа. Бұл сөз қазіргі жер аттарынан кезігеді: *Абралы* (жер аты).

АБЫРАЙ (Ақт., Байғ.; Түрікм.: Таш., Ашх., Красн.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) абырой. *Баққан малдың аман болуы – үлкен а б ы р а й* (Ақт., Байғ.). *Өтірік айтқан адамның а б ы р а й ы бола ма?* (Гур., Маңғ.). *Әзір Шахидың а б ы р а й ы ешкімнен кем емес* (Түрікм., Таш.). *Бишараның а б ы р а й ы бар екен, аман-сау баласының келгенін қарашы* (Қарақ.).

[Түрікменше *абрай* (Рус.-туркм. сл., 1956, 18); қырғ. *абийир* (К. Юд., КРС, 18); өзб. *обрц* (и) (Узб.-рус. сл., 1959, 294); түр. *абыри* (Тур.-рус. сл., 1977, 19); үйғ. *аброй* (Уйг.-рус. сл., 1961). Корсетілген түркі тілдері мен қазақ тіліне бұл сөз парсылардан кірген, онда: *аб (э)ру* ар, намыс (Пер.-рус. сл., I, 1983, 36). Парсы тілінің өзінде бұл сөз екі түбірден құралған: *аб* су, *ру* бет (осы сөздікте 31, 734). Екі сөздің біздің тіліміздегі мағынасы – *беттің суы*. Тіліміздегі *беттің суын бес төгіп* мәтелі *абырой* сөзіменен мағыналас екен. Қазақ әдеби тілінде *абырой* болып қалыптасқан]. Қ. абүйыр, әбүйір, әбиір, абыри.

АБЫРАЙЛЫ (Қарақ.) абыройлы. *А б ы р а й л ы істің басына, жақсы келер қасына* (Мақал).

АБЫРЖЫ (Қ.орда, Арал) мүз кетер, мүз қатар уақыт. *Қазір оңай, әлі а б ы р ж ы болған*

кезде қиын болады (Қ.орда, Арал). *Уа, мына менің балам біледі... Біздің балықшылар мұз қатар шақ пен мұз бұзылып, ірімтік ақ сең жүрген кезді де «а б ы р ж ы» деп атайды* (Ә. Нүрп., Курл., 421). *Осы аласапыран а б ы р ж ы айырықша балықшыға батады* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 25).

АБЫРИ (Ақт., Шалк.) абырой. *Біздің колхоз бастығы а б ы р и л ы жігіт* (Ақт., Шалк.).

[Түрікше *абыри* (Тур.-рус. сл., 1977, 19)].

АБЫШКЕН (Тәж.) су бұзып кеткен жер.

АБЫШҚА (Алм., Жам.) шал. *Мәмбетәлі аулында Атандым мен а б ы ш қ а* (Жамбыл).

АБЫШТАУ (Ауғ.; Ир.) жинау.

АБІ-ТӘБІ (Талд., Ақсу) аса жуан да, жіңішке де емес, орташа ағаш. *Үйге салатын ағашты а б і-т ә б і болса матша дейміз* (Талд., Ақсу).

АВТОКЕРУЕН (МХР) жүк тиелген автомашина тізбегі. *А в т о к е р у е н д е даяшылық* (қ.) *жасайтын орын жетіспейтін де кемшілік арылған жоқ* («Ж. өмір», 8.06.1987).

АГРЕК (Көкш.: Еңб., Щуч., Қ.ту; Орал: Жымп., Жән., Шыңғ.) жыртылмай қалған жер (ат жал). *А г р е к т і жал деп те атаймыз* (Көкш., Еңб.). *Ол бір ұқыпты трактористі, жыртқан жері бойлай а г р е к с і з болады* (Орал, Шыңғ.). *Жерді тегіс, сапалы, ешбір а г р е к с і з жырту керек* («Қ.ту», 27.11.1937).

АГҮРШНК (Шығ. Қаз., Курш.; Көкш.: Еңб., Қ.ту) қияр. *Бұл қыз а г у р ш і к т і ағараттан алған гой* (Шығ. Қаз., Күрш.).

АҒА[1] (Сем., Ұрж.; Ауғ.; Ир.) әке. *А г а м н ы ң бешпеті гой мынау* (Сем. Ұрж.). *Қара мақпал тақия қырын кидім, қарап тұрып а г а м а жүкті жидім* (Ауғ.; Ир.).

[Әзірбайжан тілінде *ага* тұлғасы кейде *әке* мағынасын береді (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 48). Ал хақасша *ага* ата дегенді білдірсе (Хак.-рус. сл., 1953, 15), *якут* тілінде бұл тұлғадағы сөз біздегі әрі *ага*, әрі *әке* мағынасында қолданыла береді (Як.-рус. сл., 1972, 29)].

АҒА[2] (Жезқ., Ағад.) бойлай, қуалай. *Өзенді а г а жүр* (Жезқ., Ағад.).

АҒАЙЫН-АНЖЫ (ҚХР) туыс-жұрағат. *Дос-жаран, а г а й ы н-а н ж ы, туыс-жұрағат бас қосып, қаралы жылды қалай өткізу жайын кеңескенде мынадай түйінге келді* (Қ. Жұм., Соңғы..., 128).

АҒА КОММУНИСТ (МХР) ардагер коммунист. *...Қатарынан төрт жыл жеңіп алған...қызыл туын а г а к о м м у н и с т, шопан Көлпек пен жолдама иесі Гүлмира алып кіргенде жиынға қатысушылар ду қол шапалақтады* («Ж. өмір», 6.04.1983).

АҒАЛА (Қ.орда: Тер., Қаз., Арал) ең жақсы алдыңғы. *Бұл тұрған машинаның бір а г а л а с ы* (Қ.орда, Тер.).

АҒАЛАП ШЫҒУ (Сем., Абай) аралап шығу. *Жұз үйді а г а л а п ш ы қ т ы қ* (Сем., Абай).

АҒАЛДАНУ (Қост., Жанг.) ауыру. *Қызым қасқа өгіз а г а л д а н ы п жүр білем, тыңқатып кетіпті* (Қост., Жанг.).

АҒАЛ-ЖАҒАЛ (Гур., Бейн.) алба-жұлба. *Кеше қонған самолеттен байырғы жүкте бөлек үсті-басы а г а л-ж а г а л, зобаланы біреу тұскен* (Ж. Нәжім., Кішк., 48).

АҒАРҒАН (Түрікм.: Красн., Небид., Таш Мары; Гур., Маңғ.; Жамб., Жам.) сүттен жасалған сусындар. *Түйенің сүтінен басқ а г а р г а н жасайтын іш заттың реті жо* (Түрікм., Красн.). *Қара жоқ маңда жайылған, а г а р г а н жүзін көрмедік, болмады бір мал сауылған* (Аралбай ақын). – *Рахмет, асығыспын. А г а р г а н ауыз тигізсеңі болды, – деді... Кәлен* (Ә. Нүрп., Қан мен тер 217).

[Түрікменше *агарган* (Рус.-туркм. сл., 1956) қарақ. *агарган* (Карак.-рус. сл., 1958); өзбе *агаранты* (Азерб.-рус. сл., 1962, 48). Ертедегі жазба ескерткіштердің бірінде: *а г а р б а г* бидайды келіге түйіп, су қосып жасалған ішімдік (боза) (М Қашк., 111, 446)].

АҒАРТЫҚ (ҚХР) ақжем, бөртпе.

АҒАРЫ (Қарақ.) азырақ, аз ғаиа. *Қас қалдаққа бір а г а р ы май бітсе, қарқылдасы ұшқан көлін танымас* (Қарақ.).

[Қарақалпақша *агары* 67 грамм; түр. *асгары* өте аз, мардымсыз (Тур.-рус. сл., 1977, 67). Сөздің алғашқы төркіні араб сөзі *харруба* сиымды өлшемі 1/16 қадақ немесе 0,129 л. тен. Осы сөз кейбір түркі тілдеріне ауысканда, дыбыс заңдылықтарына қарай өзгеріске ұшыраған (Ә. Нұрм. Жерг. тіл *ерекш.* төрк., 5)].

АҒАС (Гур., Маңғ.) жыра, су орып кеткен жер. *Доллапа қаратай беттей бергенде мәшініміз жолсызда бір а г а с қ а согып, кер оралдық* (Гур., Маңғ.).

АҒАТ (Тәж.) мақта жүйегі.

АҒАТАЙ 1. (Шығ. Қаз., Больш.; Көкш. Щуч., Еңб.; Тау., Қош.) аға. *Бүгін қаладан ме нің а г а т а й ы м келеді* (Шығ. Қаз., Больш.) *Сенің а г а т а й ы ң үйде ме?* (Тау., Қош.) 2. (Алм., Жам.) қарағым, інім, балам. Мұнда өтіне, жалына сұрау мағынасы байқалады. *А г а т а й, өн салып жіберші* (Алм., Жам.).

АҒ АУЫЗ[1] (Орал, Чап.) шортанның ірі. *А г а у ы з д ы ң еті дәмді, озі салмақты келеі* (Орал, Чап.).

АҒ АУЫЗ[2] (ҚХР) жараның бір түрі. *Қолына а ғ а у ы з шығып, жұмысқа бара алмай қалды* (ҚХР).

АҒАШ (ҚХР) аузы кең, түп жағы тарлау астық өлшейтін өлшеуіш. *Алғашында тұқымды кепешпен, өнімді дорбамен өлшейтін ек, жаратқан берекесін алмаса, екі а ғ а ш оңай ұрық емес, балам* («Сөз сан.»).

АҒАШ АЙЫР (Павл., Ерт.) ағаштан жасалған айыр.

АҒАШ АТ (Жамб., Шу) табыт, қайтыс болған кісіні салып көтеретін ағаш. *Сөйлеп қал тіршілікте қызыл тілім, жаны жоқ а ғ а ш а т қ а мінбей тұрып* (Жамб., Шу).

АҒАШ АЯҚ[1] (Жезқ., Ағад.) екі сырық ағашты аяғына іліп алып жүру, соны *ағашаяқ* дейді.

АҒАШ АЯҚ[2] (Рес., Сарат.) сырлы тостаған. *Бізде қымызды а ғ а ш а я қ п е н ішеді* (Рес., Сарат.).

АҒАШ АЯҚ[3] (ҚХР) жастар мен балалар ойнайтын ойынның бір түрі. *Екі бақанды алып, орта тұсына екі аяқтың басы тұратын тиянақ қағады. Содан соң ойыншы екі аяғын әлгі бақандардағы тиянаққа қойып, таяқтың жоғарғы ұштарын қолтыққа қысып ұстайды да арлы-берлі жүреді, жүгіріп жарысады, кім озса не а ғ а ш а я қ п е н жүріп келе жатып соқтығысып кім жықса, сол ұтқан болып есептелінеді. Бұл ойынның балаларды ептілікке, батылдыққа тәрбиелеуде маңызы бар* (З. Сәнік., Қаз. түрм.).

АҒАШ БАСЫНА ШЫҒУ (ҚХР) өсекті қарша борату, түймедей істі түйедей қылып керсету, дабырайту. *Богда мен Алтайдың күн бетін кезген өсек а ғ а ш б а с ы н а ш ы ғ ы п болды* (М. Раз. Алт. ақ., 603).

АҒАШ БЕЛСЕНДІ (Қост.: Аман., Жанг.) жағымсыз, жаман белсенді. *Ол-ол ма, қазір аузынан нақ жалын шашып тұрған а ғ а ш б е л с е н д і* (А. Нұрм., Құл. ажалы, 110).

АҒАШ БЕЛСЕНДІЛІК (Қост.: Аман., Жанг.) орынсыз белсенділік. *Сен осы а ғ а ш б е л с е н д і л і г і ң д і қашан қоясың?* (Қост., Жанг.).

АҒАШ ҚАЗАННЫҢ АСЫ БІР-АҚ РЕТ ҚАЙНАЙДЫ (ҚХР) орайы бір-ақ рет келеді, бақ бір-ақ рет қонады.

АҒАШ ҚАЛЫПТЫҢ СЫНАСЫ (МХР) етіктің басы мен қонышының түйіскен тұсынан қалыптың үстін нығайтатын үстірт ағаш. *Әй, кемпір, а ғ а ш қ а л ы п т ы ң с ы н а с ы н көрдің бе?* (МХР).

АҒАШ ОРАҚ (Көкш., Қ.ту) ағаш жонатын, екі жағында тұтқасы бар құрал (сүргі). *А ғ а ш о р а қ п е н жонылған ағаш өте жақсы шығады* (Көкш., Қ.ту).

АҒА ШӨНЕҢ (ҚХР) мықтысынып өзін жоғары санаған адам. – *Жоқ деген соң, жоқ. Сені қойып, а ғ а ш о н е ң мен әлі бас құрай алмай жүрсем* («Шұғыла»).

АҒАШ САБАН (Орал, Казт.) ағаш соқа. *А ғ а ш с а б а н осы күнде жоғалды ғой* (Орал, Казт.).

АҒАШ ТІС (Талд., Гв.) ағаш соқа. *Бұрынғы кездің ағаш соқасын а ғ а ш т і с деп те айтамыз* (Талд., Гв.).

АҒАШ ҮЙ (Ақт.: Ойыл, Ырғ.; Жамб., Жам.; Түрікм.: Красн., Бегд., Небид., Жеб.; Орал; Гур: Маңғ., Есб.; Қ.орда: Жал., Қарм.) киіз үй. *Осы а ғ а ш ү й д і былтыр Гурьев жақтан алдырдық* (Түрікм., Красн.). *Анау көрінген екі а ғ а ш ү й – біздің қой фермамыз* (Ақт., Ойыл). *Чопандар а ғ а ш ү й д е тұрады* (Жамб., Жам.). *Жаз кезінде көбінесе а ғ а ш ү й д е отырамыз* (Гур., Маңғ.). *А ғ а ш ү й д і осы күнде сирек тігетін болдық* (Қ.орда, Жал.).

АҒАШ ШАЙЫ (Орал, Чап.) грузин шайының бірінші сорты.

АҒАЯҚ БИДАЙЫҚ (Қост., Жанг.) бидайықтың ақ түрі. *Анау табандағы а ғ а я қ б и д а й ы қ т ы бүгіннен қалдырмай шауып алу керек* (Қост., Жанг.).

АҒБЫТУ (ҚХР) аптығу, абыну. *А ғ б ы т п а ханым күнен соң, сіздің естен кеткенмен, біздің естен кеткен жоқ* (Жиенбет жырау).

АҒДАРҒЫЛ (Қост.: Жанг., Аман.) шешен, ақын адам.

АҚ ЕДЕН (Қ.орда: Қаз., Қарм.) ақ көңіл. *Бірақ оны білетін бұл өңірдің халқы ...«шофер бала» дейді. А ғ е д е н жігіт оған арланбайды* (Ә. Нұрп., Сең, 38).

АҒЕКЕ (Ауғ.; Ир.) қайнаға. *Әминәзиз болса бізге бір әдар туыстас а ғ е к е болады дә!* (Б. Өтеб., Қаз. диас.).

АҒЗОН (Түрікм., Небид.) жуқа, ақ мата.

АҒЗУ (МХР) ақ түсті мата.

АҒИҚАТ (ҚХР) сақтық, қырағылық.

АҒИМА 1. (Гур., Маңғ.) сырт киімге арналған жуқа мата. *А ғ и м а шекпеннен су өтпейді* (Гур., Маңғ.). **2.** (Түрікм.: Красн., Бекд.) қойдың биязы жүнінен тоқылған киімдік бүйым. *А ғ и м а шекпен өте жылы болады* (Түрікм., Красн.). **3.** (Ауғ.; Ир.) ақ түсті қымбат мата.

АҒИУ (Қарақ.) ағу. *Су құмырадан а ғ и ы п тұрыпты* (Қарақ.).

АҒЛАНШЫ (Сем., Үрж.) су иірімін жасаушы. *А ғ л а н ш ы л а р келді чарчап-чалығып* (Сем., Үрж.).

АҒЛЕСКЕЙ (ҚХР) көздемөнің бір түрі.

АҒЛЕСКЕР (ҚХР) **1.** өткір, қыл кесетін өткір. *А г л е с к е р алмас қылыш, А г л е с к е р ұстара.* 2. шешен, ділмәр, сөзуар. *Сөзге а г л е с к е р* (ҚХР).

АҒЛОП (Алм., Жам.) арбаның тертесі, аглобля. *Заулатып пар атпен баратын арбаның а г л о б ы н ы ң сынып қалғаны-ай!* (Алм., Жам.). Қ. ағлүп.

АҒЛҮП (ҚХР) жетек, терте, арыс. Қ. ағылөк, ағылөп.

АҒМАЛАНУ (ҚХР) белгілену, анықталу.

АҒУ (Гур., Тең.) шығу, шығып кету. *Кейбір аудың көзінен кішкене балықтар а г ы п кетеді. Ау торының көзіне шендеспейтін балықтар а г а д ы* (Гур., Тең.).

АҒУА (Орал: Жән., Шыңғ., Орда) әңгіме, үгіт. *Жас балаларға ондай а г у а ң әсер ете бермейді* (Орал, Шыңғ.). *Сармалаев Раушан сияқты колхозшылар: «енді оқып біз әкім болмаймыз», – деп колхозшылар арасында а г у а тугызып жүр* («Ком.», 18.07.1939).

АҒУЛАУ (ҚХР) улану, заһарлау.

АҒҰРҰҚ (Шымк., Қызылқ.) түсі ақ, қабығы жұқа қауынның бір түрі. *А г ұ р ұ қ т ы қыста сақтауға болады* (Шымк., Қызылқ.).

АҒҰСАҚ (Шымк., Мақт.) күріштің ұсағы. *Дүкенге бүгін а г ұ с а қ түсіпті* (Шымк., Мақт.).

АҒҮЙ (Жамб., Шу) түтқын, кепіл. *Түске дейін жау шауып, түсте а г ү й г е Өтегенді ұстай қалып, басын саудалайды* (Жамб., Шу).

АҒЫ-ЖӨНІ (Сем.: Үрж., Мақ.) ебі, ыңғайы. *Әй, өзіңнің а г ы-ж ө н і ң жоқ-ау, ә?* (Сем., Үрж.).

АҒЫЗАМ САУ (Қост., Жанг.) тамағым сау.

АҒЫЗУ[1] (Түрікм.: Көнеүр., Тедж., Гяуз., Таш.) күю. *Шайға шелектен су а г ы з ы п әкелу* (Түрікм., Көнеүр.).

[Өзбекше *охизмок* (Узб.-рус. сл., 1959, 312)].

АҒЫЗУ[2] (МХР) сырғыту. *Сондықтан бір сағатта 10500 тонна көмір а г ы з а т ы н лента жұмыстатылатын болды* («Ж. өмір», 31.10.1983).

АҒЫЛ (Түрікм.: Красн., Небид., Таш., Ашх.; Өзб.) қамыстан жасалған төбесі ашық мал қорасы. *Кеште жандықтарды а г ы л г а қамауды ұмытпаң* (Түрікм., Таш.).

[Әзірбайжанша *ағыл* мал қорасы (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 55.); түр. *ағыл* мал қора, қой қора (Тур.-рус. сл., 1977, 28); өзб. *оғал* қора, сиыр қора, мал қорасы (Узб.-рус. сл., 1959, 314); бур. *айл* қора (Т. Берт., К иссл. лекс. монг. яз., 93); сары үйғ. *ағул* қора (Э. Тен., ССЯ, 174); түрікм. *ағыл* (Рус.-туркм. сл., 1956, 827)].

АҒЫЛАН ҚЫЛУ (ҚХР) құлақтандыру, хабарландыру. *Әмірі паташаның осылай деп, а г ы л а н қ ы л деп шығарыпты әтей арнап* («Мүра»).

АҒЫЛЖЫМ (ҚХР) ақ айран, ашқылтым, қылаң.

АҒЫЛӨК (Орал, Казт.) жетек. *Арбаның а г ы л ө г і н көтер* (Орал, Казт.).

АҒЫЛӨП (Орал: Чап., Жымп.; Рес., Волг.; Қ.орда, Арал) арба жетегі. *Мұз үстіне алдымен прогон сырықтарды, а г ы л ө п, сүзгілерді қойып, оған қамыс төсейміз* (Қ.орда, Арал). *Арбаның а г л о б і н сындырып жіберді* (Рес., Волг.). *Үйдің сыртында а г ы л о п т е р, көтерулі екі көк арба мен шетен қорапты тарантас тұр* («Жұлдыз», 1987, №3, 26). Қ. ағлоп, ағылөк.

АҒЫМ (Жамб., Шу) саясат, өкімет. *Облысым Жамбылым үш жүз адам, Еңбегі бағаланды а г ы м м е н е н* («Кировшы», 1941, №82).

АҒЫМҒА ТҰСІРУ (МХР) оз бетімен жіберу. *...Мал отарлату жұмысын а г ы м г а т ұ с і р і п, ...тол аяқтандыру дайындығын тым қанағатсыз жасағандықтан 7000 ірі мал, 10700 тол шығындалды...* («Ж. өмір», 4.08.1983).

АҒЫН[1] (Сем.: Көкп., Акс.) екпін. *Машина а г ы н ы м е н келе жатқанда оны тоқтату қиын* (Сем., Ақс.).

АҒЫН[2] (ҚХР) адуын.

АҒЫН-ТЕГІН (Шығ. Каз., Қатон.) ағылтегіл, өте көп. *Кол дария көзің жасы а г ы н т е г і н, Сағғайып күні-түні іздегенде, Немене еді сонда сенің іздегенің* («Екп. Алт.», 27.08. 1938).

АҒЫНУ (ҚХР) жалыну, жалбарыну. *Әуелі құдай а г ы н д ы м, ата-анамды сағындым* (Батырлар жыры).

АҒЫП-БҰҒЫП (Алм., Кег.) о ғып-бұ ғып. *Көзім ауырып, а г ы п-б ұ г ы п қалаға бардым* (Алм., Кег.).

АҒЫП КЕЛГЕН (ҚХР) күн көріс қамымен ауып көлген.

АҒЫП КЕТУ (Алм., Талд.) шыкпай қалу, жоқ болу. *Былтыр кейбір жерлердегі бидай а г ы п к е т т і* (Алм., Талд.).

АҒЫС (Қ.орда: Арал, Қарм.) оқыс. *Осы қып-қысқа а г ы с қараста оның назарын аударған және бір нәрсе немістің М. Г. А. пулеметі болды* (Ә. Нүрп., Курл., 90).

АДА-ГҮДЕ (Сем.: Абр., Акс.) түгел, бәрін; мүлде. *Әрбір сағатты, әрбір минутты орақ-қа дайындық жұмысын қысқа срокте а д а-г ү д е аяқтау күресіне жұмсау қажет* («Соц. шаруа», 20.08.1941). *Исатай озі де бұдан а д а-г ү д е хабарсыз емес еді, ханның бұл сапа-*

рын ол өзінше жорыды («Жүлдыз», 1978, №3, 116).

АДАҒАЙЛАУ (ҚХР) сүрен салу, айғай-шу шығару. *Түстік жер хан аулына келген жерде Кеп жетті жасауылдар а д а ғ а й л а п* (Қыз Жібек).

АДАҒЫ (Рес., Орын.; Орал, Жән.; Қост., Жанг.) аяғы, соңы. *Оспанның үйі үш көшенің а д а ғ ы н д а* (Орын., Ад.). – *Қыз Жібек жырының а д а ғ ы бар еді, – дейді Керей жырау* (Орын., Домб.). *Посевтің а д а ғ ы июньге шекті* (қ.) *келді* (Орал, Жән.). *Бұл жұмыстың а д а ғ ы айналып келіп, тағы өзіне согады* (Қост., Жанг.). *...А д а ғ ы н д а күйініште халмен барып бітті* («Қыз. Қаз.»).

АДАЙ (ҚХР) **1.** балапан. *Ауыс.* бала, перзент. **2.** аяулы, ардақты.

АДАЙ БАУ (Өзб.) ою-ернегі әсем ақ баудың түрі.

АДАЙ ДОМБЫРА (Түрікм., Таш.) күжім ағашынан істелетін, шанағы дөңгелектеу, кішкене домбыра. *А д а й д о м б ы р а с ы н ы ң даусы шыққыр келеді де, әнді, күйді орындауға өте ыңғайлы, қолға алып жүруге ықшам* (Түрікм., Таш.).

АДАЙ КӨЙЛЕК (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) жағасы үш бұрышты әрі иыққа дейін түсіп тұратын көйлек. *А д а й к ө й л е к т і қазір кейбір үйлерде болмаса таба алмайсың, бірақ осыдан 7-8 жыл бұрын «мөдә» деп бүкіл жастар киген болатын* (Түрікм., Көнеүр.).

АДАЙ ТЫМАҚ (Түрікм.: Көнеүр., Таш.) төбесі томпақ, екі құлағы мен артқы жағы түтас тігілген, желкені жауып тұратын бас киім.

АДАЙ ШАЛБАР (Түрікм., Көнеүр.) қойдың иленген қырықпа терісінен тігілген, сыртын ақ не сары бояумен бояған шалбар. *Қыста ат үстінде отырганда а д а й ш а л б а р ы адамның аяқ, тізесін мұздатпайды* (Түрікм., Көнеүр.).

АДА-КҮДЕ БОЛУ (МХР) хабарсыз болу. *А д а-к ү д е болды да кетті* (МХР).

АДАҚ АРБА (Қарақ.) жас баланы жүруге үйрету үшін жасалған аяқ арба.

АДАҚҚЫ (Рес., Орын.; Қост., Жітік.) аяққы, соңғы. *Жә, а д а қ қ ы, жә басқы дыбысы бөлек айтылады* (Рес., Орын.).

[Ұйғырша *адаққи* соңғы (Уйг.-рус. сл., 1961, 12); өзб. *одоқ* соңы, ақыры (Узб.-рус. сл., 1959, 296); туба-кижилерде *адак* соңы (Н. Баск., ДЧТ, 97); монғ. *адач* соңы, ақыры, сағасы (өзеннің) (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 15)].

АДАҚТАУ[1] (Рес., Орын.; Жамб., Шу; Қ.орда, Қарм.) бітіру, аяқтау, тауысу. *Етті жеп а д а қ т а г а н кезінде әйелдің ері келді* (Рес., Орын.). *«Кеңес» колхозынан бері қарай а д а қ т а п келеді екен бұл бала* (Жамб., Шу). *Тұқ қоймай а д а қ т а п айтты гой* (Қ.орда, Қарм.). *Бертайдың азасын а д а қ т а п болмай жатып, Елтайыма ауыз салғаны несі бұл соқырдың, ойбой* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 41).

[Ертедегі түркі жазба ескерткішінде *адақтақы* соңғы, ақырғы (ДТС, 9)].

АДАҚТАУ[2] (Алм.: Кег., Нар.) атау, атап ету. *Бұл согысқа қатысқандарды а д а қ т а п өтейін* (Алм., Кег.).

АДАҚТАУ[3] (Шымк., Шәу.) орындау. *Үкіметке берген сертті а д а қ т а й м ы з* (Шымк., Шәу.).

АДАҚТАУ[4] (Қар.) озу.

АДАҚТАУ[5] (Қ.орда: Арал, Қарм.) аралау. *Бұның екеуі де бүтіл Европаны әскерімен таптап, а д а қ т а п өткен жауынгер, жақсы генералдар* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 170). *Арал, Қарақога, Жәшитал жақтың бәрін а д а қ т а п шықтым* (Қ. Қар., Алт. изд., 76).

АДА ҚЫЛУ (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб.: Шу, Қорд.) бітіру, аяқтау. *Біздің отряд жұмысын а д а қ ы л д ы* (Жамб., Қорд.).

[Ұйғырша *ада қилмақ* орындау, орындап болу (Уйг.-рус. сл., 1961, 1-2). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *ада қыл* зиян келтіру, бақытсыздық (ДТС, 7)].

АДАЛ (Орал: Жән., Орда) біркелкі, біртегіс, еңкей. *Қарабөлтектің шөбі а д а л бидайық екен* (Орал, Орда).

АДАЛЗАДА//АЛАЛЗАДА (Сем., Аяг.; ҚХР) әділ, таза.

АДАЛ ЗАТ ЖОҚ (Гур., Шевч.) малы жоқ. *Қозыдан басқа а д а л з а т ы м ж о қ* (Гур., Шевч.).

АДАЛЫН ШЕШКІЗУ (Орал: Орда, Казт.) сырын, шынын айтқызу. *Сіз оның бар а д а л ы н ш е ш к і з д і ң і з* (Орал, Орда). *Барып а д а л ы н ш е ш к і з* (Орал, Казт.).

АДАЛЫН ШЕШУ (МХР) шынын айту, дұрысын айту, дұрыс шешу. *А д а л ы н ш е ш с е болғаны гой, онда тұрған тұк те жоқ* (МХР).

АДАМ БЕТІ КҮШАЛА (Орал: Шыңғ., Орда, Жән.) адам бетінің езгермеуі, беті бүлк етпеу. *Оның ұялғанын бет әлпетінен білу қиын «а д а м б е т і к ү ш а л а»* (Орал, Шыңғ.). *«А д а м б е т і к ү ш а л а» деген сияқты бәрі ауыз біріктіргендей ұялмай-қызармай «оқи алмадық», ...деп қарайды да отырады* («Ком.», 28.11.1939).

АДАМҒА ҚАРАУ (Қост., Камыш.) кісіге шабу. *Күртпанның (қ.) жаман мінезі – а д а м г а қ а р а й д ы* (Қост., Камыш.).

АДАМДАУ (Түрікм., Красн.) көптеп-көлемдеп көмөктесіп, іс тындыру. *Қысқа қалып қоя ма деп бұл үйдің қалған жұмыстарын а д а м д а п, бітіргенбіз* (Түрікм., Красн.).

АДАМ ЖУА (Түрікм., Красн.) пияз. *А д а м ж у а н ы базардан сатып аламыз* (Түрікм., Красн.).

АДАМИЗАТ (Қ.орда, Арал) адамзат.

АДАМ ИІСТІ ҰЛ (Қост.: Жанг., Аман.) адам болайын дөп түрған бала.

АДАМ-ҚАРА (Гур., Маңғ.) ешкім. *Ауылдарыңа келген бөтен а д а м-қ а р а жоқ па?* (Гур., Маңғ.). *Танк жолсыз адырмен жүріп келіп, көптен бері а д а м-қ а р а жүрмей жиегіне қаулап шөп өскен жалғыз аяқ жолға түсті* (**Ә. Нүрп.**, Курл., 122).

АДАМНЫҢ СУЫН ТАБУ (Түрікм.: Таш., Ашх., Анн., Гяу.) адамның ыңғайын тану, мінезін білу. *Іс істету үшін а д а м н ы ң с у ы н т а б у қажет* (Түрікм., Анн.).

АДАМ ШӘУЕНДЕ (Өзб., Ташк.) адам пішінді. *Күйеу дегені – әшейін а д а м ш ә у е н д е біреу* (Өзб., Ташк.).

АДАНАС (Орал: Орда, Жән., Казт.; Рес., Волг.) туысқан. *Қалада менің екі а д а н а с ы м жұмыс жасайды* (Орал, Казт.). *Санатай, Сағындық дейтін адамдар а д а н а с екен. Екеуі бір әкеден туыпты* (Орал, Орда).

АДАРҒЫ (Қ.орда, Арал; Сем., Үрж.) өрмек тоқығанда жіптер шатыспау үшін арасына қойылатын ені бір сүйемдей, ұзыны жарты метрдей тақтайша. *А д а р г ы с ы з арқау өтпейді* (Қ.орда, Арал).

[Қаракалпақша *адарға* (Н. Баск., Карак. яз. I, 1951)]. Қ. адырғы.

АДАС[1] (Көкш.: Щуч., Еңб.; Жезқ., Ағад.; Рес., Орын.; Орал, Жән.; Сем.: Көкп., Ақс.; Тау., Кош.; МХР) аттас. *Екеуміздің есіміз бір болса, а д а с деп айтамыз* (Орын., Ад.). *Түйе фермасының меңгерушісі мен Мұқамбетжанның баласы а д а с, екеуінің аты да Қабдыр* (Орал, Жән.). *Сонымен, бір ауылдың дардай веттехнигі пайғамбарлықты қойып, көп а д а с т а р ы н ы ң, көп мырзалардың единственный экзимпляры болып жүр* (Қ. Ысқақ, Күренсе, 6).

[Әзірбайжанша *адаш* (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 67); тува. *атташ* (Рус.-тув. сл., 1980, 578); түр. *адаш* (Тур.-рус. сл., 1977, 25); үйг. *адаш* дос, жолдас (Уйг.-рус. сл., 1961, 12); өзб. *адаш* аттас (Узб.-рус. сл., 1959, 22); түркм. *атдаш* (Рус.-туркм. сл., 1956, 761); хақ. *адас* (Хак.-рус. сл., 1953, 17). Түркі жазба ескерткіштерінде: *адаш* аттас, жолдас (Э. Надж. ИСТЯ, 164) *ат таші* аттас (А. Бор., 1963, 62); *адаш* жолдас (С. Мал., ПДП, 354); сарық. *адащ* аттас (Т. Пах., Сар.-рус. сл., 1971, 6); пар. *адаш* аттас (Пер.-рус. сл., 1983, 57). Иран тобындағы тілдерге түркі тілдерінен ауысқан деуге болады].

АДАС[2] (Қ.орда: Арал, Тер., Қарм., Жал.; Қарақ.) қате, бекер, жаңсақ. *Кеше магазинде шай сатты деп еді, ол а д а с боп шықты* (Қ.орда, Арал).

АДАУЫР (Қ.орда, Арал) едәуір.

АДАШ[1] (МХР) аттас. *А д а ш ы ң ы з «көп өлең жасап, көп олең шығарсын» деп айтты деңіз* (**С. Мағ.**, Сүмбіле, 67).

АДАШ[2] (ҚХР) дос, серік, жолдас.

А ДЕСЕ ДЕ (Гур., Маңғ.) солай десе де, дегенмен, өйткенмен. *Оны бізге кілауыз кісі деп түсіндіріп еді, а д е с е д е жен білмейтін адам демедік* (Гур., Маңғ.).

АДИНА (Орал: Орал, Қара., Жымп.) ерсі, теріс. *Қойшы соны, оның жүріс-тұрысының бәрі а д и н а* (Орал, Жымп.). *3-ауылдың орашолақтары, ...жоғарғы кемшіліктерге дәттері шыдап, а д и н а істі көрмей ...отыр* («Ұлг. кен. ауылы», 21.03.1931).

АДОР (Гур., Есб.) төрт дөңгелекті жеңіл арба, трәшпән. *Сіздер онда а д о р м е н барарсыздар* (Гур., Есб.).

АДУ (ҚХР) адуын, өр, өжет.

АДУЛЫҚ (Алм., Жам.) теңдік, байлық. *Өндіргенің балғын көк, а д у л ы қ қ а жеткен күнің бүгін* (Алм., Жам.).

АДУМБОТА (Қ.орда, Қарм.) гүлді бұта.

АДЫБҰЛЫҚҚА ЖЕТКІЗУ (Алм., Шел.) көсегесін көгерту, жақсы түрмысқа жеткізу. *Мені а д ы б ұ л ы қ қ а ж е т к і з е т і н осы әкем гой* (Алм., Шел.).

АДЫЛ (Орал: Қара., Т.өкпе.) әділ. *Дүйіс қали барынша а д ы л адам* (Орал, Қара.). *А д ы л жазаны аса қуанышпен қуаттады* («Кол. үні», 20.03.1938).

АДЫН-ГҮДІН (Қарақ.) ойланбай, ретсіз сөйлеу. *Ол езі а д ы н-г ү д і н сөйлей береді* (Қарақ.).

АДЫР[1] (Орал, Чап.) түйе қамыт.

АДЫР[2] (Орал, Жымп.) асау жылқы.

АДЫРА (ҚХР) айрыла, бөліне. *А д ы р а шыққан бадал ма, Мал-жаның аман ба? Сіздер сұрап тұрғанда, айтпай тұрар заман ба?* (Қазақ ертегілері).

АДЫРАҚБАЙЛЫҚ (МХР) адырандаушылық. *...бетіме қарамайды деген дандайсушылық, а д ы р а қ б а й л ы қ бар...* («Ж. өмір», 5.09.1983).

АДЫРАСПАН (Қ.орда, Арал) ащы дәмі бар, үлкендігі қойдың құмалағындай өсімдік, күздө қураған көзде ғана жылқы жөйді. Басын-

дағы дәнін жергілікті халық майға қосып, желді науқасқа ем қылады (Қ.орда, Арал).

АДЫРАУЫҚ (МХР) томпақ, дөңес.

АДЫРҒЫ (Қ.орда, Арал) алаша. *Өрмек тоқыганда жіп шатаспас үшін, арасына қойылған тақтайша, а д ы р ғ ы с ы з арқау өтпейді* (Қ.орда, Арал).

АДЫРЛАНУ (Қ.орда: Сыр., Жал., Тер.; Орал, Жән.) адыраңдау, ірі, дөрекі сөйлеу. *Айтқанға көнбей, а д ы р л а н ы п тұрған жан* (Қ.орда, Тер.). *А д ы р л а н б а й келсең болмай ма?!* (Орал, Жән.). *А д ы р л а у едің, тек сақ болғайсың, – дедім* (Ә. Нұрп., Құт. құн., 71).

АДЫРНА (Гур., Маңғ.) уықтың аяқ бауы. *Оған а д ы р н а ету үшін, шуда жіп іздеп, үйге кірдім* (Ө. Қан., Құд., 21).

АДІГӨН (Гур., Есб.) жайлау немесе жайылым. *Мына қосшы балаларға а д і г ө н басына апаруға Сабит көлік берер* (Гур., Есб.).

АЖАҒАЙ (Алм.: Еңб. қаз., Кег.; Көкш.; Талд.; Рес., Омбы) найзағай. *Жауынды күндері а ж а ғ а й болады* (Алм., Кег.).

[Чувашша *ажа* күркіреу, найзағай, жайдың оғы (Чув.-рус. сл., 1985, 45)]. Қ. шажағай.

АЖАЙЫП (Жамб., Жам.) ғажап. *Ұлы Совет сайлауы – жан көрмеген жаңаша, Ережені оқысаң, А ж а й ы п бір тамаша* («Кол-шы», 1937, №83). Қ. өжөйіп.

АЖАЛКӨКТЕНУ (Жамб.: Мер., Св.) көкшілдену. *...күні біткен пенденің көзі өстіп а ж а л к ө к т е н і п кетеді деуші еді* (Ш. Мұрт., Жұлд. көп., 137).

АЖАЛМАН (Сем., Аяг.) өлімге құштар. *А ж а л м а н д а р тобынан шыққан жау тоқтамайды* (М. Мағ., Алас., 115).

АЖАН (ҚХР) сақшы, айдауыл. *А ж а н ы ң қолына тапсырып тұрмеге жөнелтті* (ҚХР).

АЖАНТАЙ (ҚХР) сақшы, айдауыл. *Қылмыскерді алып жүретін а ж а н т а й л ы қ қ а екі жігіт тағайындалды* («Шұғыла»).

АЖАП (Алм., Іле) ғажап. *Ол жігіттің келуі а ж а п емес, біздің үйге келіп қалар* (Алм., Іле).

[Түрікше *ажып* ғажап, таңқаларлық (Тур.-рус. сл., 1977, 21). Осы мағыналарда өзб. *а ж а б* (Узб.-рус. сл., 1959, 23); түрікм. *ажайып* (Рус.-туркм. сл., 1956, 792); қырғ. *ажап* (К. Юд., КРС, 24). Түркі тілдеріне бұл сөз араб тілінен ауысқандығы К. Юдахиннің сездігінде көрсетілген].

АЖДАРҚА (Қарақ.) айдаһар.

АЖУ (Ақт., Шалқ.) қажалу, тозу. *Есік тақтайларының арасы ашылып, а ж ы ғ а н екен* (Ақт., Шалқ.).

АЖУА (Қ.орда, Арал; Қост., Об.) мазақ, өзіл, өжуа. *Серік Муқанды а ж у а л а п сөз айтты* (Қ.орда, Арал). *Боранбайдың езі жоқ, тек үлкен шекпені мен салпақ құлақ тымағы ғана етбетінен түсіп, а ж у а л а п күлген сияқтанып кетті* (С. Сейф., Шығ., V, 23).

АЖУАН (ҚХР) торғай тәрізділер отрядына жататын құс.

АЖЫ ГҮҢ АҚЫРАДЫ, ТӨРТ БИ ПІАҚЫРАДЫ (ҚХР) кім де кім ажының айтқанына көнбөй қарсы шықса, ажы жарлық шашады, жарлықты төрт би орындайды.

АЖЫҒҰНЫҚ (ҚХР) бері жығыл десе, ары жығылатын қырсық адам.

АЖЫҒАН (Қ.орда, Арал) қажыған.

АЖЫЛЫҢҚАРА (МХР) етік. *А ж ы л ы ң қ а р а жұмысқа жақсы гой* (МХР).

АЖЫН[1] (ҚХР) (көне тұлғасы – ажун) әлем, жаһан.

АЖЫН[2] (ҚХР) туыстық қатынасты білдіретін ұғым. *Ағаның әйелі інінің әйеліне «абысын», інінің әйелі ағаның әйеліне «а ж ы н» болады* (ҚХР).

АЖЫРАТУ (Орал: Жымп., Чап., Шыңғ.; Ақт., Ойыл) үлесу, бөлу, тарату. *Мені сырт тастап өзара а ж ы р а т ы п с ы ң д а р гой* (Орал, Жымп.). *Бұлар колхоз өнімін а ж ы р а т у ш ы л а р* («К-з жолы», 18.05.1937). *Кейбір колхоздар құрылыс бригадасын а ж ы р а т ы п жіберген, онысы дұрыс емес* (Ақт., Ойыл). *Бұдан 22 кг етті өздері алған, қалған 31 кг колхозға килосын 20 сомнан сатпақшы болып, а ж ы р а т қ а н* («Лен. жолы», 10.06.1938).

[Қырғызша *ажырат* бөлу, айыру (К. Юд., КРС, 24); Осы мағынада хақ. *азыр* (Хак.-рус. сл., 1953, 18); чув. *уйар* белу, бөліп қою, беліктерге белу, айыру мағыналарын береді (Чув.-рус. сл., 1985, 508); сары ұйғ. *азырыл* (С. Мал., ЯЖУ, 12); ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *ажырмақ* бөлу, айыру (Э. Надж., ИСТЯ, 169); *адрыл* беліну, айырылу (С. Мал., ПДП, 354); *адыр* беліну, бұтақтану (ДТС, 1969)].

АЖЫРҒЫ[1] (Сем.: Мақ., Үрж.) иінағаш. *А ж ы р ғ ы болмаса, суды немен әкелесің* (Сөм., Үрж.).

АЖЫРҒЫ[2] 1. (Шығ. Қаз.: Құрш., Тарб.) жауыр аттың мойнына байлайтын ағаш. *Бурын жауыр атқа а ж ы р ғ ы байлайтын еді. Қазір ондай жоқ қой* (Шығ. Қаз., Құрш.). – *Сізге а ж ы р ғ ы керек пе? – Сен а ж ы р ғ ы н ы қой, атты дәрігерге көрсет* (Шығ. Қаз., Тарб.). 2. (Сем., Үрж., Аяг.) тұтқын адамның мойнына салатын ағаш-бұғау. *Жас бала жат қолында, мойнына а ж ы р ғ ы ілініп, аяғына кісен түсіп, құлдықта күн кешті* (М. Мағ., Алас., 143). *Қолаяғы байлаулы Күркеге әкеп тығады. А ж ы р ғ ы ілініп мойнына, Ауыл-үйді тұтастай*

Аралатып шыңады (М. Сұл., Шыңғыс хан, 31).

АЖЫРЫМ 1. (Шымк.: Қызылқ., Арыс, Сайр.) айырылысу, ажырасу. *Жоғарақта Әлдібек пен Қалиманың а ж ы р ы м ы болды* (Шымк., Қызылқ.). 2. (Шымк., Қызылқ.; Алм., Жам.) айырмашылық, айырма. *Ақта мен Қошқардың арасында а ж ы р ы м бар* (Шымк., Қызылқ.). *Осы екі адамның а ж ы р ы м ы неде екен, әкем?* (Алм., Жам.).

[Қырғызша *ажырым* (К. Юд., КРС, 24)].

АЗА БОЙЫ ҚАЗА ТҰРУ (Орал: Шыңғ., Чап.) аза бойы қаза болу. *Ол немістердің әйелдер көрсе зорлап, айуанша тап беретіндігін талай естіген, Марина болса көрікті әйел, ендеше немістер бұған ұрынуы мүмкін, – осыларды еске алғанда оның а з а б о й ы қ а з а т ұ р д ы* (А. Фад., Жас. гв., 218).

АЗА БОЙЫМ ТАЗА БОЛДЫ (Қост., Жанг.; Жезк., Ұлы.) күнәдан тазардық, жаксардық. *Анадан менің а з а б о й ы м т а з а б о л д ы* (Қост., Жанг.). *А з а б о й ы м ы з т а з а б о л ы п, шүкір отырмыз* (Жезқ., Ұлы.).

АЗАБЫ ЖОҚ (Гур., Маңғ.) не азап. *Қозы тоғытатын а з а б ы м ж о қ* (Гур., Маңғ.).

АЗАБЫ СІҢУ (Рес., Сарат.) еңбегі сіну. *Қажымұқан а з а б ы с і ң г е н адам гой* (Рес., Сарат.). Ерте заманда «еңбек» сөзі «азап» мағынасында жұмсалуына байланысты жасалған тіркес.

АЗАЛ-МАЗАЛ (Жамб., Шу) аз-маз. *Сізден а з а л-м а з а л жас жігіт* (Жамб., Шу).

АЗАМАТ (Сем., Үрж.) оқыған, қызметкер. *Мен жасымда а з а м а т т а р м е н көп жолдас болдым. А з а м а т т ы ң қосшысы болу да ол кезде көрім іс еді* (Сем., Үрж.).

[Түрікше *азамат*: 1) ұлылық; 2) тамаша; 3) мактаныш (Тур.-рус. сл., 1977, 84); қырғ. *азамат* жігіт (К. Юд., КРС, 25); езб. *азамат* батыл, батыр, ер жүрек (Узб.-рус. сл, 1959, 25). Түркі тілдеріне араб тілінен ауысқан. Арабша «ғазаматә» сөзінің кептеген мағыналары бар. Солардың ішінде «маңыздану», «үлкейе бастау», «байсалды болу», т. б. (Ар.-рус. сл., II, 1970, 670)].

АЗАН (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Тедж., Красн.; Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал., Қарм.; Қарақ.; Өзб., Ташк.) таңертеңгі уақыт. *Ертең а з а н д а келерсің, әзір қолым тимейді* (Түрікм., Мары). *Қазір, а з а н г ы шай ішісімен Қалба болысының беделді-беделді адамдары мәжіліс құрады* («Жұлдыз», 1988, №2, 18). *А з а н д а кеткен адам күн батып ел орынга отыра келді* (Қорда, Сыр.). *Біз қалага а з а н д а жүріп кетеміз* (Қарақ.). *А з а н д а институтқа келген әйелдер оның қуанышына, «қайырлы болсын» айтты* (М. Дүй., Жол. бол.).

[Өзбекше *азон* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *азон* (Рус.-карак. сл., 1967)].

АЗАНДЫҚ (Гур., Шевч.) құлақтың төменгі жұмсақ еті. *Құлағының азандығы неге ісіп кеткен* (Гур., Шевч.).

АЗАН ҚАҒУ (Маң.: Маңғ., Бейн.) қақсап дауыс шығару. *Қара сиыр тағы а з а н қ а қ т ы. Шайлық сүт сауып алғанда, бұзауын емізіп қақтатпаған* (Ж. Нәжім., Кішк., 154).

АЗАҢДАУ (Гур., Есб.) аздау. *Биыл колхоз егісінің түсімі а з а ң д а у боп тұрганы* (Гур., Есб.).

АЗАП ЖАСАУ//АЗАП ЕТУ (Рес., Сарат.) еңбек ету, еңбектену. *Коп а з а п ж а с а й т ы н болар оган* (Рес., Сарат.). *Екі жағына сурет салып, ол көп а з а п е т т і гой, сосын алдық* (Рес., Сарат.).

АЗАП ПЕН ҚАЗАҢДЫ БЕРСІН (ҚХР) ұрлық-қарлық жасайтындарға айтылатын қарғыс. *Құдай жазаңды берсін! А з а п п е н қ а з а ң д ы б е р с і н* (**Б. Боп.**, Қаз. алғ., 178).

АЗАР[1] (Орал: Жән., Жымп., Орда; Гур.: Маңғ., Есб.; Ақт., Ойыл; Жезқ., Ұлы.) зорға, әрен. *Өзеннен осы жерге а з а р ж е т т і м* (Орал, Жән.). *Дыңғызыл ауылына пошта 7-8 күнде а з а р қатынасады* («Ж. жол», 17.01.1932). *Артына жалтақ-жалтақ қарап, а з а р кетті* (Гур., Есб.). *Тарантасқа жегілген ат бізді а з а р тартып келді* (Ақт., Ойыл). *Жүк ауыр екен, а з а р көтердік. А з а р дегенде жолды таптық* (Жезқ., Ұлы.). *А з а р тұстім арбадан, Таяқ ұстап таянып, Жығылып жерге құладым, Қара терге боялып* (Қашаған).

АЗАР[2] 1. (Рес., Орын.; Қ.орда: Жал., Қарм., Сыр.; Ақт., Ырғ.; Қост., Жанг.) жәбір, корлық. *Ол келінін үнемі ұрсып а з а р көрсетіп отыр. А з а р көрген келіннің де тілі шығады* (Қ.орда, Жал.). *Оның көрмеген таршылығы, а з а р ы, бейнеті жоқ* (Қ. Әбд., Тәт. қауын, 36). *Байлардан көрген а з а р ы м ы з д ы кітап бетінен оқып қанықкан болармыздар* (Қ.орда, Қарм.). *Ойымнан ол а з а р ы ң өлмей кетпес, көр енді, Әкуанның әзіл ойнын* (Рус. дас., 281). *Иса байдың баласы маган а з а р берді* (Ақт., Ырғ.). *Ақбаланың а з а р ы батып барады* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 181). 2. (Қост., Жанг.) реніш. *Сен оны а з а р қылма* (Қост., Жанг.). 3. (Қост., Жанг.) тынышсыз. *Балам, а з а р болма* (Қост., Жанг.).

[Қырғызша *азар* азап, қорлық (К. Юд., КРС, 25); пар. *азар* сөзінің мағыналары осы көрсетілген тіл ерекшеліктеріндегідей болып келеді (Пер.-рус. сл., 1, 1983, 68)].

АЗАР АДАМ (Гур., Есб.) беймаза, тыныш-сыз адам. *Өзі бір мылжыңдаған а з а р а д а м ғой* (Гур., Есб.).

АЗАРЛАНУ (Қ.орда: Жал., Қарм.) жәбірлену. *Бастықтың жұмысқа шық дегеніне кейбіреу а з а р л а н ы п жүреді* (Қ.орда, Қарм.). *Артынша ерлер бұған а з а р л а н д ы, Адамдай шақырусыз келген тойға* (Рүс. дас., 268).

АЗАРЛЫ (Гур.: Маңғ., Шевч.) жанға бататындай. *А з а р л ы жұмыс, а з а р л ы ауру* (Гур., Маңғ.). *Көрген адамдар оның ауруын онша а з а р л ы деп айтпайды* (Гур., Шевч.).

АЗАР-МАЗАР (Павл., Ерт.) әрең, зорға. *Койды атпен а з а р-м а з а р алып келді* (Павл., Ерт.).

АЗАТ (Қарақ.) керегенің байланыстыратын ең жоғарғы үзын басы, басқа бастарынан бөлек шығып тұрады.

АЗАТ КЕЛУ (Гур., Мах.) алда келу. *Согыс өнерін үйренуде Сатаео өзінің ынталығының арқасында басқалардан а з а т к е л е д і* («Соц. Эмба», 4.01.1942, №2).

АЗАТ КЕРЕГЕ (Түрікм.: Красн., Таш.) есіктің босағасына тақау жерде жеке, дара қалған керегенің басы. *Сапалақ* (қ.) *мана а з а т к е р е г е д е ілулі тұрған* (Түрікм., Красн.).

АЗБАНДЫҚ (Рес., Сарат.) бұқалық. *Қасқа тай огіз әлі а з б а н д ы г ы н қоймай жұр деп қайта кестірді* (Рес., Сарат.).

АЗБАР[1] 1. (Көкш.: Щуч., Еңб.; Гур., Маңғ.; Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал; Қарақ.; Рес., Волг.) ашық қора. *Малды а з б а р г а қамаңдар* (Көкш., Щуч.). *Сиырды бұзауымен а з б а р г а енгіз* (Қ.орда, Арал). *А з б а р д а тұрып жем жеген, Мырзалар мінген ат кетті... Сарала деңмент қылыш бау Мұра деп салған зат кетті* (Қашаған ақын). *А з б а р г а қойды көбінесе жазда ұстаймыз* (Қарақ.). 2. (Орал, Чап.; Рес., Орын.) жабық қора. *А з б а р г а қоя тұрсаңшы оныңды* (Рес., Орын.). 3. (Қ.орда, Арал) ат қора. *Торы атты а з б а р г а байлап қой* (Қ.орда, Арал). 4. (Гур., Маңғ.) үстаның іс үйі. *Бұл үстаның а з б а р ы* (Гур., Маңғ.). 5. (Ақт., Ырғ.; Рес., Орын.) қора. *А з б а р г а ешкіні қамап қойдым* (Рес., Орын.). *Менің атым а з б а р д ы ң ішінде тұр* (Ақт., Ырғ.). 6. (ҚХР) қора ішіне салынатын оңаша кішкене үйшік. Онда көбінесе қараңғылап мал бордақылайды және арық-тұрақты айрым күтімге алады. *Мал азығы да қысқы а з б а р л а р ы н а тасылып болған жоқ* («Қ. ту», №103, 1939).

АЗБАР[2] (Гур., Маңғ.; Рөс., Волг.; Түрікм.: Красн., Таш., Мары) құрал-сайман, аспап. *Завхозға айт а з б а р л а р д ы түгендей, таярласын* (Түрікм., Таш.). *Жұмысты адам емес, а з б а р істейді* (Мақал).

АЗБЫРАЙ[1] (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі, Арал) ер тоқым, қамыт, көлікке қажетті саймандардың жиынтығы. *Балам, а з б ы р а й д ы далаға алып шығып, атты арбаға қоса гой* (Қ.орда, Сыр.). *Колхоздарда тұқым қорының жеткіліксіз екендігін, жұмыс көліктері мен а з б ы р а й л а р д ы ң дайындалмағанын, сүйтіп...* («Соц. ауыл», 16.03.1949). Орыс тілінде *сбруя*.

АЗБЫРАЙ[2] (Өзб., Бұх.) үйдің керекті заттары (мүлкі). *А з б ы р а й ы ң сай болмай, шаруашылығың жүрмейді* (Өзб., Бұх.).

АЗҒЫН (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) ерте пісетін үлкен қауын.

АЗДА-АЗ (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Жеб.) кемде-кем. *Осы кезде орысша білмейтіндер а з д а-а з шығар* (Түрікм., Ашх.). *Сондықтан да Ақшолақоо десе «а» деп аузын ашпайтын адам а з д а-а з* («Қарабүғаз.», 8.03. 1937).

АЗДАУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) азаю, кему. *Ол кісіде бие саны жылдан-жылға а з д а п барады* (Тау., Қош.).

АЗДЫ-КЕМ (Рес., Орын.) азды-көпті. *Шырағым, а з д ы-к е м әңгіме айта отыр* (Рес., Орын.).

АЗ ЕМЕС (МХР) талай, сан рет. *Бұл тұргыда а з е м е с айтқанымызбен нақты нәтижесі қанағатсыз* («Ж. өмір», 21.07.1986).

АЗ-МҰЗ (Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ.) аз-маз. *...Махмұттың тамаққа тойып алған соң, терезені ашып қойып, үсті-үстіне кекіретіні гана бұл үйдің қазақтарга да а з м ұ з қатысы жоқ еместігін байқататын* (Ә. Кекіл., Құс қан., 178).

[Өзбекше *оз-моз* (Узб.-рус. сл., 1956, 298)]. Қ. аз-мыз.

АЗ-МЫЗ (Шығ. Қаз., Марқ.; Қост., Арқ.; Қарақ.; МХР) аз-маз. *А з-м ы з шаруамен келдім* (Шығ. Қаз., Марқ.).

[Өзбекше *аз-моз* (Узб.-рус. сл., 1956, 299)]. Қ. аз-мүз.

АЗНА Қ. азына.

АЗ-ПАЗ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) аз-маз.

АЗТОЛА (МХР) біраз, едәуір. *Бұл жөнінде кеншілер отрядының бастығы Чангамен, сырласқанымызда ол өз коллектиоінің а з т о л а табыстары жөнінде әңгімелеген еді* («Ж. өмір», 24.10.1983).

АЗУ[1] (Рес., Орын.) бұзылу, асқыну. *Жарам а з ы п кетті* (Рес., Орын.).

АЗУ[2] (Қост.: Об., Торғ.) шабақ (арбаның арысын белағашқа бекітетін кішкене шабақ).

АЗУ АҒАШ (Көкш., Еңб.) арбаның тіс ағашы. *А з у а г а ш болмаса белагаш артта қалады* (Көкш., Еңб.).

АЗЫҒУ[1] (Қ.орда: Арал, Қаз.) суалу, құру. *Бұл маңайда майда көлдер болушы еді, оның тұзы а з ы қ т ы* (Қ.орда, Арал).

АЗЫҒУ[2] (Қ.орда, Арал; Қарақ.) азу. *Адамның а з ы г у ы жаман болар екен* (Қарақ.).

АЗЫҒЫНДЫҚ (Гур., Маңғ.) азықтық. *Мал а з ы г ы н д ы қ шөп* («Соц. жол», 7.04.1975).

АЗЫ-КЕМ (Гур., Маңғ.) аз-кем.

АЗЫ-КӨБІ (Қ.орда, Шиелі) біразы. *Финанс тәртібін бұзудағы соманың а з ы-к ө б і қылмысты жеңілдетуге тиісті* («Стах.», 16.07.1940).

АЗЫҚ-АУҚАТ (Өзб., Ташк.) азық-түлік. *Мақтакер шаруаларды жем-шоп және а з ы қ-а у қ а т т а р м е н қамтамасыз етеміз* (Өзб., Ташк.).

АЗЫҚҚАН (Қ.орда, Арал) азған. *А з ы қ-қ а н адам, а з ы қ қ а н н ы ң тұқымы* (Қ.орда, Арал).

АЗЫМТАЛ (Гур., Маңғ.; ҚХР) төзімсіз, жудегіш, азғыш. *А з ы м т а л ат* (Гур., Маңғ.).

АЗЫНА//АЗНА 1. (Қ.орда, Арал) қайықтың ішкі жағын, екі бүйірін керіп тұруға және адам отыруға арналған көлденең ағаш. *А з ы н а қайықтың екі жағын керіп тұрады, а з ы н а г а кісілер отырады* (Қ.орда, Арал). 2. (Қ.орда: Сыр., Жал.) қайықтың алдыңғы жағындағы қуыс.

АЗЫН-АУЫҚ (Гур., Маңғ.) азын-аулақ.

АЗЫНАУЫР (ҚХР) мырза.

АЗЫН-ЖОҒЫН (Түрікм.: Көнеүр., Таш.; Гур.) азын-аулақ, азды-көпті. *Ол жақтың халжайы қалай екен деп едік, а з ы н-ж о г ы н бірдеме айтты да қойды* (Түрікм., Көнеүр.).

АЗЫНУ (Орал, Қара.) арықтау. *Етің сылынып, аз-мұз а з ы н ы п с ы ң гой* (Орал, Қара.). *Сегіз бұзау а з ы н г а н д ы қ т а н өлім халінде тұр* («Кол. үні», 5.11.1938).

АЗЫН-ЧОҒЫН (Гур., Маңғ.) азын-аулақ. *Жиде ағашы бұл жерде а з ы н-ч о г ы н кездеседі* (Гур., Маңғ.). Қ. азын-шоғын.

АЗЫН-ШОҒЫН (Орал, Чап.; Қ.орда: Арал, Қарм.) азды-көпті, азғана. *Тұра тұр, мына жерде а з ы н-ш о г ы н шаруам бар еді* (Орал, Чап.). *Мектептің оқушылар коллектиоі мұндай а з ы н-ш о г ы н істеген жұмыстарына қанағаттанып қалмайды* («Екп. жол», 11.06. 1959). *Колхозшылардың қоғамдық шаруашылығын өркендетуге а з ы н-ш о г ы н еңбек үлесімді қосып келемін* («Қ. ту», 7.09.1956). *Жиде ағашы бұл маңда а з ы н-ш о г ы н ғана. Көмек туралы ойласқан мақұл болар еді... балаларына а з ы н-ш о г ы н қаражат жиып берерміз* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 79)... *Теңізге тор жайғанда ау козін а з ы н-ш о г ы н балық қағатын* (Ә. Нұрп., Сең, 250).

[Әзірбайжанша *аз-чох* (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 80); түр. *азын* өте аз (Тур.-рус. сл., 1977, 85); хак. *чох* жоқ (Хак.-рус. сл., 1953, 321). Коне жазба ескерткіштердің бірінде *азын-азын* (Э. Надж., ИССТЯ, 193). Осы тілдік деректерден шығатын қорытынды *азын-шоғын* ерекшелігі *азды-жоқты* қос сөзінің басқа түркі тілдері өсерінен пайда болған дыбыс озгерісіне түскен түрі деп жорамал жасаймыз].

АЙ[1] (Жамб., Жам.) үлкен шеше, әже. *Біздің а й ы м ы з олген* (Жамб., Жам.).

АЙ[2] (Гур., Маңғ.) балық желбезегінің аузы.

АЙАҚ (Түрікм., Небид.) ол жақ. *А й а қ-т а н барған адам болмаса, көп болмайды* (Түрікм., Небид.).

АЙАҚ-ШАНАҚ (Қар., Қарк.) аяқ-табақ.

АЙАЛ (Ақт., Ырғ.; Гур., Шевч.; Алм., Шел.; Қ.орда: Арал, Қарм.; Қарақ.) әйел. *Бұл кісі а й а л ы м н ы ң шешесі болады* (Акт., Ырғ.). *Дәуітбай әлі а й а л алған жоқ* (Гур., Шевч.). *Тракторист а й а л – е р Саятшыдай ынғайлы* («Соц. мал шар.», 8.03.1942, №18).

АЙАПА (Ауғ.; Ир.) апа, әпке, озінен үлкен қыз. *А й а п а деген дыбыстан, айапақ сені айналсын* (Қоштасу өлеңіиен).

АЙБАҒАР (Қарақ.) күнбағыс. *Біздің ауыл а й б а г а р егуді осы күні азайтып келеді* (Қарақ.).

АЙБАН[1] (Қ.орда, Жаңақор.) үй алдындағы бөлме. *Терезе жақтаулары ақ сырмен боялған, шыныдан а й б а н ы бар, есігінің алды гүл майса...* (Ө. Қан., Құд., 194).

АЙБАН[2] (Қ.орда, Арал) жасы үлкен, сыйлы адам. *Жаңағы бір а й б а н шал соның жөнін біледі* (Қ.орда, Арал).

АЙБАН[3] (Қ.орда, Арал) үлкен, ірі, сүйекті. *Мына балаңыз атандай а й б а н д ы гой* (Қ.орда, Арал).

АЙБАНАЛЫ (Алм., Шел.) айыпты. *Маған 100 сом бермек болдың, бірақ бермедің, а й б а н а л ы болдың* (Алм., Шел.).

АЙБАҢ (ҚХР) таз (басында айыбы бар деген мағынада).

АЙБАР (Гур., Маңғ.) түлғалы, биік, зәулім. *А й б а р ағаш* (Гур., Маңғ.). *Алыстан а й б а р корінген, Жиделі жеміс ағашы* (Түмен ақын). *Құландай ашы дауыстым, Құлжадай а й б а р мүйіздім* (Махамбет).

АЙБАРАҚ (Қ.орда, Арал) алдау, өтірік дөлөл келтіру. *Берейін деп тұрғанда ол а й б а р а қ қып бергізбеді* (Қ.орда, Арал).

АЙБАРАҚТАУ (Қ.орда, Қарм.) қашқалақтау, істеген ісін мойнына алмай жалтару. *Оның а й б а р а қ т а у ы н қара* (Қ.орда, Қарм.).

АЙБАРЛАНДЫРУ (Қ.орда: Тер., Жал., Арал) ашындыру. *Гитлер Германиясы фашистерінің жыртқыштық әрекеті кімді а й б а р л а н д ы р м а д ы* (Қ.орда, Арал).

АЙ БАС САЙЫН (Алм.: Жам., Шел.) ай сайын, айына. *Әке, а й б а с с а й ы н келіп тұр* (Алм., Шел.).

АЙБАТ (Алм.: Кег., Шел.) әйбәт, жақсы, онды, көркем. *Уай, бәрекелді, там а й б а т боп салынған екен* (Алм., Шел.). *Бұл кісі а й б а т екен* (Алм., Кег.). Қ. өйбат.

АЙБЫҚАН (Қ.орда: Қарм., Сыр., Тер., Жал.) ете бұзық адам. Кейде малға да айтылады. *Ол өте а й б ы қ а н адам болды гой. Ферманың не бір а й б ы қ а н бұқалары бар* (Қ.орда, Қарм.).

АЙБЫҚЫ АДАМ (Өзб., Бүх.) қыңыр, шәлкес мінезді адам.

АЙБЫЛУ (Қ.орда: Сыр., Жал.) қаймығу, сескену. *А й б ы л ы п анадайда тұрып алды, Мені де мұқатар деп барсам жуық* (Рүс. дас., 128).

АЙБЫНУ (Гур., Маңғ.) жүрексіну, сескену. *Әлде ол бұның сақшысы ма. Итжемес жертелеге қайтып кіруге а й б ы н ы п тұр* (Ә. Кекіл., Үркер, 500).

АЙГІЛЕУ (Орал: Шыңғ., Орда; Жезқ., Ұлы.) анықтау, әшкерелеу, әйгілеу. *Өтірікшының а й г і л е г е н жөн* (Орал, Орда). *Бұл істегі қылмысты адамдарды а й г і л е у керек* («Соц. жол», 28.12.1939). *Оны жұртқа а й г і л е у керек* (Жезқ., Ұлы.).

АЙҒАБАҒАР (Түрікм.: Таш., Тахта; Қарақ.) күнбағыс. *Маңдайы а й ғ а б а ғ а р д а й жалтырып...* (Қарақ.).

[Түрікменше *күнебакар* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *күнгабоқар* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *айгабагар* (Рус.-карак. сл., 1967)].

АЙҒАБАҚ[1] (Қ.орда, Арал) тудың басына ілетін айдың бейнесі. *А й г а б а г ы н жарқылдатып Көтібар туды жоғары көтерді* (Қ.орда, Арал).

АЙҒАБАҚ[2] (Ауғ.; Ир.) күнбағыс.

АЙҒА БАТА ҚЫЛУ (ҚХР) босқа күн өткізу, ешнәрсе бітірмеу.

АЙҒАЙДАУ (Тау., Қош.; МХР) айқайлау.

АЙҒАЙ ШОҚЫДАЙ АЗАМАТ (ҚХР) беделді, абыройлы азамат. *Өз маңынан мойны озған а й ғ а й ш о қ ы д а й а з а м а т қана елестейді көз алдыма* (Ғ. Қан., Бүрқ., 336).

АЙҒАҚ (Орал, Жән.) куө. *А й ғ а қ с ы з істің бәрі өтірік* (Орал, Жән.).

АЙҒҰЛАҚ (Қост.: Об., Торғ.) желбезек.

АЙҒЫР ЕШЕК (Түрікм., Небид.) есектің еркегі. *Біздерге а й ғ ы р е ш е к т е н гөрі машы ешек тыныш* (Түрікм., Небид.). Қ. маша.

АЙҒЫР ЖАП (Қост., Жанг.) егінге су жіберетін көтерме жап, арық. *Біз а й ғ ы р ж а п п е н құллі арыққа су жібереміз* (Қост., Жанг.).

АЙҒЫР ҚҰЛАҚ СУ (Сем., Үрж.) бір құлақтан артығырақ, үлкен құлақ су. *Менің кешеден бері алғаным бір а й ғ ы р қ ұ л а қ с у* (Сем., Үрж.).

АЙҒЫРМЕН ТОҚТАТУ (Қ.орда, Арал) айғырдан шығу. *Оларды асыл тұқымды бура, а й ғ ы р м е н т о қ т а т у естен шығып кетті* («Екп. балықшы», 1932, №32).

АЙҒЫРСУ (Гур., Есб.) басыну, билік көрсету. *Байлар о кезде бізге талай а й ғ ы р с ы г а н болатұғын. Махамбет Баймағамбетке: А й ғ ы р с ы м а й отыр, а й ғ ы р с ы т а р м ы н сені! – деп ақырыпты деген сөз бар* (Гур., Есб.).

АЙҒЫР ТОП (Гур., Маңғ.) үлкен топ, бір топ. *Арғындардың ала шұбар а й ғ ы р т о б ы н жолға салған соң... Әбілқайыр Мырзатайды тағы да базарға жұмсап, жол-жөнекей баягы жырық езу жылқышының қосына сога қайтуды тапсырды* (Ә. Кекіл., Үркер, 115). *...қапталда тротуарда а й ғ ы р т о п боп, жұп жазбай кетіп бара жатқан дударбастардың аузынан «Қайрат» деген сөзді естіп қап, қайран қап, құлағын тосты* (Ә. Кекіл., Күс қан., 296).

АЙДА[1] (Гур., Есб.) айла. *Оның а й д а с ы бізден артық емес* (Гур., Есб.).

АЙДА[2] (Рес., Орын.) жүр, кел. *А й д а, мына йағынан аттайық* (Рес., Орын.).

АЙДА[3] (МХР) кешкі қойды сауып болған соң, қозы жамыратарда айтылатын шақыру одағайы.

АЙДАҚТА (Алм., Іле) айтақта.

АЙДАМАЛ (Орал, Жән.; Қост., Жанг.) алыс, жырақ, қашық. *Шөп шабатын жер бұл жақтан а й д а м а л* (Орал, Жән.). *Су тасып ішетін жер а й д а м а л* (Қост., Жанг.).

АЙДАН АШЫҚ (Ақм., Ерк.) айдан анық. *Біздің елімізде атеистік қозғалыстың өсуімен қағиданың дұрыс екендігін а й д а н а ш ы қ көрсетіп отыр* («Ең. туы», 1940, №55).

АЙДАНУ (Шығ. Қаз., Болыи.; Алм., Нар.) айналу.

АЙДАП ТҰРУ (Шымк., Түлк.) жер жырту. *Еркінбай қос а й д а п т ұ р* (Шымк., Түлк.).

АЙДАП САЛ (Қар., Қарқ.) асық ойынының бір түрі. *Сондықтан Атуша «а й д а п с а л ғ а» асықты. «А й д а п с а л» асық ұруден басталады* (Ғ. Мүст., Көз көр., 206).

АЙДАП САУУ (Сем.: Ақс., Көкп.; Шығ. Қаз., Тарб.) қойды қосақтап сауу. *Қойды а й д а п с а у у әдеті қазір сиреп барады* (Сем., Ақс.).

АЙДАРЛЫМ (Гур., Маңғ.) жақсы көрген адамға еркелете айтылатын сөз.

АЙДАРШЫҚ (Гур., Маңғ.) кебеженің құлып салатын жері, кекілі.

АЙДАУ[1] (Алм., Шел.) жол түспеген құмды жер. *Мына біреу кім өзі тал түсте жол таппағандай а й д а у кешіп келе жатқан? А й д а у д ы ң қара топырағына атын омбылата бастырып келе жатқан салт аттыға ел назары бірден ауды* (Б. Соқп., Қайдасың, Гауһар?, 202).

АЙДАУ[2] (Қ.орда, Арал) алыстан тасу, әкелу. *Суға кетіпті, суды а й д а п ішеді екен* (Қ.орда, Арал).

АЙДАУ АТ (Гур.: Есб., Маңғ.) көтермешінің аты, бәйге атын көтермелейтін ат. *Әлгі қазақтың а й д а у а т ы н міне сала шаптым* (Гур., Есб.).

АЙДАУ ЖОЛ (Түрікм.: Красн., Небид.) үлкен қара жол. *Сүйлі мен Қошоба арасы а й д а у ж о л емес пе, неге мәшін жүріп болмайды* (Түрікм., Красн.). – *Е-ей қарағым-ай! Өзің байқамайсың ба, мынадай а й д а у ж о л д а қандай банды жүреді? Кілең пермі мен кеңсені кезіпсіңдер* (Ж. Нәжім., Кішк., 39).

АЙДАУЫЛ 1. (Жамб.: Мер., Жам.) айдаушы. *Қаргалар пар-пар етіп ұшқанда а й д а у ы л д а р сәл-пәл болса да сасыңқырап қалған* (Ш. Мұрт., Жұлд көп., 192). 2. (ҚХР) қылмысты және сотталған айдаушы ажын. *А й д а у ы л д ы қ алдына түспе, тосқауылдың торына түспе* (Мақал).

АЙДАҺАР (ҚХР) аспанның солтүстік жарты шарындағы Темірқазық жұлдызын орағатып жататын шоқ жұлдыз.

АЙДОҢКЕ (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.) шөптің орны. *Шөпті тасып алғаннан кейін, күз бойы а й д ө ң к е г е мал жаямыз* (Шығ. Қаз., Зайс.). *А й д ө ң к е д е шөп қалған жоқ* (Шығ. Қаз., Күрш.).

АЙДЫН[1] (Орал, Жаңғ.; Рес., Орын.) үлкен көл. *Жангаланың жаны толған а й д ы н* (Орал, Жанғ.). *Басы былақ болмаса, Сағасы а й д ы н болмас* (Рес., Орын.). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *айдын* айдың жарығы (ДТС, 28). Жарқырап жатқан көлдің «айдын» аталуы ай жарығына ұқсатудан тууы мүмкін.

[Қырғызша *айдын* ай жарығы (К. Юд., КРС, 30); өзб. *ойдин* (Узб.-рус. сл., 1959, 299)].

АЙДЫН[2] (Қар., Қарқ.; Орал, Жымп.) айбын, қаһар. *Ондай күш берік қолға берілгенде а й д ы н ы тіпті зорая түседі екен* (Ғ. Мүст., Көз көр., 272). *...Жақсыларды орға жығасың, ...Жамандарды желіктіріп а й д ы н ы н асырып, асқақтатасың* (Қ. Қар., Алт. изд., 174).

АЙЖАЙ (Талд.; Жамб., Шу) қолайсыз. *Биыл маған климат а й ж а й болды* (Жамб., Шу). *...Ферма бастығы а й ж а й г а қаратпастан, құмдағы бойдақ малды ауылға айдатуға бұйрықты беріп салды* (Ғ. Сл., Шалқ., 4).

АЙЖАСКОМ (МХР) аймақтық жастар комитеті. *...а й ж а с к о м бірінші хатшысы А. Ақындар сөз сойлеп, міндеттеме қабылдады* («Ж. өмір», 19.05.1983).

АЙЗАТЫЛ (Гур., Мах.) атылу. *Байбай дәлеті бөдене деп а й з а т ы л ы п т ы* (Гур., Мах.).

АЙКЕЛДІ (Гур., Маңғ.) қарақұрт шаққан адамды, малды дұғамен оқығанда ыдысына салатын шыбынды осылай атайды.

АЙ КОРГЕН КҮН (МХР) әр айдың бір жаңасы.

АЙҚАБАҚ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал., Арал; Шымк., Қызылқ.) күнбағыс. *А й қ а б а қ т ы ң гүлдеп тұрған уақыты осы кез* (Қ.орда, Сыр). *Есі ауысыңқыраған адамды «а й қ а б а қ т а й аударылып» деп айтады екен* (Қ.орда, Арал).

АЙҚАҒАТ (ҚХР) келісім, келісім озара қарым-қатынас жасаушы тараптардың ішкі сенімі арқылы ерікті түрде жүзеге асыратын міндеттердің жиынтық атауы.

АЙҚАЙ (Гур., Құлс.) кең, үшы-қиырсыз. *Қаратаудан қашып шығып, а й қ а й жазыққа оңаша біткен жалғыз өркеш қара нардай оқшау таудың тұла бойы ...жас оскіннің жұпар иісіне бөгіп тұр.* (Ә. Кекіл., Үркер, 285).

АЙҚАЙ-СҮРӨН (Қар., Қарқ.) айқай, у-шу.

АЙҚАЛЫС (Рес., Астр.) соғыс. *Әуелде Таловкада болганбыз, кешегі а й қ а л ы с т а араласпай кеттік* (Рес., Астр.).

АЙҚАРЫС (Қ.орда, Арал) айқас.

АЙҚАСТАУ (Қост., Фед.) ойқастау, оқшау. *Қолтықтаған еркектің бауырына жабысып, жіптіктей болып жүретін Ұлбосын қала көрген қыз ба, трашпенкеге жаңа жегілген аттай а й қ а с т а п шыға береді* (Б. Майл., Шығ., IV, 180).

АЙҚАСУ[1] (Гур., Есб.) қосылу. *Үңгірдің ішіндегі қарлар бір қарға а й қ а с а д ы* (Гур., Есб.).

АЙҚАСУ[2] (Гур., Маңғ.) айналу. *Мына баланың аягындағы бәтеңкесі тозуга а й қ а с т ы* (Гур., Маңғ.).

АЙ ҚОРҒАЛАУ (МХР) айдың кешігіп тууы, әр айдың жиырмасы көзінде айдың кешігіп тууы.

АЙҚҰЛАҚ 1. (Қарақ.) балықтың желбезектері. **2.** (Шығ. Қаз., Зайс.) балықтың желбезегін жауып тұратын, жарты ай тәріздес сүйек. *Балық дем алғанда а й қ ұ л а қ бір көтеріліп, қайта жабылып қозғалып тұрады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АЙҚҰЛАҚ БАТПА (Гур.: Есб., Маңғ.) қауіп төнгенде күмға батып кететін кесіртке түрі. *Қали күн қызған кездегі құмның а й қ ұ л а қ б а т п а с ы құсап, Сақал Сатымға шекесінен қараған* (Ж. Нәжім., Кішк., 90).

АЙ ҚҰЛАҚТАНУ (ҚХР) еліру, асқақтау, қоқилану. *Дәм бұйырып солардың біріне ілігіп қаламын ба деген оймен Үзекең құла биеге ер салып, ауылдан а й қ ұ л а қ т а н ы п-а қ аттаған* (Қ. Жұм., Соңғы..., 18). *Ол бірдемені тындырып тастағандай а й қ ұ л а қ т а н ы п жетіпті* (А.Қас., Н.Әбік., ҚТТС, 8).

АЙҚЫН[1] (Ақт., Тем.; Рес., Орын.) айдын, кең, үлкен, шалқар. *Жол бойында табыс деп, Жағалай қонған ел болды. Су тұспейтін шұбар тау, А й қ ы н үлкен көл болды* (Ақт., Тем.). *Тау басына шығып едік, аржағынан а й қ ы н даланы көрдік* (Рес., Орын.).

АЙҚЫН[2] (Рес., Сарат.) нағыз. *Шиеміз а й қ ы н өлеңші кісі еді* (Рес., Сарат.).

АЙҚЫННАН-АЙҚЫН (Ақт., Жүр.) апанық, айдан анық. *Соохоздың директоры Тасболатоо а й қ ы н н а н-а й қ ы н қылмысқа жол ашып беріп отыр* («Ст. эпоха», 1942, №17).

АЙҚЫРА (Ақт.: Байғ., Ойыл; Павл., Горьк.; Шығ. Қаз., Марқ.) айқара. *Ол шапанын а й қ ы р а жамылды* (Ақт., Байғ.). *Кәрім пальтоны а й қ ы р а жамылып, цйықтап жатыр* (Павл., Горьк.).

АЙҚЫРТ (Гур., Маңғ.) қайықты кемеге жанамалап, қиғаштап әкелу.

АЙҚЫРТУ (Гур.: Маңғ., Тең.) **1.** жағу. **2.** қиғаш жүру, бұра жүру. *Қайықты а й қ ы р т у керек* (Гур., Маңғ.). *Балықшылар қайықты а й қ ы р т п а й желге қарсы, жүре алмайды. Баратын жағына жел қарсы болса, балықшылар қайықты а й қ ы р т а жүреді* (Гур., Тең.).

АЙЛА (Ауғ.; Ир.) отбасы, отағасы.

АЙЛАЛУ (Талд., Гв.) айналу. *Бастаудың басын есекпен а й л а л ы п еттім* (Талд., Гв.).

АЙЛАМ (Түрікм.: Красн., Таш., Мары) бәйге аттарының айналма шабысындағы жол. *Байраққа қосылған аттар неше а й л а м шапты?* (Түрікм., Красн.).

[Түрікменше *айлав* жарыс, ипподром (Туркм.-рус. сл., 1940); езб. *айланма* шеңбер жасап жүру, айналым (Узб.-рус. сл., 1959); әзірб. *айлам* деңгелек, шеңбер (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 89)].

АЙЛАНА (Алм., Шел.) айнала, төңірек. *Нүсіп, а й л а н а г а коз салшы, қызыл ат көрінбес пе екен* (Алм., Шел.).

[Қырғызша *айлана* (К. Юд., КРС, 32)].

АЙЛАН-АСЫР (Гур., Маңғ.) айран-асыр, ойран-асыр.

АЙЛАНБА (Көкш., Қ.ту) ұсақ малда болатын ауру.

АЙЛАНБАЛЫ ҚҰДЫҚ (МХР) айналмалы құдық. *Инженерлік үлгідегі моторлы және а й л а н б а л ы қ ұ д ы қ т а р саны жыл сайын молаюда* («Ж. өмір», 9.09.1985).

АЙЛАНҚАСТАУ (Шымк., Арыс) айналақтап кете алмау. *Мал тойған жерінен а й л а н қ а с т а п кетпейді* (Шымк., Арыс).

АЙЛАНМАУ (Шығ. Қаз., Күрш.) айналмау, кідірмеу. *Тез қайт, ешнәрсеге а й л а н м а* (Шығ. Қаз., Күрш.).

АЙЛАНПАС (Жамб., Шу) айналма (ауру түрі), шыр көбелек айналып ауыратын мал ауруы.

АЙЛАНУ (Алм.: Ұзын., Кег.; Сем.: Абай, Шүб.; Жамб., Жам.) айналу. *Сен шыркобелек а й л а н б а й тұзу жүрсейш!* (Жамб., Жам.). *Басы а й л а н ы п, жүрегі көтерілді* (Алм., Кег.).

[Қырғызша *айлан* (К. Юд., КРС, 31); түр. *айла (н)мак* (Тур.-рус. сл., 1976, 82); үйг. *айланмақ* (Уйг.-рус. сл., 1961, 14); езб. *айланмоқ* (Узб.-рус. сл., 1959, 27); хақ. *айлан* (Хак.-рус. сл., 1953, 20), алтай. *айлан* (Н. Бас., ДК, 198; ДЧТ, 99). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *айлан* айналу (Ат-тухфа, 272); *айланмақ* (А. Бор., Бадаи..., 79). Түркі тілдерінде бұл сөз дыбыстардың сез ішінде орын алмастыруы (метатеза) құбылысы нәтижесінде бірде «айналу», кейде «айлану» түрінде айтылғандығын байқаймыз].

АЙЛАНЫСУ (Шымк., Түлк.) айналысу. *Ол үгіт-көпшілік жұмысымен а й л а н ы с а д ы* (Шымк., Түлк.).

[Чувашша *айлан* айналысу, бір нәрсемен шұғылдану (Чув.-рус. сл., 1985, 27)].

АЙЛАПАТ (Гур., Бейн.) керемет. *Олардың қолында үзындығы алпыс құлаш, ені қырық құлаш а й л а п а т ақ оре киіз бар екен дейді* (Ә. Кекіл., Үркер, 101).

АЙЛАСУ 1. (Жезқ., Ұлы.) үйқасу, сәйкесу. *Мына жері а й л а с а д ы. Тіпті а й л а с п а й т ы н нәрсені айтатының не?* (Жезқ., Ұлы.). **2.** (Қост., Жанг.) үқсау. *Сен ағайынды екеуің а й л а с а д ы екенсің* (Қост., Жанг.).

АЙЛАТПА (Гур., Маңғ.) үлкен. *Ортадағы а й л а т п а жазу столының алдындағы қос креслоға бұл екеуін жайғастырып: – Мен кухняға барайын, – деп ақ келіншек шығып кетті* (Ә. Кекіл., Құс қан.).

АЙЛАУ (Түрікм.; Ашх., Таш.) айнала қоршау. *Маған шарбақ а й л а п бер дейді* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *айламақ* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *айлан* (Карак.-рус. сл., 1958)].

АЙЛАУЫҚ (ҚХР) көпжылдық осімдік. Мүны *айлық* деп те атайды.

АЙЛЫҚ (ҚХР) көпжылдық өсімдік.

АЙЛЫҚҚА ЖҮРУ (Гур., Маңғ.) жалдану.

АЙМА-АЙ (Қ.орда: Арал, Қаз., Қарм.) ай сайын. *А й м а-а й мемлекетке балықты кем береді* («Соц. Арал», 8.07.1951).

АЙМАҚ (ҚХР) 1. ҚХР-дағы ауданнан бір дәреже жоғары, облыстан бір дәреже темен әкімшілік орын. ҚХР-дағы Іле қазақ автономиялы облысына Алтай *аймағы*, Тарбағатай *аймағы*, Іле *аймағы* қарайды. Әр аймақ өз ішінен және жеті-сегіз ауданды басқарады. **2.** МХР-да облыс, өлке дәрежесіндегі әкімшілік орын. Баян-Өлгей *аймағы*.

АЙМАҚТЫҚ ОРТАША (МХР) облыстық орта мөлшер. *Осы сұмындардың* (қ.) *өткен жылы тапсырған өлі жүнінің сапасы а й м а қ т ы қ о р т а ш а д а н анағұрлым төмен түсті* («Ж. өмір», 8.06.1987).

АЙМАҚТЫҚ СЕКРЕТАРЬ (Орал, Жән.) аудандық хатшы. *А й м а қ т ы қ с е к р е т а р ь Иманбаев жолдас Орда МТС-ында тұрады* (Орал, Жән.).

АЙМАЛАҚТАУ (Сем., Көкп.) айналақтау. *Демалыстың арасы, Жұмыстан келіп анасы, А й м а л а қ т а п анасын, Колхозшының баласы* («Лен. туы», 1939, №31).

АЙМАНДАЙ БОЛУ (Жамб., Қорд.; Алм.: Кег., Нар.) әшкере болу, масқара болу. *Ол ит қайда барар дейсің, оның барлық сыры әлі-ақ а й м а н д а й б о л а д ы* (Алм., Нар.). *Ол кеше а й м а н д а й б о л у ғ а таяп қалды* (Жамб., Қорд.). *Әдеп табалдырықтан аттағаннан бастап-ақ үшеуміздің... іздеріміз ақ қардың бетінде а й м а н д а й б о п баттиып қалды* (С. Мұрат., «Жұлдыз», 1987, №1, 10).

АЙМАШ (Шымк., Мақт.) суға пісіріп, май салған нан. *Бүгін Айбайдікінде бір жақсы а й м а ш болды* (Шымк., Мақт.).

АЙМЕН БЕРУ (МХР) ай сайын беру. *Осыған орай оқушыларға белетті а й м е н б е р у д і қолға алу жөн* («Ж. өмір», 19.03.1987).

АЙНА 1. (Түрікм.: Небид., Ашх.) әйнек, шыны. *А й н а н ы ң қаттығынан тереземіз оңдалмай тұр* (Түрікм., Небид.). **2.** (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.; Қарақ.) терезе. *Маржан, а й н а н ы ң апышқасын* (к.) *ашшы* (Түрікм., Таш.). **3.** (Сем., Абай; Орал, Жән.) рентген. *Олар а й н а ғ а түсуі тиіс* (Сем., Абай). *Білген адамдарға: науқастанып, «а й н а ғ а» түсіп келуге кетті деуге бекінді* (К. Ораз., Ақ. жаз., 276). *Қасымханды врач а й н а ғ а түсуге жіберді* (Орал, Жән.).

[Түрікменше *айна* шыны, әрі терезе (Рус.-туркм. сл., 1956, 741); өзб. *ойна* терезе, әрі шыны (Узб.-рус. сл., 1959, 299); карак. *айна* терезе (Рус.-карак. сл., 1967); әзірб. *айна* шыны, әйнек (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 90). Осы сөздердің қайсысының бөлмасын төркіні араб, парсы тілдері (Н. Онд., ПКТС, 38, 193)].

АЙНА БЕСІН (ҚХР) түс ауып коленқенің әбден қысқарған кезі. *Бесін уақытын өз ішінен а й н а б е с і н, ұлы бесін, кіші бесін, құлама бесін деп жіктейді* (ҚХР).

АЙНАКӨЗ (Қ.орда, Арал; Қарақ.; Гур., Тең.) балықтың бір түрі, шабақ сияқты кішкене, тікенді қабыршақты балық. *А й н а к ө з Каспий теңізі мен Жайық өзенінде кездесетін балық* (Қ.орда, Арал). *А й н а к ө з д і ң еті дәмді, семіз болады. А й н а к ө з д і аулауға рұқсат етпейді* (Гур., Тең.).

АЙНА ҚЫЛУ (Гур., Маңғ.) біреуді әжуалау, келемежге айналдыру. *Шырағым, қартайған адамды а й н а қ ы л а с ың-ау, әйтпесе шалдың сөзі дұрыс емес пе?* (Гур., Маңғ.).

АЙНАЛАС (Рес., Сарат.) байланыс. *Заоскладпен а й н а л а с с ы ң деп нақақ жала жапқан* (Рес., Сарат.).

АЙНАЛАҢ ТАҚЫР БОЛСЫН (ҚХР) жалғыз қал, шет қал деген мағынадағы қарғыс. *А й н а л а ң т а қ ы р б о л с ы н, бір басың тақыр болсын!* (Б. Боп., Қаз. алғ., 182).

АЙНАЛҒАНДА (Орал, Т.екпе) ақыры, нәтижесінде. *Сол жігітің өзі, а й н а л ғ а н д а, қалаға барып жұмыс жасады* (Орал, Т.өкпе). *А й н а л ғ а н д а, екі айғырдың екеуі де осы пысықшалардың қолынан қаза тапты* («К-з жолы», 26.04.1937).

АЙНАЛМА[1] (Гур., Маңғ.) ат байлайтын аласа қазық.

АЙНАЛМА[2] (Қар., Қарқ.; Жезқ., Ұлы.; МХР; Рес., Омбы) қойдың ауруы. *А й н а л м а д а н колхоздың он қойы өлді* (Жезқ., Ұлы.).

АЙНАЛМАЛЫ ЕТЕКТІ КӨЙЛЕК (Өзб., Там.) көйлектің белінен төменгі етегіне дейін 12, 24 не 48 қиықтан құралып тігілген түрі. Әр қиықтың етек жағы кеңірек болып келеді де, айналғанда деңгеленіп тұрады.

АЙНАЛМА ПЕШ (Қарақ.) бірнеше күдықты плита пеш.

АЙНАЛМА САҚИНА (Гур., Есб.) деңгелек сақина. *Менде екі а й н а л м а с а қ и н а бар* (Гур., Есб.).

АЙНАЛСОҚ[1] **1.** (Түрікм.: Ашх., Бекд., Красн., Таш., Тедж.) малды байлағанда оралып қалмау үшін, бас жіпке тағылатын айналмалы шығыршық темір. *Бұзауды а й н а л с о қ с ы з байлап жүрме* (Түрікм., Тедж.). **2.** (Гур., Шевч.) ат байлайтын аласа қазық. *Атымды а й н а л с о қ қ а байлай сап, үйге кіріп келдім* (Гур., Шевч.).

АЙНАЛСОҚ[2] (Гур., Тең.; Қ.орда, Арал) аудың торын арқанға бекітіп, жіпті шумақтайтын құрал (ағаштан істелген жабайы құрал). *А й н а л с о қ жұмысты жеңілдету үшін қолданылады. Тордың жібі а й н а л с о қ қ а салып шумақталады* (Гур., Тең.).

АЙНАЛУ[1] (Гур., Маңғ.) күзету. *Мына бір қорағa а й н а л а т ы н ит екен* (Гур., Маңғ.).

АЙНАЛУ[2] (Жамб., Жам.) аралау. *Біз колхозшыны біраз а й н а л а й ы қ. Үйге а й н а л ы п келермін* (Жамб., Жам.).

АЙНАЛЫС (Қ.орда, Арал) уақыт, маусым, мезгіл. *Біз жылды төрт а й н а л ы с қ а бөлеміз* (Қ.орда, Арал).

АЙНИ (Қост.: Семиоз., Фед.) ыңғай, ылғи. *Бұл колхозда а й н и қазақтар* тұрады (Қост., Семиоз.).

АЙПАҢ-ҚҰЙПАҢ (Гур., Маңғ.) астан-кестен, ойпаң-тойпаң. *Өзі жоқта балдар үйінің а й п а ң-қ ұ й п а ң ы н шығарып, шашып тастапты* (Гур., Маңғ.).

АЙПАРА (ҚХР) **1.** айдың парасы, жүзі, беті. *А у ы с.* әшкере, көрнекті, әдемі. **2.** *А й п а р а н ы айдың періштесі деп үгуга да болады* (ҚХР).

АЙПАРТКОМ (МХР) облыстық партия комитеті. *Олар а й п а р т к о м н ы ң 3 пленумын қарсы алу үшін еңбек көрігін қыздыруда* («Ж. өмір», 8.12.1983).

АЙРА-ЖАЙРА 1. (Жамб., Сар.) мәре-сәре. **2.** (Жамб.: Шу, Қорд.) астан-кестен. *Карьердің іші жанартау атылғандай а й р а-ж а й р а* (Ш. Мүрт., Қара мар., 190).

АЙРАН (Түрікм., Красн.) түйе сүті, шүбат. *Тамақтан соң бір-бір зерең а й р а н ішіп алдық* (Түрікм., Красн.).

АЙРАН АЛЫП ЧЫҒУ (МХР) кешіп бара жатқан ауылға ауыл түсынан өткенде сусын ретінде айран апарып ішкізу.

АЙРАНДАЙ ҮПТЕУ, КҮБІДЕЙ КҮПТЕУ (Шымк., Арыс) түк қалдырмау.

АЙРАН ҚАЛУ (Шымк.: Түлк., Сайр.; Қарақ.) қайран қалу, таң қалу.

АЙРАН СУҒА ТҮШЫТУ (Қарақ., Мой.) айранға су құйып түшыту. *А й р а н д ы с у г а т ү ш ы т с а, ащы дәмі кетіп, жақсы сусын болады* (Қарақ., Мой.).

АЙРЫҚ (Гур., Маңғ.) айырма. *20-ншы мен 20-шыншы деген сөздің арасында а й р ы қ бар* (Гур., Маңғ.).

АЙРЫТ (Қ.орда, Арал) шат, екі аяқтың денемен түйіскен жері. *Судың бұл жағасы менің а й р ы т ы м н а н келмейді* (Қ.орда, Арал).

АЙТАҒАР (Орал, Жаңғ.) әйтеуір. *А й т а г а р жүріп жатырмын гой* (Орал, Жаңғ.).

АЙТАГӨР (Орал, Орда) әйтеуір. *А й т а г ө р жүріп жатырмыз* (Орал, Орда).

АЙТА КЕТТІ (Жезқ., Ағад.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) айтуға кетті. *Шайдан кейін үй иесі біздің өтінішімізді директорга а й т а к е т т і* (Түрікм., Көнеүр.).

АЙТАҚЫР (Гур., Маңғ.) тап-тақыр. *А й т а қ ы р д а отырып, тас қорғанның ішіндегі алтын тақыттан дәм ету, бір қарағанда есерлік сияқты* (Ә. Кекіл., Үркер, 417).

АЙТАЛЫ (Жамб., Шу) айталық, айтайық. *Енді а й т а л ы ыхая ашық кепті, Тартылып күннен күнге ыластанып, Аз гана көлмек суы сасып кетті* (Жамб., Шу).

АЙТАМАН (Шымк., Сарыағ.) айтамын.

АЙТАРҒА ЖОҚ (Гур., Маңғ.) айтатыны жоқ.

АЙТАР ЖОҚ (МХР) айтатын сөз жоқ. *Тоқтар – а й т а р ж о қ... Қолым жөнеп* (қ.), *тұрмысым оңала бастады* (М. Құрман., 65).

АЙТАТЫР[1] (Қ.орда: Қаз., Қарм., Арал) тап-тақыр. *А й т а т ы р д а ғ ы саршұнақ ініндей терең, тар окоп оның үлкен денесін еркін қозғалтпады* (Ә. Нұрп., Курл., 199).

АЙТАТЫР[2] (ҚХР) көлдің сор басқан орны.

АЙТАТЫР[3] (ҚХР) таулы жерде өсетін шеп.

АЙТА ТАСТАУ (Гур., Маңғ.) айтып тастау. *Ішкімнің бет-дүзіне қарамай ойындағысын а й т а т а с т а й т ы н адам* (Гур., Маңғ.).

АЙТКЕЛІНЧЕК (Ақт., Байғ.) өткеншек. *Бұрын жастар а й т к е л і н ч е к теуіп ойнайтын. А й т к е л і н ш е к қазіргі уақытта да бар* (Ақт., Байғ.).

АЙТҚАЙ (МХР) айтқалы. *«Келініңіз құтты болсын!» а й т қ а й келген ауыл адамдарына Монголияда өмір сүрген бір шешен: «Я, қарақтарым, келін келіп келісеміз деп едік, келінменен тебістік!» деген екен* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 28).

АЙТҚАН СОҢ ЖЕРДЕ (Алм., Жам.) айтқан соң. *А й т қ а н с о ң ж е р д е орындау керек емес пе?* (Алм., Жам.).

АЙТҚАНША (Гур., Бақс.) айтқандай. *Хан емессің қасқырсың деп Махамбет а й т қ а н ш а* (Гур., Бақс.).

АЙТ ҚУЫП ЖҮРУ (Шығ. Қаз., Больш.) айттап жүру.

АЙ ТОҒАУ (МХР) ай тоғамы.

АЙТСА ДА (Қар.; Қост.: Торғ., Жанг.) айтқандай. *А й т с а д а бие сауған екеуің гой* (Қост., Жанг.).

АЙТТЫҚ (Қост.: Семиоз., Фед.) айт мерекесі кезінде берілетін ырым, кәде түрі. *Ауылдың орта шеніндегі ақ боз үйдің маңайында толған лық адам, топтанған арба, ат..., кілең боз бала. Біртоп ауыл қыдырып «а й т т ы қ» алып жүр* (Б. Майл., Шығ., III, 45).

АЙТТЫРҒАН МАЛ (МХР) қалың, қалыңмал.

АЙТУҒА ПІКІР БЕРУ (Орал, Орда) жиналыста сөз беру. *Ол маған жиналыста а й т у г а п і к і р б е р м е д і* (Орал, Орда).

АЙТУЛЫ ЖЕЛ (Жамб., Шу) қаттырақ соққан жел. *Көктемде а й т у л ы ж е л соғып, жерді тез кептіреді* (Жамб., Шу).

АЙТҰЯҚ[1] (Жамб., Шу) садақа. *Пітікей мінген боз атты а й т ұ я ң қ а беріпті* (Жамб., Шу).

АЙТҰЯҚ[2] **(ҚХР)** жылқы. *Қазақ жылқы малын а й т ұ я қ, қыдыражал, алмауыт, қылқұйрық деп бейнелеп те айтады. Ертеректе жүніт деп те айтылған* (ҚХР).

АЙТ-ШАЙТ (Сем.: Абай, Шүб.) әй-шәй, ай-шай.

АЙТЫМАЛ (Қарақ.) келіннің бетін ашқанда алатын кәде, беташар сыйы. *Келіннің бетін ашып, а й т ы м а л ал* (Қарақ.).

АЙТЫЛМЫШ (Қост.: Об., Затоб.) айтылған. *Сен а й т ы л м ы ш сөз бойынша, мұнда келдің, енді қашан қайтасың* (Қост., Затоб.).

АЙТЫМШЫ (Гур., Маңғ.) айтқыш. *А й т ы м ш ы тақтақ көп шыққан Алқалаған шаршыда, Тарқатқан шерін өлеңмен* (Гур., Маңғ.).

АЙТЫНУ (Гур., Маңғ.) айту. *Айтарың болса, а й т ы н ы п қал* (Гур., Маңғ.). *Бүгін емес қашаннан А й т ы н ы п жүрмін әр жерде, Дуние талап құмарлап* (Ақтан ақын).

АЙТЫП АТЫРУ (Гур., Маңғ.) айтып жату. *Сендерге, барлық мән-жайымызды а й т ы п а т ы р м ы з* (Гур., Маңғ.).

АЙТЫСЫНДА (Алм., Нар.) айтуынша. *Оның а й т ы с ы н д а, жүгері майлы дақыл* (Алм., Нар.).

АЙУАН 1. (Шымк.: Мақт., Лен.; Қарақ.) үй алдындағы көлеңке үшін істелген бөлме. *Тамның іші қапырық, а й у а н г а шығып отыралық* (Қарақ.). **2.** (Өзб., Ташк.) алдыңғы кіре беріс бөлме. *Төргі бөлмені жылыту үшін а й у а н н а н от жағамыз* (Өзб., Ташк.). 3. (Ауғ.; Ир.) үйдің ашық етіп жасалған кіре беріс жері.

[Ұйғырша *айван* (Уйг.-рус. сл., 1961, 13); қырғ. *айван* (К. Юд., КРС, 29); түрікм. *вйван* балкон, веранда (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *айвон* веранда (Узб.-рус. сл., 1959, 26); пар. аіуап павильон, веранда, чертог (С. Мал., ПДП, 355); *айван* (перс.) чертог, сарай, галлерея (Л. Буд., 1, 215); ар. *айван* сарай, зал (Ар.-рус. сл., 1970, 61)].

АЙУАН: ТЕРІС АЙУАН (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) коленке болу үшін үйге жалғастыра салынған, үш қабырғасы бар, төбесі жабылған сая жер. Құрылысы жағынан айуаннан (қ.) айырмасы жоқ.

[Түрікменстандағы казақтар тілінде *теріс айуан* аталуының өзіндік себебі бар. Орыс тілінде *балкон, ееранда* дегендерді *терраса* деп те атаушылық бар. Жергілікті қазақтарда *террасаны, айуан* сөзімен косарлап айту дағдыға айнала отырып, нәтижесінде *террас айуан* тіркесі келекеле *теріс айуан* қалпына дейін жеткен].

АЙУАН КЕДІ (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) салмағы кейде 30 кг болатын, мал азығы үшін қолданылатын асқабак. *Сондай көп а й у а н к е д і бір қысқа не ғылып жетпеді* (Түрікм., Таш.).

АЙУАН ҚАРБЫЗ (Түрікм.: Мары, Тедж., Байр.) мал азығы ретінде жүмсалатын қарбыз. *Колхоз а й у а н қ а р б ы з үшін 5 танап жер сүрді* (Түрікм., Тедж.).

АЙУАНХАНА (Жамб.: Мер., Шу; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) үйдің алдыңғы бөлегі, төбесі жабық, алды ашық жері. *Біз заттарымызды а й у а н х а н а г а қалдырып, тор үйге өттік* (Түрікм., Таш.).

АЙЧЫҚ (МХР) жаңа айдың пішіні тәрізді етіп жасаған кабір басына коятын ағаш. *Қабір басына кетіп еді, әкесінің а й ч ы г ы н тұргызам деп, сиыр сүйкеніп құлап қапты* (МХР).

АЙШЫҒЫ АЙНАЛЫП ЖҮРУ//АЙШЫҒЫ АУЫП ҚАЛУ (Шымк., Түлк.; Гур., Есб.) шаршап жүру, мазасы кетіп жүдеп жүру. *Оның а й ш ы г ы а й н а л ы п ж ү р* (Шымк, Түлк.).

АЙШЫҒЫ АУЫП ҚАЛУ Қ. айшығы айналып жүру.

АЙШЫҚ[1] (Рес., Орын.) күмістен соғылған, ай, жұлдызды бейнелеген әшекей. *А й ш ы қ т ы жаулықтың шекесіне іліп қояды* (Рес., Орын.).

АЙШЫҚ[2] (Орал, Жөн.) жүгеннің ауыздығына орнатылған, өшекейлі көлденең темір. *А й ш ы г ы бар жүгенді қонақ мінетін атқа жүгенде* (Орал, Жөн.), *айчык* ауыздық бөлегі

(Л. Буд., 181), *аіңык* бұл да сол мағынада (В. Радл., Опыт..., 1, 58).

АЙШЫҚ[3] 1. (Гур.: Маңғ., Төн., Есб; Қ.орда, Жал.; Түрікм.; Красн., Таш., Мары) ай сияқты мәнері бар, сырғаның жеңіл, кіші түрі. *Е, шырағым-ай, баягыда құлағымызга а й ш ы қ та салдық, сонақ та* (к.) *салдық қой* (Гур., Есб.). *А й ш ы қ сырга тағып машық қылганым жоқ* (Қ.орда, Жал.). *А й ш ы қ құлаққа жеңіл келеді* (Түрікм., Красн.). 2. (Орал, Қара.) үлкен сырға. *Біздің жақтың қыздары әлі а й ш ы г ы н тастаган жоқ* (Орал, Қара.).

АЙЫ[1] (Жамб., Жам.) әже (үлкен шеше). *Біздің а й ы м ы з өлген* (Жамб., Жам.).

АЙЫ[2] (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) айлық табысы, жалақысы. *Шапия, сіздің а й ы ң ы з қанча?* (Тау., Қош.). *Оның а й ы жүз теңге* (Шығ. Қаз., Больш.).

АЙЫБЫНДА (Қост., Камыш.) кінәсі. *А й ы б ы н д а тілі қытайша демесеңіз, дүнгендер құдайга құлшылық етуге келгенде бізден гөрі алда көрінеді* (Қ. Жүм., Соңғы..., 174).

АЙЫҒУ (Тау., Қош.) айыбынан ақталу. *Ол бұрынғы айыбынан а й ы қ т ы ма екен* (Тау., Қош.).

АЙЫҚ[1] (Гур., Маңғ.; Орал: Казт., Шыңғ.) ашық, ақ жарқын. *...жүзі а й ы қ ашылып, зілдей салмақты үнмен: – ат құйрыгын кесісіп, ашыгына шықпақ қалды енді* («Жүлдыз», 1978, №3, 99).

АЙЫҚ[2] (МХР) ашық, бұлтсыз. *Ертең аспан а й ы қ...* («Ж. өмір», 3.11.1983.).

АЙЫҚ[3] (Рес., Сарат.) сау. *Мас па, а й ы қ па, кім білсін қызарып отыр гой* (Рес., Сарат.).

АЙЫҚ БОЛУ (Тау., Қош.) ашық болу. *Жауын-чашынсыз күн ертең а й ы қ б о л с а, чөп жиямыз* (Тау., Қош.).

АЙЫҚ КҮН (Рес., Омбы) ашық күн. *А й ы қ к ү н д е көңілің де оңды болады* (Рес., Омбы).

АЙЫҚПАУ (Орал: Жымп., Жән.; Көкш.: Енб., Щуч.) тоқталмау, үзілмеу. *Біз а й ы қ п а й Алматыдан хабар алып тұрмыз* (Орал, Жән.). *Боран әлі а й ы қ п а д ы* (Көкш., Енб.).

АЙЫҚТЫРМАУ (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.) тез, ізін суытпау, кешеуілдетпеу. *Бұл мәселені а й ы қ т ы р м а й, қолга алу керек* (Сем., Абай).

АЙЫЛ 1. (Жамб.: Мер., Жам., Св.) ауыл. *Нұралы атам Әбдібек әскерге кеткен соң, көрші а й ы л д а г ы қызы Сусар апамды қолына алыпты* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 30). 2. (Тау., Қош.) үй.

АЙЫЛБАС (МХР) жүгеннің жақтауын бекітетін темір.

АЙЫЛДАП КЕЛУ (Тау., Қош.; Рес., Онт. Алт.) қыдырып келу. Бұл жөргілікті қазақтарға алтай тілінен енген сөз. Оларда *айыл* үй мағынасында қолданылады.

[Монғолша *айл* ауыл, үй, отбасы, шаруашылық *айлчин* қонақ; *айлчлах* қонақта болу. Тофа. *аал* киіз үйлер тобы (В. Расс. ФЛТЯ, 157); хақ. *аал* ауыл (Хак.-рус. сл., 1953, 11), алтай тілдерінде *айыл* үй, ауыл; *айылда* конақ болу (Н. Баск., ДЧТ, 99); Түнғыс-маньчжур тілдерінің кейбіреулерінде де *аиил* түлғалы сөз «көршi», кейде «ауыл» мағынасында қолданылады (ССТМЯ, 1, 21)].

АЙЫЛЖУА (Жамб.: Қорд., Шу) сарымсақ. *Осы жерде де а й ы л ж у а н ы көп егеді* (Жамб., Шу).

АЙЫЛЧЫ (Тау., Қош.) қонақ.

АЙЫМ 1. (Жамб., Тал.) әйел, жұбай. *А й ы м ы ң а қосылдың ба?* (Жамб., Тал.).

[Қырғызша *айым* а) ханым; ә) жұбай (К. Юд., КРС, 36); өзб. *ая* а) тәрбиеші әйел; ә) жасы үлкен әйел (Узб.-рус. сл., 1959, 46); *ойим* бай үйдің әйелі; әдемі киінген жақсы әйел (Узб.-рус. сл., 1959, 299); түр. *айыле* а) үй іші; ә) өйелі (Тур.-рус. сл., 1977, 35)]. 2. (ҚХР) сұлу бике, хас сұлу. *Көзі тұсер а й ы м ы* («Жеті қағ.»).

АЙЫ ӨТУ (МХР) қайта зар болу, қайта көксеу, өкіну. *Үйіне бекер жіберген екем, жұмыс кезінде а й ы ө т і п тұр* (МХР).

АЙЫП-ҚИЫП (Гур.: Маңғ., Бақс.; Сем., Абай) айып, кінә. *Біреуге орынсыз а й ы п-қ и ы п тагудың не керегі бар?* (Гур., Маңғ.). *Оның ешбір а й ы п-қ и ы б ы жоқ* (Сем., Абай). *«...Оразбайдың бетін айдай қыламыз, айыпты етеміз, сол а й ы п-қ и ы б ы м е н Абайдың аягына әкеп жыгамыз» дескен еді* (М. Әу., Абай жолы, II, 676).

АЙЫПТАР (Гур.: Маңғ., Бақс.; Қарақ.) айыпкер. *А й ы п т а р адамдарга билер о заманда айып-қиып салатын* (Гур., Бақс.). *А й ы п т а р бала бұрышта тұрыпты* (Қарақ.).

АЙЫР[1] 1. (Түрікм.: Красн., Тедж.) құдықтың басына қадалған қос ағаш, сол арқылы құдықтан су тартады. *Құдыққа а й ы р үшін екі шалмен* (қ.) *жібергем* (Түрікм., Красн.). 2. (Шығ. Қаз., Күрш.; Жамб., Шу; Талд., Гв.) аша, бақан. *Бөренемнің әлсіздігінен тамыма а й ы р тіредім* (Талд., Гв.).

АЙЫР[2] (Түрікм.: Ашх., Небид., Красн.) өзгеше, айырмашылық. *Қазақ тілі де а й ы р а у!* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *айры* (Рус.-туркм. сл., 1956); түр. *айрық* (Тур.-рус. сл., 1977, 83); чув. *уйрам* (Чув.-рус. сл., 1985, 509). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *айруқ* (Ат-тухфа, 263); *айруқ* (А. Курыш., ИЛТАС, 81); *адрық* (ДТС, 13)].

АЙЫР[3] (Қар., Балқ.) бір ойықтан екінші ойыққа бөрегөнді жылжытып отыратын құрал.

АЙЫР АҒАШ (Шығ. Қаз., Больш.) айыр. *А й ы р м е н мал айдағаны несі, онымен шөп үйеді* (Шығ. Қаз., Больш.).

АЙЫР БАҚАЙ ЛОМ (Көкш., Қ.ту) бір ұшы имек шеге суыратын лом. *Көршінің а й ы р б а қ а й л о м ы н әкелші* (Көкш., Қ.ту).

АЙЫРБАСТАУ (МХР) ақшаны үсақтау, майдалау.

АЙЫРБАШТАУ (Алм., Кег.) айырбастау. *Жаман қойды жақсы қойға а й ы р б а ш т а* (Алм., Кег.).

АЙЫР БОТА (Қ.орда, Шиелі) айыр түйелердің қос өркешті ботасы. *Раушан а й ы р б о т а с ы н жайылымнан жетектеп әкелді де, киіз үй көлеңкесіне байлай салды* (Қ.орда, Шиелі).

АЙЫР ЕР (Көкш., Қ.ту) ат арқасына тимейтін желқом ер. *Бәйге атына а й ы р е р ыңгайлы* (Көкш., Қ.ту).

АЙЫРҒЫН (Ауғ.; Ир.) жүбат. *Анау жылаған баланы а й ы р ғ ы н* (Б. Өтеб., Қаз. диас).

АЙЫРҚАЛПАҚ (Гур.: Манғ., Шевч.) киізден жасалған бас киім. *Адайларда а й ы р қ а л п а қ деген бас киім бар* (Гур., Шевч.).

АЙЫРҚОМ (Қ.орда, Арал) желком. *Ат жауыр болса а й ы р қ о м м е н міну керек* (Қ.орда, Арал).

АЙЫР ҚОСПАҚ (Қ.орда, Шиелі) өсетін жердің табиғатына, жергілікті тілдік қолданысына қарай қоспақтан айыр түйе түріне ауа бастаған қоспақ будан. Оның атасы – таза бура, енесі – мырза қоспақ.

АЙЫРМА (Сем., Үрж.; Алм., Жам.) малдың аяғында болатын сарып ауруы. *Сиырдың аяғы а й ы р м а болыпты* (Сем., Үрж.). Біздің жақта *а й ы р м а дейтін сиыр ауруы бар* (Алм., Жам.).

АЙЫРМАҚ (Гур., Манғ.) айырмашылық, айырым. *Оның бұдан а й ы р м а ғ ы жоқ* (Гур., Манғ.).

АЙЫРМАҚШЫ (Гур., Есб.) айырықша, ерекше. *А й ы р м а қ ш ы көрсет* (Гур., Есб.).

АЙЫРМАҚШЫЛЫҚ (Гур., Манғ.) айырмашылық. *Ақтөбе адайларының осындағы адайлардан а й ы р м а қ ш ы л ы ғ ы көп тілі жағынан* (Гур., Манғ.).

АЙЫРМАШ (Қост., Жанг.) айырмашылық, айырма. *Сенің сөзің мен менің сөзімде ешқандай а й ы р м а ш жоқ* (Қост., Жанг.).

АЙЫРМАШЫҚ (Ақт., Ырғ.; Гур., Манғ.) айырмашылық.

АЙЫРМЫСЫ (Қост.; Павл., Тим.; Сем., Аяг.; Қарақ.) айырмасы. *Сағатыңды ала тұрайын, Жүнісбай, а й ы р м ы с ы жоқ қой* (Павл., Тим.).

[Қырғызша *айырма* (К. Юд., КРС, 37); түр. *айры* (Тур.-рус. сл., 1977, 83); үйг. *айримчилиқ* (Уйг.-рус. сл., 1961, 14); өзб. *айирма* (Узб.-рус. сл., 1959, 26); чув. *уйраамах* (Чув.-рус. сл., 1985, 509)].

АЙЫРМЫШ (Тау., Қош.; МХР) айырма. *Қарағым-ау, осы нәрсенің қанша а й ы р м ы ш ы бар* (МХР).

[Түрікше *айрым* (Тур.-рус. сл., 1977, 83)].

АЙЫРМЫШТАУ (Тау., Қош.) айырып, таратып айту. *Ол кісі барлық руды а й ы р м ы ш т а п айтып береді* (Тау., Қош.).

АЙЫР ОРКЕШ (қос өркеш) (Қ.орда, Арал) екі өркешінің аралығына екі адам еркін сыйып отыратындай, таза тұқымды қазақы түйелер мен қалмақ және монғол түйелерінің өркеш атауы.

АЙЫР СОҚПАҚ (Қарақ.) жалғыз аяқ жол, сүрлеу.

АЙЫРТ[1] (Гур., Манғ.) айырдың ашасы.

АЙЫРТ[2] **1.** (Гур.: Манғ., Тен.; Қ.орда: Шиелі, Сыр., Арал; Түрікм.: Небид., Ашх., Таш.) шат (адамның шаты). *Суының тереңдігі а й ы р т т а н келеді* (Гур., Манғ.). *Адамның екі а й ы р т ы. Екі а й ы р т т ы ң арасы. Судың осы жақ жағасы менің а й ы р т ы м н а н да келмейді* (Гур., Тен.). *Шобі шүйгіи, биік, а й ы р т т а п келеді* (Түрікм., Небид.). **2.** (Гур., Манғ.; Түрікм.: Красн., Бекд.) бел. *А й ы р т т а н қар жауса да, жүру керек* (Гур., Манғ.).

АЙЫР ТАЙЛАҚ (Қ.орда, Қарм.) таза нәсілді айыр бура мен айыр ингеннен туған қос өркешті, сымбатты, үлпек жүнді, коз қызығатындай тайлақ. Мұны кейбір аймақтарда әлі де «жампоз тайлақ» деседі. *Мына т а й л а ғ ы ң а й ы р д ы ң жампозы екен, кітап үстап, қолыңнан шығарма, – деді нағашым* (Қ.орда, Қарм.).

АЙЫР ТҮЙЕ (Қ.орда, Жал.) екі өркештің арасы екі кісі еркін орналаса алатын, екі өркешінің үлкендігі бір-біріне шамалас келетін таза тұқымды түйе. *А й ы р т ү й е л е р географиялық орнына қарай: Монғолиялық, Қазақстандық, Астраханды қ (қалмақы), Орта Азиялық, т. б. болып бөлінеді. Бұлардың ішінде кең таралғаны айыр оркешті түйелер* (Қ.орда, Жал.).

АЙЫРУ[1] (Түрікм.: Таш., Ашх., Тедж.) алу, алып тастау. *Мен саған айттым су стаканнан нанды а й ы р, – деп* (Түрікм., Таш.). *Екіден екі а й ы р ы п бола ма?* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *айырмақ* алу (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *айирмоқ* алу (Рус.-узб. сл., 1954); өзірб. *айрылмаг* айырылу, алыну, бөліну (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 92); үйг. *айримақ* (Уйг.-рус. сл., 1961, 14); чув. *уйар* (Чув.-рус. сл., 1985, 508); алт. *айыр* бөлу,

алып тастау (Н. Баск., ДЧТ, 99). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *айыр* бөлу (ДТС, 15)].

АЙЫРУ[2] (Көкш.: Еңб., Щуч., Қ.ту; Қост., Семиоз.) ұсақтау. *Шырағым, мына 50 сомды 5 теңгеден а й ы р а аласың ба?* (Қост., Семиоз.). *Мына бір жүз сомды а й ы р ы п берші* (Көкш., Щуч.).

АЙЫРУШЫ (Гур.: Тең., Маңғ.; Қ.орда, Арал) реттеуші, жіктеуші, түр-түрге бөлуші (балық туралы). *А й ы р у ш ы заводқа келтірілген балықты реттеп тұр-түрге боледі. А й ы р у ш ы л а р өзінің міндетін орындауда* (Гур., Тең.). Бұл сөздің орнына шөде реттеуші, сорттаушы деп те айтады.

АЙЫРШЕКЕ (Шымк., Арыс) ұй шатыры. *Анау а й ы р ш е к е с і з тоқал там сонікі* (Шымк., Арыс).

АЙЫР ШӨҢГЕ (Қар., Балқ.) инеліктің кейінгі ойығы. *Инелікке а й ы р ш ө ң г е ау жібін орау үшін жасалады* (Қар., Балқ.).

АЙЫРЫҚ (Жамб.: Луг., Мер.) судың тарамдалып бөлінуі. *Малдар а й ы р ы қ т а жайылып жүр* (Жамб., Мер.).

АЙЫРЫҚША (Гур., Маңғ.) айырмашылық. *Біздің созіміздің сендерге қарағанда а й ы р ы қ ш а с ы коп* (Гур., Маңғ.).

АЙЫРЫЛУ (Гур., Маңғ.) айырылысу, бөліну. *Оның туысқандары Шақтыға көшетін болып, а й ы р ы л у болып жатыр, барып қоштасып қайт* (Гур., Маңғ.).

[Әзірбайжанша *айырмаг* (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 89); кырг. *айры* (К. Юд., КРС, 36); ұйғ. *айримақ* (Уйг.-рус. сл., 1961, 14); өзб. *айирмоқ* (Узб.-рус. сл., 1959, 26). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *айрылыш* (Ат-тухфа, 263); *айырылғыл* (А. Курыш., ИЛТАС, 81)].

АЙЫРЫЛЫС ЖАСАУ (Орал: Орда, Жән.) айырылысу, ажырасу. *Хасангали әйелінен а й ы р ы л ы с ж а с а г а л ы үйінде жөнді тұрмайды* (Орал, Жән.). *Ол Әнес Төштеновке әйелдікке тиіп, одан май айының ішінде а й ы р ы л ы с ж а с а г а н* («Ж. жол», 16.12.1937).

АЙЫРЫМ (Қарақ.) кейбір, жеке бір. Бұл айтылып отырған создер *а й ы р ы м облыстарда бар гой, бар болса, бар да шыгар* (Қарақ.).

АЙЫРЫМ-АЙЫРЫМ[1] (Орал: Жымп., Чап.) жеке-жеке. *Айтқанды бәрің тыңдауларың керек, а й ы р ы м-а й ы р ы м айтуга уақыт тыгыз* (Орал, Чап.). *Бұл колхоздарда бригаділерге участка, адам, көлік, құрал а й ы р ы м-а й ы р ы м бекінбеген* («Ком.», 11.01.1937).

АЙЫРЫМ-АЙЫРЫМ[2] (Алм., Кег.) алаң жер. *Таудың ішіндегі а й ы р ы м-а й ы р ы м жерге мал жайылады* (Алм., Кег.).

АЙЫРЫП АЙТУ (Талд.) анықтап айту, дәлірек айту. *А й ы р ы п а й т қ а н д а, 20 лемік, 10 қос бүйда дайындалды* («Лен. жолы», 1937, №1).

АЙЫРЫП БЕРУ (Орал, Жән.) бөліп беру. *Ауырган сиырларды Ибраш қорасына а й ы р ы п б е р* (Орал, Жән.).

АЙЫСЫ ҚАНУ (ҚХР) құмардан шығу, айызы қану.

АЙЫШ (Ауғ.; Ир.) тыңайтылған жер.

АКА (Жамб.: Жам., Тал.) аға. *А к а с ы колхозда тұрады* (Жамб., Жам.).

[Ұйғырша *ака* (Уйг.-рус. сл., 1961, 14); өзб. *ака* (Узб.-рус. сл., 1959, 29); сары ұйғ. *ака* (С. Малов, ЯЖУ, 13); Шыңжаң ұйғ. *ака* (С. Малов, УНС, 92). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *ака* ұл мен қыздың үлкені (А. Бор., «Бадаи...», 1961, 63), ал тағы бір ескерткіште: *әкә* қыздың үлкені (апа) (А. Бор., ЛСТ, 72); пар. *әх* аға (Пер.-рус. сл., 1, 1983, 53); ар. *ах* аға (Ар.-рус. сл., 1, 1970, 31)].

АКАС (Өзб., Ташк.) қыңыр, кесір, бір беткей.

[Өзбекше *акс* түйық, бір бет (Узб.-рус. сл., 1959, 29)].

АКАТКА (Қ.орда, Қаз.) бөшке қақпағына қағатын ағаш. *А к а т к а қақпаса бөшкенің қақпагы шығып кетуі мүмкін* (Қ.орда, Қаз.).

АКТ САЛУ (Қ.орда, Арал; Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту) акт жасау. *Колхоз фермасының малы өлсе а к т с а л а д ы* (Қ.орда, Арал). *Малды сауықтыруга жеткілікті көңіл бөлмей, тек қана өлген малдарга а к т ы с а л у м е н тынып отыр* (Қ.орда, Арал).

АКУШКЕЛЕУ (Жамб., Жуа.) егіс жерін жұмсарту, босату. *Мен а к у ш к е л е у г е барамын* (Жамб., Жуа.).

АҚ[1] (Алм., Жам.) сауылатын малдардағы ауру. *А қ тиді ме, сүт шықпайды* (Алм., Жам.).

АҚ[2] (Алм., Жам.) анық, айқын, шын. *Бір етірігі жоқ, бәрі а қ, батыр жаудың қол-аягын байлап, осында алып келді* (Алм., Жам.).

АҚ[3] (Жамб., Жам.) тек, тек қана. *Мұндай еңбек үстінде Ұлтайдың ойлайтыны а қ: «бір іс екі іс болмасын, жақсы істелсе ол өзіме де, колхозыма да әбиір». Ұлтайдың бір мінезі – еңбек үстінде сөйлеу дегенді білмейді, білетіні а қ: аршындап қимылдау, норманы асыра орындау, қалгандарга көмек беру* («Кол-шы», 1935, №67).

АҚ[4] (Рес.: Волг., Қалм.) теңіз.

АҚА[1] (Алм., Шел.; Шығ. Қаз., Зайс.; Жамб., Жам.) айыр. *А қ а с ы н ы ң санына қарай екі а қ а, үш а қ а, төрт а қ а деп шөп жинайтын қыпалды айтамыз* (Алм., Шел.). *Бізде*

ағаштан жасалған үш тармақты айырды гана а қ а дейді, ал темір айырды аша дейді (Шығ. Қаз., Зайс.). *Үшақа, бесақа дегендегі «а қ а» айыр, тармақ деген мағынада да қолданылады* (Жамб., Жам.).

АҚА[2]**//АҚАС** (Гур.: Мах., Маңғ., Есб.; Орал: Жән., Орда, Казт.; Түрікм., Красн.) аға, кейде өзінен үлкен кісіге қаратпа сөз ретінде де айтылады. *Балам, а қ а ң н ы ң атын алып кел* (Орал, Жән.). *А қ а, үйге кіріп жатыңыз* (Гур., Есб.). – *А қ а, сіздің бұл сөзіңіздің жаны бар екен* (Түрікм., Красн.). *Бәсе, Қайырбек а қ а м гой...* (Ғ. Сл., Шалқар, 195). *Білесің бе бұл сенің Дауыл а қ а м а берген конфеттеріңнің қағаздары* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 309). – *Тек, әй! Ойбай-ай, мына баланы-ай! А қ а м а айтайын ертең! Көргенсіз екен бұл! – дейді* (Ж. Нәжім., Кішк., 13).

[Туваша *ақы* (Рус.-тув. сл., 1980, 52); тофа. *аха* (В. Расс., ФЛТЯ, 152); хак. *ача* (Хак.-рус. сл., 1953, 37); саха. *аға* (Як.-рус. сл., 1972, 29); алт. *акы, ача* (Н. Баск., ДК, 204; ДЧТ, 100). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *ақа* аға (С. Мал., ПДП, 359). Мон. *ах* аға (Моң.-қаз. соз., 359); тұңғыс-маньчжур тілдерінде *ака, аха, ага, аг, агу* тұлғалы сөздер – туыстардың үлкені, *ага* деген мағыналарда қолданылады (ССТМЯ, 1, 23)].

АҚА[3] (Гур., Маңғ.) әке.

АҚАБА[1] (Қарақ.) арықта қалып қойған су.

АҚАБА[2] **1.** (Қ.орда: Сыр., Жал.) тоқтау су, жаңбыр суы. *А қ а б а н ы ң айналасы саз* (Қ.орда, Сыр.). **2.** (Шымк.: Сайр., Арыс, Шәу., Сарыағ.; Жамб., Шу) бау-бақша, егінге жіберілген судың мөлшерден асып сыртқа шыққаны. *Арықтан жіберілген судың а қ а б а с ы н турала* (Шымк., Сайр.). **3.** (Жамб., Жам.) егін суы жайылған жердің орны. *Сиыр а қ а б а д а. А қ а б а н ы ң шөбі көктеп қалыпты* (Жамб., Жам.).

[Өзбекше *оқова* сөзі тек сөз тіркесі ішінде келіп *(сувно оқова қилиш)* мағынасы жағынан жоғарыда көрсетілгендерден алшақ кетпейді (Узб.-рус. сл., 1959, 313)].

АҚАБА[3] (Ақт., Қараб.) сүттің іріп кетуі. *Шелектегі сүт а қ а б а болып тұр. А қ а б а болған сүттен құрт қайнатамыз* (Ақт., Қараб.).

АҚ АДАЛЫН (Рес., Волг.) бар шынын айту, ағынан жарылу. *Ол а қ а д а л ы н айтып отыратын кісі* (Рес., Волг.).

АҚАЙ (Ақм., Еркін.) ірі, сақа. *Бұл тай 28-ноябрь күні арам өлді, оның өлуі, ашығын айту керек, а қ а й аттардың тізесіне салып, қатты жүргендіктен болып отыр* («Ең. туы», 1940, №98).

АҚАЙДАР (Қ.орда, Қарм.) ыстық соққан дақылдың ағаруы.

АҚАЙ ЖОҚ, НОҚАЙ ЖОҚ (Сем., Абай) айт-үйт жоқ, ай-шайға қарамау. *А қ а й ж о қ, н о қ а й ж о қ, сенің мынауың не?* (Сем., Абай). *Аз ойлаганда Бөжей оз ішінен «шаригат та жөнге, шынга қарайтын шыгар, а қ а й ж о қ, н о қ а й ж о қ көрінгенге бұйда бере бермес» дегендей* (М. Әу., Абай жолы, I, 196). Қ. ақай жоқ, тоқай жоқ.

АҚАЙ ЖОҚ, ТОҚАЙ ЖОҚ (Талд., Қап.) айт-үйт, ай-шай жоқ. *Бұл күні тіпті Әнипа апайымызды козіне де ілмеген күйде, біздің сабақ оқып отырганымызга да пысқырып қарамастан, а қ а й ж о қ, т о қ а й ж о қ бірден Санатқа таяп: «бол, жинал, колхоз бастық тез жетсін деп жатыр», – деп қолды-аяққа тургызбай дігірлеп жонелді* («Жүлдыз», 1988, №2, 59). Қ. ақай жоқ, ноқай жоқ.

АҚ АЙРАН (Алм.: Нар., Кег.) бораннын бір түрі. *А қ а й р а н* бораннын арасынан қарақдап екі ит шыга келді (Б. Соқп., Жекпе-жек, 169).

АҚАЛА (Гур., Манг.; Қ.орда, Арал) зат түсін білдіретін соз. *Бұл тұрган бір машинаиың а қ а л а с ы* (Қ.орда, Арал).

АҚ АЛАҚАН (ҚХР) ешқашан жанын қинап, қара жұмыс істемсйтін кісі.

АҚАЛАҚШЫ (ҚХР) **1.** ксруен басы. **2.** ертедегі қазак ауылдарындағы ел билеуші, мыңбасы. *Іслямжан а қ а л а қ ш ы ойымызда, ауылы Жанат болыс жолымызда* (Әсет шығармалары).

АҚАН АУ (Қ.орда, Арал) қызыл балық аулайтын аудың бір түрі – ұзындығы – 18-20, ені – 2,5 метрдей. *А қ а н а у торы мықты жіптен жасалады* (Қ.орда, Арал). *Кіл ірі жігіттер екі распор ауды, сүймен-сүзгілерді шанага тиеп алып, тұстікке тартты да, озгелері құрулы жатқан а х о и ь а у ы н қарау үшін қос басында қалды* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 94).

[Орысша *ахан* немесе *охан* (В. Даль, ТС, 30); чув.: 1) *аххан* балық аулаітын құрал; 2) *юха* охан (балық аулайтын құрал) (Чув.-рус. сл., 1985, 48, 643)].

АҚАНШЫ (Қ.орда, Арал; Гур., Тең.) қызыл балық аулаушы. *А қ а н ш ы қызыл балықтарды, кобінесе, қыстығүні аулайды* (Гур., Тең.).

[Чувашша *юхаджа* тыйым салынған құралмен балық аулау (браконьер) (Чув.-рус. сл., 1985, 644)].

АҚАР-ШАҚАР (Гур., Маңғ.) ұзындықысқалы. *А қ а р-ш а қ а р құз жартастардың арасынан әлем-жәлем боп бұл шыга*

келгенде жұрт жын көргендей қашатын болды (Ә. Кекіл., Үркер, 558).

АҚ АСТЫҚ (Гур., Маңғ.) бидай, сұлы сияқты дәнді астықтар. *Кенеп қоржынға салған ақ астығы аттың терімен қамыр боп, қабына жабысып қапты* (Ж. Нәжім., Кішк., 11).

АҚАС (Рес.: Волг., Сарат.) аға, ағай. *Ақас барғалы отыр онда* (Рес., Сарат.). **Қ.** ақа[2].

АҚАУЫЗ (Көкш., Қ.ту) қол саусақтарының басына шығатын жара. *Ақ ауызбен ауырсаң корер едім* (Кокш., **Қ.**ту).

АҚАУЫЗ АҚ ТІЛЕК (ҚХР) ақ ниет, таза пиғыл. *Жан Шан қазақ халқына деген ақ ауыз ақ тілегін дастарқанға жайып ...* (**Ғ.** Қан., **Б**үрк., 163).

АҚ АЯҢ БИДАЙЫҚ (Қост., Жанг.) бидайықтың ақ (әппақ) түрі. *Анау табандағы ақ аяң бидайықты бүгіннен қалдырмай шауып алу керек* (Қост., Жанг.).

АҚ БАЙПАҚ (Орал, Қара.; Рес., Волг.) сиыр малының індеті. *Ой, ақ байпақ келгір!* (Орал, Қара.).

АҚБАЙТАЛ[1] (Қарақ.) естігенін жүртқа жаятын өсекшіл, аузы жеңіл адам.

АҚБАЙТАЛ[2] (Көкш.: Щуч., Еңб.) үскірік, боран. *Қыста ақ байтал күндерінде өте суық болады* (Көкш., Щуч.).

АҚБАЙТАЛ[3] (Қост.: Об., Торғ., Жанг.) кесе қар; қалың боранның кейінгі күртік қар. *Қыстыгүні қатты борандарда әр жерде ақбайтал болып қар тұрып қалады* (Қост., Жанг.). *Ақбайтал қарға түссең шыға да алмайсың* (Қост., Об.).

АҚ БАҚАЙ БОЛҒЫР (Орал, Чап.) жылқыға айтылатын қарғыс.

АҚ БАЛДАҚ (Қарақ.) екі жасқа дейінгі түйе ботасы.

АҚ БАЛТА (МХР) ағаш шабатын балта.

АҚ БАЛШЫҚ (Орал: Жымп., Чап.; Сем., Абай; Көкш.: Щуч., Еңб., Қ.ту; Ақт., Тем.; Қар.: Ж.арқа, Шет; Қост.: Жанг., Аман.; Рес.: Волг., Сарат.) үй ақтайтын әк, ізбес. *Маған да ақ балшығын нан ауысшы* (Орал, Жымп.). *Ауылымыздың жанында ақ балшық бар, солай болса да Қазиев үйі... майланбаған* («Қ. ту», 8.06.1941). *Мынау ақ балшық жақсы екен* (Сем., Абай). *Ақ балшықты да дайындап қойыпты* (Кекш., Қ.ту). *Үйді ақ балшықпен ақтайды* (Рес., Сарат.). *Үйдің қабырғаларын бұрын сылаған ақ балшық қазір кірленіп айғызданған, кей жері тіпті қабыршықталып, құлап түскен* (С. Сейф., Шығ., V, 40).

АҚБАЛЫҚ[1] (Гур.: Маңғ., Тең.; Қ.орда, Арал; Жезқ., Ұлы.; Түрікм., Красн.; Қост.) түсі ақ балықтың бір түрі. *Ақ балықтың еті дәмді, бағалы* (Түрікм., Красн.). *Ақ балық тентектеу келеді, алып жатқанда коп бұлқынады* (Гур., Тең.). *Бұйырса, ертең ақ балық жейтін боламыз* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 38). *Ақ балықтың аппақ денесі күміспен құйғандай* (Ә. Нүрп., Сең, 277).

[Әзірбайжанша *агбалыг* белуга (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 50); тув. *ак балык* орысша *елец* делінетін балық түрі (Рус.-тув. сл., 1980, 151); түр. *ақ балык* головль (Тур.-рус. сл., 1977, 36); үйғ. *ақбелиқ* белуга (Уйг.-рус. сл., 1961, 25); саха. *ат балык* белуга (Рус.-як. сл., 1968, 34)].

АҚБАЛЫҚ[2] (Орал, Чап.) табан, сазан, т. б. балықтардың кептірілгені.

АҚБАНА (Қарақ.) мал су ішетін астау.

АҚБАН-ДОҚБАН СОҒУ (Орал, Казт.) ат құлағы көрінбейтін, алай-түлей боран. *Атынан айырылып, өзі ақбан-доқбан соғып тұрғанда қасқырға кез болды* (Орал, Казт.).

АҚБАРШЫ (Ақт., Ойыл) хат-хабар жеткізуші. *Біздің колхоздың ақбаршысы бүгін Ойылға жүреді, мәліметті содан беріп жіберсең де болады* (Ақт., Ойыл).

АҚБАС[1] **1.** (Түрікм.: Красн., Тедж., Мары) басын жара қаптап, тесі ісетін түйе ауруы. *Биыл ақбас пен ауырған түйе көп болып тұр* (Түрікм., Тедж.). **2.** (Жамб.: Шу, Жам.) аяғына күш түсіп, тұяғы бүрісе түсетін жылқы ауруы. *Ақбас құндыздықтан түседі де, сол жері іседі* (Жамб., Шу). *Ақбас адамда, малда болады* (Жамб., Жамб.). **3.** (МХР) түйе, жылқының тұяғынан жарып шығатын жара. *Түйе ақбасын емдегенде үйді айналдырып бақанмен тұртеді* (МХР).

[*Ақбас* – бұзаудың басындағы ауру (В. Рад., Опыт..., 1, 130). Қырғызша *ақ баш* жылқы аяғында болатын ауру (К. Юд., КРС, 38); түр. *ақбасма* ауру түрі (катаракта) (Тур.-рус. сл., 1977, 36)].

АҚБАС[2] (Орал, Чап.; Қ.орда, Арал; Көкш.: Щуч., Еңб.) бидайық тәріздес ащы шөптің бір түрі. Кейде оны «тауықбас» деп те атайды. *Бұл жерде ешкі ақбас жеп күн көреді* (Қ.орда, Арал). *Ақбас шөбі біздің жақта өседі* (Көкш., Щуч.).

АҚБАС[3] (Қ.орда: Арал, Қарм.) үйтқымалы жаяу боран. *Ауық-ауық ішін тартып үйіріп соғып кетсе, ... ақбас шаңғытып кетеді* (Ә. Нүрп., Курл., 339).

АҚБАС ЕР (Гур., Маңғ.; Ақт., Жүр.; Қарақ.) сүйектен әшекейлеп жасалған ер. *Ақбас ерді жақсылар мінетін* (Гур., Маңғ.).

АҚ БАСҚҰР (Қарақ.) үлкен басқүр. *Киіз үйіміздің ақ басқұры жоқ, тоқытып жатыппыз* (Қарақ.).

АҚ БАСҚЫН (Қ.орда, Арал) жаяу борасын. *Ақ басқын боп жылқы ығыпты* (Қ.орда, Арал).

АҚБАС ӨРКЕШ (Қ.орда, Жал.) жұмысқа көп салудан не қотыр сияқты аурудан оркеш басындағы шудасы түсіп, оның орнына ақ буда жүн шыққан өркеш.

АҚ БАСПА (Гур., Маңғ.) қалын жауған қар. *Қалың қар жаудырып, ақ баспа болып, малды шұбыртыпты* (Гур., Маңғ.).

АҚБАСПА БОЛЫП ШҰБЫРТУ Қ. шұбырту.

АҚБАС ТҮЙЕ ЖОҢЫШҚА (Қ.орда, Қарм.) түйе жоңышқаның, яғни бұршақ тұқымдас көп жылдық өсімдіктің бір түрі.

АҚБАС ШӨП (Орал, Чап.) ащы шөптің бір түрі.

АҚ БАУЫР ТАРЫ (Алм., Талд.; Жамб.: Мер., Шу) ақ, қызыл тарының ұсақ түрі. *Ақ бауыр тарының дәні толық болады* (Алм., Талд.).

АҚ БИКЕТ (Рес., Волг.) ақтаған тары.

АҚ БИКЕШ (Орал, Жөн.) ақталған тары. *Ақ бикешті шайға салып жесе, ірә жақсы болар еді* (Орал, Жөн.).

АҚ БОЗ (Орал, Чап.) биік болып, бас жарып шығатын шөп түрі.

АҚ БОЛУ (МХР) желін ауруы.

АҚ БОЛЫП КЕТУ (Гур., Маңғ.) суалып кету. *Жер құ болған соң, мал ақ болып кетті* (Гур., Маңғ.).

АҚБОН-ДОҚ (Гур.: Маңғ., Есб.) күшті, қатты боран.

АҚ БУРА (Қ.орда, Қарм.) түсі, жүн реңі ақшыл болып келетін, келеге түсетін еркек айыр түйе.

АҚБҮРКЕНШЕК (ҚХР) жас келінге сәукеле сыртынан жабатын жамылғы.

АҚ БҮРКУ (МХР) бәйгеден озып келген ат сауырына сүт, қымыз бүрку. *Жаратқанай, неткен жақсылық еді, алдынан шығып ақ бүркейікші* (МХР).

АҚБІЛЕК (Қарақ.) күрт түсіп, сабағы солып, қауынның бұзылуы.

АҚ ГҮЛҚАЙЫР (Жамб.: Мер., Жам.) өсімдік аты. *Ақ гүлқайырлар арасында... бір түп қызғалдақ жылжып жүрген сияқты* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 9).

АҚ ДАҢҒЫЛ[1] (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) шешен, ақын адам. *Топта айтатын, ақ даңғыл емес пе?* (Қост., Жанг.).

АҚ ДАҢҒЫЛ[2] (Гур., Маңғ.) ақ көңіл, ақ пейіл.

АҚДІГЕР (Орал, Орда; Қ.орда: Қарм., Жал.) қостың бір түрі. *Жолым үйдің орнына ақ дігер болса, рә жақсы болар еді* (Орал, Орда). *Ақ дігер үй екен* (Қ.орда, Жал.).

АҚ ЕГІС (Жамб.: Мер., Шу) бидай, арпа, сұлы егістігі. *Ақ егіс бригадасы жұмысты аяқтап қалды* (Жамб., Шу).

АҚЕДЕН (Қост.: Об., Затоб.) аққөңіл. *Аңқылдаған бір ақ еден кісі. Ернар оны іштей қатты сыйлайды, ең бір жақын туысындай көреді* (Ө. Қан., Құд., 91).

АҚ ЖАЗДЫҚ (Қарақ.) өзі де, үні да ақ бидай.

АҚ ЖАЙҚЫН (МХР) айдын, шалқар, мол. *Халық қазынасы ақ жайқын дария емес, ол да сарқылып таусылады, алушылық керек* («Шұғыла», 1992, №4, 7).

АҚЖАЙМА[1] (Сем., Абай; Гур., Маңғ.) төсек үстіне жаятын ақ мата. *Мынау ақ жайма жуылған, таза екен* (Сем., Абай). *Аппақ ақ жайма жабылып, жағалай қойылған болскей кереует* (Ф. Дін., Ұшқын, 46). *...астына ақ жайма төсеп, кереуетінің аяқ жағындағы тақтай төсекке өкеп салады* (Ә. Кекіл., Құс кан., 222).

АҚЖАЙМА[2] (Сем., Шүб.) сүлгі. *Нәзік, ұяң Пелагея ақ жайма мен сабын өкеліп берді* (Чехов әңгім. Аударушы – Ж. Тіл., 1952, 80).

АҚ ЖАЛАУ[1] (Гур., Маңғ.) егіннің аксабан болуы.

АҚ ЖАЛАУ[2] (Павл., Ерт.) тоғайда өсетін биік шөп, басында ақ тармағы болады. *Ақ жалау сұлы жерге шығады* (Павл., Ерт.).

АҚЖАПА (Гур., Маңғ.) сиыр тезегі. – *Қатын, Қадырбайдың журтынан ақжапа көріп ем, теріп үйіп қой* (Ж. Нәжім., Кішк., 239).

АҚ ЖАПЫРАҚ (Гур., Маңғ.) малға сүтті көп беретін өсімдік түрі.

АҚЖЕЛЕК (ҚХР) жесір. *Сорлылықтың ең қиыны ақжелектік болса керен* («Шұғыла»).

АҚЖЕЛЕҢ (Рес., Сарат.) ақ көңіл. *Бисекең сондай ақжелең жігіт* (Рес., Сарат.).

АҚЖЕЛІН (ҚХР) сауын малдың сауын уақыты өтіп сыздаған желіні. Мұны *бозжелін* деп те атайды.

АҚ ЖЕР (Гур., Маңғ.) егіннің орылғаннан кейінгі орны, аңыз. *Жиналған егіннің орнын ақ жер дейді* (Гур., Маңғ.).

АҚ ЖИРЕН (МХР) шөлейт өңірде, көбінде жазықта өсетін ақ тікенді өсімдік. *Ақ жиренді іде отын ғып жағып көрдік* (МХР).

АҚ ЖОРҒА (МХР) жаяу борасын.

АҚ ЖУСАН (Көкш., Қ.ту) жусан түрі.

АҚ ЖҮРЕК (Шығ. Қаз., Зайс.) төріскен төрізді шөп, ем үшін пайдаланады. Дөнөнін қызуын қайтару үшін ішеді. *Бір жерден ақ жүрек табу керек болды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АҚ ЗӘРМЕТІН (Тәж.) оте тәтті торлама қауын.

АҚЗОН 1. (Орал, Чап.; Ақт., Ойыл; Рес., Волг.; Қарақ.) шыт, жұқа ақ мата. *А қ з о н н а н койлек тігіп алыпты* (Орал, Чап.). *Дүкендегі а қ з о н н а н 15 метр алайын десем, ақшам жетпей тұр* (Ақт., Ойыл). **2.** (Ауғ.; Ир.) ақ түсті қымбат мата, қыздар көйлек тігетін мата.

АҚЗОН ТЕМІР (Түрікм.: Красн., Небид.) шелек, леген (қ.) жасайтын темірдің ақ түсті түрі. *Не көп, а қ з о н т е м і р көп, содан жасатың* (Түрікм., Красн.).

[Түрікше *ahen* темір, болат, ал *ahsen* жақсы, оте жақсы мағыналарын білдіреді (Тур.-рус. сл., 1977, 33, 34)].

АҚЗУ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) ақ мата, ақшыт. *Дүкенде а қ з у бар* (Шығ. Қаз., Зайс.). Кейде *ақзон* деп те атайды.

АҚИҚЫ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) шын, рас, ақиқат. *Мен арқайын* (қ.) *отырсын десең, а қ и қ ы созіңді айт* (Түрікм., Ашх.).

АҚИҚЫ СУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) мақтаға берілетін су. *Пақтаның а қ и қ ы с у ы н уагында суыстамалы* (қ.) (Түрікм., Тедж.).

АҚ ИРЕК (Қар., Ж.арқа; Жезқ., Ағад.) омбы қар. *Қия-қиғаш, кесе-кесе жатқан а қ и р е к т е р д і ң үстінен ырғып түсіпті...* (F. Мүсір., Оян. өлке, 137).

АҚИ-ТАҚИ (Түрікм.: Таш., Тахта, Кенеур., Красн., Ашх.) үзілді-кесілді, біржола. *Осыны шыннан да а қ и-т а қ и қойғаның ба?* (Түрікм., Тахта). *Мен бүгінде ол кәсіпті а қ и-т а қ и қойған кісімін* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 110). *Ауыр ойдан а қ и-т а қ и айыға қоймағандікі ме, бұл әлі де тұкке тұсінген жоқ* (Ә. Нүрп., Сең, 56).

АҚ ИЫҚ БОЛУ[1] (Қ.орда: Арал, Қаз.) жария; таныс болу. *Бірақ Сатаео та, Қожақаео та жартымды ешнәрсе айта алған жоқ, ұзақ қиыр айтыла-айтыла а қ и ы қ б о л ғ а н факт* («Соц. Арал», 15.07.1943).

АҚ ИЫҚ БОЛУ[2] (Қ.орда: Қарм., Сыр.) шаршау, қажу. *Жұмыста а қ и ы қ болуға болмайды* (Қ.орда, Қарм.).

АҚ ИЫҚ ТҮЙЕ (Қ.орда, Жаңақор.) жұмысқа жегін болған түйе.

АҚИЫР (Қ.орда, Арал) ақырет. *Бәрі жазылған, а қ и ы р д а болатын іс қой* (Қ.орда, Арал).

АҚКЕ (Қар.: Ж.арқа, Қарқ.; Жезқ., Ағад.) «аға-еке» деген сөздің қысқартылып айтылуы. *– А қ к е, тысқа шығып кетші! – деді әкесіне* (С. Сейф., Шығ., IV, 50).

АҚ КЕМІК БОТА (Қ.орда, Қарм.) уызына жарыған, ене сүтіне тойынып, сүйегі беки бастаған қоңы жақсы жас бота.

АҚКЕП (ҚХР) ақ көгершін.

АҚ КЕРІШ[1] (Сем.: Абай, Аяг., Шүб., Ақс., Кекп.; Қост., Семиоз.) әк. *Үйді ағартып алайық деп едік, соған а қ к е р і ш іздеу керек болып тұр* (Сем., Абай). Қ. өк. Керсетілген жерлерде оны «ақ балшық» деп те атайды. *Шамасы, үйлеріңді мен әкеп берген а қ к е р і ш п е н ақтағансыңдар гой* (Қост., Семиоз.).

[Тіркестің екінші сыңары – *керіш* басқа түркі тілдерінде былайша дыбысталады: ноғ. *киреш*, тат. *керәч*, қум. *киреч*. Ертедегі түркі тілдері сөздіктерінде *кіреч, кирач, керәч* болып тұлғаланған. Кейбір еңбектерде бұл тұлғаларды «кірпіш» сөзімен байланыстыра қарап, екі түбірден құралғандығына топшылау айтады. Біріншісі: *кир//кірлай, саз;* екіншісі, *піш//біш//пәц* – пісіру, күйдіру мағыналарындағы сөздер. Екі түбірдің қосылуынан *керіш//керпіш* пайда болса, мағынасы «күйдірілген лай», «пісірілген саз» дегенге нұсқайды. Араб тілінде: *калес* известь мағынасын беретіндігін де зерттеушілер еске салады (Ә.Нүрм., Жерг. тіл ерекш. төрк., 6, 7)].

АҚ КЕРІШ[2] (Жамб., Тал.) саз балшық. *Жерді терең айдаса, астынан а қ к е р і ш шығады* (Жамб., Тал.).

АҚ КЕСЕЛЕНГЕН (Кекш.: Щуч., Еңб.; Қост., Фед.) күртік қар басқан. *Барғанша жолдың бәрі а қ к е с е л е н г е н екен, атымыз болдырып әрең жеттік* (Қост., Фед.).

АҚ КИІКТІҢ БҰРҚАСЫНЫ (Түрікм., Красн.) киік лақтаған кезде соғатын ызғарлы жел. *Кешке қарай бүйір тұстан а қ к и і к т і ң б ұ р қ а с ы н ы ұрып тұрады* (Түрікм., Красн.).

АҚ КӨБЕЛЕК (Шығ. Қаз., Больш.) ақ кеңіл, аңқылдақ. Мұның кей жердегі географиялық синонимі «ақ кейлек» қалпында да керінеді. Тіркестің ен негізгі, алғашқысы «ақ» сезі болса керек те, «кейлек», «кебелек» сездері кейін халық қосқан қосалқы тұлға деуге болады.

[«Ақ» сөзінің осы күнгі түркі тілдері мен ертеректегі мағыналарынан мынаны байқаймыз. Түрікше *ақы* мейірімді, жомарт (Тур.-рус. сл., 1977, 36); хақ. *ах* тамаша, оте жақсы (Хак.-рус. сл., 1953, 35). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *ақы* жомарт, мейірімді (Э. Надж., ИССТЯ, 1, 219), *әгы* жақсы, рақымды (Ат-тухфа, 271), *ахы* аққөңіл, жомарт (ДТС, 71, 48)].

АҚ КӨБІК (Рес., Волг.) толқын.

АҚКӨЗ[1] (ҚХР) балықтың бір түрі.

АҚКОЗ[2] (ҚХР) **1.** надан, есер. *Оқыған білер әр созді, надандай болмас а қ к о з д і* (Абай).

2. өжет, жалтақсыз. *Ақ көз ерлік* (ҚХР). *Ол қызды екінші қайтара айттыратын, кісі шықса – не ақкөзер, не есуас, бөтен, аралық бага жоқ* (Ж. Нәжім., Кішк., 60).

АҚ КӨЗДЕНУ (Гур.: Шевч., Маңғ.; ҚХР) алды-артын білмейтін даңғой. *Ол ақ көзденіп барып Каспий теңізіне түсіп еді, суға кете жаздады* (Гур., Шевч.). *Қолымызға сәл-пәл билік тисе-ақ болганы, дүниені ұмытып, ақ көзденіп кетеміз* (Қ. Жұм., Соңғы..., 262).

[Әзірбайжанша «ағкөз» тұлғалы сөздің бірнеше мағынасы бар. Солардың ішінде қазақ тіліндегі мына ерекшеліктің тууына себепші болғаны мына екеуі деуге болады: 1) батылсыз, қорқақ; 2) жалқау (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 59)].

АҚ КӨЙЛЕК[1] (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.; Сем.: Абай, Шұб.; Тау., Қош.; Павл., Үрлі.) ақ көңіл, аңқылдақ. *Кәдір шал ақкөйлек жақсы адам* (Қост., Жанг.). *Оның ақ көйлек екені көрініп-ақ тур* (Жезқ., Ұлы.). *Біздің райисполкомның председателі ақкөйлек адам* (Сем., Абай). *Сапарбек ақ көйлек адам еді* (Павл., Үрлі.). *Айтан ақ көйлек адам екен* (Тау., Қош.). *Сол кісінің өзі мен балаларының шылауында жүрген ақ көйлек, аңғал сорлы гой* (М. Әу., Абай жолы, I, 312). Қ. ақ көбелек.

АҚ КӨЙЛЕК[2] (Сем., Үрж.; Қар., Шет; Көкш.: Щуч., Еңб.; Рес., Омбы; Ауғ.; Ир.; Шығ. Қаз., Зайс.) бидайдың қабығы. *Ақ көйлектен ажыраган бидай өнбейді* (Сем., Үрж.). *Бидайды ұшырганда, ақ көйлегі бөлініп шыгады* (Көкш., Щуч.). *Тазаламаган бидайдың ақ көйлегі көп болады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АҚ КӨКІРЕК (Қарақ.) ақ көңіл.

АҚКӨРПЕ (МХР) көрпеге кигізетін тыс (сейсеп). *Әйелдер мен балалардың ішкі-сыртқы киімі, ақкөрпе неге жеткілікті өндірілмейді?* («Ж. өмір», 22.12.1983).

АҚ КІЛӘҢКӨР (Рес., Волг.) ақ мата. *Өлген кісіні таза ақ кіләңкөрге орап көмеді* (Рес., Волг.).

АҚ КІРЕУКЕ (Қарақ.) бедерсіз ақ мата. *Қарагай найза байлаган, ақ кіреукеки дейді* (Қарақ.).

АҚ КІРПІШ (Қарақ.) ақ топырақ, бор. *Ақ кірпішүй майлауга ете жақсы болады* (Қарақ.). Қ. ақ керіш[1].

АҚ КІС[1] (Гур., Маңғ.) ақ балшық, әк. *Есік алды у-шу. Топ-топ бала. Алыс-жұлыс. Үстібастары ақ кіс, шаң* (Ж. Нөжім., Кішк., 119).

АҚ КІС[2] (Сөм.: Акс., Үрж., Аяг., Көкп.; МХР) ақ тышқан.

АҚ КІСІ (Рес., Сарат.) ақ көңіл адам. *Ақ кісіме, сұм кісіме?* (Рес., Сарат.).

АҚ ҚАЙРАҢ[1] (Шығ. Қаз., Күрш.; Гур., Есб.; Қар., Қарқ.; Орал, Қара.) балық түрі. *Ақ қайраң балығы жеуге сүйкімді, өзі аса семіз тәтті балық* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Новобогаттықтар Жайықтан ақ қайраң, сазан, тағы басқа балықтар аулап жүр* (Гур., Есб.). *Жайықтан ақ қайраңды балдар қармақпен де алады* (Орал). *Барлығы бір кісідей күліп-ойнап, Дүзиді ақ қайраң шатұнық суда* («К-зшылар үні», 20.07.1937).

АҚ ҚАЙРАҢ[2] (Гур., Маңғ.) айдын. *Одан әрі ақ қайраң көрінеді* (Гур., Маңғ.). *Ақ қайраң үстін түгел жауып аппақ құстар отыр* (Ә. Сөр., Тол. туғ., 207).

АҚ ҚАЙЫҢ (Түрікм.: Красн., Таш.; Гур., Маңғ.) шытырға үқсас, басының гүлі жоқ, үзындығы 20-25 см, мал жейтін шөп. *Есіктің алды ақ қайың, Жапырагын баспайын, Бұл үйден былай кеткенсін, Балалықты тастайын* (Түрікм., Таш.). *Бұл жерде жылқының сүйіп жейтін шөптері: ебелек, мортық, ақ қайың, т. б. көп* («Маңғ.», 22.10.1954).

АҚ ҚАЛАЙ (Орал, Жән.) шай қалбыр. *Ақ қалай данш шай алып, тасқұманга шай салшы* (Орал, Жән.).

АҚҚАЛА СОҒУ (Көкш.: Щуч., Еңб.) үйдің айналасына қар жиналмау үшін, жел жақтан қар кесектерін бірінің үстіне бірін калап қойып тосқауыл жасау.

АҚ ҚАЛҚЫ (Гур., Маңғ.) ақ қалтқы.

АҚ ҚАПТАЛ (Алм.: Нар., Кег.) білімпаз. *Тогай ақ қаптал гой, біледі* (Алм., Нар.).

АҚ ҚАПТАЛ ҚЫЛУ (ҚХР) жауыр қылу, ығыр қылу, шаршату, қажыту.

АҚ ҚАПТАЛ ТҰЙЕ (Қ.орда, Қарм.) арбаға жегіп, бір, тіпті екі бүйірі жарақаттанып немесе қапталына жара шығып, кейін төуір болып кеткен, олардың орнына ақ жүн шыққан не сол жердегі терісі ақ көң боп калған түйе. *Ақ қаптал атандай-ақ алпыс жаста, Қарттықтың нышаны сол абайлатқан* (Т. Ізт., Назым).

АҚҚАПШЫҚ ЖЫЛ (Қарақ.) ашаршылық жыл.

АҚ ҚАСЫҚ (Қарақ.) үлкен қасық, ожау. *Ақ қасықпен құйың* (Қарақ.).

АҚ ҚОБАҢ (Гур., Маңғ.) ақ бидай. *Біздің ел ертеде Арқадан ақ қобаң бидай әкеп салып жүрді* (Гур., Маңғ.).

АҚ ҚҰЙРЫҚ ТЫШҚАН (Көкш.: Щуч., Еңб.) тышқанның бір түрі.

АҚ ҚҰЙРЫҚ ШАЙ (Орал: Орда, Шыңғ.) жапырақ шайдың бір түрі. *Аш қалмассың, ақ бөзден көйлек кимегенмен, ақ құйрық шай ішпегенмен өлмессің* («Жүлдыз», 1987, №3, 86).

АҚҚҰЛА 1. (Қ.орда: Жал., Қарм.; Шымк.: Түлк., Қызылқ.; Жезқ., Ағад.; Жамб., Шу; Ақт.: Жүр., Тем., Ырғ.; Қост.: Жанг., Аман.; Қарақ.) ерте кездерде қырмандағы бидайды қызылдағанда журтқа беру үшін белініп қойылған бидай, кеусен. *Қырманнан сұраған адамға бір шелектей а қ қ ұ л а береміз* (Ақт., Ырғ.). *А қ қ ұ л а сұрау да ырым болушы еді* (Қ.орда, Жал.). *Бұған тиме, а қ қ ұ л а ғ а шығарылған бидай гой* (Шымк., Қызылқ.). **2.** (Қарақ.) қырманнан бөлініп қойылған 1-2 пұт бидай. *Қырман болған соң а қ қ ұ л а бөлінбей тұрмайды* (Қарақ.).

АҚҚҰЛА АЛЫМЫ (ҚХР) ертеде қырманға жиналған астықтан дін иелерінің пайдасына алынатын салық.

АҚҚҰЛАҚ[1] (Қарақ.) балықтың бауырындағы қанатшалар.

АҚҚҰЛАҚ[2] (Сем., Шүб.; Тау., Қош.) қой, ешкіде болатын жара, қотыр. *Малда а қ қ ұ л а қ ауруы бар* (Сем., Шүб.).

АҚҚҰЛАҚ ШЕЛЕК (Гур.: Маңғ., Шевч.) айран, сүт құятын ағаш ыдыс, күбі. *А қ қ ұ л а қ ш е л е к т е шұбат бар* (Гур., Шевч.).

АҚ ҚҰМАН (Кекш.: Қ.ту, Уәлих.; Рес., Омбы; Қост., Жанг.; Қ.орда, Арал; Қар., Ж.арқа; Ақт., Ойыл; Түрікм., Красн.; Жамб., Шу) шай шығаратын шәйнек. *Отаудың а қ қ ұ м а н ы н да ала кел* (Жамб., Шу). *А қ қ ұ м а н ғ а шай сал* (Көкш., Қ.ту). *А қ қ ұ м а н ғ а шай салдың ба?* (Ақт., Ойыл). *А қ қ ұ м а н ғ а шай сал, шайы сүйықтау екен* (Қ.орда, Арал). *А қ қ ұ м а н ғ а су құю керек* (Қар., Ж.арқа). *Гүлнар, шешең а қ қ ұ м а н ғ а шай сал деді гой* (Қост., Жанг.). *Самаурынның үстіндегі а қ қ ұ м а н н ы ң буы бұрқырап тұр* (Түрікм., Красн.). *Қамқа шайды бірге әзірлесіп, а қ қ ұ м а н д ы демдеп жайнаған шоққа қоя бергенде, есіктен Имаш пен өкіл кіріп келді* (Б. Майл., Шығ., IV, 118).

АҚ ҚҰН (Түрікм.: Таш., Небид., Красн.; Гур., Маңғ.) құнның жақсы малмен өтелетін түрі. *Есентемірлер а қ қ ұ н төлеп, жаладан зордан құтылды* (Түрікм., Таш.). *Әкеңнің а қ қ ұ н ы менде болмаса айтшы, кәне?* (F. Сл., Дөң. ас., 118). Ертеде құнның бірқатары ірі қара (әсіресе, жылқы) малымен төленген. Алтай, хақас тілдерінің деректеріне назар аударғанда ғана тіліміздегі жергілікті ерекшелік болып отырған «ақ құн» тіркесінің қалай қалыптасқанын білеміз: «ақ» (ірі мағынасында) немесе «ах» (мәндай алды) түсінігіне ие. Осыларға парсы тіліндегі «құн» («қан» мағынасындағы) тіркесе келіп, «ақ құн» пайда болған.

АҚ ҚҰРТ[1] **1.** (Түрікм., Красн.) түз салып істелген құрт түрі. *Шайға тістеп ішуге а қ қ ұ р т жақсы болады* (Түрікм., Красн.). **2.** (Рес., Омбы) кішкентай тәтті құрт.

АҚ ҚҰРТ[2] (МХР) малды індетке ұшыратын құрт түрі. *Сиыр оқырасы, а қ қ ұ р т қатарлы індеттердің шығуына әр шаруашылық 60-тан төмен емес процентпен азайтады* («Ж. өмір», 10.11.1983).

АҚ ҚҰС (Түрікм.: Красн., Небид.; Гур.: Шевч., Маңғ.) иленген терінің етін түсіру үшін жұмсалатын ақ түсті тас. *Бір мезгілге а қ қ ұ с ы ң д ы берші?* (Гур., Шевч.).

АҚ ҚҰТЫ (Ауғ.; Ир.) темір ыдыс (фляга).

АҚҚЫ[1] (Қарақ.) ағыны күшті су.

АҚҚЫ[2] (Орал, Гур.) тәжірибелі, әккі.

АҚҚЫЛТЫҚ (Қарақ.) шортан.

АҚ ҚЫНА (Сем., Үрж.) тауға, тасқа шығатын өсімдік. *Тауда а қ қ ы н а көп* (Сем., Үрж.).

АҚҚЫТАЙЫ (Қарақ.) қауынның бір түрі.

АҚЛАЙ ҚҰДА (Қарақ.) ұлы, қызы ержеткен кісілердің бір-біріне құда түсіп, жіп байлап, үйлендіруі.

АҚЛАҚ (ҚХР) сүтке қатық құйып қайнатып, сары май салып әзірлейтін тағам.

АҚ МАЙ[1] (Орал: Чап., Жымп.; Рес., Волг.) күз айларында қураған шөп жеген мал сүтінің майы. *Бұл жерде палауды көбіне а қ м а й ғ а басады* (Орал, Жымп.).

АҚ МАЙ[2] (Қ.орда, Арал; Қарақ.; Түрікм.: Ашх., Таш.) мақта майы. *Бір шүйше* (қ.) *а қ м а й д а н қалғаны осы ғана ма?* (Түрікм., Таш.). *Мақталы аудандарда а қ м а й көп болады* (Қ.орда, Арал). *Шөп майының ішінде мақталы аудандарда көбі а қ м а й гой* (Қарақ.).

АҚ МАЙ[3] (МХР) семіз. *Бір жылқы сойып еді, а қ м а й екен* (МХР).

АҚ МАМЫҚ (Орал, Қара.) ете жұмсақ ақ шөп. *А қ м а м ы ғ ы аралас бидайың орақ ға түспейді* (Орал, Қара.).

АҚМАНАР ШАПАН (Рес., Волг.) жібек шапан. *Осы күні а қ м а н а р ш а п а н таппайсың* (Рес., Волг.).

АҚМАРҚА (Қарақ.) еті қызыл, марқа балық.

АҚМАРТУ (ҚХР) жын. *Ақ сөйле, құлағына а қ м а р т у ы ң сыбырлап кетті гой* (ҚХР).

АҚ МАЯ (Қ.орда, Жал.) біртуманың бекпатша аталатындарының қолтумасы. Егер аруанаға ақ бура шексе, ботасы ақ түсті болып туатын жағдай кездеседі. Қазақ дәстүрінде ақ түйені аса қатты құрметтеп, қастерлеген. *Иір мойын, тықыр жүнді, аппақ аққудай а қ м а я ғ а мінген күйек сақал нән қара бір-екі*

тебініп алға қарай шыға бастады (С. Бақб., «Қаз. әдеб.»).

АҚ МӘНӘТ (Гур., Маңғ.) күміс ақша.

АҚМӘНЖІН (МХР) редиска.

АҚ МИЯ (Сем., Үрж.) шөп түрі. *Тарбағатай өлкесіне а қ м и я шығады* (Сем., Үрж.).

АҚМҰРТ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) етіктің ішкі ұлтаны, ішкілігі. *Етіктің а қ м ұ р т ы н салу керек* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АҚМҰРТ[2] (ҚХР) тарысынан майын көп салып дайындаған тағам.

АҚМЫЛТЫҚ 1. (Қар., Қарқ.) мерген. **2.** (ҚХР) түзу мылтық. **3.** (Қар., Қарқ.; ҚХР) сезуар, тілмәр. *Қара сөздің а қ м ы л т ы г ы* (Қар., Қарқ.). *Ауыл арасындағы шолақ бәйгеге өзіміз де а қ м ы л т ы қ, деп бұ да өзінің бұқпа құлығын көрсетпей, басын бұркегенде, бөксесі көрініп жатты* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 126). *А қ м ы л т ы қ адамдар көп сөзге тақпақ* (ҚХР). **4.** (ҚХР) өткір, ызғарлы. *А қ м ы л т ы қ боран* – ызғарлы боран.

АҚ МЫСЫҚ, ҚАРА МЫСЫҚ ТЫШҚАН АЛҒАНЫ НАҚ МЫСЫҚ (ҚХР) адамға қарама, істеген ісіне қара.

АҚНАБАТ (Алм., Шел.) жұмсақ тәтті ақ қауын. *А қ н а б а т тәтті қауынның бір түрі* (Алм., Шел.).

АҚ НӘУАТ (Жамб., Шу; Алм., Шел.; Қарақ.) үлкен сары қауын. *А қ н ә у а т сулы келеді, ауыр болады* (Жамб., Шу).

АҚ ОРДА (Түрікм.: Көнеүр., Таш.) алты және одан да көп қанатты киіз үй.

АҚ ӨЛЕҢ (Көкш., Қ.ту) қоға, қамыс арасында өсетін үзын шөп. *Шошқа а қ ө л е ң д і жерде көп болады* (Көкш., Қ.ту).

АҚПА[1] (Сем., Абай) **1.** үшы сүйір таяқ. *А қ п а дегеніміз таяқтың бір түрі* (Сем., Абай). **2.** алғашқы көбік қарда лақтырысып ойнайтын ойын түрі. *Қыста а қ п а ойынын ойнаймыз* (Сем., Абай).

АҚПА[2] (Шығ. Қаз., Зайс.) көбіне үлкен өзендерде қолданылатын аудың бір түрі. *Балықшылар қайыққа мініп, а қ п а ау салды* (Шығ. Қаз., Зайс.). Арал балықшыларының сөйлеу тілінде «ықпа ау» түрінде қолданылады. Мұнда *а~ы* дыбыстарының *сәйкестігі* көрінеді.

АҚПА[3] (Жамб., Жам.) азбан (піштірілген мал). *Айғырдан кестірілген я қошқардан тарттырылған малды а қ п а дейді* (Жамб., Жам.).

АҚПАЙ-ТОҚПАЙ (Алм., Жам.) апай-түпай.

АҚПА ҚҰДЫҚ (Қар., Қарқ.; Жезқ., Ағад.) суы мол құдық.

АҚПАЛУ (Алм., Шел.) алып қалу. *Пытыраның жарымын а қ п а л с а ң, а қ п а л* (Алм., Шел.).

АҚПАНА (Өзб., Бұх.) қой суғаратын орын.

АҚПАР[1] (Гур., Маңғ.) екпін. *А қ п а р ы м күшті арнамын, Аягым айдын шалқыған. Миуалы дарақпын, Бұтағым бұлт шарпыған* (Аралбай ақын. 1910 жыл).

АҚПАР[2] **1.** (Алм., Шел.; ҚХР) үлкен кесе, ас ішетін кесе. *А қ п а р г а сүт құйды. А қ п а р м е н шай ішті* (Алм., Шел.). **2.** (ҚХР) фарфор кесе. *А қ п а р кесемен шай ішті* (ҚХР).

АҚПАРШЫ (Шымк.: Арыс, Сарыағ.) пошташы.

АҚПИЯ (Шымк.: Түлк., Сайр.; Қар., Шет; Ауғ.; Ир.) үдайы егін салынатын жер. *Мынау а қ п и я н ы ң бидайы гой* (Шымк., Сайр.).

АҚ ПЕН ҚЫЗЫЛДЫҢ АРАСЫНДА (Гур., Маңғ.) қас пен коздің арасында, лезде. *А қ п е н қ ы з ы л д ы ң а р а с ы н д а* солаң етіп кіріп келген әлгі қаба сақал суық хабарын Бараққа да жеткізіпті (Ә. Кекіл., Үркер, 526).

АҚ ПОРМИ 1. (Сем.: Мақ., Үрж.) сабағы үлкен, үзын жүгері. *А қ п о р м и тұқымын көп егу керек* (Сем., Үрж.). **2.** (Ауғ.; Ир.) толық, жақсы піскен жүгері.

АҚПЫР (Алм., Шел.) үлкен кесе. *А қ п ы р м е н қымыз ішіп едім, маңдайымнан тер шыға келді* (Алм., Шел.).

АҚСА [АҚСАЙЫ] (ҚХР) қиырдағы, ең шеттегі.

АҚ САБЫН (Гур., Маңғ.; Жезқ., Ұлы.; Қост., Жанг.) иіс сабын. *А қ с а б ы н д ы бас жууға қалдырдым* (Жезқ., Ұлы.). *Кооператиоке әйдік а қ с а б ы н д а р келіпті* (Қост., Жанг.).

АҚСАҚ (Түрікм., Небид.) бақай арасына жара шығып ауыру.

АҚ САҚАЛ (Жезқ., Ұлы.) бидайдың дән алмай ағарып сеңуі. *Биыл Байсалбай маңайындағы бидай а қ с а қ а л г а айнала ма деп тұрмыз* (Жезқ., Ұлы.).

АҚСАҚАЛ ШАПАН (Түрікм., Красн.) ауылдың ең үлкен ақсақалына құдалары жағынан кигізетін сый шапан. *А қ с а қ а л ш а п а н киім ішіндегі ең қымбат киім болады* (Түрікм., Красн.).

АҚСАҢ БАТУ (Қ.орда: Тер., Жал.) кеш болып, күн бату. *А қ с а ң б а т ы п, ымырт жабылды* (Қ.орда, Жал.).

АҚСАҢДАҚ (ҚХР) кешкі жарық. *А қ с а ң д а қ батқан жоқ* (ҚХР).

АҚСАР БАС (Шымк., Арыс) ителгінің бір түрі. *Қаршыға салсаң нар бастан, Ителгі салсаң а қ с а р б а с т а н, Шамал салма, тынық сал, Алыс салма, жуық сал* (Шымк., Арыс).

АҚСАРЫ (Гур., Маңғ.; Қарақ.; ҚХР) басы сары, сарғылт жыртқыш құс. *Бір а қ с а р ы н ы ң ұясы бар екен, көріп кел дедім* (Қарақ.). *Ақ сұңқар ма құсыңыз а қ с а р ы ма?* (ҚХР).

АҚСАРЫМСАҚ Қ. айылжуа.

АҚСАУЛАҚ[1] (Қарақ.) сыйлы қонаққа беретін жұқа нан.

АҚСАУЛАҚ[2] (Алм., Шел.; Қарақ.) қауыннан істелген тамақ. *А қ с а у л а қ істеуге көп күлөбі қауын әкелдім* (Қарақ.).

АҚСЕҢ БОЛУ (Орал: Жән., Орда) жұмыстан қолы тимеу, әуре-сарсаң болу. *Колхоз активтері пішен басында а қ с е ң б о л ы п жүр* (Орал, Орда). *Колхозшылар шөп басында а қ с е ң б о л ы п жүр* (Орал, Жән.).

АҚСИРАҚ (ҚХР) малдың қырылып жұтауы. Мұны «қаракөра ақсүйек» деп те атайды.

АҚСОН//АҚСҮН (Орал, Орда) ақ мата.

АҚ СОНА (Қост., Жанг.) боз сона, сонаның кішкентай түрі. *Агустың а қ с о н а с ы, мал түгіл адамды да шыдатпайды* (Қост., Жанг.).

АҚСӨҢКЕ[1] (МХР) орман ішіндегі қуарған бұтақ, тал, т. б. бос ағаштар.

АҚСӨҢКЕ[2] (ҚХР) көрі, жасы ұлғайған адам.

АҚСУЫРТПАҚ (Гур., Шевч.) егіннің ақсабан болуы. *Егін а қ с у ы р т п а қ боп, малдың аягына ергенде қопсытады* (Гур., Шевч.).

АҚСҮН Қ. ақсон.

АҚСҮП (Ақт., Ойыл; Түрікм.: Красн., Таш.; Орал: Чап., Жымп.; Қарақ.; Ауғ.; Ир.) ақшыт, ақ сиса. *Дүкенге а қ с ү п т а көп түсіп пе?* (Ақт., Ойыл). *Балама көйлекке 3-4 метр а қ с ү п керек еді* (Түрікм., Таш.). *Пешехананы көбінесе а қ с ү п т а н тігіп жасаймыз* (Қарақ.).

[Үйғырша *ақсұрұп* (Уйг.-рус. сл., 1961, 26)].

АҚСҮЙЕК (Ауғ.; Ир.) футбол сияқты допты қолмен лақтырып ойнайтын ойын.

АҚ СҮТ[1] (Орал, Жән.) киім-кешекті жауып қоятын ақ мата. *А қ с ү т т е р і ң қанша метрлік мата* (Орал, Жән.).

АҚ СҮТ[2] (Орал, Жән.; Рес., Волг.) машинадан етпеген сүт. *Колхозшыларга а қ с ү т берсе болмай ма?* (Орал, Жән.).

АҚСЫЗ (МХР) сүтсіз. *Енесі а қ с ы з туған төлді сиыр сүтімен, қосымша жеммен жемдеу шаралары белгіленді* («Ж. өмір», 23.05.1983).

АҚСЫЛА (Ақм., Есіл; Қар., Нұра) ақ балық.

АҚ СЫРҒАҚ (Рес., Орын.) құрай шөп. *А қ с ы р г а қ у шоп болады. А қ с ы р г а қ т а н шеке құрт бірден жазылады. А қ с ы р г а қ т ы дару ретінде ішсе, қапыл өледі* (Рес., Орын.).

АҚСЫРҚЫН (Қарақ.) қарасора сияқты ащы шөп.

АҚТА[1] (Шымк.: Сайр., Қызылқ.; Алм., Шел.) сүтті қарынға құйып, күннің қызуымен үйытылған айран. Мұны, көбіне, қойшылар жасап ішкен. *Бұрын қойшылар далада қой сауып, а қ т а ішетін* (Шымк., Қызылқ.).

АҚТА[2] (Шымк., Түлк.) қойыртпақ, қойшының асы.

АҚТА[3] (Көкш., Қ.ту) ел кезіп, қайыр сұрау. *Ол бұрын ел а қ т а п жүретін* (Көкш., Қ.ту).

АҚТА[4] (Шымк., Арыс) шөберенің баласы.

АҚТА[5] (Гур., Маңғ.; Қ.орда: Сыр., Шиелі) піштірілген мал, азбан. *А қ т а тез семіреді* (Гур., Маңғ.).

АҚТАБАН (Ақт., Ырғ.) бауыр қабыршақтары ақшыл, көл мен өзендерді мекендейтін балық. *А қ т а б а н аулау маусымы жақындап қалды* (Ақт., Ырғ.).

АҚТАБАН ЕТІК (МХР) көк сірі табаны бар ақ етіктер. *Әйелдер халаты мен а қ т а б а н е т і к т і ң үлгісі ескірген, әр жастағы адамдарға, әр кәсіпке сәйкеспейді* («Ж. өмір», 22.12.1983).

АҚТАБАН СОЙЫЛ (Қар., Қарқ.) сойыл түрі. *Басында ескілеу кішкентай ақ елтірі тымақ, қолында ұзын, жуан ақ сапты қамшы, сол жақ қарында қайыс бұлдіргелі ұзын, жуан а қ т а б а н с о й ы л ы бар* (С. Сейф., Шығ., IV, 37).

АҚ ТАҒАМ (МХР) сүттен жасалған тамақтар (құрт, ірімшік, айран, май, т. б.). *...қажетті картопты өз күштерімен егіп, ауруларды а қ т а г а м м е н қамтамасыз етуге ешкі өсіруде* («Ж. өмір», 9.06.1983).

АҚ ТАҒАМ КҮНДІГІ (МХР) етсіз, тек сүт, үн, күріштен тамақ жасайтын күндер. Бұған аптаның бірнеше күнін арнайды.

АҚТАЛ (Қарақ.) арықтың бойына егілетін теректің жасырақ кезіндегі атауы. Үйдің төбесіне салуға пайдаланады. 5-6 жылдан кейін ақтерек аталынып, пайдалануға жарайды.

АҚТАЛАУ[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) пішу, тарттыру. *Былтыр көктемде а қ т а л а п жіберіп едік, жарықтық жақсы-ақ ет алыпты* (Түрікм., Көнеүр.).

АҚТАЛАУ[2] (ҚХР) талтаңдау, талтаңдап зорға жүру. *Ашалау шалың а қ т а л а п, шеміршегін ноқталап* (Шалгез жырау).

АҚ ТАЛҚАН (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жүгеріні келіге түйіп жасаған талқан. *Сендерде а қ т а л қ а н істей біле ме?* (Түрікм., Тедж.).

АҚТАМАҚ[1] (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.; МХР) айраннан, сүттен жасалған әр түрлі тағамдар (құрт, ірімшік, қаймақ, қымыз, т. б.). *Ол кез көктемнің туып, а қ т а м а қ т ы ң*

шығып қалған кезі еді (Тау., Қош.). *А қ т а м а қ қыста да үзілмейді* (МХР).

АҚТАМАҚ[2] **1.** (Жамб., Сар.) күнажын сынр. 2. (Шымк., Арыс) тайынша.

АҚТАМАҚ[3] (Акт., Ключ.) түйенің іш ауруы.

АҚТАМАР (Шымк.: Арыс, Сарыағ.) тана.

АҚТАНА (МХР) кішкене ақ түйме.

АҚТАН ІШКЕН (Гур.: Маңғ., Шевч.) туа болған. *Ақтан Керейұлы а қ т а н і ш к е н адам. Ол оленді ешкімнен үйренбеген* (Гур., Маңғ.).

АҚТАН ҚАПТАП ЖІБЕРУ (Рес., Сарат.) ит терісін басына қаптау. *Келсіпші өзі, мен оны а қ т а н қ а п т а п ж і б е р е й і н* (Рес., Сарат.).

АҚТАРЫЛЫП ТҰРУ (Қост., Об.) аң-тан болу. *Ол не қыларын, білмей, сол жерде а қ т а р ы л ы п т ұ р ы п қалды* (Қост., Об.).

АҚТАРЫЛЫП ТҮСУ (МХР) сойған малдың көп іш майы. *Ту ешкіні сойғанда а қ т а р ы л ы п т ү с т і* (МХР).

АҚТАС[1] (Орал: Жән., Каз.) кішкене ақ түйме. *Мәрия, дүкеннен а қ т а с алып кел* (Орал, Жән.). *Көйлегінің а қ т а с ы үзілген екен ғой* (Орал, Каз.).

АҚТАС[2] (Шығ. Каз., Зайс.; МХР) кенді тас. *Біз мұндайды а қ т а с дейміз* (Шығ. Каз., Зайс.). *Со кезде сеңсеңке джоқ, аппалық джоқ, чақпақпенен, а қ т а с п е н е н от тамызады екен* (МХР).

АҚТАСПА (Жамб., Шу; Алм., Жам.) теріскен тәрізді шөп. *Ешкіге бала шөптің денін түйесіңіз мен а қ т а с п а д а н алдым* (Жамб., Шу). *Қоян сасқанда а қ т а с п а ғ а қашады* (Алм., Жам.).

АҚТАУ[1] (Қост.: Жанг., Аман.; Орал: Жән., Шығ., Чап., Жымп.; Гур.: Есб., Бал.) үйдің қабырғасын ақ түсті балшықпен ағарту. *Бұл үйді а қ т а м а ғ а л ы, көп болды* (Қост., Жанг.). *Үйлерді майлату, а қ т а т у жұмыстары жүктелсін* («Соц. жол» 27.04.1939).

[Қырғызша *ақта* (К. Юд., КРС, 39); түрікм. *ағартма, ағардыш* (Рус.-туркм. сл., 1956. 497)].

АҚТАУ[2] (Сем., Көкп.) аралау. *Шұлы жатақханадан безіп, патерден патер а қ т а п жүрген шақ* (М. Мағ., Көк кеп., 13).

АҚТАУ[3] (Орал, Жымп.) ұшыру, тазалау. *Менің қызметім қырман басында тары а қ т а у еді* («Қ. ту», 4.11.1941).

АҚТАУШЫ (Түрікм.: Красн. Небид., Ашх., Таш., Мары) қорғаушы. *Колхозды үйтіп* (к.) *қойса да, а қ т а у ш ы с ы күшті болып, құтқылды* (Түрікм., Мары).

[Түрікменше *аклавчы* (Рус.-туркм. сл., 1956, 19); *озб. екловчи* (Узб.-рус. сл., 1959, 148); карак. *ақлауши* (Рус.-карак. сл., 1967)].

АҚТАЯҚ[1] (Қост., Жанг.) мүрап. *Баягыда біздің ел су боғеп, аяқ егін* (к.) *салғанда мен а қ т а я қ болып істедім* (Қост., Жанг.).

АҚТАЯҚ[2] (Жамб.: Шу, Мер.) шабарман, уәзір. *Күніге келеді а қ т а я қ, бірақ оны қайтарып жібереді екен* (Жамб., Шу).

АҚТАЯҚ[3] (Жамб., Сар.) көрші ойыны.

АҚТАЯҚ[4] (ҚХР) балықты аудан сүзіп алатын құрал.

АҚТАЯУ (Гур.: Тең., Маңғ.) к о н е. сүзгі, сүзекі (балықты аудан сүзіп алатын құрал). *Бұрын балықшылар аудан балықты сүзіп алатын жабайы құралды а қ т а я у дейтін. Қазір колхоздарда а қ т а я у қолданылмайды* (Гур., Тең.).

АҚ ТӘТТІ (МХР) қант.

АҚ ТЕКЕМЕТ (Түрікм., Красн.) ақ жүннен басылған текемет. *Адайлар а қ т е к е м е т т і қыздың жасауына да қосып береді* (Түрікм., Красн.).

АҚ ТЕРЕК 1. (Сем., Үрж.) терек. *Тарбағатай тауларында а қ т е р е к коп* (Сем., Үрж.). 2. (Ауғ.; Ир.) терсктің ақшыл жанырақтысы.

АҚ ТЕР-КӨК ТЕР (Қ.орда: Арал, Қарм.; Гур., Маңғ.) кара тер. *Осы ыссыда онсыз да а қ т е р-к о к т е р боп, зембіл көтеріп, ... айқайға басып жүр екен* (Ә. Нүрп., Сең, 284). *Шай-хат... екі жағасы екі жақта, а қ т е р-к о к т е р, быршып отыр* (Ә. Кекіл., Күс кан., 18). Қ. көк тер болу.

АҚ ТИІН (Қ.орда, Арал) құмдағы, даладағы тышкан түрі. *Артқы екі аягымен а қ т и і н тік тұра алады* (Қ.орда, Арал).

АҚ ТОН (Сем.: Абай, Шүб.) бидайдың қабығы, қауызы. *Бидай а қ т о н ы н а н әлі айырылып болмаған екен* (Сем., Шүб.).

АҚТОПЫРАҚ (Қар., Қарк.) әк. Қ. тастық күлі.

АҚ ТОРТА (Қост., Жанг.) ақ қайран. *А қ т о р т а деп ақ шабақты айтады* (Қост., Жанг.).

АҚТУША (Қарақ.; Гур., Тең.) каяз балықтың кішісі, үсағы. *А қ т у ш а н ы ң еті дәмді, сағмағы ауыр тартады* (Гур., Тең.).

АҚТҮЙЕ БАС ҚЫЛУ (Қ.орда: Қаз., Карм.) жүрт алдында ұялту, күлкі қылу. *«Қашан үйленесің? Соңыра тойыңа шақыруды ұмытпа», – деп, Арал балаларының көзінше а қ т ү й е б а с қ ы л ғ а н ы есінде* (Ә. Нүрп., Сең, 198).

АҚ ТҮЙМЕШ[1] (Орал: Чап., Жымп.; Акт., Ырг.) түз салып істелген құрт түрі. *А қ т ү й м е ш т і түйіп, ботқа жасаймыз* (Акт., Ырг.).

АҚ ТҰЙМЕШ[2] (Ақт., Қараб.) шикі тарыны ақтау. *Күзде тарыны а қ т ұ й м е ш т е п алғасын, үкіметке жөнелтеміз* (Ақт., Қараб.).

АҚ ТҮТІН (Түрікм., Красн.) бұрқасын. *Түстен кейін а қ т ұ т і н тұрып, айнала алайтұлей болды да кетті* (Түрікм., Красн.).

АҚТЫ КӨЗ (Рес., Волг.) ақ түскен көз.

АҚТЫҚ[1] (Түрікм.: Ашх., Таш.; Қарақ.) немере. *А қ т ы қ т а н туған балам да ер жетіп қалды* (Түрікм., Таш.). *Нокістегі оқып жүрген а қ т ы г ы м д ы сағындым* (Қарақ.).

[Түрікменше *агтик* (Рус.-туркм. сл., 1956, 73); қарақ. *ақлық* (Рус.-карак. сл., 1967); түр. *аһфат* немере; үрпақтар (Тур.-рус. сл., 1977, 33), сары үйғ. *аты* немере; кішкентай (С. Мал., ЯЖУ, 19). Өткен ғасырдағы сөздіктерде: *ақтуқ* немере (Л. Буд., Срав... I, 68); *ақтық* немере (В. Рад., Опыт..., I, 119). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: *агдуқ* бөгде, бөтен (таныс емес) (М. Қашқ., I, 125); *ахтық* немере (А. Бор., Бадаи..., 1961, 39); *аты* немере (ДТС, 67). Монғол тілдерінде монғ. *ач* (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 29); қалм. *ач* (Рус.-калм. сл., 1964, 71); бурят. *аша* (Ц. Буд., Лекс. бур. диал., 94). Осы көрсетілген тұлғалар монғол тобындағы тілдерде «немере» мағынасында қолданылады].

АҚТЫҚ[2] (Қост., Жанг.) кездеменің бір түрі, болатнай. *Әйелдер бастарына а қ т ы қ т а н жаулық салады* (Қост., Жанг.).

АҚТЫҚ[3] (Жамб.: Мер., Шу) дәнді егіске арналған жер.

АҚТЫҚ[4] (Ақт.: Шалқ., Ырғ.; Сем.: Шүб., Ақс., Көкп., Үрж.; Шығ. Қаз., Ұлан) қалың болып өскен қуаң шөп. *Сарқұдықтың түбі а қ т ы қ қой, бұзауға жаман болмас* деп ойлаймын (Ақт., Шалқ.). *Біздің жақта а қ т ы қ биыл бітік болды* (Сем., Үрж.). *Бүгін а қ т ы қ т ы шауып жатқан көрінеді* (Шығ. Қаз., Ұлан).

АҚТЫҚ[5] (Гур., Маңғ.) мүрит жолын үстаушы. *Мен Бекет әулиенің а қ т ы г ы м ы н* (Гур., Маңғ.).

АҚТЫҚ[6] (Орал: Жән., Орда, Шыңғ.; Сем.: Абай, Шүб.) соңғы. *Енді жоқ, осы алғаның а қ т ы ғы* (Орал, Жән.). *Көрсетілген колхоздардың председательдеріне а қ т ы қ ескертіп..., осы көрсөтілген сүрекке тұқым айырбастау жұмысын бітірмесе... қатаң шара қолданылатыны а қ т ы қ рет ескертілсін* («Ком.», 11.01.1938). *Жұмысы нашар болғандықтан оған ақтық сөгіс берілді* (Сем., Абай).

[Қырғызша *актык* (К. Юд., КРС, 40); қалм. *отхн* (Рус.-калм. сл., 1964, 508)].

АҚТЫҚ[7] (Гур., Есб.) ақыры; түгелдей. *9 айдың ішіндө мал сойған 12 адамның қылмыстық ісі а қ т ы қ бітіп, халық сотына берілген болатын* («Соц. мал шар.», 20.10.1940, №95).

АҚТЫҚ БАЙЛАУ (МХР) өзге ауылдан келген қымыздың ыдысын қайтарғанда түтқасына байлайтын ақ мата. *Олардың қолына а қ т ы қ б а й л а п, балаларының шетпелеріне ауыл адамдары үздіріп алып жатады* (Б. Көм., Монғ. қаз. салт-дәст., 386).

АҚТЫРАН (Ақт., Шалқ.; Алм., Шел.; Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) кішкене ақ балық. *А қ т ы р а н н ы ң құйрығы қызыл болады* (Ақт., Шалқ.). Бұл сөз Каспий балықшыларының тілінде де бар. Гурьевте «тыран», Аралда «айнагөз» болып айтылады (Ж. Дос., **ҚТЖЕ**, 20).

АҚ ТІКЕН (Орал, Қара.; Алм., Жам.) өсімдік түрі. *Әулиенің аты өшіп «А қ т і к е н әулие» атаныпты* (Орал, Қара.). *Кара бура өзендегі а қ т і к е н ұрып тұр екен* (Алм., Жам.).

АҚ ТІЛЕГІН ДАСТАРҚАНҒА ЖАЮ (ҚХР) ақ тілегін ақтару, ақ ниетін ашық жайып салу. *Жаң Шан қазақ халқына деген ақауыз а қ т і л е г і н д а с т а р қ а н ғ а ж а й ы п, мәнжайды егжейлі-тегжейлі айтқан соң...* (**F.** Қан., Бүрқ., 163).

АҚУА (Жамб., Шу) ақымақ. *А қ у а адам бейпарық, Сөйлейді сөзін баланың* (Жамб., Шу).

АҚУАЛ (Шымк., Кел.; Қарақ.) хал-жағдай. *А қ у а л жақсы. Тұрмысымыз жылдан-жылға оңалып келеді* (Қарақ.).

АҚҰН[1] (Гур., Шевч.) ақын. *Абыл сиырып салма а қ ұ н болған* (Гур., Шевч.).

[Қырғызша *ақын, ақун* деп те айтылады (К. Юд., КРС, 40)].

АҚҰН[2] (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш., Ашх.) медреседе бала оқытатын молда. *Біз не білеміз, а қ ұ н г а оқымаған адамбыз* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *ахун* үлкен молда (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *охун* үлкен молда (Узб.-рус. сл., 1959, 310); әзірб. *ахунд* мұсылмандардағы діни атақ (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 166); үйғ. *ахун* діни дәрежелі адам (Уйг.-рус. сл., 1961, 23); *акун* мұсылманның діни адамы, оқытушы (молда) (Л. Буд., Срав..., I, 19); *акун* үлкен молда (В. Рад., Опыт..., 1, 109); пар. *ахунд:* 1) діни адам; 2) ескі бастауыш мектептердегі оқытушы (Пер.-рус. сл., 1, 1983, 56)].

АҚҰРЫҚ (Шымк.: Қызылқ., Түлк., Арыс; Жамб., Жам.) түсі ақ, қабығы жұқа қауынның бір түрі. *А қ ұ р ы қ т ы қыста сақтауға болады* (Шымк., Қызылқ.).

[Өзбекше *оқуруг* қауынның бір түрі (Узб.-рус. сл., 1959, 313)].

АҚЫМДАУ (ҚХР) **1.** қабір ішінен өлікті қоятын қуыс шығару, үңгу. *Әрі десе мұрдені терең қазып, мұсылманша бүйірлеп, а қ ы м д а у керек қой деп жас бастық өте бір ақылды сөз айтты* (Көкжиек). **2.** өлікті жерлеу, сүйекті ақымға қою. *Ойласа да жұлдыздың бір сөнерін, ерте айрылып а қ ы м д а п тұр сені елің. Топырағың торқа болсын қош бол, Мақа, топырақтың орнына жыр себемін* (Алтай аясы).

АҚЫН (Ақт., Ырғ.; Алм., Шел.) ескіше оқыған, көп білетін адам. *Шалқарда Жоламан дейтін а қ ы н бар* (Ақт., Ырғ.). *Бұрын ойғырда бір а қ ы н болатын* (Алм., Шел.).

АҚЫР[1] (Алм.: Жам., Кег.; Талд., Гв.; Қ.орда: Сыр., Жал.; Шымк., Қызылқ.; Жамб.: Св., Шу; Қарақ.) малға шөп салатын орын, астау. *А қ ы р г а шөп сал, ат жесін* (Алм., Кег.). *Атты а қ ы р г а байладым* (Талд., Гв.). *А қ ы р шөпті тапап баспау үшін пайдаланылады* (Шымк., Қызылқ.). *Бет алдыңыздағы, ұзынша қабырғада талдан тоқылған а қ ы р тұр* (Б. Соқп., Біз де бал. бол., 82). *Ат байлағам а қ ы р г а, Өзім жаттым тақырға, Ашық болдым мен саған, Қарамадың пақырға* (Жамб., Св.). *Сол сияқты күш көліктер бағылатын қораның ішіндегі а қ ы р л а р ы жеткілікті болғанымен, ол қораның мүлдем бір қанаты жабусыз қалған* (Мерке ауд. газеті, 6.01.1942). *Ат қораның өрегірек түбінде басын а қ ы р г а сүйеп, мүлгіп тұрған торы тобел бірақ былқ етпес еді* (Ә. Нүрп., Сең, 24). *Бұл кезде шалықтаған сен ақсұңқар, Түсерсің, жайған торға бір күн барып. Әрқашан арғымақпен а қ ы р л а с бол, Жабыны не қыласың қарны жарық* (Кете Жүсіп, Өлең., 34).

[Әзірбайжанша *ахур* (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 166); қырғ. *ақыр* (К. Юд., КРС, 42); түрікм. *ақыр* (Рус.-туркм. сл., 1956, 874); тур. *аһыр* ат кора, сарай (Тур.-рус. сл., 1977, 33); үйг. *оқур* атқа шөп салатын орын (Уйг.-рус. сл., 1961, 144); өзб. *охур* (Узб.-рус. сл., 1959, 310). Ертедегі түркі ескерткіштерінде *ахур* ат қора, сарай (А. Курыш., ИЛТАС, 88); *ақур* (ДТС, 49). Парсы тілінде *ахор* ат кора ішіндегі атқа жем салатын орын (Пер.-рус. сл., I, 1983); ар. *ахур* ат кора (Ар.-рус. сл., 1, 1970, 31). Осы деректер бойынша сөз төркіні – араб, парсы тілдерінен деп ойлаймыз].

АҚЫР[2] (Кост., Жанг.) қыстығүні қардан жасалған қораның ық жағындағы қар түсіртпей тазалап тұратын алаң. *Біздің шана а қ ы р д а тұр, сол жерден жегерсің* (Қост., Жанг.).

АҚЫР[3] (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид., Ашх.) әйкел (қ.) мен астауды жалғастыратын, тастан немесе ағаштан ойып жасалған құдық жабдығы. *Асылы, а қ ы р д ы тастан қашап жасаған мақұл* (Түрікм., Красн.).

[Түрікменше *ахыр* малды жемдеуге арналған астау (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *охур* малға жем беретін ыдыс (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *ақыр* малға жем беретін ыдыс (Карак.-рус. сл., 1958)].

АҚЫР[4] (Ақт., Жүр.; Кокш., Қ.ту) кірпіш күю үшін қазылған жер. *А қ ы р дайын болса, жұмысқа кірісейік* (Кокш., Қ.ту).

АҚЫР[5] (Қар., Шет) қырман, қырман орны. *Бір-екі жігіт а қ ы р қыршып жатыр* (Қар., Шет).

АҚЫРА (Қарақ.) жаптың екі жағындағы үйінді топырақ.

АҚЫРАП (Ауғ.; Ир.) қазан айы.

АҚЫРАП БОЛУ (Орал: Жән., Орда) таусылу, біту. *Төкеннің қиындығы а қ ы р а п б о л ы п т ы* (Орал, Жән.). *Жем а қ ы р а п б о л с а, машинамен жем жеткізу керек* (Орал, Орда).

АҚЫР-АУАН (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн., Теджен., Мары) ақыры, кейін. *А қ ы р-а у а н сол түйе қалпына келді* (Түрікм., Гяу.).

АҚЫРҒАҚ (Орал, Орда) ақырауық. *Күштіден шыққан надан бір А қ ы р г а қ болар аюдай* (Қарымсақ, Әбият Ғақлия. Қазан, 1914).

АҚЫРДА ТҰРУ (Қарақ.) терең арықтан қазып алған лайды жоғары қарай тарту.

АҚЫРЕТ[1] (Сем.: Мақ., Үрж., Аяг.) дәке. *А қ ы р е т алсаң сүт сүзуге жарар еді. Дүкенге а қ ы р е т тай-тай болып түсіпті* (Сем., Үрж.) Қ. бөлер.

АҚЫРЕТ[2] (Қ.орда, Арал) қиыншылық, азап. *Арнаулы мектеп үйдің жоқтығынан әркімнің тастанды үйін иеленіп, оқушы мен оқытушылар өте а қ ы р е т көріп келеді* («Екп. балықшы», №46, 1932).

АҚЫРЕТІНЕ ЖЕТКІЗУ (Шымк., Арыс) қатты үрсу, согу. *Ол жағымсыз сөздермен балағаттап, а қ ы р е т і н е ж е т к і з д і* (Шымк., Арыс).

АҚЫРЗАМАН (МХР) оте, тым, аса. *А қ ы р з а м а н суық екен, аягым қатып қалды* (МХР).

АҚЫР ПІСІРУ (Кокш., Қ.ту) балшықты мал аяғымен басып, иін қандыру. *Бесеу а қ ы р ы н п і с і р і п болған көрінеді* (Кокш., Қ.ту).

АҚЫРСЫНДА (Қ.орда: Қаз., Қарм.) ақырында, соңында. *А қ ы р с ы н д а шошала мен ызыңдардың одан, бұдан бастары қосылып, үйге кіріп тықақтап «ала қарғаның сақылы көңілдің ашылғаны» деп тойды тойға ұластырғанын бір-ақ білдік* («Больш. к-з үшін» 1937, №7). Қ. ақырысында.

АҚЫРТАҚТАЙ (Гур., Бақс.) ақырында. *А қ ы р т а қ т а й келіп, осы істің соңы маған тиіп отыр* (Гур., Бақс.).

АҚЫР-ТАҚЫРЫНДА (Алм., Шел.) ақыр аяғында, ең соңында. *Әзір жұр дегеніме конбесең, а қ ы р-т а қ ы р ы н д а алуга өзің келерсің* (Алм., Шел.).

АҚЫРТУ (Рес.: Волг., Қалм.) шырқау. *Өленді айтқанда а қ ы р т а м ы з гой* (Рес., Волг.). *Ол оленді а қ ы р т ы п айтады* (Рес., Қалм.).

АҚЫРШАҚ (Ауғ.; Ир.) ақырзаман. *А қ ы р ш а қ болганда баланың бәрлері жер бетіне шыгады* (Ауғ.; Ир.).

АҚЫРЫМ (ҚХР) сүр еттің сорпасына айран, қатық немесе қымыз қосып сапырып ішетін қышқыл сусын.

АҚЫРЫСЫНДА (Көкш.: Руз., Зер.) ақырында. *А қ ы р ы с ы н д а ошпенділікке айналып, Нұрпейісті тұрмеге жабады* (Көкш., Зер.). *Ең а қ ы р ы с ы сарқытын да беруге аяйтын...* (Б. Майл., Шығ., IV, 113).

АҚЫТ (ҚХР) к ө и е. күт.

АЛАБАҚАН (Алм., Жам.) киіз үйдің ішіне көлденең асып қойған сырық. *Ана дорбаны а л а б а қ а н г а іле салшы* (Алм., Жам.).

АЛАБАРЫС[1] (Гур.: Шевч., Маңғ.) бүйыргын ғана шығатын тақыр жер. *А л а б а р ы с қ а мал тоқтаушы ма еді?* (Гур., Маңғ.).

АЛАБАРЫС[2] (Түрікм., Красн.) жолбарыс. *Сүйліде а л а б а р ы с т ы олтірген аңшы тұрады* (Түрікм., Красн.).

АЛА БАС (Қ.орда: Қарм., Жал.) түйе (нар, атан, бура, қоспақ). Будан тұқымдарында, көбіне, жасы келе, бас жүнінің қылшықтары ақ, сары, бозаң, қоңыр болып өседі де аласы басым (кобірек) болғандықтан мүндайларды ала бас түйе атайды. *Бай Маман – әкем аты, атым – Айман. Сүр жорға ат, меруерт жалды мен жайлаған. Етегін шай койлектің дүрілдетіп, Сорлы едім мың а л а б а с нар байлаған* (Айман – Шолпан).

АЛА БАС БУРА (Қ.орда, Жаңақор.) қартая бастаған, сондықтан бас жүні ақшыл тартып не басына теңге қотыр шығып, оның жазылған орнын ақ қылшық жүн басқан айыр бура.

АЛАБАС ӨРКЕШ (Қ.орда, Шиелі) түйенің түрлі себептермен өркеш басы аздап жара болып, жазылған соң оның орнына ала (ақ боз, қоңыр, қара) жүн, шуда шығуына байланысты сыртқы түсіне қарай аталуы.

АЛАБАУЫР (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) түйенің іші отіп, қаталап ауруы. *Түйең а л а б а у ы р болса, су ішір* (Түрікм., Ашх.).

АЛАБАШАҚ (Гур., Маңғ.) күнбағыс дәні.

АЛА-БӨЛЕ (Гур., Маңғ.) ерекше, айрықша. *Мұғалім сабақты алдымен осыдан сұрайды, үйге берген тапсырманы да өзгеден а л а-б о л е талап етеді* (Ж. Нөжім., Кішк., 20).

АЛА-БӨРТУ (Қар., Жар.) алабұрту, адам жүзінің күреңденуі, қызара түсуі. *Ертеңінде, аппақ болып таң атып, жер жүзін жарқырап көрінген кезде олар а л а-б ө р т і п, «олжолы» болып келе жатты* (С. Сейф., Шығ., V, 59).

АЛА БУЫНДАУ (Гур., Маңғ.) ақымақ, жарым естілеу. *А л а б у ы н д а у бір баласы бар еді, онысы оқу оқып та береке қылмады, қолынан жұмыс та келмей жұр гой* (Гур., Маңғ.).

АЛАБҰТА (Гур., Маңғ.; МХР) алабота.

[Қырғызша *алабата* (К. Юд., КРС, 44); өзб. *олабута;* ор. «марь» деген өсімдік түрі (Узб.-рус. сл., 1959, 300)].

АЛА БҮЙРЕК[1] (Түрікм., Красн.) түйе малында болатын ауру. *Сонда а л а б ұ й р е к болып, біраз түйе шаруага жарамай қалды* (Түрікм., Красн.).

АЛА БҮЙРЕК[2] (Жезқ., Ұлы.) бидай түрі. *Бізде а л а б ұ й р е к, қарабас бидайлар бар. Ақбастың а л а б ұ й р е г і жақсы бидай* (Жезқ., Ұлы.).

АЛАБҮЙРЕК ТАРЫ (Қ.орда: Қарм., Жал.; Ақт.: Тем., Жүр.) тарының бір түрі. *А л а б ұ й р е к т а р ы түгілі жай тарының езін аздап егетін болдық* (Қ.орда, Қарм.). *А л а б ұ й р е к т а р ы гой мынау* (Ақт., Тем.).

АЛАБҮЙІ (ҚХР) өрмекші тобына жататын буынаяқты жәндік. *А л а б ұ й і н і ң қарнында айқыш ақ дагы болады, жақтарында ұлы безбен жалгасқан өткір тырнақтарымен жауынан қорганады, қорегін ұстайды* (ҚСЭ).

АЛАБЫҢ (МХР) өрісің, ауқымың. – *Алданышың аз, а л а б ы ң тым тар болгандықтан сол-ай. Қайгы қара басыңдікі болса, жалгыздың ісі – жазым* (М. Құрман., 41).

АЛАГӨБЕДЕ (Сем.: Абай, Шүб.; Жезқ., Ағад.) елең-алаңда. *Жұмысқа а л а г ө б е д е н тұрып кеткем* (Сем., Абай).

АЛАҒАДАЛЫҚ (Қарақ.) қауіп; ой, көңіл.

АЛАҒАЙ-БҰЛАҒАЙ (Түрікм.: Көнеүр., Тахта, Таш., Красн., Қиян., Небид., Ашх.; Қ.орда: Арал, Сыр.) аласапыран, алай-түлей, дүрліккен. *Ертеде а л а г а й-б ұ л а г а й кезде келген едік* (Түрікм., Ашх.) *...есі бар адам дәл осындай а л а г а й-б ұ л а г а й д а әлдебір ізді ізденп, сонан мән-магына таппақ боп әлек бола ма?* (Ә. Нүрп., Сең, 372). *Шашы да додадода, а л а г а й-б ұ л а г а й, екі кезі аппақ күнде көп отырганнан оңып кеткен екен дейді* (Ж. Нәжім., Кішк., 240). *Alang bulan* кенеттен көтерілу, дүрлігу (СС, 250); *Алаң-булаң* тынышсыз (В. Рад., Опыт..., 1, 358).

АЛАҒАЙЫМ (Қарақ.) үшқалақ, жеңіл мінезді.

АЛАҒАНДАЛЫҚ (Қарақ.) қауіп.

АЛАҒАНШЫҚ[1] (Көкш.: Щуч., Еңб.; Қар., Қарқ.) бір ашылып, бірде қайта соққан боран. *Қыстыгүні а л а г а н ш ы қ боран жиі болып тұрады* (Көкш., Еңб.).

АЛАҒАНШЫҚ[2] (Жамб., Шу) суық жел. *Бізде күншығыстан соққан желді а л а г а н ш ы қ дейді. А л а г а н ш ы қ соққанда күн суытады* (Жамб., Шу).

АЛАҒАНШЫҚ[3] (МХР) күннің ала бұлттанып айығып қалған кезі. *А л а г а н ш ы қ қыс-қа да, жазға да тән* (МХР).

АЛАҒАТ (Шымк., Шәу.; Жамб., Жам.) алақұла. *Соңғы күндерде болған ауа райының қолайсыздығы – мақтаның жер бетіне тез арада өніп шықпауы бір қалыпта болмай, а л а г а т болып шығу сияқты жағдайларға кездестірді* («Соц. Шәуілдір», 1940, №45).

АЛАҒАУДАН (Жамб., Сар.) шала-шарпы, болар-болмас. *Тұрікпенше білмесек те, кей сөзіне а л а г а у д а н түсініп қаламыз* (Жамб., Сар.).

АЛАҒАУДАН БОЛУ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Шымк., Лен.) ренжу, алакөңіл болу. *Кейде адам а л а г а у д а н б о л ы п жүреді* (Шымк., Лен.). *Содан бері көңіліміз а л а г а у д а н б о л ы п тұр* (Қ.орда, Сыр.).

АЛАҒҰРТ (Түрікм., Ашх.) күрт түріне сәйкестеліп теңбіл-теңбіл болып жасалатын кілем өрнегінің түрі. *Ең болмаса а л а ғ ұ р т салу қолыңнан келмей ме?* (Түрікм., Ашх.).

АЛА ДОЙЫР (Гур., Маңғ.) жуан қамшы. *Қолына ұстаған а л а д о й ы р ы бар* (Гур.).

АЛА ДОРБАСЫ АЛДЫНА ТҮСУ (Гур., Маңғ.) қайыр сұрау. *Ит жылы талайдың-ақ а л а д о р б а с ы а л д ы н а т ү с т і* (Гур., Маңғ.).

АЛАДҰБІР (ҚХР) алыпқашпа сөз, дақпырт. *Дәурен мен Лю Имиңнің Ыбырайды ашық қорғағандығы ауданға жеткен соң, а л а д ұ б і р сөз болады* (Ж. Біләлұлы).

АЛАЕТЕК (МХР) жол-жол мата.

АЛАЖАБЫР (Қ.орда, Қарм.) у-шу, дабырдүбір. *Кісі көп, а л а ж а б ы р болып әңгімелесті, ести алмадым* (Қ.орда, Қарм.).

АЛАЖАҚ (Ақт.: Ойыл, Ырғ.; Қ.орда, Арал; Гур.: Маңғ., Есб.; Орал: Жән., Орда, Жымп.) аласы. *Оспанда менің а л а ж а ғ ы м бар* (Ақт., Ырғ.). *Менің Медеубайдан а л а ж а ғ ы м, Қаһарға бережағым бар* (Қ.орда, Арал). *Ново-богат ауданындағы а л а ж а қ т ы ң осы кезге дейін түспеуі неліктен?* (Гур., Маңғ.). *А л а ж а ғ ы ң болса алып тын да, маза бер* (Орал, Жымп.). *...колхоздың а л а ж а қ т а р ы н жинап мүшелерге тиісті ақшаларды төлеп бітіру керек* («Соц. жол», 4.08.1939).

[Түрікше *алажақ* (Тур.-рус. сл., 1977, 42)].

АЛАЖАҢҚА (ҚХР) ала-құла, біркелкі емес; мазасыз. *Айтайын деді амал не?! Тілге келмей барады. А л а ж а ң қ а өмірге, ақыргы рет қарады* (Қ. Мұқатай). *«Қайдар» повестінде он жылдық былықпалық кезіндегі адамдардың а л а ж а ң қ а өй-пікірін суреттей келе...* (О. Асылұлы).

АЛАЖАУКІМ (ҚХР) андыз-андыз, бытырай отырған. *Уларлы ұлы Таудың сағасында Балқытты балзам өзен жағасында, Шапшағын ауыл өтыр а л а ж а у к і м, Төсын көз тоймайтындай бага, сынға* (Сореде).

АЛАЖАУЫЛ (Жамб., Жам.) ала-құла, әр түрлі. *Егін біздің ауданда биыл а л а ж а у ы л болды* (Жамб., Жам.).

АЛАЙ (Гур., Маңғ.) сосын, я. Қ. өлей.

АЛАЙТАН (Алм., Шел.) жеке, бөлек, оңаша. *Сенімен а л а й т а н сөйлескім келіп тұр* (Алм., Шел.).

[Ұйғырша *алайтән* немесе *ала идә* ерекше, айырықша (Уйг.-рус. сл., 1961, 15)].

АЛАКЕУГІМ (Қ.орда: Қаз., Қарм., Арал) алакеуім, күн батып, қараңғы түсе бастау. *Зина Ивановтың а л а к е у г і м д е келгеніне қуанып, ішінен алғыс айтумен тұр* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 67).

АЛАКИІЗ (Жамб., Жам.) текемет. *А л а к и і з д і төсеп қой* (Жамб., Жам.).

АЛАКӨБЕ (ҚХР) аламыш, ала-құла. *Ертесі ел үйқыга кірген кезде, Ит жатып тұлкі түзде ұрген кезде. Ай батып а л а к о б е бұлттар қалқып – Жұрген жан байқалмайтын бірден көзге* (Іле айдыны).

АЛАКӨБЕҢ (Түрікм.: Таш., Тахта, Көнеүр.) ала көлеңке, таңертеңгі мезгіл. *Мына балаң а л а к ө б е ң н е н бизар етті гой жұртты* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қарақалпакша *алагеугим* (Карак.-рус. сл., 1958)].

АЛАКӨЛ АСЫҒЫНАН КЕЛМЕУ (ҚХР) ешнәрсе тең келмеу, ешкімді теңгермеу. *А л а к ө л а с ы ғ ы н а н к е л м е й т і н бәйбішенің бірі болуы қақ* (Б. Боп. Қаз. алғ., 31).

АЛАКӨЛЕҢ (Алм., Шел.) таң алдында, таң сәріде. *Біздің колхозшылар а л а к ө л е ң д е жұмысқа кіріседі* (Алм., Шел.).

АЛА КӨЛЕУІМ (Жамб., Шу) таң сәріде. *Кеше үйге а л а к ө л е у і м д е келдім* (Жамб., Шу).

АЛАКӨНЕК (Алм., Жам.) сүті кейде аз, кейде көп сиыр.

АЛА КӨПЕК (Қ.орда, Жал.) асыл тұқымды, сүтті аруана түйенің ең төүірі.

АЛАКҮЛІК[1] (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал; Алм., Қаск.) жер күртының бір түрі. *Ішіне а л а к ү л і к кеткен түйе су ауру болады* (Гур.

Маңғ.). *Жұрмек бөлып көңілі бітті дейді, Малға айналып өмірім өтті дейді, Желі толған түйеңді, жан шешеке, А л а к ұ л і к әкетсін депті дейді* (Қозы Көрпеш – Баян сұлу). *Қазір барлық көлхоздарда а л а к ұ л і к қоңыздары пайда бола бастады* («Соц. майдан», 7.07. 1946).

АЛАКҰЛІК[2] (Гур.: Шевч., Маңғ.; Ақт., Ключ.; Орал, Қара.) түйе ауруының түрі. *Ой, а л а к ұ л і к тиіп, аягың аспаннан келсін* (Орал, Қара.).

АЛАКҰЛІК КЕЛГІР (Көкш.: Щуч., Еңб.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) түйе малына айтылатын қарғыс. *Қоңсының бурасы, а л а к ұ л і к к е л г і р, ана тайлақтарға маза бермей қөйды* (Түрікм., Конеүр.).

АЛАҚ (Жамб., Тал.; Қарақ.) олақ. *Онша а л а қ емеспіз* (Жамб., Тал.).

АЛАҚАБЛАН (ҚХР) әркелкі, әр түрлі, ала-құла. *Беталыстары бәйге төбедегі қызқуар еді. А л а қ а б л а н топ лепіріп жүріп бұған да жетті* («Шұғыла»).

АЛАҚАЙЫС (Қарақ.) аттың мойнына салатын қайыс.

АЛАҚАМБА (Қарақ.) қауын түрі.

АЛАҚАН (Өзб., Ташк.) әсиеден кейін тоқылатын кілемнің жиегі.

АЛАҚАНҒА ТҰРУ 1. (Сем.: Ақс., Көкп.) бағыну, мойынсыну. *Шахмат ойынында ферзіні алдырған соң, а л а қ а н ғ а т ұ р у керек* (Сем., Ақс.). 2. (МХР) айтқанға көну, сөзге құлақ салу. *Сонда таланған елдің, ашынған Бықыштың а л а қ а н ы ң а т ұ р а алатынына көзің жете ме?!* (М. Раз., Алт. ақ., 267).

АЛАҚАН СОҚПАҚ (Қост., Об.; Рес., Волг.) жастардың той-томалақта жүргізетін ойын түрі. *А л а қ а н с о қ п а қ ойнап жатыр екен. Бір қыз бен бір жігіт белбеуді шиыршықтап есіп алып, жұрт аралап жүр* (Б. Майл., Шығ., III, 258).

АЛАҚАНШЫҚТАУ (Қар., Нүра) әлсіз желден қардың борай бастауы. *– Иә, байқадыңдар. А л а қ а н ш ы қ т а п жатыр гой. Боран болып кетпесін кім біледі...* (F. Мүст., Дау. кейін, 203).

АЛАҚАНЫНДА ОТЫР (МХР) бәрін біліп отыр. *Жұмыс жөніндегі жәйттер а л а қ а н ы н д а о т ы р* (МХР).

АЛАҚАНЫН КЕҢ САЛУ (Гур., Маңғ.) арқасын кеңге салу. *Қазан отқа ілінгесін-ақ, қонақ а л а қ а н ы н к е ң с а л ы п отыра беріпті* (Гур., Маңғ.).

АЛА ҚАРЫН ТАРЫ (Сем.: Абай, Шүб.) ала шашақты тары. *Мынау жайқалған а л а қ а р ы н т а р ы шығар* (Сем., Абай).

АЛАҚАТ (Қост.: Об., Семиоз.) шалашарпы, болар-болмас. *Енді сол маңдағы бұталардың а л а қ а т көлеңкелерінің өзіне шүкіршілік еткендей, бір-бірлеріне тұмсық тыға тақасып жерге жата бастады* («Жүлдыз», 1987, №9, 60).

АЛАҚАУДАН (Қ.орда: Сыр., Шиелі; Жамб., Жам.) ішінара, сирек. *Күріштері көзірде а л а қ а у д а н пісті де* («Лен. туы», 1.09. 1940, №76). *Үйткені ол төгілген көңдерді қардың еруі мен жаңбырдың суы езіп, шайып кетеді. Сондықтан кейін а л а қ а у д а н болады* («Кол-шы», 1936, №17).

АЛАҚИҒАШ (Түрікм.: Таш., Мары) әлек, әбігер. *Оларға бойлай а л а қ и г а ш салудан басқа пайдаң жоқ* (Түрікм., Таш.). *Міне, мына хатта да жалаңаяқ қалдым, оқуға бармаймын деп а л а қ и г а ш т ы салып жазыпты* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 16).

АЛАҚ-ҚҰЛАҚ (Қарақ.) алақ-жүлақ.

АЛА ҚОРЖЫН (Көкш.: Щуч., Еңб.) тышқан түрі аламан.

АЛАҚҰЙЫН (ҚХР) мішезі үшқалақ, үшып-қонып жүретін (адам). *Айтқан ақыл дарымас а л а қ ұ й ы н адамға, Дамыл таппас, дағдармас жығылғанша аранға* (Мақал).

АЛАҚҰМАЙ[1] (ҚХР) бүркіт тәрізділер түқымдасына жататын жыртқыш құс.

АЛАҚҰМАЙ[2] (ҚХР) шөнжек – жолбарыстың баласы.

АЛА ҚҰР (Қ.орда, Арал) үзындық өлшейтін лента. *Осы біздің жинаған шөбіміз жөндеп өлшенбейді, өлшеушілер а л а қ ұ р д ы дұрыс салмайды* (Қ.орда, Арал).

АЛА ҚҰРТ (Қост.: Семиоз., Фед.) күнбағыс дәні. *А л а қ ұ р т т ы ермек ету – жұмысы жоқтық деген сөз* (Қост., Фед.).

АЛАҚШЫН 1. (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта; Қарақ.) пештің аузына шоқ жаю үшін кірпіштен қалап жасалған орын. *Зәті, а л а қ ш ы н д ы биігірек жасаған жөн* (Түрікм., Таш.). 2. (Қарақ.) ошақты қоршаған тақтай. *Білмедік еліңнің сырын, біз жедік а л а қ ш ы н н ы ң қырын* (Қарақ.).

[Қарақалпақша *алақшын* киіз үйде төсектерді өттан сақтау үшін, от өрнын үш жағынан қоршаған тақтай (Карак.-рус. сл., 1958)].

АЛАҚЫЗБА (Гур., Маңғ.) қызба, жеңілтек. *...қуанышын жасыра алмайтын а л а қ ы з б а, жел-өкпе, ұшқалақ, алаңғасыр балалық мінезбен қайта табысты* (Ә. Кекіл., Құс қан., 59).

АЛАЛ (Шығ. Қаз., Күрш.; Сем.: Абай, Шүб., Аяг., Ақс., Көкп.; Гур., Маңғ.; Алм., Кег.; Тау., Қош.; Түрікм., Таш.; МХР) адал. *А л а л д ы қ т ы ң тұбі адамдық* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Істің*

а л а л ы н а келгенде мәселе осылай шешілу керек (Сем., Көкп.). *Бүгін «А л а л д ы қ сыны» деген кино болады* (Гур., Маңг.). *Өкіметке әйтеуір, шамамыз келгенше а л а л еңбек еттік* (Түрікм., Таш.). *Ақшаның а л а л ы тұр гой арамы қолға түсіп тұр ма?! Болса аянайын ба-ей!* (С. Төу., Ақыр. Жән., 275). *Құдайдан сұра жігіттер, Адамға тұрма ұқіліп. Анық а л а л тамақ сол – Табан ақы, маңдай тер* (Ақыт, 9).

АЛАЛБАҚАН (Алм., Жам.; Өзб., Там.) киіз үйдің ішіне көлденең қойылған сырық. *Ана дорбаны а л а л б а қ а н г а іле салшы* (Алм., Жам.).

АЛАЛДЫҚ (Шығ. Қаз., Күрш.) адалдық. *Қандай іс істесең де а л а л д ы қ п е н істе* (Шығ. Қаз., Күрш.).

АЛАЛ ЕТТІ (ҚХР) жеуге келетін, союға жарайтын. *Үйде а л а л е т т і д е н қалған жалғыз қозыны құшақтап алып, бермегендігі үшін...* («Шыңжаң», 1972).

АЛАЛЗАДА Қ. адалзада.

АЛАЛЫМ (Жамб., Сар.) әйелім. *Менің а л а л ы м д а жұмысың болмасын* (Жамб., Сар.).

АЛАМ (Ташк.) әлем. *Алым болсаң, а л а м сенікі* (Мақал; Ю. Абд., КД, 244).

АЛАМАЙ (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) айнала, төңірек. *Ат осы а л а м а й д а жүрген шығар* (Қост., Жанг.). *А л а м а й д а ешнәрсе көрінбейді, айналып шықтым* (Жезқ., Ұлы.). *Осыдан екі күннен кейін ауыз үйдің терезесі а л а м а й ы м е н ойылып тасталды* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 274).

АЛА МАЙЛЫ (ҚХР) семіз, құйымшағы майлы. *Олардың тойға сойғандары а л а м а й л ы екен* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі).

АЛА МАҚПАЛ (Ауғ.; Ир.) қолдан тоқыған өте қымбат мата.

АЛАМАН[1] (Гур., Маңғ.) сарбаз, шапқыншы қол. *Таң сарғайып атқанда, Иса-Досан бастаған Алпыс кісі а л а м а н, Айналасын жау қамаған, Астына мінген аттары Қазмойын тұлпар жараған* (Сәттіғұл). *Қара Мәмбет залымның а л а м а н ы көп еді* (Н. Байғ., Шығ., 140).

[Әзірбайжанша *алабан* тонау, талау; *аламан* шапқыншылық жасау, тонау (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 96, 99); қырғ. *аламан* бей-берекет шабуыл, шапқыншылық (К. Юд., КРС, 45). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *аламан* үйсіз-күйсіз, қаңғыбас (А. Бор., Бадаи..., 75)].

АЛАМАН[2] (Қарақ., МХР) көпшілік, халық, тобыр. *Базардағы а л а м а н д а р д ы ң ішіне барып, мен де қойып кеттім* (Қарақ.). *Қара қасқа ат мінген, құйрық, жалын шарт түйген, Алдына дабыл өңгерген, Артыпа сауыт бөктерген, А л а м а н г а дем берген. Азды көпке теңгерген* («Алпамыс батыр»). *А л а м а н г а дем бердік. Аса жұртты меңгердік Қара қазақ баласын Хан ұлына теңгердік* (Махамбет).

[Өзбекше *оломон* тобыр, көпшілік (Узб.-рус. сл., 1959, 303)].

АЛАМАН АУ (Гур., Маңғ.) көзінің кеңдігі 8 мм майшабақ аулайтын аудың бір түрі. *Соңғы кезде майшабақты а л а м а н а у м е н аулаймыз* (Гур., Маңғ.).

АЛАМАНДЫҚ[1] (Орал: Жөн., Орда) тәртіпсіздік. *Ей, бала, мұндай а л а м а н д ы г ы ң д ы қой* (Орал, Жән.). *Колхозшылар а л а м а н д ы қ қ а салынып, еңбекке дұрыс қатынаспай келеді* («Соц. жол», 4.09.1939).

АЛАМАНДЫҚ[2] (Жамб., Шу) опасыздық. *Біздің елімізге Гитлер а л а м а н д ы қ шабуыл жасады* (Жамб., Шу).

[Қырғызша *аламандык* былық, тәртіпсіздік, шатақ (К. Юд., КРС, 45)].

АЛАМАТ[1] (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.; Қарақ.) гажап оқиға. *Ерте заманда коп а л а м а т т а р болып отінті* (Қ.орда, Тер.).

[Қырғызша *аламат* халық басына түскен ауыртпалық, жұт (К. Юд., КРС, 45); озб. *аломат* гажап, галамат (Узб.-рус. сл., 1959, 32). Сөздің шыққан тегі араб сөзі *ғәламәт* таңқаларлық тамаша (Ар.-рус. сл., II, 1970, 684)].

АЛАМАТ[2] (Түрікм., Небид.) ағыл-тегіл, көп. *Қоргалыда биыл алма а л а м а т екен* (Түрікм., Небид.).

АЛАМЫШ (Көкш.: Щуч., Еңб.) алабажақ, ала шұбар. *Құйқасының әр жерінде а л а м ы ш төбелі болғандықтан, басына ұнемі кестелі тақия киіп отырады* («Жұлдыз», 1988, №4, 43).

АЛАН (ҚХР) барыстың күшігі. *А л а н ы н алдырған таутандай. Алма апаннан а л а н д ы, таутан ұрлар балаңды* (Мәтел).

АЛАНАС (Шымк.: Түлк., Сайр.) түсі сарғыш қауын. *А л а н а с, жұдә, үлкен болмайды және ол ерте піседі* (Шымк., Түлк.).

АЛАҢ (Сем.: Үрж., Мақ.) балалар бақшасы. *Әнет баласын а л а ң г а әкетіпті* (Сем., Үрж.).

АЛАҢ-БЕРЕҢ (Ақт.: Шалқ., Ырғ.) таң сәрі, елең-алаң. *Қала транспортының алды енді жүре бастаған а л а ң-б е р е ң шақта-ақ Гүлнұрдың айтқан жерінде болды* (Ө. Қан., Құд., 112).

АЛАҢ-БҰЛАҢ (Рес., Омбы) елең-алаң. *А л а ң-б ұ л а ң д а бір мәшіннің даусынан оянып кеттім* (Рес., Омбы).

АЛАҢ-ҒҰЛАҢ (Гур., Маңғ.) алақ-жұлақ. *Көзі а л а ң-ғ ұ л а ң болып кетті* (Гур., Маңғ.). *Қызбала сүт пісірімнен соң есін жиды. А л а ң-ғ ұ л а ң, біраз уақыт ештеңеге көзі тоқтамай*

қойды (Ж. Нәжім., Кішк., 130). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде: *алас-булас* бұлдыр көрінетін нерсе (Ат-тухфа, 265). Жергілікті ерекшеліктегі «алаң-ғұлаң» осының дыбыстық корінісі болуы ықтимал.

АЛАҢҒЫТ (Қ.орда: Арал, Жал.) құңгірт. *Көк мұз бен қыз жамылған тон а л а ң г ы т тартып қалды* (Т. Ахт., Дала, 223).

АЛАҢ-ДАЛАҢ (Талд., Ақсу) қалай болса солай.

АЛАҢҚЫ 1. (Гур., Маңғ.) сирек. *Жерінің шөбі а л а ң қ ы* (Гур., Маңғ.). 2. (Қост.: Жітік., Тар.) ашық жер, алаң. *Жұр, асықты а л а ң қ ы г а барып ойнайық* (Қост., Жітік.). *...Жыртық етігін сумен малшып, ана бір қары кеткен а л а ң қ ы д а асыр салып, топай ойнап жатыр* (Б. Майл., Шығ., V, 116).

АЛАҢҚЫ-ҒҰЛАҢҚЫ (Гур., Маңғ.) алақжұлақ. *Мінезі а л а ң қ ы-г ұ л а ң қ ы бір жан* (Гур., Маңғ.).

АЛАҢҚЫ ЖЕР (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) шебі сирек, ала-құла жер. *Сарықопа шөбі а л а ң қ ы көрінеді* (Қост., Жанг.). *Жауыннан ба, әлде басқа ма, анау ой а л а ң қ ы ж е р екен* (Жезқ., Ұлы.).

АЛАП[1] (Қост., Жанг.; Қ.орда, Қарм.; Жезқ., Ұлы.) рыдван арбаның қанаты. *Жүк салуға а л а б ы бар Қайнолланың арбасы қолайлы* (Қост., Жанг.). *А л а п жасатуға маған келді. А л а п с ы з арбаның сәні болмайды* (Жезқ., Ұлы.). *Әлімбай арбаның а л а б ы н толтырып, бидай тиеп жатыр* (Қ.орда, Қарм.).

АЛАП[2] (МХР) оріс, ауқым. – *Алданышың аз, а л а б ы ң тым тар болғандықтан солай* (М. Құрман., 41).

АЛАПА[1] (Гур., Маңғ.; Рес., Орын.; Қ.орда: Сыр., Жал.) олжа, пайда, табыс. *Егін жақсы шықса, халыққа үлкен а л а п а* (Гур., Маңғ.). *Бұрын қызды күйеуге бергенде, әйелдер а л а п а алатын. Біреуден а л а п а алма* (Рес., Орын.). *Күріш жақсы шықса, халыққа бір а л а п а болып қалар еді* (Қ.орда, Сыр.). *Ал мына хан: «Ант жағын ауызға алма, әуелі әр қайсысына а л а п а үлестір», – дейді* (Ә. Кекіл., Үркер, 336).

[Әзірбайжанша *алаф* жемшөп, мал азығы (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 99)]. Қ. ғалөйө.

АЛАПА[2] (Гур.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Таш., Кенеүр.; Қарақ.) көде. *Ертеде күйеу келгенде жеңгелері а л а п а аламыз деп баратын* (Гур., Маңғ.). *Көненің сондай а л а п а с ы н ы ң көбі ұмытылып барады* (Түрікм., Көнеүр.). *Қыз малсыз болса да, а л а п а с ы з болмас* (Қарақ.).

[Әзірбайжанша *алафа* жұқа жібек мата (Азерб.-рус. сл., 1962, 99)].

АЛАПА[3] (Сем.: Абай, Шұб.) қалыңмал. *Осы күні қыз бергенде а л а п а алмаймыз* (Сем., Абай).

АЛАПА[4] (Жамб., Шу) адамгершілік. *Біреудің а л а п а с ы асық, біреудікі кем болады* (Жамб., Шу).

АЛАПА[5] (Қарақ.) әйел босанған, келіншек түскен тойларда берілетін ақшалы орамал.

АЛАПА[6] (Рес., Сарат.) жалақы. *Келіннің а л а п а с ы қандай болады?* (Рес., Сарат.).

АЛАПАР[1] (Алм., Жам.) бұлбұл тәрізді торғай. *Мәрәсұлдың баласы а л а п а р торғайды былтырдан бері қапасқа салып, асырап жүр* (Алм., Жам.).

АЛАПАР[2] (Жамб., Жам.) бажырайған, аларған. *Ауданнан мінген поездың басын Ақыртөбеден бір-ақ тартқан, а л а п а р көзді алпамсадай қара кісі станцияға дік ете түсті* («Кол-шы», 1936, №37).

АЛАПАТ (Қар., Қарқ.; Талд., Ақсу) әлемет, керемет. *Дұшпанға а л а п а т ы ң ажал берген, Орнатқан бостандықты бабам қолдан* («Лен. жолы», 1942, №18). *...а л а п а т дауылды азбас толқыны шайқап, ...теңіз түбін көргендей болды* (Ә. Нұрп., Курл., 74).

АЛАПАТТЫ (Сем., Абай; Кекш., Еңб.; Рес., Омбы; Қар., Шет) беделді, абыройлы. *Үмбет – осы өңірдегі а л а п а т т ы кісі болған* (Сем., Абай). *Осындай а л а п а т т ы адам кездесе бермес* (Кекш., Еңб.). *Бір кезде ол а л а п а т т ы кісі еді* (Қар., Шет).

АЛАПОШАҚ (Қарақ.) қарбыздың ала тұқымы.

АЛА-ПӨЛЕ (Гур., Маңғ.; Қост.: Тар., Об.) ала бетен. *Басқалардан а л а-п ө л е бұрын Шөкеңнің үйі тігіліп, жас келіндер өз үйлерін тігуге содан кейін кірісер еді* (Б. Майл., Шығ., V, 189).

АЛАПТЫ ЖЕР (Қ.орда: Жал., Арал) тегіс жер. *Қазалыға қарай ж е р а л а п т ы болып келеді* (Қ.орда, Жал.).

АЛАПЫ (Өзб., Там.) алақтау, аласұру, кезіне қарамау. *Өзі бір а л а п ы, қашан көрсең, асып-сасып жүреді* (Өзб., Там.).

АЛАПЫР (Шымк., Жетіс.) алақтау, аласұру.

АЛАПЫРА (Өзб., Жиззақ) алақтау, аласұру.

АЛАС (Алм.: Кег., Нар.) адал.

АЛАСА (Алм.: Шел., Нар.) аласы. *Менің онда а л а с а м бар* (Алм., Шел.). *Бірінші декабрьден бастап колхоздағы заттай мүліктер есепке алынып, жеке адамдармен а л а с а және бересе жөнінде есеп айырысу... толық аяқталу тиіс* («Сов. шек.», 1.01.1955, №1).

АЛАСАН (Гур., Маңғ.) қарасан сиыр ауруы. *А л а с а н м е н сиыр жаз күнінде ауырады* (Гур., Маңғ.).

АЛАСАТ[1] (Ақт., Ырғ.) аласапыран; булік. *Қарағым, бірін-біріне а л а с а т салып, неге бұлдіріп отырсың?* (Ақт., Ырғ.). *Тым орайсыз тыныштық боп кетіп еді, артында а л а с а т дау тұр екен гой* (Ә. Нұрп., Курл., 429). *Шіркін, мынаны баягы а л а с а т та боздақтарынан айырылған жыртық өкпе аналар естір ме еді!* (Ә. Кекіл., Ұркер, 305).

АЛАСАТ[2] (Қ.орда, Арал) ойда жоқ жерде пайда болған жұмыс.

АЛАСАТ САЛУ (Ақт.: Ырғ., Қараб.) бұлдіру, бірін-біріне араластыру. *Қарағым, неғып а л а с а т с а л ы п отырсың* (Ақт., Ырғ.).

АЛАС-ҚАПАС (Гур., Маңғ.) алас-құлас. *Осы а л а с-қ а п а с т ы пайдаланды білем, ілуде бір болмаса есіктен қарамайтын сыпайы, сирек қонақ қызыл ит – Қорашылда кіріп келді* (Ж. Нәжім., Кішқ., 23).

АЛАСПАН (Гур., Маңғ.) өсекші.

АЛАСУАН (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.; Ақт., Ырғ.) құбылмалы, ала аяқ адам. *Өзің бір а л а с у а н жігіт екенсің гой* (Ақт., Ырғ.). *Осы а л а с у а н д ы г ы ң д ы қашан қоясың, Омар!* (Түрікм., Таш.).

АЛАТАҒАНАҚ (Гур.: Шевч., Маңғ.; Қ.орда: Арал, Қаз., Қарм.) сор мен тақыры аралас жер. *А л а т а г а н а қ жерде бұйыргынан басқа шеп аз болады* (Гур., Шевч.). *Теңіз өңірінің тұз сепкен тері тулақтай а л а т а г а н а қ жерін құтір-құтір басып, желіп келеді екен дейді* (Ә. Нұрп., Сең, 301). *Түйенің тулағындай қатпар-қатпар а л а т а г а н а қ дала таусылар емес* (Ә. Кекіл., Құс қан., 35).

АЛАТАЙ (ҚХР) асық ойнында екінші бір ойнаушының асығының арасына қосып жіберетін сақа.

АЛАТАУДЫ АШАСЫНАН КӨРМЕУ (ҚХР) ешнәрсе тең келмейтін, теңдесі жоқ.

АЛАТАУ КЕЛМЕЙ АШАДАН (ҚХР) менмендік, тәкаппарлық. *Жолдары асып құлақтан, А л а т а у к е л м е й а ш а д а н* (Ж. Біл., Жондағы..., 31).

АЛА ТҰЯҚ (Жамб., Жам.) ала аяқ, сұм. *Құттықожа ұлы бірнеше а л а т ұ я қ достарымен тұтқынға алынған* («Кол-шы», 1935, №81).

АЛАТЫН АЛДАШТАЙ КӨРУ (Сем.: Акс., Көкп.) бас ию, жоғары тұту, қадірлеу. *Ол Ахметті а л а т ы н а л д а ш т а й к ө р е д і* (Сем., Көкп.). Діни ұғымға байланысты шыққан сез. Алтай тілінің құманды диалектісінде: *алдачы* ажал періштесі, өлген адамның жанын алатын рух (Н. Баск., ДК, 200). Мына ерекшелік, сыйлағандықтан емес, өзінен күштіден қорқу нәтижесінде пайда болған қадір тұтушылық. Демек, құманды диалектісіндегі сөздің ауыспалы мағынасы.

АЛАУ (Қ.орда, Арал) жалын, от.

АЛАУАН (Сем., Көкп.) алуан. *Неше а л а у а н пайдалы істер шешіп жатыр* («Лен. туы», 1939, №74).

АЛАУЛАНУ (Қ.орда, Арал) қып-қызыл нарттай болу. *Қызарған беті бұрынғыдан көрі а л а у л а н ы п кетті* (Қ.орда, Арал).

АЛАУ КҮРЕК (Өзб., Ташк.) күл шығарғыш күрек.

АЛАША[1] (Алм., Жам.) шие тәрізді жеміс, алша.

[Қырғызша *алча* шие (К. Юд., КРС, 53); түрікм. *үлдже* шие және шие ағашы (Рус.-туркм. сл., 1956, 70); үйғ. *алича* (Уйг.-рус. сл., 1961, 16); езб. *олча* (Узб.-рус. сл., 1959, 303). Түркі жазба ескерткіштерінің бірінде *алыч* немесе *алычын* адам жеуге жаратарлық өсімдік (ДТС, 1969, 41)].

АЛАША[2] (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) асыл түйе мен жабы түйе арасынан шыққан будан. *А л а ш а тұқымын танытпас, жүк тасып көште жарытпас* (Түрікм., Ашх.).

[Әзірбайжанша *алаша* көтерем, арық (ат) (Азерб.-рус. сл., 1, 1962, 100)].

АЛАШАҒУ[1] (Орал: Казт., Орда) күнбағыс. *Біздің колхоз а л а ш а ғ у салмайды* (Орал, Казт.).

АЛАШАҒУ[2] (Орал, Жән.) ала-құла, тегіс емес. *Жетібайға биыл шөп а л а ш а ғ у шығыпты* (Орал, Жән.).

АЛАШАҚ (Көкш.: Щуч., Еңб.; Жезқ., Ұлы.; Қост.: Затоб., Торғ., Аман., Жанг.) аласы. *Менің сенен а л а ш а ғ ы м бар* (Қост., Затоб.). *Үсенбайда 75 сом а л а ш а ғ ы м бар еді, әлі алғаным жоқ* (Қост., Жанг.). *А л а ш а қ ақшам бар еді, сол тұспей тұр. Совхоздан да а л а ш а қ п ы н* (Жезқ., Ұлы.).

[Әзірбайжанша *алачаг* (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 100)].

АЛАШАПҚЫН (Жамб.: Мер., Жам.) әуресарсаң. *Елдің бәрін а л а ш а п қ ы н қылып, жұмыстан қалдырған бригадир өзіне тиісті жазасын алды* («Ст. жолы», 1936, №34). *Ст. учаскесінде бір арбамыз а л а ш а п қ ы н болып жүр* («Кол-шы», 1935, №45).

АЛА ШАТЫРАШ (Гур., Маңғ.) ала, алалау. *Шағаның ар жағындағы ойлықтың да суы а л а ш а т ы р а ш көрінеді* (Гур., Маңғ.).

АЛА ШЕМЕКІ (Орал: Чап., Жымп.) күнбағыс.

АЛАШОЛАҢ (Қарақ.) дақпырт. *Айқайдың а л а ш о л а ң ы м е н жүрген апай ғой* (Қарақ.).

АЛА ШОПАҚ (Қарақ.) қарбыздың ала түқымы.

АЛА ШЫБЫН (Гур., Маңғ.) шыбынның бір түрі. *Қойды шағатын шыбынды а л а ш ы б ы н дейміз* (Гур., Маңғ.).

АЛАШЫҚ (Рес., Орын.) жеңіл киіз үй.

[Әзірбайжанша *алачыг* киіз үй (кешкенде алып жүруге жеңіл киіз үй) (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 100)].

АЛБАНУ (Ауғ.; Ир.) кішкентай шие.

АЛБАР (Көкш., Қ.ту; Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.; Қост.: Семиоз., Торғ., Жанг.; Қар., Қарқ.) ашық қора. *Жұбаныш, а л б а р д а ғ ы сиырларға көз салдың ба?* (Қост., Семиоз.). *А л б а р д а турған көк шолақ ат күректің тықырымен Егеубайды танып, жем іздеп, оқыранып қойды* (Б. Майл., Шығ., 260). – *Қағынғыр, сүйенесің тіл мен жаққа. Тықылдақ қылған сені сор ма, жақ па? Бұзауды тауып алып, суғарып кел, Тез барып а л б а р д а ғ ы шөп сал атқа* (Б. Майл., Шығ., I, 283). *Ақырын басып, таяққа сүйеніп, а л б а р ғ а қарай келе жатқан Сүңгірәліні көрді* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 350). *Ушаковтың кеңсесі мен қонақ үй түгел а л б а р ы н а дейін тастан қалаттырған* (Ғ. Мүсір., Оян. елке, 373). *А л б а р ішіне он шақты бала жиналып қалды* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 123).

[Түрікше *амбар* қора, қойма (Тур.-рус. сл., 1977, 52); саха. *олбуор* сарай (Як.-рус. сл., 1972, 269). Чуваш тілі диалектісінде *ампар* қора (Л. Серг., ДСЧЯ, 10). Жазба ескерткіштерде *анбар* сарай (Ә. Надж., ИССТЯ, 240); *азбар* мал қорасы (А. Курыш., ИЛТАС, 78); *анбар* қойма, қазына сақтайтын орын (А. Бор., ЛСТ, 51); парсы тілінде *әмбар* склад, қойма, зат сақтайтын орын (Пер.-рус. сл., 1, 1983, 128)].

АЛБАРЛЫ БОЛУ (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) әбігер болу. *Баратын жеріне жүр [е] алмай не орныгып қалмай а л б а р л ы б о л д ы* (Қост., Жанг.).

АЛБАР-ШАЛБАР (Алм., Шел.) етті шалбарға салу (ұрылар жаргоны).

АЛБАРЫНДЫ (МХР) әуре, сандалыс. *Бір кезде рецептідегі дәрі-дәрмекті аймақ орталығынаан іздеп а л б а р ы н д ы ғ а түсетін едік* («Ж. емір», 14.10.1985).

АЛБАСТЫСЫ МОЙНЫНА МІНУ (ҚХР) жыны ұстау, долдану, ашулану.

АЛБАТЫ[1] (Тау., Қош.; Сем.: Ұрж., Абай.; Шығ. Қаз., Больш.; Алм., Кег.) беталды; кездейсоқ. *А л б а т ы жүре бергенше шаруамен айналыссаңчы* (Тау., Қош.). *А л б а т ы машинаға түсті де кетті* (Сем., Ұрж.). *Артынан іздейтін жақыны, ізіне түсетін жауы жоқ а л б а т ы қаша беретін де нақұрыс болады екен-ау!* (Қ. Ысқақ, Күреңсе, 61). 2. (Сем.: Акс., Кекп., Шүб.) бетен, жат. *Мынау а л б а т ы кісі кім өзі* (Сем., Шүб.). *Бұрынғыдай емес бақ таласына а л б а т ы өшіккенінен де тұқ шықпасын білген* (О. Бек., Өз от. ешірме, 277).

АЛБАТЫ[2] (МХР) кез келген. *Сәт болганда түн қараңғылығы, үйіріліп қалған, а л б а т ы адам таныла берер емес екен* (А. А. Сүй. мен., 30). *А л б а т ы біреудің асына алты алаш жиналып, тайлы-туғы қалмай ошарылсын ба?* (С. Тәу., Ақыр. Жән., 273). *Аң аулаған ер өкең, А л б а т ы үйге түсіпті Дүшпан татар у қосып, Берген сусын ішіпті* (М. Сүл., Шыңғыс хан, 22).

АЛБАТЫ[3] (Сем.: Акс., Аяг., Кекп.; МХР) текке, бекер, босқа. *Әттең, осы жігіттер махаббатқа жеңіл қарап, әйел жанын а л б а т ы жараламаса екен* (А. А., Сүй. мен., 78). *А л б а т ы қалжыңыз мына жеңгеден ұят болмасын, – деп Мамыт сарт Қанипаны қолымен нұсқай сөйледі* (С. Тәу., Акыр. Жән., 273).

АЛБАТЫ[4] (МХР) бос. *Онда а л б а т ы орын бола бермеуші еді* (А. А. Сүй. мен., 58).

АЛБАТЫ КЕТУ (Талд., Гв.) есі кету. *Баламның а л б а т ы кетіп, ауырып жатыр* (Талд., Гв.).

АЛБЫРТ (Сем.: Абай, Мақ., Кекп., Акс., Ұрж.) делбе. Жылқы ауруының бір түрі. *А л б ы р т ауруы жылқыда осы уақытта сирек кездеседі* (Сем., Абай).

АЛБЫТ (Орал, Жымп.) албырт, пысық. *Тілеуқабыл секілді а л б ы т, күшті жастар да... бар* («Қ. ту», 14.06.1941).

АЛБЫТ ЖЫЛҚЫ (Сем.: Абай, Шүб.; Шығ. Қаз., Болып.) ауру жылқы. *«А л б ы т тиген ат» сияқты деген мәтел де бар* (Шығ. Қаз., Больш.).

АЛБЫТТЫҚ (Орал, Жымп.) албырттық, пысықтық. *А л б ы т т ы қ қ а салынбай әрнәрсені ойланып жаса дейміз бойлай* (Орал, Жымп.).

АЛҒАБАСАР (ҚХР) алдағыны алдын ала болжайтын, жаңашыл; озық, алға кеткен.

АЛҒАЙ (МХР) алғалы. *Монгол елінде өмір сүрген Қатипа деген ақын апайға құрбылары іздеп келіп үй сыртында тезек а л ғ а й жүрген апайдың өн бойынан мін іздейді* (Б. Көм., Мон. қаз. салт-дөс., 55).

АЛҒА ҚАРАЙДА (Гур.: Маңғ., Мах.) алдыңғы қатарлы. *Олар а л ғ а қ а р а й д а*

бригада болып, еңбек өнімін арттыруда қарқынды күшейте түсіп отыр (Гур., Мах.)

АЛҒАН ЖОҚЫМ (Қост., Аман.) алған жоқпын. *Мен хатты а л г а н ж о ғ ы м* (Қост., Аман.).

АЛҒАУ[1] (Алм., Шел.; ҚХР) күпті болу, уайым-қайғы. *Үсеннің ішіне а л ғ а у түсіп, беймазалана бастады* (Алм., Шел.). *Ауруда а л ғ а у жаман, Адамда жалқау жаман* (Мақал). *Ойға а л ғ а у түсіру* (ҚХР). *Бір күні бітсе демі – сүрінеді, Топ жарған тұлпарың да озған дудан. А л ғ а у с ы з айтқан сөзің көпке ұнаса, Секілді көңіл – үйдің кірін жуған* (Кете Жүсіп, Өлең., 23).

АЛҒАУ[2] **1.** (Гур., Маңғ.) ащы, кермек. *А л ғ а у су екен* (Гур., Маңғ.). 2. алғау: *алғау жасау*, тұз салу. *Тамақтың тұзы кемдеу екен, шамалы а л ғ а у жасап жіберетін* (Гур., Маңғ.).

АЛҒАУ[3] (Орал, Жымп.) жақтау. *Орайы келген бір жиындарда бастықтардың емеуірімен біреуді а л ғ а п, біреулерді беталды қарғап өтетін* (Ғ. Сл., Заман., 249).

АЛҒАУ[4] (МХР) қанағат. *Көпшілігі көн етіктің қоншын, көн тоқымын суға жібітіп, шайнап соны а л ғ а у етіп жүр еді, бүгін су да жоқ* (М. Құрман., 124).

АЛҒАУЛЫ (Қ.орда: Сыр., Жал.) кермек дәмі бар су. *Сырдарияның суы а л ғ а у л ы болмағанымен, кейбір құдықтың суы а л ғ а у л ы* (Қ.орда, Сыр.).

АЛҒАУ СУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Гур.: Шевч., Тең.) ащы су. *Жебелдің а л ғ а у с у ы н а н тақыл* (қ.) *шығар* (Түрікм., Красн.).

АЛҒАШҚЫ САТЫЛЫ СОТ (МХР) жергілікті сот.

АЛҒИ Қ. алғы[1].

АЛҒЫ[1]**//АЛҒИ** (Шымк., Сайр.; Сем.: Үрж., Мақ.; Жамб., Шу; ҚХР) пияз сияқты өсімдік. *А л ғ ы н ы ң дәні басында болады, Қаратауда көп болады* (Шымк., Сайр.). *Тамдының бойында а л ғ ы көп болғандықтан, масатыдай жайнап тұрады* (Сем., Үрж.). *Жаз бойы жан сақтағанымыз жаужұмыр мен а л ғ ы еді* (Ш. Мүрт., Жүлд. көп., 8, 36).

[Өзбекше *алги* (Узб.-рус. сл., 1959, 32); қырғ. *алгы* (К. Юд., КРС, 47); үйғ. *алкый* (С. Мал., УНС, 93)].

АЛҒЫ[2] (Гур., Маңғ.) аласы. *Сайынның бізде былтырдан а л ғ ы с ы бар* (Гур., Маңғ.).

[Әзірбайжанша *алғы* сатып алу (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 101)].

АЛҒЫНШЫ (Орал, Чап.) алғашқы.

АЛҒЫРТ-САЛҒЫРТ (Гур., Есб.) алымсалық. *Біздей көрілерге а л ғ ы р т-с а л ғ ы р т аз түседі ғой* (Гур., Есб.).

АЛДАҒАНДАЙ (Гур., Маңғ.) өлдеқандай.

АЛДАЙ-ЖАЛДАЙ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) алда-жалда. *А л д а й-ж а л д а й келіп қалса қайтеміз* (Қ.орда, Арал).

АЛДАҚАШАН (Гур., Маңғ.) өлдеқашан. *Ал мен құдайыңа да, шайтаныңа да сенуді а л д а қ а ш а н қойған адаммын* (А. Нұрм., Құл. аж., 154).

АЛДАМДЫ (ҚХР) алдамшы. *Сол-ақ мың екен, адал өмірінің жалғандығы, байлық та, мансап та ешкімге мәңгі жолдас болмай, а л д а м д ы дүниеде қала беретіні еске түсіп, біразға дейін ой тұңғиығынан шыға алмай, малтығып отырды* (Қ. Жұм., Соңғы..., 227).

АЛДАМ ҚАЛТАҒА ТҮСУ (ҚХР) алданып қалу, біреудің алдап-арбауына түсіп қалу. *Сауда істегенде абайлаған жөн, әйтпесе құлардың а л д а м қ а л т а с ы н а т ү с і п қ а л а с ың* (ҚХР).

АЛДАРҚАТУ (Рес., Орын.; Қ.орда: Арал, Қаз.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) алдау, жұбату. *Ей, а л д а р қ а т с а ң д а р ш ы мына баланы* (Орын., Ад.). *Әй, құ екен, мені де а л д а р қ а т ы п соқты* (Түрікм., Таш.). *Ата-анамды а л д а р қ а т п а қ боп жүріп, өзімді де алдап кетіппін* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 168).

АЛДАУЫШ (Ауғ.; Ир.) отірікші, сөзінде тұрмайтын, уәдесіз.

АЛДЫГҮНІ (Алм., Кег.) алдыңғы күні. *Бәсе, мен сені «Қарабұлақтан» а л д ы г ү н і көрген тұғынмын* (Алм., Кег.).

АЛДЫМ ЕМЕС ПЕ (Алм., Кег.) алған жоқпын ба, алдым ғой. *Бұрын ел ауғанда біреудің жетім баласын тауып а л д ы м е м е с п е?* (Алм., Кег.).

АЛДЫМЕН ТАҒАМ, ОДАН КЕЙІН ҚАЛАМ (ҚХР) алдымен ас жейік, сонан соң кітап оқиық.

АЛДЫНАН (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.) алдын ала, күні бұрын. *8 класқа а л д ы н а н шара көру* (қ.) *керек* (Түрікм., Таш.).

[Өзбекше *алдинда* (Рус.-узб. сл., 1954); карак. *алдын* (Рус.-карак. сл., 1967)].

АЛДЫНАН КЕСЕ ӨТУ (Тау., Қош.) келісу, алдынан өту. *Сен осылай етейін деп алғаш сол кісінің а л д ы н а н к е с е ө т і п алмадың ба?* (Тау., Қош.).

АЛДЫН АҒАЛАУ (Сөм.: Акс., Көкп.) алдына шығу, озу. *Жақсы киімдерін киіп шықса, бұл кісі көптің а л д ы н а ғ а л а й д ы* (Сем., Акс.).

АЛДЫНДА[1] (Сөм., Аяг.) таяу, жуық. *Колхоз малы 25 мыңның а л д ы н д а* (Сөм., Аяг.).

АЛДЫНДА[2] (Сем., Аяг.) бұрын. *Мен ол елде 2-3 жылдық а л д ы н д а болдым* (Сем., Аяг.).

АЛДЫН КЕШТЕ (Түрікм.: Красн., Таш., Небид.) кештете, кешке қарай. *Күннің ыссылығы* (қ.) *басылғансын, а л д ы н к е ш т е жүресіңіз* (Түрікм., Небид.). *Осыдан олар а л д ы н к е ш т е т е Шалқарға жетеді* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 102). *...күндізгі аптаптың беті қайтқасын а л д ы н к е ш т е т е аңға шықтық* (Ә. Нүрп., Сең, 255).

[Өзбекше *алдин* дейін, бұрын (Узб.-рус. сл., 1959, 301). Ертедегі түркі ескерткіштерінің бірінде *алдын* бұрын, ерте (Э. Надж., ИССТЯ, 229). Әдетте, «алдын» сөзі қазіргі өдеби тілімізде «алдын ала» снякты тіркссте ұшырайды. «Алдын кеште» сөзін қазіргі түсінігімізге аударсақ – «кештің алдын» деп ұғынамыз].

АЛДЫН ТОСУ (Сем.: Абай, Шүб., Ақс., Кокп.) жолын тосу, алдынан шығу. *Майра әкесінің а л д ы н т о с т ы* (Сем., Көкп.).

АЛДЫН ТҮН ҚЫЛУ (Қ.орда: Арал, Қаз.) түнге қарай. *Күннің қызылы сөнбей, а л д ы н т ү н г ы п жүріп кететін болғансын, балықшылар да жол қамына шұғыл кірісті* (Ә. Нүрп., Сең, 183).

АЛДЫҢҒЫ АЯҒЫН БАСУ (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид., Бекд.) пәлеге қалу. *Нүрмен дауласып а л д ы ң ғ ы а я ғ ы м д ы б а с а алмаймын* (Түрікм., Красн.). *Ауырып өлгендігіне акт жасап, а л д ы ң ғ ы а я ғ ы м д ы б а с а алмаймын деп желкесін бір-ақ көрсетті* («Жұмшы», 17.11.40).

АЛДЫРАУ (Алм., Шел.) асығу, сасу. *Колхозшылардың жиналысынан қап қоям ба деп, а л д ы р а п келдім* (Алм., Шел.).

АЛДЫСЫ (Жамб., Жам.) алды. *Дүнгендердің а л д ы с ы бұрын келген* (Жамб., Жам.).

АЛЕЙТАН (Алм., Шел.) әдейі. *Сізге Зүлқарнайды а л е й т а н жібергенмін* (Алм., Шел.).

АЛЖА-АЛЖА (Сем.; Қар., Қулы.) мылжамылжа. *...тізесі а л ж а-а л ж а боп бәрі бөлек қалыпты* (Ж. Тіл., Қайнар, 61). *Уполкомзаг тұрған үйдің астыңғы тақтайы а л ж а-а л ж а болып жатыр. Аудан басындағы клуб үйі а л ж а-а л ж а болып мүжілген* («Больш. жол», 1939, №24).

АЛЖАРЫС (Қост., Жанг.) талас, айтыс. *Осы а л ж а р ы с сөзді қойып, жұмыс істейік* (Қост., Жанг.).

АЛЖАСТЫРУ (Гур., Маңғ.) шатастыру. *Бұл сұрағандарыңды білмеймін, ал өтірік айтып, сені а л ж а с т ы р у ғ а болмайды, шырағым* (Гур., Маңғ.).

АЛЖАСУ (Гур., Маңғ.) жанжалдасу, ұрысу, араздасу, соқтығу. *Бұрын адайлар мен түрікмендер бірнеше рет а л ж а с қ а н еді, қазір ұлттар арасында достық қатынас күшейді* (Гур., Маңғ.).

АЛЖАУЫЛ (Жамб., Жуа.) ала-құла, әр түрлі.

АЛЖАСЫЛДАНУ (Шығ. Қаз., Больш.) жасыл тарту. *...кеудесін көтерген дала әне ол да а л ж а с ы л д а н ғ ан шөптен көйлек киіп, төркініне баратын қыздай жетіседі* (О. Бөк., Өз от. еш., 212).

АЛЖЫҒАН АЮ ДАЛАҒА ТҮСЕДІ (ҚХР, МХР) қаңғып кету, шатасу.

АЛҚА[1] (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) жиын, топ. *Бұл а л қ а г а түсіп жүрген адам* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *халқа* шеңбер сияқты зат (Рус.-туркм. сл., 1956, 277); қырғ. *алқа* диуаналардың алқа-көтан жиыны (К. Юд., КРС, 51); *алқа* бір жерге жиналу; жиылыс; *алғын* жиналыс (В. Рад., Опыт., I, 389, 394)].

АЛҚА[2] (Сем.: Көкп., Ақс.) сырға. *Мойынға салатын алқа, құлаққа салатын алқа* (Сем., Көкп.).

[Сарыкөлше *алқо* шығыршық; сырға (Т.Пах., Сар.-рус. сл., 1971, 9); чув. *алка* сырға (Чув.-рус. сл., 1985, 30)].

АЛҚА[3] (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал, Казт.; Қост., Фед.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.; Қарақ.) құлып. *Кілт жоғалған соң, а л қ а н ы аша алмай қалдық* (Гур., Маңғ.). *Кілттің а л қ а с ы қайда кеткен?* (Орал, Казт.). *Балалар есікті а л қ а л а п, кілтін жоғалтып алыпты* (Қост., Фед.). *Жабық екен десем, мынау және* (қ.) *тұрған алқа екен гой* (Түрікм., Таш.). *Айтқанымыздай қызыл бұрыш есігіне үлкен а л қ а ілінген* («Жүм-шы», 15.05.1955). *Бірақ дәл осы мезетте қыздар камерасының есігіндегі а л қ а д а кілт шылдырлап, камераның есігі ашылды...* (А. Фад., Жас гв., 678). *Сонсоң еңкейіп дүкенге қарады. А л қ а с ы бармақтай, шегемен тұртіп қалса ашылып кететін кеңілшек мәшинә* (Ж. Нәжім., Кішк., 112).

АЛҚА[4] (Алм., Жам.) түрлі түсті моншақ. *А л қ а н ы ң әйбәтін-ай!* (Алм., Жам.).

АЛҚА[5] (Қарақ.) диаметрі 4,5 сантиметрдей шығыршық темір, мал оралып қалмас үшін малдың мойнына жақын жерге байланады да айналып тұрады.

АЛҚАНА-САЛҚАНА (Ақт., Байғ.) алқам-салқам. *Колхозда қысқа дайындық жұмысы да артта, қай түлік малдың да қорасы а л қ а н а-с а л қ а н а, ашық-тесік* (Ақт., Байғ.).

АЛҚАПТАУ (Қ.орда, Арал) түгел толтыру. *Бір қарық суға тапшы болған шөлді жерді каналдардың молдір сулары а л қ а п т а д ы* (Қ.орда, Арал).

АЛҚАС (Қарақ.) екі тағамның басын қосып жеу. *Шайға а л қ а с қылғандай үйіңде не бар, әкелші тұрған етпен әзірінше а л қ а с қыла беріңдер* (Қарақ.).

АЛҚАУ (Сем.: Аяг., Шүб.; МХР) мақтау. *Достық емес қастық, а л қ а у емес арандату деп білген* (М. Мағ., Алас., 516, 581). *Әулие жаралған асыл Токем бұл екі ұлысты бекерге а л қ а м а ғ а н шығар* (С. Тәу., Ақыр Жән., 136).

АЛҚАУ ЕТУ (ҚХР) жүрек жалғау, талшық ету. *Таң атқаннан бері а л қ а у е т е р л і к қорек бергізбеген де сол* (Ғ. Қан., Бүрқ., 122).

АЛҚОРЫ (Жамб., Луг.) шабдалы. *А л қ о р д ы ң дәмі тәтті, үлкендігі өріктей* (Жамб., Луг.). *...«запорожецін» қоңызша тоңқаңдатып, алма, а л қ о р ы тиеп базарға жонелді* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 204). – *Алып келе жатқан алма, жүзім, а л қ о р ы м бар еді...* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 122).

[Қырғызша *алкорот* тауда өсетін өсімдік түрі (К. Юд., КРС, 51); өзб. *олхури* қара өрік (Узб.-рус. сл., 1959, 303)].

АЛҚЫН АЛУ (ҚХР) дем алу, тыныстап алу. *Ботенсімей тартынып, тынығып а л қ ы н а л ы ң д а р* («Жеті қағ.»).

АЛҚЫНДЫ (Жезқ., Ұлы.; Қост., Жанг.; ҚХР) сабын қалдығы. *Бас жуатын а л қ ы н д ы ң жоқ па? А л қ ы н д ы болса да әкел, қол жуалық* (Жезқ., Ұлы.). *Қарағым, сенің жейденді сабынның а л қ ы н д ы с ы м е н жудым* (Қост., Жанг.).

АЛҚЫНДЫРУ (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) орындауға жақын. *«Құлақтал» колхозы пыланын а л қ ы н д ы р ы п қалды* (Қост., Жанг.). *А л қ ы н д ы р ы п-а қ қалдым-ау бұл кітапты* (Жезқ., Ұлы.).

АЛҚ[Ы] ОРАҚ (Жамб.: Шу, Луг., Мер.) имегін қолдан шегелемей, тұтас соғылған орақ. *Алматы облысының аудандарында а л қ ы о р а қ т ы «сарт орақ» деп айтады* (Жамб., Шу).

АЛМАБАС ҮЙРЕК (Қ.орда, Қарм.) үлкен бозғыл үйрек.

АЛМА КӘДІ (Түрікм., Көнеүр.) ойыншық жасайтын асқабақ түрі. *А л м а к ә д м е н құртай балалар ойнайды* (Түрікм., Көнеүр.).

АЛМАҚ (Орал: Жымп., Чап.; Гур., Маңғ.) аласы. *Есенгалида қанша мәнет а л м а ғ ы м бар дедің?* (Орал, Чап.). *Қаташ дегенде а л м а қ ақшам бар еді, Жаңалықта Садықооты... кездестіріп а л м а ғ ы м д ы сұрағанымда... мені сокті* («Қ. ту», 15.05.1937). *Менен а л м а ғ ы бар еді... Сойтіп, а л м а ғ ы болса, алғаны жақсы... енді менен а л м а ғ ы н алсын да, бұ шіркін!* (Ғ. Сл., Арм. аға., 109). *Олар шынында да, бұнда а л м а қ т а р ы бардай-ақ сұқтана қарайды екен* (Ә. Кекіл., Құс қан., 202). Ертедегі жазба ескерткіштерінде *алмақ* алу (Аттухфа, 265).

АЛМАҚАБАҚ (Түрікм., Таш.) насыбай салатын, шақша тәрізді бүйым. *Ол а л м а қ а б а ғ ы н алды да, алақанына бір атым насыбай салды* (Түрікм., Таш.).

АЛМАҚДАЙ (Алм., Талд.) алам деген, алайын деген. *А л м а қ д а й басқа ойың жоқ, Қорада жатқан қойың жоқ, Жалайырды жисаң да сірә саған тойым жоқ* (Майкеқыз ақынның Бақтыбайға айтқаны).

АЛМАЛАТУ (Қ.орда, Арал; Орал, Қара.) кезектестіру, алмастыру. *Екеуін шақырып, а л м а л а т ы п оқытып отырдым* (Қ.орда, Арал). *Семіз биелерді а л м а л а п мініп жүр* (Орал, Қара.).

АЛМА МОЙЫН ҚҰБА ҮЙРЕК (Қ.орда, Арал) діни ұғымда береке дарығанға көрінетін қасиетті елес мағынасында қолданылады.

АЛМАН[1] (Гур., Маңғ.) ер азамат.

АЛМАН[2] (МХР) кезекті міндет. *Әскер а л м а н ы н а мың тоғыз жүз отыз бірінші барып қайттым* (МХР).

АЛМАН-САЛЫҚ (ҚХР) салық. *Шаруа оз тұрмысына риза, а л м а н-с а л ы қ азайды, бүгін ертең жер алайын деп отыр* (Қ. Жүм., Соңғы..., 104).

АЛМАС (Гур., Маңғ.; Ақт., Ойыл) ұстара. *А л м а с ы ң болса, маған да бір-екеуін берші* (Ақт., Ойыл).

АЛМАС ӨРКЕШ//ҚАУСЫРМА ӨРКЕШ (Қ.орда, Арал; Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.; Орал: Чап., Жымп.) тумысынан екі өркеші екі жаққа қарай бітетін оркеш. Өркештің бұл түрі міністен, арықтағаннан емес, өзінің тұқымынан, жаратылысынан болады. Мұндай өркештер көбіне таза айыр түйелерде кездеседі. *Мен, Үбіден а л м а с о р к е ш түйе кордің бе? деп сурадым* (Түрікм., Тедж.).

АЛМАС ТҮЙЕ (Рес., Волг.; Орал) екі оркеші екі жағына жығыңқы түйе.

АЛМАСУ (Сем.: Абай, Шүб.; Тау., Қош.) ұрысу, төбелесу. *Әй, а л м а с п а й отырыңдар!* (Сем., Абай).

АЛМА ТАЛҚАН (Қост., Жанг.) бидай талқаны. *Біздің үйде а л м а т а л қ а н коп-ақ* (Қост., Жанг.).

АЛМАҰРЫҚ (Алм., Шел.) үлкен қауын. *А л м а ұ р ы қ т ы ң чопығы* (қ.) *кішкене болады* (Алм., Шел.).

АЛӨПКЕ (Рес., Омбы) ірі малда болатын ауру.

АЛПАРЫСУ (Шығ. Қаз., Больш.) арпалысу.

АЛПАУЫЗ (Ақт., Ойыл; Гур., Маңғ.) сары ала тышқан. *А л п а у ы з егінді қиып тастайтын зиянды мақұлық* (Ақт., Ойыл). *...Әлгі бейуақ көленқеңнің еркек екенін, әйел екенін ажыратып үлгергенше, а л п а у ы з қақпа оны бір-ақ қақшып, қайтадан бедірейіп тұра қалар-ды* (Ә. Кекіл., Құс қан., 174).

АЛПЫС ЕКІ АҚЫЛ (Гур., Маңғ.) *ойы* бөліну. *А қ ы л ы м а л п ы с е к і бөлінгені-ай!* (Иса).

АЛПЫ-СОЛПЫ (Жамб., Шу) олпы-солпы, қиқы-жиқы. *Ахметтің ісінде а л п ы-с о л п ы л ы қ бар* (Жамб., Шу).

АЛ-САЛ (Сем., Көкп.; Гур., Маңғ.) дел-сал. *Түн ортасы ауганша отырды. Сосын а л-с а л боп орнынан тұрды* (Ә. Кекіл., Құс қан., 339). *...тула бойы а л-с а л болып тұрган Мария Әділмен бірге қосқа қайтты* (Ж. Тіл., Қайнар, 145).

[Қырғызша *алы саал* (К. Юд., КРС, 617)].

АЛСЫН (Қост., Жанг.; Ақт., Жүр.; Көкш., Қ.ту; Рес.: Волг., Омбы) балауса, шапқан жерге қайта шыққан шөп. *Биылгы жылгы а л с ы н д ы шабуга болады* (Көкш., Қ.ту). *Обаган табанының а л с ы н шөбі қандай жақсы шыққан* (Қост., Жанг.).

АЛТАҚТА (Қарақ.) арба алдындағы адам отыратын тақтай.

АЛТАЯҚ (Алм., Енб. қаз.; Жамб., Шу) керегесіз, уық пен шаңырақтан тұрғызылған киіз үй. *Қыста жайлауда а л т а я қ тігіп отырамыз* (Алм., Енб. қаз.). *Қыста да қазақ а л т а я қ үйде отыра беретін* (Жамб., Шу).

АЛТМЫШ (Алм., Жам.; Қарақ.) алпыс. *Жүз а л т м ы ш сомга бір етік алдым* (Алм., Жам.). *Інім, қазір а л т м ы ш жетіге келдім, ендігі қалган жасты негылайын* (Қарақ.).

АЛТЫ АЙРЫҚТАРЫНАН ТЕР КЕТУ (ҚХР) қара терге малыну. *Қолапайсыз қалың киімдері үстерінен түспеген қыр қазақтары а л т ы а й р ы қ т а р ы н а н т е р к е т і п, кірпіш толы зембілдерді қайқалақтап зорга көтеріп келеді* (Қ. Жұм., Соңғы..., 33).

АЛТЫ АҚЛЫМ (Қ.орда, Қаз.) алты құрлық жер. *Әлемді а л т ы а қ л ы м салыстырсам, СССР тұрган жоқ па биік шыңда* («Ст. туы», 1937, №94-95).

АЛТЫҒУ (Қ.орда, Арал) алқыну, ентігу. *Есекке өкпем өшіп, а л т ы г ы п зорга жеттім* (Қ.орда, Арал).

АЛТЫҚАНА (Жамб.: Шу, Мер.) алабота төрізді өсімдік. *А л т ы қ а н а отқа жана береді* (Жамб., Шу).

АЛТЫ ҚҰРАҚ (Өзб., Там.) алты тырнақ қатардан құратын құрақ.

АЛТЫ ҚЫРЛЫ ҚАМШЫ (МХР) он екі таспадан өрілетін алты қырлы қамшы.

АЛТЫ МОЙНЫН ТІГУ (МХР) кету. – *Жога, а л т ы м о й н ы м д ы т і к с е м д е, алпысқа келген ақ бурыл басымды өздерің тұрганда оның алдына апарып қайдан иейін* (М. Құрман., 15).

АЛТЫН БАЛДАҚ (Рес., Волг.) сақина жасырып ойнайтын ойын.

АЛТЫНҚАБАҚ (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал: Жән., Чап., Қара.) жамбы. *Тойда а л т ы н қ а б а қ аттырыпты* (Гур., Есб.). *Бұрын мергендер а л т ы н қ а б а қ т ы атып түсіретін* (Орал, Жән.). *Тирде а л т ы н қ а б а қ ату жарысы өткізіледі* («Маңғ.», 7.11.1955). *Дүйсенгали атқышыл, а л т ы н қ а б а қ т ы дәйімшілікке атып түсіреді* (Орал, Қара.). *А л т ы н қ а б а қ ату, балуан күресі болады* («Ком. жолы», 24.04.1938).

АЛТЫН ШАЮ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) алтын жалату. *А л т ы н ш а й г а н ержүген, түрлі заттар табылган* (Түрікм., Ашх.).

[*Шайламақ* (шағат.) безеу, әшекейлеу, жалату (Л. Буд., I, 662)].

АЛТЫНШЫ АЙ (МХР) маусым. *А л т ы н ш ы а й д ы ң бірі күнгі мәліметпен аймағымыздағы төлдеуге тиісті барлық енеліктің 89,3 проценті төлдеп, төл 97,8 процент аяқтануда* («Ж. өмір», 8.06.1987).

АЛТЫ ТАБАН (Жамб.: Сар., Тал.) асық ойынының бір түрі. *А л т ы т а б а н ойнайойнай күнге күйіп кетіпсің гой* (Жамб., Сар.).

АЛТЫ ТАСПА (Жамб., Шу) алты таспадан өрген қамшы.

АЛУ (Түрікм.: Красн., Таш., Ашх.) түсіру, суретке түсіру. *Мен фотоаппаратты а л у д ы да білмеймін* (Түрікм., Таш.). *Қарар болсам, әдеміленіп а л ы н г а н халық батыры Амангелдінің ...суретіне көзім түсе қалган екен* («Жұм-шы», 18.03.1939).

[Түрікменше *алмақ сурат* суретке түсіру (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *олмақ суратга* суретке түсіру (Рус.-узб. сл., 1954)].

АЛУ-ДАЛУ (Гур., Маңғ.) алба-жұлба. *Киіз үй қайткенмен екі керегені қиыстырып, итарқалай салган киіз, қос не а л у-д а л у шөп көранадан тәуір гой* (Ж. Нәжім., Кішк., 35).

АЛУЖЫН (ҚХР) сабағы буын-буын, жеуге жарамды өсімдік.

АЛУ КОМИССИЯСЫ (МХР) қабылдау комиссиясы. *Құрылыстың сапасын бағалап пайдалануға алу комиссиясы жұмыстың сапасымен ғана есеп жасайды* («Ж. өмір», 30.03.1987)

АЛЧАЛҒЫ (Жамб., Шу) алжапқыш, белдемше. *Алчалғы ұстап сау, чашырамасын* (Жамб., Шу).

АЛЧЕК (Ауғ.; Ир.) үлкендігі өріктей жеміс түрі. Бұл Қазақстанда өспейді. Алчекті кейде алу деп те атайды. *Ашымақ алчек-алчектің қабығы қалың, сұсжұқ алчек-алчектің дәмі тәтті түрі* (Ир.).

АЛЧЫ ОМПА (Түрікм., Таш.) үйіріп тастағанда асықтың түп жағымен тік түруы.

АЛШАЛҒЫ (Қарақ.) алжапқыш. *Алшалғы қане, маған берің, үстім бүлінбесін* (Қарақ.).

АЛШАЛҒЫШ (Алм., Кег.; Павл., Леб.; Шығ. Қаз.: Марқ., Күрш.; Қост., Фед.) алжапқыш, белдемше. *Алшалғышсыз сиыр саумайды* (Алм., Кег.). *Сиыр сауғанда алшалғышыңды ала жүр* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Алшалғышым дағы таба алмай жүрсем, мал қорада қалыпты* (Қост., Фед.).

АЛШИ (Ауғ.; Ир.) қарсы құда.

АЛШОҢҚАЙ[1] (Гур., Маңғ.) сұлу мүсінді, денелі адам. *Ораз – жігіттің алшоңқайы* (Гур., Маңғ.).

АЛШОҢҚАЙ[2] (Гур., Маңғ.) сулы жерге өсетін түбірлі шөп. *Алшоңқайды ашаршылық жылдары адам нан қып пісіріп те жеген* (Гур., Маңғ.).

АЛШЫН (Көкш., Қ.ту) көл жағасындағы шөбі шабылған жерге қайтадан шыққан шөп. *Жаңбыр көп жауса, алшын биік еді* (Көкш., Қ.ту).

АЛЫҚ (Гур., Маңғ.) аласы. *Менің Жетібайда бір мың мәнет алығым бар* (Гур., Маңғ.).

АЛЫҚ-БЕРІК (Жамб., Шу; Сем., Аяг.) алыс-беріс. *Бізбен алық-беріге бар жігіт еді* (Жамб., Шу). *Қазақы, алық-берікке зауқы жоқ, еті тірі, қолы шебер жігіт* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 27).

[Ертедегі түркі сөздіктерінде *алғы-берги* алыс-беріс есебі (А. Бор. Бадаи..., 70), *алум-берум* бересі, салық төлеу (С. Мал., ПДП, 357), *алым-берім* борышпен есеп айырысу (ДТС, 35)].

АЛЫМ[1] (Жезқ., Ағад.; Қост.: Об., Жітік.) аласы, алатын нәрсе. *Құдайдан алған алымың ыз бар ма?* (Жезқ., Ағад.). *Алым ақшасын сурап ауылнай бір жағынан дігірлейді* (Б. Майл., Шығ., III, 30).

[Қырғызша *алым* салық (тарихи соз) (К. Юд., КРС, 53); хақ. *алым* борыш, аласы (Хақ.-рус. сл., 1953, 25); үйғ. *алым* аласыны алу (С. Мал., ЯЖУ, 15). Ертедегі түркі тілі создіктерінде *алым* борыш, кіріс (ДТС, 35)].

АЛЫМ[2] (Қост.: Семиоз., Тар.) пара. *Алым бермей тамағына, Қарар ма ол сенің әліңе* (Қост., Тар.).

АЛЫМ[3] (Гур., Маңғ.) ғалым. *Алым болып, не болар, Оқығанын жұтқан соң, Әмі болып жат болмас, Естігенін тұтқан соң* (Гур., Маңғ.).

АЛЫМДЫ (Орал, Жөн.) адымды. *Қарысуға тиісті 1 кең алымды, 7 оздігінен жүретін машиналардан бес күндікте тек 50% қана қатынасты* (Орал, Жөн.).

АЛЫМСАҚ (Шымк.: Түркіс., Сайр., Түлк., Арыс) сатып алушы. *Бүгінгі базарда мал алымсақ болмады* (Шымк., Түркіс.).

АЛЫМСЫМБАУ (Шығ. Қаз., Ұлан) менсінбеу. *Бағылан деген кісі Бутабайға күн дауына барғанда, Бутабай Бағыланды алымсымбаптыы* (Шығ. Қаз., Ұлан).

АЛЫМ ТАС (Қарақ.) олшеуіш тас.

АЛЫП ЖЕУ (Қар., Шет) үтқан асықты алу. *Менің сақам алшы түсті, мен алып жеймін* (Қар., Шет).

АЛЫП СОҒУ (Көкш., К.ту) сақаларды иіру. *Алып соғатын кезек, сенің кезегің* (Көкш., Қ.ту).

АЛЫП ТЕРІСІ, ЖЕП ЕТІ ЖОҚ (МХР) өте арық. *Жаздыгүнгі малдың алып терісі, жеп еті жоқ* (МХР).

АЛЫП ТІГУ (Өзб., Ташк.) жаңа матадан киім тіккенде, оның астар жағындағы жіптері жалбырап шығып тұрады. Сондықтан инені біресе оң жағынан, біресе сол жағынан алып, шығып қалған жіптерін басып тігеді.

АЛЫП ШЫҒУ (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) бітіру, орындау. *Қырқымды алып шығу үшін не керек?* (Түрікм., Тедж.).

АЛЫРЧА (Ауғ.; Ир.) аяқ киім щеткасы.

АЛЫС АРЫҚ (Алм.: Шел., Іле; Жамб., Шу) негізгі, бас арық. *Алыс арық Шелектен алынады* (Алм., Шел.).

[Қырғызша *алыш* (К. Юд., КРС, 54); озб. *алиш* суды богеу (Узб.-рус. сл., 1959, 31)].

АЛЫСТЫРУ (Орал: Қара., Жымп.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Мары, Тедж.) айырбастау. *5 қойға бір тайогізді алыстырды* (Орал, Жымп.). *Жетпестік тұқым қорларын жасақтау ...жабайы тұқымдарды... мемлекеттік фондадан алыстырып алу... аяқталып шығатын болсын* («Кол. үні», 23.11.1938). *Скілөтқа барып қара жүнге ақ жүн алыстырып қайттым* (Гур., Маңғ.). *Сиырымды*

түйеге а л ы с т ы р а м ба деген ойым бар (Түрікм., Ашх.). *Оларды, бақылаушылықтан түсіру я орындарын а л ы с т ы р у республика бақылаушысының еркінде* («Қыз. Қаз.» журн.).

[Түрікменше *алышмак* (Рус.-туркм., 1956, 532); озб. *алиштирмок* (Узб.-рус. сл., 1959, 31); қырғ. *алыштар* (К. Юд., КРС, 55); чув. *улааш* (Чув.-рус. сл., 1985, 511); хак. *алыстар* (Хак.-рус. сл., 1953, 25)].

АЛЫШТАС (Қарақ.) олшеуіш тас.

АМАКІ (Жамб., Жам.) аталас туыстардың үлкені. *Ол кісі бізге а м а к і болады* (Жамб., Жам.).

АМАЛ[1] **1.** (Қ.орда: Сыр., Жал.) ауа райының салқындауы. *Күндегіден бүгін күн а м а л екен, балам* (Қ.орда, Сыр.).

[Қырғызша *амал* жылдың алғашқы айы (22 наурыз – 21 сәуір аралығы, араб тілінен ауысқан сөз) (К. Юд., КРС, 55)]. **2.** (Рес., Омбы) күннің біресе ыстық, біресе суық болуы. *Күн а м а л д а балалар жиі грипп болады* (Рес., Омбы).

АМАЛ[2] (Орал: Чап., Жымп.) қылмыс. *Ол жауыздың істеген а м а л д а р ы шексіз* (Орал, Жымп.). *...бұл а м а л ы үшін Орақовқа комсомол жиылысы тиісті а м а л ы н алды* («Соц. ең.», 10.10.1936). *.. мал тамағын даярлап алуда... бұл колхоз сурақы а м а л д а р жасап отыр* («Соц. ең.», 23.08.1938).

[Ертедегі түркі жазба ескерткішінде, *амәл* (араб сөзі) жұмыс, іс, қылық (ДТС, 41)].

АМАЛ АЛУ (Орал: Орда, Шыңғ., Жән.) шара қолдану. *Баланы жастан дегендей, оларды тәрбиелеу үшін алдын-ала а м а л а л у дұрыс* (Орал, Жән.). *Сайлау науқанының маңызына түсіне тұрса да, жауапсыз қарап жүрген... Құрманғалиеоке партия ұйымы бір а м а л а л у ы жөн* («Соц. жол», 29.11.1939).

АМАЛҒА АЛЫНУ (Орал: Орда, Жән., Шыңғ.) жауапқа тартылу. *Колхоз есепшісі көп ақша жеп қойып, а м а л ғ а а л ы н ғ а л ы жүр* (Орал, Жән.). *Бірнеше түйе, жылқы қазаға ұшыраса, ол айыпкер сот арқылы а м а л ғ а а л ы н ы п, 3 жылға үкімге ұшырайды. Бұл колхоздар мен кеңестердің қаперінде болсын* («Ж. жол», 7.01.1932)

АМАЛДАР 1. (Жамб., Шу) ерте кездегі дәрежелі адамдардың қызметшілері, шабармандары. *Ілгеріде датқаның көп а м а л д а р ы болатын* (Жамб., Шу). **2.** (Шымк., Сарыағ.) әкімдер, басқару жұмысындағы адамдар. *Бұрынғы кездегі әкімдерді а м а л д а р дейтін едік* (Шымк., Сарыағ.).

[Өзбекше *амалдор* дәрежелі адам, шенеунік (Узб.-рус. сл., 1959, 33); Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *амыл* жұмыс істеуші; *аманч* сыйлы, дәрежелі (ДТС, 41)].

АМАЛКЕСІН ІЗДЕУ (Талд.) амалын іздеу.

[Қырғызша *амалкеч* айлалы, ку, епті (К. Юд., КРС, 55)].

АМАЛҚАСЫ (Алм., Кег.) шара, амал. *Таланы жотаға жеткізуге а м а л қ а с ы н істеп жүрмін* (Алм., Кег.).

АМАЛ ҚҰЛДАНУ (Орал: Чап., Жымп.) шара қолдану. *Бұлай бетімен жіберуге болмайды, а м а л қ ұ л д а н у керек* (Орал, Жымп.). *Қылмысын қымтап отырған Қошаеоке тиісті а м а л қ ұ л д а н у д ы заң орындарынан күтемін* («Соц. ең.», 23.02.1936).

АМАНАТ КАССАСЫ (Түрікм.: Ашх., Красн., Небид., Тадж., Мары, Таш.) жинақ кассасы. *Оның а м а н а т к а с с а с ы н д а пұлы болса керек* (Түрікм., Таш.). *А м а н а т к а с с а с ы н д а осы уақыттарда бірнеше ондаған вкладчиктер бар* («Жұм-шы», 25. 11.1949).

[Түрікменше *аманат касса* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *омонат касса* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *аманат сақлау кассасы* (Рус.-карақ. сл., 1967). *Аманад* сақтауға берілген зат (Л. Буд., 1, 91)].

АМАНҒА КЕЛУ (Сем.: Кокп., Акс.) құданың қыдырып, амандық білуге келуі. *Ағайшалар біздің ауылға а м а н г а к е л і п т і* (Сем., Көкп.).

АМАНҒЫ (Қ.орда: Қаз., Қарм.) ежелгі, ескі, дағдылы. *Жер бетімен төмендеп ұшқан снарядтың остіп дыбысы естілмей, жарылғанын бір-ақ аңғаратын а м а н г ы әдеті еді* (Ә. Нүрп., Курл., 125).

АМАНДА (Рес., Орын.) әуелден, баяғыдан, қашанда болса. *А м а н д а қымыз ішіп тұрдық* (Рес., Орын.).

АМАНДАУ (Жамб., Сар.; Алм., Кег.; МХР) амандығын білу; түгендеу. *Жылқыны, а м а н д а п келейінші* (Жамб., Сар.). *Малды а м а н д а п келдім* (Алм., Кег.; МХР). *«Кәрі жілік» деді Қауметбай мал мен басты а м а н д а й д ы* (М. Құрман., 201).

АМАНСОҚ (Қ орда, Арал) аман-сау. *А м а н с о қ барып келгендерің жақсы болды* (Қ.орда, Арал).

АМАН-ТҮГЕЛ (Гур.: Маңғ., Шевч.; Рес., Орын.; Түрікм.: Таш., Ашх., Конеүр., Мары) аман-есен. *Ерештікіне барып а м а н - т ү г е л айттың ба?* (Гур., Маңғ.). *Былай а м а н - т ү г е л отырғанда агайынның қадірін қайдан білесің* (Рес., Орын.). *...әз білетіндерінің а м а н т ү г е л і н сурастыра отырды* (Ж. Тіл.,

Қайнар, 208). *Сағиларға а м а н-т ұ г е л і н білуге барармын* (Түрікм., Көнеүр.). *А м а н-т ұ г е л сұрасты, құ гой. Сенің шешеңе сәлем беруге кетіп барады екен* (Ә. Нұрп., Сең, 341).

АМАН-ТҰГЕЛСІЗ (Сем.: Ақс., Көкп.) аман-есендік білісу, амандық сұрау. *Бұл аудандардың өкілдері өзара амандасқанда «а м а н-т ұ г е л с і з» деп қол алысады* (Сем., Ақс.).

АМАШ (Шымк.: Мақт., Қызылқ., Арыс; Қарақ.) ағаш соқа. *Мұтән а м а ш п е н жер айдап жүр* (Шымк., Мақт.). *Бердібай сен бүгін ана жерге а м а ш т ы сал* (Қарақ.).

АМБЫ [АМБЫН] (МХР) басқару орнындағы лауазым, атақ. *Манчжурия-қытай әкімшілігінен Монголияның шеткі өлкелерінде отыргызган төрелерін «а м б ы н» деп атады* (А. Сарай, Рев. бұр. Монғ. қаз., 62). *1761-1762 жылдары Іле генерал мекемесі орнап, оган терістік а м б ы л а р ы н басқаратын Үрімжі дутыңы, Тарбагатай мен Іле а м б ы с ы н ы ң кіші әкімдері, оңтүстікте Қашқаридың кеңесші а м б ы л а р ы түгел қарайтын болды* (С. Тәу., Ақыр Жән., 237).

АМБЫР (Өзб., Ташк.) тістеуік.

АМЫРАҚ (МХР) үйір, әуес, құмар. *Жалгызга жау қандай а м ы р а қ, өзін өлтіріп, оны-мұнысын олжалап әкетеді* (М. Құрман., 202). *«Арамза» дейтін ол саяқ қойларды. «Арамзаның құйрығы бір тұтам», «Саяққа жітік а м ы р а қ» деген рас* (М. Құрман., 200). *Осындай пигыл болган соң, Құдайга қайтіп жагамыз? Сарт, дүнгенге а м ы р а қ, Қатын, бала-шагамыз* (Ақыт, 21).

АНА БОЛУ (Орал, Жән.) біреуді көп ойлап, көңілі бұзылып, ғашық болу. *Бозекең ақ кемпірге а н а б о л ы п жүр* (Орал, Жән.).

АНА ЙАҚ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.; Жезқ., Ұлы.) ана жақ. *А н а й а қ т а г ы біздің үй* (Қ.орда, Сыр.). *А н а й а қ т а отырганымызда болган еді* (Жезқ., Ұлы.).

АНАЙЫ[1] (Жамб., Шу) оқымаған, қараңғы. *Әкеңіз а н а й ы адам еді, сол сияқты болма деп маган урыса бастады* (Жамб., Шу).

АНАЙЫ[2] (Орал, Жән.; Қ.орда, Арал; Рес., Орын.) арнайы, ерекше, әдейі. *Исатай көпке басшы болуга лайық а н а й ы туган адам екен* (Орал, Жән.). *Мен конторга сізді ізден а н а й ы келіп ем* (Қ.орда, Арал). *Комсомолда жоқтарды комсомолга тарту үшін комитет составынан а н а й ы кісі бөліп, БЛКЖС-тың устав, программасымен таныстыруда* (*«Қ. ту»*, №84, 1938). *А н а й ы ізден келгеніңде біраз айтып берейін білгенімді* (Рес., Орын.). *Өлеңді қоя бердім ал дегенге, Несіне тоқталайын жар дегенге. А н а й ы той дегенге келдім ізден, Осында бір-екі ақын бар дегенге* (Рес., Орын.).

АНАҚЫ-МАНАҚЫ (Жамб., Қорд.; Алм.: Нар., Жам., Кег.) ондай-мұндай, анау-мынау. *Ол а н а қ ы-м а н а қ ы деп жөнді жауап бермеді* (Жамб., Қорд.). Монғолия қазақтарында *ананқы-мынақы*.

АНАҚ-МҰНАҚЫ (Алм., Кег.) анау-мынау. *Жәкен, сен базарга барып, қонақтардың чайына салатүгын а н а қ-м ұ н а қ ы әпкелгін* (Алм., Кег.).

АНА МАЛ (МХР) ұрғашы мал. *А н а м а л д ы ң өз ұрпагына және басқаның ұрпагына қарауы алуан түрлі* (*«Үгітші»*, 1987, №3, 25).

АНАН-МҰНАН (Алм., Жам.) одан-бұдан. *Ел а н а н-м ұ н а н жиылып, теңіздей толқыды* (Алм., Жам.).

АНАР[1] (Алм., Шел.) ажар, көрік. *А н а р с ы з әйел* (Алм., Шел.). *Мынау адамның көзі түсетін а н а р қыз екен* (Алм., Шел.).

АНАР[2] (МХР) пәле. *Құмармен ерегесіп, аңгалдықпен а н а р г а ұрынды білем* (М. Құрман., 81).

АНАУІР (Алм., Ұзын.) ана бір.

АНДА (Сем., Шұб.) дос, жолдас. *Бейтаныс жігіттер білісе келе а н д а болады* (М. Маг., Алас., 109).

АНДАҒАЙ (КХР) бөкеннің бұқасы.

АНДАҚ-МҰНДАҚ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Арал; Алм., Шел.; МХР) ондай-мұндай. *А н д а қ-м ұ н д а қ шаруам болып, қалага бара жатырмын* (Қ.орда, Сыр). *Айтсаң турасын айтқын, а н д а қ-м ұ н д а г ы ң н ы ң керегі жоқ* (Алм., Шел.).

[Туваша *ындыг, мындыг* тұлғалы сөздер *сондай, ондай* магыналарында қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 576); үйг. *андақ-мундақ* ондай-мұндай (Уйг.-рус. сл., 1961, 18); өзб. *андоқ* сондай, *мундоқ* бұндай (Узб.-рус. сл., 1959, 35, 271); хак. *андаг-мындаг* ондай-мұндай (Хак.-рус. сл., 1953, 26); саха. *оннук, маннык* сондай, ондай (Рус.-як. сл., 1968, 632); алт. *андак* сондай (Н. Бас., ДК, 201). Ертедегі түркі сездіктерінде *антег* сондай (Э. Надж., ИСТЯ, 241); *андаг, мундаг* ондай, сондай (С. Мал., ПДП, 358, 401), *андаг, антаг* сондай (ДТС, 44, 45)].

АНДАҚ-МҰНДАҚТА (Гур.: Шевч., Манғ., Бақс.) анда-санда. *А н д а қ-м ұ н д а қ т а келіп тұр* (Гур., Шевч.).

АНДАҚ-МЫНДАҚ (Гур., Бақс.) ондамұнда. *Басың бос болса а н д а қ-м ы н д а қ жүре берер едік* (Гур., Бақс.).

АНДАМА-ДІЛМАЛА (Қ.орда: Қарм., Сыр.) үй сылайтын темір қалақ. *А н д а м а-*

д і л м а л а с ы з-а қ сылаушы ек, бұл күнде бұнсыз үй сыламайды (Қ.орда, Қарм.).

АНДАҒАЙЛАУ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Қаз.) жабыла, ентелеп қарау. *Осы каналға су жіберерде а н д а ғ а й л а п көргелі тұрған адам өте көп болды* (Қ.орда, Сыр.). *Адамдар а н д а ғ а й л а п тұрған көріп, Тұрғызып ә дегенше алды келіп* (Рүс. дас., 115). 2. (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) топтану. *А н д а ғ а й л а п қырдан төрт-бес кісі шыға келді* (Қост., Жанг.). *А н д а ғ а й л а м а й бытырап-бытырап кетіңдер* (Жезқ., Ұлы.). *Бұлар аттың басын жіберген кезде, а н д а ғ а й л а ғ а н қара шу ете түсті* (Б. Майл., Шығ., IV, 129).

АНДАЙ-ПЫНДАЙ (Алм., Кег.) андай-мұндай. *Айтсаң, турасын айт, а н д а й-п ы н д а й ы ң н ы ң керегі жоқ* (Алм., Кег.).

АНДАТ (Қост., Об.) қу. *Әлгі біздің а н д а т қайда жүр, шақыршы мұнда* (Қост., Об.).

АНДАУ (Қ.орда, Қарм.; Жезқ., Ағад.) қаптау, көбею. *А н д а ғ а н үйдің ішінде неден қорқасың* (Қ.орда, Қарм.). *Бір кезде аяқ астынан шу көтеріп, аралар а н д а п қоя берді* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 70).

АНДРЕЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ (ҚХР) көп дүние, таусылмайтын байлық. *Ей, қарағым, шетінен ала беретін андағы А н д р е й д і ң қ а з ы н а с ы емес, андағы есебі бар үкіметтің мүлкі* (ҚХР).

АНДУА (Шығ. Қаз., Зайс.) үй сылайтын темір қалақ. *Өзің үй сылауға келіп, а н д у а ң д ы тастап кетіпсің* (Шығ. Қаз., Зайс.).

[Өзбекше *андава* (Узб.-рус. сл., 1959, 34)].

АНДЫЗ (Гур., Есб.; Орал, Қара.) өсімдік түрі. *А н д ы з д ы жылқы керім жейді* (Гур., Есб.). *Атыңның сулығына а н д ы з байла, ыстығы тарқайды* (Орал, Қара.).

[Қырғызша *антыз* (К. Юд., КРС, 58); түр. *андыз* (Тур.-рус. сл., 1977, 55). Түркі тілдерінің жазба ескерткіштерінде *андуз* (ДТС, 1969, 47)].

АНДЫЗ-АНДЫЗ (МХР) алшақтатып, сапасыз кектеп тігу. *Күпінің сөгілген қолтығын а н д ы з-а н д ы з тіге саптым* (МХР).

АНДЫЗДАУ (Шымк.: Түлк., Сайр.) озып шығу. *Ахмет а н д ы з д а п келеді* (Шымк., Сайр.). *Қырандар көкте сарылған, А н д ы з д а п өрген өзендер, Сапырып сайдан арылған* (Н. Байғ., Таңд шығ., 426).

АНДЫЗДАП СУАРУ (Қ.орда, Шиелі) егістік жерді тегіс суару.

АНЖАР (Қарақ.) өнжір.

АНЖЫ[1] (Шығ. Қаз., Тарб.) жауырға өткізетін қыл. *Бұрын жауыр жылқының жарасынан а н ж ы өткізетін өдік* (Шығ. Қаз., Тарб.). Қ. **өнжі.**

АНЖЫ[2] (Жамб., Шу) күйысқан байлайтын темір.

АНИЖАН ЖАУЛЫҚ (Түрікм.: Таш., Мары) басқа тартатын үлкен жібек орамал. *Мынау а н и ж а н ж а у л ы ғ ы бар Шахидың әйелі* (Түрікм., Таш.).

[Ұйғырша *андижан* үйғыр руларының бірі (Уйг.-рус. сл., 1961, 16)].

АННАН (Орал, Казт.) ана жақтан. *Сенің ауырғаныңды а н н а н естіп келдім* (Орал, Казт.).

АНСАН (Өзб., Ташк.) оңай. – *Мұның дауасы а н с а н: бір үлкенірек мышықты* (к.) *тауып, сулап жұтасың, – деді* (Өзб., Ташк.).

АНСАТ ЕМЕС (Қ.орда, Қарм.) оңай, жеңіл емес. *Қартайғанда шөп шабу бізің үшін а н с а т е м е с* (Қ.орда, Қарм.). Қ. аңсат.

АНТЕК-ТАНТЕК (Қарақ.) әлтек-тәлтек. *Оның мені а н т е к-т а н т е к еткісі келеді* (Қарақ.).

АНТ КӨТЕРУ (МХР) серт беру, ант беру. *Және әскерлер а н т к ө т е р і п т і ғой* (МХР).

АНЧА-МҰНЧА (Алм.: Шел., Кег.) аздыкепті. *Қолымызда а н ч а-м ұ н ч а малымыз бар* (Алм., Шел.).

[Ұйғырша *анчә-мунчә* (Уйг.-рус. сл., 1961, 18); хак. *анча-мынча* азғана, азын-аулақ (Хак.-рус. сл., 1953, 27)].

АНШЫҚ (Қарақ.) топса. *Қапының а н ш ы ғ ы сынып кетіпті* (Қарақ.).

АНЫҚЫ-МЫНЫҚЫ (Гур., Маңғ.) анау-мұнау. *А н ы қ ы-м ы н ы қ ы дегенді қой да, тез жұмысқа бар* (Гур., Маңғ.).

АНЫ-МҰНЫ (Сем.: Абай, Шүб., Көкп.) оны-мұны. *Есіман қалаға барып, а н ы-м ұ н ы алып қайтыпты* (Сем., Көкп.).

АНЫСЫН-МҰНЫСЫН (Гур., Маңғ.) онысын-мұнысын. *Бізге кім айтса да бәрі бір, а н ы с ы н-м ұ н ы с ы н тексермейміз. Бар деген жұмысқа жүре береміз* (Гур., Маңғ.).

АҢ[1] 1. (Шымк.: Қызылк., Сайр.) шұңқыр, жыра жер. *Белбұлақ деген жерде а ң көп* (Шымк., Қызылқ.). *Кейбір а ң н ы ң ұзындығы бір километрге дейін барады* (Шымк., Қызылқ.). 2. (Шымк., Түлк.) аңыз жер, егіндік жердің орны. *Малды а ң г а жай* (Шымк., Түлк.).

АҢ[2] (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары; ҚХР) ес, ақыл, пайым, түйсік. *А ң ы ң қайда сенің?!* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *аң* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *онг* (Узб.-рус. сл., 1959, 304); қарақ. *аң* (Карак.-рус. сл., 1958); қырғ. *аң* (К. Юд., КРС, 58); түр. *аны* (Тур.-рус. сл., 1977, 55); ұйғ. *аң* (Уйг.-рус. сл., 1961, 26); чув. *аан* (Чув.-рус. сл., 1985, 51). Түркі жазба ескерткіштерінде *анг* (Э. Надж.,

ИССТЯ, 247); *аң* (Ат-тухфа, 267); *аң* (А. Курыш., ИЛТАС, 85); *аң* (С. Мал., ПДП, 359)].

АҢ[3] (Қ.орда: Арал, Қарм.) сақ. *Мундай колхоз жұмысын бетімен кетіргіштерге а ң болыңдар* (Қ.орда, Арал).

АҢ[4] (Түрікм., Красн.) жол үстіне кесе көлденең түрып қалған қар. *Тақыр теп-тегіс болса да жолдың әр жер-әр жеріне а ң түрып қалады* (Түрікм., Красн.).

АҢ[5] (Шымк., Түлк.) аңыз.

АҢАЗА[1] (Қост.: Жанг., Аман.; Гур., Маңғ.) аңыз. *Басыгараның Қанапиясы жөнінде ел ішінде а ң а з а көп* (Қост., Жанг.). *Өтірікшынын кім білген, осылай деген бір а ң а з а сез бар* (Гур., Маңғ.).

[Қырғызша *аңаза* (К. Юд., КРС, 58)].

АҢАЗА[2] (Шымк., Мақт.) аңызақ, ыстық жел.

АҢАЗАҚ (Ақт., Байғ.) аңызақ. *А ң а з а қ, қуаңшылық жапан даланың жартусыз өсімдіктерін қуратып жіберетін* («Соц. ауыл», 1940, №90).

АҢАРУ (Орал, Жән.) есі кетіп, түрып қалу. *Ол қорыққаннан а ң а р ы п қалды* (Орал, Жән.).

АҢ БОЛУ (Қ.орда, Арал; Түрікм.: Таш., Ашх., Тедж., Мары) ескеру, байқау, сақ болу. *Колхоз жұмысына селқос қараудан а ң б о л ы ң д а р* (Қ.орда, Арал). *Үйде сондайга а ң б о л ы п істемелі* (Түрікм., Тедж.).

АҢҒА ҚҰНАР (Тау., Қош.) аңға құмар.

АҢҒАЛАҚ[1] (Қ.орда: Сыр., Жал.; Рес., Орын.; Орал, Жән.) көздің аясы, шарасы, түрған орны. *Қартайган адамның көзі а ң г а л а г ы н ы ң ішіне қарай еніп кетеді* (Қ.орда, Сыр.). *...кепкіні тізесіне кептеп кигізді, мықтап есінеп алып, қол орамалын суырды, езу ушын, көз а ң г а л а г ы н ы ң алдын сипады* («Жұлдыз», 1986, №4, 85).

АҢҒАЛАҚ[2] (Гур., Маңғ.) ортасы ойыс зат. *А ң г а л а қ келіге түйген құрлы да тарының жартысы далага шашылып болады* (Гур., Маңғ.).

АҢҒАЛАҚТАЙ-АҢҒАЛАҚТАЙ (Орал: Жымп., Чап., Шыңғ., Қара.) үңірейген-үңірейген. *А ң г а л а қ т а й-а ң г а л а қ т а й екі құдық...* (Ғ. Сл., Ж. тау, 228).

АҢҒАР[1] (Орал, Фурм.) аран, ауыз. *Оның қарны ашып, а ң г а р ы ашылып келді* (Орал, Фурм.).

АҢҒАР[2] (Ақт., Ойыл) сезім, түсінік, зейін. *Ол кісінің а ң г а р ы өте күшті* (Ақт., Ойыл).

АҢҒАРЛАУ (Тау., Қош.; Сем.: Абай, Шүб.; Шығ. Қаз., Больш.) байқау, аңғару. *Ол домбырасын а ң г а р л а п шертеді* (Тау., Қош.).

[Түркі жазба ескерткіштерінде: *аң* түсіну, ұғыну (А. Бор., ЛСТ, 55); *аңа* түсіну, ұғыну (ДТС, 46); Шыңжан үйғ. *аңла* тыңдау, түсіну (С. Мал., УНС, 941); чув. *аанла* түсіну (Чув.-рус. сл., 1985, 52)].

АҢҒАРЛЫ (Алм., Еңб. қаз.) аңдайтын, білетін. *Осы жігіт а ң г а р л ы гой* (Алм., Еңб. қаз.).

АҢҒАРЫ (Сем.: Абай, Шүб.; Тау., Қош.) шамасы, ыңғайы. *А ң г а р ы осы жұмысқа сізді орналастырғысы келеді* (Сем., Абай). *Жүсіптің даусы ышқындыра тұскендей боп, ірі адымдап Өмірбек өзінің а ң г а р ы н а құлады* (Б. Майл., Шығ., IV, 251).

АҢҒАРЫ АШЫЛУ (Қост., Жітік.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид.) араны ашылу. *Қымыздан кейін а ң г а р ы м а ш ы л ы п сала берді* (Қост., Жетік.). *Сенің а ң г а р ы ң неге а ш ы л ы п отыр* (Гур., Маңғ.). *Кешелі бері тамақ ішпегендіктен бе, менің а ң г а р ы м а ш ы л ы п кетті* (Түрікм., Небид.).

АҢДАЛАҚТАУ (Алм., Кег.) аңғалақтау. *А ң д а л а қ т а п жүрген бүркіт тұлкіні ұстап қала алмады* (Алм., Кег.).

АҢДЫЗ-АҢДЫЗ (Алм., Кег.) бытыраңқы. *Малдар а ң д ы з-а ң д ы з келе жатыр* (Алм., Кег.).

АҢЗА (Қост., Затоб.) аңыз, әңгіме. *Басыгараның Ханапиясы туралы ел ішінде а ң з а коп* (Қост., Затоб.).

АҢ-ЗАҢ (Гур., Маңғ.) аң-таң. *Неменеге а ң-з а ң болып отырсың?* (Гур., Маңғ.).

АҢКӨС (МХР) аңға құмар. *.. жай бір а ң к ө с адамдар... жүні жетілмеген суырды аулап, ...жоспар орындау мақсатымен... болган* («Ж. өмір», 11.08.1983).

АҢ ҚАҒУ (Сем.: Абай, Шүб.) аң аулау. *Мен ол кезде а ң қ а г у ш ы едім* (Сем., Абай).

АҢҚАҚ (Қ.орда, Арал) аңқау.

АҢҚАЛАҚТАУ (Алм., Шел.) сасқалақтау. *А ң қ а л а қ т а п жүрген бүркіт тұлкіні ұстап қала алмады* (Алм., Шел.).

АҢҚА-САҢҚА БОЛУ (Жамб., Жам.; Гур., Маңғ.) алқам-салқам болу. *Ол а ң қ а-с а ң қ а б о п тығылды* (Жамб., Жам.). *...кебеженің алдында үйреншікті орнында енесі жатыр екен. А ң қ а-с а ң қ а. Тесірейген екі жанарда гана тіршілік нышаны бар* (Ә. Кекіл., Құс қан., 99).

АҢҚАУСЫЗ (Жамб., Жуа.) қапылыста, аңдаусыз. *А ң қ а у с ы з жатқанда басып қалган* (Жамб., Жуа.).

АҢҚАЮ (Гур., Маңғ.) кобею. *Жәрдемге мал келгенде үй басына 7-8 жандықтан лықытып еді, 4-5 жылдықта-ақ малымыз а ң қ а й ы п шыга келді* (Гур., Маңғ.).

АҢҚИТТАУ 1. (ҚХР) суырдың үруі. 2. құлаққа маза бермеу. *Ай, суырдың айғырындай а ң қ и т т а ғ а н неме!* (ҚХР).

АҢҚУ[1] (Ақт., Ойыл) ашық, айқын. *Патепонның даусы а ң қ ы п шықты* (Ақт., Ойыл).

АҢҚУ[2] (Алм., Жам.) жөнелу, аңқылдау. *Алға қарап а ң қ ы л ы ң* (Жамбыл).

АҢҚЫ (Гур., Есб.) аңқау. *Бейсанғали деген а ң қ ы кісі* (Гур., Есб.).

[Тофаларша *аамай* ашық ауыз (В. Расс., ФЛТЯ, 157); хак. *аньмай* ашық ауыз, аңқау (Хак.-рус. сл., 1953, 28). Дүние жүзіндегі көптеген тілдерде *«аңқы»* түлғалы сөз *«ашық ауыз»* магынасында қолданылады (В. Илл.-Св., ОСНЯ, 1971, 244); монг. *ангайх* ашу, аңқаю, аңқиып қалу (Монг.-қаз. соз., 1954, 24)].

АҢЛАУ 1. (Жамб.: Шу, Сар.; Алм., Іле) аңдау. *Алыстағы жауыңнан, а ң л а п жүрген дос жаман* (Жамб., Шу). *А ң л а м а й сөйлеген, ауырмай оледі* (Алм., Іле). *Ондай жағдайда Рысқұлөөқа бір таяқ тиерін де а ң л а ғ а н д а й еді* (Ш. Мүрт., Жүлд. көп., 211). *«Тілі екеудің діні екеу» деген сөз бар, А ң л а м а й бұзып алма дініңді адам! Алал жүріп еңбек ет, әрекет қыл, Қарсы келмей ұғып ал мұнымды адам* (Ақыт, 23). 2. (Ауғ.; Ир.) түсіну, аңғару, байқау. *Дәрісіңді а ң л а д ы ң ба, балам* (Ауғ.).

АҢЛАУСЫЗ (Көкш.: Руз., Зер.) аңдаусыз. *Кушеков жолдас коммунистік тәрбиені бұрмалап, а ң л а у с ы з наданның ісін істеп жүр* (Көкш., Зер.).

АҢЛУ (Алм., Шел.; Қар., Шет) аңду. *Тасқа тығылған тұлкіні қанча а ң л ы с а қ та, чыға қоймады* (Алм., Шел.). *Қасқырды қарамайды біздей а ң л ы п, Кетсе де малын қырып, басын даң ғып* (Қар., Шет).

АҢЛЫСУ (Жамб., Шу) аңдысу. *Адасқан ер, а ң л ы с қ а н елді тұзеп, басшылық еткен үлгі ісін айтар* (Жамб., Шу).

АҢСАСЫ АУУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) аңсары ауу. *Ашықтық дейсің бе, а ң с а с ы а у ы п кетті де* (Түрікм., Таш.).

АҢСАСЫ ҚҰРУ (Гур., Маңғ.) аңсары ауу. *Аңнан келе жатсам, жолда а ң с а с ы қ ұ р ы п тұр екен, бір текені соған тастап кеттім* (Гур., Маңғ.).

АҢСАТ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Тедж., Мары) оңай, жеңіл. *Ісің онша а ң с а т емес* (Түрікм., Красн.).

[Түрікменше *аңсат* (Рус.-туркм. сл., 1956, 286); қарақ. *аңсат* (Карак.-рус. сл., 1958); *асан* (парсыша асат, ансат) жеңіл (В. Рад., Опыт., I, 536); әзірб. *асан* (Азерб.-рус. сл, I, 1962, 148); түр. *асан* (Тур.-рус. сл., 1977, 67); үйғ. *асан* (Уйг.-рус. сл., 1961, 21); өзб. *осон* (Узб.-рус. сл., 1959, 308); чув. *ансат* (Чув.-рус. сл., 1985, 36). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де бұл түлғалас сөз «жеңіл, оңай» магыналарын береді: *асан* (А. Бор., ЛСТ, 61); *асан* (С. Мал., ПДП, 361); *асан* (ДТС, 59). Парсыша *асан* оңай, қиын емес, күрделі емес (Пер.-рус. сл., I, 1983, 71)].

АҢСЫЗ[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) ақылойы нашар, ессіз. *Бізбен бірге жүрген адамы а ң с ы з біреу екен, жөнді ешнәрсе айта алмады* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қырғызша *аңсыз* (К. Юд., КРС, 59); түрікм. *аңсыз* (Рус.-туркм. сл., 1956, 382); өзб. *онгсиз* (Узб.-рус. сл., 1959, 304). Ертедегі жазба ескерткіштерде *ангсыз* (Э. Надж., ИССТЯ, 247)].

АҢСЫЗ[2] (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.) аңдамай, аңдаусыз, байқаусыз. *Менің а ң с ы з ы м д ы қара, тіпті байқамаппын* (Қ.орда, Арал). *А ң с ы з отырғанда, не айтқанын да естімей қалыппын* (Гур., Маңғ.). *Бұл шабуыл немістерге а ң с ы з д а тас-табандатып соққан мықты соққы болды* (Ә. Нүрп., Курл., 441).

АҢСЫҚ (Түрікм.: Красн., Небид.) асық. *Сонда ол айтқан екен: сендер ешкі асығы – а ң с ы қ с ы н ы з д а р ғой, біз болсақ қара құйрықтың асығы – таңсықпыз* (к.) (Түрікм., Красн.).

АҢСЫҚ ОЙЫН (Сем.: Абай, Шұб.) қызба, таңсық ойын. *Дойбы деген бір а ң с ы қ о й ы н* (Сем., Абай). *Еш хұқықсыз жаралған пендеміз ғой. Әлде кімнің таңсығы мен а ң с ы г ы н басу үшін жасаған бір ойыншықпыз...* (Қ. Аман., Шығ., II, 430).

АҢШЫЛ (Сем: Абай, Шұб.; Тау., Қош.) аңшы кісі. *Бұл маңда а ң ш ы л кісілер көп-ақ* (Сем., Абай).

АҢЫЗ[1] (Қ.орда: Жал., Сыр., Қарм.; Сем.: Абай, Шұб.) тыңайтылған жер. *Биыл күріштің ылғи а ң ы з г а салдық, өнімді мол алуға тиіспіз* (Қ.орда, Жал.). *Бидайды екпестен бұрын жерді а ң ы з д а й м ы з. А ң ы з д а л ғ а н жерге астық жақсы шығады* (Сем., Абай).

АҢЫЗ[2] (Орал, Жән.) жел. *Ей, а ң ы з ғ а неге шықтың?!* (Орал, Жән.).

АҢЫЗА (Қост.: Об., Торғ.) аңыз.

АҢЫЗҒАҚ[1] (Сем.: Абай, Шұб.; Гур., Маңғ.; Рес., Орын.) аңызақ. *Жауын аз болып, а ң ы з ғ а қ жел соғып кетті* (Сем., Абай). *Бүгін күн а ң ы з ғ а қ, ұйткені мынау қызыл жел әрі ыссы, әрі күшті, құрғақ соғып тұр* (Гур., Маңғ.). *Жазды күні ыссық жел соғады, соны а ң ы з ғ а қ жел дейді* (Рес., Орын.).

АҢЫЗҒАҚ[2] (МХР) салқын. *...қарлы бұрқасын, а ң ы з ғ а қ жел соғып малдың күйін осалдатқандығын айта келіп, малшыларға*

жақсы қолғабыс көрсетіп, табысты... («Ж. өмір», 1.06.1983). *Елсіз, малсыз аңырaған Арқаның сар даласын а ң ы з ғ а қ жел кеулеп, күзгі суықтың аягы қысқы ақ қар, көк мұзға ұласты* (С. Төу., Ақыр Жән., 124).

АҢЫЗДАУ (Қ.орда: Жал., Сыр., Қарм.; Сем.: Абай, Шүб.) жерді тоңайту.

АҢЫ КЕТУ Қ. гәлләсі кету.

АҢЫЛАУ (Гур., Маңғ.) аңырау, ыңқылдау. *Сендей шыдамсызды білмедім, кішкентай бір жері ауырса болғаны, а ң ы л а п қоя береді* (Гур., Маңғ.).

АҢЫЛЖУ (Гур., Маңғ.) қаңырау, құлазу. *Ата қоныстың а ң ы л ж ы п иесіз қалғанына... жер үстінде тірі жүріп қайтып шыдайды* (Ә. Кекіл., Күс қан., 163).

АҢЫНА КЕЛУ (Қарақ.) есіне, ақылына келу. *Шежіреден білетінлер а ң ы н а к е л і п адам болды* (Қарақ.).

АҢЫННАН АЙЫРЫЛУ (Қарақ.) ес-ақылынан айырылу. *Шырапаямен бір ұрады, екінші ұрғанда а ң ы н н а н а й ы р ы л а д ы* (Қарақ.).

АҢЫРАЙМА[1] (Қарақ.) мал төлінің тұмсығына кигізетін құрал.

АҢЫРАЙМА[2] (Гур., Маңғ.) жазғы ыстықта түйенің бірнеше күн бойы оттамай, шөгіп жатып алатын кезі. *Қазір түйенің а ң ы р а й м а айы гой* (Гур., Маңғ.).

АҢЫРАЙМА[3] (Қарақ.) жазда болатын түйенің көмей құрт ауруы.

АҢЫРАУ (МХР) таңырқау.

АҢЫРУ[1] (Қ.орда, Қарм.) дем алу, тыныгу. *Бағана, тұсте де, а ң ы р м а г а н д ы қ т а н әбден шаршадым* (Қ.орда, Қарм.).

[Түрікше *арам* тыным, тыныш (Тур.-рус. сл., 1977, 61); үйг. *арам* (Уйг.-рус. сл., 1961, 19); өзб. *ором* (Узб.-рус. сл., 1959, 306); сары үйг. *амыр* тыныштық (С. Мал., ЯЖУ, 15); Шыңжаң үйг. *арам* (С. Мал., УНС, 94); пар. *арам* дамылдау, тыныштық (Пер.-рус. сл., I, 1983, 60)].

АҢЫРУ[2] (Қ.орда, Арал) тоқтау, бөгелу. *Олар осы тұстен кейін гана а ң ы р г а н шығар* (Қ.орда, Арал). *Мұнан басқа күніге шай, шекер, тауар дегеніңді а ң ы р м а й алып, жекжатына беріп отырады* («Екп. балықшы», №49, 1932).

АҢЫТ (ҚХР) қоқиқаз.

АПАҒАЙ (Жамб., Жам.) апа, бірге туған қыздардың үлкені. *Ол менің а п а г а й ы м* (Жамб., Жам.).

АПАЙ[1] (Алм., Шел.) төскей бет, үлкен сай, тау етегі. *Бір күні тауға чығып, а п а й д а н арқар атып алдым* (Алм., Шел.).

АПАЙ[2] (Көкш.: Щуч., Еңб.) ашық дала, дала. *Малды а п а й г а жаю керек* (Көкш., Шуч.).

АПАЙ[3] (МХР) әкесімен бірге туысқан әйел адам.

АПАЙ ТАПТЫРМАУ (Қост., Жанг.) ес жинатпау. *А п а й т а п т ы р м а й д ы деген сөз – біреуден бір нәрсе сұрай келгенде, берушінің есін шығарып, алмай қоймау* (Қост., Жанг.).

АПАЙ-ТОПАЙ[1] (Талд.) жылдам, тез. *Жұмысымызды а п а й-т о п а й істедік* (Талд.).

АПАЙ-ТОПАЙ[2] (Шымк., Шәу.; Алм., Жам.; Талд.) жапа-тармағай. *Мен а п а й-т о п а й бітсін деп ойладым* (Шымк., Шәу.).

АП-АЙЫҚ (МХР) ап-ашық, бұлтсыз. *Өлгий аспаны әдеттегідей а п-а й ы қ. Талма тұс ауа бастаған мезет* («Ж. өмір», 21.07. 1986).

АПАҚЫЗ (Ауғ.; Ир.) бойжеткен қыз.

АПАЛАС-ТОПАЛАС (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР) жедел, тез. *Осы хабарды естісімен, олар а п а л а с-т о п а л а с қашты* (Тау., Қош.). Қ. апалас-төпелес.

АПАЛАС-ТӨПЕЛЕС (МХР) жедел, тез. *А п а л а с-т ө п е л е с кетіп қалды* (МХР). Қ. апалас-топалас.

АПАЛЫҚ (Шығ. Қаз., Больш.) қорған соғатын қалып. *Мынау үлкен а п а л ы қ екен* (Шығ. Қаз., Больш.).

АПАНАТТАЙ-КЕНЕПАТТАЙ (Қарақ.) үлкен, зор.

АП-АНСАҢ (Қ.орда, Қарм.) оп-оңай. *Менің аялым ұл баланы а п-а н с а ң-а қ тауып алды гой* (Қ.орда, Қарм.).

АПАРА (Сем.: Мақ., Аяг., Үрж., Акс.; ҚХР) ашытқы. *А п а р а қоймай, нан ашымайды* (Сем., Үрж.). *А п а р а табыла ма?* (ҚХР). *Қамырға а п а р а қойып ашытамыз* (Сем., Үрж.). Орысша *опара.*

АПАРУ 1. (Түрікм.: Ашх., Таш., Красн.) жүргізу. *Съезд жұмысын 26/11-дан 2 мартқа дейін а п а р д ы* («Қарабұғаз.», 8.03.1937).

[Өзбекше *олиб бормақ* түрінде кездеседі (Рус.-узб. сл., 1954)]. 2. (Түрікм., Таш., Мары, Ашх.) салу. *Мектеп оқушылары да жекеге жігер а п а р ы п атыр* (Түрікм., Мары).

АПА-САПА (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары) тынышталу, жайғасу. *Той сауылып* (к.), *а п а-с а п а болғансын да, екеуі кермарласа* (к.) *берді* (Түрікм., Таш.). *А п а-с а п а боп, марқұмды жерлеп қойған соң, әлгі жайды абысыны енесіне айтты* (Ә. Кекіл., Үркер, 6).

АПА-ТАПА (Сем.: Кокп., Ақс.) тасталқан. *Мен бұл жағдайды білмедім гой, әйтпегенде оның сөзбен а п а-т а п а с ы н шығаратын едім* (Сем., Кокп.).

АПАШ-ҚҰПАШ (Шығ. Қаз., Больш.) асығыс, апыл-ғұпыл. *А п а ш-қ ұ п а ш т а мойын*

қөйга бәрі жарайды деп, төлдің жемін тией салыпты («Жұлдыз», 1986, №4, 95).

АП ДЕУ (Қост., Жанг.) ә дегенде, алғашқыда. *А п д е п мал бере бастағанда бір колхоздан көп мал келді* (Қост., Жанг.).

АПЕКЕ (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем.: Үрж., Мақ.) апа. *Күлзияның а п е к е с і Алматыда оқиды* (Шығ. Қаз., Зайс.). *А п е к е ң і з гой білерсіз, неше жаста, тәте?* (Сем., Мақ.). Қ. әпеке, әпше.

АП ЕТКЕНДЕ (МХР) ә дегенде, бірден. *...жолаушының көзіне әрдайым а п е т к е н д е іліге кететін, бет-аузын шаң-топырақ басып, жүдеп-жадаған ыдыс-аяқ көрінбейді* (М. Құрман., 222).

АП КЕТУ (Алм., Шел.) алып кету. *Сонда құла биемді де байлар тартып а п к е т т і* (Алм., Шел.).

АПКЕШ Қ. әпкеш[1].

АПҚА-САҚПА БОЛУ (Жамб., Жам.) алқам-салқам болу. *Оның денесі а п қ а-с а қ п а б о л ы п т ы гой* (Жамб., Жам.).

АППАЗЫ (Гур., Маңғ.) 20 тиын. *Бір а п п а з ы дегеніміз 20 тиын болады* (Гур., Маңғ.).

АПСАҒАЙ (Қост.: Об., Торғ., Жанг.; Қар.) қапсағай, еңгезердей, ірі (адам жонінде). *Ол еңгезердей а п с а ғ а й жігіт* (Қост., Об.). *Сіздің үйге а п с а ғ а й үлкен біреу келді* (Қост., Жанг.). *Аман оның а п с а ғ а й денесіне, ашық мінезіне, еңбек сүйгіштігіне сүйсіне қарап, сөйлете берді* (F. Мұст., Дау. кейін, 381).

АПСАР-ЖАПСАР (Алм., Шел.) *Ет а п с а р-ж а п с а р д а тур* (ұрылар сөзі).

АПСИЮ (Сем.: Абай, Шүб.) сапсию.

АПТАЙ (Рес., Омбы) апа, әпке. *Менің үлкен а п т а й ы м Алматыда оқиды, келер жұмада келіп қалатын шығар* (Рес., Омбы).

АПТАП ЖЕЛ (Гур., Шевч.) аңызақ ыстық жел.

АПТАПТАУ (Гур., Маңғ.) ыстықтау.

АПТАУ (ҚХР) қорқып, шошынып ауырғанда жасайтын ем-дом, ырым. *Жолығып тоскауылда баптаған Күн, Жүректі топырақпен а п т а ғ а н күн* (Таңжарық Жолдыұлы).

АПУ ЕТУ (Орал: Жымп., Шыңғ., Чап.) ғапу ету. *Есіңізді ұмытып қалдым, а п у е т і ң і з, кім еді?* (Орал, Жымп.). *А п у е т і ң і з, ұят болса да түсіндірейік* («Қ. ту», 20.02.1937).

[Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *афу* кешіру (ДТС, 16). Арабша *ғафу* кешіру; жазадан арылу (Ар.-рус. сл., II, 1970, 672)].

АПЧУ (МХР) апшу.

[Монғолша бұл магыналы сөз *авчих, агчих* түлғаларында айтылады (Қаз.-монғ. сөз., 1977, 28)].

АПШУШЫЛЫҚ (Гур., Маңғ.) ренжу, ашулану. *Бізде бала деген сөзге ішқандай а п ш у ш ы л ы қ болмайды* (Гур., Маңғ.).

АПШЫҚҚАНДАЙ (Рес., Сарат.) ірі, үлкен. *Бұрын а п ш ы қ қ а н д а й кісілер барып, малын тартып әкететін* (Рес., Сарат.).

АПШЫМАУ (Гур., Маңғ.) ренжімеу, ашуланбау. *Біздің елде өзінен бір жасы кіші адамды бала деп айта береді, бала деп айтқанга жігіттер ішқандай да а п ш ы м а й д ы* (Гур., Маңғ.).

АПЫРАҚТАУ (Қост., Семиоз.) сасу, асығу. *Мынаның өзі нағып а п ы р а қ т а п жүр* (Қост., Семиоз.).

АПЫШҚА (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) терезе желдеткіші. *А п ы ш қ а д а н жел есіп тур* (Түрікм., Тедж.).

АРАБА (Жамб.: Мер., Луг., Қорд.) арба. *Ат а р а б а г а үйренбеген* (Жамб., Мер.).

АРА БАҚАЙ (Гур., Маңғ.) түйенің топайы, бақайы. *Балалар а р а б а қ а й м е н де ойнайды* (Гур., Маңғ.).

АРАБЕК Қ. әребек.

АРАБЫ КІЛЕМ (Рес., Орын.) түксіз кілем. *А р а б ы к і л е м кіл түйе жүнінен жасалады. А р а б ы к і л е м н і ң арқауы жүннен болады* (Рес., Орын.).

АРАБЫ ҚОЙ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр., Шиелі) құйрығы ұзын қой. *А р а б ы қ о й д ы ң кейбіреулерінің жүні тығыз болады* (Қ.орда, Қарм.). *Бағып отырған малымның көбі а р а б ы қ о й* (Қ.орда, Жал.).

АРАҒЫРАҚ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) әрегірек.

АРАЗСЫМАЛ (Алм., Ұзын.) араз, қырғи қабақ. *Ол менімен а р а з с ы м а л* (Алм., Ұзын.).

АРАЙ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) береке; маза. *Мынаны қарашы, қонақтың а р а й ы н алды* (Түрікм., Таш.).

[Өзбекше *ором* тыныштық (Узб.-рус. сл., 1959)].

АРАЙЛАС (Қарақ.) аралас-құралас. *Ауыл а р а й л а с, шаруа а р а й л а с өскен жігіттеріміз* (Қарақ.).

АРА КІНДІК (ҚХР) әр кезде, кейде. *Кенжегазы бұл адаммен жиын-төптарда а р а к і н д і к бірге болганымен, іштесіп, сыр шертісіп көрген емес* (F. Қан., Бүрк., 24).

АРА ҚОСПАҚ (Қ.орда, Қарм.) атасы – таза бура, енесі – мырза қоспақ інгендері болып келетін, өркеш аралығы айырдан гөрі әлдө де қоспаққа тән будан түйөнің айырға ауа бастаған, сіңірө будандастырудың төртінші, кезек будандандастырудың бесінші ұрпағы. *Бұл Гурьев, Ақтөбе облыстарында «бір орамы кем*

айыр қоспақ» делінсе, республикамыздың оңтүстігінде «а р а қ о с п а қ» делінеді (Қ.орда, Қарм.).

АРАҚ САБЫН (Өзб., Там.) иіс сабын. Мұны *әтір сабын* деп те атайды. Өзбекстандағы қазақтардың бәрінде кездеседі.

[Өзбекше *ироқи совун* (Узб.-рус. сл., 182); тәж. *собуни ироқи* (Тад.-рус. сл., 166)].

АРАҚ-САРАҚ (Гур., Маңғ.) арақ-марақ.

АРАҚТАП ЖІБЕРУ (Гур.: Мақат, Шевч.) арақ ішкізу. *Сәлім оларды а р а қ т а п ж і б е р і п т і* (Гур., Шевч.).

АРАҚЫ (МХР) қолдан ашытылған арақ.

АРАЛА (Қ.орда: Сыр., Жал.; Жезқ., Ағад.; Көкш.: Щуч., Еңб.; Алм., Жам.) дәрінің бір түрі. *Суық тиіп ауырғанда а р а л а береді* (Қ.орда, Сыр.). *Аптектен суықтыққа ішетін а р а л а алып кел* (Алм., Жам.). *Бұрын суық тиіп ауырғанда а р а л а м е н емдейтін* (Көкш., Щуч.).

АРАЛАС ҚҰРАҚ (Өзб., Ташк.) бұл алма құрақ, кекілікқас құрақ, қаттама құрақ, тырнақ қатар, көз құрақтардың аралас келуінен түрады, яғни оларды бірінің түсін бірі ашатындай етіп, рет-ретімен жастыққа орналастырады.

АРАЛАСПА ЖЕМ (МХР) шопке әр түрлі нәрсе қосып дайындаған мал жемі. *«ҚДУ» машинасымен а р а л а с п а ж е м дайындайды* («Ж. өмір», 3.03.1987).

АРАЛАСУ (Қар., Шет) бәстесу. *Омар мен Оспан а р а л а с ы п еді, Омар ұтып шықты* (Қар., Шет).

АРАЛАУ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.; Орал, Казт.; Түрікм.: Таш., Конеүр.) арашалау. *Екі адам шатасып жатса, үшінші адам а р а л а п жібереді* (Қ.орда, Жал.). *Келінін а р а л а п алуы дұрыс-ақ* (Орал, Казт.). *Байқасақ, әлгі екеуінің қызыл тұмсық болатын түрі бар, дереу а р а л а п, ажыратып жібердік* (Түрікм., Таш.).

АРАЛЫҚ 1. (Орал: Жән., Чап.; Гур.: Маңғ., Тең.; Рес., Волг.) етік тіккенде қалып пен мұрынша (үстірт) арасына қағылатын сына ағаш. *А р а л ы қ қалып пен мұрыншаның арасына салынады* (Гур., Тең.). **2.** (Ақт., Қараб.) сына. *Балтаның басына а р а л ы қ қағу керек* (Ақт., Қараб.).

АРАМ (Қ.орда: Сыр., Жал., Қаз.) егіннің шықпай қалуы. *Судың тапшылығынан кейбір жеріміз а р а м қалды* (Қ.орда, Сыр.).

АРАМ АЙДАУ (Шымк., Арыс) жер қалдырып айдау. *Ол кейде егістік жерді а р а м а й д а й д ы* (Шымк., Арыс).

АРАМ ЖЕР (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) жер жыртылғанда соқа тісі тимей бүтін қалып кеткен жер. *Трактористерге а р а м ж е р қалдырмай айда деп үнемі айтам* (Қ.орда, Сыр.).

АРАМЗА (Сем., Аяг.; Жезқ., Ұлы.; Көкш.; Қар., Қарқ.; Жезқ. Ағад.) ерте туған қозы. Желтоқсан, қаңтар айларында туған қозы осылай аталады. *Көп қойдан а р а м з а туа береді* (Кокш.).

[Туваша *ырымза* әлсіз, жадау (Рус.-тув. сл., 1980, 652). Монғолиядағы қазақтар тілінде де ерте туған әлсіз қозыны *арамза* дейді (Қаз.-монғ. соз., 1977, 29)].

АРАМЗА БОТА (Қ.орда, Жаңақор.) түйеші немесе түйе иесі күтпеген жағдайда туылған бота. *«Шамасы, қысыр-ау, қайыған жоқ» деп жүрген түйесі боталап қалса, оның толін «а р а м з а» деп атайды* (Қ.орда, Жаңақор.).

АРАМЗА ЖЕТІМ БОТА (Қ.орда, Жаңақор.) жетім қалған арамза бота. *Ырағым, биыл бізден шұбат сұрамай-ақ қой, мына бір а р а м з а ж е т і м б о т а д а н жалғыз інгеннің сүті ауысар емес* (Қ.орда, Жаңақор.).

АРАМ ҚАЗАН (Гур.: Есб., Маңғ.) ауырып өлген малды көметін ор, шұңқыр. *Ау, ана түйеге қазатын а р а м қ а з а н ы ң д ы алысырақ қаз* (Гур., Есб.).

АРАМҚОРЛЫҚ (Шымк., Шәу.) арамдық. *А р а м қ о р л ы қ ойлайтын адам болатын* (Шымк., Шәу.).

АРАМ МҰРТ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) мұрын астындағы су ағар үстіне ғана қойылған кішкене мұрт. *Есенғалиың тортпақ а р а м м ұ р т ы бар жігіт шығар* (Түрікм., Красн.).

АРАМСАН (ҚХР) біреуге қиянат істеу аркылы тапқан ақша немесе зат. *Барма әлде ұрлап тыққан а р а м с а н ы ң* (Халық айтысы).

АРАМ ТАС (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.) кені алынған немесе кені жоқ керексіз тас. *Шырдаяқ өндірісінде а р а м т а с көп* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АРАМ ШАҚА (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) мақтаның пайдалы бұтақтарымен таласа өсетін, бірді-екілі мақта бермейтін онімсіз бұтақ. *А р а м ш а қ а л а р д ы да шырту оңай іс емес* (Түрікм., Тедж.).

АРАМЫРЗА (Жамб.: Мер., Шу) күйектен бұрын туған қозы. Бұны а р а м з а деп те атайды. Шу бойында бұл создің синонимі ретінде *кебе, дүбір* аяқ создері кездеседі.

АРАН[1] (Кокш., Қ.ту; Қар.) шөп, қиқоқырдан жасалған ашық қора. *Қыста а р а н малға суық болады* (Көкш., Қ.ту). *Оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған биік, ұзын кірпіш а р а н н ы ң ішіндегі жоңышқасы аралас*

көк бидайық, қоян жон мая таудай, қанша жесе таусылар емес (**Ғ.** Мұст., Дау. кейін, 169). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *аран* мал қора, ат қора (ДТС, 51).

[Сахаша *араңдас* дүкен, қойма; бур. *аранга* қалқан (үй алдындағы) (ССТМЯ, 1, 49)].

АРАН[2] (Ақт.: **Ы**рғ., **Ш**алқ.) атқора. *Ат а р а н д а тұр* (Ақт., **Ш**алқ.). *Езіліп жүрген халықты, Айдап тықты а р а н г а, Қарсы тұрған кісіні, Айдаттырды қамауға* (**Н. Б**айғ., Таңд. шығ., 171). **Б**ұл сез татар тілінің диалектісінде де кездеседі: *атны а р а н г а апқалы кирәк* (Диал. сузлек, 1953, 37).

АРАН[3] (Түрікм., Красн.) ойпаң жер. *Малды а р а н г а шіріп салдық та, ауылға келдік* (Түрікм., Красн.). *Жанарыс балалары а р а н г а қамап аулап алған құланның қызыл қуырдағына белшесінен бөгіп отырған Есеттің ауылында екі күн жатты* (Ә. Кекіл., Үркер, 269).

АРАН[4] (Қост., Жанг.; Гур., **Т**ең.) үкім, билік. *Сарбаздар жеңген соң, алашордашыларға менің а р а н ы м жүрді* (Қост., Жанг.).

АРАН[5] (МХР) қақпан.

АРАНҒА ҰШУ (Алм., Шел.) арандау, арандап қалу. *Үсен үйдегі кіші қыз а р а н г а ұ ш ы п қалмасын деп ойлады* (Алм., Шел.).

АРАНҒА ШАБУ (Ақт., **Б**айғ.) арандау. *Еуропадағы соғыс барған сайын а р а н г а ш а б у д а* (Ақт., **Б**айғ.).

АРАНЫ ЖҰРУ (Қост.: Об., **Т**орғ., Жанг.) айтқаны болу. *Оның бұрын а р а н ы ж ү р і п тұратын* (Қост., Об.).

АРАҢ (Қост., Фед.; Гур., Маңғ.) әрең.

[Қырғызша *араң* (К. Юд., КРС, 64); тув. *арай* (Рус.-тув. сл., 1980, 150, 280); тофа. *арай* (В. Расс., ФЛТЯ, 154); үйғ. *аран (ла)* (Уйг.-рус. сл., 1961, 19); өзб. *аранг* (Узб.-рус. сл., 1959, 37); хақ. *арай* (Хак.-рус. сл., 1953, 29); чув. *аран* (Чув.-рус. сл., 1985, 39); алтай. *арай* (Н. Баск., ДК, 202); монғ. *арай* (Монғ.-каз. сөз., 1954, 25); тұңғыс-маньчжур тілдерінде *аран, арқан* (ССТМЯ, 16, 48); сар. *аран* (Т. Пах., Сарык.-рус. сл., 1971, 12)].

АРАП ИТ (Қ.орда, Қарм.) иттің сағы, асылы. *Таудағы қойшылардың иті, а р а п и т і қой* (Қ.орда, Қарм.).

АРАП ПЕН САРАП (Гур., Есб.) арақ пен шарап.

АРАПШЫ (Гур., Маңғ.; Қост.: Жанг., Аман.) араға от салушы, арбаушы. *Бұл жолы қазақтардың өлгі а р а п ш ы н ы ң айтқанына едәуір ылығып қалған түрлері байқалады* (Ә. Кекіл., Үркер, 523).

АРАСАТ (Қ.орда: Қарм., Сыр.) қиындық, аласапыран. *Жұмыс арасында осы үйімді а р а с а т п е н бітірдім* (Қ.орда, Сыр.). *Сонау а р а с а т кезде сол үшін басын оққа байлаған сөлдатын сатып кеткен жоқ па еді* (**Т.** Ахт., Дала., 24).

АРАТ (МХР) малшы. *Программада өкімет билігін а р а т т а р төбының қолына беру... қоғамдық әр түрлі таптармен ...қалай байланыс жасау керек екені айтылады* («Ж. өмір», 17.01.1983).

АРБАГЕР (Қарақ.) ыңыршақ.

АРБАҒА ҚОСУ (Түрікм., Таш.) арбаға жегу. *Атты а р б а ғ а қ о с ы ң, тез жүрелі* (Түрікм., Таш.).

АРБАҒА ТҰСУ (Алм., Жам.) арбаға міну. *А р б а ғ а т ұ с і п баруға да болады ғой* (Алм., Жам.).

АРБАДАН БҰЗЫЛҒАН АТТАЙ (ҚХР) запы болу, үрей билеп алу, дүниеге шошына қарайтын болу. *Енді бір алуаны жазықсыз тепкі көріп, а р б а д а н б ұ з ы л ғ а н а т т а й дүниеге үркіп қарайтын болды* (**Ғ.** Қан., **Б**ұрқ., 269).

АРБА ЖІП (Тау., Қош.) кесте жіп.

АРБА ЗӘҢГІ (Қарақ.) арба айдаушының отыратын тақтайы.

АРБАКЕШ (Қост., Жанг.) арбаға жегілген келікті айдап отыратын адам. *А р б а к е ш деп, арбашы адамды айтады* (Қост., Жанг.).

АРБА ҚАМШЫ (Жамб., **Ш**у; **Ш**ымк., Мақт.) ұзын қамшы, шыбыртқы. *Үйден а р б а қ а м ш ы н ы әкелші* (Шымк., Мақт.).

АРБАЛАҚ (Қост., Аман.) шарық жіптің ағашы. *А р б а л а қ т ы жоғалтпа* (Қост., Аман.).

АРБАНЫҢ ДҰҒҰСЫ (МХР) арбаның дөңгелегі. *А р б а н ы ң алдыңғы д ұ ғ ұ с ы кішкене, артқы дұғұсы үлкен екен* (МХР).

АРБАНЫҢ ҚҰРСАҒЫ//КӨКІРЕГІ (Қарақ.) арбаның үсті.

АРБАНЫҢ ШЕНІ (Жамб., **С**ар.) арба дөңгелегінің темірі. *А р б а н ы ң ш е н і сынып қалыпты* (Жамб., **С**ар.).

АРБАҢ-ҚАРБАҢ (Қарақ.) асығыс қимыл.

АРБА СОҒУ (Қ.орда, Арал) арба жасау. *Өлген малдың өлімтігін көметін жерге алып бару үшін, ауыл кеңестері, қалалық кеңес те әдейі арнап а р б а с о қ т ы р ы п алуы керек* («Екп. балықшы», 1932, №23).

АРБАТАХТА (Қарақ.) арба айдаушының отыратын тақтайы.

АРБЫЗ (Көкш.: Щуч., Еңб.) қарбыз. *Тұрғын халық оларды а р б ы з деп орысша атайды* (Көкш., Еңб.).

АРҒЫ БЕТ (ҚХР) шегараның қытай жағы. *Шаштыгали а р ғ ы б е т т е н басып келе*

жатқанда, Найманғазыдан қалай арылғанын, аналының қалай өлгенін, кейін өзінің ұрлықты қалай кәсіп еткенін бастан-аяқ баяндап берді (Қ. Жұм., Соңғы..., 239). *А р ғ ы б е т т е н асып келгенде, оң-солымды танымаған он жасар бала едім* (Қ. Жұм., Соңғы..., 66).

АРҒЫ ҚАБАҚ, БЕРГІ ҚАБАҚ (Қар., Қарқ.) арғы жақ, бергі жақ.

АРҒЫЛЫҚТЫ-БЕРГІЛІКТІ (Қ.орда, Арал) арғы-бергі, барлық. *Сонан а р ғ ы л ы қ т ы-б е р г і л і к т і сөзін айтып жатты* (Қ.орда, Арал).

АРҒЫС (Қарақ.) мәтке, қары. *Біздің жерден а р ғ ы с қ а жарайтын ағаштар табыла бермейді* (Қарақ.).

АРҒЫТ (Қарақ.) үй төбесіне салатын бөрене, белағаш.

АРДА[1] 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Қост., Семиоз.; Гур., Есб.) ерте туған бұзау. *Биылғы а р д а бұзау келесі жылы жақсы тана болады* (Қ.орда, Жал.). *А р д а н ы етке тапсырғалы отырмын* (Қост., Семиоз.). *Мұның өзі марқайған бұзаулардың енелерін а р д а еміп жүдетуге соқтырады* («К-з жолы», 8.01.1956, №3). 2. (Жамб., Шу) бір, бір жарым жастағы тайынша. 3. (Қарақ.) екі биені бірдей еметін құлын мен екі қойды қатар еметін қозы. Ал, қазақ әдеби тілінде «арда» деп екі жылға дейін емген құлынды айтады.

АРДА[2] (Гур.: Маңғ., Есб.; МХР) надан, тұқ білмейтін адам. *Шырағым, мен тұқ білмейтін а р д а м ы н гой* (Гур., Маңғ.).

АРДА[3] (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) арна (езеннің). *Жазғытұрым өзеннің а р д а с ы суға молаяды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АРДА БАСПАҚ (Ауғ.; Ир.) бір жастағы бұзау.

АРДАП 1. (Гур., Маңғ.; Ақт., Жүр.) қаталаған жылқыға ішкізетін ұннан жасалған көже сияқты сұйық зат. 2. (Қарақ.) ащы айран (мал емдеуге қолданылады).

АРДОМ (Қост., Семиоз.; Жамб.: Шу, Мер., Луг.) түрме, абақты. *Мен жақында а р д о м г а барып қайттым гой* (Қост., Семиоз.). *А р д о м д а болғанда жазып алған екен* (Жамб., Мер.).

АРЕБЕК (Қарақ.) мұрынға салатын сырға түрі.

АРЖА (Сем.: Шүб., Абай; Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) жұқа тақтай; жіңішке жұқа жәшік. *А р ж а д а н істелген жәшік болады* (Сем., Абай). *А р ж а ғ а салып балаға пәселке жібердім* (Қост., Жанг.). *Терезенің сынған жерін а р ж а м е н е н бітедім. А р ж а сынып қалыпты* (Жезқ., Ұлы.).

АР ЖАҒЫНА ЕЛ ҚОНУ (МХР) тою. *А р ж а ғ ы ң а е л қ о н д ы ма, балам* (МХР).

АРЖАЙЫ (Қ.орда: Қаз., Қарм., Арал; Орал, Орда; Рес., Волг.; Өзб., Бұх.) жайдары, жарқын мінезді. *Жас сәби а р ж а й ы, адам жатырқамай келіп қол берді* (Өзб., Бұх.). *Бұрын үнемі жарқылдап жалын атып жүретін а р ж а й ы барлаушының қапелімде бүйтіп көңілсіздене қалуы комсорғты қатты таң қалдырды* (Ә. Нұрп., Курл., 226).

АР ЖАҚ (Гур., Маңғ.) әр жақ.

АРЖАТЫР (МХР) радиатор.

АРЗА (Шымк., Шәу.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Қарақ.; Түрікм., Красн.; Жамб., Шу) арыз. *Бір а р з а жазғызып алайын* (Жамб., Шу). *Пенсияға шығу үшін а р з а м д ы алып ауданға бардым, а р з а м а бұрыштама соғып берді* (Қ.орда, Сыр.). *Айтатын кейқысыраугa а р з а м ы з, Келгенде жүдеп-жадап сонша бар жерден* (Рүс. дас., 298). *Колхозға мүше болғыңыз келсе, а р з а беріңіз* (Шымк., Шәу.). *Біз ілгеріде өз қолымызбен а р з а жазуды да білмейтін едік* (Қарақ.). *Түрікмен ішінде қызмет бабындағы адам артынан а р з а беру деген болмайды* (Түрікм., Красн.).

[Қырғызша *арз* (К. Юд., КРС, 67); түрікм. *арза* (Рус.-туркм. сл., 1956, 207); түр. *арыза* (Тур.-рус. сл., 1977, 63); өзб. *ариза* (Узб.-рус. сл., 1959, 38); сар. *арза* (Т. Пах., Сар.-рус. сл., 13). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *арз* (С. Мал., ПДП, 360). Араб тілінде *гәризә* өтініш, тілек (Ар.-рус. сл., II, 1970, 649)].

АРЗАНДЫРАҚ (Шығ. Қаз., Больш.) арзанырақ.

АРЗАНИЮ (Қарақ.) арзандау. *Жақында, таза жылдың басында, мата а р з а н и т ы н бопты* (Қарақ.).

АРЗАНСЫТУ (Қ.орда: Жал., Тер.) арзандату. *Еңбек өнімділігін арттырып, продукцияның түсер бағасын жоспардағыдан 4% а р з а н с ы т т ы* («Соц. құр.», №130, 17.07. 1949).

АРЗУ//АРЗУ БОЛУ (Гур.: Шевч., Маңғ.; Қ.орда: Сыр., Тер., Жал., Қарм.) ынтық болу, құмар болу. *Ол баладан келген хатты оқуға а р з у болды* (Гур., Шевч.). *Олар бір-біреуін көруге а р з у* (Гур., Маңғ.). *Туысымды бір көруге а р з у м ы н* (Қ.орда, Сыр.).

[Әзірбайжанша *арзу* (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 139); қырғ. *арзы* (К. Юд., КРС, 67); түр. *арзу* (Тур.-рус. сл., 1977, 66); ұйғ. *арзу* (Уйг.-рус. сл., 1961, 19); өзб. *орзу* (Узб.-рус. сл., 1959, 306). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *арзу* (Аттухфа, 267); *арзу* (А. Бор., ЛСТ, 57); *арзу* (С. Мал., ПДП, 360); *арзу* (ДТС, 59). Парсы тілінде

ар/э/зу арман, үміт, ынта (Пер.-рус. сл., I, 1983, 63)].

АРЗУ БОЛУ Қ. арзы.

АРЗЫ (Гур., Шев.) ынта, ынтық. *Ол хатты оқуға а р з ы болды. Мұқиттың хат жазуын а р з ы қылады* (Гур., Шев.).

АРЗЫМАУ (Жамб.: Сар., Шу; Шымк.: Қызылқ., Арыс) түрмау, татымау. *Жүруге а р з ы м а й т ы н кішкене гана жер қалды* (Жамб., Шу). *Бұл жазып алуыңызға а р з ы м а й т ы н соз* (Шымк., Арыс).

АРҚА[1] (Қост., Жанг.) сүйенері, сыйынары. *Өзі айқайламай да жүгіріп кетеді дейді, а р қ а с ы бар болу керек* (Қост., Жанг.).

АРҚА[2] (Түрікм.: Ашх., Гяу.) түкті кілемнің сыртьı.

АРҚА[3] (Тау., Қош.) соң, арт. *Ол да Қошағашқа сіздің а р қ а ң ы з д а н кеткен* (Тау., Қош.).

АРҚА-ЕТЕК (Қ.орда: Қаз., Қарм.) өзін еркін ұстау. *Бәкизат күлкісін әзер тиды. Сен де а р қ а-е т е г і ң кеңіп, жадырап сала бердің* (Ә. Нұрп., Сен, 223).

АРҚАЙЖАҚТАН (Алм., Шел.) әр жақтан. *А р қ а й ж а қ т а н келген балалар бар* (Алм., Шел.).

АРҚАЙСЫ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) әрқайсы. *Түйенің а р қ а й с ы ар жерде жүр да* (Гур., Маңғ.).

АРҚАЙЫН (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Жеб., Таш., Мары, Тедж., Байр.; Гур., Маңғ.) емін-еркін, жайбарақат. *Мәшіңіне мінгізетін болсаң, соны айтшы, біліп алып, а р қ а й ы н отырайын* (Түрікм., Красн.). *Жұмағұлов Елемес... қарасын сатып, өзі а р қ а й ы н үйінде ақшасын жеп жатыр* («Қарабұғаз.», 26.10.1937). *Қазақ үшін қай заманда да ашылып-шашылып жатқан а р қ а й ы н дүние енді, міне, аяқ астынан қуықтай қуырылып шыға келді* (Ә. Кекіл., Үркер, 66). *А р қ а й ы н отырмыз* (Гур., Маңғ.).

[Түрікменше *аркаин* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзірб. *архаин* (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 146)].

АРҚА ҚАЛАШ (Қарақ.) балықтың арқасындағы қанаты.

АРҚАЛ (ҚХР) далалық жерде жүретін қой түқымдас жабайы аң. *Арқар таулы өлкеде өссе, ал а р қ а л далалық, шөл құмайтты өңірде мекендейді* (ҚХР).

АРҚАЛДЫҚ (Павл., Леб.) үйдің тебесіне салатын бел ағаш. Қ. арқалық.

АРҚАЛЫ (Қост.: Семиоз., Фед.; Гур., Маңғ.; Орал: Жөн., Орда; Қарак.; Қ.орда, Сыр.) арқылы. *Әлімбаймен мен а р қ а л ы сөйлеспейақ, езің сейлес* (Қарақ.). *Солар а р қ а л ы күн сайын саяси сабақ өткізіп отырды* («Лен. туы», №37). *Каспийге Жайық өзені а р қ а л ы да тез жетуге болады* (Орал, Орда). *Олар а р қ а л ы... Істер талқылансын* («Үлг. кең. ауылы», 13.07.1931).

[Қырғызша *аркалуу, аркылуу* (К. Юд., КРС, 68, 69); өзб. *орқали* (Узб.-рус. сл., 1959, 307)].

АРҚАЛЫҚ[1] (Жамб., Шу; Көкш., Қ.ту; Орал: Жөн., Жаңғ., Чап.; Қар.; Рес., Қалм.) үй төбесіне салатын бел ағаш. *А р қ а л ы қ т а р ы ң жақсы екен* (Жамб., Шу). *Мына а р қ а л ы қ т ы тапқан-ақ екенсің* (Орал, Жөн.). *А р қ а л ы қ ағаштар жетпей тұр* (Көкш., Қ.ту). *Саралжын сөвөтінің кеңсесінің а р қ а л ы ғ ы н д а г ы құстың ұясы..., ермекшінің крестеп тартқан желісіне адам оралгандай* («Соц. ең.» 26.04.1936). *Төбедегі а р қ а л ы қ, сырғауыл, шырпылардың арасына жұмарлақтап жүн, қыл тыға беріпті* (F. Мұс., Дау. кейін, 253).

[Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *арқару, арқуру* көлденең (А. Бор., ЛСТ, 59), *арқұқ* көлденең салынған ағаш, бөрене (ДТС, 55)]. Қ. там ағашы.

АРҚАЛЫҚ[2] (Рес., Орын.) бел кетеретін қайыс. *А р қ а л ы г ы н байлап жатырмын* (Рес., Орын.).

АРҚАЛЫҚ[3] (Гур.: Тең., Маңғ.; Қ.орда, Арал; Рес., Волг.) аудың үстіңгі арқаны. *А р қ а л ы қ тордың енімен бірдей болады* (Гур., Тең.). *А р қ а л ы қ қ а көңгеледі. Желкемнің шетін арқанға көңгелеп болды* (Қ.орда, Арал).

АРҚАМ ТЕРДЕП КЕТТІ (МХР) қатты ұялдым. *Қайнағамды көргенде қайда барарымды білмей, а р қ а м т е р д е п к е т т і* (МХР).

АРҚАН (Өзб., Ташк.) текпені және шаңырақ үстіндегі қыса жамылғышты ішісыртынан алып байлау үшін қолданатын қоға не қызыл қияқтан есілген жуан жіп.

АРҚАН АТТАМАУ (МХР) жаман ырым істемеу. *Әй, қарағым, а р қ а н а т т а м а ш ы!* (МХР).

АРҚАНДА ҚАТУ (ҚХР) коп арқандалып жүдеу, кеп арқандалып арықтау. *Таяуда ұсталып, а р қ а н д а қ а т қ а н болса* (F. Қан., Бүрк., 199).

АРҚАНДЫ ШИРЫҚТЫРУ (Қарақ.) арқанды ширату.

АРҚАРДЫҢ ЕШКІСІ (Түрікм., Небид.) арқардың ұрғашысы.

АРҚАР-ЖАЛАҚ (ҚХР) бірде тоқ, бірде аш кедей түрмыс, болмашы. *А р қ а р-ж а л а қ күн көріспен гана қарқылдап келіп, азаттықтан соң ауыз асқа, ауы атқа толған* (F. Қан.,

Бүрк.). ...*Қол хаттың сауатымен ауылдық үкіметтің шабарманы болып а р қ а р-ж а л а қ «айлық» алған кезде, үлкен үлы туып еді* (F. Саржан).

АРҚАР ЖАЛАҚ КҮН КӨРУ (ҚХР) ептеп-септеп күн көру, қалт-құлт етіп күн өткізу.

АРҚАР ЖУСАН (Жамб.: Шу, Мер.; Алм., Жам.) таудағы жусан түрі. *А р қ а р ж у с а н д ы арқарлар күзде жейді* (Жамб., Шу). *А р қ а р ж у с а н д ы аздап қой, түйе жейді* (Алм., Жам.).

АРҚАСЫ ҚАМЫРДАЙ (Жамб., Жам.) семіз, арқасы жүп-жұмыр. *Тас төбедегі «Бес жылдық» колхозына үкімет тарапынан өсіруге берген қойлардан 13 майда ортан қолдай, а р қ а с ы қ а м ы р д а й екі семіз қойы жоғалды* («Кол-шы», 1934, №24).

АРҚАСЫНА ҚАҒЫП, АУЗЫНА ЖАҒУ (Гур., Маң.) мәпелеу, әлпештеу.

АРҚАСЫНА ҚАҒЫП, АУЗЫНА ҮРУ (Қарақ.) мәпелеп есіру. *А р қ а с ы н а қ а ғ ы п, а у з ы н а ү р і п отырған малымды алдырып алдым* (Қарақ.).

АРҚАСЫН БЕРУ (Орал: Қара., Т.өкпе.) теріс қарау. *Ойбой, оның қырсығы мол шал, жөн айтсаң да а р қ а с ы н б е р е д і* (Орал, Т.өкпе.). *Астық одағы... өндіріске а р қ а с ы н б е р г е н* («Үлг. кең. ауылы», 5.07.1931).

АР ҚЫЛУ (Алм., Жам.) ар көру. *Біреуден бір қайнатым чай сұрауды, тегі, а р қ ы л а д ы* (Алм., Жам.).

АРҚЫРАУ (Шымк.: Түлк., Қызылқ.) саркырау. *Арыс өзені жазғытұрым а р қ ы р а п ағады* (Шымк., Түлк.).

АРЛАН (Орал: Жән., Орда) еркек тазы. *А р л а н д ы ертіп шығып, киік алдырдым. Киік а р л а н н а н құтыла алмайды екен* (Орал, Жән.).

АРЛЫ-БЕРІ (Гур., Маң.) әрлі-берлі.

АРМА (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары, Тедж.; Қ.орда, Арал) қуат, қайрат беруге айтылатын сез немесе қошаметтеу, құрметтеу. *Іске сәт, а р м а, Күлеке!* (Түрікм., Тедж.). *О, орақшылар, а р м а ң ы з, орақ қа береке* (Қ.орда, Арал).

[Түрікменше *армак* шаршау (Рус.-тур., сл., 1956); қарак. *харма* (Карак.-рус. сл., 1958); езб. *хорманг* (Узб.-рус. сл., 1959); *ар* шаршау (С. Мал., ПДП, 359); *ачтад* шаршау (А. Бор., 40); *арма* шаршамайтын (СС, 250). Бұл деректер бойынша, сөз түбірі *«ар»*, мағынасы шарша, осыған болымсыздық көрсеткіші *-ма* қосылып, *«арма»* тұлғасы туындап, «шаршама» ұғымы қалыптасқан].

АРМАНАДА ҚАЛУ (Тау., Қош.) өріде қалу.

АРМАН-БЕРМЕН (Қ.орда, Арал; Қарақ.) әрлі-берлі. *Сол жерде а р м а н-б е р м е н бір тұлкі салаң-салаң жүруші еді* (Қ.орда, Арал).

АРНА (Қ.орда, Арал; Қарақ.) қайықтың алдындағы қуыс орын. *Су төгетін шелекті қайықтың а р н а с ы н а қой* (Қ.орда, Арал).

АРОМЫРТҚА (Жезқ., Ұлы.; Рес., Омбы) соғымнан коршілерге беретін сыбаға. *А р о м ы р т қ а м д ы алайын* (Жезқ., Ұлы.).

АРПАҚАН (Қ.орда, Қарм.; Қарақ.) сұлы сияқты шөп.

АРПАҚ-ТҮРПАҚ (ҚХР) арпаң-түрпаң, тарс-түрс. *Екеуі сол арада а р п а қ-т ү р п а қ алыса кеткен* (Қ. Жұм., Соңғы..., 24).

АРСА//АРСА АҒАШ (МХР) соғым етін қосарлап іліп, кептіруге арналған ағаш, арқалық ағаш. *Келімді-кетімді кісі коп бай үйдің тошаласындағы а р с а л а р д а әр жылы осы мезгілде құнан қой, ту бие, ту сиырлардың етісамсап тұрады* (Ж. Сәмитұлы).

АРСА АҒАШ Қ. арса.

АРСАҚАЙ (МХР) сойдиған, сойдақ. ...*сары кісі келген адамға қуанышты бейне көрсеткісі келгендей а р с а қ а й сары тістерін ырсита күжілдеп, ...жұмсақ орындық нұсқады* (МХР). *Тіпті қолгабысты көзге ілмей асқақтап, а р с а қ а й темірін мақтады да қалды* («Шұғыла», 1983, №1, 32).

АРСАЛ (ҚХР) жирен. *А р с а л шаш.*

АРСАЛАҢ (ҚХР) иттің күшігі, барсаланнан үлкені.

АРСЫ АҒАШ (Жамб., Шу) шанақтың астына қоятын ағаш.

АРТҚЫ ЕСІКПЕН ЖҮРУ (ҚХР) жеке басының жұмысын пара беру жолымен шешу, жең ұшынан жалғасу. *А р т қ ы е с і к п е н ж ү р у, қатарлы бұрыс істі гулетіп, .. жас ұрпақтарға зиянкестік жасады* («Шыңжаң», 11.11. 1973). *Әлі де ішінара жолдастар перзенттерінің ауылға барып, боран-шашынды басынан кешіруінен қорқады. Тіпті қызмет уқығынан пайдаланып, а р т қ ы е с і к п е н ж ү р і п перзенттерін қалада қалдырғысы... келеді* («Шыңжаң», Үрімжі).

АРТ ҚЫЛУ (Сем.: Ақс., Көкп.) арқа тұту, сену. *Талгатбек мені а р т қ ы л ы п, оларға барып, тағы да тиісті* (Сем., Көкп.).

АРТҚЫЛЫ (Сем.: Мақ., Аяг.; Шығ. Қаз., Құрш.; Тау., Қош.; ҚХР) арқылы. *Біз Тарбағатайдағы бесінші ферма а р т қ ы л ы келдік* (Сем., Аяг.).

АРТПА ЧАНА (Алм., Кег.) сүйреткі, шөп таситын құрал. *Түрбек, сен маған а р т п а ч а н а ң д ы бере тұрғын* (Алм., Кег.).

АРТТА ТҰРЫП ДЕЛБЕ ТАРТУ (ҚХР) перде артында тұрып нұсқау беру, артта тұрып айтақтау, тасада тас лақтыру. *Бірден-бір тиімді тәсіл алға шықпай, а р т т а т ұ р ы п*

д е л б е т а р т у, соз сөйлемей ым қағу (Ғ. Қан., Бұрқ., 210).

АРТТЫРҒАН ТҰЙЕ (Қ.орда, Жаңақор.) үстіндегі қыздың жасауымен (ұзатылатын қыздың үй-мүлкі, керек-жарағы) немесе артылған жүгімен сыйға, бәйгеге тартылатын мақтаулы түйелердің бірі.

АРТУ (Жамб., Жам.) сүрту. *Бет а р т а т ы н орамалды бер* (Жамб., Жам.).

АРТЫҒЫНША (Тау., Қош.) артық. *Оның жасы қазір сексеннен а р т ы ғ ы н ш а ұзарып қалды* (Тау., Қош.).

АРТЫҚ АУЫЗ БАЛА (Тау., Қош.) қолы бос, епті, жұмсауға ыңғайлы бала. *Жұмсай қоятын а р т ы қ а у ы з б а л а да жоқ* (Тау., Қош.).

АРТЫ ҚИСЫҚ (ҚХР) ниеті, ойы бұзық.

АРТЫЛУ (Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шүб.) озу, асып түсу. *Өлеңге келгенде бұлар, көп қазақтан а р т ы л д ы* (Сем., Абай).

АРУАҚҚА ШЕТ БОЛУ (ҚХР) қате істеу, қателесу, жамандық істеу, азғындау.

АРУАНА[1] (Қ.орда: Жал., Сыр.; Қост., Жанг.) түйенің арқасына кигізе салатын қом тәрізді жабу. *Жол бойында жүрген а р у а н а л ы тұйені кордің бе?* (Қ.орда, Сыр.).

АРУАНА[2] (Қ.орда, Қарм.) тор қанат жәндіктердің бір отряды. Ұзындығы 15-20 мм, мойыны аруана түйенің мойыны тәрізді, сондықтан да аты соған сәйкес қойылған.

АРУАНА[3] (Қ.орда, Жаңақор.) жаратылысынан бір өркешті, таза нәсілді, тықыр жүнды, суыққа шыдамсыз, өте сүтті, сидаң сирақ, ыстыққа, шөлге шыдамды үрғашы түйе тұқымы.

АРУАНА БОТА (Қ.орда, Қарм.) аруана мен үлектен туған жалғыз өркеш бота. *Біздің совхозда бір де бір а р у а н а б о т а жоқ* (Қ.орда, Қарм.).

АРУАНА ТАЙЛАҚ (Қ.орда, Қарм.) таза аруана нәсілді бура мен таза аруанадан туған жалғыз өркеш (дромадер) түйе телінің екі жастағы атауы. *Арыс өзенінен су ішіп шыққан бір топ түйе арасынан бірер а р у а н а т а й л а қ т ы көріп таңданып, біраз тұрып қалдым* (Қ.орда, Қарм.).

АРУЛАУ (Алм., Шел.) тазалау, тазарту. *Үйдің ішін а р у л а п ұстағанымыз саулығымызға да пайдалы* (Алм., Шел.).

АРША (Қарақ.) сандық, кебеже. *А р ш а үстіне көрпе-төсек жиылған, тұстық* (қ.) *ілінген* (Қарақ.).

АРШУ[1] (Ақт., Ойыл; Орал, Жән.; Қарақ.; Қар., Қарқ.) арықты, құдықты тазалау. *Әсембай құдық а р ш ы п жатыр* (Ақт., Ойыл). *Орталықтағы құдықты а р ш у жұмысын ұйымдастыру керек* (Орал, Жән.). *А р ш у жұмысын біз әдетте ерте көктемнен бастаймыз* (Қарақ.). *Қырда құдық а р ш ы г а н д а шыңыраудан балшық атқандай қылып, тспырағын текшелеп ойған төрт бұрышты кең шұңқырда тұрып, шұңқырдың қабағындағы арбаның қорабына қара топырақты қаңбақша лақтырып тұр* (С. Сейф., Шығ., IV, 103).

[Түрікменше *арассаламақ* (Рус.-туркм. сл., 1956, 550); қырғ. *аарчы* (К. Юд., КРС, 17); хақ. *арды* (Хак.-рус. сл., 1953, 31); монғ. *арчих* (Монғ.-қаз. сөз., 1954. 28); қалм. *арчх* (Рус.-калм. сл., 1964, 429)].

АРШУ[2] (Қарақ.) ашыту. *Қамырды а р ш ы г а н н а н кейін пісіру керек* (Қарақ.).

АРШЫЛ (Гур., Маңғ.) намысшыл. *Өзі бір а р ш ы л адам еді, біз үшін жанын өртаға сала таласатын* (Гур., Маңғ.).

АРШЫН (Қ.орда, Арал) адым; ұзына бойы. *А р ш ы н ы н ы ң өзі де екі тазы жүгіргендей екен* (Қ.орда, Арал).

АРЫЗ ЕНГІЗУ (Шығ. Қаз., Больш.) арыз беру. *Бұл мәселе жөнінде аудандық мекемелерге а р ы з е н г і з* (Шығ. Қаз., Больш.).

АРЫ КЕЛУ (Гур., Маңғ.) намысы келу.

АРЫҚ[1] (Шымк., Түлк.) соқамен жер жыртқан кездегі жал мен із.

АРЫҚ[2] (ҚХР) таза, пәк, әділ, адал. Ежелгі этностардың атындағы «арық» көбінесе осы мағынада келеді. Қазақ ертегілеріндегі «арық мерген» де әділ, көпшіл мерген деген ұғымды білдіреді.

АРЫҚ ҚҰЛАТУ (Қ.орда, Арал) арық қазу. *Танабай деген жерден 10 га тарыны сусыз айдап жатырмыз, оның а р ы ғ ы н қ ұ л а т ы п қойсақ та, су келмей отыр* («Екп. балықшы», 1932, №30).

АРЫҚ-ТОРАҚ (Гур., Маңғ.) арық-тұрақ немесе арық-тұрық. *Шөпті қорага төктір, а р ы қ - т о р а қ қ а бөл* (Ж. Тіл., Қайнар, 102).

АРЫҚ-ТОРЫҚ (Қарақ.) арық-тұрақ.

АРЫҚ-ТҰҒАН (Жамб., Жам.) арық-тоған. *А р ы қ - т ұ г а н д а р ы м ы з қазылып, тазаланып бітті* («Кол-шы», 1935, 29).

АРЫҚ ТҰР ҒОЙ (Сем.: Ақс., Көкп.) арық, таза екен. *Мынау ат шапқыш болуы керек, а р ы қ т ұ р ғ о й* (Сем., Көкп.).

АРЫЛДАҒАН (Жамб., Шу) арындаған. *Арғымақ мінді а р ы л д а ғ а н* (Жамб., Шу).

АРЫЛДАУ (Жамб., Жуа.) ырылдау. *Ит а р ы л д а п тұр* (Жамб., Жуа.).

АРЫН[1] (Жезқ., Ұлы.; Қост., Жанг.) екпін, қарқын. *А р ы н д а ғ а н қызулы кісі екен* (Жезқ.,

Ұлы.). *А р ы н ы бар ат деп ала жөнелетін, алып қашатын атты айтады* (Қост., Жанг.). Қырғ. *арым* (К. Юд., КРС, 73).

АРЫН[2] (Рес., Орын.) аттың бұзылуы, ауыр жүкті тартпауы. *А р ы н өгізде болмайды. А р ы н түйе мен жылқыда коп болады* (Рес., Орын.).

АРЫНДАУ (Рес., Омбы) шаршау, болдыру. *Ат а р ы н д а п тұр ат шаршап, болдырып тұр* (Рес., Омбы).

АРЫНЫ БАР (Қост., Об.; Көкш., Еңб.) шамы бар [ат]. *Бұл аттың а р ы н ы б а р, арындап жүрмейтін* (Қост., Об.). *Мына атымның а р ы н ы бар, қайта-қайта арындап мазамды алды* (Көкш., Еңб.).

АРЫС[1] (МХР) жігіт. *Ау, той болған соң а р ы с бар, Алуан-алуан жарыс бар. Әліңе қарай жүгіріп, Озгандарың бәйгеңді ал* (М. Құрман., 166).

АРЫС[2] (Орал: Казт., Қара.; Қар., Шет; Қост.: Жанг., Аман.) арбаның бел агашы. *Жүкті коп салма, арбаның а р ы с ы нашар* (Орал, Қара.). *Күн құлақтанса, күрегіңді сайла, Ай құлақтанса, а р ы с ы ң д ы сайла* (Қост., Жанг.). *Мынауыңның а р ы с ы осал екен* (Қар., Шет). *Аумагы үш қанат үйдей апанның бетіне екі арбаның а р ы с ы н жапқан* (F. Мүст., Дау. кейін, 9).

АРЫС[3] (Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы; Павл., Ерт.; Қост., Об.) жетек. *А р ы с сынса, атты тоқтата салып, тез тогару керек* (Көкш., Қ.ту). *Арбаның а р ы с ы емес, белагашы, Ауылымның жиналыпты кәрі-жасы, Сайрайын сайра десең бұлбұл болып, Әйелдер маган таман қараңдаршы* (Б. Майл., Шығ., II, 254).

[Түрікше *арыч* (Тур.-рус. сл., 1977, 62); калм. *арш* (Рус.-калм. сл., 1964, 381)].

АРЫС[4] (Гур., Маңғ.) ата, ру. *6 а р ы с жары, 9 а р ы с тоқсанбай, 8 а р ы с адай деп айтылады* (Гур., Маңғ.).

АРЫС[5] (Жамб.: Шу, Қорд., Мер., Луг.; Қар., Қарк.) топқа түсіп айтысу. *Мен омірімде екі рет а р ы с т ы м* (Жамб., Қорд.). *Аузын ашса, сөзі фонтанша атқыган, талай а р ы с қ а түскенде, қиыннан жол тапқан қарт бұл жолы ыңырануы коп* (F. Мүст., Көз. көр., 84).

АРЫС[6] (ҚХР) сусар түқымдасына жататын аң. *Ақкіс* деп те аталады.

АРЫС АҒАШ (Жамб., Шу) шанақты үстап тұратын ағаш.

АРЫСКЕР (ҚХР) арысқа түсетін балуан.

АРЫСТАУ (ҚХР) орғу, секіру, атыну. *Отызга орқояндай а р ы с т а д ы м* (Бес ғасыр.).

АРЫШ (Түрікм.: Таш., Көнөүр.; Қарақ.) жетек. *Арбаның а р ы ш ы н ы ң үстінде тұрыпты* (Қарақ.).

АСА (Орал, Жән.) таяқ. *Қолына а с а ұстаган, қалпақ киген басқарма болды* (Орал, Жән.).

АСАБА[1] (Қар., Ж.арқа) асу, тасу. *Заман күннен күнге бұзылып, тарылып келеді. Бұган дейін кейде әлі-пылай болып қалып жүрдік. Онымыз а с а б а, асқан коңіл ылаңы* (F. Мүст., Дау. кейін, 356).

АСАБА[2] (ҚХР) байраққа, туға және найзаға тағылатын түсті баулар. *Ақ а с а б а, сұр желек, найзасында жалпылдап* (Манас).

АСА БАСШЫ (Гур., Маңғ.) басшы, басқарушы. *Сонда бұл істің а с а б а с ш ы с ы кім болады* (Гур., Маңғ.).

АСАДАЛ (Жамб., Шу; Сем., Аяг.) ыдыс салатын сырлы, оюлы ағаш шкаф. *А с а д а л д ы ң қақпагын орнектеп те жасайды* (Жамб., Шу). Қ. асалал.

АСАН (ҚХР) сұлу, көркем (ар. *хасан*). Кісі аты ретінде жиі қолданылады.

АСАЙ (Көкш., Еңб.) тыным таптырмау, қолды-аяққа түрғызбау.

АСАЙ-МҮСЕЙ (Жамб.: Шу, Мер.) қабығы сай-сай болып өсетін үзындығы үш метрден аспайтын ағаш. *А с а й-м ү с е й тез жарылады. А с а й-м ү с е й отынның ең жақсысы* (Жамб., Шу).

АСАЛАЛ (Шымк.: Қызылқ., Түлк.; Жамб.; Сем., Аяг.) ыдыс-аяқ қоятын текше, ашық шкаф тәрізді нәрсе, асадал. *А с а л а л д ы ағаштан істеп, киіз үйдің керегесіне іліп қояды* (Шымк., Қызылқ.). *Бұрынгы уақытта а с а л а л дейтін текше болатын, оны ағаштан істеп, киіз үйдің керегесіне іліп, қоятын еді* (Шымк., Түлк.).

АСАЛАЛЫ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) ас қоятын орын.

АСАЛАУ (Шымк., Арыс) еселеу. *А с а л а п құя бер* (Шымк., Арыс).

АСАМ БОЛУ (Жамб., Тал.) күп болу, жөн болу, қабыл болу. *Сен колхозга кіру үшін арыз берсең, а с а м б о л а р* (Жамб., Тал.).

АСАПШЫ (Түрікм.: Таш., Көнөүр.) есепші. *Бұрын бір ауылда бір а с а п ш ы д а н болушы еді, кәзір олар оте сиреп кетті* (Түрікм., Таш.).

АСАР[1] (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Шығ. Қаз., Күрш.; Қост.: Торғ., Жанг., Семиоз.; Жезқ., Ұлы.; Жамб.: Шу, Қорд., Мер.; Алм., Жам.) тамақтандыруды оз мойнына алып, көп адамды көмеккө шақыру. *Там тұргызуга жекжаттарым тегіс а с а р салысқан* (Алм., Жам.). *Осы елдің көп үйлері а с а р арқылы салынды. Үй салуды ойласақ, а с а р г а адам жинаймыз* (Қ.орда, Сыр.). *Қораның тек таба-*

ны ғана бітті, қалғанын а с а р м е н аяқтағалы отырмын (Қост., Семиоз.). *Егін орғанда а с а р г а шақыратын* (Жезқ., Ұлы.).

[Қырғызша *ашар* көмек (К. Юд., КРС, 84); түр. *асы, ассы* пайда, олжа (Тур.-рус. сл., 1977, 67, 70); чув. *усаа* пайда (Чув.-рус. сл., 1985, 517). Жазба ескерткіштерде *асыг* пайда (Э. Надж. ИССТЯ, 1979, 199, 201); *асу* пайдалы, тиімді (Аттухфа, 269); *асыг* пайда, олжа (А. Бор., Бадаи., 1961, 63; ЛСТ XII-XIII в., 1963, 61), *асыг* пайда, кіріс (ДТС, 60); монғ. *ашиг* пайда (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 30); маньчж. *айси* пайда (ССТМЯ I, 1975, 22); ар. *аси* жәрдем беру, көмектесу (Ар.-рус. сл., I, 1970, 40)]. Қ. асар салу.

АСАР[2] (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) ертедегі бұзылған қала орны. *Осы тоңіректе а с а р д а н коп нәрсе жоқ* (Қ.орда, Сыр.).

АСАРДАЙ (Орал; Гур.; Ақт.) әжептеуір. *Масқара-ай, а с а р д а й серке етеміз ғой деп жүрсем... өліп қалыпты* («Соц. ең.», 30.05.1937, №35).

АСАР-КҮСЕР (Қар., Шет) тез, жылдам. *Жұмысты а с а р-к ү с е р істейді* (Қар., Шет).

АСАР САЛУ (Жамб., Жам.; Алм., Жам.; Шымк., Түлк.) комек, жәрдем беру. *Жүгері жинауға а с а р с а л ы н д ы* (Шымк., Түлк.). *Там тұрғызуға жекжаттарым тегіс а с а р с а л ы с қ а н* (Жамб., Жам.). Қ. асар[1].

АСАСЛАНУ (Қарақ.) негізделу.

АСАСЫНАН (Сем., Аяг.) кенеттен, күтпеген жерден.

АСАТЫ (Шығ. Қаз., Зайс.) кенеттен, тез, ойламаған жерден. *Бір қой а с а т ы ауырып қалды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АСАТЫНАН (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.; ҚХР) кенеттен. *А с а т ы н а н ауру. Бір қой а с а т ы н а н ауырып тұр* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Бұрын а с а т ы н а н келген ауыртпалықты көбінше зиялылар жағымына біз көтеріп едік* (Қ. Жұм., Соңғы..., 32).

АСАУ КӨК (ҚХР) арақ, ішімдік. *Ол а с а у к ө к т е н көбірек тартып алған сияқты, сенделіп келеді* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 18).

АСБҰЗЫЛ (Алм., Шел.; Сем., Аяг.; МХР) асхана. *Бүгін а с б ұ з ы л г а барып тамақ ішейік* (Алм., Шел.).

[Ұйғырша *ашпузул* асхана (Уйг.-рус. сл., 1961, 24). «*Асбұзыл*» екі сөздің бірігуінен пайда болған: біріншісі – түркі тілдеріндегі «*ас*», «*аш*» (тамақ мағынасындағы), екіншісі – қытай тіліндегі «*ресторан*» мағынасын беретін «*будзо*» сөзі (Ә. Нұрм., Жерг. тіл ерекш. төрк., 198)].

АС ЖЕТТІ (Орал, Орда; Гур.: Мах., Төң., Бал.) ас ішіп болу. *А с ж е т т і, ал сыртқа салқынға шығайық* (Орал, Орда).

АС ЖҰРМЕУ (Орал, Жән.) ас батпау. *Таңертең ішейін десек, а с ж ұ р м е й д і* (Орал, Жән.).

АСКЕДІ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Тедж., Мары, Таш.) асқабақ. *Палауға еттен гөрі а с к е д і н і көбірек салып жасайтындар да бар* (Түрікм., Мары).

[Түрікменше *кәди* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *кәди* (Карақ.-рус. сл., 1958). *Кеду* асқабақ (Л. Буд., II, 117). Л. Будаговтың көрсетуінше бұл сөз парсылардан ауысқан].

АСКЕЛДІ (Гур., Маңғ.; Шымк., Мақт.) асқабақ. *Биыл бір мәйын жерге а с к е л д і е к т ім* (Шымк., Мақт.).

АСҚА БАҒУ (ҚХР) тамақтану, тамақ жеу. *Қанеки, тақсырлар, а с қ а б а ғ ы ң д а р, – деді* (М. Раз., Алт. ақ., 382).

АСҚА БАҒЫНУ (МХР) асты күрметтеу. *Құрметті ғұн, лама-еке, а с қ а б а ғ ы н ы ң д а р, алыңыздар* (М. Құрман., 130).

АСҚАБАҚ ҚАР (МХР) жиылып, қатып қалған қар.

АСҚАЗАН (Қ.орда, Арал) ас үй, асхана. *Содан хан а с қ а з а н ғ а апарып, тамақтандырыңдар, – депті* (Қ.орда, Арал).

АСҚАҚ (Қост., Жанг.) артық сөз. *Құстың жүнінің бұты бұрын 45 сом еді, енді алпыс сом дейді, онысы а с қ а қ шығар* (Қост., Жанг.).

АСҚАРДАН КЕЛУ (Қост., Об.) ойламаған, күтпеген жерден келу. *Ол мұнда қазір а с қ а р д а н к е л і п қалып отыр ғой* (Қост., Об.).

АСҚАР ТАУ АШАСЫНАН (ТОБЫҒЫНАН) КЕЛМЕЙТІН (ҚХР) менмен, тәкәппар, ешкімді менсінбейтін.

АС ҚАСЫҚ (Қарақ.) үлкен қасық, ожау. *А с қ а с ы қ п е н енді бір рет құйың* (Қарақ.).

АСЛАН (Орал, Чап.) асылы, тегі (қыстырма сөз қызметінде). *А с л а н, сол оқуды да қол көрмейді ғой деймін* (Орал, Чап.).

АСМАЛДЫҚ//АСПАЛДАҚ (Қ.орда, Шиелі) көшкенде, той-думанда тәуір түйелерге жабатын, оюланып, әшекейленген арнайы жабу кілем мен мойнына асатын немесе басына қадайтын жібек шашақты ызба аспалар.

АСМАН//АСМЕН (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) балық аты. *Шүйде а с м а н деген балық көп* (Тау., Қош.).

АСМЕН Қ. асман.

АС НАН (Қост., Фед.) еттің наны. *А с н а н д ы кісі санына қарай салғайсың* (Қост., Фед.).

АСОРАМАЛ (ҚХР) асжаулық.

АСПА[1] **1.** (Қ.орда: Қарм., Тер.) құдық суының молдығы. *Ой, мына жердегі судың*

а с п а с ы н-а й! Суы а с п а екен (Қ.орда, Қарм.). 2. (Қарақ.) терең, шыңырау құдық. *А с п а н ы ң суын шығыр арқылы тартады* (Қарақ.).

АСПА[2] (ҚХР) қылмыстыны асып өлтіретін дар, дар ағашы.

АСПА АСУ (Гур., Шевч.) желбауды тартып байлау. *Қатты жел шаңырақты теңселтіп бара жатыр, а с п а а с а бер* (Гур., Шевч.).

АСПА-ЖАЛАП[1] (Қарақ.) өтірікші, айтқан сөзінде тұрақ жоқ адам. *Ол а с п а-ж а л а п т ы ң сөзіне ерме, қор боласың, балам* (Қарақ.).

АСПА-ЖАЛАП[2] (Түрікм.: Бекд., Алт., Қиян., Красн., Ашх., Таш.) тез, шапшаң, асығыс. *Бойлай* (к.) *а с п а-ж а л а п іспен-ақ шаршадым* (Түрікм., Бекд.).

[Өзбекше *аспижаллоб* жылқымен сауда жасаушы, пайдахор, алыпсатар (Узб.-рус. сл., 1959, 42); түрікмен тілінде дәл осы мағынаны беретін сөз *«ябы желлабы»* тіркестерімен айтылады (Рус.-туркм. сл., 1956, 34). Қазақтың жергілікті тіл ерекшелігіндегі «аспа-жалап» мағына ауысуының нәтижесі деуге болады].

АСПАЙ (Гур., Маңғ.) маяның биіктігі. *Маяның а с п а й ы н өлше* (Гур., Маңғ.).

АСПАҚ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) нәрсе ілетін ағаш. *Етті а с п а қ қ а ілу керек* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АСПАҚ[2] 1. (Шығ. Қаз., Больш.) түзақ сияқты құрал. *А с п а қ қ а асылып өлген байлар да аз болмады* (Шығ. Қаз., Больш.). 2. (ҚХР) жаза құралы, аспа, даршаңгегі. *Асқақтасаң а с п а қ қ а асыласың, бәсең болсаң бәйгеге қосыларсың* (Мақал).

АСПАЛДАҚ Қ. асмалдық.

АСПАНИ-ЗӘМІН (Қарақ.) аспан әлемі. *Спутниктер а с п а н и-з ә м і н айналып жүріпті* (Қарақ.).

АСПАННАН БЫЛҒАРЫ ЖАУСА, ҚҰЛҒА ОҚШАНТАЙ ТИМЕПТІ (ҚХР) құл бәрібір құр қалды.

АСПАННАН ҚҰРАЙ ТҮССІН, ЖЕЛКЕҢДІ ТУРАЙ ТҮССІН (ҚХР) ажалың опоңай болсын.

АСПАП-АНЖАМ (Жамб., Жам.) құрал-сайман, аспаптар. *Дайындықтың бір түрі соқа-сайман, а с п а п-а н ж а м д ы жинап, оны ұстаға беріп, ремонт еттіру болатын болса, бұларда көрінген жерде шашылып, қирап жатыр* («Кол-шы», 1933, №11).

АСПАПШЫ (ҚХР) аспаз, ас пісіруші. *А с п а п ш ы л а р қарбалас Ас даярлап жатқанда, Көккөтен мен Сетерқан Әмір қылды оларға* («Жеті қағ.», 183).

АСПАТӨК (МХР) молшылық. *Диқандарымыз сары ала күздің несібесін ысырапсыз жинап, а с п а т ө к олжаға кенелді* («Ж. өмір», 7.11.1983). *Тастанды ағаштарды пайдаланудан 25 мың сомның пайдасын тапты. Сөйтіп мерейлі мерекеге а с п а т ө к шашумен келді* («Ж. өмір», 7.11.1985).

АСПАУ (Орал: Жаңғ., Орда, Жән.) жарамау. *Шырағым, мен пенсиядамын, жұмысқа а с п а й м ы н* (Орал, Жаңғ.). *...бұған түскен қаражаттарды ең алдымен... жұмысқа а с п а й т ы н қарт, мүгедектерге... қаржылай, заттай жәрдемге беріледі* («Соц. ең.», 21.05. 1936).

АСПЕРИКЕН ҚАУЫН (Жамб.: Св., Жам.) қауынның бір түрі. *Мен биыл а с п е р и к е н қ а у ы н д ы коп ектім* (Жамб., Св.).

АС САЛУ (Рес., Сарат.) тамақ асу, қазан көтеру, ет асу. *А с с а л у керек еді қонақтарға* (Рес., Сарат.).

АС-СУАҢ (Тау., Қош.) ас-су, тамақ.

АСТАЙЛЫ (Жамб., Шу) тіпті, өте. *Мынау а с т а й л ы кем қылша* (Жамб., Шу).

АС ТАҚТА (Түрікм.: Таш., Конеүр., Ашх.; Қарақ.) нан жаятын тақта. *Кенжем, мынау үйдің а с т а қ т а с ы н әкеле қойшы* (Түрікм., Ашх.). *А с т а қ т а с ы адал болса, асының берекесі тасады* (Қарақ.).

[Ұйғырша *аштахта* (Уйг.-рус. сл., 1961, 24); озб. *оштахта* (Узб.-рус. сл., 1959, 312); қарақ. *астақта* (Карак.-рус. сл., 1958)]. Қ. нан тақта.

АСТАҚТАЙ (МХР) үстел.

АСТАМ ЕСЕ (МХР) астам, аса. *Қазір халқымыздың нақты кірісі 1960 жылғыдан төрттен а с т а м е с е, бір адамға тиесілі бөлшек сауда айналымы екіден а с т а м е с е қосылды* («Үгітші», 1926, №10, 5).

АСТАНА[1] (Жамб.: Жам., Св.) есік табалдырығы. *А с т а н а д а н, жөлдан былай тұр* (Жамб., Жам.).

АСТАНА[2] (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж.) халық, ел, жиын. *Жаумен жағаласып жүрмін көптен, Мен жүрген сахарада а с т а н а м ы н, Лайық па сонша байтақ елді сөккен?* (Қашаған ақын). *А с т а н а халық, көйсын ба, ақыры дегеніне көндірді* (Түрікм., Таш.).

АСТАРЛАУ (Сем., Көкп.) жақтырмау.

АСТАУ[1] 1. (Алм., Жам.) үлкен тегеш ыдыс. *Бір қойды сойып, етін асып а с т а у г а жасап, жұмысшыларға бердік* (Алм., Жам.). 2. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) мал су ішетін науа. *Қойды бері қарай айда, балам, а с т а у д а су дайын тұр* (Қ орда, Сыр.).

АСТАУ[2] (Гур., Есб.; Рес., Волг.) қайық. *А с т а у д ы жарамсыз болғаннан кейін, жем салып қойдық* (Гур., Есб.).

АСТАУБАС (Қ.орда, Шиелі) басы жебелі, сүйегі ірі, әбден толысқан еркек біртума (нар). Көбіне мұндай түйе біртумаларда кездеседі.

АСТЫҚ 1. (Орал: Жөн., Каз.т.; Шығ. Қаз., Больш.; МХР; Тау., Қош.) азық. *Ведомостімен колхоз бухгалтері бірнеше адамға а с т ы қ берді* (Орал, Жән.). *Біздің үйде тиірменге тарттырып келген екі қап а с т ы қ тұр* (Шығ. Қаз., Больш.). **2.** (Орал, Орда) үн. *Қара астық* – қара бидайдың ұны.

АСТЫМ-ҮСТІМ (МХР) жүрдім-бардым; жеңіл-желпі. *Кабайды адам бақытын а с т ы м ұ с т і м шолақ ойлайтын, асқан тұрлаусыз адам деп тұйген...* (М. Құрман., 213).

АСТЫҢҒЫ ИЕК (МХР) бүркіттің астыңғы тұмсығы.

АСТЫҢҚЫ (Тау., Қош.) астыңғы.

АСУ[1] (Қост., Жанг.) шаптыру. *Бедеу биеге айғыр а с қ а н м е н құлындамайды* (Қост., Жанг.).

АСУ[2] (Ақт., Ырғ.; Қ.орда: Жал., Қарм.) аса. *Қолхозымызда 400-ден а с у жылқымыз бар* (Ақт., Ырғ.).

АСУЫМЕН (Павл., Майқ.) артығымен. *Қасиманов, Айтасов жолдастар да жылдық нормаларын а с у ы м е н орындады* («Ст. туы», 1.01.1942).

АС ҮЙ (Түрікм., Небид.; Қост., Пресн.) ас, тамақ қоятын үй. *Бұл жігіттерді бөгей алмасын сезініп, Омар да а с ү й г е қарай кетті* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 474).

АСЫ[1] (Алм., Кег.; Қарақ.) қыр, биік үстірт. *Аттар ауыл маңайында көрінбеген соң, а с ы г а шықтым. Жаздыгүні Алатаудың а с ы с ы н д а қар жатады* (Алм., Кег.).

АСЫ[2] (ҚХР) күнәкар. *А с ы болып құдайға олай деме* («Сөз сан.»).

АСЫҚ[1] (Жамб.: Шу, Св.; Шымк., Мақт.) артық. *А с ы қ сөзі бар кісі екен. Ақ теңіздей толқын тасып Жерім толды төрт тұлікке, Жәспар толық болып а с ы қ Орындалды күнделікте* (Жамб., Шу). *Былтыр мал пыланын а с ы г ы м е н орындадық* (Жамб., Св.). *Біздің колхоз кейбір колхоздан а с ы қ* (Шымк., Мақт.). *Тінті Келдияров жолдас кейбір товарларды а с ы қ бағаға да сата салады* («Мақ. стах.», 10.10.1951, №39).

АСЫҚ[2] (Шымк., Мақт.) озық, алда. *Біздің колхоз кейбір колхоздан а с ы қ т а* (Шымк., Мақт.).

АСЫҚ[3] (Қост.: Об., Тар.) ғашық. *Даусыңды бір шығаршы шаттанайын, Сырттан а с ы қ болғаннан өліп едім* («Қаз. мек.», 1961, №10, 63).

АСЫҚ БӘЗИ (Ауғ.; Ир.) асық ойыны.

АСЫҚ ЖАҢЫЛТПАШ (Ақт., Ключ.) балалардың асықты жасырып ойнауы.

АСЫҚТАУ (Қарақ.) киім, көрпе, т. б. нәрселерді көмкеру, жиектеу.

АСЫҚТЫ КҮЛДІРУ (Гур., Маңғ.) асықты иіру.

АСЫҚТЫҚ (Жамб.: Шу, Мер., Қорд.) артық, артықшылық. *Бұл жиренгенің а с ы қ т ы қ еді* (Жамб., Шу).

АСЫҚШЫЛАП ТІГУ (Өзб., Ташк.) бұл тігу формасы орамал шетін не нәрестеге кигізетін жадағай шеттерін тігуде қолданылады.

АСЫЛ[1] (Түрікм.: Ашх., Таш.) ата-баба. *Арыдан, а с ы л ы м ы з д а н келе жатқан дәстүр* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *аслы* пайда болған тегі (Туркм.-рус. сл., 1940); тур. *асыл* негіз, мән (Тур.-рус. сл., 1977, 67); өзб. *асл* негізі, түбірі (Узб.-рус. сл., 1959, 41); тат. *асыл* тамыр, ру, тайпа, тұқым (В. Рад., Опыт..., 1, 539). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *асл* негіз, тамыр (С. Мал., ПДП, 361). Арабша *асил* ру, тек (Ар.-рус. сл., 1, 1970, 42)].

АСЫЛ[2] (Түрікм.: Мары, Таш.) өнім. *Бұл дәнеден а с ы л жақсы алынады* (Түрікм., Мары).

[Түрікменше *хасыл* (Рус.-туркм. сл., 1956, 803); қырғ. *асыл* (К. Юд., КРС, 76); өзб. *хосил* (Узб.-рус. сл., 1959, 662); қарақ. *хасыл* (Рус.-карак. сл, 1947)].

АСЫЛУ (Қарақ.) жала жабу.

АСЫЛ ШАҚА (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) саны кейде 18-ге дейін жететін мақта беретін бұтақтар. *Әзір пахтаның арам шақасы* (қ.) *мен а с ы л ш а қ а с ы аралас өсіп келеді* (Түрікм., Тедж.).

АСЫЛЫҚ (Жамб., Сар.) артық, астамшылық. *А с ы л ы қ сөз айтпау. Оның кейбір айтқан сөзі а с ы л ы қ* (Жамб., Сар.).

АСЫҢНАН ҮШІР (Қ.орда: Арал, Қаз., Қарм.) қайыр, құдайы беру түрі. *Басыңнан садага, малыңнан зекет, а с ы ң н а н ү ш і р, оразаңнан пітір* («Екп. балықшы», 1932, №18).

АСЫРАУ (Орал: Жән., Орда) масыл. *Ережеп баласы жұмыс жасамай әлі әкешешесіне а с ы р а у* (Орал, Орда). *Сергалиев Қыдыраш сияқты бір күн де еңбек етпей, колхозға а с ы р а у болып жүргендер де бар* («Ком.», 26.06.1939).

[Туваларда *азырадыкчы* (Рус.-тув. сл., 1980, 284). Ертедегі жазба ескерткіштерде *асрамақ* жасыру, тығу (А. Бор., Бадаи..., 68)].

АСЫРЫМ (Гур., Маңғ.) алыс. *А с ы р ы м г а кетті* (Гур., Маңғ.).

АТАБАС (Қост., Жанг.; Қ.орда: Сыр., Жал.; Гур.: Шевч., Маңғ.; Қарақ.) өсіп түрған егіннің

алғаш піскен бастары. *Егін жаппай піспей тұрғанда ара-арасынан, а т а б а с ы н теріп алушы едік* (Қ.орда, Сыр.).

АТАБАСТАУ (Қост., Жанг.; Қ.орда, Сыр.; Гур., Маңғ.) тары, бидай, т. б. дәнді егістің пісе бастағанда ара-арасынан піскен бастарын қиып алу, масақтап алу. *Иса тарысын а т а б а с т а п жұр, пісіп қалған көрінеді* (Қост., Жанг.). *Пірман күрішін а т а б а с т а п жұр* (Қ.орда, Сыр.). *Ойдағы егін де а т а б а с т а п пісейін деп тұ* (Гур., Маңғ.).

АТАБАШ (Гур., Маңғ.) егіндегі алғашқы піскен бастарды іріктеп жинау.

АТАҒАШ[1] (Гур., Маңғ.) өткеншек түрі.

АТАҒАШ[2] (Орал, Казт.; Рес., Волг.) атбайлауыш. *Сарқытқа берген дөненді а т а ғ а ш қ а байлап кетеді* (Орал, Казт.).

АТАҒАШТАЙ (Гур., Маңғ.) ұзын, арық адам. *Бір а т а ғ а ш т а й арық жігіт еді* (Гур., Маңғ.).

АТАҒЫНДАҒЫ (Қ.орда: Қаз., Қарм.) атындағы. *Кағанович а т а ғ ы н д а ғ ы колхозда малдың іш тастау індеті көбейіп барады* («Стал. туы», 1939, №5).

АТА ЖАП (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал., Қарм.) үлкен арықтан таралған кішірек арық. *Жармадан а т а ж а п, а т а ж а п т а н егінге қолшық тарайды гой, қарағым* (Қ.орда, Қарм.).

АТАЙ БЕРУ (Гур., Маңғ.) атой беру, ұран шақыру. *Түрікпенді қуған Сүйінқара батыр жақындап келіп а т а й б е р е д і. Түрікпен қашады* (Гур., Маңғ.).

АТАЙМАН[1] 1. (Қ.орда, Сыр.; Рес., Орын.) өте, тым, тіпті. *А т а й м а н алыс екен* (Қ.орда, Сыр.). *Ахмет бір сиыр сатып алыпты, оны сойып сатқан екен, а т а й м а н семіз болыпты* (Рес., Орын.). 2. (Қост., Об.) мықты, күшті. *А т а й м а н жылқы* (Қост., Об.).

АТАЙМАН[2] (Қ.орда, Қарм.) бұзық, қырсау. *Өзі де бір а т а й м а н мал еді* (Қ.орда, Қарм.).

АТАЙМАН СУЫҚ (Рес., Орын.) қатты суық. *Күн а т а й м а н с у ы қ, қиыршық қар жауып тұр* (Орын., Ад.).

АТАЙЫ МЕРГЕН (Қарақ.) атақты, мықты мерген. *А т а й ы м е р г е н емеспіз* (Қарақ.).

АТАҚ[1] (Қарақ.) үй салғанда лайды күрекпен алып беріп тұратын адам, үй салатын шебердің көмекшісі.

АТАҚ[2] (Гур.: Маңғ., Мах.; Жезқ., Ағад.) атжөн. *Менің а т а ғ ы м д ы жазып алыңыз* (Гур., Мах.). *Ертпеп сайлап ат беріп, А т а ғ ы м д ы жазып сыртына, Бір жапырақ қағаз хат беріп* (Қашаған ақын).

АТАҚ АРБА (Қарақ.) жас балалардың итеріп жүргізетін арбасы.

АТА ҚАРЫ (Қарақ.) ата көсібі.

АТАҚ-ЖӨНДЕРІ (Гур.: Маңғ., Мақат) аты-жөндері. *Олардың көпшілігінің сайлаушылар тізіміндегі а т а қ-ж ө н д е р і тексеріліп болды* («Соц. Эмба», 30.01.1947, №6).

АТАҚТАУ[1] (Орал: Қара., Шыңғ., Жымп.) аталу. *Басқарма а т а қ т а м а с а д а, еңбегіңді ел біледі* (Орал, Жымп.). *Аттары а т а қ т а л г а н д а қайта-қайта қол шапалақтап отырды* («К-зшылар үні», 6.06.1938).

АТАҚТАУ[2] (Орал, Орда) аты-жөнін сұрау.

АТАҚ-ШАТАҚ (Қ.орда, Арал) бүліну, шатақ шығу. *Сонымен күзде а т а қ-ш а т а қ болып қайтады* (Қ.орда, Арал).

АТАЛА[1] (Жамб.: Шу, Тал., Сар.; Алм.; Жезқ., Ағад.; Талд.) үн көже. *Ол уақытта а т а л а н ы таба алмадық қой* (Жамб., Тал.).

[Қырғызша *атала* (К. Юд., КРС, 78); үйг. *атила* (Уйг.-рус. сл., 1961, 22); өзб. *атала* (Узб.-рус. сл., 1959, 43)].

АТАЛА[2] (Көкш.: Қ.ту, Щуч., Еңб.) айран араласқан сорпа. *А т а л а ішсең, жеген тамағыңды басады* (Кокш., Қ.ту).

АТАЛАҚ-ҚҰТАЛАҚ (Гур.: Есб., Маңғ.) жеңілтек. *Сәрсенгали а т а л а қ-қ ұ т а л а қ кісі емес* (Гур., Есб.).

АТАЛАҚТАУ[1] (Гур., Маңғ.; Түрікм., Көнеүр.) аттың ширақ, пысық жүрісі. *Аты бір а т а л а қ т а ғ а н жақсы ат екен* (Гур., Маңғ.). *Астына мінген аты а т а л а қ т а п* озып *кетті* (Түрікм., Көнеүр.).

АТАЛАҚТАУ[2] (Гур., Есб.) далбаңдау, далбалақтау. *А т а л а қ т а п шаба жөнелді гой анау* (Гур., Есб.).

АТАЛАҚТАУ[3] (МХР) үшқалақтау. *Негылайын деп едің оны. А т а л а қ т а п неқып жүрсің* (М. Құрман., 55).

АТАЛАҚТАУ[4] (Орал, Жән.) оқалақтау. *Сиырлар озған заманда а т а л а қ т а п шауып еді* (Орал, Жән.).

АТАЛАМАУ (Қ.орда, Сыр.) сөйлемеу, айтпау. *Тұрсың деп бұл арада не сандалып, Аузыңа келген сөзді а т а л а м а й* (Рус. дас., 161).

АТАЛҒЫ (Шығ. Қаз., Қатон.; Шымк., Қызылқ.; Сем.: Көкп., Ақс.; МХР) шапашот, жүзі имек шот. *Ершілер ердің қасын а т а л г ы м е н шабады* (Шығ. Қаз., Қатон.). *А т а л г ы н ы кешелі бері таба алмай жүрмін* (Сем., Ақс.).

АТАЛҒЫШ (ҚХР) алтын, күміс бұйымға адамның есімін жазуға және түрлі сызықтар сызуға қолданылатын, жүзі көлбеу өткір құрал. *А т а л г ы ш т ы ыңғайлы болу үшін сабын*

бұрандалы етіп жасайды (Ж. Сөнік., Қаз. тұрм., 34).

АТАЛЫ (Рес., Волг.) ер шабатын құрал. Жүзінің ені төрт сантиметрдей, өкі шеті кайырылған шот тәрізді құрал.

АТАЛЫҚ[1] (Рес., Орын.) ата, ру. *Жерді а т а л ы қ қ а бөлгенде, Жарлы суының бойы Ормантай а т а л ы г ы н а тиеді* (Рес., Орын.).

АТАЛЫҚ[2] (Рес., Орын.) қаздың еркегі, ата қаз. *А т а л ы қ қаздың біреуі көрінбейді гой* (Рес., Орын.).

АТАЛЫҚ[3] (Рес., Омбы) отан. *А т а л ы қ соғыс кезінде нелер қиындықтар болды гой* (Рес., Омбы).

АТАЛЫҚ[4] (ҚХР) **1.** ертедегі Бұхар жұртында ханның ақылшы қариясы. **2.** бұрынғы қазақ ауылының батагөй ақсақалы.

АТА МАЛ (МХР) еркек мал. *А т а м а л бағу қыры мен сыры қиын шаруа екен* («Ж. өмір», 4.06.1987).

АТАМАН 1. (Гур., Маңғ.) итбалық аулаушылардың бастығы. **2.** (АКОМ) қыстығүні теңізде балық аулаушылардың басшысы. *А т а м а н қызыл балық аулаушыларды басқарады. А т а м а н балықшыға қарады да, дұрбісін ұсынды* (АКОМ). 3. (Гур.) бұрынғы казак-орыс байларының мекендеген жері. *А т а м а н д а колхоздың мал фермасы бар* (Гур.).

АТАМ-АНАМДА (Гур.: Маңғ., Шевч.) айында-жылында бір, анда-санда. *Самға бара жатқандағы жолда су деген а т а м-а н а м д а бір кездесетін нәрсе* (Гур., Маңғ.).

АТА-МИРАЖ (ҚХР) атамұра.

АТАНАҚ[1] (Қарақ.) мал төлінің тұмсығына кигізетін құрал.

АТАНАҚ[2] (Түрікм., Небид., Жеб.) құдықтан су тартқанда аркан жылжып түру үшін салынған блок. *Шығырмен су тартқанда а т а н а қ өте қажет* (Түрікм., Небид.).

[Түрікменше *атанак* крест бейнелес үршык (Туркм.-рус. сл., 1940)].

АТАНАҚ-БҰТАНАҚ (Орал, Жымп.) ойлы-қырлы, ойқы-шойкы жер. *Атанак* томарлы жер (Н. Ильм., Материалы...).

АТАНАҚТАУ (Гур., Маңғ.) тайрақтау, тайраңдау. *Тайлан а т а н а қ т а п алға тұскен жастау жағы кейін іркіліп, жапа-жалғыз ақ боз үйге қарай лап қойған* (Ә. Кекіл., Үркер, 26).

АТАНЫ (Рес., Омбы) сисаның бір түрі.

АТАНЫСҚА КЕЛТІРУ (ҚХР) белгілі бір әрекетке үйыстыру, жұмылдыру.

АТАҢА НЕКЕС (Орал, Орда) атаңа нәлет. *Таргын жырында а т а ң а н е к е с деп ұрсатын жерлері бар болатын* (Орал, Орда).

АТАП (Орал, Орда) балауса шөп. *Қойды а т а п қ а апарып жаяды* (Орал, Орда).

АТАП БЕРУ (Гур., Маңғ.) ұран салу.

АТАР[1] (Сем., Үрж.; Гур., Маңғ.; Жамб.; Орал, Жән.; Жезқ., Ұлы.; **Қ**арақ.) отар, бір қора мал. *Әлиде бір а т а р мал көрінеді* (Сем., Үрж.). *Бір а т а р қойда екі шабан бар* (Жезқ., Ұлы.). *Бір а т а р қойды, Аңырақайға айда* (Орал, Жән.). *Әсіресе, шопан Байсыбаев пен Шындәулетов және Тәжиевтердің а т а р л а р ы төлді көп алып жатыр* («Колх. екп.», 10.04. 1939). *Баламда өскен соң бір а т а р қойға ие болады гой* (Қарақ.).

АТАР[2] (Жамб., Шу; Гур., Есб.) жайылым. *Малдың көбі Тайсойгандағы а т а р д а жатыр* (Гур., Есб.). Қырғ. *отор* (К. Юд., КРС, 538).

АТАР[3] (**Қ**арақ.) саудагер.

[Арабша *гаттар* түрлі қол тауарлар сатушы (Ар.-рус. сл., 666)].

АТАР[4] (Рес., Сарат.) соғыс, жау. *Әкем а т а р жоқ уағында қайтты* (Рес., Сарат.).

АТАР-АТАР (Жамб., Жам.) отарлар, бірнеше отар. *Малды а т а р-а т а р г а бөліп жаямыз* (Жамб., Жам.).

АТАРҚА (ҚХР) төбесін қырлап жапқан үйшік, уақытша баспана.

АТА-СУ ЖАЙЛАУЫ (Сем.: Абай, Шұб.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) атамекен. *Шыңғыс біздің а т а-с у ж а й л а у ы м ы з* (Сем., Абай).

АТ-АТАҒЫ ШЫҚҚАН (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) абыройлы, беделді. *Мәден Тәжібаев облыстағы а т-а т а г ы ш ы қ қ а н мұғалім емес пе!?* (Тау., Қош.).

АТАУ[1] (Қ.орда, Арал; Қарақ.) кішкене арал, құрлық жер. *Аралдың кейбір балық заводы а т а у д а тұрады* (**Қ**.орда, Арал). *Құланды маңы, Возрождение, Лазарева а т а у л а р ы н а балықшылар жегін* (қ.), *сонан балық аулату, балық сақтайтын орындар, бөлімшелер ашу жұмысы болу керек* («Екп. балықшы», №30, 1932). *Ауылымыз а т а у д а, аяқ-қолымыз матауда* (Қарақ.).

[Түрікше *ада* (Тур.-рус. сл., 1977, 24); чув. *утаа* (Чув.-рус. сл., 1985, 519); карак. *атав* (Н. Баск., Карак. яз.); көне қуман тілінде *атов* (СС, 39)].

АТАУ[2] **1.** (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) от жер, шөбі мол, жайылым жер. *А т а у г а жайылған мал семіз болады* (Ақт., **Ы**рғ.). *Қыста малға а т а у жер, жайлы жақсы болады* (**Қ**.орда, Арал). **2.** (Қ.орда, Арал) құм ішіндегі қалың жыңғыл, сөксеуіл. *Келе жатып, жолда бұрылып, а т а у г а соқтым* (Қ.орда, Арал).

АТАУ, АЗАСЫ ЖОҚ (Қарақ.) дымы жоқ, құр алақан.

АТАУЫЗ 1. (Гур.: Маңғ., Шевч., Есб.; Қ.орда: Арал, Жал., Қарм., Қаз.; Ақт.: Ойыл, Ырғ., Қараб.; Орал: Орда, Казт., Чап.; Түрікм.: Таш., Ашх., Жеб.; Қарақ.) тістеуік. *А т а у ы з д ы әперші, шеге суырайын* (Гур., Маңғ.). *А т а у ы з ағаш ұстасы мен темір ұстасына бірдей құрал* (Қ.орда, Жал.). *Балам, а т а у ы з д ы әперіп жіберші* (Ақт., Қараб.). *Мына шегені суыру үшін а т а у ы з керек болды* (Орал, Орда). *Сыбайдағы а т а у ы з д ы сұрап, алып келің* (Түрікм., Ашх.). *Әрбір ұста дүкенінде а т а у ы з қолдан жасала береді* (Қарақ.).

[Түрікменше *атагзы* (Рус.-туркм. сл., 1956)]. 2. (Өзб., Бұх.) қысқаш.

АТАУЫЗ ТІСТЕУІК (МХР) басы жылқының тісі тәрізді тістеуік.

АТАШ[1] (Шымк.: Мақт., Қызылқ., Арыс; Жамб., Сар.) пойыз. *Ташкенге а т а ш п е н бардың ба?* (Шымк., Мақт.). *Бір а т а ш солдат өтті* (Шымк., Арыс).

АТАШ[2] (Қарақ.) шоқ шашылмас үшін жасалатын ошақ жағалауындағы қалқан. *А т а ш т а н шоқ сіпсіп кетпесін, абайлаң* (Қарақ.).

АТАШ[3] (Жамб.: Сар., Тал., Жам.) қысқаш, шымшуыр. *А т а ш п е н, самауырға от сал* (Жамб., Сар.).

АТАШ КӨСЕУ (Жамб., Жам.) шымшуыр. *А т а ш к ө с е у м е н көмір, шоқ ұсталады* (Жамб., Жам.).

[Өзбекше *оташ* от, жалын, шок (Узб.-рус. сл., 1959, 309); әзірб. *атәш* от (Азерб.-рус. сл., 1, 1962, 156); түр. *атеш* от, жалын (Тур.-рус. сл., 1977, 73); гагауз тілінде *атеш* от (ЭО; В. Мош. Гагаузы..., 57). Парсыша *атәш* от «Аташ көсеу» тіркесінің әдеби тілдегі мағынасы «от көсеу» дегенді түсіндіреді].

АТБАЙЛАР[1] (Қар., Ж.арқа) ат байлайтын қазық. *Болыстық аткомның алдындағы а т б а й л а р д а байлаулы аттар тұр* (С. Сейф., Шығ., V, 65).

АТБАЙЛАР[2] (ҚХР) ұзатылған қыз. *Ұзатылған қыз сенің болашақ а т б а й л а р ы ң, өрісің, сондықтан қыз бала ұл баладан кем тұрмауға тиіс* (ҚХР).

АТБАП (Рес., Орын.) ат баптаушы. *Бізде а т б а п десе, Ырғыз жақта атсейіс деп айтады екен* (Рес., Орын.).

АТБАША (Қарақ.) ағаш сапты айыр. *Жылымды а т б а ш а м е н мұз астында айдаймыз* (Қарақ.).

АТБЕСІК (ҚХР) өскі, қабір басына орнатылған моланың бір түрі. *Ол уақытта бабата Бомпайып жатқан жер еді. А т б е с і к салып басына, қабірін бұлар тұзеді* (Қазақ қиссалары).

АТ БОҒЫН СУЫТПАЙ (МХР) тез арада, жедел. *Ол а т б о г ы н с у ы т п а й ресей патшасына елші шаптырып, алыс-берісті де жеделдетті* (С.Тәу., Ақыр Жән., 120).

АТ БОЙЫН АЛА ҚАШУ (ҚХР) ат-тонын ала қашу.

АТ ДОБЫРА (Маңғ., Шевч.) атқа жем беретін дорба. *А т д о б ы р а ғ а сұлы салып, аттың басына іліп қой* (Маңғ., Шевч.).

АТЖАЛ[1] (Жамб.: Шу, Қорд., Мер.; Көкш.: Чкал., Уәлих.) айдалмай, жыртылмай қалған жер. *Жұруге арзымайтын кішкене ғана а т ж а л қалды* (Жамб., Шу).

АТЖАЛ[2] (Қар., Шет; Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту, Щуч., Еңб.) тырмамен жинаған шөп үйіндісі. *300 гектардан астам орылған бидай а т ж а л д а қалды, бұл шығынға ұшырау қаупінде* (Көкш., Қ.ту). *Қазір төрт жүз гектар алаңның шөбі жиналмай, а т ж а л д а жатыр* («Соц. ең.», 10.10.1956).

АТЖАЛ ҚЫП ТӨГУ (Қ.орда, Арал) ат жалындай етіп созып салу, төгу. *Алдына жайған дастарқанды, а т ж а л қ ы п т о к к е н сары бауырсақты қоргенде, қарт софы кенет көңілденіп кетті* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 139).

АТЖАЛМАН (Гур., Маңғ.; Ақт., Ырғ.; Қост., Об.; Алм., Жам.) құлағы үлкен, құйрығы қысқа үлкен сұр тышқан. *Қапты а т ж а л м а н тесіп кетпесін* (Алм., Жам.).

АТЖАЛМАНДАЙ ШҰЛҒУ (Қар., Шет) икемді, ширақ болу. *Бала деген а т ж а л м а н д а й ш ұ л ғ ы п тұрмай ма екен* (Қар., Шет).

АТ ЖАП (Қост.: Жанг., Аман.) суармалы егіс жеріндегі жал боп үйілген топырақтар. *Амангелді атындағы колхоз суармалы егістің а т ж а п, кесе соғу, әуіт, арықтар қазу жұмысын сапалы етіп ақтады* («Соц. шаруа», 1945, №21).

АТ-ЖАРАҚ (Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж., Таш., Көнеүр.) қару-жарақ. *Хиуа хандығы сол қырық жігітті а т-ж а р а қ беріп, қолына ұстапты* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *ат-яраг* (Хазирки заман түркмен дили. Ашх., 1960, 236); *яраг* қару (Рус.-туркм. сл., 1956)].

АТ ЖЕМІ (Қарақ.) кеусен.

АТ ЖЕТЕЛЕП АПАРУ (МХР) сый-құрмет ретінде ат апару.

АТЖОЛ (Қ.орда: Сыр., Жал.) көпір. *Пойыздың жолын кесіп өтетін а т ж о л д а н өтісімен алдында вокзал* (Қ.орда, Сыр.).

АТ ЖҮРГІШ (Жамб.: Сар., Тал.; Қар.: Шет, Нұра; Жезк., Ағад.) салт атты кісінің

қамшысы. *А т ж ұ р г і ш т і қайда қойды?* (Жамб., Тал.). *А т ж ұ р г і ш к е қол жалғап жіберші* (Қар., Шет). *Қалтасында ақша, бойында басы артық іштеме жоқ. А т ж ұ р г і ш і н ұсынды* (Ғ. Мүст., Көз көр., 186).

АТИ: АТИ ЖӨНҒЛДІ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) ата жөнелді.

АТКЕЗШІ 1. (Алм., Шел.) ертеде атпен жүріп сауда істеушілік. *Бұрынғы реттерде Қытай мен Албан елі арасында а т к е з ш і л е р жүретұғын* (Алм., Шел.). 2. (ҚХР) қымбат бағалы заттарды заңсыз түрде жасырын алып сатушы. *Өзіндей сақал-мұрты, тұқа-тұсі, Кемсеңдеп қарай берді әлгі кісі. Сырласса а т к е з ш і ме, апиыншы, Жатыпты үш ай мұнда пысып іші* («Ақпар-Сейт» дастаны).

АТКЕЛДЕУ (ҚХР) ыдыспен суару. *Көліктерді ...Тұкең әдеті бойынша а т к е л д е п суарып жатыр* (Қ.Баянбайұлы).

АТ КЕЛІНШЕК (Орал, Орда) отаусыз, жасаусыз түскен келіншек. *Қайсы бір сараң байлар қызын ұзатқанда отау бермей, қызын а т к е л і н ш е к атандыратын* (Орал, Орда).

АТ КӨЗ БӨЛУ (Жамб.: Шу, Мер.) биіктігі ат арқасымен бірдей болу. *Көк шөп а т к ө з б о п осілті* (Жамб., Мер.).

АТ-КӨНДІК (Сем., Аяг.) ат баптаушы.

АТКӨПЧІК (Жамб.: Шу, Мер.) ат көрпе. Ердің үстіне салатын шағын көрпе. *Жаңадан бір а т к о п ч і к жасағалы жатырмын* (Жамб., Шу).

АТКӨПІР (Қар., Нұра; Қост.: Аман., Жанг.) қобырсу, қопсу. *Сезді олар адасқанын Жәмиланың, Тұрткілеп түгел тінтті завод маңын, Андыздап ағылған жұрт шар тарапқа Шығарды а т к ө п і р і н кең даланың* (Қ. Аманж. Тол. жин., 2 т., 260). *Одан бергі ашық жерге Майлық көлдің көк құрағы мен қогасын а т к ө п і р қылып төсеп тастапты* (А. Нұрм., Құл. аж., 32).

АТ КӨРПЕ (Қарақ.) көрпе. *Келген меймандарға а т к ө р п е л е р і ң жете ме?* (Қарақ.).

АТКӨШЕК (Алм., Кег.) қайта көшіп келіп орнығу. *Бірқатар үйлер Қытайға барып а т к ө ш е к болып қайтып келді* (Алм., Кег.).

АТКҮРКЕ[1] (Сем.: Көкп., Ақс.) жеңіл, 5 кісілік шатыр. *А т к ү р к е жұмыс басына уақытша тігілді* (Сем., Ақс.).

АТКҮРКЕ[2] (Алм., Кег.) қамыстан не басқа заттан істелген атқора, кішкене қора. *А т к ү р к е д е үш ат тұр* (Алм., Кег.).

АТҚАЗЫҚ (Түрікм.: Бекд., Таш., Жөб., Красн.) ат байлау үшін жерге қағылған ағаш қазық. *Ары таманда а т қ а з ы қ бар, соған байла* (Түрікм., Жеб.).

АТҚАҚТАУ (Орал: Казт., Чап.) жүректің қатты соғуы, лүпілдеуі. *Әлгінде бастан кешкенім қайта есіме оралып, жүрегім а т қ а қ т а п кетті* (Қ. Қар., Алт. изд., 201).

АТ ҚАМШЫ 1. (Жамб., Шу) салт аттының қамшысы.

[Ұйғырша *атқамча* (Уйг-рус. сл., 1951, 23)]. 2. (Түрікм., Красн.) алты таспадан өрген қамшы. *А т қ а м ш ы н ы бір қойға айырбастап алушы едік* (Түрікм., Красн.).

АТҚАРУ ӘКІМШІЛІГІ (МХР) атқару комитеті. *Аймақтық ХДХ а т қ а р у ә к і м ш і л і г і н і ң бастығы Қ. Қызырхан жолдас мерекелік баяндама жасады* («Ж. өмір», 7.11.1983).

АТ ҚАТЫРУ (Тау., Қош.) ат баптау, жарату. *Ол бәйгіге қосқалы а т қ а т ы р ы п жатыр* (Тау., Қош.).

АТ ҚӨСУ (Қост.: Семиоз., Фед.; Алм., Жам.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) арбаға ат жегу. *Қ ұ н а н д ы бастықсын деп әдейі жеңіл арбаға қ о с т ы м* (Қост., Фед.). *Сейдазым, мынау арбаға а т қ о с, енді жүрейік!* (Алм., Жам.). *Біз Мырзакеңдікіне барсақ, ол кісі арбаға а т қ о с ы п жатыр екен* (Түрікм., Таш.).

АТ ҚҰЛАҒЫ КӨРІНБЕЙТІН БОРАН (МХР; Сем.: Ақс., Көкп., Аяг.) қар жауып, қатты жел соғып, түк көрінбейтін боран.

АТ ҚҰЛАҒЫНАН АҚСАМАЙДЫ (ҚХР) ештеңе етпейді.

АТҚҰЛАҚ[1] (Шымк.: Түлк., Мақт.; Алм., Жам.; Жамб., Шу; Орал, Қара.) томарбояу. *А т қ ұ л а қ т а н бояу жасаймыз* (Шымк., Түлк.). *Ағайынды қоқыр таз, а т қ ұ л а қ т ы ң түбін қаз* (Алм., Жам.). *А т қ ұ л а қ жапырағы қар екі жауғанша құрғамайды* (Жамб., Шу). *А т қ ұ л а қ теріні илеп те шығарады* (Орал, Қара.). *Көңді жеріне а т қ ұ л а қ, құмды жеріне кісі бөйы дерлік құрай өскен қара-құра арасынан ақырын қозғалып келеді* (Қ. Қар., Алт. изд., 354).

[Өзбекше *отқулоқ*: 1) қымыздық; 2) сұлы бас (тимофеевка) (Узб.-рус. сл., 1959, 309)].

АТҚҰЛАҚ[2] (Орал, Чап.) саңырауқұлақ.

АТҚҰЛАҚТАНУ (ҚХР) шалғындап өсу, қаулай осу. *Елубай ауылға жетіп қалғанын қарсы алдындағы қапталды алып жатқан, көгі а т қ ұ л а қ т а н ы п, алшындап қараөкөк тартқан, кілемдей тұрленген дөмбелекке келгенде бірақ білді* (О. Әбділұлы).

АТҚЫ[1] (Ауғ.; Ир.) мойын орағыш.

АТҚЫ[2] (ҚХР) ескі ату құралы – жақтың бір түрі.

АТҚЫН (Павл., Үрлі.) азғын, бұзылған. *Мынау а т қ ы н қайдан келді екен?* (Павл., Үрлі.).

АТҚЫШЫЛ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) мерген. *Шахидың баласы а т қ ы ш ы л, тіпті машал құстың өзін де атып алады* (Түрікм., Таш.). *Белгіліде Бегей бар, Бег сауытты Жанақ бар, А т қ ы ш ы л д а кедей бар, Сүйінқара, Салақ бар, Белгілі ердің бәрі бар* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *атыджы* мылтық атушы адам (Рус.-туркм. сл., 1956, 747); қырғ. *аткычы* атушы (К. Юд., КРС, 79); осы мағынада хакастарда *атыгчы* (Хак.-рус. сл., 1953, 35). Ертедегі жазба ескерткіште *атғучы* атқыш, садақ атушы (Э. Надж., ИССТЯ, 157)].

АТЛАУ (Қарақ.) аттау. *Салмадан а т л а п алмадым, баяпылдап өтіп келе жатыппын* (Қарақ.).

АТ МАЛТЫС (Алм., Шел.) суға жүзудің бір түрі. *Ит малтыс, а т м а л т ы с, бақа малтыс, құлаштап малтыс деп, тоғыз саққа жүгіртіп малтимын* (Б. Соқп., Біз де бал. бол., 33).

АТ ОЙЫН (Алм., Жам.) ойын түрі. *Сол күні баламның өзі тіленіп, а т о й ы н г а кетті* (Алм., Жам.).

АТ-ӨТТІМ (Қост., Пресн.) жеңіл-желпі, қалай болса солай. *Онда немене, а т-ө т т і м болар деп жүр ме едің?* (Ғ. Мүсір., Оян. олке, 379).

АТПА (Қ.орда: Қарм., Сыр.) салмаға (к.) су құю әдісі. *А т п а атып талай күнді өткізіп едік, бұл күнде сирек* (Қ.орда, Сыр.).

АТПАЗ (Қост.: Об., Торғ., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) атты жақсы баптай білетін адам. *Атсейісті кейде а т п а з деп те атайды* (Қост., Жанг.). *Бұл а т п а з кісі. А т п а з адам қазір көп кездесе бермейді* (Жезқ., Ұлы.). *Ахмет бұрын а т п а з кісі еді* (Қост., Об.).

[Әзірбайжанша *атбаз* (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 156)].

АТПАЗШЫ (Сем., Ақс.) ат күтуші, баптаушы. *А т п а з ш ы д а колхоздың аттары бапталуда* (Сем., Ақс.).

АТПАЛ (Алм.: Нар., Кег.) мықты, қарулы. *Қасына сай тасындай ыңғай а т п а л жігіттерден топ жинап берген* (Р. Райым., Жап. жанр., 27). *– А т п а л азаматтар тұрганда Зибашы несі, ей, мынаның?! – десіп, көпшілік мүлде гүілдесіп кетті* («Жүлдыз», 1988, №2, 49).

АТПАША (Қарақ.) темір айырдың сапталған түрі.

АТПЕЙІС (Қ.орда, Арал) атты жақсы жарата білетін адам.

АТПЫРАШ 1. (Алм., Шел.) ат сыншысы. *Әлібек а т п ы р а ш адам еді* (Алм., Шел.). 2. (Шымк.; Жамб.) ат күтуші, ат бағушы.

АТРАУЫШ (Гур., Шевч.) мал шаруашылығын білетін адам. *А т р а у ы ш мал бага алмайды* (Гур., Шевч.).

АТ САБАНЫ (Орал, Қара.) атқа жегілетін соқа. *А т с а б а н ы м е н жер жыртушы Байдалиев күнге 0,8 га орнына 1,83 га жер жыртты* («Кол-зшылар үні»).

АТ САЙЫС (Қ.орда, Шиелі) ат баптаушы.

АТ САЛУ (Қост., Жанг.) сөз салу, астыртын кісі жіберу, байқау. *Амангелді Торгайга астыртын кісі жіберіп, а т с а л ы п байқастады* (Қост., Жанг.).

АТСЕЙІС (Қост., Жанг.; Қ.орда: Шиелі, Арал, Сыр., Жал., Қарм.) бәйге атын баптаушы адам. *А т с е й і с т е р д і ң аузында «ат солығын бассын», «күн талас», «қазан суыту» деген создер жиі айтылады* (Қ.орда, Сыр.). *Ол а т с е й і с адам гой* (Қост., Жанг.).

АТСЕРКЕ (Сем., Аяг.) уақытша салынған қамыс қора. *Біз а т с е р к е н і ң жанында тұрмыз* (Сем., Аяг.).

АТСОҒАР (Алм.: Іле, Еңб. қаз.; Сем.: Абай, Шүб.; Қар., Қарқ.) қамшы. *А т с о г а р ы ң болмаса, шабан аттар жүрмейді* (Алм., Еңб. қаз.).

АТ СҮМЕК БОЛУ (Шығ. Қаз., Больш.) аттың күшті терлеуі.

АТТАЙ ҚҰРДАС (Түрікм.: Таш., Конеүр.) бір жылда туған адамдар. *Біз Кенжебай екеуміз а т т а й қ ұ р д а с п ы з* (Түрікм., Таш.).

АТТАҚЫР (Шымк., Түлк.; Жамб., Жуа.) жылқыға шөп салатын оттық. *Жылқыны а т т а қ ы р г а байлаймыз* (Шымк., Түлк.). *Тас қабырганы жагалай а т т а қ ы р болатын* (Ш. Мүрт., Жүлд. көп., 21).

АТТАН ТҮССЕ ДЕ ҮЗЕҢГІДЕН ТҮСКІСІ КЕЛМЕУ (ҚХР) жеңілісіне мойынсал болмау. *Мына көмейіне қараганда а т т а н т ү с с е д е, ү з е ң г і д е н т ү с к і с і к е л м е й тұрган секілді* (Ғ. Қан., Бүрк., 165).

АТТАП ШАЛУ (Гур., Манғ.) домбыраны қағып жіберу.

АТТАРАҚ (Сем.: Мақ., Көкп.) тырма. *Соның нәтижесінде колхозда қолда бар 7 шөп машина мен 3 а т т а р а қ сапалы жөнделді* («Қыз. жүл.», 10.06.1948, №23).

АТТАУ[1] (Қарақ.) сүттің қаймағын айыру.

АТТАУ[2] (Қ.орда: Қарм., Арал; Ақт., Ырг.) сиыр мүйізінен жасалған піспек. *А т т а у басындай май алдым, Атып аузыма салдым* (Қ.орда, Қарм.). *Күбідегі сүтті шелекке құйып, а т т а у м е н шайқап май аламыз* (Ақт., Ырг.).

АТ ТА ШӨЛ, АДАМ ДА ШӨЛ (Түрікм., Красн.) адам мен аттың қатты шөлдеуі. *Бір тәулік қасқыр қуып, құмда а т т а ш ө л, а д а м*

д а ш о л болып, әрең шыққан күніміз болған (Түрікм., Красн.).

АТ ТОСАТЫН ЖЕР (МХР) кембе.

АТТЫ ҚАТЫРУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) атты жарату. *Колхоз бәйгеге қосқалы а т қ а т ы р ы п жатыр* (Шығ. Қаз., Больш.).

АТТЫ МАЙЛАМАЙ БЕРУ (Шығ. Қаз., Больш.) атты тегін беру.

АТТЫҢ МАЙЫНА ТОЛМАУ (Шығ. Қаз., Больш.) аттың майына түрмау. *Ол жерге бару а т т ы ң м а й ы н а т о л м а й д ы* (Шығ. Қаз., Больш.).

АТ ТЫРНАУЫШ (Кокш., Қ.ту; Рес., Омбы) атпен шөп жинайтын тырма.

АТТІС (Алм., Шел.) кемпірауыз (қ.), тістеуік, үста ұстайтын құрал-қысқаш. *Балам, а т т і с т і қайда қойғансың?* (Алм., Шел.).

АТХАНА (Қарақ.) атқора.

АТУ[1] (Орал: Қазт., Жән.; Рес., Волг.) мәсі. *А т у д ы ешкі терісінен тігеді* (Орал, Қазт.).

АТУ[2] (Гур., Маңғ.) тура, тіке, төте. *Ондағы соға жүретін жолдан гөрі, Шетпеге қырмен баратын жол а т у. А т у жонмен жүрмей, қисық жүретін неміз бар* (Гур., Маңғ.).

АТУ[3] (Қ.орда: Арал, Қарм.; Ақт., Ырғ.; Гур., Маңғ.; Рес., Орын.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) лақтыру, үшырып тазалау. *Бидайды жөндеп а т с а ң ш ы* (Қ.орда, Қарм.). *Қырмандағы бидайды жоғары а т ы п, шоп-шарын тазалаймыз* (Ақт., Ырғ.). *Егінді бастырып болғансын сабанын жинап, топанын а т а д ы* (Гур., Маңғ.). *Қарғам, тұқ а т қ а н жоқсың, қайдан шаршайсың* (Рес., Орын.). *Біз қырманға келгенде колхозшылар астықты а т ы п жатыр екен* (Түрікм., Көнеүр.).

АТУШЫ (Шығ. Қаз., Күрш.) кенді дәрімен қопарушы. *А т у ш ы жерге дәрі жібергенде маңайында ешкім болмауға тиіс* (Шығ. Қаз., Күрш.).

АТҰЛТАН (Сем., Аяг.) шабарман, атқосшы. *Ол бидің а т ұ л т а н ы болып істеген кісі* (Сем., Аяг.).

АТҰРАНЫМЕН (Қост., Жанг.) атымен, мүлде. *Сайыс бізде а т ұ р а н ы м е н жоқ* (Қост., Жанг.).

АТ ҰСТІНЕН КӨРГЕН ГҰЛ (ҚХР) сырттай шолу, үстірт істеу, азғындау.

АТ ШАБУ (Гур., Маңғ.) атқа шабу. *А т ш а б а й ы н деп кетті* (Гур., Маңғ.).

АТШАБЫС (Рес., Сарат.) бәйге, ат жарысы. *А т ш а б ы с т а кім озса, бәйге* сонікі (Рес., Сарат.).

АТШАЛМАН 1. (Гур.: Маңғ., Шевч.) қосаяқтың үлкен түрі. *А т ш а л м а н ініне кіріп кетті* (Гур., Маңғ.). **2.** (Ақт., Ырғ.) құлағы үлкен күйрығы қысқа, үлкен сүр тышқан. *А т ш а л м а н жусан мен көкпекті жақсы жейді* (Ақт., Ырғ.). **3.** (Қост.: Об., Торғ., Жанг.) қап тесетін тышқан. *А т ш а л м а н сенектегі қапты тесіп тастапты* (Қост., Жанг.).

АТШАЛМАҢДАЙ ШҰЛҒУ (Қост., Аман.) епті, икемді болу, құлшыиа кірісу (жұмыс туралы). *Ол а т ш а л м а н д а й ш ұ л ғ ы д ы* (Қост., Аман.).

АТШАП (Жезқ., Ұлы.) егінге су жіберетін кішкене арық. *А т ш а п т ы ң бойын тазалау керек, су жіберетін уақыт жақын* (Жезқ., Ұлы.).

АТ ШАПТЫРСА ЖЕТКІСІЗ (Ақт., Байғ.) ат шаптырым. *О шеті мен бұ шетіне а т ш а п т ы р с а ж е т к і с і з ұлайқан көп қой, көзімізге елес ете қалды* («Соц. ауыл», 1940, №86).

АТ ШЕГУ (Сем.: Аяг., Абай, Шүб.; ҚХР) ат жегу.

АТШОҚАЙ (Қ.орда, Қарм.) саңырауқұлақ сияқты өсімдік. *А т ш о қ а й д ы құс жейді* (Қ.орда, Қарм.).

АТШОҢҚАЙ (Ақт., Ойыл) өзен, көл, жағасында өсетін сабақты, бүршікті өсімдік. *Осы Ойыл бойында а т ш о ң қ а й деген шөп өседі, малға әбден оңды* (Ақт., Ойыл). *Қыр елі тоқ қой. Тоқпыз гой. Аралдағылар а т ш о ң қ а й жеп атқан көрінеді* (Ж. Нәжім., Ақ шаң., 24).

АТШӨЛКЕ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі; Ақт., Ырғ.) киізден жасалған қамыт. *Балам, а т ш ө л к е н і әкел де, атты қоса гой* (Қ.орда, Шиелі). *Атқа а т ш ө л к е кигізіп, тертесіз жегеміз* (Ақт., Ырғ.).

АТЫ (Алм., Жам.; Жамб., Жам.) қою нәрсенің суын селдір шүберекпен сүзгенде үстінен қозғап тұратын ағаш аспап.

АТЫ АТАНУ (Гур., Маңғ.) аты шығу. *А т ы а т а н ғ а н жер құр емес, А т ы а т а н ғ а н ер құр емес* (Мақал; Гур., Маңғ.).

АТЫҒУ[1] (Жамб., Жам.) құнығу. *Кісі еңбегін жеуменен а т ы қ қ а н, Арамызда орын жоқ сұмға...* («Кол-шы», 1935, №5).

АТЫҒУ[2] (Гур., Маңғ.) ысылу, жаттығу. – *Апай, бұл бала әлі а т ы қ п а ғ а н бала* (Ж. Нәжім., Кішк., 113).

АТЫ ЖОҚ САУСАҚ (МХР) бүркіттің үшінші тырнағы.

АТЫЗ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Қаз.; Қост.: Жанг., Аман.; Жамб.: Шу, Луг., Мер.; Ақт.: Ойыл, Ырғ.) колдан суарылатын егістік жердің бір бөлегі. *Әрбір а т ы з д ы ң көлемі ширек гектарға жақын болу керек* (Қ.орда, Сыр). *Сона бір а т ы з қауынның су ішпей қалуы*

қырсық болды (Қ. Әбд., Тәт. қауын., 26, 36). *Мына жатқан а т ы з д а р г а бүгін күні бойы су жіберіңдер* (Ақт., Ойыл). **2.** (Ақт.: Ойыл, Ырғ.) егіндік жерді бөліп-бөліп суаратын кішкене арық. *Шығырдан шыққан су а т ы з г а құяды* (Ақт., Ырғ.). **3.** (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) жұқалап тартып көткен жол. *А т ы з ғып із тартып кет* (Жамб., Шу). *Арықтар мен а т ы з д а р д ы, тоғандар мен қоймаларды, бөгеттерді, жылғалар мен сағаларды ерсілі-қарсылы жөңкіліп есіп, ат үстінде жүрген сушылар да көп, еңбегі еш болған мұраптар да көп* («Оңт. Қаз.», 30.07.1950, №153). **4.** (Қарақ.) аңыз, егін егілген жер. *Айдостың а т ы з д а р ы әлі жатса керек* (Қарақ.).

АТЫЗ-АРЫҚ (Шымк., Шәу.) егін суаратын кішкене арықтар. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *атыз* екі арық арасындағы, егістік жер (ДТС, 67); *атыз* егістік жер, егін (С. Мал., ПДПМК, 91).

АТЫЗДАУ 1. (Шымк.: Мақт., Қызылқ.) суару. **2.** (Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жаңақор.) арықтар жүргізу.

АТЫЗ ТАРТУ (Шымк., Шәу.) арықша тарту, жүйек тарту.

АТЫ КЕЛДІ (Гур., Маңғ.) аты туыс. *Алдыңғылары әкеден соғыста айырылып, шешеден жастай қалып, а т ы к е л д і жамағайынның қолындағы жетімге жаны ашитындар* (Ә. Кекіл., Құс қан., 8).

АТЫҚТЫРУ 1. (Қ.орда, Арал) ат қойып үйрету, шақырып үйрету. *Малдағылар тұғасын-ақ бұзауларға ат қойып а т ы қ т ы р а д ы* (Қ.орда, Арал). **2.** (Сем., Абай) атандыру. *Бұл жақсы а т ы қ т ы р м а й т ы н жұмыс* (Сем., Абай).

АТЫЛҒАН (Гур., Маңғ.; Қост.. Камыш.) құдай атқан, жын соққан. *Баласы бір а т ы л ғ а н көрінеді* (Гур., Маңғ.). *Ол өзі бір сондай а т ы л ғ а н тентек кісі* (Қост., Камыш.).

АТЫМ-АҚ ЕКЕН (Қар., Қарқ.) ат ақ екен. *Байсейіттің көк қасқасы а т ы м-а қ е к е н* (Қар., Қарқ.).

АТЫМДЫ (Көкш.: Щуч., Еңб.) өжет адам. *Ол а т ы м д ы адам ғой* (Көкш., Щуч.).

АТЫМДЫ ЖЕР (Ақт.: Ырғ., Қараб.; Қ.орда: Қарм., Арал, Сыр., Жал., Тер.) құнарлы, шығымды, қолайлы жер. *Сіздің тарыңыз а т ы м д ы ж е р г е салынған екен* (Ақт., Ырғ.). *А т ы м д ы жерге тіккен қауын жақсы шығады* (Қ.орда, Тер.).

АТЫМЫ КЕЛМЕУ (Қ.орда, Қарм.) жағдайы, жөні, қисыны келмөу. *Өсер, менің ағайын аралап баруға а т ы м ы м к е л м е й тұр, өзің жүре бер* (Қ.орда, Қарм.).

АТЫП ҰРЫП ТАСТАУ (Ақт.: Жүр., Ойыл) тастай салу. *Сатуға заттары тура келіп қалса, колхозда істеп жүрген жұмысын а т ы п ұ р ы п т а с т а п, базарға жүре береді* (Ақт., Жүр.).

АТЫРАУ[1] (Сем., Үрж.) шөп шықпайтын сортаң жер. *Үржарда шөп шықпайтын сортаң а т ы р а у көп* (Сем., Үрж.).

АТЫРАУ[2] (Гур.: Маңғ., Төң.) Каспий жағалауындағы қопалы, қамысты, ну шөпті кең алқап. *Бұрынғы уақытта кедейлер, балықшылар а т ы р а у д а отыратын* (Гур., Тең.). *А т ы р а у деген сөз бұрынғы уақытта теңіз мағынасында да қолданылатын. Мен ес білгенде әкем а т ы р а у деп аталатын шалқар айдын бойындағы батағада істеуші еді* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 11).

АТЫРҒАН (Гур., Маңғ.; Орал, Казт.) жатқан. *Ол жаңа осында келейін деп а т ы р г а н* (Орал, Казт.).

АТЫРЫЛУ (Жамб.: Мер., Жам.) ата жөнелу. *Үстіне Бадырақ көз мінсе, а т ы р ы л ы п ала жөнелейін деп тұр* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 24).

АТЫСҚА ТҮСУ (Жамб., Қорд.) топта, көп ортасында айтысу.

АТЫШЗАТ (Ауғ.; Ир.) пеш. *А т ы ш з а т т ы ң моржасы.*

АТЫШТАН (Қ.орда, Арал) қазан-ошақ орнататын орын. *Үйдің ортасына олар а т ы ш т а н құрып қойыпты* (Қ.орда, Арал).

АУ (Алм., Кег.) аң. *Ертең а у аулауға баралы!* (Алм., Кег.). *Ит жүгіртіп, құс салып, жердің а у ы н тауысты* (Қисса-и Қамбар, 1888).

[Түрікше *ав*: 1) аң аулау; 2) қыр құстары (Тур.-рус.,сл., 1977, 76); үйг. *ов* ан аулау (Уйг.-рус. сл., 1961, 140); өзб. *ов* аң аулау (Узб.-рус. сл., 1959, 294). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *ауу* аң аулау (Э. Надж., 256); *ав*: 1) аң аулау; 2) жабайы құстар (Ат-тухфа, 259); *ав* аң аулау (А. Бор., ЛСТ, 35); *ав* аң аулау (ДТС, 68). Монғол тілінде *ав* ұстау (аң) (Монғ.-қаз. сез., 1954, 12). Тунгус-маньчжур тілдерінде *ава* аң аулау, ұстау (ССТМЯ, I, 7)].

АУА[1] (Гур., Маңғ.) әуе, аспан.

АУА[2] (Орал: Жән., Орда, Чап.; Гур., Маңғ.; Рес.: Волг., Сарат.) оқиға, котеріліс; қозғалыс. *Бисен Жанекешев совет өкіметінің алғашқы орнаған кезінде ақтарға қарсы а у а бастады. Өз кезінде ханға қарсы Исатай да а у а бастады* (Орал, Жән.). *Маймембет а у а с ы н а 70 жыл болды* (Гур., Маңғ.). *Исатай мен Жәңгір ханның аралары ашылып, а у а көтеріліп кетті* (Рес., Сарат.).

АУА[3] (Рес., Сарат.) шаруа, іс. *Ол уақытта біздің а у а м ы з болған жоқ еді* (Рес., Сарат.).

АУА[4] (Қ.орда, Арал; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Тедж.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) иә, *я* – мақұлдау мағынасындағы сөз. *Бүгін Шағадамға барасыңыз ба? А у а, сойақта ісім бар еді* (Түрікм., Ашх.). *А у а, әңгіме айта отырсаңдар* (Қ.орда, Арал). – *Ертең пішеншілер барасың ба? – А у а!* (Гур., Маңғ.).

[Түрікменше *хава* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *ауа* (Рус.-карак. сл., 1967); өзб. *ха* (Узб.-рус. сл., 1959); қырғ. *оова* (И. Бат., Грам. кир. яз., 61); *ува* иә (М. Қашқ., I, 75); Euet (evet) иә (СС, 251)].

АУА[5] (Орал, Чап.) елігу, әурелену. *Сенің онда баратын тұқ жұмысың жоқ, босқа а у а л а н б а* (Орал, Чап.).

АУА ЖАЙЛЫ БОЛУ (Рес., Волг.) жүкті болу. *Монголдың қызы а у а ж а й л ы б о л ы п, ұл тауыпты* (Рес., Волг.).

АУАЗА[1] (Қарақ.) жүзім астына қойылатын саты.

АУАЗА[2] (Қ.орда, Арал) хабар. *Аспанның астында болды а у а з а* (Қ.орда, Арал).

АУАЛ (Гур., Маңғ.) әуелі, әуел бастан. *Мен а у а л сендерді районнан келген деп қалдым* (Гур., Маңғ.).

АУАЛАНУ[1] (Қост., Жанг.; Ақт., Қараб.; Жезқ., Ұлы.; Гур., Маңғ.) жігерлене, құлшына істеу. *Асқар жұмысты а у а л а н ы п істейді* (Қост., Жанг.). *Мұқаметжанның осы баласы жұмысты а у а л а н а істейді* (Ақт., Қараб.). *Мына жұмысқа а у а л а н ы п кеттім* (Жезқ., Ұлы.).

АУАЛАНУ[2] (Көкш.: Еңб., Щуч.; Орал, Чап.) әурелену, босқа талпыну. *Ол қолынан келмесе де, босқа а у а л а н а береді екен* (Көкш., Щуч.). *Сенің онда баратын тұқ жұмысың жоқ, босқа а у а л а н б а* (Орал, Чап.). *Ол келіншекке бір кезде Тәңірберген ағаның көңілі құлап, а у а л а н ы п жүрген* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 93).

АУАЛАНУ[3] (Түрікм.: Красн., Таш., Небид.) ауу, қоныс аудару. *Көбісі ел а у а л а н ғ а н кезде келгендер* (Түрікм., Таш.).

АУАЛАП ҚАЛУ (Гур., Маңғ.) күнсіп қалу, ыстық ету. *Кеше күн ыссы болды, күн ұзаққа қой соңында жүріп, а у а л а п қ а л д ы м* (Гур., Маңғ.).

АУАМ (Қар., Қарқ.; Жезқ.: Ағад., Ұлы.) аңқау, надан. *Е, ол бір жүрген а у а м адам ғой* (Жезқ., Ұлы.). *Ақан төргі бөлмеге келіп, жайланып отырды. Оқымаған, а у а м адам* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 123).

АУАН[1] (Гур., Маңғ.) су сақтау үшін қазып жасалған шұңқыр.

АУАН[2] (Гур., Маңғ.; Орал, Орда; Түрікм., Таш.; Қарақ.) есі ауған, есалаң. *Өзің айтқанға түсінбейтін а у а н с ы ң ғой* (Гур., Маңғ.). *Жангали деген а у а н болулы. Ол неге болса, соған тиісіп, соқтығып жүргені* (Орал, Орда). *Өзіне сеніп іс тапсыруға болмайтын а у а н адам боп шықты* (Түрікм., Таш.).

АУАН[3] (Орал, Жән.; Ақт., Ойыл) еркін, өз бетімен. *А у а н жүрген мал* (Орал, Жән.). *Сен а у а н сөйлеме* (Ақт., Ойыл). *А у а н д а п жүрген нән балық, Басын соғып қайранға* (Шәңгерей, 18-19 ғ. қаз. ақ., Шығ., 311). *Алаңы жоқ адамның а у а н ы н а көшкендей қоңыр ғана сөйлейді* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 22).

АУАН[4] (Орал, Орда; Өзб., Бүх.) аңқау. *Сәрсенғалиев а у а н адам еді, тай өгізіне 8 сом сұраса, 9 сом сұрап бермепті* (Орал, Орда). *Ол кез халықтың а у а н кезі, кім не айтса, соған сенеді* (Өзб., Бүх.).

АУАН[5] (Ақт., Ойыл) тентек. *Сен а у а н сөйлеме* (Ақт., Ойыл).

АУАН[6] (Орал, Орда) кең, үлкен. *А у а н, а у а н, а у а н су, А у а н д а п балық жүзген су* (Орал, Орда).

АУАН-АҚЫЛ (Қарақ.) есі кеміс, ауысқан, жынды.

АУАНДА (Орал, Жән.) серуендеу. *Колхоз орталығына қарай а у а н д а п барып қайтайық* (Орал, Жән.).

АУАНЫ ҰШУ (Алм., Шел.) зәресі үшу, қорқу.

АУАР-ТАМАРЫ ЖОҚ (ҚХР) айна қатесіз, өте ұқсас. *А у а р-т а м а р ы ж о қ, құдды сіз құсап жасалған машина «адам»* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 513).

АУАША (Ақт., Байғ.; Рес., Орын.) оңаша. *А у а ш а г а шығып сөйлесу* (Ақт., Байғ.). *Өздерің а у а ш а екенсіңдер ғой* (Орын., Ад.).

АУГЕР (Алм.: Кег., Үйғ.) аңшылық. *Ол а у г е р г е көп чығатын адам* (Алм., Үйғ.).

АУҒАН[1] (Алм., Жам.) асқан. *Баламның армияда болғанына жыл а у г а н жоқ* (Алм., Жам.).

АУҒАН[2] (Қ.орда, Арал) есуас, есінен адасқан. *Сен а у г а н адам екенсің, мені босқа әуре қылдың* (Қ.орда, Арал).

АУҒАН ТҮЙЕ (Қ.орда, Қарм.) **1.** бөтен жерден мекенін ауыстырған түйе. **2.** үстіне артылған жүк ұзақ жүрістен не о баста дұрыс артылмағандықтан, түйенің оң немесе сол қапталына қарай қисайып ауа бастауы. *...Мен риза, Ғалия-ау, өле-өлгенше. А у г а н т ү й е секілді бейімдесең...* (Балуан Шолақ).

АУҒАРЫС (Сем.: Абай, Шүб.) ауыс. *Олар өзара бұйымдар а у г а р ы с т ы* (Сем., Абай).

Кейін келіссөз біткен соң, мал көзі тұғелімен қайтарылып, ақы-пұл өзге жолмен а у г а р ы с а т ы н (М. Әу., Абай жолы, II, 102).

АУДАН (Гур., Маң.) бір жерге бегеп, жинаған су. *А у д а н н ы ң суын лайлап кетіпті. Бұлақ суларын ысырапсыз пайдалану үшін, салмалар мен а у д а н д а р д ы ң астына тас, саз тесеу қажет* (Гур., Маң.).

АУДАНДАУ (Ақт., Байғ.) аудандастыру. *«Малды тұқымына қарай дұрыс а у д а н д а у, мал күтімін оңдау арқылы мал шаруашылығының продуктылығы арттырылатын болсын», – деп айқын нұсқау берді* (Ақт., Байғ.).

АУДАНДЫ (МХР) кептеген, көбі. *Аймақтың а у д а н д ы бірлестігі экономикалық қуаты жағынан еліміз көлемінде алдыңғы қатарда* («Ж. өмір», 23.03.1987). *Табын басы 5-30 тонна шөп, қолжем дайындап мұның а у д а н д ы есесін мал тұғызатын қораларына түсірген-ді* («Ж. өмір», 17.01.1983). *Орталық атанға адамдар лезде лық толды. Қала тұрғындарының а у д а н д ы с ы-а қ жиналған түрі бар* (А. А., Сүй. мен., 3).

АУДАНЫ (МХР) көпшілігі, көбі. *Оның өмірінің а у д а н ы от басында өтіп бара жатқанын жалын шалған шоқша сақал мен ыс басқан кірпігі анық айтып тұр* (М. Құрман., 219).

АУДАРМА (МХР) ұлтарған етік (етіктің қонышын, басын сыртына аударып, ұлтан тіккен соң қайта өң бетіне аударған етік).

АУДАРУ (Жамб.: Жам., Жуа.) суды егін жеріне тарату. *Суды жерге а у д а р ы п болдым* (Жамб., Жуа.).

АУДАРЫЛЫП ҚОНУ (Ақт.: **Ы**рғ., Қараб.) қоныс аударып көшу. *Біз кеше осы жерге а у д а р ы л ы п қ о н д ы қ* (Ақт., **Ы**рғ.).

АУДАРЫСПА[1] (Қарақ.) төңкеріс. *Біз бұ жаққа а у д а р ы с п а кезінде келген едік* (Қарақ.).

АУДАРЫСПА[2] (Қ.орда, Жал.) бірден-бірге ауыстырылу, біріне-бірі қосылу. *Колхоз а у д а р ы с п а с ы кезінде осында келіпті* (Қ.орда, Жал.).

АУ-ДӘСКЕ (Қарақ.) құрал-сайман. *А у д ә с к е л е р і н сазлай алмай отырмыз* (Қарақ.).

АУ-ЖАДЫРА (Қ.орда, Арал) балықшының құралдары. *Ол қайықшының жарағы, а у-ж а д ы р а с ы бар екен* (Қ.орда, Арал).

АУЖАЙ (Рес., Омбы) ыңғай, рет. *Совет екіметінің а у ж а й ы н байқаймыз, егер қазаққа тыныш өкімет болса, біз де қолдап кетерміз* (С. Мұқ., Өмір мект., 74).

АУЖАЛ ЕМЕС (Сем.: Шұб., Абай) тірлік емес. *Мыналары а у ж а л е м е с екен* (Сем., Шұб.).

АУЖАР (Қ.орда: Сыр., Жал.; Шымк.: Сайр., Тұлк.; Сем., Аяг.; Жамб.: Шу, Жам.; Алм., Шел.) жар-жар. *Бұрын келіншек тұскенде а у ж а р д ы көп айтатын еді* (Шымк., Сайр.). *Ілгеріде қыз ұзатарда а у ж а р көп айтылатын еді* (Жамб., Шу). *Осы күнгі ақын-жазушылар а у ж а р д ы ң жаңа түрін ойлап шығарса, теріс болмас еді* (Қ.орда, Жал.). *Тартысқа бозбала көп жиналып, біреуі а у ж а р айтты* (Б. Майл., Шығ., IV, 162).

АУЗАШ (Шымк., Шәу.) ауызашар. *А у з а ш болды гой* (Шымк., Шәу.).

АУЗЫ АСҚА, АУЫ АТҚА ТОЛУ (ҚХР) тұрмысы, күн көрісі оңалу. *Арқар жалақ күн көріспен гана қалтылдап келіп, азаттықтан соң, а у з ы а с қ а, а у ы а т қ а т о л г а н* (Ғ. Қан., Бұрқ., 12).

АУЗЫ БАР (Гур., Маң.) ойы бар, сөзі бар. *Оның Портқа қаратай барам ба деген а у з ы б а р еді, әлі кеткен жоқ па?* (Гур., Маң.).

АУЗЫ ҚИЫНДЫ КІСІ (Гур., Маң.) білгіш, шешен кісі. *Қашағанның а у з ы қ и ы н д ы к і с і* (Гур., Маң.).

АУЗЫ ҚЫСҚАШ (Гур., Маң.) тілі ащы, улы. *А у з ы қ ы с қ а ш әйел* (Гур., Маң.).

АУЗЫНА БҰДЫР САЛМАУ (ҚХР) ауызына дән салмау, нәр тартпау. *Жамалдың қазіргі қорегі осы бір шайлық сүт. Өзге б ұ д ы р с а л м а й д ы а у з ы н а* (Ғ. Қан., Бұрқ., 278).

АУЗЫНА МАРЖАН САЛУ (ҚХР) ұнтұнсіз отыру, ауыз ашпау, дыбыс шығармау, ләм-мим демеу.

АУЗЫНА ТӨСЕУ (Шығ. Қаз., Больш.) ауызына тосу, бәрін алдына қою, ешнәрсе аямау. *Біз бәріміз соның а у з ы н а т ө с е д і к* (Шығ. Қаз., Больш.).

АУЗЫН БҰЗУ (ҚХР) тілдеу, балағаттау, боқауыз сөз айту. *Ұзын бойлы жігіт а у з ы н б ұ з д ы, Рақып оған ләм демеді* (З. Сабыр, Ізд., 124).

АУЗЫНДА ШЫЛАУЫ БАР (Қост., Об.) қолында білігі бар.

АУЗЫ САЛП ЕТУ (Шығ. Қаз., Құрш.) құр қалу. *Талай адамның а у з ы с а л п е т т і* (Шығ. Қаз., Құрш.).

АУ ҚАЙЫҚ (Гур.: Тең., Маң.; Қост.) балық аулайтын қайық. *А у қ а й ы қ п е н теңіз жағаларында, өзендерде балық аулайды* (Гур., Тең.). *А у қ а й ы қ желкенмен жүреді және оны екі кісі жүргізеді. Аралда мұны желкенді қайық деп те атайды* (К. Кул., Ар. өз. бал., 8).

АУҚАМДАУ (Гур., Маңғ.) жинақтау, жинастыру.

АУҚАМДАСУ[1] (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) бірлесу, одақтасу. *Колхозда а у қ а м д а с с а пітпейтін іс бар ма?* (Түрікм., Тедж.).

[Қарақалпақша *ауқам* бірлесу, қауымдасу, қоғамдасу (Карак.-рус. сл., 1958)].

АУҚАМДАСУ[2] (Гур., Маңғ.) әңгімелесу. *Кел отыр екеуміз бір а у қ а м д а с а л ы қ* (Гур., Маңғ.).

АУҚАТ[1] (Шымк.: Мақт., Лен., Арыс, Шәу., Түлк.; Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд., Тал., Сар.; Алм.: Жам., Кег., Нар.; Тау., Түр.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.; МХР; ҚХР) тамақ, ас. *А у қ а т істеп үйде отырмыз да* (Шымк., Мақт.). *А у қ а т таба алмай ыза болып отырған қаршыға кекілікті жеп қояды* (Жамб., Шу). *А у қ а т т ы тездет, жолдан келдік қой* (Алм., Кег.). *Пісірген а у қ а т т а р ы мәніссіз, нан-ет, тағы басқа жағымды а у қ а т дегендер тіпті де болмайды* («Соц. ең.», 13.04.1943). *Дұрыс отырықшы елдің көбісі 16 пұтды 2-3 реттен алып шыққанда, басқалары күнелтерілігіне кететін а у қ а т алалмай қалатындары да бар* («Қыз. Қаз.» журн.). *Болбырақ, оқуға олақ, есі-дерті а у қ а т қ а ауып кеткен сияқты еді* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 54).

[Қырғызша *оокат* (К. Юд., КРС, 573); озб. *овқат* (Узб.-рус. сл., 1959, 295)].

АУҚАТ[2] (Алм.: Кег., Нар.) жұмыс, іс. *Басқа а у қ а т т ы қой, мынаны істе* (Алм., Кег.).

[Қырғызша *оокат* іс, шаруашылық (егіс, мал, кора-копсы, т.б) (К. Юд., КРС, 573); үйғ. *оқөт* (Уйг.-рус. сл., 1961, 144)].

АУҚАТ[3] (Алм., Нар.; Жамб., Қорд.; Рес., Қалм.) тіршілік. *Олардың көріп отырғаны а у қ а т емес* (Алм., Нар.). *Мұны білмегені а у қ а т ы шамалы болды гой оның* (Рес., Қалм.).

[Қырғызша *оокат* (араб.): 1) тамақ; 2) шаруашылық (егін, мал, т. б.) (К. Юд., КРС, 573)].

АУҚАТ АЛУ (МХР) тамақ ішу, тамақтану. *Шопан таңертеңгі а у қ а т ы н а л д ы* («Ж. өмір», 14.10.1985).

АУҚАТ ЕМЕС (Сем., Аяг.) түк шықпайтын, пайдасыз іс.

АУҚАТ ЕТУ (Сем., Аяг.) жұмыс істеу, кәсіп қылу.

АУҚАТ КӨТЕРУ (ҚХР) ауқаттану, күнкерісі жақсару, тұрмысы оңалу. *Өздеріндей жоқ-жітіктердің а у қ а т к ө т е р і п, тоғайып молайған күйіне қуана тұсетін* (Қ. Мүк., Тай., 21).

АУҚАТ ҚЫЛУ (ҚХР) сауда істеу. *Ол жуықтан бері қызметін тастап, а у қ а т қ ы л ы п жүр* (ҚХР).

АУҚАТТАНУ (Сем.: Кекп., Ақс., Абай, Шүб.; Қ.орда: Шиелі, Сыр.) тамақтану, тамақ ішу. *Олар а у қ а т т а н ы п отыр еді* (Сем., Ақс.). *Бүгін жақсылап тұрып а у қ а т т а н ы п ал, сосын жүресің* (Қ.орда, Шиелі).

АУ ҚҰРУ (Рес., Волг.) сүзекі салу.

АУҚЫМ[1] (Алм., Шел.) жағдай. *Сиыр малының а у қ ы м ы н а көп көңіл бөлмесе, болмайды* (Алм., Шел.).

АУҚЫМ[2] (Қарақ.) үйым, одақ. *Артельге кіруге қарсы боп Қасым бірсыпыра қырын тартса да, замандастары тәлкек қып, оны да а у қ ы м г а кіргізді* (Б. Майл., Шығ., V, 198).

АУҚЫМ[3] (Қарақ.) езара пікірлес адам.

АУҚЫМЫ (Жамб.: Шу, Луг.) кепшілігі, дені. *Мұндағы бұрыннан тұратын халықтың а у қ ы м ы шымыр* (Жамб., Шу).

АУЛА[1] (Орал: Орда, Жән., Шыңғ.; Гур.: Шев., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Анн., Гяу.) қора. *Өрістен келген қойды а у л а г а кіргіз!* (Орал, Шыңғ.). *Тінәлі ұлының а у л а с ы н д а шөпсіз байлаулы тұрды* («Ж. жол», 20.01.1932). *Үлкен а у л а н ы ң ішінде бірі тезек күреп, бірі шөп тырмалап жүрген адамдар маған көңіл қойған жоқ* (Ә. Сер., Тол. туғ., 21). *Малды а у л а г а қамайды* (Гур., Маңғ.).

[Түрікменше *ховлы* (Рус.-туркм. сл., 1956, 132); өзб. *ховли* (Узб.-рус. сл., 1959, 659); қырғ. *авли* (К. Юд., КРС, 19); тур. *авлы, авлу* (Тур.-рус. сл., 1977, 77). Парсы тілінде *агол* қора, мал қорасы (Пер.-рус. сл., 1, 1983, 101). Латын тілінде *аула* қора; мал қорасы (И. Двор., ЛРС, 117). Соз төркіні грек сезі *аули* үй алдындағы сарай, кіре беріс]. Қ. әулі.

АУЛА[2] (Кекш.: Щуч., Еңб.) қырман сияқты алаң. *А у л а іші төбе-төбе бидай* (Кекш., Щуч.).

АУЛА-АУЛА (Гур., Маңғ.) топ-топ.

АУЛЫНА АТ ЖАЙЫЛАТЫН КІСІ (Гур., Маңғ.) аулына қонақ түсетін кісі. *Құсайын – а у л ы н а а т ж а й ы л а т ы н к і с і* (Гур., Маңғ.).

АУМАСЫП КЕЛУ (Қ.орда, Қарм.) ауысып келу. *Біздің агрономымыз ауданнан жаңадан а у м а с ы п к е л д і* (Қ.орда, Қарм.).

АУМАТ (Рес., Астр.) түр, қалып. *Мынау гой бар а у м а т ы* (Рес., Астр.).

АУМЕСЕР (Қост., Жанг.; Шығ. Қаз., Зайс.) есерсоқ, есуас. *Ол өзі а у м е с е р бала* (Қост., Жанг.). *Ол бір жүрген а у м е с е р гой* (Шығ. Қаз., Зайс.). Қ. әумәсір.

АУМЫТ[1] (Орал, Жөн.) аумақ, келем. *Біз сол қағазға колхоз жерінің а у м ы т ы н саламыз* (Орал, Жөн.).

АУМЫТ[2] (Орал, Жөн.) ой жер. *А у м ы т жерге егін жақсы шығады* (Орал, Жен.).

АУМЫТЫРАҚ (Орал, Жән.) аумақтырақ, көлемдірек. *А у м ы т ы р а қ қағаз алып кел* (Орал, Жән.).

АУНАУ (Шымк., Түлк.) ауу, көшіп кету. *Әлімхан Алматы облысына а у н а п кетті* (Шымк., Түлк.).

АУРА (Қарақ.) әуре. *Я өзбекше, я түрікменше емес, бір а у р а* (Қарақ.).

АУРАҚ (Ақт.: Байғ., Ойыл) аруақ. *А у р а қ соққан* (Ақт., Байғ.). *Осы баланың а у р а г ы сенен басым депті әйелі* (Ақт., Ойыл).

АУРУДЫ БОЛУ (Шығ. Қаз., Күрш.) аурулы болу. *Мен кәзір а у р у д ы б о л д ы м* (Шығ. Қаз., Күрш.).

АУРЫҚСЫНУ (Сем.: Ақс., Абай) ауырсыну. *Қозғалған сайын иығын төмен түсіріп, а у р ы қ с ы н а д ы* (К. Ораз., Жексен, 53).

АУРЫҚЧАҢ (Алм., Шел.) ауырғыш, ауыра беретін; аурушаң. *Мен көп жылдан бері а у р ы қ ч а ң болып, бері келе сақайдым* (Алм., Шел.). Қ. ауыршаң.

АУСАЙ (ҚХР) ағат кету, жаза басу, лағып кету, қателесу деген мағынада қолданылады. *Өмір жолында а у с а й басып, цятқа қалуды ауыр көретін Жанболаттың жан дүниесі қатты ширығып кетті* (Ш.Қызырұлы).

АУСАР (Гур.: Бақс., Маңғ.) кеңіл. *Менің шопан болуға а у с а р ы м ауып кетті* («Лен. жолы»).

АУТАҢДАУ (Қ.орда, Арал) ебедейсіз талтандау. *...қысылшаңда еріксіз туатын ебедейсіз ірі қадаммен а у т а ң д а п басып Афанасьевке қарсы жүрді* (Ә. Нүрп., Курл., 254).

АУ ТӨГУ (Қ.орда, Арал) ау салу, ау құру. *Бүгін біздің звено барып, а у т ө г і п қайтты* (Қ.орда, Арал).

АУУ[1] (Жамб.: Шу, Жуа.; Жезқ., Ағад.) бидай дәнінің толыспауы. *Биыл бидайдың біразы а у ы п кетті* (Жамб., Шу).

АУУ[2] (Өзб., Ташк.) алу. *Атта шауып, шыр айналып шыныгып, өнер а у г а, ел қорғауға жұлқынған* (Ю. Абд., КД., 222).

АУ УАҚЫТТА (Жамб.: Шу, Мер.) әуелгі уақытта. *А у у а қ ы т т а жаңбыр болмады* (Жамб., Шу).

АУ ШАБУ (Гур., Маңғ.) аулармен балықты қоршап алу.

АУПАҚ (Жамб., Тал.) ауа жайылу. *Біз бен сіздің а у ш а г ы м ы з жетеді, енді тіршілікке кірісу жөн* (Жамб., Тал.).

АУ ШӨГЕРУ (Гур., Маңғ.) ау салу, ау құру.

АУШЫ 1. (Алм.: Нар., Кег.) аңшы.

[Түрікше *авчы* (Тур.-рус. сл, 1977, 77); түрікм. *авчы* (Рус.-туркм. сл., 1956, 456); өзб. *овчи* (Узб.-рус. сл., 1959, 295). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *авчы* (Ат-тухфа, 260); *авчы* (ДТС, 69)]. 2. (Қост.: Об., Торғ.) балықшы.

АУШЫЛЫҚ (Гур., Маңғ.) ау. *Тор да а у ш ы л ы қ заңдас зат* (Гур., Маңғ.).

АУЫЗ (Жамб., Шу) арықтарға су жіберетін жер, жол. *Арықтың а у з ы н кеңірек аш* (Жамб., Шу).

АУЫЗ АЙБАНАСЫ (Қ.орда) күйеудің үрын барғанда қайын жұртына апаратын сыйы.

АУЫЗ АЛУ (Рес., Сарат.) ауыз тию. *Тамақ жерде алдымен қарт кісі а у ы з а л д ы* (Рес., Сарат.).

АУЫЗ БІРЛЕНУ (Қ.орда, Арал) ауыз бірлесу. *Сыздық Жақанмен а у ы з б і р л е н і п, Жақыпқа қарсы тұрды* (Қ.орда, Арал).

АУЫЗҒА БАСУ (Гур., Маңғ.) насыбайды тіл астына салу. *Бұл күнде насыбайды ерінге салмайды, а у ы з г а б а с а д ы* (Гур., Маңғ.).

АУЫЗҒА УАҚЫП БОЛУ (ҚХР) ауызға ие болу, абайлап сөйлеу.

АУЫЗДАЙ (Гур., Есб.; Орал: Орда, Жән., Шыңғ.) ауызша. *Мен Дәулетқалимен а у ы з д а й сөйлестім* (Гур., Есб.). *А у ы з д а й нұсқауыңды құлаққа іле қоятын олар жоқ* (Орал, Орда). *...қайдағы жоқ цифрларды а у ы з д а й айтып, январь айында қанша шөп тасылғаны жайлы ауыл совөтіне ақбар бермей келеді* («Соц. жол», 4.02.1939).

АУЫЗДАЙ СӨГІС (Орал, Жән.; Ақт., Ойыл) ауызша сөгіс. *Төртіпті бұзғандығы үшін, Нагимаға а у ы з д а й с ө г і с берілсін* (Орал, Жән.). *Колхоз жиналысында ферма бастығына а у ы з д а й с ө г і с берді* (Ақт., Ойыл).

АУЫЗДАМА (Жамб., Шу) суды ашатын қыска арық.

АУЫЗДАП ЖІБЕРУ[1] (Қарақ.) дауыстап жіберу.

АУЫЗДАП ЖІБЕРУ[2] (Гур.: Есб., Маңғ.) ән салу. *Сәкеңнің домбырага қосып аздап а у ы з д а п ж і б е р е т і н і де бар* (Гур., Маңғ.). *А у ы з д а п ж і б е р, қалқам* (Гур., Есб.). *Ал енді а у ы з д а п ж і б е р, құр тарта бермей домбыраны* (Рес., Қалм.).

АУЫЗДАП ШЫҒАРУ (Гур., Маңғ.) өленді суырып салып айту.

АУЫЗДАУ[1] (Гур., Есб.; Рес., Қалм.) ән салу, өлең айту.

АУЫЗДАУ[2] (Рес., Волг.) сейлеу.

АУЫЗДЫ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш., Ашх.) шешен, сөз тапқыш адам. *Байбақтыда а у ы з д ы билер көп болты* (Түрікм., Таш.). *Қашаған жасында а у ы з д ы жігіт болулы* (Гур., Маңғ.).

[Әзірбайжанша *ағызлы* (Азерб.-рус. сл. I, 1962, 55)].

АУЫЗДЫҚ[1] (Рес., Сарат.) дәм, тамақ. *Е, а у ы з д ы қ деймісің, оларды ішпеймін* (Рес., Сарат.).

АУЫЗДЫҚ[2] (Қ.орда, Шиелі) жұқпалы ауру. *А у ы з д ы қ п е н ауырған малдың ерін терісі мен кеңірсігі зақымданады* (Қ.орда, Шиелі).

АУЫЗ ЖАРМАҒАН ҚҰНАН (Орал, Жән.) үйретілмеген, асау құнан.

АУЫЗ ЖЕРІНДЕ (Гур., Маңғ.) шыға берісте. *Тап а у ы з ж е р і н д е отыр еді* (Гур., Маңғ.).

АУЫЗ ЛЕМІСІ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) лебіз, емеурін. *Олар Ташкентке кетер, а у ы з л е м і с т е р і солай* (Тау., Қош.).

АУЫЗ ОТ (Көкш., Қ.ту; Ақт., Ойыл) ертедегі салық түрі. *Бұрынгы кезде жерге мал жайылганы үшін а у ы з о т алатын* (Көкш., Қ.ту).

АУЫЗ ТАМ (Шымк.: Түлк., Сайр.) ауыз үй. *А у ы з т а м д а тамақ пісіреді* (Шымк., Түлк.).

АУЫЗ ТАМЫР (ҚХР) жалған дос.

АУЫЗ ҮЙ (Қост., Семиоз.; Көкш., Қ.ту; Жамб., Шу; Шымк., Түлк.; Түрікм., Небид.; МХР) ас үй, тамақ істейтін үй. *Келіндер цялып а у ы з ц й д е тур* (Қост., Семиоз.). *Ер-тоқымды а у ы з ц й г е қойсаң да болады* (Көкш., Қ.ту). *...а у ы з үйден айқайлап, үш рет «болдыңдар ма?» дегенде «жоқ» деген жауап алып еді* (F. Мүсір., Оян. олке, 435).

АУЫЛ АЙБАТЫ (К.орда, Қарм.) күйеудің ауылға келгенде берер кәдесі.

АУЫЛ КОРІМДІК (Жамб., Шу) қалыңдықты көргені үшін күйеудің қыз жеңгесіне беретін сыйы.

АУЫЛ-ҚЫСЛАУ (Қарақ.) ауыл-аймақ. *А у ы л-қ ы с л а у аман-түгел ме?* (Қарақ.).

АУЫЛ-ОБА (Орал, Жән.; Түрікм., Красн.) ауыл-аймақ. *А у ы л-о б а ң м е н амансыңдар ма?* (Орал, Жән.). *Келген кісі «мал-жан, а у ы л-о б а аман ба?» – деп жай сурасып жатты* (Түрікм., Красн.).

АУЫЛ ҮЙ ҚОНУ (Рес., Орын.) ай мен үркердің біріне-бірі жақын келуі, тоғысуы. *Үркер мен ай а у ы л ү й қ о н ы п т ы, қар ерте кетер дейтін бұрынғылар* (Рес., Орын.).

АУЫМ-САУЫМ (Жамб., Сар.) нақұрыс, делқұлы.

АУЫНУ (Өзб., Ташк.) алдану. *Зеріксек, немеремізге а у ы н а м ы з* (Өзб., Ташк.).

[Көне түркі тілінде *абын* «тыншу», «жайлану» (ДТС, 2); өзбек тілінде *овунмоқ*: 1) алдану, 2) тыншу (Узб.-рус. сл., 295)].

АУЫП АЙТУ (Гур., Маңғ.) жаңылыс айту.

АУЫП КЕТУ (Шымк.: Қызылқ., Арыс) бұзылу. *Егін биыл а у ы п к е т т і* (Шымк., Арыс).

АУЫП ТИЮ (Гур., Шевч.) екінші рет күйеуге тию. *Әлгі байын менсінбей, а у ы п т и г е н келіншек* (Гур., Шевч.).

АУЫРДЫҢ БАТПАНЫ (Түрікм.: Таш., Мары) 40 кг ауырлық өлшемі. *Арқасында а у ы р д ы ң б а т п а н ы н д а й жүгі бар, зордан келе жатты* (Түрікм., Таш.).

[Қарақалпақша *ауыр батпан* (Карак.-рус., сл., 1958)].

АУЫРЛАУ (Алм., Ұзын.) жүкті болу, екі қабат болу. *Айалымның а у ы р л а г а н ы н а, тегі, сегіз айдан асты* (Алм., Ұзын.).

АУЫРМАЛЫҚ (Алм.: Нар., Кег.) ауыртпалық. *Ол сөздің а у ы р м а л ы г ы саган түсті ме?* (Алм., Нар.). *Үйткені салықтың а у ы р м а л ы г ы аса зор еді, ауыл халқы ыңғайлы келген уақытта емес, хүкімет тарафынан кесілген, өлсе де, жерден қазса да, салықты салуга міндетті еді* (ҚД, 188).

АУЫРТУ (Қ.орда, Арал) миды ашыту. *Әй, мынау миымды а у ы р т т ы-а у* (Қ.орда, Арал).

АУЫРТПАҚ[1] (Қ.орда: Қарм., Сыр.) ши, т. б. тоқитын құрал. *А у ы р т п а қ п е н ши тоқимыз* (Қ.орда, Сыр.).

АУЫРТПАҚ[2] (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі; Алм., Жам.) көлдер арасындағы енсіз, тар жер. *Сырдың а у ы р т п а қ жерінен жаз айларында жаяу-ақ өте береміз* (Қ.орда, Сыр.). *Екі көлдің а у ы р т п а г ы н д а тұрып құс аттық* (Алм., Жам.).

АУЫРТПАЛЫҚ (Гур., Маңғ.) сүре (қ.) аралығына салынған тас. *Сонымен а у ы р т п а л ы қ пен көтергінің атқаратын қызметі бір-біріне қарама-қарсы* (Гур., Маңғ.).

АУЫРТПАН (Алм., Жам.) қылы, екі көлдің арасындағы жіңішке, қысаң жер.

АУЫРШАҢ (Алм., Жам.) аурушаң. *Ол а у ы р ш а ң болып қойдан түсіп қалды* (Алм., Жам.). Қ. аурықчаң.

АУЫС[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Небид.) ерсі, оғаш. *Не дегенмен ісіңнің а у ы с жері болды* (Түрікм., Красн.).

[Қарақалпақша *ауыс* артық (Карак.-рус. сл., 1958)].

АУЫС[2] (Шымк., Шәу.) есі ауысу, ақылынан айырылу. *Ақылдың өзі а у ы с болып қалган гой* (Шымк., Шәу.).

АУЫСҚАН (Жезқ., Ұлы.; Қост., Жанг.; Қ.орда, Арал) есалаң. *А у ы с қ а н болмаса,*

осылай сөйлер ме еді (Жезқ., Ұлы.). *А у ы с қ а н, менің шынымда нең бар* (Қост., Жанг.). *Қарасай қалай болса солай сөйлей салады, а у ы с қ а н деймін* (Қ.орда, Арал).

АУЫСПАУ (Шығ. Қаз., Больш.) босамау. *Осының жұмысынан кеше кешке дейін а у ы с п а д ы м* (Шығ. Қаз., Больш.).

АУЫСЫ (Жамб., Жам.) аузы. *Иттің арандай ашылған а у ы с ы н а, ақсиған тістеріне қарай бір-екі рет тап берді* (Жамб., Жам.).

АУЫСЫП-ҚИЫСЫП (МХР) араласып. *Азғантай ауылымен көшіп а у ы с ы п-қ и ы с ы п жүрген рулар көп болғанға ұқсайды* (Б. Кәм., Монғ. қаз. салт-дәс., 4).

АУЫТ[1] (Қ.орда: Сыр., Жал., Арал; Ақт., Жұр.; Түрікм.: Ашх., Мары; Гур., Маңғ.; Орал; Қарақ.) жүк артатын нар түйе жазысы. *Жазы айыр өркешті түйеге, а у ы т нар түйеге салынады* (Қ.орда, Сыр.). *А у ы т т а п міне алған бір үлекті, Сорлы ақынның сонадайдан жыры жетті* (Х. Ерғ., Құрм., 25). *А у ы т т ы жөндесейші* (Түрікм., Мары). *Сексен нар берді треске, А у ы т сыймас жалына* («Жұм-шы», 14.01.1941).

[Түрікменше *ховут* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *авыт* (Н. Баск., II, 397); *ауыт* нар түйеге жүк тиеу үшін қолданылатын ер (Л. Буд., I, 161); *аут* нар түйе ері (В. Рад., Опыт..., I, 78). *Ауут* жазы, бір өркешті түйенің жүк артатын ері (Н. Ильм., Материалы..., 39)].

АУЫТ[2] (Ақт., Ырғ.; Қост., Аман.) шығыр суы жиналатын үлкен шұңқыр. *А у ы т т ы ң суы мол. А у ы т қ а су өзеннен келеді* (Қост., Аман.). Қ. әуіт.

АУЫТ-АУЫТ (Гур., Маңғ.) дүркін-дүркін, ауық-ауық. *Күн а у ы т-а у ы т күркіреп тұрды* (Гур., Маңғ.).

АУЫТТАУ (Гур.: Есб., Маңғ.; Түрікм., Красн.) түйені қомдау. *О кезде адайлар нарларын а у ы т т а п ап, безетін де жүретін* (Гур., Маңғ.). *Түйені көп а у ы т т а с а ң жамбасы жауыр болады* (Түрікм., Красн.).

АУЫШ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі; Қарақ.) есінен адасқан, ақылы ауысқан. *Ақсақалдың жалғыз а у ы ш баласы бар еді, жуырда өлді* (Қ.орда, Сыр.). *Сен өзің а у ы ш емеспісің, жөн сөйлемейсің гой?* (Қарақ.). – *Мына а у ы ш сорлы не дейді? Қойды көрдіңдер ме, әй?* – деп ентікті кемпір (Ж. Нәжім., Кішк., 19).

АУЫШҚАН (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) есі ауған, есі кеткен.

АУЫШТАЙ (Қарақ.) есер, есерсоқ.

АХЛАҚ (ҚХР) адамдардың әрбір қоғамға тән мінез нормаларының жиынтығы, мінезқұлық.

АХМАР (ҚХР) қызыл. *Көне әдебиеттерде қызыл теңіз «Бахри а х м а р» деп аталады* (ҚХР).

АХМЕТ (ҚХР) аса маңызды.

АХОН АУ (Қ.орда: Қаз., Қарм.) аудың бір түрі, ақан ау. ...*өзгелері құрулы жатқан а х о н ауын қарау үшін қос басында қалды* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 94).

[Чувашша *юхаа* аудың бір түрі (Чув.-рус. сл., 1985, 643)].

АХОТ (Рес., Сарат.) құмар. *Сен а х о т с ы ң арақка, тоймайсың өмірі* (Рес., Сарат.). Бұл сөз орыстың *охота* (құмар) сөзінен алынған.

АХУАЛАТ (ҚХР) мән-жай, хал-ахуал, жағдай. *Осы оймен ашып көрді жазған хатты, Қызықты көрген сайын сөзі тәтті. Әкесі Көркемшеден бері қарайғы, Жазыпты барлық тарих а х у а л а т т ы* (Шеризат).

АХУАЛДЫ КӨЗДЕ ҰСТАУ (ҚХР) жағдайды назарда ұстау, жағдайға мән беру.

АХУАЛ ИЕЛЕУ (ҚХР) біреудің жүргентұрғанынан мәлімет алу, нақты жағдайдан хабар табу, оқиғаның себеп-салдарын анықтау.

АХУН (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) діни сауатты адам. *Үстімізге келген кісі үлкен а х у н болып шықты* (Түрікм., Таш.).

АЧАР[1] (Ауғ.; Ир.) салаттың бір түрі.

АЧАР[2] (Ауғ.; Ир.) кілт. *Кілттің а ч а р ы мықты* (Ауғ.; Ир.).

АЧЫ (Шымк., Лен.; Алм., Шел.) ащы. *Нанға дұз көп салыныпты жуда а ч ы екен* (Шымк., Лен.). Қ. ашты.

АШ (Қарақ.) ас. *А ш деп етсіз пісетін ауқатты айтамыз* (Қарақ.).

АША[1] (Талд., Гв.; Сем.: Мақ., Аяг.; Шығ. Қаз., Тарб.; Қост., Фед.) айыр. *Менің а ш а м д ы кім алды?* (Талд., Гв.). *Айырды тістің санына қарай үш а ш а, төрт а ш а деп атай береді. Сахнада тарелка айналдырғанша, қолыңа а ш а алып, қырман басындағы өеялкаға барғаның жөн болар* (Сем., Мақ.).

[Монғолша *ац* айыр (Монғ.-каз. сөз., 1954, 29)].

АША[2] (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) аяқ. *Кешелі бері бір а ш а м бастырмай қалды деп отыр* ол (Тау., Қош.).

[Қырғызша *ача* бүт, шат (К. Юд., КРС, 81)].

АША[3] (Қар., Шет) бақан. *Кигіз үйді а ш а м е н тіреп қой* (Қар., Шет).

[Қырғызша *ача* тарам, тарау (К. Юд., КРС, 81); үйг. *ача* тарам, тарау (Уйг.-рус. сл. 1961, 23); Шыңжаң үйг. *ача* агаштың екі айырым бұтағы (С. Мал., УНС, 95)].

АША[4] (Кокш.: Щуч, Еңб., Қ.ту; Рес., Омбы; Жезқ., Ұлы.) тіреу, бағана. *Үйдің а ш а с ы*

ескірген екен (Көкш., Щуч.). *Мына үйге а ш а салу керек* (Жезқ., Ұлы.). *Сасқан Асқар жүгіріп келе жатыр еді, маңдайы а ш а г а тарс ете түсті, есі ауып қала жаздады, көзінің оты жарық ете түсті* (С. Мүқ., Шығ., 3 т., 36).

АША[5] **1.** (Қ.орда, Қарм.) арық түрі. *А ш а жармадан ажырап, егіннің жабына құяды* (Қ.орда, Қарм.). **2.** (Рес., Сарат.) арна, кіші озен. *Жазғытұры езен тасығанда а ш а г а су құяды* (Рес., Сарат.).

АША[6] (Гур., Маңғ.) екі таудың жігі, арасы.

АША[7] (Қарақ.) арықтың екігө бөлінген жері, айырығы. *Қазақы а ш а д а г ы ауылда әңгіме білетін гаррылар бар* (Қарақ.).

АШАҚ (Қарақ.) ыңыршақ.

АШ-АЛАМАН (ҚХР) аш-жалаңаш көпшілік. *Ішкеріден тоқтаусыз ағылып келе жатқан а ш-а л а м а н босқындар анау* (Қ. Жүм., Соңғы..., 371). *Ал, біз жаққа – Тибет пен Шыңжанга қарай босып келе жатқан а ш-а л а м а н жұрт қаншама, жол бойы жаяу-жалпы шұбырған адамдар* (Қ. Жүм., Соңғы..., 222).

АШАЛАСЫП КЕТУ (Қ.орда, Қарм.) ажырасып, айырылысып кету. *Махамбеттің қатыны күйеуінен а ш а л а с ы п к е т к е н гой* (Қ.орда, Қарм.).

АШАЛЫ БАҚАН (Өзб., Ташк.) шаңырақ көтеруде қолданатын бас жағы айыр бақан.

АШАМАЙ[1] (Көкш.: Еңб., Щуч.) аш өнді. *Жануар а ш а м а й мал екен* (Көкш., Еңб.).

АШАМАЙ[2] (Сем.: Абай, Шүб.) жауыр түйеге арнап жасалған ер сияқты ағаш.

АШАМАЙ АҒАШ (МХР) айыр ағаш. *Мал соятын а ш а м а й а ғ а ш т а р мен ілгек темірлер қан-жын бесбаттам кір* («Ж. өмір», 5.09. 1983).

АШАМАЙТОЙ (МХР) баланы ашамайға мінгізгенде істелетін той.

АШАМАЯ (Жамб., Шу) **1.** өгізге арту үшін жасалған ағаш ер. **2.** өгізге жүк артуда пайдаланатын киіз, т. б. басып тұратын жіңішке қайыс.

АШАР[1] (Гур.: Шевч., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх.; Рес., Астр.; Өзб.) кілт. *Алқаның а ш а р ы майысып қалыпты* (Гур., Маңғ.). *Есіктің а ш а р ы н жоғалтып алып, үйге кіре алмай отырғанымыз* (Түрікм., Красн.). *Жәй бір а ш а р ы жоғалып қалған құлып еді* (Рес., Астр.).

[Әзірбайжанша *ачар* (Азерб.-рус. сл., I, 1962); түрікм. *ачар* (Рус.-туркм. сл., 1956, 253); қарақ. *ашар* (Рус.-карак. сл., 1967); түр. *ачар* (Тур.-рус. сл., 1977, 22); пар. *ачар* (Пер.-рус. сл., I, 1983, 50)].

АШАР[2] (Қарақ.) винт бұрайтын құрал. *Пышақ болмайды, бұған мөшіннің а ш а р ы керек* (Қарақ.).

АШ-АРЫҚ КӨРУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) аштық, қиындық көру. *Алтайлар 1916 жылы а ш-а р ы қ к ө р д і* (Шығ. Қаз., Больш.). *Телеуіттер революцияға дейін көп а ш-а р ы қ к ө р г е н кісілер* (Тау., Қош.).

АШАСЫНАН КЕЛУ (Алм., Кег.) санынан келу. *Әбіш жол бойында а ш а с ы н а н к е л е т і н шалшық суға түсіп кетіпті* (Алм., Кег.).

АШАУ (Рес., Қалм.) жеу, асау. *Ал, а ш а ң ы з д а р! Асты суытпай а ш а й ы қ* (Рес., Қалм.). Бұл соз татар, ноғай тілдерінде көбірек қолданылады.

АШ-АШЛЫҚ (Қарақ.) аштық.

АШ БОП КЕТУ (Түрікм.; Гур., Маңғ.; Жезқ.) қарны ашу. *Әбден а ш б о п к е т т і к қой, тезірек үйге қайталық* (Гур., Маңғ.).

АШ ЕТКЕН ЖОҚ. (Орал, Казт.) ашықтырған жоқ. *Сіздерді а ш е т к е н ж о қ па?* (Орал, Казт.).

АШЖАУЛЫҚ (Рес., Орын.; Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) дастарқан. *А ш ж а у л ы қ т ы жайып, шайды дайындай бер* (Рес., Орын.).

АШКӨК (Алм., Жам.) асқа салатын екпе шөп. *Бақшадан а ш к ө к әкел, асқа салайық. А ш к ө к салған тамақ дәмді, жұғымды болады* (Алм., Жам.).

АШҚАБАҚ (Шығ. Қаз.: Больш., Күрш.) асқабақ. *Биыл колхозшылар а ш қ а б а қ т ы көп салды* (Шығ. Қаз., Күрш.).

АШҚАЗАН (Сем., Аяг.; ҚХР) асқазан.

АШҚАРЫН (Гур., Маңғ.) таң сәрі. *Аман қызылиттен а ш қ а р ы н д а шығып едік, сәске болмай келіп-ақ жеткен жоқпыз ба* (Гур., Маңғ.).

АШҚЫШ (Орал: Казт., Жән.; Гур., Маңғ.; Сем.: Абай, Шүб., Ақс., Көкп.; Рес.: Орын., Қалм.; Қарақ.; Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) кілт. *Есіктің а ш қ ы ш ы н жоғалтып алма* (Орал, Казт.). *Есіктің құлпының а ш қ ы ш ы жоғарыда ілулі тұр* (Гур., Маңғ.). *Мен ұстаға барып, а ш қ ы ш жасатып әкелдім* (Сем., Кокп.). *Сандықтың а ш қ ы ш ы н қайда қойдым екем мен, ә!* (Қарақ.). *Ұрылар а ш қ ы ш ізденіп жатады дегеніңіз* (Түрікм., Ашх.).

[Өзбекше *очқич* (Узб.-рус. сл., 1959, 311); қарақ. *ашқыш* (Рус.-карак. сл., 1967); қырғ. *ачкыч* (К. Юд., КРС, 82); ұйғ. *ачқуч* (Уйг.-рус. сл., 1961, 24); чув. *учкаач* (Чув.-рус. сл., 1985, 518). Ертедегі жазба ескерткіштерінде *ачгуч* (Э. Надж., ИСТЯ, 159); *ачқыч* (Ат-тухфа, 270); *ачқуч* (А. Курыш., ИЛТАС, 88); *ачқыч* (ДТС, 6)].

АШМАРАЛДАУ (Гур., Маңғ.) арық, жіңішке. *Анау отырған а ш м а р а л д а у сары жігіттің атын Иманқали дейді* (Гур., Маңғ.).

АШМҮКЕ//ӘШМҮКЕ (Жезқ., Ұлы.; Қост., Жанг.) сегіздің бірі – әшмөшке. *Бір а ш м ү к е шайды бір салушы еді. А ш м ү к е шай да біраз дүние болатын* (Жезқ., Ұлы.). *Сенде неше ә ш м ү к е шай бар?* (Қост., Жанг.).

АШНАП (Ауғ.; Ир.) сандықтың бір түрі.

АШПУЗЫЛ (МХР) мейрамхана, ресторан. *Ресторан-а ш п у з ы л а р д ы ң дыр думанын қыздыра түсетін бір сері топ жазушылар мен журналистер еді, олардың да қатары сиреп, жан-жаққа бытырап кетті* (Қ. Жүм., Соңғы..., 305).

АШТЫ (Алм.: Кег., Жам., Нар., Шел.; Талд.; Шығ. Қаз.: Күрш., Марқ.; Сем.: Көкп., Ақс.; МХР) ащы. *Тамақтың тұзы а ш т ы екен* (Алм., Кег.). *Шорпа а ш т ы екен, іше алмадым* (Талд.). *А ш т ы мен тұштыны татқан білер* (Мақал). *Көженің тұзы а ш т ы* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Қымызыңыз өте а ш т ы болыпты* (Сем., Ақс.). *Солмамен ауырған малдың аузына май, а ш т ы нәрсе құяды* (МХР). *Осы жақын арада «А ш т ы су» колхозынан 5 бас мал сойылған* («Соц. шаруа», 1.08.1939).

[Әзірбайжанша *ачы* (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 175); қырғ. *ачуу* (К. Юд., КРС, 82); түрікм. *аджы* (Рус.-туркм. сл., 1956, 123); тува. *ажыг* (Рус.-тув. сл., 1980, 120); түр. *ажы* (Тур.-рус., сл., 1977, 21); үйғ. *аччиқ* (Уйг.-рус. сл., 1961, 24); өзб. *аччиқ* (Узб.-рус. сл., 1959, 45); алт. *ачуу* (Н. Баск., ДЧТ, 105). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *ачыг* (Э. Надж., ИССТЯ, 162); *ачы* (Ат-тухфа, 270); *ачыг* (А. Бор., ЛСТ, 64); *ачуг* (С. Мал., ПДП, 353); *ачыг* (ДТС, 4)].

АШТЫҚ-АПТАДАЛЫҚ (Қарақ.) ашжалаңаштық.

АШУАТ ЖЕР (Рес.: Волг., Орын.; Ақт.: Қараб., Ырғ.; Орал., Қара.) ащы, сортаң жер. *А ш у а т ж е р г е д е шөп шығады* (Рес., Орын.). *А ш у а т ж е р д і ң шөбі малға өте жақсы* (Ақт., Қараб.).

АШУАТ ШӨП (Ақт., Ырғ.) сортаң, ащы жерге шығатын шөп. *Түйе а ш у а т ш ө п т і жақсы жейді* (Ақт., Ырғ.).

АШУДЫ БАЙЛАУ (Талд.) ашуды тоқтату. *Махамбет а ш у д ы байлай алмайды* (Талд.).

АШУЛА (Жамб., Жам.) жыр. *Ол а ш у л а айтты* (Жамб., Жам.).

АШУЫ ҚАП ТАУЫНДАЙ (ҚХР) қатты ашулы, ашуланғанда жарылардай болу.

АШУЫТ (Орал, Чап.; Рес., Волг.) ащылы шөп, сортаң жерге шығатын шөп.

АШУЫ ТҮСІ КЕТУ (Шығ. Қаз.: Зайс., Больш.; Сем., Абай) ашуы келу, ашулану. *Осындай мәселені естігенде, менің а ш у ы м т ү с і п к е т е д і* (Шығ. Қаз., Больш.). *Бекбосын Садықбектің мына сөзіне а ш у ы т ү с і п к е т т і* (К. Ораз., Ақ жазық, 292).

АШХАНА (Сем., Аяг.; ҚХР) асхана.

АШЫ (Алм., Кег.; Сем., Аяг.) малға беретін түздың төменгі түрі. *А ш ы н ы қойға кешке қарай береміз* (Алм., Кег.).

АШЫҒАН//АШЫТПА (Қарақ.) ыстықта сусын орнына ішетін көженің түрі. Көженің бұндай түрі Семей облысының Абай, Шұбартау, Көкпекті және Ақсуат аудандарында *шикі көже* деп аталады.

АШЫҚ[1] (Көкш.: Еңб., Щуч.; Қост.: Семиоз., Фед.) төбесі ашық қора. *Малға қысты күні а ш ы қ қ а шөп салып, күндіз сонда қоямыз* (Көкш., Еңб.).

АШЫҚ[2] (Түрікм.: Ашх., Тедж.) кілем мәнері, өрнегі.

АШЫҚ[3] (Жамб., Жам.) артық. *Планды а ш ы ғ ы м е н орындадық* (Жамб., Жам.).

АШЫҚ[4] (Гур., Шевч.; Қарақ.) асық. *Мың қойдың а ш ы ғ ы н жуттан өлген сытып алып, бұяққа әкеп сатты* (Қарақ.). *А ш ы ғ ы н а н сыз кешіп, Табанына су өтіп, Бірнешеуі ауырған* («К-з жолы», 14.01.1944, №2).

АШЫҚ[5] (Орал, Орда) күм арасындағы шөп шығатын алаң. *Сонау а ш ы қ қ а барып, ат оттатып алайық* (Орал, Орда).

АШЫҚ АРАН (Павл., Ерт.) қабыргасы шөпшаланнан істелген төбесі ашық қора.

АШЫҚ АУЫЗ (Шымк., Түлк.) спсіз, ыңғайсыз адам. *Ол бір а ш ы қ а у ы з нені бітіреді* (Шымк., Түлк.).

АШЫҚ БОРАН (МХР) күн ашықтағы боран.

АШЫҚ-ЖАБЫҚ (Көкш.: Щуч., Еңб.) күйі орташа мал.

АШЫҚ-ЖАРЫҚ (Шығ. Қаз., Больш.; МХР; Тау., Қош.) жарқын, ақ көңіл. *Күлшік а ш ы қ-ж а р ы қ кісі гой* (Тау., Қош.). *Ежелден а ш ы қ-ж а р ы қ адам гой* (МХР).

АШЫҚ ҚАЙЫҢ (Сем.: Абай, Шүб.) ақ көңіл, ашық, жарқын. *Атам а ш ы қ қ а й ы ң кісі. Жеңге, құрбыларға әзілқой, ақ көйлек, а ш ы қ қ а й ы ң боп, Абай мәжілісін бұл ауылдың барлық жанына еркін, қызық мәжіліс еткісі келеді* (Сем., Абай).

АШЫҚ ҚАША (МХР) ашық қора.

АШЫҚ МАЙДАН (Түрікм.: Таш., Мары, Төдж.) кең, мидай дала. *Адаспайсың, маңдай алдың а ш ы қ м а й д а н* (Түрікм., Таш.).

АШЫҚ-МАШЫҚ (Шымк.: Сайр., Арыс, Мақт.; Жамб.: Шу, Мер., Қорд.; Сем.: Ақс., Көкп.; Өзб.; Ауғ.; Ир.) есіктің топсасы. *Есіктің а ш ы қ-м а ш ы ғ ы н ы ң шегесі босапты*

(Шымк., Сайр.). *Есіктің а ш ы қ-м а ш ы г ы әлсіз екен, сынып қалды* (Сем., Акс.).

[Түрікше *ашоз* жік, қуыс (Тур.-рус. сл., 1977, 72); өзб. *ошиқ-мошиқ* есік, терезе, т. б. төпсасы (Узб.-рус. сл., 1959, 311). Ертедегі жазба ескерткіштерде *ашық* жалғастырушы құрал (Ат-тухфа, 271). Араб тілінде *гашшақ* тақтайларды темірмен ұстату, ал *гашшақ вә мағашуқ* тиек және жік мағыналарын береді. Демек, сөздің шыққан тегі араб сезі].

АШЫҚОТ (МХР) ошақ ішіне немесе ошақсыз жағылған от. *Бұрын меш жоқ кезде а ш ы қ о т п е н де жан сақтадық* (МХР).

АШЫҚТАЛУ (МХР) анықталу, әшкерелену. *Сол қылмысым а ш ы қ т а л ы п, мені ұстап сотқа бергелі жатқанын білдім де, қылмыстан құтылудың бір жолы деп ойладым* (Церендор., Е. ул., 17).

АШЫҚТАУ (МХР) анықтау, әшекелеу. *Мұнда құпия сыр бар. Сыр болғанда үлкен, қомақты сыр. Ашу керек соны. А ш ы қ т а у үшін күресу керек* (М. Құрман., 85).

АШЫҚ-ШАШЫҚ (Орал: Чап., Жымп.) ашық-тесік. *...төбелері ортасына түсіп опырайған а ш ы қ-ш а ш ы қ ауылын жалғыз жүріп аралады* (Қ. Қар., Алт. изд., 345).

АШЫЛУ (Шымк.: Тұлк., Сарыағ.) мақта талшығының шығуы. *Әрбір терімшіге күндік норма қауашақтың жаппай а ш ы л ғ а н кезінде 60-80 килограмм* (Шымк., Сарыағ.).

АШЫЛМАУ (Қ.орда, Арал) рұқсат бермеу. *Балық аулауға дайра әзір а ш ы л м а й жатыр* (Қ.орда, Арал).

АШЫЛЫП САЙРАУ (ҚХР) барлық гүлдер ашылсын, барша бұлбұл сайрасын деген науқан. *Бәле боп жабысқан – «а ш ы л ы п с а й р а у» кезінде ауыздан шығып кеткен біраз пікірлер* (Қ. Жұм., Соңғы...).

АШЫЛЫП КЕТУ (Шымк., Сайр.) әдемілену, сұлулану. *Әсем мұлдем а ш ы л ы п к е т і п т і гой* (Шымк., Сайр.).

АШЫМАҚ 1. (Гур., Маңғ.) ащы айран, ащы қымыз, ащы шұбат. *Шөлдесең а ш ы м а қ жұта гой* (Гур., Маңғ.). **2.** (Гур., Маңғ.) ащы құрт. **3.** (Орал, Жымп.) ашытқы.

АШЫМАЛ (Алм., Шел.; Рес., Волг.) тары, бидайдан ашытқан көже. *Апа, шөлдеп тұрмын а ш ы м а л ы ң ы з бар ма?* (Алм., Шел.).

АШЫМЫҚ (Жамб.: Шу, Мер.) ұн, тары, талқан және қамырдан жасалған сусын. *Абдан чөлдеп қаппын, екі жанан а ш ы м ы қ т ы ішіп жібердім* (Жамб., Шу).

АШЫНА 1. (Жамб., Шу) көрші. *А ш ы н а м ы з үйінде болар, соны шақыралық* (Жамб., Шу). **2.** (Жамб., Шу; Ауғ.; Ир.) таныс адам. *Ирһанда болса бөлуштен һәм, тәжіктен һәм, уәләйаттан һәм а ш ы н а м ы с көп еді дә!* (Ир.).

АШЫП ҚҰЮ (Рес., Сарат.) тағы құю. *Шәйді ішіп болған кісіге кейде кесені а ш ы п қ ұ я д ы* (Рес., Сарат.).

АШЫТПА Қ. ашыған.

АЩАҒАР (Гур., Маңғ.) суы ащы бұлақ. *А щ а г а р д а н су ішкізіп, малымызды тышқақ етер жайымыз жоқ* (Гур., Маңғ.).

АЩЫ (МХР) мал жалайтын ащы топырақ. *6 тонна а щ ы әзірлеймін* («Ж. өмір», 12.02. 1985).

АЩЫ ҚҰРТТАУ (Гур., Маңғ.) ащылау, ашырқану. *Ешкі нарпоздық а щ ы қ ұ р т т а п жейді* (Гур., Маңғ.).

АЩЫЛАТУ (МХР) жерден шыққан тұзды жалату. *Бүгін қойды Оңқатыға а щ ы л а т ы п кетті* (МХР). *Осы Сайырдың салқын жон, бөктер, сай-салаларында ұзақ жайылымда болдырып, іш алу, тойынуына үртіс назар аударамыз. Тұрақты а щ ы л а т а м ы з* («Ж. өмір», 8.03.1983).

АЩЫЛАУ (Сем.: Мақ., Үрж.) сортаң жер. *Ақсуат жері а щ ы л а у, саздауыт жер екен* (Сем., Үрж.).

АЩЫНАУА (МХР) мал жалайтын ащы салынатын, шұңқылдап ойылған қысқалау бөрене.

АЩЫ-ТҰЗ (МХР) ащы мен тұз. *А щ ы-т ұ з мал арқауы. Малдың семіруі де, бойға жинаған майын сақтауы да, іш алуы да ашыға байланысты* («Ж. өмір», 9.06.1983).

АЮАН (Шымк., Лен.) ұйдің алдыңғы, төбесі жабық бөлегі. *Кешке таман а ю а н д а отырып, шай ішейік* (Шымк., Лен.).

АЮ БУРА (Қ.орда, Қарм.) қызыл көзденіп, ызаға булығып, әбден жараған, қаптарақпан айларында көз көрім, алыстан кімді де болса, тіпті салт аттыны да қуып жетіп зақымдайтын, сол мінезінен тұсауланатын, тым қауіптілерінің аузына тұмылдырық, құрсау кигізілетін, кемеліне келген будан бура.

АЮ ЖЫЛАН (Алм., Жам.) үлкен улы жылан, адамды шақса өлтіреді. *Бодықты а ю ж ы л а н шағып алыпты* (Алм., Жам.).

АЯҒЫ ЖАЗЫЛУ (Сем.: Абай, Шұб., Акс., Көкп.) тақымы жазылу. *Атқа мініп а я г ы ң ж а з ы л ы п қалған екен* (Сем., Абай).

АЯҒЫ МҰМКІН (Қ.орда: Арал, Қарм.) белгісіз. *Дәме қып келіп едік, береді, бермейді а я г ы м ұ м к і н* (Қ.орда, Арал).

АЯҒЫНА МІНУ (Гур., Маңғ.) өре тұру. *Таң атар-атпастан ауыл шетіне, «ой, бауырымдап» шауып кірген суыт жүргіншінің*

айқайынан жұрт бірден а я қ т а р ы н а м і н і п, тікесінен тік тұрды (Ә. Кекіл., Үркер, 160).

АЯҒЫНА ҚАН ТҮСІРУ (ҚХР) қастық істеу, қапыда жер қаптыру.

АЯҒЫНАН ЖҮРУ (Орал, Орда) кепілде жүру. *Орда сельпосының бұрынғы бастығы қазір а я ғ ы н а н ж ү р* (Орал, Орда).

АЯҒЫНАН КЕТУ (Орал: Орал, Орда) жоғалу, жоғалып кету. *Көрші ауылдың 2-3 сиыры а я ғ ы н а н к е т і п, таба алмай жүр* (Орал, Орда). *Осы жылы апрельдің 2 күні бір бас сиырым а я ғ ы н а н к е т т і* («Ұл. ауыл», 2.07.1930).

АЯҒЫНАН ТОЗУ (Қ.орда: Қаз., Қарм., Арал) тарап, ыдырап кету. *Бригадада байкулак мүддесін көздейтін теңгерме күшейіп, бригада а я ғ ы н а н т о з ы п кете жаздады* («Екп. балықшы», 1939, №34).

АЯҒЫНАН ТҰРҒЫЗУ (Орал, Жымп.) тік тұрғызу. *Айтқанын істетіп, бір аз адамды а я ғ ы н а н т ұ р ғ ы з д ы* (Орал, Жымп.). *...оқушы жастарды қолдап соғу... а я ғ ы н а н т ұ р ғ ы з ы п қою жазаларына тартқан* («К-з жолы», 11.03.1937).

АЯҒЫНА ОТЫРҒЫЗБАУ[1] (Сем.: Абай, Шүб.) тыным бермеу, қолды-аяққа тұрғызбау. *Осыны естігенде Бейсенбай ешкімді а я ғ ы н а о т ы р ғ ы з б а д ы. Осыдан күн бұрын Зүрәға үйленуді айтқан кезде, Ережеп а я ғ ы н а о т ы р ғ ы з б а ғ а н болатын* (К. Ораз., Ақ жаз., 247).

АЯҒЫНА ОТЫРҒЫЗБАУ[2] (ҚХР) жақын болмау, көңіл қоспау, маңына жолатпады, шеніне жуытпады, теңдік бермеді.

АЯЗДАП ҚАЛУ (Қарақ.) суық тиіп ауру.

АЯҚ[1] (Шымк., Қызылқ.) атпен басатын қырман. *Қырманға бастырылған тары екі а я қ болады. 100 бау екі а я қ шығады* (Шымк., Қызылқ.).

АЯҚ[2] (Жезқ., Ұлы.) кесе, ыдыс. *А я ғ ы ң ы з д ы беріңіз, шай құйсын, ішіңіз* (Жезқ., Ұлы.).

АЯҚ[3] (Түрікм., Красн.) машинаның, мотоциклдің дөңгелегі. *Әлгі мотоцикл құрғырының да а я ғ ы сынып қалып осы тұрған жерге жете алмадық* (Түрікм., Красн.). *Бұған Айтжанов жолдас машинаның төрт а я ғ ы бірдей тұсіп жатыр деп жауап берді* («Жүм-шы», 30.05.1954).

АЯҚБАУ[1] (Қ.орда, Қарм.) киіз үй уығының шашақты бауы.

АЯҚБАУ[2] 1. (Гур., Маңғ.) өтектасты байлайтын жіп. 2. (Гур., Маңғ.; Рес., Волг.; Қост.: Об., Торғ.) қайық діңгегін бекітетін арканның төменгі жағы. *А я қ б а у д ы мықтап байламаса, діңгек босап кетеді* (Гур., Маңғ.).

АЯҚБАУ[3] (Гур., Маңғ.; Орал, Казт.) бесіктің аяқ тартпасы. *Жас баланың а я қ б а у ы н дұрыс тартпағандықтан, а я ғ ы қисық болады дейді* (Гур., Маңғ.). *Мынаны не дейсіздер? «а я қ б а у» дейміз* (Орал, Казт.).

АЯҚ ЕГІН (Қост., Жанг.) суармалы егін. *Баяғыда кездерде біздің ел су бөгеп, а я қ е г і н салғанда мен ақ таяқ* (қ.) *болып істедім* (Қост., Жанг.).

АЯҚ ЖАҚСЫ (Қ.орда, Шиелі) қалың-малдың мал есебінен алынатын соңғы тобы. Оған бір туйе, бір ат, бір сиыр және бір қаружарақ береді. Кей жерлерде осы үш жақсы біріктіріліп, «тоғыз түйе, сегіз құлынды бие, он үш бойдақ жылқы» түрінде болған.

АЯҚ ЖЕРІНДЕ (Орал: Жән., Орда) аяқ кезінде. *Оқудағы балам осы аптаның а я қ ж е р і н д е келіп қалады* (Орал, Орда). *Бұл колхозға ағыс айының а я қ ж е р і н д е ферма меңгерушілігіне Жиеналиев жөлдас барды* («Ком.», 19.11.1939).

АЯҚ ЖОЛ (Гур., Маңғ.) жалғыз аяқ, сүрлеу жол. *Черқаланың төбесіне шығатын а я қ ж о л ы бар екен* (Гур., Маңғ.).

АЯҚ КИІЗ[1] (Сем., Абай; Қост., Жанг.) үйдің уығы бытырамас үшін ұсталатын киіз. *Мынау а я қ к и і з і ң әдемі-ақ екен* (Сем., Абай).

АЯҚ КИІЗ[2] (Қост., Жанг.) түскиіз. *Кеше Самат әдемі а я қ к и і з сатып алды* (Қост., Жанг.).

АЯҚ КӨПІР (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) жаяу адам өте алатын ағаштан салынған жіңішке өткел. *Қазір тіке жүріп ене жаптағы* (қ.) *а я қ к ө п і р д е н өтесіңіз* (Түрікм., Жеб.). Қ. паяпыл.

АЯҚ КҮРЕС 1. (Жамб., Шу) жас балалар ойыны. Шалқасынан айқасып қолтықтасыш жатады да, аяғымен аударысады. 2. (Рес., Омбы) аяқпен аударысып, күш сынасатын ойын түрі.

АЯҚҚА БАСУ (Орал: Жымп., Қара.) жолға қойылу. *Есейген соң ақылы кіріп, оқуы а я қ қ а б а с т ы* (Орал, Қара.). *Комсомолдар қатары қызулы өсе бастады. Саяси-мәдениет жұмыстары а я қ қ а б а с т ы* («Ұлг. кең. ауыл», 20.07.1931).

АЯҚ ҚАЙРАҚ (Ақт., Ойыл) шарық. *Орақты осы а я қ қ а й р а қ п е н қайраймыз* (Ақт., Ойыл).

АЯҚҚА ҚОЮ (Орал: Қара., Шыңғ.) жөнге қою, жөнге салу. *Бұл жұмысты қашан а я қ қ а қ о я р ы белгісіз* (Орал, Шыңғ.). *Партия кабинетінің жұмысын дұрыстап а я қ қ а қ о я алмай отырғандығын айтты* («Кол. үні», 27.04.1937).

АЯҚҚАП (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары, Тедж.) аяқ киім. *Шығарың а я қ қ а б ы ң д ы* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *аякгап* (Рус.-туркм. сл., 1956, 408); түр. *айаккабы* (Тур.-рус. сл. 1977, 80); әзірб. *айаггабы* (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 83)].

АЯҚҚАПТЫ ШЫҒАРУ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн., Тедж., Байр., Таш.) аяқ киімді шешу. *Ш ы г а р ы ң а я қ қ а б ы ң д ы* (к.) (Түрікм., Анн.).

АЯҚ ҚОРАЗДАНУ (Гур., Есб.) аяқ ауру, аяқтың ісіп ауруы. *А я қ қ о р а з д а н ы п ауырып жүр. А я қ қ о р а з д а н с а, дәрігерге көрін* (Гур., Есб.).

АЯҚ ОМЫРТҚА (Жамб., Шу) мал сойған кісіге берілетін омыртқа, ет, т. б.

АЯҚ ӨРЕ ТҰРУ (Орал: Орда, Жән.) өре тұра келу. *Бастық десе, бұлар а я қ о р е т ұ р а келеді* (Орал, Жән.). *Отырған жұрт, ду қол шапалақтаумен а я қ ө р е т ұ р е келіп «ұралап» айқайлады* («Ж. жол», 18.11.1937).

АЯҚ САЛУ[1] (Сем.: Абай, Шүб.) аяқ басу, қарау. *Мен ол кезде оннан он бірге а я қ с а л г а н едім* (Сем., Абай).

АЯҚ САЛУ[2] (Гур., Маңғ.) бейімделу, ыңғайлану. *Күн жаууға а я қ с а л ы п келеді* (Гур., Маңғ.).

АЯҚСУ (Орал, Чап.; Сем., Абай) асқыну, аурудың ауырлай түсуі. *Кісі көп келіп, ауруы а я қ с ы п қалды* (Орал, Чап.). *Біздің бала кешелі бері а я қ с ы п жатыр* (Сем., Абай).

АЯҚ СУЫРТПАҚ ЖОЛ (ҚХР) жалғыз аяқ сүрлеу жол. *Қазақтың әр ауылынан, алыс жайлаулардан басталатын жалғыз а я қ с у ы р т п а қ ж о л д а р өрмекшінің жібіндей бір-біріне ұласып, қазір осы түрмеге келіп тоғысатын болған* (Қ. Жүм., Соңғы..., 198).

АЯҚСЫЗ САБАҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) төменгі жағында үзбесі жоқ сырға.

АЯҚТАҒЫ СУҒА ЖЫҒЫЛУ (ҚХР) өлмейтін кезде өлу, күлкіге мазаққа қалу. *Партия мүшелігінен садаға кеткірдің а я қ т а г ы с у г а ж ы г ы л у ы н қара* (Қ. Мұқ., Тай., 5).

АЯҚТАЙ (Орал: Шыңғ., Орда, Жән.) тікелей, қолма-қол. *Сенің а я қ т а й жәрдеміңсіз, оған бұл іс қиын* (Орал, Жән.).

АЯҚТАЙ БАРУ (Орал, Чап.; Гур., Маңғ.) тікелей езі бару, өзі қатысу. *Ол жиналысқа а я қ т а й б а р ы п, көп уақыт отырды* (Орал, Чап.). *Колхоз, совхоз председательдері өндіріс басына а я қ т а й б а р ы п басшылық жұмысын мейлінше жүргізе алмаған* («Ж. жол», 9.07.1938). *...туып-өскен ауылын ұмытпапты, демалысқа келген сайын Жаңақоныс жұртын а я қ т а й б а р ы п, аралап қайтатын көрінеді* (Қ. Қар., Алт. изд., 355).

АЯҚТАЙ БАСШЫЛЫҚ (Орал: Шыңғ., Жымп., Орда, Жән.) тікелей, қолма-қол басшылық. *Олардың бізге дегенде а я қ т а й б а с ш ы л ы г ы болмай қалады* (Орал, Жән.). *Сондықтан ҚЛКЖС-ның аудандық комитеті ұйымдарға а я қ т а й б а с ш ы л ы қ т а р ы н күшейтулері керек* («Соц. жол», 14.11.1941). *Аудандық колхоз одағының а я қ т а й басшылығын күшейтсін* («Ж. жол», 14.01.1932).

АЯҚТАЙ ЖҮРУ (Гур., Есб.) кепілде жүру. *Әзірше а я қ т а й ж ү р екен, кеше көріп едім* (Гур., Есб.).

АЯҚТАЙ ЖІБЕРУ (Орал, Жән.) малды айдау. *Жәнібекке малды а я қ т а й ж і б е р е м і з* (Орал, Жән.).

АЯҚТАЙ ҚАТЫНАСУ (Орал: Жән., Орда, Шыңғ.) тікелей қатынасу. *Шынын айтсақ, аудан басшылары совхозға жиі-жиі а я қ т а й қ а т ы н а с ы п тұрады* (Орал, Шыңғ.). *Аудандық денсаулық бөлімі келешекте колхоздарға а я қ т а й қ а т ы н а с ы п, адам дәрігерлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп, колхозшылар бұқарасының денсаулығын сақтау шараларын қолданған жөн* («Соц. жол», 27.04.1939).

АЯҚТАЙ САТУ (Орал: Чап., Жымп.; Ақт., Ойыл; Қост.: Семиоз., Фед.) тірідей сату. *Малды а я қ т а й с а т у көп пайда бере қояр ма екен* (Орал, Жымп.). *...қалған бір сиырды а я қ т а й с а т т ы* («Қ. ту», 24.05.1937). *Өткен 1935 жылдан бері сндаған малды сойып еттей, а я қ т а й айырбас ретінде алмастырып с а т қ а н д ы г ы н білмейтін адам жоқ* («Қ. ту», 30.05.1937). *Біздің колхоз биыл мал жоспарын толық орындап, 300 қойды а я қ т а й с а т т ы* (Ақт., Ойыл). *Ауданға айдап апарып, қойды сойып, екі ешкіні а я қ т а й с а т т ы м* (Қост., Фед.). *Сұлтанғали осы қойлардың барлығын а я қ т а й қымбатқа с а т т ы* («Кзшылар үні», 27.11.1956).

АЯҚТАП САТУ (Орал, Чап.) малды сойып сату. *Ол малын Теке қаласына барып, а я қ т а п с а т т ы дейді* (Орал, Чап.).

АЯҚТАС (Гур., Маңғ.) замандас.

АЯҚТАСПА (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары; Қарақ.) малдың етін ортақтасып бөліп алу. *3-4 үй бір сиырды а я қ т а с п а м е н алған едік* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *аяқлашма* (Туркм.-рус. сл.)].

АЯҚ ТЕКЕМЕТ (Түрікм., Красн.) кішкене текемет. *А я қ т е к е м е т т і басқа киіздерге қарағанда бұл жақта көбірек қолданамыз* (Түрікм., Красн.).

АЯҚ ТҮЗАҚ (Гур., Маңғ.) жылқының аяғына салатын тұсау.

АЯҚ ҮСТІ (Алм., Жам.) қапылыста, кенеттен. *А я қ ү с т і байқамадым, әйтпесе, қапы қалмас ем* (Алм., Жам.).

АЯҚ ҮСТІ БОЛУ (Орал, Жән.) ауруынан жазылу, сауығу. *Еркін а я қ ү с т і б о л ы п, жұмысқа кірісті* (Орал, Жән.).

АЯҚ ҮСТІ ҚАРАУ (Орал: Жән., Т.өкпе, Қара., Орда) ат үсті қарау. *Кейбір мұғалімдер бала тәрбиесіне а я қ ү с т і қ а р а й д ы* (Орал, Т.өкпе). *Бұл істерге а я қ ү с т і қ а р а у ...іс жүзіндегі оппортунишілдік* («Ж. жол», 22.01. 1932).

АЯҚ ҮСТІНДЕ ЖҮРУ[1] (Қарақ.) жолжөнекей. *А я қ ү с т і н д е ж ү р і п істейтін жұмыс қой* (Қарақ.).

АЯҚ ҮСТІНДЕ ЖҮРУ[2] 1. (Орал, Чап.) бос жүру. *Ол бойлай а я қ ү с т і н д е ж ү р е д і* (Орал, Чап.). 2. (Гур., Маңғ.) кепілде болу, тұтқыннан уақытша босау. *Орақ сотталғаннан кейін, а я қ ү с т і н д е ж ү р д і* (Гур., Маңғ.).

АЯҚТЫ САБАҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) үзбөлі сырға. *Зергерлер пеше қилы а я қ т ы с а б а қ т а р д ы жасар еді* (Түрікм., Ашх.).

АЯҚ ЧЫНЫ (МХР) үлкен кесе.

АЯҚ-ШАНАҚ[1] (Қар., Қарқ.) аяқ-табақ.

АЯҚ-ШАНАҚ[2] (Жезқ., Ұлы.; Рес., Омбы) әйелдердің соғымнан алатын үлесі. *Қатындар соның аулынан а я қ-ш а н а қ аламыз деп кетті* (Жезқ., Ұлы.).

АЯҚШЫ[1] (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары, Красн.) масаның бір түрі. *А я қ ш ы н ы ң шағысына қарағанда пітелеріндікі* (қ.) *бүйым емес* (Түрікм., Таш.). *А я қ ш ы келіп іргеден, жата алмайсың бүргеден* (Сүгір ақын). Түрікменше *аякчы* (Туркм.-рус. сл., 1940).

АЯҚШЫ[2]**//ЖӘРДЕМШІ** (Ауғ.; Ир.) қой қоздағанда жәрдем беруші, жалдамалы жұмысшы.

АЯҚ ШЫҒАРУ (Шымк., Арыс) егіннің бауын басу. *Ол бұрын күніге бірнеше а я қ ш ы г а р а т ы н* (Шымк., Арыс).

АЯЛ (Қ.орда, Арал; Гур.: Маңғ., Шевч.; Жамб.: Тал., Сар.; Орал, Жән.; Сем., Аяг.; Жезқ., Ұлы.; Ақм., Атб.; Көкш.: Щуч., Еңб.; Қост.: Жанг., Фед., Семиоз.; Түрікм., Красн.; ҚХР) әйел. *Қызмет жасап жүрген а я л д а р да бар* (Гур., Маңғ.). *Ол үйде бір жас а я л бар* (Орал, Жән.). *Колхозшы а я л д а р соңиалистік жарысқа түсті* (Жезқ., Ұлы.). *Екі а я л сиыр сауып жатыр* (Ақм., Атб.). *Шөмеле салып жүрген а я л д а р, мая үюшілерге жеткізер емес* (Қост., Жанг.). *Мынау ауылдың а я л д а р ы бие сауып жатыр* (Қ.орда, Арал). *А я л д ы ң да даңышпаны болған гой* (Жамб., Тал.). *Бір үйдің алдында бес-алты а я л жиналып, киіз басып жатыр екен* (Түрікм., Красн.).

АЯЛ-ПҰЯЛ (Сем.: Мақ., Үрж.) лезде, тез. *Ол а я л-п ұ я л д а келіп қалды* (Сем., Үрж.). *Пойыз шіркін де а я л-п ұ я л г а келмей қозғала берді* («Сем. прав.», №115, 06.1956).

АЯНКЕСТІК (ҚХР) жанкештілік. *Бірақ Жағыпар жігіттердің ықыласын пайдаланып, ондай а я н к е с т і к к е бармайды* (Қ. Жұм., Соңғы ..., 343).

АЯН ОМЫРТҚА (Жамб., Шу) мал союшыға еттей берілетін үлсс.

АЯР (Жамб., Шу) айлакер, сүм. *Табытты жерге тигізетін а я р істейді* (Жамб., Шу). *Өзінің мамап саудагер а я р л а р ы арқылы өте жоғары бағамен жасырып сатты* (**Б**. Соқп., 16 жас. чемп., 84).

[Өзбекше *айер* қу, алаяқ (Узб.-рус. сл., 1959, 26); әзірб. *айар* айлалы, тапқыр (Азерб.-рус. сл., I, 1962, 85); қырғ. *аяр* сиқыршы, көреген (К. Юд., КРС, 88); түр. *аййар* алдаушы, залым, алаяқ (Тур.-рус. сл., 1977, 84); ар. *әййар* сүм, айлакер (Ар.-рус. сл., П, 1970, 645)].

АЯС (ҚХР) айық, ашық. *А я с аспан* (ҚХР).

АЯСЫРАҚ (Қ.орда, Арал) осімдік түрі. *Жылқы а я с ы р а қ қ а жайылсын* (Қ.орда, Арал).

АЯШ (Алм.: Кег., Нар.; Жамб., Қорд.) әйелдерге құрмет көрсетуде айтылатын атау. *Өзі бір аяулы а я ш* (Б. Қойш., Дүние – кілт, 265).

[Қырғызша *аяш* жасы келген әйелдерге қарата айтылатын сөз немесе ерінің досының әйелі (К Юд., КРС, 88); сар. *айош* дос адамның әйелі (Т. Пах., Сар.-рус. сл., 1971, 16). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *әвлүг* әйел (С. Мал., ПДП, 1951, 367)].

Ә

ӘБДІРӘ (Алм., Кег.; Қост., Жанг.; Көкш., Щуч.) абдыра, үлкен сандық. *Бүгін ә б д і р ә н і ң кілтін жоғалтып алып, күнібойы аша алмай әуреледім* (Алм., Кег.). *Ә б д і р ә мен кебежеңе алтын толсын, Бибигайша, Айганым, Малға толсын аймағың, Шайқалмасын ырысың* (Қ. Аманж., Шығ. жин., 3, 157). **Қ.** өбдіре.

ӘБДІРЕ (Қарақ.; Алм., Кег.; Қост., Тоб.; Жамб., Сар.) үлкөн ағаш сандық. *Бұл үйде шамадан да, ө б д і р е де баршылық* (Алм.,

Кег.). *Бұған жуктегі екі-үш ескі көрпе-жастық пен қара ә б д і р е н і қосыңыз* (Б. Соқп., Біз де бал. бол., 82). *Тезірек барып, жиюлы жуктің астындағы дәу ә б д і р е н і ашты* (Ғ. Мұст., Дау. кейін, 135).

ӘБДІРЕҢКІ-КҮБДІРЕҢКІ (Орал, Жән.) арлы-берлі, аумалы-төкпелі. *Есенбай ә б д і р е ң к і - к ү б д і р е ң к і сөйлейтін адам* (Орал, Жән.).

ӘБДІРЕ САНДЫҚ (Жамб., Сар.) киім салатын үлкен сандық. *Ә б д і р е сандық артқан түйе қоршаулы түйенің артынан тіркеледі* (Жамб., Сар.). *...үй-ішінің саймандары: жазу жазатын стол, бір-екі орындық, баланың арба бесігі, ә б д і р е сандық...* (С. Сейф., Шыг., 4 т., 252).

[Парсыша [*аб-дари*] азық-түлік, ыдыс-аяқ салатын қол сандық (Пер.-рус. сл., 1952)].

ӘБЕЙЛЕУ (ҚХР) әлдилеу.

ӘБЕҚОҢЫР (Қост.: Фед., Жанг., Семиоз.) орташа, шамалы, жақсы да, жаман да емес. *Біздің колхоздың егіні ә б е қ о ң ы р болып шықты. Ырыстың озіне лайықты ә б е қ о ң ы р шаруашылығы бар* (Қост., Жанг.). *Әбілқайыр осы бейберекет кездегі ә б е қ о ң ы р дастарқанның басындағы молтек мәжілістен тоғайып турды* (Ә. Кекіл., Үркер, 270). Қ. абақоңыр.

ӘБЕС (Қ.орда, Арал; Шымк., Арыс) қате, теріс, дұрыс емес. *Әңгіменің мазмуны олай емес, сен ә б е с айтып отырсың* (Қ.орда, Арал).

ӘБЕССІНУ (Қ.орда, Арал) қымсыну, ұятсыну. *Әзімізден озіміз ә б е с с і н і п жүрдік* (Қ.орда, Арал). *Ал, Сәкең болса оз ерлігі жайлы айтуды ә б е с с і н е т і н сияқты* (Т. Тоб., Жазира, 41).

ӘБЕТАЙ (Талд., Гв.) таза, ұқыпты. *Омардың әйелі ә б е т а й кісі ғой* (Талд., Гв.). Қ. абетай.

ӘБЖАЛ (Өзб., Бұх.) ықшам, епті, ыңғайлы. *Жұмысқа кірісуі, істеуі тым ә б ж а л көрінеді* (Өзб., Бұх.). Қ. әбжіл.

ӘБЖІЛ 1. (Шымк., Мақт.; Өзб.: Там., Ташк.) шапшаң, жылдам. *Асан ә б ж і л жігіт* (Шымк., Мақт.). *Шиіт себуді табысты өткізу – әрбір трактормшы мен жұмысшының ұйымшылдықпен ә б ж і л жұмыс істеуіне байланысты* («Кировш. үні», 1954, №33). Араб тілінен ауысқан *сөз*. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *әбжіл* сын есім, диал. *шапшаң, жылдам* (ҚТТС, 1, 567). 2. (Шымк., Мақт.) ыңғайлы, ебдейлі. *Үшінші нөмір ебдейлі, ә б ж і л адам болу керек* («Жұрын» ауд. газ., 1942, №31).

[Өзбекше *абжир* шапшаң, епшіл (Узб.-рус. сл., 1959). Қырғыз, үйғыр, өзбек тілдерінде бұл сөз екінші мағынада кездеседі (Ж. Дос., ҚТЖЕ)]. Қ. әбжал.

ӘБЖИН (Қ.орда, Қаз.; Орал, Орда) азап, бейнет. *Бөрандағы қойдың ө б ж і н і н е шыдап өлмей қалдым-ау!* (Қ.орда, Қаз.).

ӘБЗЕ (Көкш., Қ.ту) сылбыр, шабан. *Қази ә б з е гой, тіпті мың салсаң бір тартпастың өзі, асын алып іше алмайды* (Көкш., Қ.ту). Қ. әбзел[2].

ӘБЗЕЛ[1] (Қост.: Об., Торғ.) қамыт-сайман, айыл-тұрман. *Аттың ә б з е л і н қорага кіргіз* (Шымк., Мақт.).

ӘБЗЕЛ[2] (Орал, Казт.) сылбыр, шабан, жалқау. *Көк ат желе жүріске ә б з е л* (Орал, Казт.). *Ол ә б з е л адам* (сонда). Қ. әбзе.

ӘБЗЕЛДЕУ (Қ.орда: Сыр., Жал.) ерттеу. *Бұл атты маған ә б з е л д е п бере гой* (Қ.орда, Сыр.).

ӘБЗІЛ (Шымк., Алғ.) ыңғайлы, ебдейлі. *Біздің жұмысқа ә б з і л жастар керек* (Шымк., Алғ.).

ӘБЗІЛДІК (Шымк., Алғ.) ептілік, пысықтық. *Он бес жастағы Ахметовтың іске ә б з і л д і г і н е сүйсінгендігінен қасынан кеткің келмей, қарайсың да турасың* («Соц. кол.», 17. 11.1941).

ӘБИ (Қост., Тоб.) шеше. *Үйде ә б и і м жөк* (Қост., Тоб.).

ӘБИКЕ (Ауғ.; Ир.) кәмпиттің бір түрі.

ӘБИР (Шымк., Лен.) абырой. *Ә б и і р і ң д і сақта, балам* (Шымк., Лен.). *Оны да місе тұтпай, күресте қоңыраулы Торым атанган бас палуанының ең болмаса бірер жұлқысуга келмей, шалқасынан түсіп, ә б и і р і ашылып қалганына жәбірленген Жәңгір хан* (Б. Аманш., «Жұлдыз», 1987, №3, 21). Қ. әброй, әбүйір// әбиур.

ӘБРОЙ (Қарақ., Қоң.) абырой. *Ә б р о й ы ң барда енді үйіңе қайта гой* (Қарақ., Қоң.). Қ. әбиір, әброй, абүйыр.

ӘБҮЙІР//ӘБИҮР (Өзб., Ташк.) абырой. *Сораудың (қ.) біріне де жауап бере алмай, отырсақ не ә б ү й і р* (Өзб., Ташк.). *Ә б и ү р і Құралдың көтерілді күнінен күн* (Сонда). *Бір ә б ү й і р і, бәрі де тәртіп беріп (қ.) турган милиционердің айтқанынан шығып кете қойган жоқ* (Ө. Қанах., «Жұлдыз», 1988, №4, 117). Қ. әбиір, абүйыр.

ӘБІЖІН (Орал) зәбір, зәбір көру. Орысша *обижен*.

ӘБІ НАН (Өзб., Ташк.) нанның бір түрі.

ӘБІНАУАТ (Жамб.: Шу, Мер., Қорд., Луг.) дәу сары қауын. *Ә б і н а у а т т ы ң суы тәтті болады* (Жамб., Шу). *Ә б і н а у а т сулы келеді, ауыр болады* (Жамб., Мер.).

ӘБІР-ГҮБІР (Қар., Шет) ойын аты, ширатылған орамалды айнала отырып, тізөнің

астынан бір-біріне бөріп отырады. Ортадағы адам оның кімде екенін табуы керек. *Топ жиында ә б і р-г у б і р және басқа да ойындар ойналып қалады* (Қар., Шет).

ӘБІРЕТ (Қост., Торғ.) ғибрат. *Ә б і р е т алсаң, өзіңе пайдалы* (Қост., Торғ.). *Мұнан сен де өзіңе ә б і р е т алсаң болады* (Ы. Алтын., Таңд. шығ., 77). *Бұлай болса адамға да ә б і р е т сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе* (Сонда, 103). *Сөз жаздым ә б і р е т үшін жалған дүние Артына кімнің қалса арман дүние Қырдың қызыл түлкісі секілденіп, Әуелі-ақ бұл әлемді алған дүние* (Ақыт, 25).

ӘБІРЖУ (Шымк.; Өзб., Ташк.) абыржу. *Іс қауырт болып ә б і р ж і п кеттік* (Өзб., Ташк.). *Жас бала жатты күліп ә б і р ж у с і з* («Лен. жолы», 1937, №32). *Мақта терімі науқаны басталғаннан кейін аздап ә б і р ж у болмай іләжі жоқ* («К-з үшқыны», 1952, №24).

ӘБІРЖУШІЛІК (Шымк., Соз.) абыржу, абыржушылық. *Біздің баслық ә б і р ж у ш і л і к дегенді білмейді* (Шымк., Соз.). *Шөп тасуда ә б і р ж у ш і л і к болды* («Соц. шаруа», 1954, №67).

ӘБІС (Алм., Кег.) әбес, өрескел, қате. *Сен тағы бір ә б і с іс істедің* (Алм., Кег.).

ӘБІ-ТӘБІ 1. (Талд., Ақсу; Жамб., Жам.) жуан да емес, жіңішке де емес, орташа [нәрсе]. *Үйге салатын ағашты ә б і-т ә б і болса, матша дейміз* (Жамб., Жам.). *Қай дүниеде тұрғаны белгісіз, ә б і-т ә б і алакүлік халде... селк етіп бойын жинап алды* (Д. Досж., «Жұлдыз», 1987, №9, 27). 2. (Өзб., Ташк.) тамақтың бабында болуы. *Ә б і-т ә б і бізде тамаққа айтылады* (Өзб., Ташк.).

[Тәжіктің «дер кезі» мәніндегі *обу тоб* тұрақты тіркесінен шыққан (Тад.-рус. сл., 1954). Өзбекше *оби-тоб* қос сөзге айналған, мағынасы тәжік тіліндегідей кең емес (Узб.-рус. сл., 1959). Ташкент төңірегі қазақтарының тілінде тек тамаққа байланысты айтылады. Тәжік тіліндегі *об* «су», *тоб* «от» мағыналарына негізделген сияқты (Тад.-рус. сл., 1954; Т. Айд., Лингв. геог., 79)].

ӘГӘШШЛ//ӘГЕШШЛ (Сем.: Ақс., Көкп.) асықтың алшысы. *Ә г ә ш і л – алшы тұрғыш асық* (Сем., Көкп.). Қ. әлші.

ӘГӘРӘКІМ (Сем.: Аяг., Ақс., Мақ.; МХР) егер. *Ә г ә р ә к і м мен болмасам, осы жерге қойып кет* (Сем., Ақс.). *Ә г ә р ә к і м кете алмай қалсақ, мына бір төбесіне шөп үйілген қорага кел* (Қ. Жүм., Көкей., 69). *Ә г ә р ә к і м: «Беймәлім дарын бола ма, оның әлі танылмаганы қалай?» – деген дүдәмал туса, Ерік: «Оган қауымның өзі кінәлі», – дер еді* (Б. Қойш., Дүние – кілт, 90). Қ. өгөр, әгәрім, өгөрдәм.

ӘГӘРДӘМ (Озб., Ташк.) егөрде. *Ә г ә р д ө м басым кетсе де, бу созді ешкімге айтпаймын* (Өзб., Ташк.). *Ә г ә р д е ақпа құлақ ақымақ болсаң, Қайтейін, белді болсын майырганың* (О. Шор., Жас. өс., 1984). Қ. өгөрім, әгәрөкім.

ӘГӘРІМ (Шығ. Қаз., Больш.) өгер. *Әгөрім сен бір жарты сагат кешіккенде, бізді таба алмайтын едің* (Шығ. Қаз., Больш.). Қ. өгөрдәм, әгәрөкім.

ӘГЕНШІЛ Қ. әгөншіл.

ӘГЕРДЕН (Қарақ.) жабайы сары ара, бал арасы. *Ол ә г е р д е н н е н қатты қорқады* (Қарақ.).

ӘГҮРСАЙ (МХР) қияр.

ӘГҮРШІК (Шығ. Қаз., Больш.; Сем.: Көкп., Ақс., Абай; Тау., Қош.; Павл., Майқ.; Көкш.: Щуч., Еңб.) қияр. *Бұл жерде ә г ұ р ш і к жақсы өседі* (Сем., Абай).

ӘГІ (Сем.: Көкп., Акс., Аяг.; МХР; ҚХР; Жезқ., Ағад.) әлгі, жаңағы. *Ә г і жерге ол сол мезетте жетіп те үлгіреді* (Сем., Ақс.). *Ә г і адам қайда кетті* (МХР). *Ә г і лақ, қойдың ақырыпа шығып, жемін былгап жүдә маза бермейт* (М. Әу., Оскен орк.).

ӘГІДЕЙ (Сем., Аяг.; ҚХР) әлгідей. *Ә г і д е й қып жаса* (Сем., Аяг.).

ӘҒЛӨК (Гур., Маңғ.) жетек. *Арбаның ә г л ө г і босап тұр.* (Гур., Маңғ.). Орысша оглобля (С. И. Ожегов, Сл. рус. яз., 1984). Қ. ағылөк, ағылөп.

ӘДӘЙІ (Қ.орда, Арал) әдейі. *Қырманга ә д ә й і кеусен* (к.) *алуга баргам жоқ* (Қ.орда, Арал).

ӘДӘУІР (Ақт., Ырғ.; Павл., Горьк.; Көкш.; Қарақ.) едәуір. *Трофимовка аудан орталығынан ә д ә у і р жер* (Павл., Горьк.).

ӘДДЕН ТЫСҚАРЫ (Жамб.: Тал., Сар.) шамадан тысқары. *Ә д д е н т ы с қ а р ы нәрсеге сенуге болмайды* (Жамб., Тал.). «Әд» арабтың *had* (шек, шама) созінөн (С. Аман., 438).

ӘДДЕН ШЫҚҚАН (Қарақ., Қоң.) шамадан, мөлшерден артық. *Оның қылығы ә д д е н ш ы қ қ а н екен* (Қарақ., Қоң.).

ӘДДІ (Түрікм., Таш.) әл, шама. *Құрбаға жайындай болмаққа ә д д і ң е бақ* (Түрікм., Таш.). *Оларга дегенде Нұрбикенің уақыты жоқ, ал басқаларга дегенде тырп етуге ә д д і жоқ* («Күрішші», 1956, №36). *Дегенмен, ойдагы-қырдагыны оп-оңай дөңгелетіп әкеліп жататын пысықтыгы мен ептілігіне тәнті*

болмасқа ә д д і ң қалмайды-ау (С. Смат., «Жұлдыз», 1986, №10, 54.). *Дала жұрты өзін қатты құрмет тұтады. Құрмет тұтпасқа ә д д і бар ма?* (М. Қарат., Дала дабыл, 1962).

ӘДЕЙІ (Жамб., Шу) әуейі, есірік. *Мәдениетке көңіл бөлмей ә д е й і болады екен* (Жамб., Шу).

ӘДЕПТЕ (Өзб., Там.) әдепкіде, әуелде. *Жұмысшылар дайын тағамнан тамақтанып кетеміз деп ә д е п т е қуанған еді* (Өзб., Там.).

ӘДЕТ-ҰРЫП//ӘДЕТ-ҮРІП (Қарақ., Қои.; Өзб., Ташк.) әдет-ғұрып. *Қарақалпақтардың ә д е т-ц р п ы қазақтардікінен озгеше* (Қарақ., Қоң.). *Ескі салт, ә д е т-ц р ы п т ы ң Тұсаулы күңі емеспін* (Өзб., Ташк.).

ӘДЕТ-ҮРІП Қ. әдет-ұрып.

ӘДИ[1] (ҚХР) басшы, қолбасшы, жетекші. [Арабша *hади* (Ар.-рус. сл., 1970].

ӘДИ[2] (ҚХР) әдейі. *Сен оны маған ә д и істедің, мен білем* (ҚХР).

ӘДИСА (Жамб., Шу) сұмдық, ғаламат (зат). *Самұрық құстың анасы келіп өліп жатқан жыланды, ұйықтап жатқан баланы көріп, бұл қандай ә д и с а деп таңданады* (Жамб., Шу).

ӘДИЯ (Рес., Орын.) киім түрінде берілетін сыйлық. *Ә д и я сыйлықтарынан басқа қара атанды да мініт етіпті* (Рес., Орын.). Қ. сарпай.

ӘДІРӘ ҚАЛУ (Жамб.: Мер., Шу; Қ.орда, Шиелі) адыра қалу. *Ә д і р ә қ а л ғ а н ескі заманның дінінің уағызын ұйренбеуіміз керек* («Ст. жолы», №43, 1936). *Жұбаныш болар жылы сөз, Зиманың ә д і р ә қ а л д ы ғой* (Т. Ахт., Шыр. сөнб., 154).

ӘДІРЕ ҚАЛУ (Қ.орда, Шиелі) адыра қалу. *Ә д і р е қ а л ғ ы р, қайда кетті жоғалып* (Қ.орда, Шиелі). – *Ой, ә д і р е қ а л!* – деді ол (Қ. Әбд., Тәт. қауын, 17). Қ. әдірә қалу.

ӘДІРЕТ (ҚХР) өнеге, ғибарат. *Бозбалаға қырындап, Көрініс берме жөтадан. Құйеуге ынсап қыл, ә д і р е т алма шатадан* («Сөз. сан.»).

ӘДІСТЕП (ҚХР) амалдап, әдіс-амалын тауып. *Мұидайда ойлағаның іске асушы ма еді, денемнің ауырғанына, көзімнің шыбартқанына қарамастан өзімше ә д і с т е п, бар салмағымды тамға салып, иен далаға телміріп тұрмын* (Ж. Сәмит.).

ӘДІСТЕС (ҚХР) әдіс-амалға төселген, сыралғы. *Көп машық етіп, ә д і с т е с болған адамның талмау жерге дәлдеп сілтеген қамшысы сойылдан кем тимейді* (Алтай аясы). *Әбден ә д і с т е с болып алғанымыздан екеулеп әкемізді шешіндіріп жатқыза қойдық* (Б. Ақын.).

ӘЖӘЙІП (Рес., Волг.) ғажайып. *Еділ бойы ә ж ә й і п қой* (Рес., Волг.). Қ. ажайып.

ӘЖӘТ//ӘЖЕТ (Өзб., Ташк.; Қарақ., Тақт.) қажет. *Бізге оның келгені ә ж ә т болып тұр* (Қарақ., Тақт.).

ӘЖЕ (Қост., Жанг.; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары; Ақт., Тем.; Рес., Орын.) туған шеше. *Мұқтардың ө ж е с і жақсы кісі* (Қост., Жанг.). *Бір күні бір қызойнаққа барып тақ ата, келе жатсам, ұйықтап қалған екенмін, ә ж е м оятады* (Б. Майл., Шығ., III, 8).

ӘЖЕЙІПХАНА (Өзб., Ташк.; Қ.орда, Арал) мұражай. *Ә ж е й і п х а н а д а неше түрлі жан-жәнуәрді дәрімен қатырып қойған* (Өзб., Ташк.). *Облыстың балық колхоз союзы балықшылар үйінің жанынан балық шаруашылығының ә ж е й і п х а н а с ы н ашады* («Екп. балықшы», 1932, №55).

ӘЖЕЛ (Қарақ.) ажал. *Ә ж е л жетсе жан қалмас* (Қарақ.).

ӘЖЕП (Жамб.: Тал., Сар.) ғажап, керемет. *Мұндай ә ж е п іс көрген жоқпын* (Жамб., Тал.). *Ә ж е п жоқ асанлықпен жуап* (қ.) *берсе. Қызметін дарһайына лайық көрсе. Дұзақпен неше түрлі азап етер. Егер де исабына мұһір* (қ.) *келсе* (Молда Мұса). *Біз жолаушы, кет десең ә ж е п болар, Біздейден ұялғаның әдеп болар* (Фольк.).

ӘЖЕПТӘУІР (Орал: Чап., Жән., Орда; Гур., Маңғ.; Қарақ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Тедж.; Қост., Жанг.; Алм., Нар.) нашар, келіссіз, жағымсыз. *Ә ж е п т ә у і р нәрсе* (Гур., Маңғ.). *Мінезі тәйтік, өзі самас* (қ.), *ә ж е п т ә у і р қыз* (Түрікм., Красн.). *Оның әйелі ә ж е п т ә у і р кісі екен, жекіп тастады* (Орал, Чап.).

[Қарақалпақша *оғаш, түсініксіз, қыдыр* (Карак.-рус. сл. 1958); ар. *ғәджәб* «таң қалу, таңырқау» және *тауыр* «түр, ажар, көрініс, үлгі, өнеге» сөздерінен жасалған (Н. Оңд., АҚТС)].

ӘЖЕТ (Қарақ.) қажет. *Ә ж е т нәрсенің ауырлығы жоқ* (Қарақ.). Қ. әжәт.

ӘЖЕТТЕ (Гур., Маңғ.; МХР) заматта. *Ол атты ә ж е т т е дайын қылды* (Гур., Маңғ.).

ӘЖІ[1] (Өзб., Ташк.) қажы. *Бұрынғы ә ж і л е р д е н қалған тұқым қазірде бар* (Өзб., Ташк.). *«Қызыл Октябрь» колхозының мүшесі Кәдіров Баянбайды өтірік жаламен әкең ә ж і г е барған деп колхоздан шығара жаздаған* («Соц. жол», 1939, №1).

ӘЖІ[2] (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.) жер астынан қазып алынатын құмның ерекше

түрінен (бозінген сахар дейтін ақ түсті бос құм) жасалатын, цементтен кем түспейтін лай. *Ә ж і м е н байланыстырған адай халықтың мінәрлары ұзақ тұрады* (Түрікм., Красн.).

[Парсыша *ізбес* (известь) (Л. Буд., II, 121)].

ӘЖІК-КҮЖІН (ҚХР) бәкін-шүкін, кәкір-шүкір, ұсақ-түйек, майда-шүйде, қиқым-сиқым.

ӘЖІР (ҚХР) к ө н е. бодау, жалақы, сыйлық, сауап.

ӘЗ[1] (Қарақ.; Түрікм., Таш.; Жамб., Шу) маза, рақат. *Оңысың басқа, ә з басқа* (Қарақ.). *Ә з ету* – мәз болу, рақаттану. *Баланың қызығына адам ә з етеді* (Түрікм., Таш.). *Ә з тұту* – сыйлау, қадірлеу. *Білімді ә з тұт* (Жамб., Шу).

ӘЗ[2] (Гур., Есб.) су шығатын жер, көз. *Мына жер ә з екен* (Гур., Есб.).

ӘЗ[3] (ҚХР) к ө н е. ізгі, қасиетті, ардақты, аяулы. *Шалқар ойдан сәлде болса ширап Жамалдың бетіне қарап еді, ә з ана баягыдай болымсыз күлімсіреп отыр екен* (Ғ. Қан., Бүрк., 1).

ӘЗ[4] (ҚХР) көз ауруы, ауыр касірет қайғыдан, көп жылаудан, көздің көру қуатынан айырылуы. *Көзі әз болу. Сел басқан жұртым саз болар, жылаудан көзім ә з болар. Артында қалған жалғызың «Әкем» деп кімге мәз болар* (Жоқтау).

ӘЗ АТҚЫР (Алм., Жам.) қарғыс одағайы. *Сені ә з атып келеді гой, ә з а т қ ы р* (Алм., Жам.). *«Ара жігіміз қайтып кірікпестей ажырап кетті» деген жаман ә з бізден аулақ* (М. Қабан., «Жұлдыз», 1986, №4, 92).

ӘЗГӘНЕ (Өзб., Ташк.) азғана. *Ә з г ә н е болса да, саз гәне болсын* (Өзб., Ташк.).

ӘЗГӘНТАЙ (Өзб., Ташк.) азғантай. *Сияқнан ә з г ә н т а й беріп тұр* (Өзб., Ташк.).

ӘЗДӘ (Шымк., Қызылқ.; Өзб., Ташк.) жалма-жан, жылдам. *Бүгін ә з д ә істемейді деп шыға келеді* (Шымк., Қызылқ.). *Бүгін ә з д ә істейміз деп келді* (Өзб., Ташк.).

ӘЗДЕКТЕУ (ҚХР) айрықша аялау. *Кемтар-кембағалдар мен әлсіздерді ә з д е к т е д і* («Сөз сан.»).

ӘЗДЕН (ҚХР) **1.** ерке, бұла, еркетотай, арда. *Біреудің алпыс моншақ ә з д е н боп, Жасымнан кесір еді жинаганым* (Айтыс). 2. ардақты, қастерлі. *Болсаң ә з д е и сатылдың неге шалга* (Айтыс).

ӘЗДІК (Түрікм.: Ашх., Мары, Таш.) ыңғайлы, лайықты. *Мынау қалтага салуга ә з д і к екен* (Түрікм., Таш.). Пайдаға жарайтын нәрсе (М. Қашқ., I, 128). Сөз түбірі қазіргі тілімізде «жақсы», «тамаша» мағынасының синонимі ретінде қолданылып жүрген «ізгі», «игі» сөздеріне барып тіреледі: «әз+лік> әзлік> әздік» (Ә. Нұрм., Жерг. тіл. ерек. төрк.).

ӘЗДІККЕ ҒАШЫП ЖАТУ (Қарақ.) рақаттанып, жаны жай тауып жату. О, *шіркіндердің ә з д і к к е г а ш ы п ж а т қ а н д а р ы н а й!* (Қарақ.).

ӘЗЕГЕН (ҚХР) көреген.

ӘЗЕДЕН (Қарақ.) әуелден, өуел бастан. *Бұл туралы ә з е д е н ойлау керек еді* (Қарақ.) Қ. өзелден.

ӘЗЕЛДЕН (Түрікм., Таш.) әуелден, ежелден, баяғыдан. *«Ә з е л д е н дұспан дос болмас» дейтін мақал бар* (Түрікм., Таш.). Қ. әзеден.

ӘЗ ЕТУ (Қарақ.) рақаттану, құмардан шығу.

ӘЗІ (Гур., Есб.) мола, бейіт. *Анау көрінген Досбайдың ә з і с і* (Гур., Есб.). *Бұл агаш ә з і д е г і даруыш па, әлдекім құшатұғын құзырына!?* (Х. Ерғ., Құр., 55). *Болар ма бұл әулие ә з і мұндай? Бар-жоқты келіп отыр аз ұғынбай* (Х. Ерғ., Құр., 52).

ӘЗІЛ (Алм., Нар.) әділ. *Ол бір ә з і л адам* (Алм., Нар.).

ӘЗІЛКЕШ (Өзб., Ташк.) әзілқой. *Коп ә з і л к е ш бола берме, әзір* (қ.) *жыныма ешкім жақпай тұр* (Өзб., Ташк.).

ӘЗІЛҚОР (Гур., Бақс.) әзілқой. *Мына жігіттер бір ә з і л қ о р адамдар екен* (Гур., Бақс.).

ӘЗІЛҚОС (Гур., Есб.) әзілқой. *Неше түрлі ә з і л қ о с т а р бар гой* (Гур., Есб.).

ӘЗІМКЕ (Талд., Кир.) кузгі егіс. *Ә з і м к е н і орып болдық* (Талд., Кир.).

ӘЗІР (Түрікм.; Қ.орда; Алм., Кег.) қазір. *Осы ә з і р гана келдім* (Түрікм.). *Ә з і р барам, тұра тұр* (Алм., Кег.). *Тұлкінің ол ә з і р д е ауды есі, Дым құрып әлсіреді шықпай сесі* («Жұм-шы», 7.06.1937).

ӘЗІР ЖАУАП КІСІ (Жамб., Шу) тіл мен жағына сүйінген кісі.

ӘЗІР КЕЛУ (Гур., Есб.) дәл келу, тура келу. *О, мен деген шайга ә з і р к е л і п п і н гой* (Гур., Есб.).

ӘЙБАТ//ӘЙБӘТ (Алм., Жам.; Сем.: Аяг., Ақс.; Жамб., Луг.) жақсы, әдемі, коркем. *Біздің колхоздың председателі ә й б а т кісі* (Алм., Жам.).

ӘЙБӘДІК (Өзб., Ташк.) созшең, сөзуар. *Кейбір адамдар ә й б ә д і к болады* (Өзб., Ташк.).

ӘЙБӘЙЛАУ (МХР) әлдилеу. *Қарагым, ә й б ә й л а й берсең, үйықтап қалады* (МХР).

ӘЙБӘТ Қ. **әйбат.**

ӘЙБІР (Талд., Бор.) бүйым, нәрсе. *Үйдегі ә й б і р д і жиып қой* (Талд., Бөр.).

ӘЙГІГЕ ШЫҒУ (Алм.) әйгілену, өйгі болу.

ӘЙДЕК[1] (Гур., Есб.) әйнек, кейде терезе мағынасында. *Ә й д е к т і ң кезін салу керек. Сынған ә й д е к терезеге салуға жарамайды* (Гур., Есб.).

ӘЙДЕК[2] (Рес., Орын.) үлкен. *Ол да бір ә й д е к ауыл екен* (Рес., Орын.). Қ. әйдік[1].

ӘЙДІК[1] (Ақт.: Ырғ., Қараб.; Рес., Орын.; Қ.орда: Қарм., Арал, Сыр.; Қост.: Об., Жанг., Фед.; Жезқ., Ұлы.; Кокш., Чкал.; Қарақ., Тақт.) үлкен, зор. *Қопаның ішінде бір ә й д і к өгіз жур* (Ақт., Ырғ.). *Ол да бір ә й д і к ақын екен* (Рес., Орын.). *Ол ә й д і к жігіт. Татыр бір ә й д і к көл. Тосынның екі жағы ә й д і к құм* (Қост., Жанг.). *Ә й д і к хат жазуға айналды* («Больш. кол. үшін», 1939, №24). *Комплекстегі саңғыраған ә й д і к сарай – спорт клубы. Жайсаң жастардың ескерткіш тартуы емей немене?* (С. Байж., «Жұлдыз», 1986, №11, 32). *Ол – баланы ә й д і к көк есекке мінгізіп, отты жерге қой жаю үшін Байсеркеге жіберді* (Қ. Әбд., Әңгім., 34). *Айырып алар сыңдар, ақылдылар, Бұл айтқан бұркітімнің міні болса. Басы - ә й д і к, жуан – балтыр, қалың топшы, Тырнақтың қызыл жирен когі болса. Мұндай құс кез боп қалса, керегінде, Ет берер иесінің ебі болса* (Кете Жүсіп, Өлең., 27). Ә. Нұрмағамбетов оны монғол, калмақ тілдерінен ауысқан деп қарайды. Сөз түбірі монғ. *их* («ұлы» мағынасында, оған *дәх* қосылып, *их-дәх* («молаю, кеңею» мағынасында) түлғасы шыққан. «Ихдәх» (монғ.) > *алдр ик* (қалм.) > *айдр ик* > *айд (р) ик* > *айдик-* > *әйдік*. Түркі тілдеріндегі дыбыс заңдылығына байланысты *л ~ й* сәйкестігі мен *р* дыбысының түсірілуі еске алынды (Ә. Нұрм., Жерг. тіл ерекш. төрк.). Қ. *нән.*

ӘЙДІК[2] (Қост.: Об., Торғ.) өте, аса. *Басқарманың аты ә й д і к жүйрік* (Қост., Об.).

ӘЙДІК-ӘЙДІК (ҚХР) оқта-текте, андасанда, ауық-ауық. *Ортада бірде бүгіннің жарқын сөзі сөйленіп, қуанышқа толы жүрек күйлері бейнеленсе, ара-арасында ә й д і к-ә й д і к алыс кешегінің ойына шомылған үнсіздікте өтіп жатты* (Р. Әпеш.).

ӘЙДІКТЕНУ (ҚХР) **I.** айқын болу, анық болу. 2. үлғаю, кеңею, зораю, айшықталу, безену, сәулеттену. *Анадайдан үлттар мәдениет сарайының көк қаңылшақ керпішті төбесі жайма шуақ күн нұрымен онан ары ә й д і к т е н е түскен* («Шұғыла»).

ӘЙДІК-ШӘЙДІК (Қост., Аман.) бұзық, бұзақы. *Бұрынгы кезде ө й д і к-ш ә й д і к адамдар көп болатын* (Қост., Аман.).

ӘЙДІҢГІРДЕЙ (Қ.орда, Арал) денелі, қарулы. *Ә й д і ң г і р д е й қатының болса, жұмысың қалай бітпесін* (Қ.орда, Арал).

ӘЙЕ (Сем., Абай; Тау., Қош.) әпке, апа. *Ол менің ә й е м болады* (Сем., Абай). Қ. әппе[1].

ӘЙЕЛ БАЛА (МХР; Сем: Ақс., Көкп., Аяг.) қыз, қыз бала. *Ол чалдың екі ә й е л б а л а с ы бар* (МХР).

ӘЙЕЛБЕСІН (Қарақ.) кіші бесін. *Ертеңгісін қуған адам күн ә й е л б е с і н д е үлгіре құладым* (Қарақ.).

ӘЙЕЛДЕНУ (Түрікм., Бекд.) әйел алу, үйлену. *Осыдан екі жыл бұрын ә й е л д е н г е н едім* (Түрікм., Бекд.). *Әйел үстіне ә й е л д е н г е н, әйелінің аты – Үзіл* («Қарабұғаз.», 15.04. 1937).

ӘЙЕЛМЕН (Өзб., Ташк.) әйелжанды. *Ол өзі бір ә й е л м е н адам еді* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше *аелманд* (Ю. Абд., КД, 143)].

ӘЙЕЛ ШЫҒАРУ (ҚХР) әйелімен ажырасу. *Ол осы жолы ә й е л і н ш ы г а р ы п жіберіп, бізге ілесті, қанша ақыл айтсақ та көнбеді* (З. Сабыр, Ізд., 7).

ӘЙЕМ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Тедж.) тағы. *Ә й е м айтарың бар ма?* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *әййәм* (Рус.-туркм. сл., 1956)]. Қ. өййем.

ӘЙЕТ (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж., Байр.) дуал. *Үлкен ә й е т т і ң ішіндегісінің бәрісі қауын мен қарбыз* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *хаят* (Туркм.-рус. сл., 1940); *айат* аула, дуал, қорашық, не есік алдындағы сарай (Л. Буд., I, 173, 523)].

ӘЙЕШ (Сем., Абай) жақсы, әдемі (бір нәрсені мақтағанда айтылады). *Мынау бір ә й е ш ойыншық екен-ау!* (Сем., Абай).

ӘЙЙЕМ//ӘЙЕМ (Қарақ., Қоң.) бұрынғы. *Ә й й е м заманда бір қары мен бір кемпір болыпты* (Карақ., Қоң.).

ӘЙКӘПІР (Қост., Жанг.) сүйкімсіз, жексұрын. *Ол нағыз ә й к ә п і р д і ң өзі* (Қост., Жанг.).

ӘЙКЕЛ[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Мары, Тедж.; Гур., Маңғ.) құдықты шегендеу үшін салынатын, ортасы тесік, дөңгелек тас. *Маған колхоз бастық ә й к е л әкелуді тапсырды* (Түрікм., Красн.). *Қой терісінен әдейі істелген күбідей қауғаны құлаштап ә й к е л г е жақындатқанда, жаңағы жас әйел оны қағып алып, суды астауға құяды* («К-з жолы», 30.06.1957). *Әкем, Самат агам үшеуміз астаудағы суға беті-қолымызды жуып, ә й к е л д і ң көлеңкесіне тамақтануға отырамыз* (Ә. Кекіл., Құс қан., 238).

[Өзбекше *ойкулча* дөңгелек жүзді (Узб.-рус. сл., 1959)].

ӘЙКЕЛ[2] 1. (Қост., Жанг.; Ақт.: Жүр., Ключ.; Қ.орда: Қарм., Сыр.) балалар ойынының аты. *Балалар ә й к е л ойнап жатқан шығар* (Қост., Жанг.). *Келеміз қартайғанша шамсыздықпен, Балалар ә й к е л қаққан мұлтындайақ* (к.) (О. Шор., Жас. өс., 54). 2. (Ақт., Ключ.) шұлдікті таяқпен бірінші рет ұру.

ӘЙКЕЛ[3] (Талд., Қарат.; Қар., Нұра) кітап-қағаз салатын сөмке. *Омар қарт баласына ә й к е л сатып әперді* (Қар., Нұра). *Біздің балаға да ә й к е л сатып беру керек еді* (Талд., Қарат.).

ӘЙКЕЛ[4] (Қост.: Фед., Семиоз., Жанг.) ақша салғыш, күмәжнік. *Ақша салатын ә й к е л і м д і алып берші* (Қост., Фед.). Қ. өмиян, бүктеме, қапшық[1], нәмиял, шилан.

ӘЙКЕЛДІ (Түрікм., Таш.) қанатты құмырсқа. *Ә й к е л д і, уйкелді, қара шұнақ қой келді* (Түрікм., Таш.).

ӘЙКЕЛТАРАШ (Өзб., Ташк.) мүсінші.

ӘЙКЕШ (Алм.: Жам., Қаск.; ҚХР) әйел. *Сенің ә й к е ш і ң қайда?* (Алм., Қаск.). *Сенің ә й к е ш і ң гой* («Сөз сан.»).

ӘЙЛЕЗ (Жамб., Шу) бұзық. *Ә й л е з д е н біткен кемшілік тұрмышта ерді аздырар* (Жамб., Шу).

ӘЙЛЕЗДІК (Жамб., Шу) бұзықтық. *Бойға біткен жалқаулық, ә й л е з д і к к е азғырар* (Жамб., Шу).

ӘЙЛЕҢКЕС (Гур., Маңғ.; Қарақ.) мәжнүн, есуас. *Ә й л е ң к е с адам. Ә й л е ң к е с адам сайлауға қатыстырылмайды* (Гур., Маңғ.). *Баяғыда Қасым деген ә й л е ң к е с адам болды, бұтын ашып айқай салып жүретін* (Гур., Маңғ.). *Сенің арманың алтын іздеу емес, бас ауыртып, бас жазып ә й л е ң к е с т е н і п жүру гой* (Қ. Қар., Алт. изд., 73).

[Ж. Доскараев бұл сөзді екі элементтен құралып, жергілікті халықтың сөйлеу тілінде ауыспалы мағынада колданылған деп есептейді, бірінші элементі арабша *айла*, екінші элементі парсыша *кес*, *кэс* «кісі, біреу» (Ж. Дос., ҚТЖЕ)]. Қ. нөкөс.

ӘЙМЕН (ҚХР) ант, серт, уағда.

ӘЙМІК (МХР) аймақ. *Ел әймікке, мен көйнікке* (Мәтел; МХР).

ӘЙНЕМ (Қарақ.) бұрынғы. *Ә й н е м уақыттан белгілі адамдар* (Қарақ.).

ӘЙНІК (МХР) будан сиыр. Қ. көйнік.

ӘЙ-ПАЙ (Түрікм.; Қарақ.) әй-шәй. *Мені сонда апарың деп, ә й-п а й г а қояр емес* (Түрікм.).

ӘЙСЕ (Тау., Қош.) әйтпесе, әйтсе. *Сен онда бүгін барып үлгір, ә й с е ертең кеш болады* (Тау., Қош.).

ӘЙТЕГІ ҰСТАУ (Шымк., Шәу.; Гур., Маңғ.) ұстамасы ұстау, жындану. *Оның ә й т е г і ұ с т а п ауырып жатыр* (Шымк., Шәу.).

ӘЙТЕУ (МХР; Сем.: Абай, Шүб., Аяг.; Тау., Қош.) әйтеуір. *Қыстай ауырып, ә й т е у өлмеге соң отырмын* (МХР). *Ә й т е у қалай болған күнде де бір суқансыз адам екені бірден көрініп тұрады* (С. Мұрат., «Жұлдыз», 1988, №2, 41). *Ә й т е у жыл бойында бір бітсе болды гой деп жайбарақаттануға әсте болмайды* («Ж. өмір», 30.03.1987). *Қайсыбіреулер қасиетті астың, адам мейірін қандыратын шипалы сусынның кәдір-қасиетін кетіріп ә й т е у бір қымыз деген атпен тұтынушыға жөнелтіп жатады* («Ж. өмір», 4.06.1987). *Ә й т е у жыл бойы ат үстінен түспей арпалысудың арқасында Асыдан Аягөзге де жеттік-ау ә й т е у!* (С. Тәу., Ақыр Жөн., 90). *Әлде Жәкемнің іші пысып, ән нәрсені қиялдап кетеме екен. Ә й т е у ат үстінде ерекше аруақты* (С. Тәу., Ақыр Жөн., 307). *Жан туар, туған олер, бәрі жоғалар Бәрі де бір құдайға ә й т е у барар. Мен енді ақыреттен амандасам, Опасыз сұм дүниемен жамандасам* (Ақыт, 141). *Құр жүрмейік ә й т е у қару гой деп балалар көсеу, сібірткі де үстай салған* («Шұғыла», 1992, №2, 96).

ӘЙТӨГІР (Өзб., Там.) әйтеуір. *Қалай болса да, ә й т ө г і р малдың жайын табуды ойлаймыз* (Өзб., Там.).

ӘЙТІРЕУ (Гур., Есб.; Рес., Волг.) әйтеуір. *Ә й т і р е у, сол аурудан жаным қалды-ау* (Гур., Есб.). – *Бұл қай қарға? – Қарға гой ә й т і р е у* (Рес., Волг.).

ӘЙ-ШҮЙ (ҚХР) әй-шәй дегенше, әне-міне дегенше, лезде. *Сонда Едіге артына қараса, бір шаң келе жатыр екен, «енді құтыла алмаймыз» деп атының басын іркіп тоқтатты, ә й-ш ү й дегенше Абылай жетті* («Мұра»).

ӘК[1] (Шымк., Мақт.; Алм., Жам.; Қ.орда, Қарм.; Гур., Маңғ.; Түрікм., Небид.; Қарақ.; Ауғ.; Ир.) ақ балшық, ізбес. *Кеше атпен ә к алып келдім* (Шымк., Мақт.). *Үйді ремонттауға әктейтін ә к жоқ* («Қ. ту», 1938, №46). *Ең тұқпірдегі жарылған отын, ә к секілді анау-мынау сақтайтын суық белмеге кіргізіп, құлыптап қойды* (Б. Сок., Біз де бал. бол., 36).

[Парсыша [*аһәк*] *әк* тасын күйдіргеннен кейін шығатын ақ зат (Н. Онд., ПКТС, 1974). Кейбір түркі тілдерінде өр түрлі айтылады: қырғ. *акі*; ұйғ. *ахак*; түрік. *хек...* «Бұл сөз қазір өдеби тілге ауысып барады» (Ж. Дос., ҚТЖЕ)].

ӘК[2] (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Қарм.) өк, сиырды қайыру одағайы. *Әк, былай! Қайыр ар*

жағын (Қ.орда, Қарм.). *Бас білген өгізге ә к деген өлімнің қара басы* (Гур., Маңғ.).

ӘК ЕТУ (Жамб., Жуа.) ақтау, ағарту (үйді).

ӘКЕ[1]//ӘКЕ-АУ 1. (Шығ. Қаз.: Ұлан, Тарб., Больш.; Тау., Қош.; МХР; ҚХР; Алм.: Шел., Кег.; Талд., Гв.; Сем.: Ұрж., Мақ., Көкп., Ақс.; Жамб.: Тал., Шу, Жуа.) қарағым, шырағым. *Бері кел, ә к е, қымыз іш!* (Сем., Мақ.). *Ә к е-а у, қайдан жүрсің түнделетіп* (Сем., Ұрж.). *О, ә к е-а у, мына қыз қайтеді* (Сем., Ақс.). *Ә к е-а у, саған не жазығым бар* (МХР).

Ә к е м-а у, аягыңды ауыртып аларсың, жүр (Шығ. Қаз., Ұлан). *Ә к е м, үйге жүр, мұздап қаласың!* (Алм., Шел.). *Қожа, Қожатай, ә к е м-а у, сен бүгін сабағыңа бармаушы ма еді?* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 229). [Өзбекше *ака*; ұйғ. *ука*, көне түркіде осы мағынада (Ж. Дос., ҚТЖЕ)]. **2.** (ҚХР) таңдану, таңыркау сияқты көңіл-күйді білдіретін сөз. *Ә к е-а у өзің иттен қорыққан мысық жауырынданып отырып, құмалақ салған бақсыдай санап отырсаң, қайтіп жұмыс өнеді* (Қ. Қозыбай.). *Ә к е-а у, өзің атбаның үстінде қонағасы бергелі отырған тәуір жігітсің гой* (Ж. Сәмит.). *Мақтаның ортасындағы аршылмағандарын Қалимашқа көрсетіп: – ә к е-а у, тіпті сол бойы міне, аршылған жоқ, – деді* (Қ. Қозыбай.). *– Қойшы, ә к е м, тіпті, – деді мына жақтан, әйелдер ішінен бір дауыс, – қойнындағы әйелін танымайтын не бопты, адам сене ме бұларыңа?* (Ж. Сәмит.).

ӘКЕ[2] 1. (Өзб., Ташк.) аға. *Ә к е м елуден асқан адам* (Өзб., Ташк.). **2.** (Өзб., Бұх.) ата, әкесінің ағасы.

ӘКЕ-АУ Қ. әке[1].

ӘКЕЙ-ҮКЕЙ ДӘҢГЕЖАТ (ҚХР) ұрдажық, әпербақан, жуан жұдырық. *Алдыңғы күні гана ә к е й-ү к е й д ә ң г е ж а т жігіттердің бірнешеуін ертіп, тағы бір сүрендік оқига тудырып қайтты* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 170).

ӘКЕМ БОЙ, ШЕШЕМ БОЙ (Түрікм.: Таш., Ашх., Тедж.) 30-40 метр шамасындағы ара қашықтық. *Адам аулынан ә к е м б о й, ш е ш е м б о й шыққасын-ақ мүсәпір деген бар гой* (Түрікм., Таш.).

ӘКЕНДОЗ (Өзб., Ташк.) күл алғыш. *Апам ә к е н д о з б е н пештің күлін алып, от жагуга кірісті* (Ташк., Аққ.).

[Төжік, езбек тілдерінде *какандоз* күл алғыш (Т. Айд., Қаз. тіл. лекс. ерек., 108)]. Қ. **әк**ондуз.

ӘКЕҢНІҢ ЕТІН ЖЕГІР (Сем.: Абай, Шұб., Ақс.) қарғыс түрі. *Әлгі, ө к е ң н і ң е т і н ж е г і р, не деп оттап отыр* (Сем., Шұб.).

ӘКЕСТІК (Өзб., Ташк.) қыңырлық, бір беттік. *Ордабайдың қарап отырып ә к е с т і г і ұстап қалды* (Өзб., Ташк.).

ӘККЕ//ӘККІ (Қарақ.) сауысқан. *Одан кейін ол ө к к е л е р д і бірінен соң бірін ата бастады* (Қарақ.).

ӘККІ Қ. әкке.

ӘККУ[1] (Қар., Ж.арқа) карау, байкау. *Малга ә к к у керек, әйтпесе егінге түсіп кетеді* (Қар., Ж.арқа).

ӘККУ[2] (Ауғ.; Ир.) егу.

ӘККІС (Рес.: Волг., Астр.) әк, ізбес. *Үй ақтайтын ә к к і с і ң бар ма?* (Рес., Волг.). *Әк* және *қыш* сөздерінен жасалуы мүмкін (А. Тас., Дисс. қолжазбасы, 55).

ӘКОНДУЗ (Шымк., Сарыағ.) күл алғыш. *Ә к о н д у з д і ала кел* (Шымк., Сарыағ.). Қ. әкендоз.

ӘКПЕ (Жамб.: Шу, Луг., Қорд.; Павл., Ерт.; ҚХР) бірге туған апа, апай. *Бұл – Дәмелінің ә к п е с і гой кеп отырган* (Жамб., Шу). Қ. әпеке, әпке, әпкей, әпше.

ӘКШІШ (Сем.: Абай, Шұб.; Алм., Жам.; Шығ. Қаз., Тарб.) иінағаш. *Суды ә к п і ш п е н әкелеміз* (Сем., Абай). *Ә к п і ш т і әкелші, екі бақыр су әкелейін* (Алм., Жам.). Қ. әпкіш, күйенте, құрамыс, мойынағаш, ілгек, ілгіш.

ӘКТАС (Қарақ.) ақтас.

ӘКТӘЛУ (Қ.орда, Арал) ағартылу... *Үйлердің төбелері қалыңдатылып ішкі-сыртқы қабырғалары сыланып ә к т ә л д і* (Қ.орда, Арал).

ӘКТЕУ (Шымк.: Мақт., Түлк., Қызылқ., Сайр.; Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.) әкпен (қ.) сылау, ағарту, ақтау. *Там ә к т е л і п болды* (Шымк., Сайр.). *Олар үйлерінің көлемін кеңейтіп, сырлап, ә к т е п мәдениетті түрде құрды* («Стах.», 7.11.1939). *Жұмысшы-ұсталар сәні кеткен үйдің іші-сыртын ә к т е п, есік-терезелерін сырлап, аңгал-саңгал жерлерін бітеп, су құбырын жүргізді* (Т. Бердияров).

ӘКТІ ӨГІЗ (Қост., Жанг.) үйретілген өгіз. *Нұрғалидың өгізі ә к т і ө г і з* (Қост., Жанг.).

ӘКТІ ӨТУ (Қ.орда, Арал) акт жасалу. *Ол өлген көк құнан ә к т і ө т і п кетіпті* (Қ.орда, Арал).

ӘКТІ САЛУ (Қ.орда, Арал) акт жасау. *Колхоз фермасының малы өлсе, дереу ә к т і с а л а д ы* (Қ.орда, Арал). Қ. әкт түзету.

ӘКТ ТҮЗЕТУ (Қ.орда, Арал) акт жасау. *Басқарма байталын сурап бермегесін, ә к т т ү з е т т і* (Қ.орда, Арал).

ӘКУЧКЕЛЕУ (Жамб., Шу) қызылшаның түбін қопсыту. *Қызылшаны ә к у ч к е л е у де оп-оңай емес* (Жамб., Шу). Қ. **а**кушкелеу.

ӘК ШЫҒАРУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) бұзық, шатақ мінез шығару. *Түйе бүгін ә к ш ы г а р ы п, саугызбай тұр* (Түрікм., Таш.).

ӘКІМБАСТЫҚ (Рес., Қалм.) әкім. *Ә к і м б а с т ы қ келмек еді, соны күтем* (Рес., Қалм.).

ӘКІМГЕРШІЛІК (Қ.орда, Арал) өкімшілік. *Құрғақ ә к і м г е р ш і л і к жасап, бостанбос қайтып кете берді* («Қ. ту», 1951, №35). *Ә к і м г е р ш і л і к к е жаны құмар еді* (Қ.орда, Арал).

ӘКІМ ШЫҒУ (Жезқ., Ағад.) жақсы есу. *Житняк су болса, ө к і м ш ы г а д ы* (Жезқ., Ағад.).

ӘКІРЕ (Тау., Қош.) ренжу одағайы. *Ә к і р е, мұнысы несі?!* (Тау., Қош.).

ӘКІРУ (Қ.орда, Арал) ақыру. *Айтбек үй жанындағы есектің ә к і р г е н і н е н шошып оянды* (Қ.орда, Арал).

ӘЛ (Орал: Казт., Орда) әлгі. *Ә л сақау не дейді?* (Орал, Казт.).

ӘЛАЙДА (Түрікм., Бекд.) алайда. *Ә л а й д а, бүгін-ертең кеп қалар* (Түрікм., Бекд.). *Ә л а й д а, Айдардың баласы ойын басталып жатқанда кекесін сөзін тоқтатпай, күңкілдеді де отырды* («Карабұғаз.», 7.05.1937).

ӘЛАҚ (Қарақ.) қош! шек! Қой-ешкіні қайыруда айтылатын одағай сөз. – *Ә л а қ! деген біреудің қой қайырған дауысы естілді* (Қарақ.).

ӘЛӘЙ (Орал: Казт., Орда) ізет ету мәніндегі сөз. *Ә л ә й ма, билер, ә л ә й ма? Арғымағым жарай ма?* (Махамбет).

ӘЛБЕК-ТӘЛБЕК (Қарақ.) әлтек-тәлтек. *Ә л б е к - т ә л б е к аягыңды басасың* (Қарақ.).

ӘЛБЕТ[1] (Гур., Маңғ.) тәуір. *Ә л б е т шай. Бул – шайдың бір ә л б е т і* (Гур., Маңғ.).

ӘЛБЕТ[2] (Орал: Орда, Жән.) сәл, болар-болмас, аз-маз. *Етік ә л б е т кішкене. Ә л б е т үлкенірегі тәуір болар еді* (Орал, Жән.).

ӘЛБЕТ[3] (Гур., Маңғ.) әлпет. *Күннің ә л б е т і жаман емес* (Гур., Маңғ.).

ӘЛБЕТКЕ ТҰРУ (Шымк., Шәу.) сәл тәуір болу. *Көңілім ә л б е т к е т ұ р с а, ептеп барып су әкелем* (Шымк., Шәу.).

ӘЛБЕТТІРЕК (Орал: Чап., Казт., Жымп., Орда) тәуірірек. *Ауру адам кешегіден ә л б е т т і р е к* (Орал, Чап.).

ӘЛБҰРШАҚ (ҚХР) бір жылдық шеп тектес есімдік. *Дене әлсіздігіне, бел ауырғанда, аяқтізе дәрменсіздігінде: ә л б ұ р ш а қ, жаңғақ дәні, алақаттың әрқайсысынан тең мөлшерде алып, ұнтақтап бір ретте 12 грамнан күніне 2 рет ішеді* (М. Қанапияұлы).

ӘЛГЕ (Өзб., Там.) әлі. *Ол ә л г е дейін дұрыс қорытынды шығармай келеді* (Өзб., Там.).

ӘЛГІСІ (Алм., Жам.) әлгі, жаңағы. *Әй, балам, ә л г і с і н біртеңке етсеңші* (Алм., Жам.).

ӘЛДЕ КІМІМ САНАУ (ҚХР) менсінбеу, жаратпау. *Ол мені ә л д е к і м і м с а н а п жүрген көрінеді* (ҚХР).

ӘЛДИ (Шымк.: Түлк., Сайр.) бөпе, емшектегі бала. *Ол ә л д и і н қолына алды. Ә л д и і ң д і алып кетейін бе?* (Шымк., Түлк.). Қ. шақалақ[1].

ӘЛЕБЕК (Қ.орда, Қарм.) ертеде әйелдер мұрнына таққан сырға. *Ертеде біздің аялдар* (қ.) *мұрнына ә л е б е к таққан гой* (Қ.орда, Қарм.). Қ. әребек//арабек.

ӘЛЕЙ//АЛАЙ (Рес., Сарат.) «ия» мәніндегі қоштау сөз. *Ә л е й, айта бер, тыңдап отырмын* (Рес., Сарат.).

ӘЛЕКЕ (ҚХР) тазының ең жүйрік, үшқыр түрі. Үнемі үстін жалап-жұқтап кір жуытпай бәріне әзір тұратын саятқа шығар ит. *Қазақ «Ә л е к е д е й жаланған» дегенде осы ойда тұрады* («Тіл және ауд.», 1997, 61).

ӘЛЕКЕЙ-ЖҰЛЕКЕЙ (МХР) әр түрлі әлеміш, өшекей заттар. *Жеміс жидек, шекер бал, тәтті тағамды кездің жауын алардай үйіп төгіп қойған қытай егіншілерімен, айнатарақтан алтын күміске дейін ә л е к е й - ж ұ л е к е й әшекейлі заттарын жайған қол онершілер анау-мынауды тықпалап, алға бастырар емес* (С. Тәу., Ақыр Жән., 263).

ӘЛЕКЕЙ-КҰЛЕКЕЙ (Жамб., Сар.) әр түрлі әлеміш, әшекей заттар. *Ә л е к е й - к ұ л е к е й тағып, мәз болып жүретіндер бар* (Жамб., Сар.). *Басқасының бәрі мұны қыз-қырқынга соғып берген ә л е к е й - к ұ л е к е й і н д е й алдамыш бірдеңе емес пе?* (Ә. Кекіл., Құс кан., 116). Қ. өлекей-шүлекей.

ӘЛЕКЕЙ-ТҮЛЕКЕЙ (Алм., Кег.) алай-түлей. *Күн бұлттанып, ө л е к е й - т ү л е к е й жаңбыр болды* (Алм., Кег.).

ӘЛЕКЕЙ-ЧӘЛЕКЕЙ (Алм., Шел.) әлекшәлек, әуре болу. *Уақытым жоқ, маган тамақ қылып, ә л е к е й - ч ә л е к е й болмаңдар* (Алм., Шел.). Қ. әлкей-чөлкей.

ӘЛЕКЕЙ-ШҰЛЕКЕЙ (Сем.: Абай, Шүб.) әр түрлі әлеміш, әшекей заттар. *Үсті-басына ә л е к е й - ш ұ л е к е й тага беру мәдениеттілікке жатпайды* (Сем., Абай). Қ. өлекей-күлекей.

ӘЛЕКПЕ (Қ.орда: Арал, Қарм., Қаз.; Қарақ.; Орал, Орда) ешкінің өкпе ауруы, ала екпе. *Ә л е к п е ілінсе, бірсыпыра шығын болды десеңші* (Қ.орда, Қарм.). – *Көрсетті-ау құдай көресіні! Жалғыз бала қайдан аман келсін! Әй, әк былай, ө л е к п е келгір!* (Ж. Нөжім., Кішк., 24). *Қаратаудың басынан көш келеді. Ә л е к п е д е н бақырып ешкі еледі* (Фольк.; Қарақ.).

ӘЛЕКТЕУ (Түрікм.) әурелеу, өлегін шығару. *Сені үйден шығарамыш деп, үй дүниелерін далаға шығарып ә л е к т е й д і* (Түрікм.).

ӘЛЕМ[1] (Жамб.: Шу, Қорд.; Жезқ., Ұлы.) қасиетті орындарда ілінетін шүберек, шүберек жыртындылары. *Ағаштың басына ә л е м байлапты* (Жамб., Шу). *Ертеде киелі жерлерге ә л е м байлайтын болған* (Жезқ., Ұлы.).

ӘЛЕМ[2] (Түрікм.: Ашх., Красн.) кілем шетіндегі орнектің бір түрі. *Мына кілемнің ә л е м і әдемі екен* (Түрікм., Ашх.).

ӘЛЕМ[3] (Алм., Шел.) өлем-тапырық. *Алматыдаи қайтып келсем, үйімнің іші ө л е м болып жатыр екен, – деді Манақ* (Алм., Шел.).

ӘЛЕМЕТ[1] (Алм.: Кег., Нар.) жанжал. *Асқар күнде осы үйге келіп, ә л е м е т жасайды* (Алм., Кег.).

ӘЛЕМЕТ[2] (Алм.: Шел., Кег.; МХР) ғаламат, сұрапыл; кесір, жанжал. *Он жетінші жылы совет өкіметін орнатарда ә л е м е т согыс болганын көзім корді* (Алм., Кег.). *Ал, қатын, мосыңды іл, асыңды қой, Тысқа шық, тунгі ә л е м е т басылды гой Не деген бетпақ еді салдақы тұн Адамның берекесін қашырды гой* (М. Мақ., Шығ., 1-т. 243). *Бірдің ә л е м е т і мыңды әкетеді* (С. Тәу., Арм. тау, 47).

ӘЛЕМ-ТАПЫРЫҚҚА БАЙУ (ҚХР) ойы астаи-кестен болу, басы қату. *Жаратылыстан шолақ ақыл шошаңдап туратын жан ә л е м т а п ы р ы қ қ а батып, сол бетін түзей алмаган қалпында келеді* (Қ. Мұқ., Тай., 74).

ӘЛЕМ-ТӘРЕКЕЙ (Өзб., Там.) әлем-тапырық. *Үйге келіп ә л е м-т ә р е к е й етіп кетті* (Өзб., Там.).

ӘЛЕҢ БОЛУ (Тау., Қош.) алаң болу. *Сен оган ә л е ң б о л м а й, жұмысыңды істей бер* (Тау., Қош.).

ӘЛЕҢКІДЕЙ ЖАЛАНУ (ҚХР) пысық, еті тірі. *Ол үйдің алты ұлы шетінен ә л е ң к і д е й ж а л а н ы п тұр* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 525).

ӘЛЕТ (Қ.орда, Арал; МХР) кез, мөлшер, мезгіл. *Ұшар ә л е т к е келгенде, қанатын комдады* (Қ.орда, Арал). *Мұның өзі іңір ә л е т і н д е еді* (Б. Майл., Шығ., IV, 260). *Бұл ә л е т т е олар қанша отырганын сезген жоқ* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 1 т., 21). *Түннің бір ә л е т і н д е ыстық тамақ – буы бұрқыраган үйме табақ ет келді* (Ө. Қанах., «Жүлдыз», 1988, №4, 101).

ӘЛ ЕТУ (ҚХР) шешім ету, мәселені шешу, бір жәйлі ету. *Сондықтан осы тектес мәселелерді ә л е т у оқытушыларды ұсыныспен істету тізімінің басты мақсаты болады* («Шыңжаң жоғ.», 2001, №11, 32).

ӘЛЕУКЕШТЕНУ 1. (Сем., Абай; Тау., Қош.) шектен тыс әдемілену, әсемдену. *Осы кісі ө л е у к е ш т е н і п жүре береді екен* (Сем., Абай). 2. (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) жақсаттану. *Ә л е у к е ш т е н б е й жүр, оган ә л е у к е ш т е н і п нең бар* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ӘЛЕУМЕНТ (Қ.орда, Арал) әлеумет. *Бұл газетте ә л е у м е н т мәселесі айтылып жатыр* (Қ.орда, Арал).

ӘЛЖУАЗДАНУ (Шығ. Қаз., Тарб.) нашарлау, өлсіздену. *Ол аурудан ә л ж у а з д а н ы п қалыпты* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ӘЛКЕЙ-ҮӘЛКЕЙ (Алм., Шел.) әлекшәлек, әуре болу. *Уақытым өте тығыз, ә л к е й-ү ә л к е й болмай-ақ қойыңдар* (Алм., Шел.). Қ. әлекей-үәлекей.

ӘЛКЕМ (Рес., Волг.) бәлкім. *Ә л к е м, ол ишанның мылтығы болар* (Рес., Волг.).

ӘЛКӨНШЕК (Қарақ.) бала бесігі. *Баланың ә л к ө н ш е г і н қозгап жіберің* (Қарақ.).

ӘЛ ҚЫЛУ (Өзб., Там.) шешу. *Со жайында ә л қ ы л а т ы н уақыт болды гой* (Өзб., Там.).

ӘЛЛЕ-ӘЛЛЕ (Ауғ.; Ир.) әлди-әлди. *Ә л л е-ә л л е жан бөпем, тал бесікте жат бөпем* (Ауғ.).

ӘЛМЕ-ӘЛ Қ. әлме-һәл.

ӘЛМЕН (Қ.орда, Арал) әл, күш, қуат. *Өзіңнен ә л м е н кеткесін әркімге жалынасың* (Қ.орда, Арал). *...Осы кезге дейін біз согысып жүрген неміс генералдарының ішінде аңдысса ұтып, алысса жығатындай ә л м е н і бар осы Шернер гой, қауіпті жау нагыз! – деп Разумов сәл тоқтады* (Ә. Нүрп., Курл., 320).

ӘЛМЕНДІ (Ақт., Ырғ.) әлді, күшті, қуатты. *Бұл колхоздың аттары ә л м е н д і келеді* (Ақт., Ырғ.).

ӘЛМЕНДІЛЕУ (Ақт., Ырғ.) күштілеу, әлділеу. *Мына бала ә л м е н д і л е у екен* (Ақт., Ырғ.).

ӘЛМЕНДІРЕК (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) әлдірек, күштірек. *Анау түйелердің ә л м е н д і р е г і н әкел* (Қ.орда, Арал). *Байдың мұнысы асық ойнаганда ә л м е н д і р е к баланың: «Бук түссе де менікі, шік түссе де менікі» деген көзсіз зорлығындай болды гой», – деп күліп* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 146).

ӘЛМЕСЕК (Көкш.: Еңб., Щуч.) есерсоқ, алаңғасыр. *Ә л м е с е к бола берме, балам* (Көкш., Еңб.).

ӘЛМЕ-ҺӘЛ//ӘЛМЕ-ӘЛ (Қ.орда, Арал; Ақт., Байғ.) әлсін-әлі, ауық-ауық. *Самолет ә л м е-ә л төмен түсіп кетіп отырады* (Қ.орда, Арал). *Почта бөлім бастықтарынан ә л м е-ә л жұмысы жөнінде информация алу деген болып та көрген жоқ* («Соц. ауыл», 1941, №58).

ӘЛПӘЛӘЙЛІ (Павл., Майк.) құбылмалы, өзгермелі. *Заман ежелден ә л п ә л ә й л і, өзгеріп тұрады* (Павл., Майк.).

ӘЛПЕЙІМ (ҚХР) бірде олай, бірде бұлай, құбылмалы. *Ә л п е й і м, мінезі ауыр, сөйлемейтін, қиғаш қас, қабақ шытпас пәрі болса, Ләйлідей лебіз ашса, сұйінерлік, тілінің ынтықтырар балы болса* (Үш ғасыр.).

ӘЛСІН-ӘЛҚАСЫН (Гур., Бақс.) әлсін-әлсін. *Ауырғаннан бері ә л с і н-ә л қ а с ы н барып тұрамын бәлнеске* (Гур., Бақс.).

ӘЛ ТӘМАН (Жезқ., Ұлы.) кейін. *Ә л т ә м а н барайын* (Жезқ., Ұлы.).

ӘЛУӨЛӘҢГ//ТӘППӘЗИ (Ауғ.; Ир.) екі жақтағы тақтайға отырып арқан тартатын ойын.

ӘЛШІ (Рес., Орын.) алшы (асық ойыны). *Ә л ш і тұссе, сен ұтқаның* (Рес., Орын.). Қ. әгеншіл//әгеншіл.

ӘЛІ КЕЗ (Түрікм.: Красн., Таш., Ашх.) әлі күнге, осы кезге. *Ә л і к е з г е дейін пітпеген не қылған ремонт* (Түрікм., Таш.).

ӘЛІМ-БӘЛІМ (Қост., Семиоз.) шамалы. *Ә л і м-б ә л і м жағдайы бар, оны ескермесе болмайды* (Қост., Семиоз.). Қ. әлім-перім.

ӘЛІМ БОТҚА (Өзб.: Бұх., Ташк.) құдайы тамақ. *Ә л і м б о т қ а құдайға сиынуға байланысты дайындалады* (Өзб., Ташк.).

ӘЛІМ КӨЙЛЕК (Түрікм., Таш.) жағасы үлкен, дөңгелектеніп тігілген, киген адамның иығын жауып, жауырынына дейін жететін кейлек. *Әлімдер ақ бөзден тіккен ә л і м к о й л е к т і киіп ап атқа қонғанда, оларға үстіндегі көйлегі керемет жарасатын* (Түрікм., Таш.).

ӘЛІМ-ПЕРІМ (Тау., Қош.) шамалы. *Үй тұрмыстары ә л і м-п е р і м. Ә л і м-п е р і м күйде екен* (Тау., Қош.). Қ. әлім-бәлім.

ӘЛІМ-СӘЛІМ БОЛУ (Орал, Қазт.) абдырау, есі шығу. *Айша ә л і м-с ә л і м б о л ы п негып тұр* (Орал, Қазт.).

ӘЛІМ ТЫМАҚ (Түрікм., Таш.) қойдың терісінен тігілген, екі иық пен жауырынды түгел жауып тұратын бас киім. *Адайлар ә л і м д е р д і екі иығы мен жауырынын жауып тұратын т ы м а ғ ы н а н-а қ ажырата қоюшы еді* (Түрікм., Таш.).

ӘЛІНЕ КІРУ (ҚХР) қалпына келу, күш алу, қайта жандану.

ӘЛІ-ПӘЛІ (Қарақ.) жеңіл-желпі. *Ол әзір ә л і-п ә л і жұмыс істеп жүріпті* (Қарақ.).

ӘМ (Жамб., Жам.) тағы. *Ол ә м келді. Кеше бригадир ә м айтты* (Жамб., Жам.).

ӘМАТА//ӘМДАЙЫ (Ауғ.; Ир.) нағашы ата.

ӘМӘЖЕ//ӘММАМА (Ауғ.; Ир.) нағашы әже.

ӘМӘНДА (Рес., Орын.; Қост., Жанг.; МХР) ылғи, әр уақытта. *Ат-арба қолымызда ә м ә н д а бола берер деймісің* (Рес., Орын.). *Сен өзің, ә м ә н д ә тыныш жүрмейсің* (Қост., Жанг.). *Ягни айтыс ә м ә н д а мыңды жандар арасында болып қойған жоқ* (Монғ. қаз. әд.,-3, 8). *Шыңдамаса ақыл, қайрат, парасатты ә м ә н д а, Онда өмірден тұңіле бер тірлігіңді тәмәмда* («Жаңа талап», 134).

ӘМБЕ (Шығ. Қаз.: Қатон., Больш.) әрі. *Лапкеге ешнәрсе келе қоймайды ә м б е алыста* (Шығ. Қаз., Қатон.). *Ол ә м б е класс жетекшісі, ә м б е оқу істің меңгерушісі* (Шығ. Қаз., Больш.).

ӘМБЕРДКЕ (Қ.орда, Арал) кәмперке. *Самаурынның ә м б е р д к е с і қайда кеткен?* (Қ.орда, Арал). Орысша *конфорка*.

ӘМБЕСІ (Алм.: Жам., Кег.; МХР) барлығы, баршасы. *Қалтаңдағы теңгеңің ә м б е с і н маған бер* (Алм., Жам.). *Ол мекемеде ретсіздік, бересіздік етек алғаны ә м б е г е аян, сол ретсіздік мекеме басшысының жауапкершілігіне байланысты-мыс деп жұмыстан босатылған екен* («Шұғыла», 1992, №4).

ӘМБЕСІНДЕ (МХР) және. *Ауылда адам жоқ, балам шопке бара алмайды, ә м б е с і н д е қой жаятын адам жоқ* (МХР).

ӘМБІ[1] (Жамб.: Шу, Мойын.; Шымк., Түлк.) надан, қараңғы. *Біз озіміз ә м б і адамбыз* (Жамб., Шу). *Бұрын ә м б і адамдар коп болған* (Шымк., Түлк.). Қ. әми, әмейі, әмі.

ӘМБІ[2] (Тау., Қош.; Сем., Аяг.) әрі. *Мен ә м б і оқыдым, ә м б і жаздым* (Тау., Қош.). *Омар ә м б і мұғалім, ә м б і партия ұйымының хатшысы* (Сем., Аяг.).

ӘМДАЙЫ Қ. әмата.

ӘМЕЙІ (Орал, Жән.) жай, қарапайым. *Іші суық ә м е й і ұйден артық ешнәрсесі жоқ* (Орал, Жән.). *Көшеде отіп бара жатқан адамдар сезбесін деген пікірмен ол басқыштың оң жақ сәкісіне отырды да, ә м е й і адам сияқтанды* (Х. Есенж., Ақ Жай., 18).

[Түрікше *амми* анайы, қарапайым, жай (Тур.-рус. сл., 1977, 53); өзб. *оми (й)* сауатсыз, білімі жоқ надан (Узб.-рус. сл., 1959, 304). Ертедегі түркі тілдерінде *өм* қара халық, жарлы (ДТС, 41). Парсы тілінде *омми* білімсіз, сауатсыз (Пер.-рус. сл., I, 1983, 127); ар. *амийт*: 1) сауатсыз, 2) надан (Ар.-рус. сл., I, 1970, 49)].

ӘМЕКПАШТАНУ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) жағыну, жағымпаздану. *Ол әлі ә м е к п а ш т а н ы п не істеп жүр* (Тау., Қош.).

ӘМЕКПАЩА (Жамб., Сар.) әмпейі, ауыз жаласқан. *Олар ежелден ә м е к п а щ а адамдар* (Жамб., Сар.).

ӘМЕКІ (Қарақ.) үлкен, құрметті аға; ағайын, туысқан. *Біздің осында бір-екі ә м е к і ағамыз бар* (Қарақ.).

[Әзірбайжанша *әми, дайы* (Рус.-азерб. сл., 1956)].

ӘМЕЛ (Қарақ.; Өзб., Там.) амал, қызмет, жұмыс, кәсіп. *Сенің ә м е л і ң не? Кәзір не ә м е л д е с і з?* (Қарақ.) *Қырманы бірдің шамалы* (қ.) *бір, Заманы бірдің ә м е л і бір* (Қарақ.). Арабша *әгмал* іс, еңбек, әрекет, қызмет (Н. Оңд., АҚТС, 1 т., 1984, 37).

ӘМЕЛ-АЙЛА (Қарақ., Мой.) амал-айла. *Істейтін ә м е л-а й л а қалмады* (Қарақ., Мой.). Арабтың *хйла тун (айла)* және *әгмал (амал)* сөздерінен шыққан (Н. Оңд., АҚТС, 1-т., 37, 144-145).

ӘМЕЛДАР (Қарақ.) қолында билік бар адам. *Ол өзі ә м е л д а р адам болып тұрыпты* (Қарақ.).

ӘМЕЛИЯТТАН ӨТКІЗУ (ҚХР) нақты іс жүргізу, нақты іс барысында сынау.

ӘМЕН (Қост., Об.) әрқашан. *Сен ә м е н қырманда істейсің бе?* (Қост., Об.). *«Жауың – бай» дегенді жалшыға ә м е н ұғындыру керек* (F. Мұст., Дау. кейін, 36).

ӘМЕНДЕ (Қост., Об.; Рес., Волг.) әрқашанда. *Сен ә м е н д е қырманда істейсің бе?* (Қост., Об.).

ӘМЕС (Алм., Кег.) әрдайым, ылғи. *Бұл жердің әуе райы ә м е с біркелкі болып тұрмайды* (Алм., Кег.).

ӘМЕТ (ҚХР) мерзім, шек.

ӘМИ (Түрікм.: Ашх., Теджс., Мары; Ақт., Ырғ.; Жамб.: Сар., Шу; Қарақ.; Қ.орда: Сыр., Арал, Қарм.; Шымк.: Түлк., Сайр.; Маңғ.: Бейн., Ер.; Орал, Жән.) надан, қараңғы. *Ертеде оқысақ та, ә м и қалпымызда қалдық* (Түрікм., Ашх.). *Ой, қойсаңшы,* ол *бір ә м и адам ғой* (Қ.орда, Арал). *Алым болып не болар, оқыганын жұтқан соң, ә м и болып жат болмас, естігенің тұтқан соң* (Хал. өлеңі). *Атам замандагы ә м е й і адамның үйінің іші сияқты ...едені кір* («Ком.», 16.11.1939).

[Татарша *өмми* сауатсыз; өзб. *оми* (й) «сауатсыз, білімсіз, надан»; як. *ама* «қарапайым, жұпыны» (Э. Пек., Сл. якут. яз., т. I, 94). Арғы төркіні ар. *әммие* «надандық, сауатсыздық»].

ӘМИЯН (Қ.орда, Қарм.; Қарақ.; Қар., Шет; Қост.: Фед., Тоб., Семиоз., Торғ., Аман.; Шығ. Қаз., Зайс.; Орал: Қара., Казт.) күмәжнік, былғары қалта. *Ә м и я н ы ң д а қанша ақша бар* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Мен магазиннен ә м и я н сатып алдым* (Қост., Тоб.). *Солодухо төс қалтасынан былгары ә м и я н д ы алып, Есейге ұсынды* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 1967). Ж. Досқараев бұл создің қырғыз, үйғыр, озбек, қарақалпақ, т. б. түркі тілдерінде бар екенін корсеткен (Ж. Дос., ҚТЖЕ).

[Парсы сөзі *әмиан* «қалта, ақша салатын кішкентай қалта; қалта орнына жүретін белдік» (Н. Оңд., ПҚТС, 1974)]. Қ. әйкел[4], бүктеме, қапшық, нәмиял, шилан.

ӘММӘБАП (Озб., Ташк.) әмбебап, әр жақты, бәріне бірдей. *Ә м м ә б а п адам болмасаң, біркәт* (қ.) *боп істеу оңай ма?* (Өзб., Ташк.).

ӘММӘСІ (Алм., Шел.) барлығы. *Малдың ә м м ә с і н тауға шығарайық* (Алм., Шел.).

ӘММАМА Қ. әмәже.

ӘМПАЙ//ӘМПӘЙ (Қ.орда: Арал, Қарм.) бірімен бірі жарасқан, жақындасқан. ... *Мынау екеуі бірі мен бірі ә м п ә й-а у өзі* (Қ.орда, Қарм.). *Олар тегіннен ә м п а й адамдар* (Қ.орда, Арал). Әдеби тілде бұл сөз жеке емес, *әмпай-жампай* түрінде қосақталып айтылады.

ӘМПӘЙ Қ. әмпай.

ӘМСЕ[1] (Алм., Кег.; Талд.: Сарқ. Гв.) әрдайым, әрқашан. *Жүгеріміз су жоқтықтан, ә м с е сирек шығады* (Талд., Гв.). *Жұмысымыз ә м с е осылай* (Алм., Талд.). – *Қорқытпа, мен қорқып болгам! – деді Асқар қызарақтап. – Таудың басында тұрып етегінде не боп жатқанын ә м с е көре бермейсің* (Ә. Әлімж., Көгіл. таулар, 49). *Сырласайық, Қызгалдақты иіскеп, бір жасайық, Қыр басайық, Ә м с е бұлай мамырдың тұрмас айы* (М. Мақ., Шығ., 2 т. 47). *Қызығыңды көрсетіп, Алдыңда алса екен деймін? Саған тілек тілесем, Ә м с е, жолы болса екен деймін?* (С. Тәу., Ақыр Жән., 35).

ӘМСЕ[2] (Алм.: Кег., Нар.) әрі, және, тағы. *Еңбекке ә м с е бидай, ә м с е ақша алдық* (Алм., Кег.). *Ренжитін жөні де жоқ, ұй қашан да таптаза, ыстық ас та ә м с е әзір* (А. Амиров, «Жұлдыз», 1986, №10, 14).

ӘМУ (Ауғ.; Ир.) ағаның баласы.

ӘМІ (Талд., Қоғ.; Жамб.: Сар., Тал.) надан, білімсіз. *Ә м і адам жақсы емес* (Жамб., Тал.). Қ. әми, әмейі, әмбі.

ӘМІР[1] (Орал, Жән.; Гур., Бақс.) көп, басым. *Біздің колхозда жылқыдан гөрі сиыр ә м і р* (Орал, Жән.).

ӘМІР[2]**//ӘМІРӘ 1.** (Шығ. Қаз., Қатон.; Тау., Қош.; МХР) тыныштық. *Қасқыр қатты, малга ә м і р бермейді* (Шығ. Қаз., Қатон.). **2.** (Тау., Қош.) тыным, дамыл. *Бұл атқа күн батқанша ә мі р жоқ* (Тау., Қош.). *Бұл арбада*

кешке дейін ә м і р джоқ. Анау әкетеді, мынау әкетеді (МХР).

[Алтай, сағал, шұлым тілдерінде *амыр* «тыныштық», «тыныңу»; монғ. *амуран* сол мағынада; құман, телеуіт тілдерінде *амыра* «келісу», «тынышталу» мағынасында (В. Рад., I, 647)].

ӘМІР[3] (Рес.: Волг., Сарат.) сот. *Бұрын да ә м і р болған, жанжалды сол шешетін* (Рес., Сарат.).

ӘМІРА (Өзб., Там.) тату. *Балаларым ә м і р а еңбеккер болып өсті* (Өзб., Там.).

ӘМІРЕ (Қ.орда: Сыр., Жал.) іші қызыл, қабығы жұқа, тәтті қауын, салмағы 1-2 кг.

ӘМІРЕ ҚАУЫН (Қ.орда: Сыр., Жал.; Жамб.: Шу, Мер.) ала жолақ, ұсақ қауын. Қ. әмір қауын.

ӘМІР ЖОҚ (МХР; ҚХР) дамыл жоқ, дамылсыз. *Бұл арада кешке дейін ә м і р ж о қ* (МХР). *Т а ң с ы з г а н н а н жатар-жатқанша бір әмір жоқ* (ҚХР).

ӘМІРКЕН ЕТІК (Өзб.: Ташк., Бұх.) сырлы былғарыдан қолдан тігілген етік. *Әміркен* «Америка, американдық» сөзінен шыққан.

ӘМІРКЕН КӘЛІШ (Өзб.: Ташк., Бұх.) сырлы былғарыдан қолдан тігілген кебіс. *Әміркен* «Америка, американдық» сөзінен шыққан.

ӘМІРКЕН МӘСІ (Өзб.: Таш., Бұх.) сырлы былғарыдан қолдан тігілген мәсі. *Үстінде жасыл-қара мәндәлә* (қ.) *бешпет-шалбар, аягында ә м і р к ә н м ә с і* («Жұлдыз», 1987, №3, 37). *Ә м і р к е н н е н м ә с і етік, Парыз болып шықты ма, Аягыңды зорлықпен, Біреу оған сұқты ма?!* (Ақыт, 27).

ӘМІР КӨРМЕУ (ҚХР) тыныстамау, дем алмау.

ӘМІР ҚАУЫН (Шымк., Мақт.; Жамб., Шу) ала жолақ, ұсақ қауын. *Биыл ә м і р қ а у ы н д ы еге алмадық, оған себеп – тұқымы болмады* (Шымк., Мақт.). Қ. әміре қауын.

ӘМІР-ПАРМАНЫНА АЛМАУ (ҚХР) билеп-төстеу, бағынышты ету, басқаруына алу. *Ен даланы сарыбауыр шегіртке мен ұшпа қызыл шегіртке ә м і р п а р м а н ы н а а л г а н д а й* (F. Қан., Бұрқ., 169).

ӘМІР СУ КЕЛУ (Гур., Бақс.) су тасу. *Алдыңғы жылы ә м і р с у к е л і п, жаздай жақсы болып еді* (Гур., Бақс.).

ӘНАСЫР (ҚХР) жеңімпаз.

ӘНӘР (Өзб., Ташк.; Шымк.: Арыс, Сарыағ., Шәу.) үлкен арық, бас арық. *Егінге ә н ә р д е н су жібердік* (Шымк., Сарыағ.).

[Төжікше *әнһар*; өзб. *анхор* (Ю. Абд., КД., 54)]. Қ. әнер.

ӘНДЕМ (Қост., Торғ.) аурат, абырой. *Ә н д е м і ң д і жап, талтаймай!* (Қост., Торғ.).

ӘНДЕМДЕ (Гур., Маңғ.) заматта, лезде, демде. *Мәшінге мінуіміз мың екен, ә н д е м д е жетіп-ақ келдік* (Маңғ.).

ӘНДЕМДІ (Жамб., Шу; Қар., Шет) әлді, күшті, қайратты. *Менен кіші де, үлкен де кісі бар, бәрі де менен гөрі ә н д е м д і* (Жамб., Шу). *1947 жылы мұнан гөрі ә н д е м д і едім* (Қар., Шет).

ӘНДЕМІ (Қост.: Жанг., Аман.; Ақм., Атб.; Шымк., Лен.) қалақша, үй сылайтын темір қалақша. *Үйдің қабырғасын ә н д е м і м е н әдемілейміз* (Қост., Жанг.). *Ана үйдегі ә н д е м і н і алып кел* (Қост., Аман.). Қ. андуа.

ӘНДІГЕН (ҚХР) саптаяқ. *Тобыршықты ә н д і г е н толтыра тартар ма екенбіз* (Ақтамберді жырау).

ӘНДІК (ҚХР) ақымақ, ессіз, мұнсыз («Соз сан.»).

ӘНДІРЕЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ (ҚХР) көп дүние, таусылмайтын ырғын байлық.

ӘНДІРЛЕН (Рес., Орын.) ақ бауыр қызыл тышқан. *Ә н д і р л е н бидайды кілеттен тасиды* (Рес., Орын.). Қ. ұртташ.

ӘНДІШЕ (Шымк., Лен.) жасырын. *Бұл мәселе ә н д і ш е емес қой* (Шымк., Лен.).

ӘНЕЙІ (Қарақ.) әдейі. *Мен тонау* (қ.) *Шымбайдан сені ә н е й і ізде*п келіппін (Қарақ.).

ӘНЕР (Шымк.: Қызылқ., Шәу.; Жамб., Жуа.; ҚХР) үлкен арық, бас арық. *Жердің суы мол, егінге ә н е р д е н су жібердік* (Шымк., Қызылқ.). Қ. әнәр.

ӘНЕС (ҚХР) дос, серік, әмпей («Соз сан.»).

ӘНЖАМ (ҚХР) ер-тұрман, ат-әнжам.

ӘНЖАМ ТАБУ (ҚХР) аяқталу. *Ә н ж а м т а п т ы* («Соз сан.»).

ӘНЖЕМІ (Шымк., Мақт.) ер-тұрман, ат сайманы. *Ә н ж е м і сай болса, ат-көлікке не жетсін* (Шымк., Мақт.). Қ. әнжам.

ӘНЖЫМА (Жезқ., Ұлы.) ердің қапталдығының алдыңғы басына өткізетін темір шығыршық. *Жаман ер ә н ж ы м а д а н тозады* (Жезқ., Ұлы.).

ӘНЖІ (Кокш.: Щуч., Еңб.) ірің ағызу үшін жауыр жерден өткізген қыл. *Біздің әкеміз жылқы жарасының үстінен ә н ж і өткізетін еді* (Кокш., Щуч.). Қ. анжы[1].

ӘНЖІМӘ//ӘНЖІМЕ (Сем., Аяг.) ер капталының алды-артындағы омілдірік, құйысқан бекітілетін шығыршық. *Асан құләпарасын ерінің қанжығасына байламай, ә н ж і м ә с і н е байлапты* (Сем., Аяг.). *Қанжыға тесіктерінің қасынан ә н ж і м е өткізетін тесіктер жасайды* (С. Қас., Қаз. қолөнері., 69).

ӘНЖІМЕ Қ. әнжімә.

ӘНЗІ ТҰРАҚТАНДЫРУ (ҚХР) қылмыскер жөнінде материал жинау.

ӘНИ (Қост., Об.; Рес., Омбы) шеше. *Біздің ә н и кенттен келді* (Қост., Об.). *Қабдештің ә н и і керім болатын, ешқашан ұрыспайтын* (Рес., Омбы).

ӘНИ АПА (Сем., Абай) туған апа. *Анау отырған менің ә н и а п а м* (Сем., Абай).

ӘНИСА (Жамб., Шу) уақиға. *Осындай-осындай ә н и с а болады* (Жамб., Шу).

ӘН САҒАТТА (Орал: Чап., Жымп.) ілезде, тез арада. *Ә н с а г а т т а жетеміз ауылға* (Орал, Чап.). *Әңгімелесіп отырып ауылға ә н с а г а т т а жеттік* (Қ. Қар., Алт. изд., 160). Қ. әнсатта.

ӘНСӘТТА (Қост., Жанг.) әп-сәтте, лезде. *Ә н с ә т т а қайда барып қайттың?* (Қост., Жанг.). Қ. ән сағатта.

ӘНТЕК КЕТУ (Өзб., Там.) қателесу. *Ол колхозды жақсы-ақ басқарып жүр еді, бірден мастанып, ә н т е к к е т і п қалды* (Өзб., Там.).

ӘНТЕК-ТӘНТЕК (Алм., Жам.) тасталқан, быт-шыт. *Осы тұрған жеріңде ә н т е к т ә н т е г і ң д і, тегі, шығарайын ба!?* (Алм., Жам.).

ӘНТЕНДЕ ҚАЛУ (Сем.: Кокп., Ақс.) онда да, мұнда да жоқ, бос калу. *Ол орысша да, қазақша да жете білмей, ә н т е н д е қ а л д ы* (Сем., Кокп.).

ӘНУӘР (ҚХР) к ө н е. нұр («Сөз сан.»).

ӘНЧІЛ (Жамб., Шу) әнші. *Біз жасымыздан ә н ч і л болып чыққанбыз* (Жамб., Шу). Қ. әншіл.

ӘНШЕ (Шымк., Мақт.) сонша, соншама, қанша, бірталай. *Ә н ш е жерден жаяу келдік* (Шымк., Мақт.).

ӘНШИІН (Қ.орда, Арал) әшейін, жай. *Ә н ш и і н д е ауыз жаппас деген осындайдан шыққан гой* (Қ.орда, Арал). *Үңірейген қос танаудан ә н ш и і н д е сояудай қылдар қарауытып, сыртқа теуіп тұратын* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 136).

ӘНШІГҰЛ (Рес., Астр.) әнші, сауықшыл. *Той-думандарда ә н ш і г ұ л адамдар қыздырып жібереді* (Рес., Астр.).

ӘНШІЛ (Гур., Маңғ.) әнші. *Осының өзі ә н ш і л екен ертеден кешке дейін дарылдай береді* (Гур., Маңғ.). Қ. әнчіл.

ӘНІМЕН ҚҰЛАТУ (Шығ. Қаз., Больш.) тез, лезде. *Азамат соғысы кезінде ол ақтардың сегіз офицерін аттан ә н і м е н қ ұ л а т т ы* (Шығ. Қаз., Больш.).

ӘНІС (Тау., Қош.) тұрмыс.

ӘҢГЕК (Алм., Кег.) шұңқыр, ойдым жер. *Су тасыганда, ә ң г е к жерге су толады* (Алм., Кег.). Қ. кәндек.

ӘҢГЕЛ (Жамб.: Шу, Мойын.) кеңілдес адам. *Баягыда бір жалгыз жігіттің сұлу әйелінің бір ә ң г е л і болыпты* (Жамб., Шу).

ӘҢГЕЛЕК (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб.: Жуа., Луг., Шу, Мер.; Алм.: Кег., Шел., Жам.; Өзб., Ташк.; Ауғ.; Ир.) ерте пісетін кішкене сары қауын. *Ә ң г е л е к к е аузымыз ерте тиеді* (Қ.орда, Жал.). *Кеше ап келген ә ң г е л е к тәтті екен* (Алм., Шел.). *Ә ң г е л е к т і балалар кәмек күнінен-ақ жеп ада қып жіберді* (Озб., Ташк.).

ӘҢГҰР (Ауғ.; Ир.) жалпы жүзім атауы. Мұның шыққан жеріне қарай *Қорасан әңгүрі, Мазандаран әңгүрі, Шираз әңгүрі, Кабули әңгүрі, Ирати әңгүрі* деген сорттары бар. Сонымен бірге дәніне қарай *Крозил әңгүр* (дәмі ащы жүзім), *Холмли әңгүр* (дәні үлкен жүзім), *Жаһуди әңгүр* (дәні майда жүзім) деп те аталады.

ӘҢГІ[1] (Қ.орда, Шиелі) есектің айғыры. *Жалгыз ә ң г і есегіммен осы үйдің қыруар жұмысын тындырдым* (Қ.орда, Шиелі). *Айгайын салып келді, Бақырауық неме еді, Ә ң г і есектей аңқылдап* (Қамбар батыр). *Азынауық ә ң г і айгыр баран жүнді боз неме, әр үйірге бір тиісіп маза берер емес* (Ө. Қан., «Жұлдыз», 1988, №4, 10). А. М. Щербак оны еліктеуіш сөзден шыққан деп тұжырымдайды (ИРЛТЯ, 124).

ӘҢГІ[2] (Жамб., Қорд.) су орып кеткен жер. *Ә ң г і терең екен* (Жамб., Қорд.). Қ. қау.

ӘҢГІЛДЕУ (Өзб., Ташк.) айқайлау. *Ол ә ң г і л д е п отыр, қояр емес* (Өзб., Ташк). *Әңгі*[1] (к.) сөзімен түбірлес.

ӘҢГІМЕКОЙ (Сем., Аяг.) әңгімешіл. *Ол кісі ә ң г і м е к ө й* (Сем., Аяг.).

ӘҢГІМЕ ЧЕГУ (Шығ. Қаз., Тарб.) әңгіме айту. *Шәке, ә ң г і м е ч е г і ң і з* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ӘҢГІР (Гур., Есб.) үлкен. *Ә ң г і р аяқ су іштім* (Гур., Есб.).

ӘҢГІРЛЕТУ (Алм., Шел.) шулап даурығу, топырлау; домалату. *Кешкісін жұмыстан келсем, Орынбегім добын ә ң г і р л е т і п ойнап жүр* (Алм., Шел.). *Тұксиген заңғар оба аржағынан аттылар шыға келді ә ң г і р л е т і п* (Қ. Бекх., Дала комис., 61).

ӘҢГІРЛЕУ (Гур., Маңғ.) молаю, көбею. *Қазылған құдықтан су ә ң г і р л е й бастады* (Гур., Маңғ.).

ӘҢГІШ Қ. әңкүш.

ӘҢКУ (Озб., Там.; Қ.орда, Арал) есіру, бөсу, тынышталмау. *Оның ә ң к і п кететін әдеті бар*

(Өзб., Там.). *Мынау тайың әлі ә ң к і п жүр гой* (Қ.орда, Арал). Дәл осы мағынада қырғыз тілінде бар (Кирг.-рус. сл., 1965, 37). Қ. әуку.

ӘҢКҮШ//ӘҢГІШ (Өзб., Ташк.) оймақ. *Ә ң г ү ш болмаса, саусағымызды ине жеп қояды* (Өзб., Ташк.).

ӘҢКІП ЖАТУ (Қ.орда, Арал) мол, көп болу, толып жату. *Жаның-ау, мына майың әлі ә ң к і п ж а т ы р гой* (Қ.орда, Арал).

ӘҢКІТУ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр.) аңқыту, тоқталмай айту. *Бұл жерде өлеңді ә ң к і т і п айтатын әншілер кездеседі* (Қ.орда, Жал.).

ӘҢКІРЕҢДЕУ (Сем., Көкп.) әкіреңдеу. *Согыс кезінде фашист әскерлері ә ң к і р е ң д е п бақты гой* (Сем., Көкп.).

ӘП-ӘНЕУГҮНІ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Таш., Тедж.; Қарақ.) әнеугүні ғана, жақында ғана. *Осы қойдым деп үәде бергенің ә п-ә н е у г ү н і емес пе еді?* (Түрікм., Гяу.).

ӘП-ӘСІМ (Орал, Орда) әсем. *Мынау ә п-ә с і м бала екен* (Орал, Орда).

ӘП ДЕГЕНДЕ (Орал, Чап.; Ақт., Ойыл) ә дегенде. *Жағалбайлылар ә п д е г е н д е Төлегенді жырлайтын* (Ақт., Ойыл). Қ. әптейінде.

ӘПЕКЕ (Шығ. Қаз.: Больш., Марқ., Қатон.; Сем.: Үрж., Мақ.; Тау., Қош.; МХР) апа, апке. *Ә п е к е м н і ң үйінде бір ай жаттым* (Шығ. Қаз., Марқ.). *Мен, менің ә п е к е м Нарша. Наршадан соң мен туып, «үл туды»* (МХР). Қ. әкпе, әпке, әпкей, әпше.

ӘПЕКЕЛІ-СІҢЛІЛІ (Тау., Қош.) апалы-сіңлілі. *Ә п е к е л і-с і ң л і л і адамдар екенін кейін білдім* (Тау., Қош.).

ӘПЕРҚОҚАН (Қ.орда, Арал) әпербақан. *Сендей ә п е р қ о қ а н д а р д ы біз бұрын да көргенбіз* (Қ.орда, Арал). Қ. әпперқоқан.

ӘПЕТ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) күшті, керемет. *Сол жігітті өте ә п е т көрдім* (Түрікм., Таш.). Қ. жайбар[2].

ӘПЖЫЛАН (Жамб., Шу) абжылан. *Әлгі үстараны ә п ж ы л а н н ы ң заһарына суарады* (Жамб., Шу).

ӘПКЕ (Алм.: Жам., Нар., Кег., Шел.; Жамб.: Шу, Қорд.; Талд., Қарат.; Сем.: Абай, Аяг., Көкп., Ақс.; Павл., Ерт.; Қ.орда; ҚХР) бірге туған апа, апай. *Қылыштың ә п к е с і Алматыда оқиды* (Алм., Жам.). *Омбыда Дусяның күйеуге тиген ә п к е с і тұратын еді* (Б. Соқ., Жекпежек, 94). *Ә п к е с і қайтса оқудан, үйінің іші бір думан* (Қ. Аманж., Тол. жин., 2 т., 225).

[Сөз түбірі *ападан: -қай нө -еке* жұрнақтары аркылы туған *апа + қай, апа +еке* түлғалары ықшамдалып, *апқай//апеке>апқа//апке>әпке* пайда болған. Э. В. Севортян *апақай* сөзін *апа +ақай* немесе *апа+қай* деп талдайды (Ә. Нұрм., Жер. тіл. ерекш. төрк.)]. Қ. әкпе, әпеке, әпкей, әпше.

ӘПКЕЙ (Жамб., Сар.) бірге туған апа, апай. *Көптен күткен ә п к е й і келіп, қуанып жатыр* (Жамб., Сар.). Қ. әкпе, әпке, әпеке, әпше.

ӘПКЕШ[1]//АПКЕШ (Өзб., Ташк.) иінағаш. *Бізде ә п к е ш т і ң үлкені де, шағындауы да бар* (Өзб., Ташк.). Қ. әкпіш, әпкіш, күйенте, құрамыс, мойынағаш, мосыла, суағаш, ілгек[1].

ӘПКЕШ[2] (Шымк., Арыс) алып келші. *Дүкеннен шай ә п к е ш* (Шымк., Арыс).

ӘПКІШ (Алм., Жам.; Шымк.: Қызылқ., Сайр., Түлк.; Шығ. Қаз., Тарб.; Сем.: Үрж., Мақ.; Жамб.: Сар., Шу) иінағаш. *Ә п к і ш т і әкелші, екі бақыр су әкелейін* (Алм., Жам.). *Әйелдер суды ә п к і ш п е н әкеледі* (Шымк., Сайр.).

[Парсыша *аб* «су» сөзіне *-кіш* жұрнағы қосылуынан туған: *аб+кіш>абкіш>әбкіш >әпкіш*]. Қ. әкпіш, әпкеш, апкеш, күйенте, құрамыс, мойынағаш, жауыр ағаш, суағаш, ілгек, ілгіш, мосыла.

ӘПНӘЙ (Қ.орда, Арал) әншейін, ештеңе емес. *Бұл сөйлеп тұрған бір ә п н ә й жәйт болу керек* (Қ.орда, Арал).

ӘППЕН (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж., Байр.) қауын, карбыз түкымын отырғызатын шұңқыр. *Ә п п е н д е р д і ң нобайын қазған осы балдар* (Түрікм., Таш.).

ӘППЕРҚОҚАН (Шымк., Қызылқ.) әпербақан. *Шаш ал десе, бас алатын ә п п е р қ о қ а н неме гой* (Шымк., Қызылқ.). Қ. әперқоқан.

ӘПТЕ (Рес., Орын.; Түрікм.; Қарақ.; Озб., Там.) апта. *Ә п т е сайын садақа беріп отырыпты* (Рес., Орын.). *Көрсетілген іске екі ә п т е бұрын дайындалмалы* (Түрікм.). *Екі ә п т е бұрын мамандық жөнінде әкзамен болды* (Түрікм.).

ӘПТЕЙІНДЕ (Орал, Чап.; Ақт., Ойыл) ә дегенде, лезде. *Жағалбайлылар ә п т е й і н д е Төлегенді жырлайтын* (Ақт., Ойыл). Қ. әп дегенде.

ӘПТЕК-ТӘПТЕГІН ШЫҒАРУ (Алм., Жам.) тас-талқан, быт-шыт ету. *Осы тұрған жеріңде ә п т е к-т ә п т е г і ң д і, тегі, шығарайын ба?* (Алм., Жам.). Қ. әптер-тәптерін шығару.

ӘПТЕР-ТӘПТЕРІН ШЫҒАРУ (Алм., Жам.; Әзб., Там.) тас-талқан, быт-шыт ету. *Батыр жиылған жұрттың ә п т е р-т ә п т е р і н шығарыпты* (Алм., Жам.). *Жұмағұл келді де, отырыстың ә п т е р-т ә п т е р і н шығарды* (Өзб., Там.). Қ. әптек-тәптегін шығару.

ЭПТІ[1] (ҚХР) дөрмен, қауқар.

ЭПТІ[2] (ҚХР) тұр.

ЭПТІГУ (МХР) аптығу. *Тоқтай тұр, ә п т і к п е* (М. Құрман., 179). *Көлеңке қайтқан соң оқ жыланша ойнақы керің ә п т і г у і басылып, буыны босап, аягы қою тартады* (М. Құрман., 217). *Бәлем, оның ә п т і г і н басып, кім екенін көрсетейін* («Шұғыла», 1983, №1, 34).

ЭПТІПӘШЕНЕ Қ. әптіп пәшене.

ЭПТІП ПӘШЕНЕ//ӘПТІПӘШЕНЕ (Жамб.: Шу, Мойын.) бейне, пішін, тұр. *Менің ә п т і п п ә ш е н е м мынау. Мен оны сынайын деп едім, – деп сөйлейді мұшәпір* (Жамб., Шу).

[Парсыша *эфт* бет, жүз, шырай, өң... және *фишан* 1) мода, сән, үлгі, фасон; 2) тұр, әлпет, бейне, жүз сөздерінің бірігуінен жасалуы мүмкін].

ЭПУӘЙ (Қ.орда, Арал) әншейін, жай ғана. *Ә п у ә й айтылған сөзге мән бермепті* (Қ.орда, Арал). Қ. әпуәйім.

ЭПУӘЙІ (Қ.орда, Арал) жеңіл-желпі, ыңғайлы. *Мынау бір ә п у ә й і адам екен* (Қ.орда, Арал). *Баратының ә п у ә й і ғана іс екен* (Қ.орда, Арал).

ЭПУӘЙІМ (Өзб., Ташк.) қарапайым, момын. *Оның өзі ә п у ә й і м адам екен* (Өзб., Ташк.). Қ. өпуөй.

ЭППЕ 1. (Шымк.,Өзб., Ташк.) әпке. 2. (Өзб., Ташк.) ана. *«Ә п п е* атауы көрші отырған өзбек, қарақалпақ, қырғыз, түрікмен, тәжік тілдерінде кездеспейді. *Апа + ача//ача* тең мағыналы сөздердің бірігуінен қалыптасқан сияқты» (Т. Айд., Қаз. тіл. лекс. ерек., 118). Қ. әйе.

ЭПІГІН БАСУ (Сем.: Көкп., Ақс.) арынын басу. *Әліппайдың ә п і г і н басып қою керек* (Сем., Көкп.). *Ақ көбік болып терлеген қос қарагер құтырына жұлқып тартқан ә п і г і басылып, баганагыдай емес* (О. Бөк., Өз от. еш., 103).

ЭПІЛЕК (Рес., Астр.) шананың екі табанын байланыстырып тұратын көлденең ағаш. Қ. өпілеп, қасқалдақ.

ЭПІЛЕП (Орал: Жән., Орда) шананың табандарын бекітіп тұратын көлденең ағаштар. *Шананың ә п і л е п і н қара ағаштан істейді* (Орал, Жән.) Қ. әпілек.

ЭПІ-ТӘПІ: ЭПІ-ТӘПІСІ ШЫҒУ (Қ.орда, Арал) есі шығу, берекесі кету. *Ту, балам-ай, ә п і-т ә п і м д і шығардың-ау!* (Қ.орда, Арал). *Осы байқұстың әрқашан ә п і-т ә п і, азан-қазан гып даңғазаға айналдырып жіберетіні ұнамайды* (Ә. Нұрп., Сең, 264).

[Парсыша *аб* «су» сөзі (Н. Оңд., ПҚТС, 1974) мен Арал сейленісінде айтылатын *тәпі* «судың арнасынан шығып жайылып жатуы» (ҚТДС, 1969) сөздерінің қосарланып, ауыс мағынада қолданылуынан шығуы мүмкін].

ӘПІШҚА (Түрікм.: Ашх., Таш.) форточка. *Айналарыңның* (қ.) *ә п і ш қ а с ы жоқ екен* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *әпишге* терезе (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ӘР (Жамб.: Қорд., Жам.) ажар, тұр, көрік. *Ол ә р л і кісі екен* (Жамб., Қорд.). *Колхоз даласын жайнатып, кең далаға ә р берген мақта, қызылша егістерін жақсы баптағаны үшін сыйлық алды* (Жамб., Жам.).

ӘРӘДІК (Сем., Абай; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) анда-санда, кейде. *Арасында ол ә р ә д і к осылай деуші еді* (Шығ. Қаз., Больш.). *Жұмыс ә р ә д і г і н д е Әсет экспедицияның жеке адамдарымен жиі әңгімелесіп, оларды тыңдайтын еді* (К. Ораз., Ақ жаз., 32). Қ. әредік[1].

ӘРБІЛЕУ (ҚХР; МХР) азғыру, теріс оқыту, айныту. *Қарлығашты жылы сөзбен қанша ә р б і л е с е де, «Жомартты олай ойламаңыз, олай деп айтпаңызшы, ағай!» деген Қарлығаш, Жомартты барынша ақтай түсті* (М. Құрман., 210).

ӘРГЕ (ҚХР) ескі-құсқы («Сез сан.»).

ӘРГЕН (ҚХР) музыкалық аспап. *Құлағын бұрап қойған ә р г е н і* (ҚХР).

ӘРДІМ-БЕРДІМ (Қ.орда: Сыр., Жал.) әрібері бұлталақ емес, тұрақты. *Біздің колхоз бастық өте жуас, қақсоқта жұмысы жоқ, ә р д і м-б е р д і м адам. Бастық біткеннің ә р д і м-б е р д і м болғаны жақсы ғой* (Қ.орда, Сыр.). *Мен жылтыраққа тіпті қызықпаймын, ә р д і м-б е р д і м осының өзі жақсы, – деп жуып-шайған болды* (М. Дүй., Жол. бол., 195).

ӘРЕ[1] (Түрікм.; Өзб., Ташк.) ара. *Тамның бұғатында* (қ.) *қабақ ә р е н і ң ұясы бар екен, шағып ала ма деп, ұясын бұзуға қорықтым* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше *ари* (Ю. Абд., КД, 39)].

ӘРЕ[2] (Өзб., Ташк.) ара, қол ара. *Ә р е н і туры* (қ.) *тарт* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше *арра – әрре* (Ю. Абд., КД, 39)].

ӘРЕБЕК//АРАБЕК (Қарақ.; ҚХР) ертеде әйелдер мұрнына тақкан сырға. *Бұрынғы заманда әйелдер мұрнына ә р е б е к тағатын болған* (Қарақ.). Қ. әлебек.

ӘРЕГДЕН (Қарақ.) жабайы сары ара, соның бал арасы.

ӘРЕДІК[1] (Сем., Абай; Шығ. Қаз., Больш.; Гур., Маңғ.; МХР) анда-санда, кейде. *Ә р е д і к осылай болып тұрады* (Сем., Абай). *Отқа қойған екі ат ішін тарта ә р е д і к пысқырып қойды* («Шұғыла», 1987, №3). *Ә р е д і к т е*

шешесінің зарын қостап: – Төбеңнен ұргыр қорқаулар, көп кедейдің жеріи жеп жалмаймын деп, көрмеймісің? – дейді (М. Әу., Абай жолы, II, 107). Қ. әрәдік.

ӘРЕДІК[2] 1. (Ақт., Жүр.; Шымк.; Қ.орда, Жал.) күзде немесе қыстың басында туған төл. *Мынау бұзау емес, ә р е д і к* (Ақт., Жүр). *Қыста ә р е д і к т і ң күтімі қиын болады* (Қ.орда, Жал.).

ӘРЕКЕЙ-ТӘРЕКЕЙІН ШЫҒАРУ (Қост., Семиоз.) есін шығару, берекесін алу. *Ол менің артыма түсіп алып, ә р е к е й-т ә р е к е й і м д і ш ы ғ а р ы п ж ү р* (Қост., Семиоз.).

ӘРЕКЕТ[1] (Алм., Шел.) жүннен тоқылған алаша. *Мыиа ә р е к е т і ң н і ң орнегі жақсы екен* (Алм., Шел.).

ӘРЕКЕТ[2] (Жезқ., Ұлы.) зеңбірек. *Жауды ә р е к е т т і ң астына алдық* (Жезқ., Ұлы.).

ӘРЕКТІКЕН (Жамб., Сар.) түйе ошаған.

ӘРЕКІЛЕНУ (Өзб.: Ташк., Бүх.) менменсу, есіру. *Ә р е к і л е н у абыройды асырмайды, қайта түсіреді* (Өзб., Ташк.). *Бір бастаса, ә р е к і л е н і п білгенін де, білмейтінін де айта береді* (Өзб., Ташк.).

ӘРЕМ[1] (Қ.орда, Арал) егін, шөптің айналасына мал түспес үшін қазылған арық. *Кеше ә р е м қазамын деп айналып қалдым* (Қ.орда, Арал).

ӘРЕМ[2] (Қарақ., Мой.) қамыс қора. *Қамыстан малға ә р е м қора жасалады* (Қарақ., Мой.).

ӘРЕНЕ (ҚХР) сона тектес жәндік.

ӘРЕҢКЕ (Орал, Жән.) не олай, не бұлай емес, әрі-сәрі болу. *Күн жаумады не бұлты айығып ашылмады, ә р е ң к е болды да қойды* (Орал, Жән.).

ӘРЖЕ (Сем.: Ұрж., Акс.) кебеже, чемодан. *Ә р ж е ң д і алып келіп, мәшинеге сал* (Сем., Акс.).

ӘРЖІ (Сем., Абай) сандықша. *Абайдың қолжазбасы бір ә р ж і еді* (Сем., Абай). Қ. әрже.

ӘРКЕН (Орал: Жән., Орда) көрік, келбет, өң. *Есмұқанның шешесінің ә р к е н і бұзылып қалыпты* (Орал, Жән.).

ӘРКІЛ-ТӘРКІЛ (Жамб., Шу) арлы-берлі. *Ә р к і л-т ә р к і л жүріспен қанша уақыт отті* (Жамб., Шу).

ӘРҚИЛА (Алм., Шел.) әрқалай, әрқилы. *Мектепте оқып жүрген балалардың тәртібі ә р қ и л а* (Алм., Шел.).

ӘРЛЕУ (Алм., Кег.) ажарлау, өңдеу. *Сәудегер етікті ә р л е п өткізген екен* (Алм., Кег.). *Айдау кезінде жердің бұрыштары, айдамай қалған жерлері болса, екінші қайтадан ә р л е п айдалсын* («Қыз. мақташы», 1934, №8).

ӘРЛІ (Ақт., Қараб.; Алм.: Жам., Кег.; Қ.орда: Сыр., Жал.) көрікті, жақсы, тәуір. *Етікті ә р л і тігетін адамдар бар* (Ақт., Қараб.). *Мынау бір ә р л і ат екен* (Алм., Кег.). *Колхозымызда не бір ә р л і мамандар бар* (Қ.орда, Жал.).

ӘРМӘӘЛ (Ақт., Шалқ.; Қ.орда, Арал) әрқашан. *Мен ә р м ә ә л ертеңгісін қырманда боламын* (Ақт., Шалқ.).

ӘРМЕН-БЕРМЕН (Ақт., Қараб.) әрі-бері бұлталақ емес, тұрақты. *Бастығымыз ә р м е н-б е р м е н адал адам* (Ақт., Қараб.). Қ. өрдім-бердім.

ӘРМЕНЕ (ҚХР) бодан, бағынған. *Бағынған бір озіңе ә р м е н е м і з, басқаға бағынуды әр көреміз* (Рүс. дас.).

ӘРМЕНІ (Ақт., Ырғ.) арысы, әрі дегенде. *Бұл арық ә р м е н і он, бермені жеті-сегіз километр жерге барады* (Ақт., Ырғ.).

ӘРПІ (Рес., Орын.) түс, өң. *Сақтағанның киімі жыртық, ә р п і с і з* (Рес., Орын.).

ӘРПІЛ-ТӘРПІЛ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары; Қарақ.) ретсіз, орынсыз, қалай болса солай. *Сөзді ә р п і л-т ә р п і л сойлейтін адамға ылығасың* (к.) (Түрікм., Таш.). *Ол жүрген бір ә р п і л-т ә р п і л адам* (Қарақ.). *Россия әлгіндей ә р п і л-т ә р п і л дәуреннен енді құтыла бергенде, Польшамен, Түркиямен соғыстар кілікті* (Ә. Кекіл., Үркер, 212).

ӘР-СӘР (Акт., Байғ.) әрі-сәрі. *Олар ә р с ә р сенделіп жүр* (Акт., Байғ.). *Кейде оқуға колхозшылар қатынаспаса, кейде колхозшыларды оқытушы оқытпай ә р-с ә р г а ұшыратты* («Соц. ауыл», 1941, №46).

ӘРСІЗ (Алм., Кег.) ажарсыз, өңсіз. *Тұс кілемнің жібі емес, матасы ә р с і з болып тұр* (Алм., Кег.).

ӘРУ (Гур., Есб.) ару. *Е, ардақтаған ә р у і ң ауырып жатыр ма?* (Гур., Есб.).

ӘРУАҚ[1] (Орал, Казт.) ревматизм. *Бұл бала ә р у а қ ауруымен коп жатты* (Орал, Казт.). Қ. сүйек тасу.

ӘРУАҚ[2] (ҚХР) аруақ.

ӘРУӘП (Жамб., Сар.) иақұрыс. *Оның бір ә р у ә п ұлы болушы еді гой* (Жамб., Сар.).

ӘРУЕЙ (ҚХР) аруақ. *Кім білсін ә р у е й ме, албасты ма, Жаулығын тал ішінен бұлаңдатқан* (ҚХР).

ӘРУЛЕУ (Рес., Сарат.) арулау. *Сүйекке ә р у л е у г е кірген кісілерге матаны бөліп береді* (Рес., Сарат.).

ӘРІ БАРЫП, БЕРІ ҚАЙТУ (Алм.: Кег., Шел.) соятын малдың семізін өкелмей, арықтауын өкелу. *Бұрын байлар үйіне сыйламайтын қонақ келгенде, қойшысына «ә р і б а р ы п, б е р і қ а й т» дейді екен* (Алм., Кег.).

ӘРІГҮР (Шығ. Қаз., Ұлан) асыл тұқым емес. *Қара айғыр ә р і г ү р тұқымы* (Шығ. Қаз., Ұлан).

ӘРІЗ (Орал, Казт.) арыз. *«Коминтерн» колхозының жалпы жиылысы бізге ә р і з берді* (Орал, Казт.).

ӘРІЗДЕНУ (Рес., Волг.) арыздану. *Ол көп ә р і з д е н г е н, бірақ ешнәрсе шығара алмаған* (Рес., Волг.).

ӘРІҚ[1] (Өзб., Там.) кеуректің тамыры.

[Түрікше *ірк* тамыр деген мағынаны білдіреді. (Тур.-рус. сл., 1977)].

ӘРІҚ[2] (Жамб., Сар.) құрметті орын; тақ. *Ерте кездердегі хандар отыратын биік жерді ә р і к дейтін еді* (Жамб., Сар.).

ӘРІЛЕУ (Орал, Шыңғ.) одан әрі, тіпті. *Ә р і л е с е ң бұлар қазақ әрпін де түгел білмейді* (Орал, Шыңғ.). *Сәл кідіріп, тас пен мұзға тиген тұяқ жыңылы ә р і л е г е н д е ғана ілгері жүрді* (Х. Есенж., Ақ Жай., 67).

ӘРІМ (Рес., Орын.) ермен шөп. *Мал өнепойы ә р і м г е жайылса, еті ащы болады. Ә р і м жауынды жылы биік болып шығады* (Рес., Орын.). *Башқұрттан келген қымыздары ақырып, ә р і м тартып кеткен екен* (Б. Аманш., «Жұлдыз», 1987, №3, 123).

ӘРІП КЕМІРУ (ҚХР) жазу-сызумен болу.

ӘРІПТЕС (Шығ. Қаз., Тарб.) қоңілдес, жақын, таныс. *Біздің қалада ә р і п т е с адамдарымыз бар* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Бұл кісі менің ә р і п т е с і м* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Аманбай бұл елмен бұрыннан ә р і п т е с, бай-кедейіне бірдей кірімді* (Ғ. Мұст., Көз көр., 298).

[Ұйғырша *әріп* жолдас (В. Рад., I, 773)].

ӘРІПТЕУ (Шығ. Қаз., Тарб.) қостау, жақтау. *Көкейдің сөзін Шөмбин ә р і п т е й д і* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ӘСЕ (Сем., Аяг.) әйтпесе. *Ә с е, шай ішіңіз* (Сем., Аяг.).

ӘСЕКИ//ӘСЕКІ (Қост., Жанг.) әсем. *Өзін-өзі таза ұстайтын ә с е к и бала* (Қост., Жанг.).

ӘСЕКІ Қ. әсеки.

ӘСЕЛ (Шымк.: Қызылқ., Шәу., Сарыағ.; ҚХР) бал, араның балы. *Мейман алдына ә с е л қой* (Шымк., Қызылқ.). *Біздің колхозда ә с е л коп* (Шымк., Шәу.).

[Парсыша *асал* (Пер.-рус. сл., 1983)].

ӘСЕР (Өзб.: Бұх., Ташк.) үй салғанда көрсетілетін жәрдем, көмек. *Әр демалыста бір үйге ә с е р г е барамыз* (Өзб., Бұх.). Қ. **асар**[1].

ӘСЕР БЕРМЕУ (Жамб., Шу) көңіл бөлмеу, зер салмау. *Сарыбай деген ақын бар еді, өлеңді көп білетін. Жас болып көп ә с е р б е р г е н жоқпын* (Жамб., Шу).

ӘСЕТ (Орал, Жән.) шілде. *Балам биыл ә с е т айының 25-сі күні аттанды* (Орал, Жән.).

ӘСЕТІ ҚАУЫН (Шымк., Мақт.) қауынның бір түрі. *Жаңа гана бір ә с е т қ а у ы н д ы сойғызып жеп келдім* (Шымк., Мақт.).

ӘСИЕ[1] (Өзб., Там.) кілемнің шетіндегі қосымша өрнегі. *Мына кілемнің ә с и е с і тәуір екен* (Өзб., Там.).

ӘСИЕ[2] (Қ.орда, Арал) жиек, әдіп, көмкерме. *Бұ күнде ә с и е салып тігу қалды гой* (Қ.орда, Арал). Қ. әсия.

ӘСИЯ (Рес., Орын.) көйлектің етегіне қойылатын желбір. *Ә с и я десең бұл күнде балалар күледі* (Рес., Орын.). Қ. әсие[2].

ӘСКЕ (Өзб., Там.) асқабақ. *Бұл ә с к е д е н жасаған ауқат* (Өзб., Там.). *Аскеді* сөзінің қысқарған түрі (Т. Айд., КД, 101). Қ. әскелді.

ӘСКЕЛДІ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) асқабақ. *Ә с к е л д і суарған сайын өсе түседі* (Гур., Маңғ.). Қ. аскелді, әске.

ӘСКЕР Қ. әскері.

ӘСКЕРЕ (Талд., Қарат.; Сем.: Үрж., Көкп., Ақс., Абай, Шүб., Аяг.; Шығ. Қаз., Зайс.; Жамб., Шу; Тау., Қош.) керемет, өте, аса тамаша. *Ой, біздің Нысанбай ә с к е р е адам* (Талд., Қарат.). *Ол ә с к е р е жігіт еді гой* (Сем., Үрж.). *Бірі – Әсиенің қырман басына келіп, көрінгенге соқтығуы әсіресе Хамза балаға ә с к е р е тиісуі еді* (Б. Майл., Шығ., IV, 357). Қ. әскермен, әскері.

ӘСКЕРИ ТҮС АЛУ (ҚХР) ерекше жағдайда немесе соғыс мезгілінде түнгі жүріс-тұрысқа тыйым салу.

ӘСКЕРМЕН (Сем.: Ақс., Көкп.) керемет, өте, аса, әсем. *Мынау бір ә с к е р м е н үй екен* (Сем., Көкп.). Қ. әскере.

ӘСКЕРІ//ӘСКЕР (МХР) тым, аса, өте. *Көк серкені согымға сойып ек, ә с к е р і семіз болды* (МХР). *Бұркіттің езуіндегі сары чыбығы ұзын болса, ә с к е р қыран болады* (МХР).

ӘСКІР (Гур., Маңғ.) қысқаш, шымшуыр. *Ә с к і р м е н отты қозғап қой* (Гур., Маңғ.). Қ. әтәшкүр, әтешкер, әтешкүр, әтешкі, әтешкір, әтішкүр, әтішкір, әчкір, әшкір, жәмке, қышқаш, масатемір, отқышқаш, шаттауық, шімшуір.

ӘСӨК (Орал, Орда) өлең шөп. *Шауып жатқанымыз ылги ә с ө к* (Орал, Орда).

ӘСПЕ (Қ.орда, Арал) бөртпе ауру. *Ә с п е 2-3 жылда біржола жоғалады* (Қ.орда, Арал).

ӘСПЕК (Қарақ.) суды кезектесіп пайдалану. *Кәзір су ә с п е к боп тұрыпты* (Қарақ.).

ӘСПЕНТ (ҚХР) бұлт. *Аспан* сөзінің жіңішкерген түлғасы, оған «т» жүрнағы

жалғанып бұлттың синонимі жасалған. *Ә с п е н т т е н биік қарағай* (ҚХР).

ӘСТЕ-ӘСТЕ (Өзб.: Ташк., Бұх.) жай, ақырын. *Ә с т е-ә с т е жақындап бардым. Мұсылманкершілік ә с т е-ә с т е* (Өзб., Ташк.).

[Тәжіктің ауызекі тілінде *аста, аста-аста* (Т. Айд., Линг. геог., 84)].

ӘСТӘЙДІЛ (Өзб., Ташк.) шын жүректен. *Жақып іске ә с т е й д і л кірісті. Ата-анасын ә с т ә й д і л жақсы көретін адам бұйтіп ұятқа қалдырмайды* (Өзб., Ташк.).

ӘСТӘЙЛІ (Жамб.: Жам., Шу) әсте, өте, тіпті. *Оның әні ә с т ә й л і керім* (Жамб., Жам.). Қ. астайлы, әстінде, әсті.

ӘСТЕЙЛІ (Алм., Іле) дұрыс, рас. *Бұрынғы уақытта ә с т е й л і адам болған* (Алм., Іле).

ӘСТЕҢКЕ ҚЫЛУ (Тау., Қош.) конфискелеу, тәркілеу. *Ірі байларға ә с т е ң к е қ ы л д ы ң* (Тау., Қош.).

ӘСТЕ-СӘКІН (Өзб., Ташк.) аздап, ақырындап, бірте-бірте. *Ә с т е-с ә к і н ұрына берсе, имарат та* (қ.) *қашып құтыла алмайды, бітіп қалады* (Өзб. Ташк.). Қ. әсті-әсті.

ӘСТІ (Жамб., Луг.) тіпті, әсте. *Сенен ә с т і нәрсе сұраудың керегі жоқ* (Жамб., Луг.). Қ. астайлы, әстәйлі, әстінде.

ӘСТІ-ӘСТІ (Жамб., Шу; Өзб., Ташк.) аздап, ақырындап. *Ә с т і-ә с т і оның халі жақсарып келеді* (Жамб., Шу). *Итті де ә с т і-ә с т і еркелетсең үйретіп алу қиын емес* (Өзб., Ташк.).

[Ұйғырша *аста-аста*]. Қ. әсте-сәкін.

ӘСТІНДЕ (Жамб., Шу) тіпті, әсте. *Тапсырған жұмысты ә с т і н д е есіңнен шығарма* (Жамб., Шу). Қ. астайлы, әстәйлі, әсті.

ӘСІЛ[1] (Шымк., Шәу.; Қ.орда; Жамб., Шу) асыл. *Ә с і л тұқымды жылқымыз аз* (Шымк., Шәу.). *Ә с і л д і қырыққан алмастай, Өтіп еді жаландап* (Жамб., Шу). *Тікті де ә с і л киім киіндірді, Керген жән кетпей тұрып қарағандай* (Жамб., Шу).

ӘСІЛ[2] (Өзб., Ташк.) өнім. *Мақтаның ә с і л і н арттыру үшін оған тәсір шаралары қолданылады* (Өзб., Ташк.).

ӘСІЛДЕР (Өзб., Ташк.) өнімі мол.

[Өзбекше *хосилдор* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ӘСІЛІ (МХР; ҚХР) асылы. *Ә с і л і, батырдың үйі сонау ақ үй болар, – деді, белдеуіне қара тамақ, ұзын сұңғі көтерілген алты қанат орданы нұсқап* (С. Тәу., Ақыр Жән., 142).

ӘСІМ (Орал, Орда) әсем. *Магазинде ә с і м заттар бар* (Орал, Орда).

ӘСІНЕСЕ (Сем.: Көкп., Ақс.) әсіресе. *Біздің ақсақал ә с і н е с е қазақ тарихын жақсы біледі* (Сем., Көкп.).

ӘСІП (Сем.: Шұб., Абай) мал сойғанда ішекке май салып, қан құйып жасайтын тамақ. *Жамал апай ә с і п жасаған екен* (Сем., Абай).

ӘСІРЕҢКЕ (Маң.; Орал: Жымп., Орда) әрі-сәрі, не олай емес, не бұлай емес. *Күн райы ә с і р е ң к е болып тұр гой* (Орал, Жымп.). Қ. өсіреңкі[1].

ӘСІРЕҢКІ[1] (Гур.: Маңғ., Бақс.; Орал, Жымп.) әрі-сәрі, не олай емес, не бұлай емес. *Не қымыз емес, не айран емес, о с і р е ң к і бірдемені қолымызға ұстата берді* (Гур., Маңғ.). *Төбкелев оның қасына Таймас деген башқұрт пен Юмаш деген башқұрт та емес, татар да емес, орыс та емес, бірақ үшеуінің де тілін білетін ә с і р е ң к і біреуді ертіп жіберді* (Ә. Кекіл., Үркер, 334). Қ. әсіреңке.

ӘСІРЕҢКІ[2] (Жамб., Шу) артық, қажеті жоқ. *Ә с і р е ң к і сөздің керегі не?* (Жамб., Шу).

ӘСІРЕҢКІ-КӘСІРЕҢКІ (Қарақ.) қалай болса солай. *Өзі бір ә с і р е ң к і-к ә с і р е ң к і сөйлейтін жігіт екен* (Қарақ.).

ӘСІРЕТ (Жамб., Шу; Қарақ.; Өзб., Ташк.) касірет. *Мен дүниенің ә с і р е т арманын көп кордім* (Жамб., Шу).

ӘСІРЕТ ҚАЛУ (Орал, Жән.) арманда қалу. *Ғұмармен сөйлесе алмай, ә с і р е т қ а л м а* (Орал, Жән.).

ӘТӘШКҮР (Қ.орда, Арал) қыскаш, шымшуыр. *Ә т ә ш к ү р жерошақтың алдында жатыр* (Қ.орда, Арал). Қ. әскір, әтішкер, әтешкүр, әтешкір, әтішкір, әчкір, әшкір, жәмке, қышқаш, масатемір, отқышқаш, шаттауық, шімшуір.

ӘТВЕРСІЗ (Алм., Шел.) көңілсіз. *Суық үйде адам ә т в е р с і з болады, кір жууға да көңіл чаппайды* (Алм., Шел.).

ӘТЕЙІ (Жамб., Шу; Өзб., Ташк.; Алм.: Кег., Шел., Нар.; Сем.: Көкп., Ақс.; Шығ. Қаз., Күрш.; МХР) әдейі. *Жіберген кісі ә т е й і барып, ұ л ы қ т ы ң үйіне түседі* (Жамб., Шу). *Ол бүркітін көрсету үшін чалды ә т е й і алғызды* (Алм., Кег.). *Ә т е й і г е мені ұстау үшін түскен белеттей, өңкей білмейтін сорауларым* (қ.) (Өзб., Ташк.). *Ереуілге ә т е й і, огіз сойған жайым сол* (Өзб., Ташк.). *Көңіліне пайғамбардың қайғы түсті, - Қой балам мақтаншақтық мұндай істі, Жыға алмасаң боларсың нақ масқара, Ә т е й ізден барған соң жықсаң жақсы* (Ақыт, 97). *Осыдан үш күн бұрын ақсақалды әкесі ә т е й і л е п өзіме келіп, ...* («Жаңа талап», 1966, №2, 53).

ӘТЕК (Сем.: Абай, Шұб.) доңгелектің шеңберін тартатын ілгек темір. *Ә т е к доңгелекке шен тарту үшін керек* (Сем., Абай).

ӘТЕКЕ (Түрікм.: Мары, Ашх., Тедж., Таш.) келіндердің өз атасын атайтын сөзі. *Кеше әтекемнен беріп жіберуге цмытып кетіппін* (Түрікм., Ашх.).

ӘТЕК-СӘТЕМ (Өзб., Там.) шала-шарпы, тиянақсыз. *Қолга алған жұмысыңды әтек-сәтем бітіруге болмайды* (Өзб., Там.).

ӘТЕПЕРЛІ (Қ.орда, Арал) атақты, атышулы. *Иса – әтеперлі адам* (Қ.орда, Арал).

ӘТЕПТІ (МХР) әдепті. *Адамдармен қарым-қатынас жасауда әтептті, тапсырылған ісіне цқыпты болу ол екеуіне қалыптасқан қасиет* (МХР).

ӘТЕС (Қарақ.) әке. *Әтес* сөзі Тәрткүл ауданындағы озбектермен аралас отырған жерлерде жиі айтылады.

ӘТЕУІРЛІ (Алм., Шел.) абыройлы, оңды. *Осы жігіт әтеуірлі адам гой* (Алм., Шел.).

ӘТЕШКЕР (Қ.орда, Арал) шымшуыр, қысқаш. *Самаурын ішіндегі бықсып жатқан шаланы әтешкермен қысып алып тастасайшы* (Қ.орда, Арал). Қ. әскір, әтәшкүр, әтешкүр, әтешкір, әтешкі, әтішкүр, әтішкір, әчкір, әшкір, жәмке, қышқаш.

ӘТЕШКӨК (Өзб., Там.) күстың бір түрі.

ӘТЕШКҮР (Қ.орда: Сыр., Арал; Ақт., Шалқ.; Түрікм.: Ашх., Мары, Тедж., Байр., Таш.; Қарақ.; Гур., Маңғ.) қысқаш, шымшуыр. *Әтешкцр жерошақтың алдында жатыр* (Қ.орда, Арал). *Самаурынға әтешкцрмен шоқ сал* (Ақт., Шалқ.).

[Түрікменше *әтишгир* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *әтешкир* (Карак.-рус., сл., 1958); пар. *аташ* от, шоқ (Н. Онд., ПҚТС, 1974) және *гир* қысқаш (Р. Галунов. Пер.-рус. сл., 1936), *аташгер* от қысқаш]. Қ. әскір, әтәшкүр, әтешкер, әтешкі, әтешкір, әтішкүр, әтішкір, әчкір, әшкір, жәмке, қышқаш[1], масатемір, отқышқаш, шаттауық[1], шімшуір.

ӘТЕШКІ//ӘТІШКІ (Қ.орда, Арал) қысқаш, шымшуыр. *Әтешкі әр цйде бар емес пе?* (Қ.орда, Арал). Қ. әскір, әтәшкүр, әтешкер, әтешкүр, әтішкір, әтішкүр, әтішкір, әчкір, әшкір, жәмке, қышқаш[1], масатемір, отқышқаш, шаттауық, шімшуір.

ӘТЕШКІР (Қарақ., Тақт.; Ауғ.; Ир.; Тәж.; Ақт., Шалқ.; Қ.орда: Жал., Арал) қысқаш, шымшуыр. *Бұрын цста дүкені болған жерде әтешкір болмай қалмаушы еді* (Қарақ.). Қ. әскір, әтәшкүр, әтешкер, әтешкүр, әтешкі, әтішкүр, әтішкір, әчкір, әшкір, жәмке, қышқаш[1], масатемір, отқышқаш, шаттауық[1], шімшуір.

ӘТИ (Қост.: Об., Тоб.; Шығ. Қаз., Күрш.) қайын ата. *Біздің әти жақсы кісі гой* (Қост., Об.). *Ұл баланың келіншегі сол баланың әкесін әти дейді* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ӘТКӘЛШІК (Шығ. Қаз., Күрш.) вагонға тасты толтырып сыртқа төгуші адам. *Әткәлшік арам тасты атуалда төгеді* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ӘТЛӘС МАҚПАЛ (Ауғ.; Ир.) қымбат, пүліш түрлері.

ӘТТЕГІСІГӘН[Е]-АЙ (Жамб., Шу) әттегене-ай. *Ой, әттегісігәне-ай керекті документті цмытып кетіппін гой!* (Жамб., Шу).

ӘТТІК (Гур., Маңғ.) қармақтың тілі. *Әттік жақсы болса, тцскен балық қазандық қой* (Гур., Маңғ.).

ӘТЕУЕР//ӘТУЙЕР (Алм.: Нар., Кег.) абырой, әбүір. *Оның әтеуері кетіп қапты* (Алм., Нар.). *Айналадағы ақсүйек төреден гөрі өздерінің ақсақал, би, батырларын көбірек тыңдап, соларды әтеуер тцтатынды* («Жұлдыз», 1988, №4, 43). Қ. әтібір.

ӘТӨШКҮР (Қарақ.) шымшуыр, қысқаш.

ӘТІШКІ Қ. әтешкі.

ӘТУЕРЛІ (Алм., Кег.) жақсы, тәүір. *Қымыз қазақтың ең әтуерлі тамагы гой, шырағым* (Алм., Кег.). Қ. әтібірлі.

ӘТУЕРСІЗ (Алм.: Кег., Шел.) жаман, нашар, абыройсыз. *Әтуерсіз адамнан не кцтуге болады дейсің* (Алм., Шел.).

ӘТУЙЕР Қ. әтеуер.

ӘТЧІ//ӘТШІ (Өзб.: Ташк., Бост.) ащы. *Мынау тым әтчі айран екен* (Өзб., Ташк.). *Алмаң қандай әтші еді* (Өзб., Бост.).

[Өзбекше *аччиқ* (Узб.-рус. сл., 1959)]. Қ. әчі, әщі.

ӘТЧІМӘ-ТҮЩІ Қ. әтчі-тұщы.

ӘТЧІ-ТҮЩЫ//ӘТЧІМӘ-ТҮЩІ (Өзб., Ташк.) ащы-тұщы. *Әтчі-тщы адамның тәбетін ашады* (Өзб., Ташк.).

ӘТШІ Қ. әтчі.

ӘТІБІР (Қ.орда: Арал, Сыр.) абырой. *Әтібірден айрылу қиын емес* (Қ.орда, Сыр.). Қ. әтеуер//әтуйер.

ӘТІБІРЛІ (Қ.орда: Арал, Қаз., Қарм.) абыройлы. *Әтібірлі адамның баласы еді, жаман болмас* (Қ.орда, Арал). *Кеше бізге бір адам келді, сендердей әскер емес те, жөнжосығы дұрыс, өзі де әтібірлі кісі еді* (Ә. Нүрп., Курл., 372). *Аудандағы бұ да бір әтібірлі бастықтың бірі* (Ә. Нүрп., Сең, 239). Қ. әтуерлі.

ӘТІЗ (Гур., Маңғ.) атыз. *Егіннің әтізі* (Гур., Маңғ.). Қ. атыз.

ӘТІЛЕС (Өзб.: Бұх., Ташк.) атлас, жібек мата. *Мұның бірнеше түрі бар: жай әтілес,*

қызыл сары ә т і л е с, қара ә т і л е с, қан ә т і л е с, намазшам ә т і л е с, тәуекел ә т і л е с, ләйлі ә т і л е с, т. б. (Өзб., Ташк.).

ӘТІРӘП (Шымк., Арыс) атырап. *Бұл ә т і р ә п т е белгілі адам* (Шымк., Арыс). Қ. әтіреп.

ӘТІРЕП (Өзб., Ташк.) атырап. *Ә т і р е п к е көз жіберіп қарасам, айналам мидай дала. Әулінің* (к.) *ә т і р е б і таза болса, адамның көңілі ашылады* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше *атроф.* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ӘТІШЗАТ Қ. әтішқұты.

ӘТІШКҮР Қ. әтішкір.

ӘТІШКІР//ӘТІШКҮР (Қ.орда: Арал, Сыр.; Гур., Маңғ.; Ақт., Шалқ.; Түрікм.: Ашх., Мары, Тедж., Байр., Таш.; Қарақ.) қысқаш, шымшуыр. *От бықси берген соң, ә т і ш к і р м е н қағыстырып қойдым* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *әтишгир* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *оташкурак* (Рус.-узб. сл., 1954); карак. *әтешкүр* (Карак.-рус. сл., 1958); пар. *атәш* от, *гир* қысқаш немесе алу (Пер.-рус. сл., 1983), *атәш+гир>атәшгир>әтешкір[1] әтішкір*]. Қ. әскір, әтәшкүр, әтешкер, әтешкі, әтешкір, әтішкүр, әтішкір, әчкір, әшкір, жәмке, қышқаш, масатемір, отқышқаш, шаттауық, шімшуір.

ӘТІШҚҰТЫ//ӘТІШЗАТ (Ауғ.; Ир.) көсеу.

ӘУБӘЙ-ӘУБӘЙ (МХР) әлди-әлди, баланы жұбатқанда айтылатын сөз.

ӘУБӘЙЛАУ (МХР) әлдилеу. *Ә у б ә й л а м а с а басқаға уанбайтын бала* (МХР).

ӘУГІП АДАМ (Сем., Абай) есерсоқ, жеңілтек. *Ол өзі ә у г і п а д а м екен* (Сем., Абай). Қ. әуекей, әуескі, әулекей, әумәсір, әуміш.

ӘУДИЕ (МХР; ҚХР; Сем.: Кокп., Аяг.) әулие. *Сен кімнің ә у д и е с і ң* (МХР).

ӘУДІККЕ ҚАШЫП ЖАТУ (Қарақ.) рақаттанып, жаны жай тауып жату. *О, шіркіндердің ә у д і к к е қ а ш ы п ж а т қ а н д а р ы н а й* (Қарақ.).

ӘУЕДІК (Қарақ.) арықтардың жырып кетуінен пайда болған су, колемі 4-5 гектар болады.

ӘУЕ ЖАУУ (Тау., Қош.) күн жауу. *Бүгін ә у е ж а у у ы мүмкін, тез жүруге тырысу керек* (Тау., Қош.).

ӘУЕЗ[1] (Қ.орда, Арал) егінге, бақшаға қажетті суды жинайтын орын, бөгеу. *Ә у е з д е н аққан су егіндіктің бәр жеріне жетті* (Қ.орда, Арал). Қ. әует, әуіз, әуіт.

ӘУЕЗ[2] (Қ.орда, Арал) әуен. *Балық аулаудың мәусімінде ол Қаратеректегі екінші әйелінің қасында, күнді «махаббаттың қызыл ә у е з і м е н» босқа өткізді* («Соц. Арал», 21.12.1949).

ӘУЕЙ (Рес., Сарат.) көнілдес. *Мұнда оның ә у е й л е р і бар* (Рес., Сарат.).

ӘУЕЙІ 1. (Қост., Жанг.) сауыққой. *Кіші жүз ө у е й і жұрт, ас беріп ат шаптырушы еді* (Қост., Жанг.). 2. (Өзб., Ташк.) өмірін кошеде өткізетін адам, кезбе. *Ә у е й і адамның наны науайда асы аспазда* (Өзб., Ташк.). *...Әйелдің ө у е й і әрекетіне байланысты жиналыс ашып, оған ауызша сөгіс бергенін қайдан ұмытсын* («Жұлдыз», 1988, №10, 45).

ӘУЕК (ҚХР) қасқыр үйірі. *Қасқырдың абадаиы ә у е г і н д е г і басқа қасқырлардың атасы да, мықтысы да болса керек* (ҚХР).

ӘУЕКЕЙ (Қарақ., Мой.) әулекі, жынды. *Қызы бір ә у е к е й көрінеді* (Қарақ., Мой.). Қ. әугіп адам, әуескі, әулекей, әумесір, әуміш.

ӘУЕЛЕУ (Шығ. Қаз., Тарб.) ашытқан нанның көтерілуі. *Ә у е л е у ашытқан нанга айтылады* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ӘУЕЛЛІРЕК (Қарақ.) ертерек. *Ә у е л л і р е к кезде таныс адамдар еді* (Қарақ.).

ӘУЕЛІМ (Шымк., Шәу.) әуелі. *Ә у е л і м сізді көшіреміз деуі бар гой* (Шымк., Шәу.). *Ә у е л і м д е кок ат осылай шабады. Айтпап па едік?* («Жұлдыз», 1986, №11, 35).

ӘУЕСЕК (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) жеңсік, әуестік. *Тары бір ә у е с е к зат та* (Түрікм., Ашх.).

ӘУЕСКЕР (Өзб., Ташк.) әуесқой. *Жеке таңдау әдісін ә у е с к е р колхозшы диқандар шаруашылығында қолдану керек* («Мақлық», 1935).

ӘУЕСКІ (Сем., Үрж.) жынды, әумесер. *Сендей ә у е с к і г е қайдан жолықтым екен* (Сем., Үрж.). Қ. әугіп адам, әуекей, әулекей, әумесір, әуміш.

ӘУЕСТІК (Рес., Орын.) лапас, бастырма. *Ә у е с т і к т і ң тобесінен жауын өтіп кетіпті* (Рес., Орын.).

ӘУЕТ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал., Қарм.) су жиналатын шұңқыр. *Шығырдан алынган суды егістікке бірден жібермей, осы ә у е т ке жинап алады* (Қ.орда, Сыр.). Қ. әуез, әуіз, әуіт.

ӘУЕ ТАЯҚ (Акт., Жүр.) балалар ойыны. *Бір бала таяқты аспанга лақтырганда екінші бала ұрып тигізуі керек. Ә у е т а я қ қызық ойын* (Акт., Жүр.).

ӘУЖ АЛУ (Өзб.: Ташк., Бух.) жайылу. *Осы әңгіме ә у ж а л ы п кетіпті* (Өзб., Ташк.).

ӘУКЕЙ//ӘУКЕЙІ (Акт.: Ырғ., Жүр.; Қ.орда, Арал) әуейі, қызба. *Кіші жүз ішінде дулат ә у к е й і ел болатын* (Акт., Жүр.).

ӘУКЕЙІ Қ. әукей.

ӘУКУ (Өзб., Там.) есіру, бөсу. *Ол барынша ә у к і п отыр* (Өзб., Там.).

ӘУЛЕКЕЙ (Қарақ.) әулекі. *Бердімұраттың қызы бір ә у л е к е й екен* (Қарақ.). Қ. еугіп, еуекей, өуескі, өумөсір, еуміш.

ӘУЛИЕ (Түрікм.: Мары, Тедж., Таш.; Қарақ.) кеп мола. *Көнеүргеніш ортасындағы ә у л и е л е р д і корген шығарсыңыз* (Түрікм., Таш.). *Күн еңкейе сырнайын бір шоқ жиде тоғайының қасындағы коне ә у л и е г е жасырып, үйіне қайтады* (Ә. Кекіл., Құс қан., 121).

[Қарақалпақша *әулийе* (Карак.-рус. сл., 1958)]. Қ. еулиешілік.

ӘУЛИЕ АҒАШҚА ШЫҒУ (Алм.: Кег., Нар.) мақтану, дандайсу. *Оны мақтап қойсаң болды, ол онан сайын ә у л и* [е] *а ғ а ш қ а ш ы ғ а д ы* (Алм., Кег.).

ӘУЛИЕШІЛІК (Түрікм.: Таш., Небид.) молалы жер. *Мұның бәрі сол ерте кездерде болған ә у л и е ш і л і к* (Түрікм., Таш.).

ӘУЛІ 1. (Шымк.: Қызылқ., Түлк.; Жамб., Сар.; Қарақ., Қон.; Өзб., Ташк.) қора, аула. *Ә у л і н і ң ішінде мал да тұрады* (Шымк., Қызылқ.). Қ. еуліжай. 2. (Қ.орда, Арал) төбесі тесік, жалғыз болмелі жер үй. *Ертеде ә у л і д е отыра беретінбіз* (Қ.орда, Арал). *Өзінің ә у л і с і н е сыймаған үлкендердің біразын жақын-жақын қошыналарына, өзге ә у л і л е р г е шақырмады ма?* (М. Әу., Өскен өрк., 50). *Ә у л і н і ң әтіребі таза болса, адамның көңілі ашылады* (Өзб., Ташк.). Қ. аула[1].

ӘУЛІ-ӘРЕМ (Қарақ.) бау-бақша. *Бай отырған жәйін ә у л і-ә р е м і м е н тастап, қашып кеткен. Біздерді ә у л і-ә р е м д і орнымызды тастап бұл жерге келіп, қоныс басып отырыпты гой* (Қарақ.). Бұл сөз сейленіске езбек, қарақалпақ тілдерінен енген болу керек.

ӘУЛІЖАЙ (Шымк.) қора-жай, қоракопсы. *Бір күні Қилыбай ә у л і ж а й д ы салмақ болып, оған озінше жоба жасады* («Больш. кол.», 1938, №98). *Үлкен үй мен ә у л і ж а й д ы ң тұрған жері дөңес те, жан-жағы еңіс келеді* (Ш. Мұрт., Жұлд. коп, 104). Қ. әулі.

ӘУЛІ-ХАРЕМ (Қарақ.) шепті мал жеп кетпес үшін сыртынан орай қазылған ор. Егілген қауын-қарбызды, пиязды, т. б. жалпы алғанда бау-бақшаны малдан қорғау үшін, сыртын шенгел, тал, т. б. қоршау. Бірінші сыңары «*өулі*» қарақалпақ тілінде *хөули* үй деген мағынаны білдіреді.

ӘУМӘСІР (Сем., Шүб.) өумесер, есерсоқ. *Олардың өзі ә у м ө с і р болған ба?* (Сем., Шүб.). Қ. әугіп адам, еуекей, әуескі, әуміш, әулекей.

ӘУМЕТІ ЖҰРУ (Өзб., Ташк.) жолы болу. *Ә у м е т і ж ұ р і п, жақсы адамға кездесті* (Өзб., Ташк.).

ӘУМЕҢДЕУ (ҚХР) еңмеңдеу, жалаңдау. *Саудагерлер сәумеңдеп, тері сүйреп ә у м е ң д е п* («Соз сан.»).

ӘУМІШ (Түрікм., Красн.) әумесер, есерсоқ. *Ақылсыз ә у м і ш тап болса, Атасын таптап құл етер* (Түрікм., Красн.). *Мендей есалаң, ә у м і ш, ашық ауыз қатын жоқ шығар жер бетінде* (Ө. Қан., Құд., 224). Қ. әугіп, еуекей, еуескі, әумәсір, әулекей.

ӘУПУ (Қ.орда, Арал) теңіз дауылы. *Ә у п і п соққан теңіз толқыны сияқты* (Қ.орда, Арал). *...Енді бірде асау теңіздің ә у п і п соққан ақбас толқындарындай* (Ә. Нүрп., Курл., 88).

ӘУПІЛ (Қ.орда, Арал) кетерілген теңіз толқынының даусы. *Теңіз толқынының ә у п і л і копке дейін басылмады* (Қ.орда, Арал). *Қаражар астында жиі болатын теңіз толқынының ә у п і л і н е ұқсатып бара жатыр еді* (Ә. Нүрп., Курл., 89).

ӘУПІЛДЕУ (Қ.орда, Арал) арсылдау. *Түн ішінде ә у п і л д е п үріп болмады* (Қ.орда, Арал).

ӘУПІРУ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр.) құтыру, есіру. *Ол өзінен-өзі ә у п і р і п кететін мінезі бар адам* (Қ.орда, Сыр.). *Ә у п і р і п ұзақ соққан дауыл артынан ақ көбік атып басылған ұлы теңіздердей екі жетіге созылған бұл қырғын Круми «гастролінен» кейін ішін тартып толастады* (Ә. Нүрп., Курл., 287).

ӘУРЕТ (Жамб., Шу; ҚХР) абиыр. *Біреудің ә у р е т і ашылады* (Жамб., Шу).

ӘУРЕ-ШӘУРЕ (Қ.орда: Арал, Қарм.) әуре-сарсаң. *Біз ә у р е-ш ә у р е болып жүргенде, қайық кетіп қалды* (Қ.орда, Арал).

ӘУІЗ (Өзб.: Там., Ташк.; ҚХР) құдықтан тартылған суды жинайтын орын.

[Өзбекше *ховуз* су қоймасы (Узб.-рус. сл., 1959)]. Қ. әуез, әует, әуіт, шұңет.

ӘУІЛДЕУ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр., Арал) еркінсу, қысылмау. *Бүгін қарттар ә у і л д е с і п кетті* (Қ.орда, Сыр.). *Колхоздың атын мінесің ә у і л д е п, жұмысын да сондай істе* (Қ.орда, Арал).

ӘУІР 1. (Шымк., Арыс; Қ.орда: Қарм., Сыр.; ҚХР) желік, қызу. *Ә у і р і қайтпаған жастар гой* (Қ.орда, Сыр.). *Ә у і р і басылмаған албырт едім* (Ж. Жаб., Тол. жин., 1946). 2. (Қарақ.) ыстық леп, аптап. *Тауда тастың ыссы ә у і р і ұрып тұрады* (Қарақ.).

ӘУІТ 1. (Шымк.: Арыс, Сайр., Сарыағ.; Акт., Ырғ.; Қ.орда: Қарм., Шиелі, Сыр.; Жамб.,

Шу; Қарақ.; Өзб.: Бұх., Ташк.; ҚХР) тоспа, су қоймасы. *Тұлкібастың үстінде ә у і т қып қойған су бар* (Шымк., Сайр.). 2. (Қ.орда, Арал; Ақт.: Қараб., Ырғ.; Жамб., Сар.; Шымк., Сарыағ.) шығыр суы жиналатын жер. *Біздің баспақ ә у і т к е түсіп кетіпті* (Ақт., Ырғ.). *Ә у і т т е г і суды науамен атызға* (қ.) *жіберміз* (Қ.орда, Арал). *Ә у і т т е су мол, сарқылмайды* (Шымк., Сарыағ.). *Шығырдың ә у і т і н і ң кергісі суға кетіп қалыпты* (Қарақ.). Т. Айдаров әуіт «*әуіз*» сөзінің фонетикалық варианты деп қарайды: *әуіз>әуід>әуіт* (Т. Айд., Қаз. тіл. лекс. ерек., 53).

[Өзбекше *ховуз* (Узб.-рус. сл., 660)]. Қ. әуез, әует, әуіз, шүқет.

ӘФТӘ (Ауғ.; Ир.) апта.

ӘҺІЛ (ҚХР) ие, лайық. *Ә һ і л і жәннәт – жанаттық* (ҚХР).

ӘЧКІР (Гур., Маңғ.) қысқаш, шымшуыр. *Ә ч к і р м е н тезек қала* (Гур., Маңғ.). Қ. әскір, әтешкер, әтешкүр, әтешкі, әтешкір, әтішкүр, әтішкір, әшкір, жәмке, қышкаш[1], масатемір, шаттауық[1], шімшуір.

ӘЧІ (Шымк., Сарыағ.) ащы. *Ә ч і тамақ іше алмаймыз* (Шымк., Сарыағ.). Қ. әтчі, әщі.

ӘШЕ//ӘШІ (Орал: Чап., Жымп.; Қост., Об.; Қ.орда: Қарм., Сыр.) ендеше. *Ә ш е, жұмбақ айт* (Қост., Об.). *Ә ш і мен сенімен барамын* (Орал, Жән.). *Бопты, ә ш і, мен қазір оралам, – деп қарт бұрылды* (Ғ. Сл., Шалқ., 297).

ӘШЕК (Қ.орда: Сыр., Жал.) жүгерінін дәнсіз собығы. *Ә ш е к т і де мал жақсы жейді* (Қ.орда, Жал.).

ӘШЕМӨҢКЕ (Ақт., Ойыл) әшмәңке, әшмәшке. *Екі ә ш е м ә ң к е шайың бар алатын, қол қой, Зада* (Ақт., Ойыл).

ӘШЕТ-ПӘШЕТ (Алм., Шел.) анау-мынау. *Қазақ жастарынан жұмысқа кісі алу туралы ұлықтың айтқан ә ш е т-п ә ш е т сөзін тыңдамастан ел тарап кетті* (Алм., Шел.).

ӘШКЕЛ-ДӘШКЕЛ//ӘШКЕЛ-ТӘШКЕЛ (Өзб.: Ташк., Бұх.) анау-мынау, түрлі заттар. *Ә ш к е л-д ә ш к е л бірдемелермен толтырып жіберді* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше *ашқал-дашқал, ашқол-дашқол* (Т. Айд., Линг. геог., 80)].

ӘШКЕЛ-ТӘШКЕЛ Қ. әшкел-дәшкел.

ӘШКЕР (Жамб., Шу) әскер. *Өткен жылы балам ә ш к е р г е кетті* (Жамб., Шу).

ӘШКЕРЕЛІ БОЛУ (Қ.орда, Арал) атақты, белгілі, жария болу. *Сартай деген ә ш к е р е л і б и б о л ғ а н* (Қ.орда, Арал).

ӘШКЕРТУ (Түрікм.: Ашх., Красн., Небид., Таш., Мары) анықтау, нақтылау. *Кімнің қайдан екенін ә ш к е р т і п сұрап алдық* (Түрікм., Красн.). *Бүгінгі Түрікменстанның Кемелге келіп толғанын ә ш к е р т т е й і н тіліммен* («Жұмшы», 19.12.1949).

ӘШКІР (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) қысқаш, шымшуыр. *Әйел ә ш к і р м е н оттың шаласын шетірек жия бастады* (Түрікм., Красн.). Қ. әскір, әтәшкүр, әтешкер, әтешкүр, әтешкі, әтешкір, әтішкүр, әтішкір, әчкір, жәмке, қышқаш[1], масатемір, отқышқаш, шаттауық[1], шімшуір.

ӘШМҮКЕ Қ. ашмүке.

ӘШ-ПӘШ (Жамб., Шу) әне-міне. *Чертең деген жігітті болыс қойсақ, Ә ш-п ә ш дегенше еліңді жеп бітеді* (Жамб., Шу).

[Ұйғырша *һәш-пәш* (Уйг.-рус. сл., 1961); өзб. *аш-паш* (Узб.-рус. сл., 1959)]. Қ. әш-пүш.

ӘШ-ПҮШ (Өзб.: Ташк., Бұх.) әне-міне, тез. *Ә ш-п ү ш дегенше ауқатты даяр қылды* (Өзб., Ташк.). *Ақырында әйгілі Лувр ә ш-п ү ш дегенше кітап жәрмеңкесіне айналып дуылдады-ай келіп* («Жұлдыз», 1987, №9, 31).

[Өзбекше *аш-паш, хаш-паш* варианттары кездеседі (Т. Айд., Линг. геог., 79)].

ӘШІ Қ. аше.

ӘШІР (ҚХР) наурыз (мүкәрам) айының он үшінші күні (ар. *һашир*).

ӘЩІ (Шымк., Сарыағ.) ащы. *Кекіренің дәмі ә щ і болады* (Шымк., Сарыағ.).

ӘЩІ ШАЙНАУ (Өзб., Ташк.) киналса да шыдау, төзу, біреудің қажетін өтеу.

Б

БАБА ЖАПЫРАҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Тедж.) сабағы ұзындау, басында түймешігі бар, көк гүлді ұзынша жапырақ.

БАБАЙ (Орал, Чап.) үлкен, ақсақал адамға сыйлай айтылатын каратпа сөз.

БАБАЙҒАҚ (МХР) шіл тәріздес құс. *Б а б а й г а қ бақбақ «бауу...» деп ұшқанда атым ұркіп, жығып кете жаздады* (МХР).

БАБАЙ ҚАҒУ (Гур., Есб.) бебеу қағу.

БАБАР (ҚХР) мысық тұқымдас жыртқыш аң (гепард.) *Ол жерде бар ед мақұлық деген б а б а р, Азулы арыстандай малға шабар* (Рус. дас.).

БАБАУЛАУ (ҚХР) бебеулеу. *Оқ тиген соң баяулап, Жаралы құлан б а б а у л а п* (І. Жансүгіров).

БАБҒАЙ (ҚХР) ит пен құстың аңға жарамайтын әлсізі (қаншығы не ұябасары).

БАБЫРАҚ (Жамб., Шу) тұраксыз, әр нәрсенің басын бір шалатын адам. *Сен б а б ы р а қ-қ а ілескен екенсің жолың бола қояр ма екен* (Жамб., Шу).

БАГАЙ (Гур., Маңғ.; ҚХР) бір жағы ұшты, екінші жағы айыр, ұзындығы 80-100 см-дей жұмыр темір. Балықшылар мен ұсталар пайдаланады. *Б а г а й м е н суырған шеге тез шығады* (Гур., Маңғ.).

БАГОН БАЙЛАУ (Алм., Шел.) темекінің байламын жайып кептіру. *Зөвеноның бірнеше адамы б а г о н б а й л а й д ы* (Алм., Шел.).

БАГОР (Гур., Маңғ.) балықты желбезегінен іліп алатын ұзындығы екі қарыстай қармақ. *Кейде маңдайын сол қолындағы шолақ б а г о р сабына сүйей, үнсіз отырып қалады* (Гур., Маңғ.).

БАҒАЛАҚ Қ. бауалақ.

БАҒАМДАУ (Шығ. Қаз., Больш.) бағалау. *Үйымның жұмысын қанағаттанарлық деп б а ғ а м д а д ы* (Шығ. Қаз., Больш.).

БАҒАН (МХР) бағана. *Соғақ – Көкмойнақ телефон б а ғ а н д а р ы н ы ң түбі шіріп құлағалы, бері айтқанда, 2-3 жыл болды* («Ж. өмір», 19.03.87).

БАҒАНА[1] (Ақт., Тем.) белағаш, сілеген.

БАҒАНА[2] (Ақт., Қараб.) мана. *Директор б а ғ а н а келіп кеткен* (Ақт., Қараб.).

БАҒАНА[3] (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.) түйе бақайларының күрттап ауыруы. *Түйедегі б а ғ а н а ауруының бетін алу керек* (Түрікм., Красн.).

БАҒАНА[4] (Түрікм.) қаракөл қозының терісі.

БАҒАНА[5] (Жамб., Шу) мағына. *Сен «салаумалейкум» дедің. Оның б а ғ а н а с ы «нұр жаусын!» деген сөз* (Жамб., Шу).

БАҒАНАЙ (Гур., Есб.) белгі. *Жоғалған қызының б а ғ а н а й ы бар ма еді?* (Гур., Есб.).

БАҒАНЫ АЛУ (ҚХР) мазаны алу, есақылды шығару, қасиетін қашыру, ес жиғызбау.

БАҒАР (Сем.: Акс., Кекп.) тоқылған қап. *Біз астықты көбінекей б а ғ а р д а сақтаймыз* (Сем., Акс.).

БАҒДАР (Қ.орда, Қарм.; Орал: Чап., Казт.) жүзіктің, білезіктің көзіндегі әлеміші, оюы. *Білезіктің б а ғ д а р ы әдемі екен* (Орал, Чап.).

БАҒДАРЛАУ (Қост., Жанг.) қарау, көру. *Ана қырға барып малды б а ғ д а р л а п кел!* (Қост., Жанг.).

БАҒДАРЛАУШЫ (Шымк., Шөу.) дем беруші. *Балалардың ой өрісінің дамуына, дүниеге көзқарасының қалыптасуына мұғалімнің білімділігі, саналылығы, мәдениеттілігі, ягни барлық жағынан үлгілілігі б а ғ д а р л а у ш ы күш іспетті* (Шымк., Шөу.).

БАҒДАРУ (Гур.: Есб., Инд.) бағындыру. *Үлкен қызметкерлер әдетте өзінен төменгілерді б а ғ д а р а д ы гой* (Гур., Есб.).

БАҒИ (ҚХР) мәңгілік, бақи.

БАҒУ (Қар.) істей алу, орындай алу. *Ол жұмыс істеп б а ғ а д ы* (Қар.).

БАҒЫЗОР (ҚХР) алаңсыз, бейғам, көңілде ештеңе жоқ. *Ол дөңді асып жатқан қара жолмен б а ғ ы з о р аяңдап келе жатты* (ҚХР).

БАҒЫМ ҮЙ Қ. бағын үйі.

БАҒЫН ҮЙІ//БАҒЫМ ҮЙ (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид.) балабақша. *Балдарыңыз қайда? – Б а ғ ы н ү й і н д е* (Түрікм., Красн.).

БАҒЫРАУША (Рес., Астр.) балықшылардың желкенді ағаш қайығы.

БАҒЫСТАП ҮСТАУ (Ақт., Ырғ.) кір шалдырмай таза ұстау. *Қарағым, қазанды б а ғ ы с т а п ұ с т а!* (Ақт., Ырғ.).

БАҒЫТ[1] (Гур., Маңғ.) тұрақтылық. *Ауа райы бірде суық, бірде жылы – бір б а ғ ы т жоқ екен мұнда* (Гур., Маңғ.).

БАҒЫТ[2] (Алм., Еңб. қаз.) уақыт. *Қауынды б а ғ ы т ы н д а суғарып тұру керек* (Алм., Еңб. қаз.).

БАҒЫШ ЕТУ (Гур., Маңғ.) меншіктеу. *Мен осы бір көйлекті өзіме б а ғ ы ш е т і п едім, енді Суқанға бергелі отырмын* (Гур., Маңғ.).

БАДА (Қ.орда: Шиелі, Сыр.; Алм., Шел.; Шымк., Шөу.) бағудағы бір топ мал, табын. *Сыйырды ол б а д а ғ а қосты* (Шымк., Шөу.). *Шиелі базарынан бір тана алып едім, б а д а ғ а үйренбей қойды. Ерте тұрып азаннан б а д а ғ а мал қосу да бір жұмыс* (Қ.орда, Сыр.).

[Қырғызша *бодо* мүйізді, ірі қара мал (Кирг.-рус. сл., 1965); монг. *бодо* мал, ірі мүйізді мал (Бурят.-монг.-рус. сл., 1951)]. Қ. пада[1].

БАДА БОЛУ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) шашылу. *Б а д а б о л ғ а н бауды жинап алды. Көп шыбын дәрінің айналасында б а д а б о л ы п қалыпты* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАДАҚ (Шығ. Қаз., Күрш.) жарып салған саржан ағаш. *Бұрын б а д а қ т ы көп дайындайтын еді* (Шығ. Қаз., Күрш.).

БАДАЛ (Жамб., Тал.) жүзі, сырты. *Қауынның б а д а л ы жуылмаған екен* (Жамб., Тал.).

БАДАМ[1] (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб., Күрш., Шем.) қарау, қол астында болу. *Ол б а д а м болды* (Шығ. Қаз., Тарб.). Бұл сезді кейбіреулер орыстың *подданный, подданство* деген сөздерінің өзгертіліп айтылған формасы болуға тиіс

дегенді айтады. Біздің байқауымызша көне түркі тіліндегі *будун* – ел; *будуным* – елім деген сөздің өзгерген түрі сияқты.

БАДАМ[2] (Ауғ.; Ир.) жаңғақ.

БАДАМ[3] (Рес., Орын.) аулақ. *Ауылың бөрі жардан б а д а м қонсын!* (Орын., Ад.).

БАДАМ КӨЗ (Жамб., Жам.) бадана көз. *Ашық жүзді, б а д а м к о з д і* (Жамб., Жам.).

БАДАМ ШАЙ (Шығ. Қаз., Зайс.) бадам өсімдігінен істелетін шай. *Өзіміз б а д а м ш а й болса, шай іздемейміз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАДАШЫ (Жамб., Шу) сиыршы. *Сөлем бердім отырған жылқышы, қойшы, түйеші, б а д а ш ы шаруа жалпыға* (Жамб., Шу).

БАДИЯ//БАДИЯ ТАБАҚ (Қарақ.) үлкен жалпақ табақ.

БАДИЯ ТАБАҚ Қ. бадия.

БАДЫҚ (ҚХР) аса көрнекті, сирек кездесетін.

БАДЫНАҚ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) мекеге жүгеріден куырылып жасалған тамақ түрі. *Б а д ы н а қ жеп көріп пе едің?* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *патрак* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *бодрақ* (Узб.-рус. сл., 1959)].

БАДЫНАУ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр.) жүгерінің не бидайдың куырылған кезде бортуі, іріленуі, жарылуы. *Бидайды қуырғанда б а д ы н а п кетеді* (Қ.орда, Жал.).

БАДЫРАҚ (Көкш., Қ.ту) батырақ.

БАДЫРАҢ//БӘДІРЕҢ (Алм., Жам.; Жамб.: Шу, Св.) қияр. *Б а д ы р а ң н ы ң асты көгеріп отыр* (Жамб., Шу). *Б а д ы р а н суғаруды керек етеді* (Шымк., Лен.).

БАЖАҚ (Қарақ.) қолбасшы, басшы. *Рустар айтады, бізді апаруға жер, ел танитын б а ж а қ керек – дейді. Біздің ата-бабамыз орыстарға б а ж а қ болып келген. Жолы-жосығын білмесең алдыңа б а ж а қ керек гой* (Қарақ.). Орысша *вожак.*

БАЖАҚЫ (Қ.орда) асыл тастардың (маржан, меруерт, т. б.) жалпы атауы. *Солардың бәрін тастап, Сені алармын, б а ж а қ ы Нарындағы, тірі тұрсақ* (Шәңгерейдің әйелі өлгенде айтқаны).

БАЖБАНШЫ (Қ.орда, Қарм.) күзетші, қорықшы. *Ертеде біздің б а ж б а н ш ы м ы з Ережеп деген кісі еді* (Қ.орда, Қарм.).

БАЖОК ШАНА (Ақт., Ойыл) бір аттық жеңіл шана. *Осы б а ж о к ш а н а м д ы жасатқаныма үш жылдан асты* (Ақт., Ойыл).

БАЖЫҒАН[1] (Қост., Жанг.) алжи бастаған. *Б а ж ы г а н деген сөз алжуға жақын адамға айтылады* (Қост., Жанг.).

БАЖЫҒАН[2] (Қост., Торғ.) ашыған. *Айран әбден б а ж ы г а н екен* (Қост., Торғ.).

БАЖЫЛАУ (Қ.орда, Арал) ертедегі баж салығын (зекет, садақа, т. б.) жинау. *Мақан Хиуа ханының кіші жүзден б а ж ы л а й т ы н ы болған* (Қ.орда, Арал).

БАЖЫМ (МХР) салық. *МХР Министрлер Кеңесінің 1974 жылғы №556 қаулысы бойынша киіз үйдің ағашының б а ж ы м екінші зонаға енгізіп бір текше метрін 9 соммен бағалауды бекіткен* («Ж. өмір», 23.05.1983).

БАЖЫР (Гур., Есб.) бүжыр. *Б а ж ы р бет шофер Кулагин апарып тастайтын болды бізді* (Гур., Есб.).

БАЗ[1] (Алм., Жам.) мал қорасы. *Мына тұрған б а з ғ а мың қой сыйып кетеді.*

БАЗ[2] (Гур., Маңғ.) дым, ылғал. *Заманға қарай саз керек, Айдынға үйрек-қаз керек. Базардан пақыт сынауға Теріге де пұшқақ б а з керек* (Ақтан ақын). *Үйдің іргесі б а з тартайын депті* (Гур., Маңғ.).

БАЗА[1] (Гур., Есб.) маза. *Басым ауырып отыр, б а з а м д ы алмашы* (Гур., Есб.).

БАЗА[2] (Гур., Маңғ.) жер жыртатын соқа ағаштың басыиа кигізетін темір. *Біздің ауыл шоқайға б а з а н ы кіргізе салып жер жыртады* (Гур., Маңғ.).

БАЗАР КҮНІ (Түрікм.: Таш., Мары; Қарақ.) жексенбі. *Знашкистерге знашокты ендігі б а з а р к ү н і арасында алып береміз* (Түрікм., Таш.).

БАЗАР НАН (Рес., Сарат.) наубайханада пісірілген нан.

БАЗДА (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары) ағаш соқаның үшындағы темір.

БАЗ КЕШУ 1. (Қ.орда, Арал; Ақт., Қараб.; Гур., Маңғ.) күдер үзу. *Өзің әбден б а з к е ш к е н адамша сөйлейсің! Күндердің күнінде б а з к е ш і п жүріп тапқанымыз осы бала болды, – деді ағайын* (Қ.орда, Арал). **2.** (ҚХР) олу, каза табу. *Сол жазда әжесі де дүниеден б а з к е ш і п оте берді* (ҚХР).

БАЗ ҚАЛЫБЫ (Алм., Жам.) баяғы қалыбы. *Жас күнінде шатақтау еді, әлі сол б а з қ а л ы б ы н д а жүр екен гой* (Алм., Жам.).

БАЗЫ ҚЫЛУ (Алм., Жам.) айту. *Сыртымнан іренжігенше бәрін өзіме б а з ы қ ы л м а й с ы ң ба?* (Алм., Жам.).

БАЗЫМ (Жамб., Жам.) би. *Тойда б а з ы м жасап, керней тартылады* (Жамб., Жам.).

БАЗЫНА (Қост., Жанг.) еркелік. *Біздің жиен козіне көрінгеннің бәрін б а з ы н а қылып алып кете береді* (Қост., Жанг.).

БАЗЫНА ТІС (Қ.орда, Арал) ескі тіс ағаш, түрен. *Б а з ы н а т і с т і түйеге шегіп жер айдаймыз* (Қ.орда, Арал).

БАЗЫНАШЫЛЫҚ ҚЫЛУ (Қ.орда, Арал) сенушілік. *Борпабайдың атын Асаи сурамай, б а з ы н а ш ы л ы қ қ ы л ы п мініп кетті* (Қ.орда, Арал). В.В. Радловта *базначылық* (батылдық) (Опыт..., IV, 1549).

БАЙАПАР (Сем.: Абай, Шұб.) Қ. бейапар.

БАЙБАҚ (Жезқ., Ұлы.) машина орағының ұшар басындағы темір. *Б а й б а қ т ы дұрыс қайрау керек* (Жезқ., Ұлы.).

БАЙҒҰШ//БАЙҒЫС (Түрікм., Мары) байғұс.

БАЙҒЫС Қ. байғұш.

БАЙДЕРБІС (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб., Шу) тарының бірі түрі. *Б а й д е р б і с т і ң қабығы ақ болады* (Қ.орда, Сыр.).

БАЙЕКЕ (Жамб.: Мер., Қорд., Луг.) аға.

БАЙҚАСТАУ (МХР) байқау. *Түтін сорғыш вентилятордың подшипнигінен көп май асып тогіліп қалған екен, смена слесарына ескертпекші болып жаи жағын б а й қ а с т а п еді, ол козіне ілінбеді* (А. А., Сүй. мен., 107).

БАЙҚҰТАН (Қарақ.) коккұтан.

БАЙҚҰШ (Алм., Нар.) байғұс. *Соны қойшы тегі, ол бір жүрген б а й қ ұ ш қой!* (Алм., Нар.).

БАЙҚЫТ (Гур., Маңғ.) тымық, тыныш. *Біздің отырған жеріміз б а й қ ы т, онда жел, дауыл, құйын болмайды* (Гур., Маңғ.).

БАЙЛАНУ (Гур., Есб.) байланысу. *Осы жасыма келгенше ешкіммен б а й л а н ы п көргем жоқ едім* (Гур., Есб.).

БАЙЛАП БЕРУ (Шығ. Қаз.: Зайс., Марқ.) коса беру. *Дүкеннен мата алып едім, бір сабынды б а й л а п б е р д і* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАЙЛАУ[1] (Шымк.: Сайр., Қызылқ., Шәу., Түлк.; Қ.орда, Жал.) бөгеу, тоқтату. *Судың құлағын б а й л а п қойдым* (Шымк., Сайр.).

БАЙЛАУ[2] (Жезқ., Ағад.) басқа тартатын орамал.

БАЙЛАУЫШ (Алм., Нар.; Сем.: Абай, Ақс., Аяг., Көкп.; Шығ. Қаз.: Зайс., Марқ.) басқа тартатын жеңіл орамал. *Оган магазиндегі б а й л а у ы ш өте ұнады. Анау қызыл б а й л а у ы ш т ы бала менің бауырым* (Алм., Нар.).

БАЙЛЫ (Орал, Жән.) мықты, тиянақты. *Істің басы б а й л ы болса, түбі сайлы болады* (Орал, Жән.).

БАЙМӨҢКЕ (МХР) шегенің басын қайыратын дөңгелек, төртбұрыш, т. б. түрлі тесігі бар темір аспап.

БАЙПАҚ[1] **1.** (Алм., Жам.) мәсі. *Шалдар аягына б а й п а қ киеді* (Алм., Жам.). **2.** (Түрікм.: Красн., Ашх., Жеб., Небид.; Ақт., Қараб.) пима. *Биыл б а й п а қ кимесем болмайды, аягым ауырып жүр* (Түрікм., Красн.). **3.** (Жамб., Жам.) шұлық. *Ол магазиннен б а й п а қ алып келді, бірақ маган сыймады* (Жамб., Жам.).

БАЙПАҚ[2] (Гур., Маңғ.) сарып ауруы. *Б а й п а қ болган мал жүре алмай қалады* (Гур., Маңғ.).

БАЙПАҚ ЕН (Гур., Маңғ.) қойдың құлағына салынатын еннің бір түрі.

БАЙРАЗЫШЫ (Гур., Есб.) той басқарушы. *Сол тойда б а й р а з ы ш ы сен болсаң!* (Гур., Есб.).

БАЙРАҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.; Қарақ.) бәйге, жүлде. *Бұл – талай б а й р а қ алган жігіт. Б а й р а қ қ а жүз мәнет алдым* (Түрікм., Красн.). *Отау тігіп ақ жапқан, Б а й р а қ т ы тігіп ат шапқан* (Қашаған). *Шешендіктің белгісі...– Дұрыстап жауап шығармақ, Жүйріктіктің белгісі – Б а й р а қ қ а қосқан тұмарлап* (Ақтан).

БАЙРАҢДАУ (Қост., Жанг.) тайраңдау, еркінсу. *Есігімізге ит бітken жоқ, б а й р а ң д а п барады* (Қост., Жанг.).

БАЙРЫҒЫ (Қост., Торғ.) бірнеше бұзаулаған. *Неше б а й р ы г ы сиырың бар, Сәке?* (Қост., Торғ.).

БАЙРЫҚТЫ (Жезқ., Ұлы.; Қост., Торғ.; Гур., Маңғ.) жастай, қыздай. *Бұл менің б а й р ы қ т ы алган әйелім гой* (Жезқ., Ұлы.).

БАЙТАБА (Шымк.: Сайр., Қызылқ.; Түрікм.: Мары, Байр.; Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ.; Жамб., Шу; Рес., Орын.) жүннен тоқылған шұлғау. *Бұлар дегенің б а й т а б а с ы н күн ыссыда да орап жүреді* (Түрікм., Ашх.). *Ілгеріде б а й т а б а жасап киеді екен* (Жамб., Шу). *Қар жауар күн-түн оның қабағынан, Жалбылар б а й т а б а с ы балағынан* (Гур., Маңғ.). *«Қамбарда»: Б а й т а б а с ы н басып сүйретіп, құл да кетіп барады, Әзім ханға баргалы, Назымга көзін салгалы* (Ж. Дос., ҚТЖЕ).

[Өзбекше *пайтаба* (Узб.-рус. сл., 1959); тәж. *пойтова* (Рус.-тадж. сл.); қарақ. *пайтаба* (Рус.-карак. сл., 1967)].

БАЙТАҚЫ (ҚХР) астана, басқала.

БАЙТАЛ (Гур., Тең.) аудың қазығын жерге енгізуге керекті қуыс темір. *Аудың қазығын жерге қагуга б а й т а л керек* (АКОМ). **Б** а й т а л ғ а құрма аудың қазығын сүгып, үстінен үрып, оны (қазықты) жерге бекітеді. *Байтал* құрма аудың қадаларын су астындағы жерге енгізу үшін қолданылады. Орысша *павойник*.

БАЙТАЛҒА КЕЛІСУ (МХР) құдаласқан екі жақтың қалыңмалдың байтал санына келісуі.

БАЙТЕСЕ 1. (Жамб.: Жуа., Св., Шу; Ауғ.; Ир.) түрегеп тұрып ағашты шабатын шот. *Ылги болмаганнан кейін б а й т е с е м е н чапқан екен* (Жамб., Шу). **2.** (Шымк., Сайр.) жер қазатын құрал. *Үйдегі б а й т е с е қайда?* (Шымк., Сайр.).

БАЙ-ШАЙЫ (Алм., Шел.) әй-шайы. *Асының биігінен қарап етіп жоқ болган, б а й-ш а й ы жоқ марал еді* (Алм., Шел.).

БАЙШЫГЕШ (Сем., Абай) бай, ауқатты, тұрмысы жақсы. *Бір магазинде Абай керей тымагын киген, түйе жүн шекпені бар сондай бір б а й ш ы г е ш т і байқады* (М. Әу., Абай жолы, 455).

БАЙЫМ ҚЫЛУ (Алм., Қарат.) хабар беру, білдіру, айтып бару. *Патшаға уәзірлер б а й ы м қ ы л д ы, келді деп екі бала сурап сізді* (Алм., Қарат.).

БАЙЫНЖАН (Ауғ.; Ир.) баклажан.

БАЙЫР (Гур., Есб.) тәуір. *«Жылма» деген б а й ы р дәрі* (Гур., Есб.).

БАЙЫРҚАЛАТА ЖАЮ (МХР) малды тоқтатып жаю. *Сондықтан бастабында оларды екі-үш дүркін суарып, б а й ы р қ а л а т а ж а ю керек* («Ж. өмір», 14.11.1983).

БАЙЫРҚАУ (Гур., Маңғ.) басылу. *Ашуы кішкене б а й ы р қ а с ы н. Малдың ауруы қазір б а й ы р қ а й ы н деді* (Гур., Маңғ.).

БАЙЫС (Қост., Ордж.) батыс. *Бұл жерде жауын бұлты күн б а й ы с т а п келеді* (Қост., Ордж.).

БАЙЫТУ (Шығ. Қаз., Зайс.) қамау, қорағa кіргізу. *Кешкі сағат 6-7 кезінде қойды қорага б а й ы т а м ы з* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАҚ[1] (Жезқ., Ұлы.) бак, бешке. *Тауга өткізу үшін бір б а қ май әкетті* (Жезқ., Ұлы.).

БАҚ[2] (МХР) Монғолиядағы әкімшілік бөлінісінің ең кіші атауы. *Менің округіме Толбоның 5, 6, 7, 8, 9, 10 – б а қ т а р ы және 3, 11 – б а қ т а р ы н ы ң, сондай-ақ Жарганат Сагсай сумыныың 4, 5 – б а қ т а р ы н ы ң жартысы кірісті* («Ж. өмір», 8.06. 1987.).

БАҚА[1] (Рес., Сарат.) баспана. *Үй салдық балаларга б а қ а болсын деп* (Рес., Сарат.).

БАҚА[2] (Қост.: Фед., Семиоз., Жанг.; Орал, Чап.) **1.** аласа, тапалтақ. *Ол б а қ а адам екен гой!* (Орал, Чап.). **2.** ең кішкене. *Кестені тек б а қ а инемен тігеді* (Қост.: Фед.).

БАҚАДАР ӘЛІНШЕ (Қ.орда, Қарм.) өз әліне, шамасына қарай. *Өзіне тиісті жұмысты Алпысбай да б а қ а д а р ә л і н ш е істеген шыгар-ау* (Қ орда, Қарм.).

БАҚАЖАПЫРАҚ (ҚХР) жапырағы сопақша келетін, суда есетін өсімдік. *Есекжем бөртпесіне, қызылша сыртына шықпайынша, б а қ а ж а п ы р а қ, жалбыз, ошаган тұқымының әр қайсысынан екі мысқалдан суга қайнатып ішкізіледі* (ҚХР). *Б а қ а ж а п ы р а қ көл, күріш атыздары, тоқтау су, көлкіме саздарда өседі* (М. Қанапияұлы).

БАҚАЙ[1] (Қост.: Фед., Семиоз.) ескі жер ағаштың ұшындағы темір. *Біздің бала кезімізде егінді б а қ а й м е н айдап жатушы еді* (Қост., Семиоз.).

БАҚАЙ[2] (Жезқ., Ұлы.) озеннің тармағы. *Бір топ ел үлкен б а қ а й д а отырган* (Жезқ., Ұлы.).

БАҚАЙ[3] (Қар., Шет; Шығ. Қаз.: Зайс., Қатон.) арба дөңгелегінің шабақтары. *Мыша арбаның б а қ а й л а р ы сынып түр гой!* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАҚАЙ[4] Қ. башай.

БАҚАЙ ӘДІС (Шығ. Қаз., Зайс.) құлық, арам ой. *Шынгалида б а қ а й ә д і с күшті еді. Шын айтқанын естігенім жоқ* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАҚАЙ ЕТЕК (Қост.: Фед., Семиоз.) шымылдықтың төменгі етегі. *Шымылдықтың б а қ а й е т е г і кірлепті, күн ашылысымен жуып ал!* (Қост., Фед.).

БАҚАЙЛАУ (Алм., Шел.) байлау. *Атты б а қ а й л а п қойган еді* (Алм., Шел.).

БАҚАЙШЫҚ ДОРБА (МХР) суықта мал тұяғына кигізетін дорба. *20 қос, 10 қораның қалтқысы, 360 жабу, 600 б а қ а й ш ы қ д о р б а с ы жасалды* («Ж. омір», 29.12.1986).

БАҚАЛ[1] (Жамб., Шу) ұсақ-түйек сататын саудагер. *Чыны б а қ а л д ы ң қолына түссе, қымбат сатады* (Жамб., Шу).

БАҚАЛ[2] (Сем.: Ақс., Абай) мыкыр, тапал адам. *Алдымызда келе жатқан б а қ а л кісі Әйтімнің бауыры. Өспей қалган нәрселерді де б а қ а л деп айтамыз* (Сем., Ақс.).

БАҚАЛ[3] (Қ.орда: Сыр., Жал., Шиелі; Жамб., Шу; Алм., Іле) бидайдың келтегі, дәні түспей қалғаны. *Зәрлі жұмысың болмаса, жүгерінің б а қ а л ы н жипасып жібер* (Жамб., Шу). *Комбайнмен қанша таза жиналганымен бидайдың б а қ а л ы байқалады* (Қ.орда, Жал.).

БАҚАЛ[4] (Қост., Аман.) қисық, қыңыр. *Ол өзі бір б а қ а л адам* (Қост., Аман.).

БАҚАЛ[5] (Рес., Сарат.) риза. *Қабес болген соң оган б а қ а л болу керек* (Рес., Сарат.).

БАҚАЛАҚ[1] (Гур., Маңғ.) бір нәрсенің аяқ жағы, етек жағы. *Үршықтың қаңғалагы кебеженің б а қ а л а қ жагында жатыр* (Гур., Маңғ.).

БАҚАЛАҚ[2] (Қ.орда, Арал) қарғаша, жіпсе (к.), құранды есіктің тақтайларын ұстау үшін

қағылған көлденең ағаш. *Бақалақ 2-3 жерден қағылады* (Қ.орда, Арал).

БАҚАЛАҚ[3] **1.** (Ақт., Ырғ.) қол диірменнің ортасындағы айыр ағашы. **2.** (Жамб., Шу) қол диірменнің астыңғы тасының діңгегі.

БАҚАЛАҚ[4] (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) шығырдың тіс ағашы. *Бақалақ шығырдың дөңгелегінде болады* (Ақт., Ырғ.).

БАҚАЛАҚ[5] (Алм., Талд.) бидайдың түспей қалған басы. Қ. бақал[3].

БАҚАЛАҚ[6] (Ақт., Ырғ.) **1.** шананың шабағы (шананың табаны мен жақтауын біріктіретін қысқа шабаш); шананың бақалақтары. *Бір шананың әр табанында 4-5 бақалақ болады.* **2.** шығырдың тіс-тіс ағашы. *Бақалақ шығырдың дөңгелегінде болады* (Ақт., Ырғ.). Егін суаруға шығырды пайдаланбайтын жерлерде, сөздің екінші мағынасы кездеспейді. **3.** сағанақ (күлдіреуіштің бақал ағашы); бақалақтар күлдіреуішке көп келеді. **4.** (Орал, Чап.; Рес.: Сарат., Орын.) дөңгелектің шабағы. *Дөңгелектің бақалақтарының бір-екеуі түсіп қалыпты* (Рес., Сарат.).

БАҚАЛАҚ[7] (Түрікм., Красн.) бүркіттің екі аяғының ортасына салатын шынжыр. *Бақалақты бүркітті жаңадан қолға үйрете бастағанда екі аяғына салады* (Түрікм., Красн.).

БАҚАЛАҚ[8] (Қост.: Фед., Семиоз.) шымылдықтың бау өткізетін балдағы, сырғасы. *Шымылдықтың бақалағы жалпақ болса, қосымша көрік береді* (Қост., Семиоз.).

БАҚАЛИ (ҚХР) сүт, май, шекер, жұмыртқа, аз мөлшерде ұн, т. б. заттарды қосып, шұңғыл табада пісіретін тәтті тағам. *Алда айт келе жатыр деп пряндік, бақалы, т. б. тағамдар пісіріп жатыр* (ҚХР).

БАҚАЛТАҚ (Сем., Абай) келте, аласа. *Мына тары бақалтақ болып шығыпты. Бақалтақ егіс комбайнға ору үшін қолайсыз* (Сем., Абай).

БАҚАЛЫ (Алм., Еңб. қаз.) топанның ұсағы. *Бақалы соломды бидайдың бетінен сыпырып аламыз* (Алм., Еңб. қаз.).

БАҚАНА[1] (ҚХР) түйе малында бақай арасындағы бездің бүзылуынан пайда болатын ауру.

БАҚАНА[2] (Гур., Маңғ.) шаңырақ күлдіреуішінің арасындағы ағаштар.

БАҚАНАҚ//СОҒІЛМЕ (Жамб., Шу) тері мен түяқтың айқасқан, қосылған жері.

БАҚАН АТТАМАУ (МХР) ырым сөз. *Бақан аттаған байымайды* (МХР).

БАҚАН САЛДЫ (Жамб., Тал.) қыз ұзатқанда алынатын көде. *Бүгін күйеу келеді, бақан салдысын аламыз* (Жамб., Тал.).

БАҚА ПІСТІ (Жамб.: Тал., Сар.) қарлымқаш (ойынның түрі). *Ойынның ең жақсысы «бақа пісті»* (Жамб., Сар.).

БАҚА ТЕРЕК (Жамб., Шу) тарбиып шығатын теректің түрі. *Бақа терек ақ терек пен көк теректен гөрі мықты болады* (Жамб., Шу).

БАҚАУЫЗ[1] (Алм.: Еңб. қаз., Іле; Сем.: Абай, Шүб., Көкп., Ақс.) шамның решеткесі, шілтері. *Шамның басындағы бақауызын дағы шаңды сүрт* (Алм., Еңб. қаз.). *Пияламыз сынып қалып бақауызжағып отырмыз* (Сем., Абай).

БАҚАУЫЗ[2] (Жамб., Шу) арбаның оқтық (жетек) ағашын бекітетін алдыңғы дөңгелекке орнатылған ағаш.

БАҚАУЫЗ[3] (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр., Шиелі) құрал-сайман салатын қойма. *Балам, бақауыздағы кемпірауызды әкеле гой* (Қ.орда, Сыр.).

БАҚАУЫЗ[4] (Рес., Сарат.) шеге суыратын сабы ұзын, басы имек темір құрал.

БАҚЗҰР (Қост., Жанг.) босқа, жай, хабарсыз. *Ол бақзұр, жай жүрген адам* (Қост., Жанг.).

БАҚИЫЛДАСУ (Рес., Сарат.) қоштасу, ризалаесу. *Ауырып атқан кісімен бақиылдасып қайттық* (Рес., Сарат.).

БАҚҚЫ (Қ.орда, Арал) бағу. *Баққы дағы мал жайы жаман емес* (Қ.орда, Арал).

БАҚҚЫҒА ҚОЮ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) семіртуге қою, жемге байлау. *Өткен жылы бір атанды баққыға қойып, сойып алдым* (Түрікм., Красн.).

БАҚОС (Қост.: Фед., Семиоз.) орақ, шөп шабу. *Егінді салып болған соң көп кешікпей бақоскее шығушы едік* (Қост., Семиоз.). Қ. бәкөс.

БАҚПА 1. (Қ.орда, Сыр.; Жамб., Луг.) балалар бақшасы. *Балалар бақпада жақсы тәрбиеленеді* (Жамб., Луг.). **2.** (Ақт., Ырғ.) бағу, күту, күтім. *«Коминтерн» колхозының екі жүйрік аты бақпада тур* (Ақт., Ырғ.).

БАҚСА (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) лайдан құйып жасаған қабырға. *Енді бір қатар етіп бақса согу керек болып тур* (Түрікм., Таш.).

[Өзбекше *пахса* қабат (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *пақса* қабырға (Карак.-рус. сл., 1958)]. Қ. пақса.

БАҚСА-ҚУШЫПАС//БАҚСЫ-ҚУШШЫ (Сем.: Абай, Шүб.) бақсы, балгер. *Ертеде ауру кісіні бақсы-қушшы емдейтін* (Сем., Шүб.).

БАҚСЫ-ҚУШШЫ Қ. бақса-қушшас.

БАҚТАНШЫ (Алм., Кег.) бақташы. *Он бес жылдай колхозда бақтаншы болып істедім*

(Алм., Кег.). *Шопандар мен сақманшы, Екінші тыңда б а қ т а н ш ы, Малдың басын көбейтіп, Төл өсіріп мақтаншы* (К. Әзір., Шығ., 102).

БАҚУАТ (Шымк., Лен.) қуатты, күшті. *Қодар б а қ у а т кісі* (Шымк., Лен.).

БАҚША ШАШУ (Қост.: Фед., Семиоз.) бақша егу. *Бұл жылы б а қ ш а н ы кеш ш а ш с а қ т а, өнімі жаман болған жоқ* (Қост., Фед.).

БАҚША ШОТ (Гур., Есб.) кетпен. *Бүгінше б а қ ш а ш о т ы ң д ы берші?* (Гур., Есб.).

БАҚШИТУ (Шымк., Түлк.) таныту, көзін аштыру. *Көзіңді б а қ ш и т а м ы з гой* (Шымк., Түлк.).

БАҚЫЛ[1] (Жамб., Шу) сараң. *Қылмаған әлім-берім б а қ ы л д а р д а н өзіндей нәкүс бала туылады* (Жамб., Шу).

БАҚЫЛ[2] (Қарақ.) білгенін ішінде сақтайтын адам.

БАҚЫЛЛЫЛЫҚ (Жамб.: Луг., Шу) сарандық. *Қарынбай қылып өткен б а қ ы л л ы л ы қ, жолдастар, әлің келсе, қыл сақылық* (Жамб., Луг.).

БАҚЫР 1. (Қост., Жанг.; Қ.орда, Сыр.; Жамб.: Қорд., Луг., Шу; Сем., Абай) шелек. *Суды б а қ ы р г а құя гой* (Жамб., Қорд.). – *Жаңыл-ай, күйентеңді берші, екі б а қ ы р су әкелейін* (Қост., Жанг.). **2.** (Алм., Жам.) қаңылтыр. *Б а қ ы р д а н, тегі, ыдыс-аяқтың бәрін де жасауға болады* (Алм., Жам.). **3.** (Гур., Маңғ.; Сем.: Ақс., Көкп.; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары; МХР) бақыраш, үлкен ожау. *Қазанның суын б а қ ы р м е н ары-бері сарқып тас та!* (Гур., Маңғ.). **4.** (Көкш., Қ.ту) үлкен қазан. *Б а қ ы р суға толып тұр* (Көкш., Қ.ту). **5.** (Алм.; Жамб., Шу) үсақ тиын. *Б а қ ы р ы ң бар ма?* (Жамб., Шу).

БАҚЫРАШ Қ. көршін.

БАҚЫР ШАЙҚАУ (Шығ. Қаз., Зайс.) кенді тазалау, жуу. *Омаров б а қ ы р ш а й қ а п жатыр. Біздің өндірісте б а қ ы р ш а й қ а у ш ы л а р көп* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАҚЫРШЫ (Шығ. Қаз., Зайс.) кен теруші, жер бетіндегі кенді жинап, теріп алушы. *Осында б а қ ы р ш ы л а р мол* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАҚЫРЫП КЕТУ (Алм., Еңб. қаз.) қатты ашу. *Менің үйытқан айраным б а қ ы р ы п к е т і п, қонаққа сусын бере алмадым* (Алм., Еңб. қаз.).

БАҚЫТЫМЫЗҒА ЖАРАЙ (Шығ. Қаз., Больш.) бақытымызға қарай. *Б а қ ы т ы м ы з г а ж а р а й осылай шешілді бұл іс* (Шығ. Қаз., Больш.).

БАЛ[1] (Қост., Об.; Сем., Абай) шабылған шөптің бөкесі, жолы. *Шөпті таза жимайсың, арада б а л қалыпты* (Қост., Об.). *Шөпті б а л қалдырмай жию керек* (Сем., Абай). Орысша *вал.*

БАЛ[2] (Ақт., Ойыл; Гур., Есб.) кішкене арық. *Суырмаға жүргізген б а л биылмен жеті жылға жарады* (Ақт., Ойыл). *Б а л д ы реттемесе, су жүрмей қалады* (Гур., Есб.).

БАЛА-БАЖЫР (Гур.: Шевч., Маңғ.) балашаға. *Б а л а-б а ж ы р м е н жылқы сугара алмайсың* (Гур., Маңғ.).

БАЛАБАЙ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) арба дөңгелегінің кіші түрі. *Б а л а б а й д ы ң шеңберін әлі тартпапты* (Түрікм., Таш.).

БАЛА-БОТА (Алм., Шел.) бала. *Сен бізге б а л а-б о т а бола гой, әке!* (Алм., Шел.).

БАЛАҒАН (Қар., Қарқ.; Алм., Кег.) күрке. *Б а л а ғ а н н а и басын қотитып қарап тұрған кім десем, Ақан екен* (Алм., Кег.).

БАЛАҒАШ (Сем., Абай) күрке, балаған. *Киіз үйі жоқтар б а л а ғ а ш тігіп отырады* (Сем., Абай). Қ. балаған.

БАЛАҒЫНАН ГҰЛДЕУ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) бұтақтардың сағасынан яғни түбінен басына қарай гүлдеуі.

БАЛАДАН БҰЗЫЛҒАН АТТАЙ (ҚХР) жаман әдетке бой үйрету, оғаштық, солекеттік жасау. *Б а л а д а н б ұ з ы л ғ а н а т т а й үй айнала көткеншектеу мандығандық делінбес* (Ғ. Қан., Бүрк., 45.).

БАЛА ЖАРМА (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр.) кішкене арық. *Бұл күнгі каналға қарағанда бұрынғылар б а л а ж а р м а ғана болатын* (Қ.орда, Сыр.).

БАЛА ЖҰБАТАР (Түрікм., Красн.) ән, күй, олең. *Б а л а ж ұ б а т а р ы бар жігіт* (Шағын өнері бар жігіт) (Түрікм., Красн.).

БАЛА ИЫҒЫ БОЛУ (Орал, Жән.) жәрдемші болу. *Зейнеш маған б а л а и ы ғ ы б о л д ы. Енді мен жұмыс істеуді қойдым* (Орал, Жән.).

БАЛАҚАН (Қ.орда, Қарм.) ботақан. *Б а л а қ а н д а р ы н ертіп жүргенде көрсең түйелерді, жарасымды емес пе?!* (Қ.орда, Қарм.).

БАЛАҚПАН (Қост.: Жанг., Аман.) сақпан (тарсылдайтын ұзын қыл бишік). *Б а л а қ п а н г а торғайың онша қорқатын емес* (Қост., Жанг.). *Б а л а қ п а н м е н шошыта білсең, егінге торғай жуымайды* (Қост., Аман.).

БАЛА ҚҰШАҚТАУ (Алм., Жам.) егіннің бастануы, дән салуы, толыға бастауы. *Колхоз жүгерісі б а л а қ ұ ш а қ т а д ы* (Алм., Жам.).

БАЛАМАҒОЛ ЕР (Түрікм.: Көнеүр., Таш.) екі басы тік келген ердің түрі. *Қазақтың өз ері б а л а м а г о л е р емес пе?* (Түрікм., Көнеүр.)

БАЛАМАН ЕР (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж., Ашх.) балаларға арналып жасалған өше-

кейлі ер. *Сендерде де болған шығар б а л а м а н е р* (Түрікм., Ашх.).

БАЛА ӨНДІРУ (Сем.: Абай, Шүб.) балапандау. *Жыл сайын қарлығаш келіп осында б а л а о н д і р е д і* (Сем., Абай).

БАЛАПАН ҚАРАҒАЙ (Шығ. Қаз., Больш.) жас, балғын қарағай. *Осы жерде б а л а п а н қ а р а ғ а й л а р жиі екен* (Шығ. Қаз., Больш.).

БАЛАС (Гур., Тең.) қапшыққа салынған 4-5 пұттай топырақ. *Б а л а с т ы ң сырты ескі тормен орап қойылады* (Гур., Маңғ.). Қайық бір қалыпты жүру үшін оның бір жағына (жел жағына) балас қойылады.

БАЛАТТЫЛАУ (Алм., Шел.) илеу. *Теріні адыраспанмен б а л а т т ы л а д ы м* (Алм., Шел.).

БАЛАТЫ (Қ.орда, Қарм.) түсі көк, майда жапырақты, көп буынды, биіктігі жарты метр, алаңқа табанға шығатын ащы шөп. *Б а л а т ы н ы күз айында түйе жейді, жылқы, қой жемейді* (Қ.орда, Қарм.).

БАЛАУ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.; Алм., Кег.; МХР) ауыру, әлсіздену. *Бойым б а л а п тұр, тауға чыға алатын емеспін* (Алм., Кег.). *Бүгін жұмыстан кейін денем б а л а п тұр, шаршаған болсам керек* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАЛАУ[2] (Алм., Қарат.) байқау. *Бақтының би екенін б а л а п қалды* (Алм., Қарат.).

БАЛАУ[3] (Сем., Ұрж.) көк шөп. *Төл отыққан соң алдына б а л а у мен тұз қоямыз* (Сем., Ұрж.).

БАЛАУ[4] (ҚХР) ыстық, суық басынан өтпеген. *Ол қабағын шытып қояды, б а л а у өскен, бір үйдің жалғыз еркесі, бір ауылдың алақанына салып мәпелеген мырзасы үртіс жүріске шыдамай, шаршап келе жатқан болар деп ойлаймын да қоямын ішімнен* (Ж. Сәмитұлы).

БАЛАУҚА (Қ.орда, Қарм.) түсі сары қызғылт, кішкене, сопақ, дәмі тәтті тағамдық асқабақ. *Б а л а у қ а сорлы жерге шықпайды, көгермей шіріп кетеді* (Қ.орда, Қарм.).

БАЛАХАНА (Ауғ.; Ир.) балконы бар екі қабатты үй.

БАЛАХАНАЛЫ ҮЙ (Ауғ.; Ир.) балконы бар коп қабатты үй. *Ирһанда һәм коп б а л а х а н а л ы отельдер бар* (Ир.).

БАЛАШЫҚ (Алм., Шел.; Сем.: Абай, Кокп., Акс.) аласа, жас қарағай. *Б а л а ш ы қ т а р үлкейіп қапты* (Сем., Абай). *Қашқан қоян б а л а ш ы қ т ы ң ішіне кірді де кетті* (Алм., Шел.).

БАЛБАРМАҚ (МХР) сауыншы. *Қарағантыны өрлей Цэнгэл сумындық сүт белімшелері орналасқан. Мұндағы б а л б а р м а қ т а р үйымшылдық үлгісін көрсетіп, сүт сауу жоспарын қысқа мерзімде орындады* («Ж. өмір», 11.02.1983).

БАЛБАУЫРСАҚ[1] (МХР) печенье. *Азықтүлік өндірісінен өндірілген б а л б а у ы р с а қ нан түрлері аз. Өндірістің болмысына сай жалғыз-ақ түрлі нан өндірілуде* («Ж. өмір», 29.11.1986).

БАЛБАУЫРСАҚ[2] (МХР) өсімдік түрі.

БАЛБЕРКЕ (Гур., Бақс.) қолынан іс келмейтін адам. *Бәрің де кісіні бала сияқты б а л б е р к е жасайсыңдар* (Гур., Бақс.).

БАЛБЕРКІ (Гур., Маңғ.) ауды көтеріп тұратын қалтқы. *Құмсыз жер болмас, б а л б е р к і с і з ау болмас* (Мақал).

БАЛБИДАЙ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі, Арал) астықтың жауын астында қалып бұзылған, оңі қарайған кезі. *Биыл жауын оте мол жауып, бидай б а л б и д а й г а айнала бастады* (Қ.орда, Қарм.).

БАЛҒАУЫЗ (Сем.: Ақс., Көкп.) шеге суыратын балға. Балғаның басында шегені іліп алып тартатын жырығы болады. *Б а л ғ а у ы з б е н аттың тағасындағы шегені де алады* (Сем., Ақс.). *Балық* және *ауыз* сөздерінің бірігуінен жасалған. Қ. кемпірауыз, балығауыз.

БАЛҒЫН (Жамб., Мер.) ырғай сияқты ағаш. *Б а л ғ ы н тауда өседі* (Жамб., Мер.).

БАЛДАЙ БАТЫП СУДАЙ СІҢДІ (ҚХР) ашылмай білінбей кету, сіңіп кету.

БАЛДАҚ[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж., Мары, Байр.) мақтаның сабағы.

БАЛДАҚ[2] (Шығ. Қаз., Күрш.) үлкен лөкет пышақ. *Сыйырды б а л д а қ п е н сойды* (Шығ. Қаз., Күрш.).

БАЛДАҚ[3] (Сем.: Шүб., Абай; Қ.орда, Жал.; Алм., Жам.; МХР) шалбардың бөлбеу өткізу үшін және шымылдықтың бау өткізу үшін жасалған ілгектері. *Сымыңның б а л д а ғ ы үзілген екен* (Сем., Шүб.).

БАЛДАҚ[4] (Алм., Жам.) пышақтың мойнына кигізетін сақина. *Пышақты саптағанда ұсталар оның мойнына жезден б а л д а қ кигізеді* (Алм., Жам.).

БАЛДАМА АШУ (Сем., Абай) бал ашу. *Ол б а л д а м а а ш у ш ы еді* (Сем., Абай).

БАЛДЫРҒАН (Жамб., Шу) түйе жейтін шоптің бір түрі.

БАЛЖУРАН (Жамб., Мер.) таулы жерде осетін адам жейтін өсімдік түрі. *Б а л ж у р а н н ы ң тамырын кептіріп, тері бояйды. Б а л ж у р а н н ы ң тамырын чүкір деп атайды* (Жамб., Мер.).

БАЛИҒЫ (Қост.: Торғ., Жанг.) өр жөтө бастаған кез. *13-14 жаста баланың б а л и ғ ы кезі болады* (Қост., Торғ.).

БАЛҚАЙМАҚ[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж.; Гур., Маңғ.; Павл., Ерт.) түйе сүтін қайнатып қойылтады да суығаннан кейін дөңгелек пішінге келтіріп, ортасын теседі, кебе бастаған кезде тесігінен жіпке тізіп іліп қояды. *Б а л қ а й м а қ т ы бір жеп көрсең, дәмі аузыңнан кетпейді* (Гур., Маңғ.).

БАЛҚАЙМАҚ//СЕППЕ (Рес., Тюм.) сүтке үн қосып, шекер салып пісірген ас. *Балалар б а л қ а й м а қ жеуге құмар келеді* (Рес., Тюм.).

БАЛ ҚАСЫҚ (Орал: Чап., Казт.) шай қасық. *Моншақ ана б а л қ а с ы қ т ы әперші!* (Орал, Казт.).

БАЛҚАШ 1. (Рес., Орын.) батпақ, сазды жер. *Екі ауылдың арасында бір б а л қ а ш т ы жері бар, машинеңің өтуі қиын...* (Орын., Ад.). 2. (Көкш.: Щуч., Еңб.) оттығы, суы мол, көк майса. *Мынау бір б а л қ а ш жер екен!* (Көкш., Щуч.).

БАЛҚАШТАУ (Қост., Жанг.) толықша, толықтау. *Бригадирлерің орта бойлы, толық б а л қ а ш т а у жігіт екен* (Қост., Жанг.).

БАЛҚАШ ҮЙ (Тау., Қош.) қыш, балшық кірпіштен салынған үй. **Бұл** жақта **Балқаш** деген тау аты да бар. Алтай тілінде *балқаш* сөзі лай, батпақ деген мәнде қолданылады.

БАЛҚОРҒАСЫН (Алм., Жам.) көк жапырақты құрай, таулы жерге де шығады. *Б а л қ о р ғ а с ы н д ы мал сүйіп жейді* (Алм., Жам.).

БАЛ ҚОСПАҚ 1. (Орал, Чап.) үлек пен таза айыр інгеннен туған түйе. 2. (Орал, Қара.) нар мен түс айырдың арасынан шыққан түйе тұқымы. 3. (Рес., Сарат.) жалғыз өркеш түйе мен қос өркеш түйенің буданы.

БАЛМАН (ҚХР) үрмелі музыка аспабының бір түрі.

БАЛМИЗ (Ауғ.; Ир.) үзынша болып өсетін баклажан түрі.

БАЛМҰРЫН (Орал, Қара.) итмұрын. *Б а л м ұ р ы н шөп жүрек ауруын кеседі* (Орал, Қара.).

БАЛПАҚ//БАЛПЫҚ (Қ.орда, Арал; Орал: Қара., Жән.; Ақт., Ырғ.) саршұнақтың құмды жердегі бір түрі. *Б а л п а қ т ы қақпан құрып ұстаймыз* (Ақт., Ырғ.). *1-Майға дейін б а л п а қ тышқан аулауда пошсиндикат жоспарын 58,5 проц. орындады* («Екп. балықшы», №23, 1932). *Б а л п а қ – бидайдың жауы* (Орал, Қара.).

БАЛПЫҚ Қ. балпақ.

БАЛПЫН БӨЗ (Қарақ.) сирек тоқылған қап, қанар жасайтын бөз. *Дүкенге б а л п ы н б ө з көп түсті* (Қарақ.).

БАЛПЫШ (Қ.орда, Арал) шабан, жұмыста көп жүріп қажыған мал. *Ауылдан мініп шыққан түйелер б а л п ы ш еді* (Қ.орда, Арал).

БАЛТЫҒУ (Гур., Есб.) малтығу. *Бұл айғыр өткен қыста қалың қарға б а л т ы ғ ы п жүре алмаған* (Гур., Есб.).

БАЛУАН Қ. палуан.

БАЛУАН ЖАНОЗ (Ақт., Ойыл) мойынтұрықтың ішкі жағынан салынатын берік жұмыр ағаш. *Қамыттың б а л у а н ж а н о з ы бар ма екен?* (Ақт., Ойыл).

БАЛУАН ҚАЙЫС 1. (Орал, Қара.) сүйрейтін нәрселерді қамытқа қосатын қайыс. 2. (Рес.: Сарат., Астр.) жетек ағаш пен қамыт доғаны қосатын, жалғастыратын құлақбау.

БАЛУАН СОПИ (Рес., Орын.) мойынтұрықтың іш жағындағы қазығы. *Б а л у а н с о п и көбінесе ағаштан болады* (Орын., Ад.).

БАЛ ШӨЛМЕК (Гур., Маңғ.) банка. *Б а л ш ө л м е к т і сындырып алып жүрме* (Гур., Маңғ.).

БАЛШЫҚ (Қост., Жітік.) әк, ақтас. *Пенжегіңді былай іл, б а л ш ы қ қылмасын* (Қост., Жітік.).

БАЛШЫРЫН (ҚХР) таулы жерлерде өсетін түрлі түсті гүл.

БАЛЫҒАУЫЗ (Қост., Жанг.; МХР; Тәж.) тістеуік, шеге суырғыш. *Есік ағаштың шегесін суырайын деп едім, б а л ы ғ а у ы з ы ң бар ма?* (Қост., Жанг.). Қ. кемпірауыз, атауыз, балғауыз.

БАЛЫҚКӨЗ (Алм., Шел.; Жамб., Шу) ешкі малы сүйіп жейтін ащы шөп. *Б а л ы қ к ө з кешірек, майдың аягында шығады* (Жамб., Шу). Қ. өсімдіктің ақбасы.

БАЛЫҚ КӨЗІ МАЙЫ ЖОҚ (ҚХР) майсыз, дәмсіз. *Істеген көжесінің б а л ы қ к ө з і м а й ы ж о қ екен* (ҚХР).

БАЛЫҚ ҚАҒУ (Шығ. Қаз., Больш.) қармаққа балық іліну.

БАЛЫҚ ҚАРЫН АРА (Қост.: Об., Жанг.) құрт. *Б а л ы қ қ а р ы н а р а деп шерөвекті айтады* (Қост., Об.).

БАЛЫҚ СІЛКУ (Гур., Тең.) піскен балықтың етін сүйектен ажырату.

БАЛЫҚ ҮНДЕС, БАҚА ТІЛДЕСІ БОЛУ (ҚХР) ым-жымы бір болу.

БАНА[1] (Шығ. Қаз., Күрш.) пана. *Жауынды ағаштың б а н а с ы жоқ* (Шығ. Қаз., Күрш.).

БАНА[2] (Гур., Есб.) мана. *Б а н а д а н бері салмаған шайдың енді керегі не?* (Гур., Есб.).

БАНАҒЫ (Көкш., Қ.ту) манағы. *Көлдің шетінде б а н а ғ ы кісіні тастап кетті* (Көкш., Қ.ту).

БАНТ (ҚХР) байлап матау, сықырлап таңу, жабыстыру. *Қабыл алып айтқанын, Бір қағазға б а н т қылып, Жасап беріп қайтқаным* (ҚХР).

БАП[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) жалбыз тәрізді шеп. *Мен суық ұстап ауырсам болғаны б а п қ а оранып жазылып кетем* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАП[2] (Жамб., Жуа.) әулие. *Сайрамда бар сансыз б а п, Түркістанда бәрінен үлкен Арыстан б а п* (Жамб., Жуа.).

БАПА (Қост.: Жанг., Торғ.) қамыстың басындағы үкісі, ұлпасы. *Қамыстың басы б а п а л а п қалған екен* (Қост., Жанг.). *Қамыстың б а п а с ы аяғының шуашы бар адамға пайдалы болады* (Қост., Торғ.).

БАПАЙЫН-САПАЙЫН (Жамб., Қорд.) алба-жұлба. *Чашым б а п а й ы н-с а п а й ы н боп кетті* (Жамб., Қорд.).

БАПАЛАУ (Гур., Есб.) мәпелеу. *Баланы б а п а л а п қалай тәрбиелейін, қызметтен қол босамайды?!* (Гур., Есб.).

БАПАН (Сем., Үрж.) мықты, жүйрік. *Сәрсенбаев сапансың, Бос сөзге сен б а п а н с ы ң* (Сем., Үрж.).

БАПАНДАЙ (Сем.: Ақс., Көкп.) маман, аса жетік. *Мен бұл жұмысқа б а п а н д а й м ы н* (Сем., Ақс.).

БАПАСЫН БЕРУ (ҚХР) жанын көзіне көрсету.

БАП КЕЛУ (ҚХР) сәйкес келу, дәл келу, үйлесу.

БАПЛАУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) алдау, отырғызып кету. *Ол мені б а п л а п кетті* (Түрікм., Көнеүр.).

БАПТАМА ТЕЗЕК (МХР) қолмен жайған тезек.

БАПТАУ АГРЕГАТЫ, ТРАКТОРЫ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта осімдігін баптайтын машиналар. *Б а п т а у а г р е г а т т а р ы н тиімді пайдалануды ұйымдастыру үшін оларды және мақталықты механизаторларға бекітіп қою керек* (Шымк., Түркіс.).

БАРАБАН[1] (Қ.орда, Арал) мұз қоймасынан мұз тартатын құрал.

БАРАБАН[2] (Гур., Маңғ.) мұнай өндірісіндегі айналмалы тегершік. *Б а р а б а н арқылы мұнай өндіргіш қачалкалар жұмыс істейді* (Гур., Маңғ.).

БАРАБАНШЫ (Қ.орда, Қарм.) комбайнға бидай тастаушы. *Б а р а б а н ш ы Жангоспай комбайнға өкеп беріп отыр* (Қ.орда, Қарм.).

БАРАҒЫРАҚ (Шымк., Қызылқ.) аздап бар. *Кемшілігің б а р а ғ ы р а қ* (Шымк., Қызылқ.).

БАРАДЫ ЕДІ (Қост., Аман.) 1. баратын еді. 2. бара жатыр еді. *Ол 6-ауылға б а р а д ы е д і* (Қост., Аман.).

БАРАЖАҚ (Гур., Есб.) барады, бармақшы. *Қызметі боп қалмаса, Сәбит ауданға б а р а ж а қ* (Гур., Есб.).

БАРАН[1] (Алм., Кег.) жария. *Бұл жұмысты ел ішінде б а р а н қылды* (Алм., Кег.).

БАРАН[2] (Жезқ., Ұлы.) берен (мылтық). *Аңшы б а р а н мылтығымен аңға шықты* (Жезқ., Ұлы.).

БАРАН[3] (МХР) тұлға, қарасы, бейне. *Біраздан соң б а р а н ы көрінбей кетті* (МХР). *Онан соң қоржынның түбінде қалған құрғақ шайдың жапырағын алып шайнап, нілін жұтты. Кешкі салқын түсіп, денесін басқан зіл серги бастаған соң ел б а р а н ы н көрейін деп ойлап, тағы да ілгері жылжыды* (Церендор. Е. ул., 6).

БАРАНЫ ҚАШУ (Қост., Жанг.) үрейі қашу. *Б а р а н ы қ а ш ы п, сөйлей алмай тұр* (Қост., Жанг.).

БАРАР-ЖОҒЫ (Қост., Торғ.) барар-бармасы. *Менің о жаққа б а р а р-ж о ғ ы м белгісіз* (Қост., Торғ.).

БАРДАҚ 1. (Сем., Мақ.) үйге қойылатын тіреудің басынан өткізетін ағаш. 2. (Шығ. Қаз., Күрш.) саржандап салған кесінді ағаш. *Ағашты кесіп, саржандап б а р д а қ қып көп үйеміз* (Шығ. Қаз., Күрш.).

БАРДАМ (Алм., Кег.; Шығ. Қаз.: Больш., Тарб., Зайс.; Тәж.) ауқатты, дәулетті. *Бұрын б а р д а м адамдар ғана егін салдырған* (Алм., Кег.). *Ол бұрын б а р д а м адам болған* (Шығ. Қаз., Тарб.).

БАРДАМДЫРАҚ//ПАРДАМЫРАҚ (Шығ. Қаз., Тарб.) ауқаттырақ, байырақ. *Б а р д а м ы р а қ бір кісі қайтыс болған екен* (Шығ. Қаз., Тарб.).

БАРДАВОЙ//ПАРТАУБАЙ ЕТІК (Қ.орда, Арал) балықшылардың санынан келетін қара былғары етігі.

БАРДЕК (Жамб., Қорд.) жүгері дәнін ұрып алғаннан кейін қалған собығы. *Б а р д е г і н бір шетіне жи* (Жамб., Қорд.).

БАРҚЫНДЫ ЖЕР (Сем.: Абай, Шүб.) шөбі шүйгін, суы мол, малға жайлы, отты жер. *Бақанас маңы б а р қ ы н д ы ж е р гой* (Сем., Шүб.).

БАРЛАУШЫ (Түрікм.: Ашх., Тедж.) тексеруші. *Ертең б а р л а у ш ы келеді. Соған таярланбалы* (Түрікм., Таш.).

БАРМАҒЫН БҮГІП ҚАЛУ (ҚХР) қулық, арамзалық ойлау. *Бірақ Қасен бұл қыздың «буржуазиялық» идеясын айқын сезіп, б а р м а ғ ы н б ұ г і п қ а л а б е р д і* (Ғ. Қан., Бүрк., 75).

БАРМАҚ (Жезқ., Ұлы.) шөп машинасы шалғынының саласындағы жұмыр темір. *Жәрдем машинаның б а р м а г ы н сындырып алды* (Жезқ., Ұлы.). Қазақ кейбір нәрсені үқсастығына қарай *бармаққа* да байланыстырып айтады. Мысалы, *түйменің үлкендігі бармақтай*, т. б. Жаңа туған ұғымға байланысты шөп машинасының шалғысындағы жұмыр темірді *бармақ* дегенде, сөздің туынды мағынада қолданылғаны аңғарылады.

БАРМАҚНАН (Гур., Маңғ.) қамырын қолмен үзіп-үзіп кәжеге салатын нан (кеспе орнына қолданылады).

БАРШЫНДАУ (МХР; ҚХР) **1.** егделеп қалу, жас үлғайып қалу. **2.** жалтақтау, есебінен жаңылу. *Сауда-саттықпен араласып, озің айтқандай ебін тауып, есебінен жаңылмай да жүрдік. Енді ме, енді б а р ш ы н д а п қалыппыз* (М. Құрман., 89).

БАРЫЗ (Гур., Тең.) желкен. *Жігіттер, шайларыңды ішкен соң б а р ы з д а р ы ң д ы көтеріп Жесткийге қарай жүріңдер. Шәку, сенің б а р ы з ы ң бүтін бе?* (Гур., Тең).

БАРЫҚСЫЗ (Гур., Маңғ.) парықсыз.

БАРЫҚТАУ (Алм., Шел.) аныктау, білу. *Сиырыңды қасқыр жеді ме, б а р ы қ т а, маған қиянат істеме* (Алм., Шел.).

БАРЫП КИІП, БАҚАНЫН ТАЯНУ (ҚХР) толық әзірлікпен, бар-жоғын үстіне ілу.

БАРҺА (Қарақ.) ылғи, әрдайым, оне бойы. *Менің балам мектепке б а р h а барып тұрады, қалмайды* (Қарақ.).

БАС[1] (Алм., Қарат.) үршық басының толған түрі. *Мен бүгін үш б а с иіріп нормамды орындадым* (Алм., Қарат.).

БАС[2] (Көкш., Қ.ту) тігулі түрған асықты ататын жерде сызылған сызық. *Б а с т ы ң бер жағында тұрып аттың, қайта ат!* (Көкш., Қ.ту).

БАСА-БАС (Түрікм.: Тахта, Таш., Көнеүр., Тедж., Ашх., Красн.) баса-баса. *Ширек аягы гой, паганы б а с а-б а с қоймаса болмайды* (Түрікм., Көнеүр.).

БАСАЛА (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) тарыдан жасалған қоюлау көже.

БАСАЛАЙ (Қарақ.) тарыдан жасалған быламық.

БАС АЛМА (Ақт., Жүр.) үршықтың басындағы қаңғалағын суырып алып толтыру. *Б а с а л м а нән болады* (Ақт., Жүр.).

БАСАЛМАНДЫҚ (ҚХР) бейбастық, берекесіздік. *Егер ауылдан өтсе жөні бір басқа, мынау б а с а л м а н д ы қ. Муны тежемесе, жаман нысайға жол ашқандық болады, шопті түсіріп қал* (О. Ахметов).

БАС АРЫҚ//ЖЕЛКЕ АРЫҚ (Жамб., Шу) он, он бес гектар немесе одан да көп я аз келген егіндік жердің басынан жүргізілген арық. *Б а с а р ы қ қ а екі-үш құлақ су сыяды* (Жамб., Шу).

БАСАТ (Қ.орда, Арал) теңіздің кең қолтығы, қойнауы (теңіздің құры жерге қарай сүғынып, болініп шыққан кең қойнауы). *Теңіз суы кеміген кезде, кейбір жерлердің суы б а с а т-б а с а т болып қалады* (Қ.орда, Арал). Бұл соз Орал қазақтарының Аралға келіп орналасуына байланысты жергілікті халықтың тілінен ауысқан. В. Жирмунский *басат* созін Волга, Орал бойындағы халықтың сойлеу тіліне түрік тілінен ауысты дейді (В. Жирм., Нац. яз., 159).

БАС АУҒАН, ТАЯҒЫ ТАЙҒАН (ҚХР) қаңғып жүре беру, басы ауған жаққа кете беру, көрінген жерде жүру.

БАС БЕЛГІ ТҮЙЕ//БАС БЕЛГІ (Шымк., Қызылк.) мініске жарайтыи, адам еркіне конетін, жуас, жүк артуға, шаруашылыққа үйретілгеи түйе. Мүндай түйенің тентек құсаған, т. б. әдеті жоқ.

БАСБІЛГІ (МХР) бүрылғыш (түйені бүйідасы арқылы, оғізді мүрындығы арқылы бүрғанда, барған жағына богетсіз жүріп отыруы). *Ат жоқ боса, ана б а с б і л г і өгізіңді бере тұршы* (МХР).

БАС ЖАҚСЫ (ҚХР) сәукелснің әшекей бүйымдарыныц жалпы атауы. *Сәукеленің әшекей заттары көп әрі олар қымбатқа түсетіндіктен күйеу жағы қалың малдан сәукеленің құнын төлеген. Ол толем сәукелеге әшекейлерінің атауымен б а с ж а қ с ы деп аталған* (З. Сәнік., Қаз. түрм., 38).

БАС ЖЕЛКЕН (Түрікм.: Красн., Қиян., Қулы.) қайықтағы желкендердің ішіндегі үлкені.

БАС ЖҰМЫС (Сем., Абай) адамның жеке басына тән іс қағаз аты. *Екі оқушыны б а с ж ұ м ы с ы болмагандықтан мектепке қабылдамады* (Сем., Абай).

БАС ЖІП (Қост., Аман.) егін жанымен жүрстін кіші арық.

БАС КЕКЕСІ (Сем., Абай) араздық, бас кегі. *Олардың арасында ешбір б а с к е к е с і жоқ* (Сем., Абай).

БАС КЕСУ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) күдер үзу, түңілу. *Ондай болу үшін машқаланнан б а с к е с у керек* (Түрікм., Красн.).

БАС КЕУІТ (Түрікм.: Красн., Бекд., Қиян., Қулы.) кемедегі ас пісіретін бөлме.

[Түрікменше *кейфут* каюта (Рус.-туркм. сл., 1956)].

БАС КӨТЕРУ (Шымк., Түлк.) қойға шабу, қойға қарау. *Сүмбіле туған соң қозы қошқар да б а с к ө т е р е д і* (Шымк., Түлк.).

БЕЛАҒАШ 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.; Алм., Кег.) үй төбесіне салатын арқалық. *Үй саларсың-ау, б е л а г а ш жасауға ағаш табу ірә* (қ.) *қыйын* (Түрікм., Красн.). *Б е л а г а ш т ы тамның тобесіне салдық* (Алм., Кег.). *Болменің дәл орта тұсында б е л а г а ш қ а салбырай байланған ап-ауыр сопақша нан* (Б. Соқ., Жекпе-жек, 114). 2. (Рес., Орын.) есіктің тақтайын ұстап тұратын көлденең шегеленген ағаш. *Есіктің б е л а г а ш ы н қайта салды* (Орын., Ад.). Кейде *жіпсе* деп те атайды. 3. (Жамб., Шу) арбаның алдыңғы және артқы дөңгелегін байланыстырып тұратын ағаш.

БЕЛАРЫҚ (Алм., Кег.) үлкен арық. *Б е л а р ы қ п е н егінге су жіберуге барамын* (Алм., Кег.).

БЕЛБАЙЫЛ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі) ұн мен сокті (қ.) қосып, суға пісірген тамақ. *Әжібай, б е л б а й л ы ң д ы ішіп, жұмысқа бар* (Қ.орда, Арал).

БЕЛБАҚАН (МХР) уықтардағы колденең ағаш, оны бақанмен тірейді.

БЕЛБЕУ (Гур., Тең.) рульді айналдыра шегелеген темір (жалпақтығы 5-6 см). Рульдің белбеуі, белбеу жалпақ темірден жасалады. *Рульдің б е л б е у і болмаса* ол *сынып кетеді* (Гур., Тең.).

БЕЛБЕУ СОҚТЫ (Ақт., Жүр.; МХР) тізенің астынан орамал жүгіртіп ойнайтын ойын.

БЕЛ БОЛУ (ҚХР) қаған болу, көсем болу. *Тұқымынан үйсіннің б е л б о л м а қ ш ы ер екен* (ҚХР).

БЕЛБУАР[1] (Орал, Жән.) белбеу. *Б е л б у а р ы ң қалып қойды* (Орал, Жән.).

БЕЛБУАР[2] (Гур., Маңғ.; Қост., Об.) белуар. *Б е л б у а р келген қалың қарға қарамастан желіп келдім* (Гур., Маңғ.). *Үйді б е л б у а р д а н қалап бітірдік* (Қост., Об.).

БЕЛБІРТ (Қост.: Жанг., Торғ.) ши барқыт. *Сенің мынау қамзолыңның б е л б і р т і өте жақсы, таза екен* (Қост., Жанг.).

БЕЛГІ ҚАҒАЗ (Орал, Орда) куәлік. *Осы б е л г і қ а ғ а з д ы ауаткомнан былтыр алып едім, енді өзгертіп қайта алуым керек* (Орал, Орда).

БЕЛГІЛЕМЕ (ҚХР) белгілі бір іс-әрекетке, арнайы жасалған шарт, қағида, ереже. *Ауылдас болған соң айтқан гой, ұйымда ондай б е л г і л е м е жоқ. Астықты артық ондірсек, малды жоспардан арттырсақ сыйлық беретін б е л г і л е м е шығыпты* (ҚХР).

БЕЛДЕ (Қар., Шет) асық ойынында асықты ататын сызық. *Асықты б е л д е де тұрып ат* (Қар., Шет).

БЕЛДЕМЕ 1. (Рес., Орын.) алдыңғы, артқы доңгелекті байланыстыратын ағаш. 2. (Қост., Жанг.) бел омыртқа. *Б е л д е м е басқа омыртқалардан жалпақ болады* (Қост., Жанг.). 3. (Сем., Үрж.) бел. *Б е л д е м е д е н атып арқарды түсірдім* (Сем., Үрж.).

БЕЛДЕМПАЯ 1. (Қост.: Жанг., Об.) қыр, белес. *Ана б е л д е м п а я н ы ң астында мал жатыр* (Қост., Жанг.). 2. әр түрлі қалдықтан істелген қоршау. *Үйдің не басқа нәрсенің сыртынан айналдыра б е л д е м п а я жасайды* (Қост., Жанг.). Қ. белдепая.

БЕЛДЕМШЕ 1. (Қар., Шет; Қост., Семиоз.; Қ.орда: Сыр., Жал.) алжапқыш, алшалғыш. *Б е л д е м ш е н і іздеп жүрсің бе, ол босағада ілулі тұр* (Қар., Шет). 2. (Алм., Жам.) әйелдер киімінің бір түрі. *Тойға бара жатқандай б е л д е м ш е киіп көлбеңдеуін қарашы, шіркінінің!* (Алм., Жам.).

БЕЛДЕПАЯ (Гур., Маңғ.) белес, қыр. *Пішен ауыл б е л д е п а я н ы ң астында* (Гур., Маңғ.).

БЕЛДІК[1] (Түрікм.: Таш., Мары; Ауғ.; Ир.; Ақт., Ойыл) үйдің төбесіне салатын жуан ағаш, белағаш (қ.). *Үйдің төбесіне б е л д і к салып қойдық* (Ақт., Ойыл).

БЕЛДІК[2] (Қост.: Жанг., Торғ.) білім, білік. *Оздерінің б е л д і г і сол шығар, оларға мен тимеймін* (Қост., Жанг.).

БЕЛДІК[3] (Рес., Омбы) есіктің тақтайларын ұстап тұратын көлденең шебіктелген ағаш. Көкшетау облысында *қаргаша*, Қостанай облысының Семиозер, Федоровка аудандарында *кесе агаш//жагдан*, Орынборда *бел агаш* деп аталады.

БЕЛДІК[4] (Рес., Омбы) арбаның бел ағашы. *Арбаның б е л д і г і н ауыстыру керек* (Рес., Омбы).

БЕЛДІҢ ҚҰЛАҒЫ (Қарақ.) темір күрек жерге бату үшін үстінен аяқпен басатын жері.

БЕЛДІҢ ҚҰМЫРАСЫ (Қарақ.) темір күректің басы кіріп түру үшін орнатылған темір, үңғы.

БЕЛДІҢ ЕПЕЛЕГІ (Қарақ.) күрек сабын бекітетін шеге.

БЕЛЕГІР (Гур., Маңғ.) белес.

БЕЛЕТЕН[1] (Қост.: Жанг., Об., Торғ.) талдан тоқылған қора. *Б е л е т е н д е жатқан қойды үйге айдап кел!* (Қост., Торғ.). Орысша *плетень*.

БЕЛЕТЕН[2] (Қост., Торғ.) қырат.

БЕЛ ЖІП (Гур., Маңғ.) құдықтан түйемен, атпен су шығарғанда түйенің, аттың беліне байлайтын жіп, оған қауғаның шығар арқанын байлайды.

БЕЛКЕСПЕ (Гур., Тең.) бекіренің бел еті, жон еті, бекіренің кеспесі. *Бекіренің б е л к е с п е с і аса дәмді болады. Сыртындағы тікенекті қабығын ыстық суға бір салып тазартады. Бекіренің б е л к е с п е с і н жемейтін басым қоңырсыған қой етіне тап болдым ау* (Балықшы қызының сөзі).

БЕЛ КӨТЕРМЕ (Рес., Сарат.) белкөтергіш. Екі жетек ағаш төмен салбырап түсіп кетпес үшін ершік арқылы өткізіліп, екі жетекке байланатын қайыс, жіп. Көкшетаудың кейбір аудандарында *бауыр көтерме* деп қолданылады.

БЕЛКҮРЕК (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) темір күрек. *Б е л к ү р е к т і қайрап алып, арық қазуға кірістік* (Қ.орда, Сыр.).

БЕЛҚҰЛЫ 1. (Гур., Есб.) белгілі. *Б е л қ ұ л ы атақтылар болды гой!* (Гур., Есб.). **2.** мейлінше, барынша. *Б е л қ ұ л ы ақымақ ол!* (Гур., Маңғ.).

БЕЛ НЕМЕРЕ (Түрікм.: Таш., Ашх., Тедж.) әкелері бірге туған балалар, немере туыс. *Шамун мен Базарбай б е л н е м е р е* (Түрікм., Таш.).

БЕЛОРАҚ (Қост.: Жанг., Торғ., Аман.; Жамб., Жуа.; Қ.орда: Сыр., Жал.) шөп шабатын шалғы. *Б е л о р а қ п е н-ақ талай шөп шауып алганбыз* (Жамб., Жуа.). *Анау б е л о р а қ п е н шөп шапқанда есек* (к.) *қалдырып кетіпті* (Қост., Жанг.).

БЕЛ САП (Гур., Маңғ.) күректің сабы. *Б е л с а п т ы мықты ағаштан жасау керек* (Гур., Маңғ.).

БЕЛ ТАМЫР (Кокш., Қ.ту) малды сойған кісінің ақысы есебінде берілетін ет. *Мал сойсаң б е л т а м ы р аласың* (Кокш., Қ.ту). Оңтүстік облыстарда мұның орнына *«аян омыртқа»* сөзі қолданылады.

БЕЛ ТЕМІР (Жамб., Шу) бел оқтық, артқы не алдыңғы дөңгелекке өткізілетін темір, ағаш.

БЕЛТІР (Қост., Жанг.) аяқтың үзеңгілік жері. *Б е л т і р і м ауырып отыр, сенікі ше?* (Қост., Жанг.).

БЕЛТІРІН (Жамб., Жуа.) шалғының түтқасы.

БЕЛУАР (Ақт., Ойыл) күрек. *Әшен, үйдің төбесіндегі б е л у а р д ы маған әкеліп берші* (Ақт., Ойыл).

БЕЛШЕ (Түрікм., Таш.) кішігірім күрек. *Бала б е л ш е м е н жер аударып жатыр екен* (Түрікм., Таш.).

БЕЛШЕР (Ақт.: Ырғ., Қараб.; Қост., Жанг.) қыспақ жер. *Екі көлдің арасындағы қыспақ жерді б е л ш е р деп атаймыз* (Ақт., Ырғ.).

БЕЛІ АУРУ (Жамб., Жуа.) жаны ашу, аяу. *Бидайды мал жеп жатыр, оган ешкімнің б е л і а у ы р м а й д ы* (Жамб., Жуа.).

БЕЛІНЕН КЕСУ (Қ.орда) колденең оте шығу.

БЕНДЕ (Ауғ.; Ир.) түтқын. *1979 жылында Кәбілде бендеханада б е н д е болып жаттым* (Ауғ.).

БЕНДЕХАНА (Ауғ.; Ир.) түрме. *1970 ж. Кәбілде (Кабул) б е н д е х а н а д а бенде болып жүрдім* (Ауғ.).

БЕРБЕТ (ҚХР) теңіздегі хайуанаттардан пайда болатын маржан. *Алтын-күміс, ақ жамбы, інжу-маржан, б е р б е т жоқ* (ҚХР).

БЕРГІ (Гур., Маңғ.) бересі. *Менің мойнымда енді б е р г і жоқ* (Гур., Маңғ.). Қ. берік.

БЕРЕГРЕК (Қост., Аман.) берірек. *Қыс ауасында б е р е г р е к келе балалардың мектепке келуі сирей бастады* (Қост., Аман.).

БЕРЕЖАҚ (Орал: Қазт., Жән.; Ақт.: Ойыл, Ырғ.; Гур., Есб.) берешек. *Менің он манат б е р е ж а г ы м бар* (Орал, Жән.). *Былтырдан колхозга натура есебімен б е р е ж а г ы ң бар* (Ақт., Ойыл). *Алажағым болса да, б е р е ж а г ы м болмасын* (Мақал). Қ. берешақ.

БЕРЕКЕ (Рес., Орын.) мереке. *Бұрын б е р е к е коп болган кез, айтыс коп болушы еді* (Орын., Ад.).

БЕРЕН[1] (Қост., Об.) асыл мата. *Ертеде б е р е н н е н штан киген* (Қост., Об.).

БЕРЕН[2] (Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту; Гур., Маңғ.) мықты, кайратты. *Жазушы, оқушы да менен шықты, Не жүйрік, онер білер өрен шықты. Газетші, шешен, тілмар, әсем жігіт, Жұмысшы, зергер, уста, б е р е н шықты* (Кокш., Руз.).

БЕРЕСЕН (Гур., Маңғ.) орасан, өте, тым, аса. *Б е р е с е н зор адамда күш болмайды* (Гур., Маңғ.).

БЕРЕШАҚ (Кокш.: Еңб., Щуч.) бережақ, бересі.

БЕРЕШЕК (МХР) беретін пайдасы. *Ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибелерді қолдану жұмысын жаңа белге котеру, б е р е-*

ш е г і н жоғарылату, ұйымдардың, галымдардың күшін шешуге тиіс басты мәселелерге шоғырландыру қажет («Ж. өмір», 11.12.1986).

БЕРКУ (Орал, Орда) беку. *Бұл қада мықтап б е р к і д і* (Орал, Орда).

БЕРКІЛЕУ//БЕРКІТУ (Ақт., Ойыл; Орал; Гур.) бекіту. *Өзіне б е р к і л г е н ДТ-54 тракторының жапына келді де, оны жүргізіп кетті* (Ақт., Ойыл). *Бұл суарманың басына колхозшылар Байнияз Дүзелов жолдасты б е р к і т і п, оған көп міндеттер жүктеген еді* («Соц. ауыл», 22.09.1940). *Бекбауыл партия ұясы жоғарғы партия ұйымдарының соңғы кездегі директивтеріне сүйене отырып, 4 айлық іс жоспарын жасап б е р к і т т і* («Екп. балықшы», №65, 193).

БЕРҚҰЛДА (Жезқ., Ағад.) біржолата. *Сәкеннің ағасы Алматыға б е р қ ұ л д а кетті* (Жезқ., Ағад.).

БЕРМЕНІ (Ақт., Ырғ.) берісі, бері дегенде. *Бұл арық әрмені оң, б е р м е н і жеті-сегіз километр жерге барады* (Ақт., Ырғ.).

БЕРНЕ (Гур., Маңғ.) перне. *Домбылардағы б е р н е л е р д і ң саны 13-ке дейін барады* (Гур., Маңғ.).

БЕРШІК (Гур., Тең.) балықтың бір түрі (алабұға тектес балықтардың бірі); көк серкенің бершігі (кексеркенің кішкенесі); алабұғының бершігі (алабұғының кішкенесі); бершік кішірек болады. Салмағы 200-300 г шамасындай. *Б е р ш і к теңіздерде болмайды. Б е р ш і к Каспийге құятын өзендерде болады* (Гур., Тең.).

БЕРШІЛ (Рес., Орын.) фельдшер. *Б е р ш і л г е бар десем, ойбай салады. Жыласаң б е р ш і л г е апарып өкіл салғызамын* (Орын., Ад.).

БЕРШІМЕК (Түрікм.: **К**расн., **Н**ебид., Таш., Ашх.; Рес., Орын.; Гур., Маңғ.; Акт., Жүр.) беріш. *Аштархан тұрмесіне асығады. Б е р ш і м е к қабыргасы бекі сорлы ат* (Х. **Е**рғ., Құр.).

БЕРІК (Гур., Маңғ.) бересі. *Менің мойнымда енді б е р г і жоқ. Мен оған дұз мәнәттей б е р і к п і н* (Гур., Маңғ.). Қ. берге.

БЕРШІН (ҚХР) ұрғашы үйрек. **Е**ркегін *кежек* дейді.

БЕРІК ЕТТІ ТҰЙЕ (Қ.орда, Қарм.) әрқашан бір қалпын сақтайтын, азбайтын ортадан төмен еті бар, қомы аздау келген түйе.

БЕРІКТІК (Қост., Жанг.) есік ағашты ұстап тұратын көлденең екі ағаш, қарғаша. *Есіктің б е р і к т і г і бос болса, жігі ашылып кетеді* (Қост., Жанг.).

БЕРІЛЕП (Алм., Шел.) бертінде, бері келе. *Тұрмысымыз б е р і л е п келе жақсарды* (Алм., Шел.).

БЕРІЛУ (МХР) өткізілу. *Әуелі партияның орталық комитетінің мүшелері мен кандидаттарына, басшы қызметкерлерге жаңа сайлау жөнінде бірнеше рет семинар б е р і л і п, тәлімдік мектеп өткізілді* («Ж. өмір», 8.05.1987).

БЕРІМ (Жамб., Қорд.) беру. *Еріткен май миманга б е р і м г е жақсы* (Жамб., Қорд.).

БЕРІС (Алм., Жам.) кез. *Алғашқы б е р і с не істейтінімді білмедім* (Алм., Жам.).

БЕРІШ[1] (Жамб., **Ш**у) шикі. *Әкелген дарбызының бәрі аппақ б е р і ш екен* (Жамб., **Ш**у).

БЕРШІ[2] (Рес., Астр.) көксерке тұқымдас балық.

БЕРІШ[3] (Қ.орда, Қарм.) тізе беріші, жер соғары, төс табаны. Түйе шөккенде жайлы орналасуына таяныш болатын аяқтары мен тесіндегі жер соғары. Түйе орнынан тұрғанда да төрт аяғының бүгіліс жігін жерге кезектестіре тіреп тұрады. Сондықтан түйенің сол таяныш жерлерінің терісі жер бетіне соқтыға, сүйкеле егеліп, бірте-бірте тықырланып, б е р і ш сияқтанып қатып қалады. Оның *беріштеріне* еш уақытта жүн шықпайды. Түйенің жеті *беріші* (жер соғары) бар: төс табанында біреу, алдыңғы екі аяғында екеу, артқы аяқтарында екі-екіден төртеу. Бұлар түйенің жердің сызы мен тоңнан суық өтпеуі үшін қорғаныш, төсеніш сияқты.

БЕРІШМЕК (Рес., Орын.) ірің ішінде қатқан ісік. *Беріштен б е р і ш м е к кіші болады. Ұстап тұрып қарайды да азғантай б е р і ш м е к бар екен деп жатады емдеушілер* (Рес., Орын.).

БЕСАҚА (Шымк.: Қызылқ., Сайр.; Алм., Кег.) тармақты айыр. *Сен б е с а қ а н ы қайда қойдың?* (Шымк., Сайр.). *Б е с а қ а н ы алып берші, шөп жинайын!* (Алм., Кег.). Ағаш айырдың тармағына қарай бұл сөз оңтүстік-шығыста әр түрлі айтылады: *ұшақа, төртақа, бесақа*. Бұл сөздің екінші компоненті (*ақа*) тармақ деген сөз.

БЕСАППАЗЫ (Гур., Маңғ.) ағаш шелек. Кейде *бесаппазы шелек* делініп, шелек сөзімен бір тіркесте қолданылады. *Бесаппазы* сөзі басында осы ыдыстың бағасынан, құнынан алынған, ейткені жиырма тиындық ақшаны Маңғыстау өңірінің тұрғындары революциядан бұрын «*аппазы*» деп атаған.

БЕСБАҚАН (МХР) айыр. *Ұшақа, бесақа* деп тармағын айтпай, бәрін *бесбақан* деп атайды.

БЕС БҰРЫШТЫҢ ЖҰЛДЕГЕРІ (МХР) бес түліктің озаты. *Сұмыннан шыққан 17 б е с*

бұрыштың жұлдегерлеріне берілетін сыйлықты малшылар ортасында тапсырып, ынтасын арттырды («Ж. өмір», 15.05.1986).

БЕСЕНЕТ (Қ.орда, Арал) бейсеует. *Сенің үйіңе кешесі-бүгінді бесенете ешкім келіп кеткен жоқ па?* (Қ.орда, Арал).

БЕС ЕШКІ (Рес., Сарат.) сәуірдің сегізінен он үшіне дейінгі мерзім. *Бес ешкіден соң бес қонақ келеді, содан соң күн жылиды* (Рес., Сарат.).

БЕС ЖАҚСЫ (Түрікм.: Таш., Ашх., Красн.) нар, кілем, ат, қылыш, киімдердің ең тәуірлері арқылы төленетін күн түрі. *Коне уақытта бес жақсының белгілі адамдар үшін төледі емес пе?* (Түрікм., Таш.).

БЕСКЕМ//БЕШКЕМ (ҚХР) белгі, нышан. Соғыста белгі ретінде тағып алатын жабайы сиырдың күйрығы немесе жібек. Мұның *батырақ* дейтін түрі де болады.

БЕСКӨЗ (Алм., Жам.) матаның түрі. *Койлек тігем деп бес метр бескөз алып едім, тігілмей әлі жатыр* (Алм., Жам.).

БЕСКҮРЕК (Рес., Омбы) күрек.

БЕСҚАДАҚ (Ақт., Ойыл) сыйымдылығы бес литрлік ыдыс. *Мә, сепоратордан аққан сүттің астына мына бес қадақты қой* (Ақт., Ойыл).

БЕС ҚАСҚА (Жамб., Шу) бес таспалы қамшы.

БЕСҚОНАҚ[1] (Түрікм., Красн.) наурыздың 14-терінен 20-22-сіне дейін соғатын ыстық жел. *Біз осында келгенде бес қонақ соға бастады* (Түрікм., Красн.).

БЕСҚОНАҚ[2] (Қ.орда, Қарм.) шешек ауруының жеңіл түрі. *Бес қонақ қана болып шыққан гой, дәрігердің көмегімен* (Қ.орда, Қарм.).

БЕССАУСАҚ (Шығ. Қаз., Больш.) асылған ет. *Бұл бессаусақ өте дәмді болған екен* (Шығ. Қаз., Больш.).

БЕС ТАБАҚ АУДАРУ (Қарақ.) тойда отырған адамдардың әрқайсысына бір-бір табақтан ас әкеледі, дастарқан басында отырған бес не торт адам ол тамақтарды бір табаққа аударып салады. Осыған байланысты *«төрт табақ аудару»*, *«бес табақ аудару»* тіркестік атаулар қалыптасқан.

БЕСТАҚА 1. (Түрікм.: Таш., Красн., Небид., Ашх.; Гур., Маңғ.) еркектер киетін окшесі аласа етік. *Жаяуы тұрсын, бестақа ат үстінде де әздік* (қ.) *нәрсе* (Түрікм., Таш.). 2. (Қарақ.) өкшелі, жетім ұлтанды, атқа мінгенде аяққа киетін, үзеңгіге ыңғайлы етік.

БЕСТАС[1] (Гур., Маңғ.) өлген адамның моласының үстіне қойылатын тастар. *Әкеме там сала алмай бестас орнаттым* (Гур., Маңғ.).

БЕСТАС[2] (Гур., Маңғ.) қақпақыл ойыны.

БЕСТАУБАЙ (Орал, Жөн.) хабаршы. *Бұрын біздер бестаубайда қатты қорқатынбыз* (Орал, Жән.). Қ. бестенбай.

БЕСТЕНБАЙ (Орал, Жән.). Қ. бестаубай.

БЕСІК КЕРТТІ ҚҰДА (МХР) бесік құда. Қоңілдес құрбы құрдас, бірін-бірі жақсы білетін өзара сыйласатын адамдар балалары бесікте жатқанда-ақ құдалық сойлесетін салт болады. Монғолиядағы қазақтарда «белкүда», *«бесік құда»* сияқты құдаласудың түрлері болады.

БЕСІККЕ САЛАР (Көкш., Қ.ту) баланы бесікке саларда түбек үстіне салатын үйшік. *Бесікке салар салып алу керек* (Кокш., Қ.ту).

БЕСІК ПЕШ (Жамб., Шу) қазан орнатпайтын, бесікке үқсатып салынған темір пеш. *Бесік пеш қып жасат* (Жамб., Шу). *Бесік пеш* Алматы облысының аудандарында да айтылады.

БЕТ АЛДЫРУ (МХР) бағыттату. *Қойды қорадан шығарып бет алдыра бергенде қар қайта борап, қой қапталдай жонелді* («Ж. өмір», 15.05.1986).

БЕТ-АУЗЫ ЖОҚ (Гур., Маңғ.) үяттары жоқ.

БЕТ БОЗАРУ (МХР) шайға сүттің аз қосылуы. *Беті бозарған чәй. Чәйдің бетін бозарту* (МХР).

БЕТЕБОЗ (Қ.орда, Арал) күмда осетін бозғылт, аласа шоп (сиыр, жылқы жейді).

БЕТЕКЕ[1] (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) іштің ісігі. *Бетеке кетіп, бет қалар* (Қ.орда, Арал). *Ол бетеке деп жазылды* (Ақт., Ырғ.).

БЕТЕКЕ[2] (Талд., Қоғ.) бетеге. *Біздің таулы жерде жылқы жейтін бетеке көп болады* (Талд., Қоғ.).

БЕТ ЕКІ СОЙЛЕСУ (ҚХР) жүзбе-жүз сөйлесу.

БЕТЕЛДІ (Кокш., Қ.ту) беталды. *Бетелді сейлей беретінің не?!* (Көкш., Қ.ту).

БЕТЕР 1. (Алм., Жам.) одан әрі. *Алматы тұгілі одан бетер кетсең де мен ештеңе демеймін* (Алм., Жам.). 2. (Түрікм., Красн.) тым, өте. *Ол кісі маған бетер қары сияқты корінбеді* (Түрікм., Красн.).

БЕТЖҮЗДІК (Сем., Үрж.) сыйлық, тарту. *Бетжүздікке шапан әкепті* (Сем., Үрж.).

БЕТКЕ БАСАР (ҚХР) алдыңғы катарлы, бетке үстар. *Әрі сол жылы Құлжа қаласындағы үшінші орта, жекелер басқаруындағы Іле «Ақсай» орта мектебі сияқты қаладағы шарт-жагдайы жеткілікті, бетке басар*

орта мектептердің назарын аударды («Іле кеші»).

БЕТКЕ ҚАРАУ (ҚХР) көңілге қарау, қатаң шара қолданбау. *Қызмет барысында, шұғыл әл етуге тиісті мәселелерге жолық-қанда, көңілшектік, бетке қараушылық, жұмсақ қолдылық істетпей, тәртіп тұзімге қайшы, қате іс-әрекеттерге бұлжымас жауапкершілік сезімде бола отырып...* («Шыңжаң оқу.», 2001, №7, 12).

БЕТКӨРГІШ (Талд., Қоғ.) айна.

БЕТ КӨРІП ҚАЙТУ (МХР) көңіл айтуға бару. *Ол үйдің чалдары қайтыс болған, әлі бет көргеміз жоқ* (МХР).

БЕТ ҚАРА БОЛУ (МХР) ұятқа қалу. *Байқамай қызып, әйеліңіз бе деп сұрап, бет қара болдық емес пе?!* (МХР).

БЕТ ҚАРАЙТЫН ТУУ (Гур., Бақс.) қыз бала туу. *Күлән бет қарайтын туыпты* (Гур., Бақс.).

БЕТ ҚОСУ (Сем., Абай) беттесу, бетпе-бет, жүзбе-жүз келу. *Олар бір-бірімен бет қосып сойлесті* (Сем., Абай).

БЕТ ҚҰДА (МХР) кімдерде ер жеткен ұл, бойжеткен қыз болса, ата-аналары сол ауыл-дың мән жайына қанық бола келіп сұрастырып жүріп құдалық сойлеседі. Мұндай құдалық сой-лесушілік кобінде ер жеткен ұлы барлар жағы-нан басталады. *Бет құдалық халық арасында кең етек алған дәстур. Алайда бет құда кобінде «ауқаттылар», «атқа мінерлер» «молда қожалар», «бет бедел арқылы» құдаласуға саяды* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 10-11).

БЕТМАЙ (МХР) вазелин.

БЕТ МОНШАҒЫН СЫПЫРЫП ТАСТАУ (ҚХР) ұят-намысты жиып қою.

БЕТ МОНШАҚ (ҚХР) сәукеленің екі жағына, маңдайына салбырата қадап қоятын бірнеше қатар төгілмелі моншақ. *Бет моншақ* белге дейін тіпті онан да томен түсіп түрған. *Қазақта жас келінің бет моншағының ұзіліп түсуі үлкен ұят саналған. Сондықтан «ұялды» деудің орнына, «бет моншағы ұзілді» деп айту, «жас» деудің орнына «бет мон-шағы ұзілмеген» деу сол салтқа орай айтылған* (З. Сәнік., Қаз. түрм., 39).

БЕТ ОРАМАЛ 1. (МХР) қол орамал. 2. (Павл., Леб.) сүлгі.

БЕТ СҮРТКІШ (Шымк., Түлк.) сүлгі. *Бет сүрткішті бер!* (Шымк., Түлк.).

БЕТТЕН ШАРМАЙ АЛУ (Гур., Шевч.) беттен алу, қарсыласу. *Бірдеме десең бетіңнен шармай алады* (Гур., Шевч.).

БЕТТІҢ АРЫН БЕЛБЕУГЕ ТҮЮ (МХР) ұялмау, арлаибау, арын сату. *Оның қатыны беттің арын белбеуге түйген адам* (МХР).

БЕТШЕ (Гур., Маңғ.) жауынгерлік листок.

БЕТІҒІНДЕЙ (Гур., Есб.) кішкентай, ала-са. *Ол кезде Қасым бетіғіндей бала еді* (Гур., Есб.).

БЕТІМЕН ЖЕР БАСУ (ҚХР) қатты ұялу.

БЕТІНЕН ШЫҒУ (Қ.орда, Арал) асу, сыймау. *Жинаған қағазы бір жәшік, тіпті жәшіктің бетінен шығып тұр* (Қ.орда, Арал).

БЕТІНШЕ АЙТУ (Орал, Жән.) бетке айту, козіне айту. *Ахметке бұл сөзді бетіншеайт!* (Орал, Жән.).

БЕТІНІҢ МОРІ КЕТПЕГЕН (ҚХР) өнін бермеген, сұлу қалпында түрған.

БЕТІ ПІСУ (Рес., Сарат.) беті күю, ұялу, қызару. *Қайнаганың атын атаймын деп, қайғырып қалдым, бетім пісіп* (Рес., Сарат.).

БЕТІ ТҮСУ (ҚХР) ел алдында ұятқа қалу, абыройы төгілу. *Ол өз абыройын жанын сала қорғайтын намысшыл жігіт, ел алдында бетіті түсетіндей істі әсте істемейді* (ҚХР).

БЕҢУДА (Қ.орда, Қарм.) бекер. *Қалжаң, сен бекер уда далада жүрме, көзір орақка бар* (Қ.орда, Қарм.).

БЕШ[1] (Алм., Жам.; Жамб., Жам.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) бес. *Махорка отыз бес тыйын турады* (Алм., Жам.). *Бес көлік даяр болды* (Жамб., Жам.). *Балам биыл бес кеше шықты* (Қарақ.)

БЕШ[2] (Рес., Орын.; Орал: Қара., Жән.; Шығ. Қаз., Больш.; Гур., Маңғ.) пеш. *Үй салқын бес жагу керек* (Орал, Қара.). *Бес кеотын салдың ба?* (Гур., Маңғ.).

БЕШАЛА (Қ.орда, Арал) балық ілетін жер. Орыс тіліндегі *вешалка* сөзінің өзгертілген түрі.

БЕШАТАР (Қарақ.) бесатар. *Бесатардың огымен атыпты* (Қарақ.).

БЕШЕЛА (Қ.орда, Арал) балық ілетін жер.

БЕШКЕМ Қ. бескем.

БЕШКЕШ (Жамб., Шу) үлкендік. *Бір ай жатып мәжіліс құрганда жасымды бешкеш қылып сөлем бермедің* (Жамб., Шу).

БЕШМЕНТ (Рес., Орын.; Қост., Семиоз.) бешпент. *Қималы бешмент киеміз біз* (Рес., Орын.). *Сол жақтан қойга барам, бешмент імді ала кетейін* (Қост., Семиоз.).

БЕШПЕНТ//АҚ БЕШПЕНТ (Қ.орда, Арал; Ауғ.; Ир.) тік жаға етіп, жүн салмай ұзындығын тізерлікке жақын етіп астарлап тіккен женіл киім. Ертеде бешпенттің тысы тайлақ жүнінен (бозын, ағын болектеп) жіңішкелеп иіріліп тоқылған.

БИАБЫРАЙ (Қарақ.) абыройсыз. *Жалқау адамға б и а б ы р а й болайын десе лезде гой!* (Қарақ.).

БИАЖЕЛ (Қарақ.) ажалсыз. *Б и а ж е л адам өле ме?* (Қарақ.).

БИАЛА (Қар., Шет) шамның әйнегі. *Шамның б и а л а с ы н тазала* (Қар., Шет).

БИӘДЕПТІК (Қарақ.) әдепсіздік. *Баланы б и ә д е п т і к к е үйретпе* (Қарақ.).

БИБАЗАР КҮН (Қарақ.) базарсыз, демалыссыз күн. *Ертең кетпей-ақ қой, б и б а з а р к ү н і барасың* (Қарақ.).

БИБАҚ СӨЗ (Гур., Маңғ.) бос сөз.

БИБІТ (Ақт., Байғ.) бейбіт. *Б и б і т отырган совет территориясына... шабуыл жасады* (Ақт., Байғ.).

БИҒАЙРАТЛЫҚ (Қарақ.) қайратсыздық, дәрменсіздік.

БИҒАМДЫҚ (Қарақ.) қамсыздық.

БИҒУТ (Гур., Есб.) салық. *О кез б и г у т ш ы л ы қ дәуірі гой, айнам!* (Гур., Есб.).

БИДА (Қ.орда: Жал., Сыр.) бас жіп (малды байлау үшін). *Ақырға сиырларды б и д а м е н байлап қоямыз* (Қ.орда, Сыр.).

БИДАҒАТ (Рес., Орын.) табиғат. *Екеуі шариғаттан да, б и д а ғ а т т а и да сөйлеседі* (Рес., Орын.).

БИДАЙ АҒУ (Талд., Қоғ.) бидайдың шықпай қалуы. *Былтыр кейбір жерлердегі б и д а й а ғ ы п кетті* (Талд., Қоғ.).

БИДАЙ АҚСАҚ (Түрікм.: Красн., Тедж., Таш.; Гур., Маңғ.) бакайларынын арасына күрт түсіп, қойлардың аксап ауыруы. *Б и д а й а қ с а қ болған қойды тұяғының тесілген жеріне бидай тығып емдейміз* (Гур., Маңғ.).

БИДАЙ АУУ (Шымк., Арыс) бидайдың семуі, солуы.

БИДАЙДАЙ ҚУЫРУ (МХР) үрсу. *Келді де бәрімізді б и д а й д а й қ у ы р д ы* (МХР).

БИДАЙ ҚЫРҚУ (Көкш., Қ.ту) бидайды шабу. *Жуырда б и д а й қ ы р қ а бастаймыз* (Көкш., Қ.ту).

БИДАЙЛЫҚ (ҚХР) ер адамның тамағында болатын арлы-берлі қозғалып тұратын шеміршек, жұтқыншақ.

БИДАЙ СОҒУ (Көкш., Қ.ту) бидай бастыру. *Бұрын атқа тас байлап б и д а й с о ғ а т ы н б ы з* (Көкш., Қ.ту).

БИДАРЕК (Қарақ.) дерексіз. *Мен де көп болды б и д а р е к кеттім* (Қарақ.).

БИДАРКА (ҚХР) қаңғыбас, кезбе. *Көбісі келмей шенгел, б и д а р к а болып жөнелген* (ҚХР).

БИДАРЫҚТЫҚ (Қарақ.) орынсыздық, жөнсіздік.

БИДАУЛЕТ (Қарақ.) дәулетсіз. *Осы заманда б и д а у л е т адам жоқ* (Қарақ.).

БИДЕРТЛІК (Қарақ.) дертсіз. *Ол б и д е р т адам гой* (Қарақ.).

БИЕ БАЙЛАЙТЫН КЕЗ (МХР) ертеңгі сағат сегіз-тоғыз шамасы.

БИЕБАУ (Жамб., Жам.) бидай бас, үзын сабақты шөп, бидайық. *Б и е б а у араласып, шөп қалың шықса малға жем-шоп көп болады. Ондай жағдайда б и е б а у д ы шауып алады* (Жамб., Жам.).

БИЕЕМШЕК (Жамб., Сар.) қымыздық.

БИЕҚАРЫН (Жамб., Шу) басында дәні бар, бие жейтін шоп. *Б и е қ а р ы н н ы ң дәнін құырып жеуге де болады* (Жамб., Шу).

БИЕНАУЫЗ (Өзб.) аузына келгенді сойлей беретін, аузын бақпай лағып сойлейтін бейауыз адам.

БИЖАҒДАЙ (Қарақ.) жағдайсыз. *Бір б и ж а ғ д а й іс болыпты* (Қарақ.).

БИЖУАПЛЫҚ (Қарақ.) жауапсыздық.

БИЗАР ЕТУ (Түрікм.: Ашх., Таш.) зар ұлету, азапқа салу. *Күні бойы осы бала-ақ мені б и з а р е т т і* (Түрікм., Ашх.).

БИКАР (Қарақ.) жұмыссыз, бос.

БИКАРЕЖАТ (Қарақ.) қаражатсыз, пұлсыз. *Сен б и к а р е ж а т қайда барасың* (Қарақ.).

БИКАРШЫ (Тәж.) жұмыссыз, бос сенделіп жүргеи адам.

БИҚАЖЫ ӨЗ ҚҰНЫН ӨЗІ КЕСКЕН (ҚХР) өзіне өзі үкім шығару, өз айыбын өзі кесу.

БИҚАЛИ (Түрікм.: Таш., Мары) сезгіш, біреудің ойындағысын білетін адам. *Ол саған алдата қоймас, б и қ а л и адам* (Түрікм., Таш.).

БИҚАЯ (Орал, Орда) қазымыр. *Кемпірдің бәрі бірдей емес қой, олардың б и қ а я л а р ы да көп болады. Олар келіндеріне тыныштық бермейді* (Орал, Орда).

БИҚҰНТЛЫҚ (Қарақ.) күнтсыздық.

БИҚҰТ[1] (Гур., Маңғ.) бейкам, қанненқаперсіз. *Б и қ ұ т отырган елміз* (Гур., Маңғ.).

БИҚҰТ[2] (Гур., Тең.) жерден қазылған мұз сақтайтын үй. *Қыстың күні мұзды б и қ ұ т қ а салып жинап аламыз* (Гур., Тең.).

БИҚҰТ[3] (Рес., Волг.) түрме. *Мұнда б и қ ұ т т а отырган сияқты, қансорпа боп* (Рес., Волг.).

БИҚҰШ (Қарақ.) көңілсіз. *Есі кіресі-шығасы кісінің әңгімесін б и қ ұ ш болып тыңдаймыз. Б и қ ұ ш болып жатыр еді* (Қарақ.).

БИЛЕТПЕУ (МХР) коп ішу, көп жеу. *Тамақты б и л е т п е й т і н адам ол* (МХР).

БИМАҚСЕТ (Қарақ.) мақсатсыз. *Б и м а қ с е т адамда бола ма?* (Қарақ.).

БИМӘЛЕЛ (Қарақ.) **1.** алаңсыз, уайымсыз, еркін, өз бетінше. *Жұмыс уақытында б е й м ә л е л жүруге бола ма екен?* **2.** жуас, тыныш, ез жонін білетін есті, қадірлі адам. *Ой, бишараай, озі бір жақсы, б и м ә л е л жігіт еді* (Қарақ.).

БИМҰРАТ (Қарақ.) мақсатсыз, орынсыз жұмыс, іс.

БИНА (ҚХР) зәулім үй, ғимарат. ...*оқу б и н а м ы з* осы болады, – деп тобесі жасыл сырлы қаңылтырмен жапқан үш қабатты *б и н а н ы* корсетіп. *Біздің үй бес қабатты б и н а д а* тұрады (ҚХР).

БИНАЙ (Рес., Омбы) қолғап.

БИНЕТ (Ақт., Байғ.) бейнет. *Байдың жылқысымен еріп кетіп, б и н е т т і ң нелер азабын шегіп жүруші едім* (Ақт., Байғ.).

БИНОПА//БЕЙОПА (ҚХР; МХР) опасыз. *Жалған көңілім болды көп қала, тарттырады құдай көп жапа. Қарап тұрсам жұлмалап, болғаның б а б и о п а* (Батырлар жыры).

БИПАЙДА (Қарақ.) пайдасыз, босқа жүру.

БИПАРАЗ (Орал) папирос. *Жебесін ширатады қара мұрттың, Тартады б и п а р а з ы н қала жұрттың* (Х. Ерғ., Құр.).

БИПАРУАЛЫҚ (Қарақ.) көңілсіздік.

БИТ (Талд., Ақсу) бүршік. *Темекінің сабағындағы б и т і н алып тастамаса, жапырағы кіші шығады* (Талд., Ақсу).

БИТАҚАНДАЙ (Орал: Жымп., Чап.) кішкентай.

БИТКЕ ӨКПЕЛЕП ТОН ШЕШПЕ (МХР) орынсыз нәрсеге өкпелеме.

БИТКЕ ПЫШАҚ СУЫРУ (МХР; ҚХР) болмашыға ашу шақыру. *Қолынан дәм татып, ұлағатты батасын алған ұлы би үшін кешейін. Б и т к е п ы ш а қ с у ы р ы п қайтейін* (С. Тәу., Ақыр Жән., 342). – *Пай-пай, Жұмағұл-ай, б и т к е п ы ш а қ с у ы р ғ а н д а й жіліктегеніңай, пана тілеген байқұсқа* (М. Раз., Алт. ақ., 33).

БИТТІҢ ІШІНЕ ҚАН ҚҰЮ (МХР) өте құ, жылпос.

БИТІМДЕЙ (Жезқ., Ұлы.) кішкентай. *Б и т і м д е й болып қызметке тұрыпты* (Жезқ., Ұлы.). Қ. битақандай.

БИТІН СЫҒЫП ҚАНЫН ЖАЛАУ (МХР) өте сараң, шық бермес шығайбай.

БИХАТ (Гур., Маңғ.) бейсенбі.

БИХАЯЛЫҚ (Қарақ.) ұятсыздық, арсыздық.

БИХУШ (Қарақ.) ұйқысырау, селқос.

БИҺАЯ (Өзб.) жүгенсіз, ұятсыз, арсыз.

БИҺУДА (Жамб., Жам.) орындалмайтын, болмайтын.

БИШЕК (Қарақ., Қоң.) күзде пісетін тарғыл сопақ қауын. *Б и ш е к басқа қауындардан кешірек егіледі* (Қарақ., Қоң.).

БИШЕМБІ (Гур., Маңғ.) бейсенбі.

БИШІК (Сем.: Абай, Шүб.; Қар., Шет) арба қамшы. *Сен менің б и ш і г і м д і ал* (Сем., Шүб.). *Қолыңызға б и ш і г і ң і з д і ал* (Қар., Шет).

БИІ (Қарақ.) палауға салатын, күзге қарай пісетін тәтті жеміс. *Б и і н і ң үлкендігі жұдырықтай болады* (Қарақ.).

БИІКТЕ ТҰРЫП АЛЫСТЫ КӨРУ (МХР) болашақты болжай білу, келешекті көре білу.

БИІКТІРЕУ (Алм., Шел.) биіктеу.

БИЯБЫР (Жамб., Жам.) ұятсыз, абиырсыз. *Ол б и я б ы р кісі. Б и я б ы р әйелдің ащы дауысы көршілерді мазаласа керек* (Жамб., Жам.).

БИЯЗ (Сем., Үрж.) матаның түрі. *Б и я з д ы да талап алып жатыр* (Сем., Үрж.).

БИЯЗЫ ШЕКПЕН (Қ.орда, Жал.) түйе жібіне түйіп, жіп қосып тоқыған шекпен.

БИЯЛА (Қост., Жанг.) шамның лампасы. *Шамның б и я л а с ы сынық* (Қост., Жанг.). Қ. пияла[2].

БИЯЛАЙ (Орал: Чап., Жымп.; Кокш., Еңб.; МХР) қолғап. *Б и я л а й д ы қыста қолғаптың сыртынан киеді. Б и я л а й д ы ң жалғыз бас бармағы болады* (МХР). *Қыстың көзі қырауда кішкене б и я л а й киген қолыңды иін ағаштың ілгері жағына салып, кіп-кішкене көрінетінсің* (А. Фад., Ж. гв., 60). *Б и я л а й ы н шешкен бала аса бір ептілікпен Азанның қолындағы сақинасын жып еткізіп алды да, жылы саусағына өзі киді* (С. Жүн., Ақан сері, 35). *Мен өзім өтіріктен пайда еткенмін, бит терісін б и я л а й қалта еткенмін. Етіне бір шіркейдің қазан толмай, соймасқа енді шіркей ант еткенмін* (Қырық отірік).

БИЯПАР (Талд., Панф.) мазасыз, тынымсыз. *Кәрімжан б и я п а р кісі* (Талд., Панф.).

БОБАДАМ (ҚХР) бошалаң, өлез. *Баягының бос белбеу, б о б а д а м мырзалары* (ҚХР).

БОБАРТЫ (Қ.орда, Қарм.) қазақы қой мен арабы қошқардың үрпағы. *Қазақы қойға арабы қошқар шапса, б о б а р т ы туады. Б о б а р т ы н ы ң құйрығы кепеш, еті майлы, жүні тығыз болады. Біздің колхозда б о б а р т ы қойдың тұқымы аз* (Қ.орда, Қарм.).

БОБЛЫҚ (Гур., Маңғ.; Қост., Жанг.) хабарошар. *Б о б л ы қ қылу* – хабарлау. *Екі-үш жылдай согысты, өзінің білмей шамасы, Б о б л ы қ*

қылып шақырды, Мен қазақтың баласы (Қашаған ақын).

БОБЛЫҚ БЕРУ (Қост., Торғ.; Жезқ., Ұлы.) хабар беру. *Сол келген кісі б о б л ы қ б е р д і. Б о б л ы қ т а н кейін біз де қозғала бастадық* (Жезқ., Ұлы.).

БОБЫЛЫҚТАУ (Түрікм., Таш.) іздеу, хабар салу, сұрастыру. *Оны б о б ы л ы қ т а п бармаған жеріміз, сөйлеспеген кісіміз қалмады* (Түрікм., Таш.).

БОГРЕ (Қост., Аман.) сандық. *Шыны аяқты б о г р е г е сал* (Қост., Аман.).

БОҒАДАН (ҚХР) құстың қоясы.

БОҒАҚ 1. (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.) бұғақ. *Ол курортқа барған екен, б о г а ғ ы солбырап, семіріп қайтыпты* (Сем., Ақс.). **2.** (ҚХР) алқым. *Сөйтті де камалатқа толған, сұлу әйелдерде ғана болатын аппақ б о г а ғ ы н ақырын бұлк еткізіп, жұтынып қойды* (Ж.Сәмит.).

БОҒАҚ АУРУЫ (ҚХР) қалқанша (тамақ) бездері қызметінің бұзылуынан болатын ауру, жемсау ауруы.

БОҒАТ 1. (Шымк., Қызылқ.) дуалдың үстінен салынған қамыс. *Әр тамның жоғарғы жиегіне б о г а т салынады* (Шымк., Қызылқ.). **2.** (Өзб.) үй төбесі (шатыры) мен қабырғасының қосылатын жері. *Тамның б о г а т т а р ы піскен қышпен өрнектеліпті* (Өзб.).

БОҒАУЛАУ (ҚХР) бұғаулау. *Ұлықтар халықты саяси жақтан б о г а у л а п қия бастырмайды* («Мұра»). *Ақыттың бұл кезі – бала кезінен дін оқып, әбден б о г а у л а н ғ а н кезі еді* («Мұра»).

БОҒЫ БҰЗЫЛУ (ҚХР) көңіл күйі бұзылу, мінезі бұзылу.

БОҒЫН СУЫТПАЙ (ҚХР) айтқанынан қайтпай тұрып, келісім, уәде бұзылмай тұрып, дереу, уақытты кешеуілдетпей.

БОДАЛАҚ (Ақт., Ырғ.; Сем., Абай) дорекі, ажарсыз, ретсіз. *Сенің өрнегің б о д а л а қ тоқылыпты ғой* (Ақт., Ырғ.). *Мынау туырлықты б о д а л а қ т а у қылып басыпты* (Сем., Абай).

БОДАЛАҚТАУ (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) қалай болса, солай істеу. *Жұмысты б о д а л а қ т а т ы п істемеу керек* (Қ.орда, Сыр.).

БОДАЛАУ (Қост., Жанг.) бодалақтау. *Тұйебайдың әйелі тоқыған кілемін б о д а л а й салыпты* (Қост., Жанг.).

БОДАМ (Сем.: Үрж., Мақ.) сенек, кіре берістегі алдыңғы үй. *Үйдің б о д а м ы кішкене* (Сем., Үрж.). *Күн батар алдында Ефросинья Ниловна пешке от жақпақ болып, ауыздары б о д а м г а шықты. Б о д а м и ы ң іші ала көлеңке* (К. Ораз., Жексен, 94).

БОДАМ БОЛУ (Сем., Үрж.) біреудің қол астында болу, біреуге бағыну. *Баягыда бір халық екінші халыққа б о д а м б о л а т ы н* (Сем., Үрж.).

БОДАМСЫЗ (Шығ. Қаз.: Күрш., Больш.) бағынышсыз, тәуелсіз. *Мынаның өзі бір б о д а м с ы з кісі көрінеді* (Шығ. Қаз., Күрш.).

БОДАН (Шығ. Қаз., Зайс.) үлкен пышақ, локет пышақ. *Үлкеи пышақты біз б о д а н деп те атаймыз* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Б о д а н пышақпен мал сойылады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БОДВОД (Қ.орда, Арал) қайықтың алдыңғы жағындағы куыс. *Ведро б о д в о д т а жатыр* (Қ.орда, Арал).

БОДЫҒА ЧАҒУ (МХР) қара мал мен ұсақ малды озара орташа мөлшермен боды мал деп есептеудің бірлік олшемі. Мәселсн, «жеті ешкіні бір боды; бес қойды бір боды; жылқыны бір боды; сиырды бір боды; түйені екі боды» деп орташа бірлік олшеммсн «бір боды» деп есептеуді «бодыға чағу» дейді.

БОДЫҚ (МХР) қызған отпен, таспен пісірген ет. Бодықты екі түрлі әдіспсн пісірсді: 1) малды бауыздап, іші-қарнын алып, ішіқарнын алған жерін қайта тігіп, отқа құйқалап үііітеді. Бірпсшс жерге құмлы, тасты от жағып, қызған тасты ішінс пығыздап салады да, екінші бір қызған құмға комеді, сыртындағы құмды от жағып қыздырады. Ұзақ уақыттан сон ніссді. 2) малды бауыздап, басын кесіп алып, мойын жағынан стін болшектеп алады. Сонда бітеу тсрі қалады. Бітеу теріге қызған тасты етпен аралас салып, терісін құйқалап үйітеді де, қызған құмға коміп, от жағып пісіреді (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 118).

[Монғолша *боодог* (Монғ.-қаз. соз., 1954)].

БОЖБАНДАУ (Орал, Казт.) бажылдау. *Ол, жайшылықтағысы былай тұрсын, бюрода да б о ж б а н д а п отырады* (Орал, Казт.).

БОЖУ (Шығ. Қаз., Зайс.; МХР) быршу, ашып кету. *Айран б о ж ы п кетті* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БОЖУҒАЙ (МХР) бота, ботакан. *Б о ж у г а й енесімеи еріп кеткен бе* (МХР).

БОЖЫ (Жамб.: Жам., Жуа.; Жсзқ., Ұлы.; Кокш., Қ.ту) делбе. *Мен б о ж ы ұстап келемін* (Жезқ., Ұлы.).

БОЖЫҒАЙ Қ. **божуғай**.

БОЖЫЛАУ (Қ.орда, Арал) зекет, садақа жинау.

БОЗ[1] (Қ.орда, Арал; Шымк., Түркіс.) далада өсетін коде, селеу. *Бұл қонған жеріміздің маңайында б о з коп* (Қ.орда, Арал).

БОЗ[2] **1.** (Көкш., 1 Май) жайылым жер. *Мал жайылатын жерді б о з дейді* (Көкш., 1 Май). **2.** (Қарақ.) құнарлы, тың жер.

БОЗА БОЛУ (Қ.орда, Арал) ашу, көгеру, бұзылу. *Бір пөшкі темекі алып едім, арасы б о з а б о л ы п кетіпті* (Қ.орда, Арал).

БОЗАДАҒЫ СОЗ БОҚ СОЗ (МХР) арақ ішіп, мастықта айтылған созге көңіл аударып, мән берудің қажеті жоқ деген мағынада жұмсалады.

БОЗАЙ (Алм., Нар.) бос, нашар. *Ол бір ынжық, б о з а й адам екен!* (Алм., Нар.).

БОЗАҚАЙ (Гур., Тең.) бозғылт, бозырақ. *Бейсембаевтың қайығының жалауы б о з а қ а й еді* (Гур., Тең.).

БОЗАҢ (Алм., Кег.; Шығ. Қаз., Тарб.) бос, нашар. *Ол бір ынжық, б о з а ң адам екен* (Алм., Кег.).

БОЗАРҒАН (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.) аздап қана сүт қосып ашытқан шалап қоже. *Шөлдеп келдік, ағарғаның болмаса, б о з а р г а н бере гой* (Түрікм., Красн.).

БОЗБАЙТАЛ (Қарақ.) осекші. *Арадағы б о з б а й т а л, Андағыны мұнда айтар, Мұндағыны анда айтар* (Қарақ.).

БОЗБАЛДАҚ (Гур., Маңғ.) бозбала. *Талай кетті б о з б а л д а қ, Талай сұлу қызғалдақ, Алладан омір болған күн, Өлімнен бар ма құр қалмақ* (Гур., Маңғ.).

БОЗБАС[1] (Алм., Шел.) бозбала, жастық. *Бұрын оқып едім, б о з б а с т ы қ п е н тастап кеттім* (Алм., Шел.).

БОЗБАС[2] (Шымк., Түркіс.) шабарман. *Мұны естіп б о з б а с т а р, алып келді баланы* (Шымк., Түркіс.).

БОЗБАСШЫЛЫҚ (Талд., Қоғ.) бозбалашылық. *Кәртайғанда б о з б а с ш ы л ы қ істейін деген екенсің!* (Талд., Қоғ.).

БОЗБҰҒА 1. (Сем.: Абай, Шұб.; Тау., Қош.) шөптен жасалған дәрі. *Ол б о з б ұ г а н ы емге іште* (Сем., Шұб.). **2.** (Жамб., Шу) тамырынан дәрі жасайтын таулы жерге шығатын есімдік. XI ғ. М. Қашқари сөздігінде (III, 244) бозбұғаны *дәріге пайдаланатын өсімдік* деп берген.

БОЗҒАНАҚ (Ақт., Шалқ.) ұсақ жапырақты аласа шөп. *Б о з ғ а н а қ т ы қой сүйіп жейді* (Ақт., Шалқ.).

БОЗДАҚ[1] **1.** (Ақт., Ойыл) түйенің жүнін жүндеген жеріне қайта шығып келе жатқан майда жүн. *Түйенің б о з д а ғ ы жаңа шығып келе жатыр* (Ақт., Ойыл). **2.** (ҚХР) ботаның жақ жүні немесе түйе түлеген соң жаңадан шығатын жұмсақ үлпілдек жүні.

БОЗДАҚ[2] (ҚХР) итбалықтың бір түрі.

БОЗДАҚТАУ (Қ.орда, Қарм.) түйенің жүнін жүндегеннен кейін соның орнына жаңадан майда жүннің шығуы. *Ол бәрі бір енді б о з д а қ т а п жатқан жоқ* (Қ.орда, Қарм.).

БОЗДАП ҚАЛҒЫР (ҚХР) көз жасың арылмасын (қарғыс).

БОЗДЫҚ (Орал, Орда; Рес.: Сарат., Қалм.) көде, сортаң жерге өсетін шөптің түрі. *Біздің бұл арада б о з д ы қ болмайды* (Орал, Орда).

БОЗЖАП (Қарақ., Тақт.) ені 5-6 метрдей су жүретін арық. *Б о з ж а п суды жақсы тартады* (Қарақ., Тақт.).

БОЗЖЕР (Кекш.: Еңб., Щуч.; Қ.орда, Арал; Түрікм., Таш.) жайылым жер.

БОЗ ЖУСАН (Алм., Қарат.) түрі боз, сабағы аласа жусан.

БОЗ ЖҮГЕРІ (Түрікм.: Таш., Тедж.) дәні бозғыл келетін жүгерінің түрі.

БОЗҚОНАҚ (Шымк., Түркіс.) түсі қоңыр, бойы қарыстай, ұсақ жапырақты, басы бүршікті ой жерге шығатын шеп. *Б о з қ о н а қ т ы қой көп жемейді* (Шымк., Түркіс.).

БОЗ ОБА (Қар., Шет) шағыл (тасты, шебі аз) жер.

БОЗ ОТ//ҚАУ (Кекш., Қ.ту) қырға шығатын аласа шеп. *Б о з о т біздің жақта сирек болады* (Кекш., Қ.ту).

БОЗ ТҰМСЫҚ (Рес., Орын.) тарының шала, піспеген кезі. *Тарының жары* (қ.) *пісіп, жары піспей тұрған кезін б о з т ұ м с ы қ дейміз* (Рес., Орын.).

БОЗ ҮЙ (Шымк.: Қызылқ., Сайр.; Жамб., Қорд.) киіз үй. *Бәріміз де б о з ү й г е кірдік* (Жамб., Қорд.). *Бұрын жазда б о з ү й д е отыратын* (Шымк., Сайр.).

БОЗ ШЕКПЕН (Қ.орда, Шиелі) боз тайлақ пен жас боз түйелердің жүнінен бір тін етіп иіріп, өрмекпен тоқып алып, пішілетін сырт киімдердің бірі.

БОЗ ШӨП (Шымк., Түркіс.) тоғайда өсетін шөп. *Б о з ш ө п өлең шөп емес, ажырық емес, тоғай шөбі* (Шымк., Түркіс.).

БОЗ ШЫБЫН (Шымк., Түркіс.) кезге әрең көрінетін шыбынның кішкене түрі. *Б о з ш ы б ы н н ы ң шаққаны қатты болады, шаққан жерінің қышуы қанбайды. Б о з ш ы б ы н шіркейден үлкендеу, шыбыннан кішілеу болады* (Шымк., Түркіс.).

БОЗЫМ (Ақт., Жұр.) айыр еркешті түйе. *Б о з ы м күшті болады* (Ақт., Жұр.).

БОЗЫМ ХАЛ КЕШУ (ҚХР) кеңілді халде болу.

БОЗІНГЕН[1] (Түрікм.: Красн., Небид.) шептің бір түрі. Оның қураған тамыры, жер астынан қазып алынып, лай жасауға қолданылады.

БОЗІНГЕН[2] (Гур., Маңғ.) борбас жер, жауын-шашыннан кейін батпақ болып жататын жер.

БОЙ (Қ.орда, Арал; Гур., Есб.) адамның бойы (өлшем ретінде). *Біздің құдығымыз терең болады, 6-7 б о й г а барады* (Қ.орда, Арал).

БОЙ-БОЙ (Алм., Шел.) жыртық-жыртық. *Чапаным б о й-б о й болып киюден қалды* (Алм., Шел.).

БОЙДА (Алм., Көг.) бойына. *Алты жыл б о й д а сауыншы болып істеймін* (Алм., Кег.).

БОЙДАҚ БИДАЙ (Шығ. Қаз., Зайс.) аңызға шыққан бидай. *Биыл жаңбыр көп болып, б о й д а қ б и д а й жақсы шықты* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БОЙДАҚ ШАЙ (Рес., Омбы) сүтсіз шай. *Бұл кісі б о й д а қ ш а й д ы жаратпайды* (Рес., Омбы).

БОЙДАҢ//БОЙДАҢ ҚАРА ШАЙ (ҚХР) шайнамасыз шай.

БОЙДАҢ ҚАРА ШАЙ Қ. бойдаң.

БОЙ ЖҮГЕРІ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) сабағы ұзын, собығы жұмыртқа тұлғалас, иіліп өсетін жүгері.

БОЙҚУМА (Гур., Маңғ.) қуалай, сол бағытта. *Ауды б о й қ у м а етіп салма, балық түспейді* (Гур., Маңғ.).

БОЙЛАЙ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Тедж.; Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ.; Ақт.) үнемі, ылғи. *Жеке жағын б о й л а й қадағалады* (Түрікм., Тедж.). *...арзалар туралы сайлаушылардың алдында оқтын-оқтын б о й л а й есеп беріп тұрулары керек* («Қарабұғаз.», 25.04.1937). *Біз б о й л а й осы жерге келіп тұратынбыз* (Орал, Чап.). *Комсомол оқуын б о й л а й да тыңғылықты әзірлікпен өткізеді* («К-з жолы», 3.10.1953).

БОЙЛАҚ 1. (Сем., Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР) төлсіз (мал). *Құлынды шығынсыз аяқтандыру үшін буаз биеден алдын ала б о й л а қ жылқыдан бөлектеп қорада жемдейді* («Үгітші», 1987, №4). **2.** (МХР) биылғы қозы. *Күзде жүнін қырқып ап, күзде қойға қошқар қосқанша қозы аталады да, күйектен мал төлдегенше тоқты аталады, өлі жүнін қырыққан соң б о й л а қ болады* (МХР). *Жомарттың берген б о й л а ғ ы н, Сараңның берген бір лағын, қоралы қойға балады* («Жаңа талап», 37).

БОЙЛАҚ-САУЛЫҚ (МХР) ағайын, не ағайын емес адамдар жазғы жайлауда екі ауыл болып қатар отырады да, козы, лағын тумаған қой, серкешке қосып, бір ауылдың адамдары жаяды. Екінші ауыл сауатын малдарын (саулық қой мен саулық ешкіні) жаяды. Бұлайша отыруды «бойлақ-саулық болу» дейді.

БОЙРА (Жамб., Св.; Шымк., Сайр.; Алм.: Кег., Жам.; Қарақ.) қамыстан тоқылған тоқыма. *Б о й р а н ы үйдің төбесіне, киіздің астына салады* (Жамб., Св.). *Бүгін үйге б о й р а төсеп, үстіне киіз салып қояйық* (Шымк., Сайр.). *Ақшам б о й р а тоны бастырмада отыралы* (Қарақ.).

БОЙСӘКЕ (ҚХР) төсек, сәкі.

БОЙ ТЕМІР (Жамб.: Мойын., Шу) су диірменнің тасы мен астындағы су ұратын дөңгелекті байланыстыратын темір.

БОЙ ТЕРЕК (Түрікм.: Мары, Таш., Тедж.) теректің түзу өсетін түрі. *Осы б о й т е р е к т е р д і соңғы үш жылдықта отырғызғанбыз* (Түрікм., Таш.).

БОЙЫНА ТОҒЫТПАУ (Гур., Маңғ.) мексінбеу.

БОЙЫНДА (Түрікм.: Ашх., Мары, Таш.) бойына. *Екі күн б о й ы н д а құтар* (қ.) *деп отыр* (Түрікм., Таш.). Қ. бойда.

БОЙЫНДА ШЫБЫНЫ ҚАЛМАУ (ҚХР) зәре-құты қалмау, катты қорқу. *Ол өзі ұрлап мініп жүрген аттың иесін көргенде б о й ы н д а ш ы б ы н ы қ а л м а д ы, көрінбей зытты* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 543).

БОЙЫҢНАН АСЫРА ІШПЕ (ҚХР) көп ішпе, мөлшерден асырып жіберме.

БОЙЫҢЫЗ ЖАҚСЫ МА? (Көкш.: Еңб., Щуч.) ауру адамнан хал сұрағанда айтылады. *Ақсақал, б о й ы ң ы з ж а қ с ы м а, тәуір болдыңыз ба?* (Көкш., Еңб.).

БОКЕС (Қост., Об.) бөкес. *Шөп шапқан пішеншінің б о к е с і н д е й* (Қост., Об.).

БОКОЙ (Ақт., Қараб.) тырнауыш жинап кеткен шөп.

БОҚАН ЕР (Ақт., Жүр.) алдыңғы қасы кошқар мүйіз болып келген, артқы қасы да иіліп келген ердің түрі.

БОҚЖАМА[1] (Алм., Жам.) кішкене төрт бұрышты алаша.

БОҚЖАМА[2] (Қарақ.) киім-кешек салатын кіркалта, дорба. *Жуылған, үтіктелген киімдерді б о қ ж а м а ғ а салың* (Қарақ.).

БОҚТАУ (Жамб., Шу) жерге көң шашу. *Жерді өңдеп, б о қ т а с а, егін жақсы шығады* (Жамб., Шу).

БОҚША 1. (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.) сөмке, портфель. *Мектепке баратын болсаң, б о қ ш а ң қайда?* (Сем., Ақс.). **2.** (Жамб.: Мер., Шу) қыздардың куыршақ салып қоятын ыдысы. *Жігітте кісө болса, қызда б о қ ш а бар* (Жамб., Шу).

БОҚШЫБЫН (Қ.орда, Қарм.) малды күрттататын, күрт түсіретін шыбын.

БОҚШЫЛЫҚ (ҚХР) өнімсіз өмір күйбеңі, ырын-жырын өмір. *Жолдастары амалдап құтқарып қалмағанда, ол да б о қ ш ы л ы қ дүниемен қош айтысатын болса керек* (А.Қалиұлы). *Өткен түннің өзінде де екеуі әбден балбырап дүниенің б о қ ш ы л ы қ қамынан құтылып, «бейіске» (бейіш) шыққанда да* (Ә. Бажайұлы).

БОҚЫРАУШЫ (Қост., Фед.) көпей, кенже туған тол. *Бұл босағада оскен б о қ ы р а у ш ы еді, үйден ұзамайтыны сол* (Қост., Фед.).

БОҚЫРЛАУ (ҚХР) дезинфекциялау.

БОЛАЖАҚ (Гур., Есб.) болашақ. *Ол қарт б о л а ж а қ т ы болжай біледі* (Гур., Есб.).

БОЛАРШАҚ (Орал, Чап.) болашақ.

БОЛАТ (Шығ. Қаз., Зайс.; ҚХР) көздің нұры, карашығы. *Көздің б о л а т ы н а қарай доктор көзілдірік береді гой* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Көздің б ө л а т ы кеткен бе, әлде?* (ҚХР).

БОЛАТНАЙ (Алм., Жам.) матаның түрі. *Өткен айдағы жалақыма үш метр б о л а т н а й алдым* (Алм., Жам.).

БОЛ-БОЛДЫ (Алм., Еңб. қаз.) ерте пісетін қауынның бір түрі. *Қазір б о л-б о л д ы пісіп қалыпты* (Алм., Еңб. қаз.).

БОЛҒАНДА ҚОЙ СЕКІЛДІ (Қ.орда, Арал) болғанда қандай. – *Бұл жерде маса бола ма? – Б о л ғ а н д а қ о й с е к і л д і* (Қ.орда, Арал).

БОЛҒАНЫНЫҢ ҚАЙЫРЫ (Рес., Волг.) барға риза болу.

БОЛҒЫЗУ Қ. болдыру.

БОЛДЫРҒАН СИЫР ӘР ТҮРЛІ БОҚ ТЫШАДЫ (ҚХР) есі шыққан ананы да, мынаны да істейді.

БОЛДЫРУ//БОЛҒЫЗУ (МХР) ету. *Аткөлік, азық-түлік, киім-кешек, жатар орын тағысын тағыларды сақадай сай б о л ғ ы з д ы* («Ж. өмір», 30.07.1985).

БОЛЖЫМАС (Акт., Ырғ.) бұлжымас. *Колхоздың уставы біздің б о л ж ы м а с программамыз гой!* (Акт., Ырғ.).

БОЛМАЛЫ (Түрікм., Красн.) болуы керек. *Бұл жақтың дәбі* (қ.) *бойынша ұзатылған қыздың жасауында міндетті түрде шай сандығы б о л м а л ы* (Түрікм., Красн.).

БОЛМЫС (МХР) жағдай. *Еңбекшілердің еңбек демалыс, тұрғын үй, тұрмыстық, мәдени б о л м ы с ы м е н қоршаған ортаны қорғау ісін жақсарту* («Ж. өмір», 29.11.1986).

БОЛПЫШ (ҚХР) бала, бөпе. *Әлдилеген әлпешті, бұлдилеген б о л п ы ш т ы қайда апарып қырамыз* (Күдері қожа).

БОЛУШЫ (МХР) болып табылатын. *Мектептің басты көрсеткіші б о л у ш ы мектеп бітірту жоспарын орындауға арналған жақсты жұмыстар жүргізіліп, 100,2% орындау мүмкіндіктерін қолға келтірді* («Ж. өмір», 8.03.1983).

БОЛЫҚ (Қост.: Семиоз., Фед.) төсектің астына салатын төсегіш. *Төсектің астындағы б о л ы қ т ы қайтадан қағып сал!* (Қост., Фед.).

БОЛЫМДЫ (Қ.орда, Қарм.) пысық. *Ол да б о л ы м д ы бөлды гой* (Қ.орда, Қарм.).

БОЛЫС (Тау., Қош.; Сем., Абай; Шығ. Қаз., Болып.) көмек, жәрдем, қолғабыс. *Сіз бізге б о л ы с жасаңыз* (Тау., Қош.).

БОЛЫСТЫҚ (Тау., Қош.; ҚХР) көмек, жәрдем. *Колхозшыларға б о л ы с т ы қ жасап жүрміз* (Тау., Қош.). *Б о л ы с т ы қ жасайтын кісі болмай қалып еді* (ҚХР). Қ. болыс.

БОЛЫС ҮЙ (Рес., Орын.) ұзататын қызға арналған кеш. Ілгері кезде қарындасын я жиенін, т. б. ұзатқанда мен қарындасымның болыс үйін аламын деп жататын. *Б о л ы с ү й жасаушы бір кеш тамаша жасап береді* (Рес., Орын.).

БОПА (ҚХР; МХР) нәресте, сәби, бепе. *Соқтауылдай б о п а л а р, оқымай кеп «екі» алар* («Шұғыла», 1987, №2, 23).

БОПАЖАН (ҚХР) бопатай, бопаш.

БОПАЙ (Сем., Абай) бос, болбыр. *Бөтай да бір б о п а й бала екен* (Сем., Абай).

БОПАЙКЕ (ҚХР) жүн, мақта, т. б. заттардан тоқылған жылы киім. *Б о п а й к а л а р ы н тоқып, үй жұмыстарында осы жерде біті-реді* (Р. Әпешұлы).

БОПАЙ ҚОРҚЫТ САЛУ (ҚХР) қоқаңдау, қоқан-лоқы жасау, үрей туғызу. *Қалқам, сол қылмысыңның түсін түстеп, атын аташы, былай б о п а й қ о р қ ы т с а л м а ш ы, атанда үшқан торғайға шалма лақтырып, миын шығарамыз деп жерді жұдырықтап болмадық па?* (Қ. Мүк., Тай., 205).

БОПАЙ ТЕЗЕК (МХР) жылқының күнге кеуіп бобыраған тезегі. *Дымқыл б о п а й т е з е к отқа жанбай жатыр* (МХР).

БОПАЛАМ (Гур., Маңғ.) аралас. *Әйшәйіңе қарамай б о п а л а м сөйлей беретін адам* (Гур., Маңғ.).

БОПАТАЙ (ҚХР) бөпе сөзінің еркелетіп айтылуы.

БОПИКЕ (Қ.орда, Қарм.) кейлекке тағатын шыны көз, танакөз (түйме). *Шырағым-ау, кейлегіңнің тамағындағы б о п и к е с і түсіп қалыпты гой!* (Қ.орда, Қарм.).

БОПСА (Қарақ.) жеңіл базыналық, екпе.

БОПСАЛАУ[1] (Орал, Жән.) сыр тарту, пікірін білу. *Баладан б о п с а л а п көріп едім, шынын айтты* (Орал, Жен.).

БОПСАЛАУ[2] (Қарақ.) өзімсіну, еркінсіну, сену.

БОПЫЛЫҚ (Қарақ.) жарлық, үкім.

БОПЫР ҚОРА 1. (Жамб., Шу; Қ.орда, Арал) керегесін шөп, қимен өсірген отын қоятын немесе қыста малды күншуаққа қоятын төбесі ашық қора. **2.** (Қост., Жанг.) көң, қоқыр (малдікі). *Ат-қораның іші б о п ы р болып кетіпті* (Қост., Жанг.).

БОПЫРАУ (Алм., Үйғ.) бұрқырау, қатты қайнау. *Самауырды б о п ы р а т ы п жібергені!* (Алм., Үйғ.).

БОПЫРСЫТУ (Алм., Шел.) астан-кестеңін шығару, шашу. *Мен суға барып қайтып келсем, балдарым үйді б о п ы р с ы т ы п ойнап жүр* (Алм., Шел.).

БОР[1] (Жезқ., Ұлы.) алты қырлы асыл темір. *Жұмысшылар жерді б о р м е н теседі* (Жезқ., Ұлы.).

БОР[2] (Алм., Қарат.) үйді ақтайтын әк, ақтас.

БОРА (Сем.: Үрж., Мақ.) қамба, астық сақтайтын жер. *Біздің астығымыз б о р а д а сақтаулы тұрады* (Сем., Үрж.). Кейде «сусек» деп те атайды. Қ. пора.

БОРА-БОРА БОЛУ (Қ.орда, Арал) ағылтегіл болу. *Біздің жаққа барып, б о р а-б о р а б о л ы п жылап едің* (Қ.орда, Арал).

БОРАЗНА (Жезқ., Ұлы.) борозда. *Б о р а з н а н ы ң сүреңі де оңай емес* (Жезқ., Ұлы.).

БОРАҚ (ҚХР) борсықтың еркегі. *Б о р а қ т ы ұр тұмсықтан, тез өледі шымшықтан* (Халық мәтелі). Борсықты қара тұмсықтан ұрмасаң оңай өлмейтіндігі белгілі. *Борақтай тонды екен* деген сөз тіркесі бар. Бұған қарағанда *борақтан* таяқ өтпейтіндей, суық та өтпесе керек.

БОРАЛ (Талд., Қоғ.) бозғыл түс.

БОРАЛАУ (ҚХР) балағаттау, тіл тигізу, боқтау.

БОРАН (Алм., Кег.) жел.

БОРАН ҚЫЛУ (Алм.: Кег., Нар.) жария қылу. *Бұл жұмысты ел ішінде ол б о р а н қ ы л д ы* (Алм., Кег.).

БОРАНСЫЗ (Рес., Омбы) сисаның бір түрі. *Б о р а н с ы з б е н көрпе-жастықты қаптайды* (Рес., Омбы).

БОРАН-ШАШЫН (Орал: Жымп., Чап.; МХР) жауын-шашын. *Б о р а н-ш а ш ы н д а байқап жүру керек* (Орал, Чап.).

БОРАТ (Рес., Омбы) қақпа. *Дөкей б о р а т т а н шыққаннан соң, оңға бұрыласың* (Рес., Омбы). Шымкент облысының кей жерлерінде *дарбаза*. Орысша *ворота*.

БОРБАЙ ПАНАЛЫ ЖЕР (Түрікм., Красн.) ықтасын жер. *Қыста қойды б о р б а й п а н а л ы ж е р г е жайған дұрыс* (Түрікм., Красн.).

БОРБАС//БОРПАС (Алм.: Шел., Еңб. қаз.) сор. *Атпен б о р б а с т а н оту өте қиын* (Алм., Шел.). *Біздің жерде б о р п а с аз кездеседі* (Алм., Еңб. қаз.). *Б о р п а с жерде су болмайды, қарт адамда әл болмайды* (Халық мақалы).

БОРБАСТАҢ (ҚХР) сазды, балшықты жер.

БОРДАҚ[1] (Орал, Жөн.) панасыз, жетім. *Ол баланың әке-шешесі жас кезінде оліп, б о р д а қ болып осылі* (Орал, Жөн.).

БОРДАҚ[2] (ҚХР) семіз, толық. *Ол б о р д а қ кісі гой* (ҚХР).

БОРДАҚТАУ (МХР) қайнаған шайға қуырған ұн араластырып, қайнатып, қойылту. *Чәй б о р д а қ т а й берейік* (МХР).

БОРДАҚ ЧӘЙ (МХР) талқанға шай құйып қойылту арқылы жасалған шай. *Қара чәйдан гөрі б о р д а қ ч ә й тәуір гой!* (МХР).

БОРДАМА ШӘЙ//ҚАЙЫРЫЛҒАН ШӘЙ (ҚХР) ұнды майға қуырып алған соң, үстіне қара шай құйылып дайындалатын тағам.

БОРДАНА (Қост., Торғ.) толқын. *Желді күні теңізде үлкен б о р д а н а болады* (Қост., Торғ.).

БОРЕҢКЕ (Шымк., Мақт.) воронка. *Ана б о р е н к е н і әперші* (Шымк., Мақт.).

БОРЖАСЫ БОЛУ (Қ.орда, Арал) қолдың бос болуы, мұршасы болу. *Егер б о р ж а м б о л с а, бидайды орып болып, қырманға да барам* (Қ.орда, Арал).

БОРЖУ (Қост.: Жанг., Торғ.) шіру. *Мынау б о р ж ы г а н ағаш қой, есіктің кәсегіне жарамайды* (Қост., Жанг.).

БОРЖЫМА (Павл., Леб.) айранды пісіп, майын алған сұйық сусын.

БОРКЕМІК (ҚХР) **1.** бос, борпылдақ. *Таудың күнгей бетінің тастары б о р к е м і к бос екен* (ҚХР). **2.** осал, жасық, нашар.

БОРЛАМА Қ. бордама шөй.

БОРЛАТ (Жамб., Шу) қып-қызыл мата.

БОРЛАУ (Сем.: Абай, Шүб.) айдап салу, қажау. *Мен оны осылай ет деп б о р л а п-б о р л а п жібердім* (Сем., Абай).

БОРМАН (Қар., Шет) қамба, қойма. *Астықты б о р м а н г а салып қойдық* (Қар., Шет).

БОРМИ//ПОРМИ 1. (Сем.: Акс., Аяг., Мақ., Үрж.) жүгері. *Б о р м и биыл ерсі шығыпты* (Сем., Үрж.). **2.** (ҚХР) (қытайша *бауми*) ұзын сабақты, дөнді дақыл. *Бір бұрышта б о р м и, арпа үйіндісі жатыр, тегі кеңсе*

кадрларының қыстан қалған ат жемі болса керек (ҚХР). *Өзіңіз бастаған төрт қорада ойдан жарған б о р м и әкеле жатыр* (ҚХР).

БОРПАС Қ. борбас.

БОРСАСЫН ШЫҒАРУ (Қ.орда, Қарм.) қатты үрсып, есін шығару. *Кеше ағасы үрсып, б о р с а с ы н ш ы г а р ы п жіберген* (Қ.орда, Қарм.).

БОРСЫҚЖҮН (Сем., Үрж.) таудың үшар басындағы алаида осетін шөп. *Б о р с ы қ ж ү н д і жылқы малы сүйсіне жейді* (Сем., Үрж.).

БОРУ (Ақт., **Ы**рғ.) шіру, қараю. *Шабылған шопті жауынға тигізбей мезгілінде жиып алмаса, б о р ы п кетеді* (Ақт., **Ы**рғ.).

БОРША[1]**//БОРШЫ** (Қарақ., Қоң.) бүрге. *Бұл үйде б о р ш а бар екен* (Қарақ., Қоң.).

БОРША[2] (ҚХР) тағамның бір түрі. *Б о р ш а н ы тауық, қаз, үйрек, бұзау, лақ, қозының еттеріне сарымсақ, бұрыш, шикі жұмыртқа, сары май қосып, ішекке, бүйенге нанға тығып пысырады* («Мұра»).

БОРША БОЛҒЫР! (Түрікм., Таш.) түйе малына айтылатын қарғыс. *Үш-төрт күннен бері орістен лок қайтпай қойды б о р ш а б о л г ы р, аман болса жарар еді!* (Түрікм., Таш.).

БОРШЫ Қ. борша[1].

БОРШЫН (**О**рал, Жән.) сиырдың, түйенің көн терісінеи тігілген шәркей. *Революцияға дейін б о р ш ы н тігіп күнелттім* (Орал, Жән.).

БОРЫҚ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) ау тартатын үршық ағаш. *Қысты күні мұз астына салған ауды б о р ы қ арқылы тартып алады. Б о р ы қ т ы атпен тартады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БОРЫҚ[2] (Сем., Үрж.) борсыған, шалшық су. *Біздің жерде ішуге жарамайтын б о р ы қ сулар көп* (Сем., Үрж.).

БОРЫҚ[3] 1. (Қост., Жанг.; Қ.орда: Жал., Сыр.) қамыстың, қоғаның тамыры. *Қоғаның б о р ы г ы тарам-тарам болады* (Қост., Жанг.). *Ашық қораны б о р ы қ т а н да жасап аламыз* (Қ.орда, Сыр.). 2. (Сем., Абай) майда сабан. *Құрылысқа б о р ы қ өте қажет* (Сем., Абай).

БҮКПЕ[4] (ҚХР) тарпаң биені сауғанда алдыңғы аяғын бүгіп тізесіне кигізетін жіп құрсау. *Асауға тұсау, тебегенге күйде, тарпаңға б ұ к п е* (Мақал).

БҮКПЕ[5] (Рес., Омбы) шананың табанының үстіндегі бастырманы байланыстырып отыратын көлденең ағаштар.

БҮКТЕМЕ (Сем., Абай) ақша қапшығы. Мұны *күмәжник* деп те айтады. *Менің ақшам б ұ к т е м е д е* (Сем., Абай).

БҮКТІЗЕ (Жамб., Шу) ат тағалағыштағы аттың аяғын иіп қоятын жері. *Аягын б ұ к т і з е н і ң үстіне байлап қой* (Жамб., Шу).

БҮКІМ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) бүкіл, барлық. *Б ұ к і м ауданда бір жақсы домбырашымыз бар* (Тау., Қош.).

БҮКІН (ҚХР) еркектік қасиетінен айырылған адам.

БҮКІРЕШ АТ (Жамб., Шу) жотасы томпақтау келген ат. *Б ұ к і р е ш а т жүкшіл келеді, белі талмайды* (Жамб., Шу).

БҮКІРЖІК (Қ.орда: Жал., Сыр.; Гур., Маңғ.) құрғұлақ. *Солтүстік аудандарға қарағанда бұ йақта б ұ к і р ж і к ауруы кеміс деседі* (Қ.орда, Жал.). *Ақ ішпегендіктен менің балам б ұ к і р ж і к болып ауырды* (Гур., Маңғ.).

БҮЛГҮНДІК (Орал, Жән.) бүліншілік. Қ. бүлгіншілік.

БҮЛГІН (Ақт., Ойыл) бүлік. *Ермек, үйіңе б ұ л г і н салғаның не, ұят емес пе!* (Ақт., Ойыл).

БҮЛГІНШІЛІК (Гур., Бақс.) бүліншілік. *Сарайшықта соғыс болып, б ұ л г і н ш і л і к к е ұшырапты* (Гур., Бақс.).

БҮЛДІРГІ (Гур., Маңғ.) қарашық, егінмен аралас шығатын қарашық.

БҮЛКЕНДЕУ (Гур., Маңғ.) бүлкілдеу. *Қасқырдың күшігі екі айдан соң енесінің артынан қалмай, б ұ л к е н д е п еріп отыруға жарап қалады* (Гур., Маңғ.).

БҮЛТТЕЙ (Алм., Нар.) түп-түгел. *Төсекорын б ұ л т т е й дайын* (Алм., Нар.).

БҮЛІНШІЛІК САЛУ (ҚХР) бүлдіру, бүлік салу.

БҮЛІС (МХР) пүліш (плющ).

БҮПСЕК (ҚХР) асқазанның қызылдап ауыруы.

БҮР (Шымк.: Сайр., Түркіс.) қозаның өң алғашқы түйініндө оның көсегін орап тұрған

жапырағы немесе бұтақтарына шыққан жапырақтар.

БҮРГЕ БАЛЫҚ (Шығ. Қаз., Зайс.) кішкене балық, қылтанақты, еті жеуге қолайсыз. *Б ү р г е б а л ы қ т ы аулау пайдалы емес* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БҮРГЕЗ (Талд., Қоғ.) тауда болатын өсімдіктің бір түрі.

БҮРГЕЛЕМБЕУ (Алм., Кег.) анық, ашық айту. *Малды амандап келдіңіз гой, б ү р г е л е м б е й айтып беріңіз* (Алм., Кег.).

БҮРГЕЛТАЙ (Гур., Тең.) бүрге, қора бүрге.

БҮРГЕН[1] (Гур., Маңғ.) төрт доңгелекті арба.

БҮРГЕН[2] (Шығ. Қаз.: Зайс., Үрж.) үсақ бүршікті, тікенді, құрай тектес өсімдіктің бір түрі. *Б ү р г е н тау етегінде көп болады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БҮРГІН (Түрікм., Таш.) күріш. *Дарияның суы жақын болған соң бұл жерге алғашында б ү р г і н егіп те көрдік* (Түрікм., Таш.).

БҮРЖЕҢДЕУ (Ақт., Ырғ.) бүрсеңдеу. *Түйелер сеңдей соқтығысып, әркімнің қорасының ығында б ү р ж е ң д е п жүр* (Ақт., Ырғ.).

БҮРКЕНШІК[1] (Жамб., Шу; Көкш., Қ.ту) самаурынның түтінін өшіретін қақпағы. Шу бойындағы аудандардың өзінде бірнеше сөз қолданылады: *тебелдірік, тұңлік, булық, от өшіргіш*. Алматы облысының Шелек, Кеген аудандарында *өшірткі, төңкерме*. Шымкент облысының Түлкібас, Сайрам аудандарында *басқыш*.

БҮРКЕНШІК[2] (Түрікм., Красн.) келін болып түскенде қыздың басына бір түн салатын орамал. *Келін түскенде үлкен ақ орамалдан қыз басына бір түк б ү р к е н ш і к салатын әдетіміз бар* (Түрікм., Красн.).

БҮРКЕУ ЧІЛ (МХР) керосин шамның лампасы.

БҮРЛЕН (Алм., Жам.) жапырағы қызғылт әдемі гүлді шөп. *Қырқаға б ү р л е н жылдағыдан қалың шығыпты* (Алм., Жам.).

БҮРЛЕС (Қ.орда, Арал) түбі кең, аузы тар бүрмеленген шелек. *Б ү р л е с к е айран құйып қояды. Б ү р л е с т і ң үлкені де, кішісі де болады* (Қ.орда, Арал).

БҮРЛЕУ[1] (Алм., Шел.) бүрмелеу, өрнектеу, өрнек салу. *Мария тұс киізін келістіріп б ү р л е п т і гой* (Алм., Шел.).

БҮРЛЕУ[2] (Шығ. Қаз., Зайс.) өсімдіктің, т. б. нәрсенің бүршігін алу. *Олар темекіні б ү р л е п жатыр* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БҮРЛЕУ[3] (Қост.: Семиоз., Фед.) бүршік ату. *Бұл жердің қысының кеш шығатыны сондай, ағаштар май айында гана б ү р л е й д і* (Қост., Фед.).

БҮРМЕ[1] (Қ.орда, Арал). Қ. бүрлес.

БҮРМЕ[2] (Көкш.: Еңб., Қ.ту, Щуч.; Орал, Чап.) жылқының қарнына салып қатырылған ет. *Біз көктемде б ү р м е бұзамыз* (Көкш., Еңб.).

БҮРМЕ[3] (Шымк., Түркіс.) тікеннің бір түрі.

БҮРМЕ[4] (МХР) малдың қарнына бауыр, жүрек, сарымсақ, т. б. салып қайнатып пісірген тағам.

БҮРМЕ ТІКЕН (Жамб., Шу) қойдың үстіне жабысатын тікен. *Б ү р м е т і к е н ошаганнан үлкен болады* (Жамб., Шу).

БҮРМЕ ҮЛТАН (Көкш., Қ.ту) ішкі ұлтан. *Етіміе б ү р м е ү л т а н керек еді* (Көкш., Қ.ту).

БҮРТІК (МХР) жара. *С. Дәукен: – Буянтда биылгы 1 айдан 3 айға дейін іріңді б ү р т і к т е н 11 түйе шығындалды* («Ж. өмір», 3.05.1986).

БҮРШЕ (Қост., Жітік.; Ақт., Қараб.; Рес., Орын.) бүрге. *Қазіргі уақытта б ү р ш е н і ң тұқымы құрып бітті гой* (Ақт., Қараб.). *Дәрі сеуіп б ү р ш е н і ң бәрін құртқанбыз кезінде* (Рес., Орын.).

БҮРШЕК (Жамб., Шу) оралып-оралып түйін болып қалған ат жалы. *Б ү р ш е к қарабайыр, жалдас жылқыда көп болады* (Жамб., Шу).

БҮРІШ (Гур., Маңғ.) бүріс. *Б ү р і ш түяқ болғыр!* (малға айтылатын қарғыс) (Гур., Маңғ.).

БҮТКІЛ//БҮТІЛ (Алм., Шел.; Қ.орда: Жал., Сыр.; Жамб.: Қорд., Шу; Ақт., Қараб.; Түрікм., Красн.) бүкіл, барлық. *Б ұ т к і л колхозымызға қарасты жер осы атырап* (Қ.орда, Сыр.). *Б ұ т і л қора-жайды сыпырып қойдым* (Жамб., Шу). *Б ұ т к і л жердің жарымынан артығына бидай егеміз* (Ақт., Қараб.).

БҮТІГЕ (ҚХР) баклажан.

БҮТІЛ Қ. бүткіл.

БҰҢ-БҰҢ! (Жамб., Шу) түйені суғарғанда айтылатын одағай сөз.

БҮЮ[1] (Қост., Жанг.) билеу. *Артист жақсы б ұ й и д і* (Қост., Жанг.).

БҮЮ[2] (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) үю, бір нәрсеге ден қоя көңіл аудару. *Аузыңнан сілекейің ағып, күйді б ұ й і п, тұрып тыңдап отырсың* (Қост., Жанг.).

БЫҒУ[1] (Шымк., Түлк.) **1.** ботқа болып қалу. *Ботқа б ы ғ ы п қалыпты* (Шымк., Түлк.). **2.** ыбырсу. *Үй ішінде нәрселер б ы ғ ы п жатыр. Киімдеріңді б ы қ т ы р м а й, жинап іліп қой!* (Шымк., Түлк.).

БЫҒУ[2] (Сем.: Абай, Шүб.) бұғу. *Асқар б ы ғ ы п жатыр* (Сем., Абай).

БЫҒЫ-ЖЫҒЫ (Қ.орда, Арал) ығы-жығы. *Базарда адамдар б ы ғ ы-ж ы ғ ы, біреуді біреу білер емес* (Қ.орда, Арал).

БЫҒЫНА (Гур., Бал.) көп, тола. *Ондай зат біздің үйде бығына* (Гур., Бал.).

БЫҒЫТУ (Шымк.: Сайр., Қызылқ.) ыбырсыту. *Балалар нәрселерді күнде б ы ғ ы т ы п тастайды* (Шымк., Қызылқ.).

БЫДЫМ [АДАМ] 1. (Орал: Чап., Жымп.) мазасыз адам. *Мынау бір боя-шая б ы д ы м адам гой өзі!* (Орал, Чап.). **2.** (Ақт., Қараб.; Қ.орда, Арал; Қарақ.) жуан, семіз. *Сейтжан бір жылда б ы д ы м болды* (Ақт., Қараб.). *Б ы д ы м адамның саулығы келе болады* (Қ.орда, Арал).

БЫДЫМ-БЫДЫМ (Қарақ.) білем-білем.

БЫДЫМ-СЫДЫМ (Қ.орда, Арал) олай-бұлай. *Жүргек жүрісі б ы д ы м-с ы д ы м деп әйтеуір құртты гой* (Қ.орда, Арал).

БЫДЫРМАҚ (ҚХР) бұдырмақ. *Жазық пен Сілемнің өбіскен жиегінде ұзыннан-ұзаққа созылып б ы д ы р м а қ адыр жатыр* («Сөз сан.»).

БЫЖЫҚ (Шымк., Қызылқ.) мылжың. *Б ы ж ы қ адамнан не ұғасың?* (Шымк., Қызылқ.).

БЫЗАУШЕКПЕН (Талд., Панф.) жерге табандап шығатын түсі беде тәрізді өсімдік. *Б ы з а у ш е к п е н д і жылқы, қой қатты жейді* (Талд., Панф.).

БЫЗЫҢ (ҚХР) жаңа тебіндеген мұрт.

БЫЙЫЛҚЫ (Жамб., Жам.) биылғы. *Б ы й ы л қ ы жыл менің қолымда 192 бас мал бар* (Жамб., Жам.).

БЫҚ-БЫҚ (ҚХР) лық толған, қаптап жүрген, құжынаған. *Үлкен клубта адам деген б ы қ-б ы қ толып отырады. Шихуды көргенім сол, бір кішкене қалашық екен гой, адам б ы қ-б ы қ етіп қайнап тұрады екен* (ҚХР).

БЫҚМЕРЕЗ (Орал, Жән.) жаман ниетті. *Көптің ішінен б ы қ м е р е з д е р де шығады* (Орал, Жән.).

БЫҚПАУ (Сем., Үрж.; Шығ. Қаз., Тарб.) міз бақпау, елемеу. *Ол қанша ескертсең де б ы қ п а й д ы* (Сем., Үрж.). *Біздің әйел қалжың сөзге б ы қ п а й д ы* (Шығ. Қаз., Тарб.).

БЫҚТЫРУ (Алм., Кег.; Жамб., Жам.; Ақт., Ырғ.) бұқтыру. *Шайды жеке бір құманға салып, б ы қ т ы р ы п қойды* (Ақт., Ырғ.).

БЫҚЫНАУ (Жамб., Шу) ыбырсу. *Келімкетім кісілеріміз көп, үйіміз б ы қ ы н а п жатыр* (Жамб., Шу).

БЫҚЫР (Рес., Астр.) көп, мол. *Онда балық б ы қ ы р болар* (Рес., Астр.).

БЫҚЫРСУ (Қ.орда, Арал) быксу, қоксу. *Үй тар болса-ақ болды, б ы қ ы р с ы п кетеді* (Қ.орда, Арал).

БЫҚЫРУ (Алм., Іле) ашу (айран туралы). *Менің үйытқан айраным б ы қ ы р ы п кетіпті* (Алм., Іле).

БЫҚЫСУ (Қ.орда, Арал) бықу.

БЫҚЫ-ТЫҚЫ (Гур., Есб.) бығы-жығы. *Адам б ы қ ы-т ы қ ы көп екен* (Гур., Есб.).

БЫҚЫ-ТЫҚЫ БОЛДЫ (ҚХР) кейіді, ашуланды. *Оның қырсықтанғанына әкесі іштей ашуланып б ы қ ы-т ы қ ы б о л д ы* (ҚХР).

БЫҚЫ-ШЫҚЫ (Жамб., Мер.) анаумынау. *Үй жасаудың б ы қ ы-ш ы қ ы с ы көп екен* (Жамб., Мер.).

БЫЛАҒАЙ (Гур., Маңғ.) шым-шытырық. *Б ы л а ғ а й заман (мыс. 1916 ж.)* (Гур., Маңғ.).

БЫЛАЙ (Көкш., Қ.ту) бұлай. *Малды б ы л а й қайыр, көлікті б ы л а й айда, – деп шыбықпен соғып көрсетті* (Көкш., Қ.ту).

БЫЛАЙЫМ (Павл., Үрлі.) былайша. *Б ы л а й ы м айтқанда сені әурелеуге болмайды* (Павл., Үрлі.).

БЫЛАЙЫМША (Шымк., Арыс) былайша. *Б ы л а й ы м ш а жаман кісі емес көрінеді* (Шымк., Арыс).

БЫЛАҚ (Жамб., Жам.; Гур., Маңғ.; Шығ. Қаз., Марқ.; МХР) бұлақ. *Б ы л а қ суы жақсы болады* (Жамб., Жам.). *Көк қырандай қырағы, малға толы тұрағы, Күлкісіндей бикештің сыңсып аққан б ы л а ғ ы* (Халық әні; МХР).

БЫЛАМЫҚ (Жамб., Шу) талқаннан жасалған қою кеже. Мұны Алматы облысының кейбір аудандарында *қара көже* дейді.

БЫЛҒАМАЛАУ (Алм., Шел.) араластыру, былғау. *Үсеннің айтуы бойынша қыз ат дорбаның ішіне қолын салып б ы л ғ а м а л а п т ы* (Алм., Шел.).

БЫЛҒАРЫ БАЙПАҚ (Жезқ., Ағад.) мәсі.

БЫЛҒАУ (Қост., Жанг.) шылау. *Қаймаққа тары б ы л ғ а п берсем, жер ме едің?* (Қост., Жанг.).

БЫЛҒАУЫШ (Шығ. Қаз., Құрш.) бидай, құрт қайнатқанда қолданатын ожау. *Б ы л ғ а у ы ш әкел, бидай қуырам* (Шығ. Қаз., Құрш.).

БЫЛЖЫР 1. (Сем.: Абай, Шүб.) балшық, лай. *Бізге б ы л ж ы р керек болып тұр қора салуға* (Сем., Абай). **2.** (Рес., Омбы) езілген балшық. *Б ы л ж ы р д а н мәшін тұрсын, тракторлар да араң жүреді* (Рес., Омбы). **3.** (ҚХР) құрылысқа қалайтын тас, кесектерді ұстастыруға жұмсалатын иленген балшық, мылжымыр. *Мына зират Ертіс бойының көк балшығына тай, құнанның құйрық-жалы туралып, сексен неше серкенің майымен*

б ы л ж ы р иленіп, өн бойына қойылған халық алғысының айғағы (Ғ. Қан.). *Кейде бітеу сойылған қойдың, арқардың терісіне б ы л ж ы р жағып, ұрға салып, үстіне күшті от жағып кететін әдіс те қолданылған. Ол кене тілімізде «сырбағыс» деп аталады* («Мұра»).

БЫЛЖЫРАҚ (Сем.: Мақ., Үрж.) иленген батпақ. *Б ы л ж ы р а ғ ы ң жете ме сылауға?* (Сем., Үрж).

БЫЛЖЫРАҚТАУ (Шымк., Тұлк.) қыбырлау, жүрісі мандымау. *Тасқа бұрын ат қосушы едік, енді мынау өгіздер б ы л ж ы р а қ т а п жүргені* (Шымк., Тұлк.).

БЫЛҚИЮ (Орал, Жән.) семіру. *Мына сиыр әбден б ы л қ и ғ а н екен* (Орал, Жән.).

БЫЛТЫҚ[1] (ҚХР) сексеуілдің шорлау бітken қысқа бұтағы.

БЫЛТЫҚ[2] (ҚХР) етті, әрі жуан. *Оның жұп-жұмыр қысқа жаралған б ы л т ы қ саусақтары қыранның тегеуіріні сияқты бір-біріне жуыспай тарбиып тұр* («Сөз сан.»).

БЫЛШЫРАҚ (Кекш., Қ.ту) былжырақ. *Жер б ы л ш ы р а қ болып кетті* (Көкш., Қ.ту).

БЫНДАЙ Қ. бұндай.

БЫР (Сем., Абай; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) бір. *Ол он б ы р туйе айдап қайтты* (Тау., Қош.).

БЫРЖУ 1. (Қост.: Жанг., Торғ.) ысу. *Бүгін күн қандай ыстық еді, б ы р ж ы п кетті гой, шырағым!* (Қост., Жанг.). **2.** (Көкш., Қ.ту; Жезқ., Ұлы.) ашу (айран туралы). *Айран қатты б ы р ж ы п кетті* (Кокш., Қ.ту).

БЫРТ БОЛЫП КЕТУ (Қ.орда, Қарм.) ісініп-кеуіп кету. *Түрінің жаманын-ай, б ы р т б о л ы п к е т і п т і* (Қ.орда, Қарм.).

БЫРТ ЕТПЕУ (МХР) карыны ашпау, ашықпау. *Ет пен сорпаға тойған қойчы ымыртқа дейін б ы р т е т п е й д і* (МХР).

БЫРТ-СЫРТ (Гур., Маңғ.) бос сөз, былшыл. *Б ы р т-с ы р т деп аузыңа келгенді оттамай отыр!* (Гур., Маңғ.).

БЫРШЫЛДАҒАН (Гур., Маңғ.) быртылдаған. *Қарақұйрық бұ гүнде суға көп қайырылмайды, жерде б ы р ш ы л д а ғ а н көк шоп болса, соны жеп жүре береді* (Гур., Маңғ.).

БЫРЫҒУ (Орал, Казт.; Гур., Есб.) былығу. *Мына үйдің іші б ы р ы ғ ы п кетіпті гой, жинасаңшы!* (Орал, Казт.). *Сенің қағаздарың мына жақта б ы р ы ғ ы п жатыр!* (Гур., Есб.).

БЫРЫҚТЫРУ (Орал, Чап.; Ақт., Алға) былықтыру. Қ. бырығу.

БЫСЫҚ (Сем.: Абай, Аяг., Шүб.; Тау., Қош.) пысық.

БЫСЫРУ (Сем.: Абай, Шүб.) пісіру.

БЫТБЫЛДЫҚ (Орал, Жән.) байыпсыз, құрғақ әңгіме. *Оның б ы т б ы л д ы г ы таусылмайды!* (Орал, Жән.).

БЫТ-БЫТ (Қ.орда: Қарм., Сыр.) быт-шыт. *Бір асау тайға мініп ем, озімді тастап, егерімнің* (к.) *б ы т-б ы т ы н шығарды* (Қ.орда, Қарм.). Қ. быт-сыт.

БЫТҚЫЛ 1. (Қ.орда, Арал; Орал, Жән.) шөбі мол кедір-бұдыр, ойлы-қырлы жер. *Б ы т қ ы л жер машинамен шөп шабуға қолайсыз гой* (Қ.орда, Арал). *Ат б ы т қ ы л д а жайылып жүр* (Орал, Жән.). **2.** (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) шұрайлы, отты, ағаш аралас оскен жер. *Б ы т қ ы л жер малға жайлы келеді* (Тау., Қош.). **3.** (ҚХР) қалтарысты, ұңғыл-шұңғылы көп жер. *Мендағы қызыл тұлкі б ы т қ ы л д а ғ ы* (ҚХР).

БЫТҚЫРАТУ (Сем.: Абай, Шүб.) талқандау, тас-талқанын шығару. *Ол осы созді естісімен жұртты б ы т қ ы р а т т ы* (Сем., Абай).

БЫТҚЫТА БЕРУ (ҚХР) былықтыра беру, мөлшерін білмей асырып жіберу, тәртіпке салмау.

БЫТПАУ (ҚХР) міз бақпау, селт етпеу, елемеу.

БЫТПЫЛДЫҚ[1] (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал) кедір-бұдыр, ойлы-қырлы, шоқалақ жер. *Б ы т п ы л д ы қ мәшін дейтінді қоймайды* (Гур., Маңғ.). *Мынау бір б ы т п ы л д ы қ жер екен* (Қ.орда, Арал).

БЫТПЫЛДЫҚ[2] (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид.) шөптің бір түрі. Шоқ-шоқ болып жиі өседі. *Бөдененің үйі жоқ, қайда барса, б ы т п ы л д ы қ* (Мақал).

БЫТЫҒУ (Рес., Астр.) шатасу. *Күйдің басын жақсы тартып келе жатыр едім, мына ерге келгенде б ы т ы ғ ы п қалдым* (Рес., Астр.).

БЫТЫҚАНА (Орал: Чап., Жымп.; Гур., Инд.) корадағы ұсақ шыбын. *Б ы т ы қ а н а коктемде көп болады* (Орал, Чап.). Қ. бітіқана.

БЫТЫРЫҚТАУ (Гур., Маңғ.) бытырау, бышырау. *Ой, сен б ы т ы р ы қ т а т ы п отырғаның не, жолдас?* (Гур., Маңғ.).

БЫШЫҚ (Гур., Маңғ.) пұшық. *Б ы ш ы қ мұрын жігітті білмейсің бе?* (Гур., Маңғ.).

БЫШЫРЛАТУ (Гур., Есб.) бытырлату. *Б ы ш ы р л а т ы п алып жонеледі екен өзі* (Гур., Есб.).

БІПЗ (Жамб., Св.) біз. *Біздің үйде б і г і з болмайды* (Жамб., Св.).

БІЗБАҚПАУ (Қост., Аман.) міз бақпау, елемеу. *Біздің колхозда басқармага б і з б а қ п а й т ы н адам жоқ* (Қост., Аман.).

БІЗБІЛДІК (ҚХР) біздің бір түрі.

БІЗДЕКТЕУ (Гур., Маңғ.) безектеу. *Сен негып б і з д е к т е п жүгіріп жүрсің?* (Гур., Маңғ.).

БІКІР (Алм., Нар.) пікір. *Өз б і к і р і м д і айтайын десем, жиналыстың аяқталып-ақ қалғаны* (Алм., Нар.).

БІЛ (Жамб.: Қорд., Шу) піл. *Б і л д і қалай ұстады?* (Жамб., Қорд.).

БІЛӘЛ (Алм., Жам.) дуал. *Біз кеше Омардың б і л ә л і н соқтық* (Алм., Жам.).

БІЛӘПІТ (Гур., Маңғ.) былапыт. *Істеген ісінің бәрі б і л ә п і т оның* (Гур., Маңғ.).

БІЛДІГІМШЕ (Жамб., Шу) білуімше. *Менің б і л д і г і м ш е осылай болу керек* (Жамб., Шу).

БІЛДІК[1] (Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.; Жамб., Шу) білімі, білетіні. *Сейсембай – б і л д і г і коп адам* (Қ.орда, Арал). *Өзінің б і л д і г і сол шығар* (Қост., Жанг.). *Менің б і л д і г і м ш е осылай болу керек* (Жамб., Шу).

БІЛДІК[2] (ҚХР) қыратын ыдысты бекітіп, айналдыратын құрал.

БІЛЕГЕН (Шымк.: Арыс, Қызылқ.) білгіш, білетін. *Майлының баласы б і л е г е н екен* (Шымк., Арыс).

БІЛЕГІ ҚАНША (Қарақ.) жұмыс қолы қанша.

БІЛЕК (Гур., Маңғ.) шығырдың тегерішінің тіс кірстін тесіктері.

БІЛЕ КӨРЕ (Гур., Маңғ.) біле тұра. *Өзің б і л е к о р е отырып, осылай деуің дұрыс емес* (Гур., Маңғ.).

БІЛЕМ (ҚХР) саусақтың ұшы мен қолдың бірінші буынының аралығы.

БІЛЕРМЕНДІКТЕРІ (МХР) білгені, түсінігі. *...дайындау бөлімшесінің бастығы А. Расол МХР Сауда министрлігінің нұсқауын бұзып, өз б і л е р м е н д і к т е р і м е н 28670 сомның кітабының мұқабасын алып тастаған* («Ж. өмір», 19.05.1983).

БІЛЕР ШЫҒАР (Шығ. Қаз., Күрш.) білетін шығар. *Ол көп сөйлемейді, сөйлесе, б і л е р ш ы г а р* (Шығ. Қаз., Күрш.).

БІЛТЕЛЕЙ ТҮСУ (ҚХР) қоздыру, ұшығын шығару, істің басын аша түсу, айта түсу.

БІЛТЕЛІ ШАМ (Шымк., Түркіс.) мақтаны шиыршықтап майға салып жасаған шам. *Бұрын ата-бабамыз б і л т е л і ш а м пайдаланған* (Шымк., Түркіс.).

БІЛІК[1] (Шымк., Түлк.; Алм., Қарат.) үйдің тебесіне салатын арқалық. *Біздің үйдің тобесінің б і л і г і қисық* (Алм., Қарат.).

БІЛІК[2] (Шымк., Мақт.; Алм., Шел.) шамның білтесі. *Шамның б і л і г і н салып, Май құйып, жағып жібер* (Алм., Шел.).

БІЛІК[3] (Қ.орда, Арал) жүк, тоғанақ байлаған арқан түйеге батпас үшін жөкеден, қамыстан тоқып салған нәрсе.

БІЛІК[4] (Орал: Жән., Жымп., Чап.) білім. *Оның б і л і г і көп адам* (Орал, Жән.).

БІЛІК[5] (МХР) билер сотында бидің үкім шығарғаны үшін алатын ақысы. *Би айып жүктеушіден алатын малдың үштен бірін үкім шығарғаны үшін өзі алатын еркі бар. Оны «б і л і к» дейді* (А. Сарай, Рев. бүр. Монғ. қаз., 61).

БІЛІК[6] (Қост., Жанг.; Сем., Абай; Шығ. Қаз., Зайс.) арба дөңгелегін өткізетін ағаш, я темір. *Мұхаметжанның арбасының б і л і г і сынып қалып, жолда жатыр* (Қост., Жанг.). *Арбаның еменнен жасалған б і л і г і ете мықты болады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БІЛІК[7] (МХР) шалғының түтқасы.

БІЛІМСІЗ (Қост., Торғ.) белгісіз. *Мына үйге бір б і л і м с і з адам келді* (Қост., Торғ.).

БІЛІМІМІЗДЕ (Сем.: Ақс., Көкп.) білуімізде. *Біздің б і л і м і м і з д е оның адвокат болғаны рас* (Сем., Ақс.).

БІЛІП ТАНЫМАУ (Рес., Сарат.) тіпті білмеу. *Жоқ, оны мен б і л і п т а н ы м а й м ы н* (Рес., Сарат.).

БІЛІС (Гур., Есб.) білетін, танитын. *Ол өзі бір б і л і с адам еді бізге* (Гур., Есб.).

БІНӘ БОЛУ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр.) біту, пайда болу. *Оның әйелінің бойына бала б і н ә б о л с а керек* (Қ.орда, Сыр.).

БІРАЗДАП (Алм., Шел.) аздап. *Үйдің маңын тазалап, б і р а з д а п жұмыс жасадым* (Алм., Шел.).

БІР АЙДАМ ЖЕР (Шымк., Арыс) ширек гектар жер.

БІРАҚСЫНДА (Алм., Жам.) бірақ та. *Оқу артық болмайды, әке, б і р а қ с ы н д а енді біраз дем ал* (Алм., Жам.).

БІР АЛҚЫМ ЖІП (Рес., Орын.) жіптің үршық басына толуы, бір үршық жіп.

БІР АЛУАН (Қ.орда, Қарм.) едәуір алыс. *Айшықтың жері осы жерден б і р а л у а н жер келеді* (Қ.орда, Қарм.).

БІРАТОЛА (Гур., Маңғ.) біржола. *Сөйтіп маған б і р а т о л а үйден кетуге тура келді* (Гур., Маңғ.).

БІР АТЫЗ ЖЕР (Шымк.: Арыс, Қызылқ.; Қ.орда, Арал) ширек гектар жер.

БІР АУЫТ (Гур., Есб.) бір мезгіл. *Б і р а у ы т есік алдына да шығып отыралықшы* (Гур., Есб.).

БІР БАЗАР (Қарақ.) бір апта, бір жұма.

БІР БАЙЛАР//КӘСТЕНКЕ (Рес., Омбы) үш бұрышты кішкентай бас орамал.

БІР БАҚЫР (Шымк., Шәу.) екі тиын.

БІР БАСҚАНЫ КҮКІРТ, БІР БАСҚАНЫ ТОТЫЯЙЫН (ҚХР) бәлөқор, жалақор адам.

БІР БАУЫР ЖІП (Көкш., Қ.ту) үршық басының толуы. *Бір бауыр жіп бір қолгап болуға жетеді* (Көкш., Қ.ту).

БІРБЕТКЕЙ 1. (Көкш., Қ.ту; Павл., Ерт.) лапас, бастырма. *Отынды бірбеткейдің астына жинап қой!* (Көкш., Қ.ту). **2.** (Рес., Омбы) үсті жабық, жан-жағы ашық ат қоятын қора. *Біз негізінен жазда атты бірбеткейге қоямыз* (Рес., Омбы).

БІР БӨЛЕК (Гур., Маңғ.) бірқатар, бірсыпыра. *Манадан бері бір бөлек журдік қой, енді кішкене тыныштап алсақ та болады. Өзің бір бөлек сөйледің гой, шаршап қалған жоқсың ба?* (Гур., Маңғ.).

БІР БӨЛЕК АДАМ (ҚХР) басқа, бөлек, өзгеше адам. *Ол бір бөлек адам гой, бұлардай емес* (ҚХР).

БІР-БІРЕУІН (Гур., Маңғ.) бірін-бірі. *Олар бір-біреуін көруге арзу екен* (Гур., Маңғ.).

БІРГЕ ТУМЫШ (Қ.орда, Арал) туысқан. *Жағыпар менің бірге тумышым* (Қ.орда, Арал).

БІРГІМ (Тау., Қош.) ешкім. *Бүгін үйлерінде біргім де болмады-ау деймін* (Тау., Қош.).

БІР ДӘУІР (Қарақ.) бір мезгіл, бір уақыт.

БІРДЕЙ БІЛМЕУ (Рес., Волг.) еш білмеу. *Оны бірдей білмейді* (Рес., Волг.).

БІР ДЕМ ЖЕР (Шымк., Сайр.; Жамб., Сар.) өте жақын жер. *Ташкен біздің ауданга бір дем жер* (Шымк., Сайр.).

БІР ДЕМ ПІСУ (МХР) сабадағы іркітті пісіп-пісіп дем алатын үзіліске дейінгі уақыт. *Әй, бала, іркітті бір дем пісші* (МХР).

БІРДЕН (Сем., Аяг.; Тау., Қош.) біріншіден.

БІРДЕН-БІР (Орал, Казт.) бірте-бірте. *Бірден-бір жақсы болып келе жатыр* (Орал, Казт.).

БІРДЕН ЕКІ-БІРДЕН ЕКІ (Гур., Маңғ.) бірте-бірте. *Маңғыстау ойындағы адайлар бірден екі-бірден екі жылжи жазда Жем, Сағыз бойларына барып жайлап қайтатын* (Гур., Маңғ.). Қ. бірден-бір.

БІРДЕН ТӨМЕН ЕМЕС РЕТ (МХР) кем дегенде бір рет. *Дайындық малын сумын өлкесінен шығарардың алдында міндетті түрде креолинге бірден төмен емес рет тогыту жон* («Ж. өмір», 13.05.1983).

БІРДЕҢКЕ (Алм., Кег.; Жамб., Шу) бірдене. *Беретін бірдеңке ең бар ма?* (Жамб., Шу). *Не бірдеңке деп мыңқылдап отырсың?* (Алм., Кег.).

БІРДЕҢЕ-СІРДЕҢЕ (Сем.: Абай, Шұб.). Қ. бірдеңке.

БІР ДЕП БІЛМЕУ (Рес., Волг.) еш білмеу. *Оны бір деп білмейді* (Рес., Волг.).

БІРДЕСТЕҢ (Қ.орда, Қарм.) түгелдей. *Барган жұмысты бір дестең етіп бітіріп қайтты* (Қ.орда, Қарм.).

БІРДҮЗМЕ 1. (Ақт., Қараб.) ажарлы шыт мата. *Бірдүзме бір жуганнан кейін оңып кетеді* (Ақт., Қараб.). **2.** (Рес., Сарат.; Орал, Чап.) матаның бір түрі.

БІРДІ-ЖАРЫМ (Сем.: Абай, Акс., Аяг., Шүб.; Шыг. Каз., Марқ.; Қост.: Семиоз., Фед.; Түрікм., Таш.) бірлі-жарым. *Біздің ішімізде бірді-жарым жалқау да жоқ емес* (Шыг. Каз., Марқ.). *Осы жаққа қарай келген бірді-жарым адамдар жаңалықты айтып келіп жататын* (Түрікм., Таш.). Қ. бір-жар.

БІРДІМ БОЛУ (Қост., Жанг.) озінен басқа кісі жоқ сияқты болу. *Өзінше бірдім болып жүреді* (Қост., Жанг.).

БІРДІНІ (Сем.: Акс., Көкп.) лүпілдету. *Шелекті сүтке бірдінігып толтырды* (Сем., Акс.).

БІРДІҢ АЙЫ (МХР) қаңтар.

БІРЕГЕЙЛЕНУ (Ақт., Байг.) бірдей, ұқсас болу. *Қазақтың тіл байлығын, коркем әдебиет тілін барынша молайту үшін туысқан елдеріміздің алфавитіне ұқсас бірегейленген болуы үшін* (ҚД, 119).

БІР ЕСЕПТЕ (МХР) бір есептен. *Бір есептеоларды игілік ұйытқысы, халық ортасындағы қазына деп айтуга әбден лайықты* («Ж. омір» 15.08.1983).

БІР ЕСІК, БІР ТЕСІК ОТЫРУ (Шымк., Арыс) ешкіммен араласпау.

БІР ЕТЕК ҚАРМАҚ (Гур., Маңғ.) 20-25 м кендір арқанның өн бойына байланған 10-15 қармақ. *Мырзабек, қызыл балық аулайтын бір етек қармақ берші* (ҚД, 152).

БІРЕУДІҢ ҚЫЛ БҰЛДІРГЕСІН АЛМАУ (ҚХР) біреудің ине сабақ жібін алмау, елге қылдай залалды іс істемеу.

БІРЕУ-ЖАРЫМ (Шымк., Сайр.) бірлі-жарым. *Менің мақта еккен жерімнің алақұласы бір еу-жарым* (Шымк., Сайр.). Қ. бір-жар.

БІРЕШКЕ (Жамб., Шу) торт доңгелекті бір атты женіл арба.

БІР ЖАҚҚА ҚАЙЫРЫЛЫП ҚАЛУ (ҚХР) елеусіз қалу, орындалмай қалу.

БІР-ЖАР (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.; Қарақ.) бірлі-жарым. *Патиғага бір-жар кісі болмаса, ауыл адамының бәрі келіпті* (Түрікм., Ашх.). *Сәбитовке*

барған кісі бос бармайды, жанына б і р-ж а р шөлмек арақ алып барады («Жүм-шы», 14.01.1941). *Бағып отырған б і р-ж а р малымыз бар* (Гур., Маңғ.). *Б і р-ж а р жылдай Адай, Табынға паналағысы кеп, Маңғыстауға бет қойды* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 256). **Қ.** бірдіжарым.

БІР ЖАР ЖЫЛ (Қ.орда) бірер жыл.

БІР ЖАСТЫ МАЛ (МХР) 8-10 айлық мал. *Биылғы жылы ...б і р ж а с т ы м а л д ы үш категорияға бөліп табын* (МХР).

БІР ЖАУАР ТАМ (Өзб., Ташк.) бір рет жабылған үй, там. *Тамның төбесі бір рет жабылса, б і р ж а у а р т а м, екі рет жабылса, екі жауар там дейді* (Өзб., Ташк.).

БІР ЖЕР (Қост.: Семиоз., Фед.) бір қазыналық жер өлшемі. *Шалғы тарта білетін үш жігіт күніне б і р ж е р түсіріп кетуші еді* (Қост., Фед.).

БІРЖҮЗДЕМЕ (Алм., Жам.) атлас. *Магазиннен 6 метр б і р ж ү з д е м е алып, көйлек қылып тігіп, киіп алдым* (Алм., Жам.).

БІР ЗАТ ЖҮГІРУ (Рес., Қалм.) миына бір нәрсе кіру, ақыл кіру. *Өскен сайын б і р з а т ж ү г і р е д і* (Рес., Қалм.).

БІР ЗАТТЫ БІР ЗАТ ЕТУ (Орал, Орда) амалдау, лаждау.

БІР ИІН СУ (Жамб., Шу) жарты күндік су (таңертеңнен түске дейінгі немесе түстен кеш батқанға дейінгі уақыттағы су). *Бір қос жерге б і р и і н с у жетіп жатыр* (Жамб., Шу).

БІР КЕЗЕК (Түрікм., Красн.) бір рет, бір мәрте. *Біздер де сол Алматыға жылына б і р к е з е к барып қайтамыз* (Түрікм., Красн.).

БІР КЕРЕН (Гур., Маңғ.) бір рет, бір мәрте. *Жаңағы айтқаныңды тағы б і р к е р е н қайталап шықшы?* (Гур., Маңғ.).

БІР КЕСІМ ЖЕР (Алм., Кег.) гектардың 1/8 бөлігі. *Октябрь революциясынан бұрын б і р к е с і м ж е р айдадық деп айтатын едік* (Алм., Кег.).

БІРКИЕР (Шымк., Түркіс.) қыдырғанда, қонаққа барғанда киетін киім. *Базардан б і р к и е р көйлек алсам ба деп едім* (Шымк., Түркіс.).

БІР КӨНЕК (Қ.орда, Қарм.) бір адамнан басқаға саудырмайтын сүтті бие. *Көп малдың ішінде талай б і р к ө н е к биелер кездеседі* (Қ.орда, Қарм.).

БІР КОРІНІМ [ЖЕР] (Гур., Маңғ.) бір көрдім (жер) теңіздің қашықтық олшемі (теңіз бетінде қара корінетін жер бір корінім, екі көрінім делінеді). *Бұл бетте терендігі 5 құлаш жерлер б і р к ө р і н і м, екі көрінім* (Гур., Маңғ.).

БІР КОСЕК (Қост., Жанг.) бір қаптал тас шай. *Б і р к ө с е к шай алып қойсақ, екі айға жетеді* (Қост., Жанг.).

БІР КҮНДІК (Қ.орда, Арал) қой, ешкі ауруының аты.

БІР ҚАБАТ (Алм., Жам.) бір рет. *Б і р қ а б а т сен іш, б і р қ а б а т мен ішейін* (Алм., Жам.).

БІР ҚАБЫЗДАН (Қ.орда, Арал) бір рудан. *Сіз бен біз б і р қ а б ы з д а н тарағанбыз гой, бір-біріміздің сөзімізге жақсы түсінеміз* (Қ.орда, Арал).

БІРҚАБЫҚ (Орал, Қара.) өсімдік аты. *Сиырлар б і р қ а б ы қ т ы жерге өш келеді* (Орал, Қара.).

БІРҚАЙДА (Тау., Қош.) ешқайда. *Ол әзір б і р қ а й д а да істемейді* (Тау., Қош.).

БІР ҚАЙТЫМ [ЖЕР] (Шымк., Қызылқ.; Қ.орда, Арал) ширек гектардай жер.

БІРҚАНША//БІРҚАНШАМА (Сем., Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) **1.** бірнеше. *Ол қаладан б і р қ а н ш а кітап әкелді* (Сем., Аяг.). **2.** қанша рет, қайта-қайта. *Мен оған бұл туралы, б і р қ а н ш а м а айттым* (Тау., Қош.).

БІРҚАНШАМА Қ. бірқанша.

БІР ҚАРАУДА (Гур., Маңғ.) бір есептен. *Б і р қ а р а у д а солай істеу дұрыс болар* (Гур., Маңғ.).

БІР ҚАРҚЫН (Рес., Орын.) бір мезгіл, біраз. *Кешке б і р қ а р қ ы н отыруға болмады. Біжай да б і р қ а р қ ы н сөйлейді. Балаларды да шешесіне жібер, б і р қ а р қ ы н ойнап келсін* (Рес., Орын.).

БІР ҚАРЫН (Қарақ.) бұзауда болатын ауру. Қой мен ешкіде болатын ауру: *бір бидай.* Түяқтың арасынан ірің шығып түрады. Буны кейде «доңызбас» деп те атайды.

БІР ҚАУЫМ (Алм., Жам.; Гур., Есб.) бірталай. *Ал, әке, б і р қ а у ы м әңгімелестік, енді мен жұмысқа барайын* (Алм., Жам.). *Ол осы арадан б і р қ а у ы м жер* (Гур., Есб.).

БІР ҚОЛ [АДАМ] (Қарақ., Қоң.) бір топ (адам). *Кеше Сарыарық жақты қазуға б і р қ о л бізден кеткен еді, міне бүгін тағы сұрап отыр* (Қарақ., Қоң.).

БІР ҚОС АЯҚ (Қ.орда, Арал) біркелкі, бір сыдырғы аяқ.

БІР ҚОС ЖЕР (Шымк., Қызылқ.; Жамб., Шу) бір гектардай жер. *Бұрын 2 гектардай жерді де б і р қ о с ж е р деп айта беретінбіз* (Жамб., Шу).

БІР ҚОТАН ЕЛ (Сем., Үрж.) бір қауым ел. *Бала-шағасын қоспай-ақ, өздері б і р қ о т а н е л* (Сем., Үрж.).

БІР ҚҰЛАҚ [СУ] 1. (Алм.: Жам., Нар.; Жамб., Қорд.) егін суғаратын арықтың бір тармағы. *Биыл бір құлақ ашылмаса да жауын болған соң, егін жақсы шықты* (Жамб., Қорд.). 2. (Қарақ.) бір ғана арықтан ағатын су мөлшері.

БІРҚЫЛ (Алм., Жам.) кейбір. *Бірқыл жұмыс қолдан келе бермейді* (Алм., Жам.).

БІРҚЫЛЫ (Шымк., Мақт.) бірсыпыра. *Бірқылы адамдар келді* (Шымк., Мақт.).

БІРҚЫР (Шымк., Түркіс.) бірсыпыра. *Бірқыр адамдар келді* (Шымк., Түркіс.).

БІРҚЫРҚАР (Орал: Жымп., Чап.; Рес., Сарат.) күзге таман кеш туған кенже козы.

БІР ҚЫРЫҚҚАН ТҮЙЕ (МХР) тоғыз жасар түйе.

БІРЛЕМЕ Қ. үшлеу.

БІРЛЕСТІКАРАЛЫҚ (МХР) колхозаралық. *Бірлестікаралық өндірісінің шофері Ә. Құзайыр биылғы жылдың бастапқы 5 айында 13 км жол жүрді* («Ж. өмір», 26.07.1985).

БІРЛЕСТІКТЕНУ (МХР) кооперативтерге бірлесу. *Ауыл шаруашылығында бірлестіктену қозғалысының жеңуі нәтижесінде социалистік ауыл шаруашылығы саласы қалыптасты* («Үгітші», 1986, №10, 12).

БІРЛЕСТІКШІ (МХР) кооператив мүшесі. *Еңбек сіңірген бірлестікші Тәәпилдің табынын ұзақ мерзімдік дербес есептеп жұмыстатқан тәжірибелері бар* («Ж. өмір», 14.02.1985). *Жуықта ғана болып өткен бүкілхалықтық VIII спартакиада мен бірлестікшілер мерекесіне арналған палуандар күресін көру үшін тіпті маңайдағы малшылар да келіп жетті* («Ж. өмір», 8.03.1987).

БІРЛЕУ (Қ.орда: Жал., Сыр., Тер.) жекелеу.

БІРЛІКТЕ СУРЕТКЕ ТҮСУ (ҚХР) бірге қосылып суретке түсу.

БІР МАЙДАН (Қарақ., Қоң.) біраз уақыт, бір мезгіл. *Бір майдан біздің ауылға да келіп кетсе не қылады* (Қарақ., Қоң.).

БІРМЕ-БІР (МХР) бір аналықтан бір. *Қаракол тобының малшылары толдеткен 450-650 басты қой, ешкіден бірме-бір төл аяқтандыруда* («Ж. өмір», 23.05.1983). *Сауынға қамтылатындары дерлік бұзаулап, бірме-бір төл аяқтанды* («Ж. өмір», 13.06.1987).

БІРМЕК (Жезқ., Ұлы.) бірлік. *Біздің жастардың бірмегі жоқ. Бірмек болмаған соң не болсын* (Жезқ., Ұлы.).

БІРМОЙЫН ЖЕР (Шымк., Қызылқ.) ширек гектардай жер. *Бұрын кедей шаруалар бірлесіп, бірмойын жерге егін салатын* (Шымк., Қызылқ.).

БІР МҰНЧА (Алм., Шел.) едәуір, біраз. *Біздің атамыз Қарымсақ бір мұнча жасқа кеп өліпті* (Алм., Шел.).

БІРНӘРСЕ (Қарақ.) біресе. *Тауықтар бірнәрсе үйге, бірнәрсе тамға кіреді* (Қарақ.).

БІР НӘСТЕ (Орал, Чап.) бір нәрсе. *Дүкенге бір нәсте тұсті дейді гой* (Орал, Чап.).

БІР ОРАМАЛДЫҚ (Гур., Маңғ.) бір шабарлық. *Жирен аттың бір орамалдығы бар* (Гур., Маңғ.).

БІР ОРЫН ШОП (Сем., Абай) шомеле. *Мен бүгін бір орын шоп даярладым* (Сем., Абай).

БІР ӨҢКЕЙ (Қ.орда, Арал) бірыңғай. *Шай қайнағанша бір өңкей бітіріп тастайын* (Қ.орда, Арал).

БІР ОРКЕШ (Қ.орда, Қарм.) аруана мен айыр түйеден туған нар.

БІР ПАРА (Рес., Орын.; Қарақ.) бір қатар, бір болек, кейбір. *Жұрттың бір парасы бұлай айтты* (Рес., Орын.). *Бір пара кісілер канал қазуға кетті* (Қарақ.).

БІР ПӘС (Алм., Жам.; Шымк., Сайр.) біраз, азырақ, сәл. *Әкем, бір пәс тұра тұр, мың үйге кіріп шығайын* (Алм., Жам.).

БІР ПӘСТЕ (Жамб., Шу) демде, жылдам. *Чопті тасу бір пәсте болатын нәрсе гой* (Жамб., Шу).

БІР САЛА [ЖЕР] (Шымк., Қызылқ.) ширек гектар (жер).

БІР САЛАР[1] (Көкш.: Еңб., Щуч.) 1. атқа салып мінетін ер, желқом. 2. қонақтың астына төсейтін кішкентай қалың көрпе.

БІР САЛАР[2] (Сем., Үрж.) дәрілік өсімдік. *Бір салар тауға шығады* (Сем., Үрж.).

БІР САН (Гур., Маңғ.) я жүз, я мың. *Бір сан ақшаны қолына ұстата берді* (Гур., Маңғ.).

БІР СӘМЕТТЕ (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) бір сәтте, демде, лезде. *Ол жұмысты мен бір сәметте бітіріп қайталасы болар* (Ақт., Ырғ.). Қ. сәметте.

БІР СӘН, БІР МӘН БОЛУ (Шымк., Түркіс.) көңілді болу, ақжарқын болу. *Ол баласымен бір сән, бір мән болып отыр* (Шымк., Түркіс.).

БІР СҰҚПАЙ (Түрікм., Таш.) шәркей. *Кемпір бір сұқпайын аягына ілді де, сыртқа шығып кетті* (Түрікм., Таш.).

БІР СЫЛАСЫ БОЛАР (Ақт., Байғ.) бірдеңесі болар. *Кетіп барам, бір сыласы болар* (Ақт., Ырғ.).

БІР ТАБАҚ ЖЕР (Шығ. Қаз., Зайс.) бір мойын жер. *Бір табақ жерге қауын салдық* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БІР ТАБИҒА (Қ.орда, Арал) бірыңғай, езара жақын. *Ана отырған бір табига колхозшыларымыз* (Қ.орда, Арал).

БІРТАЙ (Гур., Есб.) бірталай, біраз. *Дүйсеннің қалаға жүріп кеткеніне біртай уақыт болды* (Гур., Есб.).

БІРТАЙ ЕЛ (Тау., Қош.) бір тайпа ел.

БІР ТАҚТА ЖЕР (Алм., Кег.; Сем., Абай; Жамб., Шу) ширек гектардай жер. *Бұрын байлардан бір тақта жер алу үшін көп қызмет еттік* (Сем., Абай). *Бір тақта жерге егін салдық* (Алм., Кег.). *Жоңышқаның бір тақтасы чабылып бітті* (Жамб., Шу).

БІР ТАМСА ДА БИКЕМЕ ТАМСЫН (ҚХР) жақсылық болса, жақынына болсын!

БІР ТАНАП ЖЕР (Шымк., Қызылқ.) егін егуге жарарлық алқап.

БІР ТАП ЖЕР (Қарақ., Қоң.) бір айдам жер. *Бір тап жер айдамай-ақ оның өгізі шаршады* (Қарақ., Қоң.).

БІР ТАРАП (Гур., Маңғ.) біртүрлі, бірдей. *Екі баламның екеуі де бір тарап* (Гур., Маңғ.).

БІР ТАРТЫМ (Алм., Кег.) жаулықтың бір түрі. *Бір тартымың желбіреп, Қайдан келдің елбіреп?* (Алм., Кег.).

БІР ТАСАЯҚ ШАЙ (Орал, Казт.) 50 грамдық шай.

БІР ТАУДЫҢ БҰҒЫСЫ (ҚХР) ешкімге кіріптарлығы жоқ, өз еркі өзінде.

БІР ТӘСІН (Шымк., Мақт.) бір түрлі. *Бір тәсін қалам екен де!* (Шымк., Мақт.).

БІРТЕКЕШ БОЛУ (Көкш.: Еңб., Щуч.) быршу, ашып кету. *Біздің үйдегі айран біртекеш болып кетіпті* (Көкш., Щуч.).

БІР ТЕРІ, БІР СҮЙЕК БОЛЫП ҚАЛУ (ҚХР) қатты ауырып жүдеп-жадау, азу.

БІР ТӨБЕ (Қарақ.) бір жілік ет, бір сыбаға.

БІР ТУҒАН//БІР ТУМА 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Тедж., Таш.; Орал, Қара.; Гур., Маңғ.) асыл тұқымды түйе. 2. (Гур., Маңғ.) ботасы өзіне тартпай туатын қос өркеш інген тумасы.

БІР ТУМА Қ. бір туған.

БІР ТҮЙІР (Гур., Маңғ.) жалғыз. *Бір түйір балам бар* (Гур., Маңғ.).

БІР ҮКІРТАЙ ЕЛ (Шығ. Қаз., Зайс.) бұрынғы бір болыс көлеміндей ел. *Қытайда қара керейден бір үкіртай ел бар* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БІРШЕК БОЛУ (Шымк., Түлк.) бірігу, бірлесу, қосылу, звеноға бірігу. *Он-он бес үй бірігіп, біршек болдық* (Шымк., Түлк.).

БІР ШОҚТА ЖЕР (Алм., Кег.) бір бөлек жер. *Бір шоқта жерге егін салдым* (Алм., Кег.).

БІРШЫЛДАҚ (Қ.орда, Қарм.) түсі жасыл, бойы тізеден асатын, жапырағы жіңішке, тақырға шығатын шоп. *Біршылдақты түйе, қой сүйсініп те, сүйіп те жейді* (Қ.орда, Арал).

БІР ШЫНАШАҚ ЖҮН (Гур., Маңғ.) бір шүйке жүн. *Бір шынашақ жүн бермейтін Хадиша сараң адам* (Гур., Маңғ.).

БІР ШЫНЫ ШАЙ (Орал, Чап.) 50 грамдық қағаз шай.

БІРШІЛДІК (Орал, Ақж.) үйымшылдық.

БІРШІЛІК (Орал: Чап., Жымп.) үйымшылдық.

БІР ШІМЕ БОЛУ (ҚХР) сыбыс білу, оқиғаның үшығын білу, хабар есту.

БІР ЫҒЫЛЫМ УАҚЫТ (Алм., Талд.) біраз уақыт.

БІРІККЕН ҮПАЙ (МХР) үпай қосындысы. *Бірікккен үпаймен №1 он жылдық, Улаанхус командалары алға шықты* («Ж. омір», 8.03.1983).

БІРІН-ЖАРЫ (Қ.орда, Арал) бірлі-жарым, кейбір. *Оның кім екенін бірін-жарымыз білмей жатырмыз* (Қ.орда, Арал). Қ. бірді-жарым.

БІРІНШІДЕ (МХР) біріншіден. *Қиын баланың белгілері бірінші де, зақ орнының бақылауына өткен, екіншіде...* («Ж. өмір», 26.07.1980).

БІРІНШІ ЖАБУ (Өзб., Ташк.) үй төбесінің бірінші жабылуы (черный потолок). *Үй төбесінің бірінші жабуы тегіс болады, екінші жабуы мая жон болып, оны су өтпейтін затпен жабады* (Өзб., Ташк.).

БІРІНШІ КЕЗЕК (Гур., Маңғ.) тұңғыш рет, бірінші рет. *Бұл – менің самолетке бірінші кезек мінгенім* (Гур., Маңғ.).

БІСУ (Гур., Маңғ.) пісу. *Тамағың бісті ме?* (Гур., Маңғ.).

БІТ БОЛУ (Талд., Қарат.) жұтау. *1933 жылы ішерге тамақ болмай, біт болдық* (Талд., Қарат.).

БІТЕ[1] 1. (Гур., Маңғ.) құмырсқа тәрізді жәндік. Түсі сары болады, үйдің, қораның ағаштарын жеп, үгітіп тастайды. 2. (Қ.орда, Арал) қара күйе (киімге түсетін қара күйе). *Біте киімге, киімнің тері жағасына түседі, түскен жерін оймыштап теседі* (Қ.орда, Арал).

БІТЕ[2] (Жамб., Тал.) бата. *Дүйсен қарт б і т е берді* (Жамб., Тал.).

БІТЕГЕНЕДЕН СОҢ (Орал, Ақж.) біраздан соң.

БІТЕУ[1] (Шығ. Қаз., Глуб.; Сем., Абай) үсті жабық, жан-жағы қоршалған жылы қора. *Осы күні колхоздар малға б і т е у салатын болды* (Шығ. Қаз., Глуб.).

БІТЕУ[2] (Гур., Тең.) балықтан істелетін тамақтың бір түрі. Бітеу жасау, бітеуге нан салу. *Аушылар балықтың ішіндегісін алып тастап оған жуқа нан, картоп, пияз салып б і т е у пісіреді. Ауға сазан түскенде б і т е у жасалады. Б і т е у балықшылардың жақсы көретін тамағының бірі* (Гур., Тең.).

БІТЕУ ЕТІК 1. (Рес., Орын.) басы мен қонышын жалғастырмай жасаған етік. *Бұрынғы кезде әлі келгендер бір мал терісінен б і т е у е т і к жасайтын* (Рес., Орын.). **2.** (Қарақ.) саптама етік.

БІТЕУ ЖЕР (Сем., Үрж.) ішін кісі жүріп аралай алмайтын қалың қопалы жер. *Қарағалдың бауыры кісі жүре алмайтын б і т е у ж е р* (Сем., Үрж.).

БІТЕУ КЕУДЕ (ҚХР) надан, топас.

БІТЕУ ҚАША (МХР) жабық қора.

БІТЕУ ӨРКЕШ (Гур., Маңғ.) нар түйенің жалпы аты.

БІТИЯ (Гур., Бақс.) пайда. *Біреуден б і т и я қыла қояйын деп ойлаған емес едім өзім* (Гур., Бақс.).

БІТКЕН (МХР) барлық. *Тоғызынчы айда қар ери жауып, мұз боп қатқан. Б і т к е н жылқы, сиыр, қой айдан бастап отарға кеткен* (МХР).

БІТКЕНІ (Тау., Қош.) барлығы, бәрі, түгел, түтас. *Біздің б і т к е н і м і з ол үйге сыйып кеттік* (Тау., Қош.).

БІТКЕРУ (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал; Ақт., Қараб.; Түрікм., Таш.) бітіру. *Жұмысты мезгілінде б і т к е р м е й дем алуға болмайды деп төртіп беріп кетті* (Гур., Маңғ.). *Мен бұл үйдің қабырғасының тоқуын б і т к е р і п алсам жақсы болар еді* (Қ.орда, Арал). *Бастаған жұмысты тезірек б і т к е р у керек* (Ақт., Қараб.). *Жалғыз адамның шамасы келмейтіндей іс еді, үш-төртеуіміз жабылып зорға б і т к е р д і к* (Түрікм., Таш.).

БІТМЕР (Қ.орда, Қарм.) ықыласпен беріліп істемейтін адам. *Ол шаруашылыққа ат салыспайтын б і т м е р л е у адам гой* (Қ.орда, Қарм.).

БІТПЕ (Шымк., Лен.) жазу нұсқасы, ескі жазу, ескі жазба. *Бұрын бізде б і т п е материалы жоқ еді* (Шымк., Лен.).

БІТПЕС (Жезқ., Ұлы.) киіздің бетіне шүберектен салынған ою. *Б і т п е с салынған тұқты кілемді ал* (Жезқ., Ұлы.).

БІТТӘ (Шымк., Сарыағ.) бір, жалғыз. *Бітта гана балам бар* (Шымк., Сарыағ.).

БІТТӘ-БІТТӘ (Жамб., Шу) бір-бірден. *Дәнә бер, дәнә бермесең, шетінен б і т т ә-б і т т ә с і н е н ала бер* (Жамб., Шу).

БІТТЕ (Қарақ., Мой.) қазір. *Б і т т е барамыз да қайтып келеміз* (Қарақ., Мой.).

БІТТЕЙ (Кокш., Щуч.) кішкентай, биттей.

БІТУӘ (Рес., Сарат.) үйленетін кезде екі жақтағы құда-жекжат арасына жүретін кісі.

БІТУӘЖА (Орал, Жән.) аралықта жүретін кісі. *Екі адам араздасса араларында б і т у ә ж а жүреді* (Орал, Жән.).

БІТІГЕНЕ (Гур., Маңғ.) біраз. *Б і т і г е н е д е н соң* (Гур., Маңғ.).

БІТІҚАНА (Рес., Сарат.) майда шыбын. *Көзіме б і т і қ а н а кіріп кетті* (Рес., Сарат.). Қ. бытыхана.

БІТІНУ (Қост., Аман.) біту. *Жұмыс б і т і н у г е айналды* (Қост., Аман.).

Г

ГАГАЙ (Шымк., Мақт.) арба доңгелегінің шабағы. *Дөңгелекті ұстаға апар, г а г а й ы н қондырсын* (Шымк., Мақт.).

[Бұл – парсы сөзі, Оңтүстік өңірдің қазақтарына өзбек тілі арқылы ауысқан, өзбекше *кегай*].

ГАЗНИЗ (Ауғ.; Ир.) акжелек, акжелкен.

ГАРАМАТ//ГӘРӘМАТ (Түрікм., Окт.; Қарақ.: Хож., Шым.) керемет. *Астындағы мінген аты бір г а р а м а т ат екен* (Қарақ.). Қызылордада жағында бұл сөз көбіне *геремет* деген үлгіде айтылады.

ГАРДАНБАН (Ауғ.; Ир.) монша. *Олар г а р д а н б а н г а түсіп келді* (Ир.).

ГАРДЕНПЕШ (Ауғ.; Ир.) мойын орағыш.

ГӘЗЗӘП (Ауғ.; Ир.) **1.** имансыз, **2.** екі жүзді нашар адам, кәззап.

ГӘК (Гур., Тең.) желкен қайықтың діңгегін қайықтың ернеуіне байлап бекітетін арқан, үшында ернеуге ілетін ілгек темірі болады. *Г ә к т і бортқа тез іліп жібер* (Гур., Тең.).

ГӘЛЛЕСІ КЕТУ//АҢЫ КЕТУ (Қарақ.) есі кету.

ГӘЛЛЕХАНА//ДӘНХАНА (Қарақ.) үйдің дәнді сақтайтын бөлмесі.

ГӘНДӘНА (Ауғ.; Ир.) асқабақтың бір түрі.

ГӘП (Шымк., Сарыағ.) хабар. *Не г ә п, не хабар? Естіген білген г ә б і ң болса айта отыр* (Шымк., Сарыағ.).

[Өзбекше *гап*; пар. *гәп* (бос сөз, мылжың сөз)].

ГӘП ЖЕУ (Шымк., Сарыағ.) бастаңғы отырыста болу. *Бүгін Асанның үйінен г ә п ж е й м і з* (Шымк., Сарыағ.).

ГӘРӘМАТ Қ. гарамат.

ГӘРБІ (Гур.: Маңғ., Бал., Тең.) карта ойынының бір түрі.

ГӘРТ (Шымк.: Кел., Мақт.; Өзб., Ташк., Ақк., Калин.) үлпа, үнтақ. *Дегірманның* (қ.) *айналасына түскен г ә р т аппақ, болады* (Таш., Акк.).

[Өзбекше *гард* шаң, тозаң (Узб.-рус. сл., 1959)].

ГӘРТКӘМ (Тәж.: Колх., Қорғ.) тәуекел. *Г ә р т к ә м г а бел байладық* (Тәж., Колх.).

[Өзбекше *гардкам:* 1) ұтысқұмар ойын; 2) тәуекел (Узб.-рус. сл., 1959)].

ГӘУЖІМ (Өзб.) ығы-жығы, у-шу. *Тоханада адам г ә у ж і м, бірі келіп, бірі кетіп жатыр.*

[Өзбекше *гавжум* көпшілік, көп адамның жиналуы (Узб.-рус. сл., 1959, 106). *Гәужім// гавжум* сөзінің негізінде көне түркі тіліндегі *кавуш* «бас косу, бірігу» сөзі болса керек (ДТС, 438)].

ГӘУІРТ//ГЕУІРТ (Өзб., Ташк.) сіріңке, оттық. *Бала-шағаның қолындағы, г ә у і р т к е кәтер бар, г әу і р т к е үйір етпең* (Ташк., Ақк.).

[Бұл – парсы тілінен ауысқан күкірт сөзінің жергілікті нұсқасы].

ГӘШНӨК (Ауғ.; Ир.) укроп.

ГЕЖІ (Қарақ.) жүннен тоқылған гүлді ақшыл орамал. *Дүкенге г е ж і түсіп атыпты* (Қарақ.).

ГЕЖІМ (Өзб., Ташк.) шашақ. Атжабудың, орамалдың, айналасына ұстайтын шашақ. *Қыпқызыл жіпек г е ж і м жылт-жылт көрінді* (Таш., Ақк.).

[Өзбекше *гажим* (Узб.-рус. сл., 1959). Бұл сез оңтүстік өлкенің біраз жерінде *кәжім*].

ГЕЗ (Қарақ.) екі шоқының, екі тобенің арасындағы ойпаң жер, кез, аша. *Тонау г е з д і ң теріскей беті біздің ауыл* (Қарақ.). Бұл соз Маңғыстау оңірінде *кез*. Қойдың құлағына салынатын ойық енді маңғыстаулықтар *кез, ен* дейді.

[Өзбекше *газа* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ГЕЗЛІК (Қарақ.: Мой., Қоң., Хож.) кездік, қыны бар кішкене пышақ. *Бұрындары ер адам г е з л і к с і з жүрмейтін, қазір ондай г е з л і г і м і з жоқ* (Қарақ., Мой.).

[Түрікменше *гезлик* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ГЕЗІК (Қарақ.: Хож., Қоң.) тұмау, суық тигеннен болатын ауру. *Қысымен қайта-қайта г е з і к кесел тиіп жүдеңкіреп қалды* (Қарақ., Хож.). Бұл сөз Маңғыстау қазақтарында *кезік* деген үлгіде сүзек, тиф мағынасында қолданылады: *Он ай к е з і к болганмын, Онан да өлмей қалганмын* (Маң., Маңғ.).

ГЕЛДЕК (Қарақ.: Шым., Хож.) жүгерінің, бидайдың, тарының шоғы, күлтесі, келтек. *Пітік шыққан тарының бір г е л д е г і бір пыйала* (қ.) *болады* (Қарақ.).

[Бұл – парсыша *кәллә* «бас» деген сөзінен *-к* жұрнағының көмегімен жасалған сөз]. Қ. геллек.

ГЕЛДЕКЛЕУ (Қарақ., Шым.) тарының, жүгерінің басын (шоғын, күлтесін) жұлу, үзу, кесу. *Тарының гелдегін г е л д е к л е п аламыз да қолмен үгеміз* (Қарақ.).

ГЕЛЛЕКЛЕУ Қ. гелдеклеу.

ГЕНЗЕЛ//ГЕНЗІЛ//КЕНСІЛ (Гур., Тең.) желкен қайықтың діңгегінің түбін бекіткен ағаш. *Шам г е н з е л д і ң үстінде тур. Сен г е н з е л г е жақынырақ отыр* (Гур., Тең.).

ГЕНЗІЛ Қ. гензел.

ГЕРДУ (Ауғ.; Ир.) жаңғақ.

ГЕРЕМ (Рес., Қалм.) рет. *Тоқсан г е р е м болдым, осы жерде* (Рес., Қалм.).

ГЕР ТАС (Маң., Маңғ.) таразыға тарту үшін пайдаланылатын әр түрлі салмақтық. *Шеккіге шегейін десем, г е р т а с т а р ы м толмай тұр* (Маң., Маңғ.). Бұл тіркестің бірінші сыңары орыс тілінен ауысқан: *гиря.*

ГЕРІМДӘРІ (Өзб., Ташк.) қызыл бұрыш. *Қабығы жұқа г е р і м д ә р і кәттә* (қ.) *әшті* (қ.) *болады.* Оңтүстік өңірдің қазақтарының тілінде бұл создің *керімдәрі//келімдәрі* (қ.) деген варианттары бар.

[*Гәрмдару* парсы сөзі. Өзбек тілінде де бұл сөздің басқы дыбысы ұяң айтылады: *гармдори*].

ГЕУГҮМ (Өзб., Ташк.) ала кеуім, таңғы ала көлеңке. *Г е у г ү м д е арбага ат жегіп жолга шықтық* (Таш., Ордж.). Қ. геуім.

ГЕУРЕК (Қарақ.: Қоң., Мой.) ашық далада өсетін биіктігі жарты метрдей құрай тәрізді өсімдік, басы үрпек болады. Басында дәні болады. *Г е у р е к т і ң дәнін қуырып, түйіп, талқан етіп те жеген уақытылар да болган* (Қарақ., Қоң.).

ГЕУІЛ (Қарақ.: Шым., Тақт.) шол далада өсетін басында дәні бар аласа өсімдік. *Торпағы* (қ.) *қызыл жер болмаса, г е у і л ізейлі жерге шыға бермейді* (Қарақ., Тақт.).

ГЕУІМ (Өзб., Ташк.) таңғы ала кеуім. *Малды г е у і м тарай өріске айдаймыз.* Қ. геугүм.

ГЕУІРТ Қ. гәуірт.

ГЕУІШ (Қарақ.: Хож., Мой., Шым.) кебіс. *Г е у і ш тігетін адам да, г е у і ш т і ң өзі де бұ күнде жоқ* (Қарақ., Хож.). Бұл сөз Маңғыстау жағында *кеуіш* деген үлгіде айтылады.

ГЕШКІРТ Қ. гешір.

ГЕШІР//ГЕШКІРТ (Қарақ.: Бер., Амуд., Шым., Хож.) сәбіз. *Ас қылганда ішіне г е ш і р і н мол тураса, гүріш жұмсақ боп піседі* (Қарақ., Хож.). Маңғыстау төңірегінде бұл сөз *кешір* түрінде айтылады.

[Түрікменше *кәшир* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *гешир* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ГИЛМАЛА (Қарақ.) темір қалақ.

ГИЛОС (Ауғ.; Ир.) шие.

ГОЗАРАН (Ауғ.; Ир.) өмір сүру, күнелту.

ГОЛМУ (Ауғ.; Ир.) шаш қыстырғыш.

ГОРХАНА//ҚАБІРСТАН (Ауғ.; Ир.) мола, бейіт.

ГӨДЕК (Өзб., Ташк.) нәресте. *Дүниеге жаңа келген жас г ө д е к нені біледі* (Ташк., Янг.).

ГӨЗ (Қарақ.: Бер., Амуд., Торт.) көз. *Г о з і м түсіп кетіп еді – артына бұрылмастан зытып барады* (Қарақ., Торт.).

[Қарақалпақша *гөз* (Рус.-карак. сл., 1967); түрікм. *гөз* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ГӨЗЕ (Қарақ.: Шым., Хож.) көзе. *Г о з е толы суды төбесіне құйып жерге бір тамызбай жүре береді* (Қарақ.). *Сынса сарттың г ө з е с і, Тогілсе сарттың бозасы.* Бұл мәтел «не болса о болсын» деген мағынада қолданылады.

[Қарақалпақша *гөзе* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ГӨЛӘГІР//ГӨЛЕГІР (Қарақ.) жауын өтпес үшін үйдің төбесін қалың етіп, балшықтан бастыру.

ГӨЛЕГІР Қ. гөләгір.

ГӨЛЛЕХАНА (Қарақ.) астық сақтайтын қойма.

ГӨЛХАНӘ Қ. гүлхана.

ГӨНЕ (Қарақ.: Хож., Шым., Амуд.) көне, ескі, ежелгі. *Осы жерде г ө н е жаптың* (к.) *орны болган, кәзір доңүрегінің бәрі ізей* (к.) *боп кеткен* (Қарақ.). Көне Үргеніш деген аудан орталығы Қарақалпакстанда қазақтардың ауызекі тілінде *гоне* болып айтылады.

[Қарақалпақша *гоне* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ГӨҢ (Қарақ.: Амуд., Бер., Торт., Шым.; Шымк.: Кел., Сарыағ.; Жамб., Жам.) көң. *Бақарда егін-жайга г ө ң төгеміз* (Қарақ.). *Қылча* (к.) *егісінің әр гектарына бір тоннадан г о ң төктік* (Жамб., Жам.).

[Қарақалпақша *гөң* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ГӨР[1] (Өзб., Ташк.; Қарақ.: Шым., Хож.; Түрікм., Таш.) көр. *Г ө р г е түскенше көре-жағыңды көресің* (Түрікм., Таш.). Қ. горхана.

ГӨР[2] (Түрікм., Таш.) соқыр. *Г ө р адамның көрген күні осы гой.*

ГӨРӨК (Қарақ.: Шым., Хож.; Түрікм., Окт.) ішінде мақтасы бар мақта қауашағы. *Пақтаның ашылмай қалган г ө р ө г ү н балдар қолымен ашады* (Қарақ.).

ГӨРЫСТАН (Өзб., Ташк.; Қарақ.: Шым., Хож.; Түрікм., Таш.) кор, мола. *Кормегенің г ө р ы с т а н болсын* (Түрікм., Таш.). Қ. горхана, гөр[1].

ГӨШ (Өзб., Ташк.; Қ.орда, Арал; Қарақ.: Шым., Хож., Амуд.) ет. *Қойдың г о ш і н е н жасалган кәуәп* (қ.) *бәрінен мазалы келеді* (Қарақ., Хож.). *Білді де талатқанын жауга г о ш і н, Шалдырды шапшаңдатып керней, сырнай. Түраннан түнде тиген алуга ошін* (Т. Ізт., Рүс. дас.).

[Өзбекше *гушт* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ГУӘ (Шымк., Сарыағ.; Қарақ.: Амуд., Төрт., Шым.) куә. *Өтірік айтар жайым жоқ – мен мынауыңа г у ә бола алмаймын* (Шымк., Сарыағ.).

[Әзірбайжанша *гувох* (Азерб.-рус. сл., 1962); түрікм. *гувә* (Рус.-туркм. сл., 1956); карак. *гуэ* (Рус.-карак. сл., 1967); парсы тіліндегі алғашқы нұсқасы *гова* (Пер.-рус. сл., 1, 1983)].

ГУӘЛӘ//ГУӘЛЕК (Өзб., Ташк.) лайды қалыпқа салмай, қолмен аунатып дайындайтын қыш. Оны калама ағаш үй үшін не корған қалауға да иайдаланады.

[Өзбекше *гувала* (ауызекі тілінде *гувалак*) (Узб.-рус. сл., 1959)].

ГУӘЛЕК Қ. гуәлә.

ГУДИ Қ. гүде.

ГҮБІР-СІБІР (Маң., Маңғ.) күбір, күбірлеген дыбыс, пыш-пыш әңгіме. *Құлақ тұрсем, бір г ү б і р-с і б і р дыбыс естілгендей болады* (Маң., Маңғ.).

ГҮГІРТ ШӨП (Ауғ.; Ир.) сіріңкенің шиі.

ГҮДАРЫ Қ. гүдері.

ГҮДЕ (Қарақ., Тақт.) кішкене мая, үйген шөп. *Қысқа деген бір-екі г ү д е шобіміз бар* (Қарақ., Такт.). Қ. гүди.

ГҮДЕРІ (Қарақ.: Шым., Хож., Тақт.) жүка былғары. *Үстіне кигені г ү д е р і кемзал* (Қарақ.). Қ. гүдары.

ГҮЖІМ (Қарақ.) қара ағаштың күлтелі, жапырақты, саялы түрі.

ГҮЗЕР (Тәж.: Колх., Қорғ.) откел. *Г ү з е р д е н қалай өттің* (Төж., Колх.).

[Өзбекше *гузар* жол (Узб.-рус. сл., 1959)].

ГҮЛӘБІ (Қарақ.: Қоң., Шым., Амуд., Торт.; Түрікм.) күзде пісетін, қабығы қалың,

ұзақ сақтауға келетін, сопақ қауын. *Атыздан он-он бес г ү л ә б і әкелген едім, бәрі мазалы екен* (Қарақ., Қоң.). *Гүләб* деген жер атынан шыққан атау. Бұл соз *гүл* және *аб* (су) сөздерінің бірігуінен жасалған. Қазіргі парсы тілінде *голаби* дегеннің *анар* деген мағынасы да бар.

ГҮЛӘБІ ТАНДЫР (Қарақ.) нан пісіретін пеш түрі.

ГҮЛГЕ КІРУ (Шымк.: Сайр., Қызылқ.) гүл шашу. *Мақта г ү л г е к і р г е н н е н кейін косек* (қ.) *байлай бастайды* (Шымк., Сайр.).

ГҮЛДАН (Ауғ.; Ир.) гүл өсіретін ыдыс.

ГҮЛДҮРЕУІШ (Қарақ., Тақт.) күлдүреуіш. *Г ү л д ү р е у і ш мықты болса, шаңырақ дауылда тас байласаң, былқ етпейді* (Қарақ., Тақт.).

[Қарақалпақша *гүлдиреуиш* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ГҮЛДҮРМАМА (Қарақ.: Хож., Қоң.) найзағай ойнап, күннің күркіреуі. *Жердің бетін жауын селдей басып, г ү л д ү р м а м а тасыртұсыр ойнап қоя берді* (Қарақ., Қоң.).

ГҮЛЗАР (Өзб., Ташк.) гүл өсіретін жер, орын. *Шәәрдің іші толған г ү л з а р* (Ташк., Акк.).

ГҮЛМӘНІН АШУ (Маң., Маңғ.) сырын ашу, әшкере қылу. *Бәлем, тура тур, осыдан г ү л м ә н і ң д і а ш п а с а м б а?* (Маң., Маңғ.).

ГҮЛМЫЙЫҚ (Қарақ.: Қоң., Хож.) сатылы үлкен арба. *Қожалығымызда бұрындары г ү л м ы й ы қ көп болатын, енді аптан азайық тұрыпты* (Қарақ., Хож.).

ГҮЛНАР (Өзб., Ташк.) анардың гүлі, анаргүл.

ГҮЛПАЗ (Шымк.: Сарыағ., Кел.) гүл өсіруші, гүл баптаушы. *Өзбек қазақтай емес, г ү л п а з келеді гой* (Шымк., Кел.).

ГҮЛТАРАШ (Қарақ.) қабырғаның сыртқы бетіне ойып салынатын әшекей, нақыш.

ГҮЛ ТӨГУ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) өсімдіктің дән байлаған гүлін тастауы, түсіруі.

ГҮЛ ТҮЙІНІ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) гүл тастағаннан кейін гүл орнында пайда болатын мақта түйіні. *Екі дүз гектар жердің жарымы г ү л т ү й і п і н корсетті* (Шымк., Сарыағ.).

ГҮЛХАНА (Өзб., Ташк.) гүл өсіретін жабық орын. *Шәһәрге жақын жердің соөхоздарында г ү л х а н а бар* (Ташк., Янг.). *Сөз қайтар қағазыма қарадағы, Миуа едің иісті г ү л х а н а д а г ы* (Кете Жүсіп). Қ. гөлханә.

ГҮЛ ШАНАҚ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта өсімдігінің гүл жаратын бүршігі, өнімдік элементі. *Пақтаның г ү л ш а н а г ы көріне бастады* (Шымк., Сарыағ.).

ГҮЛШЕ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) гүлдей бастаған бүршік, гүл шанақ. *Баптауды дұрыс жүргізбеу – г ү л ш е л е р д і ң төгілуіне, өнімнің кемуіне жол ашуы мүмкін* (Шымк., Түркіс.).

ГҮМПІЛДЕК (Қарақ., Мой.) судың бетіне үрғылап, аудың түрған жеріне балық шақыратын аспап. *Балық мына йерде көп екен, тез шақырың г ү м п і л д е г і ң м е н е н* (Қарақ., Мой.).

ГҮМПІТУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) күмпілдеу (су туралы). *Матор г ү м п і т і п суды толқыганда, үйренбеген адамның басы айналады* (Маң., Шевч.).

ГҮН//ГҮҢГЕЛЕК//ДҮҢГЕНЕ (Өзб., Ташк.) еш нәрсеге түсінбейтін, пайымсыз, үндемейтін адам. Шымкенттің Сарыағаш ауданында *күңей* жөн-жосықты білмейтін адам.

[Тәжікше *гүнгі* мылқау (Тад.-рус. сл., 108); *өзб. гунг//гунгалак:* 1) мылқау; 2) үнсіз күң (Узб.-рус. сл., 114)].

ГҮНӘ (Шымк.: Арыс, Кел.; Өзб., Ташк.; Қарақ.: Бер., Амуд., Шым., Хож.) күнә. *Біреуге қиянат жасап, г ү н ә арқалаған адам емеспін* (Ташк., Акк.).

[Түрікменше *гүна* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *гүна* (Рус.-карак. сл., 1967); өзб. *гунох* (Узб.-рус. сл., 1959). Бұл түркі тілдеріне иран тілдерінен ауысқан сөз].

ГҮНӘКӘР (Шымк.: Арыс, Кел.; Өзб., Ташк.; Қарақ.: Бер., Амуд., Шым., Хож.) күнәкар. *Жасы жетпіске келгенде гүнәға батып г ү н ә к ә р болар реті жоқ* (Ташк., Акк.). Парсы тілінен ауысқан сөз.

ГҮНГІРӘЛІ ТАМ (Қарақ.) үлкен, кең үй, бөлме.

ГҮНЕЙ (Ауғ.; Ир.) оңтүстік.

ГҮНЖІ (Қарақ.: Хож., Шым.) күнжіт, күнжара. *Бойдақ малга г ү н ж і беріп семіртіп атыр* (Қарақ., Хож.).

[Қарақалпақша *гүнжи* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ГҮН КӨТЕРМЕУ (ҚХР) шығынын өтемеу, еңбекті ақтамау.

ГҮНОРТА (Қарақ.) түс кезі.

ГҮҢ[1] (ҚХР) лауазым шен аты. 10 мың түтіннен жоғары әскери, әкімшілік атақ.

ГҮҢ[2] (Өзб., Ташк.) мылқау, тілі дө, құлағы да жоқ адам. *Тұк естімес тілсіз г ү ң н е н де бірдеңе дәме қылмақсың ба, ау, жора* (Өзб., Ташк.).

[Түрікменше *гүң* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *гүң* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ГҮҢГЕЛЕК Қ. гүн.

ГҮҢГІРӘЛІ (Қарақ.: Амуд., Кегөй., Қоң., Шым.) пешпен жылытатын, ішінде пеші бар,

пешінің мойыны сорайып көрініп тұратын (үй туралы). *Жарында бір ғ ұ ң ғ і р ә л і жай салмақ, ойым бар, ағашы таяр боп тұрыпты, бірақ қол тимей кетпесе* (Қарақ., Кегей.).

ГҮҢЕЛЕҢ: ГҮҢЕЛЕҢ ГҮҢ (Қарақ.: Қоң., Хож.) мылқау, тілі де, құлағы да жоқ іштен туа кәріп боп туған адам. *Оның ғ ұ ң е л е ң ғ ұ ң бір ағасы бар, бір-ақ пайдасына дұзу* (Қарақ., Қоң.).

[Қарақалпақша *ғұң* мылқау (Рус.-карак. сл., 1967); түрікм. *ғұң* мылқау (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ГҮҢКҮЛ-МЫҢҚЫЛ (Қарақ.: Шым., Кегей, Төрт.) күңкіл-сыңқыл. *Үйдегі қатын-қалаштың ғ ұ ң к ү л-м ы ң қ ы л сөздерін есітіп отырганша, майданга шығып әңгіме айталы* (Қарақ.). Бұл сөздің екі сыңары да *ғұңқ, мыңқ* деген еліктеу сөзден жасалған.

ГҮПСЕРДЕЙ (Маң., Шевч.) ірі, зор, күпсердей. *Есіктен кіріп келсем, төрдің алдында ғ ү п с е р д е й біреу отыр* (Маң., Шевч.).

ГҮПІЛДЕУ Қ. гүпілеу.

ГҮПІЛЕУ//ГҮПІЛДЕУ (Ауғ.; Ир.) үрлеу, жел үрлеу.

ГҮР (Қарақ., Мой.) үсақ мұз. *Мұз ойып, қаза басқанда, г ү р белмен* (қ.) *шетке сыйырып тастау керек* (Қарақ., Мой.).

ГҮРБЕК Қ. гүрбік.

ГҮРБІК//ГҮРБЕК (Қарақ.: Қон., Шым, Амуд.) үлкен қара қошкыл торлама қауын. *Көк күрбек, ақ гүрбек* деген түстері бар. *Биыл г ү р б і к қауын жақсы шықты* (Қарақ.). *Г ү р б і к т і ң бір тілігін жеген едім, кәттә* (қ.) *тойып қалдым* (Қарақ., Қоң.).

[Өзбек тілінің Хорезм сөйленісінде *гурвәк*].

ГҮРЖІ (Қарақ.: Тақт., Шым.) қоржынның ілгектері. *Қоржынның г ү р ж і с і н өрген шәш секілді біріне-бірін кигізе іледі* (Қарақ., Тақт.). Қ. гүржи.

ГҮРКІЛ (Қ.орда, Арал) гүрсілдеген дыбыс. *Құлагыма г ү р к і л келеді* (Қ.орда, Арал). *Әдепкі қарқында жекелеп жалгыз-жалгыздан естілген г ү р к і л д е р енді бір зор дауысқа ұласып, жерді үздіксіз қалтыратқан тұрақты г ү р і л г е айналды* (Ә. Нүрп., Курл., 71).

ГҮРЛЕУ (Қарақ., Қоң.) дәуірлеу, дәурен сүру. *Ол да бір бізің Қоңыраттың г ү р л е п тұрган кезі еді* (Қарақ., Қоң.).

ГҮРРЕ (Қарақ., Қоң.) есектің қодығы.

ГҮРРІҢ (Қарақ.) әңгіме.

ГҮРТ (Орал, Қара.) нашар тұқымды түйе. Бұл атау Маңғыстау атырабында *көрт* болып айтылады. *Шоп жаманы к ө р т* (Мақал).

ГҮРТІК (Түрікм.: Таш.; Қарақ., Хож.) асқан етке салатын кішкентай-кішкентай етіп қолмен жалпақтаған нан, қамыр. *Г ү р т і к салган ет те, сорпа да мазалы болушы еді. Қазір оны қойдық* (Түрікм., Таш.).

ГЫЛАБАН (Тәж.) жылқышы. *Әкем бұрын г ы л а б а н болып істеген еді* (Тәж.).

ГЫРАБДА (Шығ. Қаз., Зайс.) **1.** тырнауыш, тырма. **2.** шоп жинайтын машинаның тырнауышы. *Шабылган шөп г ы р а б д а м е н жиналады. Колхоз бастыгы да үш г ы р а б д а аламыз деп отыр* (Шығ. Қаз., Зайс.). Орысша *грабля*.

ГІЖІНУ (Қарақ.: Хож., Қоң.) кіжін. *Күніміз құр г і ж і н у м е п өтті* (Қарақ., Хож.).

ГІЛ (Жамб., Жам.) кіл, кілең, шылғи. *Айтқаныңның бәрі г і л өтірік* (Жамб., Жам.). *Қай санын қарасаң да газеттің, айтатыны – г і л егіс. Оқысаң, мақала емес г і л сыйпыр* («Колшы», 1935, №45).

ГІЛӘС[2]//ГІЛЕС (Шымк.: Мақт., Кел., Сарыағ.; Өзб., Ташк.; Ауғ.; Ир.) шие. *Бұл йақтың г і л е с і Алматының г і л е с і н е и зор келеді, әм мазалы* (Шымк., Мақт.). Оңтүстіктің кей жерінде бұл сөз *жылас* деп қолданылады.

[Өзбекше *гилос* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ГІЛЕС Қ. гіләс[2].

ГІЛЗЕ (Ауғ.; Ир.) шоміш.

ГІЛМАЛА (Қарақ.: Амуд., Хож.) әндеме, андама; үй сылауға арналған аспап, құрал. *Жайды сылауга г і л м а л а ізден жүріппін* (Қарақ., Амуд.). Бұл сөз қаракалпақ жеріндегі қазақтардың тілінде кейде *жылмала* деген түлғада ұшырайды.

ГІРӘТ (Ауғ.; Ир.) градусник.

ГІРЕБЕК (Гур., Тең.; Қ.орда, Арал) шаңға салынған балықты аударыстыратын құрал. *Ол шаңдагы балықты г і р е б е к п е н аударыстырды* (Гур., Тең.). Орысша *гребок*.

ГІРЕБЕКТЕУ (Гур., Тең.) босату, аударыстыру. *Шаңдагы балық г і р е б е к т е л д і. Шаңды г і р е б е к т е у г е кірістік* (Гур., Тең.). Орысша *гребок*.

ГІРПІ (Тәж., Колх.) жібек, шәйі. *Дүкәндә г і р п і сатып атыр* (Тәж., Колх.).

ГІРІК КӨМБЕ ҚОНАҚ (Алм., Шел.) сары түсті жүгері. *Биыл г і р і к к о м б е қ о н а қ т ың оның жылдагыдан жақсы* (Алм., Шел.).

Ғ

ҒАБАЛАҚТАУ (Қарақ.: Шым., Хож.) қалбалақтау. *Өзі бір ғ а б а л а қ т а ган адам екен, бәрімізді жақсы қарсылады* (Қарақ.).

ҒАБЫР-ҒҰБЫР (Қарақ.) абыр-гүбір, абыр-сабыр. *Ғ а б ы р-г ұ б ы р не қылып жатырсыңдар? Түнімен г а б ы р-г ұ б ы р сөйлесіп ұйықтатпады гой бұлар. Бұлардың г а б ы р-г ұ б ы р ы и а адам түсінбейді* (Қарақ.).

ҒАЗАНУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) ие болу, бір нәрсеге қолы жету. *Осындағыдай аброй г а з а н у үшін кеп уақыт кетер* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *газан* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *қозон* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ҒАЗАТ (ҚХР) дін соғысы.

ҒАЗИНЕ (Қарақ.: Шым., Хож., Қоң.) қазына, байлық, мүлік. *Әумекі бала әкесінің жиған г а з и н е с і н судай шашыпты* (Қарақ.; Шым.).

ҒАЗИР//ҒАЗИРАТУ (ҚХР) басу айту, жүбату.

ҒАЗИРАТУ Қ. ғазир.

ҒАЗОТЫ (Қарақ.: Амуд., Бер.; Өзб.: Бұх., Там.) қазоты, су жағасына шығатын майда жапырақты шоп. *Жапырағы қатқан кезде г а з о т ы қолға батады, бірақ тікенеклі шөп емес* (Өзб., Бұх.).

[Өзбекше *озгути* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ҒАЙЫПТАН ТАЙЫП (Қост.: Жанг., Аман.) ізім-қайым, зым-зия; кенет козден таю. *Мініп келген атым бір түнде г а й ы п т а н т а й ы п жоқ болды* (Қост., Жанг.).

ҒАҚИБАТ (ҚХР) соңы, ақыры.

ҒАЛӘЙӘ (Рес., Сарат.) жалақы. Қ. алапа[1].

ҒАЛДЕК АРБА (Қарақ.) лай, балшық тасығыш арба.

ҒАЛИ (ҚХР) аса жоғары.

ҒАЛИСАН (ҚХР) өнерпаз, сегіз қырлы бір сырлы. *Әуелгі жігіт арыстан, екінші жігіт данышпан, үшінші жігіт г а л и с а н* (ҚХР).

ҒАЛЛА (ҚХР) астық. *Қаптан г а л л а кеткен соң өңкей етті жеп едік* (Е. Құттыбай.).

ҒАЛЛІМ-ҒАЛЛІМ//ҺІЛЕП-ҺІЛЕП (Қарақ.) қазды шақырғанда айтылатын одағай сез.

ҒАЛЫ ГІЛЕМ (Қарақ.: Шым., Хож., Қоң.) кілем, қалы кілем, түкті кілем. *Ғ а л ы гілемнің бұрындары арқауы да жұн болушы еді, енді арқауын пахтадан да, басқадан да қыла беретін болды* (Қарақ.).

[Қарақалпақша *галы* (Рус.-карак. сл., 1967); түрікм. *халы* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ҒАМ (Қарақ.: Қоң., Хож.) қам. *Жұмыстарыңыздың г а м ы н жеңіздер, мына ауқаттарыңды ішіп болғансын тезірек барың* (Қарақ., Қоң.). Ғ а м жеме – *қам жеме*, ар. *ғәм*. Түрікпен, өзбек, қарақалпақ тілдерінде бұл сөздің басқы дыбысы *г* үлгісінде игерілген.

ҒАПЫЛДЫҚ (Қост., Жанг.) аңқаулық, бейқамдық. *Жастықта г а п ы л д ы қ бола береді* (Қост., Жанг.). *Көп еді г а п ы л д ы қ п е н еткен ісім, Бұл күнде сырқаулықтан кетті күшім* (Н. Ахметбеков).

ҒАПЫЛ ҚАЛМАУ (Қост.: Жанг., Аман., Камыш.) қапы қалмау, өкініп қалмау. *Қашан кемеліне келтірем деп жүріп, г а п ы л қ а л м а* (Қост., Жанг.). *Қалар бос жалқау құлақ берген сыйдан, тыңдамай қ а л м а г а п ы л болып бейқам* (Н. Ахмет., Аман.).

ҒАР (Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Абай) үңгір. *Осылай жүре берсеңіз, алдыңыздан үлкен г а р кездеседі* (Сем., Абай).

ҒАРРЫ (Қарақ.: Шым., Хож.) кәрі. *Күлсең г а р р ы г а күл деген* (Қарақ.). Қ. ғары.

ҒАРШАҒАЛА (ҚХР) жетінші аспанның ар жағы.

ҒАРЫ (Қарақ.: Қоң., Мой., Хож., Шым.) қария, кәрі. *Ғ а р ы кісілер де хазір азайып қалды* (Қарақ., Хож.).

[Түрікменше *гарры* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ҒАРЫҚ БОЛУ (Шымк., Лен.) суға кету, су апатына ұшырау. *Өзен тасып кетіп кеп малы суға г а р ы қ б о п т ы* (Шымк., Лен.).

ҒАУ (Қарақ.) артық. *Жүріс-тұрысы бағанағы шалдан сәл-ақ г а у* (Қарақ.).

ҒАУҒА[1] (Орал, Жымп.) талас, тартыс, егес, дау-дамай. *Есесіне орыс патшалары ондай г а у г а г а қарсы амал қолдануды үйренді, құдайға шүкір* (Б. Аманшин, «Жүлдыз», 1987, №3). *Мәжіліске қарай г а у г а м ы з, құдығымызға қарай қауғамыз* (Мақал).

ҒАУҒА[2] (Қарақ.: Шым., Тақт., Бер.) қауға. *Құмда малға суды г а у г а м е н тартып құяды* (Қарақ., Тақт.).

[Қарақалпақша *гауга* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ҒАШЫР (Қарақ.: Хож., Қоң.) қашыр. *Ғ а ш ы р жылқыдан төзімді келеді* (Қарақ., Қоң.).

[Қарақалпақша *гашыр* (Рус.-карак. сл., 1967); түрікм. *гашыр* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ҒОЗА[1] (Қарақ., Мой.) жаңғақ. *Әпте* (к.) *базарда Мойнаққа барсам, базар тола г о з а екен* (Қарақ., Мой.). *Ғоза* ағаш – жаңғақ ағашы. *Биыл колхоз г о з а ағашын мол екті* (Қарақ.).

[Түрікменше *хоз, хоз агажы* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ҒОЗА[2] (Өзб., Ташк.) ішінде мақтасы бар мақта қауашағы. *Пақтасы алынбаса, г о з а н ы қолмен ашып аламыз* (Ташк., Калин.).

[Парсыша *гузә* (Пер.-рус. сл., 1, 1983); өзб. *ғуза* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ҒОЗА ПАЙА (Өзб., Ташк.) мақтаның сабағы. *Ғозасын комбайн теріп әкеткен пақтаның*

г о з а п а й а л а р ы қылтиып тұр (Ташк., Калин.).

[Парсыша *ғүзәпайә* (Пер.-рус. сл., 1, 1983); өзб. *ғүзапоя* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ҒОРЕК Қ. гөрөк.

ҒҰЗЫР АЛУ (ҚХР) ләзәт алу.

ҒҰМАЙ (Өзб., Ташк.) шөптің бір түрі.

ҒҰНША (ҚХР) гүл, гүл қауашағы. *Сен тікенен болғанда мен ұқсаймын г ұ н ш а г а, кәріжасты мысалдап, сөз сөйледім мұншама* (ҚХР).

ҒҰРЫП (Қарақ.) кәрі, кәрия. *Сегіз жасар баланың тісі түсер, сексен жасар г ұ р ы п т ы ң ісі түсер* (Мақал).

ҒЫЖЫМ (Өзб., Ташк.) барқыттың майда түкті түрі, мақпал, масаты, мауыты. *Бұрындары дүкәндә г ы ж ы м н ы ң тұр-тұрі болушы еді, енді таба алмайтын болдық* (Өзб., Ташк.).

ҒЫЛЛА (Орал, Жән.) мүкіс, бүзық, кеміс. *Бір жерінде г ы л л а болса, мылтықты озіме қайырып бер* (Орал, Жән.).

ҒЫРЫСТАЙ (Қарақ.) мықты, күшті, қарулы. *Ғ ы р ы с т а й жігіт* (Қарақ.).

Д

ДА (Шымк.: Кел., Сарыағ., Түркіс.) «ғой» шылауының мағынасына жуық мағынада жұмсалатын шылау сөз. *Бұ йер бұрындары көк орай шалғын болатын еді, кәзір шаңы шығып жатыр д а* (Шымк., Кел.). Бұл шылаудың өзінен бұрынғы сөздің соңғы буыны мен соңғы дыбысының ыңғайына қарай құбылып айтылатын бұдан өзге *-де, -та, -те* секілді фонетикалық нұсқалары бар: *Сенен бір көмек бола ма деп, келіп едім д е. Айтқаны рас т а* (Шымк., Түркіс.).

ДАБА (Жезқ., Ж.арқа) таба, отқа нан көметін табақ тәрізді шойын ыдыс. *Д а б а г а пісірілген нан оңды болады* (Жезк., Ж.арқа). Қостанай, Торғай жағында бұл сөз *тапа* болып айтылды. Қазақ жерінің кей қоныстарында *тәбе* деген де нұсқасы бар.

ДАБА НАН (Жамб., Мойын.) табаға көмген нан, табаға пісірген нан. *Сырыңды айт, сыпатыңды айт жолдасыңа, Бір нәрсе әжетіңе жарағанға, Кей бәндә үйде отырып мас болады. Қарының тойғызып ап д а б а н а п г а* (Жамб., Мойын.).

ДАБРЫҒУ (Маң., Шевч.; Қ.орда, Арал) айқайлау, шулау, даурығу. *Осыншама астан-кестен боп негып д а б р ы г ы п жатсың?* (Маң., Шевч.).

ДАБРЫҚ (Қ.орда, Арал) айқай, у-шу. *Көтерілген д а б р ы қ қ а шыдамай, жануардың құлағы елеңдеумен келеді* (Қ.орда, Арал).

[Өзбекше *добрук* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ДАБЫ (Сем., Шүб.; Алм., Кег.) түкті бөз. *Солардың алдында д а б ы дамбалының ауы салақтай, қойқаң-қойқаң жүріп: «Бұл біздің іниміз» – деді* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 52). *...алабажақ түкті д а б ы д а н тігілген халат алып, иығына жамылды* (М. Мағ., Алас., 28). *Кәдімгі ұзын балақ д а б ы дамбал* (Б. Соқ., Қайдасың, Гауһар?, 27).

ДАБЫЛ (Қост., Жанг.) даңқ, атақ, дабыс. *Қыз екі бектің д а б ы л ы и естіп, Сыртынан гашық болады* (Қост., Жанг.). Маңғыстау жағында бұл соз *дыбыл* деген нүсқада айтылады. Қ. дыбыл.

ДАБЫЛ ҮЙ (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал., Қарм.; Қарақ.) кошуге лайықталып жасалған, кошіп бара жатқанда жол-жонекей тігілетін кішкене киіз үй, жолым үй (қ.). *Қызылқұмға кошкенімізде д а б ы л ұ й д і түйеге артып алатынбыз* (Қ.орда, Сыр.). *Бұл күнде д а б ы л ұ й дегенді ұмыта бастадық* (Қ.орда, Арал). *Д а б ы л ұ й д і тіккенде шаңырақты есікке тірей салады, ойткені ол асығыста, жолжонекей уақытша тігілетін үй* (Қарақ.).

ДАБЫРА (Маң.: Шевч., Маңг.) дапқырт, қауесет, сыбыс. *Қолымда отыр домбыра, Домбыраны күнә деп – Білмей айтқаи д а б ы р а, Кімнің жақсы-жаманын Алла білер соңыра* (Маң., Шевч.).

ДАБЫРАДАЙ (Шымк., Кел.) үлкен, зор. *Д а б ы р а д а й нәрсе есіктен оңайлықпен сыя ма* (Шымк., Кел.).

ДАБЫРАЮ (Қ.орда, Арал) ербию, еңсесін котеру. *Басқан жерінен қан шығарып, қан шықпаса, жан шығарып, Сонысымен аты шығып д а б ы р а й ы п алған нағыз қара жүрек, қанды шеңгелдің озі еді* (Ә. Нүрп., Курл., 92).

ДАБЫР УЫҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.) дабыр үйдің (қ.) уығы.

ДАБЫР ҮЙ (Маң.: Маңг., Шевч.; Түрікм.: Красн., Небид., Таш.) уығы қысқа кішкене киіз үй. *Байлар д а б ы р ұ й д і ас-су үшін тігетін еді* (Түрікм., Красн.). Н. Ильминскийде: *дабыр үй* (Материалы..., 120).

ДАБЫРЫҚ (Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.) айқай-шу, даңғаза. *Шыдамай айқай салған д а б ы р ы қ қ а* (Қ.орда, Арал). Қ. дабрық.

ДАБЫС (Маң.: Шевч., Маңг.) дауыс, үн. *Тымауратқан д а б ы с т ы Салсақ айқай, ашылар, Жиырма бестің күнінде кім көрінген масыгар* (Ақтан.).

ДАБЫС ЕТУ (Алм., Жам.) хабарлау, құлақтандыру, жар салу. *Ел тегіс жиналып тобын корсетсін деп д а б ы с е т і п т і* (Алм., Жам.).

ДАҒА (Алм., Кег.) қалың, ну. *Д а ғ а қарағайдың ішіне кіріп кеткен малды табу қиын* (Алм., Кег.).

ДАҒАЗА (Қарақ.) хабар, жарлық.

ДАҒАЛАЙ (Сем.: Үрж., Мақ.; ҚХР) бір жылдың ішінде екі рет лақтаған ешкінің соңғы лағы. *Ешкім екінші лақтап, міне д а ғ а л а й ы да осіп қалды. Әлі д а ғ а л а й ы н көкпарға берді* (Сем., Үрж.). Бұл сөз қазақ сөйленістерінің шығыс тобында бұдан өзге *далағай, дағалаң* деген фонетикалық нұсқада да қолданылады.

ДАҒАЛАҢ (Сем.: Үрж., Мақ.). Қ. дағалай.

ДАҒАР (Жамб.: Шу, Красн., Мер., Луг., Қорд.; Сем., Аяг.; Алм.: Кег., Еңб. қаз., Нар.; Шығ. Қаз., Зайс.; ҚХР) астық салатын үлкен қап, қанар. *Екі д а ғ а р ҙ н тартып әкелді, біразға жетер* (Жамб., Мер.). *Үлкен кенеп д а ғ а р д ы Асылханға бұркей салды... Д а ғ а р ішінде шалажансар жатқан жас келіншекті еңгезердей солдат арқалай жонелді* (Ж. Тіл., Жоңғар дала., 110). *Колденеңінен сұлап жатқан ҙн толған ұзын ала д а ғ а р д ы ң қонақ отыратын жағына фуфайкесін жайлап тосеп, шаңын қаққыштап жатыр* (Б. Сокп., Қайдасын, Гayhap?, 111).

ДАҒАРА[1] (Жамб., Св.; Қост., Об.; Қар., Қарқ.; Алм., Жам.; Шымк., Мақт.; Қарақ.) темірден, мыстан жасалған үлкен ыдыс, шара, леген, шылапшын. *Мына кісілер қол жусын, д а ғ а р а н ы әкел* (Шымк., Мақт.). *Үлкен ыдыстың бәрін д а ғ а р а деп айта береміз, тіпті үлкен қазанды да д а ғ а р а дей саламыз* (Қост., Об.). *Бір д а ғ а р а н ы жуды да ішіне қымыз құйды* (Қар., Қарқ.). *Там басында д а ғ а р а, Д а ғ а р а толған загара. Загараны жей алмай Кемпір-ғары ауара* (Қарақ.). Әдеби тілде *дағара* сөзі *дағарадай* деген теңеу сөздің құрамында жиі қолданылады. *Құранды молда теріс оқыр Д а ғ а р а д а й болып сәлдесі, Мал құмар көңілі бек соқыр Бұрқіттен кем бе жем жесі* (Абай).

ДАҒАРА[2] (Жамб., Жуа.; Алм., Жам.) жүгерінің уны. *Қол диірменге жүгері тартып, д а ғ а р а д а н нан жабамыз* (Жамб., Жам.).

ДАҒАРА[3] (Маң., Маңғ.) үлкен етіп пісірілген нан. *Той өткен соң – д а ғ а р а* (Маң., Маңғ.). Қ. дағыра нан.

ДАҒАТ (Қ.орда, Қарм.) тағат, шыдам, төзім. *Бір жерде ұзақ отыруға д а ғ а т ы м жоқ* (Қ.орда, Қарм.).

ДАҒДАҒЫЛАСУ (Қарақ.) шатақтасу, келіспеу. *Бестен соң кетуге болады го, біраз д а ғ д а ғ ы л а с ы п қалдық* (Қарақ.).

ДАҒДАН (Қарақ.) тіс жуатын құрал, мәсуек.

ДАҒДУАДАҚ (Шығ. Қаз., Зайс.) дуадақ. *Шөл далада қойдай жайылып д а ғ д у а д а қ жүр екен* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ДАҒДЫ БОЛДЫРУ (МХР) дағдыға, машыққа айналдыру. *Сөйтіп жас мал ерістеуге төселеді. Мал иесінің даусына үйреніп, қара тартады, қаптай, тоқырай жайылуды д а ғ д ы б о л д ы р а д ы* («Ж. өмір», 17.01. 1983).

ДАҒДЫР (Қост.: Жанг., Торғ., Семиоз.) тағдыр. *Д а ғ д ы р д ы ң жазуы солай болса, оған не шара* (Қост., Жанг.). *Пікірдің оңшең тұлек қырандары Д а ғ д ы р д а н үлес алған ұландары* (Қ. Аманж., Шығ. жин. I, 452).

ДАҒДЫРАУ (Гур., Мақат) дағдару. *Не істерге білмей, д а ғ д ы р а п отырмын* (Гур., Мақат). *Қолы қалтырап, ...қызыл-шаша сөбидің басына ұстара апара алмай д а ғ д ы р а п қалды* (Ә. Кекіл., Құс қан., 139).

ДАҒ ЕТПЕУ (Маң., Шевч.) тұк те етпеу, ештеме де қылмау, залал шекпеу. *Мына иіс майды жағып алсаң, маса деген д а ғ е т п е й д і* (Маң., Шевч.).

ДАҒУ (Гур., Есб.) жәй, әшейін. *Бұл айтып отырғаның да бір д а ғ у әңгіме ғой* (Гур., Есб.).

ДАҒҰР (МХР) монғол тайпалары. *Іле генералының басқаруында арнайы армия құрылып, ол манж, монғол, солон, сақыр, сібе, д а ғ ұ р сияқты жергілікті ұлттарды басқаратын «Сегіз тулы әскермен» тың игеруші егіншілерді басқаратын «жасыл тулы» ханзу әскерінен құрылғанды* (С. Тәук., Ақыр Жән., 237).

ДАҒЫ (Маң., Шевч.) күптау мағыналы шылау. *Өзің айтсаң, бар деген жеріңізге барамыз-д а ғ ы* (Маң., Шевч.). Интонациялық ыңғайға қарай кейде сұрау мағынасына ие болады: *О жақтағы халықтың тұрмысы жақсы д а ғ ы?* (Маң., Шевч.). *Терең болсаң, тол д а ғ ы, Тулап, толқын үйқы ашып, Өлең болсаң, қал д а ғ ы, Қас қаққанша үйқасып* (Т. Айб., Мен саған., 44).

ДАҒЫ ЕТПЕУ (Қарақ.) тұк етпеу.

ДАҒЫРА НАН (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) тандыр пешке пісірілген үлкен нан. *Д а ғ ы р а н а н д ы той бергенде жабамыз* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *тағара* үлкен ағаш табақ; өзб. *тоғора* леген, шылапшын төрізді ыдыс; қарақ. *дағара* музыкалық аспап]. Қ. дағара[3].

ДАҒЫТУ (Қарақ.) тарату. *Ертең оқу д а г и д ы* (Қарақ.).

ДАДА (Жамб.: Жуа., Жам.) өке. *Үйде д а д а м бар ма екен?* (Жамб., Жуа.).

ДАДАН (Гур., Есб.; Сем., Аяг.; Шық. Қаз., Больш.) надан. *Ертеде ол елдің қазақтары д а д а н еді* (Шық. Қаз., Болын.).

ДАДАНДЫҚ (Қост., Об.) надандық, сауатсыздық. Ы. Алтынсарин бұл сөзді осы үлгіде қолданған: *Д а д а н д ы қ т ы ң белгісі іш ақылға жарымас.*

ДАЖАЛ (Қост.: Об., Жанг.) тажал. *Солардың діншіл қып-ақ тәрбиелеген жоқ па едім? Енді кернейлетіп, сырнайлатып д а ж а л д ы қ құралы болып отыр* (Б. Майл., Шық., III, 159).

ДАЗЫБАУ ЖАЗУ (ҚХР) біреудің сыртынан шағым жазу, біреудің қылмысын әшкерелеу. Бұл тіркестің құрамындағы *da* – үлкен, *zi* – хат, *bao* – қағаз деген мағынаны білдіретін *сөздер*. Бұл тұрақты тіркес Қытайдың тарихындағы «мәдениет теңкерісі» атты 1966-67 жылдардағы халықтың басынан өткен зобалан оқиғаларға байланысты шыққан. *Ертесі Нию Гохуа қайта д а з ы б а у ж а з ы п «Бекен шабуыл арқылы шегінбек» деп соқты* (Ж. Мыр., Таң.).

ДАЙАҒАТШЫ (Кекш., Қ.ту) даяшы, жиын-тойды, ойынды басқаратын кісі. *Жаландаған д а й а ғ а т ш ы қолындағы тоқпағын үйіріп, ойынның басталатынын хабарлады* (Көкш., Қ.ту). Қ. дарағатшы.

ДАЙАРДАУ (Тау., Қош., МХР) даярлау. *Шүйге жүрейін деп д а й а р д а н ы п жатырмын* (Тау., Қош.).

ДАЙАР ЖОҚ (Тау., Қош.) дайын емес. *Шай әзір д а й а р ж о қ* (Тау., Қош.).

ДАЙРА[1] (Шымк., Мақт.) жерге төсеу үшін камыстан токылған шыпта. *Алашаның астына д а й р а төсе* (Шымк., Мақт.).

ДАЙРА[2] (Ауғ.; Ир.; Қарақ.) дария, өзеннің жалпы аты.

ДАЙРАЙ (Ауғ.; Ир.) теңіз.

ДАЙЫ (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж., Мары; Қарақ.: Хож., Шым., Амуд., Төрт.; Ауғ.; Ир.) нағашы. *Бала болса да д а й ы екеніңді біліп жармасып жатыр да* (Түрікм., Таш.). *Менің д а й ы м – қарақалпақ қой* (Қарақ.). *Чарджоуда тұратын менің бір д а й ы м бар еді* (Түрікм., Таш.). *Мамадүсіп маған д а й ы болып келеді* (Ауғ.; Ир.).

[Қарақалпақша, түрікм. *дайы* нағашы]. Қ. тағ[1].

ДАЙЫМ (Рес., Орын.) үдайы, өрдайым, үнемі. *Мінгенім д а й ы м менің көк дөненді, Жегені көк дөненнің көк өлеңді, Ахунның атын сұрап не қыласың, Айта бер Онандағы өз жөніңді* (Рес., Орын.). Қ. дәймі.

ДАЙЫМШЫЛЫҚ ҚЫЛУ (Рес., Орын.) бір іспен айналысу, көсіп қылу, шұғылдану. *Шатыраш ойнауды д а й ы м ш ы л ы қ қ ы л м а д ы қ* (Орын., Ад.).

ДАЙЫН[1] (Жамб., Шу) дерек, хабар-ошар. *Екі туысқанымыз бар еді, солардан д а й ы н да, хабар да жоқ* (Жамб., Шу).

ДАЙЫН[2] (Маң., Маңғ.) дайындық, мемлекетке тапсыратын азық-түлік, шикізат. *Биыл біздің ауыл д а й ы н г а кеш кірісті, жарын жылы д а й ы н д ы қолға ерте аламыз* (Маң., Маңғ.). *Д а й ы н г а жиырма келі ет бермекші едім, жаңа төртіп бойынша он-ақ келі керек екен – қутылып қалдым* (Маң., Шевч.).

ДАЙЫНДАНУ (Сем.: Абай, Шүб.) дайындалу. *Жұмысқа д а й ы н д а н ы п жатырсың ба* (Сем., Абай). Бұл сөз қазақ сөйленістерінің көпшілік тобы мен өдеби тілде мұндай етіс формасында қолданылмайды.

ДАЙЫНДЫҚ КӨРУ (ҚХР) дайындық жасау, әзірлену.

ДАЙЫР (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) анық, рас, шын. *Осы сөзінің жаны бар, д а й ы р сөз* (Түрікм., Таш.).

ДАҚ (Шық. Қаз., Зайс.; Сем.: Абай, Шүб.; Алм.: Жам., Кег.) дәл, нақ, тура, дәлме-дәл. *Жұмысқа д а қ уақытында барады* (Шық. Қаз., Зайс.). *Көздегені д а қ тиіп, бәйгені сол алды* (Алм., Жам.). *Д а қ үстіңнен түстім бе? Д а қ осылай жаза бер, өке* (Алм., Кег.). *Д а қ дәл түбі* (Сем., Шүб.).

ДАҚА (Рес., Омбы) теріден жасалған тон. *Ондай д а қ а л а р төрелерде болады* (Рес., Омбы).

ДАҚАЛУ (Сем., Аяг.; ҚХР) тақалу. *Машина ауылға д а қ а л г а н сайын жарығы қоюлана түсті* (Сем., Аяг.).

ДАҚБЫР (Талд., Қарат.) даңқ, қауесет. *Той болады деген д а қ б ы р г а ел түгел жиналып келсе керек* (Талд., Қарат.).

ДАҚ-ДАҚ БОСУ (Жамб., Сар.) аяқты маңғаздана, нығырлай басу. *Аягын баппен д а қ-д а қ б а с ы п үйден шығып бара жатты* (Жамб., Сар.).

ДАҚҚА (Ауғ.; Ир.) минут.

ДАҚПА-ДАҚТАУ (Өзб., Ташк.) нақтылап, жеріне жеткізе айту. *Әрбір сөзін д а қ п а-д а қ т а п ұғындыра, көптің құлағына жеткізе, жоғары көтеріп қағаз оқып тұр* (Р. Райым., Жап. жаңғ.).

ДАҚЫ (МХР) ешкі терісінен істелген тон. Бұл кебінде, түнде мал күзетуге және жол жүргенде киетін сырт киім.

ДАҚЫЛ (Қ.орда, Арал) егістік, егін салатын жер. *Қар кетісімен д а қ ы л айдауға кірісеміз* (Қ.орда, Арал). Оңтүстік өңірдің көп жерінде «егін», «егіс» мағынасында қолданылатын бұл сөз әдеби тілімізде культура деген термин сөздің баламасы ретінде қолданылып жүр: *ауыл шаруашылық дақылдары, дәнді дақыл*, т. б.

ДАҚЫЛАНУ (Өзб., Ташк.) маңғазданып өзін жоғары ұстау.

ДАЛАБА (Маң., Маңғ.) дау, жанжал, машақат. *Шынында да ашу үстінде төре тұқымының төлін зақымдап алар болса, қазаққа тағы да бір таусылмас д а л а б а табылатын еді ғой* (Ә. Кекіл., Үркер, 95).

ДАЛАБЕЗ (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем.: Ақс., Көкп.) қыдырымпаз, бір жерде тиянақтап байыз таппайтын (адам туралы). *Қойшыбай бір д а л а б е з адам* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ДАЛАҒАЙ (Сем.: Үрж., Мақ.). Қ. дағалай.

ДАЛА ЖЫЛҚЫСЫ (Сем., Абай) далада жайылып, ел көрмей тағыланып кеткен асау жылқы. *Соғымға соярда атып алмаса, д а л а ж ы л қ ы с ы айдауға, байлауға көнбейді* (Сем., Абай). Семей жағының коп жерінде дала сөзі «жабайы», «тағы» созінің орнына жиі қолданылады: *дала қазы, дала үйрегі.*

ДАЛАЙБАНА (Жамб.: Сар., Тал.) қыз ұзатқанда жеңгелері алатын кәде. *Еркежанның д а л а й б а н а с ы өзімдікі* (Жамб., Тал.).

ДАЛАЛЫҚ (Ақт., Байғ.; Маң.: Шевч., Маңғ.) дала, сахара, айдала. *Бұрын сор басып, арам шөп қаптаған д а л а л ы г ы м ы з қазір бітік, тұрақты, өнім береді* (Ақт., Байғ.). *Колхоздың д а л а л ы қ т а г ы шаруашылық жұмыстарына кетті* («Соц. ауыл», 1940, №82).

ДАЛАН[1] (Алм., Еңб. қаз.; Талд.; Жамб.: Қорд., Тал.) бөз, жібі жуандау ақ мата. *Д а л а н ның метрін бір сомнан алдық* (Алм., Еңб. қаз.).

ДАЛАН[2] (Алм., Кег.; Талд., Қарат.; Сем.: Ақс., Көкп., Абай, Аяг.; Ауғ.; Ир.) кіре берістегі бөлме, ауыз үй. *Балалар д а л а н д а отыр* (Алм., Кег.). *Біздің осы отырған бөлмеміз – д а л а н* (Сем., Акс.). *Кеуішінді д а л а н г а шешіп кіргін* (Ауғ.; Ир.). *Оспанның соңғы жылдар салғызған жақсы қыстауының көп бөлмелеріне, д а л а н д а р ы н а тарап, үйір-үйір кеңеседі* (М. Әу., Абай жолы, II, 41). Қ. далаң[1].

ДАЛАҢ[1] (Алм., Көг.; Талд., Қарат.; ҚХР) кіре берістегі бөлме. *Ортадағысы д а л а ң үй* (Б. Соқ., Жөкпе-жөк, 18). Қ. далан[2].

ДАЛАҢ[2] (Маң.: Шевч., Маңғ.; Сөм.: Абай, Шүб.) дала, жазық жер, өң дала. *Бейнеу жақ бетте ел жоқ – д а л а ң* (Маң., Маңғ.). *Орандар алуан түрлі құбылып, араларында жатқан жазық д а л а ң г а әлденеше түр береді* (Т. Ахт., Қаһарлы күн., 288).

ДАЛАҢҚАЙ 1. (Павл., Горьк.) өзеннің, сайдың алқабы, ояң жер. *Жидек д а л а ң қ а й д а өседі* (Павл., Горьк.). Бұл – дала сөзінен *-ң* және *-қай* жұрнақтарының көмегімен жасалған. 2. (Жезқ., Ағад.) бұтасыз, шөбі сирек ашық жатқан жер, алаң. *Өзен бойы кейде қалың ши, кейде аламыш д а л а ң қ а й* (С. Сөйф., 4 т., 25).

ДАЛАҢҚЫ (Рес., Омбы) ағаш кесу үшін өркімге бөлініп берілетін жер. *Д а л а ң қ ы н ы орман ішінен береді* (Рес., Омбы).

ДАЛАПТАЙ (Гур., Бақс.) қып-қызыл, қан қызыл. *Екі беті д а л а п т а й* (Гур., Бақс.). *Д а л а п т а й екі бетін ыстық жалап, Үстіне үлкен мұрын тер домалап* (Х. Ерғ., Құр., 17).

ДАЛБА (Сем.: Ақс., Көкп., Абай) күрке, үйшік, уақытша жасалған баспана. *Колхозшылар жұмыс басында дем алу үшін д а л б а жасап алады* (Сем., Акс.). *Күн ыстық болған соң, д а л б а жасап алдық* (Сем., Абай).

ДАЛБАЙ 1. (Ақт., Ырғ.; Орал: Чап., Жымп.; Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Қост., Жанг.; Өзб., Ташк.) күн өтпеу, маса шақпау үшін киетін тымақ тәрізді жеңіл бас киім. *Д а л б а й кимеген шашы жоқ тақырбасты маса опоңай талап тастайды* (Қост., Жанг.). *Мал базарының шетінде ат үстінде тұрған д а л б а й л ы кердерілер Жайықтың ішкі бетіне қарай иегімен меңзеп...* (Х. Есенж., Ақ Жай., 8). *Д а л б а й л ы кең желең киген бір маска келіп тоқтайды, князь ойланып тұрады* (Қ. Аманж., Шығ. жин., 2 т., 401). *Ақ таягын кеудесіне тіреп, қара д а л б а й д ы баса киіп Өлекең тұр* (Б. Майл., Шығ., III, 247). Қ. күләпара, жалбағай. 2. (Қарақ.) түлкі терісінен тігілген үлкен тымақ. 3. (Көкш.) ішін сымнан тоқып істеген батырлардың бас киімі.

ДАЛБАР (Талд., Қарат.) жоспар, жоба. *Биыл біздің колхоздың д а л б а р ы ерте бітті* (Талд., Қарат.).

ДАЛДА (Сем., Шүб.; Алм.: Еңб. каз., Шөл.; Шығ. Қаз., Больш.; МХР; Маң., Маңғ.) таса, ық, қалқалы жер. *Ит-құс жайылып жатқан малға д а л д а м е н келеді* (Маң., Маңғ.). *Біраздан соң дүрбісін шытына орап қойнына тығып, әдетінше етегін қағып түрегеліп ұяға қайталап бір қарап қыраттай жүріп д а л д а г а түсті* («Шұғыла», 1992, №4, 31). *Тастың д а л д а с ы, шынында да, ысылдай соққан суық желдің бетін қайырып...* (О. Бөк., Өз от. өш., 119). *Алдында ешқандай д а л д а с ы*

жоқ – есігіңізді ашасыз да бірден кең дүниеге шығасыз (М. Мағ., Кок кеп., 14). *Бір айлық жаттығуға шықтық. Құм шағылдың ішінде басыңды тығар д а л д а жоқ* (Қ. Ысқақ, Күренсе, 194).

ДАЛДАЛАНУ (Ақт., Ойыл) тасалану, жасырыну. *Ол маған жау келіп қалды, д а л д а л а н деп айғай салды* (Ақт., Ойыл). *Таңатар аузын түйенің табанындай алақанымен д а л д а л а й есінеп алды* (О. Бөк., Өз от. өш., 62).

ДАЛДАМ (Алм., Шел.) панам, қалқам, таянышым (баласын еркелеткенде, айналып-толғанғанда айтылатын сөз). *Жәутеңдеген көзіңнен айналайын, д а л д а м* (Алм., Шел.).

ДАЛДАУ (Орал, Жән.) имену, тайсалу, сескену. *Хан екен деп именіп, Айтатын сөзді д а л д а м а н* (Махамбет).

ДАЛДЫҢ-ДҮЛДҰҢ Қ. далдың-дүлдің.

ДАЛДЫҢ-ДҮЛДҰҢ//ДАЛДЫҢ-ДҮЛДҰҢ (Қост., Жанг.; Шығ. Қаз., Больш.) қалай болса, солай; арсың-гүрсің. *Ол ешнәрсені елемей, д а л д ы ң-д ұ л д і ң жүре береді* (Шығ. Қаз., Больш.).

ДАМАТ (Алм., Іле) салық. *Халық соған бұрын д а м а т төлеп тұрған* (Алм., Іле).

ДАМЫҒУ (Маң., Шевч.; Қост., Жанг.; Қ.орда, Қарм.; Ақт., Тем.) зорығу, демігу (жылқыға қатысты). *Д а м ы қ қ а н атпен жол жүріп не когертесің, одан үйіңде тыныш отырғаның жөн* (Маң., Шевч.).

ДАМЫЛ Қ. түскі дамыл.

ДАМЫЛ АЛУ (Рес., Орын.) дем алу. *Өнепойы жаза берген соң шаршайсың – д а м ы л а л* (Рес., Орын.).

ДАМЫЛДАУ (Ауғ.; Ир.) дем алу. *Бір са:т д а м ы л д а п алмасам шаршап отырыппын* (Ауғ.).

ДАМЫЛЛА (Ауғ.; Ир.) діни медресенің мұғалімі.

ДАМЫС (МХР) даму, өркендеу. *Қандай бір елдің ғылыми д а м ы с ы н сол елдің Ғылым академиясының ғылыми жаңалықтары, абыройы және саны айқындайды* («Ж. өмір», 01.04.1994). *Отанымызда соңғы кезде жаңарту жариялылық етек алып, қоғамның д а м ы с ы н а, өр адам мүддесіне, ұлттар ынтымағына, ескіні жаңартуға көптеген өзгерістер енгізіліп нелер құнды пікірлер айтылуда* («Темірқазық», 1991, №1). *Осы бойкүйездік өлі орын теуіп, жалпы өнер д а м ы с ы н а кері өсерін тигізуде* («Шұғыла», 1992, №4, 83).

ДАНЫШМАН (Рес., Орын.) данышпан. *Асанқайғы деген бір д а н ы ш м а н адам туыпты* (Рес., Орын.).

ДАҢ[1] (Ақт.: Байғ., Шалқ.) даңқ, атақ. *Елжұртқа д а ң болған кісі* (Ақт., Байғ.). *Осы ас копке д а ң болды, Асқа сойған көп малдан Ақ қан өзен қан болды* (Н. Байғ., Шығ., 128). *Қарабай мен Сарыбай аңға шыққан, Екеуінің дәуірі д а ң г а шыққан* (Қозы Көрпеш – Баян сұлу).

ДАҢ[2] (Алм., Нар.) дау, жанжал. *Ол бір сотанақ неме екен – бізге көнбей д а ң шығарды* (Алм., Нар.).

ДАҢАЗА (Маң.: Шевч., Маңғ.) **1.** у-шу, даңғаза. *Құр д а ң а з а м е н жүргенде жұмыс бітпейді* (Маң., Маңғ.). **2.** мақтаншақ, бөсіп отыратын (адам туралы). *Көпірме созді коп айтатын д а ң а з а адамның оқығанын көрген жоқпын* (Маң., Маңғ.). *Жаманға дәулет, бақ қонса, Орнын білмей д а ң б о л а р* (Маңғ., Шевч.).

ДАҢ БОЛУ (Маң.: Шевч., Маңғ.) басы қату, не істерін білмей сасу. *Өзі д а ң б о л ы п отырған адамнан не ақыл сұрайсың?*

ДАҢҒАЙЫР 1. (Маң.: Шевч., Маңғ.) даңғыл, сара (жол туралы). *Үстірт жаққа шығатын жол д а ң г а й ы р* (Маң., Маңғ.). **2.** (Сем.: Үрж., Мақ.) суырып салма, орен жүйрік (ақындық, шешендік онер туралы). *Д а ң г а й ы р, асқан ақын болсаң дағы, Агажан, таба аласың мұны негып* (Рысжан – Әсет аіітысы). **3.** (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал; Қарақ.) түтасып жатқан жота-жота құм. *Қарасудың жағасында д а ң г а й ы р болмайды* (Ақт., Ырғ.). Теңіз түбінде түтасып жатқан құмды да Арал маңында *даңғайыр* деп айта береді.

ДАҢҒАЛАҚТАУ (Жамб., Жуа.) жаңғалақтау. *Д а ң г а л а қ т а у адам* (Жамб., Жуа.). *Елдің мұң-мұқтажын біле бермейтін д а ң г а л а қ т а у, даңғазалау адам* (Жамб., Жуа.).

ДАҢҒАРАДАЙ (Сем., Абай) үлкен, кең, зор. *Мынау д а ң г а р а д а й үй кімдікі?* (Сем., Абай).

ДАҢҒЫЛ (Алм., Шел.) жетік, білгіш. *Ал бір ескінің әңгімесіне д а ң г ы л адам еді* (Алм., Шел.).

ДАҢҒЫРА (Қ.орда, Арал) даңғырлату үшін пайдаланатын қаңылтыр ыдыс. *Үйге кеп шелекті агашқа байлап д а ң г ы р а қылдық* (Қ.орда, Арал).

ДАҢҒЫРЫҚ (Гур., Есб.) хабар-ошар. *Ғұмар істің насырға шабарын енді ұғынды, мына сықылды д а ң г ы р ы қ т ы түсіндірудің оңай еместігін сезгенде тіпті қынжылып қалды* (Ж. Нөжім., Кішк., 30).

ДАҢДАМА (Маң., Шевч.; Ақт., Ойыл; Орал: Чап., Жымп.; Қарақ.) **1.** у-шу, айқай-шу, дабырлаған өңгіме. *Д а ң д а м а біртіндеп*

кебейе берсе, жұмысқа кесел келтіреді (Ақт., Ойыл). Кейде дабыр сөзімен қосарланып *д а ң д а м а – дабыр* деп те айтылады. *Д а ң д а м а – дабырдан да тұк ұға алмай, өзіне созылған әр ерінге бетін, маңдайын тосып, шаттана күліп жүрген-ді* (Ә. Нұрп., Күт. күн., 284). *Қонақ келіп, бәріміз жиналып, әңгіме айтып д а ң д а м а болдық* (Орал, Жымп.). **2.** ойын-сауық, ырду-дырду. *Күнді д а ң д а м а м е н босқа өткізулі* (Маң., Шевч.).

ДАҢДАР (Жамб., Шу) даңқты, аты әйгілі. *Осы баганы қазақтың д а ң д а р жазушысы Шәді Сұлтан Жәңгір ұлына да айтуға болады* («Кировшы», 1945, №37).

ДАҢДЫ (Ақт.: Байғ., Шалқ.) даңқты, атақты, мәшһүр, әйгілі. *Ол д а ң д ы кісі* (Ақт., Шалқ.). *Ақтуған, Будан жанды су, Үш өзен, Самар д а ң д ы су* (Ер Тарғын).

ДАҢҚЫЛДАҚ (Маң., Шевч.) даңғой, мақтаншақ, күмпілдек. *Кімелеген д а ң қ ы л д а қ т а р тұрғанда бізге жол тие ме?* (Маң., Шевч.).

ДАП-ДАЛА (Шымк., Лен.; Қарақ.) тілім-тілім, жырым-жырым, дал-дал. *Бақшаға деген жер д а п-д а л а боп жыртылды. Жеген таяқтан баланың беті д а п-д а л а* (Шымк., Лен.). *Пахта егетін жер д а п-д а л а болып жыртылды* (Қарақ.).

[Өзбек тілінде *дап-жала қилип ташлады* (Узб.-рус. сл., 1941). *Дап* үстеу сөз, *дала* теніз мағынасында қолданылған. *Дала* түркі тілдерінің жазу ескерткіштерінде теніз мағынасында қолданылған (С. Мал., ПДП)].

ДАР 1. (Қ.орда, Арал) шығырдың тегерішінің білігі. *Д а р г а кигізілген тегеріш, суды сапырып науаға құйып атыр* (Қ.орда, Арал). **2.** (Түрікм., Таш.) үйдің төбесіне көлденең салынатын, негізгі ауыртпалықты көтеріп тұратын бөрене. *Үйдің жарын тұргызып қойғанымызбен, д а р болмай, төбесі жабылмай тұрыпты* (Түрікм., Таш.). **3.** (Өзб., Ташк.) есік алдына кір жаю үшін керілген жіп не көлденең тасталған ағаш.

[Өзбекше *дор* сөзінің бір мағынасы «кір жаю үшін керілген жіп», екінші «дар ойынына арналып тартылған арқан» (Узб.-рус. сл., 1954)].

ДАРА[1] 1. (Жезқ., Ұлы.) сай, жыра. *Д а р а д а н аққан су жолды бұзып кетіпті* (Жезқ., Ұлы.). *Ұлытау маңында Тілеугабыл д а р а с ы, Айбас д а р а с ы деген сай аттары бар.*

[Тәжікше *дара* аңғар, сай-сала дегенді білдіреді (ҚТТДМ-3, 167)]. **2.** (МХР) аяғы сай, бас жағы тұйық болып келген жөр. *Қары жай кетіп, жай көктеген тау аралығындағы д а р а л а р д ы ң шөбі бірден құрап кетпейді* («Ж. өмір», 1.01.1987).

ДАРА[2] (Сем.: Абай, Шұб., Аяг.; Алм., Жам.) дар. *Сендер мына д а р а н ы күзетіп тұрыңдар, мен ханның өзін асатын д а р а өкеліп, д а р а г а асайық* (Алм., Жам.).

ДАРАБА ПЫШАҚ (Шығ. Қаз.) нан турайтын үлкен пышақ. *Д а р а б а п ы ш а қ мал союға келмейді* (Шығ. Қаз.).

ДАРАҒАТШЫ (Көкш., Қ.ту) жиынтойды, ойынды басқарушы адам. **Қ.** дайағатшы.

ДАРАҒАШ//ТАРАҒАШ (Қарақ.) үйдің ішкі бұрышындағы екі қабырғасына бекітілген ағаш. Үстіне киім-кешек қояды.

ДАРАЖА (Өзб., Ташк.; Сем.: Үрж., Мақ.; Шымк.: Сарыағ., Кел.) дәреже. *Біз бірақ әртелді ол д а р а ж а г а жеткізе алған жоқпыз* (Сем., Үрж.). *Еңбегім арқалы д а р а ж а г а ие болған адаммын* (Ташк., Ақк.).

[Өзбекше *дораже* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ДАРАЙЫ (Орал, Қара.) жібек белбеу. *Д а р а й ы белбеу белге жұмсақ келеді* (Орал, Қара.).

ДАРАҚ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Арал; Шымк.: Мақт., Сайр., Түркіс.; Жамб.: Шу, Луг., Мойын.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Маң.: Шевч., Маңғ.; Ауғ.; Ир.) биік, зәулім ағаш. *Тауға біткен д а р а қ т ы ң саясындай салқын екен* (Маң., Шевч.). *Орнынан тұра сала дереу дая, Түбінен д а р а қ т а р д ы ң тауып сая* (Рус. дас., 93). *Ақпарым күшті арнамын, аягым айдын шалқыған, Миуалы д а р а қ п ы н, Бұтағым бұлт шарпыған* (Аралбай ақын). **2.** (Шымк., Түркіс.) ағаш. *Есігіңнің алдына д а р а қ егіп тастаңдар* (Шымк., Түркіс.).

[Бұл сөздің төркіні – парсы тіліндегі *дарахт* сөзі. Өзбек, үйғыр тілдерінде ол осыған жақын үлгіде *дэрэхт* болып айтылады, қазақ тілінің сойленістері мен қарақалпақ тілінде ол *дарақ* деген үлгіде игерілген].

ДАРАҢДАУ (Сем., Аяг.) даландау, далақтау, далақ-далақ ету. *Д а р а ң д а й бермей бір дамыл ал* (Сем., Аяг.).

ДАРБАЗА[1] (Шығ. Қаз., Больш.; Сем.: Ақс., Көкп., Абай; Тау., Қош.) ожар, ұятсыз, арсыз (адам туралы). *Аузына келгенін именбей, қысылмай айта салатын д а р б а з а жігітте ар бола ма?* (Шығ. Қаз., Больш.).

ДАРБАЗА[2] (Шымк., Түркіс.; Алм.: Еңб. қаз., Кег.; Жамб.: Шу, Мөр., Луг.) қақпа. *Меймандар д а р б а з а д а н кіріп жатты. Ауыз – д а р б а з а, сөз – самал, құдай ұрғанға не амал* (Шымк., Түркіс.).

ДАРБАДАР БОЛУ (Ауғ.; Ир.) **1.** қиналу, қиындық көру. *Келген хаятқа судан д а р б а-*

д а р б о л г а н ы м ы з д ы сызып бердік, лекін бұл жердің адамдары болса «хоп» деп жоқ болып кетеді екен дә! (Ир.) **2.** бейхабар болу. *Бізге не көмек бар, қанда қауалда шықты, д а р б а д а р б о л д ы қ* (Ир.). **3.** білмеу, меңгермеу. *Біз болса орысиат жазудан д а р б а д а р б о л д ы қ* (Ауғ.).

ДАРБЫҒАН (Жезқ., Ағад.) саршұнақ, сар түсті дала тышқаны. *Қар шала ери басталсымен, д а р б ы г а н інінен шығады* (Жезқ., Ағад.).

ДАРБЫЗ (Шымк.: Кел., Сарыағ., Түркіс.; Жамб.: Жам., Шу, Қорд., Луг., Мер., Мойын.; Алм.: Кег., Нар., Еңб. қаз., Талд.) қарбыз. *Суын аз берген д а р б ы з жүдә мазалы болады, шырын боп қалады* (Шымк., Кел.). *Ала дарбыз ерте пісетін д а р б ы з. Қара дарбыз қысқа сақтайтын қабығы қалың д а р б ы з. Шілдекі дарбыз шілдеде пісетін д а р б ы з. Шілдекі дарбыз дәмді, сулы болады* (Шымк., Түркіс.). *Оу, мына д а р б ы з қамырақ* (к.) *екен* (Жамб., Шу). *Қайным-ау, малдан қымбат тал мен терек – Алма, өрік ақша болар – мал не керек? Ақ бидай, қызыл тары – бәрі бізде, Картышке, қауын д а р б ы з жөні бөлек* (К. Әзірб., Шығ., 141). *Екеуіңе д а р б ы з жарып берейін* (Алм., Еңб. қаз.). *...қауын-д а р б ы з егісін ерекше өнімді еткен* («Кол-шы», 1935, №70). *Жарған д а р б ы з д ы ң жартысындай шырайлы күн теңіздің о шетіне жайлап барып қонған* (Ш. Мұрт., 41-ж. кел.).

ДАРҒЫ (МХР; ҚХР) бастық, басшы. – *Е, е. Бәсе. Бұл д а р г ы л а р г а не болды, бұйтпесе керек еді деймін кеп* (М. Құрман., 45). *Біздің д а р г ы н ы көрген жоқсың ба?* (МХР).

[Моңғолша *дарга* бастық, *нарийн бичгийн дарга* хатшы, секретарь (Моңғ.-каз. сөз., 1954, 75)].

ДАР-ДАЛА (Жамб., Мер.) дал-дал, бытшыт, пәре-пәре. *Ол пышақ салуға батпай қолыма қойып қалып, бармағымды д а р-д а л а қып кетті* («Стал. жолы», 1937, №37).

ДАРҚАН 1. (Маң.: Маңғ., Шевч.) диуана, дәруіш. *Өй, оның сөзі құрсын, ол бір жүрген д а р қ а н гой* (Маң., Маңғ.). *Жұмақта жүрген д а р қ а н г а-а й, Балағат сөзді көп айтып, Құрыстырдың арқамды-ай. Аямады барларын, Қашаған д а р қ а н болды деп, Қойға бар деп бұйырды Жұмысшы малай балдарын* (Қашаған ақын). **2.** (Алм., Кег.; Ақт., **Ы**рғ.) ақ көңіл, жайдары, қайырымды. *Ол д а р қ а н адам – барған жеріне тез араласып сіңісіп кетеді* (Алм., Кег.).

ДАРҚАНДЫҚ (Ақт., **Ы**рғ.) жайдарылық, ақ көңілдік. *Д а р қ а н д ы қ т а н жәбір шеккен жерің жоқ шығар* (Ақт., **Ы**рғ.). *Ойларында дәнеңе жоқ, осындай ірі-ірі шайқастар соңынан солдат басына тиетін д а р қ а н д ы қ п е н дабырлап, даурығып сөйлеп, әзілдесіп барады* (Ә. Нұрп., Курл., 276).

ДАРҚАТАНА (Шымк., Мақт.) құдірет. *Сенің д а р қ а т а н а ң адыра қалсын* (Шымк., Мақт.).

ДАРОҚ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.; Сем.: Ақс., Көкп.) жалғыз оқ, шиті мылтықтың оғы.

ДАРҚЫТ (МХР) моңғол тайпалары. *Монгол тайпалары д а р қ ы т, сатын, буряттар аюдың тұяғын толғақты жиілету, жеңіл босануға көмегі тиеді деп босанып тұрған әйелдің белбеуіне ілетін болған* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 35).

ДАРУ 1. (Жезқ., Ұлы.; Ақт., Ойыл; Рес., Орын.; Тау., Қош.) дәрі, ләрі-дәрмек. *Дәрігердің берген д а р у ы н ішіп, тәуір болды* (Ақт., Ойыл). **2.** (Гур., Есб.; Маң., Маңғ.) шипа, дауа. *Теңіздің ауасының өзі дертке д а р у* (Маң., Маңғ.).

ДАРУАЗА (Қарақ., Қоң.; Ауғ.; Ир.) қақпа, ауланың қақпасы. *Д а р у а з а д а н екі адам шығып, бізің үйге қарай беттеді* (Қарақ., Қоң.). *Мен мұсылманмын деді, д а р у а з а м ашық деді. Һәр мұсылман пана келтірсе келе берсін – деді, һеш қайтармайды* (Ауғ.). Қ. дарбаза[2].

ДАРҰЛТАН (Орал, Орда) мәсі. *Жаздыгүні киіп жүруге д а р ұ л т а н ыңғайлы: әрі жеңіл, әрі салқын* (Орал, Орда). Бұл біріккен сөз (*дара+ұлтан*).

ДАРЫЛАУ (Алм.: Шел., Еңб. қаз.) дәрілеу, жараға, ісікке дәрі жағу. *Тез д а р ы л а м а с аң, пышақ кескен жеріңнің қаны тоқтай ма?* (Алм., Еңб. қаз.).

ДАРЫМДАУ (Жамб., Луг.) қарақұрт, бүйі шаққан адамды оқу (оқып емдеу). *Бұрын қарақұрт, бүйі шаққан кісіні д а р ы м д а у ш ы еді, кәзір д а р ы м д а й т ы н адам да қалған жоқ* (Жамб., Луг.).

ДАРЫМЫШ (ҚХР) дарын, талант. *Оның өлеңге дегенде дарыған д а р ы м ы ш ы бар* (ҚХР).

ДАРЫН (Қ.орда, Арал) жаршы. *Менің досым тойда, атшабарда қашан да д а р ы н болады* (Қ.орда, Арал).

ДАС[1] (Жамб., Шу) билік, басшылық. *Бригадир жоқ болған соң, саған да бір д а с тиген гой* (Жамб., Шу). Бұл создің парсы тіліндегі өуелгі мағынасы – «күш, қуат» (*дәст*). «Дәс тимеске д ө с тиіп, табақ-табақ ас тиіп» деген нақыл создің құрамындағы дәс деген де осы созбен торкіндес.

ДАС[2] **1.** (Алм., Шел.) леген, шылапшын (қол, кір жуатын ыдыс). *Әкем-ау, анау тұрған*

д а с т ы үйге кіргізе сал (Алм., Шел.). **2.** (Сем.: Ақс., Кокп., Аяг.; ҚХР) ішіне ас салатын ыдыс, тегене. *Тойда етті д а с п е н тартады* (Сем., Ақс.).

ДАСМАЛ (Өзб., Ташк.) қазан, ыдыс-аяқ жуғыш (шүберек).

[Төжікше *даст* қол деген сөз. Өзбектің ауызекі тілінде *дастмол* асхана ыдыс-аяқтарын жууға пайдаланатын шүберек (Узб.-рус. сл., 1954). Хорезм сөйленісінде *дасмал* казан жуғыш (Ф. Абд., Фон. хорезм. гов., 35)].

ДАС ОРАМАЛ (Жамб.: Жам., Тал.) қол орамал, сулық. *Д а с о р а м а л ы ң су боп қапты гой – жайып қоймадың ба?* (Жамб., Тал.).

ДАСТҰРҚАН (Жамб.: Жам., Мер.) дастарқан. *Қашан барсаң д а д а с т ұ р қ а н ы жаюлы* (Жамб., Мер.). *Үйлену тойына келген кісілер д а с т ұ р қ а н толы тағамға әбден-әбден тойды* («Стал. жолы», 1936, №18).

ДАСТЫҚ (Қарақ., Қоң.) жастық. *Екі адамның басына бір д а с т ы қ аздық қылады* (Қарақ., Қоң.). Бұл – жастық созінің фонетикалық бір нұсқасы. Сөз басындағы *ж-д* дыбыстарының алмасуы – қазақ тілінде сирек байқалатын құбылыс. Мұны *дүз-жүз* (сан), *дүзік-жүзік* сөздерінің басқы дыбысындағы озгеріспен салыстыруға болады.

ДАСЫМАЛ 1. (Шымк., Түркіс.) сүлгі. *Д а с ы м а л д ы алып келші, бетімді сүртемін* (Шымк., Түркіс.). **2.** (Қарақ.) қазан жуатын шүберек. *Қазанды ыссылай тұрғанда д а с ы м а л м е н жуып тастау керек* (Қарақ.). **3.** (Қарақ.) үй қабырғасының бетін тегістеп сылайтын немесе жуатын шүберектің аты.

ДАСЫМАЛДАУ (Қарақ.) қабырғалардың бетін тегістеп шүберекпен ысқылау.

ДАСЫМАЛКЕШ (Қарақ.) жағымпаз, жарамсақ адам. *Д а с ы м а л к е ш екенсің өзің деді. Бастықтың д а с ы м а л к е ш і го* (Қарақ.).

[Қаракалпақша *дасымалшы* жағымсыз мәнді білдіреді (Карак.-рус. сл.,1958)].

ДАТ[1] (Шымк., Түлк.; Алм., Кег.; Жамб.: Шу, Тал.) өтініш, шағым, арыз. *Сенің оған айтатын д а т ы ң болса, айт* (Шымк., Түлк.).

ДАТ[2] (Гур., Есб.; Қост.: Жанг., Аман.) тот. *Су тиген темірше д а т басыпты. Д а т басқан пышақ* (Қост., Аман.). *Қоптен бері ұсталмағасын айырды д а т басып қапты* (Қост., Жанг.).

ДАТ БИРАТ (Жамб., Тал.) даурығу, байбалам салу. *Жұдә д а т б и р а т бола беру – кәтте адамға жақсы мінез емес қой* (Жамб., Тал.). Қостанай, Торғай маңында бұл создің екінші сыңарындағы *бират* сөзі *бұйрат* боп ашулану деген тіркөсте сәл өзгерінді нүсқада «ызалану, долдану» деген мағынада қолданылады.

ДАТҚА (Шымк.: Кел., Сарыағ.; Жамб.: Мөр., Луг.) ел билеуші. *Кіші жүзде Еспол д а т қ а, ұлы дүзде Байзақ, Сыпатай, Чойбек д а т қ а дегендер болған екен* (Жамб., Мер.). Бұл – XIX ғасырда Қоқан хандығы қол астында болған қазақ жерлеріне тараған жоғары лауазымды білдіретін саяси термин. Мұндай атақ ел билеушілерге берілген. Мұның Қазақстанның оңтүстік өніріне таралу себебі осы өлкенің орыстар келгенге дейін қоқандықтарға тәуелді ел болуына байланысты.

ДАТҚОЙ[1] (Талд., Қоғ.) өкпешіл, кінәмшіл. *Оны-мұныны есіңе тұтасың да жүресің, сен бір д а т қ о й қатын екенсің* (Талд., Қоғ.).

ДАТҚОЙ[2] (Өзб., Ташк.) **1.** өсекшіл. **2.** жылаңқы, өз айыбын басқадан коргіш. *Оразхан д а т қ о й д ы ң сөзіне ешкім сенбейді* (Озб., Ташк.).

ДАУА[1] (Жамб., Тал.) таба, тапа. *Д а у а г а нан көміп жатыр* (Жамб., Тал.).

ДАУА[2] (МХР) лайықты, қолайлы.

ДАУАЛ 1. (Сем.: Үрж., Мақ., Аяг.; ҚХР) қабырға, дуал. *Үйдің д а у а л ы н көтеріп қойдық* (Сем., Үрж.). *Д а у а л салып жатырмыз* (ҚХР). **2.** (Алм., Кег.) шарбақ, соқпа. *Д а у а л д ы ң ішіне жүгері егеміз* (Алм., Кег.).

ДАУАЛАНЫП ЖҮРУ (ҚХР) емделіп, дәрігерге қаралып жүру.

ДАУАЛ БОЛУ (Рес., Сарат.) дауласу, керісу. *Менен бұрын келіп, жұтып алып, өздеріңіз д а у а л б о л ы п атсаңыздар* (Рес., Сарат.).

ДАУАЛЫ (Орал, Орда) даулы, дүрдараздық. *Сұрамаған мал д а у а л ы* (Мақал; Орал, Орда).

ДАУАМ (Қарақ., Мой.) **1.** істің барысы. *Оқу жылының д а у а м ы н д а оқушылардың үлгірімі жақсы болды* (Қарақ., Мой). **2.** істің жалғасы, қорытындысы. *Әңгіменің д а у а м ы н шәй ішіп болып айтайық* (Қарақ., Мой.).

ДАУАМАУ (Алм., Жам.) дауламау, бата алмау, қаймығу. *Ол кезде болыстың қасына баруға біздің жүрегіміз д а у а м а й д ы* (Алм., Жам.).

ДАУАСЫ ТҮСПЕУ (Маң.: Маңғ., Шев.) емі, дауасы табылмау, шипасы болмау. *Бұзаубас шақса, д а у а с ы т ү с п е й д і* (Маң., Маңғ.).

ДАУАУ (Қ.орда, Арал) дауалау. *Жолдасының мына қызға шынымен жүрегі д а у а п бара жатқанын көріп тұрса да, соған сенер-сенбесін білмеді* (Ә. Нұрп., Сөң, 201).

ДАУ-ДАҒУА (Қ.орда, Жаңақор.) даудамай, дау-жанжал. *Босқа д а у-д а ғ у а жасап не керек* (Қ.орда, Жаңақор.).

ДАУ-ДАЛАҒЫ (Маң., Маңғ.) дау-жанжал, жанжал, егес. *Д а у-д а л а г ы дегенге билік айтып көрген емеспін. Бұрын д а у-д а л а г ы болса, Асқабатқа қуынған* (Маң., Маңғ.).

ДАУ КЕМІРУ (ҚХР) дау қуу, даулау. *Жігіт д а у к е м і р і п жүргеніне өкініп, жасып, терін сүрте берді* (М. Раз., Алт. ақ.).

ДАУ САЙЛАУ (ҚХР) жанжал туғызу. *Бірақ кейбіреулер бұл ақиқатты қанша ұқтырсақ та ұқпасқа салынып келеді, ол ғана ма, көрінген жерден шұрқан шығарып, д а у с а й л а й д ы* (Қ. Мүк., Тай.).

ДАУТАР (Қарақ., Қоң.) дутар (музыкалық аспап). *Мен д а у т а р д ы шалғанда, сендердің естерің кетеді* (Қарақ., Қоң.).

ДАУЫЛПАЗ (Орал: Орда, Жән.) дабыл (құс қайтаратын құрал). *Құсбегі құсын салып жіберіп, түйенің мойнағынан істелген д а у ы л п а з ы н қағып-қағып қалды* (Орал, Орда). Бұл сөз Маңғыстау қазақтарында «Дауылпаздай аты бар еді, қасына барса, бір ұлтандық көн екен» деген мәтел сөздің құрамында сын есім формасында қолданылады.

ДАУЫМ ЕТУ (Қарақ.) жалғастыру, ұштастыру.

ДАУЫС[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.) дауыс жетерлік жер мөлшері. *Құм ішінде екіүш д а у ы с жер шықса да, адасу қиын емес* (Түрікм., Красн.).

ДАУЫС[2] (Талд.) жоқтау. *Мынау сол әйелдің ері өлгендегі д а у с ы еді* (Талд.).

ДАУЫС ЕТУ 1. (Алм., Жам.) жоқтау, дауыстап жылау. *Үйге кіріп келсем, апам мені өлді деп естіп, д а у ы с е т і п отыр екен, әскери формадағы мені таныңқырамай қалды* (Алм., Жам.). Қостанай, Торғай төңірегінің қазақтарында бұл тіркес *дауыс қылу* түрінде айтылады. 2. (Маң., Маңғ.) дауыстау, айқай салу, дауыстап шақыру. *Д а у ы с е т і п едім, есті қоймады* (Маң., Маңғ.).

ДАШАР (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) алыс, жырық. *Д а ш а р д а н келген қонақтарды өз алдына бөлек орналастырдық* (Түрікм., Таш.).

ДАЯҒАТШЫ (Рес., Омбы) той-томалақты басқарушы, асаба. *Тойдың қызық болып өтуі д а я ғ а т ш ы ғ а байланысты* (Рес., Омбы). Қ. дарағатшы.

ДАЯУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) дембелше, толық келген мығым адам. *Есенгали д а я у жігіт* (Түрікм., Красн.).

[Түрікменше *даяв* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ДАЯШЫЛЫҚ (МХР) қызмет атқару. *Д а я ш ы л ы қ көрсететін Дәлүүн сұмындық Түрмыс қажетін өтеу бөлімшесінің тәжірибесін тарату жұмысын ұйымдастыру жөн деп атап көрсеткен-ді* («Ж. өмір», 4.06. 1987). *Қанипаның қас қабағымен қозғалған күтушілері қылп алдырмай, күні бойы тікесінен тік тұрып д а я ш ы л ы қ көрсетуде* (С. Тәу., Ақыр Жән., 301). *Бұл екі ұйым шаруашылық, ұйымдық жағынан нығайып, бөлімшелер көбейіп, еңбекші бұқараны кітап, баспа өнімдерімен қамтамасыз ететін мәдени-д а я ш ы л ы қ орталығына айналуда* («Ж. өмір», 21.07.1986).

ДӘБІ (Шымк.: Сайр., Түлк.) 1. себебі, дәлелі. *Менің оған д ә б і м бар* (Шымк., Сайр.). 2. талап, отініш. *Д ә б і не екен, д ә б і н орында* (Шымк., Сайр.).

ДӘБІРЛЕУ (Қост., Об.) дабырлау, улапшулау. *Коп д ә б і р л е п мазаны ала берме* (Қост., Об.). *Ал д ә б і р л е д і ме? Өй д ә б і р л е г е н сорлы, қорқарың бар, неге бердің уәдені* (Б. Майл., Шығ., IV, 362). *Мен жонін айтып ем: Бұрынғы әдетіміз еді... озіңіз біліңіз, – деп Түйебай д ә б і р л е п кейін шегіне түсті* (Сонда, 92).

ДӘГІР 1. (Қ.орда, Арал) айғай-шу, қаңғыр-күңгір. *Мына естіген д ә г і р і м і з де осал д ә г і р емес* (Қ.орда, Арал). 2. (Өзб., Ташк.) жағымсыз, қолайсыз. *Мінезің д ә г і р болса, жолдасыңнан шеттейсің* (Өзб., Ташк.).

ДӘГІШ (Қарақ.) өзен суының тасуы. *Қазір оның өзүлісін д ә г і ш алып, батыл болып кетті* (Қарақ.).

ДӘГІШМЕ (Қарақ.) күлкі, әзіл. *Кеуліңе келмесін, бұның бәрі д ө г і ш м е гой* (Қарақ.).

ДӘДЕ Қ. тәте[2].

ДӘДІЛ (Шымк.: Арыс, Мақт., Түркіс.) дәлел, уәж. *Мұндай әңгімені д ә д і л болса ғана айту керек* (Шымк., Арыс).

ДӘЙДІ//ДӘЙДІГҮЛ (Өзб., Ташк.) қаңғыбас, кезбе. *Әй, д ә й д і тамағыңды ішсейші! – деді апасы баласына* (Өзб., Ташк.).

[Тәжікше *дайду* қаңғыбас, *дайдуги* жұмыссыз бос жүру (Тад.-рус. сл., 1954.); өзб. *дайди* (Узб.-рус. сл., 1954). Жергілікті тілдегі *дәйдігүл* қыздарға байланысты айтылады. Өзбек тілінде кездеспейді].

ДӘЙДІГҮЛ Қ. дәйді.

ДӘЙДІЛЕНУ (Ауғ.; Ир.) қаңғыру, сандалу. *Біздер Пәкістанға келгенде д ә й д і л е н і п қалдық* (Ауғ.). Оңтүстік Қазақстан түрғындары тілінде *дәйділеніп негып жүрсің* деп қолданылады.

ДӘЙЕК[1] (Сем., Абай) жұқа ақ мата. *Магазинге д ә й е к түсіпті. Д ә й е к т е н көйлек кидім* (Сем., Абай).

ДӘЙЕК[2] (Түрікм.: Красн., Таш.; Төж.) қырмандағы астықтан өркімдерге берілетін

сый, кеусен. *Д ә й е к ал деуге егін екпейміз, мына тақаздан* (қ.) *алың* (Түрікм., Красн.).

ДӘЙЕКСІЗ (Жамб., Қорд.) хабарошарсыз. *Бір інім, бір қайным согысқа кетіп, д ә й е к с і з боп кетті* (Жамб., Қорд.).

ДӘЙЕКШІ Қ. тәйекші.

ДӘЙЛІМБІ (МХР) матаның бір түрі. *Қара д ә й л і м б і әкеп берші. Үйге ішкі кошкі* (қ.) *істейтін қызыл, жасыл д ә й л і м б і әкепті* (МХР). *Мәселен, шай, ұн, д ә й л і м б і, мәдени товарлар сататын сауда орындарының бәрі мал, тері-терсек, жұн-жұрқа сатып алады* (А. Сарай, Рев. бүр. Монғ. қаз., 46). *Кок д ә й л і м б і шапаи киіп, саргыш жасыл дүрдын белбеу буыиып, айдарсыз басына орыс тымақты қырын қондырыпты* (Д. Нац., Шығ., 164).

[Бұл – Монғолияда тұратын казақтардың тіліне монғол тілі арқылы өткен қытай сөзі: монғ. *даалимба*, қыт. *да-лиан бу* (Б. Баз. Монғ. қаз. тілі, 120)].

ДӘЙЛІН (Шығ. Қаз., Больш.) түлып. *Серкені бітеу сойып терісінің аузын буа салады, соны д ә й л і н дейміз* (Шығ. Қаз., Больш.).

ДӘЙМІ (Сем., Абай) дәйім, ылғи, әрдайым. *Д ә й м і осылай болса игі еді* (Сем., Абай). *Д ә й м і осылай Абай агамның абыройы ассын! Қызганшақ жауыздың қарасы батсын* (М. Әу., Абай жолы, II, 372).

ДӘЙІМШІЛІК (Орал; Ақт.: Шалқ., Ырғ.) үнемі. *Кабиев колхозшылардың... правосына қол сұғып, д ә й і м ш і л і к дүшпандық амалдар жасаган* («К-з жолы», 26.01.1938, №9).

ДӘЙІС[1] (Өзб., Ташк.) нәйіс, жексұрын, жұқсыз. *Көрінбе көзіме, д ә й і с* (Ташк., Бост.). *Д ә й і с т е р ыңгай! Көре қояйын мен мұндай д ә й і с т е р д і ң күшін* (Р. Райым, Жап. жаңғ., 164).

ДӘЙІС[2] (Қ.орда, Арал) үятсыз, арсыз. *Ол д ә й і с адам, оның д ә й і с екені бұрыннан белгілі* (Қ.орда, Арал). 2. (Шымк., Мақт.) оңбаған, нәлет соққан (қарғыс сөз). *Мына д ә й і с т і ң саугызбай тұрганын қарашы, басын ұстап жіберші* (Шымк., Мақт.). Қ. дөйіз.

ДӘКӘПАРАН Қ. декеперен.

ДӘКӨЙ (Сем., Үрж.) дөкей, ірі. *Д ә к ө й пышықты ары алып қой* (Сем., Үрж.)

ДӘКШРСІЗ (Жезқ., Ұлы.) дегбірсіз. *Бір д ә к п і р с і з бала: былайда, былай да жүгіріп тыным таппады* (Жезқ., Ұлы.).

ДӘКІ//ДЕКЕ (Сем., Аяг.) дөке. *Бұрын әптекке жиі түсіп тұратын д ә к і н і де көрмейтін болдық* (Сем., Аяг.).

ДӘЛ (Қост., Жанг.) балық аулайтын сүзекінің кереге көзінің жібі.

ДӘЛ БАСЫ (Орал; Ақт.: Шалқ., Ырғ.; Рес., Орын.) қара басы, жеке басы. *Тек қана взінің д ә л б а с ы н ы ң қамын гана көздегендік* («Ком.», 25.03.1938, №21).

ДӘЛДАЛШЫЛЫҚ (Қарақ.) саудагершілік.

ДӘЛДӘЛШІ (Маң.: Маңғ., Шевч.) делдал. *Бесқаланың базары толган о кезде д ә л д ә л ш і болады, содан біреуі келіп өзіңді тауып алады* (Маң., Маңғ.). *Ол әкімнің д ә л д ә л ш і с і* (Маң., Шевч.).

ДӘЛДУ 1. (Қост.: Жанг., Торғ., Об.) ерке, есерсоқ. *Үйінде бір д ө л д у баласы бар* (Қост., Жанг.). *Ербосын д ә л д у қыздырманың тіліне еріп азып жүрген адам – кісі жақсылыгын багаларлық құдыреті жоқ* (Б. Майл., Шығ., III, 251). *Кенжәлі ес білмейтін д ә л д у болып, Ақылды кісі болган екі агасы* (Б. Майл., Шығ., 1, 182). 2. (Өзб., Ташк.) салақ, тұраксыз. *Адам өміріне арашашы болмайтын д ә л д у дәрігер кімге керек* (Өзб., Ташк.).

ДӘЛДҰР (Шығ. Қаз., Қатон.) есер, есі кірерлі-шығарлы. *Ол өзі бір д ә л д ұ р бала* (Шығ. Қаз., Қатон.).

ДӘЛДІ (Шығ. Қаз., Тарб.) дәл. *Колхоз шоп шабу жұмысына д ә л д і уақытысында кірісті* («Больш. кол.», 1938, №41).

ДӘЛДІ БІЛМЕУ (Сем., Абай) анық білмеу, кәміл білмеу. *Осы сез кімнің айтқан сөзі екенін д ә л д і б і л м е й м і н* (Сем., Абай).

ДӘЛДІЗ (Маң., Маңғ.) дәліз, ауыз үй, кіре берістегі бөлме. *Жаздыгүні көбінесе д ә л д і з д е отырамыз. Үйіміз үш бәлмелі, оның бірі – д ә л д і з* (Маң., Маңғ.).

[Парсыша *даһлиз* (даһлиз хана) кіре берістегі бөлме (Л. Буд., 1)]. Қ. дәліз, дәлез.

ДӘЛДІР (Маң., Маңғ.; Гур., Есб.) күміс ақша, күміс тиын. *Жігіт күнімізде орамалга түйген д ә л д і р д і атпен шауып келіп, жерден қағып өтуші ек* (Маң., Маңғ.). Қазақстанның батыс аймағының кей жерінде бұл сөз *дәлір* түрінде айтылады.

ДӘЛДІР-ДҰЛДҰР (Қост., Жанг.) жүрдім-бардым, қалай болса солай.

ДӘЛЕЗ (Қ.орда: Арал, Қарм.; Қарақ., Мой.). Қ. дәліз, дәлдіз.

ДӘЛЕКІ (Қар., Қарқ.) түлкінің күшігі. *Жұмабайдың тазысы неше бес д ә л е к алды* (Қар., Қарқ.).

ДӘЛЕҢГІ (Қарақ.) отын үшін даярлаған ағаш.

ДӘЛЕҢКЕ (Қост., Об.; Көкш.) алаң, ашық жер. *Бұрын ауыл жаздыгүні бір д ә л е ң к е д е*

отыратын еді (Қост., Об.). Бұл – орыс тілінен енген сөз *(делянка)*.

ДӘЛЕР (Рес., Орын.) бір сомдық күміс теңге. *Күміс теңгенің үлкенін д ә л е р теңге деген* (Орын., Бөр.). Қ. дәлір.

ДӘЛІЗ (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Жамб.: Шу, Луг., Мер., Мойын.; Шымк., Қызылқ.; Түркм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.; Өзб., Ташк.; Қарақ.; Ауғ.; Ир.) ауыз үй, сенек, кіре беріс. *Кол жуғыш д ә л і з д е* (Қ.орда, Арал). *Аягыңдағы галошыңды д ә л і з г е қой* (Қ.орда, Сыр.). *Төргі бөлмеге, д ә л і з д е отырғандар есік ашылса қарай қалады* (Өзб., Ташк.). *Мен ләм деп үлгергенімше, д ә л і з д е н қоңырау үні сыңғырап қоя берген* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 232). *Д ә л і з г е шығып қарасам, жауындатқан боран согып тұрыпты* (Қарақ.).

[Өзбекше *дахлиз* (Рус.-узб. сл., 1954); қарақ. *дәлиз* (Карақ.-рус. сл., 1958); тәж. *дахлез* (Тад.-рус. сл., 1954.); түр. *дәһил:* 1) кіруші; 2) ішкі (Тур.-рус. сл.). Бұл – араб сөзі]. Қ. **дәлдіз.**

ДӘЛІР (Маң.: Маңғ., Шевч.) күміс ақша. *Келін түскенде жолына д ә л і р шашатын ырым болады* (Маң., Маңғ.). *Тасталар д ә л і р, жамбы, тана тойға, Кимешек кигізеді-ау тағы апайға* (Х. Ерғ., Құр., 35).

ДӘЛІРУ 1. (Маң., Маңғ.) есіру. *Семьяны билеп, д ә л і р і п алған Дәметкен Ақбалаға иық көрсетіп, үстем создер айтты* («К-з жолы», 17.12.1955). 2. (Маң., Маңғ.) дандайсу, асыптасу. *Жөнсіз д ә л і р у д і ң не жөні бар* (Маң., Маңғ.). *Сонда олардың орнын алатын жас билер әлгілер құсап д ә л і р і п кетпей, тізгіндерін тарта үстап, аяқтарын аңдап басатын болады* (Ә. Кекіл., Үркер, 531).

ДӘЛІ ТҰТУ (Қарақ.) жеңіл түту. *Біреудің алайын десең сырын, өзіңді д ә л і т ұ т* (Қарақ.).

ДӘМ АЛҒАН (Маң.: Маңғ., Шевч.) оқыған, білім алған, козі ашық. *Мен, айнам, онша көп д ә м а л ғ а н адам емеспін* (Маң., Шевч.).

ДӘМБЕ-ДӘМ (Қ.орда, Арал) дамылдамыл, әлсін-әлі. *Үйі таза, д ә м б е-д ә м ақтайды* (Қ.орда, Арал). Қ. дембе-дем.

ДӘМ БОЛСЫН (Ман., Шев.; Гур.) шын көңілден емес, болмайтын нәрсе. *Оның көмектескені құрысын, д ә м б о л с ы н гой, әншейін* (Маң., Шев.).

ДӘМБІ Қ. дембі.

ДӘМБІЛЕУ Қ. дембілеу.

ДӘМБІЛШЕ//ЖӘМБІЛШЕ (Қ.орда: Сыр., Жал.) ерте пісетін кішкене сары қауын. *Д ә м б і л ш е н і ерте жейміз, будан ерте пісетін қауын жоқ* (Қ.орда, Жал.).

ДӘМГЕ ТАПСЫРУ (ҚХР) «дәм үрсын!» деген мағынада. *«Балапан басына. типым-тай тұсына» деп, ол үшін саған тырнақтың көлеміндей бүкпем болса, д ә м г е т а п с ы р* (Қ. Мүқ., Тай.).

ДӘМЕГӨЙЛІ (Алм.: Жам., Үйғ.) дәмелі. *Ол менің айтқан созімнен д ә м е г ө й л і боп қаған* (Алм., Жам.).

ДӘМЕЙЛІ ЖЕР (ҚХР) жақсы, шүрайлы жер.

ДӘМ ҚАЙЫРУ (Көкш.: Еңб., Щуч.) ас қайыру, асқа бата қылу. *Ішіп болсаңыз д ә м қ а й ы р ы ң ы з* (Көкш., Еңб.).

ДӘМ ПАЛАУ (Ауғ.; Ир.) палаудың түрі.

ДӘМІЛ-ДӘМІЛ (МХР) әлсін-әлсін, қайта-қайта. *Әңгіменің қызығын балалар ортасынан шыққан жанжал д ә м і л-д ә м і л кетіре берді* (М. Құрман., 295).

ДӘМІМЕ САЛДЫМ (Алм., Ұзын.) дәм атсын, дәм соқсын, дәм ұрсын. *Д ә м і м е с а л д ы м, бір өтірігі жоқ, сізден де асқан батыр бар екенін өз көзіммен көрдім* (Алм., Ұзын.).

ДӘН БАЗАР (Түркм.: Таш., Ашх., Тедж., Мары) астық сататын базар, базардың астық сататын жері. *Сөк керек болса, д ә н б а з а р д ы арала* (Түркм., Таш.).

ДӘНГЕ ШЫҒУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) дәннен өну, дәннен көктеп осу. *Д ә н г е ш ы ғ а т ы н шөпті өлі шөп дейміз. Өлі шөп жазда ерте құрайды. Мал күзде өлі шоптің свгін жейді* (Маң., Маңғ.). Маңғыстауда жергілікті халық шөпті дәнге шығатын, тамырға шығатын шоп деп екіге бөледі. Тамырға шыгатыны – өсімдік тамырынан өнетін шөптер, оны *қамба шөп* деп те атайды.

ДӘН-ДАНА БОЛУ (Түркм.: Таш., Көнеүр.) дел-сал болу, не істерін білмеу. *Біраз уақыт болды – ол да бостан-босқа д ә н-д а н а б о л ы п жүр* (Түркм., Таш.).

ДӘНДӘНӘ (Қарақ.) мала ағаш.

ДӘНДЕН (Қарақ.) тіс тазалайтын, шұқитын ағаш құрал.

[Парсыша *дандан*, мағынасы тіс (Пер.-рус. сл., 226); тәж. *дандан* тіс (Тад.-рус. сл., 115)].

ДӘНДҮРҮС (Сем., Абай) есалаң, есі кірмелі-шықпалы. *Мынау бір д ә н д ү р ү с қой* (Сем., Абай). *Балаларға иман үйрет, намаз білдір, қол хатын үйрет деп алсам, озі бір есі жоқ д ә н д ү р ү с болу керек* (М. Әу., Абай жолы, II, 359).

ДӘНЕ[1] (Маң.: Маңғ., Шевч.) дана. *Мына қағазының бір д ә н е с і н маған бер* (Маң., Шевч.). *Бір д ө н е колхозшылар жиналысының қаулысы жолданды* (Маң., Маңғ.).

ДӨНЕ[2] (Түркм.: Таш., Тедж., Мары; Маң.: Маңғ., Шевч.) дән. *Міне, мынау – мөштің* (к.) *д ә н е с і* (Түркм., Таш.). *Буйырған д ә н е н і*

теріп жеп жүрміз (Маң., Маңғ.). *Д ә н е с і н терген тауықтай, Корер ме екен жарықты-ай* (Аралбай ақын).

ДӘН ЕГІС (Маң.: Маңғ., Шевч.) дәнді егіс, дәнді дақыл. *Біз о заманда д ә н е г і с дегенді білмедік, қазір де аз егеміз* (Маң., Маңғ.).

ДӘНЕКҮСТЕУ (Шығ. Қаз., Қатон.) есерлеу, есерсоқтау, ақылы аумалы-текпелі. *Ол өзі д ә н е к ү с т е у бала* (Шығ. Қаз., Қатон.). *Осы жігіттің өзі дәлдүр ма, д ә н е к ү с т е у ме?!* (Қ. Ысқақ, «Жұлдыз», 1988, №6, 78).

ДӘНЕЛЕК (Қарақ.) астық елейтін елеуіш.

ДӘНЕЛІК (Маң.: Шевч., Маңғ.) анықтық, ақиқаттық. *Шырақ, осы хабардың д ә н е л і г і н енді өзің айтшы!* (Маң., Маңғ.).

ДӘНЕҢКЕ (Шығ. Қаз., Больш.; Алм.: Еңб. қаз., Іле, Нар.; Сем., Аяг.) дәнеңе, дәнеме. *Домбыра тұрмақ д ә н е ң к е де білмейді* (Алм., Нар.).

ДӘН ЖОҚ (Маң., Маңғ.) тұк жоқ, дым жоқ. *Осы таяуда гана үш келі секер алып едім, содан кәзір д ә н ж о қ* (Маң., Маңғ.).

ДӘН ҚОЮ (Маң.: Шевч., Маңғ.) алдау, мұзға отырғызу. *Қап, мынаның д ә н қ о й ы п кеткенін-ай* (Маң., Маңғ.). *Бүгін келемін деп уәдесін беріп еді, д ә н қ о й ы п кетті* (Маң., Шевч.).

ДӘН СУ (Шығ. Қаз., Күрш.) орақ суы. *Егін пісер кезінде д ә н с у ы н ы ң болуы шарт* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ДӘН ТҰРУ (Қарақ.) сап-сау болу. *Қысыр тауық садақа берсең д ә н т ұ р ы п кететін* (Қарақ.).

ДӘНХАНА Қ. гәллехана.

ДӘҢГЕНДЕ (Алм., Жам.) күр көкірек, еш нәрсенің ретін білмей кеудесін керіп жүретін адам. *Ей, оңбаған, д ә ң г е н д е екенсің гой* (Алм., Жам.).

ДӘҢГҮНІ (ҚХР) тентек, тентексүрей, шатақ.

ДӘҢГІЛ ДЕ ЖОҚ (Қ.орда, Арал; Маң., Маңғ.) тұк жоқ, дым жоқ. *Мына ауыл жұтап отыр – тамақ түгіл д ә ң г і л д е ж о қ. Дүкенде папирос түгіл д ә ң г і л д е ж о қ* (Маң., Маңғ.).

ДӘҢГІЛДЕЙ (Маң., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) үлкен, еңгезердей. *Темір д ә ң г і л д е й адамды да жықты сөйтіп* (Түрікм., Красн.). *Сақалың д ә ң г і л д е й болып, ол жерде саган не бар?* (Маң., Маңғ.).

ДӘҢКЕСЕ (Өзб., Ташк.) жалқау. *Арамызда д ә ң к е с е г е орын жоқ* (Өзб., Ташк.).

[Тәжікше *дангоса* жалқау (Тад.-рус. сл., 1954); өзб. *дангаса* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ДӘП[1] (Сем.: Абай, Шүб.; ҚХР) нақ, дәл. *Мен көргенде, ол д ә п осы арада тұр еді* (Сем., Абай). Бұл сөз көбіне *дәп осы, дәп сол, дәп солай* секілді тіркестердің құрамында ұшырайды.

ДӘП[2] (Маң., Маңғ.; Қарақ.) әдет-ғұрып, дәстүр. *Біздің елде мұндай д ә п жоқ* (Маң., Маңғ.). *Ел д ә б і солай* (Түрікм., Таш.). *Сөйлесек тіліміз бір, ұстансақ д ә б і м і з бір өзіміз секілді кошпенді ағайындарымызга келіп қосылганбыз* (Ә. Кекіл., Үркер, 89). *Олардың қол астындағы күнгей маңғұлдары мен шығыс маңғұлдары да жат жұрттық д ә п к е жабыла кошеді* (Сонда, 67). *Сен бұрынгы д ә б і ң д і қойып, осы елдің д ә б і н ұстайтын бол* (Қарақ.).

[Түрікменше *дәп* әдет, дәстүр, ғұрып].

ДӘПАРА (Талд., Қарат.) тез ара, тез арада. *Хасен батырдың келгенін хан д ә п а р а д а сезе қояды* (Талд., Қарат.).

ДӘП-ДӘБЕ ҚЫЛМАУ (Қарақ.) жария қыла бермеу. *Қорқатын ештеңесі жоқ, д ә п-д ә б е қыла бермең* (Қарақ.).

ДӘП-ДӘҢГІЛДЕЙ (Қарақ.) үп-үлкен.

ДӘП-ДӘСТҮР (Қарақ.) әдет-ғұрып, дәстүр. *Мына екі жігіт осы йердің д ә п-д ә с т ұ р і н білесіңдер ме?* (Қарақ.). *Бұрынгы д ә п-д ә с т ұ р і ң д і қойып, осы елдің д ә п-д ә с т ұ р і н ұстайтын бол* (Қарақ.).

ДӘПЕН (Қарақ.) ірі, зор. *Д ә п е н қара жігіт еді, қазақша сөйлейтұгын* (Қарақ.).

ДӘПТЕУ (Маң., Маңғ.) әдет ету, салт ету. *Біз қашаннан ат шегуді д ә п т е г е н ел емеспіз* (Маң., Маңғ.).

ДӘПУ (Қарақ.) төну, үмтылу. *Диуанбек жүз атлы нөкер алып Қоңыратқа д ә п і п т і го* (Қарақ.).

ДӘРӘЖӘ (Рес., Астр.) дәреже. *Мүмкін әкімдігін д ә р ә ж ә көретін болар!* (Рес., Астр.).

ДӘРБИНАЛЫ АРБА (Сем.: Мақ., Үрж.; ҚХР) қанатты, сатылы арба. *Мынандай арба д ә р б и н а л ы а р б а деп аталады* (Сем., Үрж.). Қ. деребен.

ДӘРБІШІНЕ ҚЫЛУ (Өзб., Таш.) арыққа су жіберерде мал сойып садақа беру.

ДӘРГӘЙ (Жамб., Шу) ниет. *Осыны мен оның д ә р г ә й і н сынайын деп істеп едім, – дейді* (Жамб., Шу).

ДӘРГЕЙІ (Сем.: Ақс., Кокп.) қол асты, құзыры, билігі. *Орыс патшасының д ә р г е й і н е қараган ел* (Сем., Ақс.). *Д ә р г е й і н д е г і бұратана халықтардың қайсысын қуып шығып, қайсысын алып қалам десе де ұлы императордың өз қолында* (Қ. Жұм., «Жұлдыз», 1988, №4, 11). *Әуелі таяу маңдағы ногайлар мен татарлар, содан соң аулақтағы естектер мен мәнсилер бидің д ә р г е й і н е бас урды* (М. Мағ., Алас., 115).

ДӘРДІСАР//ДЕРДІСАР (Өзб., Ташк.) баска бәле, қосымша әурешілік. *Өзім зорга жүргенде, мына бір д ә р д і с а р тәшпәш тағы қосылды* (Өзб., Ташк.).

[Бұл екі сынарлы қос сөз тәжік тілінен ауысқан: 1) *дард* ауру, науқас; 2) *сар* бас (Тад.-рус. сл., 1954); өзб. *дардисар* ойламаған әлекке түсу (Узб.-рус. сл., 1954); түр. *дердесер* тынышсыздану, әлекке түсу (Турк.-рус. сл., 1940)].

ДӘРЕЖЕЛЕУ (Ауғ.; Ир.) құрметтеу. *Үлкендерді болса д ә р е ж е л е у тогры* (Ир.).

ДӘРЕТ ОРАМАЛ (Көкш., Қ.ту) сүлгі. *Балаш, әтәйіңе д ә р е т о р а м а л д ы дайындап тұр* (Көкш., Қ.ту).

ДӘРЕТ ҚҰМАН (Шымк., Түркіс.) дәрет алуға пайдаланатын құман.

ДӘРЕШЕ (Ауғ.; Ир.) терезе.

ДӘРКӘР (Қарақ., Қоң.) қажет, ділгер, керек, мұқтаж. *Жиен-ау, осы айтқаның кімге д ә р к ә р* (Қарақ., Қоң.). Қ. дәркер.

ДӘРКЕР (Сем., Абай) қат, ділгер, керек, қажет. *Біз қазір ешнәрсеге д ә р к е р емеспіз* (Сем., Абай). Қ. дәркәр, дөркер.

ДӘРМЕКТЕУ (Маң., Маңғ.) дәрілеу, сүйық нәрсеге, шайға дәмді, иісті шөп, т. б. нәрселер қосу. *Мен шайға Бесқаланың қалампыр, талышын, зәнзәбілін салып, д ә р м е к т е п ішкенді жақсы көрем* (Ә. Кекіл., Үркер, 379).

ДӘРМЕНЕ 1. (Сем.: Абай, Шүб.) дерменс, дәрі шоп. *Қалқам, бір д ә р м е н е тауып әкеп қойшы* (Сем., Абай). **2.** (Шымк., Түркіс.) жусанның бір түрі. *Д ә р м е н е н і ң басында дәні болады. Д ә р м е н е жусанға қарағанда сүйықтау өседі* (Шымк., Түркіс.).

ДӘРМЕНУ ЕТУ (Қ.орда, Арал) қуат ету.

ДӘРПІ КЕТУ (Шымк., Арыс) атағы шығу, атағы жер жару. *Ол – д ә р п і алысқа кеткен адам* (Шымк., Арыс).

ДӘРРӘУ Қ. дәрру.

ДӘРРУ//ДӘРРӘУ (Қарақ., Қоң.) дереу, шапшаң, тез. *Қонақтар келіп қалған екен, д ә р р у мына қойды бауыздай гой* (Қарақ., Қоң.). *Атқа міне сала д ә р р ә у ізішше құдым, жете алмадым* (Қарақ.).

ДӘРСЕХАН (Ауғ.; Ир.) дастарқан.

ДӘРТ (Қарақ., Қоң.) дерт. *Бойында д ә р т жоқ* (Қарақ., Қоң.).

ДӘРТЕ//ТӘРТЕ (Сем.: Ақс., Үрж., Мақ., Көкп.) арбаның жетегі, терте. *Шананың д ә р т е с і* (Сем., Ақс.). *Сыртта д ә р т е н і ң сықырлағаны, әлде бір түйенің бық еткен дыбысы естіледі* (М. Мағ., Алас., 30). *Бұл жолы... қолы артына қарай қайырылып, д ә р т е құсап созылып барып, ақыры бұлдіргесі үзіліп, қамшысы қолынан шығып кетті* (С. Мұрат., «Жұлдыз», 1988, №2, 68). *Мойынағаш, д ә р т е, самиян, тағы басқа керекті заттар бригадаларға бөлініп берілді* («Ж. ауыл», 1.11.1935). Мұның Ақтобе жағында *терте* деген де нұсқасы бар.

ДӘРУ[1] (Қост., Жанг.) мұқтаж, зәру, қажеттілік. *Сенің көзің маған д ә р у емес* (Қост., Жанг.). Бұл соз Жезқазған, Ұлытау жағында дәрі-дәрмек мағынасында жуан ұлгіде *дару* болып айтылады. Қ. дару.

ДӘРУ[2] (Сем.: Абай., Шүб.) дәрі, дәрідәрмек. *Әптекке барып д ә р у әкел* (Сем., Шүб.). Қ. дару.

ДӘРУАЗА (Ауғ.; Ир.) қақпа, дарбаза. *Д ә р у а з а ашық тұрыпты* (Ир.).

ДӘРҺАЛ (Қарақ.) дереу.

ДӘРШЕ (Өзб., Ташк.) кішкене терезе.

[Өзбекше *дарча*: 1) терезе орнына қолданылатын кішкене есік; 2) кішкене терезе (Узб.-рус. сл., 1954); төж. *дар* есік (Тад.-рус. сл., 1954). *Дәрше*: 1) *дәр* (*дар*) төж. есік; 2) *ше* түркі тілдеріндегі кішірейту магынасын тудыратын аффнкс].

ДӘРІГЕРИ ДАЯШЫЛЫҚ (МХР) дәрігерлік қызмет. *Сагсай сұмындық дәрігер бөлімшесі соңғы 6 жылда халыққа д ә р і г е р и д а я ш ы л ы қ т ы дәйекті болдырып, әр сатылы социалистік жарыста бастапқы орындардан көрініп келеді* («Ж. өмір», 8.06.1987). *Цәнгәлдік малшылар гана емес, Улаанхустық №4 бригада, Кокадыр тобыиың малшыларына да д ә р і г е р и д а я ш ы л ы қ жасаудамыз, – дейді* («Ж. өмір», 15.05.1986).

ДӘРІ-ДӘРСЕК (Маң.: Маңғ., Шевч.) дәрідәрмек. *Малшыларга д ә р і-д ә р с е к жеткізіп тұрганың жөн* (Маң., Маңғ.).

ДӘРІИІС//ДӘРІС (Қарак.) тыңайтқыш, коң.

ДӘРІҚОР (Алм., Шел.) емші, дәрігер. *Кеше келіп д ә р і қ о р көріп кетті* (Алм., Шел.).

ДӘРІС Қ. дәріиіс.

ДӘС[1] (Сем.: Ақс., Көкп.) мүлде, біржола. *Отын д ә с бітті. Мен шарап ішуді д ә с қойдым* (Сем., Ақс.).

ДӘС[2] (Түрікм.: Таш., Ашх., Тедж.) үлкен, мол, зор. *Алдымызга д ә с табақ ет әкелді* (Түрікм., Таш.).

ДӘС[3] (МХР) таяу, сәл калу. *Баласы джылауга д ә с қалды* (МХР).

ДӘС[4] (Шымк., Түркіс.) дәлел, уәж. *Қарсылық қылып еді оган д ә с айтуга жоқ әлің* (Шымк., Түркіс.).

ДӘС ӘУЕЛІ (Жамб.: Св., Жам.) ең әуелі, ең алгаш. *Мұнда д ә с ә у е л і келген ногайлар – аталарымыздың аталары болган* (Жамб., Св.).

ДӘСӘУІЛДЕ (Ауғ.; Ир.) алғашқыда. *Дәсәуілде келген алаш тұріктері (алғаш келген қазақтар) Талдықорған, Жамбыл, Түркістан, Қызылордаға келді* (Ир.).

ДӘСЕЛІ БОЛУ (Түрікм.: Красн., Небид., Таш., Ашх.) әлдеқандай болу, бұлдану. *Жоқ затқа дәселі болма қоймаса қайтеді* (Түрікм., Ашх.).

ДӘСЕРДЕЙ БОЛУ (Қост., Жанг.) әлде қандай болу, маңғазсу. *Өзі соған да дәсердей болып отыр гой* (Қост., Жанг.).

ДӘСКЕР (Қарақ., Мой.) түтқыш. *Қазанды түсіретін кез болды, дәскер қайда екен?* (Қарақ., Мой.).

ДӘС ҚОЮ (Қост., Жанг.) түк қалдырмау, әбден тауысу. *Алдында бір табақ етті түгел дәс қойды* (Қост., Жанг.).

ДӘСЛЕП (Қарақ.) алғаш, алдымен. *Хорезмге біздің елден ең дәслеп әлім, табындар келді* (Қарақ.).

ДӘСМАЛ (Түрікм., Таш.) казан жуатын шүберек. *Әйел қолындағы дәсмалын сығып, қазанның қақпағын жаба салды* (Түрікм., Таш.).

ДӘСМЕ-ДӘС (Қарақ.) қолма-қол.

ДӘС ОРАМАЛ (Ауғ.; Ир.) бет сүртуге арналған орамал.

ДӘСПІ БЕРУ (Қ.орда, Арал) қол беру. *Таңатар дәспіңді бер, екеуміз ескіше амандасайық* (Қ.орда, Арал).

ДӘСТӘ (Қарақ.) күректің, кетпеннің не пышақтың сабы.

ДӘСТЕР (Шымк., Түркіс.) алманың түрі. *Дәстер ерте піседі. Дәстердің түсі ақ болады* (Шымк., Түркіс.).

ДӘСТПЕШ (Ауғ.; Ир.) колғап.

ДӘСТІ (Қарақ.) әдет-ғұрып.

ДӘСІР (Ақт., Ойыл) дөкір, ірі. *Қоймадан қазыны ала қашқанымда, бір дәсір жігіт қуа жөнелді* (Ақт., Ойыл).

ДӘТ (Көкш., Қ.ту; Шығ. Қаз., Күрш.) тілек, арыз, сөз. *Өзіңе айтатын дәтім бар* (Көкш., Қ.ту), *Бұрын ұлықтар кедейдің дәтін тыңдамайтын* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ДӘТ ДЕУ (ҚХР) өкіну, қапыда қалу. *Қолтығының астынан сып етіп шыға жөнелгенде ұстай алмай дәтті* (Ғ. Қан., Бүрк.).

ДӘТ ҚЫЛА АЛМАУ (ҚХР) батылдық жасай алмау, жүрексіну. *Басы әңкі-тәңкі бола әлгі асханаға барды, айналасына мұқият қарап шықты. Бірақ асхана қожайынынан сұрауға дәт қыла алмады* (А. Тал., Шала дар. оқ).

ДӘТМЕЛ[1] (Қ.орда, Арал; Қарақ.) ақыл, кеңес, жөн. *Көп істеген адамның дәтмелін алған жөн* (Қ.орда, Арал).

ДӘТМЕЛ[2] (Орал, Жымп.) мінез-құлық. *Шырағым, сенің дәтмелің жақсы екен* (Орал, Жымп.).

ДӘТТІКЕМ (Алм., Жам.; Жамб., Жуа.) төрт асықпен ойнайтын ойын. *Бұрын төрт асықпен дәттікем ойнайтын едік* (Алм., Жам.).

ДӘУДІРЛЕУ (Алм., Кег.) даңғырлау, дауысын котеру. *Оспанбек, шырағым, сенің кейде босқа дәудірлейтінің бар-ау* (Алм., Кег.).

ДӘУЕК (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) қырманда егін бастыру.

[Түрікменше *дөвек* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ДӘУЕЮ (Шымк., Арыс) үлкею, ірілену. *Огіз семіріп бұрынғыдан дәуейіп кетіпті* (Шымк., Арыс). Бұл сөздің түбірі – *дәу, дәуею* – үлкею деген секілді үлгімен жасалған етістік.

ДӘУЛЕҢ (Орал, Жән.) әл, шама. *Сендер маған үйретпей-ақ қойыңдар, оздеріңе дәулеңдеріңізді білу жөн болар* (Орал, Жән.).

ДӘУЛЕТ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары, Ашх.) мемлекет. *Біз дәулетке 10 тонна пахта тапсырмалымыз* (Түрікм., Тедж.).

[Өзбекше *давлат* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ДӘУЛЕТ ШЫҒАРУ (МХР) қаржы жұмсау. *Кейбір сауда үйымдары суыр, тараққұйрық аулауға салғырт қарап уақыт ұттырып, суыр жатар кезде абыржып, қыруар дәулет шығарып ойға, қырға шапқылайтын жайт та кездеседі* («Ж. өмір», 30.07.1985).

ДӘУМІТ (Көкш.: Еңб., Қ.ту, Щуч.; Қост.: Аман., Жанг.) үлкен, зор, ірі, дәу. *Ауылдың қарсысынан бір дәумит көл көрінеді* (Қост., Жанг.). *Өңкей дәумит шегінбейтін Бірінбірі басып сүзіп Олар біраз кеңеседі* («Соц. шаруа», 1944, №23). *Мына бір дәумит өгізді сойса, бір жиырма пұт ет шығар* (Көкш., Қ.ту).

ДӘУПЕРІМ Қ. дәупірім[3].

ДӘУПІРІМ[1] (Орал, Казт.) зор, ірі, зіңгіттей. *Дәупірім жігіт* (Орал, Казт.). *Жауды жалғыз жайрататын дәупірім шығар десе – кәдімгідей жәй пенде, шілдірек сары екен* (Б. Аманшин, «Жұлдыз», 1987, №3, 20).

ДӘУПІРІМ[2] (Рес., Орын.) маңғаздып, шіреніп, өтірік қосып сөйлейтін адам. *Ой, мынау дәупірім гой өзі* (Рес., Орын.).

ДӘУПІРІМ[3]**//ДӘУПЕРІМ** (Сем.: Ақс., Көкп., Абай) ізденгіш, білгір, тапқыр. *Мынау бір дәупірім екен. Асан дәупірім мұғалім гой* (Сөм., Ақс.).

ДӘУРАН (Қарақ., Қоң.) дәурен, уақыт, заман. *Ерназардың дәурандағы дикандар қатты қиналған еді* (Қарақ., Қоң.).

ДӘУ ТАМ (Шымк., Түркіс.) қонақ отыратын бөлме. *Апам қонақтарды д ә у т а м г а кіргізді* (Шымк., Түркіс.).

ДӘУІЛДЕУ (Қ.орда, Қарм.) даурығу, улапшулау. *Осының өстіп бір д ә у і л д е п кететіні бар* (Қ.орда, Қарм.).

ДӘУІММЕН КЕЗ БОЛУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) ойда жоқта тап болу, ойламаған жерден кез болу. *Екеуміз, д ә у і м м е н к е з б о л а қалған екенбіз хал-жайды жата-жастана сұраса жатармыз* (Маң., Маңғ.).

ДӘУІР[1] (Жамб.: Қорд., Шу) жабу. *Боз тобыршақтың үстіне д ә у і р жапқан* (Жамб., Қорд.).

ДӘУІР[2] (Ауғ.; Ир.) дейін. *Дәулетіміс оңышқанға д ә у і р қарға қаңқ етер* (Ир.).

ДӘУІР АЙНАЛДЫРУ (ҚХР) өлікті жерлеуден бұрын күнәдан арылту. *Д ә у і р а й н а л д ы р у г а ауыл мешітінің бас имамы шақырылады* (ҚХР).

ДӘУІТ (Алм., Жам.) сия сауыт. *Д ә у і т к е сия толтырып қойшы, әкем, ағаңа керек қой* (Алм., Жам.).

ДӘШ (Ауғ.; Ир.) кең дала.

ДӘШ ЖЕР (Ауғ.; Ир.) тың жер, жыртылмаған жер.

ДӘШ ТАУЫҚ (Ауғ.; Ир.) қырғауыл.

ДӘШУ (Өзб., Ташк.) есіру. *Ол басқаларға сөз бермей, өзі д ә ш і п, мақтанды да отырды* (Өзб., Ташк.).

ДЕБДІРЕК (Қар., Шет) жеңілтек, үшқалақ (адам туралы). *Тым д е б д і р е к екен, соңыңды қой-ақ қойшы* (Қар., Шет).

ДЕБДІРЕУ (Орал, Жән.) абдырау, абыржу, сасқалақтау. *Неге д е б д і р е п отырсың* (Орал, Жән.).

ДЕГӘЛ (Гур., Есб.; Маң.: Маңғ., Шевч.) ірі, зор, мелжемді. *Жігіт болганда да бір керім д е г ә л жігіт екен* (Маң., Маңғ.).

ДЕГДАР (Тау., Қош.; Рес., Орын.; Маң., Маңғ.; Қ.орда: Арал, Қаз.; Сем., Ақс.) асыл, өте жақсы, ерекше, тәуір. *Ол бір д е г д а р тұқым, әкесі де д е г д а р кісі болушы еді* (Сем., Ақс.). *Мына ат бір д е г д а р мал ма деймін, науадан кір суды ұрттап алмайды жануар* (Маң., Маңғ.).

ДЕГДІ (Қ.орда, Арал) 1. бөтен, басқа. *Д е г д і мал* (Қ.орда, Арал). 2. өзінен тумаған, асырап алған. *Қолында бір-екі д е г д і бала бар* (Қ.орда, Арал).

ДЕГДІР (Жамб., Шу) салдың үстіңгі жағының ағашы. *Бір нәрсені салмынан әпкеле йатқанда су болып қалмау үшін д е г д і р д і ң үстіне қояды* (Жамб., Шу).

ДЕГЕЙ ДЕСЕҢ (Шығ. Қаз., Больш.) дейін десең. *Бала д е г е й д е с е ң бала емес, шал д е г е й д е с е ң, шал емес, бірақ біраз жасқа келген адам сыйықты* (Шығ. Қаз., Больш.).

ДЕГЕЛДЕС (Сем., Ұрж.) тетелес, күрбылас, шамалас. *Құдайберген біздермен д е г е л д е с* (Сем., Ұрж.).

ДЕГЕЛЕЙ (Қарақ.) құлақшын.

ДЕГЕЛЕК (Маң., Маңғ.) жыртқыш құстың бір түрі, көбінесе жыланмен қоректенеді. *Жылқының жауы – богелек, жыланның жауы – дегелек* (Макзл). *Орман-таудың басында, Д е г е л е к деген бір құс бар, Аспанда жүріп ызғырса, мың орда жылан басылган* (Қашаған ақын).

ДЕГЕЛЕҢ ҚАҒУ (Қост., Об.) құрақ үшу, аяқ-қолын жерге тигізбеу, дедек қақтыру. *Істеген ісін д е г е л е ң қ а қ т ы р а д ы* (Қост., Об.). *Жап-жас балалар кеңеске сайланып, жұмысты д е г е л е ң қ а қ т ы р ы п, икемдеп алып кетті* (Б. Майл., Шығ., IV, 233).

ДЕГЕРЕК (Қарақ., Мой.) тоңірек, маң, атырап. *Осы д е г е р е к т е н асқанша, үстілеріңе топырақ жұгады* (Қарақ., Мой.).

ДЕГЕСІН ЖЕРДЕ (Қост., Камыш.) деген соң, дегениен кейін. *Қостанайлық д е г е с і н ж е р д е бармай кетсем, ренжитін болар дедім* (Қост., Камыш.).

ДЕГМЕНТ[1] (Маң., Маңғ.) күміс белбеу, күмістеген, күміс жапқан белбеу.

ДЕГМЕНТ[2] (Маң., Маңғ.) сабына күміс, алтын жапқан бағалы қылыш. *Бұрын түріктердің кейбіреулері д е г м е н т асынатын* (Маң., Маңғ.).

ДЕГІСПЕ ӘҢГІМЕ (Қ.орда, Арал) жай әңгіме, ана-мынаны сөз қылу. *Сендердің д е г і с п е ә ң г і м е л е р і ң бітпейді екен* (Қ.орда, Арал).

ДЕГІТ (МХР) тәуір. *Оның д е г і т көрінеді* (МХР).

ДЕГІШ (Қарақ., Қоң.) дарияның қатты толқыны, ағыны, тасқыны. *Торткүл ауданының біразын Амудариянық д е г і ш і алып кетті* (Қарақ., Қоң.). Қ. дәгіш.

ДЕЗМАЛ (Шымк., Мақт.; Маң., Маңғ.) үтік. *Д е з м а л г а шоқ сал* (Шымк., Мақт.).

ДЕЙ[1] (Жамб., Тал.; Қар., Шет) асық. *Көрімнің д е й і н ұтып ал* (Жамб., Тал.). *Д е й д і тігіп қой. Менде алты д е й қалды* (Қар., Шет).

ДЕЙ[2] (Жамб., Шу) бет алыс. *Олардың д е й і жаман, жаман гып жүрмесін* (Жамб., Шу).

ДЕЙ ТҰРСА ДА (Орал: Шыңғ., Жымп.) дегенмен, өйтсе де, алайда. *Д е й т ұ р с а қ т а кейбір партия мүшелері оқушыларды*

мектепке тұгел тартуга мән бермей отыр («Қ. ту», 22.04.1942). *Дей тұрса дабірде-бір жұмыс жүргізбей отыргандар да бар* («Соц. жол», 26.10.1939).

ДЕЙІЛШЕ (Алм.: Жам., Шел.; Қ.орда, Арал; Шымк.: Сайр., Қызылқ.; Жамб., Қорд.; Орал, Жән.) екі-үш пүттық қап. *Үнды д е й і л ш е г е салып әкелдім* (Алм., Жам.). *Астық д е й і л ш е г е аз сыяды, сондықтан ұсақтұйек салып қояды* (Шымк., Сайр.). Қ. делше.

ДЕЙІНДЕ ОТЫРУ (Көкш., Енб.) ықпалында болу, шылауында жүру. *Соның д е й і н д е о т ы р г а н соң, айтқанын істеу керек* (Көкш., Енб.).

ДЕЙІС (Ақт., Қараб.) үятсыз, арсыз. Қ. дәйіс.

ДЕК (Қ.орда, Сыр.) қорқақ, үрейшіл.

ДЕКАБІРІС Қ. дүбәрәндік.

ДЕКЕ (Шымк., Лен.; Жамб., Луг.) селдір шүберек, дәке. Қ. дәкі.

ДЕКЕПЕРЕН//ДӘКӘПАРАН (Өзб., Ташк.) жүмыска тартатын жүқа кішкене орамал.

[Өзбекшс *докапаранг* гүлді жүка мата (Узб.-рус. сл., 1954); тәж. *дока* (жүка мата) сөзі бар да, ал кітаби тілінде жібек матаның түрін білдіретін *парапд* сөзі кездеседі (Тад.-рус. сл., 1954)].

ДЕКПІРІН АЛУ (Қост., Жанг.) мазасын алу. *Өзің кісінің д е к п і р і н алмай тыныш отыршы* (Қост., Жанг.).

ДЕЛ[1] (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.; Алм., Балқ.) балық аулайтын сүзекінің көзінің жібі. *Қазіргі аулардың д е л і капроннан жасалган болды* (Алм., Балқ.).

ДЕЛ[2] (Ир.) қаңтар.

ДЕЛБАЙ (Қ.орда, Арал) жазда киетін елтірісіз тымақ. *Басына д е л б а й киіп алыпты* (Қ.орда, Арал). Қ. далбай.

ДЕЛБЕ[1] (Қост., Об.) божы, жеккен аттың екі жақ сулығынан ілінетін қайыс бау. *Күн көтеріле қаладан шықтық, жеккен атымыз Тасболаттікі. Тасболат д е л б е ұстап келе жатыр* (Б. Майл., Шыг., IV, 71). *Өзің атты жүргізе алмадың гой, д е л б е н і қагып қой* (Қост., Об.).

ДЕЛБЕ[2] (Талд., Панф.; Алм., Еңб. қаз.) жылқының жынданып ауруы. *Д е л б е м е н ауырган жылқының маңдайына қыздырган тасты басып жазады* (Талд., Панф.).

ДЕЛБЕГЕ (Рес., Орын.) божы, делбе. *Аттың д е л б е г е с і қолымнан шығып кетті* (Рес., Орын.). *Күн бата ауылдан шықтық. Біздің де жеккеніміз пар ат. Д е л б е г е н і өзім ұстадым* (**Б. Майл.**, Шыг., III, 22). *Өз қолдарымен бақкан семіз аттарды д е л б е г е ыспалап айдаганда құйындай ұшырады* (Б. Майл., Шыг., V, 83).

ДЕЛБЕГЕЙШІ (Рес., Орын.) атқосшы, ат айдаушы. *Ол кісі 35 жылдай ахунның д е л б е г е й ш і с і болган* (Рес., Орын.).

ДЕЛБЕКЕЗЕК (Шымк., Арыс; Алм., Жам.) сүзек ауруы. *Айтатұгын сөзіңді өзіме айтқын, Д е л б е к е з е к кісідей шалқақтамай* (Жамбыл).

ДЕЛБЕТАЙ (Қарақ.) жарымес, нақұрыс, жеңілтек.

ДЕЛБЕТАП (Алм., Шел.) жарымес, нақұрыс, есуас. *Ол бір д е л б е т а п адам гой* (Алм., Шел.).

ДЕЛБЕШІ (Қост., Об.; Орал, Жән.) жеккен атты айдаушы кісі, ат айдаушы, қосшы, жәмшік. *Ертеде д е л б е ш і болып та жұмыс жасадым* (Орал, Жән.). *Не д е л б е ш і, не курьер болуга бұл арланады, Ешбір істі қолдан келер ойлап-ойлап таба алмады* (Қ. Аманж., Шыг. жин., I, 350).

ДЕЛБІРЕК (Сем.: Мақ., Ұрж.; Шыг. Қаз., Зайс.) кеңілшек, аққөңіл, кеңіл жықпайтын. *Әлім деген бір д е л б і р е к адам* (Сем., Ұрж.).

ДЕЛДӘЛДІК (Шымк., Кел.) делдалдық, делдалшылық ету. *Д е л д ә л д і к қылу* (Шымк., Кел.). *Онымен қатар Құралбай д е л д ә л д і к істеді* («Лен. жолы», 1938, №105).

ДЕЛЕБІ (Өзб., Ташк.; Шымк., Кел.) терезенің ілгегі.

ДЕЛЕГЕЙЛЕНУ (Рес., Орын.) желбегей жүру, түймеленбей, белдік бумай жүру. *Анау д е л е г е й л е н і п келе жатқан кім?* (Орын., Бор.).

ДЕЛЕГЕЙ МАЛАҚАЙ (Қарақ.) бөрік, аласа бөрік.

ДЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ (Ақт., Байғ.) телегей теңіз. *Су деген д е л е г е й т е ң і з болып жатыр* (Ақт., Байғ.). *Орыс халқының д е л е г е й т е ң і з сөзінің, әдебиет тілінің қасиетін қазақ әдебиеті тіліне ұластыру* («Соц. ауыл», 1940, №7).

ДЕЛШЕ (Жамб., Шу) екі-үш пүттық қап. Қ. дейілше.

ДЕМ (Жамб., Шу) ыстық, қапырық. *Биыл жауын аз, жазыман д е м болып тұр* (Жамб., Шу).

ДЕМАЛЫС ЖАПЫРАҚ (Шыг. Қаз., Зайс.) апиынның домалақ басындағы бүршігі. *Д е м а л ы с ж а п ы р а қ жақсы өсіпті* (Шыг. Қаз., Зайс.).

ДЕМ БАР (Шымк., Сарыағ.) құр сүлдері, шықпаған жаны бар, кеудесінде жаны ғана бар. *Сексенге келдім, әйтеуір, жұрміз, шықпаган д е м б а р* (Шымк., Сарыағ.).

ДЕМБЕ-ДЕМ 1. (Қарақ., Төрт.; Шымк., Сарыағ.) әлсін-әлсін, ауық-ауық. *Бұ йерде малды д е м б е-д е м сугарып тұрамыз* (Шымк., Сарыағ.). Қ. дәмбе-дәм. 2. (Жамб.: Мер., Шу, Сарыағ.) тез, жылдам. *Чемірчек ауруы жылқыны д е м б е-д е м өлтіреді* (Жамб., Мер.).

ДЕМБЕЛШЕ (Талд., Қарат.) сыйымдылығы 30 кг болатындай үлкен дорба.

ДЕМ БЕРУ (Шымк., Тұлк.) ауа жіберу, қызылша егісіне құбыр арқылы ауа жіберу. *Әрбір көмбеге құбыр орнатылып, оның ішіндегі қызылшага д е м б е р е м і з* (Шымк., Тұлк.).

ДЕМБІ//ДӘМБІ (Өзб., Ташк.) есіктің ішкі ілгегі. *Есіктің д е м б і с і жұлынып кетіпті* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше, тәж. *тамба//тәнба* есіктің ішінен тіреп қоятын ағаш таяқ не темір таяқ (Узб.-рус. сл., 1959; Тад.-рус. сл., 1954)].

ДЕМБІЛ-ДЕМБІЛ (Шымк.: Сайр., Сарыағ.; Жамб.: Жам., Мер.) ауық-ауық, әлсін-әлі, қайта-қайта. *Өйткені уақытылы жем-шөбі, суы беріліп, асты-үсті д е м б і л-д е м б і л тазаланып тұр* («Кол-шы», 1935, №6). *Алыстан мұнартып д е м б і л-д е м б і л көрінген қаралар жақындай келе шоп артқан арбалар болды* («Стал. жолы», 1936, №95).

ДЕМБІЛЕУ//ДӘМБІЛЕУ (Өзб., Ташк.) есіктің ішкі ілгегін салып қою. *Әр күні жатарда есікті д е м б і л е п қоямыз* (Өзб., Ташк.).

ДЕМБІРЕМ (Шымк., Сайр.) жедел, тез. *Бидайды д е м б і р е м жиып тастаймыз* (Шымк., Сайр.).

ДЕМДІ (Қост., Жанг.) дым, ылғал (жер туралы). *Шұбалаң табаны – Торгайдың д е м д і жері* (Қост., Жанг.).

ДЕМЕГЕН (Қарақ.) қарындас.

ДЕМҚОС (Рес., Сарат.) нақұрыс. *Екі апаң да д е м қ о с қой, шырагым-ау* (Рес., Сарат.)

ДЕМ САҒАТТА (Талд., Қарат.) ілезде, дем арасында. *Самолет д е м с а г а т т а-а қ жеткізеді* (Талд., Қарат.).

ДЕМ СӘТТЕ (Қост., Об.) дем арасында, демде, қас пен көздің арасында. *Д е м с ә т т е жоқ болды* (Қост., Об.). *Осыдан кейін д е м с ә т т е аттанып кетпей ме* (Б. Майл., Шығ., IV, 395).

ДЕМ ҰРУ (Алм., Жам.) жын ұру, жындану, шалықтау. *Д е м ұ р г а н ба өзіңді, тегі, жырқылдап күле бересің* (Алм., Жам.).

ДЕМІ//ҮНІ ІШІНЕ ТҮСУ (ҚХР) көңілсіздену, қамығу, уайымдау. *Жаз бойы жайлауды әнге бөлеген әйелдердің қазір д е м д е р і і ш і н е т ү с к е н* (З. Сабыр, Ізд.).

ДЕМІ ҚОСЫЛУ (ҚХР) ынтымақтасу, сыйласу. *Сол реткі кірбеңдіктен кейін ол екеуінің д е м і қ о с ы л а алмай жүр* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 82).

ДЕНЕЙ (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) кеней, кентай. *Д е н е й д і тігіп қой* (Жамб., Шу).

ДЕНЕ-ҚАРЫНЫҢ САУ МА? (Алм., Жам.) дені-қарның, аяқ-басың, дені-басың сау ма? *Е, д е н е-қ а р ы н ы ң сау м а, әкем?* (Алм., Жам.).

ДЕНЕЛЕЙ (МХР) тікелей, қолма-қол. *Ал Цагаануур жалгастыру базасыпың бастығы Т.Мұхамәди былай дейді: – Бізге жақын қоныстангаи отардағы малшыларга д е н е л е й жәрдем көрсетуді парыз санаймыз* («Ж. өмір», 22.12.1983). *Согысқа д е н е л е й қатысқан ага жауынгерлерге дәрігери, тұрмыс қажетін отеу үйымдары әуелгі кезекте даяшылық етіп тұру корсетілді* («Ж. өмір», 9.09.1985).

ДЕНЕҢ САУ МА? (Сем.: Абай, Шүб.) денің сау ма? *Д е н е ң с а у м а, шырагым* (Сем., Шүб.).

ДЕНЕСІНЕН КҮН КӨРІНЕТІН (ҚХР) өте, тым арық. *Белгілеп қойган озаншы бар еді, Айдармен аталас келетін, тыртиган д е н е с і н е н к ү н к ө р і н е т і н, үлкен аузына ұзын тістері әзер сыйып тұрган жас жігіт Бақырбай тыпырлай тұрегеліп* (Қ. Мұқ., Тай.).

ДЕНІ (Кокш., Еңб.; Қост., Жанг.) көпшілігі, көбі. *Жүгерінің д е н і сұрлемге салынбаган кез еді* (Кокш., Еңб.). *Бұл тоқсанда программалық оқу материалдарының д е н і отілді* («Еңб. екп.», 30.01.1955). *Біраз орыс, д е н і қазақ үш жүздей жұмыскерлердің тұрлері тұрліше* (С. Сейф., Әңгім., 8).

ДЕҢ (Орал, Жымп.; Маң.: Шевч., Маңғ.) қатар, тұс, тең. *Атыңды тебіңкіреп, кішкене берірек д е ң і м е келші* (Ман., Шевч.). *Хакім д е ң і н е н оте берді де маңдайындағы жазуын көріп, кері бұрылып, трактирге кірді* (Х. Есенж., Ақ Жай., 51). Бұл соз әдеби тілдегі «тең» сөзімен мағыналас. Тіліміздегі *деңгейлес* сөзімен төркіні бір болу керек.

ДЕҢБЕТ Қ. деңбіт.

ДЕҢБІТ//ДЕҢБЕТ//ДЕҢМЕНТ (Маң., Шевч.; Гур., Есб.; Орал: Казт., Орда, Жән., Қара.) 1. алтын, күміс жалатқан былғары белбеу. 2. зерленген жібек белбеу. *Д е ң б е т буынып шіренген төренің талайын коргем* (Орал, Казт.). *Сол бәрі рыцардың жолын қуган, Былгары д е ң б е т п е н е н белін буган* (Х. Ерг., Құр., 79).

ДЕҢГЕЛ[1] (Қ.орда, Арал; Тау., Қош.; Түрікм.: Таш., Тедж., Мары, Байр.; Ақт., Байғ.) тен, қатар, тете. *Енді әзір қазақтарды да басқалармен тек д е ң г е л халықсың деп отыр* (Түрікм., Таш.). *Отын-суы д е ң г е л* (Қ.орда,

Арал). *Абдолла мен Тоқтамыс д е ң г е л шыққан кісілер* (Тау., Қош.). *Д е ң г е л і м е келмес жау, Келсе егер қалмас сау* (Ақт., Байғ.).

ДЕҢГЕЛ[2] (Маң.: Маңғ., Шевч.) сыбаға, үлес. *Бізің д е ң г е л – бір шуал балық* (Маң., Шевч.).

ДЕҢГЕЛДЕС (Орал: Чап., Жымп.; Гур., Бакс.) шамалас, деңгейлес, тетелес. *Ол үшеуінің жасы д е ң г е л д е с* (Орал, Чап.). *Арбаға жеккен аттардың күші д е ң г е л д е с* (Гур., Бақс.).

ДЕҢГЕНЕ[1] (Жезқ., Ағад.; Сем., Абай) құркұлақ, аштық кезінде тараған ауру. *Д е ң г е н е болған адамның тісінің көк еті қанап, аягын баса алмай, мешел боп қалады* (Жезқ., Ағад.).

ДЕҢГЕНЕ[2] (Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Қ.орда, Қаз.; Қарақ.) серне, ортақтасып мал сойып жейтін дәстүр. *Мына ауылдың жігіттері д е ң г е н е қып атыр екен* (Жамб., Шу). *Бір марқаны д е ң г е н е гып жепті* (Қ.орда, Қаз.). *Д е ң г е н е н і ң жолына мал шалуға кірісіп жүрген д е ң г е н е н і ң ұйымдастырушысы* («Больш. кол.», 1937, №21). *Уш адам бір тоқтыны д е ң г е н е қып жеп тауысқанын өз көзіммен кордім* (Маң., Маңғ.). *Д е ң г е н е д е н құр қалған, әйеліне ие болмас* (Қарақ.).

ДЕҢМЕНТ БЕЛБЕУ (Рес., Орын.; Түрікм., Ашх.) күміс белбеу. *Беліне байлағаны д е ң м е н т б е л б е у екен* (Рес., Орын.). Қ. деңбіт.

ДЕҢІ (Орал; Ақт.: Шалқ., Ырғ.) жаны, қатары. *Атыңды айдаңқырап д е ң і м е келші* (Ақт., Шалқ.).

ДЕҢІЗ (Қост.: Жітік., Боров.; Түрікм., Таш.; Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) теңіз. *Аштық жылы д е ң і з г е дейін барып қайтқанбыз* (Қост., Жітік.).

ДЕП БЕРУ (Сем.: Акс., Көкп.) айтып беру, сөйлеп беру. *Ой, шіркін, әңгімені д е п б е р д і емес пе?* (Сем., Акс.).

ДЕРГЕЙІ (Шығ. Қаз., Зайс.) дер кезі, уақытында. *Естіген әңгімені д е р г е й і н д е жазып отырмын* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ДЕРДІСАР Қ. дәрдісар.

ДЕРЕ[1] (Ақт., Қараб.; Қост., Жанг.; Жамб., Шу) мал су ішетін науа. *Д е р е д е н мал рақаттанып су ішті* (Ақт., Қараб.). *Ол д е р е г е су құйып, жылқы суарды* (Қост., Жанг.).

ДЕРЕ[2] (Қ.орда: Арал, Қарм.; Ақт., Ырғ.; Маң., Шевч.) үлкен астау орнықты түру үшін жасалған орын. Көбінесе кірпіштен, тастан, ағаштан жасалады. *Малшылар д е р е н і кірпіштен жасап, оған мал суаратын астау орнатады* (Ақт., Ырғ.). *Д е р е н і мықтап орнату қажет, ейтпегенде қойлар астауды аударып кетеді* (Қ.орда, Қарм.). *Д е р е л е р і н түзетіп, құдықтың суын күзетіп* (Қашаған ақын). *Дулыгасы биік төбедей, Төрт аягы д е р е д е й, Кірпіктері жебедей* (Аралбай).

ДЕРЕ[3] (Қ.орда: Сыр., Шиелі) судың жоғарғы сағасы, көмей. *Арықтың д е р е с і н бекітіп, су жібермейді* (Қ.орда, Сыр.).

[Қырғыз тілінде *қысыңқы, тар жер* мағынасында жұмсалады (Кирг.-рус. сл., 1965)].

ДЕРЕ АЯҚ (Қ.орда, Қарм.) ұзын сирақты, бұты терең жылқы. *Бәйгеге салғанда д е р е а я қ жылқыдан көп үміт күтуге болады* (Қ.орда, Қарм.).

ДЕРЕБЕ (Сем.: Көкп., Ақс.) делебе. *Осындай әңгіме естігенде, Әшкеннің д е р е б е с і қозып кетеді* (Сем., Көкп.).

ДЕРЕБЕН (Шымк., Мақт.) арбаның қалқаны. *Арбаның д е р е б е н і* (Шымк., Мақт.). Қ. дәрбиналы арба.

ДЕРЕГІНДЕ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жөнінде, туралы. *Шахимен магнитофон д е р е г і н д е сөйлестің бе?* (Түрікм., Таш.).

ДЕРЕДЕЙ (Сем., Шүб.) еңгезердей, дыңдай, дардай. *Д е р е д е й жігіттің мұнысы несі?* (Сем., Шүб.).

ДЕРЕЖЕ (Маң., Маңғ.) дәреже. *Мұндай д е р е ж е г е қолым жетеді деген үш ұйықтасам түсімде жоқ еді* (Маң., Маңғ.).

ДЕРЕК[1] (Түрікм.: Ашх., Таш.) орнына, керегіне. *Ылымды д е р е г і н е жұмсау керек* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *дерек* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *дәрек* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ДЕРЕК[2] (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) жауап, дәлел. *Бұған айтар д е р е г і ң бар ма?* (Түрікм., Тедж.).

ДЕРЕК[3] (Талд., Панф.) үлкен, жуан. *Тауда д е р е к ағаштар көп* (Талд., Панф.).

ДЕРЕКТІ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) жауапты. *Ақтөбе жағында д е р е к т і қызметке орналасқан* (Түрікм., Таш.).

ДЕРЕН (Алм., Шел.) үлкен, жуан ағаш. *Тауда д е р е н ағаш көп* (Алм., Шел.).

ДЕРЕНЕДЕЙ (Алм.: Шел., Кег.; Тау., Қош.) еңгезердей, дардай. *Д е р е н е д е й болмай былай тұршы* (Алм., Шел.). *Оның д е р е н е д е й-д е р е н е д е й ұлдары бар* (Тау., Қош.).

ДЕРЕУМЕ-ДЕРЕУ (Сем., Аяг.) тез, дем арасында, шапшаң. *Сен жұмысты д е р е у м е д е р е у бітір* (Сем., Аяг.).

ДЕРЕЮ (Орал, Казт.) серею, сораю, бойшаң тарту. *Бойы д е р е й г е н* (Орал, Казт.). *Баласы қол-аягы д е р е й і п өсіп, онысынан да бұрын бұрынғыдай жүнжіген жуас емес* (Б. Аманшин, «Жүлдыз», 1987, №3, 77).

ДЕРКЕР (Жамб., Шу) тірек, бел. *Алатаудай айбатты, Ата д е р к е р жігітке, Ағар дария бұлақтай, Ана д е р к е р жігітке. Алдындағы жол басшы, Ага д е р к е р жігітке* (Жамб., Шу).

ДЕРМЕ (Маң., Маңғ.) астаудың астына тастан, топырақтан жасалған биіктік. *Астаудың д е р м е с і биік боп кетсе қой су іше алмайды* (Маң., Маңғ.).

ДЕР МЕЗІ (Қ.орда, Арал) дер кезі, дер уақыты, дер сәті. *Д е р м е з і н д е келе қоймасаң, уақыт өтіп барады* (Қ.орда, Арал).

ДЕРМЕН (Алм., Шел.; Қ.орда, Сыр.; Маң., Маңғ.) диірмен. *Соғыс кезінде д е р м е н г е тартар дән де болған жоқ қой* (Маң., Маңғ.). *Ауданымызда бір-ақ д е р м е н бар, оның жұмысы да мардымсыз* («Лен. туы», 5.03.1939, №20-21). Маңғыстауда *Ақдермен, Сардермен* деген тау аттарында осы сөз дәл осы нұсқада айтылады.

ДЕРТ-ДЕРБЕЗЕ (МХР) ауру-сырқау, індет. *Ол малдың түрлі д е р т-д е р б е з е с і н айықтыруға, орынсыз шығынды азайта түсуге аз да болса үлесін қоса бастады* («Ж. өмір», 14.11.1983). *Малдың әр түрлі д е р т-д е р б е з е г е шалдығуы, ана малдың іш тастауы, сондай-ақ, төлдің шала және әлжуаз тууының басты себебі малдың астынан сыз өтіп, қысқы жатар орны суық болып көң қораның қатуынан болады* («Ж. өмір», 11.10.1983).

ДЕРТЕ (Ақт., Ырғ.) арбаның, шананың жетегі. *Шананың д е р т е с і н көтеріп, басып байлап қойса, көп орын алмайды* (Ақт., Ырғ.).

ДЕРТ ЕМЕС (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Байр.) керек емес, кажет емес. *Оның әйел алғаны бізге д е р т е м е с* (Түрікм., Таш.).

ДЕРТТІМЕН ДЕРТТЕСУ (Түрікм., Таш.) қайғы белісу, қиындыққа ортақтасу, мұңдасу. *Ол кісі абзал адам еді, осында келіп д е р т т і м е н д е р т т е с і п кететін* (Түрікм., Таш.).

ДЕРІС (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары) көң, мал қиы. *Қой қорадан бес-алты арба д е р і с алынды* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *дерс* (Туркм.-рус. сл., 1940); карак. *дарис* (Рус.-карак. сл., 1947)].

ДЕСЕ (Алм.: Жамб., Енб. каз., Қаск.) қаратпа сөзге ілесе айтылатын көмекші элемент. Тек осындағы *десе* деген формада ғана қолданып, қаратпа сөзге «еркелеу» мәнін үстейді. *Әпке д е с е, мен ертең қалаға жүретін болдым* (Алм., Жам.).

ДЕСЕ ДЕ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Жамб., Шу) қалай да, дегенмен, сонда да. *Атыңның болдырған түрі бар. Д е с е д е ақалтекенің тұқымы гой, ауылға дейін сыр бере қоймас* (Маң., Маңғ.). *Д е с е д е құдайға қараған жан екен* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел.).

ДЕСОРАМАЛ (Шымк.: Мақт., Сайр., Қызылқ., Түркіс.) бет орамал. *Д е с о р а м а л д ы да жуа сал!* (Шымк., Мақт.).

ДЕС ОРУ (Сем., Көкп.) астық ору, егін ору. *Ертеде байларға д е с о р д ы м* (Сем., Көкп.).

ДЕСПЕ (Маң., Маңғ.) тасбиқ, тәспі. *Айнам, керегенің басында тұрған д е с п е м д і алып берші* (Маң., Маңғ.).

ДЕСПЕЛЕУ (Қост., Жанг.) ыңғайын келтіру, ретін табу. *Сарбаздар жеңген соң, Әбдігапарды да д е с п е л е п жөнін тауыпты* (Қост., Жанг.).

ДЕССҰР (Ауғ.; Ир.) дәстүр.

ДЕСТЕ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Қост., Жанг.) орып жатқан егіннің (бидай, тары, т. б.) бау тәрізді ең кішкене үйіндісі. *Он шақты д е с т е д е н үлкен бір бау шығады* (Қост., Жанг.).

ДЕСТЕ БЕРУ (Жезк., Ағад.) егін орып жатқанда келген адамдарға егіннен сый беру, сыбаға беру салты. *Е, орақка береке берсін деп келген екенсіңдер, өздеріңе д е с т е б е р е й і н, алыңдар* (Жезк., Ағад.).

ДЕСТЕЛЕУ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Қост., Жанг.) баулау, орып жаткан егінді (бидай, тары, т. б.) дестe-дестe етіп жинау. *Қолмен орып келе жатқан егінді орақшылар д е с т е л е п үйіп кете береді, кейін дестеден қырманга тасиды* (Қост., Жанг.).

ДЕСТҰР (Маң.: Маңғ., Шевч.; Қарақ.) дәстүр. *Түрікпендердің д е с т ұ р і – шоқтың үстіне адам басына бір-бір дүмше қояды* (Маң., Маңғ.).

ДЕС ТИЮ (Қар., Қарқ.) билік тию, билік күру, қожалық ету. *Оған да бір д е с т и г е н екен* (Қар., Қарқ.). *Д е с т и м е с к е д е с т и с е, тек жатқызбас үйінде* (Ғ. Мүс., Дау. кейін, 357).

ДЕТМЕЛ АЙТУ (Қ.орда, Арал) ақыл айту, басалқы айту. *Үлкен адам жастарга д е т м е л а й т а р болар* (Қ.орда, Арал).

ДИГАРИДА (Жамб., Шу) намаздыгерде, күн батып бара жатқан кезде. *Мен д и г а р и д а малдан келдім* (Жамб., Шу).

ДИДАР ҒАЙЫП (Алм., Нар.; Өзб., Ташк.) адам бір-бірімен кашан да болса көріседі, жолығысады. *Д и д а р г а й ы п деген осы, Шырағым, тағы да кездесіп отырмыз* (Өзб., Ташк.).

ДИДӘКУГЕ БАСУ (ҚХР) бейбастық істеу, ұятсыз іске бару. *Ол қызды зорлап әкелiп д и д ә к у г е б а с п а қ ш ы болған* (ҚХР).

ДИҚАН ДАРЫСЫН (Алм., Жам.; Жамб., Шу) астық мол болсын, егінге береке дарысын,

қырман тасысын. *О, жігіттер, д и қ а н д а р ы с ы н* (Алм., Жам.).

ДИҚАТ ҚЫЛУ (ҚХР) көңіл аудару, көңіл бөлу. *Сен бұл істе д и қ а т қ ы л, басыңа төле тауып алып жүрме тегінде* (ҚХР).

[Ұйғырша *диққәт қилиш* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

ДИЛЫ (Шымк., Қызылқ.) күйлі, тың, күйі жақсы. *Малдары қыстан д и л ы шығыпты* (Шымк., Қызылқ.). *Кария д и л ы екен* (Шымк., Қызылқ.). Қ. дилі.

ДИЛІ (Шымк., Арыс) күйлі, тың. *Мал қыстан д и л і шықты* (Шымк., Арыс). Қ. дилы.

ДИМАР (Қарақ., Қоң.) күш, әл-қуат, қайрат. *Өлген бала есіме түскенде д и м а р ы м құрығандай болады* (Қарақ., Қоң.).

ДИСӘРІ (Шымк., Түлк.) төрт килограмға тең салмақ өлшемі. *Төрт д и с ә р і бір бұт болады* (Шымк., Түлк.).

ДИУАЛ (Қарақ., Тақт.; Ауғ.; Ир.) дуал. *Жайымның сыртын айналдыра д и у а л м е н қоршап бітірдім* (Қарақ., Тақт.).

ДИУАЛДАС (Қ.орда, Арал) іргелес, қабырғалас, дуалдас. *Жалғыз інім бар еді, айналының үйі өзіммен д и у а л д а с* (Қ.орда, Арал).

ДИУАНА (Ауғ.; Ир.) дін жолына біржола түскен, бұл өмірдің қызығынан арғы дүниені жоғары коюшы адам. *Әми ахун болса, бұл дүниенің қызығынан безген д и у а н а адам* (Ауғ.).

ДИУАР (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) үйдің қабырғасы. *Биыл үйдің д и у а р ы н ғана тұрғызып алсақ, келер жылы бітіріп алармыз деп отырмыз* (Түрікм., Көнеүр.).

ДИХЫЛ КҮНІ (Қарақ.) дер күні.

ДИЯХАН (Қ.орда, Арал) молда, ғұлама молда, ишан. *Қасым д и я х а н адам болыпты* (Қ.орда, Арал).

ДОББӘЗИ (Ауғ.; Ир.) доп ойыны.

ДОБИТ (Тау., Қош.) дойбы. *Кел, екеуміз д о б и т ойнап жіберейік* (Тау., Қош.).

ДОБИТ БОЛУ (Орал, Чап.) ойыннан ұтылу. *Ол дойбы ойнап д о б и т б о л д ы* (Орал, Чап.).

ДОБИЯ (Жамб.: Мөр., Шу) білезікке орнатылған қызыл түсті бедер. *Білезікті отқа салса, д о б и я с ы жанып кетеді* (Жамб., Мер.).

ДОБЫРА (Алм., Ұзын.) дорба. *Д о б ы р а н ы өперіп жіберші, әкем* (Алм., Ұзын.).

ДОҒА 1. (Қост.: Жанг., Аман.; Жамб.: Қорд., Мер., Луг., Шу) айылбас. *Менің айылымның д о ғ а с ы үзіліп түсіп қапты* (Қост., Жанг.). 2. (Жамб.: Қорд., Мөр., Луг., Шу) үзеңгі, тартпа және белдіктің басына өткізетін темір. 3. (Алм.: Жам., Еңб. қаз.) тартпаның басына өткізген төмір.

ДОҒАБА (Өзб., Ташк.) пүліш. *Колхоздағы магазинде д о ғ а б а, сейсеп, кереует, шиітсіз мақта сияқты кейбір товарлардың жеткіліксіздігі сынға алынды* (Өзб., Ташк.).

[Төжікше, өзб. *дохаба* пүліш].

ДОҒАБАС (Сем., Абай) тартпаның, айылдың, үзеңгінің басына тағатын металл ілгешек. *Бұрын д о ғ а б а с т ы темірден, қоладан жасайтын, енді пластмассыдан да жасайтын болды гой* (Сем., Абай).

ДОҒАЛ (Шымк., Мақт.) епсіз, олақ. *Өзі бір д о ғ а л адам* (Шымк., Мақт.) Қ. доған.

ДОҒАЛА[1] (Қост., Жанг.) малдың көзінің шел қаптауы, көбіне соққыдан болады. *Бузауымыздың көзі томпиып шелденіп ісіпті, шамасы, д о ғ а л а болған-ау* (Қост., Жанг.).

ДОҒАЛА[2] (Жезқ., Ұлы.) жіптің шатысып түйіншектелуі, түйіншек. *Жіп д о ғ а л а боп қалыпты, соны жазамын деп әуре болдым* (Жезқ., Ұлы.).

ДОҒАЛАЙ (Сем., Үрж.) үш-төрт айлық лақ. *Әли д о ғ а л а й ы н көкпар тартуға беріпті* (Сем., Үрж.).

ДОҒАЛАЙ БӨРІК (Сем., Үрж.) елтірі бөрік, көбіне лақтың елтірісінен жасалады. *Менің д о ғ а л а й б ө р і к і м қайда, біреу киіп кеткен бе?* (Сем., Үрж.).

ДОҒАЛАҚ[1] 1. (Ақт.: Шалқ., Ойыл, Тем., Жұр.; Қост.: Об., Семиоз.) арбаның дөңгелегі. *Арбаның д о ғ а л а ғ ы н жөндеді* (Ақт., Шалқ.). *Мына бір д о ғ а л а қ т ы ң он екі шабағы бар екен* (Қост., Семиоз.). 2. (Қост., Об.; Ман., Шевч.) шығыршық. *Маған бір д о ғ а л а қ керек еді, сенде бар ма?* (Қост., Об.).

ДОҒАЛАҚ[2] (Алм., Іле) түйеге артқан жүк, тең. *Олар түйеге д о ғ а л а қ артты* (Алм., Іле).

ДОҒАЛАҚ[3] (Қ.орда, Арал) дөрекі, тұрпайы, қарапайым. *Біздің әңгімелер д о ғ а л а қ қой* (Қ.орда, Арал).

ДОҒАЛАҚ[4] (Қарақ.) іс машина жібі, сабақ жіп.

ДОҒАЛАТПА (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Зайс.; МХР) ұнды майға қуырып, оған сүт не су қосу арқылы қойылтып жасаған тамақ; бөкпе көже. *Анасы Мәделге д о ғ а л а т п а жасап берді* (Тау., Қош.). *Д о ғ а л а т п а өте тоқ болады, ертедегі қойшы тамағы қазір сирек қой* (МХР).

ДОҒАЛАУ (Сем.: Абай, Шүб.) дуалау, дуалап басын айналдыру. *Сені біреу д о ғ а л а п жіберді ме, басың айналып қалған сыйықты* (Сем., Шүб.).

ДОҒАН (Қост., Об.) олақ, дөкір. *Мынау бір д о ғ а н адам екен* (Қост., Об.). Қ. доғал.

ДОҒАНАҚ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.; Кокш.) сүйрөтпенің арқан байлайтын ілгөк

ағашы. *Арқанды д о г а н а қ қ а байлаймыз* (Ақт., **Ы**рғ.). Қ. тоғанақ[4].

ДОҒАРА//ТОҒАРА (Өзб., Ташк.) қамыстан, ысқадан, кейде жіңішке шыбықтардан айқастырып тоқитын қора. Кепенің қабырғасын да солай тоқиды. Оны мал жарып не тарқатылып кетпеу үшін қырсаулап шығады.

ДОДА[1] **1.** (Сем.: Ақс., Көкп., Абай; Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) шашылып жатқан қоқыр-соқыр, қиқым-сиқым. *Анау жатқан – қалың бозды жерден шабылған шөптің д о д а с ы* (Шығ. Қаз., Зайс.). **2.** көмір алу үшін жағуға қолайластырып үйілген сексеуілдің үйіндісі.

ДОДА[2] (Алм.: Шел., Кег.; Қост., Жанг.; Қарақ.) көкпар тартушылардың бір жерге үйлыққан тобы, апыр-топыр шоғыры. *Болатбай д о д а г а кірді дегенше, көкпарды алып шығады* (Алм., Кег.).

ДОДА БОЛУ (ҚХР) ашулану. *Зейнеш қазір Таңғыттың үйінде, зәр шашып запыран құсып д о д а б о л ы п жатыр* (А. Тал., Шала дар. ок).

ДОЗҒАҚ (Қ.орда, Арал) қоғаның басы, өсімдік қураған кезде желге үшып кетеді.

ДОЙ (Қарақ.) үлкен, дәу.

ДОЙ ДАЛА (Қ.орда, Қарм.) иен дала, елсіз дала. *Жақсы адам бір анадан, Жаман адам д о й д а л а д а н* (Қ.орда, Қарм.).

ДОЙДАЛАҒА СӨЙЛЕУ (ҚХР) калай болса солай, далаға сөйлеу. *Шайхы-пәни адамның батасы реуішті ме, жоқ әлде аталық мейір гана аралайтын ұлы шуақ па: «келер ұрпақтың бет алдынан жарылқағай!» – деп д о й д а л а г а с ө й л е п алды да Шалқарға мойнын бұрды* (**Ғ**. Қан., Бүрк.).

ДОЙМА (Қ.орда, Қарм.) егіннің басын үгітетін құрал. *Егінді д о й м а м е н де сабалап ұгіп алатынбыз* (Қ.орда, Қарм.).

ДОЙМАН (Шығ. Қаз., Больш.) ірі, атайман, сайдауыт (адам туралы). *Кәдірхан күрескенде д о й м а н жігіттерді жығып кететін* (Шығ. Қаз., Больш.).

ДОЙЫР[1] (Түрікм., **Н**ебид.; Қарақ.; Маң.: Маңғ., Шевч.; **О**рал, Жән.) қорғасын өзек салып өрілген ерекше қамшы. *Арқасына д о й ы р батқан адам не амал жасамақ* (Маң., Маңғ.). *Қара жігіт қонышындағы д о й ы р ы н суыра Жалықпасқа тап берді* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 336). *Қасқыр болар, сірә, – деді жігіт көк алақан д о й ы р ы н ныгырлап* (**Ғ**. Сл., Дөң ас., 8).

ДОЙЫР[2] (Түрікм.: Красн., Ашх., **Н**ебид., Таш.) шынжыр балақ шұбар төс; азулы. *О кезде атқа мінгендер ылғи жуан д о й ы р, кең балақтар тұқымы* (Түрікм., Таш.). Бұл сөз көбіне *жуан дойыр* деген тіркестің құрамында ұшырайды.

ДОЙЫР ЖЫҒАР (Маң.: Маңғ., Шевч.) қыз ұзатылардағы алатын алым, көде. *Күйеу аттанарда жеңгелері д о й ы р ж ы г а р алатын* (Маң., Маңғ.).

ДОЙЫР ҚАМШЫ (Рес., Сарат.) ат қамшы. *Д о й ы р қ а м ш ы н ы атқа мінген кісі ұстайды* (Рес., Сарат.).

ДОҚА (Талд., Панф.) жалғыз өгіз жегетін мойынтұрық.

ДОҚАБА (Жамб., Жуа.; Шымк., Кел.) түкті барқыт. *Кісілерге д о қ а б а м е н тыстаған жастық тастады* (Шымк., Кел.). *Сайлардың бетегелі бұлымдары бір жері тақыр, бір жері ашақ, жасыл тозған д о қ а б а д а й* (Ш. Мұрт., 41-ж. кел.). Баркыттың бұл түрін Торғай маңының қазақтары *бұлыш, бұзау жалаған* деп атайды. **О**ңтүстік өңірдің көп жерінде бұл сөз *догада* деген нұсқада айтылады.

ДОҚ ҚЫЛУ (Жамб., Тал.; Тәж.) дікілдеу, қоқандау, бүйрық қылу. *Жұрсең д о қ қ ы л м а й жайыңа жұр* (Жамб., Тал.).

ДОҚТАУ (Тәж.) қорқыту, қоқан-лоқы жасау.

ДОЛАЙЫМ (Маң.: Маңғ., Шевч.) толайым, түгелімен, сыпыра. *Шапқан шопті жел д о л а й ы м ұшырып әкетіпті* (Маң., Маңғ.).

ДОЛАН[1] (Қост., **О**б.) сөзге орашолақ, шоркақ. *Азамат сөзге, әзілге д о л а н, құлық білмейтін олақ керінді* (Б. Майл., Шығ., V, 79).

ДОЛАН[2] (Қарақ.) шұлғау жасайтын мықты ақ мата.

ДОЛАН ТОПШЫ (Сем., Ұрж.; ҚХР) қарағаш тәрізді ағаштың бір түрі. *Көктерек шатыда д о л а н т о п ш ы көп өседі – д о л а н топ ш ы н ы көргің келсе, сонда бар* (Сем., Ұрж.).

ДОЛАҢ (Қост.: Жанг., Торғ., Об.; Көкш.) **1.** топас (адам туралы). *Сенің айтып отырғаның – бір д о л а ң адам гой деймін* (Қост., Жанг.). **2.** қолапайсыз, икемге көнбейтін. *Анау өгіз д о л а ң мал – бұрылуының өзі қиын* (Қост., Об.). *Ол д о л а ң адам еді* (Көкш.).

ДОЛАП (Өзб., Ташк.) намысшыл, дөң мінез. *Болат, Болат, Болат, Сен бір жұрген д о л а п, Сен жұлқынып кеткенде, Қорага қойық толат* (Алтыбашпай өлеңінен).

[Тәжікше *дулоб* у-шулы, топаланшыл (Тад.-рус. сл., 1954)].

ДОЛАУ (Қ.орда, Қарм.) долы, ызақор, ашушаң. *Ол жігітің бір д о л а у қатынға кез болыпты гой* (Қ.орда, Қарм.).

ДОЛДАЙ (МХР) толқыма, тайсалақ, тұраксыз (мінез). *Айтан сөзге тұрмайтын д о л д а й кісі екенсің* (МХР).

ДОЛЕНЕ (Ауғ.; Ир.) долана.

ДОЛҰРУ[1] (Маң., Маңғ.) ызалану, ашуға булығу, долдану. *Негып д о л ұ р ұ п отыр өзі* (Маң., Маңғ.). *Шақар адамдардың әбден амалы таусылғанда қатынша д о л ы р ы п, өз шаштарын өздері жұла беретін әдеті емес пе?* (Ә. Кекіл., Үркер, 305).

ДОЛҰРУ[2] (Қост., Жанг.) ісіну, қызарыну, домбығу. *Жылағаннан беті-аузы д о л ұ р ы п ісіп кеткен* (Қост., Жанг.).

ДОЛЫ[1] (Шымк.: Сайр., Қызылқ., Түлк.; Қар., Қарқ.; Жезқ., Ағад.; Жамб., Шу) бұршақ, қатты дауыл араласқан жаңбыр, қара нөсер. *Биыл бір мәрте д о л ы жұрді* (Шымк., Сайр.). *Егінді д о л ы ұрған жоқ* (Жамб., Шу). *Д о л ы жұріп егінді ұрып кетті* (Қар., Қарқ.).

ДОЛЫ[2] (Маң.: Маңғ., Шевч.; Ақт.: Ырғ., Шалқ.; Түрікм.: Красн., Небид.) құдықтың өлі балшығын сыртқа шығаруға арналған теріден, қалын матадан жасалған ыдыс. *Шымырауды түбіндегі балшықты сыртқа д о л ы м е н шығарамыз. Д о л ы н ы ң арқаны шығырға ілініп, оны түйемен тартады* (Маң., Маңғ.). Қ. долық[1].

ДОЛЫҚ[1] (Қ.орда, Арал) шыңырау құдықтың лай, батпағын арылту үшін қолданылатын қай, ыдыс. *Шыңырау құдықтан д о л ы қ п е н лай шығарып, судың бетін аштық* (Қ.орда, Арал). Қ. долы[2].

ДОЛЫҚ[2] (Сем.: Абай, Ақс., Көкп., Шүб.) бәйге атының желігі. *Аттың д о л ы г ы н шығарайын деп едім* (Сем., Абай).

ДОЛЫҚ[3] (Ақт., Жүр.) сазды, батпақ жер.

ДОЛЫҚ[4] (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жезөкше, жәлеп (әйел туралы). *Бұрын бір д о л ы қ қ а кез болып, кейін әйел алмай қойды* (Түрікм., Тедж.).

ДОЛЫҚ[5] (Талд., Ақсу) ашу, ыза. *Долданған д о л ы г ы ң а шыдай алмай, Алдыңда үріккен қойдай дүркіресін* («Лен. жолы», 942, №18).

ДОЛЫЛАУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) құдықтың түбіндегі өлі балшықты долымен (қ.) тазалау. *Шымырауды кеше гана д о л ы л а п болдың* (Маң., Маңғ.).

ДОМ (Шымк., Қызылқ.) шыбықтан тоқылып, үстіне тор құрылған құрал, ау. *Д о м д ы биіктеу жерге құрып, қырғи аулаймыз* (Шымк., Қызылқ.).

ДОМАЛАҚ БАС [БИДАЙ] (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) дәні домалақ болып келетін бидайдың бір түрі.

ЖАДЫРА 1. (Гур., Тең.) балық аулайтын аудың түрі. *Кең ж а д ы р а м е н қарағозді аулауға болмайды* (Гур., Тең.). *Михаил Иванович пен Айдынгали төменгі арқанына тас, жоғаргы арқанына қозы байланған кең козді ж а д ы р а н ы үкіге тастауға кірісті* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 44). **2.** (Гур., Маңғ.) ау торының шашағы, үзіндісі. *Теңіздегі балықшылар ж а д ы р а н ы суға салып, қайта алып, суымен беті-қолын жуады. Басы шашақты ж а д ы р а н ы құман орнына пайдаланады. Әлгі қол жуған шашақ ж а д ы р а н ы ң үзіндісі екен* (С. Мұқ., Саяхат., 204).

ЖАЗАБА (ҚХР) қырсық, пәле.

ЖАЗА ЖҮКТЕУ (МХР) жаза тарту. *Осындай ж а з а ж ү к т е г е н әйелдердің аудандысы жалған материал жинап, пенсияға шыққан 50-70 жас аралығындағы қарт аналар* («Ж. өмір», 23.03.1987).

ЖАЗАЙЫМ (Қ.орда, Арал) жаза, айып. *Айтқанда орындамадың деп бізге де ж а з а й ы м салады* (Қ.орда, Арал).

ЖАЗА КӨРУ (Түрікм.: Красн., Таш., Небид.) жаза беру, шара қолдану. *Еңбек тәртібін бұзушыларға ж а з а к ө р і л с і н* (Түрікм., Красн.).

ЖАЗАМ (ҚХР) талма ауру.

ЖАЗАҢ (Жамб., Шу, Сем., Абай) жазық. *Қалбағайлы болғанда бел амыртқасы ж а з а ң болып келеді* (Жамб., Шу). *Ералы қорығы – ж а з а ң жер* (Сем., Абай). *Өзекше шолтаң етіп тез тауысылды да, Нұржан ж а з а ң ғ а шықты* (Б.Соқп., Жекпе-жек, 166).

ЖАЗ[А] ҰРУ (Алм., Кет.) жаза басу, дәл түспеу. *Бірақт кейде тұлхіге ж а з а ұ р а д ы* (Алм., Кет.).

ЖАЗБАЛАЙ СӨГІС (Орал, Чап.) жазбаша сөгіс. *Біреуге ж а з б а л а й с ө г і с б е р д і* (Орал, Чап.).

ЖАЗБАЛЫ (Орал, Каз.) жазулы, жазылған. *Мына ж а з б а л ы қағазды жыртып қоя жаздадым* (Орал, Каз.).

ЖАЗҒЫЛЫҚ (Акт., Ырғ., Рес., Орын.) жаз, жаздығүні. *Ж а з ғ ы л ы қ қ а ақша үй артық қой, ауасы жақсы* (Акт., Ырғ.). *Ж а з ғ ы л ы қ т а да, қысқылықта да мал сойылмай тұрмайды* (Рес., Орын.). *Ж а з ғ ы л ы қ т а қырық күн шілде болады* (Рес., Орын.).

ЖАЗҒЫР (Орал, Каз.) жазғыш. *Өзі сондай ж а з ғ ы р а қ адам еді* (Орал, Каз.).

ЖАЗДАУ (Қарақ.) *жайлау, жаздығүні отыратын мекен, тұрақ, мал жайылымы. Біздің ел қазір ж а з д а у ғ а келіп қонды* (Қарақ.).

ЖАЗДЫ (Гур., Бақс.) *жаздау. Ой, құлап қала ж а з д ы ң гой* (Гур., Бақс.).

ЖАЗДЫҚ (Гур., Есб.) *жаз, жаздығүні. Ж а з д ы қ қ а күн ыссы бола берсе жұмыс жасала ма? Жантайып жатып көп іштім, ж а з д ы қ т ы ң шалшық көлінен* (Махамбет, 42).

ЖАЗИРА (Ауғ.; Ир.) дала, құрлық жер.

ЖАЗМЫШ (Алм., Шел.) *өуелде, жазуда. Қыпчақ чалға ж а з м ы ш т а бала болмаған екен дескеді* (Алм., Шел.). *Мәңгілік күлкі дірілдеп, жайлап қана гүл атты. Ал одан соң газиз жан оқыды өз ж а з м ы ш ы н* (Қ. Аманж., 2 т., 518).

ЖАЗТҰРЫМ (Сем., Аяг.) жазғытұрым. *Ж а з т ұ р ы м Бақанас өзені тартылады* (Сем., Аяг.).

ЖАЗУ (Орал, Орда) жаю, нан жаю. *Балам, жебеулетіп* (к.) *інқәл ж а з ы п жібер* (Орал, Орда).

ЖАЗУ-БҰЗУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Мары, Таш.) жазу-сызу. *Ол әйел ж а з у-б ұ з у д ы білмейді* (Түрікм., Ашх.). *Бұл жұмысты менің әйелім істесін, ж а з у-б ұ з у есептерін өзім жазармын* («Жұм-шы», 19.08.1954).

[Түрікменше *bozmak* сызу, өшіру (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ЖАЗУЫР (МХР) жалпақ пышақ.

ЖАЗЫ[1] (МХР) жұқа фанерадан жасалған беті әйнектелген рама. *Сурет ілуге арналған ж а з ы екен* (МХР).

ЖАЗЫ[2] (Гур., Маңғ.) жалғыз өркеш түйеге салынатын, арасына қоға салып тіккен заат.

ЖАЗЫ[3] (ҚХР) кең дала. *Ж а з ы д а мал іздеген қазақтың басы қайда қалмаған* (Шалкиіз).

ЖАЗЫ АҒАШ [жазы ағаш] (Қ.орда, Жал.) жазыны түйе үстіне берік орналастыру үшін, түйе өркешінің алдыңғы және соңғы жағынан қаусырмалап байлаңыстырып және жазының айыл-құрларын (жіптен иірген тарпа) түйенің бауырынан екі қатар айқастыра байлайтын, жазының жоғары жиегіне жақын орналастырылған кетпен саптай екі кесек ағаш.

ЖАЗЫ АҒАШТЫҢ БАС ЖІБІ (Қ.орда, Жал.) екі жазы ағаштың басын екі жақ ұшынан керіп жерінен байлайтын, тұсаудан жіңішкерек жіп.

ЖАЗЫҚ ӨРКЕШ (Қ.орда, Қарм.) аяқталған нәрлардың сәл ғана дөнестеу болып, қолымен жымдасып кететін өркешгерінің түрі.

ЖАЗЫЛАУ//ЖАДЫЛАУ (Қ.орда, Арал) түйені мінуге немесе жүк артуға әзірлеу үшін,

оның үстіне арнайы дайындалған жазы (жады) салу.

ЖАЗЫЛМЫШ (Қост., Семиоз.) жазылған. *Өмір адамға бір-ақ рет беріледі, бәрі де маңдайға ж а з ы л м ы ш* (Қост., Семиоз.).

ЖАЗЫЛЫ//ЖАДЫЛЫ (Қ.орда, Қарм.) үстінде жазысы бар түйе.

ЖАЗЫЛЫСУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) бірбірімен ашылып әңгіме айту, сырласу. *Біз сенбеген кісіге ж а з ы л ы с ы п әңгіме айтпаймыз* (Түрікм., Таш.).

ЖАЗЫНЫҢ ЖОНДЫҒЫ (Қ.орда, Қарм.) жазының жазы ағашынан жоғары, айнала үстіңгі жиегі, арқалығы. *Ж а з ы н ы ң ж о н д ы ғ ы – түйе арқалығына, өркешіне лайықталып жасалады* (Қ.орда, Қарм.).

ЖАЗЫП ҚҰЮ (Орал, Жән.) үйге келген қонаққа ең соңғы рет сый аяқ, сый шәй құю. *Қонақтың шығыаягына шайды ж а з ы п қ ұ й* (Орал, Жән.).

ЖАЗЫСЫ ЖОҒАРЫ (ҚХР) төкаппар, менменшіл.

ЖАЙ (Шымк., Мақт.; Түрікм.: Мары, Таш.; Қарақ.) үй. *Бір өзіме бір ж а й ы м бар* (Шымк., Мақт.). *Осы ж а й д ы соңғы екі жылдықта салдым* (Түрікм., Таш.). *Біраздан кейін күн ысып кеткен соң, ж а й г а кіріп отырдық* (Түрікм., Мары). *Оның ж а й ы үлкен бе екен* (Қарақ.). *Бес қат ж а й д ы ң қабырғасы тездікпен тұргызылып та болды* (Түрікм., Таш.). *Кино ж а й ы н ы ң сыртында біреу көрінді* (Түрікм., Таш.). *Тоқпай мен Қамқа коп әңгіменің басын шалып, ж а й л а р ы н а қайтысты* (F. Сл., Дөң. асқ., 68).

[Өзбекше жой үй (Узб.-рус. сл., 1959)].

ЖАЙБАҒЫС (Сем., Абай) онімсіз іс-әрекет. *Шырағым, мынауың ж а й б а ғ ы с қой* (Сем., Абай).

ЖАЙБАР[1] (Шығ. Қаз.: Күрш., Глуб.) мықты, зор, жойқын. *Ж а й б а р жігіт* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Осы күні елде ж а й б а р жігіттер өте көп* (Шығ. Қаз., Глуб.)

ЖАЙБАР[2] (Шымк., Қызылқ.) бөгде, колденең. *Өзіңді де жа й б а р адамға санаймын* (Шымк., Қызылқ.).

ЖАЙБАР СУ (Қ.орда: Сыр., Арал) есік алдындағы мал ішуге ыңғайлы жадағай жердің суы. *Жаз мал осы ж а й б а р с у д а н ішеді* (Қ.орда, Сыр.).

ЖАЙБАРСУ (Шығ. Қаз., Күрш.) мықтысыну. *Сен, байқа, ж а й б а р с ы м а* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ЖАЙ БАСТЫРУ (Өзб., Там.) үйдің төбесін жабу.

ЖАЙБАТ (Жамб., Шу) жазық, жайдақ. *Судың анау ж а й б а т жеріне түселік* (Жамб., Шу).

ЖАЙБЫРАҚАТТАНУ (МХР) жайбарақаттану, жайлану, бейғамдану. *Жамырағаннан кейін мал ж а й б ы р а қ а т т а н ы п, жайыла бастады* («Ж. өмір», 21.05.1987).

ЖАЙҒАУ (Жамб., Қорд.; Алм.: Кег., Шел.) жиыстыру, жинау. *Қалқам, үй-ішін ж а й ғ а п жіберші, мына қонақ баламен әңгімелесейін* (Алм., Кег.). *Сен, үйдің ішін ж а й ғ а* (Жамб., Қорд.).

ЖАЙҒАСТЫРУ (Шығ. Қаз., Марқ.) жиыстыру, реттеу, орналастыру. *Біз далаға шығып келгенше тосек-орынды ж а й ғ а с т ы р ы п қой* (Шығ. Қаз., Марқ.).

ЖАЙДАҚ АРБА (Қар., Нүра) қорапсыз арба. *Қорабын алып тастап Бұзаубақ ж а й д а қ а р б а ғ а торы шолақ атты жекті* (С. Сейф., Шығ., 4 т., 152). *Торы шолақ атқа жеккен ж а й д а қ а р б а м е н итектеп, белестен қара жолмен асып, Бұзаубақ, Хасендер жатаққа келгенде, құрым қостан домбырасын устап Сәтпай шықты* (С. Сейф., Шыг., 4 т., 155). *Ауылнай жақын ауылдың әйелдеріне де хабар айтқан екен, коріксіз ж а й д а қ а р б а ғ а тиеле мініп, шағаладай болып әйелдер де келе жатыр* (Б. Маіил., Шыг., 1 т., 148).

ЖАЙДАҚ ЕР (Түрікм., Нсбид.) басы доңгеленіп келген ер түрі, әскери ер.

ЖАЙДАҚ ҚОРА (Шымк.: Түлк., Сайр.) қотан, жазда қой жататын тобесі ашық қора. *Қой жаздыгүні ж а й д а қ қ о р а д а жатады* (Шымк., Сайр.).

ЖАЙДАҚ НАРҒА ТЕРІС МІНГІЗУ (Қ.орда: Арал, Қарм.) түйе үстіндегілердің семья басшысы, нардай азаматы қайтыс болғанын таныту дәстүрі. Ертеде түйе үстіндегілер әйел-қыздар болса, олар жоқтау айтуға тиіс. Дәстүр бойынша мұндай қаралыларға ешкім соқтыкпау, тимеу салты болған.

ЖАЙДАҚ ОТ (Гур., Шев.) киіз үйге, далаға жағатын ошақсыз от. *Ж а й д а қ о т т ы тұтандыру керек* (Гур., Шев.).

ЖАЙДАҚ ШАМ (Орал: Чап., Жымп.; Рес., Орын.; Түрікм., Небид.) лампасыз шам.

ЖАЙДАҚ ШАНА 1. (Ақт., Алға; Рес., Орын.) қанатты шана, қалқанды шана. *Ж а й д а қ ш а н а м е н шоп тасимыз* (Рес., Орын.). *Ж а й д а қ ш а н а н ы ң үстіне көніртіп шөп тосесек мамыққа бергісіз болады* (Б. Майл., Шыг., 256). *Көлігі жоқ, жіп жетекті қанатсыз ж а й д а қ ш а н а. Шананың үстіне киізге тапжылмастай орап тастаған кемпір* (F. Муст., Дау. кейін, 227). **2.** (Рес., Омбы) қорабы

жоқ шаиа. *Жайдақ шанамен шөп тасимыз* (Рес., Омбы).

ЖАЙДАҚ ШЫРА (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.; Қарақ.) пияласыз керосин шамы, лампасыз шам. *Дәлізге жайдақ шыра жағып қойың* (Түрікм., Таш.).

ЖАЙДАР (ҚХР) садақ оғының бір түрі.

ЖАЙДАРЫ[1] (Гур., Маңғ.) саудагер, ел аралап сауда жасайтын адам. *Бұрын бұл елге Түрікпеннен, Қарақалпақтан жайдарылар келулі* (Гур., Маңғ.).

ЖАЙДАРЫ[2] (Қарақ.) тарының бір түрі. *Еккен жайдарым өзір бас алып тұратын* (Қарақ.).

ЖАЙДАРЫ[3] (Шымк., Лен.) жай.

ЖАЙДАРЫ БИДАЙ (Гур., Шевч.) былтырғы салған бидайдың орнына шыққан бидай. *Биыл жайдары бидайдың өзі салған бидайдан кем емес* (Гур., Шевч.).

ЖАЙДАРЫ ҒОЗА (Өзб., Там.) түбіттері қатты қоза түрі. *Орта Азияда жайдары ғоза егіліп келген* (Өзб., Там.).

ЖАЙДЫҢ ТЫРНАҒЫ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) үйдің ірге тасы. *Көне уақытта қазақтар жайдың тырнағы сыз-ақ сала беретін* (Түрікм., Таш.).

ЖАЙ ЖАСТЫҚ (Рес., Омбы) бір кісілік жастық.

ЖАЙҚАҚ ҚАҒУ (Шығ. Қаз., Больш.) жайқақтау. *Біз келсек, ол елдің арасында жайқақ қағып жүр* (Шығ. Қаз., Больш.).

ЖАЙҚАП-ЖАЙЛАП (Гур., Маңғ.) жайлап. *Жөкең жайқап-жайлап қыдырып жүр* (Гур., Маңғ.).

ЖАЙҚАР (Қост., Жанг.) жайдары, ақ көңіл, жақсы. *Жайқар мінезді болсаң, сені кім болса да жақсы көреді* (Қост., Жанг.).

ЖАЙҚАРДАЙ (Гур., Маңғ.) сеп-семіз. *Жайқардай болып алып, өзің орын да бергің келмейді гой, тұр былай, ана қонақ балаға орын бер* (Гур., Маңғ.).

ЖАЙҚАРЫСУ (Қост., Жанг.) жуып-шаю. *Келмегеніңе сылтау тауып, жайқарысымай-ақ қой* (Қост., Жанг.).

ЖАЙҚЫН (Рес., Омбы) су жайылған жер.

ЖАЙЛАҚ (Сем., Аяг.; Тау., Қош.; МХР) жайдақ. *Сол аяғын сылтып басатын үкірдай, қираңдап үйден шыққан бойы босағада сүйеулі бақанды алып, жайлақ атқа ұмтылды* (С. Тәу., Арм. тау, 77).

ЖАЙЛАҚ ҚОРА (МХР) ашық қора, қамауы жоқ қора.

ЖАЙЛАҚТАНУ (МХР) жайдақтану, тегістелу. *Ол жар жайлақтанып, құз құлағанша моңкитін жылқы* (МХР).

ЖАЙЛАҚТАТУ (МХР) 1. жайдақтату, тегістету. 2. жұмсарту. *Тек көшіп қонған етек басты, тіршілікпен қат-қабат өмірдің арпалысында жүріп ықуатын таппағандық қой – деп сөз аягын түйетайды етіп, жайлақтатпақ болды* (С. Тәу., Арм. тау, 122).

ЖАЙЛАНҒАН ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) көп мініс көрген, шаруашылыққа көп пайдаланылған түйе.

ЖАЙЛАУ (Түрікм.: Таш., Мары, Ашх.) орналастыру. *Іс адамдарын бір жерге жайлаң* (Түрікм., Мары).

[Түрікменше *жайламақ* (Туркм.-рус. сл., 1956); өзб. *жойлоштирмок* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ЖАЙЛАУЛАУ (Жамб., Мер.) жайлап отыру, жайлау. *Осы жайлауда жайлаулаған да Сыпатайдың аулына үш мың жылқы бітіпті* (Жамб., Мер.).

ЖАЙЛАУЫШ (Өзб., Там.) қой жаюға не түйені айдауға мінетін түйе.

ЖАЙЛЫ-ЖАЙЫНДА (Қ.орда, Арал) жайында.

ЖАЙМА[1] (Орал, Казт.) үйге төсейтін немесе түсқа үстайтын үлкен кілем. *Жердің беті турленіп, қызыл жайма жайғандай құлпырады* (Орал, Казт.).

ЖАЙМА[2] (Қост., Торғ.; Қарақ.) дастарқан. *Дастарқанды бұрын жайма дейтін едік* (Қост., Торғ.). *Жайманың жаны тағам гой* (Қарақ.).

ЖАЙМА[3] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) кішкене қап. *Бір батпан ұнға жайма да жарамай ма?* (Түрікм., Красн.).

ЖАЙМА[4] 1. (Сем.: Мақ., Аяг.; Ауғ.; Ир.) етке салатын нан. 2. (Қарақ.) майға пісірілген нан. *Неше жайма пісірдің?* (Қарақ.). 3. (МХР) қамырдың, нанның бір жаюға арналған бөлігі. 4. (Көкш., Еңб.) шелпек. Кісі қайтыс болып, ас пісіргенде жұқа қылып майға пісірілген шелпек.

ЖАЙМА[5] (Орал: Жән., Орда) төсекше, қонаққа арналған төсеніш. *Жайма салып, көпшік қойып қарсы ал* (Орал, Жән.). *Қонақтың астына жайманы сілкіп салыңдар* (Орал, Жән.).

ЖАЙМА[6] (Гур., Маңғ.) түйе өркешінің арт жағы. *Түйенің жайма сына мінуге болады* (Гур., Маңғ.).

ЖАЙМА ЗОРАТ (Ақт., Ойыл) бастары түйістіріліп жайып тастаған, орылған тары. *Жайма зорат әбден кепкен соң ғана жиылады* (Ақт., Ойыл).

ЖАЙМА ҚАП (Түрікм., Небид.) түйенің екі жағына екі кап артқанда, соның ортасын тегістеу үшін салынатын кіші қап.

ЖАЙМАҚЫ (Гур., Маңг.) тегіс жер. *Жаймақы жер* (Гур., Маңг.).

ЖАЙМА НАН[1] **1.** (Көкш., Қ.ту; Жезқ., Ағад.; Қост., Фед.; Павл., Ерт.) етке салатын нан. *Біздің үйдің ішіне үш жайма нан жетеді* (Қост., Фед). **2.** (Көкш.: Щуч., Еңб.) жұқа етіп жайып, майға пісірген шелпек. *Жайма нанды ас бергенде жасайды* (Көкш., Щуч.). **3.** (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) тандырға пісірген нан. *Шайға жаңа ғана піскен жайма нан турады* (Түрікм., Таш.). **4.** (Ауғ.; Ир.) май қоспай, қазанға жапқан нан. *Жайма нанды қабаттап орап жейді* (Ир.).

ЖАЙМА НАН[2] (Жамб.: Мер., Луг.) нанды жайып, үзіп-үзіп салып жасаған тамақ түрі.

ЖАЙНАЛУ (Көкш., Қ.ту) жайлану. *Шырағым, дем ал, жайнал* (Көкш., Қ.ту).

ЖАЙПАҚ ТАБАН ҚАЗАҚЫ ЕТІК (МХР) табаны тегіс, жайпақ болып тігілген етік түрі. *Жігіттің үстіндегі қой терісі тоны мен тысы тұте-тұте болып, жүні жабағыланған тұлкі тымағы, аягындағы жайпақ табан қазақы етігі аязға төтеп бере алмай сөгіліп бара жатқандай сезіледі* (М. Құл., Таңд. шығ., 9).

ЖАЙПАҢ (ҚХР) жылпос. *Назымның құдай жайпаң жеңгелері* (Қамбар батыр).

ЖАЙПАСЫЛ (Рес., Орын.) наурыз айының ескіше аты.

ЖАЙРА Қ. тағылан.

ЖАЙРАТУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж.) жария ету, жариялау, әйгілеу. *Атағыңды жайратам дейді бала* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *яйрамак* (Туркм.-рус. сл., 1956)].

ЖАЙСАҢ[1] **1.** (Қост., Об.) ел жақсысы, төре, ақсүйек. *Ол бұрын жайсаң жігіт болған. Жәнібек батыр қалмақтың жайсаңының үйіне кетіпті* (Қост., Об.). **2.** (Тау., Қош.) болыс. *Баягыда Абдолла жайсаң мен Алтайдың Сама жайсаңы бір-бірімен айтысып, тартысып жүреді* (Тау., Қош.).

ЖАЙСАҢ[2] (Сем.: Ақс., Көкп., Шүб.) малдың суаты ретінде пайдаланылатын жайылған су, айдын көл. *Малды жайсаңға апар* (Сем., Ақс.).

ЖАЙСАҢ[3] (Қ.орда, Арал) керемет, аса жақсы. *Мына бір етік аса жайсаң тігілген нәсте екен* (Қ.орда, Арал).

ЖАЙТ (Гур., Есб.) жай. *Сол өзің көрген жайтта жүріп жатырмыз* (Гур., Есб.).

ЖАЙ ТАБАН ЕТІК (Қост., Жанг.) үлтармалы етік, қайымалы етік. *Бір қысқа бір жай табан етік шыдайды* (Қост., Жанг.). *Киімі тым нашар, жай табан етігінің басы қайқайып шанаша сүйретіліп жүр* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 279). *Төрге таман тонының екі өңірі дамып, жай табан етігінің басы қайқайып, бір жігіт шалқасынан жатып, домбыра тартып жатыр* (Б. Майл., Шығ., 5, 125).

ЖАЙ-ТҮЙ (Орал, Орда) жай-күй. *Шарқатпен жай-тұй сұрасқаннан кейін шайлауға кірдік* (Орал, Орда). *Совхоздың жай-тұйі жақсы* (Орал, Орда).

ЖАЙ ТҮСУ (Түрікм., Красн.) найзағай түсу. *Колхоздың мал қорасына жай түсіп, үш-төрт бас малы шығын болып еді* (Түрікм., Красн.).

ЖАЙТЫНДА (Талд., Ксрб.) жайында. *Бүгін еңбек болу жайтында баяндама болады* (Талд., Керб.).

ЖАЙУАТ[1] (Қар., Тельм.) жай. *Ол аягын жайуат басып үйге кірді* (Қар., Тельм.). *Қолына ұстай кірген хатының хабары бүкіл Спасты дүрліктірерлік екен, тіпті жайуат естіртппті* (F. Мүст., Коз кор., 163). *Келісімен шешініп, киімдерін жайып, болған оқиғаны баяндап, жайуат отырғанда даладан тосын дауыс естілді* (F. Мүст., Дау. кейін, 32).

ЖАЙУАТ[2] (Шымк.: Түлк., Сайр.) өткел, судың таяздау жері. *Сайрам суында бірнеше жайуат бар* (Шымк., Түлк.).

ЖАЙ ШӨП (Алм., Жам.) қолдан еккен шоп. *Жай шөптің онімі де, сапасы да жабайы шөптен артық* (Алм., Жам.).

ЖАЙШЫДА (Қ.орда, Арал) бірге, бірден. *Қасқыр мерген жайшыда олген, көзі тоймастар дегеннен өлген* (Қ.орда, Арал).

ЖАЙШЫЛЫҚ (Гур., Маңг.) жай, жер. *Оның баратын жайшылығы осы* (Гур., Маңг.).

ЖАЙЫҚ (ҚХР) тұрақсыз, түрлаусыз, солқылдақ.

ЖАЙЫЛТУ (МХР) жаю, жайылымға жаю. *Малды кешкі торт сағаттан кештірмей күніне бір рет суғызу, сауыннан кейін қозыларды жамыратып, қайтадан кешкі өріске шығарып жайылту...* («Ж. өмір», 13.06.1983). *Бұл кезде күндегі мал жамырайтын жерге 1-2 рет жайылты п желінінде қалған сүтін сарқып сауып алса, келесі жыл сүт шығымы да жақсы* («Ж. өмір», 21.05.1987).

ЖАЙЫЛЫС (Орал, Жән.; Акт., Ойыл; Гур., Маңг.) жайылым. *Қой Ойылдан отіп қашады, жайылысқа кеткісі кеп* (Ақт., Ойыл). *Мақсұт, жайылыс тағы аттарды айдап келіп, қонаққа ат ұстап бер* (Орал, Жән.).

ЖАЙЫМ[1] (Гур., Маңг.) киіз үй керегесінің бір бөлегі, қанаты. *Бес жайым үйім бар еді, соған бір жайым қосып едім, үйім кеңейіп кетті* (Гур., Маңг.).

ЖАЙЫМ[2] (Рес., Омбы) етке салу үшін дайындап койған кесек қамыр. *Бүгінге үш жайым да жетеді* (Рес., Омбы).

ЖАЙЫН 1. (Гур., Бақс.; Қ.орда, Арал) жай, бос. *Ол уақытта бұндай жұмыс жоқ, жай ын нәрсе гой* (Қ.орда, Арал). *Комсомол цйымы жайын жастар мен комсомолдардан екі звено құрган* (Қ, орда, Арал). **2.** (МХР) тыныш, жайымен. *«Жау шапты!», «Ұры өкетті!», «Аттан-аттан!» деп қиқулаган цнапақ-сапақ мезгілде атой салган цранды дауыс жайын жатқан елді дүр сілкіндірді* (С. Тәу., Арм. тау, 76). *Бұл орыс жайын жатпай Қытай, Монголда несі бар?* (С. Тәу., Арм. тау, 107).

ЖАЙЫН БЕРУ 1. (Гур., Шевч.) ас беру. 2. (Гур., Шевч.) той жасау.

ЖАЙЫН ЖАСТАР (Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту) жай жастар. *Ардақты жолдастар және жайын жастар! Қабырга газеті шыгып тұру үшін комсомолдар мен жайын жастардың цзбей хабар жазып тұрулары керек* (ҚД, 124).

ЖАЙЫН ЖҰМЫС (Шыг. Каз., Больш.; Тау., Қош.) жай жұмыс, кара жұмыс. *Мен жайын жұмыстың адамымын гой* (Тау., Қош.).

ЖАЙЫР (КХР) башпай мен табан аралығындағы буын.

ЖАКІР (Гур., Манғ.) екі-үш ау сайын тасталып отыратын салмақты ауыр тас не темір. *Жакірдің жібі цзын, мол болады* (Гур., Манғ.). Орысша *якорь*.

ЖАҚ (Көкш., Қ.ту) садак. *Жас кезімізде жақ тартып ойнайтынбыз* (Көкш., Қ.ту).

ЖАҚ АЙҚАСТЫРМАУ (КХР) қинау, киын жағдайға түсіру.

ЖАҚАМАУ (МХР) жактырмау, жаратпау, ұнатпау. *Орекең біздің сауалымызды жақамаган дай сәл цнсіз қалды* («Ж. өмір», 26.07.1987). *Осындай бір томага-тұйық томырайган жандарды Раушан тосыннан жақамаушыеді* (А. А., Сүй. мен., 60). *Келінніқ балалы болуын кейбір күндес абысын-ажындар жақамайды* (Б. Кәм., Мон. каз. салтдәс., 30). *Үй иесі қонақты жақамай, жағын таянып, цнсіз отырып алды* («Шұгыла», 1992, №4, 96). – *Коммунистер қайрымды қатынасты жақамайтының білмедік мырза. Гоминдан окіметінің заңы бойынша сұрақ алуга, анкета толтыруга тура келді* («Шұгыла», 1992, №2, 68).

ЖАҚАПТАСУ (Тау., Қош.) жақындасу, сөйлесу, дидарласу. *Сен онымен жақаптасып қалыпсың гой* (Тау., Қош.).

ЖАҚАТ (Алм., Шел.) пайда, табыс, кіріс. *Огородымыздан жақат биыл көп түсті. Колхоз егісінен жақат көп* (Алм., Шел.).

ЖАҚЖАҚ (Қ.орда: Қарм., Жал.; Акт., Жұр.) тіс түбінің ауруы. *Тісім жақжақпен ауырып тұр* (Қ.орда, Қарм.). *Бұрынгы кезде жақжақты жасыл жер деген дәрімен жазатын* (Акт., Жұр.).

ЖАҚЖҰТЫ ЖАЙЛАУ (КХР) қуаншылық болу, жұт жайлау, қатты қуаншылық болу.

ЖАҚЖҰТЫ ҚЫЛУ (КХР) қинау, киын жағдайға түсіру.

ЖАҚ КІРІСІП АШПАУ (КХР) сөйлемеу, үндемеу, лем-мим демеу.

ЖАҚЛАР (Қарак.) жақтар. *Жаңагы қошқарлар бір жақлардан демде жетіп келеді* (Карак.).

ЖАҚСЫ ӨРДІҢІЗДЕР МЕ? (Гур., Есб.) жақсы жатып, жай тұрдыңыздар ма?

ЖАҚСЫ СӨЗ АЙТУ (КХР) көңіл айту, көніл жұбатарлық жұбаныш сөз айту.

ЖАҚТА (КХР) сөнді киімдердің жауырынына сыртынан жүргізілген иініш тәрізді накышты нәрсе.

ЖАҚТАН (Қост., Жанг.; Қ.орда, Қарм.) сыртын былгарымен каптаган сандыкша, бұйым салатын ыдыс. *Жақтанга салган киім-кешек таза тұрады* (Қост., Жанг.). *Бұл күнде жақтан сирек кездеседі* (Қ.орда, Қарм.). К. **жағылан.**

ЖАҚТАУ[1] (Гур., Бақс.) жақындау. *Жанына жақтат келді де: «Сен жұбан», – деді* (Гур., Бақс.).

ЖАҚТАУ[2] **1.** (Түрікм., Небид.) ердің екі капталы. **2.** (МХР) жүгенің екі жак тұсынан жүргізілген қайысы, бөлігі.

ЖАҚТАУ[3] **1.** (Орал, Чап.; Көкш.: Шуч., Енб., Қ.ту) есіктің, терезенің кәшелі. *Бұл саган жақтау жасауга жарамайды* (Көкш., Шуч.). *Мариям жүзі күрылданып терезенің жақтауына сүйенді* (Б. Майл., Шың., 5 т., 82). **2.** (Қар., Нұра) арбаның қазығы. *Аудан шеттің салмагы арбаны да қисайтып, бір жақтауы артқы доңгелекке тиіп-тиіп кетеді* (Ғ. Мұст., Дау. кейін, 161).

ЖАҚТАУ[4] (Карак.) қорғау. *Диссертацияны жақтау қашан?* (Карак.).

ЖАҚЫ 1. (Алм., Шел.; Жамб.: Шу, Мер., Корд.) құлын терісінен істелген, түпін сыртына каратып жасаган киім. *Бұрын бірешер жақы киетін еді* (Жамб., Корд.). **2.** (Жамб.: Шу, Мер., Корд.) тай терісінен жасалган төрге төсейтін төсеніш. **3.** (Қ.орда, Арал) жарғақ терідеи істелген киім. *Жақы көбінесе құлын, тай*

терісінен істеледі (Қ.орда, Арал). 4. (Ауғ.; Ир.) жабағы.

ЖАҚЫН-ЖАНАП (Орал, Казт.) туысқан, аталас, сүйек шатыс. *Мынау бір біздің ж а қ ы н-ж а н а п еді, көзің қырын сала жүр* (Орал, Казт.). *Өзінің айналасына ж а қ ы н-ж а н а б ы н... жинап... отырған* («Ж. жол», 22.10.1937, №84).

ЖАҚЫТ (Қ.орда, Арал) жағдай. *Қонсаңдар да, жүрсеңдер де ж а қ ы т т а р ы ң а қараңдар* (Қ.орда, Арал).

ЖАЛ[1] (Тау., Қош.) жалақы, еңбекақы. *Сен маған баягыдағы ж а л ы м д ы бер* (Тау., Қош.).

ЖАЛ[2] (Шығ. Қаз., Күрш.) үймек, үйінді. *Бүгін бір ж а л тезек үйдік* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ЖАЛ[3] (Қост.: Фед., Семиоз.; Көкш., Қ.ту) шала жыртылған жер. *Соқашылар ж а л қалдырып жыртыпты* (Көкш., Қ.ту).

ЖАЛ[4] (ҚХР) 1. жалған. *Ұқпадым деп айтпа ж а л* (Шәкәрім). 2. амал, айла. *Балта шапқанша, дөңбек ж а л табады* (Мақал).

ЖАЛА АУДАРУ (ҚХР) жабылған жаладан, тағылған қылмыстан ақтау.

ЖАЛАҚ (Сем.: Абай, Ақс., Кокп.; Шығ. Қаз.: Қатон., Глуб.) ащылы сортаң жер. *Мал ж а л а қ қ а ширілді* (Сем., Абай). *Ж а л а қ жер ащылы болады* (Шығ. Қаз., Қатон.).

ЖАЛА ҚОЮ (Тау., Қош.) жала жабу. *Ол Асқарға ж а л а қ о й ы п т ы* (Тау., Қош.).

ЖАЛАМАҚ быламық (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАЛАМАТ (Қост., Об.) ботқа, қою көже. *Келін, балаға мына ж а л а м а т т а н құйып берсеңші, ішсін* (Қост., Об.).

ЖАЛАМАТҚА (Қост.: Семиоз., Фед.) сүтке үн салып, қант қосып пісірген үн көже сияқты ас.

ЖАЛАМЫҚ[1] (Көкш.: Еңб., Щуч.; Орал, Чап.; Гур., Есб.; Түрікм., Небид.) сүт, майды үнмен араластырып, сұйықтау етіп жасаған тағам. *Ж а л а м ы қ қ а қант қосып та пісіреді* (Орал, Чап.). *Ж а л а м ы қ манная каша тәрізді болады* (Түрікм., Небид.).

ЖАЛАМЫҚ[2] (Гур., Есб.) малдың жарасын емдейтін ащы шоптен қайнатып жасайтын дәрі. *Адыраспанды қайнатып ж а л а м ы қ жасадым да соны жақтым, жарасы қазір жазылайын деді* (Гур., Есб.).

ЖАЛАМЫР (Жамб.: Жам., Жуа.) қытымыр. *Аспан ашық болып тұрса да, ж а л а м ы р суық бар* (Ш. Мүрт., Инт. наны).

ЖАЛАҢ[1] (Ақт., Ырғ.) арқалық, шығырдың үстіне салған салдау. *Суоқтың* (к.) *бір жағын ж а л а ң ағашқа бекітеді* (Ақт., Ырғ.). *Ж а л а ң д ы жуан ағаштан жасайды* (Ақт., Ырғ.).

ЖАЛАҢ[2] (Сем., Абай) жаландаған, жалмандаған. *Ол бір ж а л а ң бай болатын* (Сем., Абай).

ЖАЛАҢ[3] (Рес., Омбы) ақылы жер. *Ж а л а ң д а ешнәрсе өнбейді* (Рес., Омбы).

ЖАЛАҢ[4] (ҚХР) қылыштың ауыр түрі.

ЖАЛАҢ АҒАШ (Қ.орда, Арал) шығырдың арқалығы, әуіттің үстін ала салынатын бөлігі.

ЖАЛАҢАШ (Рес., Омбы) ашық қора. *Малды ж а л а ң а ш қ а қамаңдар* (Рес., Омбы).

ЖАЛАҢҚАБАТ ШАПАН (МХР) ішіне жабағы, жүн салмаған астарлы шапан.

ЖАЛАҢҚАЙ (Жамб.: Шу, Луг.) тақыр. *Қаланың алды ж а л а ң қ а й, бетке ұстар бір бұта я бір жылға жоқ* («Соц. ең.», 1941, №99).

ЖАЛАҢҚАТ[1] (Жамб.: Жуа., Жам.) жартымсыз. *Ташкентке түнде түңғыш рет ж а л а ң қ а т жұқалаң қар жауып, арты қалың тұманға айналған* (Ш. Мүрт., Жүлд. көп.).

ЖАЛАҢҚАТ[2] (Гур., Маңғ.) жалаң-қабат. *Киген тоның ж а л а ң қ а т, Ыскатта бар саламат* (Ақтан., Құнанторыс).

ЖАЛАҢҚАЯ (Шымк., Арыс) суық, бұрқасын кез. *Былтырғы ж а л а ң қ а я кезінде малдарымыз жаман жүдеді* (Шымк., Арыс).

ЖАЛАҢҚИЯ[1] (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары) сұрқия, сұм. *Бұлардың көбі ж а л а ң қ и я келеді* (Түрікм., Таш.).

[Қаракалпакша *жалаңқая* (Карак.-рус. сл., 1958); *өсекшіл, жалдап* (М. Қашк., III, 382)].

ЖАЛАҢҚИЯ[2] (ҚХР) тақыр тау. *Ж а л а ң қ и я жартаста тартты көкпар* (ҚХР).

ЖАЛАС 1. (Ақт., Шалқ.; Гур., Маңғ.) жал, таудың қыры, жота, белес. *Анау көрінген ж а л а с т ы ң ар жағында* (Ақт., Шалқ.). 2. (ҚХР) қырқа, қыркашық.

ЖАЛАТАЙ 1. (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал; Қарақ.) жылпос, өтірікші, алдамшы. *Ол жүрген бір ж а л а т а й гой* (Гур., Маңғ.). *Соны қойшы, бір ж а л а т а й адам гой* (Қ.орда, Арал). 2. (Өзб., Там.) оркөкірек. 3. (Өзб., Там.) бұзық.

ЖАЛАТАЙШЫЛЫҚ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) азғындық, сұм, алаяқтық. *Мен бір ертерек ж а л а т а й ш ы л ы қ жасаған адам гой* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *жалатай* баскесер, алаяқ, ел кезер (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *жалатай* алаяқ (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЖАЛАУЛАТУ (Қост., Жанг.) лаулату. *Жаңыл отты ж а л а у л а т ы п қатты жақты* (Қост., Жанг.).

ЖАЛАУЫРЫН (Қост., Жанг.) жалақы, еңбекақы. *Біз колхозда ж а л а у ы р ы н алып істемейміз, еңбеккүн аламыз* (Қост., Жанг.).

ЖАЛБА (Қ.орда, Арал) ескі-күсқы. *Жалба теруге адам барып құрым киіз, көр-жер жинап қайтты* (Қ.орда, Арал).

ЖАЛБАҒАЙ (Көкш.: Щуч., Еңб.) күн етпеу үшін немесе масадан қорғану үшін істелген бас киім, күлепара. *Көшпесе өлісер жеріміз осы болды! – дейді де жалбағайдың бауын тас қып байлап алды* (**F.** Мүсір., Оян. өлке, 99). *Григорий Ильич пен басқа шахтерлердің үстерінде жалбағайын кейін қайырған, дербес жұмыс киімдері бар* (А. Фад., Жас гв., 27).

ЖАЛБАЙ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Қост.: Торғ., Жанг., Фед., Семиоз.; Рес, Орын.) тымақтын немесе бөріктің сыртынан киетін жалаңқабат бас киім, жалбағай, күләпара. *Бөркімнің сыртынан жалбайымды кимесем, бүгін күн суық екен* (Қост., Жанг.). *Жалбай – ыстықта киюге рақат киім* (Қ.орда, Сыр.). *Бұл күнде жалбай кию сиреп барады* (Қост., Семиоз.). *Басындағы жалбайы милықтанып, буы бұрқырып терлеп, ентіккендей болып тұрды* (**Б.** Майл., Шығ., 3 т., 152). *Жалбайының артьі жалбаңдап, тепек жортысқа салып Жанбикенің кошінен отіп жоней берді* (**Б.** Майл., Шығ., 5 т., 188).

ЖАЛБАС (МХР) жалды, жалы мол, жалы күзелмеген. *Жалы жер сызған жалбас жуан жирен айғыр үйірінен сытыла шығып бұның қасынан шаңға коміп оте берді* (Церендор. Е. ул., 23). *Арқан бойы алда келе жатқан Серікболдың астындағы жалбас торы бір нәрседен секем алғандай құлағын тігіп елең ете қалды* (М. Күл., Таңд. шығ., 30). *Ермек түнде жылқы күзетіне мінген жалбас қаракерді күн шыға жылқыны бие бауға әкелісімен кермеге жайлақтап байлап салатын. – Ермек үйқысын қандырып оянған кезде жалбас қаракер де кермеде үйықтап тыныгып алады. – Ермек жалбас қаракерін сылап-сылап жүгенін сыпырды да бос қоя беріп үйге оралды* (М. Күл., Таңд. шығ., 80).

ЖАЛБЫЗБАЛАНЫП ТҰРУ (Шығ. Қаз., Больш.) үзілгелі, түскелі тұру, жалбырап тұру.

ЖАЛБЫЗБАЛАП (Шығ. Қаз., Тарб.) ептеп, аздан. *Жалбызбалап өңгімені айтып отырмын* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ЖАЛБЫР БУРА (Қ.орда, Арал) жүндес келген, шудалары шұбатылған, жасы толысқан таза нәсілді келеге түсетін еркек айыр түйе. *Мұны бір жерлерде жалбыр бура десе, Сыр, Арал бойының, Ақтөбе, Орталық Қазақстан қарттары жампоз бура деседі* (Қ.орда, Арал).

ЖАЛҒАН ҚОРА (Қост., Семиоз.) лапас. *Жалған қорадан отын әкелсеңші* (Қост., Семиоз.).

ЖАЛҒАНТЫС (Гур., Мақат; Қ.орда, Қарм.; Ақт., Алға; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.; Рес., Орын.) жадағай, күләпара, астарсыз, тымақ сыртынан киетін бас киім. *Басына жалғанты сыңды кисеңші* (Гур., Маңғ.). *Бір жалғанты с керек-ақ* (Түрікм., Красн.). *Қыста тымақ сыртынан жалғанты с киеміз* (Рес., Орын.).

ЖАЛҒАС (Рес., Орын.) тете. *Менімен жалғас інім уапат болды* (Рес., Орын.).

ЖАЛҒАСПАУ (МХР) үқсамау, сай келмеу. *Семей мен Ақжайық дәстүрі бір-біріне жалғаспайды* (МХР).

ЖАЛҒАСТЫРУ БАЗАСЫ (МХР) байланыстыру базасы. *Цагаанну жалғастыру базасының шаруашылық бөлімшесі МХРП XIX съезі шешімдерін жүзеге асыруда біршама істер атқарды* («Ж. өмір», 23.03.1987).

ЖАЛҒАСТЫРЫЛУ (МХР) байланыс жасау. *Сонымен қатар сұмындық партия, әкімшілік, бұқаралық ұйымдарға жалғастырылып, жұмыс ұйымдастырады* («Үгітші», 1987, №3, 13).

ЖАЛҒАСУ (Алм., Кег.) жолығу, байланысу. *Сіздер Бақытбекке жалгастыңыздарма?* (Алм., Кег.).

ЖАЛҒАУ (МХР) байланыс жасау. *Бастық таңданған қалпы дереу телефон жалгап әлде біреумен сөйлесіп кетті* (А. А., Сүй. мен., 67).

ЖАЛҒЫЗ ҚАЗЫҚ (Қост., Жанг.) тік ін. *Ат торт аягын жалгыз қазыққа сұғып алды* (Қост., Жанг.).

ЖАЛҒЫЗ ХАН (Қар.: Қарқ., Нұра, Егін.) ойын аты. *Жалгыз хан ойынын жастар ойнайды* (Қар., Егін.). *Ахмадия өзінің әдетінше күліп жалтаңқырап қалды. «Жалгыз хан ойнап отыр едік» деді. «Жалгыз хан?», қой «Жалгыз ханды «тұтпай» ойнайық* (С. Сейф., Шығ., 5 т., 152).

ЖАЛДАС (Қ.орда, Арал) жалды, жалы мол.

ЖАЛДАУ (Қост., Жанг.) жүзу, малту. *Сен мен құсап жалдай алмайды екенсің* (Қост., Жанг.).

ЖАЛ ЕТУ (Шымк., Арыс) жалға жүру, жалданып жұмыс істеу. *Бұрын ол көп жыл жалет кен* (Шымк., Арыс).

ЖАЛ-ЖҰҒЫНЫ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) жал-құйрығы. *Атыңыздың жал-жүгыны өте сирек екен* (Шығ. Қаз., Больш.). *Мынау атыңыздың жал-жүгыны неге өспей қалған* (Тау., Қош.).

ЖАЛҚҰН жалтыр, жалтыраған (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАЛҚЫҚ (Алм.: Шел., Кег., Еңб. қаз.; Жамб.: Шу, Мер., Луг., Жуа.) жалқыаяқ, кабыну салдарынан денеде пайда болатын сұйық зат. *Денесі ақ ж а л қ ы қ болып кетіпті* (Алм., Шел.). *Қойдың бас қуысындағы кеңсірік құрттары бұзылған тканьдармен, сөлмен және қабынғаннан пайда болған ж а л қ ы қ т а р м е н қоректенеді* (Х. Қаш., Қой. кеңс.). *Су жалап жатқан жасыл оңезді ж а л қ ы қ үстінде бұтына іші өтіп кеткен баладай екі көзі бақырайып, көккасқа семіз бақалар отыр* (Ш. Мұрт., 41 ж. кел.).

ЖАЛҚЫЛДАУ (Қ.орда, Арал) қоңыр қызыл түспен тұтасқан түрде қызару (күренденген түспен). *Шығыс жақ тұнгі бір орттің керемет сәулесі тұскендей ж а л қ ы л д а п қызарған* (Ә. Нүрп., Курл., 67).

ЖАЛҚЫН[1] (Қарақ.) жантақ шөп.

ЖАЛҚЫН[2] жалын (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАЛҚЫНДЫ (Қост., Фед.) жалынды. *Жас жүректің ж а л қ ы н д ы көп тілегі, Жарамдысын сенен қалап тіледі* (Б. Майл., 2 т., 245).

ЖАЛМАН[1] (Рес., Орын.) жылқы ауруы. *Ж а л м а н м е н ауырған жылқы шоп шайнай алмайды* (Рес., Орын.).

ЖАЛМАН[2] (Гур., Маңғ.) қанжардың басы. *Қолындағы жеке ауыздың ж а л м а н ы н ы ң ұзындығы бір қарыстай* (Гур., Маңғ.).

ЖАЛМАН[3] (ҚХР) жүз, бет, әлпет. *Ж а л м а н ы н а н тұсті.*

ЖАЛМАН ЖАПЫРАҚ (Орал, Қара.) ащылы жерге шығатын жапырактардың бір түрі.

ЖАЛМАН ҚАРМАҚ (ҚХР) балық шығып кетпей ілініп қалу үшін кармақтың ұшына қарама-қарсы қайырып жасалатын қармақ түрі.

ЖАЛМАНҚҰЛАҚ 1. (Алм., Жам.; Жамб.: Шу, Мер.; Сем.: Үрж., Аяг.) ащылы, сор жерге шығатын жапырақты шөп. *Ж а л м а н қ ұ л а қ қыста да құрамайды* (Алм., Жам.). *Ж а л м а н қ ұ л а қ т ы түйе, ешкі сүйсініп жейді* (Жамб., Шу). **2.** (Қ.орда, Арал) майда жапырақты, сор жердің айналасына шығатын атжалманның құлағы сияқты, қой, түйе жейтін есімдік.

ЖАЛМЫТ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) ашқарақ, қомағай, ашкөз. *Ж а л м ы т боп жалмандай беруге болмайды* (Тау., Қош.).

ЖАЛПАҚ (Рес., Орын.) бір жайым нан. *Бір ж а л п а қ нан жайып салдық деп айтамыз* (Рес., Орын.).

ЖАЛПАҚАЙ (МХР) жалпақтау. *Құлынембестің басы ж а л п а қ а й жұмыр келеді* (МХР).

ЖАЛПАҚБАС (Гур., Шев.) кесірткенің бір түрі. *Ж а л п а қ б а с құмда көп болады* (Гур., Шев.).

ЖАЛПАҚ ЕГЕУ (МХР) қыры жоқ, тегіс егеу.

ЖАЛПАҚ НАН 1. (Ақт., Алға; Рес., Орын.) ашытпай жұқалау етіп қазанға майсыз пісірген нан. **2.** (Жезқ.: Жез., Ұлы.) майға пісірген жұқа нан. **3.** (Қост., Жітік.) етке салатын нан, жайған қамыр. *Етке аздап ж а л п а қ н а н салса, сорпасы дәмді болады* (Қост., Жітік.).

ЖАЛПАҚ ПЕШ (Қар., Нұра) бөлме ортасына салынатын пеш.

ЖАЛ ПЕШ (Қар.: Нұра, Тельм.) үйді екіге бөліп тұратын, үй ортасына салынатын пештің бір түрі. *Шымнан жасалған, ортасын аласа ж а л п е ш п е н бөлген екі бөлме* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 427). *Ортасынан ж а л п е ш п е н бөлген екі бөлмелі үйдің төргі кең бөлмесінде, пештің түбінде бұқ тұсіп жатқан Сапар басын котерді* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 180). *Әсия ауыз үй, төр үйге қатар жарық болсын деп, шамды ж а л п е ш т і ң орта тұсындағы тесік ұяға қойды да, столды жинады* (М. Мағ., Кок кеп., 63).

ЖАЛПОЗ[1] (Қ.орда, Арал; Қарақ.) ат жабуы. Көбінесе ескі ау торынан жасайды. *Аттың ж а л п о з ы болса, оның маңайында маса, сона аз болады* (Қ.орда, Арал).

ЖАЛПОЗ[2] (Алм., Жам.) желқом ер, жауыр атка салатын ер. *Бұрын жауыр малды ж а л п о з д а п мінетін* (Алм., Жам.).

ЖАЛПОШ (Жамб., Шу) маса, сонасы көп жерде атқа жабатын жабу. Аттың мойнын, бауырын тұтас жауып тұратын жабу. *Жазда маса, сона көп бөлганда атты ж а л п о ш т а п мінеді* (Жамб., Шу).

ЖАЛПОШ КЕЖІМ (Жамб., Мойын.) аттың басына, мойнына кигізетін жабудың (жалпоштың) болігі.

ЖАЛПУЫШ (Қ.орда: Жал., Сыр.; Қост., Об.; Ақт., Тем.; Өзб., Там.) аттың жабуы. *Аттың ж а л п у ы ш ы н орнектеп тігетін салты да бар* (Қ.орда, Сыр.). *Ж а л п у ы ш жарасқан ат қазықта тұр* (Өзб., Там.).

ЖАЛПЫЛДАҚ[1] (Қ.орда, Арал) түйе түлігінің бота мен тайлақ арасындағы кезі. *Ж а л п ы л д а қ қамыс артқан енесімен барып қыстауға жетті* (Қ.орда, Арал).

ЖАЛПЫЛДАҚ[2] (Рес., Орын.) шымылдық басындағы желбірегі. *Мынаны бізде шымылдықтың ж а л п ы л д а г ы дейді, сіздерде қалай?* (Рес., Орын.).

ЖАЛПЫЛДАҚ[3] (Рес., Орын.) лампасыз шам. *Ж а л п ы л д а қ шам қазір жоқ* (Рес., Орын.). **Қ. жалпылдақ шам.**

ЖАЛПЫЛДАҚ[4] (Гур., Бақс.) киіз үйдің ортасына жағылатын от. *Шырақ, ж а л п ы л д а қ тұтата қойшы, үйдегі маса шықсын* (Гур., Бақс.).

ЖАЛПЫЛДАҚ[5] (Шымк., Түлк.; Алм., Шел.) лапылдап тез жанатын өсімдік. *Қамыс, жантақ, үпелек тәрізді тез жанатын өсімдіктер ж а л п ы л д а қ деп аталады* (Шымк., Түлк.).

ЖАЛПЫЛДАҚ ШАМ (Қост., Жітік.; Орал: Чап., Жымп.; Рес., Орын.) лампасыз шам. *Шамның шілтері сынып қалып ж а л п ы л д а қ ш а м жағып отырмыз* (Қост., Жітік.).

ЖАЛПЫЛДАУЫҚ (Алм.: Шел., Жам.; Қарақ.) жануы, сонуі тез, жылыту қуаты шамалы отын. *Қога, қамыс тәрізді отындарды ж а л п ы л д а у ы қ дейміз* (Алм., Шел.).

ЖАЛПЫНШАҚ (Қарақ.) аттың үстіне жабатын жабу, сырттық. *Аттың үстіндегі ж а л п ы н ш а ғ ы н алып озін отқа қой* (Қарақ.).

ЖАЛПЫСЫ (МХР) **1.** барлығы. **2.** небәрі. *Қазір ж а л п ы с ы 1687 шаршы метр алаңы бар сауда дүкендері көбінесе ауыл еңбекшілеріне, малшыларға қызмет етуге міндетті жүзден астам агент, он бір автодүкен жұмыстауда* («Ж. омір», 7.08.1985).

ЖАЛ-СУ (Ақт., Шалқ.) жал. *Атының ж а л-с у ы төуір корінеді* (Ақт., Шалқ.).

ЖАЛТ (Орал: Чап., Жымп.; Қ.орда, Арал; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары; Қарақ.) найзағай. *Алдымен ж а л т жиілеп, аспан күркіреді де, жауын құйып-құйып кетті* (Түрікм., Красн.).

ЖАЛ ТАБУ (ҚХР) себеп көрсету, жалтарып кету, құтылып кету.

ЖАЛТАЙ (ҚХР) табан балықтың ұсағы.

ЖАЛТАЛАҚТАУ (Сем.: Көкп., Ақс.) жалтақтау. *Ол артына қарай ж а л т а л а қ т а й берді* (Сем., Көкп.).

ЖАЛ-ТАМЫР (Қ.орда, Арал) жал. *Ақтаның ж а л-т а м ы р ы бар, күйлі мал* (Қ.орда, Арал).

ЖАЛТ ОЙНАУ (Қ.орда, Арал; Гур.: Есб., Маңғ.; Түрікм., Красн.) найзағай жарқылдау, найзағай ойнау. *Қалың бұлт көтеріліп ж а л т о й н а й бастады* (Қ.орда, Арал). *Бүгін күн ж а л т о й н а п тур екен гой, тегі күн жауар* (Қ.орда, Арал). *Далаға шыға келсем, ж а л т о й н а п тур екен* (Гур., Есб.). *Күн күркіреп ж а л т о й н а д ы* (Гур., Маңғ.). *Кешке қарай аспан түнеріп, қайта-қайта ж а л т о й н а й бастады* (Түрікм., Красн.).

ЖАЛТЫР[1] (Қарақ.) найзағай. *Ж а л т ы р ойнап, жауын жаугалы тұрыпты* (Қарақ.).

ЖАЛТЫР[2] (Жезқ., Ұлы.) тегіс. *Ж а л т ы р жермен кесілтіп шауып келемін* (Жезқ., Ұлы.).

ЖАЛТЫРАУЫҚ (Гур., Маңғ.) балық аулау үшін ақ қаңылтырдан балық тәріздес етіп жасаған құрал. *Ж а л т ы р а у ы қ ойнатқанда шортан, жайын қабады* (Гур., Маңғ.).

ЖАЛШУ (Өзб.) жару, қақ белу. *Мынаны сен ал да, ж а л ш а гой* (Өзб., Там.).

ЖАЛШЫМАУ (Шымк., Мақт.; Өзб., Ташк.; Алм., Шел.) жарымау. *Агашқа ж а л ш ы м а й д ы екенбіз* (Шымк., Мақт.). *Уста пышаққа ж а л ш ы м а й д ы* (Өзб., Ташк.).

ЖАЛШЫМДЫ (Өзб.) жартымды. *Биыл аралар ж а л ш ы м д ы әсел бермеді* (Өзб.).

ЖАЛЫ ЕНУ (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) жал біту, жалдану. *Тор аттың ж а л ы е н г е н екен* (Гур., Маңғ.). *Сөйтіп ол жігіттің ж а л ы е н і п, қазір кісі танымастай өзгеріп кетті* (Түрікм., Красн.).

ЖАЛЫН (МХР) бет қаратпай қатты соғып тұратын жел. *Ж а л ы н жоталы жерде, сайдың ішінде үскірік жүрген жердегі болатын жел* (МХР).

ЖАМ[1] **1.** (Шымк.: Қызылқ., Шәу.) табақ, ыдыс. *Ет салатын шұңғылдау ыдысты ж а м дейміз* (Шымк., Қызылқ.). **2.** (Шымк.: Түлк., Сайр.; Жамб., Жам.; Қ.орда, Қарм.) леген, шылапшын, кірлен. *Ж а м д ы тамға енгізіп қой* (Шымк., Сайр.). *Ж а м қайда? әкел, мейман қол жусын* (Жамб., Жам.). *Ж а м г а қол жуды* (Қ.орда, Қарм.).

ЖАМ[2] (Жамб.: Жам., Шу) қызылшаның жарамсыз қалдығы. *Қызылша егетін колхоздарда ж а м көп, оны текке қалдырмайды, пайдаланады* (Жамб., Жам.).

ЖАМ[3] (Рес., Орын.) ру, ата. *Жағалбайлы бірнеше ж а м г а бөлінеді. Малатау жеті ж а м болады: бір ж а м ы – Шұбар, екінші ж а м ы – Буқар осы жерге орналасқан* (Рес., Орын.).

ЖАМ[4] (Гур.: Маңғ., Тең.) теңіздің терең, өзек жерлері. *Тымық күндері де ж а м н ы ң беті толқып жатады* (Гур., Маңғ.). *Теңізде балықтар ж а м г а жатады да, қыстығуні өзенге қарай өріп шығады* (Гур., Тең.).

ЖАМ[5] (Қост., Семиоз.) үйінді, бопыр, боқтық.

ЖАМ[6] (Шымк., Түркіс.) барлық. *Ж а м әулие жиналдық, басты болып Арыстан боп* (Шымк., Түркіс.).

ЖАМ[7] (ҚХР) айна сияқты зат.

ЖАМАҒАТ (Орал, Жән.) әйел. *Сіздің ж а м а г а т ы ң ы з үйде ме екен? Дүкеннен ж а м а г а т ы м а лайықты мата алдым* (Орал, Жән.).

ЖАМАҚ (Жамб., Жам.) жамау. *Етіктің бұрынғы ж а м а ғ ы тозған* (Жамб., Жам.).

ЖАМАЛДАТ[1] (Түрікм., Красн.) түйе ауруы. *Түйе ж а м а л д а т п е н ауырғанда бұрынғы кезде қойымшылыққа, әулиеге тұнететін. Әулиеден қайтарда екі жағынан от жағып, тұз сеуіп аластатады* (Түрікм., Красн.).

ЖАМАЛДАТ[2] **1.** (Жамб.: Жуа., Шу, Мер., Луг., Қорд.; Қ.орда: Қарм., Арал; Орал, Орда; Гур., Есб.) жылқы ауруы. *Бұрын ж а м а л д а т болған жылқының ісігін сылып тастап, кенепті суға салып тартып жазып алатын* (Орал, Орда). *Жылқының ж а м а л д а т ы, қойдың топаланы сияқты гой* (Гур., Есб.). **2.** (Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Гур., Есб.; Ауғ.; Ир.) аттың алқымы ісіп ауыруы. *Жылқы ж а м а л д а т ы п тұр* (Гур., Есб.).

ЖАМАЛДАТҚЫР (Түрікм., Красн.) туйеге, жылқыға айтылатын қарғыс. *Ырқына көнбей қойған түйені* ол *«Ой, ж а м а л д а т қ ы р» деп неше түрлі созбен сыбап алатын* (Түрікм., Красн.).

ЖАМАЛЫ (Шымк., Арыс) түрі, өңі. *Ж а м а л ы жақсы қыз* (Шымк., Арыс).

ЖАМАН АУРУ (Қ.орда, Арал) алапес ауруы. *Нұртуған ж а м а н а у р у м е н ауырып үш жыл оңаша жатқан* (Қ.орда, Арал).

ЖАМАНДАРҒА (Жамб., Красн.) жамандауға. *Оны олай ж а м а н д а р ғ а болмайды, қолынан келгенін істеп жүр гой* (Жамб., Красн.).

ЖАМАНДАП ТҰЮ (Сем., Кокп.) айыптау, қаралап сөйлеу. *Сот процесінде прокурор ол туралы ж а м а н д а п т ұ й д і* (Сем., Көкп.).

ЖАМАН-ЖҰТЫҚ (Сем., Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) жаман-жәутік, нашар. *Қыстан малдың ж а м а н - ж ұ т ы ғ ы да аман шықты* (Шығ. Қаз., Больш.).

ЖАМАСЫП ЖҮРУ (Сем.: Абай, Шүб.) жанасып жүру.

ЖАМБАҚЫ (Алм.: Еңб. қаз., Шел., Талғ.) ұры. *Ж а м б а қ ы адам баласына жақсылық істемейді* (Алм., Еңб. каз.).

ЖАМБАР (Қост., Торғ.) жақын, туыс.

ЖАМБАРЛАСУ (Қост., Жанг.) жарамсақтану. *Ол кездегі жасауылдар бай, болыс, билерге ж а м б а р л а с ы п жүрді гой* (Қост., Жанг.).

ЖАМБАР ТАРТУ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал.; Қост., Жанг.) жақын тарту, туыс көру. *Бастықтың ж а м б а р т а р т а т ы н жақындары көп* (Қ.орда, Сыр.). *Ол Марияшты ж а м б а р т а р т т ы* (Қост., Жанг.). **2.** (Қост., Жанг.) жағыну, жарамсақтану. *Бұрынғы кездегі жасауылдар бай, болыс, билерге ж а м б а р т а р т а т ы н* (Қост., Жанг.).

ЖАМБАСЫНА АЛТЫН ЖАМБЫ САЛЫП ЖАТҚАНДАЙ (ҚХР) кенелу, молшылыққа кенелу.

ЖАМБОЗ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) айыр түйе мен лөктен туған түйе тұқымы.

ЖАМБЫЛ (Сем.: Абай, Шүб.; Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) **1.** қорған, үлкен қора. *Кірпіші өте көп, ж а м б ы л соғайын деп пе едің* (Сем., Абай). *Тамдыарал деген жерде үлкен ж а м б ы л бар* (Шығ. Қаз., Зайс.). **2.** түрменің, абақтының сыртынан айлана қоршалатын биік, мықты қорған.

ЖАМБЫЛША (Қарақ.) қауынның бір түрі, әңгелек. *Ж а м б ы л ш а ң д ы мына балаларға сойып бере гой* (Қарақ.).

ЖАМБЫРША (Қ.орда, Арал) қауынның тез пісетін кішкене түрі.

ЖАМҒАРУ (ҚХР) баскару, билеу. *Жалтаң галамды жайып алған азғана созбен ж а м ғ а р у ғ а болмайды* (ҚХР).

ЖАМҒЫР (Түрікм.: Таш., Копеүр.) жауын, жаңбыр. *Биыл жаз бойы бір тамшы ж а м ғ ы р тамбай қойды* (Түрікм., Конеүр.).

ЖАМҒЫР МАНДАМ (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) мандамның бір түрі. *Ж а м ғ ы р м а н д а м д ы емдегенде оны түбінеи қиып, тотияйын себеді* (Жамб., Мер.).

ЖАМИЯ АҒАЙЫН (Қарақ.) жамағайын.

ЖАМКІ (Қ.орда, Қарм.) шок қыскыш, қышқаш. *Ж а м к і н і ң басын мал басып майыстырып кетіпті* (Қ.орда, Қарм.).

ЖАМНАҚ (Ауғ.; Ир.) сүлгінің бір түрі.

ЖАМПОЗ[1] (Орал, Чап.) өткір, алғыр, пысық адам. *Ой, Бәкең деген ж а м п о з адам гой* (Х. Есенж., Ак Жай., 1 т. 281).

ЖАМПОЗ[2] (Ауғ.; Ир.) білімпаз, тілге шешен адам.

ЖАМПОЗ АТАН (Қ.орда, Арал) ақта етілген айыр түйенің бес жастан басталатын атауы. *– Ертеде мыиа шеті – Бұхар, Хиуа, мына жағымыз – Қызылжар, Семей аралығында кілең ж а м п о з а т а н д а р м е н кіре тартушылар коп болатын* (Қ.орда, Арал).

ЖАМПОЗ БОТА (Қ.орда, Арал) жампоз інген мен жампоз бурадан туылған, дене бітімі козге ерекше сезілстін, тік, тең қос өркеш, күс тұмсық, барынша сүйкімді бота. *– Шынын айтсам, біздің фермада ж а м п о з б о т а түгіл жампоз түйе де жоқ. Кәне, өзің танысаң айта гой, мыналардың қайсысын «ж а м п о з б о т а осы» дей аласың?* (Қ.орда, Арал).

ЖАМПОЗ ӨРКЕШ (Қ.орда, Арал) тең оркеш, айырдың жампозы атанатын оркеші. *Жампоз өркештің өзгелерден айырмасы екі оркешінің биіктігі де, жуандығы да бірдей болады және арықтаганда өркештері бір жағыиа қисайып қалмай, сол тік қалпында аласарып оркеш майы өз бойына, қомына таралып, семірсе өркештері биіктеп, қайта теңеледі* (Қ.орда, Арал).

ЖАМПОЗ ІНГЕН (Қ.орда, Арал) бес жастан асқаи таза нәсілді ұрғашы айыр түйенің ең таңдаулысы (күшке де, онімділікке де, мінез бсн жүріске де мақтаулысы).

ЖАМПЫЛДАП ҚАРАУ (Алм., Жам.) жалтақтап карау. *Жампылдап жанжағына қараумен таудан асып кетіпті деседі* (Алм., Жам.).

ЖАМСАТУ (Гур., Есб.) жайрату, жусату, қыру. *Тек атуга мылтық болса, бір кісідей жамсатады* (F. Сл., Шалқ., 100).

ЖАМША (Қарақ.) әңгелек.

ЖАМЫ (Қост., Фед.) шұңқыр. *Силосты жамыга токпей-ақ, жер үстінде де силосовать етуге болады* (Қост., Фед.).

ЖАМЫЛҒЫ (Қарақ.) корпе. *Жамылғыны қалыңдау жамылың* (Қарақ.). Қ. жамылғы көрпе.

ЖАМЫЛҒЫ КӨРПЕ (Гур., Есб.) жамылатын корпе. *Қонаққа басқарма жамылатын жамылғы корпені бер* (Гур., Есб.). Қ. жамылғы.

ЖАМЫЛҒЫШ (Қарақ.) корпе.

ЖАМЫЛШЫ (Гур., Маңғ.) жауында киетін сырт киім, сулық. *Үстіме су өтеді гой десең, жамылшы ки* (Гур., Маңғ.).

ЖАМЫЛЫШ (Көкш., Қ.ту) қысқы үйдің төбесіне, ағаштың үстіне жапқаи шөп, шырпы. *Үйдің жамылышы жабылды, енді топырақ тастау керек* (Кокш., Қ.ту).

ЖАМЫРАТҚЫР (Түрікм., Көнеүр.) құрғыр, солғыр. *Ой, жамыратқыр-ай, енді қайтып орнына келтіреміз* (Түрікм., Конеүр.).

ЖАН АҒАШ 1. (Алм., Жам.; Жамб., Жуа.) жалғыз атты арба мен шананың жетегі. 2. (Орал: Чап., Жымп.) екі мәткенің арасына салатын ағаш. 3. (Гур., Маңғ.) жазының екі жағындағы ұзын ағашы. *Жан агаштың біреуі сынса, жазының қадірі болмайды* (Гур., Маңғ.).

ЖАНАЙДАР (ҚХР) қорғаушы нөкер, оққағар.

ЖАНАМА АРЫҚ (Шымк.: Түлк., Қызылқ.) егін ішіне су жіберетін кішкенө арық. *Жанама арықтың суы егістік жерлерді жанамалап ағады* (Шымк., Түлк.).

ЖАНАМА АТ (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) қызға қалыңмал бергенде, есепті малдан тыс, қыз туыстарына сый етіп берілетін қосымша мал.

ЖАНАМА ЖАҚСЫ (Қ.орда, Шиелі) Қазан төңкерісінен бұрынғы қалың малдың таңдаумен алынатын орта тобы. *Жанама жақсыга бір ат, не бір түйе таңдап алады* (Қ.орда, Шиелі).

ЖАНАН (Жамб.: Мойын., Мер., Луг., Шу, Қорд.) үлкен кесе. *Бір жанан қымыз құйып берді* (Жамб., Шу).

ЖАНАП (Орал, Орда) жақын, жамағайын, туыс. *Менің жанаптарымның бәрі Шоқай айналасында тұрады* (Орал, Орда).

ЖАНАР (ҚХР) қорғаушы нөкер, оққағар.

ЖАНАРЫҚ (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд., Мойын.; Шығ. Қаз., Тарб.) егістік жердегі оқ арықтан оңға, солға тарайтын арықтар. *Жанарық егіске жақын жүреді* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ЖАНАСАЛАП БЕРУ (Шығ. Қаз., Болып.) жанаса беру. *Ол атты кісіге жанасалап берді* (Шығ. Қаз., Болыш.).

ЖАНАСАЛАУ (Сем., Абай; МХР) жанау, жанамалау. *Атылган оқ нысанага тимей жанасалап өтті* (Сем., Абай). *Сармолла өз үйіне апаратын тура жолга түсіп, мешіттің шарбағын күнішығыс жақтан жанасалап жүріп келе жатты* (М. Әу., Абай жолы, II, 464). *Қаламқұл қалар емес, жанасалап тақымдап еріп келеді* (А. А., Сүй. мен., 32).

ЖАНАСТЫРУ (Қ.орда, Арал) 1. түйені түйешінің көмегімен қолдан шағылыстыру. 2. жаңа туған ботаны енесін емуге қолдан ауыздандыру. Төрт түліктің ішінде түйенің төлі өз бетімен енесімен жанаса алмайды. Оның ауызданбақ түгілі өздігінен аяқтанып кетуі де қиын. Оған адам көмектеспей болмайды.

ЖАНАУЫЛ (ҚХР) нөкер, оққағар.

ЖАНБАҒЫС (Алм., Кег.) күнкөріс. *Мен қой бағып жанбагыс етіп отырмын* (Алм., Кег.).

ЖАН БАСУ (ҚХР) болысу, жақтас болу.

ЖАН-ЖҮЙЕГЕ ТІРЕЛУ (ҚХР) жанды жеріне тиетін, жаны қиналатын, өзегін өртейтін, тотенше маңызды.

ЖАНҒА МҰРСА БЕРМЕДІ (Көкш., Еңб.) жанға тыныштық бермеді.

ЖАНҒА ТЕРЕЗЕ ТАПТЫРМАДЫ (Көкш., Қ.ту) тыныштық бермеді.

ЖАНҒЫЗ (Шығ. Қаз., Күрш.) жалғыз. *Жангыз бауырым бар* (Шығ. Қаз., Кур.).

ЖАНДАЙ ҚҰРДАС (Түрікм., Конеүр.) түйдей құрдас, екеуі де бір жылда туған адамдар.

Біз Бекболатпен ж а н д а й қ ұ р д а с п ы з (Түрікм., Көнеүр.).

ЖАНДАМА (Орал: Чап., Жымп.; Түрікм.: Красн., Ашх., Небид.) лақат, қабырдың бір бүйірінен үзын бойына кеулей қазылған қуыс.

ЖАНДАРМА (Қ.орда: Сыр., Жал.) жанама арықтан алынатын кішкене арық. *Ж а н д а р м а н ы байлай тұратын екен* (Қ.орда, Сыр.).

ЖАНДАУ (Жамб., Қорд.) жанау. *Қырғызстанның мал айдағаны көшімізді ж а н д а п өтті* (Жамб., Қорд.).

ЖАНДӘКҰЛ (Жамб., Мойын.) үстара салатын қын. *Ж а н д ә к ұ л ілгеріде болған* (Жамб., Мойын.).

ЖАНДӘСІЛ (Жамб.: Мойын., Шу) баскесер, жан алғыш. *Мынау сенің жаныңда жүрген ж а н д ә с і л көңілі келмеген күн басыңды қағып жүре береді депті* (Жамб., Шу).

ЖАНДЫ БАСШЫЛЫҚ (Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту) тікелей басшылық. *Қатынас болімі жанындағы партия ұйымы бұларға ж а н д ы б а с ш ы л ы қ жасауы керек* (Көкш., Зер.).

ЖАНДЫ ЖҰТҚАН (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) жүрек жүтқан. *Есет ж а н д ы ж ұ т қ а н батыр болған адам* (Түрікм., Красн.).

ЖАНДЫҚ 1. (Қ.орда, Арал; Ақт.: Ойыл, Тем., Қараб.; Орал: Казт., Жән.; Гур.: Бакс., Манғ.; Қост., Жітік.; Рес., Орын.; Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Таш., Мары; Қарақ.) үсақ мал, қой-ешкі. *Ж а н д ы қ дегенді білмейміз, ірі қарамыз ғана бар* (Қ.орда, Арал). *Қанша ж а н д ы қ т а н ұстауға ұлықсат етті?* (Ақт., Тем.). *Соя қоятын ж а н д ы г ы м ы з да болмай отыр* (Ақт., Қараб.). *Тоғыз ж а н д ы қ әкеп еді, соның төртеуін беріп жіберді* (Акт., Ойыл). *Біздің колхоздың меншігінде ж а н д ы қ коп* (Орал, Казт.). *Кейбір колхозшылар ж а н д ы қ т ы сатып та алады* (Орал, Жән.). *Бірақ айтып қой, бие десең бие беремін, түйе десең түйе беремін, екі-үш баланың тәрбиесіне жетерлік ж а н д ы қ бар әзір...* (Х. Есен., Ак Жай., 184). *Елден бөтен ешнәрсеміз жоқ, азынаулақ ж а н д ы г ы м ы з болатын* (Қост., Жітік.). *Бір-екі ж а н д ы г ы м ы з жоқ емес* (Гур., Маңғ.). *Бізде оннан жиырма беске дейін ж а н д ы қ бар* (Рес., Орын.). *Союға бір ж а н д ы қ әкел* (Қарақ.). *Шәбіктің о күндегі дәулері 5-6 ж а н д ы қ бір құлынды бие еді* (F. Сл., Дон ас., 22). *Рас, Қарашаштың бес-алты ж а н д ы г ы бар* (Ж. Нәжім., Ақ шағ., 10). *Қолдарындағы он шақты ж а н д ы қ т ы ң шаруасы әйелінен ауыспайды... азғантай ж а н д ы қ т ы қайырмалап* (Ә. Кекіл., Құс қан., 143). *Ия, әйтеуір бір қажетімізге жаратармыз деп жүрген он шақты ж а н д ы г ы м ы з бар* (Ж. Арыст., Жер үй., 44). 2. (Алм., Жам.) саулық қой, үрғашы қой. *Ж а н д ы қ т а р д ы қосақта, сауайын* (Алм., Жам.).

[Түрікменше *жанлы* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *жанлық* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЖАНДЫ ҚАБАР (Түрікм., Таш.) тслеграмма. *Баламыз осы мейрам алдында барып қалармын деп ж а н д ы қ а б а р жіберіпті* (Түрікм., Таш).

ЖАНДЫ ӨЛТІРУ (Қарақ.) малды сою. *Бір ж а н д ы о л т і р і п, қазанға салып қойыппыз* (Қарақ.).

ЖАНЖАЛ (Қост., Жанг.) шығыршық, есікке құлып салатын ілгек темір, баулық темір, шығыршық. *Мектептің есігінің ж а н ж а л ы әйдік екен* (Қост., Жанг.). Қ. жанжыл.

ЖАНЖЫЛ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Қост., Жанг.) шығыршық, есікке құлып салатын ілгек темір. *Есікке кілтті ж а н ж ы л г а откізіп саламыз* (Қ.орда, Сыр.). *Есігінің ж а н ж ы л ы мықты екен* (Қост., Жанг.). Қ. жанжал.

ЖАНЖЫР (Шымк., Мақт.) шынжыр. *Мынау сақаның ж а н ж ы р ы* (Шымк., Мақт.).

ЖАН ЖІП (Қ.орда, Шиелі) жазы агаштың қақ ортасынан білезіктсп, жазының жондығынан (үстіңгі кенересі) тесін отқізіп, жазыға жазы агашты жапсыра байлайтын не тігетін сырма жіп.

ЖАН КЕЗГЕН ҚУ (Тау., Қош.) қыдырымпаз қу.

ЖАНҚА (ҚХР) ғибадат үйі.

ЖАНҚАЛАҚ (Қост., Семиоз.) тесік ожау, сүзгі. *Жамилаға айт, ж а н қ а л а г ы н уақытша бере тұрсын* (Қост., Семиоз.).

ЖАН ҚУУ (Тау., Қош.) алас үру, жанталасу. *Ол бір ж а н қ у ған бала екен, не болды сонша ж а н қ у ы п* (Тау., Қош.).

ЖАНЛЫҚ (Қарақ.) үсақ мал. Қ. жандық.

ЖАНОЗ (Ақт.: Ойыл, Тем., Шалқ., Жұр., Алға) огіз мойынтұрығының сырт жағындағы жіңішке темірі. *Өгіз қамыттың ж а н о з ы қайда, бері әкел* (Ақт., Шалқ.). *Өгіз жек те ж а н о з ы н тауып сал* (Акт., Жұр.). Қ. жанос.

ЖАНОС (Орал, Орда) мойынтұрықтың темірі. Қ. жаноз.

ЖАНПОЗ (Гур., Маңғ.) кердерінің бір түрі. *Арғымақтан туған қазанат, Шабуыл салса нангысыз. Айырдан туған ж а н п о з бар, Нарға жүгін салғысыз* (Махамбет, 33). Қ. жамбоз.

ЖАНПОЗЫ (Жамб., Шу) өткір, алғыр, пысық. *Ахмет ж а и п о з ы жігіт еді* (Жамб., Шу).

ЖАНСАРЛАТУ (МХР) әлсірету. *Терлікті ж а н с а р л а т у м е н қоймай бірлік-*

ті бұзғың келген екен (М. Құрман., 49). *Доржмен жаулыққа кетіп, жаңа қызған жұмысты жансарлатамын деуге қалай батылың барып жүр* (М. Құрман., 108).

ЖАНСАРЛАУ (Алм., Шел.) қартаю, күші азаю. *Одан бері жансарлап көрідім гой* (Алм., Шел.).

ЖАНСЕБІЛ (Қост., Жанг.) бейнетқор, еңбек сүйгіш. *Қасым нағыз жансебіл, ұзақ күнге шаршамайды* (Қост., Жанг.). *Әуезовтің жаны не деген сірі, жансебіл, төзімі темір, беріктен жаратылған – деп таңқалар еді* («Жұлдыз», 1987, №9).

ЖАН СОЗУ (Қ.орда, Арал) тырысу, бір нәрсеге жетуге жанталасу. *Немістер күн батқанша беріспей, түнге жан созсада, қоршауды бұзып өте алмастай болып еді* (Ә. Нүрп., Курл., 335).

ЖАНТАҚЗАР (Өзб.) жантақ өсетін жер.

ЖАНТАҚЫЛАУ (Жезқ., Ұлы.) тайсалақтау, жұмысты тиіп-қашып істеу. *Жантақылап күн коріп жүр гой* (Жезқ., Ұлы.). Қ. жантақыл ету.

ЖАНТАҚЫЛ ЕТУ (Қост., Жанг.) тиіп-қашу, тайсақтау. *Жантақыл етіп жүр деп, тайсалақтап жұмысты тиіп-қашып істеген адамды айтады* (Қост., Жанг.). Қ. жантақылау.

ЖАНТАРМА ЕТШ ҚОЮ (Қ.орда, Арал) өлікті ақымдап, жандап қою. *Жантарма етіп қойғанда адамды шалқасынан емес, бір қырына бейімдеп қояды* (Қ.орда, Арал).

ЖАН ТАРТТЫ (ҚХР) жақын тартты, бүйрегі бұрылды.

ЖАНТАСУ (Қарақ.) жақындасу. *Жақсыдан адаспа, жаманға жантаспа* (Қарақ.).

ЖАН ТЕРЕЗЕСІ ШЫДАМАУ (Гур., Бақс.) шыдамау, тағат таппау.

ЖАН ТЕРЕЗЕ ТАППАУ (Гур., Бақс.) жан кірерге жер таппау. *Ол бір жан терезе таппай сасып жүрген кез еді* (Гур., Бақс.).

ЖАНТТАУ (Гур., Маңғ.) жақындау, жуық келу. *Қоңыроопа бетке шыға келсем, бір қасқыр күшіктерін ертіп, жалап ішетін суға жанттап келеді* (Гур., Маңғ.).

ЖАНТЫҒЫ ІШІНЕ ТҮСУ (Гур., Бақс.) ыстығы ішіне түсу. *Е, байғұс, жанты гы ішіне түсіп кеткен екен* (Гур., Бақс.).

ЖАНТЫҚ (Қарақ.) жөндік.

ЖАН-ТЫНЫ (Орал, Жөн.) жан-тәні. *Ол өзіне міндеттеген қызметті жан-тынымен атқарады* (Орал, Жөн.).

ЖАНУЫШ 1. (Рес., Орын.) егеу. *Жануышпен шалғы орақ жанады* (Рес., Орын.). **2.** (Сем.: Акс., Кокп., Абай) орақ жанитын қайрақ. *Шөп шабайын, жанушың бар ма* (Сем., Абай). **3.** (Қост., Семиоз.,; МХР) қайрақ. *Күзем кезінде жанушың жаныңда болсын* (Қост., Семиоз.). *Жанушы менде еді оның, соны ізден келеді де* (М. Құрман., 48).

ЖАН ҰРУ (Өзб., Там.) жанын салу, бар мүмкіншілігін пайдалану. *Әрбір науқастанған кісі жан ұрып сырқатына шипа іздейді* (Өзб., Там.).

ЖАНШЫ (Гур., Маңғ.) жансыз, тыңшы.

ЖАН ШЫҒАРАР (Түрікм., Таш.) мал бауыздайтын пышақ. *Ақсақал қойдың аягын буып тастады да, жан шығарарын жаныпжаныпалды* (Түрікм., Таш.).

ЖАНЫҒУ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр.; Гур.: Маңғ., Тең.; Ақт., Қараб.; Орал: Чап., Жымп.; Рес., Орын.) асығу, жанталасу, асып-сасу. *Жаныгып сөйлейді екенсің өзің* (Қ.орда, Арал). *Жаныққан адам. Жанықтырмай отыр* (Гур., Маңғ.). *Несіне жанығамыз, күн ерте гой* (Ақт., Қараб.). *Шай ішкенше жанықтырмай отыр* (Ақт., Қараб.). *Асқар Текеге барам деп жанығып отыр* (Орал, Жымп.). *О, бәрекелді, мынау жанығып жүр екен* (Рес., Орын.). *«Ау, сонша неге жанығасың», – дегендей табақ жалап тойынған бір-екі бордақы шыбын екі құлағына кезек мініп, ызыңдап шықпай қойғаны* (Ә. Кекіл., Құс қан., 289).

ЖАНЫ КЕНЕЛУ (ҚХР) рақаттану, рақатқа бату.

ЖАНЫҚ (Қ.орда, Арал; Орал, Орда) ыстық-суықтан болатын мал ауруы. *Жаныққан малдың жүні түсіп қотыр болады* (Қ.орда, Арал). *Жұмыс аттарының бірі жауыр болса, өзгелері қотыр, жаныққ* (Қ. Қар., Алт. изд., 258). *Жаныққ түйе мен жылқыда гана болады* (Орал, Орда).

ЖАНЫ ҚҰРУ (Шығ. Қаз., Болып.; Тау., Қош.) зәресі үшу, қорқу. *Біліп қоя ма деп оның жаны құрып тур* (Шығ. Қаз., Больш.).

ЖАНЫ ҚЫДЫРУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) жаны шығу. *Мен сол ісін айтқанда, Айтбайдың жаны қыдырып кеткендей болды* (Түрікм., Ашх.). *Баганағы ішкен асының қайда кеткенін білмеймін – деп Судыр Ахмет тастай қараңғы үйде жаныңды дырып, жүгіріп жүр* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 210).

ЖАНЫНАН ҚАСЫМ БОЛУ (ҚХР) жанынан түңілу, жаны түршігу, жаны шошыну.

ЖАНЫНДАЙ ЖАРАТУ (ҚХР) өте жақсы көру, қатты ұнату.

ЖАНЫН ЖАҒУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) ыза қылу, күйдіру. *Мың десе де түсінбей адамның жанын жагады* (Түрікм., Таш.).

ЖАНЫН ЖАЛДАДЫ (ҚХР) бар күшін салды, белгілі іске басын байлады.

ЖАНЫН ҚОЛЫНА ҰСТАУ (ҚХР) қауыпқатерге, басын бәйгеге тігу, өлімге тәуекел ету.

ЖАНЫН ҚОРУ (Сем.: Үрж., Мақ.) жанын сақтау, абайлау. *Ол Асқарға ж а н ы ң д ы қ о р ы деп айтты* (Сем., Үрж.).

ЖАНЫҢ ЖЕРГЕ КІРГІР! (Алм., Жам.) жаның шыққыр. *Неге жылайсың, ж а н ы ң ж е р г е к і р г і р!* (Алм., Жам.).

ЖАНЫ ӨТКІР (Көкш.: Щуч., Еңб.) қажырлы, қайратты, өткір. *Колхоз бастығы ж а н ы ө т к і р адам* (Көкш., Еңб.).

ЖАНЫСТЫРУ (Шығ. Қаз.: Күрш., Гл., Марқ.; Сем., Абай; Тау., Қош.; МХР) шағыстыру, өштестіру, кектестіру. *Біреуді-біреуге ж а н ы с т ы р у – ескі өмірдің қалдығы* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Ол жұртты ж а н ы с т ы р м а й тыныш жүрсін* (Тау., Қош.).

ЖАНЫ ТЕРЕЗЕ ТАБУ (Алм.: Нар., Шел.; Жамб., Шу) жаны жай табу. *Ж а н ы м жаңа ғана т е р е з е т а п т ы ғой* (Алм., Кег.).

ЖАҢ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) 1. қалыпқа салмай жұмарлап соққан ірі кесек, балшық. *Жабық қырманның қабырғасына ж а ң соғып, жаңадан қалап қойдық* (Шығ. Қаз., Зайс.). 2. үйдің, қораның жақ қабырғасы. 3. үйдің қабырғасын соғу үшін байлайтын тақтайы.

ЖАҢ[2] (Қ.орда, Арал) бүркіт ұстауға арналған шаңырақ тәрізді құрал. *Ертеде ж а ң м е н бүркіт ұстайтын* (Қ.орда, Арал).

ЖАҢА ӘЗІРДЕ (Орал: Чап., Жымп.) жаңа ғана. *Ж а ң а ә з і р д е осында жүрген еді* (Орал, Чап.).

ЖАҢАДА (Орал, Жән.) жақында, таяуда.

ЖАҢАДАН (Сем., Аяг.) жаңа. *Мен колхоздан ж а ң а д а н келдім* (Сем., Аяг.).

ЖАҢАЙЛАҚ (Рес., Омбы) жалаң аяқ. *Балалар жаздыгүні ж а ң а й л а қ жүреді, етік керек емес* (Рес., Омбы).

ЖАҢАЛАШ (Алм., Кег.) жаланаш. *Ж а п ж а ң а л а ш ойнап жүрген екі-үш бала көрінді* (Алм., Кег.).

ЖАҢАЛАШ АРПА (Қ.орда, Қарм.) қылықсыз, қабықсыз бидай сияқты арпа. *Ж а ң а л а ш а р п а н ы ертерек кезде ектік біз* (Қ.орда, Қарм.).

ЖАҢАЛАЯҚ (Сем.: Үрж., Мақ.; Көкш., Еңб.) жалаң аяқ. *Балалардың дені ж а ң а л а я қ* (Көкш., Еңб.).

ЖАҢАЛЫҚТА (Орал: Чап., Жән.; Гур.: Есб., Бақс.) жақында, жуықта, таяуда. *Біз мұнда ж а ң а л ы қ т а ғана келдік* (Орал, Чап.). *Жалғыз биесін ж а ң а л ы қ т а сатып жіберді* («Ж. жол», 17.07.1938). *Ж а ң а л ы қ т а мал азығын дайындау туралы тағы да бір қаулы алынды* (Гур., Есб.). *Ж а ң а л ы қ т а ғана қазақша кино болады* (Гур., Бақс.). Қ. жаңылықта.

ЖАҢА ӨСПІРІМ жас өспірім (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАҢАС ҚАЛДЫРУ қалыс қалдыру, есепке алмау. *Жалпы россиялық халық ағарту комиссарияты ағарту жұмыскерлерін молшерлеген уақытқа біздің Ақтөбе мен Қостанай губернасын ж а ң а с қ а л д ы р ы п қойған* («Қыз. Қаз.»).

ЖАҢҒАҚ (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем., Үрж.) есік, терезенің кәсегі. *Есікке ж а ң ғ а қ жасату керек* (Сем., Үрж.).

ЖАҢҒАСТЫРУ (Қост.: Фед., Семиоз.) жалғастыру. *Көк шыбықтармен торлап екі қораны ж а ң ғ а с т ы р д ы қ* (Қост., Фед.).

ЖАҢҒЫЗ ҚАЗЫҚ (Ақт., Жүр.; Жамб.: Шу, Мер.) тышқанның тік іні. *Ат шауып келе жатып ж а ң ғ ы з қ а з ы қ қ а тығып алып аягын сындыратыны жиі кездеседі* (Жамб., Шу).

ЖАҢҒЫРЫ (ҚХР) жазалау құралы.

ЖАҢҒЫРЫҚ[1] (Қост., Торғ.) жастық шақ, жас кез.

ЖАҢҒЫРЫҚ[2] (Орал, Чап.) ағаш жарғанда астына қоятын агаш.

ЖАҢ-ЖҰҢ шаи-шүң (С. Аман., ВДИКЯ). *Жұрт оре түрды, ж а ң-ж ұ ң* (Б. Майл., Шыг., 5 т., 368). *Бірсыпыра ж а ң-ж ұ ң н а н кейін Жасыбайға соз беріледі* (Б. Майл., Шыг., 4 т., 220). *Ж а ң-ж ұ ң дауыс, салдырлаған шелек, бұрқылдап лақтырылған қар* (Б. Майл., Шыг., 4 т., 228).

ЖАҢҚА (Алм., Кег.) қарағай. *Әбіш соққыны* (қ.) *әпкеші, ж а ң қ а н ы жарайын* (Алм., Кег.). *Ж а ң қ а н ы тастай бердім де құнысып, екі бетімді алақанымымен қалқалап, құрысып қалдым* (Б. Соқп., Біз де бал. бол., 60).

ЖАҢҚАЛТА (Алм., Жам.) дорба. *Әкем ж а ң қ а л т а н ы іліп қойған* (Алм., Жам.).

ЖАҢҚАУ-ЖАҢҚАУ БОЛУ (Қ.орда, Қарм.) ұнның жармаланып тартылуы. *Мынау ұн ж а ң қ а у-ж а ң қ а у болып тартылыпты* (Қ.орда, Қарм.).

ЖАҢ ҚҰЛАҚТАНУ (Шығ. Қаз., Больш.) естімегенсу, есті түрып елемеу.

ЖАҢ МЯНЗІ ҚЫЛУ (ҚХР) шашбауын котеру, абыройын асыру.

ЖАҢСА (Қ.орда: Арал, Қарм.; Қарак.) жайын балықтың құйрық жағынын еті. *Жайынның ж а ң с а с ы деген осы* (Қ.орда, Арал). *Ж а ң с а жеген жатар ма?* (Қ.орда, Қарм.). *Кейде балықтың қыр арқасын да ж а ң с а дейді* (Қ.орда, Қарм.). *Жайын ба-*

лықтың ж а ң с а с ы тәтті, майлы болады (Қарақ.).

ЖАҢЫЛЫҚТА (Орал, Жөн.) жақында. *Біз мұнда ж а ң ы л ы қ т а ғана келдік* (Орал, Жән.). *Қыста совхоздан 360 сомға алған жалғыз биесін ж а ң ы л ы қ т а Жәнібек ауданына апарып 900 сомға сатып жіберді* («Ж. жол», 17.07.1938).

ЖАП[1] **1.** (Қ.орда: Сыр., Шиелі, Арал, Қарм.; Шымк.: Шәу., Қызылқ.; Қост.: Аман., Жанг.; Акт., Ырғ.; Қарақ.) егіннің ішіне су жіберетін кішкене арық. *Ж а п т а н алынған су егіске тарайды* (Қ.орда, Қарм.). *Үлкен арықтан шыққан ж а п т а р қарықтар (к.) тарайды* (Қ.орда, Шиелі). *Жарма арықтың құлағы ашылып ж а п қ а су жіберілді* (Шымк., Шәу.). *Әбдірәсілдің егіні су ішіп жатқан ж а п т ы берегірек біздің егінге қарай тарту керек* (Қост., Жанг.). *Ясау арығы, онан шыққан үзын ж а п т а р, коктермек тоғандар* (Қ. Әбдік., Тәт. қауын, 15). *Бізді ауылдың адамдары ж а п қазуға кетті* (Қарақ.). **2.** (Акт., Ойыл; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) су жіберетін үлкен арық. *Звено мүшелері ерте көктемде ж а п т а р, шелдер сала бастады* (Акт., Ойыл). *Ж а п қапталынан салма, салма қапталынан жоя алынады* (Түрікм., Таш.). **3.** (Гур., Маңғ.) жер бетінен биіктеу етіп жасалған арық. *Ой жерден суды Қыр жерге ж а п арқылы шығарады* (Гур., Маңғ.).

ЖАП[2] (Гур.: Есб., Бакс.; Орал, Казт.) камба. *Ж а п қазып ішіне картоп салады* (Гур., Есб.).

ЖАП[3] (Гур., Маңғ.) токтат. *Қайықты шаланның сол жағынан ж а п п а с а ң, оң жағынан жел соғып тұр, қайықты ана приемкаға ж а п* (Гур., Маңғ.).

ЖАПА[1] (МХР) жаппа. *Өрмерейті бойы ішін тіресе ығы-жығы тігілген, басын буған, ж а п а тіккен үйлермен мал-жанға лық толы* (М. Құл., Танд. шығ., 27). *Атын тасаға байлап жаңулап келген Берікболдар ж а п а тігілген үйлердің көл жағындағы шеткісіне келіп кірді. Біте майдың болымсыз жарығы ж а п а н ы ң ішін ала күңгірт етіп тұр* (М. Құл., Танд. шығ., 29).

ЖАПА[2] (Көкш., Қ.ту) колмен жайған тезек. *Ж а п а н ы үйіп қой, су болмасын* (Көкш., Қ.ту).

ЖАПА[3] (Жезқ., Ұлы.) екі арықтың арасы. *Егін жақсы суарылу үшін ж а п а с ы алшақ болмау керек* (Жезқ., Ұлы.).

ЖАПАГЕР (Гур., Маңғ.) мал өлшейтін үлкен таразы. *Етке тапсырған малды тегідей ж а п а г е р г е шегіп жатыр* (Гур., Маңғ.).

ЖАПАКЕШ (Гур., Есб.) тезек, сиырдың жапасы. *Тіпті ж а п а к е ш согуға да көмектесуді қойдың-ау* (Гур., Есб.).

ЖАПАҚ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Таш.) тарамдалып өсетін, түгі кірпі сияқты, қыста құрамайтын, қой, жылқы сүйсініп жейтін шөп.

ЖАПАҚТАСУ (Шығ. Каз., Больш.) жақындасу, сойлесу, дидарласу. *Олар өзара ж а п а қ т а с ы п қалыпты* (Шығ. Каз., Больш.).

ЖАПАЛ (Қост., Жанг.) ерте кезде сиырға ертейтін ер, ашамай. *Сиырға ж а п а л салшы* (Қост., Жанг.).

ЖАПАН (Жамб., Корд.) жабайы. *Осы жерде ж а п а н жеміс бар* (Жамб., Корд.).

‖ Қырғызша *жапан* (Кирг.-рус. сл., 1965)‖

ЖАПАС (Гур., Есб.) тезек, күнге әбден күйіп қураған тезек. *Ж а п а с терін келші, ж а п а с жағында керіп жанайын* (Гур., Есб.).

ЖАПАТАЙ 1. (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Красн.) төмендеу етіріліп тігілген бөрік. *Ж а п а т а й ы н жапырайтып келе қалыпты* (Түрікм., Ашх.). **2.** (Қарақ.) жүйін ішіне қаратып, айналасы жиектелген қой, қозы терісінен тігілген, тыстаған бөрік. *Басыңдағы ж а п а т а й а ң ә ң ы тастасаңшы, сұық алып бара ма?* (Қарақ.). **3.** (Қарақ.) жүні қырылған құлақшын.

ЖАПАТАРУ (Гур., Маңғ.) жапа тармағай, жаппай. *Бірлігіз қалмастан ж а п а т а р у соңда барамыз* (Гур., Маңғ.).

ЖАПА ТЕЗЕК (МХР) далаған жиылған сиырдың кешкен тезегі.

ЖАП ЖАРУ (Түрікм., Небид.) арық қазу. *Бізлер естіпбіз осы жерге Молла деген түрікмен боса керек, ж а п ж а р у г а келген* (Түрікм., Небид.).

ЖАПҚЫ (Гур., Маңғ.) жабық. *Ж а п қ ы қора* (Гур., Маңғ.). *Қой қыс күнінде ж а п қ ы қорада жатады* (Гур., Маңғ.).

ЖАППА[1] (Алм.: Кег., Нар., Жам.; Сем.: Абай, Акс., Көкп.) күрке, балаған, киіз қос. *Оның қауашадай ж а п п а с ы бар екен* (Алм., Нар.). *Біз мал басына ж а п п а жасадық* (Алм., Жам.). *Үйіміз болмағасын ж а п п а д а отырмыз* (Сем., Абай). *Өз алдына ж а п п а тігіп бөлек отыр* (Б. Сок., Біз де бал. бол., 187). **2.** (Жезқ., Ағад.; Қост., Семиоз.; Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) екі керетені бір-біріне түйістіріп жасайтын үйшік. *Ж а п п а н ы көшкенде пайдаланады* (Жезқ., Ағад.).

ЖАППА[2] (Орал, Жөн.) түтіндігі көлбеу жасалатын пештің бір түрі. *Ж а п п а пеш қаргыма пештен суығырақ болады* (Орал, Жөн.).

ЖАППА ЕСІК (Шымк., Түркіс.) жарма есік.

ЖАППАЗЫ Қ. жабазы.

ЖАППАЙ (Шымк., Шәу.) үлкендеу арықтан тарайтын тармақтар.

ЖАПСЫРМА (Түрікм., Таш.) күректің басына сабын ендіру үшін оның екінші бетіне жапсыра қағылатын бір жағы ойыстау келген жалпақша темір. *Көптен ұсталып келе жатқан белдеме екен, жапсырмасы сынып қалыпты* (Түрікм., Таш.).

ЖАПСЫРМА ҚҰЛАҚ (Түрікм., Таш.) күректің аяқпен басатын жері. *Енді бір белдің жапсырма құлағы сынып қалыпты* (Түрікм., Таш.).

ЖАПТАС (Шымк., Сайр.) шектес, көршілес. *Өзбектер бізбен жаптас отырады* (Шымк., Сайр.).

ЖАПЫРАҚ (Қ.орда, Арал) шүкір дейтін осімдіктің жер бетіндегі түрі, соның аты. *Жапырақтың үлкендігі күректей, жерге жабысып шығады. Жапырақ май айынан соң құрап ұшып кетеді. Жапырақты түйе жейді* (Қ.орда, Арал).

ЖАПЫРАҚ ӨРКЕШ (Қ.орда, Арал) ағаштың жапырағы сиякты кішкене, жалғыз оркеш түрлерінің бірі. *Жапырақ өркеш тек азғын нар будандарында ғана кездеседі* (Қ.орда, Арал).

ЖАПЫРАҚТАТУ (Қ.орда, Арал) бастырмалатып, жылдам жүру. *Өзі де шабысты екен, шамалы жерге жапырақтатып жіберді* (Қ.орда, Арал).

ЖАПЫРАҚТАУ (Алм., Қаск.) ірілеу тұрау. *Әкем, етті жапырақтағын* (Алм., Қаск.).

ЖАПЫРЫҚ (Жамб., Шу) түйе оркешінің тік емес, құлап түрған түрі.

ЖАР[1] (Орал: Казт., Қара., Орда, Жән., Чап.; Ақт.: Қараб., Шалқ., Ойыл, Байғ.; Гур.: Есб., Маңғ., Мақат; Қ.орда, Арал; Рес., Орын.; Қарақ.) үйдің кабырғасы. *Жарда ілулі тұрған кімнің пальтосы?* (Орал, Казт.). *Жар газетіне оның суретін салып қойыпты* (Орал, Чап.). *Үйдің төрт жарының төртеуін де сылату керек* (Орал, Орда). *Үйіңді тым жұқа қалағансың, жары дымқылданып тұр* (Орал, Қара.). *Жарда шеге бар* (Орал, Жән.). *Үйдің жарындағы ілгешекке ілің киіміңді* (Қарақ.). *Оларды жарға немесе бағаналарға ілу қажет* («К-з жолы», №64, 1952). *Жар газеті мен жауынгерлік листок оқта-текте бір шығады* («К-з жолы», 25.10.1953). *Үсті сия-сия болып, аягы қирап жатқан парталардан жарға ілінбей жатқан доска, карталардан және құлыптаулы оқу үйін көресіз* («Соц. ауыл», 1940, №89). *Тұратын бөлмелеріміздің жары кір* («Соц. Эмба», 3.09.1946). *Үйдің жары қырауланып, сырттан қар кіріп тұр* («Қ. ту», 10.12.1941). *Үйдің жарын кірпіштен салып жатырмыз* (Ақт., Қараб.) *Үйдің жары кемі бір жарым-екі метр болу керек* (Ақт., Ойыл). *Киімді үйдің жарына ілу* (Ақт., Шал.). *Үйдің жарына тірей сал* (Қ.орда, Арал). *Кенет жауырыны жарға тіреліп, жабыса қалды* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 153). *Ол жағын таянып шам жарығынаи жарға түскен оз басының көлеңкесіне қарап ұзақ отырды* (Х. Есен., Ақ Жай., 75). *Қонақтың көйлегін жардағы шегеге іл* (Гур., Есб.). *Үйдің жарында қамшы ілулі тұр еді* (Гур., Маңғ.). *Үйдің әрбір жарында бір-бір қазық қағылғанын кордік* (Гур., Маңғ.). *Жар газетіне мақала жаздың ба* (Гур., Маңғ.).

ЖАР[2] (Қ.орда: Арал, Қарм.) жарты, жарым. *Шалым өлгеніне жар ай-ақ болады, шырағым* (Қ.орда, Қарм.). *Жоспарларын жары гада жеткізе алмай, тек қара беттікпен келеді* («Екп. балықшы», 1932, №41).

ЖАР[3] (Қарақ.) хабар.

ЖАРА[1] (Жамб., Мер.) мойнына айналдыра жара шығатын жылкы ауруы, сакау.

ЖАРА[2] (Қ.орда, Арал) дұрыстық, қисын. *Осындай отырғанда айтқаның жары* (к.) *жара га жуымайды* (Қ.орда, Арал).

ЖАРА[3] (Орал: Чап., Жымп.; Рес., Орын.) жарты, жартысы. *Фермалардан мектепке келіп оқитындардың тең жарасы интернатта жатып оқиды* (Орал, Чап.). *Дайындалған шөптің тек жарага жуығы қазірдің озінде мал қыстайтын, орындардың қасында* («К-зшылар үні», 2.10.1955). Қ. жары[2].

ЖАРАДАР БОЛУ (Алм., Жам.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Шиелі) жаралы. *Ол согыстың бас кезінде-ақ жарадар болып қайтып келді* (Алм., Жам.). *Майданнан жарадар болып қайтты* (Қ.орда, Шиелі). *Жарадар болганының есебі жоқ* (Рус. даст., 320).

ЖАРАЙ (Шығ. Каз., Больш.; МХР) карай. *Сабаңа жарай піспегің, сақалыңа жарай іскегің* (Шығ. Каз., Больш.).

ЖАРАЙТҰҒЫННАН (Жамб., Тал.) жарайтын. *Ауылда тірлікке жарай ітігының ешкім қалмай жұмысқа шықсын* (Жамб., Тал.).

ЖАРАҚ (Қарақ.) қару-жарақ.

ЖАРАҚТЫ (Акт.: Ойыл, Ырғ., Қараб.) жарамды. *Малшы колхозшылардың көпшілігінде жарақты тұрган ұй бар* (Ақт., Ойыл). *Осы жазып отырганыңның барлығы ғылым*

үшін ж а р а қ т ы болмас. Ең негізгі ж а р а қ т ы с ы н ғана көрсетерсің (Акт., Қараб.) *Бізде ж а р а қ т ы арба екеу-ақ* (Акт., Ырғ.). *Колхоз председатель почтаға ж а р а қ т ы ат, ұқыпты адам беруге міндетті еді* («Ком. жолы», №1, 1940). *Мал фермалары жылы қора, құнарлы азық, ж а р а қ т ы төл қоралары-мен қамтамасыз етілген* («Соц. ауыл», №30, 1941).

ЖАРАЛАУ (Қ.орда, Арал) бүлдіру, қопару, жапыру. *Шегесін түсіріп жарды* (к.) *ж а р а л а д ы ң гой* (Қ.орда, Арал).

ЖАРАМАЗАН (Қ.орда, Арал; Тау., Қош.) жарапазаи. *Ж а р а м а з а н айт кісіше созалақтатпай қойсаңшы* (Қ.орда, Арал).

ЖАРАНДЫҚ[1] (Орал, Орда) екі дөңгелекті арба. *Ж а р а н д ы қ п е н шоп тасуға да болады* (Орал, Орда).

ЖАРАНДЫҚ[2] (Сем.: Абай, Акс., Көкп., Шұб., Үрж.) қалқан, жақтау, саты. *Арбаның ж а р а н д ы г ы н сындырып жіберді* (Сем., Көкп.).

ЖАРАНДЫҚТЫ АРБА (Шығ. Қаз., Тарб.; Сем.: Кокп., Акс.) сатылы арба. *Шөпті ж а р а н д ы қ т ы а р б а м е н тасу онімді болады* (Сем., Коки.).

ЖАРАНТЫ АРБА (Шығ. Қаз., Тарб.) қалқанды, сатылы, қанатты арба. *Колхоз биыл үш ж а р а н т ы а р б а сатып алды* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ЖАРАС (ҚХР) қоңырау.

ЖАРАСЫҚТЫ (Гур., Маңғ.) жарасымды, лайықты. *Қазыналы жасау үйінен, Қатарлап жиған жүгінен, Ж а р а с ы қ т ы әрбір түрінен* (Қашаған).

ЖАРАТҚУШЫ (Алм., Нар.) жаратушы. *Ескі тәртіп соз бір ж а р а т қ у ш ы бар дейді гой* (Алм., Нар.).

ЖАРАТЫЛМЫШТА (Шығ. Қаз., Күрш.) жаратылысынан. *Бұл араның ж а р а т ы л м ы ш т а кен байлығы басқа жерге қарағанда мол* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ЖАРАУ (Қ.орда, Қарм.) келеге қосар алдында еркек түйелердің қыстығүні масаңсып, беймазаланып, тісін қайрап, аузынан ақ көбігін бүрқыратып, табиғи түрде бірте-бірте озін күйттей, бабына кслтіруі.

ЖАРБАЙ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Тедж.) бура мен нардың арасынан туған өркеші бір жағына жығылыңқы келетін түйенің нашар тұқымы. *Ж а р б а й д ы ң өркешінің арасында кез болады* (Гур., Маңғ.). *Әрі тіс басқан* (к.) *әрі ж а р б а й түйені үлбегіңді шалыстыр дейсіңіз* (Түрікм., Тедж.). *Қотыр тас түбінде ай даладағы жалғыз үйдің бес-алты қойешкісі мен енесі өрге ізденп қаңғып кеткен ж а р б а й тайлақ аралас жайылып жүр* (Ә. Кекіл., Құс қан., 137).

ЖАРБАЙ АТАН (Гур., Маңғ.) ең азғын будан делінетін жарбай бурасынан тараған, ақта етілген, бес жастан асқан түйе. – *Біздің фермамызда ж а р б а й а т а н жоқ, болмайды да. Себебі азғын буралар мұнда жоқ* (Гур., Маңғ.).

ЖАРБАЙ БОТА (Қ.орда, Жал.) үрғашы мен еркек біртумадан туған бота. *Біздің фермамызда ж а р б а й б о т а жоқ, шырағым, ол азғындаған түйе арасында болады* (Қ.орда, Жал.).

ЖАРБАЙ ӨРКЕШ (Қ.орда, Жал.) өркештің өте кішкентай түрі. Өркештің бұл түрі көбіне ата-енесі бір біртума мен қоспақтан туған үрпақтарда ұшырасады.

ЖАР БОЛУ (Қ.орда, Арал) қамқоршы болу, бәйек болу. *Ол деген тыным таппайды, ж а р б о л ы п жүреді* (Қ.орда, Арал).

ЖАР ГАЗЕТ (Гур.; Ақт.; Орал) қабырға газет. *Конторда ж а р г а з е т і шығып тұрады* (Гур., Есб.). *Ж а р г а з е т, жауынгерлік листоктар шығарылмайды* («Соц. мал шар.», 24.07.1949, №22). *Ж а р г а з е т і н е мақала жаздың ба* (Гур., Маңғ.). *Біздің колхозда айына бір рет ж а р г а з е т і шығады* (Ақт., Ойыл). *Бүгін ж а р г а з е т і шығуға тиіс* (Ақт., Қараб.). *Сонымен қатар пионерлер, оқушылар күшімен ж а р г а з е т і н шығарып, ол газетке мектептің хал-жайын жазып отырмыз* («Соц. жол», 3.11.1939). *Егін бригадаларының арасында бес күн сайын ж а р г а з е т і н шығарып тұрамыз* («Соц. жол», 15.07.1938). *Мерекеге арнап мектеп жанындағы ж а р г а з е т і н і ң нөмірін шығару, тазалық сақтау жұмыстарына бірнеше адам бөлінеді* («Соц. мал шар.», 26.10.1939, №94).

ЖАРҒАҚ[1] (Павл., Ерт.; Көкш., Чкал.; МХР) құлын терісінен жасалған киім. 2. (МХР) койдың, ешкінің терісінен илеп рауғашқа бояп орнектеп жасаған киім.

ЖАРҒАҚ[2] 1. (Алм., Жам.) жұқа теріден жасалған ыдыс. *Ана ж а р г а қ п е н ұнның бетін жаба салшы* (Алм., Жам.). *Ж а р г а қ т ы әкеп Досқожаның нақ тізесіне әкеп жатады да Гумарша бұрқылдатып нан илеуге кірісті* (Б. Майл., Шығ., 4 т., 315). 2. (Акт., Қараб.) насыбай салатын теріден тігілген ыдыс. *Ж а р г а г ы ң д а ештеме бар ма, болса бір атым берші* (Акт., Қараб.). 3. (Ауғ.; Ир.) насыбай салатын құты, ыдыс. *Берші маған ж а р г а қ т ы бір батырып алайын, Сұқ қолыммен бармақты* (Ир.).

ЖАРҒАН (Қарақ.) көрпе. Қ. жуырқан.

ЖАРҒЫ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) ағаш кесетін ара. *Бұтақты ағаш ж а р г ы г а да қиып кесіледі* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қарақалпақша *жарғы* (Рус.-карак. сл., 1947)].

ЖАРҒЫЛАСУ (Сем., Абай) алысу, таласу. *Олар өзара ж а р г ы л а с а д ы да жүреді* (Сем., Абай). *Тәкежан, Әзімбай, Майбасардай етбауыр жақындарымен үнемі ж а р г ы л а с у д а н, жаға жыртысудан жалықпайды екен* (М. Әу., Абай жолы, II, 645).

ЖАРДАЙ АТАН (Қ.орда, Қарм.) әбден семіріп, екі өркеші екі баладай, тіп-тік, өзі биік жар сияқты ірі, айтарлықтай толысқан, бабына келген атан. Кейбір жерлерде *жордай атан* деп те атайды. *Жазгытұргы жел ж а р д а й а т а н д ы жығады* (Мақал-мәтел).

ЖАРДАМ (Сем., Аяг.) жәрдем.

ЖАРДЫ (МХР) жарлы. *Мал мен басты көп берген, Құдайға өкпең қалды ма?! Коз жұмылып кеткен соң, теңелесің ж а р д ы г а* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 63).

ЖАР ЖАРАСТЫҚТА БОЛУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) тату-тәтті болу. *Қасымбай іниміз ж а р ж а р а с т ы қ т ы б о л с ы н, бақытты болыңдар!* (Түрікм., Таш.).

ЖАРИ (Қост., Жанг.) түп қазы.

ЖАРИЯ[1] су тасқыны (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАРИЯ[2] (МХР) жарнама. *Кино, концерт дейді анау ж а р и я л а р* (Ш. Қат., Аз. көз., 29).

ЖАРИЯ[3] (ҚХР) күнше, күң қыз.

ЖАРИЯ БЕРУ (МХР) хабар беру, хабарлау. *Өйтсе де ол ж а р и я б е р і п жатыр екен* (А. А., Сүй. мен., 56).

ЖАРКЕЛЕҢ (Жамб., Сар.) есалаң, жарымес.

ЖАРКҰШКТЕНУ (ҚХР) жасампаздану, жағыну, жалпақтау, шашбауын көтеру.

ЖАРҚА 1. жарықшақ, жаңқа (С. Аман., ВДИКЯ). 2. (ҚХР) жаңқа, жаңқаның сынығы. *Қайырылып барып тез сынар, қайың оқтың ж а р қ а с ы* (Шалкиіз жырау).

ЖАР ҚҰЛАҒЫ ЖАСТЫҚҚА ТИМЕУ (Шымк., Арыс) жарғақ құлағы жастыққа тимеу. *Шопандардың ж а р қ ұ л а ғ ы ж а с т ы қ қ а т и м е д і* (Шымк., Арыс).

ЖАРҚЫН (Шымк., Сайр.) әйелдің қайнысы. *Ол менің ж а р қ ы н ы м еді* (Шымк., Сайр.).

ЖАРҚЫН-ЖАРҚЫН ЕСТІЛУ айқын, анық естілу (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАРҚЫНДЫЛЫҚ (Жамб., Шу) асқақтаған. *Ән салса жау қорқатын ж а р қ ы н д ы л ы қ үні бар* (Жамб., Шу).

ЖАРҚЫНШАҚ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) сазды жердің жаңбырдан кейін қабыршақтанып жарылуы. *Шағылды жердің бір қасиеті ж а р қ ы н ш а қ болмайды гой* (Түрікм., Таш.).

ЖАРЛАМ (Тау., Қош.) көмек, жәрдем. *Ол бізге біраз ж а р л а м берсін* (Тау., Қош.).

ЖАРЛАНУ (Ақт., Байғ.) бас жару. *Звено составы күні-түні егісті баптап күтуде, шыққан егіс ж а р л а н ы п көрінеді* (Ақт., Байғ.).

ЖАРЛАУ (Гур., Маңғ.) хабарлау. *Жиналыс болатынын ж а р л а д ы ң ба?* (Гур., Маңғ.).

ЖАРЛЫ БИДАЙ (Ауғ.; Ир.) тазаланбаған бидай, шарлы бидай.

ЖАРЛЫҒЫНДА (Сем., Абай) қарауында. *Біз Алматының ж а р л ы г ы н д а м ы з* (Сем., Абай).

ЖАРМА[1] (Қарақ.) жүгеріні ірілеу жарып істеген сүйық тамақ. *Ж а р м а д а н басқа не тамағың бар?* (Қарақ.).

ЖАРМА[2] (Шымк., Қызылк.; Қ.орда: Жал., Арал; Қост., Жанг.; Қарақ.; Акт., Ырғ.) үлкен арық. *Биыл ж а р м а н ы ң суы тапшылау, аз болып тұр* (Шымк., Қызылк.). *Егінге су ж а р м а д а н тарайды* (Қ.орда, Жал.). *1700-дей үйлерді қоныстандырдық. Олардың ортасынан орасан ж а р м а қазылды* («Қ. ту», №41, 1938). *Қарымсақ ж а р м а д а н өзінің үйі жақтағы егінге арық жарып алды* (Қ.орда, Арал). *Қуаныш, ж а р м а д а н бүгін көп колхозшылар келді* (Қарақ.). *Ж а р м а қазуда пропаганда жұмысы нашар* («Екпінді», 1940, №1). *Бұл сияқты әңгімелерге күи сайын ж а р м а басындағы 800-ге жуық кісі түгел қатысып отырды* («Қ. ту», №37). *Егінді колхоздар тегіс дерлік осы ж а р м а л а р д а н пайдаланып тіршілік етеді* («Больш. кол.», 1940, №15). *Қанауды екінші сөзбен айтқанда ж а р м а арық дейді* (Ақт., Ырғ.).

ЖАРМА[3] (Жезқ., Ағад.; Кокш.: Руз., Зер., Қ.ту; Рес., Омбы) мойынтұрық. *Өгіздің мойнын ж а р м а алып кетіпті* (Көкш., Қ.ту). *Колхозда жегу саймандары жетімсіз еді... қазір колхозда 100 пар өгіз жегетін ж а р м а дайын тұр* («Стал. туы», 13.04.1952). *Көктемгі егіске керекті 70 плуг, 40 мала, 40 ж а р м а, 40 оқағаш, тағы басқа саймандар ремонтталып бітті* («Ең. туы», 1939, №29). *15 ж а р м а н ы ң, 6 сынық 8 кок арбаның барлығына да ремонт керек* («Қыз. кенші», 17.02.1940, №7). *Керекті 37 ж а р м а н ы ң 23 гана дайын* («Қ. ту», 12.01. 1940). *Ауыл-шаруашылық саймандарын ремонттауда 5 соқа, 4 борона, 15 жөшіх, 15 ж а р м а н ы 100 % ремонттан өткізді* («Соц. жол», 1942, №19). *Осы уақытқа дейін 14 ж а р м а, 4 хамут, 4 пастормке жетіспейді* («Больш. жол», 1940, №11).

ЖАРМА АРЫҚ (Қ.орда, Арал) бас арықтың бір тарауы.

ЖАРМА-ЖАРЫ (Қ.орда, Арал) жартысы, жарым-жартысы. *Тиесі ақшамның ж а р м а-ж а р ы и гана алдым* (Қ.орда, Арал).

ЖАРМАҚ[1] (Алм., Жам.) садақа, қайыр. *Түйесін ж а р м а қ қ а беріп, өзі әрі қарай жүре беріпті* (Алм., Жам.).

ЖАРМАҚ[2] **1.** (Қ.орда: Сыр., Жал.) ұнның кебегі. *Ұнның ж а р м а г ы н жеген мал тез семіреді* (Қ.орда, Жал.). 2. (**Шығ. Қаз.**, Зайс.) таза бидайдан қалған қалдық. *Ж а р м а қ т ы ң тазасын айырып, дәнін клетке өткіземіз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЖАРМА ҚАР (МХР) нығыздалған қатты қар.

ЖАРМА ҚҰРТ 1. (Кокш.: Щуч., Еңб.). қапқа салынғаннан кейінгі жарылып шыққан құрт. 2. (МХР) кесек-кесек етіп, кесіп жасаған құрт түрі. **3.** (Рес., Омбы) ашыған айранды сүзіп домалақтап жасаған құрт.

ЖАРМА ПЕШ (Шығ. Қаз., Больш.) айналмалы орысша салынған пеш.

ЖАРМЫСЫ (Қарақ.) жарымы, жартысы.

ЖАРМЫШ (Қарақ.) үлкен каналдан бөліп алынатын үлкен арық. *Қуаныш ж а р м ы ш сағасын Қызкеткеннен алған* (Қарақ.).

ЖАРНА[1] (Жамб., Мер.) сыңар, серік. *Саған да ж а р н а табылып қалар* (Жамб., Мер.).

ЖАРНА[2] (Орал, Чап.) тұқым, дән. *Машинаға ж а р н а тиеп жатыр* (Орал, Чап.).

ЖАРНАҚ (Жезқ., Ұлы.) жарна. *Ж а р н а қ т а р ы ң д ы төлеңдер, уақыты болды* (Жезқ., Ұлы.).

ЖАРНАЛАУ (Алм., Нар.) бөлісу. *Мен оған бір қап бидайды ж а р н а л а й ы қ деп едім, көнбей қойды гой, тегі* (Алм., Нар.).

ЖАРПАҚ (Шымк., Мақт.) жапырақ. *Ондағы қозаның ж а р п а г ы негып құрап қалған* (Шымк., Мақт.).

ЖАРПЫ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Тедж.) жарты. *Айлығымның ж а р п ы с ы н оқудағы балама жіберіп отырамын* (Гур., Маңғ.). *Адайдың ж а р п ы с ы Түрікменстанда* (Түрікм., Ашх.). *Ж а р п ы с ы н а жуығы жұн болса, бұшпақ тері болса, лоскут есебінде кетті* («К-з жолы», 24.02.1954).

ЖАРТАЙСА жартыланса (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАРТАҚ (Гур., Маңғ.) доңестеу жер.

ЖАРТУЛЫ (Гур., Маңғ.) жартымды.

ЖАРТУМАШ (Гур., Есб.) азын-аулақ, жартымсыз, аз. *Өзі ж а р т у м а ш қана зат екен гой* (Гур., Есб.).

ЖАРТУСЫЗ (Гур., Маңғ.; Акт., Ойыл) жартымсыз, аз. *Дүкенге бір ж а р т у с ы з мақта келген екен, «мен алам, мен алам» деп бәрі дабрығып жатыр* (Гур., Маңғ.). *Ж а р т у с ы з ақша гой төлеп отырганы* (Акт., Ойыл). *Онда ж а р т у с ы з астық алуымыз мүмкін* («Соц. ауыл», 1941, №52).

ЖАРТЫБАС бұзық, басбұзар (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАРТЫ КӨҢІЛ (ҚХР) қам көңіл, тұнжыраған, көңілсіз.

ЖАРТЫМАШ (Орал: Чап., Жымп.) жарымес.

ЖАРТЫ ТЕРІДЕЙ ЖАЛПЫЛДАУ (Гур., Маңғ.) жарамсақтану. *Сен ж а р т ы т е р і д е й ж а л п ы л д а м а й тыныш отыр* (Гур., Маңғ.).

ЖАРТЫ ТҮСУ (Орал, Казт.) күн бату. *Күн ж а р т ы т ү с і п бара жатқан соң пішеншілерге сога алмадым* (Орал, Казт.).

ЖАРУ[1] (Гур., Маңғ.) жыру. *Асау тайдың басын тарта-тарта сулық аузын ж а р ы п қанатып тастапты* (Гур., Маңғ.).

ЖАРУ[2] (Ауғ.; Ир.) қабу, тістеу. *Әминахунның оглын ит ж а р д ы* (Ир.).

ЖАРША (Талд., Қарат.; Жамб., Шу) қара бидай. *Ж а р ш а н ы ң ұны қара болады* (Талд., Қарат.). *Ж а р ш а бидайдың егісі. Биыл ж а р ш а жақсы шықты* (Жамб., Шу).

ЖАРШАУ (Орал, Казт.) шымылдық. *Түрсын-ай ж а р ш а у д ы кемпірге апарып бер, жуып қойсын* (Орал, Казт.). *Ж а р ш а у д ы үйдің қабырғасына жақын ұстайды* (Орал, Казт.).

ЖАР ШАШУ (ҚХР) хабарландыру, үндеу.

ЖАРЫ[1] (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) қазының майлы жағы, түп жағы. *Жұмбас май жегіш екен, бір қазының ж а р ы с ы н өзі жеп қойды* (Қост., Жанг.). *Жартысын салып па едіңіз, мына жігіттер ж а р ы жейміз деп келіп отыр* (Жезқ., Ұлы.).

ЖАРЫ[2] (Акт.: Ойыл, Шалқ., Ырг.; Орал: Чап., Жымп.; Қ.орда: Сыр., Жал., Арал, Шиелі; Қост., Жанг.; Рес., Орын.; Қост., Ордж.; Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Таш., Тедж., Мары) жарты, жартысы. *Осы қойдың ж а р ы қошқар* (Акт., Ойыл). *Қазір жоспарды ж а р ы и а н асығып жібердік* (Орал, Жөн.). *Бұл елдің ж а р ы жайлауга көшіп кетті* (Қ.орда, Шиелі). *Басқа әйелдердей жаулықпен бетін ж а р ы л а й бүркеп, тұмшалап тартпаганы да жарасып тұр* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 13). *Қасына қырық мың батыр ертіп алып, ж а р ы м е н жауласуга ол тұрады* (Рүс. дас., 158).

Оның ж а р ы д а н көбі мемлекет банкасынан берілді («Ком. жолы», №43, 1940). *Мамырлаганда* (қ.) *осы үйректердің ж а р ы қырылады. Уақыт әлі ерте, сегізге ж а р ы кетті* (Қост., Ордж.). *Осы ауылдың ж а р ы қазақ, ж а р ы орыс* (Рес., Орын.). *Алгаш бізді бүтін көшпелі демей, ж а р ы көшпелі деп атақ берді* (Рес., Орын.). *Бы йерден Сүйлі ж а р ы күндік жер* (Түрікм., Красн.). *Ауылдың ж а р ы келді* (Түрікм., Таш.). *Бүгінгі ұрыстың өзінде көп дивизия селдіреп, ж а р ы г а жуық адамынан айырылды* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 83). *Моншаның ж а р ы қаланып, сыланып болды* («Қ. ту», 12. 05.1938).

ЖАРЫ БОЛУ (Гур., Маңғ.) қақ бөліп алу, тең етіп бөліп алу. *Согымға жіберген түйеңнің етіне екеуміз ж а р ы б о л а л ы қ* (Гур., Маңғ.).

ЖАРЫДАН АУДАРУ (Ақт., Ырғ.) жартысынан көбін істеп бітіру. *Мен шығырдың тарысын бірінші рет суырып болып, екінші ретке ж а р ы д а н а у д а р д ы м* (Ақт., Ырғ.).

ЖАРЫҚ (Рес., Омбы) ойлы, шұқырлы жер. *Байқаңыз, ж а р ы қ қ а келіп қалдық* (Рес., Омбы).

ЖАРЫҚБАС (Көкш.: Щуч., Еңб.) ойлы-қырлы, шұңқыр жер. *Қарашілікке баратын жолдың ж а р ы қ б а с ы көп* (Көкш., Щуч.).

ЖАРЫҚ ҚАРЫН 1. (Жамб.: Шу, Мер., Қорд.) екінші жылғы тың жер. *Ж а р ы қ қ а р ы н жер тегіс болмай кедір-бұдыр болып келеді* (Жамб., Шу). 2. (Алм.: Жам., Шел.) бірнеше жыл тыңайтылған жер. *Биыл көптеген гектар ж а р ы қ қ а р ы н жер жыртылды* (Алм., Шел.). *Ж а р ы қ қ а р ы н жерге егін жақсы шығады* (Алм., Жам.).

ЖАРЫҚ МАЙ (Қ.орда, Арал) жараға жағатын май. *Аягымның жарығына ж а р ы қ м а й жағып отырмын* (Қ.орда, Арал).

ЖАРЫҚ САУА (Қарақ.) күншуақ, жайылым. *Сол бір ж а р ы қ с а у а тапқан болар, анау бауырда жататын еді* (Қарақ.).

ЖАРЫҚТАУ (Орал, Казт.) жарық қылу, шам жағу. *Үй қараңғы болып кетті ж а р ы қ т а й ы н* (Орал, Казт.).

ЖАРЫҚ ТҮРҒЫЗУ (Тау., Қош.) шам жағу, жарық қылу. *Үй қараңғы болып кетті, ж а р ы қ т ү р г ы з а й ы қ* (Тау., Қош.).

ЖАРЫЛАЙ (Қ.орда: Жал., Сыр., Шиелі; Қост., Жанг.) жартылай. *Осы ауылдың тең ж а р ы л а й ы агаш үй* (қ.) *тігіп отырады* (Қ.орда, Жал.). *Осыңды ж а р ы л а й маган берші* (Қост., Жанг.). *Ол аягындагы айранды ж а р ы л а й іште де, тұлданып отырган сары қатынга қарады* (Қ. Әбд., Тәт. қауын, 18).

ЖАРЫЛАП (Қост., Жанг.) жартылай. *Оның ж а р ы л а п білуі мүмкін, бірақ тұтас біле алмас* (Қост., Жанг.).

ЖАРЫМ (Түрікм., Красн.) жарты. *Бірінші ж а р ы м жылдықтың қорытындысы бойынша совхоз жеңімпаз атанды* (Түрікм., Красн.). *Бірлік колхозында колхозшылардың ж а р ы м жылдық жұмысының отчеты тыңдалды* («Екпінді», 1939, №50). *«Колос» колхозының ж а р ы м ы с ы қала халқының талайының таңдайын қақтырды* («Екпінді», 1939, №183).

ЖАРЫМ БАТПАН (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж.) он килограмдық салмак. *Кеше қайнага ж а р ы м б а т п а н ұнаш* (қ.) *беріп жіберіпті* (Түрікм., Таш.).

ЖАРЫМ БОЛУ (Жамб., Жам.) жарымжан болу. *Ол қария ж а р ы м б о л ы п қалган* (Жамб., Жам.).

ЖАРЫМ ТЕҢГЕ (Шымк., Қызылқ.) он тиын.

ЖАРЫН (Орал: Чап., Жымп.; Ақт.: Ойыл, Ырғ., Шалқ., Қараб.; Қ.орда, Арал; Гур., Есб.; Рес., Орын.; Қарақ., Мой.) келер жыл, келесі жыл. *Ол ж а р ы н келеді* (Орал, Чап.). *Қойлар биыл онша семірмейді, оның есесіне ж а р ы н семірер* (Ақт., Ойыл). *Бұл колге ж а р ы н су құламаса, егінге су жетпейді* (Ақт., Шалқ.). *Кеше кеткен Кәрім ж а р ы н келеді* (Ақт., Ырғ.). *Сіз ж а р ы н келсеңіз бұл совхоз коп озгереді* (Ақт., Қараб.). *Амандық болса, ж а р ы н тагы ұшырасамыз гой* (Қарақ.). *Бұдан да бітік оседі, еккен тарың ж а р ы н г ы* (Н. Байғ., Таңд. шыг., 354). *Өзіңе сол уақытта қиын болар, жыл шығып бір тай огіздің ж а р ы н ұстап* (Әбубәкір Кердері). *Тіпті науқан орындала жатар, биылгы жұмыс ж а р ы н г а қалмайды* («Екп. балықшы», 61, 1932). *Ж а р ы н қайтсем оқуга кетем* (Қ.орда, Арал). *Мен Қаракалпаққа биыл кетіп, Аралга ж а р ы н келемін* (Қ.орда, Арал). *Содан ж а р ы н д а тагы хат келді* (Гур., Есб.). *Ж а р ы н жылы біз Ақтөбеге барып қайтамыз ба деп отырмыз* (Қарақ.).

ЖАРЫП БОЛУ (Қ.орда, Арал) атақты болу, даңқы шығу. *Ол деген бүкіл Қызылордага ж а р ы п болган* (Қ.орда, Арал).

ЖАРЫСҚАЗАН (Орал, Чап.; Солт. Қаз.; МХР; Рес., Омбы) әйел босанардың алдында қасына жиналған абысын-ажындарының ырым қылып пісіріп жейтін тамағы. *Бұрын ж а р ы с қ а з а н д ы коп пісіретін едік* (Орал, Чап.). *Ж а р ы с қ а з а н г а әйелдер гана жиналады* (МХР). *Ж а р ы с қ а з а н жасаганда тез пысыру үшін қолбақырга тез тамақ істейді* (МХР). *Кейбір жагдайда ұста-*

зергер адамды шақырып келіп, затты темірді тоске қойғызып шаңқылдатып соққызады. Жарыс қазан ырымы да істеледі (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 35). *Келін де ұмытпады біз ұмытсақ, Деп күлісіп, пісіріп жарыс қазан, Кіндік кесер жабдығын жұр дұрыстап* (С. Мұқ., Таңд. шығ., 138).

ЖАРЫСҚА ҚАМТЫЛУ (МХР) жарысқа қатысу. *Аймақтың жол құрылыс пайдалану конторының коллективі жыл басынан бері социалистік жарысқа қамтылып, алған уәделерін ойдағыдай орындап, елеулі табыстарды қолға келтіруде* («Ж. өмір», 8.07.1983).

ЖАРЫҚШЕК (Сем., Үрж.) жарықшақ.

ЖАС (Гур., Есб.) су, ылғал, жаңа қазған құдықтың алғашқы суы, біліне бастаған суы. *Ержанның құдығының жасы шықпай тұр екен* (Гур., Есб.).

ЖАСАҒАН (Қ.орда, Қарм.) жасы келген, кәрі, жасамыс. *Жасаған жылқыны жемдеп соймаса, күні де жақсы болмайды екен* (Қ.орда, Қарм.).

ЖАСАЙ жасқа (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАСАҚТАУ (Орал: Жән.; Акт., Ойыл; Гур., Есб.) жабдықтау, әзірлеу, дайындау. *Жемшөп қорын мол жасақтау керек* (Орал, Жән.). *Мектеп жасақтайтын қаржы жоқ деп қарап отырсың ба?* (Акт., Ойыл). *Балықшыларды жасақтап жатырмыз* (Гур., Есб.). *Мал азығының жеткілікті қорын жасақтауда жайбарақаттықтан іске көшу керек* (Гур., Есб.). *Мұнымен бірге алдыңғы қатарлы колхозға беру үшін, әрбір ауданда ауыспалы қызыл ту жасақталсын* («Соц. ауыл», №89, 1940). *Колхозшылар Отан қорғау қорын жасақтау ісіне де белсене қатынасуда* («К-з жолы», 1941, №73).

ЖАСАМАЛ[1] жас, ысылмаған (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАСАМАЛ[2] (Жамб., Мер.) жасамыс, жасы келген. *Катты терлеп келе жатып су іше ме, жасамал адам өзі* (Жамб., Мер.).

ЖАСАМАЛЫ (Алм., Жам.) жасы келген, жасамыс. *Мұның да жасамалы болып қалды* (Алм., Жам.).

ЖАСАҢ[1] (Гур., Есб.) жас, жастау. *Ол ірә жасаңдау көрінеді* (Гур., Есб.). *Жасаң уақытта алғыр едік* (Гур., Есб.).

ЖАСАҢ[2] 1. (Қарақ.) сулы, шопті, құнарлы жер. *Жарлының малын жасаң га қусаң, қуаңа қашады. Ол жерде жасаң жер онша көп емес* (Қарақ.). **2.** (МХР) жасыл шалғын жер. *Көк жасаңмен көмкерілген сыршыл бұлақ сылаң қағып, сылдырай ағып жатыр* («Ж. өмір», 18.07.1983). *Қойды өзен, бұлақ жағалауының жасаңына қырқамын* («Ж. өмір», 26.05.1983).

ЖАСАҢҒЫР (Алм., Кег.) жас. *Жасаңғыр кісі емес, жұмысты қалай істесін* (Алм., Кег.).

ЖАСАҢДАУ (Жамб., Шу) жасару. *Жасаңдап орман, тоғай, тау мен дала* (Жамб., Шу).

ЖАСАТЫНЫ ЖАҚСЫ (Тау., Қош.) түрмысы жақсы, жағдайы жақсы, халі жақсы. *Ол ақсақалдың жасатыны жақсы* (Тау., Қош.).

ЖАСАУ[1] (Ақт., Ырғ.; Қ.орда: Сыр., Шиелі) оқ. *Қабаған итті атар едім, мылтығымның жасауы жоқ* (Ақт., Ырғ.).

ЖАСАУ[2] (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Жал.; Орал: Чап., Жән.; Шығ. Қаз., Марқ.) қызмет істеу, жұмыс істеу. *Бір-екі жыл инспектор болып жасап кетті* (Гур., Маңғ.). *Ол қызмет жасап жүр* (Гур., Маңғ.). *Ол звенода жұмыс жасайды* (Қ.орда, Жал.). *Мал шаруашылығында соның ісінде шопан болып жасайтын жастар бізде көп* («К-зшылар үні», 7.10.1955). *Бір балам Шәңгітай мектебінде мұғалім болып жұмыс жасайды* (Шығ. Қаз., Марқ.).

[Түрікменше *яшамак* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *яшамоқ* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *жасау* (Рус.-карак. сл., 1947)].

ЖАС ЖІГЕР (Өзб., Там.) жас сексеуіл.

ЖАСКЕСТЕ (Гур., Маңғ.) мәртесе, бір бұғана.

ЖАСҚА (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж.) арықтағы тайыз жер, өткел. *Паяпыл* (қ.) *тұрғанда жасқадан өткенің қалай* (Түрікм., Таш.). *Жасқадан өтсең, бұрын өт, ізде қалсаң жер тайғақ* (Мақал).

[Қарақалпақша *жасқа* жыра, жылға (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЖАСМЫҚ (Алм., Жам.) бұршақ тәрізді дәнді егіс.

ЖАСТАҒАШ (Орал: Жән., Казт.; Ақт., Ойыл) түнде жастанып жататын, күндіз үстіне жүк жинап қоятын өрнек салған әшекейлі ағаш, жүкаяқ. *Үйден жастағашты алып шық, төсек салайық* (Орал, Жән.).

ЖАСТАҒЫШ (Түрікм., Таш.) жасы үлкен кісілер жастық астына қойып жататын әшекейлі бүйым. *Ақсақал басының астына жастағыш қойып, көтеріңкіреп алды* (Түрікм., Таш.).

ЖАСТЫҒЫНДА (Гур., Есб.) жасында, жас кезінде. *Біреуі жастығында екіншісі соғыста қайтты* (Гур., Есб.).

ЖАСТЫҚ[1] (Қ.орда, Арал; Орал, Казт.; Ақт.: Ойыл, Ырғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Мары,

Таш.) екі кісілік үлкен жастық. *Екеуіне бір ж а с т ы қ берсеңші* (Қ.орда, Арал). *Мынау үлкен жастықты – ж а с т ы қ, ал кішкене бір кісілік жастықты – көпшік* (к.) *дейміз* (Ақт., Ойыл). *Көпшік* (к.) *жетпесе ж а с т ы қ т ы әперер бер* (Түрікм., Ашх.).

ЖАСТЫҚ[2] (Жамб., Қорд.; Гур., Маңғ.) дөңгелектің бел темірінің үстіндегі ағашы.

ЖАСТЫҚ[3] (МХР) бүркіт көзінің астындағы үңгір-үңгір кішкене сызықтар.

ЖАСТЫҚАҒАШ[1] (Орал: Жән., Каз.; Ақт., Ойыл) түнде жастанып жататын, күндіз үстіне жүк жинап қоятын орнек салған әшекейлі ағаш, жүкаяқ. *Қарт ж а с т ы қ а ғ а ш ы н д а жатқан күні, көкірегін ауырсына, жытына бұрып, немересінің жүзіне үңілген* (Ж. Нәжім., 14).

ЖАСТЫҚАҒАШ[2] (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) шығырдың арқалығын көтеріп тұратын көлденен ағаш. *Жалаң жерге түспес үшін ж а с т ы қ а ғ а ш п е н көтереді* (Ақт., Ырғ.).

ЖАСТЫҚАҒАШ[3] (Алм., Шел.; Жамб., Қорд.) дөңгелектеу шен темірінің үстіндегі ағаш.

ЖАСТЫҚТЫҢ АУАСЫ (Қост., Об.) жастықтың қызуы. *Осындай қиын жұмысты істетіп жүрген ж а с т ы қ т ы ң а у а с ы гой* (Қост., Об.).

ЖАСТЫҚ ТЫС (Қарак.) кнізден, мал терісінен істелген сандық тәрізді бұйым.

ЖАСҰЛЫ (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж.) жасы үлкен адамдарға айтылатын каратпа соз. *Сөзіме нансаңызшы, ж а с ұ л ы* (Түрікм., Таш.).

ЖАСЫ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) жасты, құрдас. *Ол менімен ж а с ы* (Шығ. Қаз., Больш.). *Күркебай мен Мәйек ж а с ы кісілер* (Тау., Қош.).

ЖАСЫ БАЙТАҚ (Қост., Жанг.) үлан байтақ, кең байтақ. *Ж а с ы б а й т а қ жатқан ел* (Кост., Жанг.).

ЖАСЫҚ ТҮЙЕ (Қ.орда, Жал.) арық, әлсіз түйе. Мұндай түйені сойып жатсаң да «кок» етпейтін түйе деп атайтындар да бар.

ЖАСЫЛ (Акт., Ойыл; Шымк.: Сайр., Қызылк., Арыс; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) найзағай, жай. *Кешегі түскен ж а с ы л д а колхоздың агрономы өліпті* (Ақт., Ойыл). *Бұлтты, жаңбырлы күні ж а с ы л көп болады* (Шымк., Сайр.). *Ж а с ы л таулы жерге көп түседі* (Гур., Маңғ.). *Мен келелі қара бұлтпын, келе жаумай басылман, Қарсыласқан дұшпанға, найзағай мен ж а с ы л м ы н* (Махамбет, Өленд., 95). *Қазақтан солдат алуға, Жарлық келді патшадан, Тобесінен халықтың, ж а с ы л д а й болды тастаған* (Н. Байғ., Танд. шығ., 171). *Қырғызбай, Әлжан, Әлқожа, түсірді жауға ж а с ы л д ы* (К. Әзірб., 205).

ЖАСЫЛ ЖЕМ (МХР) екпе шөп. *Сонымен қатар мал азығының мол қорын жасауға байланысты 200 гектар алаңға ж а с ы л ж е м егіп, 450 тоннадан астам түсім жинау, басқа да қосалқы шаруашылықты дамытуға баса назар аударып жұмыстаудамыз* («Ж. өмір», 7.11.1985). *Онда ж а с ы л ж е м, картоп, капуста бар* («Ж. өмір», 7.11.1985).

ЖАСЫЛ ЖУСАН (Сем., Мақ.) қара жусаннан биіктеу болып өсетін жусан түрі.

ЖАСЫЛ ҚОСАҚ (Түрікм.: Ашх., Таш.) кілем өрнегінің бір түрі.

ЖАСЫЛ ТҮСУ (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) найзағай түсу. *Осыдан біраз бұрын сол жерге ж а с ы л т у с і п т і дегенді естігенбіз* (Гур., Маңғ.).

ЖАСЫЛ ШЫРАҚ ЖАҒУ (ҚХР) жол беру, қолдау, еркіне жіберу.

ЖАСЫМАН (ҚХР) тар мойын көзе.

ЖАСЫМЫҚ 1. (Жамб., Мер.; Шымк., Түлк.) бұршақтың майдарақ жалпақтау келген түрі. *Ж а с ы м ы қ т ы озбектер көп егеді* (Жамб., Мер.). *Ж а с ы м ы қ т ы ң жапырағы болады* (Шымк., Түлк.). **2.** (Қарақ.; Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жүгерінің бір түрі. *Колхозымыз кобірек ж а с ы м ы қ екті* (Қарақ.). *Нан, күртік кейде осы ж а с ы м ы қ т а н жасалады* (Қарақ.).

ЖАСЫН жалған, отірік (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАСЫН (Қост., Об.) жай, найзағай. *Жерге ж а с ы н түскендей болды. Күн шатырлап ж а с ы н түсті* (Кост., Об.).

ЖАСЫНҒА ЖІБЕРУ (Алм., Кег.) боска, оз бетімен жіберу. *Колхоздың істеп жатқан жұмысын ж а с ы н г а ж і б е р у г е болмайды* (Алм., Кег.).

ЖАСЫН САЛУ (Жамб., Қорд.) жасын көрсету. *Мен өзімнің үй-ішімдегі балаларымның ж а с ы н с а л ы п спәрепке бер деп бардым* (Жамб., Қорд.).

ЖАСЫНЫҒА ШЫҒАРУ (ҚХР) өтірігі шығу, жалғанға жатқызу.

ЖАСЫРЫН ЖЕБЕ АТУ (ҚХР) жасырын кастық ойлау, астыртын ош алу.

ЖАСЫТ (Тау., Қош.; МХР) жасты, құрдас. *Сен екеуің ж а с ы т шығарсыңдар дейміп* (Тау., Қош.). *Ал әжем болса оның қызы Саинбиләгтің менімен ж а с ы т екенін, оның ерке екенін айтып жақтырмайтын* (Д. Нав., Тау құп., 90). *Сақаба мен Торбек екеуі ж а с ы т екен* (С. Маг., Сүмбіле, 25).

ЖАСЫ ТОҚТАСҚАН (Акт., Байғ.) жасы тоқтаған. *Ж а с ы т о қ т а с қ а н тәжірибелі*

шаруа өйелдері маялау әдістерін үйретіп жатыр (Ақт., Байғ.).

ЖАТ[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) ес, ой. *Біреуі қайда, ж а т т а ма?* (Түрікм., Таш.).

ЖАТ[2] (Алм., Нар.; МХР) жатқа, ауызша. *Ж а т сабақты да сен қатырып айтып беретін едің-ау* (Алм., Нар.). *Екінді әлетінде ж а т сабақ тыңдатты, мен білмей қалдым* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 167). *Қазір оны басынан бастап аягына дейін бір сөз тастамай ж а т оқып шыгам* (Д. Нав., Тау құп., 113).

ЖАТ[3] (Кокш., Қ.ту) жақсы. *Оспан өленді ж а т айтады* (Көкш., Қ.ту). *Бұл өзі ж а т адам* (Кокш., Қ.ту).

ЖАТАҒАН ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) үстіне жүк артқанды, адам мінгенді жақтырмай, жатып алатын қырсық түйе. *Ж а т а г а н т ү й е, көбіне, қоспақтар тұқымынан шыгады* (Қ.орда, Арал).

ЖАТ АЙТУ (Алм.: Нар., Жам.) жатка айту. *Кітапты ж а т айтқанда, мұқыл ж а т а й т а т ы н* (Алм., Нар.).

ЖАТАҚ[1] **1.** (Орал, Орда) басқа киіп жататын такия тәрізді бас киім. *Менің ж а т а г ы м қайда, әкеліп берші, басыма салқын тиеді гой түнде* (Орал. Орда). *Ж а т а қ т ы тек еркектер гана киеді* (Орал, Орда). **2.** (Орал, Жән.) балалардын бас киімі. *Балага ж а т а қ тігіп беру керек* (Орал, Жән.). К. **жатақ бөрік.**

ЖАТАҚ[2] (Гур., Манғ.) судын асты, судын орны. *Шөп судың ж а т а г ы н а шықпайды, айналасына шыгады* (Гур., Манғ.).

ЖАТАҚ[3] (Гур., Манғ.) кайыктағы адам жататын жер.

ЖАТАҚ[4] (Рес., Омбы) жатакхана. *Оқушылар ж а т а қ үймен, стипендиямен қамтамасыз етілмек* (С. Мұк., Өмір мект., 18).

ЖАТАҚ БӨРІК (Өзб., Там.) жатарда киетін бөрік.

ЖАТАҚ ҚАЙЫҚ (Гур., Манғ.) адам жататын орны бар, үлкендеу келген кайык түрі.

ЖАТАЛАК (Жамб.: Шу. Мер., Лут., Корд., Мойын.) жемнін, судын нашарлығынан болатын жылкы ауруы. *Ж а т а л а қ п е н ауырған жылқы бір пәстe (к.) ауырып, бір пәстe тұрады* (Жамб., Шу).

ЖАТАРЛАЙЫН (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жатып, конақтап жүріп жұмыс істеу. *Жылда барып, ж а т а р л а й ы м пақта теремін* (Түрікм., Таш.).

ЖАТАР ПАДА (Қорда, Шнелі) жазда ауыл малдарын етістік жерден ұзаққа алып кетіп багу. *Ж а т а р п а д а кезінде мал ауылга келмей орісте тұрып өреді* (Қ.орда, Шнелі).

ЖАТҚА АЛУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Красн.) еске алу. *Бізді ұмытпай ж а т қ а а л ы п хат жазың* (Түрікм., Таш.). *Қарсы халқының бұл жөніндегі тілегін тиісті орын ж а т қ а а л с ы н* («Қарабұғаз.», 11.06.1937). *Партияның қаулысын іске асыру үшін, жөгарыдагы көрсетілгендерді барлық колхозшылар ж а т қ а а л ы п кемшіліктермен аяусыз күрес ашулы* («Қыз. мақташы», 1933, №8).

ЖАТТЫҚ[1] (МХР) жатық. *Біздің үгітшіміз ж а т т ы қ сөйлейтін адам* (МХР). *Япыр-ай сөзінің ж а т т ы г ы-а й!* (М. Құл., Таңд. шығ., 16).

ЖАТТЫҚ[2] (МХР) тегіс. *Жол ж а т т ы қ па? Онша күдер емес – дедім* (Д. Нав., Тау құп., 134).

ЖАТТЫҚТАУ (Сем.: Көкп., Акс.) жатықтау. *Қайсаның тілі Елмандікіне қарағанда ж а т т ы қ т а у* (Сем., Көкп.).

ЖАТУ[1] (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) жағдай, тұрмыс. *Ж а т у жагы жаман емес, жақсы* (Тау., Қош.).

ЖАТУ[2] (Түрікм.: Таш., Тедж., Ашх., Красн.) қалу, ыдырау, жою. *Енді ол райондықтан ж а т т ы* (Түрікм., Таш.).

ЖАТША (Сем.: Көкп., Акс.) жатка. *Ол көп дастандарды ж а т ш а айтады* (Сем., Көкп.).

ЖАТШЫЛ (Орал, Орда) жады күшті, ұмытпайтын адам. *Қыдырғали ж а т ш ы л адам-ау, бір естігенін қайта айтып береді* (Орал, Орда).

ЖАТЫҚ ЖЕР (Түрікм.: Таш., Тедж.) өзеннін жайпақ жері немесе мал су ішетін жер, суат.

[Қаракалпакша *жатық* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЖАТЫЛУ (МХР) жаттығу. *Келгендегідей емес сумын орталығына көзім ж а т ы л ы п қалды* (Ш. Кат., Аз. көз., 73).

ЖАТЫМСЫЗ (Сем.: Абай, Акс., Көкп.) орынсыз, ынғайсыз, ұят. *Анау балалардың көзінше одағай сөз айтсақ, ж а т ы м с ы з болады* (Сем., Абай).

ЖАТЫН (Жамб., Корд.) жайылым жер, орын. *Малдың ж а т ы н ы жақсы болса, бұл жерден мал жұтамайды* (Жамб., Корд.).

ЖАТЫН ОРЫН (Алм., Нар.; Жамб., Жам.) жататын орын, жатакхана. *Ж а т ы н о р ы н, киім-кешек, тамақ – бәрі қазынадан* (Б. Сокп., Жекпе-жек, 192). *Балаларга ж а т ы н о р ы н г а байдың қуыс бөлмелері де жетеді* (Ш. Мұрт., Жұлд. көп., 107). *Өйткені оқушы балаларга ж а т ы н о р ы н керек* (Ш. Мұрт., Инт. ханы, 124).

ЖАТЫН ҮЙ (Шымк., Түркіс.) жататын бөлме.

ЖАТЫП ҚАЛУ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) тоқтап қалу. *Соның кесірінен кеше іс ж а т ы п қ а л д ы* (Түрікм., Красн.). *Осы күндердің арасында оқу жұмысы ж а т ы п қ а л д ы* («Қарабұғаз.», 14.04.1937).

ЖАТЫРҒАН (Орал: Чап., Жымп., Жән.; Гур.: Маңғ., Есб.; Ақт., Қараб.; Қарақ.; Түрікм., Таш.) жатқан. *Жұмыс істеп ж а т ы р г а н д а р ы ң қанша?* (Орал, Жән.). *Қоймек көшіп келіп ж а т ы р г а н ауылдың адамдары келді* (Орал, Жән.). *Жерде ж а т ы р г а н жай тастан да үй жасаймыз* (Гур., Маңғ.). *Бұлар оқымай ж а т ы р г а н адамдар гой* (Гур., Есб.). *Қойлар өлке бойынша жайлап ж а т ы р г а н* (Ақт., Қараб.). *Бала үйықтап ж а т ы р г а н болар* (Қарақ.). *Біз оған Хожейліге бара ж а т ы р г а н біреуден сәлем айтып жібердік* (Түрікм., Таш.). *Квас сатып ж а т ы р г а н опыр-топыр, Қарбыз сатып ж а т ы р г а н опыр-топыр* (Ә. Кекіл., Құс кан., 320). *Сіздің әскерлер қашып келе ж а т ы р г а н көрінеді гой* (Т. Ахт., Шыр. сөнб., 104). *Машинаны алған ауылдардың шөпті машинамен шауып ж а т ы р г а н ы н бақылатпаған* («Екп. балықшы», 1932, №32).

ЖАТЫРУ[1] (Сем., Аяг.) түру. *Қазір ол үйде сельсоветтың конторы ж а т ы р* (Сем., Аяг.).

ЖАТЫРУ[2] (Қ.орда, Арал) жату.

ЖАТЫРЫЛУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Ашх., Красн.) *...мұнан былай қажетсіз деп тауып, мемлекеттік қорғау комитеті ж а т ы р ы л с ы н* («Жұм-шы», 14.09.1945).

ЖАТЫС (Ақт., Ойыл; Гур.: Маңғ., Есб.) демалыс. *Ж а т ы с қ а дейін қалаға барып келейін деп едім, ат бергізші* (Ақт., Ойыл).

ЖАТЫС КҮН (Гур., Есб.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) демалыс күні. *Бүгін ж а т ы с к ү н і болғанмен, шахтада жұмыс жасап жатыр* (Гур., Есб.). *Ж а т ы с к ү н д е Каспий жағасына баралы* (Түрікм., Красн.). *Қызыл бұрыштың жанында ж а т ы с к ү н д е р і кино болып тұрады* (Түрікм., Ашх.). Қ. жатыс.

ЖАУАЛДЫЗ (Қ.орда, Қарм.) жуалдыз, тебен. *Ж а у а л д ы з г а шуда жіпті өткізіп, қаптың аузын тіктім* (Қ.орда, Қарм.).

ЖАУАП (Қ.орда, Арал; Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Көнеүр.) рұқсат. *Ал, балам, маған енді ж а у а п па? Тақсыр, бізге ж а у а п бер!* (Қ.орда, Арал). *Директордан ж а у а п сұрап Ташауызға бармалымын* (Түрікм., Көнеүр.).

ЖАУАП ЖҮКТЕТІЛУ (МХР) 1. ресми шара қолданылу. *Күләшхандарға тиісті ж а у а п ж ү к т е т і л д і* («Ж. өмір», 14.11.1983). 2. айып тағылу. *Ага дәрігер Маратқа сұмындық партия комитетінің бюро жиналысынан ж а у а п ж ү к т е т і л д і* (МХР).

ЖАУАПКЕР (МХР) жауаптылар, жауапты адамдар. *Ондай қиыншылықтар болғанымен сайлаушылар, ж а у а п к е р л е р сайлау ережесін бұлжытпай орындауға ерекше мән берді* («Ж. өмір», 8.06.1987).

ЖАУАП ҚАҒЫСУ (Гур., Маңғ.) сөз жарыстыру, сөз таластыру. *Тілдімен ж а у а п қ а г ы с п а* (Гур., Маңғ.).

ЖАУАП ҚЫЛМАУ (Сем., Үрж.) жауап бермеу, жауап қатпау. *Ол қанша сұрасақ та ж а у а п қ ы л м а д ы* (Сем., Үрж.).

ЖАУАПТАНДЫРУ (МХР) міндеттендіру, міндетіне алғызу. *Осы алқапты түгелдей қоршап, табын-табынға ж а у а п т а н д ы р ы п, тыңайту керек, – деп кеңес берді Б. Құрметбек жолдас* («Ж. өмір», 22.07.1985). *Бірлестік құдықты малшыға ж а у а п т а н д ы р а м ы з дейді* («Ж. омір», 23.02.1984).

ЖАУАПТАНДЫРЫЛУ (МХР) міндетіне берілу. *Осы науқанға байланысты сүт бөлімшелерінің санын молайтып, сауылуға тиісті 900 сиыр, 6 бөлімшеге топтастырылып, табындар зоотехниктерге ж а у а п т а н д ы р ы л д ы* («Ж. омір», 30.07.1985).

ЖАУАПТАНУ (МХР) 1. жауап беру. *Осында педагогика оқулықтарына ж а у а п т а н г а н адам* (МХР). *Әмбе менің ж а у а п т а н г а н класым да бар* (Д. Нав., Тау күп., 159). *Жалпы бригадир мал шаруашылығын, өз кеңсесін ғана ж а у а п т а н ы п, баршаның денсаулық, тазалық мәселесін дәрігерлер қарауына алсын деген ұғымнан аулақ болмауға тиіс* («Ж. өмір», 4.06.1987). *Отар жұмысы жеке топтарға бөлініп, оларды ж а у а п т а н а т ы н мал мамандары, коммунистер, тәжірибелі малшылар тағайындалған болсын* («Ж. өмір», 8.08.1983). 2. міндетіне алу. *Дәлірек айтқанда, 107,4 мыңнан аса төл жастар ж а у а п т а н г а н табындарды думанға бөлеуде* («Ж. омір», 6.04.1983). *Аймағымыздағы клубтардың 35 процентін, кітапхананың 25 процентін кәсіподақ үйымдары ж а у а п т а н а д ы* («Ж. омір», 26.07.1985). 3. жауапты болу. *Бұның жауапкершілігі аймақтық әкімшілік басқармасындағы лицензия ж а у а п т а н а т ы н адамға жүктелуге тиіс* («Шұғыла», 1992, №4, 6). *Сол ауылдың бірінің шаңырағынан көкпарды тастауға тиіс, шаңырағына көкпар түскен ауыл, сол күнгі кешкі думанды ж а у а п т а н ы п, тойшылардың сауық-сайранын үйымдастырып, шығынын көтереді* (Б. Көм., Мон. қаз. салт-дөс., 52).

ЖАУАПТАНУШЫ (МХР) міндетіне алушы. *Өткен жылы бұл алаңнан 160 центнер пішен алыныпты. Биыл көктеуі жақсы көрінеді. Мұны ж а у а п т а н у ш ы М. Оңалхан деген азамат екен* («Ж. өмір», 22.07.1985).

ЖАУАП ҰРМАЙ (МХР) жауапты қарамай. *Баққан малына ж а у а п ұ р м а й он шақты малын қасқырға жегізген* (МХР).

ЖАУАТ (ҚХР) жомарт, қолы ашық, береген.

ЖАУ БҮЙРЕК (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.) атылған арқардың майы мен бүйрегінен аңшылардың далада жасайтын шашлық тәрізді тағамы. *Онімді маусымды аңсаған аңшылар аң аулап далада ж а у б ү й р е к жасасақ деп зарыға күтеді* (Сем., Абай). *Біз ж а у б ү й р е к жасап жедік* (Сем., Ақс.). Қ. жаужүрек.

ЖАУҒАН КӨЖЕ 1. (Шымк., Түркіс.) ет, май қоспай пісірілген тамақ. *Ж а у ғ а н к ө ж е н і жасағанда қамырға көк жалбызды тұрап салып илеп, оқтаумен жайып, шетінен үзіп тастап пісіреді* (Шымк., Түркіс.). **2.** сөктен, тарыдан жасалған көже.

ЖАУЖАПЫРАҚ (Алм., Жам.) тарбиған жабысқақ тікені бар жапырақ. *Құйыршық жауын жауғанда ж а у ж а п ы р а қ т ы ң түбіне паналайды* (Алм., Жам.).

ЖАУЖҰМЫР 1. (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид.) тамыры жемісті өсімдік. *Ж а у ж ұ м ы р д ы ң түбін балалар отқа көміп жейді* (Гур., Маңғ.). *Ж а у ж ұ м ы р д ы кейде дала тұрпы деп те атайды* (Түрікм., Красн.). *Ж а у ж ұ м ы р қатқыл жерге шығады, сабағының ұзындығы жарты метр. Ж а у ж ұ м ы р шикі күнінде ащы болғандықтан пісіріп жейді* (Қ.орда, Арал). **2.** (Алм., Жам.; Жамб.: Шу, Сар.) түбі сап-сары сәбіз сияқты, басы жалғыз тал болып шығатын өсімдік. *Ж а у ж ұ м ы р теруге Оспан мана кетті* (Алм., Жам.). *Ж а у ж ұ м ы р д ы кептіріп малға берсе, мал семіреді* (Жамб., Сар.). *Ж а у ж ұ м ы р д ы ң түбіндегі түйіні татыраннан кішілеу болады* (Жамб., Шу). *Жаман болса ж а у ж ұ м ы р д ы ит жер ме* (Жамб., Шу).

ЖАУЖҮРЕК (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) аңшылардың аңды атып алғанда, сол жерде сауыры мен майынан жасайтын шашлық тәрізді тағам. *Ж а у ж ү р е к т і кейде үйде сойылған малдан да жасайды* (Тау., Қош.).

ЖАУЗА (Рес., Орын.) зауза, ескіше май айының аты.

ЖАУҚИЯҚ (Көкш., Қ.ту) шоқ-шоқ болып өсетін, мал жемейтін шоп түрі. *Ж а у қ и я қ түбінен құдық қазғанда су көп шығады* (Кокш., Қ.ту).

ЖАУЛА (Гур., Маңғ.) тынық, теңіздің толқынсыз күні. *Бүгін теңіз ж а у л а екен, бүгін балыққа шығар ма еді* (Гур., Маңғ.).

ЖАУЛАРУ (Гур., Маңғ.) тыну (теңіз). *Теңіз ж а у л а р ы п жатқанда, балықтар арқасын күнге тосып, су бетінде жүреді* (Гур., Маңғ.).

ЖАУЛАУ (Кокш., Қ.ту; Қар., Шет) бақыраш, қолбақыр. *Ж а у л а у бұрын болушы еді* (Қар., Шет).

ЖАУЛЫ БАҚЫР (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) үлкен бақыраш, темірден жасалған үлкен ожау. *Аңшылардың қанжығасынан ж а у л ы б а қ ы р түспейтін көрінеді* (Түрікм., Красн.).

ЖАУЛЫҚ[1] 1. (Кокш., Қ.ту; Қост.: Об., Торғ., Жанг.; Павл., Ерт.; Қ.орда, Арал) кимешек. *Ж а у л ы қ қазір жоқ, бұрын ақ матадан істелді* (Кокш., Қ.ту). *Бәтіш ж а у л ы г ы н алшысынан тастап шәй ішіп отыр* (Қ.орда, Арал). *Ж а у л ы қ т ы жауын далаға жайып қойдым* (Қост., Об.). *Әйелдер бастарына ақтықтан ж а у л ы қ салады* (Қост., Жанг.). *Ж а у л ы г ы болса – қатын, жалыны болса – отын* (Мақал). *Ж а у л ы қ кигеннің бәрі қатын емес, Бөрік кигеннің бәрі батыр емес* (Мақал). *Ж а у л ы қ т ы ң шаршысын шалқасынан тастап, дөңгелек ақ құба жүзін, қолаң қара шашын, әдемі жұмыр мойнын жасырмай отыр* (Ғ. Мүсір., Оян. олке, 150). *Кестелі ж а у л ы қ т ы аршын, жырындай қылып салынған, қатарлап ораған алтын үш тұмаршадан көрінбейді* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 68). **2.** (Жамб., Шу; Жезқ., Ұлы.) орамал. *Ақ ж а у л ы г ы жалпылдап, апашым малға барар ма?* (Жам., Шу). *Бұяқтың қыздары ж а у л ы қ т ы басына салмайды* (Жезқ., Ұлы.). **3.** (Ақт., Алғ.; Рес., Орын.; Түрікм., Таш.) күндік, шаршы, шәлі. *Ж а у л ы қ т ы үлкен, әйелдер салады* (Рес., Орын.). *Мынау кіші ж а у л ы қ, ол анау әжең басындағы әйдік ж а у л ы қ* (Рес., Орын.). *Олардың үйіне қарай бастарына ж а у л ы қ салған, үш-төрт әйел бара жатты* (Түрікм., Таш.). **4.** (Ауғ.; Ир.) келіншек, әйелдер тартатын қызылдан басқа түсті орамал.

ЖАУЛЫҚ[2] 1. (Қарақ.) туыс, аталас, тума. *Менің осында бір ж а у л ы г ы м бар екен, соны ұшырастыра алмай тұрыппын* (Қарақ.). **2.** (Қарақ.) шоберенің баласы.

ЖАУРАУ (Шымк.: Қызылқ., Сайр.; Алм.: Нар., Кег., Шел., Іле, Жам.; Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд.; Орал: Чап., Жымп.; Ақт., Қараб.; Түрікм., Красн.) тоңу, мүздау. *Жолаушы кешегі суықта ж а у р а п, жылы киім сатып алды* (Шымк., Қызылқ.). *Тегі күн суық па*

ж а у р а п кеттім (Алм., Жам.). *Ертеңгісін жаман ж а у р а д ы м* (Алм., Іле). *Қонақтар ж а у р а п қалды, үйге кіргіз* (Алм., Шел.). *Далада біраз тұрып ж а у р а п қалдық* (Жамб., Шу). *Атасы немересінен ж а у р а г а н жоқсың ба деп сұрады* (Жамб., Жам.). *Күн салқындаған соң ж а у р а й бастадым* (Акт., Қараб.). *Біз осылай ж а у р а п отырамыз ба, үйге кетейік* (Орал, Чап.). *Күн бата бергенде жауын жауып кетіп, Жәйшемге ж а у р а п жеттік* (Түрікм., Красн.). *Көбі ж а у р а п иегі иегіне тимейді* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 287). *Таңсәріден кеткен Әбекең ж а у р а п, қарыны ашып қайтқанда, үйі осылай қарсы алды* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 162).

ЖАУСАҚ (ҚХР) күркеше, ларек.

ЖАУТАҢ (ҚХР) түлкінің күшігі. *Түлкінің ж а у т а ң ы н д а й сені көрсем, өлсем деп құшақтасып көз алмадым. Түлкінің ж а у т а ң ы н түлкішек, мырши деп те атайды* (ҚХР).

ЖАУ ТОРҒАЙ (Қ.орда, Қарм.; Өзб., Там.) кішкене, қоңыр торғай. *Ж а у т о р г а й д ы ң егінге зияны коп* (Қ.орда, Қарм.).

ЖАУША (Шығ. Қаз., Зайс.) қара бидай. *Бұл колхоз ж а у ш а да егеді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЖАУШЫ[1] (Қ.орда, Қарм.) әдет-ғұрыпқа байланысты сөз. *Құдалар арасында жүруші, баршы, елші. Жақсы қыз тапсаң, жиен, озім ж а у ш ы боламын, – деді* (Қ.орда, Қарм.).

ЖАУШЫ[2] жаулық (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАУЫҒУ (Сем.: Абай, Шүб.; Жамб., Қорд.; Қост., Аман.; Гур., Маңғ.) жау болу, өшігу, араздасу. *Шыңғысхан мен Күшлік бір-біріне өлеөлгенше ж а у ы г ы п кеткен* (Сем., Абай). *Ілгері кезде қазақ қалмақтар ж а у ы қ қ а н ел еді* (Жамб., Қорд.). *Сен біреуді біреуге ж а у ы қ т ы р м а й жүре алмайсың ба? Бұрынгы кезде ру араларында ж а у ы қ т ы р у жагы көп болатын* (Қост., Аман.).

ЖАУЫҚ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) жабу. *Мынау жерде түйенің ж а у ы г ы тұрушы еді* (Тау., Қош.).

ЖАУЫЛША[1] (Гур., Маңғ.) аласа, дәні бар өсімдік. *Ж а у ы л ш а – мәусімді шоп* (Гур., Маңғ.).

ЖАУЫЛША[2] (МХР) қолбақыр, ыдыс. *Пәлен жерде бақыраш бар, ізден барса ж а у ы л ш а да жоқтын* (Церендор. Е. ул., 61).

ЖАУЫН ЖЕУ жауын шаю (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАУЫНЧЫЛ (Алм., Кег.) жауынды, жауыны мол. *Егін ж а у ы н ч ы л жылы коп чыгады* (Алм., Кег.).

ЖАУЫРТУ (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.) жауыр болу, қажалу. *Белдің* (к.) *сабы қолымды ж а у ы р т ы п тастады* (Түрікм., Красн.). *Колхоздың күтімдегі аттарын мініп, ж а у ы р т ы п күн откізіп кете береді* («Жұм-шы», 15.07.1953).

ЖАУЫРУ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Тедж.) жауыр болу. *Атыңның арқасы ж а у ы р а й ы н деген бе?* (Гур., Маңғ.). *Күтіп мінбегендіктің салдарынан 20 бас ат арқалары ж а у ы р ы п, күйсіздікке ұшырап отыр* (Түрікм., Красн.). *Тас мұжілмей қойсын ба, аягым қалган ж а у ы р ы п* (Ғ. Сл., Дөң. аск., 12).

ЖАУЫРЫН (МХР) бүркіттің топшыдан мойынға дейінгі сүйегінің атауы.

ЖАУЫРЫНДЫ ЖАБА ТЫҒУ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) жасыру, жауырды жаба тоқу. *Колхоз бастық бұл заяны* (к.) *корсе де, ж а у ы р ы н д ы ж а б а т ы г ы п отыр* (Түрікм., Красн.).

ЖАУЫРЫН ЖАҒУ (МХР) ортеген жауырынға қарап бал ашу.

ЖАУЫРЫН ЖОРУ (МХР) жауырынды ортемей түрып, молшылық, жолшылыққа меңзеп түспалдап айту.

ЖАУЫРЫНТАҚ[1] (Қ.орда, Арал; МХР) иініш. *Ж а у ы р ы н т а қ салмаган койлектің арқасы тез кетеді* (Қ.орда, Арал). *Палуандар күрескенде, кеудесіне жеңді ж а у ы р ы н т а қ пен мықынды шолақ шалбар киіп күреседі* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 50). Қ. жауырытақ.

ЖАУЫРЫНТАҚ[2] (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) байлауда коп түрған бұзаудың ауруы. *Еркін жүрмей үнемі байлауда туратын бұзау ж а у ы р ы н т а қ болып ауырады* (Қ.орда, Қарм.).

ЖАУЫРЫНША 1. (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) жаңа түскен келіншектердің кайнысына тігіп беретін алғашкы кестелі көйлегі. *Жеңге болып ж а у ы р ы н ш а да тігіп бермеді* (Түрікм., Таш.). 2. (Қарақ.) еркектер көйлегінің бір түрі.

ЖАУЫРЫТАҚ (Қ.орда, Арал) иініш.

ЖАУЫТ ҚЫЛУ (Көкш., Қ.ту) айту, айтып қою. *Қанжығалы Райымбек Нуралы мен Бекмагамбеттің сойлескенін Сақұлаққа ж а у ы т қ ы л ы п т ы* (Көкш., Қ.ту).

ЖАЮ (Қост., Жаиг.) құру, салу. *Қасқырга қақпан ж а я м ы з* (Қост., Жанг.).

ЖАЯБІР (МХР) баяу. *Көктем айының аяқ, жаз айының бас шені. Жадырап шыққан күн, ж а я б і р кол толқыны, көлде мамырлап жүзген аққу, т. б. құстардың саңқылдаган үні, коктемнің көңілді күні* (М. Құрман., 88).

ЖАЯУ АУДАРЫСПАҚ (Жамб.: Шу, Мер., Қорд.) арқасына мінгізіп алып тартысатын

балалар ойыны. *Жаяу аударыспақ ойнағанда екі жаққа бөлініп ұпай салып ойнайды* (Жамб., Шу).

ЖАЯУ БОРАСЫН (Павл., Ерт.; Ақм., Атб.) боранның баяу түрі. *Түн желкем, жаяу борасын, ызғырық* (Б. Майл., Шығ., 4 т., 173). *Жол бойында, алда, артта не бар, не жоғын жаяу борасын бүркеп көрсетер емес* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 69). *Жаяу борасын бұрқаққа айналды* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 204).

ЖАЯУҒА САЛМАУ жаяу қалдырмау (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖАЯУ-ЖАЛПЫЛ (Сем.: Көкп., Ақс.) жаяу-жалпы. *Орыс жұмысшылары сонау Оралдан Қарағандыға жаяу-жалпылзорға жеткен еді* (Сем., Кокп.).

ЖАЯУ ҚАБАН (Қост., Фед.) шошақ. *25-30 шомеледен бір қабан тұрғызылды. Төрт-бес жаяу қабан шоп үйдім* (Қост., Фед.).

ЖАЯУЛАУ (Сем., Абай; МХР) жаяу, коліксіз. *Олар жаяулап келді* (Сем., Абай). *Соққы жегендер бастығы Әзімбай боп, жылқының орісінен жаяулап қосқа жеткенде, қолдағы бар ат, тек, Ақылбайдың аты болған соң тың тұяқ жылқының біреуін мінгізіп, жақын жердегі ауылдарға шаптырып үш-төрт ат жигызып алыпты* (М. Әу., Абай жолы, II, 118). *Атын тасаға байлап жаяулап келген Берікболдар жапа тігілген үйлердің кол жағасындағы шеткісіне келіп кірді* (М. Құл., Танд. шығ., 29).

ЖӘ[1] (Сем.: Аяг., Абай; МХР) ал, жарайды. *Жә, создің тоқ етерін айтшы* (Сем., Абай). *Жә, ақсақал, әңгіме айта отырыңыз* (Сем., Аяг.). *Жә, жігіттер! Мынау алдыңда жатқан кекті жауың – Төкежанның қосы* (М. Әу., Абай жолы, II, 97). *Айтқан сайын әрбір сөз, Ақылға сап қызы тез. «Жә!» деп түйін айтады* (М. Сұл., Шыңғыс хан, 40).

ЖӘ[2] (Қост., Жітік.; Рес., Орын.) я, не, немесе. *Жә адаққы* (к.), *жә басқы дыбысы бөлек айтылады* (Рес., Орын.). *Ол өзі жә ден саулыққа, жә адамшылыққа қатысы жоқ нәрсе* (Қост., Жітік.). *Мұны бір күнде жә бір жетінің ішінде өзгертуге болмас* (Х. Есенж., Ақ Жай., 1 т., 29).

ЖӘББӘЙ (Шымк., Қызылқ.) я, ау одағай сөздерінің орнына қолданылады. *Жәббәй, не дейсің!* (Шымк., Қызылқ.).

ЖӘДІКЕШ//ЖӘДІРКЕШ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) ұғымтал, жадына сақтағыш. *Ескі әңгімені жәдікеш адам біледі* (Қ.орда, Арал).

ЖӘДІРКЕШ Қ. **жәдікеш.**

ЖӘЗЕТ (ҚХР) рұқсат. *Жәзет бер* (ҚХР).

ЖӘЙ[1] (Алм.: Қаск., Жам.) жай, орын. *Қысқы жәйімізделегі малдарға колхоз председательдері мен орынбасарларынан 25 адам, аудандық активтерден, зоочниктерден алты адам жіберілді* («Соц. майдан», 18.01.1948).

ЖӘЙ[2] (Алм., Жам.) кор, қабір, мола. *Балақ әлді, амал не, енді жәйін қаза бер, – депті Сүйінбай* (Алм., Жам.).

ЖӘЙБАҒЫСТАУ (Шымк., Қызылқ.) жайғасу, орналасу, жайласу. *Звено жәйбағыстады. Есіктік жерге жәйбағыстап болды* (Шымк., Қызылқ.).

ЖӘЙБАҒЫСТЫРУ (Шымк., Қызылқ.) жайғастыру, орналастыру. *Әр адамды өз орнына жәйбағыстыру керек* (Шымк., Қызылқ.).

ЖӘЙҚАЛУ (Ақт., Ойыл) кешігу. *Тез әзірлен, жәйқалдың* (Ақт., Ойыл).

ЖӘЙЛАГ (Қост., Торғ.) жайлау.

ЖӘЙЛІ (Қ.орда, Сыр.; Шығ. Қаз., Марқ.; Гур., Маңғ.; Қост.; Түрікм., Красн.) жайлы. *Жәйлі орын* (Шығ. Қаз., Марқ.). *Өзі бір үй ішіне де, өзгеге де жәйлі болып шықты* (Түрікм., Красн.). *Аналық малдардың іш тастаушылығымен күресудегі шарт биелерді қазірден бастап салт мінуден, жегуден мүлдем тоқталып, жақсы, жәйлі, жылы орынға қойылып, қунарлы шөп берілетін болсын* («Ең. туы», 1938, №26).

ЖӘЙМА (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) дастарқан. *Жәйма деп дастарқанды, асжаулықты айтады* (Қост., Жанг.). *Жәйманы жайып салыпсың, үстінде түк жоқ. Ешнәрсе бермесең жәйманы жиып ал* (Жезқ., Ұлы.).

ЖӘЙТІМІЗ БАР (Орал, Казт.) жәйіміз бар. *Шаруамыз бүгін-ертең дүзеле ме деп күтіп жатқан жәйтіміз бар* (Орал, Казт.).

ЖӘЙШІКТІ АРБА (Жамб., Шу) науалы арба, жәшікті арба.

ЖӘЙІЛІМ (Ақм., Еркін.) жайылым. *Мал жәйілімде жүр* (Ақм., Еркін.). *Қой фермасының бастығы Оразбаев жолдас қойды жақын жәйілімге жәйіп, жиі тоғытып күтудің нәтижесінде жүн планын артығымен орындады* («Ең. туы», 1940, №57).

ЖӘЙІМЕН (Өзб., Бост.) жайымен, ақырын. *Ол жәйімен ғана отыра кетті* (Өзб., Бост.). *Май табанын қара жол топырағын абайсызда шаңытып алмайын дегендей, ол жәйімен, тіпті еппен, есеппен басады* (Р. Райым., Жап. жанғ., 1 т., 73).

ЖӘЙІН (Орал: Чап., Тайп.) жай. *Шөп жинауға жәйін жас Амантай Салимов күнделік нормасын 105-107 процент орындайды* («Екп. жол», 1954, №13).

ЖӘЙІН ЖАУЫР (Орал, Орда) жылқының шоқтығындағы ісіксіз жауыр, жәй жауыр.

ЖӘЙІТ (Гур., Бақс.) жағдай. *Қой союға жәйітімізі келеді гой* (Гур., Бақс.).

ЖӘКЕ 1. (Жамб., Қорд.; Алм., Шел.) әке. *Жәкем айтып қоймаушы еді* (Жамб., Қорд.). *Жәке, бүгін мейманды қ қа мені ертіп барасың ба?* (Алм., Шел.). *Жуырда ғана жәкем келді, енді сен келіп отырсың* (Б.Соқп., Жекпежек, 92). *Жеңгесі Фатнматқа салы орамал, жәкесіне ондатр тұтқан қазақы бөрік сатып алған* (Ш. Мүрт., Қара мар., 5, 13). 2. (Жамб., Жам.) аға, көке. *Мұнда жәкем бар ма? Жәкең чыгып кетті* (Жамб., Жам.). 3. (Алм., Шел.) келіндерінің күйеуінің ағаларына айтатын туыстық атау. 4. (Жамб.: Жам., Жуа.) жасы үлкен кісі. *Ай жәке-ай, сіз де күңірене береді екенсіз* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 13). *Мамыт жәкемнің епгеген сәудегерлігі бар еді* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 28, 24).

ЖӘКЕНШІ 1. (Жамб., Мер.) жәрдемші. *Бөлтіріктер Сыпатайдың жәкеншісі гой* (Жамб., Мер.). 2. (Жамб., Шу) екі адамды бітістіруші, келістіруші.

ЖӘЛБІ (Шығ. Қаз.) шағым, арыз. *Үстіңнен жәлбі жасаймын неге атасың* (О. Бөк.).

ЖӘЛДАП (Қ.орда, Арал) алыпсатар, саудагер. *Жәлдаптарга тамақ жетсе, олар өздері біледі* (Қ.орда, Арал). 2. (Қ.орда: Қарм., Сыр.) екі саудагердің арасында жүріп пайда түсіруші. *Жәлдаптар базардың маңайынан шықпайды* (Қ.орда, Қарм.).

ЖӘЛДЕУ (Рес., Орын.) аяу. *Сен мені жәлдеп отырмысың, үйтіп мені жәлдемей-ақ қой* (Рес., Орын.).

ЖӘЛПІШТЕНУ (Қ.орда, Тер.) жарамсақтану, жалпақтау.

ЖӘЛІШІ (Көкш., Щуч.) ескі жүртта, бұрын егін еккен жерге шығатын дәні ашқылтым, мал жейтін шөп. *Жәлішті ен басқа ақбас, алсын, сасыр, т. б. шөп аттары бар* (Көкш., Щуч.).

ЖӘ МӘ? (Тау., Қош.; МХР) жарай ма, мақұл ма, дұрыс па? *Ақсақал осылай етейік, жә мә? Мен балалармен ойнап ап барам, жә мә?* (А. А., Сүй. мен., 21).

ЖӘМӘӘТ (Қарақ.) жамағат. *Сағат он екіде жәмәәт жам болды* (Қарақ.).

ЖӘМӘ ЖӘЛӘСУ (МХР) уағдаласу, соз байласу. *Жәмә жәләсіп-ап үйімізге кетістік* (МХР).

ЖӘМӘЖӘ ДЕСТІ (Шығ. Қаз., Больш.) келісті, соз байласты. *Ол осы мәселе жөнінде жәмәжә дестіі* (Шығ. Қаз., Больш.).

ЖӘМБІ (Өзб.) қолға су құйғанда қойылатын ыдыс.

ЖӘМБІЛШЕ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) қауынның ерте пісетін кішкене сорты. *Июль айының орта кезінде Сыр бойында жәмбілше піседі* (Қ.орда, Арал). *Жәмбілше ерте пісетін тәтті сары қауын* (Қарақ.). Қ. дәмбілше, жамбырша, жәмше, жегелек.

ЖӘМЕСЕ (Рес., Орын.) немесе. *Борышқа ұшыраған жәмесе апатқа ұшыраған адамдар жылу сұрап келеді* (Орын., Ад.).

ЖӘМКЕ (Қ.орда, Арал; Ақт.: Ырғ., Қараб.; Қост.: Жанг., Семиоз., Жітік.; Рес., Орын.) шымшуыр, қысқаш. *Жәмкемен самауырға от сал* (Қ.орда, Арал). *Мына жатқан жәмкені үйге апарып қой* (Ақт., Ырғ.). *Қарағым, жәмкені баспасаңшы* (Қост., Семиоз.). *Әйел отты қолындағы жәмкесімен әрлі-берлі қағыстырып қойды* (Қост., Жітік.). *Шоқты жәмкемен қысып алып таста* (Рес., Орын.).

ЖӘМШЕ (Түрікм.: Мары, Тедж., Таш.; Қарақ.) домалақ, қабығы жұқа, жол-жол сары, іші қызыл, ерте пісетін қауын. *Тернектен соң жәмше піседі* (Түрікм., Таш.). *Жәмше енді бір 15 күндерде пісіп қалар* (Түрікм., Тедж.). *Қауынымыздың копшілігі жәмше* (Қарақ.). Қ. жамбырша, жәмбілше, жегелек.

ЖӘМШІК ТАРТУ (Қост., Об.) жүк тарту. *Мен ертеде жәмшік тартып едім* (Қост., Об.).

ЖӘМҢАРЛЫ ТАЗА НӘРСЕ (Қост., Жанг.) ажарлы таза нәрсе.

ЖӘНӘН (Жамб., Луг.) үлкен кесе.

ЖӘНӘУІТ (Қарақ.) қатты қара ағаш. *Етікші етік шегелейтін ағаш шегесін осы жәнәуіттен жасайды* (Қарақ.).

ЖӘНДӘКҮЛ (Жамб., Шу) үстара салатын қын. *Жәндәкүл ілгеріде болған* (Жамб., Шу).

ЖӘНДЕТТІ (ҚХР) ажарлы, шырайлы, оңді, корікті, әрлі.

ЖӘНДІК (Қ.орда, Арал) жан, адам. *Ойпырай, неткен жәндік, кешке дейін жұмыс істесе де шаршамайды* (Қ.орда, Арал).

ЖӘНЕ ҒАНА (Сем.: Абай, Шүб.) жана ғана.

ЖӘНЕН (Алм., Іле) үлкен кесе. *Жәнен кесемен кеспе ішеміз* (Алм., Іле).

ЖӘНЕНШІ (Жамб.: Луг., Шу) және, жаңа. *Біздің колхоз жәненшісіздің колхоз* (Жамб., Луг.). *Азғана жерім бар соған жоңышқа егемін жәненшібияз, сәбіз, тағы басқалар саламын* (Жамб., Шу).

ЖӘНЕСІН (Тау., Қош.) және.

ЖӘНЖІЛ (Қост.: Фед., Семиоз.) есікке құлып салатын темір. *Есіктің жәнжілін қайта қақтым* (Қост., Фед.).

ЖӘНШІЛ (Рес., Орын.) ілгек, күршөк. *Есіктің ж ә н ш і л і н сал* (Рес., Орын.).

ЖӘНШІЛУ (Қост., Семиоз.) жаншылу.

ЖӘҢГУ (Ауғ.; Ир.) білезік.

ЖӘҢЕ (Сем.: Көкп., Ақс., Аяг.; МХР) жаңа. *Біз Комсомол колхозынан ж ә ң е келдік* (Сем., Көкп.). *Шаруашылық ж ә ң е д е н ұйымдасқандықтан нәтижесі толық көріне берген жоқ* («Ж. өмір», 22.12.1983). *Айтып не қыласыз ж ә ң е-ж ә ң е гана ес жидым* (М. Құрман., 120).

ЖӘҢӘГІ (Жезқ., Ағад.) жаңағы.

ЖӘҢЕЛІК (Тау., Қош.) жаңалық.

ЖӘҢЕШЕ (Шығ. Қаз., Больш.) жаңаша.

ЖӘПЕЛДЕС (Алм., Үйг.) кішкентай.

ЖӘП-ЖИЫН ЕЛ (Шығ. Қаз., Больш.) бейбіт жатқан ел.

ЖӘРӘП (МХР) сай, сәйкес. *Сыйға сый, сырага бал дегендей, өз сыйына ж ә р ә п сый корсетеміз гой* (МХР).

ЖӘРӘЙДІ (Шығ. Қаз., Больш.) жарайды.

ЖӘРӘНДІК (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем., Үрж.) арбаның қалканы, сатысы. *Ж ә р ә н д і к т і арба шоп тасуга қолайлы* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Ж ә р ә н д і к с і з басылган шоп мардымсыз* (Сем., Үрж.).

ЖӘРӘТУ (Сем., Аяг.) жарату.

ЖӘРӘУ (Сем., Абай) жарау.

ЖӘРГЕНТАЙ (Көкш.: Щуч., Еңб.) кішкене пысық бала. *Мынау бір ж ә р г е н т а й бала екен* (Кокш., Щуч.).

ЖӘРДЕМ ҚЫЛУ (Шымк., Қызылқ.) айқай-шу шығару. *Бір-екі күн тірліктен қалса, дереу ж ә р д е м қ ы л а д ы* (Шымк., Қызылқ.).

ЖӘРДЕМ ПҰЛ (Жамб., Луг.) революцияға дейінгі кезде мұқтаждыққа ұшыраған адамдарға белгілі мерзім ішінде төлейтін қарыз ақша.

ЖӘРДЕМШІ Қ. аяқшы[2].

ЖӘРЕЙДІ (Тау., Қош.) жарайды.

ЖӘРКЕЛЕНШІ (Түркім., Таш.) кез келгенге жағымпазданушы, көрінгенге жалынушы. *Әркімнің бір аузына қарай сойлесең, ж ә р к е л е н ш і боласың* (Түркім., Таш.).

ЖӘРКЕМДЕУ (МХР) 1. ет бұзу (сойылған малдың етін жіліктеп, кос қабырғалап, арқа-белдемесін бір-бірден боліп бұзу). *Мал келіпті. Ж ә р к е м д е у г е жәй болып кетер ме екен?! деп «батасын істетіп бер» дегендей сыңайын сыпайы гана бұлк еткізді* (С. Тәу., Арм. тау, 42). *Ыгай да сыгай жігіттер қонақ асы – малды ж ә р к е м д е у г е кірісті* (С. Тәу., Арм. тау, 99). 2. қасқырдың ұстаған малын тез жеп жіберуі.

ЖӘРКЕУ (Гур., Тең.) жазғы маусым, шілде-тамыз. *Сәрсен балық аулауга ж ә р к е у д е гана келді* (Гур., Тең.).

ЖӘРМІСІ (Тау., Қош.) жартысы, жарымы.

ЖӘРТЕҢДЕУ (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) жағымпаздану, жарамсақтану. *Сен-ақ көрінгенге ж ә р т е ң д е м е с е ң күніңді көре алмайтындайсың* (Түрікм., Ашх.).

ЖӘРТІ (Тау., Қош.) жарты.

ЖӘРТІЛЕЙ (Шығ. Қаз., Больш.) жартылай.

ЖӘРТІСІ (Шығ. Қаз., Больш.) жартысы.

ЖӘРІМ (Шығ. Қаз., Больш.) жарым.

ЖӘРІС (Тау., Қош.) жарыс.

ЖӘУДІРЕУ (Алм.: Еңб. қаз., Шел., Жам.; Жамб.: Луг., Мойын.; Өзб., Бост.) жаудырау. *Екі көзі ж ө у д і р е п отыр* (Алм., Шел.). *Ж ә у д і р е г е н қара козіне қыраулы кірпіктері тұрып алган* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 131). *Жарық етіп... нұрлы жүз сұлу қыздың ж ө у д і р е г е н көк жасыл көздері көрінді* (Ш. Мүрт., Жұлд. көп., 127). *Шіркін, Балжан киіктің лагындай ж ә у д і р е г е н қара көздерімен өткен-кеткенге, трамвай, автобустардан түсіп жатқандарга үміттене қарап турган шыгар* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 2 т., 422). *Көз алдынан Жамалдың кешелі-бері ж ә у д і р е й қараган жабырқау жүзі кетпей қойды* (Ә. Кекіл., Құс қан., 39).

ЖӘУЗӘ (Ауғ.; Ир.) мамыр.

ЖӘУКЕ (ҚХР) ерте кезде жорықтарда әскерлердің алды артын күзетіп жүретін топтың басшысы.

ЖӘУКЕГЕ ШЫҒУ жария болу, белгілі болу (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖӘУЛІК (Шымк., Мақт.) барлығын, түгел. *Шашыңды ж ә у л і к алдырамысың?* (Шымк., Мақт.).

ЖӘУРІС Қ. жәуріш.

ЖӘУРІШ//ЖӘУРІС (Ауғ.; Ир.) сыпырғыш.

ЖӘУТЕҢДЕУ (Түрікм., Красн.; Алм.: Шел., Еңб. қаз., Жам.; Жамб.: Луг., Жам.; Қарақ.; Өзб., Бост.) жаутаңдау. *Бала маган ж ә у т е ң д е п қарай берді* (Түрікм., Красн.). *Тотия ж ә у т е ң д е п Тутанга бір, Зергүлге бір қарады* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 72, 168). *Ж ә у т е ң д е т п е й тезірек шықсаңшы* (Өзб., Бост.).

ЖӘУТІЛДЕУ (Гур., Маңғ.) жаудырау. *Көздері ж ә у т і л д е п* турган итбалықты соярда аяйсың (Гур., Маңғ.).

ЖӘУТҮК ескі кемірілген асық (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖӘУЫН (Жамб., Жам.) жауын. *Жәуын болмаса егін чықпайды* (Жамб., Жам.).

ЖӘУІНГЕР (Сем., Аяг.) жауынгер.

ЖӘШКЕ (Қост., Об.) сулы жердің шобі.

ЖӘШЛӘ 1. (Көкш., Қ.ту) астық құю үшін үй ішінде кірпішпен өріп жасаған жер. **2.** (Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) атқа шоп салатын жер, оттық, ақыр. *Жәшлә жасагалы жатырмын* (Кокш., Қ.ту).

ЖӘШМӘР (Рес., Орын.) тырмамен жиналған шөп үйіндісі. *Жәшмәрдан соң пішенді көбеге саламыз* (Рес., Орын.).

ЖӘШІК (Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Абай) чемодан. *Жәшік жол жүрген кісіге ыңғайлы гой* (Шығ. Қаз., Больш.). *Жәшік те не бар, өте ауыр гой?* (Сем., Абай).

ЖӘШІК АРБА (Алм., Жам.) астық таситын арба. *Астықты мәшинамен не жәшік арбамен тасиды.*

ЖӘШІКТІ АРБА (Кокш., Қ.ту) науалы арба, астық таситын арба. *Жәшікті пургон арбасы сылқылдап, пар өгізбен Андрей қостың алдына келіп тоқтады* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 348).

ЖЕБЕ[1] (Жамб., Мер.) тоскауыл. *Тескентоганды қазганда мына жерден су құлай берген соң, жебе салады* (Жамб., Мер.).

ЖЕБЕ[2] **1.** (Гур., Маңғ.) қармақтың тілі. *Желбезекке жебе дарыса, өрге балық жүзе алмас* (Гур., Маңғ.). **2.** (Гур., Маңғ.) аң ұстау үшін апанға құрған істік аспап. *Жебеде ей жерге тықпа* (Мәтел).

ЖЕБЕ[3] (Гур., Маңғ.) істік-істік, сым темірден жасаған қоршау. *Заводтың айналасында жебе бар* (Гур., Маңғ.).

ЖЕБЕ[4] (ҚХР) жылдам, тез, шапшаң, шалт. *Жебелей жебе жүгірген ерлердің, аргымақтан игі малы бар ма екен* (Шалкиіз).

ЖЕБЕҒАБЫЛ[1] (Гур., Маңғ.) шамалы, болар-болмас. *Жебеғабыл тамақтанады* (Гур., Маңғ.).

ЖЕБЕҒАБЫЛ[2] (Гур., Маңғ.; Орал, Орда) жедеғабыл, тым тез, оте шапшаң қимыл. *Тамақты жебеғабыл іш те жонел, жұмысқа кешігіп қаласың* (Гур., Маңғ.). *Машина күтіп тұрмайды, жебеғабыл киініңіз де жүріңіз* (Орал, Орда).

ЖЕБЕЙЛЕС (Алм., Шел.) қатарлас, тендес. *Әдібек бізбен жебейлес адам* (Алм., Шел.).

ЖЕБЕК (ҚХР) ірі түщы су балығы.

ЖЕБЕҚҰЛАҚ, шұнақ (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖЕБЕЛЕК (Гур., Маңғ.) түйенің қара шудасы қосылып орілген шаштың етегі. *Бұрымның жебелегі ашылайын деп тұр* (Гур., Маңғ.).

ЖЕБЕЛЕУ (Жамб., Луг.) үсті-үстіне қайталау. *Ол чылымды ұзын қып орап жебелеп тарта беретін еді* (Жамб., Луг.).

ЖЕБЕНДІ СҮТ (Талд., Кир.) соңғы сүт.

ЖЕБЕП (Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту) қатар, түстас. *Ұлы Октябрь революциясының XX жылдық мерекесін тойлаумен жебеп келген бүгінгі жиналыс та мерекелі күнге айналды* (Кокш., Қ.ту).

ЖЕБЕ САУУ[1] (Қ.орда: Сыр., Жал.) қойдың қозысын емізбей, екінші рет сауып алу.

ЖЕБЕ САУУ[2] (Рес., Орын.) жедел сауу. *Биені тәу сауганда сүт қапыл-қапыл келіп тұрады гой, сонда жебе сауу керек* (Рес., Орын.).

ЖЕБЕУ[1] (Жамб., Шу) ақтау. *Тірі болсам жебермін деп риза болып кетеді* (Жамб., Шу).

ЖЕБЕУ[2] (Орал: Жән., Орда) тез, жылдам, тездетіп. *Газиза бізге жебеу тамақ бер* (Орал, Жән.).

ЖЕБСЕК жылпостық (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖЕБУ (Гур., Маңғ.) қосақтаган қойды бір сауып шығып, екінші рет кайталай сауу. *Қосақтаган қойды бір рет сауып шыққанын бурнау* (қ.) *десе, екінші рет қайталай сауганын жебу дейді* (Гур., Маңғ.).

ЖЕБІНДІ (Алм.: Кег., Нар., Шел., Еңб. қаз.; Талд., Керб.) ең артқы идіріп сауып алған сүт. *Сиырлардың жебіндісін сауып алдың ба?* (Алм., Кег.). *Жебіндіні шайга қатып отырмын* (Талд., Керб.).

ЖЕБІРІН ТҮГЕНДЕУ (Түрікм.: Таш., Мары) қысым көрсету, жазасын беру. *Қолыма бір түсерсің, сонда сенің жебіріңді түгендермін* (Түрікм., Таш.).

ЖЕГДЕ (Гур., Маңғ.; Рес., Орын.; Қарақ.) ерлердің алды ашық койлегі, жейде. *Атадан қалган ақсауыт, шығыршығы шірісе, жегдеде ей болмас панасы* (Гур., Маңғ.). *Бұрын ақсақалдар жегде деп атайтын* (Рес., Орын.). *Жегдем тозып кетіпті* (Қарақ.).

ЖЕГДЕ БАУ (Ауғ.; Ир.) түйме қадайтын тесіктің орнына қолданылатын ілгек.

ЖЕГЕЛЕК (Алм., Шел.) қауыннын кішкене түрі. *Біздің жақта жегелек қауын көп. Жегелек дәнді болады* (Алм., Шел.). Қ. **жамбырша, жәмбілше.**

ЖЕГЕНЕ 1. (Қ.орда, Арал) жалғыз, жалқы. *Қой жегене тапты* (Қ.орда, Арал). **2.** (Шымк.: Қызылқ., Арыс) егіз. *Қой жегене қозы туды* (Шымк., Арыс). **3.** (Шымк.: Шөу., Макт.)

сирету, жекелеу. *Оның кәзір бір гектарында арам шөп жоқ, ойдағыдай таза және жеген есін уақтылы бітірген* («Соц. ең.», 1953, №17). *45 га мақтасының айдау, себу жұмыстарын сапалы етіп 6-7 күнде аяқтап, 1 және 2 шабыгымен жеген есін агрономдық шараны толық қолдана отырып, өз мерзімінде бітірді* («Соц. Шәуілдір», 1934, №55).

ЖЕГЕНЕЛЕУ (Жамб., Жам.; Шымк.: Шәу., Мақт.; Қ.орда, Шиелі; Қарақ.) жекелеу, сирету. *Қылшаның жеген елеуі аяқталды* (Жамб., Жам.). *Пахтаның түбін жеген елеу уақыты болды* (Қарақ.). *«Үлгілі» колхозында оқушы балаларды мақтаны жеген елеу жұмысына жегіп, бұлар тегіс жұлып алудың орнына жартылап жұлып кетушілікті істеп отыр* («Стах.», 24.07.1939). *Қызылшаның алгашқы шабыгын тек топырагын босатумен гана бітірген, кәзірде екінші шабыгын, жеген елеу жүргізіп жатыр* («Кол-шы», 1933, №37).

ЖЕГЕН ЕМЕН (Қ.орда, Арал) жеген емеспін. *Мен киіктің етін жеген емен* (Қ.орда, Арал).

ЖЕГУ[1] озгеше бір орман құсы (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖЕГУ[2] (Қ.орда, Арал) жіберу. *Құланды маңы, Возрождение Лазареа атырауларына балықшылар жегіп, сонан балық аулату* («Екп. балықшы», №30, 1932).

ЖЕГІ (Орал, Қара.) ерінге түсетін жаман жара. *Жегі жеген ерін жырық* (Орал, Қара.).

ЖЕГІН[1] (Алм., Қаск.) жегілетін. *Егіске керекті жегін көліктерді күтуге қойып, машина, құрал-әбзел саймандарын жендеп жергілікті тыңайтқыш заттарды толық дайындап, егісті 7-8 жұмыс күн ішінде аяқтаңдар* («Соц. майдан», 17.04.1945). *Сосын жегін сиыр сияқты күнделікті сылбыр тіршілігі қайтадан жалгасады* (**Ө**. Қан., Күд., 54).

ЖЕГІН[2] қамыт-сайман (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖЕГІН ТҰЙЕ (Қ.орда, Арал) шаруашылыққа, арба жегуге, мініске, жүк артуға үйретілген түйе. *Бұрын жегін түйелер көп еді* (Қ.орда, Арал).

ЖЕДДІ (Рес., Орын.) ескіше желтоқсан айының аты. Қ. **жеді**.

ЖЕДЕЛ (Қ.орда, Арал) ерегіс. *Жеделмен Найзабай екеуміз күресіп, менің қабыргам сынып қалды* (Қ.орда, Арал).

ЖЕДЕЛ АТ (Қ.орда, Қарм.) ұшқыр ат, жүйрік ат. *Бригадиріміздің бір жедел аты бар* (Қ.орда, Қарм.).

ЖЕДЕЛ ДАЯШЫЛЫҚ (МХР) шапшаң, тез қызмет корсетушілік. *Адамдарга жедел даяшылық жасайды* («Ж. өмір», 14.11.1983).

ЖЕДЕЛ КЕҢЕС (МХР) кезектен тыс өткізілетін жиналыс. *Бұл олқылықты жедел арылту шараларын жүзеге асыру үшін жуықта аймагымыз орталыгында болып өткен жедел кеңестен ұсынылган міндетті толық орындау...* («Ж. өмір», 20.06.1983)

ЖЕДЕЛДЕСУ (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) бәстесу, ерегесу. *Анада жеделдесемін деп он мәнетіңнен айырылып едің* (Түрікм., Таш.). Түрікменше *жеделлешмек*.

ЖЕДЕЛСІЗ (Гур., Маңғ.) ұқыпты, тыңғылықты. *Істеген ісіне жедел сіз адам* (Гур., Маңғ.).

ЖЕДІ (Орал, Жән.) желтоқсан айы. *Колхозшылар жедінің бас шамасында согым соя бастайды. Жеді де суық қатты болады* (Орал, Жән.). Қ. жедді.

ЖЕЗ БҰЙДА (Қ.орда, Жал.) түйенің жетек бүйда деп аталатын бас жібі. *Жез бұйданы жіңішке жез орап немесе бір тілін оқа етіп жіппен еседі, кейде сұйық жезге малып, оның буына ұстап жасайды* (Қ.орда, Жал.).

ЖЕЗ ЖІП (Қ.орда, Арал) кесте тігуге пайдаланатын түрлі-түсті жіңішке жылтырақ жіп.

ЖЕЗ КӨЗ (МХР) бүркіт көзінің түсі, алтын секілді сары түсті бүркіт көзінің түрі.

ЖЕЗ ТАБА (Көкш., Қ.ту; Қост., Жітік.; Орал: Чап., Жымп.; Қарақ.) самаурын астына қоятын поднос. *Жез табаны сұртуді ұмытып барамын* (Көкш., Қ.ту). *Буы бұрқырап тұрган самауырынды жез табаның үстіне әкеп қойды* (Қост., Жітік.). *Жез табан ы кейде ләгән деп те атайды* (Орал, Чап.). *Еденсіз уйге самауырды жез табас ыз-ақ қоя береміз* (Қарақ.).

ЖЕЗ ШИ (Шымк., Мақт.) шиге жүн орап, әшекейлеп тоқыған ши. *Ана жез шиді күнге ұстамасаңшы* (Шымк., Мақт.).

ЖЕЙДЕ (Алм.: Кег., Нар., Шел., Еңб. қаз., Жам., Балқ., Іле; Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд., Жуа., Тал., Сар.; Талд.: Кир., Керб.; Шымк.: Түлк.,Сайр.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Ақт., Ырғ.; Қост.: Жанг., Торг., Семиоз.; Жезқ., Ұлы.; Сем.: Абай, Ақс., Көкп., Аяг., Шүб.; Шығ. Қаз.: Күрш., Больш., Марқ.; Тау., Қош.; МХР; Ауғ.; Ир.) ерлердің көйлегі. *Қайырма жагалы жейде, тік жагалы жейделер болады* (Алм., Шел.). *Магазинде жейде көп* (Алм., Нар.). *Келістіріп бір жейде тігіп берді* (Алм., Жам.). *Жейдемнің жеңі ұзын болып кетіпті* (Алм., Кег.). *Жақсы-жақсы жейде алдым* (Талд., Кер.). *Менің жейдем жыртылды*

(Жамб., Жуа.). *Маган базардан бір ж е й д е алып кел* (Жамб., Тал.). *Жаңа тіктірген ж е й д е ң қайда, әкем* (Жамб., Қорд.). *Ж е й д е м қара құрымдай кірі жуылмас, тым болмаса екі айда бір жуылмас...* (К. Әзірб., Шығ., 40). *Магазинге ж е й д е н і ң не түрі түсіпті* (Қ.орда, Сыр.). *Баламның ж е й д е с і н і ң төрт ілгегі бар* (Ақт., Ырғ.). *Бексұлтанның үстінде қалың ж е й д е, бұтында кең шалбар, аяқта алыптың етігіндей қадаубас брезент етік* (F. Сл., Кең өріс, 287). *Қарағым, сенің ж е й д е ң д і сабының алқындысымен жудым, ондай сабын жоқ* (Қост., Жанг.). *Дүниеде ж е й д е, ыстаннан көп нәрсе жоқ* (Қост., Семиоз.). *Көке, маған ж е й д е әпер* (Жезқ., Ұлы.). *Мына ж е й д е ыңғайлы тігілген екен* (Сем., Абай). *Магазинде үлкен, кіші ж е й д е сатылды* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Ішкі-сыртқы ж е й д е, сымды бойыма шақтап кигізді* (МХР). *Бірақ қалай деуге бола ма деген оймен жыртылған қызыл ж е й д е м н і ң жартысын агашқа байладым* (Д. Нав., Тау құп., 76). *Кіршігі жоқ кастюмі мен ақ ж е й д е с і жастыққа тән жинақылықты бір адамның басына тән ұқыптылықты ешкім сұрамай-ақ өзі айтып тұр* (Ш. Қат., Аз. көз., 5). *Ақылбай қарт жаңбырдан су болған ж е й д е с і н агашқа жайып қойды. Колхозшыларға арнап складқа 42 ж е й д е, 53 сым түсті. Ж е й д е, ішкиім, свитер, фуфайке майдандағы жауынгерлерге жіберуге тиіс* («Соц. ең.», 1941, №76). *Магазинде колхозшыларға керекті товарлар: қыстық киімдер, ж е й д е, аяқ киімдер түскен* («Қыз. жұл.», 1946, №28). *Көтер ж е й д е ң д і, кеудеңді аш* (М. Құрман., 205). *Әйелдерге көйлек, балаларға ж е й д е тігетін материал аз* («Ж. өмір», 8.06.1987).

ЖЕЙДЕШЕҢ ЖҰРУ (Шымк., Арыс) сырт көйлекпен жүру.

ЖЕЙТІЛ (Қост., Аман.) түрғын, тұрушы. *Бұ елдің ж е й т і л д е р і аргындар* (Қост., Аман.). Орысша *житель*.

ЖЕК[1] (Алм., Шел.) құндыз бөрік. *Бұрын қыздар ж е к киетін* (Алм., Шел.).

ЖЕК[2] 1. (Шымк., Мақт.; Қ.орда, Арал; Ақт., Шалқ.; Гур., Маңғ.) түсі боз, қанаты ала шөл құсы. *Кеше бір ж е к т і атып ем, қалың шөптен таба алмай қалдым* (Шымк., Мақт.). 2. (Қ.орда, Арал) дуадақ. *Ж е к мықтаса екеуден-ақ жүреді* (Қ.орда, Арал). *Ж е к т і ң еті адал болады* (Ақт., Шалқ.). *Шолде жүрген ж е к т і көрдік, ел талаған бекті көрдік* (Ақт., Шалқ.).

ЖЕКЕ (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж., Байр.) мақта аралығын арамшөптен арылту жұмысы. *Ж е к е г е көңіл бөлмелі* (Түрікм., Тедж.). Қ. жекелеу.

ЖЕКЕАУЫЗ[1] (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж.) қанжар. *Ж е к е а у ы з бес қарудың ішіне кіре ме, жоқ па?* (Түрікм., Таш.).

ЖЕКЕАУЫЗ[2] (ҚХР) шиті, берен, қандауыз, жездіауыз (қазақ ұсталары қолдан соққан, оқты аузынан салатын, бір ғана оқпен атылатын мылтықтың қарапайым түрі).

ЖЕКЕ БАСТЫҚ ЕСЕП (МХР) өзінің, өз басының есебі. *...Аймағымызда жүргізілген 18 апталық жарыста ж е к е б а с т ы қ е с е п, жоспармен жұмыстап, еңбекшілерге дәмді де сапалы тағамдармен қызмет корсетуді басты мақсатым болғызып жұмыстау арқылы бірінші мезгілдік жоспарымды 102-110% орындағанымды хабарлаймын* («Ж. өмір», 6.04.1983).

ЖЕКЕ-ЖАРЫМ (Түрікм., Небид.) бірлі-жарым. *Арқардың ж е к е-ж а р ы м мүйізсіздері бар* (Түрікм., Небид.).

ЖЕКЕЖЫЛАУ (Қарак.) өріи жасаған қыл шылбыр. *Ж е к е ж ы л а у д ы еспейді, әріп жасайды, Асаудың сүйреткені ж е к е ж ы л а у* (Қарақ.).

ЖЕКЕЙ (Алм., Шел.) құндыз борік. *Бұрын қыздар ж е к е й киетін еді* (Алм., Шел.).

ЖЕКЕЙ ҚҰНДЫЗ (Жамб., Мер.) құндыз борік. *Батырдың басында ж е к е й қ ұ н д ы з бөркі бар екеи* (Жамб., Мер.).

ЖЕКЕЙ ТАБАН 1. (Кокш.: Щуч., Еңб.) әдемі етіп тігілген окшелі етік. *Киғенім аягы-ма ж е к е й т а б а н, Жекей басып жүргенім бұл бір заман* (Кокш., Щуч.). 2. (Қост., Фед.) жай табан, жеңіл етік. *Жасы алпысқа келсе де ж е к е й т а б а н кигені шалыңның желіккені* (Қост., Фед.).

ЖЕКЕЛЕМЕ (Қар., Егін.) жеке меншік. *Жыл басынан ж е к е л е м е малдардың он алтысы олген* («Больш. жол», 1940, 29).

ЖЕКЕЛЕУ (Шымк.: Сайр., Түлк., Қызылқ.; Жамб.: Мер., Луг., Шу; Түрікм., Таш.) сиретy, бөлектеу, араларын ашу. *Қызылша, мақта түптерін кезінде ж е к е л е у керек* (Шымк., Сайр.). *Бізде қылчаны* (қ.) *ж е к е л е у г е кірісті* (Жамб., Шу). *Бригадага тиісті егістің барлығында да ж е к е л е у дурыс жүргізілмеген* («Соц. егінші», 17.06.1956). *Бізде шүгындарды* (қызылша) *ж е к е л е й д і* (Түрікм., Таш.).

ЖЕКЕЛЕТІП ІСТЕУ (Шымк., Түлк.) жеке, бөлек істеу. *Жалғыз өзім ж е к е л е т і п і с т е д і м* (Шымк., Түлк.).

ЖЕКЕЛТУ (Шымк., Түлк.) жекелеу.

ЖЕКЕЛІ (Ақт., Шал.) құндыз борікті.

ЖЕКЕЛІК (Түрікм.: Ашх., Таш.) жалғыздық, жалғызбастылық. *Жекелікten оқи алмадық* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *екелик* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *якkалик* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ЖЕКЕМЕ-ЖЕКЕ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж., Байр.; Қарақ.) жекпежек. *Сәлім жекеме-жеке келгенде бәріне де бой бермейтін еді* (Гур., Маңғ.). *Темірге еш жан жекеме-жеке келе алмайды* (Түрікм., Таш.). *Думбауыл деген бір жайсаң жекеме-жеке Таргынга согысуга келеді* (В. Рад., Образцы ..., часть 3, 151).

ЖЕКЕМ ҚОҒА (Қост., Жанг.) жоке кендір. *Жекем қоганы қыстыгүні тоқып балық ұстаймыз* (Қост., Жанг.).

ЖЕКЕН (Қарақ.) қоға. *Әркім жер-жеріне кетеді, жекен суына кетеді* (Мақал). *Жекен жерінде көгерер, Сор елінде көгерер* (Мақал). *Көлге біткен жекенсің, бұршігі жоқ тікенсің* (Қарақ.).

ЖЕКЕНДЕНУ//ЖЕР ЖЕКЕНДЕНУ (Алм., Шел.) қоныстану, мекендеу. *Осы жерге жер жекенденгелі жиырма жылдай болып қалды* (Алм., Шел.). *Жер жекенделіп болінген. Біз Қорамга соңгы кезде гана жер жекендедік* (Алм., Шел.).

ЖЕКЕ-ТАҚА (Түрікм.: Таш., Конеүр., Красн., Ашх., Мары; Қарақ.) бірен-саран, бірлі-жарым. *Ондай адамдар жеке-тақа гана кездеседі* (Түрікм., Ашх.).

ЖЕКЕ-ТҰХЫ (Қарақ.) сирек. *Бұл жерде жүгері жеке-тұхы өседі* (Қарақ.).

ЖЕКЕ ТҮРЕН (Қ.орда, Арал) бір тісті түрен, бір пышақты түрен. *Анау көрінген жеке түренді мұнда алып кел* (Қ.орда, Арал).

ЖЕКЖАТ[1] (Алм., Жам.) құдандалы, қыз беріп, қыз алысқан адам. *Жекжаттарыма барып қыдырып келдім* (Алм., Жам.).

ЖЕКЖАТ[2] (Қарақ.) білмейтін, танылмайтын (адам). *Ол маган жекжат адам* (Қарақ.).

ЖЕККІ АТ (Гур., Есб.) жегілетін ат. *Айнам, енді қазір қолда жеккі ат жоқ, Асыл тұйемен апарып салар* (Гур., Есб.).

ЖЕКПЕРДІ (Түрікм.: Красн., Киян., Қулы., Бекд.) бір кісілік қайық.

ЖЕКІР (Қарақ.) шыпта (к.), үй тобесіне салу үшін, тоселу үшін тоқылған қоға.

ЖЕЛ[1] (Көкш., Қ.ту) мұрынға түсетін ауру. *Мұрынга жел түскенде, тамақ қаңсып ауыра бастайды* (Көкш., Қ.ту).

ЖЕЛ[2] (Талд., Кир.) ауа. *Есікті аш, үйден жел шықсын* (Талд., Кир.).

ЖЕЛ АУРУ (Акт., Тем.) суық тиіп ауыру.

ЖЕЛАУЫЗ (Гур., Маңғ.) оңтүстік батыстан соғатын теңіз желі. *Желауыз көбіне теңіздің жагалаудан, құрлықтан алыс жатқан жерлерінде болады* (Гур., Маңғ.).

ЖЕЛ АУЫП ҚОНУ (Гур., Маңғ.) қоныс ауу, қоныс аудару.

ЖЕЛ АЯҚ (Жамб., Жам.) жылқының желе жортқан жүрісі.

ЖЕЛБАС (Жезқ., Ағад.) шөп түрі.

ЖЕЛБАС ЖУСАН (Қост., Жанг.) үзындау келген боз жусан. *Желбас жусанды мал жақсы жейді* (Қост., Жанг.).

ЖЕЛБАУ (Қарақ.) шымылдықтың бауы.

ЖЕЛБЕГЕЙ (Қост., Жанг.) матадан жасалған жазда киетін бас киім. *Анау желбегей киіп тұрган шалды танисыз ба? – Ол Файзулла шыгар* (Қост., Жанг.).

ЖЕЛБЕЗЕК КӨЙЛЕК (Өзб.) койлектің етегіне 2-3 немесе 4-5 жерден тігілген желбіршекті көйлек.

ЖЕЛБЕЙ (Қост., Жітік.) бас киім. *Желбейінің құлагы желбіреген таудай делеңдеп, құйындата шапқан күйі қалың жылқыга бара араласты* (Б. Майл., Шығ., 3, 183).

ЖЕЛБЕСЕК (Орал, Орда) түйенің мұрындық ағашы мен бүйда жіптің арасындағы кішкене жіп. *Желбесекті қылдан берік қылып жасамаса, бидадан тартқанда үзіліп кетеді* (Орал, Орда).

ЖЕЛБИДА (Гур., Маңғ.; Қарақ.) мұрындықтың тығырығына байланатын тиянақ жіп, түйенің мұрындық бауы. *Желбидасыз тығырық сыпырылып кетеді* (Гур., Маңғ.). *Желбида үзын да, қысқа да болады* (Қарақ.).

ЖЕЛ БОЛЫП ТИЮ (Акт., Байғ.) көңіл қалдырмау, қарсы келмеу. *Мен адамның бетіне жел болып көрген емеспін, жел болып тимеймінде, – деп мақтанады* (Акт., Байғ.).

ЖЕЛБУАЗ 1. (Гур., Маңғ.) буаз деп жүріп қысыр шығу. **2.** (Қост., Жанг.) бос, құры. *Шырагым, желбуаз сөзінді қойып жұмысыңды істеші* (Қост., Жанг.).

ЖЕЛБҰЙДА 1. (Қ.орда, Арал) желбида. Желбұйда таспадан, былғарыдан, қылдан нәзік етіп өріліп те жасалады. *Түйе жайылымга желбұйдамен жіберіледі* (Қ.орда, Арал). **2.** (ҚХР) мұрны алғаш тесілген жас түйенің мұрындық ағашына байланатын бұлдірге жіп.

ЖЕЛБҰРМА (Қост.: Фед., Семиоз.) баланың ішіне жел тиіп ауыруы.

ЖЕЛ БҮЙРЕ (ҚХР) жеңіл мінезді, желоқпө.

ЖЕЛБІ (ҚХР) сиқыр. Қ. **желбіші.**

ЖЕЛБІР (Сем.: Ақс., Көкп., Ұрж., Мақ., Абай, Шұб.; Талд., Кир.) шымылдықтың

балдақ ұстаған жеріндегі желбірегі. *Шымылдықтың желбіріаса кіші де, үлкен де емес, орташа, ыңғайлы екен* (Сем., Көкп.). *Желбірсіз сәні келісер ме екен?* (Сем., Үрж.).

ЖЕЛБІРЕУІК[1] (Шыг. Қаз.: Зайс., Тарб., Күрш.) аудың қарақшы ағашына байлаған белгі, шүберек, жалау. *Қарақшыға желбіреуік байланды* (Шыг. Қаз., Күрш.). *Желбіреуік алдандырмайтын құрал* (Шыг. Қаз., Зайс.) *Желбіреуік көрінген жерде ау болады* (Шыг. Қаз., Тарб.).

ЖЕЛБІРЕУІК[2] (Көкш.: Еңб., Щуч.; Қост.; Қ.орда: Сыр., Жал.; МХР; Рес., Омбы) шымылдықтың жоғарғы бөлегі, желбіршегі. *Желбіреуік тағу салты бұ күнде қалған* (Қ.орда, Сыр.). *Ауылға келген артистердің көйлегінің желбіреуігі оңды екен* (Рес., Омбы).

ЖЕЛБІРШЕК (Қост.: Фед., Семиоз.) шымылдықтың жоғары бөлегі. *Келін түсіргелі жатқан болу керек, шымылдығын құрып, желбіршегін үкілеп жатыр екен* (Қост., Фед.).

ЖЕЛБІШІ (ҚХР) сиқыршы.Қ. желбі.

ЖЕЛГЕ АУУ (Алм., Кег.) жел тию, суықтан шаншу тию. *Өкпем желге ауып жүр еді, бүгін гана сақайды* (Алм., Кег.).

ЖЕЛГЕРТУ 1. (Акт.: Шалқ., Ырғ.; Қ.орда, Қарм.; Қарақ.) суыру, үшыру, тазалау. *Тарыны желгертіп жатырмыз* (Ақт., Шалқ.). *Қырмандағы астықты желгертіп үкіметке тапсырамыз* (Қ.орда, Қарм.). **2.** (Гур., Маңғ.) желдету. *Терезені ашып үйдің ішін желгертіп алатын* (Гур., Маңғ.).

ЖЕЛГІРТУ (Қ.орда, Арал) қайықты желге қаратып қою.

ЖЕЛГІШТЕУ (Қ.орда, Арал) желу. *Қайтарда біз желгіштеп келдік, буаз інген еді* (Қ.орда, Арал).

ЖЕЛГІШ ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) жүрдек, желгіш түйе.

ЖЕЛҒАБЫЗ БОЛУ (Талд., Кир.) желдену, іші кебу. *Мына бала желғабыз болыпты гой* (Талд., Кир.).

ЖЕЛҒҰЗ (Шыг. Қаз., Больш.) өкпе, асқазан, тағы басқа іш мүшелерінің ауруы.

ЖЕЛҒҰМ (Қар.: Шет, Нұра) тоқымсыз мінетін ердің бір түрі.

ЖЕЛДІ (МХР) қазан айы.

ЖЕЛДІАУЫЗ (Гур., Маңғ.) сөзуар. *Я белді ауылдың айтқаны болады, я желдіауызды ң айтқаны болады* (Гур., Маңғ.).

ЖЕЛДІ АЯҚ ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) жел аяқ, өте жүрісті үшқыр түйе.

ЖЕЛДІК I. (Алм.: Жам., Шел.; Қост.: Фед., Семиоз.) аттың терлігі, ер қапталына шағындап кесілген киіз. *Желдікті әкел* (Алм., Жам.). *Желдіксіз салған жаңа ер-тоқым аттың арқасын алып тастапты* (Қост., Семиоз.). **2.** (Қ.орда, Қарм.) жабу. *Қырманда ақ желдігі бар бір ат жүр* (Қ.орда, Қарм.).

ЖЕЛДІКШЕ (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Қарақ.) аттың кішірек жабуы. *Мұса, атыңның желдікшесі ауып түр екен, соны дүзеп, қайта тартып ал* (Қ.орда, Арал). *Әбен аттың желдікшесін суықта ыстықта жабады* (Қ.орда, Сыр.). *Атымның желдікшесін жауып алатын* (Қарақ.).

ЖЕЛЕК[1] (Кокш.: Еңб., Щуч.; Сем.: Абай, Марқ.; Шығ. Қаз., Гл.; Рес., Омбы) шөлі. *Желекті бұрын коп киетін* (Кокш., Щуч.). *Желексіз жүрген әйелге үйлеспейді гой* (Сем., Абай). *Күйеу мен әкенің жеткен жерін корген соң, беті ашылған кәрі қыз желек астында жасарып шолтаңдай сойледі* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 333). **2.** (Қ.орда: Сыр., Жал.) кимешек сыртынан тартатын орамал. *Бұрын келіншектер салатын орамалды желек дейтін* (Қ.орда, Сыр.). *Әйелдердің желектеріаппақ болады* (Қост., Жанг.). *Желек жұқа матадан жасалады. Қазір желек деген озгеріп барады* (Жезқ., Ұлы.). **3.** (МХР) соукеле орнына баска жабатын орамал.

ЖЕЛЕК[2] (Сем., Үрж.) жапырақты, гүлді кок шоп. *Желекті мал сүйіп жейді* (Сем., Үрж.). *Біздің жерге желек шығады* (Сем., Үрж.).

ЖЕЛЕКШЕ (Қарақ.) кіші, жүқа жабу. *Аттың желекшесін жақсы жасайды екен* (Қарақ.).

ЖЕЛЕМІК (Ақт., Ырғ.) жел. *Аз гана желемік бар* (Ақт., Ырғ.).

ЖЕЛЕҢ (МХР) сылтау, желеу. *Қаугана бүгін де агаш отырғызу деген желеңмен тағы бір дөкей жиналыс өткізіп, қаулы жасаудың қисыны келе кетті* (М. Күл., Таңд. шығ., 89).

ЖЕЛЕҢ ШАПАН (Жамб.: Мер., Шу) ішіне мақта салынбаған жадағай шапан.

ЖЕЛЕТКЕ (Кокш., Қ.ту; Рес., Омбы) жеңсіз киім, шолақ жең. *Күн бұзылып тұр, желеткеңді киіп ал* (Рес., Омбы). *Артель мүшелері 12 октябрьге дейін барлығы 18 малақай, 9 желет, 1 пар пима берді* («Соц. жол», 1941, №85).

ЖЕЛЕУ БОЛУ (Өзб., Там.) сүйеу болу, демеу болу, таяныш болу. *Мынау кемпір екеуміз жалғыз баланың жанына желеу болып, ызғырық қыста да қол ұшын беріп, қабатынан қалмаймыз* (Өзб., Там.).

ЖЕЛЕУЛЕТУ (Қ.орда, Арал) сылтаурату. *Жұмыс кезінде жоқтан озгені желеулетіп жүр* (Қ.орда, Арал).

ЖЕЛЕУРЕТУ (Жамб.; Алм.) сылтаурату, сылтау ету. *Әлденемені желеуретіп, тегі, жұмыс істемейсің гой* (Жамб.).

ЖЕЛКЕ (МХР) бүркіт басының арт жағы, шүйдесі.

ЖЕЛКЕ АРЫҚ (Жамб.; Шымк.; Алм.; Шығ. Қаз.) егіндік жердің басынан көлденең жүргізілген арық. Қ. бас арық.

ЖЕЛКЕБАСАР (ҚХР) ер оқпанының арт жағынан жапсырылып, екі бетті біріктіріп тұратын ағаш.

ЖЕЛКЕК[1] **1.** (Алм.: Жам., Шөл., Кег.; Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Сем., Үрж.) сүті шығып тұратын, ұзыидығы бір карыстай көк гүлді, жапырақты осімдік. *Мен желкек теруге кеттім* (Алм., Жам.). *Желкекті қойдан басқа мал жемейді* (Жамб., Шу). *Мұнда желкек коп оседі* (Сем., Үрж.). *Козі жасаурап отырып, жерде осіп тұрган желкектікөрді* (Ш. Мұрт., Жүлд. коп.). **2.** (Орал, Қара.) құм арасына казық тамырлы, қара топырақты жерге түйнек тамырлы болып шығатын өсімдік. *Желкектің тамыры әуестікке желінеді. Желкектің ақ желкек, қара желкек, қой желкек деген түрлері болады* (Орал, Қара.).

ЖЕЛКЕК[2] (Гур., Маңғ.) желді. *Күн бүгін желкек, жол жүруге жақсы болды* (Гур., Маңғ.).

ЖЕЛКЕЛІК (Ақт., Алға; МХР) жүгеннің төбелдірігі; жүгеннің желке тұсына келетін бөлігі.

ЖЕЛКЕМ[1] (Қ.орда, Қарм.) жел. *Желкем болып, аңызақ от согады. Күн желкем екен, бидайды суырайық* (Қ.орда, Қарм.).

ЖЕЛКЕМ[2] **1.** (Гур., Маңғ.) қайық. **2.** (Гур., Маңғ.; Орал, Орда) қайықтың желкені. *Желкемді толық көтерсе, реюшка қатты зымгиды* (Орал, Орда).

ЖЕЛКЕМДЕУ (Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту) желді. *Күн желкемдеуеді, өрт жалыны екі үйді де орап алып, жана бастады* (Көкш., Руз.).

ЖЕЛКЕН (Жамб., Шу) ұзындығы он-он бес см, сабағының жуандығы саусақтай, тарамдап, екі-үш-төрттен шығатын өсімдік.

ЖЕЛКЕНУ (Гур., Маңғ.) жиіркену.

ЖЕЛКЕ СУ 1. (Алм., Шел.; Жамб.: Шу, Қөрд., Мер.) егінге екінші рет бөрілетін су. *Егін желке су ішкеннен кейін буазданып басы желкілдей бастады* (Алм., Шел.) **2.** (Сем.: Ақс., Көкп.) бас арықтағы су. *Желке су аса мол екен, арыққа сыймай жатыр* (Сем., Ақс.).

ЖЕЛКЕ ТАРТЫС (Көкш., Қ.ту) желкеге арқан салып, екі кісі тартысып ойнайтын ойын. *Желке тартыс та нол жеңілмейді* (Көкш., Қ.ту).

ЖЕЛ КӨЗ (Рес., Орын.) кереге көзінің үлкен түрі.

ЖЕЛКУ (Қост., Фед.) желпу. *Орамалыңмен мені желкі* (Қост., Об.).

ЖЕЛКІМ суық, аяз, сылбырақ (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖЕЛҚАБАЗ (ҚХР) әуесқой, жеңіл әуес.

ЖЕЛҚАБЫЗ (Гур., Есб.) көтеріңкі көңілді. Оның көңілі *желқабыз адам* (Гур., Есб.). С. Аманжоловта *желікпе* (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖЕЛҚАБЫЗДАНУ (Талд., Кир.) желдену, іші кебу. *Мына бала желқабыз болыпты гой* (Талд., Кир.).

ЖЕЛҚАБЫҚ (ҚХР) жылқының ет пен терісінің арасында болатын ауру.

ЖЕЛҚОМ[1] (Қ.орда, Арал; Қарақ.) желкен. *Желқомы бар қайық желдің ығына қарай немесе желге қырын жүре алады* (Қ.орда, Арал). *Қайықтың желқомын жерге қарсы көтеру керек* (Қарақ.). *Жалғыз-ақ кемісі қарамай, жылым арқылы қайық желқомы буларды да табуга кірісіп отыр* («Екп. балықшы», №18, 1932).

ЖЕЛҚОМ[2] (Гур., Маңғ.) ердің қапталына, жонына салынатын киіз.

ЖЕЛҚОМ[3] (Қарақ.) желді күн. *Желқом болса-ақ топырақтан аяқ асты көрінбей кетеді* (Қарақ.).

ЖЕЛҚОМ ЕР (Жамб.: Шу, Луг., Қорд.; Алм., Шел.; МХР) тоқым салмай ерттейтін, қапталындағы киізі қалың ер. *Желқом ер жауыр атқа жақсы* (Алм., Шел.). *Жав әскердің алдында, астында құла бие, желқом ердің үстіне қауқар тонын жаба салып, аяқты үзеңгіге салмай салақтатып бос жіберген* (М. Құл., Таңд. шыг., 63). *Қақпан анау, желқом ер де анау бос тұрган* (F. Мұст., Дау. кей., 30). *Аты – Әлдекең үйінің жауыр кер төбелі, ері – желқом* (F. Мұст., Көз көр., 151).

ЖЕЛҚУЫҚ (ҚХР) ұзак жорыққа шыдамды, төзімді жылқы.

ЖЕЛҚҰЙРЫҚ (Қ.орда: Сыр., Тер.) айғырдың көкке тойып қонданып үйіріне қараған кезі.

ЖЕЛ МАҢҚА (Рес., Орын.) мұрынға шығатын жара. *Жел маңқага кейіреу насыбай атады, кейіреу шылым тартады* (Рес., Орын.).

ЖЕЛМЕ[1] (Шымк., Сайр.) үш қадақ. *Бұрын үшқадақ нәрсені желме деп те айтатын едік* (Шымк., Сайр.).

ЖЕЛМЕ[2] (ҚХР) барлаушы.

ЖЕЛПЕЙ[1] (Қост.: Фед., Семиоз.) жазда, ыстықта киетін бас киім, далбай. *Желпейді*

жуқа шүберектен тігеді. Желпейді жазды күні тек жаппас Асаи ғана киеді (Қост., Фед.).

ЖЕЛПЕЙ[2] (Жамб.: Тал., Сар.; Қар., Шет) шымылдықтың желбіршегі. *Шымылдықтың желпейі жерге түсіп жатыр* (Жамб., Тал.). *Желпейдің екі шетін мықтап байла* (Қар., Шет).

ЖЕЛПЕН (Қост., Фед.) жазда, ыстықта киетін бас киім. *Жолдасының басында желпен. Елден шығарда бауын мықтап байлап алған* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 4). *Шабан қаракер үсті-үстіне үргызған соң о да бусанайын деді білем, желпенін жеміп алып беліне байлады* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 4).

ЖЕЛПОШ (Қост., Жанг.) желжабу. *Жазының астына кигізетін желпош істе сары атанға* (Қост., Жанг.).

ЖЕЛПУІШ (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш., Тарб.; Алм.: Жам., Шел.; Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) жылқы күйрығын қысқа ағашқа бекітіп жасаған, маса, сона, шыбын-шіркейден қорғанатын құрал. *Күршімнің бойында желпуішсіз жүруге болмайды* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Бұл жерде желпуішті жиі қолданады* (Қ.орда, Сыр.).

ЖЕЛПІНШЕК (Жамб.: Луг., Шу, Мер., Қорд.) терезе, перде. *Желпіншекті дүкеннен алады я оның матасын алып қолдан істейді* (Жамб., Луг.).

ЖЕЛСӘУІР (Жамб., Шу) жаумай желдетіп өте шыққан бұлт. *Желсәуірде ауа райы жаман болады* (Жамб., Шу).

ЖЕЛ ТҮСУ[1] (Сем., Абай; Шығ. Қаз., Больш.) мұрынға жара шығу, самал түсу. *Оның танауына жел түскен еді, дәрігер емдеп жазып жіберді* (Сем., Абай). *Мұрныңа жел түскен бе, неге шылымды жиі тартасың?* (Шығ. Қаз., Больш.).

ЖЕЛ ТҮСУ[2] (Сем.: Көкп., Ақс.) жел түру, жел көтерілу. *Жел түсіп, күн салқындады* (Сем., Көкп.).

ЖЕЛТЫС (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) жаңбырда киетін астарсыз бас киім.

ЖЕЛШЕК (ҚХР) монданақ өсімдігінің бір түрі.

ЖЕЛ ШЫРҚЫРАУ (Гур., Маңғ.) жел соғу.

ЖЕЛІ[1] (Ақт., Ойыл) егін даласындағы су жүретін үсақ арықтар. *Біздің қазірде қолданып жүрген су жүретін желілеріміз егінді комбаинмен жинауға қолайлы емес* (Ақт., Ойыл).

ЖЕЛІ[2] (Гур., Маңғ.) қара қармақты байлайтын жіп.

ЖЕЛІ[3] (Гур., Маңғ.) шоп машинаның орағының планкасы. *Желінің бойына дүз орнатылады* (Гур., Маңғ.).

ЖЕЛІ ӘДІСІ (Гур., Маңғ.) үзындығы 50-60 метр кендір арқанның өн бойына ара қашықтығы екі метр шамасында 20-30 қармақ байлап барып балық аулау әдісі.

ЖЕЛІ ЖЕР ҚАЗЫҒЫ (Қ.орда, Арал) желінің кіндік қазығы. *Желінің жер қазығын көрсетпей қагу керек, құлынға кіреді* (Қ.орда, Арал).

ЖЕЛІҚАҒАР (ҚХР) жаңадан биені байлаған күні беретін ас-су. Ал биені ағытқан күні болатын той-думанды *сіргетияр* дейді.

ЖЕЛІМ[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Тедж.) еті іріп ауыратын кой ауруы. *Колхоз малының желім ауруы тоқтапты* (Түрікм., Тедж.).

ЖЕЛІМ[2] (Гур., Маңғ.) балық торсылдағының ішіндегі сүйық.

ЖЕЛІМ[3] (Орал, Жән.) сүйық балшық. Үй салғанда кірпіш арасына құйылатын сүйық балшық. *Тастардың арасын желіммен ұстатады* (Орал, Жән.). Қ. желім ылай.

ЖЕЛІ МАЙЛАУ (МХР) желі баудың басында желіні майлайтын ырым.

ЖЕЛІ МАНДАМ (Кокш., Қ.ту) жылқы ауруы. *Бірінен бірі желіленіп, үштасып тұрғанын желі мандам дейді. Мына бие желі мандаммен ауырған гой* (Кокш., Қ.ту).

ЖЕЛІМ ЫЛАЙ (Қарақ.) сүйық лай. *Кірпіш арасын желім ылаймен байланыстырамыз* (Қарақ.). Қ. желім[3].

ЖЕЛІН (Жамб., Шу) сүт шықпай желіні ісетін мал ауруы.

ЖЕЛІНДЕТПЕУ (Қарақ.) дәмелендірмеу. *Не болса соған оны желіндетпеу керек. Ол бізден желіндеп жүрген болу керек* (Қарақ.).

ЖЕЛІН ҚАП (Түрікм., Красн.) түйенің желінін қаптайтын қап. *Кара суықта түйе желіні жарылып кетпес үшін желін қап кигіземіз* (Түрікм., Красн.).

ЖЕЛІНСАУ[1] (Жамб.: Шу, Мер.; Қост., Жанг.; Жезк., Ұлы.) қой-ешкінің желіні іспей, ақ болып кетуі. *Желінсау болғыр деп көп қаргаушы едім, ақыры желінсау болыпты* (Жезк., Ұлы.). *Желінсау қой қосаққа кірмейді, құры аяққа бата жүрмейді* (Қост., Жанг., Мақал). 2. (МХР) желіннен сүт кету. *Бұл жағдай сиырларда эндометрит және желінсау індетіне шалдығуына себеп болады* («Үгітші», 1987, №3, 25).

ЖЕМ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.) комбайнға бөрілетін егін баулары. *Комбайнға жем беруге талай қарулы жігіттердің жарамай қалғанын көзіміз көрді* (Қ.орда, Сыр.). *Ол комбайнға жем тастайды. Жем үздіксіз беріледі* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ЖЕМ БЕРУ (Қ.орда: Сыр., Жал.) комбайнға айырлап астық бауларын беру. *Сол күндердің өзінде ж е м б е р у нормасын арттығымен орындайтын* (Қ.орда, Сыр.).

ЖЕМ БЕРУШІ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) егіннің бауларын молотилкаға беріп тұрушы. *Мен қазір ж е м б е р у ш і болып істеймін* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Колхозда ж е м б е р у ш і л е р жоспарын асыра орындайды* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ЖЕМ БІРЛІГІ (МХР) жемнің белгілі мөлшері. *Жем көлемін 26 мың тонна ж е м б і р л і г і н е жеткізу көзделіп отыр* («Ж. өмір», 7.08.1985).

ЖЕМДЕУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жинақтау, қорыту. *Ширектің бағаларын ж е м д е м е л і еді* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *жемлемек* (Рус.-туркм. сл., 1956); езб. *жамламоқ* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ЖЕМЕКІЛ (Қар., Нұра) иірмекіл. *Отырып «құж теке», «ж е м е к і л» ойнады* (F. Мұст., Көз кер., 38).

ЖЕМЕЛЕК (Қ.орда: Сыр., Жал.; Орал, Жән.; Гур., Маңғ.; Шымк., Мақт.; Қарақ.) шашбау, әйелдердің шашына тағатын бау, шашқа қоса өретін түрлі-түсті ленталар жиынтығы. *Ж е м е л е к с і з шашым қобырап берекем кетті* (Қ.орда, Сыр.). *Менің шашыма байлайтын ж е м е л е к тауып берші* (Орал, Жән.). *Ж е м е л е г і н жалпылдатып жүр* (Шымк., Мақт.). *Ж е м е л е к – қара қозы жүнінен, қара шудадан қосылып өріледі* (Қарақ.).

ЖЕМСЕГЕН аңсаған (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖЕМСЕН (Гур., Маңғ.) ағаштың бір түрі.

ЖЕМСЕУ 1. (ҚХР) жем тілеу, жемсіну. *Таудағы өскен тастұлек, еңсейді де ж е м с е й д і* («Шора батыр»). **2.** (МХР) үміттену, аңсау.

ЖЕМСОК (Қарақ.) жемсау.

ЖЕМСІК жемтік (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖЕМІР (Алм., Нар.) жебір, жегіш. *Ол кездегі болыстардың бәрі ж е м і р болды гой* (Алм., Нар.).

ЖЕМІР СИЫР (Сем.: Абай, Шұб., Ақс., Көкп; МХР) жалмауық, жалмауыз сиыр; шөпті де шүберек, т. б. жей беретін сиыр. *Мынау ж е м і р с и ы р екен, менің жаюлы тұрған шытымды аузымен іліп жүре берді* (Сем., Көкп.).

ЖЕМІТ (Түрікм.: Таш., Тедж., Ашх.) жент (май, қант, тары, ірімшік қосып жасаған, демді тамақ). *Тағамның төңірісі ж е м і т қой* (Түрікм., Тедж.).

ЖЕМІТ БОЛУ (Талд., Қарат.) жалақтау, жалмаңдау. *Өз малың өзіңе жетерлік ж е м і т б о л м а ш ы* (Талд., Қарат.).

ЖЕМТІК ЖЕСІН, ЖЕМІТІН ЖЕГІР (Гур., Маңғ.) қарғыс сез.

ЖЕНДЕ (ҚХР) бақсылар мен диуаналардың сыртына киетін құраққиім. *Басында күле, үстінде ж е н д е, қолында аса* (ҚХР).

ЖЕНТ (Кекш., Қ.ту) кітаптың қатты мұқабасы.

ЖЕНТЕК (Қарақ.) тары мен малдың майын араластырып келіге түйіп жасайтын тағам түрі.

ЖЕНТЕКЕЙ (Гур., Маңғ.) ірімшік, тары, құрт, жүгеріні қаймаққа араластырып, келіге түю арқылы дайындалатын тағам.

ЖЕНТЕКТЕЛУ (Алм.: Нар., Кег.) түйдектелу. *Ж е н т е к т е л г е н сұр бұлттар иек артпадан жөңкіліп шыға-шыға келіп, сатырлатып құйып өтетін дағдысы бар* (Б. Соқ., Жекпе-жек, 10).

ЖЕНТЕКТЕУ (Алм., Жам.) түйдектеу, келиту.

ЖЕҢБЕР (Сем., Ақс.) шеңбер. *Бөшкенің ж е ң б е р і қайда* (Сем., Ақс.).

ЖЕҢСЕ 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) жең сыртынан киюге арнап тігілген жең.

[Түрікменше *еңлик* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *енгча* (Рус.-узб. сл., 1954); қарақ. *жеңсе* (Қарақ.-рус. сл., 1958)]. Қ. жеңсең. **2.** (Түрікм.: Красн.) ерлердің жеңі шолақ кейлегі.

ЖЕҢСЕҢ (Жамб.: Шу, Мер.) қолды бұта жырмас үшін киетін қысқа жең.

ЖЕҢСІЗ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Рес., Орын.) көжекейдің (қ.) қысқа түрі, шолақ жең. *Айым мына ж е ң с і з і ң д і кім тікті* (Түрікм., Ашх.). *Ж е ң с і з д і біз сияқты кемпірлер киеді, оны қималы бешмент деп те атаймыз* (Рес., Орын.). *Үстіндегі ж е ң с і з і желбірей-желбірей әуелі оң қолынан, сосын сол қолынан сыпырылып түсе бастады* (Ә. Кекіл., Үркер, 39б).

ЖЕҢСІК (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) таңсық, әуес, құмар. *Жеңгейдің қымызына ж е ң с і г і м қанбады* (Қост., Жанг.). *Бүгін сенің ж е ң с і к дәміңді істедім* (Жезқ., Ұлы.). *Ж е ң с і к дәм ішпегелі көп болды гой* (Жезқ., Ұлы.).

ЖЕҢСІКШІЛ (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж.) әуесқой. *Жоқ затқа ж е ң с і к ш і л і н қара* (Түрікм., Таш.).

ЖЕҢШЕ (Қарақ.) жеңеше. *Ж е ң ш е, маған шай қайнатып бермесіңіз, жұмысты істей алатын түрім жоқ* (Қарақ.).

ЖЕҢІЛ (Қост., Об.) жәрдем, кемек. *Біз орыс халқынан, көп ж е ң і л алдық* (Қост., Об.).

ЖЕҢІЛЕЮ (Жамб., Шу; Сем.: Абай, Кекп., Ақс.) жеңілдену, жеңіл болып қалу. *Қылча көп жатса, чайыры кетіп солып ж е ң і л е й і п*

қалады (Жамб., Шу). *Мынау жұқ бастапқысына қарағанда, жеңілейін қалған* (Сем., Көкп.). *Абайдың ой иесі боп, көзін ашып шыққаннан басталған сол дүлей кемісе нетті!.. Сәл де болса жеңілейсе нетті* (М. Әу., Абай жолы, II, 474). *Кеш жатып тұрса да, бойы жеңілейді* (К. Ораз., Ақ жаз., 301). *Мең-зең денесі жеңілейіп барады* (Ә. Кекіл., Құс қан., 120). *Әкелер рухы азаланбаса жарар еді, – деп Рысқұлов арқасынан зілмауыр жұқ тұскендей жеңілейіп қалды* (Ш. Мүрт., Жүлд. көп., 251). *...Тұла бойым жеңілейіп жүре берді* (Ш. Мүрт., Қара мар., 148). *Сондықтан ішіме сыймай толып бара жатқан бір сырымды ақтарып, біраз жеңілейіп алғым кеп отыр, – деп бастады Әжібек сөзін* («Жүлдыз», 1987, №1, 41).

ЖЕҢІЛ-ЖЕКПІЛ (Шығ. Қаз., Больш.) жеңіл-желпі, жүрдім-бардым, атүсті.

ЖЕҢІЛУ (Жамб., Қорд.) азаю, бітуге айналу, жеңілдеу. *Жұмыс таженілін қалды* (Жамб., Қорд.).

ЖЕҢІСІ БАР (Қарақ.) табысы бар, нәтижесі бар. *Жұмысыңыздың жеңісі болар* (Қарақ.).

ЖЕПЕКТЕТУ (ҚХР) жылдамдату, жеделдету.

ЖЕПЕН (Көкш., Қ.ту) тымақ сыртынан киетін бас киім, күләпара. *Жепенді қазір көп кимейді* (Көкш., Қ.ту).

ЖЕППЕЛЕТУ (ҚХР) жылдамдату, тездету, жеделдету.

ЖЕПСЕК жылпостық, қулық (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖЕР[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары, Тедж.) орын. *Жеріңнен тұрып айтың* (Түрікм., Таш.). *Зоһре жерінен тұрып, басынан сыпырылған орамалын түзетіп тұр еді* («Жұмшы», 8.02.1940).

ЖЕР[2] (Жамб., Жуа.) арна. *Арыстың жері сай, ойпаң келеді* (Жамб., Жуа.).

ЖЕРАҒАШ (Шымк., Арыс) жабайы соқа, ескі сока. *Атам замандағы әдірә қалған жераға шпен егін еккенде тұқымды айдау алдынан сеуіп, соңынан айдайтын еді. Оның себебі жераға шең терең жыртқанда 4-5-ақ см тереңдікте жыртатын еді* («Қыз. мақташы» 1934, №8).

ЖЕРАРБА (Сем.: Үрж., Мақ.; Шығ. Қаз., Күрш.) қалқандығы зор, аласа арба. *Біз шөпті жерарбамен тасимыз* (Сем., Үрж.). *Бұрын шаруаларда жерарба болатын* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ЖЕРАУЛА (Орал, Жөн.) құдықтан су алу жұмысын жеңілдететін ағаш. *Жераула болса, құдықтан жас бала да тарта алады* (Орал, Жөн.).

ЖЕР АУУ (Көкш., Қ.ту) айдауға кету. *Қасен гаріп жерауы п келді* (Көкш., Қ.ту).

ЖЕР АЯҒЫ ҚИЯННАН (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) ит арқасы қияннан. *Еңбегім қайтпаса қиын болды, жер аягы қиянна н келгенде* (Түрікм., Красн.).

ЖЕР БАТСЫН (Шығ. Қаз., Больш.) жерге кірсін, құрысын! (қарғыс).

ЖЕРБАУЫРСАҚ (Алм., Жам.) жусанға, шөпке жабысып шығатын бауырсақ төрізді өсімдік. *Жербауырсақты қуығы тұтылған адам емге ішеді* (Алм., Жам.).

ЖЕР БӘРІГІ (Алм., Жам.) дөрі жасайтын шөп түрі.

ЖЕР БИДАЙ (Орал, Қара.) басында дәні бар өсімдік түрі.

ЖЕР БҰРЫШ (Қост., Жанг.) қой жейтін шөп түрі. *Жер бұрышты насыбайшылар насыбай орнына аузына салады* (Қост., Жанг.).

ЖЕРГЕ АРҚАН ҰРУ (Қарақ.) малсыз калу.

ЖЕРГӨМЕ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж.) жерден қазылған үй. *Әзір жергөмеде ит те тұрмайды* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *ер күме* (Рус.-туркм. сл., 1956)]. Қ. жер қазба, жертөбе.

ЖЕРГӨМІС (Қарақ.) арам шөп. *Суармалы жерде жергөміс деген көп шығады, ұйткені жер азғындайды, күші азаяды* (Қарақ.).

ЖЕРДЕ (Сем., Аяг.) жерле.

ЖЕРДЕР (Сем., Аяг.) жерлер.

ЖЕР ДҮЗІ (Алм., Шел.) жер жүзі. *Соғыс өртін тұтандырушыларга жер дүзінің адамдары қарсы боп отыр* (Алм., Шел.).

ЖЕРДІ АЙЫРУ (Шығ. Қаз., Больш.) жер жырту, жер айдау.

ЖЕРДІҢ БАС-АЯҒЫ (Гур., Манғ.) алыс жер. *Жердің бас-аягына н келген бала көрінесің, әйтеуір барга ықтияр боласың да* (Гур., Манғ.).

ЖЕР ЖЕКЕНДЕУ (Алм., Шел.) коныстану, орныгу. *Қорамга кейінгі ретте гана жер жекендедік* (Алм., Шел.). Қ. жекендеу.

ЖЕРКЕЛІ (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) ағаш келі жоқта, жерді қазып жасаған келі. *Жеркеліге түйген тарының қарасы кетпейді* (Қост., Жанг.). *Жеркелі онша келісті емес* (Жезқ., Ұлы.).

ЖЕРКЕПЕ (Жамб.: Жам., Жуа.) жер үй. *Сірө, жабайы құс жеркепеде адамдар тұратынын байқамаган-ау* (Ш. Мүрт., Жүлд.

көп., 17). *Мінеусіз жеркепелер салған кестен, Аламыш ақ балшығы жаққан көшкен* (Б. Майл., Шығ., 1 т., 35).

ЖЕРКӨМЕ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж.) жерден қазылған үй. *Әзір жеркөмеде ит те тұрмайды* (Түрікм., Таш.).

ЖЕРКӨТЕРМЕС (Гур., Маңғ.) қойдың ауруының бір түрі.

ЖЕРКУ жекіру (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖЕРҚАЗАР (Қ.орда, Арал) су түбінің табанын тереңдететін машина.

ЖЕР ҚАЗБА (Қ.орда, Арал) жер үй, жертеле. *Жер қазбада да талай отырдың* (Қ.орда, Арал). *Еламан үйінің жанынан жер қазба салып, үй-ішін көшіріп алады* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 126). *Жер қазбаның қарсы алдынан соққан дауыл ел жата қатты есіріп, топсасы босап тұрған жаман есік сартылдап ашылып кете берді* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 158). Қ. жеркөме, жертөбе.

ЖЕР ҚАЗЫҚ[1] (Қ.орда, Арал) құмды жерге құмның астына қағып, бетін жауып қойған қазық. *Жер қазықты мықтап орнатпасақ, арқандаған ат кетіп қалады* (Қ.орда, Арал).

ЖЕР ҚАЗЫҚ[2] (Қ.орда, Қарм.) соқаның жерді аударып отыратын жалпақ тісі алдына орнатылған пышақ тәрізді жерді тіліп отыратын белігі. *Соқаның жер қазықтарын да жөнді орнатпапты гой* (Қ.орда, Қарм.).

ЖЕРҚҰЛЫН (Қарақ.) жергілікті, осы (сол) жерде туып оскен. *Мына кісі осы жердің жерқұлыны* (Қарақ.).

ЖЕРҚҰРТ (Ақт., Тем.) жауын құрт, шылаушын.

ЖЕРЛЕНДІРУ (Гур., Маңғ.) тиянақтандыру. *Істеген ісін жерлендіре алмайтын адамды жігерсіз адам демегенде не дейді?* (Гур., Маңғ.).

ЖЕРЛЕНУ (Түрікм.: Таш., Красн., Ашх.) орналасу. *Мен мұнда қалдым да, агамыз со жақта жерленді* (Түрікм., Таш.).

ЖЕРЛЕП ЖҰРУ (Алм., Шел.) жерге иелік ету, жерді мекендеу. *Көксу кептен жерлеп жүргеніміз еді* (Алм., Шел.).

ЖЕРЛЕСУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) орналасу. *Жаздархан іске жерлестің бе?* (Түрікм., Ашх.). *Теңіз деңгейінен екі мың метр биіктікте жерлескен Ақарат... елі, езderінің тасты жерде жеміс өсіру мүмкін емес деп пікірленген* (к.) (**«Жұм-шы»**, 30.09.1954).

[Түрікменше *ерлешмек* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ЖЕРЛЕУ (Алм., Нар.) қоныстану, мекендеу, жайлау. *Бұл ел онда Төшкенді жерлейді* (Алм., Нар.).

ЖЕРЛІ ЖАҚЫМБАЙ АДАМ (Гур., Есб.) аққеңіл, жайдары адам. *Әйкен деген адам жерлі жақымбай адам* (Гур., Есб.).

ЖЕРМАЙ (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.; Қ.орда: Қарм., Сыр., Арал) керосин. *Бізде жермайлы шам жоқ* (Қост., Жанг.). *Жермай ала алмай қалдым, сенен жермай сұрайын деп отырмын* (Жезқ., Ұлы.). *Бір кезде жермай табудың өзі бір қиямет еді, бұл күнде оның қажеті де болмай қалды* (Қ.орда, Сыр.) *Әкелген жермайының жартысын жоқ қылыпты* (Қ.орда, Арал). *Керекті отын, жермай жаңа сабынмен үш күн срок ішінде қамтамесіз етуде* («Екп. балықшы», №13, 1932). *Өйткені қол шамдардың жермайы таусылып қалыпты* («Күріш.» 15.03.1956). *Бұл шалдың ашуы темір сауыт ішіндегі жермай секілді* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 189). *Шамның үстіне құлап жермайының жанып жатқаны анау, сәлденің қоңырсып күйіп жатқаны мынау! – деді Айжан* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 164).

ЖЕРМЕ-ЖЕР (Түрікм.: Мары, Байр., Тедж.) орын-орнына. *Барлығын жерме-жер қойдық* (Түрікм., Тедж.).

ЖЕРОЙДЫҚ (Түрікм., Таш.) кеп, ете кеп. *Жаңағы нәрестеге жеройдық адам жиналыпты* (Түрікм., Таш.).

ЖЕР САЛУ (Қ.орда: Сыр., Жал.) карта ойнында ақша тігу, кен тігу. *Карта ойнаганда әуелі жер салу керек* (Қ.орда, Сыр.).

ЖЕРСАНА (Алм.: Жам., Шел.) түп-түп болып, кекпеңбек болып шығатын, қурағанда ағарып кететін, мал жемейтін шеп. *Ой, жолың болгыр, жерсанаңы мал жеушіме еді, жемейді гой* (Алм., Жам.).

ЖЕРСАТЫ (Сем.: Абай, Шүб., Ақс., Кекп.) үйдің баспалдағы. *Оны аудандық почтаның жерсатысында тұрганында көрген едік* (Сем., Ақс.).

ЖЕР СУЫ 1. (Алм., Кег.; Жамб., Шу; Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.; Сем.: Аяг., Үрж.; Қ.орда, Қарм.) егіндік жерді жыртпастан бұрын берілетін су. *Былтыр 80 гектар жерге жер суын бердік* (Алм., Кег.). *Егінге жер суы күзде күздік жер айдарда беріледі* (Жамб., Шу). *Құргақшылық жылы егінге жер суы беріледі* (Шығ. Қаз., Тарб.) *Егінге жер суын жіберіңдер* (Сем., Үрж.). *Егіннің жер суын суарган соң айдаймыз* (Қ.орда, Қарм.). 2. (Қост.: Фед., Семиоз.) егінді айдайтын кездегі жердің ылғалы. *Жер суымен айдалган егін дер кезінде пісіп жетіледі* (Қост., Фед.).

ЖЕР СҰРУ (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж., Байр.) жер жырту. *Тракторлар жер*

с ұ р у г е осы айдың басында шықты (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *ер сүрмек* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ЖЕРТ (Гур., Есб.) үйдің тебесіне салатын ағаш. *Біздің үйдің төбесінің ж е р т і қисайып кетіпті* (Гур., Есб.).

ЖЕРТАБАН (Жамб., Қорд.) табалдырық. *Ж е р т а б а н д а тұрмай, былай шықсаңшы* (Жамб., Қорд.).

ЖЕРТАМЫР (Сем., Үрж.) шөп, дәрі жасайтын шөп түрі. *Ж е р т а м ы р д ы жұрт шай ғып ішеді* (Сем., Үрж.).

ЖЕР ТАПТАП ШЫҒУ (Қарақ.) жер күрғап кету. *Ж е р д і т а п т а п ш ы г а р м а й мына кішкене тарыны сеуіп алу керек еді* (Қарақ.). *Ж е р і м т а п т а п ш ы г ы п кетіпті, сугармаса болмайды* (Қарақ.).

ЖЕРТАС (Қ.орда, Арал) пысық, еті тірі, қолынан іс келетін. *Ол деген ж е р т а с пәле жігіт қой* (Қ.орда, Арал).

ЖЕР ТЕБУ (Түрікм.: Таш., Тедж.) жер казу. *Белмен* (қ.) *ж е р т е б у г е он адам бөлінді* (Түрікм., Тедж.).

ЖЕРТЕЗЕК (Жезқ., Ұлы.; Сем., Үрж.) шөп аты. *Мынау ж е р т е з е к дейтін шөп* (Жезқ., Ұлы.). *Ж е р т е з е к оңды отын* (Сем., Үрж.).

ЖЕР ТЕПШІЛЕУ (Сем., Үрж.) ел қыдыру. *Кешегі ж е р т е п ш і л е п жүрген шағымызда шаршаганды білмеуші едік* (Сем., Үрж.).

ЖЕРТӨБЕ (Гур., Маңғ.) жер үй, жерден қазған үй. *Ертеңнен әрі қарай қолым тиетін емес, үйткені қысқа қарсы ж е р т ө б е қазып алмасақ, қысқы суықта агаш үйде отырып болмады* (Гур., Маңғ.).

ЖЕР ТӨМЕН БОЛДЫ (Түрікм., Красн.) шөп нашар шықты. *Биыл көктемнен бері бір тамшы тамбай, ж е р т ө м е н б о л ы п тұр* (Түрікм., Красн.).

ЖЕР ТӨҢКЕРІСКЕ АЛУ (Алм., Кег.) жер аудару. *Бұрын байларды ж е р т ө ң к е р і с к е а л г а н* (Алм., Кег.).

ЖЕР ТӨҢКЕРІС ҚЫЛУ[1] (Алм., Кег.) жер айдау. *Жазғытұрым ж е р т ө ң к е р і с қ ы л ы п егін, бау-бақша саламыз* (Алм., Кег.).

ЖЕР ТӨҢКЕРІС ҚЫЛУ[2] (Алм., Кег.; Жамб., Сар.) жер аудару, басқа жаққа жіберу, қонысынан тайдыру. *Бұрын ұлықтар кедейлерді ж е р т о ң к е р і с қ ы л д ы* (Алм., Кег.). *Кедейлер Махамбет байды ж е р т ө ң к е р і с қ ы л д ы* (Жамб., Сар.).

ЖЕРТІС (Шымк., Арыс) соқаның тісі.

ЖЕР ҮЙ (Ауғ.; Ир.) бір қабат үй.

ЖЕРШАЙ (Жамб., Шу) биіктігі 10-15 сантиметрдей жапырақты есімдік.

ЖЕР ШАЛУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР) жер шолу. *Шал қой ауылды қондыратын ж е р ш а л ы п кетті* (МХР).

ЖЕРШЕ (Шымк., Мақт.) тышқақ, іші өтіп ауыру. *Ыстық жерде ж е р ш е көп болады* (Шымк., Мақт.).

ЖЕР ШЫҒЫП КЕТУ (Алм.: Кег., Жам.; Шымк.: Сайр., Түлк.; Көкш., Енб.; Қост.: Фед., Семиоз.) жер күрғап кету, кеуіп кету. *Кейде ж е р ш ы г ы п к е т к е н д і к т е н егін шықпай қалады* (Алм., Кег.). *Қатты аңызақ болган жылдары ж е р ш ы г ы п к е т к е н еді* (Шымк., Сайр.). *Биыл февральдың ондарына жетпей-ақ ж е р ш ы г ы п к е т і п еді* (Қост., Семиоз.).

ЖЕРШІЛ ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) **1.** қандай киын болмасын тас қараңғы жолсызда да, шөл далада да өз мекенін тауып келетін түйе. **2.** өз жайылымынан ешкайда кетпейтін түйе.

ЖЕРІК АСЫ (МХР) жүкті өйелдің құмарта жеген асы. *Ауылдың әйелдері жшалып жүкті келіннің ж е р і к а с ы н білетін болган. Ол үшін әрбір үйден ас-су әкелініп келінге шәй береді. Келіннің құмарта жеген асын ж е р і к а с ы дейді* (Б. Кәм., Мон. каз. салт-дәс., 33).

ЖЕРІ ҚҰСУ (Қ.орда, Арал) жер бетінің дымқылдануы. *Ж е р і қ ұ с ы п, шық қалың болып түседі* (Қ.орда, Арал).

ЖЕРІНЕ ЖЕТУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) орындау. *План ж е р і н е ж е т і р і л с е* (қ.), *пұлды кеп алады* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *ерине етирмек* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ЖЕРІНЕН КӨТЕРІЛУ (Қ.орда, Арал) өз жеріне кешу. *Бірнеше жылдан соң ж е р і н е н к о т е р і л д і* (Қ.орда, Арал).

ЖЕСЕК (ҚХР) шарлау, барлау (жұмысы).

ЖЕСЕКШІ (ҚХР) барлау мен күзет жұмысын баскаратын ұлық (әскер басы).

ЖЕСІР-ЖЕБІР (Гур., Маңғ.) жетім-жесір.

ЖЕТЕ (Қарақ.) негізі, түбі, ата-тегі. *Ж е т е ң жаман болмаса, жете жарпы болмассың* (Қарақ.).

ЖЕТЕГЕ АЛУ (Сем., Абай) конфискелеу, каттау. *Осы маңда Манат байдың мал-мүлкі ж е т е г е а л ы н ы п еді* (Сем., Абай).

ЖЕТЕК[1] (Жамб.: Мер., Қорд., Луг.; Кекш.: Қ.ту, Енб., Щуч.; Жезқ., Ұлы.) бір атты арбаны, шананы жеккенде, аттың екі жағындағы ағашы. *Бір ж е т е к сынып қалып, жолда біраз азап шектік* (Көкш., Қ.ту). *Ж е т е к т і қыратарсың, арбаны дұрыс айда* (Жезқ., Ұлы.). *Колхоздар үшін көктемгі егістікке керекті 280*

өгіз қамыт, 94 ж е т е к дайындап бердік («Соц. жол», 1943, №24). *Шананың ж е т е г і н жіппен, бұраған талмен байлап жүрген күрең тұкке тұрмайды* (Ғ. Мүсір. Оян. өлке, 192). *Жігіт тұйесін жетектей беріп еді, оқыс тартқандықтан ба, болмаса осалдықтан ба ж е т е к т і ң бір жақ тұп жібі үзіліп кетіп, тұйе бір ж е т е к п е н жұлқынғанда шана аударылып түсті* (С. Мұқ., Таңд. шығ., 111, 77). *Шана қирап, ж е т е к сынып жегуге жарамады* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 84). *Өзі арбаға отырып, өгіздерді айдай бергенде, Жылқыбай тоқтатып қойды: «Шұғыл бұра көрмеңдер, ж е т е г і сынады* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 167).

ЖЕТЕК[2] (Гур., Маңғ.) сырыққа байланатын кендір арқан. *Сырықтан кейін іле-шала ж е т е к көрінеді, ж е т е к т е н ұста да тарт* (Гур., Маңғ.).

ЖЕТЕКЕН (ҚХР) өсімдік.

ЖЕТЕКТЕУ (МХР) жетекшілік ету. *Ж е т е к т е г е н класында асыл іс жұлдегері 5, кітап досы жұлдегері 8, мектептің ән, тақпақ саңлағы 6, озат пионер белгісімен сыйланған 2 оқушы бар* («Ж. өмір», 3.03.1983). *Алғашқы жарты жылда 329 ұстаз өзі үйреткен пәнінен, 286 ұстаз ж е т е к т е г е н класынан толы үлгірім берді* («Ж. өмір», 23.05.1985).

ЖЕТЕКШІЛ ТҰЙЕ (Қ.орда, Жал.) бүйдасынан жетелегенде тартыншақтамай, бақырып шақырмай еріп жүре беретін түйе.

ЖЕТЕЛЕКТЕУ (Сем.: Көкп., Ақс.; Гур., Есб.) жетектеу. *Мен судан атымды ж е т е л е к т е п өткіздім* (Сем., Көкп.). *Түйені ж е т е л е к т е п отырып азар жеттім* (Гур., Есб.).

ЖЕТЕЛЕП СУҒАРУ (Жамб., Шу) су алдындағы кедергілерді жоя отыра, аша отыра суару. *Дөңдеу жеріне су шықпай жатыр, ж е т е л е п с у ғ а р ы п жібер, балам* (Жамб., Шу).

ЖЕТКЕЛЕҢ (ҚХР) жеткіншек.

ЖЕТКЕРМЕУ (Қ.орда, Арал) жеткізбеу, үстатпау.

ЖЕТКЕРУ (Ақт., Қараб.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Шиелі, Арал; Жамб.: Мер., Мойын.; Түрікм., Таш.) жеткізу. *Қаладан қысты күні товар ж е т к е р у өте қиынға түседі* (Ақт., Қараб.). *Қайтып келмейін деп арбаны толтыра артып едік, ауылға зорға ж е т к е р д і к* (Түрікм., Таш.). *Колхоздың шаруашылығындағы жетпегенді ж е т к е р е м і з деп талай қиындық көрдік қой* (Қ.орда, Жал.). *Себеппен бізді құдай ж е т к е р д і-а у, қызыққа қарқ-қарқ күліп бата берді* (Рус. дас., 17). *Ұлық болсаң кішік бол деген, ж е т к е р д і гой, айналайын, қазір* (Жамб., Мойын.).

ЖЕТКІЛ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) жеткілікті. *Бізде мал жағы ж е т к і л* (Шығ. Қаз., Больш.).

ЖЕТПЕСШІЛІК (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) кемшілік, олқылық. *Өзіңнің де тәртіп жағынан ж е т п е с ш і л і г і ң болған гой, әйтпесе «4» қоймайды* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *етмезлік* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *етишмаслик* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ЖЕТТІКСІЗ (Шығ. Қаз., Больш.) жеткіліксіз.

ЖЕТІ АЙ ЖАРЫМ (Сем., Аяг.) жеті жарым ай. *Мен елден кеткелі бері ж е т і а й ж а р ы м болды* (Сем., Аяг.).

ЖЕТІКСІЗ (Тау., Қош.) жетімсіз, аз-кем. *Мына кітаптарың ж е т і к с і з болар* (Тау., Қош.).

ЖЕТІ ҚОҢЫРАУЛЫ ШАШБАУ (Түрікм., Красн.) бойжеткен қыздардың шашына тағатын жеті қоңырауы бар шашбау түрі.

ЖЕТІ ҚҰРАҚ (Өзб.) құрылымы жеті қатардан тұратын, ақ пен қара материалдарды пайдаланып жасаған құрақ түрі. *Ж е т і құ р а қ тырнақ қатар мен таңлай құрақтардан құрастырылады* (Өзб.).

ЖЕТІЛІК (Гур., Есб.) 1. керосин шамның шынысы, шиша, әйнегі. 2. шамның кішілеу түрі. *Ж е т і л і к т і беруге болмайды, сынып қалады* (Гур., Есб.).

ЖЕТІМ БИДАЙ (Қост.: Фед., Семиоз.) өткен жылдың аңызында қалған дәннен жабайы ескен бидай. *Бүгін қойларды Көкойдағы ж е т і м б и д а й ғ а жайып келдім* (Қост., Фед.).

ЖЕТІМ ЖАҚ (Қ.орда: Сыр., Арал, Тер.) балықты қақ бөлгендегі сол жағы.

ЖЕТІМ ҚАЗАН (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) тозығы жеткен ескі қазан. *Ж е т і м қ а з а н ғ а тарыдан басқа еш нәрсе қайнатпайды* (Түрікм., Таш.). *Ошақ үстіндегі ж е т і м қ а з а н ы ң беті шұрқылдап қайнап жатыр* (Түрікм., Көнеүр.).

ЖЕТІМ-МҰЖӘЛСІЗ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) мүгедек, жарымжан. *Денің сау, ж е т і м - м ұ ж ә л с і з емессің, еңбек етпелі* (Түрікм., Таш.). *Колхоз правлениясы ж е т і м - м ұ ж ә л с і з Өскенбаев Майрамға... бір бас ешкі мен 350 сом ақшалай көмек етті* («Жұм-шы», 12.01.1945).

ЖЕТІМ САҒАНАҚ (Қарақ.) керегенің бір бөлігі.

ЖЕТІМ-СЕТІМ (Қарақ.) жетім-жесір.

ЖЕТІМ СИЫР (Тау., Қош.) жалмауық сиыр.

ЖЕТІМ ҰЛТАН (Түрікм.: Ашх., Таш.; Қарақ.) ұлтаны тесілген аяқ киімге екінші рет

қағылатын үлтан, шолақ үлтан. *Жетім үлтан қақтырмасам Ашхабад тасы қояр емес* (Түрікм., Ашх.). *Атқа шабуда аяғыңа жетім үлтан етік киюші болма, сый табан етіп кию керек* (Қарақ.).

ЖЕТІ МҮШЕ (Түрікм.: Таш., Тедж.; Орал, Жән.) он екі мүше. *Жетім мүшем сау болса, 2-3 айлықта барып қайтам* (Түрікм., Таш.). *Жетім мүшең сау ма?* (Орал, Жән.).

ЖЕТІСПЕУ (Түрікм., Красн.) үлгере алмау. *Мен тамақ ішуге жетіспеймін* (Түрікм., Красн.). *Ал, енді автобусқа жетіспей қалармыз, жүрейік, – деді қонақтың біреуі* (Түрікм., Красн.).

ЖЕТІССЕ (Сем., Аяг.) жетсе. *Ақшаң жетіссе, маған бес-алты кітап ала кел* (Сем., Аяг.).

ЖЕТІСТІРУ (Ақт., Ойыл) жеткізу. *Еңбекшілердің газет, журналдарын жетістіріп бермеу фактілері біздің Тамдықөл Советінде де кездеседі* (Ақт., Ойыл). *Кукурузды автомашинамен сүрлеп салынатын жерге жетістірдім* (Ақт., Ойыл).

ЖЕТІСУ[1] (Гур., Маңғ.; Қарақ.) жету. *Біз аялдай береміз, тез артымыздан жетіссін* (Гур., Маңғ.). *Біз бүгін Таушыққа жетісе алмаймыз, күн кешкіріп қалды* (Гур., Маңғ.). *Менің оған жетісіп алуым керек* (Қарақ.). *Колхозшылар үстіміздегі жылдың егіс көлемінен мол өнім алуға жетісу жолында қажырлықпен еңбек етіп келеді* («Ст. туы», 13.04.1952, №19).

ЖЕТІСУ[2] (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид.) жету. *Мұның ұят, өзің жетіскен жігітсің* (Түрікм., Ашх.). *Батыр жетіскен жігіт, Зоһренің ағасы* («Жүм-шы», 18.02.1940).

ЖЕТІТ (ҚХР) қосынға келіп қосылған көмек күш.

ЖЕТІ ТОҚСАН (Қарақ.) жылдың күз мерзімінің басы. *Жеті тоқсанда су мұздайды* (Қарақ.).

ЖЕТПІКЕ (Қост., Жанг.) нашар қол, жарымайтын. *Ол өмір бойы жетіке болып келіп, биыл тәуір болды* (Қост., Жанг.).

ЖЕШ (ҚХР) көгілдір ақық.

ЖИДАШЫ[1] (Шығ. Қаз.: Күрш., Тарб.) алым-салық алушы, бұрынғы кездің амалдары, жасауылы.

ЖИДАШЫ[2] (Алм., Кег.) жинақы, ұқыпты.

ЖИДЕТІР (Алм., Кег.) ез. *Жігіт емес, жидегір екенсің* (Алм., Кег.).

ЖИДЕ ТАЛҚАН (Қарақ.) жидеден жасалған талқан. Келіге түйіп, езіп-жаншып жасайды. *Бұрын жиде талқан жасау деген көп болатын* (Қарақ.).

ЖИЕК (Гур., Маңғ.) желкеннің арқаны.

ЖИЕНДЕУ (Жамб., Жам.) кобею. *Жүзім ағашы жиендеп кетеді* (Жамб., Жам.).

ЖИЛЫ БОЛУ (ҚХР) күйіп-пісу, қатты ашулану. *Ол баласының қылығына жилы болып, өлгелі жүр* (ҚХР).

ЖИНАҚ (Түрікм., Красн.) жиналыс. *Осында бір жинақ болып, ауданның кісілері келген* (Түрікм., Красн.).

ЖИНАҚТАЛУ (МХР) жиналу. *Стандарттан тыс 106 қой, ешкі терісі, 107 кг сүйек жинақталды* («Ж. өмір», 14.11.1983).

ЖИНАЯТ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Тедж.) кінәлі, қылмысты. *Ондай жинаят сөзге үйірлігім жоқ* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *женаят* қылмыс (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *жинаят* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *жинаят* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЖИРЕН[1] (МХР) елік. *Иен жазықта бір топ жирен жәйіліп жүр* (МХР).

ЖИРЕН[2] (МХР) жусан. *Жирен шөлейт, таулы жерде өседі* (МХР).

ЖИҺАТ (ҚХР) қасиетті соғыс, ғазауат.

ЖИЫН (Гур., Маңғ.) ас. *Өлінің жыны, тірінің тойы* (Мәтел).

ЖИЫННЫҢ РУХЫ (ҚХР) жиналыста алға қойылған саясат, шешімдердің мазмұны.

ЖИЫРЛЫ (ҚХР) бақытты. *Ораздының ұлы осер, жыырлының қызы осер* (ҚХР).

ЖИЫРМАДАЙ ЖЫЛДА (МХР) жиырма шақты жылда. *Соңғы жыырмадай жылда 600-ден астам құрылыс объектілері салынды* («Үгітші», 1986, №10, 35).

ЖИЫРУ (Қ.орда, Арал) жию.

ЖИЛГЕН (Сем., Аяг.) жиылған.

ЖИЮ (Сем.: Көкп., Ақс.; Шығ. Қаз., Больш.) шығу, аяқ басу. *Мен 31-ден 32-ге жиям ын, бізді жас деуге болмайды* (Сем., Кекп.). *Зәбира он алтыға жид ы* (Шығ. Қаз., Больш.).

ЖОБАЙЫ (Алм., Шел.) аумағы, айналасы, түтасы. *Жобайымен алу, жобайымен қоршау. Бұзылған тамның ірге тасын жобайымен ал* (Алм., Шел.).

ЖОБАҚТАУ (Сем., Абай) түспалдау, жобалау. *Бәріміз де осылай болады гой деп жобақтаган* (Сем., Абай).

ЖОБАУ (Гур., Маңғ.) шаршау, қатты шаршау, сілесі қату. *Бүгін күн ыссы болды, жұмыс ауыр, жобап қайттым. Қазір де тыныққам жоқ, жобап отырмын* (Гур., Маңғ.).

ЖОБАСЫ (Гур., Маңғ.) шамасы. *Сартоганда жиырма шақты үйдің жобасы бар* (Гур., Маңғ.).

ЖОҒА (Алм., Кег.) жоқ. *Е, жога, оны қайдан білейік. Жога, баргам жоқ* (Алм., Кег.).

ЖОҒАРҒЫНЫ ЕЛГЕ, ТӨМЕНГІНІ СЕЛГЕ ЖІБЕРУ (ҚХР) өткен кекті ұмыту, кешірім жасау.

ЖОҒАРЫҒА ЖӨТКЕЛЕУ (ҚХР) жоғары орындарға қызмет ауыстыру.

ЖОҒЫРМАҚТА (Жамб., Сар.) жуыр арада, жақын уақытта. *Жоғырмақта келіп қала қоймас* (Жамб., Сар.).

ЖОЖЫҚ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) шошқаның торайы. *Доңыз жожықты коп табады* (Түрікм., Мары).

ЖОЗЫ (Алм.: Шел., Нар., Кег., Үйғ.) аласа донгелек үстел. *Әке, жозыға отырып жазсаңшы* (Алм., Шел.). *Қонақтар жозының айналасында отырды* (Алм., Нар.). *Жозыңды жауып әкел, әке* (Алм., Кег.). *Ертеңгі шайға бәріміз бір қора болып, жозының айнала келіп отырмыз* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 96). *Әкесінен бері сынбай келе жатқан бүктекелі дөңгелек жозы* (О. Бок., Өз от. өш., 349). *Көптен білтесіне от тимеген аспалы шамды қасқа маңдайға іліп, аласа жозының қазандықтың бүйіріне тақай жасаған екен* (Қ. Ысқақ, Күренсе, 96). Қ. жуазы.

ЖОЙБАР (Шығ. Қаз., Күрш.) мықты, күшті, қайратты. *Ол жойбар жігіт* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ЖОЙБАРСУ (МХР) мықтысыну, мықты кісімсу. *Өзі жойбарсып еді қолынан ештеме келмеді* (МХР).

ЖОЙЛАУСЫЗ (Жамб., Сар.) жөнсіз, жосықсыз.

ЖОЙПАН (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) зор, үлкен. *Біздің жойпанмыз түгел ауылда* (Шығ. Қаз., Больш.). *Ол алдымызға жойпан шара қымыз қойды* (Тау., Қош.).

ЖОЙТАР (Рес., Омбы) күшті. *Аулымыздың жойтары Абдрахманның баласы* (Рес., Омбы).

ЖОЙЫТҚЫП ҰШУ (Алм., Кег.) қатты ағынмен, екпінмен ұшу, жүйтку. *Бүркіт бабында болса, жойытқып ұшады ы* (Алм., Кег.).

ЖОЙЫЛТУ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) жоғалту, жою. *Олардың көздерін жойылтты* (Қ.орда, Арал). *Екінші тоқсанда толық пайдаланбай, кез келген жерге тастап жойылтып, қазір де 20000-дай гана қармақ қалды* («Екп. балықшы» №30, 1932). *Сен бала, бір айда үш түпли жойылтуға план алып па едің?* (Қарақ.).

ЖОҚ ЕТУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) жою. *Жоқ етшімынаны қақсатпай* (Түрікм., Таш.). *Шөп шабу жұмысындағы кемшіліктер жоқ етілсін* («Жұм-шы», 13.07. 1945).

ЖОҚ-ЖҰҚАН (Қост., Аман.) жоқ-жітік, кемтар. *Ол өзі жоқ-жұқан адам болу керек* (Қост., Аман.).

ЖОҚСАН ЕТУ (Жамб., Шу) жоқ ету. *Жермен жексен, көрмен тең жоқсан етіп* (Жамб., Шу).

ЖОҚ ТАПСЫРУ (Сем.: Абай, Ақс., Кокп.; ҚХР) жоқ сұрау, жоғын іздестіру, сұрау салу. *Әбіш кешелі-бері жоқ тапсырып жүр* (Сем., Абай). *Мен бүгін жоқ тапсырып жүрген кісіге жолықтым, жылқысының түсін тапсырды* (Сем., Ақс.).

ЖОҚ ТҰР (Гур., Есб.) жоқ болып тұр. *Одан көптен хабар жоқ тұр* (Гур., Есб.).

ЖОҚТЫ (Рес., Орын.) жоқ еді. *Шарғы пәлек айналып, Денсаулық баста тұрғанда, Базарым жоқты өтпеген* (Рес., Орын.).

ЖОҚША (Шымк., Түлк.) бес қадақ шамасындай ауырлық өлшемі. *Бұрын қадақтап өлшеудің бірін жоқша деп те айтатын едік* (Шымк., Түлк.).

ЖОЛА жора, әдет-ғұрып (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖОЛАЙ (Қост.: Аман., Жанг.; Жезқ., Ұлы.; Қ.орда, Қарм.) жол-женекей, жолшыбай. *Жолай келе жатып, көп көлдер көрдік, онда құстар көп екен* (Қост., Аман.). *Мен сіздің үйге жолай сога кетермін* (Қост., Жанг.). *Жолай талай адамдарды кездестірдім, бірақ жолай кездескендер тез айырылып отырды* (Жезқ., Ұлы.). *Жолай табылса тіпті жақсы* (Қ.орда, Қарм.). *Жолай малға согамыз деп бұрылып кеткенбіз* (Ғ. Сл., Шалқ., 49).

ЖОЛАҚ (ҚХР) соқпақ.

ЖОЛ АЛҒАН (Өзб., Там.) етек алған, орын алған. *Бірақ жол алған кемшіліктермен алдағы уақытта келісуге тиіс емеспіз* (Өзб., Там.).

ЖОЛАШЫ (МХР) мәшине жүргізуші. *Үлкен балам жолаш ы болып істейді* (МХР). *Сәтіпханның жүрісіне сай «Ішіп те көрген, жұтып та көрген, жолашы, арағын ішіп қалтара басып жөнеді* (М. Құрман., 94).

[Монғолша *жолооч*: 1) тізгінші, жәмшік; 2) шофер (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 90)].

ЖОЛ БАЙЛАУ БОЛУ (Ақт., Байғ.) жол бөгеу, богет болу. *Колхоз председательдерінің ...көңіл аударманы бұл жұмыстың орындалуына жол байлау болып, планның орындалуына кесірін тигізді* (Ақт., Байғ.).

ЖОЛҒА АТ ЖІБЕРУ (Қарақ.) бәйгеге ат қосу.

ЖОЛҒА ҚОСУ (Орал, Орда) жолаушыға бағыт сілтеу, жол корсету. *Жүріңіз бері, мен сізді жолға қосып жіберейін* (Орал, Орда).

ЖОЛҒА САЛУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) шығарып салу. *Мына жігітті жолға салуға келіп едім* (Түрікм., Ашх.). *Капитан екі ер жүрек жауынгерді жолға салды* («Жұм-шы», 6.09.1942).

ЖОЛҒАСУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) жолығу, кездесу. *Мен Қошағашта Күркедаймен жолғастым* (Тау., Қош.).

ЖОЛҒЫС ЕТУ (Гур., Маңғ.) жолығу, кездесу. *Бір шаруам бар, мүмкін болса, екеуміз оңаша жолғыс етсек* (Гур., Маңғ.).

ЖОЛДАН ӘКЕЛУ (Рес., Орын.) тасымалдап әкелу. *Балам, шөпті жолдан әкел* (Рес., Орын.).

ЖОЛДАНУ жолға шығу, аттану (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖОЛДАС-ЖОБА (Гур., Маңғ.) жора-жолдас. *Балуанныяз жолдас-жобаға қарамай, жауға жаңғыз аттанады екен* (Гур., Маңғ.).

ЖОЛДЫҚ (Қ.орда, Арал) жол, жүлде. *Мұрабалы* (к.) *жиын болса, жолдықты төрелер алады* (Қ.орда, Арал).

ЖОЛ ЕТУ (Өзб., Ташк.) жолға түру. *Бұрын ол көп жол еткен* (Өзб., Ташк.).

ЖОЛ-ЖОРА (Гур., Маңғ.) жөн-жоба. *Жол-жораны білмейтін адам емеспіз, бірақ іштеменің ығысы болмай отыр* (Гур., Маңғ.).

ЖОЛ ЖҮРУ (ҚХР) жора беру, жең ұшынан жалғасушылық.

ЖОЛКӨЗЕР (ҚХР) жолдың жайын жақсы білуші.

ЖОЛКӨР (Рес., Омбы) жол-жобаны білетін, білгір.

ЖОЛМАНҚҰЛАҚ (Қ.орда, Арал) сор жерге шығатын майда жапырақты шөп.

ЖОЛМА ҮЙ (Гур., Маңғ.; Орал, Орда) жеңіл үй. *Егіншілер, шөпшілер жолма үй алып шығады, онсыз далада жата ала ма?* (Гур., Маңғ.). *Егінші, шөпшілер жолма үйде тұрмаса, ашық далада тұра алмас* (Орал, Орда).

ЖОЛ МӘШІН (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж.) жол-жөнекей кездескен автомобиль. *Жол мәшінге мінеміз деп көп кешіктік* (Түрікм., Таш.).

ЖОЛ МОЙЫН (Жамб., Жуа.) теміржол рельстерінің қосылған жері.

ЖОЛ ТҮСУ (Шымк., Түлк.) жолда болу, жол үстінде болу. *Жолымыз түсіп Борсықсай колхозына барған соң, бастауыш комсомол ұйымының жұмысымен таныстық* («Соц. егінші», 6.07.1944).

ЖОЛУЫ тиюі (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖОЛ ШЕКТІРУ (МХР) жол жүргізу. *Сөз соңында айтарымыз – кесек көмір тұтынушыларды бүгін күн жұмысынан қалтырып, 260 км жол шектіріп, сарпалдаңа салмай, сапалы көмірмен қанымдауға тұрақты назар аударса, бұл коллективтің бақыты артып, көп алғысына бөлене берер еді* («Ж. өмір», 10.11.1983).

ЖОЛ ШЕРТУ (Қост., Аман.) әңгіме шерту, әңгіме айту. *Есімбеков жолдас, жол шертіңіз* (Қост., Аман.).

ЖОЛЫҒЫС ЕТУ (Орал: Казт., Орда) жолығу. *Біз бұл кісілермен кеше қалада жолығыс еттік* (Орал, Казт.).

ЖОЛЫМ ҮЙ (Қ.орда: Сыр., Жал., Тер., Қарм., Арал; Алм., Шел.; Жамб.: Шу, Мер., Қорд., Луг.; Шымк.: Сайр., Түлк., Қызылқ.; Көкш.: Еңб., Щуч.; Жезқ., Ұлы.; Гур., Маңғ.; Рес., Орын.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) көшіп-қонуға ыңғайлы, тік уықты кішкене, киіз үй. *Жолым үйі гана бар шаруа еді* (Қ.орда, Арал). *Жолым үйді тобесін шошақ етіп, су өтпеске лайықтап жасайды* (Қ.орда, Сыр.). *Бұрын жолым үймен жәйлауға шығатын едік* (Алм., Шел.). *Байлар жолым үйді көш-жонекей тігетін* (Шымк., Түлк.). *Көшіп-қонуға жолым үй ыңғайлы болады* (Жамб., Мер.). *Бұрын кедейлердің көпшілігі жолым үй тігетін* (Көкш., Щуч.). *Өзеннің бір иініндегі кішкене сайға бедел бітіріп тұрған екі жолым үй* (F. Сл., Доң ас., 9). *Салт атты сақалды жан жалт қарады, іздеген жолым үйін дәл тапты да* (Х. Ерғ., Күр., 22). *Кенет көзі шеткі жолым үйге түсті, желі басында жас бота жатыр* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 199). *Кішкене гана жвлым үйдің сол жағында агаш кереует* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 254).

[Қыргызша *жолум* (Кирг.-рус. сл., 182)].

ЖОМ[1] (Жамб., Жам.) қызылшаның қабығы. *Қызылшаның жомы жұқа бөлады* (Жамб., Жам.). *Қызылша жомы малға берілетін құнарлы азықтың бірі* («Соц. майдан», 12.10.1950).

ЖОМ[2] (Гур., Маңғ.; Қарақ.) шелектегі балықты тығыздайтын станок. *Жом тұтқасын айналдырып тұрған жалпақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді зор қара жігіт Матвей Степановтың әніне қосылмақ болды* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 190).

ЖОН[1] (Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Абай; Тау., Қош.) таудың жазық жоны. *Колхоз малы қазір жонға көшіп кетті* (Сем., Абай).

ЖОН[2] (Қ.орда, Арал) бөшкедегі балықты үстінен нығыздап басатын құрал. *Жон балық заводтарында болады* (Қ.орда, Арал).

ЖОНА 1. (Қост., Аман.; Жезк., Ұлы.; Орал, Орда; Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Ақт.: Ойыл, Ырғ.) ердің екі қапталының астына ғана салынатын желдік, қапталдық. *Аттың ж о н а с ы н қалыңдап жасау керек* (Қост., Аман.). *Балам, ер-тоқымның ж о н а с ы тозып қалыпты гой, жөндеттіріп алсаңшы* (Қ.орда, Арал). *Ердің ж о н а с ы бар ма?* (Ақт., Ойыл). *Ж о н а с ы бос ерден қулап қаласың* (Ақт., Қараб.). 2. (Гур., Маңғ.; Орал: Казт., Жән., Орда; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.; Қарақ.) былғары тоқым, асты киіз, үсті былғары әбзел. *Ж о н а н ы сәндікке салады* (Гур., Маңғ.). *Ақбас ерге ж о н а жарасады* (Гур., Маңғ.). *Қонақ мінетін атқа ж о н а сал* (Орал, Жән.). *Атқа ж о н а тоқым сал* (Орал, Казт.). *Біз ж о н а н ы киізден де, былгарыдан да жасаймыз* (Орал, Орда). *Ердің ж о н а с ы қалың болса, аттың арқасына жайлы болады* (Қарақ.). *Алыс жер емес, ж о н а салып міне сал* (Түрікм., Красн.). *Тіпті ол атты алып қайтпақ боп, бір ж о н а, бір ноқтасын қолтығына қысып, сыртқа да шықты* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 210). 3. буиақ-есек, өгіз және солар сияқты жүк тиелетін хайуандардың жүк астына қойылатын тоқым (М. Қашқ., III, 36). 4. (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.) тебінгі тоқым.

ЖОНБАЙ//ЖОҢБАЙ (Қ.орда, Арал) біртуманың кейінгі буданының ақта етілмеген еркегі.

ЖОНДАМА (МХР) арка жүн, жота жүн. *Саулықтың ж о н д а м а жүні әлі көтерілген жоқ* (МХР). *Біздің білетініміз ж о н д а м а д а н жоралгы, ұсақ жүннен қол кесер түсіретін пысықай тәсілдері гой* («Ж. өмір», 14.05.1987).

ЖОНДЫҚ (Қ.орда, Жал.) жалғыз өркешті түйеге жүк арту үшін ішіне қоға, т. б. салып шиыршықтап жасаған түйе өркешіне салынатын әбзел.

ЖОНСАУ (ҚХР) кен жазық жон.

ЖОҢБАЙ Қ. жонбай.

ЖОҢҒУЫР (Жамб., Жуа.) сүргі. *Ж о ң г у ы р д ы рәндә деп те атайды* (Жамб., Жуа).

ЖОҢҒЫ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Жамб.: Шу, Жам., Мойын.) сүргі, ағашты жонатын, сүрлейтін құрал. *Еденнің тақтайын ж о ң г ы м е н тегістеп жатырмын* (Қ.орда, Сыр.). Қ. жоңғуыр.

ЖОҢҚА 1. (Сем.: Абай, Шүб.; Тау., Қош.) жаңқа. 2. (Рес., Омбы) ағаштың қабығы. *Маңы ыбырсыған агаш ж о ң қ а л а р ы ...шашылган* (С. Жүн., Ақан сері, 177).

ЖОҢЫРШҚА (Жамб., Шу; Алм., Жам.; Қ.орда, Арал; Ақт., Ойыл; Қост., Жітік.; Рес., Орын.) жоңышқа, беде. *Біраз шабатын ж о ң ы р ш қ а м бар еді соган жәрдемдес* (Жамб., Шу). *Жылқы ж о ң ы р ш қ а жесе тез семіреді* (Алм., Жам.). *Мезгілінде шабылган пішен ж о ң ы р ш қ а д а н аз-ақ кем гой* (Қ.орда, Арал). *Біздің колхозда ж о ң ы р ш қ а жоқ* (Ақт., Ойыл). *Алгашында осы жерге ж о ң ы р ш қ а егіп те көрдік* (Қост., Жітік.). *Көкбас ж о ң ы р ш қ а оратылып шыгады* (Рес., Орын.). *Бірақ картоп пен ж о ң ы р ш қ а урыгы жетіспейді, оның есесіне біздің жаздық бидайдың тұқымы артық* («Кировш. үні», 15.02. 1947). *Сонымен бірге колхозда ж о ң ы р ш қ а, үпілмәлік* (қ.) *бақша, жүгері егу жұмысында өте кешеуілдеп келеді* («Қ. ту», №50, 1940). *Өндіріс малдарына үстеп құнарлы азық, жақсы ж о ң ы р ш қ а береміз* («Соц. майдан», 6.03.1945). *Ж о ң ы р ш қ а тұқымы тез дайындалсын* («Соц. еңбек», 1949, №3). *Орылган ж о ң ы р ш қ а көп уаққа дейін жиналмагандықтан құрап қалды* («Соц. Шәуілдір», 1934, №60).

ЖОП-ЖОРТА (Өзб., Там.) әшейін ғана, жорта, өп-өтірік. *Ж о п-ж о р т а әзілдескен болып бар сырыңды біліп алады* (Өзб., Там.).

ЖОРА[1] (Жамб.: Қорд., Мер., Шу) шалғымен шапқандағы және тырнауышпен жинағандағы жал-жал шөп. Алматы облысында *десте, бөкес*, Батыс Қазақстанда *қаума* болып айтылады.

ЖОРА[2] (Шымк., Лен.) бірігіп кой сою, кезектесіп бірінің үйіне бірі барып бірге жеу. *Бұрын бірлесіп, бірін-бірі шақырып, ж о р а жасайтын* (Шымк., Лен.). Қ. деңгене[2].

ЖОРА[3] (Қарақ.; Қ.орда, Арал) жолдас, дос, тамыр-таныс. *Менің ж о р а м қалаға кетті* (Қарақ.).

ЖОРА[4] салт (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖОРА-БАЗА (Шымк., Арыс) ортақтасып ішетін ішімдік.

ЖОРАЛАСУ (Қ.орда: Жал., Жаңақор.) серіктесу, жолдас болу. *Қаладан ж о р а л а с ы п бірге шықты* (Қ.орда, Жал.).

ЖОРАЛАС (Қ.орда: Жал., Жаңақор.) серік, жолдас. *Қаладан ж о р а л а с ы м бірге шықты* (Қ.орда, Жал.).

ЖОРАП[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Қарақ.) носки, жүн шұлық. *Тонодагы (қ.) сұр ж о р а б ы м қайда?* (Түрікм., Красн.). *Әйел ж о р а п, еркек ж о р а п деп айтыла береді* (Қарақ.). *Жүннен балаларга ж о р а п, қолгап тоқылады* («Жүм-шы», 16.09.1945).

[Түрікменше *жорап* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ЖОРАП[2] (Өзб., Там.) сыпырғыштың үлкені.

ЖОРАП[3] (Гур., Маңғ.) жорамал. *Күзге қарсы балық тулай ма деген ж о р а п бар* (Гур., Маңғ.).

ЖОРАПТАУ (Жамб.: Мер., Шу, Қорд.) қызылдаған бидайды сыпырғышпен тазалау. *Бидайды ж о р а п т а п жіберіңіз* (Жамб., Мер.).

ЖОР БОЛУ (ҚХР) жолдас болу, жақтас болу, ілігу.

ЖОРҒА[1] (ҚХР) аң, тибет бөкені.

ЖОРҒА[2] (ҚХР) бесіктің табаны.

ЖОРҒАН (Қост., Об.; Түрікм., Таш.; Қарақ.) көрпе, жүн салып қабыған көрпе. *Сен өз ж о р г а н ы ң д ы жамылып жат* (Қост., Об.). *Біз далаға жатайық деп едік, екіден ж о р г а н тастапты* (Түрікм., Таш.). *Далада ж о р г а н жамылмаса, жаурап қалуларың мүмкін* (Қарақ.). Қ. жуырқан.

ЖОРҒА ТАБАҚ (Ақт., Қараб.) өт салатын табақ. *Біз етті ж о р г а т а б а қ п е н жемейміз* (Ақт., Қараб.).

ЖОРҒА ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) жүрісі жорға ат тәрізді түйе.

ЖОРИ (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал: Чап., Жымп.) жорта, әдейі. *Оны олар ж о р и қашырып отыр гой* (Гур., Есб.).

ЖОРИЯ (Орал: Чап., Жымп.) жорта, әдейі. *Ол саған ж о р и я айтып отыр* (Орал, Чап.).

ЖОРТҚЫЛАТУ жорту (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖОРТПАШАҚ (Шымк., Қызылқ.) жүгіріп жүрген үш-төрт жасар бала. *Қасиманның ж о р т п а ш а қ баласы бар* (Шымк., Қызылк.).

ЖОРЫ (ҚХР) арамтер, шығын.

ЖОРЫҒАН (Орал, Орда) көрпе. *Балаға ж о р ы ғ а н жап* (Орал, Орда). Қ. жорған, жуырқан.

ЖОРЫҚ ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) үзақ жүріске әбден үйренген, дағдыланған түйе.

ЖОРЫШ (Қост., Об.) алабұға типтес балық. *Ж о р ы ш теңбіл-теңбіл болады* (Қост., Об.).

ЖОРЫШКІ (Гур., Есб.) үйдің төбесіне ұзынынан салынатын ағаш. *Үйдің төбесіндегі ж о р ы ш к і л е р майысып кетіпті гой* (Гур., Есб.).

ЖОСАҚ[1] (Гур., Маңғ.) жақ, тарап, бағыт, беталыс. *Қайжақ дегенді қай ж о с а қ деп те айтады* (Гур., Маңғ.). *Қай ж о с а қ т ы айтасыз?* (Гур., Маңғ.).

ЖОСАҚ[2] (Гур., Маңғ.) қалып, қылық, рет, жөн. *Сендер танылған кісінің ж о с а г ы н істеп отырсыңдар, жатырқамаңдар* (Гур., Маңғ.).

ЖОСАҚТЫ[1] (Тау., Қош.) жөн-жосықты білетін, тәртіпті, тәрбиелі. *Дүкенбай Дармұрзин ж о с а қ т ы жігіт қой* (Тау., Қош.).

ЖОСАҚТЫ[2] орынды, дұрыс (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖОСПАЛДАУ (Гур., Маңғ.) жобалау, түспалдау. *Ж о с п а л д а п айтты гой* (Гур., Маңғ.).

ЖОСЫН (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР; ҚХР) әдет-ғұрып, салт, ырым. *Бұрыннан келе жатқан ж о с ы н д ы білмейді екенсің* (Тау., Қош.). *Ж о с ы н с ы з ел бола ма?* (МХР). *Қазақ халқында әйелді босандырып алуда да, көптеген ырым-ж о с ы н д а р жүріледі* (Б. Көм., Мон. қаз. салт-дәс., 3). *Ұрпағы үшін ата-енесі әр түрлі ырым, ж о с ы н д а р д ы ұмытпай, кезегімен жасап отыруды бірлесіп ақылдасып, уақытында рәсімін еткізіп отырады* (Б. Көм., Мон. қаз. салт-дәс., 32). *Екі қолды артқа ұстап жүрудің де ж о с ы н ы теріс* (А. Қай., Б. Боп., Қаз. ырым., 12). *Он үште отау иесі, он сегізде ел иесі деген солардан қалған ж о с ы н* (С. Төу., Арм. тау, 10).

ЖОТАЛАНУ (Алм., Іле) көтерілу. *Мен шығып сөйлегенде олар ж о т а л а н ы п қалады* (Алм., Іле).

ЖОТЫ (МХР) құстұмсық, жер қазатын құрал. *Жер қазып жатқанда ж о т ы н ы ң сабы сынып кетті* (МХР).

ЖОШУ (ҚХР) көңілдің лекіп шаттануы.

ЖОЯ[1] **1.** (Қ.орда: Сыр., Жал., Арал) атыз, қауын-қарбыз егетін жер. *Дақыл егінді атызға* (қ.) *күллі овощты ж о я ғ а егеміз* (Қ.орда, Арал). **2.** (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) мақта қатарларының арасындағы өзекшелер, жүйектер. *Қауын, мақтаның ж о я л а р ы. Шұғындырға* (қызылша) *ж о я-ж о я бойынша су жібереді* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *жоя* жүйек, атыз (Туркм.-рус. сл., 1940); пар. *жой* арық, казылған жер, өзек (Пер.-рус.-азерб. сл., 1945)].

ЖОЯ[2] (Қ.орда, Қарм.) дәнді дақылдын ала-құла себілуі. *Салған астығы ж о я болып қалыпты* (Қ.орда, Қарм.).

ЖОЯ[3] (Гур., Маңғ.) реті, жөні. *Мына жұмыстың ж о я с ы келіскен екен* (Гур., Маңғ.).

ЖОЯЛАУ (Түрікм., Таш.) жүйек жүргізу, жүйектеу. *Пахта егу үшін айдалып тасталған жерді жақсылып ж о я л а п алады* (Түрікм., Таш.).

ЖОЯН[1] **1.** (Сем.: Ақс., Кокп., Абай, Шүб.; Шығ. Қаз.: Больш., Зайс., Тарб.; МХР) мықты. *Жас шағында ж о я н-а қ еді, енді көртейді гой* (МХР). *Күресем де келгендер бәрі өлді, Таудай боп пілге мініп зәңгі келді. Зәңгінің өзі ж о я н, күші жойқын, Аягы піл үстінен сүйретілді* (Ақыт, 96). **2.** (Шығ. Қаз.: Больш., Зайс., Тарб.; Сем., Ақс.; МХР) зор, үлкен, денелі. *Мынау бір ж о я н кісінің зираты болу керек* (Шығ. Қаз.,

Зайс.). *Сырттан қарағанда ж о я н жігіт көрінеді гой* (МХР). *Ол ж о я н табақ қымыз ішті* (Сем., Ақс.). *Үйдің мәткесі ж о я н екен* (Шығ. Қаз., Тарб.). Монғол тілінде *ноян* бек, әкім деген мағынада қолданылады.

ЖОЯН[2] (МХР) кенже, ең кіші. *Ж о я н ы м мына бала, биыл бірінші класқа барады* (МХР).

ЖОЯ ТАРТУ (Түрікм., Таш.) жүйек жүргізу, жүйек салу. *Тақтаның жеріне ж о я т а р т у да оңайға түспейді* (Түрікм., Таш.).

ЖӨГІ[1] (Жамб., Шу) будан, қоспақ. Жалғыз еркешті түйе мен қос өркешті түйе буданы. Өркешінің арасы жақын болады. *Улек пенен бурадан, жүк қалмайтын жолында, ж ө г і болар туганы* (Жамб., Шу).

ЖӨГІ[2] (Шымк., Түркіс.) айлакер, арам. *Ж ө г і адам бір нәрсені біліп, сезіп тұрса да айтпайды* (Шымк., Түркіс.).

ЖӨДЕМЕЛЕТУ (ҚХР) тездету, жеделдету, жылдамдату.

ЖӨЙЛАУ (Алм., Шел.) өлтіру, жою. *Қасқыр бір қойды ж ө й л а п кетті* (Алм., Шел.).

ЖӨКЕЛТУ мүдірту (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖӨКЕ ТАҚТАЙ (Қост.: Фед, Семиоз.; Рес., Орын.) үйеңкі, фанер. *Жәшікке қобди жасауға бір болек ж ө к е т а қ т а й таптым* (Қост., Фед.). *Адамауда ж ө к е т а қ т а й бар екен* (Орын., Бөр.).

ЖӨЛЕК (ҚХР) жаскене.

ЖӨЛЕНУ (Алм., Іле) женелу, жүріп кету. *Ауылга ж ө л е н с е ң, ж ө л е н* (Алм., Іле).

ЖӨЛЕУ (Жамб., Қорд.) тежеу, сүйемелдеу. *Құнанның басын ж ө л е п жүрсең, ол тез бас алады* (Жамб., Қорд.).

ЖӨЛІМ ҮЙ (Қарақ.) шаңырақсыз үй, жолым үй. *Ертеде балықшылар ж ө л і м ү й д е тұрды* (Қарақ.). Қ. жолым үй.

ЖӨН (Алм.: Жам., Нар.; Шығ. Қаз., Болып.; Тау., Қош.) қатардағы, қарапайым, көптің бірі. *Ж ө н мұғалімдер 600 сом алады* (Алм., Нар.). *Ж ө н әскер* (Тау., Қош.).

ЖӨН-ЖӨН (МХР) дұрыс-дұрыс.

ЖӨН БАР МА? (Ақт., Қараб.) сөз бар ма? *Ж ө н б а р м а, мал багу өте қиын гой* (Ақт., Қараб.).

ЖӨН БІЛГІ жөн білетін (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖӨНДЕМ[1] (Жезқ., Ұлы.) әккі. *Ж ө н д е м өгіз гой, бірден жүріп кетті* (Жезқ., Ұлы.).

ЖӨНДЕМ[2] (Жезқ., Ұлы.) үйреншікті. *Ж ө н д е м әдемі гой солай* (Жезқ., Ұлы.)

ЖӨНДЕМЕЛІ (Қарақ.) иненің жуан түрі.

ЖӨНДЕМ ИНЕ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Рес., Орын.; Қарақ.) іс тігетін ине, тебеннен кейінгі жуанырақ ине, орташа ине. *Ж ө н д е м и н е м е н аңы* (қ.) *бар адам ауық тікпейді* (Түрікм., Таш.). *Көрпе көктейтін ж ө н д е м и н е болмай тұрыпты* (Қарақ.).

ЖӨНДЕМ ӨГІЗ (Қост., Жанг.) үйренген, жуас, жөнге салынған, бас білетін. *Шөп мәшинесіне ж ө н д е м ө г і з д е р д і мінгізу керек* (Қост., Жанг.).

ЖӨНДІГУ (Қ.орда, Арал) жөнделу. *Бұрынгыдан гөрі ж ө н д і г і п қалды* (Қ.орда, Арал).

ЖӨНЕ (Шымк., Сайр.; Жамб., Шу, Сар.) жөнел, бар. *Сен енді көп айналма, ж ө н е* (Шымк., Сайр.). *Ертең құмга ж ө н е й м і з* (Жамб., Шу). *Сарысудан Таласқа ж ө н е й м і з* (Жамб., Сар.).

ЖӨНЕКЕЙ ҚОРА (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жайлауда уақытша салынған қора. *Қой қырқымына ж ө н е к е й қ о р а салу ісін тездетпелі* (Түрікм., Тедж.).

[Қарақалпақша *жөнекей* жолшыбай (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЖӨНЕК НАР (Қ.орда, Жал.) бекбатша мен құлбатша нар бурасының аруанаға не жампозға шөгуінен пайда болатын түйе тұқымы.

ЖӨНЕКТІ (Сем.: Абай, Шүб.) жөнді. *Ж ө н е к т і болу* (Сем., Абай).

ЖӨНЕЛЕУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Кенеүр.) қарапайым, жай. *Бұл бір ж ө н е л е у зат екен* (Түрікм., Көнеүр.).

ЖӨНЕҢ (Қ.орда: Сыр., Жал.) қысқа шыдамсыз, не қыста, не жазда қонданып бойына ет ала алмайтын жеті-сегіз жасар жылқы.

ЖӨНЕ ТҰРУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж.) бос тұру, текке тұру. *Қой, ж ө н е т ұ р г а н алқа* (қ.) *шығар* (Түрікм., Таш.).

ЖӨНЕУ (Жамб., Сар.) көшу.

ЖӨН-ЖОСАҚ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) жен-жоба, жен-жосық. *Ж ө н-ж о с а қ таныскан соң кісі танысады гой* (Қ.орда, Арал). *Ол жұретін жолдың ж ө н-ж о с а г ы н сілтеді* (Ақт., Ырғ.).

ЖӨН ЖҮРУ (Гур., Маңғ.) тыныш жүру, жай жүру. *Ешкімге соқтықпай ж ө н ж ү р с е ң, саган ешкім тимейді* (Гур., Маңғ.).

ЖӨННЕН БІЗ (Гур., Маңғ.) жіңішке біз. *Ж ө н н е н б і з і ң д і бере тұршы* (Гур., Маңғ.).

ЖӨНСАЛ (МХР) селсоқ. *Мезгіл басын сәл изеді де, қолымды ж ө н с а л ұстап амандасып қарсы скамейкага отырды* (Ш. Қат., Аз. кез., 152).

ЖӨНСІЗ (Жамб., Жуа.; Сем.: Абай, Ақс., Кекп.; Шығ. Қаз., Ұлан) жақсы, керемет. *Ой, ол ж ө н с і з жігіт* (Жамб., Жуа.). *Абайдың өлеңдері ж ө н с і з қызық* (Сем., Абай). *Өткен жылгы егіннің шығымы ж ө н с і з еді* (Шығ. Қаз., Ұлан).

ЖӨН СІЛТЕУ БЕРУ (Өзб., Там.) жен сілтеу, жол көрсету. *Бұл жагдайды колхоз*

басшылары да біліп, ж ө н с і л т е у б е р і п отырады (Өзб., Там.).

ЖӨНІ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) жағы. *Бы йақта әйелдер, қыздар ж ө н і көп қыдырады* (Түрікм., Таш.). *Жастар ж ө н і тегіс атқа мінген* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 216).

[Қарақалпақша *жөн* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЖӨҢ (Қарақ.) түйенің бурасы, бураның бір түрі. *Ж ө ң ашулы болады* (Қарақ.).

ЖӨҢКУ (Ақт., Ырғ.) қатты ағу. *Егіске жіберген су ж ө ң к і п жатыр* (Ақт., Ырғ.).

ЖӨПЕЛДЕМЕДЕ (Сем., Абай; Қост., Жанг.) ілезде, аяқ астынан, күтпеген жерден. *Ж ө п е л д е м е д е кәрі кісі өңгіме айта алмайды* (Сем., Абай). *Бір істі ойласақ, ж ө п е л д е м е д е ойыңа түспей қор қылады* (Қост., Жанг.).

ЖӨПЕЛДЕТУ (ҚХР) тездету, жеделдету, жылдамдату.

ЖӨПТЕГЕНДЕЙ (Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту) жөн көргендей, қостағандай. *Басқа оқушылар Күлжімнің сөзін ж ө п т е г е н д е й күлім қақты* (Көкш., Қ.ту).

ЖӨП-ШӨҢГІ (Сем.: Абай, Шүб.; Шығ. Каз., Больш.; Тау., Қош.) тәуір, жөп-жөнді. *Ж ө п-ш ө ң г і кісіде осылай етеді екен ә?* (Шығ. Каз., Больш.). *Тұлымхан істеп жүрген жұмысты ж ө п-ш ө ң г і адам атқара алмайтын көрінеді* (М. Мағ., Қиян қыст., 132).

ЖӨРГЕКТЕ СОҚҚАН (ҚХР) каршадайынан қағынған.

ЖӨРГЕМ[1] (Алм., Жам.) жермен жексен болып шұбатылып өсетін шөп. *Ж ө р г е м н і ң бір жағын қозгасаң, үй орнындай жер бір-ақ қозгалады* (Алм., Жам.). *Жүрген аяққа ж ө р г е м ілінеді* (Мақал; Алм., Жам.).

ЖӨРГЕМ[2] (Тау., Қош.) бір кесек шикі ет. *Анау ілулі тұрған ж ө р г е м д і пісіріп жіберсең, қымыздан кейін тәуір болар еді* (Тау., Қош.).

ЖӨРГЕМДЕУ (Сем.: Абай, Шүб., Көкп.) току, бекіту. *Қалқам, арқанның ұшын ж ө р г е м д е п жіберші* (Сем., Абай). *Алашаның сөгілген жерін ж ө р г е м д е* (Сем., Көкп.). *Шидің екі жақ шетін ж ө р г е м д е п жіберу керек еді* (Сем., Шүб.).

ЖӨРГЕМІШ (Шымк., Түлк.) шырмауық тәрізді сарғылт шөп. *Ж ө р г е м і ш т і ң бұршігі болады. Ж ө р г е м і ш т і мал жемейді. Ж ө р г е м і ш қараталға, жоңыршқаның түбіне оралып шығады* (Шымк., Түлк.).

ЖӨРГЕНУ (ҚХР) орнау, қымтану.

ЖӨРМЕ (Өзб., Ташк.) мата бетіне түсірілетін оюларға байланысты тігудің түрі.

ЖӨТЕЛ (Жамб.: Шу, Мер., Қорд.) жылқы ауруы. *Ж ө т е л тиген ат жүре алмайды. Ж ө т е л болған жылқыға қарандызды шөпке қосып береді немесе ауыздыққа байлайды* (Жамб., Шу).

ЖӨТКҮРУК жөтел (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖӨТКІРУ (Сем., Абай; Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту) жөтелу, тамағын қыру. *Ол осы тұсқа келгенде, ж ө т к і р і п жіберді* (Сем., Абай). *Мен тыстан келгенімде пәтерде жатқан қарт адамның ж ө т к і р г е н і н естідім* (Көкш., Руз.). *Сөзінің беті тұзеліп, бар аңғары танылған соң, дәл желке тұсынан ж ө т к і р і п қап, тұрегеле қойдым* (М. Әу., Абай жолы, II, 124).

ЖӨУШЕНДІ (Алм., Шел.) жөнді, дұрыс. *Кәрібай ескінің өңгімесін ж ө у ш е н д і айта алмайды* (Алм., Шел.).

ЖӨШТЕУ (Тау., Қош.; МХР) реттеу, орындау. *Аман болса бұл жұмысты да ж о ш т е р м і н* (Тау., Қош.). *Соларды ж ө ш т е п кету керек* (С. Мағ., Сүмбіле, 184). *Әттең осының өзін ж ө ш т е й т і н бір мықты жоқ-ау* (С. Мағ., Сүмбіле, 40).

ЖУ (Шымк., Арыс) орын, белгі. *Бұрын өлген кісінің орнына ж у қойылатын* (Шымк., Арыс).

ЖУА[1] (Қ.орда, Арал) жәдігой, сиқыр. *Мыстан кемпір қашан да ж у а болады* (Қ.орда, Арал).

ЖУА[2] (Гур., Маңғ.; Акт., Алға; Түрікм., Таш.; Ауғ.; Ир.) пияз. *Біз күндіз кешке керек болар деп базардан ж у а сатып алдым* (Түрікм., Таш.). *...Көк ж у а артып турай бастады* (Ө. Қан., Құд., 222). *Колхоз бойынша әлі күнге дейін мемлекетке 536 ц күріш, 60 ц картоп, 794 кг ж у а бересі* («Күріш.», 1942, №152).

ЖУАЗ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) күнжіттің майын алатын құрал.

[Түрікменше *жуваз* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *мойжуваз* (Рус.-узб. сл., 1954); қарақ. *жууаз* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЖУАЗЫ (Алм., Кег.) аласа дөңгелек үстел. *Ж у а з ы ң д ы әкеле гой* (Алм., Кег.). Қ. жозы.

ЖУАЛ (ҚХР) канар, дағар.

ЖУАЛДЫЗ (Акт.: Там., Жүр.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Шиелі; Талд., Кир.; Жамб., Тал.; Қар., Қарк.; Жезқ., Ағад.) тебен ине. *Ж у а л д ы з д ы ң ұшы сынып қалды* (Акт., Тем.). *Ж у а л д ы з б е н көбіне қаптың аузын тігеміз* (Қ.орда, Қарм.). *Ж у а л д ы з ы ң бар ма, бере тұршы* (Талд., Кир.).

[Парсыша *жуалдуз* үлкен ине (Пер.-рус.-азерб. сл., 1945)].

ЖУАНАЮ жуандау (С. Аман., ВДИКЯ).

ЖУАН ДОЙЫР КЕҢ БАЛАҚ (Түрікм., Таш.) шынжыр балақ, шұбар төс, азу-

лылар. *О кезде атқа мінгендер ылғи ж у а н д о й ы р к е ң б а л а қ т а р тұқымы* (Түрікм., Таш.).

ЖУАН ЖАНОЗ (Рес., Орын.) самиян.

ЖУАН КІСІ (Талд., Қарат.) үлкен қызметкер, лауазымы үлкен кісі. *Облыстан ж у а н к і с і келді* (Талд., Қарат.).

ЖУАН ӨРКЕШ (Қ.орда, Жал.) айыр мен мырза қоспақ, айыр қоспақ түйелердің семіргендегі өркеш атауы.

ЖУАРУ (Гур., Бақс.) догару. *Қазір атты ж у а р ы с ы м е н сугара гой, қосшы бала* (Гур., Бақс.).

ЖУАС-ЖУАС (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Қарақ.) аз-аздан. *Ж у а с-ж у а с т а н жинап кобейттім* (Түрікм., Ашх.).

ЖУАТУ (Шымк., Түлк.; Алм., Шел.) уату. *Әке, баланы ж у а т* (Алм., Шел.).

ЖУҒАРАҚПАНДА (Алм., Шел.) жуырда, жақында. *Күздің таңы ж у ғ а р а қ п а н д а а тпайды* (Алм., Шел.).

ЖУЕН (Қарақ.) жүген. *Аттың ж у е н і н арбаның үстіне қой* (Қарақ.).

ЖУЕРІ (Қарақ.) жүгері. *Биыл біз ж у е р і н і көп ектік* (Қарақ.).

ЖУРИЯТ (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) туыс, жұрағат. *Кетікте екі-үш ү й ж у р и я т ы м ы з бар* (Түрікм., Таш.).

ЖУУ (Жамб., Қорд.) былгау, жайқау.

ЖУЫҚ[1] (Қ.орда, Жал.) суық ызғар-жел, жауын өтпес үшін арық не кәрі түйелерге, нашар жетілген әлсіз бота-тайлақтарга өркеш үстінен жабатын жабу.

ЖУЫҚ[2] (ҚХР) өлген адамды жуу рәсімі.

ЖУЫҚПАНДА (Сем.: Абай, Шүб.; Алм.: Кег., Шел.) жуықта, жақында, жуырда. *Ол қалага ж у ы қ п а н д а бармақ* (Сем., Шүб.). *Қыз бен жігіт қиылып өлең айтса, ж у ы қ п а н д а тоқтамайды* (Алм., Кег.).

ЖУЫҚТА (МХР) жуырда, таяуда. *Капитан марқұмның әр кезде салған суреттерінің көрмесі аймақтың бейнелеу өнер бөлімшесінің ұйымдастыруында ж у ы қ т а аймақ орталығында кино театрда ашылды* («Ж. өмір», 30.05.1985).

ЖУЫМ (Өзб., Там.) қойды тоғыту кезі. *Ж у ы м жақсы болса, қырқыл жеңіл көшеді* (Өзб., Там.).

ЖУЫРДА (Көкш.: Щуч., Еңб., Қ.ту) жуықта, жақында. *Ж у ы р д а ауданга барамын* (Көкш., Қ.ту).

ЗАҒЫПЫРАН (Қ.орда: Сыр., Жал.) өсімдіктің бір түрі. *Бір топ қой з а г ы п ы р а н д а оттап жүр* (Қ.орда, Сыр.). *Қайсыбір өсімдік гүлдерінің түйінімен бірге аналық мойын да кірігеді, бұған, мысалы, жыланқияқ, з а г ы п ы р а н, күрделі гүлділер жатады* (Т. Мұсақ., Бот.).

ЗАҒЫРА (Түрікм.: Таш., Мары; Қарақ.) жүгері ұнынан пісірілген нан.

[Өзбекше *зогора* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *загара* (Карак.-рус. сл., 1958)]. Қ. зағара.

ЗАДЫ (Қост., Жанг.; Жамб., Қорд.) заты, тегі. *Осының з а д ы жаман* (Қост., Жанг.). *Қайырып қанча бабын тапсаңдағы, з а д ы жоқ, жапалақ құс қаз алмайды* (Жамб., Қорд.). *Мәмет мырза, елші болып келсең де з а д ы ң башқұрт, түбің бір, қайнылықтан қашпассың* (Т. Ахт., Шыр. сөнб., 223).

ЗАЙ (Алм.: Шел., Енб. қаз.) дым, дымқыл, сыз. *Бұл үйді қырық жыл бұрын тұргызып едік, астынан з а й чығып кетті* (Алм., Шел.).

[Ұйғырша *зәй* дымқылдық (Уйг.-рус. сл., 1961)]. Қ. зәй, зәк[1], ыза.

ЗАЙЫР 1. (Гур., Маңғ.) адамшылық, адамгершілік. *Оның з а й ы р ы күшті жігіт* (Гур., Маңғ.). *Білмесеңіз Тарғынның білдірейін з а й ы р ы н* (Ер Тарғын, 6). 2. (Жамб., Жуа.) күмәнсіз, айқын, көрінеу. *Оның ешкімге жамандық істемейтіні з а й ы р* (Жамб., Жуа.). *Бұл талапты Фабит Мүсірепов ең алдымен өзіне қойғаны з а й ы р ақиқат* («Қаз. әдеб.», 26.07.1986). *Бірақ жақсылық – салыстыру арқылы з а й ы р танылады* (Б. Қойш., Дүние – кілт, 324).

ЗАЙЫРЛЫ (Гур., Маңғ.) қайырымды, шапағатты. *Бұл қазақтың ішінен шешендер өтті толғаған, уәлилер өтті з а й ы р л ы, болашақ алдын болжаған* (Қашаған ақын).

ЗАКИ//ЗӘКИ (Қост., Жанг.) адал, таза, ақ көңіл. *Мына кісі бір әйдік з а к и кісі екен* (Қост., Жанг.).

[Парсы, араб тілдерінде *заки* таза, адал, айыпсыз деген сөз (Ж. Дос., ҚТЖЕ, 61). С. Аманжолов бұл сөзді: келісті, келбетті, қайырымды деп түсіндірген (С. Аман., ВДИКЯ, 381)].

ЗАККІ//ЗӘККІ 1. (Қост., Жанг.) зерек, алғыр. – *Қәпәле ме,* о, *ол бір з а к к і гой!* (Қост., Жанг.). 2. (Жезқ., Ұлы.) әккі, ку. *Оның з а к к і адам екені жүріс-тұрысынан да көрініп тұр гой!* (Жезқ., Ұлы.).

ЗАКОТ (Рес., Омбы) дойбы ойынында жүрер жолдың болмай түйыққа тіреліуі. Көкшетау облысының Қызылту ауданында *шұлғыма.*

ЗАҚАР ЛӘМПІК (Жамб., Шу) шекпен, бешпет тігетін судыраған қоңыр түсті мата. *Ол кісінің үстінде з а қ а р л ө м п і к т е н жағалы киімі бар* (Жамб., Шу).

ЗАҚПЫ (Шығ. Қаз., Зайс.) кішкентай аша ағаштың екі басына резеңке тартып, балалардың торғай ататын құралы. *Ал, мен з а қ п ы н ы алып торғай атуға барамын* (Шығ. Қаз., Зайс.). С. Аманжоловтың еңбегінде бұл сөз – балалардың ойыншық құралы, мылтығы деп корсетілген (С. Аман., ВДИКЯ, 381).

ЗАЛАЛ (Жамб., Шу; Алм.: Шел., Енб. қаз., Кег., Нар.) зиян, зарар; шығын. *Анайы адам тәртіпті, келешек жұмыстың пайда, з а л а л ы н білмейді* (Жамб., Шу).

ЗАЛАЛКЕС (Қ.орда, Арал) зиянкес. *Тап соның өзі бір жүрген з а л а л к е с адам* (Қ.орда, Арал).

ЗАЛЫШ//ЗӘЛІШ (Қост., Об.; Орал, Қара.) тыңайған жер. *Он шақты жыл жатып, тыңайған жерді з а л ы ш дейміз* (Қос., Об.). *Тыңайған з ә л і ш к е тары жаман шықпайды* (Орал, Қара.).

ЗАМАН (Ауғ.; Ир.) мезгіл, уақыт. *Қай з а м а н д а келдің* (Ир.).

ЗАМАНГЕРШІЛІК (Қ.орда, Арал) ауыр уақыт, қысылшаң кез. *Бұл жер з а м а н г е р ш і л і к бола қалғанда малға өте қолайлы* (Қ.орда, Арал).

ЗАМАННАН (Шығ. Қаз.: Марк., Қатон.) ертеден, көптен бері. *Атажан қарттың бір баласы з а м а н н а н ауру, әбден азып қалған* (Шығ. Қаз., Марк.).

ЗАМАРЫҚ (Қарақ.) жауыннан кейін шығатын, адам жеуге жарайтын өсімдік.

ЗАМБАР (Өзб., Там.) зембіл. *Түсірілген кірпішті, з а м б а р м е н тасып алдық* (Өзб., Там.). *Қораның қиын з а м б а р м е н екі адам шығарып жатты* (Өзб., Там.).

[Ескі өзбек тілінде *заңбил (зәнбил)* «көрзеңке», «корап ыдыс». XII-XIII ғасыр тілінде *занбыл «кәрзеңке», «қорап»,* тәжік-парсы тілінен ауыскан (АКБ, 120). Ташкент төңірегі қазақтарында *зембіл* шыбықтан токылған, екі адам көтеретін нәселке. Жоғарғы Қашқардария сөйленісінде *зәммәр* (УШЛ, 210)].

ЗАМБЫР (Ауғ.; Ир.) жабайы ара.

ЗАМҒАУ 1. (Алм.: Жам., Кег., Шел., Енб. қаз.) ызғу, зырғу. *Бір машина жолмен з а м г а п кетіп барады* (Алм., Кег.). 2. (Сем., Аяг.) қалықтап үшу, самғау. *Тауға шапса, з а м г а й т ы н Өрге салса өрлейтін, Қияда аягы таймайтын* (К. Әзірб., Шығ., 194).

ЗАМҚАР (Жамб., Шу) күз, шың. *Түнеріп аққан Шу өзен, Құлдилап ағып сүзілген, Құра-*

лып таудың қайнары. Сақтаған қарды з а м қ а р ы, Көшкін басқан сайлары (Жамб., Шу).

ЗАНТАЛАҚ//ЗӘНТАЛАҚ (Жамб.: Сар., Тал.; Қост., Жанг.) бұзылған, оңбаған. *Қамысбай колхоздың жұмысынан қашып жүрген з а н т а л а қ қой* (Жамб., Сар.). *Мынау жатқан шын-ақ бір з а н т а л а қ болар* (F. Мүсір., Оян. өлке, 236).

ЗАНТОҚ//ЗӘНТӨК (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Ақт., Қараб.; Орал, Чап.) қолшатыр. *Қолында з а н т о ғ ы бар екі жігіт келіп кетіпті дейді* (Қ.орда, Қарм.). *Мұндайда сендер қалада з ә н т ө к ұстайсыңдар гой* (Ақт., Қараб.). Орысша *зонтик.*

ЗАҢҒАР 1. (Қост., Об.) аңқау, ашық ауыз. *Сен өзің бір з а ң ғ а р с ы ң гой, шырағым, соған сеніп отырсың ба?!* (Қост., Об.). 2. (Қ.орда, Арал) қарғыс тиген, лағнет атқан.

ЗАҢДАС (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Таш.) ұқсас, тектес. *Күйреуік з а ң д а с шөпті тітір дейміз* (Гур., Маңғ.). *Ешек пен құлан з а ң д а с қой!* (Түрікм., Таш.).

ЗАҢҚЫ (Гур., Бақс.) мыстан кемпір, жалмауыз кемпір. *Ертегілерде з а ң қ ы кемпір көп айтылады* (Гур., Бақс.).

ЗАПАР (Қ.орда, Арал) алыс, қашық. *Итім қоянның даусын з а п а р д а н естиді* (Қ.орда, Арал).

ЗАПАЯ (Қ.орда, Қарм.) азап. *Ол бір з а п а я көрсе, екінші қайтып жоламайды* (Қ.орда, Қарм.).

ЗАПЕНКЕ (Қ.орда, Арал) әйелдің көйлегінің жағасына тағатын үлкен күміс түйме. Орысша *запонка.*

ЗАПҚЫНЫҢ ТАСЫНДАЙ ЗЫРҚЫРАУ (ҚХР) тез жүру, зымырау, жоғары қарқынмен жүру. ... *жазаңға шыға, з а п қ ы н ы ң т а с ы н д а й з ы р қ ы р а п зулаған сайын жаңа әйнек сырлары қиыс қарсыдан көтерілген күнге шағылысып, жарқ-жұрқ ете қалады да, керқапталдарға сағым ойнатады* (F. Қан., Бүрк., 2).

ЗАПОН (Орал: Казт., Жымп., Чап.) алжапқыш, белдемше. *Сауыншылар з а п о н с ы з сиыр саумайды* (Орал, Жымп.). *Осы з а п о н ы м болмаса, көйлегімнің алды қақ болар еді* (Орал, Казт.). *Оган факты – фермадағы дояркаларда з а п о н жоқ* («Ж. жол», 3.08.1938).

ЗАПЫ БОЛУ (Қ орда, Арал) зәрезап болу, ығыр болу. *Абайсызда қолын тістетіп алып, з а п ы б о л ы п тұр гой залым* (Ә. Нүрп., Курл., 25).

ЗАР (Шығ. Қаз., Қатон.) жұпар, хош иіс. *Мынау гүлдердің з а р ісі аңқып тұр* (Шығ. Қаз., Қатон.).

ЗАРАДАЙ (Жамб.: Луг., Шу) зәредей, титтей, болмашы. *Бұл сөзді кітаптан көр десең бекер, Жамандық жақсы ісіңді кешелдетер. З а р а д а й жазым болып қылдан тайса, Алдымнан қожа, молда, ишан кетер* (Жамб., Луг.).

ЗАРАЗАТ БОЛУ (Гур., Маңғ.) зәрезап болу, ығыр болу. *Әбден аузы күйіп з а р а з а т б о л г а н гой, енді істей қоймас* (Гур., Маңғ.).

ЗАРАТ (Қост.: Жанг., Об.) шабылған шөптің, егіннің үйіндісі. *З а р а т қып қойылган астықтар әлі басылмай тұр* (Қост., Жанг.).

[Парсыша *зарәғат* егіншілік, диқаншылық (Кр. перс.-рус.-азерб. сл.)]. Қ. зорат.

ЗАРДАЛЫ 1. (Шымк., Мақт.; Қ.орда, Арал; Өзб., Там.) өріктің бұтағында пісіп тұрғаны. *Біз тек өріктің ылги гана з а р д а л ы с ы н теріп жейтін едік* (Қ.орда, Арал). 2. (Ауғ.; Ир.) сары өрік, кептірілген өрік.

[Парсы тілінен енген сөз *зард* – сары, *али* – миуа (Кр. перс.-рус.-азерб. сл.)].

ЗАРЖАҚ БОТА (Қ.орда, Жал.) сүтке жарымағандықтан енесі қасында болсын-болмасын жиі-жиі зарланып, боздай беретін жас бота.

ЗАРЛАУ БОЛУ (Шығ. Қаз., Болын.) ренішті болу, қамығу. *Ол жігіттің бір-ақ баласы бар, бастан з а р л а у б о л ы п жүр* (Шығ. Қаз., Болып.).

ЗАРПЫ (Қост., Об.; Жамб., Жам.) салдар, зардап. *Оның уақытында келмегені з а р п ы гой* (Қост., Об.). *Мен жоқшылықтың з а р п ы н көп көрдім* (Жамб., Жам.). *Соргалап қан ағады, Қатты таяқ з а р п ы н а н, Қарашаш сұлу талады* (Батыр. жыры, 173).

ЗАРУРАТ (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) зәру, мұқтаж. *З а р у р а т – біздің зәру деген сөзіміз* (Қост., Жанг.). *Бұл бір з а р у р а т нәрсе болган соң ала қояйын деп едім* (Жезқ., Ұлы.).

ЗАРХОМ (Қарақ.) жез құман. *Ана з а р х о м д ы отқа қойып жіберің* (Қарақ.).

ЗАРЫП (Гур., Маңғ.) зардап, салдар. *Қадірін білмей қалмаңыз, Қолдағы тұрган алтынның. Алтын азып мыс болар, Құтусіздің з а р п ы н а н* (Гур., Маңғ.).

ЗАТ (Гур.: Тең., Есб.; Орал: Жымп., Чап., Казт., Орда; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) нәрсе, бірдеме. *Ол далада з а т жасап жүр* (Гур., Тең.). *Осының ісін бір з а т етелік* (Түрікм., Ашх.). *Бұл жерде той жоқ, еш з а т жоқ* («Жұм-шы», 5.01.1941).

ЗАТ ЕТПЕУ (Гур., Есб.; Түрікм., Ашх.) ештеме етпеу, түк етпеу, дәнемесі кетпеу. *Ауру адам дәрігерге көрінсе, з а т е т п е й д і,*

жазылып кетеді (Гур., Есб.). *Барса бара берсін, з а т т а е т п е й д і, қашанғы оны алақанға сала бересіңдер* (Түрікм., Ашх.). *З а т е т у* – бір нәрсе істеу, бірдеме жасау. *Ол далада з а т е т і п жатыр* (Гур., Маңғ.).

ЗАТТЫ (Көкш., Қ.ту) уәдеде тұратын, бір сөзді. *Ол з а т т ы адам еді* (Көкш., Қ.ту).

ЗАТТЫЛЫҚ (МХР) әдептілік, көргендік. *Сымбаттылығымен де, білім мен з а т т ы л ы қ жағынан да көзге түскен Қарлығаш, аймақтағы бетке ұстарлық мұғалима* (М. Құрман., 212).

ЗАУ (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Жам.; Жамб., Жуа.) зәулім биік. *Сайдың ішін з а у боп өскен қарасоралар қаптап кеткен* (Алм., Еңб. қаз.). *Алдағы алқап төрінен басталған жасыл өзектің өрге қараған басында ерекше з а у боп өскен бәйтерек көрінді* (Е. Түр., Ақб., 17).

ЗАУА КЕТУ (Қ.орда, Қарм.) текке кету, зая. *Қабаланға қанша сөз айтқанмен сөзің з а у а к е т е д і гой, қарағым* (Қ.орда, Қарм.).

ЗАУАЛ[1] (Қ.орда, Арал; Орал, Орда; Гур., Маңғ.; Ақт.: Шалқ., Қараб.; Түрікм.: Таш., Мары) тал түс. *Ертең з а у а л д а н кейін жиналысқа барамыз* (Ақт., Шалқ.). *З а у а л а у ы п, күннің ыстығы да қайтып қалыпты* (Қ.орда, Арал). *З а у а л ауса да, күннің аптабы басылмай-ақ тұр* (Түрікм., Мары).

ЗАУАЛ[2] (Жамб.: Тал., Сар.) жүрек, көңіл. *Кешегіден кейін сол істен з а у а л ы м айнып жүр* (Жамб., Сар.).

ЗАУАЛДАНУ (Ақт., Қараб.) деңгейі төмендеу, кему, қайту. *Бұл кезде Қарабұтақ өзенінің суы з а у а л д а н а т ы н* (Ақт., Қараб.).

ЗАУАЛЫ АУУ (Орал, Орда) деңгейі төмендеу, қайту. *«З а у а л ы а у ған шалқар көл, Қара жермен тең болар» деген сөз Шәңгерейде де бар еді* (Орал, Орда). *Қарабұтақ өзенінің з а у а л ы қайтыпты* (Ақт., Қараб.).

[Парсыша *завал* (Кр. перс.-рус.-азерб. сл.); үйг. *завал*, сөйлеу тілінде *загол* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

ЗАУДАЛЫ (Шымк., Мақт.) өрік ағашы. *Оның үстіне з а у д а л ы ң а да су жіберіп отырылды* (Шымк., Мақт.).

ЗАУҚАТА 1. (Орал: Жән., Орда) андасанда, оқта-текте. *Баламыз з а у қ а т а бір келіп-кетіп тұрады* (Орал, Жән.). 2. (Орал, Орда) кездейсоқ. *З а у қ а т а барып, атыңды байлап қойсаң, ашыққан қойлар құйрығын жеп қояды* (Орал, Орда).

ЗАУҚАТАЙЫМ (Орал: Чап., Жымп., Жән., Орда) жазатайым, кездейсоқ. *Бүгін ол з а у қ а т а й ы м бірнәрсе болып қалмаса, жылдам келер* (Орал, Чап.).

ЗАУ ТАС (Жамб.: Қорд., Шу) тік жартасты құз. *Асты чыңырау з а у т а с, сонда бір қара ала, бір сары ала бүркіт ұшып жүр екен* (Жамб., Шу).

[Қырғызша *зоо* (Кирг.-рус. сл., 1965)].

ЗАУФАН ЖАСАУ (ҚХР) қарсы әрекет жасау, аударып тастау, күресу, төңкеріс жасау.

ЗАУЫҚ (Гур.: Есб., Маңғ.; Орал, Орда; Қост., Об.) ойын-сауық, тамаша, думан. *Қазір з а у ы қ құрып отыруға жұмыс көп* (Гур., Есб.). *Анда-санда осындайда з а у ы қ қылып, олең айтып қоятынымыз да болады* (Гур., Маңғ.). *Осында келіңдер, жиналып бір з а у ы қ құрайық* (Қост., Об.).

ЗАУЫМЕН (Алм.: Кег., Нар., Еңб. қаз., Шел.) әдейі. *Осы жолы ол з а у ы м е н келіп еді бір чыны чәй бермеді* (Алм., Нар.).

ЗАУЫТ (Қ.орда, Арал) консервіден босаған қаңылтыр сауыт. *Ананың з а у ы т ы н далаға тастамаңдар, түкіргіш жасауға болады* (Қ.орда, Арал).

ЗАХАРА (Қарақ.) жүгері ұнынан пияз және асқабақ қосып жасайтын нан. *З а х а р а н ы да тандырға жауып пісіреді* (Қарақ.).

ЗАХЧИН (МХР) монғол тайпалары. *1890 жылы батыс Монголдағы қытайдың ең ірі фирмасы Да-шен-ху, Арчин есебімен көргенде дөрбед, баяд, з а х ч и н хоошундарының барлық малының 60 проценті олардың билігінде болды – деп жазды А.Н.Калиников* (А. Сарай, Рев. бүр. Монғ. қаз., 48).

ЗАҢАР (Қ.орда, Арал) алыс, қашық. *Қоянның даусын з а ң а р д а н естиді* (Қ.орда, Арал).

ЗАЯЛАУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) ысырап ету. *Мына бала үзімді з а я л а п болды-ау!* (Түрікм., Ашх.). *Сол продукцияларды алып көргенде 50 проценті з а я л а н ғ а н д ы ғ ы... жүзеге шықты* («Жұм-шы», 26.08.1944).

[Түрікменше *заяламан* (Туркм.-рус. сл.)].

ЗӘБЕРКЕ (Қар., Шет) быламық. *Жеңгеме кешелі бері з ә б е р к е істеп беріп жатырмын* (Қар., Шет).

ЗӘБИЯЛ (Көкш., Енб.) кішкентай қымбат бәкі. *Бұрын з ә б и я л бәкілер көп болатын* (Көкш., Еңб.). Қ. забиял бөкі.

ЗӘБІЛ (Орал, Казт.) үй іргетасының сыртқа қарай шығыңқы қыры немесе соған жапсыра салынған орындық. *Жұр, з ә б і л г е шығып әңгімелесейік* (Орал, Казт.). Қ. **забел.**

ЗӘБІН (Өзб., Там.) бейшара, байғұс; дәрменсіз. *Сөйтсем ол сондай бір з ә б і н адам екен* (Өзб., Там.). Қ. забы**н.**

ЗӘГІРЕН (Түрікм., Таш.) қымбат бағалы, зерлі. *Үйде үстінде з ә г і р е н бешпеті бар*

бір әйел отыр екен (Түрікм., Таш.). *Хансұлу қазір үйде ішігін тастап, қынама бел қырмызы з ә г і р е н қамзолымен отыр* («Жұлдыз», №8, 1987).

ЗӘДІ 1. (Алм., Жам.; Жамб., Мер.) негізі, арғы тегі. *Сенің з ә д і ң д е бір пәстік бар* (Жамб., Мер.). *Оның з ә д і жаман, оңбаған* (Алм., Жам.). **2.** (Алм., Жам.) сірә, тегі. *З ә д і, ол бүгін келмейтін болар* (Алм., Жам.).

ЗӘЙ (Сем.: Ақс., Көкп., Үрж., Аяг., Мақ.; Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Қарақ.) дым, дымқыл, сыз. *З ә й үй денсаулыққа зиянды гой* (Сем., Ақс.). Қ. зай, зәк[1].

ЗӘЙТ (Ауғ.; Ир.) көр, соқыр.

ЗӘК[1] (Жамб.: Шу, Жуа., Жам.; Ауғ.; Ир.) дым, дымқыл, сыз. *Жерге жатып едім з ә к ұрып тастапты* (Жамб., Жуа.). *Үйдің еденіне шілік төксе, з ә к өтпейді* (Жамб., Шу). **Зәк басу** – дымқылданып көгеру. *Алма ағаштарының түптерін з ә к басыпты* (Жамб., Жам.). Қ. зәй, ыза.

ЗӘК[2] (Гур., Манғ.) кекесін, мысқыл. *Оны-сын кім білсін, әйтеуір күлкісінде бір з ә к бар* (Гур., Манғ.).

ЗӘКИ Қ. заки.

ЗӘККІ Қ. заккі.

ЗӘКТЕМЕ СУ (Шымк.: Қызылқ., Арыс; Қ.орда, Арал) егіннің алгашқы суы. *Егісіміз з ә к т е м е с у д а н өтті* (Шымк., Қызылқ.). *З ә к т е м е с у ы берілісімен, егін когеріп, бойлап өсе бастайды* (Шымк., Арыс).

ЗӘКТЕНУ (Сем.: Ақс., Көкп.; Жамб.: Шу, Жуа., Жам.) сыз тартып көгеру. *Көптен от жағылмаған соң үй з ә к т е н і п кетіпті* (Сем., Ақс.). *Тамның бір бұрышы з ә к т е н і п кетіпті* (Жамб., Шу).

ЗӘКІЛӨТ (Қ.орда, Арал) уәде, серт. *Мен оған бұл жөнінде з ә к і л ө т бердім* (Қ.орда, Арал).

ЗӘКІР ҚАБУ (Гур., Есб.) зәкір тастау, қаптыра тастау. *З ә к і р жер қ а п т ы, қайық ешқайда кете алмайды* (Гур., Есб.).

ЗӘЛОҚ (Ақт., Ойыл) жұқа сылақ. *Үйдің төбесіне топырақ тастамай-ақ з ә л о қ саламыз* (Ақт., Ойыл). *Әйтпесе мен бір қатын құрлы үй тобесіне з ә л о қ құя алам, бір қатын құрлы үй сылай аламын, – деп Серкеш екілене сөйледі* (А. Нұрм., Құл. аж.).

ЗӘЛӨК (Қост., Об.) жаңа жыртылған жер. *Бүгінгі з ә л ө к к е түстен кейін арпа сеуіп тастау керек* (Қост., Об.).

ЗӘЛІМ (Сем.: Абай, Шүб.; Шығ. Қаз., Марқ.; Жезқ., Ағад.; Қ.орда, Сыр.; Гур., Манғ.; Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Қост.: Фед., Семиоз.; Өзб., Бост.) залым. *Ол қаргыс атқыр з ә л і м адам болды* (Шығ. Қаз., Марқ.). *Ол бір жүрген з ә л і м емес пе?!* (Өзб., Бост.).

ЗӘЛІС (Қост., Жанг.) алаяқ, қу, залым. *Оны айтпай-ақ қой, ол бір нағыз з ә л і с емес пе?!* (Қост., Жанг.). Қ. зәндемі.

ЗӘЛІТТЕС (Қост.; Солт. Қаз., Пресн.) секілді, сияқты, тәрізді. *Олардың қолдарында мылтық з ә л і т т е с бірдемелер қараяды* (Солт. Қаз., Пресн.). *Алтайдың «қаз мойын» аталатын қазақ жылқыларының түр-түлғалары арғымақ з ө л і т т е с ірі де, сұлу да екен* (С. Мұқ., Ес. жылд., 115).

ЗӘЛІШ Қ. залыш.

ЗӘМБЕР[1] (Қарақ.) үй төбесіне шығатын саты. *Балам-әй, қайнағаның үйінің з ә м б е р і н сұрап әкелші!* (Қарақ.).

ЗӘМБЕР[2] (Түрікм., Таш.) зембіл. *Қорада бір ескі з ә м б е р жатушы еді, қиды сонымен тасыдық* (Түрікм., Таш.).

ЗӘМБІЛ[1] (Алм.: Шел., Кег.; Жамб., Қорд.; Сем.: Ақс., Көкп.) зембіл. *Ана қоқ-соқты з ә м б і л г е сал да, шығарып таста* (Жамб., Қорд.).

ЗӘМБІЛ[2] (Қарақ.) себет, тал шыбықтан тоқылған кәрзеңке.

ЗӘМБІЛШЕ (Өзб., Там.) ерте пісетін қауын, әңгелек. *Шайдан кейін табаққа бес-алты з ә м б і л ш е тілінді* (Өзб., Там.).

ЗӘМЕСТАН (Ауғ.; Ир.) қыс. Қ. **зымыстан.**

ЗӘМЗӘМ (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш., Мары) құмды аймақты мекендейтін кесіртке-нің үлкен түрі.

[Түрікменше *земзен* (Туркм.-рус. сл.)].

ЗӘН (Жамб., Жуа.) суық. *Жерге жатып едім, иығыма з ә н түрып қалыпты* (Жамб., Жуа.).

ЗӘНАҚЫ (Жамб., Жуа.) қалыңмал, күн. *Ол кезде күйеудің қызға бірден з ә н а қ ы беруге шамасы келмейтін* (Жамб., Жуа.).

ЗӘНДЕМДІК ІСТЕУ (ҚХР) қулық-сұмдық істеу. *Оның үстіне Заманқұл з ә н д е м д і к і с т е п өткен ретте тігін сомасынан 20 сомды артық тастап кеткен* (А. Тал., Шала дар. оқ, 189).

ЗӘНДЕМІ (Алм.: Үйғ., Нар., Кег., Шел., Еңб. қаз.; Жамб., Жам.) алаяқ, қу, залым. *Оны айтпа, ол бір барып тұрған з ә н д е м і адам* (Алм., Шел.). *Рахияның сұрқия қылық, з ә н д е м і айласы денден, өзін дәрменсіз... бейшара сезінген* (О. Бөк., Өз от. өш., 71). Қ. зәліс.

ЗӘНЗӘН (Орал, Орда) зындан. *Жәңгір хан Махамбетті з ә н з ә н г а да салдырған* (Орал, Орда).

ЗӘНТАЛАҚ (Қост., Жанг.; Жамб.: Сар., Тал.; Гур., Манғ.; Түрікм., Таш.) бұзылған, оңбаған, нәлет. *Оны адам деме, ол бір жүрген*

з ә н т а л а қ (Гур., Маңғ.). *Сондай бір з ә н т а л а қ т ы ң кесірінен көп зиян көрдік* (Түрікм., Таш.). Қ. занталақ.

ЗӘНТӨК Қ. занток.

ЗӘҢГУ//ЗЕҢГУ 1. (Шымк., Мақт.) басы ауған жаққа кету, қаңғыру. *Біздің шал кейде есекке мініп з ә ң г і п кетеді* (Шымк., Мақт.). **2.** зымырау, зыту. *Әлгі кісі сөйтті де, есегіне міне сала з е ң г і п кетті* (Шымк., Мақт.).

ЗӘҢГІ[1] (Қ.орда, Арал; Ақт., Шалқ.; Түрікм., Таш.; Қарақ.; Өзб., Там.) саты ағаш, басқыш. *Биік үйдің үстіне з ә ң г і с і з шыға алмайсың* (Қ.орда, Арал). *Біз ілгеріде тамның басына з ә ң г і с і з-а қ шыға беретінбіз, ейткені ол кезде тамдарымыз барынша аласа болатын* (Қарақ.).

[Қарақалпақша *зангги* басқыш, баспалдақ (Рус.-карак. сл.); өзб. *заңғи* баспалдақ, басқыш (В. Рад., Опыт..., IV)].

ЗӘҢГІ[2] (Алм., Жам.) үй тобесіне балшық шығаратын қарапайым құрал. *Анау тұрғанның з ә ң г і, іші толған балшық* (Алм., Жам.).

ЗӘҢГІ[3] (Қарақ.) үзеңгі. *Ердің з ә ң г і с і н е дейін күміс жапқан* (Қарақ.).

ЗӘҢГІ[4] (Шығ. Қаз., Зайс.) қара нәсілді адам. *Ертеде бір з ә ң г і Қытай ауып, осы жаққа келген екен* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Күресем де келгендер бәрі өлді, Таудай боп пілге мініп з ә ң г і келді. З ә ң г і н і ң озі жоян, күші жойқын, Аягы піл үстінен сүйретілді* (Ақыт, 96).

[Парсыша *заңги* негр (Кр. перс.-рус.-азерб. сл.); ар. *зәнжи* негр (Ар.-рус. сл.)].

ЗӘҢГІ[5] (МХР) Манжурия үстемдігі кезінде монғол феодалдарына берілген кіші шен. *Сұмын з ә ң г і с і* (аудандық би). *Елу басы, жүз басы, з ә ң г і залын, Үкірдай ең үлкені амбыларын. Құймалаған кіселі белбеуі бар, копшілігі келеді деңжауырын* (А. Бап., Өлең., 15). *З ә ң г і л е р үкірдай сияқты ру ішінен беделді адамдар болып, қарамағындағы елге билік жүргізіп тұрды* (А. Сарай, Рев. бүр. Монғ. қаз., 65).

ЗӘҢГІ[6] (Қарақ.) балалар ойынының бір түрі. *З ә ң г і ойынын таразы тәрізді қойылған ағаштың екі басына секіріп ойнайды* (Қарақ.).

ЗӘҢГІЛЕП АРТУ (Ақт., Шалқ.) жүкті түйе үстіне саты салып арту. *Ертеде кіре тартқанда жүкті түйеге з ә ң г і л е п а р т а т ы н еді* (Ақт., Шалқ.).

ЗӘПЕҢКЕ (Қ.орда, Арал) әйелдер кейлегінің жағасына тағатын күмістелген үлкен інжу түйме. *Мұндай з ә п е ң к е л е р д і баягыда зергерлер согушы еді, қазірде жоқ* (Қ.орда, Арал).

ЗӘРДЕ (Жамб.: Св., Жам.) ой, ес. *Ол менің з ә р д е м е де келмейді* (Жамб., Жам.).

ЗӘРЕКЕНДЕЙ (Гур., Маңғ.) болмашы, зәредей.

ЗӘРЕСІ ҚАЛПАҚТАЙ БОЛУ (Ақт., Ойыл) қатты шошу, есі шығу. *Қалтамдағы ақшам жоқ десем гой, з ә р е с і қ а л п а қ т а й б о л а д ы* (Ақт., Ойыл).

ЗӘР ЖАЮ (Қ.орда, Арал) ашу қысу, қапалану. *Сіз әйеліңізге оқуга барасың деп з ә р ж а й ы п жақтырмадыңыз ба?* (Қ.орда, Арал).

ЗӘРЛІ (Жамб., Қорд.) шұғыл, тығыз, асығыс. *З ә р л і жұмысың болмаса, жүгерінің бақалын жинасып жіберші* (Жамб., Қорд.).

ЗӘРРЕ (Қарақ.) күн сәулесінің козге көрінбейтін ұсақ түйіршіктері. *Мына сәуле ішіндегі жыбырлап ұшып жүргендер з ә р р е делінеді* (Қарақ.).

ЗӘРТЕҢ-ЗӘБЕРТЕҢ (Қарақ.) зорғазорға, әрең-әрең.

ЗӘРУДЕ (Гур., Маңғ.) бір нәрсеге мұқтаж, ділгер болғанда. *Мына зат з ә р у д е керек болар, алып қоя салшы* (Гур., Маңғ.).

ЗӘРУЕР (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) зәру, мұқтаж. *З ә р у е р г е ішу* – зәрулікке, ділгерлікке ішу.

ЗӘРУЕРТ АУРУ//ЗӘРУЕТ АУРУ (Сем.: Абай, Шүб.) қауіиті, қатты ауру. *Бұрынгы кезде көп адам з ә р у е р т а у р у г а душар болушы еді* (Сем., Абай).

ЗӘРУЕТ АУРУ Қ. зәруерт ауру.

ЗӘРУЕТКЕ ІШУ (Сем., Аяг.) емге, дәрі орнына ішу.

ЗӘРШҰНАС (Шымк., Шәу.) естігенін ұмытпай, есіне мықты ұстайтын кісі. *Ол бір жадынан танбайтын з ә р ш ұ н а с адам* (Шымк., Шәу.).

ЗӘРІ ҚАТТЫ (Алм., Жам.) қаһарлы, кәрлі. *Болыс деген иттердің з ә р і қ а т т ы болып, терімізді тірілей сыпырмады ма?!* (Алм., Жам.).

ЗӘРІП (Ауғ.; Ир.) мүгедек.

ЗӘТТЕ БОЛУ (Шығ. Қаз., Больш.; МХР) ығыр болу, запыс болу. *Ол кеше әбден з ә т т е б о л д ы* (Шығ. Қаз., Больш.). *Бірнеше рет суық суга шомылып з ә т т е б о л г а н мен: су ыстық па, болме жылы ма? – дедім* («Ж. емір», 16.04.1983). *Күр бекерге дауыс көтеріп, дауласудан әбден з ә т т е б о л г а и д а й ұяң жуас шықты* (О. Бок., Өз от. ош., 135).

ЗӘУ (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Іле) биік, зәулім. *Темекі шыққаннан кейін з ә у болып өседі, кендір де шыққан кезде з ә у болады* (Алм., Іле).

ЗӘУДЕ//ЗӘУЕДЕ (Жамб., Луг.; Шымк., Лен.) анда-санда, оқта-текте. *З ә у д е бір қонақ келіп қалса, үй қожасы ұялып қалады* (Жамб.,

Луг.). *Ол ауылға з ә у е д е бір келеді* (Шымк., Лен.). *Тек з ә у д е бір қыз күніндегі... арманы ойына оралғанда әлдене ішін тырнап-тырнап кетеді* (А. Нұрм., Құл. аж., 245). *Жаман айтпай жақсы жоқ, з ә у е д е тіктіп тауып алса, өзімдікі дегейсің* (F. Мүст., Көз көр., 152).

ЗӘУЕДЕ Қ. зәуде.

ЗӘУЕЗНӘЙ (Сем., Абай) ат, арба, т. б. кіргізіп қоятын үйдің есік алдындағы төбесі жабық бір бөлігі. *Атам з ә у е з н ә й д е жатыр* (Сем., Абай). *Кілет, шошала, з ә у е з н ә й атаулыға Әйгерім қыс азығын ертеңді-кеш жиғызып жүр* (М. Әу., Абай жолы, II, 387).

ЗӘУЕН (Гур.: Маңғ., Есб.) егіннің ескі орны. *З ө у е н г е шоп қаптап шығып кетіпті* (Гур., Есб.).

ЗӘУҚАЙЫР (Қост.: Жанг., Жітік.) кездейсоқ. *З ә у қ а й ы р қалаға бара қалсаң, соны ұмытпай жеткізерсің* (Қост., Жанг.).

ЗӘУРЕН (Шығ. Қаз., Күрш.; Тау., Қош.) дәурен, өмір. *Саған... з ә у р е н сүру керек* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ЗӘУІЛ (Алм., Жам.) ауыртпалық. *Аттың бір өзіне з ә у і л түсіп, жауыр бопты* (Алм., Жам.).

ЗӘУІМЕН КЕЛУ (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Жам.) әдейілеп келу. *Асан сол жолы з ә у і м е н к е л г е н екен* (Алм., Жам.).

ЗЕЙ (Қарақ.) дымқыл, сыз. *Үйдің ішінде з е й бар ма, иығым құрысып қапты* (Қарақ.). Қ. зәк, зәй, ыза.

ЗЕЙКЕШ (Түрікм., Таш.) ащы суды ағызып жіберуге арналған арық. *Осыларды з е й к е ш арқылы ағызбасақ, жері сірә құрғамайды* (Түрікм., Таш.).

ЗЕЙ СУ (Түрікм.: Ашх., Мары) сор жерден шығатын ащы су. *Мыналардың бәрі з е й с у, ішуге жарамайды* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *зей* дымқыл, ылғал (Туркм.-рус. сл.)].

ЗЕЙІЛ (Ақт., Ырғ.; Орал, Орда; Рес., Орын.) зейін, назар, ықлас. *Сара, сенің з е й і л і ң кімге ауып отыр* (Ақт., Ырғ.). *Үйдегілердің бәрінің з е й і л і төрдегі кісіде* (Орын., Ад.).

ЗЕЙІЛДІ (Алм., Шел.) зейінді, зерек, ұғымтал. *Ол – менің қызым, оте з е й і л д і бала* (Алм., Шел.).

ЗЕЛЕТКЕ (Сем., Үрж.; Шығ. Қаз., Больш.; Орал, Казт.; Тау., Қош.) шолақ жеңді кеудеше. *Ағайдың з е л е т к е с і үлкен екен* (Шығ. Қаз., Больш.). *З е л е т к е м д і киіп алмасам, күн салқындап кетті ғой* (Орал, Казт.). *Мәйке ағайдың з е л е т к е с і жаңа екен* (Тау., Қош.). Орысша *жилетка*.

ЗЕМБЕР (Түрікм., Таш.) зембіл. *Қаппен тасығаннан гері, үлкен з е м б е р болса, сол ұтымды* (Түрікм., Таш.).

[Өзбекше *замбар* (Рус.-узб. сл.); қарақ. *замбар* (Рус.-карак. сл., 1954); пар. *зембиль* көрзеңке (Л. Буд., I)]. Қ. зәмбер[2], зәмбіл.

ЗЕМБІЛ (Гур.: Есб., Бақс.) тал шыбықтарынан тоқылған көрзеңке, қолға үстайтын қалта. *З е м б і л қайда, бақшаға барайын деп едім?* (Гур., Есб.). *Қолтығына қысып алған з е м б і л і бар сұр шинельді қыз станцияның сырт жағынан жүгіріп келеді* (Ә. Нүрп., Курл., 44).

ЗЕҢБІР ТАС (Алм., Кег.) тік құз, қия тас. *Мен малға барғанда з е ң б і р т а с т а н бұркіттің ұясын көрдім* (Алм., Кег.).

ЗЕҢГУ Қ. зәңгу.

ЗЕҢГІ (Гур., Маңғ.) бір нәрсенің үстіне көлденең қойылған ағаштың екі жағы таразы басындай көтеріліп-түсіп тұратын балалар ойынының аты. *Бала күнімізде з е ң г і н і де, асықты да көп ойнадық қой* (Гур., Маңғ.). Қ. зәңгі[6].

ЗЕҢГІЛЕУ (Қ.орда, Арал) алыс жолға, кіреге шыққанда, теңді, жүкті әуелі саты ағашқа байлап, содан соң түйеге арту.

ЗЕҢ САЛУ (Қ.орда, Арал) түйенің жазғы еріске шығарда не ерістен ауылға қайтарда ойнақтауы, құйрығын қайырып, шаншып, түмсығын кетеріп, тайраңдауы.

ЗЕҢУ (Жезқ., Ұлы.) басы айналу, меңзең болу. *З е ң і п жүр ғой деймін, не айтып, не қойғанын білмейді* (Жезқ., Ұлы.). *Мұрнына... жүрек лоблытар... тер исі келді... көз алды мұнартып, миы з е ң і п барады* (Ә. Кекіл., Үркер, 12).

ЗЕРГЕК (Жамб., Шу) зергер. *Ақындардың ұстазы Олеңі өрнек ұн берген. Сездің з е р г е к ұстасы, Жапанды шолып ұлгерген* (Жамб., Шу).

ЗЕРДЕ (Гур., Маңғ.) аңға салатын бүркіт пен тазыны құстырған кезде белінетін зат, қоя. *Ішінен з е р д е с і кеткесін, бүркіт бабына түсіп жарайды* (Гур., Маңғ.).

ЗЕРДЕК[1] (Қост.: Жанг., Аман.; Ақм., Атб.) сиырдың жаппасы. *Далада з е р д е к кеп, оны жиып алса, қыс отын болады* (Қост., Аман.).

ЗЕРДЕК[2] (Тәж.) еттің майлы, пиязды сорпасы. *З е р д е к қамырдың бетіне күйылады* (Тәж.).

ЗЕРЕ[1] (Сем.: Абай, Шүб., Ақс., Кекп.) сәукеле астынан киетін, үзындау келетін әйелдер бас киімі. *Әкем, маған үйдегі з е р е м д і әкеп бере қойшы* (Сем., Абай).

ЗЕРЕ[2] (Қост., Жанг.; Сем., Үрж.; Рес., Орын.) ертерек кезде сәндік үшін мұрынға тақҡан сырға. *Бұрынғы уақытта кейбір жерде мұрынға з е р е тағатын* (Қост., Жанг.). *Қытай үкірдайларының балалары з е р е салатын* (Сем., Үрж.). *Бұрынғы кезде той-томалаққа барған кезде қыз-келіншектер әсемдік үшін мұрнына з е р е салып барады екен* (Рес., Орын.).

[Парсыша *зер* алтын (Перс.-рус. сл.); ар. *зір* түйме (Ар.-рус. сл.)].

ЗЕРЕЗЕП БОЛУ (Сем.: Абай, Ақс., Кекп.) шыр-шыр ету, безек қағу. – *Ойбай, аттарыңды алып қояды, – деп, Қарақұл з е р е з е п болады* (Сем., Ақс.).

ЗЕРЕЗЕП ҚЫЛУ (Сем.: Үрж., Ақс., Көкп., Абай) азар да безер ету, шошыту. *Мылтықты орынды-орынсыз тарсылдатып, арқарларды з е р е з е п қ ы л ы п жіберген гой* (Сем., Үрж.). *Бас білмес асауды «ұстап бер, үйретіп мінгіз» деп шәңкілдеп, з е р е з е п қ ы л ы п, соңынан қалмайтын бозбаладан қысылғанына өзі де қайран қалды* (О. Бөк., Өз от. өш., 34).

ЗЕРЕНДІК (Қост., Жанг.; Орал, Қара.) құмды жерге шығатын бояу шөп. *Ол кезде кемпірлер з е р е н д і к п е н тон бояйтын* (Қост., Жанг.).

ЗЕРЕҢ 1. (Қ.орда, Арал; Ақт.: Ырғ., Ойыл; Гур.: Маңғ., Есб.; Орал, Қара.; Рес., Орын.; Түрікм.: Красн., Таш., Ашх., Мары) үлкен сырлы аяқ. *Маған з е р е ң г е айран құйып берші* (Ақт., Ойыл). *Бар з е р е ң д і сындырып алып, енді кісі келгенде қиын болды* (Гур., Есб.). *Тамақтан соң з е р е ң толған шұбат келе бастады* (Түрікм., Красн.). *Сырлы з е р е ң аяқпен, Бал ұрттаған ер едім* (Махамбет, Өлең., 87). *Осындай болса болсын жамағатың, Береген бармағынан дәм ағатын. Ақ бұйра шұбат толы ала з е р е ң, Ұсынды өз қолынан мама қатын* (Х. Ерғ. Құр., 53). **2.** (Қарақ.) сырлы ағаш тостаған. *З е р е ң н і ң ішіне кемінде жарты литр сұйық сыяды* (Қарақ.). **3.** (Рес., Орын.) сырлы ожау.

ЗЕРЗІМӘЛКЕ (Гур., Есб.) жер үй. *Біздің жақта з е р з і м ә л к е дейтін көп болмайды* (Гур., Есб.).

ЗЕРТ (Қ.орда, Қаз.; Ақт., Жұр.) ықылас, құлық. *Ал, енді сайлау болса, еңбекшілердің з е р т і жоқ* (Қ.орда, Қаз.).

ЗЕРТЕҢ БОЛУ (МХР) шаншу қадалу. *Больницаға жатып қалған екен, аздап з е р т е ң б о п қалса керек* (А. А., Сүй. мен., 67).

ЗЕРШІНӘС (Шымк., Шәу.) естігенін ұмытпай, есіне мықты ұстайтын кісі. *Ол сондай ешнәрсені ұмытпайтын з е р ш і н ә с адам еді* (Шымк., Шәу.). Қ. **зәршұнас.**

ЗИБА БОЙЛЫ (Қ.орда, Арал) ұзын бойлы, сұңғақ. *Оның алған әйелі ақ құба, з и б а б о й л ы адам екен* (Қ.орда, Арал).

ЗИРАТ (Көкш., Қ.ту) қабір үстіне тұрғызылған қорған. *Осы з и р а т салынғалы талай жыл болды, әлі бұзылған жоқ* (Көкш., Қ.ту).

ЗИРАТТАСУ (Қ.орда, Арал) қасиетті жерге, адамға табыну, алдында иілу. *Сол адамға з и р а т т а с ы п, сәлемдесіп қайтайын деп шығып едім* (Қ.орда, Арал).

ЗИТТЫҚ (Қост., Жанг.) оштік, қастық, қаскүнемдік. *Ол з и т т ы қ п е н біздің қораны бұзып кетіпті* (Қост., Жанг.).

ЗИЫН (Сем.: Аяг., Көкп., Ақс.; Тау., Қош.) зейін. *Айтылған әңгімені з и ы н қоя тыңдау – әдептілік белгісі* (Сем., Көкп.).

ЗИЫНДЫ (МХР) зейінді. *Сонда барып ілтипатты, з и ы н д ы, беделді, бір сөзбен айтқанда, озін сыйлата білетін туған жердің, өскен елдің қадірлі азаматы болып өседі* (Х. Нұр., Ұлт. мирас, 13).

ЗИЯНҒА ОТЫРУ (Өзб., Там.) шығын тарту. *Биыл екі рет орт шығып, совхоз бірсыпыра з и я н г а о т ы р ы п қалды* (Өзб., Там.).

ЗИЯН САЛУ (Қ.орда, Арал) зиян келтіру, залалдық істеу.

ЗИЯПА (Қ.орда: Жаңақор., Жал.) қонақтық, отырыс. *Сол күні біз з и я п а д а болып, үйге кеш оралдық* (Қ.орда, Жаңақор.). *Біз содан екі-үш күн бұрын з и я п а г а б а р г а н б ы з* (Қ.орда, Жал.).

ЗИЯПАТ (Қарақ.) отырыспа, кеш. Белгілі бір адамдардың бірін-бірі кезекпен шақырысып отыруы.

ЗИЯПАТТАУ (Тәж.) әбден бойына келтіру, ойдағыдай етіп орындау.

ЗИЯТ (Жамб., Қорд.; Қарақ.) жақсы, артық. *Шөпті орын-орнына басып қойса, баулағаннан да з и я т болады* (Жамб., Қорд.). *Және де екі ауыз сөзді бізден з и я т айтты* (Қарақ.).

ЗИЯТ БОЛУ (Тәж.) жақсылық болу (тілек мағынасында). *Келген жолыңыз з и я т бөлсын* (Тәж.).

[Парсы тіліндегі *зийад* түлғасы жеке түрғанда көптеген мағына береді: өте көп, ете мықты, т. б. Алайда басқа бір жағымды сездермен тіркеске түскенде біздегі «бәрі жақсы, күтты, сәтті болсын» іспеттес мағынаны да меншіктенеді (Пер.-рус. сл., 1, 774). Жергілікті қазақтар «*зийад*» сезінің игілікті лебіз екенін байқап, төжік тіліне төн басқа сөздерді түсіріп, ездеріне төн «*бол*» етістігі арқылы жақсы тілек нышаны – «*зият болу*» деген тіркесті тудырған сияқты].

ЗОМ ТЕМІР (Алм., Жам.) сүймен. *Біз з о м т е м і р м е н мұзды оя бастадық* (Алм., Жам.).

ЗОН (Қост., Жанг.; Қ.орда, Қарм.) жұқа ақ мата, бәтес. *Әйелдер з о н н а н жаулық салынады* (Қост., Жанг.).

ЗОО-МАЛ ДӘРІГЕРІ (МХР) мал дәрігері. *Еліміздің з о о-м а л д ә р і г е р і цйымдары орнауының 60 жылдық мерекесіне арналған салтанатты жиын 10-айдың 28-і күні МД театрында болып өтті* («Ж. өмір», 7.11.1983). *Малшылар ортасына дін аман табын жүлдегер болу қимылын өрістетін, барлық табынның 62%-іне з о о-м а л д ә р і г е р л і к маглұмат игертті* («Ж. өмір», 17.01.1983).

ЗОР[1] (Алм., Шел.) әл, күш-қуат. *Чікірттенгеннен бері з о р ы м азайып, әлсіреп жүрмін* (Алм., Шел.).

[Парсыша *зор* күш, қуат, әл (Кр. перс.-рус.-азерб. сл.)].

ЗОР[2] (Тәж.) тамаша, әдемі. *Мына палтоң озіңе құйып қойғандай з о р екен* (Тәж.).

ЗОРАҢ (Сем.: Абай, Шүб.; Қ.орда, Шиелі) ірі, үлкен, денелі. *Ол кісі з о р а ң адам болатын* (Сем., Шүб.). *Әжем де қапсағай денелі, з о р а ң адам гой. Бірақ бұл күнде қартайып, шөгіп кеткен* (Ә. Сәр., Таңд., 76).

ЗОРАТ (Орал, Орда; Ақт.: Жүр., Ойыл, Шалқ.; Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.; Қост., Об.; Рес., Орын.; Түрікм., Таш.) шабылған шөптің, орылған егіннің үйіндісі. *Бір з о р а т үш-төрт арба болады* (Ақт., Шалқ.). *Анау з о р а т т а г ы тарылар августың 28 күні орылған* (Ақт., Ойыл). *З о р а т т ы ң көлемі скырдыдан кіші болады* (Орын., Ад.). *З о р а т т а н шөп алып кел* (Қост., Об.). *Сол жолы шабылған шөп үш-төрт з о р а т болады* (Түрікм., Таш.). Қ. зарат.

ЗОРДАН (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал., Қарм.; Гур., Маңғ.) әрең, зорға. *Бір он келі үнды з о р д а н алдым* (Қ.орда, Арал). *Машина бомай қаладан з о р д а н келдім* (Қ.орда, Қарм.).

ЗОР ЖОҚ (Гур., Маңғ.) зорлық жоқ. *Білсем айтайын, білмесем, з о р ж о қ* (Гур., Маңғ.).

ЗОР-ЗОБАЛАҢ (Алм., Жам.) қиын-қыстау жағдай, ауыртпалық. *Енді ондай з о р-з о б а л а ң н ы ң бетін әрмен етсін* (Алм., Жам.).

ЗОРМАН (Қост., Жанг.; Гур., Есб.) ірі сары тышқан. *З о р м а н егіннің сабағын қиып, дәнін ұясына тасиды* (Қост., Жанг.). *Егінді жерде з о р м а н н ы ң іні көп болады* (Гур., Есб.). *Қазір танауының тесігі онан сайын саңырайып, қатар қазылған з о р м а н ініне ұқсатып өкеткен* (А. Нүрм., Құл. аж., 32).

ЗОРМЕНЕН (Жамб., Жам.) зорға, өрең. *Ол мұнда з о р м е н е н келді* (Жамб., Жам.).

ЗОР ӨТУ (Алм., Жам.; Жамб., Қорд.) зорығу, күш түсу. *Оның ауруын догдырлар миына з о р ө т к е н деп тауыпты гой* (Жамб., Қорд.).

ЗОРТАБАНДАУ (Алм., Шел.) ырыққа көнбеу, қасарысу. *Үсен ақын зорлық-зомбылыққа көнбей з о р т а б а н д а п отырып алатын* (Алм., Шел.).

ЗУАЛА (Алм., Шел.; Шымк.: Түлк., Сайр.; Жамб.: Шу, Жуа., Мер.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Қарақ.; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) жаю үшін не нан пісіруге дайындаған қамыр күлшесі. *Етке екі з у а л а илесем, жететін шыгар* (Алм., Шел.). *Бір з у а л а болса, бәріне жетеді* (Шымк., Сайр.). *З у а л а н ы ыса қойшы, илейтін емес дайын қамыр гой* (Қ.орда, Сыр.). *Қамырдың з у а л а л а р ы н ші қандыра иле* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *зувала* (Туркм.-рус. сл.); өзб. *зувала* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *зуала* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЗУАЛАУ (Жамб., Шу) иленген қамырды жаюға дайындап, бірнеше бөліктерге бөлу. **Бұл** сөздің түбірі – *зуала. Зуала* сөзі Шу сөйленісінде де кездеседі. Ал, Қарағандының Шет ауданында бұның орнына *күлше, күлшетай* деген сөздер қолданылады.

ЗУАНА (Алм., Шел.) зәре, құт. *Әкем, тегі, менің з у а н а м д ы ұшырмашы!* (Алм., Шел.).

ЗУЗА (МХР) екі найза арасын шылбыр арқанмен торлап, үстіне шапан-шақпыт тесеп жұмсақтаған көтерме төсекше. Төрт жігіт, екі найзаның үшын ат үстінен қолдасып жүреді. **Не** найза үшынан шылбырын байлап, келесі үшын тақымға басып отырады. Ауруды да, жаралыны да көшпелі ел осылай алып жүрген. *Қолға түскен кейбір азаматтарға «Жемтігін» көтертіп қайтарған Шеруші үкірдайы өз кісісінің сүйегі мен жаралыларын з у з а г а салғызып ауылға әкелді* (С. Тәу., Арм. тау, 116).

ЗУҚИТ (Гур., Маңғ.; Алм., Шел.) өтірікші, суайт. *Ой ол бір жүрген з у қ и т қой!* (Гур., Маңғ.). *Өзі з у қ и т болганда сондай, кімді де болса алдап жүре береді* (Алм., Шел.).

ЗУҚЫМА (Гур., Маңғ.) өтірікші, суайт. *Ол өзі бір ысқыртып сөйлейтін з у қ ы м а кісі болатын* (Гур., Маңғ.).

ЗУҚЫМАЛАУ (Гур., Маңғ.) етірік айту, жалған айту.

ЗУҚЫТУ (Түрікм., Красн.) бөсіп сөйлеу. *Ол өңгіме айтқанда з у қ ы т ы п жібереді екен* (Түрікм., Красн.).

ЗҰЛПЫ 1. (Жамб., Жам.) құлып салатын ілгек темір. *Ұрылар есіктің құлпын з ұ л п ы с ы м е н суырып алыпты* (Жамб., Жам.).

2. (Қарақ.) құлып. *Үйдегілер есікке з ұ л п ы салып кетіпті* (Қарақ.).

ЗҰЛПЫН (Шымк., Мақт.) есіктің ілгегі. *Ұстаханаға з ұ л п ы н соқтыру керек еді* (Шымк., Мақт.).

ЗҰЛФИРАНИ (Ауғ.; Ир.) футболка.

ЗҰЛЫП (Қарақ.) есіктің құлып салатын ілгешек темірі. *Ергенектің з ұ л ы п ы жұлынып қалыпты* (Қарақ.). Қ. зұліп, зұлпы.

ЗҰРҚИЯ (Орал, Казт.) сұрқия, жексұрын. *Сондай з ұ р қ и я л а р д ы ң кесірі кепке тиген кез еді* (Орал, Казт.).

ЗҰКІБАЙ (Тау., Қош.) өтірікші, суайт. *Оны-сы бір з ұ к і б а й кісі екен* (Тау., Қош.). Қ. зұқыма, зұқит.

ЗҰЛПЕК (Тәж.) есіктің ілгек темірі. Оны есіктің *зұлпы* (қ.) деп те атайды. Шымкенттің Мақтаарал ауданында *зұлпын* дейді. Түркіменстандағы қазақтарда *зұліп* сандықтың не есіктің құлып салуға арналған темірі (ҚТДС, 139).

[Қарақалпақша *зұлып*, түрікм. *зұлп* есіктің шынжыр ілгегі (Туркм.-рус. сл., 341); өзб., төж. тілдеріндегі *зулфин* де сол мағынада (Узб.-рус. сл., 169, Тад.-рус. сл., 158)].

ЗҰЛІП (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) сандықтың не есіктің құлып салуға арналған темірі. *З ұ л і п с і з сандық болушы ма еді* (Түрікм., Таш.).

[Өзбекше *зулф* (Узб.-рус. сл., 1959); карак. *зулып* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЗҰРРӘТ (Қарақ.) мақтаның ұрығы, дәні. *Һәрбір терілімі мол з ұ р р ә т т і сепсітпей жинап ұлгерді, іске асырды* (Қарақ.).

ЗҰРФАРАН (Ауғ.; Ир.) әйелдің іш көйлегі.

ЗЫБАН ҰРУ (Қ.орда, Арал) әлек салу, шу көтеру. *Далаға от жақсақ, өрт кетеді деп біреу ұрсып, з ы б а н ұ р а р* (Қ.орда, Арал).

ЗЫҒЫР АТУ (Қ.орда, Арал) шиыршық ату. *Бір өзінен 15 қошқар шығын болған «Арал» колхозының мүшелері з ы ғ ы р а т ы п үйіне отыра алмады* («Қ. ту», 22.04.1937).

ЗЫҒЫРЛАУ (Қ.орда, Арал) асықтыру, тыныштық бермеу. *Бармаймын десем аялы з ы ғ ы р л а п маза бермейді* (Қ.орда, Арал).

ЗЫҚЫМАТ (Алм.: Кег., Үйғ.) озбырлық, зорлық-зомбылық. *Менің бұрын байлардан көрген з ы қ ы м а т ы м д ы итке бермесін* (Алм., Кег.).

ЗЫҚЫНАУ (Талд., Қарат.) зіркілдеу, еліру. *Әлгі кісі бір кезде бұрынғыдан да з ы қ ы н а п сөйлеп кетті* (Талд., Қарат.). – *Аш есікті! – деп, ашулы дауыс з ы қ ы н а й тұсті* (І. Жан., Әңгім., 37).

ЗЫЛМҰРАЙ (Жамб.: Сар., Тал.) молда. *Ол кезде Қасымбек з ы л м ұ р а й болыпты деп естігенбіз* (Жамб., Сар.).

ЗЫМҒАЙЫП (Ақт., Ойыл; Гур., Бақс.) зымзия, ұшты-күйлі. *З ы м ғ а й ы п қайда жоғалып кеттің, басқарма ізден таба алмады ғой!* (Ақт., Ойыл). *Ол, әйтеуір, осы соңғы кезде з ы м ғ а й ы п жоқ болып кетті* (Гур., Бақс.). Қ. зымқайым.

ЗЫМҒУ (Шымк., Шәу.) зымырау, зулау. *Күндердің өзі з ы м ғ ы п өтіп бара жатыр ғой!* (Шымк., Шәу.).

ЗЫМДАН (Алм., Жам.) зындан. *З ы м д а н д а шірітем деп хан қырық күнге дейін қараңғы з ы м д а н ғ а жатуға кесіпті* (Алм., Жам.).

ЗЫМИЯН (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.) саршұнақ. *Жазғытұры з ы м и я н аулаймыз деп, әуре болып жүргендері* (Қ.орда, Сыр.) Қ. зымыран.

ЗЫМҚАЙЫМ//ЗЫМҚҰЙЫМ (Орал: Чап., Жымп., Казт.; Қост., Жанг.) зым-зия, ұшты-күйлі. *Содан кейін Мырзатай з ы м қ а й ы м болып кетті* (Қост., Жанг.). *Жер үстінің бәрі оған: «ұйықта, дем ал!» деп тұрғандай, бірақ ұйқысы құрғыр з ы м қ а й ы м жоғалған* (Ә. Кекіл., Үркер, 20). Қ. зымғайым.

ЗЫМҚҰЙЫМ Қ. зымқайым.

ЗЫМПУ СӨЗ (Орал: Орда, Жән.) дәйексіз, бос сөз. *Сейсеннің з ы м п у с ө з г е жаны құмар* (Орал, Жән.).

ЗЫМЫРАН (Рес., Орын.) саршұнақ. *З ы м ы р а н інін егіннің айналасына салады* (Рес., Орын.). *Құйтақандай з ы м ы р а н д а р шырана арасынан жылтың-жылтың көрініп, ...сығалап-сығалап қояды* (Ш. Мұрт., Қара мар., 60).

ЗЫМЫСТАН 1. (Қост.: Семиоз., Об.; Гур., Маңғ.) қыс. *Осы күні біз з ы м ы с т а н ғ а дайындалып жатырмыз* (Қост., Семиоз.). *З ы м ы с т а н н ы ң бір күні қалса қорық* (Мақал; Гур., Маңғ.). 2. (Қ.орда, Арал; Қост., Торғ.) ауыртпалық, қиындық. *Бір з ы м ы с т а н болып қалмаса, мал аяғынан жайылып шығады* (Қ.орда, Арал).

ЗЫН[1] (Жамб.: Сар., Тал.; Қост., Торғ.) көз қыры, зейін. *Қалеке, біздің қойға з ы н ы ң д ы сала жүр* (Жамб., Тал.).

ЗЫН[2] (Ауғ.; Ир.) құдық. *Таслақта з ы н н ы ң суы 15 метрден шығар екен* (Ауғ.).

ЗЫҢҒЫТТАЙ (Сем., Абай; Қ.орда, Сыр.) дардай, соқталдай, зіңгіттей. *Кешегі қыз бүгін з ы ң ғ ы т т а й келіншек болыпты* (Сем., Абай). *Бұл жақта қалған болса, ендігі бір з ы ң ғ ы т т а й жігіт болып ер жетер еді* (Ғ. Сл. Арм. ағ., 91).

ЗЫҢҒЫТУ (Қарақ.) лақтыру. *Бала қолындағы тасын з ы ң ғ ы т ы п жіберді* (Қарақ.).

ЗЫҢҚЫЛДАУ (Қост., Жанг.) саңқылдау. *Алдан з ы ң қ ы л д а ғ а н дауыстар естілді* (Қост., Жанг.). *Кеңсе түрі өзгеше, көсемдердің суреттері, з ы ң қ ы л д а ғ а н музыка* (Б. Майл., Шығ., 109).

ЗЫҢУ (Түрікм., Таш.) лақтыру. *Кесекті адамға қарай з ы ң ғ а н ы ң дұрыс болмады* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *зыңмақ* (Туркм.-рус. сл.)].

ЗЫПҚУ (Орал, Жөн.) жүйтку, зымырау. *Мына үлкен жолмен машиналар з ы п қ ы й д ы а у!* (Орал, Жөн.).

ЗЫПТҰРЫН (Гур., Маңғ.) етірікші, жылпос, суайт. *Ол тәрізді з ы п т ұ р ы н аялдан опа көрем деп айту қиын* (Гур., Маңғ.).

ЗЫПУ (Гур., Маңғ.) тез жүру. *Ол әлгі сөзді естісімен үйіне қарай з ы п ы п кетті* (Гур., Маңғ.).

ЗЫРҒАНАУ (Орал: Орда, Казт., Чап.; Гур.: Есб., Маңғ.) сырғанау, тайғанау. *Ерін мұзға тиді-ақ жылқы з ы р ғ а н а й береді* (Орал, Казт.). *Домбыра екі ішекті қу қарағай, Барасың даусым неге з ы р ғ а н а м а й, Үш топтан таңдап алған Бобек едің. Артыңа кеткенің бе бір қарамай* (Гур., Есб.).

ЗЫР-ЗЫБЫЛ (Гур., Маңғ.) жер-көкке тұрмайтын қашаған. *Торы ат деген з ы р-з ы б ы л хайуан* (Гур., Маңғ.). *Таң атқанша ит арқасы қияннан бір-ақ шығатын з ы р-з ы б ы л құла біреу әдейі қазықтап қойғандай ауылдың көк желкесіндегі қарағанды жұлғеге қадала қапты* (Ә. Кекіл., Құс қан., 267).

ЗЫР-ЗЫР ҚАШУ (Ақт., Байғ.) қолды-аяққа тұрмай, безек қағу. *Партия мен үкімет қаулыларын оқы десең, бұлар бетінен басып, з ы р-з ы р қ а ш а д ы* (Ақт., Байғ.).

ЗЫРИЮ (Қ.орда, Арал) серею, сораю. *Мынау бір з ы р и ғ а н жігіт екен* (Қ.орда, Арал).

ЗЫРҚИЯ (Орал, Орда) сұрқия, сұмпайы, сұмырай. *Алғаш біз оны білмеуші едік, өзі бір з ы р қ и я адам екен* (Орал, Орда). *Жалпы еркек кіндіктіге сене көрме, сәулем, олар сондай, ежелден з ы р қ и я жұрт* (Ж. Нәжім., Кішк., 22).

ЗЫРЛАУ (Қост., Жанг.) зарлау, қақсау. *Ертең шөп болмаса мал шығынға ұшырайды, сондықтан менің з ы р л а й т ы н ы м сол* (Қост., Жанг.).

ЗЫРЫЛДАУЫҚ (Кекш., Қ.ту) темір тескіш құрал. *Мұны з ы р ы л д а у ы қ п е н теспесе еш нәрсеге болмайды* (Көкш., Қ.ту). Қ. пәрбі.

ЗЫТТИЮ (Қ.орда, Арал) адыраю, бақшию. *Ол жанында отырғандарға з ы т т и ы п қарай береді* (Қ.орда, Арал). *Домалақ беті быттиған, томпақ көзі з ы т т и ғ а н кішілеу қара торы жігіт аса пысық-ты* (Ә. Нұрп., Курл., 97).

ЗЫТЫРУ (Орал, Казт.) із-түзін білдірмей жоқ қылу, жытыру. *Ол оны көп ұзамай з ы т ы р д ы гой!* (Орал, Казт.). *Исатай ханмен салғыласып Ордада жүр, Махамбетті қараңғы үйдің түбіне з ы т ы р д ы* («Жұлдыз», №3, 1987).

ЗІКІНЕУ (Алм.: Үйг., Еңб. қаз., Жам.) әкіренделу, зеку. *Бала-шағаға з і к і н е п сөйлеуге болмайды* (Алм., Еңб. қаз.). *Жаңа Байдалы кеп, жер-жебірімізге жетіп, з і к і н е п, тапап кетердей болды* («Жұлдыз», №2, 1988).

ЗІЛ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Арал) жарадан ағатын ірің. *Жараның з і л і алынбайынша солқылдап ауруы басылмайды* (Қ.орда, Арал). *Аягына түскен з і л бүкіл денесіне жайылып, ол да бұл дүниеден кетті* (Қ.орда, Жал.). 2. (Алм., Кег.) жылқы кеңсірігінде болатын ауру, маңқа. *Ат з і л м е н ауырып тұрғанға құсайды* (Алм., Кег.).

ЗІЛМАУЫРДАЙ//ЗІЛМЕНДЕЙ (Сем., Абай) өте ауыр, зілдей. *Мынау кіп-кішкентай болғанмен з і л м а у ы р д а й екен* (Сем., Абай). *Жуан бөренеге орнатқан з і л м а у ы р д а й төс темірді қозғауға кірісті* (М. Жұмағ., Қыран., 127).

ЗІЛМӘНКЕ (Ақт., Ойыл; Орал: Казт., Орда; Қ.орда, Арал) жер үй. *Ыдырыс анау з і л м ә н к е д е тұратын шығар* (Ақт., Ойыл). *Қияқтан түйіп салған шеген з і л м ә н к е салақ кісі киген тозық, құрайыш бөрік құсап, жапырая қалған* (Ж. Нәжім., Ақ шағ., 37). Қ. көрана.

ЗІЛМЕНДЕЙ (Жамб.: Сар., Тал.; Гур.: Маңғ., Есб.; Қ.орда, Сыр.) ап-ауыр, зілдей. *Ол өзі кіп-кішкентай боп ап, з і л м е н д е й екен* (Жамб., Сар.). *Қапшықтың ішіне не сала бергенсің, тіптен з і л м е н д е й боп кетіпті* (Гур., Маңғ.). *Ал, Рысқұлдың аяқ-қолында з і л м е н д е й кісен болған* (Ш. Мұрт., Жұлд. көп., 192). Қ. зілмауырдай.

ЗІМБІЛ (Алм.: Нар., Кег., Шел., Еңб. қаз., Іле, Жам.) ауыр нәрселерді көтеру үшін жасалған құрал, зембіл. *Ат қорадағы боқты з і м б і л м е н шығарып тастау керек* (Алм., Жам.). Қ. зәмбіл.

ЗІМБІЛДЕЙ (Гур., Маңғ.) ап-ауыр, зілдей. *Қара құйрықтың текесі з і м б і л д е й екен, атқа бір өзім араң бөктердім* (Гур., Маңғ.).

ЗІНӘ (Жамб.: Шу, Луг.) жеңіл жүріс, зинақорлық. *Арақ ішіп, з і н ә істемеу керек* (Жамб., Шу). *Айрылып қанша жылғы күнәсінен, Ішкен арақ, көп қылған з і н ә с і н е н.*

Жөніне көрмеймісің кейін барды, Жетім ұл, жесір қатын дұғасымен (Жамб., Луг.).

ЗІНӘХОР (Жамб., Мер.) жеңіл жүріске берілген, зинақор. *Жеңгем з і н ә х о р деп жала жауып, төрт кісіні куә етіп, қазыға апарып, халық жинап тасперен ғып өлтіреді* (Жамб., Мер.).

ЗІҢГІЛДЕЙ (Гур., Маңғ.) үп-үлкен, зор. *З і ң г і л д е й атпен жүз шақырым жерге екі күнде жете алмайсың ба?* (Гур., Маңғ.).

ЗІҢГІРДЕЙ (Тәж.) үлкен, сомадай. *Тайыр з і ң г і р д е й жігіт болыпты* (Тәж.).

ЗІҢКИЮ (Алм.: Кег., Еңб. қаз., Қаск., Жам.; Жамб.: Қорд., Мер.) сораю. *Оның жанында з і ң к и г е н біреу тұр екен* (Жамб., Қорд.). *Алынған жоқ құс жолы құпиясы, з і ң к и с е де зауыттар тұрбалары* (Б. Алдамж., Нүр.).

ЗІППІН (Жамб.: Қорд., Луг.) сана, парасат, зейін. *Алқысса, молла Үсіп дұғай сөзі, Ерлердің з і п п і н і бар тұскей көзі* (Жамб., Луг.).

ЗІПІР (Гур.: Маңғ., Есб.) қара ниет, арам пиғыл. *Оның өзі з і п і р і ішінде жүретін адам* (Гур., Маңғ.).

ЗІРІК (Шымк.: Сайр., Қызылқ., Түлк.) зәйтүн ағашының жемісі. *З і р і к т і ң түсі қара, дәмі қышқыл болады* (Шымк., Сайр.).

И

ИАДАГЕРЛІК (Қарақ.) естелік.

ИАКАНДОЗ (Тәж.) керпеше. *Қонақтардың астына и а к а н д о з салың* (Тәж.).

ИАКШАЛ (Ауғ.; Ир.) тоңазытқыш.

ИӘ МӘ? (Қост., Жітік.) жарай ма, мақұл ма? *Ол ауылға кешке қарай барайық, и ә м ә? – деп, тағы да бір рет сұрады* (Қост., Жітік.).

ИБАҒАТ (Тау., Қош.) ибадат. *Мен сонда барып и б а ғ а т қып қайттым* (Тау., Қош.).

ИБАЛЫҚТЫ (Гур., Маңғ.) әдепті, ұятты, ибалы. *Мына келіннің и б а л ы қ т ы с ы н-а й, бізді көріп, алдымыздан өтпей тоқтады-ау!* (Гур., Маңғ.).

ИГЕРЛЕУ (Қост., Аман.) әл-қуаты қайту, шөгу. *Шалдардың жасы жетіп, и г е р л е п барады* (Қост., Аман.).

ИГІ ТЕСКІР (Қарақ.) темір тесетін құрал. Маңғыстауда *пөрбі, қадаубас.*

ИДІРТУ Қ. идіру.

ИДІРУ//ИДІРТУ (Қ.орда) сауын түйелерді сауарда, алдымен ботасын емізу. Мұны *ботасын салу* деп те атайды.

ИЕ БЕРМЕУ (Түрікм.: Таш., Мары) бой бермеу, көнбеу. *Жандықтар жікідей* (қ.) *балаға и е б е р у ш і м(е) еді, өзің барың* (Түрікм., Мары).

ИЕК АҒАШ (Қост., Жанг.) 1. қадалар арасын біріктіретін сырғауыл. *И е к а ғ а ш т ы ң үстіне тобелдірік* (к.) *салады* (Қост., Жанг.). 2. шығырдың ағашы. *Сонда біз шығырдың и е к а ғ а ш ы н а жарарлық тұк таба алмадық* (Қост., Жанг.).

ИЕК АСТЫНДА ЖҮРУ (Көкш.: Щуч., Еңб.) біреудің шылауында болу. *Сөйтіп отырып олар әлгідейлердің и е г і а с т ы н д а ж ү р г е н і н мойындағысы келмейді* (Кекш., Еңб.). *Партия ұйымдарының секретарлары шаруашылық орындарының басшыларына қатаң талап қоюдың орнына олардың и е к т е р і н і ң а с т ы н д а ж ү р* («Еңб. екп.», 14.04.1955).

ИЕК АСТЫНДА МАЛТАУ (ҚХР) біреудің шылауында болу.

ИЕККЕ АЛУ (Алм., Кег.) күштеу, зорлау, мәжбүр ету. *Мені ол Нарынқолға и е к к е а л ы п апаргысы келді* (Алм., Кег.).

ИЕК ҚАҒУ (Алм., Кег.) хал үстінде жату. *Ілиястың баласы и е г і н қ а ғ ы п жатыр еді, тәуір болып қалыпты* (Алм., Кег.).

ИЕЛІ (Рес., Орын.) көзі қызарып ауыратын балалар сырқаты. *И е л і ауруы бір жұма жазылып, келесі жұмада қайта ауырады* (Рес., Орын.).

ИЕЛІ БОЛУ (МХР) біреудің жауапкершілігінде боп саналу. *Дәлірек айтқанда, «балалардың тіс ауруы», «аурудың алдын алу екпесі», «дені сау балаларға консультация беретін» кабинеттерді орнатып, оны нақты и е л і б о л д ы р ы п көркейткен* («Ж. өмір», 7.11.1985).

ИЕЛІК (МХР) жауапкершілік. *Сондықтан өз ісіне и е л і к тұрғыда қарау... зоотехниктердің басты борышы болуға тиіс* («Ж. емір», 17. 10.1983).

ИЕН (Сем.: Абай, Шүб., Көкп., Ақс.; Шық. Қаз.: Зайс., Күрш.; МХР) қараусыз, иесіз. *Олар көшіп кеткен соң тамдары и е н қалады* (Шық. Қаз., Зайс.). *Колхоз басшылары бұзауларды и е н жібермеңіз деп жатыр* (Шық. Қаз., Күрш.). *Балапанын алып, цясы и е н қалғанын көрген бүркіт қайтерін білмей бір шарықтап көкке шығып, бір құлдырап төмен түсіп, шырылдайтынын білесің гой* (М. Құрман., 103).

ИЕН-ТЕГІН (ҚХР) шексіз жер, ен дала, бос жер. *Әй, Нұрғазы-ай, атадан қалған и е н т е г і н мол жер опа бермегенде, тиетін алақандай үлес қанша үнем болады деп жүр екен* (Қ. Жүм., Соңғы..., 2-к., 241).

ИЕСІ АУУ (Орал, Орда) жесір қалу. *Соғыс кезінде колхоз жұмысын и е с і ауған әйелдер жасады* (Орал, Орда).

ИЕСІЗ ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) бұралқы түйе. Қай ауылдан келгені белгісіз, өзге түйе келесіне үйір болып, оз бетінен жүрген немесе іздестірілмей жүрген түйе.

ИЖАН 1. (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) қуырылған дәнді дақылға май қосып, келіге түйіп істеген тағам. *Балам, мына тамақтың атын и ж а н дейміз* (Түрікм., Мары). 2. (Қарақ.) күнжі, жүгері нанынан қуырып, жиде қосып келіге түйіп жасайтын тағам түрі.

ИЗЕКТЕУ (ҚХР) басты қайта-қайта изеу, шұлғу. *Сенікі жөн дегендей дамылсыз и з е к т е п келеді* (Қ. Жұм., Соңғы..., 2-к., 232).

ИҚАЯ (Жамб., Сар.) хикая, әңгіме. *Ол кеш бойы и қ а я айтудан жалықпады* (Жамб., Сар.).

ИЛА (Алм.: Кег., Еңб. қаз.; Жамб.: Сар., Мойын., Шу, Мер.; Қ.орда, Арал; Қар., Шет) амал, айла. *Терең құдықтан су алуға әр түрлі и л а керек* (Алм., Кег.). *Сөйтіп ол Көреген батырдың и л а с ы м е н дұшпанын жеңген екен* (Жамб., Мер.). *Қанша патшалық болса да, мұның и л а с ы н д а й ешбірінде болмады* (Қ.орда, Арал). *И л а ң күшті болса жығасың* (Қар., Шет). *Жаңағы көрген батырдың и л а с ы м е н жеңген екен* (Жамб., Шу). *Құстың адамнан кетпейтін и л а с ы бар* (Жамб., Мер.).

ИЛАЛАСУ (Түрікм.: Ашх., Таш.) ыңғайласу, келісу, жақындасу. *Жақсы мен и л а л а с у адамның абройын көтереді* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше ылалашмак (Туркм.-рус. сл.)].

ИЛАЛАУ (Алм.: Еңб. қаз., Талд.; Қ.орда, Арал) жайлап, ептеп амалдау, лаждау. *Дүйсен, атыңның тоқымын жауырына тигізбей и л а л а п салып ал* (Қ.орда, Арал). *Колхоздың бергені сау тамтығы жоқ киіз екен, әйтеуір и л а л а п пайдаланып отырмыз* (Алм., Еңб. қаз.).

ИЛАН (Талд., Гв.; Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш.) сабағының үзындығы 30-40 сантиметрдей, қатқыл жерге шығатын сасыр тәрізді қышқыл дәмді өсімдік. *Жылан шаққан адамға и л а н дәрі ретінде беріледі* (Талд., Гв.). *И л а н д ы мал жақсы жейді* (Қ.орда, Арал).

ИЛАН ҚЫЛУ (Ауғ.; Ир.) хабар беру, хабарлау. *Ирһан дәулет Қазақстан баратынымызды и л а н қ ы л д ы* (Ауғ.).

ИЛЕУ ТЫШҚАН (Гур., Маңғ.) тышқанның бір түрі. *Көктемге қарай үйлер жанында и л е у т ы ш қ а н д а р көбейіп кетті* (Гур., Маңғ.).

ИМА 1. (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш., Ашх.) түйенің биязы жүнінен жіңішкелеп иіріп тоқыған мата. *Үстінде и м а шекпені бар бір кісі төрде отыр* (Гур., Маңғ.). *Жеңілдікке дұрысы – и м а шекпен* (Түрікм., Красн.). 2. (Түрікм., Таш.) шекпен. Түйенің жіңішкелеп иірілген биязы жүнінен сәндеп тоқылған соң, пішіп тігілетін ер кісілерге арналған жеңіл киім.

ИМАНМАСЫ (Қост., Жанг.) әумесер, алаңғасар; бәдік. *Қали аузына келгенін қайтармай айтатын и м а н м а с ы л а у адам* (Қост., Жанг.).

ИМАН ТАРАЗЫ СӨЗ (ҚХР) шын соз, әділ сөз.

ИМАНЫН ҮЙІРУ (МХР) үрейін үшыру, қорқыту, зәре-құтын қашыру. *«Алуан түрлі болып о жер, бұ жерден көрініп жүрген сол кісінің әруағы деп Асқанбай молда оның балаларына ренжіп отыр», – деп жағасын ұстап, и м а н ы н ү й і р г е н қысық көз сары әйелдің сөздері есіне түскенде, Бекболаттың жүрегі зу ете түсті де, әжесінің үйреткен бісмілләсін ішінен қайталай берді* (М. Құл., Таңд. шығ., 89).

ИМАНЫ ІМІРА БОЛУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) иманы жолдас болу. *Иманы і м і р а болғыр, алғашқы әйелі қайтыс болды* (Түрікм., Көнеүр.).

ИМЕКАҒАШ (Түрікм., Таш.) мойынағаш, иінағаш. *Қараңғыда ол есік алдындағы и м е к а ғ а ш т ы басып кетіп, жығыла жаздады* (Түрікм., Таш.).

ИНАҚ (Қарақ.) хан заманындағы жоғарғы шендердің бірі.

ИНАНУ (Қост., Об.; Қарақ.; Рес., Орын.) сену, нану. *Ол менің айтқаныма толық и н а н д ы* (Қост., Об.). *Мен оның айтқанына еш уақытта и н а н у ы м қиын болар* (Қарақ.).

ИНАУАТ (Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Рес., Орын.) инабаттылық, әдептілік, кішіпейілділік, сыпайылық. *И н а у а т – ер жігіттің жолдасы, и н а у а т болса басында, артса керек мал басы* (Рес., Орын.).

ИНЕ АҒАШ (Қарақ.) су әкелетін иінағаш.

ИНЕ ЖҮТҚАНДАЙ (ҚХР) тамағына ине қадалғандай қақалу. *Осының бәрін ойлағанда, Нұғыман и н е ж ү т қ а н д а й болады* (Қ. Жұм., Соңғы..., 2-к., 156).

ИНЕ ҚАРМАҚ (Гур., Маңғ.; Қост., Жанг.) жіңішке инені отқа балқытып жасаған қармақ. *И н е қ а р м а қ тез сынғыш келеді* (Гур., Маңғ.). *И н е қ а р м а қ п е н шабақ ұсталады. И н е қ а р м а қ т а н басқа шортан қармақ,*

жұтпа қармақ деген қармақтың түрлері болады (Қост, Жанг.).

ИНЕЛІК (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі; Қост., Жанг.; Көкш.: Еңб., Щуч.; Шығ. Қаз., Тарб.; Қарақ.) ау тоқитын ағаш ине. *Жылымды инелікпен жаңа ғана жамап болдық* (Қ.орда, Арал). *Бес кісі инелікпен күніне бір ау тоқып шығаруға болады* (Қост., Жанг.). *Әрбір балықшының қолында инелігі болады, өйткені жылым жыртылмай тұрмайды* (Қ.орда, Қарм.).

ИНЕ ТАСТАУ (ҚХР) қастық жасау.

ИНЕ ТҰЙМЕ (Тәж.) түйреуіш.

ИРАДАҒА ҚАЙШЫЛЫҚ ЖАСАУ (ҚХР) ерікке қайшы келу, мүддесіне кері келу, ойлағанынан басқаша болу.

ИРЕКТЕП ТІГУ (Тәж.) мата бетіне ирек жол салып тігу.

ИТАРБА (Көкш.) баланың үш аяқты арбасы. *Бұрын итарба аныкөп жасайтын* (Көкш.).

ИТАРҚА (Сем., Аяг.) екі керегенің басын қоса салып, киіз жаба салатын көшіп-қонуға жеңіл баспана түрі. *Бұл үйдің түрі итарқасына ұқсағандықтан итарқа аталса керек* (Сем., Аяг.).

ИТ АРҚА БОЛУ (Орал, Жән.) үрсысу, керісу, жанжалдасу. *Не қыласың бекер ит арқа болып* (Орал, Жән.).

ИТАРҚА ЖӨҢ (Қ.орда, Қарм.) жоң мен жөнбайдың шағылысынан туған азғын үрпақ. Оның болар-болмас қана өркеш ізі болғанымен, ата-енесіне қарағанда жүндес келгендіктеп, сол жүн астынан өркеш байқалмайды да, өркешсіз түйе болып көрінеді. Соған орай итарқа жөң атанған. – *Түйе малы, шырағым, неше түрлі болып туа береді екен ғой, Өзбекстан жақта үш өркешті түйені де көрдім. Сондайақ оркешсіз де түйе кездесті. Итарқа жөң – солардың бірі болар, түрліше атай береді ғой* (Қ.орда, Қарм.).

ИТАРҚА ҚОСПАҚ (Қ.орда, Қарм.) атасы – нар бура не қоспақ бура, енесі – нар мая не қоспақ інген болғандығынан азғын қоспақ атанған. *Итарқа қоспақтың алдыңғы оркешінің орнында болмашы ғана оркеш ізі де болмайды. Осы оркешін иттің арқасындай, оркешсіз түйе дегендей кемсітіп, итарқа қоспақ атандырған* (Қ.орда, Қарм.).

ИТАРҚА ӨРКЕШ (Қ.орда, Қарм.) түйенің ең азғындарында, көбіне, нарлардың азып туғандарына берілген оркеш атауы. *Арқасында сәл-пәл көтерілген оркеш орны ғана болатындықтан итарқа өркеш атанған* (Қ.орда, Қарм.).

ИТ АРҚАСЫНДА ТҰРҒЫСЫЗ (Қ.орда, Арал) ит байласа тұрғысыз.

ИТБАЛЫҚ (Алм.: Жам., Кег., Шел.; Ауғ.; Ир.) тұқы тұқымдас кішігірім өзен балығы. *Он екі түрлі балықтың бір атасы итбалық екен дейді* (Алм., Жам.).

ИТБАЛЫҚТЫҢ ҚАТЫРМАСЫ (Түрікм., Красн.) наурыз айының екінші жартысында соғатын суық жел. *Итбалықтың қатырмасы кезінде төлдегеи жас қозылар суыққа шалдығып қалады* (Түрікм., Красн.).

ИТ БАСТЫ, СИЫР АЯҚТЫ (ҚХР) жексұрын, сұмпайы адам.

ИТ БАСЫНА ТОГІЛУ (ҚХР) молшылық, аста-ток болу.

ИТ БАСЫН ШАҒУ (ҚХР) рәсуасын шығару, козін жою, қатты қиыау.

ИТ БҰЙДА ЕТУ (ҚЫЛУ) (Ақт., Қараб.) қатты үрсу, сөгу. *Озі жон білмейтін неме екен, итбұйда еттім* (Ақт., Қараб.).

ИТ БҰЛДІРГЕН (Алм.: Кег., Шел., Еңб. қаз., Жам.) ылғалды жерге шығатын қызғылт-қара түсті, дәмі ащы жабайы жидек. *Арық жағасына итбұлдірген қалың шығыпты* (Алм., Жам.).

ИТЕЛЕУ (Шыг. Қаз., Болын.; Тау., Қош.) итермелеу, мәжбүр ету. *Мені жұрт осылай деп, ителеп тұр* (Шығ. Қаз., Больш.). *Үй іші оқуға бар деп, ителеп болмады* (Тау., Қош.).

ИТЕПЕ//ИТПЕ (Қ.орда, Қарм.) мұрындықталып, бүйда тағылған жас түйслерді мініске, шаруашылыққа пайдалану үшін бас білдіріп, жуасытуға қажет әбзелдің көне атауы. *Әлі де болса, мұрындық азабына көндіге алмай жүрген жас түйе итепе күші жаныпа батқан соң, мұрындық озін қай жаққа тартса, сол жаққа желе жонеледі. Желе-желе шаршаған түйе бірте-бірте жуасып, үстіндегі адам итепе бүйдамен оңға бурса – оңға, солға бурса – солға қарай жүреді* (Қ.орда, Қарм.).

ИТЕПЕЛЕУ (Қ.орда, Қарм.) итепе арқылы бұрын мінілмеген түйеге бас білдіру. *Түйе бота кезінде ноқталанып, оның енесі ұзақ сауылған болса, мұндайға тез үйренеді. Ал, бота кезінде қолға аз үйретілген, далада еркін оскен болса, итепелеп бас білдіру процесінің бірнеше күнге созылуы да мумкін* (Қ.орда, Қарм.).

ИТЕРҚҰЛ (Гур., Маңғ.) балық тұздағанда аударыстырып, араластыратын құрал. *Болатқа итеркұлды бер, тездетіп жазсын* (Гур., Маңғ.).

ИТ ЖЕРІГЕН ЖАУЖҰМЫРДАЙ (ҚХР) жеккөрінішті, сүйкімсіз, күнсыз, қадірі жоқ.

ИТ ЖҮЗІМ (Қарақ.) қарамық тәрізді атыздарға шығатын өсімдік. *И т ж ү з і м қапқара болады* (Қарақ.).

ИТЖҮН (Сем.: Үрж., Мақ.) бұзауда болатын сүйек ауруы. *Мынау бұзау да и т ж ү н болып ауырып жүр* (Сем., Үрж.).

ИТИЕ (Орал, Орда) баланың сүйек түберкулезі. *Жас бала и т и е болып ауырса, оның сүйектері дұрыс өспейді* (Орал, Орда).

ИТ КӨЗІ ТҮТІН ТАНЫМАС БОЛУ (ҚХР) әрең-әрең күнелту, күн кору, күні қараң болу.

ИТ КӨТІНЕН ИНЕ АЛУ (ҚХР) құлық істеу, сұғанақтық істеу.

ИТКІ (Рес., Сарат.) құныс, бүкір. *Ол жастайынан и т к і болыпты* (Рес., Сарат.).

ИТКІРМЕС 1. (Қ.орда: Сыр., Арал; Гур.; Түрікм.) киіз үйдің есігі, ергенек. *Балам и т к і р м е с т і жаба кел* (Қ.орда, Сыр.). **2.** киіз үйдің есігінің төменгі жағына байлайтын жалпақ тақтай. *Есікке и т к і р м е с байла* (Қ.орда, Сыр.). **3.** (Қарақ.) қораның есігі.

ИТ ҚИЯН (Гур., Маңғ.) ит олген алыс жер. *Ала сиырды и т қ и я н н а н айдап келдім* (Гур., Маңғ.).

ИТҚОНАҚ (Алм., Шел.; Сем., Үрж.) арамшоптің бір түрі. *И т қ о н а қ егінге залал, ескі егінде и т қ о и а қ коп кездеседі. Колхозшылар и т қ о н а қ т ы және басқа арамшөпті кезінде алып тастайды* (Алм., Шел.).

ИТҚҰЛАҚ 1. (Гур., Маңғ.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) құлақшын. *Қысқы суықта біздің жеріміз и т қ ұ л а қ киіп жүре береді* (Гур., Маңғ.). **2.** (Павл., Ерт.) екі құлағы, желкелігі бар бас киім, тымақ.

ИТМҰРЫН (Қарақ.) ертегілерде адам бейнесінде суреттелетін жәндік.

ИТӨКТЕУ (Рес., Орын.) бір-біріне қосып жинақтау. *Мынаны и т ө к т е п, адағына жазу керек* (Рес., Орын.).

ИТПЕ Қ. итепе.

ИТПЕК (МХР) түйеге бас білдіру үшін мұрындыққа өткізетін аша ағаш. *Егер түйең бас білмесе и т п е к салып мін* (МХР).

ИТТІҢ БОҚ ЖЕМЕСЕ БАСЫ АУЫРАДЫ (ҚХР) жамандыққа үйренген адам жамандығын істемесе көңілі көншімейді.

ИТТІҢ ЖҮНІНЕ ТҮРҒАН ҚЫЛАУДАЙ (ҚХР) болмашы, мардымсыз, кішкене ғана.

ИТТІҢ ҚАРА ТҮМСЫҒЫНДАЙ КОРУ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) иттің етінен жек көру, өлердей жек көру.

ИТТІҢ ҰЛЫ БАЙҒОТАН (Алм.: Шел., Еңб. қаз.; МХР) кім көрінгөн, әркім. *Өйткені ол ауылға и т т і ң ұ л ы б а й ғ о т а н түспей кетпейтін* (Алм., Шел.). *Оның несі бар, и т т і ң ұ л ы б а й ғ о т а н барып жатыр емес пе?* (МХР).

ИТ ШАБАҚ (Қост.) ұсақ балықтар. *И т ш а б а қ т ы* Сыр бойында *құрт шабақ*, Каспий маңында *құлты*, Торғайда *құлтым, құлтаң* деп атайды.

ИТ ШАНА (Рес., Омбы) флягамен су әкелетін кішкене шана.

ИТЫЗ (Алм., Шел.) егін-жай, егістік. *Жас кезімізде ерен-параннан тұрып, и т ы з ғ а баратұғынбыз* (Алм., Шел.).

[Ұйғырша *етиз* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

ИТ ЫРЫЛДАМАС (Жамб.: Тал., Сар.) бұрынғы кезде ауылға келін түсіп жатқан сәтте жеңгелерінің қайнысынан алатын кәдесі. *Тережанның и т ы р ы л д а м а с ы н мен алам* (Жамб., Тал.).

ИТІКЕ (Жезқ., Ж.арқа.) түрме, абақты. *Баягыда ол Ақмоланың и т і к е с і н е барған болатын* (Жезқ., Ж.арқа.).

ИТІНЕКТЕУ (Қ.орда, Арал) кимелеу. *И т і н е к т е й келіп Петр Денисовпен қатарласқан жерде: лейтенанттың жарасы қалай, ауыр емес пе? – деп сұрап еді* (Ә. Нұрп., Курл., 126).

ИТІНШЕК ТҮЙЕ (Қ.орда, Қарм.) ретсіз алға сұғына беріп әдеттенген, жетектегі не тіркеудегі жүрісі жайсыз түйе. *Алдыңғы түйең и т і н ш е к, артқы түйең тартыншақ* (Фольклордан). *Жүк артқанда, жүгі біраздан соң майына кетіп қалатын и т і н ш е к т ү й е л е р болатын* (Қ.орда, Қарм.).

ИТІНІП-ТАРТЫНЫП ҚАЛУ (Қ.орда, Қарм.) **1.** жетектегі, тіркеудегі түйенің бірде ілгері, бірде кейін шегініп, кейде тартынып жүруі. **2.** түйенің шөккен орнынан тұрардағы әрекеті.

ИШАНУ (Гур., Маңғ.; Рес., Сарат.) сену, нану, илану. *Айтқан сөзге и ш а н б а й т ы н не ғылған жансың?!* (Гур., Маңғ.). *Әнестің сөзіне и ш а н б а ғ а н болар ол* (Рес., Сарат.).

ИШЕ (Орал, Жән.) шеше. *Хасан Жәнібекке барып, и ш е с і н алып келді* (Орал, Жән.).

ИЩА-АЙ! (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Гур.: Маңғ., Инд.; Орал, Казт.; Түрікм.: Таш.) тітіркену, жиіркену сезімдерін білдіретін одағай сөз. *И щ а, мына жыланның үлкенін-ай!* (Қ.орда, Жал.). – *Онысы несі-ақ, и щ а-а й, бұйте берсе құртады гой бәрімізді!* (Түрікм., Таш.). – *И щ а! – деп, тұла бойы тітіркенгендей, Қажымұқанның әйелі екі иығын көтеріп қалды* (Х. Есенж., Ақ Жай., 163).

ИЫҒЫНАН КҮЛУ (Орал, Жән.) миығынан күлу. *Садыр мұны естісе, и ы ғ ы н а н к ү л е д і* (Орал, Жән.).

ИЫҒЫН ШОҚЫТУ (Қ.орда, Арал) мазасын алу, қорлау. *Оған тыныштық көрсетпей, и ы ғ ы н ш о қ ы т т ы* (Қ.орда, Арал).

ИЫҚ (Гур., Маңғ.) жөн, қисын, рет. *Біз әлі де болса, көп сөздің и ы ғ ы н білмейміз* (Гур., Маңғ.).

ИЫҚАҒАШ//ИІКАҒАШ (Жамб.: Мер., Луг., Шу; МХР) екі үшында шелек ілетін ілмегі бар, су таситын иінағаш. *Жиренше судың ар жағында и ы қ а ғ а ш п е н екі бақыр су көтеріп бара жатқан қызды көреді* (Жамб., Мер.). Қ. әкпіш, күйенте, құрамыс.

ИІКАҒАШ Қ. иықағаш.

ИІН (Гур., Тең.; Орал, Орда) иық. *Үлкендігі екі и і н і н е екі кісі отырғандай екен* (Гур., Тең.). *Екеуінің де и і н і н д е мақталы сырмақ күрте* (Ж. Нәжім., Кішк., 83).

ИІНБАУ (Қ.орда, Қарм.) киіз үйдің сыртқы есігі аумас үшін тағылатын бау.

ИІН ЖІП (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) екі үшында шелек ілетін темір ілмешегі бар, матадан не брезенттен жасалған жалпақтығы 2-3 елідей ұзын жіп. *И і н ж і п суағаштың қақталында жатқан* (Түрікм., Красн.).

ИІНІ (Қост.: Об., Тоб.) **1.** сөздің, істің реті, жөні мағынасында жүмсалады. *Осы арада айтайын деген сөздің и і н і келіп қалды; ол Амангелді оқигасының и і н і н жақсы біледі. Байқайсыз ба, әңгіменің осы бір и і н і негізгі ойды аңғартып тұр.* 2. (Қост., Об.) уақыт, мезгіл; *иіні жетті* – уақыты, мезгілі жетті. Бұл сөз қаракалпақ тілінде де бар: *ийни келді* (Н. Бас., Карак. яз., ч. I, 350).

ИІР (Гур., Маңғ.) дәрі ретінде пайдаланылатын шөп. *И і р л і жерде ер өлмейді, аңдызды жерде ат өлмейді* (Гур., Маңғ.).

ИІРМӘҢКҮЛ (Қ.орда: Арал, Қаз.; Ақт., Шалқ.) асық ойынының бір түрі. *Балалар жиналып ап, и і р м ә ң к ү л ойнады* (Ақт., Шалқ.).

ИІРІЛУ (Орал, Жән.) үйілу. *Колхозшылар и і р і л г е н шөптің маңына жиналды* (Орал, Жән.).

ШС АЛМАС (Жамб., Сыр.) топас, кеще. *Мені не қылса да көне берер, и і с а л м а с, ең бастысы – ауылда миллионер әкесі бар, шіріген бай санаса керек* (М. Мағ., Көк. кеп., 19).

ИІСКЕНУ (Түрікм., Таш.) жирену, жиіркену. *Тәйірі, бәрі и і с к е н у д е н гой, әйтпесе барлық кесел жұға бермелі емес* (Түрікм., Таш.).

ИІС ҚЫЛУ (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) әруақтарға бағыштап шөлпек пісіру. *Ертең ол кісі өлілерге и і с қ ы л м а қ* (Гур., Маңғ.). *Қуыс үйміз гой, өлілердің мұрнына барсын деп и і с қ ы л у д ы да білмейді бұлар* (Ә. Кекіл., Құс қан., 103).

ИІС МАЙ (Рес., Омбы) иіс су, әтір. *Бота өткенде Алматыдан и і с м а й әкелді* (Рес., Омбы).

ИІС НАН (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) әруақтарға арнап жұма күндері пісіретін жұқа нан, шелпек. *Келін ос(ы) арада и і с н а н пісіріп жүрген* (Түрікм., Ашх.).

ИІС СУ (Жезқ., Ағад.; Сем., Абай; Павл.; Қост., Семиоз.; Орал: Жымп., Чап., Казт., Жән.) әтір. *Ең болмаса Маржанға и і с с у әкеліп те бермейсің* (Қост., Семиоз.). *Тәтем Оралдан и і с с у әкеліп берді* (Орал, Жымп.). *Ол қырынып болғаннан кейін и і с с у д ы мойнына дейін жағып, шашын тарады* (К. Ораз., Ақ жаз., 155). *Маржан Москвадан сатып алған ең тәуір көйлегін киіп, шашына, мойнына и і с с у жақты* («Окт. туы», 20.07.1958).

ИЮЛЕ (Ауғ.; Ир.) топса, есікті үстап тұратын темір.

К

КАЖОЛ (Орал: Чап., Жымп.) ешкі терісінен істелген сапалы былғары. *Оның аягында к а ж о л мәсі бар* (Орал, Жымп.).

КАЗЗИЛ АЙТУ (Тәж.) өлең айту.

КАКА (Ауғ.; Ир.) **1.** оз әкесі. 2. жезде. Қ. кәке[2].

КАКАНДОЗ (Өзб., Ташк.) үн, қантты кірге салатын сатушылардың аспабы.

КАКБІР (Шымк., Макт.) темірден жайпақтап жасаған тесік ожау, кепсер. *Жеңеше, к а к б і р і ң д і бергін* (Шымк., Мақт.). Көрші тілдер арқылы енген парсы сөзі. Қ. кекпір[2].

КАМЕҢГЕР (Шығ. Қаз., Тарб.) ақылды, дана, кеменгер. *Құрмангазының ол уақытта к а м е ң г е р кезі* (Шығ. Қаз., Тарб.).

КАМЗОЛ (Рес., Омбы) костюм. *Тойларға әтейілеп тек қоңыр к а м з о л м е н барады* (Рес., Омбы). *Жаңбыршы үйіне келе арзанқол ескі к а м з о л шалбарды құрастырдым* (С. Мұқ., Өмір мект., 58).

КАМИНТАС (Орал, Орда) астық бастыратын тас. *Ол кезде бар астығымызды к а м и н т а с п е н-а қ реттеп алатынбыз* (Орал, Орда).

КАМПАНИ (Ауғ.; Ир.) палас.

КАМПОЛ (Ауғ.; Ир.) жамылатын көрпе.

КАМПОРКА (Гур., Есб.) үстіне ақкүман қою үшін самаурынның оттығына кигізетін

шілтерлі бөлігі. *Самаурынның к а м п о р к і н кигіз* (Гур., Есб.).

КАНЕЛ (Шымк., Түлк.) су ағатын жасанды арна, арық. *Қазір к а н е л г е баргандар озды гой* (Шымк., Түлк.).

КАНКА (Гур., Маңғ.) шананың табан темірі. *Құмдақ жер шананың к а н к а с ы н мұжіп тастайды* (Гур., Маңғ.).

КАПЛЕР (Қ.орда, Арал) сүзгі, сүзгінің үлкен түрі.

КАПІН (Қост., Жанг.) кебін, ақырет. *Олардың кобіне к а п і н да бұйырмады* (Қост., Жанг.).

КАРДЕШ (Түрікм., Таш.) кәсіптес, істес. *Біз онда өзіміздің к а р д е ш кісілермен бірге болдық* (Түрікм., Таш.). Парсының *кар* жұмыс, іс деген сөзіне қазақ тілінің дыбыстық езгеріске түскен *-дес* қосымшасы жалғанып барып жасалған сөз екені көрініп тұр.

КАРЗЕНКЕ//КӘРЗЕҢКЕ (Ақт.: Қараб., Ырғ.) жол жүргенде зат салып алып жүретін төрт бұрышты қорап ыдыс, қол сандық. *Біз к ә р з е ң к е г е шай, шекер саламыз* (Ақт., Ырғ.). *Жолға шыққанда к а р з е ң к е ң болганы жақсы* (Ақт., Қараб.).

КАРЗИНА (Орал, Жаңғ.) түтқасы бар зат салатын сандықша. *Кісілер киімін қойсын, к а р з и н а н ы жолдан алшы* (Орал, Жаңғ.).

КАРНИЗ (Сем.: Абай, Ақс.) үй қабырғасының сыртқы ернеуін жауын-шашыннан қорғайтын қалқаны. *Біздің жақтың колхоздары үйді к а р н и з с і з салады* (Сем., Ақс.).

КАРТ (МХР) кітапша. *Үнемделген заттардың есебі тоқсан сайын жасалып, к а р т қ а жазылады* («Ж. өмір», 1.06.1983).

КАРТОЗ (Көкш., Қ.ту) күнқағары қатты болатын жеңіл бас киім. *Басында к а р т о з ы бар бір бала келіп кетті* (Көкш., Қ.ту).

КАРТОПИЯ (Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Абай; Көкш.: Қ.ту, Щуч.; Тау., Қош.) картошка, картоп. *Шұйде к а р т о п и я өнбейді* (Тау., Қош.). *Біраз жерге к а р т о п и я ектім* (Көкш., Қ.ту). *К а р т о п и я басу – аршылган картошкені қуырып, бұқтырып пісіру. Біз к а р т о п и я н ы басып қойдық, кәзір піседі* (Көкш., Щуч.).

КАРТОШ (Сем., Аяг.; Тау., Қош.) картошка, картоп. *Біз биыл біраз жерге к а р т о ш ектік* (Сем., Аяг.).

КАРШӨНӨК ҮЙ (Қост.: Фед., Семиоз.) үш-төрт киіз үйді біріктіріп тіккен үй. *Қазақта к а р ш ө н ө к ц й тек Ақбас байда болган екен* (Қост., Фед.).

КАРШӨНДІК//КӘРШЕУНІК (Гур., Маңғ.) асхана. *Бәріміз де тамақты к а р ш ө н д і к т е н ішіп тұрдық* (Гур., Маңғ.). *К ә р ш е у н і к т е р мен қымызханалардың маңында гана байлаулы ат, қараң-құраң адам көрінеді* («Жұлдыз», №3, 1987).

КАРШӨПКЕ (Шымк., Мақт.) жерді арам шөптен тазарту, отау. *Жігіттердің бәрі к а р ш ө п к е г е кетті* (Шымк., Мақт.).

КАС (Қост., Об.) жер бетінің шымды қыртысы. *Бүгін соқамыздың к а с аударуы жақсы* (Қост., Об.).

КАСА (Гур., Инд.) су ортасынан пайда болған кішкене аралшық; қайран. *Соңгы кезде Жайықта к а с а көбейіп кетті* (Гур., Инд.). Орысша *коса*. Қ. кесө[3].

КАСАЛ (Шымк., Мақт.) кесел ауру, сырқат, науқас. *Ол бүгін к а с а л болып жатыр* (Шымк., Мақт.).

КАСТІРӨҢКЕ (Жамб., Мер.) тамақ пісіретін темір ыдыс. *К а с т і р ө ң к е д е су толып тұр* (Жамб., Мер.).

КАТЕЛ (МХР) қазан. *Лас заттарды көметін ұраны толтырып, көшерде бір к а т е л суга жарты шыны керолин қосу арқылы тазартып кету жөн* («Ж. өмір», 30.07.1985).

КАТОК (Көкш., Қ.ту) айдалған жөрді төгістейтін мала ағаш. *Әлжанның әйелі екі атты к а т о к т е н догарып, отқа жіберіп, түскі демалысқа қисая сала, ұйықтап кетті* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 320).

КАТОК ТАС (Ақт., Шалқ.) қырманда астық басатын тас, шаңтас (қ.). *Біз к а т о к т а с қ а бір ат жегеміз* (Ақт., Шалқ.).

КАТТА (Жамб., Жам.) үлкен. *Тиірмен колхоздың к а т т а табысы* (Жамб., Жам.).

КАШ//КАШАҒАН (Қарақ.) үйдің үстін бастыратын арқалық.

КАШАБА (Қар., Нұра) екі кісілік жеңіл шана. *Олар к а ш а б а г а отырып келді* (Қар., Нұра). Қ. кашауа.

КАШАГЕР (Орал: Жән., Орда) от косейтін ұзын темір көсеу. *Айнам, к а ш а г е р д і шоланга апарып қойшы* (Орал, Орда). *К а ш а г е р с і з от жагуга бола ма екен, бар, алып кел* (Орал, Жән.).

КАШАҒА (Шығ. Қаз., Марқ.) есік-терезе пердесі. *Есігі мен терезесіне к а ш а г а құрыпты. К а ш а г а қалың матадан болганы дұрыс* (Шығ. Қаз., Марқ.).

КАШАЙЛАУ (Қ.орда, Арал) тартып шығару, насоспен суырып тарту. *Үлкен қайықтың ішіндегі суды к а ш а й л а п шыгарады* (Қ.орда, Арал). Орысша *качать*.

КАШАК (Орал, Казт.) терезе рамасы. *Терезенің к а ш а г і н, қайта істеу керек еді* (Орал, Казт.).

КАШАУА (Көкш., Щуч.) екі кісілік жеңіл шана. Қ. кашаба.

КАШАШИ (Ауғ.; Ир.) кілемнің бір түрі.

КАШЕК (Жамб., Шу) шөптің мал жегеннен қалған ірісі. *К а ш е к жиып қойсаң отқа жағар едің* (Жамб., Шу).

КАШЕУБАЙ (Қ.орда, Арал) екі кісілік жеңіл шана. *Екі адам к а ш е у б а й д а н түсіп жатыр* (Қ.орда, Арал).

КӘБУТАР (Ауғ.; Ир.) кептер.

КӘБІР (Қост.: Фед., Семиоз.; Рес., Орын.) бейіт басы, мола, қабір. *Әлгілер к ә б і р г е барып келген болар* (Рес., Орын.).

КӘГӘР (МХР) кішкене ағаш кесіндісін таяқпен қағып ойнайтын ойын аты.

КӘГЕТТЕУ (Жамб., Шу) бір нәрсенің үстін бүркемелеп жабу, суға тигізбеу. *Қызылшаның үймегін қамыспен к ә г е т т е д і. Кейде оны өзінің жапырағымен к ә г е т т е й д і* (Жамб., Шу).

КӘГӨРКІ ТАС (Қ.орда, Арал) жылым аудың табанына байлайтын кішкене жалпақ тесік тас (күйдірген кірпіштен де жасала береді). *К ә г ө р к і т а с ты жылымның қалтқысына түспа-түс байлаймыз* (Қ.орда, Арал).

КӘД (Ауғ.; Ир.) саңырауқұлақ.

КӘДӘБАЙ (Шымк., Мақт.) жылдық. *Ол күзді күні к ә д ә б а й болерде дайын болады* (Шымк., Мақт.).

КӘДӘУПКІ (Жезқ., Ағад.) кәдімгі, әдеттегі, кәдуілгі. Қ. кәдуескі.

КӘДЕГЕ АРТУ (Қост., Об.) біреудің жауапкершілігіне тапсыру, жүктеу. *Мен осыны сіздің к ә д е ң і з г е а р т а м ы н* (Қост., Об.).

КӘДЕ-ҚАУМА (Гур., Маңғ.) әдет-ғұрып, дәстүрге байланысты жон-жосық. *Ескінің к ә д е-қ а у м а с ы н бұ күндегі балдар біле бере ме?* (Маң., Маңғ.). *К ә д е-қ а у м а деген көп қой, оның қайсысын сұрайсың?* (Гур., Маңғ.).

КӘДЕЛЕУ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Арал) әдейілеп арнау, әдейілеу. *Ол дүкеннен баласына кітапты әдейі к ә д е л е п әкелді* (Қ.орда, Сыр.). 2. (Қост., Жанг.) кадір түту, сыйлау, құрметтеу. *Қолдағы жалғыз бала болғандықтан к ә д е л е й м і з* (Қост., Жанг.).

КӘДЕТ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) үйреншікті дағды, әдет. *Біздің елдің әуелден келе жатқан к ә д е т і гой* (Ақт., Ырғ.).

КӘДУЕСКІ (Сем., Мақ.) кәдімгі, әдеттегі. *Көпшілігі карта ойнап, Шен-дәреже ұтып ап, Ұлық боптьі к ә д у е с к і, Өзі шығып ластанзорлармен ауыз жаласқан* (Қ. Аманж., **Шығ.** жин., III, 446). **Қ.** кәдәуіткі.

КӘДУІЛГІ (Сем.: Ақс., Кокп., Абай; Қост., Семиоз.; Жамб., Мойын.; Түрікм., Таш.; Тау., Қош.; МХР) әдеттегі, кәдімгі. *Там деп біз к ә д у і л г і үйді айтамыз* (Сем., Ақс.). *К ә д у і л г і өзіміздің Рахат әскерде озгеріп, өсіп келіпті* (Қост., Семиоз.). *К ә д у і л г і озің білетін бала гой* (Жамб., Мойын.). *Қаңтардың бес-алтысы болса да, күн к ә д у і л г і көктемнің күніндей боп тұрды* (Түрікм., Таш.). *Құлагы к ә д у і л г і д е й қалқайып, танауының желбезегіне дейін таңданып қалған сияқты* (F. Мүсір., Оян. олке, 80). *Қауған кеңсе қызметін неден бастап, немен аяқтаймын деп ойлап жатпайды. «Қасымханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы» болып әдетке айналған к ә д у і л г і жиналыстан бастап, жиналыспен аяқтай салады, протокол мен қаулының бірін жаза салады* (М. Құл., Таңд. шығ., 82).

КӘДІ[1] (Алм., Нар.) сопақша келген кішігірім асқабақ. *Дақылдардан мыналарды егу ұсынылды: жүгері, тары, могар, күнбағыс, к ә д і...* (Алм., Нар.).

КӘДІ[2] (Қарақ.) саиырауқұлақ.

КӘДІ[3] (Қ.орда, Арал) бір нәрсенің жайкүйі, қалпы. – *Бала қандай екен? – Бір к ә д і с і н д е көрінеді* (Қ.орда, Арал).

КӘДІК (Жамб., Луг.; Алм., Еңб. қаз.) сезікті күмән, күдік. *Білмеймін, бұлай болмаса керек еді, оның бұнысында бір к ә д і к бар* (Алм., Еңб. каз.). *Жолда бір к ә д і к болмаса еді деп қорқам* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 22). *Жау ертіп келіп, үстіміздеп тұсіртуі к ә д і к* (Ш. Мұрт., Жүлд. коп., 119).

КӘДІПКІ (Жамб., Сар.; Жезқ., Ж.арқа) кәдімгі. *Алыстан қарасаң к ә д і п к і қазақтың ескі ауылы* (Жезқ., Ж.арқа).

КӘДІР (Шығ. Қаз., Күрш.; Рес., Орын.; МХР) сый-құрмет, қадір, бедел. *Әшейін бір хателік болған гой деп, Біздің халық шығармайды к ә д і р етіп. Сенің мен бұл мініңді айтар ма едім, Отырсаң әлің бітіп, сабыр етіп* (Рес., Орын.). *Екеуі де тұні бойы к ә д і р тұнін кузеткен діндарларша коз ілген жоқ* (А. Нұрм., Құл. аж., 48). *Хасбаатар – үй ішіңізді ақ арқар ұшқан ұядай к ә д і р тұтамыз* (М. Құрман., 135).

КӘЖЕКЕЙ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш.) жағасын кеңірек ойып, етегі белден төменірек түсіп тұратындай етіп, мақпалдан, барқыттан тігілетін, қыздар мен әйелдердің жеңсіз сырт киімі, камзол. *Мынауың к ә ж е к е й д е н гөрі жеңсізге бейім гой* (Түрікм., Красн.). ... *толықтау ұзынша бойлы қара мақпал к ә ж е к е й л і, етегі бүрмелі ақ көйлекті қыз* (F. Сл., Дөң ас., 90).

КӘЖЕҢ (Гур., Есб.) жауынға киетін сулық. *Балам, к ә ж е ң і ң д і киіп ал, үстің су болмайды* (Гур., Есб.).

КӘЖЕТ (Қ.орда: Жаңақор., Шиелі) қажет, керек. *Ол бір к ә ж е т нәрсе болған соң ізделп едім* (Қ.орда, Жаңақор.).

КӘЖӨЛ (Орал, Қара.). Қ. кажол.

КӘЖӨНЕЙ (Түрікм.: Красн., Таш.; Гур., Маңғ.) революциядан бұрынғы кезде үй басынан алынатын салықтың түрі. *Патша кезінде к ә ж ө н е й д і ң өзі-ақ титықтататын еді* (Түрікм., Таш.). Қ. кеженей.

КӘЗАБЫ (Шымк., Мақт.) алаяқ, ку, кезеп. Бұл сөздің тегі арабтың *кәззаб* сөзіне саяды.

КӘЗЕКЕЙ 1. (Орал, Чап.; Ақт., Ойыл; Шығ. Қаз., Зайс.) көбіне барқыттан, мақпалдан тігілетін шолақ жеңді жеңіл сырт киім, камзол. *К ә з е к е й і ң д і неге киіп алмадың?* (Орал, Чап.). *Бұрын к ә з е к е й д і жұрт кәбірек киетін* (Шығ. Қаз., Зайс.). 2. (Рес., Орын.) ерлер костюмінің кеудеге киетін бөлігі. *К ә з е к е й і ң е бор жұғып қалыпты гой* (Рес., Орын.). *Соларын к ә з е к е й л е р і н і ң тос қалтасынан тастамай бір қага берісте қарағыштап, қасы-көздерін түзеп жататын-ды* («Жүлдыз», №4, 1988).

КӘЗНЕК (Гур., Маңғ.; Кекш., Қ.ту) үйдің іргетасы, табаны.

КӘЙ (Алм., Шел.; Жамб., Мер.; Ақт., Ырғ.) қай. *Сонымен, әңгіме к ә й е р д е болады депті* (Алм., Шел.). *Сыпатай: «Ей, албасты, Ағыбай маған бір ата жақын емес пе, бұл к ә й айтқаның» дейді* (Жамб., Мер.). *Сіз к ә й арага шейін барасыз, к ә й жерде тұрасыз?* (Ақт., Ырғ.).

КӘЙБІР (Қ.орда, Қарм.) кейбір. *К ә й б і р тауық бір-екі жұмыртқасын шірітеді де, басқасын тегіс шығарады* (Қ.орда, Қарм.).

КӘЙНЕК Қ. кәйнік.

КӘЙНІК//КӘЙНЕК (МХР) сарлық (қодас) пен жергілікті сиырдың будандасуынан шыққан сиыр түрі. *Сарлықта мүйіз болмайды, к ә й н і к т е мүйіз болады* (МХР). *Ол кісінің к ә й н і к п е н айтысы бар. К ә й н і к п е н айтысы ұзақ өлең* (МХР). *К ә й н і к – сиырды өсірудің басты кепілі оның сүттілігі* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 16). *Қанар-қанар жүк теңдеп құып айдағандықтан, тілін салақтатып ентіккен к ә й н і к өгіздер де көрінді* (Церендор. Е. ул., 11).

КӘЙТУ (Алм., Кег.; Жамб., Шу; Ақт., Ырғ.; Гур., Маңғ.; Өзб., Бост.) қалай етеді > қайтеді > кәйтеді жолымен бірігіп, жымдасып кетуден туған сез. – *Мәшина бүгін келер емес, к ө й т дейсің, енді өгізіңмен бара бергін* (Алм., Кег.). *К ә й т е м і з, көрілікке қарамай тірлік қыламыз* (Жамб., Шу). *К ә й т е й і н, ауырғандықтан жұмысқа шыға алмадым* (Ақт., Ырғ.). – *Ел бетіне к ә й т і п қараймын, ойбай?! Жүзі қара деген осы да!* (Ш. Мүрт., Қара мар., 14).

КӘКБАР (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) темірден жасалған жайпақ тесік ожау, кепсер. *К ә к б а р м е н ірімшік түсіреміз* (Қ.орда, Арал). Қ. какбір, шолпы.

КӘКБІР (Қост., Жанг.) кәкпір. *Бауырсақ пісіруге к ә к б і р жақсы* (Қост., Жанг.). Қ. көкбір.

КӘКЕ[1] (Гур., Маңғ.) әке. *Айдарлым-ай, к ә к е ң н і ң қолына су құя қойшы* (Гур., Маңғ.). Қ. коке.

КӘКЕ[2] (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр.) қуырғанда тез жарыла кететін, дәні ірілеу жұмсақ келетін, қауызы жұқа жүгері. *К ө к е жер таңдамай егін пітетін жерге шыга береді* (Қ.орда, Қарм.).

КӘКЕНДОЗ (Жамб.: Жуа., Луг.) шоқ салатын қалақша. *Былтыр бір теміршіге жасатып алған к ә к е н д о з бар еді, соны таба алмай қойдым* (Жамб., Жуа.). *Басына мақтадан тоқыған тықыр орамалды жамыла салып, к ә к е н д о з д ы қолтығына қысып, бешбетшең далага жүгіріп шықты* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 68).

КӘКӨРКІТАС (Қ.орда, Арал) жылым ауды су түбіне бастырып түру үшін жасалған кішкене жалпақтау тесік тастар.

КӘКҮРСІН (Сем., Аяг.) себеп, сылтау. *Сенің онда бармайтын бір к ә к ү р с і н і ң бар шығар* (Сем., Аяг.).

КӘКІР (Кекш., Еңб.) күдікті жасырын сыр. *Мынаның түбінде бір к ә к і р бар гой деймін, дұрыс сөйлеспей тур* (Кекш., Еңб.). *Сонда байқадым ішінде бір к ә к і р бар екенін* (Кекш., Еңб.). *Көзілдірік киісі жаман гой, тегі түбінде бір к ә к і р бар шығар* (С. Жүн., Өшп. изд., 39). С. Аманжолов мұны «усақ-түйек» деп түсіндіреді (С. Аман., ВДИКЯ, 389).

КӘКІРІМ (Қост., Об.; Рес., Омбы) айран қосылған сорпа.

КӘКІС (Гур., Маңғ.) керісінше, кереғар. *Бұл айтқан сөзді к ә к і с ұғыну керек* (Гур., Маңғ.).

КӘЛ (Шымк., Мақт.; Қарақ.) таз. *Бір к ө л бала жардың астында жатыр екен. Қазір совет дәрігерлері к ә л ауруына жол бермейді* (Шымк., Мақт.). *Маған к ә л і ң д і көрсетпе, үйіңе жогал* (Қарақ.).

КӘЛӘБІР (МХР) калибр (мылтық). *Бүгін к ә л ә б і р м е н ончақты чыл аттым* (МХР).

КӘЛӘКӘЙТТАУ (Қост., Жанг.) дыбырлау. – *Батыр біз жөй к ә л ә к ә й т т а с ың*

отыр едік, – деп, Шынтақ сөзін жалғастыра берді (А. Нұрм., Құл. аж., 144).

КӘЛӘМ ПЕШ (Қост., Жанг.) күйдірілген қыш кірпіштен үй ішінде салынған сопақша, аласа пеш. *Кәләм пештің тас көмірмен бір қыздырсаң, қызуы бір сөткеге жетеді* (Қост., Жанг.).

КӘЛӘМҮШКЕ (Көкш., Қ.ту) кірпіш құйғанда балшық таситын, үстінде жәшігі бар екі дөңгелекті қол арба. *Аз боп қалмасын деп ол көршінің кәләмүшкесін де алып келді* (Көкш., Қ.ту).

КӘЛӘПӘШ (Орал, Орда) төбеге киетін жеңіл, жұқа қыздар тебетейі, тақия. *Ерте заманда, 1917 жылға дейін қыздар күміс қадап, үкі тағып, кәләпәш киетін еді* (Орал, Орда).

КӘЛДЕШ (Алм., Шел.) семіз емес, арықтау. *Екі атым бар еді, біреуінің еті кәлдеш* (Алм., Шел.). *Қысқы соғымымыз соуға кәлдеш болып тұр* (Алм., Шел.).

КӘЛДІКЕШ (Гур., Бақс.) кішкентай, құйттай. *Бұл кәлдікеш балапанды қайтеміз* (Гур., Бақс.).

КӘЛЕКЕЙ (Гур., Маң.) сырт киім астынан киетін жеңі жоқ кеудеше. *Кәлекейді шапанның ішінен киеміз, оның жеңі болмайды* (Гур., Маң.).

КӘЛЕТ (Шымк., Мақт.) мүлт кеткен қателік, жаңылыс. *Былай тыңдап отырсақ, оның сөзінде бір кәлет жоқ* (Шымк., Мақт.).

КӘЛКІН (Ауғ.; Ир.) терезенің бір түрі.

КӘЛЛӘ (Шымк., Түркіс.; Қарақ.) бас. *Әр кәллә да бір қиял* (Шымк., Түркіс.). *Сонда Батырбек Ізбан бандиттің кәллесін кесіп алған екен* (Қарақ.).

[Өзбекше бас *бош, калла* деп аталады (Рус.-узб. сл., 95)].

КӘЛМЕНОР (Қ.орда, Арал) калмогор бұқасы.

КӘЛТЕК[1] (Алм., Жам.) таяқ.

[Көрші ұйғыр тілінен жергілікті халықтың тіліне ауысып, аздаған фонетикалық өзгеріске түскен *калтәк* сөзі (Уйг.-рус. сл., 1961)].

КӘЛТЕК[2] (Өзб., Там.) жеңіл қол арба.

КӘЛТЕКЕЙ (Гур., Тең.) қысқа, көлте, шолақ. *Өздері үйден шыға сала кәлтекей киім киюге құмар болатынды шығарыпты* (Гур., Тең.). *Балағы сирағының ортасынан келетін кәлтекей шалбарының қалтасынан қара шүберек темекі дорбасын алды* (Ж. Нәжім., Ақ. шағ., 69).

КӘЛТЕК ЖІП (Өзб., Ташк.) шарық жіп. *Іс тігуге кәлтек жібім болмай отыр* (Өзб., Ташк.).

КӘЛТЕК ҚАҒУ (МХР) дірілдеу. *Ауыр нәсте көтергенде қолым кәлтек қағa береді* (МХР).

КӘЛУЕН (Қ.орда, Шиелі) қатқыл, бозғыл жерге шығатын өсімдік. *Кәлуеннің басында бұршік дәні болады, биіктігі 30-40 см-дей* (Қ.орда, Шиелі).

КӘЛШАМ ТАП (Рес., Омбы) сақина жасыру ойыны. Кәлшам ойынында қолында сақинасы бар адамды тауып, айып салатын ойын түрі.

КӘЛШӘКӘМ (Рес., Омбы) кәлшам тап ойыны (қ.).

КӘЛІП (Сем.: Абай, Шүб.; Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.) етіктің, бір нәрсенің қалыбы. *Мынау тозған кәліп қой* (Сем., Абай). *Бүгінгі балшық құйған кәліптің жақсысы-ай!* (Қ.орда, Арал). *Сенің кәлібің бар ма, етігімді кеңейтіп алайын деп едім* (Қост., Жанг.).

КӘЛІПКІ (Жамб., Мойын.; Қар., Шет) кәдімгі. *Уста кәліпкі бұрынғы үстарасын өткірлеп келеді* (Жамб., Мойын.). *Түбіндегі жапырағын қайнатқанда кәліпкі шай болады* (Қар., Шет). Қ. кәдуілгі.

КӘЛІТ (Шымк., Мақт.) қате. *Шырағым, сөзіңде бір кәліт жоқ, остімесек болмайды енді* (Шымк., Мақт.).

КӘМ (Жамб.: Тал., Шу; Шымк., Мақт.; Өзб., Ташк.) жетімсіз, тапшы, аз, кем. *Ісіміздің жағдаяты да кәм* (Жамб., Тал.). *Сонда қалай, Алматы жақта қауын кәм бола ма?* (Шымк., Мақт.). *Ол жақта қауын кәм болады* (Өзб., Ташк.).

КӘМӘ БӨРІК (Қарақ.) кобіне қыздар киетін кәмшат борік, құндыз бөріктің бір түрі.

КӘМӘР БЕЛБЕУ (Көкш., Қ.ту) күміспен әшекейленген белдік. *Оның кәпкәздәп соққан, торлаған кәмәр белбеуі бар деуші еді бұрын* (Көкш., Қ.ту). *Белін қынаған кәмәр белбеуге жеңіл, бірақ ат бауырын согардай ұзын қылыш байланған* (М. Мағ., Алас., 338).

КӘМБЕЛЕУ (Талд., Талды.) кестелеу, өрнектеу, әшекейлеу. *Қыздар орамалының шетін кәмбелейтін. Кәмбеленген орамалдар болатын* (Талд., Талды.). Бұл сөз екі компоненттен құралған: *кәмбе* – түбір де, *-ле-* етістік тудыратын жұрнақ. Алғашқысы орыс тіліндегі *канва* көсте тігілетін селдір мата (С. И. Ожегов, Сл. рус. яз.) созінің қазақ тілі заңдылығына сай қалыптасқан түрі.

КӘМБІЛ (Қ.орда, Арал; Акт., Ойыл) анық, айқын, көміл. *Қолындағы малдың екеуі кәмбіл туады* (Акт., Ойыл).

КӘМБІР (Қост., Жанг.) сапалы жұмсақ былғарының бір түрі. *К ә м б і р д е н бір мәсі тіктірдім* (Қост., Жанг.).

КӘМДА-КАМ (Жамб., Жам.) өте аз, кемдекем. *Бізде жұмысқа жарамсыз кісі к ә м д а к а м* (Жамб., Жам.).

КӘМЕК[1] (Жамб.: Тал., Сар.; Қ.орда: Сыр., Жал.; Өзб., Там.) піспеген, шикі. *К ә м е к қауын жеуге болмайды* (Жамб., Тал.). *Әкелгеніңіз к ә м е к қауын емес пе?* (Қ.орда, Жал.). *Дәмбілше піскенімен патсайы әлі к ә м е к* (Қ.орда, Сыр.). *К ә м е к болса да, негізі қауын гой, әкел жейік! – деді Көлбай* (Өзб., Там.).

КӘМЕК[2] (Шымк., Сайр.) шөптің мал жегеннен қалғаны. *Бұл шоптен к ә м е к көп қалмайды* (Шымк., Сайр.).

КӘМЕЛ (Рес., Орын.) кемеліне келген, ер жеткен. *Совет өкіметі орнаганда біз к ә м е л жігіт кезіміз еді* (Рес., Орын.).

КӘМ-КӘМ (Жамб., Жам.) өте аз, тым тапшы. *Кейбір жылы егін сугаратын су к ә м-к ә м болады* (Жамб., Жам.).

КӘМӨЛӨК ПЕШ (Тау., Қош.) орыс пеші үлгісімен үй ішінде салынған пеш. *К ә м ө л ө к п е ш – пештің тазалықты сақтауга қолайлы түрі гой* (Тау., Қош.).

КӘМПЕРТКЕ (Қост.: Фед., Семиоз., Торғ., Жанг.) самаурынның оттығына аққұман қою үшін ыңғайлап істелген бөлігі. *Самаурынның оты күшті екен, к ә м п е р т к е н і тауып әкел* (Қост., Фед.). *Жүрсін, келінге айтшы, самаурынның к ә м п е р т к е с і н ала келсін* (Қост., Жанг.). Қ. кампорка.

КӘМІЛ ЖАС (МХР) жасы ұлғайған, кексе, мосқал. *Бейтаныс адам сыртынан қарап к ә м і л ж а с қ а толган қызыл шырайлы жігіттің көңілінде осындай бір ой толқыны тұр деп еріксіз жобалайтын еді* (М. Құрман., 190).

КӘМІР (Қарақ.) балық ыстайтын бөлме.

КӘНАУЫЗ (Гур., Маңғ.) ала түсті жұқа жібек мата. *К ә н а у ы з киген қыз көңілді көрінеді* (Гур., Маңғ.).

КӘНӘЙ (Орал: Орда, Казт., Чап., Жымп.) белі қайқылау боп келетін, салпаң құлақ нашар тұқымды арық жылқы. *Союга бір к ә н ә й жылқыны алып келді* (Орал, Чап.). *Союга к ә н ә й ат әкелді, онысы жеуге жарамайды* (Орал, Казт.).

КӘНӘУ (Орал: Чап., Жымп.) онша терең емес, енсіздеу келген ор, шұқыр. *К ә н ә у д е н аттай алмай құлап қалдым* (Орал, Чап.).

КӘНБЕЛЕУ (Талд., Талды.) кесте салу, ернектеу. *Сүлгі орамалды да к ә н б е л е й д і* (Талд., Талды.). Қ. көмбелеу.

КӘНБІЛ Қ. көмбіл.

КӘНДӘЙ (Жамб., Жам.) қандай. *Дәрігерлер к ә н д ә й жерге малды жаятынын айтып турады* (Жамб., Жам.).

КӘНДЕК (Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Қарақ.; Түркм.: Таш., Мары, Красн.) шұқыр жер, ор. *Қозы бір к ә н д е к к е түсіп кетіп, үйелеп қапты* (Алм., Шел.). *Байқап жүр, маңда к ә н д е к көп* (Түркм., Красн.).

[Түркменше *хендек* (Туркм.-рус. сл.); өзб. *хандак* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *көндек* (Карак.-рус. сл., 1958); ұйғ. *хәндәк* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

КӘНДЕКШІ (Қарақ.) лай жасайтын адам.

КӘНДЕС (Павл., Ерт.) қанден ит. *Көршідегі к ә н д е с ит түнімен үріп шыгады* (Павл., Ерт.).

КӘНДІК (Қар., Нұра) арба, шана сияқты көліктің қанаты. *Арбаның к ә н д і г і н жеңейтіңкіресейші, атқа салмақ түседі гой* (Қар., Нұра).

КӘНЕЙ (Орал, Казт.) жүдеп-жадаған арық, кәрі-құртаң. *Ол базардан к ә н е й ат әкелді, онысы союга жарамайды* (Орал, Казт.).

КӘНЕТТЕНУ (Талд., Талды.) қанағаттану, міне тұту. *– Ә, әйтеуір осы барына к ә н е т т е н д і к қой* (Талд., Талды.).

КӘНТЕК (Алм.: Қаск., Жам.) кішкене, шағын. *Ол агамыз елден ерекшелігі жоқ к ә н т е к қана кісі болатын* (Алм., Қаск.). *Оның парасатты пікірімен тартымды толгамы осы к ә н т е к денесіне қалай сыйып жүр екен* (Қ. Ұяб., Қырда.).

КӘНУӘ (Талд.: Ақсу, Талды.; Қ.орда, Арал) ою-өрнек, кесте. *Кимешекке к ә н у ә салып тіксе әйбат болады* (Талд., Ақсу). *Кейбір әйелдер кимешекке әйбат к ә н у ә салатын еді* (Талд., Талды.). *Басында аппақ қардай кимешек, екі жағы мен маңдайына әдемілеп к ә н у ә тіккен* («Жұлдыз», №2, 1988).

КӘНІ БОЛУ[1] (МХР) дән риза болу. *Сын кезеңнен мүдірмей өткен, малын бәз-баягыша аман бағып, төлін жайшылықтагыдай өрбіте өсірген малшылармен жолыгып, табысына к ә н і б о л г а н д а мерей тасиды* («Ж. өмір», 11.08.1982).

КӘНІ БОЛУ[2] (ҚХР) дәндеу, дәнін алу.

КӘҢГУ (Өзб.) дал болу. *Қасым к ә ң г і п қалды* (Өзб.).

КӘҢГҮҢ (Алм., Жам.) елірген, есерсоқ, сотқар. *Осы үйге әлгі к ә ң г ү ң Сейдахмет келді ме?* (Алм., Жам.).

КӘҢДЕК[1] (Қарақ.) су сақтайтын әуіт, шұңқыр.

КӘҢДЕК[2] (Талд., Панф.) шұқыр жер, ор. *Қозы бір к ә ң д е к к е түсіп кетіп үйелеп қапты* (Талд., Панф.). Қ. кәндек.

КӘП[1] (Шымк.: Сарыағ., Түркіс.; Жамб., Сар.; Қ.орда, Арал; Қост., Об.) сөз, әңгіме. *Қандай к ә п бар, соныңды айта отыр* (Шымк., Сарыағ.). *Мен бір к ә п айтайын* (Жамб., Сар.). *Бұл к ә б і ң е, Қасымжан, мен түсінбедім гой* (Қ.орда, Арал). *Бұл к ә п т і ң маңызы бар көрінеді* (Қост., Об.).

КӘП[2] (Қар., Шет) таң қаларлықтай, сұмдық. *Өзі бір к ә п адам* (Қар., Шет).

КӘП БОЛУ (Қар., Шет) кереметтей қатты болу. *Уш күнгі ыстық к ә п болды* (Қар., Шет).

КӘПЕЛІМДЕ (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) ойламаған жерде, аңдаусызда, оқыста. *Кесе к ә п е л і м д е қолымнан түсіп кетті* (Ақт., Ырғ.).

КӘПЕР (Шығ. Қаз.: Тарб., Күрш., Зайс.) ой, ес, қатер, жад. *Бұл сөз менің к ә п е р і м д е бар* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Ешкім өзара сын ретінде айтылған сөздерді к ә п е р і н е алмауға тиіс* (Шығ. Қаз., Тарб.).

КӘПЕШ[1] (Рес., Орын.) жас баланың бас киімі. *К ә п е ш т і тоқып та жасайды* (Рес., Орын.).

КӘПЕШ[2] (Жамб., Мер.) қызылша қазатын күрек тәрізді үш жағы үшкілдеу келген еңбек құралы. *Бұрын қылчаны к ә п е ш п е н қаздық* (Жамб., Мер.).

КӘПНӘ (Қ.орда, Арал) бір атым, бір уқалам.

КӘПІСТӘ (Жамб., Жам.) әдетте кауданды боп өсіп-өнетін бақша көгөнісі. *К ә п і с т ә н і біз шіли жақсы көреміз* (Жамб., Жам.).

КӘР[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Қарақ.) кәсіп, жұмыс, қызмет, іс. *Сенікі де бір к ә р екен* (Түрікм., Ашх.). *Ал, Кенжебаев жолдастың к ә р і н е десек... кеңселерге, магазиндерге, шаш алатын үйлерге барумен күнін кеш қылады* («Жұм-шы», 4.07.1944).

[Парсыша *кар* іс, жұмыс мағынасында (Н. Онд., ПҚТС, 208)].

КӘР[2] (Өзб., Там.) бір нәрсенің жөні, реті; ебі. *Сен саспа, оның к ә р і н өзім қыламын* (Өзб., Там.).

КӘРӘГӘНИ (Қ.орда, Арал) күмды жерде көктемде шығатын, бойы 15 см-дей, түбіндегі дәні өріктей сүйексіз жеміс-өсімдік.

КӘРӘКАТ (Жамб., Жам.) кісі жататын кереует. *Бәйбіше, к ә р ә к а т қ а төсек сал, қонақ жатсын* (Жамб., Жам.).

КӘРӘКӘТ//КӘРЕКЕТ (МХР) шаруа, жұмыс, тіршілік, кам. *Өз к ә р ә к е т і ң д і ойла* (МХР).

КӘРГӘР (Ауғ.; Ир.) күзетші.

КӘРДЕН КЕСЕ (Жезқ., Ұлы.) сапалы шыныдан істелген үлкен шыны аяқ. *К ә р д е н к е с е н і ң қымбат екенін қайдан білейін* (Жезқ., Ұлы.). *Столдың қасында, жерде, беті жабулы дәу шыны тегене, к ә р д е н к е с е л е р* (F. Мұст., Дау. кейін, 130). Қ. кәрлен кесе.

КӘРЕК (Шымк., Түркіс.) тікенді шөп түрі. *К ә р е к бес-алты жылда бір өседі. К ә р е к малға жұғымды, құнарлы шөптің түрі. Екі күннен бері к ә р е к шауып жатырмыз* (Шымк., Түркіс.).

КӘРЕКЕТ (Шығ. Қаз.: Күрш., Тарб.) жұмыс, іс, әрекет, қарекет. *Ол кезде менің бар к ә р е к е т і м егін тасу, шоп шабу еді* (Шығ. Қаз., Курш.). *Мен үйде де к ә р е к е т етемін* (Шығ. Қаз., Тарб.). Қ. кәрәкәт.

КӘР ЕТУ (Ақт., Ойыл) қатулану, ашу шақыру, қаһарлану. *Неменеге аяқ астынан к ә р е т е қалдың* (Ақт., Ойыл).

КӘРЖІК (Қ.орда, Қарм.; Орал: Жән., Орда) жымырайған, таңқы. *Мынаның к ә р ж і к мұрын қатыны қайда кеткен?* (Қ.орда, Қарм.). *Баганағы к ә р ж і к бала кімнің баласы екен* (Орал, Жән.). *Атқа мініп келе жатқан бір к ә р ж і к бала кордім* (Орал, Орда). *К ә р ж і к мұрын, секпіл бет сары қыз пештің маңдайына сүйеніп тұр* (Ж. Нәжім., Ақ. шаг., 48).

КӘРЗЕҢКЕ Қ. карзенке.

КӘРЗІҢКЕ (Өзб., Там.) жолға шыққанда зат салып алып жүрстін торт бұрышты тұтқалы қорап. *Қыз к ә р з і ң к е с і н е киім-кешегін реттеп сала бастады* (Өзб., Там.). Бұл мағына жағынан озгеріске ушыраған орыс тіліндегі *корзинка* сөзі.

КӘРИ (Ақт., Ойыл; Гур., Есб.) су қараңғы соқыр. *Соны көрмей тұрсың ба, бейшара, к ә р и екенсің гой* (Ақт., Ойыл). *Екі көзі жоқ болғасын к ә р и гой* (Гур., Есб.).

КӘРИЕ//КӘРИӘ (Жамб., Жам.; Талд., Талды.; Шымк., Шәу.; Қост.: Фед., Семиоз.) жасы үлкен, қарт адам, ақсақал. *Түйеші к ә р и е сыр-окпесін айтып болганша колхоз орталығына да келіп қалдық* (Жамб., Жам.). *Ескі әңгімені к ә р и ә адамдар біледі гой* (Қост., Семиоз.). – *Батыр, к ә р и ә и і ң «есебі» тәуекелмен бірге жүреді* (F. Сл., Шалқ., 95).

КӘРКЕСТІ (Сем.: Кокп., Ақс.) жасы жеткен кемпір-шал, кәрі-құртаң. *Бұлар туралы к ә р к е с т і л е р білмесе, кімнің ойында қалды дейсің* (Сем., Кокп.).

КӘРЛЕН КЕСЕ (Сем., Абай; Жезқ., Ағад.) әдемі әшекейленген гүлді, сырлы кесе. *Дүкенде к ә р л е н к е с е коп екен* (Сем., Абай). *Оған жалпақ басқұр, тегеріш, терме баулардың әшекейі қосылып, отау сүйегі қызыл к ә р л е н к е с е д е й өдемі-ақ* (F. Мұст., Коз кер., 194). Қ. кәрден кесе.

КӘРНӘЙ (Ауғ.; Ир.) самаурынның кернейі.

КӘРСЕ (Қ.орда: Арал, Сыр.) теңіз жағасында орналасқан, ауланған балықты қабылдау орны. *Ауланған балықты к ә р с е г е өткіземіз* (Қ.орда, Сыр.). *К ә р с е заводқа не комбинатқа тиісті болады* (Қ.орда, Арал).

КӘРСЕН (Қ.орда, Қарм.) ердің екі қапталын біріктіріп тұратын, адам отыратын жері. *Мына бір ердің к ә р с е н і н жақсы келтірген екен* (Қ.орда, Қарм.).

КӘРТЕЮ (Сем.: **Көкп.**, Ақс.) болбырап босаң тарту, әлсіреу. *Мен өзім шаршап келіп, к ә р т е й і п отырмын* (Сем., Кекп.).

КӘРТӨК (Гур., Маңғ.) картоп. *К ә р т ө к т е н балау жасап жедік* (Гур., Маңғ.).

КӘРТӨПИЯ (Жезқ., Ағад.; МХР) түйнектері крахмалға бай көгөніс түрі; картоп. *К ә р т о п и я үсіп кетіпті* (МХР). Қ. картопия.

КӘРТӨШ (Шығ. Қаз., Больш.) картошка, картоп. Қ. картош.

КӘРТӨШКЕ (Орал, Чап.) күн қағары қатты жеңіл-желпі ерлер бас киімі. *Оның басында бойлай к ә р т ө ш к е болатын* (Орал, Чап.). Қ. картоз.

КӘРУ (Алм.: Кег., Нар.) жасы жету, қартаю. *Оразақынның бұрын көрмегені жоқ, кәзір к ә р і п кетті гой* (Алм., Кег.). *Ол кемпір бір к ә р і г е н адам гой* (Алм., Нар.).

КӘРІ (МХР) қаргыс, теріс бата. *Үлкен адамды ренжітпе к ә р і с і тиеді* (МХР).

КӘРІ-КӘРКЕС (Тау., Қош.) жасы жеткен кемпір-шал, кәрі-құртаң. Қ. кәркесті.

КӘРІҚЫЗ[1] (Шымк., Түркіс.) **1.** үлкендігі қойдың құмалағындай айнала тікен болып келетін шеп түрі. *Шық кеппей к ә р і қ ы з д ы мал жесе, өліп қалады* (Шымк., Түркіс.). 2. орақ тәрізді имек тікен түрі. *Үйдің айналасына к ә р і қ ы з өсіп кетіпті* (Шымк., Түркіс.). **3.** (Қ.орда, Арал) құмды жерге шығатын түйе сүйіп жейтін өсімдік. *Бұл үстіге жабысатын мал жемейтін к ә р і қ ы з емес* (Қ.орда, Арал). **4.** (Талд., Панф.) түбі терең емес, көп биіктемейтін, жапырағы өнімсіз, кішкене болып келетін өсімдік түрі. *К ә р і қ ы з д ы ң басына шыққан собық-собық, жол-жол жіңішке тікені болады. К ә р і қ ы з д ы ң бір тікені жабысса, бәрі бірдей жабысады* (Талд., Панф.).

КӘРІС ШАЛЫ (Рес., Омбы) қалың көйлек.

КӘРІ ТОРҒАЙ ТОПАНҒА АЛДАНБАС (ҚХР) тәжірибесі мол, көпті көрген, жөпшендіге алданбайды.

КӘРІ ШОРИЯҚ (ҚХР) жырынды қу, жер көкті құртқан қу, алаяқ қу.

КӘС[1] (Қост., Жанг.) жер жыртқанда боразда аралығында айдалмай қалып қойған жер. *Жерді к ә с қалдырмай айырыңдар* (Қост., Жанг.).

КӘС[2] (Гур., Есб.) мезі болған, ығыр болған. *Көк ат жүріске к ә с мал* (Гур., Есб.).

КӘСӘ (Орал, Жән.; Сем.: Мақ., Ұрж.; МХР) шай ішетін тұтқалы шыны аяқ, кесе. *К ә с ә н і сүртіп қой* (Орал, Жән.). *Бұл қымыз бесінші к ә с ә д е н кейін Жайбасардың маңдайын тершітеді* (Сем., Ұрж.).

КӘСӘК (Орал, Орда) бір үйір, бір топ. *Ілияс ауылының иті к ә с ә г і м е н жүреді, олар аттылы кісіні жүргізбейді* (Орал, Орда).

КӘСӘЛ (Қ.орда, Қарм.; Қост., Аман.) ауру, сырқат, дерт, кесел. *Ол к ә с ә л боп, үйде жатыр* (Қост., Аман.). *Сиыр малынан аусыл деген к ә с ә л бізің колхозда көбірек болды* (Қ.орда, Қарм.).

КӘСЕ[1] (Сем.: Ақс., Кекп.; Шығ. Қаз., Күрш.; Орал: Казт., Орда; МХР) шай ішетін шыны аяқ. *Үйден к ә с е алып келе қойшы, қалқам!* (Сем., Ақс.). *Ана тұрған к ә с е н і маған әперші бері* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Мен шайды аз ішемін, көп болғанда үш к ә с е ішетін шығармын* (Орал, Казт.). *Қабдош асыққандықтан бір-ақ к ә с е шұбат ішті* (Орал, Орда). *«Бесті асаудың» бес к ә с е с і н сіміріп алып, қызара бөртіп келіп тұрған Жайбасар атынан қаргып тұсті* (Ж. Тіл., Қайнар, 222).

КӘСЕ[2] (Қ.орда, Арал) теңіздің ау салуға қолайлы таяз жері.

КӘСЕК[1] (Орал, Жән.; Гур., Тең.) **I.** бір үйір жылқы малы. *Колхоздың жылқысы к ә с е г і м е н жүреді* (Орал, Жән.). 2. балықтың, құстардың шоғырланған бір тобы. *Сонда балық к ә с е к т е р і бір жерге көп жиналады* (Гур., Тең.). Орыс тілінде *косяк* жылқы малының, балық пен құстардың бір тобы деген ұғымды білдіретін сөз (С. И. Ожегов, Сл. рус. яз., 243).

КӘСЕК[2] (Рес., Омбы) есіктің кәсегі. *Есіктің к ә с е г і жарылып кетіпті* (Рес., Омбы).

КӘСИЕТ (Жамб., Мер.; Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) ез алды ерекшелік, қасиет. *К ә с и е т қалмас жігітте, Тіленіп қолын жайған соң* (Жамб., Мер.). *Бекет әулие болған, к ә с и е т т і кісі еді* (Түрікм., Красн.).

КӘСПЕК (Алм., Кег.) елеуіштің шеңбері. *Елгезерге к ә с п е к салдырып алайын деп едім, қолым тимей жүргені* (Алм., Кег.).

КӘСПЕН (Алм., Қарат.) електің, елеуіштің дөңгелек шеңбері.

КӘСТЕ (Қ.орда, Арал) анықталмаған ауру, сырқат. *Білмеймін кәй жерінің к ә с т е*

болганын, әйтеуір еңсем көтерілмей қойды (Қ.орда, Арал).

КӘСТЕҢКЕ (Орал, Чап.) әйелдер басына тартатын кішкене үшкіл орамал.

КӘСТРӨҢКЕ (Жамб., Шу) кастрюль. *Кәстрөңкеде су толып тұр* (Жамб., Шу).

КӘСІБІНЕ БАРУ (Рес., Орын.) жұмысына бару. *Айда, кәсібіңе бар* (Орын., Ад.).

КӘСІК (Алм., Шел.) қызмет бабындағы кәсіп түрі. *Менің негізгі кәсігім – колхозшы* (Алм., Шел.).

КӘСІМ (Шымк., Мақт.) жұмыстағы мамандық, кәсіп. *Кетпен шапқан бізге әбден кәсім боп қалған гой, сонда* (Шымк., Мақт.). С. Аманжолов бұл сөзді «әдет» деп түсіндірген (С. Аман., ВДИКЯ, 389).

КӘСІПКЕ ҚОСЫЛУ (Гур., Тең.) жұмысқа түру. *Бұл қайықтың кісісі әлі кәсіпке қосылған жоқ* (Гур., Тең.).

КӘСІПКІ (Жамб., Мойын.) өз алды жеке, арнаулы. *Олардың бұрыннан шашын алғызып жүрген кәсіпкі шаштаразысы бар* (Жамб., Мойын.).

КӘСІП САУУ (ҚХР) кәсіп істеу, жұмыс істеу, жұмыс тауып істеу.

КӘСІПТЕС (МХР) жұмыстас, мамандас. *Оның кәсіптесі Р. Береке соңғы екі жыл бойы сиырды дін аман бағып келеді* («Ж. өмір», 23.05.1983).

КӘТ (Түрікм., Таш.; Өзб., Там.; Қарақ.) ағаш тосек, кереует. *Мейманға тосекті кәтке жазың* (Түрікм., Таш.). *Кәтке барып жатып, деміңді ала гой* (Қарақ.).

[Өзбекше *кат* ағаш кереует (Узб.-рус. сл., 1959); карақ. *кәт* жайдақ ағаш кереует (Карак.-рус. сл., 1958)].

КӘТӘН (Ауғ.; Ир.) қалың, жылтыр мата.

КӘТӘР БӘНДӘ (Ауғ.; Ир.) әйелдердің белбеуі.

КӘТЕ (Алм., Кег.; Қ.орда: Сыр., Арал; Ақт., Ырғ.; Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.; Кокш., Еңб.) дұрыс емес, жаңсақ, қате. *Тәте, айтсаң айтарсың, бірақ кәте айтпа* (Алм., Кег.). *Ол айтса, кәте айтпас деп ойлап қаласыз* (Ақт., Ырғ.). *Кешіре көрің, жақсылар, Жүйрігің кәте жазыпты-ай!* (Гур., Маңғ.). – *Алла жақсылығын берсе жабысқан пәлені көрерміз. Дәміміз кәте кетпейтін еді, – деп, молла әжеме тесіле қарады* (С. Жүн., Өшп. изд., 54).

КӘТЕК[1] **1.** (Жамб.: Мер., Шу; Алм.: Кег., Шел.; Талд., Қоғ.) дәнді дақылдардың семіп, солып қалған дәні. *Су тапчы болса, бидайдың дәні кәтек боп қалады* (Жамб., Мер.). *Биылғы бидайда кәтек көп емес* (Алм., Кег.). *Биыл бидай кәтек болып пісіпті* (Алм., Шел.). *Кейбір жеріміздің бидайы кәтек болып шықты* (Талд., Қоғ.). **2.** (Қ.орда, Қарм.) жүдеу, әлсіз. *Ол өзі бір кәтек кісі болатын* (Қ.орда, Қарм.).

КӘТЕК[2] (Өзб., Там.) тауық қора. *Кәтектің терезесіне темір тор орнатпаса іші қызып кетеді* (Өзб., Там.).

КӘТЕК АДАМ (Орал, Чап.) мыржиған тапалтақ кісі.

КӘТЕЛ (Сем.: Көкп., Ақс.; Тау., Қош.; МХР) темір шелек. *Бір кәтел су әкел* (Сем., Кокп.). *Ол құдықтан бір кәтел су әкелді* (Тау., Қош.). *Бір-екі кәтел су жетеді* (МХР). *Кораптан кәтел алып: - Мә жүгір Есентей. Әнеу арада бұлақ бар* («Шұғыла», 1983, №1, 50). *Кәтел* орыс тіліндегі *котёл* сөзінен шыққан.

КӘТЕЛЕУ (Ақт., Шалқ.; Қ.орда, Арал) осалдау, босаңдау. *Біздің ауыл советтің секретары кәтелеу жігіт екен* (Ақт., Шалқ.).

КӘТЕП (Түрікм.: Красн., Таш., Ашх., Мары; Гур., Маңғ.) бір оркешті түйенің үстіне салынатын ыңыршақ, ашамай. *Алам десең өзің біл, бірақ ауыттың кәтебі сынып тұр* (Түрікм., Красн.). *Кок майсага... шогеріп тастаган қырық нар, қырқы да кәтепті қызыл шұнақ* (Ә. Нұрп., Сең, 323).

[Түрікменшс *хатап* (Туркм.-рус. сл.)].

КӘТЕР[1] (Жамб., Шу; Қ.орда, Жаңақор.; МХР) қорқынышты қауіп, қатер. *Ажал қайдан болганда кәтер, қауіп Дәулетіңе жығылдым есім ауып. Аспанда ұшып жүрген ақ сұңқарсың, Тоятың қанбайды гой маган шауып* (Жамб., Шу). *Мен қазақпын еңселі қап тауындай, тәуба, Тәуба жеткізген шаққа мұндай. Жеке-дара ел болып орда тіктім, Жүз бір атты кәтерден сақта құдай* («Шұғыла», 1992, №2, 9).

КӘТЕР[2] (Гур., Маңғ.) ес, жад, ой. *Кәтерім де жоқ. Ойга кіріп-шыққан емес* (Гур., Маңғ.).

КӘТЕР ТІГУ (ҚХР) сұғын қадау, қаһарын тогу.

КӘТТА//КӘТТӘ 1. (Шымк., Мақт.; Жамб., Мойын.) зор, үлкен. *Сіздердей кәтта кісілер болмаса ол біздің қолдан келмейді гой* (Шымк., Макт.). *Байжансайга баратын кәтта жол қара таудың етегіндегі «Бозбұлақ» колхозын басып, кілт бұрылып кетеді* («Соц. кол.», 20.05.1940). *Осы біздің жүріп бара жатқан кәтте жолымыз аудан орталығына апарады* (Жамб., Мойын.). **2.** (Жамб., Тал.) жүртка белгілі болған беделді, корнекті. *Мен бір кәтта кісі кордім* (Жамб., Тал.).

КӘТТӘҚОРҒАН (Шымк., Түркіс.) жүзімнің түрі. *Кәтта қорган әбден піскенде сары болады* (Шымк., Түркіс.).

КӘТТЕ (Жамб., Сар.; Қарақ.) үлкен. *Ой, айналайын, к ә т т е жігіт бол!* (Жамб., Сар.). *К ә т т е кісілерді сыйлау керек* (Қарақ.). – *К ә т т е оқу оқып жүр деуші еді Тәшкенде, келіп қалған екенсің гой!* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 209). Қ. көтта.

КӘТТІ 1. (Ақт., Ырғ.; Қост., Фед.; Гур., Маңғ.) оте берік, қатты. *Мына күрішің к ә т т і екен, менің буган тісім етпейді* (Ақт., Ырғ.). 2. (Қ.орда, Арал) өте күшті, шешен, мықты. *Ертеде к ә т т і жыраулар көп болган* (Қ.орда, Арал).

КӘТІРЕҢКІ (Жамб., Мер.) қаттылығы жағынан қара ағаштан кем түспейтін, таулы жерде есетін бозғылт түсті, тал тұқымдастар тобына жататын жапырақты ағаш. *К ә т і р е ң к і тұбірінен шөміш, астау жасайды. К ә т і р е ң к і д е н жасалган ыдыс астың дәмін бұзбайды* (Жамб., Мер.).

КӘТІС (Қост., Жанг.) амал, тәсіл.

КӘУӘ//КӘУЕ (Алм.: Шел., Кег.) асқабақ. *Биылгы еккен к ә у ә дәу болып өсіпті* (Алм., Шел.). *Біздің жер к ә у ә н і аз егеді де, аз жейді* (Алм., Кег.). *Мәнті кәуә* – бір жағы дөңгелек, бас жағы сопақтау келетін, түрі алмұрт тәрізді асқабақ, көбіне мәнті жасауға пайдаланылады. Асқабақтың бұдан басқа *тұрпан кәуә, қара кәуә* дейтін түрлері бар. Төркіні жағынан бұл сөз керші үйғыр тілінен ауысқан.

[Үйғырша *кава* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

КӘУӘК (Қост., Жанг.; Ақм., Атб.) қуыс; үңгір. *Өлең шөптің к ә у ә г і бар* (Қост., Жанг.).

КӘУБАС (Қост., Жанг.) кесек денелі, ірі, үлкен. *Мұндайда к ә у б а с шалдар келе беруші еді, әзір қойыпты гой* (Қост., Жанг.).

КӘУДІРЛЕК (Қ.орда: Жал., Сыр.) жаңа қата бастаған мүз. *Мұз к ә у д і р л е к болысымен балық аулау қиындай береді* (Қ.орда, Жал.). *К ә у д і р л е к мұздан күзермен өтем деп суга талай адам кетті* (Қ.орда, Сыр.).

КӘУЖЕҢДЕУ (Қ.орда, Арал) аздап жеу, қаужандау. *Біз келе салысымызбен аздап к ә у ж е ң д е п алдық* (Қ.орда, Арал).

КӘУКӘР (Қост., Семиоз.) әл, күш, қуат. *Ол өзі бір к ә у к ә р с і з жан екен* (Қост., Семиоз.).

КӘУКЕЛЕК ҚАҒУ (МХР) құрақ үшу, құрдай жорғалау, жарамсақтану, зыр жүгіру. *Әжем оны күтіп к ә у к е л е к қ а ғ а д ы* (Д. Нав., Тау күп., 96). *Айтқаның келсін! Жиен, баганағы тапсырғандарыңа келдің-ау, тегі, – деп Айгүл к ә у к е л е к қ а қ т ы* (М. Құл., Танд. шығ., 76).

КӘУКЕЛЕКТЕУ (МХР) жағымпаздану, жарамсақтану, құрдай жорғалау. *Хасбаатар Діқгілбайды шақырды, ол к ә у к е л е к т е п жетіп келеді* (М. Құрман., 118). *Шешем марқұм бригадтарга келді дейді де, к ә у к е л е к т е п барып алдына жаяды* (Ш. Қат., Аз. көз., 99).

КӘУЛЕН (Шығ. Қаз., Тарб.) қау, қаудан, боз шөп. *Колхоз жерінде к ә у л е н көп. К ә у л е н шөп шабылып жатыр* (Шығ. Қаз., Тарб.).

КӘУЛЕУ (Шымк., Лен.) үңгу, кеулеу.

КӘУЛІ (Ақт., Шалқ.) әуелі, алдымен. *Ең к ә у л і стансага бардық* (Ақт., Шалқ.).

КӘУМІС (Қ.орда, Арал) астаубас, ірі, дәу бас.

КӘУСЕУ (Өзб., Там.) жеу, қажалау. *Сиыр алдындагы сойдиган мекейі паяны к е у с е п тұр* (Өзб., Там.).

КӘУІ (Ауғ.; Ир.) үзын болып өсетін капустаның түрі.

КӘУІЛ (Шымк., Түркіс.) тарбиып шығатын, құмды жерде өсетін түйнегі бар өсімдік. *К ә у і л д і ң түйнегін де, тамырын да емге пайдаланады. К ә у і л асқазан, жүрек ауруларына ем. К ә у і л д і ң тамырын, түйнегін қайнатып, жерді қазып шоқ салып, шылапшынга к ә у і л тамырын, қызыл бұрыш салып, үш рет отырғызып ыстық былаумен емдейді* (Шымк., Түркіс.).

КӘУІЛДЕСУ (Қост., Жанг.) гүілдеп сөйлеу. *Сендер к ә у і л д е с п е й отырыңдар* (Қост., Жанг.).

КӘУІП (Жамб., Сар.; Қ.орда: Арал, Қарм.; Ақт., Ырғ.; Гур., Маңғ.) қауіп-қатер. *Жел қатты болса, теңізде қайықпен жүрушілерге к ә у і п қой* (Қ.орда, Арал).

КӘУІР//КЕУІР (Жамб., Шу) жау, дұшпан. *Ей, сен, немене, к ә у і р жаулап келіп пе ең? К ә у і р г е қарсы шығып күресті* (Жамб., Шу). *Жүрегі теріс, жүзі бетен жады к ә у і р г е біреудің ақ жұмыртқа сары уыз перзентінің абыройын тонатты... деген айып тағып тұр* (Ә. Кекіл., Үркер, 571).

КӘУІС-КӘУІС (Ақт., Ырғ.; Түрікм., Красн.) түйе малын шақырғанда айтылатын сөз. *Түйені к ә у і с-к ә у і с деп шақырамыз* (Ақт., Ырғ.). *Алдымызда к ә у і с-к ә у і с деп, түйесіне жете алмай біреу кетіп барады* (Түрікм., Красн.).

КӘШӘБА (Шығ. Қаз., Больш.) екі кісілік жеңіл шана.

КӘШӘБА//КӘШЕУЕ (Рес., Омбы) жеңіл шана. *Қыстығүні жеңіл к ә ш ә б а г а танауынан құшақ-құшақ буы бұрқыраган қос атты парлап жегіп...* (С. Жүн., Ақан сері, 61).

КӘШЕБЕ (Көкш., Қ.ту) бір-екі кісілік жеңіл шана. *Қыста бір-бір к ә ш е б е н і жегіп аламыз* (Көкш., Қ.ту).

КӘШЕБОЙ ШАНА (Жамб.: Қорд., Шу, Мер.) сүйеніп отыратын арқалығы бар екі кісілік жеңіл шана.

КӘШЕК[1] (Шымк., Түлк.; Жамб.: Луг., Қорд., Шу; Алм.: Еңб. каз., Шел.) шоптің мал жегеннен қалған ірісі. *К ө ш е к т і жиып қойсаң отқа жағар едің* (Жамб., Қорд.). *Жақсы жерге шыққан шөпте к ө ш е к аз болады* (Шымк., Түлк.). *Ақырдың ішіндегі қыстан қалған к ө ш е к, шөп-шалаңға жаз бойы тауықтар жұмыртқалайды* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 82). Қ. **сағдар.**

КӘШЕК[2] **1.** (Шымк., Лен.; Алм.: Шел., Еңб. каз., Талғ.; Талд., Қарат.; Орал, Казт.; Өзб., Там.) көздерге бөлінген терезе бөлшегі. *Әйнектің к ө ш е г і даяр, бірақ терезеге материал жоқ* (Талд., Карат.). *Терезенің к ө ш е к ағашын табу да қиын, бұл жерде ағаш жоқ* (Орал, Казт.). **2.** (Алм., Шел.) екі жақтау, табалдырық, мандайшасы шегеленген есіктің ағашы.

КӘШЕКІ СИЫР (Тәж.) сүтсіз сиыр.

КӘШЕЛ (Гур., Есб.) пішен шабатын машина. *К ө ш е л д і жөндетуге әкелту керек* (Гур., Есб.).

КӘШЕУЕ Қ. **көшәба.**

КӘШКІРТ (Түрікм., Таш.) кішкентай орақ. *К ө ш к і р т дегенің мақта отауда жақсы болады* (Түрікм., Таш.).

КӘШТӘНІ (Ауғ.; Ир.) картоп.

КӘШТЕК (Қ.орда: Сыр., Жал.) ортақтасып сатып алған малды жіліктеп бөлісу. *Біраз адамдар бас қосып, к ө ш т е к жасадық* (Қ.орда, Сыр.). Қ. **деңгене.**

КӘШІР (Ауғ.; Ир.) сәбіз.

КЕБАҒАШ (Алм., Кег.) етік қалып. *К е б а ғ а ш ы ң д ы бере тұршы, етік тігейін деп едім* (Алм., Кег.).

КЕБАП (Ауғ.; Ир.) майдаланған еттен пісірілген шашлық.

КЕБЕ[1] (Жамб.: Жуа., Луг.: Кост., Аман.; Жезқ., Ұлы.: Қар., Шет; Сем., Мақ.: Шы. Каз., Күрш.) қыста туған қой төлінің көктемдегі аты. *Биыл біздің колхозда к е б е аз* (Жамб., Жуа.). *К е б е қозы – қой төлінің ересейген түрі. Былтыр бір к е б е қозының тұяқсақтығынан алдым* (Кост., Аман.). *К е б е қозы марқадан гөрі кішірек болады* (Жезқ., Ұлы.). *Қазір колхоздарда к е б е қозы аз* (Шы. Каз., Күрш.).

КЕБЕ[2] (Қарақ.) қайын ене.

КЕБЕЖЕ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) түйемен көшіп-қону кезінде бала отырғызатын ағаш жәшік төрізді бұйым. *Қонсақ жабағына орағап, көшсек к е б е ж е г е отырғызған кәртәйді бала кезімізде* (Түрікм., Красн.).

КЕБЕЖЕ ШАНА (Ақт.: Жұр., Ойыл; Рес., Омбы) **1.** шөп таситын қанатты шана. **2.** бір-екі кісілік жеңіл шана.

КЕБЕК[1] (Ақт., Ойыл; Гур., Есб.; Қост., Жанг.) кандала. *Осы қыстауда к е б е к бар екен, түнімен ұйықтатпады* (Ақт., Ойыл). *Шкафтың қуысында к е б е к көп* (Гур., Есб.). *Біздің үйде к е б е к жоқ* (Қост., Жанг.).

КЕБЕК[2] (Павл., Ерт.) қоян паналайтын қуыс жер, кеуек. *Коян к е б е к к е тығылды* (Павл., Ерт.).

КЕБЕН 1. (Гур., Есб.; Рес., Орын.) шөптің үйіндісі. *Біраз пішен шауып едім, к е б е н г е салып алдым. К е б е н д і доңгелентіп киіз үй сияқты саламыз* (Рес., Орын.). **2.** (Қ.орда, Арал) бес-алты тонналық жиылған шөп үйіндісі. *К е б е н н і ң кішілеу түрі 3-4 арбалық болады* (Қ.орда, Арал).

КЕБЕНЕК (Алм.: Шел., Кег., Нар.) карлы, жауын-шашынды күндері киетін жұқа киізден жасалған сырт киім.

КЕБЕНТАЙ (Алм.: Кег., Нар.; Жамб., Мер.; Шымк.: Сайр., Қызылқ.) жұқа басылған киізден істелген, малшылар киетін сулық. *Көзір к е б е н т а й д ы ешкім кимейді* (Алм., Кег.). *Жөке, көшкенде к е б е н т а й кимей-ақ бір шидем шекпен бұйырмады ма? – деді баласы* (Жамб., Мер.). *Бұрынғы уақытта қойдың жүнінен жасап, к е б е н т а й кигенбіз* (Шымк., Сайр.). *К е б е н т а й киген келеді, кебін киген келмейді* (Мақал). *Түбіне шобіңіздің жаттым дедім, Азапты түніменен тарттым дедім. Кигізген к е б е н т а й ы ң пана болмай, Қалтырап таң атқанша қаттым дедім* (К. Әзірб., Шығ., 155).

КЕБЕШ ШАНА (Рес., Орын.) қанатты жеңіл шана. *Бір күні к е б е ш ш а н а м е н шығып кеттім, күннің суықтығы 41 градусқа барады* (Рес., Орын.).

КЕБЖЕ (Көкш.: Щуч., Еңб.) ыдыс-аяқ сақтайтын жәшік, асадал.

КЕБІН 1. (Жамб., Шу) жүйрік аттың үстіне жабатын жабу. **2.** (Түрікм., Красн.) ок дәрісінің үстіне салынатын майлы шүберек, тығын. *Қырлы мылтыққа әуелі дәрі салып, ауызына к е б і м салады* (Түрікм., Красн.).

КЕБІНДЕУ (Алм., Шел.) жабу жабу, жабулау. *Атты к е б і н д е п бәйгіге қосу керек болды* (Алм., Шел.).

КЕБІР (Түрікм., Красн.) сазан балық. [Түрікменше *кепер* (Рус.-түркм. сл., 1956)].

КЕГЕШ (МХР) тақия, бас киім (қыздардың). *Қыздар доңгелек к е г е ш т е р і н е шоқ үкі тағып, шолты сырғаларын сылдырлата, білезіктерін сатырлата бұрмелі көйлектерінің етегін доңгелете бүлегенде тойлардың көзі тойғандай сұлулық қырайтын* (Б. Кәм., Моң. каз. салт-дәс., 58).

КЕГЕЙ (Көкш., Қ.ту; Рес., Орын.; Қарақ.) арба дөңгелегінің шабақ ағаштары. *Дөңгелекте толып жатқан к е г е й болады* (Қарақ.).

КЕГІР (Қ.орда, Жал.) қасқалдақтың балапаны. *К е г і р д і ң төбесінде айдар жүні болады* (Қ.орда, Жал.).

КЕДЕГЕ АРТУ (Қост., Об.) мойынға жүктеу, міндеттеу. *Мен осыны сіздің к е д е ң і з г е а р т а м ы н* (Қост., Об.).

КЕДЕЙ-КЕПСЕК (МХР) кедей-кепшік. *Мұсылман діні бұзылды, ата дәстүр жоғалды, діннен безген азғындар көбейіп, к е д е й-к е п с е к басқа шықты* (М. Құл., Таңд. шығ., 28).

КЕДЕЙШІ (Ауғ.; Ир.) қайыршы, үй аралап немесе көшеде, көпшілік орындарда қайыр сұрайтындар. *Түркістан шаһарында қол жайып отырған лолы к е д е й ш і л е р ансан (көп) болып кетіпті дә* (Ауғ.).

КЕДЕРГІ БЕРУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) бөгет жасау, кесір болу. *Ат(а)-ене балдарының сабаққа келуіне к е д е р г і б е р і п отыр* (Түрікм., Таш.). *Мұғалімдердің әңгімесіне құлақ салуына к е д е р г і б е р і п, оқушыларға күллі зиян беріп келеді* («Жұм-шы», 10.07. 1941).

КЕДЕРГІ ҮРЫЛУ (Жамб., Мойын.) күтпеген бір жағдайға кезігу. – *Е, бұл Сарыға бір к е д е р г і ц р ы л д ы, әйтпесе келетін кезі болды гой* (Жамб., Мойын.).

КЕДЕРГІШІЛІК (Қ.орда, Арал) бөгет, тосқауыл, кедергі. *Колхоз жұмысына ешкімнің к е д е р г і ш і л і к келтіруге қақысы жоқ* (Қ.орда, Арал).

КЕДІ (Түрікм., Таш.) асқабақ. *К е д і н і ң неше түрі болады* (Түрікм., Таш.). Қ. аскелді.

КЕДІР АРБА (Шығ. Қаз., Зайс.) төрт дөңгелекті, қанатты үлкен арба. *Онда біз к е д і р а р б а м е н қырманга бау тасимыз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КЕЖДЕНУ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ойыл; Орал: Чап., Жымп.; Қарақ.) қырсығу, қиқарлану, қайсарлану, зілдену. *Неменеге к е ж д е н і п тұрсың, кел мына қойды қырқысып жібер* (Ақт., Ойыл). *Бірақ олар да қасарысып, к е ж д е н е ерегіскендей ақшаны әдепкісінен де қосып көбейтіп шығарады* (Ә. Нүрп., Курл., 82).

КЕЖДІК (Қ.орда, Арал) қыңырлық, қиқарлық. *Інісіне назар салмай к е ж д і к п е н қыңыртықтай* (қ.) *басып есікке беттеп бара жатқан* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 114).

КЕЖЕГЕЛЕУ (Жамб., Жуа.; Шымк., Түлк.) шегіншектеу, тайсақтау. *Тор ат өрге жете бергенде к е ж е г е л е п тұрып алды* (Жамб., Жуа.). *Үйден ұзағанша қара есек қаздаңдап жақсы-ақ жүріп еді, қыратқа көтерілгенде к е ж е г е л е й бастады* (Т. Иман., Үш ай., 48).

КЕЖЕК (Қост., Қарас.) айдар, кекіл.

КЕЖЕКДАР (Орал, Қара.) үйрек тұқымдас құс. *Әйтеуір к е ж е к д а р атып алған еңбекке тұрады* (Орал, Қара.).

КЕЖЕК-КЕЖЕК (Қ.орда, Арал) бүйрабүйра. *Бұлардың қозылары к е ж е к-к е ж е к екен* (Қ.орда, Арал).

КЕЖЕНЕЙ (Гур., Маңғ.) революциядан бұрын түтін басынан алынған салық. *Патша тұсында к е ж е н е й г е ботамызды да сатқан едік* (Гур., Маңғ.). *Жабай жүрген елің деп, Бас бұрмай маған көнің деп, Түсіндір барып халқыңды, К е ж е н е й салғырт берің деп* (Гур., Маңғ.).

КЕЖЕНУ (Орал, Орда; Түрікм., Таш.) кезену. *Ол айгабақты* (қ.) *атуга к е ж е н г е н д е мен қолын қағып жібердім* (Орал, Орда). *Адайлар мен табын жағы ылги кезену деп сөйлесе, әлімдер к е ж е н у деп өздеріншe айтады* (Түрікм., Таш.).

КЕЖЕСІНДЕ (Ақм., Атб.) уақытында, дәл кезінде.

КЕЖЕУІЛ (Жезқ., Ж.арқа; Сем., Ақс.) торуыл, күзет, шолғын. *Сол түні мен жылқының к е ж е у і л і н д е жүр едім* (Сем., Ақс.). *Үйқыны ұмытып, к е ж е у і л д е жүрген Ермек өте сақтықта болатын* (Ж. Орманб., Жылқ., 81).

КЕЖІМ (Шымк., Мақт.; Көкш., Қ.ту; Қ.орда, Арал) ат жабуы. *Атқа к е ж і м жабу керек* (Шымк., Мақт.). *Мұндайда атқа к е ж і м жауып әкеледі деп жататын бұрын* (Көкш., Қ.ту). *Салтанат, сәндік үшін әшекейленіп, өрнектеліп, тағымдар тағылып жасалатын таңдаулы ат пен түйелерге жабылатын к е ж і м жабу* (Қ.орда, Арал).

КЕЖІР (Алм., Жам.) ешнәрсеге мойыны жар бермейтін жалқау, тоңмойын. *Енді мұны к е ж і р демей не дейміз?* (Алм., Жам.).

КЕЖІР ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) жүрмейтін, мінезсіз, қырсық, азғын түйе буданы. *Менің көршімнің ертеде бір к е ж і р т ү й е сі болды* (Қ.орда, Арал).

КЕЗ 1. (Түрікм.: Ашх., Таш.) айыр түйе өркешінің қосылған жері. *Айыр түйенің к е з і н е 4-5 бала сия беретін* (Түрікм., Ашх.). **2.** (Гур., Маңғ.) екі таудың түйіскен жері. *Қозылар к е з д е н асып кетті* (Гур., Маңғ.).

КЕЗ АУТ (Қарақ.) бұлақ.

КЕЗБАС ТҮЙЕ (Қ.орда, Жал.) жайылымға бармай, басы ауған жағына жүре беретін түйе.

КЕЗГІДЕ (Гур., Манғ.) осы кезде, осы сөтте. *Осы к е з г і д е бір нәрсе гурс ете түсті* (Гур., Манғ.).

КЕЗДЕСУ (Қост., Жанг.) үрсысу, керісу, айтысып қалу. *Мен о жігітпен бір жұмыс туралы к е з д е с і п кеп қалдым* (Қост., Жанг.).

КЕЗДІГУ (Сем.: Абай, Шұб.) кезігу, үшырасу.

КЕЗДІКІ (Қост., Аман.; Ақм., Атб.) осы аранікі, осы жердікі. *Мен осы к е з д і к і м і н* (Қост., Аман.).

КЕЗЕК[1] (Қост., Аман.) кез. *Марттың бас к е з е г і н д е ауырып едім* (Қост., Аман.).

КЕЗЕК[2] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) рет, дүркін. *Маған ол бір к е з е к келіп кетіпті* (Түрікм., Ашх.). *Казақ халқының ескі дәбі* (к.) *бойынша жылына бір к е з е к құрбан айт болып тұратын* («Жұм-шы», 2.04.1941).

КЕЗЕКЕЙ (Сем.: Акс., Көкп.; Шығ. Қаз., Зайс.) көзекей, сырт киім астынан киетін шолақ жеңді кеудеше. *Мына к е з е к е й саған шақ екен* (Сем., Акс.). *Бұрын к е з е к е й д і көбірек киетін еді, кәзір сирек кездеседі* (Шығ. Қаз., Зайс.). К. **кәжекей.**

КЕЗЕКПЕЛЕУ (Орал, Орда) алма кезектеу. *Училище директоры оқушылармен к е з е к п е л е п сөйлесті* (Орал, Орда).

КЕЗЕКТЕ (Қост., Об.) кезде, уақытында. *Әкем мені елуге келген к е з е к т е көрді* (Қост., Об.).

КЕЗЕЛЕС (Қост., Об.) шығын, шығасы. *Ол адам ежелден осылай к е з е л е с к е ұшыраған адам ғой* (Қост., Об.).

КЕЗЕНДІ (Қар., Шет) жүргінші, кезбе. *Соңғы кезде бұл далада к е з е н д і л е р көбейіп кетті* (Қар., Шет). *«Жануарлардың ер-тоқымын алайыншы, жерге аунап-қунасын», – деп, бір тұрды да, и қой, кешегідей к е з е н д і л е р кез болып қалса жарамас» деп ойлады Мұсақан* (Ә. Көш., Лашын.).

КЕЗЕҢ (Алм., Жам.) қаға беріс, таса. *Көмекке барған ел к е з е ң д е қалған батырды таба алмай кейін қайтып кетіпті* (Алм., Жам.).

КЕЗЕП (Алм.: Шел., Еңб. каз., Талғ.; Шығ. Каз.: Катон., Зыр.; МХР) көзәп, ұры, алаяқ, қу. *Май басқан қоңыр шапанының амырауын айқара ашып тастап, қоңырқай кеудесінен сорғалаған тердің айғыз-айғыз ізі өшпеген к е з е п бала еліріп отыр* (Д. Нац., Шығ., 181). *Әкеңді қойшы, әкең бір к е з е п еді, әйтеуір, совет өкіметінің арқасында күп шалған таудың басын жайлап жүр де...* («Жұлдыз», №11, 1987).

КЕЗЕРМЕ (Қост., Аман.; Жамб., Шу) екі арықтың, иә екі үйдің арасындағы бос жер. *Оразымбеттің үйі к е з е р м е д е, екі арықтың ортасында отыр* (Қост., Аман.).

КЕЗЕСІНДЕ//КЕЗЕ (Қост., Жанг.) кезінде, уақытында. *Астық жинау науқаны к е з е с і н д е жұмысты екпінді түрде істеу керек* (Қост., Жанг.).

КЕЗЕУРІНДІ (Қ.орда, Арал) тегеурінді, қуатты.

КЕЗ-КЕЗДЕ (Алм., Жам.; Жамб., Мер.) кейкезде, кей уақытта. *К е з-к е з д е шөріге де бара алмай қаламыз* (Алм., Жам.). *Тетелес, теңлес өскен Жанқабылын к е з-к е з д е аусап-аусап сағынады* (Жамб., Мер.).

КЕЗ КЕЛУ (Түрікм., Таш.) жалыну, жалбарыну. *Менің де қолыма түсер бір зат, сонда бере гөр деп к е з к е л е т і н* боларсың (Түрікм., Таш.).

КЕЗ ҚОСПАҚ (Қ.орда, Арал) екі өркешінің арасында болар-болмас айырылысқан жігі бар нар мен айыр түйеден туған будан. *Шын семіргенде к е з қ о с п а қ т ы ң екі өркешінің арасын тез айыра алмайсың* (Қ.орда, Арал).

КЕЗМАЛ (Жамб.: Мер., Шу, Корд.) мата, кездеме.

КЕЗ НАР (Орал: Орда, Жән.) қоспақ інген мен таза нәсілді үлектің буданынан туған нар. *К е з н а р түйелер ірә жүндес болады* (Орал, Орда).

КЕЗ ӨРКЕШ (Түрікм.: Красн., Таш.) өркешінің алдыңғы жағында шамалы кертпеші болатын, бура мен аруанадан туған нардың жаксы түрі. *Шіркін, к е з ө р к е ш еді сенің сол түйең* (Түрікм., Таш.).

КЕЗІК[1] (Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Қ.орда, Арал; Гур., Манғ.) сүзек ауруы. *К е з і к п е н ауырғанда он-он бес күндей есін білмей ауырады* (Жамб., Шу). *Бұрын осы елде к е з і к ауруы көп болушы еді* (Қ.орда, Арал). *Бұрын к е з і к ауруы көп болатын, қазір к е з і к п е н ешкім ауырмайды* (Гур., Манғ.). *Бұл – к е з і к, шешек тәрізді түрлі ауруларға қарсы егу* («Екп. балықшы», 25.10.1933).

КЕЗІК[2] (МХР) әбден тозған пышақтың калдығы. *Мал жайғанда ең болмаса джанында бір к е з і к болу керек* (МХР).

КЕЗІМӘЛ (Сем.: Акс., Көкп.) мата, кездеме. *Бір азғана к е з і м ә л алып едім* (Сем., Көкп.). К. **кезмал.**

КЕЗІН (Қост., Жанг.) масыл, жалқау. *Әңгіме білсек айтамыз ғой, к е з і м емеспіз* (Қост., Жанг.).

КЕЙҚУ (Гур., Манғ.) айла-шарғы, амал. *Әкесі баласына к е й қ у үйретеді* (Гур., Манғ.).

КЕЙҚУАТ (Шымк., Соз.) танқы, кертпеш. *Сәлден соң бір к е й қ у а т бала кіріп келді де,*

әлек салды (Шымк., Соз.). *Быржық сары не кейқуат мұрын бір пәле боп өссе, Тілештің ерке баласының бағы жана қояр ма екен?* (Т. Әлімқ., Күрең.).

КЕЙҚҰДА (Қ.орда, Арал) көрген-білгені кеп, сұңғыла кісі.

КЕЙПЕ (Түрікм.: Таш., Мары) сырты сыланған қамыс күрке, лашық.

[Өзбекше *кепе* (Узб.-рус. сл., 1959); үйғ. *кәпә* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

КЕЙСІ (Кокш.: Еңб., Щуч.) кей, кейбір. *Кейсі уақытта жаңбырлы күндер болады* (Кокш., Еңб.).

КЕЙСІБІР (МХР) кейбір, қайсыбір. *Кейсібір үйлер электрді үрлап та пайдаланып отырған жайлар жоқ емес* (А. А., Сүй. мен., 132).

КЕЙІ (МХР) кейіреуі, қайсыбіреуі. *Тіпті кейі жетіжылдық мектепті жаңа ғана бітіріп келген Өміртай мұғаліммен тетелес-ті* (Ш. Қат., Аз. коз., 41). *Кейі өтірік, кейі шын әйтеу күліп жатырмын* (Ш. Қат., Аз. көз., 155).

КЕКЕСІМДІ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) кекті, өшіккен.

КЕКЕСІНДІ (Сем., Абай) кекті, өшіккен, жауыққан. *Болыс пен қара халық ол кезде бірбіріне кекесіндіеді* (Сем., Абай).

КЕКЖАН (Қ.орда, Арал) шабақ тәрізді кішкене балық. *Кекжанның өндірістік маңызы кем* (Қ.орда, Арал).

КЕКПІР[1] (Орал: Чап., Жымп.) қандала. Қ. кебек, қызыл, сасық.

КЕКПІР[2] (Қ.орда: Сыр., Жал.; Шымк., Түлк.) темірден жайпақтап жасаған тесік ожау, кепсер, сүзгі. *Кекпір, көбінесе, палау пісіргенде қолданылады* (Шымк., Түлк.). *Бауырсақты кекпірмен сүзіп аламыз* (Қ.орда, Сыр.). Қ. какбір, шолпы, кәкбір.

КЕКСЕ ТҰЙЕ (Қ.орда, Жал.) көп жасаған, талай жыл пайдаланылған түйелердің ортақ атауы.

КЕКІЛ[1] (Гур., Маңғ.; Рес., Орын.) есіктің, сандықтың құлып салатын имек темірі. *Кекілді алқа* (қ.) *салу үшін орнатады* (Гур., Маңғ.). *Құлып кекілдеілулі тұр* (Рес., Орын.).

КЕКІЛ[2] (Қ.орда, Арал) тауықтың айдары. *Тауықтың қызыл айдарын кекіл дейді* (Қ.орда, Арал).

КЕКІЛ[3] (Қ.орда, Жал.) айыр түйелердің тәбесінен маңдайына түсіп тұратын, екі құлағының арасындағы шуда жүн.

КЕКІЛ БАСАР (Көкш., Қ.ту; Озб.) аттың кекілін басып тұратын жүгеннің маңдай жағынан өткізілетін қайыс.

КЕКІЛ БАСТЫРҒЫШ (Озб.) жүгеннің кекіл түсына киетін бөлігі.

КЕКІЛДІК (Ақт., Жүр.) жүгеннің кекіл бастырғышы, кекілдірік (қ.).

КЕКІЛДІРІК (Алм., Жам.; МХР) жүгеннің кекілді басып тұратын бөлігі. *Кекілдірік жүгеннің екі жағындағы жақтауды кекіл тұсынан жалғастырып тұрады* (МХР).

КЕКІЛ ҚАС (Өзб.) ақ және қара маталардың майда қиындыларынан кекілдірік қасына үқсас тігілген құрақ.

КЕКІЛ ТЕМІР (Рес., Орын.) құлып салатын темір шығыршық. *Құлып кекіл темірде ілулі тұр* (Рес., Орын.).

КЕКІЛЧІЛІК (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) кекіл бастырғыш, кекілдірік.

КЕКІЛІК БАУ (Шымк., Түркіс.) жүгеннің кекіл жағындағы бөлігі. *Жүйрік атқа көз тимеу үшін кекілік бауға шүберек байлайды* (Шымк., Түркіс.).

КЕКІР (Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Қ.орда, Арал) менмен, еркөкірек, тәкаппар. *Сыздап отырған кекір бастықтың... қарын үстінен түспейтін қолы қозғалып, аузы қимылдап, оның да сөйлегеніне таң қалды* (Ә. Нүрп., Сең, 237).

КЕКІРДЕЙ (Шығ. Қаз., Зайс.; Алм., Жам.) үп-үлкен; дардай, сомадай. – *Е, астыңдағы кекірдей ат қой, баратын жерге жеткізбей не қыпты* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Кекірдей болып жас балалармен ойнап жүргенің ұят қой, әкем!* (Алм., Жам.).

КЕКІРЕ[1] (Сем., Абай) көлде болатын балық. *Олар кеше көп қылып кекіре ұстады* (Сем., Абай).

КЕКІРЕ[2] (Қ.орда, Арал) 1. түйе және үсақ мал жейтін бүршікті шөптің бір түрі. *Кекіренің егінге залалы бар* (Қ.орда, Арал). 2. егін арасына шығатын ащы шөп.

КЕКІРЕКТЕУ (Гур., Маңғ.) текіректеу, шоқалақтау. *Бір атты арпаға қарай кекіректеп барады* (Гур., Маңғ.).

КЕҚУАТТАУ (Қост., Об.) күнттау, үқыптау.

КЕЛ (Гур., Маңғ.) бойкүйез, жалқау. *Атың жүрмейтін кел ат болса, жолда қалмасқа не шараң бар* (Гур., Маңғ.).

КЕЛАУЫЗДЫҚ (Жамб., Қорд.) өтірік, жалғандық. *Біз қайтіп оқимыз, айтқаныміздың бәрі келауыздық* (Жамб., Қорд.).

КЕЛГІРУ (Алм., Шел.) кілку, кілк-кілк ету. *Сорпаның беті келгіре бастады, оны Үсен байқап отыр* (Алм., Шел.).

КЕЛДЕ[1] (Жамб., Сар.) бас. *Мен онда келдемді кесіп алсаң да бармаймын* (Жамб., Сар.).

КЕЛДЕ[2] (Қост., Жанг.) адам денесінің бастан басқа бөлігі.

КЕЛДЕК 1. (Орал: Орда, Жымп., Чап.; Ақт., Ырғ.; Қар., Қулы.) астықтың дәнді басы, масақ. *Сонда біз күн сайын к е л д е к теруге баратынбыз* (Орал, Жымп.). *Сексен гектар тарының к е л д е г і терусіз жатыр* («Ком. жолы», 4.04.1939). *Бұлардың қиып тастаған к е л д е г і н теруге 15 оқушы көмектесіп жүр* («К-з жолы», 21.07.1941). 2. (Түрікм., Таш.) кесілген ағаштың түбірі. *Бізде ат қазық жоқ, атыңды к е л д е к к е байлаң* (Түрікм., Таш.). 3. (Гур., Маңғ.) өсіп түрған дақылдардың дәнді басы. *Тарының к е л д е г і уыс толатын боп қапты* (Гур., Маңғ.).

КЕЛДЕКТЕУ 1. (Гур.: Есб., Маңғ.) масақтау, дәнді дақылдардың басын қырқу. *Қазір біз тарыны к е л д е к т е п жатырмыз* (Гур., Есб.). 2. (Талд., Қарат.) уыстау, уыстап үстау. *Ақшаны к е л д е к т е п жүріп, қадірін білмедім* (Талд., Қарат.).

КЕЛДІК (Гур., Маңғ.) жалқау, еріншек, бойкүйез. *Ыссыда шоп ору мен сияқты к е л д і к адамның қолынан келе беретін жұмыс па?!* (Гур., Маңғ.).

КЕЛДІ-КЕТТІ (Гур., Маңғ.) ботен, бәгде. *Ауылда к е л д і-к е т т і адамдар да болмайтын* (Гур., Маңғ.).

КЕЛЕ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш., Ашх., Мары) бураның үйірі. *Кейбір буралар өз к е л е с і н е н түйе бермейді* (Гур., Маңғ.). *30 түйеден бір к е л е етіп, әр к е л е г е озіне арнаулы түйеші салып, жақсы үлектерді қосты* («Жұм-шы», 5.02.1939).

КЕЛЕГЕ КЕЛУ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) шамаға келу, іске жарау. *Әбден жазылып, к е л е г е к е л г е с і н оны ұшырып жіберіпті* (Қ.орда, Арал).

КЕЛЕГЕ ТҮСУ (МХР) дауға түсу, даудың шешіміне араласу.

КЕЛЕЖАҚ (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.) **1.** келешек, болашақ. *К е л е ж а қ уақытта тағы да жалғасармыз* (Қ.орда, Арал). 2. келмек, келмекші. *Олар уәде бойынша, бүгін түсте к е л е ж а қ* (Қ.орда, Арал). *Омар осы ауылға жақында к е л е ж а қ* (Гур., Маңғ.).

КЕЛЕЛЕУ (Қ.орда, Жал.) урықтанатын үрғашы түйелерді бірыңғай шығарып, бура не үлектің күш қуатына қарай 20-30-дан топтопқа бөліп, күтімге алу.

КЕЛЕМАЖ (Тау., Қош.; МХР) келемеж, мазақ, келеке. *Осының к е л е м а ж ы н а н құтыла алмадым* (МХР). *Кәрі ағаңды к е л е м а ж д а л а!* (Тау., Қош.). (МХР) келемеж, мазақ. *Адамды адам к е л е м а ж д а у әлпетінен аластасла екен* (МХР). *Бірақ, оларды қожайындары: «Құл мен күң бақытты білмейді, кедейде махаббат болмайды» деп к е л е м а ж етіп, кекеп-мінеп жолықтырмайтын* (Д. Нац., Шығ., 160). Қ. келемеш.

КЕЛЕМЕШ (Гур., Бақс.; Түрікм., Красн.; Рес., Орын.) келемеж, келеке, мазақ. *Мені к е л е м е ш еткің келе ме, шырағым* (Гур., Маңғ.). *Социалды жарысқа түскен жолдастарым мені к е л е м е ш жасады, балық аулай алмайсың, жарыстан қаласың деді* (Гур., Бақс.). *Оның қылығы – ылги біреуді к е л е м е ш етіп жүреді* (Түрікм., Красн.).

КЕЛЕҢ (Шығ. Қаз.: Зайс, Тарб.; Тау., Қош.; МХР) сопы, такуа. *Біздің колхозда кейбір к е л е ң д е р бар, солармен әңгімелесіңдер* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Енді шіркеуде бір жарым кәрі к е л е ң д е р мен лауазымды бірнеше ламалар ғана қалатын болды* (Д. Нав., Тау күп., 109).

[Бұл соз қалмақ тілінде *гелы* (монах) түрінде айтылады (Рус.-калм. сл., 1947)].

КЕЛЕП (Түрікм.: Красн., Ашх., Мары, Таш.) иірілген жіп шумагы, түйдек. *Коп дейсіңау, осы к е л е п т а р кілемнің арқауына да жетпейді* (Түрікм., Красн.).

КЕЛЕПАН (Гур., Мацг.) козыны айыра білу үшін аркасында қырықнай қалдыратын шоқ жүн. *Қозыны қырыққанда құйрығының үстіне к е л е п а н қоюды ұмытып кетпе* (Гур., Маңғ.).

КЕЛЕП ЖІП (Түрікм., Таш.) ұзындығын бір-бір метрдей стіп ораған иірілген жіп.

[Түрікменше *келеп* (Туркм.-рус. сл.)].

КЕЛЕПТЕУ (Қ.орда, Арал) түйдектеу, шумактау. *Бір күні ана оз ойынан Шешкендей бір түйінді. Үйіндегі бір түбіттен, К е л е п т е п жіп иірді* (Қ.орда, Арал).

КЕЛЕР БЕЛБЕУ (Ауғ.; Ир.) ерлердің белдігі.

КЕЛЕСАУ (Алм.: Жам., Шел., Еңб. қаз.) есалаң, есерсоқ, нақұрыс, әңгүдік. *Соның өзі к е л е с а у, ешнәрсені ұқпайды* (Алм., Жам.). *Оның к е л е с а у л а у создері Әлжанның күйбең тірліктің уайымымен тозған кәрі жүрегіне тікендей қадалды* («Жүлдыз», №10, 1988). Бұл оңірдің түрғындары тіліне қырғыз тілінен ауысқан соз, *«келесоо»* (Кирг.-рус. сл., 1965).

КЕЛЕСЕК (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) келесі, ендігі; келешек. *К е л е с е к жазда сен біздің үйге келіп кет* (Қост., Жанг.). *Биенің ішіндегі құлын к е л е с е к жылы туганда жерге топ түсіпті, соны суын деп атайды* (Гур., Маңғ.).

КЕЛЕУ ЖІП (Гур., Маңғ.) алаша, кілем тоқитын жіп.

КЕЛЕУІ КЕТУ (Алм.: Шел., Еңб. қаз.) кенеуі кету, тозығы жету. *Бұл бір к е л е у і*

к е т к е н іс болғандықтан, қайта барып сөз қылудың жөні болмады (Алм., Шел.). *Ал бұлардың алдына шалған шалғышын көрсеңіз тозығы жетіп, к е л е у і к е т к е н, кірлеген шаршы шүберек* («Үлг. колх.», 5.06. 1937).

КЕЛЕШ (Жамб., Жуа.) калош, галош.

КЕЛКІ (Гур., Маңғ.) шабақ балық.

КЕЛСОҚ (Қост., Об.) түйілген тары. *К е л с о қ қылсаң тарыны, бойы жетед жалыға* (Қост., Об.).

КЕЛТЕ[1] (Алм., Жам.) сүзек, іш сүзек. *Біз келсек Әліш к е л т е м е н ауырып жатыр екен* (Алм., Жам.).

КЕЛТЕ[2] (Түрікм., Таш.) аласа бойлы, тапал, қортық. *Сіз әлгі к е л т е мұғалімді білмейсіз бе?* (Түрікм., Таш.).

КЕЛТЕК[1] (Орал, Чап.; Қарақ.) дәнді дақылдардың масағы. *Қоңыраттан к е л т е к теруге адамдар келді* (Қарақ.).

КЕЛТЕК[2] (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Өзб., Там.) қысқа таяқ, сойыл. *Бұрынғы батырлардың қолында найза мен к е л т е к қана болушы еді* (Қ.орда, Сыр.). *Тіпті тұсі суық тентек еді, Қаруы найза менен к е л т е к еді* (Т. Ізт., Рус. дас., 15).

КЕЛТЕК[3] (Акт., Ырғ.) қысқа, келте. – *Мынауың бір к е л т е к жіп қой, неге жетеді дейсің* (Ақт., Ырғ.).

КЕЛТІРУ 1. (Алм., Қаск.) алып келу, алып беру. *Апам маған шәугімді к е л т і р бері деді* (Алм., Қаск.). 2. (МХР) жіберу, жолдау. *Шаруашылық бастығы Қ. Қуаныш пен топ бастығы А. Жанымхандар редакцияға хат к е л т і р д і* («Ж. өмір», 28.03.1983).

КЕЛІМДӘРІ (Алм.: Жам., Кег.; Жамб.: Қорд., Шу; Шымк.: Сайр., Қызылқ.; Түрікм., Мары) қызыл бұрыш. *Бұрын біз к е л і м д ә р і н і ұйғырлардан алатын едік* (Алм., Жам.). *Кеспеге к е л і м д ә р і сап ішкен де жақсы болады* (Алм., Кег.). *К е л і м д ә р і н і дұңгендер көп егеді* (Жамб., Шу). *Өзбек халқының «пұлы күйген к е л і м д ә р і шайнайды» деген мақалын ескертkісі келіп тұрды да, айтпады* (Р. Райым., Бұрылыс).

КЕЛІН БАРМАҚ (Түрікм., Таш.) түрі сопақша келген жүзім.

КЕЛІН БЕРЕКЕЛІ БОЛСЫН! (МХР) келін құтты болсын, жақсылық әкелсін! *Дастарқандар жайылып, аңсарбасы сойылып, аспа-төк болып жатыр. – К е л і н б е р е к е л і б о л с ы н! – дегендердің бәріне екі қария қосарлана: – Айтқандарың келсін, Айтқандарың келсін! – деседі ақ ниеттермен ақтарылып* (М. Құл., Таңд. шығ., 72).

КЕЛІНШЕКБАС (Орал, Жән.) мал сүйсініп жей қоймайтын, биіктігі 20-25 см-дей шөп. *К е л і н ш е к б а с т ы қыстаудың төбесіне гана салу үшін шабады* (Орал, Жән.).

КЕЛІНШЕКТАЛ (Шымк., Мақт.) жіңішке бұтақшалары салбырап тұратын тал түрі, мәжнүн тал. *Біз осы к е л і н ш е к т а л д ы анау жақтан әкеп еккен едік* (Шымк., Мақт.).

КЕЛІНШ ҚОЮ (МХР) келу, әкеліну. *Сіздердің әдемі чапандарыңыз бізге к е л і н і п қ о й д ы* (МХР).

КЕЛІС (Ақт., Ойыл) жөн, қисын, рет. *Машинаны ағашқа жібергелі отырмын дегенінің к е л і с і бар* (Ақт., Ойыл). *Товар аборотының айлық және кварталдық планының асыра орындалмай қалуының к е л і с і жоқ* («Соц. ауыл», 20.05.1940).

КЕЛІСЕ АЛМАУ (Гур., Маңғ.) жөнделмеу, оңалмау. *Кешеден бері күн желдетіп, к е л і с е а л м а й тұр* (Гур., Маңғ.).

КЕЛ(І) СОҚ (Қост.: Жанг., Торғ., Об.) майға жаншып түйген тары. *Тарының алды піскен кезде к е л (і) с о қ қып жесең, осы әйдік болады* (Қост., Жанг.). *К е л (і) с о қ қылсаң тарының, Бойы жетед жалыға* (Қост., Об.).

КЕЛІСУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) айналу, болып шығу. *Айлық табысымыз 130 сомнан к е л і с т і* (Шығ. Қаз., Больш.). *Әр колхоздың айлық табысы орта есеппен мың сомнан к е л і с т і* (Тау., Қош.).

КЕЛІСІ (Гур., Маңғ.) реті. *Олай болуға к е л і с і де бар еді* («Малды өңір», 11.12.1965, №149).

КЕМ (Жамб., Шу) аз, шағын. *Құсшы деген қырғыздың к е м атасы* (Жамб., Шу).

КЕМАЛ (Жамб., Луг.; Қарақ.) жоқтық, кедейлік. *Қазы айтты пейіштегі менің орным, Болыпты-ау бұл уақытта сенің орның. Азамат бұл ісіңнен к е м а л тауып, Алыпсың сен біреудің тегін орнын* (Жамб., Луг.).

КЕМБАҒА[1] (МХР) 1. аз, жеткіліксіз. *Мұнда сауықтыруға келмейтін індет шықпаған; дәрі-дәрмек к е м б а ғ а болмаған* («Ж. өмір», 15.05.1986). 2. олқы, кеміс, жетімсіз. *Халық хуралдарының сайлауы барысында аймағымызда біршама к е м б а ғ а жұмыстар болды* («Ж. өмір», 15.05.1986).

КЕМБАҒА[2] (МХР) мүгедек, кем. *К е м б а ғ а боп кеткен адам гой* (МХР).

КЕМБАҒАЛЫҚ (МХР) олқылық, кемістік, жетімсіздік. *Жоспарлы көрсеткіштері негізінен орындалғанымен жекелеген көрсеткіштерде к е м б а ғ а л ы қ байқалғандығын сол саланың мекемелері әкімшілігіне ескертеміз* («Ж. өмір», 13.06.1987).

КЕМБАҒА ТҮСІНУ (МХР) толық түсінбеу. *Бұл кембаға түсінгендікқой* (МХР).

КЕМБАҒАЛ//КЕМБАҒЫЛ (Алм.: Жам., Кег., Еңб. қаз., Шел.; Жамб.: Мер., Қорд., Шу; Қ.орда: Сыр., Жал.) **1.** мүгедек, жарымжан, кемтар. *Бір баламның аяғы содан кембагал болып қалды* (Қ.орда, Сыр.). *Керекті тас ауыр болмас, кембагал жан тәуір болмас* (Мақал; Жамб., Мер.). **2.** кедей, жарлы. *Бұрынғы уақытта бір кембагал адам болыпты* (Алм., Шел.). – *Ой, қарағым-ай, соны сөз ғып қайтесің, ол бір жүрген кембагал адам ғой* (Алм., Кег.). *Бұл бір қатыны өлген кембагал қайын агамыз еді* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел.).

КЕМДЕ-КЕС (Жамб., Шу) кемде-кем, өте аз. *Онда мал жемейтін шөп кемде-кес* (Жамб., Шу).

КЕМ ДИДАР БОЛУ (МХР) аз көзге көрінү, анда-санда көрү.

КЕМЕ[1] (Жамб., Шу) жер ошақ. *Қазанды кемеге қоя қойшы, әкем, қыза берсін?!* (Жамб., Шу).

КЕМЕ[2] (Гур., Маңғ.) үлкен қайық. *Бізде қайықтың осындай көлемдісін де кейде кеме дейді* (Гур., Маңғ.).

КЕМЕЛ (Жамб., Луг.) жақсылық, рақымдылық. *Қазының жөнін біліп айтқандығын, Білмейді неден кемел тапқандығын* (Жамб., Луг.).

КЕМЕЛЕК (Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.; МХР) ешкі ауруының аты. *Кемелек келгірді қайыр бері, – деп шал айқайлап жіберді* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Кемелек келсе ешкі қалмас* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Қойдың күл, ешкінің кемелегі қатарлы жұқпалы аурулар ..негізінде жойылды* (Ә. Міниc, А. Сарай, 94).

КЕМ ЕМЕС (МХР) аз емес, төмен емес. *Бұл алаңнан жылына 5 тоннадан кем емес шөп алатын есебі бар* («Ж. өмір», 21.03.1983).

КЕМЕР[1] (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) күміс белбеу. *Белінде кіселі кемері бар бір қары келіп кетті* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *кемер* белбеу (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *камар* белбеу (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *кәмәр* белбеу (Карак.-рус. сл., 1958)].

КЕМЕР[2] (Қост., Тоб.) жарқабақ. *Тобылдың кемері әйдік* (Қост., Тоб.).

КЕМЕР БЕЛБЕУ (Ауғ.; Ир.) ерлердің белдігі.

КЕМЕРЛЕУ (Гур., Маңғ.) толып түру. *Дүкеннің ішінде адам деген кемерлеп тұр* (Гур., Маңғ.).

КЕМ ЖАҚСЫ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) жап-жақсы, әп-әдемі, тәп-тәуір. *Ол рулар тарихын кем жақсы біледі* (Тау., Қош.).

КЕМ ЖОҚ 1. (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР) амандасқанда «жаман емес, жақсы, тәуір» дегенді білдіретін жауап ретінде айтылатын *соз. – Е, ақсақал, мал-жан, балашага аман ба? – Кем жоқ!* (Шығ. Қаз., Больш.). *Қалыңыз жақсы ма? Кем жоқ* (МХР). **2.** (МХР) уақасы жоқ, айып емес. *Сіз маған кітап бермеді деп ренжіп қалдыңыз ба? Кем жоқ.* **3.** (МХР) ештеңе етпейді. *Сіздің басыңыз ауырып тұр, бара аласыз ба, үйіңізге? Кем жоқ, барамын* (МХР).

КЕМЗОЛ (Алм., Жам.; Қ.орда: Сыр., Жал.) кеудеге киетін жеңсіз кеудеше. – *Балам-әй! Төр тамдагы кемзолымды әкелші?* (Алм., Жам.). Қ. кемсал.

КЕМ-КЕМНЕН (Гур., Маңғ.; Түрікм., Таш.) аз-аздан, аз-аздап, жайлап. *Лекция тыңдауга адамдар кем-кемнен келіп жатыр* (Гур., Маңғ.). *Кем-кемнен тасысаң оның да ауырлығы жоқ* (Түрікм., Таш.). *Жауды қашан қиратам дегенше, қолга теңдік тиіп тұрганда кем-кемнен кек ала берген жақсы* (С. Омар., Қызыл.). Қарақалпақша да *кем-кемнен* (Н. Бас., Карак. яз., 222).

КЕМКИЮ (Шығ. Қаз., Күрш.) кекию, кекжию. *Ей, сен кемкиіп не ғып отырсың* (Шығ. Қаз., Күрш.).

КЕМҚАП (Қ.орда, Қарм.) окалы қалың жібек мата, қымқап. *Дүкенде кемқап, ақсұрып, т. б. матаның неше түрі бар* (Қ.орда, Қарм.). *Тосетті кошелерге кемқап, атлас, Бірыңғай біреу емес, өзге түсті* (Т. Ізт., Рус. дас., 393).

КЕММЕШ (Гур., Есб.) сайқымазақ, келемеж. *Оз кеммешің озіңе, сонша немене қылжалақтап* (Гур., Есб.).

КЕМПЕС (Орал: Казт., Чап., Жымп.; Гур.: Есб., Маңғ.) кемпір. *Ол үйде бір кемпес бар еді-ау, шамасы* (Гур., Есб.). – *Кемпес, ә, кемпес! – деп Загипа жеңгейге қарады* (F. Сл., Домб., 138). – *Әлгі үлкен кісіні, кемпесті шақырыңдар... Қуаныш иесі – өзі отырсын* (Ж. Нәжім., Кішк., 157).

КЕМПІР (Қ.орда, Арал; Қарақ.) сиыр малында болатын жұқпалы ауру. *Кемпірмен ауырган малдың іші отіп, ішегі түйіліп, бойын жаздырмайды* (Қ.орда, Арал).

КЕМПІРАҚСАҚ (Орал, Қара.; Гур., Маңғ.) буынға тусетін сырқырамалы ауру, сарып. *Қой малын сызга қамауга болмайды, кемпір ақсақ болып қалады* (Орал, Қара.). *Жас төл кемпірақсақпен көп ауырады* (Гур., Маңғ.).

КЕМПІРАУЫЗ (Алм.: Кег., Еңб. қаз., Жам.; Шымк.: Түлк., Сайр., Қызылқ.; Жамб.:

Тал., Шу, Мер., Қорд.; Сем.: Абай, Акс.; Қ.орда: Шиелі, Сыр.) шеге суыратын аспап, тістеуік. *К е м п і р а у ы з б е н тартқанда тегі қандай нәрсені болсын жұлып аласың* (Алм., Жам.). *Ол к е м п і р а у ы з д ы алып, есіктің ілгегін суырды* (Шымк., Сайр.). *Шеге, тағы басқа нәрселерді к е м п і р а у ы з б е н суырады* (Сем., Абай). *Қолында балғасы мен к е м п і р а у ы з ы бар, жәшіктердің қасында Баянды ұстап аз бөгелді* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 217).

КЕМПІР-ҒАРЫ (Қарақ.) кемпір-сампыр, кемпір-семпір. *Дағараны жей алмай, к е м п і р ғ а р ы ауара* (Қарақ.).

КЕМПІРКЕ (Алм., Жам.) аққуман қою үшін самаурынның оттығына кигізетін бөлігі. *Самовардың қақпағының үстіндегі к е м п і р к е с і жоғалып қалды* (Алм., Жам.). Қ. кампорка.

КЕМПІР КЕЛСІН (Қ.орда, Арал) сиыр малына айтылатын қаргыс, мәлік келсін! *Сиырға енді к е м п і р к е л м е с, келтіре қоймаспыз* (Қ.орда, Арал).

КЕМПІР-КЕШЕК (Шығ. Қаз., Больш.) кемпір-сампыр.

КЕМПІР ҚАУЫН (Шымк., Лен.; Алм., Жам.) қабығы қатты, дәмді, сақтауға төзімді келетін торлама қауын. *К е м п і р қ а у ы н августа піседі, одан қақ жасауға да болады* (Шымк., Лен.).

КЕМПІР ҚОЙЫН ҚОСАҚТАП ТҰР (Жамб., Қорд.) кемпірқосақ болып тұр.

КЕМПІР ӨЛДІ (Жамб.: Тал., Сар.) қыз ұзатқанда қалындық жанындағы әйелдердің күйеуден үйге кірер жерде алатын кәдесі. *Күйеуден к е м п і р ө л д і с і н алуға дайын тұрған әйелдер есікке қарай қозғалды* (Жамб., Тал.).

КЕМШІР-ШАМПЫР (Гур., Маңғ.) кемпір-сампыр, кемпір-мемпір.

КЕМШІРШАШ (Жамб.: Мер., Шу) тарамтарам болып шөлді жерге шығатын, биіктігі 20-30 см-дей қой жейтін шөп.

КЕМПІР ШУАҚ (Гур., Маңғ.) жазғытұрғы кеш, күз кезіндегі күн сәулесі.

КЕМСАЛ (Шымк., Арыс) қамзол. *Қазір к е м с а л кию қалып барады гой* (Шымк., Арыс).

КЕМСАЛИҚА (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) селқос, құлықсыз, енжар. *Рақым жұмысқа к е м с а л и қ а барған жұмысын тындырымды гып істемейді* (Қост., Жанг.). *Істеген жұмысына к е м с а л и қ а қарау жөн емес* (Гур., Маңғ.).

КЕМСАЛҚАУ (Өзб., Там.) енжар, селсоқ. *Сол күні ол кісі к е м с а л қ а у отырғандай көрінді маған* (Өзб., Там.).

КЕМТАМА (МХР) азаю, кему, жетіспеу.

КЕМЧІЛ 1. (Алм.: Жам., Еңб. қаз.; Талд., Гв.) тапшы, жетімсіз; зәру. *Біз балаға әуелден к е м ч і л м і з, әкем, тек осы ғана* (Алм., Жам.). *Астық планын орындай алмай к е м ч і л болып тұр* (Талд., Гв.). *Ол уақытта дүниенің бәрі к е м ч і л болған* (Алм., Еңб. қаз.). **2.** (Алм., Кег.; Талд., Гв.; Сем.: Кокп., Акс.) жетіспеушілік, кемістік, ақау. *Әңгіменің к е м ч і л жерін өзім айтайын* (Алм., Кег.). *Хасен армиядан кейін аягы к е м ч і л екен* (Талд., Гв.). *К е м ч і л і м і з болса айтыңыздар, шамамыз келгенде жоюға тырысамыз* (Сем., Көкп.).

КЕМШІН (Жезқ., Ағад.; Қар., Құлы.) кем, кемістік. *Малдардың көбі к е м ш і н екендігі, әсіресе, күш-көліктердің күйсіздігінен көрініп тұр* (Жезқ., Ағад.). *Үшінші бескүндікте алдыңғылармен теңелумен бірге екінші бескүндіктегі к е м ш і н д е р і ң д і толтырыңдар* (Қар., Құлы.).

КЕМІНЕН (Сем., Аяг.) аз дегенде, ең жоқ дегенде. *Осы жерден к е м і н е н жүз шамалы машина өтеді* (Сем., Аяг.).

КЕМШІТЕУ (Шымк., Сарыағ.) сөзді бөлу, кимелеу.

КЕН[1] (Алм., Жам.) аласа, жалпақ етіп, сәкі тәріздендіріп жасалатын үй іші ошағы. *К е н – пештің ыңғайсыз түрі, алайда, қыста өте жылы болады* (Алм., Жам.).

КЕН[2] (Шымк., Сайр.) темір пештің мұржасы. *Пештің к е н і ұзартылып, қайта салынды* (Шымк., Сайр.).

КЕНАЙЫ (Жамб., Жам.) жеңге. *Бізге к е н а й ы қашан келеді* (Жамб., Жам.).

КЕНДАЛА (Түрікм., Красн.) көзінің кеңдігі 8 см-дей аудың бір түрі.

КЕНДЕКТЕУ (Шымк., Лен.) уыстау.

КЕНДІРАҒАШ (Маң., Маңғ.) жөке.

КЕНЕ (Жамб., Жам.) мал қамау үшін қамыстан жасалған қора.

КЕНЕН (Жамб., Жуа.) бостандық, еркіндік; молшылық. *Біздің ел к е н е н гой* (Жамб., Жуа.).

КЕНЕП 1. (Түрікм.: Красн., Ашх.) қап. *Кеше осы үйден екі сан к е н е п көріп едім* (Түрікм., Ашх.). **2.** (Ауғ.; Ир.) сыйымдылығы қаптан кішілеу 50-60 килолық қап түрі.

КЕНЕУСІЗ (Гур., Маңғ.) тойымсыз, ашқарақ, обыр.

КЕНЕШ (Ауғ.; Ир.) тақия.

КЕНЖЕ (МХР; Ауғ.; Ир.) кенже туған қозы.

КЕНЖЕ ЖЕТІМ БОТА (Қ.орда, Жал.) мерзімінен кеш туған, әрі жетім қалған бота.

КЕНЖЕ ОРЫМ (Талд., Панф.) жоңышқаның соңғы рет қайта көктегенде шабылуы.

КЕНСЕК (Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал.) күріштi қызылдағанда қалатын қоқым-соқым. *Кырманда қалған к е н с е к т і тазалап, аздаған күріш тауып алатынбыз* (Қ.орда, Сыр.).

КЕНСІЛ Қ. гензел.

КЕНТАЙ (Шығ. Қаз., Ұлан) кішкентай асық, кеней. *Бала кезімізде к е н т а й г а таласып, талай төбелестік* (Шығ. Қаз., Ұлан).

КЕҢДІК (Өзб.) үйдің ішінен жасалған астық тұратын қойма.

КЕҢЕС БІРІКСІН! (Гур., Маңғ.) орта толсын!

КЕҢ ЕТІК (Түрікм., Таш.) қыста байпақпен киетін кең етік. *Байпақ келгенсін к е ң е т і к т і ң күні кешті* (Түрікм., Таш.).

КЕҢКЕЛЕС 1. (Жамб.: Қорд., Луг.; Алм.: Жам., Еңб. қаз.) нақұрыс, жарымес. *Атамбай жүрген бір к е ң к е л е с екен* (Жамб., Қорд.). *Ол баласын соғып-соғып тегі к е ң к е л е с етіп қойыпты* (Алм., Жам.). – *Әй, к е ң к е л е с, тыңдап отырсың ба?* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 173). Қ. әйлеңкес. **2.** (Өзб.) салдыр-күлдір, аусар. *Байқап қарасам, Құлдыбек к е ң к е л е с т е у көрінді* (Өзб.).

КЕҢКИЮ (Алм., Еңб. қаз.) кекию, кекжию.

КЕҢЛІК (Жамб., Қорд.) кеңдік. *Төрең үйде боса айтайын деп едім, к е ң л і к, тарлығын байқайын деп едім* (Жамб., Қорд.).

КЕҢСІЛ (Гур., Маңғ.) трюмдегі мәшті орнататын ағаш.

КЕҢТАШ (МХР) қысылып-қымтырылмай, емін-еркін, жайбаракат. *Біз мұнда қара тер боп, жағаласып жатсақ, кілтшілер үйінде к е ң т а ш, қарының сипап, қор-қор үйықтап жатады* (А. А., Сүй. мен., 120).

КЕҢІЛ (Алм., Жам.; Талд., Қарат.) көңіл, ой. *Оның өзі ақ к е ң і л бала* (Алм., Жам.). *Менің к е ң і л і м биыл оқуға тұсу* (Талд., Қарат.). Қ. кеуіл.

КЕҢІНЕН ЖЕУ (МХР) толық жеу, тауысып жеу. *Жиырма бестегі кезінде джарты қойдың етін к е ң і н е и ж е п қоюшы еді* (МХР).

КЕҢІНЕН ІШУ (МХР) толық ішу, тауысып ішу. *Джаңғыз өзі бір сүйретпе қымызды бір чәй қайнатымда к е ң і н е н і ш і п қояды* (МХР).

КЕҢІРДЕК (Жезқ., Ұлы.) бұрама сым, серіппе.

КЕҢІРСІК (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Жам.; Жамб.: Шу, Луг.) кеңсіріктің ішкі беті. *Ерменнің исі к е ң і р с і г і м д і қауып, үсті-үстіне түшкіріп жібердім* (Алм., Жам.). *Азбан еркектің қолаңса исі қаңсық к е ң і р с і г і н жарып жібере жаздаса да... солқылдап тұрып жылады* (Ш. Мүрт., Жүлд. кеп., 82).

КЕҢІРІК (Қ.орда, Арал) маңқа, мыңқылдақ.

КЕҢІС (Маң., Маңғ.) молшылық, байлық. *Шаруашылық түбі – к е ң і с, саудагершілік түбі – борыш* (Мақал; Маң., Маңғ.). *Телегей теңіз тәтті жыр, Көкірекке толмаса, Жарыққа шықпай жатар ма, Көңілге к е ң і с орнаса* (Н. Байғ., Таңд. шығ., 210).

КЕП[1] (Ауғ.; Ир.) чемодан.

КЕП[2] (Алм., Жам.; Жамб.: Қорд., Шу) соз, әңгіме. *Құлақпен естімей к е п к е жарымайсың, қолмен жемей етке жарымайсың* (Алм., Жам.). *Жайлауда ашық болдым Разыға, тыңласаң қызық к е п бар біраз мұнда* (Жамб., Шу).

КЕП АҒАШ (Алм.: Кег., Нар.) етік қалып. *К е п а ғ а ш ы ң д ы бере тұршы, етік тігейін деп едім* (Алм., Кег.).

КЕПЕ[1] **1.** (Қ.орда, Сыр.) жер үй. *Уақытша отыру үшін к е п е қазып аламыз* (Қ.орда, Сыр.). **2.** (Қост., Жанг.; Шымк., Макт.; Қ.орда: Сыр., Жал.) қамыспен қоршалған үсті жабық мал қора. *К е п е сөзі бізде сирек кездеседі, к е п е д е кобінесе мал тұрады* (Қост., Жанг.). *Күн болса ысып кетті, сиырға бір к е п е салып алу керек еді* (Шымк., Макт.). *К е п е д е арық-тұрақ малдар ғана тұрады* (Қ.орда, Сыр.). **3.** (Ауғ.; Ир.) күрке.

КЕПЕ[2] (Алм.: Кег., Шел., Еңб. қаз.; Шымк: Түлк., Қызылқ.) уақытынан бұрын, ерте туған козының коктемдегі аты. *Біздің к е п е м і з қоймен бірге кетті* (Алм., Кег.). *Қазір колхозда к е п е аз* (Шымк., Қызылқ.). *К е п е қозы* – ерте туған кой толінің есейген түрі. *Биыл к е п е қозы бірім-жарым ғана, өткен жылы көп еді* (Шымк., Түлк.). *К е п е болу* – ер жету, есею. *Менің балам к е п е болып қалды* (Алм., Шел.).

КЕПЕ[3] (Көкш., Қ.ту) колмен жайған тезек.

КЕПЕЙ (Шымк., Шәу.) уақытынан бұрын туған козының коктемдегі кезі.

КЕПЕЛЕУ (Алм., Шел.) жан-жакты жетісу, есею, маркаю. *Біз бұрын к е п е л е г е н ел емес, кенжелеп кейін қалған ел едік* (Алм., Шел.).

КЕПЕН[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) қырман бастырғанда аздап сүрап алатын астық. *Қазір к е п е н алуды біздің ел білмейді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КЕПЕН[2] (Шымк., Макт.) кебін, ақырет киімі. *Осы күні к е п е н д і дәрігерлер сататын боптьі да* (Шымк., Макт.).

КЕПЕШ 1. (Шығ. Қаз.: Глуб., Зайс.; Сем.: Ақс., **Көкп.**; Қ.орда: Сыр., Жал.; МХР; Тау., Қош.; Ауғ.; Ир.) тақия, тебетей. *Осы күнде дүкенге к е п е ш сирек түседі* (Шығ. Қаз., Глуб.). *К е п е ш т і қыздар да, балалар да киe береді* (Сем., Ақс.). *К е п е ш т і тұмақтың ішінен киеміз* (Тау., Қош.). *Балаға магазиннен к е п е ш сатып алған едім, тарлау болып отыр* (Қ.орда, Сыр.). *Ол к е п е ш і н ашып, басын сүртіп қайта киді* (О. Бөк., **Өз** от. еш., 73). **2.** (Рес., Орын.) сәбилердің бас киімі. *К е п е ш т і тоқып та жасайды* (Орын., Ад.).

КЕПИӘТСІНУ // КЕПИЕТСІНУ (Сем.: Ақс., Абай) өзін жоғары ұстап, жүртты менсінбеу, кекірею. *Көпшілік бас қосқан жерде к е п и ә т с і н і п отыру ұят болады* (Сем., Ақс.). *Айкүмістің ашыған айран, көкаяз көжесіне де к е п и е т с і п көрмеген көмпіс ауыз, әттең келіннің кірпияз қолы мен кір шалмаған кесесін жатырқап отырған да, әйтпесе алдында жарты түйе жатса да жайпап шығар еді* (Қ. Ысқақ, **Күренсе**, 47).

КЕПИЕТ (МХР) қадір, құн, киe. *Ақ алтынның к е п и е т і н білетіндер жүннің бір талын жерге қалдырмайды* («Ж. емір», 14.02.1987). *Осыдан жетпіс жыл бұрынғы қазан төңкерісіне дейін атасына мал бітіп еді деп, күні бүгінге дейін кекіріп отыратын кепкен шалдардың к е п и е т і н ат көтерсе нағылсын* (Қ. Ысқақ, Күренсе, 64).

КЕПИЕТ АТҚЫР! (МХР) мұқтаждыққа ұшырағыр! киесі ұрғыр! бір нәрсеге ұшырағыр!

КЕП-КЕП (Қост., Фед.) кебекке түз қосып қайнатып, жылыдай бала ішіне тартатын халық емі. *Іші желденген жас балаға к е п-к е п тарту керек* (Қост., Фед.).

КЕП-КЕШЕГІ (Гур., Дос.) күні кеше. *Қашағандар к е п-к е ш е г і адамдар* (Гур., Дос.).

КЕП КӨРУ (Талд., Қоғ.) қасірет шегу, қайғы тарту. *Қолымдағы жалғыз бала әскерге кетіп, к е п к ө р д і м* (Талд., Қоғ.).

КЕПКІР (Түрікм.: Таш., Мары, Ашх.; Қарақ.) темірден жайпақтап жасаған тесік ожау, кепсер. *Загымия, тезден к е п к і р д і бер* (Түрікм., Мары). Түркі тілдеріне парсы тілінен ауысқан сөз.

[Түрікменше *кепгир* (Туркм.-рус. сл.); үйғ. *көпкүр* (Уйг.-рус. сл., 1961)]. Қ. какбір, көкпір, шолпы, майқалақ[1], кептер, сүзгі[2], сүзекі[2].

КЕППЕ (Қарақ.) үйдің қапталынан төрт ағашты көміп үстін жапқан пана.

КЕПСЕК (МХР) кедей, жарлы. *Жетім мен жесір, кедей мен к е п с е к т е р, бұл екі батырдың қолтығына тығылып, отау тігіп, ошақ қалап, енші алып, ел болған* (С. Тәу., Арм. тау, 37).

КЕПСЕН (Шығ. Қаз., Күрш.; Ауғ.; Ир.) астықты алғаш қызылдап жатқанда келген кісіге берілетін үлес. *Бұрын бұндайда к е п с е н сұрайтын еді, енді ол жоқ* (Шығ. Қаз., Күрш.).

КЕПСЕР[1] (Алм., Жам.) жайпақ келген үлкен табақ. *Етті к е п с е р г е салып әкелсеңші, тегі* (Алм., Жам.).

КЕПСЕР[2] 1. (МХР) қалып. *Тоқаң тек белбеу істеумен ғана шектелмей, күмісті сымға тартып және к е п с е р жасай білген шіліңгір* (қ.) *ұста* («Ж. өмір», 23.06.1983). **2.** (Алм., Шел.; Жамб., Шу) тамақты, етті, бауырсақты сүзіп алатын тесік ожау.

КЕПТЕР (Қост., Жанг.; Қ.орда, Қарм.) бауырсақ сүзіп алатын тесік ожау. *Жеңеше, к е п т е р і ң бар ма, біраз бауырсақ пісіріп алайын деп едім* (Қост., Жанг.). *К е п т е р д і керегеге іле сал* (Қ.орда, Қарм.).

КЕПШЕ (Түрікм.: Таш., Мары; Қарақ.) лай алып беріп тұратын кішкене жеңіл күрек. *К е п ш е н і табың!* (Түрікм., Мары). *Белді кейде к е п ш е деп те атай береміз* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *кепже* (Туркм.-рус. сл.); қарақ. *кепше* (Карақ.-рус. сл., 1958)].

КЕПІК (Қарақ.) үннның кебегі. *Мына к е п і к т і малға берейін деп әкелдім* (Қарақ.).

КЕПІЛ (МХР) былғарыдан тігілген белбеудің немесе жүгеннің ішкі жағына күйманы орналастыратын қақтаған жұқа мыс.

КЕПІЛ АЕАШ (Қ.орда, Қарм.) жабынды астынан қойылатын бір жарым қарыстай ағаш кесіндісі. *К е п і л а г а ш күлдіреуішті тегіс қажытпай ұстап тұрады* (Қ.орда, Қарм.). *Есікті к е п і л а г а ш қойып жауып, киізін түсіріп қой* (Қ.орда, Қарм.).

КЕПІН (Қарақ.) кебін, ақырет киімі. *Енемнің жасы да жетті, к е п і н алып қою керек* (Қарақ.). Қ. кепен[2].

КЕПІР//КЕПІРЕН (Түрікм.: Таш., Красн., Мары) топырағы түзды сортаң жер. *Жебел маңының жері к е п і р, суы алғаулы* (қ.) (Түрікм., Красн.).

[Қаракалпақша *кебир* (Карак.-рус. сл., 1958)].

КЕПІРДЕЙ (Сем., Абай) үп-үлкен, еңгезердей. *К е п і р д е й болып үйде отырады. К е п і р д е й жігітке үйде отыру ұят емес пе?* (Сем., Абай).

КЕПІРЕН (Гур., Маңғ.) борпылдақ топырақты, сортаң жер. Қ. кепір.

КЕПІРЕШ (Сем., Үрж.) іш жүргізетін уытты дәрі. *К е п і р е ш т і аздап ішсе, оның ауруын бұзар еді* (Сем., Үрж.).

КЕР[1] (Жамб., Мер.) төскей, бөктер. *Сол күннен бастап меркеліктерді к е р ботпайы деп кеткен* (Жамб., Мер.).

КЕР[2] (Гур., Маңғ.) кір, безбен.

КЕР[3] (Гур., Маңғ.) керең. *Мынауың к е р ме өзі* (Гур., Маңғ.). *Мырзалардың құлағы бірінің сөзін бірі естімей, к е р болды* («К-зшылар үні», 27.05.1937).

КЕРБІШ (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.; Қарақ.; Рес., Орын.) күйдірілген кесек қыш, кірпіш. *Біз к е р б і ш күйдіреміз* (Қ.орда, Арал). *Үйге к е р б і ш жетпей қалды* (Гур., Маңғ.). *Менің осы үйім к е р б і ш т е н салған үй* (Орын., Ад.).

КЕРГІ[1] 1. (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) ауыттың екі жағындағы тіреу ағашы. *К е р г і ауыттың жиегіндегі топырақты құлатпай ұстап тұрады* (Ақт., Ырғ.). 2. (МХР) кесте тігетін шүберекті керетін төрт шыбық ағаш. *Тұскиіз тігейін деп едім, к е р г і ағаш істеп берші* (МХР).

КЕРГІ[2] (МХР) коп ат байлау үшін екі діңгекке керіп байлаған арқан. *Келген кісілердің аттарын бір джігіт к е р г і г е байлады* (МХР).

КЕРГІШ[1] (Жамб.: Қорд., Мер.) арбаның оқтығы (жетегі) кигізілетін бақауыздың (қ.) екі жағын керіп тұратын ағаш.

КЕРГІШ[2] (МХР) шығырдың су алатын ыдысының тұратын жері. *Шығырдың әрбір к е р г і ш і н е сыйымдылығы 2 метрлік ыдыстар орналастырылған* («Ж. өмір», 12.09.1983).

КЕРГІШАРА (МХР) жонының екі ұшына екі жіңішке ағаш орнатып, ол екі ағаштың үстіңгі жағын қайыспен кере таңып қойған кішкене кол ара.

КЕРГІШТІ АРА (МХР) жан-жағын ағашпен керген қол ара.

КЕРДАҒАЙ//ЧЕРДАУАЙ (Жамб., Жам.) жұмысқа киілетін керзі етік. *Кыста к е р д а ғ а й етік киеміз* (Жамб., Жам.).

КЕРДЕ (Гур., Есб.) жалқау, еріншек. *К е р д е адамды жаным жек көреді* (Гур., Есб.).

КЕРДЕН (Қост., Об.) ә дегеннен, бірден. *К е р д е н ыңғайсыз кете жаздаған екенсіз* (Қост., Об.).

КЕРДЕҢ[1] (Талд., Қарат.; Шымк., Лен.) өңшең, ылғи. *Биыл колхоз малы к е р д е ң арық* (Талд., Қарат.).

КЕРДЕҢ[2] (Сем., Мақ.) паң, меншен, дандайсыған. *Оның өзі де бір к е р д е ң құ еді, жөнді жауап бермей жүрер* (Сем., Мақ.).

КЕРДЕРІ (Гур., Маңғ.) нар мая мен үлектен туған будан. С. Аманжолов мұны «дөрекі, шабан түйе аты» деп түсіндірген (С. Аман., ВДИКЯ, 384).

КЕРЕ (Алм., Шел.) кергі, кергіш. *Мына тұлкінің терісін к е р е г е салып, керіп қою керек* (Алм., Шел.).

КЕРЕГЕ[1] (Сем.: Акс., Кокп.; Алм.: Еңб. қаз., Кег.; Жамб., Жам.; Түрікм.: Ашх., Таш.) үйдің қабырғасы. *Тамның* (қ.) *к е р е г е с і н д е үндеу қағаз жапсырулы тұр* (Алм., Кег.). *Осы тамның к е р е г е с і н әктемелі* (Түрікм., Ашх.).

КЕРЕГЕ[2] (Шығ. Қаз., Күрш.) машинамен жиналған шөп үйіндісі.

КЕРЕГЕ ҚАП 1. (Түрікм.: Ашх., Таш.) көшіп-қонғанда сынып қалмау үшін кереге басына кигізетін киіз қалта. 2. (МХР) киіз дорба. *Ақ тұтек боранда орісте туған қозыны дереу к е р е г е қ а п қ а салып бойы жылыған соң 10-15 минуттан кейін ауыздандырамын* («Ж. өмір», 22.07.1985).

КЕРЕГЕ ТАМ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) бейіт үстіне түрғызылған төрт қабырғалы құрылыс. *Жол сонау көрінген к е р е г е т а м н а н ары шығады* (Қ.орда, Арал). *Ысқақтың ауылы анау к е р е г е т а м н ы қ қасында* (Қ.орда, Арал).

КЕРЕГІ БІТУ (Қ.орда, Арал) қажеті жоқ болу. *Істі к е р е г і б і т к е н д і к т е н, Арал аудандық 2 болім халық сотына қайтарып жіберді* (Қ.орда, Арал).

КЕРЕГІН КЕСУ (МХР) үкім шығару, үкім кесу. *Жұрт оның к е р е г і н к е с у г е таяп қалды деп жүр* (МХР). *Керегін* сөзі Монғолия казақтарының тіліне монғол тілінен (*хэрэг* – кылмыс) енген сөз (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 128).

[Монғолша *хэрэг* қылмыс (Монғ.-қаз. сөз., 1954)].

КЕРЕГІП ҚАЛУ (Сем., Кокп.) мұқтаж болу, қажетсіну. *Біз тез жетуіміз керек, олар ақшаға, затқа да к е р е г і п қ а л ғ а н болар* (Сем., Кокп.).

КЕРЕҒАП (Сем.: Акс., Шүб.; Тау., Қош.) кереге басында ілулі тұратын әшекейлі, оюлы, ыдыс-аяк салатын киіз дорба. *К е р е г а п қ а ыдыс салады* (Сем., Акс.). *Ыдыс-аяқ к е р е г а п т а* (Тау., Қош.). Қ. керекап.

КЕРЕҒАР (МХР) алыс, кашық. *Адам бармайтын бір к е р е г а р жер* (МХР).

КЕРЕЙ ЖАҒА (МХР) алды сопақшалау доңгеленіп келген кайырма жаға.

КЕРЕК (Тау., Қош.) іс, жұмыс, шаруа. *Менің әдейі арнай келгендегі к е р е г і м бітті* (Тау., Қош.).

КЕРЕКПЕУ (Қ.орда, Арал; Гур., Есб.; Орал, Жөн.; Қост., Жітік.; МХР) қажет етпеу, керек қылмау. *Маған ақша к е р е к п е й д і* (Орал, Жөн.). *Көбіне жастар жарына болмаса, оның бізге к е р е к п е й д і* (Қост., Жітік.).

Қыста қораны к е р е к п е й д і (МХР). *Тыныштық к е р е к п е г е н і ме? Өздері тиіскені солай болғаны да* (Ә. Нүрп., Курл.).

КЕРЕКТЕНБЕУ (МХР) қажет етпеу, керек қылмау. *Ондай қапқа к е р е к т е н б е й т і н нәрсе саламыз* (МХР).

КЕРЕКТЕНУ (МХР) қажетке асыру, пайдалану. *Бұрын мосыны к е р е к т е н і п тұратын, қазір аз* (МХР). *Ерте кезден к е р е к т е н і п келген, тағамға иіс, дәм кіргізіп, тамақ ішуге адамның тәбетін соқтыратын овощтың бірі – сарымсақ және сәбіз* («Ж. өмір», 14.10. 1985). *Қазір еліміз көлемінде және аймағымызда тағамға әр түрлі овощтарды к е р е к т е н у г е мүмкіндік толық* («Ж. емір», 14.10.1985). *Сиырды тек сауынға, түйені кошіқонға ғана к е р е к т е н е д і* (С. Тәу., Арм. тау, 105). *Тілді ауыздылар жоғарыдағыдай болғанда, басқалар тіл аузын не үшін к е р е к т е н е д і? – дейсің ғой* («Темірқазық», 27.06.1991).

КЕРЕҚАП 1. (Сем.: Шүб., Көкп., Ақс.; Шығ. Қаз., Больш.) кереге басында ілулі тұратын әшекейлі, оюлы, ыдыс-аяқ салатын киіз дорба. 2. (Ақт., Жүр.) киім-кешек салатын қалта. 3. (Шығ. Қаз., Больш.; Түрікм.: Красн., Таш.; МХР) жаңа туған қозыларды салып алып жүретін қоржын қалта. *Ертең қой төлдей бастағанда, к е р е ң а п таяр болып тұрмалы* (Түрікм., Таш.). *Ақ түтек боранда өрісте туған қозыны дереу к е р е ң а п қ а салып, бойы жылыған соң, 10-15 минуттан кейін ауыздандырамын* (МХР). *Мал төлдету науқанына орай сұмындық сауда бөлімшесі 50 к е р е ң а п, 120 жабу, 300-дей бауырынтақ табыс етті* («Ж. өмір», 30.03.1987).

КЕРЕЛЕНУ (Қ.орда, Қарм.; Гур., Маңғ.) ашкарақтану, жалмаңдау. *К е р е л е н і п өліп барасың ба, тыныш отыр* (Қ.орда, Қарм.). – *Жайықтан өткенде сіз тап өйтіп к е р е л е н е қоймаған шығарсыз...» – деп Курилов екі иығы селкілдеп, кеңк-кеңк күлетін* (Ә. Кекіл., Үркер, 194).

КЕРЕМ (Түрікм.: Таш., Мары) капуста. *Тұздалған к е р е м і ң болса* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *келем* (Туркм.-рус. сл.); өзб. *карам* (Рус.-узб. сл., 1954); қарақ. *карам* (Карак.-рус. сл., 1958)].

КЕРЕМАТ (Сем.: Ақс., Кекп., Үрж.; Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.) керемет. *Оның айтқан әңгімесі к е р е м а т қызық екен* (Сем., Ақс.). *Майраның алып келген к е р е м а т ойыншықтары бар* (Сем., Кекп.).

КЕРЕМЕТТЕЙ (Орал, Жән.) өте жақсы, ғажап. *Мен к е р е м е т т е й бір әңгіме білмеймін* (Орал, Жән.).

КЕРЕН (Гур., Тең.; Рес., Астр.) рет, дүркін, кезек. *Содан бері ол осында екі к е р е н келіп кетті* (Рес., Астр.).

КЕРЕҢ (Гур., Маңғ.) еш нәрсені түсінбейтін топас.

КЕРЕҢҚҰЛАҚ (Алм., Кег.; Жамб., Қорд.) саңырауқұлақ. *К е р е ң қ ұ л а қ т ы Иван түздап тамақ ретінде жейді* (Алм., Кег.). *Біздің үйдің жанында к е р е ң қ ұ л а қ көп өседі* (Жамб., Қорд.).

КЕРЕУ (Гур., Маңғ.) қырғи қабақ, араздық, реніш. *Бұрын екі ауылдың, я екі рудың к е р е у і құдалықпен бітетін* (Гур., Маңғ.).

КЕРЕШЕ (Кекш., Қ.ту) жарыстың жетіп тынатын жері, мәре. *Күрең ат к е р е ш е г е келгенше жеткізбей келді* (Көкш., Қ.ту).

КЕРЕШІ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) келістіруші, араға жүруші, бітістіруші. *Бұрын екі ру ерегіссе, арасына к е р е ш і салатын еді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КЕРЕШІ[2] (Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.) жарыстың жетіп тоқтайтын межелі жері, мәре. *Әміржің қара аты к е р е ш і г е жалғыз келді* (Шығ. Қаз., Тарб.).

КЕРЖІМ Қ. кіржім.

КЕРКЕ (Кекш., Қ.ту) қайла, шот балға. *Қыста к е р к е м е н мұзды ойып жіберіп мал суарамыз* (Кекш., Қ.ту).

КЕРКУ[1] (Қ.орда, Сыр.; Гур., Маңғ.) құр сез, бос әңгіме. *Оның айтып отырғаны к е р к у әңгіме* (Қ.орда, Сыр.).

КЕРКУ[2] (Рес., Орын.) ақыл, кеңес. *Әкесіне баласы к е р к у үйретіпті* (Рес., Орын.).

КЕРКІ (Алм.: Шел., Кег.; Сем.: Ақс., Абай) шот балға, қайла. *К е р к і жер қазуға қолайлы болады* (Алм., Шел.). *Бізде к е р к і, қайла сөздері өзара мәндес келеді* (Сем., Ақс.). Қ. керке.

КЕРКІТУ (Гур., Маңғ.) шоқыту, текіректету. *Тонадайдан к е р к і т і п келе жатқаннанақ Болат екенін тани қойдым* (Гур., Маңғ.).

КЕРҚАЙСАҢ (Сем., Ақс.; Жезқ., Ж.арқа) қырсық, қыңыр. *Ол айтқанға құлақ аса қоятын адам емес, к е р қ а й с а ң кісі еді* (Жезқ., Ж.арқа). *Бұл осы ауылдың ең шеткі және уәкіл талғайтын к е р қ а й с а ң адамдары...* (С. Бег., Уақыт., 78).

КЕРЛЕНУ (Талд., Ақсу) қырсығу, кесірлену. *Сондай бір тоқмойын, не айтсаң да к е р л е н і п отырып алатындарын қайтерсің!* (Талд., Ақсу). *Бұған Ермекбай к е р л е н і п, бірсыпыра тұрды* (І. Жан., Шығ., 561).

КЕРМАҒАШ (Ақт., Ойыл) ыдыс-аяқ қоятын шкаф, асадал. *Ыдыс-аяқтар к е р м а ғ а ш т ы ң ішінде тұр* (Ақт., Ойыл).

КЕРМАЛ (МХР) дау-жанжал, керіс. *Жарайды, жолдастар, к е р м а л д ы қояйық* (М. Құрман., 38).

КЕРМАЛДАСУ (Шығ. Қаз., Больш.; МХР) жанжалдасу, ұрсысу, керісу. *Шал мен кемпір әрі-бері к е р м а л д а с ы п алып, қор ете тұсті* (Шығ. Қаз., Больш.). – *Жарайды к е р м а л д а с п а й-а қ қояйық, бірақ есіңде болсын өзіңді жақсы ұста* (Қ. Жұм., Көкей., 29). *Ремонт жұмысына байланысты екеуінің бірнеше рет келісе алмай к е р м а л д а с қ а н ы бар* (А. А., Сүй. мен., 88). *Зарлық әлдекімдермен шекісіп, к е р м а л д а с ы п қалса, шырылдап барып ортаға түсіп, қоргаштаған да, қазан бұзар тентектігі болса, шыбыртқылаған да емес* (О. Бөкеев, Қайдасың., 65). *Әлгі мезетте қар күрегелі тысқа шығып еді, Қадылбекпен к е р м а л д а с ы п қайта оралды* (О. Бөкеев, Қайдасың., 110).

КЕРМАРЛАСУ (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш., Мары) керісу, ұрсысу, жанжалдасу. *Бұдан екі-үш күндікте екеуі к е р м а р л а с ы п қалған* (Түрікм., Таш.). Қ. кермалдасу.

КЕРМЕ[1] (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Красн., Таш., Мары; Рес., Орын.) кілем сияқты тоқылып көбіне сәндік үшін керегеге ілінетін, ішіне киім-кешек, ұсақ-түйек заттар салынатын қалта. *Көйлегіңді к е р м е н і ң ішіне салып қой* (Гур., Маңғ.). *К е р м е н і ң ішін қара, сабақты* (қ.) *содан табасыңыз* (Түрікм., Ашх.). *Участокте қалы кілемдер мен басқұрлар, к е р м е л е р жақсы орналастырылған* («Жұм-шы», 12.02.1950). *К е р м е н і киізден жасап, бетіне оймыштап өрнек салады* (Рес., Орын.).

КЕРМЕ[2] (МХР) шымылдықтың желбіршегі.

КЕРМЕ[3] (МХР) ат байлайтын жер. *Ермек ұйқысын қандырып оянған кезде, жалбас қаракер де к е р м е д е ұйықтап тыныгып алады* (М. Құл., Таңд. шығ., 41). *Карттар к е р м е г е атын байлап Ермектің әке-шешесі отырған үлкен үйіне қарай бұрылды* (М. Құл., Таңд. шығ., 41).

КЕРМЕ АҒАШ (Ақт., Ойыл) ыдыс-аяқ қоятын шкаф, асадал. Қ. кермағаш.

КЕРМЕИЫҚ (МХР) сері. *К е р м е и ы қ – керімсалдар іспеттеніп, Ойнайды елегізіп еркесі елік Мыңғырып жер қайысып жирен жатыр, Желпиіп ауық-ауық атой беріп* (М. Құрман., 226).

КЕРМЕК САБЫН (Шымк., Түркіс.) бойы бір метрдей жапырақсыз сидам шөп.

КЕРМЕКСАП//ҚАРА ШӨП (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) қуаң, тақыр жерге шығатын ұсақ жапырақты копжылдық өсімдік. *К е р м е к с а п Сыр бойының барлық жерінде өседі* (Қ.орда, Сыр.).

КЕРМЕКІ (Қ.орда, Арал) кермек, ашқылтым. *Суы ащы, к е р м е к і тартып тұрады* (Қ.орда, Арал).

КЕРМЕЛЕУ (Талд., Қарат.; Шымк., Лен.) өнер қуу, онер соңына түсу. *Мен сиыршы елінің ақыны едім, Ән салып, ел қыдырып к е р м е л е г е н* (Талд., Қарат.).

КЕРМЕН ҚАУЫН (Ауғ.; Ир.) емге жейтін қауын түрі. *К е р м е н қ а у ы н дәнді болмайды* (Ир.).

КЕРМЕ ПЫШҚЫ (Түрікм., Таш.) ағашқа керіп істелгеи қол ара. *Шаңырақтың күлді-реуішін к е р м е п ы ш қ ы м е н тіледі* (Түрікм., Таш.).

КЕРМЕШЕ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі) жылым аудан (қ.) кішілеу, ұзындығы 300 м келетін 3-4 кісілік балық сүзетін тор. *К е р м е ш е н і кейде дария жылым деп те атаймыз* (Қ.орда, Арал). *К е р м е ш е н і алып жүруге де ыңғайлы* (Қ.орда, Қарм.).

КЕРМІШ (Гур.: Маңғ., Мақат; Түрікм., Красн.) кірпіш, тас. *Ескі үйдің к е р м і ш т е р і еді мына жатқандар, тасып алдым* (Гур., Мақат). *Шағадамда к е р м і ш үй сирек болады* (Түрікм., Красн.). Қ. керпіш.

КЕРНАЙ[1] 1. (Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.; МХР) пештің, самаурынның қаңылтыр мойны, керней. *Мына жатқан к е р н а й д ы аяқ астынан алып қой* (Қост., Жанг.). *Суық түссе к е р н а й м е н пеш жағамыз* (МХР). 2. (МХР) түтіндік.

КЕРНАЙ[2] (МХР) үрлемелі аспап, керней. *Сырттан к е р н а й дауысы шығып, қуғыншылар келіп қалғандығы білінді* (М. Құрман., 137). *Мешіттің аспалы мұнарасына ілінген қоңырау үні қаңғыр-күңгір. К е р н а й мен дабыл дауысы даңғыр-дүңгір, азан-қазан* (Д. Нац., Шығ., 148).

КЕРНЕЙ (Жамб., Шу; МХР) темір пештің түтіндігі.

КЕРПІШ (Сем.: Акс., Көкп.; Шығ. Қаз., Больш.; МХР; Қост., Жітік.; Гур., Есб.; Рес., Орын.; Түрікм., Таш.) кірпіш. *Маған анау к е р п і ш т і алып берші* (Сем., Акс.). *Кейіннен мына үйді к е р п і ш т е н тұргызып алдық* (Қост., Жітік.). *Пеш салуга к е р п і ш әкелу керек еді* (Гур., Есб.). *Биыл к е р п і ш т е н жаңа үй салып алдым* (Рес., Орын.). *Олар биге арналған күй шертеді. Бидің мазмұны егін егіп, к е р п і ш согып, там салуга арналған* (М. Құрман., 168). *Үй қаптайтын 30х15 к е р п і ш блок және де қосалқы кигіз үйдің, уық, шаңырақ кигізі, ішкі кошкісімен, сатылады* (МХР).

КЕРСАЛАҚ (Шымк., Мақт.) керенау, еріншек. *Біздің ішімізде к е р с а л а қ адамдар өте көп-ақ* (Шымк., Мақт.).

КЕР САУЫН (МХР) бие емшегінің әбден сыздауы. *Биені к е р с а у ы н ғып сауып, ағытып джібер қарағым* (МХР).

КЕРСЕЛЕУ (Түрікм.: Таш., Красн.) ұзындығы 50 см-дей қызыл сарғыш түсті, бұтағы қатты өсімдік.

КЕРСЕН[1] 1. (Шымк.: Мақт., Арыс; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Қост., Об.; Қарақ.) үлкен табақ, тегене. *Содан кейін қымызды к е р с е н г е құяды* (Шымк., Арыс). *Қымызды үлкен к е р с е н г е құйып алдымызға әкелді* (Қ.орда, Жал.). 2. (Шымк., Түлк.; Орал, Орда; Гур., Маңғ.) кір жуатын шылапшын, леген. *К е р с е н г е кір жуды* (Шымк., Түлк.). – *Көз жақсым, кірді к е р с е н г е сала қойшы* (Гур., Маңғ.).

[Түрікменше *керсен* тегене, леген (Туркм.-рус. сл.)].

КЕРСЕН[2] (Орал: Орда, Жән.) етіктің жұлығы. *Етігімнің к е р с е н і жыртылып еді, етікшіге жаматып алдым* (Орал, Жән.). *Етіктің к е р с е н і жыртылса, ішіне құм құйылады* (Орал, Орда).

КЕРСЕУ (Жамб.: Тал., Сар.) шара, тегене. *К е р с е у г е ет салып кісіге тарт* (Жамб., Тал.).

КЕРСОЛҚЫЛЫҚ (Қ.орда, Арал) керенаулық, енжарлық. *Осы к е р с о л қ ы л ы қ қимылмен жазғы егіске тұқым қоры жиналып болмастық қауып та тұр* (Қ.орда, Арал).

КЕРТ[1] (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) мал азығына жарамсыз бұталы жел бас өсімдік. *К е р т т і тұйе жейді. Тұйе жаманы – көрт, шөп жаманы – к е р т* (Гур., Маңғ.).

КЕРТ[2] (Жамб., Шу) өш, кек. *Жау қырылды ол дерттен, Тоқтата алмай оқтың к е р т і н* (Жамб., Шу).

КЕРТАБАН (Қар., Шет) жалқау, еріншек, бойкүйез. *Оның өзі жұмысқа к е р т а б а н адам, өмірі ұйықтап жатады* (Қар., Шет).

КЕРТАҚЫС (Алм.: Кег., Үйғ.) қырсық, қыңыр. *Ол қиын, к е р т а қ ы с сөйлейді* (Алм., Кег.). *Қияңқы – қиық, бітеу – тұйық, К е р т а қ ы с шодыр мінез, Салт-сана шірігеи әдет-ғұрып... ол біздің жау* (С. Керімб., Өленд., 115).

КЕРТЕ[1] (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) малға шеп салатын тоқыма оттық, ақыр. *Қорадағы к е р т е д е шөп жатыр, атыңды соған қой* (Қост., Жанг.). *К е р т е г е шөп қатып қалған екен, зорға тазалап алдым* (Жезқ., Ұлы.). *Бөрінің қапшығынан үркіп, бір жүрдек ат шөп салатын к е р т е н і ң бағанына жарылып өліпті* (Ж. Молд., Тың, 11.2). *Сондықтан малдардың алды к е р т е м е н бөлініп, шөпті соған салып беру қажет* («Соц. шаруа», 21.12. 1941).

КЕРТЕ[2] (Қост., Жанг.; Рес., Орын.) бір нәрсені айналдыра қаланған қоршау, шарбақ. *Үй айналасына мына салып жатқанды да бұл жақта к е р т е деп айтады* (Қост., Жанг.). *Мал к е р т е д е тұр* (Рес., Орын.).

КЕРТЕ[3] (Қост., Жанг.) терте, жетек. *Молдағалидың к е р т е с і н е олар ат байлап жіберсе керек* (Қост., Жанг.).

КЕРТЕКТЕН ҚАШҚАН (Гур., Маңғ.) ер қашты, мезі болған.

КЕРТЕЛЕУ (Қост., Жітік.; Ақт., Қараб.) бір нәрсенің сыртын айналдыра қоршау. *Үй иесі қораның артына жиналған шөбін к е р т е л е п қойыпты* (Қост., Жітік.). *К е р т е л е у д е н ауа өтпей зиян келтіреді* (Ақт., Қараб.).

КЕРТЕШ (Гур., Маңғ.) таңқы танау, таңқы мұрын. *Сөйтіп отырғанда үйге бір к е р т е ш танау қара әйел кірді* (Гур., Маңғ.). *К е р т е ш мұрын сары сабауын суырып, талдың сыдырылған қабығын жұлып тастады* (Ж. Нәжім., Кішк., 32).

КЕРТ ҚАРА БАСЫ (Алм.: Жам., Еңб. қаз.) соқа басы, бір өзі. *Сенің ойлайтының, тегі, к е р т қ а р а б а с ы ң* (Алм., Жам.).

КЕРТУ (Қост., Об.) бір нәрсенің төңірегін айналдыра қоршау. *Біздің жақта шөппен огородты к е р т е д і* (Қост., Об.).

КЕРТҰҚЫЛ (Орал: Жымп., Чап.) бас бармақтың көбесімен бастың бір жерінен сыдыра тартатын жаза түрі. *Ол баласына к е р т ұ қ ы л берді* (Орал, Жымп.).

КЕРТІЛ (Орал, Казт.) қыршаңқы, кекесінді сөз. *Сен осы к е р т і л і ң д і қашан қоясың?* (Орал, Казт.).

КЕРТІЛУ (Алм., Кег.) титықтап, шаршапшалдығу; шойырылып қалу. *Ат үстінде көп жүргендіктен бе, белім к е р т і л і п қап, жүре алмай отырмын* (Алм., Кег.).

КЕРУЕРТ (Қост., Жанг.) кереует. *Әжемнің к е р у е р т і сынып қапты* (Қост., Жанг.).

КЕРШЕУ (Жамб., Жуа.) жылқының танау шеміршегі ісінгеннен болатын ауру. *К е р ш е у м е н ауырған жылқының танау шеміршектері ісіп, тынысы тарылады* (Жамб., Жуа.).

КЕРІГУ (Алм., Кег.) керісіп қалу, үрсысу. *Бұрын кедейлер ауылнайлармен талай рет к е р і г і п, ала көздесетін* (Алм., Кег.).

КЕРІЗ[1] (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) жол бойынан бұрыс, бір бүйір. *Тарбағатайға қарай жүргенде Маңырақ тауы жолдан к е р і з тұрады* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Балықшы колхоздары осы арадан к е р і з* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КЕРІЗ[2] (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) жер асты суландыру каналы.

Өзбекше *кариз* (Узб.-рус. сл., 1959); ұйғ. *кариз* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

КЕРІЗ[3] (Алм., Шел.) жалғыз аяқ, соқпақ жол, сүрлеу. *Қарасайдың батыс жағында к е р і з жол бар, соған түссең қалаға барасың* (Алм., Шел.).

КЕРІЗ[4] (Жамб., Шу) жоқшылық, тапшылық, жұтаңдық. *Қарамай дос, жар кетер алды-алдына. Шәл дала сортаң болған к е р і з күнде* (Жамб., Шу).

КЕРІК[1] (Қ.орда, Арал; Орал, Каз т.) кекірейген маңғаз, кербез. *Өзінің әйелі бір к е р і к адам еді* (Орал, Каз т.).

КЕРІК[2] (Қ.орда, Арал; Алм., Кег.; Қарақ.) бір нәрсені керіп-жазып тұратын ағаш. *Маған ана к е р і к т і алып берші, етіктің қонышына салып қояйын* (Алм., Кег.). *Тері жабысып қалмас үшін к е р і к п е н керіп қоямыз* (Қарақ.).

КЕРІК[3] (Солт. Қаз., Пресн.) шалғай, қашық. *Сондай к е р і к жерден біз екі-ақ озен кездестірдік* (Солт. Қаз., Пресн.). *Сонда, қыстың қақаған ақ түтек боранында, ит арқасы қиян, соншама к е р і к жерге мал азығы қалай жеткізілмек* (С. Шайм., Мезгіл, 67).

КЕРІК ШЫҒАРУ (ҚХР) шатақ, жанжал шығару.

КЕРІМ[1] **1.** (Орал, Жән.; Гур.: Есб., Инд.; Көкш., Щуч.) жақсы, тамаша, әдемі. *Ол олеңді к е р і м айтады* (Орал, Жән.). *Ауылға баратын машина табылып, к е р і м болды гой* (Орал, Жән.). *Мына қармақ к е р і м екен, маған бере тұршы* (Көкш., Щуч.). 2. (Гур., Маңғ.; Ақт., Қараб.) таңырқарлық, ғажап. *Абайдың сөзі к е р і м гой, өзі де көруге сияқатты адам болса керек* (Гур., Маңғ.). *Ол: – Тіпті бар гой, к е р і м! – деп тамсанады* (Т. Ахт., Дала., 28).

КЕРІМ[2] (Алм.: Жам., Еңб. каз.; Көкш., Қ.ту) кербез, сәнқой, сылқым. *Малдыбай ете бір к е р і м адам* (Алм., Жам.).

КЕРІМ[3] (Гур., Маңғ.; Сем.: Ақс., Көкп.; Түрікм., Таш.) өте, аса, тым. *Күн биыл к е р і м ыстық болып тұр* (Гур., Маңғ.). *Біздерге қазақ тілінің оқу программасы к е р і м керек* (Түрікм., Таш.). *Ол к е р і м жақсы жігіт* (Сем., Ақс.).

КЕРІМ[4] (Шығ. Қаз., Тарб.) ақ топырақ, үй сылайтын топырақ.

КЕРІМСАЛ[1] (Шымк.: Мақт., Сайр., Қызылқ.; Қ.орда: Жаңақор., Шиелі) көбінө жаз айларында соғатын ыстық жел, аңызақ. *Күн бүгін нағыз к е р і м с а л екен* (Шымк., Мақт.). *К е р і м с а л көбінесе жаз айларында болады* (Шымк., Сайр.).

КЕРІМСАЛ[2] (Көкш.: Щуч., Еңб.) жанға жайлы, жағымды. *Қыстығүнгі жылы күнді біз к е р і м с а л дейміз* (Көкш., Щуч.).

КЕРІШ (Шығ. Қаз., Зайс.; Рес., Орын.) ақшыл сары түсті қатты жер қыртысы. *Біздің жердің топырағы к е р і ш боп келеді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КЕС (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Қарм.) сараң, қытымыр. *Ол өзі бір үйіне келген қонаққа нан шығармайтын к е с адам* (Гур., Маңғ.).

КЕС БОЛУ (Қ.орда, Қарм.) әңгімеге алдандыру, алаңдату, богет болу. *Қарағым, Үзақбай, орақ орған адамдарға к е с б о л м а, жұмысқа бар* (Қ.орда, Қарм.).

КЕСЕ[1] (Қост., Жанг.) атыздың ішкі аралығы. *Атыздың ішкі жағы к е с е болып болінеді* (Қост., Жанг.).

КЕСЕ[2] (Қ.орда, Арал) үй тобесінің бел ағаштар арасынан пайда болған болігі. *Үйдің к е с е с і н е салатын шабақ алуымыз керек* (Қ.орда, Арал).

КЕСЕ[3] (Гур., Инд.) су ортасынан пайда болған кішкентай аралшық; қайраң. *Жайық тасығанда су бері жайылады да, мына к е с е л е р д і жауып кетеді* (Гур., Инд.).

КЕСЕБЕНТ (Қарақ.) ауру. *Қазір әкесі аят, бірақ к е с е б е н т кобірек болды* (Қарақ.).

КЕСЕГІ (Қарақ.) босага, ссіктің қаптал ағаштары.

КЕСЕК 1. (Ауг.; Ир.) кірпіш. 2. (Қ.орда, Арал) тас, кірпіш.

КЕСЕК КИІЗ (МХР) бір болшек, бір төсем. *Шешем даладан терген, ауыл үйлердің берген бір уыс жүнін құрастырып екі к е с е к к и і з басып алды* (МХР).

КЕСЕКТЕУ (Гур.: Инд., Маңғ.) кесек, тас лақтыру. *Көлге тас к е с е к т е м е ң і з д е р* (Гур., Инд.). *Күшігімізді балдар к е с е к т е п, қорқақ қып үйретті* (Гур., Маңғ.).

КЕСЕ КІЛЕМ (Қост., Жанг.) қолдан тоқыған үлкен кілем, алаша. *Тор алдына к е с е к і л е м д і тосей сал* (Қост., Жанг.).

КЕСЕ КІСІ (Гур., Инд.) бөгде, бөтен адам. *Мұнда тынышсыздау болатыны – к е с е кісі м і з коп* (Гур., Инд.).

КЕСЕЛ[1] (Сем.: Ақс., Кокп., Абай) керемет, мықты. *Сен шахмат пен дойбыны к е с е л ойнайды екенсің* (Сем., Ақс.). *Мына жігіттің дауысы к е с е л екен* (Сем., Абай).

КЕСЕЛ[2] (Сем., Абай; Тау., Қош.) кесір, қырсық. *Қанша айтсақ та, киемін деп қоймады гой әлгі к е с е л і ң!* (Сем., Абай).

КЕСЕЛДЕНУ (Қ.орда, Сыр.; Қар., Қарқ.) сырқаттану, ауыру. *Ол өзі соңғы кезде к е с е л д е н і п жүр* (Қ.орда, Сыр.).

КЕСЕЛЕП ӨТУ (Ақт., Ырғ.) кесіп өту, қиып өту. *Сол арада алдымнан бір әйел кесе-леп өтіп кетті* (Ақт., Ырғ.).

КЕСЕЛЕУ (Қ.орда, Арал) кесе көлденең тұру. *Нағима Қалтылдақ шалдың жолын кеселеді* (Қ.орда, Арал).

КЕСЕЛ ТАРТУ (МХР) азаптану, қиналу.

КЕСЕЛХАНА (Қарақ.) аурухана.

КЕСЕНЕ[1] (Қост., Жанг.) үлкен күмбез. *Дүние жүзінде үш-ақ кесене бар дейді: Түркістанда, Құралай сұлудікі, тағы біреу бар дейді* (Қост., Жанг.).

КЕСЕНЕ[2] (Гур., Маңғ.) ойлы-қырлы жер бедері. *Жердің кесенесін тасалап, тығылып жатсаң, қарақұйрық сені көрмейді* (Гур., Маңғ.).

КЕСЕР (Түрікм.: Красн., Ашх.) кілем тоқу жұмысында арқауға өткізіліп отыратын жіпті кесетін пышақ.

КЕСЕРТКІ (Гур., Маңғ.) кесіртке. *Бұл жақтың құмында жалтақбас, жыланбас, ешкіемер деген кесерткілер болады* (Гур., Маңғ.).

КЕСЕ СЫЗЫҚ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) сызықша. *Әрбір екі сөздің соңынан бойлай* (қ.) *кесе сызық қоя берген* (Түрікм., Мары).

[Түрікменше *кесе чызық* (Туркм.-рус. сл.)].

КЕСЕ ТЕМІР (Қост., Фед.) есікті ішінен бекітіп алатын ілгек. *Өткен түнде есіктің кесе темірін салуды ұмытып кетіпсіңдер* (Қост., Фед.).

КЕСЕСІНЕН (Гур.: Маңғ., Инд.) қырынан, бүйірінен. – *Айнам, ана оралған бұйымыңды кесесінен қойғаның дұрыс болар* (Гур., Маңғ.).

КЕСЕСІНЕН ҚИЫЛУ (МХР) **1.** шорт үзілу. **2.** қыршын кету. *Қап, үмітім осы еді, бұл дакесесінен қиылды ғой, енді қайттік!* (МХР).

КЕСЕТУ (Шығ. Қаз., Күрш.) анықтап, түсінікті етіп айту. *Мен оған жағдайды кесетіп айттым* (Шығ. Қаз., Күрш.).

КЕСЕУ (Сем.: Акс., Көкп.; Қарақ.) бас жағына имек темір қағылған, ұзын ағаш сапты от көсейтін құрал, көсеу. – *Нурай, ана әжеңнің үйінің кесеуін әкелші, мына темір жарамады ғой* (Қарақ.).

КЕСКАРА (МХР) ағаш кесетін ықшам ара, қол ара. Қ. кескі ара.

КЕСКЕК 1. (Сем.: Акс., Көкп., Абай; Жамб., Қорд.; Орал, Чап.) малдың мойнын бұрғызбас үшін оның екі жағынан іліп, байлап қоятын қамыт төрізді ағаш, ажырғы. *Сонда мойында кескегі бар, қасқыр тартқан бір өгізшені әкелді* (Жамб., Қорд.). **2.** (Қ.орда, Арал) жас түйелөрді, көбінө тайлақ кезіндө бас біліру үшін қолданылатын итепе сияқты жұмыр таяқша.

КЕСКЕКТЕУ (Түрікм., Ашх.) қорыту, түжырымдау. *Айтып-айтып кескектей келгенде былай болады* (Түрікм., Ашх.).

КЕСКІ АРА (МХР) өкі жағынан өкі кісі ұстап тартатын ұзын ара.

КЕСКІР 1. (Қост., Жанг.) темір кескіш құрал. *Бізде кескір деп темір кесетін асылды айтады* (Қост., Жанг.). **2.** (Қ.орда: Қарм., Жал.) ұңғуыр. *Ағашты ойып, жону үшін осы кескірді пайдаланамыз* (Қ.орда, Қарм.).

КЕСПЕ 1. (Қ.орда, Сыр.) қауынның тілкемделген боліктері. *Балам-ау, екі ғана кеспе қауын жегенің қалай* (Қ.орда, Сыр.). **2.** (Гур., Маңғ.) балықтың кесілгендегі, туралғандағы бөліктері. *Бекіренің бел кеспесін жемейтін, қарағым-ай, қоңырсыған қой етіне қор боласың-ау!* (Гур., Маңғ.). *Төрт жігіт әлгі кеспелерді қазанда қайнап тұрған суға малып ап, сыртын пышақпен қырып тазалаумен жүр* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 69). Қ. бөл көспө.

КЕСПЕК[1] (Қ.орда, Арал) бөшке.

КЕСПЕК[2] (Қарақ.) етке салатын нан.

КЕСПЕЛЕК (Қост., Жанг.) үй төбөсінө арқалық үстінен салынатын шабақ ағаш. *Бір үйге 20 кеспелек кетеді* (Қост., Жанг.).

КЕСПЕ ТЕЗЕК (Рес., Орын.) қыс бойы жиналған мал қиын көктемде колікпен бастырып, ойылып алынған көң.

КЕСПЕ ШЕКЕР (Рес., Орын.) шақпақ қант. *Бұрын бас шекер болушы еді, енді кеспе шекер көп шығады* (Рес., Орын.).

КЕСПІР (Гур., Маңғ.; Түрікм., Таш.) түр, әлпет, кескін, сиық. *Кеспірі жаман адамнан жақсылық шыға бермес болар* (Гур., Маңғ.). *Мынадай кеспірі нашар затты алар ма адам* (Түрікм., Таш.). *Осы сәтте Рақымбайдың көз алдына өзі қуған әлгі ақсақ немістің кеспірі келді* (С. Сейіт., Сөз., 28).

КЕСПІРСІЗ (Орал, Орда; Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) түр-әлпетсіз, кескінсіз, сиықсыз. *Мынадай кеспірсіз затты да алар ма адам* (Түрікм., Таш.). *Кеспірсіз кең даланы кезеп көрем, Мен саған күнде оңаша көз жеткерем* (Х. Ерғ., Құр., 143).

КЕСТАПАНДАЙ (Гур., Инд.) үп-үлкен, сомадай; қолақпандай. *Өзі кестапандай болып алып, балдарды ренжітетін көрінеді* (Гур., Инд.). *Кестапандай қара шұбар бақаны әжесінің тірідей шайнағанын көргенде, Сәлиманың жүрегі айнып көзі қарауытып кеткен* (Ғ. Сл., Дөң ас., 27).

КЕСТЕСІ КЕЛІСУ (Түрікм.: Таш., Ашх.) істің реті келу, ону. *Ондағы қырқымшылардың да кестесі келісе алмай жатқан көрінеді* (Түрікм., Таш.). *Мендегілердің кестесі келісіп жатқан жоқ, әнекей!* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 174).

КЕСУ (Қ.орда, Арал) хал-жайын айту, мұң шағу. *Мен әуелде ой бауырымды кестім оған өз жайым туралы* (Қ.орда, Арал).

КЕС ҮЙ (Рес., Орын.) шымнан түрғызылған үй. *Сабанмен шидемді аударады да, кес үй жасайды* (Рес., Орын.).

КЕСІК[1] (Алм., Жам.; Талд., Қарат.; Шымк., Лен.) баға, күн, нарық. *Сиырымның кесігі төрт мың сом болды* (Талд., Қарат.). *Сенің осы айтқан кесігің дұрыс* (Алм., Жам.).

КЕСІК[2] (Шымк., Арыс; Алм., Жам.; Қост., Торғ.) сот шешімі, кесім, үкім. *Он жылдан кем кесік берер деп үміттендік, бірақ болмады гой* (Шымк., Арыс). *Сот оған үш жыл кесік кесті* (Қост., Торғ.). *Сагит әуелі өлім жазасына бұйырылып, содан он бес жылға кесік болыпты* (М. Әу., Өскен. өрк., 253).

КЕСІК[3] (Алм.: Шел., Жам.) бір нәрсе өндірумен байланысты іс, кәсіп. *Сол уақытта кесігіміз егіншілік болды* (Алм., Шел.). Қ. кесіп.

КЕСІК КЕСУ (МХР) айыпты екенін айтып, төлейтін мал-мүлік мөлшерін айту.

КЕСІКШІ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) мал пішетін адам. *Колхозда кесікші жоғынан тайыншалар әлі пішілмеген* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *кесижи* (Туркм.-рус. сл.); карак. *кесиуши* (Карак.-рус. сл., 1958)].

КЕСІЛУ (Орал, Жән.; Гур., Инд.) шай шығымының дәмі бұзылу. *Іше беріңдер, шәйі әлі кесілген жоқ!* (Орал, Жән.).

КЕСІНДІ (Ақт.: Ойыл, Тем.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) тарының дән аралас топаны. *Тарыны басқанда түсетін сабан аралас отход сагырды кесіндідейді* (Ақт., Ойыл). *Ықтында* (к.) *кесіндікетіпті* (Ақт., Тем.). *Кесіндіді далада қалмайды, тауыққа беріледі* (Қ.орда, Сыр.).

КЕСІП (Қост., Жанг.; Қ.орда: Сыр., Жал.) бір зат өндірумен байланысты іс, кәсіп. *Елдің көбі кесіп іздеп, шұбырып жүрген кез еді* (Қ.орда, Сыр.). *Бар кесібі – қолдан конверт істеп сатады* (Ғ. Мүст., Көз көр., 102).

КЕСІРКЕ (Қост., Об.) көк шегіртке. *Кесірке ні көрсең өлтір* (Қост., Об.).

КЕТЕГЕН (Гур., Маңғ.; Жезқ., Ж.арқа) колға түрмайтын, қашаған. *Оның бір кетеген түйесі бар еді, соны іздейді де жүреді* (Гур., Маңғ.). *Кетеген болса, құрысын, Егінді жерде бага алман, Кетіп қалса суылдап, Жаяу оган бара алман* (С. Сейф., Шығ., 115).

КЕТЕК//КЕТІК (Шымк., Арыс; Қ.орда: Арал, Қарм., Қаз.; Ақт., Шалк.; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) шикі кесектен жасалған тауық қора. *Тауықтар кетекте, кешке қамап қоймаса, ит алып кетеді* (Қ.орда, Арал). *Тауықты түгелдей кетекке қамап, үйге кірсем, қонақ отыр екен* (Қ.орда, Қарм.). *Кетекті жерден қазып та жасай қоямыз* (Түрікм., Таш.). *Козіне кетекке сүйеулі тұрган айыр түсе кетіп еді, шал бар өшін содан алардай... үйдің төбесіне лақтырды да жіберді* (Т. Нүрм., Қош., 84).

КЕТЕКТЕУ (Қ.орда, Арал) бұғу, бүкпалау. *Жарас жауга жақындаганда кететеген бір жауды көріп қалды* (Қ.орда, Арал).

КЕТЕКХАНА (Ауғ.; Ир.) тауық күрке.

КЕТПЕ-КЕТ (Шымк., Лен.) іле-шала, дереу. *Бұлар кетпе-кет, бірінен соң бірі жуады* (Шымк., Лен.).

КЕТПЕН ҚҰЙРЫҚ (Гур., Маңғ.) 1. қазақы қой мен мәліш кой арасынан шыккан тұкым. 2. а у ы с. Еңбексіз, тегін табыс, олжа. *Бұл не қылган кетпен құйрық десем, иесі бар нәрсе екен гой* (Гур., Маңғ.).

КЕТПЕН-ШОТ (Кокш., Қ.ту) 1. ағаш шабатын кетпен. *Отын шабуга кетпен-шот ыңғайлы* (Кокш., Қ.ту). 2. жер казатын құрал.

КЕТУ (Шымк., Түлк.) күн бату, баю. *Күн кеткен соң үйге қайтамыз* (Шымк., Түлк.).

КЕТУІ БАР (Шығ. Каз., Больш.) кетуі мүмкін, кетуі ықтимал.

КЕТУІ БОЙЫНША (Қ.орда, Арал) кетісімен, кете салысымен. *Оның исін жойылту үшін, адамдары кетуі бойынша иіс су шашады* (Қ.орда, Арал).

КЕТІГІНЕ ТАП ЕТЕ ТҮСУ (Сем., Абай) ыңғайы келе кету, реті болу. *Айтқан жұмысың кетігіне тап ете түсті* (Сем., Абай).

КЕТІК (Шымк., Арыс) тауық кора. *Тауықтар кетікте, кешке қамап қоймаса, ит алып кетеді* (Шымк., Арыс). Қ. кетек.

КЕТІРГІШ (Орал: Орда, Жән.) өшіргіш резеңке. *Рақым кетіргішіңді бере тұршы* (Орал, Жән.).

КЕУГІМ//КЕУІМ (Қ.орда, Арал) ала көленке, алагеуім. *Шам жақпай, қоңыр кеугім тартып тұрган үйдің іші азан-қазан болды да кетті* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 65).

КЕУДЕЛІК КИІМ (Қ.орда, Арал) балықшылардың үстіне киетін сырмалы қалың киімі. *Балықшылар теңізде үстеріне кеуделік киім киеді* (Қ.орда, Арал).

КЕУДЕШІК (МХР) кеудеге киетін жеңсіз киім, көкірекше. *Елтір к е у д е ш і к істетіп кидім* (МХР).

КЕУДІРЕУ (Гур., Тең.) қаудырау, қаусау, құр сүлдері қалу. *Ол жылдары қай үйге барсаңыз да к е у д і р е п отырған адамдарды көретінсіз* (Гур., Тең.). *Бел буып, борік кигеннің бәрін соғыс қырқып, к е у д і р е п отырған жетім-жесір жұрт жалғыз лағына шейін сойып, қонақ қылады* (Ж. Нәжім., Кішк., 36).

КЕУЕ (Алм.: Кег., Нар.) асқабақ. *К е у е – жақсы астық, күтімі келіссе көп онім береді* (Алм., Кег.). *Бұл жақта к е у е де өседі гой* (Алм., Нар.). Қ. аскелді, көуө.

КЕУЕК (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш.) 1. тау үңгірі. *Маңғыстаудың тауларында үлкен-үлкен 15-20 адам сыярлық к е у е к болады* (Гур., Маңғ.). *К е у е к болмағанда ұрыларды ұстайтын едік* (Түрікм., Таш.). 2. құдық түбіндегі балшықтың құлауынан пайда болған қуыс.

КЕУЕЛ (Гур., Маңғ.) тікенекті өсімдік.

КЕУКЕР (Алм., Шел.) кенек. *К е у к е р м е н бие сауамын дейді әлгі әйел* (Алм., Шел.).

КЕУ-КЕУ (Сем., Абай) жаугершілікте, барымтада айтылатын одағай сөз.

КЕУЛЕЙ СҰРАУ (Сем.: Абай, Шүб.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) егжей-тегжейлі, қазбалап сұрау. *Басқарма шаруашылық жағын келгендерден к е у л е й с ұ р а п отырды* (Сем., Абай).

КЕУЛЕУ 1. (Шығ. Қаз., Тарб.) араластыру. 2. (Шымк., Мақт.) қазу. *Сыдық ана жерде жер к е у л е п жатыр* (Шымк., Мақт.).

КЕУРЕК (Жамб., Шу) құмды жерде есетін, емдік қасиеті бар шөп. *Желі бар адам к е у р е к т і қайнатып, суына түседі* (Жамб., Шу).

КЕУРЕН (Шымк., Түлк.) көк шыбық. *Ол өгізді к е у р е н м е н айдайды* (Шымк., Түлк.).

КЕУСАНДЫҚ (Ақт., Шалқ.; Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Қарақ.; МХР) үлкен сандық, әбдіре. *К е у с а н д ы қ қ а көбіне киім салынады* (Ақт., Шалқ.). *Әбдіре төрізді киім салатын үлкен сандық к е у с а н д ы қ делінеді* (Қ.орда, Жал.). *К е у с а н д ы қ қ а көп дүние сыйып кетеді* (Қарақ.). Қ. тай сандық.

КЕУСЕН (Қ.орда: Жал., Қаз., Қарм., Арал; Жамб.: Шу, Мер., Қорд., Луг.; Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.) астықты қызылдап жатқанда келген кісіге берілетін үлес. *Бұрын қырманның басында к е у с е н сұраушылар көп болушы еді* (Қ.орда, Жал.). *Өсербайға қырман басынан берілетін к е у с е н бар* (Жамб., Қорд.). *Бұрынгы кезде сұраушыларға қырман басында к е у с е н берілетін еді* (Шығ. Қаз., Күрш.).

КЕУСЕРДЕЙ (Гур., Маңғ.) үп-үлкен. *Үйге кірген кісінің етігі к е у с е р д е й екен* (Гур., Маңғ.).

КЕУШЕРЛЕУ (Алм., Жам.) үңгу, ою. *Қалың шөптің арасына бар да, әке, шалғымен, тегі, к е у ш е р л е п, айналаңды құрта бер* (Алм., Жам.).

КЕУШІРЛЕК (Гур., Маңғ.) кеудірлек, күтірлек. *Мына жеміс к е у ш і р л е к, тісі жоқ адамдарға қиындау* (Гур., Маңғ.).

КЕУІЛ[1] (Жамб.: Қорд., Шу, Луг.; Қ.орда: Арал, Шиелі, Сыр., Жал., Қарм.; Ақт.: Қараб., **Ы**рғ.; Гур., Маңғ.; Қост., Тоб.; Рес., Орын.) көңіл, ой. *Анада бір кездескенімде колхоз бастығына к е у л і м д е жүрген ойларымды айттым* (Қ.орда, Сыр.). *Осы жасқа келгенше олардан к е у і л і м қалған жоқ* (Жамб., Шу). *Алтын кейде ойға батып, әлде бірдемені ойлап, к е у і л і шалқып, қиялдағандай болады* (Ақт., **Ы**рғ.). *К е у і л і н д е г і бар ызасын сыртына ақтарып, шаптығып, көз жасы дірілдеп тұрып айтты да, жалт бұрылып жүгіре жөнелді* (Т. Ахт., Дала., 214).

КЕУІЛ[2] 1. (Қ.орда, Қарм.) биіктігі метрге жуық, түсі сарғыштау, тақырға шығатын шөптесін өсімдік. *К е у і л д і түйе сүйіп жейді* (Қ.орда, Қарм.). 2. (Шымк., Түркіс.) тарбиып шығатын, құмды жерге өсетін түйнегі бар өсімдік. Қ. көуіл.

КЕУІЛГЕ МАЛАЛ КЕЛУ (Ақт., Шалқ.) күмән туу, күдік пайда болу, сенбеу.

КЕУІЛ ДЕЛБЕУ (Ақт., Шалқ.) кеңіл аудару, ден қою. *Тіпті к е у і л д е л б е й т і н д е й ешнәрсесі жоқ* (Ақт., Шалқ.).

КЕУІЛДЕСУ (МХР) дуылдасу. *Олар к е у і л д е с і п күлісіп жатты* (МХР).

КЕУІЛДЕУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) гуілдеп әңгіме соғу. *Олар таң атқанша к е у і л д е п отырды* (Шығ. Қаз., Болып.). *Олар к е у і л д е п отыр* (Тау., Қош.).

КЕУІЛДІ (Қ.орда, Жал.; Қост., Жітік.) кеңілді, жадыраңқы. *Аздап дәм татып, к е у і л д і отырған да жақсы гой* (Қост., Жітік.).

КЕУІЛДІРЕУ (Жамб., Мойын.) кеудіреу, қаусау. *К е у і л д і р е г е н қарттарды да өзімен бірге ертіп барды* (Жамб., Мойын.).

КЕУІЛ ҚОСЫЛЫСПА (Қарақ.) реніш, өкпе.

КЕУІЛШЕК (Жамб., Луг.; Қ.орда: Жал., Қарм., Сыр.; Ақт., **Ы**рғ.; Маң., Маңғ.; Қост., Тоб.) көңілшек. *Ол өзі бір жүрген к е у і л ш е к, ешкімнің кеуілін қалдырғысы келмейді* (Қ.орда, Жал.). *Азамат Мәриямды көргенде сөзшең, көңілін қайтармайтын к е у і л ш е к* (Ф. Ораз., Баст., 79).

КЕУІЛШІҢ ҚОСЫ КЕЛМЕУ (Гур., Маңғ.) кеңілінің қошы болмау. *Ол кісінің іштеңеге к е у і л і н і ң қ о с ы к е л м е й отыр* (Гур., Маңғ.).

КЕУІМ (Ақт., **Ш**алқ.; Қ.орда, Арал) апақ-сапақ, ала көленке кез. *Мергендер к е у і м уақытта атады* (Ақт., Шалқ.). *К е у і м уақытта ол өзен жағалап кетеді* (Ақт., Шалқ.). *Бұл – күн батып, үй іші к е у г і м тартқан шақ еді* (Ә. Нүрп., **К**үт. күн., 67). Қ. кеугім.

КЕУІМ ТАРТУ (Ақт., Шалқ.; Талд., Талды.) ымырт түсіп қас қараю, қараңғы түсу. *Күн к е у і м т а р т т ы* (Ақт., Шалқ.). *Күн батып, к е у і м т а р т қ а н с ы н үйге қайтамыз* (Талд., Талды.).

КЕУІР (Қ.орда, Арал) көпір. *Жаңқожа к е у і р г е қарсы қолымен аттанған екен* (Қ.орда, Арал). Қ. көуір.

КЕУІРТ (Шымк.: Сайр., Түлк.; Жамб., Тал.) сіріңке, оттық (қ.), шырпы (қ.), күкірт (к.). *Мырзабек, темекі тартуға к е у і р т і ң і з бар ма?* (Шымк., Сайр.). *Біздің үйдің к е у і р т і таусылыпты гой* (Жамб., Тал.).

[Парсыша *кебрит* (Қр. перс.-рус.-азерб. сл.)].

КЕУІС[1] (Маң., Маңғ.) ақылы кем, жарымес. *Бул бала к е у і с бала* (Маң., Маңғ.).

КЕУІС[2] (Шымк., Мақт.) былғарыдан тігілген, галош тәрізді қонышсыз аяқ киім, кебіс. *Нәзжан, менің к е у і с і м д і алып бере қойшы* (Шымк., Мақт.). Қ. кеуіш.

КЕУІТ (Түрікм., **К**расн.) кемедегі кішігірім бөлек бөлме.

КЕУІШ 1. (Шымк., Мақт.; Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.; Түрікм.: **К**расн., Ашх., Таш.; Қарақ.) былғарыдан тігілген галош тәрізді аяқ киім, кебіс. *Әлгі бала к е у і ш т і шалыстырып кетіпті* (Түрікм., Ашх.). *Ондай көк сауыр етіп істелген к е у і ш т і тауып ала қою да оңай емес еді* (Қарақ.). *Адай ішінде әлі де к е у і ш киген кемпірлер табылады* (Түрікм., **К**расн.). Қ. кеуіс[2]. 2. (Ауғ.; Ир.) аяқ киімнің жалпы аты. 3. (Ауғ.; Ир.) кебіс. 4. (Ауғ.; Ир.) туфли.

КЕШ (Түрікм.: Ашх., Таш.) мақта егісінің қатар аралығындағы үлкен арық.

[Түрікменше *кеш* деп аталады (Туркм.-рус. сл., 1940)].

КЕШЕЛ (Жезқ., Ж.арқа; Шымк., Кел.) кейін, соң. *Ауылдан к е ш е л шыққан машина қалаға уақтында жете алмады* (Жезқ., Ж.арқа). *Алдыңғы әдіс ауызша таралса, ал кейінгі әдіс – к е ш е л туған әдіс– жазба әдебиетте орын тебеді* (С. Талж. **Ұ**лд., 37).

КЕШЕЛІ БЕРІ ҚАРАЙ (Алм., Жам.) кешеден бері қарай. *К е ш е л і б е р і қ а р а й балалар келіп кеуіліміз көтеріліп қалды* (Алм., Жам.).

КЕШЕЛІ-БҮГІНДІ (МХР) кеше-бүгін. *К е ш е л і-б ү г і н келген біреу обаның дәл ортасында дала гүлін қойыпты* (Д. Нав., Тау күп., 154).

КЕШКЕЛЕТЕ (МХР) кешке қарай. *К е ш к е л е т е Солтан айтқан заводтағы ауылдарга келдік* (Ш. Қат., Аз. көз., 65). *К е ш к е л е т е сойылган қазы етi пысып, дастарқан жайылганда, көк мойын бөтелке де келдi ортага* (Ш. Қат., Аз. көз., 156).

КЕШКІ ҚОЙ (МХР) кешке сауатын қой. *Монголиядағы қазақтар қойды күндіз түске және кешке қосақтап сауады. Кешке сауатын кезін к е ш к і қ о й дейді* (МХР).

КЕШКІЛ (Алм., Нар.) дін қызметшісі, молда.

КЕШКІРТ (Қарақ.) кішкене қол орақ. *К е ш к і р т п е н мақтаның түбін отайды* (Қарақ.).

КЕШКІТҰРҒЫМ (**О**рал, Казт.) кешке таман. *К е ш к і т ұ р г ы м мына жаққа шығып келейік* (**О**рал, **К**азт.).

КЕШПЕЛІ (Жамб., Қорд.) судың таяз жері, өткел. *Осы судың к е ш п е л і жері бар шығар* (Жамб., Қорд.).

[Қырғызша *кечмелік* (Кирг.-рус. сл.)].

КЕШТҰРЫМ (Жамб., Жам.) кешке таман, кешқұрым. *Ахмет к е ш т ұ р ы м қаладан келді* (Жамб., Жам.).

КЕШТІК (МХР) кешкісін ететін ойын-сауық отырысы. – *Оның да аты бар да, заты жоқ. Демалыс күндері осында жиналып, к е ш т і к өткізген боламыз* («Ж. өмір», 11.05.1987). – *Жарайды, Сайраш, сен маган ренжіме. Мүмкіндік болса к е ш т і к т і ң соңына дейін ілініп қалармын* (А. А., Сүй. мен., 83). *Тоқтамұрат, кілемші И. Казиралардың айтысы к е ш т і к т і қыздыра түсті* («Ж. өмір», 29.09.1983).

КЕШУ[1] (Талд., Қап.) кезу, шарлау. *Атты ізdеп осы айналаны түгеле к е ш т і м* (Талд., Қап.).

КЕШУ[2] (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; Қ.орда, Арал) судың таяз жері, өткел. *Сонау мал жүрген жердегі к е ш у д е н өтсеңдер болады* (Қ.орда, Арал). *Мына Шүйдің к е ш у і қайда?* (Тау., Қош.). Алтайлар да өткелді *кечу* дейді (ҚТТДМ-4, 90). Қ. кешпелі.

КЕШУ[3] (Түрікм.: Ашх., Таш., Красн.; Ауғ.; Ир.) өту, көшу. *Биыл балам сегізінші класқа к е ш т і* (Түрікм., Красн.). *Сагат екіден болса бес дақка* (минут) *к е ш т і* (Ир.). *Апрельдің 11 күні... бірінші сабақ к е ш і р і л д і* («Қарабұғаз.», 20.04.1937).

[Түрікменше *гечмек* (Туркм.-рус. сл.)].

КЕШУІН (МХР) мүше. *Кешегі жасырын жиналыста бесеуміз де партияның к е ш у і н і*

болуда пікір бердік (М. Құл., Таңд. шығ., 18). *Сендер партияға к е ш у і н боламыз деп ұсыныс жасапсыңдар* (М. Құл., Таңд. шығ., 18).

КЕШІЛ[1] (Сем.: Кекп., Ақс.; **Шығ.** Қаз.: Зайс., **Тарб.**; Тау., Қош.; МХР) көпке дейін үйленбей жүрген сүр бойдақ. *Сен к е ш і л болганнан саумысың, неге үйленбейсің?* (Сем., Көкп.). *Көкей көпке шейін әйел алмай к е ш і л болып жүрді* (**Шығ.** Қаз., **Тарб.**). *К е ш і л д е р үлкен-үлкен шойын қазандардың астына отынды қалап жиып от жағып отыр. Бейшара к е ш і л д е р д і ешкім елеген жоқ. К е ш і л үйықтап жатқан балаларды тағының мыс жапсырған ұнымен шекелеріне түртіп оятты* (Д. Нав., Тау күп., 108).

КЕШІЛ[2] (Сем., Аяг.; **Шығ.** Қаз., Больш.) қалмақтың дін қызметшісі, сопы, тақуа. *Біреулер ламалардың табағынан ет алып жемекші болып, өңештерін созады, оларды к е ш і л д е р жеңімен ұрып, қағып тастайды* (М. Құрман., 130).

КЕШІЛ БОЛЫП КЕТУ (МХР) кәпір болу, мұсылмандықтан шығу.

КЕШІЛДІК (МХР) кәпірлік, мұсылман еместік. *Ол Ван Хүрээсіне 8 жасынан бастап шәкірт болса да ешбір білім ала алмай, жастық шағын к е ш і л д і к п е н өткізіп, ас-судың қалдығымен күн көріп келген* (Д. Нав., Тау күп., 16).

КЕШІЛМЕЙТІН ШӨРЕ (МХР) созсіз істелетін, істелмесе болмайтын, орындауға мәжбүр етілген.

КЕШІР (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.; Орал, Қара.; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Красн.; Қарақ.; **Өзб.**, Там.) сәбіз. *Бүгін магазинде к е ш і р д і көп сатты* (Қ.орда, Арал). *Піскен к е ш і р д е қант жоқ* (Орал, Қара.). *Биыл к е ш і р жақсы шыққан болу керек, бізге де үйіп тастады* (Қарақ.).

[Түрікменше *кәшир* (Туркм.-рус. сл.); қарақ. *гешир* (Карак.-рус. сл., 1958). Қазан татарларында *кишәр* (Л. Буд., II, 129)].

КЕШІРМЕ (Қ.орда: Қарм., Сыр., **Шиелі**) суды жоғары кетеру үшін үзынша етіп үйілген топырақ, богет. *К е ш і р м е д е н су бірден салмага тарайды* (Қ.орда, **Шиелі**).

КЕШІРУ (Түрікм.: Ашх., Красн.) өткізу, жасау. *Апрельдің 11 күні ТССР Конституциясының VIII тарауындағы азаматтардың праеосы мен міндеттері туралы бірінші сабақ к е ш і р і л д і* (Түрікм., Ашх.).

КИБРИТ (Ауғ.; **Ир.**) сіріңке.

КИГІЗ (Қар., Шет; Сем.: Абай, Кокп., Ақс., Аяг., Мақ.; **Павл.**: Ерт., Баян.; **Шығ.** Қаз., Больш.; Кекш.: Қ.ту, Щуч., **Еңб.**; Ақм., Атб.; Қост.: Жітік., Семиоз., Фед.; МХР) киіз. *Бибігүлді көрші үй к и г і з басуга шақырып кетті* (Қост., Семиоз.). *Неше қатар үй тігіп ақ к и г і з д е н, Келгендерге сыйлығын бере берді* (Б. Майл., Шығ., 204). *Түн салқындап, жел тұрып келеді. Ызгарлы жел қостың к и г і з д е р і н жула тартып ашылган жерлердің аңызгагын ішке қарай ныгарлайды* (Ш. Қат., Аз. көз., 119). *Кигіз етік* – жүннен басылған қонышты аяқ киім. *Қыста к и г і з е т і к киюдің пайдасын қазіргі жастар ескермейді* (Сем., Ақс.). *Кигіз үй* – қазақ үй. *Қойшылардың озінде де кәзір к и г і з у й өте сирек қолданылады* (Қост., Семиоз.). *Арқаның адамдары жаздыгүні к и г і з у й тігіп отырады* (Қар., **Шет**).

КИЕ (Жамб., Луг.) шөп біткеннің жалпы аты. *Жерге шыққан к и е л е р де құлпырып тұр* (Жамб., Луг.).

КИЕЗ (Орал, Қара.) мойынды бүрғызбай ауыртатын ауру, күйез. *К и е з г е кездессең кербез келіншектің сыртынан сәлем ет* (Орал, Қара.).

КИЛӘ (Ауғ.; **Ир.**) банан.

КИМЕШЕКТІҢ ҚҰЙРЫҒЫ (МХР) кимешектің етегі.

КИП (Ауғ.; **Ир.**) сөмкенің ең кішкентай түрі.

КИПАЛ (Гур., Маңғ.) екі бүйірі қабысып, сопақша келетін кішігірім кәсіптік теңіз балығы.

КИТТӘЙ (Ақт., Қараб.; Гур., Тен.) кіп-кішкентай, құрттай, титтей. *Есіктің алдында к и т т ә й балапандар жыбырлап жүр* (Гур., Тең.). *Сондай бір аралықта ақ мәрмәрдан салган к и т т ә й гана екі сарай тұр* (Т. Ахт., Үндістан., 67).

КИТІМДЕЙ (Ақт., Қараб.) кіп-кішкентай, титтей, құрттай. *Бала жүгіріп бара жатып, жолдан к и т і м д е й бір темір тауып алады* (Ақт., Қараб.). *К и т і м д е й детальдардан бастап, салмагы бірнеше тонна белдік темірді жонып жатқан неше түрлі станоктарды аралап келеміз* (Т. Ахт., Үндістан., 18). Қ. кіттәй.

КИІЗ БАЙПАҚ (Түрікм, Красн.) жүннен басылған жылы аяқ киім. *Ол кезде кәбіне к и і з б а й п а қ табылмайтын* (Түрікм., Красн.).

КИІЗ ЕТІК (Алм.: Кег., Нар.) жүннен басылған жылы аяқ киім. *Әке, к и і з е т і г і ң д і кигін, күн суық, мұздап қаласың* (Алм., **Кег.**). *Қыста к и і з е т і к оте жылы болады* (Алм., Нар.).

КИІЗ ЖАСТЫҚ[1] (Қ.орда, Сыр.) жүннен оюлап басылған жастық. *Ертеде к и і з ж а с т ы қ деген үйдің сәні болатын* (Қ.орда, Сыр.).

КИІЗ ЖАСТЫҚ[2] (Өзб., Там.) киізден тігілген киім салғыш. *Қысқы, киімдерді к и і з ж а с т ы қ қ а салып тастаймыз* (Өзб., Там.).

КИІЗ МОНША (Шығ. Қаз., Күрш.) қадалар шаншып, үстін киізбен жапқан монша. *Колхоздардың Алтайда мал фермалары бар, олардың жанында к и і з м о н ш а болады* (Шығ. Қаз., Күрш.).

КИІЗ ӨРКЕШ (Гур., Маңғ.) семіз түйе туралы.

КИІЗ ПЫСЫТУ (Түрікм., Красн.) шала басылған киіздің үстіне ыстық су құйып, ширықтыра түсу. *Көршілеріміздің уақыты жоқ, к и і з п ы с ы т ы п жатыр екен* (Түрікм., Красн.).

КИІК ЖҮН (Алм., Жам.) таудың жоғары басына шығатын тырбық шөп. *К и і к ж ү н д і шөпті арқар өте сүйіп жейді* (Алм., Жам.).

КИІКОТЫ 1. (Алм., Кег.; Жам., Шу; Көкш., Қ.ту) таулы жерде өсіп-өнетін иісті шөп. *Біздің бұл тауларда к и і к о т ы көп чығады* (Алм., Кег.). *К и і к о т ы н теріп жеп, арқар құсап тауда өскен жануар қиынға талмай өрмеледі* (Д. Досж., Жіб.). **2.** (Шымк., Түркіс.) бойы бір қарыстай топ-топ болып таулы жерде өсетін өсімдік. *К и і к о т ы н ы ң иісі оте жағымды. К и і к о т ы бүйрек ауруына бірден-бір ем. Асқазан ауырғанда к и і к о т ы н қайнатып ішеді. К и і к о т ы н арақ ішкен адамға береді немесе суына шомылдырады, сонда арақ ішуді қояды* (Шымк., Түркіс.).

КИІМДІК (Шымк., Түлк.) ертерек кездегі үзындық өлшеуіші. *Бұрынғы кезде бір қойға к и і м д і к мата алатын еді* (Шымк., Түлк.).

КИІМ-КЕНШЕК (Қ.орда, Арал; Қарак.) әр түрлі киім-кешек. *Ол қалаға барып, балаларға к и і м-к е н ш е к алып қайтты* (Қ.орда, Арал). *Ақша берейік, бізге де к и і м-к е н ш е к сатып әкелің* (Қарақ.). *Хатты талқылаған соң, жиылыстың үстінде-ақ олар өздерінің жиған к и і м-к е н ш е к т е р і н әкеліп бере бастады* («Ком. жолы», 20.12.1941).

КИІМ-КЕШЕ (Алм., Нар.) әр түрлі киім-кешек. *Ол енді қайтып келе қоймас, к и і м-к е ш е с і н киіп кетті* (Алм., Нар.).

КИІПЖАТ (Орал, Жән.) қой терісімен астарланған тақия. *Есенкелді к и і п ж а т ы н жогалтып алса керек* (Орал, Жән.).

КЛАДИШ (Рес., Орын.) шөп мәшинесінің шошқа түмсығының үстіндегі пластика.

КОНДЫРАТ (Рес., Орын.) бәкінің бір түрі. *К о н д ы р а т бәкі өткір болады* (Рес., Орын.).

КОНТОК (Қост., Семиоз.) атшы, ат бағушы.

КОНЦЕРТ ОЙНАУ (МХР) концерт қою. *Төл алу науқанына қолма-қол көмектесумен қатар оқушылардың өнер бригадасы малшы-төлшілерге к о н ц е р т о й н а п, үгіт-насихат жұмысын жүргізуде* («Ж. өмір», 6.04.1938).

КӨБДІК 1. (Сем.: Үрж., Шүб., Абай; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Орал, Чап.; Маң., Маңғ.; Түрікм., Красн.; Рес., Омбы) уызына жарымай нашарлау оскен жетім қозы. *Қой ішінде к ө б д і к әр қойды бір емеді* (Маң., Маңғ.). *Қойға ілесе алмайтын әлсіз к ө б д і к те мал қатарына қосылып кетті* (Түрікм., Красн.). *Қойларды саугандықтан барлық фермалардағы қозылар к ө б д і к* («Ж. жол», 15.07.1938). **2.** (Сем.: Үрж., Мақ.; Көкш., Қ.ту; Орал: Қара., Орда; Гур., Маңғ.) мезгілінен ерте туған арық қозы. *Ондай к ө б д і к т і ң еті арық болады* (Көкш., Қ.ту). *К о б д і к енді семіре бастайды* (Сем., Үрж.). *Біз-де к ө б д і к кобірек еді, қазір бәрі де оңалып қалды* (Гур., Маңғ.). *Құдам деп барғанымда бір к о б д і к сойып беруге жарамады ол кісі* (Орал, Қара.). **3.** (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Сем.: Мақ., Үрж.; Түрікм., Таш.) кеш туған қозы. *Осы күнде арагідік к о б д і к қозылар да кездесіп қалып жүр* (Қ.орда, Жал.). *К о б д і к т і күзде сойсақ болар еді* (Ссм., Үрж.). *Кеш туған к ө б д і к т е р қойға ілесе алмай, шеңгел түбінде қалып қоюы мүмкін* (Түрікм., Таш.).

КӨБЕ[1] (Қ.орда, Арал; Рсс., Орын.) кішігірім шои үйіндісі, шомеле. *Шапқан пішенімді к ө б е г е салып келдім* (Рес., Орын.). *К о б е н і күбелеп жинаймыз* (Қ.орда, Арал). *Бұл қарт ең алғашқы рет тырмашы болып, оның үстіне к ө б е салу жұмысын қосып алды* («К-з жолы», 17.07.1941).

КӨБЕ[2] **1.** (Жамб., Тал.; Қарақ.) марқа қозы. *Біздің қойда үш к ө б е қозы бар* (Жамб., Тал.). *Жиенім келгенде бір к ө б е м д і сойып бердім* (Қарақ.). **2.** (Талд., Талды.) кеш туған қозы. *Биыл біздің колхозда к ө б е аз* (Талд., Талды.).

КӨБЕ[3] (Шығ. Қаз., Тарб.) сүйреткі ағаш. *Балам, ана к ө б е н і бір атқа чек те сабанды чығар* (Шығ. Қаз., Тарб.).

КӨБЕЛЕУ[1] (Рес., Орын.) шопті бір жерге үю. *Шомеледен соң шопті к о б е л е й м і з* (Рес., Орын.).

КӨБЕЛЕУ[2] (Қ.орда: Қарм., Сыр.) судың айналасын котеріп, биіктете топырақ үю. *Арықтағы су жайылып кетпес үшін айналасын к ө б е л е п қоямыз* (Қ.орда, Сыр.).

КӨБЕЛЕУ[3] (Қ.орда, Арал) жағалау. *Онан арғы жолда да үндеспеді, аяқтарын ақырын басып, өзеннің ағысымен сыпыра жаганы к ө б е л е п келеді* (Ә. Нүрп., Курл., 453).

КӨБЕН (Орал, Жән.) өрте туған қозы. *Рақым бір көбен сатып алды* (Орал, Жән.).

КӨБЕНҚҰЙРЫҚ (Шымк., Түркіс.) жапырағы майда, сабағы жуан ақшыл майда шөп. *Биыл көбенқұйрықты молдау жинап алуымыз керек* (Шымк., Түркіс.).

КӨБЕНТЕ (МХР) кеудеге киетін сырып тіккен сырт киім, фуфайке.

КӨБЕН ТҮЙЕ (Қ.орда, Жал.) жүріс көтермейтін, аз жүрсе де ақ көбік болып шаршайтын денесі бос, борсыйған түйе.

КӨБЕНШАР (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) жиеншардан туған бала. *Әкең жиеншар еді, өзің бізге көбеншар болдың, қарағым!* (Түрікм., Таш.).

КӨБЕҢ СЕМІЗ (МХР) жаздай мініп, күзде қоя берген ат.

КӨБӨНТӨ (МХР) шолақ мақталы шапан. *Зақыдан (базардан) көбөнтө чапан алдым* (МХР).

[Монғолша *ховонтой* мақталы (Монғ.-қаз. сөз., 1954)].

КӨБІК (Орал, Жән.) су тоқтату үшін қазылған жер. *Киров колхозы үзындығы 150 шаршы метр жерге дейін көбік қаздырды* (Орал, Жән.).

КӨБІК ЖАЛАУ (МХР) 1. биені сауғанда саумалының бетіне пайда болған көпіршігін қолмен жалау. *Біз бие саугызып көбік жалаушы едік* (МХР). 2. қайнатқан құрттың көбігін шоміш түбінің сыртымен жалау. *Бала кәнімізде жер ошақ басында құрттың көбігін жалаушы едік, ендігі баладар оған ернін тигізбейді* (МХР).

КӨБІК ҚАР (МХР) алғашқы жауған, молырақ түскен қар.

КӨБІНЕКЕЙ (Шығ. Қаз.: Күрш., Больш.) көбінесе, көбіне. *Биыл жаңбыр көбінекей Алтайда көп болды* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Жаз кезінде біз көбінекей жұмыс басында боламыз* (Шығ. Қаз., Больш.).

КӨБІНШАҚ (Жамб., Жам.) көбінесе, көбіне. *Біз егінді қырға да, сызды жерге де саламыз, көбіншақ егіндік жеріміз сугармалы* (Жамб., Жам.).

КӨБІНШЕ (Алм., Кег.; Шымк., Арыс) көбінесе, көбіне. *Қойды баққанда көбіне шеберіп жаямыз* (Алм., Кег.). *Мақта дегенің көбіне суғаруға байланысты* (Шымк., Арыс). – *Болса ылайлау, арығы қисық, жолаң, көбіне құр арпа боп жатады* (М. Әу., Өскөн. өрк., 217).

КӨБІНІП ҚАЛУ (Гур., Маңғ.) абдырап, сасып қалу.

КӨБІР[1] (Гур., Маңғ.) қидың, тезектің қикымы. *Осы әкелген қиың тұгел көбір боп шықты, ірі қи таусылайын деген бе?* (Гур., Маңғ.). Қ. күбір.

КӨБІР[2] (МХР) үсақ, қылшық жүн, қылқыбыр. *Түбіт, көбір, ірі қара қылшығы желге оңай ұшатындықтан ықтасын қорага көбірлеу жөн* («Ж. өмір», 21.03.1938).

КӨБІРГЕН//КӨМІРГЕН (Жамб., Мер.) тау пиязы, тау сарымсағы. *Тауда бетеге, көбірген сияқты шөбі соны жайылымдар көп* (Жамб., Мер.).

КӨБІРШІК САУУ (МХР) қатық, айранды ешкі сүтімен сүйылту. *Жылама, балам, көбіршік сауып берейін* (МХР).

КӨБІСІ (Алм., Шел.; Жезқ., Ұлы.) көпшілігі, дені. *Не бәрі екі-үш сағат ішінде сайлаушылардың көбісі дауыс берді* (Алм., Шел.). *Олардың көбісі күзгі жауын-шашын мен қысқы аяздарда пайдалануға келмейді* («Лен. жолы», 27.11.1941).

КӨГАЛА (Орал, Орда) діңгене, құрқұлақ. *Әліпқалидың әйелі көгала болып, аяқ-қолы ісіп, үш айда әрең жазылды* (Орал, Орда).

КӨГАШ (Орал, Жөн.) когілдір түсті бояу, ніл. *Ақ көйлекті, орамалды көгашқа салады* (Орал, Жән.). *Көгашың бар ма, көйлектің түсін өзгертіп алуға* (Орал, Жән.). *Қазандықтан шыққан көгаш түтін есік алдындағы сайға барып ұйып жатыр* (Ж. Нәжім., Ақ шағ., 200).

КӨГЕН (Алм., Жам.) қой. *Көген аласың ба, олең аласың ба депті Сүйінбай Жамбылға* (Алм., Жам.). Қ. сарық.

КӨГЕН ТҮБІ (Қост., Жанг.) біреуге аталып қойған нәрсе, бәсіре. *Қара биенің құлыны – менің баламның көген тұбі* (Қост., Жанг.).

КӨГЕНТІКЕН (Талд., Панф.) басында бидайдан аз-ақ үлкен бес-алты дәні бар қауынқарбыз тәрізді жел тартып өсетін өсімдік. *Көгентікен қауын-қарбыз сияқты көгендеп дән салады. Көгентікен жел тартып тұқымын төгеді* (Талд., Панф.).

КӨГЕРГІШ (Қ.орда, Арал) кішкене ғана көгалды жер. Қ. көгерім.

КӨГЕРІМ (Шымк.: Арыс, Қызылқ.; Қ.орда, Арал; Қарақ.) көлемі шағын көгал жер. *Бұзауды көгерімге байлаймын* (Шымк., Қызылқ.). *Үйдің маңайында көгерім жерлер көп* (Қ.орда, Арал).

КӨГЕРІС (Жамб., Жам.) көгеніс. *Шолақтауда көгерістер көп болады* (Жамб., Жам.).

КӨГЕРІС СУЫ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) мақтаның тегіс көгеруі үшін берілетін бірінші су.

КӨГЖОН (Қарақ.) кішкене шабақ балық.

КӨГЛАҚ (Гур., Маңғ.) қортпаның кіші түрі.

КӨГНӘРІ КЕСЕ (Қарақ.) үлкен кесе, сапар кесе. *Ашыганды көгнәрі кесеменен ішің, шөлің қанады* (Қарақ.).

КӨГІС (Қ.орда, Арал; Ақт., Ойыл; Гур., Маңғ.) көкшіл, көгілдір. *Балқан тауы алтыжеті көштөн көгіс боп көріне бастайды* (Гур., Маңғ.). *Ерні кезеріп, көзінің алды когіс тартып өліктей бозарып баратқан бетіне қуаныш лебі соғып өткендей* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 366).

КӨГІСТЕНУ (Гур., Маңғ.) көкшіл тарту, көгілдірлену. *Жолдың сол жақ қабатындагы көгістеніп тұрган – сол Қаратауының нақ өзі* (Гур., Маңғ.). *Қалекеңнің екі көзі екі шекесіне қарай аунай бастап еді, бетінің қара меңдері көгістеніп көрінді* (Ж. Нәжім., Кішк., 91).

КӨДЕ[1] (Шымк., Қызылқ.) көлемді шөп үйіндісі, мая. *Шабылган жоңышқа көдеге салынып, қаз-қатар тізіліп қалыныпты* (Шымк., Қызылқ.) *Соның салдарынан декабрьдің 28 күні үлкен бір көде пішен ортеніп кетті* («Колх. екп.», 10.01.1939).

КӨДЕ[2] (Сем., Абай) хал-жай, жағдай. *Мен ол кісінің көдесімен таныс емеспін* (Сем., Абай).

КӨДЕК[1] (Жамб.: Сар., Жам.; Қарақ.) жас-өспірім, балақай. *Менің жалгыз көдегім, жалгыз балам* (Жамб., Жам.).

[Парсыша *көдек* жас бала (Кр. перс.-рус.-азерб. сл.); үйг. *гөдәк* жас өспірім (Уйг.-рус. сл., 1961)].

КӨДЕК[2] (Алм., Кег.) есектің жас төлі, қодық. *Есік алдында есектің көдегі тырагайлап чауып жүр екен* (Алм., Кег.).

[Ұйғырша *хотәк* есектің қодығы (Уйг.-рус. сл., 1961)]. Қ. күре.

КӨДЕК[3] (Гур., Маңғ.) икемсіз. *Қолынан іс келмейтін көдектерде жоқ емес, оларды колхоз цйретеді* (Гур., Маңғ.).

КӨДЕК[4] (Жамб., Шу) **1.** пікірі жаман, қара ниет. *Есің болса сыр айтпа, жас нәрседей көдекке* (Жамб., Шу). **2.** мүсәпір, байғұс.

КӨДЕК[5] (Рес., Омбы) егін басатын тас.

КӨДЕЛЕУ (Шымк., Қызылқ.; Қ.орда, Шиелі) маяга салу. *Шабылган шөптер жиналып, көделенді* (Қ.орда, Шиелі).

КӨДИ-СӨДИ (Алм.: Шел., Нар., Кег., Еңб. қаз.) әр түрлі нәрселердің жиыны. *Еденде... қабырга темір, шығыршықты дога, қамыт, жүген, құйысқан, темір торлы шам, қалайы шелек, тагы басқа көди-сөди алпыншақ-салпыншаққа сыңсып тур* («Жүлдыз», №4, 1986).

КӨЖЕ//САЛМА КӨЖЕ 1. (Жезқ., Ағад.) кеспе. *Түсте бір көже ішіп едім, қамыры шикілеу екен* (Жезқ., Ағад.). **2.** (МХР) кесілген кеспені қайнатып, қазанға аздап қуырып алған тағам.

КӨЖЕЛІК (Шығ. Қаз., Больш.) зауытта істелген жіңішке жұмыр кеспе, сондай-ақ түтік сияқты қамыр кеспе. *Суы қайнаган болар, балам, ас цйге кожелік ала бар* (Шығ. Қаз., Больш.).

КӨЗ[1] (Жамб., Тал.; Шымк., Түркіс.) бұтақ, бұдырмақ; ағаштың шор жері. *Тақтай козі бар қатты ағаштан екен* (Жамб., Тал.). *Мына ағаштың козі бар екен, жарылмай жатыр* (Шымк., Түркіс.).

КӨЗ[2] (Орал, Орда) карта ойынындағы үпай саны. *Бәшке ойынында он бес коз болады, сол көзді азайтып ойнаймыз* (Орал, Орда).

КӨЗ[3] (Қост., Об.) аудың торы. *Көз шортанды қысып турады* (Қост., Об.).

КӨЗАЙДЫН БОЛУ 1. (Тау., Қош.; Қарақ.) коптен күткені келіп, қуанышқа бөлену, козайым болу. *Бала келіп, козайдын болып жатсыз ба?* (Тау., Қош.). **2.** (МХР) оз козімен коріп коңіл коншу, құмарынан шығу.

КӨЗАЙНА (Қарақ.) козілдірік. *Бір жігіт козайнасын мұрнының дәл үстіне түсіріп алыпты* (Қарақ.).

КӨЗАҚЫ (МХР) корімдік. *Қай бұрын көргенімізге екіншіміз козақы берейік* (А. А., Сүй. мен., 15).

КӨЗАЛАҚ АШУ (Сем.: Кокп., Ақс.) көзі алақтау, жан-жағына алак-жұлақ етіп қарау. *Неге екенін қайдам, ол козалақ ашып отыр* (Сем., Кокп.).

КӨЗАПАРА (Гур., Маңғ.) копе-көрнеу, көрер көзге. *Бізді сонда олар көзапара алдап кетті* (Гур., Маңғ.). *Сонда біреудің жазықсыз періште перзентін шырылдатып, козапара обалына қалай қалмақшы!* (Ә. Кекіл., Үркер, 549).

КӨЗ ӘЙНЕК (Жамб.: Қорд., Жам.; Алм.: Еңб. қаз., Шел.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары; МХР) козілдірік. *Козің бұлдырап, нашар корсең, коз әйнек сал* (Жамб., Қорд.). *Коз әйнек киген кісі кітап оқып отыр екен* (Гур., Маңғ.). *Сенің коз әйнегің күнге арналган гой деймін* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *әйнек* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *кузойнак* (Узб.-рус. сл., 1959); карақ. *көзайнек* (Рус.-карақ. сл.)].

КӨЗ ӘЙНЕК БОЛУ (Гур., Маңғ.) аздап жіпсіп, ери бастау. *Ол уақыт қардың көз әйнек болып, жіби бастаган кезі еді* (Гур., Маңғ.).

КӨЗБЕ-КӨЗ ҚЫЛУ (Алм., Жам.) жолықтыру, кездестіру. *Мен баламды көрмегелі көп жыл өтті, соны к о з б е-к ө з қ ы л ш ы* (Алм., Жам.).

КӨЗ БЕРМЕУ (Орал: Орда, Казт.) алайтүлей ұйқтық, бұрқасындау. *Әлгі жетім бала к о з б е р м е й т і н боранда үйінен қашып кетеді* (Орал, Казт.). *Біздің жерімізде к ө з б е р м е й т і н боран жиі болып тұрады* (Орал, Орда).

КӨЗГЕ БАСЫЛУ (МХР) ерекше көз тарту, ерекше әдемі көріну.

КӨЗГЕЛДЕК[1] (Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш., Ашх.; МХР) кішкене тостаған. *К о з г е л д е к п е н ішкен қымызға адам қанып болмайды* (Гур., Маңғ.). *Қыз қымыз толы к о з г е л д е г і н жерге түсіріп алды* (Түрікм., Таш.). *Өлең айт десең іркілмейді, домбыраның орнына кішкене к ө з г е л д е к сұрап алып, аузын желпіп... бебеулей женеледі* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 32). Қ. көзелдек.

КӨЗГЕЛДЕК[2] (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Жезқ., Ж.арқа) көзілдірік. *Өзіміз к о з г е л д е к с і з ине сабақтаудан қалдық* (Қ.орда, Жал.). *Мен к ө з г е л д е к с і з ешнәрсе кере алмайтын болдым* (Жезқ., Ж.арқа).

КӨЗГЕЛДІК ШЫНЫ (МХР) кішкене кесе.

КӨЗГЕЛДІРІК (Қост., Фед.; Жезқ., Ағад.) кезілдірік. *Ұлымнан келген хатты оқиын десем, к ө з г е л д і р і г і м н е н айырылып қалып отырмын* (Қост., Фед.).

КӨЗГЕНЕК[1] (Түрікм., Таш.) көзілдірік. *Еңкейе бергенімде к ө з г е н е г і м жерге түсіп кетіп, сындырып ала жаздадым* (Түрікм., Таш.).

КӨЗГЕНЕК[2] (Қарақ.) кереге шарбағының арасы.

КӨЗГЕНТАЙ (Қарақ.) кішкентай сырлы тостаған.

КӨЗГЕРЕКІ (Қарақ.) көпе-көрнеу, көрінер көзге, ашықтан-ашық. *Ол оған к ө з г е р е к і қиянат жасауға бара алған жоқ* (Қарақ.). *Содан бері к ө з г е р е к і жасалған зорлық-зомбылықты маштан-талау деп атайтын Доңызтауда* (Ж. Тәш., Алғаш., 88).

КӨЗДЕЙ (Ақт., Ырғ.) кішкентай тостаған. *Шәйга келгенде к ө з д е й г е салып әр жер, әр жерге тары қойылсын* (Ақт., Ырғ.). *Көзімді тырмалып ашар-ашпастан әжем кішкентай к е з д е й і м е салып, алдыма түннен қалған суық етті қойып жатады* (Ө. Қан., Жер., 57).

КӨЗДЕЛДЕК (Қ.орда, Арал) көзілдірік. *К ө з д е л д е к т і жел қатты күні кимесе болмайды* (Қ.орда, Арал). Қ. көзгелдек[2].

КӨЗДЕН КЕШІРУ (ҚХР) жұмыс жайымен танысу, қызмет жайын тексеру, өз көзімен көру.

КӨЗДЕТІП ҚОЮ (МХР) бақылатып қою, қаратып қою. *Жалды қоя берсін жіберіп, бірнеше ұсақ балаға к ө з д е т і п қ о й ы п қана отырған* («Ж. өмір», 23.05.1983).

КӨЗДЕУ[1] (Гур., Маңғ.) іздеу. *Үй иесі таңертең малын к ө з д е п кетті* (Гур., Маңғ.).

КӨЗДЕУ[2] (МХР) қарау, байқау, болжау. *Мен мал к ө з д е у г е кеткелі отырмын* (МХР). *Сурэн мен шешем екеуі күні бойы қой жайып, сиыр к ө з д е й д і* (Д. Нав., Тау құп., 87).

КӨЗДІ КІСІ (Қарақ.) екі көзі су қараңғы, соқыр адам. *Сөйтсем, ол пақыр к ө з д і к і с і болып шықты* (Қарақ.).

КӨЗЕ[1] (Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал., Қарм.; Қост., Жанг.; Шымк., Мақт.) су әкелетін, су сақтайтын үлкен қыш құмыра. *К ө з е ерте кезде болған еді, қазір сирек кездеседі* (Қ.орда, Сыр.). *К о з е суға толып тұр* (Қост., Жанг.). *Су әкелейін, к е з е л е р і ң д і бере тұр да* (Шымк., Мақт.).

КӨЗЕ[2] **1.** (Жамб., Шу; Қарақ.) су таситын ағаш шелек.

КӨЗЕЛ (Алм., Кег.) мал айдаушы, табыншы. *Мен өзім мал соңында жүрген к ө з е л м і н* (Алм., Кег.).

КӨЗЕЛДЕК (Гур., Маңғ.) кішкене тостаған. *К ө з е л д е к п е н ішкен қымызға кісі қанып болмайды* (Гур., Маңғ.).

КӨЗЕЛЕЙ (Гур., Инд.) кішкентай тостаған. *Дүкенге коп к ө з е л е й түсіпті, Еділге біреуін алайықшы* (Гур., Инд.).

КӨЗЕЛЕК (Ақт., Ойыл; Гур., Инд.; Орал, Қара.) кішкене тостаған. *Маған к ө з е л е к т і берші, сепаратордың сүт ағып жатқан жеріне қояйын* (Ақт., Ойыл). *Еркінге к ө з е л е г і н е құйып шұбат берші* (Гур., Инд.). *Мына к ө з е л е к т і ң жақсысын-ай!* (Орал, Қара.). Қ. көзгелдек[1], көзенек.

КӨЗЕМЕЛЕУ (Алм., Шел.) байқау, қарау. – *Шырағым, бір сиырым бар еді, қазір мен соны к ө з е м е л е п келейін* (Алм., Шел.).

КӨЗЕМЕЛІ ИНЕ 1. (Қост.: Жанг., Фед.; Қ.орда, Арал) жуан ине, тебен. *Шапанның өңірін қабуға к ө з е м е л і и н е ң бар ма* (Қост., Жанг.). *Жазғы койлекті к е з е м е л і и н е м е н тіккелі отырмын* (Қост., Фед.). 2. (Рес., Омбы) орташа ине. *К ө з е м е л і и н е м е н і с тігеді* (Рес., Омбы).

КӨЗЕНЕК[1] (Гур., Маңғ.; Ауғ.; Ир.) кішкене тостаған. *Сырлы к ө з е н е к п е н бір к е з е н е к шұбатты сіміріп алды* (Гур., Маңғ.).

КӨЗЕНЕК[2] (Түрікм., Таш.) көрегенің көзі. *Көзенегі бар қара үй желге мықты болады* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *гөзенек* тор (Туркм.-рус. сл.)].

КӨЗЕПАРА (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) көз таныстық, жақындық; туыстық. *Тура биде көзепара болмайды дейтіні қайда?* (Түрікм., Таш.).

КӨЗЕП ҚАЛУ (Шығ. Қаз., Зайс.) аудың торына ілініп қалу. *Құрма ауға кобірек көзеп қалатын балық – алабұға* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КӨЗЕСТІРУ (Сем., Абай) көз жіберу, бақылау. *Ол бізді көзестіріп тұр* (Сем., Абай). *Енді екеуің ақырын ілбіп отырып, анау сағы жұлдызды беттеріңе ал! – деп, батыс жақтағы бір жұлдызды қамшысының ұшымен екі жігітке ұзақ көрсетіп, көзестіріп тұр* (М. Әу., Абай жолы, 300).

КӨЗЕУ[1] (Гур., Маңғ.) бұлақтың, құдықтың көзін тазалау. *Бетінде шылапай суы бар құдықты қолмен көзеп те жолаушылар су шығарып алатын* (Гур., Маңғ.).

КӨЗЕУ[2] (Рес., Орын.) корсету. *Онда пәленше-түгенше бар деп көзедіөл* (Рес., Орын.).

КӨЗЕУ[3] (Сем., Абай; Жезк., Ағад.) нысанаға алу, көздеу.

КӨЗЕУІШ (МХР) шаңырақ көзін, т. б. ағаштарды тесетін қыздырылған істік темір. *Көзеуіш егеуден, тағы басқа асыл темірден жасалады* (МХР).

КӨЗ КӨРЕКЕ (Өзб., Там.) корер козге. *Ол көз көрекеөтірік айтып отыр* (Өзб., Там.).

КӨЗ ҚАРАҒЫ (Ауғ.; Ир.) коздің қарашығы, жанары.

КӨЗ ҚҰНЫ ҚАЛУ (Жамб., Сар.) ош алғысы келу, қыр соңынан қалмай кою.

КӨЗ ҚҰРАҚ (Өзб.) ортасы қара не көк түсті болып, айналасы қызыл, ақ түсті мата қиындыларынан құралған құрақ түрі.

КӨЗ САЛУ[1] (МХР) сенім арту. *Отан маған көз салып отыр, басты міндет коздеген мақсатқа жету гой, менің жұмысым енді басталгалы тұр-ау» деп ойлады* (Церендор. Е. ул., 14).

КӨЗ САЛУ[2] (МХР) мөлию, телміру. *Көрінгенге көз салумен күні кеткен бейчора емес пе* (МХР).

КӨЗ ТАСАЛАУ (Жезқ., Ұлы.) қулық істеу, алдау. *Ол көз тасалап көп жұрді, ақыры білініп қалды* (Жезқ., Ұлы.).

КӨЗТОЛМА (Ақт., Жүр.) үршықтағы иірілгөн жіптің қаңылтағымен бірдей болып толуы.

КӨЗШАҢЫРАҚ (Гур., Маңғ.) шығырдың шелек байланатын шеңбөрі.

КӨЗ ШЫРЫН АЛУ (Гур., Маңғ.) көз шырымын алу.

КӨЗІ БИТТЕУ (ҚХР) азып-тозу.

КӨЗІ БОЛУ (Гур., Маңғ.) көз ауруына шалдығу. *Мақан екі-үш күннен бері қарай көзі болып жатыр да* (Гур., Маңғ.).

КӨЗІКТІРУ (Қ.орда, Арал) түйе қайыту кезінде бура мен інгеннің шағылысуына адамның көмегі.

КӨЗІ ҚОРҚУ (Гур., Маңғ.) жүрегі шайлығу. *Көзі қорқып қалған ел, далага шық десе де шықпай қойыпты* (Гур., Маңғ.).

КӨЗІ ҚОРЫҒУ (Қ.орда, Арал) ошігу, кектену. *Әбден көзі қорығып қалған батыр жауын коп шығынга ұшыратыпты* (Қ.орда, Арал).

КӨЗІЛДІК (Қарақ.) аттың басына кигізетін жамылғы.

КӨЗІЛДІРІК (Түрікм.: Красн., Ашх.) кішкентай тостаған. *Шұбатты он көзілдірікте н гөрі бір зереңмен* (қ.) *ішкенге не жетсін!* (Түрікм., Красн.). Қ. көзелдек, көзелек көзөнөк[1].

КӨЗІНДЕ БОЛУ (Гур., Маңғ.) байқап жүру, назарында болу. *Біздің түйе жоқ, Аусары жаққа барсаң, әдейі қарамасаң да сол көзіңде болсыншы* (Гур., Маңғ.).

КӨЗІНДЕ ҚАЛУ (Қ.орда, Арал) көзге түсу, коңіл аударттыру. *Ол тұзы, пақыты көтеріліп, жұрттың көзінде қалады* (Қ.орда, Арал).

КӨЗІНЕ КӨГАЛА ШЫБЫН ҮЙМЕЛЕУ (ҚХР) коресісіи көру, азап-тозаққа түсу.

КӨЗІНІҢ КӨЛЕҢКЕСІН ҚИҒАШ ТҮСІРУ (ҚХР) менсінбеу, көзге ілмеу, адамсынбау.

КӨЗІНІҢ ШЫРЫНЫН АЛУ (Гур., Маңғ.) көз жұмып алу, мызғу.

КӨЗІР ОЙНАУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) карта ойнау. *Олар тақ атқанша көзір ойнады* (Шығ. Қаз., Больш.). *– О, сендер көзір ойнап жатыр екенсіңдер гой!* (Тау., Қош.).

КӨЗІ ШЕЛЕЮ (ҚХР) кокірек көтеру, кеудесі өсу, көкиіп қалу.

КӨЙЕ БЕРУ (Алм., Шел.) қоя беру, босатып жіберу. *Әке, чапчақ бар да, торы атты көйе бер* (Алм., Шел.).

КӨЙЛЕКШЕ (Қарақ.) матадан тігілген, аттың сауырын жауып тұратын жабу.

КӨЙНЕК (Жамб., Жам.; Түрікм., Таш.) көйлөк; жейде. *Баламның көйнегін жуып қойып едім* (Жамб., Жам.). *Бала үстіндегі көйнегін шешіп алып, отты сабалап жүр* (Түрікм., Таш.).

КӨЙТ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) асық ойынының бір түрі. *Мына баланың қолы күн ұзаққа көйт ойнаудан тимейтін болды* (Гур., Маңғ.).

КӨЙТІП ОТЫРУ (ҚХР) аузына келгенін айту, бет алды сөйлеу, бөсу.

КӨЙІН (Ақт., Жүр.; Гур., Маңғ.; Орал, Орда; Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) нар түйенің азғындаған буданының бір түрі. *Көйіндер басқа түйелерге қарағанда бақырауық келеді* (Орал, Орда). *Көртке көйінді ауыстырғандағы пайдам не?* (Түрікм., Ашх.).

[Парсыша *hajin* екі еркешті түйе (А. Бор., ЛСТ, 249)].

КӨЙІН БОТА (Қ.орда, Жал.) үлек пен кердері маядан туылған бота. *Көйін бота тықыр, кобіне қоңыр қара бүйра жүнді, аласа, сидаң аяқ, имек мойын, тұтас өркеш, тоқпақ бас, жатса, ете ұзақ жататын, тұрса кезбе мінезі бар түйе түрі* (Қ.орда, Жал.).

КӨЙІНШІК (Гур., Маңғ.) лөк пен кердерінің арасынан шыққан тұқым. *Көйіншік қартайса көрт болады* (Гур., Маңғ.).

КӨК[1] (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) көгөніс. *Мынау көк сататын магазин* (Түрікм., Ашх.).

КӨК[2] (Алм., Нар.) қыңыр, қиқар. *Ол өзі бір көк бала* (Алм., Нар.).

[Қырғызша *көк* қиқар (Кирг.-рус. сл., 1965)].

КӨК АЙЫЛ (ҚХР) қырсық, өз айтқанынан басқаға көнбейтін.

КӨК АЛА БАС ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) бас жүнінің бітісі көк, ақшыл боз, қоңыр болып келген айыр не қоспақ түйелердің атауы. *Түйе малдың бәрін байқап өтеді, Ешбіріне қайырылмастан кетеді. Көк ала бас қоспақ нарша байланған Бір қос үйдің есігіне жетеді* (Көрүғлы).

КӨК АЛАҚАН ДОЙЫР (Түрікм., Красн.) өзегіне қорғасын салған сөгіз орім қамшы. *Бір ауылдан екінші ауылға көп қыз тойға барса, ортасындағы бір қайратты жеңгелері көк алақан дойырды қолына ұстап келеді* (Түрікм., Красн.).

КӨКАЛА САҚАЛ БОЛУ (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд.) егін сарғайып, пісе бастау. *Тары көкала сақал боп қалғаннан бастап торғайдан қорғау керек* (Жамб., Мер.).

КӨК АРБА (Ақт., Жүр.; Қост., Семиоз.) ауыр жүк таситын торт дөңгелекті арба. *Сапар 4-5 көк арба шөп түсіріп, жақсы болды* (Қост., Семиоз.).

КӨК АТЫЗ (Қ.орда, Қарм.) атыздағы күріштің дән алған көзі. *Күрішіміз қазір көк атыз болып, дән алып тұр* (Қ.орда, Қарм.).

КӨК АУРУЫ БАР (ҚХР) өз айтқанынан өзгеге көнбейтін, өзінікін ғана жөн деп санайтын, жаман мінез, нашар әдет.

КӨК БАҚА БОТА (Қ.орда, Тер.) ыстықтан, шолден жапа шеккен, сүтке де жарымаған, күтімі, бағымы болмай, жүні де мезгілсіз түскен бота.

КӨКБАС (Сем., Үрж.; Талд., Қоғ.; Алм., Жам.) басында дәнді бүршігі бар, мал жейтін шөптесін өсімдік. *Егін ортасындағы көкбас шөпті отап тастау керек* (Алм., Жам.).

КӨКБАС БЕДЕ (Жамб., Мер.; Шымк., Түркіс.) таулы жерге шығатын жоңышқаның бір түрі. *Көкбас беденіем үшін асқазан, ішек ауруына қолданады* (Шымк., Түркіс.).

КӨК БАС ЕР Қ. көн бас ер.

КӨКБАС ҚУРАЙ (Көкш., Қ.ту) басында аздаған жапырақшалары бар, шабындық арасына шығатын шөптесін өсімдік. *Шабындық жерде көкбас қурай болса, машинамен шабу қиын* (Көкш., Қ.ту). *Көкбас қурайдың басында аздаған жапырағы болады* (Көкш., Қ.ту).

КӨКБАУЫР (Алм., Жам.) түйенің бауыр ауруы, қатпа. *Көкбауырмен ауырғанда түйенің бауыры көгеріп кетеді, ондай түйе кебінесе өледі* (Алм., Жам.).

КӨКБӨРІ (Шығ. Қаз., Ұлан) көкпар. *Көкбөрі ойыны қазір бұрынғыдай көп бола бермейді ғой* (Шығ. Қаз., Ұлан).

КӨК БҰРЫШ (Ауғ.; Ир.) тәтті болгар бұрышы.

КӨКДӘРІ (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал., Қарм., Шиелі) тотияйын. *Көкдәрі болмаса талай ауды құрт жеген болар еді* (Қ.орда, Сыр.). *Көкдәрінні ау торын құрт жемеу үшін пайдаланады* (Қ.орда, Арал).

КӨКДӨНЕН (Қ.орда: Сыр., Жал.) ерте пісетін жуқа қабықты қауын. *Салмағы 3-4 кгга дейін болатын қауынның бірі – көкдөнен* (Қ.орда, Сыр.). *Көкдөнен күләбіден шірін қауын болады* (Қ.орда, Жал.).

КӨКЕ (Жамб., Сар.; Өзб., Ташк.) бірге туған ағасына, кейде жалпы жасы үлкендерге бағыштай айтылатын сөз. *Көке, қалаға барсаңыз маған қағаз ала келіңізші* (Жамб., Сар.).

КӨКЕЙ (Гур., Маңғ.) пікір, түсінік. *Оны білетін көкейім жоқ* (Гур., Маңғ.).

КӨКЕЙКЕСТІ Қ. көкейтесті.

КӨКЕЙТЕСТІ (Сем., Акс.; МХР) көкейкөсті, маңызды. *Абай қазақ халқына байланысты талай көкейтесті мәселелерді көтерген еді* (Сем., Акс.). *Бұқаралық үйымдар мен коммунистердің, еңбекшілердің алдындағы маңызды міндеттер мен көкейтесті*

мәселелер атап көрсетілді («Ж. өмір», 22.12. 1983).

КӨКЕМАРАЛ (Жамб.: Шу, Мер.; Шымк., Түркіс.) таулы жерге, күнгейге осетін тамыры жіңішке жалғыз-жалғыз болып шығатын басында гүлі бар осімдік. *Көкемаралдың шай сияқты исі болады. Солма болған тұйеге көкемарал қайнатып құй дейді* (Жамб., Мер.). *Көкемарал емдік шөптің бірі. Көкемарал жерге тарбиып өседі, майда жапырағы болады. Көкемаралдың екі түрі болады: біреуі таскқа бітеді, екіншісі жерге бітеді. Көкемарал өкпенің қабынуын жазады. Көкемаралды кешке қайнатып, ертеңіне аш қарынға ішеді* (Шымк., Түркіс.).

КӨКЕ НАН (Түрікм., Ашх.) тандырға пісірілген кішкене күлше. *Дастарқан үстінде 5-6 көке нан ғана көрінеді* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *көке* печенье (Рус.-туркм. сл., 1956)].

КӨКЕНЕЙ (Қ.орда, Арал) үй алдынан істелген ас үй. *Көкенейдің есігін жауып қойыңдар, мал кіріп кетер* (Қ.орда, Арал). Орыс тіліндегі *кухня* созінің түлғалық озгеріске түскен түрі.

КӨКЖЕМ (МХР) **1.** бір жылдық, коп жылдық екпе шөп. *Бұл сұмындарда көкжемнің шығымы бұрынғы жылдардағыдан недәуір жақсы* (МХР). 2. екпе шөптен дайындалған кок үнтақ. *Алтанцөгіц сұмындық «Социализмын зам» бірлестігі көкжем әзірлеу жоспарын толық орындады* («Ж. омір», 9.09.1985).

КӨКЖОН (Қ.орда, Арал) жоны көк торта балықтың түрі. *Көкжон теңізде оқта-текте болады* (Қ.орда, Арал).

КӨКЖОРҒА (Түрікм., Таш.) ботаның аяғында болатын ауру. *Ботаны байлауда көп ұстаса көкжорға болып кетеді* (Түрікм., Таш.).

КӨКЖУСАН (Жамб., Шу) сыпырғыш жасайтын, отқа жағатын сидиып өсетін жусанның бір түрі.

КӨКЗЕҢГІР (Сем., Абай) төрт қырлы, аппақ дәнді бидай. *Көкзеңгір бағалы бидай* (Сем., Абай).

КӨК ИНЕ (ҚХР) олақ, іске шоркақ.

КӨКИЮ (Талд., Кир.; Жамб., Шу) дәні қушиып, семіп қалу. *Сондай кездерден кейін кейбір бидайдың басы көкиіп қалады* (Талд., Кир.).

КӨК КЕБІСТІ (МХР) оқыған қыз, білімді әйел. *Бұ жігітке көк кебістіі келмей, кон етіктіні көзге ілмей жүр* (МХР).

КӨККЕ ҚАРАУ (МХР) менсінбеу, үнатпау. *Бүгін көкке қарап қапты* (МХР).

КӨК КЕЛСІН! (Қ.орда, Арал) о, төбеңнен жай түскір! – деген тәрізді қарғыс. *Баланы кемпір: көк келсін! – деп, қаргап-сілеп, қуып шықты үйден* (Қ.орда, Арал).

КӨККЕП (МХР) көгершін. *Көккептің адамға зияны жоқ құс қой* (МХР).

КӨККАРЫН (МХР) шартық қарын. *Бірнеше көккарын көрпелдес қозы бар* (МХР).

КӨККАСҚА (Сем., Үрж.; Қ.орда, Арал) бетеге түқымдас шоп. *Көккасқа тұйе сүйіп жейтін шоп* (Қ.орда, Арал).

КӨК ҚЫНА (Сем., Үрж.) көк бояу беретін осімдік. *Көк қына бұл жерлерде коп болады* (Сем., Үрж.).

КӨКМОЙНАҚ (Гур., Маңғ.) адай жылқысының тұқымы.

КӨК МОНШАҚ Қ. моншақ.

КӨКНАЙЗА (Сем.: Мақ., Үрж., Абай; Шыг. Каз., Күрш.; Қар., Қарқ.; Павл., Красног.) қара бидай. *Сол жылы ауданда көкнайза мол егілді* (Сем., Үрж.). *Көкнайзаның пісіп тұрганына да көп болып қалды* (Шыг. Каз., Күрш.).

КӨКНАР (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары; Алм., Үйг.) апиын осімдігі. *Бізде көкнарды жеке осірушілер де баршылық* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *гоқнар* (Туркм.-рус. сл.)].

КӨКНАР КЕСЕ (Түрікм., Таш.) жеті жүзсегіз жүз грамдай сүйықтық сыятын үлкен кесе. *Сусын қансын десең, көкнар кесемен іш қымызды* (Түрікм., Таш.). Қ. ақпар, сапал, жанан.

КӨКНӘРІ КЕСЕ (Қарақ.) үлкен кесе. *Ашыганды көкнәрі кесемен ішсең, шөлің қанады* (Қарақ.).

КӨК ӨГІЗ (ҚХР) конбіс жан, істің құлы, жүмсауға қол жаулық адам.

КӨКӨКТЕ КӨК ІШЕК (МХР) тамақ аз, шөп аз, көк шықпаған кез; мал арыған, адам ашыққан кез, үзын созылған, жіңішке үзілген кез.

КӨКПАР (Орал: Орда, Жән.) ашуланшақ, долы әйел. *Жұмабайдың әйелі көкпар ғой, көпшілік болған соң ондай да болады* (Орал, Жән.).

КӨКПЕК (Алм., Шел.) жусанның сүйекті, ірі түрі. *Көкпектің басын қой жейді. Көкпекті отын үшін пайдаланады* (Алм., Шел.).

КӨКПЕНКӨК (Сем.: Акс., Кекп.; Алм.: Шел., Еңб. каз.) кокпенбек. *Алыстан қарағанда тау көкпенкөк болып көрінеді екен* (Сем., Акс.).

КӨКПЕР (Шыг. Каз., Күрш.) көкпар. *Сол тойда жігіттер көкпер тартып қайтты* (Шыг. Каз., Күрш.).

КӨКПІР (Шымк., Мақт.) шөміш, ожау.

КӨКРАЗ (Орал, Чап.) жүгері. Орыс тіліндегі *кукуруза* созінің ауызекі тілдің ыңғайына қарай қалыптасқан түрі.

КӨКСАҒАЛ (Алм., Жам.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Ақт., Ойыл; Түрікм.: Красн., Ашх.) егіннің жаңадан саргая бастаған, шала піскен қалпы. *Кеше егінді аралап едік, тары әлі көксағалдау көрінеді* (Алм., Жам.). *Күріш әлі көксағалдау екен* (Қ.орда, Сыр.). *Тарыны көксағал кезінде орып тастамаса, дәні жерге түсіп қалады* (Ақт., Ойыл).

КӨКСАЛДАУ (Алм., Жам.) былғарыдан жасалған сандық-жағыланды (к.) әшекейлеу. *Жазылан ақжонданып кеткен екен, озін әдемілеп көксалдайтын еді* (Алм., Жам.).

КӨКСАЛЫН (Қост.: Семиоз., Фед.) шиенденшыққан кок шоп. *Үй озенінің бойы едәуір көксалын болыпты* (Қост., Семиоз.).

КӨКСАУ (Көкш.: Щуч., Еңб.; Рес., Омбы) талаурап ауыратын өкпе сырқаты.

КӨК САУЫР ЕР (Түрікм., Красн.) көк терімен қапталған ер. *Басқа ерге қарағанда кок сауыр ер атқа жеңіл, әрі ықшам болады* (Түрікм., Красн.).

КӨҚСЕНГЕ (МХР) кір жуғанда пайдаланатын көк үнгақ

КӨКСЕРКЕ (Қ.орда, Арал; Түрікм., Красн.) алабұға тұқымдасына жататын теңіз балығы. *Көксерке теңіз балығы гой* (Қ.орда, Арал). Каспий жағында бұл балықты *тісті* (к.) деп те атайды.

КӨК СҮТ 1. (Талд., Қоғ.) бұзаулаған сиырдың алғашқы сүті. 2. (Орал, Жән.; Жезқ., Ұлы.) майы ажыратылған сүт. *Отыққан бұзауларга аздап көк сүт береміз* (Орал, Жән.). *Көк сүт ештемеге жарамайды, сондықтан оны төгеміз ия итке құямыз* (Жезқ., Ұлы.).

КӨКСІЛЕМ (Озб., Там.) кок шоп, шиен.

КӨКСІТУ (Сем., Абай) бір нәрсенің шетін шығарып, коқсытып сөйлеу. *Әй, әр нәрсені бір көксітпей, айтатыныңды жөндеп айт* (Сем., Абай).

КӨКТАЛАҚ (Қ.орда, Арал) түйенің желінін ісіндіріп, талақ сияқты көгертіп жіберетін ауру. *Ертеде көкталақпен сауын түйелер коп ауырган* (Қ.орда, Арал).

КӨКТЕЗЕК (МХР) жылқының жазда, күздегі бобыраған қиы. *Жазда жылқының кок тезегін сиырга беріп тұрдық* (МХР).

КӨКТЕМЕ (Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) көктем, жазғытұрым. *Көктеме де бұл бала мектепті бітіреді* (Орал, Чап.). *Сол жылы мал атаулы көктеме ге зорга шықты* (Түрікм., Красн.). *Тағы да әзір болсын керек көлік, Қойыңдар тұқымды да сортқа боліп. Тұқымның әзірлігі жақсы болса, Кетеді көктеме де өсіп-өніп* («Екп. жол», 30.03.1958). *Он алты жас – қыз үшін нагыз көктеменің көріктеп бір құлпыратын шагы іспетті гой* (О. Бөк., Өз от. өш., 119).

КӨКТЕМЕКІ (МХР) насыбай. *Бийск маңында өсетін кок темекіні көп сататын, муны қазақтар алатын* (А. Сарай, Рев. бүр. Монғ. қаз., 49).

КӨКТЕМЕГІР (Орал, Чап.; Гур., Есб.) адамға айтылатын қарғыс.

КӨК ТЕР БОЛУ (Орал, Орда; Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) қара терге түсу, терлептепшу. *Сөндайма кок тер болып қиналма, күнің жетпесе* (Түрікм., Таш.). *Түс кезінде «буфет» деген жазуы бар кішкентай бөлменің ішіне кірсеңіз кісінің көптігінен көк тер бөласыз* («Екп. күр.», 6.09.1955). *Өзі әкелген көмпитті тістеп, өзі әкелген шайга кок тер боп қанып алды* (Ә. Нүрп., Қан мен төр, 202).

КӨКТЕС (Түрікм., Таш.) үқсас, сәйкес. *Осы екі соз кок тес келіп отыр, сен баланікі дұрыс болар* (Түрікм., Таш.).

КӨКТЕТІП БЕРУ (Сем.: Ақс.; Көкп.) өрбітіп, саралап түсіндіру. *Умбеталы ақсақал қазақ руларын көктетіп береді* (Сем., Ақс.).

КӨКТЕУ[1] (Сем., Абай) жарылқау, көгерту. *Оның ешкімді көктететін турі жоқ* (Сем., Абай).

КӨКТЕУ[2] (Қост., Қарас.) шартарапты кезу, көп жер шарлау. *Ол өзі бір жүрген қашақ, жер-дүниені көктеген, білмейтіні жөқ адам еді* (Қост., Қарас.).

КӨКТЕУ[3] (Гур., Инд.) жүзу, малту. *Ылгиында кешіп өтіп жүрген судан бүгін көктеп өттік* (Гур., Инд.).

КӨКТЕУ ЖІП (Қ.орда, Жал.) жазының жондығын, жазы ағашын, етегін орнықты, бір қалыпты үстату үшін көктеп тігетін, шуда жіптен мықтырақ жіп.

КӨКТОРЛЫ (Түрікм., Таш.) кеш пісетін торлама қауын.

КӨКТҰРЫБИ (Ауғ.; Ир.) редисканың түрі.

КӨК ТІГІЛГІР! (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі) о, көк соққыр! деген сияқты қарғыс. *Әлгі маңдайыңа көк тігілгір қайда кетті екен!?* (Қ.орда, Арал). *О, көк тігілгір! О, қара байлангыр! Есіз қалгырдың мүлкі, түге! Тап жаңа гана тап-түйнақтай гып, орын-орнына жинап қойып едім* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 4).

КӨКТІК (Сем.: Абай, Шүб.; Шығ. Қаз., Зайс.) ойлы жерде өсетін өлең шөп, қияқ. *Бұл жерлердің көктігі де малға өте жұғымды* (Сем., Абай). *Колхоз қазір көктікті де шауып жатыр* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КӨКШЕ[1] (Шымк., Лен.) сырты көкшілдеу, қабығы жұмсақ дәмсіз қауын. *Көкшеден күләбі қауын әлдеқайда тәтті болады* (Шымк., Лен.).

КӨКШЕ[2] **1.** (Алм., Жам.) буынға түсетін күрт ауруы. *Көкшеге шалдыққан адам бір мүшесінен майып болады* (Алм., Жам.). **2.** (Орал, Орда) саусақ көбесінің іріңдеп қабынуы, күбіртке. *Күбіртке тырнағын жеген адамды көкше шығыпты деп айтамыз* (Орал, Орда).

КӨКШЕ БИДАЙ (Көкш.: Еңб., Щуч.) шала піскен дән аралас бидай.

КӨКШЕЛЕУ 1. (Көкш., Щуч.) шиендеп қайта көктеу. **2.** (Алм., Үйг.) пішендік жерді бір рет шапқан соң, көктеп мал жеуге келуі.

КӨКШЕ МҰЗ (Көкш.: Еңб., Щуч.) жаңа қата бастаған мұз, қабыршық.

КӨКШИҚЫЛДАҚ (Гур., Маңғ.) шылпшылп еткен, сылпылдақ. *Көп жауған жауынан жер көкшиқылдақ болып кетті* (Гур., Маңғ.).

КӨК ШИРАЗ (Түрікм., Таш.) көк түсті қаракөл елтірісі. *Қара бағанадан горі көк ширазды көп қадірлейміз* (Түрікм., Таш.). Қ. шираз.

КӨКІЛ (Қ.орда, Арал) ау тоқуға арналып, фабрикада дайындалған жіп. *Бір көкілден үш ау шығады* (Қ.орда, Арал).

КӨКІЛ АУ (Қ.орда, Арал) тордың әлі ау жасамай түрғандағы дайын түрі. *Бір көкіл аудан үш ау шығады* (Қ.орда, Арал).

КӨКІРЕГІ Қ. арбаның құрсағы.

КӨК ШЕК БОЛУ (Түрікм., Таш.) ашығу, аш болу. *Ауқатың қашан піседі, күте-күте көк шек болдық қой! – деді үй иесі* (Түрікм., Таш.).

КӨЛ[1] (Түрікм.: Ашх., Мары) түкті кілем ортасындағы дөңгелек не төрт бұрышты айшық.

[Түрікменше *гөл* кілем бетіндегі әшекей, өрнек (Туркм.-рус. сл.)].

КӨЛ[2] (Гур., Маңғ.) жиналған жаңбыр суы. *Ана жатқан көлге түсуге де, мал суаруға да болмайды* (Гур., Маңғ.).

КӨЛ[3] (Қ.орда, Арал) құрма аудың балық кіретін жері. Құрма аудың екі жағындағы кеңістік. *Балық алдымен көлге келеді, одан жағалап отырып ауға түседі* (Қ.орда, Арал).

КӨЛ АРЫҚ (Акт., Ырг.) көл табанынан қазылған арық. *Көлдің суы қайтқаннан кейін арықтың суы төмендейді, сондықтан көл табанынан қазған арықты көл арық дейді* (Акт., Ырг.).

КӨЛБАР (Қ.орда: Сыр., Жал.) сықырлы, дуалы қалта. *Бақсы колбарын арқалап, жетіп келуші еді* (Қ.орда, Жал.). *Күлдерін колбарына салып алды. Үрледі оқып әжун үшті-тортті* (Т. Ізт., Рүс. дас., 122).

КӨЛБЕУ (Ауғ.; Ир.) жасы үлғаю, қартаю. *Міне біз һәм колбедік, жастықта не кормедік* (Ир.).

КӨЛДЕУ (Орал, Орда) ойпаң жерге жиналған жазғытүрғы қар суы. *Көлдеуде кокала үйрек пырылдаған, Ақсуңқар қоян корсе қырындаған. Алла деп ат белінө мінгеінен соң, Дәм таттың талай жерден бүйырмаған* (Орал, Орда).

КӨЛДЕУЛІК (Гур., Маңғ.) су жиналған шалшықты ойпаң жер. *Жауын мол жылы малшыларымыз суды көлдеулікте ішеді* (Гур., Маңғ.).

КӨЛДІК (Гур., Маңғ.) су жиналған ойпаң жер. *Көлдік жердің екі жағы қобыл, ортасы тоғайлық болып келеді* (Гур., Маңғ.).

КӨЛДІҢ ҚҰЛАҒЫ (Қост., Об.) көлдің саласы. *Ана көлдің құлағы обағаннан басталады* (Қост., Об.).

КӨЛЕ (Түрікм., Красн.) сиыр толі, бұзау. *Сиыр колесін ілестіріп, жайлымға қарай кетіп бара жатқан* (Түрікм., Красн.).

КӨЛЕҢКЕ (Жезқ., Ұлы.) тобесі жабық, жан-жағы ашық баспана. *Қашан корсек те үй жанындағы колеңкеде құлын тұрады* (Жезқ., Ұлы.).

КӨЛЕҢКЕЛІК (Орал, Жән.) бастырма. *Көлеңкелік жасап қойса, жазда отыруға салқын болар еді* (Орал, Жән.).

КӨЛКЕККЕ ТҮСУ (ҚХР) алданып қалу, алдап-арбауына түсіп қалу.

КӨЛКЕШТЕУ (Гур., Маңғ.) көлегейлеу, тасалау. *Шырақ, кішкене былайырақ қозгалмасаң, бізге көлкештеп ешнәрсе көрсетпедің* (Гур., Маңғ.). *Бала жігіт жүрегі тып-тып етіп, асыға аяңдады. Қалың ши төңеректі колкештеп алған* (Ә. Кекіл., Уркер, 520).

КӨЛКІЛДЕУ 1. (Талд., Кир.; Алм., Еңб. қаз.) әдеміленіп жайқалу. *Ертедегі бай баласы колкілдеп ат мініп, аң аулаушы еді* (Талд., Кир.). **2.** (Гур., Маңғ.) колендеу. *Үстінде көйлегі көлкілдеп келе жатқанға кім десең сен бе едің?!* (Гур., Маңғ.).

КӨЛМЕК//КӨЛШІМЕК (Гур., Маңғ.; Шымк., Мақт.; Алм., Нар.) бір жерге жиналған ағысы жоқ су. *Барыстың басында екі көл-*

м е к бар, екеуі де күзге қарағанда тартыла бастайды (Гур., Маңғ.). *Үйректерді к о л м е к к е қарай айдап бір өйел кетіп барады* (Шымк., Мақт.). *Малды сумен қамту үшін тоспалы к ө л м е к жасап, пайдалану керек* (Алм., Нар.).

КӨЛТЕКТЕУ (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) жағыну, жарамсақтану, маймөңкелеу. *Нұрқан кешегі айтқанынан танып, бүгін көп алдында к ө л т е к т е п отыр* (Қост., Жанг.). *Менің алдымда оның к о л т е к т е у і де қалды, бірақ неге өйткенін түсінбедім* (Жезқ., Ұлы.).

КӨЛШЕ (Түрікм.: Таш., Мары) егістік жердің атыздан кішірек бөлігі. *Жерің тегіс екен, бекер к о л ш е г е болгенсіңіз* (Түрікм., Мары).

КӨЛШІК (Қарақ.) суалма пішендік, шабындық жер.

КӨЛШІМЕК (Жезқ., Ж.арқа; Орал: Казт., Чап.) аздаған суы болатын төңірегі шалшықты ойпаң жер. *Ақсақ бала к о л ш і м е к т і ң жағасында, бұзаулардың қасында жүр еді* (Жезқ., Ж.арқа). *Бұрын егінді шұңқырлау к ө л ш і м е к к е егетін* (Орал, Казт.). *Айнала белестің ортасында кішкене к ө л ш і м е к т і ң қасында 300-дей жұмыскер жұмыс істеп жатыр* (С. Сейф., Шығ., 137). Қ. көлмек.

КӨЛІ БАСҚА (Қост., Жанг.) өзге жерден келген, бөтен, бөгде, бейтаныс адам. *Сіздердің к ө л д е р і ң і з б а с қ а гой, іштен келдіңіздер* (Қост., Жанг.).

КӨЛІККЕ БАСУ (Алм., Кег.) жүк арту, тиеу. *Бір қап ұнды к ө л і к к е б а с ы п жібердім* (Алм., Кег.).

КӨМБЕ[1] **1.** (Алм., Шел.) нан пісіретін таба. *Кейбіреулер к о м б е г е піскен нанды өте жақсы көреді* (Алм., Шел.). *Тұс көремін: апам есік алдында к ө м б е г е нан жауып жатады* (Б. Соқ., Біз де бал. бол.). **2.** (Сем.: Ақс., Көкп.; Павл., Леб.) табаға пісірген нан, таба нан. **3.** (Көкш.: Щуч., Еңб.; Алм., Кег.) отқа көміп пісірген нан. *Асқар к ө м б е с і н көмпитып жетіп кепті* (Алм., Кег.).

КӨМБЕ[2] (Шымк., Қызылқ.; Гур., Маңғ.) бір нәрсені көміп сақтау үшін ұзынша етіп қазылған ор. *Бір к ө м б е г е 20 мың дана қызылша салынады* (Шымк., Қызылқ.). *Қырға шығарда к ө м б е г е көмген бірталай мүкәмалдарым бөлушы еді, біреу тік көтеріп, ашып алып кетіпті* (Гур., Маңғ.).

КӨМБЕ[3] (Жамб., Шу) сыртын сылап, жиып қойған кепкен тезек үйіндісі.

КӨМБЕ[4] **1.** (Көкш., Еңб.) табасыз күлге пісірілген нан. **2.** (Рес., Омбы) табаға салып, күлге пісірілген нан. *Мәгәзіннің нанынан к ө м б е жұғымды гой* (Рес., Омбы).

КӨМБЕ БҰРШАҚ (Алм., Кег.) жүгері. *Биылғы еткен еңбегім үшін к ө м б е б ұ р ш а қ т ы кеп алдым* (Алм., Кег.).

КӨМБЕ ЖАППА 1. (Сем., Аяг.) нан пісіретін таба. **2.** (Сем., Аяг.) табаға пісірген нан.

КӨМБЕК (Қ.орда, Арал) үшінші сортты грузин шайы. *Дүкенде басқа ешнәрсе болмаған соң, осы бір дана к е м б е к шайды алдым* (Қ.орда, Арал).

КӨМБЕҚАЗАН I. (Алм.: Кег., Нар.) нан пісіретін таба. *К е м б е қ а з а н н ы ң нанын ыстықтай жесе гана гой дәмі кетпейді* (Алм., Кег.). **2.** (Алм., Нар.) табаға пісірілген нан. *Рахила, к е м б е қ а з а н д ы алып қой да, белкеңді турашы* (Алм., Кег.).

КӨМБЕҚОНАҚ (Алм.: Шел., Кег., Нар.) жүгері. *Колхоз биыл к е м б е қ ө н а қ т а н мол өнім алып отыр* (Алм. Шел.). *Сонымен қатар к ө м б е қ о н а қ та теменгі жақта мол оседі* (Алм., Нар.).

[Ұйғырша *көммәқонақ* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

КӨМБЕЛЕК (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) саңырауқұлақтың жеуге жарайтын бір түрі, қозықұйрық. *Кектемгі жауыннан кейін қырдың асты к ө м б е л е к к е толып кететін* (Түрікм., Красн.). *К ө м б е л е к т і жас баланың құлағынан бұлық аққанда емге пайдаланады* (Түрікм., Красн.).

[Түрікменше *көмелек* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

КӨМБЕ НАН (Көкш.: Чкал., Уәлих.) табаға пісірілген нан. *Біздің шешейлер пісіретін к ө м б е н а н төтті болатын еді* (Көкш., Чкал.).

КӨМБЕШ 1. (Алм., Жам.; Жамб., Шу) нан пісіретін таба. *Көрші нан пісіремін деп к ө м б е ш т і алып еді, әлі әкеп берген жоқ* (Алм., Жам.). *Қамыр көп болса, екі к ө м б е ш п е н бір пәсте пісіріп аласың* (Жамб., Шу). **2.** (Рес., Орын.) шойын, қаңылтыр ыдысқа салып, пешке пісірген бөлке нан. *Сорпаңа к ө м б е ш бермесең, мына нанның қатты екен* (Рес., Орын.).

КӨМБЕШ НАН (Жамб., Қорд.) табаға пісірілген нан. *К о м б е ш н а н пісіріп едім* (Жамб., Қорд.).

КӨМЕЙ (Жамб.: Шу, Мер., Қорд., Луг.; Алм.: Шел., Еңб. қаз.) мол судың жан-жаққа болінетін жері, алқымы. *Бірнеше адам к ө м е й д і бекіту үшін агаш, шөп алып жогары кетті* (Жамб., Шу).

КӨМЕЙ ҚҰРТ (Жамб., Шу) танауын бырылдатып, басын шайқата беретін түйе ауруы. *К ө м е й қ ұ р т т а н ауырған түйенің тынысы тарылып, быр-быр етіп, басын шайқай береді* (Жамб., Шу).

КӨМЕК (Түрікм.: Таш., Мары; МХР) бір-реудің шаруашылық жұмысына озгелердің бірігіп көрсететін қол жәрдемі. *Ертең үйдің жарын қаласақ па деп, сіздерді к ө м е к к е шақырып жүрмін* (Түрікм., Таш.). Қ. үме[1], асар.

КӨМЕКЕ (Қарақ.) асар, үме, көмек.

КӨМЕКШІ ҚҰР (Түрікм., Красн.) киіз үйдің баскурымен қатарласа жүргізілетін жіңішке құр.

КӨМЕШ 1. (Қ.орда: Қарм., Жал.; Қост., Фед.) табаға пісірілген күлше нан. *К о м е ш к е май жағып, жылыдай жеп алдым* (Қ.орда, Қарм.). *Көшкен елдің к о м е ш і болса, еру елдің ерулігі бар* (Мақал; Қ.орда, Жал.). 2. (Акт., Ойыл) пешке пісірілген бөлке нан. *Ақ к ө м е ш түсіп пе дүкенге, біле келші* (Акт., Ойыл). 3. (Қарақ.) отқа көміп пісірген нан. *Күлше колемі жағынан к ө м е ш т е н әлдеқайда кіші болады* (Қарақ.).

КӨМКЕ (Талд., Талды.) жолаушылар таситын машина. *Бір кісі бізге қарай келді де, к ө м к е тоқтайтын жер қайда деп сұрады* (Талд., Талды.).

КӨМПӨШ (МХР) күлге көміп пісірген нан. *Агаш отының күліне к ө м п ә ш қалай жақсы пысады* (МХР).

КӨМПЕК (Түрікм., Красн.) ашытқан қамырдан пісірілген бөлке нан.

КӨМПЕШ (Жамб., Қорд.) табага пісірген нан. *Дастарқан жайылды да, алдымызга бір к ө м п е ш нан қойды* (Жамб., Қорд.).

КӨМПІС (МХР) көнбіс. *Сүйінші! Менің к ө м п і с керейлерім, Қаңбақ ай жел аударған өгейлерім, Төгілген Қаратауда көз жасынан, Өнімді қайта көктеп мерейлерің* («Шұғыла», 1992, №2, 3).

КӨМУ[1] (Қ.орда, Арал) негізін салу, іргесін қалау. *Сәрсеке, тамыңды к ө м д і ң бе, қалай?* (Қ.орда, Арал).

КӨМУ[2] (Қост., Камыш.; Түрікм., Красн.) нан пісіру, нан жабу. *Біз нанды осында өзіміз к о м е м і з* (Қост., Камыш.). *Өзіміз к ө м г е н нанның дәмі де, түрі де басқа болады* (Түрікм., Красн.).

КӨМІН КЕТУ (Жамб., Жуа.) дүниеден оту, қайтыс болу. *Тұяқ атаулыдан жалғыз бала бар еді, ол да к ө м і н к е т т і* (Жамб., Жуа.).

КӨМІНТАС (Орал, Орда) ілгері кезде егін бастыратын сүйретпе тас. *Біз к ө м і н т а с қ а екі ат жегіп, астықты басамыз* (Орал, Орда). Орыс және қазақ тілдеріндегі бір ұғым (*камень – тас*) атауын қатар қолдануынан пайда болған сөз.

КӨМІРГЕН Қ. көбірген.

КӨН[1] (Гур., Маңғ.) карта ойынында тарату шы адам тарапынан ортаға салынатын ақша. *Карта таратылып болған соң әлгі ұтқан кісі к о н і н де салады* (Гур., Маңғ.).

КӨН[2] (Қост., Об.) қыстау.

КӨН БАС ЕР//КӨК БАС ЕР (Акт., Жүр.) былғарымен қапталған ер. *Есік алдында к ө к б а с е р ерттелген бір бесті басын шұлғып тұр екен* (Акт., Жүр.).

КӨНБІСТІ (Гур., Маңғ.) шыдамды, төзімді. *Өзі бір к о н б і с т і адам, қандай жұмысқа жіберсең де үндемейді* (Гур., Маңғ.). *Өз тағдырына мойынсұнған к о н б і с т і қазақ әйелінің мінезін корсетті* (Т. Ахт., Қаһ. күи., 321).

КӨНГЕЖІП (Қ.орда, Арал) ау торын арқалық, табанды жуан арқандарға жалғастырып тұратын жіңішкелеу жіптер.

КӨНГЕЙЛЕУ (Гур., Бақс.) қоршау. *Кішкене баламын ба, онымды айнала тікенді бұтамен к о н г е й л е п тастадым* (Гур., Бақс.).

КӨНДЕЛІКТІ (Сем.: Ақс., Кокп.) күнделікті. *Казір гылымның к о н д е л і к т і өмірмен байланысы күшті* (Сем., Көкп.).

КӨНДЕУ (Қ.орда, Жал.) ағаштан шабылған ердің қандайын болмасын түйе көнімен қаптау.

КӨНДІК (Сем.: Абай, Ақс.) аттарды күтіп бағып-қағатын қызмсткер. *Ал колхоз аттары қазір к о н д і к т е көрінеді* (Ссм., Абай).

КӨНЕК[1] (Жамб.: Шу, Мср., Қорд.) тойтомалақта күда-күйеулерге табақ тартып, койлек-коншек түрінде алынатын кәдс.

КӨНЕК[2] (Кокш., Қ.ту; Рес., Омбы) кымыз ашытатын ыдыс. *Ондай к о н е к т е р қазір жоқ қой* (Рес., Омбы).

КӨНЕК[3] (Қарақ.) жүгері дәнінің үшындағы қарайып түрған жер.

КӨНЕ-КӨСКІ (Акт., Шалқ.; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары; Қарақ.) тозығы жеткен, ескі-күскы. *Менің қалаганым – к ө н е-к ө с к і емес, таза нәрсе еді* (Түрікм., Ашх.). – *Шырагым, Вова, әкеңе к о н е-к ө с к і ң д і сен ауысарсың* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 68).

КӨНЕКТЕЙ (Жамб., Қорд.) өте үлкен. *Ол оны к о н е к т е й гып алып келді* (Жамб., Қорд.).

КӨНЕТІКТІ (МХР) оқымаған қыз, білімсіз әйел. *Басыңды неге құрамайсың? Көккебістіні ізден жүрсің бе?! О, чалым-ай көккебісті мені козге ілмей, мен к о н е т і к т і н і көзге ілмей, күн отіп жатыр гой* (МХР).

КӨН ҚАУҒА (Қ.орда, Қарм.) түйенің тұтас көн терісінен жасалатын айрықша үлкен шөлөк сияқты, елу-алпыс литрлік көн тұтқалы ыдыс. *Қазір к о н қ а у г а да, басқа қауға да жоқ* (Қ.орда, Қарм.).

КӨНТАҚА (Қост., Жанг.) қойдың арқасына, иә құйрығына түсөтін қотыр. *Қоңыр қой-*

дың жүні түсіп жүр, к ө н т а қ а болмаса жарар еді (Қост., Жанг.). *Құлынтайдың ногаласын, сақауын, бұзаудың қылауын, қос кіндігін, қойдық к ө н т а қ а с ы н емдейді* (Ғ. Мұст., Дау. кейін, 344).

КӨНТЕК (Алм.: Еңб. қаз., Кег.) қойдың терісіне түсетін қотыр. *Қойда к ө н т е к ауруы жазды-күзді болады* (Алм., Көг.). Қ. көнтақа.

КӨНШУ (Орал, Жән.) разы болу. *Есмұхан келіп еді сондай к ө н ш і п кеттім* (Орал, Жән.).

КӨҢ[1] (Қост.: Жанг., Об.; Гур., Маңғ.; Жезқ.: Ж.арқа, Ақ.; Орал, Орда; Сем., Аяг.) мал қыстайтын тұрақты қоныс орны, қыстау. *Малшылар биыл, к ө ң г е ерте қонды* (Қост., Об.). *Қысқа қарағанда отырықшы ел к ө ң г е кіреді* (Гур., Маңғ.). *Бұл бұрын Балқөжа тұқымдарының отырған к ө ң і еді* (Қост., Об.). *Күні бойы қойға қар тепкізіп, түнде к ө ң г е қамаймыз* (Орал, Орда). *Өзен болғанда осы, өзеннің аралсымақ иірілімінде опырылып құлаған ескі к ө қ н і ң орны жатыр* (Б. Майл., Шығ., V, 337). *Көң салу* – үй түрғызу, үй салу. *Біз екі-үш күннен бері к ө ң с а л ы п жатырмыз* (Қост., Об.).

КӨҢ[2] (Сем.: Абай, Шүб., Ақс., Көкп.; Шығ. Қаз., Больш.) қой қиының үсағы, құмалағы. *Мына жерге қөй бір түнеп кеткен екен, к ө ң і н е н білініп тұр* (Сем., Абай). *Түнде осында қой түнеп еді, к ө ң і н сыпырып тастаңдар* (Сем., Ақс.).

КӨҢГЕ//КӨҢГЕ ЖІП (Қ.орда: Арал, Қарм.) ау торын арқалық пен табандыққа керіп байлайтын жіптер. *Балық жалғыз к ө ң г е г е ілінсе болғаны, тырп етпейді* (Қ.орда, Арал). *Арқалық пен табанға к ө ң г е ж і п тартып байлайды* (Қ.орда, Қарм.).

КӨҢГЕ ЖІП Қ. көңге.

КӨҢГЕЙ (Гур., Маңғ.) аудың арқанына байланатын жиек жіп. *К ө ң г е й г е тұмсығы ілініп, қабырғасын ау жадырасына* (к.) *сүйепті де, жата беріпті* (Гур., Маңғ.).

КӨҢГЕЙЛЕУ (Гур., Тең.) ау торының шетіне арқан байлау. *Жадыраны тезірек к ө ң г е й л е ң д е р, тұстен кейін ау шабу керек* (Гур., Тең.).

КӨҢГЕЛЕУ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі) торды аудың арқалығына, табандығына жалғастырып байлау. *Біз ауды к ө ң г е л е п бітірдік* (Қ.орда, Арал). *Жұрт ауларын к ө ң г е л е п болып, елге қарай қайта бастады* (Қ.орда, Шиелі).

КӨҢГІ (Қост., Об.) ау жиегі, орам жіп.

КӨҢІЛГЕ АЛҒАУ ТҮСІРУ (ҚХР) уайымға батыру, ой түсіру, жүректегі шерді қозғау.

КӨҢІЛ ДЕЛБЕУ (Қ.орда, Арал) көңіл тоқтату, көңіл қою. *Оның да, тіпті, к ө ң і л д е л б е й т і н д е й ешнәрсесі жоқ* (Қ.орда, Арал).

КӨҢІЛ ҚАЛМАС, КӨЙЛЕК ЖЫРТЫЛМАС (ҚХР) ешкімнің де көңілін қалдырмау әрі көп шығындалмау мағынасында айтылады.

КӨҢІЛ ҚОС АЙТУ (Қ.орда, Қарм.) көңіл айту. *Мына көрші ауылда жекжатымыз болатын, соған к ө ң і л қ о с а й т у ғ а баргалы отырмын* (Қ.орда, Қарм.).

КӨҢІЛ САЛУ (Шымк., Кел.) көңіл бөлу, назар аудару. *Осындай кемшілікті жоюға колхоз бастығы жақсы к ө ң і л с а л м а й отыр* (Шымк., Кел.).

КӨҢІЛ ТАТУ (Сем., Абай; Түрікм., Красн.) көңіл жақсы, көңіл жетер. *Оның менімен к ө ң і л і т а т у* (Сем., Абай). *Айдар мен бұлар к ө ң і л т а т у адамдар* (Түрікм., Красн.).

КӨҢІЛІ БАЙЫРҚАЛАНУ (ҚХР) көңілі орнына түскендей болу, көңілі орныққандай болу.

КӨҢІЛІ БІТУ (Гур., Маңғ.; Ақт., Байғ.; Қ.орда, Арал) риза болу, қанағаттану. *Мыстан келген жиеніме бір тайлақ беріп едім, к ө ң і л і б і т п е й жүр* (Гур., Маңғ.). *Қасымдағы жігіттің к ө ң і л і б і т к е н і гой, мал бағу үшін де шеберлік керек екен-ау!* (Ақт., Байғ.). *Оған отырғандардың к ө ң і л і б і т т і* (Қ.орда, Арал). *Полк солдаттары мен офицерлері жабдықтау ісінің бастығы Зильберманға да бірінші рет осы кеш к ө ң і л д е р і б і т к е н* (Ә. Нүрп., Курл., 420).

КӨҢІЛІ ЖАРЫМ БОЛУ (Алм., Жам.) кею, ренжу. *Сұраусыз алғаннан соң к ө ң і л і ж а р ы м б о л м а ғ а н д а қайтеді* (Алм., Жам.).

КӨҢІЛІНЕ АҚТЫҚ САЛУ (Сем.: Ақс., Көкп.) көңіл жұбату, көңіл аулау. *Біз барып Ақаңның к ө ң і л і н е а қ т ы қ с а л ы п қайттық* (Сем., Ақс.).

КӨҢІЛІНЕ ТӘУПИЫҚ ТҮСУ (МХР) тәубесіне келу, дұрыс жолға түсу, қанағат сезімінде болу.

КӨҢІЛІН ЖАСАУ (ҚХР) мақтау, мадақ сөздермен көңілін жұбату.

КӨҢІРКЕУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) бықсу, көңірсу. *Самаурыныңда шала бар гой деймін, к ө ң і р к е п кетті* (Түрікм., Таш.).

КӨПАНА (Көкш., Руз.) шөмеле. Қ. көлене.

КӨПАНАЛАУ//КӨПЕНЕЛЕУ (Көкш., Руз.) шөмелелеу. *Көбен жоспардағының орнына күніне 2 га жерді к ө п а н а л а й д ы* (Көкш., Руз.).

КӨПЕ//КӨПЕКЕ (Сем.: Үрж., Мақ., Аяг.) шөмеледен кішілеу астық, шөп үйіндісі. *Жұз*

гектардан артық жердің астығы жаңбырдың астында маялаусыз к ө п е д е шіріп жатыр (Сем., Үрж.).

КӨПЕЙ 1. (Қост., Тоб.; Қар., Қарқ.; Павл., Леб.; Көкш.: Щуч., Еңб.) кенже туған қозы. *Үйде өріске жібермей, байлауда тұратын бір к ө п е й бар болатын* (Көкш., Щуч.). *Ол бізге к ө п е й қозы сойды* (Қост., Тоб.). *Жем жеп шыққан к ө п е й д і ң біреуін алдыра гой!* (С. Мұқ., Таңд. шығ., III, 221). **2.** (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) арық марқа. *К ө п е й жабағы* – ерте туған құлын.

КӨПЕЙ ТАЙША (Көкш., Қ.ту) ерте туған бұзау.

КӨПЕК 1. (Гур., Маңғ.; Шығ. Қаз., Ұлан; Қарақ.; Түрікм., Красн.) төбет ит. *Былтыр біздің дәу бір к ө п е г і м і з болған еді, шіркін, несін айтасың, ол тұрганда қой соңында жүрудің де керегі жоқ еді* (Қарақ.). *Көрбикенің бар жоқтауы осылардың міндетіне қалгандай, көкке қарап ұлыған к ө п е к иттер онсыз да тұршіккен жанның зәрекұтын алады* («Жұлдыз», №6, 1988). *Көпек күшік* – ересек күшік. *Далада к ө п е к күшік қыңсылап жатыр* (Гур., Маңғ.). **2.** (Ауғ.; Ир.) ит.

КӨПЕКЕ Қ. көпө.

КӨПЕЛДЕС (Жамб.: Сар., Жуа.) кенже туған қозы. *Менің бір к ө п е л д е с қозым бар* (Жамб., Сар.).

КӨПЕН (Орал, Жән.) жол-жол қылып шабылған десте. *Шөп аз болганда екі-үш к ө п е н д і бір жерге үйеміз* (Орал, Жән.).

КӨПЕНЕ (Жамб., Сар.; Қар., Нұра; Көкш.: Зер., Руз., Қ.ту; Рес., Омбы) шөмеле. *Далада жатқан к ө п е н е н і ң саны жүзден аса бар-ау деймін* (Қар., Нұра). *Олар сенбілік жасап, үйымдасқан турде 40 к ө п е н е үйді* (Көкш., Зер.). *«Көмейдің» шөбін олар к ө п е н е күйінде сүйретіп алып, қорасына үйе салатын* (F. Мұст., Дау. кейін, 403). *Көпене тастау* – шабылған шөпті әр жерге бір үю, шөмелелеу. *Ә, дегенде үш-төрт к ө п е н е т а с т а п, қолым ауырып қалды* (Көкш., Қ.ту). Орыс тіліндегі *копна* сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі.

КӨПЕНЕЛЕУ (Көкш.: Зер., Қ.ту) шабылған шөпті әр жерге бір үю, шөмелелеу. *Шөп к ө п е н е л е у жұмысында істейтіндер күндік нормасын асыра орындады* (Көкш., Зер.). *Әйелі кеше шабылған шөпті жинап, к ө п е н е л е п жүр* (F. Мұст., Дау. кейін, 70). Қ. **көпаналау.**

КӨПЕНШІ (Жезқ., Ж.арқа) шөмелеші. *Шөп машиналары мен к ө п е н ш і л е р көпен салуға шықты* (Жезқ., Ж.арқа).

КӨПЕС ТАРТУ (Алм., Шел.) біркелкі өтіп, ықшамдап кесілген отынды түсіру. *Ішпекбай бізге біреуден ат алып, к ө п е с т а р т ы п беретін болып еді* (Алм., Шел.).

КӨПЕШ (Қост., Арқ.; Жезқ., Ағад.) кенже туған қозы.

КӨПКЕ ЖАТУ (Гур., Маңғ.) ұзақ жатып қалу, біраз болу. *Қалай, мұнда сендер к ө п к е ж а т а т ы н ба едіңдер?* (Гур., Маңғ.).

КӨП КЕТСЕ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) коп болса, ары кеткенде. *Ол онда к ө п к е т с е бір жыл гана турады* (Шығ. Қаз., Больш.).

КӨП-КӨҢІР (Павл., Ерт.) тым көк, өте кок, көкпеңбек. *Сатып алган бояудың түсі к ө п-к ө ң і р екен* (Павл., Ерт.).

КӨП-КӨРІМ (МХР) төуір, жақсы. *К ө п-к ө р і м оқыган жігіт осындай талап қояды дегенге адам нана ма?* (Ш. Қат., Аз. көз., 99).

КӨПТІК (Гур., Маңғ.; Орал, Жән.) көпшілік, жұрт. *Халық к ө п т і к болып қыр бойына шыққан екен* (Гур., Маңғ.). *Ондай-ондай бола береді, мұнда к ө п т і к қой* (Орал, Жән.).

КӨПТІРМЕ КИІЗ (Орал, Орда) көпшік жасау үшін әдейі жұмсак етіп басқан киіз. *Шеше, маган бір к о п т і р м е к и і з басып берсеңіз жарар еді* (Орал, Орда).

КӨПҮРШІК (МХР) коймалжың айран. *Саптыаяққа қатық, айран құйып, оган ешкі сауып айранды сүйылтады. Сауган сүт айранга араласқан сайын көпіршіктей береді. Осы сүйылып қоймалжыңданган айранды к ө п ү р ш і к дейді. К ө п ү р ш і к сауып берейін, ішіп ал да тезек теріп келе гой* (МХР).

КӨП ҮСТІНЕН КӨЛМЕКТЕЙ СУ ІШЕТІН (ҚХР) қалай болса солай төгіп шашатын, ұқыпсыз, көптің арасында күн көретін.

КӨПШІГІН ҚАЛЫҢДАТУ (ҚХР) мактау, көтермелеу, асыра марапаттау.

КӨПШІК[1] 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб., Шу; Алм.: Енб. каз., Шел.; МХР) ер үстіне салу үшін арасына жүн, қыл салып тігілген көрпеше. *Көкесі алдымен шабдардың шап айылын кореді, сонан соң к ө п ш і к т і қайта тартады* (Ж. Нәжім., Кішк., 13). **2.** (Ауғ.; Ир.) адамның астына тосейтін кішкене көрпеше. **3.** (Түрікм., Таш.) үзынша етіп тігілген енсіз шағын көрпеше. *Конақтар отыру үшін дастарқанды айналдыра к ө п ш і к салыныпты* (Түрікм., Таш.).

КӨПШІК[2] 1. (Қ.орда, Арал; Орал, Орда; Акт.: Ойыл, Шалк., Ырғ.; Гур., Есб.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Рес., Орын.; Қарақ.) бір кісілік кішкене жастық. *Балаларга к о п ш і к тасташы* (Қ.орда, Арал). *Мына кісіге к ө п ш і к таста, жантайып жатсын* (Акт., Ойыл). *Үйге кіре салысымызбен екі-екіден к ө п ш і к*

тасталды (Түрікм., Красн.). *Кереуеттің дәл ортасына екі ақ к ө п ш і к қойған* (Орал, Орда). 2. (Қост., Жітік.; Жезқ., Ұлы.) екі кісілік үлкен жастық. *Бұрыштағы төсек үстінде қалың к ө п ш і к жатыр* (Қост., Жітік.). *Гүлнұр шешінбестен к ө п ш і к т і құшып, жинаулы тұрған төсегі үстіне өкіре құлап түскен еді* (Ө. Қан., Құд., 295).

КӨПШІК-КӨРПЕ (Гур., Есб.) көрпе-жастық, төсек-орын. *Керек десеңіз олардың к ө п ш і к-к ө р п е с і де жоқ* (Гур., Есб.).

КӨПІРЕ (Жамб., Жуа.) көпір. *Алдыңыздағы сайда к ө п і р е бар, содан өтесіз* (Жамб., Жуа.).

[Қырғызша *көпүрө* көпір (Кирг.-рус. сл., 1965)].

КӨПІР ОЙЫНЫ (Рес., Орын.) бір-бірімен жалғаса үстасқан қолдардың астынан ойыншылардың бірінен соң бірі өтетін ойын аты.

КӨПІРШІК (Орал: Орда, Жән.; Гур., Есб.) ашыған айранға жебінді қосқан сусын түрі. – *Фазиза, балаларға к ө п і р ш і к құйып берсеңші* (Гур., Есб.).

КӨРАНА (Орал: Орда, Жән.) жерді қазып жасаған үй, жер үй. *Біз бұрын байлардың малын баққан кезімізде к ө р а н а д а тұрғанбыз* (Орал, Жән.). *Шөп к ө р а н а күн санап шөгіп, бара-бара төбесінен құм шұбыратын болды* (Ж. Нәжім., Кішк., 61).

КӨРБАЙ-ЖЕРБАЙ (Қ.орда, Қарм.; Алм.: Шел., Еңб. қаз.) әр түрлі усақ-түйек, көкіршүкір нәрселер. *Оның ішінде к ө р б а й-ж е р б а й зат тұратын* (Қ.орда, Қарм.). *Сен демалыс күні жұбайыңның үйде жоқтығын пайдаланып, к ө р б а й-ж е р б а й ы ң д ы буып алып, қашқан қыздай тайып тұрдың* («Лен. жас», 20.05.1960).

КӨРБАН (Қост., Жанг.) қорқау қасқыр. *Сонау көрінген жерде к ө р б а н бар дейді* (Қост., Жанг.).

КӨРБІЛТЕ (Қост., Жанг.) шеп басқан сүрлеу, кемескі соқпақ. *Сиырлар ауылға қарай к ө р б і л т е жолмен шұбап барады* (Қост., Жанг.). *Міне, енді тоғай арасымен ирелеңдеген к ө р б і л т е соқпақтан боз атты жолаушының өзі де шыға келді* (А. Нүрм., Құл. аж., 19).

КӨРБІЛТЕҢ ЖОЛ (Рес., Омбы) шөп басқан ескілеу жол. *К ө р б і л т е ң ж о л м е н барсаң, жарты-ақ сағат кетеді* (Рес., Омбы).

КӨРГЕН БАС-СИРАҚ (ҚХР) сыры белгілі адам, өуселісі белгілі.

КӨРДЕМШЕ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) некесіз туған, жолдан тапқан бала. *Ел арасында оны к ө р д е м ш е деген пікір бар* (Гур., Маңғ.). *Бәйбіше: – Ой, к ө р д е м ш е ит! – деп, жерден кетеріп алып жатып, баланың бүйіріне қолын батырып жіберді* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 69).

КӨРЕ (Түрікм.: Ашх., Таш., Красн., Мары) бір нәрсемен байланысты, сонысына қарай. *Пормасына к ө р е ұнатып қалыпты* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *гәрә* (Туркм.-рус. сл.)].

КӨРЕ КЕТТІ (Орал, Чап.) коруге кетті.

КӨРЕНДЕЛІК (Алм., Кег.) сұраншақтық, тіленшектік. *Мен к ө р е н д е л і к етпеймін* (Алм., Кег.).

КӨРЕНДЕУ (Алм., Кег.) мақтан. *Ол әрқашан к ө р е н д е й д і де жүреді* (Алм., Кег.).

[Ұйғырша *көрәңлимәк* мақтану (Уйг.-рус. сл., 1961)].

КӨРЕ ПАРА (Гур., Маңғ.) көре тұра, біле тұра. *Мен де к ө р е п а р а сайға түсіп кетпеймін гой, мәшінді бұра қоям* (Гур., Маңғ.).

КӨРКЕСТІ (Шығ. Қаз., Қатон.) егде, кексе. *Асылбек сізге қарағанда к ө р к е с т і кісі гой* (Шығ. Қаз., Қатон.).

КӨРКЕ ТАУЫҚ (Шығ. Қаз., Болып.) күркетауық. *Ол мұнда к ө р к е т а у ы қ деп аталады* (Шығ. Қаз., Болып.).

КӨР КӨКІРЕК (ҚХР) нағыз топас адам, зейіні жоқ, көкірегінде оты жоқ адам.

КӨРҚАРА (Қ.орда, Арал; Шымк., Түркіс.) түсі қара усақ бүтақты, басы бүршікті, кебірлеу жерге шығатын ащы шөп.

КӨРҚАРАМ ҚЫЛУ (Жамб., Жам.) бауларды басын темен қаратып үю. *Егін бауларын жауыннан сақтау үшін к ө р қ а р а м г ы п жинайды* (Жамб., Жам.).

КӨРЛАТ (Алм.: Шел., Еңб. қаз.) топас, миғұла, кеще. *Ол бір жүрген к ө р л а т неме, ненің ретін біледі дейсіз* (Алм., Еңб. қаз.).

КӨРЛӘҺӘТ (Қост., Жанг.) түк көрмейтін көрсоқыр. *Кіре беріс жерде алдына малақайын тастаған бір к ө р л ә h ә т кісі отыр* (Қост., Жанг.).

КӨРМЕДІК (Өзб., Там.) көргенсіз, әдепсіз. *К ө р м е д і к адам көпке қосылмайды* (Өзб., Там.).

КӨРМІШ (Қост., Тоб.) көп керген. *Ыбрай көп оқып, көп к ө р м і ш* (Қост., Тоб.).

КӨРПЕ[1] 1. (Түрікм., Красн.) кенже туған қозы. 2. (Қарақ.) қозының қырқылмаған түрі. 3. (Түрікм., Красн.) кенже бала. *Мына отырған бала біздің к ө р п е м і з* (Түрікм., Красн.).

КӨРПЕ[2] 1. (Түрікм., Красн.) жоңышқаның соңғы өсімі. 2. (Қарақ.) жоңышқаның бірінші немесе орып алғаннан кейінгі 10-15 см болып есіп тұрған кезі. Түрғындар тілінде бұл

көбіне, егілгеннен соң бірінші шыққан жоңышқаға байланысты айтылады. *Былтырғы қыста еккен жоңышқасы биыл жаңа гана к ө р п е болып тұрыпты* (Қарақ.).

КӨРПЕКӨК (Алм., Шел.) жоңышканың үшінші қайтара шығуы. *Бедені салып, к ө р п е к ө к т і қайталай чауып отырсам деймін* (Алм., Шел.).

КӨРПЕ-КӨКІР (Сем., Аяг.) көрпе-жастық, төсек-орын.

КӨРПЕ КӨПШІК (Көкш., Қ.ту) ердің үстіне салатын көрпеше. *Матадан қалған қалдықтан к ө р п е к ө п ш і к тіктіріп алдым* (Көкш., Қ.ту).

КӨРПЕЛДЕС//КӨРПЕЛДЕШ (Алм., Кег.; Талд.: Гв., Талды.; Шымк.: Қызылқ., Сайр.; Жамб.: Св., Тал., Шу, Мер., Луг., Қорд., Мойын.; Сем., Ұрж.; Шығ. Қаз., Күрш.) кенже туған қозы. *К ө р п е л д е с бір қозым бар еді, сіздерге союға жарамай тұр* (Талд., Талды.). *К ө р п е л д е с т і ң жүні бір рет қырқылады* (Шымк., Сайр.). *Біз к ө р п е л д е с қозыларды өз алдына жеке күтеміз* (Жамб., Св.) Қ. күйек кенже.

КӨРПЕЛДЕШ Қ. көрпелдес.

КӨРПЕНДЕС ҚОЗЫ (Шығ. Қаз., Күрш.) жаз ортасында туған қозы. *Оның үйінде қазір екі к е р п е н д е с қ о з ы с ы бар* (Шығ. Қаз., Күрш.).

КӨРПЕНІ СЫРҒЫЛАУ (Рес., Омбы) бүгу, көрпені жиектеу.

КӨРПЕШ[1] 1. (Сем., Абай; Алм.: Іле, Еңб. қаз.; Гур., Маңғ.; Қарақ.; Түрікм.: Красн., Таш.) кенже туған қозы. *Бұл уақытта к ө р п е ш т е р семіз келеді* (Сем., Абай). *Ыбралы шал сегіз бір к ө р п е ш і н де сатқан жоқ* (Гур., Маңғ.). *К ө р п е ш к е арналған қораның да мәні жоқ* (Түрікм., Красн.). 2. (Жамб., Шу; Шымк., Мақт.) есейген кебе қозы. *Қорынған ақ көрпеден қозы к ө р п е ш, Мұздаған бүрсең қағып лақ-серкеш* (Жамб., Шу).

КӨРПЕШ[2] (Түрікм.: Мары, Таш.) жас қозылар жататын, жерден қазылған шұңқыр. *К ө р п е ш жұмысына неше адам бөлінді* (Түрікм., Мары).

КӨРПЕШ[3] (Қ.орда: Жал., Қарм.) бірінші сортты ақ үн. *Бұл күнде халық к о р п е ш ұнның нанын гана жейтін болды* (Қ.орда, Жал.).

КӨРШІШ[4] (Түрікм.: Мары, Таш.) жоңышканың ең соңғы өсімі және орымы. *Мына күдедегі* (қ.) *к ө р п е ш қой* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *керпе* жаңа, жас (шөп) (Туркм.-рус. сл.)].

КӨРПЕШЕ 1. (Шымк.: Арыс, Шөу.; Қост., Жанг.) адам астына жаятын үзынша келген кішірек көрпе. *Үй иесі мейманға к ө р п е ш е сал! – деді де, терезе алдына отыра кетті* (Шымк., Шөу.). *Көпшік жамалмаса, ердің үстіне салайын, к ө р п е ш е әкел!* (Қост., Жанг.). 2. (Ауғ.; Ир.) үлкен көрпе.

КӨРПЕШЕ ҚҰРАҚ (Өзб.) көздігінің шетіне үш бұрышты етіп қиылған түрлі түсті материалдарды үластырған керпеше құрақ түрі.

КӨРСЕБАСАР (Жамб., Шу; Гур., Маңғ.) көрсе қызар, көрсе құмар. *Әлі де к ө р с е б а с а р адамдар көп қой* (Жамб., Шу). *К ө р с е б а с а р кісі көпке бармас* (Гур., Маңғ.). *Қазақтың гой ондай-ондай к ө р с е б а с а р л ы ғ ы н а тұлынын тұтып шыға келеді* (Ә. Кекіл., Үркер).

КӨРСЕ БАСАРЛЫҚ (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) көрсе қызарлық, көрсе құмарлық. *Жамандаған болмасын оның да к ө р с е б а с а р л ы қ мінезі бар* (Түрікм., Красн.).

КӨРСЕТПЕ (Түрікм.: Таш., Красн., Ашх.) нұсқау, жөн-жоба. *Районның к ө р с е т п е с і н е сүйеніп, іс істеуге беттемелі* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *көркезме* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *курсатма* (Узб.-рус. сл., 1959)].

КӨРТ (Гур., Маңғ.; Қост., Семиоз.; Түрікм.: Красн., Таш., Ашх.) лек пен кердері маядан туған түйенің азғындаған тұқымы. *Түйе жаманы – к ө р т, шөп жаманы – керт* (Мақал; Гур., Маңғ.). *К ө р т к е күш салсаң өледі, ортке күш салсаң сөнеді* (Мақал; Түрікм., Красн.). *Бұл колхозда белсенді коп, ұйымдасу бірлікке олар к ө р т пен тайлақ беріп жатыр* («Жұм-шы», 29.02.1940). *Жауыр к ө р т т е р д і ң пышақ жүзіндей қыр арқасы қоңдарын ойып тастапты* (Ә. Кекіл., Дала., 25).

КӨРТЕКТЕУ (Қ.орда, Арал) имену, сескену, қаймығу. *Ысқақ айтайын дегенін біреуден к о р т е к т е п айтпай қоймас* (Қ.орда, Арал).

КӨРТОПЫРАҚ (Ақт., Ырғ.; Қост., Жанг.) бір табын малдың жауапты айдаушысы. *Сол жылы к ө р т о п ы р а қ боп, Қызылжарға да барып қайтқамын* (Қост., Жанг.). – *Неге бұлай? – деймін, – к ө р т о п ы р а қ т а н сұраңыз, сол кісінің жеккен малы гой, – дейді әлгі жігіт* (Б. Майл., Шығ., 221). Орыс тіліндегі *гуртоправ* созінің озгеріске түскен түрі.

КӨРТҰМАН (Шымк., Түлк.; МХР) қою, қалың түман, соқыр түман. *Осындай к ө р т ұ м а н д а кісі адасып та кетеді* (Шымк., Түлк.).

КӨРУГЕ ҚҰНЫҚ (Қост., Жанг.) керуге тұрарлық. *Сырт корінісі әйтеуір к ө р у г е қ ұ н ы қ сияқты гой* (Қост., Жанг.).

КӨРХАТ БОЛУ (Қ.орда, Арал) көрінбей кету, үшты-күйлі жоқ болу. *Сонымен, Барақ к о р х а т б о л г а н* (Қ.орда, Арал).

КӨРШЕҢГЕЛДЕУ (Гур., Маңғ.) шеңгелді толтыра уыстау, талан-таражға салу. *Арықтан, аштан қаусатып, Сан мыңдаған мал қырды-ай, К ө р ш е ң г е л д е п ұрлап, тыққыштап, Жұтып жатқан құрдымды-ай!* (Гур., Маңғ.).

КӨРШІ (Сем.: Көкп., Ақс.; Көкш.: Чкал., Уәлих.) ауылдас. *Оның үстіне к ө р ш і л е р тұгел жиналды, олардың ішінде жастар жоққа тән еді* (Сем., Көкп.).

КӨРШІК қайықты басқарушы. *Қайықты басқарушы кім? Бұл араның тілінде ондай басқарушыны к ө р ш і к дейді* (С. Мұқ., Саях., 258). Орысша *корщик*.

КӨРШІҢ//БАҚЫРАШ (Павл., Леб.) ожау, шөміш.

КӨРШІ ОЙЫН (Рес., Омбы) бір қыз және бір жігіт қатар отырып ойнайтын ойынның түрі.

КӨРІК[1] (Қарақ.) тандыр қақпағы, кесек қақпақ. *Тандырдың қызуы, кетпес үшін төбесін к ө р і к п е н е н жауып қояды* (Қарақ.).

КӨРІК[2] (Қ.орда, Арал) самаурынның от салатын жері.

КӨРІКТІҢ АУЗЫ (МХР) көріктің от жағатын жағы.

КӨРІКТІҢ КӨМЕЙІ (МХР) көрік мойнындағы ауа шығатын жер.

КӨРІКТІҢ КҰЖІСІ (МХР) көріктің мойнын бастырып тұратын балшық.

КӨРІКТІҢ ҚАЗЫҒЫ (МХР) көрікті асып қоятын екі жағындағы қазығы.

КӨРІКТІҢ МОЙНЫ (МХР) көріктің жел шығатын, үрлейтін кішкене ошағы.

КӨРІКТІҢ ТАҚТАЙЫ (МХР) көріктің үстіңгі жағы.

КӨРІКТІҢ ТҰЛЫБЫ (МХР) көріктің былғарысы.

КӨРІКТІҢ ТІЛІ (МХР) көріктің жел кіретін астындағы тесігі.

КӨРІМ[1] (Орал: Чап., Жымп.; Сем.: Абай, Үрж.; Алм., Кег.; Шығ. Қаз.: Күрш., Больш.; Тау., Қош.; Түрікм., Красн.; МХР) әдемі, сүйкімді, жақсы, оңды, тамаша. *Мына бір кітапты қолға түсіріп алғанымыз к ө р і м болды гой* (Орал, Чап.). *Ол үйдегі келін к ө р і м екен* (Алм., Кег.). *Сен сөзді к ө р і м сөйлейсің гой* (Шығ. Қаз., Күрш.). *К ө р і м-а қ болар еді оларға сәлем айтып қойсаңыз* (МХР). *Өсімдік аттары бірталай к ө р і м қамтылды ма* (МХР). *К ө р і м әңгіме айтады екен десем* (МХР).

КӨРІМ[2] (Қост., Жанг.; Қ.орда, Жал.; Ақт., Қараб.; Рес., Орын.) жаман, нашар; жөксұрын. *Кешегі біз қонған үйдің әйелінің мінезі жайсыз, к ө р і м екен* (Қ.орда, Жал.). *Еркебайдың әйелі к ө р і м, мінезі жайсыз* (Рес., Орын.). *Топырақ борап, к ө р і м болып, мазамыз кетіп тұр* (Ақт., Қараб.). *Өлтірсеңдер де бармаймын, ол к ө р і м н і ң жанына барғанымша, өлгенім артық! – деп сіресіп алды* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 332).

КӨРІМ КӨРІНГІР! (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр., Шиелі; Ақт.: Қараб., Шалқ.; Жамб., Жуа.; Рес., Орын.) бәле келгір, қара басқыр! *К е р і м к ө р і н г і р! Осы балам айтқанымды тыңдамайды* (Қ.орда, Жал.). *К ө р і м к ө р і н г і р, сенің мына пиғылың жаман екен* (Ақт., Шалқ.). *– Ійбай-ай, саған не к ө р і м к ө р і н д і, түсің бұзылып кетіпті гой?!* (Ж. Нәжім., Кішк., 26).

КӨРІН (Қост., Жанг.; Көкш.: Еңб., Щуч.; Жезқ., Ұлы.) арба дөңгелегінің иін ағашы, тоғын. *Мұқаштың қарындаш арбасының к ө р і н і сынып тұр екен* (Қост., Жанг.). *Ыстықта арба к ө р і н і н і ң құрақтары ашылып кетеді* (Жезқ., Ұлы.). Бұл – орыс тіліндегі *корень* сөзінің өзгеріске түскен түрі.

КӨРІС АЙТТЫ (ҚХР) жоқтау сөз (жыр) айтты.

КӨРІСУ (Ақт., Ойыл; Орал, Қазт.; Гур., Маңғ.) амандасу. *Сен маған неге к ө р і с п е й с і ң* (Орал, Қазт.). *Мен әжекеңмен к ө р і с к е н жоқ екенмін гой* (Ақт., Ойыл). *Бала бұл жолы бәрімен де бұла-тала к ө р і с е келейін деген гой* (Гур., Маңғ.).

КӨСЕ[1] (Гур., Маңғ.) жағадан суға қарай сұғынып жататын қайраңды енсіз жер. *Ағын айдаған құм үйіле келе, теңіз астынан к ө с е пайда болады* (Гур., Маңғ.). *Суға сұғынған тар к ө с е н і ң басында о жер, бұ жерде қалқиып-қалқиып қарауытып тұрған тұрікпендердің жел қайығынан басқа ештеңе көзге түсе қоймады* (Ә. Кекіл., Үркер, 447).

КӨСЕ[2] (Қост., Об.) егеуқұйрық, атжалман. *Тауықтың бір балапанын к ө с е жеп кетіпті* (Қост., Об.).

КӨСЕК[1] (Шымк.: Мақт., Сайр., Қызылқ., Түлк.) мақтаның үлпа салатын қауашағы. *Биыл мақтаның к ө с е г і жақсы* (Шымк., Сайр.). *Кейбір жерлерде мақтаның к ө с е г і ұзіліп түсіп қалған* (Шымк., Мақт.). *Өсімдіктің түйін салатын бұтақтарынан шанақтар* (к.) *мен к ө с е к т е р д і ң едәуір бөлігі түсіп жатады* («Лен. жолы», 2.08.1952).

КӨСЕК[2] (Жамб., Тал.) от көсейтін көсеу. *От өшіп қалған ба, к ө с е к қайда?* (Жамб., Тал.).

КӨСЕТУ (МХР) көрсету. *Ол көзіне к ө с е т п е й і н ш е сенбейтұғын адам* (МХР).

КӨСЕУ 1. (Ақт., Шалқ.; Алм., Жам.; Орал, Жымп.; Жамб.: Шу, Мөр., Мойын., Жуа.) қысқаш, шымшуыр. *К ө с е у м е н самауырға шоқ сал* (Ақт., Шалқ.). *Шоқты үтікке к ө с е у м е н сал*

(Жамб., Шу). 2. (МХР) сидам ағаш, от көсейтін ағаш. 3. (МХР) оттың қоламтасын ашуға, күлін пісіруге арналған ұзындығы қысқаш, шымшуыр мөлшеріндей жалпақтау келген темір, ағаш аспап.

КӨСТ (Орал, Орда) топ болып үйымдасқан бірлестік. *«Октябрь» к ө с т і н д е г і бес ауыл совет есеп беру жұмысын аяқтапты дейді* (Орал, Орда). Орысша *куст*.

КӨСТЕК (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) түсамыстың түймеленіп салынатын түрі, түсау. *Атқа бұл үйде к ө с т е к жоқ, арқандай салың* (Түрікм., Мары).

[Түрікменше *көстөк* (Туркм.-рус. сл.); түр. *көстек*ь аттың түсауы (Л. Буд., II)].

КӨСТЕНШЕ (Қост., Жанг.) елден ерекше, айрықша. *Қамза күнделікті нормасын к ө с т е н ш е артық орындап отырады* (Қост., Жанг.). *Ананың к ө с т е н ш е жүруін қарашы!* (Қост., Жанг.).

КӨСТІ (Өзб.) матаның кисық кесілгенінен пайда болатын киық жері.

КӨСІК[1] (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Қост., Жанг.; Түрікм., Красн.; Өзб., Ташк.) күмды жерде өсетін тамыры сәбіз тәріздес жабайы өсімдік. *Сарысу бойында к ө с і к көп оседі* (Қ.орда, Сыр.). *Бұрын балалар к ө с і к теретін еді* (Қост., Жанг.). *Судың жайылған жерлеріне қалың боп к о с і к шығатын* (Түрікм., Красн.). *Сабақтан қайтқан балалар жол-жонекей к о с і к теріп барады* (Өзб., Ташк.). *Бұрын еріккен балалар қазатын қоянтобық, к о с і к, мондалақты енді таласып-тармасып, сақалдары сапсиған үлкендер қазады* (Ә. Кекіл., Үркер, 265). Қ. мәймішек.

КӨСІК[2] (Қост., Жанг.) есік-терезе жақтауы. *Есіктің к ө с і к т е р і н шеберлерге қондыртып алайын деп едім* (Қост., Жанг.). Орысша *косяк* сөзінің өзгеріске түскен түрі.

КӨСІКТЕЙ (Сем., Үрж.; Түрікм., Красн.) салалы, сүйріктей. *Оның қолы к о с і к т е й екен* (Сем., Үрж.). *Жаңа түскен келініміздің тұрәлпеті к ө с і к т е й екен* (Түрікм., Красн.). *Алшая күйсеп тұрған ақбас құнажынның к ө с і к т е й емшегінен сүтті парлата сауып отырған сауыншы әйелдің еңбегін есептеді* (Ж. Тіл., Қайнар, 199). *Домбыра бір кезде соған ауысуы-ақ мүң екен, к ө с і к т е й ұзын саусақтары қос пернені бойлап безек қақты* (*«Жұлдыз»*, №3, 1987).

КӨСІН (Ауғ.; Ир.) 1. асқабақтың бір түрі. 2. пияздың бір түрі.

КӨТЕК[1]**//КӨТІК** 1. (Қ.орда, Арал; Түрікм., Таш.) шабылған егіннің, пішеннің орнында қалған түқылы, түбіртегі. *Мал ашыққан екен, жусанның к о т е г і н де жеп қойды* (Қ.орда, Арал). *Балам, бақылап жүр, аяғыңа к ө т е к кіріп кетіп жүрмесін* (Қ.орда, Арал). 2. (Алм.; Шел., Еңб. қаз.) кесілген ағаштың түбірі. *Мына к ө т е к т і жарып алсақ, біраз отын болар еді* (Алм., Шел.).

[Ұйғырша *көтөк* түбір (Уйг.-рус. сл., 1961)].

КӨТЕК[2] (Қ.орда, Арал) қабадан ауын (қ.) құрғанда оны үстап түру үшін екі жағынан жерге қағылатын ағаш.

КӨТЕК[3] (Қост., Жанг.) былтыр салынған маяның орнында қалған шірігі. *Шөптің к о т е г і н де қалдырмай жинап алу керек* (Қост., Жанг.).

КӨТЕК[4] (Шымк., Мақт.) мақтаның толысып пісе бастаған кезі (С. Аман., ВДИКЯ).

КӨТЕК[5] (Қ.орда, Сыр.) қайықтың адам отыратын көлденең тақтайы. *Қайықтың к ө т е г і жоқ болғаниан ба, есуге тым ыңғайсыз болды* (Қ.орда, Сыр.).

КӨТЕК[6] (Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Жамб., Шу; Талд., Кир.) бір нәрседен шошыну, таң қалумен байланысты әйелдер жағы айтатын одағай сөз. *К о т е к, мұнысы несі гүрс ете түскен!* (Алм., Шел.). – *К ө т е к!* – *Елтай әдепсіз әлдене айтқандай келіншек жиырыла қалды, ернін қыса қырып, тез-тез ішке кірді* (*«Жұлдыз»*, №4, 1986).

КӨТЕК АРБА (Алм.: Нар., Ксг., Шел., Еңб. каз.; Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.) бір ат жегетін екі доңгелекті кішігірім арба. *К о т е к а р б а тауда жүруге қолайлы гой* (Алм., Нар.). *К ө т е к а р б а екі аяқты, биіктеу болады* (Шығ. Қаз. Тарб.).

КӨТЕЛЕУ (Акт., Шалқ.) екі жүзді, арамза. *Біздің ауыл советтің секретары к ө т е л е у жігіт екен* (Акт. Шалқ.).

КӨТЕРМЕ[1] 1. (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі) суды жоғары шығару үшін көмейге колбей үйілген топырақ. *К о т е р м е д е н су салмаға тарайды* (Қ.орда, Арал). 2. (Жамб., Шу; Шымк.: Сайр., Қызылқ.) екі жағындағы топырағын биіктеп осіріп жасаған ой жердің арығы. *Мақтаға су жіберетін арықтың сай жеріне к о т е р м е жасалады* (Шымк., Сайр.).

КӨТЕРМЕ[2] (Қост., Жанг.) несие, қарыз. *Мен Тұяқбайдан бір қойды к о т е р м е г е алдым* (Қост., Жанг.).

КӨТЕРМЕ[3] (Гур., Маңғ.) құлақ тесігінен өткізіліп, сырғаны үстап тұратын жіп. *Құлақты жырмас үшін сырғаға к ө т е р м е байлап, құлаққа саламыз* (Гур., Маңғ.).

КӨТЕРМЕ[4] (Кокш.: Енб., Шуч.) ыныршақтың, ершіктің үстіне кесе көлденең тартып, жетекті көтеріп тұратын бау, белқайыс.

КӨТЕРМЕ[5] (Рес., Омбы) көтерем, тым арық мал. *Анау көтерменіүйде алып қалып, қалғанын далаға айда* (Рес., Омбы).

КӨТЕРМЕ ЖАП (Қост., Жанг.; Түрікм., Таш.) екі жағын осіріп жасаған арық. *Көтерме жап арқылы егінге су таратылады* (Қост., Жанг.).

КӨТЕРМЕ ЖҰМЫС (Сем., Абай) жалданбалы еңбек. *Ол отызыншы жылдардан бастап көтерме жұмыс істейді* (Сем., Абай).

КӨТЕРМЕЛЕУ (Гур., Маңғ.) бір қойды бірігіп сатып алып жеу. *Күндізгі көрген қойды кешке көтермелеу керек еді* (Гур., Маңғ.). Қ. деңгене, серне.

КӨТЕРМЕШІ (Қ.орда, Арал) бөйгеге қосылған атты шылбырынан үстап тартатын кісі. *Атты бәйгеге қосқанда көтермешісі болады* (Қ.орда, Арал).

КӨТЕРІЛЕ КЕТУ (Түрікм.: Красн., Ашх.) біржола, түпкілікті кету. *Бабажан Красноводскіденкөтеріле кетті* (Түрікм., Красн.).

КӨТЕРІЛУ (Қ.орда, Арал) ірге котеру, кешу. *Олар коп ұзамай-ақ өз жерлеріне көтерілген* (Қ.орда, Арал).

КӨТЕУ КИІЗ (Түрікм.: Красн., Ашх.) түйенің тік ішегі түсіп ауырғанда тартатын киіз. *Сол інгенге бір көтеу киіз жапсыруға мүмкін* (қ.) *құрыған екен* (Түрікм., Красн.).

КӨТТАХТА (Қарақ.) арбаның кейінгі жағына қойылатын тақтай.

КӨТТІК (Гур., Маңғ.; Көкш.: Қ.ту, Еңб.) аяқ киімнің сірісі. *Етіктің көттігі мықты болса, өкше қисаймайды* (Гур., Маңғ.).

КӨТҮБАС (МХР) құмайт, шөл жерде өсетін өсімдік.

КӨТҮМЕН КӨНЕК (МХР) сүтті. *Көтүмен көнек сиыр еді, біреуге беруге қимадым* (МХР).

КӨТШОҚАЙ (Гур., Маңғ.) түйенің күйымшағы мен оркеші арасы. *Кейде балалар түйені қызықтап, көтшоқайына отырып алады* (Гур., Маңғ.).

КӨТІБОС (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) онай шабылатын, қызуы күшті қара бұтаның бір түрі. *Бұл жерде көтібосты отқа жағады* (Гур., Маңғ.).

КӨТІК (Түрікм.: Таш., Ашх.) шабылған егін, шептің орнында қалған түбірі. *Аяққа быңды киін, ана көтіктер аягыңа кіреді* (Түрікм., Таш.). Қ. көтек[1].

[Түрікменше *кутектопас* (Туркм.-рус. сл.); өзірб. *көдәк* қысқа (Кр. рус.-перс.-азерб. сл.); түр. *kötük* ағаш түбірі (Л. Буд., I)].

КӨТІНЕ БАҚПАС (Гур., Маңғ.) кесір, қырсық, қиқар. *Сен де бір отырган көтіне бақпас екенсің* (Гур., Маңғ.).

КӨШЕ[1] (Сем., Абай) кіре берістегі бөлме, ауыз үй. *Күн жылы болган соң, көшені үй етіп отырмыз* (Сем., Абай). Қ. далба.

КӨШЕ[2] (Рес., Орын.) зейін, парасат. *Біздің көшемізтаяз адамбыз, бар болганымыз осы* (Рес., Орын.).

КӨШЕДІ ЖАСАУ (Талд., Қарат.; Шымк., Лен.) өсімдік көшетін бір орыннан екінші орынға ауыстырып отырғызу. *Сейітқұл, сен темекіне көшеді жасадың ба?* (Талд., Қарат.).

КӨШЕК (Гур., Маңғ.; Түрікм., Таш.) бота. *Түйе қартайса көшегуне ереді* (Мақал; Гур., Маңғ.).

КӨШЕ ҚАУЫН (Жамб., Шу) піскенде де сырты кектеу болатын кішірек келген қауын. *Көше қауынды пышақпен тілгенде дарбыз сияқты тысырлап айырылады* (Жамб., Шу).

КӨШЕЛІ (Қост., Жанг.) дене түрқы ұзын. *Астындағы аты көшелі ат екен, жарықтық!* (Қост., Жанг.).

КӨШЕР[1] (Гур., Маңғ.) жол. – *Тұр, балам, ана кісі өтсін, көшер бер!* (Гур., Маңғ.).

КӨШЕР[2] (Қ.орда, Арал; Ақт.: Ырғ., Қараб.; Қарақ.; Рес., Орын.) **1.** деңгелек ортасындағы шабақтар қондырылатын тесіктері бар жұмыр ағаш, күпшек. *Арбаның артқы көшері сынып, іске жарамай жатыр* (Қ.орда, Арал). **2.** арбаның оқтық ағашы, білік. *Төрт доңгалаққа екі көшер кигіземіз. Оның арбасының көшері мықты екен* (Ақт., Ырғ.).

КӨШЕРШІЛІК (Гур., Маңғ.) кошпенділік. *Көшершілікпен шөл қағып жүрген ел бостың суын іше береді* (Гур., Маңғ.).

КӨШЕТ (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Жам.; Шымк., Лен.) басқа орынға ауыстырып отырғызу үшін әдейі есірілген өсімдік екпесі. *Бір жерге темекінің көшетісалынады, өндіріледі, одан апарып, темекі егетін жерге отырғызылады* (Алм., Шел.).

КӨШКІ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) ауға байланатын тас. – *Ауыңның көшкісі қайда, баламау!* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КӨШКІ[2] (Қ.орда, Арал) кемені тоқтаған жерінде тұрғызу үшін суға түсірілетін шынжырмен бекітулі темір білік; зәкір. *Көшкіпараходты, қайықты тоқтаған жерінде тұрғызу үшін қолданылады* (Қ.орда, Арал). Орыс тіліндегі *кошка* кішкене якорь (спец.) сөзінің жергілікті жердегі қолданылуына қарай қалыптасқан түрі (С. И. Ожегов, Сл. рус. яз.).

КӨШКІ[3] (Шығ. Қаз.: Болып., Қатон.) тау басынан ылдиға қарай құлаған қар, көшкін.

Алтай, Сауыр тауларында к ө ш к і жыл сайын болып тұрады (Шығ. Қаз., Больш.).

КӨШКІ[4] (МХР) 1. киіз үйдің іші-сыртын қаптауға арналып тігілген жалаң қабат үй жапқыш (көбіне ақ матадан болады). *Жіңішке етіп ширатылған есілген бауларды үзік, туырдық к ө ш к і л е р г е бау етеді. Уық пен кереге бойымен ішкі к ө ш к і жабады, ішкі к ө ш к і н і ә р түрлі оюлармен безендіреді* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 84). 2. терезе шымылдық, терезе перде.

[Монғолша *хөшиг* перде, шымылдық (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 183)].

КӨШКІЛЕУ (МХР) 1. қаптау. 2. перделеу, шымылдықтау.

КӨШПЕЛДІ (Гур., Маңғ.) көшпелі, көшпенді. *Халықтың тұрмысы бұрын к ө ш п е л д і болған гой!* (Гур., Маңғ.).

КӨШПЕНЖІ (Қарақ.) көшпелі. *Бұрын к ө ш п е н ж і болғанбыс* (Қарақ.).

КӨШПЕН-СІЛЕН (Алм., Шел.) жартылай көшпелі, жартылай отырықшы. *Ерте уақыттан бастап Түрген елінің көпчілігі к ө ш п е н с і л е н болған еді* (Алм., Шел.).

КӨШІМ (Түрікм., Таш.) шахмат, дойбы ойындарындағы жүріс. *Шахматта 15 к о ш і м г е екі сағат береді* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *гөш, гөчүш* (Туркм.-рус. сл.)].

КӨШІР (Гур., Маңғ.) арба дөңгелегінің білігі.

[Қаракалпақша *көшер* (Рус.-карак. сл., 1947); ноғайша *кошьер* ағаш (Н. Бас., Ногайский., 249)]. Қ. көшер[2].

КӨШІРУ (Тау., Қош.) аудару, қотару. *Мына кітапты орысшадан қазақшаға кім к ө ш і р г е н* (Тау., Қош.).

КРЕН Қ. кірен.

КҮӘЙ! (Жамб., Шу) малға түз тастағанда айтылатын шақыру одағайы. *Осы кезде қораның арғы шетінен «к ү ә й» деген дауыс естілді* (Жамб., Шу).

КҮӘЛӘК (Жамб., Жам.) қолмөн жасалатын саз кірпіш. *Там қабырғасының үстінен екі қатар к ү ә л ә к салынды* (Жамб., Жам.).

КҮӘР (Орал: Орда, Казт., Жән.) докір мінезді, бұзақы. *Хайрош мінезсіз к ү ә р жігіт еді* (Орал, Казт.).

КҮБІ (Кокш., Қ.ту) ағаш бөшкө, кеспек. *К ү б і н і толтырып капуста тұздап алайын деп отырмын* (Көкш., Қ.ту).

КҮБІЛІП ҚАЛУ (Түрікм., Красн.; Қарақ.) абыржу, сасып қалу. *Мен оның қылығын көргенде қатты к ү б і л і п қ а л д ы м* (Қарақ.).

КҮБІНУ (Түрікм., Красн.) бір жаққа баруға дайындалып жүру. *Алмастың Алматыға барам деп к ү б і н г е н і н е бір талай уақыт өтті* (Түрікм., Красн.).

КҮБІР[1] (Орал: Чап., Жымп.) мал астында тапталған шөп-шар, қалдық. *Бір үлкен кісі қорадан к ү б і р шығарып жүр екен* (Орал, Чап.). *Аулалардағы к ү б і р л е р д і үйіп, олардың керексізін әдейі орындарға төгу керек* («Екп. жол», 22.04.1958).

КҮБІР[2] (Орал: Казт., Орда; Ақт., Ойыл; Гур., Маңғ.) қоңнің майдаланған үсағы, қорда. *К ү б і р әкеп, тұтін салып барып жатпасақ, маса үйықтатпас* (Орал, Казт.). *Қиды екі күрек бойы қазған соң, к ү б і р і шыға келеді* (Ақт., Ойыл). *Жондеп жақса к ү б і р де отындыққа жарайды* (Орал, Орда). *Қазіргі уақыттағы жасалатын жұмыс – қар тоқтату, к ү б і р төгу, егістің құрал-саймаидарын оңдау болса, бұл жұмысқа олар қолма-қол кірісіп отыр* («Соц. мал шар.», 21.01.1940). *Өзі ауланың күн жағында к ү б і р жайып жатыр* (Ж. Нәжім., Ак шағ., 17). *Аулалардағы к ү б і р л е р д і үйіп, олардың керексізін әдейі орындарға тогу керек* («Екп. жол», 22.04.1958).

КҮБІРЕК (Қ.орда, Арал) бой тасалайтын баспана, үйшік. *Тобеден күн түссе, к ү б і р е к к е барып ұйықта* (Қ.орда, Арал).

КҮБІРТКЕЙЛІ (Қ.орда, Арал) тырнақ көбесінің іріңдеп қабынуынан болатын жара, күбіртке. *Қолымның бас бармағы к ү б і р т к е й л і болып, мазам кетті* (Қ.орда, Арал).

КҮБІР ТЫШҚАН (Гур., Маңғ.) саршұнақ. *К ү б і р т ы ш қ а н жердің топырағын сыртқа шығарып, қопарып тастайды* (Гур., Маңғ.).

КҮБІРІК (Қ.орда, Арал) кеменің алдыңғы жағындағы кішкене үйшік.

КҮБІТ (Шығ. Қаз., Күрш.) жарып жиған ағаш. *Қысқы отынға үш к ү б і т даярладым* (Шығ. Қаз., Күрш.).

КҮБІТУ 1. (Алм.: Кег., Нар.) көпіріп сөйлеу, бөсу. *Қиясбай к ү б і т е сөйлеп отыр екен* (Алм., Кег.). 2. (Алм., Шел.) қардай борату, жаңбырдай жаудыру. *Тоғай арасында оқ даусы анда-санда бір естіліп тұр еді, жазыққа шыға келгенде к ү б і т т і* (Алм., Шел.).

КҮБІ ШЕЛЕК (Сем., Аяг.; Кокш., Қ.ту; Гур., Маңғ.; Түрікм., Таш.) май пісетін, шұбат ашытатын темір белдеулері бар ағаш шелек. *Бұрын майды к ү б і ш е л е к к е пісетінбіз* (Көкш., Қ.ту). *Ішіндегісі жылып кетпесін деп, к ү б і ш е л е к т і дарақ астына қояды* (Түрікм., Таш.). *Нан мен майдың артынан к ү б і ш е л е к т і пісіп-пісіп, кісі басы бір аяқ ашқылтым ақ коже әкеп берді* (F. Мұст., Дау. кейін, 163).

КҮГІМ БАТУ (Алм.: Кег., Нар.) ымырт түсу, қас қараю. *Мен кеш түсіп, к ү г і м б а т ы п баратқанда келдім* (Алм., Нар.).

[Ұйғырша *гугум* ымырт; қас-қараю (Уйг.-рус. сл., 1961)].

КҮДӘЙ (Шығ. Қаз.: Тарб., Марқ.) кішігірім қап. *Картөшті к ү д ә й г е салайық та, екеуміз кезекпе арқалайық* (Шығ. Қаз., Марқ.).

КҮДЕ[1] (Қ.орда: Сыр., Жал., Арал; Ақт.: Ырғ., Ойыл; Түрікм., Таш.) шөптің астық, бауларының үйіндісі, шөмеле, шошақ. *Біздің колхоз егінді баулап, к ү д е г е үйді* (Қ.орда, Арал). *Тарыны орылған бойда сабақтарының түбін сыртына, масақтарын ішкі бетке жіберіп биркемелеп к ү д е г е салып жинайды* (Ақт., Ойыл). *Кеше кешкісін жұмыстан қайтып келе жатқанда бір к ү д е шөп ала келгенмін* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *күде* (Туркм.-рус. сл.); қарақ. *гуди* (Карак.-рус. сл., 1958).] Қ. күпәнә, кебен.

КҮДЕ[2] (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) қоржын аузының ілгегі. *Алдыңдағы қоржынның к ү д е с і н ағытып жібере гой, шырақ!* (Гур., Маңғ.). *Қоржынның к ү д е с і н ілмеп пе едің?* (Түрікм., Красн.).

КҮДЕ[3] (Қост., Жанг.) асау биені сауғанда артқы оң аяғын мойнына тартып байлап қоятын арқан, жіп. – *Апа, к ү д е қайда қалған, биенің сауыны келді гой?!* (Қост., Жанг.).

КҮДЕЛЕУ[1] (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Қаз.; Түрікм., Таш.) пішенді, астық бауларын бір жерге үю. *Күріште қол орақпен орып алып, к ү д е л е п үстінен бастырушы едік* (Қ.орда, Жал.). *Олар кеше бір күннің өзінде бес гектар жерді к ү д е л е у г е көмектесті* (Түрікм., Таш.).

КҮДЕЛЕУ[2] (Гур., Маңғ.) қоржын аузының ілгегін салу. – *Қалқам, ана қоржынның аузын к ү д е л е п жібер, ішіндегісі түсіп қалып жүрер* (Гур., Маңғ.).

КҮДЕЛЕУ[3] (Қост., Жанг.) асау биені сауғанда артқы оң аяғын жіппен мойнына тартып байлап қою. *Биеміздің мінезі шәлкес, к ү д е л е п сауып отырмыз* (Қост., Жанг.).

КҮДЕРІ БЕЛ (Гур., Маңғ.) белі мықты қарымды (жылқы жайында). *Әбеннің ақ құйрығы – к ү д е р і б е л жылқы* (Гур., Маңғ.).

КҮДЕРІ СУ (Гур., Маңғ.; Шығ. Қаз., Зайс.) ағыл-тегіл, мол су. *Қоқыр орпаның суы – күн ұзаққа сарқылмайтын к ү д е р і с у* (Гур., Маңғ.). *Малға к ү д е р і с у л ы жер жақсы* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КҮДЕШІК (Қ.орда, Арал) пішеннің, астық бауларының кішкене ғана үйіндісі, іскіртен кішірегі. *Оны к ү д е ш і к т е н әкеліп берсең де болады гой* (Қ.орда, Арал).

КҮДІР (Сем.: Үрж., Мақ.; Шығ. Қаз., Зайс.; МХР) ойлы-қырлы, кедір-бұдырлы жер. *Біз к ү д і р жермен жүріп, шаршап қалдық* (Сем., Үрж.). *Колхоз бастығының аты к ү д і р л і жермен жүргенде де кісіні шаршатпайды* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Жер к ү д і р і тауға таяған сайын көбейіп, беталды жүруге болмайтын болды* (Церендор. Е. ул., 68). *Жол жаттық па? Онша к ү д і р емес – дедім* (Д. Нав., Тау күп., 134).

КҮДІРЕУ (Кокш.: Руз., Зер., Қ.ту) асыл жібек. *Әйелдің үстіндегі койлегі к ү д і р е у д е н тігілген, судырап тұр* (Кокш., Зер.).

КҮДІС (Ақт., Ойыл) дөңес, шығыңқы. *Әлгі белдіктің сырт жағы к ү д і с екен* (Ақт., Ойыл). *К ү д і с көк желе түсті, ат екпінімен сез де үдей түсті. Сен де қайтпа* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 120).

КҮЖІ (Түрікм.: Ашх., Мары) кілем тоқу ісінде иіріс жіптерді станок ағашындағы шегелерге ілу үшін пайдаланылатын жіп.

[Түрікменше *көжүг* бір нәрсені ілуге арналған ілгек (Туркм.-рус. сл.)].

КҮЖІМ (Қ.орда, Арал) оте үлкен, ірі. *Өзі, тіпті, бір жатқан к ү ж і м көрінеді* (Қ.орда, Арал).

КҮЖІМДЕЙ (Гур., Маңғ.) күжбандай, еңгезердей.

КҮЗДЕУ (Алм., Шел.) күзгі жайылым, күзек. *Колхоздың қойлары сентябрь, октябрь айларында к ү з д е у д е отырады* (Алм., Шел.).

КҮЗДІК АЛА ДАРБЫЗ (Талд., Панф.) қабығы қалың күзде пісетін қарбыз.

КҮЗДІК ҚАРА ДАРБЫЗ (Талд., Панф.) қабығы қалың дөңгелек қара қарбыз.

КҮЗЕ[1] (Гур., Маңғ.; Ақт., Жұр.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Ауғ.; Ир.) **1.** қыштан жасалған құмыра. *Кішкене к ү з е д е іш зат қалмаған ба?* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *күйзе* (Туркм.-рус. сл.); қарақ. *гузе* (Рус.-карак. сл.); өзб. *кўза* (Узб.-рус. сл., 1959); аргу *közâ* құмыра (М. Қашк., I, 341); пар. *кўзэ* құмыра (Л. Буд., II, 155); ұйғ. *коза* (Уйг.-рус. сл.; 1968)]. **2.** (Қарақ.) жіңішке мойынды келген түтқалы ыдыс. *Әдетте к ү з е н і тек мыстан істейді* (Гур., Маңғ.). **3.** (Ауғ.; Ир.) черепица. *К ү з е м е н жабылған тамдар әлі де тұрыпты екен дә* (Ир.).

КҮЗЕ[2] (Гур., Маңғ.) қоржынның бауы. *Атқа салған қоржынның к ү з е с і байланбаса, ішіндегі нәрселер жоғалады* (Гур., Маңғ.).

КҮЗЕ[3] (Гур., Маңғ.) дәнді дақыл. *Бұрын біз егіс екпедік, Бесқала жағынан к ү з е тартып іштік* (Гур., Маңғ.).

КҮЗЕЙ (Ауғ.; Ир.) солтүстік.

КҮЗЕР 1. (Шымк.: Қызылқ., Шәу.; Қ.орда: Арал, Жал., Сыр.; Жамб., Шу; Қарақ.) мүз үстінен түскен жол. *Дайрада мұз қатқан уақытта оның үстімен өтетін жолды к ү з е р дейміз* (Шымк., Қызылқ.). *Қыстығүні дарияның үстімен жүретін жолды к ү з е р дейді* (Шымк., Шәу.). **2.** (Қ.орда, Арал) үлкен, кең, даңғыл жол. *Қазалыдан Жармолаға к ү з е р жолмен баратынбыз* (Қ.орда, Арал).

КҮЗЕУ[1] (Орал: Орда, Жән.) күзгі жайылым, күзек. *Малды к ү з е у г е көшіруге кісі бөлу керек, онда пішен шабу керек* (Орал, Жән.). *Ал біздің к ү з е у г е деп бөліп қойған жеріміз бөлек* (Орал, Орда). Қ. **күздеу.**

КҮЗЕУ[2] (Қарақ.) тесу, ою, кеңіту.

КҮЗУ[1] (Орал, Жән.) өрмектің аспа жібі. *К ү з у аз болғандықтан өрмекті қысқарақ етіп тоқыдым* (Орал Жән.).

КҮЗУ[2] (Шығ. Қаз., Зайс.) жылқы шоқтығының алдыңғы жағы. *Содан ба екен, әйтеуір торы аттың к ү з у і күрт түсіп кеткен* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КҮЙГУ (Алм., Нар.) күю. *Мен отқа сәл жақындап ем, көйлегімнің етегі к ү й г і п кетті* (Алм., Нар.).

КҮЙЕ БАС (Гур., Есб.) күйі жоқ, бапсыз. *Жүк ауыр, к ү й е б а с жылқы болса, жегуге болмайды* (Гур., Есб.).

КҮЙЕГІ ТҮСКІР! (қарғыс) (ҚХР) какаған аязда қозылап қал!

КҮЙЕК (Алм., Жам.) күзде туған қозы. *К ү й е к қозы ерте көктемде-ақ союға жарайды* (Алм., Жам.).

КҮЙЕК КЕНЖЕ (Жамб., Шу) мезгілінен ерте туған қозы. Қ. **көрпелдес.**

КҮЙЕНДЕ (Көкш.: Еңб., Щуч.) Қ. **күйенте.** *Суды к ү й е н д е м е н неге тасымайсың?* (Көкш., Щуч.).

КҮЙЕНТЕ (Қост.: Фед., Семиоз., Камыш., Ордж., Жанг.; Рес., Орын.) мойынағаш, иінағаш. *Судың ауырлығы ма, әйелдің мойнындағы к ү й е н т е с і иіліп кеткен* (Қост., Фед.). *Суға барайын деп едім, к ү й е н т е н і таба алмай отырмын* (Рес., Орын.). *К ү й е н т е ыңғыида шелегімен Қайғының жабырқаңқы кереңімен. Зарланып келе жатты Зүрә сұлу, Хабарсыз періштенің келуінен* (Б. Майл., Шығ., 121). Қ. **құрамыс, суағаш, өпкіш.**

КҮЙЕҢКЕ (Жамб., Жам.; Алм., Жам.) мойынағаш, иінағаш. *Анау үйдің к ү й е ң к е с і н әкел, суға барайын* (Алм., Жам.). Қ. **күйенте, құрамыс, су ағаш, әпкіш.**

КҮЙЕҢКІ (Орал: Чап., Жымп.) қыстан арып шыққан көтерем мал.

КҮЙЕРСІЗ (Орал, Орда) күйі жоқ, жүдеу. *Мақамбетжан ұзатқан қызына барған екен, қызының киімі жоқ, тамақтың тигенін, өтпектің күйгенін жеп, ата-енесінен тыныштық көрмей к ү й е р с і з жүр екен* (Орал, Орда).

КҮЙ ЕТУ (Гур., Маңғ.) күйіс қайыру, күйсеу. *Шөпке тойған қойлар к ү й е т і п жатыр* (Гур., Маңғ.).

КҮЙЕУГЕ ОТЫРУ (МХР) түрмыс құру, күйеуге шығу. *Қызым к ү й е у г е о т ы р г а н с оң, баласын бағуға баргам* (МХР).

КҮЙКІ (Гур., Маңғ.; Алм., Нар.) кішкентай. *Сол арада үйге к ү й к і сақал бір кісі келіп қалды* (Гур., Маңғ.). *Біздің мыжырайған к ү й к і мұғаліміміз бұл үйдің қожасынан гөрі есігінде жүрген қызметшіге көбірек ұқсайды* (Б. Сок., Біз де бал. бол., 59).

КҮЙ ҚАЙЫРУ (МХР) күй тарту, домбырамен күй орындау. *Балам, бір-екі к ү й қ а й ы р ы п жібер, – деді Орынбай Сураханға* (МХР).

КҮЙЛЕУ (Гур., Маңғ.) жонге келтіру, реттеу. *Мен сіз келгенше ер-тоқымды к ү й л е п қ о я р м ы н* (Гур., Маңғ.).

КҮЙЛІ ЖАСАУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) аукатты, дәулетті түру. *Со йаққа жерленгеннен бері ол к ү й л і ж а с а й д ы* (Түрікм., Ашх.).

КҮЙМЕҢДЕУ (Сем.: Кокп., Ақс.; Гур., Маңғ.; Қарақ.; Түрікм., Таш.) бүгежектеу, күйбеңдеу. *Сен мұнда к ү й м е ң д е п неге келдің* (Сем., Кокп.). *Мен келсем ол үйде к ү й м е ң д е п бірдеме істеп жүріпті* (Қарақ.). *Пенсияға шыққан адам болған соң қолымыз бос, ертелікеш к ү й м е ң д е у м е н боламыз* (Түрікм., Таш.).

КҮЙРЕУІК[1] (Жамб., Шу; Қ.орда: Сыр., Жал., Арал; Ақт., Ырғ.; Түрікм., Красн.; Шымк, Түркіс.) түсі бозгыл, басы бүршікті түк-түк келген, биіктігі жусандай, татырға шығатын өсімдік. *К ү й р е у і к болған жерге тары жақсы шығады* (Ақт., Ырғ.). *К ү й р е у і к т і ң өзін майда және түйе к ү й р е у і к деп бөледі; майдасын мал жесе, түйе к ү й р е у і г і н отқа жағамыз* (Қ.орда, Сыр.). *К ү й р е у і к жеген түйе жақсы семіреді* (Қ.орда, Жал.). *К ү й р е у і к далада жайылып өседі. К ү й р е у і к т і қой сүйсініп жейді* (Шымк., Түркіс.).

КҮЙРЕУІК[2] (Талд., Панф.) басы шашақ-шашақ, түбі бірігіп шығатын шөп. *Күйреуік топ-топ боп шығады* (Талд., Панф.).

КҮЙСЕК (Алм., Жам.) кесек. – *Ана к ү й с е к т і әрі лақтырғың, әкем?!* (Алм., Жам.).

КҮЙТ (Қ.орда, Арал) күй, жай. *Оны тындыруға сол балалардың к ү й т і келмеді-ау деймін* (Қ.орда, Арал).

КҮЙТАЛУ (Шымк., Түлк.) шыр айналу, айналсоқтау; шырғалау. *Ителгі езінің көбірек болатын жеріндегі бір төмпешікке к ү й т а л д ы* (Шымк., Түлк.).

КҮЙТ-КҮЙТТЕУ (Қост., Тоб.) айдап салу, түрткілеу. *Ол әрқашан біреуді к ү й т-к ү й т т е п отырады* (Қост., Тоб.).

КҮЙТТӘЙ (Қ.орда, Арал; Рес., Орын.) 1. кіп-кішкентай, титтей, күрттай. *Бәрібір, к ү й т т ә й трактор жібергеніңізбен тележканы балқаштан шығара алмайды* (Рес., Орын.). 2. аз-маз, сәл ғана. *Мына қамысты, қалқам, к ү й т т ә й ұстап тұршы* (Қ.орда, Арал). Қ. кіттәй.

КҮЙТІК (Орал, Жән.; Түрікм., Красн.) тым кішкене, нашар. *Ол кезде Есеннің к ү й т і к қана үйі бар еді* (Орал, Жән.). *Сөйтсе онысы бір к ү й т і к түйе екен* (Түрікм., Красн.).

КҮЙШІЛ (МХР) бүркіттің күй таңдайтын жүні ұсақ түрі.

КҮЙІК КҮЛШЕ (Ауғ.; Ир.) печенье.

КҮЙІКСАРЫ (Жамб., Мер.) таулы жерге шығатын өсімдік.

КҮЙІНТІ (Рес., Орын.) мойынағаш, иінағаш. *Балам, ана к ү й і н т і н і ал да су алып кел* (Рес., Орын.). Қ. күйенте, құрамыс[1], суағаш, өкпіш.

КҮЙІП-ПЫСУ (Шығ. Қаз., Больш.) күйіп-пісу, ызалану.

КҮЙІРКЕЛЕСУ (Алм., Жам.; Қ.орда, Арал) сырласа сөйлесу, шүйіркелесу. *Біз де өзімізше бас қосып, к ү й і р к е л е с і п отырдық* (Алм., Жам.). *Біз келсек Барақ пен Шақат к ү й і р к е л е с і п отыр екен* (Қ.орда, Арал).

КҮЙІСІ КЕЛМЕУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) қисыны келмеу; жағдайы болмау. *Мен биыл Иманалыны оқуға жіберейін деп едім, істік к ү й і с і к е л м е д і* (Тау., Қош.).

КҮЙІ ТАЮ (Қ.орда, Арал) халі нашарлау, жүдеп-жадау, қалжырау. *Шешесі екі күн жоқ болғанға мына баланың к ү й і н і ң т а й у ы н!* (Қ.орда, Арал).

КҮКЕЛ-КҮКЕЛ! (Гур., Маңғ.) бүркітті қайтарғанда айтылатын шақыру одағайы. *«К ү к е л-к ү к е л!» деп шақырғанда бүркітім оралмай кеткен емес* (Гур., Маңғ.).

КҮКІРТ (Қ.орда: Сыр., Қарм.) сіріңке, оттық (қ.), шырпы (қ.), кеуірт (қ.).

КҮЛ[1] 1. (Қ.орда, Арал) шешек, қорасан. *Балаларға к ү л шығу да тоқталды* (Қ.орда, Арал). *Оның бетіндегі бұжырлар – к ү л д і ң дағы* (Қ.орда, Арал). 2. (Сем., Үрж.; Қ.орда, Қарм.; Түрікм., Красн.) ұсақ мал денесіне бертіп шығатын жара. *Қойға к ү л түсіп, әбігер көбейіп кетті* (Сем., Үрж.). *К ү л м е н ауырған қой жарасының пәті қайтқанша көпке дейін жайылмай жүреді* (Қ.орда, Қарм.). 3. (Гур., Маңғ.; Қост.: Фед., Семиоз.) қара мал (жылқы, түйе) денесіне бөртіп шығатын ұсақ жара.

КҮЛ[2] (Қ.орда, Арал) шақпақтың білтесі, қуы. *Мұндай кезде шақпақтың к ү л і н құрғақ ұстамаса болмайды* (Қ.орда, Арал).

КҮЛ[3] (Алм.: Шел., Жам.; Жамб., Мер.) гүл, шешек. *Август айларында темекінің к ү л і н алып тастаймыз* (Алм., Шел.). *Мал адамның тұрі болар, Перзент қызыл к ү л і болар. Бергеніне шүкір қылса, Төңірім сүйген құлы болар* (Жамб., Мер.).

КҮЛӘ 1. (Жамб.: Сар., Тал.) диуананың бас киімі. *Тобырдың әр жерінен диуаналардың к ү л ә с і көрінеді* (Жамб., Сар.). *Қыз айтқанындай, пердемен бетін жасырып, ханға амалын асырып, басына к ү л ә киіп, астына есек мініп, қоржын салып, қолына аса алып, ханның ордасына келеді* («Алпамыс»). 2. (Өзб.) матадан тігілген тақияның бір түрі.

КҮЛӘБІ (Жамб.: Мер., Луг., Шу; Ақт., Қараб.; Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) қабығы қатты, еті қалың суық күзге жақын пісетін қош иісті, тәтті қауын. *Қауын сатып алсаң к ү л ә б і с і н ал, к ү л ә б і ең тәтті қауынның бірі* (Қ.орда, Арал). *К ү л ә б і н і қыста көп уақытқа дейін сақтауға болады* (Жамб., Шу).

[Парсыша *гулаби* (Пер.-рус. сл., 1983)]. Қ. гүләбі.

КҮЛӘҢКЕР (Гур., Тең.) киім илгіштегі киімдерді жауып тұратын ақ мата. *Аспан көгаштап жуған к ү л ә ң к е р д е й тап-таза екен* (Гур., Тең.). *Әр жерде к ү л ә ң к е р д і ң қиындысындай боп бозарған қар мен түбіт шәлі әйел бастарынан өңге ақшыл іштеңе шалынбайды* (Ж. Нәжім., Кішк., 148).

КҮЛӘПӘРӘ (Сем.: Ақс., Көкп., Абай; Көкш.: Щуч., Еңб.; Қост., Жанг.; Орал: Чап., Жымп.; Гур., Есб.; МХР) тымақ сыртынан киетін, жылы шұғадан тігілген салпаң құлақты астарсыз бас киім, жалбағай. *Қыстығүні боранда тымақтың сыртынан жылқышылар к ү л ә п ә р ә киеді* (Қост., Жанг.). *К ү л ә п ә р ә біздің колхоздағы жылқышылардың барлығында да бар деуге болады* (Сем., Көкп.). *Бастарына к ү л ә п ә р ә етіп киген қой жүні қаптарын тастап, белдерін шешіп, қонақтар отқа жақындады* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 411). *Қызылмен көмкерілген қиғаш жағалы сар шапанының артқы бойы күнге қуарып ақшұлан тартқан, жаба салма сырмалы к ү л ә п ә р ә с і желкесіне түсіп, екі самайынан*

тер соргалап, қара түнек болған дөрбет жігіті қан толған көзімен көпті ішіп-жеп қарайды (С. Тәу., Ақыр Жән., 75). Қ. Ысқақтың шығармаларындақүләпара деп те қолданылады. *Жейде-дамбалдың үстіне желбегей іле салған брезент сулықтың қаудырлақ к ү л ә п а р а с ы қаңылтырдай қарып келеді екен* (Қ. Ысқақ, Күреңсе, 8). Қ. далбай, жепен.

КҮЛӘПСӘН (Ақт., Жүр.) денеге сары жара болып түсетін тері ауруы. *Бұрынғы кезде к ү л ә п с ә н д і аластамақ болып: «Көш, к ү л ә п с ә н, Көшер болсаң, інгенге көш, Інгенге тоқым салып мінгенге көш. Таппасаң онан жайлау, мен айтайын, Төрт бөліп түн ұйқысын жүргенге көш!» – деп өлең айтатын* (Ақт., Жүр.).

КҮЛӘСІН (Қ.орда: Сыр., Жал.) сары ала түсті, үсті тор-тор қауын. *Сырдария ауданынан әрі к ү л ө с і н қауынды патсайы деп айтады* (Қ.орда, Сыр.).

КҮЛӘТ//КІЛӘТ (Орал: Чап., Жымп.) үй тебесіне салынатын жуан ағаш, арқалық. Қ. арқалық, мәтке, сілеген, үрлүк, салдау, дар, мәтше, қары[1].

КҮЛБЕТТЕНУ (МХР) 1. қайғыру, тарығу, шерлену. *Базар к ү л б е т т е н і п тамағын қапсыра ұстап сенделіп тұр* (Д. Нав., Тау күп., 147). 2. кара бет болу, жүзі томен болу. *Ертеңінде жеңгелер төсек жинай келе, қыздың адал, арам екенін шүберектен біліп, адал болса сүйінші сұрайды. Ал, керісінше болса, бәрі к ү л б е т т е н е д і* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 21).

КҮЛБІЛТЕЛЕУ (Орал: Орда, Жән.) кемескілеп бүркемелеу, жасыру. *Шанау к ү л б і л т е л е п ойын ашық айтпады, к ү л б і л т е л е г е н і оның сөзінен байқалып тұр* (Орал, Жән.).

КҮЛГЕ ШӨГЕР (Қ.орда, Арал) біртума мен аруанаға айналған будандардың үрғашысы мен қоспаққа шатыс айыр буралардың не ақта етілмеген жоңбай, көйін сияқты, т. б. будан нар буралардың бірінен туылған ең азғын түйе.

КҮЛГЕ ШӨГЕР БУРА (Қ.орда, Жал.) азғындаған нарлардың 7-8 будан үрпағының ақта етілмеген еркегі.

КҮЛДАН (Түрікм., Таш.) шылымның күлін түсіретін құты. *Темекі шегіп отырған кісі папиросын к ү л д а н г а қағып-қағып қойды* (Түрікм., Таш.).

КҮЛДЕНЕЛЕК (Қарақ.) діңгек орналастыратын арнаулы ойма.

КҮЛДІ (Алм., Шел.; Жамб., Шу; Шымк., Лен.; Шығ. Қаз., Күрш.) барлық, күллі. *Қазір малымыздың к ү л д і с і күйлі* (Алм., Шел.). *Сыпатай: мен енді көшіп-қонбаймын, бір жерге орнығамын деп к ү л д і ботбайды көшіріп келіпті* (Жамб., Шу). *Кеше к ү л д і бауды мен өзім жинадым* (Шымк., Лен.). *Кешелі бері к ү л д і халық горный цехта істеп жатыр* (Шығ. Қаз., Күрш.).

КҮЛДІ-БАДАМ (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Қаск.; МХР) лас, былғаныш. *Кешке келгенде оның үсті-басы к ү л д і-б а д а м, қарауға ұяласың* (Алм., Шел.). *«Ет деген айналайын, мынадай жерде, мынандай жабдықтар арқылы әзірленіп, анадай к ү л д і-б а д а м өткелектерден өтіп, бізге жетеді екен-ау», – дегенде жүрегің шайлығады* («Ж. өмір», 5.11. 1983).

КҮЛДІРЛЕУ (Гур., Маңғ.) сылдырап ағу *К ү л д і р л е г е н су айналаға әсем үн береді* (Гур., Маңғ.).

КҮЛДІРУ (Көкш., Қ.ту; Қар., Шет) сақаны иіру. *Сақаны к ү л д і р г е н д е кімнің сақасы алшы не тәйке түрса сол бұрын атады* (Көкш., Қ.ту). *Одан соң асықты тігеді де сақаны жиып алып к ү л д і р е д і* (Қар., Шет).

КҮЛЕҢКІР (Қарақ.) клеёнка. *Біз үстелге жабатын к ү л е ң к і р таба алмай әуре болдық* (Қарақ.).

КҮЛЕС[1] (Қост., Жаиг.) шақпақтың білтесі, қуы. *Шақпақтың к ү л е с і н жоғалтып алып, отсыз қалдық* (Қост., Жанг.). Қ. күл[2].

КҮЛЕС[2] (Акт., Ойыл) акша салып ойнайтын карта ойынының бір түрі. – *Қалталарың қалың болса, аздап к ү л е с ойнайық,* – *деді жігіттердің бірі* (Ақт., Ойыл).

КҮЛЖАРА (Көкш., Қ.ту) тымақ сыртынан киетін бас киім. *Малақай сыртынан к ү л ж а р а кисе, бастан суық өтпейді* (Көкш., Қ.ту). Қ. далбай, жепек.

КҮЛКІ ҚУШАҚТАУ (ҚХР) күлкіге қарық болу, ішек-сілесі қатып күлу.

КҮЛКІЛӘПЧІН (Талд., Панф.) қар кеткен кезде тау басына қара қошкыл болып шығатын өсімдік. *К ү л к і л ә п ч і н гүл болып шығады. Ыстықтанған адам к ү л к і л ә п ч і н д і қайнатып, сүтін ішсе, жазылады* (Талд., Панф.).

КҮЛҚАЙЫР (Талд., Панф.) басы гүлді биік болып осетін осімдік.

КҮЛЛӘУЛӘ (Алм., Шел.) күзде пісетін қабығы қалың қауын.

КҮЛЛИ (Түрікм., Красн.) түгел, түтас. *Сол айтқандарының бәрі к ү л л и зиян екенін ол білмес деймісің* (Түрікм., Красн).

КҮЛМӘНІН АШУ (Қост., Торғ.) сырын ашу, өшкерелеу. *Бие қысыр болса, к ү л м ә н і н айғыр а ш а д ы* (Мақал; Қост., Торғ.). *Қор-*

гамаса қолға түскен ұры ерегісіп, бәрінің к ү л м ә н і н а ш ы н д а сөз жоқ (Б. Майл., Шығ., 5 т., 250).

КҮЛПАРА (Гур., Маңғ.) тері бояу үшін шөптен алынатын бояудың бір түрі. *Терілердің ші́н қандырып болған соң, к ү л п а р а м е н бояу ғана қалады* (Гур., Маңғ.).

КҮЛПАРАН (МХР) иіс су. *Кіргізсе ақ үйіне есік ашып, к ү л п а р а н иіс майын қойған шашып* (А. Бап., Өлең., 157).

КҮЛПӘРЕСІ ШЫҒУ (Түрікм., Красн.) быт-шыт, күлталқан болу. *Уста ана түйешіні түсіріп алып к ү л п ә р е с і н ш ы ғ а р а р* (Түрікм., Красн.). *Клубтағы заттың барының да қирап-сирап к ү л п ә р е с і ш ы ғ ы п, пайдаға аспай отыр* («Қарабұғаз.», 25.04.1937). *Шаңырақтай-шаңырақтай боп шатынап келген кобіктері шындық, болмыс атты жартасқа соғылып, к ү л п ә р е с і ш ы қ т ы* (Ж. Нәжім., Кішк., 183).

КҮЛТАРТҚЫШ (Шымк., Түлк.; Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) көсеу. *Ошақтың күлін шығарайын десем к ү л т а р т қ ы ш т ы таба алмай отырмын* (Шымк., Түлк.). *Колды күйдіріп алмау үшін к ү л т а р т қ ы ш т ы қолданады* (Көкш., Қ.ту).

КҮЛТЕ[1] **1.** (Қ.орда, Арал; Ақт., Ойыл; Қост.: Фед., Ссмиоз.) орақпен орып, десте бойымен әр жерге тасталып отыратын егін-шөптің бір шеңгелдей жиыны. *Біз орылған тарының к ү л т е с і н кобелеп жатырмыз* (Қ.орда, Арал). *Орған тарыны к ү л т е-к ү л т е етіп кетіп отырады* (Ақт., Ойыл). **2.** (Қарақ.) көк жоңышқаның бір бауы. *Күн сайын арбаға үш-төрт к ү л т е салып алып қайтамыз* (Қарақ.).

КҮЛТЕ[2] (Гур., Маңғ.) дақылдар мен өсімдіктердің дәнді басы. *Мортық пен жоңышқаның к ү л т е с і қазірдің өзінде-ақ төгіліп қалыпты* (Гур., Маңғ.). *Осы екі аралықта тарының да к ү л т е с і үлкейіп-ақ қалыпты* (Гур., Маңғ.).

КҮЛТЕК (Қост., Жанг.) бұлтақ, қиқалақ. *Сен ондай к ү л т е к т і қой, жүретін болсаң жүр, қалатын болсаң қал* (А. Нұрм., Құл. аж., 161).

КҮЛТЕЛЕНУ (Ақт.: Қараб., Ырғ.; Орал, Чап.) түрлену, көріктену, ажарлану. *Сәрсенбайдың қызы соңғы кезде к ү л т е л е н і п кетіпті* (Ақт., Ырғ.). *Ол ылғи к ү л т е л е н і п киініп жүреді, бізде өйтуге уақыт жоқ* (Орал, Чап.).

КҮЛТЕЛЕУ (Гур., Маңғ.) бүркемелеу, жасыру. *Бекболдың мені жамандап айтқаны рас, сен оны к ү л т е л е м е й-ақ қой* (Гур., Маңғ.).

КҮЛТПАЙ (Түрікм.: Ашх., Таш., Красн.; Қарақ.) тышқан індерінің аузына шығарылып тасталған бос топырақ. *Бұл тышқан к ү л т п а й ы н ы ң көп жері, аяңдап жүруге тура келеді* (Түрікм., Красн.).

КҮЛТУ (Қост., Жанг.) күлбіреу, күлдіреу. *Мынау айырдың сабы жаман екен, қолым к ү л т і п қалыпты* (Қост., Жанг.).

КҮЛЧІН 1. (Жамб.: Шу, Мер., Мойын.) мәсіге сірі орнына салынған жылтыр былғары. *Мәсіңнің артық к ү л ч і н і болса, сұрағалы келдім* (Жамб., Шу). **2.** (Рес., Орын.) мәсінің артқы сірісі.

КҮЛШЕ[1] **1.** (Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Шымк., Түлк.; Қ.орда: Сыр., Жал.) дөңгелек етіп пісірілген кішілеу қалың нан. *К ү л ш е н і кобінесе оттың қызуына, я тандырға пісіреді* (Алм., Шел.). **2.** (Жамб., Шу; Шымк., Түлк.; Қост., Семиоз.) отқа көміп пісірілген кішкене қалың тоқаш. *«К ү л ш е л і бала сүйерге жақсы» дегендей, құр қол емес шығарсың?* (Қост., Семиоз.). **3.** (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) етке салатын жұқа нан. Қ. іңкәл, күртік, қайыс, нан салма, құлақ нан, жұқа нан, жайма нан.

КҮЛШЕ[2] **1.** (Сем.: Аяг., Үрж.) дәмі ашқылтым боп келетін ірілеу құрт. *Сондай сүзбеден жасалған к ү л ш е н і ң дәмі көбінесе ащы болады* (Сем., Үрж.). **2.** (Сем.: Абай, Шүб., Көкп., Ақс.; Тау., Қош.) жіпке өткізіп, тізбектелген құрт. *Балалардың көзі ілулі к ү л ш е г е түсті* (Сем., Абай).

КҮЛШЕ[3] (Шымк., Түлк.; Қ.орда, Арал) шелпек. *Кейде уақыт болса, майға к ү л ш е пісіріп жейміз* (Қ.орда, Арал).

КҮЛШІН (Қост.: Фед., Семиоз.) мәсінің ішкі сірісі. *Мәсінің к ү л ш і н і н көннен салма, өз былғарысы өзінікіне жетеді* (Қост., Фед.).

КҮЛІК 1. (Жамб., Шу) бәйге аты, жүйрік ат, тұлпар. *Осы таудың тағы бір шыңына к ү л і к п е н Манас шығыпты деген сөз бар* (Ш. Мұрт., Жүлд. көп., 122). **2.** (Орал: Орда, Жән.) мінгіш көлік. *Онда баруға сізге бір к ү л і к керек болар* (Орал, Орда).

КҮЛІҢ ШАШЫЛМАСЫН, ШАЛҒЫНЫҢ БАСЫЛМАСЫН! (ҚХР) өмірінде үрпақ көрмей кет, мал бітпей, кедей болып өт деген мағынада айтылатын қарғыс.

КҮЛІП БОЛМАУ (Сем.: Ақс., Абай) күлкісін тия алмай, ішек-сілесі қату. *Ол әңгімені естігенде сен к ү л і п б о л м а й с ың* (Сем., Ақс.).

КҮЛІС (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Арал) ақша салып, үш қағазбен ойнайтын карта ойынының бір түрі. *Бір ыңғайсызы, кейбір жігіттер ертеңнен кешке дейін к ү л і с т і соғып отыра береді* (Қ.орда, Сыр.).

КҮЛІСТІК ЕТУ (Гур., Маңғ.; Қост., Жанг.) күлкі ету, мазақтау. *Бір ханды бір хан кемсітіп, күлістік етіпті* (Қост., Жанг.).

КҮМАНҒА АЙДАУ (ҚХР) күмәндану, жаманға жору, сырттай күдіктену.

КҮМӘЖНІК (Көкш., Енб.) үсақ-түйек қағаздар мен ақша салып жүретін былғарыдан істелген бүйым. *Қағаздардың бәрі Байсақалдың төс қалтасындағы былғары күмәжнікте табылатын* (Көкш., Енб.). *Бәкен ун-тұнсіз қалтасынан күмәжнігін суырды да, ішінен Керенскийдің 40 сомдық маркесін алды* (С. Мұқ., Өмір мект., 33). Қ. өмиян, қапшық, шилан.

КҮМӘНГЕ ШЫҒАРУ (Жамб., Луг.) айыпсыз деп табу, ақтау. *Құдайберген ағасының жұмысын құып, күмәнге шығарыпты* (Жам., Луг.).

КҮМБЕЗ (Түрікм.: Ашх., Красн., Мары, Таш.) сырға бетіне, күйысқан үстіне салынатын бедерлі әшекей. *Келіншектің күмбез салған сабақтары* (қ.), *өңіржиек тағы көп заттары бар екен* (Түрікм., Ашх.).

КҮМБЕЙ (Қ.орда: Жал., Сыр.) күріштің пісіп жетілгені. *Күріштің күмбей жерлері көбейіп келеді* (Қ.орда, Сыр.).

КҮМБІЛЕЗ (Гур., Маңғ.) 1. доңес. *Шамның шүймесінің тона бір бүйірі күмбілез көрінгені – оныншы, бүйірі кішірегі – жетінші болады* (Гур., Маңғ.). 2. томпақ күміс түйме. *Келіншектің камзолының күмбілездері өте жиі қадалыпты* (Гур., Маңғ.).

КҮМБІР-САМБЫР (Орал, Жән.) салдыр-гүлдір. *Құдыққа тас тастап еді, күмбір-самбыр ете түсті* (Орал, Жән.).

КҮМЕ[1] 1. (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш., Мары) жер үй. *Ұрылар жар ернеуіндегі күмеге кірді де, жоқ болды* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *күме* жер үй, қора (Туркм.-рус. сл.)]. Қ. зілмаңке. 2. (Ауғ.; Ир.) шағын күрке.

КҮМЕ[2] (Қ.орда, Жал.) түйенің немесе қойдың іріктелген жабағы жүнін шүберекпен астарлап, тыстап, сырып тігілетін жылы сырт киім.

КҮМПЕЙ (Қ.орда: Арал; Қост., Жанг.; Түрікм.: Таш., Мары; Қарақ.) арасына қалыңдап жүн салып тіккен шапан, күпі. *Үйге күмпей киген біреу келіп кірді* (Қ.орда, Арал). *Күмпейге оранып терлесең, тез жазыласың* (Түрікм., Таш.).

КҮМПЕЙ ШАПАН (Қ.орда, Жал.) арасына майдалап түтілген түйе жүнін қалыңырақ салып, сырылып тігілген, сыру аралықтары күмпиіп, көтеріліп тұратын шапан. *Қыста киетін күмпей шапан Қостанай, Жезқазған және Ақтөбе облысының кейбір аудандарында (ауылдық жерлерде) әлі де кездеседі* (Қ.орда, Жал.).

КҮМПІ (Қост., Жанг.) ішіне жүн салып тіккен шапан, күпі. *Жүн салған шапанды шөмекейлер күмпі дейді* (Қост., Жанг.).

КҮМПІТУ (Гур., Маңғ.) күмбірлету. *Бір жігіт домбыраны күмпітіп тартып отыр* (Гур., Маңғ.).

КҮМСӘНДЕУ (Орал, Жән.) алтындап жазу. *Шәңгерей кітабының сыртына күмсәндеп жазған екен* (Орал, Жән.).

КҮМҮТ (Ауғ.; Ир.) шкаф, шифонер.

КҮМІЛЖУ 1. (Орал, Жән.) айқын емес, күңгірт. *Қалайда ер адамға күмілжу сөзді айтудың қажеті жоқ* (Орал, Жән.). 2. (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) кара қошқыл түс. *Өте қызылдан гөрі кір көтеруге күмілжу қолайлы* (Түрікм., Таш.).

КҮМІРӘ КҮЛКІ (Түрікм.: Ашх., Таш.) отірік, жалған күлкі. *Ол – күмірә күлкісі мен-ақ алдап кететін залым адам* (Түрікм., Таш.). *Сырмінез емес адам жұрттың айтқанына қандай сенгіш! Содаи буны корсе-ақ күмірә күлкі қысып жонелетін шығар* (Ә. Кекіл., Күс кан., 330).

КҮМІС БЕЛДІК (Жамб.: Шу, Қорд.) былғарыға күміс орнаткан бслдік. Бұны Талдықорғанда *кемер белдік*, Орынборда *деңмент белдік* деи атайды.

КҮМІСКІ 1. (Гур., Маңғ.; Қарақ.) көмескі, күңгірт. *Қағаздағы жазу күміскіленіпөше бастапты, қанша оқысам да ажырата алмадым* (Гур., Маңғ.). *Өзінің боягы ошіп, күміскілене бастапты* (Қарақ.). 2. (Гур., Маңғ.) қаға беріс, таса, қалтарыс. *Атың үй маңында жоқ, бір күміскі жерде жүрген шығар, алысқа ұзамас* (Гур., Маңғ.).

КҮМІС ТҮЙМЕ (МХР) күмістен жасалған түйме.

КҮНАЙЫМ БОЛУ (Жамб., Тал.) көзайым болу, қуанышка бөлену, өте қуану. *Қатипа баласы келіп, күнайым болып жатыр екен* (Жамб., Тал.). С. Аманжолов бұл сөзді «күнатым болу» ден берген (С. Аман., ВДИКЯ, 387).

КҮН АЛДЫ (Орал: Орда, Жән.) алдын ала, күн ілгері. *Сақып, егер ауданға баратын болсақ, маған күн алды ескерт!* (Орал, Жән.).

КҮН АЛУ (Тау., Қош.) жұмыстан рұқсат алу, демалыс алу. *Сен жұмысыңа неге бармайсың, әлде күн алғансың ба?* (Тау., Қош.).

КҮН АРАДАН КЕЛУ (Гур., Маңғ.) араға күн салып келу. *Ол қыстаудан кеше шығып, күн арадан келіп отыр* (Гур., Маңғ.).

КҮН АРАЛАТПА (Қост., Тоб.) күн ара, күн аралата. *Ол қалаға күн аралатпа барып тұрады* (Қост., Тоб.).

КҮН АРАТПА (Ақт.: Ойыл, Байғ.; Орал: Орда, Жән.; Қарақ.) араға күн салып, күн ара. *Ол мұнда күн аратпа келіп тұрса да болады* (Ақт., Ойыл). *Күн аратпа базарға барып тұратындар бар* (Қарақ.). *Сиыр ауырып қалып, күн аратпа гана су ішеді* (Орал, Жән.). *Жар газеті* (қ.) *күн аратпа үздіксіз шығып отырады* (**«Ком.** жолы», 20.05.1941).

КҮНӘЙІМ БОЛУ (Талд., Қарат.) кінәлі, жазықты болу. *Жиырма минут жұмыстан қалып қоямын деп, күнәйім болып отырмын* (Талд., Қарат.).

КҮНБАҒАР (Алм.: Еңб. қаз., Шел.; Жамб., Тал.; Шымк.: Қызылқ., Арыс) күнбағыс, пісте. *Биыл азғантай жерге күнбагар егіп едім, әжептеуір ақша болды* (Алм., Еңб. қаз.).

[Түрікменше *гүнебакор* (Туркм.-рус. сл.); өзб. *күнгабоқар* (Узб.-рус. сл., 1959); үйг. *күнгәбақар* (Уйг.-рус. сл., 1961)]. Қ. айқабақ, шемеке, шекілдеуік, алашебік, пісте, күнқабақ.

КҮН БАТЫС (Гур., Маңғ.) күн батыстан соғатын теңіз желі. *Мұнда күні бойы күн батыс болады* (Гур., Маңғ.).

КҮН БАЮ (Орал, Чап.) күн бату. *Мен күн байырда келдім* (Орал, Чап.).

КҮНГЕБАҒАР (Жамб.: Св., Шу, Жам.; Түрікм., Красн.) күнбағыс. *Колхозшылар алдымен күнгебагар егеді, ұйткені одан май жасайды* (Жамб., Св.). *Үйдің алдына күнгебагарды ң пашағын тастап едік, қалың боп шықты* (Түрікм., Красн.). *Әркімнің бақшасының шекаралары кісі бойы қол ұсының жүгері, күнгебагармен бөлінген* (F. Сл., Өмір., 98). Қ. күнбағар, айқабақ, күнқабақ, шекілдеуік, алашебік, пісте.

КҮНГЕЛЕУ (Қарақ.) аудың шетін арқанға бекіту. *Аудың шетін белгілі бір жіпке екі бастан, үш бастан күнгелеймін* (Қарақ.).

КҮНГІСІН-КҮҢГЕ (Орал, Казт.) күнбе-күн, күн сайын. *Сол кезде ол күнгісін-күнге шайға келіп тұратын* (Орал, Казт.).

КҮНҒАЛА (Қарақ.) былғауыш, қалақ. *Құрт, сарысу, ірімшік қайнатқанда оны күнгаламен былғап отырады* (Қарақ.).

КҮНҒАЛАҚ (Гур., Маңғ.) тесік ожау, кепсер. *Жеңгей қазанның қақпағын ашып, етті күнгалақпен түсіре бастады* (Гур., Маңғ.). Қ. көкпір, шабала, шолпы, майшолпы.

КҮНДЕ (Түрікм.: Мары, Таш.; Қарақ.) ағаш соқа. *Күнде мен жер сүруді де осылардан үйренген болар қазақтар* (Түрікм., Мары).

[Түрікменше *күнде* (Туркм.-рус. сл.); қарақ. *гүнде* (Карак.-рус. сл., 1958)].

КҮНДЕБАУ (Жамб., Шу) бұрынғы кезде екі ел арасында татулық орнату үшін қарсы жаққа берілетін қыз. *Қалдан Серен Абылайға оз ұрығынан бір қызды күндебауға береді* (Жамб., Шу).

КҮНДЕГІЛІК (Қост., Жанг.) шығырдың үя ағашы. *Кіндіктің төменгі жағына орнатқан колденең ағашты күндегілік дейміз* (Қост., Жанг.)

КҮНДЕЛЕУ (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) асау биені сауғанда артқы оң аяғын қыл арқанмен мойнына тартып байлап қою. *Күнделеп байлаған бие тебе алмайды* (Жамб., Шу).

КҮНДЕС ТАЛАСТЫРУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) бақталас, бәсекелес болу. *Екі болыс өзара күндес таластырат ын еді* (Шығ. Қаз., Больш.).

КҮНДЕШ (Қост., Об.) күндес, бақталас, бәсекелес. *Күнде ш қатындардай жанжалдаспаңдар, балалар, жай жүріңдер!* (Қост., Об.).

КҮНДІК[1] **1.** (Алм., Жам.; Шымк., Лен.; Жамб., Шу; **Көкш.**: Чкал., Уәлих.; Қост., Фед.) әйелдердің бір тартар ақ орамалы. *Есік алдында тұрған әйел басындағы күндігін сипалап түзетіп қойды* (Шымк., Лен.). *Мұғалім Арайдың басындағы күндікке қарап біраз тұрды* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 35). **2.** (Талд., Қарат.) әйелдер басына салатын үлкен орамал. *Қыс тартарға күндігім жоқ, қайтерімді білмеймін* (Талд., Қарат.).

КҮНДІК[2] (Орал: Жән., Орда; Қарақ.) қолшатыр. *Күн ыссыда басыңа күндік ұстасаң күн өтпейді, әрі ол жаңбырға да жақсы* (Орал, Орда).

КҮНДІК[3] (Қ.орда: Жал., Сыр.) беддік, белбеу. *Кім де болса күндігін шешіп белдеуге іліп қойыпты* (Қ.орда, Сыр.).

КҮНДІК[4] (МХР) арнаулы күн. *Фермада ай сайын малшы, сауыншылар күндігі өткізіліп, өнерпаздар концерті ойналып, үгітнасихат жұмысы тұрақты жүрілуде* (**«Ж.** өмір», 30.07.1985).

КҮНДІККЕ (Қар., Шет) күні бойы. *Егінге мал түсіп, күндікке маза берген жоқ* (Қар., Шет).

КҮНДІКТЕ (Гур., Маңғ.) күн шамасында, күн аралығында. *Секретарь мен орынбасар ордын тапсыруға осы екі-үш күндікте осында келеді* (Гур., Маңғ.).

КҮНДІКШІЛІК (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) күндеп істейтін жұмыс. *Олардың кімі күндікшілік, кімі малдаршылықпен кеткен* (Түрікм., Мары).

[Түрікменше *гүнлүкчи* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *кунликши* (Рус.-карак. сл.); *кунлук* жалданып істейтін жұмыс (күнге шарттасып) (М. Қашқ., I, 444)].

КҮНЕС (Сем., Абай) күн жақ бет, күнгей. *Күнес жақта үлкен ақ үй тігіліпті* (Сем., Абай). *Бай үйінің сыртын жағалап, жүк жиылған күнес жақта ақырын күбілеп ойнайды* (М. Әу., Абай жолы, II).

КҮН ЖАРТЫ ТҮСУ (Орал: Орда, Жән.) күн түстен ауу. *Күн жарты түсе пішенші-лер үзіліске шығады* (Орал, Орда).

КҮНЖІ (Қ.орда, Арал; Қарақ.; Түрікм.: Таш., Красн.) майлы өсімдік, зығыр. *Бес сетік күнжі еккен едім, тым әдемі шығыпты* (Қарақ.). *Күнжіден май алатын құрал әлі оңдалмаған* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *күнжи* (Туркм.-рус. сл.)].

КҮН ЗАУАЛ АУДЫ (Орал, Чап.) күн жартысынан ауды (түстен кейінгі кез).

КҮН КЕТУ (Шымк., Сайр.) күн ұясына бату, күн бату. *Күн кеткен соң үйге қайтамыз* (Шымк., Сайр.).

КҮНҚАБАҚ (Орал, Казт.) күнбағыс, күнбағар. *Күнқабақтың басқа өсімдіктерден бір өзгешелігі – күнге қарай жүріп отырады* (Орал, Казт.). Қ. айқабақ, шекілдеуік, ала шемекі, пісте, күнгебағар.

КҮН ҚАҚТЫ БОТА (Қ.орда, Жал.) күнде көп жатқандықтан, күншуакта көп болғандықтан өңі жұқарып, аза бастаған, күн тиген бота. *– Ботаңыз күн қақты болған екен: құмалақтамай, тышқақтайды екен. Мұны мал дәрігеріне көрсетіңіз* (Қ.орда, Жал.).

КҮНҚАЛАҚ (Қарак.) ірімшік, сарысу, күрт қайнатқанда сүзетін ыдыс.

КҮН ҚИЯ (Алм., Еңб. қаз.) кешке жақын, күн батарда. *Оспанбек Алматыға күн қия кетті* (Алм., Іле). *Жұмысшылар күнқия алдында малға шөп әкелді* (Алм., Еңб. каз.).

КҮНҚИЯР (Алм., Іле) кешкұрым, кешке таман, күн бата. *Ол Алматыға күнқияр жүріп кетті. Күнқияр алдында малға шоп әкелді* (Алм., Іле).

КҮН МЕЗГІЛ (Қост., Жанг.) уақытында, дәл кезінде. *Бие суды күн мезгіл өзі ішіп келеді* (Қост., Жанг.).

КҮННЕНГІ-КҮННЕНГІ (Шымк., Шәу.) күннен-күнге, күн өткен сайын. *Кеселім күннен гі-күннен гі асқынып бара жатқан сияқты* (Шымк., Шәу.).

КҮННІҢ ЖАДЫ НЕ? (Түрікм., Таш.) бүгін қай күн? *Бүгін күннің жады не балам?* (Түрікм., Таш.).

КҮННІҢ ҚУАРЫ ТАРАУ (Тәж.) күн ашылу.

КҮН САЛА ҚАРАУ (Сем.: Үрж., Мақ.) көзді қолмен колегейлеп қарау. *Жақын алыс Албыртқа күн сала қарады* (Сем., Үрж.). *Көк шөптің басын жұлып тұрған атқа күн сала ұзақ қарады да, козі багжаң ете қалды* (О. Бок., Оз от. ош., 297).

КҮН СӨТКЕ (Қост., Жанг.; Гур., Инд.) бір тәулік. *Караколге күн сөткеде барып жетеміз* (Қост., Жанг.). *Оралдан күн сөткеге әзер жеттім* (Гур., Инд.).

КҮН СЫНУ (Жамб., Қорд.; Алм., Шел.) аздап жыли түсу. *Әнеугіге қарағанда кешелі бері күн сынған сияқты* (Жамб., Қорд.).

КҮН ТИМЕС (Гур., Маңг.) қойдың құйыршығы. *Кызыл қойдың озге қойдан айырмасы оның күи тимесі бар* (Гур., Маңг.).

КҮН ТУУ (Орал, Шыңг.) күн шығу. *Күн жаңа көтерілер көтерілмес болып, туып келе жатқанда қойларды оргіздім* (Орал, Шыңг.).

КҮН-ТҮН (Жамб., Қорд.) бір жағы «күн» скіпші жағы «түн» болып екі тоиқа боліні ойнайтын ер балалар ойыны. Мұнда ойы баскарушы «күн!» не «түн!» деп біреуін атап, оқыстан алақанын кагыи калганда аты аталмағандары сорсге қарай жүгіреді де озгелері тура куыи, қолға түскендерді өз тобына әкеп қосады. *Күн-түн ойнап жургенінде жығылып қалып, баламыз тобығын шығарып алыпты* (Жамб., Қорд.).

КҮН ТҮСУ (Кокш.: Еңб., Щуч.; Жезк., Ж.арқа) жай түсу. *Бір уақытта аспан шатырлап, күн түсті* (Кокш., Еңб.). *Бүгін жайылымда жүрген бір жылқыға күн түсіпті* (Жезқ., Ж.арқа).

КҮН ТЫНШУ (Сем.: Ақс., Көкп.) бұлынғыр, бұлдыр. *Сол уақытта, бірнеше күн бойы күн тыншу болды* (Сем., Ақс.).

КҮН ЧАҚПАҚ ЧАҒУ (Алм.: Іле, Шел.; Шымк., Түлк.) найзағай ойнау, күн жарқылдау. *Біз Чоладырға кіргенде күн чақпағын чағып тұрды* (Алм., Іле). *Содан жауын-чашын басталып, күн чақпағын чаққылап кетті* (Шымк., Түлк.).

КҮН ШАҒУ (Гур., Маңг.) күн отіп кету, күн тию. *Күн шағып тастайды гой, айнамау, басыңа бір нәрсе жапсаңшы!* (Гур., Маңг.).

КҮН ШЫҒЫС (Гур., Маңг.) шығыс бағыттан соғатын теңіз желі. *Оган жалгас екіуш күннен кейін күн шығыс болды* (Гур., Маңг.).

КҮНШІК БОЙЫ (Қост., Семиоз.; Гур., Инд.) күні бойы. *Осылар к ү н ш і к б о й ы осында не бітіреді екен* (Қост., Семиоз.). *Соның соңында жүрем деп, к ү н ш і к б о й ы тамақ ішкем жоқ* (Гур., Инд.).

КҮНШІЛІК (Гур., Маңғ.) күншілдік, қызғаныштық. *Бәйімбетті өз агайындары патшаға бардың деп, к ү н ш і л і к жасап өлтіріпті деген сөз бар* (Гур., Маңғ.).

КҮНІКЕЙ (Қост., Жанг.) күнгей, күн жақ. *Осы кезде к ү н і к е й беттер жібіп, еріп жататын* (Қост., Жанг.).

КҮНІН ҚУЫРУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) апшысын куыру, құтын қашыру. *Айналайын, келмей жатып к ү н і м і з д і қ у ы р д ы ң-а у!* (Түрікм., Таш.).

КҮНІ ҮШІН КҮЛІК ЖЕУ (ҚХР) жан бағудың қамында жүру, тек қу кеңірдегі үшін ғана жүрген бейшара.

КҮҢКЕЙЛЕУ (Орал, Жән.) дүрыстап жабу, қымтай түсу. *Есікті к ү ң к е й л е й түс, жел кішейіп барады* (Орал, Жән.).

КҮҢЛІК (Кекш., Қ.ту) әйелдердің бір тартар ақ орамалы. *Оның әкелген матасы тым қалың екен, к ү ң л і к к е жарайтын емес* (Кекш., Қ.ту). Қ. күндік.

КҮҢІРСУ (Ақт., Байғ.) күмбірлеу. *Мал қоралары әрі кең, әрі жарық, жылы, к ү ң і р с і п тұр* (Ақт., Байғ.). *Адамды адам қып жүрген де әуелі сол к ү ң і р с і г е н қазан, дауылдаған күлкі емес пе?* (Ә. Кекіл., Құс қан., 95).

КҮП[1] (Түрікм.: Красн., Таш.) көктемгі қар суы сақталатын жер. *К ү п т е н су әкелің: бар болса* (Түрікм., Красн.). *Бірақ та ...су к ү п к е құйылмай, халық сусыз отыр* («Жүм-шы», 8.09.1944). *Шамасы жаңбыр жауғанда су ұстайтын не к ү п, не туран болса керек* (Ә. Кекіл., Үркер, 10).

[*Кир* ыдыс (С. Мал., ПДП, 397); *күп* (б) сұйықтық құятын ыдыс (М. Қашқ., III, 264); *күпь* (парсыша) су құюға арналған үлкен құмыра (Л. Буд., II, 171)].

КҮП[2] (Гур., Маңғ.) сайдың түйық, оян жерлеріне иірілген су. *Долапаның ойындағы к ү п т е н атымызды дүздіріп өттік* (Гур., Маңғ.).

КҮПӘЙ (Шығ. Қаз., Үлан; МХР) үпай. *Бала кезімізде асық ойнап, к ү п ә й алатын едік* (Шығ. Қаз., Үлан).

КҮПӘЙКЕ (Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Сем.: Ақс., Көкп.) сырылған қысқа сырт киім. *Екіншісі жүн сырған к ү п ә й к е киген, аягында жаңа шарық* (Сем., Ақс.). *Сүрлем шөптің қышқылтым иісі сіңген халатын, к ү п ө й к е с і н ауызғы үйге тастап, беті-қолын жуды* (Ш. Құм., Қос., 26).

КҮПӘНАЛАУ (МХР) шөмелелеу, шөмелеге салу. *Шөп шабасыңдар, к ү п ә н а л а й с ы ң д а р, маялайсыңдар* (Д. Нав., Тау күп., 122).

КҮПӘНӘ (Ақт., Жүр.; Көкш.: Щуч., Еңб., Қ.ту; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР) шеп үйіндісі, шөмеле. *Біз к ү п ә н ә д ә н бірден мая жасаймыз* (Көкш., Щуч.). *Балалар, бүгін неше к ү п ә н ә салдыңдар* (Шығ. Қаз., Больш.). *Бокин үйдің қасындағы үюлі к ү п ә н ә шөптің көлеңкесіне көрпе салдырды* (З. Шаш., Ток., 109). *Мені болмаса к ү п ә н ә, мая салуға да енгізбеді* (Д. Нав., Тау күп., 124). Қ. кебен, күде[1], шөмелей.

КҮПЕКШЕ (Гур., Маңғ.) бұрыштап соққан кесек күміс. *Жас кезімізде к ү п е к ш е н і талай тағып едік, енді қартайдық қой* (Гур., Маңғ.).

КҮПКЕ (Сем.: Ақс., Кекп., Абай) қой тоғытатын шұқыр. *Колхоз қой шомылдыруға арнап к ү п к е жасады* (Сем., Ақс.). Орысша *купка*.

КҮППАҚ (Жамб., Жам.) үй асты белме. *Урылар к ү п п а қ қ а жатқан болса керек* (Жамб., Жам.).

КҮПСЕ (Орал, Жән.) ірі саудагер, кепес. *Бұрын к ү п с е л е р біздің елге жиі келіп-кете беретін* (Орал, Жән.).

КҮПСЕР 1. (Қост., Жанг.) ұзындығы тізеден түсіп тұратын сырмалы сырт киім. *К ү п с е р деп қаптал шапанды айтады* (Қост., Жанг.). 2. (Өзб.) әйелдер киетін мақталы шапанның түрі.

КҮПСЕУ (Түрікм., Красн.) қисайып кету. *Үстінен салмақ түсті ме, ана үлкен есік к ү п с е п кетті* (Түрікм., Красн.).

КҮПТІГЕЙ (Гур., Маңғ.) қамығыңқы, жабырқаңқы, күпті. *Ол соңғы кезде ылги бір к ү п т і г е й халде жүретін* (Гур., Маңғ.). *Екі жүрек к ү п т і г е й, маңдай ашық, Иә, сәт! ...Берік жатыр құйысқаны* (Х. Ерғ., Құр., 63).

КҮПІ 1. (Сем.: Абай, Шүб., Ақс.) ішіне түйе жүні салынған керпе. *К ү п і, к ү п і көрпе деп ішіне түйе жүнін салған жылы көрпені айтады* (Сем., Абай). *Үйдің суықтығына шыдамай, үстімізге к ү п і жамылып отырамыз* (Сем., Ақс.). 2. (МХР) қой мен түйе жүнінің түтасқан жабағысын матамен қаптап жасаған киім. 3. (Қ.орда, Арал) түйе жабағысының сыртын тыстап тіккен, қыста суықта киетін сырт киім.

КҮПІЛДЕК (Кекш., Қ.ту) піспектің басына бекітілген тесік-тесік тақтайша. *Піспектің к ү п і л д е г і сынып қалып, қымыз пісе алмай отырмыз* (Кекш., Қ.ту).

КҮПІР (Алм., Үйғ.; Сем.: Үрж., Мақ.) кесапат, пасық. *Амантай өзінің к ү п і р мінезін тастай алмады* (Сем., Үрж.).

КҮПІРЕ (Орал, Орда) кебек. *Осы алған астығымыз* (к.) *онша дұрыс болмады, к ү п і р е с і тым көп екен* (Орал, Орда). Қ. ұрпақ.

КҮР//ГҮР 1. (Қарақ.) бірінің үстіне бірі шығып кететін мұз, сең. *Жазға салым бұл жерден к ү р жүреді* (Қарақ.). *К ү р аралас қатқан мұз дауыл екпінімен жиекке тығылыпты* (Ш. Дәрм., Мер., 37). **2.** (Қ.орда, Арал) алғаш теңіздегі мұз ката бастағандағы жиектегі әлі шыныланбаған жұқа мұз.

КҮРБЕЛДЕУ (Ақт., Шалк.; Қ.орда, Арал) кішілеу, жастау. *Бұл екеуі ана баладан гөрі к ү р б е л д е у екен* (Қ.орда, Арал). *Тек есін білмейтін к ү р б е л д е у бала күндегі әдетімен «апалап» жүгіріп кеп, Ақбаланың етегіне жармасты* (Ә. Нұрп., Сергелдең, 317).

КҮРБІК (Түрікм.: Таш., Мары) сырты торланып келетін, қабығы қалың, еті жұқа төтті қауын. *Қауынқақты көбінесе к ү р б і к т е н жасаймыз* (Түрікм., Мары).

[Өзбекше *гурвак* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *гурбек* (Карак.-рус. сл., 1958); *гурбекъ* Хиуадағы төтті қауын (Л. Буд, II, 148)].

КҮРГЕЙЛЕУ (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Қаск., МХР) қаумалау, қамажаулау. *Кешкісін қойшының жәрдемшілері төлдерді енелерінен бөліп, к ү р г е й л е п әкеп, тол қорага кіргізді* (Алм., Шел.). *Бүрсеңдеген жетім тоқтыны к ү р г е й л е п қамағандай қоршап жатыр-ау* («Шұғыла», 1987, №3, 104).

КҮРДЕБАЙ (Қ.орда, Қарм.) кенже туған қозы. *К ү р д е б а й д ы ң көпшілігін келер жылы соямыз* (Қ.орда, Қарм.).

КҮРДЕК (Гур., Маңғ.) жас төл мен арық қойларға арналған жер үй. *Кой туган уақытта жас қозыларды, қойдың нашарын к ү р д е к к е салып қоямыз* (Гур., Маңғ.).

КҮРДЕЛІ 1. (Жамб., Мойын.) қалың, мол. *Енді к ү р д е л і жерінен бір мәшине сексеуіл түсіріп алсаң жетеді гой* (Жамб., Мойын.). **2.** (Жамб., Қорд.) ауыр, қиын. *Қазір к ү р д е л і сабақ болушы еді, соған дайындалып жатырмыз* (Жамб., Қорд.).

КҮРДЕМШЕ (Гур., Маңғ.) некесіз туған бала, шата.

КҮРЕ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Арал; Ақт., Ойыл; Гур., Маңғ.; Қарақ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Өзб., Там.) өсөктің жас төлі, қодық. *Есекке жүк артқанда к ү р е с і н бос жіберуге болмайды, оны да қоса тіркеп қою керек* (Қ.орда, Арал). *Анау үйдің к ү р е с і тым нашар екен, өлгелі тұр* (Гур., Маңғ.). *К ү р е с і ілеспеген соң, енесі де ілгері баспай қойды* (Түрікм., Красн.). *Есек к ү р е с і н ізден ақыра берді* (Өзб., Там.). **2.** (Ауғ.; Ир.) есектің бір жастағысы. Бұл соз парсы тілінде де осы мағынада қолданылады.

[Түрікменше *күрре* (Туркм.-рус. сл.); қарақ. *гурре* (Рус.-карак. сл.); ар. *куррө* құлын (Л. Буд., II, 125)].

КҮРЕ-КҮРЕ (Түрікм., Таш.) есекті шақырғанда айтылатын одағай сөз. *Карт малга бармақшы болып, анадайда жүрген есегіне к ү р е-к ү р е деп дауыстап қалды* (Түрікм., Таш.).

КҮРЕЛЕУ (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Гур., Маңғ.) қодықтау. *Биыл ешегіміздің екеуі д е к ү р е л е д і* (Қ.орда, Сыр.).

КҮРЕМ (Қ.орда, Арал) етік май. *Етік майлауга к ү р е м керек, ол да оңайга табылмайды* (Қ.орда, Арал). Орыс тіліндегі *крем* сезі.

КҮРЕНДЕСУ (Қарақ.) әңгімелесу, сөйлесу. – *Ал, қонақ, уақыт ерте гой, к ү р е н д е с і п отырайық* (Қарақ.).

[Түрікменше *гүрриңлесу* сөйлесу, әңгімелесу (Туркм.-рус. сл.)].

КҮРЕҢКЕ (Алм., Шсл.) саз балшықтан жасалған ас-су құятын ыдыс, кіреңке. *Тұманың суын к ү р е ң к е г е құйып қойсаң, сол қалпында тұрады* (Алм., Шел.). Орыс тіліндегі *крынка* сезі. Қ. кіреңке.

КҮРЕҢКІ (Сем.: Шүб., Ақс., Кокп.) темекінің он жіптен тұратын бау тәріздес бір түйдегі. *Содан соң к ү р е ң к і л е р д і бір жерге жия береміз* (Сем., Шүб.).

КҮРЕҢ ҚАБАҚ БОЛУ (Сем., Мақ.; Шығ. Қаз., Больш.) ренжу, қамығу. *Ол неге екені белгісіз, әйтеуір кешелі бері к ү р е ң қ а б а қ б о л ы п жүр* (Шығ. Қаз., Больш.).

КҮРЕҢ ҚАБАҚТАСУ (МХР) ұрсысу, жанжалдасу. *Екеуі аяқ асты к ү р е ң қ а б а қ т а с ы п қалды* (МХР).

КҮРЕҢСЕ (Жамб., Мер.) **1.** сазды жерге шығатын шабындық шөп. **2.** раңның бұр тастаған кезі. *Көктемде бірінші шығатын шөп – раңның өсіп, басына бұрі шыққан кезін к ү р е ң с е деп те атайды* (Жамб., Мер.). **3.** (Талд., Панф.; Жамб., Шу; Шығ. Қаз., Тарб.) мал жақсы жейтін таулы жердің шөбі. *К ү р е ң с е н і жылқы сүйсініп жейді* (Талд., Панф.).

КҮРЕС (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) жұка тақтайдан істелген қар күрейтін құрал. *Мұндай к ү р е с п е н қыста қар сыбау* (к.) *жеңілдеу болады* (Гур., Маңғ.). *К ү р е с т і а л дым да қораның қоқысын бір арага үйдім* (Түрікм., Красн.).

КҮРЕС АПАРУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) күрөс жүргізу. *Мұнда егісін мерзімінде құтаруга к ү р е с а п а р м а л ы* (Түрікм., Мары). *Социалистік жарыста алған міндет-*

темелерін орындау үшін к ү р е с а п а р д ы (Түрікм., Таш.).

КҮРЕСКЕ АЛУ (ҚХР) топты ел алдына алып шығып сынау, кінасын мойнына қою.

КҮРЕУКІ (Сем., Мақ.) он байлам темекі, бау сияқты үлкен түйдек. *К ү р е у к і л е р д і бір жерге бер* (Сем., Мақ.).

КҮРЕШ (Көкш., Еңб.; Қар., Нұра) ақша. *Ол елдің беріліп жататын астарында көк тиын к ү р е ш алған емес* (Қар., Нұра). *Сол көк айыл маған бір тиын к ү р е ш к е қажеті жоқ* (С. Талж., Ұлд., 57).

КҮРЖІ (Ақт., Жүр.) қоржын аузының ілгегі.

КҮРЖІК (Түрікм., Красн.) бүкір, құныс. *Өз жақындарына үйлене бергендіктен бе, олардың к ү р ж і к балалары коп болды* (Түрікм., Красн.).

КҮРЖІЛЕУ (Қ.орда: Шиелі, Сыр., Қарм., Арал) қоржынның аузын байлау. *Қоржынды толтырып, аузын к ү р ж і л е п тастаған екен* (Қ.орда, Қарм.). *Әмірбек, қоржынның аузын к ү р ж і л е п қой* (Қ.орда, Арал).

КҮРИАН (Гур., Инд.) биік боп өскен арам шоп қауы. *Сол жердің бәріне қаптап к ү р и а н өсіп кетіпті* (Гур., Инд.). Орыс тіліндегі *буръян* сезі.

КҮРКЕ (Түрікм., Красн.) **1.** бес-алты ағаш басын біріктіріп жасаған баспана, итарқа. **2.** мал тұратын көлеңкелі орын.

КҮРКЕСІ ЖАМАН (Гур., Маңғ.) ниеті бұзық, арам пиғылды. *Ол бір к ү р к е с і ж а м а н адам еді* (Гур., Маңғ.).

КҮРКІН (Қ.орда, Арал; Қарақ.) ұсақ сазан балық. *Қазіргі кезде к ү р к і н д і балықшылар көп ауламайды* (Қ.орда, Арал). *Мұнда майда сазанды к ү р к і н деп атайды* (Қарақ.).

КҮРЛЕУ[1] **1.** (Гур., Маңғ.) күрілдеу, күркіреу. *Ол кезде жазгытұрым болды. Жайық к ү р л е п ағатын еді* (Гур., Маңғ.). **2.** (Гур., Маңғ.) дәуірлеу, дүрілдеу. *Түрікмендер осы жерлерді мекендеп, бір заманда к ү р л е п тұрған* (Гур., Маңғ.). *Бұл жерге өнегелі өмір үлгісін көрсететін егіншілік ісіне жетік ел қондырсақ к ү р л е г е н өлкеге айналар еді* (Х. Есенж., Ақ Жай., 217).

КҮРЛЕУ[2] (Қ.орда, Арал) ауға балық кеп түсу. *Аз уақыт балық өте к ү р л е п, ілгері болып тұрды* (Қ.орда, Арал).

КҮРМЕ (Шығ. Қаз., Зайс.) костюм ішінен киетін жеңсіз киім, көкірекше. *Костюмнің ішінен к ү р м е киетіндер де болады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

КҮРПЕ[1] (Орал: Орда, Жөн.; Рес., Орын.) кебек. *Бидай майда тартылыпты, к ү р п е с і аз шықты* (Рес., Орын.). *Мына астықтың* (қ.) *к ү р п е с і коп екен* (Орал, Орда).

КҮРПЕ[2] (Гур., Инд.) дәнді дақылдардың үнталған түрі. *К ү р п е д е н жасаған көже балаларға жақсы болады гой* (Гур., Инд.). Орыс тіліндегі *крупа* сөзі.

КҮРПЕШ ҰН (Қост.: Семиоз., Фед.) жоғары сортты майда ұн.

КҮРПІ (Орал, Чап.; Рес., Орын.) ұнның кебегі. *Ұнның к ү р п і с і жиналып қалды, соны апарып беру керек еді* (Орал, Чап.). *Бидай майда тартылыпты, к ү р п і с і аз шықты* (Рес., Орын.). Қ. үрпақ[1].

КҮРСІ[1] (Жамб., Шу) мосы.

КҮРСІ[2] **1.** (Қарақ.) орындық. *Осы үйде бірекі к ү р с і бар еді, қайда кеткен?* (Қарақ.). **2.** (Шымк., Лен.) астына от жағып айнала отыратын ұзынша ағаш орындық. *Қыстығүні к ү р с і г е қойып, аяқты қыздырамыз* (Шымк., Лен.).

КҮРТ (Ақт.: Ойыл, Жүр.) лөк пен кердеріден (қ.) туған еркек түйенің азғындаған түрі. *Нар мен лөктен к ү р т туады* (Ақт., Ойыл). *К ү р т жүк артқызбайды, айдаса жүрмейді* (Ақт., Жүр.).

КҮРТЕ[1] (Қост.: Жанг., Аман.; Кекш.: Еңб., Щуч.; Гур., Маңғ.) сырт жейде. – *Шеше, мына к ү р т е м д і жуып берші?!* (Қост., Аман.) *Мәйкімен ыңғайсыз екен, менің ақ к ү р т е м д і ала кел* (Қост., Жанг.). – *Үй жылы гой, үстіндегі к ү р т е н і шешіп тастасайшы* (Кекш., Еңб.). *Бүгін күн салқындау екен, к ү р т е м д і ала келейін* (Қ.орда, Сыр.). *Сен оның к ү р т е с і н і ң жеңін жыртып па едің?* (Гур., Маңғ.).

КҮРТЕ[2] (Гур., Тең.; Орал, Чап.; Түрікм.: Таш., Мары, Красн.) ішіне мақта, жүн салып, сырып тіккен қысқа сырт киім. *Әлгі дауыс қайта-қайта естіле берген соң, мен к ү р т е м д і кие сала далаға шықтым* (Түрікм., Красн.). *Екеуінің де ішінде мақталы сырмақ к ү р т е* (Ж. Нәжім., Кішк., 163).

[Қарақалпақша *күрте* (Карак.-рус. сл., 1958); түр. *kürdiə* қысқа көйлек (Л. Буд., II, 122)].

КҮРТЕШЕ (Кекш., Щуч.; Түрікм., Красн.) кеудеге киетін қысқалау жеңсіз киім, кекірекше. *Күн ысып, терлей берген соң к ү р т е ш е м д і де шешіп алдым* (Түрікм., Красн.).

КҮРТКЕ (Сем., Мақ.) жағасыз, шолақ жеңді жеңіл сырт киім, кеудеше. Орыс тіліндегі *куртка* сөзі. Қ. көзәкей.

КҮРТПАН (Қост., Камыш.) төртбақ, жүндес келген түйенің азғындаған буданы, кейде адамға шабады. *Кешкісін әлгі кісі к ү р т п а н мініп, ауылға жетіпті* (Қост., Камыш.). Қ. көрт, күрт.

КҮРТІ[1] (Алм.: Жам., Еңб. қаз., Шел.) екі жағы жар боп келетін өзен. *Қара сиырды к ү р т і н і ң бер жағынан айдап келдім* (Алм., Жам.).

КҮРТІ[2] (Қ.орда, Қарм.) жас баланың бешпенті. *Айша-ау, балаңның к ү р т і с і н кигізіп алсайшы, жел тиеді гой* (Қ.орда, Қарм.).

КҮРТІ[3] (Орал, Ақж.) көбек. *Үннің к ү р т е с і жиналып қалды* (Орал, Ақж.).

КҮРТІК (Қ.орда, Арал; Қарақ.; Түрікм.: Таш., Красн., Ашх., Мары) етке салған нан. *Еттің к ү р т і г і езілмей піскен екен, жақсы жеп алдық* (Қ.орда, Арал). *К ү р т і г і ң д і шілей бер, бөйбіше, мейманда дем алып болды білем* (Қарақ.). *К ү р т і к бидай, жүгері, тары ұнынан илене береді. Осыған байланысты бидай к ү р т і к, жүгері к ү р т і к деп аталады* (Қарақ.). *Еттің к ү р т і г і жұқалау болды ма, езіліп кетіпті* (Түрікм., Таш.).

[Қарақалпақша *гуртик* (Карак.-рус. сл., 1958)]. Қ. іңкөл, қайыс, құлақ нан, жайма нан, жұқа нан, құлше[1], нан салма.

КҮРШЕК[1] (Ақм., Атб.; Ақт., Жүр.; Рес., Орын.) қыштан жасалған ыдыс, құмыра. – *Ана тұрған к ү р ш е к т і әжәңе апаршы, балам!* (Ақт., Жүр.). Орыс тіліндегі *горшок* сөзі.

КҮРШЕК[2] (Көкш., Қ.ту; Қар., Шет; Павл., Леб.; Түрікм., Таш.; Рес., Омбы) есіктің ілгегі, ілгешек. – *Балам, сыртқы есіктің к ү р ш е г і н салдың ба?* (Кокш., Қ.ту). *Жатарда есіктің к ү р ш е г і н салып жатпаса болмайды* (Қар., Шет). *Әлгі кісі барды да есіктің к ү р ш е г і н салып қойды* (Түрікм., Таш.). Орыс тіліндегі *крючок* сөзі.

КҮРШЕК[3] (Қост., Жанг.) саптыаяқ. – *Айналайын, маған бір к ү р ш е к су алып беріп жіберші?!* (Қост., Жанг.).

КҮРШЕК[4] (Кокш.: Еңб., Щуч.) ас пісіретін шойын ыдыс, шөген. *К ү р ш е к к е су құйып қойыңдаршы, іші жұмсарып тұрсын* (Көкш., Еңб.).

КҮРІК (Алм.: Шел., Енб. қаз.; Түрікм., Красн.) жұмыртқа табуын қойып, балапан басуға айналған тауық. *Тауығым к ү р і к болып жүргесін, кеше көршіден 15 тұқым сұрап алдым* (Алм., Шел.). *Қара тауық биыл мезгілсіз к ү р і к болып жүр* (Түрікм., Красн.).

[Түрікменше *күрүк* (Туркм.-рус. сл.); озб. *курк* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *құрқ* (Карак.-рус. сл., 1958); пар. *куркь* жұмыртқа табуды тоқтатқан тауық (Л. Буд., II, 152)].

КҮРІК БОЛҒАНДАЙ ЖАТУ (ҚХР) бұғып жату, бас көрсетпеу.

КҮРІҢ (Қарақ.) сөз, өңгіме. *К ү р і ң деген өткен-кеткенді қозғайды гой, бұл жалы да солай болды* (Қарақ.).

КҮРІҢДЕСУ (Қарақ.) әңгімелесу, сойлесу. *Кел, қосшым, к ү р і ң д е с і п отырайық!* (Қарақ.) Қ. күрендесу.

КҮСЕР (Жезқ., Ұлы.) жылқы құзейтін кез. *К ү с е р басталғандай бір қалың жаңбыр жауып берді дерсің* (Жезқ., Ұлы.).

КҮСЕТ (Сем.: Абай, Шұб.; Шығ. Қаз., Больш.; Жезқ., Ұлы.; Тау., Қош.; МХР) жақсы, тәуір. *Бүгін базардағы сауда к ү с е т болды* (Сем., Абай). – *Сауда к ү с е т болсын, мырза!* (Жезқ., Ұлы.). *Сауда к ү с е т пе, олжа к ү с е т пе?* (Тау., Қош.).

КҮСЕУ (Шымк., Мақт.; Қарақ.) ынтығу, аңсау. *Көйтсін қайғырмай, өзінің к ү с е у жүріп қосылған қосағы еді* (Шымк., Мақт.). С. Аманжолов бұл созді есімше түрінде алып, «сүйген, жақсы көрген» деп түсіндірген (С. Аман., ВДИКЯ).

КҮСТАНА//КҮСТӘНӘ (Қост., Аман.) мазақ, келемеж. *Ол өз пейілінен к ү с т а н а болып отыр* (Қост., Аман.). *Өте алмасаң, тарих сыны қатты сын, бетің-жүзің демейді, к ү с т а н а боп қалғаның* (Ғ. Сл., Ж. тау, 113).

КҮСТАНА ҚЫЛУ (Орал, Жән.; Рес., Орын.) әшкерелеу. *Орда сельпосының бұрынғы председателінің заңсыз істерін прокурор к ү с т а н а қ ы л д ы* (Орал, Жән.). *О, оған апарсаң, мына жігіт не деп отыр, – деп өзіңді к ү с т а н а қ ы л а д ы* (Орын., Ад.).

КҮСТАНАЛАУ//КҮСТӘНАЛАУ (Қост.: Аман., Жанг.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) өсек қылу, табалау, күндеу. *Ахметтің ісі жақсы емес, тегі оны к ү с т а н а л а у керек* (Қост., Аман.). *Менің түсінбейтінім осы бізді олар неге орынсыз к ү с т а н а л а й д ы?* (Гур., Маңғ.). *Әлгі жігітті олар жоққа бекер к ү с т а н а л а д ы* (Қост., Жанг.). *Не болса соған көрші-қолаңды к ү с т а н а л а п керегі не?* (Қарақ.). *Бір көрген адамның ішіне терең сұңгімей жатып, к ү с т а н а л а й қоюды ағаттық деп есептеді* (С. Жүн., Жапан., 219).

КҮСТЕЙ (Түрікм., Красн.) жұп-жұмсақ, мамықтай. *Қолыңдағы пақтаның сорты басқа, ұстағанда к ү с т е й биязы* (Түрікм., Красн.).

КҮСУ[1] (Қ.орда, Қарм.) аулақ болу. *Мұндай жарамсыз істен к ү с у қажет* (Қ.орда, Қарм.).

КҮСУ[2] (Қ.орда, Арал; Акт., Ырғ.; Гур., Маңғ.) сыру, кабу. *Қойдың жабағысын шекпенің ішіне к ү с е м і з* (Акт., Ырғ.). *Қой жүнінің талдырмасын шидем қылып к ү с е д і* (Гур., Маңғ.).

КҮСУ[3] (Гур., Маңғ.; МХР) ұру, соғып салу, сабау. *Айтқанға көнбеген соң, өкесі бәлемді*

оқсатып тұрып к ұ с т і-а й дерсің (Гур., Маңғ.). *Қара түйені қамшымен к ұ с і п қап едім, орнынан атып турды* (Гур., Маңғ.). *«Малгүн-ау, ертең цагаан сардың бір жаңасы екенін сезесің бе, жоқ па?» деп, қолындагы сыпырғышпен жон арқадан к ұ с і п өтті* (М. Құрман., 281).

КҮСУ[4] (Қ.орда, Арал) сыпырып-сиырып, жиып алу. *Саудагер магазиннен арзан затты к ұ с і п алады да, қымбатқа сатады* (Қ.орда, Арал).

КҮСУ[5] (Ақт., Қараб.) толып жүру, қаптап жүру. *Қойлар Қарабұтақ өзенінің бойында к ұ с і п жүр* (Ақт., Қараб.).

КҮСУ[6] (Гур., Есб.; Орал: Орда, Жән.) үрсу, согу. *Өзін Мұсаның моласынан қалага жеткенше к ұ с і п едім, бір сыр берген жоқ* (Гур., Есб.). *Ниет Сыбанды жұрт алдында ал келіп к ұ с т і, ал келіп к ұ с т і деңіз* (Орал, Орда).

КҮСУ[7] (Шығ. Қаз., Болып.) құйып жіберу. *– Әй, ананың ұнды ауызга к ұ с і п салганы қалай?* (Шығ. Қаз., Больш.).

КҮСІПТІ (Шымк., Мақт.) талапты, ынталы. *Ол оқуга дегенде өте к ұ с і п т і бала болатын* (Шымк., Мақт.).

КҮСІРЛЕУ (Гур., Маңғ.) дүсірлеу. *Бір кезде сырттан к ұ с і р л е г е н дыбыс естілді* (Гур., Маңғ.).

КҮТТАЙ//КІТТАЙ (Шығ. Қаз., Күрш.; Сем., Ақс.) кіп-кішкентай, титтей, күрттай.

КҮТІМ ҮЙ (Қар., Қарқ.) қонақ жайғасатын бөлме.

КҮТІР (Гур., Есб.; Орал, Казт.) аумағы бесалты үйден тұратын шаруалар мекені. *Сол жол Сұралы к ұ т і р і н і ң үстімен жүреді* (Гур., Маңғ.). *Анау алдымыздағы қарайып көрінген к ұ т і р біздікі* (Орал, Казт.). *Үлкен ағасы Жамансайда, қой багады. Әкесі де малда, басқа к ұ т і р д е* (Қ. Қар., Алт. изд., 224).

КҮШАЛА ҚУРАЙ (Сем., Аяг.) құмды жерге өсетін емдік шөп. *Желі бар адам к ұ ш а л а қ у р а й д ы қайнатып суына түседі* (Сем., Аяг.).

КҮШӘЛӘ (Шымк., Түркіс.) емдік шөп түрі, күшала. *К ұ ш ә л ә түймедей шөп. К ұ ш ә л ә н і ң аталыгы, аналыгы болады* (Шымк., Түркіс.).

КҮШӘЛӘ ЖЕУ 1. (Гур., Маңғ.) ашу қысу. *Бастық Бесқалага барып келгелі к ұ ш ә л ә ж е п, мені қысып жатыр* (Гур., Маңғ.). **2.** (Шығ. Қаз., Больш.) қиындық көру, көресісін керу.

КҮШ БЕРМЕУ (ҚХР) бой бермеу, ырықка көнбеу.

КҮШЕ (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) қазылып алынған ақ тастан тілініп дайындалған бірінші сортты кірпіш. *К ұ ш е л е р д і ірі құрылыстар үшін таярлаймыз* (Түрікм., Красн.).

КҮШЕН 1. (Түрікм.: Таш., Красн.) қамыт. *Аттың к ұ ш е н і н ал да, суарып келің* (Түрікм., Красн.). Түрікменше *гушгун* шілия (Туркм.-рус. сл.). **2.** (Қарақ.) киіз, теріден жасалған қамыт. *К ұ ш е н д і аттың мойнын қажамас үшін кигізеді* (Қарақ.). **3.** (Қарақ.) есек қамыттың шүжығы.

КҮШЕҢ (Сем.: Абай, Шүб.) мығым, нық. *Бұл кісінің ойыны к ұ ш е ң отыр* (Сем., Абай).

КҮШЕУ (Шығ. Қаз., Больш.; Алм., Шел.) ерікке көндіру, күштеу. *Мұндай жұмыстарды орындатуга келгенде, балаларга к ұ ш е у г е болмайды* (Алм., Шел.).

КҮШІГІН АУЗЫМЕН ТАСЫҒАНДАЙ (ҚХР) мейірбан, мінезі жұмсақ, елжірегіш, ақ көңіл.

КҮШІКЕШ (Сем., Абай) қу тілді, құшыкеш, қуақы. *Оның атасы бір к ұ ш і к е ш кісі* (Сем., Абай). *Ол жайдары, к ұ ш і к е ш жігіт* (З. Шаш., Тем., 75).

КҮШІКЕШТЕНЕ КҮЛУ (ҚХР) қулана күлу.

КҮШІК ЖЫЛМАҢҒА БАСУ (ҚХР) құлық-сұлық істеу, мәймөңкелеу, жуып-шаю.

КІБІРТІҢ КЕЛУ (Қ.орда, Арал) ашық айта алмай кібіртіктеу, бөгеленду. *Сөзге оның к і б і р т і ң к е п қаганы со гой* (Қ.орда, Арал).

КІБІТ (Орал: Жән., Орда; Гур., Маңғ.) қойма, қамба. *Қасым к і б і т т і ң алдында тұр еді, шамасы астық алатын шығар* (Орал, Жән.). *К і б і т т е астық тұрады* (Гур., Маңғ.).

КІДІ 1. (Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Гур., Маңғ.: Көкш., Қ.ту) қылт етпе, секемшіл. *Мұның өзі к і д і мал гой* (Жамб., Мер.). *Бұлар сәл бір нәрседен секем алатын к і д і тұқым еді... деп ойлады Әбілқайыр* (Ә. Кекіл., Уркер, 292). **2.** (Жамб., Шу) кішкене. *Мынау к і д і мал гой* (Жамб., Шу).

КІДІК (Түрікм.: Ашх., Красн.) қарақұс пен бүркіт арасынан шыққан аралас тұқым. *Ай, Балқасым, сен қанша сөйлегенмен к і д і к с і ң гой, таты* (қ.) *бола алмайсың гой!* (Түрікм., Красн.).

КІДІР (Сем.: Көкп., Ақс.) кідіріс, бөгеліс. *Сөйлегенде ешбір к і д і р жасамай, екпіндете жылдам сөйлеу керек* (Сем., Көкп.).

КІДІРСІН (Қ.орда, Арал) кідіріс, бөгеліс. *Ол сөйлеп отырганда көп к і д і р с і н жасап алады екен* (Қ.орда, Арал).

КІЛ (Қ.орда, Арал; Ақт.: Тем., Ырғ., Жүр., Қараб.; Гур.: Маңғ., Есб.; Орал: Чап., Жән., Казт., Жымп.; Қост.: Жанг., Камыш., Семиоз.; Жезқ.,

Ұлы.; Рес., Орын.; Түрікм., Красн.) кілең, ылғи, бірыңғай. *К і л еңбекші бас қосқан, бір-біріне сенімді* (Ақт., Тем.). *Осы үйге бүгін к і л бозбала жиылған екен* (Қост., Жанг.). *Сонда бір к і л жақсы адамдардың ортасында болып қайтқанымыз бар* (Түрікм., Красн.). *Ол бұл үйдің үстіңгі болмелеріне пулемет құрып, к і л сенімді адамдарды топтады* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 75).

КІЛАУЫЗ (Гур., Маңғ.; Орал, Жән.) бейпіл ауыз, дөрекі созді кісі. *Бақсақ ол кісі нағыз к і л а у ы з адам көрінеді* (Гур., Маңғ.). Қ. кіләуіз.

КІЛӘБІР (Қ.орда, Арал) қайықтың алдыңғы жағында болатын кішкене желкен. *Қайықтың к і л ә б і р і желдің әсерінен діріл қағып келеді* (Қ.орда, Арал).

КІЛӘДАБАЙ (Шымк., Түлк.) қойма бастығы, қамбашы. *Онда бірдеңе бар ма екен, сен барып, к і л ә д а б а й д а н білші* (Шымк., Түлк.).

КІЛӘ КЕСЕ (Түрікм., Красн.) бір литрлік үлкен кесе. *Өзінің шашуға әкелген к і л ә к е с е тарысы бар* (Түрікм., Красн.).

КІЛӘМКЕР (Орал, Жән.) кнім ілгіштегі кнімдерді жауып қоятын ақ мата. *К і л ә м к е р м е н киімді жауып қойыңдар* (Орал, Жән.).

КІЛӘТ (Орал: Чап., Жымп.) үй тобесіне көлденең салынатын арқалық. *Үлкеи болменің к і л ә т і қисықтау екен* (Орал, Чап.). Қ. белағаш, бөрене, дар, күләт, қары[1], мәтке, мәтше, салдау, сілеген, үрлік.

КІЛӘУІЗ (Орал: Орда, Чап., Жымп., Жән.) бейпіл ауыз, дөрекі сөзді кісі. *Оның озі бір к і л ә у і з адам екен* (Орал, Жән.).

КІЛӘШ (Қ.орда, Арал) жылымның калтқы мен су түбінде жатқан тастар арасын қосып тұратын жібі. *Серік қайықпен барып, к і л ә ш қ а арқан байлап қайтты* (Қ.орда, Арал).

КІЛГУ (Алм.: Іле, Еңб. қаз, Қаск.) дірілдеп, зорға тұру. *Олардың қойлары өлуге жақын, к і л г і п тұр* (Алм., Іле).

КІЛЕГЕЙ 1. (Алм.: Еңб. қаз, Іле, Шел., Нар.; Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Үрж.; Тау., Қош.; МХР) шикі сүттің бетіне түрған маңызы. *К і л е г е й і алынған сүтті өкіметке тапсыру жарамайды* (Алм., Нар.). *Біздің ақшаптың сүтіне к і л е г е й қалың тұрады* (Сем., Үрж.). **2.** (Қост., Жанг.; Орал: Орда, Жән.) шала үйыған айран. *Жаңа бір кесе к і л е г е й ішіп едім, ішім өрекпіп тұр* (Қост., Жанг.). *Балалар сусап келген болар, к і л е г е й бер* (Орал, Орда).

КІЛЕГЕЙЛЕНУ (Рес., Орын.) үйымай іркіліп тұру. *Айранды жел қақты ма, к і л е г е й л е н і п тұр* (Рес., Орын.).

КІЛЕМБАС (Әзб.) кілемнің басына жалғау үшін жіңішке етіп кілемге үқсатып тоқыған тоқыма.

КІЛЕТ 1. (Сем.: Ақс., Кокп., Мақ., Үрж., Абай, Аяг.; Шығ. Қаз., Зайс.) қойма, қамба. *Биыл біздің жаңадан салып жатқан үй бітеді, онда себет, к і л е т және үш бөлме бар* (Сем., Ақс.). *Зылиқа баяу басып, к і л е т і н е қарай кеткен кезде Әшім күңк етті* (К. Ораз., Ақ жаз., 262). **2.** (Қар., Қарқ.; Рес., Орын.) ас сақтайтын үй, шошала. *Асқа керек-жарақтың бәрі к і л е т т е турады* (Рес., Орын.). Бұл орыс тіліндегі *клеть* созі.

КІЛЕТШІ (Сем.: Мақ., Аяг., Үрж., Ақс., Кокп., Абай; Шығ. Қаз., Зайс.) қамбашы, қоймашы. *Ақан, к і л е т ш і н і кордің бе, ұн алайын деп ем* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Колхоздың к і л е т ш і с і қолдагы 336 центнер егіс тұқымын тазалау жұмысын аяқтады* («Қыз. жүл.», 15.12. 1947).

КІЛЕШ (Қ.орда, Арал) аудың екі басына байлайтын кішкене келте ағаш. *Әр ауда к і л е ш болады. Балықшы к і л е ш с і з ау тоқпейді* (Қ.орда, Арал).

КІЛКІ (Түрікм., Красн.) майшабақ. *Мезгіл к і л к і жүретін кезге жақындап қалған* (Түрікм., Красн.). Орыс тіліндегі *килька* созі.

КІЛМАЛА (Қарак.) сылак жүргізетін темір қалақ.

КІЛТ (Гур., Маңғ.; Орал, Жән.; Рсс.: Орын., Омбы) құлын. *Сен тас үйге* (к.) *к і л т сал да, ағаш үйге* (к.) *кел* (Гур., Манг.). *Мақсұттың есігінде к і л т тұр, адамдары қайда кетті екен?* (Орал, Жән.). *Мен неше кілт сатып алдым* (Рес., Омбы).

КІЛТЕҢ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) кілтипан, шикілік. *Осы кісінің бір к і л т е ң і бар шығар, болмаса ол колхозға неге бармайды* (Тау., Қош.).

КІЛТИ (Акт., Қараб.) кін-кішкентай, титтей, құрттай. *Колында к і л т и баласы бар бір әйел келіп тұр* (Акт., Қараб.).

КІЛТТІК (Орал, Жән.) есіктің құлып салатын шынжыры. *Есіктің к і л т т і г і нашар екен, оган сенуге болмайды* (Орал, Жән.).

КІЛТШІ (Ссм.: Абай, Шүб.; Акт., Ырг.; МХР) камбашы, қоймашы. *Ыбрайша ақсақалдың ұлы Дәулетхан колхозда к і л т ш і бо лып істейді* (Сем., Абай). *Анау тұрған кіс колхоздың к і л т ш і с і* (Акт., Ырг.). *Жұмы кезіндегі бос уақытты арылту үшін ...тиеуш түсіруші, к і л т ш і л е р д і ң уақыт пайдалануын үртіс бақылауга алған* («Ж омір», 8.06.1987).

КІМ ДЕ АЙТА АЛМАЙДЫ (Қост., Об.) ешкім де еш нәрсе дей алмайды. *Ол сөздің толық магынасын кім де айта алмайды гой* (Қост., Об.).

КІМ ДЕ КІМДІ (МХР) кімді болса да. *Адамдарга жедел қызмет көрсетіп, ықыласпен шыгарып салу, әрине, кім де кімді қуантпай қоймайды* («Ж. өмір», 30.07.1985).

КІМДЕ ҚАНДАЙ СӨЙЛЕУ БАР (Орал: Чап., Жымп.) кімде қандай соз бар.

КІМ-КІМ (Шыг. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) біраз кісі, әркім. *Мен осы мәселе туралы кім-кімге айттым* (Тау., Қош.).

КІМ ТҰРТТІ (Ақт., Жүр.) көзі байлаулы баланың шекесін шерткенді көп ішінен тауып ойнайтын балалар ойыны.

КІНӘРӘТ (Қост., Жанг.) ауру, науқас, сыркат. *Қасенді қайтесің, шамалы кінәрәті бар адам* (Қост., Жанг.).

КІНӘРТУ (Орал, Казт.) кінәлау. *Өзі қарап тұрмай жас келіншектерді уықты байлай алмадың деп кінәртәді* (Орал, Казт.).

КІНДІК[1] (Ақт., Тем.) есіктің тұтқасы. *Ол есіктің кіндігінен ұстап тартып қалды* (Ақт., Тем.).

КІНДІК[2] (Орал: Казт., Орда, Жән.) келсап. *Кішкене тары тұйейін деп едім, келіңіздің кіндігін бере тұрыңызшы, өзіміздікін таба алмадым* (Орал, Казт.).

КІНДІК[3] (Гур., Есб.) сорға сұғынып жатқан құнарлы жер.

КІНДІК ЖЕР (Шыг. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) орталық. *Біздің Қатон – кіндік жер гой* (Шыг. Қаз., Больш.).

КІНДІК ТЕМІР 1. (Орал, Жән.) ұзынша келген бір жағы сүйір жұмыр темір, сүймен. *Бұл тасты кіндік темірмен көтеру керек* (Орал, Жән.). **2.** (Жамб.: Луг., Шу, Мер., Қорд.) арбаның жастық ағашын білікке ұстататын жұмыр темір. *Арбаның кіндік темірі ұзіліп кетіпті* (Жамб., Қорд.).

КІНЕК (Қ.орда, Арал) желкеннің арқанын байлайтын агаш (қайықтың алды, артының екі жағынан орнатылған агаш). *Кінектің төменгі жагы қайықтың ішіне орнатылады* (Қ.орда, Арал). Орыс тіліндегі *кинек* сөзі.

КІПАЛ (Түрікм., Красн.) екі бүйірі қабысып, сопақша келетін кішігірім кәсіптік теңіз балығы. Орыс тіліндегі *кефаль* сөзі.

КІПИАЗСУ (МХР) бәлдөну, бәлсіну, кербездену. *Тәкаппарлық өмірге жараспайды, Кіпиазсың, керіліп, сый таңдаган!* **(МХР)**.

КІПИРАТ ҚЫЛУ (Орал, Казт.) көмектесу, сүйемелдеу.

КІПИРАТТАУ (Талд., Қоғ.) көмектесу, жәрдем ету.

КІПІР (Тау., Қош.) пікір, ой.

КІР (Шыг. Қаз., Больш.; Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Рес., Орын.) таразы. *Содан кейін пантаны кептіріп кірге салады* (Шыг. Қаз., Больш.). *Онда кірге өлшеп көр, қанша болар екен* (Рес., Орын.).

КІР АЙНАЛДЫРМАУ (Қ.орда: Сыр., Қарм., Арал) шаң жуытпау; қорғаштау. *Ол сондай әдепті, үстіне кір айналдырмайды* (Қ.орда, Арал). *Төр жақтагы бір кісі әлгіні кір айналдырмай барынша мақтады* (Қ.орда, Сыр.).

КІРӘБІЛ (Шымк., Мақт.) тырма, тырнауыш. *Біздің кірәбілдерімізболмай тұр* (Шымк., Мақт.). Орыс тіліндегі *грабли* сөзі.

КІРӘЖУ (Сем.: Акс., Көкп., Шұб., Абай) аузына келгенін көку, сандырақтау. *Ол кірәжімей тыныш жүрсін* (Сем., Акс.).

КІРӘН (Орал: Орда, Жән.) шекара. *Біздің колхоздың кірәні осы жерге дейін келеді* (Орал, Орда). Қ. кірен.

КІРБЕҢ (Алм.: Нар., Еңб. қаз.) жеңілжелпі сырқат, дімкәс. *Оның аздаган кірбеңі бар еді, бүгін жұмыста көрінбейді* (Алм., Еңб. қаз.).

КІР БОҚША (Қ.орда, Сыр.; Қост., Жанг.) кір салып қоятын қалта. *Жиылган кір қол тимей, әлі кір боқша да жатыр* (Қ.орда, Сыр.). *Кір боқша керегеде ілулі тұр* (Қост., Жанг.).

КІРБІҢ (Қ.орда, Арал) қауіп-қатер, жаманшылық. *Егер кірбің айналдырып бара жатса, оны көремін* (Қ.орда, Арал).

КІРДЕШІ (Түрікм., Таш.) кіріс, пайда. *Суретке салумен де кірдеші табады* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *гирдежи* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

КІРЕ (Қост., Об.) шабылған шөптің, астықтың дестесі, бекес. *Шабылган кірелер су болып, кеппей жатыр* (Қост., Об.).

КІРЕ БЕР (Ауғ.; Ир.) сенек, кіре беріс бөлме.

КІРЕБЕРЛІ (Орал: Орда, Казт., Жән.) кіре беріс. *Есік ашық қалып, кіреберлідетауықтың біреуі арасында қалып қоя жаздады* (Орал, Казт.).

КІР ЕЗУ (Жезқ., Ұлы.) әйел қиналып, босана алмай жатқанда тезірек босансын деп істелетін ырым. *Біреулер: тезірек кір езіп жіберіңдер деп әбігерленуде* (Жезқ., Ұлы.).

КІРЕЙ 1. (Қ.орда, Арал; Ақт., Байғ.) жалға тартатын жүк. *Қыста мұз үстінен кірей тартады* (Қ.орда, Арал). *Інгендер мен бураларды*

к і р е й айдауга, ауыл белсенділері ат орнына мінуге пайдаланады (Акт., Байғ.). 2. (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) күш көлікті жалдап табатын пайда. *Мына түйенің к і р е й і н е не берейін* (Гур., Маңғ.). *К і р е й і н берсең апарам депті* (Түрікм., Красн.).

[Түрікменше *кирей* (Туркм.-рус. сл.); қарақ. *кирей* (Карак.-рус. сл., 1958)].

КІРЕЙЛЕУ (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал) жалға жүк тасу. *Адайлар астық алу үшін ертеде Бесқалаға к і р е й л е п барып қайтатын* (Гур., Маңғ.). *Қыстай балық к і р е й л е п, көп ақша табамыз* (Қ.орда, Арал).

КІРЕЙШІ (Қарақ.) кіреші. *Бұрын қазақ к і р е й қосатын, біздер к і р е й ш і болып жалданатұғынбыз* (Қарақ.).

КІРЕКЕС (Қост., Жанг.) кіреші, жүкші. *Бізге қарай бір топ к і р е к е с келе жатты* (Қост., Жанг.).

КІРЕМЕНДЕ (Қост., Жанг.) бас білгі огіз. *Соның бір к і р е м е н д е с і н алып, күн ыссы болса да барып қайттым* (Қост., Жанг.).

КІРЕН // КРЕН (Тау., Қош.; МХР) шекара. *Сіздің елдің к і р е н і осыдан бір жиырма шақырым жерден өтеді* (Тау., Қош.). *Осындайда қимылда, К р е н болмай тұрғанда. Алтай, Қобда екі жер К р е н болса арада Қалады халқың қамала* (Ақыт, 5). Орыс тіліндегі *граница* сөзінің озгерген нүсқасы. Қ. кірән.

КІРЕНЖІЛІК (Қ.орда, Қарм.) наубайханада пісірілетін ширатпа тоқаш. *Қаладан кірешілер келсе, к і р е н ж і л і к әпкелер балаларға* (Қ.орда, Қарм.). Орыс тіліндегі *крендель* сөзінің кішірейтіп айтылуынан (*кренделик*) жергілікті сөйлеу тілінің ыңғайына қарай сыртгай өзгертіліп жасалған түрі деуге келеді.

КІРЕНТ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) шекара. *Бұл жерде к і р е н т жақын болады* (Шығ. Қаз., Зайс.). Қ. кірен.

КІРЕҢКЕ 1. (Талд., Қарат.; Алм.: Еңб. каз., Шел., Кег.; Рес., Омбы) саз балшықтан істелген құмыра. *К і р е ң к е г е май құйып қойып ем, сүт әкелетін басқа ыдыс жоқ боп тұр* (Алм., Шел.). *Бұрынырақта к і р е ң к е л е р коп үйде болатын* (Рес., Омбы). 2. (Алм., Жам.) құманның шәйнектен кіші түрі. *К і р е ң к е г е су толтыр, жуыналық* (Алм., Жам.). *Ыстық сүт берсем тәуір бола ма деймін де, – деді қолындағы к і р е ң к е н і көрсетіп* (**«Жұлдыз»**, №2, 1988). Орыс тіліндегі *крынка* сөзі.

КІРЕС (Қост., Аман.) тырмамен жалға салынған шөп. *Далада шөмелейге салынбай коп к і р е с жатыр* (Қост., Аман.).

КІРЕУЕТ (Қ.орда: Жал., Қарм.) кереуе *Үйдің оң жағында төсек-орын жиналған к і р е у е т тұр* (Қ.орда, Қарм.).

КІРЕУКЕ (Қ.орда, Арал) бұлыңғыр, күн гірт, комескі. *Көзім к і р е у к е көрмейді* (Қ.орда Арал).

КІРЕШ (Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Мақ. Алм.: Шел., Еңб. қаз.) крест. *Оның қолында алты к і р е ш отыр екен* (Шығ. Қаз., Больш.)

КІРЕШКЕ (Жамб., Жуа.) темекі жапырағының озегі. *Темекі жапырағының к і р е ш к е с і н е дейін іске асады дейді* (Жамб., Жуа.).

КІРЖУҒЫШ (Шымк.: Шәу., Түлк.) кір жуатын ыдыс, леген, шыланшын. *Үйге кіре берісте іші жалтыраған к і р ж у ғ ы ш тұр* (Шымк., Шәу.).

КІРЖІК ТАРТУ (Гур., Маңғ.) кіртию. *Сен не ғып к і р ж і к т а р т ы п, кеуіміздеу отырсың?* (Гур., Маңғ.).

КІРЖІМ//КЕРЖІМ (Түрікм., Красн.) түбі жалпақ үлкен қайық. *Шагала қарауында 5-6 к і р ж і м болатын ...сол к і р ж і м д е р барлығы да сынып жатыр* (Түрікм., Красн.).

[Парсыша *кірджімь* түбі жалпақ қайық (Л. Буд., II, 122)].

КІРИКУМ (Шымк., Тулк.) ақ бидай. *К і р и к у м н ы ң наны шытын болады* (Шымк., Түлк.).

КІР ҚАЛТА (Алм., Жам.; Жамб., Қорд.; Ақт., Қараб.) кір бокша, таза киімдер кірленбес үшін салып қоятын калта. *Мына киімдерді к і р қ а л т а г а салып қой, ертең қалаға барғанда киесің* (Алм., Жам.). *К і р қ а л т а н ы қазір коп пайдаланбайды* (Жамб., Қорд.). *Жуылған кірді к і р қ а л т а г а салып қоямыз* (Акт., Қараб.).

КІРЛЕН (Алм.: Кег., Шел., Еңб. қаз., Іле, Қаск., Жам.; Жамб.: Жуа., Шу; Шымк.: Сайр., Түлк.; Талд., Қоғ.) кір жуатын ыдыс, леген, шылапшын. *К і р л е н сыртта тұр* (Жамб., Жуа.). *К і р л е н д і дәлізге кіргізіп қой* (Шымк., Сайр.). *Ол к і р л е н д і бір қолына, құманды екінші қолына ұстап, мойнына орамалды асып тұр* (Б. Қыд., Ұры., 49).

КІРЛЕС (Гур.: Есб., Маңғ.) үстін шатырлап жауып, үйдің есігі алдына жапсыра салынған кірс бсрісі. *Мына орыс үйлерінің көбінде к і р л е с бар, үйлеріне шаң жоламайды* (Гур., Есб.). Орыс тіліндегі *крыльцо* сөзі.

КІРМЕ[1] (Гур., Маиғ.) сайдың келге тіреген алкымы; озеннің сағасы. *Мая осы мына к і р м е н і ң ішінде жайылып жүр* (Гур., Маңғ.).

КІРМЕ[2] (Гур., Есб.) кіре беріс есіктегі сатыбаскыш. *Колхоз үйлерінің көбінде к і р м е бар* (Гур., Есб.).

КІРНЕ (Жамб.: Мер., Луг., Шу, Қорд.) жел тигеннен болатын іш ауруы. *Бұл баланың ішінің кірнесі бар еді* (Жамб., Шу).

КІРПИАЗ (Гур., Маңғ.; Ақт., Ойыл) кінәмшіл, кілт етпе. *Балтыры сыздап көрмеген кірпиаз адамның аяқ асты ауырғаны қиын болады екен* (Ақт., Ойыл). *Түскен үйдің көрпетөсегі мен дастарқанына қарап қаралай тыжырынатын кірпиаз дейді* (Ә. Кекіл., Құс қан., 7).

КІРПИАЗДАНУ (Шығ. Қаз., Больш.) жиіркену. *Қалайда тамақтан кірпиаздану лайықсыз гой* (Шығ. Қаз., Больш.). – *Мыналарың домбыра емес, әкетіңдер, – деді ол кірпиазданып* (О. Бөк., Өз от. ош., 27).

КІРПІШ ШАЙ (Рес., Омбы) тақта шай. *Бірақ ол адам уәдесін орындамайды, ылауланған товардың орнына мың тақта кірпіш шай гана әпереді, оның да жүз тақтасын параға алады* (С. Мұқ., Өмір мөкт., 30).

КІРТІК (Орал, Жән.) жаңадан ғана ұйыған айран. – *Қонаққа кірті к әкел, шөлдеп келген болар* (Орал, Жән.).

КІРТІК ТАРТУ (Гур., Маңғ.) кіртию; қынырлану. *Бастықтың айтқанын естіген соң әбдеш кіртік тартып, отырып алды* (Гур., Маңғ.).

КІРШІ (Алм.: Жам., Қаск., Іле, Талғ., Еңб. қаз., Шел., Кег., Нар., Үйғ.) кір жуатын ыдыс, леген, шылапшын. *Демалыс күні кір жуайын десем, кіршіні тұбі тесіліп қапты* (Алм., Еңб. қаз.).

КІРІ АРЗЫМАЙТЫН ІС (ҚХР) болмашы, түкке тұрғысыз іс, жарымаған іс.

КІРІМ (Сем.: Ақс., Кокп.) кіріс, табыс. *Колхозда кірім гe зиян келтірушілерді аяусыз жазалап отырады* (Сем., Ақс.).

КІРШМІШ (Ауғ.; Ир.) кірпіш. *Кіріпміштен жасалған ханада отырмын* (Ауғ.).

КІРІПТАЛ (МХР) күшік күйеу. *Қалың малы жоқ дәулетсіз адамдар қыз әкесіне кірімтал болып, қыздың үйінде қала береді* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 53).

КІРІС (Қ.орда, Арал) садақтың жебе салып тартатын қайысы, адырна. *Қасқыр кірісін қиып жібергенде шертіп турган агаш табанына тиіп сол жерде өледі* (Қ.орда, Арал).

КІСӘПІР (Жамб.: Сар., Шу, Мер.; Гур., Маңғ.) өз құлқынын ғана көздейтін, арам пиғылды адам. *Содан ол жолда келе жатса, бір кісәпірге жолыгады* (Жамб., Мер.). *Енді міне бір кісәпірге кіріптар боп, бөлмесін жалдап отыр* (Қ. Қар., Алт. изд., 107).

КІСӘПІРШІЛІК (Жамб., Сар.) 1. арам пиғылдылық. 2. (Жамб., Сар.) қалтаға түсушілік.

КІСЕ ҚОСПАҚ (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Қарм.; Қарақ.) екі оркешінің арасы оте жақын қоспақ түйе. *Жаңғыз кісе қоспақтың малга не септігі бар* (Гур., Маңғ.). *Кісе қоспагымның болганы рас, бірақ оны жақында бір буаз қашарга айырбастап, үстіне жүз сом алдым* (Қ.орда, Қарм.).

КІСЕЛЕУ (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) қауынды жалпақтап тіліп, етін пышақпен торлап кесу. – *Қауынды кіселеп тілің* (Түрікм., Мары).

КІСЕЛІ ТҮЙЕ (Қ.орда, Жал.) 1. әбзелдері күміс жезбен әшекейленген түйе. 2. бөтен елден әкелінген, басқа жерде туып өскен түйе.

КІСЕ НАН 1. (Гур., Маңғ.; Қост., Жанг.; Көкш., Қ.ту; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Рес., Омбы) жайылған қамыр ішіне туралған ет салып, табаға пісірген бәліш. *Кісе нанды адам сүйсініп жейді* (Гур., Маңғ.). *Кісе нан табада тұмаланып піседі* (Көкш., Қ.ту). *Кісе нанның еті шала піскен сияқты* (Түрікм., Ашх.). 2. (Қ.орда, Қарм.) өтке салатын жұқа нан. *Еттің кісе наны өте көп болып кетіпті* (Қ.орда, Қарм.).

КІСІ ЖҰТЫП ҚОЯРДАЙ (ҚХР) 1. сүпсүйкімді, өте әдемі, келісті. 2. ашу шақыру, қапа болу, ыза кернеу.

КІСІЛІК (Алм., Кег.) соқаның қолға ұстайтын түтқасы. *Соқаның кісілігі қисайып қалган екен, соны жөндедім* (Алм., Кег.).

КІТТАЙ Қ. күттай.

КІТТӘЙ (Ақт., Ырғ.; Қост., Камыш.; Қ.орда, Арал; Шығ. Қаз., Күрш.; Түрікм., Таш.) кіп-кішкентай, құрттай, тинамдай. *Жапырақтардың астынан кіттәй қияр тауып алдық* (Қост., Камыш.). *Ауылдың сыртында кіттәй су бар* (Ақт., Ырғ.). *Қарттың жанына ілесіп кіттәй бір бала келді* (Түрікм., Таш.).

КІШӘЛӘ (Ауғ.; Ир.) картоп.

КІШЕУ (Жамб., Жам.) кіші. *Әкем төрт агайынды еді, соның ең кішеуі ол кезде жеті жаста екен* (Жамб., Жам.).

КІШКЕНЕ ЧЫНЫ ЧӘЙНЕК (МХР) ақкұман, шәй шығаратын ыдыс.

КІШКЕНТӘЙ ЖАҚ (Орал, Жән.) екі бөлмелі үйдің қазан-ошақ тұратын жағы. – *Кішкентәй жақтагы ер-тоқымды сыртқа шыгаршы, Салауат?!* (Орал, Жән.).

КІШКІЛІК (Алм., Жам.) кішіпейілділік, әдептілік, сыпайылық. *Адам кішкілікті болса жақсы көрінеді* (Алм., Жам.).

КІШТЕЙ (Шығ. Қаз., Күрш.) кішкентай, құйттай. *Үш балам бар, оның бірі кіштей бала* (Шығ. Қаз., Күрш.).

КІШІГІРЕК (Сем.: Ақс., Көкп.) кішірек, кішілеу. *Мен бұл кісіні к і ш і г і р е к кезімде көрген едім* (Сем., Ақс.).

КІШІ ЖАП (Қост., Жанг.) егін ішімен су жүргізетін үлкен арықтың тарауы, кішкене арық. *К і ш і ж а п қ а су көтерме жап арқылы барады* (Қост., Жанг.).

КІШІК (Алм., Нар.; Жамб.: Қорд., Жам.) кіші. *Ол, шырағым, ұлығыңызға да, к і ш і г і ң і з г е де үкім жүргізген* (Алм., Нар.).

КІШІ ҚАЛАҚ (МХР) шәй қасық.

КІШІРТУ (Гур.: Есб., Маңғ.; Ақт., Қараб.; Орал, Казт.) кішірейту. *Мынау сегіз қанат үй еді, осыны к і ш і р т і п алты қанат үй жасадым* (Гур., Маңғ.). *Көйлегімді к і ш і р т і п алмасам, бек үлкен болып кетіпті* (Орал, Казт.). *Киім пішсең, мол піш, к і ш і р т у і ң оңай* (Мақал; Ақт., Қараб.).

КІШІРУ (Гур., Маңғ.) кішірею. *Көйлегім тігілген уағында ұзын болатын еді, жуғасын к і ш і р і п кетіпті* (Гур., Маңғ.).

КІШІ ШІЛДЕ (Гур., Маңғ.) ең ыстық күндердің алғашқы (шілде) кезі. *Шырағым, сендер к і ш і ш і л д е д е келмей, ұлы шілдеде келдіңдер* (Гур., Маңғ.).

Қ

ҚАБАҒАТ АУЫРУ (Сем., Абай; Шығ. Қаз., Болын.; Тау., Қош.) қатты ауыру. *Қолым қ а б а ғ а т а у ы р ы п тұр* (Тау., Қош.).

ҚАБАҒЫ ТҮСУ (МХР) ренжу, мұңаю. *Қ а б а ғ ы т ү с і п отыр екен* (МХР).

ҚАБАДАН АУ (Қ.орда, Арал) талдан иіп, шеңберлеп жасаған аудың бір түрі, кобінесе өзенге, көлге салынады. *Қ а б а д а н а у үлкен қара судың, көлдің қамысты, шөпті жеріне салынады* (Қ.орда, Арал).

ҚАБАДАН ҚАЙЫҚ (Гур., Есб.; Қ.орда, Арал) қабаданды суға салып, балық аулайтын қайық. *Қ а б а д а н қ а й ы қ көбінесе қара суда, көлдерде қолданылады* (Қ.орда, Арал).

ҚАБАЖАҚ (Орал: Чап., Жымп.; Қарақ.) даладан терілген жұқа тезек.

ҚАБАЖУ ЖЕМЕУ (Өзб., Там.) қағажу көрмеу. *Ол бар жерде мен қ а б а ж у ж е м е й м і н* (Өзб. Там.).

ҚАБАЙ (ҚХР) бесік.

ҚАБАҚ 1. (Алм., Шел.) асқабақ. **2.** (Жамб., Шу; Шымк.: Түлк., Мақт.) жеуге жарамайтын, ішін ыдыс ретінде пайдаланатын асқабақ тәрізді өсімдік. *Қ а б а қ т а ғ ы сумен қол жууға болады* (Жамб., Шу). *Қ а б а қ т а ішteңке бар ма екен?* (Шымк., Мақт.). **3.** (Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Шымк.: Түлк., Мақт.) асқабақтың қабығынан істелген су құятын ыдыс. *Кіп-кішкентай Сейіт бидай көже құйған қ а б а ғ ы н қазір бір қолына ұстап, екінші қолымен әкесінің таягын желкесіне салған* (Р. Рай., Жап. жаңғ., 66). *Бір жағында бір қазан сүт, екі күбі, бір қ а б а қ айран тұр* («Соц. кол.», 8.07.1941).

ҚАБАН (Қост.: Аман., Фед.; Қ.орда, Арал; Шымк., Мақт.) төрт-бес арба шығатын шөп үйіндісі. *Біздің колхоз бір айдың ішінде 80 қ а б а н салды* (Қост., Аман.). *Ағаш арасынан қайтарда бір қ а б а н шөп үйдім, бұл қысқа шөп жетеді* (Қост., Фед.).

ҚАБАРЖУ қобалжу, толқу (С. Аман., ВДИКЯ, 426).

ҚАБАР ҚОЮ (Қ.орда, Арал) хабарлау, хабар беру.

ҚАБАТ[1] (Шымк.: Қызылқ., Арыс) жаны, қары. *Менің қ а б а т ы м а жатсын* (Шымк., Қызылқ.).

ҚАБАТ[2] (Қар., Шет) асық ойнағанда айтылатын сөз. *Асық ойнаганда бір ойыншының сақасы тігулі тұрған асыққа жақын жатса, екінші кісі асықты атарда «қ а б а т» – деп айтып атады* (Қар., Шет).

ҚАБАТАЙЛАУ біреуді өз денесімен қорғау, қалқалау (С. Аман., ВДИКЯ, 426).

ҚАБАТПА-ҚАБАТ (Қарақ.) қабат-қабат.

ҚАБАТ САНМЕН (МХР) бірге есептегенде, қоса есептегенде.

ҚАБИ (ҚХР) күшті, мықты.

ҚАБИЯТ (МХР) ардагер, еңбек сіңірген.

[Монғолша *гавьяат* ардагер, еңбек сіңірген; *қабият жұжікчін* еңбек сіңірген әртіс; *қабият барылгычын* еңбек сіңірген құрылысшы, т. б. (Б. Баз., Монғ. каз. тілі, 184)].

ҚАБУ 1. (Жамб., Қорд.) қамту, жету. *Олардың билігі Алматыға дейін қ а п қ а н* (Жамб., Қорд.). **2.** (Қ.орда, Арал) жеу, жұту. *Лақа балық торта балықты қ а б а д ы* (Қ.орда, Арал).

ҚАБУЛИ ПАЛАУ (Ауғ.; Ир.) палаудың бір түрі.

ҚАБЫ (Қ.орда, Арал) шоп шыққан құмды жер.

ҚАБЫЗ[1] (Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал) тұқым, ру. *Сіз бен біз бір қ а б ы з д а н тараганбыз гой* (Қ.орда, Арал).

ҚАБЫЗ[2] (Қ.орда, Арал) қарауы, қарамағы. *Соиың қ а б ы з ы н д а бірнеше ай болып келді* (Қ.орда, Арал).

ҚАБЫЗ[3] (Сем.: Акс., Көкп.) қапырық, ыстық. *Бүгін күн қ а б ы з екен* (Сем., Акс.).

ҚАБЫЗДАНУ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі) пысынау, ыстықтау. *Ыссыда неге мұнша қалың киініп, қ а б ы з д а н ы п барам* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАБЫЗДАУ (Қ.орда, Арал) пысынау. *Үй тіпті ысып кетті ғой, қ а б ы з д а д ы м-а у* (Қ.орда, Арал).

ҚАБЫҚ (Қост., Тоб.) қалтқы.

ҚАБЫ ҚАНУ (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) айызы қану. *Барақты төтеден тойтарып, тұқыртып тастағанда іштей қ а б ы қ а н с а да, артынан іле-шала өзі де дәл соның кебін кием деп ойламап еді* (Ә. Кекіл., Үркер, 451).

ҚАБЫҚТЫ ШИІТ (Шымк., Түркіс.) қабығы алынбаған мақта осімдігінің тұқымы.

ҚАБЫЛ-ҚҰБЫЛ (Қост., Семиоз.) апыл-күпыл, тез. *Әбулақап асығып пәтеріне келіп қ а б ы л-қ ұ б ы л нәрсесін жинай бастады* (Б. Майл., Шығ., IV, 172).

ҚАБЫМА (Жамб., Жам.) мақталы шапан. *Қ а б ы м а н ы үлкендер киеді* (Жамб., Жам.).

ҚАБЫНА ҰРЫП ЖІБЕРУ С. Аманжолова *қабына салып жіберу* (С. Аман., ВДИКЯ, 426).

ҚАБЫРҒА (МХР) бөріктің түрмесі, қатырмасы.

ҚАБЫРҒА АҒАЙЫН 1. (Түрікм.: Красн., Мары.) аталары алыстан қосылатын туыс. *Қ а б ы р ғ а а ғ а й ы н д а р д ы ң көбі Маңғыстауда* (Түрікм., Ашх.). **2.** (Алм.: Еңб. қаз., Шел.; Жамб.: Жуа., Жам.) жеті атадан бергі туыстар. *Қ а б ы р ғ а а ғ а й ы н н ы ң қабырғасы қайысады, қайғыға ортақ болады* (Жамб., Жам.).

ҚАБЫРҒА АҒАШ (Ақт., Жүр.) мәтке үстіне салатын жіңішке ағаш.

ҚАБЫРҒА ЗЕРТЕҢ (Сем.: Мақ., Үрж.) ауру аты. *Түсіпхан қ а б ы р ғ а з е р т е ң н е н өлді* (Сем., Үрж.).

ҚАБЫРҒАЛЫҚ (Ақт., Байғ.) қабырға. *Мына колхоз базары үйінің есік жақ қ а б ы р ғ а л ы ғ ы н ойқан-тойқан шығарып құлатыпты* (Ақт., Байғ.).

ҚАБЫРҒАЛЫҚ ЖАР (Ақт., Байғ.) қабырға. *Төр жақ қ а б ы р ғ а л ы қ ж а р ы н қисайған жағына қарай тіпті белуардан құммен тіретіп қойыпты* (Ақт., Байғ.).

ҚАБЫРҒА СҮЗЕКІ (Алм.: Іле, Балқ.) жылымның прауадқа таяу жері. *Қ а б ы р ғ а с ү з е к і негұрлым енді болса, сүзекінің қалтасында балық көп болады* (Алм., Балқ.).

ҚАБЫРҒА ҮЙ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) моланың бір жағынан жанай қазылған, өлікті қоятын жері, лақат.

ҚАБЫРЖАҚ (ҚХР) мәйіт сандығы, табыт. Қ. қабырға үй.

ҚАБЫРТҚА (Сем.: Аяг., Мақ.; Жезқ.: Ж.арқа, Ағад.; Көкш.; Гур.: Маңғ., Есб.; Ауғ.; Ир.) қабырға. *Қ а б ы р т қ а с ы опырылып кетті білем* (Жезқ., Ж.арқа). *Сенің қ а б ы р т қ а ң д ы санауға болады* (Көкш.). *Қойдың қ а б ы р т қ а с ы н омыртқаларынан сөгіп алың* (Гур., Маңғ.). *Апам үшін қ а б ы р т қ а м қайысады-ау, жар-жар, Қолымдағы қос жүзік, майысады-ау, жар-жар* (Ауғ.).

ҚАБЫРШАҚ[1] (Ауғ.; Ир.) фанер, тақтай.

ҚАБЫРШАҚ[2] (Алм., Қарат.) қызылша тұқымының сыртқы қатты қабығы. *Қ а б ы р ш а қ т а н су жай өтеді* (Алм., Қарат.).

ҚАБЫРШАҚ[3] (Қост., Тоб.) жаңадан қата бастаған мүз. *Қ а б ы р ш а қ т а балық ауланбайды* (Қост., Тоб.).

ҚАБЫРШЫҚ (Шымк., Түркіс.) бидайдың қауызы.

ҚАБЫСТЫРУ (Гур., Маңғ.) отырғызып кету, жер соқтыру. *Бізді қ а б ы с т ы р ы п кетті* (Гур., Маңғ.).

ҚАБЫШУ (Қ.орда, Арал) кездесу, жолығу.

ҚАБІРСТАН Қ. горхана.

ҚАҒАЗ АЛУ (Жамб.: Тал., Сар.) хат алу. *Мен бүгін қ а ғ а з а л д ы м* (Жамб., Сар.).

ҚАҒАЙ (ҚХР) асыранды бала.

ҚАҒАНАҚ (Сем., Абай) лампаның шынысы. *Осы күнде лампаның қ а ғ а н а ғ ы өте көп* (Сем., Абай).

ҚАҒАС (Қост., Об.) жаңылыс, қағыс. *Біреуден естіген нәрсе қ а ғ а с болар ма деймін* (Қост., Об.).

ҚАҒАТ (Алм., Қарат.) үзынша етіп жиналған таза бидай. *Қ а ғ а т т а у л ы тұрған бидайға су тимесін* (Алм., Қарат.).

ҚАҒУ[1] (Гур.: Есб., Маңғ.; Орал: Чап.; Ақт.: Ырғ., Қараб.; Қ.орда, Арал; Алм., Іле) самал желді, салқын. *Күн бүгін қ а ғ у екен, азырақ жел бар* (Орал, Чап.). *Күн кешегіден гөрі қ а ғ у* (Гур., Маңғ.).

ҚАҒУ[2] (Кекш., Қ.ту) аралау, іздеу. *Маңайды қ а ғ ы п келдім* (Кекш., Қ.ту).

ҚАҒУ[3] (МХР) қақпатас ойыны.

ҚАҒЫЛ[1] қырбақ (С. Аман., ВДИКЯ, 430).

ҚАҒЫЛ[2] (ҚХР) **1.** құрғақ. *Қ а ғ ы л-қ а ғ ы л жерлермен жүрдік.* **2.** жалғыз, дара.

ҚАҒЫЛҒА (Алм., Жам.; Жамб.: Шу, Қорд.) киіз үйдің есігі. *Бұрын киіз үйдің есігін қ а ғ ы л ғ а дейтін* (Жамб., Шу). *Қ а ғ ы л ғ а таба алмай отырмын* (Алм., Жам.).

ҚАҒЫЛЖЫҢ (Қ.орда, Жал.) түйелерге қосылмай шеттеп, белектеніп, жеке жайылатын түйе.

ҚАҒЫЛУ (Ақт., Байғ.) тігілу. *Ростов қайтадан Советтік болды, онда қызыл ту қ а ғ ы л д ы* (Ақт., Байғ.).

ҚАҒЫР[1] **1.** (Гур., Маңғ.) шөпсіз тақыр жер. *Қ а ғ ы р д ы ң боранындай бұрқырап отыр* (Гур., Маңғ.). **2.** (Шығ. Қаз., Қатон.) шөбі қысқа таулы жер. *Біздің жеріміз көбінесе қ а ғ ы р болады* (Шығ. Қаз., Қатон.).

ҚАҒЫР[2] терлік (С. Аман., ВДИКЯ, 30).

ҚАДА[1] **1.** (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.; Қарақ.) үй құрылысында мәткенің, белағаштың үстінен салынатын жіңішке ағаштар. **2.** (Сем.: Абай; Шығ. Қаз., Марқ.; Қост., Жанг.) тіреу, діңгек. *Үйдің қ а д а с ы н а киім ілді* (Сем., Абай). *Жылы үйдің қ а д а с ы нашар екен* (Қост., Жанг.). *Үйдің қ а д а с ы н жасаймын деп, Ақай бес қарағай ағаш алды* (Шығ. Қаз., Марқ.). **3.** (Қ.орда: Сыр., Жал.) ат байлау үшін орнатылған ағаш. *Есік алдындағы тақыр күресінде қ а д а ғ а байлаулы ертоқымды аттар тұр* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 211). *Қ а д а ғ а атты байлай салып едім* (Қ.орда, Жал.). *Түп-тура тапты барып бұрылмастан, қазық қып қ а д а н ы да қағып басқан* (Рүс. дас., 207).

ҚАДА[2] (Шымк., Түркіс.) арбаның торт бұрышындағы қазығы.

ҚАДАҒАН БОЛУ (Озб., Там.) қадағалап түру, кез болу. *Адрестердің тек санамен жазылуына қ а д а ғ а н б о л ғ а н д а р ы жөн* (Өзб., Там.).

ҚАДАҚ[1] (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Алм.: Жам., Шел., Кег.; Жамб.: Шу, Қорд.) окпеден суық тиіп ауыру. *Ол қ а д а қ ауруымен ауырғанына едәуір уақыт болды* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАДАҚ[2] (Шығ. Қаз., Күрш.) арба доңгелегінің шабағы. *Доңгелектің екі қ а д а ғ ы сынық екен* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ҚАДАҚ[3] (МХР) екі алақанға жайып үстап сүт құйылған күміс аяқты үстіне қойып, сый қонаққа ұсынатын көгілдір жібек орамал. *1924 жылы мемлекеттің алғашқы ұлы құрылған қазақтардан өкілдігіне келген Дәлелхан бастаған бір топ адамды қарсы алғанда, Дәлелханға қ а д а қ ұсынылды* (МХР).

ҚАДАҚ ТАС (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) таразының тасы.

[Өзбекше *кадоктың* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ҚАДАМ ТАСТАУ (ҚХР) бет алу, бет бұру, белгілі бір бағытқа қарай жүру.

ҚАДАМ ҰРУ қадам басу, адымдау (С. Аман., ВДИКЯ, 426).

ҚАДАРИҚОЛ (Рес., Қалм.) әдейі, арнайы. *Қ а д а р и қ о л барсаңыз бес-он күн жатып қайтасыз гой* (Рес., Қалм.).

ҚАДАУБАС (Жамб.: Шу, Мер., Қорд.; Гур., Маңғ.; Қарақ.; Алм., Шел.) темір тескіш құрал.

ҚАДАУ-ҚАДАУ 1. (Орал, Чап.) бірен-саран, аз, бірлі-жарым. **2.** (Өзб., Там.) жекежеке. *Қызылда қ а д а у-қ а д а у жайылып жүрген түйелерді көрдім* (Өзб., Там.). **3.** (ҚХР) некен-саяқ, ара-тұра, еміс-еміс.

ҚАДАШАДАЙ (Алм., Кег.) кішкентай. *Қ а д а ш а д а й жаппасы бар екен* (Алм., Кег.).

ҚАДЕТ (Шығ. Қаз., Больш.) әдет.

ҚАДИМ (Ауғ.; Ир.) ескі, бұрынғы. *Қ а д и м замандарда түріктер һәм қарақалпақтар һәм Сыр тарапынан ауса керек* (Ауғ.).

ҚАДЫРЖАМ БОЛМАҢЫЗ (Сем., Аяг.) уайымдамаңыз, екі ойлы болмаңыз, күдіктенбеңіз.

ҚАДІ (Гур., Маңғ.) әлі, халі. *Әр нәрсе қ а д і н е н артық болмайды* (Гур., Маңғ.).

ҚАДІЛ (Сем., Аяг.) әділ.

ҚАЖА (Қ.орда, Арал) ие, ата (малға байланысты айтылады). *Шопан қойдың қ а ж а с ы* (Қ.орда, Арал).

ҚАЖАР (Ақт., Тем.) қажыр, күш. *Батырларым жөндіккен, қ а ж а р етіп көндіккен. Аман қалды айаттан, Ақылға салып ерлікпен* (Ақт., Тем.).

ҚАЖАРЫ ҚАЙТУ (Қ.орда, Арал) беті қайту, қарқыны қайту. *Дегенмен, жаудың қ а ж а р ы қ а й т ы п қалған екен* (Қ.орда, Арал). *Мұз үстіне шығарда жоқ нәрсені сылтауратып, қ а ж а р ы қ а й т ы п, жырылып қала беретін* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 60).

ҚАЖАРЛЫ (Гур., Маңғ.; Ақт., Тем.; Қарақ.) қажырлы. *Қиындыққа мойымайтын қ а ж а р л ы адам екен* (Гур., Маңғ.). *Сейсембі бейнет көрді талай-талай, Белгілі үйреніскен оған маңай. Жылқы бағу қиын деп халық айтады, Қ а ж а р л ы Сейсенбіге болды оңай* (Ақт., Тем.).

ҚАЖАТ (Сем., Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.) қажет. *Жақында болып өткен колхозшылар жиналысында совет председателі Мадиярова жолдас қатынасып колхозшыларға Қазақстанның 20 жылдық мерекесіне дейін сауат танудың қ а ж а т т ы г ы н айтты* («Ептуы», 1940, №75). *Олар бұл маңызды зор іс қ а ж а т с ы з, артық жұмыс деп білген* («Лептуы», 1939, №18).

ҚАЖЕТ (Қост., Жанг.) қарыз. *Жұмашқ жүз сом қ а ж е т п і н. Біз аудандық жер бөлімінен қ а ж е т алғалы отырмыз* (Қост., Жанг.)

ҚАЖЕТ БЕРУ (Өзб., Там.) қарыз беру. *Біреуге қ а ж е т б е р с е ң, соңынан жүгіресің* (Озб., Там.)

ҚАЖЕТ КӨРМЕУ (Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Абай; Тау., Қош.) қажет етпеу, керексінбеу. *Сенің сөзіңді тыңдамайды, ойткені қ а ж е т к ө р м е й д і* (Сем., Абай).

ҚАЖИЯ (ҚХР) әйел қажы.

ҚАЖЫ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) есік. *Үй ыстық боп кетті гой қ а ж ы н ы ашып жіберші, ауа шықсын* (Қарақ.).

ҚАЖЫҒАН (Қ.орда: Қарм., Сыр.) есіктің қиюы кетіп, саңылауланып қалғаны. *Есігіміз тозып, тақтайларының арасынан саңылау көрініп, қ а ж ы г а н есік болып қалды* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАЖЫМА (Тау., Қош.) қажама.

ҚАЖЫР (Гур., Маңғ.) кашар. *Қ а ж ы р мініске мықты болады* (Гур., Маңғ.).

ҚАЖЫРМА (Қар., Қарқ.) ілгек, түйме.

ҚАЗА[1] (Ақт., Ырғ.; Қост., Жанг.; Қ.орда: Қарм., Арал; Жезқ., Ұлы.) талдан, қамыстан жасалған балық аулайтын құралдың бір түрі. *Қ а з а м е н 80 балық ұстадым* (Қост., Жанг.). *Қ а з а д а г ы балық – қазандағы балық* (Халық мақалы, Қ.орда, Қарм.). *Балық аулайтын қ а з а керек болып тұр* (Жезқ., Ұлы.).

ҚАЗА[2] (Шығ. Қаз., Зайс.) қыздардың омырауына тағатын алқасы. *Осы күні қыздар қ а з а тақпайды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚАЗА[3] (Орал, Жән.) ұят, масқара. *Орынсыз кісіге ұрыпу қ а з а гой* (Орал, Жән.).

ҚАЗА БАСУ (Қ.орда, Арал; Ақт.: Қоб., Ырғ.) қаза (к.) күру. *Бүгін қ а з а б а с ы п келдім* (Қ.орда, Арал). *Қобданың суына да қ а з а б а с а т ы н ертеде* (Ақт., Қоб.).

ҚАЗАБАТ (Қ.орда, Қарм.) азап, қиыншылық. *Осылардың тамағын істеудің өзі құдайдың қ а з а б а т ы* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАЗА БІТУ (Шымк., Сайр.) қаза болу. *Майданнан қ а з а б і т т і деп қағаз келді* (Шымк., Сайр.).

ҚАЗАҒУАР (Қост., Семиоз.) қазақы. *Алексей дейтін қ а з а ғ у а р, қазақ ішінде көп болған* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 24). *«Бесмелай алла хекбар» деуді үйреніп алғандықтан жұрт мұны қазақшаға судай, қ а з а ғ у а р деп те дәріптеп кеткен* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 33).

ҚАЗАҚ (Ауғ.; Ир.) жүннен тоқыған жемпір.

ҚАЗАҚ АРБА (Көкш., Қ.ту; Қост.: Фед., Семиоз.; Рес., Омбы) екі дөңгелекті арба. *Қ а з а қ а р б а жеңіл болады* (Көкш., Қ.ту).

ҚАЗАҚНАМАЙ (Қост., Сөмиоз.) қазақы. *Аман қаладан тым қашық жатқан нағыз қ а з а қ н а м а й тау елдерін өз елімен салыстыра қарап бірсыпыра өзгешеліктер тауып келді* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 260). *Менімше де ол кісі тым қ а з а қ н а м а й, – деп еді Құлпаш* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 339).

ҚАЗАҚУАР (Рес., Қалм.) қазақы, қазақшылығы бар. *Ол қ а з а қ у а р адам көрінеді* (Рес., Қалм.).

ҚАЗАҚ ҮЙ (Алм.: Жам., Шел.) киіз үй. *Ақ шағаладай қ а з а қ ү й д і қаз-қатар тігіп тастапты* (Алм., Жам.).

ҚАЗАҚЫ АРБА (Талд., Панф.) екі дөңгелекті ағаш арба.

ҚАЗАҚЫ ЕР 1. (Шымк., Түркіс.) түтас шабылған, басы айыр болып келген ер. *Қ а з а қ ы е р д і түйенің көнімен қаптайды* (Шымк., Түркіс.). **2.** (Талд., Панф.) алдыңғы қасы дөңгеленіп, артқы қасы жалпақша болып келген ер түрі.

ҚАЗАҚЫ ҚАЛЫП (Шымк., Түркіс.) түзу қалып. *Қ а з а қ ы қ а л ы п т ы ң артықшылығы үзеңгіге кіргенде тез шығып кетеді. Қ а з а қ ы қ а л ы п п е н жасаған етіктің окшесі биіктеу болады* (Шымк., Түркіс.).

ҚАЗАҚЫ ҚАУЫН (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.; Шымк., Түркіс.) түсі сары, кейде көкшіл келетін қауын түрі. *Қ а з а қ ы қ а у ы н д ы қыста сақтауға да болады* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАЗА ҚЫЛУ 1. (Сем., Абай) жою, құлату. *1911 жылы большевиктер патша үкіметін қ а з а қ ы л д ы* (Сем., Абай). **2.** (Алм., Жам.) өлтіру. *Олар баламды қорлап қ а з а қ ы л д ы* (Алм., Жам.).

ҚАЗАН[1] (Гур., Тең.) күрма аудың негізгі бөлегі, балық түсетін, шоғырланатын бөлегі. *Бір күрма ауда төрт қ а з а н болады, оның әр басында екіден қ а з а н ы бар* (Гур., Тең.).

ҚАЗАН[2] (Сем., Аяг.) шөңге.

ҚАЗАН[3] (Ауғ.; Ир.) **1.** қазан. **2.** табақ.

ҚАЗАН[4] (Талд., Панф.) қыз доп (қ.) ойынындағы доп түсетін шұқыр.

ҚАЗАН АС (Рес., Қалм.) күзде соғымнан бұрын сойылатын мал. *Әлі соғым сойған жоқпыз, бұл қ а з а н а с ы м ы з гой* (Рес., Қалм.).

ҚАЗАНАТ 1. (Қарақ.) күйрық-жалы қысқа, селдірлеу жарысқа қосатын бәйгө аты. **2.** (Талд., Панф.) сырт пішіні әдемі, кеудесі кең, шоқтығы биік, сирақты, денесі жеңіл жылқы тұқымы.

ҚАЗАНАТ АДАМ (Жамб., Қорд.) дастарқаны кең, ақпейіл адам.

ҚАЗАН БОЛУ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Алм., Шел.) суық ұрып таусылу, біту. *Сентябрь айында қауын қ а з а н б о л а д ы* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАЗАН БОЙ БІТУ (Жамб.: Шу, Қорд.; Талд., Қарат.) суалу, сүті азаю.

ҚАЗАН ДАУЫЛ (Рес., Қалм.) қатты жел, дауыл. *Қ а з а н д а у ы л ақырапты болады* (Рес., Қалм.).

ҚАЗАН ДОП (Жамб., Қорд.) балалар ойыны. *Қ а з а н д о п ойнаганда шұңқыр қазып, соның үстімен доп домалатады* (Жамб., Қорд.).

ҚАЗАНДЫҚ[1] **1.** (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.; Тау., Қош.; Рес., Омбы) пеш сияқты балшықтан жасалған қазан қоятын мұржасы бар ошақ. *Арайша қ а з а н д ы қ қ а от жага бастады* (Сем., Ақс.). *Козінен жас, мұрнынан су сорғалап жаңа орнатқан қ а з а н д ы қ қ а қараган жағып отыр* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 162). *Қ а з а н д ы қ т а екі мыс қазан бар. ...жұмыскерлер қ а з а н д ы қ қ а келіп, қайнаган су алып кетіп жатыр* (С. Сейф., Шығ., 4 т., 140). *Әкенің шүйкедей боп, тұқыраңқырап қ а з а н д ы қ аузында отырган жайын көріп іші ашыды* (С. Жүн., Ақан сері, 59). 2. (Рес., Қалм.) ошақ. *Үш аяқты қ а з а н д ы қ болса, ыңғайлы болар еді* (Рес., Қалм.).

ҚАЗАНДЫҚ[2] (Гур., Маңғ.) тамақтық, күнделікті жейтін балық. *Қазір пөтенге шықпайды, бір-жар қ а з а н д ы қ балық аулап отырғандар бар* (Гур., Маңғ.). *Аз гана аумен қ а з а н д ы қ балық аулап, қалганын жаз кептіріп, қатырып сонау Гурьев базарына жаяу апаратын* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 12).

ҚАЗАН ЖАҚ[1] (Рес., Орын.; Орал, Жән.) ауыз үй. *Асты қ а з а н ж а қ т а ішейік* (Рес., Орын.). *Әсем, бала-шаганы қ а з а н ж а қ қ а алып бар* (Орал, Жән.).

ҚАЗАН ЖАҚ[2] (МХР) үйге кірген бағыт бойынша қазан, ыдыс тұратын оң қол жақ.

ҚАЗАН ЖАҚ[3] (Рес.: Орын., Қалм.) ас үй. *Бұғы үлкен жақ, ана жағы қ а з а н ж а қ* (Рес., Қалм.). *Қ а з а н ж а қ қ а да ас жаулық жай, сонда отыруга болады* (Рес., Орын.).

ҚАЗАН ЖАП (Қост., Жанг.) қамырды қазанға жапсырып, оны шоққа төңкеру арқылы пісірген нан. *Бүгін екі қ а з а н ж а п пісірдік* (Қост., Жанг.).

ҚАЗАН ЖАППА (Алм., Жам.; Талд., Ақсу; Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд.; Шымк.: Түлк., Түркіс.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Ақт., Шалқ.; Павл., Леб.) қазанға пісірген нан. *Бибіш, нан ашытып қ а з а н ж а п п а жапшы* (Алм., Жам.). *Қ а з а н ж а п п а істеп қойды* (Шымк., Түлк.). *Қ а з а н ж а п п а н ы бері әкелші, турайық* (Ақт., Шалқ.). *Қ а з а н ж а п п а жұмсақ болады* (Шымк., Түркіс.).

ҚАЗАН ЖАППАЙ (Ақт., Қараб.; Қ.орда, Арал) қазанға пісірген нан. *Ас жақсысы қ а з а н ж а п п а й, сөз жақсысы ләббәй* (Мақал; Ақт., Қараб.).

ҚАЗАН КӨТЕРУ (Гур., Маңғ.) ас пісіру, тағам дайындау. *Сойып тастағандай малымыз болмай жатыр, балдар осы қ а з а н к ө т е р г е н і м і з г е риза болат та* (Гур., Маңғ.).

ҚАЗАН ҚАРА (Рес., Орын.) қыстай жиналған мал қиын көктемде үстіне су құйып, көлікпен бастырып құйып алған тезек. *Қ а з а н қ а р а тезегіміз де бар* (Рес., Орын.).

ҚАЗАН ПЫШАҚ (Қ.орда: Арал, Қаз.) қазан қырғыш. *Төбеден асып ұшқан көп жарқыншақтық қ а з а н п ы ш а қ т а й бірі жас байланысшының қылша мойнынан қиялай тиді* (Ә. Нүрп., Курл., 172).

ҚАЗАН-ТАБАҚ (Қарақ.) ыдыс-аяқ.

ҚАЗАН ҰРУ (Шымк., Арыс) суық соғу, үсу.

ҚАЗАНҰШЫҚ (Жамб.: Қорд., Шу, Мер., Луг.) әйел босанарда жасалатын ырым. *Қ а з а н ұ ш ы қ* бергенде қазанга бидай құырады. *Бидайды қазанга салып жатып: «бидай бұрын пісер ме екен, бала бұрын түсер ме екен», – дейді. Сонда біреуі: бала бұрын түседі, – дейді* (Жамб., Шу).

ҚАЗАН ҮЙ (Қ.орда, Арал) ас үй, қазан түрған үй. *Үй иесі қ а з а н ү й д е н шықты* (Қ.орда, Арал).

ҚАЗАН ШЕГЕЛЕУ (Шымк., Арыс) қонақ үшін тамақ істеу.

ҚАЗАНШЫҚ (Шымк., Түлк.) құмырша, құмыра. *Бізде қ а з а н ш ы қ жоқ* (Шымк., Түлк.).

ҚАЗАНЫ ҚАҢСУ (ҚХР) ішіп-жемнен жұтап отыру, азық-түліктен тарығу.

ҚАЗАНЫНА ҚАСПАҚ БІТКЕН (ҚХР) байыған, дүние біткен, мал біткен.

ҚАЗАНЫ СУҒА КЕТУ (Шымк., Арыс) қонақасы бермеу. *Ол үйдің қ а з а н ы с у г а к е т к е н* (Шымк., Арыс).

ҚАЗАУЫЗ 1. (Қар., Шет) шөп шабатын машинаның тісі. *Машинаның қ а з а у ы з ы н жоғары көтер* (Қар., Шет). 2. (Сем.: Абай, Шүб.) шөп машинасының орағы. *Мына орақты бізде қ а з а у ы з дейді* (Сем., Абай). **3.** (Қост., Жанг.) орақтың жүзі. *Егін орақтың жүзін қ а з а у ы з деп атаймыз* (Қост., Жанг.).

ҚАЗБАЙ[1] (Қ.орда, Қарм.; Өзб., Там.) жер қазатын кішкене күрекше. *Қ а з б а й м е н ошақтың пұтын қазамыз* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАЗБАЙ[2] (Қарақ.) күл шығарғыш.

ҚАЗБАШЫ (Қ.орда) укол салатын дәрігер.

ҚАЗИЕК (Орал, Чап.) шелек түбінің айнала шығып түрған жиегі.

ҚАЗИМЕК (Қост., Жанг.) шығырдың кегейіне айнала бекітілген имек тал. *Науаға су құятып шелектерді қ а з и м е к п е н байлап қояды* (Қост., Жанг.).

ҚАЗЫ (Сем.: Мақ., Үрж.) қауынның еті. *Діңкенің (қ.) қ а з ы с ы н жейміз* (Сем., Мақ.).

ҚАЗИНЕК 1. (Қост., Жанг.) шығырдың кегейіне бекітілген имек тал. *Қ а з и н е к к е байланған кішкене шелектермен науаға су құйылады* (Қост., Жанг.). **2.** (Өзб.) електің дөңгелек ағашы, жақтауы. *Қ а з и н е г і кең болса, ұн елекке ұн коп сыяды* (Өзб.). **3.** (Өзб., Бұх.) түндіктің доңгелек жақтау ағашы.

ҚАЗОТЫ 1. (Кокш., Қ.ту; Қ.орда, Арал) жиі-жиі болып, қой жабағысы секілді түтасып есетін шоп. *Әлжан күлкі қысып, Қорадағы қ а з о т ы кокке құлай кетіпті* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 150). **2.** (Қ.орда, Арал) күмды, кейде сулы жерге шығатын өсімдік. *Қ а з о т ы н ы түйе және ұсақ мал жеумен қатар қаз орады* (Қ.орда, Арал). **3.** (МХР) бір түпке бір тал болып шығатын ақ шоп. *Қ а з о т ы өлең шөптің жіңішке түрі* (МХР).

ҚАЗТАБАН (Сем.: Үрж., Мақ.; Гур., Есб.) шоп түрі. *Қ а з т а б а н шүйгін шоп, оны жылқы, қой сүйсіне жейді* (Сем., Үрж.).

ҚАЗТАҢДАЙ[1] (Сем.: Мақ., Үрж.) бір түпте 10-20 бұтағы бар, биіктігі 15-20 см-дей шоп түрі. *Қ а з т а ң д а й дәрі болады* (Сем., Үрж.).

ҚАЗТАҢДАЙ[2] (Жезқ., Ұлы.) шоп машинаның орағы тұратын жер. *Шөп машинаның қ а з т а ң д а й ы н қатайтып ұстау керек* (Жезқ., Ұлы.).

ҚАЗТАҢЛАЙ[1] (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) су жағасына шығатын қаздың таңдайына ұқсас, қызғалдақтан кішірек жапырақ.

ҚАЗТАҢЛАЙ[2] (Жамб.: Мер., Шу, Мойын.) шоп машинасының шалғысы, астындағы пластинка.

ҚАЗУ-ҚАЙШЫ (Қарақ.) қазу, т.б. әр түрлі жұмыстар. *Қ а з у-қ а й ш ы м е н жүріп тіс те түсіп қалды* (Қарақ.).

ҚАЗЫБАЙ (Қарақ.) отқа көмір салатын не пештің күлін шығаратын темір күректің кішкене түрі.

ҚАЗЫҚ (Талд., Панф.) арбаның сатысын, шанағын, қалқанын үстап тұратын төрт бұрышындағы тіреуіш ағаштар.

ҚАЗЫҚПАН ШАЛУ (Шымк., Арыс) қазықбау шалу (байлаудың түрі). *Қ а з ы қ п а н ш а л ы п байларсың* (Шымк., Арыс).

ҚАЗЫҚТАУ С. Аманжоловта «қазыққа байлау» (С. Аман., ВДИКЯ, 426). *Шаңыраққа баспа асатын, көлеңке ұзарғанда іргесін түрет-тін, ботасын қ а з ы қ т а й т ы н, суын әкелетін – бәрі сол* (Ә. Кекіл., Құс қан., 96).

ҚАЗЫЛЫ ҚӘРІ (Жамб., Шу) отірік айтпайтын қария. *Қ а з ы л ы қ ә р і, жігерлі жігіттер де жиналды* (Жамб., Шу).

ҚАЗЫМЫР[1] (Қ.орда, Қарм.) темір көсеудің үшы үшкірлеу болып істелген түрі. *Қ а з ы м ы р далада қалып жоғалмасын* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАЗЫМЫР[2] (Қост., Жанг.) дүниекор. *Ол үйдің қ а з ы м ы р кемпірі бар ғой, бермес* (Қост., Жанг.).

ҚАЗЫНА АРЫҚ (Қ.орда: Жал., Қарм.; Шымк., Шәу.) бас арық, үлкен арық. *Егін ішіне тарайтын су қ а з ы н а а р ы қ т а н алынады* (Шымк., Шәу.).

ҚАЗЫНАҚ (ҚХР) ойма, қобы. *Пышақтың қ а з ы н а ғ ы* (ҚХР).

ҚАЗЫНА ҚАП (Рес., Орын.) өкімет жасаған қап. *Бізде қаптың екі түрі бар: қ а з ы н а қ а п және тоқыма қап* (Рес., Орын.).

ҚАЗЫНАУЫР (ҚХР) оймауыр. Қазынақ шығаратын сайман.

ҚАЗЫНЕК (Өзб., Ташк.) електің дөңгелек ағашы, жақтауы.

ҚАЗЫРДА (Павл.: Леб., Майқ.) қазір, осы уақытта. *Зябь айдаудың планын 70-80% орындап, қ а з ы р д а әрбір звено, бригада, жеке колхозшылар октябрь мерекесінің 24 жылдығы қарсаңындағы социалистік жарыс ісіне ұштасып отыр* («Ст. туы», 26.10.1941).

ҚАЗІРІНДЕ (Ақм., Қорғ.) қазір, осы уақытта. *Мектеп балаларында қотыр, қызылша аурулар қ а з і р і н д е көбейе бастады* («Ст. туы», 11.04.1938).

ҚАЗЫ ТІС (Сем.: Көкп., Ақс.) шөп машинасының орағының екі жағындағы темір. *Қ а з ы т і с і сынғандықтан машина тоқтап қалды* (Сем., Көкп.).

ҚАЙ[1] (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Бекд., Қиян.) теңіздегі үлкен толқын. *Қ а й д ы ң болатынын балықшылар күнілгері біліп отырады* (Гур., Маңғ.).

[Түрікменше *гай* дауыл (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ҚАЙ[2] (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) барлық, жан-жақ. *Ауданға халық қай жақтан келеді* (Шығ. Қаз., Больш.). *Бұл үйге қонақтар қ а й жерден келіп жатыр* (Тау., Қош.).

ҚАЙАҚ (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Үйғ.; Жамб., Сар.; Шымк., Арыс; Қ.орда: Сыр., Төр., Жал.; Ақт., Ырғ.; Жезқ., Ұлы.; Қост., Жітік.; Түрікм., Красн.) қай жақ. *Дүйсен ертемен қ а й а қ қ а кетті* (Жамб., Сар.). *Мал фермасы аз малды қ а й а ғ ы н а сыйғызады* (Шымк., Арыс). *Сіздер қ а й а қ қ а барасыздар?* (Ақт., Ырғ.). *Сондай*

бір кездерде қ а й а қ қ а кетеріңді білмей де қаласың (Қост., Жітік.). *Маған ол қ а й а қ қ а барасың, мен мұны істей алмаймын деді* (Түрікм. Красн.).

ҚАЙБАР (Алм.: Шел., Нар., Жам.) отірік, өсек. *Қ а й б а р айту – ескі өмірдің қалдығы* (Алм., Шел.). Қ. қайбарт.

ҚАЙБАРТ (Қ орда: Сыр., Жал.) өтірік, осек. *Кісі сыртынан қ а й б а р т айту надандықтың белгісі* (Қ.орда, Сыр.). Қ. қайбар.

ҚАЙБІР (Қ.орда, Арал) ыңғайлы, икемді. *Мына жәшік алып жүруге өте қ а й б і р екен* (Қ орда, Арал).

ҚАЙБІРЕУ (Алм., Шел.) кейбіреу. *Қ а й б і р е у л е р бұдан басқаша айтады* (Алм., Шел.).

ҚАЙДА-ҚАЙДА (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) еш қайда, еш жерде. *Мұндай жақсы нәрсе қ а й д а-қ а й д а да жоқ* (Тау., Қош.).

ҚАЙДАН-ҚАЙДАН (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) әр жерден. *Олар қ а й д а н-қ а й д а н жиылып кетті* (Тау., Қош.).

ҚАЙДА-МҰНДА (Алм., Шел.) осы арада, осында.

ҚАЙДАУЫЛ (ҚХР) бейімағлүм біреу. *Қ а й д а у ы л д ы ң қызына барам* (ҚХР).

ҚАЙЕР (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Жам., Үйғ.; Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Ақт., Ойыл; Гур., Есб.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) қай жер. *Қ а й е р і ң ауырады, айнам* (Гур., Есб.). *Мен оны қ а й е р д е көргенімді есіме түсіре алмадым* (Түрікм., Таш.).

ҚАЙ ЕСКЕК (Қарақ.) қаіыықтың кейінгі жағында отырып есу үшін жасалған жалғыз ескек.

ҚАЙҚАЛАУ (ҚХР) жүгі ауырлап қайқалақтау (есекке айтылады).

ҚАЙҚЫ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) жігіттің кербезі. *...Қ а й қ ы, сайқыл, пақ деген сөздер тиісті сын сөздерге айтылып жазылады* («Жүм-шы», 5.02.1939).

ҚАЙҚЫ АУЫЗ (Шығ. Қаз., Тарб.) кішкене темір табақ. *Қ а й қ ы а у ы з г а көже құйып бер* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҚАЙҚЫБАС (МХР) қайқыбас тосек, екі басы да имек ағаш тосек.

ҚАЙҚЫ ЕРІН (Шыг. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) ернеуі қайқы эмальданған табақ. *Тор алдында бір қ а й қ ы е р і н айран тұр* (Тау., Қош.).

ҚАЙҚЫЛЫҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) кербездік. *Қай күйіңмен қ а й қ ы л ы қ жасайсың, жаным-ау* (Түрікм., Ашх.).

ҚАЙҚЫШОТ (Алм., Кег.) шапашот. *Қ а й қ ы ш о т п е н жақсы ағаштарды ғана шабамыз* (Алм., Кег.).

ҚАЙЛА (Шыг. Қаз., Больш.) айла.

ҚАЙЛАТУ (Гур., Маңг.) толқындату. *Қайығымыз қ а й л а т у м е н жағаға арақ жеттік* (Гур., Маңг.).

ҚАЙЛЫ (Шымк., Мақт.) қашау.

ҚАЙЛЫҚ (Тау., Қош.) сиыр мен сарлықтан туған бұзау. *Мынау қ а й л ы қ кімдікі?* (Тау., Қош.).

ҚАЙЛЫ ҚАЛУ (Қ орда, Қарм.) қайран қалу, аң-таң болу. *Сенің мына істегеніңе мен қ а й л ы қ а л д ы м* (Қ орда, Қарм.).

ҚАЙЛЫЛЫҚ (Қарақ.) ризашылық.

ҚАЙМАҚ теңіз, кол (С. Аман., ВДИКЯ, 426).

ҚАЙМАЛ (Гур., Маңг.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.; Қарақ.) үш жастағы ұрғашы түйе. *Жалғыз қ а й м а л ы м д ы келеге* (к.) қоспалымын (Түрікм., Нсбид.).

ҚАЙМАЛАУ[1] (Гур.: Маңг., Мақат.) аймалау. *Сағынған бауырын қ а й м а л а п, мейірі қанды* (Гур., Маңг.).

ҚАЙМАЛАУ[2] (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тедж.) қорқыту. *Өйтіп қ а й м а л а м а й-ақ қой, сенің қолыңнан келгенін көріп алдым* (Түрікм., Таш.).

ҚАЙМАЛША (Қарақ.) үш-торт жыл арасында боталамаған ұрғашы түйе.

ҚАЙМЕ (Ауг.; Ир.) үйдің шатыры.

ҚАЙМЫҚШЫП ҚАТУ (МХР) мұздың жаңадан қатуы, жұка болып ката бастауы.

ҚАЙНАҚ СУ (Алм.: Жам., Шел., Нар.) қайнаған су. *Күлән, қ а й н а қ с у ы ң бар ма, ішіп жіберейін* (Алм., Шел.).

ҚАЙНАЛУ (Гур., Есб.) қайнау. *Мен келгенде шәй әлі қ а й н а л г а н жоқ екен* (Гур., Есб.).

ҚАЙНАП КЕТУ (Жамб., Жуа.) (дәні) кішірею. *Бидай қ а й н а п к е т т і* (Жамб., Жуа.).

ҚАЙНАТПА ҚҰРТ (Рес., Орын.) сүтті қайнатып жасаған құрт.

ҚАЙНАТПА НАН қайнатып пісірген нан (С. Аман., ВДИКЯ, 426).

ҚАЙНАУ (Қарақ.) қайнар, бұлақ. *Қ а й н а у д ы ң суын ішсең, ішіңдегі қызуың тез кетер еді* (Қарақ.).

ҚАЙРАҚ СУ (Сем.: Үрж., Абай, Мақ.) егінді скінші рет суару. *Егінге енді қ а й р а қ с у ы н жіберу керек* (Сем., Үрж.).

ҚАЙРАН (Гур., Маңг.) теніздің жаға құмы. *Теңіздің қ а й р а н ы жұргізбейді, жіліншікке дейін батып отырмыз* (Гур., Маңг.).

ҚАЙРАТ ЕТУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) күш салу, жәрдем ету. *Осы үш балаға қ а й р а т е т і ң* (Түрікм., Таш.).

ҚАЙРАТ ШЕГУ (Сем.: Кокп., Акс.) айбат шегу, айбат корсету. *Арыстанның тағы да бас-*

қа жыртқыш аңдардың адамды көргенде қ а й р а т ш е г у әдеті емес пе? (Сем., Көкп.).

ҚАЙРАТЫ ҚАЙЫМАУ (Сем.: Кекп., Акс.) қайраты қайтпау, қажымау. *Ақ ішкен адамның 50-60 жасқа келгенге дейін қ а й р а т ы қ а й ы м а й д ы* (Сем., Кекп.).

ҚАЙРАУЫҚ (ҚХР) еуез аспабы. *Қ а й р а у ы қ т ы ң ашты күйіндей, қайырып боздап күйлентіп* (ҚХР).

ҚАЙСАҚ қатал (С. Аман., ВДИКЯ, 426).

ҚАЙСАҚТАУ (Алм., Шел.) тайсалу, беті қайту. *Балашыққа келгенде ақ тазы баспай қойды, абдан беті қ а й с а қ т а ғ а н екен* (Алм., Шел.).

ҚАЙСЫСЫН ДА (Гур., Есб.) еш қайсысын да. *Мен соның қ а й с ы с ы н д а танымаймын* (Гур., Есб.).

ҚАЙТАЛАҚ (Кекш., Қ.ту) қайталау. *Қ а й т а л а қ т ы ң не керегі бар, айттым болды* (Көкш., Қ.ту).

ҚАЙТАРА (Орал, Жән.) рет. *Мен мұнда екі қ а й т а р а келдім* (Орал, Жән.).

ҚАЙТАРҒЫ (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары) тойтарыс. *Сындаған* (қ.) *адамға бойлай* (қ.) *қ а й т а р г ы беріп отырады* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *чайтавул* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *қайтариш* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ҚАЙТАРМА СУ (Өзб., Там.) екінші су. *Шілдеде біздің отар қ а й т а р м а с у ішіп, өріске шығады* (Өзб., Там.).

ҚАЙТАРУ (Жамб., Мер.) қарауылдау, бақылау. *Бекчораны үйдің сыртынан 15 адам қ а й т а р ы п тұр екен* (Жамб., Мер.).

ҚАЙТАСЫН-ҚАЙТА (Орал, Казт.) қайта-қайта. *Қ а й т а с ы н - қ а й т а неге айта бересіз* (Орал, Казт.).

ҚАЙТАУЫЛ (Қост., Жанг.) судың қайтуы, судың тасуының тоқталуы. *Өзеннің суы қ а й т а у ы л д а д ы* (Қост., Жанг.).

ҚАЙТАУЫЛДАУ (Қост., Жанг.) тасымалдау. *Екі үйлі жан зорга дегенде қ а й т а у ы л д а п көшіп қондық* (Қост., Жанг.).

ҚАЙТ БОЛМАУ[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) айтылған сезді екі етпеу, айтқан сөзді орындау. *Қуекең айтса қ а й т б о л м а й д ы* (Түрікм., Таш.). *Қалыштың соям деген түйесі сойыла қояды, айтқаны қ а й т б о л м а й д ы* («Жұм-шы», 13.05.1941).

ҚАЙТ БОЛМАУ[2] (Талд., Қарат.) кеңіл белмеу, уайым етпеу. *Не, жоспарыңызды айтыңыз, қ а й т б о л м а ң ы з* (Талд., Қарат.).

ҚАЙТҚЫР (Қост., Жанг.) жасық. *Бәкің қ а й т қ ы р болмаса, өткір ғып қайрадым* (Қост., Жанг.).

ҚАЙТУ (Ауғ.; Ир.) келу, оралу. *Інім, ата қазақтан қашан қ а й т т ы ң* (Ауғ.).

ҚАЙ ТУҒАНСЫҢ (Жамб., Қорд.) қай елсің, туысың кім? *Ол өзі қ а й т у ғ а н екен?* (Жамб., Қорд.).

ҚАЙТЫС[1] (Кекш., Қ.ту; Қар., Шет) сақаны қайта иіру. *Егер сақаны иіргенде екі сақа бұқ немесе шік, т.б. болып ұқсас түссе, қ а й т ы с деп айтып, қайта алып согамыз* (Қар., Шет).

ҚАЙТЫС[2] (Ақт.: Ырғ., Қараб.; Қ.орда, Арал) кем, аз. *Су тасқыны өткен жылғыдан қ а й т ы с екен* (Ақт., Ырғ.). *Біздің ат семіз еді, мына торы ат одан қ а й т ы с екен* (Қ.орда, Арал).

ҚАЙТЫС[3] таяз, кісілігі аз (С. Аман., ВДИКЯ, 426).

ҚАЙТЫС БОЛУ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Орал: Чап., Жымп.; Қост.: Фед., Семиоз.) судың қайтуы, кемуі. *Үй өзенінің суы биыл ерте қ а й т ы с б о л д ы* (Қост., Семиоз.).

ҚАЙТЫСТА (Алм., Шел.) қайтарда, ораларда. *Барсаң бара бер, әке, бірақ қ а й т ы с ы н д а елгезерді ұмытбай ала келгін* (Алм., Шел.).

ҚАЙТЫСТАУ (Гур., Есб.) қайту, азаю. *Шара қ а й т ы с т а п бара жатыр* (Гур., Есб.).

ҚАЙШАН қашан (С. Аман., ВДИКЯ, 426).

ҚАЙШАШ (Шымк., Түркіс.) майқамыр, тағам түрі. *Мен келсем, үйдегілер қ а й ш а ш жеп отыр екен* (Шымк., Түркіс.).

ҚАЙШЫ ҚҰРАҚ (Өзб.) кекілік құрағының негізінде тігіліп кездігінің жанына қайшы формасындағы кішкене құрақ үластырылған түрі.

ҚАЙШЫ ӨРКЕШ (МХР) екеуі екі жағына құлаған еркеш.

ҚАЙЫЗЫ ҚАНУ (Түрікм.: Таш., Кенеүр.) айызы қану. *Мына екеуінің қ а й ы з ы қ а н ғ а н ш а күресуін қарашы* (Түрікм., Таш.).

ҚАЙЫҚ ЖҮГІРТУ (Қ.орда, Арал) қайық жалдау, пайда табу. *Бұрын қ а й ы қ т а р ы н ж ү г і р т і п, бірден бірге өткізіп, көп пайда табатын* (Қ.орда, Арал).

ҚАЙЫҚҚА ЖҮРУ (Гур., Маңғ.) балықшылыққа жалдану. *Төңкерістен бұрын Аштрақан жағында он бес жылдай қ а й ы қ қ а ж ү р д і м* (Гур., Маңғ.).

ҚАЙЫҚҚА ТҮСУ (Өзб., Там.) түйенің қашуы, қаюы. *Биыл колхоз бойынша 35 түйе қ а й ы қ қ а т ү с т і* (Өзб., Там.).

ҚАЙЫҚШЫЛЫҚ (Гур., Маңғ.) балықшылық.

ҚАЙЫЛ БОЛУ (ҚХР) мойынсал болу, мойындау, илану.

ҚАЙЫЛУ (Шымк., Мақт.) бағынды. *Бір балаға осынша көп қ а й ы л ы п отыр* (Шымк., Мақт.).

ҚАЙЫМ[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары) қисын, рет. *Ұмытпан, қ а й ы м ы келгенде бір сүріндірермін* (Түрікм., Красн.).

ҚАЙЫМ[2]: **ДҰНИЕ ҚАЙЫМ** (Қост., Жанг.) қиямет қайым, ақыр заман. *Д ұ н и е қ а й ы м болса да, жоғалмайды* (Қост., Жанг.).

ҚАЙЫМ[3] (Қ.орда, Арал) жарасымды, қонымды. *Саған мынау костюм қ а й ы м екен* (Қ.орда, Арал).

ҚАЙЫМ[4] 1. (ҚХР) мәңгі өзгермейтін. 2. (ҚХР) кесек, құйма. *Қақырғаны қ а й ы м (құйма) алтын, түкіргені түйме алтын* (ҚХР).

ҚАЙЫМ АЙТУ (Рес., Орын.) біліп айту. *Бұл айтыс – қ а й ы м а й т ы с. Айтыстың көбісі қ а й ы м а й т ы л а д ы* (Рес., Орын.).

ҚАЙЫМАЛЫ (Қ.орда, Қарм.) үш-төрт жас аралығындағы боталамаған ұрғашы түйелердің барлық түрінің атауы.

ҚАЙЫМДАСУ (Көкш.: Қ.ту, Еңб., Щуч.) дауласу, қарсыласу. *Үлкен мен кіші кісі ұрысса, ей, сен үлкенмен неге қ а й ы м д а с т ы ң, – дейді* (Көкш., Қ.ту). *Біздің қ а й ы м д а с у ы м ы з орынсыз, әр қайсымыз өз жолымызды білейік те* (Көкш., Еңб.).

ҚАЙЫМДАУ лайықтау, ыңғайлау (С. Аман., ВДИКЯ, 427).

ҚАЙЫМ-ҚАТЕ (ҚХР) мін, кемшілік. *Аллада қ а й ы м-қ а т е болмайды мін* (Айтыс).

ҚАЙЫМШЫЛ (Қ.орда, Қарм.) өз орнымен айтатын, орынды, сыпайы. *Қ а й ы м ш ы л өзілі де бар өзінің* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАЙЫН СӨЗ (Рес., Орын.) керек сөз. *Кеңілге алса қ а й ы н с ө з табылады гой* (Рес., Орын.).

ҚАЙЫҢ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) төбет пен тазының арасынан шыққан ит тұқымы, дүрегей. *Қ а й ы ң ит тұлкі алмас, жүгіргенмен еңбегі жанбас* (Мақал).

ҚАЙЫҢ ҚАПТАЛ (Қост., Торғ.) дөрекі, қосынды. *Сенің бөтіңкеңнің табаны қ а й ы ң қ а п т а л екен* (Қост., Торғ.).

ҚАЙЫП[1] (Тау., Қош.) кем, кемдік. *Оның бір көзінің қ а й ы б ы бар екен* (Тау., Қош.).

ҚАЙЫП[2] (ҚХР) балгер, балшы.

ҚАЙЫП ЕТПЕ (Шығ. Қаз., Больш.) айып етпе.

ҚАЙЫР[1] (Гур., Маңғ.) таяз, қайран. *Қ а й ы р г а киліккен кеме қайырлап қалады* (Гур., Маңғ.).

ҚАЙЫР[2] (Қ.орда, Арал) жылым, ау салатын ыңғайлы орын. *Ауды қ а й ы р д а н түсіп, сүзе салып бір көрейік* (Қ.орда, Арал).

ҚАЙЫРА (Көкш.: Щуч., Еңб., Қ.ту) қайта. *Ол ауылға қ а й ы р а барды* (Көкш., Еңб.). *Онда ол жолдастарды, қ а й ы р а д а н әліппеден бастап оқыту керек* («Еңб.», 1939, №48). *48 гектар зәпті қ а й ы р а д а н айыратыны анық көрінеді* («Ең. туы», 1940, №78). *Қазір тағы басқаларын жаңадан істеп және қ а й ы р а ремонттап шығарды* («Соц. жол», 1943, №45). *Оздеріне тиесілі жерлерін тақауда қ а й ы р а суармақ* («Қ. ту», 25.05.1940).

ҚАЙЫРҒАН МАЙ (Алм., Нар.) тортасын айырған май. *Қ а й ы р г а н м а й күшті болама деймін* (Алм., Нар.).

ҚАЙЫРҒЫ (ҚХР) садақа. *Қ а й ы р ғ ы бер бір аяқ асың болса* (ҚХР).

ҚАЙЫРҚОМ (Гур.) қайырымды. *Өзі ешкімге артықшылық көрсетпеген ақ көңіл, қ а й ы р қ о м оның үстіне шамасынан тыс шаштпа, жайдақ шал-тын* (Ж. Нәжім., Ақ шағ., 6). *Елдің сөзімен айтқанда қ а й ы р қ о м «бағы жүріп тұрған» кезі еді* (Ж. Нәжім., Кішк., 231).

ҚАЙЫРЛАУ (Орал, Жән.) қарайлау. *Мен Сәрсенге жолығып кетейін деп қ а й ы р л а п тұрмын* (Орал, Жән.).

ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН! (Алм., Жам.; Қ.орда: Сыр., Арал; Жамб., Шу) қайтыс болған кісі туыстарына айтылатын көңіл. *Жапеке, қаза қ а й ы р л ы б о л с ы н* (Алм., Жам.). *Қаза қ а й ы р л ы б о л с ы н, қалған өздерің аман бо.* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН САЛУ (Гур., Есб.) қайырлы болсын айту, көңіл айту. *Ертең ауылға барып қ а й ы р л ы б о л с ы н салу керек екен, оның баласы қайтыпты деп естідім* (Гур., Есб.).

ҚАЙЫРЛЫ ІСТЕУ (Сем., Абай) ынтасымен, жан-тәнімен істеу. *Бұл не істесе де қ а й ы р л ы і с т е й т і н, тыңғылықты, ұқыпты адам* (Сем., Абай).

ҚАЙЫРМА[1] (Алм., Іле) ашып-жаппалы кішкентай пышақ. Қ. бөкі, шаппа[2].

ҚАЙЫРМА[2] (Талд., Панф.) қалпақтың төменгі жағы, катырып қоятын жиегі.

ҚАЙЫРМА БАС (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) басы кисайып өсетін жүгері.

ҚАЙЫРМА БЕРІС (Қ.орда: Сыр., Жал.; Қост., Жанг.) егісті екінші рет суару. *Қ а й ы р м а б е р і с т е н кейін егін қаулап шыға бастайды* (Қ.орда, Сыр.). *Егін жақсы, жаңбыр көп, енді қ а й ы р м а б е р і с етуге болмайды* (Қост., Жанг.).

ҚАЙЫРМАҚТАУ (МХР) жайылып бара жаткан малдың алдын тоқтата қою. *Соқырқалатпас үшін қойдың алдын қ а й ы р м а қ т а п отырдым* (МХР).

ҚАЙЫРМА СУ (Қ.орда, Қарм.) егіннің екінші рет суарылуы. *Қ а й ы р м а с у д ы да бұрынғы ізбен сугара береміз* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАЙЫРМА СУАРУ (Қ.орда, Қарм.) егінді екінші рет суару.

ҚАЙЫР САЛУ (Гур., Маңғ.) қайыр ету. *Не өзі киіп-ішіп қызығын көрмеген, не ешкімге қ а й ы р с а л м а г а н байлар құр малды мыңдап айдағанына мәз болып дүниеден өткен* (Гур., Маңғ.).

ҚАЙЫРСЫҚ (МХР) жәшік, жәшікше. *Бір қ а й ы р с ы қ сіріңке кеміп қалды* (МХР).

ҚАЙЫРТПАҚТАП СҰРАУ (Тау., Қош.; Қ.орда, Больш.) қайталап сұрау. *Балпи қ а й ы р т п а қ т а п с ұ р а п отырды* (Тау., Қош.).

ҚАЙЫРУ[1] (Шымк., Лен.; Жамб., Қорд.) жүгері собығын алу. *Оқушыларды жүгері қ а й ы р у г а әкетті* (Жамб., Қорд.).

ҚАЙЫРУ[2] (Шымк., Сайр.) суды арнаға салып, бағытын озгертіп жіберу. *Суды арнаға қ а й ы р ы п айдап жібердім* (Шымк., Сайр.).

ҚАЙЫРУ[3] **1.** (Қ.орда, Арал) салып алу, салу (жылым туралы). *Копжасаров жолдастың бригадасы 10-шы декабрьде жылымды бір қ а й ы р г а н н ы ң өзінде 20 ңентнер балық ұстады* (Қ.орда, Арал). **2.** (Рес., Қалм.) жылым тарту.

ҚАЙЫРУ[4] (Қ.орда, Арал) бөлу, сезді буынға бөлу туралы. *Буын қ а й ы р с а ң тіпті келмейді* (Қ.орда, Арал).

ҚАЙЫРЫЛҒАН ШӘЙ Қ. бордама шәй.

ҚАЙЫРЫҢНАН ҚАЙТ (Өрал, Қазт.) ашуыңнан қайт.

ҚАЙЫР-ШИЫР[1] (Гур., Маңғ.) құмға шығатын талдың түрі. *Қ а й ы р-ш и ы р сабау мықты болады* (Гур., Маңғ.).

ҚАЙЫР-ШИЫР[2] (Гур., Маңғ.) қиыршиыр.

ҚАЙЫС[1] (Қарақ.) бидай ұнынан май салып жасалған тағамның түрі. *Қ а й ы с т ы етке салатын нан сияқты кесіп-кесіп салады* (Қарақ.).

ҚАЙЫС[2] (Түрікм.: Таш., Кенеүр.) белдік, белбеу. *Қарағым, қ а й ы с ы ң д ы мықтап, бекем бұғайсың* (Түрікм., Көнеүр.).

ҚАЙЫС БЕЛБЕУ (МХР) қайыстан, былғарыдан жасалған белдік.

ҚАЙЫС ЕТІК (Ақт.: Жұр., Тем., Алға) көң теріден жасалған аяқ киім. Қ. шоқай.

ҚАЙЫС ЖҮГЕН (МХР) ерілмей қайыстан жасалған жүген.

ҚАЙЫС НАН 1. (Қ.орда: Сыр., Жал.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) етке салатын нан. *Қ а й ы с н а н с ы з етте дәм болмайды* (Қ.орда, Сыр.). *Еттің қ а й ы с н а н ы сондай жақсы жайылған екен, біріне-бірі жабыспай жақсы пісіпті* (Түрікм., Таш.). **2.** (Өзб., Там.) қамырды жайып, бетіне май құйып даярлаған майсалма.

ҚАЙЫС ТІЗГІН (МХР) тізгіннің өрілмей, қайыстан жасалған түрі.

ҚАЙЫТУ (Қ.орда, Арал) күйлеген үрғашы және жараған еркек түйелерді түйе иесінің не түйешінің көмегімен шағылыстыру процесі.

ҚАЙЫШ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) кеспе жасау үшін туралған қамыр. *Қазандағы қ а й ы ш ы ң бірігіп қалмады ма, қараң* (Түрікм., Тахта).

ҚАЙЫШАШ (Шымк., Түркіс.) қамырын ұзын етіп кесіп жасайтын тағам, кеспе.

ҚАҚ (Жамб., Шу) сары майды шыжғырғанда түбінде қалғаны.

ҚАҚА[1] (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) **1.** әке. *Қ а қ а ң а тартқан бала ма деуші едім* (Түрікм., Таш.). **2.** мырза. *Баймаганбеттен бақа туған, Сары ишаннан қ а қ а туған* (Мақал).

[Түрікменше – әке, папа (Туркм.-рус. сл., 1940); *кака* (қазақша, ноғайша) мырза (Л. Буд., II)].

ҚАҚА[2] (Гур., Маңғ.) дәл, қақ. *Қ а қ а төрге жантайып алған ақсақалдың орнынан дәме етті ме, аузын ашып есінеп, сонан соң ырылдай қыңсылады* (Ж. Нәжім., Кішк., 23). *Ол қ а қ а маңдайынан тіп-тік түсіпті де екі қастың ортасынан аса беріп, кілт үзіліпті* (Ж. Нәжім., Кішк.). *Қ а қ а жартысы – қақ жартысы.*

ҚАҚА ЖІБЕРМЕУ құр жібермеу, ешқайсысынан қалмау (С. Аман., ВДИКЯ, 429).

ҚАҚАЙ (Қарақ.) мінез-құлқына карай қойылатын қосымша ат. *Тұрымбет қ а қ а й* (Қарақ.).

ҚАҚА МАҢДАЙЫНДА (Алм., Шел.) алдыңғы қатарында, ең алдында: *Денімнің сау кезінде колхоз жумысының қ а қ а м а ң д а й ы н д а жүретұғын едім* (Алм., Шел.).

ҚАҚАС[1] (Гур., Маңғ.) шет қағыс. *Әңгімеге жасымда қ а қ а с болдым* (Гур., Маңғ.).

ҚАҚАС[2] (Қ.орда, Арал) науқас, сырқат. *Күндегіге қарағанда бүгін қ а қ а с т а у м ы н* (Қ.орда, Арал).

ҚАҚАС ЕСТУ (Сем., Мақ.) шала есту, қағыс есту. *Қ а қ а с е с т і д і ң бе, әйтпесе сонда қайда қалдың?* (Сем., Мақ.).

ҚАҚАС ҚАЛУ (Сем., Абай) шет қалу, құр алақан қалу. *Барды осыларға беріп, бүгін үлестен қ а қ а с қ а л д ы қ* (Сем., Абай). *Оның бұл жайы Михаилдан қ а қ а с қ а л м а ғ а н екен* (Ғ. Сл., Шалқ., 224). *Жиналысқа кімнің қалай келгені, қандай киім киіп келгеніне дейін біздің назарымыздан қ а қ а с қ а л м а й т ы н* («Жұлдыз», 1988, №2, 47).

ҚАҚАСТА (Өзб., Там.) абайсызда. *Қақаста аягынан шалып қалды* (Өзб., Там.).

ҚАҚАСТАУ[1] (Гур., Бақс.) аздау. *Адамның қақастауы уақытында алтынды қазып алайын деп барыпты* (Гур., Бақс.).

ҚАҚАСТАУ[2] (Қ.орда, Арал) науқастау, аурулау. *Күндегіге қараганда мен бүгін қақастаумын* (Қ.орда, Арал).

ҚАҚИ (Ақт., Ырғ.) ешкімге жоламайтын, иілмейтін, сірескен тік мінез. *Ой, ол бір қақи гой* (Ақт., Ырғ.).

ҚАҚҚЫШ (Жамб., Мойын.) диірменнің шанағындағы бидайды мөлшермен түсіріп тұратын ағаш. *Қаққыш диірменнің үстіңгі тасына тигенде, шанақтағы бидай түсіп тұрады* (Жамб., Мойын.).

ҚАҚПА (Шымк., Қызылқ.; Жезқ., Ұлы.) алашаның өнерсіз нашар істелген бір түрі. *Қазір қақпаны тоқуды қойды* (Шымк., Қызылқ.).

ҚАҚПАҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.; МХР) самаурынның түтін өшіргіші. Қ. тебелдірік.

ҚАҚПАҚҰЛ (Көкш., Қ.ту; Қар., Шет) ойын аты. *Қақпақұлды бес таспен немесе асықпен ойнайды* (Қар., Шет).

ҚАҚПА ТАС (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Жам.; Жамб., Қорд.) таспен ойнайтын ойын аты. Қ. қақпақұл.

ҚАҚПА ШЕКПЕН (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.) астарсыз, жүннен токылып жасалған шекпен. *Қақпа шекпенді күз бен көктемде киюші еді* (Түрікм., Красн.).

ҚАҚПЫШ[1] (Қарақ.; Орал, Жән.) кепкен (балық, ет). *Балалар келіп қалыпсыңдар, қақпыш жеңдер* (Қарақ.). *Қонаққа қақпыш аспай, мал сою керек* (Орал, Жән.). Қ. капқыш.

ҚАҚПЫШ[2] (Орал: Чап., Жымп.) самаурынның түтін өшіргіші.

ҚАҚПЫШЫ ШЫҚТЫ (Түрікм., Таш.) арықтады, жүдеді. *Оны қашан көрсең де қақпышы шығады да жүреді* (Түрікм., Таш.).

ҚАҚСАЛ[1] (Өзб.) тіс қаккан. *Дәулетбай көпті көріп, көп туйген қақсал адам еді* (Өзб.).

ҚАҚСАЛ[2] (Қарақ.) қатаң, катал.

ҚАҚСАЛ[3] (Қарақ.) тумаған ту әйел.

ҚАҚСАТУ (Гур., Маңғ.) қаңсыту. *Біз келгелі бір бөлек уақыт болды, өзің дым тамақ бермей қақсаттың гой* (Гур., Маңғ.).

ҚАҚСУ[1] (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал, Казт.; Қ.орда, Арал; Түрікм.: Красн., Таш.; Ақт., Ырғ.; Қост., Жанг.) қаңсу. *Қазан сусыз отта тұрып қақсып кетті* (Гур., Маңғ.). *Домбыра жел тиген соң қақсып бара жатыр* (Орал, Казт.). *Осы үйдің шелегі қақсып тұр* (Қост., Жанг.). *Ол арба жаздай далада тұрып қақсып тұр гой* (Қ.орда, Арал).

ҚАҚСУ[2] (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) шөлдеу, қақтығу. *Мал судан қақсып тұр* (Қ.орда, Қарм.). *Көбіне жеритін сиырлар сусыз қақсып жүреді* («К-зшылар үні»).

ҚАҚ-СҰҚ ҚЫЛУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Қарақ.) қорқытып-үркіту. *Қақсұқ қылып малын алды* (Түрікм., Мары).

ҚАҚТАМА[1] **1.** (Көкш.: Щуч., Еңб.) ашытып илеп пісірген жұқа нан. *Қақтама сухари сияқты қатты болады* (Көкш., Щуч.). **2.** (Жамб.: Мер., Шу) қазанға пісірген нан.

ҚАҚТАМА[2] (Шығ. Қаз., Больш.) аң атып алғанда не мал сойғанда жасалатын көуеп.

ҚАҚТАМА[3] (Қост.: Фед., Семиоз.) күмістеліп жасалған камзолдың ілгегі. *Камзолдың қақтамалары азайып қалыпты* (Қост., Фед.).

ҚАҚТАМА[4] (Ақт.: Тем., Алға; Қост., Жанг.) колмен жайған тезек. *Қақтама отынға жақсы* (Ақт., Тем.). *Қақтаманы біз үнемі жасап отырмаймыз* (Қост., Жанг.).

ҚАҚТАП БІЛУ (Шығ. Қаз., Больш.) көп білу, терең білу, жан-жақты білу.

ҚАҚТАУ (Алм., Қаск.) қолын жылыту. *Киіз үйге кіріп қолыңды қақтағын* (Алм., Қаск.).

ҚАҚ ТОЛТЫРУ (Гур., Маңғ.) лық толтыру. *Қапты қақ толтырып алып келіпті* (Гур., Маңғ.).

ҚАҚТЫ (Шығ. Қаз., Зайс.; Алм., Шел.) куыс, алаң (тау қойнауының бір жағы ашық, үш жағы бітеу жері, түйығы). *Қақтының шөбі мол* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Қақтыда көбінесе жылқы жатады* (Алм., Шел.).

ҚАҚТЫҚ СӨЙЛЕУ (Жамб., Шу) қате сөйлеу, артық сөйлеу. *Қақтық сөйлеудің қажеті жоқ* (Жамб., Шу).

ҚАҚЧЫ (МХР) кеңсе қызметкері. *Алғаш аймақ орнаганда алман қақчы өте аз еді* (МХР).

[Монғолша *хаагч* кеңсе қызметкері (Б. Баз. Монғ. каз. тілі, 184)].

ҚАҚШИЮ (Қ.орда, Арал) қақтыру, қағылу. *Шіркін, мына мал судан қақшиды-ау* (Қ.орда, Арал).

ҚАҚЫЙ (Қ.орда, Арал) қақиып бос жүретін адам. *Ол өзі бір қақый гой* (Қ.орда, Арал).

ҚАҚЫРА 1. (Қост., Жанг.) талдан істелген жазда отыратын үй. *Ей, шырағым, мына қақырада үйде отыргандар кімдер* (Қост., Жанг.). **2.** (Қ.орда, Арал; Орал, Жән.; Қарақ.; Қост., Торғ.) қамыстан салып, сыртын сылаған үй, баспана. *Қақырада жазда қолайлы* (Қ.орда, Арал). *Қысқы тамымыз салынып біткенше, осы қақырада отырамыз* (Қ.орда, Сыр.). **3.** (ҚХР) балықшылардың күркесі.

ҚАҚЫРАҚТАУ (Сем., Абай) қаралау, жамандау. *Сен төрт мың адамды түгел қ а қ ы р а қ т а м а* (Сем., Абай).

ҚАҚЫРАУ (Гур., Есб.) жігі ашылу, жігі ажырау. *Қазбектің қайығы қ а қ ы р а п қалған* (Гур., Есб.).

ҚАҚЫРАЮ (Қост., Торғ.) кекірею. *Атамекеннің қақ төрінде қ а қ ы р а й ы п отырып мәслихат құрған іргелі халық емес, айдалада бас қосып, пыш-пыштасқан қашқын-пысқын сияқтысың* (**Ә.** Кекіл., Үркер, 66).

ҚАЛ (Ауғ.; Ир.) діни атақ. **1.** Кербала мен Мешһедке барып зиярат қылған адамға берілетін діни атақ. 2. Жұма молла – Кабулдағы орталық мешітке 13 жыл жұма намазға үзбей барған адамға берілетін діни атақ.

ҚАЛА[1] (Шығ. Қаз., Болын.; Сем.: Абай, Шүб.; Тау., Қош.) қыстақ, он-он бес үй. *Алдарыңнан бір қ а л а көрінеді, ол Алтай совхозының бір бригадасы – Жаңа үлгі* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚАЛА[2] (Шымк., Түркіс.) әкесінің қарындасы. *Демалыс күні қ а л а м д ы үзатқалы жатырмыз* (Шымк., Түркіс.).

ҚАЛАҒАЙЛЫҚ ЕТУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) қаңғалақтау, қаңғалақ ету. *Ол қ а л а ғ а й л ы қ е т і п жүгіріп жүр* (Тау., Қош.).

ҚАЛАЙМАҚАН (Алм.: Кег., Нар.) ретсіз, тәртіпсіз. *Сыңғыт Қыдырмаев осындай үлкен қ а л а й м а қ а н дүрбелеңмен келіп «Шырғанақ» совхозына қонжиған болатын* (С. Байж., Кеген-Қарқара, 1986, №11, 26).

ҚАЛАЙ-СОЛАЙ (Гур., Маңғ.; Орал: Чап., Жән., Орда) қалай болса солай. *Онша әсем киіне қоймайтын, қ а л а й - с о л а й жүре беретін адам* (Гур., Маңғ.). *Ол еңбеккүнді қ а л а й - с о л а й жазып келді* (Орал, Чап.). *Қыстау салғанда тасты* (кірпішті) *қ а л а й - с о л а й өруге болмайды* (Орал, Орда). *Есеп беруде Бөрлі ауылдық советі баяндаманы қ а л а й - с о л а й жаза салған* («Ж. жол», 22.10.1937). *Господи, антихрист..., – деп шошып кеткен Макардың аузынан қ а л а й - с о л а й шыққан сөздері ғана оның құлағына шалынды* (Х. Есен., Ақ Жай., 74).

ҚАЛАЙШАҢ (Сем., Аяг.) қалайша.

ҚАЛАҚ[1] (Шығ. Қаз.: Күрш., Марқ.; Сем., Аяг.; МХР) қасық, қалайы қасық. *Қ а л а қ т а п салу* (Шығ. Қаз., Марқ.). *Ол дүкеннен төрт қ а л а қ сатып алды* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Шешем берген сол бір қ а л а қ талқанның дәмі аузымнан кетпейтіндей көрінді* (Д. Нав., Тау құп., 87). 2. (Жезқ., Ұлы.) көкпір, кепсер. *Үйден қ а л а қ әкел, етті түсірейік* (Жезқ., Ұлы.). 3. (Рес., Омбы) ағаш қасық. *Бауырсақ пісіргенде араластыру үшін қ а л а қ т ы қолданамыз* (Рес., Омбы).

ҚАЛАҚ[2] (Көкш.: Щуч., Еңб.) ескек. *Қайықтың қ а л а г ы сынып қалып, бүгін балық аулауға бара алмай отырмын* (Кокш., Шуч.).

ҚАЛАҚ[3] (Алм., Үйғ.; Тал., Панф.) апиын жинайтын қалақ.

ҚАЛАҚ[4] (Өзб.) кішкене күрекше. *Әшім қақпаның орнын қ а л а қ п е н әдемілеп ойыпты* (Өзб.).

ҚАЛАҚАЙ (Рес., Қалм.) кішкентай. *Мынауың қ а л а қ а й нәрсе екен* (Рес., Қалм.).

ҚАЛАҚАШ ЖІЛІК (Қост., Жанг.) тоқпан жілік. *Қ а л а қ а ш ж і л і к т і ң басы кемік болады* (Қост., Жанг.).

ҚАЛАҚ-ҚҰЛАҚ ШУ (МХР) аз ішу. *Тамақты қ а л а қ - қ ұ л а қ і ш е т ұ г ы н адам* (МХР).

ҚАЛАҚ ҚЫЛУ жаншу, езу (С. Аман., ВДИКЯ, 427).

ҚАЛАҚ ӨРКЕШ (Қ.орда, Арал) түйелерден таралған үрпақтардың кейбірінде болатын, ұшы қаусырылып, төмен қарай иіліп тұратын өркеш.

ҚАЛАҚЧА (МХР) күл шығарғыш. *Қ а л а қ ч а н ы бере сал* (МХР).

ҚАЛАҚЫ (Алм., Іле) несие, қарыз. *Бұрын да бір-біріне қ а л а қ ы беретін еді* (Алм., Іле).

ҚАЛАҚЫ КӘШЕЛ (Гур., Есб.) егін шабатын машина. *Біздің екі қ а л а қ ы к ә ш е л і м і з істен шығып тұрғаны* (Гур., Есб.).

ҚАЛАМ[1] (Қ.орда, Арал; Шымк., Лен.) қарындаш. *Магазиннен екі қ а л а м сатып әкелдім* (Қ.орда, Арал). *Маған қ а л а м ы ң д ы берші* (Шымк., Лен.).

ҚАЛАМ[2] (Жамб.: Шу, Мойын., Мер.) қызылшаның ұш жағы. *Қылчаның қ а л а м ы н қырқып таста* (Жамб., Шу).

ҚАЛАМ[3] (Түркім., Таш.) қасық. *Ауқат ыстық болған соң, қонақ қ а л а м м е н алып отырды* (Түркім., Таш.). Қ. қалақ[1].

ҚАЛАМ[4] (ҚХР) діңке, еңсе. *Қ а л а м ы қату* (ҚХР).

ҚАЛАМДЫҚ (Рес., Орын.) арбаның қазығы. *Қ а л а м д ы қ арбаның қалқанын ұстап тұрады* (Рес., Орын.). Қ. қазық.

ҚАЛАМПЫР[1] (Жамб., Қорд.) қызыл бұрыш. *Дүнгендер қ а л а м п ы р д ы көп егеді* (Жамб., Қорд.). Алматы облысында *келімдері* түрінде айтылады.

ҚАЛАМПЫР[2] (Шымк., Түркіс.) тауда өсетін шоп түрі. *Қ а л а м п ы р таудың күнгей бетінде өспейді, көленке жағында өседі. Қ а л а м п ы р* қысы-жазы көкпеңбек болып тұрады. *Қ а л а м п ы р дәні жуалдыз сияқты, байқамаса қолға кіріп кетеді. Қ а л а м п ы р д ы ң тамы-*

рын дәмдеп шай етіп ішеді, иісі хош иісті болады (Шымк., Түркіс.).

ҚАЛАМШАР (Сем., Ақс.) білім, оқу. *Қ а л а м ш а р ы н ы ң арқасында қор болмаспын* (Сем., Ақс.).

ҚАЛАМЫ (Жамб., Мер.) түсі қоңырлау келген матаның арзан түрі. *Ілгеріде қ а л а м ы д а н көп киюші едік* (Жамб., Мер.).

ҚАЛАНДАР[1] (Ауғ.; Ир.) кіреші. *Қ а л а н д а р арбамен, ат, түйе сияқты көліктермен кіре жасайды* (Ир.). *Қ а л а н д а р қауын артар арбасына* (Ауғ.). *Ауғанда болса, бір қыстақтан бір қыстақтың арасына дүниаңы апаратын қ а л а н д а р һәм бар* (Ауғ.).

ҚАЛАНДАР[2] дінді уағыздаушы, діни адам.

ҚАЛАНДАР[3] (Ауғ.; Ир.) момын, диуана.

ҚАЛАНТАР (Ауғ.; Ир.) ауыл әкімі.

ҚАЛАНЫП КЕТУ (Талд., Қарат.) сұранып кету. *Мен отан согысына озім қ а л а н ы п к е т т і м* (Талд., Қарат.).

ҚАЛАҢҚА (Қост., Торғ.) баспана (камыстан істелген баспана). *Шығырды жүргізетін өгіз тұратын баспананы қ а л а ң ш а дейді* (Қост., Торғ.).

ҚАЛАС БОЛУ 1. (Шығ. Қаз., Зайс.) тазару, кіршіксіз болу. *Перілер жылағанын қабыл көрген, Үш күн байлап екеуін қоя берген. Байланған ата-анамыз қ а л а с б о л ы п, Ал жеті күн дегенде бізге келген* (Ақыт, 80). **2.** (Қ.орда, Арал) құтылу, айығу. *Күздей безгек болып, қыс түскен соң ғана қ а л а с б о л д ы* (Қ.орда, Арал).

ҚАЛАС ҚАЛУ (Қост., Об.) күр қалу.

ҚАЛАУЫШ (Акт.: Шалқ., Қараб.) түс киіз. *Бір қ а л а у ы ш істеп алайын деп едім, жақсы жүн түспей жүр* (Акт., Шалқ.). *Қ а л а у ы ш та үйдің көркі гой* (Акт., Қараб.).

ҚАЛАШ[1] (Қ.орда, Арал) балықтың қанаты. *Торта балықтың қ а л а ш ы кіші болады* (Қ.орда, Арал).

ҚАЛАШ[2] (Орал, Орда) бөлке, наубайханада пісірілген нан (ақ нан). *Магазипде үнемойын қ а л а ш сатылып тұрады* (Орал, Орда).

[Ноғайша *қолаш*; башқ. *қалас*; ор. *калач*].

ҚАЛАҚ-ҚҰЛАҚ (Қарақ.) қалай болса солай. *Қ а л а қ-құ л а қ жұмыс қылуға болмайды* (Қарақ.).

ҚАЛАЛАУ (Қарақ.) базарлау, базарға барып сауда жасап келу.

ҚАЛБА (Жамб., Мер.) үрыс, шатақ. *Олардың араларында көп қ а л б а болды* (Жамб., Мер.). *Жігіттің жаманы қ а л б а д а жүреді, аттың жақсысы дорбада жүреді* (Жамб., Мер.).

ҚАЛБАҒАЙ (Қ.орда, Жал.) түмсығы қар қоңыр, желке шудасы түлым сияқты сал быраңқы, күш-қуаты жоқ, біртума маяны үргашы үрпақтарына таза үлектің буданда суынан алынған нардың алтыншы буданы.

ҚАЛБАҒАЙЛАУ (Орал: Фурм., Чап.) же ңілтектену, үшқалақтық жасау. *Байгүс-ау қ а л б а г а й л а п суға кетесіз гой* (Орал, Фурм.).

ҚАЛБАҒАЙ ОМЫРТҚА (Талд., Ақсу күймышақтан кейінгі алты омыртқа.

ҚАЛБУЫР (Орал, Жән.) холмогор сиыры *Қ а л б у ы р – сиырдың сүтті тұқымдарының бірі* (Орал, Жән.).

ҚАЛБЫЗДАУ (ҚХР) болшсктеу.

ҚАЛБЫР[1] (Алм., Жам.; Жамб.: Шу, Қорд.) шылапшын, кір жуатын ыдыс. *Әкем, қ а л б ы р д ы әкеп, ағаларыңның қолына су құй* (Алм., Жам.).

ҚАЛБЫР[2] (Шыг. Қаз.: Күрш., Тарб., Больш., Марқ.) **1.** бидай тазалайтын елек, елеуіш. *Қ а л б ы р қаңылтырдан жасалады* (Шыг. Қаз., Күрш.). **2.** елеуіш, үн елейтін елек. *Қ а л б ы р м е н ұн елейміз* (Шыг. Қаз., Күрш.).

ҚАЛБЫР[3] **1.** (Кокш.: Щуч., Еңб., Қ.ту) қаңылтырдан істелген кішкене ыдыс. **2.** (Қар., Шет; Рес., Омбы) ксросин, т.б. күятын ыдыс. *Қ а л б ы р д ы ң түбінен су ағып тур* (Қар., Шет). **3.** (Кокш., Қ.ту; Ссм., Аяг.; Түрікм., Красн.) консерві, т.б. салатын ыдыс, сауыт. *Қораны ішінде шашылған қ а л б ы р л а р д а н аяқ алып жүргісіз* (Түрікм., Красн.). **4.** (Сем., Абай) ішіп шай, бұрыш, түйме, т.б. салатын ыдыс.

ҚАЛБЫР[4] (Шығ. Қаз., Больш.) кебек.

ҚАЛБЫРЛАУ (Шымк.: Сайр., Түлк; Алм.: Еңб. қаз., Шел.; Талд., Гв.; Шыг. Қаз.: Күрш., Тарб., Больш.) бидайды елеу, тазарту. *Біз бидайды қ а л б ы р л а п жатырмыз* (Шымк., Сайр.). *Бидай қ а л б ы р л а н с а шөп-шардан таза болады* (Шыг. Қаз., Күрш.).

ҚАЛБЫР ТОҚЫМ (МХР) төрт бұрышты үлкен тоқым.

ҚАЛҒА (ҚХР) хан мұрагері.

ҚАЛҒАН[1] (ҚХР) керней тәріздес әуез ас пабы. *Бұрын қазақта шом, шың, қ а л ғ а н, қалман деген аспаптар болған* (Б. Қыд.).

ҚАЛҒАН[2] (ҚХР) бір түрлі асыл тас. *Жақұт, маржан, қ а л ғ а н ы ң арабтардың еліне үштен бірін беріңіз* («Жеті қаг.», 525).

ҚАЛҒЫНШЫ КҮН (Тау., Қош.; Шыг. Қаз., Больш.) соңғы күн, ақырғы күн. *Енді қ а л ғ ы н ш ы к ү н д е р д е мына жұмыспен шұғылдан* (Тау., Қош.).

ҚАЛДАЯҚ (ҚХР) онеге, төлім. *Қ а л д а я ғ ы жұртына орнекті екен бәйбіше* (ҚХР).

ҚАЛДОРБА (Жамб., Мойын.) үсақ-түйек, шүберек, т.б. салатын дорба. *Базбір әйелдер қ а л д о р б а жасап алыпты* (Жамб., Мойын.). Қордай ауданында – *кір қалта*. Қ. қалдырба.

ҚАЛДЫ ДА БАРДЫ (Орал: Жән., Орда) қала берді. *Сиырды сауылмай қ а л д ы д а б а р д ы* (Орал, Жән.). *Бала машинаға үлгірмей қ а л д ы д а б а р д ы* (Орал, Орда).

ҚАЛДЫРБА (Өзб., Бүх.) үсақ-түйек, ескі-құсқы салып қабырғаға іліп қоятын дорба. Қ. қалдорба.

ҚАЛЕГЕН (Қарақ.) қалаған. *Қ а л е г е н і ң осы болса, алып кетің* (Қарақ.).

ҚАЛЕМ ШАЙЫР (Ауғ.; Ир.) жазба ақын. *Түркиеде болса да Сәуілде барған Алтай қазақтардан қ а л е м ш а й ы р л а р һәм бар* (Ир.).

ҚАЛЕТ[1] (Жамб., Мер.) өтірік, жалған. *Мына кісінің сөзінде қ а л е т болмаушы еді* (Жамб., Мер.).

ҚАЛЕТ[2] (ҚХР) нүқсан. *Қ а л е т қылмау* (ҚХР).

ҚАЛЕТСІЗ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) қатесіз. *Іс қ а л е т с і з болмайды, сонда да ақ болуы мақұл* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *галат* қате (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ҚАЛЕТІ КИІМ (Жамб.: Мер., Шу) жүқа, асыл матадан тігілген киім. *Қ а л е т і к и і м киген кісі Қыдырбайдың айтқанын тыңдамайды* (Жамб., Мер.).

ҚАЛЕТІ СӨЗ (Жамб., Мер.) өтірік сөз, жалған сөз.

ҚАЛЖА[1] (Сем., Аяг.) не, немесе. *Ол мектепке қ а л ж а бүгін, қ а л ж а ертең баруы тиіс* (Сем., Аяг.).

ҚАЛЖА[2] (Рес., Омбы) нәресте аман-есен туғанының күрметіне ырым ретінде берілетін ас.

ҚАЛЖАҚ (Гур., Маңғ.) қалжың. *Ол қ а л ж а қ сөзге үйір* (Гур., Маңғ.).

ҚАЛЖАҚТАУ (Гур., Маңғ.) қалжыңдау. *Ол қ а л ж а қ т а й д ы гой* (Гур., Маңғ.).

ҚАЛЖУЫР[1] (Жезқ., Ұлы.) арбаның дөңгелегі қисайып бұзылып қалғанда, соны түзеу үшін байланатын ағаш.

ҚАЛЖУЫР[2] (ҚХР) садақ оғының бір түрі. *Қ а л ж у ы р д а й шаншылған, жұрт үшін қарауылға көп тұрған* (ҚХР).

ҚАЛЖУЫР БАЙЛАУ (ҚХР) шер болып қатқан, жүрекке шемен болып байланған.

ҚАЛЖЫ-БҰЛЖЫСЫЗ (Сем.: Ақс., Көкп.) өте тығылықты. *Өзіне жүктелген жұмысты қ а л ж ы - б ұ л ж ы с ы з орындайды* (Сем., Ақс.).

ҚАЛҚАДЫ (Гур., Маңғ.) қалқиды. *Күн ыссы, желсіз тымық күндері балық судың бетінде қ а л қ а д ы* (Гур., Маңғ.).

ҚАЛҚАЙМА 1. (Шығ. Қаз., Күрш.) радуан арбаның қанаты. *Арбаның қ а л қ а й м а ағашын түзетіп жатырмын* (Шығ. Қаз., Күрш.). **2.** (Рес., Омбы) шананың артқы жағына орнатылған тақтай қалқан.

ҚАЛҚАҚ (Сем.: Мақ., Үрж.) суды байлауға керекті қалтқы ағаштар. *Бірінші байлаудың былтырғы қ а л қ а ғ ы әлі тұр екен* (Сем., Үрж.).

ҚАЛҚАН[1] **1.** (Рес., Орын.) арбаның сатысы. **2.** (Ақт.: Жүр., Тем.) шананың қанаты. Орынбор қазақтарының сөйлеу тілінде *өреше* сөзі қолданылады.

ҚАЛҚАН[2] (Алм., Балқ.) қалтқы. *Тордың жағасына қ а л қ а н байлап тұрамыз* (Алм., Балқ.).

ҚАЛҚАНДЫ АРБА (Рес., Орын.; Гур., Маңғ.; Ақт.: Жүр., Тем., Алға; Қар., Қарқ.) шөп таситын жан-жағы сатылы арба. *Қ а л қ а н д ы а р б а ғ а қос қалқан салып, салам, пішен тасиды* (Рес., Орын.). *Шөп тасуға қ а л қ а н д ы а р б а бар ма?* (Ақт., Тем.).

ҚАЛҚАНДЫ ШАНА (Рес., Омбы) шөп таситын қалқаны бар шана.

ҚАЛҚЫ (Қ.орда, Арал) ау салғанда белгі үшін ауға байланатын су бетінде қалқып жүретін кішкене ағаштар, қалтқы. *Қ а л қ ы су бетінде қалқып жүреді* (Қ.орда, Арал).

ҚАЛЛА (Шымк., Мақт.) азық. *Шырағым, өсы күні қ а л л а деген колхозда жетеді гой* (Шымк., Мақт.).

ҚАЛМАҚ АРТУ (Орал, Жән.) түйеге жүк артудың бір түрі. *Түйені шөгеріп, қ а л м а қ а р т у м е н жүк артыңдар* (Орал, Жән.).

ҚАЛМАҚ ЕР (Талд., Панф.) алды-арты деңгеленіп келген алдыңғы қасы еңкіш биік әрі жалпақ ер.

ҚАЛМАҚ ҚАМШЫ (Орал, Орда) төбелеске арналған жуан қамшы. *Қ а л м а қ қ а м ш ы жан шыдатпайды* (Орал, Орда).

ҚАЛМАҚ ҮЙ 1. (Гур., Маңғ.) қамыстан жасалған қора. **2.** (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) керегелері итарқа түрінде айқастырып тігілген күрке. *Жаппастар қ а л м а қ ү й г е әуесек* (қ.) (Түрікм., Красн.). **3.** (Қарақ.) киіз үйдің бір түрі.

ҚАЛМАҚЫ ӘРЕМ (Қарақ.) басын қайырып қамыстан жасаған, мал қамайтын қора.

ҚАЛМЕН (ҚХР) ауыл-аймақ. *Осы ер (ертөқым) орнына қайтпаса, қ а л м е н і ң м е н күйрейсің* (ҚХР).

ҚАЛМЫСЫ (Сем., Абай) қала берді, аржағы. *Бір жағы тобықты болып, қ а л м ы с ы*

аргын болып осы жұмысқа түгел кірісті (Сем., Абай).

ҚАЛМЫШ (Гур., Маңғ.) қалдық. *Мынау – биылғы сүрдің қ а л м ы ш ы. Қ а л м ы ш құрт* (Гур., Маңғ.).

ҚАЛПАҚ[1] (Шымк., Түлк.) самаурынның түтін өшіргіші.

ҚАЛПАҚ[2] (МХР) кепкі.

ҚАЛПАҚ КИЮ (ҚХР) ат қойылып, айдар тағылу.

ҚАЛПАЛ БОЛУ (Қ.орда: Арал, Қарм.) қапы қалу. *Қ а л п а л б о л с а ң қайта күресейік* (Қ.орда, Арал).

ҚАЛПАЛ ҚАЛУ (Қ.орда, Арал) күр қалу, бос қалу. *Магазинге түскен заттан, қ а л п а л қ а л ы п қойдық* (Қ.орда, Арал). *Көзден айтқаным пәтуә емес, көтеріп айтқаным қ а л п а л кетіп көрген жоқ еді* (Ә. Нүрп., Курл., 70).

ҚАЛПЕ (Қарақ.) ит жүгіртіп, құс салатын адам, саятшы. *Қ а л п е л е р тазыларын ертіп аңға шығыпты* (Қарақ.).

ҚАЛПУ (Гур., Маңғ.) калқу, бетін сыпыру.

ҚАЛПЫ (Алм.: Нар., Кег.) отірік, жалған. *Оның өзінің қ а л п ы сөйлейтін әдеті бар* (Алм., Нар.).

ҚАЛПЫ АЙТУ (Жамб.: Шу, Қорд.; Рес., Орын.) отірік айту, жалған айту. *Жігіттің жақсысы қ а л п ы а й т п а й д ы* (Жамб., Қорд.). *Уста бар деп осы жерде халық айтады. О неге сонша мұны қ а л п ы а й т а д ы. Қышқашпенен балғаны қолға берсе, Еркек түгіл әйел де мұны жалпайтады* (Рес., Орын.). *Міне, иманым, міне жаным. Қ а л п ы а й т с а м, осы тұрған жерімде арам қатыр, – деп қарғанды Омар* (Ш. Мұрт., Жүлд. коп., 122). Бұл сөз «халық айтса, калп айтпайды» мақалында сақталып қалған.

ҚАЛПЫН ҚҰРАТПАЙ (ҚХР) түп-түгел, шып-шырғасын шығармай.

ҚАЛТА 1. (Түрікм.: Таш., Конеүр.) қап. **2.** (Алм., Жам.) дорба. *Нанды қ а л т а ғ а салып қой* (Алм., Жам.). **3.** (Жезқ.: Ұлы., Жез.; Шығ. Қаз., Зайс.) аудың қалтасы, сүзгінің балық жиналатын жері. *Қ а л т а ғ а балық коп түседі* (Жезқ., Ұлы.). *Сүзгінің балығын қ а л т а д а н аламыз* (Шығ. Қаз., Зайс.). **4.** (Өзб.) қантың кішілеу түрі.

ҚАЛТАҚАП (Қарақ.) қаптың кішірегі.

ҚАЛТАМАН 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.) ұры. *Ертеректе бұл өңір қ а л т а м а н д а р мекені болса керек* (Түрікм., Красн.). **2.** (ҚХР) қалта ұрысы.

[Түрікменше *галтаман* қарақшы, тонаушы, бандит (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *шалтаман* қалтаға түсетін ұры (Карак.-рус. сл., 1958)].

ҚАЛТАМАНДЫҚ (Гур., Маңғ.) ұрлықты көп істеушілік. *Ол адам қ а л т а м а н д ы қ жасап қолға түсті* (Гур., Маңғ.).

ҚАЛТЕК (Шымк., Қызылқ.) балшық таситын арба.

ҚАЛТҚУ (Шымк., Түркіс.) қайту, оралу. *Баламның әскерден қ а л т қ и т ы н уақыты болды* (Шымк., Түркіс.).

ҚАЛТОҒА (МХР) асхана. *Черікте жүргенде қ а л т о ғ а н ы ң отын жағып тұрдым* (МХР).

[Монғолша *гал тогоо* асхана (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 184)].

ҚАЛТЫҚ (ҚХР) сиыр мүйізінің ішін ойып жасаған тостағанша.

ҚАЛТЫРАНУ (Қост., Об.) қалтырау. *Шарипа қ а л т ы р а н ы п, булығып сойлеуге тілі келмей қалды* (Б. Майл., Шығ., 4 т., 174). *Бізді төңкеріс дұшпаны деп танысаң адасасың, біз кеңес адамымыз, – деді қ а л т ы р а н ы п* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 210). *Әбіш қысылды, қ а л т ы р а н д ы* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 170).

ҚАЛТЫРУ (МХР) калдыру. *Мен іштей жаратпай отырсам да, ол пікірімді қ а л т ы р ы п сырттай түстім* («Ж. өмір», 24.10.1989). *Жексен болмай жетпістен де артылармын, урпаққа бір мұралық қ а л т ы р а р м ы н* (МХР).

ҚАЛТЫРЫП БЕРУ (МХР) қалдыру, қалдырын кету. *Мені қ а л т ы р ы п б е р і ң і з* (Д. Нав.,Тау. күн., 136).

ҚАЛУЕН (Қ.орда: Сыр., Жал.) тақыр жерге шығатын түсі жасыл шөп. *Қой малына жұғымды шөптердің бірі – осы қ а л у е н* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАЛУЫН (Рес., Орын.) арам шөп. *Қ а л у ы н н ы ң басында үлпілдегі болады. Қ а л у ы н егін арасына шығады, егінді шығармай қояды* (Рес., Орын.).

ҚАЛЧЫ (МХР) **1.** от жағушы. **2.** аспаз, аспазшы. *Мектепте отыз жыл қ а л ч ы боп, тек кіберге чықтым* (МХР).

ҚАЛША (ҚХР) жас. *Қарты түгіл қ а л ш а с ы да келді* (ҚХР).

ҚАЛШАҚ (Шыг. Қаз., Марқ.) еріншек, жалқау. *Адамның жаңылғаны қартайғаны. Адамның қ а л ш а қ болар оңбағаны* (Шыг. Қаз., Марқ.). Қ. қалшаң.

ҚАЛШАҚТЫҚ (Шыг. Қаз., Больш.) салақтық. *Қызмет бабы қ а л ш а қ т ы қ т ы көтермейді* (Шыг. Қаз., Больш.).

ҚАЛШАҢ (ҚХР) жалқау, еріншек, аяңкес, аяншақ. Қ. қалшақ.

ҚАЛШЕКЕ ЕР (Алм., Жам.) алды-арты жалпақ ер. *Ат үстіндегі қ а л ш е к е ер дігөрдің бе?* (Алм., Жам.).

ҚАЛШЫҢ ТАРТУ (Шымк., Түркіс.) суды жан-жағына бөлу. *Қауынды сугарғанда басында тұрып, қажет жеріне қ а л ш ы ң т а р т* (Шымк., Түркіс.).

ҚАЛЫҚ[1] (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) жазының ішіне салынатын топан, сабан, т.б. сияқты жұмсақ зат. *Жазыны жамамасаң ішіндегі қ а л ы ғ ы н а н тұқ қалар емес* (Түрікм., Таш.).

ҚАЛЫҚ[2] (Ақт., Ойыл) кейін. *Илияштан қ а л ы қ п ы с ы ң, озықпысың?* (Ақт., Ойыл).

ҚАЛЫМША (Гур., Бақс.) қалдық. *Түнеугі астықтан қалған қ а л ы м ш а еді* (Гур., Бақс.).

ҚАЛЫН 1. (Алм., Жам.) қалың. *Бұл жерде чөп қ а л ы н чығады* (Алм., Жам.). **2.** (Шымк., Сайр.) коп. *Күздікүні бедене қ а л ы н келеді* (Шымк., Сайр.).

ҚАЛЫНУ (Гур., Маңғ.) қалу. *Тұзу табан етік қазір қ а л ы н д ы* (Гур., Маңғ.).

ҚАЛЫҢАЮ (Гур., Есб.) қалындау. *Күбір салған соң егістің жері қ а л ы ң а я д ы ғой* (Гур., Есб.).

ҚАЛЫҢАЯ БЕРУ С. Аманжоловта қалындай беру (С. Аман., ВДИКЯ, 427).

ҚАЛЫҢДЫҚ (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) шөбі қалың шабындық жер. *Дария ернектерінде болмаса, қ а л ы ң д ы қ жоқ-ау бүйерлерде* (Түрікм., Таш.). *Олар қ а л ы ң д ы қ бозғыл арасымен бұғып, жүгіре жөнелді* (Ә. Нүрп., Курл., 22).

ҚАЛЫП[1] (Сем.: Көкп., Акс.) кірпіш, күйылған кесек. *Қ а л ы п таусылып қалғандықтан, үй жиюды уақытша тоқтаттық* (Сем., Көкп.).

ҚАЛЫП[2] (Алм., Кег.) сандық, белдік, жүген сияқтыларға күмісті әшекей жасайтын аспап. *Мынаны қ а л ы п қ а құйып жасаған екен* (Алм., Кег.).

ҚАЛЫП[3] (Алм.: Балқ., Іле) ау тоқитын құрал. *Балықшылар кепкен ағаштан қ а л ы п т ы қолдан жасап алады* (Алм., Балқ.).

ҚАЛЫПТЫҢ СЫНАСЫ (МХР) қалып бөлігі. Үстірік пен қалып арасына қағылатын сына.

ҚАЛЫЯН (Гур., Есб.) темекі тартатын трубка. *Ол темекіні қ а л ы я н м е н тартады* (Гур., Есб.).

ҚАМ[1] (Жамб.: Шу, Св.; Шымк., Мақт.; Қ.орда: Сыр., Жал., Арал, Қарм.; Түрікм., Таш.) шикі, шала, піспеген. *Балам, қауын әлі қ а м, піскен жоқ, қ а м қауынды жеуге болмайды* (Қ.орда, Сыр.). *Қ а м да болса әкел* (Шымк., Мақт.). *Оһ, мына қауын қ а м ы р а қ екен* (Жамб., Шу). *Ол кезде жайды қ а м кірпіштен салатын еді* (Түрікм., Таш.).

ҚАМ[2] (ҚХР) шаман, бақсы, балгер.

ҚАМА 1. (Қост.: Фед., Семиоз.; Қарақ.) күндыз бөрік. *Біздің ел ақсақалдары қ а м а бөріктен гөрі ногай бөрікті кеп киеді* (Қост., Фед.). *Бөрік кисең қ а м а ки, қасиеті бөлек қой.* **2.** (Гур., Маңғ.) көмшат. *Көздері шолпан жұлдыздай, қастары қ а м а құндыздай* (Гур., Маңғ.).

ҚАМАЖАУЛАУ (Алм., Шел.) ауқымдау, қоғамдап қоршау. *Бәріміз қ а м а ж а у л а ғ а н д а бермейтін едік* (Алм., Шел.).

ҚАМАЛ (Рес., Қалм.) наурыз. *Қ а м а л тұғасын жыл басы болады* (Рес., Қалм.).

ҚАМАЛЫН СОҒУ (Рес., Қалм.) қамын жеу. *Сені тез жетсін деп қ а м а л ы н с о ғ ы п отырмын* (Рес., Қалм.).

ҚАМАР (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) қаракөл елтірісінің ете қымбат қара түсті түрі. *Менде қ а м а р д а н тігілген кепкі де бар* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қарақалпақша *қамар* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ҚАМАС (Өзб.) піспеген кек өрікті кеп жеуден пайда болатын тістің ауруы.

ҚАМАТ (Ақт., Шалқ.) қатты, суық. *Қыс қ а м а т болса, сиыр шөпте тұрады* (Ақт., Шалқ.).

ҚАМАУ (Қ.орда, Арал) балықты семіртіп алу үшін теңіз жағасынан жасалған орын. *Қ а м а у қазір сирек қолданылады* (Қ.орда, Арал).

ҚАМАУ БАСУ Қ. қамау.

ҚАМАШАЛАУ (Гур., Маңғ.) қамау, қамалау. *Аттарды жан-жақтан қ а м а ш а л а п ұстап алдық* (Гур., Маңғ.).

ҚАМАШАУ (Қ.орда, Арал) тар орын, қоршау. *Тақымнан босаған жануарлар мынау тар қ а м а ш а у д а қалғысы келмей... сай табанына қарай сатыр-күтір домалай жөнеледі* (Ә. Кекіл., Үркер, 251). *Өз тірлігін дүниеден бөлген қапас қ а м а ш а у қуыста дем алмай тұншығып барады* (Ә. Нүрп., Курл., 156).

ҚАМБА[1] (Гур., Маңғ.) бүршіксіз шептердің жалпы аты. *Қ а м б а шөпте дән болмайды* (Гур., Маңғ.). *Жері тұнып тұрған қ а м б а екен* (Гур., Маңғ.).

ҚАМБА[2] **1.** (Орал, Чап.) шөмеле етіп үйгенге дейін бөлек-бөлек етіп тырмамен жиып қойған шөп. **2.** (Орал: Жән., Орда) қыстаудағы үйілген шөп. *Қ а м б а н ы мал жемеу үшін қоршатыңыз* (Орал, Жән.). *Қ а м б а н ы ң центнерін есептеңіздер* (Орал, Жән.). *Мал қыстайтын қорага қ а м б а үйіліп түгесілді* (Орал, Орда).

ҚАМБА[3] (Қ.орда: Арал, Қарм.) балшық илейтін, лай айдайтын шұңқыр. *Қ а м б а д а ғ ы лайды бір шетке үйіп қой, құрғап кетпесін* (Қ.орда, Арал). *Байжан, тур, отырма, бір*

қ а м б а лай істе, тамның төбесін сылаймыз (Қ.орда, Қарм.).

ҚАМБА[4] **1.** (Алм.: Еңб. қаз., Шел.; Жамб.: Шу, Жуа., Мер., Луг.) сарай, қойма. *Астық қ а м б а д а* (Жамб., Шу). *Тұқым астығын қ а м б а г а төктік* (Жамб., Жуа.). **2.** (Қост., Семиоз.) дәнді дақылдарды сақтайтын орын. *Жолдас директор, қ а м б а д а г ы астықты сақтау жағын қадағалау керек* (Қост., Семиоз.). **3.** (Талд., Қоғ.; Шымк.; Түрікм.) сусек, қойма (кірпіштен қабырғаға жанастырып қалап осірген астық құйып қоятын орын). *Сен қ а м б а н ы тазаладың ба?* (Талд., Қоғ.). **4.** (Қост., Жанг.) ұра. *Қ а м б а г а бидай көмеміз* (Қост., Жанг.). *Айғыр демей, тай демей, Астықты теңдеп салады. Өздері көмген қ а м б а д а н керегін мол алады* (К. Әзірб., Шығ., 192).

ҚАМБА[5] **1.** (Қар., Шет) қолмен жайған тезек. *Биыл қ а м б а н ы коп жасадық* (Қар., Шет). *Тезек қ а м б а л а р ы н кептіріп, жинап, жаңбыр өтпестей етіп төбесін қалың жауып тастаған* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 364). **2.** (Сем., Ақс.) қалыпқа, т.б. құйып жасаған тезек. *Қ а м б а л а р ы ң бір қысқа мол жетеді екен* (Сем., Ақс.).

ҚАМБА[6] (Көкш.: Шуч., Еңб.) қоян ұстайтын мүздан катырған ор. *Біздің қ а м б а м ы з г а қыстынкүні қоян коп түседі* (Кокш., Еңб.).

ҚАМБА[7] (Гур., Маңғ.) суды малға кештіріп былғатпас үшін суды жырып әкеи мал суаруға арналған шұкыр жер.

ҚАМБАЗ (ҚХР) тыншу, тұмша. *Аспан аптап шыжып күн, жер қуырған қ а м б а з түн, жел аңызақ тамызда* (І. Жан., Шығ.). Қ. қамбоз.

ҚАМБА ЗОРАТ (Ақт., Ойыл) ортасынан жел кіріп кептіру үшін үлкенірек етіп үйген тары үйіндісі. *Қ а м б а з о р а т т а г ы тарылар қырманга тасыганша кеуіп қалады* (Ақт., Ойыл).

ҚАМБАЛА (Қ.орда, Арал) жалпақ балық, тікенді, қабыршақты балық. *Қ а м б а л а н ы ң көздері бастың бір жағында болады. Қ а м б а л а н ы ң еті дәмді, өндірістік маңызы зор* (Қ.орда, Арал).

ҚАМБАЛАҒАН ТЕЗЕК (Жезк., Ағад.) колмен шапақтап жасаған тезек.

ҚАМБАРДАЙ БОЛУ (Қ.орда, Арал) қампию, қабақтай болу. *Аузына су құйып едім, қылқылдатып, іші қ а м б а р д а й б о л д ы* (Қ.орда, Арал).

ҚАМБАР ҚОЙ (Өзб., Там.) сары түсті кой.

ҚАМБАС ЕР (Қ.орда, Қарм.) алды шошақтау келген ердің түрі.

ҚАМБАЯ (Шымк., Түркіс.) нан ашытқы *Қ а м б а я м е н ашытқан нан тез көгеріп кетпейді* (Шымк., Түркіс.).

ҚАМБОЗ (Сем., Үрж.) қапырық жел тимейтін жер. *Қ а м б о з д а у жер екен, жел тимейтін* (Сем., Үрж.). **2.** (Шығ. Қаз.: Марқ., Қатон.) тымырсық, тымық, желсіз ыстық. *Бүгін күн қ а м б о з болды* (Шығ. Қаз., Қатон). Қ. қамбаз.

ҚАМБЫЛ кәміл, толық (С. Аман., ВДИКЯ, 427).

ҚАМҒАҚ қаңбак (С. Аман., ВДИКЯ, 457).

ҚАМДАП ЖІБЕРУ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Болып.) бәйгеде атка шашақ тағып белгілен, ерекшелеп жіберу. *Мен атты қ а м д а п ж і б е р д і м* (Тау., Қош.).

ҚАМЕК (Қарақ.) піспеген кокөніс. *Бұл жердің қауын, қ а м е г і де бар* (Қарақ.).

ҚАМЕКСІЗ (Акт., Байғ.) шалағай емес, мұлтіксіз. *Міне, сол мерзімге дейін жаңа алфавит пен орфографияны қ а м е к с і з үйреніп алуга тиісіз* (Акт., Байғ.).

ҚАМ ЕТПЕУ (Акт., Байғ.) қам жемеу, қам жасамау. *Тракторлардың копшілігін колхоздарга жетістіруге қ а м е т п е г е н і үшін сөгіс жарияланды* (Акт., Байғ.). *Бұл колхоздардағы партия үйымдарының партия қатарын осіруге тіпті қ а м е т п е г е н д і г і н корсетеді* («Соң. шаруа», 1939, №16.).

ҚАМЗАУ[1] (Жамб.: Жам., Жуа.) құрғақ таза. *Күмбездің іші ұядай гана, кәдімгідей қ а м з а у* (Ш. Мүрт., Қара мар., 169).

ҚАМЗАУ[2] (Жамб.: Жуа, Жам.) қозғау. *Тіпті кейбір үлкен істердің озі аз гана ықпалдан, қ а м з а у д а н, қолдаудан туып кететіні бар* (Ш. Мүрт., Қара мар., 20).

ҚАМЗАУ[3] (Қост., Жанг.) кемзал. *Жақылай жаңадан қ а м з а у тіккізіп киінті* (Қост., Жанг.).

ҚАМЗОЛ (Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) костюм *Біздің елде кастюмді қ а м з о л деп атайды* (Кокш., Қ.ту). *Тойларга әтиім тек қоңыр қ а м з о л м е н барады* (Рес., Омбы). *Жаңбыршы үйіне келе, арзан-қол ескі қ а м з о л шалбарды құрастырдым* (С. Мүк., Өмір мект., 58).

ҚАМИЯН (Гур., Есб.) темекі тартатын қорқор тәрізді трубка. *Темекі тартатын қ а м и я н ы ң д ы берші* (Гур., Есб.).

ҚАМКІРПІШ (Қ.орда, Арал) күйдірілмеген кірпіш. *Бүгін құйган қ а м к і р п і ш т і* котеріп қою керек еді (Қ.орда, Арал).

ҚАМ-ҚАЙҒЫ (Қарақ.) уайым-қайғы.

ҚАМ-ҚАТАЛА (Өзб.) асығыс пісіру, дайындау. *Қ а м - қ а т а л а қылып бірдеңе пісіріпті* (Өзб.).

ҚАМПАЯ (Шымк., Түркіс.) нан ашытқы. *Қ а м п а я н ы ашыған наннан үзіп алып, үнга салып қояды* (Шымк., Түркіс.).

ҚАМ СУ (Шымк., Қызылқ.) қайнамаған су. *Қ а м с у ішпе, қарағым деп айттым гой саған* (Шымк., Қызылқ.).

ҚАМСЫЗДА (Ақт., Байғ.) байқаусызда. *Қ а м с ы з д а күліп қалмау үшін...* (Ақт., Ойыл).

ҚАМСЫЗ ЕТУ (Жезқ., Жез.) қамтамасыз ету. *Сондықтан біздің тілейтініміз автомашинамен қ а м с ы з е т с е екен* («Қыз. кенші», 26.01.1940). *Депоның начальнигі мені дайындық материалдармен қ а м с ы з е т с е, он айлық жұмыс планымды 1-қазанда 200 процент орындаймын* («Қыз. кенші», 9.03.1940).

ҚАМ ТАСТАМАУ (Жезқ., Ж.арқа) шала тастамау. *Тереңдігін 16 сантиметр қ а м т а с т а м а й жыртып, дұрыс малалассақ* («Лен. жол», 16.03.1944).

ҚАМТЕК (Түрікм., Таш.) жүзімнің керексіз шыбығы.

ҚАМТЕМЕ (Гур., Маңғ.) мұқтаж, қажет. *Алдымен оз қ а м т е м е м д і өтеп алайын* (Гур., Маңғ.).

ҚАМТЕМЕЛІ (Гур., Маңғ.) мұқтаж, зәру. *Қ а м т е м е л і заттардың қазіргі ең бастысы – лепмай* (Гур., Маңғ.).

ҚАМТЕМЕСІЗ ЕТУ (Гур., Шев.; Ақт.: Байғ., Жүр.; Қ.орда: Сыр., Жаңақор., Арал) қамтамасыз ету. *Мектеп сапалы ремонттатып кезекті отын, оқу құралдарымен қ а м т е м е с і з е т і л д і* («Соц. ауыл», 1941, №34). *Пермяков жолдас көп адамдардың соғыс өнерін жақсы үйренуін қ а м т е м е с і з е т т і* («К-з жолы», 1943, 28.01.1943). *Егіннің арам шөбін отау жұмысын кезінде және сапалы етіп өткізу егістің түрі мен түсіне қарап отақ жүргізуді 100% қ а м т е м е с і з е т е м і з* («Ст. эпоха», 1939, №30). Қ. қанымдау.

ҚАМТУ (Алм., Нар.) қамтамасыз ету. *Малды сумен қ а м т у үшін тоспалы көлмек жасалып, пайдаланылуға берілуі тиіс* («Сов. шек.», 1955, №21).

ҚАМТУЫ (Орал: Жән., Орда) қарамағы. *Оның қ а м т у ы н д а үш машина бар* (Орал, Орда). *Төртқұл ауыл советіне қарасты төртқұл орталау мектебінің қ а м т у ы н д а 83 бала оқиды* («Қарм.», 1940, №48).

ҚАМТЫҒЫ (Рес., Орын.) қамы. *Оспан қызын ұзатудың қ а м т ы ғ ы м е н жатыр* (Рес., Орын.).

ҚАМУ (Жезқ., Ұлы.) қабу, көйлектің етегін бастыра тігу. *Мына көйлекті немен қ а м и т ы н ы н білмей отырғаным* (Жезқ., Ұлы.).

ҚАМША (Шығ. Қаз., Тарб.) сырмақ. *Қ а м ш а н ы төрге сал* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҚАМШАУ (ҚХР) бір нәрсенің реакция беруінен терінің бөртуі.

ҚАМШЫГЕР (Шығ. Қаз., Больш.) қамшы ұстасы. *Имаштың жолдасы қ а м ш ы г е р кісі гой* (Шығ. Қаз., Больш.)

ҚАМШЫ КЕСТІ (Қ.орда, Қарм.) айғырдың үйіріне қарай алмаған кезі, міністі болып арыған шағы. *Жылқышының салақтығынан қандай жақсы айғырды қ а м ш ы к е с т і қылып тастады* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАМШЫ ТАБУ (Рес., Қалм.) ретін табу, жолын табу. *Қонаққа шақырсаң қ а м ш ы с ы н т а у ы п кетіп қалады* (Рес., Қалм.).

ҚАМШЫНЫҢ ҰШЫН БЕРУ (ҚХР) көмектесу.

ҚАМЫЛ (Рес., Қалм.) шын, рас. *Сен Астраханға қ а м ы л барасың ба?* (Рес., Қалм.).

ҚАМЫП ҚАЛУ (Жезқ., Ұлы.) иірілген жіптің төгілмей үршық басында көп тұрып қалуы. *Мына жіп үршықта тұрып қ а м ы п қ а л д ы* (Жезқ., Ұлы.).

ҚАМЫР[1] (Қар., Шет; Сем., Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.; МХР) қабір, зират, мола. *Мына қ а м ы р түсіп кетіпті* (Қар., Шет). *Қ а м ы р басына барып, чалға бет сипату атамыз қазақтың салты гой, балам* (МХР). *Молдалар ысқаттарын бөліп алды, қ а м ы р г а байды апарып көміп алды* (Монғ. қаз. өд.-3, 29).

ҚАМЫР[2] (Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Жамб.: Шу, Мер., Қорд., Луг., Жуа.; Ауг.; Ир.) етке салатын нан. *Құлжан, етке салатын қ а м ы р ы ң қайда?* (Алм., Шел.).

ҚАМЫРБАС (Орал, Жән.) ашытқы. *Пекарныйда қ а м ы р б а с жоқ екен* (Орал, Жән.).

ҚАМЫР ЖАЮ (Шымк., Түркіс.) нан жаю. *Қ а м ы р ж а й ы п отыр едім, олар үйге кіріп келді* (Шымк., Түркіс.).

ҚАМЫР ТЫРЫШ (Қарақ.) ашытқы.

ҚАМЫРЫ АШУ (Жамб., Шу) жаны ашу. *Адамның қ а м ы р ы а ш и т ы н жағдайлар көп кездеседі* (Жамб., Шу).

ҚАМЫРЫҚ ҚЫЛУ (ҚХР) көңілде түйіншек болып сақталу, қынжылыс сезіну.

ҚАМЫС ОРАҚ (Қост., Жанг.) тек қамыс шабатын орақ. *Біздің үйде қ а м ы с о р а қ жатыр, қамыс шауып тасташы* (Қост., Жанг.).

ҚАМЫСЫ (Жезқ., Ұлы.) қамы.

ҚАМЫТ[1] (Жамб., Қорд.) арба астындағы алдыңғы, артқы дөңгелектерді байланыстыратын, бел ағашты қысып тұратын темір.

ҚАМЫТ[2] (Тау., Қош.) қамдайтын нәрсе, дайындайтын, ескеретін нәрсе. *Шүй бойында қысқа қ а м ы т шөп пен отын* (Тау., Қош.).

ҚАМЫТ[3] (Ақт., Шалқ.; Қ.орда, Арал) қатты, аязды. *Қыс қ а м ы т болса, сиыр шөпте тұрады* (Ақт., Шалқ.).

ҚАМЫТ ЖЕУ (Гур., Маңғ.) қам жеу.

ҚАМЫТ ҚЫЛУ (Гур., Маңғ.) қам қылу. *Олар да өзінің өлмеске қ а м ы т ы н қ ы л м а с дейсің бе? Бір сәті болар* (Гур., Маңғ.).

ҚАМЫТШЫЛЫҚ[1] (Гур., Маңғ.) ық, таса жер. *Қаратаудың бойы қыста мал ұстауға қолайлы қ а м ы т ш ы л ы г ы бар жер* (Гур., Маңғ.).

ҚАМЫТШЫЛЫҚ[2] 1. (Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.) қыс қатты болып күйзелушілік. *Аралға қ а м ы т ш ы л ы қ жылдары өтіп, содан қайтады гой* (Қ.орда, Арал). *Биыл қыс қ а м ы т ш ы л ы қ болды* (Қост., Жанг.). 2. (Қ.орда: Сыр., Қарм.) қатты қиыншылық. *Соғыс жылдары бұл елде қ а м ы т ш ы л ы қ болды* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАМЫТШЫЛЫҚ[3] (МХР) кам, дайындық. *Екі баламмен қыс қ а м ы т ш ы л ы г ы и а кірісіп жатырмын* (МХР). *Көтеріңкі міндет алып, кеш соңында қалған жаман, соның қ а м ы т ш ы л ы г ы н д а жүрміз* (Ш. Қат., Аз. көз., 38).

ҚАМЫШ (Гур., Маңғ.) қамыс. *Қалың қ а м ы ш т ы көлдің жағасында қос тігіп отыр екен* (Гур., Маңғ.).

ҚАНА (Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.) бидайдың қабығы, қауызы. *Бидай өзінің қ а н а с ы н д а толығып піседі* (Қ.орда, Арал). *Қарамықтың данасы болғанша, бидайдың қ а н а с ы бол* (Мақал). *Қ а н а с ы кең бітік дақыл, көзді тартты күннен-күнге* («Соц. шаруа», 1945, №34).

[Парсыша *қане* клетка, өсімдік (өсімдіктін бір түрі) деген мағынада қолданылады (Кр. пер.-рус. сл., 1945)].

ҚАНАҒА КЕЛУ (Қ.орда, Арал) өсу, жетілу, толығу. *Қ а н а г а к е л г е н балық, Балықшылар қ а н а г а к е л м е г е н балықты ауламайды* (Қ.орда, Арал).

ҚАНАДЫЛ (ҚХР) бүлбүл торғай.

ҚАНАЛЫ (Қ.орда, Қарм.) дәнді дақыл. *Мынау жақсы қ а н а л ы бидай екеи* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАНАР (Алм., Шел.; Қост., Жанг.; Жезк., Ағад.; Гур., Бақс.; Шымк., Мақт.) он пұттық үлкен қап. *Сейсенбайдың екі қ а н а р тарысы бар* (Қост., Жанг.). *Бір қ а н а р д ы толтырып таразыға тарттырады* («Лен. жолы», 11.12.1938). *Денесі де сол қос кеспектің үстіне қонжита салған зілбатпан қ а н а р сияқты* (Ә. Кекіл., Күс қан., 146).

ҚАНАРЛАП ТОЮ (Өзб., Тамд.) өбде қану. *Суға қ а н а р л а п т о й г а н қойлар мы мырлай басып барады* (Өзб., Там.).

ҚАНАТ[1] 1. (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта тор. *Ол қ а н а т шіріп жатыр* (Түрікм., Кө неүр.). 2. (Алм., Іле) сүзгінің екі қапталы. *Қ а н а т т ы ң негізгі мақсаты балықты ұрық тіп отырып ауға жию* (Алм., Іле).

ҚАНАТ[2] (Жамб., Шу; Талд., Қоғ.) үйді қабырғасы. *Тамның қ а н а т ы кең* (Жамб Шу).

ҚАНАТ[3] (Шығ. Қаз., Күрш.) арбаның са тысы. *Арбама қ а н а т орнатып алдым* (Шы Қаз., Күрш.).

ҚАНАТ[4] (Алм., Қарат.) шананың үстін орнатылған, артына қарай кеңес түсетін ек жағындағы қалқаны.

ҚАНАТ АРҚАН (Алм.: Іле, Балқ.) қанат басындағы кілашқа (абат) байланатын ұзындығы 80-100 метрдей жуан кендір жіп. *Қ а н а т а р қ а и г а шаптырма байланды ма?* (Алм., Іле).

ҚАНАТТАС (Рес., Қалм.) қатар, құрбы. *Онда біз сізбен қ а н а т т а с болдық қой* (Рес., Қалм.).

ҚАНАТТЫ ШАНА (Жамб., Шу) шөп та ситын шана.

ҚАНАТУ (Орал, Жән.) канау. *Біздің зама нымызда біреудің еңбегін біреу қ а н а т п айды балам* (Орал, Жән.).

ҚАНАУ (Ақт., Ырғ.; Қост., Фед.; Жезк., Ұлы.) үлкен арық, казылған жер. *Біздің кол хоздың қ а н а у ы екі тарауға бөлінеді* (Ақт., Ырғ.). *Көлден қ а н а у қазып, егіске су береміз* (Ақт., Шалқ.).

ҚАНАУЫЗ (Қост., Жанг.) тістеуік, шеге суырғыш. *Шегені суыруға қ а н а у ы з жақсы* (Қост., Жанг.). Қ. кемпірауыз, атауыз.

ҚАНДАЙ-ҚАНДАЙ (Шығ. Қаз., Больш.) неше түрлі, неше алуан. *Олар осы жерде қ а н д а й-қ а н д а й да сауда жасайтын* (Шы Қаз., Больш.).

ҚАНДАЙЛЫҚ (Шығ. Қаз., Тарб.) қандай недей. *Мал дәрігерлері қ а н д а й л ы қ жағдай болса да дайын тұруы керек* («Больш. кол.», 1938, №33).

ҚАНДАЙМА (Гур., Маңғ.) қандай да, не дей де. *Бұл міндетті, қарарды бұзып қ а н д а й м а жолмен болса да кедергі жасағанда әкімшілік жолмен жүз сом айып тартад* (Гур., Маңғ.). *Әрбір орындарда санитарный постылар ұйымдастырылып, қ а н д а й м а жұқпалы аурулар болса да қарсы күре шараларын қолданамыз* («Соц. мал шар 24.12.1941). *Қ а н д а й м а өндіріс жұмысы бо*

са да колхозшыларды өндіріске ұйымдастыра білу («Соц. жол», 13.01.1940).

ҚАНДАҚЫ (Алм., Нар.) қандай. *Өзің «қандақы адамсың-ай» – деп жаман ұялтты* (Алм., Нар.).

ҚАНДАР БОЛУ (Гур., Маңғ.) кекті болу. *Қандар болып өзіңе бірдеме істеп жүрмесін деп ескерттім* (Гур., Маңғ.).

ҚАНДАУЫР (Жамб.: Тал., Сар.; Шығ. Қаз., Зайс.) кан алғыш. *Аттың тұмсығынан қан алу үшін қандауыр керек* (Жамб., Тал.). *Бұрын қандауыр ұстамайтын дәрігер болмайтын* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚАНДЕК (Гур., Маңғ.) қанден.

ҚАНДЕК ЕР (Ақт.: Тем., Жүр.) басы ушкір, шошақ, арты жалпақ ер. *Менің қандек ерім жақсы* (Ақт., Тем., Жүр.).

ҚАНДЕЛ (Гур., Есб.) қанден. *Ауылда қандел ит көбейіп кетіпті* (Гур., Есб.).

ҚАНДЕШ (Қост., Жанг.) қанден. *Жұмаштың қандеші қабаған екен* (Қост., Жанг.). Қ. қандек.

ҚАНДЫ АУЫЗ (Ақт.: Ырғ.; Қ.орда, Арал) саға, кемей. *Егін суарылып болған соң қанды ауызын байла* (Ақт., Ырғ.).

ҚАНДЫ БҰТА (Қост., Фед.) тапталған тақыр жерлер мен жол бойына өсетін ақ бунақты, биіктігі 40-50 см-дей қызыл түсті шөп. *Қанды бұта Сыр бойында өсетін қызыл тамыр шөбіне оте ұқсас. Қанды бұтаны ашыққан мал ғана жейді* (Қост., Фед.).

ҚАНДЫКЕ (ҚХР) садақ жебесінің (оғының) жақтан шығар жері; кіріс. *Қандыкеден оғын ырғытты* (Қобыланды батыр).

ҚАНДЫКЕРІК (Орал, Қара.) күбіртке секілді тырнақ арасынан шығатын жара. *Қолыңа қандыкерік шықса, отпен аласта* (Орал, Қара.).

ҚАНДЫМ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб., Сар.) сексеуіл түстес, суға шірімейтін, биіктігі үш метрдей өсімдік. *Қандым – әрі отын, әрі мал азығы* (Қ.орда, Сыр.). **2.** (Қарақ.) күмға шығатын шөп. *Қандымды отын үшін пайдаланады* (Қарақ.). **3.** (Шымк., Түркіс.) буын-буын болып өсетін бұталы ағаш. *Қандым құмды жерге жуан болып өсетін ағаш. Қандымды отынға пайдаланады. Қандының бойы аласа болады. Қандым ағашының қап-қара дәні болады* (Шымк., Түркіс.).

ҚАН ЕЗІП БЕРУ (МХР) соғымға сойған малдың қанын қатырып қойып арықтаған бұзауды тыңайту үшін жылы суға салып жібітіп, сүйылтып ішкізу. *Арықтаған бұзауға қан езіп берген де, лезімде көтеріліп кетед* (МХР).

ҚАНЖАЛАС (Шығ. Қаз., Больш.) бірге туған. *Қанжалас ағалары, інілері бар* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚАНЖЫҒАЛАСУ (Жамб., Жуа.) бірге жасасу, тетелес өсу.

ҚАНЖЫҒА САУДА (МХР) қолма-қол сауда. *Мен саған қайтсең де менің қанжыға саудамды істе демеймін* (МХР). *Темірбек бүгін Иванның қанжыға саудасын өзіне өткеріп, есеп айырысын үйге кеш оралды* (М. Құл., Таң., шығ., 19).

ҚАНЖЫР (Алм., Жам.) суда жүретін еті адал, балықшыға ұқсас, бірақ содан кішілеу құс. *Бүгін әкемнің тышқанға құрған қақпанына бір қанжыр түсіп қалыпты* (Алм., Жам.).

ҚАН ЖІЛІК БОЛУ (ҚХР) шапқылап, арып-ашу.

ҚАН КӨЗ (МХР) қызыл көз, бүркіт көзінің түсі.

ҚАНҚАБАН (Қост., Жанг.) қан қызушылық. *Бұрын жер-суға таласуда рулар арасында қанқабаншылық көп болушы еді* (Қост., Жанг.).

ҚАНСАРСУ (Рес., Орын.; Орал, Орда) ревматизм. *Ол кісі салқын тиіп, қансарсу болған* (Рес., Орын.).

ҚАНСОҚТА (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.; Қарақ.; Рес., Қалм.) ет, май, өкпе, бауыр, турап, қанды мол араластырып, үн қосып бүйенге салып пісірген тамақ. *Ұңғыл-шұңғыл мұжитін, Омыртқасы мұның жоқ. Құрбаң-құрбаң асайтын қансоқтасы және жоқ* (Түрікм., Красн.).

ҚАНСУ (Қ.орда, Арал) қаңсу.

ҚАНТАЛАУҒА ТҮСУ (ҚХР) тепкіге түсу, туталақайға түсу, қор болу.

ҚАНТЕК (Қарақ.) үй салу үшін жасалған лай немесе лай жасалған шұңқыр.

ҚАНТ ҚАЙШЫ (Қар., Шет; Көкш., Қ.ту; Қарақ.) қантты сындыру үшін қолданатын құрал. *Қант қайшы болмаса мынаған тістің әлі келмейді* (Қар., Шет). Қ. қаит сындырғыш, қант шаққыш, шекер қайшы.

ҚАНТ СЫНДЫРҒЫШ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) қант шаққыш. *Шешей қолындағы қант сындырғышымен анда-санда сырт еткізіп қояды* (Түрікм., Таш.). Қ. қант қайшы, шекер қайшы, қант шаққыш.

ҚАНТУЛЕНУ (ҚХР) қайғыру. *Қантуленіп отырсың өлейін деп* (Сүйінбай).

ҚАНТ ШАҚҚЫШ (Жамб.: Мер., Луг., Қорд.) қант шағатын құрал, тістеуік. *Қант шаққышым қайда қалған?* (Жамб., Қорд.). Қ. қант қайшы, қант сындырғыш, шекер қайшы.

ҚАНТЫС (Көкш., Қ.ту) жылқы терісінің сыртына шыққан қан.

ҚАНТЫСТАУ (Көкш., Қ.ту) жылқының ыстық-суықты болып, денесінің қанталап, сыртына қан шығып жүруі.

ҚАНҰН (Түрікм.: Таш., Мары, Көнеүр., Тахта) заң. *Қ а н ұ н с ы з іске ара түсу қылмыс* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *канун* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *конун* (Узб.-рус. сл., 1959); ар. *канунь* ереже, заң (Л. Буд., II, 28)].

ҚАНШАДА (Шығ. Қаз., Больш.) үстінде. *Зәмзәмнің әкесі қырық қ а н ш а д а* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚАНШАУЫ (Жамб.: Жам., Жуа.) қаншасы. *Жыл он екі айда бәленбай күн бар екен. Соның қ а н ш а у ы есіңнен кетпестей болып қалады* (Ш. Мүрт., Қара мар., 151).

ҚАНШИЕ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) ақ тікен сияқты бұтаның басына шығатын жабайы жеміс. *Қ а н ш и е н і ң түрі қызыл, дәмі қышқыл болады* (Қ.орда, Арал).

ҚАН ШЫҒАРАР (Түрікм., Таш.) кішігірім пышақ. *Үй иесі қ а н ш ы ғ а р а р ы н алды да тауықтың басын кесіп тастады* (Түрікм., Таш.).

ҚАНШЫР (Жамб., Жуа.) құс аты. *Тегінде қ а н ш ы р ақымақ құс емес* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 50).

ҚАНЫҒУ (Алм., Шел.) құмарта түсу, ішсем дей беру. *Біздің Тұрсын сүтке қ а н ы ғ ы п барады* (Алм., Шел.).

ҚАНЫҚ (Жамб., Шу) кану, қанған. *Үйқы қ а н ы қ, құлағы сақ, Отанымды тұр күзетіп* (Жамб., Шу).

ҚАНЫ ҚАТЫП ТЫҢДАУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) үйып тыңдау. *Қ а н ы қ а т ы п т ы ң д а п қалыпты* (Түрікм., Таш.).

ҚАНЫМДАУ (МХР) қамтамасыз ету. *Малды пішенмен қ а н ы м д а п болды* (МХР). *Жоғары оқу орнын бітірген мамандар топ-тобымен келіп, шаруашылықтың әр саласы қ а н ы м д а л д ы* (Ш. Қатш., Аз. көз., 43). *Ал шоп шабатын носилке болса, сауда үйымының арбаға жегетін аттарын пішенмен қ а н ы м д а п қана қоймай, пішен алып дағдылаибаған халықты шоп алуға дағдыландыруға болатын еді* (М. Құл., Шығ., 40).

ҚАНЫН АҒЫЗЫП ЖЕУ (МХР) шикі жеу, шала пісіріп жеу. *Бір қайнатты да қ а н ы н а ғ ы з ы п ж е й салды* (МХР).

ҚАНЫ СҰЙЫҚ (Жамб., Жуа.) қаны аз, қансыз, әлсіз. *Ол қ а н ы с ұ й ы қ адам* (Жамб., Жуа.).

ҚАҢҒАЛАҚ[1] (Ақт., Ойыл) машинаның т. б. алдыңғы қалағы. *Қ а ң ғ а л а қ титақамдағ жел шықса да айналады* (Ақт., Ойыл).

ҚАҢҒАЛАҚ[2] (Гур., Шев.) үршықтың басы *Үршықтың қ а ң ғ а л а ғ ы н ы ң төменгі жағынд иірілген жіп бар* (Гур., Шев.).

ҚАҢҒАЛАУ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) қаңғалақтау. *Ұзап кетсе, оғы қ а ң ғ а л а й д ы* (Қ.орда Арал).

ҚАҢҒЫРЫҒЫ ТҮТЕУ (ҚХР) көзін көгерту, жат жер, жат елде қиналу, азап тарту.

ҚАҢҒЫРЫҚТЫРДЫ (Жамб., Тал.) жаңғырықтырды. *Айғайлап құлағымды қ а ң ғ ы р ы қ т ы р д ы* (Жамб., Тал.).

ҚАҢҒЫС қаңғыма (С. Аман., ВДИКЯ, 430). *Қайдағы қ а ң ғ ы с қайдан табады осы үйді! – Ауқатты кісі кедей, пайдасыз туыстың келгенін қай заманда ұнатқан* (Ж. Нәжім., Кішк., 17).

ҚАҢҚАЙ[1] (Гур.: Маң., Есб.) қайқай. *Әйда, қ а ң қ а й* (Гур., Маң.). *Ертемен тұр да осы үйден қ а ң қ а й* (Гур., Есб.).

ҚАҢСА (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) насыбай шақша. *Ақсақал, қ а ң с а ң ы з қалтаңызда ма?* (Тау., Қош.).

[Алтаіі тілінде *қаңза;* моңг. *ганса*].

ҚАҢТАРҒЫШ (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) шөп машинаның шалғысын котсріп қоятын темір. *Қ а ң т а р ғ ы ш т ы тәртеге міндеттейміз* (Ақт., Ырғ.).

ҚАҢТАРДАҒЫ БУРА (Қ.орда, Арал) қантардың қақаған аязы мен боранында бірнеше күн жайылмай, су ішпей оз-озінен күркіреп, ақ көбік шашып, желге қарсы қасқайып тұратын таза қанды айыр бура.

ҚАҢЫЛЖУ (ҚХР) қаңсу, қаңырсу. *Даланың ыстығы мен аңызағында қ а ң ы л ж ы п жүру оңай ма* (ҚХР).

ҚАҢЫЛТАҚ[1] (Қарақ.) жібектен, мақпалдан тігілген озі жұқа, озі жңі сырылған шапан.

ҚАҢЫЛТАҚ[2] (Рес., Орын.; Орал: Казт., Орда; Қост., Фед.) даладан жиылған тезек. *Жаздыкүні қ а ң ы л т а қ жинап аламыз* (Рес., Орын.). *Біздің жерімізде отқа жағатын ағаш болмайды, сондықтан жазда мал орісінен қ а ң ы л т а қ тереді* (Орал, Орда).

ҚАПА[1] (Орал: Казт., Чап., Жымп.) тымық, тымырсық. *Бүгін күн қ а п а болып тұр* (Орал Казт.).

ҚАПА[2] (Гур., Маң.) қалың, каба. *Мың айғыр ұя құйрық, қ а п а жал жануар екен* (Гур., Маң.).

ҚАПАЛАҚ-ҚАПАЛАҚ (Сем.: Көкп., Ақс.) жапалақ-жаналақ. *Қ а п а л а қ-қ а п а л а қ құр жауар* (Сем., Кокп.).

ҚАПАЛАҢ (ҚХР) аяқтың бақайларының арасына тұрып қалатын кір.

ҚАПАЛАУ[1] (Талд., Қарат.) терлеу. *Аягым шуаштықтан қ а п а л а п кетті* (Талд., Қарат.).

ҚАПАЛАУ[2] (Ауғ.; Ир.) жабылу, жабылып қалу. *Бұ уақытта болса Махаза қ а п а л ы п қалған болар* (Ауғ.).

ҚАПАН (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.; Гур., Маңғ.) таразының үлкені. *Екі қапшық астықты қ а п а н г а бірден шектіріп алдым* (Гур., Маңғ.). *Қ а п а н г а олшет те, жүгін түсіріп мәшінді босат* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *гапан* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *хапқат* ең үлкен олшем мағынасын береді (Узб.-рус. сл., 1959)].

ҚАПАС (Қарақ.) құсты салып қоятын ыдыс.

ҚАПАУЫЗ тістеуік (С. Аман., ВДИКЯ, 427).

ҚАПАШ-ҚҰПАШ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) тез-тез, жылдам, асығыс. *Ол қ а п а ш-қ ұ п а ш жүріп келеді* (Тау., Қош.).

ҚАПАШ-ҚҰПАШТА (Қ.орда, Қарм.) қапелімде, асығыста. *Қарағым-ау, саған мен қ а п а ш-қ ұ п а ш т а не тауып бере қояйын* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАПДАРШЫЛЫҚ (Қ.орда, Арал) дүшпандық. *Жақауға көрген балықты айтпай, менің бір онымен қ а п д а р ш ы л ы г ы м бар ма* (Қ.орда, Арал).

ҚАПЕЗ[1] (ҚХР) қорғаушы, қоруыл.

ҚАПЕЗ[2] (ҚХР) ес, жад, ой, назар, ұғым, түсінік.

ҚАПЕЛДЕ (Гур., Маңғ.) қапелімде, ойламаған жерден. *Сасқан адамның аузына қ а п е л д е сөз де түсе қоймайды* (Гур., Маңғ.). *Сасып қалып қ а п е л д е, білмедім жауап барқын-ай* (Гур., Маңғ.).

ҚАП ЕТКЕНДЕ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) алғаш, алдында. *Қ а п е т к е н д е мен мәселенің байыбына бармадым* (Тау., Қош.).

ҚАПИДА (Рес., Орын.) қапыда. *Қарағым, қоямысың қой дегенде, Әрдайы ізденіп келдім той дегенде. Қоймасаң бір азырақ болжасайық, К а п и д а бермен билік ой дегенде* (Рес., Орын.).

ҚАПҚАН (Көкш.: Шуч., Еңб.) қақпан.

ҚАПҚЫСЫ БАР (Алм., Кег.) қапқысы келді. *Мынау иттің қ а п қ ы с ы б а р* (Алм., Кег.).

ҚАПҚЫШ (Қ.орда: Арал, Қарм.) қақтап кептірген балық. *Қ а п қ ы ш еш уақытта шірімейді* (Қ.орда, Арал).

[Қарақалпақша *қақбаш* (Н. Бас., Карак. яз., 1, словарь, 1951)]. Қ. қақпыш[1].

ҚАПРЕҢ (Шымк., Арыс) саз, сазды жер. *Бұл араның жері қ а п р е ң келеді* (Шымк., Арыс).

ҚАПСЫРМА (Қ.орда, Қарм.) қаптырма. *Киімнің қ а п с ы р м а с ы* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАПСЫРУ (Орал, Ақж.) жабу. *Шырақ, ана есікті қ а п с ы р а салшы* (Орал, Ақж.)

ҚАПТАҒАЙЛАНУ (Қост., Жанг.) қаптау. *Барлығы қ а п т а ғ а й л а н ы п жүгірді* (Қост., Жанг.).

ҚАПТАЛ[1] (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары; Қарақ.) үйдің қабырғасы. *Жаңа ғана қ а п т а л д а ғ ы шегеге ілген сияқты едім* (Түрікм., Таш.).

ҚАПТАЛ[2] (Қ.орда, Арал; Ақт., Шалқ.) қарауы, иелігі. *Мен оның қ а п т а л ы н д а үш жыл қызмет істедім* (Қ.орда, Арал). *Өзінің қ а п т а л ы н д а ғ ы адамдар болған соң ренжімейін деген гой* (Ақт., Шалқ.).

ҚАПТАЛ БІЛУ (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.) жақсы білу, терең білу, жан-жақты білу. *Ботабай ақын қазақ тарихын, рулар тарихын қ а п т а л б і л е т і н кісі* (Сем., Ақс.).

ҚАПТАЛ ЕР (Талд., Панф.) алдыңғы қасы дөңгеленген, арты жалпақша келген қазақы ер.

ҚАПТАЛ ЖЕЙДЕ (Жамб., Қорд.) еркектер киетін ұзын көйлек. *Қ а п т а л ж е й д е н і ң алды ашық, жағасы шапанның жағасындай* (Жамб., Қорд.). Шу бойында бұны *чал жейде* деп те атайды.

ҚАПТАЛ КИІЗ (Орал, Жән.) ер астына салатын киіз. *Ердің қ а п т а л к и і з і н қайда құртқансың* (Орал, Жән.).

ҚАПТАЛ ШАПАН (Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) жадағай шапан, ішіне жүн, мақта салынбаған шапан. *Қ а п т а л ш а п а н қималы шапаннан жуқа болады* (Көкш., Қ.ту).

ҚАПТАЛЫНА АЛУ (Қ.орда, Арал) қарауына, қарамағына алу. *Әркім өз қ а п т а л ы н а а л у үшін тырысады гой* (Қ.орда, Арал).

ҚАПТАМА ЕТІК (Жамб., Шу) сыртын былғарымен қаптап жасаған киіз етік.

ҚАПТАН (ҚХР) сауыт ретінде киетін қаптырма.

ҚАПТАТА СУҒАРУ (Талд., Панф.) суды мол жіберіп көлдете суару.

ҚАПТАУЫЛДАП КӨШУ (Қост., Жанг.) тасымалдап көшу. *Екі үйлі жан зорға дегенде қ а п т а у ы л д а п к е ш і п қондық* (Қост., Жанг.).

ҚАПТАУЫН АСЫРУ (ҚХР) жазасын беру, сазайын тартқызу, сыбағасын үстату, көресісін көрсету.

ҚАПТЫМ (Алм., Кег.) қалыппын, қаппын. *Әуелгіде Белгібай екен деп қ а п т ы м, байқасам қайнагам екен, әй, ұялганым-ай* (Алм., Кег.).

ҚАПТЫРМА (Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) күмістен жасалған камзолдың ілгегі. *Қ а п т ы р м а тауып қадаса өте жақсы болар еді* (Көкш., Қ.ту). *Байынан қорқатын бар қазақ әйелінің сасқалақтығына басып қамзолының қ а п т ы р м а л а р ы н жұгіртіп келе жатқан бойы шалыс-шатыс лектіріп Жұбай шыға келді* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 324).

ҚАПТЫРМА ІЛГЕК (Қарақ.) топсалы ілгек.

ҚАПТЫРУ (Қ.орда, Арал) қапсыру, жабу. *Бала есікті қ а п т ы р ы п қойшы* (Қ.орда, Арал).

ҚАПТЫС (МХР) **1.** іс қағаздарыиың қабы, папка. **2.** мүқаба. *Алман хаттың, тушалдың жеке қ а п т ы с т а р ы бар. Кітаптың қ а п т ы с ы қатты боса* (МХР).

ҚАПҰЛ-ҚҰПЫЛ (Алм., Кег.) апыл-күпыл. *Тұрлыбай ерен-паранда чәйін қ а п ұ л-қ ұ п ы л іше сап жұмысқа кепті* (Алм., Кег.).

ҚАПҰСЫ қақпасы, есігі (С. Аман., ВДИКЯ, 427).

ҚАПШАҒАЙ (ҚХР) судың қысылып өтетін, озен арнасының ең тар жері.

ҚАПШЫ (ҚХР) теніз шаяны.

ҚАПШЫҚ[1] **1.** (Алм.: Шел., Еңб. каз., Жам.; Жамб.: Шу, Мер., Луг., Мойын.; Шығ. Қаз., Зайс.; МХР) әмиян, ақша салғыш. *Әкемнің қ а п ш ы г ы толған ақша гой* (Жамб., Қорд.). *Қалтадағы қ а п ш ы қ т а үш сом бар* (Алм., Жам.). *Балага бір қ а п ш ы қ әкелдім* (Шығ. Каз., Зайс.). *Хомбон үй иесінің киім-кешегін, жастық астындағы үлкен қара былгары қ а п ш ы г ы н, най темекісін қымқырып, төмендегі бір жілік пысқан етті де алды* (Д. Нав., Тау күп., 28).

ҚАПШЫҚ[2] (Алм.: Жам., Қаск.) папиростың қабы. *Қазбектің қ а п ш ы г ы н маган берші* (Алм., Қаск.).

ҚАПЫ[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж.; Қарақ.; Қ.орда, Арал) есік. *Қ а п ы н ы ашып қойшы, үйге самал кірсін* (Қарақ.). *Бақыш-ай, бота кіргенсін, ана қ а п ы н ы жауып кел* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *гапы* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *қапы* (Рус.-карак. сл., 1967); *дарпц* қакпа (С. Мал., ПДП, 411); түр. *қапу* есік (Л. Буд., II, 4)].

ҚАПЫ[2] (Гур., Маңғ.) таудың арасындағы оян жер.

ҚАПЫ ЖОҚ (Сем., Абай) мін жоқ, еш кемшілігі жоқ. *Оның ақындығында қ а п ы ж о қ* (Сем., Абай).

ҚАПЫҚТАНУ (Қарақ.) сезіктену, кауіптену.

ҚАПЫЛ (Орал: Жән., Казт.; Рес., Орын.) асығыс, шұғыл, тез. *Ол бір қ а п ы л қызметпен келді-ау тегі* (Орал, Казт.). *Мына жерді қ а п ы л тестім* (Рес., Орын.).

ҚАПЫЛУ 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары; Ақт.: Тем., Жүр.; Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.) асығу. *Сондайма неге қ а п ы л а с ы ң, әлі уақыт бар* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *ховлукмак* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *ховлукмак* (Узб.-рус. сл. 1959)]. **2.** қысылу, асып-сасу, қиналу. *Қ а п ы л с а қайт деп отырсың маган!* (Қ.орда, Арал). *Мәшине ізден қ а п ы л ы п жүрген шыгар* (Ақт., Тем.). *Кіл қ а п ы л у... Сен де бір жағынан бізді қызыл танау гып болдың гой – деді* (Ә. Нүрп., Ссң, 66). *Әншейінде оз етегіне озі сүріпіп қ а п ы л ы п жүргенімен...* (Ә. Кекіл., Құс қан., 267). **3.** (Ауғ.; Ир.) кешігу. *Үйде болса үш мүсәпір отыр еді, сойлесемін деп тойыңа қ а п ы л ы п қалдым* (Ауғ.).

ҚАПЫЛ ЖҮРУ жылдам жүру (С. Аман., ВДИКЯ, 427).

ҚАПЫЛЫС (Гур., Маңғ.) асығыс. *Таңертеңгі шай, сірә қ а п ы л ы с* (Ә. Кекіл., Құс қан., 98).

ҚАПЫМА-ҚАПЫ (Қарақ.) есікпе-ссік.

ҚАПЫРАЮ (Гур., Бақс.) қақыраю. *Немене бұл қ а п ы р а й ы п қалганың, тез бар!* (Гур., Бақс.).

ҚАПЫРЖЫҚ (Орал, Орда) күміс портсигар. *Қ а п ы р ж ы г ы ң д ы бере тур* (Орал, Орда). *Үрланган ақшаны қ а п ы р ж ы қ қ а тыгыпты* (Орал, Орда). Бұл соз түрікмен тілінде *гапыржак* түлғасында жоғарыдағы мағынада қолданылады.

ҚАПЫРТ ақ жем (С. Аман., ВДИКЯ, 427).

ҚАПЫРЫҚ[1] (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.; Орал, Чап.) қамысты, қопалы жер, шабындық жер. *Қ а п ы р ы қ жердің шобі қалың болады* (Ақт., Ырғ.). *Біздің колхоз жағындағы қабагы қ а п ы р ы қ* (Қ.орда, Арал).

ҚАПЫРЫҚ[2] (Рес., Орын.) қалың. *Шөп қ а п ы р ы қ болып оскен* (Рес., Орын.).

ҚАПЫРЫНДА БОЛУ (Гур., Маңғ.) қарауында болу, қол астында жүру, бағынышты болу. *Қырықтан асқанша бір байдың қ а п ы р ы н д а жүрдім* (Гур., Маңғ.).

ҚАПЫЯ (Гур., Есб.) қапы. *Қ а п ы я сы болса қайта күрессін* (Гур., Есб.).

ҚАПІНІ (Қ.орда, Арал) ақырет, өлген адамды орайтын мата. *Биыл олемін бе деп, қ а п і н і м д і сатып алып қойдым* (Қ.орда, Арал).

ҚАР[1] (Гур., Маңғ.) шаңырактың шеңбері.

ҚАР[2] (Орал, Орда) кайар. *Күннің қ а р ы қайтты гой, әйтпесе манагы бір кезде адамды ортеп жібергендей еді* (Орал, Орда).

ҚАР[3] (Өзб.) араластыр. *Майға сөкті қ а р* (Өзб.).

ҚАРА АЛҚА (Гур., Маңғ.) құлып. *Өткен оқушылардың қысқы демалыс мезгілінде қ а р а а л қ а салулы тұрды* (Гур., Маңғ.).

ҚАРА АҢЫЗ (Сем.: Абай, Шұб.) екінші жыртылған аңыз. *Қ а р а а ң ы з малдың жайылуына өте қолайлы* (Сем., Шұб.).

ҚАРА АСТЫҚ (Орал: Жән., Орда) қара бидайдың ұны. *Біз қара бидай егеміз. Сондықтан көпшілігінде қ а р а а с т ы қ ішеміз. Тиірменнен тартылған қ а р а а с т ы қ алып келуге екі машина жібердік* (Орал, Жән.).

ҚАРА АУ (Алм.: Балқ., Іле) бұрынғы кезде көп пайдаланылған ескі аудың бір түрі. *Қ а р а а у д ы судың тайыз жерлеріне, көл жағалауларына, балықтардың жүріп тұратын жерлеріне құрады* (Алм., Балқ.). *Қ а р а а у д ы екі-үш күнде, кейде 5-7 күнде бір қарауға болады* (Алм., Балқ.).

ҚАРА АШЫТПА (Қарақ.) сусынның тұнығы.

ҚАРАБАЙ (Гур., Маңғ.) теңіз жағасында болатын ақ бауыр, имек тұмсық, мойны ұзын, балықпен күн көретін қара құс. *Қ а р а б а й Каспий теңізінің үстінде ұшып балық аулап жүр* (Гур., Маңғ.).

ҚАРАБАЙЫР (ҚХР) будан, шала.

ҚАРАБАҚЫР (МХР) ашық отка тамақ істейтін, түп жағы күйеленген ыдыс. *Қ а р а б а қ ы р ғ а бір білем құйрықты қуырып, майын чымчымдай ішіп едім жөтелім басылып кетті* (МХР).

ҚАРА БАЛТА (МХР) отын жаратын балта.

ҚАРАБАЛЫҚ (Гур., Тең.; Қост., Тоб.) қара түсті, еті дәмді балық. *Қ а р а б а л ы қ т ы ң үлкені де, кішісі де болады* (Гур., Тең.).

ҚАРАБАРАҚ 1. (Гур., Маңғ.) күлінен сілті дайындайтын ащы шөп. **2.** (Қ.орда, Арал) аласа бойлы сексеуіл тәрізді қатты ағаш. *Қ а р а б а р а қ қызулы отын. Қ а р а б а р а қ жақсаң үйің жылы болады* (Қ.орда, Арал).

ҚАРАБАРҚЫН[1] **1.** (Қ.орда, Арал) сор, ащы жерге шығатын, биіктігі жарты метрдей бұталы өсімдік. *Қ а р а б а р қ ы н жапырағын түйе сүйсініп жейді* (Қ.орда, Арал). **2.** (Шымк., Түркіс.) жайылымда осетін бойы жусаннан биік өсімдік. **3.** (Шымк., Түркіс.) бұталы, отындық ағаш. *Қ а р а б а р қ ы н ы ң жапырағы аршаның жапырағына ұқсайды* (Шымк., Түркіс.).

ҚАРАБАРҚЫН[2] (Жамб.: Жам., Жуа.) қаракөленке. *Аңғардың іші елсіз қыстау сияқты қ а р а б а р қ ы н тартып, қоқырап барады* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 38).

ҚАРАБАС ШАҒАЛА (Көкш., Қ.ту) балық, шегіртке жейтін суда жүретін еті адал құс.

ҚАРА БАСЫ (Орал, Жән.) ең басы, нақ басы. *Ол Жәнібекке күздің қ а р а б а с ы н д а келген еді* (Орал, Жән.).

ҚАРАБАТЫР (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) көсеу. *Қолында қ а р а б а т ы р ы жоқ болса да қорқар емес, отқа сүңгіп бара жатыр* (Түрікм., Таш.).

ҚАРАБАУЫР[1] (Гур., Маңғ.) бауыры, екі қанатының ұшы қара, бұталы жерде болатын шөл құсы. *Қ а р а б а у ы р – еті адал құс* (Гур., Маңғ.).

ҚАРАБАУЫР[2] (Шығ. Қаз., Қатон.) күзен, сасық күзен.

ҚАРАБЕЗ (Қ.орда, Қарм.) түйенің жұқпалы ауруы. *Қ а р а б е з б е н тек түйе ауырады. Қ а р а б е з б е н ауырған түйенің омырау бездері ісіп кетеді. Топалаңнан өлген қойдың қаны тисе, содан омырауы ісіп қ а р а б е з болады* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАРА БИЕ (Жамб., Мер.) балалар ойыны. *Қ а р а б и е ойнағанда, бөрік теуіп ойнайды* (Жамб., Мер.).

ҚАРАБОРА (Қост., Жанг.) қар тоқтатқыш қорған, аққала. *Қыстықүні қ а р а б о р а тартамыз* (Қост., Жанг.). *Қамза қ а р а б о р а г а сүйеніп тұрған сенекті әкелші* (Қост., Жанг.).

ҚАРАБУРА[1] (Ақт.: Ырғ., Шалқ.; Қ.орда, Арал) қамыс, бұта, бопыр, т.б. жасалған ашық қора. *Қ а р а б у р а қыстығүні малдың баспанасы* (Ақт., Ырғ.). Қ. аран, албар.

ҚАРАБУРА[2] **1.** (Қ.орда: Сыр., Жал.) ағып жатқан арыққа жасалған бөгет. *Колхоз егісіне су көп кетпес үшін арықтың жоғарғы жағына қ а р а б у р а жасаймыз* (Қ.орда, Жал.). **2.** (Жамб., Жам.) су бөгеуге салатын буған қамыс. *Қ а р а б у р а салып байламаса, су бұзып кете береді* (Жамб., Жам.).

ҚАРАБУРА[3] (Қост., Жанг.) қоршау, қар тоқтатқыш, үйдің, қораның маңайына я шөптің айналасына істелген қоршау. *Қ а р а б у р а н ы жақсылап істесе, үй маңайына қар түспейді. Қ а р а б у р а н ы әр түрлі материалдан (қамыс, шөп, кірпіш, т.б.) істейді* (Қост., Жанг.).

ҚАРА БҰЙЫМ (ҚХР) мазмұны керітартпа нәрсөлер, адамның санасын улайтын материалдар.

ҚАРАБҰТА 1. (Сем., Үрж.) түрі тобылғы тәрізді таулы жерге шығатын өсімдік. *Қ а р а б ұ т а қыстықүні оңды отын болады* (Сем.,

Үрж.). 2. (МХР) жапырақты есімдік түрі. *Қарабұтаға қой, ешкі өш болады* (МХР).

ҚАРАБҰР (Өзб., Там.) қара сексеуіл. *Қарабұр күлін сабын жасауға пайдаланады* (Өзб., Там.).

ҚАРА БЫЛЖЫР (Сем., Абай) қара балшық, лай. *Олар қара былжыр айдап жүр* (Сем., Абай). *Қабырға атаулыда сылау жоқ, тек қара былжырды баттастырып жаққан жапсырма бар* (М. Әу., Абай жолы, II, 114).

ҚАРАГӨЗ (Гур.: Маңғ., Тең.) ақ балық тәрізді балық. *Қарагөздің еті дәмді емес* (Гур., Тең.). *Жанхия апай қолына ілінген бір қарагөзді ала лақтырып еді* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 18).

ҚАРАҒАЙ//ҚАРАҒАЙ ҚҰРАЙ (Жамб., Шу) қабығы алынатын қарасораның бір түрі.

ҚАРАҒАЙДЫ (МХР) қарағайлы. *Қобда басы қарагайды жер* (МХР).

ҚАРАҒАЙ ҚҰРАЙ Қ. қарағай.

ҚАРАДАЙ ІСТЕУ (Сем., Абай) қара жұмыс істеу. *Біз мектеп қабырғасын көрмедік, елу жылдан бері жұмысты қарадай істеп жүрміз* (Сем., Абай).

ҚАРА ДАЛАП Қ. басылық.

ҚАРАДАМБАЙ (Жамб., Тал.) қарапайым. *Біз оқымаған қарадамбай адамбыз гой* (Жамб., Тал.).

ҚАРА ДӘН[1] иткара, мысық құйрық (С. Аман., ВДИКЯ, 428).

ҚАРА ДӘН[2] (Орал, Қара.) егіп арасында шығатын арам шеп. Дәні қара түсті, тары дәнінен аз-ақ кішкене түрі. *Қара дәнді астықтың дәмі кермек болады* (Орал, Қара.).

ҚАРА ДОМАЛАҚ (Гур., Маңғ.) су жайылған жерге шығатын елең шөп. *Қара домалақ шай қоюға жақсы отын* (Гур., Маңғ.).

ҚАРА ДҮМБЫ (Жамб.: Тал., Сар.) биік шөп, еркек шөп. *Жылқы мынау маңайдағы қара думбыда жайылып жүр* (Жамб., Тал.).

ҚАРАДІЛ КЕЗ//ҚАРА ТІЛ КЕЗ (Қ.орда, Арал) малдың (жылқының) жазғытұрым көкке тойына бастаған кезі.

ҚАРАДІРЕҢ (Қарақ.) қарақұрт.

ҚАРА ЖАМАЛДАТСЫН (Гур., Маңғ.) жамандат (есекке, жылқыға айтылатын қарғыс).

ҚАРА ЖАПЫРАҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) аумағы бір шаршы метр жерді алып жататын үлкен жапырақты өсімдік.

ҚАРА ЖАРҒАҚ (Шығ. Қаз., Больш.) құлын терісінен істелген киім, тайжақы.

ҚАРАЖАТАҚ (Өзб., Там.) қой жата беріп, қиы тапталып қалған жер.

ҚАРАЖАТ ЕТУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары) қаражат бөлу, қаражат шығару. *Колхоз қаражат етті, неге істемейді, істеп біледі* (Түрікм., Тедж.).

ҚАРА ЖЕЛ[1] (Сем., Үрж.) сай-сүйекті қақсататын ауру. *Он шақты күннен бері қара жел болып сай-сүйегім сырқырап жүр* (Сем., Үрж.).

ҚАРА ЖЕЛ[2] (Талд., Панф.) ішіне жел кіргеннен іші кеуіп ауыру.

ҚАРА ЖЕЛІН (Кокш., Қ.ту) малдың сүті шықпай, емшегі ісіп ауыруы.

ҚАРА ЖУСАН 1. (Сем., Үрж.) жусанның аласа түрі. *Қара жусан малдың аузына ілінерлік боп, аласа шығады* (Сем., Үрж.). 2. (МХР) қысы-жазы көгеріп тұратын жусан түрі.

ҚАРА ЖҰЗБАЙДЫҢ ҮЙІНЕ ҚОНҒАНША, САРЫ ЖҰЗБАЙДЫҢ ЖҰРТЫНА ҚОН (ҚХР) пейілі тардың балын ішкенше, пейілі кеңнің қара суын іш деген мағынада.

ҚАРАЙЛАУ (Жамб., Тал.) карайласу. *Жекжаттарымыз қарайлап тұрады* (Жамб., Тал.).

ҚАРАЙМЫСЫҢЫЗ (Гур., Маңғ.) қарайсыз ба. *Таудан қарақұйрық қараймысыңыз* (Гур., Маңғ.).

ҚАРАЙЫҢҚЫРАУ (Қ.орда, Арал) ұмыт бола бастау. *Дін жайы соңғы жылдары кемкемдеп қарайыңқырады* (Қ.орда, Арал).

ҚАРА КЕДІ (Түрікм., Таш.) қарбыз сияқты асқабақ түрі.

ҚАРА КЕЛСІН (Қ.орда, Арал) мәңдайына қара тігілсін деген қарғыс.

ҚАРА КЕМІК БОТА (Қ.орда, Қарм.) туғанына 5-6 ай болған, ездігінен жайыла бастаған, оттыққан бота.

ҚАРАКЕНЕЙ (Қ.орда, Арал) құмды жерге, қатқыл жерге шығатын дәні бар есімдік. *Қаракеней жер бетіне гүлдеп, қызғалдақ шашып тұр береді, қазып алып оны жей береді* (Қ.орда, Арал).

ҚАРАКЕСПЕ (Өзб., Там.) жеңсіз камзол. *Келіншек үстіндегі қаракеспенің айнала шетіне көк елтіріден бастырылыпты* (Өзб., Там.).

ҚАРАКЕТ (Шығ. Қаз., Зайс.; Талд., Қарат.) жұмыс. *Қандай қарекет істейміз* (Талд., Қарат.). *Осы күні колхозда қарекет қылмайтын адам қалған жоқ* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚАРА КӨЖЕ (Алм., Жам.) быламық. *Жөміштің үйі қара көже жасап жатыр* (Алм., Жам.).

ҚАРАКӨЗ 1. (Гур., Есб.) үзындығы бір қарыс, онша етті емес, көзі қара кішірек балық. *Ұстаған жыпырлатып қ а р а к ө з д і, Қалайша ұмытарсың бала кезді* (Гур., Есб.). **2.** (Қарақ.) көзі ақ, жиегі қара балық түрі.

ҚАРАКӨЗ АҚША (Гур., Маңғ.) күміс ақша. *Он мәнет қ а р а к ө з а қ ш а сы бар* (Гур., Маңғ.).

ҚАРА КӨЗІЛДІРІКПЕН ҚАРАУ (ҚХР) көз жетпеу, дұрыс қарамау, айқын кормеу, мөн бермеу.

ҚАРАҚ (Ақт., Қараб.; Қ.орда: Қарм., Сыр.) жанжал, дау. *Ойнап отырып қ а р а қ шығарады* (Ақт., Қараб.).

ҚАРАҚАБАТ (Гур., Шевч.) қойдың жұмыршағы. *Қырық қабат қырындыны кейде қ а р а қ а б а т дейді* (Гур., Шевч.).

ҚАРА ҚАЙЫС (Қ.орда) қысқа жүннің түлегі.

ҚАРА ҚАЙЫС ТҮЙЕ (Қ.орда, Қарм.) **1.** жүнделгеннен бастап боздағы шыққанға дейінгі кезі. **2.** арықтағандықтан жүнінен мезгілсіз айырыла бастаған, қабырғаларының, мойнының терілері көрініп жүретін түйе.

ҚАРАҚАПТАЛ (Гур., Маңғ.) жылқы ауруы.

ҚАРАҚАПТАН (ҚХР) ымырт, қараңғылық коюланған шақ. *Қ а р а қ а п т а н болғанда топты жарған Тайшұбар* (Алпамыс батыр).

ҚАРА ҚАРАҒАЙ (Рес., Орын.) қарағайдың бір түрі. *Қ а р а қ а р а ғ а й суға төзімді болады. Қ а р а қ а р а ғ а й д а н тақта тілмейді, оны суға орнатуға және маткаға қолданады* (Рес., Орын.).

ҚАРАҚАРЫН[1] (Орал, Жән.) келімсек, ел ішіне басқа жерден келіп сіңген адам. *Сейітжан деген қ а р а қ а р ы н кеше бір шатақ шығарды* (Орал, Жән.).

ҚАРАҚАРЫН[2] (Гур., Маңғ.; Орал, Орда) жылқының іш ауруы. *Қ а р а қ а р ы н м е н ауырған жылқының танауынан шеміршек алады* (Орал, Орда).

ҚАРАҚАС[1] **1.** (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал., Шиелі; Қост., Жанг.) егінге түсетін құрт, қара күйе. *Тарыға қ а р а қ а с келсе оқдырмайды* (Қ.орда, Арал). **2.** (Орал, Қара.) егін арасына шығатын арам шөп. *Егініңе қ а р а қ а с шықса, қасқайдым деп біл* (Орал, Қара.).

ҚАРАҚАС[2] (Гур., Маңғ.) қарын жел үрлеп, қыста ашылып жататын кара дақ жөр.

ҚАРАҚАСҚА[1] (Орал: Чап., Жымп.; Ақт., Ойыл) кейігенде айтылатын сөз, жөксұрын, оңбаған, сорлы деген мағынада. *Ой, қ а р а қ а с қ а екенсің ғой, мынауың не, бұлдіріп тастағаның* (Ақт., Ойыл). *Карт-ау, қ а р а қ а с қ а-а у, мына ауыс неме не айтып... қой қайда, тұсіндірсейші құдай үшін, қайдасың бармысың?* (Ж. Нәжім., Кішк., 18). *Алла-ай, құдай-ай, құдай, тым құрыса бір жұма жатсындағы, құдайдың қ а р а қ а с қ а с ы, құма, баланы қарғадай етіп?* (Ж. Нәжім., Кішк., 134).

ҚАРАҚАСҚА[2] **1.** (Жамб., Шу) шұғаның жолағы бар түрі. **2.** (Талд., Панф.) асыл мата. *Келген қонақтарына қ а р а қ а с қ а д а н сарпай кигізіпті* (Талд., Панф.).

ҚАРА ҚАСҚА БОЛУ (Түрікм., Таш.) соры қайнау (сотталу, мертілу). *Қайнағаның баласы қ а р а қ а с қ а б о л ы п ұрлығы үшін бес жыл алыпты* (Түрікм., Таш.).

ҚАРАҚАТ (Жамб., Қорд.) санақ, тізім. *Қ а р а қ а т жүргізу керек* (Жамб., Қорд.).

ҚАРАҚАТҚАҚ (Түрікм., Красн.) көктемнің алғашқы кезінде соғатын құрғақ суық жел. *Күн сайын қ а р а қ а т қ а қ соғып, елдің мазасын алып тұр* (Түрікм., Красн.).

ҚАРА ҚОРА (Ақт., Жүр.) қабырғасы шөп, қи, т.б. жасалған ашық қора.

ҚАРАҚҰЙРЫҚ (Ауғ.; Ир.) өте бағалы күріш түрі.

ҚАРАҚҰЛАҚ (Жамб., Тал.; Қарақ.) көксерек (ойынның аты). *Бүгін қ а р а қ ұ л а қ ойнаймыз* (Жамб., Тал.).

ҚАРАҚҰМАН 1. (Түрікм., Красн.; Қост., Жітік.) қолға су құятын құлақты ыдыс. *Бала қ а р а қ ұ м а н м е н қолға су құйып шықты* (Түрікм., Красн.). *Қ а р а қ ұ м а н д ы тек дәрет алғанда ғана қажетке жаратады* (Қост., Жітік.). **2.** (Шымк., Түркіс.) үш-төрт литрлік су қайнататын ыдыс, шәугім. *Қазақтың қ а р а қ ұ м а н ы н а құдай қуат берсін* (Шымк., Түркіс.).

ҚАРАҚҰМҒАН Қ. таңған.

ҚАРАҚҰН (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) жаман малдарды да араластырып төлейтін күн түрі. *О кезде қ а р а қ ұ н ғ а еш зат беріп жарымайтын* (Түрікм., Таш.).

ҚАРА ҚҰРЫҚТЫҚ ІСТЕУ (ҚХР) қаралық істеу, әділетсіздік істеу, мәселені тура шешпеу, өз жеке басының пайдасын көздеу.

ҚАРАҚҰС[1] (Рес., Орын.) шөп машина шалғысының басы, үршығы.

ҚАРАҚҰС[2] (Қ.орда, Қарм.) түйе табанының үшындағы қара тұқайы.

ҚАРАҚШЫ 1. (Шығ. Қаз., Күрш.) судағы құрма аудың белгісі. *Қ а р а қ ш ы н ы аудың шетіне байла* (Шығ. Қаз., Күрш.). **2.** (Орал, Жөн.) жер бағытын білдіретін басына белгі байлаған үзын ағаш. *Отгондағы малға барушылар адаспау үшін қ а р а қ ш ы қоямыз* (Орал, Жөн.).

ҚАРАҚШЫЛЫ ТӨБЕ 1. (Түрікм., Красн.) әкімшілік, билік жүргізетін адамдардың отыратын тебесі. **2.** (Түрікм., Красн.) көпті көрген, кеп білетін, бір ауылдың бетке үстар қариясы. *Бұл ауылдың қ а р а қ ш ы л ы т ө б е с і Көшкін ақсақал. Көне әңгімені сол кісіден сұраңдар* (Түрікм., Красн.).

ҚАРА ҚЫЗМЕТШІ (ҚХР) қара жұмыс істейтін адам, дене енбегін істеуші адам.

ҚАРА ҚЫЛТЫҚ (Қар., Қарк.) қылтанағы қара түсті бидай.

ҚАРАҚЫР (Жамб., Мойын.) суды тегіс ішу үшін жасалған атыздың шетіндегі қыр.

ҚАРА ҚЫРҚА ҚАУЫН (Жамб., Жам.) қауынның бір түрі. *Әкелгені бір арба қ а р а қ ы р қ а қ а у ы н* (Жамб., Жам.).

ҚАРАҚЫШҚЫН (Гур., Маңғ.) Каспий маңында солтүстіктен соғатын ең күшті теңіз желі. *К а р а қ ы ш қ ы н болса, кемеге өте қауіп* (Гур., Маңғ.).

ҚАРАЛ ниет, ой (С. Аман., ВДИКЯ).

ҚАРАЛА (Өзб., Там.) алаша, түсқа үстайтын тоқылған тоқыма. *Ақтай есік жақтағы қ а р а л а н ы ң үстіне отыра кетті* (Өзб., Там.).

ҚАРАЛА ЖЫҒАУЫЛ (Шымк., Шәу.) қаршығанын мойнына кигізетін бау. *Біздің қ а р а л а ж ы ғ а у ы л алі сақталуда* (Шымк., Шәу.).

ҚАРАЛАЙ (Гур., Маңғ.; Орал, Орда; Ақт.: Ырғ., Қараб.) карадай. *Әнеугі қайнатқан тарының көбін түйіп едік, әлі бір-екі түйілі қ а р а л а й тұр* (Гур., Маңғ.). *Шайды қ а р а л а й ішем* (Ақт., Қараб.).

ҚАРАЛАҢДАУ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) айналсықтау. *Ол қ а р а л а ң д а п үйден шыға алмай жүр* (Тау., Қош.).

ҚАРАЛАТ (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) тақырға шығатын жусанның бір түрі. *К а р а л а т т ы қой сүйіп жейді* (Ақт., Ырғ.).

ҚАРАЛА ШЫЖЫҚ (МХР) турап майға қуырған азғана ет. *К а р а л а ш ы ж ы қ қуырып берейін, асықпа* (МХР).

ҚАРАЛДЫ[1] **1.** (Рес., Орын.) киім-кешек. *Алматы жаққа барып қ а р а л д ы сатып әкел* (Рес., Орын.). **2.** (Рес., Орын.) құрал-жабдық; әбзел. *Қандай қ а р а л д ы берсе, соны гана алып жегеміз. Мынау жақсы, мынау жаман қ а р а л д ы деп талгамай біргәдірден берген қ а р а л д ы с ы н аламыз. Ат та, барлық қ а р а л д ы да орталықта болады* (Рес., Орын.).

ҚАРАЛДЫ[2] (Гур., Маңғ.) қарайлас, шамалас. *Шөй сандық ана тұрған приемдік қ а р а л д ы зат* (Гур., Маңғ.).

ҚАРАЛТЫМДАП ҚАЛУ (Тау., Қош.) қарайып қалу. *Мен көптен бері газет-журналды қарай алмай, қ а р а л т ы м д а п қ а л д ы м* (Тау., Қош.).

ҚАРАЛЫ[1] (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) қара өрік.

[Түрікменше *гаралы* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *қарели* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ҚАРАЛЫ[2] (Гур., Маңғ.) қарасы, түрі. *Қоянның қ а р а л ы н кор де, қалжасынан тұңіл* (Гур., Маңғ.).

ҚАРАЛЫ[3] (Алм.: Кег., Шел.) қарайық. *Тауга чығып ап қ а р а л ы. – Жарайды, қ а р а л ы* (Алм., Кег.).

ҚАРАЛЫ[4] (ҚХР) малды. *Кем емес ағашшыдан қ а р а л ы адам* (ҚХР).

ҚАРАМА[1] (Рес., Орын.; Шығ. Қаз., Күрш.; Акт., Қараб.; Алм.: Панф., Ақсу) шананың екі табанын байланыстыратын көлденең салынған ағаш. *Қ а р а м а г а сынбайтын ағаш керек* (Рес., Орын.). *Шананың қ а р а м а с ы н жаңадан салу керек* (Ақт., Қараб.).

ҚАРАМА[2] (ҚХР) қанқа, бітім. *Шананың қ а р а м а с ы* (ҚХР).

ҚАРА МАЙ[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Құмд., Ашх.) мұнай.

ҚАРА МАЙ[2] (Ауғ.; Ир.) күнбағыс майы, өсімдік майы.

ҚАРА МАҚАЛА (ҚХР) мазмұны керітартпа мақала.

ҚАРАМАЛХАНА (Қарак.) сиыр қамайтын қора.

ҚАРАМАЛЫҚ ТАЛ (Рес., Орын.) талдың бір түрі. *К а р а м а л ы қ т а л д а н шанға бүктеп қарама жасайды* (Орын., Ад.).

ҚАРАМАН (Қарак.) ағаштың катты түрі.

ҚАРА МАҢДАЙ (Түрікм.: Ашх., Тедж., Таш., Мары) сорлы, бақытсыз. *Бөкебай бір түйір баладан айырылып, қ а р а м а ң д а й болды* (Түрікм., Ашх.).

ҚАРАМАСА (Көкш.: Қ.ту, Щуч., Еңб.; Рес., Омбы; Қост.: Семиоз., Фед., Жанг.; Павл., Леб.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Ауғ.; Ир.) шыбын. *Келін үйдегі қ а р а м а с а н ы айдай шықты* (Қост., Фед.). *Масқара, қ а р а м а с а л а р ы ң көптігінен жыртылып айырылады гой* (Қост., Жанг.). *К а р а м а с а бүйерде өте көп болады* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАРАМАТАУ 1. (Алм., Жам.; Сем., Үрж.) сортаң, ащы жерге шығатын аласа шөп. *К а р а м а т а у тарбиып жатады, жарқанаттың қанатындай, түрі көк болады* (Алм., Жам.). *К а р а м а т а у д ы жылқы жейді* (Сем., Үрж.). **2.** (Көкш., Қ.ту) айқаса біте өсетін шөп.

ҚАРАМЕКЕР (Қост., Жанг.) арам. *К а р а м е к е р деген сөйлеспейтін арам кісі* (Қост., Жанг.).

ҚАРА МЕСЕК ҚЫШЫ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Өзб., Там.) дәні бар, майда өсімдік. *Қара месек қышы біздің елдің барлық жерінде өседі* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАРАМЕТЕР (Өзб.) қатыгез.

ҚАРАМОЙНАҚ (Шымк., Қызылқ.) іші қызыл, сырты қара тәтті қауын. *Қарамойнақ басқа қауындарға қарағанда кеш піседі* (Шымк., Қызылқ.).

ҚАРАМОСЫ (Павл.) су ағаш. *Бір өйел қарамосымен екі шелек су әкелді* (Павл., Ерм.).

ҚАРАМЫҚ[1] **1.** (Қ.орда: Арал, Қарм.) тікенді, шеңгелді жерде осетін, дәмі қышқыл, түрі қара, қойдың құмалағындай жемісті өсімдік. *Қарамық табанды жерде шығады* (Қ.орда, Қарм.). **2.** (Алм., Жам.) егін арасына шығатын шоп.

ҚАРАМЫҚ[2] **1.** (Рес., Орын.) қызылша ауруының бір түрі. *Қарамық бөртіп-бөртіп шығады. Қарамық аурудың қатты түрі* (Рес., Орын.). **2.** (Талд., Панф.) шешектің бір түрі.

ҚАРАМЫҚ[3] (Гур., Маңғ.) бұлтты күн.

ҚАРА МЫЛТЫҚ (Қарақ.) шиті мылтық.

ҚАРА НАЙЗА (Шығ. Қаз., Зайс.) құрай тәрізді ірі шоп. *Егінде қара найза бар көрінеді, оны қашан жұлып бітіресіңдер* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚАРА НАР (Қ.орда, Қарм.) күш колігі ретінде пайдаланылатын ақта етілген ең мықты біртума түйенің атауы. *Қабыргалы қара нар, қабырғасын соксе, бақ етпес* (Мақал).

ҚАРАНДЫЗ (Жамб., Шу; Сем.: Абай, Ақс., Көкп.; Тау., Қош.) сазды жерге шығатын, түбін дәрі үшін жұмсайтын өсімдік. *Қаранды тоғайлы жерге өседі* (Сем., Көкп.). *Қаранды зды ауырған адам қайнатып ішеді. Қаранды зыстықты басып, температураны төмендетеді* (Сем., Ақс.).

ҚАРАНДЫР (Алм., Жам.) қара жапырақты ұзын қара құрай. *Қаранды р Төсте қалың екен. Қаранды рды отқа жағады* (Алм., Жам.).

ҚАРАҢҒЫ ҮЙ (Түрікм., Красн.) абақты, түрме. *Сол әдетімен елді қақсатып жүрген ол, ақыры қараңғы үйге түсіпті* (Түрікм., Красн.).

ҚАРА ОБА (Қар., Шет) қылаң шобі жоқ шағыл қара жусанды жер.

ҚАРАОТ (Шымк., Түркіс.) дәмі ащы шоптің түрі. *Қараот жерден биік өспейтін шөп* (Шымк., Түркіс.).

ҚАРАОШАҚ (Қ.орда, Арал) арқан, ау торын бекітетін жіңішке арқан. *Аудың астыңғы, үстіңгі жақтары қараошақпен бекітіледі* (Қ.орда, Арал).

ҚАРА ӨКПЕ 1. (Орал: Орда, Жән.) түйенің жөтеліп ауыратын ауруы. *Ақыба су ішкен түйе қара өкпе болады* (Орал, Орда). *Бұрын түйеде қара өкпе көп болатын еді, осы күнде кеп ауырмайды* (Орал, Жән.). **2.** (Жамб., Шу) қанның бұзылуынан болатын жылқы ауруы. *Қара өкпемеп ауырған жылқының танауынан қан алса жазылатын* (Жамб., Шу). **3.** (Ақт.: Жұр., Тем.) лай су ішкеннен болатын құрт ауруы.

ҚАРА ӨЛЕҢ 1. (Алм., Жам.; Көкш., Қ.ту) шалшық сулы, балшықты жерге тал-тал шаш сияқты өсетін өсімдік. *Қара өлеңді мал сүйсініп жемейді. Қара өлең сазға шығар мал жемейтін* (Алм., Жам.). **2.** (Шымк., Түркіс.) шөптің түрі. *Қара өлеңді мал жемейді. Қара өлең отқа жанбайды. Қара өлеңді қоға деп те атайды* (Шымк., Түркіс.). **3.** (Қарақ.) шөптерді байлау үшін бау есебінде пайдаланылатын өсімдік.

ҚАРА ӨРКЕШ БОЛУ (Гур., Маңғ.) түйенің семіруі.

ҚАРА ӨРІК (Сем., Ұрж.) өріктің жас түрі. *Қара өріктің піскен кезі* (Сем., Ұрж.).

ҚАРАП 1. (Қар.) талдан тоқылған қоқсық шығаратын зат. *Қораның көңін даладағы қараппен шығар* (Қар.). **2.** (Қост., Торғ.) жеңіл арба үстіне салатын қорапша.

ҚАРАП ҚАЛДЫРУ (Өзб., Там.) тоқырату, бос қалдыру. *Жұртты қарап қалдыруға болмайды* (Өзб., Там.).

ҚАРАП ҚЫЛУ (Жамб., Мойын.) талқандап жоқ қылу.

ҚАРАР[1] (Орал, Чап.; Гур., Тең.) шама. *Астықтың салмағы қарармен айтқанда 8-9 килограмм болады* (Орал, Чап.). *Ахметтің қайығында да 40-50 центнер қарарлы балық бар* (Гур., Тең.).

ҚАРАР[2] (Рес., Қалм.) қатар, жасты. *Ол Сулеймен қарар жігіт* (Рес., Қалм.).

ҚАРАРЛАУ (Гур., Тең.) шамалау, мөлшерлеу. *Шеккіге шекпей қарарлап берді* (Гур., Тең.).

ҚАРАСАН (Жезқ., Ағад.) түйенің індет ауруы.

ҚАРАСАСЫР (Сем., Ұрж.) құрай шөп, малдың қымбат жемі. *Қарасасырды мал сүйіп жейді* (Сем., Ұрж.).

ҚАРАСОРА (Алм.: Жам., Еңб. қаз., Шел., Кег.; Талд., Қоғ.; Жамб., Шу) көндір болатын құрай. *Бидайдың қарасорасы ұшырады ма?* (Талд., Қоғ.). *Ертең ерте тұрысқан, түске жуық болғанда, қарасоранының басын буып,*

жата қалып ұрысқан (Бөлтірік пен Мәйкөт ақынның айтысы).

ҚАРА СОРПА (МХР) етін ұсақтап турап, қайнатып жасаған тағам. *Қара сорпа тез пысады. Қара сорпаның өз майы өзінде* (МХР).

ҚАРА СУ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) егіске берілетін бірінші су. *Қара суды берісімен, егіс қаулап өсе бастайды* (Қ.орда, Шиелі).

ҚАРА СУДАН ҚАЙМАҚ АЛУ (ҚХР) мыстандық істеу.

ҚАРАСЫ (Түрікм.: Ашх., Тедж., Мары, Таш.) өлген адамға берілетін ас. *Май айында әкесінің қарасын бермелі* (Түрікм., Ашх.).

ҚАРА СЫЛАҚ (Алм.: Панф., Шел.) үйдің қабырғасына, төбесіне және сыртына жүргізілетін бірінші сылақ. *Қара сылақ жүргізгенде үйдің ұңғыл-шұңғылы тегістеледі* (Алм., Шел.).

ҚАРАСЫН үй, ғимарат (С. Аман., ВДИКЯ, 428).

ҚАРАСІҢГЕЛ (Қарақ.) сиыр ауруы.

ҚАРА ТАҒЫТ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) егіс суын бергеннен кейін әлі кеуіп болмаған жер. *Әзір суды қоя тұру керек, жер әлі қара тағыт* (Түрікм., Тедж.).

ҚАРАТАЛ (Шымк., Түркіс.; Қарақ.) талдың түрі. *Қаратал ды екі жылда бір кесіп, ағаштарын киіз керегесіне пайдаланады* (Қарақ.). *Қаратал көбінесе жол бойында өсіп тұрады. Қаратал ды арнайы егеді* (Шымк., Түркіс.).

ҚАРАТАЛАҚ (Орал, Чап.) жылқыда болатын ауру.

ҚАРА ТАЛАС (Қост., Жанг.) алып, дәу. *Тұу, Жанбала қара талас екен өзі, бір күнде алпыс шөмеле салды деген не?* (Қост., Жанг.).

ҚАРА ТАЛАСУ 1. (Сем.: Абай, Шүб.) арпалысу, жан таласу. *Бұл маңда Колчак әскері де қара таласқан күрес жүргізді* (Сем., Шүб.). **2.** (ҚХР) шендесу, бәсекелесу.

ҚАРАТАМАҚ НАЙЗА (Шығ. Қаз., Зайс.) шашақты найза. *Бұрын қаратамақ найза болушы еді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚАРА ТАРЫ (Қарақ.) тарының ірі түрі. *Қара тары 40 күнде піседі* (Қарақ.).

ҚАРА ТАРТУ (ҚХР) пана тұтып, жан тартып, сүйеніш көру.

ҚАРАТАЯҚ[1] (Қар., Қарқ.) ысылған, өккі, талайды көрген. *Өй, ол өзі қаратаяқ адам* (Қар., Қарқ.).

ҚАРАТАЯҚ[2] (ҚХР) ертерек кезде қалада оқыған адамға айтылатын кекесін сөз.

ҚАРА ТЕЗЕК (Алм., Жам.; Жамб., Жуа.; Кокш., Қту) қыстай жиылған мал қиын көктемде малмен бастырып, күйып немесе ойып алған тезек.

ҚАРА ТЕКЕМЕТ (Түрікм., Красн.) қойдың қара жүнінен басылған текемет. *Түрікмен қазақтары қара текеметті от басына төсейді* (Түрікм., Красн.).

ҚАРА ТЕППЕ (Жамб., Жуа.) малдың қысқы қиынан істелген тезек.

ҚАРАТОРҒАЙ (Қарақ.) шоп, торғай оты.

ҚАРАТУ (Сем., Абай; Тау., Қош.) табу. *Колхоз малшылары жылына 25 мың сомнан ақша қаратады* (Сем., Абай).

ҚАРАТҰҚАЙ (Қ.орда: Арал, Сыр.) түйенің бақайының басындағы мүйіз түяғы, түйе табанының алдыңғы жисгіндегі тырнағы. *Түйенің қаратұқайы бұл даланың құмына тозімді* (Қорда, Сыр.).

ҚАРА ТҰЯҚ[1] (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) түйенің бақайларының мүйіз түяғы.

ҚАРА ТҰЯҚ[2] (Жамб.: Мер., Шу) дәні қонақ дәніндей далалы жерде осетін осімдік.

ҚАРА ТҰЙЕ (Қ.орда, Қарм.) жүн, шудасы қара қоңыр түсті түйе.

ҚАРА ТҰЙНЕК[1] **1.** (Қар.: Нүра, Қарқ.) жылқы ауруы. **2.** (Жезқ., Ж.арка) мал ауруы. *Қара тұйнектен біздің бір қой, екі сиырымыз олді* (Жезқ., Ж.арка). **3.** (Орал, Чап.) сшкіге айтылатын қаргыс.

ҚАРАТҰРШЕК (Ауг.; Ир.) қауынқүрт. *Қауынды қайнатып, ұн араластырып дайындап, кептіріп қоятын тағам түрі – қаратұршек* (Ир.).

ҚАРА ТЫЙЫН (Гур., Маңғ.) қара бақыр, жез ақша. *Қалтасындағы бар 5-6 қара тыйынға дейін берсе керек* (Гур., Маңғ.).

ҚАРА ТЫРЫСПАЙ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) тырысқақ. *Сонда қара тырыспаймен ауырған* (Түрікм., Ашх.).

ҚАРА ТЫШҚАҚ (Жезқ., Ағад.) сиырдың іші тоқтамайтын ауруы.

ҚАРА ТІКЕН ТҰЗ (Жамб.: Тал., Сар.) ірі-ірі қара тұз. *Қара тікен тұзға түскен адамның бойында жел қалмайды* (Жамб., Сар.).

ҚАРА ТІЛ (Қорда: Қарм., Сыр., Шиелі, Арал) жылқының кокке тойына бастаған кезі. *Көктем шыға жылқылар қара тіл болып ақаттанып қалады* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАРА ТІЛ КЕЗ Қ қараділ кез.

ҚАРАТІС (Ауғ.; Ир.) бес жастағы түйе.

ҚАРАУ[1] (Сем., Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.) сараң, оз басын ғана ойлайтын қайырымы жоқ [адам].

ҚАРАУ[2] (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) беттеу. *Оның баласы да адам болмауға қарапты* (Түрікм., Ашх.). *Биыл мұз кеш қатуға қарады-ау* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 25). *Базар тарқауға қарады* (Ә. Нүрп., Сең, 287).

ҚАРАУ[3] (Қ.орда, Арал) адал емес. *Ол қарау ойпайды* (Қ.орда, Арал).

ҚАРАУШЫҚ (Гур., Бакс.) күзетші. *Дүкенің қараушыгы етіп орналастырулы деп айттың ба?* (Гур., Бақс.).

ҚАРАУЫЛ (Гур., Маңғ.) балыққа құрылған желі не аудың қай жерде тұратындығын көрсететін белгі. *Қарауыл теңіз жағасынан қашық құрылған ауларға гана қойылады* (Гур., Маңғ.).

ҚАРАУЫЛ ШАНЫШҚЫ (Қарақ.) басына сүйек, күс іліп қойылған қарақшы. *Далалы жерде осы уақытқа дейін әрбір үйдің есігінің алдында қарауыл шанышқы турады* (Карак.).

ҚАРАҰРЫҚ (Шымк., Арыс) қауынның бір түрі.

ҚАРА ҮЙ[1] (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Байр.; Шымк.: Түркіс., Шәу.; Қарақ.; Қ.орда: Сыр., Шиелі; Қост., Жанг.) киіз үй. *Бұрын үнемі қара үйде отырушы едік, қазір көріп отырсың, балам, осындай торт болмелі тамда отырамыз* (Қ.орда, Сыр.). *Бүгін қара үйді қыстауға көшіру керек* (Шымк., Түркіс.). *Жазда қара үйде отырады* (Қост., Жанг.). *Жазда қара үйің де күйіп кетеді* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *гара ой* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *қара уй* (Рус.-узб. сл., 1954); карақ. *қара үй* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ҚАРА ҮЙ[2] (Түрікм., Небид.) қара шанырақ.

ҚАРАША (Қ.орда, Арал) төменгі, бағыныштылық. *Бұл тұрғандар сіздің қарашаларыңыз гой* (Қ.орда, Арал).

ҚАРАШАҒЫР (Қост.: Семиоз., Фед.) өңделіп, айдалған жер. *Кешегі құлазыған шөл дала бүгін қарашагыргa айналса, ол ертең астықты молайту дегені* (Қост., Фед.).

ҚАРАШАҒЫРМАҚ (Гур., Маңғ.) желі жасап, кендір жіптің өн бойына ара қашықтығы 8-100 см-дей қараша қармақтарды бойлай жем салмай құру әдісі. *Қарашагырмақ қакез келген қызыл балықтар түсе береді* (Гур., Маңғ.).

ҚАРАША ҚАРМАҚ (Гур., Маңғ.) тілсіз, ілгегі жоқ қармақ. *Қызыл балықтарды қараша қармақпен аулайды* (Гур., Маңғ.).

ҚАРАША ҚАУЫС (Жамб., Шу) қараша айының бұрынғы аты.

ҚАРАША ТҮЙЕ (Қ.орда, Қарм.) қара мен қоңыр түс аралығындағы айыр өркешті түйе.

ҚАРА ШӘЙНЕК (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) шай қайнататын 3-4 литрлік ыдыс.

ҚАРАШ БАЛА (Сем., Абай) қызметші бала. *Мен саған қараш бала болып қызмет етейін* (Сем., Абай).

ҚАРА ШЕШЕ (Түрікм., Красн.) әкенің шешесі, баланың әжесі. *Бұл тентек бес-алтыға келгенше қара шешесінің ықпынан түспейтін еді* (Түрікм., Красн.).

ҚАРА ШОҚ (Көкш., Қ.ту) жапырақсыз сидиып, жиі болып өсетін өсімдік.

ҚАРА ШӨП (Гур., Маңғ.) буыны қатып, құрай бастаған шөп. Қ. кермексап.

ҚАРАШӨРІК (Шымк., Түркіс.) жеміс ағашы. *Қарашөріктің дәмі қышқылдау болып келеді* (Шымк., Түркіс.).

ҚАРАШТЫ (Сем., Аяг.) қарасты. *Ауданга қарашты* (Сем., Аяг.).

ҚАРАШҰНАҚ БИДАЙ 1. (Гур., Маңғ.) күздік бидай. *Биыл қарашұнақ бидай жақсы өнім берді* (Гур., Маңғ.). 2. (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) дәні кіші бидай түрі.

ҚАРАШЫ (ҚХР) есік бағып жүретін тіленші, қайыршы.

ҚАРА ШЫБЫН (Сем., Аяг.; Тау., Қош.) шыбын. *Үйге қара шыбын толып кетіпті* (Сем., Аяг.).

ҚАРАШЫҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта; Қарақ.) палаудың үстіне салынған ет. *Қарашыгың аз гой* (Түрікм., Таш.).

ҚАРАШЫҢ (ҚХР) түйенің табанындағы мүйіз.

ҚАРАШЫТЫР (Алм., Жам.) түсі қара, жасылдау гүлі бар шөп. *Көп сиыр қарашытыр жеп іші кеуіп кетіпті* (Алм., Жам.).

ҚАРА ІСКЕ ЖАН БЕРГЕНДЕЙ (ҚХР) зарлану; амалсыздан, шарасыздан, құдайдың зарымен.

ҚАРӘКЕ (Гур., Маңғ.) үлкен әке, әкесінің әкесі. *Қарәкем тірі* (Гур., Маңғ.).

ҚАРБАРҚЫН (Қ.орда, Арал) сор, ащы жерге өсетін, биіктігі жарты метрдей, қатты бұта. *Қарбарқын отынга жарайды, жапырағын түйе сүйіп жейді* (Қ.орда, Арал).

ҚАР БАСҚАН ҚОЗЫ (Жамб., Жуа.) қыста туған қозы.

ҚАРБАША (Орал, Чап.) бүрын қыз балаларға айтылған қарғыс сөз.

ҚАРБЫЗ (МХР) қауын.

ҚАРБЫЗ ҚАЙЫҚ (Шығ. Қаз., Күрш.) жүк таситын үлкен қайық. *Қарбыз қайықпен жүк келді* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ҚАРБЫТЫП ӨСУ (Қ.орда, Қарм.) кобею, жиналу.

ҚАРҒА ЖАТАР ТАМАҚ (Жамб., Жам.) нанды жайып бір жағын қарып, екінші жағын қарымай ыстық суға пісірген тағам.

ҚАРҒАСА[1] **1.** (Орал: Орда, Жән.) есіктің тақтайларын бекітіп ұстап тұратын көлденең қағылған ағаш. *Бір есікте екі қ а р ғ а с а болады* (Орал, Жән.). *Қ а р ғ а с а жасауға ағаш керек болып тұр* (Орал, Орда). **2.** (Түрікм.: Красн., Ашх., Мары, Таш.; Гур., Маңғ.) құрылыс ағаштарын біріктіріп ұстап тұратын екі басы имек темір. *Белдік пен тіреуді қ а р ғ а с а м е н бекітің* (Түрікм., Мары). **3.** (Гур., Маңғ.) астаудың жігін ұстастыратын имек темір.

ҚАРҒАСА[2] (Гур., Маңғ.) аққала. *Қ а р ғ а с а с ы з үйді қар басады* (Гур., Маңғ.).

ҚАРҒАТҰЯҚ[1] **1.** (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.; Қ.орда, Қарм.) сүйірлеу жапырағы бар, көп бойлап өспейтін, құмды жерге шығатын өсімдік. *Қ а р ғ а т ұ я қ т ы қой-ешкі жейді* (Қ.орда, Қарм.). **2.** (Шымк., Түркіс.) құмға шығатын түсі көк, сүйірленген жапырағы бар өсімдік. *Қ а р ғ а т ұ я қ т ы қой, ешкі сүйсініп жейді* (Шымк., Түркіс.).

ҚАРҒАТҰЯҚ[2] (Шымк., Түлк.) жабайы картоп.

ҚАРҒАТҰЯҚ[3] (Орал, Орда) ердің қасына салатын түяқ темір.

ҚАРҒА ТЫШУ (МХР) бірдемелі болу, бірдеме түсу (зат). *Менің қолыма да қ а р ғ а т ы ш а р* (МХР).

ҚАРҒАУЫЗ (Орал, Фурм.) етікшінің қысқашы.

ҚАРҒАША[1] (Жамб., Шу; Көкш., Қ.ту; Орал, Қара.) есіктің, қақпақтың тақтайларын ұстап тұратын көлденең шегелеген тақтайша.

ҚАРҒАША[2] (Қост., Жанг.) бөгет, тоскауыл. *Жәй түсіп, үлкен өрт болып қ а р ғ а ш а жасадық* (Қост., Жанг.).

ҚАРҒЫ БАУ (Жамб., Шу) біреуден күшік алып асырарда, соның иесіне берілетін тиын-тебен, тағы баскалар.

ҚАРҒЫЛАУ (Сем.: Абай, Акс., Кокп.) оту, қаргу. *Жұрттың бәрі арықтан қ а р ғ ы л а п өтіп жатты* (Сем., Абай).

ҚАРҒЫМА ПЕШ (Орал: Чап., Жымп., Орда) түтін жүретін жолы ирелеңдеп жасалған, түтіндігі жергө параллель өтіп жасалатын пештің бір түрі. *Қ а р г ы м а п е ш жылы болады* (Орал, Орда).

ҚАРҒЫМАЛЫ ШАЛБАР (Жамб.: Шу, Мер.) балағы жырым, балағын шүберекпен кестелеген тері шалбар. *Қ а р г ы м а л ы ш а л б а р д ы бұрын күйеу балалар киетін* (Жамб., Шу).

ҚАРҒЫН 1. (Гур., Маңғ.) қар еріген кездегі немесе қатты жаңбырдан кейінгі сай-саладан жылғалап аққан екпінді су, сел. *Қалың жауын болысымен қ а р г ы н ақты* (Гур., Маңғ.). *Қ а р г ы н судан желе жортқан арық суы артық* (Мақал). **2.** (Қ.орда: Қарм., Сыр., Жаңақор., Жал.) ағыны қатты су. *Бұл олкеде қ а р г ы н су жоқ* (Қ.орда, Жаңақор.). *Коктемдегі қ а р г ы н суды егістік жерге толық пайдалана алмаған* («Екпінді», 1940, №30).

ҚАРҒЫСА (Орал, Қара.) шаңырақтың күлдіреуішін, ссіктің тақтайларын біріктіруге салынатын колденең ағаш, тақтайша. *Қазанының қақпағы қирап қалған, қ а р г ы с а қақ* (Орал, Қара.).

ҚАРҒЫСТАУ (Алм., Кег.) қарғау. *Бұрынғылардың қ а р г ы с т а ғ а н ы болады деу өтірік болу керек* (Алм., Кег.).

ҚАРДАР[1] (Рес., Орын.) ұры. *Елімнің жаз жайлауы Махат, Домбар Жаппасым мынау айтқан созімді аңғар. Қорғалап қойшы сендей күн корер ең, Еліңнен қашып шыққан сен бір қ а р д а р* (Рес., Орын.).

ҚАРДАР[2] (Акт.: Ырг., Караб.; Қ.орда: Арал, Қарм.; Гур., Маңг.; Қарак.) керек, қажет, зәру, мұқтаж. *Жоқ, амал не, оте қ а р д а р болып тұр* (Қ.орда, Арал). *Адам күшіне оте қ а р д а р м ы з* (Акт., Караб.). *Бізге қазір оте қ а р д а р нәрсе – шай* (Акт., Ырг.). *Саган қаламың қ а р д а р болса, ала гой. Үйге коп қонақ келіп, бір малга қ а р д а р болып тұрмын* (Гур., Маңг.). *Үй ағаш дегенге қ а р д а р м ы з* (Гур., Маңг.). *Қазір біз қаитқа қ а р д а р емеспіз* (Қарак.). *Алпыс үйлі Аргынга, Асықпасаң барарсың. Қ а р д а р емес бізден ол* (Қамбар батыр).

ҚАРДАР[3] (Қ.орда, Арал) рет, жөн. *Бұл істі қ а р д а р ы келсе бүгін бітіремін* (Қорда Арал).

ҚАРЕКЕТТЕНІП АЛУ (Шығ. Қаз., Болын.) коректеніп алу, жүрек жалғау.

ҚАР ЕТУ (Орал: Казт., Жән.) ренжу, өкпелеу. *Сіз орынсыз қ а р е т п е ң і з* (Орал, Казт.).

ҚАРЖАС (Гур., Маңғ.) шамалас, қаралы, қаралас. *Ол адам менімен қ а р ж а с* (Гур., Маңғ.)

ҚАРЖУ (Кокш., Қ.ту) қайыра қағу, қақпақыл ойынында қолының сыртындағы тасты қайыра қағып алу. *Кейбір ойыншылар қолының сыртындағы он тасты да қ а р ж ы п алады* (Кокш., Қ.ту).

ҚАРЖЫМАҚЫЛ (Қост., Жанг.) қақпақыл (ойын түрі). *Мұқаш, сен қ а р ж ы м а қ ы л білесің бе?* (Қост., Жанг.).

ҚАРЖЫП АЛУ (Ақт., Шалқ.) қағып алу. *Алақанның сыртындағы асықтарды қ а р ж ы п а л д ы* (Ақт., Шалқ.).

ҚАРИ (Гур., Маңғ.) соқыр. *Көзі қ а р и болған адам* (Гур., Маңғ.).

ҚАРИДАР (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Небид.; Қарақ.; Ақт.: **Ы**рғ.; Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал) мүктаж, зәру. *Пұл жағынан қ а р и д а р л ы г ы м ы з жоқ* (Түрікм., Ашх.). *Қызға қ а р и д а р ел едік... әсіресе маман қыздарға қ а р и д а р м ы з* (F. Сл., Заман, 237).

ҚАРКЕСПЕ (Жамб., Сар.) камзол. *Мына қ а р к е с п е жақсы тігілген екен* (Жамб., Сар.).

ҚАРКЕСТІ 1. (Орал: Жән., Чап.; Ақт., Қараб.) егде тартқан, жасы келген, мосқал. *Колхозымызда қ а р к е с т і адамдар мол* (Ақт., Қараб.). **2.** (Ақт.: **Ы**рғ., Қараб.; Рес., Орын.) тәжірибелі, көпті көрген, жөн білетін. *Ол кісі қ а р к е с т і адам* (Ақт., **Ы**рғ.).

ҚАРҚ ЕТУ (Рес., Сарат.) қамтамасыз ету. *Қараозен Таловканы қ а р қ е т е д і* (Рес., Сарат.).

ҚАРҚУАР (ҚХР) әдемі сайрайтын құс.

ҚАРҚЫН (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Таш.) су тасқыны. *Көктемде су қ а р қ ы н ы кезінде аздап көгереді* (Түрікм., Жеб.).

ҚАРҚЫРА (Гур., Маңғ.) биік жаулық. *Қ а р қ ы р а қазір тұрмыстан шыға бастады* (Гур., Маңғ.).

ҚАРҚЫС (ҚХР) жыртқыш аң.

ҚАРЛАСУ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) қар лақтырысу. *Екеуің қ а р л а с ы п, күш сынасып көрің* (Гур., Маңғ.). *Көне, қ а р л а с ы п көрелік, кімді-кім жеңеді екен* (Қарақ.).

ҚАРЛЫ (Рес., Астр.) қатар. *Екеуміз қ а р л ы екенбіз* (Рес., Астр.).

ҚАРЛЫҒАШ (Қ.орда, Арал) қалам, қарындаш. *Шырағым, қ а р л ы г а ш ы ң д ы бере тұрмайсың ба біздің балаға* (Қ.орда, Арал).

ҚАРЛЫҒАШ ДОСТЫҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) болмашы жәрдем, жақсылық. *Менікі бір қ а р л ы г а ш д о с т ы қ қой* (Түрікм., Көнеүр.).

ҚАРЛЫҒЫҢҚЫРАУ (Қ.орда: Сыр., Арал) өтінкіреу, батыңқырау, қарайыңқырау. *Намаз шам қ а р л ы г ы ң қ ы р а п бара жатқанда Отарбай келді* (Қ.орда, Арал).

ҚАРЛЫҚ[1] (Гур., Маңғ.) тамақтың ауруы. *Салқын су ішкеннен тамағым қ а р л ы қ болып жүр* (Гур., Маңғ.).

ҚАРЛЫҚ[2] (Қарақ.) үрлық.

ҚАРМА[1] (Алм.: Шел., Енб. қаз.; Жам.: Шу, Мер., Луг., Қорд.) бидай, жүгеріні құырып диірменге майдалап тартқан түрі. *Қ а р м а н ы сумен жемесең, қақалып қаласың* (Жамб., Қорд.).

ҚАРМА[2] (Сем.: Абай, Шүб., Ақс., Көкп.; Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.; МХР) қазанға қарып пісірген нан. *Мына қ а р м а н ы қазанға пысырған* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Ол қ а р м а даярлап жіберді* (Сем., Ақс.). *Қара чәй тағы келдің қ а р м а ң м е н е н* (МХР).

ҚАРМА[3] **1.** (Қост., Жанг.) қылтанағын алып тастап майға қуырған балық. *Жұр, қ а р м а жейік* (Қост., Жанг.). **2.** (Қарақ.) балық бір қайнағаннан соң сүйегін алып, үстіне нан жайып салып жасаған тамақ. **3.** (Гур., Маңғ.) түздап кептірген балықты отқа қыздырып пісіретін тамақ түрі. *Қайықта жүргенде қ а р м а н ы табаға пісіру қиын* (Гур., Маңғ.). *Балықшының үйіне барғанда, қ а р м а жерсің, Егіншінің үйіне барсаң жарма жерсің* (Мақ.-мәт., 252).

ҚАРМАҚ[1] **1.** (Гур., Маңғ.) шөп суыратын ілмек. Қ. шотаяқ, сүңгуір, жүтпа[1]. **2.** (Түрікм., Красн.) түлкіні інінен суырып алуға арналған имек темір.

ҚАРМАҚ[2] (Рес., Қалм.; Гур., Маңғ.) ілгек. *Есіктің қ а р м а г ы н салдың ба?* (Рес., Қалм.).

ҚАРМАҚ БАУ (Гур., Маңғ.) қармаққа тағылатын ұзындығы 120-150 см кендір жіп.

ҚАРМАҚ ТЕМІР (Алм., Іле) ау жазатын құрал. *Әр балықшыда екі қ а р м а қ т е м і р болады* (Алм., Іле).

ҚАРМАҚТЫ БІЗ (МХР) ілмек біз.

ҚАРМАНДЫҚ (Қ.орда, Арал; Гур., Тең.) қайықтың артқы қуысы, кейінгі жағы, нәрсе қоятын орын. *Нәрселер қ а р м а н д ы қ т а тұр. Кейбір қайықтың қ а р м а н д ы қ т а р ы н ы ң беті ашық болады* (Гур., Тең.).

ҚАРМА НАН 1. (МХР) қазанға, кастрөлге пісірген нан. **2.** (МХР) табаға пісірген нан.

ҚАРМАС[У] (Өзб.) піспеген көк өрікті көп жеуден болатын тіс ауруы.

ҚАРМАУ (ҚХР) боқ-жын. *Әуелі іштің қ а р м а у ы кетер* (ҚХР).

ҚАРМЫЗ (Қарақ.) қарбыз.

ҚАРМЫСЫН ҚАЙЫРУ (Көкш., Қ.ту) қаруын қайыру. *Соның қ а р м ы с ы н қ а й ы р ғ а л ы отырмысың* (Көкш., Қ.ту).

ҚАРМЫШ (Қост., Жанг.) қаруы. *Сенің бұл ісіңнің қ а р м ы ш ы н бір қайтарармын* (Қост., Жанг.).

ҚАРНАҚЫ (ҚХР) қаланатын кесектердің арасына ұстастыратын болат шыбық.

ҚАРНАУ[1] (Қост., Жанг.) иін. *Озеннің иіндеу жерлерін бізде қ а р н а у дейді* (Қост., Жанг.).

ҚАРНАУ[2] (Гур.: Маңғ., Есб.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) сойған малдың ішін жару, пышақ салу. *Қойдың терісін түсіріп болды, енді қ а р н а ғ а л ы жатыр* (Гур., Маңғ.). *Қойға пышақты қ а р н а п жіберіп, ішек-қарнын ақтарып салды* (Түрікм., Таш.). *Тез қ а р н а п тастағанша болмады* (Гур., Есб.). *Жанынан пышақ суырып алып, қ а р н а п алса, текелік құрам деп жүріп текке көмусіз қалар* (Ә. Кекіл., Үркер, 500).

ҚАРНЫ ЖАРЫҚ ЖЕР (Жамб., Жуа.) бесон жыл егін салынбай жатқан тың жер. *Біздің колхозда қ а р н ы ж а р ы қ ж е р де бар* (Жамб., Жуа.).

ҚАРНЫ ШАТЫРАЮ (Сем., Абай) қарны шартию.

ҚАРОТЫ (Шымк., Бөг.) шоптің құнарлы жері.

ҚАРПУ[1] **1.** (Павл., Ерт.) киіздің шығып түрған қылшықтарын күйдіру. **2.** (ҚХР) басқан киізді жақсылап пісіру, ширату.

ҚАРПУ[2] (Гур., Шевч.) батырып алу.

ҚАРПУ[3] (Гур., Маңғ.) түйенің аузынан жынын шашуы. *Түйе қ а р п ы п жібермесін* (Гур., Маңғ.).

ҚАРПУ[4] (Гур., Маңғ.) орынсыз мазалау, қытығына тию. *Адамды қ а р п ы м а й отыр* (Гур., Маңғ.).

ҚАРПУ[5] (ҚХР) қағу, шерту. *Қолымен домбыраның бетін қ а р п ы п* (ҚХР).

ҚАРПЫЛУ (Гур., Маңғ.) қамтылу.

ҚАРРЫ (Гур., Маңғ.) кәрі. *Қысқы күннің жазсығанынан сақта, Қ а р р ы әйелдің қызсығанынан сақта* (Мақал).

ҚАРРЫҚЫЗ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) сыртқы қабығы тегіс емес, бұдыр-бұдыр болып келген қауын түрі. *Қ а р р ы қ ы з д ы ң қабығы қалыңдау болады* (Түрікм., Таш.).

ҚАРСАҚ ДӘРІ (Гур., Маңғ.) жерден қазып алынған өсімдік тамыры. *Қ а р с а қ д ә р і н і құстыру үшін ішеді* (Гур., Маңғ.).

ҚАР СУЫМЕН КЕТКЕН ҚҰР АТ (МХР) жазғытұрым жіберіп, келесі жылы сол уақытқа дейін ұсталмай жүрген ат.

ҚАРСЫ (Қост., Жанг.) қарсаң, кез. *Біздің келген қ а р с ы м ы з д а майданнан бала да келіп қалды* (Қост., Жанг.).

ҚАРСЫ БАЗАР ЖҰРУ (Өзб., Там.) қарама-қарсы жүру.

ҚАРСЫ БОЛУ (Рес., Астр.) кездесу. *Ар жағынан келіп тұр екен, жырада қ а р с ы б о л д ы қ* (Рес., Астр.). *Қыдырғаның қ а р с ы б о л г а н д а, ол ұскіртетін еді әңгімені* (Рес., Астр.).

ҚАРСЫДА (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) қарсаңда, кезеңде. *Оқудан бала келетін қ а р с ы д а қой керек болып, ізден шықтым* (Түрікм., Таш.). *Сол қ а р с ы д а 6-өзерге Сүйсінов келді* («Қарабұғаз.», 23.11.1937).

[Түрікменше *гаршы* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ҚАРСЫЛАНҒАН ЖОҚ (Гур., Есб.) қарсыласқан жоқ. *Мен не десем де ол қ а р с ы л а н ғ а н ж о қ* (Гур., Есб.).

ҚАРСЫЛАУ (Гур.: Маңғ., Есб.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) қарсы алу, қабылдау. *Колхоздар биылғы мал төлдеуді ойдағыдай әзірлікпен қ а р с ы л а д ы* (Гур., Маңғ.). *Есентайды ақасы пойыздан түсісімен қ а р с ы л а п т ы* (Гур., Есб.). *Үргенбай сені жақсы қ а р с ы л а п алды ма?* (Түрікм., Ашх.). *Халықаралық 1-май мерекесін саяси-шаруашылық табыстармен қ а р с ы л а у Совет халқының ежелгі дәстүрі* («Соц. мал шар.», 2.05.1949, №116). *Жер бөлімінде отырғандар Азаматты үлкен құрметпен қ а р с ы л а д ы* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 100). *Қыз бен күйеу баланы аналар былай қ а р с ы л а д ы* (М. Нәжім., Кішк., 136).

ҚАРСЫЛЫҒЫ (Орал, Жән.) манайы, шені, айналасы. *Клубтың қ а р с ы л ы ғ ы н д а оқу бөлімінде істейтін қызметкерлердің үйі бар* (Орал, Жән.).

ҚАРСЫМАН-ҚАРСЫ (Ақт., Ойыл) карама-карсы. *Атыма міне сала қ а р с ы м а н қ а р с ы шаптым* (Ақт., Ойыл).

ҚАРСЫ-СЕРІК (Қост.: Фед., Семиоз.) колхоздастырудың алғашқы бастамасы. *Ағайынды тортеуміз алғаш қ а р с ы-с е р і к к е м ұше болдық* (Қост., Фед.).

ҚАРСЫ ТАРТЫС (Шымк., Түркіс.) көкпарды тартқанда карама-қарсы келіп тартысқаны.

ҚАРСЫ ШАПҚЫ (Гур., Маңғ.) төстің үстіне қоятын кескір.

ҚАРСЫ ІЛГЕК 1. (Қ.орда: Арал, Сыр.; Қарақ.) бұрынғы кезде қыздар шапанына тағатын күміс ілгек, бір-біріне ілінетін екі жақты ілгек. *Камзолыма тағатын қ а р с ы і л г е к іздеп отырмын* (Қарақ.). **2.** (Өзб.) тиыннан істелген түйме. *Қ а р с ы і л г е к бірі үлкендеу, бірі кішілеу екі бөлек тиыннан істеледі* (Өзб.). *Қыздың жағасындағы қ а р с ы і л г е г і де бір түрлі ерсілеу көрінеді* (Өзб.).

ҚАРТ (Кокш., Қ.ту) карта. *Кімде қ а р т бар ойнайтын* (Кокш., Қ.ту).

ҚАРТА (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) арықтардың (жаптардың) аралығындағы егістік жер. *Қ а р т а н ы ң көлемі бір гектардан он гектарға дейін бола береді* (Түрікм., Таш.).

ҚАРТА СОҒУ (Жамб., Шу) карта басу. *Қанша қ а р т а с о ғ а р ы ң бар, біреу ме, екеу ме?* (Жамб., Шу).

ҚАРТҚА БАСУ (Көкш., Қ.ту) қартаю, егде тарту.

ҚАРТ-ҚҰРТ (Ақт., Жүр.) қыста ойнайтын балалар ойыны. *Қ а р т-қ ұ р т ойынында балалар сызық сызып соны тауып ұпай салып ойнайды* (Ақт., Жүр.).

ҚАРТТАСЫП ҚАЛУ (Шымк., Шәу.) қартайып калу. *Ол да қ а р т т а с ы п қ а л ғ а н адам еді* (Шымк., Шәу.).

ҚАРТТЫҚ (Гур., Маңғ.) кәрия, қарт. *Мен сықылды қ а р т т ы қ сенің елде де бар шығар* (Гур., Маңғ.).

ҚАРУ (Жезқ., Ұлы.) тамақ, ас. *Шырағым, нан же, басқа қ а р у жоқ* (Жезқ., Ұлы.).

ҚАРУ-ҚАПШЫҚ (Қост., Жанг.) қаружарақ. *Қамбар батыр жауға қ а р у-қ а п ш ы ғ ы н ал[а] ұмтылады* (Қост., Жанг.).

ҚАРУЛАНУ (Жезқ., Ұлы.) тамақтану, қоректену. *Шырағым, қ а р у л а н ы п алыңдар, қарындарың ашар* (Жезқ., Ұлы.).

ҚАРЧЫҒА (Жамб., Шу) қабырғаның ең төменгісі. *Оқ қ а р ч ы ғ а н ы ң басынан тиіпті* (Жамб., Шу).

ҚАРША (ҚХР) шымшық торғайдың бір түрі.

ҚАРШАБАЙ ЕР (Қ.орда, Қарм.) көкпарға, жаугершілік уақытта мінетін түрік ері. *Қ а р ш а б а й е р мықты болады* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАРШЕШЕ (Гур., Маңғ.) үлкен шеше.

ҚАРШУ (ҚХР) биіктеп үстау, қолды сермеп төмен қарай үстау, қармау, ілу, қағу.

ҚАРШЫ (Қарақ.) киізден ернектеп жасаған кебеже. *Көшіп-қонуға қ а р ш ы жақсы болады, сынбайды* (Қарақ.).

ҚАРШЫҒА (ҚХР) уәзір деңгейлес мансап. *Қ а р ш ы ғ а, сарқардалар жылдам барып, құрметпен Данияры келді алып* (ҚХР).

ҚАРШЫҒА ЖҰМЫСТЫРУ (Жамб., Шу) айтыстыру, егестіру, айдап салу, біріне-бірін шағыстыру.

ҚАРШЫН[1] **1.** (Қ.орда, Сыр.) көрпе-жастық салатын қап. *Көшкенде қ а р ш ы н ғ а көрпе-жастықты саламыз да, түйеге артып аламыз* (Қ.орда, Сыр.). **2.** (Ауғ.; Ир.) кілемнен тоқылған қоржын.

ҚАРШЫН[2] (Қарақ.) шәйі, жібек көрпе.

ҚАРЫ[1] (Жамб.: Тал., Шу, Мер., Луг., Сар., Мойын., Жам.; Шымк.: Түлк., Сайр., Шәу., Түркіс., Қызылқ.; Өзб.) үйдің төбесіне салатын жуан ағаш, мәтке. *Тамның қ а р ы жарылған* (Жамб., Тал.). *Осы үйге салынған бір қ а р ы н ы ң өзін әрең таптық* (Жамб., Шу). *Әйелді ертіп барып үйдің қ а р ы с ы н көрсетеді* (Жамб., Мойын.). *Мейманханамыздың қ а р ы с ы майысып тұр* (Шымк., Сайр.). *Әр фермаға үш-үштен қ а р ы сатып алдым* (Шымк., Сайр.). Қ. мәтке, сілеген, арқалық[1], белағаш, бөрене, үрлік.

ҚАРЫ[2] (Гур., Маңғ.) шаңырақтың уық өткізетін үлкен дөңгелек ағашы. *Шаңырақтың қ а р ы н а уықтарды тез шаныш* (Гур., Маңғ.).

ҚАРЫ[3] (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.; Қарақ.) кәрі. *Бұл сол уақыттағы, адайдың қ а р ы шалдары тартатын күй екен* (Түрікм., Красн.). *Қ а р ы кісі не білет, шырақ* (Гур., Маңғ.). *Қ а р ы құлан шөп жемей ме, қ а р ы бұркіт жем жемей ме?* (Мәтел). *Жастың ажалдысы өледі, қ а р ы н ы ң бары өледі* (Мақал).

ҚАРЫ[4] (Гур., Маңғ.) қара. *Бері қ а р ы* (Гур., Маңғ.).

ҚАРЫ[5] (Алм., Нар.; ҚХР) оңбаған, бұзық. *Ол бір қ а р ы неме екен* (Алм., Нар.).

ҚАРЫ ӘҢГІМЕ (Гур., Маңғ.) ескі әңгіме. *Қ а р ы ә ң г і м е білмеймін* (Гур., Маңғ.).

ҚАРЫҒЫЗ (Гур., Маңғ.) көріқыз (шөп). *Санатқа шақырады су тігіле, Оздырып бозбаланы ұраншыға. Қ а р ы ғ ы з д ы ң от қояды құ түбіне* (Гур., Маңғ.).

ҚАРЫ ЖІЛІК (Түрікм., Красн.; Орал, Казт.) көрі жілік, қолдың, алдыңғы аяқтың жілігі. *Қ а р ы ж і л і к т і мына балаға бер* (Орал, Казт.).

ҚАРЫЗ БУУ (ҚХР) қарызға бату, қарыздану.

ҚАРЫЗДЫҚОР (Өзб., Там.) қарыздар. *Қ а р ы з д ы қ о р л а р д а н мемлекет қаржысын толық өндіріп алу тапсырылды* (Өзб., Там.).

ҚАРЫЗ ҚЫЛУ (Шымк., Арыс) ұпай салу.

ҚАРЫҚ 1. (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал., Қарм.; Шымк., Шәу.; Жамб., Шу; Қарақ.) егін арасындағы кішкене арық. *Шығырдың қ а р ы ғ ы н шауып келдім* (Қ.орда, Арал). **2.** (Қарақ.) мақтаның қатар аралығы. **3.** (Қ.орда, Арал) жиналған шөпке мал түспеу үшін және өртенбеу үшін айналасынан қазылған ор. *Күделеген шөпті мал жемеу үшін қ а р ы ғ ы ң д ы әрі терең, әрі кең қып қаз* (Қ.орда, Арал). *Қалған он гектардың жері айдалып, қ а р ы ғ ы тартулы тұр* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАРЫ ҚАБЫРҒА (Жамб.: Шу, Луг.) қаршығадан (қ.) жоғарғы қабырғалар.

ҚАРЫҚ ЖАРУ 1. (Түрікм.: Таш., Конеүр.) жүйек тарту. *Сонда біз он күн бойы қ а р ы қ ж а р у м е н болдық* (Түрікм., Таш.). **2.** (Қарақ.) қауын-қарбыздың, мақтаның, т.б. арасынан су жүретін арық тарту.

ҚАРЫҚ ЖАРЫП СУ ІШУ (Қарақ.) сасу, сасып қалу.

ҚАРЫҚТЫҚ ҰН (Қарақ.) қамыр астына салатын, себетін майда, ұлпа ұн.

ҚАРЫҚЫЗ[1] (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) түсі қара көк, қабығы қалың, сырты қатпарлы қысқа сақтайтын тәтті қауын.

ҚАРЫҚЫЗ[2] (Түрікм.: Таш., Тедж., Ашх.) өсімдік түрі.

ҚАРЫМ[1] **1.** (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.; Гур., Маңғ.; Орал, Жән.; Ақт., Ойыл) ру, тек, тұқым. *Бұл жігіттің қ а р ы м ы дуан төленгіт болады* (Орал, Жән.). *Қ а р ы м ы ң кім болады, шырағым?* (Ақт., Ойыл). **2.** басқа рудан келген адам, қонақ. *Осында Сейтжан деген қ а р ы м бар* (Орал, Жән.).

ҚАРЫМ[2] (Шығ. Қаз., Қатон.) таудың бетінен үгіліп төмен аққан үсақ тас, қорым. *Таудың бетінен қ а р ы м көп түсіп жатыр* (Шығ. Қаз., Қатон.).

ҚАРЫМА 1. (Қ.орда, Арал) нанмен қосып қарып пісірілген балық. **2.** (Қ.орда, Арал) балықты шала пісіріп қылтанағын алып тастап, сорпасына нан қосып істеген тамақ. *Балық-шыларың қ а р ы м а дегені осы* (Қ.орда, Арал). **3.** (Сем., Абай; МХР) қазанға қарып пісірген нан. *Қ а р ы м а тәтті тамақ* (Сем., Абай).

ҚАРЫМБАУ (Қарақ.) арбаның жетегі жоғары көтерілуі үшін аттың бауыры арқылы байланған арқан.

ҚАРЫМДЫ (Жамб., Сар.) күшті, қуатты.

ҚАРЫМЕСЕК ҚЫШЫ (Қ.орда, Арал) түсі көк, дәнді өсімдік.

ҚАРЫМЖЫ (Қар., Шет) қарымы, қарымшасы. *Тап күресінде қ а р ы м ж ы м д ы алмай қорқам ба?* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 426). *Қымыз сұратып, әйелін Шәкен мырзанікіне жіберсе, бір аяқ қымыз беріпті, Қ а р ы м ж ы с ы н тағы жіберіпті* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 23).

ҚАРЫМЖЫСЫН ҚАЙТАРУ (ҚХР) еруліге қарулы, тигізген көмегін өтеу.

ҚАРЫМ-ҚАРЫМ (Алм., Жам.) үйілім-үйілім, бел-бел. *Уақ тастар сумен ағып-ағып, бір жерге жеткенде, қ а р ы м-қ а р ы м болып қалады* (Алм., Жам.).

ҚАРЫМТА (Жамб., Жам.) жауап. *Сіз менің айтқанымның қ а р ы м т а с ы н қайырыңыз* (Жамб., Жам.).

ҚАРЫНДАС (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) іні. *Олар ініні қ а р ы н д а с дейді* (Тау., Қош.).

ҚАРЫНДАШ АРБА (Қост.: Жанг., Фед., Семиоз.) терт дөңгелекті жеңіл арба. *Мұқаштың қ а р ы н д а ш а р б а с ы н ы ң көрініс сынып тұр екен* (Қост., Жанг.). *Қ а р ы н д а ш а р б а н ы ң бір жақсы жері кісіні соқпайды* (Қост., Фед.).

ҚАРЫН ЖҮН (Талд., Ақсу) қозының туғандағы жүні.

ҚАРЫНСА (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі, Арал) аттың бауырын сона, маса шақпау үшін жасалған қоруыш, кобінесе ау торынан жасалады. *Қ а р ы н с а болмаса, сона, масадан мал жүдеп кетеді* (Қ.орда, Шиелі). *Атты ерттеп, қ а р ы н с а с ы н жақсылап байла* (Қ.орда, Арал).

ҚАРЫН ШАШЫ АЛЫНБАҒАН (ҚХР) **1.** жас, сәби. **2.** ештене білмейтін, тұк кормеген, тәжірибесіз, шалағай.

ҚАРЫП-ҚАСАР (Алм., Жам.) кем, кәріп. *Ол соғыстан келгесін аягынан айырылып қ а р ы п-қ а с а р болып қалыпты* (Алм., Жам.).

ҚАРЫПША (ҚХР) қолды (қарды) қорғайтын жарақ түрі.

ҚАРЫС (Қ.орда, Қарм.) ерте кезде пайдаланылған түйе немесе қой жүнінен жасалған киім атауы.

ҚАРЫ ҮЙ (Гур., Маңғ.) қара шаңырақ, баланың ең кішісінің, кенжесінің үйі.

ҚАРЫШ (ҚХР) мүрсат, мүмкіндік, рұқсат.

ҚАРЫШУ (Ауғ.; Ир.) араласу, қыз алысып жекжат болып кету, бір халыққа сіңісу. *Ирати қазақтары фарспен қ а р ы ш қ а н* (Ир.).

ҚАС[1] (Қост.: Об., Семиоз.) шым. *Бүгін соқаңыздың қ а с аударуы жақсы* (Қост., Об.).

ҚАС[2] (Гур., Маңғ.; Қарақ.) зергерлік бүйымдарға салынатын түрлі түсті асыл тас. *Үстіне қ а с қойылған сақинаны қ а с сақина деп атайды* (Гур., Маңғ.).

ҚАС[3] (Жезқ., Ұлы.) туырлықтың жиегі, касы. *Туырлыққа қ а с салса сұлу болады* (Жезқ., Ұлы.).

ҚАС[4] (Қарақ.) тіреу ағаш.

ҚАС АЙТУ (Гур., Маңғ.) қасақана айту, әдейі айту. *Ол дәл осы сөзді саған қ а с а й т ы п отырған жоқ* (Гур., Маңғ.).

ҚАСАКЕДЕЙ (Жамб., Сар.) өте кедей. *Қасым қ а с а к е д е й болған екен* (Жамб., Сар.).

ҚАСА КӨРІМ (Шығ. Қаз., Больш.) өте жақсы, тіпті әдемі. *Алматы қ а с а к е р і м қала гой* (Шығ. Қаз., Больш.)

ҚАСАҚЫ СӨЙЛЕУ (Гур., Маңғ.) қасакана сойлеу, кері сойлеу.

ҚАСАЛАҚ (Жамб., Шу; Талд.) садақтың оғы. *Қ а с а л а қ п е н дәл атса, тіке өлтіреді* (Жамб., Шу).

ҚАСАМ АТҚАН (Жамб.: Жам., Жуа.) күдай атқан. *Ол бір қ а с а м а т қ а н адам* (Жамб., Жам.). *Бас саугалап, бүгежектеген, жалтақ болған, қаргыс таңбасы басылған,*

қ а с а м а т қ а н қу өмір (Ш. Мұрт., Жұлд. көп., 255).

ҚАСАМДАСУ (Жамб.: Сар., Тал.) жамандасу. *Қ а с а м д а с у д а н ешнәрсе шықпайды* (Жамб., Тал.).

ҚАСАМ СӨЗ (Жамб.: Мер., Шу) жаман сөз. *Қ а с а м с о з айтудың керегі не?* (Жамб., Шу).

ҚАСАҢ[1] (Талд.) опасыз, екі жүзді. *Елін сатқан фашистер қ а с а ң сұмырай* (Талд.).

ҚАСАҢ[2] (Сем., Үрж.) катты, қатып қалған (ет). *Көп қайнатқанмен қ а с а ң жұмсара ма?* (Сем., Үрж.). *Қой, қалқам, қой, – деп қ а с а ң алақанымен ебедейсіз сипалай берді* (О. Бөк., Өз от. өш., 93).

ҚАСАПТАР (Қост., Жанг.) таза жібек. *Қара шешей қ а с а п т а р д а н қамзол алып киіпті, Дымы жоқ деп Шығын шалдан Күлейбайға тиіпті* (Б. Майл., Шығ., 1 т., 294).

ҚАСАР (ҚХР) ет қоректі. *Қ а с а р аң – қасқыр, қоблан, жолбарыс сияқты аңдар* (ҚХР).

ҚАСАРТУ (ҚХР) қасарысу, ерегістіру.

ҚАСАСТЫ (Қост., Жанг.) қас. *Ол кіммен қ а с а с т ы екен* (Қост., Жанг.).

ҚАСАТТАНУ (МХР) қар бетінің қатып қалуы. *Тек қар қ а с а т т а н б а й тұрғанда өрісімді ашып берсең болды!* («Шұғыла», 1996, №2, 39).

ҚАСИЕК (Шымк.: Түркіс., Лен.) үйдің сыртындағы жоғарғы жағына қатарлап күйген кірпіштен өрген жиек.

ҚАСҚА[1] 1. (Қ.орда, Арал) біреуді біреу мадақтау, көтермелеу кезінде мықты, алғыр, өткір деген мағынада айтылатын сөз. *Қадірлеп құдер өтті таспаменен, Айтысқан талай жүйрік қ а с қ а м е н е н* (Қ.орда, Арал). *Ой, қ а с қ а н ы ң жатысын-ай* (Қ.орда, Қарм.). 2. (Қ.орда, Арал; Рес., Сарат.; Гур.) сорлы. *Ой, қ а с қ а болған байқұс* (Қ.орда, Арал). *О, қ а с қ а амандасуға да жарамады* (Рес., Сарат.). *Өй, қ а с қ а-а й, – деді ол бүгін көріп отырғандай оның бетіне сұқтама қарап... – орынсыз алғыр болуға да, орынсыз ақылды болуға да болмайды, қ а с қ а* (Ә. Кекіл., Құс қан., 279). *Арманыма енді жеттім бе дегенде, таққа мінгізетін тасын таппай қ а с қ а боп қалмасы бар ма* (Қ. Қар., Алт. изд., 18). *Қарымды кісі құлаштап бір тартқан бұзау тіс қамшының ізі қ а с қ а н ы қақ маңдайдан ырситып тіліп кетіпті* (Ә. Кекіл., Үркер, 504).

ҚАСҚА[2] (Түрікм., Красн.) түйенің бес жасқа келгенде шығатын тісі.

ҚАСҚА[3] (Алм., Кег.) ұшырған бидайдың жел жағындағы тазасы. *Мен бидайдың қ а с қ а с ы н тазартып алып, арбаға тиеп жібердім* (Алм., Кег.).

ҚАСҚА ЖОЛ (Қарақ.) үлкен жол.

ҚАСҚАҚ (Алм., Жам.) мәнті пісіру үшін ағаштан жасалған құрал. *Қантай, қ а с қ а қ т ы жақсылап жуып қой, мен асқабақ әкелейін, сен мәнті пісір* (Алм., Жам.).

ҚАСҚАЛАҚ (Шымк., Мақт.) қаптың кішкентай түрі. *Кеше барып атай бір қ а с қ а л а қ бидай әкелді, әйтпесе қарап отыр* (Шымк., Мақт.).

ҚАСҚАЛДАҚ (Гур., Маңғ.) қойдың төсі мен сыртқы терісінің арасындағы ет араласқан майы. *Төстің қ а с қ а л д а ғ ы н бөлек кесіп ал* (Гур., Маңғ.).

ҚАСҚАН (Талд.: Ақсу, Панф., Сарқ.) мәнті пісіретін ыдыс (орысша *мантоварка*).

ҚАСҚАР 1. (Қост., Жанг.; Рес., Орын.) құман. *Беті-қолыңды жусаң далада қ а с қ а р д а с у тұр* (Рес., Орын.). 2. (Қост., Жанг.) үлкен құман. *Қ а с қ а р қазір бізде жоқ, ел ішінде өте аз табылады* (Қост., Жанг.).

ҚАСҚАРУ (Гур., Маңғ.) қасқию. *Қоян жымға түсіп қ а с қ а р ы п алса, тазыға жеткізбей кетеді* (Гур., Маңғ.). *Ақ киіктің қаласы, қ а с қ а р ы п қайтпас бораннан* (Гур., Маңғ.). *Қ а с қ а р а шықтық майданға, қасақы жауды мерт қылдық* (Қ. Аманж., Шығ. жин., 2 т., 100). *Теңіздей тулап жатқан долы түнде, қ а с қ а р ы п ұлы еңбектің кемесінде* (Қ. Аманж., Шығ. жин., 2 т., 256).

ҚАСҚАРША (Қ.орда: Сыр., Жал.; Алм., Жам.; Жамб., Шу) мойны ұзын жез құман. *Бұл күнде қ а с қ а р ш а деген құман кездесе қоймайды* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАСҚАСЫ ҚАЙНАУ (Рес., Қалм.) соры қайнау. *Оқу оқымай қ а с қ а с ы қ а й н а п жүр гой оның* (Рес., Қалм.).

ҚАСҚА ТҮЙЕ (Қ.орда, Қарм.) түрлі себептермен маңдай жүні түсіп, оның орнына ақ қылшықтар шыққан түйе. *Түйе ішпен қ а с қ а болып тумайды* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАСҚА ТІС 1. (Гур., Маңғ.; Қарақ.; Ауғ.; Ир.) бес жастағы түйе, бесті түйе. *Биыл қ а с қ а т і с і н соғымға союдан ойы бар* (Гур., Маңғ.). 2. (Қ.орда, Жал.) айыр түйелердің бес және жалпы нар аталатын жалғыз өркеш түйелердің жеті жасында сегіз күрек тісі түсіп, орнына жаңа тістер шыққанда, өзге күрек тістерінен ұзынырақ болып шығатын ортадағы екі тіс.

ҚАСҚАША (Алм., Шел.) мойны ұзын жез құман. *Осы күнде қ а с қ а ш а кейбір үйде ғана бар* (Алм., Шел.).

ҚАСҚЫРАУЫЗ (Ақт., Ойыл) әлді қысқаш, үлкен қысқаш. *Догалақтың шенін*

қ а с қ ы р а у ы з б е н қысып таста (Ақт., Ойыл).

ҚАСҚЫР СЫРТТЫҚ (Қар., Қарқ.) қылтанағы қою бидай.

ҚАСНАҚ (Қарақ.) үй төбесіне жиектете салынған екі-үш қатар кірпіш.

ҚАСПАҚ[1] (Гур., Маңғ.) тастан кенері бар тау, қыр. *Түйелер мына қ а с п а қ т ы ң ар жағында жур* (Гур., Маңғ.).

ҚАСПАҚ[2] (Қарақ.) арба доңгелегінің шеңберін жасау үшін құрастырылған ағаштар.

ҚАССАҚИНА (Гур., Маңғ.) үстіне қас деген тас қойылған сақина.

ҚАС САЛУ (Рес., Қалм.) түр салу. *Киізге қ а с с а л ғ а н д а көркем болады* (Рес., Қалм.).

ҚАССАП (Қарақ.) қасапшы, мал союшы. *Айтбай қ а с с а п тек сүйегін ғана салған екен* (Қарақ.).

ҚАСТА[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.) ауру. *Қ а с т а адам ғой, көңілі жарым, сонан да өкпешіл келеді* (Түрікм., Ашх.). *Денеңде қ а с т а болса ел білсін, білмесін өз жаның ауырмай ма?* (F. Сл., Заман, 105). *Сойып қарағанда... басқа ешқандай қ а с т а с ы жоқ* («Жүм-шы», 17.01.1940).

[Түрікменше *хасса* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *хаста* (Узб.-рус. сл., 1959); карак. *хасте* (Рус.-карак. сл., 1967); пар. *хастэ* жаралы, ауру, сырқат (Л. Буд., I, 533)].

ҚАСТА[2] (Гур.: Маңғ., Макат) қастық, қастандық, залал, зиян. *Біреудің қ а с т а қылғанынан болды ма деп те ойлаймыз* (Гур., Мақат). *Пайдасы тимес жаманнан, Жақсылардың артық моласы-ай. Моласына бар да түнеп қайт, Басыңа бір ауыр қ а с т а жоласа-ай* (Гур., Маңғ.).

ҚАСТАУ (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) қастық жасау, қастық ету. *Ол атты суытпай жіберді, атқа қ а с т а й д ы* (Ақт., Ырғ.).

ҚАСТАУЫШ[1] (Қост., Жанг.) қара күйе. *Киімге қ а с т а у ы ш түсіпті* (Қост., Жанг.).

ҚАСТАУЫШ[2] **1.** (Гур., Маңғ.) егіннің қара күйе болып кететін ауруы, қара күйе. *Қолаң шашты, қой көзді, Қ а с т а у ы ш қасты Ақжүніс* (Ер Тарғын, 25). **2.** (Ақт.: Ойыл, Жүр.) қара күйе сияқты зиянды шөп. *Қ а с т а у ы ш тары арасында сирек кездесетін арам шөп* (Ақт., Ойыл). **3.** (Гур., Маңғ.) егіннің шіріген дәні. *Бидайдың қ а с т а у ы ш ы н аршымаса, наны ащы болады* (Гур., Маңғ.). **4.** (Ақт.: Жүр., Тем.; Түрікм.: Таш., Конеүр.) тары дәнінің болмауы, пісіп жетіспөгені, үшығы. *Кесінді, қ а с т а у ы ш ты толайымен сыпырып жібер* (Ақт., Тем.).

ҚАСТАУЫШТАНУ (Қост.: Фед., Семиоз.) егін дәнінің қарайып кетуі. *Қара дөңнің батыс жағындағы тарылар қ а с т а у ы ш т а н ы п т ы* (Қост., Семиоз.).

ҚАСТЕН (Қост.: Фед., Семиоз.) шымнан жасалған үй. *Өткен жылы қ а с т е н үй алдым* (Қост., Семиоз.).

ҚАСТЕРЛЕНУ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.) қаһарлану, ашулану. *Бар, барып кор, қ а с т е р л е н г е н д е не қылар дейсіңіз* (Түрікм., Небид.).

ҚАСТЕРІН ТІГУ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.; Орал, Чап.) өшігу, ашулану, қатерін тігу, қастық ойлау. *Ол саған қ а с т е р і н т і г і п жүр* (Орал, Чап.). *Жарлының жалғыз ешкісіне қ а с т е р і н тігіп, 13 сағат тұтқынға алған Балақаевтікі бағытсыздық* («Жүм-шы», 24.11.1944). *Түрмешілер әмірге өзгеше қ а с т е р і н т і г і п қалып еді* (Х. Есенж. Ақ Жай., 136).

ҚАСТИЯНДЫҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) қастандық, қастық, зұлымдық. *Бір жанға қ а с т и я н д ы қ жасап көрген емен* (Түрікм., Таш.). *Бұл қоғам жұмысына қ а с т и я н д ы қ жасауынан* («Қарабүғаз.», 25.04.1937).

[Қарақалпакша *қастыянлық* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ҚАСТЫ БІЛЕЗІК (Түрікм., Красн.) бетіне қас салын орнектеген білезік. *Қ а с т ы білезікті орта жастағы әйелдер ғана тағады* (Түрікм., Красн.).

ҚАСУ (МХР) санын азайту. *Айлығын қ а с ы п тастапты* (МХР).

[Монголша *хас* азайт, кеміт (Б. Баз., Монг. каз. тілі, 131)].

ҚАСЫ (Түрікм.: Красн., Таш., Ашх., Мары) бүйымдарды әшекейлеуге керекті түрлі-түсті тастар.

ҚАСЫҚ ОЖАУ (Орал, Жән.) ағаш ожау. *Қ а с ы қ о ж а у бақыраштан берекелі ғой* (Орал, Жән.).

ҚАСЫҚ ҮСТАТАР (Жамб.: Сар., Тал.) май құяр. *Күйеудің қ а с ы қ ү с т а т а р ы н алу керек* (Жамб., Сар.).

ҚАСЫНЫСЫП ЖҮРУ[1] (Сем.: Абай, Шүб.) тату жүру. *Біз айтыс-тартысты қойып, қ а с ы н ы с ы п ж ү р м і з* (Сем., Абай).

ҚАСЫНЫСЫП ЖҮРУ[2] (Тау., Қош.; ҚХР) жаңа-жаңа қастаса бастау, өшіге бастау.

ҚАСЫП (Жезқ., Ағад.) көсіп.

ҚАСЫРЫНДЫ (Гур., Маңғ.) кесірлі, қырсықты. *Қ а с ы р ы н д ы сөз* (Гур., Маңғ.).

ҚАСЫТУ (МХР) шығару, алу. *Дізімнен қ а с ы т у ы н ң джон болар* (МХР). Қ. **қасу.**

ҚАТ[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта; Өзб.) бөлме, бөлек. *Он үш қ а т жайым бар* (Түрікм., Көнеүр.).

ҚАТ[2] (Қ.орда, Арал) қабат. *Бір қ а т ы тас, бір қ а т ы топырақ болып отырады* (Қ.орда, Арал).

ҚАТ[3] (Қост., Затоб.; Ақт., Ойыл) тапшы, кем, аз. *О жақта арба қ а т қой* (Қост., Затоб.). *Бұл жерде ағаш қ а т болғандықтан, Оралдан сатып аламыз* (Ақт., Ойыл). *Қаладан қашық тұратын ауылға бәрі қ а т, бәрі зәру* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 163).

ҚАТА[1] (Ақт., Ойыл) жемге, шопке топырақ араласқаннан болатын мал ауруы.

ҚАТА[2] (Алм., Кег.) қате. *Ол қ а т а айтып отыр* (Алм., Кег.).

ҚАТАЙЛАНУ (Гур., Есб.) қатулану. *Сарайды бермеймін, – деп қ а т а й л а н д ы* (Гур., Есб.).

ҚАТАЛАНУ (Тау., Қош.) қателесу, шатасу. *Мен айтып көрейін, қ а т а л а н с а м, түзете жатарсыңдар* (Тау., Қош.).

ҚАТАЛАСУ (Алм., Кег.) қателесу. *Күннің суығында ішігімді кимей қ а т а л а с қ а н ы м а й* (Алм., Кег.).

ҚАТАЛАУ[1] (Гур., Манғ.) лай су ішкеннен немесе шобі аз жерде шаңды шопті жегеннен болатын жылқы ауруы.

ҚАТАЛАУ[2] **1.** (Қ.орда, Арал) түйенің бүйеніне құм қатып ауыруы. *Ана колхоздың фермесіндегі түйе қ а т а л а п тұрып жазылып кетті* (Қ.орда, Арал). **2.** (Гур., Манғ.) шолдеу. *Бие қ а т а л а п тұр* (Гур., Манғ.). *Ішіне топырақ кеткен жылқы қ а т а л а й д ы, оған ардап ішкізеді* (Гур., Манғ.). 3. (Көкш., Қ.ту) кейде шөптің, кейде судың түйілуі.

ҚАТАРУ (Қарақ.) бұру. *Қ а т а р у балықтың торға оралуына, аудың тез жыртылмауына қажет* (Қарақ.).

ҚАТАРЫ (Орал, Жән.) жаны, маңайы. *Түйе Можағаштың қ а т а р ы н д а жүр* (Орал, Жән.). *Біз оған пункттің қ а т а р ы н д а кездестік* (Орал, Жән.).

ҚАТАС (Қост., Аман) жаңылыс. *Мен саған әлгі он сом ақшаны қ а т а с берген екенмін* (Қост., Аман.).

ҚАТЕ БОЛУ (Орал, Жән.) жазым болу. *Бала аттан жығылып қ а т е б о л м а с ы н* (Орал, Жән.).

ҚАТ ЕМЕС (Қар., Шет) қажет емес, көрек емес. *Уақтысы өткен соң, сөзің қ а т е м е с* (Қар., Шет).

ҚАТЕП[1] (Гур., Манғ.; Түрікм., Небид.) түйенің шомының алдына салатын шошақ ағаш, ауыттың ағашы. *Қ а т е п т і қара пар секілді* (Гур., Манғ.). *Домбыраны қолға алғанмын, Оң-солға бұрап шалғанмын. Қ а т е п т і қара нар едім, Артуын таппай мертіліп, Мен базардан қалғанмын* (Аралбай). *Қас үлектен туған қ а т е п т і, қара нар керек біздің бұл іске* (Махамбет, 36).

ҚАТЕП[2] (ҚХР) ыңыршақ, ашамай. *Қайыспас қара нар еді, қозғалмайтын қ а т е б і* (ҚХР).

ҚАТЕР (Орал, Жән.) хабар. *Сенің ол туралы қ а т е р і ң бар ма?* (Орал, Жән.).

ҚАТЕРДЕ БОЛУ (Гур., Тең.; Рес., Орын.) есте болу, ойда болу. *Қ а т е р і ң д е б о л с ы н, қайықты еш уақытта шұғыл бұрма* (Гур., Тең.). *Ол сіздің қ а т е р і ң і з д е б о л с ы н* (Рес., Орын.).

ҚАТЕРЖАН (Орал, Орда) ұмытпайтын, еске сақтайтын [адам]. *Сарбасов қ а т е р ж а н адам* (Орал, Орда).

ҚАТЕРЛЕУ (Гур., Манғ.) хабарлау, есіне салу. *Дайындау Министрлігінің аудандық өкілі пішен жөніндегі борышымыздан есептесуді қ а т е р л е й д і* (Гур., Манғ.). *Бұл қалды аудандық орындардың қ а т е р л е у і керек* («Соц. мал шар.», 1940, №46).

ҚАТЕР СҰРАУ (Орал: Орда, Жән.) науқас адамның көңілін сұрау. *Сақыпжамал Ахдалаттың үйіне қ а т е р с ұ р а й кетіпті* (Орал, Орда).

ҚАТЕРШЕҢ (Орал: Казт., Орда) естігенін ұмытпайтын. *Ол қ а т е р ш е ң адам* (Орал, Казт.). *Жас адам қ а т е р ш е ң болады гой, айнам* (Орал, Орда).

ҚАТЕРІНЕ САЛУ (Гур., Есб.) есіне салу. *Оны газет оқушыларының қ а т е р і н е с а л а м ы з* (Гур., Есб.).

ҚАТИРА (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) күрмет. *Байрам – Таған деп сол адамның қ а т и р а с ы н а қойылған* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *хатира* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ҚАТКЕР (Алм.: Кег., Үйғ.) сауатты, хат танитын. *Омар көртейгенмен, қ а т к е р адам* (Алм., Үйғ.).

ҚАТ-ҚҰПАУ (Қ.орда, Арал) ақырын-ақырын.

ҚАТҚЫЛ (Орал, Орда) халсіз, ауыр. *Ай, сол бала өліп қалмаса жарар еді, тым қ а т қ ы л болып жатыр-ау!* (Орал, Орда).

ҚАТЛАМА НАН (Түрікм., Таш.) өте жұқа етіп пісірілген нан. *Асыққанда шешем қ а т л а м а н а н пісіре салатын* (Түрікм., Таш.).

ҚАТ МАЛ (Жамб., Мер.) базар ақшасы, базарда сатылатын мал үшін төлөйтін ақша. *Қ а т м а л ы н сен төлейсің* (Жамб., Мөр.).

ҚАТПА 1. (Жамб., Шу; Түрікм., Красн.; Қост., Семиоз.; Қ.орда, Жал.) түйенің ішегінен болатын ауру. *Қ а т п а қара шыбын көп талағанда да болады* (Жамб., Шу). *Қ а т п а болған түйе іші отіп, азық жеуден қалады* (Қ.орда, Жал.). *Қ а т п а түйені бурага қосқан сені гана көрдім* (Қост., Семиоз.). **2.** (Түрікм., Таш.) арық, көтерем. *Көлеңке болған биедей, қ а т п а болған түйедей бір жағдай еді* (Түрікм., Таш.).

ҚАТПА БОТА (Қ.орда, Жал.) қатпа ауруымен ауырған бота.

ҚАТПА КЕЛГІР (Түрікм., Таш.) түйеге айтылатын қарғыс. *Үйдің жанында тұрған түйесін көрген жоқшы, бұл қ а т п а к е л г і р д і ізден бармаған жеріміз қалмады, – деді* (Түрікм., Таш.).

ҚАТПА ТЕЗЕК (Түрікм., Таш.) қаңылтақ қабажақ тезек. *Үйдің жанында бірнеше жерге қ а т п а т е з е к үйіліпті* (Түрікм., Таш.).

ҚАТТА[1] 1. (Рес., Орын.) тіпті. *Әрім жауынды жылдары биік болады, мал кіріп кетсе, қ а т т а көрінбейді* (Рес., Орын.). **2.** (Гур., Маңғ.) тіпті болмаса, нақа. *Қ а т т а оған тіліңді алдыруга шаманың келмегендей болса, маган келерсің* (Гур., Маңғ.).

ҚАТТА[2] 1. (Қост., Жанг.) қайткенде. *Тарыны бүгін қ а т т а суарып боламыз* (Қост., Жанг.). **2.** (Қост., Жанг.) тегінде, шынында. *Қ а т т а сенен анау әнші болу керек* (Қост., Жанг.).

ҚАТТАМА[1] 1. (Алм., Шел.) жұқа нанның арасына қаймак салып орап майға пісірген нан. *Мейман келді гой, қ а т т а м а пісір* (Алм., Шел.). **2.** (Жамб., Жам.) қамырды оқтаумен жазып, бетіне май жағып бүктеп, жағылмаған жағына тағы да май жағып бүктеп казанға не табаға пісірген нан.

ҚАТТАМА[2] (Сем., Аяг.) қыстай жиналған мал қиын жазда су күйып, колікпен бастырып, қалыпка, т.б. ыдысқа күйып жасаған түрі.

ҚАТТАП АЙДАУ (Тау., Қош.; Шығ. Каз., Больш.) топтап, боліп-боліп айдау. *Иіс колхоз қойын үш қ а т т а п а й д а д ы* (Тау., Қош.).

ҚАТТАС (Қ.орда, Арал) қатынасы, байланысы, араласы бар. *Біздің колхоз «Жаңа талап» колхозымен қ а т т а с* (Қ.орда, Арал).

ҚАТТАУ[1] 1. (Жамб., Мер.; Жезқ., Ұлы.; Шығ. Қаз., Зайс.) сауыт ішінен киетін бірнеше қабат жібектен сырылған киім. *Сыпатай батырдан қалған қ а т т а у Мақыш баласы Чайқазымда* (Жамб., Мер.). *Тогыз қ а т т а у ішінен сегізінен өтеді* (Жезқ., Ұлы.). *Сауыттан өтіп қ а т т а у г а барып найзасы тұрып қалған* (Шығ. Қаз., Зайс.). **2.** (ҚХР) бірнеше қабат жібектен немесе басқа кездемеден тігіліп, жүн, мақта қыл салып сырылган сауыттың жеңіл түрі. *Киім кисең қ а т т а у ки, суық тисе панаң-ды, найза тисе қалаң-ды* (Ақтамберді жырау). *Батсайыдан киген қ а т т а у ы ң* (Қобыланды батыр).

ҚАТТАУ[2] (Жамб., Жам.) қатынау. *Таситын шөп жақын болса күніге алты қ а т т а й д ы* (Жамб., Жам.).

ҚАТТЫ КӘМЕК (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) қауынның әлі піспеген, бірақ аздап жеуге боларлық дәмі бары.

ҚАТТЫҚ (Орал, Орда) мал жсген шоптен қалған қиқым, қырқынды. *Біздің шөбіміздеп қ а т т ы қ аз қалады* (Орал, Орда).

ҚАТТЫ ҚАЙЫРЫМҒА КЕЛМЕУ (ҚХР) ауыр жұмысқа жарамау.

ҚАТТЫ ҚАРА (Түрікм.: Красн., Небид.) түпкі бүтағы баялышқа үқсас үзындығы 30-35 см, басында қатты бүршігі бар түйе жейтін шөп. *Қ а т т ы қ а р а н ы ң басындагы бүршігі суықта да түспейді* (Түрікм., Красн.).

ҚАТТЫЛЫҚ КӨРУ (Шығ. Қаз., Больш.) қиындық қору, таршылық кору, қиналу.

ҚАТУ[1] (Орал, Казт.) қатық.

ҚАТУ[2] (Қ.орда, Арал) қатты, отс мүқтаж. *Кардар деген бір нәрсе оте қ а т у* (Қ.орда, Арал).

ҚАТУ[3] (Гур., Есб.) мүз болу. *Күздің ақыргы айларында теңізде қ а т у болады* (Гур., Есб.).

ҚАТУ[4] (МХР) аласа болып осетін өсімдік түрі. *Қ а т у табантақ болады* (МХР). *Қ а т у таулы, шолейт оңірде, жазық жерде осетін тамыры жуандау, ұсақ түрі бар, томар тәрізді жатаған өсімдік. Қ а т у д ы ң тамырын отын үшін пайдаланады* (МХР).

ҚАТУАШ (Қарақ.) жаңбыр суымен, мақта жерінің қатып калуы.

ҚАТУ ҚАЗУ (МХР) қатуды тесемен қазып алу. *Қ а т у қ а з ы п коңқапқа сап жатам, тіпті толмайды* (МХР).

ҚАТУСЫЗ (Орал, Казт.) қатыксыз. *Қ а т у с ы з коже ас бола ма* (Орал, Казт.).

ҚАТШӨП ҚЫЛУ (Қ.орда, Арал) несие алу.

ҚАТШӨП ҚЫЛЫП АЛУ (Қ.орда, Арал) несиеге алу. *Ешкінің еті бір тиын, өзіміз қ а т ш ө п қ ы л ы п а л ы п жедік* (Қ.орда, Арал).

ҚАТШЫҚ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) аралас. *Бы йерде бәрі қ а т ш ы қ кездеседі* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *гатышык* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ҚАТЫБАС ҚОЙ (Талд., Панф.) ауырып, семірмей қалған қой.

ҚАТЫҚ 1. (Алм.: Жам., Шиелі, Еңб. қаз.; Жамб.: Шу, Мер.; Талд., Қоғ.; Сем., Үрж.) айранның сүзбесі, дорбаға салып сүзгенде суы кетіп қалған қоюы. *Қ а т ы қ қосқан сорпа дәмді болады* (Алм., Жам.). *Айранды сүзіп қатық қылдым* (Сем., Үрж.). **2.** (Орал, Жән.; Ауғ.; Ир.) айран. *Құлай, қ а т ы қ т ы дорбаға құйып, саганды босат* (Орал, Жән.).

ҚАТЫҚТЫ ШАЮ (Қарақ.) айранды пісу.

ҚАТЫҚҰЛАҚ (Қарақ.) естігенін ұмытпайтын адам. *Ол қ а т ы қ ұ л а қ екен, менің айтқанымды есінен шығармапты* (Қарақ.).

ҚАТЫҚЫЗ (Талд., Қоғ.) тікенді, сабағы катты арам шоптің бір түрі.

ҚАТЫМ-ҚАРЫС (Қарақ.) қарым-қатынас.

ҚАТЫРА (ҚХР) тамшы. *Басында қ а т ы р а судан болдың пайда, неше күн шайқатылып жүрдің бойда* (ҚХР).

ҚАТЫРАН (Шымк., Арыс) сараң. *Қ а т ы р а н болу жарамайды* (Шымк., Арыс).

ҚАТЫРАУ (Шымк., Қызылқ.) саз. *Бұл араның жері қ а т ы р а у келеді* (Шымк., Қызылқ.).

ҚАТЫРҒАН ҚҰМШЕКЕР (Шымк., Түркіс.) құм шекерді қайнатып жасаған түрі. *Қ а т ы р г а н құ м ш е к е р д і ң үш түрі болады. Біріншісі – құмшекерге ешнәрсе қоспай қазанды жәй қыздырып, араластырып отырып жасаған қ а т ы р г а н құ м ш е к е р. Қ а т ы р г а н құ м ш е к е р қызыл түске айналады. Екіншісі – құмшекерге аздап су қосып, суы сарқылганша араластырып жасаған қ а т ы р г а н құ м ш е к е р. Үшіншісі – құмшекерге сүт қосып, араластырып қ а т ы р г а н құ м ш е к е р. Қ а т ы р г а н құ м ш е к е р арасы көуек болады. Қ а т ы р г а н құ м ш е к е р оңайлықта сынбайды* (Шымк., Түркіс.).

ҚАТЫРҒАН ШЕКЕР (Түрікм., Небид.) құм шекерді қайнатып жасаған түрі.

ҚАТЫРДА ТҰРУ (Қост., Семиоз.) катерде тұру, ойда, есте тұру.

ҚАТЫРЕН ЖЕР (Қ.орда, Арал) сазды жер.

ҚАТЫРЕҢ (Шымк., Арыс) саз.

ҚАТЫРЕҢКІ (Жамб., Мер.) қаттылығы қарағаштай таулы жерде осетін бозғылт түсті, тал тұқымдасқа жататын ағаш. Қ. көтіреңкі.

ҚАТЫРЛАҚ (Рес., Сарат.) жұка нан. *Қ а т ы р л а қ нан тәтті болады* (Рес., Сарат.).

ҚАТЫРМА[1] 1. (Жамб., Жуа.; Шымк., Түлк.; Ақт., Ключ.) жұка етіп жайып, қазанға ие табаға пісірген нан. *Егемберді берді гой қ а т ы р м а н ы, қ а т ы р м а н ы берді де қатырганы* (Жамб., Жуа.). *Қ а т ы р м а жоқ па?* (Шымк., Түлк.). **2.** (Рес., Омбы) қазанға пісірілген тағам. *Майын көп қоссақ қ а т ы р м а тәтті болады* (Рес., Омбы). **3.** (Шымк., Түркіс.) нанды дөңгелентіп өте жұка етіп жайып, қазанды баппен қыздырып соған пісірген нан. *Қ а т ы р м а жасаганда қызып тұрған қазанға жайған нанды салып, одан соң екінші бетін аударып пісіреді. Қ а т ы р м а н ы ораза кезінде көп дайындайды. Қ а т ы р м а өте жұқа, сәл шикілеу болады, оны ыстық сүтке салып жейді. Қ а т ы р м а тоқ тамақ болып есептеледі* (Шымк., Түркіс.). **4.** (Талд., Панф.) турап қарынға салып сақтаған ет.

ҚАТЫРМА[2] 1. (Сем.: Көкп., Ақс.; Қост.: Семиоз., Фед.) тақия. *Асқар – анау қ а т ы р м а киген адам* (Сем., Көкп.). *Қ а т ы р м а н ы қазір дүкенде өте сирек кездестіресің* (Қост., Фед.). **2.** (Рес., Орын.) қыздардың қағаздан жасайтын бас киімі. *Қ а т ы р м а г а үкі тағып әдемілейді* (Рес., Орын.).

ҚАТЫРМА[3] (Қост., Жанг.) мұқаба. *Дүкеннен екі қ а т ы р м а сатып алдым* (Қост., Жанг.).

ҚАТЫРМА БӨРІК 1. (Қост., Жанг.) тақия. *Басыма қ а т ы р м а б ө р і к киемін* (Қост., Жанг.). **2.** (Қост., Жанг.) жұка сырыған бөрік, тақия сияқты бас киім.

ҚАТЫРУ (МХР) пісіру. *Уыз қ а т ы р у* (МХР).

ҚАТЫСУ (Қост., Жанг.) қателесу. *Мен қ а т ы с т ы м* (Қост., Жанг.).

ҚАТЫСЫ КЕЛМЕУ (Талд.) түрі келмеу.

ҚАУ[1] 1. (Шымк., Қызылқ.) үйілген шөптің я бау-бақшаның айналасына салынған қоршау. *Шөп айналасына қ а у жасалды* (Шымк., Қызылқ.). **2.** (Шымк.: Түлк., Сайр.) талдан, шыбықтан жасалған қора. *Қойлар түнде қ а у г а қамалады* (Шымк., Түлк.).

ҚАУ[2] (Шымк., Мақт.) қақпа. *Қ а у д ы ашып жіберші* (Шымк., Мақт.).

ҚАУ[3] (Жамб., Қорд.) сел, су тасқыны орып кеткен жер, су арнасы. *Өлген итті қ а у г а апарып таста* (Жамб., Қорд.).

ҚАУ[4] 1. (Қост.: Фед., Семиоз.) өткен жылғы шабылмай, орылмай қалған шөп. *Үй бойының қ а у шөбін өртемесең тауыса алмайсың* (Қост., Фед.). **2.** (Қост., Жанг.) қураған бетеге. *Бетеге қураған соң қ а у болып атанады* (Қост., Жанг.).

ҚАУ[5] (Ақт., Шалқ.) көп, қалың. *Бұл масаның қ а у жері гой* (Ақт., Шалқ.).

ҚАУ[6] Қ. боз от.

ҚАУА (Алм., Шел.) асқабақ. *Қ а у а н ы көбінесе үйгырлар егеді* (Алм., Шел.). Қ. қауақ.

ҚАУАҚ 1. (Гур., Маңғ.) асқабақ. **2.** (Шымк., Қызылқ.; Қ.орда, Қарм.; Гур., Маңғ.; Түркім., Таш.) ішін үңгіп, дәнін, өнезін алып тастап, ыдыс үшін пайдаланатын асқабақ тәрізді өсімдік. *Қ а у а қ т а г ы судан құйып бер* (Қ.орда, Қарм.). *Ошақ жанындағы үстелде бірнеше қ а у а қ тізіліп тұр* (Түркім., Таш.). *Дереу өзі де қ а у а қ, шелектерін салдыратып, күндегідей қой-ешкі сауысуға бет алған болатын* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 47).

ҚАУАП (Қ.орда: Сыр., Жал.) шашлық. *Ақшасыз тегін қ а у а п бер деймісің, Байқап айт жан-жағыңа салып назар* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАУАР (Шымк., Шәу.) жеңіл арба. *Жүгерімді ап кетпекке қ а у а р арба әкелді* (Шымк., Шәу.).

ҚАУАША[1] **1.** (Қарақ.) мақта. *Мақтаны қ а у а ш а ішінен айдама, қ а у а ш а н ы бүлдірер* (Қарақ.). **2.** (Түркім., Таш.) мақтаның сыртқы қабығы.

ҚАУАША[2] (Алм., Шел.) қабақтан істелген ыдыс. *Көріңіз, қ а у а ш а д а су тұр* (Алм., Шел.).

ҚАУАША[3] (Қарақ.) асқабақ.

ҚАУАШАДАЙ (Алм.: Кег., Шел., Нар.) кішкентай. *Оның қ а у а ш а д а й жаппасы бар екен* (Алм., Кег.).

ҚАУАШАҚ[1] (Шымк.: Түркіс., Мақт.; Өзб.) мақтаның сыртқы қабығы. *Қ а у а ш а қ т ы ң ішінде мақта болады* (Шымк., Мақт.). *Қ а у а ш а қ т а таза мақта жібектей, қозапая жуан жұмыр білектей* (Шымк., Түркіс.).

ҚАУАШАҚ[2] (Алм., Балқ.) сүзгі. *Түбектен балықты қ а у а ш а қ п е н тастаймыз* (Алм., Балқ.).

ҚАУ БОЛУ[1] (Қ.орда, Арал) қауым болу. *Ілгері заманда олар бір қ а у б о л г а н* (Қ.орда, Арал).

ҚАУ БОЛУ[2] (Өзб., Ташк.) қамау, көкпар алып қашқан кісіні екінші жақ адамдарының қамажаулауы.

ҚАУГЕРІК (Қост., Жанг.) өңгүдік, аңғал, аңқау.

ҚАУГЕРІКТІК (Қост., Жанг.) аңқаулық, өңгүдіктік. *Қ а у г е р і к т і к п е н біреуін артық айтып қойыптын гой* (Қост., Жанг.).

ҚАУГӨРІК (Қост., Семиоз.) керосин шамының шынысы, лампасы. *Сатып алайын десең осы күні магазинде қ а у г ө р і к жоқ* (Қост., Семиоз.).

ҚАУҒА[1] (Қ.орда, Арал) шелек. *Ханзила сиыр сауып бір қ а у г а сүт өкелді* (Қ.орда, Арал).

ҚАУҒА[2] (Түркім., Таш.) есекке ерттейтін ер. *Қ а у г а с ы алынбаған ешек мақта шетінде жүр екен* (Түркім., Таш.).

ҚАУҒА КӘТЕЛ (МХР) құдықтан су тартатын ыдыс, темір шелек.

ҚАУҒЫР (Сем.: Акс., Кокп.) өлсіз, нәзік. *Ой, қ а у г ы р, сенің бұл жұмысқа шамаң келуші м [е] еді?* (Сем., Акс.).

ҚАУДАЛАУ (Орал, Орда) қудалау, құғынға үшырату. *Ол бұлтыр мені қызметтен шығармақ болып қ а у д а л а д ы* (Орал, Орда). *Шайтан ең алдымен мамаидарды қ а у д а л а д ы* («Ж. жол», 9.01.1934).

ҚАУДАН 1. (Қар., Шет; Кокш., Қ.ту) ескі шоп, еткен жылғы шеп. *Қ а у д а н мен қарағай майша жанады* (Қар., Шет). *Қ а у д а н мол болса, мал өлмейді* (Кокш., Қ.ту). **2.** (Кекш.: Руз., Зер.) қау, елең, қалың боз шеп. *Малдың қысқы жеміне, маялап үйдік қ а у д а н шоп* (Кекш., Руз.). **3.** (Гур., Маңғ.) биік шеп. *Бұлар кең алымды машинамен қ а у д а н д ы жердің шөбін таза қып іле жинап, мал қораларына тасуда* («Кекш. прав.», 14.07.1957).

ҚАУДАНШЫЛЫҚ (Қ.орда, Арал) үлкен дүшпандық. *Жақанға корген балықты айтпай, менің бір онымен қ а у д а н ш ы л ы г ы м бар ма?* (Қ.орда, Арал).

ҚАУДАСЫН (Шымк.: Сайр., Қызылқ.) шабылмаған қалың боз шоп. *Қыста қ а у д а с ы н д ы жылқы сүйіп жейді* (Шымк., Қызылқ.).

ҚАУЕНДЕР-ҚОСТАР (Қарақ.) қамкоршы. *Қ а у е н д е р-қ о с т а р болмаса жалғыз ілікті адамға қиын болады екен* (Қарақ.).

ҚАУЕНДІР (Қарақ.) қамқор. *Қ а у е н д і р і жоқ балдар колхоздың бақшасына алынды* (Қарақ.).

ҚАУЗАП ТАСТАУ 1. (Тау., Қош.) малдың шепті жеп, жартысынан асырып тастауы. *Ат шөпті қ а у з а п т а с т а п т ы* (Тау., Қош.). **2.** (Шығ. Каз., Больш.) шепті шауып жартысынан асырып тастауы.

ҚАУЗАУ[1] (Сем., Абай) іздену, қозғау салу, істі қуу. *Содан бері бұны қ а у з а г а н ешкім жоқ* (Сем., Абай).

ҚАУЗАУ[2] (Сем.: Акс., Кокп., Шүб.; Жамб., Сар.) көсеу, отты кесеу, қағыстыру. *Әкем, отты қ а у з а й тұршы, өшіп қалмасын* (Сем., Акс.).

ҚАУ КӨРІК (МХР) үш тақтайлы, жалпақ жақтаулы көрік. Көріктің үш тақтайлысын *қ а у к ө р і к*, екі тақтайлысын кос көрік деп

атайды. *Қ а у к е р і к т і ң үстіңгі догаша жақтау тақтайын екі қазық арасына керген қайысқа бекітіп қояды. Астыңғы догаша жақтау тақтайының артына бекіткен қайыс бауын бір қысқа тақтайшаға байлап, ол таяқшаны ашалы қазыққа асып қояды да, үста өзі бір қолымен көріктеу астыңғы догаша жақтау тақтайын таяқшамен көтеріп, үстіңгі догаша жақтау тақтайына тигізіп-түсіріп отыру арқылы көрік шогын үрлетеді* (МХР).

ҚАУҚАЛДАҚ (Шымк., Түлк.) керосин шамының шынысы, әйнегі тұратын жер.

ҚАУҚЫЛ (Қ.орда, Арал) дауыс, дыбыс. *Рота үстіндегі ызалы қ а у қ ы л д а р біразға дейін басылмай, барған сайын үдеп, үлгая берді* (Ә. Нүрп., Курл., 119).

ҚАУҚЫЛ-ҚАУҚЫЛ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) ауық-ауық. *Сол күні жел қ а у қ ы л-қ а у қ ы л согып тұрды* (Қ орда, Арал).

ҚАУЛАУ (Алм., Шел.) құдалау, тексерту. *Әбікештің жұмысын кіші балам қ а у л а п ағарттырды гой әйтеуір* (Алм., Шел.).

ҚАУЛЕН (Шығ. Қаз., Тарб.) қалың боз шөп.

ҚАУЛІ (Орал, Орда) каулы. *Ауыл Советтеріміз ауаткомнің міндетті қ а у л і с і н і ң дұрыс іске асырылуын дұрыстап бақылаулары, ол қ а у л і н і бұзушыларға қ а у л і д е көрсетілген шараларды бұлжытпай құлданып отырулары тиіс* («К-з жолы», 12.01.1937).

ҚАУМА[1] **1.** (Ақт.: Ойыл, Тем.; Рес., Орын.) ат тырмамен жиналған шөп үйіндісі. *Қ а у м а д а н кейін шөмеле салады* (Рес., Орын.). *Қалған шөптің көбі шөмеледе, қ а у м а д а, далада құрап жатыр* («К-з жолы», №65, 1940). **2.** (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.) үш-төрт айырлық үйілген шөп. *Шабылған шөп көп екен, 50-60 қ а у м а болады* (Түрікм., Небид.). **3.** (Ақт., Ойыл) әр жерге шошайтып үйіп кеткен бір-екі айыр шөп.

ҚАУМА[2] (Гур., Шев.) жиын, топ. *Жамандықтың белгісі қ а у м а г а басы енбеген* (Гур., Шев.).

ҚАУМАЙЛАУ (Жамб., Шу) қаумалау, қоршау. *Сендердің бәрің бірдей мені қ а у м а й л а м а ң д а р* (Жамб., Шу).

ҚАУМАЛАУ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ойыл) шөмелелеу. *Мен шөпті қ а у м а л а п отырмын* (Қ.орда, Арал). *Мына көрініп жатқан шөпті тұтас қ а у м а л а п шығыңдар* (Ақт., Ойыл).

ҚАУМЕТ[1] (Қ.орда: Арал, Қаз.) күш, өл, шама. *Қала ішіндегі жары берік тас үйлер, цементті подвалдар, жеке қоршауда, қама да, қарсыласа беретін қ а у м е т і бар сенімді атыс ошағына айналды* (Ә. Нүрп., Курл., 206).

ҚАУМЕТ[2] **1.** (Талд.) төменгі еріннің астындағы ата сақал. **2.** (Шығ. Қаз., Зайс.) шықшытқа біткен сақал. *Қ а у м е т т і ауырмай всірейін деп жүрмін* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚАУ ПӘЛЕК (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) қауынның сабағының шамадан тыс көп шығуы.

ҚАУПЕЙЛЕУ (Гур., Маңғ.) қауіптену.

ҚАУПІЛЕУ (Қост., Жанг.) қауіптену. *Ол балалардан қ а у п і л е н б е й-а қ айтайын деген сөзіңді айта бер* (Қост., Жанг.).

ҚАУРАМПАШ//ҚАУРАПАШ (Өзб.) бесік үстіне жабылатын жабу. *Қазір қ а у р а м п а ш т ы түрлі түсті жібектен өрнектеп тігетін болды* (Өзб.).

ҚАУРАПАШ Қ. қаурампаш.

ҚАУСАР (Сем., Мақ.) ауыр. *Қ а у с а р жұмысқа шамам келер емес* (Сем., Мақ.).

ҚАУСАРДАЙ (Гур., Шев.) үлкен. *Қ а у с а р д а й болып малдың жайын білмеуге бола ма?* (Гур., Шев.).

ҚАУСАТУ (Шымк., Шәу.) сындыру. *Ыдысты қ а у с а т у м е н болатын баланың әдеті емес пе?* (Шымк., Шәу.).

ҚАУСАУ (Өзб.) **1.** сыну. *Қолындағы шәйнек түсіп кетіп, қ а у с а п қалады.* **2.** ыдыстың бос тұруы. *Шелектер сусыз қ а у с а п тұр* (Өзб.).

ҚАУСЫР (Қ.орда, Қарм.) адамға ызалы, реті келсе шайнап олтіруге дайын будан бураның аузына кигізуге арнайы жасалған құрсау.

ҚАУСЫРМА (Орал, Орда) жалпы сыртан киетін киім. *Жас күнімізде қ а у с ы р м а н ы ақпан-дақпанда болмаса кимеуші едік* (Орал, Орда).

ҚАУСЫРМАЛЫ ІЛГЕК (Қарақ.) топсалы ілгек.

ҚАУСЫРМА НАН 1. (Түрікм., Красн.) етке салатын нан. *Қ а у с ы р м а н а н д ы көбінесе етке мөлшерлеп жейміз* (Түрікм., Красн.). **2.** (Түрікм.: Ашх., Тедж., Мары; Қарақ.) етке салатын нанның бір түрі, жайған нанды қабаттап қаусырған түрі. *Қазанға қ а у с ы р м а н а н етіп сал* (Түрікм., Тедж.).

ҚАУСЫРМА ӨРКЕШ Қ. алмас өркеш.

ҚАУСЫРУ[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) тапсыру, беру. *Әнеугі пұлымды қ а у с ы р деймін базар сайын, оны тыңдамайды* (Түрікм., Конеүр.).

[Түрікменше *ковшурмак* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ҚАУСЫРУ[2] (Гур., Маңғ.) қапсыру, жабу. *Есікті қ а у с ы р* (Гур., Маңғ.). *Қ а у с ы р а салған есікті қайырып ашқанда, арғы жағынан*

көк құрақ исі бұрық ете қалар еді (Ә. Нұрп., Сең, 24).

ҚАУЫЗДАЙ КИГІЗ (Талд.) жөргек киіз, баланың жөргегінің астына, бесік тақтайының үстіне салатын киіз. *Бесіктің қ а у ы з д а й к и г і з і тозып қалды* (Талд.).

ҚАУЫЗДАУ КИІЗ (Орал: Орда, Жән.) бесік тақтайының үстіне, бала төсегінің астына салынатын киіз. *Қайрекен баланың астына қ а у ы з д а у к и і з салдырмай қор жасапты* (Орал, Орда). *Бесіктің қ а у ы з д а у к и і з і өте қалың, жақсы екен* (Орал, Жән.).

ҚАУЫҚ (Қарақ.) бидай, тары және жүгері дәнінің қабығы, кебегі. *Тарыны қ а у ы г ы н а н тазарттым* (Қарақ.).

ҚАУЫЛДЫРЫҚ 1. (Қ.орда, Арал) қамыс сабағының жапырағы. *Қамыстың қ а у ы л д ы р ы г ы н есек жейді* (Қ.орда, Арал). 2. (Ақт., Ырғ.) қамыстың үлпілдек басы. *Қамыстың қ а у ы л д ы р ы г ы н а шегіртке өш болады* (Ақт., Ырғ.). *Сафиолла желді күнгі қияқтың қ а у ы л д ы р ы г ы н д а й, ызылдап ән сала бастады* (Ж. Нәжім., Кішк., 161). *Тобеге қ а у ы л д ы р ы г ы н алмай жапқан қамыстың шошағы суңгі-суңгі* (Ж. Нәжім., Кішк., 25).

ҚАУЫМ 1. (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.; Қ.орда, Арал) көп шоғырланған бейіт, зират. *Маңғыстау ойында түрікпендердің қ а у ы м ы коп кездеседі* (Гур., Маңғ.). *Мына қ а у ы м н ы ң сырт жағындағы ақтықты шабу керек* (Қ.орда, Арал). *Әрбір қартайған кісінің ойлайтыны өлім гой, содан ба, әйтеуір соңғы әзірде қ а у ы м басына әсіресе, баргыш боп кетті* (Ж. Нәжім., Кішк., 185). 2. (Қарақ.) мола (бір руға тән). Қ. қорған[2].

ҚАУЫМА (Жамб., Жам.) мақталы шапан. *Қ а у ы м а н ы үлкендер киеді* (Жамб., Жам.).

ҚАУЫМШЫЛЫҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) ру-ру, ата-ата бойынша қойылған зират, ата-бабалардың қойылған жері. *Қ а у ы м ш ы л ы г ы ң қайда еді* (Түрікм., Таш.).

ҚАУЫН (Сем.: Үрж., Мақ.; Павл., Леб.; МХР) қарбыз. *Қ а у ы н діңкеден бұрын пысады* (Сем., Үрж.). *Бұл өңірде қ а у ы н деп қарбызды айтады* (МХР).

ҚАУЫН АРЫҚ (Шымк., Шәу.) егіс даласындағы ең кішкене арықшалар.

ҚАУЫНДАУ (Сем., Абай) қаулау, көктеу. *Көк шөп қайта қ а у ы н д а п шықты* (Сем., Абай). *Күздің жауыны қайта жетілтіп, боз көденің бауырына қайта қ а у ы н д а п шыққан ұсақ кок те бер* (М. Әу., Абай жолы, II, 350).

ҚАУЫНДЫҚ (Алм., Шел.) қауын-қарбыз, т.б. көкөніс егетін жер.

ҚАУЫНДЫҚТЫҢ ЖОЛЫ БОЛУ (МХР) онай, еш қиындығы болмай қалу, барыс-келісі онайлау.

ҚАУЫН ҚҰРТ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) қауыннан жасалған құрт, қауынға жүгерінің ұнын салып қайнатып кептірген түрі.

ҚАУЫННЫҢ ӨРКЕНІ (Қ.орда, Сыр.) қауынның желісі.

ҚАУЫНШЕК (Орал: Чап., Жымп.) қауынның кішірегі. *Қ а у ы н ш е к т і қапқа сал, оны апарып жапқа сал* (Орал, Чап.).

ҚАУЫР-ДАУЫР (ҚХР) ию-қиу, қарбалас, абыр-сабыр. *Қысырдың тайын сойып қ а у ы р-д а у ы р болып жатқанда* (ҚХР).

ҚАУЫРСАҚ (ҚХР) қара торғайдан кішірек тау баурайын мекендейтін құс.

ҚАУЫРТ (Шығ. Қаз., Тарб.) қызу. *Қырмандағы колхозшылар жұмысты қ а у ы р т жүргізіп жатыр* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҚАУЫРТТАУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Мары, Таш.) қанағаттану, тояттау. *Аз болса да дәмдірек болса, адам табигысымен жеп, тез қ а у ы р т т а й д ы* (Түрікм., Красн.).

ҚАУЫС[1] 1. (Қ.орда, Арал) күзді күнгі жерге шық түсіп мұз қата бастаған кез, қатқақ. *Қ а у ы с бір күні жылым тартып келе жатқанда арқан үзіліп, суға түсіп кетіп, суық ұстап қала жаздады* (Қ.орда, Арал). 2. (Қ.орда, Арал; Қарақ.) судың бетіне қатқан мұз. *Судың жағаларына қ а у ы с тура бастады* (Қ.орда, Арал). 3. (ҚХР) жұқа қабыршақ мұз.

ҚАУЫС[2] (Ауғ.; Ир.) қараша айы.

ҚАУЫС[3] (Шымк., Түркіс.) бидайдың қауызы, қабығы.

ҚАУЫС-ҚАУЫС (Гур., Маңғ.) түйенің інгенін ботасына шақыру сөзі. *Інгенді ботаға шақырганда қ а у ы с-қ а у ы с деп шақырамыз* (Гур., Маңғ.).

ҚАУЫС ТҰРУ (Қ.орда, Арал) қысты күні шелектің бетіне, т.б. жұқа мұз қатуы.

ҚАУЫСУ[1] (Гур.: Есб., Маңғ.; Орал, Чап.; Ақт., Қараб.; Қ.орда: Қарм., Жал.) жолығу, кездесу, ұшырау. *Бір күні болганда аман-сау елге қ а у ы с т ы м, Сен жамандама, күпсіз болдың аман қ а у ы с а й ы қ* (Гур., Есб.). *Ертең Ярослав совхозына барсаң, редакцияның алдында қ а у ы с а й ы қ* (Ақт., Қараб.). *Біз онымен жолда қ а у ы с т ы қ* (Орал, Чап.). *Әйтеуір өлмей, аман қ а у ы с қ а н ы ң жақсы болыпты* («Окт. туы», 14.06.1959). Қ. кауышу.

ҚАУЫСУ[2] (Орал: Жөн., Чап.; Гур.: Шев., Тең., Есб.) бату [күн]. *Күн қ а у ы с а бастады*

(Орал, Чап.). *Күн қ а у ы с қ а н соң үйге баратын болайық* (Орал, Жән.). *Күннің қ а у ы с у ы дұрыс екен, ертең ауа райы тузелер* (Гур., Тең.). *Сағат алтының айналасында күн қ а у ы с а т ы н болып қалды* (Гур., Тең.). *Қарт қалай айтарын, не деп бастарын біле алмады. Күн қа у ы с ы п кетті, әйел самауырынға су құйып, от салды* (Ж. Нәжім., Ақ шаң., 245).

ҚАУЫШ[1] (Алм., Шел.) түс киіз, түсқа үстайтын оюлаған киіз.

ҚАУЫШ[2] (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта, Тедж.) бой жүгерінің (қ.) жастай орылған кезі. *Осының малға жем үшін қ а у ы ш ы пайдалы болады* (Түрікм., Конеүр.).

ҚАУЫШ[3] (Қарақ.) жүгері, сүрлем.

ҚАУЫШТЫРУ (Ақт.: Ойыл, Жүр.) кездестіру. *Сол екі жасты әйтеуір қ а у ы ш т ы р д ы м гой* (Ақт., Ойыл). *Балам, сені мен бір шалмен қ а у ы ш т ы р а й ы н* (Ақт., Жүр.). *Күліп-ойлап аттандық, күліп-ойнап қ а у ы ш т ы р с ы н, – деп тұйді жұрт сөзінің аяғын...* (Т. Ахт., Қаһ. күн., 5). *Артта қалған қатын-балаға қ а у ы ш т ы р а т ы н ең сенімді, ең жақын жол жеңіс ғана екенін олар жақсы біледі* (Ә. Нүрп., Курл., 6).

ҚАУЫШУ[1] (Қ.орда, Арал; Ақт., Жүр.; Рес., Орын.) жолығу, кездесу, ұшырау. *Ол бүгін бізбен қ а у ы ш қ а н еді, мүмкін ертең озіңмен қ а у ы ш ы п та қалар* (Қ.орда, Жал.). *Есендікпен Қызылорда қаласынан қ а у ы ш а й ы қ* (Қ.орда, Арал). *Аман болса, бүгін барып қ а у ы ш а р м ы з* (Рес., Орын.). *Қылықтың қызығын қызыл жағалы Нұрпейіс ұлы мен Қалидың қ а у ы ш қ а н күнінен былай көрерсің* («Екп. балықшы», №55, 1932). *Тап осы қазір «сот» інісінен есіткен зәбірі есінде де жоқ, қатын баласына қ а у ы ш т ы* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 202).

ҚАШ (Қарақ.) үйдің төбесіне салынатын арқалық ағаш.

ҚАША[1] **1.** (Алм.: Кег., Шел.; Талд., Керб.) қорған. *Үйдің айналасында қ а ш а бар* (Талд., Керб.). *Мал кірмес үшін огородке қ а ш а орнатайын деп едім. Түйені қ а ш а д а н шығарып айдап кетті* (Алм., Шел.). *Біздің қ а ш а г а сүйеніп, қолындағы дырау қамшыны етігіне ұрғыштап, менің жолымды тосып тұр* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 233). **2.** (Шығ. Қаз., Күрш.) аула, кора (талдан тоқылған қора, шарбақ). *Ол қ а ш а д а н аттап өтіп кетіпті* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Оспан үйінің қ а ш а с ы н а іліп кетіңіз* (О. Бөк., Өз от. өш., 274).

ҚАША[2] (Сем., Ақс.; Шығ. Қаз., Тарб.) қақпа, қораның арба мен машина сияқты нәрселерге арналған үлкен есігі. *Әкем-ау, қ а ш а н ы ашып жіберші, арба келіп тұр* (Сем., Ақс.).

ҚАША[3] (МХР) **1.** үй, қора қабырғалары. *Бұл ағаштан салған қ а ш а* (МХР). *Ағаш қ а ш а, тас қ а ш а деп айтып жатады* (МХР). **2.** тастан, кірпіштен, не ағаштан малға арнап жасаған қора. *Малға қ а ш а салу керек. Мықтың үйінің тастарын қ а ш а салуға алуға болмайды* (МХР).

ҚАШАГЕР (Орал, Жән.) көсеу, от көсейтін темір.

ҚАШАҒА 1. (Шығ. Қаз., Күрш.; Сем.) есік, терезенің пердесі. *Қ а ш а г а құрылған терезе* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Есікке қ а ш а г а құрса, қандай әйбәт болар еді* (Сем., Абай). **2.** (Шығ. Қаз., Күрш.; Сем., Үрж.; Талд., Керб.) шымылдықтың бас жағы, балдағы. *Қ а ш а г а шымылдық та болады* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ҚАШАҒАЙ (Қ.орда: Қарм., Сыр.) қашық, алыс. *Күнде қатынап тұрған жер қ а ш а г а й болмаса керек еді гой* (Қ.орда, Қарм.). *Қаладан қ а ш а г а й л а у тұрамыз* (Қ.орда, Арал).

ҚАШАҚ[1] **1.** (Рес., Орын.) қашқын. *Мың кісі маған десе қ а ш а қ болсын оязға тапсырам деп өктемдейді* (Рес., Орын.). *Ұялтып отырғанда мінеп қашап, келді адам отыз шақты бәрі қ а ш а қ* (Рус. дас., 37). **2.** (ҚХР) аткезшілік, контрабандалық. Қ. аткезші.

ҚАШАҚ[2] (Ақт., Ойыл) тоқтамай қайта-қайта қаша беретін мал. *Тек қана осы себептен қ а ш а қ болған елу сиыр бір ғана Жамбыл атындағы колхозда қысыр болып отыр* (Ақт., Ойыл).

ҚАШАҚАШ (Ауғ.; Ир.) қашқын.

ҚАШАҚПЫР (Ауғ.; Ир.) шекарадан адамдар мен жүктерді заңсыз өткізетін адам.

ҚАШАҚШЫ (ҚХР) аткезші (қ), контрабандашы.

ҚАШАР[1] **1.** (Алм., Жам.; Сем., Үрж.) мал қамайтын кең, жабық қора. *Малды түсте қ а ш а р г а қамап қой* (Алм., Жам.). *Колхоз қ а ш а р ы н а мал көп сыяды* (Алм., Жам.). *Малды Әлімнің қ а ш а р ы н а қамау керек* (Сем., Үрж.). **2.** (Түрікм., Таш.) қораның үлкендеуі.

ҚАШАР[2] (Ауғ.; Ир.) екі жастағы ұрғашы сиыр.

ҚАШАРЫ (Қарақ.) қарала алаша, алашаның түрі. *Қ а ш а р ы төсек үшін пайдаланылады* (Қарақ.).

ҚАШАУ[1] (Орал, Қара.) сиыр малының індеті, көк еті ісіп ауыратын ауру. *Қ а ш а у болған сиырды емдегенде бұрын отқа қ а ш а у қыздырып басатын* (Орал, Қара.). *Қ а ш а у болған сиыр жазылмайды* (Орал, Орда).

ҚАШАУ[2] (Талд.) қазу, жырту. *Егістік жерді бітір, мейлің тоңды аударып қ а ш а п жар* (Талд.).

ҚАШАУА (Көкш.: Щуч., Еңб.) жеңіл шана. *Қыстықүні біз қ а ш а у а м е н жүреміз* (Көкш., Щуч.).

ҚАШҚАР (Сем.: Абай, Шүб.; Қар., Нұра) мойны ұзын құман. *Қ а ш қ а р д ы алып қонақтың қолына су құй* (Сем., Абай). *Ертеде бізде бір қ а ш қ а р болып еді* (Қар., Нұра).

ҚАШҚАРША (Алм., Жам.) мойны ұзын құман, мыс құман. *Қ а ш қ а р ш а н ы отқа қойшы, суы жылып тұрсын* (Алм., Жам.).

ҚАШҚАР ШӘЙНЕК (Көкш.: Щуч., Еңб.) мойны ұзын құман.

ҚАШҚЫДАЙ (Сем., Абай) қашқандай. *Ол қашса, қ а ш қ ы д а й екен* (Сем., Абай). *Абай ага, Көкбай қашса, қ а ш қ ы д а й екен! Мына философыңыз алқымнан алып тұр гой* (М. Әу., Абай жолы, II, 35).

ҚАШҚЫ-ҚУДЫ (Гур., Маңғ.) қуғын-сүргін. *Ол қ а ш қ ы-қ у д ы м е н жүр* (Гур., Маңғ.).

ҚАШТАУЫШ (МХР) майсия, жылқысия (көк, ақ жылқыда ғана болатын шажырқай тәрізді домалақтау қара май). *Қ а ш т а у ы ш т ы сия ретінде пайдаланады* (МХР). *Согыс кезінде оқудагы балалар қ а ш т а у ы ш п е н жазушы еді* (МХР).

ҚАШУ (Алм., Шел.) судың суарып жаткан жерден асып айдалаға кетуі. *Сала-саладан су қ а ш ы п кетті* (Алм., Шел.).

ҚАШУЛЫ (Гур., Есб.) қашып жүру. *Ол көптен бері жұмыстан қ а ш у л ы* (Гур., Есб.).

ҚАШЫ (Қарақ.) су шығып кетпес үшін істелетін бөгет. *Селога су шығып кетпес үшін үлкен қ а ш ы істелді* (Қарақ.).

ҚАШЫҚ[1] (Шығ. Қаз., Больш.; Сем.: Көкп., Ақс.) ғашық. *Ол қызға қ а ш ы қ болып жүрді* (Сем., Көкп.).

ҚАШЫҚ[2] (МХР) жиіркене (көктемде малдың қанын соратын қандаланың бір түрі). *Қ а ш ы қ т а н арық мал өліп те қалады* (МХР).

ҚАШЫҚТЫЛ АЙТУ (МХР) мүктаждығын айту.

ҚАШЫЛАУ (Қ.орда, Қарм.) бөгеу, байлау (арық туралы). *Арықты қ а ш ы л а п, огородқа су жібереміз* (Қ.орда, Қарм.).

ҚАШЫП-ПҰШУ (Жамб., Тал.) қашып-пысу. *Бұл сиыр біреуден деккі жеп қ а ш ы п-п ұ ш ы п келген шыгар* (Жамб., Тал.).

ҚАШЫР ЕТУ (Жамб., Тал.) ұзату. *Қызымызды осы елдің біреуіне қ а ш ы р е т т і к* (Жамб., Тал.).

ҚАШЫРУ (Қ.орда: Сыр., Жал.) күріштің суын басқа жаққа ағызып жіберу. *Күріштi орар алдында ондагы суды басқа жаққа қ а ш ы р у керек* (Қ.орда, Сыр.).

ҚАШЫРЫМ 1. (Шымк., Қызылқ.) қойды қолдан урықтандыру. *Отарларда қойдың қ а ш ы р ы м ы н а дайындық басталды* (Шымк., Қызылқ.). **2.** (Өзб., Там.) малды шағылыстыру кезі. *Шопан қ а ш ы р ы м г а оз отарын орта және жогары сезімдікке түсірмен* (Өзб., Там.).

ҚАЮ[1] (Ақт., Ойыл) шағылысу. *Нар бурадан қ а й ы с а қоспақ туады* (Ақт., Ойыл).

ҚАЮ[2] (ҚХР) қайтара шаншып үсақ тігіспен тігу.

ҚАЮ[3] (ҚХР) тәнті болу. *Аузымнан шыққан сөзіме, ден мұсылман қ а й ы д ы* (Базар жырау).

ҚАЮ БІЗ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) біздің жіңішке түрі.

ҚАЯЗ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) сүген. *Бұл жагада қ а я з балық коп болады* (Қарақ.). *Қарымсақ қ а я з д а й қабыргалап қандай жүзеді* (Қ.орда, Арал). *Колқораның қайырымдарын талай сүзді, онан бекіре, қ а я з шыгатын дәмелі бір қайырым еді деп Бозбиенің түсын сүзіп корді* (Ә. Нүри., Қан мен тер, 151).

ҚАЯЗУ 1. (Қост., Жанг.) кезеру, кебірсу, кебу. *Ораза үстап ерні қ а я з ы п тұрганын қарашы* (Қост., Жанг.). *Екі-үш күнде жер беті қ а я з ы п, кок котеріліп кетті* (Қост., Жанг.). **2.** (Қост., Жанг.) шолдеу, таңдайы құрғау. *Ол, сірә, қ а я з ы г а н шыгар* (Қост., Жанг.). **3.** (Өзб.) тобарсу, кеберсу. *Бұл жайылган қамырга қолданылады. Жайылган қамырдың бетін жауып қоймаса қ а я з ы п қалады* (Өзб.).

ҚАЯҚ (Алм.: Кег., Шел., Нар., Үйғ.; Ақт.: Байғ., Ойыл; Гур., Есб.) қай жақ. *Әке, қ а я қ т а н келдің* (Алм., Нар.). *Мен сенімен сөйлеспеймін, сенің айтып жүргенің қ а я қ т а гы налог?* (Ақт., Байғ.). *Я, қ а я қ т а н келесің, қошы бала?* (Акт., Ойыл). *Қ а я қ қ а барасың?* (Гур., Есб.).

ҚАЯУШЫ (Сем., Абай) сұраушы, қуушы, іздеуші. *Біздің ауылда қ а я у ш ы коп* (Сем., Абай).

ҚАЯУШЫЛ (Қарақ.) дықшыл, ашуланшақ.

ҚИ (Сем.: Абай, Шүб.; Шымк., Түлк.) көн. *Қойдың кетпенмен, күрекпен қиып алган тезегін қ и дейміз* (Сем., Шүб.).

ҚИБАТ (Рес., Орын.) қымбат.

ҚИБАТТАУ (Алм., Жам.) қымбаттау. *Астықтың багасы бұлтыр қ и б а т т а п кеткен еді, биыл арзандапты* (Алм., Жам.).

ҚИБАТШЫЛЫҚ (Рес., Орын.) қымбатшылық. *Ол кезде қ и б а т ш ы л ы қ еді* (Орын., Ад.).

ҚИБЫЖЫҚТАУ (Шымк., Түркіс.) қипықтау. *Оның атын естігенде қ и б ы ж ы қ т а й бастады* (Шымк., Түркіс.).

ҚИҒАҚ (МХР) қолға, саусаққа түсетін жара. *Қолына қ и г а қ түсіпті* (МХР). *Бала денесіне әр түрлі жара, борткен қ и г а қ т а р түскіш келеді* (Б. Кәм., Мои. каз. салтдәс., 38).

ҚИҒА ҚОНУ (Шымк., Арыс) көңге қону. *Қ и г а қонсақ, бала жылайды депті* (Шымк., Арыс).

ҚИҒАШ БАУЫРСАҚ (Шымк., Түркіс.) қиғаштап кесіп жасаған бауырсақ.

ҚИҒАУ (Алм., Қарат.) қиғаштау. *Богетті қ и г а п колхозга жібердік* (Алм., Қарат.).

ҚИҒЫЛЫҚТЫ ҚЫЛУ (Гур., Маңғ.) қиғылықты салу.

ҚИДАЛАСУ (Сем.: Абай, Шүб.; Тау., Қош.) жанжалдасу, шатақтасу. *Болыстар өзара қ и д а л а с ы п жүретін* (Сем., Абай).

ҚИДАЛАУ (Қост.: Семиоз., Фед.; Түрікм., Красн.) қиқымдау, майдалау. *Нанды қ и д а л а м а й турауды қашан үйренерсің?* (Қост., Фед.). *Ол үшін ағашты қ и д а л а м а й дұрыстап кесу керек* (Түрікм., Красн.).

ҚИДАС (ҚХР) бүлғын мен орман сусарының буданы.

ҚИДЫРУ (Орал, Казт.) қанын алу. *Бүгін бір жылқыны қ и д ы р ы п ферма басында бөгеліп қалдым* (Орал, Казт.).

ҚИҚАНА 1. (Жамб., Жуа.) әр нәрседен жиналған қиқым. **2.** (Алм., Жам.) әр түрлі қиықтан құралған құрақ.

ҚИҚЫЗЫЛ (Сем.: Абай, Шүб.) **1.** насыбай. **2.** ащы темекі. *Ақсақал, қ и қ ы з ы л ы ң ы з болса, беріңізші* (Сем., Абай).

ҚИҚЫТШЫЛЫҚ (Орал, Жән.) қиыншылық. *Адам өмірінде кездескен барлық қ и қ ы т ш ы л ы қ қ а төзген дұрыс* (Орал, Жән.).

ҚИЛА КЕСЕ (Түрікм., Таш.) үлкен кесе. *Табындар жағы мұндай ыдысты қ и л а к е с е деп айтады* (Түрікм., Таш.).

ҚИМА[1] (Сем.: Абай, Шүб.) бас ауруы. *Оның қ и м а с ы бар еді, қазір ауырып отыр* (Сем., Абай).

ҚИМА[2] (Жамб., Жам.; Шымк., Түлк.) шұбат. *Бұрын түйе сүтін ашытып қ и м а ішетін едік* (Шымк., Түлк.).

ҚИМА[3] (Көкш.: Щуч., Еңб., Қ.ту; Павл.: Леб., Ерт.; Жезқ., Ағад.) дөңгелектің шен темірі ішіндегі имек ағашы. *Ағаш арбаның дөңгелегінің қ и м а с ы қаңсып тұр* (Кокш., Қ.ту).

ҚИМА[4] (ҚХР) үлттық ойынның бір түрі.

ҚИМА ЖАУЛЫҚ (Рес., Сарат.) жаулықтан кішірек үшбұрышты орамал.

ҚИМАЙ[1] (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР) жаңа сойылған малдың ішіндегі қаны мен майын араластырып ішекке салып пісірген шұжық. *Қ и м а й д ы көп жеп күпті боп қаппын* (МХР).

ҚИМАЙ[2] (Гур., Маңғ.; Орал: Орда, Жән.) қойдың көңінен, қиынан шығатын май. *Бір арба қи әкелдім, қ и м а й жасау керек* (Гур., Маңғ.). *Қ и м а й ы н малдардың әр түрлі қотырларына дару ретінде қолданганбыз* (Орал, Орда). *Кісі әлем-тапырақ, баттастыра қ и м а й ы төгіп тастаған ба дерсін* (Ө. Қан., Құд., 210).

ҚИМА КӨЙЛЕК (Өзб.) етегінде екі қатар бүрмесі бар көйлек, қос етек көйлек. *Қ и м а к ө й л е к көйлекке лайықты матадан тігіле береді* (Өзб.).

ҚИМАЛЫ (Рес., Қалм.) аурушаң, денсаулығы кем. *Қ и м а л ы адамбыз гой* (Рес., Қалм.).

ҚИМАЛЫ ТОН (Көкш., Қ.ту) ұзындығы тіземен сәл төмен түсетін тон.

ҚИМАЛЫ ШАПАН (Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) жеңі бар мақталы шапан. *Қ и м а л ы ш а п а н камзолдан сәл ұзындау болады* (Көкш., Қ.ту).

ҚИМА НАН (Түрікм., Таш.) майға пісірген нан, бауырсақ. *Дастарқанға қ и м а н а н д ы шашып тастап, шай іше бастадық* (Түрікм., Таш.).

ҚИМАҢДАУ (Гур., Маңғ.) қайқаңдау, қайқаң-қайқаң ету. *Сен қ и м а ң д а м а й тек отыр* (Гур., Маңғ.).

ҚИМА ТОН (Рес., Омбы) онша ұзын емес, шолақ тон. *Дөкей борандарда қ и м а т о н м е н де тоңасың* (Рес., Омбы).

ҚИМЫҚПАУ (Сем., Аяг.) қаймықпау.

ҚИМЫР (Гур., Маңғ.) жезөкше. *Мың бір түнде қ и м ы р аялдың неше атасы бар* (Гур., Маңғ.).

ҚИНАЛАСУ (Тау., Қош.) жанжалдасу, шатақтасу.

ҚИНАУ (МХР) кино. *Бәркәттәрді аралап елге қ и н а у көрсетіп жүр* (МХР).

ҚИПАҢ БОЛУ (Рес., Сарат.) қиқаңдау, жалтаң болу. *Ер батса ат қ и п а ң б о л а д ы, қамшы батса сипаң болады* (Рес., Сарат.).

ҚИПАС (Гур., Бақс.) қапас. *Қ и п а с т а тұрған құс көрді* (Гур., Бақс.).

ҚИРА[1] (Қарақ.) қамыстан істелген асқа төсейтін зат, бойра. *Астына қ и р а төсе, оның үстінен киіз сал* (Қарақ.).

ҚИРА[2] (Гур., Маңғ.) бүйра. *Қ и р а шашты адам* (Гур., Маңғ.).

ҚИРАКЕЗІКТІ (Шығ. Қаз., Больш.) қыңыр, қисық. *Ол бір қ и р а к е з і к т і адам емес пе?* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚИРАСАҚАЛ (Гур., Маңғ.) бүйра сақал.

ҚИРАТПА (Қ.орда, Арал; Гур., Теңг.) шанышқы, балық аулайтын құрал. *Кейде қиратпаны жайынға шанышқанда оның саны сынады да, қ и р а т п а жайына кетеді* (Гур., Теңг.). *Қ и р а т п а н ы ң сабы сынғанмен, қ и р а т п а н ы ң бір жағына байланған арқан балықшы қолында қалады* (Гур., Теңг.).

ҚИРАТТЫ (Жезқ., Ұлы.) қайратты, күшті.

ҚИРЫМСЫЗ (Гур., Маңғ.) орынсыз, қисынсыз.

ҚИСАП ҚЫЛУ (Талд., Қарат.) іздеу салу, сұрастыру. *Жоғымды қ и с а п қ ы л с а м да таба алмадым* (Талд., Қарат.).

ҚИСЫҚ (ҚХР) мін. *Қыздан туғанның қ и с ы г ы жоқ* (Мақал).

ҚИСЫҚ АУЫЗ (Гур., Маңғ.) май шабақ. *Қ и с ы қ а у ы з д ы жесең, шөлдейсің* (Гур., Маңғ.).

ҚИСЫҚ КЕРНЕЙ (Жамб., Жам.) темір пеш немесе самаурын трубасының иіліп келген түрі.

ҚИСЫҚ ТӨБЕ БОТА (Қ.орда, Жал.) төсі, төс табаны қисық туылған ең азғын будан бота.

ҚИСЫНБАУ (Сем.: Абай, Шүб.) қимау.

ҚИСЫНДЫРУ (Сем.: Көкп., Акс.) қиыстыру, үйқастыру, үйлестіру. *Қ и с ы н д ы р ы п соғады-ау* (Сем., Көкп.).

ҚИ СЫПЫРУ (ҚХР) түгел алып кету, түк те қайырмау.

ҚИТАҚ (Жамб.: Шу, Мойын.) атыздың іші, бір бөлегі. *Қ и т а қ т ы ң бір жағы су ішіпті* (Жамб., Шу).

ҚИТОРҚҰ (Талд.) шатақ, қитұрқы. *Сен сондай қ и т о р қ ұ м е н келген екенсің* (Талд.).

ҚИТТАЙ (Өзб.) өте кішкентай. *Келіниме қ и т т а й кінәм жоқ* (Өзб.).

ҚИТЫҚТАН СИТЫҚ ШЫҒАРУ (ҚХР) пәле іздеу, орынсыз тиісу.

ҚИША СЫПЫРУ (ҚХР) түк қалдырмау.

ҚИЯЙ (Шымк.: Соз., Түркіс.) жынды, есі ауған. *Мына ауылдағының бәрі қ и я й боп кеткен бе?* (Шымк., Соз.).

ҚИЫҚ[1] (Орал, Казт.) үзім, тілім. *Бір қ и ы қ нан берсеңші Қабдошқа* (Орал, Казт.).

ҚИЫҚ[2] (Гур., Маңғ.) қисық мінезді. *Қ и ы қ т а н тұйық жаман* (Гур., Маңғ.).

ҚИЫҚ[3] (Рес., Астр.) бөтендік, алыстық, жаттық. *Қыздан туғанның қ и ы г ы жоқ* (Рес., Астр.).

ҚИЫҚ ЕН (Талд., Панф.) құлақтың не алдынан, не артынан тіліп жасаған ен.

ҚИЫҚ СӘСКЕ (Жамб., Жуа.) түске жақындаған мерзім.

ҚИЫҚША (Жамб.: Шу, Қорд.) нанды қалыңдау жайып, қиықша қылып майға пісірген нан. *Қ и ы қ ш а шелпектен корі қалың болады. Қ и ы қ ш а пісіріп жіберші* (Жамб., Шу).

ҚИЫЛДАУ киқылдау (С. Аман., ВДИКЯ, 432).

ҚИЫН 1. (Алм.: Нар., Кег., Шел.; Сем.: Абай, Шүб., Кокп., Акс.; Тау., Қош.; МХР) өте, аса, тым, тіпті. *Мен ол кісіні қ и ы н жақсы көруші едім* (Сем., Абай). *Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы қ и ы н жақсы кітап* (Алм., Кег.). *Мына кісі қ и ы н жаман болды-ау* (Тау., Қош.). *Екеуіне айналып жатқанында, Құтылды бір құлымен патша қашып. Мінгені патшаның қ и ы н мықты, Жаны қалып аллаға шүкір қыпты* (Ақыт, 47). *Қ и ы н алыс жер екен* (МХР). *Маған бұл қ и ы н ұнады* (МХР). **2.** (Сем.: Акс., Кокп.) мықты, күшті. *Ол үйдің сырасы аса қ и ы н екен* (Сем., Кокп.). **3.** (Алм., Кег.; Сем., Үрж.) жақсы. *Домбыраны ол қ и ы н тартады* (Алм., Кег.). **4.** (Алм., Кег.; Шығ. Қаз., Больш.) жаман, нашар. *Бұрын Мақсұт елді қ и ы н билеген екен* (Алм., Кег.). **5.** (МХР) жайсыз, жағымсыз. *Қ и ы н адам көрінеді* (МХР). **6.** (Алм., Кег.) қатты. *Қ и ы н күлді* (Алм., Кег.). **7.** (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) коп. *Бұлтыр осы маңда қ и ы н марал болды* (Шығ. Қаз., Больш.). **8.** (Жамб., Жам.) білгіш, тапқыр.

ҚИЫНДАП ҚАЛУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) киналып қалу. *Өзің қ и ы н д а п қалма, қалқам!* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚИЫНДАСПАУ (Ақт., Байғ.) қиыспау. *Мектептердің іші лас, пештері тұтін тартпайды, есіктері қ и ы н д а с п а й д ы* (Ақт., Байғ.).

ҚИЫНДАСУ[1] (Жезқ., Ұлы.) жақындасу. *Біз қ и ы н д а с ы п кеттік* (Жезқ., Ұлы.).

ҚИЫНДАСУ[2] (Қарақ.) қиындау, ауырлау, ауыр болу. *Қазір жұмыс дым қ и ы н д а с ы п кетті ғой* (Қарақ.).

ҚИЫНДАУ[1] (Гур., Маңғ.) қиыстыру, үйқастыру. *Өлеңді қ и ы н д а й д ы* (Гур., Маңғ.).

ҚИЫНДАУ[2] (Түркім., Таш.) шаңырақ оюын жапсарлау. *Доғалап болған тоғынды біріктіріп қ и ы н д а й саламыз* (Түркім., Таш.).

ҚИЫНДЫРАҚ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) қиыиырақ.

ҚИЫН-ҚЫМБАТ (Тау., Қош.) мықты, күшті.

ҚИЫННАН ҰСТАУ (Сем.: Абай, Шұб.; Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) қиналып ұстау. *Мынау атты қ и ы н н а н ұстадық* (Сем., Шұб.).

ҚИЫН-ПИЫН (Гур., Маңғ.) оны-мұны, кор-жер. *Осы кезде қолдың босында қ и ы н п и ы н н а н шөп орып тастар еді* (Гур., Маңғ.).

ҚИЫН ТҰРУ (Өзб., Там.) қиынға соғу, қиын болу. *Ұзақтағы шоптерді тасу колхозда қ и ы н т ұ р а д ы* (Өзб., Там.).

ҚИЫНШЫЛ (Гур., Маңғ.) ұйқастырғыш. *Сөттігұлды қашан озінен қ и ы н ш ы л дейді екен* (Гур., Маңғ.).

ҚИЫР[1] (Гур., Маңғ.) білімді, көп көрген. *Қ и ы р ы бар адаммен айтыспайды деуші еді* (Гур., Маңғ.).

ҚИЫР[2] (Гур., Маңғ.) қиыршық. *Қонақ тары сияқты нәрсе, одан гөрі қ и ы р болады* (Гур., Маңғ.).

ҚИЫРДАҚ (Гур., Маңғ.) балықтың жұлыны.

ҚИЫРДЫҢ ҚЫЛАҢЫНДАЙ ТАП БОЛУ (Гур., Маңғ.) ойламаған жерден тап болу.

ҚИЫРШЫҚ ҚАР (Талд., Ақсу) ұсақ түйіршікті түіір-түйір қар.

ҚИЫРЫМЕН ҚАҒУ (Сем., Мақ.) сақамен асықты ату. *Қ и ы р ы м е н қ а қ с а м, бес асықты қабат түсіретінмін* (Сем., Мақ.).

ҚИЫС ЕТСЕ (Сем.: Ақс., Кокп.) кит етсе.

ҚИЫСТАП КЕТУ (Гур., Маңғ.) аулақ кету, өзін аулақ ұстау.

ҚИЮ[1] **1.** (Жамб., Шу) тұс киіздің шетіне жүргізген жиек. **2.** (Тұрікм.: Ашх., Мары, Таш.) тонның сыртқы жиектеріне, жауырынына салынған баркыт маталар. *Базарда қ и ю ы бар тондарды да сатады* (Тұрікм., Таш.).

ҚИЮ[2] (Орал, Жөн.) шаш алдыру. *Моншаға барардан бұрын шаш қ и д ы р а й ы қ* (Орал, Жөн.).

ҚИЮ[3] (Қ.орда, Арал) өлтіру, қыру. *Ақсұңқар құс қашан да болсын қ и я д ы гой* (Қ.орда, Арал).

ҚИЮ[4] (Рес., Сарат.) сұндетке отырғызу. *Баланы қ и ю әдетте жазғытұры болады* (Рес., Сарат.).

ҚИЮАЗ 1. (Орал, Жөн.) қолқа, қалау. *Фабдырға берген сиырымның қ и ю а з ы н а бір бие алып қайттым* (Орал, Жөн.). **2.** (Гур., Маңғ.) төлемі, құны, қарымтасы. *Сондағы жасаған жақсылығымның қ и ю а з ы мынау бес елі шұберек болғаны ма?* (Ә. Кекіл., Үркер, 403). *Олардың падишасы ол еңбегінің қ и ю а з ы н қайтарудай қайтарыпты гой* (Ә. Кекіл., Үркер, 487).

ҚИЮАСЫЗ (Жамб., Сар.) жөнсіз, орасан, орынсыз. *Бұл қ и ю а с ы з семірген* (Жамб., Сар.).

ҚИЯДАУ (Сем., Аяг.) қиялау.

ҚИЯҚ[1] (Жамб.: Тал., Сар.) қанат (құстың). *Бүркіттің қ и я г ы үлкен болады* (Жамб., Тал.).

ҚИЯҚ[2] (Көкш., Қ.ту) шөп шабатын машинаның жүзінің астына салатын пластинка. *Күстұмсықтағы кейбір қ и я қ т а р тозыпты* (Көкш., Қ.ту). *Үйткені ремонтталған 7 машинада бір жаңа шалғы жоқ, қ и я қ т а р ы н д а бедер жоқ* («Ең. туы», 1938, №58).

ҚИЯЛ (Шығ. Қаз., Больш.) тентек, алаңғасар, оспадар. *Ол бір қ и я л бала көрінеді* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚИЯЛ СҰРУ (ҚХР) қиялдану, ойға бату.

ҚИЯЛ ТАУЛАП КЕТУ (Қарақ.) ой туу, қиял туу. *Жақын арада бір қ и я л т а у л а п к е т т і* (Қарақ.).

ҚИЯМПҰРЫС (Қост., Об.) қисық, сынар езу. *Жоқ, бұл Шәймерденнің қашанғы әдеті, қ и я м п ұ р ы с бір езу, сотқарлықпен көзге түсем дейтін жігіт* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 36).

ҚИЯМПҰРЫСТЫҚ 1. (Қост., Об.) қисықтық, сынар езулік. *Әй, Құлтай, сенің мұның қ и я м п ұ р ы с т ы қ* (Б. Майл., Шығ., 4 т. 124). **2.** (Орал, Жөн.) әділетсіздік. *Қазір қ и я м п ұ р ы с т ы қ қ а жол бермейміз* (Орал, Жөн.).

ҚИЯН[1] (Орал, Жөн.) алыс. *Көк терек қ и я н н а н көрінеді* (Орал, Жөн.).

ҚИЯН[2] (Орал, Казт.) тіпті, өте, аса, тым. *Қ и я н мықты ат* (Орал, Казт.).

ҚИЯН[3] (ҚХР) таудан аққан сел.

ҚИЯР[1] (Гур., Бақс.; Орал, Чап.) жалдама жұмыс, кәсіп. *Ол байдың қ и я р ы н істеп, қолдығында болған* (Гур., Бақс.). *Бұрынғы уақыттағы байлардың қ и я р ы емес, бұл – колхоздікі* (Гур., Бақс.).

ҚИЯР[2] (Гур., Маңғ.) ұздіксіз, үнемі, ылғи. *Орынбор қаласынан қ и я р жұмыс істеп шаршап келе жатқан торт жігітке кездестім* (Гур., Маңғ.).

ҚИЯР ЕТУ (Гур., Маңғ.) жалданып жұмыс істеу, жұмысын істеп беру. *Қ и я р е т і п едім – онымды білмеді* (Гур., Маңғ.).

ҚИЯР ҚЫЛУ (Гур., Маңғ.) жалдану, жұмысын істеп беру. *Өзім төңкерістен бұрын байдың қ и я р ы н қ ы л ы п жүруші едім* (Гур., Маңғ.).

ҚИЯС (Қ.орда, Арал) кесір, қырсық. *Мені хат танымағаным үшін жұмыстан шығарам деуі жақсы жұмыс істегенім қ и я с болды* (Қ.орда, Арал).

ҚИЯ-СИЯ (Гур., Маңғ.) оны-мұны. *Бір қ и я-с и я жұмыстарым болып, келе алмай жатырмын* (Гур., Маңғ.).

ҚОБАН (Қост., Тоб.) бидайдың сорты. *Қ о б а н сорттарына қарай ақ қобан, қызыл қобан, қара қобан болып айтылады* (Қост., Тоб.). Орысша *кубанка*.

ҚОБАН БИДАЙ (Рес., Орын.) қатты бидай. *Бұл күнде қ о б а н б и д а й г а қатты бидай деп есім берді* (Рес., Орын.).

ҚОБАҢ БИДАЙ (Түрікм.: Красн., Таш., Небид.) бидайдың дәні ірірек, жақсы сорты.

ҚОБАҢ-ҚОБАҢ (Жамб., Қорд.) екі белдің арасы, ойпаң жер.

ҚОБАР (Рес., Орын.) ойынның аты. *Қ о б а р д ы қыста мұз үстінде ойнайды* (Рес., Орын.).

ҚОБАШЫЛ пысық, ширақ (С. Аман., ВДИКЯ, 430).

ҚОБДЫЙЛАНЫП ТҰРУ (Қ.орда, Арал) дайындалып тұру. *Мен ауданға баруға қ о б д ы й л а н ы п т ұ р м ы н осы арадан* (Қ.орда, Арал).

ҚОБЫ[1] **1.** (Қ.орда: Сыр., Жал.) құмды жер; шөп шықпайтын тақыр, жалаңаш жер. *Қ о б ы н ы ң үстіне мал жайылмайды* (Қ.орда, Жал.). **2.** (Қ.орда, Арал) шөп шыққан құмды жер.

ҚОБЫ[2] (Жамб.: Шу, Мер.) екі белдің арасы, ойпаң жер. *Қ о б ы д а шабылған шөп бар* (Алм., Шел.). *Бес қашқын ауылдың жанындағы қ о б ы м е н сыдыртып, Алпан сайына бет алды* (Б. Майл., Шығ., 4 т., 129). *Ойпаң қ о б ы г а жалғас көлденең жатқан белес кеpіліп, екі болек кесілді* (С. Сейф., Шығ., 4 т., 160).

ҚОБЫ[3] **1.** (Жамб., Қорд.) ағаш ыдыстың айналасына жүргізілген белдеу, өзек. *Бұл тегененің қ о б ы с ы н а бұрын саусақ салғанда көрінбейтін* (Жамб., Қорд.). **2.** (Жамб., Қорд.) есік, терезе косегіндегі есік, терезе қиюласып тұратын тепкішек озек. *Терезенің әлі қ о б ы с ы жасалмапты гой* (Жамб., Қорд.).

ҚОБЫ АСУ (Сем.: Абай, Шүб.; Тау., Қош.) бел асу, кезеннен асу.

ҚОБЫ ЖОЛ (Қ.орда: Сыр., Жал.) құмның ортасынан төтөлеп шығатын жол. *Қарағым, қауын басына осы қ о б ы ж о л м е н шығасың* (Қ.орда, Сыр.).

ҚОБЫЗ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Таш., Ашх.) сырнай. *Қ о б ы з б е н күй де шаламыз* (Гур., Маңғ.). *Рысты, қ о б ы з ы ң д ы алып, қосылып өлең айтып жіберің* (Түрікм., Красн.).

ҚОБЫЗДАП ЖАСАУ (Көкш., Қ.ту) ағаш ыдысты өрнектеп жасау. *Ағаш ыдыстарды қ о б ы з д а п ж а с а ғ а н д а әдемілеп, қошқар мүйізден келтіреді* (Көкш., Қ.ту).

ҚОБЫЗ ТІЛ (Сем., Үрж.) шидің өрнектеп оралған түрі.

ҚОБЫЛ (Гур., Маңғ.) ортасы куыс, үзынша болып келетін өзек жер.

ҚОБЫЛА (Жезқ., Ж.арқа) сай жер. *Қ о б ы л а д а колхоздың сиырлары жайылып жүр* (Жезқ., Ж.арқа).

ҚОБЫР[1] (Гур., Есб.) қобыраған нәрсе. *Үйіші жиналмай, тосек-орын қ о б ы р болып жатыр* (Гур., Есб.).

ҚОБЫР[2] **1.** (МХР) сирек. *Сіздің елде тоpгын қ о б ы р* (МХР). **2.** (МХР) аз, тапшы. *Умаш көжені ұнның қ о б ы р кезінде коп жасағанбыз* (МХР).

ҚОБЫС (Гур., Маңғ.) екі жағы биіктеу келген, ортасы куыс өзекті жер. *Жетібайдың сыртындағы қ о б ы с қ а кешегі жауында су мол жиналса керек* (Гур., Маңғ.).

ҚОҒАМДАЙ ҚАЙЫРУ (Өзб., Там.) орап, жинақтап қайыру. *Машина даусынан үркіп қойлардың шетін қ о г а м д а й қ а й ы р ы п тастап, шопан бізге қарай жүрді* (Өзб., Там.).

ҚОҒАМДАУ (Талд., Қоғ.) айналасын жинау. *Қырмандағы бидайды тазалап, айналасын қ о г а м д а п қойыңдар* (Талд., Қоғ.).

ҚОДАҒАЙ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) адам бейнесіне ұқсатып жасаған агаш. *Бай кісілердің адам рауышты етіп істеген агашын көштің алдындағы түйеге мінгізіп жеміттейді. Адам рауышты етіп жасаған агашты қ о д а г а й дейді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚОДАҒАЙ[2] (Жамб., Луг.) кодырайған, көтерілген, едірейген, өзін көтеруге тырысқан.

ҚОДАР (Акм., Атб.) топас, түйық. *Қонақ жайын білмейтін қ о д а р болсаң, тобықтының топасын бага алмаймын* (Акм., Атб.).

ҚОДАС (Қар., Қарқ.) кеш туған қозы.

ҚОДАСТАНУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) қырындау. *Қыз көрсек, қ о д а с т а н а түсетін кезіміз* (Түрікм., Көнеүр.).

ҚОДЕРЕҢ (Ауғ.; Ир.) жабайы шыққан бидай.

ҚОДИТУ (Қост., Об.) үдету, көбейту. *Әңгіме білмеймін деп едіңіз, сойлесе келе әңгімені қ о д и т т ы ң ы з гой* (Қост., Об.).

ҚОДЫҒА (Сөм.: Абай, Көкп., Шүб.) арқардың өркөк төлі. *Ол аңға шыққан еді, екі қ о д ы г а атып алыпты* (Сөм., Көкп.).

ҚОДЫҚ[1] **1.** (Түрікм.: Ашх., Мары, Байр., Таш.) құланның құлыны. **2.** (Жамб., Шу; Қ.орда: Шиелі, Сыр.) есектің құлыны. *Балалар жаңа туған қ о д ы қ т ы қызық көріп ойнайды* (Қ.орда, Сыр.). **3.** (Көкш., Қ.ту) малдың кішкенесі. *Қ о д ы қ бұзау* (Көкш., Қ.ту).

ҚОДЫҚ[2] (Жамб., Қорд.) дөңгелектің үстіндегі жастық ағаш пен ос темірді ұстататын жоғарыдан төмен қарай өткізілген кіндік темір.

ҚОДЫҚТАУ (Қ.орда, Шиелі) есектің балалауы, құлындауы. *Қ о д ы қ т а ғ а н есекке де құтім керек* (Қ.орда, Шиелі).

ҚОДЫРА (Алм.: Жам., Нар., Кег.; Жамб.: Шу, Мер., Қорд., Луг) былтырғы салынған егіннің орнына егілмей шыққан бидай.

ҚОДЫРАҢ[1] (Көкш., Қ.ту; Гур., Маңғ.; Орал) өткен жылғы егіннің орнына шыққан бидай, жабайы бидай. Қ. қодырең[1].

ҚОДЫРАҢ[2] **1.** (Гур., Маңғ.) желкенмен жүретін кішкене қайық. *Қатең, сенің үш кісің қ о д ы р а ң ғ а мініп балық іздеуге кетулі* (Гур., Маңғ.). **2.** (Гур., Тең.) ескекпен жүретін кішкене қайық. *Ана келе жатқан қайық қ о д ы р а ң д ы согып кетпесін* (Гур., Тең.).

ҚОДЫРАҢ[3] (Гур., Маңғ.) әңгүдік [адам].

ҚОДЫР БИДАЙ (Талд., Панф.) былтыр екқен жердің орнына шыққан жабайы бидай.

ҚОДЫРЕҢ[1] (Қ.орда: Қаз., Қарм., Жал.; Ақт., Тем.; Орал: Чап., Жымп.; Түрікм.: Красн., Таш., Мары, Тедж.; Қарақ; Қост., Жітік.) өткен жылғы егін еккен жерге тұқым сеппей-ақ шыққан егіс. *Қ о д ы р е ң д і көбінесе шөпке шауып алады* (Ақт., Тем.). *Қара қырқаның жонына шыққан қ о д ы р е ң еккен бидайыңнан да жақсы боп өсіп келеді екен* (Қарақ.). *Содан кейін мақта көтерілмей жатып, қ о д ы р е ң қаптап кетті* (Түрікм., Таш.). *Сол жылы қ о д ы р е ң көп болды* (Қост., Жітік.).

ҚОДЫРЕҢ[2] (Қ.орда) әкесіз, заңсыз туған бала.

ҚОЖА (Жезқ., Ұлы.) бидай аты. *Жеке меншік кезде қ о ж а дейтін бидай тұқымын салдық* (Жезқ., Ұлы.).

ҚОЖАБАС БИДАЙ (Сем.: Абай, Шүб.; Шығ. Қаз., Зайс.; Қар., Қарқ.) ірі дәнді бидай түрі. *Қ о ж а б а с б и д а й д ы екі рет суарамыз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚОЖА БЕСІК (ҚХР) ұлы бесік. *Қ о ж а б е с і к болғанда гашық жармен кезігіп* (ҚХР).

ҚОЖА БИДАЙ (Жезқ., Ақ.) қара бидай. *Тұқымға керекті 8 ц ақ бидайды, 10 ц қ о ж а б и д а й д ы складқа құйды* («Қ. ту», 5.01.43).

ҚОЖАҒАЙ (ҚХР) балқуы жетпеген, балғалауға келетін қызу металл. *Қ о ж а ғ а й д ы төс білер* (Мөтел).

ҚОЖА ҚҮРІШ (Қ.орда, Қарм.) ақ өнді, сүйегі ірі, өнімді күріш. *Біз қ о ж а к ү р і ш т і сорсыз, боз жерге егеміз* (Қ.орда, Қарм.).

ҚОЖАЛЫҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Таш., Мары) **1.** шаруашылық. *Артель қ о ж а л ы ғ ы н д а көп фермалар бар* (Түрікм., Красн.). *Бұл тақтайды жетістіріп беруде қ о ж а л ы қ орын шара көрмейді* («Қарабұғаз.», 31.05.1937). **2.** үй, отбасы. *Бұл колхозда екі жүздей қ о ж а л ы қ бар* (Түрікм., Мары).

[Түрікменше *хожалық* шаруашылық (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *хужалик* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *хожалық* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ҚОЖАНТЫ (Алм., Жам.) үлкен пышақ. *Қ о ж а н т ы н ы ал да, ет тура* (Алм., Жам.).

ҚОЖА ШӨП (МХР) басы жұдырықтай жұмыр болып өсетін, сырты түк-түк үзын құрай түрі. *Қ о ж а ш ө п үш-төрт, жеті буын болып шығады. Қ о ж а ш ө п биік таулы жерге, жасанды жерге тереңскейге чығады. Қ о ж а ш ө п әйел қожа, еркек қожа деп бөлінеді* (МХР).

ҚОЖБАНДАЙ (Қ.орда, Арал) ірі, үлкен, түп-тұтас; түрпайы. *Әкел қ о ж б а н д а й темекіңнен* (Қ.орда, Арал).

ҚОЖЫБАҚ (Қост., Жанг.) бұжыр, тегіс емес. *Бетіндегі қ о ж ы б а қ шешектен болу керек* (Қост., Жанг.).

ҚОЖЫҚ (Қ.орда, Арал) үлкен, зор. *Қ о ж ы қ бекіре кездессе, жылымды жыртып кетеді* (Қ.орда, Арал).

ҚОЖЫМЕК (Қар., Нұра) тапал, ергежейлі. *Ол қ о ж ы м е к кісі* (Қар., Нұра).

ҚОЖЫРАСУ (Жамб., Сар.) көңілі қайту, енсесі түсу.

ҚОЗ (Шымк., Мақт.; Қ.орда: Сыр., Жал.; Орал, Чап.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) қоламта. *Қ о з г а су төккеннен болу керек, үйдің іші тозақ болып кетті* (Шымк., Мақт.). *Оттың қ о з ы н а картоп көміп пісіріп жедік* (Қ.орда, Жал.). *Керегенің ағашын бұрын қ о з г а салатынбыз* (Орал, Чап.). *Алақшындағы қ о з ы ң д ы әрі тартшы* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *көз* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *қоз* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ҚОЗА[1] (Сем., Ұрж.) ромба тәрізді сырға. *Алтынды, сүйекті қ о з а да болушы еді* (Сем., Ұрж.).

ҚОЗА[2] (Қар., Нұра) шашбаудың жоғарғы жағынан тағылатын тас пен күмістің араласқан түрі.

ҚОЗА[3] (МХР) кимешек сыртынан тартатын (ақ матаның, шылауыштың) арқа темірі, түйреуіші.

ҚОЗА[4] (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта өсімдігі. *Қ о з а н ы түгел жекелеп шоқтап болдық, енді бәріміз баптауға жұмылдық* (Шымк., Түркіс.). *Қызғылт күрең қ о з а с ы ұсімен де, түсімен де Айсұлуға ыстық, сүйікті еді* (М. Әу., Өскен орк., 113).

ҚОЗА АРАЛЫҒЫ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта өсімдігінің әрбір түбінің арасы. *Қыдырбай Мәуленов қ о з а а р а л ы ғ ы н культивациялаудың біріншісін аяқтады* (Шымк., Түркіс.).

ҚОЗА БАПТАУ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта өсімдігін күту. *Ол қ о з а б а п т а у жөніндегі өз тәжірибесін емірене тұрып, сүйсіне баяндады* (Шымк., Түркіс.).

ҚОЗА ЕГУ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта өсімдігін егу. *Қ о з а е г і л г е н картаиың шетіне су шықпай қалған жерді коре алмаймыз* (Шымк., Сарыағ.).

ҚОЗА ЖАППАЙ КӨРІНУ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта өсімдігінің жер бетіне бір тегіс шығуы. *Қазір жер бетінің қабыршығын көтеріп, қау боп шығып келе жатқан қ о з а ж а п п а й к ө р і н е бастады* (Шымк., Түркіс.).

ҚОЗА ЖАПЫРАҒЫН ТҮСІРУ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта өнімін машинамен жинау үшін химикат арқылы қоза жапырағын қуратып, жапырақсыздандыру. *Қ о з а н ы ң ж а п ы р а ғ ы н т ү с і р у д і кеш бастадық та, қапыда қалдық* (Шымк., Түркіс.).

ҚОЗА КӨШЕТІ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта өсімдігінің түбі. *Бригадада қ о з а к о ш е т і сирек, жұмыстың сапасы да нашар* (Шымк., Сарыағ.).

ҚОЗА ҚАЛЫҢДЫҒЫ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта өсімдігінің түп санының жиілігі, тығыздығы. *Қ о з а н ы ң қ а л ы ң д ы ғ ы ойдағыдай болуын қамтамасыз ету шараларының орындалуына қатаң бақылау орнатылсын!* (Шымк., Түркіс.).

ҚОЗАҚ (Қарақ.) боз тоқитын ормек, құрал. *Келінім қ о з а қ тоқитын еді* (Қарақ.).

ҚОЗАҚ-ҚОЗАҚ (Қ.орда, Арал) озск-озек. *Қарақұм ішінде жан-жағы шағыл, ортасы қ о з а қ-қ о з а қ жерлер бар* (Қ.орда, Арал).

ҚОЗАЛЫ СЫРҒА (Сем.: Кокп., Акс.) қымбат, бағалы сырға. *Оның құлағына таққаны қ о з а л ы с ы р ғ а* (Сем., Кокп.).

ҚОС КӨРІК (МХР) екі қолмен басып отыратын коріктің түрі, екі тақтайлы керік. *Үш тақтайлысын қау корік, екі тақтайлысын қ о с к ө р і к деп атайды* (МХР). *Қ о с к ө р і к дегеніміз екі қолмен көріктің үстіңгі жақтау тақтайының артындағы тұтқасын кезек-кезек басып, жел үрлететін екі көрік. Қ о с к ө р і к п е н жел үрлеткен ретте үстадан басқа көрік басатын тағы бір адам керек болады* (МХР).

ҚОСКІНДІК (Жамб., Шу; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары) ботада болатын ауру. *Қ о с к і н д і к п е н боталар ауырып бастады* (Түрікм., Мары). *Боталардың қ о с к і н д і к ауруынан өлгендіктерін айтты* («Жүм-шы», 22.06.1945).

ҚОСҚАЙЫҚ (Қарақ.) байластырған екі қайық.

ҚОС ҚАНАТТЫ (Сем., Абай) сатылы арба. *Шөп тасуға қ о с қ а н а т т ы бришке қолайлы* (Сем., Абай). *Іштей толғанып не істейтіндігін сыртына шығармаған ол аңыздан шабылған жоңышқа маясының жанындағы Қ о с қ а н а т т ы бришкені көріп бұрылды* (К. Ораз., Ақ жаз., 246).

ҚОСҚА ШЫҒУ (Сем., Үрж.) егінге шығу, егіндік жерді айдауға, жыртуға шығу.

ҚОСҚОЛ (Өзб.) үлкен балға, шой балға.

ҚОС-ҚОЛАҢ (Гур., Маңғ.) қоңсы-қолаң, қоңсы-моңсы.

ҚОС ҚОРА БОЛУ (Өзб., Там.) бірігу; екі қораны қосу. *Алтынбаев пен Құрманов үнемі қ о с қ о р а болып жүреді* (Өзб., Там.).

ҚОС ҚЫРТЫС ҚОСПАҚ (Қ.орда, Жал.) таза айыр інгенге қоспақ нар бура шөгеру жолымен алынған будан түйе үрпағы.

ҚОС ҚЫРТЫС ӨРКЕШ (Қ.орда, Шиелі) будан түйелер өркешінің үстіне қабат өркеш түскендей болып көрінетін қомақты өркеш.

ҚОСЛАСУ (Қарақ.) отасу, бірге тұру.

ҚОСПА[1] (Гур., Маңғ.) топса. *Есіктің қ о с п а с ы н сатып алды* (Гур., Маңғ.).

ҚОСПА[2] (Шығ. Қаз., Больш.; Сем.: Аяг., Көкп., Ақс.; Қар., Қарқ.; Тау., Қош.; Рес., Омбы) жент (қант, бал, ірімшік, тары, май қосып жасаған тағам). *Үй иесінің қонақтарға арналған қ о с п а с ы бар екен* (Сем., Ақс.).

ҚОСПА[3] (Жезқ., Ұлы.) киіз үйдің қоспасы. *Бұл қ о с п а с ы з алты қанат үй. Қ о с п а үйдің сәнін алады* (Жезқ., Ұлы.).

ҚОСПА[4] (Жезқ., Ұлы.) біреуге бір нәрсе алып келу үшін берілген ақша. *Жеңгей Базарбайға көйлекке қ о с п а қосып жіберді* (Жезқ., Ұлы.).

ҚОСПА БАЛА (Сем., Абай) әкесі бір, шешесі екінші үлттан туған бала, екі үлттан туған бала. *Мараттың әкесі қазақ, шешесі қалмақ, ол сондықтан қ о с п а б а л а болып аталады* (Сем., Абай).

ҚОСПАҚ[1] (Орал, Жөн.) ақылсыз, ақымақ. *Ой, қ о с п а қ, істеген ісіңнің бәрі де ұнамайды маған* (Орал, Жен.).

ҚОСПАҚ[2] (Қ.орда, Жал.; Шымк., Түркіс.) біртуманың нар маясы мен таза тұқымды бураны будандастырудан алынған буданның екінші үрпағы.

ҚОСПАҚ БОТА (Шымк., Түркіс.) нар мая мен таза нәсілді бураның шағылысуынан туған бота.

ҚОСПА-ҚОС (Қарақ.) қос-қос.

ҚОСПАҚ ТАЙЛАҚ (Қ.орда, Шиелі) қоспақ болып туған будан тайлақтарының жалпы атауы.

ҚОСПАҚ ШӨГЕРУ (Орал, Жән.) ерегіске бел байлау. *Кенже біздің айтқанымызға көнбесе, тәуекел, – деп қ о с п а қ ш ө г е р у керек* (Орал, Жән.).

ҚОСПАЛЫ СУ (МХР) дәрі-дәрмек қосқан су.

ҚОСРЕЙ (Орал, Жән.) есалаң, жынды. *Қ о с р е й л е р дауыс беру еркінен айырылған* (Орал, Жән.).

ҚОСТАБАН (Шығ. Қаз., Зайс.) шолақ үлтан. *Етігіме қ о с т а б а н қақтырып келдім* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚОСТАС (Өзб., Там.) серіктес. *Қыдыралы жастайынан бізбен қ о с т а с болатын* (Өзб., Там.).

ҚОСТАСУ (Қарақ.) атасу, отасу.

ҚОСТЫРНАҚ (Өзб.) фундамент. *Үй қ о с т ы р н а ғ ы н а н тозады* (Өзб.).

ҚОСУ (Алм.: Еңб. қаз., Шел., Қаск., Жам.; Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд., Жуа.; Шымк., Түлк.; Шығ. Қаз., Марқ.) жегу (ат, өгіз). *Екі атты арбаға қ о с қ а н* (Алм., Жам.). *Таң атқалы атты арбаға өрең қ о с т ы қ, біз не бітіреміз* (Жамб., Қорд.). *Балалар бірдеңке қ о с ы п жатыр гой деп едім, басқа болып шықты* (Жамб., Шу). *Арбаға атты өзім қ о с а м* (Жамб., Жуа.). *Балам, тез барып атты қ о с а қойшы* (Шығ. Қаз., Марқ.).

ҚОСУ ДҰЗ (МХР) жүзден астам, жүзден артық. *Олардың саны қ о с у д ұ з* (МХР).

ҚОСУ КЕРЕК (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Таш., Мары) беру керек. *Істен қаша берсең сені тиісті жеріне қ о с у к е р е к т і г і н жинақтан сұранамыз* (Түрікм., Тедж.). *Бұл қылықты қоймаса тиісті заң орнына қ о с у к е р е к* («Жүм-шы», 17.11.1944).

ҚОСУЫТ (Түрікм.: Ашх., Тедж., Байр., Мары; Қарақ.) қоспа, аралас. *Кей киіздерді басқанда қ о с у ы т зат көп болады* (Түрікм., Ашх.).

ҚОС ҮЙ (Шығ. Қаз., Больш.) екі белмелі үй. *Оларда бұрын қ о с ү й бар еді* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚОСҮРЕЙ (Қ.орда, Қарм.) жарамсыз, нашар. *Ол өзі бір қ о с ү р е й л е у адам, басқа біреуін алмайсың ба?* (Қ.орда, Қарм.).

ҚОСША (Рес., Омбы) екі керегені біріктіріп, уақытша істелген үй. *Бидай жинағанда егіннің басында осындай қ о с ш а л а р болатын* (Рес., Омбы).

ҚОСШАҚПАҚ (Қост.: Фед., Семиоз.) шөп таситын арбаның қанаты. *Қ о с ш а қ п а ғ ы сынған соң, арба болудан қалғаны* (Қост., Фед.).

ҚОСШЫ (Шымк., Түлк.) 1. соқа, ат, кісі – бәрінің жиыны. 2. соқа айдаушы. 3. (Қарақ.) жолдас, көмекші, іні. *Бірге жүрген кісілердің үлкен-кішісіне, әдетте қ о с ш ы м деп сөйлейді. Қ о с ш ы м, оқуыңды қашан бітіресің* (Қарақ.).

ҚОСШЫ БАЛА 1. (Рес., Орын.) жігіт, жасөспірім. *Тамақ ал, қ о с ш ы б а л а* (Орын., Ад.). *Қ о с ш ы б а л а н ы танымадық* (Орын., Бөр.). 2. (Гур., Маңғ.) өзінен кіші ер балаларға сыйлап айтылатын сөз. *Қ о с ш ы б а л а, қай жерден келдің?* (Гур., Маңғ.).

ҚОС ШЫҒАРУ (Жамб., Жуа.) егін айдауға адам, көлік сайлап шығару.

ҚОСШЫМ (Қарақ.) жолдасым. *Рақымет, қ о с ш ы м! Береке тап, қ о с ш ы м!* (Қарақ.).

ҚОСЫ АУҒАН (Гур., Маңғ.) жесір, ері өлген әйел. *Қ о с ы а у ы п тиген өйел* (Гур., Маңғ.).

ҚОСЫМЧАСЫМЕН БІР ЖІЛІК (МХР) бір асым еттің бірлік өлшемі. *Қ о с ы м ч а с ы м е н б і р ж і л і к к е б і р ж і л і к, бір арқа, бір белдеме, бір қос сүбе қабырға, т.б. ет кіреді* (МХР).

ҚОСЫН (Қост., Аман.) әскер тобы, бөлімі. *Аманкелдінің басқарған әскерінде бірнеше қ о с ы н бар еді* (Қост., Аман.). *Мен десең қалың қ о с ы н атқа мінсін, Сөңымнан бірі қалмай еріп жүрсін* (Б. Майл., Шығ., 1 т., 308). *...Тарады бет-бетіне қалың қ о с ы н, Өлтірді өз қолынан батыр досын* (Б. Майл., Шығ., 1 т., 309). *Енді бұл қ о с ы н өздерінен басқа дүниеден түгел қол үзіп жалғыз қалды* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 238). *Сусындарын ішіп, астарын жеп болған соң, қ о с ы н біраз тынықты* (С. Сейф., Шығ., 5 т., 43).

ҚОСЫННАН ТҮСІП ҚАЛУ (ҚХР) қатардан қалып қою, кері шегіну, қоғам дамуына ілесе алмау.

ҚОСЫН ТАРТУ (Алм., Кег.) жұмысын істеу, қызмет атқару. *Бұрынғы кезде байдың қ о с ы н т а р т қ а н ы м ы з б е н жағушы едік* (Алм., Кег.).

ҚОТАЛАҚ АРБА (Орал, Орда) екі дөңгелекті арба. *Қасым қ о т а л а қ а р б а н ы жеге қойшы, екеуміз тоққа барып келейік* (Орал, Орда).

ҚОТАН 1. (Көкш., Қ.ту) бір бөлек ауыл. *Сырымбеттің балалары сол қ о т а н д а* (Көкш., Қ.ту). *Үлкен қ о т а н н ы ң сонау шетінде алтыбақан теуіп, ән салып жатыр бір топ жас* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 190). 2. (Рес., Омбы) қора. *Мына малды несіне қ о т а н г а иіріп қойдың* (Рес., Омбы).

ҚОТАНДАУ (Қост., Жанг.) жинау. *Алдымен алыстағы шөмелені қ о т а н д а м а й, жақындағы шөмелені қ о т а н д а у керек еді* (Қост., Жанг.). *Жұрт малдарын әбден қ о т а н д а п жайласып, ел орынға отыра бес ауылдың қыз-келіншек, жігіттері Айша тұрған үйге тағы да жиылып топырласып, үйлығып отырып тарқасты* (С. Сейф., Шығ., 4 т., 50).

ҚОТАНШЫ (Гур., Маңғ.) қосшы. *Байдың қасында жүрген қ ө т а н ш ы* (Гур., Маңғ.).

ҚОТАРУ (Талд., Қарат.) аудару. *Арапшаны қазақшаға қ о т а р у қиын* (Талд., Қарат.).

ҚОТҚА ТҰРМАЙТЫН (ҚХР) ештеңеге жарамайтын, түкке тұрғысыз, бес тиындық құны жоқ.

ҚОТ-ҚОТТАУ (Орал: Чап., Жымп.; Қ.орда, Арал; Түрікм., Красн.; Қост., Жітік.) құтырту, елірту, қолтығына су бүрку, айдап салу. *Сен қ о т-қ о т т а п баланы жақтап отырсың, тентек болмай не қылсын* (Орал, Чап.). *Қойсаңшы, қ о т-қ о т т а й бермей* (Қ.орда, Арал). *Кісінің аяғын шалыс бастырып, сондайларды қ о т-қ о т т а п отыратындар аз емес* (Қост., Жітік.). *Біреуді-біреуге қ о т-қ о т т а п жүрмесе, оның ішкен асы бойына сіңбейді* (Түрікм., Красн.).

ҚОТТАНУ (Сем., Абай) қуаттану.

ҚОТТАУ (Түрікм., Красн.) қыздыру. *Ал, сен дайындала бер, мен мәшінді қ о т т а й ы н, – деп інісі орнынан тұрды да далаға шығып кетті* (Түрікм., Красн.).

ҚОТЫР (Гур., Маңғ.) ойлы-қырлы, тасты жер.

ҚОТЫР БИДАЙ (Алм., Шел.) жабайы бидай. *Биыл қ о т ы р б и д а й көп шықты* (Алм., Шел.).

ҚОТЫСТЫРУ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Тедж.) араластыру, былықтыру. *Әр заттың басын шалып қ о т ы с т ы р ы п т а жыршы болады екен-ау* (Түрікм., Ашх.). *Орысша мен қазақшаны қ о т ы с т ы р ы п «айран даөай, арақ пьем» – деп ... қыдыратын да жүретін* («Жұм-шы», 11.10.1940).

[Түрікменше *гатыштырмак* (Рус.-туркм. сл., 1956); *өзб. қоришгирмоқ* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ҚОШАҚ (Гур., Есб.) дұрыс. *Қ о ш а қ айтасың сен* (Гур., Есб.).

ҚОШАҚТАНУ (Гур., Маңғ.) риза болу. *Соны айтқанда мен де бір қ о ш а қ т а н ы п қалдым* (Гур., Маңғ.).

ҚОШАЛ (Алм.: Нар., Шел.) ырза, риза. *Менің істеген ісіме ол қ о ш а л болды* (Алм., Нар.).

ҚОШАЛАУ (Алм., Шел.) бекіту. *Аттың бөйгесіне арналған түйелерді қ о ш а л а п қояды екен* (Алм., Шел.).

ҚОШАЛ БОЛУ (Алм., Шел.) жақсы көру, риза болу. *Жылдық нормамды асыра орындағанда, бригадир қ о ш а л б о л ы п қалды* (Алм., Шел.).

ҚОШАН (Жамб., Жам.) қос (соқаға жегулі қос өгіз, көлік). *Біздің бабаларымыз қ о ш а н айдап көсіп етеді екен* (Жамб., Жам.).

ҚОШБЕСТЕСУ (Гур., Маңғ.) қоштасу. *Қолыңды бер, енді біротала қ о ш б е с т е с і п қалайын* (Гур., Маңғ.).

ҚОШ ДАСТАРҚАНЫҢ БОЛСЫН (Рес., Сарат.) дастарқаның мол болсын!

ҚОШЖАҚ (Қарақ.) көңілді, күлдіргі адам. *Қ о ш ж а қ жігіт еді гой* (Қарақ.).

ҚОШ ИІС (Қост.: Фед., Семиоз.) әтір, иіс су, иіс май.

ҚОШҚАР ТЕКЕНІ ҚОЛ ҚОСУ (МХР) еркімен уағында күйегін алу.

ҚОШЛАУ (Ауғ.; Ир.) таңдау, ұнату, сүю. *Біреуісін қ о ш л а деді. Қыз жігітті қ о ш л а с а әкем біледі деген жауап айтады дә, сонан сұт ақысын аламыс* (Ауғ.).

ҚОШНА (Қ.орда, Арал; Алм., Шел.; Жамб.: Св., Жам.) көрші. *Бұрын осы мектепте істеп, менімен қ о ш н а еді* (Алм., Шөл.). *Біздің қ о ш н а м ы з жақсы кісі* (Жамб., Жам.).

ҚОШШЕСТЕСУ (Гур., Есб.) қоштасу. *Шырағым, кетеріңде қ о ш п е с т е с і п кет* (Гур., Есб.).

ҚОШТАУ (Алм., Кег.) қостау, мақұлдау. *Оның үй салу туралы айтқан бікірін мен де қ о ш т а й м ы н* (Алм., Кег.). *Бақытқа жолды бастаған, Халқым сөзін қ о ш т а ғ а н* («Қ. Т», №99, 1940). *Бұл звенолардың бастаған ісін басқа колхозшылар да қ о ш т а п, внімді мол алу үшін социалдық жарысты күшейтті* («Кол-шы», 1936, №33).

ҚОШТЫҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) ерік. *Бы йаққа басының қ о ш т ы ғ ы м е н келген емес* (Түрікм., Көнеүр.).

ҚОШУАҚ (Қост., Жанг.) қошаметтеу, қарсы алу. *Біз сіздердің келгендеріңді қ о ш у а қ қарсы алдық* (Қост., Жанг.). *Мәриям оны қ о ш у а қ алып мәз болып жатыр* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 166). *Жұман дейтін көлбақадай тырбиған біреу менің келгенімді қ о ш у а қ алып...* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 95). *Алшағырмысың, апырым? – дегенше бұл да қ о ш у а қ бола қалды* («Жұлдыз», 1986, №4, 107).

ҚОШУЫН (МХР) төңкеріске дейінгі Монголиядағы әкімшілік атауы. *1890 жылы батыс Монголдағы қытайдың ең ірі фирмасы Да-шен-ху, Арчин есебімен көргенде дөрбед, баяд, захчин х о ш у н д а р ы н ы ң барлық малының 60 проценті олардың билігінде болды – деп жазды А.Н.Калиников* (А. Сарай, Рөв. бұр. Монғ. қаз., 48).

[Монғол тілінде *хошуун* әкімшілік бөліс (Монғ.-каз. сөз., 1954, 286)].

ҚОШШЫ 1. (Қ.орда, Арал) көмекші, бірге жүруші. 2. (Қ.орда, Арал) өзінен кіші ер адам, іні.

ҚОШЫ (Ақт., Ырғ.) көңілі, ықыласы. *Мен баламды қ о ш ы м келсе, киноға жіберемін* (Ақт., Ырғ.).

ҚОШЫҒЫН ҚОШЫҚТАУ (Алм., Жам.) біреудің жоғын жоқтау, сөзін сөйлеу. *Сен біреудің қ о ш ы ғ ы н қ о ш ы қ т а п нең бар еді* (Алм., Жам.).

ҚОШЫ КЕЛУ (Түрікм., Красн.) риза болу. *Досаевқа менің қ о ш ы м к е л д і* (Түрікм., Красн.).

ҚОШЫҚ[1] (Қ.орда, Арал) музыкалық аспап. *Онда барганша әңгімеңді айтып, қ о ш ы ғ ы ң д ы тартып отыратын адамсың гой* (Қ.орда, Арал).

ҚОШЫҚ[2] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) өлең. *Оның қ о ш ы ғ ы н қошақтап отыруға уақытым жоқ* (Түрікм., Таш.).

ҚОШЫҚ[3] (Гур., Маңғ.) дұрыс, орынды, жөн. *Қ о ш ы қ сөз. Сен қ о ш ы қ айтасың* (Гур., Маңғ.).

ҚОШЫҚТАУ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) қостау, жақтау, қошаметтеу. *Дегенмен, қарымы бір гой, Самалдың сөзін қ о ш ы қ т а у ы н қара* (Түрікм., Красн.). *Қ о ш ы қ т а п халқым қарсы алды* («Соц. Эмба», 8.03.1942. №20).

ҚОШЫНА (Алм.: Жам., Нар., Кег., Шөл., Еңб. қаз., Үйғ.; Жамб., Қорд.; Шымк., Түркіс.) көрші. *Менің қ о ш ы н а м жақсы адам* (Алм., Кег.). *Дүйсен бізге көптен бері қ о ш ы н а гой* (Алм., Жам.). *Бұрын осы мектепте істеген Дайрабаймен қ о ш ы н а тұрдық* (Алм., Шел.).

ҚОЮ СҰТ (Талд., Қоғ.) иінді сүт, сиырдың екінші сауған сүті. *Сиырдың екінші иіндісін қ о ю с ұ т деп атайды* (Талд., Қоғ.).

ҚОЯ БЕРСІН (МХР) өз бетімен, бағусыз (мал). *Қ о я б е р с і н мал жоғалмағандашы* (МХР).

ҚОЯЖЫН (Гур., Маңғ.) жүмсақ, үсақ шөп.

ҚОЯНАЯҚ (Талд., Талды.) тарының сарғыштау түрі. *Қ о я н а я қ тары біздің жерге жақсы шығады* (Талд., Талды.).

ҚОЯНЖҮН (Жамб.: Шу, Мер.; Алм., Жам.; Шымк., Бөг.) шөлді жерге өсетін түйе жейтін шөп. *Сорга қ о я н ж ү н шығыпты, мал жаюға жақсы екен* (Алм., Жам.). *Қ о я н ж ү н түсі сұр қоян тәрізді болады* (Шымк., Бөг.).

ҚОЯНЖЫРЫҚ (Талд., Панф.) іштен туа біткен еріннің жырығы.

ҚОЯНҚАНА (Гур., Шев.) қоян үшін тастан салынған үй. *Қ о я н қ а н а жасауға көмектесіңіз* (Гур., Шев.).

ҚОЯНҚАРТА (Қ.орда, Арал; Қарақ.) үзындығы 15-20 см, түп-түп болып құмда өсетін өсімдік, жылқы, қой малы сүйіп жейді. *Кір жууда кірді ашу үшін қ о я н қ а р т а н ы қосып жуады* (Қарақ.).

ҚОЯН ҚАШТЫ (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Мойын., Қорд.) егінді орып бітер кезде сұрап келгендерге беретін үлес. *Егіннің соңғы жақта қалғанын: «қ о я н қ а ш т ы, қ о я н қ а ш т ы», – деп орып алатынбыз* (Жамб., Шу).

ҚОЯН ҚАШТЫ, БЕЛ БАСАР (Шымк., Бөг.) егін орылып жатқанда, аяқталатын кезде тездетіп ору. *Ал енді қ о я н қ а ш т ы, б е л б а с а р етейін* (Шымк., Бөг.).

ҚОЯН ҚҰЛАҚ ШАМ (Сем., Абай) шынысыз шам. *Лампаның басы болмаған соң, қ о я н қ ұ л а қ ш а м м е н отыра беруші едік* (Сем., Абай).

ҚОЯНСҮЙЕК (Алм., Жам.; Жамб., Шу; Қ.орда, Сыр.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) құмды жерде өсетін тікенді, отындық өсімдік. *Қ о я н с ү й е к т е Сыр бойының малға жұғымды шөбі* (Қ.орда, Сыр.). *Қ о я н с ү й е к т і отынға, тері және жүн бояуға пайдаланады* (Жамб., Шу).

ҚОЯНТОБЫҚ 1. (Алм., Жам.) құмға шығатын, түбі картоп тәрізді, жапырағы, қарбыз жапырағындай осімдік. 2. (Қ.орда: Сыр., Жал., Арал) үзындығы 10-20 см-дей өсімдік. *Барлық малдың сүйсініп жейтін шөбі – қ о я н т о б ы қ* (Қ.орда, Сыр). *Қ о я н т о б ы қ т ы ң дәмі ащы емес, адам қазып жей береді* (Қ.орда, Арал). 3. (Гур., Маңғ.) түбі қазып алынатын адам жейтін шөп. 4. (Түрікм.: Красн., Бекд.) сәбізге ұқсас, өз бөтімен шығатын өсімдік түрі.

ҚОЯНШЫҒЫ БАСЫНА ЖИНАЛУ (ҚХР) жыны үстау, ашудан жарыла жаздау.

ҚОЯШАҚ (Қост., Об.) қоймақ, жөрлөмек. *Нұрғали әйелін ертең қ о я ш а қ* (Қост., Об.).

ҚУ[1] (Қ.орда, Қарм.) түсі ақ, түмсығы қызыл, желкесінде жығасы бар, дуадақ аяқты, құйрығы қысқа, еті тәтті құс. *Қ у Арал көлінде де бірлі-жарым* (Қ.орда, Қарм.). *Өзен көркем көрінер суыменен, көлдер көркем көрінер қ у ы м е н е н* (К. Әзерб., Шығ., 124).

ҚУ[2] (ҚХР) ағаш саңырауқұлағы.

ҚУАЙ-ҚУАЙ (Жамб., Шу) түйеге түз бергенде айтылатын одағай соз.

ҚУАҚАН (МХР) құқыл, құбаң. *Сонадайдан қ у а қ а н дала көрінді* (МХР).

ҚУАЛАҒАН ИТ КОРМЕУ (ҚХР) адам баласы басын сұқпау, ешкім кірмеу.

ҚУАРҒАН (МХР) сараң, қарау. *О бір қ у а р ғ а н неме* (МХР).

ҚУ АУЫЗ (Гур., Маңғ.) қулықшыл, күлдіргі (адам).

ҚУ БАСТАН ҚУЫРДАҚ ЕТІН АЛУ (ҚХР) асқан пысық.

ҚУ БҮЙЕН (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж., Небид.) бүйені қатып қалып ауыратын қой ауруының түрі. *Қойдағы қ у б ү й е н алғаулы судан* (Түрікм., Красн.).

ҚУ ДАЙ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) еш нәрсесі жоқ кедей халық. *Естумізше олар қолы қысқа қ у д а й корінеді* (Түрікм., Таш.).

ҚУДЫРУ (Гур., Маңғ.) есептету. *Қанша еңбек жазды екен, соны қ у д ы р а й ы н деп есепшіге келдім* (Гур., Маңғ.).

ҚУЖАҢДАУ (Гур., Маңғ.) кутыңдау. *Айтысқанда сен сияқты қ у ж а ң д а ғ а н шалдардың талайын жолға тастап-ақ кеткенмін* (Гур., Маңғ.).

ҚУЗАУ[1] (Сем., Абай) іздену, қозғау салу, істі қуу. *Оны Әлім барып қ у з а ғ а н екен* (Сем., Абай). *Отты қ у з а ғ а н өшірер, Қоңсыны қ у з а ғ а н көшірер* (Мақал). *Бұдан ары ол да қ у з а м а д ы, күлді де қойды* (М. Мағ., Көк кеп., 266).

ҚУЗАУ[2] (Қарақ.) дайындау. *Бейсен сансырап келеді шайыңды қ у з а* (Қарақ.).

ҚУ ҚҰРАЙ (Алм., Жам.) ақшыл келген құрай, жапырағын уқалап шақпаққа пайдаланатын құрай. *Мына қ у қ ұ р а й ғ а бұрын шақпақ шағып от қылушы еді де, шылым тұтатушы еді* (Алм., Жам.).

ҚУЛАНСАСЫР (Шымк., Түркіс.) бойының биіктігі бір метрдей болып өсетін, сасырдың бір түрі. *Қ у л а н с а с ы р д ы қ жапырағы жалпақтау болады. Қ у л а н с а с ы р д ы құланнан басқа мал жемейді. Қ у л а н с а с ы р басқа малға онша жұғымды болмайды* (Шымк., Түркіс.).

ҚҰЛЫҚ БИЕ 1. (Сөм.: Абай, Шүб., Көкп., Акс.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) бірінші

рет құлындаған екі жастағы құнажын бие. *Алшақұл қ у л ы қ б и е с і н үйіне жетектеп келеді* (Сем., Көкп.). *Алғырбай қ у л ы қ б и е с і м е н Шұбартауға кетті* (Сем., Шұб.). **2.** (Көкш., Қ.ту) дөнен кезіндегі құлындаған бие. **3.** (Көкш., Қ.ту) бірінші рет байланған бие. *Мырза бүгін мама биелерді босаттырып, көбінесе қ у л ы қ т а р д ы байлапты* (Ғ. Мұст., Дау. кейін, 12).

ҚУЛЫҚ-СҰМДЫҒЫ САР ҚАЙРАҚТАНУ (ҚХР) құлық-сұмдығы жетілу, құлық-сұмдығы асу.

ҚУМА БӨЛМЕ (Шымк., Түркіс.) бірінен соң екіншісіне кіре беретін үй бөлмелері.

ҚУМА ҚАСЫҚ (Гур.; Маңғ.) кеспеге турап салған ет, ет тураған кеспе көже. *Кеспенің ішіндегі қ у м а қ а с ы қ қ а кісі тоймайды* (Гур., Маңғ.).

ҚУМА ҚҰДАЛЫҚ (Талд., Панф.) үш-төрт адамның бір кезде қыз беріп, қыз алысатын құдалығы.

ҚУМА ТАМ (Шымк., Түркіс.) түпкі бөлме. *Қ у м а т а м д а тізіліп төсек-орындар жиналып тұр екен* (Шымк., Түркіс.).

ҚУРАЙ (Қост., Жанг.) шамның шынысы. *Шамның қ у р а й ы бар ма?* (Қост., Жанг.).

ҚУРАЙ ҚОПА (Жамб., Шу) қамыстың қалың шыққан жері.

ҚУСАҒАН ТҰЙЕ (Гур., Маңғ.) бақырауық түйе.

ҚУСАҚ[1] (Гур., Есб.) шөптің бір түрі.

ҚУСАҚ[2] (ҚХР) тұмса бұзаулаған сиыр.

ҚУ СӨЗДЕН ҚУЫРДАҚ ҚУЫРУ (ҚХР) қу сөзбен бәрін үйіп-төгу, ку созбен алдаусырату.

ҚУСЫЛ (Қост., Аман.) көңіл күйі, құлқы. *Менің алтыншы ауылға баруға қ у с ы л ы м жоқ* (Қост., Аман.).

ҚУСЫРУ БІЗ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) аяқ киім тігуге қолданылатын біздің жуандау түрі. *Қ у с ы р у б і з д і ң ұшын кім сындырған?* (Түрікм., Таш.).

ҚУ ТЕЗЕК (Қ.орда, Қарм.) жылқы, сиырдың ішіне тезегі қатып, мал оттай алмай қалатын ауру.

ҚУШКЕШ (Сем.: Абай; Тау., Қош.; МХР) қу тілді, күлдіргі. *Біздің атай қ у ш і к е ш кісі* (Сем., Абай). *Темірбектен бұрын бұл сөзді қ у ш і к е ш, ойына келгенді бетің-жүзің демей айта салатын Жарқын іліп әкетті* (М. Құл., Таң, шығ. 17). *Өнер тойы болғандықтан Төттімбет төңірегіндегі өзі білетін, шеберлігіне тәнті болып жүретін ақындарды, жезтаңдай әншілерді, сом білек палуандарды, қ у ш і к е ш күлдіргіштерді... шақырған болатын* («Жұлдыз», 1986, №6, 88).

ҚУЫҚ (Шығ. Қаз., Күрш.) шамның майны, шынысы. *Қ у ы қ лампаға орнатылады* (Шығ. Қаз., Күрш.). Қ. құрай.

ҚУЫҚ БАУ (Қарақ.) қамыт бау.

ҚУЫНУ (Орал, Жән.) іздену. *Мен жоғарғы орыннан қ у ы н а м ы н, қ у ы н с а м, тиісті қосымша еңбегімді аламын* (Орал, Жән.).

ҚУЫР 1. (Шымк.: Түлк., Сайр.) құбыр. *Өндіріске су жіберетін қ у ы р бар* (Шымк., Түлк.). **2.** (Жамб., Жуа.; Шымк., Сайр.) пештің түтін шығатын жері, түтіндігі. *Қ у ы р ы кең болса, тұтін кері қайтпайды* (Шымк., Сайр.).

ҚУЫРҒАН ТАЛҚАН (МХР) майға ұнын көбірек етіп салып қолбақырға майды ысытып қуырған талқан. *Қ у ы р г а н т а л қ а н сарғайып піседі. Қ у ы р г а н т а л қ а н д ы чайға салып жейді* (МХР).

ҚУЫРДАҚ[1] (Жамб.: Тал., Сар.) шөптің түрі. *Егіннің ішіне қ у ы р д а қ шығып, өсірмей тұр* (Жамб., Тал.).

ҚУЫРДАҚ[2] (Гур.) балықтың қылқандарын алып тастап, өзінің іш майына қуырып істейтін тамақтың түрі.

ҚУЫРДАҚ ЖАПЫРАҚ (Алм., Жам.) қарақошқыл дөңгелек жапырақ, өсімдік. *Көк ешкі қ у ы р д а қ ж а п ы р а қ т ы соғып тұр* (Алм., Жам.).

ҚУЫРМА (Ауғ.; Ир.) етті қуырып жасаған тамақ түрі.

ҚУЫРМАШ 1. (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Таш.) ет, балық, т.б. қуырылып жасалған тағам. *Мұны қ у ы р м а ш п е н қоса ішсе, ірә жақсы болар еді* (Түрікм., Красн.).

[Түрікменше *говурма* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *қуырмаш* (Карак.-рус. сл., 1958); *қогурмаш* қуырылған бидай, кейде «*қапурмач*» (М. Қашк., 1 т., 454)]. **2.** (Ауғ.; Ир.) қуырған бидай мен жүгеріден жасалған тамақ.

ҚУЫРША (Гур., Маңғ.) түйенің үстіндегі жүкті жауып, екі ұшын алдына әкеліп түйген кілем. *Көшпенді түйеге қ у ы р ш а жасайтын еді, әлі де жасаймыз, бірақ кілем жоқ* (Гур., Маңғ.).

ҚУЫС (Қ.орда, Арал) сай. *Жылқы мына қ у ы с қ а қарап жайылып кетті* (Қ.орда, Арал).

ҚУЫС ҚҰРЕК (Рес., Сарат.) қуыс құлақ күрек. *Қ у ы с қ ү р е к жер қазуға жарамайды* (Рес., Сарат.).

ҚУЫСҚҰЛАҚ (Қ.орда, Арал) темір-жолшыларда болатын үлкен (қанатты) күрек.

Бізге ломнан басқа бірнеше қ у ы с қ ц л а қ алуымыз керек (Қ.орда, Арал).

ҚУЫСУ[1] (Гур., Маңғ.) жабысу. *Партпелің өзіңе қ у ы с т ы ма* (Гур., Маңғ.).

ҚУЫСУ[2] (Гур., Маңғ.) табылу.

ҚУЫСУ[3] (Гур., Маңғ.) қызыл балық аулағандағы моторлардың жүрісі. *Екі матор бірекі жұрген соң қ у ы с а д ы* (Гур., Маңғ.).

ҚУЫШУ (Түрікм., Таш.) қауышу. *Олар көптен бері көріспеген жақын адамдар болған соң мәре-сәре боп, қ у ы ш ы п қалысты* (Түрікм., Таш.).

ҚҰБА (Жамб., Шу) жүпыны. *Адамдары қ ц б а киінеді екен* (Жамб., Шу).

ҚҰБАҒАН зор, үлкен (С. Аман., ВДИКЯ, 433).

ҚҰБАҚАЙ (Гур., Есб.) құба. *Қ ц б а қ а й мал тұнде көзге түспейді* (Гур., Есб.).

ҚҰБАҚАН (Қ.орда) әрі қызыл емес, әрі ақ, қара емес мал (кер түс). *Мына тұрған қ ц б а қ а н Есеннің сиыры* (Қ.орда, Қарм.).

ҚҰБА ТАЛ (Қар.) түсі қызыл тал. *Қ ц б а т а л д ы ң қабығын бояуға, кұлін насыбайға жаратады* (Қар.).

ҚҰБА ТӨБЕЛ ДАСТАРҚАН (ҚХР) орта дастарқан, ас-тағамы аз дастарқан.

ҚҰБИЫН КЕРЕК (МХР) іс жөнінде кітапша. *Қ ц б и ы н к е р е г і теріс жазылған екен* (МХР).

[Монғолша *хувийн хэрэг* (Монғ.-қаз. созд., 1954)].

ҚҰБЫЛ (Сем., Абай) құбылмалы, озгермелі. *Ол қ ц б ы л болып цйренген адам* (Сем., Абай). *Жас кұннен іші мен сыртын бөлек цстап, шебер ойыншыдай қ ц б ы л болып алгандықтан, өзгелерді мазақ етіп алдаганда да оңдырмай цшатын* (М. Әу., Абай жолы, II, 313).

ҚҰБЫЛ БОЛДЫ (Шымк., Арыс) құбылды.

ҚҰБЫЛАСЫНДА (Гур., Маңғ.) уысында, қол астында. *Ол мықты шал, осы цйдің іші әлі де сол шалдың қ ц б ы л а с ы н д а* (Гур., Маңғ.).

ҚҰДА АПА (Шымк., Түркіс.) құдағи. *Бұл біздің қ ц д а а п а болады* (Шымк., Түркіс.).

ҚҰДАҒАЙ (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Гур.: Маңғ., Есб.; Орал: Чап., Жымп., Жән., Қара.; Ақт.: Қараб., Ойыл, Ырғ.; Қост., Жітік.: Рес., Орын.; Қарақ.; Ауғ.; Ир.) құдағи. *Қ ц д а г а й келіпті, бір марқа сойып ала кепті* (Ақт., Ойыл). *Қ ц д а г а й қатты сөйлеп кете ме деп едік, олай болмады* (Қост., Жітік.). *Құда мен қ ц д а г а й ы м ы з келді* (Гур., Маңғ.). *Здравствуй, қ ц д а г а й тұра тұршы, Мойыныңды маган қарай бұра тұршы* (Рес., Орын.). *Оның цстіне бұл кезде оны қ ц д а г а й тұтып, Мөңке ірі балық әкелген кұні асқа шақыра қояды* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 270).

ҚҰДАҒАН ӨСКЕН құдағидай сыйлы оскен (С. Аман., ВДИКЯ, 433).

ҚҰДАҒИ ҚАЙТҚАНША (ҚХР) уақытша ептей түру, бір мезеттік қана, жасандылық.

ҚҰДА ЖОРТАҚ (Шымк., Арыс) құда түсуде істейтін ырым.

ҚҰДАЙ АСЫ (Алм., Қаск.) садақа. *Өлген балама қ ц д а й а с ы берем, әке* (Алм., Қаск.).

ҚҰДАЙ ДА ҚҰДАЙ БОЛҒАНДА (ҚХР) іс сәтіне басқанда, құдай сақтап, періште қаққанда.

ҚҰДАЙ ҚҰТҚАР (Қ.орда, Арал) жексұрын, нашар. *Ой, қой оныңды, қ ц д а й қ ц т қ а р екен бір* (Қ.орда, Арал).

ҚҰДАҚ (Қост., Жанг.) құдық басына шыққан әр түрлі шоп. *Тоғыз құдықтың басын қ ц д а қ басып кетіпті* (Қост., Жанг.).

ҚҰДА-ҚҰДАНДЫЛЫ (Рес., Омбы) құдажегжат. *Жақын жұрағаттарды, қ ц д а-қ ц д а н д ы л а р д ы аралаганга не жетсін* (Рес., Омбы).

ҚҰДАЛЫҚҚА ЖҰРУ (Талд., Ақсу) бірбіріне құда болуға келістіру үшін екі үйдің арасына дәнекерлікке жүру.

ҚҰДАМДАЛЫ АДАМ (Жамб., Сар.) жекжат адам. *Бүгін цйімізге қ ц д а м д а л ы адамдарымыз келіп жатыр* (Жамб., Сар.).

ҚҰДАНДАЛ (Жезқ., Ұлы.) құда адам. *Агайынның жаны бірге, қ ц д а н д а л д ы ң малы бірге* (Жезқ., Ұлы.).

ҚҰДА СҰЙРЕУ (Жамб., Шу) құдалыққа келген кісілерден алынатын ырым.

ҚҰДА ТІГЕР (Рес., Орын.; Түркм.: Таш., Көнеүр.) құдалыққа келген кісілерден алынатын ырым. *Төрде отырган құданың біреуінің етегін астына төселген киізіне тігіп қою салты. Қ ц д а т і г е р екі жақтың ауызбірлігі берік болсын деген ырымнан қалган салт* (Түрікм., Таш.).

ҚҰДАЯ ШҰКІР (Шымк., Түркіс.) құдалықтан соң құдалардың бірін-бірі қайта шақырысуы.

ҚҰДИТУ (Қост., Об.) үдету, көбейту. *Әңгіме білмеймін деп едіңіз сөйлей келе әңгімені қ ц д и т т ы ң ы з гой* (Қост., Об.).

ҚҰДУАН каскүнем, сүркия, қу (С. Аман., ВДИКЯ, 433).

ҚҰДЫҚ 1. (Қар., Қарқ.) пештің мойнының түбі. **2.** (Жамб., Жам.) пештің ішкі айнал-

масы, жылу аралайтын жері. *Қ ұ д ы қ ұш, бес, не жеті болып тақ болу керек. Қ ұ д ы қ тақ болмаса жылы болмайды* (Жамб., Жам.).

ҚҰДЫҚҚА САЛУ (Өзб., Там.) құдыққа кешіру. *Қошқарларды ана қойлардан қашықтағы қ ұ д ы қ қ а с а л с а екен деп едім* (Өзб., Там.).

ҚҰДЫҚТЫ КӨЗЕУ (Гур., Маңғ.) құдықтың кезін аршу. *Су таңқы, қ ұ д ы қ т ы к ө з е у керек* (Гур., Маңғ.).

ҚҰДЫҚ ПЕШ тура шығатын пеш. *Қолым босағанда мына пешті Тәукеше... бір қойып құлатам да, қ ұ д ы қ п е ш салып берем* (F. Мұст., Дау. кейін, 165).

ҚҰДЫРА БОТА (Қ.орда, Қарм.) мезгілінен бұрын туған ботаның күзге салым тайлақтан кіші бота болған кезі.

ҚҰЖ (Шығ. Қаз., Больш.) қисық, қырсық, бері жығыл десе, әрі жығылатын кісі.

ҚҰЖАНТУ (Алм.: Жам., Үйғ.) үлкен пышақ, қанжар. *Қ ұ ж а н т у д ы не нәрсеге салса да, тегі ойып түседі* (Алм., Жам.).

ҚҰЖАТ (Алм., Кег.) қолхат. *Колхоздың көк өгізін алғандығың туралы қ ұ ж а т беріп кеткін* (Алм., Кег.). *Ол алған ақшаға қ ұ ж а т жаздырды* (Алм., Кег.).

[Арабша *хожжәт* құжат, документ деген сөз (Рус.-араб. сл., 1903)].

ҚҰЖ ТӘУКЕ (Қар., Шет) асық ойынының түрі. *Кімді-кім асықты алдымен ататын болса, «құжыр-құжыр қ ұ ж т ә у к е, құжырықпан тұс төуке» – деп үйіліп тұрған асықтық үстінен ұрады* (Қар., Шет).

ҚҰЖЫЛДАП ШЫҒУ (Шымк., Лен.) тығыз шығу, қалың шығу, бітік шығу. *Әміржанның егісі қ ұ ж ы л д а п ш ы қ т ы* (Шымк., Лен.).

ҚҰЖЫМ[1] (Шымк.: Сайр., Тал.) бұжыр-бұжыр болып шығатын түсі қызыл өсімдік. *Қ ұ ж ы м д ы шаруалар терісіне пайдаланады* (Шымк., Тал.).

ҚҰЖЫМ[2] (Шымк., Сайр.) жоңышқаның тұқымы, ұрығы. *Қ ұ ж ы м жоңышқаның сабағында болады* (Шымк., Сайр.).

ҚҰЖЫР (Жамб., Мер.) билік, өкімдік. *Қыз ағасына сол Айыпсопыны барған шәріге бір ай қ ұ ж ы р ы н жүргізіп, бастық етіп жіберуді сұрайды* (Жамб., Мер.).

ҚҰЖЫР ҚЫЛУ С. Аманжоловта қызыру, керек ету (С. Аман., ВДИКЯ, 433).

ҚҰЖЫРА[1] **1.** (Жамб., Қорд.) мінбе. *Ал, қ ұ ж ы р а ғ а шығып сөйле* (Жамб., Қорд.). **2.** (Жамб., Жуа.) бөлме, үй. *Омар сонда қ ұ ж ы р а есігінен баспалап қарап тұрған* (Ш. Мұрт., Жұлд. көп., 139).

ҚҰЖЫРА[2] (Жамб., Мер.) мекен, тұрақ. *Біздің бұрыннан бергі қ ұ ж ы р а м ы з осы жер* (Жамб., Мер.).

ҚҰЖЫРЫМДЫ ОЙ (Талд., Қарат.) негізгі ой. *Шәкеннің қ ұ ж ы р ы м д ы о й ы – жауын жеңу* (Талд., Қарат.).

ҚҰЗАР (Алм.: Кег., Нар.) құз, шың, биік. *Асқар тау құс ұшпайтын қия тасы, Шілдеде қарға толық қ ұ з а р басы* (Алм., Нар.). *Бүркіттің балапаны қ ұ з а р д а екен, оны қалай аламын* (Алм., Кег.).

ҚҰЗАР ТАУ (Жамб., Жуа.) биік тау.

ҚҰЗЫР 1. (Ақт., Ойыл; Гур., Маңғ.; Орал, Чап.; Рес., Орын.) ауру, дерт, сырқат. *Сенің қандай қ ұ з ы р ы ң бар* (Ақт., Ойыл). *Оның жүрегінің қ ұ з ы р ы бар* (Гур., Маңғ.). *Жүруге жарамайтын қ ұ з ы р ы бар* (Рес., Орын.). **2.** (Рес., Орын.) мерез. *Оның намазға жарамайтын қ ұ з ы р ы бар екен* (Рес., Орын.).

ҚҰЙ[1] (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.) құдық. *Мал қ ұ й д а н суарылады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚҰЙ[2] (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.) ми батпақ, тұтқыр балшық. *Қозы қ ұ й ғ а түсіп кетіп әрең дегенде шығардым-ау* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ҚҰЙ[3] (Жамб.: Шу, Мойын.) мейлі. *Өлген соң қ ұ й келсін, қ ұ й келмесін* (Жамб., Мойын.).

ҚҰЙҒАН ТЕЗЕК (МХР) жиналған мал көнін көктемде көлікпен айдап, қалыпқа құйып жасаған тезек.

ҚҰЙҒАНЫНДА (Шымк., Арыс) құйылысында, құйысында. *Шақай елі Ақсу суының құйғанында болады* (Шымк., Арыс).

ҚҰЙДА (ҚХР) көрік.

ҚҰЙДЫРУ (Гур., Есб.) жазу, жаздыру. *Колхозшылар еңбеккүнді түгел қ ұ й д ы р ы п болды* (Гур., Есб.).

ҚҰЙҚАДАН ҚҰЛАҚ ШЫҒАРУ, ЖАУЫРЫННАН ЖАМБАС ЖОНУ (ҚХР) пәле іздеу, орынсыз соқтығу.

ҚҰЙМА[1] (Сем., Үрж.) жуынатын су. *Қ ұ й м а ғ а ащы су да жарайды* (Сем., Үрж.).

ҚҰЙМА[2] **1.** (Сем., Аяг.) шаруашылыққа арналған қосымша үй. **2.** (Гур., Бақс.) астық қоймасы. *Жаңа бір машина астық келіп еді, қ ұ й м а ғ а салдырдым* (Гур., Бақс.).

ҚҰЙМА[3] (Сем.: Ақс., Көкп.) шарбаққа арналып жасалған кесек. *Қ ұ й м а үйге арналған кірпіштей емес, қалай болса, солай құйыла салады* (Сем., Көкп.).

ҚҰЙМА[4] (Жамб., Шу) қыстай жиналған мал қиын көктемде көлікпен бастырып, қалыпқа немесе, т.б. құйып жасаған тезек.

ҚҰЙМАҚ[1] (Ақт., Ойыл) иі қанған лай, балшық. *Үйдің төбесіне қ ұ й м а қ құю керек* (Ақт., Ойыл).

ҚҰЙМАҚ[2] (Гур., Маңғ.) судың жиналатын ояң жері.

ҚҰЙМА ҚАНТ 1. (Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Көкш., Қ.ту) үлкен тұтас қант, шағылып бөлінбеген кант. **2.** (Көкш., Қ.ту) шақпақ қант, шағылған қант.

ҚҰЙМА ҚҰЯТЫН ҚЫШҚАШ (МХР) күміс құйғанда пайдаланатын арнаулы қышқаш. *Қ ұ й м а қ ұ я т ы н қ ы ш қ а ш т ы ң ұшы ұшкірлеу болады* (МХР).

ҚҰЙМА ТЕЗЕК (Талд., Панф.) қыстай жиналған мал қиын жазда су құйып көлікпен бастырып, қалыпқа, т.б. ыдысқа құйып жасаған тезек.

ҚҰЙМЫР 1. (Орал, Жән.) өтірік. *Мынаның қ ұ й м ы р д ы құюын-ай* (Орал, Жән.). **2.** (Қост., Жанг.) жезөкше, сайқал, жалап. *Оның өзі нағыз қ ұ й м ы р гой* (Қост., Жанг.).

ҚҰЙМЫРЛЫҚ (ҚХР) құмарлық, нәпсі құмарлық.

ҚҰЙРЫҒЫ ЖОҚ ИТ (ҚХР) адамгершілігі жоқ, екі беткей, баянсыз.

ҚҰЙРЫҒЫНА ҚЫЛ БАТПАУ (ҚХР) шыдамау, мазасы кетпеу.

ҚҰЙРЫҚ[1] (Шығ. Қаз., Тарб.; Талд., Панф.) шар, ықтын, бидайдың ықтыны. *Бидайдың қ ұ й р ы ғ ы бөлек ұйілді, бөлек алып тазаланды* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҚҰЙРЫҚ[2] (Түрікм.: Красн., Киян., Құлы.) моторлы қайықты меңгеріп отыратын руль.

ҚҰЙРЫҚ[3] (Орал, Казт.) арқалық, мәтке үстіне салатын жіңішке ағаштар. *Төбенің арқалығы салынды, енді қ ұ й р ы ғ ы н салу керек* (Орал, Казт.).

ҚҰЙРЫҚ ҚАЛАШ (Қарақ.) балықтың құйрық қанаты.

ҚҰЙРЫҚ МАЙ ТҰБІ (МХР) құйрықтың ұштасқан жері.

ҚҰЙРЫҚ САБАҚ (Гур., Маңғ.) балықтың құйрығы.

ҚҰЙТЫРҚЫ (Орал, Чап.) әдіс-айла, қитұрқы. *Ол қ ұ й т ы р қ ы с ы коп адам* (Орал, Чап.).

ҚҰЙЫ[1] **1.** (Гур., Маңғ.; Орал, Чап.; Қарақ.) құдық. *Қ ұ й ы ғ а қауға салып су ал* (Гур., Маңғ.). *Қ ұ й ы д а н су әкеле гой, қонақтар келді гой* (Қарақ.). **2.** (Гур., Маңғ.) құдықтың саяз түрі. **3.** (Жамб., Мер.) шұңқыр, құз. *Артында бір қ ұ й ы сай тұр екен* (Жамб., Мер.). **4.** (Жамб., Мер.) судың терең жері, иірім жері. *Аспара мен Қорағатының қ ұ й ы с ы көп* (Жамб., Мер.).

ҚҰЙЫ[2] (Шығ. Қаз., Құрш.) ми батпақ. *Аппақ балуан қ ұ й ы ғ а тұскен тұйені шығарып тастапты* (Шығ. Қаз., Құрш.).

ҚҰЙЫ БҰЗЫЛУ (ҚХР) мінезі озгеру, ит жыны ұстау, албастысы мойнына міну.

ҚҰЙЫҚ (Жамб., Мойын.) терең, көп білетін. *Ол кісі негізінде сөздің қ ұ й ы ғ ы* (Жамб., Мойын.).

ҚҰЙЫЛУ[1] (Талд., Кир.) ағу. *Аспаннан жұлдыз қ ұ й ы л ы п тұсті* (Талд., Кир.).

ҚҰЙЫЛУ[2] (Гур., Есб.) есептелу. *Еңбекқұні дұрыс қ ұ й ы л у керек* (Гур., Есб.).

ҚҰЙЫМ (Қост., Жанг.) құйма. *Май мен ұсақ тас араласқан соң қ ұ й ы м боп ұстап қалады* (Қост., Жанг.).

ҚҰЙЫМЫРЫ [ҚҰЙЫМЫРЛАНУ] (Өзб.) құбылып жүру, ұйтқытып жүру. *Ә, қ ұ й ы м ы р ы қай жақтаи келесің* (Өзб.).

ҚҰЙЫП ЖАТЫР (Орал, Жән.) төгіліп жатыр. *Бидай тұрған орнында қ ұ й ы п ж а т ы р* (Орал, Жән.).

ҚҰЙЫРШЫҚ (Қ.орда, Жал.) түйенің құйрығын құрайтын жіңішке омыртқалар тізбегі.

ҚҰЙЫСҚАН (Гур., Маңғ.) түйе қамыттың артқы болігі.

ҚҰЙЫСҚАН-ӨМІЛДІРІК ТАҒУ (ҚХР) ат қойып, айдар тағу, кіналау, жазғыру.

ҚҰЛАБА (ҚХР) егде, кексе әйел.

ҚҰЛА БЕТ (Қарақ.) оңтүстік.

ҚҰЛАБЫЗ (ҚХР) жолбасшы, бастаушы. *Қалың қаз қ ұ л а б ы з с ы з болмас* (Мақал).

ҚҰЛАҒЫ БАР ЖЫЛАН (Шымк., Түркіс.) құлағы адам құлағына ұқсас қап-қара жылан түрі. *Қ ұ л а ғ ы б а р ж ы л а н д ы Қантағы ауылының тұргыны коріпті* (Шымк., Түркіс.).

ҚҰЛАҒЫМДЫ ҚАТЫРМА (Сем.: Абай, Көкп., Ақс.) құлағымның етін жеме, құлаққа маза бер. *Жарайды, енді айқайлап қ ұ л а ғ ы м д ы қ а т ы р м а* (Сем., Көкп.).

ҚҰЛАҒЫМ ЖОҚ (Гур., Маңғ.) малым жоқ.

ҚҰЛАҒЫМЕН ЕМЕС, МҰРНЫМЕН ТЫНДАУ (ҚХР) дұрыс тыңдамау.

ҚҰЛАҒЫН АЛУ (Гур., Маңғ.; Орал, Орда) хабарын білу, хабардар болу. *Дәрігерлер осында келеді деген қ ұ л а ғ ы н бұгін алдық* (Гур., Маңғ.).

ҚҰЛАДЫН ЖАПАЛАҚ (Қост., Жанг.) боктергідөн сәл үлкөн жапалақ сияқты құс түрі. – *Ақсақал, мынау отырған құсты сіздің жақ қандай құс дейді? – Бұл құсты қ ұ л а д ы н ж а п а л а қ дейміз* (Қост., Жанг.).

ҚҰЛАЖАТ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) шөберенің баласының баласы.

ҚҰЛАЙ (Өзб.) қолайлы. *Өзіңізге қ ұ л а й жерінен бастай беріңіз* (Қарақ.).

ҚҰЛАҚ[1] **1.** (Алм.: Кег., Нар., Ұйғ., Шел., Еңб. қаз., Жам.; Жамб.: Жам., Шу, Мер., Луг., Қорд., Мойын.; Шымк.: Тұлк., Сайр.; Ақт., Ырғ.; Гур., Маңғ.; Шығ. Қаз.) егінге су жіберетін арықтың аузы, су жіберетін жері. *Қ ұ л а қ т ы мықтап байламапты, су кетіп жатыр* (Жамб., Шу). *Арықтың қ ұ л а ғ ы н ашып, егінге су жіберді* (Шымк., Тұлк.). *Арықтың қ ұ л а ғ ы н ашқаннан кейін, су егінге жап арқылы тарайды* (Ақт., Ырғ.). **2.** (Алм.: Шел., Кег.; Жамб., Жам.) мөлшерлі су, су мөлшері. *Қарабұлақтан алынатын су аз, егіске жетпейді, содан біздің колхозға алты қ ұ л а қ су берілетін болды* (Алм., Кег.). *Біздің бригадаға бір қ ұ л а қ су жіберілді* (Жамб., Жам.).

ҚҰЛАҚ[2] (Ақт., Ырғ.; Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) шығырға шелекті байлайтын сым темір. *Жиырма сегіз шелекте елу алты қ ұ л а қ болады* (Ақт., Ырғ.). *Қ ұ л а қ қ а байланған жиырма сегіз шелек бірінің артынан бірі айналғанда көп су алынады* (Қ.орда, Қарм.).

ҚҰЛАҚ[3] (Сем., Абай) қырмандағы астықты қызылдағанда сұраушыларға беретін үлес. *Егін жақсы шыққанда жұртқа қ ұ л а қ беретін* (Сем., Абай).

ҚҰЛАҚ[4] (Шымк.: Сайр., Бег., Тұлк.; Түрікм., Көнеүр.; Ауғ.; Ир.) мақта қауашағының мақта тұратын жеке бөлегі, әрбір тармағы. *Тергенде қ ұ л а қ т а мақта қалмасын* (Шымк., Сайр.). *Мақтаның қ ұ л а ғ ы қалыпты, мақтаның қ ұ л а ғ ы н қалдырмай тер* (Шымк., Бөг.).

ҚҰЛАҚ[5] (Гур., Тең.) қайықтың кіндік ағашы, қайықты бұрып отыратын рульдің сабын бекітетін қада ағаш, кіндік ағаш. *Қайықты рульдің сабындағы имек темірді қ ұ л а қ қ а өткізді* (Гур., Тең.).

ҚҰЛАҚ[6] (Гур., Маңғ.) деңгелек шығыршық (бұл бірнеше ауды жалғастырып, үстап тұрады). *Мына аудың қ ұ л а ғ ы тұсіп қалыпты гой* (Гур., Маңғ.).

ҚҰЛАҚ[7] (Қар.) шыны, кесе. *Бір қ ұ л а қ қана шай іштім де жұріп кеттім* (Қар.).

ҚҰЛАҚ[8] (Орал: Жән., Орда) қол диірменді айналдыратын ағаш, түтқа. *Балам, тиірменнің қ ұ л а ғ ы н әкел* (Орал, Орда).

ҚҰЛАҚ[9] (Түрікм., Небид.) самаурынның шүмегі.

ҚҰЛАҚ[10] (Гур., Маңғ.) арбаның таянышы.

ҚҰЛАҚ[11] (Ауғ.; Ир.) түшпара.

ҚҰЛАҚ[12] (Қ.орда, Арал; Гур., Тен.) аудың әр басындағы арқан байлайтын ілмек.

ҚҰЛАҚ АҒЫТУ (Жамб., Шу) суды арық-арыққа жіберу, жолын ашу.

ҚҰЛАҚ АЛМАУ (Ақм.: Қор., Еркін.) құлақ аспау. *Ал аудандық оқу бөліміндегілер жергілікті партия, совет органдарының кезінде көтерген дабылдарына қ ұ л а қ а л м а й жай гана кездейсоқ мәселе көрумен келеді* («Ең. туы», 1941, №41).

ҚҰЛАҚ АРҚАН (Алм.: Балқ., Іле) сүзекіні мұз астынан тартып отыруға қажетті кендір жіп. *Қ ұ л а қ а р қ а н д ы суға жіберіңдер* (Алм., Балқ.).

ҚҰЛАҚ АРЫҚ (Шымк., Шәу.; Жамб.: Шу, Мер.) егіс даласына тарайтын арықтар.

ҚҰЛАҚАУЫЗ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жапты жығып, атызға су жіберетін жер. *Қ ұ л а қ а у ы з д ы бекіте тұр да шайлан* (Түрікм., Таш.).

ҚҰЛАҚ АШ (Қост., Об.) құлақ сал. *Қарағым, сен менің бұл сөзіме қ ұ л а қ а ш* (Қост., Об.).

ҚҰЛАҚ АШУ (Талд., Кир.) суды бегеп түрған жерін ашып, арық-арыққа су жіберу. *Жаңа қ ұ л а қ а ш ы п келдім* (Талд., Кир.).

ҚҰЛАҚ БАЙЛАУ[1] (Талд., Керб.) суды бөгеу, арық-арыққа жіберетін жерді бекіту. *Қ ұ л а қ т ы б а й л а п келемін* (Талд., Керб.).

ҚҰЛАҚ БАЙЛАУ[2] (ҚХР) құлақ салу, тыңдау, құлақ асу.

ҚҰЛАҚБАС (Шығ. Қаз.: Больш., Ұлан) шыныаяқ. *Қ ұ л а қ б а с с ы з шай іше алмаймын* (Шығ. Қаз., Ұлан).

ҚҰЛАҚ БАУ (Алм.: Панф., Шел., Еңб.) арба-шана тәртесін доға арқылы қамытпен жалғастырып тұратын ілмектенген жалпақ қайыс.

ҚҰЛАҚ КЕСТІ (ҚХР) шаш ал десе, бас алатын пәлекөр, пәле қуған.

ҚҰЛАҚ КІНДІК (Шығ. Қаз., Тарб.) қайықтың кіндік ағашы. *Қайықтың қ ұ л а қ к і н д і г і н е еспе күректі қоя сал* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҚҰЛАҚ ҚАЙЫРУ (Шымк., Арыс) суды арық-арыққа ағызбай құлақты бекіту.

ҚҰЛАҚ МОНШАҚ (ҚХР) сырға.

ҚҰЛАҚ НАН (Кекш.: Щуч., Еңб., Қ.ту) етке салатын нан.

ҚҰЛАҚ ӨРКЕШ (Қ.орда, Шиелі) жардай түйелерде болатын, үстіңгі шет жақтары кемкеріліп тұратын, үлкендігі құлақтай ғана еркеш.

ҚҰЛАҚ ПЕН ҚҰЛАҚ СУ ІШІП КЕТЕ БЕРУ (Шымк., Арыс) егіндік жердің бірінен екіншісіне су жіберу.

ҚҰЛАҚ СУ (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем.: Үрж., Мақ.; Алм., Үйғ.) егінге керекті судың елшемі. Бір байлам яғни бір бөгеумен егіннің мелшерлі бір беліміне жіберілетін су. *Бір құлақ су алдым* (Сем., Үрж.). *Бір құлақ сумен бір тақта жерді суарамыз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚҰЛАҚТАНУ[1] (Жамб., Шу) есту. *Ол құлақтанып қойса қайтеміз дейді* (Жамб., Шу).

ҚҰЛАҚТАНУ[2] (Жамб., Шу) көгеру, жапырақ шығару. *Тоғаншылар барады алып кетпен, тұқымы құлақтаныпжерге сепкен* (Жамб., Шу).

ҚҰЛАҚТАУ (Қ.орда: Сыр., Жал.) қауынға жапырақ біту.

ҚҰЛАҚ ШЕГЕ (Қарақ.) арбаның дөңгелегін ұстап тұратын, естің ұшына сұғылған темір.

ҚҰЛАҚШЫН[1] (Сем.: Аяг., Мақ., Үрж.) тұтқалы шыны аяқ. *Құлақшынмен су әперші, әкем!* (Сем., Үрж.). *Құлақшынмен әкеліп берем деп еді, қайда кетіп қалды* (Сем., Мақ.).

ҚҰЛАҚШЫН[2] (Жамб., Луг.) бұрынғы заманда ауылнай, болыстар елден салық жинағанда беретін қағаз.

ҚҰЛАҚШЫН БӨРІК (Орал, Жән.) құлақшын. *Құлақшын бөрік кимесең, қыста басың тоңады* (Орал, Жән.).

ҚҰЛАҚЫ ӘҢГІМЕ (Қ.орда, Қарм.) ел аузындағы әңгіме. *Тарихта жоқ болғанымен белгілі құлақы әңгіме* (Қ.орда, Қарм.).

ҚҰЛАМА БЕСІН (ҚХР) күн еңкейген кез. *Құлама бесін кезінде олар да келіп қалар* (М. Әуезов).

ҚҰЛАМА ӨРКЕШ (Қ.орда, Арал) бір жағына қарай қисая жататын, көбіне айыр, будан түйелерде болатын өркеш.

ҚҰЛАН (Қ.орда) су бөлетін жер.

ҚҰЛАН АРЫҚ (Шымк., Шәу.) егіс даласына кететін арықшалар.

ҚҰЛАНГӨДЕ (Өзб., Там.) шөптің түрі.

ҚҰЛАН ҚОРА (Көкш., Қ.ту; Павл., Ерт.; Рес., Омбы) үйдің шығар есігіндегі үлкен қора. *Самауырды құлан қорағақойма, өрт кетеді* (Кекш., Қ.ту). *Тегеш құлан қорада болу керек* (Рес., Омбы).

ҚҰЛАН ҚҰЙРЫҚ (Гур., Маңғ.) басы шашақ, жыңғыл тәрізді есімдік.

ҚҰЛАННЫҢ ҚҰЛЫНЫ (МХР) құланның қодығы.

ҚҰЛАН ТАҒЫ 1. (Орал: Жөн., Казт.) үзілді-кесілді. *Ол мәселе құлан тағышешуді қажет етіп отыр. Бұл істің жағдайын сен оған құлан тағы ашып айт* (Орал, Жен.). **2.** (Орал, Казт.) құлантаза. *Қыз аурудан құлан тағы жазылыпты* (Орал, Казт.).

ҚҰЛАНШӘЙІР (Жезқ., Ұлы.) шөптің аты. *Жылқының сүйіп жейтіні – құланшәйір* (Жезқ., Ұлы.).

ҚҰЛАНСА жылқының алдыңғы аяғындағы мүйіз емшек (С. Аман., ВДИКЯ, 434).

ҚҰЛАП КЕЛЕДІ (Алм., Кег.) таудан төмен түсіп келеді. *Қарабұлақтың биігінен біреу қараң-құраң етіп құлап келеді* (Алм., Кег.). *Ел өзінің жапырық қораларын тастап, тым-тырағай жазыққа құлап келеді* (Ғ. Мұст., Көз. көр., 284).

ҚҰЛАС СИЫР (Кекш.: Щуч., Еңб.; Рес., Омбы) жүнді, сүті мол сиыр. *Абылданың сол пародадан қалған құлас сиыры қазір де бар* (Рес., Омбы).

ҚҰЛАТУ[1] (Орал, Жөн.) ағыза қатты шабу. *Мәкеш атты құлатып келеді* (Орал, Жөн.).

ҚҰЛАТУ[2] (Шымк., Түлк.) суды бұру, суды жіберу. *Суды арнаға құлатып жібердім* (Шымк., Түлк.).

ҚҰЛАТУ[3] (Шымк., Тулк.) алып болу, таратып жіберу.

ҚҰЛАТЫ (ҚХР) соны, тың, бұрын ешкім аяқ баспаған.

ҚҰЛАУ[1] **1.** (Гур., Маңғ.) төмен түсу, түсу, келу. *Көш таудан құлап келеді* (Гур., Маңғ.). **2.** (Қост., Аман.; Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) келу, қайту, оралу. *Жұмабек сен елден қашан құладың* (Қост., Аман.). *Қойың суға құлады ма?* (Ақт., Ырғ.).

ҚҰЛАУ[2] (Алм.: Үйғ., Кег., Шел., Еңб. қаз.; Жамб.: Қорд., Луг., Мер.; Шымк.: Шәу., Арыс) ағу, ағып кету, арықты бұзып кету. *Тоғандағы су басқа жаққа құлап кетті* (Алм., Шел.). *Мен егін суғаруға барып едім, су менен бұрын егіннен әрі құлап кетті* (Алм., Кег.).

ҚҰЛАУЫЗ[1] (Гур., Маңғ.) бос әуре, арам тер.

ҚҰЛАУЫЗ[2] (Гур., Маңғ.) пәтуасыз, сөзі сұйықтау адам. *Пәтуәсіз адамды құлауыз дейміз* (Гур., Маңғ.).

ҚҰЛАУЫЗ БОЛМАУ (Гур., Маңғ.) босқа әуре болмау. *Мен неге құлауыз боламын* (Гур., Маңғ.).

ҚҰЛҒА (ҚХР) сака.

ҚҰЛҒАНА[1] мазасыз (С. Аман., ВДИКЯ, 434).

ҚҰЛҒАНА[2] (Алм.: Кег., Шел., Жам.) тамақтың тесіліп ауыруы. *Құлғанаменауырған адамның мойнын жара басып кетеді* (Алм., Жам.).

ҚҰЛҒАНАҒА ШАПҚАН ДЕРТ (ҚХР) асқынған науқас, шиеленіскен қиын мәселе, насырға шапқан іс.

ҚҰЛДАҒЫ (Тау., Қош.) төмендегі. *Құлдағы колхоз «Қызыл-Чолмон» деп аталады* (Тау., Қош.).

ҚҰЛДАЙ ЖҰРУ (Сем.: Абай, Шүб.) төмен қарай, ылдилай. *Сен өзенді құлдай жүр* (Сем., Абай).

ҚҰЛДАНУ (Гур.: Есб., Маңғ.; Орал: Орда, Казт.; Ақт., Байғ.; Рес., Орын.; Түрікм., Красн.; Қарақ.) қолдану. *Әр нәрсені өз орнына құлдану керек* (Гур., Маңғ.). *Менің өзімнің жамандығымды әлі де байытып, жаңалықтарды құлдану үшін зоотехниктермен үнемі ақылдасып тұрамын* (Орал, Орда). *Оған қатты жаза құлдануы тиіс* (Ақт., Байғ.). *Біздің жақта ол сөзді құлданбайды* (Орал, Казт.). *Бұрынғы кезде өлең айтып құлданған. Өзім, шырағым, өлең айтып құлданғаным жоқ* (Рес., Орын.). *Ондай әдісті естіп-білгеніміз болмаса, өмірде құлданып жүрген ешкім жоқ* (Түрікм., Красн.). *Агротехникалық шараларды құлдана отырып, өзара социалистік жарысқа түсу керек* («Ст. туы», 18.02.1938). *Совхоз жанындағы жұмыскер комитеті бұндай аяныштыхалді көре тұра ешбір шара құлданбай келеді* («Екп. жол», 1939, №24). *Әдісті құлдану да мұнайшылар ыждағаттануда* («Соц. Эмба», 24.03.1944, №12). *Колхоздың бар құрал-сайманын дұрыс пайдалануда барлық мүмкіншілікті құлданып отырумыз керек* («Лен. жолы», 1940, №41). *Аудандық партия комитеті Еділбаеваның партия жұмысын ұшай бойы жүргізбегені үшін партия жолымен амал құлдану керек* («К-з жолы», 26.03.1937). *Агротехникалық шараларды істе құлдана білсек одан мол өнім алатындығымыз даусыз* («Соц. мал шар.», 28.10.1940). *Сендер бұл табысқа жұмыстың стахановтық әдісін балық аулауға да құлдануды нәтижесінде ие болыңыздар* («Қыз. жүл.», №111, 1936).

ҚҰЛДАТЫП АЙТУ (Сем.: Мақ., Ұрж.) басынан бастап рет-ретімен айту. *Құлдатып айтайын: мынау жақ, мынау таңдай* (Сем., Мақ.).

ҚҰЛДАУ[1] (Шығ. Қаз.: Зайс., Больш., Тарб.; Сем.: Абай, Ұрж.; МХР) төмен қарай жүру, құлдилау, бойлай жағалай жүру. *Ол өзен бойымен төмен қарай құлдады* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Пароход құлдай жүреді* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Тек төртінші күні ғана бұл жолаушылар тобы Қарамола тұсына жетіп, Шар өзенінің бойын құлдап келе жатты* (М. Әу., Абай жолы, II, 350). *Кеңсайдан құлдаң құрап келген кезде, Тастақшы аласа дөңді көрді* (К. Ораз., Ақ жаз., 66). *Үйгыр квшесімен төмен құлдады қ* (М. Мағ., Көк кеп., 80). *Әлгінде ғана құлдай иріңдеп жатқан толқын енді дөңгелене үйіріліп оңға қарай бағытын өзгертті* («Ж. талап», 35).

ҚҰЛДАУ[2] (Сем., Мақ.) ысырып, қусырып кеп қалу. *Комбайн да құлдап кеп қалды* (Сем., Мақ.).

ҚҰЛДАУ[3] (Сем., Мақ.) жекелеп, әр үйге кіріп, шетінен бастап аралау. *Ауылды құлдап аралап келеміз* (Сем., Мақ.).

ҚҰЛДАУ[4] (Сем., Мақ.) біртіндеп, жайлап орналастыру. *Малды құлдап, ыңғайластырған жөн* (Сем., Мақ).

ҚҰЛДЫҚ АЙТУ (Рес., Волг.) рақмет айту. *Мейрамың құтты болсын! Құлдық айтам* (Рес., Волг.).

ҚҰЛДЫРАТУ (Шығ. Қаз., Зайс.) түсіру, қайтару. *Тартпашыларды таудан құлдыратамыз ба?* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚҰЛДЫРАУЫШ[1] 1. (Алм., Кег.) дөдеге. *Үзіктің құлдырауышынтік* (Алм., Кег.). 2. (Гур., Маңғ.) үзіктің етегінен бастырыла жүргізілетін құр, аяқ бау. *Құлдырауышты үзіктің дөдегесінен өткіз* (Гур., Маңғ.). 3. (Қ.орда, Қарм.) әдемілік үшін үйдің сыртқы дөдегесінің арасынан өткізетін әдемі құр.

ҚҰЛДЫРАУЫШ[2] (Гур., Маңғ.) үзын, әрі жіңішке сырғауыл тәріздес ағаштар.

ҚҰЛДЫРШЕК (Қ.орда, Қарм.) түтқалы, сүт құятын кішкене ыдыс. *Қазаннан қалған сүтті құлдыршекке құйып қой* (Қ.орда, Қарм.).

ҚҰЛЖА (Жамб.: Жам., Жуа.) сақа. *Асық сыйламақшы болды, ішінде құлжасы да бар екен* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 32).

ҚҰЛЖАЗ (ҚХР) құлжаның асығы.

ҚҰЛИЮ[1] (Орал, Орда) құдию. *Құйрық атып құлия, тұлкідей қашқан зымия* (Орал, Орда).

ҚҰЛИЮ[2] (ҚХР) төмен қарай зымырау, құлдырау.

ҚҰЛҚАЙЫР (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Жам.; Жамб., Сар.) шөп аты, жапырағы дөңгелектеу, басында ақ, қызыл гүлі бар құрай. *Жөміш құлқайыр орып жүр* (Алм., Жам.). *Түйе құлқайырға өш болады* (Жамб., Сар.). *Сөйтіп төмен қарап аягымен бір тұп құлқайырдың түбін тұртіліп тұрды* (Р. Райым., Жап. жанғ., 1 т., 63). *Өз гүліне өзі оранған құлқайырдың бұтақтарына қонып алып сайраған әнші бұлбұлдар, дала құстары адам көңілін*

раушан етіп көтере тұскен (Р. Райым., Жап. жанр., 1 т., 90).

ҚҰЛҚҰС (Гур., Маңг.) адам пайдасына аспайтын күстар. *Дуадақ – құлқұс, ал қаз, үйрек, бүркіт құлқұс емес* (Гур., Маңг.).

ҚҰЛҚЫН СӘРІ (ҚХР) ерте, елең-алаң.

ҚҰЛМАҚ (Алм., Жам.; Сем.: Кекп., Ақс.) ашытқы, тоғай арасына шығатын дөні ақ, шырмауық сияқты шеп. *Ұлтай құлмақ өкеп нан ашытты* (Алм., Жам.). *Құлмақты қолдан егуге де болады* (Сем., Кекп.).

ҚҰЛМАМБЕС (Қ.орда, Арал) құмдағы ақбас, жұмсақ, тубі кек, мал сүйіп жейтін есімдік. Қ. құлманбес.

ҚҰЛМАНБЕС (Қ.орда, Арал; Рес., Орын.) құмда есетін басы ақ, жұмсақ есімдік. *Құлманбесті мал сүйіп жейді* (Қ.орда, Арал). *Құлманбесті абайлап қарамаса, бетеге деп қалады* (Рес., Орын.).

ҚҰЛМАНКӨДЕ (Қ.орда, Арал) құмды жерде тырбықтау болып осетін есімдік. *Құлманкөдені сиыр, жылқы сүйіп жейді* (Қ.орда, Арал).

ҚҰЛМЫЙЫҚТЫ АРБА (Өзб.) арбаның кішкентай түрі.

ҚҰЛПАЙЫС (Қар., Нұра) аңшылардың ыдысы. *Аңшы Жаңбырбай қарт үнемі құлпайысын алып жүреді* (Қар., Нұра).

ҚҰЛПЫ[1] жұмбақ есік, қақпа (С. Аман., ВДИКЯ, 434).

ҚҰЛПЫ[2] (Рес., Орын.) кездеменің бір түрі. *Жаппастың сап-сары алтын жиған мұлкі, Мимандос барса шолақ барша жұрты, Шығады қыз, боз-бала серуенге, Үстіне масаты мен киіп құлпы* (Рес., Орын.).

ҚҰЛПЫ САП ҰРЫП КЕТУ (Жамб., Мойын.) құлыптау, бекіту. *Мамасеріков үйіне құлпы сап ұрып кетіпті* (Жамб., Мойын.).

ҚҰЛТА[1] (Түрікм., Таш.) екпе. *Менің ішімде Шабекке деген құлтам жоқ* (Түрікм., Таш.).

ҚҰЛТА[2] (ҚХР) бетен ниет, арамдық. *Ішіне құлта сақтаған адам* (ҚХР).

ҚҰЛТАЗ (МХР) үстелге жабатын сырлы жамылғы, клеенка. *Құлтаздың жайсаң болады* (МХР).

[Монғолша *хулдаас* желімтек (сырлы мата, сырлы қағаз) (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 187)].

ҚҰЛТҰҒЫР АТ (Қост., Жанг.) шабан ат, қырсау ат. *Құлтұғыр ат қамшы көп керек-ақ* (Қост., Жанг.).

ҚҰЛТЫМ БАЛЫҚ (Қост., Жанг.) кішкене балық, шабақ балық. *Біздің көлде ірі балық та, құлтым балық та көп* (Қост., Жанг.).

ҚҰЛТЫРАҢДАУ (Сем.: Абай, Шұб.; Тау., Қош.) құлық ету. *Ей, сен құлтыраңдама, бәрібір біз оны біліп қоямыз* (Сем., Абай).

ҚҰЛТЫШ (Қост., Жанг.) табан балықтың кішкенесі. *Біздің балалар он бес құлтышұстапты* (Қост., Жанг.).

ҚҰЛЫҚ[1] (Гур., Маңг.; Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) арба күпшегінің тесігі. *Құлыгын майламаса, арба ауыр жүреді* (Гур., Маңг.). *Ба, мынаның құлыгы желініп қалыпты* (Түрікм., Кенеүр.).

ҚҰЛЫҚ[2] (Гур., Маңг.) шығырдың орын ағашының ұшы, шығыр шеңбері өсінің ұшы.

ҚҰЛЫҚ[3] (Қарақ.) арба дөңгелегінің күпшегі ішіне салатын қуыс темір.

ҚҰЛЫҚ[4] (Рес., Сарат.) мінез. *Сенің құлқыңды күн ұзақ біліп қойған* (Рес., Сарат.). *Ол кісінің құлқы бар ішіп алса* (Рес., Сарат.).

ҚҰЛЫҚТАНУ (Гур., Маңг.; Қарақ.) ден қою, ықлас қою. *Ол сен сияқты дүниеге құлықтанып жүрген кемпір емес* (Гур., Маңг.). *Ол малға құлықтаныптұрған жоқ* (Қарақ.). *Бұрынғы сөз ауырлығы да жоқ, аз айтып, көп тыңдауға құлықтанғандай* (О. Бек., Өз от. еш., 28).

ҚҰЛЫҚТАУ (Қарақ.) құлық қою, қызығу. *Ол малға құлықтаныптұрған жоқ* (Қарақ.).

ҚҰЛЫН (Алм., Жам.) есектің телі, қодығы. *Ешегіміздің биылғы құлыны бір айдан кейін өліп қалды* (Алм., Жам.).

ҚҰЛЫНДЫ ШЫНЫ АЯҚ (Шығ. Қаз.: Күрш., Тарб.) тәрелкелі, шұңқырлы шыны аяқ. *Бізде құлындышыныаяқ жоқ* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ҚҰЛЫНЕМБЕС (МХР) басы жұмыр, алты-жеті қырлы ұзындығы жарты метрдей есімдік түрі. *Құлынембес дымды жерге чыгады* (МХР).

ҚҰЛЫН ЖАҚЫ (Қост.: Фед., Семиоз.) құлын жарғақ. Жас құлын терісінен түгін сыртына қаратып тіккен киім.

ҚҰЛЫН САЛДЫРУ (Қост., Жанг.) құлын тастау. *Суықта ыстықтай су ішіп құлын салдырыпты қара бие* (Қост., Жанг.).

ҚҰЛЫП ҰРУ (Қорда, Арал) құлып салу. *Есігіме құлып ұрдым да, кетіп қалдым* (Қорда, Арал). *Келесі жиылыс өз алдына тұрсын есікке мықтап құлып ұрып, местком жолдас жолаушылап кетіпті* («Екп. балықшы», 1932, №34).

ҚҰМ 1. (Шымк., Түлк.) балшықтан күйдіріп істеген ыдыс, құмыра. *Құмдыбосатып*

бер (Шымк., Түлк.). **2.** (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары) үлкен құмыра. *Құмға ашытқан ағарған әлдеқайда артық* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *хум* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ҚҰМА (Қост., Жанг.) кемпір.

ҚҰМАЙ[1] (Шымк.: Сайр., Бөг., Түркіс.; Түрікм., Тахта) басында дәні бар, биіктігі метрден астам, қамыстан гөрі майдарақ, жұмсақтау шөп. *Құмайды қой, сиыр сүйсініп жейді* (Шымк., Сайр.). *Құмай көбінесе құмдау жерлерге шығады* (Шымк., Сайр.). *Суарылмаған жерге оскен құмайды малға берсе, малды олтіріп жібереді* (Шымк., Бөг.). *Құмайдан дәрі жасауға болады* (Шымк., Түркіс.).

ҚҰМАЙ[2] (Кокш., Қ.ту) итала мен сарала қаздың арасындағы болған құр. *Құмайы болса, құсқа сал* (Көкш., Қ.ту).

ҚҰМАЙ[3] (Жамб., Шу) қыстай жиналған мал қиын коктемде көлікпен бастырып, қалыпқа құйып жасаған тезек.

ҚҰМАҚ[1] (Алм., Жам.) нанның бетіне себетін қара қоңыр дән. *Тандырға жабатын нанына құмақ сеп* (Алм., Жам.).

ҚҰМАҚ[2] **1.** (Ақт., Ойыл) құмды жер. *Машина құмаққа келгенде жүре алмай тоқтайды да қалады* (Ақт., Ойыл). **2.** (Гур., Маңғ.) бос құм, қалың құм. *Құмақта жаяу жүру қиын* (Гур., Маңғ.). *Ойыл мен Қобда аудандарының белгілі құмақ жерлерінде еш уақытта егін шығымды болып көрген емес* («Соц. ауыл», 1940, №90).

ҚҰМАҚ ТЕЗЕК (МХР) жылқының күнге кепкен құмалағы. *Тай қазан құртты суалту үшін алты-жеті мөшек құмақ тезек керек* (МХР). *Судан өткенде жылқының бір талқұмағын тістеп малтайды* (М. Құрман., 122).

ҚҰМАЛАҚ АШУ (Гур., Маңғ.) құмалақ салу.

ҚҰМАЛАҚ ТЕЗЕК (МХР) түйе, жылқы, қой құмалағы.

ҚҰМАНҒА ШЫҒУ (Шымк., Арыс) ақтау, күтқару. *Ол құманға шыққан* (Шымк., Арыс).

ҚҰМАНША (Қост., Ордж.) аққұман, шәй шығаратын ыдыс. *Шайды бұл жерде құманшаға салып шығарады* (Қост., Ордж.). *Құманшаны самауырын төбесіндегі кәмперкеге орната бергенде, құманшаа унап кетіп, ішіндегі шәйі самауырынның оттығына төгілді* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 65). *Шоққа қойған құманшақайнап, бұрқылдап қақпағы тырстырс етіп көтерілді* (Б. Майл., Шығ., 4 т., 175).

ҚҰМАР ОЙЫНЫ (МХР) төрт асықпен ойнайтын ойын түрі. Төрт асықты үйіріп төрт жағына (алшы, тәйке, шіге, бүге) түсіріп ойнайды. *Құмар ойынында алшы – ат, тәйке – түйе, бүге – қой, шіге – ешкі деген сөз* (МХР).

ҚҰМАРТЫН ІШУ (Шымк., Арыс) атауын ішу, кересін ішу.

ҚҰМАРШЫҚ (Гур., Есб.; Орал: Қара., Орда, Жән., Казт.; Қ.орда: Сыр., Жал., Арал; Ақт., Ойыл) дәні меңдуана дәні сияқты құмды жерге шығатын өсімдік. *Құмаршы қтың сентябрь-октябрь айларында орады* (Гур., Есб.). *Құмаршық – ашаршылық жылдың асы* (Орал, Қара.). *Құмаршықтың талқаны тәтті болады* (Орал, Жән.). *Құмаршықтың дәні майлы, тәтті болады* (Орал, Казт.). *Құмаршық жақсы шыққан жылы астық керек болмайды* (Орал, Орда). *Құмға шыққан құмаршықтың дәні тарының дәніндей болып, жалпақтау келеді* (Ақт., Ойыл). *Құмаршық дәні мылтық дәрісіндей ұсақ болады* (Қ.орда, Арал). *Ол алған өгізін 22 бұт құмаршықа сатып, бір аягын сол қызының келген қонақтарына қаратты* («Соц. мал шар.», 25.04.1937).

ҚҰМБЫЗ (Қарақ.) құм кесекті күйдіру, кірпіш жасау үшін салынған үй, кірпіш зауыты. *Әр жерге бір құмбыз салганша, бәрін жинап бір завод салса болмай ма, – деді зырлап келе жатқан машинадан әр жерде бір тұрған құмбыздарды көрген жолаушы* (Қарақ.).

ҚҰМҒАН 1. (Алм.: Шел., Еңб. қаз., Жам., Кег., Нар.; Жамб.: Қорд., Жам.; Талд., Гв.; Шымк.: Қызылқ., Сайр., Шәу., Түлк., Түркіс.; Сем.: Көкп., Ақс., Мақ.; Қост., Камыш.; Қарақ.) шойын құман, құман. *Әшір, кісілердің қолына құмғанмен су құй* (Алм., Жам.). *Әке, құмганды әперіп жіберші* (Алм., Нар.). *Құмганды маған бер* (Жамб., Жам.). *Құмған кейбір үйлерде ғана бар* (Шымк., Түлк.). *Біраз отырганнан кейін шал құмғанын алып, тысқа шықты* (Қост., Камыш.). **2.** (Шымк.: Сайр., Қызылқ., Түркіс.) аққұман, шай шығаратын ыдыс. *Жамилаш, құмганды отқа қоя сал* (Шымк., Қызылқ.). *Екі қолын легенге соза берген қария кенет иір мойын құмганды шап берді* («Жұлдыз», 1986, №10, 160).

ҚҰМ ЕЛЕК (Рес., Орын.) темір елек, қалбыр.

ҚҰМЖІЛІК 1. (Алм., Еңб. қаз.) арық, әлсіз. *Құмжілік болган мал жақсы болмайды, сондықтан жақсы багу керек* (Алм., Еңб. қаз.). **2.** С. Аманжоловта қу жілік, майсыз жілік (С. Аман., ВДИКЯ, 434).

ҚҰМҚАЙРАҚ (Шымк., Түркіс.) пышақ қайрайтын қайрақ.

ҚҰМҚАН (Жамб., Сар.) құман. *Құмқанға су құй* (Жамб., Сар.).

ҚҰМҚАНТ (Қост., Жанг.) құмшекер. *Дүкеннен бір кило құмқант алдым* (Қост., Жанг.).

ҚҰМҚАТА (Орал: Қара., Орда) бүйенінe құм жиналғаннан болатын жылқы ауруы. *Құмақ жерде жайылған жылқыда құмқата болады* (Орал, Қара.). *Борасын құмға жайылған жылқы құмқата болады* (Орал, Орда).

ҚҰМСЕКЕР (Гур., Маңғ.) құм шекер, ұсақ қант. *Маған екі келі құмсекер шегіп берің* (Гур., Маңғ.).

ҚҰМТӘТТІ (МХР) құм шекер, ұсақ қант.

ҚҰМЧЕКЕР (Алм., Кег.) ұсақ қант.

ҚҰМША (Шымк., Түркіс.) құмыра. *Құмшаға гүл салуға және ағарған сусындарды құюға болады* (Шымк., Түркіс.).

ҚҰМШӘЙ[1] (Алм., Жам.) басында бүршігі бар, ақ тікендеу келетін құмды жерге шығатын өсімдік. *Құмшәйдің басындағы бүршіктерін сыпырып алып, көк шәй қылады* (Алм., Жам.).

ҚҰМШӘЙ[2] (Талд., Панф.) плита шай, кірпіш шай.

ҚҰМШЕКЕР (Жамб.: Қорд., Шу; Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр.; Қарақ.) ұсақ қант. *Құмшекерді әйелдер қайнатып алады* (Қарақ.). *Дүкенде құмшекер гана бар, ірі қант жоқ* (Қ.орда, Қарм.).

ҚҰМШЕЛЕК (Сем.: Мақ., Үрж., Аяг.) құмыраға жіптен бау тағып жасаған шелек. *Құмшелекке сымнан бау тағуға болмайды* (Сем., Мақ.).

ҚҰМШЫҚ (Орал: Казт., Жән.) құмда туған, не құмда тұратын адам. *Біз құмда туған құмшықпыз* (Орал, Жән.).

ҚҰМЫР[1] (Жамб., Шу) ащы жемегендіктен, тұз жеткіліксіз болғандықтан арықтап, жем жеуден қалатын туйе ауруы. *Ілгеріде құмыр мен ауырған түйені мұрнына май шыжғырып құйып емдейтін* (Жамб., Шу).

ҚҰМЫР[2] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) суды көп ішөтін ауру түрі. *О, құмыр болғыр, суды қоймадың гой!* (Түрікм., Көнеүр.).

ҚҰМЫР[3] **1.** (Қ.орда, Қарм.) күйдіріп балшықтан жасаған ыдыс. *Құмыр дың орнына қойшы* (Қ.орда, Қарм.). **2.** (Ауғ.; Ир.) құмыраның үлкені.

ҚҰМЫР[4] (Талд., Қарат.; Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.; Рес., Орын.) өмір. *Қырық жыл да бір құмыр, бір секундта бір құмыр* (Талд., Қарат.). *Құмыр болса, ендігі жылы мектепке беремін гой* (Рес., Орын.).

ҚҰМЫРА[1] **1.** (Сем.: Абай, Үрж., Аяг., Көкп., Акс., Мақ., Шұб.; Шығ. Қаз., Зайс.; Павл.: Ерт., Леб.) бөтелке. *Бір құмыра алып келуге теңге бердім* (Сем., Мақ.). *Құмыраны толтырып сүт алып қой* (Шығ. Қаз., Зайс.). **2.** (Тау., Қош.) шөнке қазан. **3.** (Рес., Орын.) қыштан жасалған ыдыс. *Құмыраның аузы қылбуын болады* (Рес., Орын.).

ҚҰМЫРА[2] (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта) күректің, балтаның сабын кигізетін жер, үңгы.

[Қарақалпақша *құмыра* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ҚҰМЫРЛЫ КЕТПЕН (Қарақ.) кетпеннің үлкен түрі.

ҚҰМЫРША (Рес., Омбы) құмырадан жасалған ыдыс. *Аузы тығындаулы сары құмыршаны алып кіріп, Қожахметке ұсынды* (С. Мүк., Өмір мект., 80).

ҚҰМЫРШАҚ (Кокш.: Щуч., Еңб.) құмыра.

ҚҰМЫРСҚА ЕН (Гур., Шев.) қойдың құлағының ортасынан екі жағын ойып салынатын ен.

ҚҰМЫРСҚАНЫҢ ТАС БАСҚАНЫ ТӘҢІРГЕ АЯН (ҚХР) қанша күпия жасырын іс қылсаң да бәрібір із қалады.

ҚҰМЫТЫ (Алм., Шел.) шіркейден де кішірек шыбынның түрі.

ҚҰНАН АТАН (Қ.орда, Қарм.) үш жасқа толған айыр оркеш түйенің ақтасы.

ҚҰНАНҚОЙ (Қост., Тоб.) былқып жатқан жер. *Құнанқойға тұстің шығу жоқ, баттың, кеттің* (Қост., Тоб.).

ҚҰНАН ҚЫМЫЗ (Шығ. Қаз., Күрш.) түнемелі қымыз. *Қымыздың күшті екен, құнан қымыз емес пе?* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ҚҰНАНША (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Тедж., Мары) үш жасар еркек түйе. *Құнаншаға інген алыстырғанды көргенім жоқ* (Түрікм., Тедж.). *Әңгіме сары мая, құнаншa, үлек, аруана туралы болды гой* («Жұмшы», 17.01.1940).

ҚҰНАН ШЫҒАР (Көкш., Щуч.) екі-үш жас арасындағы огізше.

ҚҰНАН ШЫҒАР АТАНША (Қ.орда, Қарм.) екі жас пен үш жас аралығындағы ақта етілген қос өркешті түйе.

ҚҰНАН ШЫҒАР ІНГЕН (Қ.орда, Қарм.) екі-үш жас аралығындағы ұрғашы айыр түйе.

ҚҰНАН ІНГЕН (Қ.орда, Қарм.) үш жасқа толған айыр түйе.

ҚҰНДАҚ[1] **1.** (Қост., Жанг.) нан ашытатын өсімдік, шырмауық шөп. *Құндақтоғайда*

көп болады. Есенқазы қ ұ н д а қ теріп әкелді (Қост., Жанг.). **2.** (Қар.) сыраның ашытқысы. *Сыра ашытатын қ ұ н д а қ бар ма екен* (Қар.).

ҚҰНДАҚ[2] (Қост., Об.) ұғымтал, зерек. *Ол кісі әйдік қ ұ н д а қ кісі екен* (Қост., Об.).

ҚҰНДЫЗ ЖЕКЕЙ (Жамб., Мер.) құндыздан жасалған бас киім. *Ащыбұлақ Қызтуғанмен арасы бір, Басында қ ұ н д ы з ж е к е й жарасып жүр* (Жамб., Мер.).

ҚҰНДЫЗДЫҚ (Жамб., Жуа.) аттың түяғы мен бақайының арасы. *Мынау аттың қ ұ н д ы з д ы ғ ы шығыңқы екен* (Жамб., Жуа.).

ҚҰНМЕЗГІЛ (Қост., Жанг.) мезгіл сайын, ауық-ауық. *Бие суды қ ұ н м е з г і л ішіп келеді* (Қост., Жанг.).

ҚҰНТ (Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) үзын қамшы, арба қамшы. *Қожайын көрінгенде қосымша бір қ ұ н т алып қалған қоспақ атан Ушаковты бақ етіп қарсы алды* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 328). *Жүйрікке бап керек, жүйрікке қ ұ н т керек, жүйрікке жаранау керек* (С. Сейф., Шығ., 5 т., 453).

ҚҰНТЫМЫЗ ЖОҚ (Қ.орда, Қарм.) мұршамыз жоқ, жағдайымыз жоқ. *Қазір қапелімде Қалига баруға біздің қ ұ н т ы м ы з жоқ* (Қ.орда, Қарм.).

ҚҰНЫ АҚТАП БОЛУ (Қост., Об.) нақақтан олу.

ҚҰНЫ ЖАМАН (Тау., Қош.) құлқы жаман.

ҚҰНЫҚ (Жамб., Шу) сараң. *Бұл тым қ ұ н ы қ адам* (Жамб., Шу).

ҚҰНЫ-ПЕРЕН БОЛУ (ҚХР) алды артқа қарамау, әй-шүйге қарамай, ешкімді тыңдамай, қатты ашу-ызамен, тым асығыс. *Әгің келді де қ ұ н ы-п е р е н қайта жөнелді* (МХР).

ҚҰНЫСУ (МХР) бүрісу. *Тастың ығында қ ұ н ы с ы п тоңып отыр екен* (МХР).

ҚҰҢЖЫҢ (Қар., Ж.арқа) есалаң. *К ұ ң ж ы ң болып кету* (Қар., Ж.арқа).

ҚҰП СОҒУ (Орал, Жымп.) пайдалану. *Мал сатудан түскен 90 сомды да қ ұ п с о ғ а д ы* («Қ. ту», 25.05.1941).

ҚҰР (Түрікм., Красн.) резина, машина камерасы. *Біз жақта машин қ ұ р ы табылмайды* (Түрікм., Красн.).

ҚҰРАҒЫТҚАН (Қар., Шет) ұша алмайтын (құс туралы). *Мен қ ұ р а ғ ы т қ а н бір қазанды ұстап алдым* (Қар., Шет).

ҚҰРАЙ-ҚҰРАЙ (Орал, Жән.; Сем., Ұрж.) жылқы, қой малдарын суарғанда айтылатын шақыру одағайы. *Жылқы бұгелектеп тұрмаса, қ ұ р а й-қ ұ р а й л а п суға шақыру керек. Бізде қойды да қ ұ р а й-қ ұ р а й л а п суға шақырады* (Орал, Жән.).

ҚҰРАЙШЫ (Қарақ.) күндыз бөрік.

ҚҰРАЙЫЛ (Қ.орда, Арал) түйе шудасынан немесе ешкі қылынан есіп шұда жіптермен қабаттап ызып жасаған жалпақтығы екіүш елідей ер тоқым не жазы ауыттың төс және бауыр жартысы.

ҚҰРАЙЫШ бас киімнің бір түрі. *Ала тақия, дүрдиген сеңсең қ ұ р а й ы ш қ а... қарап мына ығы-жығы халықты айтпай-ақ танисың* (Ә. Нүрп., Сең, 281, 282). *Қияқтан тұйіп салған шеген зілмәңке, салақ кісі киген тозық, қ ұ р а й ы ш бөрік құсап жапырая қалған* (Ж. Нәжім., Ақ шағ., 37).

ҚҰРАЙЫШ БӨРІК (Қарақ.) құндыз бөрік.

ҚҰРАҚ (Қост., Жанг.) қамыстың жаңа шыққан балауса кезі. *Биыл шөп тапшы, қ ұ р а қ шабу керек* (Қост., Жанг.).

ҚҰРАЛ[1] **1.** (Ақт., Ойыл) ер-тоқым. *Аттың қ ұ р а л ы жоқ, қалай ерттеймін* (Ақт., Ойыл). **2.** (Орал, Жән.) арба жегетін сауыт-сайман, әбзелдер. *Арбаға отыруға қ ұ р а л жоқ* (Орал, Жән.).

ҚҰРАЛ[2] (Рес., Сарат.) жасау, дүние, мүлік. *Қызымды ұзатқанда өзінің қ ұ р а л д а р ы м е н беремін* (Рес., Сарат.).

ҚҰРАЛАЙ[1] майдың онынан басталатын желді, жаңбырлы кез (С. Аман., ВДИКЯ, 434).

ҚҰРАЛАЙ[2] (Түрікм., Красн.) киіктің үрғашы лағы.

ҚҰРАЛАЙ[3] (Түрікм., Красн.) әлсіз, әлжуаз. *Ол өзі кішкентайынан-ақ қ ұ р а л а й бала еді* (Түрікм., Красн.).

ҚҰРАЛАЙ[4] (Орал, Қара.) су аз жайылған жерге шығатын бидайық. *Қ ұ р а л а й қадірлі пішеннің бірі. Қ ұ р а л а й жеп жыл шыққан жылқы құрық әкетеді* (Орал, Қара.).

ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ (Түрікм., Красн.) сәуірдің жиырма бестерінен кейін болатын салқындық. *Биылғы қ ұ р а л а й д ы ң с а л қ ы н ы көпке созылып, тұрып алды* (Түрікм., Красн.).

ҚҰРАЛ БҰЗБАУ (Рес., Қалм.) жиынның шырқын бұзбау. *Құрал бұзбайтек отыр* (Рес., Қалм.).

ҚҰРАЛДАУ (Орал, Казт.) әзірлеу, даярлау. *Алматыдан келген кісі қайда, арба қ ұ р а л д а н д ы* (Орал, Казт.). *Мәруә құралжамау, шыны-аяқ кеселерін жәйіп, ертеңгі шайды қ ұ р а л д а п жатқан* (Ж. Нәжім., Ақ шағ., 145). **2.** (Орал: Казт., Орда) іздестіру,

қарастыру. *Мен ақша қ ұ р а л д а п келейін* (Орал, Каз.).

ҚҰРАЛДЫҢ МАЛЫ (МХР) тәркіленген, конфескеленген. *О кездері қ ұ р а л д ы ң м а л ы н кедейлерге бөліп берді* (МХР).

ҚҰРАЛ-ЖАРАҚ (Қарақ.) қару-жарақ.

ҚҰРАЛПАС (Сем., Абай) қаралас, жас жағынан шамалас. *Шәкәрім ол кезде қазіргі біз қ ұ р а л п а с жігіт еді* (Сем., Абай).

ҚҰРАЛПЫ (Жамб.: Жам., Жуа.) қатарлы, шамалас. *Шофер де сол қ ұ р а л п ы жас жігіт еді* (Ш. Мүрт., Қара мар., 122). *Қайнарды сайрап сөйлетсе, бүгін сол қ ұ р а л п ы білікті жастың бірі* (F. Сл., Заман., 74).

ҚҰРАЛ ТАСТАУ (Орал, Орда) қарусыздану. *Біздің мемлекетіміз қ ұ р а л т а с т а у саясатын жақтайды* (Орал, Орда). *Шет капиталшылар қ ұ р а л т а с т а у мәселесін бірнеше жылдан бері қолға алып келе жатса да олар іс жүзінде қайта құралды көбейтіп отыр* («Ж. жол», 19.02.1931).

ҚҰРАЛУ (Орал, Каз.) басталу. *Ойын қ ұ р а л у г а жақын* (Орал, Каз.).

ҚҰРАЛЫҚ (Түрікм.: Ашх., Небид., Байр.) ертедегі дін оқу құралы, оқулық. *Біз не білеміз, ертеден қолдарында қ ұ р а л ы г ы бар адам болмаса* (Түрікм., Ашх.).

ҚҰРАМА ҚЫМЫЗ (МХР) бір ауылдың қымызы. *Өз ауылдарының биесін тұгел байлатып, қ ұ р а м а қ ы м ы з әзірлет* (С. Тәу., Арм. тау, 84).

ҚҰРАМА ЕР (Шымк., Түркіс.) ердің әр бөлшектерін жеке-жеке шауып құраған ер.

ҚҰРАМАЙ ҚАБУ (ҚХР) бәрінен жүрдай болу.

ҚҰРАМСАҚ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) қорамсақ. *Найзалары болды сақтаулы, Сауыттары болды сақтаулы, қозы жаурын көк жебе, Қ ұ р а м с а қ п е н қаптаулы* (Гур., Маңғ.).

ҚҰРАМЫС[1] (Гур., Бақс.) иін ағаш, су ағаш. *Суға қ ұ р а м ы с п е н неге бармадың* (Гур., Бақс.).

ҚҰРАМЫС[2] (Қост., Жанг.) кішкене құрақ көрпе. *Кісі астына қ ұ р а м ы с сал* (Қост., Жанг.). *Екі қ ұ р а м ы с көрпені алдарына түсіріп, екеуі де қожайынға қысыла қарап отыр* (F. Мүсір., Оян. өлке, 221).

ҚҰРАМЫС[3] (Қост., Жанг.) құрақ, құрама. *Мына шаңырақ қ ұ р а м ы с болды* (Қост., Жанг.).

ҚҰРАМЫС[4] қондырма (С. Аман., ВДИКЯ, 434).

ҚҰРАНДЫ ЕР 1. (Акт., Тем.) арты жалпақ, алды аласа, басы қошқар мүйіз болып келген әйелдер мінетін ер. *Қ ұ р а н д ы е р әйелдерге лайық* (Акт., Тем.). 2. (Талд., Панф.) басы айыр жұмырланып келген, артқы қасы дөңгелектеу, сүйегі жеке-жеке шабылып құрастырылатын, сырты кон терімен қапталған ер.

ҚҰРАН ШЫҒУ құран шығару (С. Аман., ВДИКЯ, 434).

ҚҰРАПА (Қ.орда: Қарм., Сыр.) мәжіліс, кеңес, бас қосу. *Балам, көрші үйде ел ақсақалдарының қ ұ р а п а с ы болып жатыр екен, жұр сонда барайық* (Қ.орда, Сыр.).

ҚҰРАПТЫ (Жамб., Сар.) секілді, сияқты.

ҚҰР АТАН (Қ.орда, Арал) ұзақ уақыт күш колігі ретінде пайдалаиылып, бағымда, жайылымда болған ақта етілген бсс жастан асқан айыр оркешті түйе.

ҚҰРБАҚА (Гур., Шев.; Жамб., Жуа.) суда жүретін көлбақа. *Қ ұ р б а қ а суда жұреді* (Гур., Шев.).

ҚҰРБАҚА ЖҰГЕРІСІ (Қарақ.) атызда өсетін бойы жарты метрдей көк жапырақты өсімдік.

ҚҰРБЫ (Шымк., Мақт.; Гур., Маңг.) қауынның бір түрі. *Мынауың қ ұ р б ы қ а у ы н ба* (Шымк., Мақт.). *Қ ұ р б ы қ а у ы н пісті* (Гур., Маңғ.).

ҚҰРБЫРЛЫ (ҚХР) ерекше, өзгеше. *Құрб ы р л ы туған Арыстан Қоженге қарай жол алған* («Жеті қаг.», 529).

ҚҰРҒАҚ ТАЛҚАН (МХР) бидайды үнтап, түйіп жасаған түрі.

ҚҰРҒАНАТ (Қ.орда, Арал) маса сияқты шыбын. *Ерте тұрып қарасам, айналам ызылдап ұшып жүрген қ ұ р г а н а т* (Қ.орда, Арал).

ҚҰРҒАТПА (Гур., Маңғ.) түйе ауруының бір түрі.

ҚҰРҒҰЛАҚ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) тіс ауруы.

ҚҰРҒЫНБЫСЫҢЫЗ (Түрікм.: Ашх., Тедж., Мары, Таш.) амансыз ба. *А, қ ұ р г ы н б ы с ы ң ы з ?* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *гургун* дені сау, жақсы тұру (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ҚҰРҚҰЛАҚ (Акт., Ойыл) қырқұлақ. *Мені туганда менің шешем қ ұ р қ ұ л а қ боп ауырыпты* (Акт., Ойыл).

ҚҰРДЫ (Сем., Аяг.) күрлы. *Елең қ ұ р д ы көрмеу* (Сем., Аяг.).

ҚҰРДЫМ[1] (Сем., Абай) кішкене, нашар, арық. *Бұл мал қ ұ р д ы м екен* (Сем., Абай).

ҚҰРДЫМ[2] (Сем.: Көкп., Акс.) аз су, мардымсыз су. *Мынау арықтағы суды біз қ ұ р д ы м дейміз* (Сем., Кокп.).

ҚҰРДЫМ[3] (Қарақ.) өзен-көлдің ең терең жері.

ҚҰРДЫМДАУ (Сем.: Көкп., Ақс.) нашарлау, арықтау. *Бұл мал құрдымдау екен* (Сем., Көкп.).

ҚҰРЖАН ЖҰРУ (МХР) пышақсыз жұру.

ҚҰРЖИЮ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) қоржию. *Өзім құржиып күпіге оранып отырғанымда, далаға шық деп мазамды алды* (Гур., Маңғ.).

ҚҰРҚАҚ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) қорқақ.

ҚҰРҚАНАТ 1. (Қ.орда, Арал) түнде шығатын шыбын-шіркейдің бір түрі. **2.** (Қост., Жанг.) оте кішкентай, шымал сияқты жәндік. *Құрқанат су жағасында, сазды жерде болады* (Қост., Жанг.).

ҚҰРҚЫЛТАЙ (Ақт., Ойыл) шыпшық торғай. *Бала күніміз, күні ұзын құрқылтай құып үйге келмейтін едік* (Ақт., Ойыл).

ҚҰРЛАНУ[1] (ҚХР) суы тартылу, құрғаққа айналу. *Дария шалқар айдынкөл, суы бір кетсе құрланған* (ҚХР).

ҚҰРЛАНУ[2] (ҚХР) жерлену. *Не төбелер бос қалып, не ерлер келіп құрланған* (Майлыкожа).

ҚҰРМА[1] (Шымк., Мақт.) құмыра. *Сүт құятын құрмаларың бар ма?* (Шымк., Мақт.).

ҚҰРМА[2] (ҚХР) далда, дуал. *Ана біреу құрманың мен артында тұрғанмын* («Жеті қаз.»).

ҚҰРМА АУ (Гур., Тең.) аудың бір түрі. *Құрма ау теңіздің бір қолайлы жеріне құрылады* (Гур., Тең.).

ҚҰРМА ЖАРАССЫН мәжіліс жарассын! (С. Аман., ВДИКЯ, 434).

ҚҰРМАЙ АУ (Қ.орда, Арал) торта аудың белгілі бір жерге құрып балық аулайтын бір түрі.

ҚҰРМАЛАУ (Қ.орда, Арал) қаумалау, жабылу. *Құрмалап жүріп аттарды ұстап алдық* (Қ.орда, Арал).

ҚҰРМАЛДАСЫН ҚҰРЫП ОТЫРУ (Рес., Сарат.) малдас құрып отыру.

ҚҰРМАН[1] (Қост., Об.) құрбан.

ҚҰРМАН[2] (ҚХР) садақ, ок салатын қалта.

ҚҰРМАН АЙТ (Жезқ., Ағад.) құрбан айт.

ҚҰРМАНДЫҚ (Шымк., Шәу.) құрбандық. *Құрмандық болайын сенен* (Шымк., Шәу.).

ҚҰРМАУ (Шығ. Қаз., Құрш.) тереңнен балық аулайтын жайма ұзын ау. *Құрмау суда бірнеше күн тұрады* (Шығ. Қаз., Құрш.).

ҚҰРМАУ ҚАЙЫҚ (Шығ. Қаз., Құрш.) суға құрмау құратын кішкене жеңіл қайық. *Олар құрмау қайықпен келді* (Шығ. Қаз., Құрш.).

ҚҰРНАУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) орнату, құру. *Оның үшеуі құрнаулы* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *гурунмак* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ҚҰРӨЗЕК (Қ.орда, Арал) жас баланың тамақ ауруы. *Құрөзек – жас балаға қауіпті ауру* (Қ.орда, Арал). *Құрөзекпен ауырғанда тамағы, өңеші ауырады* (Қ.орда, Арал).

ҚҰРСАҒЫ АУРУ (Жамб.: Мойын., Луг.) жаны ашу, бүйірі бұру. *Ата-енем тозақта жатыр деп, оның кішкене құрсағы ауыра бастады* (Жамб., Мойын.).

ҚҰРСАҚ[1] (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) тамақ, ас. *Жұмысты неге жақсылап істемедіңдер, әлде құрсақтарың жоқ па?* (Тау., Қош.).

ҚҰРСАҚ[2] (Гур., Маңғ.) жылымнын балық жинайтын жері. *Жұмысшыларды құрсаққа апару керек* (Гур., Маңғ.).

ҚҰРСАҚ ТУУ (Гур., Маңғ.) бала табу.

ҚҰРСАҚ ШАШУ 1. (Алм.: Шел., Жам.; Талд.: Гв., Керб.; Шымк.: Сайр., Түркіс., Түлк.; Жамб.: Шу, Мер., Луг.) жүкті әйелге әкелетін шашу; іштегі бала екі-үш ай болғанда жасалатын ырым. *Бұрынғы кезде абысын-ажын құрсақ шашу әкелетін еді* (Талд., Гв.). *Тамда құрсақ шашу әкелген әйелдер отыр* (Шымк., Сайр.). *Біз Алтынның үйіне құрсақ шашу апардық* (Алм., Жам.). **2.** (Ақт., Қараб.; Қ.орда: Сыр., Жал., Тер.) босанған әйелге апаратын шашу. *Әбугалидың әйелі босанып, жеңеңе соған құрсақ шашу әкетті* (Ақт., Қараб.). *Бұл келіп отырған адамдар менің әйелім босанғасын құрсақ шашу әкеліп отыр* (Қ.орда, Сыр.) **3.** (Кокш.: Чкал., Уәлих.) бірінші рет босанған әйелге апаратын шашу.

ҚҰРСАУ (Қ.орда, Арал) құрдан, қайыстан жасалатын қыс пен көктемде адамға шабатын будан бура мен үлектің аузына тұмшалап кигізетін темір құрсау.

ҚҰРТ (ҚХР) қасқыр, бөрі, ит-құс, серекқұлақ.

ҚҰРТАҚАНДАЙ (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал: Казт., Чап., Жымп.) құрттай, кішкентай. *Өзі құртақандай болғанмен керемет күшті* (Гур., Есб.). *Ірімшігімнен құртақандай қалды* (Гур., Маңғ.). *Мына құртақандай тостақанға сорпа құйып бер* (Орал, Казт.).

ҚҰРТАМАШТАЙ (Гур., Есб.; Орал: Чап., Жымп.) кішкентай. *Кеше гана құртамаштай бала еді* (Гур., Есб.).

ҚҰРТ АУРУ (Жамб., Мер.; Талд., Панф.) жылқының беліне түсетін құрт, артқы аяғы сүйретіліп қалатын ауру. *Құрт ауруымен ауырған жылқының құлағының түбінен немесе белден тотияйын құятын* (Жамб., Мер.). *Құрт ауруымен ауырған жылқының артқы аяғы сүйретіліп қалады* (Талд., Панф.).

ҚҰРТБАҚАЙ (МХР) қой, ешкі бақайының арасына шығатын ауру. *Құртбақай түйе, жылқыда болатын ақбас ауруының бір түрі. Құртбақайға тотияйын себеді* (МХР).

ҚҰРТБАЛЫҚ (Алм.: Балқ., Іле) балықтың ең ұсақ, ең майда түрі. *Құртбалықты қармаққа шаншып жем ретінде пайдаланады* (Алм., Балқ.).

ҚҰРТБАН (Қ.орда, Қарм.) не нар емес, не айыр өркеш емес түйенің еркегі, қоспақ. *Құртбан жарағанда, адамды тістейді* (Қ.орда, Қарм.).

ҚҰРТКЕСЕК 1. (Шымк., Шәу.; Қ.орда: Жал., Сыр.) шым, шымның кесегі, ұсағы, қалдығы. *Егін айдаған жерде құртке сек көп болады* (Шымк., Шәу.). *Күріш екпестен бұрын егіннің құртке сегін тазалап аламыз* (Қ.орда, Сыр.). **2.** (Қост., Жанг.) ірі кесек, кесек, топырақ. *Ту, мына жердің құртке сегінің көбін-ай* (Қост., Жанг.).

ҚҰРТ КӨБІГІН ТАРҚАТУ (МХР) іркітті қазанға қайнатқанда, алғашқы іркіт жоғалып, құрт көбігі шыққанға дейін шөмішпен сапырып отыру. *Іркіт көбігі жоғалған соң, қайнаған құрт тым тасып төгіліп кетпейді* (МХР).

ҚҰРТҚА[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) аузы кішкене, тұмсығы сүйір, еті қылтанақсыз семіз балық. *Мен бүгін талай құртқа ұстадым* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҚҰРТҚА[2] (ҚХР) қаншық қасқыр.

ҚҰРТҚАНА (Қарақ.) жібек құрты бағылатын арнаулы үй.

ҚҰРТҚАШАШ 1. (Алм., Шел.; Ақт., Шалқ.) жуаның сабағы тәрізді көк шоп. *Құртқашашты жылқы жақсы жейді* (Алм., Шел.). **2.** (Қ.орда, Арал) жазық жерге тал-тал болып өсетін, тырбықтау, жарты метрдей кокшіл гүлі бар өсімдік. *Құртқашашты июнь айынан бастап мал жейді, әсіресе, жылқы коп жейді* (Қ.орда, Арал). *Құртқашашты жас кезінде көк гүлі болады, июнь айынан бастап құқыл тарта бастайды* (Қ.орда, Арал). **3.** (Қ.орда: Сыр., Жал.; Шымк., Түркіс.) ұзындығы 30-40 см, түсі көкшіл боздақ, құмдақ жерге шығатын шөп. *Құртқашаш майда шаш тәрізді малға жұғымды* (Қ.орда, Жал.). *Құртқашаштың басында көк гүлі болады* (Шымк., Түркіс.).

ҚҰРТПАН (Қ.орда, Жал.) адамға шабатын, тіпті жаншып олтіруге дейін баратын екінші буданның ақта етілмеген еркек түйесі.

ҚҰРТТАУЫШ ЖЕР (Өзб., Там.) алақандай жер, кішкентай жер.

ҚҰРТЫ БАР СӨЗ (Сем.: Абай, Шүб.) құлығы, астары бар сөз. *Дүкенбайдың мына айтқаны құрты бар сөз екен* (Сем., Шүб.).

ҚҰРТЫНДЫ (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал: Казт., Орда; Ақт.: Ырғ., Қараб.; Қарақ.) қорытынды. *Созінің құртынды сы сол болды гой* (Гур., Маңғ.). *Еңбегіміздің құртынды сын жылдың аягында естиміз* (Гур., Есб.). *Сен қандай құртынды жасадың* (Орал, Казт.). *Жылдың құртынды да совхоз табысы жаман емес* (Ақт., Қараб.). *Ол жасаған жұмысынан жақсы құртынды шыгарды* (Орал, Орда). *1-жарты жылдың құртынды ларында ана тілі мен орыс тілі сабақтары толық нәтижелі болды* («Қыз. жүл.», №28, 1936). *Мерген орталау мектебінде 1939-1940 оқу жылының бірінші жарты жылдыгын құртынды лауда* («Екн. жол.», №2, 1940). *Революция табыстарының құртынды сы Заң жүзінде баянды етілді* («Ж. жол», 29.11. 1937). *Табыс бөлу жұмысын 10-қаңтарда құртынды лап беретін болайық* («Ж. жол», 9.01.1938).

ҚҰР ЧЫҚҚАН АТ (МХР) қыстан семіз шыққан ат, жай семіз ат.

ҚҰРШИДА (ҚХР) күн.

ҚҰРЫ[1] (Алм.: Көг., Шел.) құрбы, құрдас. *Кезде бізбен құры болатын* (Алм., Шел.). *Ол әтей өз құры сын шақырып әкеліпті* (Алм., Кег.).

ҚҰРЫ[2] (Алм., Кег.) құр, бекер. *Орынбасарга құры айтқан екенсің* (Алм., Кег.).

ҚҰРЫ-БИҚАР (Қарақ.) бекерден-бекер.

ҚҰРЫҚ ҰШЫН БЕРУ (ҚХР) көмектесу.

ҚҰРЫЛ (МХР) жиналыс. *Құрыл көпке созылды* (МХР).

ҚҰРЫЛДАУ[1] (Гур., Маңғ.) қорылдау. *Мынаның құрылдауын-ай* (Гур., Маңғ.).

ҚҰРЫЛДАУ[2] (МХР) жиналыс өткізу.

ҚҰРЫМ[1] (Сем., Абай) құрлы. *Ол бұл шығынды тиын құрым кормейді* (Сем., Абай). *Маган шыбын шаққан құрым батқан жаза да, ыза да жоқ* (М. Әу., Абай жолы, II, 546).

ҚҰРЫМ[2] (Қ.орда, Арал) (аудың) құрылуы. *Аулау құралының құрымы жақсы болсын* (Қ.орда, Арал).

ҚҰРЫМСАҚ (ҚХР) кірме, келімсек.

ҚҰРЫМЫ ЖЕТПЕУ (Жамб., Сар.) түк жетпеу. *Мұншама ақшаны өтеуге менің құрымым жетеме?* (Жамб., Сар.).

ҚҰРЫНУ (ҚХР) аузын ку шөппен сүрту.

ҚҰРЫП (Шығ. Қаз., Больш.) ғұрып.

ҚҰРЫПСЫЗ[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) түрсіз, кескінсіз. *Алғашқы пальтосынан мұнысы құрыпсыз* (Түрікм., Красн.).

ҚҰРЫПСЫЗ[2] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) күйсіз, түрмысы шамалы. *Омарды құрыпсыз екен деп ойлап қалған жоқсыңыз ба?* (Түрікм., Таш.).

[Түрікмекше *групп* қуатты, күйлі (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *қурбы етиш* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ҚҰСАБА (Қар., Шет) қапа, көңілсіз.

ҚҰСАҒАН ТҰЙЕ (Қ.орда, Жал.) қасына жақындаған адамға жынын шашып жіберетін нашар мінезді түйе.

ҚҰСАЙЫН ЖҰЗІМ (Шымк., Түркіс.) сопактау келген жүзім түрі.

ҚҰСБЕК (Шығ. Қаз., Тарб.) балалардың асықпен, таспен ойнайтын ойыны. *Біз жаңа құсбек ойнадық* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҚҰСЖАСТЫҚ (Гур., Есб.) күстосек, құстың жүнінен жасалған астыға төсейтін төсек. *Қонақтың астына құсжастық салып бер* (Гур., Есб.).

ҚҰСҚАЛТА (Қ.орда, Қарм.) баланың койлек-көншегі, кір-пір тұратын қалта. *Құсқалта анау керегенің басында ілулі тұр гой* (Қ.орда, Қарм.).

ҚҰСҚОНАР (Алм., Шел.; Жамб., Жуа.) бидай, тарының, т.б. егіннің бас жағы. *Бидайдың құсқонарынан қарма жігітім – деп айтыпты қыз* (Алм., Шел.).

ҚҰСҚОНБАС (Гур., Маңғ.; Қ.орда: Сыр., Жал.) теріскен тәрізді тікенді осімдік. *Құсқонбасты қой, тұйе малы сүйсініп жейді* (Қ.орда, Жал.).

ҚҰСМҰРЫН[1] (Қ.орда, Арал) тоңбұзар, қайла.

ҚҰСМҰРЫН[2] (Гур., Маңғ.) шымшуыр. *Қолың күйіп қалмасын, тезекті құсмұрынмен қала* (Гур., Маңғ.).

ҚҰСМҰРЫН ТӨС (Жамб., Мойын.) шалғы шыңдайтын кішкене төс.

ҚҰСТАНАЛАДЫ (Қарақ.) айыптады, кінәлады. *Оны құстаналап қайтесің* (Қарақ.).

ҚҰСТАНАЛАСУ (Қ.орда, Арал) әжуалау, біреуді жабыла келеке қылу. *«Ә, ә, таптық, таптық, ... Біз «осы не бітіріп жүр» деп құстаналасақ, корректіровщик екен гой* (Ә. Нүрп., Курл., 208).

ҚҰСТАҢДАЙ (Түрікм.: Красн., Небид., Тедж., Мары) жапырағында құстың таңдайы сияқты өрнегі бар жапырақ тектес өсімдік.

ҚҰСТҰМСЫҚ[1] (Шығ. Қаз., Тарб.; Сем.: Абай, Шүб., Үрж.; Алм., Шел.) қайла, жер қазатын құрал. *Жер тоң болса, құстұмсыпен қаз* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Біздің үйдің құстұмсыгы қайда, кім алып кеткен* (Алм., Шел.).

ҚҰСТҰМСЫҚ[2] (Көкш., Қ.ту) ішоп шабатын машинаның тісі.

ҚҰСТІЛ (Қар., Қарқ.) қиықша нан.

ҚҰСХАНА (Қ.орда, Арал; Жамб., Жуа.) мал соятын жер. *Құсхана қаланың шетіне таман орналасқан* (Қ.орда, Арал).

ҚҰСЫҚ ТАПТЫРУ (Шығ. Қаз., Больш.) күстыру, жүрегін айныту. *Қымыз оған құсық таптырады* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚҰСЫЛ (Қост., Аман.) құлық. *Менің алтыншы ауылға баруға құсылым жоқ* (Қост., Аман.).

ҚҰТАНАЙ (Қ.орда, Арал) құт, өң, кескін. *Сиыр малы тез арықтайды, бір күн таң асса, құтанайы қашады* (Қ.орда, Арал).

ҚҰТАРУ (Гур.: Маңғ., Тең.; Орал, Орда; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары, Байр.; Қарақ.) аяқтау, бітіру, түгесу. *Қайықтағы балықты тапсырып құтардың ба?* (Гур., Тең.). *Рұқсат алып Бұхардан, он екі пәнді құтарған* (Гур., Маңғ.). *Жетінші класты құтарған балалар, орта мектепке барады* (Орал, Орда). *Ақыр барған соң, жұмысыңды құтарып келгенің жақсы* (Түрікм., Красн.). *Қазір де техника оқуын құтарғандар оздерінің жұмыс жасайтын орындарына жіберіліп жатыр* («Қыз. жұл.», №29, 1936). *Ертеңіне иесі келді, көранага кіріп әрлі-берлі жүрді-жүрді де атына мініп кетіп құтарды* (Ж. Нәжім., Кішк., 70).

ҚҰТАРЫНДЫ (Рес., Волг.) қорытынды. *Әнес туралы аңыздың құтарынды сы осы* (Рес., Волг.).

ҚҰТ ҚАРА БАСЫ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) ку қара басы, жалғыз басы, жеке басы. *Ол өзінің құт қара басын гана ойлайды* (Түрікм., Ашх.).

ҚҰТ ҚҰЮ (Шығ. Қаз., Больш.) жолы болу, реті келу.

ҚҰТПА (ҚХР) мешітте ел билеуші адамды дәріптеп оқитын намаз.

ҚҰТПАҚУ (Рес., Сарат.) кәде. *Құда түскенде құтпақу деген болады* (Рес., Сарат.).

ҚҰТТАЙ (Рес., Орын.) кішкентай. *Бәрібір қ ұ т т а й тракторды жібергеніміз-бен тележканы балқаштан шығара алмайды* (Рес., Орын.).

ҚҰТТЫҚ (Жамб., Шу) құттықтау. *Абайдың 100 жылдығына қ ұ т т ы қ жазбақ, бір үлкен сын емес пе ақындарға* (Жамб., Шу).

ҚҰТТЫҚ АЙТУ (Орал, Жымп.) құтты болсын айту.

ҚҰТЫ 1. (Жамб., Шу) кішкентай торт бұрышты қобдиша. *Балғаны қ ұ т ы г а сала салшы* (Жамб., Шу). 2. (Қост., Жанг.) іс мәшинесіне май құятын кішкентай қаңылтыр ыдыс. *Жаңа қолыңа ұстап тұрған май құятын қ ұ т ы н ы қайда қойдың* (Қост., Жанг.). 3. (Шығ. Қаз., Зайс.) сиыр мүйізінен істелген мылтық дәрісін салатын ыдыс.

ҚҰТЫ БАЛЫҚ (Гур., Тең.) балықтың бір түрі. *Қ ұ т ы б а л ы қ т ы ң еті семіз болады* (Гур., Тең.).

ҚҰТЫЛЫСУ (Қарақ.) құтылу. *Жаман адамнан қалай қ ұ т ы л ы с у г а болады* (Қарақ.).

ҚҰТЫМСЫЗ[1] (Қост., Жанг.) жұқсыз, берекесіз. *Айтқан сөзінде тұрақ жоқ, иағыз қ ұ т ы м с ы з гой* (Қост., Жанг.).

ҚҰТЫМСЫЗ[2] (Гур., Маңғ.) ұқыпсыз, салақ.

ҚҰТЫМСЫЗ БОТА (Қ.орда, Жал.) мал иесі қолайсыз жағдайға тап болған кезде туылған бота.

ҚҰТЫРТУ (Рес., Сарат.) қатыру. *Ыссы өтпекті майға езіп қ ұ т ы р т т ы ң қой* (Рес., Сарат.).

ҚҰТЫШАҚ (Шымк., Түркіс.) қатық, қаймақ, май салатын шұңғыл ыдыс.

ҚҰТЫ ШАЛБАР (Ауғ.; Ир.) костюм, шалбар.

ҚҰЧЫР (МХР) етті майдалап турап немесе машинеге тартып, қамырға орап, жалпақтау етіп майға пісірген нан.

ҚҰШ[1] (Жамб., Сар.; Қарақ.) қош, күп. *Бұл сөздің мысал дегені қ ұ ш алынды* (Жамб., Сар.). *Қ ұ ш келіпсіз. Уақтыңыз қ ұ ш па?* (Қарақ.). *Еңбекші елім, көңілі қ ұ ш* («Кировшы», 1941, №57).

ҚҰШ[2] (Шымк., Түркіс.) көңілді. *Осы жолы қ ұ ш қайттым. Қ ұ ш қайтқанның белгісі жақсылық күні таянды. Жерігі әбден қанған соң, уақыты қ ұ ш болған соң. Жұртқа тұлға болғандай, туады енді бір батыр* (Молда Мұса, 47).

ҚҰШАҚ (Қост., Жанг.) куыршақ. *Сен қ ұ ш а қ т ы қайда қойдың* (Қост., Жанг.).

ҚҰШАҚ БОЛУ (Өзб.) өмірі көңілді болу.

ҚҰШ ҚАБАР (Өзб.) жақсы хабар.

ҚҰШНЫР (ҚХР) балшы, балгер, бақсы.

ҚҰШЫР[1] (Көкш., Қ.ту) кеусен, қырман түп.

ҚҰШЫР[2] (Өзб., Там.) дәрігерлік ем, шипа.

ҚҰШЫР ЕТ (Қарақ.) дәмді.

ҚҰЮ[1] (Талд., Кир.) тапсыру, беру. *Колхоз сүт планын тұгел қ ұ й д ы* (Талд., Кир.).

ҚҰЮ[2] (Гур., Тең.) шығару, алу. *Бригадир балық қ ұ й ы п жатыр* (Гур., Тең.). *Біздің аушылар қанша балық қ ұ й д ы?* (Гур., Тең.).

ҚҰЮШЫ (Гур., Тең.) балықты сүзгімен алып беруші. *Сәрсен 18 жылдан бері заводта қ ұ ю ш ы болып істейді* (Гур., Тең.).

ҚҰЯҚ[1] (Шығ. Қаз., Больш.) сарысу ауруы. *Қ ұ я қ ауруына бірден-бір шипа – арасанга тұсу* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚҰЯҚ[2] (ҚХР) қаптанның сыртынан киетін құйма темір.

ҚҰЯҢҚЫ[1] (Гур., Маңғ.) сүтсіз (мал). *Қ ұ я ң қ ы тұйе, қ ұ я ң қ ы бие* (Гур., Маңғ.).

ҚҰЯ ТҮСІНДІРУ (Қ.орда, Арал) әбден жеткізе айту, құлағына құю. *Комсомолдардан бөлінген үгітшілер өз жұмыстарын қызу қолға алып, колхозшылар санасына үкімет пен партияның хабарларын қ ұ я т ұ с і н д і р у д е* (Қ.орда, Арал).

ҚҰЯШ (Қарақ.) күн сәулесі.

ҚҰЯШЛАМА (Қарақ.) күншуақ.

ҚЫБЫ ҚАНУ (Жамб., Мер.) құрышы қану, айызы қану. *Тусаң осындай боп ту, қ ы б ы м н ы ң қ а н ғ а н ы-а й, – депті Бөлтірік Сұраншы батырға риза бо[лы]п* (Жамб., Мер.). *Естігенде қ ы б ы м әбден қ а н д ы. Айналайын Бегатаңның ұрпағысың гой!* (**F**. Мұст., Дау. кейін, 263).

ҚЫБЫЛА (Жамб.: Жам., Жуа.; Қарақ.) құбыла. *Қ ы б ы л а д а н соққан ұрма жел бар* (Ш. Мүрт., Қара мар., 181).

ҚЫБЫН ТАБУ (Орал: Орда, Жән.) ебін табу, ретін табу. *Есмұхан қ ы б ы н т а у ы п қалаға барып қайтты* (Орал, Орда).

ҚЫБЫРҒАН (Жамб., Қорд.) қыбырлаған.

ҚЫБЫРҒЫҒАН (Жамб., Қорд.) қыбырлаған. *Келе жатып қыргыздың бір үйіне түсе қалдық. Келсек, үйдің іші қ ы б ы р г ы г а н кісі екен* (Жамб., Қорд.).

ҚЫБЫРЖУ (Гур., Маңғ.) шыдай алмау, қыбырлау.

ҚЫДЫРЫ КЕЛМЕУ (Қ.орда, Арал) ренжімеу, кейімеу, елең етпеу. *Ол жайында тіпті менің қ ы д ы г ы м к е л м е й д і* (Қ.орда, Арал).

ҚЫДЫҚ (Гур., Маңғ.) құдық. *Кенттің он екі қ ы д ы г ы бар* (Гур., Маңғ.).

ҚЫДЫҚТАУ (Ақт., Байғ.) құттықтау. *Тұран баласын қ ы д ы қ т а п, бұзаулы сиырын бұйымшылап алды* (Ақт., Байғ.).

ҚЫДЫР[А] АСУ (Алм., Кег.) тура асып түсу. *Қанапия, Қарабұлақтың биігімен қ ы д ы р а а с а й ы қ* (Алм., Кег.).

ҚЫДЫРА БОТА (Қ.орда, Жал.) жүні күдірейіп тұратын, күтімі нашар, сүйегі жетілмеген мезгілсіз туған бота.

ҚЫДЫРАУЫҚ (Гур., Маңғ.) қыдырғыш, қыдырымпаз.

ҚЫДЫРАЮ (Сем.: Көкп., Ақс.) едірею. *Мынау кісі негып қ ы д ы р а й ы п тұр?* (Сем., Көкп.).

ҚЫДЫРҒАН УЫҚ (Талд., Панф.) қатты жел болғанда киіз үй уықтарының қаламдықтан шығып қалып қисайыңқырап қалуы.

ҚЫДЫРҒАН ШАҢЫРАҚ КӨЗДЕНУ (ҚХР) көзі шадыраю, көзі акшыраю.

ҚЫДЫРМА[1] (Шығ. Қаз., Больш.) қыдырымпаз. *Жоқ қарап, ағайын аралап тыным таппайтын осы ауылдың қ ы д ы р м а л а р ы н ы ң да аягына жем түсе бастады* (Ә. Кекіл., Үркер, 239).

ҚЫДЫРМА[2] (Гур., Маңғ.) сирек. *Қ ы д ы р м а шоп* (Гур., Маңғ.).

ҚЫДЫРМАЛАУ (Гур., Маңғ.) сиректеу. *Ергіны – бұл жерде көп болмайды қ ы д ы р м а л а у шығатын шөп* (Гур., Маңғ.).

ҚЫДЫРМАШЫ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) қыдырымпаз. *Ол қ ы д ы р м а ш ы кісілерді ұнатпайды* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚЫДЫРТУ (Гур., Маңғ.) аяңдату. *Атты жаратқанда ұйықтатпай қ ы д ы р т а м ы з* (Гур., Маңғ.).

ҚЫДЫРУ (Қарақ.) іздеу. *Мен Байсақалды қ ы д ы р ы п жүріппін* (Қарақ.).

ҚЫДЫРЫС ЖАСАУ (Орал, Жән.) қыдыру. *Каникулга келген студенттер жазда қ ы д ы р ы с ж а с а й д ы* (Орал, Жән.).

ҚЫДЫСУ (Орал, Казт.) қыдыру. *Мен өзім қ ы д ы с у д ы жек көремін* (Орал, Казт.).

ҚЫЖАҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) қобыз. *Адайларда бұрын қ ы ж а қ болмаған* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *гижақ* (Туркм.-рус. сл., 1940); пар. *гижх* үш ішекті скрипка не гитардың түрі (Л. Буд., I, 172)].

ҚЫЖАЛАТ 1. (Алм.: Кег., Нар.) қажет, керек. *Алдаберген, жұмыс артынан маган жолыққын, қ ы ж а л а т болып тұрсың* (Алм., Кег.). *Маган ақша қ ы ж а л а т боп тұр* (Алм., Нар.). **2.** (Алм.: Кег., Шел.) мұқтаж, мұқтаждық. *Отан соғысы кезінде біраз қ ы ж а л а т көрдік қой* (Алм., Кег.). *Кейде бір нәрсеге қ ы ж а л а т боласың* (Алм., Шел.). *Тұрмыс халім сондай жақсы, ешнәрседен қ ы ж а л а т ы м жоқ* («Сов. шек.», 1955, №25).

ҚЫЖАЛАТ БОЛУ (ҚХР) ұялу, ыңғайсыздану, қынжылу.

ҚЫЖ-ҚЫЖ (Қ.орда, Арал) құж-құж. *Қара шыбын тамда қ ы ж-қ ы ж қайнап мазаны әбден алды* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЖЫЛ[1] (Қост., Жанг.) кикілжің. *Бұл не қылған қ ы ж ы л* (Қост., Жанг.).

ҚЫЖЫЛ[2] (Қ.орда: Сыр., Жал.) ашу, кек, ыза. *Ол көңіліне қ ы ж ы л сақтап жүретін адам* (Қ.орда, Сыр.). *Ал қазір қ ы ж ы л ы м ұстай тұра тілімді тістеп, ұндемедім* (Б. Соқ., Қайдасың, Гауһар?, 19). *Қайнағасы өзгермеген екен, көкейін тескілеген әлденедей кек, запыран, қ ы ж ы л барын аңғарды* (О. Бөк., Өз от. өш., 285).

ҚЫЖЫЛДАҚ (МХР) ұнның майын көбірек қып қуырып жасаған тамақ түрі. *Қ ы ж ы л д а қ т ы ң үстінен шай құйғанда быжылдап, шай ішіп, шыны толып кетеді. Балам, жылама қ ы ж ы л д а қ істеп берейін* (МХР).

ҚЫЖЫЛДАУ[1] (Гур., Маңғ.) ренжу, ашулану. *Осынша неменеге қ ы ж ы л д а п отырсың?* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЖЫЛДАУ[2] (Гур., Есб.) көбею, қаптау. *Кешегі соғыстан кейін жұрт мұнда қ ы ж ы л д а п кетті* (Гур., Есб.).

ҚЫЖЫЛ-КЕГІ (Қ.орда, Арал) ыза-кегі. *Үнемі әлдекімге ашу жиып, зәр төккендей, қ ы ж ы л-к е г і бардай сызды қалың қабақпен тұнжырап жүре берді* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЖЫЛДАНУ (Қ.орда, Арал) ызалану. *Мына бір қаргыс атқан тар інде бар адамыңмен тығылып отырсың, – деді Есет өз ісіне өзі күйініп, қ ы ж ы л д а н ы п айтты* (Ә. Нұрп., Курл., 305).

ҚЫЖЫМ[1] **1.** (Жамб., Тал.) жібек орамал. *Мен қ ы ж ы м орамал сатып алдым* (Жамб., Тал.). **2.** (Жамб., Шу) барқыт. *Пайдасы одан түскен толып жатыр, қ ы ж ы м д а й қара бұйра шапқұл қозы* (Жамб., Шу). *Алдыңғы қатарлы даяркелерге сыйлыққа 3 метрден қ ы ж ы м берді* («Стал. жолы», 1936, №55). *1938 жылы декабрьдің 27 күні колхозшыларга 15 кило май, бір қ ы ж ы м орамал, бір тігін машина барган еді* («Колх. екп.», 10.01.1939). *Шашағы кере қарыс қ ы ж ы м орамал салған келін екі күн бойы, шымылдық ішінде отырып еді* (Ш. Мұрт., 41-ж. кел., 114).

ҚЫЖЫМ[2] (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.) қатпар. *Жасы қырықтарға жетеқабыл қ ы ж ы м көйлекті әйелді де бір жерде көрген секілді* (Ә. Кекіл., Құс қан., 319). *Үстіндегі қ ы ж ы м-қ ы ж ы м костюм сияқты, қ ы ж ы м-қ ы ж ы м көйлектің де өңірін ағытып тастаған мына ақ сары оқымысты ...орындықтың арқасына шалқайып жатып алганды* (Ә. Нүрп., Сең, 215, 217).

ҚЫЖЫМҒА АЛУ (Шымк., Қызылқ.) қысымға алу. *Мұны сынға алған колхозшыларды қ ы ж ы м г а а л а д ы* («Колх. екп.», 8.06.1938).

ҚЫЖЫМ ОРАМАЛ 1. (Жамб., Жам.) шашақты орамал, бөртпе орамал. 2. (Өзб.) тоқылған сияқты бұжыр-бұжыр болып келетін ұзын шашақты жібек орамал.

ҚЫЖЫР (ҚХР) терідегі қатпар-қатпар қыртыс.

ҚЫЖЫРТУ (Сем., Абай) қорқыту, ықтату. *Ол Асқарға қ ы ж ы р т а сөйледі* (Сем., Абай). *Құлжатай бұған орай Еңсебайды қ ы ж ы р т ы п кекете сөйледі* (М. Әу., Абай жолы, I, 649).

ҚЫЗ (Қост., Жанг.) ішінен кан ететін сиыр ауруы.

ҚЫЗАЙЫП (Қарақ.) қыз доп (ойын аты). *Кейде қ ы з а й ы п т ы үлкен адамдар да ойнайтын* (Қарақ.).

ҚЫЗАЛАҚ 1. (Рес., Орын.) қыз, қыз бала. *Сегіз баламнан тазарған соң мына қ ы з а л а г ы м туып еді, атын Ұмтылған қойдым* (Рес., Орын.). 2. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Қарақ.; Ақт., Қараб.; Орал: Чап., Казт.; Рес., Қалм.) 11-12 жасар қыз бала. *Мектепте оқып жүрген жалғыз қ ы з а л а қ балам бар* (Қ.орда, Сыр.). *Оның да қ ы з а л а қ баласы бар* (Ақт., Қараб.). *Бір қ ы з а л а қ бала бұзау бағып жүр* (Орал, Казт.). 3. (Ақт.: Ключ., Ойыл; Гур., Маңғ.) 12-13 жасар қыз бала. *Осы үйдің қ ы з а л а қ баласы бар ма?* (Гур., Маңғ.). *Жүгіріп жүрген ұлымнан басқа бір қ ы з а л а г ы м бар* (Ақт., Ойыл). 4. (Ақт., Ойыл; Гур., Шев.; Қарақ., Мой.; Түрікм., Красн.) 13-14 жасқа дейінгі қыз бала. *Бір-екі қ ы з а л а қ т ы ң бетіне қарап отырған жагдайымыз бар, қосшым* (Қарақ.). *Бес-алты қ ы з а л а қ бір шетке жиналып, оздерінше бірдеме жайлы сыбырласып жатыр* (Түрікм., Красн.).

[Өзбекше *қизалоқ* (Рус.-узб. сл., 1954); қарақ. *қызалақ* (Рус.-карак. сл., 1967). *Қызалақ* дочурка (Н. Ильм., Материалы., 177)].

ҚЫЗАЛАР (Гур.: Есб., Маңғ., Шев.) біреуге арналған астың үстіне қосылатын ас. *Қожабай ішкен сорпаның үстіне қ ы з а л а р ы м д ы құй* (Гур., Маңғ.). *Кемпес, қ ы з а л а р л ы бірденең бар ма?* (Гур., Есб.).

ҚЫЗ АПА (Шымк., Түркіс.) өзінен үлкен қыз, әпке.

ҚЫЗ АСЫҚ (Сем.: Кекп., Ақс.) тобық *Менің қ ы з а с ы г ы м ауырып қалды* (Сем. Кокп.).

ҚЫЗБА (Қарақ.) безгек ауру.

ҚЫЗБАЛЫҚТЫ 1. (Түрікм.: Красн. Небид., Ашх., Таш.) қызғылықты, қызықты. *Отырыспаларың қ ы з б а л ы қ т ы өтінті, естідім* (Түрікм., Таш.). *Қ ы з б а л ы қ т ы лекция* («Жүм-шы», 4.03.1953). *Қызбылықъ* қазақша – тартымды, сымбатты (Л. Буд., II, 54). 2. әдемі, сұлу (С. Аман., ВДИКЯ).

ҚЫЗҒАНАҚ (Жамб., Жуа.) қызғылт. *Қ ы з ғ а н а қ помидорды тауықтар шоқып жатыр* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 5)

ҚЫЗҒЫН 1. (Қ.орда, Арал; Гур.: Есб., Маңғ.; Қарақ.) қызу, қызба. *Шеттерінен тұгел қ ы з ғ ы н екен* (Қ.орда, Арал). *Ол бір жас қ ы з ғ ы н кезіміз емес пе?* (Гур., Есб.). *Оны олар өздері де білген жоқ, үлкен бір қ ы з ғ ы н уақиганы бастарынан кешіріп жатты* (Ә. Нүрп., Курл., 306). *Қарақұйрықтың жылы қаны тула бойындагы қ ы з ғ ы н д ы қазір-ақ сорып алды* (Ә. Кекіл., Құс қан.). 2. қызу қарқын (С. Аман., ВДИКЯ).

ҚЫЗҒЫНДЫҒЫН ҚОЗҒАУ (ҚХР) шабыттандыру, ынталандыру, жігсрлендіру.

ҚЫЗҒЫШ (Қ.орда, Арал) қызылдау, қызгылтым. *Шам қ ы з г ы ш жанып тұр* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЗ ДОП (Алм., Шел.; Талд., Панф.) ортаға шүқыр қазып, допты таяқпен айдап келіп сол шүқырға түсіретін ойын түрі. Бұл ойынды Жамбылда *шұңқыр талас, топ таяқ* деп атайды.

ҚЫЗДЫРМА[1] (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) безгек ауруы.

ҚЫЗДЫРМА[2] 1. (Қост., Жанг.) үлкен кірпіш пештің алдынан бесік пештін келеміндей етіп қалап шығарған мойын. *Қ ы з д ы р м а үйді бу қылмас үшін жағылады, оны қыздырганда үй жылы болады* (Қост., Жанг.). 2. (Орал, Орда) пештің бір түрі, голланд неші. *Ғабдыр қыстауга қ ы з д ы р м а салдырды* (Орал, Орда). *Қ ы з д ы р м а н ы ң жылуы көп тұрмайды, тез тарайды* (Орал, Орда).

ҚЫЗДЫРУ (Орал, Казт.) қызылдату, күйдіру. *Жас етті көбірек жеп қойсам жүрегімді қ ы з д ы р а д ы* (Орал, Казт.).

ҚЫЗ ЖИЫН (Алм., Қарат.; Талд., Панф.) қыз аттанар кезде аулында құрбыларын жинап жасалатын кеш, той.

ҚЫЗ КЕЛУ (Шымк.) кез келу.

ҚЫЗ КӨРІМДІК (Қарақ.) қуданың айтырғалы отырғаи қызды көргенде беретін көрімдігі.

ҚЫЗ ҚАМШЫ (Түрікм., Красн.) сабы жіңішке үш тал тобылғыны былғарымен қосақтап өріп, үстайтын жерін алтын-күміспен әшекейлеген қамшы. *Біз жақтың бойжеткендері әдемілікке қ ы з қ а м ш ы ұстаушы еді* (Түрікм., Красн.).

ҚЫЗ ҚАШАР (Талд., Панф.) қыз кетерде қыз туысқандарының біреуі, не үлкен үйінің жасап беретін тойы.

ҚЫЗМЕТ АЙТУ (Орал, Орда) келген жұмысын айту, бүйымтайын айту. *Қонақтар қ ы з м е т а й т ы ң ы з д а р* (Орал, Орда).

ҚЫЗМЕТ ЖАСАУ (Ақт., Ойыл) жұмыс істеу. *Қ ы з м е т ж а с а у ы м н ы ң жайы жоқ, әр жерге бір жұмсайды* (Ақт., Ойыл).

ҚЫЗМЕТТЕУ (МХР) қызмет істеу. *Иә, ол кезде Замира толайым сауда базасының бастығы болып қ ы з м е т т е п жүрген* («Шұғыла», 1992, №4, 4).

ҚЫЗ САҚИНА (Түрікм., Красн.) қыздар тағатын сақинаның бір түрі. *Қ ы з с а қ и н а н ы тек бойжеткен қыздар ғана сол қолдың ат жоқ саусағына салады* (Түрікм., Красн.).

ҚЫЗТАЛАҚ (Алм.: Нар., Жам., Шел.) оңбаған. *Жаман қ ы з т а л а қ неме негып жүрсің сүмірейіп* (Алм., Нар.).

ҚЫЗ ТАНЫСУ (Талд., Панф.) ұзатылған қыздың тойы қарсаңында ел-жұртымен, туған-туысқанымен қоштасу салты.

ҚЫЗ ТІЛІК (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) жұқа етіп қыздардың жеуіне арналған сыпайы тілік. *Қ ы з т і л і к т і әйел адамдарға арнап тілеміз* (Қ.орда, Сыр.).

ҚЫЗУЛЫ (Гур., Есб.) қызу. *Ауданымыздың қаржы жинар жұмысы қазіргі талапқа сай қ ы з у л ы түрде жүруде* («Соц. мал шар.», 15.04.1942).

ҚЫЗЫЛ[1] (Шымк.: Түлк., Сайр.) қырмандағы тазалаған бидайдың үйіндісі. *Қ ы з ы л д ы қайтап жатырмыз* (Шымк., Түлк.). *Колхоз қырманы қ ы з ы л г а толы* (Шымк., Сайр.). *Тіпті Калинин атындағы колхозда қырмандағы қ ы з ы л д ы ң шашылып ысырап болып жатқандығы жөнінде дабылдар аз емес* («Лен. туы», 1940).

ҚЫЗЫЛ[2] (Орал: Казт., Жән.) қандала. *Далаға жатпасаң үйде қ ы з ы л үйқы бермейді* (Орал, Казт.). *Баламды бесіктен қ ы з ы л шағып тастайды* (Орал, Жөн.).

ҚЫЗЫЛ[3] (Сем., Ұрж.) қызыл бояу беретін қына.

ҚЫЗЫЛ[4] (Гур., Маңғ.) қызба, қызба мінезді. *Қ ы з ы л жігіт, қ ы з ы л кісі* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЗЫЛ[5] (МХР) жазық жерде соғып түрған жел, жалпылама соғып түрған кез.

ҚЫЗЫЛ АЙЫР (Жамб., Қорд.) ойнайтын картаның түрі. *Көзір қ ы з ы л а й ы р д а н шықты* (Жамб., Қорд.).

ҚЫЗЫЛ АСЫҚ (Сем., Көкп.) тобық.

ҚЫЗЫЛАУЫЗ (Қ.орда, Арал) ақ балықтың кішісі. *Қ ы з ы л а у ы з д ы ң қанаттары қызыл, өзі сопақ болады* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЗЫЛАУЫЗ КІСІ (Тау., Қош.) жанжалшыл кісі.

ҚЫЗЫЛБАЙ (Қост., Жанг.) шөпсіз, қыпқызыл құм. *Тосын құмның арасында қ ы з ы л б а й жерлер бар* (Қост., Жанг.).

ҚЫЗЫЛ БАЙЫР (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары) кең байтақ. *Түрікменнің қ ы з ы л б а й ы р шағылын қоныс еттік* (Түрікм., Тедж.).

ҚЫЗЫЛ БИДАЙ (Ауғ.; Ир.) бидайдың сорты.

ҚЫЗЫЛДАУ[1] (Шымк., Шәу.) бидайды үшыру, тазарту. *Қ ы з ы л д а у д а н өткен бидайым аз боп қалды* (Шымк., Шәу.).

ҚЫЗЫЛДАУ[2] 1. (Орал: Жән., Орда) кездейсоқ өлген малдың етін бөлісіп алу. *Әбдірештің түйесі өлген екен, етін қ ы з ы л д а п алдық* (Орал, Жән.). *Қ ы з ы л д а у г а қырық жыл қырқысқан да қатысады* (Орал, Орда). 2. (Рес., Сарат.) етті бөлу. *Қ ы з ы л д а п аламыз, қызаланған малды* (Рес., Сарат.).

ҚЫЗЫЛ ДӘРІ (Шымк., Түлк.) қызыл бұрыш. *Пиялаға жілі күл салып үш жеріне қ ы з ы л д ә р і салып ішке басады* (Шымк., Түлк.).

ҚЫЗЫЛДЫҚ (Гур., Маңғ.) қызбалық, есерлік. *Орынсыз қ ы з ы л д ы қ т а н абиыр жоқ* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЗЫЛ ЖАЛАҢАШ (Ауғ.; Ир.) киімсіз, тыр жалаңаш.

ҚЫЗЫЛ ЖЕЛ (Кекш., Қ.ту; Рес., Омбы) жазда соғатын ыстық жел. *Қ ы з ы л ж е л жерді тез құрғатып жібереді* (Көкш., Қ.ту).

ҚЫЗЫЛ ЖИРЕН (МХР) шөлейт өңірде, көбінде тауда, кейде жазықта өсетін қызыл тікенді өсімдік.

ҚЫЗЫЛ ЖОҢЫШҚА (Сем., Ұрж.) алаша болып тырбиып шығатын жоңышқа түрі.

ҚЫЗЫЛ ЖҰДЫРЫҚ (Қ.орда, Арал) шөп машинасының сайманы, қуыс күпшегінің ішіндегі тісті темір.

ҚЫЗЫЛ ЖҮЙРІК (Қ.орда, Арал) ау торын құрт жемес үшін майлайтын зат, қолданатын дәрі. *Қ ы з ы л ж ү й р і к ау торының төзімділігін арттырады* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЗЫЛ КІРШК БИДАЙ (Жамб., Жуа.) ақ бидайға үқсас, қабығы қызыл бидай түрі.

ҚЫЗЫЛҚАЗАН (Орал: Жән., Орда) мосыға асатын кішкене қазан. *Қ ы з ы л қ а з а н д ы аңшылар ұстайды* (Орал, Жән.). *Олар қ ы з ы л қ а з а н д ы мосыға асады* (Орал, Орда).

ҚЫЗЫЛҚАНАТ (Гур., Тең.; Қарақ.) қанаты қызыл, түрі көкшіл, өндірістік мәиі аз кішкене балық. *Қ ы з ы л қ а н а т т ы тар коз аумен ұстаймыз* (Гур., Тең.).

ҚЫЗЫЛҚАНШЫҚ (Жезқ., Ұлы.) бидайдың сорты. *Біздің колхоз қ ы з ы л қ а н ш ы қ бидайды орып болды* (Жезқ., Ұлы.).

ҚЫЗЫЛҚОНАҚ (Сем., Үрж.) өсімдік түрі, шөп. *Қ ы з ы л қ о н а қ шөп болады* (Сем., Үрж.).

ҚЫЗЫЛҚҰРТ (Орал, Орда) кандала. *Үйімізде қ ы з ы л қ ұ р т көп болып, адамды шағып жатқызбайтын еді* (Орал, Орда).

ҚЫЗЫЛ ҚҰС (Гур., Маңғ.) қызыл кірпіш. *Аштрахандағы хан сарайының сыртындағы қ ы з ы л құ с т а н қалаған зор қорганы болыпты* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЗЫЛ ҚЫРМАН (Жамб., Жуа.) қырмандағы астықтың көп болғаны. *Қ ы з ы л қ ы р м а н болганда кепсенді де, қырман тұпті де молырақ береді* (Жамб., Жуа.).

ҚЫЗЫЛ МОНШАҚ (Орал, Қара.) тоғай арасына биік, сирек болып шығатын өсімдік. *Қ ы з ы л м о н ш а қ т ы тізгенмен маржан бола алмайды* (Орал, Қара.).

ҚЫЗЫЛМИЯ (Сем., Үрж.) өсімдік түрі, мияның түрі. *Қ ы з ы л м и я н ы мал біткен сүйіп жейді* (Сем., Үрж.).

ҚЫЗЫЛ МҰЙІС (Жамб., Луг.) қызыл бұрыш.

ҚЫЗЫЛ ӨҢЕШ (Қост.: Семиоз., Фед.) қылтамақ.

ҚЫЗЫЛ ПИЯН (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) удай мас, жығыла мас.

ҚЫЗЫЛТАҚ 1. (Орал, Орда) құмның арасындағы тақыр жер. *Сонау құмның ортасындағы қ ы з ы л т а қ т а балалар ойнап жүр* (Орал, Орда). **2.** (Гур., Есб.) кішірек құм төбелер. *Ана көрінген қ ы з ы л т а қ* (Гур., Есб.). *Сондықтан жиынды далаға, есік көзіндегі қ ы з ы л т а қ т ы ң басында өткізетін боп келістік* (Ж. Нәжім., Ақ шаг., 152).

ҚЫЗЫЛТАМЫР (Қ.орда, Қарм.) түсі қызғылт, бұтақсыз, жапырағы жіңішке, бойы метрге жуық табанға шығатын шоп. *Қ ы з ы л т а м ы р д ы қой сүйіп жейді* (Қ.орда, Қарм.).

ҚЫЗЫЛ ТАРЫ (Ақт., Тем.; Шымк., Лен.; Қарақ.) тарының бір түрі.

ҚЫЗЫЛ ТАС (Орал, Жән.; Рес., Қалм.) күйдірген кірпіш. *Қ ы з ы л т а с т ы өртеуге дұзген керек* (Орал, Жән.). *Онда қ ы з ы л т а с жасайтын завод бар* (Рес., Қалм.).

ҚЫЗЫЛТАСПА (Орал, Қара.) осімдіктің бір түрі. *Ешкі, қой малы қ ы з ы л т а с п а г а семіреді* (Орал, Қара.).

ҚЫЗЫЛ ТОН 1. (Гур., Маңғ.; Қарақ.) мақпалдан тігілген астарсыз өйелдер киетін жеңіл киім; жаздық шапан. **2.** (Түрікм., Красн.) жағасы, етек-жеңі түгел құндызбен жиектелген, екі өңірі меи етегі зермен комкерілген тон. *Адайлар қ ы з ы л т о н д ы ұзатылган қызға кидіріп жібереді* (Түрікм., Красн.).

ҚЫЗЫЛ ТҰМСЫҚ (Алм., Жам.) пісуге жақындаған тары. *Мынау тары қ ы з ы л т ұ м с ы қ болып қалган екен* (Алм., Жам.).

ҚЫЗЫЛ ТҰРЫБЫ (Ауг.; Ир.) редисканың түрі.

ҚЫЗЫЛ ТҮТ (Ауғ.; Ир.) құлпынай.

ҚЫЗЫЛ ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) будан түйелердің бірінші, кей жерлерде екінші үрпағы.

ҚЫЗЫЛҰРЫҚ (Шымк.: Сайр., Түлк., Лен.) түсі қоңыр ала, іші қызыл, дәмі тәтті, іші қатты қауынның бір түрі. *Қ ы з ы л ұ р ы қ піскен кезде қақ айырылып кетеді* (Шымк., Сайр.).

ҚЫЗЫЛ ҮЙ[1] (Қ.орда, Арал) бекет.

ҚЫЗЫЛ ҮЙ[2] (Қост., Жанг.) қызы бар үй. *Қатыны өлген қ ы з ы л ү й г е қарап жылайды* (Қост., Жанг.).

ҚЫЗЫЛЧА (МХР) тауға шығатын шөп. *Қ ы з ы л ч а күлін насыбайға салады* (МХР).

ҚЫЗЫЛША[1] **1.** (Қ.орда, Арал) жерге жабысынқырап шығатын, күмда өсетін өсімдік. *Қ ы з ы л ш а н ы қой жейді* (Қ.орда, Арал). **2.** (Қ.орда, Қарм.) түсі кок шыбықты, майда жапырақты кісі бойлы құмаққа шығатын шөп. **3.** (Гур., Маңғ.; Өзб., Там.) таулы жерге шығатын шөптің бір түрі. *Қ ы з ы л ш а п ы қой жейді* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЗЫЛША[2] (Рес., Омбы) бидайдың піспеген кездегі түрі.

ҚЫЗЫЛША БИДАЙ (Көкш.: Щуч., Енб.) кішкене қызыл бидай.

ҚЫЗЫЛ ШАҚА БОТА (Қ.орда, Арал) түрлі себеппен мезгілінен бұрын туған жүнсіз немесе оте тықыр жүнді бота.

ҚЫЗЫЛ ШАРҚАТ (Түрікм., Небид.) әлі тұрмыска шықпаған қыздың қызыл орамал тағуы, қыз белгісі. *Айқайлап ән саламын қыздар-ау деп, Артыңа қарамайсың кім бар-ау деп. Басыңнан қ ы з ы л ш а р қ а т ауған күні, Саныңды бір соғарсың күндер-ау деп* (Түрікм., Небид.).

ҚЫЗЫЛ ШЕҢГЕЛ (Шымк., Түркіс.) тікені бар шеңгелдің түрі. *Қ ы з ы л ш е ң г е л д і ң дәні жиде сияқты болады* (Шымк., Түркіс.).

ҚЫЗЫЛШУ (Қ.орда, Қарм.) ауа райының қолайсыздығынан сиырлардың бұзау тастауы. *Биыл қыс қатты болып, сиырлардың көбі қ ы з ы л ш у болды* (Қ.орда, Қарм.).

ҚЫЗЫЛ ШЫБЫН БОЛУ (Талд., Панф.) бидайдың ауырғаннан дәнінің ағып кетуі.

ҚЫЗЫЛЫҢ ҚЫРДАЙ БОЛСЫН! (Талд.: Ақсу, Панф.; Алм., Шел.) астықты қызылдап жатқанда айтылатын тілек.

ҚЫЗЫР (Алм., Кег.) жауыр, қотыр. *Менің мінген атымның қ ы з ы р ы бар, ауыстырып басқа ат мінейін деп едім* (Алм., Кег.).

ҚЫЙ (Сем., Абай) көң. *Біз көң емес қ ы й деуіміздің себебі мұны кетпенмен қиып аламыз* (Сем., Абай).

ҚЫЙАҒЫ (Жамб., Тал.) канаты. *Құстың қ ы й а ғ ы ұшуына жәрәмайды* (Жамб., Тал.).

ҚЫЙА КЕЛДІ (Қ.орда: Қарм., Сыр.) бөтен, кірме. *Осы совхозда басқа жерден келген қ ы й а к е л д і бар* (Қ.орда, Қарм.).

ҚЫЙАҚ (Қ.орда, Арал) басында бидайдың дәніндей дәні бар, құмға шығатын өсімдік.

ҚЫЙАР[1] (Орал: Чап., Жымп.) бұрынғы жалдама жұмыс. *Ол жас кезінде талай байдың қ ы й а р ы н істейтін* (Орал, Чап.).

ҚЫЙАР[2] (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) қисын, рет. *Несіне әуре боласың, қ ы й а р ы кеткен іске* (Түрікм., Тедж.).

ҚЫЙАС (Қост., Жанг.) қиял. *Біздің бұл бойжеткеніміз қ ы й а с қ а түсіп жүрген болды* (Қост., Жанг.).

ҚЫЙБАТ (Рес., Орын.) кымбат. *Ол кезде қ ы й б а т ш ы л ы қ еді* (Рес., Орын.).

ҚЫЙҒАУ (Алм., Шел.) қиғаштау. *Богетті қ ы й ғ а п колхозға су жібердік* (Алм., Шел.).

ҚЫЙҒАШ[1] (Қ.орда, Арал) қайшы. *Жараның аузындағы жүнін қ ы й ғ а ш п е н қыйып, май жарып тастадым* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЙҒАШ[2] (Гур., Маңғ.) алыс. *Ауылы қ ы й ғ а ш* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЙҒЫЛЫҚ ҚЫЛУ (Гур., Маңғ.) өуре леу. *Соның өзі әбден қ ы й ғ ы л ы қ қ ы п болды-ау* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЙҒЫЛЫҚ ҰРУ (Қ.орда, Арал) қиғылық салу. *Мен де болмастан қасарысып қ ы й ғ ы л ы қ ұ р д ы м* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЙДАЛАСУ (Сем., Абай) жанжалдасу, шатақтасу. *Болыстар ылғи өзара қ ы й д а л а с ы п жүретін* (Сем., Абай).

ҚЫЙДЫРУ (Орал, Қазт.) қанын алу. *Бүгін бір жылқыны қ ы й д ы р ы п ферме басында бөгеліп қалдым* (Орал, Қазт.).

ҚЫЙҚАНА (Жамб., Жуа.) әр нәрседен жиналған қиқым.

ҚЫЙҚЫЗЫЛ (Сем., Абай) насыбай немесе ашы темекі. *Ақсақал, қ ы й қ ы з ы л ы ң ы з болса, беріңізші!* (Сем., Абай).

ҚЫЙРА ҰШЫ (Қ.орда, Арал) бір нәрсенің қирап сынғаннан кейінгі жарықшақ ұштары.

ҚЫЙСЫҚ (Қ.орда, Арал) бұрыс. *Біздің ауыл жолында гой, қ ы й с ы қ т ы ғ ы жоқ* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЙСЫНДЫРУ (Сем.: Көкп., Ақс.) үйқастыру, қиыстыру, үйлестіру. *Ақындар сөзді қ ы й с ы н д ы р ы п согады-ау* (Сем., Көкп.).

ҚЫЙТАЛАСУ (Сем., Абай) жанжалдасу, шатақтасу. *Олар бір-бірімен қ ы й т а л а с ы п жүр* (Сем., Абай). *Е, е, Әзімбай, негып жатырсың, бұл! Мына көп кедей көршіңмен қ ы й т а л а с ы п жатқаның қалай?* (М. Әу., Абай жолы, II, 19).

ҚЫЙТУ (Қ.орда: Қарм., Сыр.) қиқу. *Шеңгелдің ар жағынан қ ы й т у салып қоянды айдайын, біз алдынан тосып жатып атамыз* (Қ.орда, Сыр.).

ҚЫЙТУЛАУ (Қ.орда, Арал) қиқулау. *Далаға шығып қ ы й т у л а п әкете береді* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЙУАСЫЗ (Жамб., Тал.) жөнсіз, орасан. *Мал қ ы й у а с ы з семірген* (Жамб., Тал.).

ҚЫЙЫҚТЫ (Орал, Чап.) қиықты етіп жасалған үйдің шатыры. *Колхозшылардың біразы қ ы й ы қ т ы үйде тұрады* (Орал, Чап.). *Хакімнің қыс бойы барып тұратын жері губернатор кошесінің бойындағы биік басқышы бар, жасыл қ ы й ы қ т ы әдемі үй* (Х. Есенж., Ақ Жай., I, 8).

ҚЫЙЫН ТҮСУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары, Ашх.) қиын болу. *Осы іс маған қ ы й ы н т ү с і п тұр* (Түрікм., Таш.).

ҚЫЙЫСУ (Қ.орда, Арал) кескілесу, соғысу. *Бірін-бірі аямай қ ы й ы с ы п жатқан жерінде ұсталыпты* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЛАҒАЙ[1] (Гур., Маңғ.) біртума мен үлектен туған (жөннен басталып олардың

ұрғашылары мен үлектен алынған) бесінші ұрпақ.

ҚЫЛАҒАЙ[2] (Қост., Жанг.) шортанның ең кішісі. *Шортан қ ы л а ғ а й д а н пайда болады* (Қост., Жанг.). *Бірақ бұл күні де дөл кешегідей сонша тор тұзақты сыңар қ ы л а ғ а й қақпағаны* (Ә. Нұрп., Сең, 250). *Үш мың ақ қ ы л а ғ а й балығы мен пұт балық майымен қалыпты* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 202).

ҚЫЛАҒАЙ[3] **1.** (Гур., Есб.) нашар, жиіркенішке нәрсе (туралы). 2. (Гур., Есб.) шепсіз нашар (жер). *Жер қ ы л а ғ а й болса, мал қайдан оңалсын* (Гур., Есб.).

ҚЫЛАМЫҚТАП ЖАУУ (Рес., Омбы) жапалақтап жауу. *Түн ортасына дейін қ ы л а м ы қ т а п ж а у ғ а н қар ескі шымыр қардың үстін жұқа ақ мамық қармен бүркеген* (С. Жүн., Акан сері, 11).

ҚЫЛАН ҚҰЮ (Өзб., Ташк.) шайды сүйықтау құю.

ҚЫЛАҢ ҚЫЛУ (Шымк., Арыс) шайын аз құю.

ҚЫЛАП[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.) қылау, кір. *Кітапқа грамм қ ы л а п тигізбейді* (Түрікм., Красн.).

[Түрікменше *ғылав* бүлдіру, арандату (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ҚЫЛАП[2] (Сем., Ұрж.) пысық, ширақ. *Ол бір қ ы л а п жігіт* (Сем., Ұрж.).

ҚЫЛАП[3] (Алм., Үйг.) екіжүзді, жағымпаз.

ҚЫЛАП[4] (Қ.орда, Арал) кінә, шикілік. *Тұбімде қ ы л а б ы м болса, аныкта* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЛАП[5] (Шымк., Түркіс.) ұқыпты. *Ол кітаптарын өткізіп қойыпты, өз ісіне қ ы л а п* (Шымк., Түркіс.).

ҚЫЛАПАТ[1] **1.** (Жамб., Шу) пәле, зорлық. *Жігіттің жақсысы қалып айтпайды, қ ы л а п а т салмайды* (Жамб., Шу). 2. (Алм., Кег.) қиянат. *Ешкімге қ ы л а п а т істегенім жоқ* (Алм., Кег.).

ҚЫЛАПАТ[2] (Алм., Шел.) алдамшы, өтірікші. *Байбосын жарықтық тұрған бойы қ ы л а п а т адам гой* (Алм., Шел.).

ҚЫЛАУ[1] (Жамб., Жам.) күлау. *Николай патша қ ы л а д ы деген хабар келді* (Жамб., Жам.).

ҚЫЛАУ[2] (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.) кішкене жарықшақ жатыр тас. *Мынау қ ы л а у жақсы екен* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Біздің Алтайда қ ы л а у көп* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ҚЫЛАУЛАУ[1] (Гур., Маңғ.) қылпылдау (пышақтың, үстараның, балтаның жүзі туралы). *Ағаш жонып қ ы л а у л а п тұрған пышағымды моқатып тастарсың* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЛАУЛАУ[2] (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі Ақт., Шалқ.) шарлау, шөп-шаламнан арылту. *Шала қызылданған тарыны қ ы л а у л а й д ы* (Ақт., Шалқ.).

ҚЫЛАУЫЗ (Қар., Шет) өсекшіл. *Оның әйелі қ ы л а у ы з екен* (Қар., Шет).

ҚЫЛАУЫЗНӨК (Көкш., Қ.ту) бетімен сөйлейтін адам.

ҚЫЛ АЯҒЫ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) ең ақыры. *Қ ы л а я ғ ы күрекке саптан бастап неше түрлі нәрселерді жасаймын* (Тау., Қош.).

ҚЫЛБАҚЫР (Қар., Нұра) шелек. *Көкеңнің үйіндегі қ ы л б а қ ы р д ы өкелші* (Қар., Нұра).

ҚЫЛБУЫТ (Рес., Орын.) тар. *Құмыраның аузы қ ы л б у ы т болады* (Рес., Орын.).

ҚЫЛБУЫТТАНУ (Ақт., Ырғ.) жіңішкеру. *О шеті мен бұ шетінде адам көзі жетерліктей боп көсіліп жатқан қомақты, қаламен екі ортасы қ ы л б у ы т т а н ы п... борене қуалай жанып тұрған электр шамдарымен жалғасатын* (Ө. Қан., Құд., 198).

ҚЫЛҒАН қорамсақ (С. Аман., ВДИКЯ).

ҚЫЛҒҰНА (Жамб., Шу) мойынға жара шығып, іріндеп жазылмайтын ауру.

ҚЫЛҒЫМА (Жамб.: Мер., Шу) қылтамақ. *Жақыида бір туысымыз қ ы л г ы м а д а н өлді* (Жамб., Шу).

ҚЫЛДЫБАҚЫР (Жамб., Сар.; Жезқ., Ағад.; Қар.: Қарк., Шет, Нұра; Алм.: Кег., Нар.) шелек. *Қ ы л д ы б а қ ы р м е н су алып келіңіз* (Жамб., Сар.). *Қ ы л д ы б а қ ы р д ы толтырып су әкел* (Қар., Шет). *Біздің жақ шелек демейді, қ ы л д ы б а қ ы р дейді* (Қар., Нұра). *Әне, қ ы л д ы б а қ ы р м ен су әкеле қойшы* (Алм., Нар.).

ҚЫЛДЫ ҚАЗАН (Орал: Чап., Жымп., Жән.) кішкентай казан. *Қ ы л д ы қ а з а н тамақты тез пісіреді гой деймін* (Орал, Жән.).

ҚЫЛДЫРМАШТАЙ (Орал: Чап., Жымп.) ете жіңішке.

ҚЫЛЖА-МЫЛЖА (Гур., Есб.) мылжамылжа. *Жаудың қ ы л ж а-м ы л ж а с ы н шығардық та, сол жерге орналастық* (Гур., Есб.).

ҚЫЛЖАН (Ақт., Ойыл) қын. *Байқасам, қ ы л ж а н ы шіріп кетіпті* (Ақт., Ойыл).

ҚЫЛКҮПЕК (ҚХР) күпек тарылғандықтан еркек малдың «камшысының» сыртқа шықпауы, шықса да орнына түспеуі.

ҚЫЛҚА (Сем., Абай) күзде туған кенже лақ. *Мынау қ ы л қ а ң д ы соятын болған екенсің, семіріп қалыпты* (Сем., Абай).

ҚЫЛҚАНА (ҚХР) балық аты.

ҚЫЛҚАРА (Жамб., Жам.) шапандық қалын мата. *Үстімде пешпентім бар қ ы л қ а р а д а н, түймесін өсіл тастан қыз қадаған* (Жамб., Жам.).

ҚЫЛҚАУ (Гур., Маңғ.) кекеш, тұттықпа.

ҚЫЛҚИ (Қ.орда, Жал.) енесі – жампоз мая, атасы – таза үлек, жалғыз еркеш буданның төртіншісі.

ҚЫЛҚҰРТ (Жезқ., Ұлы.) түйе ауруы. *Қара нар жайылмай қалыпты, езі қ ы л қ ұ р т болмаса игі еді* (Жезқ., Ұлы.).

ҚЫЛҚЫРТСУ (МХР) мүләйімсу, момынсу. *Қ ы л қ ы р т с у ы н қарашы, өзінің* (МХР).

ҚЫЛМАЙҚАН (ҚХР) еркек жыныстылардың жыныс мүшесінің денеге ұласар жері. *Аргымаққа оқ тиді қ ы л м а й қ а н н ы ң тұбінен* (М. Өтемісұлы, 286).

ҚЫЛМАУ (Қ.орда, Арал) ұнатпау, тыңдамау, орындамау. *Мен оқы деп едім, бұл бала қ ы л м а д ы, енді надан болып отырғаны мынау* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЛ МОЙЫНЫ ІШІНДЕ БОЛУ (Қ.орда, Арал) құйлі, күтімі жақсы болу, қонды болу (жылқы малы жайында). *Жануар қ ы л м о й ы н ы і ш і н д е екен, сеніп мінуге болады* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЛМЫҚ[1] (Гур., Маңғ.) қылқиған. *Осы мойны қ ы л м ы қ түйеден не күш шығат деп тұрсың* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЛМЫҚ[2] (Гур., Маңғ.) мойны ұзын, түгі тықырлау, жүні аз, бұйра, бірақ сүті мол нар маяның бір түрі. *Ал, енді сіз сұраған «қылқы» деген түйені біздің Маңғышлақтан кездестіре алмайсыз, бірақ сипаттауыңызға қарағанда, оныңыз қ ы л м ы қ болар* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЛӨҢЕШ (Қост., Жанг.) қылтамақ. *Қ ы л ө ң е ш болып тамақ іше алмай жүр* (Қост., Жанг.).

ҚЫЛПУ қылпылдау (С. Аман., ВДИКЯ).

ҚЫЛПУ АДАМ (Көкш., Щуч.) жылмаңдаған адам.

ҚЫЛПЫҒАН (Қ.орда, Арал) қылпылдаған.

ҚЫЛПЫ КӨРІНІП КЕТІП ТҰРУ (Шығ. Қаз., Больш.) көрініп тұру. *Ағаш арасынан аттарқылпы к ө р і н і п к е т і п т ұ р* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚЫЛПЫҚ[1] (Талд., Гв.) қабық. *Бидай таза емес, қ ы л п ы ғ ы бар* (Талд., Гв.).

ҚЫЛПЫҚ[2] (Жамб.: Жам., Жуа.) қылтанақ. *Сазарған қ ы л п ы қ с ы з құ тақыр* (Ш. Мұрт., 41-ж. кел., 236).

ҚЫЛПЫН ШАЛУ (ҚХР) шетін біліп қалу, шет жағалап сезіп қалу.

ҚЫЛПЫҢ (Талд., Қоғ.) бидайдың қауызы, қабығы.

ҚЫЛ СӘТЕН (Жамб., Қорд.) тыс киімге лайық, судыраған мата.

ҚЫЛТА (Алм., Іле) өзеннің өте енсіз жері. *Іленің қ ы л т а жері көп* (Алм., Іле).

ҚЫЛТАҚТАУ (Жамб., Шу) торлап ұстау. *Бүркітті қ ы л т а қ т а п ұстайтын бұрын* (Жамб., Шу).

ҚЫЛТАН (Шығ. Қаз., Зайс.; Қост., Тоб.) алабұға, сазан, қарабалық, таутан, табан сияқты балықтардың етінің арасында кездесетін ұсақ қылтанақтар.

ҚЫЛТАНДЫ БИДАЙ (Көкш.: Щуч., Еңб.) қылшықты бидай.

ҚЫЛТҚЫ (Шығ. Қаз., Құрш.) аудың жиегін кетеріп тұратын қалқыма ағаш, қалтқы. *Ауға қ ы л т қ ы ағаш даярлаңдар* (Шығ. Қаз., Құрш.).

ҚЫЛТЫҚ (Қ.орда, Сыр.) сазан, алабұға сияқты, т.б. балықтардың етінің арасында кездесетін ұсақ қылтанақтары.

ҚЫЛУА[1] (Гур., Маңғ.) қылық, мінез-құлық. *Қ ы л у а с ы жақсы бала* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЛУА[2] (Қ.орда, Арал; Ақт., Шалқ.; Алм., Шел.) қылмыс, бұзық іс. *Жомарттың істеген қ ы л у а с ы жаман* (Қ.орда, Арал). *Оның колхоз мүлкін талан-таражға ұшыратқаны үшін қ ы л у а л а р ы н ы ң беті ашылды* (Ақт., Шалқ.). *Қ ы л у а жасағандар жауапқа тартылды* (Алм., Шел.). *Ауыр жолды өздерімен бірге болған жолдасының қ ы л у а мінездерін қызық қып өңгімелескен* (Ә. Нұрп., Курл., 450).

ҚЫЛША[1] (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Мойын., Жам.) қызылша. *Судың құлағын тартсаң болғаны, қ ы л ш а л а р д ы ң жері жарылып кетеді* (Жамб., Жам.). *Қарауылдағы жетісегіз атты қ ы л ш а ғ а жібергенің не?* (Жамб., Шу). *Қант қ ы л ш а с ы егілген жердің топырағын жұмсату керек* («Больш. кол.», 1938, №37).

ҚЫЛША[2] (Жамб.: Мер., Қорд., Шу; Алм., Жам.; Жезқ., Ағад.) тастақты жерге шығатын тарам-тарам болып өсетін есімдік. *Қ ы л ш а н ы көктей отқа жағып күлін насыбайға салады* (Жамб., Шу). *Насыбайға салатын қ ы л ш а н ы ң күлі де жоқ болып тұр* (Алм., Жам.). *Теріні ширату үшін қ ы л ш а н ы қайнатып, соның суына салады* (Жезқ., Ағад.). ...*Қ ы л ш а ғана өңсіз, сұрқай исі де жоқ* (Ш. Мұрт., Инт. наны, 50). *Ол әрі-беріден соң қ ы л ш а мен киік отына,*

тіпті, адыраспанның тұнып тұрғанына да қарамады (Ш. Мұрт., 41-ж. кел., 163).

ҚЫЛША[3] (Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Жам.; Сем., Үрж.; Жезқ., Ағад.) қызылша (ауру аты). *Оның баласына қ ы л ш а шығып жатыр екен* (Алм., Жам.).

ҚЫЛША АРЫҚ (Шымк., Қызылқ.) егіс даласына тарайтын ұсақ арықтар. *Суармалы бидайды қ ы л ш а а р ы қ арқылы суарамыз* (Шымк., Қызылқ.).

ҚЫЛШАН (Гур., Маңғ.) қайықтың төсіне салатын жал.

ҚЫЛШЫҒЫ ҚҰРАМАУ (ҚХР) ештеңесі кетпеу.

ҚЫЛШЫҒЫ ҚЫЛАУ ІЛМЕУ (ҚХР) таптаза бипазданып жүру.

ҚЫЛЫ[1] (Гур., Маңғ.) әйнек, терезенің шынысы. *«Аш бетің терезенің қ ы л ы с ы н д а й» деп өлең айтушы едік* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЛЫ[2] **1.** (Қост., Жанг.) шелек. *Қ ы л ы н ы алып кел, су әкелсін* (Қост., Жанг.). **2.** (Рес., Қалм.) шелектің тұтқасы. *Бұрын шелектің қ ы л ы с ы н бие үрікпес үшін жылқы қылынан жасаған* (Рес., Қалм.).

ҚЫЛЫ[3] (Жамб., Жам.) қилы; әр түрлі, түрі. *Қарындаш берсең, қ ы л ы с ы н а н бер. Мынаның бес-алты қ ы л ы с ы болады* (Жамб., Жам.).

ҚЫЛЫШБАЙ (Шығ. Қаз., Тарб.) балалардың асықпен, таспен ойнағанда, салған ұпайын қолдың қырымен ұрып алатын түрі. *Қанағаттан жалғыз-ақ қ ы л ы ш б а й алдым* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҚЫЛЫШБАЛЫҚ (Гур., Тен.; Қ.орда, Арал) көкшіл, ақ бауыр кішкене балық. *Қ ы л ы ш б а л ы қ т ы ң басы кішкене болады, өндірістік маңызы кем* (Гур., Тең.). *Қ ы л ы ш б а л ы қ т ы екі маусымда: бірі – апрель, июнь айларында, екіншісі – август, сентябрь айларында аулаймыз* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЛЫШБАУ (Гур., Маңғ.) күміс белбеу. *Менің әкемнің қ ы л ы ш б а у ы бар еді, осында бір кісі сұрап, беліне байлап жүр* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЛЫШТЫҚ (Гур., Бақс.) қылыштың мойыны.

ҚЫМБАТ (Алм., Жам.; Шығ. Қаз., Больш.) қиын. *Мына шоптің қызуы қ ы м б а т* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҚЫМБАТЫНА ЖЕТУ (ҚХР) қадірін білу, құнын бағалау.

ҚЫМҒҰТ-ШЫМҒҰТ (Қост., Жанг.) айғай-шу. *Қ ы м ғ ұ т-ш ы м ғ ұ т деген сөз үй ішінде бассыздық, алалық болғанда айтылады* (Қост., Жанг.).

ҚЫМҚА[1] (Гур., Маңғ.) өте, тым. *Қ ы м қ а ерте тұрудың керегі жоқ* (Гур., Маңғ.). *Қ ы м қ а кешендеу келдің, әйтпегенде ілігіп қалар ма едің, қайтер едің* (Гур., Маңғ.).

ҚЫМҚА[2] (Қ.орда, Арал) бұрынырақ. *Мен сенен қ ы м қ а келдім* (Қ.орда, Арал).

ҚЫМҚА[3] (Қ орда, Қарм.) болмашы, сәл. *Анау қ ы м қ а биіктеу ғой* (Қ.орда, Қарм.).

ҚЫМ-ҚУЫТ (Жамб., Жам.) қым-қиғаш.

ҚЫМСЫЗ[1] (Шығ. Қаз., Тарб.) қымсынбайтын, мызғымайтын. *Білімді болсаң, ешнәрседен қ ы м с ы з боласың* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҚЫМСЫЗ[2] (Қост., Жанг.) жұмыс істеуге ынтасыз, ықылассыз. *Ол қ ы м с ы з-а қ* (Қост., Жанг.).

ҚЫМТУ (Қарақ.) тістеу (атқа байланысты). *Байқа, шырағым, бұл ат екінің біріндеақ қ ы м т ы п қалады* (Қарақ.).

ҚЫМША (ҚХР) нөзік, жіңішке, қыпша, қынай, қынама, талшыбықтай. *Сұмбіл шаш, құралай кез, белі қ ы м ш а, күмістен саусақтары тартқан сымша* (Рус. дас., 288).

ҚЫМША БЕЛ (Жамб., Сар.) қыпша бел. *Қ ы м ш а б е л тал шыбықтай бұраңдайды* (Жамб., Сар.).

ҚЫМЫЗДЫҚ 1. (Алм., Жам.) дәмі қымыз тәрізді қызыл жапырақ, осімдік. *Қ ы м ы з д ы қ шөлдегенде сорғанға жақсы болады* (Алм., Жам.). **2.** (МХР) түсі қызыл ұзын болып өсетін осімдік түрі. *Қ ы м ы з д ы қ т ы жылқы қатты жейді* (МХР).

ҚЫМЫЗДАУ (Тау., Қош.) қымыз ішу. *Қазір қ ы м ы з д а п алайық, сонан соң сыртқа шығамыз* (Тау., Қош.).

ҚЫМЫЗ МҰРЫН (Жамб.: Мойын., Шу, Мер.) биені байлағанда бірінші рет ішетін қымыз. *Ауылдастарымыз қ ы м ы з м ұ р ы н г а чақырмадың деп өкпелеп жүр* (Жамб., Мер.).

ҚЫМЫЗ ТҰРЫП (Рес., Омбы) қымыз мұрын, биені байлағанда бірінші рет ішетін қымыз.

ҚЫМЫЛДЫ (Қост., Жанг.) пысық, ширақ. *Мынау өзі бір қ ы м ы л д ы бала, түбінде іскер адам болады* (Қост., Жанг.).

ҚЫМЫП ҚАЛУ (Гур., Маңғ.) үндемей қалу, жасқану. *Мына бала келгесін, ол қ ы м ы п қ а л ы п т ы ғой* (Гур., Маңғ.).

ҚЫМЫРАН[1] (Гур., Маңғ.) тарыдан, ұннан, жүгеріден ашытқан коже, ашыған көже. *Қ ы м ы р а н ы ң шие татып тұр екен* (Гур., Маңғ.).

ҚЫМЫРАН[2] **1.** (Шымк., Шөу.) шұбат. **2.** (Жамб.: Мер., Қорд.) қымызға қосылған сиыр сүті мөн су. **3.** (Көкш., Қ ту) айранға қосылған су, шалап. *Сусының қансын десең, қ ы м ы р а н*

іш (Кокш., Қ.ту). **4.** (Рес., Орын.) жылы суға сиыр сүтін қосып, қымызға араластырған түрі. *Қымыз аз болса, қ ы м ы р а н қосады* (Орын., Ад.).

ҚЫМЫРЫЛУ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр.) қысылу. *Балалар, қ ы м ы р ы л м а й, саспай жауап бергін* (Қ.орда, Сыр.).

ҚЫНА (Шымк., Мақт.) қолдың терісі түскенде үгіп қолға тартатын өсімдік.

ҚЫНАМА ШАПАН (Қ.орда, Арал) қима шапан. *Ол қ ы н а м а ш а п а н ы н киіп, киногa кетіпті* (Қ.орда, Арал).

ҚЫНБАУ (Қ орда, Арал) беті қайтпау. *Жауынгерлер қ ы н б а д ы, қайта олар ошіге түскендей* (Ә. Нүрп., Курл., 557).

ҚЫНЖАТ (ҚХР) бақауыл, бокеуіл, патшаның дастарқан мәзірін әзірлеуші.

ҚЫНЖЫ[1] (Кокш., Қ.ту) асықтың қырынан түрып қалуы. *Қ ы н ж ы түрган жабайды қайта күлдіреді* (Көкш., Қ.ту).

ҚЫНЖЫ[2] (Жезқ., Ұлы.) тас. *Сойган жылқыда екі қ ы н ж ы болды* (Жезқ., Ұлы.).

ҚЫНЗЫЙРЫ (Гур., Маңғ.) шошқа, доңыз.

ҚЫНТАУ (Көкш., Қ.ту) қымтау. *Үйдің іргесін қ ы н т а у керек* (Кокш., Қ.ту).

ҚЫНУ (ҚХР) ауу, қисаю. *Түс қ ы н д ы* – күн төбедеп ауды, түс ауды.

ҚЫНУЛАУ (Қ.орда, Арал) дәлдеу, анықтау. *Магынасыз біркелкі сұрақпен «Мен сұңқармын! ...Сұңқармын!» деп қылқылдап отырып бір кезде «Естесің бе, прием?» деп қ ы н у л а п қаттырақ сұрап алды да* (Ә. Нүрп., Курл., 306).

ҚЫНУЛЫ[1] (Қ.орда, Арал; Орал, Орда) нық, мүқият, әбден. *Сен одан, аласыңды қ ы н у л ы сұра* (Қ.орда, Арал). *Бұл жұмысты жасауга Қабес қ ы н у л ы* (Орал, Орда). *Айналайын, өзі қ ы н у л ы, жігерлі боп осіп келеді, – деп сүйсінеді Жаңыл* (Т. Ахт., Дала., 36).

ҚЫНУЛЫ[2] (Рес., Орын.) қайратты, жігерлі. *Бұл қ ы н у л ы жігіт* (Рес., Орын.). **2.** (Рес., Орын.) ынғайлы. *Ол әр іске қ ы н у л ы. Ол қ ы н у л ы бала* (Рес., Орын.).

ҚЫНУСЫЗ (Қост., Жанг.) ынтасыз. *Мұрат қ ы н у с ы з-а қ, жұмысқа бар десең керденде теріс қарайды* (Қост., Жанг.).

ҚЫНЫНАН ШЫҒУ (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд., Мойын.) бидайдың бас алып, қабығынан шыға бастауы. *Бидай қ ы н ы н а н ш ы г а бастаган кезде біз де жеттік* (Жамб., Мер.).

ҚЫҢ (Жамб., Шу) кекесін, іліп-шалма. *Ол адамның созінің қ ы ң ы болады* (Жамб., Шу).

ҚЫҢБАУ (Рес., Астр.) бүлк етпеу, былқ етпеу. *Тагы он адам отырса да, бұ қайық қ ы ң б а й д ы* (Рес., Астр.).

ҚЫҢҒЫ (МХР) қыңыр, қырсық. *Сол күйі уйге кіруден қалды. Құдай-ау, осы нені көріп қ ы ң г ы болып алган* (МХР).

ҚЫҢСЫТУ қынсылату (С. Аман., ВДИКЯ).

ҚЫҢУ[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары) қорқу, сескену, қаймығу. *Жылан дәуіттен қатты қ ы ң а д ы* (Түрікм., Ашх.). *Жездесіне ызаланып қарап еді, бірақ Ақбала қ ы ң б а д ы* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 182). *Бірақ ана дәу оган қ ы ң а т ы н емес* (Т. Ахт., Шыр., сөнб., 81). *Ақбас бурамен жарысқанда қ ы ң б а п едің* (О. Бөк., Өз от. ош., 231).

ҚЫҢУ[2] (Ақт., Жүр.) ескеру, елеу. *50 балага күнбе-күн тамақ керек, оны оқу бөлімі біле тұрса да қ ы ң б а й отыр* (Жүрын ауд. газ., 1939, №13).

ҚЫҢЫРАТҚУ қыңырлану. *Қиырга тартса қ ы ң ы р а т қ ы п қырыма алмай кетейін* (Т. Ахт., Шыр. сөнб., 209). *Оспанның былай өзгеруіне Дархан да аң-таң, есейген соң ес кірейін деген шыгар» – деп қ ы ң ы р а т қ ы м а й емес – жарқын сөйлесе бастаган* (О. Бөк., Өз от. өш., 277). *Хат жазуга адресіңді білмедім, – дедім мен де қ ы ң ы р а т қ ы п* (Қ. Қар., Алт. изд., 168).

ҚЫҢЫРАҚ (ҚХР) қылыш, қанжар. *Қылгынган жүзі қ ы ң ы р а қ, қыл мойнынан кеседі* («Жеті қаг.»).

ҚЫҢЫРДАҚ (Гур., Маңғ.) қыңыр. *Қ ы ң ы р д а қ жүретін түйе* (Гур., Маңғ.).

ҚЫҢЫР ЖАТУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) қыңыр ағу. *Тегенені қойганда сепаратыр суті қ ы ң ы р ж а т ы р* (Тау., Қош.).

ҚЫҢЫР ТЕРУ (Гур., Маңғ.) кілемге, құрға салынатын өрнек.

ҚЫП ҚАНА (ҚХР) тек қана, таза ғана.

ҚЫП-ҚЫЗЫЛ (Алм., Жам.) жап-жас, өрімдей, бүлдіршіндей. *Кешке осы ауылга қ ы п қ ы з ы л жігіттер тамаша жасайды* (Алм., Жам.).

ҚЫП-ҚЫСҚАНТАЙ (Қост., Жанг.) қыпқысқа.

ҚЫПШАҚ[1] (ҚХР) қысыңқы сопақ.

ҚЫПШАҚ[2] (ҚХР) сопақ ыдыс.

ҚЫПШАЛ (ҚХР) қысаң.

ҚЫПЫҚ (Шымк.: Мақт., Сайр.) бидай, тарыны үшырғанда қалған үсақ-түйегі. *Қ ы п ы қ боп ұшып кетіпті де* (Шымк., Мақт.).

ҚЫПЫҚ БОЛУ (Орал: Казт., Орда) абдырау, сасу, қысылу. *Кемшілігін айтқан соң, ол қ ы п ы қ б о л ы п қалды* (Орал, Казт.).

Айтарын айтса да, артынан өзі қ ы п ы қ б о л д ы (Орал, Орда).

ҚЫПЫ ҚОНУ (Гур., Маңғ.) құмары қану, құмардан шығу. *Нүрекең әңгімеден қ ы п ы ң д ы қ о н д ы р а р* (Гур., Маңғ.).

ҚЫПЫҚ-ҚЫПЫҚ (Гур., Маңғ.) жыпық-жыпық. *Көзі қ ы п ы қ-қ ы п ы қ еткен біреу есіктен кіріп келді* (Гур., Маңғ.).

ҚЫПЫЛЫҚТАУ (Гур., Маңғ.) жыпылықтау. *Көзі қ ы п ы л ы қ т а п отыр, тегі ұйықтағысы келді-ау* (Гур., Маңғ.).

ҚЫР АЙТУ (Гур., Маңғ.) қыр көрсету.

ҚЫРА КӨРСЕТУ (Гур., Маңғ.) қыр көрсету. *Бұл – қыздың жігітке к ө р с е т к е н қ ы р а с ы гой* (Гур., Маңғ.).

ҚЫРАЛ (Ауғ.; Ир.) патша.

ҚЫРАН ПЫШАҚ (Қарақ.) тебелес, ұрыс, қырық пышақ.

ҚЫРАҢ[1] (Гур., Есб.) шөптің түрі. *Қ ы р а ң д ы мал сүйіп жейді* (Гур., Есб.). *Жол басына бір ақ үйді тік те, қ ы р а ң ы н а қойыңды өргіз де, шалқаңнан түсіп, шаңыраққа түкіріп жата бер* (Ә. Кекіл., Үркер, 76).

ҚЫРАҢ[2] (Алм., Шел.) алғыр, қыран. *Қара чолағым қ ы р а ң еді, тұяғын тасқа соғып, өліп кетті* (Алм., Шел.).

ҚЫРАСЫНАН (Гур., Маңғ.) қырынан. *Айдың есебін қолдың қ ы р а с ы н а н санау сіздің жақта бар ма?* (Гур., Маңғ.).

ҚЫРБАЙ (Сем., Абай) бір-біріне өш, кекті, араз. *Олар бір-бірімен қ ы р б а й* (Сем., Абай). *Япыр-ай, осы екеуі қ ы р б а й деп еді. Қақтығып қалмаса игі еді! – деді* (М. Әу., Абай жолы, II, 329). *Талайдан бергі қ ы р б а й л а р бір-біріне құда түсіп татуласып қайтарды* (Ә. Кекіл., Үркер, 61).

ҚЫРБАҚ (Алм.: Кег., Жамб., Луг.; МХР) қырбық, жұқа қар. *Торайғырдың қары жұқа, қ ы р б а қ қар* (Алм., Кег.). *Атан өлсе сойылар, Атам өлсе қойылар, Қан сонар қ ы р б а қ қайдан табылар* (Жамб., Луг.).

ҚЫРБАСЫ (Қост., Жанг.) арық, жүдеу. *Еті қашқан малды, адамды қ ы р б а с ы деп атайды* (Қост., Жанг.).

ҚЫРБАТ (Гур., Маңғ.) қажырлы, қарулы, қайратты.

ҚЫРҒҰЛАҚ (Талд., Панф.) тістің қызыл етінің ауыруы.

ҚЫРҒЫ[1] (Павл., Ерт.) шалғы.

ҚЫРҒЫ[2] (Қост., Жанг.) қыр. *Біз қ ы р г ы жолмен келдік* (Қост., Жанг.).

ҚЫРҒЫЗ ЕР (Жамб., Жам.) басы, қапталы болек шабылып жасалатын, басы доғаланып келген ердің түрі. *Қ ы р г ы з е р қайыңнан шабылады* (Жамб., Жам.).

ҚЫРҒЫШ (Алм.: Балқ., Іле) тоңазытқыш трубаларының сыртында пайда болған қырауларды қыру үшін қолданылатын темір қалақ. *Жетісіне бір рет трубаларды бір рет қ ы р г ы ш п е н қырып тұрамыз* (Алм., Балқ.).

ҚЫРДА (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) ұсақ ақша. *Қ ы р д а пұлың бар ма?* (Түрікм., Красн.). *Қ ы р д а с ы н сұрағандарға: «қ ы р д а да ақша болып па, еңбектеніп қайта санап берерлікке» – дейді* («Жұм-шы», 20.07.1945).

ҚЫРДАЛАУ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) ұсақтау, майдалау. *Ақшаңыз ірі болса, қ ы р д а л а п алу оңай гой* (Түрікм., Красн.).

[Әзірбайжанша *хырдаламаг* (Азерб.-рус. сл., 1962)].

ҚЫРДАЛЫ ЕЛ (Қарақ.) кошіп келген ел, қыр елі.

ҚЫРДАСЫН (Орал, Казт.) киіздің кескен бөлегі. *Әміржан-ай, сеидегі қ ы р д а с ы н д ы әкеп берші, астыма тосеп отырайын* (Орал, Казт.).

ҚЫРДЫҢ ЖЫҒЫЛАР АСТЫ (Қост., Об.) қырдың арғы бет, құламасы.

ҚЫРЖЫМЫН ҚАЙТАРУ (Қар., Шет) қарымтасын қайтару. *Қ ы р ж ы м ы н қ а й т а р ы п с ы ң гой* (Қар., Шет).

ҚЫРКҮЙЕК (Қ.орда, Қарм.) қыркүйек айының 18-22 арасындағы түнде болатын суық.

ҚЫРҚА (Талд., Қарат.) түгел, тегіс. *Сәкеннің үй іші қ ы р қ а жалаң аяқ* (Талд., Қарат.).

ҚЫРҚАЙ (Алм., Кег.) түгел, тегіс, жаппай. *Менің балаларым сабақты қ ы р қ а й жақсы өқиды* (Алм., Кег.).

ҚЫРҚАЙ ШАЛУ[1] (МХР) күрескенде бір жақ санын сырттай шалу. *Бұл ақын шыны-ақ мені мақтады ма, бұлтартпай қ ы р қ а й ш а л ы п жыққаны ма* (Монғ. қаз. әд.-3, 202).

ҚЫРҚАЙ ШАЛУ[2] (ҚХР) бәріне тиісіп шығу, шарпымаған адамы қалмау, сыпыра шықпырту.

ҚЫРҚАНДЫ (Қост., Жанг.) егіннің сабаны, қалдығы. *Егіннің қ ы р қ а н д ы с ы н мал жейді, жиып қоямыз* (Қост., Жанг.).

ҚЫРҚАР ЖІГІТ (Қост., Жанг.) қырық жастағы жігіт.

ҚЫРҚАРЫ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) 2,5 килограмдық өлшем.

[Қарақалпақша *агарн* 67 грамға тең өлшем (Карак.-рус. сл., 1958)].

ҚЫРҚ ЖІЛІК (Жамб., Жам.) бірнеше адам бір малды бірігіп сатып алып, жіліктеп боліп алу.

ҚЫРҚҰЛАҚ[1] (Қост., Об.) хабар.

ҚЫРҚҰЛАҚ[2] (Қост., Жанг.; Ақт., Ключ.) тіс ауруы. *Мәнтай қ ы р қ ұ л а қ болыпты* (Қост., Жанг.).

ҚЫРҚПЫШ (Орал, Жән.) қартамыс адам. *Бұл кісі көпті көрген қ ы р қ п ы ш адам* (Орал, Жән.).

ҚЫРҚ ШҰҢҚЫР (Орал, Жән.) әңгімені көп білетін адам. *Ол колхозда бір қ ы р қ ш ұ ң қ ы р адам бар* (Орал, Жән.).

ҚЫРҚЫЛДАСУ (Гур., Есб.) қырылысу. *Өзіне тақ бұйырмаса да Жәдік балаларының қ ы р қ ы л д а с қ а н ы н корудің өзі оған аз ғанибет емес еді* (Ә. Кекіл., Үркер, 165). *Үйдің іші екі ұдай болып кәдімгідей кіржіңдесіп, қ ы р қ ы л д а с ы п алды да, сол қызумен далаға шықты* (Ж. Нәжім., Ақ шаң., 25).

ҚЫРҚЫМ (Түрікм., Красн.) қойдың жүнін қырку кезі. *Бастық қазір көбіне қ ы р қ ы м г а кетеді* (Түрікм., Красн.).

ҚЫРҚЫМБАС (Қарақ.) қой қырку маусымының бас кезі.

ҚЫРҚЫН[1] (Қар., Шет) бидайдың келтегі, шар басы. *Қ ы р қ ы н д ы бұрышқа жи* (Қар., Шет).

ҚЫРҚЫН[2] (Жамб., Сар.; Жезқ., Ағад.) қой қырқу маусымы, күзем.

ҚЫРҚЫНДЫ 1. (Көкш.: Қ.ту, Еңб., Щуч.) шөптің мал жегеннен қалған ірісі. **2.** (Көкш., Қ.ту) бидайдың келтегі, шар басы. **3.** (Қост., Жанг.) сабан. *Егіннің қ ы р қ ы н д ы с ы н мал жейді, жиып қоямыз* (Қост., Жанг.).

ҚЫРЛАУ (Қост., Жанг.) сұлулау, әдемілеу. *Олар маясының табанын қ ы р л а п жатыр* (Қост., Жанг.).

ҚЫРЛЫ (Гур., Маңғ.) ұзын қара мылтық, ішінің 2-3 рет айналатын қыры бар.

ҚЫРЛЫ ДҰКЕН (Түрікм., Таш.) бесатар. *Сөйтсек онысы қ ы р л ы д ұ к е н екен* (Түрікм., Таш.).

ҚЫРЛЫҚ 1. (Орал, Казт.) жазық жер. *Біздің жақта қ ы р л ы қ көп, бірақ құмдақ, сондықтан жазды күні ылғи көшіп жүреміз* (Орал, Казт.). **2.** (Гур., Маңғ.) қырлы жер, үстірт. *Егіске Көсембай колхозынан 8 сабақ, 9 тырма, 48 көлік, 28 адам шығып, қ ы р л ы қ жерлерін жыртып бітірді* («Ст. туы», 1939, №26).

ҚЫРЛЫ МЫЛТЫҚ (Түрікм., Небид.) білтелі мылтық.

ҚЫРМА (ҚХР) мал сатылатын жер.

ҚЫРМАҚЫЛ БОЛУ (Талд., Кир.) қырмақшы болу. *Ақтың әскері бізді қ ы р м а қ ы л б о л д ы* (Талд., Кир.).

ҚЫРМАЛМАН (Қост., Жанг.) шығырдың өрын ағашын түйістіретін үя. *Шығырдың орын ағашы қ ы р м а л м а н г а тіреледі* (Қост., Жанг.).

ҚЫРМАН (Гур., Маңғ.; Жезқ., Ұлы.) балшық илейтін, балшық айдайтын шүкір. *Қ ы р м а н д а ғ ы балшықтан 350 кесек шығады* (Жезқ., Ұлы.).

ҚЫРМАН АЙДАУ (Гур., Маңғ.) балшық айдау, балшық илеу.

ҚЫРМАН АРШУ қырман тазалау. *Ырыстан, Әлжан, Тоқабайлардың өмірінде өзін арнап қ ы р м а н а р ш ы г а н ы биыл* (Ғ. Мүст. Дау. кейін).

ҚЫРМАН КӨТЕРУ (Шымк., Арыс; Талд., Кир.; Қ.орда: Сыр., Жал.) егінді жинап болу, бітіру; қырмандағы бидайды суырып, жинап болу. *Бүгін қ ы р м а н к о т е р і п болдым* (Талд., Кир.). *Биыл қ ы р м а н д а ғ ы астық ерте к о т е р і л д і* (Қ.орда, Сыр.).

ҚЫРМАН ҚАНДАУ (Шымк., Бөг.) түсім мол болсын деген әдетпен мал сою.

ҚЫРМАН ҚОСУ (Талд., Кир.) егінді бастыру. *Біз бүгін қ ы р м а н қ о с т ы қ* (Талд., Кир.).

ҚЫРМАН ҚЫРҚУ (Қост., Фед.; Көкш., Қ.ту) қырман тазалау, қырман жасау. *Қ ы р м а н қ ы р қ у г а деп Жыланды аулынан 25 шал-шауқанды машинамен алып кетті* (Қост., Фед.).

ҚЫРМАН ҚЫРУ (Орал, Казт.) еңбек алу, табыс бөлу, қаражат табу. *Ол қызмет істеп, қ ы р м а н қ ы р ы п жатыр* (Орал, Казт.).

ҚЫРМАН ҚЫРШУ (Жамб., Шу) қырманды тегістеу, қыртысын қыру.

ҚЫРМАН ҚЫРЫП ЖАТЫР (Көкш., Қ.ту) ақша тауып жатыр. *Бейсен қалада қ ы р м а н қ ы р ы п ж а т ы р* (Көкш., Қ.ту).

ҚЫРМАН ТАСТАУ (Жамб., Шу; Талд., Талды.) астық үшыру.

ҚЫРМАН ТАСУ (Қар.: Нұра, Тельм.) егін мол болсын деген тілек. *Қ ы р м а н т а с ы с ы н, жеңгей, бәрекелді, қомақты екен тарыңыз, дегенде ғана Ырыстанның дауысы бәсеңдеді* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 307).

ҚЫРМАН ТОЛСЫН! (Алм., Шел.; Талд., Панф.) егінді бастырып жатқанда айтылатын тілек.

ҚЫРМАНТҮП 1. (Жамб.: Мер., Шу, Луг.; Жезқ., Ағад.) қырмандағы бидайды қаптап алған соңғы жағында қалғаны. *Екі кісі ортақ болса, қ ы р м а н т ұ п т і астықты айдап, сугарған кісі алады. Қ ы р м а н т ұ п т і сұрап келгендерге де береді* (Жамб., Шу). *Қырманда жерде қалған астықты күрек басымен балаларға үлестіріп береді, осыны қ ы р м а н-*

т ұ п дейді (Жезқ., Ағад.). **2.** (Алм., Жам.; Жамб., Қорд.) құдайы ретінде берілетін қырманда қалған астық, дән. *Қ ы р м а н т ұ п т і келесі жылы да өнімді мол алайық деген діни сеніммен береді* (Алм., Жам.). *Қ ы р м а н т ұ б і н маған беріңдер* (Жамб., Қорд.). **3.** (Гур., Маңғ.) қарып-қасерге беретін садақа, ұшыр. *Қырманды біткен соң қ ы р м а н т ұ п береміз* (Гур., Маңғ.). **4.** (Қ.орда: Жал., Сыр., Қарм.) қырмандағы астықты қызылдап болған кезде сұралатын ырым, берілетін үлес. *Қ ы р м а н т ұ п деп сұрайтын ырым да болушы еді* (Қ.орда, Жал.).

ҚЫРМА САҚАЛ ҚЫРҚЫЛЖЫҢ (ҚХР) орта жасқа келген (еркек).

ҚЫРМА ТАБАҚ (Жамб., Шу) ағаштан жасалған жұқа табақ.

ҚЫРМЫЗЫ ҚЫЗЫЛ ЖІГІТ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) мінезі жақсы жас жігіт.

ҚЫРНАҚ (ҚХР) күң, құл, жалшы.

ҚЫРНАУ (ҚХР) көлденең шынашақ жақ қыры.

ҚЫРПАТ (Гур., Маңғ.) қайратты, қажырлы. *Көнбесті қ ы р п а т мал екен, екі күнге жүрісті елеген де жоқ* (Гур., Маңғ.).

ҚЫРПУ[1] (Шымк., Мақт.) қырат, биіктеу (жер). *Дүкеннің алды қ ы р п у екен гой* (Шымк., Мақт.).

ҚЫРПУ[2] (Орал: Чап., Жымп.) тонның етегіне немесе бөріктің айналасына теріден салған жиек. *Тосегінің қ ы р п у ы н тырмалай тінтіп, таспиығы мен алты тал шуда жібін тауып алды* (Ж. Нәжім., Кішк., 50).

ҚЫРПУ[3] (Шығ. Қаз., Тарб.) әл, қуат, күш. *Қартайған адамның қ ы р п ы кете бастайды* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҚЫРПУ[4] (Шығ. Қаз., Тарб.) қырқу. *Баланың шашын қ ы р п ы п таста* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҚЫРПУЫНАН ЖАҢЫЛУ, ҚЫРПУЫ ЖОҚ (ҚХР) бетінен қайту, арынан жаңылу.

ҚЫРПЫҚ (Түрікм., Таш.) тон өңіріне, бөрік айналасына қойылатын жұқа тері, елтірі. *Боркіндегі қ ы р п ы г ы н ы ң әр жері соғіліп, жалбырап кетіпті* (Түрікм., Таш.).

ҚЫРПЫШ (Орал, Жән.) бөріктің қайырмасы, түрмесі. *Боріктің қ ы р п ы ш ы н жіңішке жасаса, әсем көрінеді* (Орал, Жән.).

ҚЫРСАУ[1] (Қар., Нұра) жалқау. *Оның озі оқуға қ ы р с а у емес пе, қалай оқиды?* (Қар., Нұра).

ҚЫРСАУ[2] (Алм., Кег.; Орал, Орда) құрсау. *Арбаның қ ы р с а у ы сынып еді, оны ұстаға әкеліп отырмын* (Алм., Көг.). *Арбаның тегершігіне қ ы р с а у салдырдым* (Орал, Орда). *Қ ы р с а у салмаса мәшке болек-салақ түсіп қалады* (Орал, Орда).

ҚЫРСАУ[3] (Өзб., Ташк.) кепені орауға жететіндей етіп қамыстан жіліншектеп байлаған бума. *Қ ы р с а у кепенің тоқылған қабырғасының жоғарғы басына ішінен де, сыртынан да қойылып байланады* (Өзб., Ташк.).

ҚЫРСЫМАЛ (Алм., Кег.) қыраң. *Менің баққан қойым қ ы р с ы м а л жерде жатыр* (Алм., Кег.).

ҚЫРТПАҚАЙЛАНУ (Сем.: Кокп., Ақс.) аузына келгенін айта салу, жауапсыз сөйлеу. *Ол қ ы р т п а қ а й л а н ы п отырады екен* (Сем., Көкп.).

ҚЫРТТАЙ (Орал: Орда, Казт.) құрттай. *Ол озі бір әдепті бала еді, қ ы р т т а й көзің түсіп кетсе, теріс айналады* (Орал, Казт.). *Әсия, лампыңнан қ ы р т т а й құйып берсейші* (Орал, Орда). *Көрсетілген кемшіліктерді жөндеуге қ ы р т т а й да иазар аударmаған* («Ж. жол», 15.11.1937).

ҚЫРТЫҚЫ-СЫРТЫҚЫ (Гур., Маңғ.) жөнсіз сойлеген, бейніл ауыз. *Мен ондай қ ы р т ы қ ы-с ы р т ы қ ы созді коп білмеймін* (Гур., Маңғ.).

ҚЫРТЫС ҮЙ (Қост., Фед.) жердің бетінен ойып алып қаластырған үй, шым үй. *Қазақтың қ ы р т ы с ү й і н д е й жылы үйді аз кездестіресің* (Қост., Фед.).

ҚЫРТЫСЫ СҮЙМЕУ (ҚХР) суқаны сүймеу, жаны жек көру.

ҚЫРУ[1] **1.** (Шымк.: Лен., Сарыағ.) көп табу. **2.** (Шымк., Лен.) опырып-жапырып істеу. *Қолым ауырып қалды, болмаса еңбекті қ ы р а т ы н едім* (Шымк., Лен.).

ҚЫРУ[2] (Павл., Баян.) үрсу, согу. *Баласына құтты болсын айтып келмеді, – деп бізді қ ы р ы п жатқан шығар* (Павл., Баян.).

ҚЫРУЛАҚ (ҚХР) тырна.

ҚЫРЧАҢҚЫ (Жамб., Мер.) қойдағы қышыма, қотыр сияқты жүні түсіп қалатын жылқы ауруы, қыршаңқы. *Бурынгы кезде қ ы р ч а ң қ ы н ы емдегенде алакұлікті өлтіріп, майға араластырып сонымен жуып жататын* (Жамб., Мер.).

ҚЫРЧЫЛУ (Алм., Шел.) жалқаулану. *Ол басында қ ы р ч ы л ы п жүріп, артынан түзелді* (Алм., Шел.). *Біраздан бері балам қ ы р ч ы л ы п оқуды тұрыс оқымай жүр* (Алм., Шел.).

ҚЫРША (Қост., Фед.; Көкш.: Щуч., Енб.) балқарағай, балапан ағаш, жас қарағай. *Үй езенінің екі беті аудым-аудым жас қ ы р ш а л а р* (Қост., Фед.). *Ана тоғайда қ ы р ш а л а р өсіп тур* (Кокш., Щуч.).

ҚЫР ШЕГЕ (Қарақ.) шелек.

ҚЫРШУ (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Ақт.: Ырғ., Қараб.) жердің бетін қырып тегістеу, аршу, тазалау. *Егіске шығар алдында қырманды қ ы р ш ы п тазалау қажет* (Қ.орда, Жал.). *Қырманды қ ы р ш ы п, оған тары үйеміз* (Ақт., Ырғ.). *Оттың маңайын қ ы р ш ы п тазалау керек* (Ақт., Қараб.). *Кетпенмен қырманды қ ы р ш ы п отырмын* (Қ.орда, Қарм.).

ҚЫРШЫЛҒАН (Сем., Абай; Тау., Қош.) қыркылған. *Костюмнің жеңі қ ы р ш ы л ғ а н екен* (Сем., Абай).

ҚЫРЫЖЫМЫН ҚАЙТАРУ (Қар., Шет) қарымтасын қайтару. *Қ ы р ы ж ы м ы н қ а й т а р ы п с ы ң гой* (Қар., Шет).

ҚЫРЫҚ БОЛУ (Гур., Маңғ.) жаңбыр болмағандықтан шоптің шабуға, мал жеуге жарамауы.

ҚЫРЫҚБУЫН[1] **1.** (Қост., Жанг.) өлең тәрізді шөп, өсімдіктің бір түрі. *Қ ы р ы қ б у ы н д ы мал жемейді* (Қост., Жанг.). **2.** (Павл., Ерт.) іші куыс, жінішке буын-буын болып өсетін осімдік. *Қ ы р ы қ б у ы н д ы мал жөнді жемейді* (Павл., Ерт.). **3.** (Қост., Жанг.) қамыс. **4.** (Орал, Қара.) буын-буын болып есетін, буындары оңай суырылатын осімдік. *Қ ы р ы қ б у ы н д ы қой-ешкі жақсы жейді. Қ ы р ы қ б у ы н дегенмен буындары қырыққа толмайды* (Орал, Қара.). **5.** (Жамб., Мер.; Шымк., Түркіс.) буын-буын болып шығатын өсімдік. *Қ ы р ы қ б у ы н құраганда үзіліп кетеді* (Шымк., Түркіс.). **6.** (Алм., Жам.) жоңышқа, таспа жоңышқа. *Жол жағасында қ ы р ы қ б у ы н болады* (Алм., Жам.).

ҚЫРЫҚБУЫН[2] (Қар., Шет) бидайды бастырып үшырганнан соң қалған калдығы. *Бидайдың қ ы р ы қ б у ы н ы н майқандап шығарады* (Қар., Шет).

ҚЫРЫҚ ЖҮН (Гур., Маңғ.) нашар, кір жүн.

ҚЫРЫҚ ЖІЛІК (Қ.орда) деңгене, серне.

ҚЫРУ-ПЫРУ (Қарақ.) жылқыны шақырғанда айтылатын одағай сөз («құрайт-құрайт»).

ҚЫРЫҚ КҮЙІН (Жезқ., Ұлы.) егіннің ауруының аты. *Алгабас колхозының егіні қ ы р ы қ к ү й і н болыпты* (Жезқ., Ұлы.).

ҚЫРЫҚҚАБАТ (Ауғ.; Ир.) капустаның бір түрі.

ҚЫРЫҚ ҚАНШАДА (Тау., Қош.) қырықтың үстінде. *Оның жасы қ ы р ы қ қ а н ш а д а* (Тау., Қош.).

ҚЫРЫҚ ҚҰРАҚ (Өзб., Ташк.) құрақтың түрі. Тырнақ қатардан құралып, ортаңғы көздігін төртке боліп, оның айналасына әрбір бөлігіндей етіп кішкене құрақшаларды жалғастырады. *Жастық көлеміне мұндай құрақтың қырқы кететіндіктен қ ы р ы қ қ ұ р а қ аталып кеткен* (Өзб., Ташк.).

ҚЫРЫҚҚЫ (Қарақ.) қыс айларында малға беретін шөптерді майдалап кесіп, қырқып беретін құрал.

ҚЫРЫҚПА ҚЫЖЫМ (Озб., Ташк.) тоқылған сияқты бүжыр-бүжыр болып келетін ұзын шашақты жібек орамал. *Қ ы р ы қ п а қ ы ж ы м н ы ң жиде пышақ, қожа пышақ деген екі түрі болады* (Өзб., Ташк.).

ҚЫРЫҚТЫҚ ҚЫН (Қарақ.) теріден, киізден тігілген қырықтық сабының қыны.

ҚЫРЫҚ ШЕЛПЕК (МХР) жас бала қайтыс болғанда, өлген кісіге ас бергенде пісіретін шелпек.

ҚЫРЫМ-ШЫРЫМ (Гур., Маңғ.) ырым-жырым. *Бұрын күйеулер қыз ала келгенде үйге кірер, қыз қашар дей ме қ ы р ы м-ш ы р ы м н ы ң бәрін жасайтын* (Гур., Маңғ.).

ҚЫРЫН ШЫҒАРУ (Қ.орда, Қарм.) істеген жақсылығын қайтару. *Ол менің қ ы р ы н ы м д ы ш ы г а р а алмады* (Қ.орда, Қарм.).

ҚЫРЫС (Шығ. Каз., Больш.; МХР) тілазар, тентек, кияңқы, кырсық. *Құрмет тақтасына нормаларын орындап жүргендер жазылды, сонымен бірге онда жұмыста қ ы р ы с, еріншек, нормасын орындамайтын кейбір машинистер сынға алынды* («Екп. Алт.», 26.09.1954). *Шамаларың келсе, көтеріп тастаңдар! – деп Жұман қ ы р ы с жауап берсе де Байжан өзінің бұған бейімділігін аңғартқысы келді* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 19). *Былтыр келгендердің барлығына кергідім де қалдым, ханым ғып беретіндей қ ы р ы с т ы м* (С. Маг., Сүмбіле, 125). *Айттым ба саған, осындай оның қ ы р ы с деп бастады сөзді тағы шофер Ырысбек* («Шұғыла», №3, 1988, 9).

ҚЫС[1] **1.** (Шымк.: Арыс, Шәу.; Алм., Шел.; Қост.: Жанг., Об.; Қ.орда, Арал; Жамб.: Шу, Мер., Луг.) күйген кірпіш, қызыл кірпіш. *Аудандық монша қ ы с кесектен салынған* (Қост., Жанг.). *Кесекті күйдіріп қ ы с қылады* (Қ.орда, Арал). **2.** (Жамб., Жуа; Шымк., Түлк.) қалыппен жасаған кірпіш (күйген, күймегені бәрі). *Қораның дуалына қ ы с жеткілікті* (Шымк., Түлк.). *Мұның үстіне жаңадан бір мектеп салу үшін 5765 қ ы с күйып алды* («Колшы», 1935, №40). **3.** (Жамб., Жам.) шикі кірпіш, күйдірмеген кірпіш.

ҚЫС[2] **1.** (Жезқ., Ағад.) керамика. **2.** (Жезқ., Ағад.) көзе.

ҚЫСА (Жамб., Сар.) құса, уайымды, шерлі. *Мен қ ы с а болып өлетін шығармын* (Жамб., Сар.).

ҚЫСАҒА (Қ.орда, Жал.) бірде ыстық, бірде суықтан ет пен тері арасында сарысу, ірің пайда болатын түйенің қышыма ауруы.

ҚЫСАПТАУ (Жамб., Жам.) есептеу. *Мына кінешкемдегі сандарды қ ы с а п т а у керек, мың центнер қайда қашып құтылады* («Колшы», 1936, №33).

ҚЫСАУ (МХР) зорлау. *Оған қ ы с а п ішкізді* (МХР).

ҚЫС АУАСЫНДА//ҚЫС ӘУЕСІНДЕ (Қост., Жанг.) қыста, қыстығүні. *Қ ы с ә у е с і н д е мал қарақұмда болады* (Қост., Жанг.).

ҚЫСАУБАЙ (Қ.орда, Арал) үлкен қайық (балық аулайтын қарапайым қайық). *Қ ы с а у б а й екі желкеммен жүреді* (Қ.орда, Арал).

ҚЫС ӘУЕСІНДЕ Қ. қыс ауасында.

ҚЫСИДЫ (Жамб., Шу) қысады.

ҚЫС КҮЙІНДЕ (Қост., Жанг.) қыстығүні.

ҚЫСҚА БАЗАР 1. (Қарақ.) сенбі күні болатын базар. *Ұзақ базар жексенбі күні, қ ы с қ а б а з а р сенбі күні болады* (Қарақ.). 2. (Қарақ.) сәрсенбінің базары.

ҚЫСҚАНТАЙ 1. (Рес., Орын.; Түрікм., Таш.) қысқа. *Ізтелеу Үлбикенің айтысы қ ы с қ а н т а й* (Рес., Орын.). *Жолым үйдің уығы қ ы с қ а н т а й болады* (Түрікм., Таш.). 2. кішкентай (Рес., Орын.).

ҚЫСҚАРША (Жамб., Шу) мойын жағы жіңішкелеу, мыстан жасалған шай қайнататын ыдыс.

ҚЫСҚАШ 1. (Жамб.: Шу, Мер., Қорд., Жуа.) шоқ қысқыш. *Қ ы с қ а ш п е н қысып сал* (Жамб., Шу). 2. (Рес., Орын.) шеге суырғыш, тістеуік. 3. (Рес., Орын.) уста дүкеніндегі темірді қысып тұратын құрал. Орысша *тисы*. Қ. чімчуір.

ҚЫСҚЫШ (Қарақ.) темір ұстаның темірді қысып ұстайтын аспабы.

ҚЫСПА (Шығ. Қаз.: Марқ., Қатон.) сырға. *Сейітқазы ұста қ ы с п а согады* (Шығ. Қаз., Қатон.).

ҚЫСПАҚ (Қарақ.) жыңғылдан жасалған қораның құламауы үшін екі жағына ағаш қойылып, тартылып байланған жері.

ҚЫСПАР (Алм., Жам.) тар. *Сайдың аягы қ ы с п а р екен* (Алм., Жам.).

ҚЫСПАСЫЛ (Рес., Орын.) ескіше қыркүйек айының аты.

ҚЫССАҒЛЫ (Түрікм., Таш.) асығыс. *Жаным анам, маған өкпелеме, соғысқа қ ы с с а ғ л ы кетіп барам деп жазыпты* (Түрікм., Таш.).

ҚЫС ТАБАҚ (Шымк., Түлк.) құмыра. *Сүтті қ ы с т а б а қ қ а құй* (Шымк., Түлк.).

ҚЫСТАҚ (Алм.: Кег., Нар., Үйг.; Сем.: Мақ., Үрж.; Гур., Маңг.) қыстау. *Бақташылар қыста да қ ы с т а қ т а тұра алмайды* (Алм., Нар.). *Біз жазда да қ ы с т а қ т а отыра береміз* (Алм., Кег.). *Қ ы с т а қ т а үй қалмады ол бармаған, Қалмады терезелер қағылмаған* (Қ. Аманж., Шығ., 2 т., 260). *Жер жүзі бізден өрнек алып отыр, гүлденіп ауыл-аймақ қ ы с т а ғ ы м ы з* (Б. Майл., Шығ., 2 т., 23). *Сайып келгенде малдары қ ы с т а қ т а төмен күймен келді* («Ст. туы», 20.05.1952).

ҚЫСТАҚЧЫ (Жамб., Тал.) жатақшы. *Бұрын көше алмай қалған кедейлерді қ ы с т а қ ч ы дейтін едік* (Жамб., Тал.).

ҚЫСТАЛАУ (Қар.) қысу. *Ақсақал кісіні қ ы с т а л а м а, Омарға Тарлан көктің жүрісі қатаң көрінді гой* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке).

ҚЫСТАМ (Қ.орда, Арал; Рес., Орын.; Ақт., Ырғ.; Қарақ.) егіндік тың жер, екінші жылы егін салынған жер. *Біздің егіндік жеріміз қ ы с т а м болады* (Қ.орда, Арал). *Қ ы с т а м ы ң бар ма, биыл шашатын* (Рес., Орын.). *Біздің егіндік жеріміз қ ы с т а м болады* (Ақт., Ырғ.).

ҚЫСТАМА (Сем., Аяг.) қыстау, малды ауылдың қыстайтын жері, орны.

ҚЫСТАРУ (Қарақ.) азайту.

ҚЫСТАУ (Ақт., Ойыл; Орал, Орда) саманнан жасалған үй. *Малшыларға арнап совхоз он бес қ ы с т а у салды* (Орал, Орда). *Қ ы с т а у д ы бұрын жабымен жабатын едік, қазір шифрмен жабамыз* (Орал, Орда). *Сен қ ы с т а у ы ң д ы жасап бітірдің бе? Біздің қ ы с т а у д ы жабуға белдік жоқ болып тұрганы* (Ақт., Ойыл). 2. (Орал, Жән.) ағаштан, кірпіштен салынған үй. *Бірнеше кісі құмда қ ы с т а у салуга жіберілді. Он күн ішінде бір қ ы с т а у жасап бітірілсін деген тәртіп берілді* (Орал, Жән.). 3. (Орал, Орда) жер үй. *Мынау менің қ ы с т а у ы м, мұның қасындағы, Шәріпқалидың қ ы с т а у ы, екеуміз атадан бері коршіміз* (Орал, Орда). *Темақақ о қадені қ ы с т а у ы н бітірген соң гаиа жасады* (Ж. Нәжім., Кішк., 136). *Үлкен қ ы с т а у д а жалгыз өзі елегізітін сияқты* (Ж. Нәжім., Кішк., 130). *Екі бөлмелі, алдында сенегі бар, жұпыны, шағын тас қ ы с т а у* (Ж. Нәжім., Кішк., 24).

ҚЫСТАУЫШ (Гур., Есб.) дөнді дақыл ауруы. *Дөнді егістерді қаракүйе және қ ы с т а у ы ш т а н сақтап қалу үшін олардың тұқымын улау әдісі қолданылады* (Гур., Есб.).

ҚЫСТЫҒУ (Сем., Абай) қысылу. *Асан қ ы с т ы г ы п отыр* (Сем., Абай). *Қымыз құйып отырған аптапта ажарлы жүзі қып-қызыл боп қ ы с т ы г ы п, кесек денесін дірілдетіп, үнсіз күліп отыр* (М. Әу., Абай жолы, II, 454).

ҚЫСТЫРҒЫШ ПӘРУЫЗ (Шымк., Түркіс.) көрпенің жиегіне қалдық матаны төрт бұрыштап қиып тіккен түрі.

ҚЫС ҮЙ (МХР) жылы үй. *О кезде қ ы с ү й дегенді білмейміз* (МХР).

ҚЫСЫНБАУ (Өзб., Там.) қысылмау. *Қарт та болсам қ ы с ы н б а й м ы н дейді Күрекең* (Өзб., Там.).

ҚЫСЫҢМЫНАН (Қарақ.) қыстай. *Маған қ ы с ы ң м ы н а н, жазыңмынан тыным болмай тұрыпты* (Қарақ.).

ҚЫСЫРАҒАН ТҮЙЕ (Гур., Маңг.; Қорда, Арал) үрғашы түйелердің түрлі себептермен мүйізгек ауруына үшырап, қайымайтын, боталамайтын түйе.

ҚЫСЫРАҚТЫҢ ҮЙІРІ (МХР) сәурікке байтал жиып қосқан жылқы үйірі (сәурік төрт жастағы айғыр). Мысалы: он бес жылқы қысырақ десе, он төрт байтал, бір сәурік деген сез.

ҚЫСЫРАҢЫЗ (Жамб., Шу) айдалмаған, егін егілмеген жер.

ҚЫСЫРПАЯ (Шымк., Түлк.) бұрын егін салып, тыңаюда тұрған жер. *Біздің колхозда қ ы с ы р п а я да көп* (Шымк., Түлк.).

ҚЫТ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Мары, Таш.) аз, тапшы, жеткіліксіз, қат. *Тұщы су қ ы т болғансын Бакуден тасиды* (Түрікм., Красн.). *Оның өзі қолға түспейтін бір қ ы т нәрсе боп тұр* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *гыт* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *қыт* (Карақ.-рус. сл., 1958)].

ҚЫТАЙ ПИЯЗ (Алм., Шел.; Талд., Панф.) сарымсақ, шеснок.

ҚЫТПАУ тартынбау, аянбау (С. Аман., ВДИКЯ).

ҚЫТУ (Қорда, Арал) қысу, шамалау, мөлшерлеу. *Малға шөп аз жылы шөпті қ ы т ы п бермесе болмайды* (Қорда, Арал). *Ат жалын қ ы т ы п ұстаған жұмырығы да балғадай* (Т. Ахт., Дала., 34). *Өзіне айтқызсаң аузын құ шөппен сүрткенмен құдай оны бақтан да көп қ ы т а қоймаған* (Ә. Кекіл., Үркер, 140). *Дүғайды сыйламағаны, тыңдамағаны алдына астан, шөміштеп қ ы т а т ы н болды* (Ж. Нәжім., Кішк., 139).

ҚЫТЫҚ (Алм., Еңб. қаз.) жеткіліксіз. *Мына кездеме қ ы т ы қ т а у, сондықтан одан жейде тігуге болмайды* (Алм., Еңб. қаз.).

ҚЫШ 1. (Шымк.: Шәу., Мақт.; Қ.орда: Сыр., Жал., Тер.; Өзб., Там.) кірпіш. *Қ ы ш құюшылар келді* (Шымк., Мақт.). *Мен қ ы ш құюға шебермін* (Шымк., Шәу.). *Елдің көпшілігі үйді қ ы ш т а н салып жатыр* (Қ.орда, Жал.). *Үйдің дуалын қ ы ш т а н өріп жатырмыз* (Қ.орда, Сыр.). 2. (Алм., Жам.; Жезқ., Ұлы.) күйдірген кірпіш. *Алайда бұл үйдің әрбір қ ы ш ы н а дейін оған аса қымбат* (Ж. Арыст., Жер үй., 230). *Аткомның кеңсесі Жаңабай үйінің қасында, салты ерін Әбділденің ішкі қ ы ш т а н салған тапалтақ үйінде еді* (С. Сейф., Шығ., 5 т., 40). *Адамдар ішіндегі қашып шықты, Астында қалармыз деп өрген қ ы ш т ы ң* (Рус. дас., 85).

ҚЫША (Алм., Кег.) құрай тәрізді майы алынатын дақыл. *Қ ы ш а н ы ң майын, мемлекетке тапсырамыз* (Алм., Кег.). *Мына дақылдарды егу ұсынылды: жүгері, қ ы ш а, тары* («Сов. шек.», 21.07.1955).

ҚЫШАҒУ (Алм., Жам.) құмарлану, құмарту, құшырлана түсу. *Мен бір істі бастамасам, одан сайын қ ы ш а ғ ы п кетем, тегі* (Алм., Жам.).

ҚЫШАУ (Алм.: Жам., Қаск.; Жамб., Шу; Талд., Панф.; Жезқ., Ұлы.) қыстау, зорлау. *Баланы қ ы ш а с а ң болды, тегі бәрін айтады* (Алм., Жам.). *Сен оны қ ы ш а м а* (Талд., Панф.). *Сүт планын орында деп қ ы ш а п жатыр* (Жамб., Шу). *Көңілі қаламағанды қ ы ш а м а ң д а р* (Жезқ., Ұлы.). *Боранды күні боқ қ ы ш а ғ а н сорлылар, тірімісің, өлімісің?* (Ш. Мұрт., 41-ж. кел., 73). *Жаңа мырс еткенде ненің қ ы ш а п кеткенің қайдам* (Ә. Нұрп., Сең, 227).

ҚЫШКҮЛ (Шымк., Түркіс.) кастрөл. *Меруерт, нанды қ ы ш к ү л г е сал* (Шымк., Түркіс.).

ҚЫШ КІРПІШ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) күйдірген кірпіш. *Жаныстың тамын қ ы ш к і р п і ш т е н салған* (Ақт., Ырғ.).

ҚЫШҚАУЫН (Шымк., Түркіс.) қауынның түрі. *Апам бір қ ы ш қ а у ы н д ы жұлып әкелді* (Шымк., Түркіс.).

ҚЫШҚАШ[1] 1. (Алм.: Кег., Жам., Шел.; Талд.: Гв., Ақсу; Сем.: Аяг., Көкп.) шымшуыр, шоқ қысқыш. *Қ ы ш қ а ш т ы қайда қойдың, самауырға көмір салатын* (Талд., Гв.). **2.** (Павл., Ерт.; Рес., Орын.) шеге суырғыш құрал, тістеуік. **3.** (Рес., Орын.; МХР) уста дүкеніндегі темірді қысып тұратын құрал.

ҚЫШҚАШ[2] (Сем.: Абай, Шүб.) маскара.

ҚЫШ ҚҰМАН (Шымк., Түркіс.) қыштан жасалған құман.

ҚЫШҚЫР (Сем., Үрж.) қияңқы, қыңыр. *Өте қ ы ш қ ы р болған кісі екен* (Сем., Үрж.).

ҚЫШЛАҚ (Шығ. Қаз., Ұлан) қыстау, қыстақ. *Құшарына қоса алды колхозды ауыл қ ы ш л а г ы н* («Соц. майдан», 5.07.1939).

ҚЫШ ТАБАҚ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал.) күйдірген кірпіштен жасалған табақ. *Қ ы ш т а б а қ осы күндері магазинге сирек түсетін болыпты* (Қ.орда, Сыр.). 2. (Жамб., Жуа.) құмырша.

ҚЫШТАУ (Жамб., Сар.) қыстау. *Сонша қ ы ш т а с а м д а айтпады* (Жамб., Сар.).

ҚЫШУ (Жамб., Шу) қысу.

ҚЫШЫЛ (Көкш., Қ.ту) ашу, кек. *Бәтімнің былтырдан қ ы ш ы л ы бар, мені өсектей береді* (Көкш., Қ.ту).

ҚЫШЫЛДЫ[1] (Қост., Жанг.) мықты, қатты. *Машинеңің ішіндегі задбор қ ы ш ы л д ы болса жақсы жүреді* (Қост., Жанг.).

ҚЫШЫЛДЫ[2] (Гур., Маңғ.) пысық, шымыр.

ҚЫШЫЛЫ КЕТУ (Гур., Тең.) былғары етіктің өңі кету, өңсіздену. *Жаңа киген етіктің бірте-бірте қ ы ш ы л ы к е т е бастайды* (Гур., Тең.).

ҚЫШЫМА (Шымк., Түркіс.) түйенің қотыр болып ауруы. *Қ ы ш ы м а коктем айларында, әсіресе қыс жылы болған жылдары түйе жүндеуге дейін кезделеді* (Шымк., Түркіс.).

ҚЫШЫН (Гур., Маңғ.) солтүстіктен соғатын теңіз желі. *Темірқазықтан жазда қ ы ш ы н соғады* (Гур., Маңғ.).

ҚЫЮ[1] (Қ.орда, Арал) қыру, өлтіру мағынасында. *Ақсұңқар құс қашан да болсын қ и я д ы гой* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЮ[2] **1.** (Жамб., Шу) түскиіздің шетіне жүргізілген жиек. 2. (Түрікм.: Ашх., Мары, Таш.) тонның сыртқы жиектеріне, жауырынына салынған барқыт маталар. *Базарда қ ы ю ы бар тондарды да сатады* (Түрікм., Таш.).

[Қарақалпақша *қию* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ҚЫЯКЕЛДІ (Қ.орда, Арал) бөтен, басқа біреу. *Пісірген асым қайдағы бір қ и я к е л д і түгіл, өз адамдарыма да жетер емес* (Ә. Нүрп., Курл., 124).

ҚЫЯҚ (Қ.орда, Арал) басында арпа-бидай дәніндей түқымы бар құмды жер өсімдігі. *Қ ы я қ т ы мал жейді, оның азықтық қасиеті бар* (Қ.орда, Арал).

ҚЫЯН (Көкш., Қ.ту) тіпті, аса, өте. *Қ ы я н мықты атқа, қ ы я н мықты арба керек* (Көкш., Қ.ту).

ҚЫЯР 1. (Гур., Бақс.) жалдама жұмыс, кәсіп. *Ол байдың қ ы я р ы н істеп, болған. Бұрынғы уақыттағы байлардың қ ы я р ы емес, бұл колхоздікі, жақсылап істе* (Гур., Бақс.). 2. (Гур., Бақс.) үздіксіз, үнемі, ылғи, аянбай. *Қ ы я р істеу, жұмысқа қ ы я р қатысу* (Гур., Бақс.).

ҚЫЯС (Қ.орда, Арал) кесір, қырсық. *Мені хат танымағаны үшін жұмыстан шығарам деуі, менің жақсы жұмыс істеуіме қ и я с болды* (Қ.орда, Арал).

Л

ЛАБАБЫ//ЛАУАБЫ//ЛАБАҚ//ЛҰМ КЕСЕ (Қарақ.) кесенің үлкен түрі.

ЛАБАЗ (Қ.орда, Арал) балық қабылдайтын, әрі түздайтын орын. *Балықшы балықты қайықпен л а б а з г а әкеп тапсырды* (Қ.орда, Арал). *Анадай жерге иіріліп тұрған балықшыларға жетіп кеп, Моңкеден басқасының барлығын сыпырып алып, л а б а з г а апарып тоге салды* (Ә. Нүрп., Ымырт, 29). *Таласов мырза істен шыққан л а б а з ы н а орт салғызып жаласын жұмысшыларға жапты* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 382). Қ. лапас.

ЛАБАЙ[1] (МХР) тоқылған қап. *Жүн салуға бірнеше л а б а й берші* (МХР). *Өзі менімен жарыспақшы, ә!? Мені жүн тыққан л а б а й деп жүр ме екен!* («Шұғыла», 1983, №1, 33).

ЛАБАЙ[2] (Алм., Іле) қабат, нобай, түйдек, аумақ бірден тез қозғалатын көшкін тас, ірі түтас қар. *Таудың бетіндегі көшкін тастар л а б а й м е н құлайды. Кейде биік таудың бетіндегі қар да л а б а й ы м е н құлап түседі* (Алм., Іле). Бұл сөздің төркіні орыстың *лава* деген сөзімен байланысты.

ЛАБАЙЫМЕН (Алм., Еңб. қаз.) барлығы, бүтіндей, түгелімен. *Кейде биік таудың бетіндегі қар да л а б а й ы м е н құлай түседі* (Алм., Еңб. қаз.).

ЛАБАҚ Қ. лабабы.

ЛАБАҚТЫ (Ақт.: Шалқ., Қараб.) абақты. *Біз қазір л а б а қ т ы и ы көрмейміз* (Ақт., Шалқ.). *1937 жылы л а б а қ т ы г а түстім. Л а б а қ т ы д а 40 күн жатқасын этаппен айдайды* (Ақт., Қараб.).

ЛАБАҚТЫЛАП ҚОЮ (МХР) қамап қою, түрмеге жауып қою.

ЛАБЗАМ//ЛАУЗАМ (Қ.орда, Арал) жел сөз, қауесет, лақап. *Сен, немене, өзің л а б з а м шашып халыққа!* (Қ.орда, Арал).

ЛАБЛЫҒУ (Гур., Есб.) даурығу, дүрліктіру. *Малың ешқайда да кетпейді, жоғалады деп кісінің бейбітшілігін алып, л а б л ы қ п а й отыр!* (Гур., Есб.). *Кино қоямын деп л а б л ы қ т ы р ы п жүр гой* (Гур., Есб.).

ЛАВАЙ (МХР) екі үш қанарды жалғастырып тіккен үлкен қанар. *Дүз л а б а й жүнді екі мәшінге өрең сидырып арттық* (МХР).

ЛАГИ (Рес., Орын.) **1.** самаурынның астына қоятын поднос. Қ. **ләгән. 2.** кір жауатын ыдыс. *Кірді шылапшынға емес, л а г и г е жуады* (Орын., Ад.).

ЛАҒЫЛ (Орал, Қара.) самаурын астына қоятын поднос.

ЛАЗЫ (Алм.: Кег., Үйғ.) қызыл бұрыш. *Тамақтың л а з ы с ы ашты болып кетіпті* (Алм., Кег.). *Бұрын л а з ы н ы келімдері деуші едік* (Алм., Үйғ.).

ЛАЙҚАТ (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Сыр.; Орал, Орда) лайық, жарамды. *Айдынгали батырдың аты озіне л а й қ а т. Мына халат сізге л а й қ а т екен* (Орал, Орда). *Бұл ылги өтіріктің және мақтаншақтың, сандырақтың бекерлігін айтып жатудың озі бізге л а й қ а т емес* («Ст. эпоха, 1941, №51). *Біздің жеріміз кұріш, қауын егуге л а й қ а т т ы* (Қ.орда, Сыр.). *Колхоздар егінді л а й қ а т т ы жерге салады* (Ақт., Ырг.).

ЛАЙ ПЕШ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) кірпіштен қалап жасалған пеш.

ЛАЙ ТӨГУ (Гур., Тең.) балықтардың көбірек топтанған, шоғырланған лайлы жері. *Балықшылар л а й т о к к е н жерге ау салса, балықты көп алады* (Гур., Тең.).

ЛАЙЫТУ (Қ.орда, Арал) лайлау, лайланып, бозғыл тарту (су туралы). *Со л а й ы т қ а н жерге балық топтанады. Коп балық бір жерге шогырланса, су бетін л а й ы т а бастайды* (Қ.орда, Арал). *Тоңірегі сол баягы қоймалжың. Әлгіндегідей мөлдір емес, л а й ы т а бастапты* (Ә. Кекіл., Құс қан., 125).

ЛАҚА (Қ.орда, Арал) жайынның кішілеу түрі, бауыры теңбілдеу, түмсығы дөңгелек, жалпақтау келген қоңыр балық. *Л а қ а н ы ң еті семіз болады, бірақ басқа балықтардан гөрі еті сүйкімсіздеу келеді* (Қ.орда, Арал). *Лақаның* денесінің әр жерінде, төменгі жағында кішкене жалы болады, оны Арал балықшылары *қалаш* дейді... **Бұл** балық, түрліше айтылады: Аралда *л а қ а*, Каспийде *л а қ а ш ы қ*, Кеңгірде *л а қ а. Онан соңғы біреуі л а қ а балық, басында айдары бар сақа балық* (Зейне-Зайып пен Юсіпбектің Уазифа қызбен айтысқаны, 1906).

ЛАҚАЖДА (Алм., Кег.) таяу арада, аз уақыт ішінде. *Қолхозға ауданнан әкімдер л а қ а ж д а келуге тиісті* (Алм., Кег.).

ЛАҚАП[1] (Гур., **Маңғ.**) мақал-мәтел. *Мен л а қ а п сөзді көп білмеймін* (Гур., Маңғ.).

ЛАҚАП[2] (Қарақ.) атақ, қызмет.

ЛАҚАТ[1] (Ауғ.; Ир.) алқа. *Қыздарымыз болса мойынша л а қ а т тагады* (Ауғ.; Ир.).

ЛАҚАТ[2] (Ақт., Жүр.) қабір ішіндегі кісі коятын жер. *Жыламсыраган дауысты л а қ а т т а п қазған қабырга сусылдап түсе бастаган жас топырақтың тырсылы жүта бастады* («Жалын», 1981, №2, 76). Қ. лақыт.

ЛАҚАШ (Орал, Чап.) жайынның кішісі.

ЛАҚАШЫҚ (Гур., Тең.; Рес., Сарат.) жайынның кішісі.

ЛАҚҚА Қ. лаққы.

ЛАҚҚЫ//ЛАҚҚА (Қарақ.; Қ.орда: Қарм., Арал) мысқылдаушы, куақы, өтірікші. *Сол л а қ қ ы н ы ң сөзін қайтесің шам көріп* (Қ.орда, Қарм.).

ЛАҚСА (Жамб.: Мер., Луг.) тікеннің түрі. *Л а қ с а н ы ң жапырағы жарбиып шыгады, жүлганда агарып сүт шыгады. Оны түйе жейді. Л а қ с а жеген түйе өркеші үш аптада тік тұрады* (Жамб., Луг.).

ЛАҚУА (Қарақ.) әзілді көп айтатын адам. *Қаллыбек жүдә л а қ у а* (Қарақ.).

ЛАҚЫ-ЛҰҚЫ (МХР) майда-шүйде, үсақ-түйек.

ЛАҚЫ-МҰҚЫ (Сем., Үрж.) ескі-құсқы, көне. *Л а қ ы-м ұ қ ы киімді киіп жүре беру керек жастықта* (Сем., Үрж.).

ЛАҚЫТ (Көкш.: Щуч., Еңб.) қабірдің бір жағынан үзына бойына кеулеп қазылған қуыс. Мүны кейбір жерлерде *ақым* дейді.

ЛАМАЙЛАУ (Алм., Шел.) бытыстыру, сапырылыстыру, араластыру. *Көжеге тары қосып л а м а й л а м а й отыр* (Алм., Шел.).

ЛАМ-ЛҰМ (Қарақ.) үшті-күйлі, жымжылас. *Базардан хәрәжат әкел деп ақша бердім, л а м-л ұ м жоқ болып кетті* (Қарақ.).

ЛАМПА//ЛАМПЫ (Рес., Сарат.; Орал: Орда, Казт.; Ақт., Ойыл) керосин. *Балам, л а м п ы н ы тогіп алма* (Орал, Орда). *Судың исі л а м п ы сасып кетіпті* (Ақт., Ойыл).

ЛАМПАНЫҢ БАСЫ (Сем., Шүб.) керосин шамының әйнегі. Оны *бозір* деп те атайды. Орысша *пузырь*.

ЛАМПАНЫҢ ШАРБАҒЫ (Шығ. Қаз., Больш.) лампаның, шам темірінің жоғарғы жиегі.

ЛАМПЫ Қ. лампа.

ЛАМПЫМАЙ (Қ.орда, Сыр.) шишасы, әйнегі жоқ сықсима шам. *Шиша болмай*

тұрғанда л а м п ы м а й жағушы едік (Қ.орда, Сыр.).

ЛАҢСА (ҚХР) итсигек сияқты өсімдік.

ЛАПАРСИЯ (Өзб., Ташк.) көк сия. *Документтерді л а п а р с и я м е н толтыруға болмайды* (Өзб., Ташк.).

ЛАПАС 1. (Қост., Семиоз.) үйдің ауыз бөлмесі. *Л а п а с т ы ң бір жағында жас төл ұстайтын, отын, су қоятын орын болады* (Қост., Семиоз.). *Л а п а с т ы ң есігіне көзі түсіп, жүрегі қалтырай тіксіңкіреді* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 40). 2. (Орал, Орда) үсті, жан-жағы жабық қора. *Арық, малды, қыста л а п а с қ а бағамыз* (Орал, Орда). *Ол ауланың бұрыш-бұрышын, л а п а с т ы ң астын қарады* (Х. Есенж., Ақ Жай., 47). *Торы атты л а п а с т ы ң астына апарып байлады* (Қ. Жүм., Соңғы..., 106). 3. (Орал, Казт.) жер үй. *Ол жерді қазып, л а п а с салды* (Орал, Казт.). Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде де кездеседі (В. Рад., Опыт..., т. 3). Л. Будаговтың сөздігінде *лапас, лабаз* үйдің ең төменгі қабаты, жертөле (Л. Буд., ч. 2.). С. Мұқановта *лабаз. Сөйтіп жүріп шіркеуі бар бір алаңға жетсе, маңында сарай сияқты ұзынша бірдеме қараңдайды, жақындап барса бергі қабырғасы жоқ л а б а з* (С. Мұқ., Ақ. жүл.). Бұны Шымкент облысының кей жерінде *бастырма,* Орынбор облысы Адамов, Бөрте аудандарында *сәндіре* деп атайды.

ЛАПҚОЙ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) отірікші, бос сезді мылжың. *Оның өзі л а п қ о й екен* (Қ.орда, Арал). Сөздің түбірі *лап* мылжың, *лафлық-атмақ* мылжыңдау (В. Рад., Опыт..., т. 3).

ЛАП ҚЫЛУ (Түрікм., Таш.) өтірік айту. *Л а п қ ы л ғ а н адамды тұрікмен халқы жек көреді* (Түрікм., Таш.).

ЛАПЫ (Көкш., Щуч.) бос, болдырымпаз мал. *Мынау бір л а п ы мал екен, терлеп, болдырып тұр гой* (Көкш., Щуч.)

ЛАПЫЛДАУЫҚ (Шығ. Қаз.: Күрш., Зайс.) қалтқы, аудың қалқыма ағашы. *Балық аулайтын ауға л а п ы л д а у ы қ байлады* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Лапылдауық* ауды суға батырмайды, әрі аудың құрылған орнын белгілейді. Арал, Каспий балықшыларының сойлеу тілінде оның орнына *қалтқы* сөзі қолданылады.

ЛАПЫРМА (Қ.орда, Қарм.) лепірме. *Аузыңа келгенді л а п ы р ы п айта бермей, тек отыр* (Қ орда, Қарм.).

ЛАПЫТ (Шығ. Қаз., Зайс.) беталды лағып сойлеуші. *Ол бір л а п ы т адам* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЛАПЫШ 1. (Қарақ.) лақа балығының уақ түрі. 2. (Орал, Чап.) сазанның үлкеиі.

ЛАР (Орал, Чап.; Кекш., Щуч.) астық сақтайтын жәшік.

ЛАСЛАУ (МХР) сүргіштеу. *Ариаулы маман барып колонка аспабын жөндеді. Үзілген ломбы жалғанып, л а с л а н д ы* («Ж. өмір», 14.10.1925).

ЛАТҚАР (Шымк., Мақт.) шептің бір түрі. *Тахта арасындағы ана л а т қ а р д ы шауып таста* (Шымк., Мақт.).

ЛАУ (Шығ. Қаз.: Марқ., Қатон.) қос ат, қос огіз (колік мағынасында). *Ертең ауданга бір л а у бидай алып жүреміз. Сол л а у м е н қалаға барып қалуыңа болады* (Шығ. Қаз., Марқ.). *Мектеп басына әлі бір де л а у отын үйілген жоқ* («Соц. шаруа», 27.08.1939).

ЛАУАБЫ Қ. лабабы.

ЛАУАБЫ КЕСЕ (Түрікм., Таш.) үлкен, сапар кесе. *Л а у а б ы к е с е м е н шай ішпейміз, тек ауқат салып жейміз* (Түрікм., Таш.).

ЛАУА КЕСЕ//ЛАУ КЕСЕ (Қарақ.) кесенің үлкен түрі.

ЛАУАҚ КӘСӘ Қ. лабабы.

ЛАУЗАМ (Қ.орда, Арал) әңгіме, жел сез, қауесет. *Сен, немене, озің, халыққа л а б з а м шашып* (Қ.орда, Арал). Қ. лабзам.

ЛАУ КЕСЕ Қ. лауа кесе.

ЛАУЛАУ (Қарақ.) сөзі көп, ісі жоқ адам туралы. *Өзі бір л а у л а у директор еді* (Қарақ.).

ЛАХАТ (Қост., Жанг.) ақымның бір түрі. *Досжан марқұмиың л а х а т ы кең болып жақсы қазылды* (Қост., Жанг.). Қ. лақат.

ЛӘБЛӘБІ//ЛӘБЛЕБІ (Қарақ.) қант қызылшасы. *Беті л ә б л ә б і д е й қызыл екен, деді сау гой деймін* (Қарақ.). *Біздің жақта қазір л ә б л ә б і егіледі* (Қарақ.).

ЛӘБЛЕБІ Қ. ләбләбі.

ЛӘБЛЕМЕ (Шымк.: Сарыағ., Мақт.) қант қызылшасы. *Л ә б л е м е н і ң үлкені екі килодан да артық болады* (Шымк., Мақт.). *20 гектар егілген жерде 5,5 гектарда л ә б л е м е бар* («Қ. ту», 2.06.1962).

ЛӘБІ (Өзб., Ташк.) уәде.

ЛӘГЕН (Солт. Қаз.) шылапшын. *Қаңылтыр шәйнекті алды да босагадағы л ә г е н г е қолын тосқан Асқарға су құйды* (С. Мұқ., Танд. шығ., 3 т., 130).

ЛӘГӨН 1. (Тәж.; Ақт., Ойыл; Рес., Орын.) қол жуатын шылапшын. *Бала, л ә г ө н м е н су әкеліп кісілердің қолына су құй* (Ақт., Ойыл). 2. (Орал: Жән., Орда; Гур., Есб.) самаурын астына қоятын поднос. *Магазинде л ә г ө н*

сатып жатыр, ала кел (Орал, Жән.). Қ. леген, елеген.

ЛӘГӨР ПЫШАҚ (Орал: Жән., Чап.) үлкен пышақ.

ЛӘГӨШКЕ (Рес., Омбы) бір шелек су сиятын ағашты ойып жасаған шелек. *Ертеректе л ә г ө ш к е л е р көп болатын, қазір олар жоқ* (Рес., Омбы).

ЛӘГҮН (Шығ. Қаз., Больш.) сыра ашытатын бөшке сияқты ыдыс, ағаш шелек.

ЛӘҒҰН (Рес.: Сарат., Астр., Қалм.) самаурынның астына қоятын жалпақ табақ тәрізді темір поднос. *Самаурынның шоғы тосекті күйдірер, л ә г ұ н ы ң қайда?* (Рес., Қалм.). Қ. ләгән.

ЛӘЖ БОЛУ (Қ.орда, Арал) күн керістік қана, ауқаттық. *Айлыққа 200 сом қатын, балаларымызға л ә ж б о л ы п тұр* (Қ.орда, Арал).

ЛӘЗДӘ (Шымк., Сайр.) лезде.

ЛӘЗІМ (МХР) лазым, жөн. *Үш жылдан кейін жетер асуын қазірден барлап, мақсат баспалдағын биіктете беру л ә з і м* («Ж. омір», 4.07.1983). *Жаңа терминдерді алудан қашпаған л ә з і м* («Ж. омір», 8.12.1968).

ЛӘЗІМДІ (Өзб., Ташк.) сүйкімді, тартымды. *Ауқатың л ә з і м д і бопты* (Өзб., Ташк.).

ЛӘЙКЕ (Гур., Тең.) қайықтың ішіне жиналған суды тогетін ыдыс. *Қолыңа бір л ә й к е ал да қайықтың суын төк* (Гур., Тең.).

ЛӘЙЛАҒА//ЛӘЙЛІГЕ КЕЛУ (ҚХР; МХР) айтқанына кондіру, ыңғайына келтіру. *Ол бір л ә й л а г а к е л м е й т і н қарыс чал* (МХР). *Қанша күш салса да бұл жұмыста оны л о й л і г е к е л т і р е алмай-ақ қойдым* (ҚХР).

ЛӘЙЛІ[1] (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта) өнерлі, сауыққой. *Ол өзі л ә й л і жігіт* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қарақалпақша *ләйлі көнілді, көңілдендіргіш* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЛӘЙЛІ[2] (Рес., Орын.) самаурынның астындағы поднос. *Л ә й л і н і жақсылап сүрт* (Орын., Бөр.).

ЛӘЙЛІГЕ КЕЛУ Қ. ләйлаға.

ЛӘКӘТ (Ауғ.; Ир.) алқа.

ЛӘККІ ТАБАҚ (Қарақ.) ақ табақ, жайпақ табақ.

ЛӘМБОН//ЛӘМПЕН (ҚХР) сырт киімдік жылтыр кездеме.

ЛӘМБӨК (Орал: Чап., Жымп.; Кокш., Щуч.) қара жылтыр сатин. *Жылтырақ жамылғаны қара л ә м б о к, басында селкілдейді ноғай телпек* (Х. Ерғ., Құр.). Б. Аманшинде *«ләмбек». Көнетоз, жадағай, күй, л ө м б е к камзол, жарғақ тон, сеңсең тымақ, кір жаулық, шолақ шаршылар* («Жүлдыз», 1987, №3, 12).

ЛӘМДЕУ (Қарақ.) су бүркіп ылғалдау, сулау, дымқылдандыру. *Қауашаның қызыл паясын жинап алып, жауынды күндері жауынның астына қойып, не жауынсыз күндері су бүркіп л ә м д е п, оның қабығынан кендірше шығарып, арқан еседі* (Қарақ.).

ЛӘМКЕ (Гур., Тең.) иыққа киіп, ау тартатын қайыс, кендір бау. *Бұрын балықшылар ұзын ауды л ә м к е киіп тартатын* (Гур., Тең.). *Кешір, өзіңнің де, оңып тұрғаның шамалы, бізге пар болып, күйкі тіршілігің л ә м к е с і н тарта-тарта аққаптал болғаныңды сезбейсің* («Жүлдыз», 1988, №6, 107).

ЛӘМПӘШИ (Ақт., Жүр.) кәмпит. *Мәгезінде жақсы л ә м п ә ш и бар* (Ақт., Жүр.). *Балалардың алақаны, өрік, мейіз, ақ тоқаш пен л ә м п ә ш и г е толды* («Жүлдыз», 1987, №3, 91).

ЛӘМПЕ (Өзб., Ташк.) үйдің ішкі төбесі, шаңырағы. *Бөлменің л ә м п е с і толық сылаңып бітпепті* (Өзб., Ташк.).

ЛӘМПЕН Қ. ләмбон.

ЛӘМПӨК (Ақт.: Жүр., Қараб.) жылтыр, жүқа қара мата. Қ. ләмбөк.

ЛӘПӘЙ ТАПТЫРМАДЫ (Қост., Жанг.) құйрығы қоныс таппады, тұрақтап отыра алмады. *Кешегі ауылдың өзі л ә п ә й т а п т ы р м а д ы* (Қост., Жанг.).

ЛӘП-ЛӘП (Қ.орда, Арал) қазды жемге шақырғанда айтылатын одағай сөз.

ЛӘПЗӘМЗӘМ (Қ.орда, Арал) зәмзәм суы.

ЛӘППӘЙ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары) күп, мақұл. *Бір сөз айтса л ә п п ә й дегеннен басқа жазығым жоқ* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *лепбей* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *лаббай* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *ләббәй* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ЛӘПСІ (Түрікм., Таш.) нәпсі. *Л ә п с і с і жаман адам еді, ақыр сонысынан қорлық көріп отыр* (Түрікм., Таш.).

ЛӘПСІ ТАРТУ (Ақт., Қараб.) тәбеті тарту. *Менің қымызға л ә п с і м т а р т ы п тұр* (Ақт., Қараб.).

ЛӘРЕН (Шымк., Мақт.) тостаған, кішкене аяқ. *Шеше, л ә р е н д і бер, балаға ас берейін* (Шымк., Мақт.).

ЛӘСТІК (ҚХР) астарға, көрпелікке қолданатын жылтыр мата, кездеме.

ЛӘТИП (ҚХР) қайырымды, рақымды.

ЛӘТТӘ (Қ.орда, Қарм.) пайдаға аспайтын ескі-құсқы нәрселер (макулатура). *Өзімізге л ә т т ә тапсыру керек* (Қ.орда, Қарм.).

ЛӘТТЕ[1] **1.** (Түрікм., Таш.) көне, ескі. *Ол арық қазып жүргенде л ә т т е бір нәрсе тауып алды* (Түрікм., Таш.).

ЛӘТТЕ[2] (Өзб., Ташк.) үлкен шашақты жібек орамал.

[Тәжікше *латта:* 1) шүберек, қнынды; 2) ауызекі тілде паршаның бір түрі (Тад.-рус. сл., 1954); өзб. *латта:* 1) шүберек; 2) *латта рұмол* жібек орамал (Узб.-рус. сл., 1959); түрікм. шүберек, қиындылар (Туркм.-рус., сл.,1940); түр. *лата* жеңіл кең сыртқы көйлек, халат (Тур.-рус. сл., 1977). Ташкент төңірегінің кей жерінде *ләтті* орамал (Т. Айд., Қаз. тіл лекс. ерек., 68)].

ЛӘШЕҢКЕ (Кокш.: Щуч., Еңб.) үсті кәрзеңке сияқты тоқылған қорапты арба. Мұны кейде *тырашпан* дейді.

ЛӘШКЕР (Шымк., Сарыағ.) әскер. *Балаларымыз л ә ш к е р г е барып қайтты* (Шымк., Сарыағ.).

ЛЕБІЗІ ЖЕРГЕ ТИМЕУ (ҚХР) сөзі жерде ескерусіз қалмау.

ЛЕБІН (Қарақ.) жаңбырдың тасқыны, селі. *Кешегі өткен л е б і п д е коп жайлар құлап қалды* (Қарақ.).

ЛЕГЕН//ІЛЕГЕН 1. (Жамб.: Мер., Луг., Тал.; Шымк., Сайр.) ет, тағы басқа тағам салатын жайпақ табақ. *Етті л е г е н г е сап әкел* (Жамб., Мер.). *Л е г е н д е қатырма тұр* (Шымк., Сайр.). *Шырын шекер бал келді, Алтын л е г е н үстінде, Әр түрлі тағам ішінде, Қазы-қарта жал келді* (Алпамыс, 39). **2.** (Кекш., Щуч.; Рес., Омбы) қол жуатын шылапшын. *Көне, енді сіздің қолыңызға суды мен құяйын, – деді Күнсұлу л е г е н н і ң қасында тақтайда жатқан сабынды ұсынып* («Жұлдыз», 1983, №3, 73). *Байдың сауып сауынын, Жем болып итке жауырын, Есігінде байлардың Әлі де л е г е н төгер ең* (С. Мұқ., Таңд. шыг., 69). *Ботакоз пештің үстінде тұрған қаңылтыр шайнекті алды да, босагадағы л е г е н г е қолын тосқан Асқарға су құйды* (С. Мұқ., Таңд. шыг., 130). *Күркесінің іргесінен бір сынық қаңылтыр л е г е н д і алып, қайың таяқпен ұрып айқайлап шіркеуге шақырып, қоңырауын қаққан попша даңғырлатты* (С. Сейф., Әңгім., 37).

[Орысша *лохань*; пар. *лаган* жез шылапшын, жуындыны құятын ыдыс (Кр. пер.-рус. сл., 1953)].

ЛЕГУ (Кокш., Щуч.) үзару. *Таң едәуір л е г і п т і* (Көкш., Щуч.).

ЛЕЙКЕ (Гур., Тең.) **1.** қайықтың ішіндегі суды төгетін ыдыс. Орысша *лейка. Л е й к е г е үш-төрт литр су сияды* (Гур., Тең.). **2.** балықты жуу үшін су таситын шелек. *Л е й к е м е н су алып, бекірені тазартып, қазанға салайық* (Гур., Маңғ.).

ЛЕК (МХР) ұлттық ойынның бір түрі.

ЛЕКЕРЛЕУ (Гур., Шев.) епте, ілекерлеу. *Ақшаңды л е к е р л е п, бір айға жеткіз* (Гур., Шев.).

ЛЕКЕШ (Жамб., Тал.) балалар ойынының бір түрі, әйкел (қ.). *Қаратай мен Досым л е к е ш ойнап жүр* (Жамб., Тал.).

ЛЕКУБЕ (Рес., Сарат.) ағаштың бөліктерін бір-біріне бекітетін темір.

ЛЕКШЕНКЕ (Рес., Сарат.) жеңіл шана.

ЛЕКІРУ (Гур., Маңғ.) молаю, кобею. *Құдықтың суы л е к і р д і. Судың көзі л е к і р і п, шапшып шықты. Жаңбыр жауса, көлдің беті л е к і р е бастайды* (Гур., Маңғ.).

ЛЕМДЕУ (Қарақ.) Қ. ләмдеу.

ЛЕМЕШ (Рес., Сарат.) соқаның жүзі. Орысша *лемех.*

ЛЕП-ЛЕП (Қ.орда, Арал) асыранды қазды шақыру үшін айтылатын соз.

ЛЕПЕ (МХР) жігер, лебіз. *Осы табыстарға арнай, аймақтың басшысы 4 ұйымы ұсынған құттықтау хат, ақшалай сыйлықты қабыл алған сұмын еңбекшілері жаңа л е п е м е н іске кірісті* («Ж. өмір», 22.07.1985).

ЛЕПЛІК ЛАЙ (Қарақ.) батпақ, үйық жер.

ЛЕПМАЙ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Тедж., Таш.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) керосин. *Құтыдағы л е п м а й д ы құйып ал* (Түрікм., Ашх.). *Дүкенге л е п м а й түсіп жатыр екен, содан он литр л е п м а й алдым* (Гур., Маңғ.). *Тас көмір, тұз бен және бар, ондірістегі осылар, л е п м а й, мұнай сияқты көмбелер жұр көрінбей. О да бір күн ашылар* (Сәттіғұл ақын).

ЛЕПІЛДЕК (Ақт., Ырг.) беті ашық мойынсыз, торсыз, кішкене лампа. *Бұрын базардан алып келгенде л е п і л д е к шам жағатын едік. Қазір л е п і л д е к т і ң орнына электр шамы жағылатын болды* (Ақт., Ырғ.)

ЛЕПІС (Түрікм.: Таш., Кенеүр., Тахта, Тедж.) ниет, күлық. *Қой, оның л е п і с і жаман* (Түрікм., Көнеүр.).

ЛЕС (ҚХР) торт бұрышты темір таба. *Нанды л е с к е пісіреміз* (ҚХР). Қ. ілес[2].

ЛЕСІН (Гур., Шев.) баспалдақ.

ЛЕТР КЕСЕ (Рес., Омбы; Көкш.: Щуч., Еңб.) үлкен кесе, сапар аяқ. Шымкент облы-

сыиың кейбір аудандарында *керден кесе*, Орынбор қазақтарында *түйе кесе*, Шу бойы қазақтарының тілінде *жанан//жәнен*, Ұлытауда *сапар кесе*, Қарақалпақ қазақтарында *көкнәрі*.

ЛИВАН (Ауғ.; Ир.) **1.** стакан. **2.** кружка.

ЛИКЕ (ҚХР) сиырдың шап майы.

ЛИНТ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) шит сыртындағы түбіт.

ЛОБАЙЫ (Сем., Үрж.) нобайы, шамасы.

ЛОБЫ (Сем., Аяг.) редиска.

ЛОҚҚА (Сем., Абай) жылқыда болатын ауру. *Өткен жазда перма бастығының аты л о қ қ а д а н өлді* (Сем., Абай). Баспасөзде *«лоқы»* түлғасы да кездеседі. *Аттың көбі жауыр л о қ ы болды* («Ст. туы», 15.09.1942).

ЛОҚҚЫҒА ТҮСУ (Гур., Маңғ.) сөзге еру. *Л о қ қ ы г а т у с у – жақсы адамның ісі емес* (Гур., Маңғ.).

ЛОҚЫ ЖАУЫР (Орал, Орда) жылқының шоқтығындағы ісікті жауыр. *Мына л о қ ы ж а у ы р ат кімдікі?* (Орал, Орда).

ЛОМБЫ (МХР) қорғасын бекіткіш. *Жанармай тарату станциясындағы өлшеуіш аспабы ақауға ұшырағаны туралы мұнай базасы өкімшілігі мынаны хабарлады: Аспаптың л о м б ы с ы үзілгенін көре тұра оны жондетпей жанармай берген станция меңгерушісі Б. Динаға жанармай таратушыларға ескерту берілді* («Ж. өмір», 14.10.1985).

ЛОҢҚА (Шығ. Қаз., Болып.; ҚХР) банка. Лоңқа салу, лоңқа тоңкеру. *Ол кісінің қандауыры тиіп, л о ң қ а с ы төңкерілмеген адам қалмап еді-ау* («Мәд. ж. тұрм.», 1986, №12).

ЛОПАР (ҚХР) томарымен құлаған жуан ағаш немесе күжім дарақтың түп жағы.

ЛӨКЕЙ (Көкш., Щуч.) үлкен, ірі. *Мына біреуі л ө к е й пышақ екен* (Көкш., Щуч.). Қ. лөкет, дөкөт.

ЛӨКЕТ (Қост., Жанг.) **1.** соқаның жүзі. *Мына соқаның л ө к е т і н таптатып алу керек екен* (Қост., Жанг.). **2.** отпейтін үлкен пышақ. *Мынау ыңғайсыз л ө к е т екен* (Қост., Семиоз.).

ЛӨК КЕЛГІР (Көкш., Еңб.) түйені қарғағанда айтатын қарғыс сөз.

ЛӨКІР (Орал, Орда) отпөйтін үлкен пышақ. Қ. лөкет.

ЛӨКІТ ПЫШАҚ (Орал, Чап.) мал соятын үлкен пышақ.

ЛӨҢГІ (Алм., Шөл.) бет сүртөтін орамал. *Әке, қонаққа л ө ң г і алып бер* (Алм., Шел.).

[Бұл сөз парсы тілінен ауысқан, онда *лунгі* белге буынатын шүберек, орамал я шалма (Кр. пер.-рус. сл., 1931)].

ЛӨПІЛДЕК (Қар., Шет) лампасыз шам.

ЛУСОР (Орал, Орда) жоңышқа. Бұл сөз орыстың *люцерна* сөзінің өзгерген түрі.

ЛУМКЕСЕ//ЛУМКЕСЕ Қ. лабабы.

ЛУҚ (Гур., Тең.) қайықтағы кісі пайдаланатын үйшік. *Балықшылар кеште л ұ қ т е болады* (Гур., Тең.). *Л ұ қ т е н басымды көтерсем, қос желкенді бір дәу келіп-ақ қалған екен* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 147).

ЛУЛЕ (Ауғ., Ир.) пештің түтіндігі, мұржасы.

ЛУПІР (Гур., Тең.) үрле. *Отты л ұ п і р!* (Гур., Тең.).

ЛУТ (Түрікм.: Ашх., Красн., Небид., Тедж., Мары, Байр., Таш.) өте, шамадан тыс. *Кеше кеште ол л ұ т пьян болыпты* (Түрікм., Ашх.).

ЛЫҚЫТУ (Қ.орда, Арал) бірдөн. *Латын шаруасының қарағайдан салған аласа, тар моншасы кірлігіне қарамастан ішіне кірген адамды өзіне л ы қ ы т ы п тартады* (Ә. Нұрп., Курл., 290).

ЛЫПСЫ (Рес.: Астр., Сарат.) тіпті, тым. *Станциямен л ы п с ы араласымыз жоқ* (Рес., Сарат.).

ЛІМҚАЛАП ЖҮРУ (Тәж.) амалдап жүру.

М

МАБ (Түркім.: Таш., Көнеүр., Тахта) дұрыс, орынды. *Оның сол сөзі м а б еді* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *мувапык* сәйкес, орынды, келісімді (Туркм.-рус. сл., 1940)]. Қ. мәп[2], отырымды, уәж.

МАВЫТ//НАВЫТ (Қост., Торғ.) өлу, қаза болу. *Батпаққара соғысында көп адам м а в ы т болды* (Қост., Торғ.).

МАГАР (Ақт., Ырғ.) егер. *М а г а р үйіңе Ахмет келсе, осы сөзді айтқайсың* (Ақт., Ырғ.).

МАГАРДА (Жезқ., Ұлы.) егерде. *М а г а р д а сіз барсаңыз, мен де барайын* (Жезқ., Ұлы.). Қ. магар.

МАҒА (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.; Алм., Шел.) маған. *Қасымбектің жайы м а ғ а, менің жайым оға мәлім* (Алм., Шөл.).

МАҒАЗ (ҚХР) махаббат, сүйіспеншілік («Сөз сан.»).

МАҒАН ЕСЕ (Шығ. Қаз., Больш.) маған десе.

МАҒАР (Қ.орда, Арал) егер. Қ. магар.

МАҒАРЛАУ (Өзб., Ташк.) баздану. *Дастарқандағы нанды сындырып еді, арасы жібектей созылып, м а ғ а р л а п кетіпті* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше *могарламақ* осы мағынада (Узб.-рус. сл., 1959)].

МАҒАРЛЫ (Жезқ., Ұлы.) үлкен. *Мына үй м а ғ а р л ы екен* (Жезқ., Ұлы.).

МАҒАРЛЫРАҚ (Жезқ., Ұлы.) үлкенірек. *Мынау кіші гой, ол бұдан м а ғ а р л ы р а қ* (Жезқ., Ұлы.).

МАҒАТ (МХР) мүмкін, ықтимал. *«Қарын» деуі қарынша томпайған жері деген магынада болу керек, ал «қарымы» деуі уықтың күш түсер жері, адамдар ұстар жері, қармайтын жері, қармауды бөлегі деген ұғымнан туындаса, м а ғ а т жоқ деп топшылаймыз* (Б. Көм., Мон. қаз. салт-дәс., 77).

МАҒБУД (ҚХР) *ар.* қастерлі, сыйлы. *Алдаумен біреулерге м а ғ б у д болдық* (*«Сез сан.»*).

МАҒЗАМАН (Ауғ.; Ир.) Арыстанбабтың әулетінен тараған діни әулет. *Әй, бар, құдайа, осы дұғамды мұстажаб ет. Осы жақсылардың һүрмәті үшін Ер Сейтпембет м а ғ з а м а н н ы ң һүрмәті үшін, Қасым Қожа Сопаздардың һүрмәті үшін* (Б. Өтеб., Қаз. диас., 98).

МАҒЗАН (ҚХР) қамба (*«Сез сан.»*).

МАҒЗҰМ (ҚХР) шақырылған қонақ.

МАҒЗЫ ҚӘЛЛӘ (Ауғ.; Ир.) ми.

МАҒИПТАР (ҚХР) кадірлі. *Ең м а ғ и п т а р қазаққа ата салты* (М. Қалтайұлы).

МАҒНАУИ (Өзб., Ташк.) мағыналық.

МАҒҰРЫП (ҚХР) батыс, батыс жақ.

МАҒҰЛАҚ (Павл., Ерт.) алғыр. *Біздің Жаңбырбай жастан м а ғ ұ л а қ еді* (Павл., Ерт.).

МАҒЫЗ[1] (Гур., Есб.; Қ.орда, Арал; Сем.: Ақс., Кокп.; Ақт., Шалқ.) маңыз. *Ол кісі өңгіменің м а ғ ы з ы н тани біледі* (Сем., Кекп.). *Шөптің мал шаруашылығы үшін м а ғ ы з ы күшті гой* (Гур., Есб.).

МАҒЫЗ[2] (Тәж.) керпенің жиегі.

МАҒЫЗДЫ (Гур., Есб.; Қарақ.; Сем.: Кекп., Ақс.; Ақт., Шалқ.; Қ.орда, Арал) маңызды. *Биыл тұқымдықтың м а ғ ы з д ы с ы н тарыдан аламыз* (Гур., Есб.). *М а ғ ы з д ы сөзді қай уақытта жатқа еске бекем ұстау керек* (Қ.орда, Арал). *Алдымызда тұрған өң м а ғ ы з д ы жұмыс – пахтаны дер кезінде жиып алу* (Қарақ.).

МАДА Қ. маша.

МАДАЛЫ (Жамб., Жам.) мазалы. *Ол м а д а л ы сөзді көп біледі* (Жамб., Жам.).

МАДОР (Рес.: Волг., Сарат.) помидор.

МАДЫҚТАУ (Гур., Маңғ.; Орал) мадақтау. *Асанды көтеріп м а д а қ т а й д ы* (Гур., Маңғ.). *Бұл көдімгі малға сатылған ишанның Байқараны м а д ы қ т а п, «я, әйю һәл Байқара өнтө көлбөн Көбира...» дегендегі нағыз дінді қорлағандық* (Х. Есенж., Ақ Жай., 220).

МАДЫРАУ (Шығ. Қаз., Күрш.) жаңылу, абдырау. *Ақан сөзінен м а д ы р а п қалды* (Шығ. Қаз., Күрш.).

МАЖАЛ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Жал.; Орал: Жөн., Орда) әл, күш, мүрша. *Орақтың жұмысын өз уақытында біткеру көпшіліктің м а ж а л ы н а байланысты нәрсе гой* (Қ.орда, Қарм.). *Қалаға жаяу барып келуге м а ж а л ы м жетпейді* (Орал, Жөн.).

МАЖАР 1. (Көкш., Қ.ту) терт доңғалақты қазақы арба. *Біз шөпті м а ж а р м е н тасимыз* (Кокш., Қ.ту). 2. (Қ.орда, Қаз.; Орал: Жөн., Казт.; Рес., Волг.) ағаш доңғалақты үлкен қалқанды арба. *Бес м а ж а р арба шөп шауып алдық* (Орал, Жөн.). Қ. можар.

МАЖАУРАУ (Тау., Қош.; МХР) маужырау, қалғу. *Сенің м а ж а у р а п үйқың келіп отыр гой* (Тау., Қош.). *Жауын өтіп кеткендігі ме, жылынып м а ж а у р а п барам* (МХР). *Қарашы өзің, күллі әлем күн нұрының жайлы шуағын бойына сіңіріп, м а ж а у р а п тұрғандай* (А. А., Сүй. мен., 95).

МАЖУСИ//МАЖУС (ҚХР) отқа табынушы, дінсіз (*«Сөз сан.»*).

МАЖЫРА (Қ.орда, Арал; Рес.: Волг., Сарат.) қалып, жай, жайбарақат. *Су көйтіп м а ж ы р а с ы н а келе бастайды* (Қ.орда, Арал). *Шуаққа шомылған жалпақ дала бүгін сондай м а ж ы р а, тамылжып тұр* (*«Жұлдыз»*, №4, 1988, 95). *М а ж ы р а жай бір тұлеп, бір мауығып, Ырғай жерден көтерген шырмауығын* (*«Жұлдыз»*, №10, 1986, 5).

МАЖЫРАСУ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) жадырау. *Көптен көрмеген досым келіп, м а ж ы р а с ы п қалдым* (Қ.орда, Сыр.).

МАЖЫРАСЫН БОЛУ (Қ.орда, Қарм.) жадырау, ракаттану. *Көңілім көтеріліп бір м а ж ы р а с ы н б о л д ы гой* (Қ.орда, Қарм.).

МАЗА (Шымк., Түлк.) тынышсыз, ауру хал.

МАЗАЛАТТАУ (Орал: Орда, Жөн.) мазалау. *Әслима, қонақты м а з а л а т т а м а* (Орал, Жөн.).

МАЗАҢ (Қост., Жанг.) мазасыз. *Осының өзі көп жылайтын м а з а ң бала екен* (Қост., Жанг.). *Сөйткен м а з а ң ауру бүгін әрі жазылды, әрі көлікке мінбек* (Ж. Нөжім., Кішк., 16).

МАЗАР (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары; Қарақ.; Жамб.: Қорд., Сар.) қабір, бейіт, мола. *Атамның м а з а р ы н қазуға біраз мал жұмсапты* (Түрікм., Таш.). *Пұлсыз* (к.) *базарға барғанша, м а з а р ғ а бар* (Қарақ.). *Басыңа м а з а р қойса, Түрлі сөзбен безеген. Устіңе топырақ үйсе, Шөккен нарға беңзеген* (к.) (Шөнгерей). *Бейіт мағынасында м а з а р қорым деп те айтылады* (Шымк., Мақт.). Қ. мазарат, мазурат.

МАЗАРАТ (Қ.орда: Тер., Сыр.) мола, зират, мазар. Қ. мазар.

МАЗАРАТТАУ (Павл., Ерт.) азаптау. *Малшылар ұстаған қасқырды м а з а р а т т а п олтірді* (Павл., Ерт.).

МАЗАР БАСЫП КЕЛУ (Қ.орда, Жал.) алыс жерден келді. *Берден м а з а р б а с ы п к е л д і гой, ауқатқа* (к.) *шақырыңдар* (Қ.орда, Жал.).

МАЗАСЫ БОЛМАУ (Жамб.: Луг., Мер.) реті келмеу, жайы келмеу. *Тамақтың м а з а с ы б о л м а й отыр* (Жамб., Луг.).

МАЗЗА (Өзб., Там.) рақат. *Одеколон сеуіп, «өне, енді м а з з а болды!» – деді* (Өзб., Там.).

МАЗУРАТ (Жамб., Луг.) бейіт, зират. Қ. мазар.

МАЙ (МХР) ақы, жалақы. *М а й ы н төлеп алған мәшініміз гой. Екі бөлмелі үй м а й л а п алдым* (МХР).

МАЙ АЛУА (Қ.орда: Тер., Сыр., Жал.) шемішкенің дәні. *М а й а л у а магазинімізге жиі түсіп тұрды* (Қ.орда, Сыр.).

МАЙДАЛАУ (Өзб., Ташк.) егін не шөпті мал басып таптап тастауы. Қ. майқандау, маймалдау, майпаздау.

МАЙБАЛЫҚ (Қ.орда, Арал) кішкене семіз балық. *Балықшылар м а й б а л ы қ т ы қыстығүні аулайды* (Қ.орда, Арал).

МАЙ БАУЫР (МХР) ішіне май тыққан бауыр. *Мал сойған қақың бар гой, м а й б а у ы р пысырып* (к.) *же* (МХР).

МАЙҒА АЛУ Қ. майлап алу.

МАЙҒАНАН (Түрікм.: Ашх., Нөбид., Тедж.) майға пісірілген нан. *М а й г а н а н ғ а молшылық халықтың күйлілігі гой* (Түрікм., Ашх.).

МАЙҒЫЛУ (МХР) бәлсіну, қылымсу. *М а й ғ ы л ы п тұрмай, чапчаң қимылдасаңчы* (МХР).

[Монғолша *маяглах* бәлсіну, қылымсу (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 188)].

МАЙДАГҮЛ (Өзб., Там.) қаракөл елтірісінің майда жүні.

МАЙДАҚАЙЛАУ (МХР) майдалау. *Лөмбөктің бір беті жылтыр м а й д а қ а й л а у болады* (МХР).

МАЙДАН[1] (Қарақ.; Өзб., Ташк.) алаң, егістік жер. *Һәр күні пілленің м а й д а н ы кеңейтіліп, сиректетіліп тұруы керек* (Қарақ.). *М а й д а н шетінен ортасына қарай айдауда аттар, көліктер өне бойы солға қайрылып отырады* (Өзб., Ташк.).

МАЙДАН[2] (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тедж.; Қарақ.) аз уақыт, сәт, мезгіл. *Бір м а й д а н д а-а қ опыр-топырын шығарған* (Түрікм., Көнеүр.). *Бір м а й д а н* – бір шама, бір мезгіл. *Бір м а й д а н біздің ауылға да келіп кетсең, не қылады* (Қарақ.).

[Түрікменше *майдан* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *майдан* (Карак.-рус. сл., 1958)].

МАЙДАН[3] (Қарақ.) сырт, көше, дала.

МАЙДАНДЫҚТАР (Шымк., Түлк.) майдандағылар. *Олар тек қана м а й д а н д ы қ т а р д ы ң үй-ішіне көмек көрсетуді ұйымдастырумен гана айналысады* (Шымк., Түлк.).

МАЙДАН ЖҮРМЕУ (МХР) семіру. *Биыл малымыз м а й д а н ж ү р м е й қалды* (МХР).

МАЙДАНЫ БЕРІК (ҚХР) табанды, айтқан уәдесінде тұратын.

МАЙДА-ШҮЙКЕ (Жезқ., Ағад.) майда-шүйде.

МАЙЕК[1] (Қ.орда, Арал; Қарақ., Мой.) жұмыртқа. *Тауықтың м а й е г і н пісіріп, сары уызын жедім* (Қ.орда, Арал). Қ. мәйек[1].

МАЙЕК[2] (Жезқ., Ұлы.) қалың жас шөп. *М а й е к шөпті шабуға әлі ерте* (Жезқ., Ұлы.).

МАЙ ЖҰМАР (МХР) жұмыршаққа іш май, бауыр салып жасаған тағам. *М а й ж ұ м ы р д ы бас асқанда гана асады, түрлі ет, май жанбасын қосып береді* (МХР).

МАЙКҮЛШЕ (Өзб., Там.). Қ. майсалма.

МАЙҚАЛАҚ[1] (Жамб.: Шу, Мер.) нан сүзгі. *М а й қ а л а қ т ы қайда қойған* (Жамб., Мер.). Қ. майшолпы.

МАЙҚАЛАҚ[2] (Шығ. Қаз., Больш.) шай қасық. *М а й қ а л а г ы ң д ы ал шай ішуге* (Шығ. Қаз., Больш.).

МАЙҚАЛАҚ[3] (Түрікм.: Жеб., Красн., Небид.; Гур., Маңғ.) үй сылайтын қалақ. *М а й қ а л а қ т ы өзім істей беремін* (Гур., Маңғ.). Қ. андама, андуа, өндем, жылмала.

МАЙҚАН[1] **1.** (Ақт.: Жүр., Шалқ.; Алм., Шел.; Рес., Орын.; Жамб., Шу; Қарақ.) қырманда қызылдайтын астық үйіндісі. *Мына тұрған м а й қ а н д ы қазір желге күрекпен атамыз* (Ақт., Шалқ.). **2.** (Ақт., Жүр.) бастырған өгіннің топаны мен сабаны аралас түрі.

МАЙҚАН[2] (Қ.орда, Шиелі; Орал, Орда) кірпіш көптіретін алаң. *Құйылған кірпіштер м а й қ а н д а кептіріледі* (Қ.орда, Шиелі).

Тасты (қ.) *кептіру үшін, м а й қ а н д ы күн түсетін жерге жасайды* (Орал, Орда).

МАЙҚАН[3] (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб., Күрш.) семіз, семіздік. *Мына қойың м а й қ а н н а н жарылғалы тұр екен* (Шығ. Қаз., Тарб.).

МАЙҚАНА (ҚХР) үлгі, өнеге, тәлім, тәрбие. *М а й қ а н а көрмеген* («Сөз сан.»).

МАЙҚАНДАУ 1. (Шымк., Сайр.; Сем.: Акс., Абай; Ақт.; Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб., Күрш.; Алм., Кег.) бидайды шоп-шалаңнан тазарту, шарлау (қ.). *Бидай жел болмай, м а й қ а н д а л м а й тұр* (Шымк., Сайр.). *Бидайды м а й қ а н д а м а с а су өтіп, шіріп кетеді* (Алм., Кег.). 2. (Жамб., Шу) сабанын алып тастап, топан аралас бидайды бастыру.

МАЙҚАРА (Түрікм.: Көнеүр., Небид., Таш.; Қ.орда: Жал., Сыр., Арал; Ақт., Тем.) қырда өсетін жусанның бір түрі. *М а й қ а р а н ы жылқы, қой сүйсініп жейді* (Ақт., Тем.). *Жерден көтерілісімен м а й қ а р а тарамдалып өседі* (Түрікм., Таш.).

МАЙ ҚАУЫН (Рес.: Астр., Волг.) жүмсақ қауын.

МАЙҚОҒА (Сем.: Үрж., Абай, Шүб.) қамыстың бір түрі. *М а й қ о г а журтқа белгілі жақсы отын* (Сем., Үрж.).

МАЙ ҚОЛТЫҚ ТҰЙЕ (ҚХР) бос жүріп семірген, тос пен алдыңғы аяқтарының қолтықтарын май басып, тез терлейтін, күш көлігі болған ақта түйе. *Керуеншілерге түгел бір көш жүгін арту үшін де м а й қ о л т ы қ т ү й е л е р д і жарамсыз деп санайтынбыз* (ҚХР).

МАЙҚҰМАР (Алм., Жам.) түйенің тымауратып ауруы. *Түйем м а й қ ұ м а р м е н ауырып жүр* (Алм., Жам.).

МАЙ ҚҰМЫРЫСҚА (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) құмырсқаның ең ұсақ түрі. Майда сөзімен түбірлес болуы мүмкін.

МАЙҚЫ (ҚХР) майда, ұсақ. *Ұсақ м а й қ ы құрақ* («Сөз сан.»).

МАЙ ҚЫЛШЫҚТАУ (МХР) майдың қылшығын алу.

МАЙЛАҚЫ (Гур.: Маңғ., Есб.) кір, лас, қою. *М а й л а қ ы қап-қара түн* (Гур., Есб.). *Ылғи тарақ тимей дудырап жүретін м а й л а қ ы шашты желпіп-желпіп қап, орнынан атып турады* (Ә. Кекіл., Құс. қан., 21). *Үйлерді, кошелерді баттасқан м а й л а қ ы мұнар көлегейлеп апты* (Ә. Көкіл., Құс. қан., 214).

МАЙЛАҚЫЛАНУ (Гур., Есб.) кір болу, шайырлану. *М а й л а қ ы л а н ғ а н жеңімен былай ысырып қойды* (Гур., Есб.). *Алдындағы ақ айманың бүркеуін ашып еді, қолтиді боп м а й л а қ ы л а н ы п қалған жиде тастары ию-қию араласып кетіпті* (Ә. Кекіл., Үркер, 6).

МАЙЛАНУ (Шымк., Түлк.) баю. *Колхоз председателі м а й л а н ы п кеткен* (Шымк., Түлк.).

МАЙЛАП АЛУ//МАЙҒА АЛУ (МХР; ҚХР) жалға алу, ақылы жүмыс істету. *Оның машинасын мен үш күнге м а й л а п а л д ы м* (ҚХР).

МАЙЛАП ҚАЛУ (Қ.орда, Қарм.) ауға балықтың көп түсуі. *Бүгін ау м а й л а п қ а л г а н екен* (Қ.орда, Қарм.). Қ. тартым.

МАЙЛАП-САЙЛАУ (Орал: Орда, Жән.) сылап, ақтап әзірлеу. *М а й л а п-с а й л а у ғ а енді кірісеміз* (Орал, Жән.). *Қораның қазіргі көрінісі сиықсыз. М а й л а п-с а й л а у жұмыстары аяқталмаған* («Окт. туы», 5.10.1958).

МАЙЛАУ[1] (Жамб., Шу; МХР) жалдау. *Бір арбаны м а й л а п алдым* (Жамб., Шу).

МАЙЛАУ[2] (Орал: Орда, Жөн.) сылау, ақтау. *Кеше біз үй м а й л а д ы қ* (Орал, Чап.). *Астық құятын складтар оңдалып, іші-сырты, төбесі м а й л а н ғ а н жоқ* («Ж. жол», 3.08. 1938).

МАЙЛАУ[3] (Қ.орда, Арал) молығу, көбею, ауға балықтың көп түсуі. *Звеноның жылымы м а й л а п қапты. М а й л а н ғ а н жылым* (Қ.орда, Арал).

МАЙЛАУ[4] (Ауғ.; Ир.) май құю. *Мәшінді м а й л а д і ң мі?* (Б. Өтеб., Қаз. диас., 98).

МАЙЛЫ (Жамб., Тал.; Шымк.) мейлі. *М а й л ы ң ы з, сурасаңыз да болады* (Жамб., Тал.).

МАЙЛЫҚ[1] 1. (Қ.орда: Қарм., Арал; Ақт., Ырғ.; Жезқ., Ұлы.) үлкен ау салатын, оны тартатын жағадағы орын. *Звено жылымын Сартеренің м а й л ы г ы н а н шығарып, көп балық алды* (Қ.орда, Арал). *Балықшылар м а й л ы қ қ а жақындап қапты* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 68). Қ. рет, тартым. 2. (Қ.орда, Арал) кәсе. Жылым ау салуға қолайлы, балығы мол жер.

МАЙЛЫҚ[2] 1. (Ауғ.; Ир.) май орамал. 2. (МХР) ет жеген соң, қолдың майын сүртетін орамал. *Ей, балам, м а й л ы г ы ң д ы әкеші* (МХР). Қ. май шашық.

МАЙЛЫ ҚҰРТ (МХР) майын алмай жасаған құрт.

МАЙМАҚ (Жамб.: Шу, Мойын.) түйенің ауруы. *Түйе көп тұрып қалса, м а й м а қ ауруына тап болады* (Жамб., Шу).

МАЙМАҚ БАСУ (ҚХР) жағымпаздану.

МАЙМАҚ БОТА к ө с. аяғының білезік буыны ішке нө сыртқа қарай айналып біткен бота. *Амандығымның қолы м а й м а қ*

болған б о т а сияқты бір олай, бір бұлай кетеді (Ж. Жүм., Жазыл. кіт.).

МАЙМАЛДАУ (Жамб., Шу; Шымк., Түлк.; Қарақ.) таптау. *Бұл малдардың аузынан бұрын аяғы құртатын болды жүгеріні м а й м а л д а п* (Жамб., Шу). *Қауынымды м а й м а л д а п кеткен* (Шымк., Түлк.).

МАЙНА кептер сияқты құс түрі.

МАЙ ӨКШЕҢЕ ЖАМАН (ҚХР) өзіне зиян, пайдасыз. *Бұл мәселені уақытында шешіп алмасаң, кейін м а й о к ш е ң е ж а м а н болғалы тұр* (А. Қас., **Н.** Әбік., Қаз тілі., 125).

МАЙПАЗДАУ (Қост., Жанг.) тапау, баса көктеу. *Жайымен м а й п а з д а п басып бара жатқан кім?* (Қост., Жанг.).

МАЙПАҢДАУ (Жамб., Шу) байпаңдау. *Әсет ұлгісінде айғайға біраз басып алады да, содан соң шығыстың жорға мақамымен м а й п а ң д а т а д ы-а у...* (Қ. Жүм., Соңғы...).

МАЙРАҢДАУ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Таш., Қонеүр.) қисаңдау. *М а й р а ң д а м а й тұзу отыр* (Гур., Маңғ.). *Қожаш ешқандай бұрылар емес, м а й р а ң д а п төмен тартып барады* (Түрікм., Таш.).

МАЙСА (Өзб., Ташк.) маңызы (қ.) өндірілген тарыны кептіріп түйгеннен кейінгі ұны.

МАЙСАДАЙ (Қост., Жанг.) майын тамызып айту. *Ол әңгімені м а й с а д а й қып айтып еді* (Қост., Жанг.).

МАЙСАЛМА (Өзб., Там.) етсіз пісірілген қамырға күйдірілген сары май не қуырылған ет пен пияз қосып дайындайтын тағам. Қ. майкүлше.

МАЙТАБА (Рес., Орын.) жүннен қосып жасаған шүлғау. *М а й т а б а н ы түйе жүнінен жасаса, жылы болады* (Рес., Орын.) Қ. байтаба.

МАЙ ТҮЙМЕШ (Түрікм.: Красн., Небид., Таш., Тедж.; Гур., Маңғ.) келіге тарыны түйіп, қаймақ, май қосып жасайтын тамақ.

МАЙ ТЫШҚАН (Гур., Шевч.) кішкене, ұсақ тышқан. *М а й т ы ш қ а н үй маңында жүреді* (Гур., Шевч.).

МАЙШАБАҚ (Қарақ.; Гур., Тең.) семіз шабақ балықтар. *Май айы кезінде м а й ш а б а қ аулауға шығамыз* (Қарақ.). *М а й ш а б а қ пен бозәнкалар* (қ.) *көріне бастағаннан бері Кабановскийдің әмірі бойынша жұмысты күні-түні бірдей істейтін болғанбыз* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 194).

МАЙШАҒЫР (Қост., Об.) бұтақсыз, жапырақсыз шөптің бір түрі. *М а й ш а ғ ы р бұтақсыз, жапырақсыз, бойы бір қарыстай, жарты аршынға дейін болады. М а й ш а ғ ы р шөпті жылқы ғана жейді, басқа мал жемейді* (Қост., Об.).

МАЙ ШАШЫҚ (Өзб., Ташк.) майлы тамақтан соң ауыз, қол сүртетін сүлгі. Қ. майлық[2].

МАЙШОЛПЫ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Сем.: Үрж., Мақ.) сүзгі темір. *Бауырсақты м а й ш о л п ы м е н сүзіп алыңыз* (Қ.орда, Сыр.). *М а й ш о л п ы дауалда* (қ.) *ілулі тұр* (Сем., Үрж.). Қ. көкбар, кәкпір, кекпір, кепсер, майқалақ[1], нан шолпы, сүзекі, шолпы.

МАЙШӨП (Қ.орда, Арал) жусан сияқты бүршікті шеп. *Қойдың жақсы қорегі м а й ш ө п* (Қ.орда, Арал).

МАЙШЫ (Ақт., Ырғ.) май қабылдаушы. *М а й ш ы оған май тапсырғандығы туралы квитанция берді* (Ақт., Ырғ.).

МАЙЫҚ (МХР) түр, үлгі. *Жаңа м а й ы қ т ы ң киімі* (МХР).

[Монғол тілінде *маяг майыг* (тибет) түр, үлгі (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 188)].

МАЙЫҚТЫ (МХР) қағаз кесте.

МАЙЫҚТЫ ТАРТУ (МХР) сызық тарту.

МАЙЫН (Өзб., Ташк.) жүмсақ, жатық. *Ғозаның* (қ.) *түбіттері қаттысымақ болып, қолға ұстап қорғеніңде м а й ы н емес* («Мақ. стах.», 1935, 86).

МАЙЫН МЫҢ ТАМЫЗАТЫН (ҚХР) әдемі созбен алдап сулайтын (адам). *Оның көршісі сөздің м а й ы н м ы ң т а м ы з а т ы н нағыз сырқында жігіт екен* (ҚХР).

МАЙЫП (Шымк., Мақт.; Қарақ.) кемтар, мүгедек. *Не керек, жүріп келе жатса, жеті адам м а й ы п кездеседі* (Шымк., Мақт.). *Олар саған не дейді оздері. Сойтіп жүріп бір күні м а й ы п қылмаса еді* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 277).

МАЙЫП БОЛУ (Қ.орда: Сыр., Қарм.; Жамб., Қорд.; Шымк.: Қызылқ., Шәу.; Қарақ.) жаралы болу. *Аттан құлап м а й ы п б о л д ы* (Қарақ.). *Сол қара желек бүгін м а й ы п б о л ы п т ы* (Б. Майл., Шығ., IV, 144). Қ. мәйіп болу.

МАЙЫРЫЛУ (Қ.орда, Арал) мертігу. *Қел күресейік, егер м а й ы р ы л ы п қалсаң, менен көрме* (Қ.орда, Арал).

МАК (Қ.орда, Арал) пайда.

МАКӘН (Жезқ., Ұлы.) мекен. *Қош аман бол, Сарыарқадай туып өскен м а к ә н і м* (Жезқ., Ұлы.).

МАҚАРША (Жамб., Жуа.) тәпелтек.

МАҚАУ[1] (Шымк., Мақт.; Жамб., Сар.) рақымсыз. *Келіні бір м а қ а у адам ғой* (Шымк., Мақт.). *Қамысбай м а қ а у адам* (Жамб., Сар.).

МАҚАУ[2] (Алм., Жам.) мылқау, сөйлей де, ести де алмайтын адам. *М а қ а у болса да олар өзара бірдеме етіп түсінісе алады* (Алм., Жам.).

МАҚАУПЕС (Қост., Жанг.) жарымес. *Осы жігіттің өзі нағыз м а қ а у п е с жігіт* (Қост., Жанг.). *Рәуіш пен Сара Ырысбекті м а қ а у п е с к е есептеп, өздері орысша сөйлесіп, шаруаларын сөз қыла бастады* (F. Сл., Ж. тау).

МАҚСАТ БІЛУ (Қ.орда, Арал) мақсат деп білу. *Қатысып жүрген ұрыстарыңа халық қатары түсіп шыққанды м а қ с а т б і л е с і ң бе, жоқ, әлде сол ұрыстан ойыңа өріс аларлық маглұмат алып жүрсің бе?* (Ә. Нүрп., Курл., 433).

МАҚСЕТ (Қарақ.) мақсат. *Оқушының алдындағы м а қ с е т і түсінікті емес пе?* (Қарақ.). *Бар м а қ с е т тұм-тұсынан* (к.) *сүрен салмақ, Қорғанды бес жағынан қоршап алмақ* (Қарақ.).

[Парсыша *мақсад* (Пер.-рус. сл., 1960)]. Қ. мақсот, мақсұт.

МАҚСОТ (Орал, Орда) мақсат. *Көптен арман еткен м а қ с о т т а р ы бір тоя ет жеулеріне ұйлескен орын болыпты* («Ком.», 28.04.1938). Қ. мақсет.

МАҚСҰС (Ақт., Ырғ.) ұқсас. *Құнтаза Бәженге м а қ с ұ с екен* (Ақт., Ырғ.).

МАҚСҰТ (Көкш., Қ.ту; Қ.орда, Арал; Ақт., Шалқ.) мақсат. *Мына шөптің суын ішсе, м а қ с ұ т қ а жетеді дейді* (Көкш., Қ.ту). *Жақаптың м а қ с ұ т ы қатын алмақ қой* (Қ.орда, Арал). *Қолдан келсе құтқарып көрермін деп, Мен де сондай м а қ с ұ т т ы қалағанмын* (И. Байз., Таңд. шығ., 199). *Нұргожаны болыс қылып сайлағанда не м а қ с ұ т ы м ы з бітеді* (Б. Майл., Шығ., III, 176). Қ. мақсет, мақсот.

МАҚСЫ (Жамб., Жам.) мәсі. *Біздің елдің ұлкендерінің көбісі м а қ с ы киеді* (Жамб., Жам.).

МАҚСЫМ[1] (Жамб.: Жуа., Жам.) бидай, тары көже, т.б. дәнді егістен жасалатын ішімдік.

МАҚСЫМ[2] (Қ.орда: Сыр., Тер.) суландыру арқылы өнетін дән.

МАҚСЫМ[3] (Қ.орда: Қарм., Сыр., Арал) дін оқуындағы шәкірт. *Мен, м а қ с ы м болып жүргенде діни кітаптарды гана оқыдым* (Қ.орда, Қарм.). *Ол қожаға м а қ с ы м болып жүреді* (Қ.орда, Арал).

МАҚСЫМ[4] (Қарақ.) адалдық, қайырымдылық, жақсы іс.

[Парсыша *махсан* (Пер.-рус. сл., 1960)].

МАҚТА БАЛДАҒЫ (Түрікм.) мақта сабағы.

МАҚТАБИКЕЛЕП ТҰРУ (Сем.: Абай, Шүб.) мақтау, қошаметтеу. *Ол бізді әйтеуір м а қ т а б и к е л е п т ұ р а д ы* (Сем., Абай).

МАҚТАКЕР (Өзб., Ташк.) мақташы, мақта осіруші. *М а қ т а к е р деген атаққа еге* (к.) *болу – үлкен бақыт* (Өзб., Ташк.). *Андижан м а қ т а к е р л е р д і ң өзара тексеру бригадасы ауданымызға келді* («Алға», №48, 1960).

МАҚТАЛЫ МАШПЕТ (МХР) фуфайке.

МАҚҰЛ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.) жон білетін, ақылды, дұрыс. *Берді өте м а қ ұ л жігіт. Тәрбиелеп м а қ ұ л адам етем бе деген пікірім бар* (Түрікм., Красн.). *Менің балам тап осы тұста м а қ ұ л емес* (Ж. Нәжім., Кішқ., 133).

МАҚҰЛ БОЛ (Қост.: Жанг., Торғ.) дұрыс болу, ұстамды болу. *Біз Қостанайдан қайтқанша сендер м а қ ұ л б о л ы ң д а р* (Қост., Жанг.).

МАҚЫ (Гур., Маңғ.; Түрікм., Таш.) қате. *М а қ ы іс, м а қ ы жібермеу* (Гур., Маңғ.). *Мен бұл тәртіпті* (к.) *м а қ ы д а н бердім* (Гур., Маңғ.). *Мақы жібермеу* – қателесиеу, жаңылмау. *Осындағы м а қ ы жібермейтін жігіттердің бірі – Сәлім* (Түрікм., Таш.).

МАҚЫЛ (Жамб., Шу; Қ.орда) мақұл. *Батыр м а қ ы л деп артына қарап, атына мініп кетеді* (Жамб., Шу).

МАҚЫШ (Ауғ.; Ир.) күзетші, мекемені күзетуші. *Ауғанда һәм, Ирһанда һәм дәулет магазасын болса м а қ ы ш нәубетеке қылады* (Б. Өтеб., Қаз. диас., 80).

МАЛА[1] (Қ.орда: Сыр., Жал.; Жамб., Шу; Алм., Жам.; Сем., Үрж.) тырма, темір тырма. *Бізде м а л а жағы жеткіліксіз* (Жамб., Шу). *Өткір м а л а м е н көлденең 2-3 рет малалау* (к.) *керек* (Сем., Үрж.). *Бұл колхоздарда каток, м а л а, тәпкі, т.б. саймандар әлі жасалмаған* («Кировшы», 11.03.1942). *М а л а бірер жүргеиге ұқсайды, бірақ майдаланған шым жоқ* (F. Муст., Дау. кейін, 6). Осы мағынада бірсыпыра түркі тілдерінде айтылады Қ. мана.

МАЛА[2] (Қост.: Торғ., Жанг.; Сем., Абай; Алм.: Гв., Талд., Қоғ.) ағаш сүйреткі. *М а л а м е н шөмелені маяға тартамыз* (Қост., Жанг.). *Егін жиганда м а л а г а алты не төрт өгіз жегеміз* (Алм., Гв.).

МАЛАЙ ЖҰРУ (Алм., Шел.) малай болу. *Ои-он бес жылдай Ақылбай дегенге м а л а й ж ұ р д і м* (Алм., Шел.).

МАЛАҚ (Шымк.: Сайр., Түлк.) сиыр, жылқы тезегі. *Там* (қ.) *айналасындағы м а л а қ т ы алып, тазартып қоямыз* (Шымк., Сайр.).

МАЛАҚАЙ 1. (Сем.; Шығ. Қаз.; МХР; Көкш.: Щуч., Енб.; Шымк., Сайр.) құлақшын. *Ол басына м а л а қ а й д ы баса киіп алыпты* (Шығ. Қаз., Больш.). *Колхозшылар аз қаннің ішінде 14 пима, б м а л а қ а й, т.б. киімдер бермек болды* («Лен. жолы», №10, 1942). *Газеттен бас алмай отырған Новиковтың м а л а қ а й ы н Қадір козіне түсіре еңкейтіп қалды* (К. Ораз., Жексен, 133). 2. (Қарақ.) тақия, жеңіл борік. *М а л а қ а й ы м суга қалқып кетті* (Қарақ.). 3. (МХР) тымақ. *Балама м а л а қ а й істеп бердім* (МХР).

[Монғолша *малгай* (Рус.-монг. сл., 1982, 419)].

МАЛА ҚҰРТ (Павл., Леб.) ащы құрттың малтасы.

МАЛАЛ (Озб., Ташк.) уайым, қайғы.

МАЛАЛАУ (Алм., Жам.; Сем., Үрж.; Шымк., Мақт.) маламен (қ.) жыртылған жерді тырмалап тегістеу. *Мынау айдалған жерді жақсылап м а л а л а у керек* (Алм., Жам.). *Тұқымды жерге 4-5 см тереңдікке сіңіріп, онан соң м а л а л а у қажет* («Соц. майдан», 18.08.1950). Қ. маналау.

МАЛА-МАТАН ЕТУ (Сем., Аяг.) сапырылыстыру, берекссін кетіру.

МАЛ БАУЫЗДАР (Түрікм., Небид.) күйеудің апаратын ілуі, сыйы.

МАЛДАҚ (ҚХР) мал күте алмайтын, оны жек көретін адам («Соз сан.»).

МАЛДАР (Ауғ.; Ир.) 1. малшы. 2. малмен сауда жасайтын кәсіп иесі. *Уәлайатта м а л д а р болғандар һәм бар* (Б. Өтеб., Қаз. диас., 75).

МАЛДАРШЫЛЫҚ (Түрікм., Көнеүр.) мал шаруашылығы. *Колхоз м а л д а р ш ы л ы қ т а н көп өнім алды* (Түрікм., Көнеүр.). *М а л д а р ш ы л ы қ т а н өнетін продукцияны майданга және елімізге коп беру керек* («Жұмшы», 31.03.1942).

МАЛДАСТЫҚ ҚҰРУ (Орал, Орда) малдас құру. *Қонақ, менім байқауымша, м а л д а с т ы қ қ ұ р ы п отыра алмайсыз екен* (Орал, Орда).

МАЛДЫ АЯҚТАЙ САТУ (Орал, Орда) малды сойып сату. *Ол м а л ы н Теке қаласына барып, а я қ т а п с а т т ы дейді* (Орал, Орда).

МАЛДЫҚ (Гур., Есб.) адамгершілік. *Ол кісінің де м а л д ы г ы осы кісі тәрізді* (Гур., Есб.).

МАЛ ЕМІЛГІ (МХР) мал дәрігері.

[Монғол тілінде *эмнэлэг:* 1) дәрігерлік; 2) аурухана (Монғ.-қаз. сөз., 380)].

МАЛЖАЙ (Гур.: Шев., Маңғ.) мал қонысы, мал бағатын жер. *Бұл бір м а л ж а й д ы ң арасында отырған бөлімше гой* (Гур., Маңғ.).

МАЛ ЖӨТКЕУ (ҚХР) мал саудасын жасау, малды бір жерден екінші жерге тасып апару, саудаласу. *Менің м а л ж ө т к е у м е н айналысқаныма түп-тура бір жыл болды* (ҚХР).

МАЛҚҰН (Жамб., Сар.) малғұн. *Алда м а л қ ұ н д а р-ай, не ғып қана көздері қиып атты екен* (Жамб., Сар.).

МАЛМАЛ (Қарақ.) жұқа мата, кісия (қ.). *М а л м а л д а н копшілігінде пешехана* (қ.) *тігеді, салқын болу үшін. М а л м а л д а н койлек те кие береді* (Қарақ.).

МАЛ САҚТАУ (Түрікм., Красн.) мал ұстау. *Осылай сырт жерде отырған соң, аздап м а л с а қ т а й м ы з* (Түрікм., Красн.).

МАЛ САЛУ (Қ.орда, Арал) құда түсу. *Қызыңызга м а л с а л а келдім* (Қ.орда, Арал).

МАЛТА[1] (Тау., Қош.) балта.

МАЛТА[2] (Ауғ.; Ир.) апельсин.

МАЛТАБА (Шымк., Мақт.) езген құртқа күйдірген сары май құйып жасайтын тағам.

МАЛ ТАМАҒЫ (Орал, Жән.) мал азығы. *М а л т а м а г ы н даярлау маңызды міндет* (Орал, Жән.).

МАЛ ТАРБИАЛАУ (Рес.: Волг., Қалм.) мал бағу. *М а л т а р б и а л а г а н шабанның еңбегі бар адам гой* (Рес., Қалм.).

МАЛТАУ (Павл., Горьк.; Талд., Сарқ.; МХР) малту. *Суда м а л т а й алмайтындар қайықпен отсін* (Павл., Горьк.). *Жинақылықтың өзі құ, тақыс адамның ісі тәрізді көрінді. «Қолы ат пен темірден босаса өзенге м а л т а й д ы, қармақпен балықты да үйіп-тоғып алады* («Шұғыла», 1983, №1, 33).

МАЛ ТЕГІ (Ақт., Шалқ.) мал-жан. *М а л т е г і л е р і ң і з аман ба?* (Ақт., Шалқ.).

МАЛ ТЕРІСІН ЖАЙЫП ҚОЮ (Түрікм., Небид.) құдалар келе жатқанда, жаңадан сойылған мал терісін жайып қойып құлату әдеті.

МАЛ ТОҚТАТУ (Жамб.: Қорд., Шу) мал сатып алып, сауда жасау. *Молла Барат деген өзбек Құлжа, тағы басқа чәһріге барып, м а л т о қ т а т ы п, сауда жасайды екен* (Жамб., Қорд.).

МАЛТЫ ОТЫРУ (Гур., Есб.) үнсіз тыныш отыру. *Мұрат сөйлегенде басқа ақындар м а л т ы о т ы р а д ы* (Гур., Есб.).

МАЛХАНА (Шымк.; Өзб., Ташк.) мал қора. *Гөңді* (қ.) *дұрыс сақтау үшін атхана* (қ.),

м а л х а н а, қора жайларынан бір шұқыр қазылады (Өзб., Ташк.).

МАЛ ШАЙЫ (Орал, Орда) тас шай, тақта шай.

МАЛЫҢ БАЗАРЛЫ, ҰЛЫҢ НАЗАРЛЫ БОЛСЫН (ҚХР) алғыс мәнді бата.

МАЛ ІШІ ҒОЙ (ҚХР) пенде ғой.

МАМА[1] (Түрікм.: Таш., Ашх., Көнеүр.) үлкен шеше, әже.

[Түрікменше осы мағынада (Рус.-туркм. сл., 1956); пар. үлкен шеше, әже (Л. Буд., II, 200)]. Қ. мамай.

МАМА[2] (Алм., Кег.; Жамб.: Шу, Қорд.) аткөлік байлайтын ағаш.

МАМА АҒАШ (Алм., Кег.; Жамб.: Шу, Қорд.; Шымк., Арыс; Талд.) есік алдында аткөлік байлайтын ағаш. *М а м (а) а г а ш қ а ат байлаймыз* (Алм., Кег.). *Атын м а м а а г а ш қ а байлап, үйге жедел кіріп кетеді* (Жамб., Шу). *Түсейік, – деп ат басын м а м а а г а ш қ а бұрды* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 198). *Қонақтардың атын м а м а а г а ш қ а өзі байлап, сонан соң үйге қарай бастады* (Қ. Жүм., Соңғы..., 27). Қ. мамы.

МАМА АҒАШІ БОЛУ (Талд.) ат байлаушы болу.

МАМАДАЙ (Ауғ.; Ир.) үлкен, қартайған. *М а м а д а й қыз – кәрі қыз* (Б. Өтеб., Қаз. диас., 96).

МАМАДАНА (Жамб., Жам.) алдау, құлық. *Сен маған көп м а м а д а н а жасама* (Жамб., Жам.).

МАМАДАНАЛЫҚ (Жамб., Тал.) алдау, айла, құлық. *М а м а д а н а л ы қ т ы кісі көтере алмайды* (Жамб., Тал.).

МАМАДАНДЫҚ (Шымк., Сайр.) айла, құлық. *Сен маған м а м а д а н д ы қ т а н тапқаныңды айтшы* (Шымк., Сайр.).

МАМАДЫНШЫЛЫҚ (Жамб., Жам.) алдау, айла жасау. *Ол м а м а д ы н ш ы л ы қ қылатын. М а м а д ы н ш ы л ы қ т а н пайда таппайтын* (Жамб., Жам.).

МАМАЙ (Тәж.: Вахш, Колх.) үлкен шеше, әже. Қ. мама[1].

МАМАҚАЛДЫРАҚ (Тәж.: Вахш, Колх.) найзағай.

МАМАНШЫЛЫҚ (Түрікм., Таш.) мамандық. *Оқушылар м а м а н ш ы л ы қ меңгеруде* (Түрікм., Таш.).

МАМИДЫҢ ДАЛАСЫ (Қарақ.) мидай дала. *Мә, мынау м а м и д ы ң д а л а с ы екен* (Қарақ.).

МАМЫ (Жамб.: Шу, Қорд.) ат байлайтын ағаш. *Атын асықпай м а м ы г а байлап, үйге қарай бет алды* (Жамб., Шу). *Тұлпардан жабы озады, м а м ы д а тұрып тұлпар бұтын созады* (Мәтел). Қырғызша осы мағынада. Қ. мама[2], мама ағаш[2].

МАМЫҚ[1] (Павл., Ерт.) қамыстың үлпасы. *М а м ы қ т а н жастық жасайды* (Павл., Ерт.).

МАМЫҚ[2] (Шымк., Мақт.) иісі жақсы шөп. *Ана м а м ы қ т ы әперші* (Шымк., Мақт.).

МАМЫР[1] (Алм., Кег.; ҚХР) қойда болатын аурудың аты. *Қойда м а м ы р ауруы жиі кездеседі* (Алм., Кег.).

МАМЫР[2] (Қост.: Жанг., Торғ.) семірген, түлеген, толған. *Көлдегі құстың қазір м а м ы р уақыты болып тұр* (Қост., Жанг.). *Күн сайын ел заманы болып м а м ы р, Естен шықты бұрынғы көрген зәбір* («Кировшы», №36, 1938).

МАМЫР[3] (Орал, Қара.; ҚХР) үйрек, қаздың балапаны. *Көлдегі м а м ы р қанаттанып кетті* (Орал, Қара.).

МАМЫР[4] (Жамб., Шу) сәуір айы.

МАМЫРЛАУ (Алм., Кег.) қойдың буыны ауырып жүре алмауы.

МАНА[1] (Сем.: Үрж., Мақ.; Шығ. Қаз., Күрш.) тырма, темір тырма. *Үй сыртында жатқан м а н а н ы әкеліңдер* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Жердің тереңдігін 18-20 см жыртып, өткір м а н а м е н қолденең 2-3 рет маналау керек* (Сем., Мақ.). *Олар әрқайсысы 4-4,5 гектарға м а н а жүргізіп еңбек үлгісін көрсетті* («Қыз. жүл.», №18, 1948). *Қатарланған м а н а с ы, М а н а с ы егін анасы* («Лен. туы», №31, 1939). Қ. мала[1].

МАНА[2] (МХР) күзет. *Ертең м а н а г а чыгам* (МХР).

[Монғол тілінде *манаа* күзет деген сөз (Монғ.-қаз. сөз., 111)].

МАНАГӨНЕК[1] (Өзб., Ташк.; Алм., Жам.) сүтті мал.

МАНАГӨНЕК[2] (Өзб., Ташк.) бейғам, асыртасыр.

МАНАҚ (Жезқ., Ұлы.) жылқы не сиыр қарыны. *М а н а қ қ а май салады, манақ басталмай майға жарымайсың* (Жезқ., Ұлы.).

МАНАҚА (Алм., Жам.) мәніс, мағына, себеп. *Сенің бұл кекетуіңнің артында бір м а н а қ а бар ғой* (Алм., Жам.).

МАНАҚАЙ (МХР) **1.** қалқа. *М а н а қ а й д ы суыр інінің желке жағына орнатып, күн шықпай ерте тұрып м а н а қ а й г а жатады* (МХР). **2.** қарақшы. *Балам, қораның арға шетіне м а н а қ а й орнатып қойчы* (МХР).

[Монғол тіліндегі *манууха*й сөзінен пайда болған (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 188)].

МАНАЛАУ (Сем., Мақ.) маламен (қ.) жыртылған жерді тырмалап тегістеу. *Өткір манамен 2-3 рет м а н а л а у керек* (Сем., Мақ.). Қ. малалау.

МАНАРДАЙ (Ақт., Ойыл; Гур., Маңг.; Түрікм., Красн.) қып-қызыл, нарттай. *Келіншектің екі беті м а н а р д а й, көзін аударып-төңкеріп қояды* (Түрікм., Красн.).

МАНАТ[1] (Гур.; Қ.орда; Қарақ., Мой.) теңге, сом. *Біздің звено бүгін 3000 м а н а т алды* (Гур.). *Еттің килосы 12 м а н а т* (Қарақ., Мой.) Қ. манет, мәнәт, мәнет, менет.

МАНАТ[2] (Жамб., Сар.; Сем., Аяг.) жақсы, оңды. *Сәрсен м а н а т адам гой* (Жамб., Сар.).

МАНАУРАУ (Тау., Қош.; Қост., Торғ.) маужырау.

МАНАШЫ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) тырмашы, егіндік жерді тырмамен тегістеуші. *Мәмидолла – м а н а ш ы, ол бүгін 8 гектар жерді маналады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

МАНАШЫ[2] (МХР) күзетші.

[Монғол тілінде манаач күзетші (Б. Баз., Монғ. каз. тілі, 188)]. Қ. мана[2].

МАНГҰДІК (Өзб., Ташк.) әнгүдік, мәңгірген, есалаң. *Көрпебек бір м а н г ұ д і к, сөз айтсаң, кейде есітпеген адам сияқты аңырайып тұрады да қояды* (Өзб., Ташк.). Қ. мәңгүрет.

МАНДАЛА[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Таш.) сырт киімдік матаның бір түрі. *Бұрынғы өзірдегі м а н д а л а матасын көзір не дейді?* (Түрікм., Таш.). *Көрінгенге көк м а н д а л а шекпен таратып жатқан сахи елшінің сыбағасынан қалай бас тарта алсын* (Ә.Кекіл., Уркер, 407). Бұл сөз *мәндала, мәндәлә* түрінде де айтылады. *Ол өзіие м ә н д а л а бешпет, етік алып, бір атқа мініп келе жатты* (F. Сл., Дөң ас., 41). *Киімдері жаңа дурсін тәуір, көбі жасыл қара м ә н д ә л ә бешбет, үстінен күнәуіз* (қ.) *шапан киген, бастарында қара елтірі кереге бөрік* («Жұлдыз», №3, 1987, 11).

МАНДАЛА[2] (Алм.: Кег., Нар.) құрт ауру. *М а н д а л а малда болады* (Алм., Кег.).

МАНДАМ[1]**//МАНДОМ** (Жамб.: Луг., Шу) жылқы ауруы. *М а н д а м м е н ауырганда жылқының әр жері томпайып ісіп шығады* (Жамб., Луг.). *М а н д а м н ы ң түрлері: жамғыр м а н д а м, жаңбыр м а н д а м, бөртпе м а н д а м* (Жамб., Шу). *Жауырынның басын ірің қаулап, м а н д а м г а айналған, әр жерден тесіп, анжы* (қ.) *байлапты* (Н. Қазыб., Түс. кесер).

МАНДАМ[2] (ҚХР) лас, кір.

МАНДОР (ҚХР) шырмауық ағаш («Сөз сан.»).

МАНДЫРЛЫ (ҚХР) жеке-дара, айырым, жинақы («Сөз сан.»).

МАНДЫРЫМСЫЗ (Алм.: Еңб. қаз., Іле) көңілсіз. *Мен тойга барып едім, бірақ м а н д ы р ы м с ы з откіздім* (Алм., Еңб. қаз.).

МАНЕТ (Орал, Казт.) теңге, сом. *Бізде ақмайдың килосы 30 м а н е т* (Орал, Казт.). *Зәкір қалтасынан алтын м а н е т т і алып, алақанына салып салмақтады* (З. Шаш., Тоқаш). Қ. манат[1].

МАНЖАМ[1] (Қ.орда, Арал) уыс, шеңгел. *М а н ж а м д ы салды-ай келіп* (Қ.орда, Арал). *Барлаушы м а н ж а м д ы үлкен қолымен шұлгауды умаждап қыса берді* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 6).

МАНЖАМ[2] (ҚХР) астроном, аспан әлемін зерттеуші («Сөз сан.»).

МАНЖАНЫҚ (ҚХР) атқы, тас ататын құрал («Сөз сан.»).

МАНЗАЛЫМДА (Қост., Об.) қарамағымда.

МАНЗҰР (Жамб.: Тал., Сар.; Шымк., Мақт.) лайық, жөн, тура. *Бұл саган м а н з ұ р емес* (Жамб., Тал.).

МАНПАҒАТ (Орал; Гур.; Ақт.) береке. *...не «м а н п а г а т шығармын» деген сөздер айтады* («Ком.», 18.10.1939, №94).

МАНСАППАРАС (Өзб., Ташк.) мансапкор.

МАНСОҚҚА СОҚТЫРУ (Орал, Жән.) сиыр құйымшаққа салу, созу. *Әбен тапсырган жұмысты м а н с о қ қ а с о қ т ы р ы п жүр* (Орал, Жән.).

МАНТУ (Ауғ.; Ир.) манты.

МАНТЫҚ//МАНТЫҚА (ҚХР) қисын, логика. *Созінің м а н т ы қ а с ы жоқ* («Сөз сан.»).

МАНТЫ ҚАБАҚ (Жамб.: Қорд., Шу) манты жасайтын асқабақ.

МАНТЫРАУ (Тау., Қош.; Сем.: Абай, Көкп., Ақс., Мақ.; Шығ. Қаз., Больш.; ҚХР). шатасу, шату, шаршау. *Сіздің мұныңыз қалай, м а н т ы р а г а н ы ң ы з ба?* (Тау., Қош.). *Ақсақал, өлеңді жақсы айтушы едіңіз, м а н т ы р а д ы ң ы з гой* (Сем., Көкп.). *Бай лақтырган сүйекке итпен қоса таласып жататын күшік, не м а н т ы р а п отырсың* (О. Бөк., Өз. от. өш., 64).

МАНШЫҚ (ҚХР) қоржын («Сөз сан.»).

МАҢА (Түрікм.: Таш., Көнөүр.) маған. *Бұл кісінің жұмысын бітіруді м а ң а тапсырды* (Түрікм., Таш.).

МАҢАЙДЫ ҚАҒУ (Көкш., Қ.ту) маңайды қарау. *Маңайды қағып келдім, қашар көрінбейді* (Көкш., Қ.ту).

МАҢАЙТ (Тау., Қош.) маң. Қ. маңат.

МАҢАТ (Павл., Горьк.) маң. *Шіліктің маңатында бір үйрек жүр еді* (Павл., Горьк.). Қ. маңайт.

МАҢҒАЛ (ҚХР) қабырға пеш. *Қола маңғалға тағы да бірнеше шөрке тастады* («Сөз сан.»).

МАҢҒҰЛ (Сем.: Үрж., Мақ.) монғол. *Бұл біздің білуімізше маңғұл заманынан қалған аңыз гой* (Сем., Мақ.). *Шұбалған мол жеңін қанатша жайып отырған жазушы үйдей болып дөңкиіп, күресуге кезек күтіп отырған маңғұл палуанына ұқсап кеткені* («Жұлдыз», 40, №9, 1980). Қ. мұңғұл.

МАҢҒЫЛ (Ауғ.; Ир.) **1.** шелек. **2.** шәйнек. **3.** үстіне шоқ салуға арналған ыдыс (Б. Өтеб., Қаз. диас., 92).

МАҢДАЙ (Шығ. Қаз., Болып.; Сем.: Абай, Ақс., Көкп., Шұб.) маңдай алды, өте жақсы. *Олар бір-бір маңдай атқа мініп, тартып отырыпты* (Сем., Ақс.). *Тойганбаева маңдай мұғалім емес пе?* (Шығ. Қаз., Больш.).

МАҢДАЙҒЫШ (Қост., Жанг.) маңдайға байлайтын орамал. *Ақ орамалды екі елідей бүктеп, маңдайына байлап, артын түйреуішпен түйрегенді маңдайғышдейміз* (Қост., Жанг.). Қ. маңдайек.

МАҢДАЙДЫ СИЫРУ (Орал, Жән.) маңдай терді сыпыру. *Маңдайды сиырып тапқан дүнием еді* (Орал, Жән.).

МАҢДАЙЛЫҚ (Рес.: Астр., Волг.) жүгеннің кекілдірігі.

МАҢДАЙША (Рес., Орын.) жүгеннің кекіл бастырғышы. Қ. кекілдік, кекілдірік, кекілчілік.

МАҢДАЙЕК (Рес.: Астр., Волг.) маңдайға тартатын шүберек. Қ. маңдайғыш.

МАҢДАЙЫ АҒАРУ (Қарақ.) бақыты ашылу.

МАҢДАЙЫ ҚҮРҒЫР (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Ашх.) сорлы, бишара. *Бұ маңдайы құрғыр арағын іше бермей ме?* (Түрікм., Ашх.).

МАҢДАЙЫҢА ҚАРА ТІГІЛСІН (Қ.орда: Қарм., Сыр.) қарғыс сөз. *Ой, маңдайыңа қара тігілсін, қайрымсыз ит!* (Қ.орда, Қарм.).

МАҢ ДАЛА (Сем.: Аяг., Мақ., Үрж.; Жамб.: Шу, Мойын.; Гур., Мах.) елсіз, мидай дала. *Олар маң далада жүр* (Сөм., Аяг.). *Жүре-жүре маң далаға кез болыпты* (Гур., Мах.). *Жер сауырын көрді де, Қоныстансаң болар деп, Маң дала, ен су байсалды* (Фольк.) *Ауылдан шыгандай шығып, маң далаға маңып* (қ.) *берер еді* (Ә. Кекіл., Күс қан., 140). Қ. қын дала, паң сардала.

МАҢҚУ (Тау., Қош.) тулау, мөңку. *Атың неге маңқып жүр* (Тау., Қош.).

МАҢЛАЙ (Жамб.: Сар., Шу; Қарақ.; Қ.орда, Шиелі; Өзб., Ташк.; Талд., Талды.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.; Алм., Кег.; Ауғ.; Ир.) маңдай. *Бір кезде мыстан кемпір әйелдің маңлайынан сипап отырады* (Жамб., Шу). *Маңлайымда сыздауық чығып, жанымды көзіме көрсетіп отырганы* (Алм., Кег.). *Сопы, молла, ешандар, ... Жантайып байга болысып, Маңлай терін ағызган* (Өзб., Ташк.). Қ. төлей, пешене.

МАҢЛАЙҚАЗА (Қ.орда, Арал) сормаңдай, сорлы.

МАҢЛАЙҚАРА (Қарақ., Мой.) сорлы, байғұс. *Қоржық маңлайқара, ата-енесі өліп, жетім қалган* (Қарақ., Мой.).

МАҢЛАЙША (Жамб., Шу; Қ.орда, Шиелі; Шымк., Мақт.) маңдайша. *Маңлайшага басым сарт ете қалды* (Шымк., Мақт.). *Есігін котеріп туру үшін, есіктің үшына жіп байлап шаңгарақтан асырып маңлайшадан байлайды* (Жамб., Шу).

МАҢ-МАҢ МАҢЫРАУ (Гур., Маңғ.) қойешкі маңырауы. *Қара нар қарт-қарт күйсейді, ала тай шың-шың кісінейді, бес ешкі маң-маң маңырайды* (Гур., Маңғ.).

МАҢУ 1. (Гур., Маңғ.) өз бетімен кезу, қаңғу. *Ол бала маңып жүре береді* (Гур., Маңғ.). *Ауылдан шыгандай шығып, маң далага* (қ.) *маңып берер еді* (Ә. Кекіл., Күс қан., 140). **2.** (Қ.орда) түйе малының тоқтамай, бір қалыпты ырғақпен, бір бағытпен жүріс сипаты.

МАҢЫЗ 1. (Жамб., Жуа.) әрбір нәрсенің тазасы. **2.** (Шымк.) мақтаның шиіті ішіндегі өзегі.

МАҢЫЗЫН ШАҒУ (Өзб.) мәнін ашу.

МАПИТ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) пайда. *Өз мапитіңе істей бермей, мемлекеттің де мүддесін естен шыгармаган дұрыс* (Түрікм., Таш.).

МАР (ҚХР) жылан. *Ысқырган аяз, қар болам, Ақ аждаһа, мар болам* (ҚХР).

МАРА[1] (Жамб., Шу) бөс. *Құдықтың түбінде мара тігесің бе деп таласып отыр* (Жамб., Шу).

МАРА[2] (Жамб., Луг.) көкпар тартудың бір түрі.

МАРАЛАП ТАРТУ (Жамб., Луг.) көкпар тартудың бір түрі, мара (қ.). *Көкпарды*

МӘУСІМДІК (Өзб., Там.; Қарақ.) маусымдық. *Бұлардың бәрі де м ә у с і м д і к жұмыс емес* (Қарақ.).

МӘУІРТ (Жезқ., Ұлы.) асығыс, тез. *Ол тіпті м ә у і р т кетті, шай да іше алмады* (Жезқ., Ұлы.).

МӘШ[1] (Түрікм.: Ашх., Таш., Тахта) бұршақ тұқымдас өсімдік.

[Түрікменше *мәш* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *мәш* (Карак.-рус. сл., 1958); *машь* крупанын бір түрі (Л. Буд., II, 197); пар. *маш* крупа, бұршақ тұқымдас өсімдік (Н. Баск., Карак. яз., I, 1951)]. Қ. **мас.**

МӘШ[2] (Қост., Жанг.) мәсі. *Он бес сомға бір м ә ш сатып алдым* (Қост., Жанг.). Қ. **мәс**[1].

МӘШ[3] (Гур., Есб.) желкенді қайықтың діңгегі. *Ертең кеме жүрмес, м ә ш і сынып қалыпты* (Гур., Есб.). Қ. **матша**[1].

МӘШ[4] (Қарақ.) мастаи (к.) пісірген коже. Қ. **мәшауа.**

МӘШ[5] (ҚХР) жаяу әскер (**«Соз сан.»**).

МӘШАУА (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) мәшке (к.) қамыр қосып жасалған сүйық тамақ. *Қырда м ә ш а у а н ы білмейді* (Түрікм., Көнеүр.).

[Өзбекше *мошоба* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *мәшаба* (Карак.-рус. сл., 1958)]. Қ. **мәш**[4], **мәшебе коже.**

МӘШЕБЕ КӨЖЕ (Қарақ.) бұршақ, добиялардан (қ.) пісірілген коже. *Әжем үйінен м ә ш е б е к о ж е г е тойып келдік* (Қарақ.). Қ. **мәшауа.**

МӘШЕЛКІ (Қ.орда: Сыр., Қарм.) мұз үстінде балық аулайтын үшы екі айыр темір. Қ. **шашал.**

МӘШ ЕСЕК (Қ.орда: Арал, Жал., Қарм.) ұрғашы есек. *Бұл жерде есектің пәңгісіне* (к.) *қарағанда м ә ш е с е г і қымбатырақ болады* (Қ.орда, Сыр.). Қ. **маша.**

МӘШИНЕ ҚАНТ (Қост.: Торғ., Фед., Семиоз.) шақпақ қант.

МӘШИНЕСАЗ (Озб., Ташк.) **мәшине** жасаушы.

МӘШКЕ (Шымк.: Сайр., Түлк.) **бодене** аулайтын ит. *М ә ш к е бөденені іскеп табады. Пірімқұл деген қарттың екі м ә ш к е с і бар* (Шымк., Сайр.).

МӘШКУРАТ БОЛУ (Қ.орда, Қарм.) **анық,** мәлім, жария болу. *М ә ш к у р а т б о л ы п білінгені сол бір жер еді* (Қ.орда, Қарм.).

МӘШКҮЛ БОЛУ (Қ.орда, Қарм.) **жете** білу, жетік болу. *Егіннің күллі жұмысына агроном м ә ш к ү л б о л г а н ғой* (Қ.орда, Қарм.).

МӘШТЕН (Қарақ.) мыстан.

[Қаракалпақ тілінде *мәстен, мәстан, мыстан* (Н. Баск., Карак. яз., I, 1951)]. Қ. **мәстек.**

МӘШТИЮ (Өзб., Ташк.) сырт көрінісі көзге қораш болса да, қатардан өзін **кем тұтпау.** *Үйге үлкен келсін, кіші келсін ол орнынан м ә ш т и і п қозғалмайды* (Өзб., Ташк.).

МӘШҮРЕТ ақыл, кеңес, мәслихат. *М ә ш ү р е т кеңес сұраса, м ә ш ү р е т берер едік* (М. Өтемісұлы).

МӘШІ (Көкш., Қ.ту; Павл., Горьк.; Рес., Омбы; Қарақ.) мәсі. *Тоқтап тұр, м ә ш і м д і киіп алайын* (Рес., Омбы). *Оң аяғының м ә ш і с і н шештіреді* (Көкш., Қ.ту). *Карттар м ә ш і, кебіс киетін* (Павл., Горьк.). Қ. **мәс**[1].

МӘШІ ЕСЕК//МӘШІ ЕШЕК (Қ.орда: Сыр., Қарм., Жал.) ұрғашы есек. *Әкесі өзі жоқта м ә ш і е с е г і н сатып жіберіпті есек бас сауға сұрағандай тура жиде түбіндегі зиялылардың қасына кеп тұра қалды* (Қ.орда, Қарм.). Қ. **маша.**

МӘШІ ЕШЕК Қ. **мәші есек.**

МӘШІНЕ ҚОНДЫРУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Таш., Тедж.) **бабына келтіру.**

Бұлар шайды м ә ш і н е қ о н д ы р ы п ішеді (Түрікм., Красн.).

МӘШІННІҢ АЯҒЫ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) мәшиненің дөңгелегі. *Қолым тимейді, әлі м ә ш і н н і ң а я ғ ы н желімдеймін* (Түрікм., Таш.). *Бұған Айтжанов жолдас м ә ш і н н і ң төрт а я ғ ы бірдей тұсіп жатыр деп жауап берді* («Жұм-шы», 30.05.1954).

МӘШІТ (Рес., Орын.; ҚХР) мешіт. *Тыныш-бай деген кісі м ә ш і т салғанда менің әкемнің айтқаны бар* (Орын., Бөр.). Қ. мешет.

МЕГЕЖІН (Қост., Жанг.) мәжнүн, есі ауысқан. *Осының өзі м е г е ж і н шығар* (Қост., Жанг.).

МЕГЖЕМДІ ЖЕР (Сем., Абай) межелі жер. *Ол м е г ж е м д і ж е р і н е жете алмай қалды* (Сем., Абай).

МЕГЗЕС (Қарақ., Қоң.) үқсас. *Адамдардың бір-біріне м е г з е с бөлуы кездесе береді* (Қарақ., Қоң.).

МЕДЕ (МХР) хабар, ақпар.

[Монғол тіліндегі *мэдээ* хабар, ақпар (Б. Баз., Монғ. каз. тілі, 188)].

МЕДЕ ЕСЕК (ҚХР) үрғашы есек. *Абыройымды сал қылып, Жез таңдайға ашқанша, м е д е е с е к к е ашамын* (ҚХР).

МЕДЕН АТ (МХР) лау аты.

МЕДЕН ҰЙ (МХР) лаухана, лау үйі.

МЕДЕН ҰСТАУ (МХР) лау міндетін атқару.

МЕДЕНЧІ (МХР) лаушы.

[Монғолша *мэдээч* лаушы (Б. Баз., Монғ. каз. тілі, 188)].

МЕДЕТТЕУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) бірлесіп көмек көрсету. *Қожаштың үй тұрғызуға шамасы келмейтін болған соң м е д е т т е с і п жібердік* (Түрікм., Таш.).

МЕДУІЛГІ (МХР) шағым, арыз. *Мені піштіріп алам деп даргысы м е д у і л г і жазыпты* (МХР).

[Монғолша *мэдүүлгэ* шағым, арыз (Б. Баз., Монғ. каз. тілі, 188)].

МЕЖЕК (ҚХР) иттің тезегі («Сөз сан.»).

МЕЖЕНЕ (Түрікм.) өріктің дәні.

МЕЗГЕУ (Сем.: Абай, Кокп.; Қост., Торғ.) меңзеу. *Бәрін м е з г е п отырған бір үкметтің өзі гой* (Сем., Көкп.). *Ту ұстап, тұлпар мінін дамытайын, Айтыстың ат шабарлап жолын м е з г е п* («Соц. шаруа», 6.08.1945).

МЕЗГІЛ (Гур., Маңғ.) қашықтық мөлшері, 50-60 км-лік жер. *Біздің ауыл теңізден екі м е з г і л жер* (Гур., Маңғ.).

МЕЗГІЛДІК ЖЕР (Ақт., Ырғ.) колденеңі 5, ұзыны 50 таяқ жыртылған жер. *Бұрынғы кезде егіндік жердің көлемін м е з г і л д і к ж е р деп те атайтын едік* (Ақт., Ырғ.).

МЕЗЕТ (ҚХР) жанданбаған іштегі бала («Соз сан.»).

МЕЙМАЛА (Түрікм.: Ашх., Тедж., Мары) абырой, ар. *Жастай м е й м а л а ң н а н айырылсаң, нең қалады?* (Түрікм., Ашх.).

МЕЙМАН[1] (Жамб., Жуа.) шешек ауруы.

МЕЙМАН[2] (Талд.) суарылмайтын егістік, бидай. Қ. шөл бидай.

МЕЙМАНА (Қарақ.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) дәулет, байлық. *Қатын бесеу болганда, М е й м а н а с ы толганда, Байдың конбей еркіне Қатын қашар торкінге* (Қарақ.).

МЕЙМАНАС (Қарақ.) дәулет, байлық, молшылық. Қарақалпақ тілінде де солай.

МЕЙМАНАСЫ ТАСУ (асу) (Қарақ.; ҚХР) кеудесі котерілу, асып-тасу, асқақтау. *Тоңкеріс жылдары м е й м а н а с ы т а с ы п жүрген небір дәулер өмірем қаппады ма* (Қарақ.). *Тұс қыла көр, құдайым, Біздей м е й м а н а с ы т а с қ а н г а* (Махамбет). *Сол мінезін білгендер аса бір м е й м а н а с ы а с ы п кетпесе, бетінен қақпайды* (F. Мұст., Коз. кор., 232).

МЕЙМАНДАРШЫЛЫҚ (Әзб., Ташк.) қоиақ. *М е й м а н д а р ш ы л ы қ қ а шақырылған адамдардың бәрі тегіс отырғаннан кейін ішкілік бастап жіберілді* (Өзб., Ташк.).

МЕЙМАНҚОС (Алм., Жам.) мейман-дос, конақшыл. *Олар ешкімді талғамайды, тегі м е й м а н қ о с жандар* (Алм., Жам.).

МЕЙНЕТ (Алм., Жам.; Жамб., Шу; Қарақ., Такт.; Рес., Волг.; Қ.орда; Өзб., Ташк.; Шымк., Түлк.) бейнет. *Жәніңе м е й н е т бо(л)ганда, бәрінен безіп кетпеген* (Жамб., Шу). *М е й н е т т і кім көрсе, рақатты сол көреді* (Қарақ.). *Мал бағу дегенің жатқан м е й н е т* (Рес., Волг.). *М е й н е т қылсаң ірәһтін* (к.) *озің көресің* (Өзб., Ташк.).

МЕЙНЕТКЕШ//ПЕЙНЕТКЕШ (Өзб., Ташк.) бейнеткор.

МЕЙУА (Ауғ.; Ир.) жеміс-жидек, миуа. *Гүжімді ортамызга егіп қойып, Осы тұрмыз м е й у а л а р ы н бірге жейтін халық аңсап келіп тұрса екі жақтап, Созіме менім айтқан қойып зейін* (Б. Өтеб., Қаз. диас., 100).

МЕЙІЗ (Ауғ.; Ир.) аласа үстел.

МЕЙІЛ (Қост., Жанг.; Рес.: Волг., Орын.; Қарақ.; Гур., Маңғ.) бейіл. *Балам, тамаққа м е й і л і м соқпайды* (Қост., Жанг.). *Қожаның м е й і л і құртқа шабады, көжесінің қатығы жоқ болса да* (Рес., Волг.). *Әрі жат деген іштің тарлығы, бері жат деген м е й і л д і ң барлығы* (Гур., Маңғ.). *Тамаққа м е й л і шаппайды*

(«Соц. Эмба», №25, 1947). *Бірақ дәм татып көріп еді, м е й і л і тартып барады* (Ә. Кекіл., Үркер, 324). Қ. **мейін.**

МЕЙІЛІ ШАБУ (ҚХР) көңілі түсу, ықыласы ауу. *Ол м е й і л і ш а п қ а н д а болмаса, елмен коп әңгімелеспейді* (ҚХР).

МЕЙІН (Қарақ.) бейіл. Қ. мейіл.

МЕЙІРҚАН (Алм., Шел.) мейірімділік. *Таубасар қиын м е й і р қ а н д ы адам корінеді* (Алм., Шел.).

МЕЙІРШӨП (Алм., Жам.) қасиетті шөп. *М е й і р ш ө п т і тапқан кісі жер жүзіндегі мақұлықтардың тілін білетін болады* (Алм., Жам.).

МЕЙІТ (Гур.; Рес., Орын.; Қарақ.; Ақт.; Маң.) бейіт. *Өзімнің әкемді қойған м е й і т қашық емес* (Қарақ.). *Мен оның м е й і т і н е ере бардым, м е й і т т е адам коп болған жоқ* (С. Мүк., Ес. жылд., 39). Қ. **мәйіт**[1].

МЕКДЕУ (Жамб., Шу) меңдеу, меңзеу. *Жетпіс жасқа келгенде, Уақыт болар м е к д е г е н* (Жамб., Шу).

МЕКЕ[1] (Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Қар., Шет) ыстық-суықта болып аттың, есектің сыртына шыққан қаны. *Күн ыстықта аттың м е к е с і шығады* (Қар., Шет). Қ. беке,[2] қантыс, қантыстау.

МЕКЕ[2] (Қарақ., Тақт.) сүрлем, мал азығы. *Қысқы мал азығына м е к е дайындап жатыппыз* (Қарақ., Тақт.).

МЕКЕ[3] (Қарақ.) жүгері. *Өткен жылы м е к е өнімді жақсы беріп еді* (Қарақ.). Қ. мәкке.

МЕКЕБАЙ (Қост.: Жанг., Торғ.) қарақшы, маяк. *Қыста боран болса, м е к е б а й ғ а қарап жүреміз* (Қост., Жанг.).

МЕКЕ ЖҮГЕРІ (Түрікм.: Таш., Тедж., Көнеүр, Тахта, Мары; Қарақ.; Өзб., Там.; Қорда: Сыр., Жал.) дәні ірі, қатты жүгері, жүгерінін жақсы тұқымы. *Бұл ел көбіне м е к е ж ү г е р і егеді* (Түрікм., Конеүр.).

[Түрікменше *мекгежөвен* жүгері (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *макка жухари* жүгері (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *макке* жүгері (Рус.-карак., сл., 1947)]. Қ. **мекей жүгері.**

МЕКЕЙ ЖҮГЕРІ (Алм., Шел.; Жамб., Шу; Қорда) дәні ұсақ жүгері. *Біздің бақшаға м е к е й ж ү г е р і көп шығады* (Алм., Шел.). Қ. **меке жүгері.**

МЕКЕЙ КӨЖЕ (Шымк., Мақт.) жүгеріден жасалған көже. *М е к е й к ө ж е н і ң қазір уақыты жоқ, әйтпесе ол артық қой* (Шымк., Мақт.).

МЕКЕ КӨЖЕ (Ауғ.; Ир.) жүгеріден жасалған тағам.

МЕКЕ ҚАБАҚ (Жамб.: Мер., Шу) асқабақтың қабығы жұқа түрі. *М е к е қ а б а қ т ы ң қабығы жұқа келеді* (Жамб., Мер.).

МЕКЕМ (Жамб., Шу; Талд., Аксу; Шымк., Бог.; Түрікм.; Сем., Үрж.; Өзб., Ташк.) бекем. Қ. **мәкам.**

МЕКЕМДЕЛУ (Өзб., Ташк.) бекітілу. *Пышақ гірәділге* (қ.) *темірлер арқылы м е к е м д е л і п қойылады* (Өзб., Ташк.).

МЕКЕН[1] (Қар., Шет; Көкш.: Қ.ту, Щуч., Чкал., Еңб.; Рес., Сарат.; Орал: Орда, Чап., Жән., Каз т.; Қост.: Фед., Семиоз.; Сем.: Акс., Кокп., Аяг.) бидайдың топаны, шөп-шарық. *М е к е н д і малға қаппен тасып береміз* (Рес., Сарат.). *Бидайды тазаламай м е к е н і м е н тартқанда 100 кг болады* (Орал, Каз т.). *Елді пункттерге жақын жерлерге шөптер мен м е к е н д е р жағылмасын* («Еки. жол», 15.06.1958).

МЕКЕН[2] (Жамб., Шу) бекем. *«Төүекел түбі жел қайық, өтесің де кетесің», – дегендей белді м е к е н буынып іске кіріселік* (Жамб., Шу). Қ. **мәкам.**

МЕКЕР (Орал, Орда) тоқтысында қоздаған қой.

МЕКЕРЛІК 1. (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) залымдық, арамдық. *Бірді бірге шағыстырып, м е к е р л і к жасаудан не шығардың* (Түрікм., Ашх.). *Қарақатын қызының м е к е р л і г і н жаратпай қалды* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 117).

[Түрікменше *мекир* қу, сұм, залым (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *маккорлик* қу, залым (Узб.-рус. сл., 1959); ар. *мекрь* қулық, залымдық (Л. Буд., II, 250).] 2. (Гур., Манг.) кербездік, мекерлігі бар жігіт.

МЕКЕТІ (Шымк., Мақт.; Қорда: Тер., Жал., Сыр.; Қарақ.) жүгерінің бір түрі, ірісі. *Биыл м е к е т і жақсы шықты. М е к е т і д е н көп өнім алынды* (Шымк., Мақт). Қ. **мекке.**

МЕКИЕН (Ақт., Ойыл) жұмыртқа. *Біздің колхоз мемлекетке м е к и е н тапсырып болды* (Ақт., Ойыл).

МЕКИІН (Қарақ.) мекиен. *Таң алдында шақырған қораздар да м е к и і н л е р і м е н е н қонақтаған жерінен түсіп, ырызғы* (қ.) *іздеуге жөнелді* (Қарақ.).

МЕКИЯ (Жамб., Шу) сахара, ен дала. *Біз м е к и я н ы ң даласында жүрміз* (Жамб., Шу).

МЕККЕ (Қарақ.) жүгері. Қ. **мәкке, мекке**[3], **мекеті.**

МЕККЕР (Қарақ.) мекер.

МЕКІРЕ (Қорда: Жал., Қарм., Шиелі; МХР) бекіре. *Пал* (қ.) *татыған м е к і р е н і ң*

сорпасын ішпейтін басым қоңырсыған қой сорпасына тап болдым, – депті (Қ.орда, Жал.). *Мекіре балық басын жарға соқпай тоқтамайды* (І. Есенб., Қат. өткел). Қ. метіре.

МЕЛГІ//МЕЛКІ (Қ.орда, Арал) мөлшер, шама. *Мелгісін білмейінше алып бере салу қиын гой* (Қ.орда, Арал). Орыс тіліндегі *мерка* сөзінен шығуы мүмкін.

МЕЛДЕ//МЕЛДІМ (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Таш., Мары; Гур., Маңг.) сұр мен ақтың аралығындағы мал түсі (әсіресе жылқыға қолданылады).

[Түрікменше *меле* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *малла* сары (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *мелле* (Карак.-рус. сл., 1958); *мелле* құла ат (Л. Буд., II, 253)]. Қ. мелле.

МЕЛДЕК//МЕЛДІК АТУ (Жамб.: Шу, Луг.) тойып тұру, тою. *Су ішіп тұрган гой деймін, мелдігі аты п тұр гой* (Жамб., Луг.).

МЕЛДЕСУ (Жамб., Мер.) бәс тігу. *Біз мелдестік те, екеуін ат үстінде аударыстыруга шыгардық* (Жамб., Мер.).

[Қырғызша *мелдесу* (Кирг.-рус. сл., 299)].

МЕЛДЖЕМДІ Қ. мелжемді.

МЕЛДІК АТУ Қ. мелдек.

МЕЛДІМ Қ. мелде.

МЕЛЕТ-МЕЛЕТ (Гур., Мах.) мезгіл-мезгіл, қайта-қайта. *Балам кешеден бері сырқос* (қ.), *бүгін күн үзаққа мелет – мелет сусын ішумен болды* (Гур., Мах.).

МЕЛЖЕМДІ//МЕЛДЖЕМДІ (Сем., Абай; Тау., Қош.; МХР) денелі, мықты, қайратты, ірі. *Абайдың інісі Оспан мелжемді адам болган* (Сем., Абай). *Мелжемді жер – мықты, бай жер. Нұрила мелжемді жерге тұрмысқа шықты* (Тау., Қош.). *Істеген мелжемді жұмысыңды баяндамага жаз* (МХР). *Жанталаса күшеніп қанша ышқынса да, мелжемді денесін игеріп, қайта тартылар деген не* («Жұлдыз», №12.1986, 15). *«Көре көлден» көп өледі, «айдай келден» аз өледі дегендей түйені де қойша бақпайынша мелжемді нәтижеге жету мүмкін емес* («Ж. емір», 21.07.1981).

МЕЛКІ Қ. мелгі.

МЕЛЛЕ (Қарақ.) сары. *Төжімұраттың бір мелле қызы бар екен, бой жетіп отырыпты* (Қарақ.).

[Қаракалпақша *мелле//мелли* сары (Н. Бас., Карак. яз., II)]. Қ. мелде//мелдім.

МЕЛМИЮ (Қ.орда, Арал) мелшиген, өзгеріссіз, бір қалыпты (табиғат туралы). *Мелмиген көк теңіз. Мелмиген көк шың* (Қ.орда, Арал). *Кеше гана мелмиіп жатқан меңіреу дала, енді міне әндетіп қоя берді* (Ә. Кекіл., Құс. қан., 154).

МЕЛШЕДЕН БАТУ (Түрікм.; Ақт.: Шалқ., Қараб.; Қарақ.; Қ.орда, Арал) белшеден бату. *Бала тәрбиелеу аңсат* (қ.) *емес екен, машақатқа мелшеден баттық* (Түрікм.). *Егін айдап, мелшемнен баты п, астықты көп алдым* (Ақт., Шалқ.). П.М.Мелиоранский басқа түркі тілдеріндегі *б* дыбысының қазақ тілінде *м* дыбысына айналуын сол сездердегі келесі сонор *р*, *л* дыбыстарының әсерінен деп көрсетеді (П. Мел., Кр. грам. каз. кирг. яз., ч. I, 21).

МЕЛШЕСІНЕН СҰЗУ (Қ.орда, Арал) мелшесіней бату. *Матай Ерімбетұлы байлықты мелшесінен сүзіп, жақыи жылдарда алдына 1000 қара айдап жүрген байдың өзі еді* («Екп. балықшы», №26, 1932).

МЕЛІКТЕНУ (Рес., Орын.) иелену, мекендеу. *Торгайды бір адам мелікгенген шыгар, сондықтан солай ат қойган болар* (Рес., Орын.).

МЕММЕ (Ауғ.; Ир.) бұлақ, бастау.

МЕМЛЕКЕТТІК АУ (Гур., Тең.) мемлекет меншігіндегі ау. *Орал жагаларында коптеген мемлекеттік аулар бар* (Гур., Тең.).

МЕНГӨР-СӨНГӨР (Қ.орда: Қарм., Сыр., Арал) жоқ болу, сшиәрсе калмау. *Комекке келген студенттер жұмысты менгор-сөнгор етті* (Қ.орда, Қарм.). *Менгор-сенгөр сол аттың құйрығы содан жазылды да кетті* (Қ.орда Арал).

МЕНЕТ (Рес., Волг.) сом, теңге. *Ол айына 600 менет табады.* Қ. манат[1].

МЕНҚҰРАЛДЫ (Алм., Жам.) менқұралпы. *Әліпбай деген менқұралды адам бар, әңгімені көп біледі* (Алм., Жам.).

МЕНМЕНЛІК (Жамб., Шу) менмендік. *Өмірдің арманы көп откенінен, Менменлік, тәкәппәрлік еткенінен* (Жамб., Шу).

МЕНТ (Гур., Есб.; Рес., Орын.) винт. *Машинаның менті босап кетіпті* (Гур., Есб.).

МЕНТТЕУ (Қост., Камыш.) бұрандап бекіту. *Судан шыгарып алган арбалардың бәрі дементтелген екен* (Қост., Камыш.).

МЕНШЕ (Сем.: Аяг., Кокп., Акс.) менінше. *Мен ше, мәселенің бұлай шешілуі дұрыс емес* (Сем., Көкп.).

МЕНІМ (Гур., Есб.; Акм. Атб.) менің. *Көзірде он сегізде мен нім жасым* (Акм., Атб.). *Мен ім баламның кітабы жоқ* (Гур., Есб.). *Сондықтан да, мен ім ойымша, аз оқысам да оны ұқыпты тыңдап, көп ойланып, терең*

оқып үйренуге дағдылануды керек деп таптым («Больш. кол.», №8, 1939).

МЕНІМШЕ (Ақт., Шалқ.) меніңше. *Менімше е, бұл арыққа су жібере алмайсың* (Ақт., Шалқ.). *Менімше, үкімет бізге зиян ойламас* (Б. Майл., Шығ., IV, 121).

МЕНІҢМЕН (Қарақ.) менімен. *Меніңмен бірге кім жүреді?* (Қарақ.).

МЕНІТ (ҚХР) пана, ық, қорған. *Жақсы қатын жігіттің кесектен соққан кентіндей дүниенің тұнық меніті інде й* (Майлықожа).

МЕҢДЕС (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Кенеүр.) үқсас, сәйкес. *Біздің тіліміз сіздерге меңдес болар* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *меңзеш* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *мегзес* (Карак.-рус. сл., 1958); *tàzà* салыстыру, үқсастыру (С. Мал., ПДП, 400); *бенташь* үқсас, сәйкес (Л. Буд., I, 265); үқсас, сәйкес (А. Бор., Бадаи..., 243)].

МЕҢДЕСТІРУ (Рес., Орын.) теңеу, үқсастыру. *Аққуға меңдестіріп айтқаны гой* (Орын., Ад.).

МЕҢДІҒАРА (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) дөні түйені улайтын өсімдік.

МЕҢЖЕМДІ (Жезқ., Ағад.) әлді, карулы, мықты. Қ. мелжемді.

МЕҢЗЕУ (Павл., Екіб.) мегзеу. *Сәуле Майқайың табиғатының жақсылығына меңзеп отыр* (Павл., Екіб.). *Мұның қазіргі тұрі қиын операциядан әлгіде ғана шыққан хирургке меңзейді* (F. Сл., Заман., 221).

МЕҢЗУ (ҚХР) зеңу, басы айналу, мең-зең болу. *Басы меңзіп, бойы ауыр тартты* («Сөз сан.»).

МЕҢЛІ (Шымк.) меңді.

МЕР (Рес.: Волг., Сарат.; Гур.: Маңғ., Тең.) 1. шелектен үлкен өлшеуіш ыдыс, өлшеуіш. *Бұрын машинага бидайды шелекпен, мермен тиейтін* (Рес., Волг.). *Мәлек* (қ.) *балықтар мерге толмайды* (Гур., Маңғ.). 2. балық аулағанда қолданылатын өлшеу ағаш. *Балықшы судың терең, таяздығын мермен байқап отырады. Аушылар мерге толмайтын балықты аламайды* (Гур., Тең.). Орыс тіліндегі *мера* сөзінен шыққан (ВИДКЯ- 1, 129).

МЕРА (Жамб., Жам.) кокпарға салатын ешкі. *Ол мераны додаға салып тартты. Мера кімдікі?* (Жамб., Жам.).

МЕРДІН (МХР) тергеу түрмесі. *Ақша кеміткені үшін мердінде жатыр* (МХР).

[Монгол тілінде *мөрдөн* тергеу түрмесі деген сөз (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 188)].

МЕРЕЗ ШӨП (Қарақ.) сарыбуын. Қ. жергөміс, сарыпәшек.

МЕРЕК (Ақт., Ойыл) ширек. *Ең болмаса бір мерек шай бергіз* (Ақт., Ойыл). Қ. мирек.

МЕРЕК БОЛУ (Жамб., Шу) мерекелі болу.

МЕРГІЖІЛ (МХР) мамандық. *Әй, сенің мержігілің не?* (МХР).

[Монғол тілінде *мэрэгжил* мамандық (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 115)].

МЕРГІЖІЛТІН (МХР) маман. *Совет мержігілтінен коп нәрсе үйрендік* (МХР). Қ. мергіжіл.

МЕРЗЕУ (Алм., Кег.) меңзеу, аңдау. *Мен бүркіттің ұясын мерзедім, ертең олар барып балапанын алады* (Алм., Кег.).

МЕРЗІЛУ (Рес., Волг.) мертігу. *Ол бұзау бір аягын мерзілініп ауырып отыр* (Рес., Волг.).

МЕРКЕТСАҒАНА (Ауғ.; Ир.) кесене.

МЕРКІ (Қарақ.) мерка, балық ұзындығын өлшейтін өлшеуіш ағаш. *Меркіні алып келің, мына балықты өлшелі, қанша екен* (Қарақ.). Орысша *мерка*.

МЕРЛЕУ (Гур., Тең.; Рес.: Волг., Сарат.) өлшеу. *Айнам, суды мерлеп көрші. Қайықпен жүргенде, судың саяздығы мерленіп отырды* (Гур., Тең.).

МЕРТ 1. (Гур., Маңғ.) ұстамсыз, тұрақсыз. *Шамғұл мерт адам, уәдесінде тұрмайды* (Гур., Маңғ.). 2. мінезі тік, бір беткей, қатты. *Мерт жігіт. Дұзген мерт агаш, сынбаса майыспайды* (Гур., Маңғ.).

МЕРТЕБЕ (Қарақ.; Гур., Маңғ.) мәртебе. *Мертебең жогары бола берсін* (Қарақ.). *Жолдас болсаң жақсымен, мертебеге жетерсің. Жолдас болсаң жаманмен, бармағыңды әр жерде тістей-тістей өтерсің* (Гур., Маңғ.).

МЕРТТІК (Алм., Жам.) билік, үкім. *Оның мерттігі бойынша біз құруға тиісті едік қой, би-болыстың ісі сол емес пе?* (Алм., Жам.).

МЕРТІКЕР (Өзб., Ташк.) жалданып істеуші. – *Қайерінен бастайын,* – *деді мертікер* (Өзб., Ташк.).

МЕРТІЛТУ (Орал: Орда, Қара.) мертіктіру. *Бір өгізді мұзға құлатып мертілтті* (Орал, Қара.). *Ол қасақаналықпен артельдің бір жұмыс өгізін аулаудан мертілтті* («Ж. жол», 2.01.1938).

МЕРТІЛУ (Гур., Бақс.; Қост., Торғ.) мертігу. *Ол балуанның аягы күресіп жүріп мертілді* (Гур., Бақс.). *Мертіліп жатқан түйе* («Соц. Эмба», 24.04.1952). *Үш адам қатты мертіліп, бір адам қаза тапты* (К. Сақа., Өткел аузында). Қ. мертіну.

МЕРТІНУ (Тау., Қош.) мертігу. *Ол аягы мертініп жатыр* (Тау., Қош.).

МЕС (Ақт., Қараб.) ешкіні бітеу сойып жасаған ыдыс. *Жұмысшылар м е с к е су құйып алып жүреді* (Ақт., Қараб.).

МЕСАХАНА Қ. месехана.

МЕС БОЛУ (Шымк., Арыс) ісініп былбырау. *Шөп суда қалып, м е с б о п кетіпті* (Шымк., Арыс).

МЕСЕКЕР (Гур., Маңғ.) ісмер. *Қолы м е с е к е р адам* (Гур., Маңғ.).

МЕСЕКЕРЛІ (Гур., Маңғ.) іскер, ісмер. *Шабанбек бригадир мен қолы м ә с е к е р л і Шалбай, Райым күзетші үшеуі астығын боратып ұшыра берді* (Ғ. Орм., Жүрек).

МЕСЕЛІ ҚАЙТУ (Ақм., Атб.; Қост., Аман.; МХР) көңілі қалу. *Сенің м е с е л і ң қ а й т п а й-ақ қойсын, қарағым* (Қост., Аман.). *Мына жаманды байым бар деп отырады дейсің бе, осының өзі жігіттіктен құр емес шығар, – деп қыңыржақтангандардың м е с е л і қ а й т ы п болды* (Б. Майл., Шық., III, 174). *М е с е л і н қ а й т а р м а й айтқаны айтқандай келуші еді. Болжап бер, м е с е л і н қ а й т а р м а й* (С. Әбілқ., Оспан батыр, 22).

МЕСЕР (Шық. Қаз., Ұлан) есер. *Ол бір м е с е р болатын* (Шық. Қаз., Ұлан).

МЕСЕХАНА//МЕСАХАНА (Қарақ.) масахана (қ.). *Бұл жерде жазда м е с е х а н а с ы з күн көру дым қиын екен* (Қарақ.).

[Парсышадан аударғанда үй, жай, бөлме, береге көз мата (Кр. рус.-пер.-азер. сл., 1945). Қ. масахана.

МЕСКЕ 1. (Сем.: Аяг., Абай, Үрж., Мақ.) үлкен аяқтай ыдыс. *Қымызды м е с к е г е құйып әкел* (Сем., Үрж.). Қ. мескей. **2.** (Көкш., Қ.ту) құлағы бар ыдыс. *М е с к е ұялы жағында көбірек айтылады* (Көкш., Қ.ту). Орысша *миска* сезінен шыққан.

МЕСКЕЙ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал.; Сем.: Аяг., Ақс., Кекп.; Шық. Қаз., Больш.) кастрөл. *Ол бір м е с к е й қымыз алып келді* (Сем., Ақс.). Қ. мешкей. **2.** (Орал, Чап.; Алм., Кег.) үлкен аяқ. *Бұрын қымызды м е с к е й г е емес, шарага құятын едік* (Алм., Кег.). Орыс тіліндегі *миска* сөзінен шыққан сияқты. Қ. меске. **3.** (Көкш.: Щуч., Еңб.) мес теріден жасалған ыдыс. *Ал екінші тесікте әлгі қара қазанның сұлу да сылқым қызындай ақ қалайы м е с к е й д е н сүттің жиегі жыбырлайды* («Жұлдыз», №4, 1986, 90).

МЕТЕЙ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) су құятын күбі шелек. *Мал басындағыларға м е т е й жеткізбелі* (Түрікм., Красн.). *Торғын әйкелдің* (қ.) *түбіне барып, арқасындағы м е т е й і н түсірді* (Ә. Кекіл., Бір шекім.).

МЕТЕЛ ҚЫЛУ (Гур., Маңғ.) кесел жасау. *Жұмысқа м е т е л қ ы л м а* (Гур., Маңғ.).

МЕТЕН (Гур., Есб.) бидайдың топаны. *М е т е н н і ң өзі бір скирд боп қалыпты* (Гур., Есб.).

МЕТКЕЛ (Қ.орда, Қарм.) есімдік атауы. *М е т к е л ақ топырақ құмда болады* (Қ.орда, Қарм.).

МЕТРЛЕМЕ БҰЛ (МХР) кездеме мата.

МЕТІЛ (Қост., Жанг.; Гур., Тең.) аудың, сүзекінің (қ.) кезі. *М е т і л деп балық ұстайтын сүзекінің кішкене көзін айтады* (Қост., Жанг.).

МЕТІН[1] (Ақт., Ырғ.; Қ.орда: Жал., Қарм.; Алм., Кег.; Өзб., Там.) кетпеннен горі кішілеу, шот тәрізді құрал. *М е т і н м е н көбінесе жердің тоңын шабады* (Ақт., Ырғ.). *Мен м е т і н сұрап келдім* (Алм., Кег.).

МЕТІН[2] (Ақт., Ырғ.; ҚХР) қатал, берік. *Ол жұмысына қатал, м е т і н екен* (Ақт., Ырғ.).

МЕТІН[3] (ҚХР) асыл затпен суарылған. *Садақтың оғының ұшында м е т і н бар екен* («Сөз сан.»).

МЕТІНДІК (ҚХР) қатығез, дәті берік. *Кесе қан шықпас, м е т і н д і г і н көрсетті* («Сөз сан.»).

МЕТІРЕ (Шық. Қаз., Күрш.) бекіре. *М е т і р е н і ң тұмсығы ұшкір болады* (Шық. Қаз., Күрш.). Қ. мекіре.

МЕХНАТ Қ. михнат.

МЕЬР (Ир.) қазан.

МЕШ (Көкш.: Щуч., Еңб., Казгор.; Сем.: Аяг., Абай, Шүб., Акс., Мақ.; МХР; ҚХР; Шық. Қаз., Марк.; Павл., Ерт.; Қост., Камыш.; Рес., Орын.) пеш. *Қыстай м е ш к е тезек жағып шықтық* (Көкш., Қазгор.). *М е ш түбінде жамылып, иығынан шапан түспейді* (Рес., Орын.). *Көздері м е ш ішінде түтіндене лапылдаған қара қошқыл жалындай құлпырады* (С. Мүк., Алып. адым.).

МЕШБЕНТ (Шық. Қаз., Күрш.) камзол. *Бұрынғы кезде қазақ әйелдері м е ш б е н т киетін еді* (Шық. Қаз., Күрш.).

МЕШБЕТ (МХР) жеңі шолақ киім.

МЕШЕЛ (Қарақ., Мой.) жайын балықтың усақ түрі. *Ауға бір м е ш е л д е н басқа ештеңе де ілінбепті* (Қарақ.).

МЕШЕР (Гур., Шевч.) қойдың ауруы. *М е ш е р болған қой жүре алмайды* (Гур., Шевч.).

МЕШЕТ (Тау., Қош.) мешіт. Қ. мәшіт.

МЕШКЕЙ (Алм., Қарат.) кастрел. *Мен төрт литрлік м е ш к е й сатып алдым* (Алм., Қарат.). Қ. мескей.

МЕШКЕТ ЕМЕС (МХР) ештеңе емес. *Күзде қымыз қойылған кезде мен екі көтел қымыз-*

ды түстен бастап бие ағытқанға дейін ішіп қоям, ол маған м е ш к е т е м е с (МХР).

МЕШМЕТ (Алм., Шел.) бешпет. Қ. мешпет.

МЕШПЕТ (МХР) бешпет. *Қара ши барқыттан м е ш п е т істетіп кидім* (МХР). *Кіремен ер талабы сауда болды, Түйеміз қатар-қатар арба болды. Тар шалбар, қынамалы м е ш п е т шығып, Әлхамды шала оқыған молла болды* (Ақыт, 27). *Ауылым көшіп барады Ылай көлге, Шаги м е ш п е т жарасар қынай белге* («Ж. талап», №2, 1966, 21).

МЕШТЕЙ (Қарақ.) болыстың хатшысы. *Алламұрат баягыда болыстың м е ш т е й і болған, кәзір де түсінігі жаман емес* (Қарақ.).

МЕШІРЕЙТУ (Шығ. Қаз., Больш.) шүпілдете толтыру.

МИАУ (Түрікм.) миғұла. *Сурет жапсырған айнаны әкел дедім гой, м и а у г а айтсаң да ұқпайды деген рас-ау* (Түрікм.).

МИДЕЙ (Өзб., Там.) мидай. *М и д е й жазық дала, іркіліп паналайтын жер жоқ* (Өзб., Там.).

МИДЫ ШАЙҚАУ (Ақм., Атб.) басты қатыру. *Коп айтып ш а й қ а м а й ы қ баста м и д ы* (Ақм., Атб.).

МИДЫ ШЫРМАУ (ҚХР) ойы кету, назары ауу. *Менің м и ы м д ы ш ы р м а п алған нәрсе білімге деген құштарлық емес, махаббат құштарлығы* (З. Сабыр, Ізд., 191).

МИДЫ ІСКЕ САЛУ (ҚХР) ойлану, ой жүгірту. *Қадрлар рухи зор бұрылыс жасаулары, атап айтқанда, м и л а р ы н і с к е с а л ы п, идеясын жандандырып...* («Шыңжаң», 8.17.1973).

МИ ЖҰМСАУ (ҚХР) ой жүгірту, ойлау. *Саудада көбірек м и ж ұ м с а г а н жөн, ұшқалақ істеуге болмайды* (А. Қас., Ы. Әбік., Қаз. тілі., 130).

МИЗАЖ (Шымк.: Қызылқ., Арыс) сипат, мінез, қабілет. *Адамның м и з а ж ы өр түрлі. Адамның м и з а ж ы жұмыс бабында байқалады* (Шымк., Арыс). *Әр адамның м и з а ж ы н а қарай сөйлемесе бөлмайды* (Шымк., Қызылқ.).

МИЗАМ ТҰЙНЕК (Қарақ.; Өзб.) қауынның оспей пісетін күзгі түйнегі.

МИЗАН (Ауғ.) қыркүйек.

МИЗЫ (Рес.: Волг., Сарат., Қалм.) басы. *Ол м и з ы н шайқап, болмайды деді* (Рес., Сарат.).

МИҚЫ 1. (Көкш.: Щуч., Еңб.; Павл., Горьк.; Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.) қиқы-жиқы, жұпыны. *Ол көп нәрсемен жұмысы жоқ, м и қ ы адам* (Көкш., Еңб.). *Бір м и қ ы адырдың ішіне түсіп, содан жуырда шыға алмады* (С. Бег., Уақыт.). **2.** (Сем.: Мақ., Үрж.) сорлы, бишара. *Мынауың өзі бір м и қ ы адам гой* (Сем., Үрж.). **3.** (Жамб.: Мер., Қорд., Шу) жаратылысы. *Ондағы чалдардың м и қ ы с ы нашар, әңгіме білмейді* (Жамб., Қорд.).

МИҚЫЛАУ[1] (Көкш.: Еңб., Щуч.; Қост., Об.; Шығ. Қаз., Тарб.) жұпынылау, нашарлау. *М и қ ы л а у адам, Оның үйі м и қ ы л а у екен* (Шығ. Қаз., Тарб.).

МИҚЫЛАУ[2] (Қост., Об.) топас, миғұла. *Оны қойшы. Ол бір м и қ ы л а у шал гой* (Қост., Об.).

МИЛАЛ Қ. мәләл.

МИЛАСТЫРУ (Алм., Шел.) шатастыру, кедергі жасау. *Орта жолдан қосылған жаман атша сөзімді м и л а с т ы р м а й отырчы* (Алм., Шел.).

МИЛАТУ (Шымк.: Түлк., Сайр.) қаршығаға ауланған құстың миын шоқыттыру. *Ол қаршығасын м и л а т ы п отырды* (Шымк., Сайр.).

МИЛАУ (Сем., Абай) миға, батпаққа түсіп кету. *Кеше ауылдан машинамен шығып едік, жолда м и л а п қалдық* (Сем., Абай).

МИЛЛИОНШІК (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) миллионер. *Біздің колхоз біраз жылдан бері м и л л и о н ш і к* (Тау., Қош.).

МИЛЫҚ (Түрікм.) қарақұс, бас пен мойын омыртқаның түйіскен жері. *М и л ы қ т а г ы шашын неге алмады?* (Түрікм.). *Бұл звено өзінің нашарлығымен қоймай, тертінші звеноның д а м и л ы г ы н түсіре отыр* (Мерке ауд. газ., №89, 1938).

МИЛЯЛ Қ. мәләл.

МИМА (Қар., Шет) пима. *Аягыма кигенім м и м а еді* (Қар., Шет).

МИМАЛ//МИМАН (Түрікм.: Ашх., Таш., Тахта, Тедж.; Жамб., Шу) қонақ, мейман. *М и м а н ы ң ы з бала болса да қой соймалы* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *михман* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *мехман* (Узб.-рус. сл., 1969); қарақ. *миман* (Рус.-карак. сл., 1967); пар. *тіvтап* қонақ (С. Мал., ПДП, 400)]. Қ. миман.

МИМАН (Түрікм.: Ашх., Таш., Тахта, Тедж.; Жамб., Шу; Қарақ.; Рес., Орын.) қонақ. *Бала болса да м и м а н г а қой соймалы* (Түрікм., Тахта). *Асықса м и м а н кете берсін* (Қарақ.). *Шатыр тігіп үстінен разы қылған м и м а н д ы* (Фольк.; Түрікм.). *Біздің бұйым* (қ.) *онша үлкен емес, бізге қарызға 2 қой бересің, – деді м и м а н д а р* (Жұрын ауд. газ., №70, 1940). Қ. мимал.

МИМАНХАНА (Шымк., Сайр.; Жамб.: Жуа., Луг.) төр үй. *Миманханаға барайық* (Шымк., Сайр.).

МИНАРАС (МХР) мирас, аталы сөз. *Мынау бір минарас екен* (МХР).

МИНАТТАЙ (Гур., Маңғ.) өте кішкентай, тинамдай. *Бойы минаттай болганмен, пәле көрінеді* (Гур., Маңғ.).

МИНЕТ (Қарақ., Қоң.) еңбек. *Кетпейді оган еткен минет зая* (Қарақ., Қоң.).

МИНЕТКЕШ (Өзб., Там.) еңбекшіл. *Жорабай момын, минеткеш адам еді* (Өзб., Там.).

МИНЕТШІЛІК (Қарақ.) еңбек ету.

МИНІМДЕЙ (Алм., Шел.) титтей. *Құмырысқа минімдей болганымен еңбекшіл жәндік* (Алм., Шел.).

МИОТ 1. (Сем.: Көкп., Акс., Абай) арбаға жегілген малдың мойнын ағаш қажамас үшін, орайтын шүберек, киіз. *Атқа бір миот жасап алдым* (Сем., Акт.). **2.** (Сем., Үрж.) қолдан жасалған қамыт. *Миот ты Қаракең әйбаттап жасайды* (Сем., Үрж.) **3.** (Қ.орда: Қарм., Тер., Жал.) жараға қойылатын киіз.

МИР (Гур., Есб.) шаруа, әрекет. *Сырымды олтіруге мир қолданыпты* (Гур., Есб.).

МИРАМДАУ (Гур., Есб.; Акт., Байғ.) мейрамдау. *Октябрьді бүкіл ел мирамдайды гой* (Гур., Есб.). *Большевиктік баспасоздің мирамын 5 майда еліміздің барлық халқы үлкен қуанышпен мирамдайды* («Соц. ауыл», №41, 1941).

МИРАП[1] (Қарақ., Тақт.) күнбатыс, батыс жақ. *Мешіттің намаз оқитын жагы мирап делінеді* (Қарақ., Тақт.).

[Арабтың *мәгриб* «күн бататын жер мен уақыт», «батыс», «кешкі намаз» сөзінен (Н. Онд., Ар.-қаз. сөз., 1969]).

МИРАП[2] (Қарақ.) мұрап.

МИРЕК (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Тедж.) жапырақ шайдың 50 грамдығы. *Інген* (к.) *шайының 3-4 мирегін 5 мәнеттен сатып жатыр* (Түрікм., Таш.). Қ. мерек.

МИРІМДІ (Орал, Орда) мейірімді. *Біздің колхозымыздың председателі мірімді адам* (Орал, Орда). *Пролетариаттың күшті заңы предательдерді, шпиондарды мірімсіз жазалады және кележақта да мірімсіз жазалайды* («Ж. жол», 29.11.1937).

МИСАҚ[1] (ҚХР) уәделесу, антпен сөз беру («Сөз сан.»).

МИСАҚ[2] (ҚХР) үйректің бір түрі. *Сусылдап судан үшқан сусыр миса қ* («Соз сан.»).

МИСКИН (Рес., Орын.) міскін. *Мен миски елден шығып дин* (к.) *іздеген, Миски нді тастай корме фатиқадан* (Рес., Орын.).

МИТАҚАНДАЙ (Гур., Маңғ.) кішкентай, шиіттей. *Жаңа туган митақандай бала* (Гур., Маңғ.).

МИТЕЛ (Қост., Торғ.) аудың бір түрі.

МИ ТОҚТАП ҚАЛУ (ҚХР) есі ауу, ақылесінен айырылу. *Ол коп ішіп алса болды, ми ы тоқтап қалады* (ҚХР).

МИТЫҚ-ТИТЫҚ (Өзб., Там.) анау-мынау. *Осы семьяның митық-титық жұмысы саган жетеді деді* (Өзб., Там.).

МИУӘЗАР (Өзб., Ташк.) жеміс бағы.

[Өзбекше *мевазор* (Узб.-рус. сл., 349)].

МИХНАТ//МЕХНАТ (Қост., Об.; Қар., Нұра) бейнет. *Ғұмыр бойы михнат корген кісі еді. Сонша еңбек михнаттың қайда кеткенін, кімге істелгенін де білмейді* (Б. Майл., Шығ., 302). *Салда аузын олімтікке қауып-қауып, Михнатсыз ет болган соң алган тауып...* (С. Коб., Қасқыр мен түлкі). *Бұл дүние ойлап тұрсам жалган екен, Михнатқа талайларды салган екеи* (М. Сералин, Гүлкәшима).

МИ ЧҮРҚЫРАУ (Алм., Қарат.; Шымк.) басы ауыру, миы айналу. *Бүркітбайга иіс тиіп, ми ы чүрқырады* (Алм., Қарат.).

МИЫ АЛМАЙТЫН (адам) (Сем.: Көкп., Акс., Абай) ешнәрсе түсінбейтін есуастау, ақыл-есі орнында емес адам. *Менің немерем миы алмайты н бала болып қалган еді* (Сем., Көкп.).

МИЫҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) мық шеге. *Әрі-беріден соң миы қ қагылмаган жері жоқ бір тақтай табылды* (Түрікм., Таш.).

МИЫ ҚАШУ (Гур., Маңғ.) миы ашу, басы қату. *Миы қашы п жүрген адам не әңгіме біледі* (Гур., Маңғ.).

МИЫН АҒЫЗУ (Гур., Маңғ.) басын қатыру. *Не боса соны айтып, миымды агызды* (Гур., Маңғ.).

МИЫНА ҚАДАЛУ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) миына қону; үгыну. *Мынау кітап сөзі миына қадалаты н бала* (Тау., Қош.).

МИЫНАН ТҮТІН ШЫҒАРУ (ҚХР) сазайын беру, көресісін корсету. *Түйт, кертартпашыл малгүн, көресің әлі! Түрмеде шіріп, миыңнан түтін шыгад* (З. Сабыр, Ізд., 33).

МИЫ ӨКШЕСІНЕ ТҮСІП КЕТУ (ҚХР) ақымақ болу, жаңылу. *Жап-жаңа телевизорды арзанга сататын мені миы өкшесіне түсіп кеткен гой деп пе ең!* (ҚХР).

МИЯЗ (Ақт., Ырғ.) ақылы, ой-санасы кем. *М и я з кісі. Кейбір адам м и я з болады* (Ақт., Ырғ.).

МИЯЗДАЙ СӨЙЛЕУ (Орал: Чап., Жымп.) панданып, кербезденіп сөйлеу.

МИЯЛАСУ (ҚХР) қосылу, араласу. *Екі бұлт араласып м и я л а с т ы* («Сөз сан.»).

МИЯТ 1. (Алм.: Кег., Жам.; Жамб., Луг.) біреудің сөзін сойлеу, біреуге болысу. *М и я т, м и я т т ы ң түбі цят* (Жамб., Луг.). **2.** (Қ.орда: Қарм., Сыр.) тірек, көмек, жәрдем. *М и я т болсаң паданга, цят іске кез қылар. Жақсының әсіл* (к.) *қайраты халқының м и я т беліне* (Жамб., Мер.). *Ер жүрек, елге м и я т батыр қайда?* («Кировшы», 1941). *Бригадирдің таптырмайтын м и я т ы балалардың өздері* (Ә. Қалд., Шаншар атай).

МИЯТ БОЛУ (Жамб.: Шу, Луг.) орынсыз болысу, жәрдемдесу. *М и я т б о л у д ы ң түбі цят болады* (Жамб., Луг.).

МИЯТҚА ШАҚЫРУ (Жамб.: Луг., Жам.) көмекке, жәрдемге шақыру.

МИЯТТАУ (Жамб., Шу) болысу, комектесу.

МИЯТ ТҰТУ Қ. мия тұту.

МИЯ ТҰТУ (Алм., Жам.) арқа сүйеу, тірек ету. *Армиядағы балам хат жазганда сіздерге комектесетін іиім бар гой деп, кіші баланы м и я т ұ т а д ы* (Алм., Жам.).

МОҒДАР (Жамб.) әл, шама. Қ. мұғдар.

МОДЫН ЗАУАТ (МХР) ағаш зауыты. *Бір балам м о д ы н з а у ы т т а істейді* (МХР).

МОЖА (Сем.: Кокп., Акс., Абай) өте кәрі, кәріліктен әбден қалжыраған. *Біздің колхоздарда біраз м о ж а сиырлар бар* (Сем., Акс.). *От басында күл көсеп отырган м о ж а-м о ж а кемпір болдық* («Жұлдыз», №4, 1988, 130).

МОЖАБАЙ БОЛУ (Гур., Маңғ.) қажу, шаршау. Қ. мошабай болу.

МОЖАҒАШ (Орал: Орда, Жән.) жердің шекарасын белгілеу үшін қойылған биік ағаш. *Тонау* (к.) *м о ж а г а ш т а н «Большевик» колхозының граны басталады* (Орал, Жән.). Орыс тіліндегі *межа* шекара, шек, белгі сөзінен шыққан.

МОЖАР (Көкш., Қ.ту) сатылы арба.

МОЖАР АРБА 1. (Орал: Чап., Жымп.; Павл., Ерт.) сатылы арба. *М о ж а р арбага көбінесе огіз жегеді* (Павл., Ерт.). **2.** (Рес., Омбы) пар ат жегетін арба. Қ. мажар.

МОЖУ (ҚХР) қартайған, можа (к.) болған («Сөз сан.»).

МОЖЫ (Алм., Жам.) дәрі аты. *Қантай, суықтыққа* (к.) *ішетін м о ж ы ң бар ма?* (Алм., Жам.).

МОЖЫҚ (ҚХР) қонжық («Сөз сан.»).

МОЖЫМ (Тау., Қош.) мүмкін. *М о ж ы м, бүгін келіп қалар* (Тау., Қош.). Орысша *может* сөзінен шыққан.

МОЖЫТУ (Қ.орда: Арал, Қарм.) қажыту, мойыту. *Мықты жанды м о ж ы т ы п, дәл осындай аяныштьі халге түсірген күшті ойлаганда Шернер өздерінің келешегінен мүлде күдер үзеді* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 169).

МОЙКЕ (Гур., Тең.) балық жуатын ыдыс. *Тұздайтын балықты да, тұздан шыққан балықты да м о й к е г е салып жуады* (Гур., Тең.).

МОЙНА[1] (Қарақ.) балық жуатын ағаш ыдыс. Орысша *мойная, мойка* сөздерінен шыққан.

МОЙНА[2] (Қарақ.; Маң.) қасапхана. Орысша *бойня*.

МОЙНАҚ[1]//ТҰЙЕ МОЙНАҚ түйенің мойын терісі.

МОЙНАҚ[2] (Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж.) түйе. *5-10 м о й н а г ы, аз-кем жандыгы болды* (Түрікм., Ашх.).

МОЙНАҚ[3] (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) көріктің отқа жақын, жел шығатын өңеші. Қ. үрімпар.

МОЙНАҚ[4] (Гур., Маңғ.; Қарақ.) түйенің мойын терісінен жасалған торсық.

МОЙНАҚ[5] (МХР) асу, бел (тауға байланысты).

МОЙНАҚ[6] (Қарақ.) бұрандаған ұзақ жол.

МОЙНАҚ КЕЛГІР (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) түйеге айтылатын қарғыс. *Бұл м о й н а қ к е л г і р г е не болганын, қайдам, ботасын бауырына жолатпайтынды шыгарды* (Түрікм., Таш.).

МОЙНАҚ ПЫШАҚ (Рес., Орын.) сақина салған пышақ. *М о й н а қ п ы ш а қ селебеден* (к.) *кіші болады* (Рес., Орын.).

МОЙНАПА (Орал, Орда) бас жіп. *Бұзауга м о й н а п а есіп отырмын* (Орал, Орда). Қ. мойын жіп, мойыншақ.

МОЙНША (Ақм.; Солт. Қаз.) монша. *Үш айдан бері бірде рет м о й н ш а көргеміз жоқ* («Ең. туы», №12, 1938). *Екі вагончиктен басқа кухня және м о й н ш а салынган* («Соц. ең.», №75, 1942).

МОЙНЫН АЙНАЛДЫРУ (МХР) мойнын бұру. *Бұркіттің м о й ы н ы 2-3 а й н а л а д ы. Үштен ары айналмайды* (МХР).

МОЙНЫНА ДАҚПЫРТ ІЛУ (ҚХР) артынан осек тарату. *Жақпақ болган **біреудің** м о й н ы н а салмақтырақ **бір д а қ п ы р т і л і п** жіберсе...* (Қ. Мүк., Тай., 29).

МОЙНЫНА ҚОРЖЫН САЛУ (МХР) көмек сұрау, жылу жию. *М о й н ы н а қ о р ж ы н с а л с а да, джән сақтамайды* (МХР).

МОЙНЫНА ҚҰЙЫЛУ (Орал, Жән.) мойнына түсу, мойнына міну. *Оның м о й н ы н а 2000 манат* (к.) *қ ұ й ы л ы п т ы* (Орал, Жән.).

МОЙНЫНА ПҰЛ ТҮСУ (Түрікм.) мойнына ақша міну. *Өткен жылы магазиншік болып, м о й н ы н а 175 мәнет п ұ л т ұ с т і* (Түрікм.).

МОЙНЫНА ТАҒЫЛУ (Гур., Маңғ.) мойнына міну.

МОЙНЫНА ТҮСУ (Түрікм.: Таш., Байр., Тедж.) біреуге міндет арту, сену. *Қадірбайдың м о й н ы н а т ұ с е с і ң гой, ол бірдеме қылып апарар-ау!* (Түрікм., Тедж.).

МОЙНЫ ОЗЫҚ (Шымк., Шәу.) жоғары. *Оның басқаларға қарағанда м о й н ы о з ы қ* (Шымк., Шәу.).

МОЙСАПАТ (Қост.: Жанг., Торғ.) дорекі, өрескел, ірі. *Мына өгіз м о й с а п а т ірі екен* (Қост., Жанг.).

МОЙСАПЫТ (Өзб.) жасы келген, тоқтаған. *Аулымызда әңгімешіл м о й с а п ы т адамдар көп* (Өзб.). *Осы кезде шағын денелі, үстінде қаудырлаған жаман тоны бар бір м о й с а п ы т орнынан қаргып тырды* (Р. Райым., Жап. жанғ., 100).

[Тәжік тілінің *мұй* «шаш» және *сафед* «ақ» сөздерінен жасалған *мұйсафед* «ақ шаш» дегенді білдіреді (Т. Айд., Қаз. тіл. лекс. ерек., 138)].

МОЙША (Шығ. Қаз., Болын.) монша.

МОЙЫН (Көкш.: Щуч., Еңб.) пештің түтін жолы, трубасы. *Мен кеше пештің м о й н ы н қалап бітірдім* (Көкш., Еңб.). *Пештің м о й н ы сыңсиды, үнін қосып желменен* (С. Сейф., Өлең., 205). *Сыртқы мойын* – пеш түрбасының үй төбесінде шығып түрған бөлегі, мүржа. *Ішкі мойын* – пеш түрбасының үй ішіндегі бөлігі. *Пештің ішкі м о й н ы әлі салынған жоқ* (Көкш., Щуч.). Қ. мора.

МОЙЫНАҒАШ[1] (Сем.: Абай, Шүб., Мақ.; Көкш.: Щуч., Еңб.; Павл.: Ерт., Үрлі.) мойынтұрық. *Қалқам, огіздің м о й ы н а г а ш ы н осында алып кел* (Павл., Үрлі.). *Колхоз үстасы 20 м о й ы н а г а ш т ы әзірдің* (к.) *өзінде сапалы етіп жәндеп болды* («Қыз. жүл.», 15.12. 1947). Қ. жарма, жармау, мойындырық, мойынча, мойынша[3].

МОЙЫНАҒАШ[2] (Көкш.: Щуч., Еңб.) ат басының өкі жағына байлаған тақтай. *Маса, сонаны жолатпау үшін жылқы өз арқасын тұмсығымен соға-соға ісіндіріп алады, сондықтан оның басын бүргызбау үшін екі жағына м о й ы н а г а ш байлайды* (Көкш., Щуч.).

МОЙЫНАҒАШ[3] (Гур., Шевч.) түйе шығырды айналғанда шығып кетпес үшін орнатылған ағаш. *М о й ы н а г а ш қ а т үйе мойнынан байланады* (Гур., Шевч.).

МОЙЫНАҒАШ[4] (Қар., Қарқ.; МХР) иінағаш. *М о й ы н а г а ш п е н күнде барып су әкелем* (Қар., Қарқ.). Қ. әпкіш, әкпіш, иықағаш, күйенте, құрамыс, суағаш, ілгек[1], ілгек ағаш.

МОЙЫН БАСУ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб., Күрш.) мойын созу.

МОЙЫН БОЛУ 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) уәде беру. *Осы жігітті осы жаққа алып келем деп м о й ы н б о л д ы м* (Түрікм., Таш.). **2.** мәжбүр болу. *Басқа амал жоқ, осыны істеуге м о й ы н б о л д ы м* (Түрікм., Красн.).

МОЙЫНДА (Шымк.: Түлк., Сайр.) бойында.

МОЙЫНДЫҚ (Орал, Жән.) үй ішінде салынған ошақ. *М о й ы н д ы қ жақсы жерден салынған екен* (Орал, Жән.). *Үйдің әйелі м о й ы н д ы қ т а тұрған дорбаға қолын созып, ішінен бір уыс дәрі алып шықты* (Ө. Қан., Жер.).

МОЙЫНДЫРЫҚ (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж.) мойынтұрық, огіз қамыт. *Қазірдің озінде барлық м о й ы н д ы р ы қ т а р жондеуден өтіп тұр* («Лен. туы», №23, 1939). *Бозундурук* – огіздің мойнына кигізетін ағаш қамыт (М. Қашқ., III, 194). Қ. мойынағаш[1].

МОЙЫН ЖАСТЫҚ (Қар., Нүра; Өзб.) екі кісілік үлкен жастық.

МОЙЫН ЖӘР БЕРУ (Өзб.) мойны жар беру.

МОЙЫН ЖІП (Көкш., Бура.) бас жіп, бүзаудың бас жібі. Қ. мойнапа.

МОЙЫН ҚОС (Қ.орда, Қарм.) бірігіп жер айдау. *Ертеде жерді жерағашқа* (к.) *бірігіп көлік жегіп м о й ы н қ о с қып айдаганбыз* (Қ.орда, Қарм.).

МОЙЫНҚҰР (Қарақ.) аттың, түйенің мойнына әдемілік үшін ілінетін, нақыштап тоқылған құр. *Желмаяның м о й ы н қ ұ р ы қайда, ап келің* (Қарақ.).

МОЙЫН ОРАҒЫШ (Жамб.: Шу, Мер., Қорд.; Түрікм.: Таш., Конеүр.; МХР) бөкебай. *Мәгәзіннен мен бір м о й ы н о р а г ы ш, тагы басқа ұсақ-түйек сатып алдым* (Түрікм., Таш.). Қ. мойыншұлық.

МОЙЫНСА (Қ.орда, Қарм.) қамыт. *Айтуар, аттың м о й ы н с а с ы н кигізіп ала кел* (Қ.орда, Қарм.).

МОЙЫНСА БОЛУ (Сем.: Көкп., Ақс.) мойынсұну. *Сен осы жұмысқа әбден м о й ы н с а б о л ы п кетіпсің* (Сем., Көкп.).

МОЙЫНСАЛ БОЛУ (ҚХР) мойындау. *Ол өзінің жеңілісіне м о й ы н с а л б о л д ы* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 129).

МОЙЫНСЕРІК (Алм., Шел.) бірлесіп жұмыс істеу (көлікпен жұмыс істеу туралы). *Бұрын кедейлер м о й ы н с е р і к болып егін салатын* (Алм., Шел.).

МОЙЫН СУ//МОЙЫН СУЫ (Алм., Шел.; Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.; Қ.орда: Жал., Сыр., Тер.) егістің екінші суы. *Топырақ суынан* (к.) *кейін, м о й ы н с у береміз* (Алм., Шел.). *Мына егін м о й ы н с у ы н да іште* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Екінші ретте м о й ы н с у ы көктеп шыққан сабаққа 2-3 буын пайда бола бастаған кезінде суарылады* («Ж. өмір», 27.04. 1983).

МОЙЫН СУЫ Қ. мойын су.

МОЙЫНТАҚ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб., Күрш.) бұзаудың бас жібі.

МОЙЫНТАУ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб., Күрш.) істегісі келмеу, мойын жар бермеу.

МОЙЫНТАУЛАМАУ (Озб.: Бұх., Ташк.) қыр корсету. *М о й ы н т а у л а м а й т ы н адам* (Өзб., Ташк.).

МОЙЫНТАУЛЫҚ 1. (Жамб., Жуа.; Өзб., Бұх.) өзімшіл, бірбет, тартыншақ, жалқаулық. *М о й ы н т а у л ы қ етушілер үстінен қоғамдық пікір жүргізіп отыру керек* (Өзб., Бұх.). *Мойынтаулық қылу* – тартыншақтану, ықылассыз болу. *Қариялардың білетіні де, білмейтіні бар, кобі м о й н т а у л ы қ қылады* (Жамб., Жуа.). *Бұлардың көпшілігі колхоз өндірісінде істеуге м о й ы н т а у л ы қ етумен келеді* («Стах.», 3.06.1941). 2. (Өзб., Ташк.) қыр қорсету. 3. (ҚХР) өлермендік («Сөз сан.»).

МОЙЫНТҰРЫҚ (Шығ. Қаз., Күрш.; Алм., Кег.) жарма, огіз камыт. *Біздің колхоздың арбалары да, м о й ы н т ұ р ы қ т а р ы да – бәрі дөсай* (Шығ. Қаз., Күрш.). *М о й ы н т ұ р ы қ т ы өгізе шек* (Алм., Кег.).

МОЙЫНЧА (Жамб., Шу) мойынтұрық. Қ. мойынагаш[1].

МОЙЫНША[1] (Қост.: Жанг., Торғ.) бөкебай, шарф. *Мұқаметжан бүгінше м о й ы н ш а қ д ы берші* (Қост., Жанг.). Ж. Досқараев оны орыс тілінен *бөкебай (пуховой)*, *шәрпі* сөздері енгеннен кейін, тілдөн ығысып шыққан ескі сөз деп қарайды (Ж. Дос., ҚТЖЕ). Қ. мойыншұлық.

МОЙЫНША[2] (Шымк., Мақт.) камыт. *Аттың м о й ы н ш а с ы н өкел* (Шымк., Мақт.). *Жолдас Мұсабаев атының аспаптарын – м о й ы н ш а, божы, тағы басқа аспаптарын бір адамға бермейді* («Лен. жолы», №36, 1946).

МОЙЫНША[3] (Жамб., Шу) мойынтұрық, өгіз қамыт. Қ. мойынагаш[1].

МОЙЫНШАҚ (Шығ. Қаз., Зайс.) бас жіп (бұзаудың бас жібі). *Біз қазір бұзауларды м о й ы н ш а қ п е н емес, ноқтамен байлаймыз. Бұрын бұзауларга м о й ы н ш а қ тағып, қылғындырып байлап қоятын* (Шығ. Қаз., Зайс.). Қ. мойнапа.

МОЙЫНШАЛҒЫ (Қ.орда: Сыр., Жал.) бөкебай, шарф. *Бұрын м о й ы н ш а л ғ ы дегеніңді кім білген* (Қ.орда, Сыр.). Қ. мойыншұлық.

МОЙЫНШАЛҒЫШ (Қ.орда: Қарм., Жал.) шарф. Қ. мойыншұлық.

МОЙЫН ШАРҚАТ (Рес., Орын.) шәрпі. *М о й ы н ш а р қ а т ы ң д ы салмасаң, күн суық болып тұр* (Рес., Орын.). Қ. мойыншұлық.

МОЙЫН ШӘЛІ (Рес.: Волг., Астр.) шарф. Қ. мойыншұлық.

МОЙЫН ШОФҚАТ (Рөс., Орын.) шарф, мойын орағыш.

МОЙЫНШҰЛЫҚ (Орал, Чап.; Рес., Волг.) шарф. *7 м о й ы н ш ұ л ы қ, 25 жылы көйлек, жүзге жуық басқа да жылы киімдер түсті* («Екп. жол», №9, 1942). Қ. бөкебай, мойынша[1], мойын орағыш, мойын шалғы, мойын шарқат, мойын шәлі, шалма[2].

МОҚАЛ (Шығ. Қаз.: Марқ., Қатон.) сөзге шорқақ. *Өзі м о қ а л адам сендерге не өңіме айтады* (Шығ. Қаз., Марқ.). Көбінесе қарт адамдар тілінде кездеседі.

МОҚАЛУ (Ақт., Шалқ.) мұқалу. *Ол сырқаттанып м о қ а л ы п тұр* (Ақт., Шалқ.). *Өткір найза ақ алмас, М о қ а л м а с майдан бойына* («Лен. туы», 14.02.1942). *Еріндерінің арасынан әлі м о қ а л м а г а н күректей ақ тістері көрінеді* (Ә. Нұрп., Курл., 332).

МОҚАТУ (Түрікм.; Қарақ.; Гур., Бакс.) мұқату. *Жауды м о қ а т у керек болды* (Түрікм.). *Біздерді м о қ а т а алмас атқан оқтары, Қайтпаймыз бораса да снарядтар* («Жұм-шы», 12.10.1941). *Өзін тек бала м о қ а т ы п тұр* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 26).

МОҚАУ (Гур., Маңғ.) мұқау. *Тісін үш шалған түйенің тісі м о қ а й д ы* (Гур., Маңғ.). *Шаппамды* (к.) *бір қайрап алатын, дүзі* (к.) *м о қ а п келе жатыр* (Гур., Маңғ.). *Соның бөрінен сагы сынып, меселі қайтып м о қ а п шығып жүргенде ...* (Ә. Нұрп., Сөң, 11).

МОЛА (Көкш.: Чкал., Уәлих., Бура.) орыс зираты. *М о л а деп орыс зиратын айтады* (Көкш., Чкал.).

МОЛАҚА (Қ.орда, Арал; Қарақ.) қарақшы, белгі. *Үлкен қара жолда, елсіз жерлерде м о л а қ а болады, қазір кейбір колхоз жерлерінің шекарасына м о л а қ а қойылады* (Қ.орда, Арал). Н. Жүнісов *мола* – топырақ, *ақа* – тармақ сөздерінің бірігуінен жасалған мағынасы *молаға ұқсас* үйінді деп түсіндіреді (Н. Жүніс., КД, 121). Қ. молақан.

МОЛАҚАН (Шымк.: Қызылқ., Арыс) қарақшы, белгі. *Колхоз жерлердің шекарасына м о л а қ а н орнатады* (Шымк., Қызылқ.). Қ. молақа.

МОЛАҢДАУ (Сем.: Ақс., Көкп.) молдау. *Мұндай жақсы нәрсенің м о л а ң д а у болғаны жақсы гой* (Сем., Ақс.).

МОЛАУЫРАҚ (Алм., Жам.) молырақ. *М о л а у ы р а қ етіп құйсаңшы, тегі ауқатты* (Алм., Жам.).

МОЛДА БАЛЫҚ (Гур., Тең.) итбалықтың азғын түрі. *Итбалықтың* (қ.) *күшігі жеткілікті мөлшерде сүт еме алмай, кішкене шажа болып өссе, оны м о л д а б а л ы қ дейді* (Гур., Тең.). *Андреев Әбдімнің аузына сөз салып, ақсақал, м о л д а б а л ы қ туралы да айтып қой, – деген* (С. Мұқ., Саях., 186).

МОЛДАБАС (Қ.орда, Арал) құмды жердегі кесірткенің бір түрі. *М о л д а б а с т ы ң басы сәлде ораған молданың басы сияқты* (Қ.орда, Арал).

МОЛДАБАТША (Қ.орда, Арал) діни оқуда окып жүрген, әлі бітірмеген шәкірт молда. Бұл сөз *молдапатша* түрінде де айтылады. *Қане, м о л д а п а т ш а л а р, енді алаңдамай сабақтарыңды оқыңдар* (Р. Райым., Жап. жанғ., 401).

МОЛДАС СОҚЫНУ (Қост., Об.) малдас құру. *Молдаша м о л д а с с о қ ы н ы п отырма* (Қост., Об.).

МОЛДАТУ (Сем.: Көкп., Ақс.) мол ету, молынан. *Біз бір ішкенде м о л д а т ы п не араластырып жібереміз* (Сем., Көкп.).

МОЛДА ШАМАЛАП АЙТУ (Өзб.) жобалап айту.

МОЛЖАЛ (Өзб., Ташк.; Жамб., Шу; Шымк.: Түлк., Сайр.) болжал. *Батыр м о л ж а л м е н айтқан екен* (Жамб., Шу). *М о л ж а л д ы жердің барлығы, жиналған жұртпен толғанда, Құрал да келіп аяңдап, Жиенге сәлем береді* (Өзб., Ташк.). *Бұл жерде жер сілкінудің күші алты баллға жеткен деп м о л ж а л д а н а д ы* («К-з ұшқыны», №87, 1959).

МОЛЖАЛДАУ (Жамб., Шу) болжалдау. *Батыр м о л ж а л д а п айтқан екен* (Жамб., Шу).

МОЛЛА (Сем.: Аяг., Абай, Шүб.; Рес., Волг.; Әзб., Ташк.) молда. *Ол бұрын м о л л а болған адам* (Сем., Аяг.). *Елде бұрын м о л л а л а р м е н айтысыпты* (Рес., Волг.). *Соны, м о л л а, ешандар жантайып байға болысып маңлай терін ағызған* (Өзб., Ташк.).

МОЛЛАЛЫҚ (Сем.: Аяг., Абай, Шүб.) молдалық. *М о л л а л ы қ т ы жасамады* (Сем., Аяг.).

МОЛОТИТТАУ (Орал: Жән., Орда) егін бастыру. *Орашты* (қ.) *м о л о т и т т а п болып, колхозшыларға астық бердік* (Орал, Жән.). Орыс тіліндегі *молотить* егін бастыру сөзінен шыққан.

МОЛТАҚ ӨРКЕШ//МОНТАҚ ОРКЕШ (Ақт., Гур.; Қ.орда; Шымк.) бір-бірінен алшақ болғанымен, аласа әрі шудасы (дулығысы) қысқа, төңкерілген қазақы бөрік төбесіндей, екі жағы тең өркеш. *Мұны бір жерлерде м о л т а қ ө р к е ш десе, тағы бір жерлерде м о н т а қ ө р к е ш деп атайды* (Шымк.).

МОМАЯ (ҚХР) сынық, мертік дәрісі. *Сынық арзан қазаққа, Тастан талқан м о м а я, Сары шаһар сазаннан Қазақтар дәрі жасаған* (ҚХР). Қ. момия.

МОМИЯ (Гур., Маңғ.) мертік дәрі, мумия. *М о м и я н ы мал сүйегінің сынып шор біткен жерін үгітіп ұнтақтап жасайды* (Гур., Маңғ.).

МОМЫ-БУҒА (ҚХР) пісірілген дәмсіз, тұзсыз нан.

МОМЫНАЙ (Сем.: Мақ., Аяг., Үрж.) тышқанның бір түрі. *М о м ы н а й егінді, астықты жерде жүреді, тұсі сары болады* (Сем., Үрж.).

МОНҒОЛ ТҮЙЕ (Өзб., Там.) айыр өркеш, желгіш түйе.

МОНДАЛАҚ (Түрікм., Красн.) дәмді, тәтті дала өсімдігі. *Тәттілігіне қызығып құмнан м о н д а л а қ қазып алып жейтінбіз* (Түрікм., Красн.). *Бұрын ерікке балалар қазатын қоянтобық, көсік, м о н д а л а қ т ы енді таласып тармасып, сақалдары сапсиған үлкендер қазады* (Ә. Кекіл., Үркер, 265). Қ. монданақ[1].

МОНДАНАҚ[1]//МОҢДАНАҚ (Гур., Маңғ.) сәбіз тәріздес өсімдік. *М о н д а н а қ т ы ң түбін адам жейді* (Гур., Маңғ.). Қ. мондалақ.

МОНДАНАҚ[2] (Алм., Шел.) жастардың той-думандағы ойыны. *Қазіргі жастар м о н д а н а қ т ы өте жиі жасайды* (Алм., Шел.). *Отырғандар тізерлеп: – Әне кетті м о н д а н а қ, міне кетті м о н д а н а қ, – деп, ортадағы жі-*

гіт сырт айнала бергенде, оны согып қалып, орамалын қайта жасырып қояды (Алм., Шел.).

МОНДАНАҚТАЙ (Алм., Нар.) моншақтай. *М о н д а н а қ т а й боп жылтырауын қарашы* (Алм., Нар.). *М о н д а н а қ т а й жер шарында айтысып-тартысып, атысып-шабысып, жанталаса шапқылап...* (О. Бөк., Өз от. өш., 254).

МОНТАҚ ОРКЕШ Қ. молтақ өркеш.

МОНТАН (Жамб.: Тал., Сар.) қарақұрттың уын оқып қайтаратын адам. *М о н т а н келді* (Жамб., Тал.).

МОНТАНЫ (Рес., Орын.) білсе де білмегенсіп тұратын ку, арамза адам. *М о н т а н ы бола қалу онша жақсы емес* (Орын., Ад.). *Олег қалың еріндерін сүйгісі келген адамша шүйіріп бір қойды да, қайтадан тұк білмегендей м о н т а н с ы п отыра қалды* (А. Фад., Жас гв., 304). *Тоқ тіленші адам сайтаны, харакетсіз сұпы* (к.) *м о н т а н ы* (Абай). *Осындай м о н т а н ы еркектерге күлкісі келмеуші ме еді* (Ә. Кекіл., Құс. қан., 212).

МОНТО (Ауғ.; Ир.) плащ.

МОНТЫ[1] (Қост.: Семиоз., Жанг.) кескіні, түрі. *Бәрекелді, оның м о н т ы с ы келіскен-ақ екен* (Қост., Семиоз.).

МОНТЫ[2] (Өзб., Там.) кішкене шелек. *Жолаушы м о н т ы д а н су ішіп отыр екен* (Өзб., Там.).

МОНТЫҚ (Қарақ.) шарғасы өспей қалған аласа адам. *Мұнарасы тапал болып көрінгендіктен, м о н т ы қ әулие деп аталып кеткен* (Қарақ.).

МОНШАҚ//КӨК МОНШАҚ (МХР; ҚХР) Монғолиядағы, Қытайдағы туваларды *моншақ, көк моншақ* деп атайды. Негізінен оларды осылай деп қазақтар атап кеткен корінеді (М. Монг., Этноязык. сит. у тув., 108).

МОҢДАНАҚ Қ. монданақ[1].

МОР[1] **1.** (Жамб.: Шу, Луг., Мойын., Мер.; Сем., Абай; Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.; Қ.орда: Сыр., Жал.; Қост., Жанг.) ыстық қоз, қоламта. *Қисық агаш түзелер м о р г а салып жөндесе* (Қост., Жанг.). *Үйдің агаштары уықтарын жасағанда, м о р г а тығып жұмсартып алатын* (Жамб., Шу). *Ақтарды қызылдар жеқген кезде ол бала жігіт еді, үйдегі әкесіне көмектесіп, м о р салып, кереге, уық басысып қана жүретін* (М. Мағ., Қиян қыст., 8). **2.** (Шығ. Қаз.: Күрш., Тарб.) от салып бықсытқан көң. *Маса көбейіп кетті, м о р сал* (Шығ. Қаз., Күрш.).

МОР[2] (Жамб., Жам.; Түрікм., Таш.) пештің түтін жолы, мұржасы. *М о р д ы тазалап, түтіп шығатын етші* (Жамб., Жам.). *Үстіңгі м о р ы н а н түтін бұрқырап шығып жатыр* (Түрікм., Таш.). Қ. мора.

МОРА (Алм., Жам.; Өзб., Ташк.) пештің түтін жолы, мұржасы. Қ. мойын, мор[2], моржа[2], мор[1], морже, мүрже[1].

МОРАН (Гур., Тең.) қатты желде теңіз суының ығысып тасуы. *Кешегі үш күн желде су м о р а н болды* (Гур., Тең.).

МОРДА (Ақт., Ырғ.; Қарақ.; Қ.орда: Жал., Қарм.; Жезқ., Ұлы.; Көкш.: Щуч., Еңб.) қамыстан, талдан тоқыған, балық аулайтын құрал. *Асан судың ағысына м о р д а құрып балық аулайды* (Ақт., Ырғ.). Қ. шанақ[1], шілдек.

МОРДА ЖІП (Қост., Торғ.) жіңішке шумақты жіп.

МОРДАҚТАУ (МХР) киіз үйдің іргесінен жаңбыр, қар суын кіргізбес үшін, ірге бойымен дөңгелектеп суағар жасау.

МОРДӘД (Ир.) тамыз.

МОРЖА[1] (Ақт.: Ойыл, Ырғ.; Қарақ.; Өзб., Там.) шамның шынысы, пияласы. *Шамның м о р ж а с ы н тазалап қой* (Ақт., Ойыл). *Шамның м о р ж а с ы сынды* (Ақт., Ырғ.). *Ол м о р ж а л ы шам жарығында өткір жүзі жарқылдап, шапшаң сермелген балтаны жерге қоя беріп, Есейге көз тоқтатып, таңдана қарады* (Ә. Нұрп., Күт. күн., 6). Қ. мүрже[2], мүржі[2].

МОРЖА[2] (Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Алм.: Еңб. қаз., Шел.; Орал, Жән.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Рес., Орын.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.; Қарақ.; МХР; Ауғ.; Ир.) пештің түтін жолы, труба, мұржа. *М о р ж а г а қар толып қапты* (Жамб., Шу). *М о р ж а д а н түтін будақтайды* (Орал, Жән.). *М о р ж а жарылса, екінің бірінде-ақ өрт кетеді* (Қарақ.). *Пештің м о р ж а с ы н а н шыққан көк ала түтін тіп-тіке болып аспанга созылып жатыр* (Б. Майл., Шығ., III, 61). Қ. мора.

МОРЛАУ (Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Алм.: Шел., Еңб. қаз.; Қ.орда: Сыр., Жал.) ағашты қозға салып жұмсарту, жасыту. *Уықты, керегені кешеден бері м о р л а п жатыр* (Алм., Кег.). *Қисық агашты м о р л а г а н соң тезге салады* (Жамб., Шу). *Керегенің агашын м о р л а п болып, уықтарын м о р л а у г а кірістім* (Қ.орда, Сыр.). Қ. морту.

МОРОШАҚ (Ақт.: Ырғ., Қараб.; Алм., Шел.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) кірпіштен жасалған ошақ, қазандық (к.). *М о р о ш а қ қ а от жағып, ас пісірді* (Ақт., Ырғ.). *Темір болмаған соң, кірпіштен м о р о ш а қ жасап аламыз* (Қ.орда, Сыр.).

МОРС 1. (Тәж.: Вахш, Колх.) салқын су, лимонадтың бір түрі. *Магазинде м о р с ты көп сататын болды* (Төж., Вахш). 2. арасан су.

МОРТАЙ ТОРСЫҚ (Қост.: Фед., Семиоз.) үлкен торсық. *Егін айдағанда тоқ басына қымызды м о р т а й т о р с ы қ п е н тасиды* (Қост., Фед.).

МОРТУ (Сем., Аяг.) жұмсарту, жасыту. *Ағашты м о р т у керек* (Сем., Аяг.). Қ. морлау.

МОРТЫҚ (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.; Қарақ.) құмда болатын өсімдіктің бір түрі. *М о р т ы қ малға жұғымды болады* (Қ.орда, Арал). *М о р т ы қ бидай реуішті аласа шөп, ерте құрап қалады. Түбеқұдыққа дейін малға азықтық сапасы күшті м о р т ы қ шөбі жақсы шыққан* («Маңғ.», 27.05.1954). *Соған қарап Елеман сай бойындағы шөптің негізгі дені м о р т ы қ екенін топшылады* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 409).

МОРТЫҚБОЗ (Жамб., Шу) түсі боз, жінішкелеу келген сексеуілді жерде өсетін өсімдік.

МОРУ (Қост., Жанг.; Алм.: Кег., Жам.; Қ.орда: Жал., Қарм., Тер.) шіру, караю. *Ағаштың түбі м о р и бастапты* (Қост., Жанг.). *М о р ы г а н ағаш пайдаға аспайды* (Алм., Кег.). *Бау-бақшаның ағашы залалданса, м о р ы п кетеді* (Алм., Жам.). *Істік темірлер үйдің м о р ы п тұрған іргесін, тіреудің түбін..., ауыз үйді, бұрыш-бұрышты түгел тескілеп шықты* (Ш. Мұрт., Жұлд. көп., 73).

МОРЫ 1. (Қарақ.) ағашты ию, жұмсарту, кептіру үшін кірпіштен жасалған мұржа. *М о р ы н ы ң ішіне от жағып, шоғының қызуымен ағашты кептіреді* (Қарақ.). 2. (Өзб., Ташк.; Қарақ.) мұржа. *Үйдің м о р ы с ы түтін тартпай тұрыпты* (Қарақ.). Қ. мора.

МОСТЕМІР (Тау., Қош.; Сем.: Абай, Шүб.) мосы. *М о с т е м і р д і ң үш аягы бар, ілмегіне шелек, шәугім ілінеді* (Тау., Қош.).

МОСЫ[1] (Түрікм.) сульфатты қаптауға арналған темір ошақ іспеттес құрал.

МОСЫ[2] (Гур., Тең.) балық салып тастайтын құрал. *Балықты м о с ы г а салып шығарады. М о с ы болмаса шаңнан* (к.) *балықты шығару қиын болады* (Гур., Тең.).

МОСЫ[3] (Рес., Омбы) иін ағаш, мойынағаш.

МОСЫЛА (Көкш., Қ.ту; Павл., Горьк.; Рес., Омбы) иінағаш. *М о с ы л а н ы өз орнына қоюға да ерініп тұрсың ба?* (Көкш., Қ.ту). Қ. мойынағаш[4].

МОСЫ ОШАҚ (Қарақ.) мосы, темір ошақ. *Қошіп қонуда м о с ы о ш а қ т ы тастамайтын едік* (Қарақ.).

МОТАСУ (Орал, Казт.) адасу, жаңылу. *Мына кемпір м о т а с т ы гой* (Орал, Казт.).

МОТЫ[1] (Қост.: Жанг., Об., Торғ.) кескіні, пішіні, қалпы. *Мына қалыптың м о т ы сопақтау* (Қост., Жаиг.). *Қайнымыздың м о т ы с ы келген ақ екен* (Қост., Об.). Орыстың *моды* сөзінен шыққан (С. Аман., ВДИКЯ, 393).

МОТЫ[2] 1. (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) орташа, жөнтек, ешнәрсе білмейтін. *Мынауың бір м о т ы жігіт екен* (Тау., Қош.). 2. (Тау., Қош.) момын. *Асан деген бір м о т ы кісі бар* (Тау., Қош.). *Дархан ағаңдемеген, аузын буған м о т ы ма десем, бабы келсе, бас бермей кететін көкперінің өзі екен* (О. Бөк., Өз. от. өш., 84).

МОҢ (Жамб., Шу) түйеге тұз бергенде айтылатын одағай сөз.

МОҢЛАУ (Жамб., Шу) түйеге тұз беру. *Түйелерді м о ң л а й м ы з* (Жамб., Шу).

МОШАБАЙ БОЛУ (Қарақ.) шаршау, қажу. *Қошкен ел м о ш а б а й б о п қалған екен* (Қарақ.). Қ. можабай болу.

МОШҚАЛ (Қарақ.; Орал, Орда; Гур., Маңғ.; Қост., Жанг.) мосқал. *М о ш қ а л адам тез шаршайды. М о ш қ а л д а р д ы іскірттің үстіне шығару керек* (Орал, Орда).

МОШҚАУ (Орал: Орда, Жән., Чап., Жымп.; Гур.: Дос., Мах.; Акт., Шалқ.; Маң., Шевч.) тергеп, тәптіштеп сұрау. *Прокурор Орда сельпосының председателін м о ш қ а п жатыр* (Орал, Орда). *Шын сезіп Бисекеш те басын изеп, Ар жағын сұрамады онша м о ш қ а п* (Т. Жар., Нарын., 6). *Қайда барасың? Онда кімің бар еді? –деп м с ш қ а п жүргізбеді* (Х. Есенж., Ақ Жай., 59). *Мұның бала кезіндегі мінін айтып, м о ш қ а с а мошқай берсін* (Ә. Нұрп., Сең, 144). *Ақсақал қаладан келген қонақтан біреудің хал-жайын м о ш қ а п сұрап жатты* (Түрікм., Таш.).

[Бұл сөз қалмақ тілінен ауысқан: *мөшкһ мөшкен* тергеу; монғ. *мөшгөк* ізге түсу, аңду (Ә. Нұрм., Жер тіл. ерекш. төрк.)].

МОШЫ (Қарақ.; Орал, Орда) мосы. *М о ш ы көшпелі кезде болады, қазір ешкім ұстамайды* (Орал, Орда).

МОШЫ АҒАШ (Қост., Торғ.) ағаш мосы.

МӨЖЕНЕ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) өрік сүйегінің ішіндегі дөні. *Қабыланға ана өріктердің м ө ж е н е с і н алып бер* (Түрікм., Көнеүр.).

МӨЖЕНКЕ ШАНА (Солт. Қаз.; Ақм.) шоп таситын үлкен шана.

МӨЙМІЛДЕТУ (Қар.) шүпілдету. *Кесені мәймілдетіп әкеліп, еппеи, сүйкімділікпен ұстата берді* (С. Шайм., Мезгіл).

МӨКЕ (ҚХР) балық атауы («Сөз сан.»).

МӨКЕЙ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) күбыжық, қорқынышты нәрсе.

[Шор, сағай тілдеріндегі *моқай* «аю» сөзімен негіздес болу мүмкін (Ғ. Қал., Қаз. говор. диал. сөз. туд., 144)].

МӨКІ 1. (Қарақ.; Маң., Шевч.; Тәж., Вахш) кебістің бір түрі. *Кеуіш тұрғанда мөкіні киім деген емеспін* (Маң., Шсвч.). *Мокі кебіс түріиде де айталады* (Қарақ.). **2.** (Түрікм.: Таш., Конеүр, Тахта) басы былғарыдаи тігілген киіз қонышты етік. *Байпағыңнан мөкіні мақұл көреміз* (Түрікм., Көнеүр.).

[Тунгус-маньчжур тілдеріндегі аю, бұғы сияқты аңдардың бас, мойын терісі мағынасында қолданылатын *маги, мақи, мука* сөздерінен шығуы мүмкін (Ә. Нүрм., Жер тіл. ерекш. төрк.). Арабша *мукь* бөтінке, башмақ, шұлық сыртынан киетін сафьян (Л. Буд., II, 265)].

МӨКІН (Жамб., Сар.) тақия.

МӨЛДЕК 1. (Қарақ.; Шымк.: Кел., Шәу.) өз алдына болек егілетін кішкене егістік жер. *Сарыадырдың белінен биыл балаға мөлдек салып берейін деп едім* (Қарақ.). **2.** (Қ.орда, Арал) көшет отырғызуға, бақша егуге арналған жер. *Келесі жылы осы жерден бір-екі атыздай* (қ.) *мөлдекке огород егеміз* (Қ.орда, Арал). *Осы күні колхоз жұмысын жыл басынан істемей, өз мөлдегінде жүр* («Соц. Шәуілдір», 1939, №68). *Биылша егін сал деген жерлеріне мөлдек, тары, жүгері егіп, тіршілік ет* (Ж. Арыст., Жер үй., 255). *Молдек* «шағын», «кішкентай» мағынасында қолданылады. *Шатқалдың таудан шығар тұсындағы жамыраған мөлдек оттар – пионер лагері...* (Ө. Қан., Құд., 193).

МӨМКЕН (Рес., Волг.) мүмкін. *Мұндағылар Ермек Серкебаевты білмеуі де мөмкен, но Ғарифолланы бәрі біледі* (Рес., Волг.). Қ. мөмкін, мөңкен.

МӨМКІН (Орал, Орда) мүмкін. *Сауатсыз адамдар тізімдегі кандидатураның кім екенін тани алмаса зиян келуі мөмкін* (Орал, Орда). *Адамды пікірімен сендіріп кету мөмкін* («Ж. жол», 22.10.1937). Қ. мөмкен, мөңкен.

МӨМКІНДІК (Орал, Жән.) мүмкіндік. *Мөмкіндікті кәзіргі кезде толық пайдаланып, жемшөп қорын молайтып алу керек* (Орал, Жән.).

МӨМІН (Қарақ., Қоң.) момын. *Бишара, тұрмеден кейін мөмін болып қалыпты* (Қарақ., Қоң.).

МӨНДЕН (ҚХР) суырдың баласы, күшігі («Сөз сан.»).

МӨҢДІ БАС (адам) (ҚХР) кеще, тоғышар. *Бұрын сезбеппін, енді бақсам, ол барып тұрған мөңді бас екен* (ҚХР).

МӨҢКЕ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі; Қарақ.) үсақ сазан. *Мөңке ауға оңайлықпен түспейді. Мөңкені көбінесе суға қайта жібереміз* (Қ.орда, Арал).

МӨҢКЕН (Қост.: Об., Торғ.) мүмкін. Қ. мөмкен.

МӨП (Орал, Жән.) риза. *Соны істеуге әуелде өзің мөп болып қалдың гой, енді несіне тыпыршисың* (Орал, Жән.).

МӨР[1] (Өзб., Бух.) пештің мүржасы. Қ. мора.

МӨР[2] (Көкш., Қ.ту; Павл., Ерт.) галоштың табанындағы бедері. *Галоштың мөрі кетіп қалыпты, тайганай береді* (Көкш., Қ.ту).

МӨРЖЕ (Орал: Орда, Жән.; Қ.орда, Арал) мүржа. *Көмір жаққанда мөржеге жабу қағып* (Орал, Орда). Қ. мора.

МӨР КЕТПЕГЕН (МХР) жылқы тісінің ортасындағы қара мөрі алты тістен түрса, мөр кетпеген дейді.

МӨРЛІ[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Тедж.; Қарақ.) әйгілі, атақты. *Ертеректе мөрлі арақкеш болған адам* (Түрікм., Красн.).

МӨРТІ (МХР) атты. *Соғыс жылдарында аймақ түбіне мөрті әтірет құрылды* (МХР).

[Монғолша *морин* ат, *морьт* атты деген сөз (Б. Баз., Монғ. каз. тілі, 188)].

МӨРТІНЕ КЕЛТІРУ (ҚХР) орнына келтіру, ретімен. *Баян барып «білтелінің мөртіне келтіре отырып, от қойып қалғанымда, әлгі неме мұрттай ұшқаны* (М. Раз., Алт., ақ., 688).

МӨРІ ТАЙМАҒАН (бетінің) (ҚХР) сыры кетсе де сыны кетпеген, әдемілігін жоғалтпаған. *Ылай қырманның ішінен сатқақ ұргандай арыса да мөрі таймаған қырықтар шамасындағы дембелше біреу қыргаққа шықты* (Ғ. Қан., Бүрк., 251).

МӨСТІК КӨПІР (Сем., Шүб.) көпір. *Олар жолдағы мөстік көпірден өтті* (Сем., Шүб.).

МӨШКЕ[1] **1.** (Ақт., Ырғ.) сауын сиыр, сүтті сиыр. *Біздің бір мөшкеміз бар* (Ақт., Ырғ.). *Екі мөшкеден шолақ аттан айырылған күні жайың білінер* (Б. Майл., Шығ.). **2.** (Қарақ.) сиырдың кішкентай тұқымы.

Жиенбай м ө ш к е с і н базарга өкетіпті гой. Жиенбай м ө ш к е с і н сатып па? (Қарақ.).

МӨШКЕ[2] (Қост.: Торғ., Камыш.; Солт. Қаз., Бес.; Шымк.) бошке, кеспек. *Ол енді м ө ш к е с і м е н сатар, оған ілесе берме, – деді* (Қост., Камыш.).

МӨШКІ (Түрікм.) сиырдың нашар тұқымы. *Есі кеткен ешкі жинайды, таба алмаған м ө ш к і жинайды* (Мақал; Түрікм.). *Қой жайып, м ө ш к і баққаннан басқа не бітірдік біз* (Түрікм.). *Мушко* көзге қораш, бірақ сүтті мол беретін сиыр (Н. Ильм., Материалы, 101).

МУ (ҚХР) жер өлшемін білдіретін қытай сөзі.

МУАЛЫ (Алм., Талды.) ас үй. *М у а л ы г а ас пісіріп жатыр* (Алм., Талды).

МУЗАЙКА (Жамб., Шу) темекіден болатын ауру аты.

МУ-МҰҚЫЛАС (Қост., Жанг.) із-түзсіз жоғалу, бір үйлі жаннан бірер адам ғана қалу.

МУШКА (Гур., Тең.) желкеннің арқанын байлағанда ілетін ілмек темір. *М у ш к а г а ілмей шкотты кінекке* (қ.) *байлауға болмайды* (Гур., Тең.).

МҰҒАДАР (Гур.: Бақс., Маңғ.) мұқтаж, зәру. *Колхоз көбіне шайға м ұ г а д а р гой* (Гур., Бақс.).

МҰҒАДАРСЫЗ (Орал, Казт.) мұқтажсыз, зәрусіз. *Әркім де қызын м ұ г а д а р с ы з етіп ұзатуға тырысады* (Орал, Казт.).

МҰҒАЙНЕК (Қарақ.) механик.

МҰҒАЙЫН (Орал, Чап.) дәл, рас, шынында. *Осы кітап м ұ г а й ы н сол баланікі* (Орал, Чап.). *«Ақтың отын ақымақ сөндіре алмас» деген Махамбет тұбі бәрі бір ақталып шығады м ұ г а й ы н* («Жұлдыз», 1987, №3, 87). *Өзі де м ұ г а й ы н жоғалып кетті, біздің ауылдың маңдайына сыймады* (Ұ. Уәйд., Ендігі. айт.).

МҰҒАЛ (Өзб.) берік, орнықты, мықты. *Бастырманың ұстындарын* (қ.) *м ұ г а л ағаштардан қойыпты* (Өзб.).

МҰҒАЛІМШІЛІК (Түрікм.) мұғалімдік. *Бухгалтершіліктен м ұ г а л і м ш і л і к т і жақсы көрді* (Түрікм.).

МҰҒАМБЫР (Өзб.) айлакер. *М ұ г а м б ы р* құлкімен көкіп сөйлеп тұрған Ергеш екен (Өзб.).

[Өзбекше *мұғомбир* (Узб.-рус. сл., 276)].

МҰҒДАР (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Тедж.; Қарақ.; Жамб., Шу; Өзб., Там.) шама, әл. *Жинаққа* (қ.) *баруға м ұ г д а р ы м болмай жұр* (Түрікм., Тедж.). *Үш-төрт жылдың м ұ г д а р ы болып қалды, жұмыс істемей* (Жамб., Шу). *Егер баланың отын-су әкелуге м ұ г д а р ы болмаса, онда шешеңнің балаға тамақ беруге м ұ г д а р ы жоқ* («Жұм-шы», 17.10.1944). *– Не болды, қасқа ау, айтсайшы! – деді Қоныс ентіге дем алып, сөйлеуге м ұ г д а р ы болмай жатқан қартты жұлқылап* (Қ. Қар., Алт. изд., 127).

[Өзбекше *мадор* (Узб.-рус. сл., 1959)].

МҰҒДАРЛАУ (Жамб., Шу) шамалау. *Қыпшақтардың осы жерге қоныстанuуына 200 жылдай болды деп м ұ г д а р л а у ғ а болады* (Жамб., Шу). *Коктем шыға Алматыға аттанбаққа жиналған Зарлық сапардың ендігі сәтін м ұ г д а р л а п жатпай, жол қамына шапшаң кірісті* (О. Бок., Қайдасың.).

МҰҒДАРЫНДА (Қарақ.) шамасында, мөлшерінде. *Әрбір жұмыскер адамға 2, 6 ат күші м ұ г д а р ы и д а энергия тура келеді* (Қарақ.). *Сауатсыздықты жою мектебі соңғы бір-екі айдың м ұ г д а р ы н д а ғана жұмысын тәуір істей бастады* («Кол-шы», №38, 1936). *Сәби ай-жайға қараған жоқ, сүт пісірім м ұ г д а р ы и д а дүние салды* (Ж. Алт., Ұят.).

МҰЖАН (МХР) ағаш шеберлігі.

МҰЖАНЧЫ (МХР) ағаш шебері.

[Монғолша *мужаан* агаш шебері (Монг.-қаз. соз., 113)].

МҰЖУ (Гур., Маңғ.) мүжу. *Сүйек м ұ ж у* (Гур., Маңғ.). *М ұ ж ы л м а ғ а н сүйекке толы қаңылтыр табақты маған ұстата берді* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 24).

МҰЖЫҚТАНУ (Павл., Ерт.) орыс мұжығына ұқсау. *Қаражаи сен м ұ ж ы қ т а н б а, менің айтқанымды істе* (Павл., Ерт.).

МҰЗ (Ауғ.; Ир.) банан.

МҰЗАҚ (Алм., Іле; ҚХР) мұздақ. *Жердің беті м ұ з а қ боп, мал жайылмай қалды* (Алм., Іле).

МҰЗАРТ (Жамб.; Алм.) мұз басқан. *Тау жаққа козі түсіп кетіп еді: қадау-қадау м ұ з а р т шоқылар шоқаң-шоқаң етіп өзімен... жарысып келе жатқандай екен* (Ш. Мұрт., 41 ж. 167). *– Мейлі, басы қар шалсын, мәңгілік м ұ з а р т бассын, баурайы бұкіл өткен өмір, тарихымыздың куәсі болып келе жатқан Алатауымыз ыстық қой, ага!* (Ж. Арыст., Жер. үй.).

МҰЗАУ (Жамб., Жам.; Шымк.: Арыс, Сарыағ., Шәу.) бұзау. *Былтыр бізде м ұ з а у өлмеді* (Жамб., Жам.).

МҰЗ АУРУ (Орал, Қара.) күзгі мұздақ кезінде жылқыда болатын ауру, індет. *Мұздақ шоп жылқыны м ұ з а у р у ғ а шалдықтырады* (Орал, Қара.).

МҰЗ БЕЛ (Қ.орда, Қарм.) қысқа бел. *Мұз бел жылқылардың жүрістілері өте сирек кездеседі* (Қ.орда, Қарм.).

МҰЗҒА ЖАЗЫП КҮНГЕ ҚОЮ (ҚХР) баянсыз, тұрақсыз. *Оның айтқан сөрті, берген уәдесі мұзға жазып, күнге қойғанмен тең болды* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 132).

МҰЗҒАЛАҚ (Гур., Маңғ.) көк тайғақ. *Мұзғалақтың бетін аулақ қылсын де. Мұзғалақ болды дегенше, мал іш тастады* (Гур., Маңғ.).

МҰЗДАЙ[1] (Түрікм., Красн.) тегіс аман. *Ауыл-аймақ мұздай, бәрі де бұрынғыша екен* (Түрікм., Красн.). Қ. мұздай қара көк.

МҰЗДАЙ[2] (Ақт., Ойыл; Гур., Есб.) суық. *Кішкеие мұздай су әкел* (Ақт., Ойыл). *Үшеуі отырып, мұздай салқын кожеден ішіп алып жан шақырды* (Ш. Мұрт., Мылт. майдан).

МҰЗДАЙ АМАН (Орал: Чап., Жымп.; Қ.орда: Жал., Қарм.; Гур.; Алм., Жам.) тегіс аман. – *А, жолдастар, қалай аман өрдіңіздер ме? – Е, мұздай аман быз* (Гур.). *Сегізбай согыстан мұздай аман қайтты* (Алм., Жам.). Қ. мұздай қара көк.

МҰЗДАЙ ҚАРА КӨК (Түрікм.: Красн., Нсбид., Ашх., Таш., Мары, Тедж.; Орал: Орда, Чап., Жымп.; Қ.орда: Қарм., Жал.; Ақт.: Ырғ., Шалқ.; Гур., Мах.; Маң.: Ер., Бейн.) түгел, тегіс аман. *Қой, мұздай қара көк аманбыз* (Түрікм., Ашх.). *Біз де мұздай қара көк дегендей халық қатарында күнелтіп отырмыз* (Орал, Чап.). *Содан кейін жол соқты болып шаршап келген Серікті күтіп отырған бөлмесіне ендіріп: – Аман-сау барып жеттіңдер ме? – деп сұрады. – Мұздай қара көк! – деп ол қалтасын ақтара бастады* (Ж. Тіл., Жоңғар дала. 206). Қ. мұздай[1], мұздай аман.

МҰЗДАН ТОЛҚЫН ТУДЫРУ (ҚХР) күр қиял, есек дәме болу, мүмкін емес. *Луң Фаң ақ көңіл, адал адам бейнесіне, кіруге мың зорланганмен мұздан толқын тудыра алмады* (Ғ. Қан., Бүрк., 158).

МҰЗДАУ 1. (Алм.: Жам., Нар., Кег.; Жамб.; Қ.орда) тоңу. *Күн бүгін қақап тұр екен, мұздап кеттім* (Алм., Кег.). *Мұздап қалатын болған соң, жас Сүйімбай маяның арасына кіріп жатыпты* (Алм., Жам.). *Оқушылардың суық мектептеп мұздап, оқуға қатыса алмай қалған күндері көп болды* («Қыз. жұл.», №3, 1939). *Бала денесі мұздап тоңайын деді* (Н. Сер., Ыст. құлше) **2.** (Түрікм.: Красн., Небид.) суу. *Сіздер тез келеді дегенге әзірлеп қойып едік, тамақ мұздап қалыпты* (Түрікм., Небид.).

МҰЗКЕПЕ 1. (Гур., Тең.) жер астындағы мұз сақтайтын орын. 2. (Қ.орда, Арал) балық тоңазытатын үй.

МҰЗҚАЛА (Гур., Тең.) мұз сақтайтын орын. *Тау болып үйілген балықты күн ыстығы қайтқасын мұзқалаға тасыған да өзі еді* (Ә. Нүрп., Сең, 20).

МҰЗХАНА (Қ.орда, Арал) ауыз суға және балық тоңазытуға қажет мұзды жазда сақтайтын орын. *Мұзхана ыстық өтпестей өтіп жасалады* (Қ.орда, Арал).

МҰЙЫҚ (МХР) аяқ киім. Етік, сыртынан теріден жүнін ішіне қаратып істелген аяқ киім. *Қыста алыс сапар шегетін шофер жамылтқы брезент, арқан, ішік, мұйық, су, шай, термос, 1-3 тәуліктік азық қорымен жүру артық емес* («Ж. өмір», 8.12.1983).

МҰКАБАР (ҚХР) шикілік. *Мұкабарымды шығара жаздады* («Сөз сан.»).

МҰҚАНДАСУ (Орал, Орда; Гур., Есб.) дидарласу. *Махамбет, Үбілер бір-бірімен мұқандасқан адамдар ғой* (Орал, Орда).

МҰҚАУ (Қост., Об.) ренжіту, мұқату. *Оны сен неге мұқап жүресің* (Қост., Об.). *Атаанаң мұқап қалады-ау енді* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 130).

МҰҚАЯТ (Рес., Волг.) мұқият. *Бұрын көзім мұқаят көруші еді* (Рес., Волг.).

МҰҚИ БЕРУ (Орал: Орда, Жән.) бір нәрсені қайталап айта беру. *Имангали сол бір мәселені қайтасын-қайта мұқи берді* (Орал, Орда).

МҰҚЛАЖ (Жамб., Сар.) мүлде, әбден. *Мұқлаж шаршадым* (Жамб., Сар.).

МҰҚТАРЫ (Қар., Ж.арқа) мөлшері, шамасы. *Жас мұқтары қалай?* (Қар., Ж.арқа).

МҰҚТАСАР ТҰЙІНІ (Сем.: Абай, Шұб.) қорытынды, негізгі түйіні. *Сонымен сөзінің мұқтасар түйінін айтшы* (Сем., Абай).

МҰҚТАШ (Өзб., Там.; Шымк., Түлк.) мұқтаж. *Біз оған мұқташ ымыз ды айттық* (Шымк., Түлк.).

МҰҚШАУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) мұқау, беті қайту. *Куекеннің сөзінен кейін мұқшаған ғой деймін, көп шешіліп сойлей қоймайды* (Түрікм., Көнеүр.).

МҰҚЫЛ[1] (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) бүкіл, барлық, ылғи. *Чімкенттің асты-үстінің бәрі мұқыл сықым руы* (Жамб., Шу). *Кешке қарай таудан мұқыл жел согады. Осында былай мұқыл жайылым* (Жамб., Мер.). **Қ. мұқылым.**

МҰҚЫЛ[2] **1.** (Сем.: Абай, Шұб., Акс., Көкп.) тоқал, мүйізсіз. *Алдымыздағы мұқыл сиыр біздің фермадан* (Сем., Көкп.). *Ол белін жаза*

алмай, өзі кескен қарағайдың м ұ қ ы л тұбіріне отыра кетті (Ә. Нүрп., Құт. күн., 70).

МҰҚЫЛ[3] (Қост., Об.) топас. *М ұ қ ы л адам* (Қост., Об.).

МҰҚЫЛЫҚ (МХР) дүкенше.

[Монғолша *мухлаг:* 1) дөңгелек, домалақ; 2) дүкенше (Монғ.-қаз. сөз., 114)].

МҰҚЫЛЫМ (Сөм., Абай) бүкіл, барлық. Қ. мұқым[2], мүкім.

МҰҚЫЛЫС БОЛУ (Жамб., Қорд.) көну, мақұлдау. *Мен бір шалдың айтқанына м ұ қ ы л ы с б о л д ы м* (Жамб., Қорд.).

МҰҚЫМ[1] (Алм.: Шел., Кег.) тіпті, мүлде, ешбір. *Болат кітапты м ұ қ ы м жатқа айтады* (Алм., Кег.). – *Алда разы болсын, көп жаса! Мұқтаж болып отыр ек, м ұ қ ы м* (Ж. Нәжім., Кішк., 173). *Аңшылар м ұ қ ы м тау ешкісінің өзіндей-ақ шапшаңдықпен, әлі өрлеп барады* (Ғ. Сл., Кең өр., 38).

МҰҚЫМ[2]**//МҰҚҰМ** (Сем.: Акс., Көкп., Абай; Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.; МХР) бүкіл, барлық. *М ұ қ ы м бір ел 40 мың қойды бага алмай отыр* (Сем., Акс.). *Абайдың өліміне м ұ қ ы м ел болып қайғырдық* (Сем., Абай). *М ұ қ ы м бір тайпа елді чақырып той істеді* (МХР). *Бұқым* түрінде де айтылады. *Тарбагатай тауының күншығысынан ыңырана көтерілген ай б ұ қ ы м әлемді ақ сүт сәулеге орады* (О. Бөк., Өз от. өш., 55). *Шалғынына атан шалынып жығылатын м ұ қ ы м Алтайдан тулақтай жер таппагандай шөп шабамын деп бір келіп, соқыр тұрмақ тағының өзін адастыратын есік көзіндегі қалың нудан бұрау таппагандай жер тұбінен отын ізден екі келетін, жетпіс жеті атасынан бері сүйкінісіп көрмесе де жұрагатшыл бола алатын қазақта қарын бөле аз ба* (Қ. Ысқақ, Күренсе, 50). Қ. мұқылым.

МҰҚЫМ[3] (Ақт., Ырғ.) бекем, берік, мығым. *Қарагым, жол жүргенде нәрсеңе м ұ қ ы м бол* (Ақт., Ырғ.).

МҰҚЫМ[4] (Гур., Маңғ.) тегі. *Мен әншейін ойнасам о не не дегені, м ұ қ ы м* (Гур., Маңғ.). *Осы жұрт сол жалғыз атты жолаушыдан неге қорықты? Сонша дүрлігіп, м ұ қ ы м, сірә!* (Ж. Нәжім., Кішк., 110).

МҰҚЫРЛЫ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) бала-шағалы, үбірлі-шүбірлі. *Ол м ұ қ ы р л ы болып, өркені оскен екен* (Тау., Қош.).

МҰҚЫСЫ (Алм., Шөл.) мәнісі, жөні. *Шыңбай ешкінің әңгімесін м ұ қ ы с ы н а келтіріп айтады* (Алм., Шөл.).

МҰЛҚАУ (Шығ. Қаз., Больш.) мылқау. *Мен ешбір әңгіме білмеймін, басқаша айтқанда, балықтай м ұ л қ а у, бақадай сақаумын* (Шығ. Қаз., Больш.).

МҰНАРА (Түрікм.: Таш., Небид.) костюм тігетін мата.

МҰНАРА ШАПАН (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) жібектен тігілген жеңіл шапан. *Киітке м ұ н а р а ш а п а н кигізіпті* (Түрікм., Красн.).

МҰНДАЙМА (Түрікм.; Ақт.; Қост.) мұндай. *М ұ н д а й м а олқылыққа ұшырамауға мүмкіндік бар еді* («К-зшылар үні», 8.07.1937).

МҰННАН (Жамб., Жам.; Ақт., Ырғ.) мұнан. *Ол м ұ н н а н кейін барды* (Жамб., Жам.). *М ұ н н а н құрылыс материалына арнап, бір багон жіберді* (Ақт., Ырғ.).

МҰНТИЮ (Алм., Кег.) мұқалу, мүжілу. *Бір жылы бұркітімнің тұягы м ұ н т и ы п қалды* (Алм., Кег.).

МҰҢАЙЫПКЕР (Түрікм.: Красн., Бекд., Жеб., Небид.) жәбір, қорлық. *Бай басымыздан таяқ кетірмей, үздікпей м ұ ң а й ы п к е р болдық* (Түрікм., Бекд.).

МҰҢАСА (Гур., Маңғ.) мүң, зар. *Кеуілімде* (к.) *жүрген м ұ ң а с а м д ы айттым* (Гур., Маңғ.).

МҰҢҒИЫҚ (Сем.: Абай, Кокп., Акс.) қараңғы, ешнәрсемен жұмысы жоқ. *М ұ ң г и ы қ кісі не біледі?* (Сем., Абай). *М ұ ң г и ы қ шалға барып айтсаң түсінбейді* (Сем., Акс.). Бұл сөз ықшамдалып *мұң* болын та айтылады. *Мына кісіні м ұ ң шал деуге болады* (Сем., Шүб.).

МҰҢҒҰЛ (Тау., Қош.; МХР; ҚХР) монғол. Бұндай нұсқа Ш. Құдайбердиевтің шығармаларында да кездеседі. *Тәңіріні ізден бір м ұ ң г ы л, тас суретке шоқынса* (Ш. Құдайб., Шығ.).

МҰҢҒҰЛДАП (Тау., Қош.) монғолша. *М ұ ң г ұ л д а п сойлей алмаймыз* (Тау., Қош.).

МҰҢҒҰЛША (Тау., Қош.; МХР, ҚХР) монғолша. *Мен м ұ ң г ұ л ш а с ы н жазып қояйын* (МХР).

МҰҢЛАС (Жамб., Шу; Қ.орда, Шиелі) мұңдас. *Бірге жүрген м ұ ң л а с ы гой* (Жамб., Шу). *Жер менен су өбісіп, Мейірі әбден қанганы. Өзімен бірдей м ұ ң л а с ел, Бармагын балга малганы* («Кировшы», 2.03.1940).

МҰҢЛЫ (Өзб., Там.; Гур., Маңғ.; Акм., Атб.) мұңды. *М ұ ң л ы қоңыр дауыспен* (Акм., Атб.). *Отты тіл, терең ойлы, дабысты ақын, Тұтқын боп м ұ ң л ы тұнде алысты ақын* («Лен. жолы», №75, 1941). *Елу жаста «Елім бар» деп айта алмай. Кетпес естен күйінгенің м ұ ң л ы Абай* (Қ. Аманж., Таңд. шығ., 2 т., 97). *Осы м ұ ң л ы сөз тұтқын жанына қатты әсері етті* (Ә. Нүрп., Құт. күн., 202).

МҰҢЛЫҚ (Алм., Жам.) мұңды, қайғылы. *Ол бір м ұ ң л ы қ қой, сондай кісіге қор болған* (Алм., Жам.). *Бұл жолы көздері қаралай зәрелері ұшып, қолды-аяққа тұра алмай тұрған м ұ ң л ы қ т а р д ы ң бет-ауыздарына телміргені* (Ә. Кекіл., Үркер, 64).

МҰПТАЛА БОЛУ (Қарақ.) басыбайлы болу.

МҰРАБА (Қ.орда, Арал) атақты, үлкен. *М ұ р а б а л ы жиын болса, жолдықты* (қ.) *торелерге береді* (Қ.орда, Арал).

МҰРА БОЛУ (Шымк.: Арыс, Сарыағ.) біреуге болысу, жақтау.

МҰРАДЫ МҰҢ БОЛУ (Орал: Жән., Орда) мұратына жету. *Еңбекті жақсы жасаудың нәтижесінде оның м ұ р а д ы м ұ ң б о л д ы* (Орал, Орда). Қ. мұрады мың болу.

МҰРАДЫ МЫҢ БОЛУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) мұратына жету. *Сөйтіп жүргенде жалғызы жаудан аман келіп, м ұ р а д ы м ы ң б о л ғ а н д а р қаншама десеңші* (Түрікм., Таш.).

МҰРАДЫНА ЖЕТУ (Сем., Аяг.; ҚХР) мұратына жету. *Ж е т к і з і п ел тілегін м ұ р а д ы н а, Патшаны зар еңіретіп қуды төрден* («Лен. жолы», №7, 1941). *Бұл м ұ р а д ы н а ж е т у үшін колхозшылар арасында ашық ауыздары болса, оны да пайдалан* (Ж. Тіл., Қайнар, 133).

МҰРАҚ (ҚХР) қалпақ. *Қалпақ абзалы – м ұ р а қ, көрпе абзалы – ұрақ* («Сөз сан.»).

МҰРАЛЫ БЕРУ (Гур., Маңғ.) қуанып қалу. *Мәз болып күліп, м ұ р а л ы н ы ң б е р у і н* (Гур., Маңғ.).

МҰРАЛЫ БОЛУ (ҚХР) жолы болу, мәндайы жарылу («Сөз сан.»).

МҰРАП[1] (Алм., Жам.; Қ.орда; Қарақ.) судың иесі. *Суды басқарушы. Суды м ұ р а п т а н сұрамаса болмайды* (Қ.орда, Қарм.). *Әкең м ұ р а п болғанмен, жерің ой болсын* (Мақал; Қарақ.). *Сізді жұрт әрі парторг, әрі м ұ р а п болды, балық та емес, ет те емес, шырақ болды дейді* («Күрішші», №121, 1942). *Қызметі су м ұ р а б ы болғандықтан, мақтаға құлаған судың беті алды жайылмауын бақылап түнде жүру ақсақалдың коп жылғы әдеті болатын* (Ж. Еділб., Тергеуші).

МҰРАП[2] (Қост., Жанг.) шығырдың егізін айдаушы, шығыр иесі. *Әбдіресіл м ұ р а п т ы ң тарысы жақсы шығыпты* (Қост., Жанг.).

МҰРАПА (Гур., Маңғ.) мұра, мирас. *Көкемнен қалған м ұ р а п а жаңғыз домбыра* (Гур., Маңғ.).

МҰРАПАҒА ЖЕТУ (Ақт.: Ырғ., Қараб.) мақсатқа, мұратқа жету. *Жармағамбет ойлаған м ұ р а п а с ы н а ж е т т і* (Ақт., Ырғ.).

МҰРАПАЛАСУ (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.) кенесу, бірлесу. *Малға құдықты м ұ р а п а л а с ы п қаздық* (Қ.орда, Арал).

МҰРАППА (Ауғ.; Ир.) тосап, варенье.

МҰРАСҚОР Қ. мырасқар.

МҰРА ТАРТУ (Шымк.: Арыс, Сарыағ., Шәу.) көмекке шақыру.

МҰРАУ (Ақт., Байғ.) бұзылу, жеңілу, жығылу. *Жем бойында м ұ р а п қалған қыстаулар көп* (Ақт., Байғ.). *М ұ р а ғ а н нәрселер көп* (Ақт., Байғ.) Қ. нұрау.

МҰРҒА (Гур.: Маңғ., Бақс.; Орал, Орда) мүмкіншілік, мұрша. *Оған м ұ р ғ а беру керек* (Гур., Маңғ.). *Дем алуға м ұ р ғ а жоқ, түнімөйін жөтеліп қызыл өңеш болдым* («Соц. Эмба», №33, 1943). *Ол жайында ойлауға м ұ р ғ а м болмай жүр* (Қ. Қар., Алт. изд., 213). Қ. мұрса, мұржа, мұршат, мұша[1].

МҰРЖА (Жезқ.: Ұлы., Жез.) мұрша, шама. *Қазір оның өңгімелесуге м ұ р ж а с ы жоқ* (Жезқ., Ұлы.). Қ. мұрға.

МҰРЗА (Түрікм.) мырза. *Бәсекемен м ұ р з а л а р Желісінің басына Алтыннан қазық қаққан жер* (Фольк.; Түрікм.).

МҰРМА (ҚХР) мұрынның су ағары («Шипагерлік баян», 318).

МҰРНАҒЫ[1] (Алм., Нар.; Жамб., Қорд.; Шығ. Қаз., Марқ.; Павл., Майқ.; МХР) бұрнағы. *М ұ р н а г ы күні мен Нарынқолға барып қайттым* (Алм., Нар.). *М ұ р н а г ы жыл ол ауырып, қатты күйзелдім* («Ж. өмір», 26.07.1985).

МҰРНАҒЫ[2] (Алм., Шел.) бұрынғы, ескі уақыттағы. *М ұ р н а г ы өміріміз қорлықпен өтті* (Алм., Шел.).

МҰРСА[1] (Орал: Орда, Казт.; Гур., Есб.; Қост., Торғ.; Көкш., Қ.ту; Сем.: Ақс., Көкп., Аяг.; Шығ. Қаз.: Больш., Марқ.; Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.; Ақт., Шалқ.; МХР; Тау., Қош.; ҚХР) мұрша. *Менің қалаға баруға м ұ р с а м жоқ, қолым тимейді* (Ақт., Шалқ.). *Онда баруға м ұ р с а м келмей қалды* (Шығ. Қаз., Марқ.). *Қызылтауға баруға болады, әй бірақ оған мұрса жоқ* (МХР). *Сайдағы қалың бұталардың бірінің түбіне жалп ете кетуге гана м ұ р с а с ы келді* (А. Мекеб., Жезтырнақ). *... еміс-еміс кезіккен ауылдардың желіге байлаған биелері кісінеп, қымыздың исі аңқып, қызуы білініп тұрганымен көңіл көтеруге м ұ р с а қайда* (Д. Нац., Шығ., 128). Қ. мұрға.

МҰРСА[2] (Тәж.: Вахш, Колх.) асығыс. *Неге сонша м ұ р с а жүрсің?* (Тәж., Вахш).

МҰРСАТТА (Гур., Маңғ.) ілезде, тез. *Самолет Гурьевке м ұ р с а т т а апарды* (Гур., Маңғ.).

МҰРСАТЫ БОЛМАУ (Рес.: Волг., Сарат.) мұршасы, мүмкіндігі болмау. *Олардың мұрсаттары болмай атқан болар* (Рес., Волг.).

МҰРТ (Жам., Сар.) мурид, иманға бағынған адам.

МҰРТ ҚАЙШЫ (Қост., Жанг.) мұрт басатын кішкене қайшы. *Мұртым өсіп кетіпті, сенде мұрт қайшы бар ма?* (Қост., Жанг.).

МҰРТМЕРЕЗ (Қост., Жанг.) ішмерез, арам. *Ол нағыз мұртмерез, аңдығаны арамдық* (Қост., Жанг.).

МҰРТ-МҰҚЫЛАС 1. (Сем., Үрж.) аз-маз, болар-болмас. *Мұрт-мұқылас бірдеңе білмесе, аса жарытып айта алмаса керек* (Сем., Үрж.). 2. (Қар.) жоқ болу. *Арт жағымыздан естілген гүрсіл мұрт-мұқылас болды* (Қар.).

МҰРТЫН ТАУЛАУ (Гур., Маңғ.) қуану, масаттану. *Шамғұл баласы келгесін мұртын тауларап отыр екен* (Гур., Маңғ.).

МҰРТЫН ШАҚТЫРМАУ (Шымк., Арыс) тигізбеу, қол сұқтырмау. *Колхоздың шөбін күндіз-түні бағып мұртын шақтырғаным жоқ* (Шымк., Арыс).

МҰРШАЛАУ (Түрікм.: Таш., Конеүр.) дем алу, тыныңу. *Пионер лагерінде бүгіннен бастап мұршалауға бес бала кетті* (Түрікм., Таш.).

МҰРШАТ (Шығ. Қаз., Күрш.) әл, қуат, мүрша. *Осы кезде денемде ешқаидай мұршат жоқ* (Шығ. Қаз., Күрш.). Қ. мұрға.

МҰРЫНҒА СҰҚҚАНДАЙ ЕКЕН (Орал: Чап., Жымп.) үйлесімді, жақсы, керемет. *Үстіндегі киімің мұрынға сұққандай екен* (Орал, Чап.).

МҰРЫНДЫҚ[1] (Алм., Қаск.) сылтау, тірек. *Әр нәрсені мұрындық көріп тіршілік етпеу гой сенікі* (Алм., Қаск.).

МҰРЫНДЫҚ[2] дөнгелек сыртынан ось теміріне еткізілетін темір.

МҰРЫНДЫҚ АТА (Қарақ.) өкіл ата. *Бұл елде мұрындық ене, мұрындық ата дегендер көп болады* (Қарақ.).

МҰРЫНДЫҚ ЕНЕ (Қарақ.) өкіл шеше (ене). *Бұл елде мұрындық ене, мұрындық ата дегендер көп болады* (Қарақ.).

МҰРЫНДЫҚ КӨРУ (Алм.: Жам., Қаск.) сылтау ету, болмайтын нәрсені себеп ету. *Әр нәрсені мұрындық көріп, тіршілік етпеу гой сенікі* (Алм., Қаск.).

МҰРЫНДЫҚТАУ (Қ.орда) түйенің тұмсығына мұрындық өткізу.

МҰРЫНЖА (Гур., Маңғ.) етікке салатын қалыптың үстірті. Қ. мұрынса, мұрынша[2].

МҰРЫН ҚҰРТ (Қ.орда) қыстан арықтап шыққан түйенің ауруы.

МҰРЫНСА (Қ.орда: Тер., Сыр., Жал., Арал; Түрікм.: Красн., Небид.) етікке салатын қалыптың үсті. *Етікке қалып салғанда, мұрынсасыз шеге қағуға болмайды* (Қ.орда, Арал). Қ. мұрынжа.

МҰРЫНТАҚ (Гур., Маңғ.) ойлы-қырлы жер. *Жері мұрынтақ-мұрынтақ* (Гур., Маңғ.).

МҰРЫНША[1] (Рес., Орын.) жүгеннің кеңсірігі.

МҰРЫНША[2] (Рес., Орын.; Қост., Жанг.) қалыптың тұмсық жағы. *Қалыптың мұрышасы сұлу болса, етіктің, кебістің, байпақтың үсті, тұмсығы сұлу болады* (Қост., Жанг.). Қ. мұрынжа.

МҰРЫНША[3] (Қ.орда, Арал) ұршықтың мұрындығы.

МҰРЫШ 1. (Ақт., Байғ.) бұрыш. 2. (Өзб., Ташк.) карабұрыш. Мұнда *мұрыш* сөзі қалампыр орнына да қолданылады. *Мұрыш*, қалампыр, келімдәрі (к.), қызылдәрі (к.) синонимдес болып кследі (Т. Айд., Линг. геогр., 59). М. Қашқариде *turc* қара бұрыш (ДТС, 351).

МҰСАЛАМ БОЛУ//МҰСАЛЛАМ БОЛУ (Ақм., Атб.; Қост.: Жанг., Аман.) көну, бағыну. *Мен шырағым, сіздің созіңізге мұлдем мұсалам болдым* (Қост., Аман.).

МҰСАЛЛАМ БОЛУ Қ мұсалам болу.

МҰСАТЫР (Жамб., Луг.) мүсәтір.

МҰСТАЖАБ Қ. мұстажағ ету.

МҰСТАЖАҒ ЕТУ//МҰСТАЖАБ (Ауғ.; Ир.) қабыл ету. *Әй, бар, құдайа, мұстажағет Құдайдың дәргәйінә мың қатта, рахмат Аллаху акбар!* (Б. Өтеб., Қаз. диас., 90).

МҰСЫЛМАНКЕРШІЛІК (Өзб.) мұсылмандық. *Мұсылманкершілік әсте-әсте* (к.) (Өзб.).

МҰТ[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) тегін, су тегін, боска. *Шахталарда тамақты мұтына беретін шығар* (Түрікм., Таш.). *Өзі тіпті семіз болса да, мұт арзан* («Жүм-шы», 22.07.1939).

[Түрікменше *муіт* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *мут* (Карак.-рус. сл., 1958); пар. *муфть* тегін, боска (Л. Буд., II. 224)].

МҰТ[2] (Қ.орда, Арал) мұлде, тіпті. *Балық килосы бір сом болса, ол мұт тегін екен* (Қ.орда, Арал). Қ. мұтлы.

МҰТАЙЫМДЫҚ ІСТЕУ (ҚХР) шектен шығу, адамгершіліктен жұрдай болу.

МҰТАЖ (Қ.орда, Арал) мұқтаж. *Балаға да м ұ т а ж болдым* (Қ.орда, Арал). *Мұтаж болу* – мұқтаж болу. Қ. мүтәж.

МҰТҚАПЫЛ Қ. матқапыл.

МҰТЛАС (Алм., Кег.) мүлде, түгелдей. *1916 жылы патша үкіметі біздің тұқымымызды м ұ т л а с құртпақ еді* (Алм., Кег.).

МҰТЛИ (Қ.орда, Арал) мүлде, тіпті. *Нұржанның қауыны су ішпеген соң, м ұ т л и шықпай, когермей қалды* (Қ.орда, Арал). Қ. мүт[2].

МҰТТАЙ (Қ.орда, Арал) кішкентай, шағын гана. *Мынау м ұ т т а й қос екен* (Қ.орда, Арал). Қ. мүттай.

МҰТТАСЫЛ (Қарақ.) ештеңе, дәнеме, түк. *Айырым уақыттарда м ұ т т а с ы л білмей қалатын кездері де болды* (Қарақ.).

МҰТУ (Шығ. Қаз., Күрш.) ұмыту. *Бұрын істеген жұмысымды м ұ т а беремін* (Шығ. Қаз., Күрш.).

МҰХАЖИР (ҚХР) **1.** қоныс аударған, көшкен (адам). **2.** өз отанынан сыртта жүргендер немесе отанына қайта оралғандар («Сөз сан.»).

МҰХТАР (ҚХР) таңдаулы, сара («Соз сан.»).

МҰХТАРЫМ (ҚХР) күрметті, аяулы, сыйлы («Соз сан.»).

МҰХЛИС ЕТУ (Қ.орда: Арал, Шиелі) айтканды қабыл ету, қайталау. *Сол айтқанын 2-3 қайтара м ұ х л и с е т е д і* (Қ.орда, Арал).

МҰЧТЫМДАЙ (Жамб., Шу) жұдырықтай. *М ұ ч т ы м д а й баланың артынан еріп келеді* (Жамб., Шу).

МҰШ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Қарақ., Қоң.) жұдырық. *Байлар тілін ала қоймаған кедейлерге м ұ ш ы н жұмсайтын* (Қ.орда, Сыр.). *Көптің көңілі қожырар, Көрсетсең күшпен м ұ ш ы ң д ы* (Үш ғасыр.).

[Парсыша *мүшт* (Н. Оңд., ПҚТС, 251)]. Қ. мүш[1].

МҰША[1] (Жамб., Жам.) мұрша. *Сізбен әңгімелесуге м ұ ш а келмей жатыр* (Жамб., Жам.). Қ. мұрға.

МҰША[2] (Жамб., Қорд.) мұнша.

МҰШАҚАТ (Қост., Торғ.) машақат, бейнет.

МҰШАСЫ (Жамб., Қорд.) мұншасы.

МҰШАУРАЛАСУ (Орал) кеңесу, ақылдасу. *Онымен м ұ ш а у р а л а с а т ы н тағы бір жәйт бар еді* (Ж. Тіл., Қайнар).

МҰШТАЙ (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары; Өзб.) кішкентай, жұдырықтай. *Мына қауын м ұ ш т а й екен* (Түрікм., Тедж.)

[Түрікменше *мүшт* жұдырық (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *мүшт* жұдырық, *мүштақ* жұдырықтай (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *мүш* жұдырық, кішкентай (Карак.-рус. сл., 1958); пар. *мушть* жұдырық (Л. Буд., II, 233)].

МҰШТАР (Шымк.: Мақт., Сарыағ.; Өзб., Ташк.) бәкі. *Менің м ұ ш т а р ы м қайда қалған* (Шымк., Сарыағ.). Қ. мүштәр, міштәр.

МҰШТАУ (Шымк., Мақт.; Жамб.: Қорд., Шу; Өзб., Ташк.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) жұдырықтау, жазалау. *Сонан не керек әй келіп м ұ ш т а д ы да* (Шымк., Мақт.). *Арашаламақшы болып арага түскен мені де әлгі кісі бір-екі рет м ұ ш т а п жіберді* (Түрікм., Таш.). *Күші жетпейді, күші жетсе м ұ ш т а м а қ ш ы еді* (Өзб., Ташк). *Артымнан қуып жетіп ұстағаны, Тепкіліп ес тандырып м ұ ш т а г а н ы* (К. Әзірб., Шығ., 153).

[Қырғызша *мушта* ұру (ҚТТДМ-3, 149)].

МҰГЕДЕК (Орал, Орда) уақытша салынған баспана, балаған. *Пішеншілер бірнеше м ұ г е д е к жасады* (Орал, Орда).

МҰГЕЖЕК (Шымк.: Арыс, Сайр., Шәу.) бүгежек.

МҰГІН (Алм., Еңб. қаз.) бүгін.

МҰДАҒА (Жамб., Шу) мүдде. *Әркімнің м ұ д а г а с ы болады* (Жамб., Шу). Бұл сөз *мұддага* түрінде де кездеседі. *Несін айтасың, оның да м ұ д д а г а с ы табан астында бітіп кетті* («Күрішші», №36, 1956). *–Бегай, сабақты ине сәтімен деген гой, сәті бүгін түсіп, кеуілдегі* (қ.) *м ұ д д а г а м д ы айтқалы отырмын* (А. Тоқм., Фельетон.). Қ. мүдә[1], мүддә.

МҰДӘ[1] (Қарақ.; Гур., Маңғ.) мүдде. *М ұ д ә с і қанганша* (Қарақ.). Қ. мүдаға.

МҰДӘ[2] (Рес., Орын.) тіпті, мүлде. *Сіздер тұрган жерде жауын м ұ д ә көп болар* (Орын., Ад.). *Ат арбамен барсаң, м ұ д е рақат* (сонда). Қ. мүдәм.

МҰДӘМ (Қост., Торғ.) мүлдем. *Шөп жинау бүгін м ұ д ә м бітті* (Қост., Торғ.). Қ. мүдә, мүде, мүдем, мүтаһи, мүттәм, мүтте, мүттем, мүттес.

МҰДӘТСІЗ (Сем., Аяг.) өмірлік, өмір бойы, мерзімсіз. *Контреволюционерлер м ұ д ә т с і з қамаққа* (қ.) *алынды* (Сем., Аяг.).

МҰДДӘ (Өзб., Ташк.) мүдде. *Маган кеуліндегі* (қ.) *м ұ д д ә ң д і айтшы, кәні. – Ішқандай* (қ.) *м ұ д д ә м жоқ* (Өзб., Ташк.). *Өсіру малдың басын бар м ұ д д ә с і* («Лен. жол», 1.05.1944). Қ. мүдаға.

МҮДДӘМ Қ. мүдде.

МҮДДЕ//МҮДДӘМ (МХР) **1.** мүлде. *Ол мынадан м ұ д д е өзгеше* (МХР). **2.** тіпті, нақты. *М ұ д д е құтырықтың өзі екен* (МХР).

МҮДДЕТ (Өзб., Ташк.; Алм., Шел.) мерзім. *Ғаллакер колхоздар көктемдегі егіс планын м ұ д д е т і н е н бұрын орындады* (Өзб., Ташк.). *Талақ қылған қатындар тиетін байына бара алмай, үйінде отырып үш ай «м ұ д д е т і н» өткізді* (Б. Майл., Шығ., III, 57).

МҮДЕ Қ. мүдә[1].

МҮДЕЖАТ (Гур., Есб.) немереден туған бала, шөбере. *Бұл бала менің м ұ д е ж а т ы м болады* (Гур., Есб.).

МҮДЕМ (Қост., Торғ.) мүлдем. Қ. мүдәм.

МҮДУАР (Өзб., Ташк.) үміткер. – *Аяқтай* (қ.) *үйімізіге келіп м ұ д у а р болып сұрап алды* («К-з жолы», 23.03.1937).

МҮДІР (Шығ. Қаз., Больш.) мүдіріс. *Ешбір м ұ д і р жоқ* (Шығ. Қаз., Болып.).

МҮЖӘЛСІЗ (Гур., Маңғ.) халсіз, жағдайсыз. *Олар бұрыннан м ұ ж ә л с і з адамдар еді* (Гур., Маңғ.).

МҮЙЕС (Өзб., Там.) бұрыш. Қ. мүйеш, мүйіш, мүш[2].

МҮЙЕТ (МХР) аттың арқасына ер тимес үшін, ер капталы астынан коятын киіз. *М ұ й е т қоймасаң, арқасы жауыр боп кетеді* (МХР).

МҮЙЕШ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі) бұрыш, шет. *Атыздың* (қ.) *бір м ұ й е ш і н е су шықпай қалмасын, дұрыстап суар* (Қ.орда, Арал). *Кейбір суарылмаған м ұ й е ш т е р саргая бастаған* (Қ.орда, Қарм.). *Әйтпесе бұл бетті фрицтерге... қасиетті жеріміздің сынық м ұ й е ш і н басқызармыз ба?!* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 235). Қ. мүйес.

МҮЙІЗГЕК (Орал, Қара.) малдың жыныс мүшесінде болатын беріш, түйін. *М ұ й і з г е к т і сиыр қашақ* (қ.) *болады* (Орал, Қара.).

МҮЙІЗГЕК ІНГЕН (Қ.орда: Сыр., Тер.) боталайтын түйе.

МҮЙІЗКЕСЕР (ҚХР) пышақ. *Ұстамен жақын болсаң м ұ й і з к е с е р і н аларсың, қайықшымен жақын болсаң, дауыл күні кемесін суға саларсың* (Мақал).

МҮЙІЗ КІЛЕМ (Гур., Маңғ.) қошқар мүйіз өрнекті кілем. *М ұ й і з к і л е м шыжбай есеп болып келеді* (Гур., Маңғ.).

МҮЙІЗ ШАЙҚАУ (Орал: Орда, Казт.) күш көрсету, қорқыту. *М ұ й і з ш а й қ а ған адамдар колхозды басқара алмайды* (Орал, Орда).

МҮЙІЗІ СЫРҚЫРАУ (Рес.: Волг., Сарат.) бүйрегі бүру. *Біз дегенде олардың да м ұ й і з і с ы р қ ы р а й д ы* (Рес., Сарат.).

МҮЙІЗІ ІШІНДЕ ЖАСЫРЫНУ (ҚХР) іштей жауығу, жамандығы ішінде. *Бірақ енді қараса, м ұ й і з і і ш і н д е ж а с ы р ы н ы п жатыр екен* (Ғ. Қан., Бүрк., 56).

МҮЙІС (Рес., Орын.) бұрыш. *Үйдің м ұ й і с і н д е мәшинеңің ізі жатыр* (Рес., Орын.).

МҮЙІШ (Орал, Орда) бұрыш. *Мызылған* (қ.) *жас әйел бізді қызыл м ұ й і ш к е ертіп барды* (Орал, Орда) Қ. мүйіс.

МҰК (МХР) көлдің балдыры. *Ыстық үй салғанда ағаш арасынан көлдің м ұ г і н салдық* (МХР).

МҰКӘМӘЛ 1. (Сем.: Абай, Көкп., Ақс.; Тау., Қош.) дүние, мүлік. *Мен м ұ к ә м ә л і м д і сатсам да, Дүкембайды оқуға жіберемін* (Сем., Абай). **2.** (Гур., Шевч.) аспап, құрал сайман. *Менің сақал алатын м ұ к ә м ә л і м қайда екен?* (Гур., Шевч.). Махамбет өлеңдерінде *мұкабал* түрінде айтылады: *Алақандай Нарында м ұ к а б а л ы м шашылды* (Махамбет, Өленд., 92). *Мұккәмәл* түрінде де айтылады: *Мұндағы әрбір зат мен жарлының м ұ к к ә м ә л і м і н деп тұргандай* (А. Нүрм., Құл. аж., 116).

МҰКӘМӘЛ БОЛУ (Жамб., Шу) таусылу.

МҰКӘМБӘРӘ (Өзб., Ташк.) ысырап. *Мейман келеді деп ауқатты* (қ.) *коп қылған екен, бекерге м ұ к ә м б ә р ә болды* (Өзб., Ташк.).

МҰКУ (Өзб., Там.) мұңку. *Өлген қойдың иісі шығып, м ұ к і п кетіпті* (Өзб., Там.).

МҮКІ[1] (Алм., Гв.) жөні, ебі, реті. *М ұ к і с і н тапсаң, сұрағаныңды аларсың* (Алм., Гв.).

МҮКІ[2] (Рес., Орын.; Ақт., Шалқ.; Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тахта) кем, аз, тапшы. *Қоржынды байлаған жібің м ұ к і болды* (Ақт., Шалқ.). *Бы бала сөздің м ұ к і жерін сұрап жүргені байқалады* (Түрікм.). *Қайта-қайта м ұ к і қалған жерлерге шеберлер қолы жүгіреді* (Ғ. Сл., Заман., 36). Сөз түбірі *мұ//мұқ.*

МҰКІ[3] (Қ.орда, Арал) мүкіс. *Тілі м ұ к і адам* (Қ.орда, Арал).

МҮКІ ЖҮГЕРІ (Ауғ.; Ир.) жүгері. Түрікменстан қазақтарында меке жүгерінің жақсы түқымын айтса, Жамбыл, Шу оңірінде сары түсті кішкене жүгеріні, ал Сыр бойында ірі, қатты жүгеріні айтады (Б. Өтеб., Қаз. диас., 35). Қ. мекe[3].

МҮКІ ЖІБЕРМЕУ (Қарақ.) кате жібермеу, қателеспеу. *Қәне, м ұ к і ж і б е р м е й айтшы* (Қарақ.).

МҮКІМ (Сем., Абай) бүкіл, барлық. *Сол жерге м ұ к і м ел жиылды* (Сем., Абай). Қ. мүкылым.

МҮКІМ ҚАЛУ (Алм., Гв.) сусыз қалу. *Суаратын суымыз болмай, егініміз м ұ к і м қ а л д ы* (Алм., Гв.).

МҮКІМТАЙЛЫ (Орал) үқыпты, таза, жинақы.

МҮКІР (ҚХР) мүкіс. *Тісім түсіп қалыпты-ау, тілім м ұ к і р* (Абылайхан).

МҮКІС БОЛУ (Қост., Об.) сыну, мертігу. *Ол бишараның аягы қашан м ұ к і с б о л г а н* (Қост., Об.).

МҮКІ-ТАҚЫ (Қост.: Жанг., Торғ.; Гур., Маңг.) жетімсіз, болар-болмас. *М ұ к і-т а қ ы зат кімге жетсін* (Гур., Маңғ.). *Соның салдарынан колхозда мал азығы м ұ к і-т а қ ы болып, малдардың күйінің нашарлауына әкеп соқты* («Маңғ.», №14, 1952). *Күйлері әлгі айтқандай м ұ к і-т а қ ы, балаға ештеңе әкеле алмапты* (Б. Аманш., Жар мүңы). Қ. мүңкі-таңқы.

МҮЛӘЗІМ (ҚХР) артқы шеп, артқы тірек, қожалық. *Бастығы м ұ л ә з і м н і ң мәлім етті* (Т. Ізт., Рүс. дас.).

МҮЛДІКСІЗ (Орал, Орда; Өзб., Там.) мүлтіксіз. *Жұмысшылар талабын м ұ л д і к с і з орындады* (Өзб., Там.). *Тапсырманы м ұ л д і к с і з орындау әрбір азаматтың міндеті* (Орал, Орда). *Ол зоотехникалық ережелерді м ұ л д і к с і з іске асырады* («Ком.», 20.06.1954).

МҮЛІК (Ақм., Қор.) өзен, көл жағасында болатын өте кішкентай балық. Қ. күркін, мәлек[2].

МҮЛІК БОЛМАЙ ҚАЛУ (Қ.орда, Арал) түк емес, түкке алғысыз. *Берген үәделері м ұ л і к б о л м а й қ а л д ы* (Қ.орда, Арал). *Оу, осы сот деген кісіні соттап жер түбіне айдап жібереді дейтіні қайда? Сотың м ұ л і к б о л м а й қ а л д ы* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 61).

МҮЛІК ЕМЕС (Қ.орда, Арал) түк емес, түкке түрмайды. *Айтып отырғандары м ұ л і к е м е с* (Қ.орда, Арал). *Тіпті бір жаста да бала м ұ л і к е м е с* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 205). Қ. мүлік болмай қалу.

МҮМКІНШІЛ (Қарақ.) мүмкін, мүмкіндеу.

МҮНАЖАТ (Қарақ.) құдайға сыйыну, тілек тілеу, жақсылық күту. *М ұ н а ж а т айтып аллаға, сәждеге басын салады* («Қыз жібек»).

[Арабтың *мунун* «рақым, мейірім, сый» және *жаддун* «күш салу, тырысу, еңбек ету» сөздерінен біріккен (Н. Жүн., КД, II, 125)].

МҮНАЙЫМ (ҚХР) жүмсақ, биязы, мүләйім. *Тоқсан жасқа келгенде, көр болганым, отқа салган м ұ н а й ы м бар болганым* (Бөс ғасыр.).

МҮНӘЙІМСУ (Қост., Торғ.) мүләйімсу.

МҮНӘПІС БОЛУ (Сем.: Көкп., Ақс.) орындалу, іске асу. *Біздің былтырғы бұл мәселе жөніндегі қаулымыз м ұ н ә п і с б о л д ы* (Сем., Көкп.).

МҮНӘСҮБӘТ (Қарақ.) күрмет. *Мейман-дардың келу м ұ н ә с ұ б ә т і н е бір-екі жыр айтып берелі* (Қарақ.).

МҮНӘСІП Қ. мінәсіп.

МҮНЕЛЕК (Орал, Орда) бір нәрсенің екпіні, әсері. *Қайроллага нажағайдың өзі түспепті, м ұ н е л е г і тиіпті* (Орал, Орда).

МҮНЕУ (МХР) мінеу. *М ұ н е у үйдің ортаңғысы* (МХР).

МҮНТАЗИМ (ҚХР) түрақты. *М ұ н т а з и м армия* («Сөз сан.»).

МҮНЯТ (ҚХР) дәулетті, ырыс. *Бақ, дәулет м ұ н я т болса жолдас, төрт бақыт* (ҚХР).

МҮҢГІРТ (Түрікм.: Красн., Қиян., Бекд., Қулы.) Каспий теңізінде кездесетін балық түрі.

[Түрікменше *маңңалча* немесе *мұңңурт* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

МҮҢКІ-ТАҢҚЫ (ҚХР) тапшы, жетімсіз, мәз емес («Сөз сан.»). Қ. мүкі-тақы.

МҮПӘЙІМСУ (Қост., Торг.) мүләйімсу. *Осының м ұ п ә й і м с і н г е н і-а қ қалмады гой* (Қост., Торғ.).

МҮРБАҚЫ (Жамб., Жам.) қауынның бір түрі. *М ұ р б а қ ы қауын жүде* (к.) *жақсы гой* (Жамб., Жам.).

МҮРДЕ (Жамб., Жам.; Алм.: Жам., Кег., Талғ., Шел.) мола, зират, қабыр. *М ұ р д е г е барып дұға етіп келдік* (Жамб., Жам.). *Жол м ұ р д е н і ң жанынан өтеді* (Алм., Жам.). *Тұрардың тұп нағашысы м ұ р д е н і ң аргы басына барып, ... тот басқан бір темірді ыргап-ыргап суырып алды* (Ш. Мүрт., Жүлд. көп., 6).

МҮРЖӘ (Ақт., Ырғ.) шамның шынысы. *Шамның м ұ р ж ә с і сынып қалмасын, жіпке іліп қой* (Ақт., Ырғ.). Қ. моржа[1].

МҮРЖЕ[1] (Қ.орда, Сыр.) мүржа, пештің түтін жолы. *Үзынды-қысқалы м ұ р ж е л е р і н е н мезгіл-мезгіл көк түтін будақтайды* («Жүлдыз», №4, 1988, 140). Қ. мора.

МҮРЖЕ[2] (Рес., Орын.) шамның шынысы. *М ұ р ж е складта да жоқ екен* (Орын., Ад.). Қ. моржа[1].

МҮРЖІ[1] (Қост., Жітік.) мүржа, пештің түтін жолы. *Бір м ұ р ж і с і тесіліп қалган екен, содан түтін шыга береді* (Қост., Жітік.).

МҮРЖІ[2] (Қост., Жітік.) шамның шыныcы. *М ұ р ж і с і жоқ болған соң, шамның оты шалқи береді* (Қост., Жітік.). Қ. моржа[1].

МҮРТ (Жамб., Сар.) ишанның, үлкен молданың қолын алған адам.

МҮРІК (Түрікм.: Таш., Көнеүр.; Қ.орда, Арал; Өзб.) толық жетілмей, бүрісіп, қисайып өскен. *М ұ р і к қауын қисық болғанмен, тәтті болады* (Түрікм., Таш.). *Нұрмақан бақша ішіне барғанда, бір м ұ р і к түйнек те бере алмайды* (Қ.орда, Арал).

МҮСӘЛДӘТ БОЛУ (Қ.орда, Қарм.) біреудің қолына қарау, тауқыметін біреуге арту. *Қарағым, мен жалғыз қызымның мойнына м ұ с ә л д ә т б о л ы п отырмын* (Қ.орда, Қарм.). Бұл соз *мұсалдат* түрінде де айтылады. *М ұ с а л д а т б о п мойныңа міндетін арта келеді* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 87.).

МҮСӘННІП (Шымк., Арыс) кітап жазушы.

МҮСӘПІРШІЛІК (Өзб., Ташк.) мүсәпір, мүсәпірлік. *Бір мүнеттің ішінде бар малмүлкінен кетіп, қожалығы м ұ с ә п і р ш і л і к к е түскен* (Өзб., Ташк.).

МҮСӘТ ЕТУ (Гур.: Маңғ., Шевч.; Қарақ.) қанағат қылу, місе түту. *Азды азсынбай м ұ с ә т е т у керек* (Гур., Маңғ.). *Бір таба нанға м ұ с ә т е т п е й м і з* (Гур., Шевч.).

МҮСЕТУ (Түрікм.: Красн., Жеб., Ашх., Тедж.) қанағат ету, қанағаттану. *Бұған да м ұ с е й т п е й с і ң бе?* (Түрікм., Ашх.). *Ол алдына отырғанды да м ұ с е т п е й, нөмірлі орын табың деді* («Қарабұғаз.», 7.06.1937).

МҮСЕ ТҮТУ (Рес., Орын.) місе түту. *Жүз жылқыны м ұ с е т ұ т п а г а н д а р болды* (Рес., Орын.). *Мүсе қылмау* – місе қылмау. *Соны м ұ с е қ ы л м а й, қайын атасы және бір жотадай торы атты жетегіне алады* («Соц. майдан», 22.01.1946).

МҮСИБАТ (МХР) қайғы. *Ерлік іс м ұ с и б а т қ а белін буған* («Сөз сан.»).

МҮСКІЛ (Тау., Қош.; МХР) мүшкіл. *Мысқыл, мысқылдың түбі м ұ с к і л* (Тау., Қош.).

МҮСКІНДЕНУ (Павл., Үрлі.) әлсіздену. *Жолдасбек көптен ауырғандықтан, м ұ с к і н д е н і п қалыпты* (Павл., Үрлі.).

МҮСТАЖАП (ҚХР) қабыл болсын. *Тәңір алдында м ұ с т а ж а п берген батам* (Жанақ ақын, 321).

МҮСІРЕП (ҚХР) жомарт, береген, қолы ашық («Соз сан.»).

МҮТ (Түрікм.) өтө, тіпті. *Өзі семіз болса да, м ұ т арзан* («Жүм-шы», 22.07.1939).

МҮТАЛІП (ҚХР) қарыздар, берешек, борышкер («Соз сан.»).

МҮТАЊИ//МҮТТӘЊИ (Қ.орда, Арал) мүлде. *Мен саған кітабымды м ұ т а h и оқуға бермеймін, уақытша оқуға ғана беремін* (Қ.орда, Арал). Қ. мүдәм.

МҮТӘЖ (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта; Өзб., Там.; Қарақ.) мүқтаж. *Пұлға м ұ т ә ж болсаң қарыз берейін* (Түрікм., Конеүр.). *Балдардың күйсіз, м ұ т ә ж і л е р і н е қарамады* («Жүм-шы», 3.11.1944). *Ертеде бір күйсіз, м ұ т ә ж і бала ел аралап жүріп, басында сәлдесі бар қары* (қ.) *адамға кездеседі* (Фольк.; Түрікм.).

[Қарақалпақша *мәтиж* (Карак.-рус. сл., 1958)]. Қ. мүтаж.

МҮТӘРӘ//МЫТЫРА (Өзб., Там.) брезенттен жасалған торсық, фляжка сияқты ыдыс. *М ұ т ә р ә кобінесе суды салқындату үшін пайдаланылады* (Өзб., Там.).

МҮТТАЙ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) кіпкішкентай. *Арық бойындағы қалың жапырақ ішінен м ұ т т а й бір қауын тауып алдық* (Түрікм., Конеүр.). Қ. мүттай.

МҮТТӘЙІМ (Қ.орда, Арал; Жамб.: Луг., Жуа., Қорд.; Алм.: Кег., Жам., Қаск., Нар.; Шымк.: Қызылқ., Арыс) ұры, зорлықшы, өтірікші. *Әбден м ұ т т ә й і м болып алған адамдар* (Шымк., Арыс). *Әулиесінген м ұ т т ә й і м менен қашып құтылмас* (Алм., Кег.). *Ол өзі м ұ т т ә й і м бала гой* (Жамб., Қорд.). – *Қайда жүрген ешкілер? – деп біреу ұн қатқанда ғана тапал қара бұққан басын котерді де, қара козі бақыраштай боп: – Қайдағы ешкі, м ұ т т ә й і м ? – деді* (F. Сл., Шалқ.).

МҮТТӘМ (Сем.: Кокп., Акс., Абай) мүлде, мүлдем. *Жас келген соң, қызметті м ұ т т ә м қойдым* (Сем., Акс.). Қ. мүдәм.

МҮТТӘСІЛ (Қарақ.) түк, ештеме.

МҮТТӘЊӘМ (Қарақ.) мәнсіз. *Әй, м ұ т т ә h ә м екенсің гой өзің* (Қарақ.).

МҮТТЕ (Қ.орда, Арал) мүлде. *Менің есімнен м ұ т т е шығып кетіпті* (Қ.орда, Арал). *Аузынан сілекейі шұбырып м ұ т т е, жарықтық бір үйді сүйретіп келеді* («Больш. жол», №54, 1940). Қ. мүдәм.

МҮТТЕЙІС (Шығ. Каз., Ұлан) үнемі, әрқашан.

МҮТТЕМ (Сем.: Кокп., Акс.; МХР) мүлде, мүлдем. *Ат тергеу қазақ халқында «төңкерістен» кейін м ұ т т е м дерлік жоғалды* (Б. Кәм., Мон. каз. салт-дәс., 29). *Қою тамақты м ұ т т е м іше алмайтын бопты* (МХР). Қ. мүдәм.

МҮТТЕС (Сем.: Абай, Шүб.) мүлде. *Ол сөзге сен м ұ т т е с түсінбедің* (Сем., Абай). Қ. мүдәм, мүтаһи.

МҮТІК (ҚХР) жебенің екі қыры («Сөз сан.»).

МҮТІЛ (Орал: Орда, Каз.т.) бүкіл. *М ұ т і л колхозшылар жипалды. Ол м ұ т і л жастарға арнап сойледі* (Орал, Орда). Қ. мұқылым.

МҰҢМЕН (Гур., Бақс.) тым, өте, тіпті. *Сейтқали осыдан м ұ ң м е н кетті ме?* (Гур., Бақс.).

МҮЧІРІП (Қарақ.) түтін салығын жинайтын адам. *Тұтін пұл жиашушы м ұ ч і р і п жылына бір-ақ рет келеді* (Қарақ.). Қ. мүшіріпші.

МҮШ[1] (Қарақ., Қоң.) жұдырық. *Ол м ұ ш і н тұйді. Бұрын байлар, әкімдер м ұ ш жұмсайтын, оздеріне қарсы болған кісіні м ұ ш т е п жіберетін* (Қарақ., Қоң.).

[Парсының *мушт* созінсн (Н. Онд., ПҚТС)]. Қ. мұш.

МҮШ[2] (Қарақ., Қоң.) бұрыш. *М ұ ш т е н бұрыла беріп едім, алдымнан тарс етті* (Қарақ.). Қ. мүйес.

МҮШАҚАТ (Қост., Торғ.) машақат. *Торгайга қайдағы бір жұрмейтін огізбен барамын деп, коп м ұ ш а қ а т кордім* (Қост., Торғ.).

МҮШӘЙРА (Қарақ.) су дорба.

МҮШӘПІР (Жамб., Шу; Қарақ.; Гур., Маңғ.; Сем., Аяг.; ҚХР) мүсәпір. *Ілгеріде бір м ұ ш ә п і р кісі болыпты* (Жамб., Шу). *Мен секілді м ұ ш ә п і р, Тілекке тілеген сапасын* (Фольк.; Қарақ.).

МҮШЕ (Орал, Каз.т.) көкпар. *Біздің жақ көкпарды м ұ ш е дейді* (Орал, Каз.т.).

МҮШЕ АЛУ (Шығ. Қаз., Күрш.; Қ.орда: Сыр., Жал.) жерден күміс алу. *М ұ ш е а л у ойыны бірте-бірте қала бастады* (Шығ. Қаз., Күрш.). *М ұ ш е а л у г а жақсы ат керек* (Қ.орда, Жал.).

МҮШЕ АЛЫП ҚАШУ (МХР) ойын түрі. *Ауыл тойында тагы бір қызықталатын ойын ол «м ұ ш е а л ы п қ а ш у» ойыны* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 53).

МҮШЕЛІККЕ ІЛЕСУ (Қарақ.) мүше болу (үйым, қоғамға).

МҮШҚАП (Ауғ.; Ир.) тәрелке.

МҮШЛӘУ (Ауғ.; Ир.) илеу, даярлау. *Ет піскенше, қамырды м ұ ш л ә й бер, келін* (Б. Өтеб., Қаз. диас., 98).

МҮШТӘР (Ташк.: Янг., Шын.; Шымк.: Кел., Сарыағ.) бәкі. Қ. мұштар, шаппа[2].

МҮШТЕЛІК (Гур., Маңғ.) түсінікті. *Барлық халыққа м ұ ш т е л і к сөз* (Гур., Маңғ.).

МҮШІР (ҚХР) ақылшы, уәзір («Сөз сан.»).

МҮШІРІК (ҚХР) көп құдайға табынушы, аллаға серік қосушы («Соз сан.»).

МҮШІРІПШІ (Қарақ.) түтін салығыш жинайтын адам. *Мергенбай м ұ ш і р і п ш і тұтін пұл жинап жүретін* (Қарақ.).

МЫҒЗУ (Қарақ.; Өзб., Там.; Қ.орда, Арал) мызғу. *Аз-кем м ы г з ы п алдық* (Қ.орда, Арал). *Сол заматта қойды жел бетке жатқызамын да, қой шетінде өзім м ы з г и м ы н* («Соц. шар-лық», 14.06.1963). Қ. мызғау.

МЫҒЫЗДАНЫ КЕЛУ (Орал, Орда) зығырданы қайнау.

МЫҒЫРДАНЫ КЕЛУ (Гур., Есб.) зығырданы қайнау, ызасы келу. *Әй, сол кісі дегенде м ы ғ ы р д а н ы м к е л е д і* (Гур., Есб.).

МЫДАМ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Тедж., Мары) әрқашан, үнемі. *М ы д а м сені көрген сайын кеш шығар деп ойлап қалам* (Түрікм., Гяу.).

[Түрікменше *мыдам* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

МЫЖҒАУ (Сем.: Абай, Шүб.; ҚХР; МХР) мылжың. *Ертеде біздің елде Жума деген м ы ж г а у болған* (Сем., Шүб.). *М ы ж г а у мал! – деп жер текпілеген Ма-Лин-шин наганын суырып алып, тез жиналудың сигналы болдырып аспанга үш рет атты* (Церендор. Е. ул.).

МЫЖҒУ (ҚХР) мыжу, мылжалау.

МЫЖЫҢ[1] (Түрікм.; Өзб., Там.) мылжың. *Жинақ* (қ.) *сайын құр м ы ж ы ң н а н басқа айтары жоқ. М ы ж ы ң д ы қой, түйенің сауыны өтіп барады* (Түрікм.). *Көп сөйлесең, м ы ж ы ң атанасың* (Өзб., Там.). *Агай-ай, м ы ж ы ң екенсіз, – деді ақыр соңында* (О. Сәрс., Таңб.).

МЫЖЫҢ[2] (ҚХР) қортық, ез, қораш. *Жақсының алдын біраз көріп едің, емес едің көргенсіз, м ы ж ы ң, мешер* (Ақмолла Мұхамедияруллы, 322).

МЫЗ ЕТПЕУ (Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту) міз бақпау. *Бұндай кемшілікті жоюга Төлебаев м і з е т п е й отыр* (Кәкш., Зер.).

МЫЗҒАУ (Тау., Қош.; МХР; Рес.: Волг., Қалм.) мызғу. *Сен жастыққа м ы з г а й тұр* (Тау., Қош.). *Канша қасірет тартқанмен адам баласы болған соң амалсыз таңға жақын м ы з г а п,..* (Д. Нац., Жұмбақ., 171). *Жылқы күзеткен жап-жас жігіт Цогт м ы з г а п кеткен үйқысынан оянып, жайымен есіней керіліп, қолының сыртымен көзін сүртіп төңірекке қарады* (Д. Нац., Шығ., 174). Қ. мығзу.

МЫЗДАУ (Жамб., Шу) мұздау. *М ы з д а п кеттік, от жақшы* (Жамб., Шу).

МЫЗЫҒУ (Гур., Тең.) сәті түспеу, қырсығу. *Ауга қортпа* (қ.) *түспей, көптен бері м ы з ы ғ ы п жүр* (Гур., Тең.).

МЫЗЫЛУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.; Рес.: Волг., Сарат.; Орал: Орда, Жән., Чап.; Гур.: Маңғ., Есб.; Ақт., Ойыл) сызылу, қылымсу. *Бізге келгенде сен орынсыз м ы з ы л м а, жайың белгілі* (Түрікм.). *Ол өзі әуелден м ы з ы л ы п отырады* (Рес., Волг.). *М ы з ы л г а н жас әйел бізді қызыл мүйішке ертіп барды* (Орал, Орда). – *Не де болса, сол екеуі былайғы жұрттан ала бөтен м ы з ы л а қаптьі* (Ә. Кекіл., Үркер, 544).

[Түрікмен тілінің салар диалектісінде *мызлыкь* жағымпаз (М. Атаж., Түрікм. дил. салар диал., 85)].

МЫҚ (Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал., Қарм., Арал; Жамб., Шу; Сем.: Ақс., Көкп.; Қарақ.; Түрікм., Небид.; Қост.: Торғ., Жітік., Жанг.; Шымк., Мақт.; Рес., Орын., Ауғ.; Ир.) басы жалпақтау келген үсақ шеге. *М ы қ т ы етіктің, кебістің тақасына қағады* (Рес., Орын.). *М ы қ қақкан етіктің өкшесі берік болады* (Қ.орда, Сыр.). *Есік шегелеуге м ы қ керек* (Сем., Көкп.). *Колхоз бастығының не істеп жүргенін білмеймін әлі м ы қ жоқ* (Шымк., Мақт.). *М ы қ – қоқан арба доңғалағының табанына қағылатын догал басты шеге* (Қарақ.). *Жақын жердегі қалалардың сататын м ы г ы таусылды, м ы қ даярласын* (Ы. Алтын., Таңд. шығ., 101).

[Парсыша *мих* (Н. Онд., ПҚТС, 1974)].

МЫҚАН (ҚХР) көп кезікпейтін кнелі зат есебіндегі ағаш. *Іздеген м ы қ а н ағашын да табады* («Сөз сан.»).

МЫҚИ (Жамб., Шу) құс түрі.

МЫҚИЮ (ҚХР) мыжыраю, мықыраю («Сөз сан.»).

МЫҚТАЙ (Өзб.) **1.** шегедей. **2.** жақсы, ойдағыдай. *Жұмысыңның барысы қалай десем, м ы қ т а й, – деп жауап берді* (Өзб.).

МЫҚТЫ ҮЙ//МЫҚТЫҢ ҮЙІ (Сем.; Шығ. Қаз.; МХР) таулы жердегі ашық далаларда дөңгелектеп үйген қорым тас төбелер, айналымы 70-80 метрдей. Ел аузындағы аңыз бойынша қалмақ заманынан қалған ескерткіштер. *Бізде м ы қ т ы ң ү й і н і ң тастарын қаша салуға алуға болмайды* (МХР).

МЫҚТЫҢ ҮЙІ Қ. мықты үй.

МЫҚЫМ 1. (Орал, Казт.) оте, тіпті. *Ауданнан м ы қ ы м шапшаң қайттыңдар гой* (Орал, Казт.). **2.** тез. *Барған қызметіміз м ы қ ы м біткен соң, бірден жүріп кеттік* (Орал, Казт.).

МЫҚЫМ БОЛУ (Сем.: Көкп., Ақс.) берік болу, бекер болу. *Өзіңе өзің м ы қ ы м бол* (Сем., Ақс.).

МЫҚЫН (Гур., Тең.; Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) аудың қоржыны. *Аудың м ы қ ы н ы байланды* (Гур., Тең.). Орыс тілінің *матня* сөзінен шыққан.

МЫЛЖЫҢ (Сем., Абай) қою лай. *Ұраны м ы л ж ы ң д а п бітірді* (Сем., Абай).

МЫЛПЫЛ-СЫЛПЫЛ (Қарақ.) олпы-солпы, бос. *Ол қалай болса солай, м ы л п ы л-с ы л п ы л адам* (Қарақ.).

МЫЛТЫҚ ҚҰРУ (Шығ. Қаз., Больш.) мылтық оқтау. *Ол м ы л т ы қ т ы жақсылап қ ұ р д ы* (Шығ. Қаз., Больш.).

МЫЛТЫҚ САЛУ (Шығ. Қаз., Больш.; МХР) мылтық асыну. *Біраздан кейін м ы л т ы қ с а л г а н екеу алдарынан шыға келді* (Шығ. Қаз., Больш.). *Ауылға м ы л т ы қ с а л г а н екі черік келді* (МХР).

МЫЛТЫҚТАН ӘКИМИЯТ ТУАДЫ (ҚХР) тек кару арқылы биліккс жетуге болады. *«Фыңшуандағы» дихандар жұртшылығының партияның басшылығында қарулы күрес жүргізіп «м ы л т ы қ т а н ә к и м и я т т у а д ы» деген ұлы ақиқат образды түрде суреттеледі* («Шыңжаң», 1976, 1, №2794).

МЫЛТЫҚ ҮСЫНУ (Орал, Орда) мылтық кезену. *Ей, тарт, адамға қарай м ы л т ы қ ү с ы н б а* (Орал, Орда).

МЫЛТЫҚШЫ (Қарақ.) дәуіт шсгіртке. *М ы л т ы қ ш ы жыланның көзін ойып ала береді* (Қарақ).

МЫЛТЫҚ-ШЫЛТЫҚ (Өзб., Там.) былық, шатақ. *Ол м ы л т ы қ-ш ы л т ы қ қ а ұшырады* (Өзб., Там.).

[Түрікменше *мылтық* жағымсыз тамаққа байланысты, *шылтық* – қаралау, жала жабу мәнінде айтылады (Т. Айд., Қаз. тіл. лекс. ерек., 125)].

МЫЛШ ЕТПЕУ (Қ.орда, Қарм.) шімірікпеу, бүлк етпеу. *Беті м ы л ш е т п е й д і гой* (Қ.орда, Қарм.).

МЫНАЕА (Шығ. Қаз., Больш.; МХР) мынаған.

МЫНА ЙАҚ (Қост.: Камыш., Ордж.; Түрікм., Небид.; Рес., Орын.) мына жақ. *М ы н а й а қ т а н жел соқса, оның тұтіні осылай қарай қаптайды* (Қост., Камыш.). *М ы н а й а г ы н а и неміс солдаты келіп қалды* (Орын., Бор.). *М ы н а й а қ т а Сырым бар, Оның затын айтайын Бадышамеи барабар* (Фольк.). *М ы н а й а қ т а и бұты* (к.) *жерге сұйретілген, үстіне сауыт кимеген, Жалаңаш батыр келе жатыр* («Соц. кол.», 4.08. 1940).

МЫНАЙЕР//МІНІЙЕР (Өзб., Ташк.) мына жер. Қ. мінейер.

МЫНАЙРА (Рес., Волг.) мына ара. *М ы н а й р а д а бір күтіріміз* (к.) *бар, онда қойшылар тұрады* (Рес., Волг.).

МЫНАН (Көкш., Қ.ту) мұнан, бұдан. *Шәріп м ы н а н екі жыл болды көшіп кеткен* (Көкш., Қ.ту).

МЫНАНДАЙ (Қарақ., Қоң.; МХР) мынадай. *М ы н а н д а й табыстар бізде аз емес* (Қарақ., Қоң.). *М ы н а н д а й зат екен-ау* (МХР).

МЫНАУСЫ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) мынау, мынасы. *М ы н а у с ы сенікі* (Қ.орда, Сыр.). *Біресе анаусы біресе м ы н а у с ы тоқып отырғандарын қоя салып, оқта-текте саған ала көзімен қарап қояды* (А. Фад., Жас гв., 139).

МЫНАУІР (Алм., Жам.) мына бір. *М ы н а у і р әкеме, тегі, жейде де керек болып тұр* (Алм., Жам.).

МЫНДА (Қарақ., Тақт.; Гур., Есб.) мұнда. *Ей, бала, м ы н д а кел* (Қарақ., Тақт.).

МЫННАН (Рес.: Волг., Астр.; Гур., Маңғ.) мұнан. *М ы н н а н тонау* (қ.) *шетке дейін он бес кнлометр* (Рес., Астр.). *М ы н н а н кеткеніне қашан, ендігі ол Жыландыға жетіп қалды* (Гур., Маңғ.).

МЫНТЫҚТЫРУ (Қарақ., Мой.) тұншықтыру, батыру. *Мына бала мені суға м ы н т ы қ т ы р ы п жұр* (Қарақ , Мой.).

МЫНЧА (Алм., Кег.) мұнша. *Колхоз озаттарының бір м ы н ч а істеген жұмыстары бар* (Алм., Кег.).

МЫҢ АСА (Сем., Аяг.) мыннан аса. *Осы совхозда м ы ң а с а жылқы бар* (Сем., Аяг.).

МЫҢБАС (Қ.орда: Сыр., Тер., Қарм.) басы ақ бүршікті, сабағы бүтақты, үзындығы жарты метрдей кек, сары түсті әсімдік.

МЫҢДА БІР (МХР) анда-санда, сирек. *Оны м ы ң д а б і р көресің* (МХР).

МЫҢ ДЕГЕНМЕН (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тахта) қанша айтсаңда. *Бала м ы ң д е г е н м е н тыңдай ма?* (Түрікм., Ашх.).

МЫҢ ЖУСАН (Көкш., Қ.ту; Павл., Ерт.) жусанның аласа түрі. *Қойды м ы ң ж у с а н ы ң көп жеріне жайса, семіргіш келеді* (Көкш., Қ.ту).

МЫҢҚ ЕТПЕС ТҰЙЕ қыңқ етпес түйе, ұстап-тұтқанда, мініске пайдаланғанда, ешқандай дыбыс, мінез шығармайтын, бүркіп, құспайтын түйе.

МЫҢНАН (Түрікм.) мыңдап. *М ы ң н а н жылқы айдаса да, байлардың пейілі жаман болды* (Түрікм.). *М ы ң н а н жылқы айдаған, Жүзден бие байлаған* (К. Әбубәкір).

МЫҢЫЛАП (Тау., Қош.) мыңдап.

МЫРАС (Жамб., Шу) мирас. *Бұл сөзде өтірік жоқ – рас еді, Қа (л) ған соз бұрынғыдан м ы р а с еді* (Фольк.; Жамб., Шу).

МЫРАСҚАР//МҰРАСҚОР (Өзб., Ташк.) мұрагер.

МЫРҒАЗАП (ҚХР) жазалаушы (*«Сөз сан.»*).

МЫРҒАЙ (ҚХР) кеніш, байлық (*«Сөз сан.»*).

МЫРҒАМ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) отты, шобі шүйгін жер. *Бұрынғы көлдің табаны м ы р ғ а м болады, бұл жерде мал да жақсы семіреді* (Қ.орда, Қарм.). *Мынау бір м ы р ғ а м жер екен* (Қ.орда, Арал).

МЫРДЫМСЫЗ (Орал, Орда) мардымсыз. *Әлі күнге сауат ашу жұмысы м ы р д ы м с ы з* (*«Ж. жол.»*, 22.10.1937).

МЫРЖИЮ (Ақт., Байғ.) быржию. *Оның бет-аузы м ы р ж и г а н екен* (Ақт., Байғ.).

МЫРЗАБАЙЛАУ (Жамб.: Мер., Шу) үрмай-соқпай, жіпсіз байлап ұстау. *Олар қолға тұскендерін м ы р з а б а й л а у қып ұстап келген* (Жамб. Шу). *Иткешу деген жерде сәріқйсін Шығанбайды ұстап алып, м ы р з а б а й л а п Сыпатай аулын тауып бер деген екен* (Жамб., Шу).

МЫРЗАҒА (Қарақ.) қайын жігіт.

МЫРЗА ЖЕЛ (Қост.: Аман., Жанг.) жай, ақырын соққан жел. *М ы р з а ж е л соғып тұр, бидайды ұшырып бітіріңдер* (Қост., Аман.). *Оңтұстіктен соққан м ы р з а ж е л адамды көңілдендіріп жібереді* (*«Лен. жолы»*, №30, 1945).

МЫРЗАҚОСПАҚ (Ақт., Жүр.; Жамб., Шу; Қ.орда: Тер., Жал., Сыр.) өркештері бірбіріне жақын келген түйе. *М ы р з а қ о с п а қ т ы ң атасы бура да, енесі нар* (Ақт., Жүр.). *Шу бойы зәңгі-бабаға қолайсыз, м ы р з а қ о с п а қ, нарқоспақ, лақа–тәжік тұқымдас түйелер бақташы тілемейді* (*«Қаз. әдеб.»*.).

МЫРЗЫМДЫ (Қарақ.) мерзімді.

МЫРҚАМ (Алм., Жам.) байлық, дәулет. *Біздің ел м ы р қ а м ғ а жетіп, тасы көктеп, тауы гүлдеді* (Алм., Жам.).

МЫРҚЫЛДАҚ//МЫРҚЫЛДАУЫҚ (Орал: Орда, Жән.) жылауық (бала туралы). *Әпен, әне сенің м ы р қ ы л д а қ балаң келе жатыр* (Орал, Жән.).

МЫРС ДЕУ (Алм., Шел.) мырс ету, мырс етіп күлу. *Менің қалжыңымды сезіп, Сәулетай м ы р с д е д і* (Алм., Шел.). Қ. мырш ету.

МЫРСЫЛДАУ (Орал, Орда) тырқылдау. *М ы р с ы л д а ғ а н баланың аягын мышық* (қ.) *тістейді* (Орал, Орда).

МЫРСЫН (ҚХР) ұрғашы мысық, мәулен (*«Сөз сан.»*).

МЫРСЫНДАЙ (ҚХР) тап-таза. *Үйдің ішін м ы р с ы н д а й қылып қойды* (*«Сөз сан.»*).

Мырсын (к.) сөзінің ауыс мағынасынан шыққан.

МЫРШАЙ (Қарақ.; Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр.) түлкінің күшігі. *Олардың шалжыймасына* (к.) *бір м ы р ш а й тұсіп қапты* (Қарақ.). *Кеше шопан Әлібай түлкінің бір м ы р ш а й ы н қопадан ұстап алыпты* (Қ.орда, Арал). *Әшейін м ы р ш а й түлкідей ашушаң, шақар шалдың бұ жолы ұндемегеніне ыза болды* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 219). Сөздің түбірі тағы, жыртқыш аңдардың күшігі мағынасында қолданылатын сөздердің құрамында кездесетін *мөр* сөзі болуы мүмкін. Мысалы: *азыг мөр декие* аюдың күшігі (М. Қашқ., I, 480); тува *мөрзек* қасқырдың күшігі (Ә. Нүрм., Жер. тіл. ерекш. төрк.).

МЫРШАП (ҚХР) патшаның көше күзетшісі («Сөз сан.»).

МЫРШ ЕТУ (Қост., Затоб.) мырс ету. *Ол ақырын ғана м ы р ш е т і п күлді. Қамзаның сөзіне м ы р ш е т і п күліп жіберіпті* (Қост., Затоб.). Қ. мырс деу.

МЫРШЫМ (Шымк.) кезді байлап ойнайтын ойын.

МЫРШЫМА-МЫРШЫМ (Сем.: Ақс., Көкп., Аяг.) Қ. мыршым.

МЫРЫҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Таш.; Орал) маңқа, боқмұрын. *М ы р ы қ тоқалға бой беріп қойғаның* (Түрікм., Таш.) *Пәле! Мына м ы р ы қ не дейді* (Т. Ахт., Дала., 274).

[Өзбекше *майрик* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *мыррық* (Карак.-рус. сл., 1958)].

МЫРЫҢ (ҚХР) ынжық, ез. *Ол нағыз м ы р ы ң н ы ң өзі* («Сөз сан.»).

МЫСА (ҚХР) ашу, қаһар. *М ы с а с ы н а* міну («Сөз сан.»).

МЫСҚАН (ҚХР) сандал (к.), төс бекітетін түғыр ағаш. *М ы с қ а н ағаш* («Сөз сан.»).

МЫСҚАУ (Шығ. Қаз., Больш.) мысқылдау. *Ол келіншектерді м ы с қ а п бітірді* (Шығ. Қаз., Больш.).

МЫСҚЫЛ (Ақт., Жүр.) мерез. Тамаққа жара түсіп, іріңдеп жүретін ауру.

МЫСТАН ТОҒА (МХР) кішкене кастрюль.

МЫСЫҚҚҰЙРЫҚ[1] (Қ.орда, Арал) биіктігі 30-40 см құмда осетін осімдік. *М ы с ы қ қ ұ й р ы қ т ы сиыр жейді* (Қ.орда, Арал). *Қара сұлы, м ы с ы қ қ ұ й р ы қ қаптап кеткен екен, көктемде үш қатар өңдеткіздім* (»Қаз. өдеб.»). *Термопис, м ы с ы қ қ ұ й р ы қ шөптері – бұлар далада жабайы өсетін өсімдіктер* (С. Сұбхан., Дәрі.).

МЫСЫҚҚҰЙРЫҚ[2] (Ақт., Тем.) тарының бір түрі, қожа тары.

МЫСЫРҒА ТЫШҚАН ИТТЕЙ ЕТУ (Рес., Волг.) сүтке тиген күшіктей ету. *Мен де оны м ы с ы р ғ а т ы ш қ а н и т т е й е т і п отырмын* (Рес., Волг.).

МЫСЫ ШЫҒУ (Қ.орда, Жал.) аты шығу. *Осы колхозда істегеннен бері Жанайдың м ы с ы ш ы қ қ а н жігіт емес* (Қ.орда, Жал.).

МЫТТЫҚ (Қ.орда, Арал) арамза, залым. *Ол сенуге болмайтын м ы т т ы қ адам емес пе?* (Қ.орда, Арал).

МЫТЫЛУ (Рес., Волг.) ұмытылу. *Өй, м ы т ы л ы п қалды ғой* (Рес., Волг.).

МЫТЫРА Қ. мүтәрә.

МЫТЫС (Өзб.) метис (қой). *Мына м ы т ы с т ы бір туысым тойға әкелді* (Өзб.).

МЫШ ЕТПЕУ (Қ.орда) шімірікпеу.

МЫШҚИЮ (Қост., Аман.) мықшию. *Қамит м ы ш қ и ы п өспей қалды* (Қост., Аман.).

МЫШТАР Қ. мүштар.

МЫШЫҚ (Түрікм., Красн.; Қарақ.; Орал: Казт., Орда; Қ.орда: Арал, Сыр., Тер., Жал.; Өзб.: Там., Ташк.; Гур., Маңғ.; Қост.: Фед., Семиоз.; Алм., Шел.; Шымк., Шәу.; Ақт., Ырғ.) мысық. *Балаға м ы ш ы қ ұстатпа* (Орал, Орда). *Адалға тауық, арамға м ы ш ы г ы жоқ* (Мақал; Түрікм.). *М ы ш ы қ құсап от басында көзіңді жымып отырасың ба?* (Қарақ.). *Мейман алдында м ы ш ы г ы ң ы з д ы піш деме* (Мақал; Ташк.). Қ. пышық[2].

МІГІР (Орал, Орда; Гур.: Есб., Маңғ.) маза, тыным. *Ол бір м і г і р і жоқ адам* (Орал, Орда). *Ол м і г і р етпестен жұмыс жасады* (Гур., Есб.). *Оларда еш м і г і р жоқ* (Қ. Жұмал., Айқас, 32). *Не де болса хан аулының о шеті мен бұ шетінде күні-түні м і г і р жоқ, абырсабыр* (Ә. Кекіл., Үркер, 536).

МІГІРСІЗ (Гур.: Есб., Маңғ.; Орал, Орда) дамылсыз, тынымсыз. *М і г і р с і з науқан басталғалы бірнеше күн болды* (Гур., Есб.). *Ол анадай жердегі тау мен қаланы жалғастырып жатқан үлкен көшедегі м і г і р с і з тіршіліктің сарыны* (Ә. Кекіл., Құс қан, 224). Қ. міңірсіз.

МІГІРІШ ЕТУ (Рес., Волг.) келісу. Орыстың *магарыч* сөзінен шыққан (А. Тас., КД, 86).

МІДӘСІ ЖОҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) кегі жоқ. *Ол бір м і д ә с і ж о қ, адал адам* (Түрікм., Көнеүр.).

МІДЕ (Қар., Шет) күткен, ойлап жүрген нәрсе. *Көңілдегі м і д е ң бітіпті ғой* (Қар., Шет).

МІДУАРШЫЛЫҚ (Жамб., Мер.) адамгершілік. *Кінә таппай келді де жарып салды, жолдасы м і д у а р ш ы л ы қ остай ма екен* (Жамб., Мер.).

МІКІР (Рес., Волг.) мықыр, қортық. *Айттым гой жаңа, бір м і к і р бар, жетім қалған деп* (Рес., Волг.).

МІЛӘЛ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) күмәнды, шүбәлі, екі үшты. *М і л ә л сөз. М і л ә л нәрсе. Бұл айтқанымыз м і л ә л сез екен, бола қойса игі еді* (Қ.орда, Арал).

МІНАПАС[1] (Рес.: Волг., Қалм.) жуас. *Аузын ашпайтын м і н а п а с адам* (Рес., Қалм.).

МІНАПАС[2] Қ. мінәпас.

МІНӘЖӘТ ҚЫЛУ (Жамб., Шу) сұрау, тілеу. *М і н ә ж ә т қ ы п намаз оқып отырсың ба? – деді* (Жамб., Шу).

МІНӘЙІМ (Өзб., Ташк.) жұмсақ, жағымды. *Мінезі қандай м і н ө й і м !* (Өзб., Ташк.).

МІНӘПАЙЫСТА (Жамб., Қорд.) капылыста. *Бекежан м і н ә п а й ы с т а қолға түседі* (Жамб., Қорд.).

МІНӘПАС//МІНАПАС (Қ.орда, Арал) манифест. *Ол сол жылғы м і н ә п а с бойынша босанды* (Қ.орда, Арал). *Патшаның әйелі ұл тауыпты, соиымен байланысты патша м і н а п а с жариялап, коп адамның күнәсін кешіріп жатқаи көрінеді* (А. Жүб., Замана.).

МІНӘПӘС ЕТУ (Жезқ., Ұлы.) манифеспен босату. *Ол оны м і н ө п ә с е т і п жіберді* (Жезқ., Ұлы.).

МІНӘР (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) мұнара. *Қол да тимеді, сені м і н ә р г а апаратын* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қаракалпақша *мнар* (Рус.-карак. сл., 1967)]. Қ. мінәрә.

МІНӘРӘ (Өзб., Ташк.) мұнара. *М і н ә р ә н і ң тобесінен түсе алмайтын босаң, неге шығасың* (Өзб., Ташк.). Қ. мінәр.

МІНӘСӘР (Жамб., Мойын.; Шымк., Мақт.) жарасымды, үйлесімді. *Жайшылықта ажарына м і н ә с ә р жарасып түрган сұйкімді шұқыр ұрты суала қалыпты* (С. Омар., Қызыл.).

МІНӘСӘРЛІ (Жамб., Мойын.; Шымк., Мақт.) жарасымды, лайықты. *Мынау сізге м і н ә с ә р л і ұстара екен* (Жамб., Мойын.).

МІНӘСІП (Шығ. Қаз., Больш.; Өзб., Ташк.) лайық, жарасымды. *Өз бойыңа лайық м і н ә с і п іс қылмайсың ба, жоқ әлі жаспын деп жүрсің бе?* (Өзб. Ташк.). *Сәл нәрсеге шыжаландау Байсал бойына м і н ө с і п емес дұр* (Т. Әлімқ., Кол толғ.).

МІНӘСІҢ КӨРМЕУ (Шығ. Қаз., Больш.) лайық көрмеу.

[Арабша *мұнасиб* ыңғайлы, сайма-сай (Н. Онд., АҚТС, 1969)].

МІНБЕ (Гур., Тен.; Рес., Волг.) қайықтағы кісі отыратын орын. *М і н б е с і бар қайыққа мін* (Рес., Волг.).

МІНГІ (Түрікм., Красн.; Алм., Кег.) күнделікті мінетін ат-көлік. *Агай кешелі бері м і н г і с і н таба алмай, жаяу-жалпылап қалыпты* (Түрікм., Красн.). *Бұрынгы кезде чоп м і н г і с і н е гана өлчеп чабылатын* (Алм., Кег.). *Мінгі ат*-күнделікті мініп жүрген ат. *М і н г і а т т ы бір уақ тындырып* (қ.) *мінбесе, құмда көп жүре алмай болдырып қалады* (Түрікм., Красн.).

МІНГІ БІЛУ (Орал, Орда; Гур., Есб.) үйретілген, бас білетін. *Мына қоспақ м і н г і б і л е ме?* (Орал, Орда).

МІНІЙЕР Қ. мынайер.

МІНДӘР (Қ.орда, Қарм.) ертеде қайық тоқтауға арналған орын. *Қайық тоқтайтын орынды бұрын м і н д ө р деуші едік, бұл күнде қайық аузы деген сөз пайда болды* (Қ.орда, Қарм.). Қ. міндер[2].

МІНДЕКЕР (Қост., Жанг.) жалыныштары. *Үсембай менен елу сомды өзі м і н д е к е р болып алып еді, енді көпке созып бермейді* (Қост., Жанг.).

МІНДЕР[1] (Гур., Маңғ.) моланың үстіне тастан текшелеп қойылған белгі.

[Татарша *мендәр* жастық (Тат.-рус. сл., 1950)]. Қ. бес тас.

МІНДЕР[2] (Қ.орда, Арал) флот жоқ кезде қайыққа мінетін жер, көпір. *Қауыстың жағасында ескі уақыттағы бір м і н д е р бар екен* (Қ.орда, Арал). Қ. міндәр.

МІНДЕТ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) ұлт. *Түрікмен м і н д е т і миман алуға жақсы* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *миллет* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *миллат* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *миллет* (Узб.-карак. сл., 1947); ар. *міллеть* ұлт (Л. Буд., II, 252)].

МІНДЕТКЕ АЛУ (Акт., Ойыл; Гур., Маңғ.) кепілге алу. *Ыдырыс әлі Шымырбайды екі айға м і н д е т к е а л ы п т ы* (Акт., Ойыл).

МІНДЕТКЕР (Қост., Жанг.) міндетті.

МІНДЕТТЕМЕСІН ҮЗУ (МХР) міндетті жұмысын орындамау. *Соңғы екі жылда жарыс м і н д е т т е м е с і н ұ з г е н және төртіп бұзған* (МХР).

МІНЕЗІ КЕЛУ (Гур., Маңғ.) ашуы келу, ашулану. *Үй иесінің м і н е з і к е л і п отырганда, қонақта не жай болмақ* (Гур., Маңғ.).

МІНЕЙЕР (Жамб., Шу) мына жер. *Мінейерге таман келіңіздер* (Жамб., Шу). Қ. мынайер, мінійер.

МІНЕНДЕЙ (Гур., Маңғ.) кішкентай, минамдай. *Ерке алдыңғы жылмінендей неме еді, дырдай болып кетіпті* (Гур., Маңғ.).

МІНЕУ (Шығ. Қаз., Больш.) мынау.

МІНТ (ҚХР) құда түсе барғанда қыздың әкесіне міңгізетін ат («Сөз сан.»).

МІНТЕУ (Түрікм.) мінеу. *Жәумітбай біреуді мінтеп отырмаса, бойына ас батпайды* (Түрікм.).

МІНТТЕУ (Ақт., Ырғ.) бір нәрсенің үстіне қосалқы орнату. *Қаңтаргышты тәртеге мінттеймін* (Ақт., Ырғ.).

МІНІЙЕР Қ. мынайер.

МІНІКІШ (Әзб., Там.) мінеки. *Мінікіш, менің айтарым сендерге, – деп ага шопан оқушыларга қарады* (Өзб., Там.).

МІНІСКЕР[1] (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тахта) таныстық, үйірлік. *Сенің мына затпен мініскерлігің бар ма?* (Түрікм., Таш.). *Бұл араның теңізіне демінискерсің* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 112).

МІНІСКЕР[2] (Алм., Жам.; Жамб., Сар.) іскер, шебер. *Ол өте мініскер адам екен* (Алм., Жам.). Н. Ильминскийде ыңғайлылық, шеберлік мағынасында (Н. Ильм., Материалы..., 99).

МІНІТ ЕТУ (Рес., Орын.) мінгізу салты. *Әдия* (к.) *сыйлықтарынан басқа қара атанды дамініт етінті* (Орын., Бор.).

МІҢІРСІЗ (Гур.: Маңғ., Бақс.) тынымсыз, дамылсыз. *Жұмысты міңірсіз істейтін адамдар болады* (Гур., Маңғ.). Қ. мігірсіз.

МІР 1. (Алм.: Шел., Жам.; Жамб., Жам.) бақыр ақша. *Екі мірің бар ма?* (Алм., Шел.). 2. (Жамб., Сар.; Шымк., Шәу.) бес тиындық бақыр ақша. *Сен де бір тесік тассың мірге өтпеген* (Жамб., Сар.). Арыс сөйленісінде *мірі* болып айтылады.

МІР БАҚПАУ (Ақт., Ойыл) кірпік ілмеу. *Сол ауру баланы күзетіп, мір бақпай таң атқанша алысып шығамыз* (Ақг., Ойыл).

МІРЕТ ҚЫЛУ (Қарақ.) қонакка шақырып, күрмет көрсету. *Мен саган, шырагым, бүгін мірет қылып отырыппын, келіп кетің үйге* (Қарақ.).

[Қарақалпақша *мирәт етиу* қонакка шақыру (Рус.-карак. сл., 1967, 69)].

МІРЕУ (Солт. Қаз.) біреу.

МІРИТТЕЙ (Гур., Есб.) кішкентай. *Жас үйдің бұрышында міриттей боп тұратын* (Гур., Есб.).

МІРКӘМ (Қост.: Жанг., Торғ.) дімкәс. *Бұл биенің аягы міркәм* (Қост., Жанг.).

МІСӘЛ (Жамб., Шу) мысал. *Сізге мен бір місәл қып айтайын* (Жамб., Шу).

МІСКЕРЧІЛІК (Жамб., Шу) мыскершілік. *Менің қолымнан мискерчілікте келеді* (Жамб., Шу).

МІСКІН (Шымк.) мүскін. *Міскін мен мұқтаждарга сол жерде үш қалта «садага» деп алтын шашты* (Т. Ізт., Рус. дас., 105). *Алгашқы күндері осындай міскін сезімдер жанын шымшылаганда алқымына жас тығылатын* («Жұлдыз», №10, 1988, 32). *Алмагүлдің ойынша Шырынгүл күйеуі оліп, бақыты күйген міскін адам* (С. Омар., Өмір асу.).

МІТЕГЕН (Қарақ.) шіркей. *Жазда мітеген деген болады көзіңді ашсаң түседі* (Қарақ.).

МІШТӘР Қ. мүштар.

МЯҢЗІСІН ТҮСІРУ (ҚХР) беделін түсіру, бетіне кір келтіру, үятқа қалдыру. *Мен сенің мяңзіңді түсіретін де іс істеген жоқпын* (ҚХР).

Н

НАБАҚТЫ (Сем.: Кокп., Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.) абакты, түрме.

НАБЕС (Павл., Леб.) есіктің топсасы.

НАБШАТЫР (Шымк., Мақт.) мүсәтір. Орысша *нашатырный спирт*.

НАБЫТ БОЛУ (Жамб., Шу; Алм., Кег.; Шымк., Мақт.) апат болу, қырылып қалу. *Шамамыз келмей қалса, өзіміз набыт болып кетерміз депті* (Жамб., Шу). *Кеше қарақұйрық қуамын деп бір машина адам набыт болып кетіпті гой. Набыт болмай келген екен* (Алм., Кег.).

[Парсыша *набуд* жоқ болу, бүлік, бүліншілік (Пер.-рус. сл., 1983)].

НАВАЗ ЖАСАУ (Алм., Кег.) коп боқтық тогу. *Жазгытұрым егіндік жерге наваз жасалды* (Алм., Кег.) Орыс тіліндегі *навоз* сөзі болу керек.

НАВЫТ Қ. мавыт.

НАГАН (Қ.орда, Арал) кейде, сирек. *Бұл жерде шөп нагаи шыгады* (Қ.орда, Арал).

НАГӨЙЛІК (Гур., Маңғ.) аудың қазығын жерге енгізу үшін пайдаланатын бір қапталы жырық труба тәрізді қуыс темір. *Нагөйлiксiз құрма аудың қадаларын су астындагы жерге енгізу қиын* (Гур., Маңғ.).

НАҒЛИ (Қост., Жанг.) самаурынның астына қоятын поднос. *Н а ғ л и д і әперші, самауырынның астына қояйын* (Қост., Жанг.).

НАҒМАН (Қ.орда, Қарм.) беймәлім, белгісіз. *Оның істер істемесі н а ғ м а н болып жатқан шығар* (Қ.орда, Қарм.).

НАҒЫЗ (Жамб.: Луг., Мойын.) жақсы, тым жақсы. *Ар жақтың жері н а ғ ы з болады* (Жамб., Луг.). *Музыкасы да н а ғ ы з екен* (Жамб., Мойын.).

НАДАЙЫ (Жамб., Мойын.) надан. *Біз өзіміз оқымаған н а д а й ы адамбыз, балам* (Жамб., Мойын.).

НАДРҰС (Қост., Жанг.) жарымес, нақұрыс. *Осының озі н а д р ұ с боп кеткен шығар* (Қост., Жанг.).

НАДЫЖДА (Қ.орда, Арал) әлдеқалай. *Магазинге н а д ы ж д а кіре қалсаң, ішінде халық толып тұрғаиыи көремін* (Қ.орда, Арал).

НАДЫР (Гур., Есб.) асау. *Кейбір н а д ы р жылқылар үйреткенде тебеді* (Гур., Есб.).

НАЗА (Гур., Маңғ.) реніш, кейіс, нала. *Күйеу мен жиеннің н а з а с ы жаман дейтін еді, н а з а с ы н а қалдық білем* (Ә. Кекіл., Құс кан., 68).

НАЗАР (Гур., Маңғ.) адамның беті, бет жағы. *Н а з а р ы м томен түсе құладым. Сол түні үйықтап жатқанда Ғайыптан келіп қасыма Бір қара кісі қомдады Н а з а р ы м д ы байқап аңдады* (Қашаған ақын.).

НАЗАР АДАМ (Қ.орда, Арал) айтқаны келетін шайқы адам. *Мынау н а з а р келді, байқаңдар, реніші жақсы болмайды* (Қ.орда, Арал).

НАЗАРАТ (Шығ. Қаз., Зайс.) министрлік, үлкен дәрежелі мекеме. *Ол ақша н а з а р а т ы н д а жұмыс істеген* (Шығ. Қаз., Зайс.).

НАЗАР БЕНДЕ (Ауғ.; Ир.) тұтқын.

НАЗАР ҚОРҒАУ (ҚХР) назарын аудару.

НАЗАР ТӨРІНДЕ БОЛУ (МХР) көңілінде болу, есінде болу. *Әсіресе, малшыларга корсетілетін сауда, тұрмыстық, дәрігери және мәдени даяшылықты тұрақты болдыру п а з а р т о р і н д е б о л у г а тиіс* («Ж. омір», 8.08.1987).

НАЗАР ТӨРІНЕН ОРЫН БЕРУ (МХР) көңіл аудару. *Сонымен бірге бұл жөнінде кезегі келген міндеттер мен толық шешілмеген мәселелер, қиындықтар аз емес екендігіне біз н а з а р т о р і н е н о р ы н б е р у г е тиіспіз* («Ж. омір», 25.05.1987).

НАЗАРЫ ҚАЙТПАУ (Гур., Маңғ.) беті қайтпау.

НАЗАРЫНДА ҚАЛМАУ (Қост., Арқ.) ықыласына, назарына қалмау. *Жиенді өкпелетіп н а з а р ы н д а қ а л м а* (Қост., Арқ.).

НАЗАРЫН СЫНДЫРУ (Гур., Маңғ.) беті қайтпау, жерге қарату. *Баланың н а з а р ы н с ы н д ы р м а, сұраған затын бер* (Гур., Маңғ.).

НАЗЫБАЙГҰЛ (Қарақ.) бақшаның ішіне егілетін иісті гүл.

НАЗЫМАУ (Алм., Еңб. қаз.) жалықпау. *Ол жігіт н а з ы м а й сөйлеп бәрін айтып береді* (Алм., Еңб. қаз.).

НАЗЫН (Қост., Об.) сұлу. *Мына әйел бала өте н а з ы н екен* (Қост., Об.).

НАЗЫРҚАУ (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал). жатырқау. *Кісі кәрмеген адамдар емеспіз, танымастықта н а з ы р қ а м а й м ы з* (Гур., Маңғ.). *Жуктің қасында н а з ы р қ а п мұңайган пішінде ұзын бойлы арық қызбен екі латыш әйелі бүрісіп тұрды* (Ә. Нүрп., Курл., 295).

НАЙ[1] (МХР; Тау., Қош.) мұштек. *Ұранхайдарша н а й тарту* (МХР). *Шылымды н а й м е н тартқан жақсы* (Тау., Қош.). *Пиұу дейтін мұштегі бар н а й д ы уақытша қолдануга алдым* (Д. Нав., Тау құп., 79). *Хомдон шалдың н а й ы мен әшекей пышағын қолга түсіру үшін машина үстіне қатар отырып, оның қоржын-қопсығын машинага артып, түсіріп шалга жапты* (Д. Нав., Тау құп., 29). *Жастар н а й тартудың да ретін білмейді* («Жұлдыз», 1987, №11).

НАЙ[2] (Өзб., Ташк.) өте. *Н а й семіз қой екен* (Әзб., Ташк.).

НАЙЗАҚАРА (Қ.орда, Қарм.) бойы бір метр, түсі коңыр, сабағы бүршікті, қауылдырықсыз, тақырға шығатын ащы шөп. *Н а й з а қ а р а н ы түйеден басқа мал жемейді* (Қ.орда, Қарм.).

НАЙЗА ЛАҚТЫРУ (Ауғ.; Ир.) жіпке секіріп ойнау.

НАЙЗА ОРКЕШ (Қ.орда, Қарм.) ұшы үшкірлеу келген, ұзын, тік айыр өркеш.

НАЙЗА ҰШЫН ҚАРАТУ (ҚХР) шабуыл жасайтын нысана ету, соқтығар қараға, тиісер объектіге айналдыру.

НАЙҚАЛЫП-ШАЙҚАЛЫП (Көкш.: Щуч., Еңб.) ыргалып-жыргалып. *Ол әлі н а й қ а л ы п-ш а й қ а л ы п болган жоқ* (Көкш., Щуч.). *Ахмет үйінен н а й қ а л ы п-ш а й қ а л ы п шыққанша біздер қырдан асып кеттік* (Көкш., Еңб.).

НАЙҚАНДАУ (Қар., Қарқ.; Шымк., Түркіс.) шайқау.

НАЙМАН (Қарақ.) жүгері.

НАЙМАН ТЫМАҚ (МХР) төбесі жалпақ, арт жағындағы желкелігі шолақ, құлақшынды бас киім.

НАЙСАП (Қарақ., Тақт.) жексұрын, оңбаған. *Ол өзі бір н а й с а п адам* (Қарақ., Тақт.). *Әй, кім де болсаң бері шық! Шық, малғын! – деп ақырып жіберді ол есікті қамшымен бір тартып, – ой, н а й с а п, аруақты қорлап, қарашы мұның!* (А. Нұрм., Құл. аж., 31).

НАЙША[1] (Қарақ.) кішкене құлып. *Кішкене шай аршаның н а й ш а с ы н ашып жіберің, шәй-қант алалы* (Қарақ.).

НАЙША[2] Қ. нәйша.

НАҚ[1] (Жамб.) бір нәрсеиің тазасы (кобінесе қымыздың, сүттің, т.б.), араласпаған түрі. *Бүгін біз н а қ қымыз іштік* (Жамб.).

НАҚ[2] (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары) қолма-қол. *Қарағым, осы хатты Нәсудің өзіне н а қ тапсыр* (Түрікм., Небид.). *11000 сомға жазыламын да, ақшасын н а қ төлеймін деп айтып, 11000 сом ақшаны сол жерде н а қ санап береді* («Жүм-шы», 18.05.1945).

НАҚ[3] (Қ.орда, Арал) дәл, шын, рас. *Ол барса н а ғ ы н айтады, басқалардай емес* (Қ.орда, Арал).

НАҚА (Қост.: Жанг., Об.; Жезқ., Ұлы.; Қ.орда: Сыр., Жал.) тіпті болмаса, қалайда, нағыз. *Осы бала н а қ а тексіз болмаса, жаман болмас еді* (Қост., Жанг.). *Сен ол сазды н а қ а білмейсің* (Қост., Об.). *Н а қ а қызыл екен* (Жезқ., Ұлы.). *Сен бала жылда осы шаққа келесің, онан да көшіп келсейші н а қ а* (Қ.орда, Жал.). *Н а қ а болмаса, уездік қалаға шейін ала барамын* (Б. Майл., Шығ., V, 151). *Н а қ а түсінбесең, мені үйіңе шақыр, миыңа құйып берейін – деді* (Б. Майл., Шығ., V, 286).

НАҚАЛ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Таш., Тедж.; Шымк., Мақт.) мақал, нақыл. *Сендерге ақыл айта алмаспыз, тек бір ауыз н а қ а л ғана айтпасақ* (Түрікм., Красн.). *Ой, ...қарағым қайным-ай, «ымға түсінбеген, дымға түсінбейді» деген қазақтың н а қ а л ы осы-ау* («Жүм-шы», 22.08.1939). *Бұл күнде н а қ а л д а п сөйлейтін кісі аз* (Шымк., Мақт.).

НАҚПА-НАҚ (Түрікм.: Ашх., Тедж., Мары, Конеүр., Таш.; Ақт., Шалқ.) шақ, дәлмедәл, түп-тура. *Жасыл пинка* (к.) *салғаны н а қ п а-н а қ, киіп көрші* (Түрікм., Тедж.). *Ол сөзді н а қ п а-н а қ айтады* (Ақт., Шалқ.)

НАҚСУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) ішуге арналған таза ауыз су. *Шүйдің суы – н а қ с у* (Тау., Қош.).

НАҚТАЙ (Қ.орда, Арал) қолма-қол.

НАҚУ ОҚУ (Павл., Ерт.) ескі оқу. *Молдалар н а қ у о қ у м е н бас қатырар еді* (Павл., Ерт.).

НАҚЫЛИЯТ (Қ.орда, Қарм.) нақыл, афоризм. *Бұл Абайдың н а қ ы л и я т ы и д а да бар ғой* (Қ.орда, Қарм.).

НАҚЫРА (Қарақ.) үлкен, ұзын сырнай. *Н а қ ы р а тартқызып 30 күн ойын, 40 күн тойын жасады* (Қарақ.).

НАҚЫС (Рес., Орын.) кішкене бел, асу, жал. *Тайыншақ осы н а қ ы с т ы ң астында ғана тұр еді ғой* (Рсс., Орын.).

НАЛ (Жамб., Жуа.) дымқыл, ылғал. *Жердің н а л ы н кептірмеу үшін тұқымды іле-шала шашамыз* (Жамб., Жуа.).

НАЛИГЕШ (Орал, Орда) бас жіп (ор. *налыгач*). *Өгіздің н а л и г е ш і н е ие бол шырағым* (Орал, Орда).

НАЛЫҚ[1] (Орал, Казт.) екі жегулі өгіздің басын байлайтын шынжыр. *Н а л ы қ өгіздің басында, өгізді н а л ы қ п е н жетекте* (Орал, Казт.). *Мынау өгіздің н а л ы г ы жоқ* (Орал, Казт.).

НАЛЫҚ[2] (Гур., Маңг.) қайғы, қасірет, уаіым. *Назары төмен, кеуілінде бір н а л ы қ бар-ау* (Гур., Маңг.).

НАЛЫС (Қ.орда: Жал., Қарм.) налу, уайым. *Көрінген нәрсені н а л ы с қылуға болмайды* (Қ.орда, Жал.). *Атамның жүзінде ауыр п а л ы с ізі бар, шүңірек қой көздерін шана үстіндегі оліктен аудармай ауыр ойға шомыпты* (Қ.орда, Жал.).

НАМ[1] (Алм., Шел.; Қ.орда, Арал; Жамб., Жам.) ат, есім. *Сіздің н а м ы ң ы з кім?* (Алм., Шел.).

НАМ[2] (Шымк.: Сайр., Түлк.) ылғал, дым, дымқыл. *Жердің н а м ы кеппей салған егін жақсы шығады* (Шымк., Түлк.). *Жердің н а м ы н кептірмеу үшін, тұқымды ерте шашамыз* (Шымк., Сайр.). *Мұның үстінде жердің н а м ы н өзіне қалдырып сақтау үшін, жерді сұғару жұмысы қолға алынды* («Кол-шы», №10, 1936). Қ. нам.

НАМ[3] (Жамб., Жам.) қызылшаның жарамсыз қалдығы. *Н а м д ы жылда алып тұрамыз* (Жамб., Жам.).

НАМА[1] (Жамб., Шу) хат. *Кешікпей н а м а жазып жіберіпсіз, ұрынып біреу сізді қинағандай. Қолында әркімнің бір н а м а с ы бар, н а м а соңынан келгеннің бағы ашылар* (Жамб., Шу).

НАМА[2] (Шымк., Мақт.) баян. *Біз қызылбұрышқа н а м а сатып алдық. Менің балам н а м а н ы жақсы тартады* (Шымк., Мақт.).

НАМА[3] (Қ.орда, Арал) иұсқау, жоба. *Осылай істе деп п а м а берді* (Қ.орда, Арал).

НАМА АЛУ (Қарақ.) тойда отырғанда біреудің күрметіне арнап ән салу. *Жиенің үшін бір н а м а а л ы п жібермейсің бе?* (Қарақ.).

НАМАЗДЫҚ (Көкш., Қ.ту; Павл., Ерт.) мәсінің сірісі. *Мәсінің н а м а з д ы г ы сөгітіліп кетіпті* (Кокш., Қ.ту). *Айымбеттің мәсісінің н а м а з д ы г ы жыртылыпты, соны тігіп отыр* (Павл., Ерт.).

НАМАЗЖАЙ (Қ.орда, Арал) мешітте намаз оқитын орын, намаз оқудың мезгілі, жағдайы. *Діншілер мешітте намазды н а м а з ж а й д а оқиды* (Қ.орда, Арал).

НАМАЗҚОЙ (Сем., Аяг.) намазшыл. *Жаман неменің и а м а з қ о й ы н қара* (Сем., Аяг.).

НАМҚОС (Өзб.: Ташк., Бух.) жарымес, есалаң. *Баланың жас шағында миы шамалдап, н а м қ о с болып қалды* (Өзб., Бух.).

НАМЫТ (Қост., Жанг.) апат, шығын. *Боран соғып үйлерді жығып үлкен н а м ы т болды* (Қост., Жанг.). *Қарсы келсе, ел н а м ы т болады. Ел ішінде соғыс шығарып, жас балаиы найзаның ұшына ілгізудің жоні жоқ* (Б. Майл., Шығ.).

НАМЫТА (Жсзқ.: Ұлы., Жез.) бүліншілік, шапқыншылық, әбігершілік. *Бұрынғы кезде әйдік барымтаның арты н а м ы т а г а айналған* (Жсзқ., Жез.).

НАМЫТ БОЛУ (Қост.: Семиоз., Фед.) тасқын болу. *Кішкене болғанмен үй өзені тасыса, кей жылдары коп жерлер н а м ы т б о л д ы* (Қост., Фед.).

НАН АҒАШ (Қост., Жанг.) оқтау. *Н а н а г а ш керегенің көгінде қыстырулы тұр* (Қост., Жанг.).

НАНБАЙ (Қ.орда, Арал) наубайхана. *Н а н б а й д а істегеніне талай жыл болды* (Қ.орда, Арал).

НАНБАЙШЫ 1. (Қ.орда, Арал) наубайшы, нан сатушы. *Н а н б а й ш ы л а р базарда нанын сатып болып үйіне келді* (Қ.орда, Арал). 2. (Ауғ.; Ир.) нан жабатын адам.

НАНДАНУ (Кокш., Қ.ту; Павл., Ерт.) бидай бас тартқан соң, сүтінің қата бастауы. *Биыл күн ыстық болып, бидай ерте н а н д а н д ы* (Көкш., Қ.ту).

НАНДЫҚ (Маң.; Орал) нанғыш, сенгіш. *Мен н а н д ы қ п ы н, не айтсаңда нана беремін. Әкемде н а н д ы қ еді* (Орал, Орда).

НАНДЫ ЫСУ (Рес., Омбы) нанды жаю, қамырды жаю. *Біздің ауылда н а н д ы ы с а д ы дейді* (Рес., Омбы).

НАН ЖАБУ (Шымк., Түлк.) нан пісіру. *Н а н ж а п т ы ң ба?* (Шымк., Түлк.).

НАН ЖАЙҒЫШ (Рес.: Астр., Сарат.) нан жаятын тақтай.

НАН ЖАППАЙ//ҚАЗАН ЖАППАЙ (Қарақ.) қамырды қазан ішіне толтыра жабыстырып, жерге қазылған ошақтың бетіне қазанды тоңкеріп пісірілетін нан.

НАНКЕСЕР (Түрікм., Таш.) нан турайтын, кеспе кесетін пышақ. *Бастық н а н к е с е р м е н* былпылдап *тұрған бөлкені кесе бастады* (Түрікм., Таш.).

НАН ҚАЛАҚ (Қост., Аман.) тесік ожау. *Н а н қ а л а қ т ы алып қой* (Қост., Аман.).

НАН САЛМА (Түрікм., Таш.) 1. ет наны. *Етінің н а н с а л м а с ы аз екен, құр ет онша желінбеді* (Түрікм., Таш.). 2. (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) кеспе. *Бүгін кешке н а н с а л м а істеші* (Қост., Жанг.). *Н а н с а л м а дегенің беріде шыққан ас қой, біз әріде наныңмен сирек істес болған елміз* (Гур., Маңғ.).

НАНСОРПА (Қарақ.) етті турап, картоп, т.б. қосып, піскеннен кейін ішіне тандыр нан турап ішетін тағамның түрі.

НАН СҰЗГІ (Шымк., Түлк.) сүзгі. *Жамал, н а н с ұ з г і н і қайда қойдың?* (Шымк., Түлк.).

НАН СҰРҒІШ (Жамб., Тал.) нан жайғыш тақтай. *Сіздің н а н с ұ р ғ і ш Дүйсеннің үйінде* (Жамб., Тал.).

НАН ТАҚТА (Қарақ.) нанды ысып, жаятын тақтай. Қ. астақта.

НАН ТАҚТАЙ (Ақт.: Ырғ., Шалқ.; Қ.орда: Арал, Қаз.; Түрікм., Небид.; Павл., Ерт.) нан жаятын тақтай. *Көршіден н а н т а қ т а й әкелейін* (Ақт., Ырғ.). *Еттің қамырын н а н т а қ т а й г а жаяды* (Павл., Ерт.).

НАНТАЛАП (Қост., Жанг.) талапты. *Ол д а н а н т а л а п жігіттің бірі еді гой* (Қост., Жанг.).

НАН ТҰЗДЫҚ (Шымк., Кел.) суды майменқосып үстіне нан есіп салу. *Ақ майың болса н а н т ұ з д ы қ қыл* (Шымк., Кел.).

НАН ТҰРЫШ (Қ.орда: Жал., Қарм.) ашытқы. *Мына қамырыңнан н а н т ұ р ы ш қалдыр, ертең нан ашытайын деп едім* (Қ.орда, Қарм.).

НАНТІКЕШ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) тандырға жабатын тоқаштардың бетіне әрнек салатын құрал. *Н а н т і к е ш і ң д і әкел, тоқаш бетіне тездетіп өрнек салып алайын* (Түрікм., Таш.).

НАНЫ ГӨШ (Қарақ.) қауынның бір түрі.

НАН ЫСҚЫШ[1] (Түрікм., Красн.) оқтау. *Өзі қаттылау, тұзу агаш екен, бекер қалмасын деп н а н ы с қ ы ш жасап алдық* (Түрікм., Красн.).

НАН ЫСҚЫШ[2] (Рес., Омбы) еттің нанының астына жаятын ағаш. *Қазақстанның оңтүстік облыстарында н а н ы с қ ы ш т ы нан тақтай деп атайды* (Рес., Омбы).

НАН ЫСУ (Қост.: Аман., Жанг.; Кокш.: Щуч., Енб.; Маң.) нан жаю. *Етке н а н ы с ы п салайын* (Қост., Жанг.). *Н а н д ы тез ы с ы п бол* (Қост., Аман.). *Тезірек н а н ы с ы п жіберің* (Маң.).

НАНЫШ (Түрікм.: Таш., Байр., Тахта, Көнеүр.) сенім. *Ойбай-ау, сенің сол сөзіңе н а н ы ш еттім* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *ынанч* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *инониш* (Узб.-рус. сл., 1959)].

НАПАҚАЛАУ (Жезқ., Ұлы.) талау, қорлау. *Бұл Айманды н а п а қ а л а у гой* (Жезқ., Ұлы.).

НАПИТ БОЛУ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Арал) көп қырғынға үшырау, қырылу. *Сол соғыста көп адам н а п и т б о л д ы* (Қ.орда, Қарм.). *Шыдамай бәріде н а п и т б о л ы п өлді* (Қ.орда, Арал).

[Үйғырша *набут* (Уйг.-рус. сл., 1961, 135)].

НАР[1] (Рес., Орын.; Павл., Ерт.) тақтайдан жасалған астық құйып қоятын жер. *Тақтай табылмаса кірпіштен н а р жасап аламыз* (Рес., Орын.). *Астық н а р д а сақталады* (Павл., Ерт.).

НАР[2] (Рес., Сарат.) еш. *Шофер н а р жүзу білмеймін деді* (Рес., Сарат.).

НАРАУ[1] (Сем., Үрж.; Шығ. Қаз., Зайс.) жүдеу, нашар. *Қап, әттеген-ай мынау жылқы өте н а р а у екен* (Сем., Үрж.). *Сен н а р а у с ы ң гой, сырқаттанып отырмысың* (Шығ. Қаз., Зайс.).

НАРАУ[2] (МХР) көңілсіз. *Я, тарау болған соң-ақ н а р а у болады. Іске қашан кірісесің* (М. Құрман., 65).

НАРАУЛЫҚ (МХР) көңілсіздік. *Мен осы н а р а у л ы қ т ы тастап тездетсек деймін. Уақыт зымырап барады* (М. Құрман., 30).

НАР БЕТЕГЕ (Қ.орда, Жал.) биік болып өсетін бетеге түрі. *Н а р б е т е г е сай-сайда, суы қанық шабындықтарда өседі* (Қ.орда, Жал.).

НАР БОТА (Қ.орда, Жал.) аруана мен бура, айыр інген мен үлектен туылған бірінші буданның бір жасқа дейінгі атауы.

НАРҒЫ (Жамб., Окт.) арғы. *Ауылдың сиырлары судың н а р ғ ы бетінде жүр* (Жамб., Окт.).

НАРДЫБЕС (Гур., Маңғ.) желдің бағыты.

НАРЕЛ (Алм., Балқ.) жылымның қанатын бір үкіден (қ.) екінші үкіге айдап отыратын түзу ағаш. *Н ә р е л с і з сүзекі* (қ.) *тартуға болмайды* (Алм., Балқ.). *Н а р е л д і бір ойықтан екінші ойыққа тура апармасаң мұздың астыңғы қабатынан іздеп әуре боласың* («Лен. жас», 25.02.1964).

НАРЗЫМАЙТЫН (Алм., Кег.) оңбайтын. *Ой, ол бір н а р з ы м а й т ы н кісі* (Алм., Кег.).

НАРИЗА (Қ.орда, Арал; Жамб., Шу; Қарақ.) наразы, риза емес. *Олар бірдеи н а р и з а л ы қ білдірді* (Қ.орда, Арал). *Н а р и з а боп әділетсіздік заманға* (Жамб., Шу). *Бақберген оның ісіне н а р и з а болып, қатты ашуланған көрінеді* (Қарақ.). *Ток сұлу Мәуленнің екінші әйел алуына н а р и з а* («Колх. екп.», 23.06.1938).

НАРКӨЗ (Ақт., Ырғ.; Қ.орда: Қарм., Арал) кішкене тостаған. *Әже, менім оз н а р к о з і м е құйып айран беріңізші* (Ақт., Ырғ.). *Мынау балаңа арнап алған н а р к о з і ң бе?* (Қ.орда, Қарм.).

НАРКҮМІС (Шығ. Қаз., Больш.) сынаптың қалдығынан жасалған бағалы зат. *Н а р к ү м і с дәрі орнына пайдаланылады* (Шығ. Қаз., Больш.).

НАРҚАБЫҚ (Қарақ.) тал ағаштың қабығы. *Н а р қ а б ы қ т а н қайнатылып бояу жасалады* (Қарақ.).

НАРҚАҚПА (Орал, Орда) биік қақпа. *Сүйекпен нақышталған әр қапталы Абайдың ағаш үйі н а р қ а қ п а л ы* (Х. Ерғ., Құр.).

НАРҚАМЫС (Қ.орда, Сыр.) сай-саладағы су ішінде, кол жағасында оскен қамыс.

НАРҚОБЫЗ (Қ.орда, Жал.) биіктігі де, озге тетіктері де басқалардан ірі және шанағын, кейде ішегінің бірін түйе көнінен істейтін коне қыл қобыздардың бір түрі.

НАРҚОСПАҚ (Өзб.) жатық өркешті түйе.

НАРҚЫЗЫЛ (Шымк.: Сайр., Түлк.) кішкене қызыл бидай. *Н а р қ ы з ы л бидай тез піседі* (Шымк., Сайр.).

НАР МАЯ (Қ.орда, Қарм.) біртуманың, кей жерлерде кердері нардың да ұрғашысы.

НАР ОРКЕШ (Қ.орда, Қарм.) аруана, лок, желмая және нар түйслердің оркештеріне тән жалғыз оркеш ұғымындағы ортақ атау.

НАР ӨРКЕШ БОРІК (Қ.орда, Арал) тобесін нардың оркеші тәрізді имслеп, алды-артын текшелеу етіп тіккен елтірі борік.

НАРПОЗ (Гур., Маңғ.) бұлақтың, арықтың бойына шығатын иісті шоп. *Бұлақ басына кеп жарасын жуып, үстіне исі күңірсіген н а р п о з д ы ң жапырағын жуып, таңып салды* (Ә. Кекіл., Үркер, 560).

НАРПЫЗ (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.; Гур., Маңғ.) сай-салалы жерде осетін бояулы шөп.

[Түрікменше *нарпыз* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

НАРСАЛМА (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) шығырдың науасынан басталған үлкен арық.

НАРСАМАУЫР (Қ.орда, Жал.) той-думанда пайдаланатын үлкен самаурын.

НАРСЕЛЕУ (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Жеб.; Гур., Маңғ.) ұзындығы 60 см-дей бұтағы қатты, басы ағарып, желпілдеп тұратын осімдік.

НАРУАН (Қ.орда, Арал) түйеге ұзақ жолға шығарда жүк артуды жеңілдету және уақыт үту үшін арнайы жасалған ағаш саты.

НАРУАН ШЕЛЕК Қ. түйе шелек.

НАРШАНЫ АЛУ (Қост., Аман.) мазаны алу. *Күләш келіп отырып алып, наршамды алды* (Қост., Аман.).

НАР ШЫНЖЫР (Қ.орда, Жал.) мықтылығы да, игілігі де нардың мықтылығындай, үзілмейтін шынжыр түрі.

НАРЫМДАУ (Ақт., Ырғ.) нормалау, нормамен беру. *Колхоздың нарымдап берген планын орындаймыз* (Ақт., Ырғ.). Орыс тіліндегі *норма* сөзі болу керек.

НАРЫН (Жамб.: Мер., Шу, Луг.; Қ.орда: Сыр., Жал.) етін де, нанын да ұсақ етіп тураған ет. *Нарынға қара бұрыш, айран қосады* (Жамб., Мер.). *Нарын – бұл елдің ең жақсы тамағы, тек сыйлы қонаққа ғана береді* (Қ.орда, Сыр.).

[Қырғызша *нарын* ұсақ туралған ет (Кирг.-рус. сл., 1965, 314)].

НАС[1] (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тахта, Мары, Тедж.) насыбай. *Біздің жақта жастардың біразы нас атады* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *нас* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *нос* (Узб.-рус. сл., 1959)].

НАСАҚ (Қ.орда, Арал) үят, ар. *Насағы бар адамға кез болсаң, еш нәрсең жоғалмайды* (Қ.орда, Арал).

НАС БЕРЕ СӨЙЛЕУ (Қост., Торг.) біреуді ілгіштеп, қағытып сөйлеу.

НАСИАТ (Шымк., Түркіс.) өсиет. *Бұл бізден сізге насиат* (Шымк., Түркіс.).

НАСИЕТ (Қ.орда, Арал) насихат.

НАСКӘДІ (Түрікм.: Таш., Конеүр., Ашх.) насыбай шақша жасайтын қауақ. *Наскәді кішкене болады* (Түрікм., Таш.).

НАСҚАБАҚ (Шымк., Түркіс.) асқабақтың түрі. *Насқабақта витамин коп болады* (Шымк., Түркіс.).

НАСҚАУАҚ (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта, Тедж., Байр., Мары) оте кішкене болып осетін асқабақ түрі. Оның қабығын көбіне насыбайға шақша үшін қолданады.

НАССАҚ (Қ.орда, Арал) үят, ар.

НАСТЕЛКЕ (Қост.: Фед., Семиоз.) ысырма, сырма, шөп ысырғыш құрал. *Шөпті настелкемен ысырамыз* (Қост., Семиоз.).

НАСТЫ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) әдет-ғұрып, қалып, қазақшылық. *Настымызды жою оңай емес-ау* (Түрікм., Көнеүр.).

НАСЫБАЙ КЕЛІ (Алм., Кег.) насыбай үгуге арнап ағаштан жасалған кішірек шұңғыл ыдыс. *Әке, насыбай келіні алып берші* (Алм., Кег.). *Темекіні насыбай келіге салып үккін де, үстіне күл қосқын* (Алм., Кег.).

НАСЫБАЙҚАБАҚ (Қарақ., Қон.) насыбай салу үшін егілетін қабақтың бір түрі. *Қалтаңнан насыбай қабағыңды ал, менікі үйде умытылып қалып қойыпты* (Қарақ., Қон.).

НАСЫБАЙ ТОСТАҒАН (Рес., Орын.; Ақт.: Байғ., Ырғ.; Маң., Шев.) насыбай үгетін ағаш ыдыс. *Насыбай тостағаным нан айырылып отырғаным, керек еді* (Ақт., Байғ.). *Насыбай тостағандағы темекіні ұқала* (Маң., Шев.). *Әй, Ақсүйрік! Ақсүйрік деймін! Насыбай тостағаным қайда, күрек қайда?* (Б. Майл., Шығ., IV, 293.).

НАСЫБАЙ ЧЕЛЕК (Алм., Нар.) насыбай үккіш. *Әке, ана насыбай челекті әперші* (Алм., Нар.).

НАСЫБАЙ ШИША (Шымк., Мақт.) насыбай салатын шыны. *Насыбай шишаның тығынын түсіріп алдым* (Шымк., Мақт.).

НАСЫР КӨЖЕ (Жамб.: Тал., Сар.) кеспе. *Кеше қонаққа ет таба алмай насыр көже істеп бердік* (Жамб., Тал.).

НАТЫҚ (Қ.орда, Арал) нәсілі жаман. *Базарбай натық адам ғой, ол әр түрлі жамандық жасауға ұялмас* (Қ.орда, Арал).

НАУ[1] (Қост., Об.) ірі. *Ол әмен нау атқа мінеді* (Қост., Об.). *Бұршік жарып келе жатқан қара діңгек нау дарақтар жым-жырт мұлгулі* (Ш. Мұрт., Инт. наны, 332).

НАУ[2] (Өзб., Ташк.) жуан ағаштан ойып не тақтадан қалап жасаған су ағатын арықша.

НАУА[1] (Жамб., Мойын.) су диірменіндегі су ағатын тақтайдан жасалған арықша.

НАУА[2] (Шығ. Қаз., Зайс.) мылтықтың коробкасы (оқ салатын жері). *Мылтықтың науасына оқ салынады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

НАУА[3] (Қар., Қарқ.; Қ.орда, Арал; Алм., Кег.) астау, мал су ішетін астау. *Құдықтан*

н а у а г а су құй, мал су ішсін (Қ.орда, Арал). *Н а у а г а жем сап қой, кешке атқа береміз* (Алм., Кег.).

НАУА АРБА (Шығ. Қаз., Больш.) жәшікті арба. *Н а у а а р б а өте ыңғайлы гой* (Шығ. Қаз., Больш.).

НАУАДА (Қ.орда, Қарм.) сирек, андасанда. *Қырғи тек н а у а д а ғана болмаса, біздің жерде көп кездесе бермейді* (Қ.орда, Қарм.).

НАУАДАЙ ҚҰЮ (Гур., Маңғ.) шелектеп құю. *Күн н а у а д а й қ ұ й ы п жауып тұр* (Гур., Маңғ.).

НАУАН[1] (Орал, Чап.; Гур., Бақс.) бекер, бос. *Ол н а у а н жүріске үйір* (Орал, Чап.). *Жасымызда н а у а н жүріске үйір болмай, еңбекке араластық* (Гур., Бақс.).

НАУАН[2] (Алм., Кег.) үлкен, биік. *Бұл ара толған н а у а н тау гой, әке* (Алм., Кег.).

НАУАТ БОЛУ (Павл., Баян.) сыну, қирау. *Асанның шәйнегі қолдан түсіп н а у а т б о л д ы* (Павл., Баян.).

НАУАТ ҚАУЫН (Алм., Кег.) қауынның бір түрі. *Бір топ н а у а т қ а у ы н н ы ң тұқымын тастағанмын, не боларын қайдам* (Алм., Кег.).

НАУБАЙ[1] (Жамб., Мойын.; Алм., Жам.; Қарақ.) тандыр нан пісіретін орын. *Н а у б а й г а нан пісіріпті* (Жамб., Мойын.). *Нанды н а у б а й г а салып-ақ пісіреміз* (Алм., Жам.). *Біздің әйелдің інісі и а у б а й д а істейді* (Қарақ.).

НАУБАЙ[2] (Жамб., Қорд.) сатушы, саудагер. *Нәрсесін өткізе алмай н а у б а й келді* (Жамб., Қорд.).

НАУБАЙШЫ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Қарақ.) нан сатушы, нан пісіруші. *Ауыл арасында н а у б а й ш ы болмайды, өзіміз пісіреміз* (Қ.орда, Сыр.). *Оның н а у б а й ш ы болғанына екі жыл толды* (Қарақ.).

НАУДА (Жамб.: Св., Жам.) ағаштың көк өрім бұтағы. *Мына ағаштың н а у д а с ы н а н алып себет тоқимыз* (Жамб., Св.).

НАУҚАН ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН (Қост., Жанг.) күш қуатты болсын. *«Н а у қ а н қ а й ы р л ы б о л с ы н» деген ерте кезде күзем жүн аларда айтылатын көрінеді* (Қост., Жанг.).

НАУ ҚҰРЫМАЙ, ДАУ ҚҰРЫМАЙДЫ (ҚХР) даудың қайнар көзі құрымай, өзі құрымайды.

НАУПАЗ (Өзб.) бір жас шамасындағы сиырдың еркек бұзауы.

НАУРЫЗ БОЛУ (Түрікм.) Түрікменстанда қазақтардың ұлыстың ұлы күнінде бір-бірінің үйіне кіріп, аман-саулығын сұрап қос қолдап амандасу, көрісу салты.

НАУША (Жамб., Шу) жас өспірім, балдырған. *Сол күндер он бесте екен менің анам. Жас н а у ш а сорлы болып қолда қалған* (И. Байз., Шығ., 134). *Бәйшешектей гүл шашқан Өрімдей н а у ш а жастарым, Отанымның сәулеті Айбарым, көркі, мақтаным* (Н. Байғ., Таңд. шығ., 514).

НАУШАТЫР (Шымк., Мақт.) мүсәтір. *Құрттаған қойларға н а у ш а т ы р салдыңдар ма?* (Шымк., Мақт.).

НАУЫЗДАМА (Жамб., Сар.) наурыз, наурыз көже. *Қыс өткен соң, ел көшерде н а у ы з д а м а береді* (Жамб., Сар.).

НАУЫТ БОЛУ (Кокш., Еңб.) қирау, қырылу, еңбегі зая кету. *Патшаның әскері н а у ы т б о л ы п кете жаздады* (Кокш., Еңб.). *Су қырға шықпай қалса, н а у ы т б ө л г а н осынша еңбек шәңгерей мен шыганақтың басын қоса әкетпек* (Н. Байғ., Таңд. шығ., 137) *Патша әскері ел ішін обадай жайлаған сонау бір үрейлі кезеңде Рүстембайдың қапыда н а у ы т б о п кете жаздағаны бар* (А. Нүрм., Құл. аж.). *«Қап, жас бала н а у ы т б о л м а с а еді, қайралған қылыштай жас болат», деген ой жалт беріп өтті* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 135).

НАУЫШ ПИЯЗ (Қарақ.) үрығын алу үшін еккен пияз.

НАХАР (Түрікм., Таш.) тамақ, ас. *Жолға шығарда аздап н а х а р жеп алганбыз* (Түрікм., Таш.)

НАХАРХАНА (Түрікм., Таш.) асхана. *Колхоз биыл әдемілеп н а х а р х а н а салып жатыр* (Түрікм., Таш.).

НАҢАН (Алм., Жам.) балықтың түрі. *Балық болар дарияда он екі ата, біреуі үлкен балық н а ң а н деген* (Алм., Жам.).

НАША[1] (Қ.орда, Арал) топ. *Біздің н а ш а м ы з д ы бұзбай отыр* (Қ.орда, Арал).

НАША[2] (Қост., Об.) маза. *Ол өсылай менің н а ш а м д ы алады* (Қост., Об.).

НАША[3] (Қ.орда, Қарм.; Алм.: Жам., Шел.) апиын салып тартатын қорқор. *Кеше н а ш а м д ы жоғалтып алдым* (Алм., Жам.). *Н а ш а тартуды 14-15 жасынан бастаған* (Қ.орда, Қарм.).

НАША[4] (Шымк., Түркіс.) бұршақ. *Бізде бұршақ жауды дегенді н а ш а жауды деп айтады* (Шымк., Түркіс.).

НАШАҚ (Қост., Жанг.) мазақ. *Сен кімді н а ш а қ қыласың?* (Қост., Жанг.).

НАШАР (Қарақ., Тақт.) әйел. *Н а ш а р ы қалаға кетті* (Қарақ.). *Осы күнгі н а ш а р л а р согыс кезіндегідей қол жұмысын істемейтін болды* (Қарақ., Тақт.).

НАШАР БАЛА (Қост., Жанг.; Рес., Орын.; Ақт.: Ырғ., Қараб.; Қ.орда, Арал) қыз бала. *Бір-екі н а ш а р б а л а м ы з бар* (Қост., Жанг.) *Оспанның әйелі бір н а ш а р б а л а туып, соның тойына баргалы отырмын* (Қ.орда, Арал). *Көрімнің екі н а ш а р б а л а с ы бар* (Ақт., Ырғ.). *Екі ұлым және бір н а ш а р б а л а м бар* (Рес., Орын.).

НАШАРПАС Қ. нашарпес.

НАШАРПЕС//НАШАРПАС (Жамб., Сар.) нашар.

НАШАСЫ (Қост., Жанг.) түрі. *Н а ш а с ы келмеген мал екен* (Қост., Жанг.).

НАШ ЖЕУ (Қост., Об.) талғамай жеу. *Ол осылай тамақты н а ш ж е й д і гой* (Қост., Об.).

НАШҚОП (Ауғ.; Ир.) кәмпит салатын ыдыс.

НАШЫ (Қост., Об.) реті, жөні. *Еңбек туралы оның айтқанының н а ш ы бар* (Қост., Об.).

НАШЫРАТ (Қ.орда, Арал) насихат, үгіт. *Сонда молда солдаттардың алдынан шығып н а ш ы р а т айтыпты* (Қ.орда, Арал).

[Ұйғырша *нәсиһат* (Уйг.-рус. сл., 102); қырғ. *насыят, асаат, ақыл-асаат* (Кирг.-рус. сл., 1965, 74, 554)].

НАЮ ҚАЛАҚ (Ақм., Атб.) нан сүзетін тесік ожау. *Н а ю қ а л а қ т ы алып қой* (Ақм., Атб.).

НАЯСАП (Алм., Шел.) найсап, дөрекі. *Өзің бір цятты білмейтін н а я с а п адам екенсің* (Алм., Шел.).

НАЯТСЫЗ (Жамб.: Тал., Сар.) мейірімсіз, нысапсыз. *Адамның н а я т с ы з ы екен* (Жамб., Тал.).

НАЯТЫ (Шымк., Тұлк.) барлығы, бар болғаны. *Менің болганыма (кеңес агасы) н а я т ы 2 жыл болды* (Шымк., Тұлк.).

НӘБЕТ (Алм., Шел.) ылғи. *Ол бала бар гой, бұрын н ә б е т өтірік айтатын еді* (Алм., Шел.).

НӘББЕТ (Шымк., Мақт.) кезек, нәубет.

НӘБЕТТІ (Жамб., Жуа.; Алм., Талд.) білетін, сенімді, оңды. *Бұл дастанды н ә б е т т і кісі жазган екен* (Жамб., Жуа.).

НӘБИТ БЕРУ (Ақт., Байғ.) бетіне басу. *Уәкіл Бәменовке жұмысқа қарқын тугыза алмагандығы үшін н ә б и т б е р д і* (Ақт., Байғ.).

НӘГДІЛ (МХР) бірлестік, колхоз. *Елдің кемтігі баягыда толатын еді гой. Толганы сол «н ө г д і л, н ә г д і л» деп тозып барады* (М. Құрман., 20). *Н ә г д і л-н ә г д і л деп, муше-муше деп бүгін кеудесін кере дем алып, керден-керден басқанымен, кешегі сенің құлың емес пе ол* (М. Құрман., 78). *Біздің баққа халық н ә г д і л і орнады. Менің ойым да солармен бірге н ә г д і л г е ілесу* (М. Құл., Танд. шығ., 65). *Тіпті н ә г д і л г е бір қойдың қозысын аман алсаң, бір күндік еңбекке жатады екен. Оның өзі н ә г д і л г е еніп пе еді?* (М. Құл., Таңд. шығ., 66). *Н ә г д і л д е г і кедейлер менің дегенімді істейтін болады* (М. Құл., Таңд. шығ., 67).

[Монғолша *нэгдэл* бірлестік, серіктестік (Монғ.-каз. сөз., 125)].

НӘГӨЙ[1] (Ақт., Ойыл) надан, есалаң. *Өзіңнен басқа кісіні н ә г ө й көресің бе?* (Ақт., Ойыл).

2. (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид., Бекд.) нәзік, шала. *Жасынан көп ауырып, осы балам н ә г ө й болды* (Түрікм., Красн.).

НӘГІЗІ (Маң.; Орал: Жән., Казт.; Алм.: Шел., Кег.) негізі. *Н ә г і з і дұрыс болса болганы гой* (Орал, Казт.). *Күлжардың н ә г і з г і қызметі осы гой* (Орал, Жән.). *Ол н ә г і з і н д е жақсы тұрады* (Алм., Кег.).

НӘГІТТІЛ (МХР) бірлестік, колхоз. *Өзеннің бойы күнде дүбір, Дүбірлеткен н ә г і т г і л. Күндіз қызу, күрделі еңбек, кешке сауық, өлең-жыр. Жүректері лүпілдеп, Қарайды, екеуі үйлеп!* (М. Құрман., 234). Қ. нәгіл.

НӘДҰРІС (Жезқ., Ұлы.; Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) есалаң, жынды, нақұрыс. *Н ә д ұ р і с адам гой деймін кез келгенге ұрына береді. Н ә д ұ р і с болмаса солай істер ме еді* (Жезқ., Ұлы.). *Осының өзі н ә д ұ р і с болып кеткен шығар* (Қост., Жанг.). *Көңіл үшін айтыла салган сөзді ұмытпайтындай Елтай н ә д ұ р і с емес, ойлап отырган күйі күңк етті* («Жұлдыз», №4, 1986.).

НӘЖЕТҚАНА (Гур., Есб.) дәретхана. *Контордың н ә ж е т қ а н а с ы н түзету керек болып тұр* (Гур., Есб.).

НӘЖЕТ ҚҰС (Қост., Жанг.) бақ құс. *Басыңнан н ә ж е т қ ұ с ы ң кетсе, қасиетің болмайды* (Қост., Жанг.).

НӘЖІК (Гур., Маңғ.; Қост., Торғ.; Көкш.: Еңб., Щуч.; Жезқ.: Ұлы., Ағад.) нәзік. *Жаңа туган қозының аягы н ә ж і к екен* (Гур., Маңғ.). *Өзің н ә ж і к екенсің гой, осыны да көтере алмадың* (Жезқ., Ұлы.). *Сол үйде бір н ә ж і к бала жүр гой* (Көкш., Щуч.).

НӘЖІС (Өзб.) малдың жас тезегі. *Қорадагы н ә ж і с т е р д і күреп тұрамыз* (Өзб.).

НӘЗГІЛЕТ (Қост., Торғ.) мелшермен. *Мен сенсіз бір бүттай сөгінді өлшемей-ақ н ә з г і л е т сатып алдым* (Қост., Торғ.).

НӘЗЕР (Қарақ., Қоң.) назар. *Осы балага н ә з е р і м д і көп аударган едім* (Қарақ., Қоң.).

НӘЗІК[1] (Түрікм.: Көнеүр., Таш.) нашар. *Осында бір тексерушілер келіп, істерің нәзік деп кетіпті дегенді естідік* (Түрікм., Таш.).

НӘЗІК[2] (Өзб., Ташк.) моншақтың майда түрі. *Төсек арасындағы жастықтың нәзіктері жылт-жылт етеді* (Өзб., Ташк.).

НӘЗІК ЖАСТЫҚ (Өзб., Ташк.) басын не екі үшын нәзіктеп тіккен жастық.

НӘЗІҚАЙЫМ (Шымк., Түркіс.) нәзік. *Мына тұрған бойжеткен өте сезімтал, нәзіқайым екен* (Шымк., Түркіс.).

НӘЗІЛІ ТҮСУ (Шығ. Қаз., Больш.) назары томен болу, назары пәс. *Неге екені белгісіз, оның нәзілі түскен* (Шығ. Қаз., Болып.).

НӘЗІР (Түрікм.: Көнеүр., Таш.; Сем., Аяг.; Алм., Нар.) қайыр садақа. *Сол кезде базар маңында елден нәзір сұрап жүретін біреу болушы еді гой* (Түрікм., Таш.).

НӘЗІР БЕРУ (Қост., Фед.) олген кісіге ас беру. *Қожахмет әкесіне нәзір бергелі жатыр* (Қост., Фед.).

НӘЙӘБІ (Шымк., Кел.) үсақ нәрсеге бола, соған бола. *Нәйәбі осыған бола ұрысасың ба?* (Шымк., Кел.).

НӘЙӘТІ (Жамб., Жам.) аса, тым. *Ол нәйәті күшті ат* (Жамб., Жам.).

НӘЙЕС (Гур., Маңғ.) мылжың.

НӘЙША//НАЙША (Қарақ.) қамыстың жаңа шығып келе жатқан түрі.

НӘЙІП (Шымк., Түлк.) кемтар, зағип. *Сиырды пидамен байламаса бірін-бірі нәйіп қылуы мумкін* (Шымк., Түлк.).

НӘЙІС[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.; Орал) лас, салақ. *Кей адам нәйіс келеді* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *нежис* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *нажас* (Узб.-рус. сл., 1959)].

НӘЙІС[2] (Гур., Маңғ.) мылжың, коп сойлейтін адам. *Мынау бір нәйіс екен-ау. Ертеден кешке дейін бір сөзді қайталап айта береді* (Гур., Маңғ.).

НӘКЕР (Қ.орда, Арал) нашар, әлсіз. *Мынау нәкер өгіз гой* (Қ.орда, Арал).

НӘКЕТКІ (Гур., Есб.) қолдан тіккен жүқа плащ. *Нәкеткі тігіліп болды ма?* (Гур., Есб.).

НӘКӨС (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Тедж., Көнеүр.; Орал) жынды, есуас, топас. *Шөлмекті сындыр, нәкос неме!* (Түрікм., Конеүр.). *Атасы нәкөс көуірдің мәстегін айдар келген ер* (В. Рад., Образцы..., III, 145).

[Түрікменше *нәкөс* бишара, аяныштъ (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *ноқис* жарым, кеміс (Узб.-рус. сл., 1959)].

НӘКҮСТІК (Шымк., Түркіс.) пасықтық. *Ол семіріп жетілген соң бір күні нәкүстігін аңгартады* (Шымк., Түркіс.).

НӘКҮШ (Жамб., Шу) пасық, қадір білмес. *Жиреншенің әкесі өлер кезінде «Нөкүшке қарыздар болма» деп үйретіпті* (Жамб., Шу).

НӘҚОШ (Ауғ.; Ир.) риза емес.

НӘЛ[1] (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тедж., Байр.) тамырымен алынып, жерге қайта отырғызылатын жеміс ағаштарының жас түрі, көшеті. *Келесі базарда Ташауздан нәл әкеліп отырғызамын* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *нахал* (Рус.-туркм. сл., 1956); карақ. *нәл* (Рус.-карак. сл., 1967)].

НӘЛ[2] (Қарақ.) мақта, т.б. дақылдардың когі.

НӘЛИТ (Қ.орда: Сыр., Жал.) карта ойынында айтылатын «темный» деген создің баламасы. *Ал мен осы жерге нәлит кетем* (Қ.орда, Сыр.).

НӘЛІ[1] **1.** (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн., Тедж.; Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) аяқ киімнің өкшесіне, түмсығына қағатын темір (таға). *Далалық жерде нәлсіз етік те коп киіс береді* (Қ.орда, Сыр.). *Таза бәтеңкеме нәлі қақтырмасам, өкшесі желініп қалатын* (Түрікм., Ашх.). *Нәл қаққан етігінің, кабинеттің едені сықырлады* (Ш. Мүрт., Жүлд. көп., 250.).

[Түрікменше *нал* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *нахал, нағал* (Рус.-узб. сл., 1954); қарак. *наль* (Рус.-карак. сл., 1967); кырг. *наал* (Кирг.-рус. сл., 1965). *«Нал»* В.В. Радловта: а) калың үлтан, етіктін табанын былғаныштан қорғау үшін салынған ағаш үлтан; б) нәлі таға (В. Рад., Опыт ..., III)]. **2.** (Қ.орда, Арал) аттың аяғына жазда қағатын тағаның түрі. *Аттардың бәрінің аяғына нәл қағылған* (Қ.орда, Арал). **3.** (Шымк., Мақт.) ат, есектің түяғына салатын таға. *Осы колхоздың коп аттарына нәлі салу керек* (Шымк., Мақт.).

НӘЛІ[2] (Қ.орда: Жал., Сыр.) поднос. *Самауырдың нәлісі жезден жасалған* (Қ.орда, Сыр.). Қ. тағаи[1].

НӘЛІБЕК (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал, Орда; Рес., Астр.) тәрелке. *Баянгалига нәлібекке қума қасық (кеспе) құйып бер* (Гур., Есб.). *Нәлібекке сорпа құюға болмайды, ол май салуға қолайлы* (Орал, Орда). *Нәлібекке тамақ құйып береді* (Рес., Астр.).

НӘЛІК (Орал: Чап., Жымп.) арбаға жегілген огіздің басына байлайтын шынжыр, бас жіп.

НӘМ[1] (Жамб.: Тал., Мер.; Қарақ.) ат, есім. *Сіздің нәміңіз кім?* (Жамб., Тал.). *Қазір*

сельсовет Ақтоған н ө м і н е қалды. Оның бәрін менің н ә м і м е жазба (Жамб., Мер.).

НӘМ[2] (Жамб., Св.) ылғал. *Қай жеміс болмасын суда н ә м қылып қойсаңыз, согұрлым көгеріп өседі* (Жамб., Св.).

НӘМӘРТ (Ауғ.; Ир.) екі жүзді, уәдесіз.

НӘМЕЛТАЙ (Ақт., Қараб.) нашар. *Оның баласы н ә м е л т а й л а у адам* (Ақт., Қараб.).

НӘМЕНТАЙЛАУ[1] (Қост., Жанг.) аздау, кішілеу. *Н ә м е н т а й л а у деп болар-болмас аз нәрсені айтады* (Қост., Жанг.).

НӘМЕНТАЙЛАУ[2] (Қарақ.) құрметсіздеу, қадірсіздеу.

НӘМЕҢГЕР (Алм.: Шел., Кег.; Жамб., Жуа.) әмеңгер. *Жесір қалған келініи жіберуді намыс коріп н ә м е ң г е р і м д і өзім аламын дейді* («Лен. жолы», №40, 1938).

НӘМИЯЛ (Қар., Шет) ақша салатын ыдыс.

НӘН (Түрікм.: Красн., Бекд., Қиян., Таш., Ашх., Тсдж.; Жамб., Тал.; Гур.; Орал, Жән.; Қарақ.; Ақт., Ойыл; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Арал) үлкен, колемді. *Тонау н ә н түйетауықты қарашы* (Түрікм., Таш.). *Қажымұқан н ә н кісі деседі* (Қ.орда, Жал.). *Кешегі күреске түскен жігіт н ә н екен* (Орал, Жән.). *Қарсы алдынан н ә н сұңғуір* (қ.) *кездесе кетті, қос ауызды ала сала басып қалғанымда ұшып түсті* (Ақт., Ойыл). *Былтырлары біздің колхозда бір н ә н өгіз бар еді* (Қарақ.). *Құжқұж болып оңкиген тастардың бірінен бірі н ә н...* (F. Сл., Домб., 182). *Сол төске білектей жуан темірді жастап қойып, шеберлеп н ә н балтамен ынқ-ыңқ соғады* (Ә. Нүрп., Курл., 266.). *Суда жүзген н ә н балық, Шағала құсқа жем болар* (Махамбет, Өленд., 89.).

[Қарақалпақша *нән* немесе *нәқән* (Карак.-рус. сл., 1958)].

НӘНӘ (Ауғ.; Ир.) жалбыз.

НӘНБАЙ (Қ.орда, Арал; Гур.) үлкен. *Ең н ә н б а й қауын тоғыз сом, ең кішкенесі 2 сом, сол екі арада қауын сатылады* (Қ.орда, Арал).

НӘП (Қ.орда, Қарм.) пайда, олжа. *Саудагерлер оңай н ә п түсіріп алуды көздейді* (Қ.орда, Сыр.).

НӘПІ (Жамб., Мойын.) жақсылық. *Біреуден көп-ақ жақсы сотарқанға, Жақсының н ә п і тиер жанасқанға, Әркімнің қылған ісі өзіне жөн, Түзу жол қисық келер адасқанға* (Жамб., Мойын.).

НӘПІС АЛУ (Тәж.) демалу. *Ауыр жұмыстан кейін н ә п і с а л у керек* (Тәж.).

НӘР (Қарақ.) мамық, құс төсек.

НӘР АУЫЗ (Шығ. Қаз., Больш.) құрауыз, бос, бекер сөз.

НӘРӘНЖІ (Жамб., Шу) әлсіз, нәзік. *Баласы н ә р ә н ж і болып туыпты* (Жамб., Шу).

НӘРӘТА (Қ.орда, Арал) кішкене судағы балықты сүзіп алатын құрал. *Серіктің қолындағы н ә р ә т а гой* (Қ.орда, Арал).

НӘРЕГЕЙ 1. (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Ақт., Жүр.) шала, нашар, әлсіз. *Мына қозы н ә р е г е й екен* (Ақт., Жүр.). *Н ә р е г е й қозыларың қанша?* (Түрікм., Мары).

[Қарақалпақша *нәренжан* (Карак.-рус. сл., 1958)]. 2. (Гур., Маңғ.) қой ауруының бір түрі. *Қозым н ә р е г е й болып өспей қалды* (Гур., Маңғ.).

НӘРЕЛ (Қ.орда, Арал) балықтың түрі.

НӘРЕМ (Гур., Маңғ.) көмек. *Әйтеуір үкіметтің арқасында н ә р е м алып өмір сүреміз* (Гур., Маңғ.).

НӘРЕНЖУ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Шымк.: Қызылқ., Шәу.; Жамб., Шу) жүдеу, арықтау. *Омар соңғы жылдары н ә р е н ж і п кетті* (Қ.орда, Жал.). *Ол біраз н ә р е н ж і п қалған екен* (Жамб., Шу). *Тұқым жасырынбай қалса ол өнбейді, өнген күнде де сирек н ә р е н ж у болып өседі* («Кол-шы», №22, 1936).

НӘРЕНЖІ (Көкш., Қ.ту) нәзік. *Баласы бір н ә р е н ж і көрінеді* (Көкш., Қ.ту). *Мен алты ай қыс бойы жалаңбас жүрсем де, қалтыраудың өзін н ә р е н ж і к т і к көретін едім* (М. Мағ., Қиян. қыс., 76).

НӘРЕТЕ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Арал) аудағы балықты сүзіп алатын құрал, сүзгіш, ау, тор. *Н ә р е т е толған балық еді* (Қ.орда, Сыр.). *Ал н ә р е т е н і әкеліңдер деп айқайлады* (Қ.орда, Арал). 2. (Қарақ.) көлге салатын ау.

НӘРКЕШ (Қ.орда, Арал) қоңқақ мұрын.

НӘРСЕ 1. (Қ.орда, Арал) жұмыс, іс. *Жұк артып н ә р с е етіпті* (Қ.орда, Арал). 2. (Қарақ.) ешнәрсе. *Кешегі алатын сонша заттан н ә р с е алмадым. Пахтадан н ә р с е қалмапты* (Қарақ.).

НӘСИЕТ (Ақт., Шалқ.) насихат. *Берікбай, сен маған н ә с и е т айтпай-ақ қой* (Ақт., Шалқ.).

НӘСҚҰР (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Мары) жарымес, топас. *Тұктің мәнісін білмейтін н ә с қ ұ р адамша сөйлейтіні несі* (Түрікм., Тахта).

[Өзбекше *ношукур* жақсылықты білмейтін топас адам (Узб.-рус. сл., 1959)].

НӘСКҮРІК (Қ.орда, Сыр.; Қост., Жанг.) сүргі, ағаш жонғы. *Тақтайдың бетін нәскүрікпен сүргілеу керек* (Қост., Жанг.). *Әрбір оқушының агаш жонатын нәскүрігі болу шарт. Бұрынғы кей-кезде нәскүріктi қолдан-ақ жасап алушы едік, осы күнде дүкенде бәрі әзір* (Қ.орда, Сыр.).

НӘСКҮРІКТЕУ (Қост., Жанг.) сүргілеу. *Бұл тақтайды нәскүріктемесе болатын емес* (Қост., Жанг.).

НӘСТЕ (Ақт.: Ырғ., Шалқ.; Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Аяг.; Гур., Маңғ.; Алм., Жам.) нәрсе. *Сатып алған нәстең жақсы, дұрыс-ау!* (Алм., Жам.). *Ол өзі не нәсте, айтшы* (Ақт., Шалқ.). *Ондай нәстенi біз корген жоқпыз* (Шығ. Қаз., Больш.). *Немене, сен осы байлап бір нәсте боп қалгандай жүресің* (Гур., Маңғ.).

НӘСТҮРІК (Орал, Чап.) агаш сүргілейтін құрал, сүргі.

НӘСІБЕ (Гур., Маңғ.) несібе. *Мизан күні шамалған нәсібең дi теріп жеп жүрсің гой, балам?* (Гур., Маңғ.). *Алги судың кең бойы, Әуелде қонған жер екен. Айдаған күні нәсібе. Ода қайрыл қоныс болмаған* (Қашаған ақын.).

НӘСІЛ (Қ.орда, Сыр.) арғы тегі, руы. *Шырагым, нәсілің кім, қай жерде туылдың* (Қ.орда, Сыр.).

НӘСІЛ-НӘСЕП (Қост., Жанг.) ұрпақ. *Олардан нәсіл-нәсеп қалған жоқ* (Қост., Жанг.).

НӘСІП (Қарақ.) несібе. *Нәсіп қайда таусылса, сөйерде өлесің, балам* (Қарақ.).

НӘТИШЕ (Алм., Шел.) нәтиже. *Абылгазы арық-тұрақ қой-ешкілерді ауыл маңайына багып жүр. Одан еш нәтиже чықпайды* (Алм., Шел.).

НӘТУРЫ (Қарақ.) тура емес, дұрыс емес, қате. *Нәтуры сөйлеме, шырагым, мен оны естіп, біліп келіп отырмын гой* (Қарақ.).

НӘТІ[1] (Қост., Аман.) анық, жете. *Бақташы колхоздың қанша малының барлығын нәті біледі* (Қост., Аман.).

НӘТІ[2] (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал) негізі, асылы, тегі. *Багасы қымбат болганымен нәті балық гой* (Қ.орда, Арал). *Оның тек нәті гана адам гой, әйтпесе қолынан еш зат келмейді, еш затқа пайдасын тигізбейді* (Гур., Маңғ.). *Бірақ нәті жуас қой, Күлзипа мен Ермақ қанша қайрат салганмен Бәкен ондай ірі жұмысты істей алатын болмады* (Б. Майл., Шығ., III, 382.). *Қайрақбайдың шешесі – Айганым нәті кедей демесе, ажарлы әйелдің бірі болатын ...* (Б. Майл., Шығ., IV, 38).

НӘТІҢ КЕЛУ (Қост., Семиоз.) ықыласпен келу. *Мұнда бір нәтің келгің кеп келдің гой* (Қост., Семиоз.).

НӘУБЕЗ ҚАЛУ (Сем., Абай) құралақан қалу. *Балам, білімнен нәубез қалып отырмыз* (Сем., Абай).

НӘУБЕТ (Қарақ.; Жамб., Шу; Шымк.: Мақт., Шәу.) кезек. *Сөзге нәубет берсейші* (Қарақ.). *Нәубеттесіп істеп осы жұмысты бітірейік* (Қарақ.). *Ақсақал, менің комзолымның нәубетi жетті ме?* (Шымк., Мақт.). *Оятып тігушіні озі жатты, тұргын деп нәубетің е қарауылдап* (Жамб., Шу). *Біздің бірінші нәубеттегі міндетіміз озіміздің барлық күшімізді, өзіміздің барлық білімімізді ауылшаруашылық стахановшыларына көмек беруге жұмсау* («Соц. Шәуілдір», №17, 1940).

НӘУБЕТІ КЕЛУ (Қ.орда: Қарм., Сыр.) реті келу, ыңғайы келу. *Баламыз оқуга түсіп нәубетi келіптi* (Қ.орда, Қарм.). *Бұл бір нәубетi келген шаруа болды* (Қ.орда, Сыр.).

НӘУЕЗ (Жамб., Тал.) мәтел. *Опың істегені халық арасына нәуез болып кетіпті. Талай шешендердің созі нәуез гой* (Жамб., Тал.).

НӘУЕТ (Жамб., Тал.) кезек, рет. *Менің нәуетім сізден кейін келу керек* (Жамб., Тал.).

НӘУМӘЗ БОЛУ (Шығ. Қаз.: Глуб., Тарб.) ренжу, өкиелеу. *Сен маган бұл сұраққа жауап бермеді деп нәумәз болма* (Шығ. Қаз., Глуб.). *Ол нәумәз болып отыр. Сен бекерден бекер нәумәз болма* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Коз корген ескі досының алдынан нәумәз болып қайтты* (О. Бөк., Өз от. өш., 335).

НӘУМӘСІР (Сем.: Акс., Көкп.) есуас, жынды. *Олардың озі нәумәсір болган ба?* (Сем., Акс.). Қ. әумесер.

НӘУМЕЗ БОЛУ (Қ.орда, Арал) көңілсіз болу, ренжу. *Шақырган үйге барганда нәумез болу жақсы емес* (Қ.орда, Арал). *Есіктерін тарс жауып алып нәумез көңілмен күңкілге кошті* (О. Бок., Өз от. ош., 316).

НӘФ (Ауғ.; Ир.) керосин.

НӘЊАН (Ауғ.; Ир.) балықтың жалпы атауы.

НӘШҮКҮР (Гур., Маңғ.) оңбаған, оңбайтын, есалаң. *Сөздің парасатын білмейтін, нәшүкүр адамга айтылган сөз далага кетпей ме?* (Гур., Маңғ.).

НӘШІНЕ КЕЛТІРУ (Қост., Жанг.; Жезк., Ұлы.) мәніне, ырғағына келтіру. *Бәкен,*

өлеңді нәшіне келтіріп оқышы! (Қост., Жанг.). *Нәшіне келтіріп* оқып берді (Жезқ., Ұлы.).

НӘЯТІ (Жамб., Сар.) тіпті, ең әрісі. *Нәяті бір-ақ ірет ойпатты* (Жамб., Сар.).

НЕ АТАМДА, НЕ БАТАМДА ЖОҚ (Қар., Шет) жеті атамда жоқ. *Неатамда, не батамда жоқ еді, бұл бәле қайдан болды* (Қар., Шет).

НЕБЕТШІК (Орал, Орда) үлкен балықтарды аулаушы. *Мен 4 жыл небетшік болып Астраханда жұмыс істеп едім, оған 40 жылдан асып барады* (Орал, Орда).

НЕВЕРЕ (Шымк., Сарыағ.) немере. *Майлының невересінің бірі Арыстан* (Шымк., Сарыағ.).

НЕГЕН (Қост.: Жанг.; Сем., Абай; Көкш., Щуч.) нақақ, кінәсіз. *Біреудің негеннен күйдіруге болмайды* (Қост., Жанг.). *Негеннен күйіп кететін талай нояндар* (к.) *болады* (Сем., Абай). *Ол негеннен таяқ жеп қалды* (Көкш., Щуч.).

НЕГЕНЕ (Қост., Об.; Ақт., Ырғ.) неге ғапа. *Осында мен негене келдім екен* (Қост., Об.).

НЕГІЗДЕ (Сем., Аяг.) негізінде. *Мұнда тұратындар, негізде, Алтайдан келгендер* (Сем., Аяг.).

НЕҒҰРДЫМ (Тау., Қош.; Сем.: Көкп., Ақс.) иеғұрлым. *Мәселеге неғұрдым тереңірек үңілу керек* (Сем., Кокп.).

НЕДӘУІР (Қарақ.; Сем., Аяг.; Түрікм., Красн.) әжептеуір, едәуір, біраз, жап-жақсы. *Кешкісін байқай алмадық қой деймін, өзінде недәуір көрік те бар екен* (Түрікм., Красн.). *Мына бала недәуірге шыққан екен, үйішімен сөйлесіп көру керек* (Қарақ.).

НЕДЕЙБІР (МХР) қайсыбір. *МХРП орталық комитетінің 6 пленумынан мал шаруашылығын өркендетуге байланысты ұсынылған міндеттерді жүзеге асырып мал тұлігін неделейбір індеттен сақтап, тұқым жұмысының нәтижесін жоғарлату арқылы мал тұлігін тұрақты өсіру, өнім өндіру мөлшерін арттырды* («Ж. өмір», 10.11.1983).

НЕДЕР (Сем.: Мақ., Үрж.) нелер. *Арасында неде р айдары бар пенделер жатыр* (Сем., Үрж.).

НЕДҰРЫС (Ауғ.; Ир.) қате, дұрыс емес.

НЕ ЗАТ? (Орал; Гур.; Ақт.; Рес., Орын.) не, не нәрсе? *Не зат болып қалды, неге шақырып жатыр?* (Орал, Чап.). *Ага, бұл не зат? – Бұл қарақшы, балақай* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 44).

НЕКЕ ОҚУ ОҚЫТУ (Орал, Чап.) неке қидыру. *Ол өлерінен бір жыл бұрын неке оқу оқытып әйел алды* (Орал, Чап.).

НЕКЕН-НОҚАН (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.) некен-саяқ, сирек. *Шағадам жерінде өлкелі* (к.) *жер некен-ноқан* (Түрікм., Красн.). Қ. некен-нұқан.

НЕКЕН-НҰҚАН (Сем., Абай; Ақт., Шалқ.) некен-саяқ, сирек, анда-санда бір. *Бақытқұл ауылға некен-нұқанда бір келеді* (Сем., Абай). *Кейбір қойдың некен-нұқан екі қоздайтыны болады* (Ақт., Шалқ.). Қ. некен-ноқан.

НЕК-НҰҚ (Гур., Маңғ.) некен-саяқ. Қ. некен-ноқан.

НЕҚАҚ (Сем.: Абай, Шүб.) нақақ.

НЕ ҚАСЫ БАР (Гур., Маңғ.) не соры бар, не жыны бар, несі бар. *Үйінде кемпір тұрғанда бала бағатын сенің не қасың бар* (Гур., Маңғ.).

НЕҚОС (Қ.орда, Қарм.) селқос, көңілсіз болу. *Мұның өзі бір неқостау адам* (Қ.орда, Қарм.).

НЕМЕЛТАЙ (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.) немеренің баласы (шебере). *Немеремнен туған немелтайларымды да көріп отырмын* (Түрікм., Ашх.). *Бұл бала оның немелтайы гой* (Гур., Маңғ.).

НЕМЕУРІН[1] (Қост., Торғ.) жәрдем, кемектің бір түрі.

НЕМЕУРІН[2] (Қост., Тоб.) емеурін. *Айтайын деген ойыңды немеурінінен-ақ байқаймын* (Қост., Тоб.).

НЕҢІЗІ (Шығ. Қаз., Больш.; Павл., Леб.; Кекш., Еңб.) негізі. *Неңізінен алған да жақсы* (Кекш., Еңб.). *Қазір неңізгі мәселе сапалы жұмыс істеуде болып отыр* (Павл., Леб.).

НЕҢІЗІНДЕ (Шығ. Қаз., Больш.) негізінде.

НЕ СЕКІЛДІ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) неше түрлі, алуан түрлі. *Ол не секілдінің бәрін даярлап ұлгерді* (Шығ. Қаз., Больш.). *Тарихта не секілді көсемдер болған* (Шығ. Қаз., Больш.). *Бұл жұмбақты не секілді шешендер, не секілді көсемдер де шеше алмайды* (Тау., Қош.).

НЕСИҒАТ (Түрікм.: Ашх., Таш., Гяу., Небид.) үлгілі соз, ақыл сез, есиет. *Ақтан, Нұрым, Қашагандардан да талай несигат қалды-ау* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *несихат* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

НЕСИЕ БОРЫШ (МХР) кісіден алған нәрсе, кісіге беретін нәрсе. *Жарыста*

қолданатын міндеттемеге азаматтық міндет пен өндірістің ішкі ережені орындаганы, несие борышы семья жагдайы, бала тәрбиесі қатарлы көрсеткіштер қамтылды («Ж. өмір», 27.10.1983).

НЕСИЕ СӨЗ (Шымк., Түркіс.) өтірік сөз. *Өз жолдасым да несие сөзді жақтырмаушы еді* (Шымк., Түркіс.).

НЕСИЕ ТАРАТУ (МХР) уақытша ақшасыз зат беру. *Бугатлық сатушы Әзине, Цэнгелдік Эрдэнэбилэттер затты таныстарына беру үшін сақтаган, несие таратқан* («Ж. өмір», 27.11.1983).

НЕТ (Сем., Аяг.; Гур., Маңғ.) ниет.

НЕШЕ КӘРРЕ (Қост.: Торғ., Об.) бірнеше рет. *Бұл өлеңді біз оган неше кәррe айтқызган едік* (Қост., Об.).

НЕШЕЛЕР (Тау., Қош.; Шығ. Қаз.) неше түрлі. *Біздің ауданда неше лер жақсы ақындар бар емес пе?* (Тау., Қош.).

НЕШЕ СИЯҚТЫ (Шығ. Қаз., Больш.) неше алуан, неше түрлі. *Неше сияқты нәйөк көрдік* (Шығ. Қаз., Больш.).

НЕШЕ СЫҚЫЛДЫ (МХР; Тау., Қош.) алуан түрлі, неше түрлі. *Неше сықылды қиындықтыр бастан өтті гой* (МХР). *Қошагашта неше сықылды ат бар* (Тау., Қош.).

НЕШІК[1] (Гур., Маңғ.; Ақт.: **Ы**рғ., Қараб.) не себепті, неге, қалай. *Құдай осы немені нешіктеп жаратты екен* (Гур., Маңғ.). *Нешік совхоз жұмысы жұрмей жатыр* (Ақт., Қараб.). *Осыны аудан жұмысшылары нешік котермейді* (Ақт., Қараб.). *Ертеде Ырғыз деп нешік аталганын білмеймін* (Ақт., **Ы**рғ.).

НЕШІК[2] (Рес.: Волг., Сарат.) қандай. *Апатай сіз бұл романга нешік бага бересіз?* (Рес., Волг.).

НЕШІК ТҮРЛІ (Павл., Майқ.) неше түрлі. *Трофимовка совхозында нешік түрлі ұлт бар* (Павл., Майқ.).

НИЕТ БАЙЛАУ (ҚХР) ниеттену, ниетте, ойда, мақсатта болу, бел байлау.

НИЕТІ ЖОЛДАС БОЛУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Көнеүр., Ашх.) ниеті қабыл болу, ойлаганы болу. *Сау бол, ниетің жолдасың болсын?* (Түрікм., Конеүр.).

НИЕТІ КЕПКЕН (Тау., Қош.) ниеті жаман, ниеті құрыган. *Оның озі бір ниеті кепкен жайсаң еді* (Тау., Қош.).

НИҚАЯТСЫЗ (Қ.орда, Арал) есепсіз, өлшемсіз. *Балықты бүгін ниқаятсыз коп алдық* (Қ.орда, Арал).

НИМША (Ауғ.; **И**р.) ерлер, әйелдер киетін жеңсіз көйлек.

НИЯЗ (Өзб.: Ташк., **Б**ост.) баланың қарын шашынан бір тобын ырым үшін алмай қалдырып отыру.

НИЯЗЫ (Тау., Қош.) сүрап келіп қолқалап алатын қосымша нәрсе. *Теңгеден сеңге табылады, тебеннен ниязы табылады* (Мақал; Тау., Қош.).

НОБАЙЛАУ (Қарақ.) бітіріп қалу, аяқтау.

НОБАЙ ҮСТАУ (**О**рал, Жән.) түгел жұмсау. *Қасымхан бар ақшасын нобай устады* (Орал, Жән.).

НОБАЙЫ[1] 1. (Түрікм.: **К**расн., Небид., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.) кобі. *Келеге жіберілген тұйелердің нобайы қайыды* («Жұм-шы», 6.03.1945.). *Әйтеуір жел аптаның шетіне гана ілігіп, мал нобайы аман шыққан сияқты* (**F**. Сл., Кең ор.).

[Қарақалпақша *нобай* мол (Карак.-рус. сл., 1958)]. 2. (**О**рал, **К**азт.; Жамб., Мер.) түгел, бүтіндей. *Нобайымен қанша тұрады* (Жамб., Мер.).

НОБАЙЫ[2] (Көкш.: Щуч., Еңб.) мінезі, құлқы, пішіні. *Нобайы тұзу адам екен* (Көкш., Щуч.). *Нобайы оңды адамнан тұңілме* (Көкш., Еңб.).

НОБАЙЫ[3] (Жамб., Мер.) түтас, молшер. *Нобайымен қанша тұрады?*

[Қырғызша *новайы* түрінде айтылады].

НОБАЙЫМЕН (**О**рал, Жән.) түгелімен, барлығы. *Активтерді нобайымен пішен жию жұмысына ұйымдастыру керек* (**О**рал, Жән.).

НОБИЯ (Түрікм.: Тедж., Мары, Байр.) фасоль (лобия).

[Түрікменше *нойба* (Рус.-туркм. сл., 1956); пар. *лубиа* фасоль, бобы (Л. Буд., II, 192)].

НОҒАЙ БЕСІК (Рес., **О**рын.) аспа бесік. *Осы жердің бәрінде де ногай бесік бар* (**О**рын., Ад.).

НОҒАЙ ҮЙ (Жамб., Мер.) шаңырақка уықтың озін шаншитын керегесіз үй.

НОҒАЛА (**О**рал, Жән.) бүзау көзіне шығатын жара. *Біздің бұзауга ногала шыгыпты* (Орал, Жән.). *Бұзаудың ногалась ын мал дәрігеріне көрсетіңдер* (**О**рал, Жән.). *Құлын-тайдың ногалась ын, сақауын, бұзаудың қылауын, қос кіндігін, қойдың контақасын емдейді* (**F**. Мүст., Дау. кейін, 344).

НОЙЫС (Кокш., Қ.ту) дүлей. *Жәкен нойыс қой, ешнәрсенің ретін білмейді, тек қана қара күш* (Кокш., Қ.ту). *Ержетіп, ел ұстауга жарап қалган інісінің нойыс ашумен қорқытып өр кеудемен баспақ* (**F**. Мүст., Дау. кейін, 285).

НОҚА (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем., Абай; Қост., Жанг.) оқа, зер, оны кимешектің өңіріне, киімдердің жиегіне үстайды. *Н о қ а л ы киім жарасымды келеді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

НОҚАЙ (Алм.: Талғ., Шел.) еш нәрсені ажыратпайтын топас кісі.

НОҚАЙЛАУ (Шымк., Түркіс.) ақылсыздау. *Өзі н о қ а й л а у бала* (Шымк., Түркіс.).

НОҚАЛАЙЛАУ (Шымк.: Арыс, Қызылқ.) ақылсыздау. *Ол озі н о қ а й л а у бала болатын* (Шымк., Арыс).

НОҚАЛАСЫ ӨСУ (ҚХР) тәкаппарлану, көкірек көтеру, еліру, есіру.

НОҚАЛАУ (Қост., Аман.) оқалау. *Ол н о қ а л а п көйлек киеді* (Қост., Аман.).

НОҚАНА (МХР) жылқы ауруы. *Шабан торыға өздігінен дерт жабысты. Н о қ а н а ма, тамақ па қайсысы болса да* (МХР).

НОҚАТ (Шымк., Сайр.; Жамб., Жам.) бұршақтан үлкенірек сарғылт түсті өсімдік. *Н о қ а т т а н быламық, ботқа жасайды* (Шымк., Сайр.).

НОҚАТЕК[1] (Өзб., Бұх.) әкесі белгісіз адам. *Н о қ а т е к деп малға болмаса, адамға айтуды қойып барамыз* (Өзб., Бұх.).

НОҚАТЕК[2] (Шымк., Түркіс.) ақылсыз.

НОҚТАЛАП ҰСТАУ (МХР) шеңгелдеп ұстау. *Бұркіт тұлкінің аузын н о қ т а л а п ұ с т а н д ы* (МХР).

НОҚТАЛЫ (Қарақ.) тәртіпті, мәдениетті (халыққа қатысты). *Өзбек н о қ т а л ы халық* (Қарақ.).

НОҚТЫР (Қ.орда, Арал; Жамб., Жуа.) дәрігер (доктор).

НОҚЫТ (Түрікм.: Тедж., Таш., Көнеүр., Тахта, Мары) бұршақ.

[Түрікменше *нохут* (Рус.-туркм. сл., 1956); пар. *нохудь* қой бұршағы (Л. Буд., II, 282)].

НОМАЙ[1] (Гур., Есб.) үнемі. *Балық н о м а й болып тұрса, банк аузына плашкут қоямыз* (Гур., Есб.). *Жақан планын н о м а й орындап келеді* (Гур., Есб.).

НОМАЙЫ (Алм., Шел.) түгел, барлығы. *Мына тас н о м а й ы м е н түсіп жатыр екен* (Алм., Шел.). Қ. нобайы.

НОР (Шығ. Қаз.: Тарб., Күрш.) шоғыр, шоғырмақ. *Алыста бір қара н о р көрінеді. Сонау алыста бұлдырап көрінген н о р не?* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Жиырма жылда оңалдың, қырық жылда қайтадан қара н о р қол қылдың, өшкенің жанды, бірақ өлгенің тірілгені қане?* (М. Мағ., Алас., 10).

НОРЫМДАУ (Ақт., Ырғ.; Қост.; Қ.орда, Арал) нормалау, нормамен беру. *Колхоздың н о р ы м д а п берген планын орындаймыз* (Ақт., Ырғ.).

НОС БЕРУ//НОС КӨРСЕТУ (Қост.: Жанг., Аман.) согіс беру, согу, күш, айбын көрсету. *Сен оган н о с бердің бе?* (Қост., Аман.). *Қалай барсаң, көрі шеше Жетімдер өлмей ме? Дұшпандары таба қылып, Күн де бір н о с б е р м е й ме?* (Б. Майл., Шығ., 251). *«Енді болмаса еліпсің гой», – деп Раушанга н о с б е р г е н* (Б. Майл., Шығ., 111).

НОС КӨРСЕТУ Қ. нос беру.

НОТАС (Алм., Кег.) әк, ақ балшық. *Мына үйді н о т а с п е н ақтадым* (Алм., Кег.).

НОЯН 1. (Алм.: Шел., Жам.) шонжар, ақсүйек, ірі бай. *Бұрын албанда талай н о я н д а р болатын* (Алм., Шел.). *Ол н о я н десең ноян гой! Оның ата тегі бай болып өткен гой* (Алм., Жам.).

[Монғолша *ноян* бек, өкім, судья (Монғ.-қаз. сөз., 1954)]. 2. (Алм.: Шел., Талды.) үлкен, зор, еңгезердей. *Бір н о я н жігіт үйге кірді* (Алм., Шел.).

НӨГЕР (Көкш.: Щуч., Еңб.) нөкер. *Н ө г е р і н ертіп хан келіпті* (Көкш., Еңб.).

НӨКЕС (Гур., Маңғ.) жарымес, кеще, мигұла.

НӨКЕСТІК (Гур., Маңғ.) жарыместік, есуастық. *Онысы бір н ө к е с т і к гой* (Гур., Маңғ.).

НӨПІР (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) қара қорым, сансыз. *Ұңғыда сиыр дегеніміз н ө п і р болып жатыр* (Қост., Жанг.). *Н ө п і р топ қаланың тұсыны келіп қалыпты* (Жезқ., Ұлы.). *Н ө п і р м е н мен де кеттім* (Жезқ., Ұлы.). *Рысқұлов Ләзиз екеуі жаяу тұсіп, қалың н ө п і р д і ң ішін аралап келе жатқан* (Ш. Мүрт., Жүлд. кеп., 41). *Дәл осы сәтте, шаң да жоқ, тұтін де жоқ, көкжиектен емес, дәл иек астынан қара н ө п і р қол көрінуі мүмкін* (М. Мағ., Алас., 542).

НҰЛЫҚ (Гур., Маңғ.) шебі, өсімдігі қалың жер. *Түйе жасырынса көрінбейтін н ұ л ы қ т а н не тауып болады* (Гур., Маңғ.). *Маңғыстау ойы ол күнде Қалың н ұ л ы қ көл екен Құмның бойы жағалай Түрікпен деген ел екен* (Қашаған ақын.).

НҰҚСАС (Қ.орда, Арал) үқсас. *Жұмашқа Байжан н ұ қ с а с келіп тұр* (Қ.орда, Арал).

НҰҚЫЛ (Жамб., Св.; Шымк., Түркіс.) ылғи, үнемі. *Н ұ қ ы л саудамен бақуат болып жатқан адам осы Ескендір еді* (Жамб., Св.).

НҰМКЕСЕ (Тәж.; Өзб., Ташк.) сорпа ішетін үлкен кесе. *Шорпаны н ұ м к е с е м е н әкел* (Тәж.). *Келгендерге бір-бір н ұ м к е с е д е н шұбат құйылды* (Өзб., Ташк.).

НҰРА[1] (Қ.орда, Арал) көз жеткізу, ен дала. *Осы қымнан былай шыққан соң, жер н ұ р а болып келеді* (Қ.орда, Арал).

НҰРА[2] (Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.; Рес., Омбы) жықпыл-жықпыл жыра, терең сай-сала. *Жылқы н ұ р а д а, н ұ р а н ы ң шөбі нілді болады* (Шығ. Қаз., Тарб.).

НҰРАУ (Шығ. Қаз., Тарб.) құлау, жығылу. *Ол аттан жаман н ұ р а д ы* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Ақтан мені сот алдында н ұ р а т ы п кетті* (Шығ. Қаз., Тарб.).

НҰС (Қ.орда, Қарм.) кемсіту, жәбірлену. *Дүшпанның асы екен берген н ұ с ы* (Қ.орда, Қарм.).

НҰСАТЫР (Гур., Маңғ.) мұсатыр. *Зердесін кетіру үшін бұркітке н ұ с а т ы р жегізеді, ішінен зердесі кеткесін бұркіт бабына түсіп жарайды* (Гур., Маңғ.).

[Қарақалпақша *нсатыр* (Рус.-карак. сл., 383)].

НҰС БЕРУ (Гур., Маңғ.) қоқан-лоқы жасау. *Мәгарки осылай етпесең, пәлен де қылам, түген де қылам деп ылги н ұ с б е р е сөйлейді* (Гур., Маңғ.).

НҰСҚАН КЕЛТІРУ (Сем.: Абай, Шүб.) нұқсан келтіру.

НҰКЕТЕКТЕУ (Акт., Ырғ.) кеміс, мүгедек. *Біз бір н ұ к е т е к т е у адамбыз гой* (Ақт., Ырғ.).

НҰШӘНБӘ (Ауғ.; Ир.) емізік.

НЫВИ (Қ.орда, Арал) мінезі нашар, асау ат. *Н ы в и жылқы болса, ондай әдетті білмейді* (Қ.орда, Арал).

НЫҒАУ (Гур., Маңғ.) нығыздау. *Н ы г ы п бұрып тастағасын, мына шамның мойнын шыгара алмай қойдым* (Гур., Маңғ.).

НЫҒЫТУ (Жамб., Шу) нығайту, нықтау. *Ауылдық жерде жұмысты н ы г ы т т ы* (Жамб., Шу). *Орындап жатқан планын, Қолдаган табыс құралын, Н ы г ы т қ а н таптың ұранын, Еңбекші емей немене* (Жамб., Шу).

НЫҚТЫ (Рес., Орын.; Қост., Об.) мықты. *Күреңқасқа бие н ы қ т ы, әйдік* (Орын., Ад.). *Қазықтың орнына лом қақ, н ы қ т ы болады* (Рес., Орын.). *Екі н ы қ т ы батыр да қолга түседі* (Орын., Бөр.). *Бұл баланың әкесі н ы қ т ы жігіт еді, согыста қайтты* (Рес., Орын.). *Пішенге мал түсірмесін деп оган пригаді н ы қ т ы тапсырып жатқан* (Рес., Орын.). *Сен күресуге н ы қ т ы м ы с ың?* (Қост., Об.).

НЫҚЫРТУ (Гур.: Бақс., Маңғ.) үрысу, тежеу, тыйып тастау. *Анда-санда н ы қ ы р т ы п отырмаса болмайды* (Гур., Бақс.). *Н ы қ ы р а й ы н деп айтып отыр гой* (Гур., Маңғ.).

НЫМ (Өзб.) етік, мәсі тігетін жіпті майлайтын сағыздың жұмсақ түрі.

НЫМКЕСЕ (Қарақ.) кесенің үлкен түрі.

НЫМША[1] (Шымк., Қызылқ.) өлшем.

НЫМША[2] (Өзб., Ташк.; Төж.) жеңсіз, қысқа, денеге кептеліп тұратын әйел-қыздар киімі.

НЫРАЙ (Павл., Ерт.) тамақсыз, мүліксіз. *Байлар кедейді н ы р а й қалдырыпты* (Павл., Ерт.).

НЫРЫҚ (Ақт., Байғ.; Қ.орда, Арал) нарық, баға. *Мына төмендегі н ы р ы қ т а р д а н артық бағамен сатушыларга 1 сомнан 100 сомга дейін штраф салынады* (Ақт., Байғ.). *Ысқақ сен білдің бе, базарда астықтың н ы р қ ы қалай екен* (Қ.орда, Арал).

[Қырғызша нарк, нарык (Кирг.-рус. сл., 1965)].

НЫСАЙЫ (Жамб., Жам.) түрі, қалпы. *Оның н ы с а й ы төуір* (Жамб., Жам.).

НЫСАН (Қар., Қарқ.) ерінге түсетін жара.

НЫСПЫ (Сем., Абай; Түрікм.: Таш., Конеүр.; Ақт., Ойыл; Жамб., Тал.; Кокш., Еңб.) ат, есім, аты-жөні. *Н ы с п ы ң кім, шырагым?* (Ақт., Ойыл). *Н ы с п ы ң ы з кім, білуге болама ма?* (Көкш., Еңб.). *Ана баланың н ы с п ы с ы кім* (Жамб., Тал.). *Н ы с п ы ң ы з д ы атасаңыз? – деді Құлан сәл ыңгайсызданып* (А. Нүрм., Құл. аж., 118). *Н ы с п ы м ы з сізге қажет пе? Ортақтаспын мен сізге. Жаным тозбей жөнсізге. Намысыңызды қоргасып, Кірісіп тұрмын бұл іске* (Қ. Аманж., Шығ. жин., 2 т., 517).

[Арабша *нәсәбь* үрпақ, ру, семья (фамилия) (Л. Буд., II, 283)].

НІМЖАН (Өзб., Ташк.) жарымжан, ауырып ілініп жүрген адам. *Науқастанып н і м ж а н жүрген адам. Осы бір сырқастан н і м ж а н болып қалдым* (Өзб., Ташк.).

[Тәжікше *нім* (<*ним*) жарым (Тад.-рус. сл., 265)].

НІМКӘС (Өзб., Ташк.) науқас, жарымжан. *Ордабек ілініп жүретін н і м к ә с еді, курортқа барды да, айығып қайтты* (Өзб., Ташк.).

[Екі түбірі де тәжікше: *нім* (<*ним*) жарым, *кәс* (<*қас*) адам (Тад.-рус. сл., 265)].

НІЛДІК (МХР) шырынды ніл. *Екпе жем егетін алаң көлемі шектеулі аймағымыз жагдайында н і л д і к маясы мол, жемдік қасиеті күшті жоңышқа, арпа, соя сияқты өсімдікті басым егу керек* («Ж. өмір», 7.08. 1985).

НІЛДІ КӨК КЕЗІ (МХР) шырынды жасыл кезі. *Жерді мейлінше аудармай жырту, терең тырмалау әдісін кең енгізу, екпе жемді н і л д і к ө к к е з і н д е 8-айдың алгашқы төулігінде жинау ауылшаруашылық маман-*

дарының бірінші кезектегі міндеті («Ж. өмір», 7.08.1985).

НІРБІ (МХР) завхоз. *А, мен н і р б і гой, қарағым. Н і р б і шіркінде күн бола ма? Көрінген мүйізіне бір іледі* (М. Құрман., 89). *Бүгін болмаса, ертең станцияның н і р б і с і н аламын. «Н і р б і» деген сөз ыргынга кірді деген соз* (М. Құрман., 86). *Нагашы аганң жиенім н і р б і деп озіңе сеніп жур, – деп керек дуниенің шет жагын ескертіп қойды* (М. Құл., Таңд. шыг., 76).

[Нірбі *нярав* (монғ.) < *днер ба* (тиб.) зат, дәулет жауаптанушы (Б. Баз., Монғ., қаз. тілі, 189)].

НІШТІ БЕЛ (Қарақ.) темір күректің үлкен түрі.

О

ОБ 1. (Жамб., Шу; **Қ** орда, Арал; Ақт., **Ы**рғ.; Қост., Жанг.) астықты көлікпен бастырғанда колікті байлау үшін орнатылған қырман ортасындағы ағаш. *Біздің қырмандагы о б т ы ң түбі босап кетіпті, соны жөндейін деп едім* (Қост., Жанг.). **2.** (Шымк.: Шәу., Сайр.) қырмандағы бидайды бастыратын бір топ колік. *О б қостық. О б айда, сабаны саган пайда, дәні маган пайда* (Шымк., Шәу.). *Айдап жүрмін о б ы м д ы, айналдырып кидім тонымды* (Шымк., Сайр.). **3.** (Ақт., **Ы**рг.) шығырды айналдыратын көліктің жүретін жолы. *О б кең болса, көлік жүруге қолайлы* (Ақт., **Ы**рғ.). Қ. оп[3].

ОБ АЙДАУ (Шымк.: Шәу., Сайр.; Қост.: Аман., Жанг.) колікпен егін бастыру. *Кеше кешке дейін о б а й д а д ы м* (Қост., Аман.). *О б а й д а п жатырмыз* (Шымк., Сайр.).

ОБА[1] (Түрікм.: Таш., Конеүр.) ауыл, село. *Мен бір жұмыспен осында о б а шаруашылыгы министірлігіне келгенімді айттым* (Түрікм., Таш.).

ОБА[2] (Павл., Ерт.) тобе. *Калмақтардың о б а с ы осы күнге дейін тұр* (Павл., Ерт.).

ОБАДА (Өзб., Ташк.) ескі-құсқы, көнежыртық үй бүйымдары.

[Өзбекше *увиди* деп ескі, тозған бұйымдарды, маталарды айтады (Узб.-рус. сл., 470)].

ОБАЙРАУ (Өзб., Ташк.) қоқу, ыбырсу. *О б а й р а п жатқанымда үйге қонақ келді* (Өзб., Ташк.).

ОБАҚ-ШҰБАҚ (Шымк., Сарыағ.) олайбылай; бірдө олай, бірдө бұлай. *О б а қ-ш ұ б а қ дүние гой, бір қалыпта тұрмайтын* (Шымк., Сарыағ.).

ОБАЛАҚЫН (Шығ. Қаз., Зайс.) тіпті, ешбір, түк. *Ахметтің не айтып жүргенін мен о б а л а қ ы н білмеймін* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ОБАЛАУ (Гур., Есб.) аудың екі жағын қосып тарту.

ОБАЛУ (Гур., Маңғ.) жоқ болу. *Ол о б а л ы п кетті гой* (Гур., Маңғ.).

ОБАШЫҚ ҚҰДЫҚ (Көкш., Қ.ту) ескірген құдық. *Керуен жолда келе жатып о б а ш ы қ қ ұ д ы қ қ а кездеседі* (Көкш., Қ.ту).

ОБОРОТ (Қост., Об.) екінші жыл салынған жер. *Мынаны о б о р о т дейміз, биыл егіннің шығысы жақсы* (Қост., Об.).

ОБҰРЫШ (Сем., Абай) күпшөктің шеңбері. *Күпшекке бір о б ұ р ы ш керек болып қалып, сізге сол үшін келдім, ақсақал* (Сем., Абай).

ОБ ШАБУ (Гур., Тең.) ұзын аудың екі жағын бірдей алып төгу. *О б ш а п қ а н д ы қ т а н Шәку бүгін балықты көп алды. Асықканда о б ш а б у қиын* (Гур., Тең.).

ОБШАРҚА (Түрікм.: Тедж., Мары, **Б**айр.) қой қырқатын жер. *О б ш а р қ а г а агаш жеткізбелі* (Түрікм., Тедж.).

ОБЫҒУ (Қост., Семиоз.) ашығу. *Мен қазір аса о б ы г ы п отырмын* (Қост., Семиоз.).

ОБЫП КЕТУ (**Р**ес., Астр.) құртып кету. *Бір тас шай ішесің, ет болмаса да о б ы п к е т п е й д і* (**Р**ес., Астр.).

ОБЫР (Қ.орда, Арал) олген кісі тіріліп келіп, сол үйдің асын ішіп кетеді деген наным. *Бір жыл ел жайлауда еді «о б ы р ш ы г ы п т ы» деп жұрт дабырласты. Анық көрген адам болмады* (Қ.орда, Арал).

ОБЫР КӨШІП, ОРДА ҚОНУ (Түрікм., Красн.) аласапыран, қызыл қуғын, сарсүргін болған мезгіл. *Біздер бұл жаққа о б ы р к ө ш і п, о р д а қ о н г а н уақытта келгенбіз* (Түрікм., Красн.).

ОБЫРЛАНУ (МХР) қомағайлану. *Сонан соң тагы бір ескерер жай қозы кешкі аз отында о б ы р л а н ы п жайылады* («Ж. өмір», 9.06. 1983).

ОБЫРЫҚ (Гур., Тең.) қайыққа көлденең қағылған адам отыратын тақтай. *Мәгер о б ы р ы қ болмаса мына қайықтың адам отыратын жері де жоқ* (Гур., Тең.).

ОҒАН (Ауғ.; Ир.) бүркіт.

ОҒАШ (Қост., Торғ.) өте. *Биыл тары жылдагыга қараганда о г а ш биік екен* (Қост., Торғ.).

ОҒДАРЛЫ (Қарақ.) оқыс.

ОҒЛОП (Қост., **О**б.) жетек, тертө. *Арбаның о г л о б ы н көтеріп қой* (Қост., Об.).

ОДАМАН (Орал, Жән.) әскер басы, атаман деген мағынада қолданады. *Оралдың о д а м а н ы Пахотли да Шатайға тимеймін деп уагда берді* (Орал, Жән.).

ОДАН (Гур., Маңғ.) оғаш. *О д а н сөзді айтпа* (Гур., Маңғ.).

ОДАНАЛАУ (Гур., Маңғ.) ерсілеу, одағайлау, оғаштау. *Козге де о д а н а л а у тұрады-ау сол* (Гур., Маңғ.).

ОДАНДЫҚ (Гур., Маңғ.) ерсілік. *Олай деп айту о д а н д ы қ болар* (Гур., Маңғ.).

ОДАНЫ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары; Орал, Чап.; Гур., Маңғ.) түрпайы, ерсі, орынсыз мінез. *Осындай істерді өзіңе о д а н ы болар демейсің* (Түрікм., Небид.). *Ол о д а н ы сөз айтпайтын адам. Бізде о д а н ы адам деп тіл алмайтын, сөзді елемейтін адамды айтамыз* (Орал, Чап.).

ОЖАР (Қост., Жанг.) есерсоқ. *Ол о ж а р гой, алдап ұстау керек* (Қост., Жанг.).

ОЖЫРАТУ (Қ.орда, Арал) тарату. *Сонда ол барып елді о ж ы р а т ы п т ы* (Қ.орда, Арал).

ОЖЫР-БҰЖЫР (Түрікм.: Таш., Кенеүр.) бүжыр-бүжыр. *Үй жаңа болганымен сапа жагы ойдагыдай емес, қабырга бетінің әр жері о ж ы р б ұ ж ы р* (Түрікм., Таш.).

ОЗАҒАН (Гур., Маңғ.) жүйрік, озғыш. *О з а г а н ат* (Гур., Маңғ.). *Қасымның асқан о з а г а н бір жүйрік боз аты болды* (Гур., Маңғ.).

ОЗҒАН (Рес., Орын.) еткен. *О з г а н жылы онымен жолығыстық* (Орын., Ад.). *О з г а н заманда бұлай етпеуші едік* (Орал, Жән.).

ОЗҒАРУ (Рес., Орын.) өткізу. *Біраз сойлесіп, уақытты о з г а р д ы қ. Көп жасыңызды бақытпен о з г а р д ы ң ы з* (Рес., Орын.). *Үйіңізге қонақ келсе әр таңды қызметпен о з г а р а с ы з* (Рес., Орын.).

ОЗҒЫН (Сем.: Көкп., Ақс.) озық. *Жамал өз қатарынан әлде қайда о з г ы н бала емес пе?* (Сем., Көкп.).

ОЗДЫРУ (Орал, Жән.) өткізу. *Бізде бір жагынан о з д ы р ы л д ы* (Орал, Жән.). *Кеше гана о з д ы р ы л г а н көктемгі егіс салу кезінде...* («К-зшылар үні», 27.10.1953). *Үгітшілерге ешқандай басшылық жасалмайды, олардың семинары о з д ы р ы л м а й д ы* («К-зшылар үні», 26.08.1953).

ОЙБАЙ ЖАПЫРАҚ (Жезқ., Ұлы.; Рес., Орын.) үлкендігі алақандай жапырақты шөптің аты. *О й б а й ж а п ы р а қ ащы болады, мал жемейді* (Жезқ., Ұлы.).

ОЙҒЫ (Қост., Аман.) теменгі, ой. *Біз о й г ы жолмен жүреміз* (Қост., Аман.).

ОЙДАЙ (Қост., Жітік.; Түрікм., Ашх.) көп, орасан. *Әлгінде залдың ішінде отырганда о й д а й терледім дейсің* (Қост., Жітік.). *Бұрынгы әйелі о й д а й бала тапқан* (Түрікм., Ашх.). *Халықтың о й д а й ақшасын жұмсап, мәдениет үйін салдырып беріп, сені басына қойып едік* (Ғ. Сл., Домб., 64).

ОЙДАЙ ЕҢБЕК (Ақт., Байғ.) көп еңбек. *Чкалоо колхозы 10 гектарлық богет суын нашар богегендіктен айрылып қалды, о й д а й е ң б е к зірә болды* («Соц. ауыл»).

ОЙҚАН-ТОЙҚАН (Ақт., Байғ.) талқанын шығару. *Мына колхоз базары үйінің есік жақ қабырғалыгын о й қ а н - т о й қ а н шыгарып құлатыпты* (Ақт., Байғ.).

ОЙҚЫЛ (Гур., Маңғ.) ойпаң. *Алдымызда алыстан о й қ ы л жерде қойдың маңыраган дауысы естілді* (Гур., Маңғ.).

ОЙЛЫҚ (Гур., Маңғ.) оян, ой жер. *Ауыл о й л ы қ т а отыр, үстінен тұспесең корінбейді* (Гур., Маңғ.).

ОЙМА ҚҰДЫҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Мары) аузы тар, кішкене құдық. *О й м а қ ұ д ы қ тез құлайды* (Түрікм., Красн.).

ОЙМАШ (Гур., Маңғ.) нанның бір түрі. *Ол о й м а ш т ы жақсы пісірді. Жақсы пісірген о й м а ш ет орнына беріледі* (Гур., Маңғ.).

ОЙНАҚ (Гур., Маңғ.) ойнайтын жер. *Әскер ойнайтын жерді де о й н а қ дей береміз* (Гур., Маңғ.).

ОЙНАМАЛЫ (Қ.орда, Арал) құлын тастай беретін бие. *Мынау о й н а м а л ы бие гой, жылда құлын тастап өмірінде бір құлындамады* (Қ.орда, Арал).

ОЙНАУ (Ауғ.; Ир.) қыдыру, сапар шегу. *Бұ мұсәпірлер бо(л)са Жамболдан о й н а п келді дә* (Ауғ.).

ОЙПАС (Жезқ., Ұлы.; Қост., Жанг.) ойпаң. *О й п а с т ы ң ортасында жайылып жүрген сиырды о й п а с т а н айдап шықтым* (Жезқ., Ұлы.). *О й п а с т а у гып қазу керек* (Қост., Жанг.).

ОЙРАН ҚЫЗЫЛ (Шығ. Қаз., Больш.) сүйқылттау қызыл.

ОЙРАН ШАЛБАР (Қост., Фед.) киіктің терісінен кең етіп тіккен шалбар. *Қандай шілденің қыжыган күні болса да, о й р а н ш а л б а р д а н ыстықтамайсың* (Қост., Фед.).

ОЙ СОРАҢ (Қ.орда, Арал) құмды жерге шығатын үзындығы бір метрдей шоп. *Ой сораңды туйе сүйіп жейді* (Қ.орда, Арал).

ОЙСЫЛ ҚАРА (Қ.орда, Жал.) айыр түйенің ең алғашқы бурасы.

ОЙТАҢ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Байр., Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары; Орал) ойпаң жер.

Шағыл (қ.) *арасындағы о й т а ң-о й т а ң жерлерде тұлейлік* (қ.) *кездесіп қалып отырады* (Түрікм., Байр.).

ОЙЫҚ[1] (Алм., Шел.; Жамб.: Жам., Сар.) текше (қ.), үйдің қабырғасына ыдыс-аяқ қою үшін жасалатын қуыс. *Әке, тамақ ішетін табақ о й ы қ т а т ұр* (Алм., Шел.). *Ыдыс-аяқ о й ы қ т а т ұр* (Жамб., Жам.).

ОЙЫҚ[2] (Орал, Чап.) мүзды ойып жасаған мал суаратын не балық аулайтын тесік. *Осы бір көлдердің қасынан о й ы қ жасап қоятын екен, су алуға оңай болар еді* (Орал, Чап.).

ОЙЫНЖЫҚ (Түрікм.: Таш., Байр.) ойыншық, қуыршақ. *Балалар қолға қарай ма деп, үш-төрт о й ы н ж ы қ сатып алдым* (Түрікм., Таш.).

ОЙЫСТЫРУ (Павл., Үрлі.) ою, кесу. *Сырмақты о й ы с т ы р ы п салады* (Павл., Үрлі.).

ОҚ (Қост., Жанг.) атыздың айналасындағы су жүретін арық.

ОҚАҒАШ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.; Қ.орда: Сыр., Жал.) оқтық (арбаның жетегі, жалғыз жетегі, тәртесі). *О қ а ғ а ш қ а екі ат жегіледі* (Қ.орда, Сыр.). *О қ а ғ а ш қалқанды арбада болады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ОҚАҒАШ[2] (Көкш., Қ.ту) арбаның артқы және алдыңғы дөңгелегін байланыстырып тұратын ағаш.

ОҚАҒАШ[3] (Көкш., Қ.ту) самиян.

ОҚАҒАШ[4] (Алм., Қарат.) тісағаштың ортасынан тесіп өткізілген соқаның үзынша жетек ағашы.

ОҚАЛАҚ (Шымк., Сайр.; Қ.орда; Жамб.: Шу, Луг., Мойын.) оқыра. *Бір сиырым о қ а л а қ т а н қашып жүріп, құлап өлді. О қ а л а қ тиген малдың мазасы болмайды* (Шымк., Сайр.). *Сиырға о қ а л а қ тигенде осы тоғайға кіріп жатады* (Жамб., Шу). *Өгізді о қ а л а қ аздырар, естіні ой аздырар* (Мақал).

ОҚАП (Сем.: Шүб., Абай; Көкш., Қ.ту) жолдағы шұқыр, ойлы-қырлы жер. *Қысқы жолда о қ а п көп болады* (Сем., Шүб.). *Қыста жол жүргенде жолда о қ а п т а р көп кездеседі* (Көкш., Қ.ту).

ОҚАРМА (Гур., Маңғ.) қауынның бір түрі.

ОҚАРМАН (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тедж.) түсі сары ала, піскенде сарғайып, кейде жарылып кететін сары қауын.

ОҚ АРЫҚ 1. (Қост.: Аман., Жанг.; Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Қ.орда: Сыр., Жал.) бас арықтан егіннің арасына қарай бұрылатын тік арық. *Біз көбіне қызылшаны о қ а р ы қ арқылы суғарамыз* (Жамб., Шу). *О қ а р ы қ т а н жанама арық тарайды* (Қ.орда, Жал.). *О қ а р ы қ егін араларында болады* (Қост., Аман.). *О қ а р ы қ деп атыздың айналасындағы су жүретін жерді айтады* (Қост., Жанг.). **2.** (Түрікм.: Көнеүр., Тедж., Тахта, Байр.) атыздар арасындағы суды жөнге салып отыру үшін жасалған жаптың бір түрі.

ОҚАСА (Шымк., Мақт.) горшок. *Біздің о қ а с а қайда?* (Шымк., Мақт.).

ОҚАСЫЗ (Гур., Маңғ.) адыр, ожар (мінез туралы). *О қ а с ы з жігіт* (Гур., Маңғ.).

ОҚ ЖАҚЫЛУ (Алм., Кег.) оқ тию. *Міне балам, мынау 1916 жылғы о қ ж а қ ы л г а н жерім* (Алм., Кег.).

ОҚЖАТАР (Қарақ., Мой.) диск, коробка. *Мылтықтың о қ ж а т а р ы н д а үш оқ бар екен* (Қарақ., Мой.).

ОҚПА (Алм., Жам.) ердің басы. *Ердің о қ п а с ы н а н ұстай алып айырылмауға тырыстым* (Алм., Жам.).

ОҚПАҚ[1] (Қ.орда, Арал) дене бітімі көркем, аяқтары сорайған, үзын, мойны бүктеріле біткендей, жапырық өркеш, жүні сүйық, көбіне қоңыр түсті, сіңіре будандастырудан алынған түйенің жетінші ұрпағы. *О қ п а қ т ы ң* атасы – таза үлек, «енесі-қалбағай», «Жол жүргенде оқпақ күс (кокқутанның бір түрі) сияқты анда-санда «о-о-оқ» деп үн шығара дауыстап алып жүре беретін әдетіне байланысты *оқпақ* атанған. *Бұзаубақтың денесі жапырайған, жүк басты болған жапырақ өркеш ақ қаптал, өмірінде шыр бітпеген о қ п а қ қоңыр түйе тәрізді* (Қ.орда, Арал).

ОҚПАҚ[2] (Кекш., Қ.ту) үлкендігі қарғадай, күндіз жатып түнде ұшатын құс. *О қ п а қ суда жүзбейді* (Көкш., Қ.ту).

ОҚПАН[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Мары) ердің алдыңғы басы. *Атақозының өгы Құттықожа ерінің о қ п а н ы н алып түсіпті* (Түрікм., Кенеүр.).

ОҚПАН[2] (Қ.орда, Арал) оппа, су обайтын жер.

ОҚПАНДАУ (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) тоқымның алдын көтеріп ерттеу.

ОҚСАП (Гур., Маңғ.) дұрыс, жөнді. *Бұзау қора о қ с а п салынбаған* (Гур., Маңғ.).

ОҚСАТУ (Гур., Есб.; Орал, Жаңғ.; Түрікм., Красн.) үқсату. *Мына шамның өзі о қ с а т ы п тұр-ау* (Гур., Есб.). *Әй, сен бір жұмысты о қ с а т ы п істемейсің-ау* (Орал, Жаңғ.). *Бастық оны оңаша жерде о қ с а т ы п тұрып сыбап алыпты* (Түрікм., Красн.).

ОҚСАУ (Гур., Есб.; Рес., Орын.; Орал, Казт.) үқсау. *Бұл бала әкесіне о қ с а й д ы* (Орал, Казт.).

ОҚСАУЛЫ (Гур., Маң.) тәуір, оңды. *О қ с а у л ы зат* (Гур., Маң.).

ОҚТАЙ (Жамб.: Мер., Луг.) оқтау. *О қ т а й, тақтайды әпкел* (Жамб., Мер.).

ОҚТА-САНДА (Қ.орда, Қарм.) оқтатекте. *О қ т а-с а н д а болмаса қасқыр әзір білінбейді гой* (Қ.орда, Қарм.).

ОҚ ТЕМІР (Қост., Жанг.) оқ жетектің үстіндегі темір. *О қ т е м і р д і арбаға өгіз жеккенде қолданады. Менің арбамның о қ т е м і р і жоқ, сенде артық о қ т е м і р бар ма?* (Қост., Жанг.).

ОҚТЫ КІРПІ (Түрікм.: Красн., Небид., Байр.) үстіндегі тікендердің үзындығы бір қарыстай, жүгіргенде салдыр-гүлдір дыбыс шыгаратын кірпі тәрізді мақұлық.

[Түрікменше *оқлы кирпи* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ОҚТЫҚ[1] (Жамб.: Жуа., Шу, Луг., Мер., Қорд.) екі атты арба-шананың жетек ағашы. *Арбаның о қ т ы г ы жарылып кетіпті* (Жамб., Шу).

ОҚТЫҚ[2] (Шығ. Қаз., Зайс.) мылтықтың үңғысы. *Далада мылтықтың о қ т ы г ы н тазаламаса болмайды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ОҚТЫМ-ОҚТЫМ (Жамб., Шу) әлсін-әлсін, мезгіл-мезгіл. *О қ т ы м-о қ т ы м барып тұрдым* (Жамб., Шу).

ОҚТЫМ-СОҚТЫМ (Жамб., Шу) андасанда. *Мен мұнда о қ т ы м-с о қ т ы м келіп тұрамын* (Жамб., Шу).

ОҚУЛЫ (Көкш., Қ.ту) білімді. *Оның қызы о қ у л ы екен* (Көкш., Қ.ту).

ОҚШАС Қ. ұқшас.

ОҚШАТУ (Жамб., Жам.) үқсату, реттеу. *Бұ там жұдә о қ ш а г а н там екен* (Жамб., Жам.). *Ол езі Ескендіровтың жайын о қ ш а г а н екен* (Жамб., Жам.).

ОҚШАУ (Гур., Есб.) үқсау. *Сенің мына балаң кімге о қ ш а г а н* (Гур., Есб.).

ОҚШАШ (МХР; Гур., Есб.) үқсас. *Оган ешбір жері о қ ш а м а й д ы* (МХР). *Сөйлейін бір хиқаят келген ойға, О қ ш а й д ы тамашасы жиын-тойға* (Ақыт, 129).

ОҚЫҒЫ (МХР) оқымақ, оқығым келеді. *О қ ы г ы ойым бар* (МХР).

ОҚЫЛАУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) оқтау. *Байжан – о қ ы л а у жонганда оган жоңғы ізі тұспейтін шебер* (Түрікм., Таш.).

ОҚЫМЫС (Қост., Об.) оқымысты. *Әміржанның бір баласы бар еді, қазір о қ ы м ы с адам болды* (Қост., Об.).

ОҚЫМЫШ (Жамб., Жам.) оқымысты. *Ол о қ ы м ы ш адам* (Жамб., Жам.).

ОҚЫМЫШТЫ (Алм.: Кег., Нар.) оқымысты, ғалым адам. *Бұл күнде балалардың бәрі о қ ы м ы ш т ы болды гой* (Алм., Нар.). *Ол жігіт о қ ы м ы ш адам* (Алм., Кег.).

ОҚЫНУ (Ауғ.; Ир.) санау, есептеу. *Дістұм Сейт Мағзаманды* (Қожаны) *ага о қ ы н г а н* (өке деп санаған) (Ауғ.).

ОҚЫП ТҰРУ (Рес., Қалм.) оқып жату. *Балаңыз о қ ы п т ұ р ма?* (Рес., Қалм.).

ОҚЫРА (Қ.орда, Арал) ағаштың бүтақты, осалдау жерінен шырын шығып түруы.

ОҚЫРА-ШОДЫРА (Орал: Жымн., Чап.) сиырдың арқасына түсетін күрт ауруы.

ОЛАЙ-ПҰЛАЙ (Алм., Шел.) олай-бұлай. *Әке, тысқа шығып коз салғын, сиыр о л а й-п ұ л а й беттеп кетпесін* (Алм., Шсл.).

ОЛАҚ (Түрікм., Красн.; Ақт., Жүр.; Гур.: Есб., Маң.) көл жағасынан мал суару үшін немесе көп жуатын қойды тоғытатын шұңқыр. *О л а қ т а н сиырды суарып келші, бала* (Ақт., Жүр.). *Қалған қойды о л а қ қ а апарып жуганамыз дұрыс болар* (Гур., Есб.). *О л а қ қ а қойды лақтырып итеріп кіргізеді* (Гур., Маң.).

ОЛБЫР ТОҚЫМ (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид., Тедж.; Гур., Маң.) тебінгісі түтас жасалған үлкен тоқым. *О л б ы р т о қ ы м д ы сал, баланың шалбары бұлінбесін* (Түрікм., Таш.).

ОЛЖАҒА БАЮ (Ақт., Байғ.) олжаға бату. *Қалмұратов онімді о л ж а г а б а й ы д ы, шайдың косігін 100 сомнан сатты* (Ақт., Байғ.).

ОЛҚАЛ (Шыг. Қаз.: Зайс., Тарб.; Сем., Үрж.) қара қоға, мал жемейтін шоп. *О л қ а л кобінесе, сулы жерге шыгады* (Шығ. Қаз., Зайс.). *О л қ а л жеген мал оңушы ма еді* (Сем., Үрж.).

ОЛҚЫЛЫ-ТОЛҚЫЛЫ (Жезқ., Жез.) аумалы-токпелі, түрақсыз (мінез туралы).

ОМА (Гур., Манг.) су ішіндегі кішкене құрғақ жер. *О м а судың сайыз жерінде болады. О м а үйілген топырақ тәрізді болып көрінеді* (Гур., Маң.).

ОМАҚ (Кокш., Қ.ту) астық, тамақ қоятын үй. *Біздің жерде әр үй сайын бір о м а қ салып алады* (Көкш., Қ.ту).

ОМАҚА[1] (Кокш., Қ.ту; Рес., Омбы) астық, ас қоятын жер. *О м а қ а н ы ң есігін жаппай кетіппін* (Кокш., Қ.ту).

ОМАҚА[2] (Қост., Торғ.) жер бөлгенде шекарасына үйген топырақ. *Өгіз о м а қ а н ы ң ар жағына өтіп кетті* (Қост., Торғ.).

ОМАҚ ПЕШ (Жамб., Шу) дөңгелек темір пеш. *О м а қ п е ш к е қазан орнатады* (Жамб., Шу).

ОМАЛ (Гур., Маңғ.) ревматизм ауруы. *Аягымның о м а л ы болушы еді* (Гур., Маңғ.).

ОМАН АРЫҚ (Жамб., Мойын.; Шымк.: Шәу., Қызылқ.) үлкен арық, бас арық. *О м а н а р ы қ т ы ң суын егінге байладық* (Жамб., Мойын.). *Бізде о м а н а р ы қ т а р да болады* (Шымк., Шәу.).

ОМАНҚЫСУ (Гур., Есб.) омақасу, омақата құлау. *О м а н қ ы с а құлағанда екі домалап кетті* (Гур., Есб.).

ОМАШ (Орал, Жән.) соқа, соқаның ескі түрі. *Өткен замандарда о м а ш п е н де жер жырттық қой, балам* (Орал, Жән.).

ОМБЫ (МХР) жаңадан қалың, терең болып жауған, жаңадан түскен жұмсақ қар.

ОМБЫ ҚАР (Рес., Омбы) боранна кейінгі күртек қар.

ОМБЫЛАУ (Рес., Омбы) қалың қарға малтығу. *Саптама етігінің қонышынан асатын ағаш ішіндегі қарды о м б ы л а й... қасыма келді* (С. Жүніс., Ақан сері, 23).

ОМПА (Шығ. Қаз., Ұлан) оңқа. *Асықты иіргенде о м п а тура қалды* (Шығ. Қаз., Ұлан).

ОМСЫРАЮ (Сем.: Көкп., Ақс.) ойсырату, еңсеріп тастау. *Жігіттер мына жұмысты о м с ы р а й т ы п тастаған екен* (Сем., Көкп.).

ОМЫРАУ[1] (Түрікм.: Бекд., Тедж., Конеүр.) өмілдірік. Кейде мұны *айылған* деп те атайды.

ОМЫРАУ[2] (МХР) емшек сүті. *Алты айға дейін о м ы р а у ғ а жарымай, сүт қосып бергенді қосымша тамақтандыру деп түсінуге болмайды* («Ж. өмір», 22.12.1983). *Нәрестеге ең қажетті тағам – о м ы р а у сүті* («Ж. өмір», 22.12.1983).

ОМЫРАУДАҒЫ БАЛА (Шығ. Қаз.; Тау., Қош.) емшектегі бала. *Ол кезде Сараңдай о м ы р а у д а ғ ы б а л а еді* (Тау., Қош.).

ОМЫРАУ ҚАМЫТ (Гур., Маңғ.) түйе қамыттың желкелігі. *О м ы р а у қ а м ы т түйенің иығында тұрады* (Гур., Маңғ.).

ОМЫРАУЛЫҚ (Рес., Орын.) емілдірік. *О м ы р а у л ы қ т ы көп салмайды бізде* (Рес., Орын.).

ОМЫРАУША//ПӘРТІК (Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) алшалғыш. *О м ы р а у ш а н ы ң бауын байлап алайын* (Көкш., Қ.ту). *Біздің жақта бұны о м ы р а у ш а не партық дейді* (Рес., Омбы).

ОМЫРТҚА (Алм.: Балқ., Іле) қайықтың белдеу ағашы. *О м ы р т қ а табан тақтайы мен қапталын қоса бекітіп тұрады* (Алм., Балқ.).

ОМЫРТҚАСЫ ТҮЗУ ЖІГІТ (Гур., Маңғ.; Жезқ., Ұлы.) білімді, ақылды, көрнекті, іскер жігіт. *Қасыңа о м ы р т қ а с ы т ү з у ж і г і т ертіп жүрің* (Гур., Маңғ.).

ОМЫРУ (Қост., Жанг.) шағу. *Қантты о м ы р с а ң ш ы, өте ірі екен* (Қост., Жанг.).

ОНАНША (МХР) өйткенше, оданша, олай істегенше. *О н а н ш а бірнеше сағат дем алып келіп таңертең істесек те болмай ма?* (А. А., Сүй. мен., 87). *О н а н ш а асхана жабылмай тұрып ауқат алып алайық* (МХР). *О н а н ш а бұрынғымызша дос жар боп сыйласып жүре бермейміз бе* (МХР).

ОНДАҚ-МҰНДАҚ (Алм., Еңб. қаз.) андай-мұндай. *Мен қарт болғаныммен о н д а қ - м ұ н д а қ қызмет істеймін* (Алм., Еңб. қаз.).

ОНДЫҚ-МҰНДЫҚ (Алм.; Талд.) андай-мұндай. *Таңертең базарға барып о н д ы қ - м ұ н д ы қ заттарды алып, ауылға қайттық* (Талд.). Қ. ондақ-мұндақ.

ОН ЕКІ ҚАРЫС (Алм., Жам.) қазанның үлкені. *О н е к і қ а р ы с қ а тегі бір қойдың еті түгел симақ керек* (Алм., Жам.).

ОНЖАРҒАЛАУ (Алм., Жам.) шаршау, жүдеу. *Ол о н ж а р ғ а л а й қалыпты* (Алм., Жам.).

ОНЖЫРҒА//ОҢЖЫРҒА (Гур., Маңғ.) адамның бұғана сүйегі. *О н ж ы р ғ а с ы түсіп кеткен* (Гур., Маңғ.).

ОНСЕРІ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) 5 килограмдық салмақ өлшемі.

[Қарақалпақша *сери* батпанның төрттен бір бөлігі (Карак.-рус. сл., 1958). *Сири* 8 фунттық (Л. Буд., 1, 655)].

ОНША-МҰНША (Жамб., Жуа.) бірлі-жарым, ішінара. *О н ш а - м ұ н ш а асықтыра бермеңіз* (F. Сл., Шалқ., 45).

ОНЫНШЫ АЙ (МХР) қазан айы.

ОҢАЗА (Жезқ., Ұлы.) ашқарақ, шыдамсыз. *Күшікке жасында тамақты көп берсе, өскенде о ң а з а болады* (Жезқ., Ұлы.).

ОҢАТ (МХР) рет, жөн. *Бара көрерміз. Орын болмаса тағы бір о ң а т ы келер* (А. А., Сүй. мен., 58).

ОҢАТ КЕТУ (Гур., Маңғ.) оңды болу, жақсы болу, оңға айналу. *Кешегі қыз о ң а т к е т т і* (Гур., Маңғ.).

ОҢАТТАУ (Гур., Тең.) өңдеу, жөндеу. *Балық аулайтын қайықтарды қыстығүні о ң а т т а п қоямыз. О ң а т т а л м а ғ а н қайықты теңізге шығармайды* (Гур., Тең.).

ОҢАТЫ КЕЛМЕУ (МХР; Тау., Қош.) реті келмеу, ыңғайы болмау. *Осы іс көптен бері ойда жүрсе де, орындап тастауға бір о ң а т ы к е л м е й д і* (Тау., Қош.) *Кеше бармайын деп ем, о ң а т ы к е л м е д і* (МХР).

ОҢАТЫНА КЕЛУ (Шығ. Қаз., Больш.) реті келу, сәті түсу, оңына келу.

ОҢАШПАУ (Түрікм., Красн.) өзі бірге жұмыс істейтін ұжыммен ортақ соз таба алмау, адамдармен келісе алмау. *Менмендік қылған адам бұл арада ешкіммен де о ң а ш п а й д ы* (Түрікм., Красн.).

ОҢҒАЙТТАУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) оңтайлау. *Бригадир болуга Ережепбайды о ң г а й т т а у керек сияқты* (Тау., Қош.). *Бұл қызметке Әсетті о ң г а й т т а й т ы н сияқты* (Шығ. Қаз., Больш.).

ОҢҒАРУ[1] (Гур., Маңғ.) оңға қарай бұру, бетін оң жаққа қаратып қою; реттеу, жонге келтіру. *Басқа құралсыз пышақпен-ақ о ң г а р а д ы* (Түрікм., Таш.). *Жұмыстың бет әлпеті о ң г а р ы л ы п т ы* (Ақт., Ойыл). Көне түркі тілінде *ОҚАЧ* жөндеу, жақсарту (С. Мал., ПДП, 407).

ОҢДАЙЛЫ (Шығ. Қаз., Больш.; Түрікм., Таш.) оңтайлы. *Біз оның жолын тосып, о ң д а й л ы жерден қарауылдап жаттық* (Түрікм., Таш.).

ОҢ ЖЕЛ (Гур., Маңғ.) қайықтың артынан соғатын жел. *Бүгін ж е л о ң болды* (Гур., Маңғ.).

ОҢ КӨРУ (Орал, Чап.) таң қалу. *Бұл затқа несіне о ң к ө р е д і екен?* (Орал, Чап.).

ОҢҚА[1] (Жамб., Тал.) банка (дәрігерлік құрал, аспап). *Ол бүгін дәрігерге барып, арқасына о ң қ а салғызды* (Жамб., Тал.). *Қарақұрттың шаққан жеріне о ң қ а қояды* (Жамб., Тал.).

ОҢҚА[2] **1.** (Жамб., Шу) асық ойынының түрі. *О ң қ а н ы атқан ұтады. Шығара алмаса екі-үш асық тігеді* (Жамб., Шу). **2.** (МХР) асықтың аша жағы, үш жағының томен қарап тік тұрғаны.

ОҢЛАУ (Жамб., Жам.) өңдеу, жөндеу. *Тамның есігін о ң л а п қойдық* (Жамб., Жам.).

ОҢЛЫ (Жамб., Шу) оңды, ыңғайлы. *Бір о ң л ы атым бар еді, оліп қалды* (Жамб., Шу).

ОҢ-ТӘТІР (Сем., Аяг.) оң-терісі. *Оның о ң-т ә т і р і с і жоқ* (Сем., Аяг.).

ОҢЫШУ (Түрікм.: Мары, Ашх., Таш.) келісе білу, тату тұру. *Біз екеуіміз осылайда о ң ы ш а м ы з* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *онушмак* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *оңысу* (Карак.-рус. сл., 1958); үйғ. *онулшмак* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

ОП[1] (Жезқ.: Ұлы., Жез.) қада, қырманға қадаған ағаш. *Қырманга қадаған агаш құрып топ көлікті қырмандағы о п қ а байлап айдайтын еді* (Жезқ., Ұлы.).

ОП[2] (Шымк., Сайр.) қырмандағы бидайды бастыратын бір топ (ат, өгіз) көлік. *«О п, о п айда, сабаны саған пайда, дәні маған пайда. О п айдап жатырмыз* (Шымк., Сайр.). *Айдап жүрмін о б ы м д ы, айналдырып кидім тонымды* (Шымк., Сайр.).

ОП[3] (Ақт.: Қараб., Ырғ.) шығырды айналдыратын көліктің жүретін жолы, оның айналасы, алаңы. *О п кең болса, көліктің айнала жүруіне қолайлы болады* (Ақт., Ырғ.). *О п т ы ң тарлығы көліктің жүруіне кедергі келтіріп жүреді* (Ақт., Қараб.). Қ. об.

ОП[4] (Ақт., Қараб.) балшық басқанда шұңқырдың ортасында адам тұратын орын. *Балшық басқанда адам осы о п т а тұрып атты айдайды* (Ақт., Қараб.).

ОПА[1] (Павл., Ерт.) тұрақсыз, опасыз. *Қарағым, о п а бермейтінмен жолдас болма* (Павл., Ерт.).

ОПА[2] (Алм., Жам.) пайда. *Бұл малдан о п а көрмейді екенсің сенің үстіңде бүтін киім жоқ екен* (Алм., Жам.).

ОПА[3] (Алм., Жам.) аяушылық, мейірім. *Бұл жау ешкімге о п а қылмайды екен деп олместің шарасын істепті* (Алм., Жам.).

ОПА[4] (Гур., Маңғ.) апат. *Жаңбыр мол жылы қарақұрт аз болады. Жаңбыр қарақұртқа келген о п а* (Гур., Маңғ.).

ОПАДАҢ (Гур., Есб.) ерсі, жонсіз. *Мына сөздерің о п а д а ң болып отыр* (Гур., Есб.).

ОПАЙ (Павл., Екіб.) ұпай. *Кім коп о п а й алса, сол ұтады* (Павл., Екіб.).

ОПАЙ-ТОПАЙ (Жамб., Жуа.) әбігер, абыржу, опыр-топыр. *Ол о п а й-т о п а й болады* (Жамб., Жуа.).

ОПАЙТЫП ҚОЮ (Сем., Ақс.) үйіп, шошайтып қою. *Ол тезекті о п а й т ы п қ о й ы п т ы* (Сем., Ақс.).

ОПАЛАЙ-ТОПАЛАЙ БОЛУ (Сем., Абай) опай-топай болу.

ОПАЛАУ (Қ.орда, Арал) бос, нашар, осал. *Сүйегі жасық, о п а л а у* (Қ.орда, Арал).

ОПАН (Түрікм., Красн.) көлемі кең қазылатын құдық. *О п а н н а н көп малды сугару жеңіл болады* (Түрікм., Красн.).

ОПАР-ТОПАР (Гур., Маңғ.) опыр-топыр, апыр-топыр. *Жүктің о п а р-т о п а р ы н шығарып айнала шашқандарың не?* (Гур., Маңғ.).

ОПАТ БОЛУ (Ақт., Ойыл) жаны шығу. *Салмағын салса, о п а т б о л а д ы гой* (Ақт., Ойыл). Қ. уапат болу.

ОПАТ ЖҮРУ (Павл., Үрлі.) жылдам жүру. *Ахметтің көк дөнені о п а т ж ү р е д і екен* (Павл., Үрлі.).

ОП БАСЫНДА (Қ.орда, Арал) о баста. *О п б а с ы н д а Арал ауданы көшпелі ел еді, қазір балықшы болды* (Қ.орда, Арал).

ОП-ОДАНЫ (Гур., Маң.) біртүрлі, лайықсыз, ерсі. *Шалдардың өзі жастарға о п о д а н ы болып тұрады* (Гур., Маң.).

ОППА (Көкш., Қ.ту) қоян үстау үшін қалың қарды қазып ішіне от жағып, айналасын мүз қылып жаптырған тобесі жабық шұңқыр. *О п п а м е н қоянды көп аламын* (Көкш., Қ.ту).

ОПТАП-СОПТАП (Қост., Торғ.) омдап-домдап. *Ол не болса да о п т а п-с о п т а п істей салады* (Қост., Торғ.).

ОПТОРПАҚ (Қарақ.) топырақтың майда түрі.

ОПТЫҒУ (Кокш., Еңб.) шаршап жүдеп қалу. *Сенің атың о п т ы г ы п қалыпты гой* (Көкш., Еңб.).

ОПЫНУ (Ақт.: Шалқ., Қараб.; Гур.: Маң., Есб.; Түрікм., Красн.) өкіну. *Ішетін қымызды төгіп алып, өзім о п ы н ы п отырмын* (Ақт., Шалқ.). *Бір сиыр, екі тайөгізім жоғалып о п ы н ы п отырмын* (Ақт., Қараб.). *Өткен іске о п ы н у д ы ң енді реті жоқ* (Түрікм., Красн.). *Жоқ, тіпті мен оған о п ы н ы п та отырғаным жоқ* (Гур., Есб.). *Серік те бұркітті ұшырып алғанына о п ы н ы п, ағасына тезірек айта бастады* (Гур., Маң.).

ОПЫРЫҚ (Гур., Маң.; Рес., Қалм.) кетік, тісі жоқ. *Екі байдың тісі о п ы р ы қ. Оның тісі о п ы р ы қ болып қалыпты* (Гур., Маң.).

ОРАЗЫ (Гур., Маң.) бақытты адам. *О р а з ы н ы ң баласы он бесінде бас болады, Шиырлының баласы жиырмасында жас болады* (Мақал; Гур., Маң.).

ОРАЙ[1] (Қарақ.) орта, орталық. *Совхоз о р а й ы н д а кешкі уақытта құлақтан су ашылмасын* (Қарақ.).

ОРАЙ[2] (Рес., Сарат.) дөңгелек бет. *Өзі көркем о р а й бет әйел* (Рес., Сарат.).

ОРАЙЛЫҚ (Қарақ.) орталық. *Совхоз о р а й л ы г ы гүлденіп келеді. Бүгін о р а й л ы қ қ а барамыз* (Қарақ.).

ОРАҚ ПЫШАҚ[1] (Түрікм.: Таш., Кенеүр., Ақт., Ойыл) шалғы. *Тақтаның ара-арасына шыққан шөпті о р а қ п ы ш а қ п е н шауып аламыз* (Түрікм., Таш.). *Біздің үйдегі бес о р а қ п ы ш а қ т ы да алып кет, онда жетпей жатырған шығар* (Қарақ.). *Машинаның о р а қ п ы ш а қ т а р ы н күнде қайрап беріп отырам* (Ақт., Ойыл).

ОРАҚ ПЫШАҚ[2] (Рес., Орын.) үлкен пышақ. *О р а қ п ы ш а қ п е н нан кеседі* (Рес., Орын.).

ОРАҚ СУ 1. (Жамб., Шу; Сем., Үрж.) егін бас тарта бастағаннан кейін берілген үшінші су. *Биыл жаңбыр көп болып біздің егін жеке сумен о р а қ с у ы н ішкен де жоқ* (Жамб., Шу). *Егінге о р а қ с у ы н жіберіп келдік* (Сем., Үрж.). **2.** (МХР) ең соңғы су, орар алдында берілетін су.

ОРАМ[1] (Ақт., Қараб.) жер-су. *О р а м беру – жер су беру* (Ақт., Қараб.).

ОРАМ[2] (Рес.: Орын., Омбы) көше, квартал. *О р а м г а қарай шықсақ та болады. Түнде соққан қатты желден о р а м д а бірнеше бағаналар құлап қалыпты* (Рес., Орын.). *О р а м д а олардың балалары рысақ салдырып, мүсөпірлерді атқа таптатады* (Х. Есенж., Ақ Жай., 95). *Бір о р а м д ы тұтас алып тұрған ақ үйді алыс жерден көрсетті* (С. Мұқ., Өмір мект., 20).

[Башқұртша *урам* көше деген сөз].

ОРАМ[3] (Қ.орда, Арал) бағындыру, саясатын жүргізу.

ОРАМАЛ[1] (Гур., Маң.) шүберекке ақшаны түйіп алып қашатын ойынның аты. *Мынау аттың бір о р а м а л д ы г ы бар екен деген сөз бар. О р а м а л г а түйген ақшаны атпен алып қашып ойнайтын ойын* (Гур., Маң.).

ОРАМАЛ[2] (Қарақ.) мүше (алым). *Ахунекеңнің үйіне көкнөріні салып, о р а м а л алдым* (Қарақ.).

ОРАМАЛ[3] (Ауғ.; Ир.) қызыл орамал, қыздар ғана басына тартатын орамал.

ОРАМАЛ АУДАРУ (Түрікм., Красн.) келін боп түскен қыздың қызыл орамалын алып, оның орнына бүркеншік жабу салты.

ОРАМАЛ ЖҮГІРТПЕК (Кекш., Қ.ту) тізенің астына орамал жүгіртіп ойнайтын ойын. *О р а м а л ж ү г і р т п е к т і ойын-тойда ойнайды* (Көкш., Қ.ту). Бұл ойын аты Қазақстанның әр жерінде әр түрлі. Алматы маңында *андалақ*, Шу бойында *жылтыр кетті*, Қарағанды облысында *әбір-гүбір* деліпеді.

ОРАМАЛ ОЙНАУ (Рес., Орын.) тізенің артынан ширатылған орамалды, бір-біріне беріп, ортада отырған адамды ұрып ойнайтын ойын. *О р а м а л о й н а у д а біреу ортаға отырып, орамалды табады* (Рес., Орын.).

ОРАМАЛ ТАСТАМАҚ (Рес., Омбы) қатар-қатар отырған адамдардың бір-біріне орамал беріп ойнайтын ойыны.

ОРАМАЛ ТЕППЕК (Жамб., Мер.) он жастан жоғары балалар ойыны. *Жасымызда о р а м а л т е п п е к т і коп ойнаушы едік* (Жамб., Мер.).

ОРАМАЛ ТОЙ (Қарақ.) күйеу қалыңдықты әкелуге жүрерде істелетін той.

О р а м а л т о й жасаған үйге жақындары орамал деп кездеме, мал, ақша, т.б. заттар апарады (Қарақ.). *Жігітім, о р а м а л т о й д ы қашан жасаймыз?* (Қарақ.).

ОРАМ БЕРУ (Ақт., Шалқ.; Алм., Шөл.) жер-су беру, бағыну. Алым, салық беру. *Есет орыс патшасына о р а м б е р м е й м і н деп, көп қарсылық істеді* (Ақт., Шалқ.). *Исатай кіші жүздің ханына, сұлтандарына о р а м б е р м е й м і н деп қарсылық істеді* (Алм., Шел.).

ОРАМ БОЛУ (Қ.орда, Қарм.) бағыну. *Біздің бұл ара ертеде қарақалпаққа о р а м б о л ы п т ы* (Қ.орда, Қарм.). *Мөңке би орысқа о р а м б о л у д а н бұрын өткен* (Қ.орда).

ОРАМҒА ШЫҒУ (Орал, Жән.) серуендеу. *Бисен Жәнікешов жасында о р а м ғ а көп ш ы ғ у л ы* (Орал, Жән.).

ОРАМДА ЖҮРУ (Орал, Жән.) сыртта жолаушы жүру. *Ауыл маңында болмай, алысырақ Темір о р а м д а ж ү р с е де олең айтып жүреді* (Орал, Жән.).

ОРАМ ЖҮРГІЗУ (Қ.орда, Арал) бағындыру. *Қоқандар о р а м ж ү р г і з і п, халық мазасын кетірді* (Қ.орда, Арал).

ОР АТ (Жамб., Шу) құланмен шағылысқан жылқы түқымы. *О р а т т ы ң танауы ақтау, түсі қарагер, тері мен түяқтың астасқан жері сарғыштау келеді* (Жамб., Шу).

ОРАУ (Павл., Ерт.) аіналу, барып қайту. *Мен өткен жұмада Керекуді о р а п келдім* (Павл., Ерт.).

ОРҒЫЛ (Қ.орда, Арал) құмда көлік, я кісі жүрсе аяғы бататын есілген құм. *Жолда құм есіліп жатқан о р ғ ы л екен, аттың аяғы кіріп шаршап қалды* (Қ.орда, Арал).

ОРҒЫЛ-ОРҒЫЛ (Қост., Торғ.; Түрікм., Красн.) өркеш-өркеш. *Тосынның құмы о р ғ ы л - о р ғ ы л болады* (Қост., Торғ.). *Былай қарай үзап шыққан соң, алдыңыздан о р ғ ы л - о р ғ ы л құмдар басталады* (Түрікм., Красн.).

ОРДА (Жамб., Сар.) мың құлан. *Бір о р д а құлан көрдім* (Жамб., Сар.).

ОРҚАЗАР (Жамб., Сар.) күйеу келгенде алдына ор қазып, күйеу сол орға жығылса күйеуден алатын ырым. *Қасым күйеу келгенде о р қ а з ы п, омақата құлаттым* (Жамб., Сар.).

ОРҚАШ-ОРҚАШ (МХР) серейген. *Теңізде жүрген жойқын кемелердей біреуі сорайған шұрқ-шұрқ, екіншісі о р қ а ш - о р қ а ш, әрқайсысы самұрық, жайын, арыстан тәрізді алыптарды елестететін күрең шоқылар мұнарға малынып қалқып жүргендей сезіледі* («Ж. өмір», 15.05.1986).

ОРЛЫҚ (Гур., Есб.) үрлық. *Балалы үйдің о р л ы ғ ы жатпайды* (Гур., Есб.).

ОРЛЫҚЧЫ (МХР) орынбасар.

ОРМА (Қ.орда, Арал) шабындық, шабылатын шоп. *Биылғы жылы о р м а өте жақсы шықты* (Қ.орда, Арал).

ОРНАУ (Қ.орда, Қарм.) тию, қадалу. *Тақ қолтықтың астынан найза о р н а ғ а н екен дейді* (Қ.орда, Қарм.).

ОРПА (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Байр.; Гур., Маңғ.; Ақт., Жүр.) аузы кең, тайыз әрі шегенделмеген құдық. *О р п а тереңдігі екі сажын құдық* (Түрікм., Красн.).

ОРПАҚ (Гур., Маңғ.) үрпақ. *Сен деген о р п а ғ ы ң жоқ кісі емессің* (Гур., Маңғ.).

ОРПАЛЫҚ (Гур., Маңғ.) құдық қазғанда су сайыздан шығатын жер.

ОРПАҢ (Қарақ.) топырақтың майда түрі.

ОРТА АРЫҚ (Шымк., Шәу.) үлкен арықтан шығып, әрбір колхозға кететін арықтар. *О р т а а р ы қ п е н әрбір колхозға су кетіп жатыр* (Шымк., Шәу.).

ОРТА БАУ//САЛМА БАУ (Түрікм., Таш.) шаңырақтың күлдіреуіш арқылы жел түрғанда жүк бастыратын жіп. *Қазық қағып, арқан бастыр, о р т а б а у әлсіз* (Түрікм., Таш.).

ОРТАҒА САЛЫНДЫ (Қарақ.) талқыға салынды. *Кеше кәпшілік арасында осы мәселе о р т а ғ а с а л ы н д ы* (Қарақ.).

ОРТАҚ (Қ.орда, Арал) жолдас. *О, не дегенің, о р т а қ капитан* (Ә. Нүрп., Курл., 82).

ОРТАН САУСАҚ (МХР) бүркіттің екінші саусағының аты.

ОРТАШАҚЫЛАР (МХР) орташа нәтиже шығарғандар. *Шопан Нямдавaa мен көмекшісі Ганболд өткен жылы о р т а ш а қ ы л а р қатарында қалып нәтижесін арттыруға міндет алғандығын, биылғы қарқыны ілгері, төлі аман екендігін әңгімеледі* («Ж. өмір», 13.06.1987).

ОРТУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта; Орал; Қост.; Гур., Маңғ.) орғу, секіру. *Осылай о р т а м ы н деп, бір күні омаласың гой* (Түрікм., Таш.). *Ақбөкендей о р т у* (Гур., Маңғ.). *Киік қашқанда о р т ы п отырады* (Қост., Жанг.).

ОРТЫП-ОРТЫП (Қ.орда, Арал) орғып-орғып. *Киік о р т ы п - о р т ы п барып арықтан құлады* (Қ.орда, Арал).

ОРХИМЖ//ӨРКІМЖІ (МХР) иық жамылғы (будда діни ламаларының сол иығына жабатын қызыл шүбөрөгі). *Гэвш Лодон о р х и м ж, сары шапаны көлбіреп келе жатыр еді* (Д. Нац., Жүмбақ., 60).

[Монғолша *орхимж* (Рус.-монг. сл)].

ОРЧУЛЫҚЧЫ (МХР) аудармашы, тілмаш. *Байқалов бастап келген қызыл армияның бір қазақ әскері о р ч у л ы қ ч ы істеді* (МХР).

[Монголша *орчуулач* аудармашы (Рус.-монг. сл., 425)].

ОРЫ (Шымк., Мақт.) кері. *Мынау о р ы сиыр кімдікі* (Шымк., Мақт.).

ОРЫЛҒЫ (МХР) кіріс, табыс.

[Монғолша *орлого* кіріс, пайда, табыс (Монғ.-каз. соз., 131)].

ОРЫЛМАҒАН ЖЕР (Ауғ.; Ир.) шабылмай қалған жер.

ОРЫН[1] (Шымк.: Түлк., Сайр.; Жамб., Жам.; Алм.: Кег., Шел.) төсек, төсек орын. *Мейманның о р н ы қайсы. Бір келдім, екі келдім ұшке дейін, Жата ма мейман кісі тұске дейін. Тұрағы жинау үшін, о р н ы ң д ы бер, Жата бер онан кейін тұске дейін* (Шымк., Түлк.). *Қонақтарға о р ы н сал* (Жамб., Жам.).

ОРЫН[2] (Сем., Абай) түп. *Мен былтыр төрт о р ы н ағаш ектім* (Сем., Абай).

ОРЫН АҒАШ (Қост., Жанг.) тегеріште кигізетін жұмыр, үзын ағаш. *О р ы н а г а ш тегершікті ұстап тұрады* (Қост., Жанг.).

ОРЫН АҚША (Рес., Орын.) базарнай ақша. *О р ы н а қ ш а с ы н төлеп, шөп сатыпты базарда* (Рес., Орын.).

ОРЫН САТПАҚ (Рес., Омбы) белгілі бір шарт қойысып, ұтқан жағдайда қалаған адамның қасынан орын алуға құқы болатын ойынның бір түрі.

ОРЫНСЫЗ ҚАЛДЫ (Түрікм., Красн.) жан қалмады, тып-типыл болды. *Сол кездегі жағдайдың өзі сондай, тіпті кейбір үй о р ы н с ы з қ а л д ы* (Түрікм., Красн.).

ОРЫН ТАП (Жамб., Тал.) ұлттық ойынның түрі. *Балалар о р ы н т а п ойнап жүрген* (Жамб., Тал.).

ОРЫН ТЕУІП ОТЫРҒАН (МХР) қалыптасып кеткен, орын алған. *Баяндамашы ауыл шаруашылық өндірісінің өнім сапасын жақсартуда о р ы н т е у і п о т ы р г а н олқылықтарды атап көрсетті* («Ж. өмір», 27.10.1983).

ОРЫНША (Түрікм., Таш.) кішкене орындық. *Мен де бір о р ы н ш а н ы алдым да, дастарқанға жақындадым* (Түрікм., Таш.).

ОРЫС БИДАЙ (Гур., Маңғ.) бидайдың бір түрі. *Қазір қара бидай мен о р ы с б и д а й саламыз* (Гур., Маңғ.).

ОРЫТУ (Орал, Жән.) орғу. *Киіктер о р ы т ы п келе жатқанда атып қалдық* (Орал, Жән.).

ОСПАДАР (Көкш.: Щуч., Еңб.) сотқар адам. *Мынау бір о с п а д а р адам екен* (Кокш., Еңб.).

ОСПАДАРСЫЗ 1. (Жамб., Қорд.; Орал, Жән.) қолынан ештеңе келмейтін тентексүрей адам. *Асқар деген о с п а д а р с ы з кісі екен* (Жамб., Қорд.). *Сенің жіберген адамың жұмыс істеуге о с п а д а р с ы з адам екен* (Орал, Жән.). 2. (Қарақ.; Түрікм.) жағымсыз, ештеңегеептілігі жоқ. *Осының өзі бір о с п а д а р с ы зболып келе ме деймін* (Қарақ.). *Мынауың о с п а д а р с ы з жанның ісі* (Түрікм., Жеб.). *Әлгі шұйкеден әлде қайда санасыз, о с п а д а р с ы з шұйкелердің талайы бар* (Ғ. Сл., Заман., 89).

ОСПАНДАР (Көкш.: Щуч., Еңб.) сотқар адам. *Мынау бір о с п а н д а р адам екен* (Кекш., Щуч.).

ОСЫҒҰРША (МХР) осыншама. *Өмірде не қызық бар қимайтұғын, көңілім суып ажарым сынбайтұғын. Дүние неткен тарсың о с ы г ұ р ш а, Шұйкедей жалғыз басым сыймайтұғын* («Ж. өмір», 25.05.1987). *Онда біз өкпелейміз, Назгүл, кім үшін о с ы г ұ р ш а қызыл танау болып жатырмыз* (М. Құрман., 158). *Қызғылттанып сұқтанып Көзі үрей береді. О с ы г ұ р ш а ойлантып, Ғұмыры неткен кер еді!?* (М. Сұл., Шыңғыс хан, 30).

ОСЫ НҰРЫ (Алм., Еңб. қаз.) осы жақта. *О с ы н ұ р ы бір адам келе жатыр еді, ол біздің колхоздың адамы екен* (Алм., Еңб. қаз.).

ОСЫНЫҢМЕН (Қарақ.) осымен. *О с ы н ы ң м е н бірге мені жіберсеңші* (Қарақ.).

ОТАҚ[1] (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Шымк., Сайр.; Қост., Жанг.) арамшөп. *Егіндегі о т а қ т ы құрту керек* (Қ.орда, Арал). *Қызылшаны о т а қ басып кетіпті* (Шымк., Сайр.). *Оқушылар егіннің о т а г ы н а екі рет шықты* (Қ.орда, Сыр.). *Бүгін егін арасына шыққан о т а қ т ы отақтауға бір-екі адам жіберу керек* (Қост., Жанг.).

ОТАҚ[2] (Қ.орда, Арал) от, отты жер.

ОТАЛАУ (Қ.орда, Арал) оттау.

ОТ АЛЫП ҚОПАҒА ТҮСУ (МХР) ашулану, ызалану. *О т а л ы п қ о п а ғ а т ұ с п е й а қ қой* (МХР).

ОТАН (Өзб., Ташк.) үй. *Осында келіп о т а н салып алдым* (Өзб., Ташк.).

ОТАНДАС (Павл., Ерт.) коршілес. *О т а н д а с совхоздардың жігіттері киноға келіпті* (Павл., Ерт.).

ОТАНЫМЕНЕН (Гур., Маңғ.) түп-түгел, бірі қалмастан. *Отанға баратын жігіттер осы үйге қонып, мана азанда о т а н ы м е н е н көтеріліп кетті* (Гур., Маңғ.).

ОТАРЛАСУ (Қарақ.) отасу. *Тұрлықұлдың 40 жыл о т а р л а с қ а н аялы өлді* (Қарақ.).

ОТАРЛАТУ (МХР) отарға шығару. *Бригада коллективі қазір де мал о т а р л а т у ісін*

тыңғылықты ұйымдастыруда («Ж. өмір», 30.07.1985). *Ауа райы жағдайына сәйкес малымызды негұрлым қарабауыр жерге түсіріп о т а р л а т у ы м ы з нәтижесін берді* («Ж. өмір», 25.08.1983)

ОТАРЛАУ (МХР) отарға шығу. *Сөйтіп, 9-10 айларда ащылы, сулы, соны өлкелерге о т а р л а й д ы* («Ж. өмір», 27.07.1983).

ОТАУ (Шығ. Қаз.: Күрш., Тарб.; Тау., Қош.) шошақ, кебен (шошақтан горі үлкенірек). *Колхоз 10 күннің ішінде 40 шамалы о т а у салды* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Сендер бүгін қанша о т а у салдыңдар* (Тау., Қош.).

ОТАШКҮР//ӘТӘШКІР (Ауғ.; Ир.) қысқаш, пешке от салуға арналған құрал.

ОТАШЫ (Жамб., Сар.) сыныққшы. *О т а ш ы келді* (Жамб., Сар.).

ОТ БАСЫН САБАУ (МХР) үрсысу, жанжалдасу. *Келіп, о т б а с ы н с а б а й кетті* (МХР).

ОТ ЖАРҒЫШ (Жезқ., Ұлы.) қайрақ. *Шөпті өнімді етіп орып алу үшін, машина орағын о т ж а р ғ ы ш қ а қайрау керек* (Жезқ., Ұлы.).

ОТҚА ИТЕРМЕУ (Жамб., Шу) жерге тастамау. *Сіздің ақылыңызды о т қ а и т е р м е й д і* (Жамб., Шу).

ОТҚА ШАҚЫРУ (Жамб., Шу) келіннің алғаш келгенде үйді таныстыру үшін шақырған абысын-ажындарына беретін тартуы.

ОТ ҚОЙЫП ҚОЙ (Сем.: Абай, Шүб.) от салып қой. *Әкем, пешіңе о т қ о й ы п қ о й ш ы* (Сем., Абай).

ОТҚОРАЗ (Қарақ.) жел диірмен. *Дәнді о т қ о р а з ғ а салу* (Қарақ.).

ОТҚЫЗУ (Жамб., Жам.; Шығ. Қаз., Күрш.) отыргызу. *Ол ағаш о т қ ы з д ы* (Жамб., Жам.). *Биыл картопты кештеу о т қ ы з д ы қ* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ОТҚЫШҚАШ (МХР) қышқаш.

ОТПЕК (Орал, Жән.) нан. *Газиза, о т п е к алып келіп тұрады* (Орал, Жән.).

ОТТАЛУ (Түрікм.: Красн., Бекд., Қиян., Құмд.) от алу. *Мәшін о т т а л м а й тұр* (Түрікм., Бекд.).

ОТТАУ (Қарақ.) ортеу, от қою. *Осы дүйім жұрттың бәрі тұрікменнен қашты, тамды о т т а п кетті. Сонда біз бала жігіт едік* (Қарақ.).

ОТТЫҒУ (МХР) шөп жеп үйрене бастау. *Тез о т т ы г а д ы, сеңсеңдемейді, ширақ болады деп жауап берді* («Ж. өмір», 26.05.1983).

ОТТЫҚ[1] (Рес., Орын.; Орал, Жән.; Сем., Үрж.; Түрікм., Красн.) атқа шөп салатын жер, ақыр (қ.). *Сиырлар о т т ы қ т ы көк шөп тұр* («Ком.», 12.04.1954). *О т т ы қ қ а жаңартып шөп салуды ұмытып кетпе* (Сем., Үрж.).

ОТТЫҚ[2] (Орал, Жән.) құдыққа топырақ құламау үшін істелген қоршау. *Құдыққа о т т ы қ салмаса, топырақ басып қалады* (Орал, Жән.).

ОТТЫҚ[3] (Қост., Жанг.; Жамб., Шу; Рес., Орын.; Түрікм., Красн.) сіріңке. *Сара, о т т ы г ы ң бар ма?* (Қост., Жанг.). *О т т ы г ы ң д ы чағып бер* (Жамб., Шу). *Мына үйден о т т ы қ әкелші, қарағым* (Рес., Орын.). *Қалтадағы о т т ы қ та су болып, от жаға алмай өтырғанбыз* (Түрікм., Красн.).

ОТТЫҢ БАСЫ ТҮГЕЛ МЕ? (Рес., Орын.) үй іштерің аман ба? *О т т ы ң б а с ы т ү г е л м е, от басы аман ба?* (Рес., Орын.).

ОТЫЗ ЖЫЛҒА БОЛДЫ (Рес., Орын.) отыз жыл болды. *Мен жұмыс істегелі о т ы з ж ы л г а б о л д ы* (Рес., Орын.).

ОТЫМА ОТТЫҚ САЛ (Алм., Жам.) бала туғанда, шешек шыққанда айтылатын ырым. *Шашу шашып барайын, о т ы ң а о т т ы қ с а л а й ы н* (Алм., Жам.).

ОТЫН АҒАШ (Қ.орда, Қарм.) ілмек ағаш, басы аша ағаш. Кішкене шелек, ыдыс-аяқ ілетін ағаш. *Шелекті о т ы н а ғ а ш қ а іліп керегеге аса сал* (Қ.орда, Қарм.).

ОТЫН ҮСАҚТАУ (Шығ. Қаз., Больш.) отын жару, ағашты отқа жағылатындай етіп майдалау.

ОТЫ ӨРЕ ЖАНБАДЫ (Алм., Жам.) бақыты ашылмады, жолы болмады.

ОТЫРА (Гур., Маңғ.) қайықтың адам отыратын ағашы. *Жұматай, сен о т ы р а ғ а неге балық қойдың? О т ы р а н ы тазалау керек еді* (Гур., Маңғ.).

ОТЫРБЫ (Шығ. Қаз., Зайс.) кебек, еленген үнның қалдығы. *О т ы р б ы н малға береміз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ОТЫРҒАН (Гур., Есб.) жатқан. *Пайдаланып о т ы р г а н адам екесіздер* (Гур., Есб.).

ОТЫРҒЫШ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.; Орал: Казт., Жән., Чап., Жымп.; Рес.: Қалм., Сарат.) орындық. *Әлі 5-6 о т ы р г ы ш керек* (Түрікм., Ашх.). *О т ы р г ы ш қ а кейін үйрендік* (Рес., Сарат.). *Енді тұрмаспынау дегендей о т ы р г ы ш қ а орнығып отырды* («Қарабұғаз.», 23.02.1937). *Жақында 12 о т ы р г ы ш сатып алдық* (Орал, Чап.). *Үлкендер оқуына керекті парта, о т ы р г ы ш, қара тақтаймен қамтамасыз етілсін* («Ж. жол», 28.07.1938).

ОТЫРДЫ (Қ.орда, Арал; Шығ. Қаз., Зайс.) кебек, еленген үнның қалдығы. *О т ы р-*

д ы н ы малга береміз, о т ы р д ы жеген мал семіз болады (Қ.орда, Арал).

ОТЫРМАҚ (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) сауық кеш, бас қосу. *Үйде о т ы р м а қ бар?* (Гур., Маңғ.). *Олар озара о т ы р м а қ жасамақшы. Олар о т ы р м а қ қ а кетті* (Гур., Маңғ.). *Бүгін жастар о т ы р м а қ қ а кетті* (Түрікм., Красн.).

ОТЫРМА ҚОС (МХР) уықты шаңырраққа шаншып тіккен үй. *Бай ауылдың шетінде о т ы р м а қ о с п е н отырдық* (МХР).

ОТЫРУҒА ЖОҚ (Ақт., Шалқ.) отыруға болмайды. *Казір еңбексіз қарап о т ы р у г а ж о қ* (Ақт., Шалқ.).

ОТЫРЫҚТАУ (Жамб., Шу) отырғызу. *Қылшаның түбін о т ы р ы қ т а у д а да көп мән бар* (Жамб., Шу).

ОТЫРЫҚТЫ (Жамб., Шу) отырықшы. *Колхоз болганнан кейін о т ы р ы қ т ы болдық* (Жамб., Шу).

ОТЫРЫҚШЫ (Рес., Орын.) отырымды, жергілікті. *Олар осында о т ы р ы қ ш ы, осы жерде отырганына 20-25 жыл болып қалды* (Орын., Ад.).

ОТЫРЫМ (Түрікм., Таш.) мекен, тұрақты жер. *О т ы р ы м ы ң не жерде?* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *отурмак* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ОТЫРЫМДЫ (Түрікм., Таш.) отырықшы. *Қазақтар қазір о т ы р ы м д ы болып алды гой* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *отурымлы* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ОТЫРЫМДЫ СӨЗ (Сем., Абай) орынды сөз, табылған сөз. *Оның бұл айтқаны о т ы р ы м д ы с ө з* (Сем., Абай).

ОТЫРЫСПА (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) кешкі ойын-сауық мәжілісі. *Бүгін Лепестің о т ы р ы с п а с ы н а баралы* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *турылышык* немесе *отурышмак* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ОТЫРЫСПАҚ (Қарақ.) бірігіп бас қосып кеш еткізу.

ОШАҒ (Қ.орда, Арал) тойды, жиынды басқарушы.

ОШАҚ (Сем., Үрж.) сиырда болатын ауру.

ОШАҚ БАСЫ (Гур., Маңғ.) той жабдығын басқарушы. *Тойда Төребайдың өзі о ш а қ б а с ы болды* (Гур., Маңғ.).

ОШАҚ БӘЙГІ 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.; Гур., Маңғ.) той, ас беру кезінде ошақ қазылып болғанша өтетін ат жарыс. *Сол аста о ш а қ б ә й г і н і ң өзіне 40-45-ке қолай ат қосылды* (Түрікм., Таш.). *Жақын жерден жіберсе о ш а қ б ә й г і болады* (Гур., Маңғ.). **2.** (Қарақ.) қонақ күні, тойдан бір күн бұрын берілетін тоң бәйге. *О ш а қ б ә й г е г е суымаган аттарды қосады* (Қарақ.).

ОШАҚ ҚАЗАР (Түрікм., Небид.) күйеу аттандырар кезде апаратын ілу.

ОШАҚ ПЕШ (Жамб., Шу) дөңгелек темір пеш. *О ш а қ п е ш к е қазан орнатады* (Жамб., Шу).

ОШАЛ (Жамб., Шу) осал. *Құс салган кісі о ш а л кісінің бірі емес* (Жамб., Шу).

ОШАҢ ЕТЕР (Жезқ., Ағад.) селт етті. *Ауылымызда о ш а ң е т е р ат жоқ* (Жезқ., Ағад.).

ОШАРЫЛУ (Өзб., Ташк.) шойырылу. *Екі ай белім о ш а р ы л ы п, орнымнан қозгала алмай қалдым* (Өзб., Ташк.).

ОШОК (Көкш.: Руз., Зер.) үпай. *12-13 жастагы пионерлер 5 оқпен 46 о ш о к етіп, нормасын орындады* (Көкш., Руз.).

ОШПАН (Орал, Жән.) үрім бұтақ. *Қуандық қарт о ш п а н м е н колхоз мүшесі* (Орал, Жән.).

ОЮШЫ (Шығ. Қаз., Күрш.) кен қазушы, забойшы. *Бұрын о ю ш ы жер бетіндегі кенді ломмен қазатын* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ОЯҒА ЖЕТКІЗУ (Жамб., Шу) дегеніне жеткізу, мақсатына жеткізу. *Ол өз иесін аман сақтап о я г а ж е т к і з і п т і* (Жамб., Шу).

ОЯЗДАНУ (Ақт., Ойыл) ет қашып, шүнірею. *Оның көзі о я з д а н ы п кетіпті* (Ақт., Ойыл).

ОЯЗДАУ ЖЕР (Қ.орда, Қарм.) ой, шұңқырлы жер. *Ертеде біз о я з д а у ж е р г е де, оңдап егін еге бергенбіз* (Қ.орда, Қарм.).

Ө

ӨБІСУ (Қарақ.) сүйісу. *Жақсының сөйлескені ө б і с к е н д е й, Жаманның сөйлескені тебіскендей* (Қарақ.).

ӨГДЕГЕНДЕЙ БОЛУ (ҚХР) күш алғандай, жеңістік алғандай, басқаларды тықсырып, ықтатып алғандай болу.

ӨГДЕМ ЖҮРУ (Сем.: Абай, Шүб.) өктем жүру.

ӨГДЕП ШЫҚПАУ (ҚХР) менмұндалап алға шықпау, ел көзіне түспеу.

ӨГЕЙ АТ (Жамб., Шу) әркімге, мініске үйренген ат.

ӨГЕЙЛЕУ 1. (Өрал, Жаңғ.) өгейсу, жатырқау. *Балам Ордадан келіп еді, шешесін ө г е й л е п қалыпты* (Орал, Жаңғ.). 2. (МХР) сағыну. *Айырылысқан елдің сағынышы оңайға салқындасын ба? Ана баланы, ага ініні, қыз төркінін, жігіт қайнын ө г е й л е д і* (С. Тәу., Арм. тау, 65).

ӨГҮРСӘЙ (МХР) қияр. *Ө г у р с ә й дегенің чужуқ секілді жасыл ма?* (МХР). Қ. өгүршөк, өгіршік.

ӨГҮРШӨК (Көкш.: Щуч., Еңб.) қияр. *Бұдан бірнеше жыл бұрын судың аргы бетіне ө г ү р ш ө к еккен еді* (Көкш., Щуч.). *Түргын халық оны ө г ү р ш ө к деп орысша атайды* (Көкш., Еңб.). Қ. өгіршік.

ӨГІЗАЙ (Ақт., Ырғ.) алабұғаның үлкені. *Қазір қармақпен бір ө г і з а й алып келді* (Ақт., Ырғ.).

ӨГІЗАЯҚ ЖӨЛ (Қост., Жанг.) өгіздің айнала жүретін жолы. *Өгіз тегіршекті* (доңгелекті) *айналдырғанда бір ізбен жүреді, оны ө г і з а я қ ж о л дейді* (Қост., Жанг.).

ӨГІЗГЕ КҮМІС ЕР-ТӨҚЫМ ЕРТТЕГЕНДЕЙ (ҚХР) өрескелдік.

ӨГІЗ ҚАМЫТ (Рес., Өрын.; Ақт., Тем.; Гур., Есб.) мойынтұрық, өгіздің мойын ағашы. *Ө г і з қ а м ы т т ы да жасай беремін* (Орын., Бор.). *Ө г і з қ а м ы т т ы ң сынып қалғанын қарашы* (Гур., Есб.).

ӨГІЗ ШАҒАЛА (Қ.орда, Арал; Кокш., Қ.ту) шағаланың үлкен түрі. *Ө г і з ш а г а л а н ы ң еті арам* (Көкш., Қ.ту). *Елдің жұртында жер ошақтың араларындағы сүйек-саяқтарды, елдің сыртындағы ескі апандардың маңайына тасталған бірен-саран өлімтікке өнон бесі жиналып қарақұс, қарға, ө г і з ш а г а л а р той-тойлап жатыр* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 4).

ӨГІЗШІК (Түрікм., Красн.) бір жасқа толған еркек бұзау. *Ө г і з ш і г і м і з д і ң біреуі кешелі бері өрістен келмей, бала бүгін соны ізdeп кетіп еді* (Түрікм., Красн.).

ӨГІРШІК (Павл., Леб.; Қост.: Фед., Семиоз.; Рес., Омбы) қияр. *Бұрынғыға қарағанда ө г і р ш і к егуді кейінгі кезде кәсіпке айналдырдық* (Қост., Семиоз.). *Біз ө г і р ш і к т е р д і базардан сатып аламыз* (Рес., Омбы). Қ. огүршок.

ӨЖЕКТЕУ 1. (Гур.: Бақс., Есб.) ежіктеу. *Ө ж е к т е п қайта-қайта песіне сұрайсың* (Гур., Бақс.); 2. (Гур., Есб.) керілдесу. *Екеуі осы ауылды басына көтеріп қатты ө ж е к т е д і, шамасы, араларында сен айтқаннан гөрі зорырақ бірдеме бар-ау* (Гур., Есб.). *Мынау залдың ішіндегі шетінен ө ж е к т е г е н өндірдей жігіттердің арасында жүзі жылы адам жалғыз сол көрінеді бұған* (Ә. Кекіл., Құс қан., 180).

ӨЖЕЛЕНУ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр., Арал) өршелену. *Ал енді бұл бала бір жыласа, ө ж е л е н і п кетеді* (Қ.орда, Сыр.). *Олар сымда үзік жоқ деп келгенде, өзінің «бар пәле сымда» деп ө ж е л е н г е н і қайда?* (Ә. Нүрп., Курл., 409).

ӨЖІРЕ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта; Қ.орда, Қарм.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) үйдің болмесі. *Ол өзінің ө ж і р е с і н е кірді де, шықпай қойды* (Түрікм., Конеүр.). *Ө ж і р е қылып салған үлкен үйім бар, ол қыстақта болады* (Қ.орда, Қарм.). *Бір ө ж і р е, екі ө ж і р е үй бөлады* (Түрікм., Таш.).

[Қарақалпақша *өжіре* үйдің бөлмесі (Карақ.-рус. сл., 1958)].

ӨЖІРЕ-ӨЖІРЕ (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал) болек-болек. *Үйдің жарына кіл бос шантақтарды* (жәшік) *ө ж і р е-ө ж і р е етіп жинап қойыпты* (Гур., Маңғ.).

ӨЗ АТЫНЫҢ БАСЫН ӨЗІ АЛЫП ЖҮРУ (ҚХР) ер жету, адам қатарыиа қосылу, азамат болу, ақыл-есі толу.

ӨЗБАСТАҚ//ӨЗБАСЫНА (Түрікм.: Ашх., Гяу., Тедж., Таш., Мары) бетімен, оз алдына. *Машқала* (қ.) *жоқ, зат жоқ о з б а с т а қ жүрген адам гой* (Түрікм., Гяу.).

ӨЗБАСТАН (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) о бастан, әуелден. *Адайы болсын, табын болсын ө з б а с т а н осы түрікмендермен аралас қой* (Түрікм., Таш.).

ӨЗ БАСЫ (ҚХР) озі. *Сен Бақанастың ө з б а с ы н д а турасың ба? Мен Семейдің ө з б а с ы н а н қайтам* (ҚХР).

ӨЗБАСЫНА Қ. өзбастақ.

ӨЗДЕРІҢДЕРДЕЙ (Қар., Шет) оздеріңдей. *Ол да ө з д е р і ң д е р д е й оқушы еді* (Қар., Шет).

ӨЗДЕСТІРУ (ҚХР) үлгеру. *Ол сабаққа тым кеш қосылғанмен ө з д е с т і р і п кетті* (ҚХР).

ӨЗДІККЕ ҒАШЫП ЖАТЫР (Қарақ.) рақаттанып, жаны жай тауып жатыр.

ӨЗЕК АУ (Гур., Тең.) аудың бір түрі. *Балықшылар о з е к а у д ы озенде де, теңіз жағаларында да қолданады* (Гур., Тең.).

ӨЗЕНДЕГІ АУЫЛ (МХР) бұрын үлкен үй мен отау және бір әкеден туған ағайын адамдар озара келісіп бір, я бірнеше үй, шилі озен бойында сиыр, түйе бағып отыратын ауыл. *Кенен өзі қой ауыл боп отыратұғын, бір отауы мен бір інісінің үйі ө з е н д е г і а у ы л боп отыратұғын* (МХР).

ӨЗ ҚОЛЫМЕН ҚОЙҒАНДАЙ (ҚХР) өте анық, өз көзімен керіп тұрғандай.

ӨЗ МАЙЫНА ӨЗІ ШЫЖҒЫРУ (ҚХР) қатты азаптану, өзін-өзі кіналау, айыпты сезіну, өзін-өзі мұжу.

ӨЗ ТАСЫН (ҚУМАЛАҒЫН) ТӨРТТЕН ҚОЮ (ҚХР) істі өз пайдасына шешу, қара басының пайдасын ойлау, пайдалы жақты озіне бұру.

ӨЗІМ ЖҮРМІН (МХР) ез еркіммен, ез бетіммен. – *Не гып жүрсің? – Өзім жүрмін* (МХР).

ӨЗІНДІГІНЕН (Шығ. Қаз., Больш.) өздігінен.

ӨЗІН-ӨЗІ БОРШАЛАУ (ҚХР) өзін-өзі сынау, оз бойындағы кемшілігін тану, өзіне өзі баға беру, өзін-өзі қамшылау.

ӨЗІҢНЕН ӨЛІМ ШЫҚПАЙ ЖАНАЗАҒА ЖАРЫМАЙСЫҢ (ҚХР) кісіге қарағанның күні қараң деген мағынада.

ӨЗІҢНІҢ БОЙЫҢ БІЛСІН (Шығ. Қаз., Больш.) өзің біл, өз ақылыңа, ойыңа салып көр.

ӨККІ (Өзб., Ташк.) дөрекі, дөң мінезді. *Осы сенің өккілігің қалмады* (Өзб., Ташк.).

ӨКМӘН (Түрікм.: Таш., Тахта, Тедж.) міндетті. *Мектептер де план бойынша пақта беруге өкмән* (Түрікм., Тахта).

[Түрікменше *хөкман* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ӨКПЕ (Гур., Шев.) қойдың ауруы. *Өкпе болганда қойдың өкпесі қарайып кетеді* (Гур., Шев.).

ӨКПЕ ЖЕЛ (Рес., Омбы) ыстық жел.

ӨКПЕ ҚАЛҚУ (Рес., Орын.) өкпенің қабынуы. *Өкпе қалқыган кезде андыздың тамырын қайнатып ішеді* (Рес., Орын.).

ӨКСЕУ (Жезқ., Ағад.) көксеу. *Бұрынгыны өксеп отырмыз* (Жезқ., Ағад.).

ӨКТЕП КЕЛУ (Гур., Маңғ.) шаршап келу.

ӨКТЕУ[1] (Қост.: Жанг., Об.) қинау. *Мұнша атты терге бояп өктейтіндей немене тығыз жұмысың бар еді* (Қост., Жанг.). *Алысқа бәйгеге қосылган аттар өктеп келеді* (Қост., Об.).

ӨКТЕУ[2] (Гур., Маңғ.) өжеттендіру.

ӨКШЕ (Жезқ., Ұлы.) шөп машинаның сағасындағы темір. *Жұмағали құда машинага жаңа өкше салды* (Жезқ., Ұлы.). *Соқага керекті өкше 1290 болса, қолда бары 425 қана* («Соц. шаруа», 28.01.1939).

ӨКШЕ БІЗ (Түрікм.: Бекд., Красн., Тедж.; Акт.: Жұр., Тем.) ұзын әрі жуан, мықты біз. *Ең болмаса екі өкше бізді бірін табың* (Түрікм., Бекд.). *Сайман салғыштың ішіндегі өкше бізді бері әкел* (Акт., Тем.).

ӨКШЕ КӨТЕРУ (МХР) кету, жүру. *Өкше көтерейік, балуан күрескелі жатыр. Күн еңкейіп қалган екен, өкше көтерейік* (МХР).

ӨКШЕМ КЕУІШ (Ауғ.; Ир.) аяқ киімнің бір түрі.

ӨКШЕСІ ҚАНАМАУ (ҚХР) бала таппау, тумау.

ӨКІЛІШІ (Гур., Тең.) ескектің кіндігі.

ӨКІМ-ӨКІМ (Шығ. Қаз., Больш.) ауық-ауық, дүркін-дүркін. *Олар Арасанга өкім-өкім келіп тұрады* (Шығ. Қаз., Болып.)

ӨКІМ СҰРУ (ҚХР) дәурендеу, дәуірлеу, дәурендеп тұру.

ӨКІМСУ (Гур., Маңғ.) өктемсу. *Сәрсен, сен өкімсімей отыр* (Гур., Маңғ.).

ӨКІРЕ (Қост., Торғ.) аймақ, төңірек. *Бұрын осы өкіренің барлыгы Торгайдың тасыган суы болатын* (Қост., Торғ.). Орыс тіліндегі *округ* сөзі болу керек.

ӨЛӘ (Жамб., Сар.; Шымк., Түркіс.) пәлі, па, шіркін! *Өлә, мен сенің дәптеріңді умытыппын* (Шымк., Түркіс.).

ӨЛГЕК ЖЕЛ (Қ.орда, Арал) аңызақ жел. *Кешеден бері өлгек жел боп адамды күйдіріп барады* (Қ.орда, Арал).

ӨЛГЕНДЕЙІН (МХР) өте, қатты, шексіз. *Долы шал қозыны жамыраттың деп ұлын өлгендейін сабады* (МХР).

ӨЛГЕНШЕ (Жезқ., Ұлы.; Түрікм., Красн.) тым, аса, ете. *Қора-қопсыны үйге өлгенше жақын салуга болмайды* (Түрікм., Красн.). *Машинаны жарга өлгенше таямай жүр* (Жезқ., Ұлы.).

ӨЛГЕШ ТІРІЛШІ, ӨШКЕШ ТАМУ (ҚХР) жоғалғаны орнына келу, өшкені жану.

ӨЛДІ (Қар., Шет) асық ойынының бір түрі. *Енді өлді ойнайық* (Қар., Шет).

ӨЛДІ БІЛ (Қ.орда, Арал) өлді деп біл.

ӨЛЕЗ (МХР) өлімтік, сылбыр, бос. *Ол өлезге неге бересің* (МХР).

ӨЛЕК (Гур., Маңғ.) ушаттың (қ.) құлағынан өткізіп, екі шетінен екі кісі ұстап су таситын ұзындығы екі метрдей жұмыр ағаш. *Ушатпен су тасыганда өлекті пайдаланамыз* (Гур., Маңғ.).

ӨЛЕКШІН (МХР) өлімтік, олақ. *Қолынан тұк келмейтін өлекшінің өзі* (МХР).

ӨЛЕР ӨГІЗ БАЛТАДАН ТАЙМАЙДЫ (ҚХР) адам кәртейген шағында ештеңеден қорықпайды; кәрі жанын ештеңеден аямайды.

ӨЛИЯТ (Қост., Жанг.) ел-жұрт, туғантуысқан. *Ахмет барлық өлиятының жинапты* (Қост., Жанг.). «Уалаят» сөзінің өзгерген түрі.

ӨЛКЕ[1] (Ақт., Қараб.) өзен. *Бұл бригадада өлке жоқ, малға қиын болып тұр* (Ақт., Қараб.).

ӨЛКЕ[2] (ҚХР) сай, өзек. *Маяны алдымен өлкеден салмау керек, су қаптап кетуі мүмкін* (ҚХР).

ӨЛКЕ БИДАЙ (Рес., Орын.) ұшында қылшығы жоқ бидай. *Өлке бидай дәні ұсақ болады. Өлке бидай қапыл пісіп, жерге қапыл құйылады* (Орын., Ад.).

ӨЛКЕЛІК (Гур., Маңғ.) су жиналатын ойпаң жер. *Мына өлкелікке су тәуір-ақ жиналыпты* (Гур., Маңғ.).

ӨЛМЕГЕНІҢ ҚАРА ЖЕР (Өзб., Ташк.) әбден қартаю, сүлдесі қалу.

ӨЛӨКЧІН (МХР) өлімтік, олақ. *Оны қойчы қолынан тұқ келмейтін өлөкчіннің өзі!* (МХР).

ӨЛПЕҢ (Жамб.: Шу, Мойын.) ыстық, қапырық. *Күн өлпең болса, бұзау жидеге кіріп кетеді* (Жамб., Мойын.).

ӨЛШЕК (Шымк., Түркіс.) **1.** күрке, егіс басына тігілетін қос, балаған. **2.** жартылай жерден қазылып, жартылай лайдан домалақтап кесекпен жасалған үй.

ӨЛІ[1] (Алм., Жам.; Жамб., Шу) жылқының ішегі түйіліп ауруы. *Тағы да жылқыда өлі ауруы бар* (Алм., Жам.). *Өлі мен ауырған жылқы тыпырлап, аягын бауырына жиып алады. Өлі ні бұрын емдеуге оған мола тұргызып бір құдасына: «өлің тарт, өлің тарт» деп ырым жасайды екен* (Жамб., Шу).

ӨЛІ[2] (Гур.: Маңғ., Тең.) өлік. *Кеше өлген өлі ні бүгін жерлейді* (Гур., Маңғ.). *Кеше өлген өлі ні әлі көмген жоқсыңдар, оны не істейсіңдер* (Гур., Тең.).

ӨЛІ ЕТ (Қарақ.) дүкеннен алынған ет.

ӨЛІ ЖҮН 1. (МХР) қойдың үйысқан жабағы жүні. **2.** (Қ.орда, Қарм.) олген, не сойылған түйенің, қой-ешкінің терісінен жұлынып алынған жүн.

ӨЛІМІНДЕ (Сем.: Кекп., Ақс.; МХР) омірінде, ешуақытта, ешқашанда. *Кісі бұл құдыққа өлімінде түспейді* (Сем., Кекп.). *Кісіге өлімінде сырын айтпайды* (МХР).

ӨЛІМІН САЛА (Қ.орда: Арал, Қаз.) жантәнімен, жанын сала. *Әр әнге бір қосылып, шеке тамыры білеудей боп, өлімін сала барылдап жатыр* (Ә. Нүрп., Сең, 105).

ӨЛІПАЙ (Қарақ.) епсіз, бос, қолынан еңбек ету келмейтін адам.

ӨЛШ-ТІРІЛУ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) талма ауру. *Осы аягымды өліп-тіріледі н аурудан қалай жазарымды білмей отырмын* (Қ.орда, Сыр.).

ӨЛІП ШЫҒЫН БОЛУ (Ақт., Ойыл) олген, шығын болған. *91 бас қой өліп шығын болған* («Ойыл», 18.10.1970, № 127).

ӨЛІТ (МХР) монғол тайпаларының аты. *Торгауыт пен өлі т т е р Қобық пен Борталда саумаладай болып отыр. Енді бері беттеуден қалған шығар* (С. Тәу., Ақыр Жән., 288).

ӨЛІШ ЖАСАУ (Гур., Маңғ.) алдау, коз бояу.

ӨЛІ ШӨП (Гур., Маңғ.) ерте қурап, күзге жетпей бітіп кететін шоптер.

ӨМЕ (Гур., Есб.) көмек. *Сенің өмеңді қайда көреміз осы біз* (Гур., Есб.). Қ. үме[1].

ӨМІЛДІРІК (Алм., Жам.) аттың омырауынан ерге дейін екі қапталдан баратын қайыс. *Анау өмілдірікті тікші* (Алм., Жам.).

ӨМІРБАҚА (Жамб., Сар.) қара ала қауын, күзде піседі. *Өмірбақа піскен уақытта адамды аққа қаратпайды* (Жамб., Сар.).

ӨМІР ЖАРАТЫЛЫСЫНДА (Сем.: Абай, Шүб.) өмір бойы, туғаннан бері. *Ол кісілер өмір жаратылысында бай болған* (Сем., Абай).

ӨМІР ҚЫЛУ (Жамб., Жам.) омір сүру, тіршілік ету. *Әуелі қырғыздан әйел алып өмір қылдым* (Жамб., Жам.).

ӨМІРЛЕТУ (Жамб., Шу) омір сүру. *Орнатып бейбітшілік өмірлетіп, Қол қойды совет халқы түгел қоштап* (Жамб., Шу).

ӨМІР ПЫҚЫЙ (Гур., Маңғ.) омір бақи.

ӨМІРІК (Гур., Маңғ.) салық. *Бұрын кедейлерге өмірікті көп салатын* (Гур., Маңғ.).

ӨНБЕ (Қост., Торғ.; Қ.орда, Арал) құмды жерде шығатын кішкене кок шеп. *Өнбені қой, ешкі жейді* (Қост., Торғ.). *Өнбені малдың жемейтіні жоқ* (Қ.орда, Арал).

ӨНДІР[1] (Гур., Маңғ.) ағаштың аты. *Өндір – тік, тұзу шығатын ағаш* (Гур., Маңғ.).

ӨНДІР[2] (Жамб., Жам.) оңір, төңірек. *Мен тау өндіріне барып, жай салдым* (Жамб., Жам.).

ӨНДІРШЕК (Рес., Орын.) кеңірдектің бас жағы. *Өндіршек кеңірдек пен тілдің ортасы* (Орын., Ад.).

ӨНЕМЕЙІН (Қ.орда, Арал; Орал, Жән.) өне бойы, үнемі, ылғи. *Жиенгали, өнемейін осында келе беретінің не?* (Қ.орда, Арал). *Жәнібекке баратын машина өнемейін осы үлкен жолмен жүреді* (Орал, Жән.). Қ. өнепойы.

ӨНЕПОЙЫ (Қ.орда, Арал; Рес., Орын.) үнемі, өне бойы. *Аралда өнепойы жел болып тұрмайды, желсіз күндер де болады* (Қ.орда, Арал). *Өнепойы күн мұндай бола бермес* (Орын., Ад.). *Өнепойы жаза берген соң*

шаршайсың, сен дамыл ал (Орың., Ад.). *Тұшпанды жеңсең достық қыл, жеңемін деп өнеп ой ы тығам деме тесікке* (Орын., Ад.). Қ. өнемейін.

ӨНЕРБЕТ (Гур., Маңғ.) сымбатты, келісті.

ӨНЕРІҢ ІСТЕСІН (Рес., Астр.) өнерің тасысын.

ӨНЖЕЙЛІ (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид., Ашх., Таш., Мары) берекелі, маңызды. *Бұл шөп онша о н ж е й л і емес* (Түрікм., Мары). *Салақ қарағандықтан осы уақытқа дейін ...әлі ө н ж е й л і іс бітірген жоқ* («Жұм-шы», 7.01.1950).

ӨНЖЕМЕУ (Қарақ.) өспеу. *Тез ө н ж е м е й д і екен ғой, бұл нөрсенің өзі* (Қарақ.).

ӨНЖЕУЛІ (Гур., Маңғ.) енімді. *Ө н ж е у л і іс* (Гур., Маңғ.).

ӨНЖЕУСІЗ (Гур., Маңғ.) өнімді емес, енімсіз. *Таудан көмір қазып атыр екен, онша ө н ж е у с і з болса керек, күніге бір машинадан артық шығара алмадық деп айтады* (Гур., Маңғ.).

ӨНЖҰРҒАЙ (Орал, Казт.) ендіршек. *Ө н ж ұ р г а й ы ауырғанша айқайлағаны несі* (Орал, Казт.).

ӨНІК (Қарақ.) жерге себу үшін, суға салып ендірілген тұқым.

ӨНІКСІЗ (Қост., Жанг.) енімсіз. *Тарыны шығырмен сугару ө н і к с і з* (Қост., Жанг.).

ӨНІКТІ (Гур., Маңғ.) өнімді, өнімді іс. *Суды метеймен* (қ.) *тасыған шелектен гөрі ө н і к т і* (Гур., Маңғ.).

ӨҢГЕРУ (Павл., Ерт.) езгеру. *Жаңа директор болғалы қызметкерлерінің бірқатары ө ң г е р і л д і* (Павл., Ерт.).

ӨҢДІР (Рес., Сарат.) тес, кеуде, кекірек. *Түйе жылқыны ө н д і р і м е н басады да, шайнап тастайды* (Рес., Сарат.).

ӨҢДЕЙЛЕУ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) қарсы болу, бас тарту. *Мен оның айтқанына онша ө ң д е й л е г е м жоқ, бірден көндім* (Тау., Қош.).

ӨҢЕЗ (Рес., Омбы) қымыздың түбінде қалған нәрсе.

ӨҢЕЙІП ҚАЛУ (Сем.: Ақс., Кекп., Шүб.) еңі кіріп, әрленіп қалу. *Ол курорттан қайтқан екен, ө ң е й і п қ а л ы п т ы* (Сем., Шүб.). *Үсті-басы тазарған, киімі бүтінделіп өзі ө ң е й г е н* (С. Сейф., Шығ., V т., 65).

ӨҢЕП АЙТУ (ҚХР) еңдеп айту.

ӨҢЕШ[1] (Орал, Жөн.) пештің ішіндегі түтін шығатын кеңістік. *Пештің ө ң е ш і н тазаламаса, түтін шықпай жатыр* (Орал, Жен.).

ӨҢЕШ[2] (Рес., Сарат.) құйын. *Ө ң е ш суды сорғанда, су ортайып қалады* (Рес., Сарат.).

ӨҢЕШ[3] (Рес., Сарат.) резеңке құбыр (түрба). *Ө ң е ш т е н жағалай су құяды астауға* (Рес., Сарат.).

ӨҢЕЮ (ҚХР) еңі кіру, реңі кіру. *Ол едәуір ө ң е й і п қалыпты* (ҚХР).

ӨҢ КӨРУ (Орал: Чап., Жымп.) таң қалу. *Бұл затқа несіне ө ң к ө р е д і екен?* (Орал, Чап.).

ӨҢКУ (Қ.орда, Арал) меңку. *Тайдың ө ң к і р г е н і сонша қатты* (Қ.орда, Арал).

ӨҢЛЕУ (Түрікм., Таш.; Сем., Аяг.; Жамб., Жам.) еңдеу. *Жиылған терілерді жақсылап ө ң л е п, әйтеуір бір керекке жарататынбыз* (Түрікм., Таш.).

ӨҢ ЧӨЙІСУ (МХР) ренжісу. *Көп жыл дәмдес өтырдық, ө ң ч ө й і с і п көрмедік* (МХР).

ӨҢЧӨҢ (МХР) ылғи, біркелкі, ыңғай. *Көржынға ө ң ч ө ң асыл бұл салды* (МХР).

ӨҢШЕЙ (Қ.орда, Қарм.) еңшең. *Орал ө ң ш е й жақсы адамдар* (Қ.орда, Қарм.).

ӨҢІ БӨТЕН (Алм., Жам.) басқа, басқа түсті. *Балам қарашы, ана ө ң і б ө т е н кісі кім екен* (Алм., Жам.).

ӨҢІР (Гур., Маңғ.) тек жіптен иірілген арқан.

ӨҢІР ЕТ (Гур., Маңғ.) майлы, қыртысты кесек ет. *Үйге кісі келді, қуырдақ қылатын ө ң і р е т і н е н екі келі ет кесіп берші* (Гур., Маңғ.).

ӨҢІРЖИЕК 1. (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Орал; Гур.: Маңғ., Есб.) жеңсіз камзолдардың еңіріне тағылатын алқа. *Ө ң і р ж и е к салатын бізде дәулет бөлмады* (Гур., Есб.). **2.** (Қарақ.) күміс, не алтын жалатқан терт жиекті, тақталы, ашпалы алқа.

ӨҢІРТАЛ (Қарақ.) екі тақталы, ортасында бір қарыс шынжыры бар күміс жалатқан алқа.

ӨҢІРШЕ 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) түрлі-түсті тастармен әшекейленген, күміс жалатқан мойынға тағатын үш тақталы алқа. *Осы заманда қыздар ө ң і р ш е тағуды қоя бастады* (Түрікм., Ашх.). **2.** (Гур., Маңғ.) оқа, зер.

ӨҢІРШЕК (Ауғ.; Ир.) қымбат асыл тастары бар алқаның бір түрі.

ӨПЕКТЕУ (Қ.орда, Қарм.) орау. *Жас балаңды қолыңа ө п е к т е п ал* (Қ.орда, Қарм.)

ӨПЕРЕ (Қарақ.) мешіттегі молдалар жататын жеке-жеке белме. *Мына ө п е р е л е р д е молдалар жатты* (Қарақ.).

ӨПТЕСТІРУ (Гур., Тең.) қосып тарту (астыңғы, үстіңгі арқанды қосып тарту). *Шөку, сен ө п т е с т і р і п тарт. Ө п т е с т і р і п*

тартпасаңдар балық шығып кетеді (Гур., Тең.).

ӨПТЕУ (Гур., Маңғ.) үптеу, талау, үрлап әкету.

ӨПІ-ШӨПІ (ҚХР) бірде бар, бірде жоқ, үшпа-мүш, зорға жету.

ӨР[1] (Алм., Нар.) қытай жері. *Сол бір жылы ө р г е көп ел өтті* (Алм., Нар.).

ӨР[2] (Қарақ.) қойдың нашар тұқымы.

ӨРБІТПЕЙТІН АДАМ (Түрікм., Таш.) жұғымсыз адам. *Ө р б і т п е й т і н а д а м желдің жерге, қоғаның суға кетуін қаламайды* (Түрікм., Таш.).

ӨРГЕДЕН КЕЛГЕН ЫҢЫРШЫҚ ҮШ КҮН ТҰЛАЙДЫ (ҚХР) жоғарғы жақтан келген ер кеуде, менменшіл адам.

ӨРГҮДҮЛ//ӨРГҮДІЛ (МХР) өтініш, арыз. *Ө р г ұ д і л і ң д і дарғыға бердім* (МХР).

[Монғолша *өргөдөл* арыз (Монғ.-қаз. сез., 139)].

ӨРГҮДІЛ Қ. өргүдүл.

ӨРГҮТКҮЛ//ӨРГҮТКІЛ (МХР) кеңейту, үлғайту. *Комбинатқа ө р г ұ т к ұ л істемекчі* (МХР).

ӨРГҮТКІЛ Қ. өргүткүл.

ӨРДЕУ (Сем., Аяг.; МХР) өрлеу.

ӨРЕ[1] (Ақт., Ырғ.) 1. күш, әл, шама. *Саз балшықты арықтың жиегіне шығаруға ө р е м болмай тұр* (Ақт., Ырғ.); 2. (Қост., Жанг.) үкім, бедел. *Совет үкіметі орнаған соң, менің ө р е м жүре бастады* (Қост., Жанг.).

ӨРЕ[2] (Рес., Орын.) бір салма киіз. *Бір ө р е киіз басыпты* (Орын., Ад.). *Олардың қолында ұзындығы алпыс құлаш, ені қырық құлаш айлапат ақ ө р е киіз бар екен дейді* (Ә. Кекіл., Үркер, 101).

ӨРЕ[3] (Шығ. Қаз., Күрш.) арбаның қалқаны, қанаты. *Арбаға ө р е жасап жатыр. Шөпшілер арбаның ө р е с і н е асырып шөп тиеді* (Шығ. Қаз., Күрш.). Алтайдағы кейбір түркі тілдерінде: *өре* – жоғары, бір нәрсенің жоғарғы бөлегі (В. Рад., Опыт..., I, 1220).

ӨРЕ[4] 1. (Өзб., Ташк.) шытпаның бір түрі, камыстан тоқылған құрт жаятын жайма. Оны күн түсетін биіктеу жерге қояды. 2. (Рес., Омбы) құрт жаю үшін жасалған ағаш. *Кешегі айтқан сықпа құртты осындай ө р е г е жаяды* (Рес., Омбы).

ӨРЕ[5] (Гур., Тең.) ау торының бойы (тордың кере жазылған бойы), қанаты; тордың өресі. *Балықтар ө р е жағаларында. Балықтар ө р е н і жағалап отырып құрма, қабадан ауларының ішіне кіреді* (Гур., Тең.).

ӨРЕГДЕН (Қарақ.) жабайы сары ара, бал арасын да осылай атай береді.

ӨРЕГІЗУ//ӨРЕГІТУ 1. (Қост.: Торғ., Жанг.) дандайсу, өр көкіректеиу. *Ө р е г і з е т і н адам. Қазір ө р е г і з у г е бөлмайды* (Қост., Жанг.). *Бұрын патша заманында ө р е г і з е т і н д е р болатын* (Қост., Торғ.). 2. (Қост.: Жанг., Торғ.) желдеу, желдеп шығып кету. *Ол ө р е г і з г е н аттарды іздеп жүр* (Қост., Жанг.). *Жылқы ө р е г і з і п, шығып кетті* (Қост., Торғ.).

ӨРЕГІТУ Қ. ерегізу.

ӨРЕКӨСТЕК (Түрікм., Таш.) бір алдыңғы, бір артқы аяқ арасын қосып байлайтын шідер. *Атымызды ө р е к ө с т е к салып бос жібергенбіз* (Түрікм., Таш.).

ӨРЕКПУ (Көкш., Қ.ту) өршелену. *Ышқына соққан күзгі дауыл жер бетінде тұрғандардың бәрін жұлып әкетердей үрейлендіріп ө р е к п і д і* (Көкш., Қ.ту). *Әшір ө р е к п і п: – қой, ой, сен не айтасың, Айсұлу – деді* (С. Сейф., Шығ., 247). *Соның алдында гана жүрегім өз-өзінен ө р е к п і п, үйде отыра алмай, сыртқа шыққанмын* (Ә. Нүрш., Махаб. қыз..., 204).

ӨРЕЛ (Қ.орда, Арал) қайықтың баскару тетігі. *Қайықты жел ығына жібермей тұзу ұстау ө р е л д е н болады* (Қ.орда, Арал). Орыс тіліндегі *руль* сөзі болу керек.

ӨРЕМ (Ақт., Ырғ.) кару, күш, әл. *Тұруға ө р е м і м жетпей жатыр* (Ақт., Ырғ.).

ӨРЕМПІЛ (Гур., Тең.) қайықтың рулін дұрыс бұрып отыру үшін оған кигізілген ағаш, сырық. *Ө р е м п і л д і ң ұзындығы екі метрдей. Қайықтың ө р е м п і л і н көршім ұстап отырады. Кәрім, ө р е м п і л д і алып беріп жібер. Мен кеше ө р е м п і л д і сындырып ала жаздадым* (Гур., Тең.).

ӨРЕН-ЖАРАН (Алм., Кег.) үрім-бұтақ, тұқым. *Ниязбектің ө р е н - ж а р а н ы Қытайға өтіп кетті* (Алм., Кег.).

ӨРЕН ҚАБУ (Жамб., Жам.) омақасу.

ӨРЕН СӨЗ (Алм., Кег.) өтірік сөз. *Өтірік мақтан тілден ақты-ау ө р е н с ө з жорғалап* (Алм., Кег.).

ӨРЕСЕН (Орда, Чап.) ете, аса, орасан. *Бұл ат ө р е с е н жүйрік* (Орда, Чап.).

ӨРЕСКЕЛ ЖАҚСЫ (Сем., Абай) ете жақсы, кішіпейіл, ақылды, тәрбиелі кісі. *Асан ө р е с к е л ж а қ с ы, тәрбиелі* (Сем., Абай).

ӨРЕСІ (Гур., Есб.) жағасы, бойы. *Жайық ө р е с і н д е жаз жайлап, қыс-қыстап жүрміз гой* (Гур., Есб.). *Сағыз ө р е с і н д е... жігерін жұмсады* (**«Лен. туы»**, 3.12.1970, № 146).

ӨРЕСІ ЖҰРУ (Қост., Торғ.) беделі арту, айтқаны келу, өресі кеңею. *Бейбітшілікті жақтаушылардың ө р е с і ж ұ р і п тұр* (Қост., Торғ.).

ӨРЕТ (Гур., Тең.) арқан, аудың ұзын арқаны. *Өзек аудың ұзын арқанын е р е т дейді. Ө р е т өзек ауда болады, жағаға салған ауды балықшылар ө р е т арқылы тартады* (Гур., Тең.).

ӨРЕ ТЕКЕМЕТ (Түрікм., Красн.) текемет ішіндегі ең үлкені. *Бұл жақта басқа тұрлеріне қарағанда ө р е т е к е м е т қазір сирек басылады, себебі бұрынғыдай жүн көп емес* (Түрікм., Красн.).

ӨРЕШЕ[1] **1.** (Рес., Орын.) шананың қалқаны, қанаты. *Бізде е р е ш е десе, шананың ағашын Ырғызда басқаша айтады екен* (Орын., Ад.). **2.** (Шығ. Қаз., Күрш.; Қ.орда: Сыр., Жал.; Алм., Шел.) киіз үйдегі ас-су тұратын жерді қоршап қойған ши. *Ө р е ш е н і ң ішінде ас тұр, алып іше гой, балам* (Қ.орда, Сыр.). *Дәулет ө р е ш е н і ң ішінен бұрын ішіне қымыз құйылған кішірек бір көк кастрюльді алып шықты* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 119). *Ата-аналар балаларын іздеп, қыз-келіншектер зып беріп ө р е ш е г е кіріп кетті* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 200).

ӨРЕШЕ[2] (Өзб., Там.) жерден қазып, үстіш көтеріп қамыспен жапқан жертөлеге ұқсас қозы қамайтын түпелек қора.

ӨРЕШЕК (Көкш., Щуч.) қада ағаш, темір. *Жалмауыз кемпірді ө р е ш е к к е іліп елтірді* (Көкш., Щуч.).

ӨРКЕН[1] **1.** (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) қауынның сабағы, желісі. *Қауын ө р к е н і н жайған кезде бір суарамыз. Ө р к е н суда жатпауы керек, ұйткені суда түрлі микробтар болады* (Қ.орда, Сыр.). *Қауын, қарбыз төгіліп жатыр, алды көгеріп ө р к е н г е құлады* (Қ. Әбд., Тәт. қауын, II). **2.** (Алм.; Талд.) ұрықтың өнген түрі. *Қызылша ө р к е н д е р і құлақтанып жер бетіне өніп шыққаннан соң көлденең не қиғаш бағытта тырма жүргізіледі* (Алм.).

ӨРКЕН[2]**//ДОҢҒАҚ** (Қ.орда, Жаңақор.) ботаның іште жатып жинаған нәрі. *Жас ботаның ө р к е н і н тұсіру үшін туғанына екі күн болғанда оның аузына бір кесе жылқы майын, не шыжғырылған құйрық май құяды. Өйтпесе, ботаның іші кеуіп, бұдан өлуі де ықтимал* (Қ.орда, Жаңақор.).

ӨРКЕНГЕ ЖЫҒЫЛУ (Шымк.) өркен жаю.

ӨРКЕНДЕЙ БОЛУ (Алм., Шел.) құрметті адам болу. *Тойда сыншы Торғамбай ө р к е н д е й боп отырды* (Алм., Шел.).

ӨРКЕН ЖАЮ (Жамб., Жам.) кобею, балалы-шағалы болу, оркөні өсу. Қ. өркөнгө жығылу.

ӨРКЕШТЕНУ (Қ.орда, Қарм.) түйенің күтім-бағымнан семіріп, қомданып, өркеш майын толықтыруы.

ӨРКЕШТІК (Қ.орда, Қарм.) түйе өркөштерін жүк қажамас не оған салмақ түспес үшін, өркеш басына кигізе салатындай етіп, арнайы жасалған әбзел.

ӨРКЕЮ (Сем., Акс.) коркею. *Ақсуат соңғы кезде ө р к е й е тұсті гой* (Сем., Акс.).

ӨРКІМЖІ Қ. орхимж.

ӨРЛЕМ[1] (Қост., Аман.; Алм., Кег.) өр. *Мынау ө р л е м жер екен* (Қост., Аман.) *Машина ө р л е м жердегі мұздан жүре алмайды* (Алм., Кег.).

ӨРЛЕМ[2] (Гур., Маңғ.) ағынды судың жоғарғы жағы. *Балық ө р л е м г е барады. Ө р л е м д е г і балық алғызбайды* (Гур., Маңғ.).

ӨРЛЕМ УАҚ (Гур., Маңғ.) балықтың тереңге кететін мерзімі, уақыты. *Балықтың ө р л е м у а қ ы т ы 10-15 марттан басталады. Осы кезде балықтар ө р л е м г е, тереңге кетеді* (Гур., Маңғ.).

ӨРЛЕТУ (Рес., Орын.) төрлету, төрге шығу. *Жоғары қарай ө р л е т і ң д е р балаларым* (Орын., Бөр.).

ӨРЛІК (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.; Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) үйдің төбесіне салатын арқалық ағаш, мәтке. *Ө р л і к т і ң табылуы қиын болды* (Қ.орда, Арал). *Біздің ауданда үйдің төбесіне салатын бөренені ө р л і к дейді* (Ақт., Ырғ.).

ӨР СУ 1. (Гур., Маңғ.) қырдан ағып келген су. *Ө р с у ы тұщы болады гой* (Гур., Маңғ.). 2. (Рес., Астр.) таситын су. *Бұл е р с у гой, Волга тасығанда пайда болатын* (Рес., Астр.).

ӨРТЕҢ (МХР) лау бекеті. *Төленгіт, төре жиылдың, Сілімтір мен селтеңге. Кедейдің бірбір шолағын, Ұстадың өзің ө р т е ң г е* (А. Бап., Өлең., 40). *Ц. Насанбалжир «Сыртқы монголдан манжчин мемлекетіне жасалған қызмет» дейтін кітабында: «Қобдадан Соғаққа дейін 8 ө р т е ң болған, бұл ө р т е ң г е әрбір үй 6 ат, 3 түйе беріп келген» деп жазады* (А. Сарай, Рев. бүр. Монғ. қаз., 39).

[Монғолша өртөө өртең, лау (Монғ.-қаз. сөз., 140)].

ӨРТЕҢ ЖАЛ (Жезқ., Ұлы.) бидайдың түрі. *1925-жылдары Кезауыз дейтін жерге ө р т е ң ж а л тұқымын салдық* (Жезқ., Ұлы.).

ӨРТЕҢ ҚАРАҒАЙ (МХР) өрт шалған қарағай.

ӨРУ[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Гур., Есб.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Арал; Ақт., Ойыл; Орал, Чап.; Жамб., Шу) қалау, үйдің іргесін қалау. *Жайды піскен кермішпен*

(к.) *ө р і п салады* (Түрікм., Таш.). *Тамнық дуалы ө р і л і п болды* (Гур., Есб.). *Колхоз клубын оқушылар кесектен ө р і п жатыр* (Қ.орда, Сыр.). *Кірпіштен ө р і п салған үй* (Гур., Есб.). *Осы күнде халық үйдің дуалын кесектен ө р і п алатын болды* (Қ.орда, Жал.). *Үйдің астын ұсақ таспен о р і п шығарған* (Жамб., Шу). *Косшым-ау, үйіңді қашан ө р е с і ң?* (Қ.орда, Арал). *Шұңқырлардың қабырғалары, табаны таспен ө р і л і п, саз балшықпен сыланып, жүгері сүрлеуге дайындалды* (Ақт., Ойыл). *Бұл тастан ө р і п салынған пеш* (Орал, Чап.).

ӨРУ[2] (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.; Рес., Орын.; Орал, Жымп.) үйқыдан түру. *Қалай, жақсы ө р д і ң і з бе?* (Түрікм., Таш.). *Аман-сау ө р д і ң і з д е р ме?* (Гур., Маңғ.). *Аман ө р д і ң бе?* (Орал, Жымп.).

ӨРУ[3] (Гур., Тең.) құрастыру, қиыстыру. *Қайықтың қабырға тақтайын ө р у. Тақтайды ө р і п бітіру. Ол қайықтың қабырға тақтайын ө р е т і н еді* (Гур., Тең.).

ӨРЧӨЛ (МХР) жеңілдік, кешірім. *Ө р ч ө л алып чорыннан чығып кетті* (МХР).

[Монғолша *өршөөл* кешірім (Монғ.-қаз. сөз., 140)].

ӨРІК (Ауғ.; Ир.) кептірілген ерік.

ӨСЕМ (Қост., Фед.; Сем.) ірі сабан. *Бұл көрінген от аңыздағы өртенген ө с е м н і ң оттары* (Қост., Фед.).

ӨСЕНАРЫҚ (Шымк., Түркіс.) су келетін үлкен арық. *Ө с е н а р ы қ қ а су жығып келіңдерші* (Шымк., Түркіс.).

ӨСИ (Гур., Маңғ.) өсиет. *Әкесі баласына ө с и айтып қалдырыпты* (Гур., Маңғ.). *Балаларымыздың бәрі осылай қонаққа үйір, ө с и і м і з осылай* (Гур., Маңғ.).

ӨСТЕН (Алм.: Шел., Үйғ.; Жамб., Шу) канал, үлкен тоған. *Жоғарыдан ө с т е н н і ң суын аламыз* (Алм., Шел.).

ӨСІК (Алм., Шел.) үсік. *Темекі мерзімінде жиналып алынбаса, ө с і к к е чалдығады* (Алм., Шел.).

ӨСІМДІКТІҢ АҚБАСЫ//БАЛЫҚКӨЗ (Ауғ.; Ир.) жабайы шөп.

ӨСІМ СУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) мақтаға берілетін екінші су. *Бұл су жер трактормен өңделген соң беріледі. Бұдан былайғы берілетін судың бәрі де «ө с і м с у ы» делінеді* (Түрікм., Таш.).

ӨСІШ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) мақта сабағының ең жоғарғы үшы. Оны өскен сайын кесіп отырады.

[Түрікменше *өсүш* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ӨТ (Алм., Шел.) сиырда болатын ауру. *Сиырым ө т болыпты* (Алм., Шел.).

ӨТЕГЕН (Қост.: Жанг., Торғ.) еткір, пысық, өжет. *Сенің балаң ө т е г е н еді* (Қост., Жанг.). *Өте ө т е г е н бала* (Қост., Торғ.).

ӨТЕ ҚАРА (Сем.: Абай, Шүб.) жақсы, сапалы. *Сіздің мына карточкаңыз е т е қ а р а, сапалы екен* (Сем., Абай).

ӨТЕЛЕК (Қарақ.) бірден екіншіге, одан үшіншіге топырақты биікке шығару.

ӨТЕЛЕКТЕУ (Қост., Жанг.) тасымалдау. *Келігі жетпей е т е л е к т е п үйіне қондырды* (Қост., Жанг.).

ӨТЕЛЕН (Қост., Жанг.) асығыс. *Оның ө т е л е н шаруасы бар болғандықтан дамыл таппайды* (Қост., Жанг.).

ӨТЕМЕ (Түрікм., Таш.) өте, аса, тым. *Бүгінгі ө т е м е шаршағаным естен кетпес* (Түрікм., Таш.). *Бұл 5 тетрат жоғарғы класс үшін е т е м е аз* («Жұм-шы», 16.10.1941).

ӨТЕН (Қ.орда, Қарм.; Ауғ.; Ир.) туып ескен жер. *Біз ө т е н жердікіміз* (Қ.орда, Қарм.). *Шет дәулетте жүргенде ө т е н д і ызаландық* (Ауғ.).

ӨТЕУ (Жамб., Сар.) мекен, тұрған жер. *Біз осында үш жыл бұрын ө т е у і м і з г е көшіп келдік* (Жамб., Сар.).

ӨТКЕРМЕ[1] (Шымк., Түркіс.) үлкен арықтан кішкене арыққа су өткізетін құбыр. *Ө т к е р м е арқылы егіске су жібер* (Шымк., Түркіс.).

САҚЫТ[1] (Қост., Жанг.) желінген шөптің қалдығы, қырқынды. *Малдың жегеннен қалған с а қ ы т ы н бөліп шығар* (Қост., Жанг.).

САҚЫТ[2] (Қост., Жанг.) арық-тұрық. *Ауданға апарған малдың с а қ ы т ы н алмай қайтарып берді* (Қост., Жанг.).

САЛ (Қост., Жанг.) доп ойынында допты түсіретін жөр. *Мен ұрғанда дөпты с а л ғ а жеткіздім* (Қост., Жанг.).

САЛА[1] (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд., Мойын.) егінді суару үшін бөліп-бөліп қойған оқ арықтардың бораздасының арасы. *Екі с а л а жерге тары ектім* (Жамб., Мер.). **2.** (Жамб., Шу) бір он метр жердің төрттен бірі. *Әшімнің жері екі с а л а* (Жамб., Шу).

САЛАКЕШ БОЛУ//САЛАКЕШТІК ІСТЕУ (ҚХР) мал саудасында сатушы мен алушы арасында баға келістіруші, делдал болу. *Таңғыт мал айдап қалаға барғанда қызық үшін с а л а к е ш б о л ы п айғайлап, сатысып жіберген кездері де болған* (Ғ. Қан., Бүрк.).

[Ұйғырша *салакәшлік қиліш* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

САЛАКЕШТІК ІСТЕУ Қ. салакеш болу.

САЛАҚСУ (Павл., Үрлі.) шаршау. *Пішен шапқалы бері с а л а қ с ы п жүрмін* (Павл., Үрлі.).

САЛАҚХАНА (Қарақ.) мал соятын орын. *С а л а қ х а н а д а г ы гөштің дәмі болмайды* (Қарақ.).

САЛАМ[1] (Рес., Орын.; Қост.: Фед., Сөмиоз.; Павл., Ерт.) сабан. *Тамның с а л а м ы қалың болып жабылды. Ар жағы с а л а м, оны жаппайсыңдар* (Рес., Орын.). *Егіннің с а л а м ы н ы ң көптігі сонша, жинап үлгермей, амалсыздан өртейміз* (Қост., Фед.). *Әсіе осы қырман басына келгелі бір жұмысты тындырып істеген емес, біресе с а л а м қақты, біресе машинаның астын аршыды* (Б. Майл., Шығ., IV, 323). *Егін с а л а м д а р ы пайдасыз, қар астында қалды* («Соц. ең.», 13.04.1941).

САЛАМ[2] (Жамб.; Алм., Шел.) сәлем. *С а л а м деп қол бергенде алмай жүре берді гой* (Жамб., Луг.). *– Ай, ақсақал, с а л а м, – деді* («Жұлдыз», 1987, №8, 16).

САЛАМАТ (Шығ. Қаз., Болып.; Тау., Қош.) үнды қуырып, оған сүт қосып және май құйып жасайтын тамақ. *Ол с а л а м а т т ы жақсы жасайды* (Тау., Қош.).

САЛАМӘЛЕЙКУМ ҚЫЛУ (Ауғ.; Ир.) сәлемдесу. *Уәләйатта болса аялдар һәм с а л а м ә л е й к у м қ ы л а т ы н* (Ауғ.).

САЛАҢ (Алм., Көг.) салақ. *Сен өзің бір с а л а ң екенсің гой* (Алм., Кег.).

САЛАҢСА (ҚХР) саздау, лайлы, батпақты. *Жер с а л а ң с а екен* (ҚХР).

САЛАУМӘЛІК (Гур., Маңғ.; Павл.) сиыр ауруының бір түрі. *С а л а у м ә л і к п е н ауырған мал өледі* (Павл.).

САЛБАҚТАУ (Тау., Қош.) салпақтау.

САЛБУРЫНҒА ТҰСУ (ҚХР) сабылу, әуре-сарсаңға салыну. *Кенжегали с а л б у р ы н г а т ұ с к е л і бүгін төрт күн болды* (Ғ. Қан., Бүрк.).

САЛБҰРЫНШЫ (Шығ. Қаз., Тарб.) құс салушы, құс ұстаушы. *Көршілес отырған керей с а л б ұ р ы н ш ы л а р ы да келіп, құс ұстайтын* (Шығ. Қаз., Тарб.).

САЛБЫР (Қ.орда, Арал) сылбыр, еріншек. *Асығыс болсаң, бізге қараймын деп жолыңнан қалма, көрінбейсің бе, мына бір с а л б ы р бөкселерді* (Ә. Нүрп., Курл., 46).

САЛҒАСТЫРУ (Жамб.: Мойын., Шу; Павл., Ерт.) салыстыру. *Әр жердегі чежірені алып кеп с а л ғ а с т ы р а м ы н, с а л ғ а с т ы р ы п қараганда кейбіреуінікі қате шыққан* (Жамб., Шу). *Биыл егін былтырғымен с а л ғ а с т ы р ғ а н д а анағұрлым бітік* (Павл., Ерт.).

САЛҒЫРТ[1] (Гур., Маңғ.; Орал, Орда) алым-салық. *Бұрын ұлықтар с а л ғ ы р т алатын. С а л ғ ы р т кобінесе кедейлерге салынатын* (Гур., Маңғ.). *Келін с а л ғ ы р т ы н а н қайнага, іні с а л ғ ы р т ы н а н ага қашып құтыла алмайды. Енді неде болса, мына құйылған шайды ішіңіз* (Орал, Орда). *Жабай жүрген елің деп, Бас бұрмай маган конің деп, Түсіндір барып халқыңды Кенженей с а л ғ ы р т берің деп* (С. Жанғаб., Токсан тол.).

САЛҒЫРТ[2] (Гур., Маңғ.; Көкш.: Щуч., Еңб.) салақ, алқа-салқа.

САЛДАҚЫ (МХР) әдепсіз, көргенсіз. *О ма, о барып тұрган с а л д а қ ы н ы ң өзі емес пе!* (МХР).

САЛДАРЛЫ (Жамб.: Шу, Мойын.) 1. үлгілі, тәжірибелі. *Бұл маңайда с а л д а р л ы ақын жоқ* (Жамб., Шу). *Мен с а л д а р л ы ұста емеспін* (Жамб., Мойын.). 2. үлкен, ірі. *Филипп Петроович с а л д а р л ы пішінде: – көз жетіп тұрган дәнеңе де жоқ, – деді* (А. Фад., Жас гв., 672).

САЛДАТ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн., Таш.) түкті кілемге салынатын өрнектің бір түрі.

САЛДАУ (Қар., Шет; Сем.: Аяг., Үрж., Мақ.; ҚХР) үй төбесіне салатын ағаштар: мәтке, арқалық, сырғауыл, т.б. *Үйдің с а л д а у ы нашарлау екен* (Қар., Шет). *Бұл агаш уық тұргай, с а л д а у г а да жетеді, әкем* (Сем., Үрж.). *Қатар-қатар сығылыстыра тізілген, бір замандағы с а л д а у л а р м е н жабылган төбеге қарап, үнсіз тұнжырап жатыр еді* (М. Маг., Көк кеп., 286).

САЛДАУЫР (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) қақпанның шынжыр бауы. *С а л д а у ы р соңынан із қалдырады, қақпанга түскен аңды тез тауып алуга болады* (Қ.орда, Қарм.).

САЛДЫРАП ҚАЛУ (Шығ. Қаз., Больш.) талып қалу. *Кешегі қатты жұмыстан кейін қолым с а л д ы р а п қ а п т ы* (Шығ. Қаз., Больш.).

САЛҚА ЖОРТУ (Гур., Маңғ.) бір сыдырғы жорту. *С а л қ а ж о р т ы п отырган адам қалага кешке барады* (Гур., Маңғ.).

САЛҚАМ (Қост., Жанг.; Ақт., Ойыл; Жезқ., Ұлы.) сылқым. *Ол бір жүрген с а л қ а м* (Қост., Жанг.). *Қызыл деген ақын с а л қ а м жігіт болган екен* (Ақт., Ойыл). *Біздің бұл жеңгей нагыз с а л қ а м* (Жезқ., Ұлы.).

САЛҚАР (Сем., Абай) ұзақ, ұзын. *Мынау бір с а л қ а р көш екен* (Сем., Абай). *Дәл осы жолгыдай боп, анық с а л қ а р көш бойына шұбаталыпты, шапқылаган шаңды шабуылды, жаңагы тұрган болыстардың копшілігі «бұрын кормеген едік» дескен* (М. Әу., Абай жолы, II, 365).

САЛҚЫ[1] (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) дел-сал, енжар. *Оның коңілі с а л қ ы* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Ол с а л қ ы боп отыр еді* (Шығ. Қаз., Тарб.).

САЛҚЫ[2] (Түрікм., Красн.) сал, кербез. *Тай деген адам с а л қ ы болган кісі екен. Біз шал кезінде көрдік, жарықтықтың сақалы аппақ, белуарына дейін түсетін, көзі өткір, жанып тұратын адам еді* (Түрікм., Красн.).

САЛҚЫ[3] (Гур.: Есб., Мах.) салақ. *Ол бір с а л қ ы адам* (Гур., Есб.).

САЛҚЫ[4] (Гур., Маңғ.) әзілқой, көңілді адам.

САЛҚЫЛАУ (ҚХР) өтірікті көп айтатын суайт кісі.

САЛҚЫН (Орал, Казт.) жұмыс күні. *Бригадир бір с а л қ ы н г а сенің орныңа озім-ақ істейін деп, босатып еді* (Орал, Казт.). *Шагын құдықты ол екі с а л қ ы н қазады, сонда маңдайы жіпсімейді* (Ж. Нәжім., Ак шаг., 166).

САЛҚЫН САЛУ (Қ.орда, Арал) шалық болу, шалық тию. *Үлкен қызы науқастанып жатыр екен, с а л қ ы н с а л г а н д а у ма қалай?* (Қ.орда, Арал). – *Ақылынан басқасының бәрі бүтін. Бала күнінде де есті болган деседі. Бертін келе бірдеңенің с а л қ ы н ы с а л ы п т ы* (Ж. Нәжім., Кішк., 18).

САЛҚЫН ТҰРУ (Рес., Сарат.) суық болу. *Үйде с а л қ ы н т ұ р, жап есікті* (Рес., Сарат.).

САЛЛА КӘДІ (Қарақ.) үлкен домалақ асқабақ.

САЛЛАНШАҚ (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тахта) аспа бесік. *Бір с а л л а н ш а қ т ы осылай қолдан істей қоямыз* (Түрікм., Конеүр.).

[Түрікменше *салланчак* (Рус.-туркм. сл., 1946); чув. *сулла* тербеу (Чув.-рус. сл., 1985); езб. *саланламок* тербелу, ырғалу (Узб.-рус. сл., 1959)].

САЛМА[1] **1.** (Гур.: Маңғ., Шевч.; Қ.орда, Арал; Түрікм.: Таш., Конеүр.; Қарақ.) егін араларына су жіберетін кішкене арық. *С а л м а д а н су жүріп жатыр екен* (Гур., Шевч.). *Су ағатын с а л м а л а р м е н аудандарды оңдау жұмысына кірісу ертелік етпейді* (Гур., Маңғ.). *Сарқыт жарнадан 50 метрдей жерде с а л м а жасады* (Қ.орда, Арал). *Мен қазір с а л м а н ы ң суын тоқтаттым* (Қарақ.). **2.** (Ақт., Ырғ.) шығырдың егінге су жіберетін арнасы, арық. *С а л м а судан биік, әрі қалың соғылса, су еш жаққа ақпай, тура егіске барады* (Ақт., Ырғ.).

САЛМА[2] (Ақт., Ойыл; Кокш., Қ.ту) қасқырға құратын қақпан шынжырына байлайтын ауыр зат. *Қасқырға түскен қақпанды жұлып кетіп, с а л м а с ы м е н сүйретіп, 30 метрдей жерге барып жатыпты* (Ақт., Ойыл). *Қасқырға қақпан құрғанда мен қазық қақпай, с а л м а м е н тастаймын* (Кокш., Қ.ту).

САЛМА[3] (Қ.орда, Арал) сиырда болатын ауру түрі. *С а л м а болған сиыр оттамайды, жүдейді, аздап аузынан сілекей ағады* (Қ.орда, Арал).

САЛМА[4] **1.** (Қ.орда: Сыр., Жал.; Орал: Чап., Жән.; Көкш., Чкал.; Қост.; Гур.; Рес., Орын.) кеспе. *Қонақтарға с а л м а жасап берейін* (Қ.орда, Жал.). *С а л м а жасап беретін түйір жоқ* (Орал, Жән.). *Кемпір-шал қояр да қоймай дәмді етіп пісірген етті с а л м а м е н сыйлайды* (Х. Есенж., Ақ Жай., 95). *Тамақтың с а л м а, кеспе деген түрлері бар* (Көкш., Чкал.). *Қонақтар бүгін осы с а л м а ғ а риза бола тұрар* (Қост., Жанг.). *Сіздерде кеспе десе, бізде мұны с а л м а дейді* (Гур., Есб.). *Балама с а л м а жасап бер* (Орын., Бөр.). **2.** (Жамб., Жуа.) жұқа етіп жайып, бұрыштап кесіп қайнатып, сүзіп алып үстіне май құйып жасайтын тамақ. **3.** (Сем., Абай) қуырдаққа араластырған қамыр нан. *Қонақтарға с а л м а жасау керек* (Сем., Абай).

[Түрікше *салма* күріштен жасалған тамақ (Тур.-рус. сл., 1977); чув. *салма* қамырдан үзіп-үзіп пісірген тамақ түрі (Чув.-рус. сл., 1985)].

САЛМА[5] (Сем.: Абай.) жөл түрғанда үйді бастырып байлап қоятын арқан. *Жел көтеріліп келеді, с а л м а қайда?* (Сем., Абай).

САЛМА[6] **1.** (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.) шабақ, сырғауыл, үй төбесіне салатын ағаш. *Өткен жылы бұл фермасының төбесін жабуға ортада с а л м а болмай, тек колхозшылардың ортақ с а л м а л а р ы м е н жабылған болатын* («Соц. майдан», 5.09.1939). *Маған бір с а л м а керек болып тұр* (Шығ. Қаз., Зайс.). **2.** (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) ет жаятын ағаш. *Үй сыртында үлкен бір с а л м а ет жаюлы тұр екен* (Шығ. Қаз., Больш.). *С а л м а д а бір қойдың еті ілулі тұр* (Тау., Қош.). **3.** (Павл., Ерт.) жуылған кірді жаю үшін көлденең орнатылған ағаш. *Кірді с а л м а ғ а жаяды* (Павл., Ерт.).

САЛМА[7] (Көкш.: Щуч., Еңб.) ауға байлайтын тас.

САЛМА БАУ Қ. орта бау.

САЛМА КИІЗ (Шымк., Түркіс.) киіз үйді дауыл үшырмас үшін шаңырақтан жіп өткізіп соны жерге бастыратын бастырғы.

САЛМАҚ (Рес., Астр.) балық кептіретін жіңішке ағаш.

САЛМАҚОСАҚ (МХР) үзын қосақ қой.

САЛМАҚ ТАРТУ (Шымк., Арыс) салмақ сала сұрау.

САЛМАЛАЙ ПІСІРУ (Қост., Об.) бөліп пісіру. *Басқарма сойған етін колхозшыларға с а л м а л а й п і с і р і п берді* (Қост., Об.).

САЛМА НАН (Жамб., Жуа.) шелпектей етіп жазып, бұрыштап кесіп, суға қайнатып алып, үстіне май салған нан.

САЛ МОЙНАҚ ПЫШАҚ (Шығ. Қаз., Больш.) жезден сақинасы бар қолдан жасалған пышақ.

САЛ ОРАМАЛ (Шымк., Түркіс.) әйелдердің басына тартатын орамал. *С а л о р а м а л әйел бас киімінің жеңіл түрі* (Шымк., Түркіс.).

САЛПЫ КҮРТІК (Павл., Ерт.) жүқа қар. *С а л п ы к ү р т і к қарда тұлкіні тазыға алдыру қиын* (Павл., Ерт.).

САЛТАҚ (Қарақ.) сылтып, ақсаңқырап басу.

САЛТАҚТАУ (Павл., Ерт.) былғау, бүлдіру. *Батырбек, дүниені с а л т а қ т а м а й жүр* (Павл., Ерт.).

САЛТАНАТЫ (Павл., Үрлі.) салты. *Әр елдің с а л т а н а т ы басқа, иттері қара қасқа* (Павл., Үрлі.).

САЛТАҢ (Жезқ., Улы.) салт бас, жалғыз.

САЛ ТЕНТЕК (МХР) жынды, барлық малда болатын ауру. *С а л т е н т е к п е н ауырған малдың жылауығында құрт қайнап тұрады. С а л т е н т е к п е н ауырған малдың миын тесіп, жылауығын алып тастап емдейді* (МХР).

САЛТ ҚАМШЫ (Көкш.: Чкал., Уәлих., Қ.ту) камшы. *Атқа мінсең қолыңа ұстайтын с а л т қ а м ш ы ң болсын* (Кокш., Қ.ту).

САЛТҚЫ[1] (Көкш.: Щуч., Еңб.) қасқырға құратын қақпанды бекітетін ауыр ағаш.

САЛТҚЫ[2] (Көкш.: Щуч., Еңб.; Павл., Ерт.) қармақ қалтқысы. *С а л т қ ы балықтың қармаққа түскенін білдіреді* (Павл., Ерт.).

САЛТҚЫ[3] (Жезқ., Ағад.) есік ілгегі. *Өзі соңынан кіріп, есігін жауып, с а л т қ ы с ы н салды да, үстіндегі бір киер киімдерін шеше бастады* (**F. М**үсір., Оян. өлке, 191).

САЛТТАУ (Орал, Орда) салт жүру, салт міну. *Бас-аягы 40-50 шақырым жер гой, с а л т т а п барсаң да болады, оған арбаны әуре қылма* (Орал, Орда).

САЛУ[1] (Жамб., Жам.) отырғызу, қондыру, егу. *Біз биыл 500 тұп ағаш с а л д ы қ. Егінді тың күшті жерге с а л д ы қ* (Жамб., Жам.).

САЛУ[2] (Ақт., Байғ.) бөлу, ие қылу. *Шабындық жерлерді мал жеп жатыр. С а л ғ а н бақташы да жоқ* («Соц. ауыл», 1941, №50).

САЛУ[3] (Жамб., Жам.; Орал, Орда; Қарақ.; Рес., Қалм.) құю. *Шелекпен су с а л* (Жамб., Жам.). *Шайға сүт с а л* (Орал, Орда). *Балам, мейман қолына су с а л* (Қарақ.). *Сүт с а л д ы ма кәсеге* (Рес., Қалм.).

САЛУАЛЫ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) ақыл иесі, байсалды, үлгілі. *Ол с а л у а л ы адам, ондай ақымақшылық істемейді* (Түрікм., Тахта).

САЛЫ[1] (Қост., Семиоз.; Қар., Шет;МХР) әйелдердің үлкен, әрі жылы орамалы. *Осы күні с а л ы орамалды қайтадан сәнге айналдырған сияқты* (Қост., Семиоз.). *Жас кезімде с а л ы н ы өзім тоқушы едім* (Қар., Шет). *Зақыдан жібек с а л ы әкеп берді* (МХР).

САЛЫ[2] **1.** (Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал., Арал; Қарақ.) күріштің орылмаған, пісіп түрған кезі. *С а л ы суды, күтімді керек етеді* (Қ.орда, Арал). *Колхоздың ана с а л ы с ы өте мықты шыққан* (Қарақ.). **2.** (Ауғ.; Ир.) күріштің сабағы. **3.** (Шымк., Түркіс.) тары сабағын дәнімен байлап қойған түрі. *С а л ы л а р д ы үйіп қойсайшы* (Шымк., Түркіс.).

САЛЫҒУ (Жамб., Қорд.) бойын жаза алмай, шаршап түру. *Ат с а л ы г ы п тұр, бір күннен кейін жарысайық, – деді Майлыбай* (Жамб., Қорд.). *Соның салдарынан колхоздың жұмыстан с а л ы г ы п шыққан күш коліктері 20 жылқы 7 өгіз далада жатады* («Кол-шы», 1935, №73). *С а л ы қ қ а н Әсия бірден ұйықтап кетті* (**М. М**ағ., Көк кеп., 73).

САЛЫКЕР (Өзб., Ташк.) күріш егу. *С а л ы к е р д е н мақтаға айналдырылған жерлерде органикалық заттар көп болады* (Өзб., Ташк.).

САЛЫҚ (Өзб., Ташк.) шығын. *Мақта жоспар тапсырып, жеке с а л ы қ салады* (Озб., Ташк.).

САЛЫҚ САЛУ (Қар., Шет) түнеу, қосын тігіп мекеидеу. *Олар бір жерге барып, с а л ы қ с а л ы п жатқанда батырлар да барады* (Қар., Шет).

САЛЫҚТЫРУ (Алм., Қарат.; Шығ. Қаз., Тарб.) кептіру. *Жаздығүні етті түнде гана с а л ы қ т ы р у керек* (Алм., Қарат.).

САЛЫҚШЫ (Алм., Кег.; Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб., Күрш.) жатақ. *Кедейлер байдан көлік, сауын алып, егін салып с а л ы қ ш ы болып қалатын* (Алм., Кег.). *Бұрыңғы уақытта Зайсан колінің маңайындағы кедейлердің копшілігі с а л ы қ ш ы болатын* (Шығ. Қаз., Күрш.).

САЛЫМ[1] (Шымк., Түркіс.) кокпарды тартып алып белгіленген жерге апару.

САЛЫМ[2] (Ауғ.; Ир.) қамырды жұқалап, үстіне ет салған тағам.

САЛЫМЫ ТҰЙЕНІҢ ҚҰЙРЫҒЫНАН ЖОҒАРЫ (ҚХР) салымды, бағы зор. *Кеш жарық, Уаң еке! С а л ы м ы м т ұ й е н і ң қ ұ й р ы ғ ы н а н ж о ғ а р ы. Әйтеуір! – деп балуанға түсердей сыбана жақындады* (**F. К**ан., Бүрк.).

САЛЫНДЫ (Рес., Волг.) жаңа салынған үйлер. *Каспий теңізінің сағасы тек с а л ы н д ы* (Рес., Волг.).

САЛЫП ҚОЮ (Рес., Сарат.) ішіп қою. *Ал с а л ы п қ о й ы ң ы з шайыңызды* (Рес., Сарат.).

САЛЫСУ 1. (Алм., Кег.) соғысу, шабысу. *Ертекте қазақ пен қалмақ талай рет с а л ы с қ а н д ы* (Алм., Кег.). **2.** (Жамб., Жуа.) айтысу, салғыласу. *Өзара урысып, бетке с а л ы с ы п та қалдық* (Жамб., Жуа.).

САМА (Алм., Кег.; Жамб., Шу; Жезқ., Ағад.) шама. *Шайдың с а м а с ы н алып тастап* (Алм., Кег.). *С а м а н ы төгіп қой* (Жамб., Шу).

САМАҚА (Қ.орда, Арал) есі ауысқан, шатаскан. *Өзің айтқанды ұқпайтын бір с а м а қ а екенсің* (Қ.орда, Арал).

САМАЛ[1] (Жамб.: Мер., Луг., Шу; Қ.орда: Арал, Сыр.) адам денесінде болатын ауру. *С а м а л м е н ауырганда мұрынның іші құрғап іседі де, қызарып кетеді* (Жамб., Луг.). *Мұрынга с а м а л түсіп берекені алып тұр* (Қ.орда, Сыр.).

САМАЛ[2] (Қост., Жанг.) жынды, делқұлы. *Мынаның өзі барып тұрган с а м а л екен* (Қост., Жанг.).

САМАЛ[3] (Гур., Тең.; Рес., Астр.) мұз оятын құрал (сүймсн). *Біздің балықшылар үкіні с а м а л м е н қазды. С а м а л с ы з үкі қазу өте қиын болады* (Гур., Тең.).

САМАЛАДАЙ (Сем., Көкп.) биік зеулім. *Ойпырымай, мынау с а м а л а д а й болып тұрған не нәрсе, немене өзі?* (Сем., Көкп.).

[Парсыша *сөмави* аспан, аспандық (Пер.-рус. сл., II, 1983, 56); ар. *сама* биік (Ар.-рус. сл., I, 1970, 470-471)].

САМАЛ АУА, САЛ ТАБИҒАТ (МХР) таза ауа, тамаша табиғат. *С а м а л а у а ғ а, с а л т а б и ғ а т қ а не жетсін* («Ж. өмір», 24.01.1985).

САМАЛДАП ҚАЙТУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) далаға таза ауаға серуендеп келу. *Үй іші ысып кетті. Жүріңдер, с а м а л д а п қ а й т а й ы қ* (Түрікм., Көнеүр.).

САМАР 1. (Қост., Жанг.; Қ.орда: Сыр., Қарм.; Жезқ., Ұлы.; Гур.: Маңғ., Бақс.; Орал, Орда; Рес., Орын.; Қарақ.) үлкен табақ, тегене, шара. *Біз екі кісі бір с а м а р қымыз іштік* (Қост., Жанг.) *С а м а р толы етті алдымызға қойды* (Қ.орда, Сыр.). *С а м а р табаққа ас салулы тұр. Басқа с а м а р тауып әкел* (Жезқ., Ұлы.). *Мына с а м а р ы ң қанша тұрады, қайным?* (Гур., Бақс.). *Біздің алдымызға бір с а м а р етті әкеліп қойды да, «ал жеңдер» деді Нұрғали* (Орал, Орда). *С а м а р ғ а бұрын құрт езген* (Орын., Ад.). *Етті с а м а р ғ а түсір* (Қарақ.). **2.** (Гур., Тең.) шай шығаратын құман. *Теңізде с а м а р алып жүру ыңғайсыз* (Гур., Тең.). **3.** (Ақт.: Шалқ., Қараб.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж., Мары, Таш.; Қарақ.; Ауғ.; Ир.) леген, шылапшын. *Балам, с а м а р д ы алып, кісілердің қолына су құй* (Ақт., Қараб.). *С а м а р д а ғ ы суды төк те, мимандарға су ағыз* (Түрікм., Таш.). **4.** (Қ.орда, Арал) мал су ішетін астау, науа. *Мына с а м а р ы ң н а н 500 жылқы су ішсе де ортаймас* (Қ.орда, Арал). **5.** (Қ.орда, Арал) қол шығырдың шелегі. *Бір с а м а р ғ а бір шелектей су кетеді* (Қ.орда, Арал). **6.** (Қ.орда, Арал) езеннен мотордың күшімен шыққан суды бақшаға егіндікке жеткізетін науа.

[*Самар* (шағат.) – шылапшын не құмыра, (қазақша) – қымыз құятын қайық төрізді үлкен ыдыс (Л. Буд., I, 634, 691). Башқұртша *хамар* екі жағында түтқасы бар үлкен ағаш табақ; як. *сабарай* үлкен ыдыс, шылапшын; қарақ. *самар* шылапшын (Ә. Нұрм., Жер. тіл ерекш. терк., 103-104); маньч. *самара* үлкен ағаш аяқ (ССТМЯ, II)].

САМАРЖАҚ (Алм., Қарат.) сөйлегіш, шешен адам. *Зейнет тегі с а м а р ж а қ қой* (Алм., Қарат.).

САМАРҚАУ (Қост., Жанг.; Орал, Казт.) салқын, солғын, бойкүйез қалып. *С а м а р қ а у л а н ы п істеген іс оңушы ма еді* (Қост., Жанг.). *Үйіне барып едім, әйелі с а м а р қ а у амандаеты* (Орал, Қазт.).

[Алтай тілінде *санаркалу* көңілсіз, мұңды (Н. Баск., ДК, 245)].

САМАР ЫДЫС (Орал: Чап., Жымп.) ағаштан істелген үш аяқты үлкен ыдыс. *Бұрыңғы уақытта дырау с а м а р ы д ы с т а р болатын* (Орал, Чап.).

САМАС (Гур., Маңғ.) есалаң, дені дұрыс емес. *Жаныгып сөйлеп құлағымыздың етін жеп барады, осының да бір с а м а с ау* (Гур., Маңғ.).

САМАСАУ (Қ.орда, Арал) айрықша, әдейі. *Қаладан арба әкелуге с а м а с а у бір адам жіберді, кетіп бара жатқан біреуге тапсыра салған жоқпыз* (Қ.орда, Арал).

САМАУРЫН САЛУ (Орал, Орда) самаурын қайнату. – *Е, сүйт, екеуіміз әңгімелесіп отырып шай ішейік, кемпір-ай, – деді қарт, – с а м а у р ы н с а л ш ы. Сисенбай отыр гой* (Ж. Нәжім., Кішк., 52).

САМБЕЛЕУ (Қ.орда, Арал) тәптіштеу, нақтылау.

САМДАҒАЙ (Алм., Кег.) шапшаң, тез. *Қаратұлақтың биігінен қылт ете қалған бұғыны Әшір с а м д а ғ а й л ы ғ ы н а н атып алды* (Алм., Кег.).

САМИЯН[1] (Қост., Жанг.) кең, жазық, дала. *Жолдастар, бәріміз с а м и я н ғ а шығайық* (Қост., Жанг.). *Итжемес бұған дейін с а м и я н сахарадағы қай ауылға да сақтана кіріп, үрлана шығып кететін* (Ә. Кекіл., Үркер, 20).

САМИЯН[2] (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд.; Қ.орда: Сыр., Жал.; Шығ. Қаз., Күрш.; Көкш., Боров.) өгіздің мойынтұрығына еткізіп, жетекті бекітетін ағаш. *Өгіздің мойнына с а м и я н с ы з мойынтұрық тұрмайды* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Әйнебек февраль, март айында 2 соқа, 15 пар мала, 20 шақты с а м и я н соқты* («Лен. жолы», 1941).

САМИЯН САЛҚЫН (Гур., Маңғ.) самал жел. *Тау қойнауы жазда с а м и я н с а л қ ы н болады* (Гур., Маңғ.). Қ. самал ауа, сал табиғат.

САМОРАМ (МХР) автоматты түрде тактай тілетін ара. *Сағатына 100 тақтай тілуге тиіс с а м о р а м ғ а ақау түскелі бір жылдың жүзі болды* («Ж. өмір», 15.08.1983).

САМПЫТУ (Гур., Маңғ.) сымпылдату. *Әңгімені с а м п ы т ы п соғып отыр екен* (Гур., Маңғ.).

САМСА (Шығ. Қаз., Зайс.) сабан, шөптің қалдығы. *Анау с а м с а н ы жиып ал* (Шығ. Қаз., Зайс.).

САМСАҚ (Гур., Маңғ.) самсаған, қалың, көп. *Бұл Маңғыстау айналасы с а м с а қ ел еді, көзір егістік* (Гур., Маңғ.).

САМСАМ[1] (Қарақ.) жеңіл мінезді адам.

САМСАМ[2] (Қарақ.) жарымес, есуас, дәлдір.

САМСАУ (Қост., Жанг.) топтану. *Алдында 5-6 адам с а м с а п келе жатыр екен* (Қост., Жанг.).

САМСОЗ (Қ.орда, Қарм.) біреудің айтқанына көңілі толмау. *Сол жігіттің нағашысының айтқанына с а м с о з болып аттанды-ау деймін* (Қ.орда, Қарм.). *Екі жағы суалып, жудеп, күлкі дегенді ұмытқан, бір с а м с о з кейіпке түсті* («Жұлдыз», 1987, №8, 79).

САМСЫҒАН (Алм., Шел.) самсаған. *Ол көкпарды с а м с ы г а н сары қолдан алып чығып кетті* (Алм., Шел.). ... *ақ, қызыл, көк, сары гүлдері с а м с ы г а н алаңқай...* (Ш. Мүрт., Қара мар., 157).

САМСЫҚ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Тедж.) жынды, ақымақ, есалаң. *Ондай с а м с ы қ ұл кімді мұратқа жеткізер дейсің* (Гур., Маңғ.). *Ішеріңді іштің, бірақ с а м с ы қ болмашы* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *самсық* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *сам-сам* (Рус.-карак. сл., 1967); өзірб. *сарсак* ақымақ, есалаң (Л. Буд., 1, 612); түр. *сумсук* аңқау; қайырымсыз (Тур.-рус. сл., 1977)].

САМТЫҚ (Қ.орда, Арал; Қарақ.) мал жегеннен қалған тамтық шөп. *Пішен түгіл с а м т ы қ та бермейтін* (Қарақ.). *Есектен қалған с а м т ы қ т ы жинап әкел, отқа жағамыз* (Қ.орда, Арал).

САМЫР (МХР) жаңғақ, шекілдеуік. *Бүгін с а м ы р қағып, бір қанардай с а м ы р әкелдік* (МХР).

[Моңғолша *самыр* жаңғақ (Қаз.-моңғ. сөз.)].

САМЫРСЫН (Шығ. Қаз.: Күрш., Тарб.) жіңішке қарағай (қарағайдың бір түрі). *С а м ы с ы н н а н ауға қарақшы жасайды. С а м ы р с ы н ағаш әрі жеңіл, әрі су жұқпайды. С а м ы р с ы н н а н басқа ағаш қарақшыға жарамайды* (Шығ. Қаз., Күрш.).

САН 1. (Гур., Маңғ.) жүз. *Үш с а н қалыңмал беріпті* (Гур., Маңғ.). *МТС-те с а н д а ғ а н машина бар. Жеті автомашинамен с а н д а ғ а н арбалар тынымсыз жұмыс істейді* («Соц. өң.», 18.10.1958). 2. (Түрікм.: Ашх., Көнөүр., Тедж.) дана. *Суретке түсе қалсаң бізге бір-екі с а н ы н жіберерсің* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *саны* дана (Рус.-туркм. сл., 1956)].

САНА (Алм.: Жам., Шел.) дөрі жасалатын шөп түрі. *Бұрын ауылда дәрігер болмағандықтан, кейбір аурулар с а н а қайнатып ішетін. Бір қайнатым с а н а табылар ма екен* (Алм., Жам.).

САНАҒАТТАУ (Алм., Шел.) санау. *Бүгін колхоздың қойын с а н а ғ а т т а й м ы з* (Алм., Шел.).

САНАЙМЕК (Қост., Жанг.) дөрі. *Ыстық желмен ауырсаң, с а н а й м е к іш* (Қост., Жанг.).

САНАҚ (ҚХР) санаулы, аз. *Мәшін бүгін с а н а қ екен* (ҚХР).

САНАҚҚА САЛМАУ (Шығ. Қаз., Больш.) есепке алмау, елемеу, ескермеу. *Бұрын оның не дегенін с а н а қ қ а с а л м а у ш ы едік* (Шығ. Қаз., Больш.).

САНАСЫ (Гур., Маңғ.) түрі. *Қосбасар мылтықтың екі с а н а с ы бар* (Гур., Маңғ.).

САНАТ (Гур., Маңғ.) есеп. *Шал с а н а т ы н а барамыз дағы білетініміз аз* (Гур., Маңғ.). *Жуас шопанды с а н а т т а н мана сызып тастаған жұрт бұл шат-шәлекей өзгерісті дер кезінде ескермеді* (М. Қабанбаев, «Жұлдыз», 1986, №4, 136).

[Парсыша *сәнәд* документ (Пер.-рус. сл., II, 1983, 60)].

САНДА (Шымк., Сарыағ.) анда-санда, сирек.

САНДА БІРЕУДЕ (Жамб., Сар.) ілуде. *Майлиннің шығармаларының жиыны с а н д а б і р е у д е болар* (Жамб., Сар.).

САНДАЛ[1] 1. (Орал, Жән.) ағаш жарғанда астына салатын томар. *С а н д а л болса, ағаш жаруға жақсы болар еді* (Орал, Жән.). 2. (Шымк., Мақт.) ағаштан жасалған шок салатын ыдыс. *С а н д а л жүрген жерде кісі тоңа ма* (Шымк., Мақт.).

[Сарық. *сандун* ұстаның темір соғатын төсі (Т. Пах., Сарық.-рус. сл., 1971); монғ. *сандал* орындық (Монғ.-каз. соз., 1954); пар. *сәндан* ұстаның темір соғатын төсі (Пер.-рус. сл., II, 1983, 60); ар. *синдал* (Ар.-рус. сл., I, 1970, 474)].

САНДАЛ[2] (Шымк., Түркіс.) үйдің ортасын шұқырлау етіп төрт бұрыштап қазып, шоқтың күліне салып жылытатын орын. *Сандалға аягыңды салып отыр* (Шымк., Түркіс.).

САНДАЛ[3] (Шымк., Түркіс.) мүржасы еденнің астынан өтетін ошақ.

САНДАЛАУ (Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ.; Қост., Жітік.; Павл., Ерт.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Рес.: Орын., Астр.) сандалу. *Ой мынауың с а н д а л а п отыр ғой. С а н д а л а м а, бер келіп ет же* (Орал, Чап.).

Өзің көп с а п д а л а м а с а й ш ы (Гур., Маңғ.). *Бояушы, бояушы дегенге еліріп текке с а н д а л а п кететіндері де бар* (Қост., Жітік.). *Орынбек кей сөзінде с а н д а л а п кетеді* (Павл., Ерт.). *Лото үшін с а н д а л а п не керек* (Түрікм., Красн.). *Айсұлу айтар сөзді аңдамадың, Аузыңа келген сөзді с а н д а л а д ы ң, Еш мінді біздің елден таппағансың, Соқырдай жан-жағыңды қармаладың* (Орын., Ад.). *Ауырғанда с а н д а л а п төлтіректеп кетеді* (Рес., Астр.).

САНДАЛ ӘҢГІМЕ (Талд., Қоғ.) жөнсіз бос әңгіме. *Бәйтекем әңгімесі тек с а н д а л ә ң г і м е* (Талд., Қоғ.).

САНДА-ШАҚТА (Гур., Маңғ.) андасанда.

САНДАЮ (Жамб., Сар.) сандалу. *Не с а н д а й ы п тұрсың* (Жамб., Сар.).

САНДОП (Көкш.: Еңб., Щуч.) сәтен. *Көйлекке деп с а н д о п әкеліпті* (Көкш., Еңб.).

САНДЫЛ (МХР) орындық. *Артель кішкене с а н д ы л істеп жатыр* (МХР).

[Монғол тілінде орындық *сандал* деп аталады (Қаз.-монғ. сөз., 236)].

САНИТАРЛЫҚ-ЖЕМДЕУ (МХР) емдеп-бордақылау. *С а н и т а р л ы қ-ж е м д е у пункттерінің жұмысын жақсартуда, шаруашылық жағынан нығайтуда Алтай, Баяннуур, Цэнгэл сұмындары дәйекті жұмыстар үйымдастарған* («Ж. өмір», 15.05.1986).

САНҚАНАР (МХР) екі қанар шамасындағы үлкен дағар.

САНМАЛ (Қ.орда, Арал) ынжық, болбыр. *Мынауың дұрыс с а н м а л адам гой* (Қ.орда, Арал).

САН-САПАТ (Гур., Маңғ.) сан-сапалақ, сан рет. *Мені с а н-с а п а т көрсең де танымай тұрсың ба?* (Гур., Маңғ.). *Сары ала күймеде с а н-с а п а т қиялға батып келе жатқан сары ала иық елшінің ойын сергіткісі келгендей көз ұшынан әлденелер андыздап шыға келді* (Ә. Кекіл., Үркер, 216).

САНСЫРАУ (Қарақ.) әлсіреу, шаршау. *Бейсен с а н с ы р а п келеді, шәйіңді құза* (Қарақ.). *Қатарынан екі жыл соққан қуаңшылықтан с а н с ы р а г а н Тұлкібас атырабы сүзектен сұлдесі қалған адамдай мең-зең* (Ш. Мұрт., Жүлд. коп., 60). *Ел есеңгіреп, мең-зең бір халге түсіп, с а н с ы р а п қалған бір бейзаман* (Ш. Мұрт., Қара мар., 136).

САНТЫ (Түрікм.: Тедж., Байр.) сантиметр. *Ең биігі 70-80 с а н т ы* (Түрікм., Тедж.).

САН-ТІЗІМ (МХР) есеп-санақ. *С а н-т і з і м і қызметкерлері жұмысын 8-11 түрлі керсеткіш бойынша 100 балдық жүйемен қорытындылап отырды* («Ж. өмір», 14.10.1985). *С а н-т і з і м, есеп, баланс жұмысына жасалатын экономикалық талдаулар социалистік басқарудағы маңызды құрал болып табылады* («Ж. өмір», 9.06.1983).

САНЫН БІР-АҚ ҚАҒУ (МХР) кенет өкіну. *Білмей қап с а н ы н б і р-а қ қ а қ т ы емес пе* (МХР).

САҢ (Сем., Аяг.; Алм., Шел.) ұра, астық салатын жер. *С а ң г а бидай құйып қойдық* (Алм., Шел.).

САҢҒАҚ (Гур., Тең.) балықтың демалатын мүшесі; желбезегі. *Көксеркенің с а ң г а г ы басқа балықтарға қарағанда үлкенірек болады. Балықтардың бәрі с а ң г а қ п е н дем алады* (Гур., Тең.).

САҢҒЫРУ (МХР) торғайдың қиы. *Малдың көзі ауырса сабынды сумен жуып, тазалап, торғайдың с а ң г ы р у ы н тәттіге қосып езіп, күніне 2 реттен тамызамыз* («Ж. өмір», 13.06.1987).

САҢДАЙ (Жамб., Жам.) жарқыраған. *Аппақ с а ң д а й койкада жаттық* («Кол-шы», 1938, №17).

САҢҚАЙ (Сем.: Абай, Шүб.) пұшық. Бұл сөз *саңмұрын* болып та айтылады.

САҢЛАҚ[1] (Сем., Абай) таңдаулы. *Құнанбайдың нелер с а ң л а қ аты болды* (Сем., Абай).

САҢЛАҚ[2] (Шымк., Сарыағ.; Жамб., Сар.; Қ.орда: Сыр., Жал.) үлкен сай, алқап, озек. *Сен осынау с а ң л а қ т ы ң бойымен жүре бер* (Шымк., Сарыағ.). *Колхоздың сиырлары с а ң л а қ т ы ң бойында* (Жамб., Сар.). *Сиырлар падасы с а ң л а қ т а жайылып жүр* (Қ.орда, Сыр.).

САҢЛАҚ[3] (Сем.: Абай, Шүб.; Шымк.: Мақт., Кел.) таңдаулы, сұлу, әдемі. *Олар колхоздың с а ң л а қ т а р ы гой* (Шымк., Кел.).

САҢЛАҚ[4] (МХР) озат. *Еселі еңбегінің нәтижесінде 1980 жылы республикалық с а ң л а қ малшы атағын жеңіп алып, ақ отаумен сыйланған-ды* («Ж. өмір», 21.03.1983). *Ол сұмындық 4 реткі с а ң л а қ, әрі депутат, 7 бесжылдық екпіндісі, аймақтық ХДХ атқару әкімшілігінің сыйлықкері құрметіне ие болған* («Ж. өмір», 15.05.1986).

САҢЛАҚТАНУ 1. (Алм.; Талд.) дайындалу. *Мынау өзі с а ң л а қ т а н ы п жүр гой, бір жаққа баратын шығар* (Талд.). 2. (Алм.; Талд.) ажарлану, түрлену. *Жәмила с а ң л а қ т а н д ы* (Алм.).

САҢЫ АУУ (Жамб.: Мойын., Шу) көңілі ауу. *С а ң ы м а у ы п саган келіп едім* (Жамб., Шу).

САҢЫЛАҚ (Алм., Іле) сезімі күшті. *С а ң ы л а г ы бар адам, жақсылық істейді* (Алм., Іле).

САҢЫЛТЫР (Қ.орда: Сыр., Жал., Қаз.) қырқынды, сақ (к.), көшек (к.). *Жақсы шөптен с а ң ы л т ы р да аз қалды* (Қ.орда, Жал.). *Нузарды қойды қамап салып кісен, Астына шөп, с а ң ы л т ы р төсеп пішен* (Рүс. дас., 102). *Қар астында қалған азын-аулақ с а ң ы л т ы р ы н Дәмеш екеуіміз әлгі де қазып алып жақтық* (Б. Майл., Шығ., III, 237).

САҢЫР (Рес., Орын.) саңырау. *Ешматтың баласы бар Құмақта, құлағы с а ң ы р, трубкамен сөйлессең естиді. Шалдың құлағы с а ң ы р еді, сөйлесе алдың ба?* (Орын., Ад.).

САП[1] (Шымк., Мақт.) сан. *Екі базарды с а п т а н шығара алмаймын* (Шымк., Мақт.).

САП[2] (Гур., Маңғ.) домбыраның мойны. *Домбыраның с а б ы ұзын болса, шешен болады* (Гур., Маңғ.).

САПАЛ 1. (Жамб.: Жуа., Жам.; Алм., Жам.; Қ.орда, Шиелі) балшықтан жасалған ыдыстардың жалпы аты. *С а п а л бұрын көп болатын, қазір бірте-бірте азайып, қалып барады* (Жамб., Жуа.). **2.** (Жамб., Жам.; Шымк., Сайр.; Қ.орда, Тер.) үлкен кесе. *Бұрын үлкен кесені с а п а л дейтін едік* (Жамб., Жам.). *Мейманға сорпаны с а п а л ғ а құйып бер* (Шымк., Сайр.). *Ол бір с а п а л кесе айран ішті* (Қ.орда, Тер.).

[Қырғызша *сапал* балшықтан күйдіріп жасалған ыдыс; өзб. *сопал* балшықтан жасалып, күйдірілген ыдыс (Узб.-рус. сл., 1959.); пар. *софал* балшықтан жасалған бүйымдар, керамика; күм ыдыстар (Пер.-рус. сл. II, 1983, 46)].

САПАЛАҚ (Орал, Жән.; Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; Түрікм.: Красн., Таш., Ашх., Небид.; Қарақ.) қайысты өрмей тек қабаттастырып тігу арқылы жасалған қамшы. *Менің қолыма ұстап келген с а п а л а г ы м бар еді* (Орал, Жән.). *Атқа мінсең с а п а л а г ы ң д ы қолыңа ал* (Қ.орда, Арал). *С а п а л а қ п е н шып ектізіп бір салсаң, аягын ұшынан басады-дағы* (Гур., Маңғ.). *Арба айдауға с а п а л а қ таба алмай отырмын* (Шығ. Қаз., Больш.). *С а п а л а қ п е н көбіне арбадағы көлікті айдайды* (Түрікм., Красн.).

САПАЛАҚТАУ (Алм., Шел.) жапалақтау. *Е, демде ауа райы бұзылып, қар с а п а л а қ т а п жауа бастады* (Алм., Шел.).

САПАЛАНДЫРУ (МХР) сапасын арттыру. *Тұтынушыларды сатып алу қабілетіне қажетіне талдау жасау арқылы тоөварға заказ беру ісін с а п а л а н д ы р а м ы з* («Ж. өмір», 13.02.1985).

САПАЛАСУ (Қост., Жанг.) орналасу, жайгасу. *Жогарыға төрге шығыңдар да с а п а л а с ы п отырыңдар* (Қост., Жанг.). *Кейін сардар сарбаздарды с а п а л а с т ы р г а н д а құланның жұздігіне кірді* (А. Нүрм., Күл. аж., 99).

САПАЛША (Шымк., Түлк.; Қ.орда, Жал.) *кесе. Меп шайды с а п а л ш а м е н ішемін* (Шымк., Түлк.).

САПА ПАРАҒЫ (МХР) сапа жөніндегі мәлімет қағаз. *С а п а п а р а г ы деп аталатын мәлімет қағазы екі есе жазылып, бірі шахтада қалып, екіншісі шоферлерге берілетін болуы да ұйымдастырылып жатқан шаралардың бірі екені белгілі* («Ж. өмір», 30.07.1985).

САПАР (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) рет. *Неше с а п а р барсам да кездеспеді* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *сапар* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *сафар* (Узб.-рус. сл., 1959); карак. *сапары* (Рус.-карак. сл., 1967)].

САПА РАС (Гур., Маңғ.) ып-рас, шүбәсіз. *Осы айтқанның бәрі с а п а р а с* (Гур., Маңғ.).

САПАР КЕСЕ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Жезқ.: Жез., Ұлы.) үлкен кесе. *С а п а р к е с е м е н бір кесе қымызды ішіп алып, жүріп кеттім* (Қ.орда, Сыр.). *Ағаң үйінің с а п а р к е с е с і н әкел, кісілерге қымыз берейік* (Жезқ., Ұлы.).

САПА-САП (Қ.орда, Қарм.) түп-тура, тең, тезбе-тез. *Мұса мен Ғайныш с а п а-с а п есептерін айырды. Біз олардың үстінен с а п а-с а п шықтық* (Қ.орда, Қарм.).

САПАЯҚ (Қарақ.) жүк аяқ, сандық, кебеже астына қойылады. *С а п а я қ ағаштан оюланып, арнайы жасалады* (Қарақ.).

САП ЕТУ (Алм., Жам.) *лезде* естілу. *Жаман хабар тегі с а п е т е қалмай ма?* (Алм., Жам.).

[Монғолша *цав* сап ету, күтпеген жерде пайда болу (Монғ.-қаз. сөз., 1954)].

САПҚЫ (Шығ. Қаз., Зайс.) *кеспе* жейтін істік екі ағаш. *Бұрын қою лапчаны с а п қ ы м е н жейтін* (Шығ. Қаз., Зайс.).

САПСАЛҒЫ (Сем.: Абай, Ұрж., Мак.; Жамб.: Шу, Қорд.; МХР) үсталардың темір қысатын аспабы. *С а п с а л г ы с ы з көріп болдық* (Сем., Ұрж.).

[Монғолша *савслага* қысқыш, қыстырғыш (Монғ.-қаз. сөз., 1954).]

САПСА-РАС 1. (Ақт.: Шалқ., Қараб.; Гур., Маңғ.; Рес., Орын.) ып-рас, тура, дүп-дүрыс. *Оның бұл айтқаны с а п с а-р а с, осы жолмен жүрсең, «Жомарт» колхозына с а п с а-р а с барасың* (Ақт., Шалқ.). *Оның қара нарды бес*

мың мәнәтқа алғаны с а п с а-р а с (Гур., Маңғ.). *С а п с а-р а с жасаған екен* (Орын., Ад.). 2. (Ақт., Шалқ.) түгел, түп түгел. *Мен санағанда колхоздың қойы с а п с а-р а с еді* (Ақт., Шалқ.).

САП СҮЙЕК (Гур., Маңғ.) таза, асыл сүйек.

САПСЫЛАУ (Шығ. Қаз., Больш.) суды шалпылдату. *Арасан суын с а п с ы л а у ғ а жарамайды* (Шығ. Қаз., Больш.).

САПТАЛҒЫ (Алм., Жам.) қайысты ысқылап тазарту үшін ағаштан жасалған құрал. *Қайысты с а п т а л ғ ы ғ а салып алу керек* (Алм., Жам.).

САПТАМА ЕТІК (Кокш.: Еңб., Қ.ту; Павл., Ерт.; Сем., Көкп.; Жезқ., Ағад.; МХР) ішіне байпақ кигізетін, қысқы былғары етік. *С а п т а м а е т і к жылы болады* (Павл., Ерт.). *С а п т а м а м д ы жамап бер* (Сем., Көкп.). *Аягыңдағы с а п т а м а е т і к т е бір есе көдеден тайғанап, бір есе құрп етіп қалады* (Ғ. Мүсір., Оян. олке, 27).

САПТАНУ (Сем., Кокп.) сайлану, әзірлену, дайындалу. *Жастар шықты лыжымен, алыс жолға с а п т а н ы п* («Лен. туы», 1941, №1).

САПТАСУ[1] (Шымк., Сайр.) салғыласу. *Кісімен с а п т а с а сойлесуге болмайды* (Шымк., Сайр.).

САПТАСУ[2] (Шымк., Шәу.) бірлесіп тары түю. *Ол тарысын біреумен с а п т а с ы п түйді. Сен келідегі тарыны с а п т а с ы п жіберші* (Шымк., Шәу.).

САПТАУ (Шымк., Мақт.) санау, есептеу.

САПТЫ АЯҚ (Шығ. Қаз., Больш.) қымыз ішетін ыдыс. *Қымызды с а п т ы а я қ қ а құйып, қызарған шымшырмен бұлғай жылытқан соң Қазанғапқа ұсынады* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 202). 2. (Қарақ.) ішіне бір жарым, екі литрдей сүт құйып пісіретін ыдыс; қол бақыр.

САПТЫРМАУ (Түрікм., Небид.) жол бермеу, жібермеу, мүмкіндік бермеу. *Ол жақта, әсіресе, ондайға с а п т ы р м а й д ы* (Түрікм., Небид.).

САПЫ (Алм., Жам.) қанжар. *С а п ы с ы ғана қалған Саурық батыр жаудың басым екеніне қарамастан шаба жөнеліпті* (Алм., Жам.). *Қонышынан с а п ы с ы н суырды, жүзін бармағымен байқап, былай қойды* (Ғ. Мүст., Көз көр., 12).

САПЫРУ (Жамб., Шу) араластыру. *Қартаны әкелчі. Мен с а п ы р а й ы н* (Жамб., Шу).

[Түрікше *савмурмак* үшыру, желпу (Тур.-рус. сл., 1977)].

САР (Ақт., Ойыл) із, сарын. *Бұрынғы с а р ы м ы з б е н әлі келе жатырмыз* (Ақт., Ойыл).

САРА (Алм., Нар.) дәрет. *Кемпіріміздің 2-3 күннен бері с а р а с ы жүрмей қалды* (Алм., Нар.).

САРАЗБАН (Қ.орда, Қарм.) қоңыздың бір түрі. *С а р а з б а н н ы ң аяқтары ұзын, шыбыншіркей жейді, күріш еккен жерде көп болады, түрі бүйі тәрізді* (Қ.орда, Қарм.).

САРАЙ (Көкш., Қ.ту) астық, тамақ қоятын жер. *С а р а й д ы ң төбесі мықты болса, тамшы ақпайды* (Көкш., Қ.ту).

САРАЙ ҮЙ (Алм., Шел.) төргі белме.

[Парсыша *сәрай* 1) түрғын үй; 2) қонақ үй, жолаушылар үйі; 3) төбесі жабық базар (Пер.-рус. сл., II, 1983, 30)].

САРАЛЖЫН (Ақт.: Ойыл, Ырғ.) көбіне құмды жерде есетін өсімдік түрі. *С а р а л ж ы н д ы түйе, қой малдары сүйіп жейді* (Ақт., Ырғ.).

[Чувашша *сарал* сарғаю (Чув.-рус. сл., 1985); монғ. *саарал* сұр, *шарагчин* сары түсті (Монғ.-қаз. сөз., 1954)].

САРАМАНДАУ (Шымк.: Шәу., Қызылқ.) кемшілікті мүлдем жою.

САРАМАС[1] (Орал: Чап., Қара.) сорлы, бишара. – *Ой, с а р а м а с, с а р а м а с. ... саған арам ас, – деп қарт біреуге күбірлеп, зілдене тіл қатады* (Ғ. Сл., Шалқ., 26).

САРАМАС[2] (Қарақ.) сары ауру. *Мен содан с а р а м а с қ а ұшырадым да күш қайтты* (Қарақ.).

САРАМДАСУ (Талд., Гв.; Жамб., Шу) танысу, білісу, жөн сұрасу. *Олар с а р а м д а с ы п бірін-бірі біліскен. Жолда келе жатып, Шымкенттегі ағайындармен кездесіп, с а р а м д а с ы п қалдық* (Талд., Гв.).

САРАМЖАЛ (Жамб., Шу) сараң. *Талай с а р а м ж а л д ы балқытқан Сүйінбай мен боламын* (Жамб., Шу).

САРАМЖАН (Озб., Ташк.) жинақы, ұқыпты, шашылып-тегіліп жатпау. Көбінесе әйелдерге қатысты айтылады.

[Өзбекше *саранжом* жинақты, ұқыпты (Узб.-рус. сл., 1959); тәж. *саранжом*1) ақыры, соңы, 2) төртіпке салу (Тад.-рус. сл., 1954)].

САРАНАУ (Гур.: Маңғ., Есб.; Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Тедж.) сүтті көп беретін асыл тұқымды сиыр. *С а р а н а у сиыр еді өзі де* (Гур., Есб.). *Жоңышқалар ат тұяғын түртеді, Жем табағы қойдың аузын*

суртеді, Мың ішінде арық тұрса бір бұзау, Сарайыңда с а р а н а у ы ң уркеді (Х. Ерғ., Сенің өз., 39).

[Якутша *ыанар* сауын, сауылатын; тунгус маньчжурларда «сир», «сири» сөздері мағынасын береді. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: *инаак, інәк, инәк* түлғалары, қазіргі түркі тілдерінің ішінде хак. *інәк*, як. *ынах*, қырғ. *инек* сөздері қазақ тіліндегі «сиыр» мағынасында қолданылады. Осыларға қарағанда *саранау* сөзі «сир» және «инек» түлғалары қосындысынан туындап, бере мағынасы «сауын сиыр» деуге тура келеді (Ә. Нұрм., Жер. тіл ерекш. төрк., 104-105)].

САРАНДЫЗ (Жамб.: Шу, Мер.; Алм., Жам.; Шығ. Қаз., Зайс.) бойы үзын болып өсетін, мал жемейтін шөп. *С а р а н д ы з д ы ң тамыры қырчаңқы болған малды емдеуге жұмсайды, күштілігі керомендей* (Жамб., Шу). *С а р а н д ы з д ы отқа жағады, қызулы болады* (Алм., Жам.). *С а р а н д ы з тауда өседі* (Шығ. Қаз., Зайс.).

САРАНЖА (Түрікм.: Таш., Тедж., Конеүр., Тахта) салпаң құйрық қой (сарық). *Жүні болмаса, с а р а н ж а берекелі емес-ау* (Түрікм., Тедж.). *300 с а р а н ж а ене қойынан 301 ... қозы алды* («Жұм-шы», 11.03.1953).

САРАҢ (Жамб., Шу) саңырау. *Қаттырақ айтпасаң естімейді, құлағы с а р а ң* (Жамб., Шу).

САРАҢЫЗ (Сем., Үрж.) екінші жылы жыртылатын аңыз. *С а р а ң ы з г а егін жақсы шығады, колхозда с а р а ң ы з г а салынған егіндер де бар* (Сем., Үрж.).

САРАП (Жамб., Жуа.) жиек ағаш (үйдің төбесін жабарда іргенің үстіне салатын ағаш). *С а р а п т ы тұзу ағаштан істейді, оны төбе тақтайға жанастыра салады* (Жамб., Жуа.).

САРАП-САРАП (Қ.орда, Арал) сорап-сорап.

САРАПШЫ (Ауғ.; Ир.) ақша ауыстыратын маман. *Молла Төленбек Ирһанда пайса ауыстыратын с а р а п ш ы болған адам* (Ир.).

САРАПШЫН ҚЫЛУ (Алм., Жам.) коз ауырғанда, көз қарыққанда көзілдірік сияқты етіп көзге киетін киіз. *Көзің қарықса, козіңе с а р а п ш ы н сал* (Алм., Жам.).

[Монғолша *сарабчин* бас киім қалқаны; эвен. *сарапчу* қылдан торлап жасалған козілдірік; як. *чарапча* бүл да осы мағынада; маньч. *сарбачан* кезді корғайтын калқан (ССТМЯ, II)].

САРАСТАУ (Орал: Чап., Жымп.; Ақт., Байғ.; Түрікм.: Таш., Конеүр.) іріктеу, саралау. *Қойдың семізін с а р а с т а п алып, үкіметке тапсырады* (Орал, Чап.). *Міне, бүл тарихи қаулы колхоздарда қызу талқыланып, колхозшыларға әбден с а р а с т а л а н ы п түсіндірілуде* (Ақт., Байғ.). *Комбайыннан түскен топанды с а р а с т а п, бір азынаулақ дән жиып алатынбыз* (Түрікм., Көнеүр.).

САРАСЫ (МХР) тәуірі, жақсысы. *Ойлай білсең қызықтың с а р а с ы бар дейді ол. Бүл жүрттың бәрінен шыға бермейтін ақыл, мүндай ақыл берген адамға рақмет айту керек* (М. Құрман., 40).

САРА ТІЛІК (Талд., Панф.) малдың құлағының үшынан тіліп жіберіп жасалған ен.

САРАШӨК (Алм., Балқ.) **1.** ау коңгелеуге пайдаланылатын жуандығы 20-30 мм капрон жіп. *С а р а ш ө к с і з ау коңгелеуге болмайды* (Алм., Балқ.). **2.** қанат арқанға жалғанатын 70-90 метрдей жіңішке жіп. *Сүзекінің қанат арқанына с а р а ш о к байладың ба?* (Алм., Балқ.).

САРАЯҚ (Шымк., Арыс) марка.

САРБАЛАҚ 1. (Кокш., Қ.ту) бидайдың шала піскен кезі. **2.** (Қост.) бас шығармай қалған бидай. **3.** (Қост.) бидайдың піскен түрі.

САРБАУЫР[1] (Түрікм.: Байр., Тедж., Мары) қой ішін сарысу қаптаи кстетін ауру түрі. *С а р б а у ы р д а н олген қойлар әлі актіленбеген* (Түрікм., Тедж.).

САРБАУЫР[2] (Түрікм., Таш.) самаурын. *Біз дастарқанга отыра берісімізбен буы бүрқырап түрган с а р б а у ы р д ы да әкеліп қойды* (Түрікм., Таш.).

САРБӨЗ сарғыштау келген жүка мата.

САРБУЫН 1. (Көкш., Қ.ту; Шығ. Қаз.: Зайс., Марқ.; Сем.: Абай, Үрж.) сарысу ауруы. *Мен с а р б у ы н болып ауырып жүрмін* (Кокш., Қ.ту). *Өткен жылы с а р б у ы н ауруымен қатты ауырдым* (Сем., Абай). *Арасанга екі жылдай үзбестен барып едім, с а р б у ы н н а н айықтым* (Шығ. Қаз., Зайс.). **2.** (Шымк., Арыс; Жамб., Шу) қойда болатын ауру.

САРБҰҒА (Көкш., Бор.) суык тигенде ішетін дәрі.

САРҒАР (Алм., Кег.) мая. *Бес үйметтен бір с а р г а р салынады* (Алм., Кег.).

САРҒАУ (Гур.: Маңғ., Есб.) сарнау. *Ауруы қатты білем, түнімен с а р г а п шықты* (Гур., Есб.).

САРДАР 1. (Сем.: Абай, Кокп., Акс.; Павл., Ерт.) қолбасы, әскер басы. *Ахмет деген үлкен с а р д а р болған* (Сөм., Абай). *Әйтпесе тергеп-тексере, с а р д а р м е н аз жолдас болганым жоқ* (А. Нүрм. Құл. аж., 36). **2.** (Гур., Маңғ.) ерте-көздегі алым-салық жинайтын әкім. *Иса болыс болганша, өткен гасыр-*

дың 70 жылдарына дейін с а р д а р болып келді (Гур., Маңғ.).

[Парсыша *сәрдар* колбасшы, әскөр басы; командир (Пер.-рус. сл., II, 1983, 34). Сөз түбірі парсының «сәр» сөзі, негізгі мағынасы-бас (осы сөздік, 26); ар. *сар* басты, *сардар* бас қолбасшы (Ар.-рус. сл., I, 1970, 442)].

САРДАР ШАПАН (Түрікм., Красн.) сый шапаны. *Бұл ауылдың с а р д а р ш а п а н кигендері Иранға қашып кеткен* (Түрікм., Красн.).

САРДИЮ (Гур., Маңғ.) баттию. *Бастық астырлап жамандап көреді, ол неме құледі, с а р д и т ы п ашықтан-ашық жамандап кореді, ол неме басын шайқап мәз болады ...* (Ә. Кекіл., Құс қан., 277).

САРЖА[1] (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.; Орал, Жән.; Қост., Об.) садақ. *Ерте кезде батырлар қолына с а р ж а ұстаған* (Ақт., Ырғ.). *С а р ж а м е н ерте кезде нысанадағы тиынды ататын* (Қост., Об.). *Махамбет батыр с а р ж а тартуға өте шебер болулы* (Орал, Жән.).

САРЖА[2] (Көкш., Қ.ту) өртенген жерге келесі жылы шыққан шөп. *Өзен адырына да, көштің басқы легі-с а р ж а жақ сияқты* (М. Мағ., Алас., 41).

САРЖА[3] (Түрікм.: Таш., Тедж.) салпаң құйрық қой сарық.

САРЖҰЛДЫЗ (Гур., Маңғ.) таң атарда туатын жұлдыз. *Таң жарып келе жатқанда с а р ж ұ л д ы з туады* (Гур., Маңғ.).

САРЖЫН (Шығ. Қаз., Больш.) сажын.

САРИ (Қ.орда, Қарм.) жылқы ауруы. *С а р и жаман су ішкеннен не сона шаққаннан болады* (Қ.орда, Қарм.).

САР КЕЗІК (Гур., Маңғ.; Ақт., Жүр.) сары ауру. Қ. сармас.

САРКЕСЕ (Қост.: Фед., Семиоз.) литрлік үлкен кесе. *Ақықтың шөлдеп келгенін с а р к е с е н і бір-ақ төңкергеннен байқадық* (Қост., Фед.).

САРКЕУРЕН (Гур., Маңғ.) сортаң жерге шығатын ащы шөп.

САР КҰЙ (Гур., Маңғ.) орташа күй, орта қонды. *Малдың с а р к ұ й і төуір* (Гур., Маңғ.).

САРКІС (Сем.: Үрж., Мақ., Аяг.) түсі сарғылт тышқан түрі. *С а р к і с деген тысқан бар, аса зиянды емес* (Сем., Үрж.).

САРҚИЯҚ (Сем., Үрж.) ши тоқитын өсімдік түрі. *С а р қ и я қ т ы мал жейді* (Сем., Үрж.).

САРҚҰМ[1] (Қарақ.) саптаяқ. *Келе сала бір с а р қ ұ м су ішіп қойып едім* (Қарақ.).

САРҚҰМ[2] (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) қолға су құятын құлағы бар ыдыс. *Бет жуғанда суды қолымызға с а р қ ұ м м е н құйып беріп тұрды* (Түрікм., Көнеүр.).

САРҚЫН (Алм., Кег.) аз. *Ол уақытта кедейлер егінді с а р қ ы н д а п салатын* (Алм., Кег.).

САРҚЫНА (Сем., Үрж.) аққына сияқты шөп түрі, тек бояуы сары болады. *С а р қ ы н а аққынаның бір түрі* (Сем., Үрж.).

САРҚЫНШЫҚ (Сем.: Абай, Шүб.) сарқыншақ.

САРҚЫТ (Гур., Маңғ.) жекжаттан, құдандалы жерден алынатын олжа. *Мен нагашымнан бір ат с а р қ ы т алдым* (Гур., Маңғ.).

САРЛЫҚ[1] (МХР; Шығ. Қаз., Болыи.; Тау., Қош.) қодас. *Янжмаа Алтай таулы өлкесінде с а р л ы қ т ы топтап өсіруге болатындығын дәлелдеп берді* («Ж. омір», 14.11.1983). *С а р л ы қ т ың сүтін қысқа қатырып қойғанда ұсымөйт* (МХР). *Таңертең с а р л ы қ сиыр еңкейе жайылса, ұлар қонғанынан құлдай ұшса күн суық болатындығының белгісі* («Ж. өмір», 4.07.1983). *Мынау с а р л ы қ Ахметтікі* (Тау., Қош.). *Қойы, сиыры, с а р л ы г ы бар, көктемнің лайсаңынан боқыраудың боранына дейін Алтай өңірін қаратопырақ қылып кететін еді* (Қ. Ысқақ, Күреңсе, 33).

[Монғолша *сарлаг* қодас (Монғ.-қаз. сөз., 154)].

САРЛЫҚ[2] (Қ.орда, Арал) түсі сарғылт жер беті. *С а р л ы қ қоңырдан гөрі құмды жерге жақын* (Қ.орда, Арал).

САРМАС (Алм., Жам.) сары ауру. *С а р м а с п е н ауырған адамның ұсті сап-сары болады екен* (Алм., Жам.). Қ. сар кезік.

САРМАСА (Қост.: Жітік., Жанг., Аман.) масаның түрі. *Шалғынды жердің с а р м а с а с ы а қ маза бермейді* (Қост., Жанг.). *Желсіз, тыншу... азынаған с а р м а с а, әлдеқайда көк жиегінде бәсеңдеу болып күле жалтылдап тұр* (Б. Майл., Шығ., IV, 77).

САР-МҰР (Көкш.: Щуч., Еңб.) анаумынау. *Маған сенің с а р-м ұ р ы ң ы ң керегі жоқ* (Көкш., Щуч.).

САРНАУ (Қ.орда: Қарм., Арал) тегіс, анық. *Жол жақсы с а р н а у жол* (Қ.орда, Қарм.).

САРП (Жамб.: Шу, Мойын., Луг.) айыр түяқты малдардың түяқ арасында болатын ауру түрі. *С а р п п е н ауырғанда малдың аягы ақсайды* (Жамб., Шу).

[Қырғызша *шарп* сиыр ауруы (ящур) (К. Юд., КРС)].

САРПАЙ (Шымк.: Арыс, Мақт.; Түрікм.: Ашх., Тедж., Таш., Көнеүр.) сыйға жабатын қымбат бағалы шапан. *С а р п а й ы м бар жабатын* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *серпай* сәнді киім, халат (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *сарпай* сый; еркектердің сәнді шапаны (Карак.-рус. сл., 1958); қырғ. *сарпай* құдалықта немесе тойда күрметті қонаққа сыйлыққа тартылған киім (парсы тілінен); пар. *сәрапа* бастан аяққа дейін, түтас (Пер.-рус. сл., II, 1983, 29). Бұл бойынша «бастан аяққа дейін жететін мол киім» дегенді түсіндіреді].

САРПАЛДАҢ (Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.) сергелдең, әуре-сарсаң. *Бұл орында балық жоғын білмей, ертеден бері қармақ салып, босқа с а р п а л д а ң болдым* (Қ.орда, Арал). *Колхоздағы жұмыс малдарының көпшілігі даладан шоп тасуменен с а р п а л д а ң м е н арықтады* («Ст. эпоха», 1940, №14). *Неше жылдан бері с а р п а л д а ң д а жүрген Ушаков өткен түні ғана, онда да таң алдында ғана бірінші рет үйықтап кетіп еді* (**Ғ.** Мүсір., Оян. өлке, 74).

САРПАЛДАҢҒА САЛУ (МХР) әуреге салу. *... сүт іріп ысырапталу, еңбекшілерді түннің 10-11 сағатына дейін тостырып с а р п а л д а ң ғ а с а л у, кейде тиісті нүктеде сатпау қатарлы олқылықтар да жиі ұшырасады* («Ж. өмір», 2.08.1983).

САРПАСТАУ (МХР) жазаның түрі (аттың астына керіп байлап тастау).

САРП ҰРУ (Гур., Маңғ.) сарт еткізу, сарт ұру. *Бірдемеге ашуланған бойы есікті с а р п ұ р ы п шығып кетті* (Гур., Маңғ.).

САРСАҒАН (Қ.орда, Қарм.) күмда өсетін ұзындығы қарыстай, тікенді, жапырақсыз шөп. *С а р с а г а н д ы түйе жейді, жылқы сиыр жемейді* (Қ.орда, Қарм.).

САРСАҢ-КЕСЕК (Гур., Маңғ.) әуре-сарсаң. *С а р с а ң-к е с е к болып жүргенше, біреуден айтып жібере салсаң болмай ма?* (Гур., Маңғ.). *Оның ат үстінде де, тақ үстінде де с а р с а ң-к е с е к секілденіп суық отыратыны... – өркөкіректік екенін енді-енді ғана аңғара бастағандай* (Ә. Кекіл., Үркер, 450).

[Маньч. *сәрсән сарсан* дірілдіп, калдырап, кобалжып (ССТМЯ, II,)].

САРСУ[1] (Қ.орда, Арал) түйе ауруы. *С а р с у м е н ауырған түйе шоп жемей, қатып-семіп қалады* (Қ.орда, Арал).

САРСУ[2] (Гур., Маңғ.) мал сүтінен бөлініп шыққан сарысудан қайнатылып жасалатын тағам. *Біз нанның орнына с а р с у м е н е н шай ішеміз. Ол жақсы тамақ* (Гур., Маңғ.).

САРСЫЛУ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) шаршау, коз майы таусыла шаршау. *Осы балам күні-түні оқиды, с а р с ы л у дегенді білмейді* (Қ.орда, Сыр.). – *Құтыбай, өлең айтшы, көңіл көтерші? – деді бір кезде, – сөзден іш толды құлақ с а р с ы д ы* (**Ғ.** Мүст., Коз. кор.).

САР ТАБАҚ (Қарақ.) үлкен табақ.

САРТАСЫНАН ОТЫРУ (Қ.орда, Арал) екі тізесін астына басып отыру. *Жорабай с а р т а с ы н а н жүгініп о т ы р екен* (Қ.орда, Арал).

САРТЕГЕЛЕК (Ауғ.; Ир.) кішкентай әңгелек. *С а р т е г е л е к т е п басқа бізде қауынның машат қауын, жәржәң қауын, кәбули қауын деген түрлері бар* (Ир.).

САРТ ҚАСЫҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) үлкендеу келген сырлы агаш қасық. *Ожауды таппасаң, с а р т қ а с ы қ т ы әкел* (Түрікм., Тедж.).

САРТҰРА (Қ.орда: Қарм., Арал; Ақт., Қараб.) саргідір, орта жастағы егде әйел. *Ол бір с а р т ұ р а әйелге үйленді* (Қ.орда, Арал). *Жасымыз қырыққа келді, енді с а р т ұ р а болдық қой* (Ақт., Қараб.). *Өз заманында кол шайқаған бір с а р т ұ р а келіншек отырған-ды* (Ә. **Н**үрп., **С**ең, 244).

САРТҮЙМӨШ (МХР) қарағайдың домалақ сағызы. *Отынға барғанда с а р т ү й м о ш ала кел* (МХР).

САРТЫСЫНАН ЖҮГІНУ (Қ.орда, Арал; Орал, Казт.) шарт жүгіиу.

САРУ[1] (Шымк., Мақт.) ауру. *Біздің бір мал с а р у боп қапты* (Шымк., Мақт.).

САРУ[2] (Жамб., Қорд.) аяғы талу, шаршау. *Е, балам, қабақтарың, жүздерің қарайып, аяқтарың с а р ы п келейатыр екенсіңдер, жол болсын, – депті чал* (Жамб., Қорд.). *Аққан дария арам болмас, Неше күшін с а р ы с а да, Жақсы адам жаман болмас, Уақыты жетіп қарыса да* (Мақал).

САРУ ЕР (Жамб., Мер.) алдыңғы қасы үшкірлеу келген ердің бір түрі. *С а р у е р қыргыздың ішіндегі Сару деген руынан шыққан екен* (Жамб., Мер.).

САРУУЛ ГҮН (МХР) будда дінінің басшыларының атағы. *С а р у у л г у н мен ламаларға ақ тағамдармен қатар қой ұшасы тартылады, қарапайым жұртқа ақ ірімшік* (М. Құрман., 130).

САРЧӘЙ (МХР) түз салып, сүт қосып жасаған шай түрі.

САРША[1] (Талд., Гв.) шыбық, сырғауыл. *Тамның бөренесі мықты, с а р ш а с ы әлсіз.*

[Парсыша *сәршахә* бұтақ, ұсақ бұтакшалар (Пер.-рус. сл., II, 1983, 36)].

САРША[2] (Қост.: Фед., Семиоз.) өртенген жерге қайта шыққан шоп. *Мал с а р ш а г а жақсы семіреді* (Қост., Семиоз.).

САРШАЛАҢ (Қ.орда: Қаз., Арал) судағы түсі сары, ұзын құрақ шоптер. *Балам, немене мыналарыңның соғысы, с а р ш а л а ң арасында шабақты қуған шортандардай ғой, ә? – деп балықшы шал күлді* (Ә. Нүрп., Курл., 418).

САРШҰНАҚ 1. (Гур., Шевч.; Кокш., Қ.ту) суыр. *С а р ш ұ н а қ қырда өте көп* (Гур., Шевч.). 2. (Шымк., Түркіс.) қысы-жазы жүре беретін тышқан түрі. *С а р ш ұ н а қ тез кобейеді* (Шымк., Түркіс.).

САРШЫБЫН (Қ.орда, Қарм.) адам шағатын түсі сары маса.

САР ШЫНШЫҚ (Қ.орда, Арал) сар сымшық. *Марат с а р ш ы н ш ы қ т ы ң балапанын ұстап келді* (Қ.орда, Арал).

САРЫ АҒАШ (Алм., Жам.) ағаш түрі.

САРЫ АҢЫЗ (Сем.: Үрж., Абай, Аяг., Мақ., Шүб.) жыртылып, биыл пайдаланылған аныздың келер көктемдегі аты. *С а р (ы) а ң ы з д ы мол жырттық* (Сем., Үрж.).

САРЫАЯҚ 1. (Қарақ., Қоң.) марқа. *Қонақтарға с а р ы а я қ т ы ң бірін өкеліп сойыңдар* (Қарақ., Қоң.). 2. (Тау., Қош.) ерте қыста туған тол. *Мынау с а р ы а я қ бұзау қайдан келген* (Тау., Қош.).

САРЫАЯҚТАС (Рес., Сарат.) замандас, қатар. *О кісінің өзімен с а р ы а я қ т а с п ы з* (Рес., Сарат.).

САРЫБАРАҚ (Алм., Жам.; Жамб., Жуа.) сары андыз.

САРЫ БАС ҚУРАЙ (Алм., Жам.; Жамб., Шу) басында гүлі бар шөп. *Омардың әйелі с а р ы б а с қ у р а й орып жүр* (Алм., Жам.).

САРЫ БУЫН (Талд., Панф.) қойдың буынынан болатын ауруы.

САРЫ БҰҒА (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) шөптің басында өсетін домалақ, сары жеміс. *С а р (ы) б ұ г а н ы емге пайдаланады* (Тау., Қош.).

САРЫ БҰРКІТ Қ. сары желке.

САРЫЖА (Ақт., Ырғ.) сүйекті ойып, әшекейлеп жасаған садақ, жақ.

САРЫ ЖЕЛКЕ//САРЫ БҰРКІТ (МХР) желкесі сары, төсі ақшұбар, қанатының асты ақ бүркіт түрі.

САРЫ ЖЕЛУ (Павл., Баян.) қатты желу. *Жолаушылар с а р ы ж е л і п келе жатты* (Павл., Баян.).

САРЫ ЖОҢЫРШҚА (Алм., Жам.) тоған бойына шығатын жоңышқа. *Тоған бойына с а р ы ж о ң ы р ы ш қ а қалың шыққан* (Алм., Жам.).

САРЫ КЕБЕҢ (Павл., Ерт.) бидайдың бір түрі. *С а р ы к е б е ң ерте піседі* (Павл., Ерт.).

САРЫ КЕЗ (Гур., Шевч.) екі төбенің арасы. *С а р ы к е з д е н күн бата астық* (Гур., Шевч.).

САРЫ КҮЗ (Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шүб.) күздің үсік жүрмеген, суық түспеген жанға жайлы, салқын кезі. *Сентябрь айы с а р ы к ү з деп аталады* (Сем., Абай).

САРЫҚ (Көкш.: Қ.ту, Щуч.) ұзын құйрықты қой. *Ағалар алып сатар біз бір с а р ы қ* (Кокш., Қ.ту). *Қылшық жүнді қойдың әр қайсысынан 2,5 килограмнан, с а р ы қ т ы ң метісінен 3,5 кг жүн аламыз* («Соц. ауыл», 1941, №2).

САРЫ ҚАНАР (МХР) тоқыған қап.

САРЫ ҚАРАҒАЙ (Рес., Орын.) қарағайдың бір түрі. *С а р ы қ а р а ғ а й нәстүрікке жонуға жеңіл болады* (Орын., Бөр.).

САРЫҚАСҚА ЕР (Талд., Панф.) маңдайын күмістеген, алды-артының сүйегі бөлек шабылатын қазақы ер.

САРЫ ҚАСЫҚ (Қарақ.) үлкен қасық, ожау.

САРЫҚ БАСЫЛУ (ҚХР) құмарынан шығу, шері тарқау. *Мені неге бөгейсің, мүрдем жіберсем, с а р ы ғ ы м б а с ы л а т ы н емес пе еді? – деді* (А. Тал., Шала дар. оқ).

САРЫ ҚОБАҢ (Қ.орда, Қарм.) қара қылшық, сопақ сары бидай. *Бізде с а р ы қ о б а ң н ы ң тұқымы жоқ* (Қ.орда, Қарм.).

САРЫ ҚОЛҚА (Жамб., Шу) қолқасы ісіп ауыратын жылқы ауруы.

САРЫ ҚҰРТ (Гур., Маңғ.) бұта шөп.

САРЫҚЫНА (Сем., Үрж.) сары бояу беретін қына. *С а р ы қ ы н а – қынаның бір түрі* (Сем., Үрж.).

САРЫЛАМА (Түрікм.: Ашх., Тедж., Тахта, Көнеүр.) сары ауру. *45 жылдықта с а р ы л а м а м е н сарқастанып едім* (Түрікм., Ашх.).

[Қарақалпақша *сарамас* (Рус.-карак. сл., 1967)]. Қ. сар көзік, сармас.

САРЫЛЫ ЖОН (МХР) шөбі шүйгін жон. *Сонымен қатар сиырды қыстан қоңды шығару үшін, с а р ы л ы ж о н г а бағып, бұзауын уызға тойғызса табиғат қиыншылығына төзімді болады ...* («Ж. өмір», 8.06. 1987).

САРЫЛЫҚ (Гур., Маңғ.) жан-жағы тау, ортасы жазық болып келген жер.

САРЫ МАСА (Көкш.: Щуч., Еңб.) маса. *Тап мына с а р ы м а с а с ы ң д а р сендер, қағып қалдың – өлді* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 347).

САРЫМЕЛЛЕ (Қарақ.) сап-сары, шикіл сары (адам). *Бұл с а р ы м е л л е деген бәле гой* (Қарақ.).

САРЫМСАҚ (Көкш.: Щуч., Еңб., Қ.ту; Павл.: Ерт., Леб.; Қост.; МХР) пияз. *С а р ы м с а қ т ы ң айналасын агашпен бекіту керек* (Павл., Ерт.). *Кошкиннің сырын біліп алган Горбунов «Жылыныңыз! деп, алдына жарты бөтелке арақ пен бір с а р ы м с а қ, жарты қалаш қойды* (С. Мұқ., Таңд. шығ. III, 40). *Соңғы кезде аймақ орталығындағы өндіріс, мекеме теплица салып, өздеріне с а р ы м с а қ, қияр, помидор қажетінің тиісті болігін қанымдап отырган* («Ж. өмір», 13.07.1985). **2.** (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) жабайы өсетін жуа. *Бұл жерде с а р ы м с а қ мол оседі* (Тау., Қош.).

САРЫН (Сем., Аяг.) мақал, нақыл, мәтел. *Білмеген у ішеді деген қазақтың бір с а р ы н ы гой* (Сем., Аяг.).

САРЫН АЙТУ 1. (Шыг. Қаз., Күрш.; МХР) жар-жар айту. *Бұрыңғы кезде с а р ы н а й т у ш ы еді* (Шығ. Қаз., Күрш.). **2.** (Жамб., Жам.) жоқтау. *Өлген кісіге с а р ы н а й т а д ы* (Жамб., Жам.).

САРЫН СУ (Шығ. Қаз.: Күрш., Зайс.) егіннің үшінші рет суарылуы. *Егінге с а р ы н с у берейік* (Шығ. Қаз., Зайс.).

САРЫ ОБА (Қар.) бетегелі шобі бар, адырлы жер.

САРЫП (Қарақ.) буын-буыны сырқырап ауру (бруцеллез).

САРЫП БОЛУ (Өзб., Ташк.) жұмсалу. *Көбінше материалдар, еңбектер босқа с а р ы п б о л а д ы* (Өзб., Ташк.).

САРЫПОРДИ (Сем.: Үрж., Мақ.) жүгерінің сары түсті нашар түрі.

САРЫПСЫЗ (Жамб., Жам.) үздіксіз. *Колхоз ортасындағы аттар белсенділердің астында с а р ы п с ы з мініліп, салдалумен жүріп, көбі арық, қыршаңқы, жауыр, көтеремнің алдында тұр* («Кол-шы», 1933, №11).

САРЫ САҒАН (Жамб., Мер.) құмда өсетін шөп түрі.

САРЫ СОЛМА (Ақт.: Ключ., Жүр.) жылқы ауруы. *С а р ы с о л м а м е н ауырған жылқы отта жүргенімен ет алмай жүдей береді* (Ақт., Ключ.).

САРЫ ТАРЫ (Ақт., Тем.) тарының бір түрі.

САРЫ ТЕППЕ 1. (Жамб., Шу; Қ.орда, Арал; Шымк.: Сайр., Лен.) малдың қиынан жасалған тезек түрі. *С а р ы т е п п е н і жаз жағамыз, ауысқаны қысқа тұрады* (Шымк., Лен.). **2.** далада кеуіп қалған жапа тезек. *Дұңғандар с а р ы т е п п е н і жинап, базарга сатып жүр* (Жамб., Шу).

САРЫ ШАЙ (Шығ. Қаз., Зайс.) тақта шай, кірпіш шай. *С а р ы ш а й дәмді тамақ* (Шығ. Қаз., Зайс.).

САРЫ ШЕКЕР (Ақт., Ырғ.) қазанға қайнатылған құм шекер. *Құм шекерге қарағанда, с а р ы ш е к е р д і ң берекеті коп болады* (Ақт., Ырғ.).

САС (Қарақ.) әл, күш, шама.

САСАЙ БОЛУ (Қост., Жанг.) жұмысқа жарамау. *Қакім с а с а й б о л ы п жұмысқа жарамай қалды* (Қост., Жанг.).

САСАЙ БҰҚА (Қост., Об.) көрі бұқа. *Келін, с а с а й б ұ қ а н ы сенек қорага байлай сал* (Қост., Об.).

САСАЙ ТЕКЕ (Талд., Панф.) ұрығы жоқ теке, күйек кезінде жарамай қалған теке.

САСБАҚ ТЕКЕ (Рес., Қалм.) сасай. *Күздегі с а с б а қ боп қалған киіктің т е к е с і н д е й* (Рес., Қалм.).

САС ҚАЛБЫР (Өзб., Ташк.) бидай, арпа елейтін, үйіретін қалбыр. *Қоңсылардың бірінен де с а с қ а л б ы р таба алмадым* (Өзб., Ташк.).

САСПАҚ ТЕКЕ (Сем.: Абай, Шүб., Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР; ҚХР) бақылдауық теке. *Оларга «с а с п а қ т е к е ұқсамай, қой» деп кейіді жасы үлкендер* (Сем., Шүб.). *Киіктің с а с п а қ т е к е с і согысып жүргенде, кішкене теке қарап тұрмайды* (ҚХР).

САС САРЫМСАҚ (Шығ. Қаз.: Больш., Марқ.) сазды, батпақты жерге шығатын дала жуасы.

САСЫ КЕЛМЕУ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр.) мүршасы келмеу, қолы тимеу. *Қаладағы балама баруга жұмыстың коптігінің с а с ы к е л м е й жатыр* (Қ.орда, Жал.).

САСЫҚ (Орал, Чап.; Сем., Абай) қандала. *Атын атаса, көбейіп кете ме қандаланы с а с ы қ дейміз* (Орал, Чап.). *Үйімізде с а с ы қ өте коп* (Сем., Абай).

САСЫҚ БАЛДЫРҒАН (Алм., Жам.) таудағы өзекке шығатын шөп. *Сен неге меңгіріп қалдың, с а с ы қ б а л д ы р г а н жеп меңгіріп отырсың ба?* (Алм., Жам.).

САСЫҚ КҮЗЕН (Сем.: Үрж., Мақ.) күзен. *С а с ы қ к ү з е н д і ел көп аулайды* (Сем., Үрж.).

САСЫҚ ҚАРА (Рес., Орын.) су бойына шығатын ағаш. *С а с ы қ қ а р а тек отынга гана жарайды* (Орын., Ад.).

САСЫҚ ШЫТЫР (Алм., Жам.) шытыр. *Мына қой с а с ы қ ш ы т ы р жеген бе, неме іші кеуіп кетіпті гой* (Алм., Жам.).

САСЫП-ПЫСУ (Өзб., Ташк.) асығып-үсігіп. *Ақбала с а с ы п-п ы с ы п: Қойшы әрі, қайдағыны айтпай, – деді* (Өзб., Ташк.).

САСЫП-САЛБЫРАП (Алм., Шел.) асып-сасып. *С а с ы п-с а л б ы р а п жайымызды айта бастадық* (**Б. Соқ.**, Қайдасың, Гаухар?, 24).

САСЫР[1] (Сем.: Көкп., Абай, Шүб., Ақс.; Көкш., Қ.ту; Жезқ., Ұлы.; Жамб., Шу; Павл., Тим.) курай сияқты іші қуыс шөп. *С а с ы р д ы мал сүйіп жейді* (Көкш., Қ.ту). *Ауыл айналасында с а с ы р коп оседі* (Сем., Кокп.). *С а с ы р д ы коп жеген қойдың сүтінің дәмі сасыр татып кетеді* (Жамб., Шу). *С а с ы р бұл жерде көп өседі* (Павл., Тим.). *Жазгы жайылымда қойларды шұрайлы, с а с ы р л ы, тобылғылы, жоңышқалы, балауса ащы өзекті жерге жаямын* («Соц. шаруа», 2.10.1948). Сасырдың *қойсасыр, құлансасыр* деген түрлері болады. Құлансасырды мал жемейді.

САСЫР[2] (Жамб., Шу) асық ойынының бір түрі.

САТА (МХР) жүқалау көлген жылтыр мата. *С а т а шыттан көрі жұқалау болады* (МХР).

САТАЙ БОЛУ (Өзб., Ташк.) таусылу.

САТАЛҒЫ (Алм., Жам.) қайысты ысқылап тазарту үшін ағаштан жасалған құрал. *Қайысты с а т а л ғ ы ғ а салып алу керек* (Алм., Жам.).

САТҚАҚ (Алм., Жам.) қарғыстың бір түрі. *Өй, с а т қ а қ келгір, о не қылғаны, құ с а т қ а қ* (Алм., Жам.).

САТҚЫНДАУ (Сем.: Абай, Шүб.) сату, дүркін-дүркін сату. *Баламызға барамыз деп малымызды с а т қ ы н д а п жатырмыз* (Сем., Абай).

САТТЫҚ (Гур.: Маңғ., Есб.; Қ.орда, Арал; Орал: Орда, Казт.) сататын, сатуға арналған. *Аздап с а т т ы қ қ а табылар* (Гур., Есб.). *Бұл графин с а т т ы қ емес* (Қ.орда, Арал). *Мына бие с а т т ы қ бие-ау, семіртіп, жаратып әкелген екен* (Орал, Орда). *Біз сол с а т т ы қ кітаптарды алып кетейін деп едік* (Орал).

[Чувашша *сутлаах* (Чув.-рус. сл., 1985); езб. *сотарли* (Узб.-рус. сл., 1959)].

САТЫ 1. (Шымк.: Сайр., Қызылқ.; Жамб., Шу; Жезқ., Ағад.) баспалдақ. *С а т ы м е н там төбесіне шығып құрт жаямыз* (Шымк., Сайр.). *Тап осы кезде ол зәулім с а т ы н ы ң сонау биік басынан аяқтары салбырап, тырбаңдап түсіп келеді* (**Б. Соқ.**, Жөкпе-жөк, 26). 2. (Гур., Маңғ.) өре. *С а т ы ғ а құрт жаяды* (Гур., Маңғ.). 3. (Шымк., Мақт.) арбаның қанаты. *Арбаның с а т ы с ы н сал* (Шымк., Мақт.). *Қой қора жаққа қарай шөп тиеген с а т ы л ы арбалар өтті* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 12).

[Қырғызша *шаты* 1) баспалдақ; 2) түйе жазысының көлденең ағашы; 3) жетек (Кирг.-рус. сл., 1965, 903-904)].

САТЫ АҒАШ (Орал, Чап.) баспалдақ.

САТЫҚ АУРУ (Жамб., Шу) сары ауру. *Сүрмерген с а т ы қ а у р у боп жатып апты* (Жамб., Шу).

САТЫЛЫ АРБА (Жамб.: Жуа., Жам., Шу, Мер., Қорд., Св., Луг.; Шымк., Сайр.) қалқанды арба. *Біздің колхозда с а т ы л ы а р б а аз* (Жамб., Жам.). *С а т ы л ы арбаға шөп көп сияды* (Шымк., Сайр.). *Қой қора жаққа қарай шөп тиеген с а т ы л ы а р б а л а р өтті* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 12).

САТЫЛЫ СОТ (МХР) жергілікті сот. *Зиянды өтеу туралы алғашқы с а т ы л ы с о т т а р ғ а... еңбек ақы төлеу туралы өтінішін әзірлеп* («Ж. өмір», 23.03.1987).

САТЫЛЫ ТІЗІМ (МХР) негізгі тізім. *Малшылар алғашқы с а т ы л ы т і з і м д і толық қозғалтады* («Ж. өмір», 24.10.1983).

САТЫМАУ (Ауғ.; Ир.) сатпау.

САТЫМСАҚ (Сем.: Ақс., Көкп., Абай, Шүб.) сатылатын. *Базарда с а т ы м с а қ малдар көп пе?* (Сем., Ақс.).

САТЫН (МХР) монғол тайпасы. *Монғол тайпалары дарқыт, с а т ы н, буряттар аюдың тұяғын толғақты жиілету, жеңіл босануға көмегі тиеді деп босанып тұрған әйелдің белбеуіне ілетін болған* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 34).

САУАЛ (Жамб.: Қорд., Шу; Түрікм.: Ашх., Небид., Красн., Таш.) сұрақ. *Елінде сиыр, жылқы қандай еді деп с а у а л сұрады* (Жамб. Шу). *Бұдан әрі с а у а л д а р ы ң болмаса шығып айтатын кім? Солардан сұрап с а у а л бал аттырып, Қайтуға келдім арнап атым қинап* (Т. Ізт., Рүс. дас.). *Қашан келеді...? – деген с а у а л аузынан шығып кете жаздаса да Ержан тіл қатпады* (Т. Ахт., Қah. күн., 85).

[Түрікменше *совал* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *савол* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *сауал* (Карак.-рус. сл., 1940); Сарык. *савул* (Т. Пах., Сарык.-рус. сл., 1971); пар. *соал* (Пер.-рус. сл., II, 1983, 65); ар. *савал* (Ар.-рус. сл., 1970, 428)].

САУАЛУ (Гур.: Маңғ., Бақс.; Қ.орда, Қарм.; Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) сауығу, жазылу, тәуір болу. *Көптен сырқос еді, қазір*

сырқосынан с а у а л д ы (Гур., Бақс.). *Кеше жақында кітті ауырып, 9 күн жатып с а у а л д ы м* (Қ.орда, Қарм.). *Әзір мамам с а у а л ы п т ы* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *сагалмак* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *соғаймоқ* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *сауалу* (Карақ.-рус. сл., 1958)].

САУАТ (Жамб., Жам.) себет (тоқып жасаған ыдыс). *С а у а т т а нан бар, соны ал* (Жамб., Жам.).

САУАТҚАН (Жамб., Жуа.) шала молда.

САУАШ (Түрікм.: Ашх., Тедж., Таш., Көнеүр., Тахта, Красн.) соғыс, ұрыс. *Омарта маңында да талай с а у а ш болыпты* (Түрікм., Красн.).

[Түрікменше *сөвеш* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *саваш* (Узб.-рус. сл., 1959); карақ. *сауаш* (Рус.-карақ. сл., 1967); түр., әзірб. *сабашь* (Л. Буд., I, 706). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: *сауаш* ұрсысу, қасарысу (ДТС, 257); *сөваш* соғыс, төбелес (Ә. Над., Гул., II, 147), *саваш* айқасу, соғысу (А. Курыш., ИЛТАС, 181)].

САУ БОЛ (Түрікм.: Красн., Бекд., Қиян., Небид., Ашх., Таш., Тедж., Көнеүр.) рақмет. – *Осыған риза боларсыз. – С а у б о л, болады* (Түрікм., Ашх.). *Мұнысына с а у б о л с ы н* («Жұм-шы», 16.10.1941). *Қандым, келін, с а у б о л, алла разы болсын* (Ж. **Нәж.**, Кішк., 75).

[Түрікменше *саг бол* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

САУДА (Жамб.: Мер., Жам.) базар, демалыс күн (жексенбі). *Өткен с а у д а д а ...тура бір дорба жұмыртқа қостым, осыған қара сабын әкеп бер деп* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 25).

САУДАЛАУ (Шығ. Қаз., Больш.) сауда жасау. *Ол кранға барып малмен с а у д а л а п жүр* (Шығ. Қаз., Больш.).

САУҚОЙ (Сем.: Кекп., Ақс.) сауыққой. *Қыр елі с а у қ о й келеді* (Сем., Көкп.).

САУҚЫМ (Жамб.: Шу, Жуа.) айқай, шу. *Ол с а у қ ы м салып негып жүр* (Жамб., Жуа.).

САУЛАМА (Орал, Жән.) түтіндігі тік салынған қазандық пеш. *С а у л а м а н ы бір-ақ күнде салуға болады* (Орал, Жән.).

САУЛЫ (Орал, Казт.) қысыр. *Бір сиыр және бір с а у л ы қашарымыз бар* (Орал, Казт.). – *Жарайды, дабай болса, дабай болсын: алты ірі қой, үш бұзаулы сиыр, бір қашар, бір тай, өгіз, с а у л ы інген бар, – деп төкпектетті* (Ж. Нәжім., Ақ шаң., 231).

САУМАЛ (Қ.орда, Арал) қолынан түк келмейтін ынжық.

САУМАЛАУ (Ақт., Ойыл) біртіндеу, бірін-бірі сүйемелдеу. *Терезеден бірін-бірі с а у м а л а п үйдің ішіне түскен* (Ақт., Ойыл).

САУМАЛДЫҚ (Жамб., Мер.; Сем.: Абай, Үрж., Мақ.; Талд.) таулы жерде осетін қымыздық тәрізді осімдік. *С а у м а л д ы қ ақ бас болып тауда өседі, биік болады* (Жамб., Мер.). *С а у м а л д ы қ т ы жеген мал тез күйленеді* (Сем., Абай). *С а у м а л д ы қ т ы былғары илеуге пайдаланады* (Талд.).

САУМАН (Жезқ., Ұлы.) сауын. *Биені осы с а у м а н н а н соң ағыту керек* (Жезқ., Ұлы.).

САУСАҚ МҮЗ (Қарақ., Мой.; МХР) жұқа мүз. *С а у с а қ м ү з кезінде де матай ау қолданылады* (Қарақ., Мой.).

САУУ[1] (Қарақ.) жүмсау, шашу.

САУУ[2] (Жамб., Жам.) суу. *Ей, ауқат с а у у ы п қалмасын* (Жамб., Жам.).

САУЫ АУУ (Жамб., Шу) көңілдену, ниеті ауу. *С а у ы м а у ы п, саған келіп едім* (Жамб., Шу).

САУЫҚТАН (Жамб., Жуа.) шала молда.

САУЫҚТЫРУ (Шығ. Қаз., Ұлан) жондеу, жақсарту. *Басқару жұмысын с а у ы қ т ы р у керек* («Соц. майдан», 6.02.1983, №12).

САУЫЛДАЙ (Гур., Маңғ.) сабаудай. *Үйдің алдына келіп тоқтаған мәшіннің үстінен с а у ы л д а й бес жігіт түсе қалды* (Гур., Маңғ.).

САУЫЛУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) біту, тарау. *Той с а у ы л г а н с ы н тағы ішінті* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікше *сапмакъ* тарау, ыдырау (Л. Буд., I, 683). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: *сауыл* ығысу, алыстау, жойылу (ДТС, 492)].

САУЫМСЫЗ (Ақт., Шалқ.) сауылмайтын. *Менің баққан қойым с а у ы м с ы з қой* (Ақт., Шалқ.).

САУЫН АЙТУ (Қост., Жанг.) хабар айту, хабарлау. *Ас беретін боп Қазыбек жұртына с а у ы н а й т а д ы* (Қост., Жанг.).

САУЫНДАУ (Рес., Орын.) орған тарыны бауламай, бос жиып тастау.

САУЫР (Алм., Талд.) мінезді, пейілі кең. *Қожбанбай теңі келмес с а у ы р еді* (Алм., Талд.).

САУЫР АЙНАЛУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) ауу, қоныс аудару. *Бұдан 40 жылдықтың шамасында, ел с а у ы р а й н а л г а н д а, біздер де осы иерден келіп шықтық* (Түрікм., Көнеүр.).

САФИН (Қарақ.) көкнәр сүзетін сүзгі.

САФ ҚЫЛУ (Ауғ.; Ир.) тегістеу. *Бахарда (көктемде) болса жерді с а ф қ ы л у лазым* (Ауғ.).

САХАНА (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Арал) мола үстіне орнатылған там, ескерткіш үй. *Ерте кезде салдырған с а х а н а л а р д ы ң*

осы күнге дейін пайдаланатын түрлері де бар (Қ.орда, Сыр.).

САХАР[1] (Жамб., Шу) сәресі. *Оразаның екі с а х а р ы н ішеміз* (Жамб., Шу). *Еркінше енді екеуі етті сауық, С ә х ә р д а шақырғанша тұрып тауық* (Т. Ізт., Рүс. дас., 51). *Түнгі астан аяққа салып, алып қойған орта тостаған суынған бөрпе мен аяқ қара көже әкеп с а х а р ішуге кірісті* (Б. Майл., Шығ., III, 122).

[Парсыша *сәхәр* таң алды (Пер.-рус. сл., II, 1983, 23); ар. *сақар* (Ар.-рус. сл., I, 1970, 437)].

САХАР[2] (Қар., Ж.арқа) сабын қайнату үшін күйдірілген ащы шоп түрі. *С а х а р қайнату жаңадан ұйымдастыра бастапты* («Лен. жол», 9.04.1942).

САХИ (Қ.орда, Арал) мырза, жомарт. *Болат қолында болса с а х и гой* (Қ.орда, Арал).

[Парсыша *сәхавәт* жомарттық, ақ көңілдік; *сәхи* жомарт, ақ көңіл (Пер.-рус. сл., III, 1983, 23-25); ар. *сақи* (Ар.-рус. сл., I, 1970, 440)].

САЯБАН (Қарақ.) қол шатыр.

САЯЗ (Сем.: Абай; Шығ. Қаз., Больш.; ҚХР; Алм.; Талд.) таяз, тайыз. *Бұл жердің суы с а я з болады* (Сем., Абай). *Құдық суы с а я з* (Талд.). *Ұзын өлке болғандықтан, әрбір қозы өрісінде ай жерге с а я з құдық қазып, мол ауыл қоныпты* (М. Әу., Абай жолы, II, 692). *Жәй оқытушы түгіл колхоздарымыздағы ауданның жіберген оқытушыларының да білімі с а я з* («Кол-шы», 1935, №32).

[Чувашша *сайаам* (Чув.-рус. сл., 1985); өзб. *саез* (Узб.-рус. сл., 1959)].

САЯҚ[1] (Алм., Шел.; Рес.: Астр., Сарат.) жеке, оқшау. *Ақсақ әрі с а я қ т а у д ы ң реті жоғын білген Дархан артынан әлдекім итергендей боп от басына тақалды* (О. Бөк., Өз от. өш., 23). *Апырмай, с а я қ боп кетіпті. С а я қ жүрген – таяқ жер* (Рес., Астр.).

[Ертедегі түркі тілі сөздіктерінің бірінде: *сайық* жалғыз (А. Бор., Бадаи..., 185); *саеқ* қаңғыбас, қаңғыған адам (Узб.-рус. сл., 1959)].

САЯҚ[2] (Гур., Шевч.; Рес.: Орын., Астр.) кестірілген жылқы. *Ат болатын тай с а я қ қ а ұйір* (Гур., Шевч.). *С а я қ ішінде құлын, тайлар болмайды* (Орын., Бор.). *С а я қ жылқыдан бөлек жайылады* (Рес., Астр.).

САЯЛАУ (Гур., Тең.) бұзылу, бүлінү. *Анау қырғі дауылда с а я л а н ғ а н қайықтар болды. МРС с а я л а н ғ а н ау құралдарының мәліметін сұраулы* (Гур., Тең.).

САЯ-ПАНА (Шымк., Түлк.; Қ.орда: Сыр., Жал.) қолеңкелі жер, далда (к.), баспана. *Кішкене жас бұзаулар с а я-п а н а ғ а байланды* (Шымк., Түлк.). *Ол с а я-п а н а д а отыр* (Қ.орда, Сыр.).

САЯПКЕР (Жамб.: Шу, Қорд., Луг., Мер.; Кокш., Уәлих.; Рес., Орын.) ат жаратушы. *Сол озып келген жирен атты баққан с а я п к е р чанышқылы руынан шыққан Сарымсақ деген кісі дейді* (Жамб., Қорд.). *С а я п к е р бәйге атына байланысты қолданылады* (Кокш., Уәлих.). *Озған аттардың, оның с а я п к е р л е р і мен үстіне мініп шапқан балаларының суреттері алынды* («Кол-шы», 1935, №66).

[Қырғызша *саяпкер* ат баптаушы (Кирг.-рус. сл., 1965)].

САЯТ (Алм.: Іле, Еңб. қаз.) саяхат, сапар шегу. *Жас чағымызда талай с а я т қ а чығатұғынбыз* (Алм., Іле).

[Өзбекше *сайех* саяхатшы (Узб.-рус. сл., 1959)].

СӘБЕТ (Ауғ.; Ир.) тор қалта.

СӘБЗИ (Ауғ.; Ир.) жалпы коконіс атауы.

СӘД (Ауғ.; Ир.) кішкене арық.

СӘДДӘ (Шымк., Арыс) окпешіл. *Біздің қарт с ә д д ә кісі* (Шымк., Арыс).

СӘДЕЛКІ (Көкш.: Щуч., Еңб.) атқа салатын ершік.

СӘДЕП (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) түйме. *Сөйтіп жүргенде шапанымның бір-екі с ә д е б і н жұлдырып алыппын* (Түрікм., Кенеүр.).

[Өзбекше *садаф* меруерт; *садаф тугма* меруерт түйме (Узб.-рус. сл., 1959)].

СӘДЕТТЕНУ (Қ.орда: Жал., Тер., Арал) көңілге алу, екпе қылу. *Салмақ артып с ә д е т т е н г е н і м емес, шыны сол – деп, бұған әзілмен кінәшіл өкпе артқандай ма?* (Ә. Нүрп., Курл., 200).

СӘДЕТТЕУ (Қ.орда: Қаз., Қарм.) бұлдау, бәлдену. *Сені туып едім деп жатырын с ә д е т т е й т і н ана мен емес* (Ә. Нүрп., Сең, 145).

СӘДӨК[1] 1. (Орал, Чап.) кірпіштен қаланып жасалған астық сақтайтын орын. 2. (Гур., Есб.) ақыр.

СӘДӨК[2] (Гур.: Есб., Тең.; Қост.) балық осіретін орын. *Балықты с ә д ө к ішіне өсіріп бақылап жүреді* (Гур., Тең.).

СӘДІРМЕК-САУЫҚ (Гур., Бақс.) еркінсіп, оз ойымен әрекет жасау. *Ол бір конторға келместен, с ә д і р м е к-с а у ы қ п е н жатып алды* («Лен. жолы»).

СӘЖІН (Орал, Казт.) сажын. *Десятинаны с ә ж і н м е н өлшейтін еді* (Орал, Казт.).

СӘЙ[1] (ҚХР) кекөніс.

СӘЙ[2] 1. (Сем., Аяг.) ет, капуста, жуа, т.б көкөністі қосып қуырылған тамақ. 2. *С ә й і ң е қарай тамақ іш, бойыңа қарай киім піш* («Тіл және ауд.», 1988, 14).

СӘЙГЕ (Қар.) оқыра. *Бәрінің көзі шатынаған, құйрықтары қоқайған, алдында не*

турса да тайынар емес, артындағы құртымдай с ә й г е д е н қорқып, әбден тышқақтапты (F. Мүст., Көз кер., 180).

СӘЙГЕЛ (Қар.) оқыра. *С ә й г е л қуған сиырларда ес жоқ құйрықтарын шошайта, көздерін шатынаата тырым-тырағай шапқылауда* (F. Мүст., Дау. кейін, 8).

СӘЙГІ (Түрікм., Красн.) қылымсыған кербез, сері. *Өмірде кейде бір с ә й г і әйелдер болады* (Түрікм., Красн.).

СӘЙДЖЕҢЖУЙ (Сем., Аяг.) ақша бөлімі.

СӘЙКЕЛ АҒАШ (Ақт.: Ключ., Жүр.) шүлдік ойынында шүлдікті таяқпен екінші рет ұру.

СӘЙКЕСТІРУ (МХР) үйлестіру. *Тобындағы бір адам күніне 20-25 ешкі тарайтындай с ә й к е с т і р у керек* («Ж. өмір», 19.03. 1987).

СӘЙКҮЛІК (Гур., Шевч.) кербездік. *Ақбөбек с ә й к ү л і к п е н бұраңдадың, Бастан да өтпей дәурен тура алмадың* (Гур., Шевч.).

СӘЙКІ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Ашх., Тедж., Красн.) кербез, сал. *Күскең ертеректе с ә й к і болыпты* (Түрікм., Көнеүр.). *Жүздібай с ә й к і адам болған екен* (Түрікм., Красн.).

СӘЙКІЛІК (Гур., Маңғ.) ажарлылық, көріктілік.

СӘЙПУҢ (Сем., Аяг.) тігінші.

СӘЙПІЛ 1. (Алм., Кег.) қорған, қамал. *Ілгеріде осы жерде с ә й п і л болған деп айтады* (Алм., Кег.). 2. (Алм., Үйғ.) күзетші.

СӘЙІЛ ҚҰРУ (Гур., Бақс.) сейіл құру. *С ә й і л қ ұ р ы п қайтатын біздің паркіміз жоқ* (Гур., Бақс.).

СӘК (Ауғ.; Ир.) сөмкенің өте үлкен түрі.

СӘКАКҮЛДЕНУ (Сем.: Абай, Шүб.) ортыту. *Тізгінді кілт тежегеннен кейін құлағын біздей қадап төңкеріле қабыргалай қарап, бота тірсек ... ақбоз с ә к а к ү л д е н е секектей басып, жүріс нашына басты* («Соц. мал шар.», 1.09.1942).

СӘКЕМӘН ТАРЫ (Сем.: Абай, Шүб.) тарының нәзік түрі. *Олар с ә к е м ә н т а р ы н ы үгітуге кірісті* (Сем., Абай).

СӘКИІП ҚАЛУ (Қ.орда, Қарм.) алданып қалу. *Оған еруге болмайды с ә к и і п қ а л а с ы ң* (Қ.орда, Қарм.).

СӘКІ[1] (Рес., Орын.; Қост.: Жанг., Аман.; Жезқ., Ұлы.) нар; тақтайдан жасалған биіктеу бірнеше адам отыратын орындық. *Сіздер жақта да с ә к і бола ма?* (Орын., Бөр.). *Жаппас с ә к і г е отырам деп шалқасынан құлап түсті* (Қост., Жанг.). *С ә к і н і ң үстінде отыр едім, с ә к і м сынып кетіп, құлап түстім* (Жезқ., Ұлы.). *Екі кісілік кішкене с ә к і г е отыра кеткен Әбдірахман аягының үйып ауыр тартқанын жаңа гана сезді* (Х. Есен., Ақ Жай., I, 95). *... келген кісіге көрпе салуды білмейді. Қай үйге барсаң да с ә к і* (Б. Майл., Шық., IV, 186).

[Түрікше *секи* адам отыруға жарамды тас немесе үйінді (Тур.-рус. сл., 1977); чув. *сак* отыруға жасалған үзынша орындық (Чув.-рус. сл., 1985); ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *секү* жату не отыру үшін жасалған көтерме, мінбе (ДТС, 494); пар. *сөку* тас орындық (Пер.-рус. сл., II, 1983, 50)].

СӘКІ[2] (Сем.: Мақ., Кокп.) астық сақтайтын орын. *С ә к і г е төгілетін астықтың ылғалдығы бірдей және арам шоптерден тазартылған болу керек* («Қыз. жүл.», 25.10.1942, №80).

СӘКІЛҒАН (МХР) 1. электр тогы. *С ә к і л г а н комбинатта оргүткіл істейді* (МХР). 2. жеделхат (телеграмма). *Бүгін с ә к і л г а н кепті, бүрсігүні барам депті* (МХР).

[Монғол тіліндегі *цахилгаан* деген сөз (Каз.-монғ. сөз., 1977)].

СӘКІН (Орал, Орда) бірдеме, мән. *Сенің жүрісіңде бір с ә к і н бар, сен сау емессің* (Орал, Орда).

СӘКҮРСЫН БАР (ҚХР) бір кінәрат бар, бір кілтипан бар деген мағынада. *Бірақ енелерінің қанында с ә к ү р с ы н б а р ма, болмаса жаз жайлау, қыс қыстауы жәйсіз болғаннан ба, екі қозы бірдей қылшық жүнді, тексіз төл болуға бейімделген еді* (F. Қан., Бүрк.).

СӘЛ[1] (Гур., Маңғ.; Алм., Жам.) нашар, шамалы. *С ә л гана зат екен* (Гур., Маңғ.). *Сенің айтқан кісің с ә л адам екен гой* (Алм., Жам.).

СӘЛ[2] 1. (Алм.: Еңб. қаз., Жам.) аз, аздау. *Сорпаны с ә л д е у құй, көп ішпеймін* (Алм., Жам.). 2. (Алм., Жам.) дұрыс болмау. *Біреудің тауығын өлтіруің с ә л болмаған екен* (Алм., Жам.).

[Сарық. *сәл* көп емес, аз (Т. Пах., Сарық.-рус. сл., 1971)].

СӘЛ[3] (Гур., Маңғ.) жақын. *С ә л жер* (Гур., Маңғ.). – *Тірі ме екен, с ә л деуші еді апайым?..* (Х. Ерғ., Сенің оз., 49).

СӘЛДЕ[1] (Алм., Жам.) өте жүқалап пісірген нан. *Алдыңыздағы наннан с ә л д е істеңіз* (Алм., Жам.).

СӘЛДЕ[2] (Шымк., Мақт.) әйелдердің басына тартатын жаулығы. *Нақ сұлу с ә л д е сін боя п апты* (Шымк., Мақт.).

СӘЛДЕЙ (Гур., Маңғ.) сәл. *Саған қарағанда Нүрекеңнің бойы с ә л д е й тік* (Гур., Маңғ.). *Бет-аузында с ә л д е й де кірбің жоқ* (Ә. Кекіл., Күс қан., 172).

СӘЛДЕКЕЙ АДАМ (Гур., Шевч.) кішкентай адам. *Сәлдекей адамдар кезге қораш* (Гур., Шевч.).

СӘЛДЕКЕНДЕЙ (Гур., Маңғ.) кішкентай ғана, азғантай ғана. *Қойбағардың қабағында сәлдекендей реніш болсашы, сірә* (Ә. Кекіл., Үркер, 31).

СӘЛЕКЕЙ (Гур., Маңғ.) азғантай, аз. *Бір сәлекей шай бере тұршы* (Гур., Маңғ.).

СӘЛЕМ БЕРДІК (Ақт., Қараб.; Қ.орда, Арал; Гур.) кішінің үлкендермен амандасуы. – *Сәлем бердік, шеше.* – *Көп жаса, қарағым.* (Ақт., Қараб.). *Шеше, сәлем бердік, балаларың дендері сау ма?* (Қ.орда, Арал). – *Шымеке, сәлем бердік...* – *деді Жакен* (Қ. Мұсахметов, «Жұлдыз», 1986, №6, 102).

СӘЛЕМ-САҚПЫТ (МХР) сәлем-сауқат. *Кісіден сәлем-сақпыт беріп жіберіпті* (МХР). *Қотырақ былғары қоржынның екі басы толы сәлем-сақпыт, жетек атқа артқан тәтті-тағам, азық-түліктерін үлестіріп жатып, Кекілік жеңешемнің сәлемдемесі еді, – деп ақ орамалға түйген арнайы нәрсені ұсынды* (С. Тәук., Ақыр Жән., 90).

СӘЛЕМ-САҚПЫТ БЕРУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР) сәлем беру. *Мен ақсақалға сәлем-сақпыт беріп қайтпақпын* (Шығ. Қаз., Больш.). *Ол сәлем-сақпыт бергелі келіпті* (Тау., Қош.).

СӘЛЕМ-САУҚЫТ БЕРУ (Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шүб.) амандық білу, сәлем беру. *Асқар алыстан бізге сәлем-сауқыт бергелі келіпті* (Сем., Көкп.).

СӘЛЕСКЕ 1. (Жезқ., Ұлы.; Қост., Жанг.) шананың қанаты. *Шанамның сәлескесі сынып қалып еді, қайта салдырмақпын* (Жезқ., Ұлы.). *Қыс болса келе жатыр, шанаға сәлеске жасау керек* (Қост., Жанг.). **2.** (Көкш., Қ.ту) жетек. *Менің жолда сәлескем сынып қалды* (Көкш., Қ.ту).

СӘЛ ҚАРАУ (Қар., Құлы.) көңіл бөлмеу. *Бұл қаттарға сәлқарап күні бүгінге дейін қортынды шығара алмай отыр. Еңбекшілер шағымына сәл қарау біздің салтымызда жоқ нәрсе* («Больш. жол», 1940, №1).

СӘЛПЕ ЕТУ (Қ.орда, Арал) жалп ету. *Үшып бара жатқан құс сәлпе етіп түседі* (Қ.орда, Арал).

СӘЛУ (Алм., Жам.) ұру. *Түйені ұркіткенің не деп біреуі келіп Қожанасырды қамшымен сәліпті* (Алм., Жам.).

СӘЛШЕ (Гур., Маңғ.) нашар. *Сәлше ғана зат екен* (Гур., Маңғ.).

СӘЛІ (Көкш., Еңб.; Сем., Мақ.) басқа салатын үлкен жібек орамал, шәлі. *Одан кейін бір етік, бір жібек сәлі, 10 метр барқыт, 40 метр кездеме алып отыр* («Ең. туы», 1939, №73). *Аққағаз дегендерге осы колхоздың сатушысы Оразбаева 10-20 метрлеп бұл, тағы басқа сәлі сияқты тауарларды бөліп берген* («Қыз. жұл.», 14.01.1939, №3).

СӘЛІК (Өзб., Ташк.) бос, дайынсыз. *Сәлік болсаң, елге жақпайсың* (Өзб., Ташк.). Өзбек тілінің Хорезм сөйленісінде *сәлки* «бос» деген мағынада.

СӘЛІҢГІРДЕЙ (Орал: Жән., Орда; Гур., Маңғ.) еңгезердей, зор, үлкен. *Қолымда бір қамшым бар сәліңгірдей, соңыма неге түстің бәрің бірдей* (Орал, Жән.; халық өлені). *Есіктің алдында тұрған сәліңгірдей жігіт кім?* (Гур., Маңғ.).

СӘЛІРЕК (Алм., Шел.) нашарлау. *Биыл әуе райы сәлірек болды* (Алм., Шел.).

СӘМӘЛ (Шымк., Шәу.) самал. *Сәмәл жел соғу жақсы* (Шымк., Шәу.).

СӘМБЕЛЕУ (Қ.орда, Арал) тәптіштеу. *Бұл етті сәмбелеп отырасың ба, бұзып-бұзып тастамайсың ба?* (Қ.орда, Арал).

СӘМБІ ТАЛ (Жамб., Сар.) боз тал, құба тал. *Сапар сәмбіден жаңа иген уықтың бірін іле көтеріп жүгірді* (Ш. Мұрт., Инт. наны, 49). *Төменде қылама құз, сәмбі тал тоғай* (Ш. Мұрт., Қара мар., 151).

[Өзбекше *самбиттал* қызыл тал (Узб.-рус. сл., 1959)].

СӘМЕ (Шымк., Лен.) шама (қайнаған шайдың қалдығы). *Самаурынның шүмегіне сәме тұрып қалды* (Шымк., Лен.).

СӘМЕК (Шымк., Мақт.) шөптің бір түрі (мысық құйрық). *Әй бұзауға сәмек алу керек* (Шымк., Мақт.).

СӘМЕТТЕ//БІР СӘМЕТТЕ (Ақт., Ырғ.) бір сәтте, лезде. *Ол жұмысты мен бір сәметте бітіріп қайтамын* (Ақт., Ырғ.).

СӘМЛЕУ (Қ.орда, Арал) тәптіштеу. *Бұл етті сәмлеп отырасың ба, бұзып-бұзып тастап жүрмейсің бе* (Қ.орда, Арал).

СӘМСІРЕКТЕУ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр.) тәлтіректеу. *Ілініп-салынып сәмсіректеп, әрең атқа міндім* (Қ.орда, Арал).

СӘМСІРЕУ (Қарақ.) әлсіреу, шаршау. *Бейсен сәмсіреп келеді, шайыңды қуза* (Қарақ., Мой.).

СӘМІС (Түрікм., Красн.) ақылы кем, кеміс. *Ақылы жоқ сәміс болмаса, ана тілін ешкім де ұмытпас* (Түрікм., Красн.).

СӘН (Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шүб.) жақсы. *Ол халықаралық жағдайды сән біледі* (Сем., Көкп.). *Біздің апайдың үйі қандай сән* (Сем., Абай).

СӘНДІП 1. (Жамб.: Луг., Мер., Шу) сәтен. *С ә н д і п көрпені алып тәсе* (Жамб., Мер.). ... *енді ескі көк с ә н д і п көйлектен ақ шәйнектің қақпағындай томпайып қана қос тесі көрінеді* (Ш. Мұрт., 41-ж кел., 36). ... *2000 кило мақта терген звеновод Парманова 3 метр шибарқыт, 3 метр с ә н д і п, 5 метр трико, 35 сом ақша берді* («Лен. жолы», 6.12.1983, №12). 2. (Ауғ.; Ир.) жұқа, шайы мата.

СӘНДІРЕ (Рес., Орын.) лапас, бастырма. *Күн ыссы болса, с ә н д і р е жасап аламыз* (Орын., Ад.).

СӘНЕК (Алм., Шел.) ұзын айыр, сырық. *Бізде бір с ә н е к бар, ол өзімізге керек* (Алм., Шел.).

СӘНИЕ (Ауғ.; Ир.) секунд.

СӘНСІЗ (Шығ. Қаз., Тарб.) өте, аса, орасан. *Омар сондай с ә н с і з жақсы кісі* (Шығ. Қаз., Тарб.).

СӘҢКИЮ (Жамб.: Сар., Жам.) саңқию. *Самал түсіп, мұрны с ә ң к и і п қалды да, ... қартайған шешесінің мойнында масыл болып отырған* (Ш. Мұрт., Жүлд. көп., 57).

СӘПЕК (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн.) боқмұрын, нашар, іске жарамайтын. *Ой тәйірі, кішкене с ә п е к балалар емес пе* (Түрікм., Ашх.).

СӘП САЛУ (ҚХР) көз салу, назар аудару. *Әлде, ол менің с ә п с а л ы п отырғандығымды білмесе керек, ауық-ауық Оспанның жанарынан таныстық іздеп әуре* (З. Сабыр, Ізд., V).

[Ұйғырша *сәп силіш* назар салу (Уйг.-рус. сл., 1961)].

СӘРДАР (Қост., Жанг.) жүз басы, әскер басы. *1916-жылы халық көтерілісінде с ә р д а р дегендер болады* (Қост., Жанг.).

СӘРДЕБЕЛЕУ (Өзб., Ташк.) әдейі арнау. *С ә р д е б е л е п машине жіберген соң, бару керек* (Өзб., Ташк.).

СӘРЕ-МӘРЕ (Сем.: Абай, Шұб.) таң сәріде, ерте, елең-алаңда.

СӘРЖІ (Өзб., Ташк.) жер өлшейтін айыр таяқ. Бұл орыстың *сажень* деген ұзындық өлшемін білдіретін сөзінен ауысқан.

[Өзбекше *саржин* (Узб.-рус. сл., 1959)].

СӘРМІС//СӘРІМІС (МХР) сарымсақ. *Аузы с ә р м і с сасып тұр* (МХР).

[Моңғолша *саримс* (Б. Баз., Монғ. каз. тілі, 191)].

СӘРПЕНКЕ (Ақт.: Ключ., Жүр.) нашар, жұқа мата. *Қисық жаға, көк с ә р п е н к е көйлек сыртынан буынған жұмыр қара жібек белбеуі, аягында қисық табан етігі бар* (F. Мұст., Көз көр., 47).

СӘРСЕН-КЕСЕК (Рес., Орын.) әуресарсаң. *Поезд тоқтап қалып, жаяу жүріп, с ә р с е н-к е с е к болдық* (Орын., Домб.).

СӘР УАҚЫТ (Шымк., Сарыағ.; Жамб., Сар.) ерте, таң ата, таңсәрі. *Мен с ә р у а қ ы т т а жүремін* (Жамб., Сар.).

СӘРІМІС Қ. сәрміс.

СӘТ (Шымк., Арыс; Қ.орда, Арал) сағат, мезгіл. *Бір с ә т шыдамайды* (Шымк., Арыс). *Жұмысты бір с ә т т е бітіремін* (Қ.орда, Арал).

СӘТЕК (Шымк., Сайр.) төрт дөңгелекті арбаның жетегі.

СӘТЕН (Қарақ.) кербез, сәнқой, өте сыпайы адам.

СӘТЕРІ (Жезқ., Ағад.) орташа. *Сойған биенің еті с ә т е р і, жілігі татитын болды* (Жезқ., Ағад.).

СӘТНӨК (Шығ. Қаз., Больш.) хат тасушы, хабаршы. (революциядан бұрын почтальонды осылай атаған).

СӘТІЛ 1. (Шымк., Түркіс.) шәугім. *С ә т і л г е су құй* (Шымк., Түркіс.). 2. (Өзб., Ташк.; Тәж.; Ауғ.; Ир.) шелектің түрі. *Қызды үйдің с ә т і л і бос тұрмайды* (Өзб., Ташк.). *С ә т і л м е н су әкелің* (Тәж.).

[Өзбекше *сатил* шелек (Рус.-узб. сл., 1957, 48). Түрікмен диалектісінде *сетил* шелек (Туркм.-рус. сл.). Бұл Бұхара, Самарқанд, Жиззах облыстары қазақтарының тілінде бар. Тәжік тілінен ауысқан соз].

СӘУДЕГЕР (Түрікм.: Конеүр., Теджен., Тахта, Байр.) базбен есептесіп, мақтаны үкіметке тапсырып отыратын адам. *20-базда с ә у д е г е р болған қара жігіт пе?* (Түрікм., Көнеүр.).

СӘУЕ[1] (Алм., Енб. қаз.) сана, ақыл. *С ә у е с і бар адам жамандық істемейді* (Алм., Енб. қаз.).

СӘУЕ[2] (Жамб., Шу) сәуле. *Таң атып, с ә у е с і түсе бастады* (Жамб., Шу).

СӘУИЯ ЖАРАТУ (ҚХР) жетістікке, нәтижеге қол жеткізу. *Ноябрьдің соңына дейін бұл зауытта пармен жүретін паровоз, іштен жанатын паровоз және жүк паровоздары бойынша үстегі жылы мемлекет жоспарын түгелдей артығымен орындап, зауыт құрылған 68 жылдан бергі тарихта ең жоғары с ә у и я ж а р а т т ы* («Шыңжаң», 12.10.1969). *Сәуия* сөзі үйғырша «деңгей, нәтиже» деген мағынада.

СӘУКЕЛЕ (Алм., Жам.) ерте кезде болған, үлкендігі ат басындай қант. Кей жерде оны *бас қант* деп те атайды. *Ертеде байлар шайды с ә у к е л е тістеп ішетін* (Алм., Жам.).

СӘУКІЛДЕП ЖҮРУ (Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шұб.; МХР) бекер, еңбексіз, босқа жүру. *Мына жігіттер неге с ә у к і л д е п ж ү р* (Сем., Көкп.). *С ә у к і л д е п қымыз ішіп ж ү р е т і н бір жігіт қой өзі* (МХР).

СӘУЛЕСІН АТ ТАРТА АЛМАУ (ҚХР) тәкаппарлану, ешкімді менсінбеу. *«С ә у л е с і н а т т а р т а а л м а й т ы н еді, жасаған той, ұстаған үйін қара десе өлгеніміз сол емес пе?»* (З. Сабыр, Ізд.).

СӘУЛІГІ (Шымк., Мақт.) дені, көбі, көпшілігі. *Қауынның с ә у л і г і н суық ұрып кетті* (Шымк., Мақт.).

СӘУЛІМ (Қар.: Ж.арқа, Шет) бой жеткен қыз. *Орта дәрежелі мектепті биыл бітіріп, көңілін бір демдеген, бұрын кормеген нағашы жұртын көрем деп жүрегі лүпілдеген с ә у л і м тоты құстай тұрленді* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 379). *Жігіттер мен с ә у л і м д е р араласа отырды... «хан жақсы ма?»-дан кейін ... «орамал тастамақ» ойнап, с ә у л і м д е р, жігіттер орамал тастасып ауыздарының дәмін алысты* (С. Сейф., Шығ., IV, 175).

СӘУСЕЛІМ (Өзб., Ташк.; Қарақ.) іс жақпас, ешкімге пайдасы жоқ.

СӘУІР 1. (Гур., Маңғ.) түн. *Ол кезде жолаушылар с ә у і р м е н жүреді* (Гур., Маңғ.). 2. (Гур., Маңғ.) таң сәрі, сәрісі. *Мен бүгін с ә у і р д е н тұрдым* (Гур., Маңғ.). 3. (Гур., Маңғ.) таң қараңғысы. *Мен бүгін с ә у і р д е н тұрдым, онда қараңғы екен* (Гур., Маңғ.).

СӘУІР САЛУ (Түрікм.: Красн., Небид., Құмд., Ашх., Таш., Тедж.; Гур., Маңғ.) түнделетіп жүру. *Кетік пен Бесқала арасына талай с ә у і р с а л у арқылы жетуші едік* (Түрікм., Красн.). *Неше күн с ә у і р с а л с аң да нар жүре береді* (Гур., Маңғ.). *Екі елші күндіз қалқақалтарыстарға тығылып, түн бойы с ә у і р с а л ы п, ереуілшіл ұлыстың үстінен итшілеп зорға отінті* (Ә. Кекіл., Үркер, 522).

СӘУІТ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж., Мары) қара тал.

[Түрікменше *совут* үйеңкі, тал (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *самбит тол* қызыл тал (Рус.-узб. сл., 1954)].

СӘХӘР (Қ.орда, Сыр.) таң сәрі, таң ертең. *Екінше енді екеуі етті сауық, С ә х ә р д а шақырғанша тұрып тауық* (Т. Ізт., Рүс. дас., 51).

СБОЛКА (Қ.орда, Арал) балық салған бөшкені құлатуға арналған құрал. *С б о л к а с ы з балық салған бөшкені жалғыз кісі құлата алмайды* (Қ.орда, Арал).

СЕБ (МХР) социалистік еңбек бригадасы. *Бұл істің алға басуына Көсіподағы комитетінің комиссиялары, С Е Б мүшелерінің Халықтық бақылау группасының қосып отырған үлесі айрықша* («Ж. өмір», 23.06.1983).

СЕБЕЗГІЛЕУ (Сем.: Кокп., Ақс., Абай, Шұб.; Шығ. Қаз., Больш.; МХР) себелеу, сіркіреу. *Жаңбыр қатты жауып тұрған жоқ, с е б е з г і л е п тұр* (Сем., Кокп.). *Күн қатты жауып кетпегенмен, с е б е з г і л е п тұр* (Шығ. Қаз., Болып.). *Монша мұздай суық, от жағылмаған, 30 минуттан соң суық су с е б е з г і л е й бастады* («Ж. өмір», 30.06.1983).

СЕБЕР (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) ымырт *С е б е р батып отыр* («Лен. туы», 23.09.1939, №87).

СЕБЕСІ (Шымк., Түркіс.) себі, жәрдемі. *Былтырдан бері жотелдім, ешқандай дәрідәрмектің с е б е с і тимеді* (Шымк., Түркіс.).

СЕБЕТ[1] (Сем.: Кекп., Ақс., Аяг.; Шығ. Қаз.: Больш., Марқ.; Қарақ.; МХР; ҚХР) коридор, ауыз үй. *Бізде осындай бөлме с е б е т деп аталынады* (Сем., Көкп.). *С е б е т т е самауыр қайнап тұр* (Шығ. Қаз., Марқ.). *Самауырды с е б е т к е қою керек* (Қарақ.).

СЕБЕТ[2] (Шымк., Мақт.; Гур., Маңғ.; Қ.орда: Қарм., Сыр.; Жамб., Жуа.; Ақт., Шалқ.; Түрікм.: Таш., Кенеүр., Тахта, Тедж.; Қарақ.) талдан тоқылған ыдыс. *Базар сайын екі с е б е т жүзім апарам* (Қ.орда, Сыр.). *С е б е т к е сап, апарып бер* (Ақт., Шалқ.). *Себеппен с е б е т арбаға мінеді* (Мақал; Түрікм.). *Балаларға деп алған үзімді с е б е т к е салып қойдым* (Түрікм., Таш.). *Бір с е б е т өрік алдым* (Қарақ.). *Семіз әйел... с е б е т і н е н жұмыртқа, памидор, нан алып жей бастады* (Ш. Мұрт., Қара мар., 36).

[Түрікменше *себет* (Туркм.-рус. сл., 1940); карақ. *себет* (Карак.-рус. сл., 1958); қырғ. *себет* талдан тоқылған қорап (араб тілінен), *сабат* кішкене көрзеңке, соз торкіні сол ыдысты тоқыған талдың атауынан тууы мүмкін. Мысалы, түрікм. *совут* үйеңкі, тал; өзб. *самит* қызыл тал; тофа. *сыпыт* ұсақ тал; хак. *сөөт* тал (Ә. Нүрм., Жер. тіл ерекш. торк., 105-106)].

СЕБЕТТІ ҚОРА (МХР) төбесі шатырлы қора. *Ол с е б е т т і қ о р а н ы ң екі қанатына салынған тол үйшігін тортке бөлген* («Ж. өмір», 30.07.1985). *Соңғы жылдары олар 15 тонналық сыйымдылығы бар овощ сақтайтын қойма және с е б е т т і қ о р а салып пайдаға берген* («Ж. өмір», 18.02.1985).

[Монғолша *сөвөг* тоқыма, өрме, шарбақ (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 169)].

СЕБІК (Шымк., Сарыағ.) себу. *Тұқым с е б і к уақыты басталысымен, ауырып қалдым* (Шымк., Сарыағ.).

СЕБІЛ (Шымк., Сайр.) зат, бұйым, жасау. *Келінді келген де көр, с е б і л д і жайганда көр* (Шымк., Сайр.).

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ ҚАМШЫ (МХР) он алты таспадан ерілген сегіз қыры бар қамшы.

СЕГІЗ ӨРІМ (Жамб., Шу) сегіз таспадан өрген қамшы.

СЕГІЗ ТІСТІ ҚОЙ (Өзб., Ташк.) көрі қой.

СЕДЕЛКЕ (Көкш.: Қ.ту, Еңб.; Қост., Об.) ершік.

СЕДЕПІ ТҰЙМЕ (Жамб.: Мер., Луг., Мойын., Шу; Тау., Қош.) көйлекке қадайтын үсақ ақ түйме.

[Түрікше *седеф* 1) қабыршық; 2) меруерт (Тур.-рус. сл., 1977)].

СЕДИКА ШАЛБАР (Ауғ.; Ир.) костюм шалбар.

СЕЗДЕ (Шымк., Арыс) сәжде.

[Парсыша *сәждә* намаз кезінде жерге бас тигізу (Пер.-рус. сл., II, 1983, 23)].

СЕЗ ПІШЕН (Жамб., Тал.) шабындық (шеп).

СЕЗІГІ БАР (Орал, Казт.) сезімі бар.

СЕЗІМ ҚЫДЫРТУ (ҚХР) баскаға көңілі ауу. *Бірақ ол да сыр білдіріп, с е з і м қ ы д ы р т ы п көрген емес* (Қ. Мұқ., Тай.).

СЕЙМЕТ (Қ.орда, Арал) өмілдірік. *Ертоқымның с е й м е т-с е й м е т і н жақсылап тақса, ер артына кетпейді* (Қ.орда, Арал).

СЕЙНЕ (Шығ. Қаз., Больш.) ауыз үй, кіре берістегі бөлме.

СЕЙНЕР (Гур., Тең.) аудың бір түрі. *С е й н е р м е н бір алганда 40-50 центнер балық алады* (Гур., Тең.).

СЕЙПІЛ 1. (Алм., Кег.) қорған, қамал. *Ілгеріде осы жерде с е й п і л болган деп айтады* (Алм., Кег.). **2.** (Алм., Ұйғ.) үстіне күзетші шығып, алысқа көз жіберіп қарап тұратын мұнара сияқты биік құрылыс.

СЕЙСЕП[1] **1.** (Алм.: Шел., Нар., Кег.) көрпенің астары. *Мына көрпенің с е й с е б і н жуатын болган екен* (Алм., Нар.). **2.** (Көкш.: Щуч., Еңб.; Жамб., Жам.) керуеттің үстіне жабатын ақ мата. *Темір төсектің тұсына Наташа ақ с е й с е п тұтып, шымылдық сияқтандырып қойды* (Ш. Мұрт., Жүлд. кеп., 51).

[Қырғызша *шейшеп* төсек жаппасы (простыня) (Кирг.-рус. сл., 904)].

СЕЙСЕП[2] (Өзб. Ташк.) қабырғаның жоғарғы жағына тұтылатын өрнекті, кестелі, әсем материал.

[Өзбекше *чойшаб* үстелдің, керуеттің үстіне жабатын өрнекті материал (Узб.-рус. сл.); түрікм. *шайсеп* жасау мағынасында қолданылады (Туркм.-рус. *сл.*)].

СЕЙСЕП ҚҰРАҚ (Өзб., Ташк.) кілем басына орнатылған жиек формасыида болып келетін құрақтың күрделі түрі.

СЕЙІЛУ (Гур.: Маңғ., Есб., Тең.) сиреу, азаю, кему. *Үйдегі шыбын күндегісінен с е й і л і п т і* (Гур., Есб.).

СЕЙІЛІ КЕЛМЕУ (Орал: Чап., Жымп., Казт.) күші жетпеу, шамасы келмеу. *С е й і л і к е л м е г е н адам үй салдырмайды гой* (Орал, Казт.).

СЕЙІС (Гур.: Маңғ., Бақс.; Ақт.: Жур., Тем.; Қ.орда, Арал; Түрікм., Красн.; Қарақ.) ат жаратушы. *Ол бір керемет с е й і с кісі* (Гур., Бақс.). *Ат жарысқа с е й і с т е р бір-бір жүйрік атты дайындап отырды* (Ақт., Тем.). *Атыңды тойга қосатын болсаң, с е й і с к е бер* (Қ.орда, Арал). *Өзі жақсы бір с е й і с т і ң қолына түссе, нагыз бәйгеге қосатын ат болайын деп тур екен, жануар* (Түрікм., Красн.). *Аттың бабын с е й і с табады* (Қарақ.).

[Түрікше *сейис* 1) ат бағушы; 2) командирдің ат күтушісі (Тур.-рус. сл., 1977)].

СЕЙІСТЕУ (Қарақ.) жарыс атын баптау.

СЕЙІСХАНА 1. (Қарақ.) ат баптап, жарататын орын. **2.** мал қамайтын қора. *С е й і с х а н а н* ы *көбіне үйге іргелес салымыз* (Қарақ.)

СЕЙІСШІ (Қарақ.) атты күтіп-бағатын адам. Қ. сейіс.

СЕК (Рес., Сарат.) еркек қой. *С е к болса, с е к болсын, балаларга сауын болсын!* (Рес., Сарат.).

СЕКЕР (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал: Чап., Орда, Жымп., Казт., Жән.; Қост.: Жітік., Фед., Семиоз., Об.; Рес.: Қалм., Сарат.) кант. *Дүкенге с е к е р түсіпті* (Гур., Есб.). *Колхоздың магазиніне биыл с е к е р аз келіп тур* (Орал, Жән.). *Сөйттік те с е к е р тістеп, шай ішіп, шөлімізді басып алдық* (Қост., Жітік.). *«С е к е р қайсы?» десең с е к е р сауытты көрсетеді* (Қ. Қар., Алт. изд., 166). *Магазинге түскен екі қап с е к е р д і ң бір қабын тұқымдарына бөліп берді* (*«Лен. жолы»*, 1941, №8). *Дүкенге с е к е р түсіпті* (Рес., Қалм.).

СЕКЕР СЫНДЫРҒЫШ (Гур., Маңғ.) қант шаққыш, қант тістеуік. *С е к е р с ы н д ы р ғ ы ш т ы ң сыртын тат басып қапты* (Гур., Маңғ.).

СЕК КЕЛТІРУ (Шығ. Қаз., Больш.) шек келтіру.

СЕКЛА (Қ.орда, Қарм.) лампаның шынысы. *Шамның с е к л а с ы н сал, үйге жарық түссін* (Қ.орда, Қарм.).

СЕКТЕНУ 1. (Қост., Аман.) сезіктену. *Ол сізден с е к т е н г е н жоқ па?* (Қост., Аман.).

2. (Гур., Маңғ.; Рес., Орын.) сескену. *Жага босап жатқасын, қай* (қ.) *болып жүре ме деп с е к т е н і п, екі күн болды, теңізге шыға алмадық* (Гур., Маңғ.). *Мінейдерхан қылышты көтеріп, шабайын дегенде Шөңке с е к т е н б е й отырды* (Орын., Ад.).

СЕКІЛІ (Қ.орда, Қарм.) сиқы, түрі. *Қарағым, азаматымыз жоқ, бар азаматымыздың с е к і л і мынау гой* (Қ.орда, Қарм.).

СЕКІРТПЕ (Сем., Үрж.; Қост., Жанг.) қой ауруы, топалаңның бір түрі. *Қойда с е к і р т п е болады* (Сем., Үрж.). *Оның с е к і р т п е болып екі қойы өлді* (Қост., Жанг.).

СЕКІРТПЕЛЕУ (Гур., Маңғ.) аз-аздан, жалғыздан. *Малы с е к і р т п е л е п өліп жатыр* (Гур., Маңғ.).

СЕЛ (Гур., Маңғ.) әл, күш, қуат. *Ол жұмысты істеуге менің с е л і м жетпейді. Басым ауырып, с е л і м болмай отыр* (Гур., Маңғ.).

СЕЛБЕК (МХР) көмек, жәрдем. *Техникалар арасында ремонт звеносының жұмыстап жүруі кедергіні арылтып, іске қарқын тугызуга елеулі с е л б е г і н тигізіп отыр* («Ж. өмір», 15.05.1986). *Қазақ ұрпагын қалыптастыруга «тамшыдай болса да өз с е л б е г і н тигізсе екен» деген тұргыда аталмыш еңбек жазылды* (**Б. Кәм.**, Мон. қаз. салт-дәс., 8). *Жаңашыл инженердің қолымен туындаган төрт-бес онертабыс өндірісті ақаусыз жұмыстатуга, қаржы үнемдеп еңбек өнімділігін арттыруга зор с е л б е г і н тигізуде* («Ж. өмір», 16.07.1985).

СЕЛБЕУ (Гур.: Маңғ., Мақат; Орал: Чап., Жымп.) жәрдем, көмек, сүйемелдеу. *Дәуітгалидың с е л б е у і м е н оқып жүр гой* (Гур., Мақат). *Ол – әкесінің с е л б е у і м е н гана ел қатарына қосылып жүргені болмаса, өз басы тұк шешпейтін адам* (Гур., Маңғ.). *Ол агасының с е л б е у і м е н оқып жүр* (Орал, Чап.).

СЕЛДЕ (Жамб., Қорд.) сәлде.

[Қырғызша *селде* (Кирг-рус. сл., 1965, 641)].

СЕЛДІРЕҢ (Гур., Маңғ.) селдір, селдіреген. *С е л д і р е ң шөпті екі күн шапқанда бір еңбек ала алмайтын түрім бар* (Гур., Маңғ.).

СЕЛЕБЕ 1. (Орал, Жән.; Сем.: Үрж., Мақ.) қанжар. *Атамыз қазақ баласы с е л е б е мен найзаны үйге сақтайтын еді гой* (Сем., Үрж.). *Ержан с е л е б е с і н суырып алып, қарсы шапқан қасқырга салып жіберді* (Орал, Жән.). *Сұп-сұр ұзын с е л е б е с і н сопақ еткізіп, белінен суырды* (М. Мағ., **Көк кеп.**, 221). **2.** (МХР) үлкен пышақ. *Қап-қара сабына томпақ күміс құйма орнатқан с е л е б е пышагын қайыс белбеуінен салбыратып асыныпты* (Церендор, **Е.** ул., 9). **3.** (Жамб., Шу) қылыш. *С е л е б е ң д і серпе ұстап, Сен дескен жауга сермедің* (Жамб., Шу).

[Монғолша *сэлэм* қылыш (Монғ.-қаз. сөз., 170)].

СЕЛЕУ (Жезқ., Ұлы.) шөптің бір түрі. *Мынау боз дейтін шөп, оның басындагы үкісін с е л е у дейді* (Жезқ., Ұлы.).

СЕЛЕУІШ (Орал, Қара.) баланың бетіне бөртіп шығатын жара. *Бетіне тұскен с е л е у і ш баланың ажарын кетіреді* (Орал, Қара.).

СЕЛКЕ Қ. су селке.

СЕЛКЕМ ШЫҒУ (Гур., Маңғ.) қате шығу. *Есқайыр барызды дұрыс пішпегендіктен с е л к е м ш ы г а р д ы* (Гур., Маңғ.).

СЕЛКІ (Шымк., Мақт.) тұқым сепкіш. *С е л к і м е н тұқым шашамыз* (Шымк., Мақт.).

СЕЛЛЕ (Гур., Маңғ.; Қарақ.) сәлде.

[Қарақалпакша *сәлле* деп қолданылады (Рус.-карак. сл., 1089)].

СЕЛЛЕКЕДІ (Түрікм.: Таш., Тедж., Көнеүр., Байр.) сыртқы түрі сәлдеге ұқсас асқабақ.

[Өзбекше *саллақовақ* (Узб.-рус. сл., 1959)].

СЕЛОСТАУ (Рес., Орын.) сұрлеу. *Шөп с е л о с т а п жатырмыз* (Орын., Ад.).

СЕЛПЕУ[1] (Орал, Орда) бүрілу, жиырылу. *Көйлекті дұрыс пішпегендіктен алдыңғы етегінен с е л п е у шықты* (Орал, Орда).

СЕЛПЕУ[2] (Орал, Жән.) іркіс. *Өрмектің жібі дұрыс тартылмай, с е л п е у шықты* (Орал, Жән.).

СЕЛПІЛДЕУ (Сем.: Көкп., Аяг.) желпілдету. *Түйенің шудасы с е л п і л д е п жүр* (Сем., Аяг.).

СЕМБЕЛЕУ (Қ.орда, Арал) тәптіштеу.

СЕМУ (Гур., Маңғ.) сөну. *Жапырагы с е м г е н агаштай. «Сексен келсең, с е м е с і ң»* (Мақал). *Ал енді не? Болыңдар мәз. Төзе алмады қайран сабаз. О, данышпан шамдай сөнді, Сән салтанат гүлі с е м д і* (Қ. Аманж., Шығ., I, 464).

СЕМУШКА (Павл., Үрлі.) күнбағыс. *С е м у ш к а н ы биыл совхоз жылдагыдан көп екті* (Павл., Үрлі.).

СЕМІК (Павл., Майқ.) нашар. *Егер мұндай егісті шауып алып кептірсе, Оның дәні сөз жоқ с е м і к болады* («Ст. туы», 13.09.1941).

СЕМІРУ (Рес., Қалм.) көңілдену, қуану. *Қазақстанның табыстарына с е м і р і п отырамыз* (Рес., Қалм.).

СЕМІРТУ (Жамб., Шу) тынайту. *Жылқының тезегін агыротқа салса, жерді с е м і р т е д і* (Жамб., Шу).

СЕНЕ (Орал: Каз., Жөн., Чап., Жымп.; Гур.: Мақат, Маңғ.; Рес., Сарат.) кіре берістегі бөлме, ауыз үй. *Шайды с е н е г е ішейік* (Орал, Каз.). *Біз бүгінше с е н е г е бола тұрайық, қонақ балаларға арғы үйге сал* (Гур., Мақат). *Жамал шелектерін с е н е г е қойып үлгергенше Маржан асығып үйге кіріп кеткенді* («Окт. туы», 20.08.1958). *Қармаланып шалбарын тауып киді де, сүріне қабына ауыз үйге, одан с е н е г е шықты* (Қ. Қар., Алт. изд., 328). *Қозыларына жылы орын болмағандақтан суық с е н е д е тұр* («Екп. жол», 1939, №17). *Шелекті с е н е г е апарып қой* (Рес., Сарат.). Қ. сенек[2].

СЕНЕК[1] (Ақт.: Қараб., Ырғ.; Қ.орда, Арал; Қост.: Жанг., Жітік.; Рес., Орын.) айыр. *Дүкеннен екі с е н е к сатып алдым* (Ақт., Қараб.). *Біз шөпті с е н е к т е п қора үстіне шығарып жатыр едік* (Қост., Жітік.). *С е н е к т е р д і мана көп әкеліп едіңдер гой. Мынау совхоздың с е н е г і* (Орын., Ад.).

[Қырғызша *сенек* екі тармақты үзын ағаш; тат. *сәнәк* айыр; күм. *сенек* айыр; монғ. *сэрээ* шанышқы; бурят. *хэрээ* шанышқы (острога); қалм. *ценг* айыр (Ә. Нүрм., Жер. тіл ерекш. төрк., 106-107)].

СЕНЕК[2] (Көкш.: Щуч., Еңб.; Қост.: Жанг., Семиоз.; Қар., Қарқ.; Шығ. Қаз., Марқ.; Тау., Қош.; Рес., Орын.) ауыз үй, далаға шыға берістегі бөлме. *Сізді с е н е к т е бір кісі күтіп тұр* (Көкш., Щуч.). *Отынды с е н е к к е енгіз* (Қост., Жанг.). *Ішетін су с е н е к т е тур. Бүгін с е н е к к е от жағылған жоқ* (Шығ. Қаз., Марқ.). *С е н е к т е сүт бар, әкеле гой* (Орын., Домб.). *Балалар, сендер с е н е к т е отыра тұрыңдар* (Тау., Қош.). *Сәлден кейін с е н е к т і ң едені сықыр еткен сияқтады* (Х. Есенж., Ақ Жай., I, 17). *Есік сықырлагандай болды, с е н е к т е н дабыр-дүбыр естілген сияқты* (А. Нүрм., Күл. аж., 271). Қ. сене.

СЕНЕК[3] (Алм., Кег.) қара түнек боран. *Кешкісін күн с е н е к болып, қойды ауылга әрең жеткіздім-ау* (Алм., Кег.).

СЕНЕК[4] (Гур., Маңғ.; Кокш., Қ.ту) сенік – бидай дәнінің солып қалуы. *Бидай ыссыдан дән ала алмай, с е н е к болып қапты* (Гур., Маңғ.). *Бидайдың дәні с е н е к болып қалыпты* (Кокш., Қ.ту).

СЕНЕК ҚОРА (Қост., Семиоз.) лапас. *Далада тұрган арбаны с е н е к қ о р а г а кіргізіп қой* (Қост., Семиоз.).

СЕНКЕ (Шығ. Қаз., Больш.) ауыз үй, кіре берістегі бөлме.

СЕНІМДІК (Жамб., Қорд.) сенім. *Қолымнан іс келеді деп с е н і м д і к беремін* (Жамб., Қорд.).

СЕНІМ ХАТ[1] (Орал, Орда) қол хат.

СЕНІМ ХАТ[2] (МХР) міндеттеме. *Салтанатқа қатысушылар аймақтық партия комитеті мен ХДХ атқару әкімшілігі алдында с е н і м х а т қабылдады* («Ж. өмір», 7.11.1983).

СЕҢКЕР (Қарақ.) үлкен табақ. *Мынау үйден с е ң к е р д і алып келің* (Қарақ.).

СЕҢСЕҢДЕТПЕУ (МХР) сеңсең қалпына жеткізбеу; жүнді сабалақтап, үзартпау. *Цэнгэл, Сагсай, Улаанхустың кейбір бригадаларының мал төлдететін зона белгілеп, малды жаңа соны жайылымга толдетіп, төлді с е ң с е ң д е т п е й т і н тәжірибесі бар* («Ж. өмір», 7.08.1985).

СЕҢСЕҢДЕУ (МХР) арықтап, азыптозып кету. *Енді марқаланган төлді с е ң с е ң д е у д е н алдын ала сақтау және с е ң с е ң д е г е н төлді емдеу, жемдеу шараларын жүзеге асырумыз қажет* («Үгітші», 1987, №16). *Диспансерлік байқауда бірқатар әлжуаз, с е ң с е ң д е г е н, індеті бар төл анықталып, Алтанцөгц, Баяннуур, Бугат, Дәлүүн сумындарда ауру төлді емдейтіп 7 бөлімше үйымдастырылып, 1275 тол емделді* («Ж. өмір», 23.05.1983).

СЕҢСЕҢ ТОН (Қарақ.) боялған тері тон, сыртында тысы болмайды. Теріні нарқабық, нарпос сияқты бояумен бояйды.

СЕП (Шымк.: Арыс, Мақг., Кел., Сарыағ.; Өзб., Ташк.) қыздың жасауы, дүниесі. *Келінді келгенде көр, с е п т і жайганда көр* (Мақал).

[Өзбек тілінде *сеп* жасау (Узб.-рус. сл.); түрікм. *сеп* жасау, бірақ сирек айтылады (Туркм.-рус. сл.)].

СЕПЕҢДЕУ (Гур., Маңғ.) секеңдеу, шошаңдау. – *Біздікі тіпті есінен жаңыла жаздады. Сақалымен бала құсап с е п е ң д е д і кеп* (Ж. Нәжім., Кішк., 148).

СЕПКІЛ (Түрікм.: Таш., Кенеүр.) секпіл. *Үйде бет-аузын с е п к і л басқан жалғыз бала отыр екен* (Түрікм., Таш.).

СЕППЕ Қ. балқаймақ.

СЕПСЕҚУЫР (Талд., Панф.) жапырағы үлкен, өзекті болып келетін қара топырақты жерде осетін өсімдік. *Жел тиіп қол қақсаганда с е п с е қ у ы р тамырын шыны түбіне жағып буласа, ол ауру жазылады* (Талд., Панф.).

СЕПСЕҢДЕУ (МХР; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) секеңдеу. *Әке-ау, с е п с е ң д е й бермей, тапсырмаңды орында* (Шығ. Қаз., Больш.). *Балам, с е п с е ң д е й бермей, сабағыңды дайында* (Тау., Қош.). *Қайта-қайта с е п с е ң д е м е й отыр* (МХР).

СЕПТЕУ 1. (Жамб., Шу) жинау, құрау, ұйымдастыру. *Аттың жақсысы артынан қуған ат жетпейді, жігіттің жақсысы кеткен елін с е п т е й д і* (Жамб., Шу). 2. (Гур., Есб.) қоршау. *Қашуға болмайды, айнала с е п т е п тұрады* (Гур., Есб.). 3. (Қ.орда, Сыр.) жамау. *Бір ай бойы ескі ауларын жамап-жасқап сетінеген көзін с е п т е д і* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 273).

СЕРБЕЗ (Ауғ.; Ир.) сарбаз.

СЕРБЕК[1] (Шығ. Қаз., Зайс.; Жезқ., Ұлы.; Жамб., Шу) жаяның қанаты, оның ербиген жағы. *С е р б е к кемік болады* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Малдың жамбас сүйегінің с е р б е г і болады* (Жезқ., Ұлы.). *Теңгір белдей с е р б е г і, серке сан бокен мықынды* (Жамб., Шу).

СЕРБЕК[2] (Шығ. Қаз., Зайс.) шананың қанаты; шоп, жүк таситын шананың екі жағындағы қалқаны. *Мына шанага с е р б е к орнату керек* (Шығ. Қаз., Зайс.).

СЕРГАРДАН (Ауғ.; Ир.) сергелдең.

СЕРГЕЛКІ (МХР) тәртіп сақшысы (милиция). *О кездегі аймақтың с е р г е л к і даргысы Джаубай деген кісі еді* (МХР).

[Монғолша *сэргийлэх* милиция (Қаз.-монғ. сөз., 1977)].

СЕРДЕБЕ[1] (Жамб., Шу) таласу. *Болыстыққа с е р д е б е қып мал сояды* (Жамб., Шу).

СЕРДЕБЕ[2] (Алм.: Талд., Гв.) серне, деңгене (қ.). *Сендермен бір отырып, с е р д е б е жасасақ деймін, оған қалай қарайсыңдар* (Алм., Талд.).

СЕРДЕБЕ[3] (Жезқ., Ұлы.) сайрандау. *Ол с е р д е б е л е п кетті* (Жезқ., Ұлы.)

СЕРЕ[1] (МХР) маядан шөп суыратын құрал.

СЕРЕ[2] (МХР) 1. шанышқы; айыр. *Үлкен балықты с е р е м е н серелеп әрең ұстады* (МХР). 2. (Шығ. Қаз.: Зайс., Марқ., Күрш.) судан балықты шаншып алатын құрал. *Судан балықты шаншып алатын аша темір, қолымда с е р е м бар еді* (Шығ. Қаз., Күрш.). *С е р е н і қолдан да согып аламыз* (Шығ. Қаз., Марқ.).

СЕРЕДЕЙ (Алм., Шел.) үлкен, серейген. *С е р е д е й ұзын бес тонналық машиналар, жеңіл машиналар, қояншa безектейтін монтанақтай «Виллистер» – бәрі кездеседі* (Б. Соқ., Қайдасың, Гаухар?, 49).

СЕРЕК (Қарақ.) ойын аты.

СЕРЕНКІ (Жамб., Қорд.) оттық, шырпы. *Көпшілік қолды товарлары: носки, шұлық, сабын, с е р е н к і, т.с. сияқтыларды тығып қояды* («Екпінді», 1941, №20).

СЕРЕҢКЕ (Көкш.: Щуч., Еңб.; Павл.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР) шырпы, оттық, сірінке. *Сізде от жагуга с е р е ң к е бар ма?* (Павл.). *Со кезде с е р е ң к е джоқ, атчалық джоқ, чақпақпенен, ақтаспенен от тамызады екен* (МХР).

СЕР ЕТПЕУ (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Ашх., Таш., Тедж.) құлақ аспау, тыңдамау. *Жүндібаев, мұғалім сөзіне с е р е т п е у д і қашаннан тапты* (Түрікм., Тедж.). *Бірақ колхоз бастықтары ... колхозшылар семьясының тілегіне с е р е т п е й отыр* («Қарабұғаз.», 1.09.1937).

СЕРКЕШІК (Орал, Жән.; Ақт., Ырғ.) серке. *Қойды айдау үшін оған с е р к е ш і к т е р д і қосу керек* (Орал, Жән.). *Бәженнің с е р к е ш і г і семіз* (Ақт., Ырғ.).

[Монғолша *сэрх* серке (Моңг.-каз. соз., 1954, 171)].

СЕРЛЕУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) абайлау, байқау. *Оның ондай адам екенін кім с е р л е г е н дейсіз* (Түрікм., Көнеүр.).

СЕРНЕ (Орал, Чаи.; Шығ. Қаз., Күрш.; Қар., Қарқ.; Павл., Леб.; Қост.: Аман., Семиоз.; Сем.: Үрж., Мақ., Абай; Көкш.: Чкал., Уәлих., Щуч., Еңб.) қойды ортақтасып сатып алып жеу. *С е р н е г е бір қой сойып едік* (Павл., Леб.). *Күзде с е р н е аламыз* (Көкш., Уәлих.). *Рамазандар тобының с е р н е с і семіз шығыпты* (Сем., Үрж.). – *Қалай, келесі демалыста с е р н е жасасақ қайтеді* (Сем., Абай). *С е р н е жеу қазір жоқ қой* (Қост., Аман.). – *Ертең не қыласыңдар? – деді Хасен. – С е р н е қылатын шығарсыңдар? – деді Бұзаубақ қалжыңдап* (С. Сейф., Әңгім., 60). *...С е р н е д е сыбағасы кетіп, аузы күйгендері қуанады* («Соц. жол», 1942, №64).

[Қырғызша *шерне* бірін-бірі қонақ етіп, етпен сыйлайтын адамдар тобы (К. Юд., КРС)].

СЕРПІНІ СЕГІЗ БОЛУ (Сем., Үрж.) беделі арту, айтқаны болу, дәуірі жүру. *С е р п і н і с е г і з б о л ы п үкімі жүрген адам* (Сем., Үрж.).

СЕРТИЮ (Гур., Маңғ.) шоштию. *... құйрықтарын с е р т и т і п тура қалып, ... ор ауыз төбеттер де бір-біріне үре тіл қатпай, күле тіл қатқандай* (Ә. Кекіл., Үркер, 131). *Серікбай мығым, мықыр денелі, екі танауынан ылги да с е р т и і п, сыртқа теуіп тұратын екі-үш қылдан өзге тұлдырсыз, жылтыр қара сұр кісі* (Ж. Нәжім., Кішк., 231.).

СЕРТ КӨТЕРІЛУ (Жамб.: Мер., Жам.) шұғыл көтерілу. *Артынша Приходьконың оң қолы с е р т к ө т е р і л і п, маузер үні гүрс етті* (Ш. Мұрт., Жұлд. көп., 23).

СЕРУ (Рес., Орын.) жастықтың ішкі тысы. *Жастықтың ішіндегі анау көрініп тұрганы с е р у деп аталады* (Орын., Бөр.).

СЕРУ АҒАШ (Гур., Маңғ.) өрмектің соңғы жағындағы жіптерді тізіп қоятын ағаш. *С е р у а г а ш т а н жіп өткіз* (Гур., Маңғ.).

СЕРІКШІЛІК АС (Шымк., Түлк.) бірлесіп салған егін (тары, жүгері, т.б.). *Бұрын кедейлер бірлесіп, с е р і к ш і л і к а с салатын* (Шымк., Түлк.).

СЕРІППЕСІ ШЫҒУ (Қарақ.) титығы құрып шаршау. *Әптен колхоздан с е р і п п е с і ш ы қ қ а н кемпір* (Қарақ.).

СЕРІС (Сем.: Акс., Көкп.) дымқыл, сыз. *Үйдің іші с е р і с болды* (Сем., Көкп.). Орысша *сырость*.

СЕС[1] (Гур.: Маңғ., Есб., Шевч.; Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Құмд., Ашх., Гяу., Тедж., Таш., Көнеүр.; Қарақ.) дыбыс, үн, дауыс, хабар. *Осыдан бір жұма бұрын теңізге шыққан балықшылардан әлі күнге с е с жоқ* (Гур., Маңғ.). *Түнде тоғай жақтан қатты бір с е с шықты* (Гур., Есб.). *Бір адамда с е с жоқ, бәрі тыңдап отыр* (Гур., Шевч.). *Жақсы ұйықтап жатыр еді, сенің с е с і ң н е н* оянды (Түрікм., Ашх.). *Ешкіні жоғалды ма деп қарап жүрсе, ешкіден әлсіреген с е с шыққан* («Жұм-шы», 24.11.1944). *...Біржан сыртына с е с шығармай тына қалды* (Ә. Нүрп., Сең, 246).

[Түрікменше *сес* (Рус.-туркм. сл., 1956); карак. *сес* (Рус.-карак. сл., 1967); түр., әзірб. *сэсь* дауыс, үн (Л. Буд., 1, 628); чув. *сас* (Чув.-рус. сл., 1985); өзб. *сас* (Узб.-рус. сл., 1959).

СЕС[2] (Алм., Қарат.; Қарақ.) әдемі, жақсы. *Костюмің тіптен с е с екен* (Алм., Қарат.).

СЕС[3] (Гур., Маңғ.) ауру. *Тісінің с е с і бар* (Гур., Маңғ.).

СЕС БЕРУ (Жезқ., Ағад.) дыбыс беру.

СЕСКЕ (Ауғ.; Ир.) сәске. *Күн шығып, с е с к е д е тұрсаң нан-несібең шайтанга бұйырады* (Б. Өтеб., Қаз. диас.).

СЕСЛЕНУ (Ауғ.; Ир.) айқайлау, ашулану. *Әлп болса ғұламаларга жекеме-же шық! – деп с е с л е н д і* (Ир.).

СЕТЕР[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Конеүр.) жазудың жолы. *Нұрым үш с е т е р д е й сөз айтады* (Түрікм., Көнеүр.). *Осы екі с е т е р өлеңнің... нендей қатынасы бар* («Қарабұғаз.», 31.05.1937).

[Түрікменше *сетир* (Туркм.-рус. сл., 1954); езб. *сатр* (Узб.-рус. сл., 1959); *сатрь* (араб.) жол, сызық (өлеңнің, дәптердің) (Л. Буд., 1, 628); түр. *сатыр* жол, сызық (Тур.-рус. сл., 1977); пар. *сәтр* жазу жолы (Пер.-рус. сл., 11, 1983, 44)].

СЕТЕР[2] (МХР) малға көк, не ақ шүберек байлап, ардақтап мінбеу, соймау ырымы. Қ. сетер мал.

СЕТЕРЛЕУ//СЕТЕРДЕУ (МХР) **1.** сетер малын айрықша қастерлеп үстау, сетерлеу. *Өзінің бір с е т е р л е г е н аты гой* (МХР). **2.** сетерлеген малына *хадаг сахиус* (орнекті торғын шүперек «түмар») байлау. Қ. сетер[2], сетер мал.

СЕТЕР МАЛ (МХР) айрықша қастерлейтін, қадірлі, аяулы мал. Сетер созі бұл сойленіске монғол тілінен (*сэтэр*) енген. Монғолдар ерте заманнан мал шаруашылығымен шұғылданатын ел. Сондықтан малды қадірлеп үстайды. «Мал басының, адамдардың аман болуы үшін» деп діни ұғым түрғысынан қалаған бір малының мойнына *хадаг* (өрнекті торғын шүберек, түмар) *сахиус* байлайды. Бұл малды соймайды. Егер сетер малы түйе, сиыр, жылқы сияқты ірі қара мал болса, оны жұмысқа салмайды. Қ. сетер[2].

СЕТКЕ АУ (Гур., Тең.) аудың бір түрі. *С е т к е а у балық түрлеріне қарай болінеді* (Гур., Тең.).

СЕУ (Қарақ.) себу, шашу. *Тарыны кеше с е у г е н едік, мезгілінен кешіккен жоқ шығармыз* (Қарақ.).

СИДА 1. (Орал, Орда) тебен. *Кигізді с и д а м е н тігеді* (Орал, Орда). **2.** (Гур.: Маңғ., Есб., Шевч.; Орал, Орда) жазы коктеу үшін қолдан жасалған ағаш не темір ине. *Кизді с и д а м е н тікпесең болмайды* (Гур., Есб.).

СИЕГЕН (Шымк., Түлк.) әдепсіз, былапыт, бетімен сойлеу. *Өңшең с и е г е н д і маған берді* (Шымк., Түлк.).

СИҚА (Гур., Есб.) ауру, науқас. *С и қ а болып жүрсің бе, жұдеусің гой* (Гур., Есб.).

СИҚАТТЫ (Қар.: Шет, Ж.арка) сияқты. *Егін жанындагы өзекте сиыр с и қ а т т ы бір нәрсе қарайып көрінеді* (Қар., Шет).

СИЛЕ (Қарақ.) дәке, мәрлі. *Біздің елде с и л е д е н ақірет киім жасалады* (Қарақ.).

СИЛЫҒУ (Гур., Маңғ.) сығылысу, сықау. *Үйдің іші с и л ы г ы п отырган адам, ине шаншатын жер қалмапты* (Гур., Маңғ.).

СИМАЙ ҚАЛУ (Тау., Қош.) жетпей қалу. *Рулардың біреуіне таңба с и м а й қ а л ы п т ы* (Тау., Қош.).

СИМҰРЫҚ (Қ.орда, Арал) самұрық.

СИПАЙ-ЖАЛАҚ БОЛУ (ҚХР) тоймай, жарымай қалу. *Асыққан қонақтар етке с и п а й ж а л а қ б о л ы п қана тарқасты* (ҚХР).

СИПАЙ ҚАМШЫЛАУ (МХР) бұлтақтау, немқұрайлы қарау. *Бірдеме айтса с и п а й қ а м ш ы л а у ы ң дұрыс па?* (МХР).

СИПАЛАҚ (Алм., Жам.) құмда өсетін жабайы өсімдік. *С и п а л а қ теруге құмға барушы едік* (Алм., Жам.).

СИПАН (Шымк., Мақт.) үйдің төбесі. [Өзбекше *шийпон* (Узб.-рус. сл., 1959)].

СИПАНСКИЙ БОЛУ (Қост.: Жанг., Аман.) жүрдай болу, түк қалмау, тақырлану. *1932 жылы мал басынан с и п а и с к и й б о л д ы қ* (Қост., Жанг.). *Ол қалаға барып, бар ақшасынан с и п а н с к и й б о л д ы* (Қост., Аман.).

СИПАНСКІ БОЛУ (Шығ. Қаз., Больш.; Жезқ., Ұлы.) құралақан, жүрдай болып қалу. *Малдан да, заттан да с и п а н с к і б о л ы п сыпырылып отырғаида сен келдің* (Жезқ., Ұлы.) – *Өлі туған төрт-бес қозы болмаса, басқа шығын с и п а н с к і* (М. Қабанбаев, «Жұлдыз», 1986, №4, 115).

СИПАР 1. (Сем., Үрж.) індет, малда болатын жұқпалы аурулардың (мәлік, алаөкпе, қарасан, т.б.) жалпы аты. *Бұрын малға с и п а р тисе сыпыратын да кететін. Қазір колхоздың малдарында с и п а р білінбейді* (Сем., Үрж.). 2. (Сем.: Абай, Шүб., Мақ.) сиырда болатын ауру түрі. Бұл «кел» етістігімен тіркеске түсіп, малға айтылатын қарғыс сөз тудырады.

СИПАР КЕЛСІН (Сем., Үрж.) малға айтылатын қарғыс сөз. *Ой с и п а р к е л с і н, сипар келгір* (Сем., Үрж.). Қ. сипар.

СИПЫЛ БОЛУ (Тау., Қош.) түк қалмау, жоқ болу. *Осы өңірде таяуда шөп қалың еді, қазір с и п ы л б о л ы п т ы* (Тау., Қош.).

СИПЫН (Сем.: Абай, Шүб.) тып-типыл, аласа. *Салған маяланың с и п ы н екен* (Сем., Абай).

СИРАҚ (МХР) қада, баған. *Электр жүйесіндегі түбі шіріген ауданды діңгектер темірбетон с и р а қ п е н ауыстырылды* (А. А., Сүй. мен., 146).

СИРЕУ (Шымк., Шәу.) сүйреу. *Сорлыны с и р е п қоймапты, ол кемпірде не тауап бар* (Шымк., Шәу.).

СИСАРЫ (Шымк., Түлк.) батпанның үштен бірі.

СИСЕРІ (Шымк., Шәу.) тоғыз пұт.

СИТА (Гур., Мақат) мұнай алатын елеуіш. *С и т а м е н майды айырып аламыз судан. Мұнайды судан с и т а м е н аламыз* (Гур., Мақат).

СИЫҚТЫ (Жамб., Жам.; Шығ. Қаз., Больш.) сияқты. *Мен с и ы қ т ы бір қарт елшілікке барыпты гой* (Жамб., Жам.).

[Сарық. *сиҳт* сияқты, секілді (Т. Пах, Сарық.-рус. сл., 1971); монғ. *шиҷ* сияқты (Монғ.-қаз. сөз., 1954).]

СИЫР (Ауғ.; Ир.) сарымсақ.

СИЫР БАЛЫҚ (Рес., Астр.) көксерке.

СИЫРЖАТАҚ (Қарақ.) жаз айларында сиырлар жататын жер.

СИЫР ЖОЛ (Жезқ., Ұлы.) жалғыз аяқ жол. *Біз мезгілде с и ы р ж о л ғ а келіп түстік. С и ы р ж о л ауылға әкелді* (Жезқ., Ұлы.).

СИЫР ЖОҢЫШҚА (Сем.: Аяг., Шүб.) сиыр сүйіп жейтін аласа бойлы шоп.

СИЫРКЕПЕ (Шымк., Түркіс.) сиыр тұратын жер, орын.

СИЫРКОЗ (МХР) бұйраланып осетін кішкене аласа шоп. *С и ы р к ө з д і жер қоныс болмайды, с и ы р к ө з д і жерге отыруға болмайды дейді* (МХР).

СИЫРҚҰЙРЫҚ (Шымк., Түркіс.) сыртынан қарағанда сиырдың құйрығына ұқсас болып келетін осімдік түрі. *С и ы р қ ұ й р ы қ т ы ң түбінде жалпақ жапырақтары болады* (Шымк., Түркіс.).

СИЫР СӘСКЕ (МХР) күндізгі сағат ондардың кезі (сиыр сауатын кез). *С и ы р с ә с к е кезі тәрізді* (МХР).

СИЫР-СЫБЫР (Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ.) сиыр-миыр. *Сай басына келіп қараса, жау елдің с и ы р-с ы б ы р ы н а дейін қалдырмастан бәрін алдына салып қуып кетіпті* (Орал, Жымп.).

СИЫР ТҰС (МХР) сиырдың жайылып жүріп, дем алатын кезі.

СИЫРЫЛУ (МХР) жиылу, иірілу. *Айыпты орап отырғыза бергенде қой шеті ұрке с и ы р ы л д ы* («Ж. өмір», 15.05.1986). *Олардың үстінен қалықтап, бір көлеңке сырғып өткенде жаңа ғана тоқырай жайылған тоқтылардың бір шеті ығыстай с и ы р ы л д ы* («Ж. өмір», 26.07.1985).

СИЫСҚАН (Сем.: Аяг., Шүб.)

СИЫСТЫРУ (МХР) сиғызу. *Мал төлдететін база жасау ісін 10 айға с и ы с т ы р ы п істеу қажет* («Ж. өмір», 4.08.1983).

СИЯҚ (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) кейіп, түр. *Бұл баяулықпен бітік қауынды жинап алар с и я ғ ы м ы з жоқ* (Қ.орда, Сыр.). *Шошынып с и я ғ ы н а н ірандардың, Олар да ұран айтып у-шу болды* (Т. Ізт., Рус. дас.). *Ойын с и я ғ ы жоқ бірдеңе гой* (Б. Соқп., Қайдасың, Гауһар?, 22).

[Өзбекше *сиех* сырт пішін, түр кейіп (Узб.-рус. сл., 1959); пар. *сиг* сұлу, көрікті (Пер.-рус. сл., II, 1983, 79)].

СИЯҚАТТЫ (Жезқ., Ағад.) сияқты.

СИЯ ШӨЛМЕК (Гур.: Маңғ., Есб.) сия сауыт, дәуіт (қ.).

СКОВА (Гур., Мах.) домалақ қамыт. *С к о в а н ы дурыс салмагандықтан качалка тоқтап қалды* (Гур., Мах.).

СКОЛ (Ақт., Ойыл) оқтың жарықшағы. *Қолымдағы с к о л д ы ала алмай-ақ қойды, сол ауырып жүр* (Ақт., Ойыл).

СКУБА (Көкш., Қ.ту) ағаш тесетін темір.

СКІРТ (Қост., Торғ.; Орал: Чап., Казт.; Көкш., Уәлих.) мая. *Бұл с к і р т т і скірттеуге 8 кісі бөлдік* (Қост., Торғ.). *С к і р т т і ң үйілуі қалай?* (Орал, Казт.). *Совхоздың далада үюлі тұрған с к і р т т е р і н е н 4 жүк пішенді тиеп апарып үйіп қойды* («Қ. ту», 4.01.1938).

СОБА (Қ.орда, Арал) бүркітті құстыру үшін басына киіз, ескі шүберек байлаған ағаш. *Ертеңгісін бір с о б а н ы тығып жіберіп, бүркітті құстырады* (Қ.орда, Арал).

СОБАҚ САЛУ (Орал, Казт.) жар салу. *Әр жерден с о б а қ с а л ы п қарау керек. Мүмкін, табылар* (Орал, Казт.).

СОБАЛАҚ 1. (Ақт., Ойыл; Қост., Жанг.; Орал: Чап., Жымп.; Гур.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Красн., Небид.) күлге, шоққа пісірілген жұқа нан. *Бала күнімізде отқа с о б а л а қ көміп жеуді қызық көруші едік* (Ақт., Ойыл). *Бүгінгі балалар с о б а л а қ қ а қараушы ма еді?* (Қост., Жанг.). *С о б а л а ғ ы ң д а күл көп қой?* (Гур., Шевч.). *Табадан асып қалған қамырдан қоламтаға көміп с о б а л а қ пісіреміз* (Түрікм., Красн.). **2.** (Көкш.: Щуч., Еңб.; Павл., Ерт.) иленген нанның, қамырдың үзіндісі. *Айнакүл бүгін үш с о б а л а қ қамыр иеледі.* Тіліміздегі *-лақ* қосымшасы көмегімен «собалақ нан» сөзі туған деуге болады. Ал *соба* түбірінің біздегі «пеш» мағынасын беретінін мынадан білеміз: баш. *сыуал*; түрік, қырым тат. *соба.*

СОБАТТАСУ (Қ.орда: Қаз., Қарм.) сұхбаттасу, сөйлесу. *Өзара с о б а т т а с ы п, тәуір болып отырмыз* (Қ.орда, Қарм.).

СОБЫҚ[1] 1. (Шымк., Шәу.; Түрікм.: Таш., Небид.; Ауғ.; Ир.) жүгерінің дәнді басы. *Жүгерінің с о б ы ғ ы н тазаладым* (Шымк., Шәу.). *Іріктеп алынған с о б ы қ т а р құрғақ желдеткіші бар қоймаларда сақталуға тиіс, бірақ үйілген с о б ы қ т а р д ы ң қалыңдығы жарты метрден аспайтын болсын* («Сов. шек.», 1955, №6). **2.** (Алм.: Кег., Жам.; Қ.орда: Жал., Қарм.) жүгерінің сояуы, үйегі, сабағы. *С о б ы қ п е н де самауыр қайнатамыз* (Қ.орда, Қарм.). *Жүгерінің с о б ы ғ ы н бөлек жинап аламыз* (Алм., Кег.).

СОБЫҚ[2] 1. (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) домалақша келген күмістен жасалған сырғаның бір түрі. **2.** (Қарақ.) күміс, алтын жалатқан үш бұрышты, буынды, екі-үш түймелі сырға.

СОБЫҚТАУ (Талд., Панф.) жүгерінің собығын сабағынан ажыратып алу.

СОБЫЛ (Қ.орда: Қаз., Қарм., Арал) собалақ, сопайған. *«Қарашы, сенің ана с о б ы л күйеуіңнен қай жерім кем»* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 97).

СОҒА (Гур., Есб.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР) соған. *С о ғ а дейін ләм дегеніміс жоқ* (Гур., Есб.).

СОҒА ЖЕР (Қарақ.) тассыз, сазды, қатты жер.

СОҒАН (Шымк., Түркіс.) далалы жерде өсетін осімдік. *С о ғ а н д ы малдың бәрі жейді* (Шымк., Түркіс.).

СОҒУ[1] (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) суретке түсіру. *Фото-карточканы кім с о қ т ы?* (Шығ. Қаз., Больш.).

СОҒУ[2] (Алм., Жам.) айту, айтып отыру. *Сүйінбай әңгімені ертелі-кеш с о ғ а р да отырар* (Алм., Жам.).

СОҒУ[3] (Көкш.: Қ.ту, Руз., Зер.) бастыру. *Тезекбаев жолдас қазір егін с о ғ у д а нормасын 200 процент орындауда* (Көкш., Зер.). *Күзгі егіс с о ғ у маусымында дұрыс қарамағандықтан бір огіз бидай жеп олген еді* («Қ. ту», 18.03.1939).

СОҒУ[4] (Қ.орда, Арал) табу. *Мына ботаны қайдан с о қ т ы ң* (Қ.орда, Арал).

СОҒУ[5] 1. (Жамб., Жуа.) кірпіш қалау. *Тамның дуалы былтыр с о ғ ы л ғ а н* (Жамб., Жуа.). **2.** (Павл., Ерт.) кірпіш күю. *Бригадир бүгін кірпіш с о қ т ы р ы п жатыр* (Павл., Ерт.).

СОҒҰМ БАС АСУ (МХР) қыста соғым сойған адамдарға, ауыл адамдарына асып беретін ет. *Бұрын да, қазір де с о ғ ұ м б а с а с у салты бар гой* (МХР).

СОҒҰРДЫ (Сем., Аяг.; МХР) соғұрлы.

СОҒЫНДЫ (Павл., Ерт.) жынды. *С ө г ы н д ы н ы ң қолына түспе, кереңнің астына түспе* (Мақал; Павл., Ерт.).

СОҒЫРЫМ (Сем.: Абай, Шүб.) соғұрлым.

СОҒЫСАЙ (Қост., Об.) соған үқсап. *Сен де с о ғ ы с а й сөйлейді екенсің* (Қост., Об.).

СОДА (Жамб., Жам.) сонда. *Мал дәрігері қайда? Құмда ма? С о д а* (Жамб., Жам.)

СОДАН ДА (Жамб.: Жам., Шу) сондықтан да. *Әлтай бүгін кезекші емесе, с о д а н д а қабағы-еалыңқы* (Ш. Мұрт., Инт. наны, 59).

СОДЫ (Алм., Шел.) сотық. *Огород салатын он бес с о д ы жеріміз бар* (Алм., Шел.).

СОДЫР (Көкш., Қ ту; Жамб., Луг.) бұзық, кесір. *Сен с о д ы р екенсің гой* (Кокш., Қ.ту).

Бұлардың с о д ы р ы басқаларға да жұқпай қойған жоқ («Соц. ең.», 1941, №2).

СОЗАН (Шымк., Мақт.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Тедж.) тебен ине. *Әлгі етікшінің с о з а н ы сынып, бишара қарап отыр екен* (Шымк., Мақт.). *С о з а н д ы берi әкелші, мен тігейін* (Түрікм., Красн.).

[Созан (пар.) ине (СС, 282, 337); *сузэнь* ине (Л. Буд., 1, 646); өзб. *сузан* етік тігетін ине (Узб.-рус. сл., 1959); сарық. *сиз* ине (Т. Пах., Сарық.-рус. сл., 1971)].

СОЗБА[1] (Орал, Орда) түйе жүнін салып істеген тосеніш.

СОЗБА[2] (Қарақ.) резинка. *Кішкентай шалбарыңда с о з б а с ы бар* (Қарақ.).

СОЙ (Гур.: Маңғ., Тең.; Орал: Чап., Жымп., Қазт.; Ақт., Тем.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) нәсіл, үрпақ, тұқым, тек. *Мен адайдың с о й ы м ы н* (Гур., Маңғ.). *Бұрын ақсүйек с о й л а р ы н көп көретінбіз* (Орал, Жымп.). *С о й ы ң мұңал болса, осал болмайды* (Түрікм., Красн.). *Ақылы жоқ жаманмен, Ақыл салып жолықпа, Міндет қылма ұрыға, Қаласың бір күн борышқа, Азамат с о й д а н торықпа* (Аралбай ақын). *Мен кескекті ердің с о й ы м ы н, Кескілеспей бір басылман* (Махамбет, Өлең., 73). *Ақсақты алсаң тау туар, Соқырды алсаң с о й қуар* (Мақал). *Сұрасаң арғы тұбі ага с о й д а н, Негізі беріш ұлы ағатайдан* (Х. Ерғ., Құр., 74). *Тоқымашылар ісіндегі мін атаулының барлық с о й ы ... коз алдыңа тосылган* (Ғ. Сл., Заман., 104).

[Сой (ар.) тек, ру, жақсы тұқым (Л. Буд., 1, 714); ноғ. *сой* ру; шыккан тегі; тур., әзірб. *сой* нәсіл, семья, ру (Ә. Нұрм., Жер. тіл. ерекш. төрк., 107)].

СОЙАҚ (Ақт., Ырғ.; Жезқ., Ағад.; Қост., Камыш.) сол жақ. *Құдаги с о й а қ т а істейді* (Ақт., Ырғ.). *Осында бір с о й а қ т а н көшіп келген іниміз тұрады* (Қост., Камыш.).

СОЙАРА (Рес., Астр.) сол ара. *Красный протоп с о й а р а д а н тартыпты гой ауды* (Астр.).

СОЙҒЫСУ (Алм.; Талд.) жүлқысу. *Жігіттер екі жақ болып с о й ғ ы с а д ы* (Талд.).

СОЙДАҚ БОЙЛЫ (Жамб., Жам.) ұзын бойлы. *Құтым ұлы дегеніміз с о й д а қ б о й л ы, қыр мұрын, бадырақ коз, қара торы жігіт екен* («Кол-шы», 1935, №46).

СОЙДЫРУ (Алм.; Талд.) сою, жыру. *Ой арқамды с о й д ы р ы п жібердің гой* (Алм.).

СОЙЕР (Алм., Шел.; Түрікм., Небид.) сол жер. *С о й е р г е біз де бардық* (Түрікм., Небид.).

СО ЙЕРДЕ (Орал, Чап.) сол жерде. *С о й е р д е газеттер бар шыгар* (Орал, Чап.).

СОЙҚАН[1] (Жамб., Жуа.) ересен шығымды, өте жақсы өну. *250 гектар салыпты, бидайы с о й қ а н* (Жамб., Жуа.).

СОЙҚАН[2] (Жамб., Жам.) сойған. *Ол қошқарды с о й қ а н* (Жамб., Жам.).

СОЙЛАС (Орал, Чап.) тектес, нәсілдес. *Осы с о й л а с озге басшылар секілді, Лютиковтың ерекшелігі оның ісі мен өзі бір жерден шыгатын* (А. Фад., Жас гв., 251).

СОЙЛЫ (Орал, Жымп.) текті, нәсілді. *Филипп Петрович Лютиковты айрықша жаңа с о й л ы тәрбиешіге айналдырган негізгі пішін де осы еді* (А. Фад., Жас гв., 251).

СОЙЫЛУ (Гур., Маңғ.) киналу, қатты шаршау. *С о й ы л ы п шөп үйдік* (Гур., Маңғ.).

СОЙЫС (Алм., Жам.) құдандалы адамға сою үшін берілетін мал. *Жекжатым бір бие с о й ы с берді* (Алм., Жам.).

СОҚ (Ақт., Ойыл) комбайнмен тазаланған тарының ұнтақталуынан пайда болатын сақ. *Тарыны комбайнмен шапқанда көбі с ө қ болып кетеді* (Ақт., Ойыл).

СОҚА (Гур.: Тең., Маңғ., Шевч.) қада ағаш, қазық. *С о қ а н ы ң ұзындыгы 4 метр. Ауды с о қ а г а бекітеді, с о қ а л а р д ы сыммен бекітеді* (Гур., Маңғ.). *Осы күнде с о қ а л а р д ы қагып-қагып, қамыс үй салатын болды* (Гур., Шевч.). *Біздің аудың 3-4 с о қ а с ы н түнде соққан дауыл сындырып кетті* (Гур., Тең.). *Темірәлі Сисенбай қарттың төрт қанат киіз үйінің желкесіндегі мал сүйкеніп қисайтып тастаган қайың с о қ а г а атын байлады* (Ж. Нәжім., Ақ шаг., 161).

[Қырғызша *соқ* жалғыз, бір ғана (Кирг.-рус. сл., 1965)].

СОҚА ЖЫҒУ (Сем., Урж.) егінді жыртып бітіру, жер айдауды аяқтау. *Біз с о қ а н ы ж ы қ т ы қ* (Сем., Урж.).

СОҚАЮ[1] (Ақт., Ойыл) сораю. *Келсем басы с о қ а й ы п жатыр қаздың, атып жібердім* (Ақт., Ойыл).

СОҚАЮ[2] (Қарақ.) шоқаю.

СОҚИҒАН (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) сопиген. *С о қ и г а н екеуіңнен басқа тұктерің жоқ* (Қост., Жанг.). *С о қ и г а н-с о қ и г а н молалар көрінеді. С о қ и ы п жалгыз жар тас тұр* (Жезқ., Ұлы.). *Агаш кілеттің алдындагы бөренеде қаудыр тонга басын тыга түсіп, қарақшыдай с о қ и ы п Міндайдар отыр* (Б. Майл., Шығ., IV, 102).

СОҚҚЫ[1] (Талд., Гв.; Жамб., Шу; Көкш.: Щуч., Еңб.; Павл., Ерт.) егіс бастыратын тастан жасалған құрал. *Мен өзім тиісті егінді с о қ қ ы м е н бастырдым* (Талд., Гв.).

Комбайыннан бұрын егінді с о қ қ ы м е н бастыратын еді (Павл., Ерт.).

СОҚҚЫ[2] (Қ.орда, Арал) ұратын құрал, қол шоқпар. *Қасқырды құдым, амал не қолымда с о қ қ ы жоқ* (Қ.орда, Арал).

СОҚҚЫШ[1] (Алм., Кег.) ағаш жаратын үлкен балға. *Ертай с о қ қ ы ш т ы әперші, жарма* (к.) *жарайын* (Алм., Кег.).

СОҚҚЫШ[2] (Гур., Есб.) соқтыққыш, тиіскіш. *Кісі нәрсесіне с о қ қ ы ш кісі емеспін* (Гур., Есб.).

СОҚПА[1] (Орал, Жән.; Алм., Қаск.) сиырдың тезегі. *Мыстақ бір үйме с о қ п а тасып алды* (Орал, Жән.). *Екі арба с о қ п а м ы з бар. Ол отыныміз бар дегені гой* (Алм., Қаск.). Қ. соқпа тезек.

СОҚПА[2] (Талд., Гв.; Сем., Абай; Шығ. Қаз., Қатон.) дуал, қоршау, қорған. *Тамды айналдырып с о қ п а салуға шамам жоқ* (Талд., Гв.). *Бұрын с о қ п а н ы көбінесе бар адамдар жасататын* (Шығ. Қаз., Қатон.).

[Синьцзян ұйғыр тілінде *соқма там* балшықтан соққан дуал (С. Мал., УНС, 151)].

СОҚПА[3] (Қ.орда, Қарм.) аурудың бір түрі – жүрек тамырлары жөнді жұмыс істемей, өкпе қысылады, адамды кейде өлтіріп те жібереді. *С о қ п а – кенет ұстап қалатын ауру* (Қ.орда, Қарм.).

СОҚПА ӨРКЕШ (МХР) түйе қанша семірсе да тік тұрмайтын өркеш.

СОҚПА ТЕЗЕК (Орал, Казт.; Ақт.: Жұр., Тем.; Көкш.: Шуч., Еңб.: Павл., Ерт.) қолмен соғып жасаған тезек. *С о қ п а т е з е к т і ойып алмайды* (Ақт., Тем.). *С о қ п а т е з е к отқа жануға қолайлы* (Павл., Ерт.). Қ. соқпа[1].

СОҚПАУ (Қост., Торғ.) ұқсамау.

СОҚ-СОҚ (Өзб., Ташк.) киіз материалдарын толық шиге салып, теуіп болған соң білектеу.

СОҚТЫРУ (Рес., Қалм.) ұқсату. *Нар жігіт деп қояды оны тұйеге с о қ т ы р ы п* (Рес., Қалм.).

СО ҚҰСАҒАНДАЙ (Алм., Шел.) соған ұқсағандай. *Аңда жүргенде, бір нәрсе марал тәрізді, тән с о қ ұ с а ғ а н д а й* (Алм., Шел.).

СОҚҰСАМАҚТАЙЫН (Сем., Аяг.) сондай-ақ.

СОҚЫРАЮ (Павл., Үрлі.) бір көзінен айырылу. *Қыдырбайдың қойының козі с о қ ы р а й ы п т ы* (Павл., Үрлі.).

СОҚЫР СОҚПАҚ (Шығ. Қаз., Зайс.) көмескі жіңішке жол. *Кешке қарай с о қ ы р с о қ п а қ п е н келе жатыр едім, тұн болганда жолымнан адасып, қиналып қалдым* (Шығ. Қаз., Зайс.).

СОҚЫР ТЕКЕ (Қост.: Фед., Жанг., Аман.) ойын түрі. *Енді с о қ ы р т е к е ойнайық* (Б. Майл., Шығ., II, 223).

СОҚЫР ТҰМАН (Алм.: Іле, Еңб. қаз.; МХР) қалың, тұк көрінбейтін тұман. *Кеше с о қ ы р т ұ м а н болып, малды қорадан шығара алмадық* (Алм., Еңб. қаз.).

СОҚЫР ТЫШҚАН (Гур.: Маңғ., Шевч.; Қ.орда, Қарм.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) көр тышқан, көбінө түнде жүреді. *С о қ ы р т ы ш қ а н күндіз інінің аузын копіршітіп бітеп қояды, өзі тұнде шыгады* (Гур., Шевч.).

СОҚЫР ШАМ (Алм., Талд.) мұржасы маймен ғана жанатын шам. *Қазір с о қ ы р ш а м д ы қолданбайды* (Алм., Талд.). *Енді біраздан соң ол да бітіп, с о қ ы р ш а м н ы ң көзі мүлдем жұмылатын болады* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 98).

СОЛАЙЫМЕН (Гур.: Маңғ., Есб.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) түгелімен, тегіс, сол қалпымен. *Затты с о л а й ы м е н алыңыз* (Гур., Есб.). *Несін ақтарасың, с о л а й ы м е н ала бер* (Түрікм., Ашх.). *Биллиард, шахмат, шәшкі, барабан дегендер с о л а й ы м е н жоқ* («Қарабұғаз.», 14.04.1937). – *Жоқ, айналайын. Былтыр берген ақшаң да с о л а й ы м е н қарап тұр* (Ә. Нүрп., Сең, 143).

СОЛАЙЫНША (Тау., Қош.) солайша.

СОЛАҚ[1] (Орал: Чап., Жымп.) үйдің бір жағына жалғас салынған аяқ-табақ сақтайтын не мал ұстайтын бөлме. Қ. бұрма.

СОЛАҚ[2] (Қарақ.) арба арысының арасындағы ағаш.

СОЛАҚ[3] (Жамб., Шу; Гур.: Маңғ., Шевч.) ен; жылқының, қойдың, т.б. қамшылар жағындағы құлағының ұшын кесу.

СОЛАҚ[4] (Гур., Маңғ.) қайықтың ернеуіне ескек тіреп есу үшін орнаткан бір қарыстай ағаш.

СОЛҒҰРША (МХР) соншама, сондайақ. *Күлән мен сендерге не істедім с о л ғ ұ р ш а* (М. Құрман., 84).

СОЛКЕБАЙ (Жамб., Сар.) ақша. *Сен еңбегіңе неше с о л к е б а й алдың* (Жамб., Сар.).

СОЛМА (Жамб.: Шу, Луг., Мер.; Алм., Жам.; Қ.орда, Арал; Кокш., Еңб.; Қарақ.; МХР) ет ала алмай, арықтап ауыратын жылқы, түйе, сиыр ауруы. *С о л м а м е н ауырған сиырды дереу брашқа апару керек* (Қ.орда, Арал). *Солма г а құмда осетін сырттан деген шопті жемге араластырып береміз* (Жамб., Шу). *Солма – жаман ауру* (Алм., Жам.).

СОЛТАҚ[1] (Жөзқ., Ұлы.) салтақ.

СОЛТАҚ[2] (Павл., Ерт.) сылтық. *Көрібай туганнан с о л т а қ болатын* (Павл., Ерт.).

СОЛТАН (Сем.: Аяг., Ақс., Көкп.; Шығ. Қаз., Больш.; Қарақ.) сұлтан. *Кісі елінде с о л т а н болганша, өз елінде ұлтан бол* (Сем., Кокп.).

СОЛУ АЛУ (Өзб., Ташк.) күрсіну. *Газиза ауыр бір с о л у а л д ы* (Өзб., Ташк.).

СОЛЫ ҚАЛУ (Жамб., Жам.) солып қалу. *Капустаны жиі суарып тұрмаса, с о л а қ а л а д ы* (Жамб., Жам.).

СОМ (Орал, Қара.) адамның етті жеріне шығатын ісік, жара. *Мойнына с о м шығып, сәні кеткен жігіттің* (Орал, Қара.).

СОМАЛА (Түрікм.: Красн., Небид., Таш., Көнеүр.) арба майлайтын қалақ ағаш. *Мынау баланың тұрі с о м а л а сияқты гой* (Түрікм., Таш.).

СОМАНАН (Шымк.: Түркіс., Лен.) сонымен.

СОМЫСЫН (Гур., Маңғ.) солмысың.

СОНА (Сем.: Мақ., Үрж.) жас қыздар тағатын сырға. *Қыздар 12-13 жасынан с о н а тағатын еді* (Сем., Үрж.).

СОНАН (Жамб., Тал.) сонымен. *Өмірімізде с о н а н отқіздік* (Жамб., Тал.). *Бірақ с о н а н келе көңілді* (Ә. Нұрп., Сен, 20).

СОНДАЙ-АҚ ШАШТАБАҚ (Ауғ.; Ир.) шашқа тағатын сәндік, зергерлік бұйым.

СОНДАЙМА (Гур., Маңғ.) сондай. *Мен оны с о н д а й м а жақсы корем. С о н д а й м а алыс жерге кетерсің бе?* (Гур., Маңғ.).

СОНДАЙЫН (Павл., Ерт.) сондай. *Асқар базардан үлкен қозы әкелді, үлкендігі с о н д а й ы н, қойдың үлкендігіндей* (Павл., Ерт.).

СОНДАҚЫ (Шымк., Сарыағ.) сондай. *Бұрынғы кезде с о н д а қ ы л а р коп болатын (ақсүйек, байлар туралы)* (Шымк., Сарыағ.).

СОНДЫҚПЕНЕН (Шығ. Қаз., Больш.) сондықтан.

СОНПА (Көкш., Қ.ту) шабылған қамыстың байланған бөліктері, бау.

СОНСОҢ КЕЙІН (Алм., Кег.) сонан соң, сонан кейін. *Әлима, қонақтарга әуелі чәй қайнат, с о н с о ң к е й і н ет асқын* (Алм., Кег.). *С о н с о ң мен өзіме керегін бір ыңгай алайын – деді* (С. Сейф., Шығ., IV, 49).

СОНЧА (Гур., Маңғ.; Түрікм., Небид.) сонша, сондай. *С о н ч а биік тауга аңчылар шыга береді* (Түрікм., Небид.).

СОНЧАЛЫ (Ауғ.; Ир.) соншалық.

СОНША-МҰНША (Шымк.: Қызылқ., Шәу.) анау-мынау. *Мен с о н ш а-м ұ н ш а адам емеспін, неге көне қояйын* (Шымк., Қызылқ.).

СОНЫҢМЕН (Қарақ.) сонымен. *С о н ы ң м е н не істейтін болдың?* (Қарақ.).

СОНЫРҚАУ (Алм., Жам.) ширау. *С о н ы р қ а л а п ешкі, қой бүкең-бүкең желеді* (Алм., Жам.). *Сол нәзік перне бүгінде қатайып, тіпті с о н ы р қ а п бара жатқан сияқты ма, қалай* (Ғ. Сл., Шалқ., 18).

СОҢ (Түрікм.: Таш., Тедж., Көнеүр., Ашх.) кейін, сонан соң. *С о ң Шаржоудағы институтқа түстім* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *соң* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *сунг* (Рус.-узб. сл., 1954)].

СОҢҒЫ ӘЗІРДЕ (Орал, Жән.; Түрікм., Красн.) соңғы кезде, соңғы уақытта. *С о ң г ы ә з і р д е ол біздің үйге коп келетін болып жүр* (Орал, Жән.). *Бұрын олар бұл жаққа жиі-жиі келіп тұрушы еді, с о ң г ы ә з і р д е оны сиретті* (Түрікм., Красн.). *Ол Краснодарда қызмет еткелі он бес жыл болып еді, с о ң г ы ө з і р д е «Краснодонуголь» тресінің орталық мастерскойында механик цехының начальнигі боп қызмет етті* (А. Фад., Жас гв., 86).

СОҢҒЫ КЕЗЕКТЕ (Қост., Об.) соңғы кезде. *Біздің колхоз с о ң г ы к е з е к т е алдыңғы қатарга қосыла бастады* (Қост., Об.).

СОҢЫРАҒ (Ауғ.; Ир.) соңыра.

СОҢЫРАСЫЗ (Жамб.: Луг., Жам.) соңы жоқ, аяқталмайтын. *Енді с о ң ы р а с ы з созылма әнге басты* (Ш. Мүрт., Жүлд. коп., 78).

СОҢЫРҚАЛАУ (МХР) шоптің басын шалу. *Бұл бөйшешек жасыл шалғынның көктеген кезі болгандықтан ұсақ мал с о ң ы р қ а л а п жүре жайылады* («Үгітші», 1987, №4, 18).

СОПИ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.; Рес., Орын.) огіз қамытының тесігінен өткізетін жіңішке темір – самиян. *Өгіз арбалы қамыттың төрт с о п и ы бар еді* (Қ.орда, Арал). *Өгіз қамыттың с о п и ы н сал* (Ақт., Ырғ.). *С о п и темірден болады* (Орын., Ад.).

СОПЫЛАУ (Жамб., Сар.) майдың тортасын айыру. *Сарымайды с о п ы л а. С о п ы л а г а н майды алып кет* (Жамб., Сар.).

СОРА 1. (Шымк., Түлк.) дәні қалың, жапырағы көк арам шоп. *Соралының жеріне с о р а шыгады* (Шымк., Түлк.). 2. (Шымк., Мақт.) алаботаның бір түрі. *Мынау с о р а н ы шаба кет* (Шымк., Мақт.). *Аттар күнненкүнге арықтауда. Үйткені аты жоңышқа болмаса, барлығы дерлік, жантақ, с о р а және басқа шөптер* («Лен. жолы», 15.12.1938, №125).

СОРАЗ (Гур., Маңғ.) әкесіз, нөкесіз бала.

СОРАҚ (Қарақ.) сұрақ.

СОРАҚАЙ (Алм., Шел.) сорақы, дөрекі. *Ұзақ ауылнайларды мазақтап с о р а қ а й л ы қ істеді* (Алм., Шел.).

СОРАҚТАП ЖҮРУ (Шығ. Қаз., Больш.) сорандап жүру.

СОРАМА[2] (Рес., Астр.) сұрама. *Бір күн қарны ашқаннан қырық күн ақыл с о р а м а* (Рес., Астр.).

СОРАН (МХР) ащы жусан. *...атап айтқанда, қылша, с о р а н, жуа, тарлау өскен жайлымды таңдау жөн* («Ж. өмір», 21.07. 1983).

СОРАҢ (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.) ұзындығы бір метрдей, құмда осетін шоп түрі. *С о р а ң д ы мал ащылап керемет жейді* (Қ.орда, Сыр.), *Сөйтіп қара інгенді с о р а ң г а тұсап қайтқан көкесі есікке таяна берді* (Ж. Нәжім., Кішк., 84).

СОРАП-СОРАП (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) түйені суарғанда айтылатын одағай. *С о р а п-с о р а п. Бала түйеге су құй* (Қ.орда, Арал). *«С о р а п-с о р а п» десең түйе я бота суға өзі келеді* (Ақт., Ырғ.).

СОРАУ[1] (Шымк., Мақт.; Қарақ.; Ауғ.; Ир.) сұрау. *Менің сенен с о р а у ы м бар, сен маған қарашы* (Қарақ.). *Басқа сүйегі жоқ, неліктен деп с о р а д ы м* (Қарақ.).

[Түрікше *сормак* сұрау (Тур.-рус. сл., 1977). Түркі жазба́ ескерткіштерінде *сор* сұрау (ДТС, 509); *сор* сұрау; *соруг* сұрақ (А. Бор., ЛСТ, 273); *сорғыл* сұрау, өтіну (А. Курыш., ИЛТАС, 197, 190); пар. *сораг* 1) іздену, іздеу; анықтау; 2) мөлімет, дерек, анықтама (Пер.-рус. сл., II, 1983, 29)].

СОРАУ[2] (Шымк.: Қызылқ., Арыс) билеу, меңгеру. *Ақсақ темір бүкіл елді с о р а г а н екен* (Шымк., Арыс).

СОРБАҚ (ҚХР) батпақты, сортаң, сорлы, түзды жер.

СОРГО (МХР) шоп түрі. *Жайылым аз болганымен жоңышқа, с о р г о қатарлы екпе шөптері мол өсіріліп, ... әр түлікке арналған рецептімен әзірлеп береді* («Ж. өмір», 29.12.1986).

СОРҒАҚ (Гур., Маңғ.) сортаң.

СОРҒАЛЫ (Шымк., Түркіс.) жеміс ағашы. *С о р г а л ы өте дәмді жеміс* (Шымк., Түркіс.).

СОРҚЫЛТЫҢ (Алм., Жам.) бидайдың түрі. *Мынау с о р қ ы л т ы ң екен* (Алм., Жам.).

СОРЛЫҒОР (Талд., Қарат.) бақытсыз, сорлы. *Құлайдың байы өліп, с о р л ы г о р болды гой* (Талд., Қарат.).

СОРМАҚТА (Қ.орда, Қарм.) козі ауырған кісі сары майды тортасын айырып, мақтаны дәкеге орап, көзге тартады. *Көз ауырганда с о р м а қ т а н ы көзге дағылап тартамыз* (Қ.орда, Қарм.).

СОРМАЛАУ (Қ.орда: Қаз., Қарм.) біртебірте. *Қейінгі күштерін осы маңга с о р м а л а п тартып жатыр* (Ә. Нүрп., Курл., 66).

СОРПА ЖАЙМАСЫ (Сем.: Абай, Шүб.) етке салатын жүқа нан. *Алтын, етке с о р п а ж а й м а с ы н салсаңшы* (Сем., Абай).

СОРТАҢ (Шығ. Қаз., Тарб.) бұрыс, шалғай, оқшау. *Ақжар біздің жүретін жолымыздан с о р т а ң турады* (Шығ. Қаз., Тарб.).

СОРТПАҚ (Орал, Казт.) суыртпақ. *Біз с о р т п а ҚЖіп те бермейді* (Орал, Казт.).

СОРУ (Павл., Ерт.) кебу, құрғау. *Бүгін жер с о р ы п қалды* (Павл., Ерт.).

СОРША (Кокш., Қ.ту) ортеніп кеткен жерге келесі жылы шыққан шөп. *С о р ш а қаулап өседі* (Көкш., Қ.ту).

СОРЫННЫҢ ШЕТІН КӨРІП ЖҮРГЕН (ҚХР) көрген-білгені көп, козі ашық, тәжірибелі. *Қанша дегенмен талай с о р ы н н ы ң ш е т і н к о р і п ж ү р г е н неме сияқты* (М. Раз., Алт. ақ., V).

[Ұйғырша *сорын* дастарқан басы, төр орын (Уйг.-рус. сл., 1961)].

СОСОН (Ауғ.; Ир.) сосын. *Ешкім хаятқа (комиссня) бармады, с о с о н мен бардым* (Ир.).

СОСЫН ЖЕРДЕ (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта) сонан соң, сонан кейін. *С о с ы н ж е р д е олардан бөлініп, басқа жаққа тарттым* (Түрікм., Конеүр.).

СОТА[1] (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд., Мойын.) 1. жүгерінің дәнді басы, собығы. *Жүгерінің с о б ы г ы н арбага тиелік* (Жамб., Шу). 2. жүгерісін үгітіп алғаннан кейінгі сабағы. *Жүгерінің с о т а с ы отынга жақсы болады* (Жамб., Жам.).

[Қырғызша *сото* жүгерінің дәнді басы (Кирг.-рус. сл., 1965); *озб. сута* дәнінен ажыратылған, тазартылған жүгері сабағы (Узб.-рус. сл., 1959)].

СОТА[2] (Қ.орда: Сыр., Жал.) сайғақ, қолшоқпар. *Қолындагы с о т а с ы м е н талай жауды урып жықты* (Қ.орда, Сыр.). *Буырқанды бурсанды, Мұздай темір құрсанды. Мойнындагы с о т а м е н Әрқайсысын бір салды* (Алпамыс батыр).

СОТАЛАУ (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд., Мойын.) жүгері дәнін сабағынан айыру, ажырату. *Қариялар отырып жүгері с о т а л а с ы н* (Жамб., Шу).

СОТАНАҚ (Гур.: Есб., Бақс.; Алм.: Кег., Нар.; Қ.орда: Сыр., Жал.) сотқар, шатақ, бүзық. *Ай, сен бір с о т а н а қ бала екенсің* (Гур., Бақс.). *Баламыз мектепке баргалы бері с о т а н а қ т ы қойды* (Алм., Нар.). *Бұл заманның с о т а н а қ адамын тезге салатын зақ орын бар* (Қ.орда, Сыр.). *– Сен кісіге неге тисесің – деді с о т а н а қ, содырлы Төлен* («Кол-шы», 1937,

№110). – *Семеп с о т а н а қ болса, өзіне қиын. Орын ауыстыруымның қажеті жоқ* (Ж. Арыст., Жер ұй., 18).

СОТ ЕТТІРУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Ашх., Тедж., Тахта) соттату. *Пақтаның жұлынған түптері үшін, с о т е т т і р у г е болады* (Түрікм., Тахта).

СОТ ҚОЮ (Орал, Казт.) соттау. *Сүлейменнің әкесін 5 жыл с о т қ о й ы п т ы* (Орал, Казт.).

СОУВЕТ ҚЫЛМАҚ (Ауғ.; Ир.) сұхбат қылмақ. *Оғлыммен с о у в е т қ ы л м а л ы* (Ауғ.).

СОФИ (Рес., Орын.) сопы. *С о ф и л а р д а н даражамыз жұз есе артық* (Орын., Ад.).

СОЮ[1] (Павл., Ерт.) ұру, соғу, сабау. *Егінге түскен малды қамшымен с о й* (Павл., Ерт.).

СОЮ[2] (Гур., Тең.) операция жасау. *Жұматай Астраханға барып, ауруханада жатып, құлағын с о й д ы р д ы. Дәрігерлер соқыр ішекті де с о я д ы* (Гур., Тең.).

СОЯЛАУ (Гур., Маңғ.) бүліну. *Мына зат әбден с о я л а н д ы* (Гур., Маңғ.).

СОЯУ[1] **1.** (Кокш., Қ.ту) бидайды бастырып үшырған соң қалған сабағы (қ. бас сояу). 2. (Павл., Ерт.) жапырақсыз өскен ағаш не шөп. *С о я у шоптер Ертіс бойында аз болады* (Павл., Ерт.).

СОЯУ[2] (МХР) малға арналған жем түрі. *Қажетті с о я у жемнің 61,7 процентін жергілікті жерден әзірлеу мүмкіндігі жасалды* («Ж. өмір», 7.12.1985).

СӨГІЛМЕ Қ. бақанақ.

СӨДЕГЕЙ[1] (Павл., Ерт.) жалқау, епсіз. *С ө д е г е й д і ң ісіне сен, сөзіне сенбе* (Павл., Ерт.).

СӨДЕГЕЙСЫМАЛ (Алм., Шел.) сөлекеттеу. *Ол бір с ө д е г е й с ы м а л адам еді* (Алм., Шел.).

СӨДЕЛКІ (Кокш., Қ.ту) ершік, ыңыршақ. *Атқа салатынды с ө д е л к і дейміз* (Кокш., Қ.ту).

СӨДӨГЕЙ[1] (Алм., Шел.) түрпайы, өрескел. *Ол жігіт с ө д е г е й сөйлейді екен* (Алм., Шел.).

СӨДӨГЕЙ[2] (Алм.: Шел., Кег.; Шығ. Қаз., Тарб.) оқшау, жалғыз. *Ол жігіт с ө д е г е й жүреді екен* (Алм., Кег.). *Алыста бір с о д ө г е й мал көрінеді* (Шығ. Қаз., Тарб.).

СӨЗБА (Орал: Жән., Орда) түйенің, қойдың жүнін салып істеген төсөніш (өні бір метр, ұзыны екі метр). *С ө з б а істеу үшін, бес метр сәтен алып келдім* (Орал, Орда).

СӨЗБАҒАР (Гур., Маңғ.) сөзгө салынған, сөз аңдыған адам.

СОЗ БИДАЛАУ (Қар., Қарқ.) соза беру, кешіктіру, кейінге қалдыра беру. *Тегінде егіс дайындығын енді с ө з б и д а л а й беруге болмайды* («Больш. жол», 1941, №25).

СОЗГЕР (Гур., Маңғ.; Рес., Орын.) сөзуар, сөзшең. *С о з г е р адам* (Гур., Маңғ.). *Мырза би с ө з г е р болыпты* (Орын., Ад.).

СӨЗГЕРЛЕУ (Орал, Орда) сөзуарлау. *Біздің төленгітте Әшім деген с е з г е р л е у адам болды* (Орал, Орда).

СӨЗДЕЙ (Гур., Маңғ.) ауызша. *Жазып алмасам, с ө з д е й айтқанды ұмытып қалам* (Гур., Маңғ.).

СӨЗДІ ҚОЛДАНУ (Шығ. Қаз., Болып.) тіл алу, айтқанды орындау. *Ол сенің айтқан с ө з і ң д і қ о л д а н с а, бұлай етпеген болар еді гой* (Шығ. Қаз., Больш.).

СӨЗДІҢ ИІНІ (Гур., Бақс.) сөздің реті. *С ө з д і ң и і н і н е қарап тез түсіне қойдым* (Гур., Бақс.).

СӨЗ ЖЫРМАУ (ҚХР) сөзге құлақ салу, лебізін жерге тастамау. *Кәзір екі тізгін, бір шылбыр өз қолында. Бұл айтса с ө з і н ж ы р а т ы н Қасен мен Таңғыт жоқ* (Ғ. Қан., Бұрқ.).

СӨЗЛІК (Қарақ.) сөздік. *Қазақ тілінің орфография с ө з л і г і н тауып алыңыздар, ондағы мен көрсеткен сөздердің жазылуын қараңыздар* (Қарақ.).

[Қарақалпақ тілінде *сөзлик* болып қолданылады (Рус.-карак. сл., 1967, 940)].

СОЗ СҰЗУ (Қост., Затоб.) сөз жию. *Нұрқан ақын тілге бай, с ө з с ұ з у г е шебер, шығармалары тыңдаушыға әсерлі* (Қост., Затоб.).

СОЗУАР (Қост., Торғ.; Жезқ., Ұлы.) сөзшең. *Нұрманның Айсасы с ө з у а р жігіт еді* (Қост., Торғ.). *Оның өзі с ө з у а р л а н ы п кетіпті. С ө з у р а л ы қ т а н талайды артына тастар, сірә* (Жезқ., Ұлы.).

СӨЗ ҰСТАТУ (ҚХР) уағдаласу, серттесу. *Оның үстіне қарымтасын қайтару жағына жан салып, жағдай айтып жүрген ол екеуіне аудан өкімі емеурін білдіріп с ө з ұ с т а т ы п қойған жәйі бар* («Іле кеші», 17.12. 2001).

СӨЗІ АҚПАУ (ҚХР) сөзі жерде қалу, сөзін тыңдамау. *Бұдан кейін басқа оқытушылар да байқалған кемістіктердің алдын алуға амалсыз қалып, оны түзетем деуі бос сөзге айналады, басқаларға с ө з і а қ п а й д ы* («Шыңжаң оқу.», 2001, №12, 32).

СӨЗІ ДӨКІР (Сем.: Абай, Шұб.) сөзі түйеден түскендей, сөзге олақ. *Мұстапаның с о з і д ө к і р еді* (Сем., Абай).

СӨЗІНДЕ МӘНТАҚА ЖОҚ (ҚХР) сөзінің мәні жоқ деген мағынада. *Ол бір с ө з і н д е м ә н т а қ а ж о қ адам* (ҚХР). Үйғ. *мәнтақа* ой, логика, мән.

СӨЗІ ТИЮ (Жамб., Жуа.) тілі тию. *Колхоздың бастығының с ө з і т и м е с е екен дейміз* (Жамб., Жуа.).

СӨЙЛЕС (Гур., Маңғ.) дау-жанжалды шешетін кеңес. *Есберген ауылында с ө й л е с болып, Нұрнияз ақынға жүгініске барады* (Гур., Маңғ.).

СӨЙЛЕСЕ ҚОЯ БЕРУ (Шығ. Қаз., Больш.) сөзді бірден бастап кету.

СӨЙЛЕСІП АЛА АЛМАУ (Тау., Қош.) сөйлесіп түсінісе, ұғыса алмау. *Мен кеше бір мұңғылмен с ө й л е с і п а л а а л м а д ы м* (Тау., Қош.).

СӨК[1] (Орал: Чап., Жымп.; Жезқ., Ұлы.; Қост., Торғ.; Ақт., Ырғ.; Рес., Сарат.) ақтаған тары. *Шайларыңа с ө к салып ішіңдер. С ө к т і көптен бері көріп отырғанымыз* (Жезқ., Ұлы.). *Жаңыл, сенде с ө к жоқ па?* (Қост., Торғ.). *Жауынгерлер мол-мол сыбағадан с ө к палау жеді* (А. Фад., Жас гв., 714). **2.** (Ақт., Ойыл) комбайнға тазаланған тарының үнтақталып кеткенінен пайда болатын сақ. *Тарыны комбайнмен шапқанда көбі с ө к болып кетеді* (Ақт., Ойыл). *Жүгері қуырмай, с ө к ақтамай жатқан үй кемде кем* (Ә. Нүрп., Қан мен тер).

СӨК[2] (Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж., Таш.) қауынды қайнатып, қуырған үн қосып жасалған құрт. Түсі қара болады (қауын құрт).

[Түрікменше *сөк* қауыннан жасалған құрғақ варенье (Туркм.-рус. сл., 1940).]

СӨКЕЛЕК (Рес., Сарат.) сақа. *Қолына с ө к е л е к алып, асықты тігіп қойып атасың* (Рес., Сарат.).

СӨКЕТ (Қост., Жанг.; Көкш., Қ.ту) сөлекет, ебдейсіз. *Ол с ө к е т мінезді адам* (Қост., Жанг.). *Ол с ө к е т іс істеді* (Көкш., Қ.ту). *Оның ешқандай с ө к е т т і г і жоқ* (О. Бөк., Өз от. өш., 171).

СӨКСЕУІЛ (Жамб., Шу) сексеуіл.

СӨЛЕКЕЙ (Гур., Маңғ.) шалағай, орашолақ, сөлекет.

[Түрікше *сөлпүк* ынжық, шалағай (Тур.-рус. сл., 1977)].

СӨЛЕКЕТ (Павл., Ерт.) үзын. *Айдархан магазиннен с ө л е к е т лицейка сатып алыпты* (Павл., Ерт.).

СӨЛКЕБАЙ (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) бір сомдық ақша. *С ө л к е б а й сөзі ерте кезде жиі айтылушы еді* (Қ.орда, Сыр.). *...он жылдықты үздік бітіргендерге берілетін медаль с ө л к е б а й түрінде болады* (М. Мағ., Қиян. қыст., 220). **2.** (Жамб., Сар.; Павл., Ерт.) сом, теңге. *Сен еңбегіңе неше с ө л к е б а й алдың* (Жамб., Сар.). **3.** (Қост., Фед.) шашбау түрі. *Бұл кездің қыздары с ө л к е б а й мен шаштеңкені тағуды қойды гой* (Қост., Фед.).

СӨЛТЕК[1] (Қарақ.) ақсақ, кеміс. *Туасы аягы с о л т е к* (Қарақ.).

СӨЛТЕК[2] (Қ.орда, Арал) шеттен келіп өсек айтып, іріткі салушы. *Қойды қортық* (к.) *бұзады, елді с ө л т е к бұзады* (Қ.орда, Арал).

СӨЛІМБАЙ (Гур., Маңғ.) сөлбірейген, сүмпай. – *Әлгі екі с о л і м б а й елшіні ат кетіне оңгеріп осы бойда Уфа еоеводасына айдатып жіберу керек* (Ә. Кекіл., Үркер, 494).

СӨҢКЕ САЛҒАН АДАМ (МХР) оқыған адам. *Оның қызы с ө ң к е салған адамға барам дейді гой* (МХР).

СӨП (Түрікм.: Красн., Қиян., Бекд., Қулы.) салмағы 2 килодай, еті дөмді балық.

СӨРЕ[1] (Алм.: Кег., Шел.) қаракшы, белгіленген жер. *Көкбуырыл с ө р е г е жетпей-ақ жұрт шулап қоя берді* (Алм., Кег.). *С ө р е г е тым болмаса бес-он минут бұрын барып, балаларды тосып алып, кім қанша уақытта келгендігін белгі соғу керек* (Б. Сок., 16 жас. чемп., 55).

СӨРЕ[2] **1.** (Рес., Орын.) ет ілетін ағаш. *Соғым сойған кезде кемпірлеріміз с о р е байлап бер деп тұратын* (Орын., Ад.). **2.** (Алм., Балқ.) балық кептіруге арнайы жасалған ағаш. Бірнеше борене ағаштарды қаз-қатар (ара қашықтығы 4-5 м) тікейте көміп, адам бойы еркін жететіндей біркелкі орнатады. Бөренелердің үстіңгі басына жіңішке сырық бекітеді. *Балықтар с ө р е д е тұрып күн көзіне кепкеннен кейін, бұзылмайтын болады* (Алм., Балқ.).

СӨРЕ ТАРТУ (Түрікм., Көнеүр.) жүзім шыбықтарын асатын ағаштар. *Кектемде жүзімді ашпай тұрып, оның с ө р е с і н т а р т ы п алған – кейінгі жұмыстарға оңай болады* (Түрікм., Көнеүр.).

СӨРІ (Жамб., Жам.) ескерткіш.

СӨТ (Рес., Астр.) сүт. *Ләпкеде с о т бола бермейді* (Рес., Астр.).

СӨТІК (Шымк., Мақт.) жүздің бірі (1/100). *Бір күнде 12 с ө т і к жоспар берді* (Шымк., Мақт.).

СӨТІЛМЕУ (Алм., Қаск.) сөгілмеу. *Жидені дұрыс тіксе тегі с о т і л м е й д і* (Алм. Қаск.).

СӨТІЛУ (Рес., Сарат.) ысылу, үйрену. *Көпшілік ортасына түсіп с ө т і л м е г е н д і к қой, оның сойлей алмағаны* (Рес., Сарат.).

СПАНСКИ БОЛУ (Қост., Аман.) тап-таза болу, айырылып қалу. *Ол қалаға барып, бар ақшасынан с п а н с к и б о л ы п т ы* (Қост., Аман.).

СПАР (Қ.орда, Арал) бас араздық, ренжісу. *Садық Жөкенмен с п а р болып жүр екен, бір-бірімен сойлеспейді* (Қ.орда, Арал).

СПАРЛЫҚ (Алм., Нар.) дау. *Сол жылы біз Сұмбеге с п а р л ы қ п е н бардық* (Алм., Нар.).

СПАСАЛ ҚЫЛУ (Қост., Жанг.) бірін алып, бірін салып жан сақтау. *Ол с п а с а л қ ы л ы п жан сақтап жүр* (Қост., Жанг.).

СПЫ (Қост.: Жанг., Аман.) ат, есім. *Қарағым, с п ы ң кім?* (Қост., Аман.).

СПЫРА (Қ.орда: Арал, Қарм.) қол диірмен тартқанда үн тегілмеу үшін астына салатын тері. *С п ы р а н ы қол диірменнің астына салып тарт* (Қ.орда, Қарм.).

СТАҚАН (Гур.: Мақат, Есб.) баған басындағы ақ шыны. *Біздің жақта с т а қ а н деп столбаның басындағы шыныларын айтады* (Гур., Есб.).

СТАН (Орал, Орда) жалпы іш киім. *Шанабай, Сағындық дегендер бұтында с т а н ы жоқ, тек гана дамбалмен ел қыдырады* (Орал, Орда).

СТАНЧА (Жамб.: Жам., Шу) станция. *С т а н ч а д а н «тамақ» деген не деп көрсек, ауқат екен* (Жамб., Жам.).

СТАРШЫН (Жам., Сар.) ауылнай. *С т а р ш ы н келіп, колхозға қонып отыр* (Жам., Сар.).

СТЕН (Шығ. Қаз.: Больш., Күрш.) үйдің қабырғасы. *Біз онымен с т е н д е с көршіміз* (Шығ. Қаз., Больш.). *С т е н і неге тіліп тұр* («Лен. туы», 1939, №37). Орысша *стена*.

СТЕНКЕ (Гур., Бал.) маштың (қ.) ең жоғарғы басы, үшы. *С т е н к е г е жалауды байламасаң, самолет тамақ тастамай кетуі мүмкін* (Гур., Бал.).

СТОЙКА (Гур.: Маңғ., Тең.) желкенмен жүретін үлкен қайық. *Анау қайық с т о й к а н ы ң жанында тұр гой. Көкбінесе с т о й к а н ы бір орыннан қозғамаймыз* (Гур., Тең.). *Гордеевтің қармақшылар с т о й к а с ы н д а жүргенде мен бір қортпа ұстадым* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 68).

СТОЛ ТАҚТАЙ (Павл., Ерт.) етке салатын нан, т.б. жаятын үстел. *Жәмила қамырды с т о л т а қ т а й д ы ң үстіне иледі* (Павл., Ерт.).

СТРУКТЕП ЖІБЕРУ (Павл., Ерт.) жону, тегістеу. *Тақтайды кішкене струкпен с т р у к т е п ж і б е р* (Павл., Ерт.).

СУ (Рес., Қалм.) дәл, бірдей. *Балқарлардың тілі бізбен с у гой* (Рес., Қалм.).

СУАҒАР[1] (Қ.орда: Арал, Қарм.; Ақт., Ырғ.) киіз үйдің киіз есігінің төменгі етегі. *Есіктің с у а ғ а р ы жыртылып кетіпті гой* (Қ.орда, Қарм.). *Кейбір киіз үйдің есігінің с у а ғ а р ы әшекейлі болады* (Ақт., Ырғ.).

СУАҒАР[2] (МХР) тау арасындағы су ағатын шөпті жер. *Чідерді бір ат әнеу с у а ғ а р д а тұр* (МХР).

СУАҒАШ 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Гяу., Анн.) иін жіппен (қ.) бірге қолданылатын құрал. Шелектерді адам денесіне соқтырмау үшін, параллелограм түрінде жасалған ағаш. Су тасушы осы ағаштың ортасында болады да, иін жіпті иығына салып су тасиды. *Құдық алыстау болған соң, суды с у а ғ а ш п е н тасимыз* (Түрікм., Красн). **2.** (Гур.: Маңғ., Шевч., Есб.; Орал: Казт., Орда) иін ағаш. *С у а ғ а ш ы ң д ы бере тұршы* (Гур., Есб.). *Зауренің с у а ғ а ш ы н сұрап келші* (Орал, Казт.). *Қарашаш еңкейіп екі шелегін с у а ғ а ш қ а сала бергенде ту сыртынан біреу: «қарындас, тоқтай тұрыңыз» деп қалды* (Ж. Нәжім., Ақ шағ., 143).

СУ АЙДАУ (Алм., Жам.) су толық келу үшін арықты тазалап отыру.

СУАЙТ КҮН (Қ.орда: Қарм., Қаз.) лайсаң, суық күн. *Ызғырық, с у а й т к ү н д е р і жасыл жуқа киімдерінің шалғай, жеңдерін жел көтеріп, түзаққа түскен торғайлардың қанатындай далп-далп қағылып жер соғып жататын еді* (Ә. Нүрп., Курл., 238).

СУАҚ (Тау., Қош.) арна, арық. *Мына с у а қ соғыстан бұрын қазылған* (Тау., Қош.).

[Алтай тілінде *суақ* арық, канал (Ойр.-рус. сл., 131); монғ. *суваг* канал, арық (Монғ.-қаз. сөз., 162)].

СУАЛ (Ауғ.; Ир.) сауал.

СУАЛҒЫШ (Ауғ.; Ир.) қонақ үйлерде сумен қамтамасыз етуші.

СУАЛМА (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Ақт., Ырғ.) су жайылған жер. *С у а л м а н ы ң суы тартылып, енді бір он күнде шөбін шабуға болады* (Қ.орда, Жал.). *С у а л м а н ы ң егісі бітік болады* (Ақт., Ырғ.).

СУАЛМА АЙДАУ (Ақт., Ырғ.) су жайылған жерді күргаған соң жырту. *Құти көлінің табанынан елу гектар жер с у а л м а а й д а д ы қ* (Ақт., Ырғ.).

СУАЛМА БИДАЙЫҚ (Павл., Ерт.) шабындық жердің бір түрі. *Колхоз малдары*

с у а л м а б и д а й ы қ т а жайылып жүр (Павл., Ерт.).

СУАҢДАУ (Көкш.: Еңб., Қ.ту) сумаңдау, қу адам. *Сен бір с у а ң д а у адам екенсің* (Көкш., Еңб.).

СУАП (Шымк., Арыс) сауап. *Жетімге садақа бер, с у а п болады* (Шымк., Арыс).

СУАРУ (Көкш., Есб.; Павл., Екіб.) суғару. *Қайырдос, биені с у а р ы п келші* (Көкш., Есб.). *Мал с у а р у да жұмыс* (Павл., Екіб.).

СУАСЫ (Қост., Об.) есуас, есалаң.

СУАТ (Түрікм.: Красн., Тедж., Мары) малдың құдықтан су ішу кезегі. – *Сенің с у а т ы ң қашан? – Менің с у а т ы м а су жетпей қала ма деп қорқам* (Түрікм., Красн.).

СУАТТАНДЫРЫЛУ (Алм., Нар.) суарылу. *Малды сумен қамту үшін ..мал с у а т т а н д ы р ы л а т ы н тоспалық көлшік жасап, пайдалануға берілуі тиіс* («Сов. шек.», 1955, №21).

СУ АТУ (Павл., Үрлі.) су шығу, су ағу. *Көк биенің мұрынан с у а т а д ы* (Павл., Үрлі.).

СУАТЧЫ (Жамб.: Шу, Қорд., Мер.) сушы, егін суарушы. *Ырысқұл мен Бердіғұл, егінчің мен с у а т ч ы ң* (Жамб., Қорд.).

[Қырғыз тілінде *сугатчы* 1) егін суарушы; 2) егінші (Кирг.-рус. сл., 1965, 662)].

СУ АУРУ (Гур., Маңғ.) қатпа тәрізді түйе ауруы. *Жаман су ішкеннен түйе с у а у р у болады* (Гур., Маңғ.).

СУАЯҚ[1] (Гур., Маңғ.) алаяқ, қу. ... *ылғи осындай құды-кетті дау-дамайда куәлікке жүретін с у а я қ көсе саулай жөнелді* (Ә. Кекіл., Құс қан., 263).

СУАЯҚ[2] (Ақт., Ойыл) стақан. *С у а я қ т ы ң қақы не?* (Ақт., Ойыл).

СУ БАЙЛАУ (Қ.орда, Жал.) суды бөгеу. *Біз қарасудың с у ы н б а й л а п, кендір сугарамыз* (Қ.орда, Жал.).

СУ БАСЫ (Қост., Жанг.) шығырдың үлкен дөңгелегі. *Шығырдың ең негізгі бөлегі с у б а с ы делінеді. С у б а с ы су жүретін ауыттың үстіне орнатылады* (Қост., Жанг.).

СУ БАСЫ ЖОҒАРЫ БОЛСЫН (Қ.орда: Арал, Қарм., Жал., Сыр.) егін суы мол болсын, шығымды болсын деген тілек мағынасында. *Уа, қария, с у б а с ы ж о ғ а р ы б о л с ы н* (Қ.орда, Сыр.).

СУ БОЛУ (Орал: Жән., Орда) сиырдың, түйенің суалуы. *Ақ сиыр Жаныбекке барған соң с у б о л ы п кетті. Күзге таман сиырлар с у б о л а бастайды* (Орал, Жән.).

СУ БҰТ (Қост., Жанг.) шығырдың су басын (қ.) үстап тұратын ағаш. *С у б ұ т су малманды* (қ.) *үстап тұрады* (Қост., Жанг.).

СУ БІЛУ (Гур.: Маңғ., Тең.) суға жүзе білу. *Аздап с у б і л г е н д і г і м н е н жүзіп шыға кеттім. С у б і л м е й т і н адам суға түсіп кетсе, шыға алмайды, сондықтан с у б і л у д і үйрену керек* (Гур., Тең.).

СУҒА АҒУ (Жамб., Тал.) суға кету. *Бір баламыз с у г а а ғ ы п өлді* (Жамб., Тал.).

СУҒАБАҚ (Қарақ.) асқабақ түрі. *Атызға с у г а б а қ т а егілді* (Қарақ.).

СУҒАРА КЕТУ (Гур., Есб.) суаруға кету. *Әбілгазылар ат с у г а р а к е т т і* (Гур., Есб.).

СУҒАРУ (Шымк.: Сайр., Мақт., Түлк.; Жамб.: Шу, Св., Мер., Тал.; Алм.: Кег., Нар., Шел.; Кокш., Қ.ту; Сем., Абай; Гур., Есб.; Шығ. Қаз., Күрш.; Қарақ.; Түрікм., Таш.) суару. *Әлімбай, сен қызылшаны с у г а р д ы ң ба?* (Шымк., Түлк.). *Қойларды с у г а р у үшін тек жеті қырдың астындағы құдыққа апаруымыз керек еді* (Түрікм., Таш.). *Аудан бойынша орта есеппен дәнді егіс с у г а р у планын 103 процент орындады* («К-з жолы», 25.05.1941, №44). *Мақта с у г а р у д ы тек қана түнде боразда арқылы жүргіземін* («Соц. ең.», 1945, №6). *Бидайық жерін с у г а р ы п болды* («Лен. туы», №24). *Атым с у г а р а м, су әкелем, шай қайнатам, тезек терем, түнге қарай арбаның үстінде отырып, күзетіп шығам* (Б. Майл., Шығ., V, 92).

[Ертедегі түркі жазба ескеркіштерінде: *сувгар* суару (ДТС, 515); Синьцзян үйг. *сувар* суару (С. Мал., УНС, 152); өзб. *сугормоқ* (Узб.-рус. сл., 1959); алт. *сугар* (Н. Бас., ДК, 248)].

СУДИЯ (Рес., Қалм.) піскен айран. *Ыссылықта с у д и я н ы сіміріп алып кете бересің* (Рес., Қалм.).

СУ ЕКЕН (Гур., Маңғ.) сөзуар екен. *С у адам е к е н* (Гур., Маңғ.).

СУ ЕТІК (Түрікм.: Красн., Қиян., Таш., Көнеүр.; Қарақ.) резина етік. *Суыстауға* (к.) *барсақ, аяққабыңды тастап, с у е т і к к и* (Түрікм., Көнеүр.). *С у е т і к, қанау* (к.) *қазатын бел. Тағы осындай құралдар керек* («Жұмшы», 1.01.1950).

СУ ЖАҒАСЫ (Павл., Ерт.) жақын. *Магазин біздің үйге с у ж а г а с ы жер* (Павл., Ерт.).

СУ ЖҰҒІРТУ (Өзб., Ташк.) табак сияқты оюдың сыртын айналдыра жүргізілетін нақыш.

СУ ЖЫҒУ (Талд., Панф.; Алм., Енб. қаз.) суды богеп, байлап қойған жерді ашу, су жіберу.

СУҚАН (Гур., Есб.) қамыт бау, супан. *Қамыттың с у қ а н ы н тарт* (Гур., Есб.).

СУ КӘДІ (Түрікм.: Таш., Көиеүр.) ыдыс жасайтын асқабақ түрі. *С у к ә д і палау кәді сияқты үлкен болады. С у к ә д і н і жемейді* (Түрікм., Көнеүр.).

СУ КӘМЕК (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) қауынның дәмі енбеген, піспеген кезі.

СУ КЕЛДІ (Гур., Маңғ.) теңіз, озен тасығанда су келіп қайтқан жер. *С у к е л д і г е қара өлең жақсы шығады* (Гур., Маңғ.).

СУ КЕСЕР (Гур., Маңғ.) қайықтың маңдайы.

СУ ҚАБАҚ (Алм.: Жам., Шел., Еңб. қаз.; Жамб.: Шу, Жам.) қабығы тастай қатты асқабақ түрі. *С у қ а б а қ қ а су құямыз* (Алм., Шел.). *С у қ а б а қ т а н түрлі ыдыс жасайды* (Жамб., Жам.).

[Өзбек тілінде *сувқовоқ* қабығынан ыдыс жасайтын асқабақ (горлянка) (Узб.-рус. сл., 1959)]. Қ. суқауақ.

СУҚАЙТ (Қост., Ордж.; Алм.: Нар., Кег.) суайт, отірікші. *Ол кісінің озі бір с у қ а й т адам болатын* (Қост., Ордж.). *Ол бір жұрген с у қ а й т қой* (Алм., Кег.). Қ. суқит, сұқит.

СУҚАНЫ СҰЙМЕУ (Шымк., Арыс; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Тедж.) жаны сүймеу, жақтырмау, жек кору. *Сондай тәйтіктікті с у қ а н ы м с ұ й м е й д і* (Түрікм., Красн.). *Оны, әсіресе, Райдың с у қ а н ы с ұ й м е й, «қырыққан серкештік» деп ат қойып алған-ды* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 263).

СУҚАНЫ ҰШУ (Алм., Шел.; Шығ. Қаз.: Зайс., Марк.; МХР) қатты қорқу, үрейі үшу. *Қызыл атымның ері мойнына ауганда с у қ а н ы м ұ ш ы п кетті* (Алм., Шел.). *С у қ а н ы ұ ш қ а н адам не істерін білмей қалады* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Жылан көргенде с у қ а н ы ң ұ ш ы п кетті-ау* (МХР).

СУҚАУАҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) асқабақтың үлкен түрі. *С у қ а у а қ қабығын кобіне су құюга пайдаланады* (Түрікм., Тахта).

[Өзбек тілінде *сувқовоқ*: 1) асқабақ; 2) асқабақтан жасалған ыдыс (Узб.-рус. сл., 1959)].

СУҚИТ (Ақт.: Ырғ., Қараб.; Орал, Чап.) суайт, өтірікші. *Оның баласы барып тұрган с у қ и т адам, оның сөзі құрсын* (Ақт., Ырғ.). *«Сізге не керек, аларсыз, бірақ адамдарды жинамаңыз» десе өзі ішінен түсінеді де, бос дәлелдерді айтып, ашу қайтып, с у қ и т т а н ы п шыга келеді* («К-з жолы», 1939, №54).

СУ ҚОСҚАН АДАМ (Гур.: Маңғ., Шевч.) өтірікші адам. *Бұл қашаннан с у қ о с қ а н адам* (Гур., Шевч.).

СУЛАМА (Гур., Маңғ.) өтірікші, жылпос. *Сен сықылды с у л а м а шалдың маган несі таңсық, өзім де өтірік айта алам* (Гур., Маңғ.).

СУЛАТУ (Гур., Маңғ.) зулату. *Білген сөзің болса, с у л а т ы п айта бер* (Гур., Маңғ.).

СУЛЫ (Гур., Маңғ.) су ішкен. *Атымыз с у л ы* (Гур., Маңғ.).

СУЛЫ БИДАЙ (Жамб., Шу; Алм.; Талд.) суармалы бидай. *Колхозымызда тәлім бидай да, с у л ы б и д а й да бар* (Жамб., Шу). *Биыл «Қызыл Октябрь» колхозында с у л ы б и д а й өте жақсы шықты* (Талд.).

СУЛЫҚ[1] **1.** (Ақт., Ойыл; Гур., Есб.) жүгеннің ауыздығы. *Жүгеннің с у л ы г ы н жақсылап согып бер* (Ақт., Ойыл). **2.** (Сем., Үрж.) жүгеннің темір шығыршығы.

СУЛЫҚ[2] (Гур., Бақс.) шелектің түтқасы. *Шелектің с у л ы г ы н жолда алып, көп әуре болдым* (Гур., Бақс.).

СУЛЫҚ[3] (Алм., Жам.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Тедж.) жауын-шашында пальтоның сыртынан киетін қаптал шапан. *Әй, күн жауып кетті гой, үстіне киетін с у л ы қ әкелші* (Алм., Жам.). *Мауыты с у л ы қ т ы кигенде су өтпейді* (Гур., Маңғ.). *Фуфайкеңді өзің төсеніп отыр, менің мына с у л ы г ы м бар* (Б. Сок., Қайдасың, Гаухар?, 111).

СУЛЫҚ[4] **1.** (Алм., Кег.; Павл., Ерт.; Қост., Жанг.) бет, қол сүртетін үлкен орамал. *Нүрбике, керегеде ілулі тұрган с у л ы қ т ы әперші* (Алм., Кег.). *Тамақтан соң қонақтардың қолына су құйылып, с у л ы қ орамал берілді* (Павл., Ерт.). *Мынадан ұзындау с у л ы қ т а р ы ң бар емес пе еді* (Қост., Жанг.). **2.** (Шымк., Түркіс.) қолды тамақ жеп жуғаннан кейін сүртетін орамал.

СУЛЫҚ[5] (Орал: Орда, Жән.) үйдің үстіндегі ернеуіне салатын тақтай. Үйдің кенересін жаңбыр, қар суы езіп жібермеу үшін салынады. *Қыстаудың с у л ы г ы н а тақтай салу керек* (Орал, Жән.).

СУЛЫҚ[6] (Гур., Маңғ.) киіз үйдің киіз есігінің етек жағы.

СУЛЫҚ[7] (Ақт., Байғ.) суармалы. *Бұл колхоздың қарауында 120 гектар с у л ы қ егіс бар* (Ақт., Байғ.). *Биыл да Жортаөөтың қарауында 12 гектар с у л ы қ егісі бар* («Соц. ауыл», 1941, №62).

СУЛЫ СӨЛ[1] (Сем.: Кокп., Ақс.) лай, батпақ, жауын-шашынды күн.

СУЛЫ СӨЛ[2] (Сөм.: Көкп., Ақс.) су сөл.

СУЛЫ СУАҢ[1] (Сем.: Көкп., Ақс.) ас-су, тамақ. *С у л ы с у а ң д ы осыдан ішіп жүр* (Сем., Көкп.).

СУЛЫ СУАҢ[2] (Сем.: Көкп., Акс.) сусуаң.

СУМА (МХР) қанар, дағар. *Балам, екі-үш с у м а жапа тезек теріп ал* (МХР).

СУ МАЙ (Алм., Шел.) өсімдік майы (күнбағыс, мақта, т.б.). *Тоқаш* (к.) *жасайық, магазиннен с у м а й алып келші* (Алм., Шел.).

СУМАЛМАН (Қост., Жанг.) шығырдың тіреуі. Орын ағаштың (тегеріш орнататын ағаштың) басын бекітіп тұратын ағаш. *С у м а л м а н с ы з орын ағаштың басы бекімейді* (Қост., Жанг.).

СУМӘЖГҮН (Қ.орда, Арал) су ми, есі жоқ.

СУМЕК 1. (Гур., Маңғ.) қайыққа кіргөн суды төгетін ыдыс. *С у м е к ү й тұрмысында да қолданылады* (Гур., Маңғ.). 2. (Гур., Маңғ.) ұн, қант, т.б. көсіп алу үшін істелген аспап. *С у м е к т і ағаштан да, қаңылтырдан да жасай береміз* (Гур., Маңғ.).

СУОҚ (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) шығырдың жүргізетін кіндік ағаш (шығырдың дөңгелегін ұстап тұратын ағаш). *Шығырға көлік жегу үшін с у о қ керек* (Ақт., Ырғ.). *Шығырдың с у о г ы өте тұзу салыныпты* (Қ.орда, Арал).

СУ ОТЫ (Қарақ.) су жайылған жерге шығатын жабайы шөп.

СУПЫ (Қарақ.) сопы. *Тезірек тамақты же, осы үйге келіп с у п ы болып қалыпсың гой* (Қарақ.).

СУРЕТКЕ ТАРТУ (Алм., Үйғ.; ҚХР; МХР) суретке түсіру. *С у р е т к е т а р т т ы ма?* (Алм., Үйғ.). *Ол Маратты екі рет с у р е т к е т а р т ы п алды* (ҚХР).

СУРЕТТЕУ (Тау., Қош.) суретке түсіру, суретке салу. *Ол жұрттың бәрін с у р е т т е п жүр ме?* (Тау., Қош.).

СУСАҚ (Гур., Бақс.) сусампаз, шөлге шыдамсыз. *Кейбір с у с а қ адамдар бола береді гой* (Гур., Бақс.).

[Түрікше *сусамак* шөлдеп, су ішкісі келу (Тур.-рус. сл., 1977); түркі жазба ескерткіштерінде *сувсалық* шөлдеу (ДТС, 515); *сувса* шөлдеу (А. Бор., ЛСТ, 276); өзб. *сувсамоқ* шөлдеу, су ішкісі келу, *сувсоқ* шөлден шаршаған (Узб.-рус. сл., 1959); хак. *сухсун* шелдеу (Хак.-рус. сл., 1953)].

СУ САЛУ (Гур., Тең.) су құю немесе құйылу. *Жел қатты болса, қайыққа с у с а л ы п тыныштық бермейді* (Гур., Тең.).

СУСАМЫР (Жамб., Мер.) түйе жейтін шөп. Ертедегі түркі жазба өскерткіштерінде *суксумур* суықтан, жолден болатын ауруларға ем болатын өсімдік (кардамон). Түркі тілдеріне үнділерден ауысқан сөз екендігі көрсетілген (ДТС, 1969, 513).

СУСАРЫМСАҚ (МХР) сулы, сайлы жерде өсетін басы сарымсақ төрізді, бүршіктенген өсімдік. *С у с а р ы м с а қ дара-дарада (сайда) өседі* (МХР).

СУСЕК 1. (Кокш.: Щуч., Еңб.; Гур.: Маңғ., Шевч.; Қост.: Об., Жанг.; Сем.: Үрж., Аяг.; Павл., Баян.; Рес., Орын.) қамба, астық сақтайтын орын. *Мына астықты с у с е к т е н алып келді* (Кокш., Еңб.). *Астықты кейде с у с е к к е де құямыз* (Гур., Шевч.). *Біз с у с е к к е бидайды құйып болуға жақындадық* (Қост., Об.). *С у с е к т е н балтаны алып келе гой* (Сем., Үрж.). *Шошаланың с у с е г і н д е бидай тұр* (Павл., Баян.). *С у с е к т і толтырып аванс алып едім өткен жылы* (Орын., Бөр.). *Жанын аямаса да жалғыз атына шыбын қондырмайтын Асекең ірге-дегі с у с е к т е н бір қалбыр ақ сұлыны көсіп алып, ат дорбаға желпіп салды* («Жұлдыз», 1987, №11, 85). 2. (Павл., Ерт.; Кокш., Қ.ту) атқа шөп салатын орын, ақыр, оттық. *С у с е к к е шоп салып қонақтың атын байла* (Павл., Ерт.). *С у с е к т е шоп бар гой, атты байлап қой* (Кокш., Қ.ту). 3. (Қост.: Семиоз., Фед.) ас-су, құрал-сайман қоятын орын. *Әйнеш баласына с у с е к т і ң кілтін алдырып, кешкі асқа сүр ет алды* (Қост., Фед.).

СУ СЕЛКЕ (Шымк., Мақт.) от жағып мақтаны кептіретін үлкен қора. *С у с е л к е биыл бітетін бе еді?* (Шымк., Мақт.).

СУ СЕРПЕР (Қарақ.) киіз үйдің есігіндегі суағар құлақ.

СУ-СӨЛ[1] (Гур., Маңғ.) су-му, су сиякты, т.б. заттар. *С у - с ө л д і білмейтін баялыш деген отқа жағатын шөп болады* (Гур., Маңғ.).

СУ-СӨЛ[2] (Сем.: Көкп., Акс.) лай, батпақ, жауын-шашынды күн. *С у - с о л г е галош киіп жүру керек* (Сем., Көкп.).

СУ СТАҚАН (Гур., Маңғ.; Түрікм., Небид.) шыны стақан.

СУСУ (Гур., Есб.) түсіру, түру. *Иіс, үйдің кигізін с у с ы т* (Гур., Есб.).

[Тунгус-маньчжур тілдерінде *суча* немесе *суджу* босау, түсу, сырғу; кашып кету, тайып отыру (ССТМЯ, II)].

СУ-СУАҢ (Сем.: Кокп., Акс.) ас-су, тамақ. *С у - с у а ң болса, қызметке кірісе беруге болады* (Сем., Көкп.).

СУ СУАРУ (Алм., Талд.) жөр суару, егін суару. *Мен үш рет с у с у а р д ы м* (Алм., Талд.).

СУ СҮТТІ БОЛСЫН (Алм., Еңб. қаз.; Талд., Панф.) егін суарып жатқанда, келген кісі айтатын игі тілегі.

СУСЫЛАН (Қост.: Фед., Семиоз.) бау, бауланған қамыс, тал, т.б. *Қамыстарды с у с ы л а н д а с а қ тасуға оңай* (Қост., Семиоз.).

СУСЫМАҚ (ҚХР) азғантай су. *Бетін қазса, с у с ы м а қ шығады* (ҚХР).

СУ ТАУЫҚ (Қарақ.) тауықтан кішілеу, түсі сүр қасқа күс.

СУ ТӨГЕР (Гур., Маңғ.) қайықтың суын төгетін ыдыс.

СУ ТҰТУ (Қарақ.) суару. *Пахтаның су т ұ т у ы қиын. Жазда с у т ұ т а т ы н адам болмаса болмайды* (Қарақ.).

СУТҰҢКЕ (МХР) жуан ағаш. *Салының бір табағына 10-12 с у т ұ ң к е байлайтынбыз* (МХР).

СУУҒ (Ауғ.; Ир.) суық.

СУ ҮСТАУ (ҚХР) егін суару. *Жалпақ аңыздың аягында жалаң аяқ с у ұ с т а п, қайта өрлегенде қос тоғанның бұзылып қалғанын көрген еді* (Қ. Мүқ., Тай., 27). Қ. су тұту.

СУ ЧЕГУ (Алм., Кег.) су жіберу. *Мен егінге барып с у ч е г е м і н* (Алм., Кег.).

СУ ШӘШКЕ (Қост., Жанг.) стакан. *Менің с у ш ә ш к е м н е н шәй іше гой* (Қост., Жанг.).

СУ ШІГІТ (Қарақ.) қара қоңыр шөп.

СУЫ (Гур.: Маңғ., Шевч.) қонысы, жайлайтын, мекендейтін жері. *Ол жер әу баста біздің нағашыларымыздың с у ы* (Гур., Шевч.).

СУЫ АЛЫНБАҒАН (Гур.: Маңғ., Шевч.) тері алынбаған, жаратылмаған, таң аспаған. *С у ы а л ы н б а ғ а н жүйрік ат ұзаққа шаба алмайды* (Гур., Шевч.).

СУЫ БАСҚА (Гур.: Маңғ.; Шығ. Қаз.: Зайс., Марқ.) жат, танымайтын, ботен (адам). *С у ы б а с қ а жігіттер келді* (Гур., Маңғ.). *С у ы б а с қ а адам көрінесің, қай жердің баласысың* (Шығ. Қаз., Марқ.). *С у ы ң б а с қ а болса да жоғары шық* (Шығ. Қаз., Зайс.).

СУЫ БӨЛЕК (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) ауылы, елі басқа, бөлек. *Ана жігіттердің де с у ы б о л е к қой, ет піскен кезде, оларды да шақырып қой* (Ақт., Ырғ.).

СУЫ ҚАЙТУ (ҚХР) темір аспаптардың жүзі жапырылып, жасып қалуы. *Мынау көпкөрім пышақ еді, қайдағы-жайдағыны кесіп с у ы қ а й т ы п қалыпты* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі.).

СУЫ ҚАНУ (Гур., Маңғ.) шөл қану.

СУЫҚ ЖЕЛ (Алм., Жам.) ауру түрі. *С у ы қ ж е л і ң болса, ыстық-ыстық май шыжғырып ұртта* (Алм., Жам.).

СУЫҚ ҚАСШЫЛ (Жамб., Жам.) қаскүнем. *Әзіз ұлы сықылды с у ы қ қ а с ш ы л қашқындар тез ұсталып, мықтап жаза берілуі керек* («Кол-шы», 1933, №6).

СУЫҚ-САЛАҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Мары, Байр.) салдыр-салақ, салақтық. *Менің кружокқа с у ы қ-с а л а қ қарауым жоқ* (Түрікм., Көнеүр.).

СУЫҚТАУ (Гур., Маңғ.) салқындау, салқын сусын ішу. *Күн ысса гой с у ы қ т а й с ы ң ба?* (Гур., Маңғ.).

СУЫҚТЫҢ МАСАҒЫ ҚАЛҒАНДАЙ (ҚХР) үсік әкетіп бара жатқандай.

СУЫ ҚҰРУ (Тау., Қош.) мысы құру. *Менің қолыма тимей с у ы м қ ұ р ы д ы гой* (Тау., Қош.).

СУЫҚ ҮЙ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр.) сарай. *Жаздың ыстығында с у ы қ ү й д е отырып шай ішу қандай рақат* (Қ.орда, Қарм.).

СУЫН[1] (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Шымк., Макт.) баулап байлаған егін үйіндісі. *Бір с у ы н 50-60 бау болады. Ол он бес с у ы н бау үйді* (Қ.орда, Арал). *Бірінші мақта с у ы н болды* («Соц. ең.», 1941, 65).

СУЫН[2] **1.** (Гур., Маңғ.) ертегілерде айтылатын тұлпар бейнесі. *С у ы н-жылқының бір тиресі* (қ.) (Гур., Маңғ.). **2.** (Гур., Маңғ.) таза тұқымды жүйрік ат, арғымақ. *Әке-шешесі бірдей арғымақ болса, онан туған жылқыны с у ы н деміз* (Гур., Маңғ.).

[Орхон-Енисей жазбаларында *suyun* бұғы мағынасында қолданылған (С. Мал., ПДП, 424); сары ұйғ. *soγun//sυγun* бұғы, марал; тув. *сүүн* марал; алт. *сыгын//сын* марал; як. *сиэгэн* сусардың бір түрі (росомаха); түрікм. *сүгүн* бұғы; хак. *сыын* марал; тоф. *сыын* маралдың еркегі; монғ. *согоо* бұғының ұрғашысы. Осыларға ұқсатудан жүйрік ат бейнесін білдіретін «суын» атауы пайда болса керек (Ә. Нұрм., Жер. тіл. ерекш. төрк., 108)].

СУЫНДАУ **1.** (Ақт., Ырғ.) құрғату, сорғыту. *С у ы н д а ғ а н егін баулары бірнеше жерге жиналды* (Ақт., Ырғ.). **2.** (Ақт., Ырғ.; Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Қарақ.) егін бауының бастарын түйістіріп жинау, үю. *Егінді орып, бауларын бірнеше жерге с у ы н д а п қоямыз* (Ақт., Ырғ.). *С у ы н д а п үйген күріштің басы уаланбайды* (Қ.орда, Жал.). *Баулаған бидайды с у ы н д а п жинаса, көп шашылып төгілмейді* (Қарақ.). **3.** (Рес., Орын.) орған тарыны бауламай бос жиып тастау.

СУЫРҒЫШ (Сем.: Акс., Көкп., Абай, Шүб.; Павл., Ерт.) шөп суыратын құрал. *С у ы р ғ ы ш т ы ң басы тор тоқитын крючек сияқты ілмек болады* (Сем., Шүб.). *Сенде с у ы р ғ ы ш бар ма?* (Сем., Акс.). *Қысты күні шөпті с у ы р ғ ы ш п е н суырады* (Павл., Ерт.). Қ. сүңгуір.

СУЫРДЫҢ АЙҒЫРЫНДАЙ (ҚХР) шегірткенің айғырындай деген мағынада. *Осыдан осылай табысқан жандар дүйде (селода) с у ы р д ы ң а й ғ ы р ы н д а й шөңкілдеп саркістей тісін ырситып келеді* (Қ. Мұқ., Тай.).

СУЫРМА (Гур., Манғ.; Орал, Орда) көшірме. *Ауаткомның қаулысынан с у ы р м а алайын деп келіп едім* (Гур., Манғ.).

СУЫРУ (Шымк., Түлк.; Жамб.: Мер., Қорд., Шу, Жуа., Мойын.; Ақт.: Ырғ., Қараб., Жүр.; Гур., Манғ.; Сем.: Абай, Шүб.; Түрікм., Таш.) астықты желге үшырып тазалау, қызылдау. *Бидайды с у ы р ы п жатыр* (Шымк., Түлк.). *Азғана бидай қалды, с у ы р ы п тастайық* (Жамб., Шу). *Қырмандағы астықты с у ы р ы п, тазалап жөнелтеді* (Ақт., Қараб.). *Үюлі тұрған егінді күрекпен желге с у ы р а м ы з* (Гур., Манғ.). *Олар бүгін бидай с у ы р а т ы н болып келісті* (Сем., Шүб.). *Үйге шөп-шарымен келген бидайды с у ы р ы п, үлкен қаптарға қаптап, ағаш үйге жиып қойдық* (Түрікм., Таш.). **2.** (Гур., Есб.) алу, босатып алу. *Біз ауды ерте тұрып с у ы р а м ы з* (Гур., Есб.). **3.** (Қ.орда, Арал) жел түрып, жер топырағын шаңдату, топырақ борау. *Бүгін жел қатты болды гой, топырақ қатты с у ы р д ы гой* (Қ.орда, Арал).

[Ертедегі түркі сөздіктерінде: *савур* жел соғу, үрлеу (А. Бор., ЛСТ, 257); өзб. *совурмо* желге үшырып тазалау (Узб.-рус. сл., 1959)].

СУЫРЫНДЫ (Жамб.: Тал., Жам.) алайтүлей, сүрапыл, қатты (боран жөнінде). *Өткен жылы мартта с у ы р ы н д ы боран болды* (Жамб., Тал.).

СУЫСТАУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары, Байр.) егін суару. *Мен с у ы с т а п жүр едім* (Түрікм., Тахта).

[Түрікменше *сувламак* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

СУЫТ (Қост., Жанг.) тез, шапшаң, асығыс, шұғыл. *Ол қалаға с у ы т жүріп, барып келді* (Қост., Жанг.).

[Монғол тілінде *шууд* тез, асығыс, тура (Монғ.-каз. сөз., 1954)].

СУ ІЛІГУ (Жамб.: Жам., Св.) су токтау. *Оманның с у ы і л і г і п қапты* (Жамб., Св.).

СУІР (МХР) шарық қайрақты орнататын темір.

СУ ІШЕРЛІГІ БАР АДАМ (ҚХР) ажалы жетпеген. *Осы ретте машина шырғалаңынан аман алып қалыпты, с у і ш е р л і г і б а р болса керек* (ҚХР).

СУ ІШУ (Шымк., Түлк.) жер суару. *Көлеңке бес батпан болғанша с у і ш е м* (Шымк., Түлк.).

СҰБАЛАҚ (Павл., Үрлі.) майға пісірген ортасы тесік нан. *С ұ б а л а қ т ы майға пісіреді* (Павл., Үрлі.).

СҰҒЫМ (Гур., Манғ.) сұғынған. *С ұ ғ ы м жер* (Гур., Манғ.).

СҰЙЫҚАШ (Шымк., Түркіс.) сүйық тамақ, көже. *Бүгін жақсылап тұрып бір с ұ й ы қ а ш істеші* (Шымк., Түркіс.).

СҰЙЫҚ ҚАЛАМПЫР (МХР) ветынам бальзамы.

СҰЙЫҚ ЧЫҒУ (Алм., Шел.) сирек шығу. *Биыл асының чобі с ұ й ы қ ч ы қ т ы* (Алм., Шел.).

СҰҚАЙТ (Алм., Кег.) өтірікші, суайт. *Ол бір жүрген с ұ қ а й т қой* (Алм., Кег.). Қ. сұқит.

СҰҚ ӘРУАҚ (Шымк., Түркіс.) түске киретін әруақтың бір түрі. *С ұ қ ә р у а қ түске кіргенде сұмаңдап есік алдында жамандап тұрады* (Шымк., Түркіс.).

СҰҚБАҚ (Жамб., Жам.) ішінде дәні жоқ асқабақ түрі. *С ұ қ б а қ т а н түрлі ыдыс істеледі* (Жамб., Жам.).

СҰҚИТ (Акт., Ырғ.; Орал, Чап.; Қ.орда, Арал; Гур.) суайт, отірікші, құбылмалы. *Дәулеттің озі бір с ұ қ и т адам, оның сөзі құрсын* (Акт., Ырғ.). *Сізгі не керек, аларсыз, бірақ адамдарды жинамаңыз десе, өзі ішінен түсінеді де бос дәлелдерді айтып, ашуы қайтып, с ұ қ и т т т а н ы п шыға келеді* («К-з жолы», №54, 1939). *Біздің арамызда Жақсылықтан асқан с ұ қ и т жоқ қой* (Гур., Бал.). Қ. сұқайт, сұқит, сұқайт.

СҰҚИТУ (Рес., Сарат.) сіміру, ішу. *Мен қақпалап қойып, өздері с ұ қ и т ы п отыр* (Рес., Сарат.).

СҰҚ ҚОЛ (МХР) бүркіттің бірінші саусағы.

СҰҚ ҚЫЛУ (Қост., Жанг.) сұқтану. *Бала, қозыға соншама ие с ұ қ қ ы л а с ы з* (Қост., Жанг.).

СҰҚПА (Орал, Чап.) есікті бекіту үшін жұмсалатын ағаш, есікті ішінен бекітетін ілгек. *Ол маған с ұ қ п а н ы ала жүгірді* (Орал, Чап.). *Есікті ішке қарай итеріп еді, бірақ кілтті ме, әлде іштен с ұ қ п а салынған ба, байқап болар емес* (Х. Есен., Ақ Жай., 17). Қ. ілек[3], ілгіш[1].

СҰҚПА ШОТ (Шымк., Түлк.) шапа шот. *С ұ қ п а ш о т т ы ң сабы түсіп қалыпты* (Шымк., Түлк.).

[Монғол тілінде *сух* балта (Монғ.-қаз. сөз., 1954)].

СҰҚСҰР (Гур., Маңғ.) жаман, түрпайы. *Создің с ұ қ с ұ р ы* (Гур., Маңғ.).

[Өзбек тілінде *сухсур* келбетті, ажарлы (Узб.-рус. сл., 1959)].

СҰҚ ТҰСКЕН (Орал, Орда) коз тиген, коздің сұғы откен.

СҰҚЫТ (Сем.: Абай, Шүб.) кейіп, сиық. *Не тұр, не с ұ қ ы т жоқ жаман қыздарды корғенде, прямо ішің күйеді* (М. Мағ., Кок кеп., 76). Қ. сықпыт.

СҰЛАМА (Қост.: Фед., Семиоз.) карт әйелдер киетін кимешек пен жаулық түрінің атауы. *Жайып қойған с ұ л а м а н ы ң шетін бұзау шайнап кетіпті* (Қост., Фед.).

СҰЛАМА ӨРКЕШ (МХР) түйенің тік түрған семіз оркеші.

СҰЛАЮ (Алм., Шел.) сұлау, сұлап жата кету. *Итім чікіттенді ме, әйтеуір с ұ л а й ы п жата кетті* (Алм., Шел.).

СҰЛБА (Гур., Маңғ.) жоба. *Бір сөздің с ұ л б а с ы н айтып ет, тұк түсінбедім* (Гур., Маңғ.). *Оның сын бұкіл қазақ күйлерінен әлдекалай құлағында қалған «Соқыр Есжанның» с ұ л б а с ы н а салады* (Ж. Нәжім., Кішк., 181).

СҰЛБАЛАУ (Гур.: Маңғ., Бақс.) жобалау. *Анық білмесе де, с ұ л б а л а п айта береді* (Гур., Маңғ.). *Бірдеңені жазу үшін әуелі план құрып, с ұ л б а л а п алу керек* (Гур., Бақс.).

СҰЛҚЫЙТУ (Қ.орда, Тер.) сылқиту.

СҰЛҚЫН БАСУ (Гур., Есб.) жаяу жол жүріп келіп дем алу. *Қаладан келіп с ұ л қ ы м д ы б а с ы п отырганда Өбет келді* (Гур., Есб.).

СҰЛУЛАТУ (Алм.; Талд.) піштіру, кестіру. *Атыңды с ұ л у л а т ы п алдың ба?* (Талд.).

СҰЛУТАБАҚ (Шымк., Түркіс.) келген кісіге ет асып, ас салмай-ақ, дастарханды жылтыратып, әдемілеп жеңіл-желпі тамақ беріп, шығарып салу.

СҰЛУ ТОРЫ АТ БОЛУ (Түрікм., Таш.) сыпайысыну. *Өзінше, бүгін с ұ л у т о р ы а т б о л а қалыпты гой* (Түрікм., Таш.).

СҰЛЫҚ (Гур., Мақат) суармалы. *25 га с ұ л ы қ егісті де уақытында аяқтады* («Соц. Эмба», 21.04.1939, №31).

СҰЛЫ ТҰСУ (Павл., Ерт.) ат аяғының ауруы (жем түсу). *Аттың аяғына с ұ л ы т ұ с т і* (Павл., Ерт.).

СҰМҒҰЛА (Гур., Маңғ.) сұм, арам ниет, сұмдықты тез сезетін адам. *Шамғұл с ұ м г ы л а адам гой. Өл арамдықты тез сезеді, өзіңнен бұрын ойлайды* (Гур., Маңғ.). *Жігіттің тұнде жүретін с ұ м г ұ л а с ы, Жылқының берік болат сұрқұласы* (А. Алда., Еңбек, М.).

СҰМДЫҚ (Қар., Ж.арқа) өтө, аса мәнді. *С ұ м д ы қ ұлкен екен* (Қар., Ж.арқа).

СҰМЛЫҚ (Қарақ.) сұмдық.

СҰМЫН (МХР) Монғолиядағы аймақтан кейінгі әкімшілік-аумақтық бөлік, ауданмен шамалас. *Өткен жылы жемшоп дайындау жәнінде с ұ м ы н н а н жарияланған жұлдені табындардың 40 процентi орындап, бірлестіктен жем-шоп алмаған* («Ж. өмір», 30.07.1985). *1940 жылы Баян-Өлгий аймағы Ховд аймағынан бөлініп орнаганда 10 с ұ м ы н, 71 бақ, 8 мың үй, 30 мыңнан астам адам бар еді* (И. Хаб., Монг. қаз. тар., 197). *Мекемедер овощ өсіруді әжептәуір өсірсе, с ұ м ы н орталығындағы ауыл-үйлердің бірқыдыруы мал азығы үшін басқадай осімдіктер егуді өрістетті* («Ж. өмір», 7.11.1985).

СҰМЫН-БІРЛЕСТІК (МХР) аудан, колхоз. *С ұ м ы н-б і р л е с т і г і м і з 183 гектарга тұқым септі* («Ж. өмір», 7.11.1985). *Пленумның шешімін жүзеге асыруға орай с ұ м ы н б і р л е с т і к т е р д е май дайындайтын 12 завод, 43 сүт бөлімшесі жұмыстап, барлығы 6809 сиыр сауынга қамтылды* («Ж. өмір», 7.11.1985).

СҰМЫНДЫҚ (МХР) аудандық. *Бұл Буянт с ұ м ы н д ы қ «Нармандах» бірлестігінің №2 бригадасының жайлауы Қорымдық дарасы болатын* («Ж. өмір», 7.11.1985).

СҰМЫН-ҚАЗЫНА (МХР) аудан, совхоз. *Баяннуур с ұ м ы н-қ а з ы н а шаруашылығы орталығында жуықта әйелдер жиыны өткізілді* («Ж. өмір», 7.11.1985).

СҰНАҚТЫ[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж.) тәжірибелі, көргені көп. *Болашақты с ұ н а қ т ы адамдар болжайды гой* (Түрікм., Көнеүр.).

[Арабша *сунуг* колынан іс келетін шебер, өнерлі (Ар.-рус. сл., 1970, 564)].

СҰНАҚТЫ[2] (Гур., Маңғ.) ұқыпты. *Мұндай іске с ұ н а қ т ы емеспін* (Гур., Маңғ.).

СҰҢҒҰЛА[1] 1. (Шымк.: Сайр., Түлк.; Жамб.: Мер., Шу, Луг.) егіс арасына шығатын арам шоп. *Кеше с ұ ң г ұ л а жұлуга мектеп балалары шығарылды* (Шымк., Сайр.). *С ұ ң г ұ л а шықса, өсімдіктерді өлтіріп жібереді* (Жамб., Шу).

СҰҢҒҰЛА[2] (Жамб.: Мер., Қорд., Шу; Алм.: Шел., Еңб. қаз., Гв.) коп білетін, әр нәрседен хабары бар адам. *Әкем с ұ ң г ұ л а еді, коп әңгімені со кісіден естідім* (Жамб., Мер.).

Маңдайда көзі болмаса да көкірегінде көрген көзі бар, с ұ ң г ұ л а шешен, жырау еді гой (Ғ. Сл., Домб., 14).

[Маньчжур тілінде *суңгэн* ақылды (ССТМЯ, II)].

СҰҢҒЫТ (Шымк.: Арыс, Тұлк.) сұмырай, сұмпай. *Талқандадық сол дұшпанды Өміріне қолын сұққан Арам ойлы с ұ ң г ы т т а р д ы Ұлы Отанда жүрген бұққан* («Соц. жол», 1940, №3).

СҰҢҚЫ (Қост., Жанг.) мауқы. *Сағынып келгенде с ұ ң қ ы ң басылды ма?* (Қост., Жанг.).

СҰПЫ[1] (Орал, Казт.; Гур., Маңғ.; Сем.: Аяг., Абай, Шұб.; Рес., Астр.; Ауғ.; Ир.) сопы. *Ол с ұ п ы кісі еді* (Орал, Казт.). *С ұ п ы бар болса, берер еді ет пен шайын, жоқ болса, қайдан тапсын маған шайын, Қонақтан ығыр болып тұрған болса, Сұпыекең неге айтпайды маған келіп өзі жайын* (Қашаған). *Елемес тентек су, темекі, қарта жағына с ұ п ы* (Ә. Кекіл., Құс қан., 10). *Атамыздың там-тұм с ұ п ы л ы г ы болған* (Рес., Астр.).

СҰПЫ[2] (Шығ. Қаз., Больш.) түрі, реңі, ажары. *Оның с ұ п ы, жөнсал екен, денсаулығы қалай?* (Шығ. Қаз., Больш.).

СҰПЫ КЕТУ (Тау., Қош.) мәні, мәнісі кету. *Қазір бұл жұмыстың с ұ п ы к е т і п қалды гой* (Тау., Қош.).

СҰПЫЛАУ (Қ.орда: Сыр., Жал.) топырағы шашырамау үшін қабір сыртын сылау. *Бұл жердің қабірі с ұ п ы л а н д ы, ұйткені қатты жел үнемі болып тұрады* (Қ.орда, Сыр.).

[Өзбекше *супа* биіктен салынған ірге тас (постамент) (Узб.-рус. сл., 1959); ар. *суффет* тастан жасалған биік орын (Ар.-рус. сл., 1, 1970, 554)].

СҰПЫТ (Рес., Волг.) сұр, тұр. *Сен не с ұ п ы т ы ң м е н бармақсың ол жерге?* (Рес., Волг.). Қ. сұрпат, сұдін.

СҰПЫ ТАМ (Жезқ.: Ұлы., Ағад.; Қост., Жанг.) мола үстіне кірпіштен салынған ескерткіш. *С ұ п ы т а м алыстан көрініп тұрды. Кей қыстарда соған қонып қалып жүрдік* (Жезқ., Ұлы.). *Күсептің с ұ п ы т а м ы н ы ң басында түйелер жатыр, тез барып айдап кел* (Қост., Жанг.).

СҰПЫТЫ КЕТУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) есі кету, мазасы кету, сұры кету, ұскыны кету. *С ұ п ы т ы м ы з д ы к е т і р д і* (Шығ. Қаз., Больш.). *Құл ашаң басқан қаланың с ұ п ы т ы Шалақтамнан да жүдеу еді* («Жұлдыз», 1987, №11, 80).

СҰР (Гур., Маңғ.) сұм. *Өзі с ұ р адам-ау* (Гур., Маңғ.).

СҰРАБДАЛ (ҚХР) ізденгіш, әр нәрсені білуге құмар адам.

СҰРАЙЫЛ (Қ.орда, Қарм.) асқабақ. *Қауағы* (қ.) *с ұ р а й ы л деп те айта береміз* (Қ.орда, Қарм.).

СҰРАҚСЫЗ (Алм., Жам.) сұраусыз. *С ұ р а қ с ы з атымды мінуің ұят, жігітім* (Алм., Жам.).

СҰРАҚЫ (Орал: Казт., Орда; Гур.: Маңғ., Есб.; Қ.орда, Қаз.) сорақы. *Айтпай кетуге болмайды, тағы бір с ұ р а қ ы л ы қ сол, колхозшы әйелдердің терген келдегін жинап алмай, желге ұшырып жіберіп, қайтадан теріге қосып отыр* («К-з жолы», 17.01.1937, №3).

СҰРАМ БЕРМЕУ (Ақт., Шалқ.; Алм., Шел.) бағынбау, конбеу. *Ертеде Жанқожа патшаға с ұ р а м б е р м е й, қарсы тұрыпты* (Ақт., Шалқ.).

СҰРАМЖАЛ (Гур., Маңғ.) сұраншақ. *Қылғынған бір с ұ р а м ж а л кісі екен, осы ұйімнен еміздіктеніп кетпей қойды* (Гур., Маңғ.).

СҰРАМСАЛ (Гур., Маңғ.) сұраншақ.

СҰРАМТАЛ (Қарақ.) сұрап-біліп үйренуге құштар адам.

СҰРАПАТТЫ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) реңді, корікті, ажарлы. *Ол с ұ р а п а т т ы кісі болу керек* (Тау., Қош.).

СҰРАП ТҰРУ (Жамб.: Жам., Луг.) билеп тұру. *Сойтсе ол Түркістанда «с ұ р а п т ұ р ған» әйгілі Рысқұловтың туысы екен* (Ш. Мұрт., Жұлд. көп., 46).

СҰРАПЫЛ (Павл., Ерт.) оте, тіпті, орасан. *Мен бүгін қымызды с ұ р а п ы л іштім. Бүгін күн с ұ р а п ы л ыстық* (Павл., Ерт.).

СҰРАС (Тау., Қош.) әкесі белгісіз бала.

[Бұл сөз алтай тілінде *сұрас* (Ойр.-рус. сл., 1947, 132)].

СҰРАУ (Жамб.: Сар., Тал., Шу, Мер., Луг., Қорд.; Алм.: Жам., Кег.; Шымк., Тұлк.; Түркім., Таш.) билеу, басқару. *Досымның қатыны с ұ р а й д ы* (Жамб., Сар.). *Сол байдың баласы болыс болып с ұ р а ған екен осы арада ұзақ жылдар* (Алм., Жам.). *Чәбден бірнеше жыл ел с ұ р а д ы* (Жамб., Қорд.). *Ол кісі қатарынан төрт рет болыс сайланып, осы елді с ұ р а п отырған* (Түркім., Таш.).

СҰРАУ ҚАЛЫНУ (Түркім.: Ашх., Гяу., Тедж., Мары, Байр.) сұрақты тоқтату. *С ұ р а у қ а л ы н с ы н дегендерің қол көтерің* (Түркім., Тедж.).

СҰРАШЫҢ (Орал, Казт.) сұрашы. *Сұпыга өлең айту жарай ма екен, Молдадан жібі тұзу с ұ р а ш ы ң-а й* (Орал, Казт.).

СҰРБОЙЛАҚ (МХР) сұрбойдақ. *Е-е, енді мені с ұ р б о й л а қ сорлының қырық парша*

құркесіне кіргізбек екенсің гой! (С. Мағ., Сұмбіле, 103).

СҰРҒАЮ (Гур., Маңғ.) сұрлану. *Аптап тұрған осы күн нені қоюшы еді, Өмірберді қорасының ойындағы шөптер де с ұ р ғ а й ы п көрінетін еңгезердей шал тұра қалды* (Ә. Кекіл., Құс кан., 225).

СҰР КИІК (Павл., Ұрлі.) иттің қасқыр алатын бір түрі. *С ұ р к и і к қасқыр алатын иттің сырттаны* (Павл., Үрлі.).

СҰРҚЫ (Сем.: Абай, Шұб., Аяг.) сұры. *С ұ р қ ы н а қарағанда ол бермес* (Сем., Аяг.).

СҰРҚЫ КЕТУ (Сем., Аяг.) сұры кету.

СҰРҚЫЛ (Гур., Маңғ.) шешен, айтқыш.

СҰРҚЫЛТ (Орал, Казт.) сұрғылт. *Сен бүгін неге с ұ р қ ы л т т а у с ы ң?* (Орал, Казт.).

СҰРҚЫЛТАЙ (Гур., Маңғ.) жаман. *Шырақ, создің с ұ р қ ы л т а й ы н естимін десең, мына кемпірлермен сойлес* (Гур., Маңғ.).

СҰР-МҰР (Кокш.: Щуч., Еңб.) анау-мынау. *Маган сенің с ұ р-м ұ р ы ң н ы ң керегі жоқ* (Көкш., Щуч.).

СҰРПА (Ауғ.; Ир.) сорпа.

СҰРПАТ (Жамб., Қорд.) түрпат. *Ұн тарттырып ек, с ұ р п а т ы м ы з немене болып кетті* (Жамб., Қорд.). Қ. сұқыт, сүдін.

СҰР ТАҢДАЙ (Қост., Жанг.) асқан шешен. *Нагыз с ұ р т а ң д а й д ы ң бірісің гой* (Қост., Жанг.).

СҰР ТЫШҚАН (МХР) үй тышқаны.

СҰРҰҚЧҰ//СҰРЫҚШЫ (МХР) үйретуші, кеңесші. *Джұқан деген қазақ с ұ р ұ қ ч ұ келді* (МХР).

[Монғолша *сургагч* үйретуші, нүсқау беруші (Монғ.-қаз. соз., 1954, 165)].

СҰР ШОЛАҢ (Павл., Троф.) кішкене көк тышқан. *С ұ р ш о л а ң егіннің тамырын жеп қоректенеді* (Павл., Троф.).

СҰРЫҚСЫЗ (Сем.: Абай, Шұб.) ұсқынсыз, түрсіз. *Мынау да бір с ұ р ы қ с ы з нәрсе екен* (Сем., Шұб.).

СҰРЫҚШЫ Қ. сұрұқчұ.

СҰРЫНА ҚАРАЙ (Алм., Кег.) жағдайына қарау, бағытына қарай. *Қыстың с ұ р ы н а қ а р а й, малдың чөбінің мол болганы жақсы болды* (Алм., Кег.).

СҰРЫП (Жамб.: Луг., Шу) бөзден қалыңырақ, сұрғылттау келген мата. *С ұ р ы п т а н көйлек, дамбал тігілді* (Жамб., Луг.).

СҰС (Қ.орда, Сыр.) жақсы, қонымды, лайық. *Мына костюм маган с ұ с екен* (Қ.орда, Сыр.).

СҰС ЖОҚ (Қост., Об.) тұр жоқ, кейіп жоқ. *Жиналып отырган адамдар с ұ с ж о қ* (Қост., Об.).

СҰСЫ КЕТУ (Гур., Маңғ.) реңі келмеу, түсі келмеу, жүдеу.

СҰТТАУ (Тау., Қош.) соттау.

СҰБЕЛЕУ[1] (Қост.: Аман., Жанг.; Көкш.: Щуч., Еңб.) сөз бермей қабаттаса, жарыса сөйлеу. *Сен с ұ б е л е м е й жай отыр* (Қост., Аман.).

СҰБЕЛЕУ[2] (Гур., Маңғ.) мазалау, мазасын алу. *Әй, сен өзің с ұ б е л е м е й қоя тұршы* (Гур., Маңғ.).

СҰБІЛӘ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) жоба, кескін. *Оның с ұ б і л ә с і келсе болды* (Қ.орда, Арал).

СҰГЕН (Қ.орда: Қарм., Сыр., Жал.; Қарақ.) тұмсығы ұзын, жіңішке, дарияда болатын балық түрі. *С ұ г е и н і ң еті жеуге қолайсыз* (Қ.орда, Қарм.). *Кепкен с ұ г е н оте дәмді болады* (Қарақ.).

СҰГЕН АУ (Қ.орда: Арал, Қарм.) ұзындығы 10-12 метр, кезінің кіндігі 80 мм болып келетін аудың бір түрі. Сүген сияқты ірі балықтар түседі.

СҰГҰТ (Алм.: Кег., Нар.) өсек, жамандау, сөгіс. *Осынша жасқа келгенше ешкімге с ұ г ұ т айтып көргенім жоқ* (Алм., Кег.).

СҰГІРЕТ (Сем.: Аяг., Көкп., Абай, Шұб.; Қ.орда, Арал; Қост., Арқ.; Рес., Орын.) сурет. *Кітаптың с ұ г і р е т і әдемі екен* (Сем., Көкп.). *Ана ілулі тұрган Маркстің с ұ г і р е т і гой* (Қ.орда, Арал). *Балаларга қызықты с ұ г і р е т кітабы бар екен?* (Орын., Бөр.). *Тыңдасаң естіледі бір терең сыр. С ұ г і р е т і өткендердің алдымда тұр* (И. Байз., Таңд., 117). *Өтебайдың боталары мен құлындары с ұ г і р е т сияқты* («К-з жолы»). *Содан былай Калинин жолдастың с ұ г і р е т і н қай жерде кездестірсе де Тасмаганбет күлімсірей қарап тұрады* (Б. Майл., Шығ., IV, 259).

СҰДІГЕР (Жамб.: Шу, Мер., Қорд., Луг.; Алм., Шел.; Шымк.: Тұлк., Сайр.; Ауғ.; Ир.) жыртылған жер (Орысша *пар, зябь*). *Екінші бригада с ұ д і г е р айдап жатыр* (Жамб., Шу). *Колхоз кәзір с ұ д і г е р айдап жатыр* (Алм., Шел.). *Өткен жылы екі жүз гектар с ұ д і г е р айдадық. Күзден жыртылып қалган с ұ д і г е р жерлер 5 мартқа дейін тырмаланып болсын* (Шымк., Сайр.). *Былтыргы 2 с ұ д і г е р д і ң үстіне биыл сары гүл қаптап кетіпті* (Ш. Мүрт., Иит. наны, 50).

[Өзбекше *шудгор* жыртылған жер (Узб.-рус. сл., 1959)].

СҰДІН (Орал: Жән., Чап.; Қ.орда, Арал; Түркім.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Көнеүр., Тедж.; Рес., Волг.) тұр, кескін, кейіп. *Мына*

кісінің с ү д і н і суық екен (Орал, Чап.). *Қабдыр ауру ма, с ү д і н і нашар екен* (Орал, Жән.). *С ү д і н і н е болайын, самсық* (қ.) *екен* (Түрікм., Ашх.). *С ү д і н і келмегенге сүйкенбе* (Мақал). *Остаптың бүгінгі жексұрын с ү д і н і тағы көз алдына келді* (Х. Есенж., Ақ Жай., 48). *Петька деген біздің бір кісінің келмеген, с ү д і н с і з д е у жолдасымыз темір пешке шабынып отырып, су киімін кептіріп жатыр деп жазып қой* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 8). – *Ой, с ү д і н і ң құрсын, Қаратаздың жылқысы бәріңе жетеді* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 244). *Мына адамда с ү д і н жоқ қой* (Рес., Волг.). Қ. сұқыт, сұпы[2], сұпыт, сүдін, сықпыт.

СҮДІР (Гур., Маңғ.) түйенің етін бұрын осылай атаған.

СҮДІРЕЛУ (Өзб., Ташк.) сүйретілу, сүйрелу. *С ү д і р е л і п журсем де біреуге қолымды жаймадым* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше *судралмоқ* (Узб.-рус. сл., 1959)].

СҮЖІК (Қарақ.) шүжық.

СҮЗ (Ауғ.; Ир.) сөз.

СҮЗБЕ (Гур., Маңғ.) сүзекі, балық аулайтын қалта.

СҮЗБЕ ҚҰРТ (Жамб., Шу; Қост.: Фед., Семиоз.; Рес., Орын.) қапқа салып сүзіп алынған, қайнатпай жасалған құрт. *Бір қарын с ү з б е қ ұ р т берейін, маған бір етік жасап бер* (Жамб., Шу). *С ү з б е қ ұ р т т ы ң қызығын сорпаға қоссаң білесің* (Қост., Фед.).

СҮЗБЕ НАН (Жамб., Луг.) қамырды жайып, кесіп қайнатады да біраз қайнаған соң сүзіп алып, үстіне май құяды.

СҮЗБЕ ПАЛАУ (Ауғ.; Ир.) палаудың түрі.

СҮЗГІ[1] (Гур.: Маңғ., Есб.) балық сүзіп алатын ыдыс. *С ү з г і м і з агаш сапты темір шеңбер* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 37).

СҮЗГІ[2] **1.** (Шымк.: Түлк., Сайр.) тесік ожау, шолпы. *С ү з г і нан пісіруге қолданылады* (Шымк., Сайр.). **2.** (Гур., Есб.) шәйнектен шайды кесеге құйғанда саманы (қ.) үстап қалатын сүзгіш құрал. *Біздер с ү з г і болмаса, шай іше алмаймыз* (Гур., Есб.).

СҮЗГІ[3] Қ. *чәулі*.

СҮЗГІ АУ (Шығ. Қаз., Күрш.) балық аулайтын тор көз ау. *С ү з г і а у д а н балық алдық* (Шығ. Қаз., Күрш.). **2.** (Қост.) үлкен ау. *Олар с ү з г і н і атпен тартады* («Ком. туы», 11.07.1965).

СҮЗГІ ҚАЙЫҚ (Шығ. Қаз., Күрш.) суға сүзгі салатын үлкен қайық. *С ү з г і қ а й ы қ қ а міндік* (Шығ. Қаз., Күрш.).

СҮЗГІ ОРАМАЛ (Қар., Қарқ.) сүлгі, бетқол сүртетін орамал. *Абдильдин бір малақай, бір биалай, бір с ү з г і о р а м а л берді* (Қар., Қарқ.).

СҮЗГІШ (Қост.) балықты алып тұрушы.

СҮЗЕКІ[1] (Гур., Есб.; Қ.орда, Арал; Жезқ.: Ұлы., Балқ.; Ақт.: Шалқ., Ырғ.; Қост., Торғ.) балық сүзіп алатын ау, қап. *С ү з е к і н і суға бір салып откенде бір күн жейтін тамақ болушы еді* (Гур., Есб.). *Мендегі с ү з е к і енді іске аспайды* (Қ.орда, Арал). *Қазір с ү з е к і г е балық көп түспей тұр* (Жезқ., Ұлы.). *Еңбегіміз еш кетпес үшін балықтың топталып жүрген жерін барлап, біліп, с ү з е к і тартуды дағдыға айналдырдық* («Жетісу», 11.07.1965). *Бір қора балықты с ү з е к і м е н бес рет алып шықтым* (Қост., Торғ.). *Избенбеков бастаған звенолар с ү з е к і н і тартқан сайын табысты болуда* («Балқ. бал-сы», 1937, №50).

СҮЗЕКІ[2] **1.** (Ақт.: Тем., Ырғ., Жүр.; Орал: Чап., Жымп.; Рес., Орын.) тесік ожау. *Еттің нанын с ү з е к і м е н сүзіп алады* (Ақт., Тем.). **2.** (Ақт.: Тем., Ырғ., Шалқ.) сүт сүзетін кішкене елек. *Қой сауғанда шелекке с ү з е к і саламыз* (Ақт., Шалқ.). *С ү з е к і д е н отпеген сүт қой* (Ақт., Ырғ.).

СҮЗЕУІК (Қарақ.) бульдозер.

СҮЗУ[1] (Жамб., Жуа.; Шымк., Лен.) сарқу, саркып күю. *Болдыңыз ба? Тағы қымызды с ү з е м і з бе?* (Шымк., Лен.).

СҮЗУ[2] (Павл., Троф.) аралау. *Шоқының батыс жағынан кіріп, с ү з і п шықтым* (Павл., Троф.).

СҮЗУ[3] (Ауғ.; Ир.) қию. *Уәләйат аялдары Ирһанда чадр с ү з е д і* (Ир.).

СҮЙЕК (Сем.: Үрж., Мақ.) қарбыздың дәні. *Қарбыздың кейбіреуінің с ү й е г і сары болады* (Сем., Үрж.).

СҮЙЕК АУРУ (Жамб., Шу) сүйектің ісіп кебетін ауру түрі.

СҮЙЕК ҚАС (Шымк.: Шәу., Қызылқ.) тұқымымен қас. *Бұлар бұрыннан с ү й е к қ а с болған адамдар екен* (Шымк., Қызылқ.).

СҮЙЕК ТАСУ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Жал.; Ақт.: Ырғ., Қараб.; Жамб., Қорд.; Алм., Жам.; Қарақ., Мой.; Түрікм., Көнеүр.) адамның сүйегі, буын-буыны сырқырап ауру. *С ү й е к т а с у ауруын байқасымен дәрігерге көрінү керек* (Қ.орда, Сыр.). *Оның аягы с ү й е к тасуд а н қисық болды* (Ақт., Ырғ.). *Екі жылдай болды, бір балам с ү й е к т а с у ауруымен ауырып жүр* (Ақт., Қараб.). *С ү й е к т а с ы г а н адам дәрігерге барып емделеді* (Алм., Жам.). *Үш жылдан бері ол с ү й е к т а с у болып ауырып жүр* (Қарақ., Мой.).

СҮЙЕКТЕС[1] (Орал, Орда) шөбереден туған бала – шопшек.

СҮЙЕКТЕС[2] (Орал, Орда) немереден арғы туыстар. *Менің с ұ й е к т е с т е р і м н і ң бәрі осы колхозда* (Орал, Орда).

СҮЙЕК ҰАҒУ (МХР) аяққа суық өту (ревматизм). *Түнде с ұ й е к ұ а ғ ы п ұйықтамай шықтым* (МХР).

СҮЙЕК ҮЛЫСЫ (Тәж.) руы.

СҮЙЕК-ШАТЫС (Павл., Ерт.; Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шұб.) жекжат, қыз алып, қыз беріскен құда. *Кәрім Ертаймен с ұ й е к - ш а т ы с жерлері болуы мүмкін* (Павл., Ерт.). *Ол үйге с ұ й е к - ш а т ы с ы қой алып келіп сойыпты* (Сем., Шұб.).

СҮЙЕЛ (Талд., Панф.) қой мен қозының аузына шығатын жара.

СҮЙЕН (Ақт., Жұр.; Рес., Орын.) бел ағаш үстіне салатын ұсақ, жіңішке ағаштар. *С ұ й е н г е жарайтын ағаштар толып жатыр* (Орын., Бөр.).

СҮЙКЕМЕ (Алм., Нар.) арыз. *Менің әкем с ұ й к е м е н і жақсы біледі* (Алм., Нар.).

СҮЙКЕУ (Рес., Қалм.) ұру, соғу. *С ұ й к е п алса өлгелі тұр өзі де!* (Рес., Қалм.).

СҮЙМЕН (Көкш., Қ.ту; Қост., Торғ.) жер қазатын не мұз бұзатын құрал. *Қыста Жөкей колінен балық аулағанда с ұ й м е н м е н мұз ояды* (Кокш., Қ.ту). *С ұ й м е н дегеніміз бір басы жұмыр ағашқа сапталған, екінші басы ұшкір, ұзындығы құлашқа жуық, жуан қырлы темір* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 37).

СҮЙРЕТКІ[1] **1.** (Талд.: Ақсу, Гв., Қоғ.; Шығ. Қаз.: Күрш., Марқ., Тарб., Зайс.; Көкш., Еңб.; Гур., Есб.) шыбықтан жасалған егін, шөп, т. б. таситын құрал. *Мынау с ұ й р е т к і г е екі өгіз жегіп тасимыз* (Талд., Қоғ.). *Бұрын кедейлер шөбін с ұ й р е т к і м е н тасушы еді, осы с ұ й р е т к і н і отын салуға ғана пайдаланады* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Егінді с ұ й р е т к і м е н тасып үйіңдер, сырмамен тасып ұюге болмайды* (Көкш., Еңб.). *Сіздерде с ұ й р е т к і бар ма?* (Гур., Есб.). **2.** (Шығ. Қаз., Күрш.) өгіздің үстіне салып жүк таситын ағаш. *Біздің с ұ й р е т к і н і кім алған* (Шығ. Қаз., Күрш.).

СҮЙРЕТКІ[2] (Гур., Маңғ.) кеме тоқтататын салмақты тілді темір.

СҮЙРЕТПЕ[1] (Кокш.: Щуч., Еңб.; Павл., Ерт.) қымыз құятын теріден істелген үлкен ыдыс. *Қымызды с ұ й р е т п е д е сақтайды* (Павл., Ерт.). *Үйдің босағасындағы жуан ағаш қазыққа байланған бір үлкен қара с ұ й р е т п е тағы да иіндеп, лықылдап тұр* (С. Мұқ., Таңд. шығ., III, 75).

СҮЙРЕТПЕ[2] (Талд., Қоғ.) сабан тасығыш. *Молотелкеден шыққан бидайдың сабанын с ұ й р е т п е м е н тасиды* (Талд., Қоғ.). **2.** (Орал, Жән.) тырма. *Шөпті жинауға қажетті с ұ й р е т п е л е р дайын болсын* (Орал, Жән.).

СҮЙРЕТПЕ[3] (Шымк., Түркіс.) аяқ киім, үйге киетін тәпішке. *С ұ й р е т п е н і аягына іле салып кетті-ау* (Шымк., Түркіс.).

СҮЙРЕТПЕ ТОРСЫҚ (Көкш.: Қ.ту, Щуч.) местің үлкені. *Айран көп болса, с ұ й р е т п е т о р с ы қ қ а құй* (Көкш., Қ.ту).

СҮЙРІК[1] (Түркім.: Красн., Қиян., Бөкд.) балықтың бір түрі.

СҮЙРІК[2] (Қ.орда, Арал) суда, саз жерде өсетін өсімдіктердің жер астындағы ақ сабағы. *Сізбен кездесе бердік-ау, деп, Мариям күлімсіреген күйі с ұ й р і к т е й нәзік саусағын созды* (Б. Майл., Шығ., V, 7).

СҮЙІКЛІ (Сем.: Абай, Шұб.; Шығ. Қаз., Күрш.) сүйікті. *Сен еліңе с ұ й і к л і м і с і ң?* (Шығ. Қаз., Күрш.).

СҮЙІНДІК ЕР (Көкш., Қ.ту) қапталы үлкен, алды-арты қайқы, ортасы дөң келген ер. *С ұ й і н д і к е р атқа жайлы болады* (Кокш., Қ.ту).

СҰКЕН БАУ (Орал, Орда) қамыттың тамақ бауы. *Арбаны тоқтатыңыз, қамыттың с ұ к е н б а у ы шешіліп кетіпті* (Орал, Орда).

СҰКІР (Шығ. Қаз., Больш.; МХР) шүкір. *Аман жоқ, с ұ к і р жоқ* (Шығ. Қаз., Болып.).

СҰКІТУ (Орал, Орда) зымырату, машинаны қатты айдау.

СҰЛЕ (МХР) ақырын, жай, сүлесоқ. *Қабайдың сәлеміне с ұ л е жауап қайтарып, не деп жауап бергенін өзі де аңғармай қалды* (М. Құрман., 214). *С ұ л е ғана айтасың ғой, азсынамысың бұл табысты?* (М. Құрман., 62).

СҰЛЕКТЕС (Алм., Қарат.; Қар., Нұра) ымы-жымы бір, ниеттес, кәсібі бір. *Олар бір-бірімен с ұ л е к т е с адамдар* (Қар., Нұра).

СҰЛЕЛЕУ (Гур., Маңғ.) шаршау. *Өздері де әбден с ұ л е л е д і білем, кеше таңертең біреуі: «Темақа, бүгін түске шейін жатып, тыныққақ қайтеді?» – деді* (Ж. Нәжім., Ақ шағ., 159).

СҰЛЕСЕ (Гур., Маңғ.) сыпыратын сыпырғыш.

СҰЛЕСОҚ (Жезқ., Ұлы.) ауру да емес, сау да емес (енжар). *Нұртаза с ұ л е с о қ жігіт* (Жезқ., Ұлы.).

[Монғол тілінде *сул* нашар, жаман, әлсіз, бос (Моңғ.-қаз. сөз., 1954)].

СҰЛКІН ТҮСУ (МХР; ҚХР) ұнжырғасы, еңсесі түсу. *Үйден жүгіре шыққан Балдан біраздан кейін с ұ л к і н і т ұ с і п, қайта оралған соң, Қотырақ ағам аттанып кетіпті* (С. Тәу., Ақыр Жән., 344). *Көңіл күйі жабырқау,*

с ұ л к і н і т ұ с к е н ол ешкіммен де тіл қатысқан жоқ, тура өндіріс ішін аралап кетті (А. А., Сүй. мен., 106). *Неге екені белгісіз, оның бүгін с ұ л к і н і т ұ с і п жүр* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз тілі.).

СҮЛІ[1] (Қарақ.) күздік бидайдың қалған түбінен келесі жылы шығатын өнім.

СҮЛІ[2] (Гур.: Шевч., Маңғ.; Павл., Ерт.; Шымк., Түлк.) сұлы. *С ұ л і н і ң гектарынан 5 центнерден аламыз* (Шымк., Түлк.). *Комбайын бүгін 20 гектар с ұ л і орды* (Павл., Ерт.) – *Ат қайғысын кім ашар? – Жал құйрығын тараған С ұ л і менен сүт беріп, Күгіне жеті тараған Қадірін білген ер ашар* (Өлең).

СҮЛІҢГІР (Қ.орда, Қарм.) тұқым шашылмаған, суармай айдалатын жер. *С ұ л і ң г і р д і ақтай трактормен күзде айдап тастаймыз* (Қ.орда, Қарм.).

СҮМБІЛЕ[1] **1.** (Жамб., Шу) қауын арасына шығатын шоп. **2.** (Кокш., Қ.ту) күзде жауын күшімен шығатын шоп. *С ұ м б і л е кезінде мал бір тояттанады* (Кокш., Қ.ту).

СҮМБІЛЕ[2] (Қ.орда, Қарм.) тамыздың 18-20 арасында күн салқындай бастаған кез. *С ұ м б і л е де суыйды* (Мақал).

СҮМЕК[1] (Түрікм.: Гяу., Тедж., Байр., Көнеүр., Таш.; Қарақ.) сүмелек, сүйкімсіз, сұмырай. *Ел кезген с ұ м е к адамнан не сұрайсыңыз* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *сүммек* еңкейіп кіру (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *сүмек* жігерсіз, жасық адам (Карак.-рус. сл., 1958); хак. *сүмелгі:* 1) залым, қу; 2) өтірікші (Хак.-рус. сл., 1953)].

СҮМЕК[2] (Гур., Маңғ.) күл шығаратын құрал. *С ұ м е к п е н күл шығару керек еді* (Гур., Маңғ.).

СҮМЕК[3] (Гур., Есб.) ұзын, биік. *Айдынгали екі иығына екі кісі мінгендей, с ұ м е к т е у қара жігіт болатұғын* (Гур., Есб.).

СҮМЕК БОЛУ (МХР) сүмектей болу. *Атып тұрып, есікке қарай ұмтылды, өзі қара с ұ м е к б о п терлеп кетіпті* (А. А., Сүй. мен., 112).

СҮМЕЛЕК[1] (Орал, Қара.; Қарақ.) еріген қар не мұз суының салбырай қатуы. *Март айында төбедегі қар еріп, с ұ м е л е к т е р қатқан* (Орал, Қара.). *Әйнектің с ұ м е л е г і н қағып түсіретін шақтар келеді* (Х. Есенж., Ақ Жай., 10).

[Өзбекше *сумалак* (Узб.-рус. сл., 1959)].

СҮМЕЛЕК[2] **1.** (Қарақ.) коктемде арпа, бидай, тағы басқаларды қайнатып жасайтын коже. **2.** (Ауғ.; Ир.) діни мерекелер қарсаңында бидайды ұзақ уақыт қайнату арқылы даярлайтын тағам түрі.

СҮМЕЛЕКТЕУ (Гур., Маңғ.) мәуелеу. *Құм ішінде агаштың түрі көп қашан құм болганша мәуесі с ұ м е л е к т е п тұратын бұталар да кездеседі. Жиде агашының жидесі күзде с ұ м е л е к т е п тамаша боп кетеді* (Гур., Маңғ.).

СҮМЕСІН (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) шалап. *Сүтке су қоссаң с ұ м е с і н болады, сөзге сөз қоссаң сүйесін болады* (Мақал). *Сіздің үйде шайга қатқандай с ұ м е с і н бар ма?* (Қост., Жанг.).

СҮМСЕ (Гур., Маңғ.) қырман сыпыратын ұзын сыпырғыш. *Колхозшы әйелдер қырманды с ұ м с е м е н сыпырып, жұмысты ондірді* (Гур., Маңғ.).

СҮМСҮІР (МХР) түйілген, түйіншектелген қайысты шешетін жіреннің мүйізі. *Қайыс түйіншегін с ұ м с ү і р м е н әрең шештім* (МХР).

СҮМСІК (Гур., Есб.) сүмірейген, сүмсиген (адам).

СҮМСІР (Орал: Жән., Орда) жексұрын, сүмелек. *Ол с ұ м с і р адам* (Орал, Жән.).

СҮН (Рес., Орын.) соң. *Бұл елде ондай бұзық болмаган с ұ н Біздің ел сіздің елді тақ көреді* (Орын., Ад.). *Шыгады құнанша атан жер жеткен с ұ н. Кім келер журтқа ел кеткен с ұ н. Ормантай, Құтнайда біз бір тентек Кім болар біздей тентек біз кеткен с ұ н* (Орын., Ад.).

СҮҢГҮІР (Қост., Жанг.; Сем., Абай) шөп суыратын құрал, шотаяқ. *Есенгазы, с ұ ң г ү і р м е н шөп суыршы* (Қост., Жанг.). *Ерте кезде маядан шөпті с ұ ң г ү і р м е н суыратынбыз* (Сем., Абай). Қ. суырғыш.

СҮҢГҮІРІН (Қ.орда, Арал) бауыры ақ, түмсығы ұзын, құйрығы қысқа колде, теңізде жүретін үйрек. *С ұ ң г ү і р і н суга сұңгіп, торта балықты алып жейді* (Қ.орда, Арал).

СҮҢГІ[1] (Кокш., Еңб.) найза.

СҮҢГІ[2] (Қост., Жанг.) қылыш. *Өткір жігіт екен, ақ с ұ ң г і н і ң жүзіндей* (Қост., Жанг.). *Ханга құрган шатырды, С ұ ң г і м е н тұртіп ашарга* (Махамбет, Өленд., 94).

СҮҢГІРУ 1. (Шымк., Арыс; Қ.орда, Қарм.) құстың, үйректің бір түрі. *С ұ ң г і р у құстың атылуы қиын, шырақ* (Шымк., Арыс). **2.** (Қарақ.) түсі ақшыл, мойны ұзын келетін құс түрі.

СҮҢГІСІ ЖОҚ (Гур., Маңғ.) түрі, рені жоқ.

СҮҢКІ 1. (Гур., Маңғ.) түрі, кейпі, ажары. **2.** (Гур., Маңғ.) жағдайы, түрі. *Ауырган қозының мал болатын с ұ ң к і жоқ* (Гур., Маңғ.).

СҮПИГЕН (Гур., Маңғ.) сопиған. *Кипан с ұ п и г е н, атқан оқ сықылды балық* (Гур., Маңғ.).

СҮПІ (Қ.орда, Арал) сопы. *Ертеде біздің ауылда с ұ п і болушы еді* (Қ.орда, Арал).

СҮПІЛДЕТУ (Сем.: Абай, Шүб.) соғу, лепірту. *С ұ п і л д е т өтірігіңді* (Сем., Абай).

СҮПІНДЕУ (Павл., Ерт.) жөндеу. *Айтатын сөзіңді с ұ п і н д е п айт* (Павл., Ерт.).

СҮРГЕК (Алм., Кег.) мал жайылып, тозып, шиырлаған жер. *Торыайғырдағы фермаңың отырған жері с ұ р г е к болған соң, әрі қарай көштік* (Алм., Кег.).

СҮРГЕЛДЕҢ (Талд., Қарат.) сергелдең. *Атыңды жай, с ұ р г е л д е ң г е салмай* (Талд., Қарат.).

СҮРГІ (Жамб., Шу) із, сүрлеу, жалғыз аяқ жол. *Боранда ыққан жылқының с ұ р г і с і белгілі болады* (Жамб., Шу). *Мынау с ұ р г і м е н барсаң, Бәйдібектің жылқысын алып қайтасың* (Дулаттың атасы белгілі Бәйдібек бай туралы әңгімеден).

СҮРГІН (Алм., Шел.) үргін-сүргін. *Құғынмен алған мал с ұ р г і н м е н кетеді екен, – деді Манақ* (Алм., Шел.).

[Түркі жазба ескерткіштерінде: *сур* 1) бастап жүру; 2) куу, қуғындау (ДТС, 517); *сұр* қуу (А. Бор., ЛСТ, 279).; *сурмек* алға қарай айдау, қозғау (Э. Над., Гүл., II, 148); өзб. *сургун* жер аудару, қуғынға үшырау (Узб.-рус. сл., 1953); *сургіл:* 1) ку; 2) жер аудару (А. Курыш., ИЛТАС, 193); хак. *сургун* қуғыншы (Хак.-рус. сл., 1953)].

СҮРГІН ЕТУ (Түрікм.: Таш., Красн.) соттау. *Со кездерде кімді с ұ р г і н е т т і, кімді құдалады* (Түрікм., Красн.).

СҮРГІТУ[1] (Қ.орда, Арал) бір жұмысты тоқтамай істеу. *Малын сатып, с ұ р г і т і п бір шығамын гой* (Қ.орда, Арал).

СҮРГІТУ[2] (Гур., Маңғ.) тасты қашау.

СҮРДЕК[1] (Қ.орда, Арал) сүрлеу.

СҮРДЕК[2] (Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шүб.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) малдың түнеген орны, малды ауылдың жүрты. *Біз бүгін малды осында с ұ р д е к т е т т і к* (Сем., Көкп.). 2. (Ақт., Қараб.) жайылымы тозған жер. *Қарабұтақ озенінің бойындағы жер с ұ р д е к болған соң малды көшіру қажет болды* (Ақт., Қараб.). 3. (Ақт., Шалқ.; Алм., Кег.; ҚХР) мал ізі, сүрлеу. *Боранды ауылға қайтқан малдың с ұ р д е г і м е н жүрсең, адаспайсың* (Ақт., Шалқ.).

СҮРДЕК[3] (Ақт., Шалқ.) сүргі.

СҮРДЕКТЕТУ (Сем.: Көкп., Ақс.) малды түнету. *Біз бүгін малды осында с ұ р д е к т е т т і к* (Сем., Көкп.).

СҮРДЕҢ[1] (Орал, Орда) сүрлеу жол. *Адасып жүріп, намаздыгерде бір с ұ р д е ң г е түстім. Сол с ұ р д е ң мені мал фермасына алып келіп тіреді* (Орал, Орда).

СҮРДЕҢ[2] (Орал, Орда; Сем.: Абр., Шүб.) мал ізі немесе тапталған жер. *Түйемен жүрген с ұ р д е ң д і тауып алып, үш жігіт намаздыгер кезінде с ұ р д е ң м е н келіп, мені құып жетті* (Орал, Орда). *Бұзауды сасық қамап, сиырды қыстақ маңындағы с ұ р д е ң г е жайып, ферма малын күзетіп отырмыз* («Соц. шаруа», 25.07.1941).

СҮРЕ[1] (Түрікм.: Тедж., Мары, Байр., Таш., Кенеүр.) отар. *Тек бір-екі с ұ р е н і ң қырқымын пітіре аламыз* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *сүрі* (Туркм.-рус. сл., 1956); тув. *мал сүруг* бір қөра мал (Тув.-рус. сл., 1955)].

СҮРЕ[2] **1.** (Гур., Маңғ.) қатар. *Агаштардың осы тұрған с ұ р е с і – Бес қаланың қызыл жидегі мына с ұ р е ерік* (қ.) *агашы* (Гур., Маңғ.). 2. (Гур., Маңғ.) балық аулайтын құрал түрі. Ұзындығы 300-350 метрдей кендір арқанның бойына ...150-180 шамасы қармақ байланған алты қатар кішкене желілер қосындысы. *Бүгін үшінші с ұ р е д е н қортпаны көп алдық* (Гур., Маңғ.).

СҮРЕ[3] (Қост., Жанг.) үзақ; бір бөлік. *Бұл бір с ұ р е әңгіме* (Қост., Жанг.). *Біреуі бала болып, біреуі іні болып көңілімді жұбатумен келеді, – деп, Сәрсекең өз күйін бір с ұ р е әңгіме қылып өтті* (Б. Майл., Шығ., IV, 24).

СҮРЕ[4] (Алм., Жам.; Жамб.) бәйге атын жіберетін орын. *С ұ р е д е тұрған бір топ аттың ішінен бір күрең қасқа ерекше козге түсті* (Алм., Жам.). Қ. **сөре**[1].

СҮРЕЛЕУ (Ақт., Шалқ.) бумалау, топтау. *Ол балықты с ұ р е л е п жайып қойды, етті с ұ р е л е п жайды* (Ақт., Шалқ.).

СҮРЕН[1] (Гур., Маңғ.; Сем., Абай) айқай. *Қой күзетіп түнімен с ұ р е н салып шығамын* (Сем., Абай). *С ұ р е н д і құлақ шалады, Ат дүбірі жерді жарады* (Қашаған).

[Өзбекше *сурон* айқай, шу (Узб.-рус. сл., 1959); маньч. *сурэ* айқайлау (ССТМЯ, II,)].

СҮРЕН[2] (Гур., Маңғ.) сүрең. *Биыл мал оңалмайды, бір с ұ р е н бар-ау* (Гур., Маңғ.).

СҮРЕН[3] (Орал, Орда) үзақ әңгіме. *Әңгімеден әңгіме туады да аягы с ұ р е н болып, созылып кетеді* (Орал, Орда).

СҮРЕНДЕУ (Гур., Маңғ.) айқайлау, дауыстау. *Анау адам тоқтасын, с ұ р е н д е ш і* (Гур., Маңғ.).

СҮРЕПЕТІ ЖАМАН КЕТУ (ҚХР) халі нашарлау. *Жұмыстан босаганнан бері*

Бақыттың сүрепеті жаман кетіп жүр (ҚХР).

СҮРЕПЕТІ ҚАШУ (ҚХР) күйі кетіп, халі нашарлау. *Аузын бақадай ашып, жүні үрпиіп, сүрепеті қашып, оқта-текте құйрығын жарқ еткізіп көрініп қалады* (Ғ. Қан., Бүрк.).

СҮРКЕЙЛЕНУ (МХР) ауа райының бұзылуы. *Ауа райы күрт озгеріп аспанды айгыз-айгыз шандыр бұлттар торлап бір түрлі сүркейлеп кеткен-ді* («Шұғыла», 1987, №3, 62). *Ауа райы сүркейлей қалса, қойнаулы қолтығына ықтата орістетіп, өз ісіне Цогтгэрэлдің малды кошпелі отармен семіртетін тәжірибесін қолданды* («Ж. өмір», 21.05. 1987).

СҮРКӨЙ (ҚХР) суайт, жексұрын, жамандықпен аты шыққан кісі.

СҮРКІТУ[1] (Гур., Маңғ.) састыру, есін шығару. *Тентек ұлын сүркітіп осында қуып тықты, бәріміз арақ арашалап алдық* (Гур., Маңғ.).

[Монғол тілінде *сүрэх* қауіп туғызу, қоркыту; *сүрдүүлэх* коркыту, үркіту (Монғ.-каз. соз., 1954, 167-168)].

СҮРКІТУ[2] (Гур., Бақс.) қуу, айдау. *Әбден болған соң сүркітіп, тоғай ішіне қуып тастадым* (Гур., Бақс.). *Бұрын жалғыз атпен жалғыз тазы көрінсе, дүркірей жонелетін ессіз мақұлық қуғыншыны алдына салып ап, өзі сүркіте жөнелгені не сұмдық?* (Ә. Кекіл., Үркер, 567).

[Алтай тілінде *сүүр* қуу, қуалау (Н. Бас., ДК, 249)].

СҮРЛЕН (Шымк., Түлк.) сүрлеу, сүрлем салу. *Ауданның колхоздарында жабайы өсетін шөптер есебінен сүрленді кті мол дайындауға болады* («Соц. егінші», 17.06. 1956).

СҮРЛІГУ 1. (Алм., Шел.) арықтау, жүдеу. *Жайылымдагы малдар сүрлігіп қалмасын, – деді колхоз бастығы* (Алм., Шел.). 2. (Шығ. Каз., Тарб.) шаршау, болдыру. *Атың сүрліскен, отқа қой* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Біз гой сүрлігіп жүріп, күрсіне жұз кісімен жұздесіп, жұз кісімен қоштасып жататын* («Жұлдыз», 1987, №9, 67).

СҮРМЕ (Қост., Жанг.) шөп ысырғыш ағаш. *Біз сүрмемен шөпті шошаққа тартамыз* (Қост., Жанг.).

[Түрікше *сүргу* тырма; тас сырғытпа (Тур.-рус. сл., 1977); чув. *сүре* тырма (Чув.-рус. сл., 1985)].

СҮРТІЛГЕН (Рес., Сарат.) ысылған. *Бұл бастық сүртілген адам* (Рес., Қалм.).

СҮРТІП ЖІБЕРУ (Шыг. Қаз., Больш.) салып жіберу, ұрып жіберу. *Ол астындагы атын тебініп сүртіп жіберді* (Шығ. Қаз., Больш.).

СҮРУ[1] (Шымк., Мақт.; Қарақ.) жер жырту. *Жүрттың қолындагы жер сүретін көлігі болса, оліб, жұтаб егін саймандары да (соқа, тырма сияқты) жоқ* (Шымк., Мақт.).

[Ертедегі түркі тілдерінде *сүрмек* жер жырту (А. Бор., Бадан..., 194); озб. *сурмак* (Узб.-рус. сл., 1959)].

СҮРУ[2] (Жамб., Жам.) ығыстыру, тықсыру. *Бұрын бұл жерде қырғыздар болған, оларды әрі сүрін, бұл жерді босатып алған* (Жамб., Жам.).

СҮРУ[3] (Рес., Орын.) қуу. *Есенбайдың балалары Келденнің қолын сүріп жетеді* (Орын., Ад.).

СҮРУ[4] (Алм., Шел.) укалау. *Шәріпжамал барсам, тері сүріп жатыр екен* (Алм., Шел.).

СҮРІ[1] (Алм.: Қаск., Жам.; Жамб., Шу) түрі, оңі, түсі. *Осы өкімнің тегі сүрі жаман* (Алм., Қаск.). *Жұмысты бітіруге жақындайтын сүрі бар ма?* (Жамб., Шу).

СҮРІ[2] (Түрікм., Красн.) отар. *Халмамет бағатын сүрі біршене жылдан бері отходсыз тол алып келеді* (Түрікм., Красн.).

[Қырғызша *сүрүк* мал тобы, отар (Кнрг.-рус. сл., 1965); түр. *сүрү* отар, табын (Тур.-рус. сл., 1977); түркі жазба ескерткіштерінде *сүрүг* отар, үйір (ДТС, 518); озб. *суру* (Узб.-рус. сл., 1959); монг. *сүрэг* түлік; үйір (Монг.-қаз. сөз., 1954); ар. *сарең* жайылып жүрген мал тобы (Ар.-рус. сл., 1970, 445)].

СҮРІК (Орал: Орда, Жөн.) зауыттан жасалып шыққан былғары. *Артельге сүрік пальто тігуге заказ бердім. Сүріктен пальто тіктіруге де болады* (Орал, Жөн.). *Көп ақшам болса, сүрік куртке, сүрік плащ... алар ем* (Қ. Қар., Алт. изд., 106).

СҮРІК ЖҮРУ (Қост., Жанг.; Қар.; Жезк.) асығыс жүру. *Колхоз бастығы кеше Торғайға сүрік жүріп кетті* (Қост., Жанг.). *Ол сүрік жүріп кетті, бірақ жүрсе де жете алмайды гой* (Жезк.).

СҮРІСТІРУ (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) жарыстыру. *Жорға сүрістіру де халық ойынының бір түрі* (Қ.орда, Арал). *Сендердің аттарың жорға екен, сүрістіріп көрейік, жүріңдер* (Гур., Маңғ.).

СҮРІСУ (Гур., Маңғ.) керісу, жанжалдасу. *Екі адам сүрісіп жатыр* (Гур., Маңғ.). Қ. кермалдасу, кермарласу.

СҮСЕК (Кокш.: Щуч., Еңб.) астық сақтайтын орын – ұра, қамба. *Мына астықты с ү с е к т е н алып келді* (Кокш., Щуч.).

СҮС ЖОҚ (Қост., Об.) түрі жоқ, түс жоқ. *Жиналып отырған адамдарда с ү с ж о қ* (Қост., Об.).

[Өзбекше *сust* өлсіз, қалжыраған (Узб.-рус. сл., 1959)].

СҮТ (ҚХР) тіршілік, еңбек. *Оның мынауы с ү т емес қой* (ҚХР).

СҮТ БАУЫРСАҚ (Жезқ., Ағад.) қатқан нанды сүтке жібітіп дайындайтын тағам.

СҮТ БИДАЙ (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.) бидайдың пісу кезіндегі дәнінің сұйық шағы, көксағалға (қ.) дейінгі дәуірі.

СҮТ БҰРЫШ 1. (Қарақ.) сүт пен майға жасалған, құрамына бұрыш, нияз қосылған көже. **2.** (Ауғ.; Ир.) күрішті сүтке пісіріп даярлаған тағам түрі.

СҮТ КОР (Жамб., Луг.) осім. *Бұрын байлар мұқтаж кісілерге с ү т к о р м і м қарыз береді* (Жамб., Луг.).

СҮТКҮРІШ (Шымк., Түркіс.) сүт пен күріштен жасалған тағам түрі. *С ү т к ү р і ш т і жасағанда күрішті суға қайнатады. Суды бойына тартқанда сүт құяды, одан соң үстіне сарымай салады. С ү т к ү р і ш қою болады* (Шымк., Түркіс.).

СҮТ ҚОЗЫ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) кенже туған қозы. *Пірманның малы с ү т қ о з ы тапты* (Қ.орда, Сыр.).

СҮТҚОР (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта, Тедж., Мары) сараң, дүниеқор. *Сол с ү т қ о р л ы ғ ы ң м е н байығаныңды көрмедік қой* (Түрікм., Тахта).

[Түрікменше *сүйтхор* өсімқор, өсім алушы (Туркм.-рус. сл., 1940); озб. *суздур* өсімқор, пайдақор (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *сүтқор* сараң, өсімқор (Қарақ.-рус. сл., 1958)].

СҮТ-ПҮТ (Қ.орда, Арал) сүт-мүт.

СҮТСІМЕН (Павл., Ерт.) қалың матаның бір түрі. *С ү т с і м е н д і ішікке көп қолданады* (Павл., Ерт.).

СҮТ ТАЙЛАҚ (Гур.: Маңғ., Шевч.) тайлақ. *С ү т т а й л а қ екі жасқа шыққан түйе малы* (Гур., Шевч.).

СҮТТӘБЕРЕ (Түрікм., Конеүр.) сүтке бөрттірілген тары – бөртпе. *Қасым с ү т т ә б е р е н і қалдырмай жепті* (Түрікм., Конеүр.).

СҮТТЕМЕК (Қарақ.) сүттіген.

СҮТТІ (Рес., Қалм.) мәнді, маңызды. *Меруерт домбыраны с ү т т і тартады* (Рес., Қалм.).

СҮТТІГЕН (Қост., Жанг.; Қ.орда, Арал; Орал, Қара.; Сем., Үрж.; Алм., Жам.; Гур., Маңғ.) құмды жерге шығатын түйе сүйіп жейтін шөп. *С ү т т і г е н д і жұлып алғанда сүт шығады* (Қост., Жанг.). *С ү т т і г е н н і ң басын жеп, түйеден осы журтты сүт көп шығып тұр* (Қ.орда, Арал). *С ү т т і г е н д е құрай болады* (Сем., Үрж.). *Қара суға с ү т т і г е н қалың шыққан екен* (Алм., Жам.).

[Түрікше *сүтлеген* (Тур.-рус. сл., 1977); өзб. *сүтқон* (Узб.-рус. сл., 1959)].

СҮТ ҮСТІНДЕ ҚАЙМАҚ БОЛУ (ҚХР) **1.** қадірлі, сыйлы болу. **2.** масыл болу. *Қазіргі ауыл әкімдері с ү т ү с т і н д е қ а й м а қ б о л ы п отыр* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 478).

СҮТ ШЫҒАРҒЫШ (Орал: Орда, Жән.) ақ-жапырақты, малға сүт шығарғыш шоп.

СҮТІМ (Рес., Сарат.) қарғам, қарағым, шырағым. *Аман келдің бе, с ү т і м, – деп баласының маңдайын иіскеді* (Рес., Сарат.).

СҮТІМАҚ (Шымк., Түркіс.) тауда мекендейтін, адамға көп көріне бермейтін құс түрі. *С ү т і м а қ түнде таң атқанша «сүтім ақ, сүтім ақ» деп шақырып жүреді* (Шымк., Түркіс.).

СҮТІН (Ауғ.; Ир.) үйдің тіреуіші. *Айуанға болса бірқанша жерден с ү т і н қойылыпты* (Б. Өтеб., Қаз. диас.).

СҮЧЖІК БҰРЫШ (Ауғ.; Ир.) болғар бұрышы.

СЫБАҒА СОРПАСЫ ТӨГІЛУ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Таш.) үлесінен айырылу, бос қалу. *Қынжылма, с ы б а ғ а с о р п а ң т ө г і л г е н д е й ішзат жоқ* (Түрікм., Ашх.). *Сорым қайнап, с ы б а ғ а с о р п а м т ө г і л г е н д е й болды... сары майының жаны шықты* («Жұм-шы», 17.01.1940.).

СЫБАЙ[1] (Гур., Маңғ.; Қост., Жанг.; Қ.орда, Арал; Павл., Үрлі.; Қар.; Жезқ.; Түрікм.: Красн., Небид.; Рес., Қалм.) көршi, қоныстас. *Өзің өлең айта алмасаң, тона қасындағы с ы б а й ы ң а ауыздап жібер де* (Гур., Маңғ.). *С ы б а й деп көршіні айтады* (Қост., Жанг.). *Жақаң ауыл бізбен с ы б а й л а с қонғанда барып едім* (Қ.орда, Арал). *С ы б а й сөзін бұрын көп қолданды, қазір қолданбайды* (Павл., Үрлі.). *С ы б а й ы м ы з жақсы кісі. Екі жыл с ы б а й отырмыз* (Жезқ.). *Бұл кісі осы жердің тұрғыны, біздің с ы б а й* (Түрікм., Небид.). *Онымен бір-екі жыл с ы б а й болсаң көрер едім* (Рес., Қалм.).

СЫБАЙ[2] (Акт.: Ырғ., Қараб.; Гур., Теңг.; Алм., Кег.; Қост., Об.; Рес., Орын.) салт (салт атпен). *Арбамен келіп шаршадым дейсіңдер, с ы б а й атпен күні бойы келген менде не жан бар* (Акт., Қараб.). *Ол с ы б а й келді, Арбамен*

жүргеннен сыбай жүрген дұрыс (Гур., Тең.). *Кеше келген уәкіл колхозға с ы б а й келген гой* (Қост., Об.). *Мен ауылдан с ы б а й келіп едім* (Орын., Ад.). *Тайжүзген жағынан с ы б а й шыққан Есенкелді Аққудықтағы ауылдардан түскен екі балуан жігітке қарсы жақтан балуан жетпей артылып қалды* (С. Сейф., Шығ., 162).

СЫБАЙ[3] (Алм., Кег.) жеке, қара басы. *Біраз жыл с ы б а й бос келіп жүрді де, кейін көшіп келді* (Алм., Кег.).

СЫБАЙ[4] (Орал: Орда, Жән.) жиырма бес пұттық таразы тасы. *Мына с ы б а й д ы қарулы жігіттер аударып тастайды* (Орал, Жән.).

СЫБАЙ[5] (Алм.: Жам., Кег.) жолдас, ниеттес. *Ол с ы б а й л а с адам болатын* (Алм., Кег.).

СЫБАҚ (Шымк., Сарыағ.) сылақ. *Тамның сыртын с ы б а қ т а у керек* (Шымк., Сарыағ.). *Мектепті с ы б а қ т а у жұмысы да бітті* («Кол-шы», 1935, №48).

[Түрікше *сывамак* сылау (Тур.-рус. сл., 1977); ертедегі түркі тілдерінде *сува* сылау (А. Бор., ЛСТ, 276); өзб. *сувамоқ* (Узб.-рус. сл., 1959); тунг.-маньч. *сива* сылау (ССТМЯ, II)].

СЫБАУ[1] (Гур., Маңғ.) күреу. *Түйенің астын с ы б а п, тазалап отырмаса болмайды* (Гур., Маңғ.).

СЫБАУ[2] (Түрікм., Көнеүр.) сылау. *Кабырғаның балшығы түскен жерін қайта с ы б а п, тегістеп әктеп жібердік* (Түрікм., Көнеүр.).

[Синьцзян үйғырларының тілінде *сува* сылау (С. Мал., УНС, 152)].

СЫБДЫҒЫР (Орал, Орда) пәлекөр.

СЫБДЫР (Павл., Ерт.) сыбыр. *Жәкеңнің с ы б д ы р ы н а н білдім* (Павл., Ерт.).

СЫБДЫРЛАУ (Сем.: Абай, Шүб.) сылдырлау.

СЫБЖЫҚ (Қ орда, Арал) шымшық. *С ы б ж ы қ пішенді жерде көп болады* (Қ.орда, Арал).

СЫБУ (Гур., Есб.) сабау. *Ойбай, Тілеугали біреуді мас болып с ы б ы п жатыр* (Гур., Есб.).

СЫБЫЗҒЫ ҚҰРАЙ (Павл., Ерт.) құрайдың бір түрі. *С ы б ы з ғ ы қ ұ р а й Ертістің арғы бетінде өседі* (Павл., Ерт.).

СЫБЫЛЫҚ (Қост., Жанг.) жаңбырлы, лайсаң. *Күн бүгін с ы б ы л ы қ* (Қост., Жанг.).

СЫБЫР[1] (Гур., Маңғ.) «бура» делінетін карта ойынына байланысты сөз.

СЫБЫР[2] (Талд., Панф.) ойын аты. *С ы б ы р ойынында басқарушы айтқан сөзді бұзбай келесі кісіге жеткізу керек. Созді бұзып қойса, айып толейді* (Талд., Панф.).

СЫВАЙ (Павл., Ерт.) көрші. Қ. сыбай[1].

СЫҒАЙЛАУ (Гур., Есб.) сығалау. *Осы біреу балалар есіктен с ы ғ а й л а й д ы да тұрады* (Гур., Есб.).

СЫҒУ (Орал, Қазт.) жеу. *Бүгін «Интернационал» колхозының бір қойының басын с ы ғ ы п шықтық* (Орал, Қазт.).

СЫҒЫМ (Жамб.: Тал., Сар.) жүка жібек орамал. *Менің алған с ы ғ ы м ы м н ы ң көлемі төрт метр, бірақ бір сыйып кетеді* (Жамб., Сар.).

СЫҒЫР (Жамб., Жам.) сиыр. *Бір с ы ғ ы р ы м ы з бар* (Жамб., Жам.).

СЫҒЫРДАҢ (Қост., Жанг.) жәйсіз. *Үй іші с ы ғ ы р д а ң екен қонғым келмеді* (Қост., Жанг.).

СЫДЫРА (Ақт., Ойыл) тегіс, сыпыра, түгел. *Мальцевтің әдісі бойынша жаздық дақылдар орылып алынған аңыздарга с ы д ы р а культивация кең түрде қолданылады* (Ақт., Ойыл).

СЫДЫРҒАЙ (Озб., Ташк.) түгін бетіне шығармай тоқыған кілем, кейде орнек те салмайды. Мұны *таз кілем, тықыр кілем* деп те атайды.

СЫДЫРҒЫШ (Қост., Жанг.; Шығ. Қаз., Зайс.; МХР) сыдырғы аспап – қайыс таспаның шетін тегістейтін сыдырғы. *С ы д ы р ғ ы ш орімшелерде болады. Олар таспаны с ы д ы р ғ ы ш п е н тегістейді, ол тегістелген таспалардан өр түрлі нәрселер (жүген, қамшы, т.б.) өреді* (Қост., Жанг.). *Божы, бишік оретін қайыстың шетін с ы д ы р ғ ы ш п е н тегістейді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

СЫДЫРҒЫШ КЕТІГІ (МХР) таспа сыдыратын құралдың кертік жері.

СЫДЫРМА (МХР) үлтарма. *С ы д ы р м а ғ а жылдам едім, енді көзім көрмейтін болыпты* (МХР).

СЫДЫРМАЙЫМ ҚЫЛУ (Озб., Ташк.) жым-жылас жоқ ету.

СЫДЫРМА ҚЫЛЫШ (Қ.орда, Қарм.) алмас, өткір қылыш. *Ертеде с ы д ы р м а қ ы л ы ш болған, бұ күнде өзоқ* (Қ.орда, Қарм.).

СЫДЫРЫС (Қ орда, Арал) желіс. *Бұл ат шапқыш та емес, аяңшыл да емес, тек с ы д ы р ы с қ а жақсы* (Қ.орда, Арал).

СЫЗ (Сем.: Абай, Шүб.) сызылған, әдепті, сынық мінезді. *Біздің мұғалым с ы з бала* (Сем., Абай).

СЫЗАЛЫ ЖЕР (Көкш.: Щуч., Еңб.) көкорайлы шалғын жер. *Біздің аймақ с ы з а л ы ж е р* (Көкш., Еңб.).

СЫЗҒЫРУ (Қост., Об.) ысқыру, үілдеу. *Екеуі де терезеге көзді қадап ызғарлы желдің, с ы з г ы р г а н ы н, ақсақ құтпанның әлдеқандай көмескі дауыспен үзілтіп ұлығанын тыңдайды* (Б. Майл., Шығ., 157).

СЫЗҒЫШ (Қост.: Фед., Сөмиоз.) оттық, шырпы, сіріңке. *С ы з г ы ш т ы ң жоқ кезінде отқа су тезекті коміп лаждаушы едік* (Қост., Фед.).

СЫЗДАУЫТ (Жамб., Сар.) сызды, дымқыл жер.

СЫЗДЫҚ[1] (Қ.орда, Арал) сызық. *Қағаз бетіндегі с ы з д ы қ т а р г а қарап жасайды* (Қ.орда, Арал).

СЫЗДЫҚ[2] (Гур., Маңғ.) қайық тақтайының арасына, жігіне салынатын зат. *Қайықтың с ы з д ы қ т а р ы кәдімгідей жүріпті* (Гур., Маңғ.).

[Түркі жазба ескерткіштерінде: *сыгыз* 1) аяқ киім тігістері арасына салынатын көк сал бұлық; 2) ағаш бөліктерін біріктіретін темірлер, құрсаулар (скоба, скрепа) (ДТС, 503)].

СЫЗДЫҚ ТҮСІРУ (МХР) керөгенің басына, уықтың қарнына жіңішке қобы сызық түсіру.

СЫЗДЫРТУ (Гур., Маңғ.) жарыстыру. *Жорғамызды с ы з д ы р т т ы қ* (Гур., Маңғ.).

СЫЗУ[1] (Жамб., Жуа.; Алм., Жам.) тамылжу, когеріп пісіп түру. *Баудың іші с ы з ы п тұр* (Жамб., Жам.). *С ы з ы п тұрған бау-бақшада әр түрлі осімдіктер болады, оның іші жаздыгүні құлпырып с ы з ы п тұрады* (Алм., Жам.).

СЫЗУ[2] (Алм., Жам.; Павл., Ерт.; Ауғ.; Ир.) жазу. *Бұл менің өз с ы з у ы м, әкем, ескіше білетін бе едің, оқышы* (Алм., Жам.). *Жанбай қағазға жақсы с ы з а д ы* (Павл., Ерт.). *Біз болса сіздердегі орысият с ы з у л а р ы ң ы с т а н дәрбәдәрмәс (білмейміз), үйретсе көп жақсы болар еді* (Б. Өтеб., Қаз. диас.).

СЫЗУ[3] (МХР) салу (сурет). *МХР-дың еңбек сіңірген артискасы Қаду қатарлы адамдардың портреттері шеберлікпен с ы з ы л г а н* («Ж. өмір», 30.07.1985).

СЫЗУДАҒЫ БАЛА (Гур., Бақс.) оқудағы бала. *С ы з у д а г ы б а л а м ы з жуықта келіп еді, енді кетуге дайындалып жатыр* (Гур., Бақс.).

СЫЗЫП ТҮРУ (Ақт.: Ырғ., Қараб.) кетіп қалу.

СЫЙҒА БАРУ (Алм., Жам.) қонақ болу, қонаққа бару. *Біз өткен демалыста бәріміз жекжатымызға с ы й г а б а р д ы қ* (Алм., Жам.).

СЫЙДА (Гур.: Маңғ., Есб.) ағаш тебөн. *Маңғыстаулықтарда с ы й д а м е н жазы көктейді* (Гур., Маңғ.).

СЫЙДАМ (Қост., Жанг.) бойы үзын, бойына ешнәрсө жуытпай жүрген адамды айтады. *Бейсен с ы й д а м жігіт* (Қост., Жанг.).

СЫЙҚА (Гур., Маңғ.; Орал, Казт.) ауру, дерт, сырқау. *Көк шай жүректің с ы й қ а с ы н жазады* (Гур., Маңғ.). *Жауыр десем болмаса басқа с ы й қ а с ы бар десем өтірік емес* (Орал, Казт.). *Миларын тесіп құрт жеген, С ы й қ а л ы екен бастары-ай, Құрт жегеннің зарпынан, Болған екен миы қашпалы-ай!* (Қашаған ақын).

СЫЙҚАТТЫ (Сем.: Абай, Шүб.) сияқты, тәрізді. *Ол кеше ауданга барган с ы й қ а т т ы* (Сем., Абай).

СЫЙҚЫЛ (Талд.: Гв., Қоғ.) сияқты, секілді. *Ол менің баламды фронтта көрген с ы й қ ы л* (Талд., Қоғ.).

СЫЙЛАҚТАУ//СЫЙЛЫҚТАУ (Түрікм.: Красн., Таш., Ашх., Көнеүр.) сыйлау, сый тарту, бәйге теру. *Бір кілем апарып, с ы й л а қ т а п қайтсам* (Түрікм., Конеүр.).

[Түрікменше *сылаг* сый; ал *сылагламак* сыйлау, бәйге беру (Туркм.-рус. сл., 1940)].

СЫЙЛАНУ[1] (МХР) марапаттау. *Ол Халықтар Достығы орденімен, 1980 жылы Октябрь Революциясы орденімен с ы й л а н д ы* («Үгітші», 19.03.1987). *Мұның айқын айғағы оның бір рет сумындық саңлақ дәрежесіне көтеріліп, VI бесжылдық екпіндісі атануы, сондай-ақ 40 жылдық мерекелік медальмен с ы й л а н ы п, жоғаргы үйымның жүлдесін екі рет жеңіп алуы болмақ* («Ж. өмір», 21.03.1983).

СЫЙЛАНУ[2] (Гур., Маңғ.) сый көру. *Қонақ с ы й л а н д ы* (Гур., Маңғ.). *Осылай сөйлеп үйгарып, Сізге кеңес беруге... Отырған жоқпын с ы й л а н ы п, Шығып жүре беруге Отырмын етіп ибалық* (Қашаған).

СЫЙЛЫҒУ (Гур., Маңғ.) сығылысу, сықау. *Төренің алдында адам деген с ы й л ы г ы п отыр* (Гур., Маңғ.).

СЫЙЛЫҚКЕР (МХР) сыйлық иесі. *Ол сумындық 4 реткі саңлақ, әрі депутат, VII бесжылдық екпіндісі, аймақтық ХДХ атқару әкімшілігінің с ы й л ы қ к е р і құрметіне ие болған* («Ж. өмір», 15.05.1986). *Борхуц, Ауыл шаруашылық министрлігі мен Бірлестіктер Одағы Жоғаргы Кеңесінің с ы й л ы қ к е р і Ш. Пийләндер биыл әр жүз енеліктен 100-105% төл алды* («Ж. өмір», 3.11.1983).

СЫЙЛЫҚТАУ Қ. сылақтау.

СЫЙСАРЫ (Шымк., Түлк.) батпанның үштен бірі.

СЫЙ-СЫЯПА (Гур.: Маңғ., Мақат) сый-сыяпат. *Апаң сен барганда с ы й-с ы я п а көрсете алды ма?* (Гур., Маңғ.). *С ы й-с ы я п а с ы н жасаган соң аттандырып салдық* (Гур., Мақат).

СЫЙТ (Гур., Бақс.) сый. *Мұндай қонақтарга үлкен с ы й т жасау керек* (Гур., Бақс.).

СЫЙТАБАҚ (Талд., Ақсу) құдаларға бас тартып болған соң, асық жілік немесе жамбас салып қосымша табақ апарғанда құдалар жағынан берілетін сый. **С**ый табақты *қос табақ* деп те атайды. *С ы й т а б а қ келіп қалды алдымызга, әуенге құдеке жан салдыңыз ба? Бір балаң екі бала болып тұр гой, әрқашан жүре берсін гүлдей жайнап* (Талд., Ақсу).

СЫЙЫҚТЫ (Шығ. Қаз.: **З**айс., Күрш.; Алм., Жам.) сияқты, тәрізді, секілді. *Мына бала Қанаш с ы й ы қ т ы* (**Ш**ығ. Қаз., Күрш.). *Мен с ы й ы қ т ы бір қарт елшілікке барыпты гой* (Алм., Жам.).

СЫЙЫР ЖОЛ (Қост., Жанг.) жалғыз аяқ жол. *Алыстан с ы й ы р ж о л м е н бір қара келе жатыр* (Қост., Жанг.).

СЫЙЫР ЖОҢЫШҚА (Сем., Үрж.) алаша, тырбиып өсетін, сиыр сүйіп жейтін шоп түрі. *Бізде с и ы р ж о ң ы ш қ а коп болады* (Сем., Үрж.).

СЫЙЫРҚҰЙРЫҚ (Қ.орда, Қаз.; Алм., Жам.) көл жағасында құмға шығатын мал жемейтін сиыр құйрығына ұқсас шөп. *С ы й ы р қ ұ й р ы қ тұсі жақсы болганмен мал жемейтін шөп* (Қ.орда, Қаз.). *Жогаргы аңызга с ы й ы р қ ұ й р ы қ, атқұлақ қалың екен* (Алм., Жам.).

СЫЙЫРМА ҚҰЙРЫҚ (Қ.орда, Арал) өтірік айту, құр созбен алдау. *Қазақтың с ы й ы р м а қ ұ й р ы қ дегені болады гой* (Қ.орда, Арал).

СЫЙЫРМА ҚЫЛЫШ (Қ.орда: Қарм., Арал, Жал.) семсер. *Ертеде батырлар өз дұшпанын с ы й ы р м а қ ы л ы ш п е н ұрган* (Қ.орда, Арал).

СЫЙЫР-СЫБЫР (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал, Чап.) сиыр-миыр. *Көзіңе жайылып жүрген с ы й ы р-с ы б ы р корінген жоқ па?* (Гур., Маңғ.).

СЫЙЫРУ (Гур., Маңғ.) сыпыру. *Сүмсемен* (қ.) *қырманды с ы й ы р а д ы* (Гур., Маңғ.).

СЫЙЫРШЫҚ (Қост., Об.) сырға. *С ы й ы р ш ы г ы ң д ы берші бері, коріп берейін* (Қост., Об.).

СЫҚАЙ БЕРУ (Қост., Об.) қыса беру. *Қапты онша с ы қ а й б е р м е* (Қост., Об.).

СЫҚПА[1] (Сем.: Көкп., Ақс.; Қост., Об.) қолмен сығып жасаған кішкентай құрт. *Құрттың мына түрін біз с ы қ п а дейміз* (Сем., Көкп.). *С ы қ п а құрт дәмді, тәтті болады. С ы қ п а құртты шайга салады* (Қост., Об.). *Жолазыққа деп, біреу бүйенге тыққан май, біреу с ы қ п а, біреу таба нан әкеліп беріп жатыр* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 312).

СЫҚПА[2] (Жамб.: **Ш**у, Мер., Луг., Қорд., Мойын.) қолмен сығып жасаған ұсақ тезек.

СЫҚПА ҚҰРТ (Көкш.: Щуч., Еңб.; Павл., Ерт.; Қост., Жанг.) қолмен сығып жасалатын сопақша кішкене құрт. *С ы қ п а қ ұ р т ежегейдің бір түрі* (Павл., Ерт.). *С ы қ п а қ ұ р т езуге жонді бармайды* (Қост., Жанг.). *С ы қ п а қ ұ р т т а н басқа шайнама кормейміз* (С. Мұқ., Таңд. шығ., III, 82). *Асығып отырган Танакоз алдына қойган с ы қ п а қ ұ р т пен сарымайдан ауыз тиді де, тысқа шықты* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 166). Қ. сықпа[1].

СЫҚПАН (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта, Тедж., Байр.; Қарақ.) қамырды үзіп-үзіп қайнаған суға салып жасаған сорпа. *Садагасы кетейін, Мәшауа* (қ.) *менен с ы қ п а н н ы ң. С ы қ п а н сықпақ жаны шықпақ* (Қарақ.).

[Қарақалпақ тілінде *сықпа* (Рус.-карак. сл., 1958)].

СЫҚПАР (Қ.орда: Қарм., Сыр.) сараң, жырынды. *Кейде с ы қ п а р адам да кездесіп қалады* (Қ.орда, Қарм.).

СЫҚПЫТ (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) тұр, ажар, түрпат. *«Тұсі игіден тұңілме» деген, с ы қ п ы т ы жаман адамнан не шықсын* (Гур., Маңғ.). *Бір әйел реніш білдіріп: әй, с ы қ п ы т ы ң құрсын сенің, деп қалды* (Түрікм., Красн.) ... *айналаның барлығы жер-жатаган қотыр тамдар с ы қ п ы т ы қожалақтанып көзге сұрқай көрінді* (О. Бок., Өз от. өш., 332). Қ. сұқыт, сұпы[2], сұпыт, сүдін.

СЫҚПЫТСЫЗ (Орал: Чап., Жымп.) ажары, сиқы жоқ адам.

СЫҚСИМА (Көкш.: Щуч., Еңб., Қ.ту; Қ.орда: Сыр., Жал.; Павл., Ерт.; Орал: Чап., Жымп.; Қост., **С**емиоз.) лампасыз май шам. *С ы қ с и м а шамды алып, шошаланга кіріп кетті* (Көкш., Щуч.). *С ы қ с и м а н ы сықсита жагып, корер таңды козбен откізуші едік* (Қ.орда, Жал.). *С ы қ с и м а н ы бұрыңгы дәуірде коп қолданатын* (Павл., Ерт.). *Електірге дейін с ы қ с и м а н ы ң талай түрін көрдік бізде* (Қост., **С**емиоз.). *Қалың агаштың арасына сирек қондырылган с ы қ с и м а шамдардың сүйқылт жарығында төлтіректеп келе жатқан мас кісідей* ... (Ә. Кекіл., Құс қан., 174).

СЫҚТАУ (Гур., Маңғ.) зорлау, қысу. *Сыйда с ы қ т а м а қ жоқ* (Мақал). *Баланы әлі с ы қ т а г а н жоқпын* (Гур., Маңғ.).

СЫҚЫЛЫ (Гур., Маңғ.; Орал, Казт.) сиқы, түрі. *Мынаның адам болдым дегендегі с ы қ ы л ы н а қарашы* (Гур., Маңғ.). *Өзінің с ы қ ы л ы қандай еді* (Орал, Казт.).

СЫЛА 1. (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.; Қарақ.) ақ балықтың бір түрі. *С ы л а н ы ң кепшілігі көлде болады* (Қ.орда, Арал). *С ы л а н ы кейде қой балық деп те атайды* (Гур., Маңғ.). 2. (Қарақ.) ірі балық түрі. *С ы л а балығы да ірі балық* (Қарақ.).

СЫЛАЙ (Гур., Маңғ.) сынай, ыңғай. *Жаз отіп, күз с ы л а й ы біліне Тайланнан маза кетті* (Ә. Кекіл., Үркер, 560).

СЫЛАҚ (Алм.: Нар., Кег., Талд.; Шымк., Шәу.) сылау. *Әке, үйдің с ы л а г ы да оңай жұмыс емес* (Алм., Нар.). *Құм с ы л а қ жүргізіп барып әктет* (Шымк., Шәу.).

СЫЛАН (Гур., Тең.) кішкене арал, құрғақ жер. *10-20 жылдың ішінде теңіздегі кейбір жерлер құрғаққа айналып, с ы л а н болып қалады. С ы л а н н ы ң көлемі 2-3 гектардай болады* (Гур., Тең.).

СЫЛАПАНДАЙ (Гур., Маңғ.) малмандай. *Жолшыбай күн жауып үсті-басымызды с ы л а п а н д а й су қылып кетті* (Гур., Маңғ.).

СЫЛАСЫ (Ақт.: Ырғ., Қараб.; Қ.орда, Арал) реті, жөні, қисыны. *Әр шаруашылықтың өзінің с ы л а с ы болады* (Ақт., Қараб.). *Сондықтан ол кейін бір с ы л а с ы н тапқанша, кемді күн қамыс арасында тығыла тұрмақ болды* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 231).

СЫЛДЫРМАҚ (Жамб., Шу) топшы түбінен орнатқан күміс шашақ. *С ы л д ы р м а қ әйелдерге арналған ердің құйысқанында болады* (Жамб., Шу).

СЫЛТ (Рес., Астр.) ылғи, үнемі. *Біз с ы л т орысша сөйлейміз* (Рес., Астр.).

СЫЛТЫҚАЙ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) үшқалақ, жеңілтек. *Оның өзі де бір с ы л т ы қ а й бала көрінеді* (Тау., Қош.).

СЫМ[1] (Жамб.: Жуа., Жам., Қорд., Шу, Мер., Луг., Мойын.; Алм.: Жам., Нар., Кег., Талд.; Шымк.: Түлк., Сайр.; Сем.: Аяг., Үрж., Көкп., Ақс., Абай, Шүб.; Шығ. Қаз.: Күрш., Больш.; Тау., Қош.; МХР) матадан тігілетін шалбар. *Колхозшылар жауынгерлерге арнап 2 пар пима, 15 мақталы с ы м берді* (Жамб., Шу). *Магазинде с ы м бар* (Шымк., Түлк.). *Сенің с ы м ы ң тар екен* (Сем., Көкп.). *С ы м ы ң д ы киіп ал* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Матадан тігілген киімді с ы м дейміз* (Тау., Қош.). *Колхозшылар Қызыл Армия қорғаушыларымызға деп алғашқы күні 5 фуфайке, 8 мақталы с ы м, 10 қолғап... берді* («Соц. ең.», 1941). *Енді киіне бастаймын, жаңа жейде, жаңа с ы м, жаңа кепкі* (Б. Соқп., Біз де бал. бол., 23). *Келген зат әйелдердің 35 сомдық жүн с ы м ы еді* («Ж. емір», 21.07.1983).

[Қырғызша *шым* шалбар, ыстан (Кирг.-рус. сл., 1965); өзб. *шим*; үйғ. *иум//йем*; ноғ. *сым* бас кондырылмаған аяқ киім; чув. *ватка йем* мақталы шалбар. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *йишим* қонышы қысқа шұлық (носки); *ышым* өйелдер іш киімінің бір түрі (род пантолон); *ишім* дамбал, шалбар; *иім* шалбар; *йөм* шалбар (Ә. Нүрм., Жер. тіл. ерекш. төрк., 109-111)].

СЫМ[2] (Түрікм.: Бекд., Қулы., Красн., Небид.) темір тескенде астына қойылатын ортасы тесік дөңгелек тос.

СЫМАЛ (Алм., Шел.) *-лау* жұрнағы орнына қолданылады. *Мен өзім қараңғы с ы м а л адаммын* (Алм., Шел.).

СЫМБАЛ (ҚХР) сын. *Ол неше түрлі с ы м б а л д а н өткен адам* (ҚХР).

СЫМКЕПКІР (Ауғ.; Ир.) ожау, сүзгі.

СЫМПЫТУ (Қ.орда, Арал) тоқтамай сейлеу, істеу. *О, қасқа, сөзді с ы м п ы т ы п жатыр* (Қ.орда, Арал).

СЫМ ТАНАПТЫ АУ (Гур., Есб.) сыммен жиектеліп, араластырылып құралған ау. *С ы м т а н а п т ы а у г а балық тез түседі* (Гур., Есб.).

СЫМ ТЕМІР 1. (Гур., Маңғ.) ортасы тесік темір, тесілетін темір астына қойылады, тесіктердің үшы соған кіреді. 2. (Сем.: Абай, Шүб.) шегенің басын шығаратын ұста құралы. *Мынаны біз с ы м т е м і р дейміз* (Сем., Абай).

СЫМШҮМЕК (Қарақ.) ақ шәйнек, ақкүман. *Шайды с ы м ш ү м е к к е салып демдеп, қайтарып барып құйың* (Қарақ.).

СЫНА[1] (Қарақ.) мола, қабір, бейіт.

СЫНА[2] (Қар.) мәдениетті, оқыған. *Қамалдың үйіндегі жігіт с ы н а екен* (Қар.).

СЫНАҚ (Алм., Іле) сынау. *Жазғытұрым егістің с ы н а г ы н а шығамыз* (Алм., Іле).

СЫНАЛТУ (МХР) сынау... *мергендік с ы н а л т у, кедергілі жүріс, азаматтық қорғаныс... 8 түрлі сайысқа түсті* («Ж. емір», 15.05.1986). *Жуықта Өлгийдегі спорт залында волейболдан жастар арасындағы 1983 жылғы чемпион с ы н а л т у бәсекесі болып өтті* («Ж. өмір», 8.03.1983). *Бүкілхалықтық социалистік жарыста төртінші рет с ы н а л т ы п, сыйлаған жоғары сыйлығын қуанышпен қабыл алдық* («Ж. өмір», 3.03.1983).

СЫНДАРДАЙ (Сем.: Көкп., Акс.) сұлу, тіп-тік, сынды, сымбатты. *Шынар ағашы с ы н д а р д а й болып өседі. Мынау бір с ы н д а р д а й жігіт қайдан келген* (Сем., Көкп.).

СЫНДАУ (Гур., Маңғ.; Қост., Камыш.; Түрікм.: Красн., Жеб., Небид., Ашх.) сынау. *Біз сені с ы н д а п отырған жоқпыз, жай біле ме деп жауап сорап* (қ.) *отырмыз, білсең айтарсың, білмесең зор жоқ* (Гур., Маңғ.). *Ол кісі сөйтіп әзілдеп отырып, бір жағынан с ы н д а п кетеді* (Қост., Камыш.) *Жинақта* (қ.) *өзіңді с ы н д а п өтейін бе?* (Түрікм., Красн.). *Ондағы кеңсешілдік бюрократтық әдісті с ы н д а д а* («Қарабұғаз.», 14.04.1937). *...жұмыстағы кемшіліктерді батыл с ы н д а п отырды* («Соц. ең.», 1945, №15).

СЫНДЫРҒАН НАНДАЙ (БАЛА) (Шымк., Лен.) тәрбиелі, көргенді бала. *Үлкен баласы сондай мінәйім, с ы н д ы р г а н н а н д а й екен* (Шымк., Лен.).

СЫНДЫРЫҚ[1] (Алм., Жам.) кемістік.

СЫНДЫРЫҚ[2] (Гур., Маңғ.) сынық, үзім. *С ы н д ы р ы қ-м ы н д ы р ы қ бермеді деймісің* (Гур., Маңғ.). *Екеуінің қолында да бір-бір с ы н д ы р ы қ сұлы нан* (Ж. Нәжім., Ақ шағ., 8).

СЫН ЕТУ (Түрікм.: Таш., Тахта, Көнеүр.) бақылау, қарау. *Сені сайлап қойғансын іске с ы н е т с е ң болмай ма?* (Түрікм., Тахта).

СЫНТАРАШ (Қарақ.) ат, есек түяғын жонатын өткір темір құрал.

СЫНЫҚ БҰРАУ АЛМАУ//СЫНЫҚ БҰРАУҒА ҚОЛ ТИГІЗБЕУ (ҚХР; МХР) сынық ине алмау деген мағынада. *Арлы әйел жарамды сыртқа білдірмесем дегенмен, маңдай терімен толған бір үйлік жасаудан с ы н ы қ б ұ р а у д а ала а л м а й қорланды* (Ғ. Қан., Бұрқ.). *С ы н ы қ б ұ р а у ы ң а қ о л т и г і з і п, тірі жанға жәбір көрсетпеймін. Еліңе де, жеріңе де қызықпаймын* (С. Тәу., Ақыр Жән., 292).

СЫНЫҚ БҰРАУҒА ҚОЛ ТИГІЗБЕУ Қ. сынық бұрау алмау.

СЫҢАР КЕСІК ЕН (Талд., Панф.) бір құлағынан кесіп жасаған ен.

СЫҢАР МҰЙІЗ (Гур., Маңғ.) кілемге, текеметке, шиге, т.б. салатын өрнек түрі.

СЫҢАРТЫҚ (Орал, Орда) сынар ен, бір ені жоқ, шала піштірілген мал. *Мына бір тайөгіз с ы ң а р т ы қ екен, табыннан қашып шыға береді* (Орал, Орда).

СЫҢЛАУ (Қ.орда, Арал) саңылау.

СЫҢСЫЛАУ (Жамб., Жуа.) сынсу (қыздардың ұзатқанда жылауы).

СЫҢСЫП ОТЫРУ (Ақт., Ырғ.) қаптап, толып отыру. *Айтбайдың үйінің жанында адамдар с ы ң с ы п о т ы р* (Ақт., Ырғ.).

СЫПА[1] (Қ.орда: Шиелі, Арал, Сыр., Жал., Қарм., Қаз.; Жамб.: Шу, Св., Жам.; Шымк.: Шөу., Тулк.; Қост., Жанг.; Қар., Қарқ.) сыпайы. *Өзің бір с ы п а бала екенсің, шырағым, әңгіменді айта бер* (Қ.орда, Шиелі). *Менің мына балам с ы п а болады екен, с ы п а д а көп сөз болмайды* (Жамб., Шу). *С ы п а жаурамай, қалтырар* (Мақал; Шымк., Шөу.). *Ахметбектің өзі с ы п а жігіт* (Қост., Жанг.). *С ы п а тұтып, кейін тұрып қалдым* (Қар., Қарқ.). *Сөзі с ы п а бойын бағар, Балам түзде қойын бағар. Балам түзде жаурап жүрсе, Келін үйде ойын бағар* (Б. Майл., Шығ. 1 т., 326).

СЫПА[2] (Шымк., Мақт.) үйдің сыртқы төбесі. *С ы п а д а н тамшы ағып кетті* (Шымк., Мақт.).

СЫПА[3] **1.** (Шымк.: Сайр., Тұлк.; Жамб., Жам.; Алм., Шел.; Қарақ.) балшықтан биіктеу етіп жасалған орын, сәкі. *Тамға* (қ.) *с ы п а тазалық үшін жасалады* (Шымк., Сайр.). *С ы п а тамның төр жағында болады* (Жамб., Жам.). *С ы п а д а отырып шай ішейік* (Алм., Шел.). *Биыл айуанға* (қ.) *с ы п а соқпақшымын* (Қарақ.). 2. (Өзб., Ташк.) жерден көтеріп, үстін тегістеп сылаған орын.

[Өзбекше *супа* (Узб.-рус. сл., 1959); тәж. *суфа* (Тад.-рус. сл.)].

СЫПА[4] (Түрікм.: Красн., Теджен., Таш.) егіннің қауызы, шөп-шары.

[Түрікменше *сыпак* орылған жерде қалған егін сабағы (Туркм.-рус. сл., 1940)].

СЫПА[5] (Гур., Маңғ.) ырыс. *Сарқытта с ы п а да бар, сарқытта шыпа да бар* (Мақал; Гур., Маңғ.).

СЫПА[6] (Қ.орда, Қарм.; Қарақ.) мола, бейіт, қабір. *Сол жерде с ы п а қып салған молалар көп қой* (Қ.орда, Қарм.). *Мына с ы п а д а Айымбет ишан жатыр* (Қарақ.).

СЫПА ҚҰЙРЫҚ (Жамб., Шу) сүйықтау, ұзындау келген жылқы құйрығы.

СЫПАЛЫҚ. (Қ.орда, Сыр.) сыпайылық. *Барзуға беріп сәлем қусырып қал, Сөз айтты с ы п а л ы қ п е н былайша ол* (Т. Ізт., Рус. дас., 206).

СЫПАТ (МХР) қалып. *Сапа бригадасы қозғалысы жалпыны қамтыған с ы п а т қ а кошті* («Үгітші», 1987, №3, 2).

СЫПЕТ (Гур., Маңғ.) сипат.

СЫПИ ТАБАН ЕТІК (Қарақ.) өкшесіз, жұқа, жеңіл мәсі орнына киетін етік. Өкшесін ұлтан ішінен салады, көбіне асау атқа, бөйге атына мінетіндер киеді.

СЫП-СЫЙПАН ҚЫЛУ (Қост., Жанг.; Орал, Чап.) тып-типыл қылу, түк қалдыр-

мау. *Біздің колхоздың әйелдері масақты с ы п с ы й п а н қ ы л ы п жинап алды* (Қост., Жанг.).

СЫП-СЫПЫРУЫН (Қост., Жанг.) тып-типыл. *Былтырғы қалың ағашты с ы п-с ы п ы р у ы н ғып алып кетті* (Қост., Жанг.).

СЫП ТАБАН ЕТІК (Қарақ.) окшесіз етік, мәсі орнына киеді.

СЫПТЫҒЫР (МХР) арықша, ашаң. *Осынау, жасы қырыққа енді ғана иек артса да, үлкенді де, кішіні де «Жокелетіп» қойған с ы п т ы ғ ы р орта бойлы, кез әйнекті қара жігітті қасапхананың бастығы Қ. Жөлікей жолдас деп ұғыңыз* («Ж. өмір», 5.09.1983).

СЫПТЫРМАУ (Түрікм., Небид.) жол бермеу. *Осы күнгі жастар ақсақалдарды былай қойғанда жолда келе жатқан машинге де с ы п т ы р м а й д ы* (Түрікм., Небид.).

СЫПУ (Қ.орда: Арал, Тер., Жал.) сызылу, сыпайылық білдіру. *Кейбірі жіптіктей с ы п ы п тұрған адам* (Қ.орда, Арал).

СЫПЫ (Орал, Жөн.) сопы. *Ертекте с ы п ы л а р біздің елімізде де болды* (Орал, Жән.). Қ. сұпы.

СЫПЫ КЕТУ (Тау., Қош.) мәнісі кету.

СЫПЫР[1] (Гур., Маңғ.) ал, түсір. *Құлынның ноқтасын с ы п ы р* (Гур., Маңғ.).

СЫПЫР[2] (Жамб.: Шу, Луг., Мер., Қорд.; МХР) қарасан – сиыр ауруы. *С ы п ы р д ы емдегенде біз чанчиды* (МХР).

СЫПЫРА[1] (Жамб.: Жам., Шу; Шымк.: Мақт., Арыс; Алм.: Кег., Жам.; Қ.орда: Қарм., Сыр., Жал.; Қарақ.) нан жаятын, нан илейтін, диірмен астына салатын дастарқан (көбіне теріден жасалады). *С ы п ы р а н ы әкелші, қамыр салып қояйын* (Жамб., Жам.). *Қане, шайға с ы п ы р а жайыңдар* (Шымк., Мақт.). *С ы п ы р а н ы қол диірменнің астына салып тарт* (Қ.орда, Қарм.). *С ы п ы р а н ы жинап алғын* (Алм., Кег.). *Жұр, еңбек с ы п ы р а с ы н жайып, табыстан үлесімізді алайық, десіп, екеуі колхозға кетті* (Қ. Әбд., Тәт. қауын, 50). *Нан жауға с ы п ы р а н ы таба алмай тұрмын* (Қарақ.). *Үсіптің үйінен тері с ы п ы р а г а ораған бір тостаған талқаннан басқа тұк те табылмады* (Ш. Мұрт., Жұлд. көп., 71).

[Қырғызша с*упура* қамыр астына жаятын дастарқан (Кирг.-рус. сл., 1965, 664); езб. с*упра:* 1) дастарқан; 2) үн елегенде астына салатын тері жайма (Узб.-рус. сл., 1959); пар. с*офре* дастарқан (Пер.-рус.-азерб. сл., 1945)].

СЫПЫРА[2] (Шымк.: Арыс, Сайр., Сарыағ.; Алм.: Кег., Жам.) мал-мүлік, дүние. *Бұл біреудің маңлай* (қ.) *тері, табан етімен жинаған с ы п ы р а с ы гой* (Шымк., Сайр.). *Осы с ы п ы р а д а н таңдап ал, осы с ы п ы р а н ы ң бірі жақпай ма?* (Шымк., Сарыағ.). *Осы с ы п ы р а д а н бір жақсылық көрмедім* (Алм., Кег.).

СЫПЫРА[3] (Жамб., Қорд.) рет, қатар. *Бір кісі екі с ы п ы р а д а н киім кидік* (Жамб., Қорд.). *Қоралардың бәрі де, бұзау үйі де ішісырты екі с ы п ы р а д а н сыланды* («Екп. жол», 1941, №67).

СЫПЫРА[4] (Сем., Абай) өңшең, шетінен. *С ы п ы р а елтірме, сұрқия* (Сем., Абай).

СЫПЫРА[5] (Түрікм., Красн.) ұсқын, кейіп, мінез. *Тәуір адам деп жүрсек, ол жігіттің с ы п ы р а с ы шамалы болды* (Түрікм., Красн.).

СЫПЫРҒЫ (Жамб., Жам.; Гур., Маңғ.) сыпырғыш. *С ы п ы р ғ ы қайда?* (Жамб., Жам.). *Жусан с ы п ы р ғ ы н ы ң байлауы қатты болса да... жіп алып с ы п ы р ғ ы н ы белінен тағы байлады* (Ш. Мұрт., 41-ж. кел., 70).

[Түрікше *сүпүрге* (Тур.-рус. сл., 1977); өзб. *супурги* (Узб.-рус. сл., 1959); алт. *сибирги* (Н. Бас., ДК, 246); монғ. *шүр* (Монғ.-каз. сөз., 1954)].

СЫПЫРМАЙ (Алм., Талд.) аласа жиекті бөрік. *Менің с ы п ы р м а й ы м д ы алып берші* (Алм., Талд.).

СЫПЫРТҚЫ (Алм.: Жам., Шел.) сыпырғыш. *Тамды сыпырмайсыңдар-ау, әкел с ы п ы р т қ ы н ы* (Алм., Жам.). *Қолында сырық сап с ы п ы р т қ ы* (Ә. Кекіл., Құс қан., 225). Қ. сіпсе, сібірткі, сіпірткі.

СЫПЫРЫ (Гур., Маңғ.) түрі, сиқы. *Осынша қызмет етіп, алып қайтқан алғысыңның с ы п ы р ы, сонда осы ма?* (Гур., Маңғ.). Қ. сықпыт.

СЫПЫТ 1. (Орал, Орда) сыйпат. *Үлжанның с ы п ы т ы келісімсіз болғанмен, істің тетігін біледі* (Орал, Орда). 2. (Қост., Жанг.; Қар., Қарқ.) түр, сиық, кейіп. *Көк аттың осы күні с ы п ы т ы кетіп жүр* (Қост., Жанг.). *Құрмағырдың с ы п ы т ы келіспей тұр екен. С ы п ы т ы келіспеген нәрседен қорқамын* (Қар., Қарқ.).

СЫР[1] (Гур., Маңғ.) түрлі-түсті қарындаш. *Балалар с ы р м е н сурет бояды* (Гур., Маңғ.).

СЫР[2] (Гур., Маңғ.) өңшең, ылғи. *Бөкей әулетіне қарағанның бәрі с ы р кедей-ді* (Ж. Нәжім., Ақ. шағ., 219).

СЫРАҒДЫ (Гур., Маңғ.) реті, иіні. *Сөздің с ы р а г д ы с ы н айтқаным гой, шырақ, сен қайдан қи шабайын деп ең* (Ж. Нәжім., Кішк., 169).

СЫРАЛҒЫ (Ақт., Жұр.; Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал; Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Таш., Тедж.) аңшыдан, т.б. кәсіпшілерден алынатын сыбаға, үлес, олжа. *Батырдан*

сауға, егіншіден кеусен (қ.), *балықшыдан с ы р а л ғ ы* (Қ.орда, Арал). *Тона екі бекірені с ы р а л ғ ы ғ а маған бер* (Түрікм., Красн.). *Ал, кәне с ы р а л ғ ы алыңдар, – деді саңқылдап. Жалмұрат онан талай с ы р а л ғ ы алып, дәм татқан жігіт* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 139, 68).

СЫРАН СУЫҚ (Қарақ.) қатты суық, аяз. *С ы р а н с у ы қ күндерде бишара, осы киімімен-ақ жүретін еді* (Қарақ.).

СЫРАП (Гур., Маңғ.) ысырап, шығын. *Малды орынсыз шашып, с ы р а п т а у ғ а болмайды* (Гур., Маңғ.). *Егінді 17-18 жұмыс күні ішінде ешқандай с ы р а п с ы з жинап аламыз* («Ст. туы», 1942, №55). *Егін ору, оны бастыру жұмыстарын срогінде с ы р а п етпей жинау үшін күш жұмсалады* («Қ. ту», 15.08.1939).

СЫРАУ (Гур., Маңғ.; Рес., Сарат.) сұрау. *Өзің жұмыс с ы р а у ғ а барады екенсің ғой* (Гур., Маңғ.). *Егер ол берсе с ы р а п көрем ғой* (Рес., Сарат.).

СЫРАУЫЛ (Орал: Казт., Орда) сырғауыл. *Қорага деген с ы р а у ы л еді* (Орал, Казт.).

СЫРАУЫЛДАЙ (Гур., Маңғ.) ұзын.

СЫРБАЗ[1] 1. (Гур., Маңғ.; Орал, Жән.; Ақт., Жүр.) еттен әзірленетін тағамның бір түрі (теріге орап, ішіне от өртелген шұңқырға пісірген қой еті). *С ы р б а з д а н баяғыда кірей* (қ.) *тартатын жолаушылар істейтін* (Гур., Маңғ.). *С ы р б а з келді алдыңа, кербез отыр алдыңда* (Орал, Жән.). 2. (Сем.: Көкп., Ақс.) сұр ет, кептірілген ет. *Ол қонақтарға с ы р б а з асты* (Сем., Көкп.). 3. (Шымк., Түлк.; Қ.орда, Арал) семіз жас қозы немесе семіз қойдың дәмді еті. *Семіз қой с ы р б а з д ы ң етін жедік* (Қ.орда, Арал). ... *сары ірімшіктің сарсуына піскен с ы р б а з етінің шырын дәмі келеді* (Ә. Кекіл., Құс кан., 85). 4. (Орал, Орда) әбден, езіле піскен ет. *Галидікінен с ы р б а з жедік* (Орал, Орда).

СЫРБАЗ[2] 1. (Сем., Көкп.) кербез, сылқым. *Біздің қонақтың өзі бір с ы р б а з жігіт екен* (Сем., Көкп.). 2. (Сем.: Көкп., Ақс.) ысылған; сегіз қырлы, бір сырлы. *Қайса әрнәрседен хабары бар, білгір, с ы р б а з жігіт* (Сем., Ақс.).

СЫРҒА (Гур., Маңғ.) малдың құлағына салатын, мойнына тағылатын темір белгілер, таңбалар. *Заготконтор қойдың құлағына с ы р г а тағады* (Гур., Маңғ.).

СЫРҒА ЕН (Талд., Панф.) құлақтың арт жағынан, алдыңғы жағынан, шетінен тіліп жасаған ен. *С ы р г а е н салбырап тұрады* (Талд., Панф.).

СЫРҒАҚ (Жамб., Қорд.) тұяқтың ұшы, бедері. *С ы р г а г ы таусылған жылқыны сазға байласа, бір айда жетіліп кетеді* (Жамб., Қорд.).

СЫРҒАҚТАУ (МХР) тоқтамау, жүре беру. *Соны шөпке мал с ы р г а қ т а й береді* (МХР). *Енді семіздікті қойдан басқа көтермес дегендей; сырттап с ы р г а қ т а й шегеншектей жүргендей* (С. Мағ., Сүмбіле, 38).

СЫРҒАЛАҚ (Гур., Маңғ.) құр тоқу үшін қажетті тақтай ағаш. *Құр тоқуға с ы р г а л а қ керек* (Гур., Маңғ.).

СЫРҒАЛАҢ СЫЛҚЫМДАР (Шығ. Қаз.: Тарб., Больш.) жұмыста тұрақсыз адамдар. *С ы р г а л а ң с ы л қ ы м д а р ғ а салынды* («Больш. кол.», 1938, №35).

СЫРҒАЛЫ (Сем.: Аяг., Мақ., Үрж.) жабайы жоңышқаның бір түрі. *С ы р г а л ы н ы сиыр да жей береді* (Сем., Үрж.).

СЫРҒАУЫЛ[1] (Көкш.: Қ.ту, Еңб.; Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шүб.; Павл., Ерт.; Қост., Жанг.; Рес., Орын.) қарыға, аркалық, мәтке үстіне салатын жіңішке мәтке ағаш. *Мәткенің* (қ.) *үстіне салатын с ы р г а у ы л жетпей отыр* (Көкш., Қ.ту). *С ы р г а у ы л мойын, сары жеңгей келді ме?* (Сем., Кокп.). *С ы р г а у ы л д ы үйдің төбесіне салады* (Павл., Ерт.). *Сымбат, сенде арбаға қанат боларлықтай с ы р г а у ы л жоқ па?* (Қост., Жанг.). *Төбедегі арқалық, с ы р г а у ы л, шырпылардың арасына жұмарлақтап жүн, қыл тыға беріпті* (F. Мұст., Дау. кейін, 253).

СЫРҒАУЫЛ[2] (Алм.: Кег., Шел.) сүйреткі құрал. *С ы р г а у ы л м е н шөмеле тартады* (Алм., Кег.).

СЫРҒАУЫЛ[3] (Қар., Шет) биік. *Омардың еккен ағашы үйде с ы р г а у ы л* (Қар., Шет).

СЫРҒИЯ (Қар.; Жезқ.; Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) сұрқия, отірікші, тұрақсыз. *Нағыз с ы р г и я өзі. Жүрісі де с ы р г и я адамша, жылмаң-жылмаң етеді* (Қар.). *Әлен деген с ы р г и я адам еді* (Гур., Маңғ.). *Дәулетовтың қашаннан ақша ойыншы «с ы р г и я» екендігін «Құрылыс» ауылындағы бес жасар баласына дейін біледі* («Соц. мал шар.», 21.04.1937, №25).

СЫРҒУАҢ (МХР) 1. сараң, қарау. *Оның өзі с ы р г у а ң адам емес пе?* (МХР). 2. қу, залым. *Өте с ы р г у а ң немедер екен* (МХР).

СЫРҒЫ (Рес., Орын.) бидайды сырып үйетін ағаш құрал. *С ы р г ы н ы атқа жегеді. С ы р г ы м е н қыста қар жинайды* (Орын., Бөр.).

СЫРДАЙ ТОНАУ (Сем.: Абай, Шүб.) түгін қалдырмай тонау.

СЫРДАҚ (Гур., Маңғ.) түйе ауытының астына салатын тоқым төрізді зат.

СЫРДАҚ БОЛУ (Гур., Маңғ.) кір болу.

СЫРДЕСТЕ (Гур., Маңғ.; Орал, Қара.) сыр мінезді, таныс. *Дос-жар, с ы р д е с т е адамдар едік. Біздің арамызға балаларымыз шекараның қарала ағашын қадамаса қайтсін* (Ғ. Сл., Домб., 86). *С ы р д е с т е Тайманнан басқасы таң қалса, таң қалғандай екен* (Ә. Кекіл., Үркер, 29).

СЫР ЖҮГІРУ (Сем., Аяг.) зыр жүгіру.

СЫР КҮРІШ (Шымк.: Түлк., Сайр., Арыс; Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) сүтке салып пісірген күріш, күріш ботқа. *Мейманға с ы р к ү р і ш істеп берейін. С ы р к ү р і ш әрі жеңіл, әрі сүйкімді ауқат* (Шымк., Сайр.). *С ы р к ү р і ш еліміздің мейманға берер сыйлы тамағы* (Қ.орда, Тер.).

СЫРҚАС (Ақт.: Жүр., Қараб.; Рес., Орын.; Өзб., Ташк.) сырқат, ауру. *Мен май айында с ы р қ а с болдым* (Орын., Домб.).

СЫРҚАСТАНУ (Ақт.: Шалқ., Ойыл; Гур., Есб.; Қ.орда, Арал; Қарақ.) сырқаттану, ауыру, науқастану. *Мен екі-үш күннен бері с ы р қ а с т а н ы п отырмын* (Ақт., Шалқ.). *Шырағым, с ы р қ а с т а н ы п қалдың ба?* (Гур., Есб.). *Бүгін с ы р қ а с т а н ы п отырмын, жұмысқа бара алмаспын* (Қарақ.). Қ. сырқос.

СЫРҚАУЛАУ (Алм., Шел.) сырқаттану, ауыру. *Басым айналып с ы р қ а у л а п тұрғаным* (Алм., Шел.). Қ. сырқастану.

СЫРҚАУШЫЛЫҚ (МХР) ауру, сырқаулық. *Баспа өндірісінде мамандық салдарынан с ы р қ а у ш ы л ы қ қосылуы ықтимал* («Ж. өмір», 20.06.1983).

СЫРҚОС (Ақт., Қараб.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Бекд., Жеб., Ашх., Гяу., Тедж., Мары, Таш.) сырқат, ауру, науқас. *Мұқаметжанның баласы с ы р қ о с болғалы екі жыл* (Ақт., Қараб.). *Басқарма 2-3 күннен с ы р қ о с еді, бүгін басын көтеріп жүр* (Гур., Маңғ.). *Бірнеше адам с ы р қ о с п ы з деп қарап отыр* («Маңғ.», 1.07.1954). *С ы р қ о с т ы қ т а н іске жарамайды* (Түрікм., Таш.). *Мен үйден қалай шығайын, қарағым, Өтеп берген атаң с ы р қ о с* («Жұм-шы», 2.04.1941).

[Қарақалпакша *сырқос* (Карак.-рус. сл., 1958)]. Қ. сырқас.

СЫРҚОСТАНУ (Гур., Маңғ.) сырқаттану, ауыру. *Жәнібек с ы р қ о с т а н ы п, үш күн жұмысқа келмеді* («Лен. жолы», 1948, №40).

СЫРҚУАҢДАУ (МХР) сараң болу. *Ол үй де с ы р қ у а ң д а й ы н депті* (МХР). Қ. сырғуаң.

СЫРҚУАТ (Орал: Казт., Жән.; Павл., Ерт.) аяқ-қолдың сырқырап ауруы. *Магнур с ы р қ у а т болып, дәрігерге қаралуға кетті* (Орал, Жән.). *С ы р қ у а т желден жабысады* (Павл., Ерт.).

СЫРҚҰЛАҚ ТЫШҚАН (Қар., Шет) саршұнақ тышқан. *С ы р қ ұ л а қ т ы ш қ а н н ы ң егінге зияны көп* (Қар., Шет).

СЫРҚЫНДЫ (Сем., Абай) айлакер, қу, залым. *Ол барып тұрған с ы р қ ы н д ы кісі* (Сем., Абай). *Астыртын жамандасуға айлакес, с ы р қ ы н д ы болғанмен, мынадай үлкен әділ қазының алдында, ашық шындыққа бара алмайтын* (М. Әу., Абай жолы, 386). *Бұларды түн бойы сарсаңға салған адамдар сондай жеке-дара с ы р қ ы н д ы л а р* (Р. Райым, Жап. жанғ., 174).

СЫРҚЫНДЫ АҚШУЛАН (Сем., Абай) әккі, тәжірибелі, қу. *Мынау түлкі жас емес, с ы р қ ы н д ы а қ ш у л а н көрінеді* (Сем., Абай). *Бірақ түлкі қартаң тартқан, с ы р қ ы н д ы а қ ш у л а н екен* (М. Әу., Абай жолы, 620).

СЫРЛЫҒУ (Сем.: Абай, Шүб.) сырғу.

СЫРЛЫ ЗЕРЕҢ (Түрікм., Таш.) сусын ішетін үлкен кесе. *Сусын сырап едік, с ы р л ы з е р е ң толған айранды ұсына берді* (Түрікм., Таш.).

СЫРЛЫ ҚҰМАН (Гур., Маңғ.) шай шығаратын құман.

СЫРМА[1] (Көкш.: Щуч., Еңб.; Жезқ., Ұлы.) шөп жинайтын құрал. *С ы р м а м е н шөп сырамыз, астық сырмаймыз* (Көкш., Щуч.). *Бізге шөп жинайтын с ы р м а беріп еді* (Жезқ., Ұлы.). *Бұл жұмысқа олар екі тракторға тіркелген кең с ы р м а м е н шөп тартып, сменалық тапсырманы асыра орындады* («Кокш. прав.», 9.07.1957, 134). *Егерде бричка жетпесе, онда с ы р м а н ы пайдаланып, қайткен күнде де барлық егінді тез маялап алу керек* («Соц. ең.», 24.09.1942).

СЫРМА[2] (Көкш.: Щуч., Еңб.) ақырын сырғып бораған боран. *Қыстығүнгі с ы р м а д а қар иректеліп түседі* (Көкш., Еңб.).

СЫРМАҚ (Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал., Қарм.; Қарақ.) ішіне мақта салып, сырып істелген шапан. *Біздің елдің қарттары с ы р м а қ т ы жаздың ыстық күндерінде де кие береді* (Қ.орда, Шиелі). *Қыста Жұбанға с ы р м а қ тігіп берген едім, тоңбай оқуына барып жүрді* (Қарақ.).

СЫРМА ШАЛБАР (Павл., Леб.) арасына мақта салып, сырып жасалған шалбар.

СЫР МІНЕЗДІ (Қост., Жанг.) жасынан сырлас адам. *Сати с ы р м і н е з д і еді, оны мен жақсы білуші едім* (Қост., Жанг.).

СЫРНАУ (Қ.орда, Арал) тегіс те айқын жол. *Жол жақсы, не деген с ы р н а у жол* (Қ.орда, Арал).

СЫРНЫҒУ (Қ.орда, Арал) үйрену, дағдылану. *Бір-біріне тіпті с ы р н ы г ы п кетken* (Қ.орда, Арал).

СЫРП-СЫРП (Түрікм., Красн.) түйеге су ішкізгенде айтылатын сөз. *Мен құдық басына келгенде Жөкең с ы р п-с ы р п деп түйесіне су ішкізіп тұр екен* (Түрікм., Красн.).

СЫРТ КӨЗІНЕН ТАНЫТУ (Қ.орда, Арал) сыртынан, сырт бейнесінен таныту. *Сыр сақтамас шыншыл таза жүрек Есей жайын тіл ұшына алмай қанша жасырса да бір сөзге келмей с ы р т к ө з і н е н т а н ы т ы п алды* (Ә. Нұрп., Курл., 174).

СЫРТ КӨЙЛЕК (Көкш., Қ.ту) жейде. *С ы р т к ө й л е г і ң д і тастап кет, жуып берейін* (Кокш., Қ.ту).

СЫРТ ҚАСЫҚ (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта, Тедж.) үлкендеу келген сырлы ағаш қасық. Бүйір жағы сопайып жасалады да сүйық тамақты құятын жағы шүмек тәрізді болып келеді. *Ожауды таппасаң, с ы р т қ а с ы қ т ы әкел* (Түрікм., Тедж.).

СЫРТҚЫ ЖАНОЗ (Ақт., Жүр.) огіз мойнын мойынтұрықтан сыртқа шығармай ұстап тұратын сырт жағындағы темір.

СЫРТТАН (Жамб.: Шу, Мер.; Гур., Маңғ.) қаңбақ секілді, тамыры білектей, бір-екі метр тереңдікке кететін өсімдік. *С ы р т т а н н ы ң тамырын жазда жинап, қыста көтерем сиырға береді* (Жамб., Шу).

СЫРТТАН САБАҚ (Қ.орда, Арал) түрі қаңбақ сияқты, тамыры өте жуан болып, 1,5-2 метр тереңдікте жататын құмға шығатын өсімдік. Көк кезінде түйе жейді.

СЫРТТЫҚ (Қост.: Фед., Семиоз., Об., Жанг.) жетекті котеріп тұратын, ыңыршақ арқылы отқізілетін қайыс. *Енді аттың с ы р т т ы г ы н таң* (Қост., Семиоз.). *Біздің с ы р т т ы қ екеу еді, соның бірі де жоқ көрінеді* (Қост., Жанг.). *С ы р т т ы қ т ы көтере байла* (Қост., Об.). *Медеудің с ы р т т ы г ы көтеріле бастаған кезде Алексеевке кездесті ...* (Б. Майл., Шығ., V, 118).

СЫРТТЫҚ ІШІК 1. (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш., Көнеүр.) түлкі ішік. *Түлкі терісінен істелген ішікті біз с ы р т т ы қ і ш і к дейміз* (Гур., Маңғ.). *Арқа жақта с ы р т т ы қ і ш і к т і тастамайтын едік* (Түрікм., Көнеүр.). 2. (Қарақ.) терінің бірыңғай арқа жағынан тігілген ішік. Сол сияқты сырттық тымақ та болады.

СЫРТЫНДЫ КӨРСЕТ (Қ.орда: Сыр., Жал.) кет, үйден шық.

СЫРША (Қост., Жанг.) үй төбесіндегі жіңішке ағаштар, салма ағаш. *Жылы үйдің төбесіне с ы р ш а тауып алу керек еді* (Қост., Жанг.).

СЫР ШАЙ (Қарақ.) сүт құйылып, қара бұрыш салынған қою шай.

СЫРШҰМЕК (Қарақ.) аққұман. *Шайды с ы р ш ұ м е к к е салып демдеп, қайтарып құйың* (Қарақ.).

СЫРЫҚ[1] (Қ.орда: Арал, Қарм.; Гур.: Маңғ., Шевч.; Алм.; Талд.) бақан. *Балаш, жел болып келеді, с ы р ы қ т ы әкел үйге тірейік* (Қ.орда, Арал). *С ы р ы қ т ы алып қой* (Талд.).

[Түркі жазба ескерткіштерінде *сыруқ* сырғауыл, ұзын ағаш (ДТС, 505); *суруқ* баған, шатырдың тіреуі (А. Бөр., Бадаи..., 193); өзб. *сириқ* жуан сырғауыл, бақан (Узб.-рус. сл., 1959); алт. *сырык* сырғауыл (Н. Бас., ДЧТ, 151)].

СЫРЫҚ[2] (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) арық қазушыларға олшеп берілген жер мөлшері. *Сыр бойынын арықтарынан талай с ы р ы қ қазған адаммын* (Қ.орда, Қарм.).

СЫРЫ ҚАРАҒАЙ (Рес., Орын.) қарағайдың бір түрі. *С ы р ы қ а р а ғ а й суға қапыл* (к.) *беріледі, қапыл сынады. С ы р ы қ а р а ғ а й нәстүрікке* (к.) *жонуға жеңіл* (Орын., Бор.).

СЫРЫҚ АТТАМАС (Жамб.: Тал., Сар.) қыз ұзатқанда жеңгелерінің күйеуден алатын кәдесі. *Еркежанның с ы р ы қ а т т а м а с ы н мен аламын* (Жамб., Тал.).

СЫРЫҚШЫ (Қ.орда: Қарм., Сыр.) жер олшеуші. *Әуелі с ы р ы қ ш ы келіп жер өлшеп береді, сонан соң сол жерді қазып бітіруге жанталасатын ек* (Қ.орда, Қарм.).

СЫРЫЛДАТЫП ЖАЗУ (Орал, Жән.) жүгірте, жылдамдата жазу. *Писарь с ы р ы л д а т ы п ж а з ы п жатты* (Орал, Жән.).

СЫРЫМ ҚЫЛЫШ (Қ.орда, Қарм.) алмас, өткір қылыш.

СЫРЫСТАН (Орал, Жән.) әлек, әуре. *Бір биені сауудың өзі бір с ы р ы с т а н болып тұр* (Орал, Жән.).

СЫТИЫП ШЫҒА КЕЛУ (Сем.: Абай, Шүб.) сымпиып шыға келу, құр алақан шыға келу. *Мезгілі жеткен соң, ол да с ы т и ы п ш ы ғ а к е л д і* (Сем., Абай).

СЫТЫП АЛУ (Қост.) балықты аудан қолмен алу. *Көзден с ы т ы п а л а м ы з, өйткені балық жылмағай гой* (Қост.).

СЫТЫП КЕТТІ (Шығ. Қаз., Больш.) зытып кетті.

СЫЯЗ (Шығ. Қаз., Күрш.) сиез. *Олар с ы я з г а барды* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Партияның*

қыстағы он төртінші с ы я з ы н д а, жұмысшы-шаруа, көзіңді аш, оқы деп ұран тастады (А. Нұрм., Құл. аж., 112).

СЫЯҚ (Жезқ., Ұлы.) сиық, түр. *Адам с ы я қ ы ң кетіп қалыпты гой. С ы я қ ы жоқ өзінің, адам қорыққандай* (Жезқ., Ұлы.).

СЫЯҚАЛЫ (Гур., Маңғ.) аурулы. *Мал с ы я қ а л ы болганда да бұрын Қошқартасқа тұнеген* (Гур., Маңғ.).

СЫЯҚАТ (Гур.: Мақат, Маңғ.) сиық, тур. *Өзі бір с ы я қ а т т ы жігіт* (Гур., Мақат).

СЫЯҚАТТЫ[1] (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Небид., Гяу., Тедж.) сияқты, төрізді. *Өздерің с ы я қ а т т ы жігіт* (Гур., Маңғ.). *Біз с и я қ а т т ы адамдарга не жорық* (Түрікм., Гяу.).

СЫЯҚАТТЫ[2] (Гур., Маңғ.) ажарлы, көрікті.

СЫЯҚАТТЫ[3] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) байсалды, салмақты, сабырлы. *Анаумынауга көтерілмейтін с ы я қ а т т ы адам* (Түрікм., Көнеүр.).

СЫЯҚАТТЫ[4] (Түрікм.: Красн., Қиян., Бекд., Қулы.) ыңғайлы, қолайлы. *Ертедегі қайықтар кішкене балықтарга гана с и я қ а т т ы еді* (Түрікм., Қиян.).

СЫЯПА (Гур., Маңғ.) сыйлық.

СЫЯ ШӨЛМЕК (Гур.: Есб., Маңғ.) сия сауыт, дәуіт. *С ы я ш ө л м е г і ң д і біреуге беріп, ендігі жылы немен жазар екенсің* (Гур., Есб.).

СЫЯ ШҮЙШЕ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Тедж., Байр., Таш.) сия сауыт. *Едірадан* (к.) *с ы я ш ү й ш е әкелің* (Түрікм., Гяу.).

[Түрікменше *сыя чүйше* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

СЫЯ ШЫНЫ (Қост., Жанг.) сия сауыт. *Ар жағында с ы я ш ы н ы бар ма?* (Қост., Жанг.).

СІБЕР (Шығ. Қаз., Зайс.) өркөкірек, тәкаппар. *Ол өзі с і б е р жігіт. Сен с і б е р л і к т і қой* (Шығ. Қаз., Зайс.).

СІБЕРЛЕУ[1] (Гур., Маңғ.) сіркіреу. *Күн с і б е р л е п қана жауып тұр* (Гур., Маңғ.).

[Тунгус-маньчжур тілдерінде *сэпээр* сіркіреу (ССТМЯ, II)].

СІБЕРЛЕУ[2] (Сем.: Абай, Шүб.) суық соғу. *Жауын көп болып, шөп с і б е р л е п қалып тұр* (Сем., Абай).

СІБІРЛІК ҚЫЛУ (Шымк., Сарыағ.) сібірге жер аудару. *Ол бұрын с і б і р л і к қ ы л г а н адам* (Шымк., Сарыағ.).

СІБІРЛІНЧІ (МХР) сыпырушы. *С і б і р л і н ч і болып істеймін* (МХР).

СІБІРТКІ (Гур., Маңғ.; Ақт., Ойыл; Сем.: Мақ., Үрж., Аяг., Көкп., Ақс.; Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.; Рес., Орын.; Тау., Қош.; МХР) сыпырғыш, сыпыртқы. *Есіктің алдына с і б і р т к і м е н сыйырып тастайтын екен* (Гур., Маңғ.). *Үйді жуар алдында тазалап, с і б і р т к і л е й м і з* (Ақт., Ойыл). *С і б і р т к і жасай білу керек* (Сем., Үрж.). *Көк шиді күзде орып ап с і б і р т к і істеп жататын* (А. Бап., Өлең., 300). *Құр жұрмейік әйтеу қару гой деп балалар көсеу с і б і р т к і де ұстай салган* («Шұғыла», 1992, №2, 96). *Атап айтқанда тері илеу, пышақ, құлып, қайрақ, с і б і р т к і істеп сату, төқыма тоқу, кесте тігу, сурет сызып, әшекейлік бұйымдар ондіру қатарлы даяшылық түрлері еңбекшілер қалауынан шығып отыр* («Ж. өмір», 4.06.1987). *Кәзір бірдебір с і б і р т к і қалмапты* (Сем., Ақс.). *Мына шыбықтардан с і б і р т к і жасай гой* (Түрікм., Ашх.).

[*Субургу* сыпырғыш (М. Қашқ., 1, 425); *siburtchi* сыпырғыш (СС, 103)].

СІБІРТКІЛЕУ (Гур., Маңғ.) сыпыру. *Үйді аздап с і б і р т к і л е п жіберетін* (Гур., Маңғ.).

СІЛБІ[1] (Шығ. Қаз.: Зайс., Марқ.) бүйда, түйенің мұрнынан өткізетін жіңішке қайыс не жіп. *Асау түйелердің мұрнынан с і л б і өткіземіз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

СІЛБІ[2] (Қост.: Жанг., Аман.) жұқа мұз, кілегей мұз. *Түнде күн суық болып, астауга с і л б і тұрып қалыпты* (Қост., Жанг.).

СІЛБІ[3] (Сем.: Көкп., Абай) себелеп жауған (жауын) жаңбыр. *Жауын с і л б і л е п жауып тұр* (Сем., Көкп.).

СІЛЕ[1] (Гур., Маңғ.; Қарақ.) жұқа ақ мата, дәке. *Жараны орауга бір с і л е ізден таптым* (Гур., Маңғ.). 2. (Гур., Маңғ.) сәлде. *Молдалар басына с і л е орайды* (Гур., Маңғ.).

СІЛЕ[2] (Гур., Маңғ.) қарғыс. *Халықтың с і л е с і н ала көрме* (Гур., Маңғ.). *Аргы атаң – хан Нұралы, әкең – Есім, Ақсұңқар алган аңын тірі жесін, Алшайып ат үстіне мінгеннен соң, Халқымның ала көрме көп с і л е с і н* (Абыл ақын). *Апыр-ай, біреудің с і л е с і н е қалган жоқпыз ба?* (Ә. Кекіл., Құс қан., 259).

СІЛЕБЕРСІН (Алм., Жам.) сілеусін. *Өткен жетіде таудан бір с і л е б е р с і н атып алыпты, өзі жолбарыстай көрінеді* (Алм., Жам.).

СІЛЕГЕ (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) жіңішке қарағай (шыршадан гөрі жуан). *Ол таудан отқа жагатын с і л е г е алып келді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

[Монғолша *салаа* жіңішке бұтақ (Монғ.-қаз. сөз., 149].

СІЛЕГЕН (Алм.: Шел., Еңб. қаз.) мәтке, арқалық. *Үйімді бітіру үшін бес с і л е г е н керек болып тұр* (Алм., Шел.).

СІЛЕКЕЙІН АЛУ (МХР) біреуге берген малдың сілекейін өз киімінің жағасына жағу салты. *Малымның бәрін бердім де с і л е к е й і н а л ы п қалдым. Енді мына сілемдей жерді қимайсыңдар ма маған* (М. Құрман., 73).

СІЛЕМ (Қарақ.) із, жоба.

СІЛЕМЕЙ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Тедж.) сілекей. *Сүртсейші алдын, с і л е м е й і н ағызбай* (Түрікм., Ашх.).

СІЛЕМІРЛЕУ (Қ.орда, Қарм.) бірте-бірте, жаңа-жаңа. *С і л е м і р л е п таң атып қалыпты* (Ә. Нүрп., Курл., 449).

СІЛЕН[1] (Сем., Үрж.) сала, сілем. *Тоқта – Жоңғар Алатауының с і л е н і болады* (Сем., Үрж.).

СІЛЕН[2] (Алм.: Кег., Жам., Шел.) орын, қоныс. *Албан елі 1961 жылдан бастап с і л е н сала бастады* (Алм., Кег.).

СІЛЕПКІ (Талд., Сарқ.) кілегей. Орыс тіліндегі *сливки* сөзінің өзгерген нұсқасы.

СІЛЕШКЕ (Талд., Ақсу) үй төбесіне салынатын жіңішке ағаш сырғауыл. *Тамның* (қ.) *төбесіне с і л е ш к е сатып алдым* (Талд., Ақсу).

СІЛЕШҰБЕРЕК (Қарақ.) мәрлі, қазақы шыт сияқты мата түрі. Қ. текөне.

СІЛИБІ (Қ.орда, Қарм.) сексеуілдің күлі. *Сабын жасағанда қазанға суйек, с і л и б і салып қайнатамыз* (Қ.орда, Қарм.).

СІЛПІ ТИЮ (Қ.орда, Қарм.) кесірі, залалы тию. *Қарағым, Өміржан-ау, жақсы жері менің саған с і л п і м т и м е й д і гой* (Қ.орда, Қарм.).

СІЛТІ 1. (Ақт.: Тем., Жүр.) сабан күлін суға қайнатып түндырып алғаны. *Теріні с і л т і г е салса, жүні жиді п түсіп қалады* (Ақт., Тем.). 2. (Гур.: Маңғ., Шевч.; Қ.орда, Арал) итсигектің күлі. *С і л т і күбірткеге дәрі есебінде қолданылады* (Қ.орда, Арал). *С і л т і теріні илеу үшін керек* (Гур., Шевч.). 3. (Қ.орда, Қарм.) сексеуілдің күлі. *Сабын жасағанда қазанға суйек, с і л т і салып, сақар-сабын қайнатамыз* (Қ.орда, Қарм.).

СІЛТІДЕЙ ТҰНУ (Гур., Маңғ.) үю, үйып тындау. *Осы баланың Сапаргали десе не пәлесінің бар екенін білмеймін, оның айтқандарын с і л т і д е й т ұ н ы п тындайды* (Гур., Маңғ.). *Сарым Аманбековтың ауылын шауып, адамын қырып кеткен Аймамбековтен жапсарлас отырған Ақмола үйезінің қазақтары да с і л т і д е й т ұ н д ы* (Ғ. Мүст., Көз көр., 132).

СІЛТІҢ ЕТУ (ҚХР) мазақтау, қылжақтау.

СІЛТІСІ ТИЮ (Қ.орда) кесірі, залалы тию.

СІЛІМТІР (МХР) өлімтік, бошалаң, сылбыр. *Оны қой, барған жұмысын бітіре алмайды, барып тұрған с і л і м т і р д і ң өзі емес пе!* (МХР).

СІМБІЛ (Қарақ.) сүмбіл.

СІМЕР[1] (Қ.орда, Арал) паң, тәкаппар, менменшіл. *Соның өзі бір с і м е р жүрген* (Қ.орда, Қарм.). *Бойындағы бар ашу-ызасын, күш-қайратын жинап, әлгі с і м е р д і өңменінен итере беріп қос аяқтап тұрып тепкенде ... жайсыз ыңқ ете қалды* (Ө. Қан., Құд., 18).

СІМЕР[2] (Алм., Іле) шебер. *Біреу биге «мен с і м е р едім» – деп айтыпты* (Алм., Іле).

СІМСУЙР (МХР) қайыс тесігін үлкейтетін және түйінін шешетін мүйізден жасалған үшкір құрал.

СІМСІК (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж., Тахта) өсекшіл, арсыз, ұятсыз. *Ол бір үй жағалап ас ішкен, не берсең де жей беретін бір с і м с і к дейді* (Гур., Маңғ.). *Қой, ол жігіттің с і м с і к іспен ісі жоқ* (Түрікм., Конеүр.). *...тыныштын алып жүрген қайдағы бір с і м с і к сауалдардан солай қашып құтылмақшы болады* (Ә. Кекіл., Үркер, 22).

СІМТІК (Қост., Жанг.) жарамсыз, іске аспайтын. *Мынау кигіз үйдің тозығы жетіп, с і м т і к болған екен* (Қост., Жанг.). *Сарақ, жай-ғана сарақ емес, қолыңа тиесілі әрбір тері үшін сонша саудаласқан с і м т і к жездесінің мұндай мырзалығына әрі қайран қалған, әрі мейлінше риза болған Ораз-мухамед озіи үстай алмады* (М. Мағ., Алас., 192).

СІҢБЕЛІ (Алм., Шел.) сіңген, сіңіп араласып кеткен. *Біздің ішімізде с і ң б е л і қалмақтар да бар* (Алм., Шел.).

СІҢБІРІК (Орал: Жән., Қара.; Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал) сабағы жіңішке, үзындығы 8-10 см, құмда шығатын осімдік түрі. *Менің атым с і ң б і р і г і бар жерге қарай кетіп қала береді* (Орал, Жән). *С і ң б і р і к т і сіңбіріп алып иіскесең білерсің* (Орал, Қара.). *С і ң б і р і к жеген жылқы семіреді* (Қ.орда, Арал). *Құла қасқаның үйірі жығылар сайда, ебелек пен с і ң б і р і к т і түртіп емеді* (Ж. Нәжім., Кішк, 64).

СІҢУ (Қост., Жанг.) сыю. *Біздің мектеп үлкен болып салынған екен, қанша адам келсе де с і ң і п жатыр* (Қост., Жанг.).

СІҢІРУ (Қарақ.) себу. *13-апрельден 17-апрельге дейін 60 гектар жерге бидай тұқымын с і ң і р д і* («Больш. жол», 1941, №30).

СІПСЕ (Қ.орда, Арал; Түрікм.: Таш., Конөүр., Тахта, Тедж., Мары, Байр.; Қарақ) сыпырғыш. *С і п с е м е н үй сыпырамыз* (Қ.орда, Арал). *Мал иогайда, с і п с е тоғайда* (Қарақ).

Базарда с і п с е д е н көп зат жоқ, сатып әкелің (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *сыбсе* сыпырғыш (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *сипсе* сырпырғыш (Рус.-карак. сл., 1967)]. Қ. сіпірткі.

СІПСЕ ЖҮГЕРІ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) басы тарының басына үқсас, күлтелері бытыраңқы келетін, сабағынан сыпырғыш жасайтын өсімдік түрі.

СІПІРТКІ (Талд., Ақсу) сыпырғыш. *Бидайды с і п і р т к і м е н шарлаймыз* (Талд., Ақсу). Қ. сыпыртқы, сібірткі, сіпсе.

СІР АСТАР (Қост., Жанг.) өкшенің ең ішкі астары. *Менің етігімнің с і р а с т а р ы жақсы* (Қост., Жанг.).

СІРӘ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Гяу., Таш., Конеүр., Тедж.) бәрібір, түбі, боса болмаса. *Осы үйден кеткеніңше жата бер, агарған* (қ.) *шәй-су деген с і р ә бар* (Гур., Маңғ.). *Шөлмектің* (қ.) *аргы бетін с і р ә жуасың* (Түрікм., Кенеүр.).

[Өзбекше *сра* бәрібір (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *сирә* мүлде, тіпті, бәрі-бір (Карак.-рус. сл., 1958)].

СІРГЕ[1] (Орал, Жән.) сиырды ембеу үшін бұзаудың тұмсығына айқастырып байлаған үшкір ағаш. *Қамқа, бұзау еміп кететін болса, с і р г е тағып, сиырмен бірге жібер* (Орал, Жән.). *Қасында ноқтасына кірпіден с і р г е тіккен тайы да тұр* (**F**. Мүсір., Оян. өлке, 377).

СІРГЕ[2] (Өзб., Ташк.) түс киіздің әрбір өрнегін жағалатып бастыратын өрнегі.

СІРГЕ ҚАРА (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Жеб.) тарамданған, басындағы бүршіктері қатты, бүршігінің ішінде дәні бар, мал жейтін өсімдік. *С і р г е қ а р а н ы түйе жесе іші кебеді, ондай түйені аузына айран құйып емдейді* (Түрікм., Красн.).

СІРЕ (Қарақ.) сірә.

СІРЕҢКЕНІҢ ҚАРАШЫҒЫ (Талд., Қарат.) сіріңкенің шақпағы. *От жағуға с і р е ң к е н і ң қ а р а ш ы ғ ы жоқ* (Талд., Қарат.).

СІРЕС (Қост., Жанг.) кіндікке байлайтын ағаш (қамытқа байланатын кішкене ағаш пен кіндікті біріктіретін ағаш). *С і р е с болмаса, өгізді жегіп жүргізуге болмайды* (Қост., Жанг.).

СІРЕСПЕ (МХР) қарысу, сіресу. *Көкжөтел, с і р е с п е, дифтериядан сақтандыруды: 3 айдан 1 жас аралығында 40-45 күн аралатып үш дүркін егеді* («Ж. өмір», 8.06. 1987).

СІРЕ СҮЙМЕУ (Қост.: Фед., Семиоз.) тіпті сүймеу. *Сен оны мен айтты десең, с і р е с ү й м е й д і* (Қост., Семиоз.).

СІРЕУ[1] (МХР) тою. – *Бәсе, – деді Қауметбай кемпіріне қарап: – таңертең с і р е п алып-ақ кетем, кешке қарным ашып қайтады* (М. Құрман., 200).

СІРЕУ[2] (МХР) нығыздалып қатып қалу. *Түйғындайын түйгіштеген қарлы боран құйын екпінімен с і р е п қалған күртік қар ақсақ ойылып, жүргізбейді* (М. Құрман., 223).

СІРКЕ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Таш.; Қарақ.) зергерлік бұйымдарға түртіп-түртіп салынатын өрнек. *Міне, мыналар с і р к е салған сақина, білезіктер* (Түрікм., Красн.).

СІРКЕ БЕЛБЕУ (Ауғ.; Ир.) күмістен дәнекерленген қымбат белдік.

СІРКЕЛІ БІЛЕЗІК (Түрікм., Красн.) бетіне сірке өрнегімен өрнектеген білезік. *С і р к е л і б і л е з і к бетіне алтын шаймай, тек күмістейді* (Түрікм., Красн.).

СІРКЕЛІ САҚИНА (Гур., Маңғ.) бетіне түртік-түртік өрнек салынған сақина.

СІРКЕСІН КЕҢ ҚОНДЫРУ (Түрікм.: Красн., Небид., Бекд., Қиян.) ретін, ыңғайын келтіру. *Қайтсе жаным тыныш болады деп, с і р к е с і н к е ң қ о н д ы р а алмай жүрген адам гой* (Түрікм., Қиян.).

СІРҚАЛАҚ (Гур.: Шевч., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Жеб., Ашх., Таш., Тедж.) өрмек тоқуға қажетті, ағаштан жасалған құрал. *Құрметке с і р қ а л а қ жасатып ал дегенім қашан саған* (Түрікм., Ашх.).

СІРҚҰР (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) керегелердің басын қосып тұратын жіңішке құр. *С і р қ ұ р д ы ң міне бір жері үзік* (Түрікм., Ашх.).

СІРНЕ[1] (Кекш., Қ.ту; Сем.: Абай, Шүб.) сүйек-саяқ, малдың ішек-қарны. *Сойылған қойдың с і р н е с і де тазаланып болды* (Көкш., Қ.ту).

СІРНЕ[2] (Жамб., Қорд.; Алм., Жам.) кір, былғаныш. *Оның киімі с і р н е-с і р н е. Өзің с і р н е боп кетіпсің гой* (Жамб., Қорд.). *Трактористі с і р н е киімдерін тастап, жұмыстан кейін таза киімдерін киді* (Алм., Жам.).

СІРНЕ[3] (Сем.; Тау., Қош.) шүжық. *Қонақтарга арналып с і р н е жасалады* (Тау., Қош.).

СІРНЕ[4] (Шымк., Түркіс.) ірімшіктің сарысуынан жасалған тағам. *С і р н е н і сықпалап қояды* (Шымк., Түркіс.).

СІРНЕ[5] (Алм., Талд.) жас толдің етінен жасалған қуырдақ.

СІРНЕ[6] (МХР) шандыр. *Асқанда майы сорпага чығып с і р н е с і қапты, кәрі мал гой* (МХР).

СІРНЕ ӨРКЕШ (МХР) арық түйе өркеші.

СІРНІГУ (Қ.орда: Қарм., Арал, Сыр., Шиелі) әбден дағдылану, мамандану. *Мұғалімдік жұмысқа әбден сірнігіп алдым* (Қ.орда, Қарм.). *Ол әбден сірнікккен жәрдемші екенін сездіре сөйледі* (Ә. Нұрп., Курл., 214).

СІРТАҚА (Қост., Жанг.) былғарыдан істелген аяқ киім өкшесіне салынатын зат, сір өкше. *Мынау етіктің сіртақасы мықты екен* (Қост., Жанг.).

СІРІ[1] (Қ.орда: Қарм., Арал) құр тоқитын терт тесікті тақтайша ағаш. *Құр тоқығанда сірінің жібінің бір ұшын керегеге, бір ұшын қазыққа ілеміз* (Қ.орда, Қарм.).

СІРІ[2] (Гур., Маңг.) аяқ киімнің артқы екшесі. *Бір етіктік товарым бар еді, соған сірі болмай тұр. Кебістің сірісі мықты болса, қисаймайды* (Гур., Маңг.).

СІРІК (МХР) шым. *Күрең сірікті жер* (МХР).

СІРІКТІ (МХР) шымды жер. *Оның табыны сарылы, сірікті жоң, басына бұлт қонақтаған қарлы құз, елсіз, иен жерлерден төменде көрген жоқ* («Ж. өмір», 26.07.1985).

СІРІҢКЕ (Алм., Жам.) делдалдың мал алушы мен сатушыны келістіріп, ортасынан алатын ақша. *Екеуіңізді келістірдім гой, орталарыңыздан сіріңке беріңіз* (Алм., Жам.).

Т

ТАБА КӨТЕРГІШ (Көкш.: Щуч., Еңб.; Рес., Волг.) табаны котеретін темір құрал. *Көмбе пісіргенде таба көтергіш керек* (Рес., Волг.).

ТАБА ТЕМІР (Сем.: Абай, Шүб.) таба. *Нан пісірейін десем таба темір алмадым* (Сем., Шүб.).

ТАБАДАН (Шығ. Қаз.: Күрш., Марк., Зайс.) таба. *Жаз кезінде нанды екі табадан гана пысырамыз* (Шығ. Қаз., Зайс.). Қ. тәпенше, тапа[1], табай.

ТАБАЙ (Ақт., Ырғ.) таба. *Әсия табайга нан пісірді* (Ақт., Ырғ.). Қ. тапа, тәпенше, табадан.

ТАБАҚ[1] (Рес., Орын.; Көкш.: Щуч., Еңб.) шыны аяқтың тәрелкесі. *Шәшкеден табага нан құйып ішсе шай тез суып кететін болған соң кесемен ішетін болған гой* (Орын., Бөр.).

ТАБАҚ[2] (Сем., Абай) парақ. *Бір табақ қағазың бар ма? Машинкеден жазылған бір табақ қағаздың бетіндегі сөзде талай тілек, талай тапсырмалар байқалады* (К. Ораз., Ақ жаз., 151).

ТАБАҚ[3] (Өзб., Ташк.) оюдың бір түрі. *Қызыл жүнмен толтырылған табақ - дөңгелектің ортасына қара жүннен мүйіз салады* (Өзб., Ташк.).

ТАБАН[1] (МХР) балғаның ұратын жалпақ жағы.

ТАБАН[2] (Шымк.: Түлк., Сайр.) фундамент. *Ол там іргесінің табанын жасады* (Шымк., Сайр.).

ТАБАН[3] **1.** (Гур., Тең.) қайықтың астыңғы тақтайы, қайықтың табаны. *Ол қайық табанындагы суды төкті* (Гур., Тең.). 2. (Шымк., Сайр.; Қост., Жанг.; Ақт.: Ырғ., Шалқ.) еден. *Тамның табанын тақтайдан істелді* (Шымк., Сайр.).

ТАБАН[4] 1. (Қ.орда, Арал; Ақт.: Ырғ., Шалқ.; Қост.: Аман., Жанг.) қонысқа лайықты, ел ірге тепкен жер. *Осы бір ылдида бір табан бар екен, оны білмеппіз* (Қ.орда, Арал). *Мен ежелден осы Торгай табанының кемпірімін* (Қост., Жанг.). *Біздің мекеніміз әуелден Торгай табаны* (Қост., Аман.). 2. (Қост., Аман.) айнала, маңай, ірге. *Мал онынын ауылдың табанында жайылып жүр* (Қост, Аман.). **3.** (Қар.; Жезқ.) шабындық жер, алап. *Табанды шауып бітірдік* (Жезқ.). **4.** (Қост: Аман., Жітік.) оз іргесі, басы. *Ауданның өзі табанында тұратындардың көбісін жақсы білемін* (Қост., Жітік.). *Әуелі Колқора табанында отырган Рамберді, Жылқыбай секілді байлардың үйіне бір-бір тұстеніп шықты* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 102). 5. (Гур., Тең.) колдің, озеннің маңайы, алабы. *Орал табанында колхоздардың балықшы бригадалары бар* (Гур., Тең.). 6. (Гур., Тең.) ірге, қоныс. *Баягы «Ақтабан шұбырындының» кезінде ел табаны тайгандай болды* (Гур., Тең.).

ТАБАН[5] (Гур.,Тең.) аудың томенгі арқаны; аудың төменгі табаны; табандығы. *Аудың табанын басушы адамды бәкітшік дейміз* (Гур., Тең.). *Табандығы* тұлғасында да қолданылады.

ТАБАН[6]**//ТАБАНАҚЫ** (Гур., Есб.) шабан. *Ол біздің колхоздың табанақысы* (Гур., Есб.).

ТАБАН[7] (Жамб., Жам.) топ. *Ұлы жүз бір табан елміз* (Жамб., Жам.).

ТАБАН[8] (Сем.: Абай, Шүб.) тапқыр. *Шіркіннің сөзге табаны ай* (Сем., Шүб.).

ТАБАН[9] (ҚХР) толық. *Мен оны көрмегелі т а б а н бір жұма болды* (ҚХР).

ТАБАН АҒАШ (Ақт., Жүр.) дөңгелектің шен темірі, ішіндегі имек ағашы.

ТАБАНАҚЫ Қ. табан[6].

ТАБАН ЖАПЫРАҚ (Түрікм.: Красн., Бекд.) жапырағының үш жағы тілімделмей тегіс көлетін үлкендігі табақтай өсімдік.

ТАБАН ҚЫЛА ОТЫРУ (Қ.орда, Арал) қайықты ілгері жылдам жібермей, кейіндете үстап отыру. *Қайық қара жерге шығып қалмасын, ескегіңмен есіп, қайықты т а б а н қ ы л а о т ы р* (Қ.орда, Арал).

ТАБАН ТЕМІР (Қост., Жанг.; Ақт., Жүр.) дөңгелектің сыртындағы шен темірі. *Арбаның т а б а н т е м і р і әбден жұқарды* (Қост., Жанг.). *Доңғалақтың т а б а н т е м і р і н ауыстырып салганмын* (Ақт., Жүр.).

ТАБАНДАТУ (Павл.) еріксіз өту, мәжбүр түрде. *Егінге түскен малдың иесіне т а б а н д а т ы п штраф салды* (Павл.).

ТАБАНДЫҚ (Қ.орда, Арал) аудың теңіз түбіне тиіп жататын жері.

ТАБАНТАҚ (МХР) аласа, жатаған.

ТАБАНЫНЫҢ ҚЫШЫРЫ ЖОҚ (ҚХР) тұрақсыз, сөзінде түрмайтын адам. *Мұрат сияқты т а б а н ы н ы ң қ ы ш ы р ы ж о қ адамдарға тым сеніп кетуге болмайды* (ҚХР).

ТАБАНЫҢНАН ОТ ШЫҚҚЫР (Түрікм., Таш.) көбіне есекпен байланысты айтылатын қарғыс сөз. *Ешек босап кетті де, т а б а н ы ң н а н о т ш ы қ қ ы р, ұстатпай әлек қылды* (Түрікм., Таш.).

ТАБАСЫ ҚАНУ (Гур., Маңғ.) табалап көңілі тыну. *Мен сөзден жеңілгенге т а б а с ы қ а н д ы білем, манадан екі езуі екі құлағында* (Гур., Маңғ.).

ТАБАТАЙ (Қост., Торғ.) кішкентай шелек. *Мына т а б а т а й д ы ң тұтқасы жоқ қой* (Қост., Торғ.). Қ. топатай.

ТАБИҒА[1] (Гур., Бақс.) өзінө меншікті, өзінікі. *Бұл терілер өз т а б и ғ а м ы з* (Гур., Бақс.).

ТАБИҒА[2] (Түрікм.: Көнеүр., Таш., Тахта) бір рудың ішіндегі аталас, жақынырақ туыс. *Бұ да кедей жігіт, бәріміз т а б и ғ а адамбыз* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қарақалпақша *тәбия* туыс, жақын (Карак.-рус. сл., 1958)].

ТАБИҒА[3] (Қ.орда, Қарм.) тәбет. *Жолдастар, тамақ жеуге т а б и ғ а л а р ы ң ала ма, алса тамақ жеңдер* (Қ.орда, Қарм.).

ТАБИҒАЛЫ СӨЗ (Сөм., Шүб.) үлгілі, өнегелі сөз. *Абай аганың айтқанының бәрі т а б и ғ а л ы с ө з д е р* (Сөм., Шүб.).

ТАБИҒАТ АЛМАУ (Рес., Қалм.) тәбеті тартпау. *Т а б и ғ а т ы ң а л м а с а, ауыз ти де қоя гой* (Рес., Қалм.).

ТАБИҒАТЫНА ҰНАМАУ (Сөм., Шүб.) көңілге жақпау, көкейге қонбау. *Осы сияқты сөздер менің т а б и ғ а т ы м а ұ н а м а й д ы* (Сем., Шүб.).

ТАБИЯ (Қарақ.) нан жабатын таба.

ТАБИЯЛАУ (Жам., Шу) тапсыру. *Мен қызыма жүгенді т а б и я л а п кеттім* (Жам., Шу).

ТАБЫ[1] (Жамб., Шу) сыз, ызғар. *Зынданның т а б ы ұрып чыққан* (Жамб., Шу).

ТАБЫ[2] (Жамб., Жуа.; Қарақ., Қоң.) жайы, күйі, көңілі. *Оның т а б ы жақсы емес, т а б ы қашып отыр. Бүркіттің т а б ы жоқ, т а б ы келіспейді* (Жамб., Жуа.). *Оның т а б ы, өңі келіспейді* (Қарақ., Қоң.).

ТАБЫ[3] (Қарақ., Қоң.) ауруы бар, науқас. *Қарлығаштың т а б ы бар гой, әр жылы осы мезгілде ауыра береді* (Қарақ., Қоң.).

ТАБЫН (Шымк., Мақт.) жақын, ыңғайлас. *Мақтарал Алматыдан гөрі Ташкенге т а б ы н* (Шымк., Мақт.).

ТАБЫНДЫ (Сем.: Көкп., Акс.) сөзге шебер, тапқыр. *Шіркіннің сөзге т а б ы н д ы с ы н-а й!* (Сем., Көкп.).

ТАБЫНЧЫ (Алм., Кег.) бақташы. *Мен т а б ы н ч ы болып істеймін* (Алм., Кег.).

ТАБЫРА (Гур., Тең.) балық салған ыдыстарға қойылатын белгі. *Ол тамақ та пісіре алады, т а б ы р а да баса алады* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 25).

ТАБЫСҚА ШЫҒУ (Рес., Сарат.) жалақы алу.

ТАБЫСТЫРУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) өткізу, тапсыру. *Біз мемлекетке мал т а б ы с т ы р ы п келеміз. Колхоздың өтшетін т а б ы с т ы р д ы ң д а р ма?* (Тау., Қош.). *Ол мемлекетке астық т а б ы с т ы р у г а кетті* (Шығ. Қаз., Болып.).

ТАБЫТЫН ҚАҒУ (ҚХР) таңдайын қаға, аузының суы құри әңгімелеу. *Ғұңшы маңындағы бір, екі жылпос жігіттің «жігітшілігін» т а б ы т ы н қ а г а аузының суын құрта әңгімеледі* (Ғ. Қан., Бұрқ., 33).

ТАҒА[1] (Қ.орда: Жал., Сыр., Шиелі; Жамб., Жам.; Шымк.: Бог., Сайр.; Өзб., Ташк.) нағашы. *Адамның бір жұрты т а г а с ы гой* (Қ.орда, Жал.). *Оның т а г а с ы ертең жүреді* (Шымк., Сайр.). *Біз Ахмет т а г а м екеуміз, тете өстік* (Өзб., Ташк.). *Т а г а ана руынан шыққан барлық еркек атаулыға қолданыла береді. Жасы кіші болса, кішкене т а г а, кейде нагашы атаны дәу ата дейді* (Өзб., Ташк.).

ТАҒА[2] (Сем., Абай) қолдан жасаған пиманың табаны тозбас үшін табанға байланған жылқының түяғы. *Аяғымыздың табанына т а ғ а байлап қыста шыға беретінбіз* (Сем., Абай).

ТАҒАЙЫН (Қост., Жанг.; Қар.; Жезқ.) рас, айқын. *Колхозшылардың көмектескені т а ғ а й ы н* (Қост., Жанг.). *Т а ғ а й ы н болған нәрсе ме, жоқ па? Т а ғ а й ы н болмаса, несін айтып жүрсің* (Қар.).

ТАҒАМ[1] (Қост., Ордж.) ұзақ қарға. *Олар т а ғ а м сияқты көктемде келеді де, суық түсе қайта бастайды* (Қост., Ордж.).

ТАҒАМ[2] (Түрікм., Таш.) үш аяқты ошақтың үшінші аяғы. *Ошақтың т а ғ а м ы сынып қалған екен, оны да жөндеп алмадың* (Түрікм., Таш.).

ТАҒАМ[3] (Сем., Көкп.) малдың басқан жерінде калған ізі. *Мына жерді түйе басып кеткен екен, артында т а ғ а м ы қалыпты* (Сем., Көкп.).

ТАҒАМ[4] (Жамб., Тал.) жаңа ғана. *Жұмыс басына агрономдар т а ғ а м келді* (Жамб., Тал.).

ТАҒАМ[5] (Сем., Көкп.) қараңғы. *Күн батып көзге т а ғ а м түскен кезде мен үйге келдім* (Сем., Көкп.).

ТАҒАМДЫҚ (Гур., Есб.) самаурынның астына қойылатын поднос сияқты кішкене ыдыс. *Айнам т а ғ а м д ы қ т ы бері жылжытып қой* (Гур., Есб.).

ТАҒАМ ҚАЛУ (Сем., Абай) жердің жыртылмай қалуы. *Жерді жыртқанда т а ғ а м қ а л д ы р у оңбағанның ісі* (Сем., Абай).

ТАҒАМЫ ЖОҚ (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Байр.) дәмі жоқ. *Сөзінің т а ғ а м ы ж о қ, сұмаң жігіт* (Түрікм., Байр.).

ТАҒАН[1] (Қ.орда, Жал.) самаурынның астына қоятын поднос. *Балам, самауырдың астына т а ғ а н әкеп қой, астына шоқ түсіп өрт кетеді* (Қ.орда, Жал.). Қ. нәлі[2].

ТАҒАН[2] **(МХР)** арқанның ілмегі. *Жирен, жусанды арқанның ілмегінің үстіне үйіп, арқанның бір ұшын т а ғ а н н а н өткізіп алады, тартып қатайтады* (МХР).

ТАҒАН[3] Қ. тақан.

ТАҒАРА (Өзб., Ташк.; Ауғ.; Ир.) кір жуатын ыдыс, кіржуғыш деп те айтады.

[Өзбекше *тоғара* қыштан жасалған үлкен табақ. Кір жууға да, қамыр илеуге де пайдаланады (Узб.-рус. сл., 1959); түрікм. *тағара* кіржуғыш (Туркм.-рус. сл., 1940). «XII-XIII ғасыр тілінде *тағара* қыштан жасалған табақ» (М. Қашқ.)].

ТАҒАРШАҚ (Гур., Маңғ.) қиқым. *Қалқам, мынау тезектің тақылын да, т а ғ а р ш а ғ ы н да қалдырмай жинап ал, ертең бәрін де жағамыз* (Гур., Маңғ.).

ТАҒДАМ (Қ.орда, Арал) тәлім-тәрбие. *Балаларға үкімет т а ғ д а м д ы аямай-ақ берді ғой* (Қ.орда, Арал).

ТАҒДЫРҒА ТӘН БЕРУ (ҚХР) жазмышқа мойынсұну, басқа түскенге кону. *Бізде қазір т а ғ д ы р ғ а т ә н б е р г е н н е н басқа шара жоқ, болар іс болды* (ҚХР).

ТАҒЫ ЗАМАН (Түрікм.: Таш., Тахта) бағзы заман, ескі заман. *Жер дауы, жесір дауы дейтұғын т а ғ ы з а м а н емес* (Түрікм., Таш.).

ТАҒЫЛАН//ЖАЙРА (ҚХР) үлкен кірпікшешен. Кемірушілер тобына жататын тау тағысы. *Дерті оның кеудесіне қадалды, таудағы т а ғ ы л а н н ы ң инесіндей* (ҚХР).

ТАҒЫЛЕМ (Қар.; Жезқ., Жез.; Қост., Жанг.) тағылым; білім, онер, өнеге. *Біраз т а ғ ы л е м алып қалыпты. Мектептен т а ғ ы л е м үйренбесе, көшеде қаңғыганда т а ғ ы л е м жоқ* (Жезқ., Жез.). *Бұл менің бұрыңғы үлкендерден алған т а ғ ы л е м ғой* (Қост., Жанг.).

ТАҒЫМ (Жамб.: Св., Жам., Сар.) тағы. *Ертеңнен бастап егінді т а ғ ы м суғарамыз* (Жамб., Св.). *Т а ғ ы м айт, түсінікті болсын* (Жамб., Сар.).

ТАҒЫМАН (Өзб., Ташк.) үйдің төргі қабырғасындағы көрпе тосек жиюға арналған орын. Ол орын екі қатар болады да ортасында жіңішкелеу орын болады. *Оны кір т а ғ ы м а н дейді, яғни жуылған кірді салып қояды* (Өзб., Ташк). Өзбек тілінде *тахмон* сезі де осы магынада (Т. Айд., Қаз. тіл. лекс. ерек., 78).

ТАҒЫТҚА КЕЛУ (Түрікм.: Байр., Тедж., Таш., Көнеүр., Тахта) кажетті ылғалды бойына алып, егістік жердің судан құрғауы. *Жер т а ғ ы т қ ы к е л і п тұрганда культивация жүргізіңіз* (Түрікм., Тахта).

[Түрікменше *тагт* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ТАҒЫТ СУ (Түрікм.: Тедж., Конеүр., Тахта) макта егілмей түрғанда жерге берілетін су.

ТАЖАЛ (Павл., Ерт.) шөпті көп жейтін мешкей. *Керімбектің сатып алған аты т а ж а л екен* (Павл., Ерт.).

ТАЗ[1] (Сем.: Кокп., Ақс.) асықтың тәйке түруы. *Асық т а з түрды* (Сем., Көкп.).

ТАЗ[2] (Алм., Жам.) таудың тастақ, өсімдігі аз болып келетін төбесі. *Оспан малды т а з ға дейін жайып қайтты* (Алм., Жам.).

ТАЗА[1] (Алм., Жам.; Жамб.: Тал., Сар., Жуа.) жібектен тігілген қымбат бағалы киім. *Жамалдың кигені т а з а д а н екен* (Алм., Жам.).

ТАЗА[2] (Ауғ.; Ир.; Қарақ.; Түрікм.: Небид., Ашх., Таш., Мары) жас, жаңа. *Т а з а түскен келініміз кішін огылымыздың аялы болды* (Ир.). *Мен бұл етігімді т а з а д а н кидім* (Қарақ.). *Колхозга т а з а бастық келетін болды* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *täze* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ТАЗАЙЫН (Қ.орда: Сыр., Жал.) қақсоқта жұмысы жоқ, алып қашпа сөзден аулақ, таза. *Ермағамбеттің баласы өзі бір т а з а й ы н жігіт боп ості* (Қ.орда, Сыр.). **Ө.** Қанахинде *тазайын* тұлғасы кездеседі. *Ұсынықты да құнтты, сондай бір т а з а й ы н әйел екені бірден байқалады* (**Ө.** Қан., Құд., 169).

ТАЗҚАРА (Жамб., Жам.) үлкен қара құс. *Т а з қ а р а малдың олігіне үймелейді* (Жамб., Жам.).

ТАЙҒА БАЙЛАУ (Жамб., Қорд.) қаттау. *Бірінші бригада адамдары темекіні т а й г а б а й л а п бітті* (Жамб., Қорд.).

ТАЙҒА ДА, ТАНАҒА ДА ЖЕТУ (Гур., Маңғ.) бәріне жету, түгел қамту. *Ахметтің аулаған балығы т а й г а д а, т а н а г а д а ж е т т і* (Гур., Маңғ.).

ТАЙҒАҚ (Кокш.: Щуч., Еңб.; Рес., Сарат.) бешпент немесе костюмға астарлыққа салатын арзан жай мата.

ТАЙЕЖЕ (Жамб., Шу) нағашы апа.

ТАЙЕКЕ (Жамб., Мер.) нағашы. *Т а й е к е ң келін қатты гой* (Жамб., Мер.). Қ. таға[1].

ТАЙЖАҚЫ (Сем.: Кокп., Ақс.; Алм.: Кег., Жам.; Шымк., Сайр.) тайдың, құлынның терісінен істелген сырт киім; құлын жарғақ. *Жәмила т а й ж а қ ы н ы киіп, үйден шығып кетті* (Сем., Кокп.). *Бұрынгы уақытта бай балалары т а й ж а қ ы киетін* (Алм., Кег.).

ТАЙ ЖАРЕАҚ (Рес., Омбы) тай терісінен тігілген сырт киім. Бұны Қостанай облысының кейбір аудандарында *құлын жақы*, Көкшетау облысында *құлын жарғақ* дейді.

ТАЙ КЕСЕ (Ақт., Жүр.) үлкен кесе.

ТАЙҚАР (Өзб., Ташк.; Шымк., Мақт.; Ауғ.; Ир.) екі жастағы есек. *Т а й қ а р д ы ң санына қада кіріп кетіпті* (Шымк., Мақт.). *Үй маңынан сұр т а й қ а р көрінбеді ме?* («Жалын», 1982, №2, 101). *Бір бала қара т а й қ а р д ы ң құйымшағына отырып, шапқылап барады* (Ш. Мұрт., Қара. мар., 106).

[Өзбек тілінің Қашкадария сөйленісінде *тайхар* мінуге жараған есек; түрікм. *тайхар* екі жастағы есек. *Тайхар* екі сөзден құралған *тайқар//хар*. Негізгі түркі сөзі болу керек. *Хар* – тәжік, парсы тілдерінде «есек». Сонда *тайқар* «тай есек» дегенді аңғартады (Т. Айд., Қаз. тіл. екс. ерек., 86-87)].

ТАЙҚАРА (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) бір жастағы есек. *Есектің күресі (қ.) т а й қ а р а болысымен үйреті бастайды* (Қ.орда, Сыр.).

ТАЙҚАШАР (Орал, Казт.) қашар. *Колхоздар етке мал тапсырғанда тайөгізімді (қ.) т а й г а ш а р г а ауыстырып алам ба деген ойым бар* (Орал, Казт.).

ТАЙЛАҒЫ ҮРІКПЕУ (Рес.: Сарат., Волг.) қорықпау, жиіркенбеу, шошынбау. *Біз шошқаның етін жей береміз, оған т а й л а ғ ы м ы з ү р і к п е й д і* (Рес., Сарат.).

ТАЙЛАҚША (Қарақ.) қоржынның құлып салатын ілгегі.

ТАЙЛАҢДАЙ (Қ.орда, Қарм.) семіз, зор, үлкен. *Өзі де бір т а й л а ң д а й өгіз еді, арам өлгенін қарашы* (Қ.орда, Қарм.).

ТАЙЛАСУ (Орал, Жән.) таласу. *Орда поселкесі үлкендігі жағынан Жәнібек поселкесімен т а й л а с а д ы* (Орал, Жән.). *Белдескенің белін үз, Т а й л а с қ а н н ы ң тайын үз* (Мақал).

ТАЙЛАУ (Ауғ.; Ир.) тастау, лақтыру. *Жақсылық қыл да суға т а й л а* (Ауғ.).

ТАЙЛЫҒУ (Сем., Абай) тайласу, сескену. *Бұл хабарды естігенде оның жүрегі т а й л ы г ы п қалды* (Сем., Абай).

ТАЙЛЫ СИЫР (Гур., Маңғ.) былтырғы бұзауы бар сиыр. *Менің т а й л ы с и ы р ы м бар* (Гур., Маңғ.).

ТАЙМӨҢКЕ ТӘСІЛ (Түрікм., Таш.) амал, айла, құлық. *Т ә й м ө ң к е т ә с і л д і ң керегі не?* (Түрікм., Таш.).

ТАЙНАПЫР (Қарақ.) **1.** ер азамат, бір созді батыр, батыл кісі. **2.** үлкен, дәу, әйдік.

ТАЙӨГІЗ (Ақт.: Тем., ЫІрғ.; Гур., Есб.; Рес.: Орын., Сарат.; Орал: Жән., Чап., Казт., Жымп.; Қ.орда: Сыр., Жал., Арал, Қарм.) екі жасқа толмаған еркек тайынша. *Базарға бір т а й ө г і з апарамын, оның өзі былтыр туса да құнан өгіздей* (Орал, Жән.). *Баймағамбеттің тойына жақындары бір-бір т а й ө г і з апарды* (Қ.орда, Қарм.). *Жайылыста жатқан не десе кіл т а й ө г і з екен* (Гур., Есб.). *Бір-бір т а й ө г і з д і совхозга өткіздік* (Орын., Ад.). *Біздің ауданда тайыншаны т а й ө г і з немесе тайөгіз тана деп қосарлап та айтады* (Ақт., ЫІрғ.). *Мешіттен шетірек өзге ауылга шыққа т а й ө г і з бұқадай сүйменделп түнімен жігітшілік жасап есіктің сықырлауыгын талай сықырлатар еді* (Х. Есенж., Ақ Жай., 199). *Биыл жайып семіртуге 118 бас сиыр бөлдік, олардың көпшілігі т а й ө г і з д е р* («Екп. жол», 18.05. 1958).

ТАЙПАЛҒАН ЖОРҒА (МХР) желмейтін жорға. *Жорғаларын т а й п а л т қ а н «жорға салдырғыш» деп аталатын азаматтар болады* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 50).

ТАЙПАХТА (Қарақ.) 1. шиінен ажыратылған мақта. 2. дүкенде пайдалануға сатылатын мақта.

ТАЙРАҚТАУ (Қар.; Жезқ.; Қост.: Жанг., Торғ.) тайрандау. *Біздің түйемен т а й р а қ т а т ы п келе жатқан кім* (Қост., Жанг.). *Т а й р а қ т а т ы п жастық шақты бір өткізгенбіз* (Қар.).

ТАЙСАЛДАУ (Гур., Есб.; Ақт., Байғ.) тайсалақтау, тайсақтау. *Жетіп-ақ келіп еді, т а й с а л д а п қалды* (Гур., Есб.). *Қыз бен жігіт тұрған бұлар күлімдеп, бір-бірінің сырын іштей білем деп, жүрек сезіп күлгендері болса, сыр ашуға т а й с а л д а й д ы тілге кеп* (Гур., Есб.). *Жұмыстан т а й с а л д а п жүргендігі комсомол жиналысында анықталды* (Ақт., Байғ.).

ТАЙСАНБАУ (Гур., Маңғ.) тайсалмау. *Айтар сөзін т а й с а н б а й айтып шықты* (Гур., Маңғ.). *Т а й с а н б а й қалған белгіннен айтқанда аузым талады* (Гур., Маңғ.).

ТАЙ САНДЫҚ//КЕУСАНДЫҚ (Ақт., Жүр.; Рес., Орын.) киім-кешек салатын үлкен сандық. *Т а й с а н д ы қ т ы ң екі жағында тұтқасы болады* (Орын., Ад.).

ТАЙСАУ (Алм., Шел.) тайсалу, беті қайту. *Тауықтардың беті көмбеқонақтан (қ.) т а й с а п қайтты* (Алм., Шел.).

ТАЙСУ (Шығ. Қаз., Күрш.) тайқу, айну. *Ол баргысы келмей т а й с ы п тұр* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ТАЙТАҚЫ БӨРІК 1. (Түрікм., Красн.) домалақ бөрік. *Т а й т а қ ы қара б ө р і к т і көбіне орта жастан асқанда киеді* (Түрікм., Красн.). 2. (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) ертеректе батырлар киетін бөріктің жеңіл, кішкене, ықшамды түрі.

ТАЙТҰЯҚ (Қост., Жанг.) аттың, тайдың тұяғынан істелген мұз оятын құрал. *Бұрын су қатып қалғанда қалың мұзды т а й т ұ я қ п е н оюшы едік* (Қост., Жанг.).

ТАЙША (Көкш., Щуч.; Павл., Леб.; Сем., Аяг.; Рес., Сарат.) бір жастағы бұзау. *Т а й ш а н ы суға қарай айдап жібер* (Көкш., Щуч.). Қ. тайынша.

ТАЙШЕЛЕК (Өзб., Ташк.) үлкен су ыдысы, бөшке. Қ. түйе шелек.

ТАЙШҰНАҚ (Шығ. Қаз., Тарб.) кішкене қап, қапшық. *Т а й ш ұ н а қ қ а астық салады. Т а й ш ұ н а қ т ы ң аузы тігілді* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ТАЙЫН (Қарақ.: Тақт., Мой.) дайын. *Ас т а й ы н болды* (Қарақ., Мой.).

ТАЙЫНДАУ (Шымк., Мақт.) тапсыру. *Күнде сағат 12-де жалауды көтеріп тұруды Бектайға т а й ы н д а й м ы н* (Шымк., Мақт.).

ТАЙЫНДЫҚ КӨРУ (Түрікм.: Тедж., Мары, Таш.) дайындалу, өзір түру. *Жақын қалған ымтықанға т а й ы н д ы қ к ө р у керек* (Түрікм., Тедж.).

ТАЙЫНША (Қост., Семиоз.) бір жасқа толған еркек бұзау. *Қалдидың қолында сиырын былай қойғанда екі қашар, бір т а й ы н ш а с ы бар* (Қост., Семиоз.). Қ. тайша.

ТАЙЫНШАНЫҢ МҰРЫНЫН ЖҰДЫРЫҚПЕН ТЕСУ (ҚХР) қара дүрсін, күшке салу.

ТАЙЫНША ТУЛАП ЫҢЫРЧАҚ ЧАҚПАС [АДАМ] (МХР) дәрменсіз адам, шарасыз.

ТАЙЫНЫ ЖОҚ АДАМ (ҚХР) пәтуасыз адам.

ТАЙЫРҚАНУ (Қ.орда, Қарм.) таңырқау. *Рәзия, сен маған неге былай т а й ы р қ а н ы п отырсың?* (Қ.орда, Қарм.).

ТАҚ[1] (Қ.орда, Арал) дайын, әзір, даяр. *Біз колхоздың қандай жұмысына болса да т а қ п ы з. Біз әрдайым жұмысымызға т а қ тұрамыз* (Қ.орда, Арал). *Мен барсам Мақа жүруге т а қ тұр* (Қ.орда, Арал).

ТАҚ[2] (Түрікм.: Таш., Ашх., Жеб., Небид., Бекд.) лық толы. *Үй деген т а қ толы* (Түрікм., Таш.). *Клубтың ішіне келсем т а қ толы* («Жұмшы», 8.03.1939). *Ол үшін әуелі анау шапқылап жүрген төрт аяқтыны ұстап алып, шарт буып, жығып салу керек. Тай қазанға т а қ толтырып, асып-қуыру керек* (Ә. Кекіл., Үркер, 8).

ТАҚ[3] (Алм., Кег.; Гур., Маңғ.) дәл, нақ. *Т а қ өзі – дәл өзі. Ертең т а қ осы кезде келе гой* (Гур., Маңғ.). *Т а қ осылай айтпадым ба?* (Алм., Кег.).

ТАҚ[4] (Рес., Кург.) орындық. Қарақалпақ қазақтарының тілінде – *күрсі* (араб сөзі).

ТАҚ[5] (Қарақ.) кереует. *Балам балыйсада (больницада) жатыр, т а қ т а н жығылып қала ма деп қорқамын* (Қарақ.).

ТАҚА[1] (МХР; Сем., Шүб.) түгел, түк қалмай, мүлде. *Түйір дән жоқ. Т а қ а таусылғалы бүгін төрт күн* (М. Құрман., 124). *Ұйқыдан т а қ а күдер үзгесін бұл түрегелді* (Ә. Нүрп., Сең, 67).

ТАҚА[2] (Орал, Орда; Рес.,Орын.) таға, етіктің окшесіне қағатын темір. *Бізде етікке т а қ а н ы қыста ғана қағады* (Орал, Орда).

Туфлиінің т а қ а с ы баспалдаққа тық-тық соғылады (М. Мағ., Көк кеп., 51). 2. (Көкш., Қ.ту) етіктің өкшесі. *Етіктің т а қ а с ы н түсіргенсің бе?* (Көкш., Қ.ту). *Мынау Асаубайдың т а қ а с ы н а бір өткір мық қағып бермейсің бе?* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 103). 3. (Орал, Жән.) аяққиімнің өкшесіне қағылған ұлтандық нәрсе. *Аяққиімнің т а қ а с ы н кейбіреулер желіммен ұстайды екен* (Орал, Жән.).

ТАҚА[3] (Ақт., Шалқ.; Қост., Камыш.) тіпті, ең болмағанда. *Мен келісе қоймап едім, т а қ а болмай баратса тағы көрерміз* (Қост., Камыш.). *Т а қ а болмаған соң өзіне таяу отырған қаба сақалды, жуан қараны бүйіріне түртіп қалды* (Ә. Нүрп., Қан мен төр, 95).

ТАҚАЗ (Түрікм.: Красн., Бекд., Қиян., Небид., Ашх.) жоны қоңыр, ұзынша, жіңішке балық. *Үкіметке жас күйінде т а қ а з д а р д а н 20-30 ц. тапсырып отыр* («Жұм-шы», 31.03.1950).

[Түрікмен тілінде *такгаз* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ТАҚАЙ (Сем., Үрж.) есектің құлыны, қодығы. *Т а қ а й жап-жақсы, сүйкімді болады* (Сем., Үрж.).

ТАҚАЙЫР (Қ.орда: Қарм., Арал, Сыр.) 1. құп болады. *Айтқаның жөн, жәрайды барайын, т а қ а й ы р* (Қ.орда, Қарм.). 2. қауіпсіз, бөгетсіз. *Бұл жерде ешбір т а қ а й ы р жоқ деді* (Қ.орда, Арал).

ТАҚАЙЫРСЫЗ (Қ.орда, Қарм.) тоқтаусыз. *Сіз оған алаң болмаңыз, т а қ а й ы р с ы з береді* (Қ.орда, Қарм.).

ТАҚАМАЛ (Жамб., Жам.) таңсәрі. *Олар ана жолы шөпке т а қ а м а л д а кеткен* (Жамб., Жам.).

ТАҚАН (Қарақ.) талқан. *Қара тақан* - тарының кебегінен істелген, ішінде сөгі бар талқан. *Жиде тақан* - жидектен жасалған талқан. *Қара т а қ а н ханның асы, жиде тақан шөптің басы* (Мақал). Қ. таған[3].

ТАҚАН ШАЙЫСУ (Қарақ.) жолдас болу, табақтас болу. *Түргалымен біз көбірек т а қ а н ш а й ы с т ы қ. Әкең т а қ а н ш а й ы с қ а н* (Қарақ.).

ТАҚАНЫ ТАРТЫП ТҰРУ (Қарақ.) несібесі тартып тұру.

ТАҚАРШЫЛЫҚ КӨРУ (МХР) тапшылық, жоқшылық көру. *Булған тобында бір табын жылқы бар. Оған жаз, күз айларында өріс сәйкескенімен қыс пен көктемде т а қ а р ш ы л ы қ к ө р е м і з* («Ж. өмір», 13.06.1987).

ТАҚАУЫР (МХР) талап, міндет. *Қазіргі ұстаптың т а қ а у ы р ы бірлестікке үй ішімен кіру. Бұл қоғам т а қ а у ы р ы деген сөз. Сен не осы т а қ а у ы р д ы орындайсың не...* (М. Құрман., 37). *Б. Ақтанның жарты ғасыр бұрын қойған қатаң талабы бүгінгі т а қ а у ы р, талапқа мейлінші үндес* («Шұғыла», 1987, №2, 65).

ТАҚАУЫРЛАУ (МХР) талап ету, міндет ету. *Мұнымен қатар мал күтіміне байланысты т а қ а у ы р л а н ғ а н шаруаларды ага шопанның талабынсыз-ақ тындыруға әдеттенген* («Ж. өмір», 23.05.1983). *Жалдаумен бесон теңге тауып тіршілік ету т а қ а у ы р л а н д ы* («Шұғыла», 1992, №2, 74).

ТАҚ ЖОҚ (Жамб., Сар.) қарсылық жоқ. *Дұрыс сөзге т а қ ж о қ* (Жамб., Сар.).

ТАҚИҚ//ТАҚИЛЫҚ (Гур., Маңғ.) анық, дәл.

ТАҚИЛЫҚ Қ. тақиқ.

ТАҚИЯ (Қар.) 1. бөрік. Шет ауданында *топы*. Ақтөбе, Орынборда *тебетей*, Көкшетауда (Қызылту ауд.) *тебей*, Семей облысы Шұбартау, Абай аудандарында *қама*. 2. Оңтүстік облыстарының біраз жеріндө бөріктің, тымақтың ішінен киетін шүберөктен жасалған бас киім.

ТАҚИЯ ТАП (Алм., Кег.) тақия. *Т а қ и я т а б ы ң басыңда, Жан серігің қасыңда* (Алм., Кег.).

ТАҚМӨН (Өзб., Ташк.) жүк жию үшін төрде жасалған шымылдық ұстай қоятын болімше.

ТАҚПА-ТАҚ (Орал, Жән.) түп-тура, дәп-дәл, нағыз. *Мына үлкен жолмен жүре бересіңіз т а қ п а - т а қ Киров колхозына барасыз* (Орал, Жән.).

ТАҚСА (Жамб., Жам.) текше. *Т а қ с а н ы ң ішіне чынаяқ, кесе-песе қойылады* (Жамб., Жам.).

ТАҚСЫ[1] (Шымк., Сайр.; Жамб., Сар.) балшықтан істелген үй. *Т а қ с ы бірыңғай балшықтан салынады* (Жамб., Сар.).

ТАҚСЫ[2] (Алм., Шөл.) құм тектес нәрседен жасалған тәрелке, кесе, т.б. ыдыстар. *Т а қ с ы г а ас құяды, ас салады* (Алм., Шел.).

ТАҚСЫ[3] (Алм., Іле) тентек, қисық, бұзық. *Ол т а қ с ы, оқбаған адам* (Алм., Іле).

ТАҚСЫМ ҚЫЛУ (Ауғ.; Ир.) бөліп беру.

ТАҚТА[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.) ру ішіндегі ата-бөліністері, ру тарамдары. *Орта жүздің қай т а қ т а с ы н а н с ы з?* (Гур., Маңғ.). *Адайдың т а қ т а с ы көп, балам* (Түрікм., Таш.). *Сенің т а қ т а ң қайсы?* (Гур., Маңғ.).

[Түрікменше *токгет* бөлек, түйір (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *тоқа* дана, түйір (Узб.-рус. сл., 1959)].

ТАҚТА[2] (Жамб., Жуа.) жыртылатын жердің бір бөлігі. *Менің бір т а қ т а жерім бар* (Жамб., Жуа.).

[Түрікменше *тоқча* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *тоқа* дана, түйір (Узб.-рус. сл., 1959)].

ТАҚТА[3] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) біраз, бірқатар. *Бір т а қ т а іс бітіріпсіз* (Түрікм. Таш.).

ТАҚТА[4] (Өзб., Ташк.) әсиеден кейін тоқылатын кілемнің жиегі. *Әсие мен т а қ т а кілемнің түрін ашады* (Өзб., Ташк.).

ТАҚ-ТАҒАЙЛАП СҰРАУ (ҚХР) егжей-тегжейлі сұрау. *Оның атын т а қ - т а ғ а й л а п с ұ р а м а д ы қ* (ҚХР).

ТАҚТА ЖАУЫР (Орал, Орда) ісіксіз жауыр (әдетте жылқының қапталындағы жауырды айтады). *Тоқымды ойып, т а қ т а ж а у ы р ы бар атты мінуге де болады* (Орал, Орда).

ТАҚТАЙ КЕБЕЖЕ (МХР) тақтайдан жасалған жәшік.

ТАҚТАЙ ШАЙ (Қ.орда: Қарм., Жал.) кірпіш шай. *Бұл күнде т а қ т а й ш а й д ы ішушілер аз* (Қ.орда, Қарм.). Қ. тақта шай.

ТАҚТАЙЛЫ ОРАҚ (Қост., Жанг.) егін оратын машина. *Ендігі жерде орылмай қалған егінді т а қ т а й л ы о р а қ п е н ору керек* (Қост., Жанг.).

ТАҚТАҚ (Гур., Маңғ.) шешен, тілмар. *Қазақта т а қ т а қ өткен жоқ, Абыл, Нұрым, Ақтамнан, Көкірекке сөзі жатталған* (Сәттігүл ақын).

ТАҚТАЛЫ (МХР) жол-жол болып келетін мата түрі.

ТАҚТАЛЫП ТҰРУ (Қ.орда: Сыр., Жал.) дайындалып, әзір тұру. *Қазір қалаға жүреміз, т а қ т а л ы п т ұ р, балам* (Қ.орда, Сыр.). *Қазір мектептің керекті заттарына 100 000 кесек, 10 000 піскен кірпіш т а қ т а л ы п, есік, терезе, көсектер жасауға материалдары қамтамасыз етілді* («Лен. туы», 1950, №59).

ТАҚТАН (Қост., Фед.) сандық. *Т а қ т а н н а н жаңа шапанымды дайында, ертең кент барамын* (Қост., Фед.).

ТАҚТАСЫЗ АДАМ (Орал, Орда) жетесіз адам.

ТАҚТА ШАЙ (Ақт.: Жүр., Қараб.) кірпіш шай. Бұл сөздің қазақ тілінде *цкпе шай, теппе шай, тақтай шай* сияқты баламалары бар. *Ералы саудагерден 100 сомға бір т а қ т а ш а й алып едім, соны да төлегем жоқ* (Б. Майл., Шығ., 3 т., 30).

ТАҚУА//ТАҚУАТТЫ (Қарақ.) қуатты, мықты. *Ол сөзге онша т а қ у а емес* (Қарақ.).

ТАҚУАЛЫ СӨЗ (Шығ. Қаз., Күрш.) онегелі сөз. *Ол кісінің айтқан созі т а қ у а л ы с о з гой* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ТАҚУА-ТАҚТАҚ (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид., Ашх., Таш., Мары) шешеи, ділмар. *Бұдан да бұрын отінті, Т а қ у а-т а қ т а қ адамдар* (Түрікм., Ашх.).

ТАҚУАТТЫ Қ. тақуа.

ТАҚЧА Қ. тақша.

ТАҚША//ТАҚЧА (Жамб.: Шу, Жам.) жалпақ ағаш табақ. *Т а қ ш а қазір қолданудан қалып барады* (Жамб., Шу).

ТАҚЫ[1] (Ақт., Ырғ.; Жезқ., Ұлы.) қойдың қалың, тығыз жабағысы. *Қойдың т а қ ы с ы н а н да киім жасалатын. Бұрын т а қ ы д а н күпі істейтін* (Ақт., Ырғ.).

ТАҚЫ[2] (Озб., Ташк.) тосын арқалықтарды қосып тегістеу үшін қойылатын 50-60 см-лік тақталар.

[Өзбек тілінің Ташкент сойленісінде *тоқи* үйдің ішкі тобесіндегі тосындар аралығына қойылатын доға формалы ағаштар].

ТАҚЫЙ БОЛМАСА (Қ.орда, Арал) тіпті. *Әуелі сұрап кор, т а қ ы й б о л м а с а сатып ал* (Қ.орда, Арал).

ТАҚЫЛ[1] (Түрікм.: Бекд., Красн., Жеб., Ашх., Таш., Мары; Орал; Гур., Маңғ.) жақсы, тәуір. *Небит-тауга қарағанда Красноводск ауасы т а қ ы л* (Түрікм., Жеб.). *Мауыт – т а қ ы л мата. Сырқаты кешегіден гөрі т а қ ы л д а у* (Гур., Маңғ.). *Арнаңыздар, жазыңыздар сөздің шырын, т а қ ы л ы н* («Жүм-шы», 8.11.1940). *Бұйырған ақтың ақыл жол, Түсінгендерге мақұл жол, Көп жолдан қалған т а қ ы л жол* (Қашаған ақын).

ТАҚЫЛ[2] (МХР) оба ауруы. *Онда т а қ ы л д ы ң сезігі бар дейді* (МХР).

[Монғолша *тахал* (оба) (Монғ.-каз. сөз., 1954)].

ТАҚЫЛ-ТАҚЫЛ (МХР) ауық-ауық; аз-аздап. *Тамақты т а қ ы л-т а қ ы л ішу* (МХР).

ТАҚЫМ ЖҰҒІРТПЕ (Рес., Сарат.) тақым астынан бір-біріне орамал өткізіп, адамды ұрып ойнайтын ойын аты.

ТАҚЫМКЕШ (Алм., Шел.) кокпар тартқыш адам. *Мына біздің ағай т а қ ы м к е ш* (Алм., Шел.).

ТАҚЫМЫНАН ӨТКІЗУ (Түрікм., Небид.) жас баланың омірі ұзақ болсын деген ырыммен көп жасаған әйелдің тақымынан бала бесігін өткізу, бала бесігін аттап өту.

ТАҚЫР[1]**//ТЫҚЫР** (Өзб., Ташк.) дәмнің ащы татымының бір түрі. *Т а қ ы р татыған асты бермеймін* (Өзб., Ташк.).

ТАҚЫР[2] (Орал: Орда, Жен.) қырман. *Тақырдағы астықты қоймаға тасып жатырмыз* (Орал, Орда). *Артельдің бұйдайлары тасылмаған, ақ бидай дегендер тасылмай тақырда босқа ұюлі тұр* («Ж. жол», 30.10. 1937). *Тақырда қарауылдан басқа адам жоқ* (Орал, Жән.).

ТАҚЫР ЖЕРДЕ СЕКІРТУ (Түрікм., Таш.) алдау. *Бұлардан тезірек құтылмасаң, тақыр жерде секіртетін түрі бар* (Түрікм., Таш.).

ТАҚЫРАШ (Қ.орда, Арал) тақыр. *Біздің ауданның кейбір жері тақыраш болады* (Ақт., Ырғ.).

ТАҚЫРЛАП АЙТУ (Қ.орда, Арал) түгел, қалдырмай айту. *Әңгіме сұраған Есейге Скориков, Бобров екеуінің арасында болған осы талас пікірлерді тақырлап айтты* (Ә. Нүрп., Курл., 389).

ТАҚЫРШЫЛЫҚ (МХР) жоқшылық, тапшылық. *Тақыршылық көру* – жоқшылық көру.

ТАҚЫС (Қ.орда, Қарм.) қате, қисық. *Оқып білген адамның сөзі тақыс болмайды* (Қ.орда, Қарм.).

ТАЛАБЫ ТАЙ ЖЕГЕН БӨРІДЕЙ (Қост., Жанг.) талабы таудай. *Нұрбайдың талабы тай жеген бөрідей екен* (Қост., Жанг.).

ТАЛАҒЫНАН ТАРС АЙЫРЫЛУ (Қ.орда, Қарм.) талағы тарс айырылу, қатты кейіп ашулану. *Талағынан тарс айырылатындай не болды саған?* (Қ.орда, Қарм.).

ТАЛАҒЫҢ ТҮСКІР (ҚХР) жылқыға айтылатын қарғыс.

ТАЛАЙ (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары, Красн.) тағдыр. *Танымасақ, талайыңа қара* (Макал). *Талайың білсе кім не зат айта алады?* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *тәлей-талай* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *талай-талан* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ТАЛАҚ (Түрікм., Небид.) жылқыда болатын ауру. *Жылқының талағы ауырып тұра алмады* (Түрікм., Небид.).

ТАЛАҚАНДАЙ (Түрікм., Таш.) далиған, үлкен. *Танауы талақандай болған мынау кімнің баласы?* (Түрікм., Таш.). *Сонан келе өзі әлденеге көңілденіп, сырттан танауы талақандай боп, ыржиып күліп кірді* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 135).

ТАЛАМ-ТАРАЖ (Түрікм.: Красн., Ашх., Мары, Таш.; Орал) талан-тараж. *Дәулет мүлкін талам-тараж етпелі емес* (Түрікм., Таш.). *Сондықтан иесіз малға есі кобейіп, колхоздың шөптерін талам-тараж а салып отыр* («Жұм-шы», 26.01.45).

ТАЛАН[1] (Қ.орда, Арал; Ақт.: Шалқ., Қараб.) бедел, абырой. *Колхоз мүшелерінің арасында басқарманың талан ы бар* (Ақт., Шалқ.). *Колхоз мүшелеріне жас күнінде талан ым жүріп тұрды* (Ақт., Қараб.). 2. (Қост., Жанг.; Ақт., Қараб.; Қ.орда: Сыр., Жал.) бақыт. *Биыл біздің талан ымыз ға қарай шөп шықты* (Қост., Жанг.). *Талан ым жоқ адаммын, өмірім бейнетпен өтті* (Ақт., Қараб.). *Бір баласы Мәскеуде, бір баласы Алматыда оқып, талан ы жүріп тұр* (Қ.орда, Сыр.). *«Қуыстаубай-ақ қой. Ретті жері болса да адам көп болды. Ол да болса сенің талан ың деп бір түйді де, қуанышқа ұлассын», – деді* (Ә. Нүрп., Курл., 247).

ТАЛАН[2] (Рес., Сарат.) ерік. *Өз талан ың білсін!* (Рес., Сарат.).

ТАЛАНДЫ (Рес., Орын.) талапты. *Өз тіліммен айта алмай, естігенін құлақтың, талан ды ға кездесіп, басына шықты дарақтың* (Орын., Ад.).

ТАЛАП (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Бекд., Таш., Мары; Гур., Маңғ.) кәсіп, жұмыс. *Мен талап істеуге барамын* (Гур., Маңғ.). *Сенің балаң да талап қа кетті ме?* (Гур., Маңғ.).

[Қарақалпақша *талап* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ТАЛАСТЫҚ БОЛУ (Гур., Есб.) даулы болу, талас болу. *Ертеректе талай талас тық болып өтті ғой* (Гур., Есб.).

ТАЛАСТЫРУ (Рес., Орын.) сақаны иіру. *Алдымен сақаны талас тырады, әлші тұскені бұрын атады* (Орын., Ад.).

ТАЛАУ (Орал, Жән.; Рес., Орын.) жылқыда болатын ауру. *Ыссылап келіп су ішсе талау болады дейді* (Орын., Бөр.). *15 жылқы талау дан өлді, біреуі ауру* (Орал, Жән.).

ТАЛҒАҚ (Қост., Жанг.; Қар.; Жезқ.) жерік. *Талғақ болып жүрген кезім еді. Талғақ асым тайпырмай қойды* (Жезқ.). *Күләш қасқырдың етіне талғақ бопты* (Қост., Жанг.). *– Талғақ емессің бе? – деді Танағөз жұлып алғандай ол қалай болушы еді? – Қусады* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 176).

ТАЛДЫРМА 1. (Гур., Маңғ.) шала басылған киіз (бос басылған қойдың, қозының күзем жүні). 2. (Өзб., Ташк.) тек қана қара жүнді шиге салып орайды да, үстінен су құйып, теуіп, таза пісірмей талдырып тастаған түрі. *Талды рма үстіне түрлі өюлар салынады.* (Өзб., Ташк.).

ТАЛҚАН-ТАБЫН ШЫҒАРУ (Сем.: Кекп., Ақс.) тас-талқанын шығару, быт-шыт

қылу. *Талқан-табын шығарып, төрт койканы төрт жағына қойып едім, бөлме кеңіп кетті* (Сем., Көкп.).

ТАЛҚЫ[1] (МХР) нан. *Чикі талқы екен* (МХР).

[Монғолша *талх* нан; нан пісіру *талх барих, талх хийх* (Қаз.-монғ. сөз., 226)].

ТАЛҚЫ[2] (Шымк., Сайр.) топырақтың құнарлығы. *Енді бар гой сіз осы жердің талқын келесі жылы да бір санаңыз* («Қ. ту», 7.07.1962).

ТАЛҚЫ СӨЗ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Тедж.) жарыс сөзі. *Баяндама хақында талқы сөзге шығып кім сөйледі* (Түрікм., Тедж.). *Талқы сөзге шығып сөйлесушілер көбі райком комсомолдың қаулысын айтып тоқтады* («Қарабұғаз.», 15.08. 1937).

ТАЛҚЫ ШӘЙ (Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж.; Гур.; Орал) нансыз, қантсыз ішілетін құр шай. *Алакөзовтікі талқы шәй да бере қоймас* (Түрікм., Красн.). *Біраздан бері магазинде секер болмай талқы шәй ішіп келеміз* (Гур., Маңғ.).

ТАЛМАУ (Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ.) дәмін тату, байқау. *Салманың дәмін талмай көрші* (Орал, Чап.). *Сортаң жердің суын талмай - ақ білуге болады* (Гур., Маңғ.).

ТАЛМАУ ТҮС (Көкш.: Щуч., Еңб.) тал түс.

ТАЛПАҚ (Қ.орда, Қарм.) егіннің көлемін өлшейтін екі метрлік өлшемнің аты (жер өлшеуіш). *Бригадирдің үйінің жанында талпақ жатыр, алып келе гой* (Қ.орда, Қарм.). Кейбір жерлерде мұны *саржа* деп те атайды.

ТАЛПАН (Гур., Есб.; Қост., Об.) қандала. *Біздің үйде талпан жоқ* (Қост., Об.). *Талпан шағып тастайды* (Гур., Есб.).

ТАЛТАҚ Қ. талпақ.

ТАЛ-ТАЛҚАН (Гур., Есб.) тас-талқан. *Жайық қатты тасыған жылы жағадағы үйлерді тал - талқан етіп кетеді* (Гур., Есб.).

ТАЛУ (Қост., Жанг.) тартылу, азаю. *Июнь айы туысымен сайлардағы су тала бастайды* (Қост., Жанг.).

ТАЛЫС 1. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб.: Шу, Мойын.; Ақт., Ырғ.; Шығ. Қаз., Зайс.) шеберлердің аспап салатын ыдысы. *Далабайдың талысы толған аспап* (Қ.орда, Сыр.). *Талыстың жылқының, сиырдың бас терісінен істейді* (Ақт., Ырғ.). 2. (Орал: Орда, Жөн.) мес, торсық. *Кейбір талысқа 3-4 шелек қымыз сыяды* (Орал, Орда). Көне жырларда *талыс* жылқының, сиырдың бас терісінен істелген көн дорба. *Мен арғын деген арыспын, Азуы кере қарыспын. Сен бұзау терісі шөншіксің, Мен егіз терісі талыспын* (Бұхар жырау).

ТАМ[1] (Ауғ.; Ир.; Түрікм.: Красн., Бекд., Жеб., Небид., Ашх.; Жамб.; Шымк., Сайр.; Сем.: Шұб., Ақс., Көкп.; Тау., Қош.; Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал., Қарм.; Алм.: Жам., Нар., Кег.; Шығ. Қаз., Глуб.; Қарақ.; Өзб., Ташк.) қолдан құйған балшықтан, кірпіштен салынған үй. *Осы колхоздың адамдары түгелдей дерлік шипрлі там салуда* (Қ.орда, Сыр.). *Бұл тамның салынганына 30 жылдай болды* (Шымк., Сайр.). *Тауық құсқа ұшу жоқ, Там үйлерге көшу жоқ* (Мақал). *Биыл тоқал там салып алдық* (Алм., Жам.). *Қызыл кілем терезесі сығырайған тоқал тамның ішінде кездік жауын алып айналаға сықырлы сәуле шашып, құлпырып тұратын болды* («Мәд. ж. түрм.», 1983, №6, 20). *Ешекке мұйіз бітсе, егесін сүзер, түйеге қанат бітсе, тамыңды бұзар* (Өзб., Ташк.).

ТАМ[2] 1. (Ақт., Ырғ.; Орал: Чап., Жымп.; Қост., Жанг.) мола, зират, бейіт. *Кешегі өлген Тәжімбеттің көрін тамның ішінен қазып қойдық* (Қост., Жанг.). *Бұл Бергалидің атабабасының моласы, тамдары* (Б. Майл., Таңд. шығ., III, 70). *Баян сұлу керуенге жарлық қылды, там тұргызған кісіге тиемін деп, Қыздың айтқан жарлығын керуен білді, 40 күнде Қозекемнің тамын қылды* (Қозы-Көрпеш-Баян сұлу). *Там* қабырға, дуал (М. Қашқ., III, 172). *Тамның* төрт құлақты *там*, шошақ *там* сияқты түрлері бар. 2. (Рес., Орын.) мола сыртындағы қорған. *Бұл жерде тамды көбінесе тастан салады* (Орын., Бөр.).

ТАМ[3] (Қ.орда, Арал) мол, коп. *Ақылы там* – ақылы мол. *Ол деген ақылы там адам еді гой* (Қ.орда, Арал).

ТАМ АҒАШЫ (Ауғ.; Ир.) үй төбесіне салатын ағаш. Қ. арқалық[1].

ТАМАЗ (Түрікм.: Бекд., Қиян., Қулы., Красн.) қайықтың түмсығындағы және артындағы сыналап, қиып салынған ағаш. Оны алды-артына бөле айтып, *бас тамаз, арт тамаз* деп екіге бөледі.

ТАМАҚ (Гур., Тең.) өзеннің теңізге құятын сағасы. *Оралдың Каспийге құйған тамағында балықшылар бар* (Гур., Тең.). *Каспий балықшылары өзеннің теңіз тамағынан алыста тұрады. Көгілдір кеңістікті көз ұшында қалдырып, теңіз тамағына да кіре бастады* (Ә. Сөр., Тол. туғ., 83).

ТАМАҚ АҒАШ (Рес., Орын.) мойынтұрықтың алқым ағашы.

ТАМАҚ АЙЫРУ (МХР) тамақ табу. *Тамақ айыру оңай емес* (МХР).

ТАМАҚ БАУ (Павл., Үрлі.) қамыт бау. *Ат орге қатты келе жатқанда тамақ бауы сарт үзілді* (Павл., Үрлі.).

ТАМАҚ БӨРІК (Қ.орда: Сыр., Жал.) түлкі терісінен жасалған борік. *Қыста бір-бір тамақ бөрігіміз болады* (Қ.орда, Сыр.).

ТАМАҚ ЖАЯТЫН ҮЙ (Шығ. Қаз., Больш.) ас үй. *Ол тамақ жаятын үйде шығар* (Шығ. Қаз., Больш.).

ТАМБАУ (МХР; Сем.: Кекп., Ақс.) түтанбай қою, жанбау, от алмау. *Сіріңке дым алған ба, тамбай қойды* (МХР). *Дым алса, сіріңке тамбай қояды* (Сем., Кекп.). Әдеби тілдегі *отты тамыз, тамызық* сөздері осы сөзбен төркіндес.

ТАМБЫС Қ. танбыс.

ТАМБЫСҚА САЛУ (Қар.; Жезқ.) сөз бүйдаға салу, алдау. *Тамбысқа салып ақыры бермей кетті* (Жезқ.).

ТАМҒА (Алм., Кег.) таңба. *Менің жоғалған сиырымның ен тамғасы жоқ еді* (Алм., Кег.).

ТАМҒАЛЫ ТАС (Алм.: Нар., Кег.) таңбалы тас. *Әйтеуір ормек тектес жерлерде тамғалы тас көп қой* (Алм., Кег.).

ТАМҒЫ (Орал, Орда) үміт, қайыр. *Басқасы болмаса Олжағалдан тамғы жоқ* (Орал, Орда).

ТАМ КЕПЕ (Ир.) жерден қазылған үй.

ТАМПЫС БОЛУ (ҚХР) байқап сөйлеу, аузына ие болу.

ТАМТЫҒЫ ҚҰРУ (ҚХР) тынысы біту, тынысы тарылу.

ТАМЫЗУ (МХР) жағу, іске қосу (телевизор, электрді, т.б.). *Сондықтан еңбектен кешірек түсіп келген соң барлық бөлменің жарығын жағып, оған қоса телевизор тамызып, тоңазытқыш жұмыстатып, магнитофон сөйлетіп, кір жуатын, шаң сорып, үй тазалайтын машина пайдалануда* («Ж. өмір», 28.03.1983). *Группа мүшелері электр жарығын уақытында тамызып, сөндіреді* («Ж. өмір», 28.07.1983).

ТАМЫРДӘРІ (МХР) шай орнына қолданатын жапырақты өсімдіктің тамыры. *Согыс кезінде шәй жоқ, тамырдәрі қазып ішті* (МХР).

ТАМЫРКЕШТЕН (Қост., Жанг.) тамыр, дос. *Жұмаш пен Мұқаш тамыркештен, үйткені арасында алыс-берісі бар* (Қост., Жанг.).

ТАМЫР ТАРТУ (ҚХР) белгілі мақсатпен жаңа орынға қоныстану.

ТАНА[1] (Ир.; Өзб., Ташк.; Қ.орда, Сыр.; Шымк.: Түлк., Сайр.; Жамб., Шу; Қ.орда; Талд., Гв.) алты айдан бір жасқа дейінгі сиырдың үрғашы бұзауы, тайынша. Мұны Келес ауданының кей жерінде *ақтамақ* дейді. *Қызымның ұзату тойына жекжатымыздан бірсыпыра тана келді* (Шымк., Түлк.). *Әркімнің бағып жүрген танасы бар, Өгіз боп өсер деген дәмесі бар* (Мақал). *Ақсақал төрге шықпайт байдан бұрын, Ас болмайт сары қымыз, шайдан бұрын. Базарға айдай барсаң, танамыз бұл, Өседі жылқы менен қойдан бұрын* (Әбубәкір ақын).

[Әзірбайжан тілінде *дана* (алты айдан бір жасқа дейін); башқ. *тана* (бір жас пен екі жас арасы); қырғ., ноғ., тат., өзб. *тана* (екі жастағы бұзау); қарақ. *тана*; түрікм. *дана*. М. Қашқари сөздігіндегі *тадуи* (бір жасар бұзау), *тазауи* (екі жасар бұзау) сөздерінің *тад, таз* түбірлері тіліміздегі *тана, тайынша, тайөгіз* сездерімен түбірлес болса керек].

ТАНА[2] (Жамб., Тал.) тәйке. *Менің асығым тана тұрды* (Жамб., Тал.).

ТАНА[3] (Сем.: Абай, Шүб.; Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) көйлектің ақ түймесі. *Оның үлкенін де, кішісін де тана деп атайды* (Шығ. Қаз., Больш.). *Көйлектің танасы үзіліп қалыпты гой* (Сем., Абай).

ТАНАЙ[1] (Рес., Орын.) ауыл. *Алғаш жерді танайқа берді. Оған мынау пәленшенің танайы, мынау түгеншенің танайы деп есім берді* (Орын., Ад.).

ТАНАЙ[2] (Қарақ., Мой.) ескі ұзындық өлшем түрі.

ТАНАЙ ТЕЗЕК (Рес., Орьш.; Қост., Жанг.) көңді көлікпен бастырып, қолмен жайған тезек. Қ. тапамай тезек.

ТАНА КӨЗ//ШЫНЫ КӨЗ (Көкш.: Еңб., Қ.ту) көйлекке тағатын кішкентай ақ түйме. Семей облысының Абай, Шүбартау аудандарында *тана*, Шу бойы қазақтарында *седеп// сәдеп түйме*.

ТАНАП 1. (Шымк., Сайр.) айналым, егіс егілетін жерді нашарлатып алмау үшін әр жылы әртүрлі егіс егіп отырады. Сонда егістің түрі қайта айналып егілгенше бір *танап* деп аталады. *Совхоз шөп танапты ауыспалы егісті барлық бөлімде өндірді, 1951 жылы ауыспалы егіс толық меңгерілгелі отыр* («Оңт. Қаз.», 20.08.1950). **2.** (Қарақ.) өлшем. *Бір танап жер. Ен бір танап, көлденеңі бір танап екен* (Қарақ., Мой.).

ТАНАПТАУ (Қост., Сөмиоз.) өлшеу, бөлшектеу. *Т а н а п т а п еккен егінді біздің балаларымыз көрген жоқ* (Қост., Семиоз.).

ТАНАСЫН ШЫҒАРУ (Шығ. Қаз., Тарб.; Қ.орда, Арал) есін шығару, шырқын бұзу. *Ол Көккөзбен ұрсысып т а н а с ы н ш ы г а р д ы* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Елдің т а н а с ы н ш ы г а р м а й тыныш жұр* (Қ.орда, Арал).

ТАНА ТАҒАР (Жамб.: Шу, Мер., Қорд.) жас бала бірінші рет жолға шыққанда жасалатын ырым. *Баланың т а н а т а г а р ы н жаса* (Жамб., Шу).

ТАНБЫС//ТАМБЫС (Қост., Жанг.) тану, танып кету. *Ол айтқанын мойындамай т а н б ы с қ а салған* (Қост., Жанг.).

ТАНДЫҚ (Түрікм.: Небид., Ашх., Гяу., Анн.) баланатын, татитын. *Он бала керек пе, әлде онга т а н д ы қ біреу керек пе?* (Түрікм., Ашх.).

ТАНДЫР[1] **1.** (Алм., Жам.; Қарақ.) нан жабатын пеш. *Ол екі т а н д ы р г а қатар нан жапты* (Қарақ.). *Т а н д ы р ы ң бос болса, нан пісірейін деп едім* (Алм., Жам.). *Зәуре жеңешем төрдегі кебеженің аузын кілтпен дзың еткізіп ашады да дастарқанга т а н д ы р д ы ң үш-төрт дөңгелек тоқашын әкеп салады* (Б. Соқп., Біз де бал. бол., 96). **2.** (Талд.) тандыр пешке пісірілген нан. *Үйге мейман келді, т а н д ы р ы ң ы з бар ма?* (Талд.).

ТАНДЫР[2] (Орал, Орда) қойды сойып, етін түздап, пияз, бұрыш қосып қарынға салып, жерге көміп, үстіне от жағып пісірген ет. *Ертеде қойшылар бірігіп т а н д ы р жасайтын* (Орал, Орда).

ТАНДЫР КЕБУ (Өзб., Ташк.) түк жоқ, қаңырап қалу.

ТАНДЫРЫҢ ШЫҚҚЫР (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Тахта) қарғыс сөз. *Т а н д ы р ы ң ш ы қ қ ы р, жұнді шашып кетті-ау* (Түрікм., Ашх.).

ТАНЖЫРАУ (Ақт., Жұр.) шаршау.

ТАННҰР (Ауғ.; Ир.) тандырға пісірген нан.

ТАНТЫҚ (Сем.: Ақс., Көкп.) мылжың, сөзуар; ұят сөз, дарақы сөз. *Олар ашық болам деп, т а н т ы қ болды емес пе?* (Сем., Ақс.). *Балалардың көзінше т а н т ы қ сөз айтуга болмайды* (Сем., Көкп.).

ТАНТЫРАУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) шатасу, жаңылысу. *Қартайгандықтан ба, ол ақсақал т а н т ы р а п, ештеме айта алмады* (Шығ. Қаз., Больш.). *Ол жақсы айта алмады, т а н т ы р а п қалса керек* (Тау., Қош.).

ТАНЫП АЛУ (ҚХР) серттен айиып, айтқанында тұрмау. *Ол сөзінен т а н ы п а л ы п отыр* (ҚХР).

ТАҢ (Қарақ.) сәкі.

ТАҢАМАЛ (Шымк., Сайр.; Жамб., Жам.) таңсөрі, таң алды. *Олар чөпке т а ң а м а л д а кетпек ойы бар* (Шымк., Сайр.).

ТАҢАТЫ КЕЛМЕУ (Жамб., Шу) мұршасы, өлі келмеу. *Қасымдағы балага той жасап беруге де т а ң а т ы м к е л м е й жүр еді* (Жамб., Шу).

ТАҢБА (Рес., Омбы) галош табанының бедері. Көкшетау облысының Щучинскі, Еңбекшілдер аудандарында *мөр*.

ТАҢҒАН//ҚАРАҚҰМҒАН (Қарақ.) күман.

ТАҢҒЫРЫҚ (МХР) ант, серт. *Әскерден т а ң г ы р ы қ көтеріпті* (МХР).

[Монғолша *тангарак* ант, серт (Монғ.-қаз. сөз., 177)].

ТАҢДАЙ (Қост., Жанг.) шөп машинасының тісі. *Машинаның т а ң д а й ы. Т а ң д а й алынды, қайралды. Машинаның т а ң д а й ы жиі қайралып баптап ұсталады* (Қост., Жанг.).

ТАҢДАЙДАСУ (Қост., Жанг.) сырласу, сыр айту. *Өзімен бір т а ң д а й д а с ы п сөйлесейін деп едім* (Қост., Жанг.).

ТАҢДАЙ ҚҰРАҚ (Рес., Сарат.) құрақтың бір түрі.

ТАҢДАЙЫНАН ЖАРЫЛҒАН (Түрікм.: Ашх., Таш., Красн.) шешен, жез таңдай. *Ақтан, Сырымдар т а ң д а й ы н а н ж а р ы л г а н биліктің иелері болыпты* (Түрікм., Красн.).

ТАҢДАЙЫНАН ШАҢ ШЫҚҚАН (Тау., Қош.) шешен. *Т а ң д а й ы н а н ш а ң ш ы қ қ а н адам еді* (Тау., Қош.).

ТАҢДАЙЫНДА МЕҢІ БАР (ҚХР) шешен, сөзі жүйрік. *Қазанына қаспақ қатқан шаңырақтағы мырзалар мен т а ң д а й ы н д а м е ң і б а р тілді ауыздылар тігерге тұяқ қалмай барын киіп, бақанын таянып Жаңжүнге келіп қол берілпті* (М. Раз., Алт. ақ., 9).

ТАҢДАҚ[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) дүбір. *Көп аттың т а ң д а г ы құлақ жарады* (Түрікм., Көнеүр.).

ТАҢДАҚ[2] **1.** (Қарақ.) есектің ауруы. **2.** (Рес., Орын.) жылқы ауруы. *Т а ң д а қ п е н ауырған жылқының тісінің тұбі ісіп, шөп жей алмайды* (Орын., Ад.).

ТАҢДАР-ТЕТІК (Қарақ.) аман-есен (хал жағдай немесе сөлемдескенде аман-есендік сұрасу). *Ассалаумалейкум, т а ң д а р-т е т і к барсыз! Т а ң д а р-т е т і к отырсыздар ма?*

Тұрғындардың ауызекі тіліндегі үшырасып отырған бұл сөз көбінесе жасы үлкен, қартайған адамдарға бағышталып қолданылады. Яғни жасы кішілері *«таңдар-тек барсыз ба?»* деп, хал-жайын сұрайды. Бұл сөз кобіне қазақтардың озбектермен аралас отырған жерлерінде ұшырасады. Қ. тетік.

ТАҢ ЕТУ (Алм., Шел.) **1.** ақылдасу, кеңесу. *Біз өзара таң еттік те жұмысымызды бітірдік* (Алм., Шел.). *Үйге кел, таң еттік шаруа бар* (Алм., Шел.) **2.** ұйықтап алу, көз шырымын алу. *Таң еттік те жүріп кеттік* (Алм., Шел.).

ТАҢ ЖАРУ (Маң.) таң саз беру, таң ату. *Сар жұлдыз таң жарып келе жатқанда туады* (Маң.).

ТАҢ КӨРСЕТПЕУ (Жамб., Шу) күн көрсетпеу, тыныштық бермеу. *Қасындағылардың бәріне таң көрсетпей отырсың гой* (Жамб., Шу).

ТАҢ КӨРУ (Талд., Гв.) таңырқау, таңдану. *Баламның қасқырдан аман қалуын таң көрдім* (Талд., Гв.).

ТАҢҚА//ТАҢҚАЙ (МХР) өр көкірек, сотқар. *Таңқа джігіт болып кетіпті* (МХР).

[Монғолша *танхай* жынды, есерсоқ, қояншык (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 177)].

ТАҢҚАЙ Қ. таңқа.

ТАҢҚИТ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Таш., Көнеүр., Тедж., Мары) сын, сынау.

[Түрікменше *таңкыт* (Рус.-туркм. сл., 1956); езб. *танкия* (Узб.-рус. сл., 1959); пар. *тангид* сын (Пер.-рус. сл., 1953)].

ТАҢҚИТТАУ (Түрікм., Мары) сынау. *Райком секретарларын обкомда таңқиттаты* (Түрікм., Мары).

ТАҢҚЫ[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Тедж., Таш.; Орал) аз, тапшы. *Суы малга жептейтін суы таңқы құдықтар* (Түрікм., Тедж.). *Тұс кезіне жақындай бергенде бір таңқыға кезігіп, аттарымызды суарып алдық* (Түрікм., Красн.).

ТАҢҚЫ[2] (Алм., Кег.) тері илейтін ағаш қалып. *Менің таңқым ды Базарбай алып кетті* (Алм., Кег.).

ТАҢҚЫШ (Өзб., Ташк.) ені төрт елі, ұзындығы үш құлаш өрнек салып тоқылған үйдің бауы.

ТАҢЛАЙ (Түрікм., Көнеүр.; Алм.: Жам., Шел.; Өзб., Бост.) таңдай. *Күннің ыстығы сондай, ауылга таңлайым ызкеуіп зорга жеттік* (Түрікм., Көнеүр.). *Таңлайыңды тақылдатпа* (Өзб., Бост.).

ТАҢЛАЙ ҚҰРАҚ (Өзб., Ташк.) түрі адамның таңдайы сияқты тұлғада салынып, өте майда құрақшалардан құралған құрақ түрі. *Таңлай құрақ қа ақ және қара материал жұмсалады* (Өзб., Ташк.).

ТАҢЛАҚ (Қ.орда, Қарм.) өрістөгі жылқыны үнемі байлағаннан пайда болатын жылқы ауруы. *Көпе көрнеу таңлақ қа ұшырайды* (Қ.орда, Қарм.).

ТАҢЛАУ (Алм.: Жам., Нар., Кег.; Жамб.: Шу, Тал.; Шымк., Сайр.) таңдау. *«Таңлаган талайына жолығады» деген сөз бар* (Алм., Кег.). *Бұл атты таңлап міндім* (Алм., Кег.). *Таңлаулы жеріміз осы* (Жамб., Тал.).

ТАҢ СЫЗУ (ҚХР) таң алдында, таң біліне. *Таң сызыла жаңбыр бәсейе берді. Таң сызғаннан жатар-жатқанша бір өмір жоқ* (ҚХР).

ТАҢСЫҚ (Түрікм.: Бекд., Красн., Небид.) қарақүйрықтың асығы. *Сақаны таңсықтан сайлап, асықты (қ.) ұрысқа салатынбыз* (Түрікм., Небид.).

ТАҢЫ ЖЫРТЫЛУ (Рес., Астр.) таң қалу. *Менің таңым жыртылып отыр* (Рес., Астр.).

ТАҢЫЛЧАҚ (Жамб., Шу) алба-жұлба киім.

ТАҢ ІЛУ (Қост., Жанг.) түннің ұзаруы. *Таң ілді деп түннің ұзаруын айтады* (Қост., Жанг.).

ТАП[1] (Қарақ.) күй, жай-жағдай. *Менің жорамның бүгін таб ы болмай тұр* (Қарақ.).

ТАП[2] (Алм.: Кег., Нар.) тақия.

ТАПА[1] (Ауғ.; Ир.; Қ.орда, Арал) таба. *Есік алдында тапага нан жауып жатқан апамды көріп тайсалып қалдық* («Жалын», 1974, №6, 109). Қ. табай.

ТАПА[2] (Көкш.) қолмен таптап жасайтын тезектің қолдан соққан түрі.

ТАПАЙ[1] **1.** (Қарақ.) тезектің иленіп, кептірілген түрі. *Айша қасындағы тезекті жинап, жазында тапай жасайды* (Қарақ.). **2.** (Ақт.: Тем., Жүр.) күрекпен ойылған тезек.

ТАПАЙ[2] (Ақт., Ырғ.) таба. *Несібелі, тапайга нан пісір* (Ақт., Ырғ.).

ТАПАЙЛАУ (Қ.орда, Арал) алақанмен соғу, таптау. *Сиырдың тезегін тапайлап, кептіріп отқа жағамыз* (Қ.орда, Арал).

ТАПАЙТТАУ (Қост., Семиоз.; Шығ. Қаз., Больш.) таптау. *Есік алдын тапайттамаңдар* (Шығ. Қаз., Больш.). *Көкіпөзді жақсы сұрленсін десең, майда турап, көп тапайттау керек* (Қост., Семиоз.).

ТАПАЛАУ (Қ.орда, Арал) илеу, жасау. *Лайды тапалап, кірпіш жасаймыз* (Қ.орда, Арал).

ТАПАМАЙ ТЕЗЕК (Рес., Орын.) күйма тезек. *Тапамай тезектен әкеліп жақ* (Орын., Ад.).

ТАПА НАН (Қарақ.) табаға салынып, отқа көміліп пісірілген нан. Жамбыл облысының Шу ауданында *көмбеш*, Қарағандының Шет ауданында *дуанан*.

ТАПАНЧА (Жамб., Св.) таба. *Тапанчада нан тур* (Жамб., Св.). Қ. табай, тапа.

ТАПАНША//ТӘПЕНШАЙ (Орал, Орда) салмағы 250 грамм тақта шай. *Сатушы бір қолға бір тапанша шайдан сатады* (Орал, Орда). Кейде «*мал шайы*» деп те атайды.

ТАПАТАЙ (Қарақ.) таба.

ТАПАУЫТ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Байр., Мары) айырма, өзгешелік. *Қазақ тілінің өзінің де тапаулыты бар екен гой* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *тапавут* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *тафовут* (Узб.-рус. сл., 1956)].

ТАПА ШӘЙ (Қост., Жанг.; Қ.орда, Арал) тас шай, кірпіш шай. *Үйде тапашәй бар гой* (Қост., Жанг.).

ТАП БЕРМЕДЕ (ҚХР) шындап келгенде, түптеп келген кезде. *Сонда жазықты кім, Шалқар матап бермеде солай деуі де мүмкін* (ҚХР).

ТАПОРДЫ САЛУ (Гур., Маңғ.) топырлау, апыр-топыр болу. *Дүкенге бір зат келсе болды, жұрт тапорды салып, дүкеннің ішіне сыймай кетеді* (Гур., Маңғ.).

ТАП САЛУ (Алм., Кег.; Сем., Абай) белгі қалдыру. *Тұқымды сепкенде адаспас үшін егіндік жерге тап саламыз* (Алм., Кег.).

ТАПСЫРУ (МХР) жазылу (газетке, т.б.). *Белсенді тілші қатарын еңбек адамдарымен толықтыру, газетке тапсыру қатарын арттыру және ауыл өмірінен тартымды хабарларды үздіксіз келтіру* («Ж. өмір», 1.01.1987).

ТАПСЫРЫҚ (ҚХР) тапсырма. *Сен өзіңе жүктелген тапсырықты орындадың ба?* (ҚХР).

ТАПТАДАЙ ЕТУ (Сем.: Абай, Шүб.) сапалы ету, тыңғылықты ету. *Колхозға биыл таптадай етіп қора салып бердік* (Сем., Шүб.).

ТАПТАМА (Көкш., Қ.ту) қақпақыл ойынында бес асықпен ойнаганда жердегі тастың үшеуін алып, төртіншісін жерде екі рет соғып алу.

ТАП-ТАМЫЗ (Ауғ.; Ир.) тап-таза.

ТАПТАСТЫРУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) келістіру, татуластыру. *Олар кеше ұрсысып қалып еді, оларды Нұрмағамбет таптастырды* (Тау., Қош.).

ТАПТЫҚ (Қар., Қарқ.) мылжың, көп сейлейтін.

ТАР (Қ.орда, Арал) ыдыс, шара. *Біздің бөлім жақында қабылдады сіздерден, жаңа жылдық сыйлықты, әдейі арнап жіберген. Тардағы таныс жазулар, козге бір оттай басылды* (Қ.орда, Арал).

ТАРАҒАН (Павл., Ерт.) атпен шоп жинайтын тырма.

ТАРАҒАШ (Қарақ.) үйдің ішкі екі қабырғасының қосылған жеріне бекітілген үзындығы бір не бір жарым метрдей ағаш үстіне майдашүйде, киім-кешек қоятын қуыс жер. Қ. дарағаш.

ТАРАЗЫ[1] (Қ.орда, Қарм.) жүлдыз. *Осы тразыға қарай амал қайырады. Тразы көрінгенше де талай уақыт бар* (Қ.орда, Қарм.).

ТАРАЗЫ[2] (Алм., Шел.) онша семіз де, арық та емес, орташа салмақты адам.

ТАРАҚ АҒАШ (МХР; Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) тырма, тырнауыш. *Шабылған шопті тарақ агашпен жинайды* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ТАРАҚБАС (Павл., Ерт.) сулы жерде, тоғайда биік болып осетін осімдік.

ТАРАҚБОЗ (Кокш., Қ.ту; Рес., Сарат.) шабынды шоп. Биіктігі жарты метрдей, басы бүршікті болып шығады.

ТАРАҚ ҚУРАҚ (Өзб., Ташк.) құрақ түрі. *Тарақ құрақ құрылымы тарақ секілді, оны тырнақ қатарды да, таңлай құрақтың да көздеріне орната беруге болады. Тарақ құрақ қағақ пен қара маталар пайдаланылып, тігілуі күрделі болады* (Өзб., Ташк.).

ТАРАҚҚҰЙРЫҚ (Гур., Маңғ.; Түрікм., Красн.) құйрығы тарам-тарам болып келген, саршұнақтан кішілеу бозғыл сұр тышқан. *Тарақкұйрықтың терісі бағалы, оны өкімет аңшылардан сатып алады* (Түрікм., Красн.).

ТАРАҚТАЛУ (Шығ. Қаз., Зайс.) тырмалану. *Шатабайдағы шоп тарақталған білем* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ТАРАЛҒЫ (Алм., Жам.) тарту, сыйлық. *Батыр келді дегенде халық малын, түрлі тарал ғысын апарыпты гой* (Алм., Жам.).

ТАРАМЫСЫҢ ТАРТЫЛҒЫР (ҚХР) жүре алмай қалғыр!

ТАРАН (МХР) егін. *Су екеш суға таласқан ел түнде суды басқа таранға аударып жіберіп болмады. Жылқышы өз ауылының кезегінде басқа таранға су беретін*

көмейге ешкім көтере алмайтын үлкен ақ тасты әкеліп тастайтын (С. Тәу., Арм. тау, 45).

[Монғолша *тариа* 1) егін, астық, егістік; 2) екпе (Монг.-қаз. сөз., 177)].

ТАРАҢ (Сем., Абай) тарлау. *Оның үйі т а р а ң болғанмен, пейілі кең* (Сем., Абай).

ТАРАУ (Шығ. Қаз., Больш.) біту, аяқталу. *Отан соғысы т а р а д ы* (Шығ. Қаз., Больш.).

ТАРАУА (Жамб., Тал.) намаз, тарауық. *Сен бүгін т а р а у а оқыдың ба?* (Жамб., Тал.).

ТАРАЧА (Жамб., Қорд.) қол тырма. *Т а р а ч а н ы ала кел, мен қарап тұрмайын* (Жамб., Қорд.).

ТАРАШ (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тедж., Байр.) арық жиегіндегі кедір-бұдыр, тегістелмеген жер. *Мына салманың (қ.) т а р а ш ы алынбаған екен* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *тараш* су жүйелерін тазалау, тегістеу (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ТАРАША (Өзб., Ташк.) самаурынға лайықтап кесілген ағаш. *Ұқыптылар самауырдың қысқы т а р а ш а с ы н а дейін дайындап қояды* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше *тараша* (Узб.-рус. сл., 1959); тәж. *тароша* ағаштан жарылған отын (Тад.-рус. сл., 1954); түрікм. *тараша* жарылған ағаштың бөлігі (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ТАРАШМАН (Қарақ.) салынған үйдің қабырғаларын тегістейтін шебер.

ТАРАШТАУ (Гур., Тең.) аудың арасын ашып, жазып жаю; ау жібінің арасын ашып тараштау. *Т а р а ш т а п жайылмаған ау кеппей қалады. Балық аулауға шығарда ауқұралдар т а р а ш т а л а д ы* (Гур., Тең.).

ТАРАШТАНУ//ТЫРАШТАНУ (Орал: Чап., Жымп.) әдемілену, сәндену. *Әкем ауылда болса мен де Төкен құсап т а р а ш т а н ы п, алшаңдап жүрер едім* («Лен. жас», 14.05.1953). *Көк сазды көзін жауып кеткен шаштарын қолымен кері қайырып, бұрымдарына қосып, су ішінде т а р а ш т а н а бастаған Шолпанға жіберіп қалды* (Х. Есенж., Ақ Жай., 228).

ТАРБАҒАН 1. (Ақт., Ырғ.) саршұнақ, балпақ. *Ол қақпанмен жүз қаралы т а р б а ғ а н алды* (Ақт., Ырғ.). **2.** (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР) суыр. *Мына жерде т а р б а ғ а н көп* (Тау., Қош.).

ТАРБАҚ[1] (Гур., Есб.) кесіртке. *Түйнеме ауруын т а р б а қ п е н емдейді* (Гур., Есб.).

ТАРБАҚ[2] (Алм., Шел.) ердің қасына салатын күмістелген тұяқ темір. *Ұсталар бұрын ердің алдыңғы қасына т а р б а қ салатын, ерге т а р б а қ салып түрлендіретін* (Алм., Шел.).

ТАРБАҚА (Рес., Қалм.; Ақт., Ойыл; Орал, Жән.) құрбақа, тасбақа. *Т а р б а қ а Ойыл өзенінің бойында да кездеседі* (Ақт., Ойыл). *Құдықтың қатарында т а р б а қ а бар екен* (Орал, Жән.).

ТАРБАНУ (Алм., Кег.) тырбану. *Бұрын кедейлер т а р б а н ы п күн корді гой* (Алм., Кег.).

ТАРБИЯ (Сем.: Мақ, Үрж.) тәрбие. *Оқу т а р б и я жұмысың да өркендей берсін* (Сем., Мақ.).

ТАРБЫЗ (Ауғ.; Ир.) қарбыз.

ТАРҒАҚ (Сем.: Көкп., Ақс.) шұбар, ұзын тұмсық, жіңішке аяқты құс. *Т а р ғ а қ ұшқанда қанаты ақшыл болып көрінеді. Біздің жерде т а р ғ а қ көп болды* (Сем., Ақс.).

ТАРҒАЯҚТАУ (МХР) баяу шабу. *Айғыр ақыры ентігін т а р ғ а я қ т а й бастағанда, Сағдат белбеуіне қыстырған қайыс ноқтаны суырып алып айбынды күрең айғырдың басына кигізіп, мықтап-ноқталап алды* (Церендор., Е.ул. 24). *Аттың төрт аяқтап шабуы.., ащы дауыстан құланша құйғып, тарпаңша т а р ғ а я қ т а д ы* (С. Мағ., Сүмбіле, 27).

ТАРҚАҚ [АДАМ] (Орал, Орда; Гур., Маңғ.) тентек, бейпіл ауыз адам. *Мінезі т а р қ а қ жігіт* (Гур., Маңғ.). *Әрі қарулы, әрі ерсі, т а р қ а қ ойнайтын балдызына одан кейін қарсы тұрудың ретін таппады* (Ж. Нәжім., Ақ шағ., 214).

ТАРЛАУ (Жамб.: Шу, Мер.; Сем., Үрж.; МХР) биіктеу болып өсетін шабындық шөп. *Т а р л а у биік болып чығатын чалғын шөп* (Жамб., Шу). *Т а р л а у, ақ жусан, изен, қара және сары бұйырғын, балауса, жапырақтардың тамырын күзде мал қуныға жейді* («Ж. өмір», 21.05.1987).

ТАРМАҚ (Сем.: Көкп., Ақс.; Рес., Омбы) тырма, айыр. *Т а р м а қ т ы жөндеп болдыңдар ма?* (Сем., Көкп.). *Кебіңкіреп қалған шөпті т а р м а қ п е н аударыстырып бірең жүр* (Түрікм., Красн.). *Көпенені жинағанда көбінесе төрт т а р м а қ т ы пайдаланамыз* (Рес., Омбы). Орынбор облысы Адамов, Бөрте аудандарында *сенек*, Шымкент облысының Алғабас, Бөген, Созақ аудандарында *бесақа*, Шу бойы қазақтарында *ака//аша* деген нұсқалары кездеседі.

ТАРНАУ (Қарақ.) арық, канал, жарма сағасынан салынған шлюз.

ТАРОМ (Ауғ.; Ир.) иісі бар күріштің ең жақсы сорты.

ТАРПАҚ-ТЕЛІ (Қарақ.; Түрікм.: Таш., Ашх., Көнеүр., Тедж.) телі-тентек. *Оларда т а р п а қ-т е л і жағы жеткілікті* (Түрікм., Красн.).

ТАРПЫ ШЫҒАРУ (Жамб., Қорд.) шатақ, бәле шығару. *Осы отырған жеріңде т а р п ы ң д ы ш ы г а р а й ы н ба?* (Жамб., Қорд.).

ТАРТАР (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары) қабығы жұқа, ұзынша келген, жолақ түсті қауын. *Т а р т а р г а пышақ сұқса тарс етіп жарылып кетеді* (Түрікм., Таш.).

ТАРТҚЫ ОРАҚ (Орал, Чап.; Қост., Жанг.) екі қолмен үстап не қарсы, не өзіне қарай тартып, ағаш жонатын құрал. *Бере тұршы т а р т қ ы о р а г ы ң д ы, айырымның сабын жөндейін* (Қост., Жанг.).

ТАРТҚЫШ[1] (Гур., Тең.; Қ.орда, Арал) құрма аудың қадасын бекітетін арқан. *Құрма аудың қадасы т а р т қ ы ш сым арқылы бекітіледі* (Гур., Тең.). *Құрма аудың соқалары, қадасы болады, оның әрбір соқасын тартып байлайтын арқанды т а р т қ ы ш дейді* (Қ.орда, Арал).

ТАРТҚЫШ[2] (Гур., Тең.) соқаны тартып қоятын арқан. *Т а р т қ ы ш т а р д ы ң бірнешеуін тұндегі дауыл үзіп әкетті* (Гур., Тең.).

ТАРТПА[1] (Өзб., Ташк.) баланың қолынан (қолбау), бір аяғынан (аяқ бау), бір-екі жерден бесікке байлап қоятын бау. *Т а р т п а өрнектеліп, құрақтар тігіліп дайындалады* (Өзб., Ташк.).

ТАРТПА[2] (МХР; Шығ. Қаз.: Больш., Зайс.) қол шалғы. *Бұрын шөпті т а р т п а м е н шапса, енді машинамен шабатын болды* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Т а р т п а с ы з шөпке барудың да қажеті жоқ* (Шығ. Қаз., Больш.). *Ол сұрқияның аңқауы сыртында, арамзасы ішінде емес пе. Т а р т п а с ы н саптап, сайманын баптап бердім, сонда да істемеді, анық сұмырай демекші, соны да білмейсің, сорлы-ау* (М. Құрман., 48). - *Бәсекеге әзірмісің, жойман? - деп Самсонов Қолгабысты иығынан ырғап еді, анау т а р т п а н ы ң дүзіне саусағын жүгіртіп, үрлеп қойды да* («Шұғыла», 1983, №1, 34).

ТАРТПА[3] (Қост.: Жанг., Тоб.) шығырдың әуітінө (қ.) су жіберетін канал. *Ертең т а р т п а қазуға бес-алты адам бөлу керек* (Қост., Жанг.).

ТАРТПА[4] (Сем.: Көкп., Үрж.) үйық, қорыс. *Т а р т п а г а мал түсірме, шыға алмауы мүмкін* (Сем., Үрж.).

ТАРТПА АҒАШ (Ақт., Жүр.; Рес., Орын.) бел ағаш, белдеме. *Т а р т п а а ғ а ш арбаның артқы және алдыңғы дөңгелегін байланыстырады* (Ақт., Жүр.).

ТАРТПАШЫ (МХР) пішенші. *Үй шаруасындағы өйелдердің үлесі өз алдында. 200 адам тек т а р т п а ш ы л ы қ қ а тағайындалған* («Ж. өмір», 25.08.1983).

ТАРТТЫРУ (Рес., Орын.) шақырту. *Қыстығүні мәжілісті Қостанайға т а р т т ы р ы п т ы* (Орын., Ад.).

ТАРТУ[1] (Алм., Кег.) суретке, фотоға түсіру. *Менің суретімді т а р т қ а н Әкірбай болатын* (Алм., Кег.).

ТАРТУ[2] (Ақт., Ойыл) толеу. *Колхоздың олген малының терісін жинамасақ, орнына мал т а р т а м ы з* (Ақт., Ойыл).

ТАРТУ[3] (Алм., Ұзын.) тасу. *Ол бес ай бойы пошта т а р т қ а н* (Алм., Ұзын.).

ТАРТУ[4] (Талд.) салу. *Бал тарту* – бал салу. *Даладағы жабайы ара бал т а р т п а й д ы* (Талд.).

ТАРТУ АРҚАН (Жамб.: Шу, Луг.) түйе үстіне жүк артылып болғаниан кейін оның үстіне алаша, киіз, т.б. тосеніштер жауып, жазы ағашының алдыңғы және артқы бастарынан іліп, әрлі-бсрлі өткізіп, айқыш-үйқыш етіп бастырып, бекітіп байлайтын, ұзын, мықты жуан арқан.

ТАРТУШЫ (Жамб., Тал.) шаршап шауып келе жатқан аттың алдынан шығып жетелейтін адам. *Бәйге аттар көрінеді, алдынан т а р т у ш ы л ы қ қ а Қасымды жіберу керек* (Жамб., Тал.).

ТАРТЫЛАМ-ШЕРТІЛЕМ (Қар., Шет) асық ойынында айтылатын сөз. *Асық ойнағанда «т а р т ы л а м-ш е р т і л е м» деп айтса, асықты шертіп атуға да, құлаштап атуға да болады деген сөз* (Қар., Шет).

ТАРТЫМ (Гур.) ау құратын жер (көлде, өзенде). *Мен т а р т ы м г а барсам, онда он шақты кісі тұр екен* (Гур.).

ТАРТЫНШАҒЫМ ЖОҚ (Қост., Жанг.) қарсылығым жоқ. *Аздап сырқаттанып отырмын, болмаса жұмысқа баруға ешқандай т а р т ы н ш а ғ ы м жоқ* (Қост., Жанг.).

ТАРТЫНШАҚ (Қ.орда, Арал) бүркітті шақыру үшін әзірленген ет.

ТАРУ 1. (МХР) үйлесу, сәйкес келу. *Оған ешнәрсе т а р ы м а д ы* (МХР). *Жетпістің көбейіп тұр қосымшасы, Т а р а й ы п кең дүние айналасы* (А. Бап., Өлең., 192). **2.** келісе алмау. *Жастайымнан жабысты осы ауру, әудем жерге жүрсем, алқынып аузыма тығылады да*

тынысым т а р а й ы п кетеді (Монғ. қаз. әд.-1, 91).

[Монғолша *таарых* үйлесу, сәйкесу, дәл келу (Монғ.-қаз. сөз., 172)].

ТАРЫ ЖЕР (Түрікм., Таш.) игерілмеген тың жер. *Түрікмен жері шөл болған соң соқа тимеген т а р ы ж е р оте көп* (Түрікм., Таш.).

ТАРЫЛУ (Рес., Волг.) біту. *Путевкасы т а р ы л ғ а н соң қайтып келеді* (Рес., Волг.).

ТАРЫМШЫЛЫҚ (Маң.) таршылық.

ТАРЫП (Қарақ.) жыртылмай қалған жер.

ТАРЫП ЕТУ (Тау., Қош.) топқа, жікке бөліну. *Бұрын Шұй қазақтары екі т а р ы п болып озара заңдасушы еді* (Тау., Қош.).

ТАРЫСПАУШЫЛЫҚ (МХР) сыйыспаушылық. *Келешек жас жұбайларға ерік бермей, ата-аналары арасындағы құдаласушылықтың жақсы жағына келсек жастар бірін-бірі танымай, таныса да біртіндеп ата-ене, қайын жұртымен т а р ы с п а у ш ы л ы қ қ а тап болатын жәйттар кезігіп келеді* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 13).

ТАС[1] (Орал: Орда, Жән., Казт.) күйдірілмеген кірпіш. *Малшыларға қыстау салу үшін т а с құйып жатырмыз* (Орал, Орда). *Мен кеше күнімен т а с соғып шаршап қалдым* (Орал, Казт.) *Биыл 20.000 т а с соғып, колхозшыларға тұрғын үй және сыйымдылығы 100 сиырлық қора салмақпыз* («Екп. жол», 18.05. 1958).

ТАС[2] (Гур., Тең.) бекіренің қатты шеміршегі. *Т а с бекіренің қыр арқасында, қабырғасында болады* (Гур., Тең.).

ТАС[3] (Қарақ.) байлық. *Дәулетсіздің басы сынар, дәулеттінің т а с ы сынар* (Мәтел).

ТАС[4] (Рес., Сарат.) кесе. *Әкеліңіз тағы бір т а с құяйын* (Рес., Сарат.).

ТАСАНУ (Қар.; Жезқ.) жасқану, тайсалу. *Т а с а н б а й жетіп бардым, несіне т а с а н а й ы н. Т а с а н б а у ы м н а н зиян көргенім жоқ* (Қар.).

ТАСАЯҚ 1. (Орал, Орда) кішкентай тәрелкесі бар фарфордан істелген ыдыс. *Қызым т а с а я қ т а р д ы жуып алып кел* (Орал, Орда). 2. (Орал, Казт.; Ақт., Ойыл) шыны аяқтың шұңқыры, тәрелкесі. *Осы т а с а я қ п е н толтырып тұрып екі т а с а я қ ы н бердім* (Ақт., Ойыл). *Қазір ұмытылыңқырап, жер таяна барып, мана босаған т а с а я ғ ы н кемпірдің алдына ысырды* (Ж. **Н**әжім., Кішк., 16).

ТАСБАҚАНЫҢ АУЗЫНАН ШОП АЛУ (Гур., Маңғ.; Орал, Орда) айлакер, қу, епті адам.

ТАСБАҚАНЫҢ ДАУЫЛЫ (Қ.орда, Қарм.; Түрікм., Красн.) алай-дүлей қатты жел. *Т а с б а қ а н ы ң д а у ы л ы соққанда көзді ашып-жұма алмай қаласың* (Түрікм., Красн.).

ТАСБҰРШАҚ (Түрікм., Красн.) аспаннан жауатын бұршақ. *Сол жылы бір рет қалың т а с б ұ р ш а қ жауып, құтымызды кетіргені бар* (Түрікм., Красн.).

ТАСЖАРҒАН (Қ.орда: Сыр., Жал.; Сем.: Мақ., Үрж.; Қар.; Жезқ.) түйе жейтін, үзындығы бір метрдей, дәріге пайдаланылатын есімдік. *Т а с ж а р ғ а н н ы ң қаттылығы тас жарып шығатындығынан ба, әлде қаттылығынан ба, кім білсін?* (Қ.орда, Сыр.). *Т а с ж а р ғ а н тасты жарып шығады* (Сем., Мақ.).

ТАСКЕДІ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Мары, Тедж., Байр.) сырты тастай, қатты, балтамен шауып жаратын асқабақтың бір түрі.

ТАС КЕКІРЕ (Шымк., Түлк.) басы бүршікті, сабағы қатты арам шөптің бір түрі. *Т а с к е к і р е н і отқа жағамыз* (Шымк., Түлк.).

ТАС КЕПІЛ (Алм., Кег.) қатты, берік уәде. *Осымен сөз т а с к е п і л болып бекісін. Т а с к е п і л г е келді қой?* (Алм., Кег.).

ТАС КҰЗЕ (Гур., Маңғ.) қыштан жасалған көзе.

ТАСҚАБАҚ (Жамб., Шу) қабығы қалың сары асқабақ. *Т а с қ а б а қ тәтті болады* (Жамб., Шу). Қ. таскеді.

ТАСҚАҚ[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) тау үстінде су жиналатын ояң жер.

ТАСҚАҚ[2] (Гур., Маңғ.) тастақ. *Т а с қ а қ жер* (Гур., Маңғ.).

ТАСҚАРА[1] (Жезқ., Ұлы.) маса. *Шолпан, тұтін сал, кісілерді т а с қ а р а а жеп қойды* (Жезқ., Ұлы.).

ТАСҚАРА[2] (Алм., Жам.) малдың елігіне үймелейтін үлкен қара құс.

ТАС ҚОРА (Рес., Қалм.) кірпіштен салынған қора. *Сиыры т а с қ о р а д а н шығып кетті* (Рес., Қалм.).

ТАСҚОРЫҚ (Қар.; Жезқ.; Қост., Жанг.) қойшылардың тас салып пісірген сүті. *Кеше біз т а с қ о р ы қ іштік, тіпті әйдік екен* (Қост., Жанг.).

ТАС ҚҰДЫҚ (Рес., Орын.) тайыз құдық. *Т а с қ ұ д ы қ т ы шегендемейді* (Орын., Ад.).

ТАСҚҰЛАҚ (Қ.орда, Қарм.) бірде естіп, бірде естімейтін құлақ. *Т а с қ ұ л а қ болған соң қағыс естіген гой* (Қ.орда, Қарм.).

ТАСҚҰМАН 1. (Орал, Орда; Рес., Сарат.) шай шығаратын ақ фарфор шәйнек, аққуман.

Т а с қ ц м а н д ы алып келіп шай демде, бәйбіше, шөлдеп келдік (Орал, Орда). *Қол сандықтан түрлі шай алып, түп-түгелімен т а с қ ц м а н г а бір-ақ төңкеріп отыра қалар еді* (Ә. Кекіл., Күс қан., 68).

ТАСҚЫНДЫҚ (Орал, Казт.) байлық.

ТАСЛАНДЫ (Қарақ.) түзды, егілмей жатқан жер.

ТАСОШАҚ (МХР) қазан асып, астына от жағатын үлкендеу үш тас.

ТАСӨКПЕ (Қ.орда, Арал; Жамб., Шу) ешкі өкпесінің жүкпалы ауруы. *Т а с ө к п е м е н ауырған ешкінің өкпесі беріштенеді* (Қ.орда, Арал).

ТАСПАЖОҢЫШҚА (Түрікм.: Көнеүр., Тахта, Тедж.) жабайы жоңышқа. *Су жоқ, зат жоқ т а с п а ж о ң ы ш қ а қайдан болсын* (Түрікм., Көнеүр.).

ТАСПА ҚҰРТ (Гур., Шев.) қойдың іш ауруының бір түрі.

ТАСПАРАН ҚЫЛУ (Жамб., Шу) мықтау, тас қылу. *Есікті т а с п а р а н қ ы п жауып тастады* (Жамб., Шу).

ТАСПЕРЕН ҚЫЛУ (Жамб., Мойын.) таспен үрып өлтіру. *Жеңгесін кінәкәр деп жала жауып, төрт кісіні куә етіп, қазыға апарып, халық жиып т а с п е р е н қ ы л ы п өлтірді* (Жамб., Мойын.).

ТАС СОҒУ (Рес., Қалм.) тас соғу, кесек күю. *Олар т а с с о ғ ы п жатыр* (Рес., Қалм.).

ТАСТАБАҚ 1. (Акт., Байғ.; Рес., Орын.; Қ.орда, Арал) тәрелке. *Бұрын т а с т а б а қ деуші еді, енді тәрелке дей бастады* (Орын., Бөр.). *Шайды т а с т а б а қ қ а құйып ішсе, тез салқындайды* (Орал, Орда). 2. (Қост., Жанг.; Қар.; Жезқ.) жайпақ табақ. *Т а с т а б а қ п е н тартқан ет тез суыйды* (Қост., Жанг.). 3. (Гур., Маңғ.) шыны аяқ, кесе. *Т а с т а б а қ қ а құйған шәйдай* (Гур., Маңғ.).

ТАСТАБАН Қ. төстабан[1].

ТАСТАМА (Қост., Жанг.) белағаш, мәтке. *Ұзын бір т а с т а м а бір үйге жетеді* (Қост., Жанг.).

ТАСТАМПАЙ (Көкш., Щуч.) үн мен майды араластырып, куырып істейтін майлы ботқа, төңкерме тәрізді тәтті тамақ.

ТАСТАНДЫ (МХР) қиқым, қалдық. *Материал-техникалық жабдықтау басқармасы бірлесіп ұйымдастырған т а с т а н д ы заттардан немесе екінші шикізаттан жасалған көрме ашылды* («Ж. өмір», 13.06. 1983). *Т а с т а н д ы ағаштарды пайдаланудан 25 мың сомның пайдасын тапты. Сөйтіп мерейлі мерекеге аспатөк шашумен келді* («Ж. омір», 7.11.1985).

ТАС ТҮЙМЕ (Рес., Омбы) шапанға тағылатын түйме.

ТАСТЫЙЫҚТАУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары, Байр.) бекіту. *Май айының іс планын т а с т ы й ы қ т а у қаралды* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *тассыкламак* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *тасдикламок* (Узб.-рус. сл., 1959); карақ. *тастиқлау* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ТАСТЫҚ ҚЫЛУ (Тәж.) жұмысты тындыру.

ТАСТЫМАЛ (Қост.: Семиоз., Фед.) ас ішер алдында жуынғанда қол сүртетін орамал. *Қолға су құймастан бұрын т а с т ы м а л д ы беру керек* (Қост., Фед.).

ТАСТЫҚ КҮЛІ//АҚТОПЫРАҚ (Шығ. Қаз., Больш.) ізбес, әк, ақ балшық.

ТАСТЫҢ ПӘРЕСІНДЕЙ (Ауғ.; Ир.) пысық, өз ісіне берік. *Атаңа рақмет, баланды т а с т ы ң п ә р е с і н д е й етіп тәрбиелеген екен* (Ауғ.).

ТАСТЫРУ (Қ.орда, Арал) асыру. *Оның т а с т ы р ы п сөйлейтін әдеті* (Қ.орда, Арал).

ТАСУ (Қ.орда, Қаз.) тасқын. *Сырдарияда жыл сайын т а с у болады* (Қ.орда, Қаз.).

ТАСШӘЙ (МХР) кірпіш шай. *Жылқышы Асылбек пен Байқозыны қамал маңын барлауға қалтырып, алдына салған елу қараны таныс саудагер сарттың қорасын қамап, өзі т а с ш ә й ішіп, аз тынықты* (С. Тәу., Арм. тау, 98). *Өзіндік құнның келесі бірлігі саудада жиі қолданылатын монгол шай, т а с ш а й болды* (А. Сарай, Рев. бүр. Монғ. қаз., 46). *«Есеп теңгемен емес, т а с ш а й м е н жасалатын, қой - 2-3 шай, жылқы 15 шай - дегендей күн өлшемі белгіленген»* (А. Сарай, Рев. бүр. Монғ. қаз., 46).

ТАСШЫ (Орал, Орда) кірпіш құюшы.

ТАСЫҚ (МХР) бөлім, бөлімше. *О кісі т а с ы қ т а жұмыс істеп тұрған* (МХР).

[Моңғолша *тасаг* бөлім, бөлімшө (Монғ.-каз. сөз., 178)].

ТАСЫЛБЫР (МХР) билет түбіртегі. *Т а с ы л б ы р ы м д ы жоғалтып алдым* (МХР).

[Моңғолша *тасалбар* квитанция (Монғ.-каз. сөз., 178)].

ТАСЫРАҢДАУ Қ. тәнкөңдөу.

ТАТА БОЛУ (Қост., Жанг.) басы кату. *Ол есебін шығара алмай басы т а т а б о л д ы. Егер есепті жақсы оқысаң, басың т а т а б о л м а й д ы* (Қост., Жанг.).

ТАТАНУ (Орал: Орда, Жән.) тамсану. *Уәсила, т а т а н д ы р м а й, асыңды алып кел* (Орал, Орда). *Көз салсам інгендерге жотадағы, Марал көз, орақ тұмсық боталады.*

Боздаса боздағынан ән қоздағандай, Жас жампоз тал сыдырып т а т а н а д ы (Т. Жар., Нарын., 40).

ТАТАНЫ ТАРТУ (ҚХР) сазайын тарту, көресісін көру. *Нең бар шаруалығында? Содан-ақ т а р т п а д ы ң б а т а т а н ы! – деп* көңілі орнына түскендей шай жабды бастаған *Шолпан* (Ғ. Қан., Бүрк., 209).

ТАТАРБА (Қарақ.) өзбекі арба.

ТАТАРСАП (Өзб., Ташк.) қаламсап. *Мәгәзинге т а т а р с а п көп келіпті* (Өзб., Ташк.).

ТАТАСЫЗ//ТАТАУСЫЗ (Қ.орда, Арал) қайғысыз, уайымсыз; емін-еркін. *Жақан т а т а с ы з омір сүрген адам* (Қ.орда, Арал). *Айтқан сөздерді жаттай алған жырдай т а т а у с ы з* естіліп, тоғіліп кетеді (Ә. Нұрп., Күт. күн., 31).

ТАТАУ (Қ.орда, Арал) **1.** жеңсіз, ретсіз, қисық. *Қарағым, Қалижан, т а т а у сөз айтып не керек* (Қ.орда, Арал). **2.** кірбің, қалтқы. *Оның көңілінде ешбір т а т а у жоқ* (Қ.орда, Арал). *Көңілінде бір т а т а у барын білсемші* (Ө. Қан., Құд., 288).

ТАТАУСЫЗ Қ. татасыз.

ТАТУЫР (МХР) салық, жарма. *Қырқынчы жылдары малдың т а т у ы р ы жеңіл болмады* (МХР).

[Монғолша *татвар* салық, *албан татвар* міндетті салық (Каз.-монғ. сөз., 261)].

ТАТЫ (Жамб., Мойын.; Гур., Маңғ.) нашар. *Бүйер жердің т а т ы с ы гой, астық шықпайды* (Жамб., Мойын.). *Бізде т а т ы жылқы мен түйеге қолданылады* (Гур., Маңғ.).

ТАТЫҒАН (Сем.: Абай, Шүб.) қартайған, қалжыраған. *Ол қазір т а т ы г а н чал болыпты* (Сем., Шүб.).

ТАТЫЛАНУ (Гур., Маңғ.) тұқымы азу, азғындау. *Т а т ы л а н г а н түйе. Мұның өзі малдың т а т ы л а н ы п азаюына соқтырып келеді* (Гур., Маңғ.).

ТАТЫП АЛМАУ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Тахта, Мары; Гур., Маңғ.) білмеу, сезбеу, хабары жоқ. *Бұл қыз түрікмен тілін т а т ы п а л м а й д ы* (Түрікм., Ашх.). *Бұяқтағы туыстарыңды т а т ы п а л м а й с ы ң гой, ә? Ешкім Маңғыстаудың қашан салынғанын т а т ы п а л м а й д ы* (Гур., Маңғ.).

ТАТЫР (Орал, Жән.) тақыр. *Қуып келе жатқан қояным т а т ы р г а түсті* (Орал, Жән.).

ТАТЫРАН (Жамб., Шу) жапырағы да, түйіні де қызылшаға ұқсас таулы жердің өсімдігі. *Т а т ы р а н д ы қазып алып, көтерем сиырға береді* (Жамб., Шу). *Шиелі бірбеткей т а т ы р а н д ы жерге мал жаю күйін төмендетеді* («Больш. жол», 1939, №37).

ТАТЫРАНДАЙ (Жамб., Сар.) қап-қара. *Т а т ы р а н д а й қара бала* (Жамб., Сар.).

ТАТЫРАУ (Гур., Маңғ.) сасу, сасқалақтау, бытырау. *Айтайын деген ойыңды т а т ы р м а й сөйле* (Гур., Маңғ.). *Сонда жауап таппай т а т ы р а п сөйлейсең жаман болар* (Қашаған ақын). *Шабытым отыр бек келіп, Шабытым келіп сөйлесе, Кетеді ауыз жөнделіп. Т а т ы р а т п а й жауапты зер салғандай өңделік* (Ақтан ақын).

ТАТЫР ҚОЛТЫҚ (Гур., Маңғ.) қос өкпе, өкпенің тұсы. *Т а т ы р қ о л т ы қ т а н тиген оқ қарақұйрықтың аяғын жыбырлатуға мүршасын келтірмейді* (Гур., Маңғ.).

ТАТЫР ШӨП (Рес., Омбы) сортаңы шықкан шөп.

ТАУА (Ақт., Қараб.) асықтың тегіс жағы, тәйке.

ТАУАН[1] (Шымк., Қызылқ.) зорлық. *Сөйтіп, бастық жүгерімен т а у а н қылды* (Шымк., Қызылқ.).

ТАУАН[2] (Шымк., Қызылқ.) қуат. *Сорлыны сүйреп қоймапты, ол кемпірде не т а у а н бар* (Шымк., Қызылқ.).

ТАУАНЫ ҚАЙТУ (Сем., Абай; Шымк., Шәу.) беті қайту, тауы шағылу. *Ол жігіттің осы күнде т а у а н ы қ а й т ы п жүр* (Сем., Абай).

ТАУАШ (Қ.орда, Арал) ыдыс-аяқ қою үшін үй қабырғасынан текшелеу етіп ойып жасалған орын, текше. *Т а у а ш т ы ң бетіне кішкене шымылдық үстап қойыпты* (Қ.орда, Арал). Қ. тауаша, текше[3].

ТАУАША (Сем., Шүб.) ыдыс-аяқ қою үшін үйдің қабырғасынан ойып жасалған орын. Қ. тауаш, текше[3].

ТАУ БЕРУ (Түрікм.: Небид., Жеб., Таш., Көнеүр.) бұрау, ширату. *Сөткесіне сағатқа неше т а у б е р е с і ң?* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *тов бериш* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ТАУДЫ ҚАҒУ (Қар., Шет) таудан аң іздеу, тауды аралау. *Ертең аңға шығамыз, т а у д ы қ а г а м ы з, итті қосамыз* (Қар., Шет).

ТАУҚА (Орал, Орда) тәйке (асықтың алшысының қарсы жағы). *Сақа т а у қ а с ы н а н тұрса екінші болып атады* (Орал, Орда).

ТАУҚАНАТ (Гур., Бақс.) тауқымет. *Біреуге т а у қ а н а т ы н салып, жалыныштыболатын кісі мен емес* (Гур., Бақс.).

ТАУҚАНАТЫН ТАРТУ (Орал, Чап.) азабын тарту, зиянын көру. *Сен жаман сөз*

айтпа, тауқанатын тартасың (Орал, Чап.).

ТАУҚА ОМПА (Түрікм., Таш.) түп жағы жоғары жағынан қарап түрған асық.

ТАУҚҰДЫРЕТ (Көкш., Қ.ту) су жиегін мекендейтін сирағы ұзын құс.

ТАУҚЫНӘЛЕТ (Өзб., Ташк.) басқа бәле арттыру, әлекке түсу. *Әбекең кіріспеске кірісіп, басына тауқынәлет арттырып алды* (Өзб., Ташк.).

ТАУЛАУ (Қарақ.) араластыру. *Пияздан істелген тұздықты қармаға құйып таулады* (Қарақ., Мой.).

ТАУТАЙЛАҚ 1. (Қ.орда; Шымк., Қызылқ.) көне замандардағы түркі тұқымдас тайпалардың жабайы түйеге қойған атауы. Бұл күнде біраз аймақтарда ұмытылған атау. *Осы Қаратау мен Қызылқұмның ертеде тауталақ, құлан аулайтын едік деп әкемнің әкесі айтатын еді* (**Ә.** Жақ., 24). **2.** (Ауғ.; Ир.) жираф. **3.** (Қарақ.) ертегілердегі түйе бейнелі дүлей күштің образы.

ТАУША (Сем.: Акс., Көкп., Мақ.; ҚХР) текше, қабырғадағы ыдыс-аяқ қоятын қуыс жер.

[Парсыша *тағча* (Пер.-рус. сл., 1953)].

ТАУ ШАЙЫ (Орал, Чап.) үнді шайының екінші сорты.

ТАУШАН (Қарақ.) қоян, көжек.

ТАУШЫ (МХР) альпинист. *Жылына әлемнің әрбір түкпірінен таушылар келіп тауға шығуда* (Б. Кәм., Мон. қаз. салтдәс., 5).

ТАУЫ ЖЫҒЫЛУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тедж.) тауы шағылу. *Оның беті қайтып, тауы жығылып көрген емес* (Түрікм., Ашх.).

ТАУЫҚ КЕТЕК (Қарақ., Мой.) тауықкүрке. *Тауық жататын жерді тауық кетек дейді* (Қарақ., Мой.).

ТАХМАН (Жамб., Жам.) текшенің үлкені. *Тахманға сандық тағы басқа нәрселер қойылады* (Жамб., Жам.).

ТАХЫТ (Ауғ.; Ир.) имам шығып тұратын мінбер.

ТАШҚАЛ (Рес., Сарат.) орта бойлы. *Ол ұзын бойлы да, аласа бойлы да емес таш қал адам* (Рес., Сарат.).

ТАЮ (Қ.орда, Арал) **1.** қашу, кету. *Қатын, баланың күйі тайып қала ма деп уәйім етті* (Қ.орда, Арал). **2.** айырылу. *Былтыр атаң алып келіп еді, биыл тайып қалыпты гой* (Қ.орда, Арал).

ТАЯЗАЯҚ (Рес., Сарат.) жайпақ табақ, тәрелке.

ТАЯҚ АТЫМ ЖЕР (Өзб., Ташк.) жақын жер.

ТАЯҚТАН САЯҚ ШЫҒАРУ (ҚХР) аяқ астынан пәле шығару. *Қасен көп нәрсені жорта сөйлеп, таяқтан саяқ шығарып, қорадан қордалы таптық күрес іздегенімен Шалқар желп еткен жоқ* (**Ғ.** Қан., **Б**ұрқ., 33).

ТАЯҚ ҰРУ (Қарақ.) өлшеу. *Әмин ага таяқ ұрып кете береді* (Қарақ.). *Ұрылмай қалған жер* – олшенбей қалған жер.

ТАЯНЫШ//ЖАҒДАН (Қост., Семиоз.) **1.** есіктің жақтауы. *Қара есігінің таянышы жыртылыпты, жаңарту керек* (Қост., Семиоз.). **2.** есіктің тақтайларын үстап тұратын көлденең ағаштар. *Көрінген агаш таянош жасауға жарай бермейді* (Қост., Семиоз.).

ТАЯР (Сем., Аяг.; Тау., Қош.) даяр, дайын.

ТАЯТУ (МХР) жақындату, таяулату. *Қазір сол отвал шегінен асып, кім көрінген тая-ты п төге салып «тайып туруы» әдетке айналды* («Ж. омір», 4.06.1987).

ТАЯУ 1. (Қ.орда, Арал; Гур.: Тең., Есб.) қайықты орнынан қозғап, шегеріп отыратын ұзын ағаш. *Таяу болмаса, қайықты қалай қозгайсың* (Гур., Есб.). **2.** (Рес., Орын.) тіреу ағаш, діңгек, бағана. *Әйдік таяу қойыпсың гой* (Орын., Ад.).

ТАЯУШЫ (Қ.орда, Арал) қайықты қозғап жүргізуші. *Ол – таяушы оның қолында таяу бар. Таяушы қайықты таяумен қозгап жүргізеді* (Қ.орда, Арал).

ТӘБЕН (Ауғ.; Ир.) табаға пісірілген нанның түрі.

ТӘБЕРІК (Шымк., Қызылқ.) үміт. *Тәберік қылып неше түрлі тағам әкеліп берді* (Шымк., Қызылқ.).

ТӘБИАТ (Қарақ., Мой.) табиғат. *Тәбиат қандай жақсы, мынау шалқып жатқан теңіз* (Қарақ., Мой.).

ТӘБИӘТ (Қарақ.) тәбет. *Тәбиәтің тартса, қарағым, алып қойың* (Қарақ.).

ТӘБІ (Ақт., Шалқ.; Шымк., Мақт.) еркі, қалауы, ықтияры. *Ол жігіт кімге үйленсе де өз тәбі емес пе? Істесін, істемесін өз тәбі емес пе?* (Шымк., Мақт.).

ТӘБІМШЕ (Қ.орда: Арал, Қарм.; Ақт., Қараб.) ойымша, пікірімше. *Менің тәбімше бұл жүргендерің ғылым үшін едәуір үлес қосатын болу керек* (Қ.орда, Қарм.). *Менің тәбімше, балам, сенің оқуың керек қой* (Қ.орда, Арал).

ТӘБІР (МХР) сөре. *Ыдыс-аяқ тәбірі* (МХР).

[Монғолша *тавиур* сөре, *номын тавиур* кітап сөресі (Рус.-монг. сл., 483)].

ТӘЖБАУ (Рес., Орын.) жетекті керіп тұратын дөңгелекке жалғастырылған темір. *Тәжбауы тербені қатты керіп тұр* (Орын., Ад.).

ТӘЖИТ ҚЫЛУ (Ауғ.; Ир.) сыйлау, құрмет қылу. *Ата-ананы, жасы көлбеген* (қ.), *ұзайған адамдарды тәжит қылу парыз нәрсе* (Ир.).

ТӘЖІ[1] (Жезқ., Ұлы.) дөңгелек пен арыстың арасындағы сым темір.

ТӘЖІ[2] (Орал, Қара.) адамның бетіне түсетін жара.

ТӘЖІ[3] (Өзб., Ташк.) қораздың (әтештің) төбесіндегі айдары. *Қораз семірсе, тәжісі қара күреңденіп кетеді* (Өзб., Ташк.).

ТӘЖІ[4]**//ТӘЙДЖІ** (МХР) ханзада, монғол феодалдарының лауазымы. *Бұрынғы күнде тәйджі деген шен де болды* (МХР). *Мұндай пікір мен өзімнің Оспан батырдың сенімді кеңесшісі, қазақ халқының әйгілі тәжісі тұрғысынан айтқанымда Оспан батыр қарсы болмады* (Церендор. Е. ул., 20). *Сондай-ақ 3-4 мыңға жуық үйді білетін бейіс, мыңдай үйді билеген тәйжі шенді адамдар тағы болды* (А. Сарай, Рев. бұр. Монғ. қаз., 61).

[Монголша *тайж* дворян (Рус.-монг. сл., 1982, 104)].

ТӘЖІГҮЛ Қ. тәжіқораз.

ТӘЖІКЕ (Қост., Жанг.; Рес., Орын.) әзіл, қалжың. *Тәжіке дегеніміз екі кісі арасындағы әзіл сөз* (Қост., Жанг.). *Мені тәжіке қылайын дедің бе?* (Орын., Ад.).

ТӘЖІКЕЛЕСУ (Қ.орда, Арал; Қост.: Жанг., Аман.) тартысу, қағысу, қалжыңдасу. *Тәжікелесулерің ді қойсаңдаршы осы* (Қ.орда, Арал). *Омар басқармамен тәжікелесіп келе жатыр* (Қост., Аман.).

ТӘЖІҚОРАЗ//ТӘЖІГҮЛ (Өзб., Ташк.) басы әтештің айдарына (тәжі) ұқсап тұратын гүлдің түрі.

ТӘЖІРИБЕНІ ҮСТАУ (Сем.: Абай, Шүб.) тәжірибені қолдану, басшылыққа алу.

ТӘЙДЖІ Қ. тәжі[4].

ТӘЙЕ//ТӘУЕ (Көкш., Қ.ту) тәйке, асықтың тегіс жағы.

ТӘЙЕКШІ//ДӘЙЕКШІ (Қарақ.) хан заманында қарапайым халықтан ханға төленетін салықты жинаушы. Хан заманында егін егіп, содан жиналған астықтың белгілі бір бөлігін ханға төлеп отырған. Ал, байлардан салық жинаушы адамды «кенжей» деп атаған.

ТӘЙКЕ (Қост., Жанг.) тайынша. *Менің бір тәйкем, бір сиырым бар* (Қост., Жанг.).

ТӘЙКІ АРБА (Алм., Кег.) жай, жайдақ арба. *Қойчылардың үйі тәйкі арбамен көшіп жатыр* (Алм., Кег.).

ТӘЙЛІҢ (МХР) есеп. *Жыл аяғының тәйлінін беруге қалаға кетті* (МХР).

[Монғолша *тайлан* есеп (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 175)].

ТӘЙМӨҢКЕ-ТӘСІЛ (Қарақ.; Түрікм.: Красн., Қиян., Ашх., Гяу., Таш., Конеүр., Тедж.) амал, айла, қулық. *Жұртқа әшкере тәймөңке-тәсілдің керегі не?* (Түрікм., Красн.).

ТӘЙМӨҢКІ КЕСЕ (Қар., Шет) кесенің ең кішкене түрі. *Балам, шайды тәймөңке кесеге құйып бер* (Қар., Шет).

ТӘЙТІК (Түрікм., Таш.; Жамб., Сар.) ерке, бөспе, ұшқалақ. *Ол бір жүрген тәйтік адам, оның айтқанына сеніп алданып қалмаңдар* (Түрікм., Таш.). *Шолпан Маман байдың ерке қызы. Бірақ ол тәйтік ақылсыз емес* («Стал. туы», 1939, №32). О. Бөкеевте *тәйтіктік, тәйтектеу* тұлғалары кездеседі. *Тәйтектеп көрінгенге соқтығып, бостан бос көшеде қыдырып жүретінді шығарды* (О. Бөк., Өз от. өш., 358).

ТӘКӘППАРЛЫҒЫНАН ТАС ҮРКЕДІ (Сем., Үрж.) менменшіл, көкірек адам туралы.

ТӘККӘШ (Жамб., Жам.) самаурын астына қоятын жез таба. *Миманға самауыр қойғанда астына тәккәш қойылады* (Жамб., Жам.).

ТӘКТӘК (Ауғ.; Ир.) жабайы шыққан бидай.

ТӘКТӘУ Қ. тәктеу.

ТӘКТЕУ//ТӘКТӘУ (Алм.: Ұзын., Жам.)ептеу, жайлау, ақырын. *Бала деген тәктеп істейді жұмысты* (Алм., Жам.).

ТӘКШЕ (Өзб., Ташк.) шәйнек, пияла, ыдыс-аяқ қоятын үйдің қабырғасындағы ойып жасалған орын, текше. Кей жерлерде *тәуше* дейді.

[Өзбек, тәжік тілдерінде *токча* үй қабырғасынан жасалған орын (Узб.-рус. сл., 441; Тад.-рус. сл., 396); түрікм. *текже*. Өзбек тілінің Икон сөйленісінде *текча* кішкене сандық, қорапша (Т. Айд., Қаз. тіл. лекс. ерек., 77)].

ТӘКІЛІП ҚЫЛУ (Өзб., Ташк.) ұсыныс жасу. Тіркестің бірінші сыңары тәжік, парсы тілінен ауысқан.

[Парсыларда *тәклиф* тұлғалы сөз тапсырма, міндет, борыш, шешілуге тиісті жұмыс сияқты бірнеше мағыналарды меншіктенеді (Пер.-рус. сл., 1, 339). Осындағы «тапсырма» мағынасында жергілікті қазақтар тілінде әрі «ұсыныс» ұғымына дие болғандығы байқалады].

ТӘКІРӘЛӘП ЖАТТАУ (Сем., Абай) кітапқа қарай отырып жаттау, қайталау. *Бұрынғы молда балаларға тәкірәләп жаттатушы еді* (Сем., Абай). Б. Майлинде *тәкірерлеу. Қырау шалған сақалын тұтамдап отырып, Байғұл шал басын шайқап, қамдану деген сөзді әлденеше рет тәкірерледі* (Б. Майл., Шық., IV, 124).

ТӘЛ 1. (Гур., Маңғ.) желкенді көтеру жұмысын жеңілдететін арқан. *Тәлді төмен басса, желкен жоғары кетеріледі* (Гур., Маңғ.). 2. ауыр жүкті көтеретін блок. *Ол тәлге ұзын темір арқан откізді, оның ұшын жұп-жұмыр темірге бекітті* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 335). 3. (Түрікм.: Бекд., Қулы., Қиян.) қайықтағы бұрыстың сынбауын қамтамасыз етіп тұратын құрал.

ТӘЛЕК (Қарақ.) үйдің ондай-мұндай заттарды қоятын қойма сияқты бөлмесі.

ТӘЛЕН-ТӘРЕЖ (Қарақ.) талан-тараж. *Қоғам мүлкін тәлен-тәрежетуге болмайды* (Қарақ.).

ТӘЛЕТІ ЖОҚ (Гур., Маңғ.) құнтсыз, ыждағатсыз. *Тәлеті жоқ адам* (Гур., Маңғ.).

ТӘЛКУӘЙТ (МХР) келеке, мазақ. *Бірді-бірге жаныстырып тәлкуәйттәп жүретұғынын қайтерсің, чіркін* (МХР).

ТӘЛПІШ 1. (Жамб., Сар.) ерке. 2. (Ақт.: Қараб., Ырғ.; Қ.орда, Арал) жеңілтек, ұшқалақ. *Бастығымыз тәлпіштеу адам еді, жақында орнынан түсті* (Ақт., Қараб.). *Ей, сен өзің тәлпіштенбей отыр* (Ақт., Ырғ.). Қ. тәйтік, тәту.

ТӘЛІ БІЛІМ (Жамб., Тал.) үлгілі, өнегелі. *Ол тәлі білім адам* (Жамб., Тал.).

ТӘЛІМ (МХР) тәлім-тәрбие, тәрбие. *Үй мүлкін үлеске салып, балаларын тәлімге аламыз-деген ағайын* (МХР).

ТӘЛІМДІК (МХР) тәрбиелік, жұмыс тәжірибесін көрсетіп, насихаттау. *VII бесжылдықта әзірленген пішен мөлшері VI бесжылдықтағыдан 21 процент артты. Осы тұрғыда жыл сайын 1-2 сұмынға тәлімдік мектеп өткізілуі нәтиже беруде* (МХР).

ТӘЛІМІ БИДАЙ (Шымк., Сайр.; Жамб., Шу; Қ.орда: Сыр., Шиелі) шөл бидай, суармай жауын суымен шығатын бидай. *Биыл тәлімі бидайдың гектарын көбейттік* (Шымк., Сайр.). *Бұл елде тәлімі бидай ғана болады* (Қ.орда, Сыр.). *Дәнді егістің сұлуынан 15 центнер, тәлімісінен 10 центнер өнім аламын деп отырмын* («Колшы», 1936, №5).

ТӘМБІ АҒАШ (Қарақ.) үйдің есігіне іштен тіреп қоятын ағаш. Бұл кей жерде қабырғаны қалағанда оның арасына қосылып салынады да, арнаулы тесіктер арқылы ағашты жылжытып, есікті бекітіп қояды.

ТӘМПИЮ (Өзб., Ташк.) бойы қысқа, мұрны келте адам туралы.

ТӘМСЕЛ//ТӘМСІЛ (Алм., Нар.; Сем., Мақ.; МХР) үлгілі сөз: нақыл, мақал, мәтел. *Көрмеле көбіне тәмсел сөзбен сөйлейді гой* (Алм., Нар.). *Бұрыңғының кейбір тәмсіл создері тауып-ақ айтылған* (Алм., Шел.).

ТӘМСІЛ Қ. тәмсел.

ТӘМІР (МХР) дене шынықтыру.

[Монғол тіліндегі *тамир* күш, қуат, әл; *биеийн тамир* дене шынықтыру (Монғ.-қаз. сөз., 176)].

ТӘН АЛМАУ (Алм.: Жам., Кег.) мойындамау, қабылдамау. *Ол ешнәрсені тән алмады* (Алм., Жам.). *Кейбіреу өз айтқаны болмаса, басқаның сөзін тән алмайды* (Алм., Кег.).

ТӘН АЛУ (Өзб., Ташк.) мойындау.

ТӘН БЕРУ (Шымк., Арыс) нану, нандыру.

ТӘНЕПІС (Қарақ.) үзіліс.

ТӘНЖІРЕУ (Гур., Маңғ.) шаршау, қалжырау.

ТӘНКЕҢДЕУ//ТАСЫРАҢДАУ (Өзб., Ташк.) тартынбай, қысылмай еркін жүру.

ТӘН-ТӘН БОЛУ (Қ.орда, Арал; Гур., Маңғ.) дал болу, басы қату. *Не істерін білмей тән-тән болып отыр* (Гур., Маңғ.). *Әрбірден соң көзіне ұйқы тіреліп, тән-тән боп қалжырап, сырт жағында жатқан жастыққа қисайды* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 91).

ТӘН-ТӘН ҚЫЛУ (Қ.орда, Арал) бөлек-бөлек етіп шашу. *Мына қағаз керексіз болса, тән-тән қылып тастамайсыңдар ма?* (Қ.орда, Арал).

ТӘНТУ (Қ.орда, Арал) танту.

ТӘНТІ[1] (Қ.орда, Арал; Шымк., Сайр.; Жамб., Жам.) ризалық, қанағаттық. *Дұрыс айтса, мен тәнтімін* (Қ.орда, Арал). *Саған тәнті болғаныма әрқашан айтып жүремін* (Шымк., Сайр.). *Құлаштің қабілет-мүмкіндігіне тәнті болып, гашық болып барамын* («Қаз. әдеб.», 8.08.1980).

ТӘНТІ[2] (Жамб.: Шу, Тал.) бір гектарға жуық жер. *Құлақтың (қ.) суы бір тәнтіжерге жетеді* (Жамб., Шу).

ТӘНТІБАЙ БЕТТЕНУ (ҚХР) масқара болу, қара бет болу. *Ол бұғін коршінің малына ұрлыққа түсем деп жүргенде көзге түсіп*

қалып, т ә н т і б а й б е т т е н і п отыр (А. Қас., **Н. Әбік.**, Қаз. тілі., 186).

ТӘНТІЛІК (Шымк., Қызылқ.) әділдік. *Бұл үлкен т ә н т і л і к болды гой* (Шымк., Қызылқ.).

ТӘНХА (Қ.орда, Арал) жеке, өз алдына. *Балықты т ә н х а жүріп аулағаннан бірлесіп жүріп аулаған жақсы* (Қ.орда, Арал).

ТӘНІМ САЛҚЫН (Рес., Сарат.) денім сау емес. *Менің д е т ә н і м с а л қ ы н, ауырып қала беремін* (Рес., Сарат.).

ТӘҢГӘ (Түрікм., Таш.) теңге, сом. *Үйде жата бергенімізше аздап қимылдап, бес-алты т ә ң г ә тауып қайтсақ та пайда емес пе?* (Түрікм., Таш.).

ТӘҢЕРТЕҢ (МХР) таңертең. *Т ә ң е р т е ң осы кісі арқылы шаруаңды ыңғайлап ал. Ауа райы аяқ асты бұзылу да мүмкін* («Шұғыла», 1992 №2, 43).

ТӘП ТҰРУ (Сем.: Көкп., Ақс.) дәл түру, айтқан сөзді бүлжытпай орындау. *Күлжар айтқан сөзге т ә п т ұ р а т ы н кісі* (Сем., Көкп.).

ТӘПЕЙЛЕП СӨЙЛЕУ (Ақт., Қараб.) пысық, ширақ сөйлеу. *Ол әрбір сөзін т ә п е й л е п-а қ с ө й л е й д і* (Ақт., Қараб.).

ТӘПЕЛЕК (Ақт., Ойыл) тапалтақ, аласа. *Сенің мына балаң сірә т ә п е л е к болады-ау деймін* (Ақт., Ойыл).

ТӘПЕН (Орал, Чап.) тақта шайы.

ТӘПЕНШАЙ Қ. тапанша.

ТӘПЕНШЕ (Жамб., Жам.; Рес., Сарат.) таба нан. Қ. табадан, табай.

ТӘППӘЗИ Қ. әлуөлөнг.

ТӘПСІ (Өзб., Ташк.) қасиет, қылық.

ТӘП ТҰРУ (Сем.: Көкп., Ақс.) айнымау, дәл, берік түру. *Күлжар айтқан сөзге т ә п т ұ р а т ы н кісі* (Сем., Көкп.).

ТӘПІ (Қ.орда, Арал) судың арнасынан шығып жайылып жатуы. *Судың т ә п і с і шығып жатыр* (Қ.орда, Арал).

ТӘПІ НАН (Қост., Жанг.) таба нан. *Үйге қонақтар келіп қалған екен, қарияға бір т ә п і н а н берші* (Қост., Жанг.).

ТӘР[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.; Гур., Маңғ.) дәстүр, әдет-ғұрып. *Елдің т ә р і солай* (Түрікм., Таш.). *Қашан бір жолға мойын ұсынып, әбден төуелді болып алғасын т ә р мен тәртіпке көшіріп алсақ та кеш бола қоймас* (**Ә.** Кекіл., Үркер, 473).

ТӘР[2] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) мәніс, мән, рөт. *Дымның т ә р і н білмейді* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *тар* әдіс, айла, тәртіп, тәсіл (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ТӘРӘ (Ауғ.; **Ир.**) қиярдың бір түрі. *Т ә р ә ұзын болып өседі* (Ауғ.).

ТӘРӘЙЛІ (Гур., Маңғ.) әдет-ғұрып, салт-дәстүр. *Бұрыңғы т ә р ә й л і бойынша қызға күйеу ұрын баратын* (Гур., Маңғ.). Қ. тәр[1].

ТӘРБИЕДЕ БОЛУ (ҚХР) түрмеде, түтқында, абақтыда болу. *Ол кезінде бес жыл т ә р б и е д е б о л д ы* (ҚХР).

ТӘРБИЕЛЕУ (ҚХР) бағу, күту. *Біз қозы т ә р б и е л е п жатырмыз. Алынған төлді жақсылып т ә р б и е л е у керек. Көршілерім қонақтарын жатпай-тұрмай т ә р б и е л е д і* (ҚХР).

ТӘРБИЕТІ (Жамб., Шу) қалып. *Баланың т ә р б и е т і н көрдім де, бір белке нан сатып алдым* (Жамб., Шу).

ТӘРГІ (Шығ. Қаз., Больш.; Рес., Орын.) тәркілеу. *Бұл шақта ел-елде т ә р г і науқаны басталып, қазақ даласын советтендіру жұмысы қызу жүріп жатты* (О. Бок., Өз от. өш., 105).

ТӘРГІЛЕУ (Шығ. Қаз., Больш.) үйді, артық мал, т.б. алу, тәркілеу. *Баягыда біз ірі байларға т ә р г і л е у жасадық* (Шығ. Қаз., Больш.). *Сентябрьдің алғашқы күні-ақ өз күшіне енеді, ягни т ә р г і л е у басталды* (О. Бөк., Өз от. өш., 42).

ТӘРЕКЕ ЖАСАУ (Орал, Орда) үлестіріп алып кету. *Магазинге келген шекерді т ә р е к е ж а с а д ы* (Орал, Орда).

ТӘРЕПІ (Шымк., Арыс) ораза уақытындағы қас қарайған кездегі намаз.

ТӘРКЕШ 1. (Өзб., Ташк.) ақ киізден жасалып, өрнек кесте тігіп, ішіне ыдыс-аяқ салып қоятын нәрсе. 2. (Шымк.: Сайр., Қызылқ., Шәу.) шиден, шыбықтан тоқылған, шыны аяқ салатын ыдыс, көрзеңке. *Т ә р к е ш т і алып бер, кесе салып қояйын* (Шымк., Сайр.).

ТӘРК ЕТУ (Қарақ.; Рес., Орын.) бұзбау, зиян келтірмеу. *Сізге жол-жөнекей бұрылмағаным біреудің шақырған хұрметін т ә р к е т е м і н деп бұрылмадым* (Орын., Бор.).

ТӘРНЕК (Қарақ., Қоң.; Түрікм.: Тедж., Байр., Мары, Көнеүр., Тахта, Таш.) үлкендігі қиярдай, сопақша, қауынның тез пісетін түрі. *Базарға т ә р н е к түсіпті, мына екеуін балдарға әкелдім* (Қарақ., Қоң.).

[Өзбек тілінің Хорезм сөйленісінде *тәннек*].

ТӘРТЕ (Сем., Мақ.) арбаның жөтек ағашы. *Қамыт, постромке, шылия, басқа заттармен түгел мойынағаш, т ә р т е, самиян, тағы басқа керекті заттар бригадаларға бөлініп берілді* («Ж. ауыл», 11.01.1935).

ТӘРТІКЕМ (Жамб., Шу) төрт адам ойнайтын асық ойыны. *Тәртікем ойынында асықтарды үйіргенде кім төрт түрлі (алшы, тәйке, бүге, шіге) түсірсе, сол ұтады* (Жамб., Шу).

ТӘРТІП 1. (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал., Қарм.; Гур., Маңғ.) қаулы. *Жұмысты жақсы атқарғаным үшін колхозшылардың шығарған тәртібі бойынша сыйлық алдым* (Қ.орда, Сыр.). *Колхоздың жиналысында егіске дайындық туралы тәртіп алынды* (Гур., Маңғ.). **2.** (Қост., Жанг.). *Бұрыштама қағазыңа тәртіп соқтым. Арызыма көлденең тәртіп соққыздым* (Қост., Жанг.). **3.** (Орал, Жән.; Гур., Есб.; Ақт.: Ырғ., Ойыл; Түрікм., Таш.) бүйрық, нұсқау, жарлық. *Ауданнан пахтаны қайткенде декабрьдің 7-не дейін түгессін деген тәртіп келді* (Түрікм., Таш.). *Қазір суды пайдалану жөнінде жаңадан тәртіп болыпты* (Ақт., Ойыл).

ТӘРТІП БЕРУ (Ақт.: Қараб., Ойыл; Орал: Казт., Чап., Жымп.; Гур.: Тең., Есб.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Арал) бүйрық, нұсқау. *Ревизияга дайындал деп тәртіп беріп отыр* (Ақт., Қараб.). *Колхоз басқармасы келіп, бізге тәртіп берді* (Орал, Чап.). *Бастық ферма бастығына тортіп берді* (Қ.орда, Арал). *Есқалиев жолдас бұл егістікке мал жаю жөнінде тәртіп беріп, оны малга таптатты* (Ж. Тіл., Қайнар, 48). *Оган болмаса... басқа әдіс қолданып корерміз, – деп тәртіп берді генерал* (Ә. Нүрп., Курл., 104).

ТӘРТІПТЕН ТАЮ (Қ.орда, Арал) тәртіпке бағынбау. *Тәртіптен тайып, жұмыс малын союшылыққа тез аяусыз шара беру керек* («Екп. балықшы», 1932, №49).

ТӘРІ (Гур., Маңғ.) салт, әдет-ғұрып. *Бізді бұрын адамдары тентек, тәрі бұзық деп атайды екен* (Гур., Маңғ.). *Осы күндері қаланың тәрі мен тәртібіне шорқақ тұз адамы келе қалса... «дәрет алсаңыз әке бір есікке кіріңіз» деп алдына түсіп, тақылдап тұрганың* (Ә. Кекіл., Құс қан., 63). Қ. тәр[1], тәрәйлі.

ТӘРІП[1] (Қарақ.) әдет-ғұрып, салт. *Біздің тәрпіміздемұндай жоқ* (Қарақ.).

ТӘРІП[1] (Қарақ.) баяндау, айтып беру. *Кәні, енді сен тәріп етіп айтып берің* (Қарақ.).

ТӘСЕЙБІЛ ҚЫЛУ (Қ.орда, Арал) богелу, қарайлау. *Ол неге мұнда тәсейбіл қылып жүр* (Қорда, Арал).

ТӘСЕЛДЕМ (Түрікм.: Таш., Ашх., Конеүр., Тедж., Мары) тәсіл, айла, кулық. *Сот алдында тәселдеммен жалтарган жігіт* (Түрікм., Ашх.).

ТӘС ОРАМАЛ (Жамб., Тал.) қол орамал. *Мен тәс орамалды сатып алдым* (Жамб., Тал.).

ТӘСІ ҚАЙТУ (Гур., Маңғ.) тауы қайту, беті қайту.

ТӘСІЛДЕС (Алм., Шел.) тәріздес, үқсас. *Мына отырган бала аумаган менің Мұқашым тәсілдес екен* (Алм., Шел.).

ТӘСІЛӨН ШАЙ (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта) жапырақ шайдың ең жақсы сорты. *Тәсілөн шайды әзір коп шыгаратын болып жүр* (Түрікм., Тахта).

ТӘСІП ЕТУ[1] (Гур., Маңғ.) таласу, бәсекелесу. *Тәңірі берген жігітке тәсіп етпе* (Мақал).

ТӘСІП ЕТУ[2] (Қост., Об.) мақтау. *Сен оны бізге коп тәсіп етпей - ақ қой* (Қост., Об.).

ТӘТЕ[1] (Түрікм., Красн.; Алм.: Нар., Кег.) баланың туған әкесі. *Тәте, маган дәптер әперші* (Алм., Кег.). *Сөйтіп отырганда әлгі баланың тәтесі келіп, әкелік созін айтты* (Түрікм., Красн.). **2.** (Сем.: Мақ., Үрж.) апа, шеше.

ТӘТЕ[2]**//ДӘДЕ** (Өзб., Ташк.; Жамб., Луг.) бірге туған ағасы, жасы үлкен туыстар. *Армиядагы тәтемнен хат келді* (Өзб., Ташк.).

ТӘТУ (Жамб., Сар.) срке. Қ. тәйтік, тәлпіш.

ТӘУГІ (Рес., Орын.) алғашқы, әуелгі.

ТӘУЕ (Кокш., Қ.ту) асықтың тегіс жағы. Қ. тәйе.

ТӘУЕЛДЕ ҚЫЛУ (Қост., Жанг.) бәсіре қылу, меншікті ету. *Бұл тайдың озі баламатәуелде қылган малым еді* (Қост., Жанг.).

ТӘУЕЛЖІ ҚАЛУ (Қост., Жанг.) момақансу, мүсәпірсу, мүләйімсу.

ТӘУЕТ (Жамб.: Шу, Жуа.; Шымк., Түлк.) дәуіт шегіртке. *Тәует журген жерде жылан болмайды* (Жамб., Шу).

ТӘУКЕ (Қар., Шет) тәйке. *Тәукесінен тұргызып қой* (Қар., Шет).

ТӘУЛІК (Рес., Орын.) бір жыл, он екі ай. *Қызымыздың адагы былтыр тұрмысқа шықты, бір тәулік толып келеді* (Орын., Ад.).

ТӘУІРЛЕУ (Қорда, Арал) әдемілеу, жақсылап күту. *Ол оз баласын тәуірлейді* (Қорда, Арал).

ТӘУІР ТАРТУ (Алм., Кег.) жазылу, айығa бастау, тәуірлену. *Маңлайыма шыққан сыздауық тәуір тартып келеді* (Алм., Кег.).

ТӘШКЕ (Гур., Тең.) балық таситын бір дөңгелекті арба. *Т ә ш к е г е қайықтан балықтарды құйып, реттеу цехына әкелді* (Гур., Тең.). *Тәшкенің* балық заводында екі түрі бар: Бірі – *тәшкенің* ашық түрі. Оның үстіне нәселке кояды да соған балық салып тасиды. Екіншісі – жан жағына тақтай шегелеп, ернеулеп, ішіне балық салады. Жабық *тәшкеден* балық ығысып түспейді (Ж. Досқ., ҚТТДМ. І-шығ., 120).

ТӘШМҰКЕ (Қост., Жанг.) әшмүшке шай. *Кеше мен бір т ә ш м ұ к е шай сатып алдым* (Қост., Жанг.).

ТӘШМІШ (Жамб., Шу) шатақ, дау, өкпе. *Енді сенде не т ә ш м і ш бар?* (Жамб., Шу).

ТӘШПАҚ (Сем.: Кокп., Ақс.) жеңіл-желпі жасала салған тезек. *Сендерде т ә ш п а қ жеткілікті екен гой* (Сем., Көкп.).

ТӘШПҰШ БОЛУ Қ. тәшпіш.

ТӘШПІШ//ТӘШПҰШ БОЛУ (Өзб., Ташк.) уайымдау, қайғыру.

ТӘШТИТ (Қ.орда, Қарм.) қораздың басындағы айдары. *Біздің қызыл қораздың басындағы т ә ш т и т і әйдік* (Қ.орда, Қарм.).

ТӘШІР (Гур., Маңғ.) бекіренің ұсақ түрі.

ТЕБЕЙ (Кокш., Қ.ту) тақия. Қ. төбөтей.

ТЕБЕЛДІРІК//ТӨҢКЕРМЕК//ҚАҚПАҚ (Жамб., Шу) самаурынның түтін өшіргіші.

ТЕБЕЛЕУ (Жамб., Жам.) таптау, табалау, басу. *Аягының астындағы тұт агашының жапырагын т е б е л е м е. Ол т е б е л е н і п қалса, азықтық қасиеті кемиді* (Жамб., Жам.).

ТЕБЕН (Қ.орда: Сыр., Тер.) қауынның қылтиып көріне бастауы.

ТЕБЕН БОЛУ (Қ.орда, Қаз.) тебендеп шығу, салының тебендеп шыға бастауы. *Салы т е б е н б о л ы п шыққаннан кейін 10-15 күнде су бетіне жайылып түседі де, көп уақыт суда жатады* (Қ.орда, Қаз.).

ТЕБЕТЕЙ (Рес.: Орын., Омбы) тақия. *Алматыларыңда т е б е т е й бар ма?* (Рес., Омбы). Бұны Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында *қатырма*, Көкшетау облысының Қызылту түрғындары *тебей*, Қарағанды облысының Шет ауданында *топы* дейді.

ТЕБІЗ[1] (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.) тентек, мінезсіз. *Мынау кісі т е б і з екен* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Ол белгілі т е б і з-тентек қой* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ТЕБІЗ[2] (Ақт.: Қараб., Шалқ.; Қ.орда: Сыр., Қарм.) шөбі қалың ойпаң жер. *Құмның да т е б і з і болады, ондай жер малға жайлы болады* (Ақт., Шалқ.). *Шөбі т е б і з жерден аяқ алып жүре алмайтын жыл да болады* (Қ.орда, Қарм.). *Осы ауылдан 2-3 шақырым шықсаң, т е б і з жерлер ете көп* (Ақт., Қараб.).

ТЕБІН (Гур., Маңғ.) құдықтың түбі. *Құдықтардың т е б і н і тазартылып, ауыздары шегенделсін* (Гур., Маңғ.).

ТЕБІНДІРІК (Рес., Орын.) төбінгі.

ТЕБІНІН ҚЫЗДЫРУ (ҚХР) шабыттандыру, қарқынды қимылға көшу.

ТЕБІР (МХР) тасымал, транспорт. *Т е б і р топчанына барып тоссаң, мәшине кез болады* (МХР).

[Монғолша *тээвэр, тээвэрлэх* тасымал, тасымалдау (Рус.-монг. сл., 1982, 425)].

ТЕБІТУ (МХР) ентелеу; тебіну. *Бұзылған адам сізден өтпес. Т е б і т і п барыңыз үйіңізге. Айна жетекке жүретін сіздің ақ тайлагыңыз емес қой* (М. Құрман., 84). *Ұйып қалған Темұжін Алға қарай т е б і т і п, Асқақ көзі тез ұтып: «Бөрте жаным!» деді енді* (М. Сұл., Шыңғыс хан, 39). *Үйтіп тыйым салатын сен кім едің? деп т е б і т т і Асқар* (О. Бөк., Өз от. өш., 30).

ТЕГДІК (Орал, Чап.) сисадан қалыңырақ матрац тігетін мата.

ТЕГДІР (Жамб.: Шу, Мер.) тау басындағы тегіс жер.

ТЕГЕЛДІРІК (Алм., Еңб. қаз.) табалдырық. *Мен т е г е л д і р і к басып келіп отырамын* (Алм., Еңб. қаз.).

ТЕГЕЛДІРІК ТЕМІР (Түрікм.: Қиян., Қулы., Красн.) қаптың аузын керіп тұратын шеңбер темір.

[Түрікменше *тегелек* шеңбер, дөңгелек (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ТЕГЕЛЕЙ БӨРІК (Қарақ., Мой.) жиегі елтіріден немесе тышқан терісінен тігілген, төбесі төрт қырлы, алды биіктеу жастар киетін күмбезді бас киім.

ТЕГЕЛЕК ТЕМІР (Түрікм.: Қулы., Красн., Қиян.) кендаланың (қ.) аузын керіп тұратын шеңбер темір.

[Түрікменше *тегелек* шеңбер, дөңгелек (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ТЕГЕЛУ (Алм., Кег.) теңелу. *Қазір кедейлердің тұрмысы жақсарып т е г е л д і гой* (Алм., Кег.).

ТЕГЕНЕ[1] (Жамб.: Луг., Шу; Сем.: Мақ., Үрж.) жылқының қарны ісіп ауыратын ауру. *Т е г е н е м е н ауырған жылқының қарнына темір қыздырып басады* (Жамб., Шу). *Т е г е н е н і ң айналасын қарып үстін суық сумен жуып, қолмен таптап емдейді* (Жамб., Шу). *Мына жылқының т е г е н е с і бар шығар* (Сем., Үрж.).

ТЕГЕНЕ[2] **1.** (Жамб., Сар.; Сем., Шұб.) үлкен шара. **2.** (Рес., Омбы) табақтың түрі. *Балам, омақадағы т е г е ш т і босатып қоңсыға* (к.) *апарып бер* (Рес., Омбы). Көкшөтау облысының кейбір аудандарында *тегенетай* түлғасында жұмсалады.

ТЕГЕНЕК БӨРІК (Түрікм., Көнеүр.) төбесі дөңгеленіп келіп, жиегі сеңсең не қаракөл терісімен көмкерілген бөрік. *Т е г е н е к б ө р і к т і орта және одан жоғары жастағы адамдар киеді. Осы үйде үлкен атамыздың сондай бөркі бар еді, қазір ізден көрейін* (Түрікм., Көнеүр.).

ТЕГЕНТАЙ (Көкш.: Щуч., Еңб.) қымыз құятын ыдыс шара.

ТЕГЕРЕ (Орал, Орда) төңірек, маңай. *Ғумар мектеп т е г е р е с і н д е болар* (Орал, Орда).

ТЕГЕРМЕШ//ТОҒЫМ (Қ.орда, Жал.; Қост., Семиоз.) **1.** дөңгелек (арбаның, комбайнның). *Орталыққа баргандағы жұмысым арбаның т е г е р м е ш і н жаңарту еді* (Қост., Семиоз.). **2.** диірменнің дөңгелек тасы. Қ. тегірмеш.

ТЕГЕРШІК (Қост., Об.; Орал, Орда; Рес., Сарат.) арбаның дөңгелегі. *Ол арбаның т е г е р ш і г і н жөндеп жатыр* (Орал, Орда). *Арбаның бір т е г е р ш і г і жолда сынып қалды* (Қост., Об.).

ТЕГЕРШІК ШЕНІ (Қост., Об.) дөңгелектің шеңбер темірі.

ТЕГЕРІШ[1] (Қост.: Торғ., Жанг.) шығырдың дөңгелегі. *Шығырдың т е г е р і ш і мықты* (Қост., Жанг.).

ТЕГЕРІШ[2] **1.** (Шығ. Қаз., Зайс.; Алм.: Нар., Кег.) басқұр, керегенің жоғарғы жағын айналдыра ұстайтын жалпақ құр. *Үйдің шаңырағын көтеріп, т е г е р і ш і н ұстай бергенде қатты жаңбыр жауды* (Алм., Нар.). **2.** (Рес., Орын.) кереге сыртынан ұстайтын басқұр. *Т е г е р і ш т і қолдан тоқиды, ені 40 сантиметрдей болады* (Орын., Ад.).

ТЕГЕШ 1. (Алм., Кег.; МХР; Рес., Волг.) ағаштан жасалған шұңғыл табақ, аяқ, тегене. *Құрттың ұнтағын т е г е ш к е салып қой* (МХР). *Әке, т е г е ш т і қымызымен әкелші, шөлдеп барамын* (Алм., Кег.). **2.** (Сем., Кекп.) іші-сырты эмальданған, бір не бір жарым литрлік ыдыс.

ТЕГІ (Алм., Жам.) жиі айтылатын қыстырма сөз. *Сен өзің қандай адамсың, т е г і?* (Алм., Жам.).

ТЕГІН АЙТУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) жай, қалжыңдап айту. *Сенің шының ба, жоқ т е г і н а й т а м ы с ы ң?* (Шығ. Қаз., Больш.). *Мен әшейін т е г і н а й т а м ы н, шынында олай емес* (Тау., Қош.).

ТЕГІНДЕГІ (МХР; Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) бұрынғы, ертедегі, ежелгі. *Олар әлі т е г і н д е г і үйде тұрады* (Тау., Қош.). *Т е г і н д е г і ойы осы еді* (МХР). *Мынау біздің т е г і н д е г і мекеніміз еді* (МХР).

ТЕГІНЕН Қ. тегіндегі, тегіннен.

ТЕГІНҚОР (Қарақ.) жатып ішер, арамтамақ.

ТЕГІННЕН (МХР; Тау., Қош.) ертеден, бұрыннан. *Ол т е г і н н е н сонда істейді* (Тау., Қош.).

ТЕГІРМЕШ (Рес., Орын.) дөңгелек. *Жаңа екі т е г і р м е ш жасадым* (Рес., Орын.). Қ. тегершік.

ТЕГІСШІЛДІК (Рес., Сарат.) теңдік. *Т е г і с ш і л д і к жоқ қой бұрыңғы кезде* (Рес., Сарат.).

ТЕЗАП ЖЕР//ШЕГЕЛЕҢ ЖЕР (Қарақ.) құмдақ жер.

ТЕЗБАС (Қарақ.) ашушаң. *Ол көрістің мінезі т е з б а с* (Қарақ.).

ТЕЗБЕ-ТЕЗ (Сем., Аяг.) тез-тез. *Сен т е з б е - т е з жүр* (Сем., Аяг.).

ТЕЗЕКҚАНА (Жамб., Луг.) тезек үй.

ТЕЙІН (Қарақ.) түбі, асты. *Көлдің т е й і н і (тейні).*

ТЕК[1] (Қ.орда, Қарм.) сырт киімге жарайтын құны төмендеу қара мата.

ТЕК[2] (Қарақ.) терезенің алдындағы текше. *Кітапты т е к к е қой* (Қарақ.).

ТЕКЕМӘН ТАРЫ (Сем.: Абай, Шұб.) ірі ақ тары. *Т е к е м ә н т а р ы н ы ң асылы* (Сем., Шұб.).

ТЕКЕНЕ//СІЛЕ ШҰБЕРЕК (Қарақ.) дөке (марля). *Т е к е н е м е н сүт, су сүзеді* (Қарақ.).

ТЕКЕСАҚАЛ 1. (Алм., Жам.) қаба сақал тәріздес шашақты, мал жемейтін, кәдеге аспайтын шөп. **2.** (Қост., Семиоз.) шала шыққан шөп пен біткен егін. *Қызылойдың егіні т е к е с а қ а л д а н ы п тұр, өнімі онша болмас* (Қост., Семиоз.).

ТЕКЕСІ СУҒА КЕТУ (МХР) қимасы қышу, қатысы жоқ іске кірісу. *Сенің онда нең бар, т е к е ң с у ғ а к е т і п бара ма?* (МХР).

ТЕКЕТАРЛАУ (Алм., Жам.) үш жағы сары, түбі көк таудың басына шығатын шөп.

ТЕКЕ ТОЙЛЫ БОЛУ (ҚХР) аш құрсақ болу, аш та емес, тоқ та емес.

ТЕК КЕЛУ (Гур., Маңғ.) жай келу. *Біз м ұ н д а т е к к е л е қойдық* (Гур., Маңғ.).

ТЕКПІШЕК 1. (Өзб., Бост.) басқыш. *Есіктің алдына т е к п і ш е к істедім* (Өзб.,

Бост.). 2. (Шығ. Қаз., Зайс.) жас балалар атқа міну үшін жасалатын басқыш. *Текпішек жасамаса, баланың аягы жетпейді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ТЕКСІ[1] (МХР; Шығ. Қаз., Больш.) тегіс, түгел, түтас. *Ол ел тарихын текс і біледі* (Шығ. Қаз., Больш.). *Заемға текс і жазылып, 25 июньге дейін заемның бірінші қаржысын текс і төлеп бітеміз* («Екп. Алт.», 2.06.1947). *Нагашымдар текс і аман, қойы қолында, отарға шыққан жоқ* (МХР).

ТЕКСІ[2] (Тау., Қош.) сатусыз, тегін. *Бұл жерде отын да, су да текс і емес пе?* (Тау., Қош.).

ТЕКТЕУ (МХР) анықтау, анығына көз жеткізу. *Біреудің айтқанына сене кеттің. Ақ-қарасын тектейміс ің бе?* (МХР). *Ол тұрмақ сепкен ұрық стандартқа сәйкесе ме, жоқ па, соны әбден тектесек* («Ж. өмір», 15.05.1986). *Өткен жылы сонау Төв аймақтан бастап Завхан, Говь-Алтай, Ховд және басқа аймақтардан әр түрлі мамандардың құрамында адамдар келіп тектеп сұрап, танысып, көңілді қайтты* («Үгітші», 1987, №4).

ТЕКТІ (Рес., Орын.) шейін, дейін. *Осының онына тектікар жауа ма, жаңбыр жауа ма, біреуі болады дейді* (Орын., Ад.).

ТЕКШЕ[1] (Шығ. Қаз., Глуб.) үстірт жер, алаң жер, тау ішіндегі я бөктеріндегі аласа, деңес жер. *Тау бауырындағы текше-де колхоздың мал фермасы бар* (Шығ. Қаз., Глуб.).

ТЕКШЕ[2] (Рес., Орын.) шүберек, т.б. салатын дорба. *Текше тұмарша болып жасалады* (Орын., Бөр.).

ТЕКШЕ[3] (Шымк., Сайр.) ыдыс-аяқ қою үшін үйдің ішкі қабырғасынан жасалатын орын. *Біздің жақтың там үйінде текше көп болады* (Шымк., Сайр.). Қ. тауаш, тауаша.

ТЕКШЕ САНДЫҚ (Сем., Абай) кішкене сандық, қол сандық. *Текше сандығың толған бұл екен гой. Текше сандықта шай тұрады* (Сем., Абай).

ТЕКІРЕ (Рес., Орын.) маңай, төңірек. *Сонан қалған нәсілдің бірқатары Шымкент, Шу, Талас текіресінде қалған* (Орын., Ад.).

ТЕКІРЕК (Гур., Маңғ.) қатты шабыс. *Мықты ат текіреккке қажымайды* (Гур., Маңғ.).

ТЕЛБАУ (Қарақ.) шымылдықтың бауы.

ТЕЛЕГЕЙ АРБА (Қарақ.) қарақалпақ арбасы.

ТЕЛЕФОН БЕРУ (МХР) телефон соғу. *Мен оган телефонбердім* (МХР).

ТЕЛ ЖЕТІМ БОТА (Қ.орда, Қарм.) енесі өлген не енесі емізбей су алып кеткендіктен өзге боталы немесе ботасы өлген түйеге телінген бота. *Тел жетім ботасарыінгенге өз ботасындай бауыр басып кетті. Қазір тіпті бірін-бірі ізденп боздайтын болды* (Ә. Жақ., 22).

ТЕЛ ӨСУ (Қ.орда: Қарм., Арал) тез жетілу, ірілену. *Қасқырдың күшігі агуста иттей болады, тел өседігой* (Қ.орда, Арал).

ТЕЛПЕК 1. (Қ.орда, Қаз.) киізден істелген бас киім. *Қайда деп жүгірді, қолында бір келтегі, түсіп қалды бір жерге басынан киіз телпегі* (Фольк.). 2. (Ақт., Ойыл; Гур., Маңғ.) тақия. *Ол кісі басының тақырын көрсетпейін деп, ылғиында телпек киіп жүреді* (Гур., Маңғ.). *Жалтырақ жамылғаны қара ләмбек, Басында селкілдейді ногай телпек* (Х. Ерғ., Құр., 40). **3.** (Ауғ.; Ир.) құлақшын. 4. (Шымк., Сайр.) ақ халатты дәрігердің ақ матадан тігілген бас киімі. *Мырзаханның оң бүйірінде басына ақ телпек пен үстіне ақ халат киген дәрігер бар* («Қ. ту», 2.05.1962).

ТЕМЕКІ ШИРАТУ (Сем., Үрж.) темекі орау. Ол *темекісін ширата бастайды* (Сем., Үрж.). *Темекіңді шират жігітім, – деп ол балғашыға бір гүж ете түсті* (Ф. Дін., Ушқын, 29).

ТЕМЕЛЕК (Гур., Тең.) балық түйрейтін қармақ. *Үлкен балықты темелекпен түйреп аулайды. Темелек болмаса, қортпаны сога алмаймыз* (Гур., Тең.). *Мына темелектің жүзі үшты, өткір екен* (Гур., Маңғ.).

ТЕМЕҢКІ (Гур., Маңғ.) темекі. *Ага, темеңкіңнен қалдыр да* (Гур., Маңғ.).

ТЕМЕТЕР (Жамб., Тал.) балалардың жақ-жақ болып ойнайтын ойыны. *Бүгін ай жарық екен, балалар көп жиналса теметер ойнаймыз* (Жамб., Тал.).

ТЕМСЕҢ (МХР) сайыс, бәсеке. *Ұлым темсеңге түсем деп жүр* (МХР).

[Монғолша *тэмцэл* күрес, *тэмцээн* сайыс (Қаз.-монғ. соз., 258)].

ТЕМ-ТЕМ (Өзб., Ташк.) 1. ойдым-ойдым дақ; 2. қара дақ. Халық арасында дақ-дақ болып түсетін теміреткіні ескіше емдегенде былай дейді: *«Тем-тем теміреткі, пайғамбарым егін екті, егіні судан қалды, Теміреткі содан қалды»* (Өзб., Ташк.).

ТЕМТІК (МХР) белгі; орден. *Омырауына үлкен темтік қадапты* (МХР).

[Монғолша *тэмдэг* белгі, таңба; мөр; бөгенай (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 203)].

ТЕМІРАЙДАУЫШ (Сем., Шұб.) темірді өңдеп тегістеу үшін қолданылатын құрал. *Темірайдаушының пайдасы көп* (Сем., Шұб.).

ТЕМІР ЕР (Түрікм.: Небид., Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.; Гур., Маңғ.) ершік, ыңыршақ. *Өгіз жоқ, ат жоқ темірерді несіне ұстаймын* (Түрікм., Небид.).

ТЕМІРЖАБА (Түрікм.: Таш., Красн., Конеүр.; Қарақ.) шөп үйетін темір айыр. *Тайлақтың шабына теміржаба тығып алыпты* (Түрікм., Красн.).

ТЕМІР МАЛ (ҚХР) мал басы кемітілмей жалға бағылатын мал.

ТЕМІР ТІКЕН (Қ.орда: Сыр., Жал.; Жамб., Шу) таулы, шақатты жерге шығатын аласа қатқыл өсімдік. *Темір тікенніңтікеніне қарамастан қой, тұйе малы жейді* (Жамб., Шу).

ТЕМІРШАЛАҢ (Қ.орда, Арал) теңіз түбіндегі өсімдік. *Ау салғанда теміршалаң көп бөгет жасайды* (Қ.орда, Арал).

ТЕМІРШЕ (Көкш., Щуч.) тесік ожау. Қ. кепсер[2], май қалақ[1].

ТЕНТЕК[1] (Ақт., Қараб.) болат темір. *Темірдің тентегін отқа салып қыздырып, төске салып ұрамыз* (Ақт., Қараб.).

ТЕНТЕК[2] (Шымк., Сайр.; Алм., Кег.) қойда болатын ауру аты. **Бұл** аурумен қой бір жерде тұрып айнала береді. *Дәрігер тентек ауруын ілезде емдеп жазады* (Шымк., Сайр.).

ТЕНТЕК БАСТАУ (ҚХР) ұшқалақ, жеңілтек, тентек. Қ. тентексүрей.

ТЕНТЕК КӘДЕ (Орал, Орда) күйеу келгенде алынатын кәде.

ТЕНТЕКСОҚ (Гур., Маңғ.) тентек. *Тентексоқкісі* (Гур., Маңғ.).

ТЕНТЕКСҮР Қ. тентексүрей.

ТЕНТЕКСҮРЕЙ//ТЕНТЕКСҮР (Өзб., Ташк.) тентектеу, алаңғасар. *Көкежанның тентексүрей мінезі қартайғанда да басылмады* (Өзб., Ташк.).

ТЕНТЕК-ТЕБІЗ (Сем., Абай) тентек. *Біздің ауылда тентек-тебіздер жетіп жатыр* (Сем., Абай). *Кейін біреуді корсететін приговорлар, тентек-тебіздісұйейтін хат-қағаздар өз қолдарында болмақ* (М. Әу., Абай жолы, II, 54). Қ. тебіз[1], тентек бастау.

ТЕНІК (МХР) жынды, ақымақ, өумесер, есерсоқ. *Жұмыс істемей арақ ішіп тенік боп кетіпті* (МХР).

[Монғолша *тэнэг* ақымақ, ақылсыз, *тэнэг хэрэг* ақымақтық (Қаз.- монғ. сөз., 1977, 22)].

ТЕҢГЕ 1. (Шымк.: Мақт., Шәу.) 20 тиындық күміс ақша. *Бес теңге біздің есебіміз бойынша бір манат (қ.) болады* (Қарақ.). 2. (Алм., Жам.) тиын. *Базарға бармақшы едім, жолыма теңге болмай тұр* (Алм., Жам.).

ТЕҢГЕ ЖАПЫРАҚ (Жамб., Шу) қой, ешкі жейтін жапырақ.

ТЕҢГЕМІР (Шымк., Мақт.) 25 тиын.

ТЕҢГЕ ОЙЫН (Ауғ.; Ир.) тегіс қабырғаға тиынды ұрып ойнайтын ойын. Қабырғаға ұрғанда тиынның бір беті түсу керек. Екінші адамның теңгесі алғашқы тастаған адамның теңгесінің жанына бір қарыс жерден алыстамай түссе, соңғы тиын тастаған ұрып алады.

ТЕҢГЕРМЕ (Рес., Астр.) жеңіл қайық аударылмас үшін салмақ ретінде салынатын ауыр зат.

ТЕҢГЕРУ (Рес., Сарат.) тыңдау, аңғару. *Өзіме айтылған сөз болмаса, теңгермеймін* (Рес., Сарат.).

ТЕҢГЕ СҮЙЕК (Гур., Маңғ.) қызыл балықтың қабығындағы тікенек. *Тамағына теңге сүйек кеткен ит мал болмайды* (Гур., Маңғ.).

ТЕҢГЕ ШАШУ (Жамб., Тал.) қарт кісілер қайтыс болғанда балаларының күміс шашатын әдеті. *Бұрын көриелер олгенде теңге шашатын әдеті еді* (Жамб., Тал.).

ТЕҢГЕШІК (Гур., Маңғ.) қызыл балықтың қабығы.

ТЕҢДЕЙ ҚҰРДАС (Түрікм., Таш.) екеуі де бір жылы туған құрдастар. *Біз Кенжебай екеуіміз теңдей құрдаспыз* (Түрікм., Таш.).

ТЕҢКЕ (Қост., Об.; Рес., Орын.) сом, теңге. *Жүз теңке, елу теңке ат береді, Алмайды ықтиярсыз ақын тартып* (Орын., Ад.). *Нұржан балуанмен күрескенде Омар бәйгеге 500 теңке салыпты* (Қост., Об.).

ТЕҢЛЕС (Алм., Жам.) теңдес.

ТЕҢЛЕУ (Жамб., Сар.; Алм., Кег.) теңдеу. *Бұрыңғы кезде жүкті өгізге теңлейтін* (Алм., Кег.).

ТЕҢЛІК (Түрікм., Красн.; Шығ. Қаз., Курш.; Алм., Шел.; Сем.: Үрж., Аяг.; Жамб., Сар.) теңдік. *Бұрыңғы кездерде кедейлердің теңлігі жоқ болатұғын* (Алм., Шел.). *Қазірде біраз халықтардың қолы теңлікке жетіп жатыр гой* (Түрікм., Таш.). *Теңлігің жетсе, сен де аларсың бір тайды* («Жалын», 1979, №6, 89).

ТЕҢСУ (МХР) қабілеті жету, сай келу.

[Монғолша *тэнцэх:* 1) бірдей болу, дәл болу, теңелу; 2) жарау (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 204)].

ТЕҢІН АҚТАРУ (Гур., Маңғ.) сырын ақтару.

ТЕПЕКТЕУ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) тікектеу, текеңдеу. *Сен маған неге сонша т е п е к т е й с і ң?* (Шығ. Қаз., Больш.). *Зәмзәм маған бар да бар деп т е п е к т е п қоймады* (Тау., Қош.).

ТЕПЕМ (Қост., Жанг.) тегеш. *Тегешті шөмекейлер т е п е м дейді* (Қост., Жанг.).

ТЕПЕРЧІК (МХР) қыспақ, қысым, теперіш. *Ол жігітті «не үйтесің» деп жанжағынан т е п е р ч і к к е алдық* (МХР).

ТЕПЕТЕЙ (Гур., Маңғ.) тақия, тебетей. *Басындағы т е п е т е й і н жел ұшырып әкетті* (Гур., Маңғ.).

ТЕПЕ-ТЕКТЕП (Алм., Жам.) тектен-текке. *Баланы т е п е-т е к т е п күйдірмей, аныгын білсеңші* (Гур., Маңғ.).

ТЕПКІ (Қост., Жанг.) есіктің ілгегі. *Жатарда есіктің т е п к і с і н іліп жат* (Қост., Жанг.).

ТЕПКІЛІ (Гур., Маңғ.) орныкты. *Жазда кошкенмен ол уақытта да адайдың т е п к і л і қонысы осы Маңғыстау болған* (Гур., Маңғ.).

ТЕПКІР СӨЗ (Гур., Маңғ.) әшейін, жай соз. *Коңіліңе алмай-ақ қой, менікі т е п к і р с о з, сен ие қылар деп айттым* (Гур., Маңғ.).

ТЕПКІШ (Алм., Кег.) басқыш, саты ағаш. *Көрімжан, Әкінбайдың үйінің т е п к і ш і н әкел де үйдің тобесіне шықшы* (Алм., Кег.).

ТЕППЕ[1] (Түрікм.: Красн., Бекд., Жеб.; Гур., Маңғ.) саты, басқыш. *Мектептің т е п п е с і н әкел* (Түрікм., Бекд.).

ТЕППЕ[2] **1.** (Жамб., Сар.; Шымк.: Мақт., Лен.) малдың қыстайғы қиын көлікпен бастырып, құйып жасаған тезек түрі. *Т е п п е н і ң көбін қысқа дайындап, үйіп қояды* (Шымк., Мақг.). **2.** (Жамб., Шу) қолмен жайған тезек. *Екі-үш т е п п е тезек алып келіп,... шоқ көміп қойған табаны аштьі* (Ш. Мұрт., 41-ж. кел., 67). **3.** (Өзб., Ташк.) малдың жас тезегіне шөп араластырып аяқпен басып не қолмен араластырып, дөңгелетіп жайған тезек. *Екі сиырдың т е п п е с і бір қысқы отымызга жетеді* (Өзб., Ташк.). Мұны *теппі, баспа жаппа* деп те атайды.

ТЕППЕ[3] (Көкш., Еңб.) жылқының қыстығүні оз отын озі тауып жеуі. *Т е п п е д е 200 жылқыдай болатын еді* (Көкш., Еңб.).

ТЕППЕ[4] (Қарақ.) мал қамалған қора.

ТЕППЕ ЧАЙ (Жамб., Шу) кірпіш шай. *Мәгәзінге т е п п е ч а й түсіпті* (Жамб., Шу). *Т е п п е ш а й д ы біз құмга куырылган аппақ жүгерімен шайнап іштік* (Ш. Мұрт., Инт. наны., 31). Қ. құйма шай, тақта шай.

ТЕПСЕҢ (Гур., Маңғ.) құдықтың басындағы тақыр жер. *Жирен ат құдықтың басындағы т е п с е ң д е тур* (Гур., Маңғ.).

ТЕПТІК 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Гяу.; Гур., Маңғ.) мақтадан не зығырдан тоқылған мата. *Ел т е п т і к т і мата демейтін болды* (Түрікм., Ашх.). **2.** (Ақт., Жүр.) жолжол болып келген ала жолақ мата.

ТЕПТІРІШ (Қост., Семиоз.) тепкі, қысым.

ТЕР БҮРШІКТЕРІ (Қ.орда, Арал) тер тамшылары, моншақтары. *Кішілеу қыр мурынының үш жагынан шымырлаган т е р б ү р ш і к т е р і көрінеді* (Ә. Нүрп., Курл., 176).

ТЕРГҮЛІКЧІ (МХР) басқарма мүшесі. *Джәмиләні багы құрылдың т е р г ү л і к ч і с і н е қойдырган маршал Чойбалсын еді* (МХР).

[Монғолша *тэргүүлэгч:* 1) басшы; 2) президиум мүшесі; 3) басқарушы (Рус.-монг. сл., 88)].

ТЕРЕЗЕ ТАБУ (Алм., Кег.) жай табу. *Жаным жаңа гана т е р е з е т а п т ы гой* (Алм., Кег.).

ТЕРЕКҮЛ ҚЫЛУ (Жамб., Шу) үлестіру, тарату.

ТЕРЕК ШАЙ (Орал, Чап.) грузин шайының бірінші сорты.

ТЕРЕҢСЫМАЛ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) тереңірек. *Арыаққан, Беріаққан өзендері едәуір т е р е ң с ы м а л* (Шығ. Қаз., Больш.).

ТЕРЕҢУ (Гур., Бақс.) тереңдеу. *Су жыра-жыра осы сайлар т е р е ң і п кетті* (Гур., Бақс.).

ТЕРКӨЙЛЕК//МӘЙКІ (Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал., Қарм.; Гур., Есб.; Орал: Чап., Жымп.; Қост., Семиоз.) майка. *Бүйерде ыстыгында т е р к ө й л е к п е н журуге болмайды, бүткіл денең күйіп кетеді* (Қ.орда, Сыр.). *Жаздыгүні көбіне т е р к ө й л е к киіледі* (Гур., Есб.). *Т е р к ө й л е г і м д і жудыруды ұмытпа* (Қост., Семиоз.).

ТЕРМЕ (Қарақ.) алаша, түсқа тұту үшін арналып тоқылған өрнекті алаша.

ТЕРМЕЛІ 1. (Қарақ.) қалың ақ мата. *Т е р м е л і қолга көп түсе бермейді* (Қарақ.). **2.** (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Таш.; Гур., Маңғ.) әйелдердің көбіне жаулық үшін пайдаланатын жүқа ақ мата. *Енеме жаулықтың т е р м е л і с і н іздеп шықтым* (Түрікм., Ашх.). *Жақында дүкенде шыт, т е р м е л і, бөз сияқты матаның түрлері түсті* («Маңғ.», 18.09. 1955).

ТЕРМЕ ТЕЗЕК (Ақт., Тем.; Рес., Орын.; Өзб., Ташк.) мал жайылған даладан теріп алып қолмен жайған тезек. *Т е р м е т е з е к, келер*

кезек (Өзб., Ташк.). *Терме тезек окелші, сүт пісірейік* (Ақт., Тем.).

ТЕРМЕ ҮЙ (Рес., Орын.) киіз үй. *Терме үйге шықтыңдар ма деп жататын бұрын* (Орын., Ад.).

ТЕРНЕК (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) ерте пісетін әңгелек тәрізді сопақтау қауын.

ТЕР ОРАМАЛ (Қост., Семиоз.) кол орамал, бет орамал. *Тер орамалының жоғын егін басына келгенде бір-ақ білдім* (Қост., Семиоз.). *Қиян белбеу, тер орамал көржерін жинастырып ыпы-жыпы болды* (Ж. Нәжім., Кішк., 40).

ТЕРТЕ (Ақт., Жүр.; Алм., Талд.) арбаның жетек ағашы. *Арбаның тертесі сынып қапты* (Талд.).

ТЕРУЛІ АЛАША (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) өрнекті алаша. *Бұрын терулі алашаны көп тоқушы еді* (Түрікм., Ашх.).

ТЕРІ (Жамб., Мер.) қыңғырып, дөңбекшіп ауыратын жылқы ауруы.

ТЕРІМШІ 1. (Қарақ.; Түрікм.: Көнеүр., Тахта, Тедж., Байр., Мары) мақта теретін адам. 2. (Шымк.: Қызылқ., Шәу.) масақшы. *Терімшілерді мұғалім басқарып барсын* (Шымк., Қызылқ.).

ТЕРІС АЙУАН (Түрікм., Таш.) үйдің солтүстік жағынан әдейі көлеңке болу үшін үйге жалғастырып салынып, тек тобесі жабылған сая жер.

ТЕРІС ЖЕЛ (Гур., Маңғ.) қайыққа, жолаушының бағытына карсы соғатын жел.

ТЕРІСКЕН (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.; Ақт., Ырғ.) құмды жерге, сортаңға өсетін, домалақ, жабысқақ тікені бар бұта сияқты өсімдік. *Теріскенді түйе және ұсақ мал сүйіп жейді* (Ақт., Ырғ.).

ТЕРІСҚАБАҚ (Орал: Чап., Жымп.) қырғи қабақ. *Маржан екеуі терісқабақ болып жүр* («Окт. туы», 20.06.1958).

ТЕРІС ТАБАН (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.) ертегілердегі шайтан бейнесі. *Алдарға теріс табанды алдау аңсат (қ.) болмапты* (Түрікм., Небид.).

ТЕСЕ 1. (Шығ. Қаз.: Зайс., Больш.; Сем.: Мак., Үрж.; Шымк., Түлк.; Алм.: Жам., Кег.; Жамб., Шу) жер қазатын кетпеннен кішілеу шот сияқты құрал. *Тесемен қауын-қарбызды қопсытамыз* (Алм., Жам.). *Картоптың айналасын тесемен түптейміз* (Шығ. Қаз., Зайс.). 2. (Рес., Сарат.) темір үстаның құралы.

ТЕСЕ БОЛУ (Алм., Шел.) өтпеу, өтпей қалу. *Мына пышақ не қылып тесе болып қалған* (Алм., Шөл.).

ТЕСЕГЕ СИДІРУ (ҚХР) екі аяғын бір етікке тығу.

ТЕСЕЛЕУ (Шығ. Қаз., Зайс.) қопсыту, түптеу. *Тесемен апыйынның түбін, айналасын теселейді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ТЕСКЕРУ (Шымк., Шәу.) тексеру. *Комиссия арқылы тескертпек болды* (Шымк., Шәу.).

ТЕСКЕРІ (Озб., Ташк.) теріс, керісінше. *Кенет жаңбыр жауып, тонымды тескері киіп алдым* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше *тескари* теріс жағы (Узб.-рус. сл., 427). Бұл сөз *теріс* және *кері* сөздерінен біріккен болу керек. Коне түркі тілінде *терс* надурыс (ДТС, 555); *керу* артқа, басталған жағына қайту (ДТС, 302)].

ТЕСКІ (МХР) уста дүкендегі темір қыскыш құрал.

ТЕСКІНДІК (Қост., Жанг.) жүттан аман қалған ел. *Ол ел басқаларға қарағанда тескіндік* (Қост., Жанг.).

ТЕСІЛІКЧІ (МХР) лейтенант. *Тесілікчінің екі чегесі болады* (МХР).

[Монғолша *дэсл эгч* лейтенант (Монғ.-қаз. сөз., 209)].

ТЕСІК (Сем., Абай; Қост.; Рес., Орын.) тесік ожау, нан сүзгіш. *Тесікпен бауырсақ пысырады* (Сем., Абай). Қ. көкпір, кепсер, күнғалақ, май шолпы, шолпы.

ТЕТКУІР (МХР) пенсия. *Теткуірге чықтың ба?* (МХР).

[Монғолша *тэтэгвэр:* 1) жәрдем; 2) қамқорлық, асыран, камсыздык (Монғ.-қаз. соз., 206)].

ТЕТТІК (Қарақ.) тек (мата аты).

ТЕТІГІ АУЗЫНДАҒЫ КІСІ (Қост., Торғ.) ақ көңіл, ішіне сөз сақтамайтын кісі. *Кәдірдің тетігі ауызындағы кісігой* (Қост., Торғ.).

ТЕТІК (Өзб., Ташк.) тың, қуатты, саулығы жақсы, қайғысыз. *Сәлемдесуде үлкен кісілерге «тетіксіз бе?» делінеді. Қызыл шетік, ендеше қызыл шетік. Шетік жеген төқтының көңілі тетік* (Өзб., Ташк.).

ТЕТІР (Жамб., Шу; Алм.: Кег., Нар.) теріс, қисынсыз. *Бізден тетір іс болған чығар, кешіріңіздер деген екен. Мұны тетір көрсең, әділетті босаң кешірерсіз, – депті батыр* (Жамб., Шу). *Мұның өзі тетір сөз* (Алм., Кег.). *Өзің тетір сөйлейсің гой* (Алм., Нар.).

ТИҒАРЫ Қ. тиқары.

ТИҒЫШ (Орал, Орда) есіктің түтқасына іш жағынан өткізілетін ағаш, темір. *Боранды күндер тиғышы болмаса есік ашылып кетеді* (Орал, Орда).

ТИДАҒАШ (МХР) жұғымды, нөрлі. *Мынаны жей гой, т и д а ғ а ш т ы ң озі* (МХР).

ТИЕК 1. (Гур., Тең.) желкеннің арқанын бекіту үшін қолданылатын иілген, жалпақ темір. *Т и е к қайықтың ішкі жақ тақтайына бекітіледі* (Гур., Тең.). 2. (Орал, Орда) түйме. *Ине берші, т и е г і м д і тағып алайын* (Орал, Орда). 3. (Қост., Жанг.; Шығ. Қаз., Больш.) есіктің ілгегі. *Рәйімша, есіктің т и е г і н салуды ұмытпа* (Қост., Жанг.). *Оның есігі т и е к т е у л і тұр* (Шығ. Қаз., Больш.). 4. (Сем., Шұб.) есіктің бұрап жабатын ағаштан жасалған қарапайым, жұпыиы ілгегі. Бұл көбінесе, киіз үйде болады. *Есіктің т и е г і н салдық.* Бұл аудандарда таяқтың түткасы да тиек деп аталады. *Таягының т и е г і ыңғайлы екен.*

ТИЕК АҒАШ (Гур., Маңғ.) диірменнің үстіңгі бетіне кигізілетін ортасы тесік ағаш.

ТИЕКТЕУ (Павл., Үрлі.) тұсау. *Биені т и е к т е п жібер* (Павл., Үрлі.).

ТИЕКТІ ЖЕР (Сем., Шұб.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) белгілі, ыңғайлы, қолайлы жер. *Бақанас ежелдеи т и е к т і ж е р* (Сем., Шұб.).

ТИЕМЕЛДІ (Шымк., Мақт.) тиімді. *Ал киімдеріңмен оздеріңе т и е м е л д і бұйымдарыңның атын атап маған жаз* («Оңт. Қаз.», 29.09.1959).

ТИЕСІМ (Гур., Тең.) тиесілі, тиісті. *Мұғалімдер т и е с і м міндеттерін бөлісіп алды* (Гур., Тең.).

ТИҚАРЫ//ТИҒАРЫ (Қ.орда, Арал) негізінде, асылында, түбінде.

ТИМАР (Түрікм., Таш.) кінәмшіл, сәнқой. *Сен өзің барып тұрғаннан қалып тұрған т и м а р екенсің* (Түрікм., Таш.).

ТИНАҚАНДАЙ (Түрікм., Красн.) кішкентай, күрттай. *Әлгі бала т и н а қ а н д а й болып алып,* сөйлеген кезде тілі тақ-тақ етеді (Түрікм., Красн.).

ТИНАМДАЙ (Көкш., Қ.ту) кішкентай.

ТИНЕМЕШ (Гур., Маңғ.) кішкентай, қу, арам ниет, алдамшы адам.

ТИРЕ (Түрікм.: Бекд., Красн., Небид., Ашх., Таш., Көнеүр., Тедж.; Гур., Маңғ.) рудың бір тармағы. *Қай т и р е г е жатасыңыз?* (Түрікм., Бекд.).

[Түрікменше *тире* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ТИСЕ АЛАР (Жамб., Шу) асықты тігіп қойып, алыстан атып ойнайтын ойын.

ТИШУ (Көкш., Қ.ту; Рес., Омбы) ыстық, қапырық. *Бүгін күн т и ш у болды* (Көкш., Қ.ту). *Т и ш у д а мал сауу тым қиын* (Рес., Омбы).

ТИІН ТЫШҚАН (Сем., Үрж.) жүні жылтыр, кішкене, сұр тышқан. *Т и і н т ы ш қ а н кішкене болады, құмда жүреді* (Сем., Үрж.).

ТИІП КЕТУ (Қост., Жанг.) жолығу, кездесу. *Мен сізге т и і п к е т е й і н деп келіп едім* (Қост., Жанг.).

ТИІРМЕНІНЕ СУ ҚҰЮ (ҚХР) өршіту, қоздыру. *Ол екеуінің арасындағы дау өзі де шыққалы тұрған кезі еді, соны сен көре тұра т и і р м е н і н е с у қ ұ й ғ а н д а й болып тұрсың* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 174).

ТИІРТУ (Қост., Жанг.) қорытынды. *Осы істі бастағандарыңа көп болды, енді т и і р т у ы н жасаңдаршы* (Қост., Жанг.).

ТИІРУ БЕРУ (Түрікм.: Конеүр., Таш., Тахта) тыйым салу. *Балага жастан т и і р у б е р у жон* (Түрікм., Көнеүр.).

ТИЮГЕ ЖОҚ (Ақт., Шалқ.) қол тимейді, бос емес. *Қазір егін уақытында ешкімнің де қолы т и ю г е ж о қ* (Ақт., Шалқ.).

ТОБА ҚАЗЫҒЫНА ТАЯУ (Өзб., Ташк.) еріксіз мойындату.

ТОБАН[1]//ТӨБЕН (Жамб., Жам.) төмен. *Балалар т о б а н отырсын да* (Жамб., Жам.).

ТОБАН[2] (Орал, Орда) топан. *Кірпіш жасауға т о б а н алып келдік* (Орал, Орда).

ТОБАТАЙ[1] (Қост., Жанг.) кішкене шелек. *Т о б а т а й д ы ң тұтқасы жоқ қой* (Қост., Жанг.). *Жаңа солай қарай т о б а т а й ұстаған бір әйелдің өткенін көргем ...* («Жалын», 1980, №3, 12). Қ. топатай.

ТОБАТАЙ[2] (Қ.орда, Сыр.) тебетай, бас киім. *Т о б а т а й л ы адам* осы елдің сатушысы (Қ.орда, Сыр.). Қ. тебетей, тобетей.

ТОБАЯҚ ҚАЗЫ (Гур., Маңғ.) қазының майлы, етті жері. *Т о б а я қ қ а з ы н ы сый қонаққа асамыз* (Гур., Маңғ.).

ТОБЫҚ (Сем.: Көкп., Акс.) жүгерінің сабағы. *Жүгерінің т о б ы г ы жуандап қалған екен* (Сем., Акс.).

ТОБЫРШАҚ Қ. тобышақ.

ТОБЫШАҚ//ТОБЫРШАҚ (Жамб., Шу; ҚХР) жылқының жүйрігі, таза арғымақтың бір түрі. *Айғыр салсаң қазанат, содан туар т о б ы ш а қ* (Жамб., Шу). *Алыс жолга арымайтын жүні тақыр т о б ы р ш а қ* (ҚХР).

ТОҒА[1] (МХР) кастрөл. *Нанды т о ғ а ғ а пысырамыз* (МХР). *Ахмет пен Сагадайдан басқалары тас ошақ жасап, қара құмақ тұтатып, жұқа ақ т о ғ а ғ а шай қайната бастады* (Церендор., Е. ул., 38).

[Монғол тілінде *тогоо қазан* (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 182)].

ТОҒА[2] (Рес., Орын.; Қ.орда, Арал) тартпаның басы, айылбас. *Тартпа айылдың т о ғ а с ы берік емес* (Қ.орда, Арал).

ТОҒАЙ[1] (Рес., Орын.; Ақт., Жүр.) қыстау. *Бұрын қыста қыстап кеткен үйлерді т о ғ а й деуші едік* (Орын., Ад.). *Үй салған жерді т о ғ а й дейді* (Орын., Ад.). *Қыйқан т о ғ а й деген жер бар, Түркен т о ғ а й деген жер де кездеседі* (Ақт., Жүр.).

ТОҒАЙ[2] **1.** (Ақт., Ойыл) саманнан жасалған үй. *Т о ғ а й салып жатырмыз* (Ақт., Ойыл).

ТОҒАЙ[3] (МХР) тал. *Біздің үй анау екі түп т о ғ а й д ы ң түбінде* (МХР).

ТОҒАЙДА БІР (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) анда-санда, ілуде бір. *Жақсы әкеге баласы т о ғ а й д а б і р і тартады гой* (Түрікм., Красн.).

ТОҒАЙЛЫҚ (Түрікм.: Красн., Ашх., Мары, Тедж.) шөбі қалың, шабындық жер.

[Түрікменше *тоқтайлық* қалың шөпті жер (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ТОҒАЙРАҚ (Орал: Орда, Жән.) сойған қойдың тоқ ішегінің аршылмаған жиынтығы. *Қойдың т о ғ а й р а ғ ы н алып, етін бұзу керек* (Орал, Жән.).

ТОҒАЛ (Қ.орда: Қарм., Сыр.) сөзінде үйлесім жоқ, топастау. *Балам, т о ғ а л адамдармен сөйлесе алмайтын шығарсың* (Қ.орда, Қарм.).

ТОҒАЛА (Жамб., Шу) ірі қараның көз етінің өсіп ауруы.

ТОҒАН (Жамб.: Жуа., Шу, Мер., Луг., Қорд.) қолдан қазылған үлкен арық. *Т о ғ а н н ы ң ені үш-төрт метр шамасындай болады* (Жамб., Жуа.).

ТОҒАНАҚ[1] (Ақт., Ключ.) жауап, қару айту, тиек болу. *Қатар жүрген құрбымды, не қылайын табалап, Оралдан шыққан кок түйғын сөзіне берер т о ғ а н а қ* (Ақт., Ключ.).

ТОҒАНАҚ[2] (Сем., Шүб.) матаның дестесі.

ТОҒАНАҚ[3] (Ақт., Жүр.) ілгек ағаш, шотаяқ.

ТОҒАНАҚ[4] (Қ.орда, Қарм.) түйеге отын артатын арқанның үшын байлайтын қоян сүйек, жиде, тобылғы сияқтылардан істелген имек (ілмешек тәрізді) ағаш. Кейбір жерде *тоғанақ* түйеге артатын жүк.

ТОҒАНАҚТАУ (Сем., Абай) жүкті буу. *Сатушы т о ғ а н а қ т а п мата әкелді* (Сем., Абай).

ТОҒАРА Қ. доғара.

ТОҒАРУ (Ақт., Ырғ.) тоқтатып қою, жиып қою. *Бәрін де уақытша т о ғ а р ы п қойып, спортына кететін* (Ө. Қан., Күд., 103).

ТОҒАШ (Орал, Чап.) кішкене дөңгелек нан.

ТОҒАШЫ[1] **1.** (Қ.орда, Сыр.; Шымк., Түлк.) бұрынғы ауылдың атқамінері, пысық жігіт, шабарман. *Сонау бір жылдары т о ғ а ш ы л а р да қырсық болды* (Қ.орда, Сыр.). **2.** белсенді. *Т о ғ а ш ы л а р тапсырманы мүлдіксіз орындайды* (Шымк., Түлк.).

ТОҒАШЫ[2] (Қ.орда, Арал) айылбастың сағалдырық жүгендегі және ер-тоқымның басқа жерлеріндегі кішкентай түрлері.

ТОҒАШЫ[3] (МХР; Қ.орда) аспаз, тамақ істеуші. *Мектепте балалардың т о ғ а ш ы с ы болып істейді* (МХР). *Тойда т о ғ а ш ы болу онша қиын жұмыс емес* (Қ.орда).

[Моңғолша *тогооч* аспаз (Рус.-монг. сл., 452)].

ТОҒАЮ (Рес., Орын.) тою. *Осында келгелі қарын т о ғ а й ы п, киім жақсара бастады* (Орын., Ад.).

ТОҒУСАЙ Қ. тоғысай.

ТОҒЫЗ КІЛЕМ, ТОҒЫЗ ТОН (Жамб., Шу) торкіндерінің ұзатылған қызға беретін жасауы.

ТОҒЫЗЫН ТОҢДЫҚҚА КЕЛТІРІП ІШУ (Түрікм.: Красн., Бекд., Қулы., Қиян.) ішімдікке салыну, шамадан тыс коп ішу. *Ол т о ғ ы з ы н т о н д ы қ қ а к е л т і р і п і ш е т і н еді, әзір қойды* (Түрікм., Бекд.).

[*Tung* шарап құятын ыдыс (А. Бор., 168)].

ТОҒЫМ (Ақт., Ырғ.; Рес., Орын.; Жамб.) арбаның қимасы, имесі. *Оның арбасының т о ғ ы м ы берік екен* (Ақт., Ырғ.). Қ. қима[3], тегермеш, тоғын шаңғарақ.

ТОҒЫН ШАҢҒАРАҚ (Жамб., Шу) дөңгелектің шен темірінің ішіндегі ағашы.

ТОҒЫРТҚА (Түрікм.: Ашх., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары, Байр.) үлкен жайтан су жіберу үшін жерге көмілген түтік.

[Түрікменше *токуртга* түрба (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ТОҒЫСАЙ//ТОҒУСАЙ (МХР) ет жеңді, бүркіт тұқымдас құстың бір түрі.

ТОҒЫС АЙ (Қ.орда, Қарм.) ай мен үркер тоғысатын айларды тоғыс ай дейді.

ТОҒЫТ//ШАҢЫРАҚ (Орал, Чап.) арбаның доңгелегі.

ТОҒЫТПАУ (Жамб., Мер.) менсінбеу. *Сыпатай ол батырды т о ғ ы т п а д ы* (Жамб., Мер.).

ТОЖАРЛАУ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн., Тедж.) жұмырлау, уқалау. *Не болды саған, жастықты т о ж а р л а ғ а н ы ң не?* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *токгаламак* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ТОЖНА (Түрікм., Красн.) махорка, темекі жапырақтары өзегінің фабрика жағдайында үсақталған түрі. *Өзімізде жоқ болған соң т о ж н а н ы алыстан алдырып тартатынбыз* (Түрікм., Красн.).

ТОЗ (Гур., Маңғ.) лай; шаң, тозаң. *Мына судың т о з ы бар екен, қоңыр болып кетті гой* (Гур., Маңғ.).

ТОЗҒАҚ//ДОЗҒАҚ (Қ.орда, Арал) уілдірік, қарағанда желге үшып кететін қоғанын басы.

ТОЗЫҒУ (Қ.орда, Арал) тозыңқырау, тозу. *Шапаным нақ жыртылып қалмаса да т о з ы п т ы* (Қ.орда, Арал).

ТОЙҒА ТҮСУ (Ақт., Ойыл) тойға бару. *Сен т о й г а т у с т і ң бе?* (Ақт., Ойыл).

ТОЙМАЛ (Павл., Үрлі.) тойға жүмсалатын қаражат. *Кенжебек т о й м а л жинап той жасағалы жүр* (Павл., Үрлі.).

ТОЙНАҚ 1. (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта, Тедж.) аяқ киімдердің (етік, кебіс) екшесін түсті металдармен қаптау. *Т о й н а қ өкшесі бар аяққап (қ.) төзімді болады* (Түрікм., Тахта). 2. (Қарақ.) аттың, есектің түяғы.

[Түрікменше *тойнақ* тұяқ (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ТОЙНАҚША (Қарақ.) қоржынның құлып салатын ілгегі.

ТОЙПАҢ АУЫЗ (ҚХР) ашық ауыз, аузына ие бола алмайтын адам. *Мән-жайды егжей-тегжейлі айтқан соң Сақари атты т о й п а ң а у ы з, момын жігіт шынын айтты* (Ғ. Қан., Бұрқ., 163).

ТОЙ-СОЙ (Қарақ.) той-томалақ.

ТОЙТАҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) жағымпаз. *Т о й т а қ ісімен оқышып* (қ.) *жүрген мүсәпір* (Түрікм., Таш.).

[Қарақалпақша *тойтахай* жеңіл мінезді, ерке әйел (Қарақ.-рус. сл., 195)].

ТОЙХАНА (Қарақ.) той-думан өткізетін үй.

ТОЙЫН БОЛУ (Гур., Маңғ.) жердің от болуы. *Жері т о й ы н б о л ы п қалыпты* (Гур., Маңғ.).

ТОЙЫН ЖЕР (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта) сазды жер. *Т о й ы н ж е р д е мәшінді ақырын жүргіз, жол тайғақ екен* (Түрікм., Тахта).

[Түрікменше *тоюн* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ТОЙЫНЫС АЛУ (МХР) тойыну, семіру. *Ерте туған бұзау сүт басталар мерзімінен бұрын сергіп т о й ы н ы с а л а д ы* (*«Ж. өмір»*, 8.03.1983). *Олар 5-айдың 25-інен бастап арттыру жөнінде ерекше құлшынуда. Қазір малдың т о й ы н ы с а л у ы жақсы, ащы, тұзбен қанымдалған* (*«Ж. өмір»*, 22.07. 1985).

ТОҚ (Орал, Қара.) иін ағаш. *Арбаны алысқа жексең, доңғалағының т о г ы тозады* (Орал, Қара.).

ТОҚА//ТӨКӘ (МХР) ым, белгі.

[Монғолша *дохио* белгі (Монғ.-қаз. сөз., 79)].

ТОҚАЙЫР (Қ.орда, Қарм.) күп, болады, жарайды. *Айтқаның жөн, т о қ а й ы р барайын* (Қ.орда, Қарм.).

ТОҚАЛАҚ ҮЙ (ҚХР) төбесінің шатыры жоқ үй. Бұл сөздің орнына Алматы, Жамбыл облыстарының кейбір жерлерінде *тоқал там* тіркесі қолданылады.

ТОҚАЛДАУ (Шымк.: Арыс, Қызылқ.) қырқып жеу. *Жоңыршқаға мал түсіп, кейбір жерін т о қ а л д а п тастапты* (Шымк., Қызылқ.).

ТОҚАЛ ТАМ (Алм., Кег.) шатырламай төбесін бір тегіс етіп топырақпен (балшықпен) жапқан там. *Әлгі т о қ а л т а м н ы ң бұрышында керосинмен жанатын көнетөз үй бар* (О. Бөк., Өз от. өш., 7).

ТОҚАЛ ҮЙ (Алм.: Жам., Үзын.; МХР) шатырсыз төбесі жайдақ үй. *Анау т о қ а л ү й д е бастығымыз тұрады* (Алм., Жам.). *Жер-жерде аңғал-саңғал, іші-сырты абыр-сыған т о қ а л ү й л е р* (*«Ж. өмір»*, 5.09.1983). Қ. тоқалақ үй.

ТОҚАНАҚ (Алм., Шел.) темекінің байламы. *Он т о қ а н а қ бір жәшік болады. Темекінің әрбір т о қ а н а г ы күні бұрын даярланады* (Алм., Шел.).

ТОҚАТ (Қ.орда, Арал) амалсыздан кідіру, тоқтау, жүре алмау, қиыншылыққа кез болу. *Жол т о қ а т ы жаман екен* (Қ.орда, Арал).

ТОҚАТАЙ ЖІЛІК (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Таш., Тедж.; Гур., Маңғ.) тоқпақ жілік. *Т о қ а т а й ж і л і к кәделі жілікке жата ма, апа?* (Түрікм., Ашх.).

ТОҚАТЫ ЖОҚ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) тоқтау, бөгет, кедергі жоқ. *Оған қалаға баруға т о қ а т ы ж о қ* (Ақт., Ырғ.).

ТОҚАШ 1. (Өзб., Бост.; Жамб.: Қорд., Луг., Шу, Жам.; Алм., Кег.) бауырсақ. *Тойда т о қ а ш көп болды* (Өзб., Бост.). *Т о қ а ш т ы майға пісіреді* (Жамб., Жам.). 2. (Сем.: Көкп., Ақс.) пешке жапсырылып пісірілетін нан, тандыр нан. *Ол мешке т о қ а ш пісіргелі жүр* (Сем., Көкп.). 3. (Көкш., Қ.ту) табаға дөңгелек етіп пісірілген кішкене күлше. 4. (Көкш., Щуч.) көлемі күймақ сияқты кішкентай пешке пісірілетін нан түрі. *Біз*

мешке көп қылып т о қ а ш пісіріп қойдық (Көкш., Щуч.). 5. (Түрікм., Таш.) бармақ саласындай өтіп иіп пісірген нан. 6. (МХР) қоламтаға көміп пісірген нан. *Балам, т о қ а ш пысырып берейін.* 7. (МХР) май, құмшекер араластырып илеген ұнды өрнекті дөңгелек ағаш қалыпқа сап бөлшектеп пісірген нан. *Оқушы кезімде Бөкірақын сарттың т о қ а ш ы н бір рет жедім* (МХР).

ТОҚАШТЫҚ (Шымк., Сайр.) жабайы картоп. *Қаратауда т о қ а ш т ы қ көп болады* (Шымк., Сайр.). Қ. тоқташық.

ТОҚ ЕТУ (Жамб.: Шу, Қорд.) ұйықтап, көз шырымын алу. *Шаршап келген шығарсың, кішкене жатып т о қ е т і п ал* (Жамб., Қорд.).

ТОҚМАШ (Рес., Орын.) кеспе көже. *Бұрын салма деуші еді, қазір т о қ м а ш деп кеттік. Қой, кел балам, т о қ м а ш ішелік* (Орын., Бөр.).

ТОҚМЕЙІ (Гур., Бақс.) мықты. *Ашымұныға толмайтын т о қ м е й і адам еді* (Гур., Бақс.).

ТОҚСЫНБАУ (Алм., Нар.) қанағаттанбау, көңілі толмау. *Бұл сөзіңе т о қ с ы н б а д ы м* (Алм., Нар.).

ТОҚТАЛ (МХР) қаулы. *Қырқынчы жылдарындағы т о қ т а л д а р д ы ң кейбіреуі ғана бар екен* (МХР).

[Монғолша *тогтоол* қаулы, *тогтоол шийдвэр* қаулы қаржы (Монғ.-қаз. сөз., 182)].

ТОҚТАСҚАН (Қар.; Жезқ.) жасы келген, қартайған адам. *Т о қ т а с қ а н адамға сол да жарайды ғой* (Қар.).

ТОҚТАУДЫ (Шығ. Қаз., Больш.) тәртіпті, ұстамды. *Мектеп оқушылары сондай т о қ т а у д ы екен* (Шығ. Қаз., Больш.).

ТОҚТАШЫҚ (Шымк., Сайр.) жабайы картоп. *Қаратауда т о қ т а ш ы қ көп болады* (Шымк., Сайр.). Қ. тоқаштық.

ТОҚ ТҰРУ (Қ.орда, Арал) дайын, әзір тұру. *Мен барсам Мақан жүруге т о қ т ұ р* (Қ.орда, Арал).

ТОҚТЫ БІРМЕК КӨЗ БАСПАҚ (Жамб., Шу) екі жақ болып бөлініп ойнайтын ойын.

ТОҚТЫҚ ТАРТУ (Қ.орда, Арал) жас баланың өрнін пырылдатып ойнауы. *Т о қ т ы қ т а р т қ а н д а оны халық жақсылыққа жорып, ырым етеді* (Қ.орда, Арал).

ТОҚЫ (Алм., Кег.) тоқым салу. *Мына тоқымды т о қ ы п жібер* (Алм., Кег.).

ТОҚЫЙ БОЛМАСА (Ақт., Ырғ.) тіпті, ең болмаса. *Т о қ ы й б о л м а с а, соны қоя қойшы* (Ақт., Ырғ.).

ТОҚЫЛДАУЫҚТЫҢ ТӘУБЕСІ (ҚХР) пәтуасыз, тұрақсыз. *Оның арақты қойдым дегені т о қ ы л д а у ы қ т ы ң т ә у б е с і* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 171).

ТОҚЫМ СІЛКІР (Гур., Маңғ.) тоқымқағар. *Баласын оқуға шығарып салып, енді т о қ ы м с і л к е р і н жасап жатқандағы* (Гур., Маңғ.).

ТОҚЫМ ТАРТУ (МХР) жөтім құлынды өзгө биеге телу. *Ол телитін биенің арқасын т о қ ы м т а р т ы п, ол биені қуып терлетеді сонан соң тер тоқымды құлынға жауып жабулап қояды да біраздан соң телитін биеге салса, емізіп тез үйренеді* (МХР).

ТОҚЫМАШ (Ақт., Ключ.) кеспе.

ТОҚЫР (Өзб., Ташк.) қой қоңырау. *Т о қ ы р д ы ң даусы онша ұзаққа жетпейді* (Өзб., Ташк.).

ТОҚЫРАТЫП ЖАЮ (МХР) малды тоқтатып жаю. *Қар шетінен шыққан ескілі, жаңалы шөпті жерлерге алдын т о қ ы р а т ы п ж а ю керек. Бұл кезде мал бөлініп қалып қоятындықтан малдың бас-аягын жинап қайыру керек* («Ж. өмір», 21.05.1987).

ТОЛАҒАЙ (Павл., Үрлі.) жалғыз, жеке. *Ахмет өлі үйленген жоқ, т о л а ғ а й басы жұр* (Павл., Үрлі.).

ТОЛАЙЫМ (Ақт.: Қараб., Жүр.) 1. үнемі, ылғи. *Бұзаубай ақын т о л а й ы м үкіметті жырлап өтті* (Ақт., Қараб.). *1945 жылға дейін сауда қызметкері, соғыстан кейін т о л а й ы м колхозшы болдым* (Ақт., Жүр.). 2. түгелімен, толығымен. *Ол бір қораның қиын т о л а й ы м е н ойып алыпты* (Ақт., Жүр.). *Т о л а й ы м тастаған соң екі бөліп, Тіл тартпай тапсырып жан қалды өліп* (Рүс. дас., 125.). *Т о л а й ы м Ертіс бойына есімі мәшһүр болған... Көкебайды көрем деген Еркеннің ойында жоқ еді* (О. Бөк., Өз от. ош., 297). 3. (Түрікм., Красн.) лайықты, мол, толымды. *Бұл күндері еліміз жаңа жылды т о л а й ы м табыстармен қарсы алу үстінде* («Жүм-шы», 17.09.1985).

ТОЛАНУ (Гур., Бақс.) тоналу. *Мен деген осы жасыма дейін 6-7 рет т о л а н д ы м* (Гур., Бақ.).

ТОЛАС (Қ.орда, Арал; Қарақ.) бос. *Қолымның т о л а с ы н д а қауын егіп алдым. Сіз т о л а с с ы з ба?* (Қ.орда, Арал).

ТОЛАУ (Рес., Волг.) жылқыда болатын ауру.

ТОЛҒАЙТТАУ (Орал, Жөн.) толғау. *Махамбет батыр Баймағамбет сұлтаннан қорықпай-ақ т о л ғ а й т т а ғ а н ғой* (Орал, Жөн.).

ТОЛҒАУ (Сем.: Абай, Көкп., Ақс.) талмай жеу, жалмау. *Жемір сиырлар аузына түскен нәрсені бір-екі рет т о л ғ а п жей салады* (Сем., Абай).

ТОЛҚА (МХР) буда, бума. *Онда барсаң бір т о л қ а жіп ала келші* (МХР).

[Монғолша *толгой* буда (Рус.-монг. сл., 240)].

ТОЛҚЫНҒА КӨТЕРУ (ҚХР) жоғары өрлеуге көтеру, жоғары деңгейде еткізу, дабырайту.

ТОЛҚЫМА (Қар.; Жезқ.) қардың кексоқта болып еруі.

ТОЛҚЫП ОТЫРУ (Шығ. Қаз., Больш.) толып отыру, тіресіп отыру. *Киіз үй т о л қ ы п о т ы р ғ а н халық екен* (Шығ. Қаз., Больш.).

ТОЛТЫРМА (Гур., Тең.) балықтың жон етінен істелетін тамақтың бір түрі. *Т о л т ы р м а ғ а пияз, бұрыш қосады, т о л т ы р м а н ы суға қайнатады. Балықшылар т о л т ы р м а н ы сирек істейді* (Гур., Тең.).

ТОЛЫҚПАУ (Қост., Жанг.) шала пісу (бидай туралы). *Дәнін қатырып, т о л ы қ п а ғ а н бидай жармаға ғана жарайды* (Қост., Жанг.).

ТОЛЫҚСЫҒАН (Тау., Қош.) лық толған. *Үйдің іші т о л ы қ с ы ғ а н адам* (Тау., Қош.). Қ. толқып отыру.

ТОЛЫҚТАНУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) толу, семіру. *Ақан біраз т о л ы қ т а н ы п қалыпты* (Шығ. Қаз., Больш.). *Ол біраз т о л ы қ т а н ы п қалыпты* (Тау., Қош.).

ТОЛЫҚТАНДЫРУ (ҚХР) толықтыру. *Біз ол қағазды т о л ы қ т а н д ы р ы п қайта жазуымыз керек* (ҚХР).

ТОЛЫНЫ ТӨГІП, ОРТАНЫ ШАЙҚАУ (ҚХР) байлықты қалай болса солай төгіп шашу.

ТОМАҒА[1] (Рес., Орын.; Ақт., Ойыл; Орал: Чап., Жымп.) самаурынның шоқ сөндіргіші. *Самауырдың т о м а ғ а с ы н сал, қайнап тұрсын* (Орын., Бөр.).

ТОМАҒА[2] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж.) түйық. *Ол өзі әңгімеңді білмейді, ешкіммен сөйлеспейтін т о м а ғ а адам* (Түрікм., Тедж.). Әдеби тілде *томага-түйық* қос сөзінің сыңарында сақталған.

ТОМАЛАУ (Орал, Орда; Ақт., Ойыл) домалау. *Ол арбаның тегершегін т о м а л а т ы п жіберді* (Орал, Орда).

ТОМАР[1] (Қост., Семиоз.) кішкене тайыз көлшіктер. *Т о м а р д ы ң суы қысы-жазы құргамайды* (Қост., Семиоз).

ТОМАР[2] (Сем.: Көкп., Ақс.) еркеш-еркеш, ойдым-ойдым жер. *Мына жер т о м а р л ы жер екен, ат жарысына қолайлы бола қоймайды* (Сем., Ақс.).

ТОМАР БОЯУ (Жамб., Шу) қырға, сортаң жерге шығатын өсімдік. *Т о м а р б о я у д ы ң тамырын күзде қазып алып, тері бояйды* (Жамб., Шу).

ТОМАР ДҮЗГЕН (Қ.орда, Арал) құмда өсетін өсімдік.

ТОМАР ЖУСАН (Қ.орда, Қарм.) түсі қарақөк, бойы жарты метр, сабағы жіңішке, майда жапырақты құмды жерге шығатын шөп.

ТОМБЫҚ (Қарақ.) 1. егін егетін жерді білдіретін белгі; жерді қазып үйіп қою. 2. жүгері, қауын-қарбыздың жақсы өнуі үшін түбіне үйілген топырақ.

ТОМПАҚ (Түрікм.: Бекд., Красн.) 5-6 қап шамасындағы сульфат үйіндісі. *Кешегі 7-8 т о м п а қ жауын астында қалатын болды* (Түрікм., Бекд.).

[Түрікменше *топбақ* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ТОМЫРТҚА[1] (Орал, Орда) су қосқан сорпа.

ТОМЫРТҚА[2] (Қарақ.) арықтың сағасында көмілген құмыра тәріздес ыдыс. Бұл арық жырылып, судың далаға кетіп қалмауы үшін жасалады.

ТОМЫРТҚАЛАУ (Жамб., Шу; Қар., Шет) суыту, салқындату. *Сорпаны т о м ы р т қ а л а п бермесең, аузы күйеді* (Қар., Шет). *Ілгеріде ет жеген соң сорпаны т о м ы р т қ а л а п ішуші едік* (Жамб., Шу). *Бірер легенге суды т о м ы р т қ а л а п алам да үсті-басымды бір сабындап жіберіп, басымнан аягыма шейін шайынам* (Ө. Қан., Құд., 156).

ТОМЫРЫЛУ (Жамб., Шу) тесілу. *Су таситын бөшкеміз т о м ы р ы л ы п, бітейтін ұста жоқ* (Жамб., Шу).

ТОН (МХР) шарана. *Құлын туа салысымен т о н ы н жару керек. Әйтпесе құлын т о н ы н а тұншығып өліп қалуы да мүмкін* (МХР).

ТОНА (Орал, Орда; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) сонау, анау. *Т о н а д а активтердің жұмысының кемшілігін сынады* («Жұм-шы», 22.08.1939). *Көрінген т о н а д а й д а н Гурьевім, көрмедім Гурьевтей жер білігін* (Гур., Маңғ.). Қ. ту.

ТОНАЛУ (Сем.: Абай, Шүб.) дем алу, оқалу. *Қайса демалыс кезінде т о н а л ы п қалыпты* (Сем., Абай).

ТОНАУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.; Орал) сонау, анау. *Т о н а у жұктің астындағы қайрақты алың* (Түрікм.,

Мары). *Түбіржік дегенің т о н а у корінген қырдың ар жағында* (Гур., Маңғ.). Қ. тона.

ТОНАУЛЫ 1. (Түрікм.: Красн., Таш., Көнеүр., Ашх.) жасаулы, дүниелі. *Келіні т о н а у л ы келіпті* (Түрікм., Красн.). 2. (Тау., Қош.) бай, ауқатты. *Бұрын әйел атаулы сатулы еді, олар т о н а у л ы кісілерге кететін* (Тау., Қош.).

[Қарақалпақша *тонлыбай* дәулетті (Карак.-рус. сл., 1958)].

ТОНАУСЫЗ (Шығ. Қаз., Больш.) кедей, түрмысы нашар.

ТОНДЫ (Алм., Кег.) қауызды. *Таза бидайды қамбаға жіберіп, т о н д ы бидайды тазалауға қалдырдық* (Алм., Кег.).

ТОН ЖИЕК (Қост., Жанг.) қалың шоптің, шабындықтың жиегі.

ТОН-ТОНАУ (Сем.: Абай, Шүб.; Тау., Қош.) ат-тон, бағалы сыйлық. *Ол т о н-т о н а у ы н өзі алды* (Сем., Абай). *Ол т о н-т о н а у әкеліп жұрағатына таратты* (Тау., Қош.).

ТОНЫ СҰЛУ ТҰҒЫР (ҚХР) кеще, тоғышар.

ТОҢҒАРУ (МХР) лау атын тартып міну. *Уәкілдер мінген аты жүрмей қалса, меденчінің атын т о ң г а р ы п мінеді* (МХР).

[Моңғолша *тонгорох* қайыра басып жығу; тонкеру (Моңғ.-қаз. соз., 184)].

ТОҢ СИЫР (Жезк., Ұлы.) қашып кеткен сиыр. *Нөгербектің екі т о ң с и ы р ы бар* (Жезқ., Ұлы.).

ТОҢ-ТОРЫС (Қ.орда, Арал) тоң мінез; қыңыр. *Қайсыбір тым жақсы істерін т о ң-т о р ы с мінезі жоққа шығарып зая кетіретін* (Ә. Нүрп., Курл., 202). *Дархан жақ ашпай, т о ң-т о р ы с жүре берді* (Б. Қойш., Дүние – кілт, 33).

ТОҢ ҰРУ (Қ.орда, Арал) малдың асты тоң болып, суық отуі. *Бәрінен де т о ң ұ р ғ а н жаман* (Қ.орда, Арал).

ТОҢШОТ (Жамб.: Жам., Тал.) жер қазатын кішкене шот, тесе.

ТОҢЫРАЙЫҢҚЫ (Сем.: Кекп., Акс.) кісіге жанасымы жоқ, томсырайған адам. *Бұлар т о ң ы р а й ы ң қ ы жандар көрінеді* (Сем., Көкп.).

ТОҢЫРТҚА (Гур., Маңғ.) тоғанға жиналған суды сыртқа ағызып жіберуге арналған түтік. Аузының киіз тығыны болады.

ТОП (МХР) қалың, гүлді жылтыр мата.

ТОПАЙ[1] (Ақт., Тем.) мал жатқан жерден ойып алынатын тезек. *Қысқа қарсы т о п а й жағамыз* (Ақт., Тем.).

ТОПАЙ[2] (Түрікм., Таш.) түйе асығы. *Адай елі түйе асығын т о п а й деп атайды* (Түрікм., Таш.).

ТОПАЙ[3] (Рес., Орын.) топас. *Жаңаша әріпті танымаймын, оған т о п а й л а у м ы н* (Орын., Ад.).

ТОПАЙ ҚҰЛАҚ (Қ.орда, Қарм.) жүмырлау құлақ. *Т о п а й қ ұ л а қ жылқы көбіне мініс көлігі болып есептеледі* (Қ.орда, Қарм.).

ТОПАЛАҢ (Шығ. Қаз., Больш.) малда болатын жүқпалы ауру. Басқа жерлерде бұл тек қойға тән ауру ретінде айтылса, Шығыс Қазақстанда ол торт түлік малдың бәріне де тән.

ТОПАЛ ПЫШАҚ (Рес., Астр.) отпейтін пышақ. *Бізде т о п а л п ы ш а қ болмайды, бәрі өткір* (Рес., Астр.).

ТОПАН 1. (Гур., Есб.; Орал, Орда) егінді бастырғаннан соң шыққан сабан. *Егіннің т о п а н ы м е н үйдің төбесін жабады* (Орал, Орда). Кейде *мәкин* дейді. *Кірпіш басуға біраз т о п а н әкелмесе болмайды* (Гур., Есб.). 2. (Ақт., Ырғ.) тезектің ұсағы, үгіндісі, ұшырындысы. *Т о п а н д ы малдың астына саламыз* (Ақт., Ырғ.).

ТОПАНДЫ (МХР) қомақты. *Осы тәсілмен тері-терсек, жүн-жұрқа, басқа да т о п а н д ы заттар машинамен келтіріледі* («Ж. өмір», 14.02.1985).

ТОПАН СУЫН ТОБЫҒЫНАН КӨРМЕУ (ҚХР) өзіне еш нәрсені тең кормеу.

ТОПАНША (Орал, Жән.) 250 грамдық тас шай. *Сатушы бір қолға бір т о п а н ш а шайдан беріп жатыр* (Орал, Жән.).

ТОПАР (Түрікм.: Ашх., Гяу., Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Байр.; Қарақ.) жиын, топ. *Бір т о п а р адам кетіп барады* (Түрікм., Көнеүр.). *Бірақ ол бұрыңғы қызметінен кетуін өз қылығынан емес, Нұржановтан көріп топ құрып, т о п а р сайлап, соңына түсті* («Соц. күр.», 26.01.1984).

[Түрікменше *топар* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *топар* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ТОПАР АЯҚ (Гур., Шевч.) қойдың түяқ ауруы.

ТОПАР БОЛУ (Қост., Торғ.) отпей қалу (балта туралы). *Қостапияр балтаң т о п а р б о л ы п қалыпты гой* (Қост., Торғ.).

ТОПАТАЙ (Алм.: Нар., Қарат.; Жамб., Шу) ағаштан не қайыңның қабығынан жасалған кішілеу шелек. *Бүгін т о п а т а й м е н ат суардым* (Алм., Қарат.). *Сусын құйып апарған т о п а т а й шелектегі іркітті қуыс құраймен сыздықтатып сорып ішіп тауысам да, қайтадан бүркеп, тұк көрмеген пендеше аңызға шалқамнан түсіп жата кетем* (М. Мақ., Шығ., 4-т., 31).

ТОПА-ТОРЫСТАН (Қарақ.) күтпеген жерден.

ТОПКӨЗ (МХР) мінілмеген ат семіргенде қазысының домалақ-домалақ болып бөлінуі.

ТОПҚЫШ (Алм., Шел.) топса. *Есіктің т о п қ ы ш ы н сал* (Алм., Шел.).

ТОПЛАМ (Қарақ.) жинақ.

ТОППАС (Түрікм.: Красн., Бекд., Қиян., Небид.) басында дәні бар, мал азығына жарамды аласа тікенді өсімдік.

ТОПСА (Кокш., Қ.ту) топса көрген, өмір көрген, тәжірибелі. *Жамбыл т о п с а көрген кісі гой, коп сөз біледі* (Кокш., Қ.ту).

ТОП АЯҚ (МХР) ақсақ. *Бірлестік биылдан бастап кемтар туған, т о п а я қ толдерді енесімен бірге бөлектеп ащы, су жеткілікті, балаусалы, жылы ой жерге шагындап пішен алаңының сақшысы мен дикандарга жауаптандырып бақтырган* («Ж. өмір», 22.07.1985).

ТОП ТАРҚАТАР (Гур., Маңғ.) айырылысу, бөліну салты, бір жаққа кететін адамдарды шақырып қоиақ ету салты. *Көшетін үйді шақырып бүгін бір т о п т а р қ а т а р жасалық* (Гур., Маңғ.).

ТОП ТАЯҚ Қ. шұңқыр талас.

ТОПУ (Рес., Орын.; Ақт., Ырғ.; Орал, Чап.; Қ.орда, Арал) бату, батыру. *Біздің солдаттар көпірді минамен бүзганда немістер суга т о п ы п жатты* (Орын., Ад.). *Қойды суга тогытқанда оның арқасын суга т о п ы т ы п отыр* (Ақт., Ырғ.). *Мал суга т о п ы л ы п жатты* (Орал, Чап.).

ТОПЧЫ[1] (Алм., Шел.) топса. *Есіктің т о п ч ы с ы сынып қалды* (Алм., Шел.).

ТОПЧЫ[2] (Жамб.: Мер., Қорд.) түйме. *Т о п ч ы ң үзіліп қапты* (Жамб., Қорд.).

ТОПЧЫ[3] (МХР) қысқа, түйін, қысқаша. *Т о п ч ы жауап беретін көп сөйлемейтін адам еді* (МХР).

[Монғолша *товч* қысқа, қысқаша (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 181)].

ТОПЧЫЛАУ (МХР) қысқарту. *Чуылгынның материалын т о п ч ы л а п алдым. Т о п ч ы л а п айта сал* (МХР).

[Монғолша *товчлох* қысқарту (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 193)].

ТОПЫ 1. (Жамб., Сар.; Шымк., Сайр.; Қар.: Шет, Нүра; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) тақия, төбетей. *Айдап жүрмін опымды, айналдырып кидім т о п ы м д ы* (Қар., Нүра). *Осы күні дүкенге не сықылды т о п ы л а р түсетін болыпты* (Қ.орда, Сыр.). *Жазда т о п ы киген жарасымды* (Шымк., Сайр.). Қ. допы, төбетей. 2. (Қарақ.) жас балаға мақта салып сырып тіккен бас киім.

ТОПЫЛУ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Мары, Таш.; Гур., Маңғ.; Ақт., Ырғ.) иін тіресу, топырлау. *Адамдар т о п ы л ы п кіріп отыр* (Түрікм., Таш.). *Бәрің бірдей т о п ы л м а й кейін тұрыңдар* (Гур., Маңғ.). *Сұрақты қарша боратып, т о п ы л т ы п - ақ тастадым* («Жұлдыз», 1986, №6, 108).

[Түрікменше *топлум* тобыр, топ (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ТОПЫРАҒЫ ЖЕҢІЛ [АДАМ] (ҚХР) бірденеге оңай ілігетін адам.

ТОПЫРАҒЫ ҰШУ (Маң., Шевч.) абыройлы болу, атағы шығу, жүртқа белгілі болу. *Қашаган өз уақытында т о п ы р а г ы ұ ш қ а н ақын болыпты. Исатай мен Махамбет т о п ы р а г ы ұ ш қ а н батыр болган* (Маң., Шевч.).

ТОПЫРАҚ (Түрікм.: Ашх., Анн., Гяу., Тедж.) түкті кілемнің шетіндегі жалпақтығы 4-5 см тақыр жер. *Т ө п ы р а қ көбіне боялмаган ақ жіп қалпында қалады* (Түрікм., Ашх.).

ТОПЫРАҚ АЙДАУ (ҚХР) ажал айдау. *Ол от басымен бір аптаның алдында гана осы ауылга көшіп келген еді, кеше қайтыс болды деп естідім, т о п ы р а қ а й д а п келген екен -ау байқусты* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 170).

ТОПЫРАҚ ҚОЛ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) саусағы жоқ, шолақ қол. *Ол сені т о п ы р а қ қ о л м е н-а қ бір жәйлі етеді* (Түрікм., Көнеүр.).

ТОПЫРАҚ СУЫ (МХР; Сем.: Үрж., Мақ.; Жамб., Шу) егінге бірінші рет берілетін су. *Егінге әлі т о п ы р а қ с у берілген жоқ* (Сем., Үрж.). *Жергілікті партиялық, мемлекеттік, бақылау және қогамдық ұйымдар егіншілік өндірісінің сатылы түрде жүрілетін жүйелі жұмыстарына қатаң бақылау қойып, т о п ы р а қ с у ы н а н бастап түсім жинауга дейінгі жұмыстың әрбір кезеңіне бага береді* («Ж. өмір», 7.05.1985).

ТОПЫРАҚ СУЫРУ (Қ.орда, Арал) топырақ борату.

ТОПЫРЫШ АТ (Қост., Об.) шабан, жүрісі кем ат. *Т о п ы р ы ш а т қамшысыз жүрмейді* (Қост., Об.). *Әй, Жамантай-ай, қойга мінуге де жарамайтын осындай қыршаңқы т о п ы р ы ш а т т ы күні кеше бәйгеден келтірдің гой* («Жұлдыз», 1986, №6, 87).

ТОР[1] (Түрікм.: Қиян., Бекд., Қулы., Красн.) балық аулайтын ау. *Т о р д ы ң сан-қилысы бар біздерде* (Түрікм., Қиян.).

ТОР[2] (Шымк., Түлк.) жапқыш, жамылғыш. *Жатарда көрпесінің үстіне т о р салып берді. Т о р д ы төсекке жапшы* (Шымк., Түлк.).

ТОРАҚ (Қарақ.) малта, күрттың езілген түрі, қысқы астың қатық түрі. 2. қайнатылған сүзбенің меске салып, кептірілген түрі.

ТОРАЛАҚАЗ (Қ.орда, Қарм.) түсі ақ, қара қанат, жіңішке ұзын сирақты құс. *Т о р а л а қ а з дарияның қайырлау жерінде отырады. Балық ұстап жейді* (Қ.орда, Қарм.).

ТОРАМ (Сем.: Үрж., Аяг.) торап. *Тоғыз жолдың т о р а м ы* (Сем., Үрж.).

ТОРҒАЙ АУЫЗ (МХР) темір ұста қышқашының үшкірлеу келген ең кішкене түрі.

ТОРҒАЙОТЫ (Жамб., Шу) сортаң жерге шығатын быртық шөп. *Т о р ғ а й о т ы малдың күзде жейтін шөбі* (Жамб., Шу).

ТОРҒАУЫТ (МХР) монғол тектес ру. *Сол қанатта Алтай округінің әскери-шекара басынан, оңда Хэбэй амбыннан кепілдік алған Жылқышы: «Жұртбайға енді қамшы ұшын бермеспін» деп ойлады. Ұранхай, дөрбет, тыва, т о р ғ а у ы т төрелерімен тіл табысса осы орны беки берерін ұқты* (С. Тәу., Арм. тау, 101). *«1914 жылы көптеген жылдардан соң, алғаш қазақ, урианхай, т о р ғ а у ы т феодалдары Лю Чойбан, оның әкімшілігінің қызметкерлеріне жаңа жылдық құттықтауға келгенді қойды» делінген* (А. Сарай, Рев. бүр. Монғ. қаз., 40).

ТОРҒУ (МХР) салық салу. *Рұқсатсыз ағаш кестің деп т о р ғ ы п тастады* (МХР).

[Монғолша *торгох* айыптау, айып салу (Монғ.-каз. сөз., 1954, 185)].

ТОРҒУЫЛ (МХР) салық. *Чидінге көп уақыт бермедің деп т о р г у ы л жазып кетті* (МХР).

[Монғолша *торгууль* акшалай айып (Монғ.-каз. сөз., 1954, 185)].

ТОРҒЫН-ТОРҚА (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) киім-кешек, тон. *Ол т о р ғ ы н-т о р қ а с ы н киіп қайда барады?* (Шығ. Қаз., Больш.).

ТОРДАН ТҮСІП ҚАЛУ (ҚХР) жазадан құтылып кету.

ТОР ЖАЮ (ҚХР) қылмыстыларды көп еріп жүріп қолға түсіру.

ТОРКЕКПІР (Ауғ.; Ир.) ожау, сүзгі.

ТОРКӨЗ (МХР) он төрт көкті керегенің төртбұрышы тар көз тесігі. *Не алам десең де берейін, бір үйдің т о р к о з керегесін істеп бер* (МХР).

ТОРҚА[1] (Алм., Іле) елек, қалбыр. Қызылша егісінің жерін өңдеу үшін малдың қиын, қалдығын уақтап елейтін елек.

ТОРҚА[2] (Қ.орда: Сыр., Жал.) кенеп. *Т о р қ а сөзі бұл елде жібек мағынасында қолданылатын еді* (Қ.орда, Сыр.).

ТОРҚАЙШЫҚ (Гур., Маңғ.) кеме, қайықтағы балықтарды түсіріп алу үшін қолданылатын сүзгі.

ТОРҚЫН (Шығ. Қаз., Больш.) торқа. *Тоғыз қабат т о р қ ы н и а н тоқтышағымның терісі артық* (Мәтел). Қазақстанның көпшілік жерінде «Тоғыз қабат торқадан тоқтышағымның терісі артық» күйінде айтылады.

ТОРЛАМА (Шымк., Сайр.; Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал.; Жамб.: Луг., Св., Қорд., Мойын.) сырты тоқыған тор тәрізді тәтті кауын. *Т о р л а м а н ы ң қабығы жұқа, іші қызғылт болады* (Шымк., Сайр.). *Сары т о р л а м а, қара т о р л а м а болып екіге бөлінеді. Бұл қауын өте дәмді 5-6 килограмға дейін барады* (Қ.орда, Сыр.). *Бүгін қамаудан кейін Арман үй жаққа барып, бір жақсы иісті т о р л а м а қауынды әкелді де соя бастады* (М. Әу., Өскен орк., 118).

ТОРЛАУ (Жамб., Тал.) байқау, аңдау, аңғару. *Бақтыбай жолаушының айтқан сөзінен оның кім екенін т о р л а д ы* (Жамб., Тал.).

ТОРМАН (Гур., Тең.) сазанның ең кішкенесі, ұсағы. *Теңізде т о р м а н көп, бірақ балықшылар т о р м а н д ы ауламайды. Т о р м а н н ы ң өсіп-өнуіне жағдай жасалды* (Гур., Тең.).

ТОРМАТА (Ауғ.; Ир.) дәке (марля).

ТОРПАҚ (Қарақ.; Шымк.: Мақт., Арыс, Қызылқ.) топырақ. *Т о р п а ғ ы жаман болған соң шықпай қалды* (Шымк., Мақт.). *Жерді белмен (қ.) босатамыз да т о р п а қ қ а су жібереміз* (Қарақ.).

ТОРСАДАЙ-ТОРСА (Қар.; Жезқ.; Қост., Жанг.) тосыннан-тосын, кенеттен. *Сенікі не т о р с а д а й-т о р с а келіп қойып қалғаның* (Қост., Жанг.).

ТОРСЫЛДАҚ (Гур., Тең.) түсі ақ, жұмыртқаның шеліне үқсайтын балықтың ішкі мүшесінің бірі. Екі ұшы жіңішкелеу келіп, ішкі омыртқаның ұзын бойын алып жатады. *Т о р с ы л д а қ т ы ң іші толған ауа болады* (Гур., Тең.).

ТОРТА 1. (Гур., Тең.) *е*тінде тікені, сыртында қабығы бар, кішкене балық. Орысша *вобла. Т о р т а н ы ң түрлері көп.* Көкмойын *торта*, қызыл қанат *торта*, ақ *торта*, т.б.

Тортаның еті онша дәмді емес. Қыс мезгілінде ауланады. Балықшылар шабақ балықтай емес, оны сүйіп жемейді. Тортаның салмағы әр түрлі. Ең үлкені жарты килодай, одан да үлкені болады. Астрахан қазақтары тортаны *қаракөз* дейді, Оралда *сарға*. **2.** (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) үлкен ақ балық, сазан балықтың бір түрі. *Т о р т а н ы ң қылтанағы көп болады* (Ақт., Ырғ.).

ТОРТА АУ (Қ.орда, Арал) дарияда қайықпен жүріп ағынға салып, торта балық аулайтын ау. Бұл ауды кейде *ағызбай ау* дейді.

ТОРТ КІСІ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) мінезі морт, шәлкестеу, шатақ, қыңыр кісі. *Біздің ағатай да, т о р т к і с і екен* (Тау., Қош.).

ТОРЫҚ (Жамб., Луг.) қамап алып тінту.

ТОС[1] (Түрікм.: Красн., Бекд., Қиян.) сульфат. *Т о с т ы осы қызыл судан аламыз* (Түрікм., Бекд.). *Т о с ш ы л а р қол ұрады асыртасыр, Салса күрек сіңеді патыр-патыр* («Қарабұғаз.», 1.02.1937).

ТОС[2] (Қ.орда, Арал) теңіздің толқынымен жағаға шығып қалған шөп-шалам. *Қайықты т о с т а н тазартып, әбден шаршадым* (Қ.орда, Арал). Қ. тосап[1].

ТОСАП[1] (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі) теңіздің жағаға шығарып тастаған шөп-шаламы, су бетіндегі шөптің қалдығы, қоқымы, қамыс шірігі. *Мына шелектегі су т о с а п т ы екен* (Қ.орда, Арал). *Теңіздің жағаға шығарып тастаған т о с а б ы н тыңайтқыш есебінде қолдануға болады* (Қ.орда, Қарм.). *Ой жердің суы сарғайып, сары т о с а п баспасын. Биік жағы күрмек бел, берекесі қашпасын* («Қ. ту», 1939, №50). Қ. тос[2].

ТОСАП[2] **1.** (Павл., Леб.) қайнатқан сүтке сары майды, қойдың майын салып, араластырған тағам. **2.** (Сем.: Шүб., Абай) сүт, жұмыртқа, май, т.б. қосып қайнатып жасалған тамақ. *Т о с а п т ы босанған әйелге және жел ауруы бар адамдарға береді* (Сем., Абай).

ТОСАП[3] (Сем.: Көкп., Ақс.) **1.** бұрынғы кезде тәуіптердің ауру кісіге беретін дәрісі. **2.** айранға су қосып жасалған шалап. *Күн ыстықта суық т о с а п ішу керек, ол өте жақсы сусын* (Сем., Ақс.).

ТОСАП[4] (Гур., Маңғ.) сілікпе. *Жас малдың етін көп қайнатсаң т о с а п болып кетеді. Етіңді т о с а п қылмай тұсір* (Гур., Маңғ.).

ТОСАП[5] (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж.) құрайдың жас көзіндегісін қайнатып, дәрі есебінде дайындалған нәрсе.

ТОСАП[6] (Рес., Астр.) көбік. *Ет қайнатқанда сорпаның бетіне т о с а п шығады, оны қалқып алады* (Рес., Астр.).

ТОСАП ҚЫМЫЗ (МХР) қымыз бен сиыр сүтін араластырған қоймалжың сусын.

ТОС КЕЛІ (Қ.орда, Арал) кішкентай шойын келі.

ТОСПА (Көкш., Қ.ту) топса. *Сынған т о с п а н ы өңдеттің бе?* (Көкш., Қ.ту).

ТОСПАЙ 1. (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал) жазғытұрым иірімге ұсталған сүзекі ау. *Махамбет т о с п а й д ы қолдан жасауды біледі* (Гур., Маңғ.). **2.** (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі) қалтарыс жерде тұрып балық аулайтын құрал. *Балық аулаудың толып жатқан әдісінің бірі – т о с п а й* (Қ.орда, Қарм.).

ТОСПА ҚҰМАН (МХР) қабырғаға іліп қоятын шойын, темір жуынғыш. *Асхананы салфеткалы, ауыл-үйдің толық ақ көрпелі, т о с п а қ ұ м а н д ы әр адамды, бор-щеткалы, бет орамалды болғызу қатарлы тұрмыс салтының қарапайым нормаларының өзін сақтау айырықша талап етілді* («Ж. өмір», 4.06.1987).

ТОСПАЛ (Өзб., Бост.; Қарақ.) тұспал. *Оның т о с п а л д а п айтып тұрған сөзін байқамаппын* (Өзб., Бост.).

ТОСПАУ (Ақт., Ырғ.) аудың шағын түрі. *Балықшылар аудың қылта жеріне т о с п а у құрды* (Ақт., Ырғ.).

ТОСПАША (Жамб., Жам.) суаруға қолайлы істелген бақшалық егістің бөлшегі. *Жерімді т о с п а ш а қып, сәбіз егуге даярлап қойды* (Жамб., Жам.).

ТОСТАҚ (Түрікм., Красн.) үлкен зөрең ыдыс. *Боранды күні бір т о с т а қ құрт қосқан сорпа ішіп алсаң болды, қандай суық болса да маңдайыңнан шып-шып тер шығып жүресің* (Түрікм., Красн.).

ТОСТАҚАН (Гур., Есб.; Орал: Орда, Казт.) тостаған. *Баланың т о с т а қ а н ы н а шұбат құй* (Орал, Орда).

ТОСТАҚАН БАҚА (Орал: Чап., Жымп.) тасбақа. *Т о с т а қ а н б а қ а біздің жерде көп болады* (Орал, Жымп.).

ТОСЫН[1] (Көкш., Щуч.; Қост., Жанг.; Ақт., Қараб.) тың жер. *Малды т о с ы н г а апару, т о с ы н г а жаю. Малдың жайылымы тозды, ертең т о с ы н жерге қонамыз* (Қост., Жанг.).

ТОСЫН[2] (Өзб., Ташк.; Жамб., Жам.) үйдің төбесіне көлденеңінен салынатын ағаш мәтке, арқалық. *Там үйдің төбесіне т о с ы н*

керек, бірақ т о с ы н әлсіз болмасын (Жамб., Жам.).

ТОТ (Шымк., Арыс; Қ.орда, Арал) осал, төзімсіз. *Қарағаш қайыңнан гөрі т о т т а у болады* (Қ.орда, Арал).

ТОТАТ (МХР) ішкі.

ТОТИЮ (Сем., Абай; Шығ. Қаз., Больш.; ҚХР) құрқол, құралақан қалу, тақыр жерде отырып қалу. *Ол сендерді т о т и т ы п кетіпті гой* (Шығ. Қаз., Больш.). *Шопір комір ала алмай, т о т и ы п өзі келді* (Сем., Абай). *Бұйте берсең, абыройыңнан жұрдай болып жалғыз қалып т о т и я р с ы ң, білдің бе?* (К. Ораз., Ақ жаз., 226).

ТОТОН (Ауғ.; Ир.) темекінің жапырағы.

ТОШАҒАШ (Жезқ., Ұлы.) кереует. *Кісіге т о ш а г а ш қ а сал төсекті* (Жезқ., Ұлы.).

ТОШАЛА[1] (Шығ. Қаз., Больш.; Сем.: Ақс., Көкп., Үрж.; ҚХР; Тау., Қош.) тауда өсетін дәмі қышқыл жеміс түрі. *Біз тауға шығып т о ш а л а теріп жедік* (Сем., Ақс.). *Т о ш а л а н ы ң тікенегі киімді іліп жібермейді* (Сем., Үрж.). *Біз т о ш а л а теруге барамыз* (Тау., Қош.). Қ. дошала.

ТОШАЛА[2] **1.** (Алм.: Кег., Шел.; Талд., Ақсу; Сем.: Ақс., Кокп.) шошала; тобесі тесік және шатырша етіп жапқан азық-түлік қоятын, ас пісіретін үй. *Тұтін шығу үшін немесе жағымсыз иіс шығып, ауасы таза болып тұру үшін т о ш а л а н ы ң төбесі тесік етіп жасалады* (Сем., Акс.). *Т о ш а л а г а сойған малдың етін қояды, кептіреді* (Алм., Шел.). **2.** (Ауғ.; Ир.) түпкі үй.

ТОШАЛА[3] (Ақт., Қараб.) сәйгел, оқыра. *Сиырға т о ш а л а тие бастады* (Ақт., Қараб.).

ТОШАЛ ҰЙ (МХР) артық үй бұйымдары мен азық-түлік қоятын үй.

ТӨБЕ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі, Арал) малды сойып, бөлісіп алудағы халық өлшемінің түрі. *Бір жылқыны 12 т ө б е г е бөледі. Солтүстік аудандағы тұрғын қазақтары сирақ десе, біз т ө б е дейміз* (Қ.орда, Қарм.). *Балам, сойған тайыншаның бір т ө б е с і н барып алып кел* (Қ.орда, Арал). *Жә, оқасы жоқ, бес алты үй т ө б е л е п ала қойыңдар* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 244).

ТӨБЕЛДІРІК[1] (Жамб.: Шу, Мойын., Мер.; Қ.орда: Жал., Қарм.; Қарақ.) самаурынның от өшіргіші. *Самауырдың т ө б е л д і р і г і н жап, қайнап кетті* (Қ.орда, Арал).

ТӨБЕЛДІРІК[2] (Жамб., Шу) жүгеннің төбеге келетін бөлігі.

ТӨБЕЛДІРІК[3] (Қост., Жанг.) мәтке (к.), белағаш (к.), арқалық (к.). *Жер үйдің т ө б е л д і р і г і жуан болса жақсы болады* (Қост., Жанг.). *Шығырдың бір ағашы т ө б е л д і р і к, тартады сары ала өгіз айналдырып* (Қост., Жанг.).

ТӨБЕЛДІРІК[4] (Гур., Маңғ.) үйдің, мешіттің сыртқы күмбезі. *Уақпақ атаның т ө б е л д і р і г і көрініп тұр* (Гур., Маңғ.).

ТӨБЕЛЕУ[1] (Шымк.: Сайр., Түлк.) **1.** таптау, басу. *Аягының астындағы тұт ағашының жапырағын т ө б е л е м е* (Шымк., Сайр.). **2.** үру, соғу. *Бұрын бидайдың бауын таяқпынан да т ө б е л е й т і н едік* (Шымк., Түлк.).

ТӨБЕЛЕУ[2] (Павл., Үрлі.) қайталау. *Айтқан сөзіңді т о б е л е й берме* (Павл., Үрлі.).

ТОБЕМ-ТӨБЕ (Павл., Ерт.) тобе-тобе. *Орылған бидайдың сабаны т о б е м-т о б е болып жатыр* (Павл., Ерт.).

ТӨБЕН Қ. тобан[1].

ТОБЕСІН ҚАШАУ (ҚХР) тепкіге алу, кормегенді корсетіп қинау.

ТОБЕСІНЕ ЖАҢҒАҚ ШАҒУ (Өзб., Ташк.) әкіреңдеп, тынышын алу.

ТОБЕСІНЕ ҚҰЙ ҚАЗУ (Озб., Ташк.) күн көрсетпеу, тыныштық бермеу.

ТӨБЕСІНЕ ШАЙ ҚАЙНАТУ (ҚХР) құлақ етін жеу, қажау. *Мұрат мұны естітін болса, т о б е с і н е ш а й қ а й н а т а д ы* (ҚХР).

ТОБЕТАЙ (Өзб., Ташк.) тақия, тебетей. *Пернебек балаларына Бұхарадан әдемі-әдемі т о б е т а й л а р әкеліпті* (Өзб., Ташк.).

ТӨБЕТЕЙ (Ақт., Ырғ.; Рес., Орын.) тақия, тебетей. *Т ө б е т е й киген балалар жүр* (Ақт., Ырғ.). *Он жетінші ауылдағы Иса Төрегенұлы 10-20-дай масаты т ө б е т е й әкеліп, басын жарты тұт бидайдан сатып, зиянын тигізіп отыр* («Екп. балықшы», 1932, №45). *Т ө б е т е й і м д і гана киіп шығып едім, суық тиіп қалыпты* (Орын., Ад.).

ТОБЕ ШАЙ (Рес., Орын.) түтін өшіргіш. *Т ө б е ш а й ы н мықтап жап, қарағым* (Орын., Ад.).

ТОБЕШІЛДІК ІСТЕУ (ҚХР) топ құру, топқа бөліну.

ТОГЕРЕК (Павл., Ерт.; Кокш., Енб.) тоңірек. *Әлгі жіберген атты т ө г е р е к к е көз салып таба алмадым* (Көкш., Еңб.).

ТӨГУ[1] (Ақт., Ойыл) жазу, аудару. *Отчет бойынша, бар есепті книгага т о г і п отырмын* (Ақт., Ойыл).

ТӨГУ[2] (Жамб., Мер.) өткізу, тапсыру. *Былтырдан т ө г і л м е й қалған біраз ет бар. Нөлекті Жамбыл қаласына апарып т ө г е д і екен* (Жамб., Мер.).

ТӨГІН (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) жер тыңайтуға жұмсалатын көң, қорда.

[Түрікменше *дөкүн* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *төгин* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ТӨГІРІК (МХР) Монғолияның ақша бірлігі (*тугрик*). *Одар бұл нәсте үшін қанша төгірік сұрап тұрғанын білесің бе?* (МХР).

ТӨЖУ (Ақт., Ырғ.; Рес., Орын.) төзу. *Сенің бұл ісіңе адам төжіп болмайды* (Ақт., Ырғ.).

ТӨЙГЕЛЕУ (МХР) қозы, лақты өзінің немесе өзге енеге телігенде айтылатын сөз. *Тоқты туса күшеніп, Жоқты табады десеңші? Айнала маңырап анасы, Арманда қалады десеңші? Оны ұрлаған иесі, Түнде тұрып төйгелеп, Мазаңды алады десеңші?* (М. Құрман.).

ТӨК (Гур., Маңғ.) өлі шөптің дәні, қикымы (жерге төгілгені). *Мал күзге қарата өлі шоптің төгін жерден ұйпалап жейді* (Гур., Маңғ.).

ТОКӘ Қ. тоқа.

ТӨКПЕ (Өзб., Ташк.) қамыстан тоқылған кепе қабырғасының сыртынан жел соқпау үшін қосымша қамыс не қоғаны қаптау.

ТӨКПЕ ШЫҒАРҒЫШ (Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж.) суырып салма. *Қашаған Нұрымдар төкпе шығаргыштар гөй* (Түрікм., Красн.).

ТӨЛБІЛГЕ (МХР) жоспар.

[Монғолша *төлөвлөгөө* жоспар, *таван жилийн төлөвлөгөө* бесжылдық жоспар (Рус.-монг. сл., 1954, 446)].

ТӨЛБІР (МХР) төлем. *Биыл жұт қатты боп, мал кеміді. Жұн планы кеміді, көп төлбір жазды* (МХР).

[Монғолша *төлбөр* толем (Рус.-монг. сл., 378)].

ТӨЛЕ (Түрікм.: Небид., Тедж., Мары; Қарақ.) жерден қазылған үй.

ТӨЛЕ ҚОРА (Қарақ.) жайма ашық қамыс қора.

ТӨЛКІ[1] (Гур., Маңғ.) реті. *Ол істің төлкін біледі* (Гур., Маңғ.).

ТӨЛКІ[2] (Қ.орда, Арал) дөңгелек қажалмау үшін қойылған жалпақ дөңгелек темір. *Дөңгелектің төлкісі қажалып іске жарамай қалыпты* (Қ.орда, Арал).

ТӨЛӨЛІКЧІ (МХР) өкіл. *Біздің ауылдан Өшетай құрылдың төлөлікчісі сайланып барды* (МХР).

[Монғолша *төлөөлөгч* өкіл (Рус.-монг. сл., 515)].

ТӨЛ ТАРЫ (Қ.орда, Арал) жергілікті жердің, Сыр бойының тарысы. *Қыр тарыдан төл тары өнімді болады гой* (Қ.орда, Арал).

ТӨЛЧІ (МХР) сақпаншы, сақманшы. Қой қоздағанда төлін асырауға жәрдемдесетін адам. *Малшы, төлшілерінің 52,5 процентті үстіміздегі жылдың бастапқы 7 айында малын шығындатып, авангардтық міндетін орындай алмаған* («Ж. өмір», 5.09. 1983).

ТӨМЕНШІКТЕП КЕТУ (Шығ. Қаз., Больш.) төмендеп кету. *Ол бұрынғы қызметінен төменшіктеп кетті* (Шығ. Қаз., Болып.).

ТӨМПЕЙІС (Гур., Маңғ.) дөңес, төбелеу жер. *Аң аңдыганда бір тасаны, төмпейісті я бұтаны бетке ұстап жолда жатамыз* (Гур., Маңғ.).

ТӨҢГЕРЕК (Алм., Кег.) төңірек. *Жаз болған кезде Қарабұлақтың төңгерегі ерекше тұрге енеді* (Алм., Кег.).

ТӨҢКЕ (Өзб., Ташк.) отын үшін пайдаланатын ағаштың түбірі. *Төңкелерді кеулеп алып, отын қыламыз* (Өзб., Ташк.).

[Өзбекше *тунка* ағаш түбірі (Узб.-рус. сл.)].

ТОҢКЕРМЕ (Орал: Чап., Жымп.; Көкш.: Щуч., Еңб.) үн мен майды араластырып, қуырып пісірілетін майлы тәтті тамақ.

ТӨҢКЕРМЕК Қ. төбелдірік.

ТӨҢІРШЕК (Гур., Маңғ.) төңірек. *Ауылдың төңіршегінде жайылып жүрген бөтен жылқы көрінбейді* (Гур., Маңғ.).

ТӨП (Орал, Казт.; Гур., Есб.; Ақт., Ойыл) сөктен жасалған көже, ботқа. *Тұрсынбай, төпті қарап қойшы, күйіп кетер* (Ақт., Ойыл). *Неміс кезінде жұрттың бәрі де көжесі болсын, картошкасы болсын, төбі бөлсын жалпылдақ жағып пісіріп, ұйлерін жақпайтындығын Катя білетін* (А. Фад., Жас гв., 616).

ТОП КОЖЕ (Қост., Жанг.) сүткө пісірілген қою тары көже. *Жаңа гана төп көже-ге төйып шықтым, енді ас ішер жерім жоқ* (Қост., Жанг.).

ТӨП ҚОЮ (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.) өте қою. *Мынау айран төп қою болып қапты* (Сем., Абай).

ТӨРЕ БЕРУ (Түрікм., Красн.) ақыл, көңес беру. *Басын сақтаган жігіт төре береді* (Түрікм., Красн.).

ТОРЕМ ЖОҚ (Қост., Об.) билігім жоқ. *Менің бұган айтарлық төрем жоқ* (Қост., Об.).

ТӨРЕ МІНЕЗДІК (МХР) маңғаздану, дандайсу. *Ол төре мінездік жасап, өзгенің талап-тілегін созбұйдалап тентіреткісі келеді* («Ж. өмір», 29.12.1986).

ТӨРЕ ТӨСЕК (Жезқ., Ұлы.) кереуеттің үстіне киізді қабаттап, оның үстіне барқытпен қаптап салған тосек. *Төре төсек сыйлы адамдарға арналып салынады* (Жезқ., Ұлы.).

ТӨРЖҰМЫР (Шымк., Мақт.) қойшының торсық қабы. *Шырағым, мырза шөлге барсаң төрсығыңа төржұмыр ал* (Шымк., Мақт.).

ТӨР КӨРПЕ (Рес., Омбы) қонақтың астына салатын қалың көрпе. *Зинагүл, төр көрпені төсесейші!* (Рес., Омбы). Көкшетау облысының Щучинск, Еңбекшілдер аудандарында *бір салар*, Қарақалпақ қазақтарында *ат көрпе* деген нұсқалары бар.

ТӨРТ АСЫҚ (Ақт., Қараб.) асық ойынының бір түрі. *Төрт асықты шашып жібергенде төрт түрлі түссе я бір түрімен түссе ұтқаны, олай етіп түспесе ұтылғаны. Асықты екінші кісі соғады* (Ақт., Қараб.).

ТӨРТ АЯҒЫ АЛАЯҚ МАҢДАЙЫ ҚАСҚА (Гур., Маңғ.) сегіз қырлы, бір сырлы.

ТӨРТ АЯҚ ЖЕГІЛУ (Қ.орда, Арал) бүтіндей қосылу, ауысу. *Барлық дәрігерлер осы қаулы жарияланған күннен бастап, осы жұмысқа төрт аяқ жегілді деп есептеп, аудандық денсаулық бөлімінің ықтиярында деп есептеуде* («Екп. балықшы», 1932, №13).

ТӨРТЕН (Түрікм.: Красн., Тедж., Ашх.) үсақ малдың төрт төл табуы. *Қойда үштен (қ.), төрт тен табу сирек кездеседі* (Түрікм., Тедж.).

ТӨРТ КӨЗІ ТОҚСАН ТҰСУ (Ауғ.; Ир.) сағыну. *Жұрмес пе едім қасыңда, төрт көзім тоқсан тұсті үйіңе, ағa!* (Ауғ.).

ТӨРТКІЛ (Гур., Маңғ.) таудың үшар басындағы тегіс жер. *Төрткіл көбіне Маңғыстаудың теңіз жағасына жақын тауларда болады* (Гур., Маңғ.).

ТӨРТ ЧЕТТІ (МХР) жылқы тісінің ортасындағы қара морінің алдыңғы терт тісте түруы.

ТӨРІК (МХР) перзентхана. *Әйелі бірінчі төрікте емчі болып істейді* (МХР).

[Монғолша *төрөх газар* перзентхана (Рус.-монг. сл., 618)].

ТӨСАҒАШ (Рес., Сарат.) арбаның жастық ағашы.

ТӨСБАЛҒА (Рес., Омбы) шалғы, т.б. жүзін шындайтын төс. Шу бойы қазақтарында *қосмұрын*.

ТӨСЕКАЯҚ (МХР) бас жағы мен аяғы, колбеу имек түрінде, ағаштан істелген қазақы төсек. Төсекаяқтың өң бетін әртүрлі ағаш өрнекпен безендіреді. *Төсекаяқтың шабағы жұқалап шапқан тақтай ағаш болады. Оны төсекаяққа андыз-андыз етіп, көлденең орналастырады* (МХР).

ТӨСЕК ЖАЗУ (Түрікм., Красн.) төсек салу. *Әбілаш, қонақтарға төсек жазыңыз* (Түрікм., Красн.).

ТӨСЕК-КҮН (МХР) ауруханада науқасты жатқызып емдеген күн саны. *Сұмындық дәрігер орыны төсек-күн жоспарын асыра орындады* (МХР).

ТӨСЕК ТАҚТАЙ (Түрікм.: Қиян., Бекд., Красн., Кулы.) қайықтың түбінен сәл жоғарырақ, өн бойына салынған тақтай. Оған ауланған балықтар салынады.

ТӨСЕК ТЕМІР (МХР) былғарыдан тігілген белбеудің я жүгеннің ішкі жағына құймаңы орналастыратын, мыстан қақтаған жұқа астарша.

ТӨСЕК ШЫПТА (Қарақ.) тосек астына салатын тоқылған қоға, қамыс ши.

ТӨСЕМ (Орал, Орда) мөтке, арқалық. *Біздің үйдің төсемі де қисайып кетті* (Орал, Орда).

ТӨС КЕЛІ (Ақт., Шалқ.) темір келі, шойын келі. *Төскелімен қара бұрыш ұнтаймыз* (Ақт., Шалқ.).

ТӨС ҚҰДЫҚ (Рес., Орын.) тайыз құдық. *Төсқұдықты шегендейді* (Орын., Ад.).

ТӨСТАБАН[1]//ТАСТАБАН (Қ.орда, Қарм.) жерге шоккенде кеудесіне төсеніш, қарнын ызадан, өзге де кауіптерден сақтауға қорғаныш болатын түйе төсіндегі жер соғары. *Төстабанды* бірер аудандарда *тастабан* деп те атайды. Асан айтыпты делінетін *«Тастабаны төрт елі, Атан жүрер жер екен»* (Фольк.).

ТӨСТАБАН[2] (Гур., Маңғ.) шолақ үлтан. *Етігіме төстабан қақтырдым* (Гур., Маңғ.).

ТӨСТЕКТЕУ (Қ.орда, Арал) теске алу. *Тізелерін бүгіп, арт жақтарын шегіншектеніңкіреп алып төстектеп қызу желдіртіп кетті* (Ә. Нүрп., Курл., 245).

ТӨС ТУРАР (Түрікм., Красн.) қыз жеңгесі күйеу балаға тості өз қолымен турап бергені үшін күйеу жағынан жеңгеге беретін сый. *Жеңгесі төс тұрар таратқанда күйеу түрегеліп тұрады* (Түрікм., Красн.).

ТӨСІП (МХР) қаражат, ақша. *Төсіп жетіспейді* (МХР).

[Монғолша *төсөв* смета; бюджет (Монғ.-каз. сөз., 190)].

ТӨТЕ-ТӨТЕ (Қарақ.; Қ.орда, Арал) тауықты шақырғанда айтылатын сез. *Жемді көрсетіп, төте-төте деп шақырып еді, барлық тауық жетіп келді* (Қ.орда, Арал).

ТРАШПАН (Кекш.: Қ.ту, Еңб.) қорапты 2-3 адамдық жеңіл арба. *Машина аз кезде т р а ш п а н м е н жүретін бастықтар* (Көкш., Қ.ту).

ТРАШПЕНКЕ (Павл., Леб.) жеңіл арба. *Ескі арба бетпе-бет ұшырасса, қақтығыспай өте алмайтын құшық көшеде қос қарагер т р а ш п е н к е н і ң қоңыраулы үнінен хабардар... аттылы-жаяу ...жол берді* (Ш. Мұрт., Жүлд. көп., 40).

ТРӘШМӨҢКЕ (Сем., Шұб.) жеңіл арба. *Т р ә ш м ө ң к е аты жақсы болса, қолайлы нәрсе гой* (Сем., Шұб.).

ТРЕТАЙК (Қост., Об.) үшінші жылғы аңыз.

ТРИЕК (Қ.орда, Арал) апиын.

ТУ (Рес., Орын.) сонау. *Т у жоғарғы орыннан кісі келіп, Естекбай батырға қорған соқтырыпты* (Орын., Ад.). *Мен атты т у өзенге барып суғарып келдім* (Орын., Ад.). *Т у жаққа екі кісіні жіберіп алдық* (Орын., Ад.).

ТУАДА БІТКЕН (МХР) туа біткен. *Ана малдың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты т у а д а б і т к е н қасиеті (инстинкт) болады* («Үгітші», 1987, №3, 24).

ТУАЖАТ (Алм.: Жам., Кег.) немелтайдан туған бала. *Бұл бала маған т у а ж а т болады, ягни шөберенің баласы* (Алм., Жам.). *Рысқұл баласы Тұрар Түйе бидің т у а ж а т ы* (Ш. Мұрт., Жүлд. көп., 193). *Т у а ж а т т а н туғанша, тұқымнан тусын* (Алм., Кег.).

ТУАЛАҚ (Алм., Шел.) дуадақ. *Жаздыгүні бір т у а л а қ атып алдым* (Алм., Шел.).

ТУ АҢЫЗ (Сем., Абай) үш-төрт жыл тыңайтылған аңыз. *Мал т у а ң ы з д а жайылып жүр* (Сем., Абай).

ТУАРУ 1. (Қ.орда, Арал; Жамб., Сар.; Ақт.: Жүр., Ключ.) доғару, тоқтату. *1956 жылы жұмысты т у а р д ы м* (Ақт., Жүр.). 2. (Орал, Орда) доғару, атты арбадан, шанадан босату. *Атты т у а р ы п суытқан жақсы* (Орал, Орда). *Ол а т т у а р г а н Мақыметтің үйінен де тез аттанып кетті* (Х. Есенж., Ақ Жай., 223).

ТУАТАЯҚ (Қарақ.) киім ілу үшін істелген, шаңыраққа іліп қоятын бірнеше ашалы киім ілетін үй құралы.

ТУКЕТ (МХР) шикі зат. *Т у к е т еркілікчісін көп жыл істедім* (МХР).

[Монғолша *тцухий:* 1) шикі; 2) қышыма, бөртпе (ауру) (Монғ.-қаз. сөз., 200)].

ТУЛАҚ ЧӘШУ (МХР) тулаққа жүн сабап болған соң тулақ үстіне құрт шашу.

ТУЛАНУ 1. (Гур.,Тең.) кебею, өсу, семіру. *Теңіздің балықтары т у л а н у д а. Құнарлы азықтармен көректенген балықтар жақсы т у л а н ы п, тез семіреді* (Гур.,Тең.). 2. (Гур., Маңғ.) тусырау, қысырау. *Асанқайғы халқына осы қоныста отырып, жеті жыл т у л а н а м ы з, еркегі әйел алмасын, қойына қошқар салмасын деп жар салыпты* (Гур., Маңғ.).

ТУЛЫҚ ТАС (Алм., Кег.) егін бастыратын тас. *Қазір біздің колхозда егін бастыратын т у л ы қ т а с та, трактөр да, комбайн да бар* (Алм., Кег.).

ТУМА 1. (Гур., Маңғ.) асыл тұқым. *Т у м а әрбір жылқыдан туа бермейді* (Гур., Маңғ.). 2. (Түрікм., Красн.) нәресте, сәби. *Т у м а құтты болсын* (Түрікм., Красн.).

ТУМА ТҮЙЕ (Қ.орда, Қарм.) қолда өсірген, иесінің құты болған, ата-бабасынан мұра болып қалған қадірлі түйесінің ұрпағы. Қолтума-біртуманың ұрғашысы, ол «*тума түйе*», «будан түйе» деген ұғыммен мағыналас болғанмен, қазақ аруана мен таза айыр бураны өз қолымен шағылыстырып алған түйенің жаңа түр аралығы.

ТУМЫШ[1] (Қ.орда, Арал; Қост., Об.) туған туысқан. *Жағыпар менің бірге т у м ы ш ы м* (Қ.орда, Арал).

ТУМЫШ[2] (Орал, Орда) нар мен қос өркеш түйенің будандасуынан туған гибрид. *Бұл құнанды кішкене демей-ақ қой, ол керемет жақсы т у м ы ш. Т у м ы ш мықты болады* (Орал, Орда).

ТУРА (МХР) қажет, керек, жөн. *Жастарды еңбекке тәрбиелеу, іскерлікке баулуға тәлімгер ұстаздар күшін толық пайдалану т у р а* (МХР). *Экономикалық тәсілдерін жетілдіру, оның ықпалын арттыру, өндіріс қуатын, машина, материал, шикізат, электр энергиясын үнемдеп жұмсау т у р а* («Ж. өмір», 22.12.1983).

ТУРАҒАН (Шымк., Сайр.; Жамб., Жуа.) етті, жуқа нанды ұсақтап турап, үстіне сорпа құйып жасаған тамақ. *Қазір шайдан соң т у р а ғ а н жейміз* (Шымк., Сайр.). Қ. турама.

ТУРАМА (Қарақ.) етті нанмен қосып турап жеу. Көбіне жүгері қатырынан жасалған наннан істеледі. Туралған етті сорпамен қосып, араластырып береді. Қ. тураған.

ТУРАМЫШ КЕСПЕ (Рес., Қалм.) ішіне ет турап, кеспе қосып жасалған тамақ.

ТУСЫП ІШТЕНУ (ҚХР) қатты байығаң.

ТУТАЛАЙЫН ШЫҒАРУ (Сем.: Ақс., Көкп.) быт-шытын шығару, тасталқан ету.

ТУФАН (Ауғ.; Ир.) жел.

ТУЫ АЙҚЫН БОЛУ (ҚХР) пікір, көзқарасы айқын болу. *Ел ішінде жүргізілген*

қиян-кескі саяси күрестерден оның бастан-аяқ т у ы а й қ ы н б о л д ы (ҚХР).

ТҰЫМ (Өзб., Ташк.; Қарақ.) төлдеу, қоздау кезі. *Т у ы м д ы қысқа мерзім ішінде ұлғілі аяқтаймыз* (Өзб., Ташк.).

ТҰЫМДЫ (Қ.орда, Қарм.) туысы жақсы. *Ол өте т у ы м д ы адам еді гой* (Қ.орда, Қарм.).

ТҰЫРДЫҚ (МХР) туырлық. *Сағадай тонаудан олжалаған ұзік, т у ы р д ы г ы жаңалау төрт қанат үйде Қамит, Қабидолда деген екеуімен бірге отыр* (Церендор., Е. ул., 35). *Күлдіреуіші күмістелген, шаңырақтан төмен сұлаған желбау, тор көзді, тоқсан басты керегені айналдыра ұстаған басқұр, айқыш-ұйқыш тартылған т у ы р д ы қ бау мен ұзік баудың бәрі түрлі түске боялған терме* (С. Тәу., Арм. тау, 41). *Өтірік ұш-ақ күн жасырылады: бірінші күні - кереге, екінші күні - ши, үшінші күні – т у ы р д ы қ деген осы-ау* («Шұғыла», 1987, №3).

ТҰЫС НАУҚАНЫ (Түрікм.: Красн., Көнеүр., Тахта, Тедж.) төлдеу науқаны. *Т у ы с н а у қ а н ы да жақын, ал таярлық нашар* (Түрікм., Тедж.).

ТҰЫСЫП ІШТЕНУ (ҚХР) қатты баю. *Бірнеше жылдан бері қатты т у ы с ы п і ш т е н г е н үйдің бірі Уаң Таудікі болғанда, бірі Таңғыттікі еді* (Ғ. Қан., Бүрк., 288).

ТҰҒАТУ (Жамб., Жам.) тауысу, түгесу. *Мынаның ақысын бер де, борышын т ұ г а т, – деді ол* (Жамб., Жам.).

ТҰҒЫ (МХР) дөңгелек. *Арбаның т ұ г ы с ы н да жасаймын* (МХР).

ТҰҒЫЛ (МХР) тұқыл, қысқа мүйіз. *Мүйіз т ұ г ы л д ы, т ұ г ы л басты қысады. Бұл халық та қазақтарды ығыстыра бастады* (С. Тәу., Арм. тау, 47).

ТҰҒЫЖЫМ (Гур., Маңғ.) мығым, тегеурінді. *Бойы аласа болғанмен мейлінше т ұ г ы ж ы м жігіт* (Гур., Маңғ.). *Ғылымға алғыр да білгір жақсы дарындардан гөрі мақсаты жолында жанын пидаға шалуға бар т ұ г ы ж ы м д а р көбірек пайда келтіреді* (Ә. Кекіл., Құс қан., 245).

ТҰҒЫРАЯҚТАУ (Алм., Шел.) жүре алмай қалу. *Т ұ г ы р а я қ т а п шаршап қалдым* (Алм., Шел.).

ТҰҒЫРА (Рес., Орын.) тура. *Қалай т ұ г ы р а келеді, солай сатады* (Орын., Ад.).

ТҰҒЫРШЫН (ҚХР) үштен төртке шығатын ұрғашы түйе.

ТҰЗБАСТЫҚ 1. (Қарақ.) жүннен тоқылған тұз қалта, дорба. 2. (Гур., Маңғ.) жылқының, түйенің, сиырдың бас терісінен жасалған тұз салатын дорба.

ТҰЗҒАТЫҚ (Сем.: Абай, Шүб.) сүзбеге тұз қосып, ашқылтым етіп жасалған тағам. *Шайды т ұ з ғ а т ы қ п е н ішу өте жақсы болады* (Сем., Абай).

ТҰЗДӘМЕК (Түрікм.: Ашх., Гяу., Таш., Мары) шала тұздалған. *Қиярдың т ұ з д ә м е г і н алған тура* (Түрікм., Ашх.).

ТҰЗДЫҚ (Гур., Маңғ.) тоғыз құмалақ ойынындағы хан. *Мынау тұрған менің т ұ з д ы г ы м* (Гур., Маңғ.).

ТҰЗДЫҚТАП ЖЕУ (Өзб., Ташк.) еттің қамырын турап, сорпасымен араластырып жеу.

ТҰЗДЫҚТАП ҚАТЫРУ (Сем., Абай) негіздеп, дәлелдеп, сөзбен жеңу. *Осылай дәлелдесең, оны т ұ з д ы қ т а п қ а т ы р ғ а н ы ң* (Сем., Абай).

ТҰЗДЫҚТЫ (Қост., Камыш.) жөні түзу, мәнді, маңызды. *Бұл арадағы шалдардан т ұ з д ы қ т ы әңгіме шыға қоймайды* (Қост., Камыш.).

ТҰЗДЫҚШЫ (МХР) құз басында шырылдап ұшатын қара шегіртке. *Т ұ з д ы қ ш ы чырылдаса болғаны, күздің басы деп ұқ* (МХР).

ТҰЗҚҰРТ (Шығ. Қаз., Больш.) қарынға салып кептірген сүзбе.

ТҰЙПА-ТҰЙПА (Сем., Ақс.) үйпа-түйпа. *Шашың т ұ й п а-т ұ й п а болған, әкем* (Сем., Ақс.).

ТҰЙШЫҒУ (Павл., Ерт.) тұншығу. *Жүзу білмесең, суда т ұ й ш ы г а с ы ң* (Павл., Ерт.).

ТҰҚАБА (Жамб.: Шу, Мер.) плюш мата, доқаба (қ.). *Т ұ қ а б а пәлте сатып алды деп отыр* (Жамб., Шу).

ТҰҚАЙ (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Таш., Тедж., Мары, Байр.; Гур., Маңғ.; Орал: Чап., Жымп., Жән.; Ақт., Ойыл; Қ.орда, Арал) тұяқ. *Ат т ұ қ а й ы н ы ң ізі алдымызда жыпырлап жатыр* (Ақт., Ойыл). *Ауыл айналасындағы шөпті жылқы т ұ қ а й ы қоя ма, тез тақыр қылды* (Қ.орда, Арал). Кейде ұсақ мал мағынасында да айтылады. *Қара сиыр т ұ қ а й ы сырылдап әр тұсқа бір келеді, ыңылдап мөңірегенде екі бүйірі толып-толып кетеді* (Ж. Нәжім., Кішк., 153).

ТҰҚАЙЛАУ (Жамб., Жуа.) телеу.

ТҰҚАН (Кекш., Қ.ту) су тасығанда қалған шұңқыр, ете терең, ойдым-ойдым болып жатады. *Т ұ қ а н н а н ауыз су аламыз* (Кекш., Қ.ту).

ТҰҚАТУ (Рес., Орын.) тұтату, от алдыру. *Мөшінені т ұ қ а т ы п жатыр* (Орын., Бөр.).

ТҰҚ ЕТЕР (Орал, Орда) тоқ етер. *Мызылмай т ұ қ е т е р і н айт* (Орал, Орда).

ТҰҚ ЕТУ (Рес., Астр.) таңдаулы. *Т ұ қ е т е р азаматын әкеп қояды* (Рес., Астр.).

ТҰҚИЮ (Сем., Абр.; Жамб., Шу) бас алмай, шұқынып қадалу. *Т ұ қ и ы п қарасам, көзім көрінкіремейді* (Сем., Абр.).

ТҰҚПА (Шымк., Түлк.) бәтір, жұқа нан.

ТҰҚЫМ (Озб., Бост.; Шымк., Кел.) жүмыртқа. *Тауықтың т ұ қ ы м ы н көп таппадық* (Шымк., Кел.). *Баргандардың алдына барлығын қойып, шай, закуска, помидор, т ұ қ ы м жәие басқаларды корсете бастады* («Мақ. стах.», 10.10.1951).

ТҰҚЫМ ӨСЕР (Жамб., Шу) егін сеуіп жатқанда, *«тұқым оссін»* деп берілетін кәде.

ТҰҚЫМ СІҢІРУ (Қ.орда, Арал) тұқым себу. *Колхозды 117 ц, байкулактары 80 ц т ұ қ ы м с і ң і р у керек еді* («Екп. балықшы», 1932, №18).

ТҰҚЫМ-ТЕБЕРІК//ТҰҚЫМ-ТӘБІРЕК (Қ.орда, Арал; Қарақ.; Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) тұқым, үрім-бұтақ, немере, шөбере. *Ел ішінде бір адамдардың т ұ қ ы м - т е б е р і г і м і з сыйлап откен* (Қ.орда, Арал). *Біз де сол кедейдің т ұ қ ы м - т е б е р і г і м і з* (Түрікм., Конеүр.).

ТҰҚЫМ ШИІТ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) келесі жылы себілетін тұқымға тек қана суыққа шейін терілген мақтаның шиіті.

ТҰҚЫРЖЫЛАТЫП (МХР) еңсесін түсіріп. *Еңкейген үстіне т ұ қ ы р ж ы л а т ы п кетті. Жаздай істеген күнін 30-40 күн істеді деп жазып қойыпты. Тіпті әлгі құдайы кісімсіп жүрген Тұрсының өзін 6-7 күн істеді деп жазыпты* (М. Құрман., 55).

ТҰҚЫРУ (Алм., Кег.) көресіні көру, ығыр болу; түңілу. *Ел патшадан т ұ қ ы р д ы гой* (Алм., Кег.).

ТҰЛАН ТҰТУ (Сем., Абай) қатты ашулану, бүлкан-талқан болу. *Ергөбек баласына қатты сөздер айтып т ұ л а н т ұ т т ы* (Сем., Абай). *Агасы мен жеңгесін «ит» деген-нен артық қандай жаулық болушы еді? – деп Қаражан т ұ л а н т ұ т т ы* (М. Әу., Абай жолы, II, 86).

ТҰЛҒУ (МХР) күштеу, зорлау. *Оны т ұ л г ы п соттапты* (МХР).

[Монғолша *тулгах* күштеу, зорлау (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 194)].

ТҰЛЫҚ ТАС (Алм., Кег.) егін бастыратын тас, шақтас.

ТҰЛЫП[1] 1. (МХР) ешкінің терісінен істелген құрт, май салып қоятын үлкен ыдыс. 2. (Гур., Есб.; Жезқ., Ұлы.) қалта, дорба. *Сондахан бір т ұ л ы п алтын берген деді* (Гур., Есб.). *Т ұ л ы п тесіліп қапты, бар ұным төгіліп қалды. Бір т ұ л ы п т ы қ тері ізден едім* (Жезқ., Ұлы.).

ТҰЛЫП[2] (МХР; ҚХР) пейіл, ниет. *Бер жағы көлкектеп тұрганымен ар жағы арамдықтың т ұ л ы б ы деп білерсің. Олармен сөйлескенде кірпік қагуына дейін сақтық жасамасаң болмайды* (Церендор., Е. ул., 35). *Т ұ л ы б ы, мінезі кең адам екен* (ҚХР).

ТҰЛЫП[3] (МХР) сыртқы бейне. *Кабинетте 300-дей көрнекті құрал, 600 карточка, 20-дай әр түрлі құстардың, онга тарта сүт қоректілердің, 7-8 түрлі балықтың т ұ л ы б ы, мұсіні бар. 8 түрлі 30-дай гүл егіліп, аквариум қойылган* («Ж. өмір», 3.03.1983).

ТҰЛЫПТЫ (Гур., Маңғ.) денелі, ірі түлғалы, сүйеғі ірі. *Мына отырган т ұ л ы п т ы жігіттің аты - Омар* (Гур., Маңғ.).

ТҰМА (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд.; Сем., Үрж.; Алм.: Үйғ., Кег., Шел.; Шығ. Қаз.: Марқ., Зайс.) ағуы шамалы қайнар, бұлақ су. *Тұнып тұрган Көкбастау торгайдай т ұ м а* (Шығ. Қаз., Марқ.).

ТҰМАҚ (Алм., Жам.) құлақшын. *Магазиннен балама бір т ұ м а қ сатып алдым* (Алм., Жам.).

ТҰМАЛАҚ (Қарақ., Мой.) домалақ. *Тойдан т ұ м а л а қ, қойдан құмалақ* (Қарақ., Мой.).

ТҰМСА ТҰЙЕ (Қ.орда, Қарм.) тұңғыш боталайтын немесе тұңғыш боталаған 3-4 жастағы түйе. *Тұмса* сөзі озге де бірінші рет туатын ұрғашы малға, мысалы *тұмса сиыр, тұмса саулық, тұмса бие, тұмса құлық*, т. б. айтыла береді. *Т ұ м с а сауган сүтке жарымас* (Мақал).

ТҰМ-ТҰСТАН (Қарақ.) түс-тұстан. *Т ұ м т ұ с т а н гаррылар; Хә, пәлеке, ага сөқтыр, – деді* (Қарақ.).

ТҰМШАЛАУ (Түрікм., Таш.) шамалап болжау, бағдарлап топшылау. *Дұспан күшін т ұ м ш а л а п, бізге тез хабарла, – деді* (Түрікм., Таш.).

ТҰМЫЛДЫРЫҚ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Алм., Жам.; Жамб., Жам.) противогаз. *Ол нормасын өткізуге т ұ м ы л д ы р ы қ киді* (Қ.орда, Сыр.). *Әскерде жүргенде т ұ м ы л д ы р ы қ киіп, талай жерге дейін жүгіруші едік. Т ұ м ы л д ы р ы қ газдан сақтануга таптырмайтын құрал* (Қ.орда, Жал.).

ТҰНБА (Көкш., Қ.ту) қар суынан қалған жазғы шұңқыр су.

ТҰНБАС (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) су. *Әкем, т ұ н б а с әкеле қойшы* (Шығ. Қаз., Больш.).

ТҰНДЫРМА (Гур., Маңғ.; Орал, Жән.) самаурынның сөндіргіші, камфоркасы. *Самауырдың т ұ н д ы р м а с ы н кигізіп қойың* (Гур., Маңғ.).

ТҰНЖЫРАТЫП АЙТУ (ҚХР) белгісіз етіп айту, күмілжітіп, екі ұшты айту.

ТҰҢҒЫЙЫҚ (Қост., Жанг.) терең суға, батпақты судың түбіне шығатын шоп. *Т ұ ң г ы й ы қ т ы ң көп жерінде балық та көп* (Қост., Жанг.).

ТҰПАЙЛЫ (Жамб., Сар.) негізгі, түп негізі. *Ол т ұ п а й л ы кедей* (Жамб., Сар.).

ТҰРАҚ (Гур., Маңғ.) бұлақты богеу арқылы жиналған су. *Бүгін қозы бітпенді т ұ р а қ қа тоғытып алдық* (Гур., Маңғ.).

ТҰРАН 1. (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал; Ақт., Жүр.) таудың үстіндегі су жиналған ойпаң жер. Егінге керекті суды жинақтайтын орын, шұңқыр. *Айрықтың үстінде үлкен т ұ р а н бар* (Гур., Маңғ.). 2. (Түрікм., Красн.) жауған жаңбыр суының жер бетіне сіңбей қалған суы. *Жалаң аяқ т ұ р а н д ы кешіп талай ойнаганбыз* (Түрікм., Красн.).

ТҰРБА (Рес., Омбы) самаурынның кернейі. *Самауырдың т ұ р б а с ы н қойыңыз, сонда тез қайнайды шай* (Рес., Омбы).

ТҰРҒАЙ (Сем., Абай) тұрсын, тұгіл. *Ол т ұ р г а й, 80-ге келген мен де жұмыс істеймін* (Сем., Абай). *Сендерді Қаймақтыға қадам бастырмақ т ұ р г а й, ұрім-бұтағыңмен бірдей, зәу-зәтіңмен құртып жібермесем, Есеналы атым құрсын* (Ж. Тіл., Қайнар, 35). *Менің роман т ұ р г а й, жай мақаланың өзін лирикалық әуенмен жазатынымды білесіз гой* («Соц. кол.», 8.04.1981). Қ. тұрғой, тұрғын.

ТҰРҒОЙ (МХР; Шығ. Қаз., Больш.) тұгіл, тұрмақ. *Сен т ұ р г о й әкесінің тілін алмаган жігіт сенің сөзіңді естімейді* (МХР). *Менің оның өзін көрмек т ұ р г о й атын да естіген емеспін* (Шығ. Қаз., Больш.). *Тагы да таңдайында тамсанар дым қалмай тамағы құргап, ауыр азап езіп бара жатқанын аңгарды. Ұйықтамақ т ұ р г о й тыныс алу мұң болып, бар шамасынша айқайлагысы келді* (Церендор., Е. ул., 7). *Байтал т ұ р г о й бас қайгының өзі болды* (МХР). *1933 жылгы молдаларды жаппай заңга тартып, халықтың зәресін алган нәубеттен кейін халық молдасыз қалып, молдага неке қидырмақ т ұ р г о й молда деген адамдардың зияны тиеді деп аулақ жүретінді шыгарды* (Б. Кәм., Мон. қаз. салтдәс., 24). *Үлгайган ол Пыхия адам дейді «Жұмбагын Мәликенің табам» дейді. «Жүз сөз т ұ р г о й мың сөзге жауап беріп Сол қызды не қылсам да алам дейді»* (Ақыт, 120). Қ. тұргай, тұргын.

ТҰРҒЫ (Гур., Маңғ.) **1.** мекенжай, тұрақ, қоныс. *Менің т ұ р г ы м бұл жер емес* (Гур., Маңғ.). 2. таудың таса, қуыс жерлері. *Қарагүйрық т ұ р г ы - т ұ р г ы н ы қуалап зымырап барады* (Гур., Маңғ.).

ТҰРҒЫН (Талд., Гв.) тұгіл, тұрмақ. *Сен т ұ р г ы н ет өзімде де жоқ* (Талд., Гв.). Қ. тұргай, тұргой.

ТҰРМЫСҚА АСЫРУ (Түрікм.: Небид., Ашх., Гяу., Таш., Конеүр., Тахта, Тедж., Мары) жүзеге асыру, іске асыру. *Жаудың оз планын т ұ р м ы с қ а а с ы р (а) алмауының себебі не?* (Түрікм., Гяу.).

ТҰРМЫСТАНУ (Қарақ.) корлану, баю. *Халық т ұ р м ы с т а н ы п кеткен екен* (Қарақ.).

ТҰРМЫСЫ ҚЫСЫРАУ (ҚХР) тұрмысы нашарлау, хал-жағдайы төмендеу, тұрмыста тарығу. *Жұрт т ұ р м ы с ы қ ы с ы р а г а н ы м е н, Уақ Таудың семьясы алқи-шалқи береді* (Ғ. Қан., Бұрқ., 210).

ТҰРМЫШ (Түрікм., Таш.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; Гур., Маңғ.; МХР; Қарақ., Мой.) тұрмыс. *Ол кезде т ұ р м ы ш ы м ы з ауыр болды да балалар оқи алмады* (Түрікм., Таш.). *Т ұ р м ы ш ы м ы з жақсы, тамақ тоқ* (Қарақ., Мой.). *Т ұ р м ы ш ы өте ауыр екен. Осындай т ұ р м ы ш т а м ы з, балам* (МХР).

ТҰРСЫН (Көкш.: Щуч., Еңб.; Рес., Омбы) тұгіл. *Ол т ұ р с ы н оны котеруге біздің баланың да әлі келмей жатыр* (Көкш., Щуч.). *Сол уәде айталгалы мұз балқып, топырақ тебіреніп, қыс кетіп, көктем өтті. Қиындықты ер большевик жеңген соң көру т ұ р с ы н, баса көктеп кеудесін, Адамзатқа жұмбақ болган полюстың тұрді, міне, шұгылалы пердесін* (С. Мұқ., Таңд. шыг., 222).

ТҰРЫМ (Жамб., Жуа.) топса.

ТҰРЫП (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта, Тедж., Мары; Ауг.; Ир.) шалғам. *Туруп* редка (Н. Ильм., Материалы..., 117).

ТҰРЫС (Сем., Аяг.) тұрмыс. *Қазір колхозшылардың т ұ р ы с ы жақсы болды гой* (Сем., Аяг.).

ТҰСАҚ (Шымк., Арыс) тұсамыс салынатын жер (аттың аяғы туралы). *Атты т ұ с а г ы н а н тусау керек* (Шымк., Арыс).

ТҰСАҚА (Қарақ.) екі айыр ағаш, шөп шаншатын құрал.

ТҰС АЛАШ (Қарақ.) алашаның тұсқа ілінетін түрі.

ТҰСАМЫС (Алм., Кег.) тұсау. *Атқа т ұ с а м ы с салып қойдың ба?* (Алм., Кег.). *Қойшы қарт шабан көктің аягына т ұ с а м ы с салып, бос жіберген* (Ғ. Мұст., Дау. кейін, 262).

ТҰСҚА (МХР) түрме, абақты. *Жыл аягының есебінде ақша кемітті деп, екі өгентті т ұ с қ а г а сап тастады* (МХР).

ТҰСҚАЛЫ КІЛЕМ (Қарақ.) кілемнің түсқа (қабырғаға) ұстайтын түрі.

ТҰСМАЛДАУ (Тау., Қош.) түспалдау.

ТҰСЫЛҚЫ (МХР) көмекші.

[Монғолша *туслагч* көмек, *туслах* көмектесу (Монғ.-қаз. сез., 157)].

ТҰТ (Қарақ., Қоң.) кішкене, домалақ тәтті жеміс.

ТҰТБЕРУ (Ауғ.; Ир.) ұстау, ұстап беру. *Осы адамды т ұ т б е р* (Ауғ.).

ТҰТ КЕЛМЕУ (Өзб., Ташк.) шыдатпау.

ТҰТҚИ (Шығ. Қаз., Больш.; МХР) тұтқиыл.

ТҰТҚИДАН (МХР; Тау., Қош.) тұтқиылдан, тосыннан, кенеттен. *Әкесіне жақсы созді т ұ т қ и д а н айта салды, баласы еңіреп жіберді* (МХР).

ТҰТҚЫ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) терезе әйнегіне тигізе тартылған перде. *Үйдің барлық терезелерінен ақ матадан т ұ т қ ы тартылыпты* (Түрікм., Таш.).

ТҰТТАЙ ТӨГІЛУ (Өзб., Ташк.) түт ағашының жемісі сияқты жан-жаққа шашылу.

ТҰТУ (Қ.орда, Арал; Қост., Тоб.; Түрікм., Таш.; Орал, Жән.) пайдалану, ұстау. *Колхоздың бір інгенін 2 ай т ұ т т ы, жетеді гой* (Қ.орда, Арал). *Мына ақшаны қолыңа т ұ т* (Қост., Тоб.). *Жаңа гана қолыма т ұ т ы п отырған нәрсені қайда қойғанымды біле алмай отырмын* (Түрікм., Таш.). *Оның өңіндегі бұлыққан ызаны көзімен шолып алған Мұхит қарияны оңай т ұ т т ы* (Ғ. Сл., Шалқ., 296).

ТҰТЫМДЫ (Қ.орда, Арал) тәжірибесі мол, өз ісіне берік. *Иығында погоны жоқ солдатта тәйірі әскердің тәртібі қайдан болсын, енді осыдан т ұ т ы м д ы қомандирдің қолына тұссе бірден жөнделеді* (Ә. Нұрп., Курл., 82).

ТҰТЫМЫ ҚАТТЫ (Маң.) өз ісіне берік, мығым, бекем.

ТҰШАЛ (МХР) бұйрық. *Т ұ ш а л ы ң чықты ма?* (МХР).

[Монғолша *тушаал* (Монғ.-қаз. сөз., 71)].

ТҰШАМЫШТАУ (Жамб., Шу) тұсамыстау. *Аттың аягын т ұ ш а м ы ш т а п байлапты* (Жамб., Шу).

ТҰШПАРА//ТҰШПӘРӘ (Алм., Жам.; Сем.: Көкп., Ақс.; Өзб., Ташк.) пельмен. *Т ұ ш п а р а аса бағалы тамақтардан саналады* (Сем., Ақс.). *Ұмытуға айналаған женті, т ұ ш п а р а с ы, түймеші, сықпасы, ақшелек асы, төстігі, нансалмасы үйме табақ болып алдына тартылды* («Қаз. әйел.», 1984, №2, 24).

ТҰШТАҚАЙ Қ. тыштақай.

ТҰШТЫРАЮ (Сем.: Көкп., Ақс.) шолтию, қысқару. *Мына кленка кішкентай екен, столға жапқанда т ұ ш т ы р а й ы п қалыпты* (Сем., Көкп.). *Т ұ ш т и ю* варианты да қолданылады.

ТҰШУ (Өзб., Ташк.) тортасы алыну.

ТҰШЫМДЫЛЫҚ (Өзб., Ташк.) жағымды, татымды. *Сөзінде бір т ұ ш ы м д ы л ы қ болсайшы, тыңдасаң қарның ашады* (Өзб., Ташк.). *Содан кейін онда қандай сапа, т ұ ш ы м д ы л ы қ қаларын бір құдайдың өзі білсін* («Жұлдыз», 1988, №4, 124).

ТҰШЫТҚАН МАЙ (Жамб., Жуа.) тортасын айырған май.

ТҰШЫТУ (Өзб., Ташк.) 1. күйдіру, қыздыру (майға байланысты). *Майы т ұ ш ы м а г а н тамақ дәмсіз болады* (Өзб., Ташк.). 2. тортасын айыру.

ТҰЩЫ ҚАН (Қ.орда, Арал) адал қан. *Құлақтың қолынан өлген Ізбасқан ұлының т ұ щ ы қ а н ы кейінгі қалған пролетариаттардың байқұлақпен тайынбай күресуіне жол ашып берді* («Екп. балықшы», 1932, №26).

ТҰЩЫ ТӘН (Қ.орда, Арал) жас, уыз тән. *Т ұ щ ы т ө н г е тиген ащы таяқ жас жетімді өлерін білмес өжет қылып өсіре береді* (Ә. Нұрп., Курл., 224).

ТҰЯҚ (Сем., Шұб.) тырнақ. Алтай өлкесінде тұратын қазақтар да тырнақты *тұяқ* дейді. *Балам т ұ я г ы ң осіп кеткен екен гой* (Сем., Шұб.).

ТҰЯҚ ЖІБІТУ (МХР) ет жеу. *Бір мал сойып, т ұ я қ ж і б і т е й і к* (МХР).

ТҰЯҚ КЕСТІ БОЛУ (Орал, Чап.) мал жайылып, тоздырып, таптап кеткен жер. *Бұл жер т ұ я қ к е с т і б о л ы п қалған жер* (Орал, Чап.). *Итарқа қалмақ үйлі, қоңсылары, ауылдың т ұ я қ к е с т і б о л г а н* (Х. Ерғ., Күр.).

ТҰЯНА (Өзб., Ташк.) пысық, тындырымды. *Шекербайдың қызы т ұ я н а, оқуда да, жұмысты да тындырады* (Өзб., Ташк.).

ТҰЯНАДАЙ (Орал, Чап.) мұқият, жинақы, кішкентай. *Арыстангалидің келіні т ұ я н а д а й екен* (Орал, Чап.). *Дөңгелек жүзді,*

т ұ я н а д а й гана болған қыз (Ғ. Сл., Шалқ., 127).

ТҮБЕК (Қост., Жанг.) ту ұстаушы. *Біздің т ұ б е г і м і з топтың ылғи алдында жүреді* (Қост., Жанг.).

ТҮБЕЛЕК (Қарақ.) қазан астына қоятын дөңгелек темір. *Қазанды т ұ б е л е к к е аспаса, аударылып кетуі мүмкін* (Қарақ.).

ТҮБЕЛЕУ (Жамб.: Жам., Жуа.) зерттеу, анықтау. *Бұл т ұ б е л е н г е н нәрсе. Дәрігер ауруды қарап, т ұ б е л е п берді* (Жамб., Жам.).

ТҮБЕСЕЛІ (МХР) түбегейлі, біржолата. *Мен оны т ұ б е с е л і бер деп қаладым* (МХР). *Т ұ б е с е л і жақсарту үшін сол жердің табиғи шөбін отап, орнына екпе шөп өсіреді* («Ж. өмір», 4.06.1987).

ТҮБІР ЕТКІЗБЕУ//ТЫБЫР (Сем.: Көкп., Ақс.) дүбірлетпеу, тыныш. *Ол бұл жұмыстарды т ұ б і р е т к і з б е й орындайды* (Сем., Кекп.).

ТҮБІРТЕК 1. (Шымк., Сайр.) қызылшаның түбіндегі қалдығы. *Т ұ б і р т е к т і шошқаға, малға беру үшін жинап аламыз* (Шымк., Сайр.). 2. (Жамб., Сар.) өсімдіктің түбірі.

ТҮБІТ (Жамб., Жам.) қалдық. *Майды айырғанда т ұ б і т түбінде қалады* (Жамб., Жам.).

ТҮБІТТЕНУ (Гур., Есб.) гүлдену. *Осы жақтың қамысы басын шығарып т ұ б і т т е н і п тұр* (Гур., Есб.).

ТҮГЕСУ (Павл., Горьк.; Гур., Маңғ.; Орал, Орда) тауысу, бітіру. *Айша дәптерін жазып т ұ г е с т і* (Павл., Горьк.). *Жұмысыңды т ұ г е с с е ң үйге кел* (Гур., Маңғ.). *Әне-міне дегенше абыр-дабыр дауыстар күшейді. Сөйтсе, раствор т ұ г е с і л у г е таяу екен* («Жұлдыз», 1986, №10, 46). *Пішен жиылып т ұ г е с і л д і. Оқуды т ұ г е с к е н соң Саратовқа барамыз* (Орал, Орда).

ТҮГЕТУ (Жамб., Жам.) тауысу. *Мынаның ақысын бер де борышын т ұ г е т* (Жамб., Жам.).

ТҮГІРШІК (Шығ. Қаз., Больш.) түп. Бал қарағайдың кішісі де *түгіршік* делінеді. *Бір-екі т ұ г і р ш і к әкеп берсең, риза болады* (Шығ. Қаз., Болын.).

ТҮЗЕНУ (Гур., Тең.) орналасу; түзелу. *Қазақ-орыстар октябрьде Бақсайға келіп т ұ з е н д і* (Гур., Тең.). *Панфилов колхозы кейінгі кезде т ұ з е н е бастады* (Гур., Тең.).

ТҮЗЕҢ (Алм., Кег.) тегістеу. *Қойдың жататын жері т ұ з е ң болмай, беткейлеу жер болу керек* (Алм., Кег.).

ТҮЗЕУ (Орал, Орда) жасау, (акт) жасау. *Училищенің тозған заттарын акт т ұ з е п алып кел, біз оны шандырамыз (қ.)* (Орал, Орда).

ТҮЗ ЖАР (Ауғ.; Ир.) саудагер. Котерме саудамен айналысатын адам.

ТҮЗ ТЕРУ ШИ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Гяу., Тедж., Таш.) қошқар мүйіз орнегімен оралып тоқылған ши.

ТҮЗІК (Сем., Мақ.) түзу, түзетілген. *Тракторист Османов тракторы т ұ з і к, жұмысты жақсы істейді* (Сем., Мақ.). *Бұл қазақтардың т ұ з і к жағы ылғи бітуажада жүреді де, бұзық жағы әрекетте жүреді білем* (Ә. Кекіл., Үркер, 372).

ТҮЗІМ (МХР) тәртіп. *Жұмыс түзімі* – жұмыс тәртібі.

ТҮЙГІШ//ТҮЙГІШ КЕЛІ (Сем.: Көкп., Ақс.; Рес., Омбы) келі, келсап. *Т ұ й г і ш п е н салмақтап тұрып тұю керек* (Сем., Көкп.). *Т ұ й г і ш к е л і м е н кішкентай кезімде тарыны коп тұйетінбіз* (Рес., Омбы).

ТҮЙГІШ КЕЛІ Қ. түйгіш.

ТҮЙГІШ ЖІЛІК (Жамб., Сар.) тоқпақ жілік. *Қойдың т ұ й г і ш ж і л і г і н астық* (Жамб., Сар.).

ТҮЙДЕЙ (Орал, Орда) аттай, бақандай, ортан қолдай. *Мұқанның т ұ й д е й 5 ұлы бар. Байұлынан т ұ й д е й 12 ұл болған* (Орал, Орда).

ТҮЙДЕК КЕЛУ (Көкш.: Щуч., Есб.) топтанып келу. *Олар біздің үйге т ұ й д е к к е л д і* (Көкш., Щуч.).

ТҮЙЕ БОТАЛАҒАНДАЙ (МХР) андасанда, сирек. *Әйтеуір т ұ й е б о т а л а г а н д а й бір келді* (МХР).

ТҮЙЕБҰЛДІРГЕН (Жамб.: Шу, Мер., Қорд.) үлкендігі бармақтай түтас, алша сияқты бұлдіргеннің бір түрі.

ТҮЙЕ КЕКІРЕ (Жамб., Жуа.) кекпек, бүршігі тікенді шеп.

ТҮЙЕКЕМЕ (Түрікм., Небид.) жамалдатпен ауырған түйенің етін жегеннен адамда болатын жара.

ТҮЙЕ КЕСЕ (Рес., Орын.; Қарақ.) үлкен кесе. *Шақ бітірдім гой мына т ұ й е к е с е н і ішіп* (Орын., Бор.).

ТҮЙЕКЕШ (Шымк., Мақт.) түйеші. *Мына яқтан бір т ұ й е к е ш т е р келатты* (Шымк., Мақт.).

ТҮЙЕКТЕУ (Түрікм., Көнеүр.) егін бастыру, қырман айдау. *Биыл жүгеріні т ұ й е к т е у ерте басталды* (Түрікм., Конеүр.).

ТҮЙЕ ҚАЗАН (Түрікм., Конеүр.) түйе еті түгел сыйып кететін үлкен қазан. *Бізде*

жетім қазан, қой қазан, тай қазан, т ү й е қ а з а н деп аталатын қазандар бар (Түрікм., Көнеүр.).

ТҮЙЕҚАРЫН[1] (Орал, Орда) қаңбақ.

ТҮЙЕҚАРЫН[2] (Қ.орда, Қарм.) жапырағында үсақ тікені бар, үзындығы 50 см өсімдік.

ТҮЙЕҚҰЛАҚ 1. (Қ.орда, Қарм.) құлақ пішіні түйе құлағына ұқсайтын, кеміргіштер тобына жататын шиқылдақ тышқанның бір түрі. 2. (МХР) құйрығы үзын, құлағы адырайып тұратын құлағы үлкен сырт тышқаны.

ТҮЙЕ МОЙНАҚ ОРАҚ (Қ.орда, Қарм.) қолды қажамас үшін жұлынбаған түйенің мойын терісімен мойнақтап (қолмен үстайтын жерін) орай қойған сәнді шалғы орақ.

ТҮЙЕ МОЙЫН (Өзб., Ташк.) түрлі оюлардың төңірегіне салынатын түйе мойнына ұқсас ою.

ТҮЙЕ МҰРЫНДЫҚ (Көкш., Щуч.; Түрікм., Красн.) қызды үзатқанда алдынан шыққан елдің сұрайтын сыбағасы. Оған зат, ақша не мал береді. *Бізде т ү й е м ұ р ы н д ы қ қ а ауыл болып тек әйелдер гана жиналады* (Түрікм., Красн.).

ТҮЙЕНІҢ ШАЛМАСЫ (Гур., Шев.) түйенің өретін мезгілі.

ТҮЙЕ ӨРІК (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) өріктің ірісі.

ТҮЙЕСҮЙЕК (Қ.орда, Қарм.) таспа туысына жататын бұта. *Т ү й е с ү й е к т і ң биіктігі 80-200 см, сүйектегенде сабақтары жуан, жеміс беретін жылдық бұтақтарының үзындығы 2-7 см, ақшыл-көгілдір не қашқыл-сұр түсті үсақ түкті өсімдік* (Ә. Жақ., 116).

ТҮЙЕСІҢІР (Қ.орда, Қарм.; Алм., Ұзын.) таспа туысына жататын шала бұта. Биіктігі 50-65 см, жапырағының үзындығы 3-6 см, гүл сидамы кабыса біткен ақ түсті, шашақ гүл шоғырымен қоса алғандағы үзындығы 10-20 см, тостағаншасы түтікше-қоңырау пішінді, үзындығы 5-6 мм, желегі қызғыл не алқызыл, бұршағының үзындығы 7 мм, ені 3 мм. *Түйем сүйсініп жесін деп т ү й е с і ң і р әкелдім* (Алм., Ұзын.).

ТҮЙЕ ТАБАН[1] (Сем., Абай; Қост., Жанг.) тікенді, жапырақты өсімдік. Дәмді келетіндіктен оны кейде адам да жейді. *Балалар таудан т ү й е т а б а н әкелуге кетті* (Сем., Абай). *Т ү й е т а б а н ы ң көп жерінде балық та көп* (Қост., Жанг.).

ТҮЙЕ ТАБАН[2] (Қост., Жанг.) үлкен ожау. *Қазандағы айранды т ү й е т а б а н м е н араластыр* (Қост., Жанг.).

ТҮЙЕТАРТАР (Қ.орда, Қарм.) су жүйесінде, өзен-көлдерде, теңізде, арық-арналарда, тіпті суармалы егістіктерде анда-санда кездесетін, жер астына қарай су соратын оқпан. *Т ү й е т а р т а р д ы ң үлкендері нені де болса, арқырап, күркіреп тартқанда су ағысымен қоса, адамды да жұтып жіберуі мүмкін* (Қ.орда, Қарм.).

ТҮЙЕТАУЫҚ АДАМ (Ақт., Ойыл; Гур., Есб.) қисық, түрпайы мінезді адам. *Өзің бір айтқанға көнбейтін т ү й е т а у ы қ а д а м екенсің гой* (Ақт., Ойыл).

ТҮЙЕ-ТЕГЕ (Гур., Маңғ.) түйе-мүйе.

ТҮЙЕТОМАР (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) үлкен, биік төмпешік. *Мына жатқандарды біз т ү й е т о м а р дейміз* (Тау., Қош.).

ТҮЙЕ ШАҢЛАҚ (Қ.орда, Қарм.) жүмсақ, майда, сортаңдау, ақ топырақты, түйенің жазғы жатағы. *Жазгы сонадан, кешкі масадан қашып, олар т ү й е ш а ң л а қ қ а келіп аунайды. «Түйе-тайлақ жиганмен, аунайтұғын т ү й е ш а ң л а қ» жоқ* (Ә. Жақ., 112).

ТҮЙЕШЕ ҚАМАЛЫП ҚАЛУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары) кідіріп қалу, жіпсіз байлау. *Мәшін әлі жоқ, т ү й е ш е қ а м а л ы п т ұ р м ы з* (Түрікм., Тахта).

ТҮЙЕ ШЕЛЕК//НАРУАН ШЕЛЕК (Өзб., Ташк.) үлкен су ыдысы, бөшке. Қ. тайшелек.

ТҮЙЕ ШӨПТЕН ТАУЫП ӨЛДІ (Қ.орда, Арал) түйенің жаман шөп не жапырақка жабысқан ала күлікті жеп, уланып өлуі. Басқа мал оларды жегеннен өле қоймайды.

ТҮЙЕШЫРМАУЫҚ (Қ.орда, Қарм.) мизамшөп туысына жататын көп жылдық өсімдік. Сабағы үзын да жіңішке, бұратыла шырмалып өседі, қырлы, қысқа түкті, үзын собықшасы бар. Тұқымы сопақша пішінді, қабысыңқы, ашық қоңыр түсті ақ талшықты.

ТҮЙЛІ (Қарақ., Мой.) түрлі. *Орыс бір т ү й л і, қытай бір т ү й л і болып келеді* (Қарақ., Мой.).

ТҮЙМЕ[1] (Рес., Сарат.) қойда болатын ауру.

ТҮЙМЕ[2] (Түрікм.: Ашх., Гяу., Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) ішінде сылдырмағы бар, үлкендігі әр түрлі домалақ әшекей. *Ертеректе көбіне кемпірлер тақкан, жастар т ү й м е тағушы ма еді?* (Түрікм., Ашх.).

ТҮЙМЕЛІ ТИРАҢАП (Ауғ.; Ир.) халат.

ТҮЙЕ ТІГУ (Өзб., Ташк.) қалың көрпе, матрац тіккенде екі жағына матадан екі түйме

орнатып, олардың арасын тігіс арқылы жалғастыру әдісі.

ТҮЙМЕШ[1] (Қарақ.) сөкке (тары) қантты араластырып, май қосып, келіге түйіп жасайтын тағам.

ТҮЙМЕШ[2] (Сем.: Көкп., Ақс.) майлы еттен ішекке салынып істелген шұжық. Оның *түймеш* атауы шұжықтың ішекке салынып, түйіліп, байлануына байланысты болу керек.

ТҮЙМЕШТЕЙ (МХР) кішкене. *Қолыңдағыңнан маған т ү й м е ш т е й ғана берчі* (МХР).

ТҮЙМЕШІК//ТҮЙМЕШЕК (Гур., Маңғ.) түйме, тиек. *Пәлтенің т ү й м е ш е г і түгел ме?* (Гур., Маңғ.).

ТҮЙМІШ[1] (Көкш., Қ.ту) самаурынға салу үшін дайындап кескен үсақ ағаш. *Икрам, т ү й м і ш ұсақтап қойшы* (Көкш., Қ.ту).

ТҮЙМІШ[2] (Қ.орда, Жал.) етті түздап, қойдың қарнына салып сақтау.

ТҮЙНЕК[1] **1.** (Павл., Үрлі.) ешкіде болатын ауру. **2.** (Сем., Үрж.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) мал ауруы, әсіресе ботада жиі кездеседі. *Т ү й н е к келгір* (Түрікм., Таш.). *Т ү й н е к келгір, қара қой үйдің киізін жұлып жеп болатын болды* (Түрікм., Көнеүр.).

ТҮЙНЕК[2] **1.** (Қ.орда, Арал) қауынның жаңадан шығып түйін салуы. **2.** (Ақт., Ойыл) қауын-қарбыз. *Баягы т ү й н е к таусылып қалды* (Ақт., Ойыл).

ТҮЙНЕКТЕУ (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.) қауынның алғаш шыға бастағанда түйін тастауы. *Қауын биыл кеш т ү й н е к т е д і* (Қ.орда, Жал.).

ТҮЙРЕУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары, Байр.) егістікке жаптардан (к.) өткізіп берген су.

ТҮЙРЕУІШ (Гур., Тең.) сабы ағаш, бір не тармақты, қайырлап жатқан балықты шаншып алу үшін қолданылатын үшкір темір. *Біз кеше т ү й р е у і ш п е н балық ауладық* (Гур., Маңғ.).

ТҮЙСІК БОЛУ (Шығ. Қаз., Больш.) кесір болу, бөгет болу, реті келмеу.

ТҮЙТЕ (Гур., Маңғ.) тұқыл, мүкалып тозған аспап. *Тесе т ү й т е болып қалған. Шот па екен, бията ма екен, т ү й т е ме екен? Сирағын сиыр сойған үйіте ме екен? Артыңа орма десем қарамайсың, Жас жігіт кішіпейіл сүйте ме екен ?* (Фольк.).

ТҮЙТКІЛДЕУ (Орал, Жән.) ренжу. *Фариполла сенің сөзіңе т ү й т к і л д е п қалды-ау* (Орал, Жән.).

ТҮЙ-ТҮЙ (Түрікм., Таш.) тауықты шығарғанда айтылатын одағай сөз. Қ. төтетөте.

ТҮЙТІК (Көкш.: Еңб., Бура.; Жезқ., Ұлы.) азын-аулақ, үсақ-түйек. *Менің бітіретін т ү й т і к шаруаларым бар, соны бітіріп келейін* (Көкш., Бура.). *Үйдің т ү й т і г і таусылмайды* (Жезқ., Ұлы.).

ТҮЙТІКСІЗ (Сем., Абай) түйсіксіз.

ТҮЙІНДЕУ (Шымк., Түлк.) қарбыз, қауынның түйіндеуі, түйін салуы. *Кейбір қауын ерте т ү й і н д е й д і* (Шымк., Түлк.).

ТҮЙІР[1] (Гур., Тең.) балықтың ыстық сорпасына нан, пияз турап, бұрыш салып істелетін тамақ. *Бізде қайнаған суға ұн қосып қойылтып істеген тамақты т ү й і р дейді. Қонақтар, т ү й і р даяр болды, келіңіздер, т ү й і р жейік* (Гур., Тең.). *Үлкен екі-үш шарага... сухар, пияз, бұрыш салынып, майлы сорпа құйылып, т ү й і р де дайын болды* (Ә. Сөр., Тол. туғ.).

ТҮЙІР[2] (Түрікм., Красн.) жалғыз. *Үйленгеніне көп жылдар болса да оның бір т ү й і р ғана баласы бар* (Түрікм., Красн.).

ТҮК БАСУ (Алм., Шел.) темекіні жәшікке салу. *Мен т ү к б а с ы п жатырмын* (Алм., Шел.).

ТҮКПІРЛІ (ҚХР) аңғарлы, ойы терең. *Неткен т ү к п і р л і жан, қиядан шалып тұрау!* (ҚХР).

ТҮКСИІСІП ҚАЛУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр.) күйі жаксарып, байып қалу. *Мұндағыдан гөрі олар ояққа барғансын біраз дүние, мал жинап, т ү к с и і с і п қ а л ы п т ы* (Түрікм., Таш.).

ТҮКТЕУ[1] (Алм., Шел.) қаттау, тайға байлау. Бұл сөз орыстың *тюк* сөзімен төркіндес. *Рәбига темекіні т ү к т е у г е кемей қалды* (Алм., Шел.).

ТҮКТЕУ[2] (Жамб., Жуа.) қауыздау, ақтау (бидай, тары туралы), бидайдың түгін алу, оны келіге түйіп түктеу. *Т ү к т е л г е н тарыдан көже жасайды* (Жамб., Жуа.).

ТҮКІБАЙТ ҮЙ (Алм., Шел.) темекіні бөліп түктейтін үй.

ТҮЛЕЙ 1. (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Жамб., Шу) ылғи сексеуіл өскен қалың жер. *Жан-жағы шағыл құм, сексеуілді т ү л е й ішінде бой жасатып бір ауыл жатыр* («Жұлдыз», 1987, №8, 3). *Мен жылқыларды Есенгазық т ү л е й і алдыңғы жағындағы Жамансары, Қосқудық деген суларга жайып бағамын* («Маңғ.», 22.10.1954). **2.** (Шымк., Сайр.) қалың ағаш. *Бұрын бұл селоның ағашы жүдә (қ.) т ү л е й болатын* (Шымк., Сайр.).

ТҮЛЕЙЛІК 1. (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Жеб.) құмдау, сорлы жерге шыққан әр түрлі шөптер. 2. (Гур., Маңғ.) құмның арасындағы сексеуілдің бұталы жері. *Сексеуіл мен жүзген т ү л е й л і к т е өседі* (Гур., Маңғ.).

ТҮЛЕК (Гур., Маңғ.) мамыр. *Қаз бен құды т ү л е к күйінде қуып жүріп согады* (Гур., Маңғ.).

ТҮЛКІ ҚҰЙТЫҚ (Жамб., Мер.) құмды жерге шығатын, басында үлпілдегі бар өсімдік.

ТҮЛКІШЕК (Жамб., Тал.) түк жүнді құрт. *Үй маңында т ү л к і ш е к бар* (Жамб., Тал.).

ТҮМЕН (Алм., Шел.) көп сан. *Бұрын мыңнан асқан сандарды т ү м е н деуші едік* (Алм., Шел.).

ТҮНАСАР (Түрікм., Таш.) атты суыту күні. *Осындай бір-екі т ү н а с а р д а н кейін аттың іші де тартыла бастайды* (Түрікм., Таш.).

ТҮНДІК ЖАҚ (Алм., Талд.) солтүстік жақ.

ТҮНДІК (Гур., Маңғ.) қарақұрттың өрмегі, үясы. *Қарақұрт шөптің басына т ү н д і г і н құрып қояды* (Гур., Маңғ.).

ТҮНЕК (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Мары, Тедж., Көнеүр., Красн.) жайлаудағы қой түнеп өтетін орын, қойдың жүрты. *Жоғалған қозыларым т ү н е к т е жатып қалыпты* (Түрікм., Тедж.). *Қойдың т ү н е г і тозыпты* (Гур., Маңғ.). Қ. түнем.

ТҮНЕМ (Өзб., Ташк.) қойдың түнеп кеткен жері. Қ. түнек.

ТҮНЕТ (Гур., Бақс.) қойдың жазда жататын жаңа қонысы. *Т ү н е т т е 20 күндей болған соң бері қайтамыз* (Гур., Бақс.).

ТҮНЕУ КҮНІ (Ақт., Ойыл) анау күні. *Т ү н е у к ү н і туу туралы актыны тауып алдық* (Ақт., Ойыл).

ТҮН ОЙНАУ (Орал, Казт.) түнде ойнау. *Ол уақытта қанша болса да т ү н о й н а й д ы* (Орал, Казт.).

ТҮНІКЕ (Өзб., Ташк.; Жамб.: Мер., Қорд.) қаңылтыр. *Тобесі т ү н і к е л е н г е н үй* (Өзб., Ташк.). *Уста анау т ү н і к е жапқан үйде* (Жамб., Мер.).

[Төжікше *тунук* жұқа, *тунука* жұқа темір қаңылтыр (Тад.-рус. сл., 1954); өзб. *тунука* қаңылтыр (Узб.-рус. сл., 1959)].

ТҮНІКЕЛЕУ (Жамб.: Мер., Қорд.) қаңылтыр шабу. *Т ү н і к е л е н г е н үйге барамыз* (Жамб., Қорд.).

ТҮНІҢМЫНАН (Қарақ.) түнімен. *Өзің т ү н і ң м ы н а н үйықтамаған адам сияқтысың гой* (Қарақ.).

ТҮҢГІР-ДҮҢГІР (Қарақ.) керосин, май құятын үлкен ыдыс, бидон.

ТҮҢКЕ (Қарақ.) май құю үшін жасалған ыдыс. *Т ұ ң к е с і з базада май сақтау мүмкін емес* (Қарақ).

ТҮҢКЕЛІ (МХР) шөбі шүйгін, шұрайлы, тың көлемді, алқапты жер. *Міне, Қарагайты. Құшагы – құт, қойнауы – сүт, құйқалы өңір, жалгыз қой қоздаса айран ішкізетін т ұ ң к е л і алаң* («Ж. өмір», 18.07.1983). *Сөндықтан сіздерді аймақ басшыларымен келісе отырып, өз көзімізбен көрген т ұ ң к е л і мекенге көшірген едім* (С. Мағ., Сүмбіле, 152). *Жоны сарылы, өзені т ұ ң к е л і өлке екен. Біз жетпесек ұрпақтар бар гой, – деді Жылқышы* (С. Тәу., Арм. тау, 56). *Екінші арманым – елімді Үш қызга қондыра алмадым. Жер қамы – ел қамы гой. Бір жагы ой, бір жагы қыр, т ұ ң к е л і мекен* (Сонда, 143).

ТҮҢЛІК (Жамб.; Алм., Талд.; МХР) түндік. *Үйдің т ұ ң л і г і н артқа қарай жіберің жарық болсын* (Қарақ.). *Көгал сайда отырган бес-алты үйлі ақ ауылдың т ұ ң л і г і тегіс жабық* (М. Әу., Абай жолы, 160). *Күн батып, түн т ұ ң л і г і жабыла бастаган кез* («Жетісу», 6.06.1985). *Ел орынга отырган кез. Ашық от жагатын үйлердің т ұ ң л і г і айқара ашылган* (С. Тәу., Арм. тау, 35).

ТҮП[1] (Қ.орда, Арал) теңіздің белгілі бір жерінің түбі. *Жалпақ теңіз т ұ б і н «табан», «ұлтан» деп атайды* (Қ.орда, Арал).

ТҮП[2] (МХР) орталық. *Т ұ п к е кетті* (МХР).

[Монғолша *төв:* 1) түп; 2) орталық; 3) кіндік (Монғ.-қаз. сөз., 187)].

ТҮПЕЛЕК (Өзб., Ташк.) қыста туған төл үшін қазып істейтін жер үй не жертөле. *Т ұ п е л е к т е үш-төрт қозы бар* (Өзб., Ташк.).

ТҮПЕСЕЛ ТҰРУ (Шығ. Қаз., Болын.) түпкілікті, орнықты, біржола тұру.

ТҮП ЖАНОЗ (Ақт., Жүр.) өгіздің мойынтұрығындағы ішкі қазық, самияны.

ТҮПКІ ҮЙ (Алм.: Кег., Гв.; Жамб.: Шу, Тал.) төр үй, бөлме. *Төсекті т ұ п к і ү й г е сал* (Алм., Кег.). *Біздің үй біреу, сондықтан бізде т ұ п к і ү й болмайды* (Алм., Кег.).

ТҮП ҚОПАРЫЛУ (ҚХР) ешкім қалмау, түгел тайлы тұяғымен аттану. *Жырық дүңген намаз артынан аз сөйледі де, шығып келе жатқан жарық күнмен таласып, қалың топ жалпақка қарай, т ұ п қ о п а р ы л д ы* (М. Раз., Алт. ақ., 458).

ТҮПТЕП ЖОЮ (Қ.орда, Арал) түбімен жою. *Ендігі жерде колхозда иесіздікті т ұ п т е п ж о й ы п, оны қолданушы Медетұлы заң*

жолымен айыптау керек («Екп. балықшы», 1932, №30).

ТҮР (МХР) уақытша, қысқа.

[Монғолша *түр* уақытша, өзірше (Монғ.-қаз. сөз, 198)].

ТҮРГЕН ТАЙЫНША МҰРЫНДАНУ (ҚХР) **1.** тәмпіш мұрын, сыйықсыз. **2.** тұмсығын көкке кетеру, тәкаппарлану.

ТҮРГЕН ШАЙЫ (Орал, Чап.) қағазға оралған шайдың жалпы аты.

ТҮРГІН (МХР) жедел. *Т ү р г і н түслымжы* – дәрігерлік жедел кемек.

[Монғолша *түргэн* тез, жылдам, шапшаң (Монғ.-қаз. сөз., 190)].

ТҮРДІ (МХР; Тау., Қош.; Сем., Аяг.) түрлі. *Онда әр т ү р д і жағдай бар гой* (МХР).

ТҮРЕН[1] **1.** (Қ.орда, Арал) қайықтың алдыңғы жағындағы қуыс, орын. *Т ү р е н г е кейде балық түздайтын түздуы су құямын* (Қ.орда, Арал). **2.** (Гур., Маңг.) қайықтың балық салатын орны. Орысшадағы *трюм* сезі.

ТҮРЕН[2] **1.** (Ақт., Ойыл; Қост., Жанг.) соқаның жер жыртатын жүзі. *Трактор бригадаларынан әкелінген т ү р е н д е р көрік жанында үйіліп жатыр* (Ақт., Ойыл). *Ана пәтердің қасында бір тот басқан т ү р е н жатыр* (Гур., Бақс.). **2.** (Қ.орда, Арал) бір тісті соқа. *Анау көрінген жеке т ү р е н д і мұнда алып кел* (Қ.орда, Арал).

ТҮРКЕЙ (ҚХР) сауатсыз, надан. *Біреу емес көп айтқан, т ү р к е й емес молда айтқан* (ҚХР).

ТҮРКІ (Жамб., Жуа.) түсініксіз, жағымсыз. *Сенің сөзің т ү р к і* (Жамб., Жуа.).

ТҮРЛІК (Павл., Ерт.) ерекшелік, езгешелік. *Адамның т ү р л і к қасиетін білу қиын емес* (Павл., Ерт.).

ТҮРМЕ (Қарақ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Небид.; Рес., Орын.; Гур., Маңғ.) жалпақ шашақты жібек белбеу. *Ақ т ү р м е басқа орау, тарту, жаулық үшін, қызыл т ү р м е белге орау, байлау үшін жұмсалады* (Қарақ.). *Белінде ораганы бес қаланың т ү р м е белбеуі* (Гур., Маңғ.).

[Қарақалпақша *түрме* белбеу (Карак.-рус. сл., 1958); пар. жібектен жасалған мата (Л. Буд. I, 389)].

ТҮРМЕ БЕЛБЕУ 1. (Өзб., Бұх.) екі-үш метр таза матадан сәндік үшін белге байлайтын белбеу. *Т ү р м е б е л б е у д і қазір кемпірлер ғана байлайды* (Өзб., Бұх.). **2.** (Ақт.: Жұр., Қараб.) жібек белбеу. *Баса киген борікті, Т ү р м е б е л б е у белінде. Кім екенін білдірмей, Нарқыз асқа келіпті* (Н. Байғ., Шығ. жин., 192).

ТҮРМЕЛЕУ (Гур., Бақс.) түрмеге жабу. *Дәулетқали да жаламен т ү р м е л е п, ақыры ол шайқым ақындығымен құтылыпты* (Гур., Бақс.).

ТҮРМЕХАНА (Қарақ.) түрме, абақты.

ТҮРМЕ ШАЙ (Орал, Чап.) қағазға оралған шайдың жалпы аты.

ТҮРПІ (Сем., Шүб.; Павл., Горьк.) ірі, үлкен егеу. *Т ү р п і м е н ағаштың кедір-бұдырын өңдейді* (Павл., Горьк.). Әдеби тілдегі «түрпідей тиді» деген тіркестегі алғашқы сыңарының мағынасы осы *түрпі* сөзімен байланысты болу керек.

ТҮРТИЮ (Қ.орда, Қарм.) қабағын түйіп, ашуланған белгі білдіру. *Келген бетте-ақ т ү р т и і п келіп отырды* (Қ.орда, Қарм.).

ТҮРТКІ (Қост., Жітік.; Рес., Орын.) сиырдың саны ісіп, ішіне қан толатын ауру. *Жалғыз сиырымыз т ү р т к і г е шалдығып, жаз ортасында оліп қалды* (Қост., Жітік.). *Т ү р т к і м е н ауырған сиырдың еті қарайып кетеді* (Орын., Ад.).

ТҮРТПЕ (Сем., Аяг.) кісеннің кілті, оны түртіп ашатын құрал.

ТҮРТПЕЙ (Ақт., Ырғ.) сиыр ауруы. *Т ү р т п е й м е н ауырғанда сиырдың саны іседі, ішіне қан толады* (Ақт., Ырғ.).

ТҮРУЧІ (МХР) сержант.

[Монғолша *түрүүч* сержант (Рус.-монг. сл., 642)].

ТҮРШЕК (Шымк., Мақт.) орік. *Т ү р ш е к әлі пісе қойған жоқ қой* (Шымк., Мақт.).

ТҮРШӨП//КІРШӨП (Қарақ.) шелге шығатын есімдік. *Т ү р ш ө п т і ерте кезде кір жууға пайдаланған* (Қарақ.).

ТҮРІ БАР (Жамб., Жуа.) әр нәрседен хабары бар, құлағы түріңкі. *Тортайдың құлағының т ү р і б а р еді* (Жамб., Жуа.).

ТҮРІКПЕН (Сем., Абай) дүрбі. *Егізхан, т ү р і к п е н і ң бар ма, ана қарайған біздің бұзау емес пе?* (Сем., Абай).

ТҮРІКПЕН ДОМБЫРА (Түрікм., Таш.) түрікмен домбырасының сырт пішініне ұқсатып, қазақ домбырасының ішегін тартқан музыка аспабы. *Т ү р і к п е н д о м б ы р а с ы н ы ң даусы майда қоңыр болады да күйге жақсы келеді* (Түрікм., Таш.).

ТҮРІКПЕН МЫЛТЫҚ (Қарақ.) сирақты, аузынан оқталатын шүріппелі мылтық.

ТҮРІКПЕН САХЫРА ЖЕЛІ (Ауғ.; Ир.) желдің бір түрі.

ТҮРІМ (Гур., Тең.) балық аулайтын кемелердегі балықшылар жататын қуыс, текшелер, каюталар. Орысша *трюм.*

ТҮС (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Гяу., Таш., Конеүр., Тахта, Мары, Тедж., Байр.; Қ.орда, Арал) нағыз. *Т ү с мал жинайтып балдар екесіңдер* (Түрікм., Ашх.). *Бұл маңайдың қазақтары т ү с көшпелі* (Қ.орда, Арал). *Т ү с айыр түйе* (Қ.орда, Арал). *Қаншама т ү с гұлама, ұлы жандар, жырлап кеп, дүниеден жылап кетті* (Х. Ерғ., Өл. мен поэма., 6). *Қиын сөздің өзіне мүдірмей, т ү с қазақтай тақпақтай, шіреніп сөйлейді* (Ә. Нүрп., Қан мен тер, 139).

ТҮС АЙЫР Қ. түс түйе.

ТҮСЕЛДІ (МХР) үйіне адамдар көп келетін дастарқаны жаюлы, кең үй.

ТҮСЕЛ ТҮСУ (МХР) кісі үзілмеу, адам көп келу. *Ол т ү с е л т ү с і п жататын үй еді. Неге қысыласың, үйіңе т ү с е л т ү с і п жатыр ма?* (МХР). *Қой артына жабысып жебей сауған әйелдердің бір тобы алыстан өгдеп келе жатқан баташыларды көре сала, т ү с е л т ү с е т і н ақ үйге таман шұбырды* (С. Тәу., Ақыр Жән., 142.).

ТҮСЕРЛІК (Қарақ.) бөктер етек. *Біздің үй Хожаколдің т ү с е р л і г і н д е* (Қарақ.).

ТҮС ЖАРУ (ҚХР) көңілдену, қабағы ашылу, жадырау. *Кітап оқу, газет оқу, құрбыларымен т ү с ж а р ы п, ойнап-күлуден тыйылған* (Ғ. Қан., Бүрк., 173).

ТҮСКЕР (Гур., Маңғ.) көрген түсі келетін, түсі келгіш, сәуегей. *Арық деген т ү с к е р адам отіпті. Оның корген түсі келетін еді дейді* (Гур., Маңғ.).

ТҮСКІ ДАМЫЛ (Сем., Абай) түскі демалыс. *Т ү с к і д а м ы л г а келдік, т ү с к і д а м ы л бір-ақ сағат* (Сем., Абай).

ТҮСКІ ҚОЙ (МХР) түс кезінде сауууға әкелінген қой. *Т ү с к і қ о й келгенче отын әкеп алайын* (МХР).

ТҮС ҚИЮ (ҚХР; Алм.: Жам., Кег.) түс ауып кеткен уақыт. *Уақ Тау ақыры малмандай су болып, т ү с қ и я кеңсесіне оралады да, жылы бөлменің ішінде ыздана қабарып кешке дейін отырады* (Ғ. Қан., Бүрк., 22). *Өмірбек ертең т ү с қ и я озен бойынан аң қара* (Алм., Кег.). *Т ү с қ и д ы ма, балам?* (Алм., Жам.).

ТҮС ҚЫҢУ (Қ.орда, Қаз.; Гур., Маңғ.) түс ауу, түс қайту. *Ол т ү с қ ы ң а келер* (Қ.орда, Қаз.). *Т ү с қ ы ң а үйіне жетті* (Ә. Кекіл., Күс қан., 145). Кейде түс ауды, түс қайтты деудің орнына *зауал ауды* деп те айтылады.

ТҮСТЕМДІ (Ақт., Ойыл) түсі белгілі. *Менің қозыларым т ү с т е м д і еді, өзім барсам тауып әкелем* (Ақт., Ойыл).

ТҮСТЕНЕЛІК (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) түскі тамақ. *Алакөзовтікіне барып, т ү с т е н е л і к жеп қайталы* (Түрікм., Красн.).

ТҮСТЕНУ (Қост., Жанг.) түс кезінде қонақ болу, түсте дем алу. *Бүгін түсте т ү с т е н б е с т е н шомеле шөмелеп жатырмыз* (Қост., Жанг.).

ТҮС ТҮЙЕ//ТҮС АЙЫР (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Қ.орда; Орал, Қазт.) нар мен арыанаңың арасынан шыққан асыл түйе. «Тік қос өркешті, түрқы қысқа, алды-арты бірдей, бас-аяғы тым ірі, мінезі ауыр, күшті, мойны ұзын, шудасы салалы, жүні ұзын әрі қалың, ата-енесі таза айыр жампоз түйе (Ә. Жақ., 44). *«Т ү с деп айыр түйені айтады. Нар бура үлек пен айыр інгеннен нар болып туса, бір туған, т ү с а й ы р болып туса, жампоз дейді. Жампоздың күші, берік-тігі бір туғаннан артық болмаса, кем болмайды»* (Қ. Жұмал., Махамб., 16). *Агеке-ау, не деп тұрсыз... сіз айтқандай керіс қоспақ емес, т ү с нардың тұқымы, ата малы* (Ә. Нүрп., Сергелдең).

ТҮСТІ (Түрікм.: Ашх., Таш., Тахта) түрлі. *Қазақ десе бір т ү с т і бола қалады* (Түрікм., Таш.). *Қазық деген әр т ү с т і болады* («Қарабұғаз.», 15.08.1937). Бұл сөз көбіне бір, әр сөздерімен тіркесіп айтылады.

ТҮСУ (Тау., Қош.; Жамб., Жуа.; Алм.: Кег., Шел.; Сем., Абай; МХР) 1. міну, отыру. *Мен мәшенге отырдым, ал ол арбаға т ү с т і* (Тау., Қош.). *Семейден машинага т ү с і п келді* (Сем., Абай). 2. бару. *Мен ертең базар т ү с е м* (Жамб., Жуа.).

ТҮСІ ДАМЫЛ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) түскі үзіліс.

ТҮСІРІМДІ[1] (Қост., Жанг.) түсімді, өнімді. *Ақ тарыны т ү с і р і м д і деп саламыз. Еңбекті өнімді істейтін кісіні де т ү с і р і м д і дейді* (Қост., Жанг.).

ТҮСІРІМДІ[2] (Гур., Маңғ.) қонымды (киім туралы). *Адамның үстінде т ү с і р і м д і етіп тігілген бешпеттің белі мынадай қолқылдап тұрмайды* (Гур., Маңғ.).

ТҮТЕ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Байр.) машина жіптің ағашы. *Т ү т е л е р д і беріп ойнап алдасын* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қарақалпақша *түте* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ТҮТКЕЛЕУ (Алм., Шел.) шақ келу. *120 текеге шөп т ү т к е л е ме?* (Алм., Шел.).

ТҮТІК[1] (Көкш., Щуч.; Павл., Ерт.) үйтқып соққан қатты боран. *Қыстығүні т ү т і к к е адам шыдай алмай, адасып кетеді. Т ү т і к кезінде жол көрінбейді* (Көкш., Щуч.).

ТҮТІК[2] (Жамб., Қорд.; Алм., Жам.) керпенің шетіне жүргізілетін бір жарым елідей жиек. *Т ү т і г і н қарадан салсаң болады* (Жамб., Қорд.). *Көрпенің т ү т і г і н ақпен әдіптеген* (Алм., Жам.).

ТҮТІН (Алм., Үзын.) көрпенің жиегі. *Көрпенің т ү т і н і ақпен әдіптелген* (Алм., Үзын.).

ТҮТІНДІК 1. (Жамб., Сар.) пештің түрбасы, мүржасы. *Пештің т ү т і н д і г і н е н түтін шығып жатыр* (Жамб., Сар.). 2. (Гур., Маңғ.) самаурынның кернейі.

ТҮТІН ПҰЛ (Қ.орда: Арал, Сыр., Қарм.) ертеде үй басына салынған салық. *Т ү т і н п ұ л барлық жерде бірдей емес, әкімдердің бөлуімен гой* (Қ.орда, Арал). *Сорлы кедейлер т ү т і н п ұ л салығынан талай қорлық көретін* (Қ.орда, Сыр.).

ТҮШЕК (Өзб., Ташк.) бір не екі адамдық қалың матрац.

[Өзбекше *тушак* қалың төсеніш көрпе (Узб.-рус. сл., 467). Тәжіктің ауызекі тілінде *тушак* кілем, түксіз кілем, көрпе, көрпеше (Т. Айд., Каз. тіл. лекс. ерек., 75)].

ТҮШПӘРӘ Қ. түшпара.

ТҮШПӘРӘ КӨЛЕК (Өзб., Ташк.) гүлді матадан тігілген көйлек. Көкірек бүрменің үстінен *т ү ш п ә р ә* (қ.) формалы үш бұрышты бүрмелер салынады.

ТҮШІМЕУ//ТҮШІРКЕНБЕУ (Қост., Жанг.) сүйсінбеу. *Мақаштың істегеніне т ү ш і р к е н б е д і м, себебі сапасыз* (Қост., Жанг.).

ТҮШІРКЕНБЕУ Қ. түшімеу.

ТЫБЫР (Сем., Абай) тырп еткізбеу. *Ол бұл жұмыстарды т ы б ы р е т к і з б е й орындайды* (Сем., Абай). Қ. түбір еткізбеу.

ТЫҒЫЗ (МХР) 1. керек, қажет, маңызды. *Бұл олқылыққа пленум идеялары бойынша қорытынды жасап, еңбек өнімділігінің бесжылдық жоспарын орындауға назар аудару т ы ғ ы з* («Ж. өмір», 22.12.1983). 2. қиын. *Қазір пойыздың билеті т ы ғ ы з екен* (МХР). *Бұл олқылықтарды алдағы семинарларда қайталамау т ы ғ ы з* (МХР).

ТЫҒЫЗДАУ (Рес., Сарат.) асықтыру. *Аламыз гой, т ы ғ ы з д а м а ң д а р* (Рес., Сарат.).

ТЫҒЫНДЫ НӘРСЕ (Сем., Абай) тығылған нәрсе. *Біздер олардың т ы ғ ы н д ы н ә р с е л е р і н коп таптық* (Сем., Абай).

ТЫҒЫРЫҚ (Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр., Шиелі) түйенің мұрындығына өткізген ағаш шығып кетпеу үшін қайыстан істелген тоқтатқыш. *Т ы ғ ы р ы қ мұрындықтың екі жағына не байланады, не тесіп өткізіледі. Т ы ғ ы р ы қ с ы з мұрындық тұрмас болар* (Қ.орда, Арал).

ТЫҒЫРЫҚ БӨРІК (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Жеб.; Гур., Маңғ.) деңгелек бөрік. *Басыңнан т ы ғ ы р ы қ б ө р і к т і тастамайтының не?* (Түрікм., Жеб.). *Екінші себеп, ауыл арасында босқа қыдырып, басына т ы ғ ы р ы қ б ө р і к киген Қылаңның ылаңынан* («Жұм-шы», 13.07.1945).

ТЫЙҒЫШ (Орал, Жән.; Рес., Астр.) есіктерезені бекітетін тиек. *Боранда т ы й ғ ы ш болмаса, есік ашыла береді* (Орал, Жән.).

ТЫЙҚАРЫ (Қ.орда, Арал) негізінде, асылында, тегінде.

ТЫЙШАЮ (Қ.орда, Арал; Ақт.: Ойыл, Шалқ.) тыныштану. *Ол сырқаттан тәуір болып, біраз күннен бері т ы й ш а й ы п отыр* (Қ.орда, Арал). *Жібекті т ы й ш а й т ы п, жағын қарыстырған екен* (Ақт., Ойыл).

ТЫЙЫН-ЖЫБЫР (Алм., Кег.) тиын-тебен. *Бөріш, т ы й ы н-ж ы б ы р бар ма?* (Алм., Кег.).

ТЫҚПА (Түрікм.: Таш., Кенеүр., Тахта, Тедж.) бүрме. Қойдың етін қатырып сақтау. *Бұзып аса қоятын т ы қ п а да жоқ* (Түрікм., Көнеүр.).

ТЫҚШИТТАУ (Түрікм., Көнеүр.) үндемеу, жұмған аузын ашпау. *Не істегенімді қайдам, ол маған біраздан бері т ы қ ш и т т а п жүр* (Түрікм., Көнеүр.).

ТЫҚЫМЫР (Қарақ.) қытымыр, тыныш-сыз, қатал адам.

ТЫҚЫР Қ. тақыр[1].

ТЫЛПЫЙЫП ТҮСУ (Түрікм.: Бекд., Красн., Қиян., Небид., Жеб., Ашх.) үшып түсу, жалп ету. *Бір пергенімде т ы л п ы й ы п түсті* (Түрікм., Красн.). *«Әлгі өңгүдік тайжыларды түйе тарпыған бақадай бірақ т ы л п ы й т ы п т ү с е р і н е көзін әбден жеткізе түскендей болды* (Ә. Кекіл., Үркер, 494).

ТЫМ (Жамб., Шу) тыныш, тым-тырыс. *Жолдастар, тәртіп сақтаңдар, т ы м отырыңдар* (Жамб., Шу).

ТЫМА 1. (Қ.орда, Арал; Қарақ.) теңіздің қойнауы, қылталау жері. *Желді күні қайықты шалқып жатқан ұшанға салмай, т ы м а н ы қуалап жүру керек* (Қ.орда, Арал). 2. (Шығ. Каз., Зайс.; Алм., Кег.) тұнба, ұзап ақпайтын су (көлемі шағын су). *Т ы м а бұлақ бастау тәрізді ақпайды. Оның кейде айналасы қамысты да болады* (Шығ. Каз., Зайс.).

ТЫМБА (Шымк., Сайр.) ойпан жердегі тұнық су, тұнба. *Т ы м б а ұзап ақпайды* (Шымк., Сайр.). Қ. тұма.

ТЫМПЫРСЫҚ (МХР) аяздың басталатын кезі. *Күн т ы м п ы р с ы қ т а н ы п, аязданып қалыпты гой* (МХР).

ТЫМСАЛ//ТӘМСІЛ (Жамб., Мойын.) үлгі, мысал. *Т ы м с а л болатын сөздер бізде аз, әр сөзімнің тәмсілі тыңлаганда осындай* (Жамб., Мойын.). *Бірақ бала анасының т ы м с а л м е н айтқан сөзіне түсінбеген-ді* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 55). Қ. тәмсел.

ТЫМСЫРЫҚ (Қ.орда, Арал) тымырсық.

ТЫМЫҚ (Рес., Омбы) желсіз, тымырсық күн. *Бүгін күн т ы м ы қ болып тур гой* (Рес., Омбы).

ТЫМЫРА (Ауғ.; Ир.) күз. *Созақта т ы м ы р а д а һәм суық болады екен* (Ир.).

ТЫН АЛУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Ашх.) дем алу. *Екі-үш күн т ы н а л ы п және шөпке, кетпелімін* (Түрікм., Ашх.).

ТЫНАМДАЙ (Сем., Мақ.) кішкентай. *Көшеде т ы н а м д а й бала ойнап жур* (Сем., Мақ.).

ТЫНАР (Алм., Шел.) түйғынның бір түрі. *Бүркітші ұстап алған құсын т ы н а р деп тапты* (Алм., Шел.).

ТЫНУ (Қост., Камыш.) қану, тоя жуту. *Колдің суынан атым т ы н а жутты* (Қост., Камыш.).

ТЫНШАЮ (Қарақ.) тыныштану. *Біраз т ы н ш а й ы п қаппын* (Қарақ.). Қ. тыныштаю.

ТЫНШУ БОЛУ (Сем.: Көкп., Ақс.) күн райының жақсы болуы, жылы болуы. *Көкпектіде боран согып турганда, Ақсуатта т ы н ш у б о л а д ы* (Сем., Көкп.).

ТЫНЫҚ[1] (Шымк., Қызылқ.) ту, семіз. *Бізде бір т ы н ы қ сиыр бар* (Шымк., Қызылқ.).

ТЫНЫҚ[2] (Қ.орда, Арал) тыныққан, тың, тыныш. *Түйелері кіл (қ.) т ы н ы қ екен* (Қ.орда, Арал). *Есейдің екінші жағында жатқан жазалы, аз сөзді, т ы н ы қ жігіт көркем шығармаларды көп оқиды* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 334).

ТЫНЫШТАЮ (Гур., Бақс.) тынышталу. *Әй, жігіттер, т ы н ы ш т а ю керек болар, цят қой өзі бұл* (Гур., Бақс.). Қ. тыншаю.

ТЫНЫШТЫ (Сем., Аяг.) тыныш. *Жол жүруге машина т ы н ы ш т ы гой* (Сем., Аяг.).

ТЫҢҒЫ (Гур., Маңғ.) тыныс; мөлшер. *Сойлейсің де отырасың, осы сенің созіңнің бір т ы ң г ы с ы бола ма?* (Гур., Маңғ.). «... *бүкіл журтқа аян болган мынау істі асқындырмай төреден күн алып беріп, істі бір т ы ң г ы г а жеткізерсіз* («Жұлдыз», 1987, №3, 70).

ТЫҢ ЖЕРШІ (МХР) тыңгер, тың игеруші. *Соқа құтты, кетпен ырысты болсын, қапсар т ы ң ж е р ш і л е р* («Ж. өмір», 15.05. 1986).

ТЫҢЛАУ (Алм., Кег.; Жамб., Сар.; Түрікм., Көнеүр.) тыңдау. *Кешке қарай радиодан бір концерт беріліп, соны т ы ң л а п отыр едік* (Түрікм., Көнеүр.). *Т ы ң л а г а н сөзімізді өткізелі көңілден жамандылықты кеткізелі* (Жақсыбай ақын).

ТЫПУ (Шымк., Мақт.) қамау, қаптау. *Ел бізді т ы п ы п кетті* (Шымк., Мақт.).

ТЫПЫЛ (Гур., Маңғ.) жас бала. *Шаршаган ана т ы п ы л д ы берші мен жұбатайын* (Гур., Маңғ.).

ТЫРАМБАҚ (Түрікм.: Қулы., Қиян., Красн.) түз өндірісінде үсақ түздарды сүзіп алатын құрал.

ТЫРАН (Қ.орда, Арал) табан тәрізді кішкентай балық. *Т ы р а н н ы ң еті жаман емес* (Қ.орда, Арал).

ТЫРАНАУЫҚ (Қост., Об.) қол тырма. *Т ы р а н а у ы қ т ы ң екі-үш тісі сынық екен* (Қост., Об.).

ТЫРАПАЙ//ТЫРАМПАЙ (Сем., Шүб.) тоңқалаң асу, мүрттай үшып түсу. *Бір кісі атматымен т ы р а м п а й асып құлады* (Сем., Шүб.).

ТЫРАШ (Гур., Маңғ.) таза адам.

ТЫРАШПАН (Рес., Омбы) төрт дөңгелекті қорапты арба. Шымкент облысының кейбір аудандарында *кебеже*, Көкшетау облысының Қызылту ауданында *дурегі* деген нүсқалары кездеседі.

ТЫРАШТАНУ (Орал, Орда) әдемілену, сәндену, тарану. Қ. тараштану.

ТЫРАШТАУ (Рес., Астр.) аудың арасын ашып жазу.

ТЫРЖАҢДАУ (Қ.орда, Арал) тырбаңдау. *Егіндікке барып, т ы р ж а ң д а п істеген боласың* (Қ.орда, Арал).

ТЫРҚАҚТАУ (МХР) ретсіз күлу. *Мына үлдың т ы р қ а қ т а у ы н қарашы* (МХР).

ТЫРҚЫЛАНУ (Алм.: Жам., Үйғ.) шашу, жомарттану, мақтану. *Әй, әке, онша т ы р қ ы л а н б а, ертеңге ақшаң қалмайды* (Алм., Жам.).

ТЫРҚЫН ШЫҒАР (Гур., Маңғ.) зықысын шығару, қорқыту.

ТЫРМА (Қост., Жанг.) топырақ үсататын құрал. *Т ы р м а деп бізде айдаган жердің шымын майдалайтын боронаны айтады* (Қост., Жанг.).

ТЫРМАҚ (Жам., Тал.) тырнауыш, шөп машинасының тырнауышы.

ТЫРМАТУ (Қ.орда, Арал) тырмалау. *Шабылган шөпті т ы р м а т а м ы з* (Қ.орда, Арал).

ТЫРМАУЫҚ Қ. тырнауық.

ТЫРНАҒЫН КӨРСЕТПЕЙ СЫЙПАУ (ҚХР) сырын ішіне бүгіп қалу, кулығын асыру, жасырын қастық ойлау.

ТЫРНАҚ[1] (Гур., Манғ.) шананың табаны мен үстіңгі тақтайдың арасындағы қысқа тіреу ағаштар.

ТЫРНАҚ[2] (Түрікм.: Бекд., Небид.) шамның пияла кигізетін жері. *Шыраның (қ.) т ы р н а г ы н тазалаң* (Түрікм., Красн.).

ТЫРНАҚ[3] (Қ.орда, Арал) үйдің сыртын жаңбыр шаймас үшін төбеден салған қамыс, қарағай, карниз.

ТЫРНАҚ[4] (Гур., Манғ.) ердің қаптал ағашы.

ТЫРНАҚ[5] (Түрікм., Небид.; Қарақ.) үйдің іргетасы, фундаменті. *Тамының т ы р н а г ы н тұргызуга бір-екі қап цемент керек еді* (Қарақ.). *Көне замандағы қазақтар жайды т ы р н а қ с ы з-ақ салған дейді* (Түрікм., Небид.).

ТЫРНАҚ ҚАТАР (Өзб., Ташк.) күрақ. Формасы тырнаққа ұқсаған үш бұрыш күрақшалардан құралатын күрақ түрі. Тырнақ формасын өрнек нақыштарда пайдалану. Орта Азияда кең таралған. Түрікмендерде әйел киімдеріне кесте тігуде төрт бұрышты орнегін *дырнақ* (тырнақ) деп атайды.

ТЫРНАҚҚЫЛ (Қарақ.) үзік жиегіне жағалай тігілген үлкендігі алақандай кішкене киіз.

ТЫРНАҚША[1] (Рес., Орын.) шамның лампа қоятын жері. *Оныншы шамның т ы р н а қ ш а с ы ма, қайсысы керек?* (Орын., Бөр.). Қ. тырнақ[2].

ТЫРНАҚША[2] (Қ.орда, Арал) үйдің, қораның төбесіне салынатын нәрсенің асып шығып тұратын жері. *Т ы р н а қ ш а с ы көп шыгып тұрса, жауын қабыргага тимейді* (Қ.орда, Арал).

ТЫРНАУЫҚ 1. (Қост., Об.) тырнауыш, қол тырма. *Т ы р н а у ы қ т ы ң екі-үш тісі сынық екен* (Қост., Об.). **2.** (Қост., Жанг.) тырма. *Жұмаш т ы р н а у ы қ п е н шөпті жинайды* (Қост., Жанг.).

ТЫРНАУЫШ (Көкш., Уәлих.) тырма. *Шапқан шөпті т ы р н а у ы ш п е н жинадық* (Көкш., Уәлих.).

ТЫРНАША (Қост., Об.) үйдің шатыры. *Біздің үйдің т ы р н а ш а с ы н қайтадан істеу керек* (Қост., Об.).

ТЫРНАШТАП (МХР) аз-аздап, тірнектеп. *Т ы р н а ш т а п тапқан дүниеге тыңгылықты есеп жүргізу ендігі істің тетігі осында* (М. Құрман., 53).

ТЫРЫМ-ТЫРАҚАЙ (Шығ. Қаз., Больш.) тым-тырақай.

ТЫРЫМШЫЛЫҚ (Қарақ.) таршылық. *Т ы р ы м ш ы л ы қ заман* (Қарақ.).

ТЫРЫС АЛМАУ (МХР) мүлде, тіпті алмау, жоламау.

ТЫРЫСҚАҚ ТҮЙЕ түрліше себептерден (үрғаннан, рстсіз жекіген-кейігеннен, қатты киналғаннан, т. б.) қасына жан жолағанды жақтырмай, мінез корсететін түйе. Мұндай түйе әдстте будан азғындарында болады. *Жаман адам ұрысқақ, жаман т ү й е т ы р ы с қ а қ* (Мақал).

ТЫРЫСПАЙ (Қ.орда, Арал) қол-аяғы тырысып ауыратын ауру; оба ауруы. *Т ы р ы с п а й біздің маңайда жиі болатын* (Қ.орда, Арал). *Қара т ы р ы с п а й жылы өлген ағасының жас келіншегін бұған зорлықпен басып отырып алып берді* (Ә. Нүрп., Қан меи тер, 26).

ТЫРЫСШАНДЫҚ КӨРСЕТУ (ҚХР) бар күш-қуатын жұмсау, тырысу, күлшыныс жасау.

ТЫСҚАР//ТЫШҚАР (Сем., Абай) сырт, тыс, дала. *Күрек т ы с қ а р д а тұр* (Сем., Абай).

ТЫСҚОЛ (Қост., Жапг.; Қар.; Жезқ.) тыстық, сырттық мата. *Дүкенге біраз ішқол (қ.) гана келіпті, т ы с қ о л мата жоқ* (Қост., Жанг.).

ТЫСТАУ (Орал, Орда; Қост., Ордж.) тастау. *Әке мен шешені жалгыз т ы с т а п кете алмадық* (Қост., Ордж.). *Қогазыңды т ы с т а м а й алып жүр* (Орал, Орда).

ТЫШҚАҚҚА ҚАС ҚЫЛҒАНДАЙ (ҚХР) озі әрең жүргенде, қырсыққанда.

ТЫШҚАН ЖҰТҚАН ЖЫЛАНДАЙ (ҚХР) буылтық-буылтық болу, бөлек-салақ болу, калыптан тыс семіздік.

ТЫШҚАНҚОРЛЫҚ (Қ.орда, Арал) тышқан қорық, тышқан іні. *Біздің үйдегі сар інген байқамай т ы ш қ а н қ о р л ы қ қ а түсіп кетіпті* (Қ.орда, Арал).

ТЫШҚАН ҚҰЛАҚ (Талд., Панф.) үлкендігі теректің жапырағындай, биіктігі жерден 7-8 см ғана котерілетін жапырақ шөп. *Т ы ш қ а н қ ұ л а қ малды тез семіртеді. Мұны жалайырлар май жапырақ деп атайды* (Талд., Панф.).

ТЫШҚАНШЫҚ (Ақт., Ойыл; Қост., Семиоз.) жүгірмек (түйенің, жылқының ауруы). *Сары ат т ы ш қ а н ш ы қ болып қалыпты* (Ақт., Ойыл). *Совхозда бес түйе бар еді, соның біреуі т ы ш қ а н ш ы қ т а н өліпті* (Қост., Семиоз.).

ТЫШҚАР Қ. тысқар.

ТЫШҚАРЫ (Қарақ.: Мой., Тақт.; Қ.орда, Арал) тысқары. *Топырақтан т ы ш қ а р ы болсаң жарып барамыз* (Қарақ., Мой.).

ТЫШТАҚАЙ//ТҰШТАҚАЙ (Өзб., Ташк.) үшқалақ, жеңілтек. *Тәжігүл есі кірген сайын т ы ш т а қ а й болып барады* (Өзб., Ташк.).

ТЫШТАМА (МХР) баланы бесікке салғанда үлестіретін тағамдар.

ТІГУ (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб., Жам.; Алм.: **Ұ**зын., Жам.) отырғызу, салу, егу. *Биыл аз гана қауын т і к т і к* (Қ.орда, Арал). *Ол капустаны көктемде т і к т і* (Жамб., Жам.). *Апам есік алдына бір түп ағаш т і к т і* (Алм., Жам.).

ТІГІЛЕЙ (Қ.орда, Қарм.) тікелей. *Т і г і л е й өзің болмасаң, іс бітеді деп ойлама* (Қ.орда, Қарм.).

ТІГІЛ-ТІГІЛ ЖЕР (Алм., Жам.) шағыл, тастақ жер.

ТІГІРСІЗ (Гур., Есб.) тынымсыз, өр уақытта, үзбей. *Шоп уақытында жұмысты т і г і р с і з жасайды* (Гур., Есб.).

ТІЗБЕ[1] (Түрікм., Таш.) киіз үйдің уықтарын шалып байластыратын жіңішке құр.

ТІЗБЕ[2] (Гур., Есб.) тізім. *Қайдан білейін, қарағым, бізді т і з б е д е н өшіріп тастапты* (Гур., Есб.).

ТІЗБЕЛЕУ (Орал, Қазт.) тізу. *Қауыпты деген 12 кісіні т і з б е л е д і к* (Орал, Қазт.).

ТІЗГІН ТАРТАР (Жамб., Жуа.; Алм., Талд.) ескі әдет-ғұрыпқа байланысты алынатын кәде. *Қыздың тугандарына т і з г і н т а р т а р үшін жиырма сом бердім* (Жамб., Жуа.). *Мен әйел аларда бір қараны т і з г і н т а р т а р г а бердім* (Алм., Талд.).

ТІЗГІН ҰШЫН БЕРУ 1. (Павл., Ерт.) жәрдем ету, кемектесу. *Адам бір-біріне т і з г і н ұ ш ы н б е р у адамгершіліктің белгісі* (Павл., Ерт.). 2. (ҚХР) тізгін ұшында, дереу, қолма қол.

ТІЗГІН ҰШЫМЕН КЕЛУ (Сем.: Абай, Көкп., Ақс.; МХР) асығыс, аса тез келу. *Осы хабарды естіген соң ол т і з г і н ұ ш ы м е н к е л д і* (Сем., Абай).

ТІЗДЕП БУУ (МХР) төрт аяғын бірдей буу. *Олар түйені т і з д е п б у д ы* (МХР).

ТІЗДЕУ (Қ.орда, Қарм.) жаңа үйретілген не үшқалақ, үстіне кісі мінерде, жүк артарда тұрып кететін немесе шөкпейтін түйенің алдыңғы бір не екі кері жілігін тоқбас жілігімен қосып мықты жіппен қабаттап байлап, мойнына асып еріксіз шөгеру. *Түйеге жүк артылып болған соң, т і з д е у жіптерін шешіп тұрғызады* (Қ орда, Қарм.).

ТІЗЕҚАП (Түрікм., Небид.) түйенің тізе терісінен жасалған аяқ киім. *Аңшылар қыстың күні жер бауырлағанда суық етпес үшін тізесіне т і з е қ а п киеді* (Түрікм., Небид.).

ТІЗЕЛІК (Гур.: Маң., Есб.) тізе. *Су ешкімнің т і з е л і г і н е н аспады* (Гур., Есб.).

ТІЗЕСІНЕ ЖЕР ИІСКЕТУ (ҚХР) отыра қалу, демалу.

ТІЗ КИІМ (Түрікм.: Кенеүр., Тахта, Тедж; Қарақ.; Рес., Сарат.) іш киім, дамбал. *Намаз оқитын сіздерге т і з к и і м мақул* (Түрікм., Кенеүр.).

ТІЗҚАТАР (Кекш., Зер.) қаз-қатар. *Ойнаушылар әдеттегідей т і з қ а т а р отыра кетті* (Кекш., Зер.).

ТІЗУ (Түрікм.: Кенеүр., Байр., Мары, Таш.) жасау. *Әзір оның планын т і з і п отырмыз* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *дүзмек* негізін салу (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ТІК АЯҚ 1. (Түрікм.: Тедж., Байр., Мары) шәшке, шыны аяқ. *Біз бойлай т і к а я қ п е н ішеміз* (Түрікм., Тедж.). 2. (Қарақ.) стакан. *Шайды т і к а я қ қ а құйып бере беріңіз* (Қарақ.).

ТІКӘР (Қ.орда, Арал) іштегі сыр. *Әдиге барсаңдар іштегі т і к ә р д і ң бәрін ағытады гой* (Қ.орда, Арал).

ТІКӘРІ (Қарақ., Мой.) тегі, негізі.

ТІК БӨРІК//ШЕРКЕШ БӨРІК 1. (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Таш., Тедж.) қыздардың үкілі тақиясы іспетті берік. *Т і к б е р і к киген жан көрмедім* (Түрікм., Ашх.). 2. (Гур., Маң.) жиегі қатырмалы биік берік.

ТІКЕЛЕЙ ЖЕРДЕН (Орал, Орда) ойда жоқта, тосыннан, күтпеген жерден. *Т і к е л е й ж е р д е н әңгіме айту қиын, айнам* (Орал, Орда).

ТІКЕН ЖҮГЕРІ (Жамб., Шу) жүгерінің кішілеу келген түрі. *Т і к е н ж ү г е р і н і құырғанда түгелімен бадырап кетеді* (Жамб., Шу).

ТІКЕНЕГІ СЫРТЫНА ШЫҒУ (Шымк., Сарыағ.; Қ.орда, Арал) босану. *Аман-есен т і к е н е г і ң с ы р т ы ң а ш ы қ т ы ма, қарағым?* (Қ.орда, Арал).

ТІКЕШ (Түрікм.: Таш., Кенеүр., Тахта, Тедж., Мары, Байр., Ашх., Гяу.) тандыр не таба нанға ернек салуға арналған, тістері сымнан жасалған деңгелек, щетка сияқты құрал. *Сендерде т і к е ш бола ма?* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қарақалпақша *тікеш* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ТІК ЖАҒАЛЫ ЕРКЕК КӨЙЛЕК (Өзб., Ташк.) жағасы бірнеше рет ұзынынан да,

көлденеңінен де тігілетіндіктен, қатайып тік тұратын кейлек. Мұны кебіне қарт кісілер киеді.

ТІККЕМЕ-ТІККЕ (Қарақ.) турадан-тура.

ТІК МАТА (Жамб., Шу; Тәж., Қорғ.) жолжол мата. *Тік матадан дастарқан, көрпеге астар жасайды* (Жамб., Шу).

ТІК ОҚ (Ақт., Ырғ.) шығырды айналдыратын ағаш. *Тік оқтың жоғарғы жағы темірмен жастық ағашқа бекітіледі* (Ақт., Ырғ.).

ТІКПЕКІЛ (Ақт., Жүр.) асық ойынының бір түрі. *Бала шағымызда тікпекіл ойнайтын едік* (Ақт., Жүр.).

ТІКТЕЛІП ОТЫРУ (Қ.орда, Арал) тік отыру. *Зеңбірекшілер асылып танкіге мінгенше Баян Фроловты сүйемелдеп, тіктеліп отыруына дәрмен етті* (Ә. Нұрп., Курл., 173).

ТІКТЕСУ (Қар.; Қост., Торғ.) екі кісінің ерегесуі. *Екеуміз тіктесіп тұрып алдық. Сол тіктескен күйіміз айырылысып кеттік* (Қар.).

ТІКТЕУ (Түрікм.: Тахта, Таш., Көнеүр., Тедж., Мары, Ашх.) орынша қалдыру, қалпында қалдыру. *Сол кезде министр келіп, осы мектепті тіктей кетті* (Түрікм., Тахта).

[Түрікменше *дикелтмек* қалпына келтіру (Рус.-туркм. сл., 1956); езб. *тикламок* қалпына келтіру].

ТІК ҰШАРМЕН КЕЛУ (ҚХР) біреудің сүйемелдеуімен келу.

ТІК ШЕЛЕК (Павл., Ерт.) цилиндр сияқты аузы мен түбі бірдей биікше келген шелек. *Байназар тік шелекпен су әкелгелі кетті* (Павл., Ерт.).

ТІЛАРА//ТІЛҒАРА (МХР) қолмен тақтай кесетін, бір жақ ені жалпақ, екінші жақ ені тар, ұзын ара.

ТІЛАШАР (Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд.) балаға тіл шығарда тез сөйлесін деп жасалатын ырым.

ТІЛ БІРІКТІРУ (ҚХР) сөзі бір жерден шығу, ымы-жымы бір болу. *Өткен бір жылда Совет Одағы түзетімпаздарының Америка жиһангершілігімен тіл біріктіріп, ядролық сауда жасасқан* («Шыңжаң», 1972, №11).

ТІЛГЕ ТИЕК ТАБУ (Гур., Маңғ.) сөйлей білу, дәлелді, мазмұнды етіп, тауып сөйлеу. *Тілге тиек тауып сөйлегенге не жетсін. Ол тілге тиек тауып сөйлейтін кісі* (Гур., Маңғ.).

ТІЛ ЕМІЗУ (ҚХР) құр сөзбен алдау. *Мен оған алданғанымды енді білдім, алған қарыз ақшаны бір айда өсімімен қоса қайтарамын деп ол маған тілін емізіп жүрген адам екен* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 177).

ТІЛЕ (Шымк., Сайр.) жөндік. *Ауа райының ылғалды, салқын болуына байланысты қазіргі кезде көптеген жерлерде мақта өсімдігін тіле секілді зиянды жәндіктер жайлап алды* («Қ. ту», 1.06.1962).

ТІЛЕК АРЫҚ (Қ.орда, Қарм.) жармадан (қ.) бөлініп егінге құятын жап арықтан сәл үлкендеу арық. *Тілек арықпен ойдағы егісті сугарамыз* (Қ.орда, Қарм.).

ТІЛЕУДЕС (МХР) тілеулес. *Алдыңды ойла моллалар, Ахирет қой тұрағың. Өшіп қалмай сол кезде, Жанып тұрсын шырағың. Тілеудеспін бәріңе, нұрдан болсын пырағың* («Шұғыла», 1992 №4, 21).

ТІЛЕУ ТОЙ (МХР) ұлкендердің батасын, халықтың тілегін алу үшін дастарқан жайылып, жасалатын той. *Әрбір топ ауылда сары қымыз сапырылып, ақсарбастар сойылып, әртүсті тілеу той думандарға ұласып жатады* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дөс., 6).

ТІЛЕУШІ (Гур., Шев.) қайыршы, тіленші.

ТІЛ ЖАЛҒАУ (Павл., Ерт.) өсек айту, сөз жеткізу. *Кейбір адамның тілжалғағанна басқа бітіретіні жоқ* (Павл., Ерт.).

ТІЛ ЖІБЕРМЕУ (Алм., Жам.) тілге келмеу, тіл катырмау. *Көмек келіп үлгіргенше оларды тіл жіберме й қырып салыпты* (Алм., Жам.).

ТІЛКЕМ-ТІЛКЕМ (Гур., Маңғ.) тілім-тілім, жырым-жырым. *Көйлегінің етегі тілкем-тілкем* (Гур., Маңғ.). Қ. тілкім-тілкім.

ТІЛКІМ-ТІЛКІМ (Қарақ.) тілім-тілім, тілік-тілік. Қ. тілкем-тілкем.

ТІЛ ҚАҒЫСТЫРУ (Орал, Орда) пікір, сөз таластыру, ерегісу, айтысу. *Үлкен кісімен тіл қағыстырмас болар* (Орал, Орда).

ТІЛҚИЯР (Көкш., Қ.ту) ұзын болып өсетін қияқ шөп.

ТІЛЛЕКЕШ (Қарақ.) жібек.

ТІЛ ҰШЫНА АЛМАУ (Қ.орда, Арал) ауызға алмау, айтпау. *Есейдің контужин болғанын жасырғаны секілді, өзінің шақырумен Армия штабына барып қайтқанын, жақын арада полк командирінің орынбасарлығына ауысатын болған Скориков та тіл ұшына алмады* (Ә. Нұрп., Курл., 121).

ТІЛШЕ ҚАРМАҚ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) кішкене ақ балық, алабұғаларды ұстайтын қармақ. *Тілше қармаққа шегіртке де шаншады* (Ақт., Ырғ.).

ТІЛІ АУЫСУ (Сем.: Көкп., Ақс.) тілі өзгеру, өзгеріске ұшырау. *Ол кезде менің тілім*

а у ы с ы п кеткен еді, орысша араластыра сөйлейтінмін (Сем., Кекп.).

ТІН[1] (Гур.) тал (жіптің бір талы). *Арқан бірнеше т і н н е н құралады* (Гур.). *Араларында бір т і н і ақ, бір т і н і қара жіптен білектей ғып өрген қол арқан жатты* (Ә. Кекіл., Үркер, 282).

ТІН[2] (Орал: Чап., Жымп.) буын, кеңіл. *Оның т і н і н босатқан жақсы сөз болды* (Орал, Чап.). *Кенеттен сүйіспеншіліктің т і н і босап, маңындағының бәріне жүрегі елжіреп кетеді* (А. Фад., Жас гв., 8).

ТІН ЕТУ (Өзб., Сам.) жіпті екі-екіден не үш-үштен ширату. *Кілемнің жібін т і н е т і п болдық* (Өзб., Сам.). Өзбек тілінің Андижан сөйленісінде *тин* мақтаның жіңішке талшығы.

ТІНТУШІ ҚОШҚАР (Өзб., Бүх.) қойлардың күйге келгенін анықтап беретін қошқар.

ТІРӘШМӨҢКЕ (Сем., Абай) жеңіл арба. *Т і р ә ш м ө ң к е аты жақсы болса, қолайлы нәрсе гой* (Сем., Абай).

ТІРГІЗУ (Қарақ.; Гур., Маңғ.) тірілту. *Өлген адамды т і р г і з е т і н дәрі* (Қарақ.).

ТІРЕК АҒАШ (Рес., Орын.) арба қалқанын үстап тұратын төрт жағындағы қазығы.

ТІРЕНУ (Гур., Маңғ.) шірену, мақтану. *Ол бүгін балықты көп алдым деп т і р е н і п тұр* (Гур., Маңғ.).

ТІРИЕК (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн., Таш., Тедж., Мары) әпиін. *Кейбіреулер т і р и е к т і бойлап уланады (қ.)* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *тирык* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *триек* (Карақ.-рус. сл., 1958)].

ТІРИТАК (Қост., Об.) үшінші жыл егін салынған жер. *Мына жерді т і р и т а к дейміз* (Қост., Об.).

ТІРКІС[1] (МХР; Шығ. Қаз.; Тау., Қош.) өз айтқанынан басқаға көнбейтін қыңыр, қырсық адам. *Ол жасынан т і р к і с адам* (МХР). *Қора жайы жарайды, қонағасы қалай болар екен? Шалы т і р к і с еді. Бәйбішесі екеуін бір қалыпқа соққан болса, ондай бола қоймас деген күдікпен кірген қонақтарды, жұқа өңді қарасұр бәйбіше байсалды жүзбен қарсы алды* (М. Құрман., 199). *Көжен бір т і р к і с кісі емес пе?* (Тау., Қош.).

ТІРКІС[2] (Қ.орда, Арал) ерте кездегі ағаш соқамен мойынтұрықты бірлестіріп байлайтын қайыс.

ТІРСЕК СӨЗ (Өзб., Ташк.) қыңыр сөз.

ТІРШІЛІККЕ БАРУ (Алм., Жам.) жұмысқа бару. *Қой, түс те ауып қалған екен, т і р ш і л і к к е б а р а л ы* (Алм., Жам.).

ТІРІ ӘЛЕК (Қ.орда, Арал) бейнет, қиыншылық, әлек болу. *Қасқырдан қорқып байталым жүрмеді, т і р і ә л е к к е қалдым* (Қ.орда, Арал).

ТІРІ ҚЫЗЫҚ (Қ.орда, Арал) өте қызық. *Самолет жерге жақындағанда т і р і қ ы з ы қ қ а батасың-ау* (Қ.орда, Арал).

ТІС (Гур., Тең.) қайықтың түмсығына көлденең орнатылған ағаш. *Т і с зәкірдің (қ.) шынжырын көтеріп тұрады. Зәкірді т і с арқылы көтереді* (Гур., Тең.).

ТІСАҒАШ (Алм., Жам.; Жамб., Шу) бұрынғы уақытта қолданылған ағаш соқа. *Бұрын кедейлер т і с а ғ а ш п е н де қос айдаған* (Жамб., Шу). *Т і с а ғ а ш осы кезде жер жыртуға пайдаланылмайды* (Алм., Жам.).

ТІС БАСҚАН (Түрікм., Таш.) тоқтасқан, жасы келген. *Түйең т і с б а с қ а н түйе екен* (Түрікм., Таш.).

ТІСЕК (Қарақ.) үйдің есігіне сүйектен жасалатын әшекей, ою.

ТІС ЖАРҒЫШ (Түрікм., Көнеүр.) қайрақ. *Жаңағы кісі қолындағы т і с ж а р ғ ы ш ы м е н балтасының жүзін өткірлеп жатты* (Түрікм., Көнеүр.).

ТІСКЕ (МХР) жіңішке. *Шелпекті өте т і с к е етіп кесеміз* (МХР).

ТІСКЕ СЫЗДЫҚ БОЛМАЙТЫН (ҚХР) болмашы, түкке тұрғысыз, азғантай.

ТІСҚОЛ (Қост., Жанг.) тыстық, сыртық мата. *Дүкенге біраз гана ішқол (қ.) келіпті, т і с қ о л мата жоқ* (Қост., Жанг.).

ТІСТЕГЕН ЖЕРДЕ ТІС ҚАЛУ (ҚХР) өштесу, кек алу.

ТІСТЕМЕ (Қ.орда, Қарм.) үсақ қанты кесек-кесек етіп шайға тістеп жеуге қолайлы етіп жасау. *Келін, т і с т е м е салған дорба сол жақта ма?* (Қ.орда, Қарм.).

ТІСТЕМЕ ҚҰРАҚ (Өзб., Ташк.) кекілік қас құрақтан құралып, орта көздігінің әрбіреуінің үсті-үстіне майда ақ қойып шығатын құрақ түрі.

ТІСТЕУІК 1. (Павл., Горьк.; Қар.; Көкш., Щуч.; Қост., Жанг.; Рес., Омбы) шеге суыратын құрал, кемпірауыз (қ.), атауыз (қ.). **2.** (Ақт., Ойыл; Рес., Орын.) қант шаққыш. *Т і с т е у і к т і өкеліп мына секерді (қ.) ұсақтайтын* (Ақт., Ойыл).

ТІСТІ (Қарақ., Мой.) ең ірісі 5-8 кг шамасындай еті дәмді бағалы балықтың бір түрі. *Тісінің ұзындығына қарай т і с т і балық дейміз* (Қарақ., Мой.).

ТІСТІҢ ЖҰЛҚАТЫ ҚАЛМАУ (Өзб., Ташк.) тіс өтпеу.

ТІСТІҢ КӘУЕГІНЕ ҚОЮ (Өзб., Ташк.) бар мүмкіншілігімен сақтау.

ТІСІ ҚЫШЫРАУ (Қ.орда, Арал) тісі қышу. *Арақ көрсе аузынан суы ағып, көрмесе қабағынан қар жауып, айықпас ауруға ұшырайтын, т і с і қ ы ш ы р а й т ы н адам* («Екп. балықшы», 1932, №55).

ТІСІН ТІСІНЕ ҚОЮ (Өзб., Ташк.) сөйлемеу, айтпау, тіс жармау.

ТІСІНІҢ СУЫН СОРУ (Шымк.: Сайр., Лен.) ашығу.

У

УА (Көкш.: Щуч., Еңб.; Сем.: Үрж., Мақ.; Жамб.: Шу, Мер., Жуа.; Алм., Кег.) жылқының тірсегі ісіп ауыратын ауру аты. *Жылқыда у а жоқ сияқты* (Сем., Үрж.). *У а м е н ауырған аттың аягы іседі* (Жамб., Шу).

УАҒАЗ (Қост.: Жанг., Торғ.) үгіт-насихат. *Колхозшыларга у а ғ а з жасап қайттым* (Қост., Торғ.).

УАҒЫ[1] (Рес., Волг.) шамасы. *Казақшага у а ғ ы м ы з жетпей қалганда, орысша айтамыз* (Рес., Волг.).

УАҒЫ[2] (Жамб., Жам.) мезгіл, уақыт. *Колхозшылардың тұс у а ғ ы болды* (Жамб., Жам.). Қ. уақ.

УАЗИПА (Қ.орда, Арал) міндет, сыйлық. *Дуние бір у а з и п а биік дарақ* (Қ.орда, Арал). [Ұйғырша *вәзипә* (Уйг-рус. сл., 164)].

УАЗЫНА (Шығ. Қаз.: Зайс., Марқ.). бытыра мылтыққа салатын дәрінің өлшеуіші. *Аңшылар мылтықтың оқ-дәрісін, у а з ы н а с ы н бәрін алып жүрді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

УАЙЫМ Қ. уәйім.

УАЙЫМШАҚ (Шығ. Қаз., Больш.) уайымшыл. *Ол кісінің езі де у а й ы м ш а қ* (Шығ. Қаз., Больш.).

УАҚ (Алм.: Кег., Жам.; Қарақ.) уақыт. *Сізбен сейлесуге енді у а г ы м жоқ* (Алм., Жам.). *У а г ы жеткен соң бәрі де болады* (Алм., Кег.). *Тап осыган қарайтын у а қ жоқ. Біздің у а г ы м ы з жоқ* (Қарақ.).

УАҚАЙ (Орал, Казт.; Қост., Аман.) үсақтүйек, кішкене, оны-мұны. *Маган газет айналасынан у а қ а й қызмет болса да болар еді* (Орал, Казт.). *Есмагамбет осындай у а қ а й сөзді айтып отыратын* (Қост., Аман.).

УАҚАЙЛАУ (Гур., Тең.) уақ, майда, үсақ кішкентай. *Алабұганың у а қ а й л а у тікені болады. У а қ а й л а у қайықтар тереңге бармайды* (Гур., Тең.).

УАҚАЙ-СОҚАЙ (Орал, Жөн.) уақ-түйек, майда-шүйде. *У а қ а й-с о қ а й мәселеге көңіл бөлу де дұрыс қой* (Орал, Жөн.). Қ. уақай-түкей.

УАҚАЙ СӨЗ (Қост., Аман.) үсақ-түйек сөз, оны-мұны сөз. *Есмагамбет осындай у а қ а й с ө з д і айтып отыратын еді* (Қост., Аман.).

УАҚАЙ-ТҮКЕЙ (Қост., Жанг.) уақ-түйек. *Ондай у а қ а й-т ү к е й өңгімені қойшы* (Қост., Жанг.). Қ. уақай.

УАҚ БАУЫРСАҚ (Түрікм.: Красн., Небид.) шәк-шәк. *Жігіттер, бал қосқан у а қ б а у ы р с а қ т а н да ала отырыңдар* (Түрікм., Красн.).

УАҚИҒА ЖАСАУ (Сем., Абай) жағдай жасау, әрекет ету, ретін келтіру. *Сең алгаш барып кел, содан кейін бір у а қ и г а ж а с а й м ы з* (Сем., Абай).

УАҚТАУ (Гур.; Рес., Қалм.) үсақтау. *Он мәнет у а қ т а п, беріңізші* (Рес., Қалм.). Қазақстанның оңтүстік оңірінде тұратын түргындар тілінде *майдалау*.

УАҚТЫЛЫ 1. (Шымк., Шәу.) уақытында. *Жұмысқа у а қ т ы л ы келеміз* (Шымк., Шәу.). 2. (Алм., Кег.) уақытша. *Менің қорамда үйім бар еді, онда у а қ т ы л ы біреу отыр* (Алм., Кег.).

УАҚТЫСЫНДА (Шығ. Қаз., Күрш.; Алм., Жам.) уақытында. *Мен у а қ т ы с ы н д а келдім* (Алм., Жам.).

УАҚ-УАҚ (Гур., Маңғ.) уа, уа бөрекелді (сүйсіну одағайы). *У а қ-у а қ, оттың қызуынай! У а қ-у а қ, шіркін!* (Гур., Маңғ.).

УАҚЫТ БОЛДЫ (Тау., Қош.) қаза болды, өлді, қайтыс болды. *Бізде бір білгір кісі бар еді, жақында у а қ ы т б о л д ы* (Тау., Қош.).

УАҚЫТ ҰЗІП КЕТУ (Орал, Жөн.) уақыт озып кету. *Ол нәстелерді орындауга у а қ ы т ұ з і п к е т т і гой* (Орал, Жөн.).

УАЛ 1. (Шымк., Лен.) тырма, мала (жабайы құрал). *Бұрын у а л м е н де егістік жерді малалайтын едік* (Шымк., Лен.). 2. егін басатын құрал, талдан токып, бір бетін жебелеп жасайтын жабайы құрал. *У а л жеңіл тартады. Оны бірер көлікпен тартып, шағын егін бастырады. Осында бірнеше жыл бұрын кейбіреулер егістікті у а л м е н бастыратын* (Шымк., Лен.).

УАЛАУ (Шымк., Қызылқ.; Сем., Абай; Қ.орда: Сыр., Жал.; Ақт., Ырғ.; Шығ. Қаз., Күрш.) уқалау. *Теріні илеген соң жақсылап у а л а у керек* (Сем., Абай). *Қой көрмеген қуалап жүріп өлтіреді, Ұл көрмеген у а л а п жүріп өлтіреді* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Согыс жылдары*

күріштің масағын қолмен у а л а д ы қ қой (Қ.орда, Жал.). *Насыбайды у а л а п атамыз* (Ақт., Ырғ.).

УАНУ (Сем., Аяг.; Жезқ., Ағад.) жұбану, жұбату. *Баланы у а н д ы р* (Жезқ., Ағад.).

УАПАТ БОЛУ//ОПАТ БОЛУ (Рес., Орын.) қайтыс болу. *Туған ағам қырық жасында у а п а т б о л д ы* (Орын., Ад.).

УАСТА (Жамб., Жам.) шыбық, шілік. *Ол тоғайға барып, себет тоқитын у а с т а шауып әкелді* (Жамб., Жам.).

УАСУАСА ТАРАТУ (ҚХР) қисынсыз есек айту. *Өздері мұсылманшылықтан үш күн бұрын туған Ма Жүнің тобы дүниедегі ең таза нәсіл мұсылман – деген у а с у а с а н ы т а р а т ы п кеп жібергенде...* (М. Раз., Алт. ақ., 562).

УАТ (Шымк., Сайр.; Жамб., Жуа.; Қар.) **1.** егін жабының екі жағындағы топырақ үйіндісі. *Су у а т т ы бұзып кетіпті* (Шымк., Сайр.). **2.** арық айналасындағы көк шөпті жер. *Колхоздан бір у а т алып, чөбін чауып алдық* (Шымк., Сайр.). *Бір у а т жер алып шөбін шауып алдым* (Жамб., Жуа.).

УАТ АРЫҚ (Шымк., Сарыағ.) мақтаға су беретін арық. *Буденный атындағы колхоздың колхозшылары көктем егістерінің негізгі арық қазу, у а т а р ы қ т а р д ы тазарту жұмыстарын қызу жүргізуде* («Мақ. стах.», 24.03.1950).

УАТУ 1. (Рес., Орын.; Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Абай) ақшаны үсақтау, майдалау, айыру (к.).

УӘЖ (Жамб., Сар.; Қ.орда: Арал, Жал.) тура, дұрыс, қажет, солай. *Бұл сөзің у ә ж екен* (Жамб., Сар.). *Бұл қарлығаштың (қаламының) маған у ә ж і жоқ* (Қ.орда, Арал).

УӘЖДАСУ (Шымк., Мақт.) қалжыңдау. *Тұрлығұл у ә ж д а с қ а н д а жеңіліп қалды* (Шымк., Мақт.).

УӘЖ ЕМЕС (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр., Арал) еш нәрсе емес, түкке тұрмайтын, текке керегі жоқ. *Ой, мына айтып отырғаның у ә ж е м е с нәрсе екен гой* (Қ.орда, Арал). *Білгенді айту мен үшін у ә ж е м е с* (Қ.орда, Жал.). *Колхоздың жұмысы осындай қызу жүріп жатқанда Меңдібай үшін бейсәубет жүру у ә ж е м е с* (Қ.орда, Қарм.).

УӘЗ (Шымк., Қызылқ.) терелік, билік. *Жағдайым белгілі, өзі у ә з і ң айтар* (Шымк., Қызылқ.).

УӘЗДЕ (Орал, Чап.) көксеркенің кішісі. *Көксеркенің у ө з д е с і н ұстасаң суға жібер* (Орал, Чап.).

УӘЙІМ//УАЙЫМ (Гур., Маңғ.; Алм., Іле; Қ.орда, Арал) қайғы. *У ә й і м түбі теңіз* (Алм., Іле). *Біз босқа қысылып, у ә й і м беріп, қайғы алмайық* (Қ.орда, Арал). *«Қашаған жоқтың – жарлыққа Ұшырадың ата не үшін? Бір күнде болса күнелттің, У ә й і м етпе мен үшін»* (**Өлең**).

УӘЙІМ БЕРІП, ҚАЙҒЫ АЛУ (Қ.орда, Арал) уайымдау, қайғылану. *Біз босқа қысылып, у ә й і м б е р і п, қ а й ғ ы а л м а й ы қ* (Қ.орда, Арал).

УӘКІС (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) крем. *Етігіңді у ә к і с т е п ал* (Қ.орда, Тер.).

УӘКІСТЕУ (Қ.орда: Сыр., Жал.) крем жағу. *Етігіңді у ә к і с т е п ал* (Қ.орда, Сыр.).

УӘЛИ (Гур., Маңғ.; Орал, Қазт.) білгіш, шешен, білімді, жан-жақты хабары бар адам. *Бұл Қазақтың ішінен шешендер өтті толғаған, У ә л и л е р өтті зайырлы, Болашақ алдын болжаған* (Гур., Маңғ.).

УКОЛ ҰРУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) укол салу, укол егу. *Маржанға у к о л ұ р а й ы қ па?* (Түрікм., Көнеүр.).

УҚОРҒАСЫН (Жамб.: Мер., Луг., Шу; Алм., Жам.) улы дәрі шөп. *У қ о р ғ а с ы н д ы тістің құртын емдеуге пайдаланады* (Жамб., Шу.).

УЛАНУ (Жамб.: Шу, Қорд.) ашулану. *Адамзатты көрген соң мәстек кемпір у л а н д ы* (Жамб., Шу).

УЛАС (Жамб., Шу) туыс, жақын. *Қарындастан басқа у л а с ы м жоқ* (Жамб., Шу).

УЛАСУ (Шығ. Қаз., Зайс.) араздасу, жек көру. *Оларды кім білген іштерінен у л а с ы п жүрген көрінеді* (Шығ. Қаз., Зайс.).

УЛАУ[1] (Қ.орда, Арал) түлеу, жүні түсу.

УЛАУ[2] (Шымк., Қызылқ.) ағаш бұтағын қию. *Алма ағашын у л а г а м ы з жоқ* (Шымк., Қызылқ.).

УЛАУ[3] (Қ.орда, Арал) аулау. *Бұл елде балық у л а у негізгі кәсіп саналады* (Қ.орда, Арал).

УМАЛАУ (Көкш.: Щуч., Еңб.) уқалау. *Илеген теріні у м а л а с а ң жұмсарады* (**Көкш.**, Щуч.).

УМАН-ДУМАН (Талд., Қарат.) қаңқу-саңқу. *Төленің үй іші у м а н-д у м а н* (Талд., Қарат.).

УМАШ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Мары, Тедж., Таш.) уыс. *Бір у м а ш қ а толмайтынын қайтем* (Түрікм., Таш.).

УМАШ КӨЖЕ 1. (Шығ. Қаз., Болын.) шикі үннан май салып істеген көже. *У м а ш к ө ж е н і кейде майсыз да умаштаймыз* (Шығ. Қаз., Больш.). **2.** (МХР) иленген нанды сорпаға

жұлып салу арқылы немесе шала іртік қып илеп сорпаға сол күйінде салып жасалған көженің бір түрі.

УРЕЗ (Гур., Тең.) аудың ұшына байланатын арқан. *Балықшылар судың жағасына салынған ауды у р е з б е ң тартады. У р е з аудың екі жағына байланады. Қайратты жігіттер ауларды екі басындағы у р е з арқанды жабыла тартуға кіріседі* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 94). Орысша *урез.*

УСАРЫМСАҚ (Сем., Аяғ.) сарымсақ (чеснок).

УСОЙҚЫ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) дәрі орнына пайдаланылатын талдың қабығы, ағаштың жаңқасы. *Бұл кісіге у с о й қ ы бер* (Тау., Қош.). *У с о й қ ы н ы шайға, сорпаға салып қайнатып, жөтелге шалдыққан кісіге ішкізеді* (Шығ. Қаз., Больш.).

УТАС (Алм.: Кег., Еңб. қаз.) үй ақтайтын ақ балшық. *Складта у т а с бар ма екен?* (Алм., Кег.). *Дүкеншіден үй майлайтын у т а с сатып алдым* (Алм., Еңб. қаз.). Қ. әк, ақ балшық.

УШЫҚТАУ (Қост., Жанг.) шағыстыру. *Сен оны у ш ы қ т а м а й отыр* (Қост., Жанг.).

УЫЗЫ АРЫЛМАҒАН (Гур., Маңғ.) уызында жарығаң, құты таймаған.

УЫҚ (Қост., Жанг.; Сем.: Мақ., Үрж., Аяг.) арқалықтың, мәткенің үстіне көлденең салатын сырғауыл, шабақ. *Жылы үйдің у ы қ т а р ы н жақсы ағаштан сал* (Қост., Жанг.). *У ы қ т ы бөренесіз де сала береміз* (Сем., Мақ.).

ҮЛКЕН ЖАҚ (Рес., Қалм.) қонақ бөлме, төр үй. *Үлкен жаққа төсек сал* (Рес., Қалм.).

ҮЛКЕН ЖАРМА (Шымк., Шәу.) үлкен арық. *Суды үлкен жармадан аламыз* (Шымк., Шәу.).

ҮЛКЕН ҚАЛАҚ (МХР) тамақ ішетін үлкен қасық.

ҮЛКЕРУ (Гур., Маң.) үлкею. *Жасы жетпістің екеуіне келіп, сірә үлкерген кісі не жөн әңгіме айта алсын* (Гур., Маң.). *Кішкентайдан үлкеріп, Ақылменен қуанған* (Қашаған ақын).

ҮЛПӘТ//ҮЛПЕТ (Қ.орда: Сыр., Жал.) 30-40 жігіт бірлесіп уәде байлап, бірін-бірі шақырып қонақ болу. *Үлпәт қыста, жұмыстың азайған кезінде болады* (Қ.орда, Сыр.).

ҮЛПЕК//ЕЛГЕЗЕР (Қарақ.) үн елейтін елеуіш.

ҮЛПЕРШЕК (Түрікм., Красн.) малдың жүрек қабына ұсақтаған ет, май, жуа салып пісіретін тағам. *Әйелдер үлпершек жасауды қиын санайды* (Түрікм., Красн.).

ҮЛПЕТ Қ. үлпәт.

ҮЛПЕТКЕ БАРУ (Шымк.: Сайр., Түлк.) қонаққа бару. *Біз кеше үлпеткебарып келдік* (Шымк., Сайр.).

ҮЛПЕТТІ//ҮЛПӘТТІ (Шымк., Сайр.) құрметті, сыйлы. *Жұмысты жүдә жақсы істеген кісі үлпеттті болады* (Шымк., Сайр.). Бұл сез зат есім мағынасында да қолданылады. *Үлпет көрсету, үлпетке шақыру.*

ҮЛІК (Гур., Инд.) қайықтың қақпағы. *Қайықтың үлігін жаптың ба? Жүк таситын қайықтарда да үлік болады* (Гур., Инд.). Орысша *люк.*

ҮЛІНГІ (Өзб., Ташк.) өте жұқа материалдан тігілген орамал. Сырдария облысында *ілінгір.*

ҮМБЕ-ДҮМБЕ (Қарақ.) үйме-жүйме.

ҮМБЕТІ КЕЛУ (Қ.орда, Арал) үкімі жүру, құзыры жету. *Ол кезде әркім өзінің үмбеті келген жерге кетеді* (Қ.орда, Арал).

ҮМЕ[1] (Түрікм., Красн.; Ақт.: Қараб., Ырғ., Тем., Ойыл; Қ.орда, Арал; Рес., Орын.; Қост., Жанг.; Гур.: Маң., Есб.) көмек. *Егіс уақытында қаладан үмеге көп адам келді* (Ақт., Қараб.). *Жиналып, қогамдасып біреуге жәрдем етсек, үме дейміз* (Ақт., Тем.). *Осы отырған барлығың үмеге шығыңдар* (Ақт., Ырғ.). *6-ағус күні бір қой сойып, Илияс үйін қалап бітіру үшін үме жасады* (Қост., Жанг.). *Шоп шапқам жоқ өзіме. Өткіздім байдың үмесін. – Әй, Мырқымбай, қайтейін, Бай деумен-ақ жүдейсің* (Б. Майл., Шығ., I, 311). *Бисембай бір қой сойып үме салып, бар шөбін шауып, жинап алды* (Гур., Есб.). *Саттардың үмесіне адамдар көп келіп үйі тез бітті* (Ақт., Ойыл). *Сол жылы осындағылар бірігіп үме жасап, оган бір үй салып бергенбіз* (Түрікм., Красн.).

ҮМЕ[2] (Түрікм., Красн.) қойды ортақтасып сатып алып жеу. *Он шақты адам бірігіп қой сатып алып үме жасадық* (Түрікм., Красн.).

ҮМЕ ҚЫЛУ (Қ орда, Арал; Ақт., Ырғ.) көмек беру. *Екі күн сроШный үме қылып жасап бердік* (Қ.орда, Арал). *Ертең Ертазаның үйі үме қылады, соган кел* (Ақт., Ырғ.).

ҮМІТТӘЙІМ (Жамб.: Шу, Жам.; Алм., Талд.) алдамшы, қу. *Сагынбаев үміттәйім адам* (Жамб., Шу).

ҮНДЕС (Жамб., Шу) сырлас. *Сол отыргандардың бәрі де үндес адамдар* (Жамб., Шу).

ҮНЕМГЕ (Шығ. Қаз., Больш.) үнемі. *Бұл кісі үнемге терлейді де жүреді* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҮНЕМЕЙІН (Қ.орда, Қарм.; Түрікм., Небид.) үнемі, өне бойы. *Бұл жагдай үнемейін болып тұрмайды* (Қ.орда, Қарм.). *Үнемейін айтқаны келе бермейді* (Түрікм., Небид.).

ҮН САЛУ (Сем.: Абай, Шүб.) дауыстау. *Суық хабарды естігенде, атай үн салып жылады* (Сем., Абай).

ҮНІ ПОЙЫ (Ақт., Ырғ.) үнемі, ене бойы, өркашан. *Ертаза үні пойы конторда болмайды, отырмайды* (Ақт., Ырғ.).

ҮНІ ІШІНЕ ТҮСІП КЕТУ (ҚХР) үнсіз қалу, үн-түнсіз отыру.

ҮҢІРЕК (Гур., Маңғ.; Түрікм., Небид.) іш ауруы. *Үңірек болған адамдай мелет-мелет* (қ.) *далаға жүгіре беретінің не?* (Гур., Маңғ.).

ҮҢІТІ (Алм., Кег.) жолы, жайы. *Мен бұл жердің үңітін білемін* (Алм., Кег.).

ҮП (Шымк., Арыс) дүние, мүлік. *Адамды үп әлі бұлыққа жеткізбес* (Шымк., Арыс).

ҮПЕК (Түрікм.: Таш., Кенеүр.) қырсық, кедергі. *Істеген қызметінің бәрі менің сорыма үпек болар ма?* (Түрікм., Таш.).

ҮПЕЛЕК (Ақт., Ырғ.) қамыстың басы, құрақ. *Қамыстың үпелегі майда, жұмсақ болады* (Ақт., Ырғ.).

ҮПЕТКЕН (Алм., Шел.) желсіз, тымық. *Бүгінгі күні үпеткен жақсы шөп тасуымыз керек* (Алм., Шел.).

ҮПТІ (Алм., Еңб. қаз.) мүлікті, жасаулы. *Үйіне кіріп барып едім, өте үпті адам екен* (Алм., Еңб. қаз.).

ҮПІК-ТАПЫҚ (Гур., Маңғ.) жетімсіз, жетер-жетпес. *Өзі үпік-тапық нәрсені қайсыңа жеткізейін?* (Гур., Маңғ.). *Кеше қымыз бие иімегендіктен үпік-тапық болды* (Гур., Маңғ.).

ҮПІЛМӘЛІК 1. (Алм., Шел.) салалы, ірі жапырақты, шоқ гүлді жылы жерде өсетін көп жылдық есімдік. *Үпілмәлік дәнінен май алынады* (Алм., Шел.). **2.** (Қ.орда, Қарм.) түсі жылтыр жолақ, кенеге үқсаған өсімдік, бұршақ. *Біз көп агротымызға үпілмәлікті егеміз* (Қ.орда, Қарм.).

ҮПІРУ (Гур., Маңғ.) үрлеу, үргілеу. *Итбалықты соя алмай, Жалқаулықты жоя алмай, Қолды үпіріп тұрсаңыз, Жарайды оныңыз* (Сәттігүл). *Жел үпіре-үпіре тегістеп кеткен* (Гур., Маңғ.).

ҮПІ-ТӘПІ (МХР) жетер-жетпес.

ҮР (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Теджж., Таш.) торап. *Орынбор шойын жолдың үрі екен* (Түрікм., Таш.).

ҮРГЕДЕК (Қарақ.) қорқақ адам.

ҮРГЕДЕКТЕНУ (Ақт., Байғ.) үрейлену. *Герой халық Гитлердің орынсыз мақтанғанына, сандырақтап айқайлағанына ешуақытта үргедектене жігерін бәсеңдете алмайды* (Ақт., Байғ.).

ҮРГЕЛЕК (Қост., Жітік.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) су жүрек, қорқақ. *Сөйтіп жүрсек, ол шіркін үргелек кісі болып шықты* (Қост., Жітік.). *Біз оны бала-шағаға ес бола ма десек, өзі бір үргелек болып шықты* (Түрікм., Көнеүр.).

ҮРГЕНІШ ЖҮГЕРІ (Қ.орда: Сыр., Жал.) үсақ ақ жүгері. *Бұл үргеніш жүгерінің өнімі мол, бірақ өте ұсақ* (Қ.орда, Сыр.).

ҮРГІЛЖІП (Шығ. Қаз., Тарб.) бірыңғай. *Қырмандағы қызылды үргілжіп бір жаққа жайып қой* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ҮРГІН Қ. үркін.

ҮРДЕСІН (Шығ. Қаз., Зайс.) қардың тау болып үйілуі. *Биыл қыс үрдесін қатты болды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҮРДІҢ ҚЫЗЫ (Жамб., Сар.) қордың қызы. *Ол үрдің қызындай сұлу екен* (Жамб., Сар.).

ҮРДІС[1] (Түрікм.: Көнеүр., Таш., Тахта; Қарақ.; Ақт.: Қараб., Ырғ.; Қ.орда, Арал) әдет, дәстүр. *Елдің үрдісі солай болғасын, не дейміз* (Түрікм., Таш.). *Бұл – елдің үрдісінде жоқ нәрсе, сіздің елдің үрдісінде болу мүмкін* (Ақт., Қараб.). *Осының өзі бір тарап кеткен үрдіс екен* (Қ.орда, Арал). *Бидай егу бұл елдің бұрын үрдісінде жоқ* (Ақт., Ырғ.). *Бейбітшілікті сақтау халқымыздың үрдісіне айналуда* (Ақт., Ырғ.). *Ол бұрын соңды үрдіс етпеген өз мінезіне жат әдетпен елде неге қысылып, қорғалап: – Есей, сенбісің? Адамдарың аман ба? – дейді* (Ә. Нүрп., Курл., 430). *Бұрыннан біз бие сауып үрдіс қылмаған елміз ғой* (Қарақ., Мой.).

[Қарақалпақша *урдис* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ҮРДІС[2] (Жамб., Мойын.) ылғи, үдайы. *Екі күн үрдіс жиде қырықсаңдар қорада жетіп қалар* (Жамб., Мойын.).

ҮРДІС[3] (Сем.: Көкп., Ақс.) тоқтамай, асығыс, тез, жедел жүру. *Мұғалім үрдіс жүріп кетті* (Сем., Ақс.).

ҮРДІС ҚЫЛМАУ (Қ.орда, Арал) үйренбеу. *Арбаны лекерлеуде қолым үрдіс қылмаған құралмен істей алмаймын* (Қ.орда, Арал).

ҮРЕГЕН (Гур., Маңғ.) үргіш, көп үретін. *Байлаулы ит үреген, байлаулы өгіз сүзеген* (Мақал). *Мынау Таймасың үреген гой* (Гур., Маңғ.).

ҮРЕЛЕУ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Болып.) берекесі кету, бүзылу. *Патша үкіметі ел арасын жиі-жиі үрелеп тұрушы еді* (Тау., Қош.). *Патша жендеттері халықты үрелеп, бір-біріне айдап салып отыратын* (Шығ. Қаз., Больш.).

ҮРЕСІН ҚАР (Қост., Жанг.; Алм., Қарат.) күртік қар. *Қыстығүні борандарда үресін қар тұрып қалады* (Қост., Жанг.). *Бұлтыр өмірде болмаған үресін қар жауды* (Алм., Қарат.).

ҮРЕТ (Қ.орда, Қарм.) терең, жарлауыт жер. *Сол бетімен аттың басына ие бола алмай, үрет арыққа барып құлады* (Қ.орда, Қарм.).

ҮР ЖАҢА (Рес., Орын.) су жаңа. *Совхоз үр жаңа машинаны алып келген* (Орын., Ад.).

ҮРИЯТ (Шымк., Түлк.) бостандық. *Бейсембай үрият болған соң, бұл жерден Қалиманы қуып жіберді* (Шымк., Түлк.).

ҮРКЕРДІҢ ТОЛҒАҒЫ (Қ.орда, Қарм.) амал. *Үркер майдың 13 күні батып, маусымның 20-сы мөлшерінде керінеді, туады. Осы кезде аздап күн бұзылып, жауын-шашын датады. Бұл үркердің толғағы ғой* (Қ.орда, Қарм.).

ҮРКІН//ҮРГІН (Ақт., Ырғ.) бүліншілік, сүргін, қорқыныш. *Жау тыныш жатқан халықты үркінге ұшырататын* (Ақт., Ырғ.). *Бірақ облысқа жаңа келіп, жағдайды білмей, үркінді күдік сепкен кісі болу ыңғайсыз да көрінер еді де, бір-ақ қана байлау айтты* (М. Әу., Өскен өрк., 90).

ҮРКІН-ҚОРҚЫН (Қ.орда, Арал; ҚХР) үрей, қиындық, қорқыныш. *Қайдам, үркін-қорқын жоқ, жайма-шуақ* (Қ.орда, Арал). *Ол үркін-қорқынды көп көрді* (ҚХР).

ҮРКІНШІЛІК (Жамб., Луг.; Ақт.; Қ.орда, Арал) бүліншілік, жаугершілік. *Бұрынғы уақытта үркіншілік көп болатын, қазір жоқ* (Ақт., Ырғ.). *XIX ғасырдың орта кезінде Қазан қаласында үлкен үркіншілік болды* (Жамб., Луг.).

ҮРКІП КЕТТІ (Тау., Қош.; Сем.: Абай, Шүб.) қорқып кетті. *Осы сөзді естігенде ауыл адамдары үркіп кетті* (Сем., Абай). *Бұл кісілер қазір үркіпжүр* (Тау., Қош.).

ҮРКІТШІЛІК (Шымк., Түлк.) құғынсүргін, дүрбелең, шабыншылық. *Біздің арғы бабамыз Кенесарының үркітшілігі кезінде 13 жаста екен. Түзелбай батыр Кенесары мен қырғыз арасында болған үркітшілік кезде қатысқан екен* (Шымк., Түлк.).

ҮРЛЕСІН ҚАР (Рес., Омбы) күртік қардың қатпай тұрғандағысы. *Үрлесін қар жүріп тұр* (Рес., Омбы).

ҮРЛІК 1. (Ақт., Ырғ.; Жамб., Шу; Алм.: Кег., Қарат.; Рес., Орын.; Қост., Об.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) үй төбесіндегі жуан ағаш, мәтке (қ.), арқалық (қ.). *Тоғайда үрлік үшін ағаш кестік* (Алм., Қарат.). *Үйдің үрлігі де, сайғау да жеткілікті. Мынау ағаштан кессе үрлік болады, сайғау да болады* (Орын., Ад.). *Үйдің үрлігі жіңішке екен* (Қост., Об.). *Салынып жатқан үйімнің үрлігі болмай отыр* (Қ.орда, Сыр.). *Біздің ауданда үйдің төбесіне салынатын бөренені үрлік дейді* (Ақт., Ырғ.). *Тамның үрлігі нашар, әлсіз* (Жамб., Шу). **2.** (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) мәтке (қ.), арқалық, үй тобесіне салынатын жуан ағаш.

ҮРПЕК (Гур., Маңғ.) бұталы, шөбі қалың өскен дөң жөр. *Қоян үрпекті сағалайды* (Гур., Маңғ.).

ҮРПЕКТАСТАН (Алм., Талд.) күн шықпастан. *Біздер шөпке үрпектастан жүреміз* (Алм.).

ҮРПІ-МӘРДӘ (Шымк., Мақт.) көсіп. *Мақта егушілік біздің негізгі үрпі-мәрдәміз ғой* (Шымк., Мақт.).

ҮРТУ (Гур., Маңғ.) ұялшақ. *Үртумінезді тастау керек* (Гур., Маңғ.).

ҮРТІК (Алм., Шел.) жабу, жамылғы. *Бұрынғы уақытта қыздың атына үртік жауып ұзататын* (Алм., Шел.).

ҮРТІС ЖҮРУ (Сем., Абай) асығыс, тоқтаусыз қонбай жүру. *Біз осы күнде Семейге үртіс жүргенде екі күн жүреміз* (Сем., Абай).

ҮРІЛДІРІК (Қ.орда, Арал) қамыстың басындағы үпелек (қ.). *Қамысты тоқығанда үрілдірігі үстіне жабысады* (Қ.орда, Арал).

ҮРІМДЕЙ ТУРАУ (Қ.орда, Арал) ұсақтап турау. *Етті үрімдей турасаң жеуге ыңғайлы болады* (Қ.орда, Арал).

ҮРІМПАР (Жамб.: Мойын., Шу) көріктің аузы. *Темірді үрімпарға ұзына қой* (Жамб., Мойын.).

ҮРІПТЕС (Көкш., Қ.ту; Рес., Орын.; Гур.: Маңғ., Бақс.) аталас, ағайын, туысқан, емшектес. *Біз манағы келіп кеткен жігітпен үріптеспіз* (Орын., Ад.). *Иманқали менің үріптесім* (Гур., Маңғ.).

ҮРІСТІРУ (ҚХР) айдап салу, кажау. *Үрістірсе согысып қалуы мүмкін* (ҚХР).

ҮСЕНШІК (Түрікм.: Ашх., Красн., Тедж., Таш., Мары; Гур., Маңғ.) балға, біз, т.б. құралдар салатын тері не киізден тігілген ыдыс. *Үсеншіктің ішіндегі бізді алып бер* (Гур., Маңғ.).

ҮСКЕТ (Тәж.) камзол. *Үстіне үскет киің* (Тәж.).

ҮСКІ (Көкш., Қ.ту; Түрікм.: Красн., Бекд., Жеб., Ашх.; Алм., Шел.; Жамб., Шу) біздің үлкен, жуан түрі. *Үскі біз болмайынша кереге тесуге болмайды* (Көкш., Қ.ту). *Мынаған үскі біз керек қой, шырағым-ау* (Түрікм., Бекд.). *Үскімен ер көктеп жатырмын* (Алм., Шел.). *Уско үлкен біз* (Н. Ильм., Материалы., 79).

ҮСКІН (Гур., Есб.) бөйшара. *Үскін ғой байғұс, қайтсін. Ол бір жүрген үскін жігіт* (Гур., Есб.).

ҮСКІНІ КЕТУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) сұры қашу, үсқыны кету. *Бұпың қалай ұскіні кетіптұр* (Шығ. Қаз., Больш.). *Ускінің кетті, ауырып тұрған жоқсың ба?* (Тау., Қош.).

ҮСКІНІ ТҮСУ (ҚХР) үнжырғасы түсу, еңсесі түсу.

ҮСКІРТУ (Рес., Астр.) өкірту. *Қыдыргалига қарсы болганыңда, ол тек ускіртетін еді әңгімені* (Рес., Астр.).

ҮСПЕ (Гур., Маңғ.) көзі бітеліп қалған құдық. *Қара үлек бір успе көп жер* (Гур., Маңғ.). *Успенің үстіне тас тастаганда, асты дуңкілдеп тұрады* (Гур., Маңғ.).

ҮСТЕ СУ (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі, Арал; Ақт., Ырғ.) егіске берілетін екінші су. *Орақ су, үсте су берілетін уақыт бола қойган жоқ* (Қ.орда, Қарм.). *Тарының үсте суын беріп болып үйге қайттым* (Қ.орда, Арал). *Усте судың тарыга пайдасы көп* (Ақт., Ырғ.).

ҮСТЕУ (Рес., Орын.) еселеу. *Қарагым, Жамилаш, шайды үстеп жібер, адамдар көп қой* (Орын., Ад.).

ҮСТІ (Түрікм.: Ашх., Красн., Небид., Тедж., Байр.) басы. *Колхоз бастық егістік үстінде журген болар* (Түрікм., Тедж.). *Бригаданың үстіне барайық* («Жұм-шы», 8.11.1940).

ҮСТІН 1. (Жамб.: Сар., Св.) тіреу. *Үй төбесіндегі агаш нашар болгандықтан үстін қойдық* (Жамб., Св.). *Тамның үстінің мықтылау болганы жөн* (Жамб., Сар.). **2.** (Қ.орда, Жаңақор.; Жамб., Жам.) арқалық, белдік (қ.), мәтке (қ.). *Тамның төбесіне үстін салынады, бірақ қары* (қ.) *салса, үстін болмайды* (Жамб., Жам.).

ҮСТІН АШУ (Түрікм.: Ашх., Красн., Бекд., Қиян., Таш., Көнеүр.) бетін ашу, әшкерелеу. *Кәтеден болган зат шыгар, үстін ашпайақ қойың?* (Түрікм., Көнеүр.). *Талқыга шыгып сөйлеген адам кемшіліктің үстін ашты* («Қарабұгаз.», 15.06.1937).

[Түрікменше *үстуни ачмак* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ҮСТІНЕ АЛУ (ҚХР) міндет етіп алу, жауапкершілікке алу. *Еліміз соңиалистік мемлекет болгандықтан ... мәдениетті, тәртіпті жаңа адамдарды жетілдіру міндетін үстіне алган* (ҚХР).

ҮСТІНЕН (Түрікм.: Таш., Тахта, Көнеүр., Ашх., Тедж.) арқылы. *Кітаптарды кооператив үстінен алдырамыз* (Түрікм., Тахта).

[Түрікменше *үстүнден* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *устидан* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *үстінен* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ҮСТІНЕН ҚҰС ҮШЫРМАУ (ҚХР) аялау, қастерлеу. *Жалгыз балам деп үстінен құс ушырмайды* (ҚХР).

ҮСТІРУ (Сем.: Көкп., Ақс.) үсіртіп. *Суық Қожанасырдың қолын үстіріп кетіпті* (Сем., Ақс.).

ҮСТІРІК[1] (Алм., Кег.; Шығ. Қаз., Зайс.) қалыптың үстінен басына таман қоятын қосымша ағаш. *Мына кебе агаштың* (қ.) *үстірігі бар ма?* (Алм., Кег.). *Етік тігу үшін үстірік керек* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҮСТІРІК[2] (Алм., Нар.) сүргі, сүргіш. *Балам мектепке қажет деп үстірік сурады* (Алм., Нар.).

ҮСУ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) тоңу, жаурау. *Үй салқындау екен, үсіп отырсың ба?* (Тау., Қош.). *Күн салқын екен, үсіп қаларсың, жылы киін* (Шығ. Қаз., Болын.).

ҮСІГЕН (Гур., Бал.) ақ балық. *Үсігенді қыста гана аулайды. Үсіген саналы балықтың бір түрі* (Гур., Бал.).

ҮСІР[1] (Қ.орда, Қарм.) алым-салықтың бір түрі. Егін еккен адамдардан 10 табақтан бір табақ, 10 пұттан бір пұт астық алу, яғни өнімнің оннан бірін алу. *Ертеде молдалар халықтан малдан зекет, астықтан үсір алган* (Қ.орда, Қарм.). *Алып болсаң үсіріңді, аулаққа сал дүсіріңді* (Халық аузынан).

ҮСІР[2]**//ҮШІР** (Қарақ.) қырманда қалған дән. Діни әдет-ғұрып бойынша, қырманның оннан бір бөлігін не жиырмадан бір бөлігін *үсір* деп шығарады. Егер егін шығардың жәрдемімен суғарылған болса, онда жиырмадан бір бөлігін, ал шығарсыз тікелей арықтан суғарылған болса, онда оннан бір бөлігін шығарады. Бұны кедей не діни адамға беретін болған.

ҮТІР (Қ.орда: Қарм., Сыр.) реті, жөні. *Бұл бір үтір келген шаруа болды* (Қ.орда, Қарм.).

ҮШ (Қ.орда, Арал) кимешектің сыртынан тартатын ақ шүберек, жаулық. *Үштің етегі жерге тиіп тұр* (Қ.орда, Арал).

ҮШ АЙЛЫҚ БИДАЙ (Ауғ.; Ир.) бидайдың бір сорты.

ҮШАҚА[1] (Шымк., Арыс; Қ.орда, Арал) айылбас, белбеудің түткасы. *Оның белбеуінің ушақасы сынып қалыпты* (Қ.орда, Арал). *Белбеудің ушақасы тиіп кетті* (Шымк., Арыс).

ҮШАҚА[2] (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш., Тарб.) үш тармақты ағаш айыр. *Ушақамен шөп жайып жүр* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Ушақамен сабан жинаймыз* (Шығ. Қаз., Тарб.). Қ. ұшақа.

ҮШ АНА (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Небид., Тедж., Ашх.) үш жүз. *Қаратаудың басына ұш ананың баласы қосылыпты* (Түрікм., Тахта).

ҮШ АЯҚ 1. (Орал: Казт., Чап., Жымп.; Гур., Есб.) шайдың шоғын салатын ыдыс. *Үш аяқ құмға шоқты молдау сал* (Орал, Казт.). **2.** (Рес., Сарат.) бауырсақ пісіретін үш аяқты қазан. *Үш аяқтың қасындағы шымшуырды әкел* (Рес., Сарат.). Қ. **ұшаяқ.**

ҮШ АЯҚ КЕЛГІР (Орал: Чап., Жымп.) сиырға айтылатын қарғыс сөз. *Үш аяқ келгір, қайда кетті, іздесем таптырмады* (Орал, Жымп.).

ҮШ БАСЫ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) шеті, тамтығы, қалдығы. *Сойылған малдың үш басы гана қолга тиді* (Тау., Қош.).

ҮШ ЕГІЗ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) қойдың я ешкінің үшеу табуы, үшем (қ.). *Ешкі малы көбіне үш егіз таба береді* (Қ.орда, Сыр.).

ҮШЕК (Түрікм.: Таш., Тахта, Көнеүр.) үйдің сыртқы төбесі. *Жайдың үшегіне шөп үймеңдер* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қарақалпақша *үшек* (Карак.-рус. сл., 1958); *очук* шатыр (С. Мал., ПДП, 66)].

ҮШЕМ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Орал, Жән.; Ақт., Ырғ.; Шымк.: Сайр., Түлк.; Гур., Маңғ.) қой-ешкінің үш қозы, не үш лақ табуы.

[Түрікменше *үчем* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ҮШКӘПІР (Қ.орда, Қарм.) амал. 12-13 желтоқсаннан бастап, 18 желтоқсанға шейін қатты суық болады. *Үшкәпір дейтін себебі тоқсанның кірісі, текенің бұрқағы, айдың үркерімен тоғысы сияқты үш амал қабатымен келеді. Осы күні 11 тоғыс ай туып, үшкәпір болып тұр* (Қ.орда, Қарм.).

ҮШ КӨСЕ (Сем., Көкп.; Қост., Фед.) бір арбаға үш пар аттың жегілуі. *Боқыраудың базарынан қайтқанда үш көсемен келуші едік* (Қост., Фед.).

ҮШКІЛ 1. (Рес., Орын.) мәсінің сірісі. *Мәсімнің үшкілі жыртылып еді, үшкіл салып берсеңіз екен деп келіпті маган* (Орын., Ад.). **2.** (Қарақ.) койлектің кеудесі аш жеңін біріктіргенде қолтыққа қойылатын төрт бұрышты қиық.

ҮШКІР ЖАПЫРАҚ (Түрікм.: Бекд., Красн., Небид., Тедж.) көлемі шағын, сүйірлеу тілімдері бар, тез құрайтын жапырақ. *Үшкір жапырақтың адамга пайдасы аз* (Түрікм., Небид.).

ҮШКІРУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) түшкіру. *Суық тиген бе, баламыз кешелі бері үшкіріп қалды* (Түрікм., Таш.). *Нәсі искесең үшкіресің* (Түрікм., Көнеүр.).

ҮШҚАБАТ (Жамб., Шу) шере ағаш. *Үшқабаттың үш-төртеуін чегелесек жетеді* (Жамб., Шу).

ҮШҚАТ 1. (Қ.орда: Сыр., Жал.) шере ағаш. *Бұл күнде магазинге үшқат дегеннің түсуі өте сирек* (Қ.орда, Жал.). **2.** (Жамб.: Шу, Мер.; Сем., Үрж.) қабағы үш-торт қабат мықты ағаш. *Үшқаттан ілгеріде садаққа оқ жасаган* (Жамб., Шу). *Үшқат мықты агаш. Үшқат августың аягында пысады* (Сем., Үрж.).

ҮШ ҚЫРЫҚҚАН ТҮЙЕ (МХР) алдыңғы сегіз тісі түгел тегістелген 27 жастағы түйе.

ҮШЛЕУ//БІРЛЕМЕ (Қарақ.) жаңа шығып келе жатқан мақтаның қатар арасын жұлып сирету.

ҮШПЕК (Шығ. Қаз., Зайс.) терлік. *Үшпек салса, ат жауыр болмайды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ҮШТАБАН (Жамб., Тал.; Акт., Ырғ.) асық ойынының бір түрі. *Дүйсен мен Қасым үштабан ойнап жатыр* (Жамб., Тал.). *Сақа асыққа тигенде үштабан молшерінен қашық болмаса, үштабан ойнаудың шарты бұзылады* (Ақт., Ырғ.).

ҮШТАП (Гур., Маңғ.; Түрікм., Небид.) жібек матаның бір түрі. *Үштаптан койлек кисең терлемейсің* (Гур., Маңғ.). *Үштаптың кидің койлек бес кезінен, Қарасам адамзаттың аруысың, Суңқардай доңгеленген екі көзің* (Қашаған ақын).

ҮШТЕЛНЕЙ (Шығ. Қаз., Күрш.) жер асты, үңгір тау. *Забойшы жаңа гана үштелнейге кіріп кетті* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ҮШТЕМ (Жамб., Сар.) үстем. *Оның сөзі үштем келеді* (Жамб., Сар.).

ҮШТЕУ (Түрікм.: Таш., Конеүр.) сиреқсіту, жекелеу. *Жүгеріні үштемесең дәрмына түрінде өнім бермейді* (Түрікм., Конеүр.).

ҮШТЕ-ҮШТЕ (Гур., Есб.) өстіп-өстіп. *Ертаза-ау, үште-үште барып түзеліп кетеміз де* (Гур., Есб.).

ҮШТОСАР (Қ.орда, Арал) ескі мылтықтың атауы. *XVII ғасырда үштосармен атқанда халықты қатты қырыпты* (Қ.орда, Арал).

ҮШ УАҚҚЫ ЖҮН (МХР) қыскы өлі жүн, қозы жүн, қойдың күзгі тірі жүні. *Осы үшеуін үш уаққы жүн дейді* (МХР).

ҮШІНГІ (МХР) үшін. *Бұрыңғы жалғыз монгол ханының тағы үшін гана таласатын бақталастық жоғарыдағы алты орда,*

ортадағы жүз жиырма бес әкім, төмендегі екі мың бес жүз кіші билеуші ұ ш і н г і тартыс таласқа әкеліп тіреді (С. Тәу., Ақыр Жән., 237).

ҮШІР Қ. үсір[2].

Х

ХАБАР ҚОЮ (Қ.орда, Арал) хабарлау. *Тиісті жерге х а б а р қ о й ы п, шара құлдан деп едім* (Қ.орда, Арал).

ХАДОК (Шығ. Қаз., Болын.; Қост., Фед.) бір аттық арба. *Бұл ат әлі жас, х а д о к арбаларды салт алып жүре алмас еді* (Қост., Фед.).

ХАДЫ//ХАДІ (Гур., Маңғ.) әлі, шамасы. *Оның х а д і н е н асты, х а д і келмейді. Әркім жұмысты х а д і н е қарай істейді* (Гур., Маңғ.).

[Бұл сөз төжік тілінде *хад* (*had*) шама деген мағынада да қолданылады (Тад.-рус. сл., 1954)].

ХАДІ Қ. хады.

ХАЙАЛ (Қарақ.) әйел. *Бізде х а й а л д а р бөлек отырады* (Қарақ.).

ХАЙЫЛ (Шымк., Арыс) риза, разы. *Нұртайға тоқтысы үшін 300 сом беріп едім, ол оған х а й ы л болды* (Шымк., Арыс).

[Бұл сөз парсы тілінде «келісілген», «танылған» деген мағынада қолданылады (Пер.-рус. сл., 1953)].

ХАКЕМ (Ауғ.; Ир.) әкім.

ХАКІМ (Қост., Торғ.) әкім. *Шөп мәселесі жайында ауданнан х а к і м келген көрінеді* (Қост., Торғ.).

ХАҚИҚӘТ (Ауғ.; Ир.) ақиқат.

ХАЛДЫ ЖАТУ (Тау., Қош.) әлді түру, ауқатты түру, күйлі тұру. *Біздің ол чал х а л д ы ж а т а д ы* (Тау., Қош.).

ХАЛИФ (Ауғ.; Ир.) сахаба.

ХАЛ ТҮРМЫШ (Сем.: Кокп., Ақс.) халтұрмыс. *Х а л-т ұ р м ы ш т а р ы ң қандай* (Сем., Көкп.).

ХАЛЫҚ КҮЙЕУ (Қ.орда, Қарм.) бойдақ, әлі үйленбеген жігіт. *Ырысты әзірге х а л ы қ к ұ й е у дейді гой* (Қ.орда, Қарм.).

ХАМ (Қ.орда: Жал., Қарм.; Жамб., Тал.; Шымк., Лен.) шикі, піспеген, жетілмеген. *Х а м қарбызды жеуге болмайды, ішті ауыртады* (Қ.орда, Жал.). *Біздің қауын әлі х а м* (Жамб., Тал.). *Қанды ішіп, х а м етті жеп қарғадайдан, Білімді айтты қалай болдың өзің* (Рүс. даст., 36).

ХАМЕТ (Ауғ.; Ир.) сарай.

ХАММА (Қарақ.) барлық, әмме. *Х а м м а с ы осында жиналды* (Қарақ.).

ХАНА (Ауғ.; Ир.) **1.** үй. **2.** бөлме.

ХАНАСЫ ҚАРАН БОЛУ (Ауғ.; Ир.) қарғыс айту. *Ол бала х а н а с ы қ а р а н б о л г а н сағыр. Со х а н а с ы қаран болғырды қойың* (Б. Өтеб., Қаз. диас.).

ХАН ЖАҚСЫ (Рес., Омбы) белгілі шартпен ән айтып, би билеп қалаған адамын қасына отырғызып алатын ойынның бір түрі.

ХАРАМ (Қарақ.) арам. *Аты х а р а м өліпті* (Қарақ.).

ХАРАП БОЛУ қырылу. *Неге х а р а п б о л м а й д ы* (Ә. Нұрп., Сең, 95).

ХАСАҚА ТҮТ (Ауғ.; Ир.) қара қошқыл түсті түттың бір түрі.

ХАСЕКЕ ЖИДЕ (Ауғ.; Ир.) майда, кішкене жиде.

ХАТЕП (Рес., Омбы) түйе ерінің (ашамайы не ауытының, кәтебінің) біріне-бірін түйістіріп қосқан екі басы.

ХАТТЫ ТҮСІРУ (Шығ. Қаз., Больш.) хатты жіберу, поштамен жіберу. *Мен х а т т ы т ұ с і р і п келейін, сен тұра тұр* (Шығ. Қаз., Больш.).

ХАТЫН ХАБАР (Ауғ.; Ир.) жалған әңгіме, осек-аяң. *Кешегі әңгіме болса, х а т ы н х а б а р болып шықты* (Б. Өтеб., Қаз. диас.).

ХАУЕСКЕР (Қарақ.) әуескер. *Бізде х а у е с к е р л е р үйірмесі бар. Х а у е с к е р л е р үйірмесіне қатысты* (Қарақ.).

ХӘД (Ауғ.; Ир.) желтоқсан.

ХӘПТЕ (Қарақ.) апта. *Х ә п т е сайын үйге келіп тұратын болды* (Қарақ.).

ХЕРАП ҚЫЛМАҚ (Ауғ.; Ир.) құртып кету, жою, жоқ қылу. *Менің мамлакатімді х е р а п қ ы л ы п кетер* (Б. Өтеб., Қаз. диас.).

ХОДҚА БАСУ (Рес., Орын.) жақсару, ілгерілеу. *Орскіге қараған соң, тұрмысымыз х о д қ а б а с а бастады* (Орын., Ад.).

ХОЛЕ (Ауғ.; Ир.) сүлгі.

ХОП (Тәж.) жарайды. *Х о п, солай болды де* (Тәж.).

ХОП ДЕУ (Ауғ.; Ир.) мақұлдау, мойындау.

ХОПТАУ (Ауғ.; Ир.) мақұлдау, мойындау. *Бұ нәдұрыс ісіңді х о п т а балам, бұл ісің дұрыс емес, қате болды* (Ауғ.; Ир.).

ХОРДӘД (Ауғ.; Ир.) маусым.

ХОТ-ХОТТАУ (Рес., Орын.) айдап салу (біреуді). *Семіздің көргенім жоқ немересін, Жарға ұшып сендей малай (бала) өлетұғын Әркімнің х о т-х о т т а г ы н а еремісің* (Орын., Ад.).

ХОШАҚТА БОЛУ (Гур., Маңғ.) сау болу, аман-есен болу. *Хошуақта болың*, қарағым (Гур., Маңғ.).

ХРИСТАЛ (Тәж.) атлас сияқты материал. Иран жібегі.

ХУД (Ауғ.; Ир.) ақпан айы.

ХУЖРАХАНА (Өзб.) ас-дәмге байланысты заттар тұратын қойма.

[Төжікше *хучра* (Тад.-рус. сл., 509); өзб. *хужра* кішкене бөлме (Узб.-рус. сл., 662)].

ХҰЗЫРДАЙ БОЛУ (Сем.: Мақ., Үрж.; Тау., Қош.) асты-үстіне түсу. *Басында хұзыр дай болып жалынған өзі* (Сем., Мақ.).

Һ

ҺАЗНЕ (Ауғ.; Ир.) қазына. *Һазнесін ала келді* (Ауғ.; Ир.).

ҺАЛТА (Ауғ.; Ир.) қалта. *Һалтасына салып қойды* (Ир.).

ҺАУЫЗ (Қарақ.) қолдан қазылған су сақталатын шұңқыр (бассейн), хауыз. Қ. һәуіз.

ҺӘЗ БОЛУ (Қарақ.) мәз болу, рақаттану, айызы қану. *Оқудағы балам келіп, һәз болып қалғаным* (Қарақ.)

ҺӘЗІЛ (Қарақ.) әзіл. *Һәзіл сөзге ұста* (Қарақ.).

ҺӘККІ (Қарақ.) әккі. *Екеуі де һәккі адамдар* (Қарақ.).

ҺӘКІМ (Қарақ.) әкім. *Ауыл һәкімі де ортамызда болатын* (Қарақ.).

ҺӘМСИЯ (Тәж.) көрші. *Біз барған соң, һәмсиялар да жиналды* (Тәж.).

ҺӘПТЕ (Тәж.) апта. *Колхозабадқа һәпте сайын барып тұрамыз* (Тәж.).

ҺӘУІЗ (Тәж.) әуіз (суды тұнытып өткізетін шұңқыр). *Һәр үй сайын һәуіз бар* (Тәж.).

ҺӘТАР (Тәж.) асар. *Һәмсиямыз там ағамызды һәтарға шақырды* (Тәж.).

ҺІЛЕП-ҺІЛЕП Қ. ғаллім-ғалым.

Ч

ЧАБАҚ[1] (Жамб., Шу) деңгелектің күпшегі мен шентемір арасындағы тіреуіш ағаштар. *Бір-екі үш чабақ жасап жібер* (Жамб., Шу). Қарағанды облысының Шет ауданында *бақай*, Ақтөбе облысында *кегей* сөзі қолданылады.

ЧАБАҚ[2] (Жамб., Шу) арқалық, бел ағаштың үстіне салатын ұсақ ағаштар. *Чабаққа лайық ағаш табылмады* (Жамб., Шу). Қ. шабақ.

ЧАБАҚ[3] (МХР) ағаш төсектің үстіне, төсеніш киіздің астына көлденең салатын екі жағы шабылған тақтайша ағаш. *Үстіне отыра бергенде төсектің чабағы түсіп кетті* (МХР).

ЧАБАН-ЧАЛАҒАЙ АДАМ (МХР) **1.** шама-шарқы, мүмкіншілігі аз адам. *Қайда барсам, чабан-чалағай адамгой* (МХР). **2.** ат көліксіз адам.

ЧАБЫҚ (Жамб., Жам.) **1.** шабу. *Қызылчаның екінші чабыгы басталды* (Жамб., Жам.). **2.** шабыққа шығу, егістік жерді қопсыту (мақта туралы). *Әйелдер чабыққа шықты* (Шымк., Арыс).

ЧАБЫҚТАУ (Жамб., Шу; Шымк., Арыс). егістік жерді шауып, қопсытып жүмсарту. *Қылшаны* (қ.) *сұғарғаннан кейін чабықтайм ыз* (Жамб., Шу). *Олар мақта жүйектерінің екі жағын чабықтауға қатысты* (Жамб., Шу).

ЧАБЫНА ОТ ТҰСКЕНДЕЙ БОЛУ (МХР) аулану. *Кемістігін айтып, чабына от түскендей болды* (МХР).

ЧАБЫС (Алм., Кег.) шабындық. *Колхоздың чабыс жері Қарабұлақтың бойында* (Алм., Кег.).

ЧАҒУ (Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.; МХР) сындыру, қырату. *Қолымнан түсіп кетіп, төртбес чыны бірақ чагылды* (МХР).

ЧАҒЫЛ (Шығ. Қаз., Марқ.) ұсақ тас. *Тарбағатай асуларында чагыл тастар көп, аягыңмен бассаң төмен қарай сырғиды* (Шығ. Қаз., Марқ.).

ЧАҒЫЛДАҚ (МХР) құрт. *Берген бір чагылдағы жоқ па?* (МХР).

ЧАҒЫЛУ (Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.) сыну, қырау. *Арбаның дөңгелектері чагылып тұр, жүре алмайды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЧАҒЫР (Орал, Орда) жусан тәрізді өсімдік. *Құмға шыққан чагыр дың отын қыламыз* (Орал, Орда).

ЧАҒЫРМАҚ (МХР) қышқыл, ащы дәм. *Қымыз өте чагырмақ екен* (МХР).

ЧАДЫРА (Ауғ.; Ир.) пәрәнжі.

ЧАЖАҒАЙ (МХР) найзағай. *Чажагай джарқ етті* (МХР).

ЧАЖАМАЙ (МХР) сір өкшенің айнала басының қосылған жері. *Екі жағы, етік чажамайынан айырылды* (МХР).

ЧАЙ АС (Тау., Қош.) шай қайнату, шай қою.

ЧАЙЛА[1] (Тау., Қош.) шай ішу. *Ол қазір ч а й л а п болған соң келеді* (Тау., Қош.).

ЧАЙЛА[2] (Шымк.: Түлк., Сайр.) күрке, балаған, шалаш. *Ч а й л а егін басында болады* (Шымк., Түлк.).

ЧАЙЛАУ (Жамб., Шу) қойдың қатты семіріп күйрығын көтере алмай қалуы. *Қой ч а й л а п жүре алмай қалды* (Жамб., Шу).

ЧАЙЛАНУ (Гур., Есб.) шаймен сыйлау. *Ч а й л а н ы п болдым* (Гур., Есб.).

ЧАЙПАЛУ (Гур., Маңғ.) шайқалу. *Теңіз суы ч а й п а л ғ а н кезде, қайықтар су бетінде тығынша қалқиды* (Гур., Маңғ.).

ЧАЙ ЧӨП (Жамб., Шу) тауда өсетін шеп. *Ч а й ч ө п т і ң тұбін қайнатып чай етіп пайдаланады* (Жамб., Шу).

ЧАЙЫР (Орал, Орда) сабақты, қатты қурай сияқты шөптердің аты. *Сұттіген, жусан, шағыр, изендерді ч а й ы р шөп дейміз* (Орал, Орда).

ЧАҚ (Жамб., Шу) аз. *Бәрін бірдей айтуға уақыт ч а қ болып тұр* (Жамб., Шу).

ЧАҚ-ЧҰҚ (Жамб., Шу) күлдіргі, әзіл сөз. *Балқыбек ақын ч а қ-ч ұ қ ы өлеңдерді көп жазған* (Жамб., Шу). *Ч а қ-ч ұ қ п е н қыз жауап қайырмай кеткен екен* (Жамб., Шу).

ЧАҚА[1] (Жамб., Шу; Алм., Кег.) шелек. *Екі ч а қ а суды көтеріп келді* (Жамб., Шу).

[Қырғызша *чака* шелек (Кирг.-рус. сл., 1965)].

ЧАҚА[2] (Алм., Шел.) сәби. *Ей, мына ч а қ а немең өз балаң ба?* (Алм., Шел.).

ЧАҚАЙ (Шығ. Қаз., Тарб.; МХР) сиырдың немесе аттың терісінен істелген аяқ киім. *Жұмыс ч а қ а й ы м н ы ң бір сыңарын жоғалтып алдым* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Аяққа киіз байпақ киіп, оның сыртынан ч а қ а й кигізіп, бауын өкшеге қарай тартып, бекітіп байлайды. Кигіз байпақтың сыртынан ч а қ а й тартып алғанда жеңіл болушы еді* (МХР).

ЧАҚАЛАҚ (Шымк., Сайр.) сәби, кішкене жас бала. *Биыл туған бір ч а қ а л а қ баламыз бар* (Шымк., Сайр.).

ЧАҚПАҒЫН ЧАҒУ (Алм.: Еңб. қаз., Шел.) күн жарқылдап, найзағай ойнау. *Бұлты күндері нажағай ч а қ п а ғ ы н ч а ғ а д ы* (Алм., Шел.). *Чаладырға кіргенде күн ч а қ п а ғ ы н ч а ғ ы п тұрды* (Алм., Еңб. қаз.).

ЧАҚТЫСЫ (Алм., Кег.) уақыты, кезі. *Әзір әлен-пәлен деп көйтем ч а қ т ы с ы н д а көремін гой* (Алм., Кег.).

ЧАҚ-ЧӘЛЕКЕЙ БОЛУ (Алм., Үйғ.) тасталқан болып ашулану. *Ч а қ-ч ә л е к е й б о л ы п не болды саған?* (Алм., Үйғ.).

ЧАҚЫ (Гур., Маңғ.) мүйіз.

ЧАҚЫЛДАҚ (Алм., Кег.) торғайларды егіннен үркіту үшін жасалған құрал. *Ч а қ ы л д а ғ ы н қағысып, аспандағы құдайдың торғайымен ұрысқан* (Алм., Кег.).

ЧАЛ ЖЕЙДЕ (Жамб., Шу) еркектер киетін ұзын көйлек. Қ. қаптал жейде.

ЧАЛ-ЧАБЫР (Алм.: Шел., Кег.) шалдар. *Кейбір ч а л-ч а б ы р л а р апиын тартады* (Алм., Кег.). *Канпескелеу кезінде байларға ч а л-ч а б ы р ы м ы з ғ а дейін қарсы болдық* (Алм., Шел.).

ЧАЛАҢ 1. (Алм., Шел.) ала-құла. *Биыл жердің шөбі ч а л а ң боп қалды* (Алм., Шел.). **2.** (МХР) сулы жерде жапырақсыз үш қырлы болып есетін есімдік.

ЧАЛАҢДАТУ (Талд., Панф.) сирету. *Апиынды сеялкамен сепкен соң ч а л а ң д а т а д ы* (Талд., Панф.).

ЧАЛАЙ (МХР) бояуы шықпаған сүт қосылған шәй. *Бір ч а л а й іштік те кеттік* (МХР).

ЧАЛҒЫНЧЫ (МХР) шолушы, барлаушы. *Ақтың черігі* (қ.) *қайда келгенін ч а л ғ ы н ч ы жіберіп біліп тұрды* (МХР).

ЧАЛҒЫШ (Алм.: Жам., Ұзын., Үйғ.; Шығ. Қаз.: Тарб., Марқ.) алжапқыш. *Фермадағы сауыншылардың бәрінде ч а л ғ ы ш бар. Ч а л ғ ы ш с ы з сиыр саугызбаймыз* (Шығ. Қаз., Марқ.). *Менің ч а л ғ ы ш ы м жыртылып қалды* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Алдыңа ч а л ғ ы ш салдың ба?* (Алм., Ұзын.).

ЧАЛДАУЫТ (МХР) қартамыс, шалдау адам. *Ч а л д а у ы т ы м қой жәйіп кеткен* (МХР).

ЧАЛЖИМА (Гур., Маңғ.) қақпан. *Ч а л ж и м а с ы з мал жима* (Мәтел).

ЧАЛКА (Гур., Маңғ.) қайық, кеме байлайтын арқан. *Босатыңдар ч а л к а н ы* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 4.).

ЧАЛҚАР ТҰС (МХР) түс ауып бара жатқан кез.

ЧАЛША (Жамб., Жам.) алша. *Ч а л ш а әрбір үйде болады* (Жамб., Жам.).

ЧАЛЫМ БЕРУ (Қарақ.) үқсау.

ЧАМАЛДАП (Жамб., Жам.) шамалап. *Ч а м а л д а п істеп жатырмыз* (Жамб., Жам.).

ЧАМАЛДАУ (Жамб., Жам.) суық тию. *Бала ч а м а л д а п қалыпты* (Жамб., Жам.)

ЧАМҒЫР//ЧАҢБЫР (Алм.: Кег., Үйғ.) редиска. *Базарда ч а ң б ы р сатып отырсам, балам артымнан жетіп кепті* (Алм., Кег.).

ЧАМЫЛУ (Алм., Шел.) терлеу. *Астымдағы қызыл айғыр Шелекке жеткенше ч а м ы л ы п барды* (Алм., Шел.).

ЧАНАҚ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) арбаның жіңішке қанаты. *Қорадағы кейбір чаналардың чанағы жоқ* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЧАНАҚ[2] (Жамб., Мойын.) диірмен тасының үстіне орнатып бидай салып қоятын ағаш жәшік. *Чанаққа көп бидай сыяды* (Жамб., Мойын.).

ЧАНАШ (Гур., Маңғ.; Жамб., Шу) қымыз, айран құятын бітеу теріден істелген ыдыс. *Шығын түгіл малынан борандарда, Айраны шайқалған жоқ чанаштағы* (Жамб., Шу).

ЧАНДА (Алм.: Кег., Үйғ.; Жамб.: Қорд., Шу) ілуде, анда-санда. *Елікті чанда бір көріп қаламыз* (Алм., Кег.). *Чанда біреу болмаса бұрын егін айдамайтын* (Жамб., Қорд.). *Чанда-чанда болмаса үйге ешкім келмейді* (Жамб., Қорд.). *Чанда біреу* орнына Батыс Қазақстанда *шығайда біреу, шыған тоғайда біреу* болып айтылады. Қ. шанда.

ЧАНДАҒАЙ-ЧАНДАҒАЙ (МХР) сирек. *Изен чандағай-чандағай болып өседі* (МХР).

ЧАНЖА 1. (Алм.: Кег., Еңб. қаз., Шел.; Талд., Гв.) үйдің төбесіне салатын жіңішке ағаш, шабақ. *Бөрене осал болса да чанжа мықты* (Талд., Гв.). *Там салынып болды, бірақ чанжасы жоқ* (Талд., Гв.). **2.** (Алм., Кег.) жіңішкелеу болып өскен ұзын ағаш. *Чанжа әкеліп радионың антеннасын орнататын ағаш жасамасам болмас* (Алм., Кег.).

ЧАНЗЫ (Сем., Аяг.) асхана.

ЧАНТАҚ (Гур., Маңғ.) жәшік.

ЧАНУ (Алм., Үйғ.) мазалау, тыныштық бермеу, қыспаққа алу. *Сен мені неге чанисың* (Алм., Үйғ.).

ЧАҢБАҚ (Гур., Маңғ.) теріден жасалған қауғаның аузын керіп қоятын темір.

ЧАҢБЫР Қ. чамғыр.

ЧАҢҒЫРАҚ (Алм., Шел.) шаңырақ. *Баспананың чаңғырағы жоқ* (Алм., Шел.).

ЧАНЧАЗЫ (Талд., Панф.) апиын, бияз түбін шөптейтін екі жағының жүзі бар, ұшы ұшқыр құрал.

ЧАҢТАС (Сем., Мақ.) егін бастыратын тас. *Колхоз председателі комбайнға сеніп, астықты чаңтаспен бастыруды үйымдастырмай отыр* («Қыз. жұл.», 16.10.1940).

ЧАП АЙЫЛ (Жамб., Шу) айыл тартпа.

ЧАПҚҰЛ (Жамб., Шу) жүні тып-тықыр қозы. *Пайдасы одан түскен толып жатыр, қызымдай қара бүйра чапқұл қозы* (Жамб., Шу).

ЧАПҚЫ (МХР) ұстаның темір кескіш аспабы.

ЧАПТАЛАУ (Алм., Шел.) жариялау, мәлімдеу. *Сайлаушылардың тізімі чапталды* (Алм., Шел.).

ЧАПТЫРУ (Жамб., Тал.) орғызу, шапқызу. *Колхоз бастығы біз жақтағы шөптерді чаптырғын деп жатыр* (Жамб., Тал.).

ЧАПЧАҚ (Алм., Іле) ыдыс, күбі.

ЧАР (Жамб.: Шу, Қорд., Мер.) қабығы аршылып тазаланбай қалған бидай. *Бидайдың чарын суырып тазалаңдар* (Алм., Кег.). *Бидайдың чарын тазаласа, қалаға жөнелту керек* (Жамб., Мер.).

ЧАРА (Жамб., Жам.) ыдыс. *Чара деп үлкен ыдысты айтамыз* (Жамб., Жам.).

ЧАРАЙНА БЕЛДІК (Жамб.: Мер., Шу) талма жерге болат ұстатып жасалған белдік. *Жауғыш батырдың чарайна белдігі бар екен* (Жамб., Мер.). *Чарайна белдікті ілгеріде батырлар буынған екен* (Жамб., Шу).

ЧАРА-ПАРА (Жамб., Шу) анау-мынау.

ЧАРБАҚ ОШАҚ (МХР) от жағатын құрал. *Жұқартып, төрт бұрыштап соққан төрт темірді тігінен қойып, оған төрт-бес темірді көлденең орнатуды чарбақ ошақ дейміз* (МХР).

ЧАРБАС (Сем., Үрж.) бидайдың сынық, келте басы. *Бидайдың чарбасын әбден тазалау керек* (Сем., Үрж.).

ЧАРҚАТ (Гур., Маңғ.) бокейбай, түбіт шәлі.

ЧАРҚЫНДАУ (Алм., Кег.) аздау. *Бұрыңғы кезде чарқынданған малы бар адамдар жайлауға көшпей өсы маңайда отыратын* (Алм., Шел.).

ЧАРЛАУ 1. (Жамб., Шу; Алм., Үйғ.) ұшырған бидайдың бетін сыпырғышпен тазалау. *Біріміз ұшырып, біріміз чарлап кезектесіп отырдық* (Жамб., Шу). **2.** (Алм., Кег.) егін бастыру. *Сегіз атпен егін чарладық* (Алм., Кег.).

ЧАРУАҚ (Жамб., Жам.) айнала отырғызылған ағаш. *Там айналасына чаруақ тігілді* (Жамб., Жам.).

ЧАРҒА БӨЛІНУ (Алм., Шел.) екіге бөліну. *Чарға бөлінушіліктің не қызалаты* (к.) *бар?* (Алм., Шел.).

ЧАРҒЫШ (МХР) тозығы жеткен, әбден тозған. *Бір чаргыш мәшинем бар, ұзаққа жүре алмаймын* (МХР).

ЧАРҚ (Ауғ.; Ир.) **1.** шығыс. **2.** коляска, қол арба. **3.** деңгелек.

ЧАРҚАП (Жамб.: Қорд., Шу, Мер.) шептің кішірек үйіндісі.

ЧАРЫ (Сем., Аяг.; МХР) шайдың шамасы. *Чарын ыстсірмей құй* (Сем., Аяг.). *Сар*

чәйдің ч а р ы с ы н кептіріп ап, дағарлай қойып, оған жусанның бүрін қосып, жылым суға сап, жібітіп, арықтаған малға берсе, ол *мал ілезімде дыңғырлай қалады* (МХР).

ЧАРЫҚ[1] (Жамб., Қорд.) шикі теріден істелген аяқ киім. *Бір аяғына ч а р ы қ киеді* (Жамб., Қорд.). Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында *чоқай* (к.). Арал сөйленісінде *шапаты*, Ақтөбеде *шабата*, Көкшетауда *үйық*.

[Қырғыз тілінде *чарын* (Кирг.-рус. сл., 1965, 24)]. Қ. шарық.

ЧАРЫҚ[2] (Алм.: Кег., Шел., Нар.; Сем.: Мақ., Үрж.; МХР) қайрақ. *Бәкіңді беріп қой, ч а р ы қ қ а басып берейін* (Алм., Кег.). *Ч а р ы қ т а у ы кем, қылауы көп пышақ екен* (Сем., Мақ.).

ЧАТ (Сем.: Мақ., Үрж.) биік таудың ішін жарып кірген терең сай. *Біз былтыр мынау ч а т т а отырдық* (Сем., Үрж.).

ЧАТА (Шығ. Қаз., Зайс.) әкесі белгісіз бала. *Осындағы бухгалтерді ч а т а десіп жүр* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЧАТҚЫЛ (Гур., Маңғ.) шатқыл.

ЧАТЛАН (МХР) төрт бұрышты өрнегі бар мата.

ЧАТПА (Шығ. Қаз., Зайс.) қыстыгүндері малға шеп, жем шашып беретін орын. *Ч а т п а г а чығып чөшіп тастадым. Малды ч а т п а г а қамайық* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЧАТТАУ (Жамб., Шу) қалау. *Жидені айқастырып ч а т т а ң д а р* (Жамб., Шу).

ЧАТТАУЫҚ 1. (Түрікм., Конеүр., Тедж.) шымшуыр, қысқыш, самаурынға шоқ салғыш. **2.** (Жамб.: Шу, Мойын.) атауыз, үста дүкендеріндегі темірді қысып тұратын құрал.

ЧАТЫР (МХР) шахмат. *Мектеп көлөбінде ч а т ы р ойнап жатыр* (МХР).

[Сөйленіске монғол тілі арқылы тибет, санскрит тілдерінен енген сөздердің бірі *чатыр* сөзі. Халх монғолша *шатар*; көне монғол тілінде *сітар-а*; санскритше *чатур-анга* (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 166)].

ЧАТЫРАУ (Алм., Кег.) топ, халықтың көп жиналған жері. *Елдің ч а т ы р а ғ а н ортасын қақ жарып, Ұзақ батыр тайсалмастан губернаторға қарсы сөз сөйлеген* (Алм., Кег.).

ЧАТЫРДАҒАН ҮЙ (МХР) шатырлаған, шатырлы үй.

ЧАУЛ (Жамб.: Мойын., Шу) қатты семіргендіктен түйенің тізесінен төменгі жағы май басып тура алмай қалуы. *Ч а у л е г е н түйеге ешқандай ем болмайды, оны дереу сояды* (Жамб., Шу).

ЧАУЛЫ (Жамб.: Жам., Св.; Шымк.: Сайр., Түлк.) нан сүзгіш, тесік ожау, көкпір (қ.). *Тоқаш ч а у л ы м е н сүзіледі* (Шымк., Сайр.).

ЧАШПА (Шығ. Қаз., Марқ.) алаң, қысты күндері малға шөп, жем шашып беретін орын. *Ч а ш п а г а чығып чөшіп тастадым. Малды ч а ш п а г а қамайық* (Шығ. Қаз., Марқ.).

ЧАШЫРАТҚЫ (Жамб., Шу) далалы жерде өсетін дәрі үшін пайдаланылатын есімдік. *Ауырған адамдар ч а ш ы р а т қ ы н ы қайнатып ішіп, суына шомылады* (Жамб., Шу).

ЧӘЙ БАЛЧЫҚ (МХР) кірпіш. *Ч ә й б а л ч ы қ т ы согып та жүрген күн болды* (МХР).

ЧӘЙҚАП ІШІП-ЖЕУ (МХР) молшылықта емір сүру.

ЧӘЙ ТАҚТАЙ (МХР) аласа дөңгелек үстел.

ЧӘЙ-ЧӘМЕЛЕК (Алм., Кег.) шай-пай. *Ең болмаса, ч ә й-ч ә м е л е к ішіп, кетпедіңдер ме қарақтарым* (Алм., Кег.).

ЧӘЙІ (Жамб.: Шу, Мер., Қорд., Луг.) жібек. *Бұл ч ә й і көйлекке лайық екен* (Жамб., Шу). *Жолдасыңның ашуы ч ә й і орамал кепкенше* (Жамб., Мер.).

ЧӘЙІР (МХР) сағыз. *Ч ә й і р чәйнәп жүрегім қарайып тұр* (МХР).

ЧӘЛӘУ (Ир.) палау. *Ч ә л ә у г а сәбіз қоспайды* (Ир.).

ЧӘЛКЕМДЕУ (Жамб.: Қорд., Луг., Мер.) жинау. *Тарыны ч ә л к е м д е п жібер* (Жамб., Қорд.).

ЧӘНЧӘР ҮЙ (МХР) киіз үйдің қазан жағына тігіп қоятын тік уықты, сүйір төбелі кішкене, қосалқы киіз үй.

ЧӘҢГІЛ КЕДІ (Түрікм., Көнеүр.) шөміш жасайтын асқабақ.

ЧӘҢГІШ (Сем., Үрж.) жемісті өсімдік. *Біздің жақта ч ә ң г і ш өсімдігі көп шығады* (Сем., Үрж.).

ЧӘРӘПКІЛЕУ//ЧАРОВКАЛАУ (Жамб.: Луг., Мер., Шу) бостау, шабу. *Қылча қылтиып, екі-үш құлақ болғанда, түбін ч ә р ә п к і л е й м і з* (Жамб., Шу). *Колхозда биыл егілген 85 га қызылша егісін ч а р о в к а л а у қысқа мерзім ішінде аяқталды* («Соц. еңб.», 17.05.1954).

ЧӘУГІМ (Шымк.: Түлк., Сайр.) шәйнек. *Мейманға ч ә у г і м бер, беті-қолын жусын* (Шымк., Түлк.).

ЧӘУЛІ//СҮЗГІ (Жамб.: Мер., Шу) ағаштан тоқылып істелген көкпір, кепсер (к.). *Біздің үйде де ч ә у л і бар* (Жамб., Шу).

ЧӘШЕК (Жамб., Шу) кішкене тостаған. *Мә, деп бір ч ә ш е к қымыз беріп едім, жартысын гана ішті* (Жамб., Шу).

ЧЕБЕЛЕНУ (МХР) шабалану. *Таң сөгіліп келе жатқанда ит ч е б е л е н г е н соң далаға чықтым* (МХР).

ЧЕБІК (МХР) фанера жәшігі, шере. *Чәйдің ч е б і г і н е н алдым* (МХР).

ЧЕГЕ БАЛҒА (МХР) кішкене балға.

ЧЕГЕГӨЗ (МХР) тағаның шеге қағатын тесігі. *Сен соққан тағаның ч е г е г ө з і тар боп кетіпті* (МХР).

ЧЕГЕНЕ (Алм., Еңб. қаз.) аздау, аз. *Жазда колхозда ч е г е н е мал қалады да, басқа малдарды жайлауға жібереді* (Алм., Еңб. қаз.).

ЧЕГУ (МХР; Шығ. Қаз., Зайс.) жегу. *Жарты сағаттан соң ч е г у л і атпен көрші ауылдарға барып қаламыз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЧЕК[1] (МХР) жас балалардың тостағаны.

ЧЕК[2] (Жамб., Шу) жылқының танауын жырып салған белгі.

ЧЕК БОЛУ (Шымк., Сайр.) бір топ болып бірігу. *Бұрын егінді ретпен сугару үшін 10 үй бір ч е к б о л д ы қ* (Шымк., Сайр.).

ЧЕКЕЙ (Гур., Маңғ.) шешей. *Ч е к е й д і ң дені сау ма* (Гур., Маңғ.).

ЧЕКЕМҚОРАЗДАНУ (Шығ. Қаз., Тарб.) шікірею, мардымсу. *Ол бармайды күйеуі кеген соң, ч е к е м қ о р а з д а н ы п отыр* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ЧЕКЕНЕЛЕУ (Жамб., Шу) аз-аздан. *Жанторсыққа қымызды ч е к е н е л е п құяды* (Жамб., Шу).

ЧЕКЕС (Жамб., Жам.) шеті. *Базардың ч е к е с і н аралап-аралап қайттық* (Жамб., Жам.).

ЧЕККІ (Жамб.: Жам., Шу) қате, дұрыс емес, теріс. *Сен осының кебісі қисық десең де ч е к к і болды* (Жамб., Шу).

ЧЕК ТАСТАУ (Шымк.: Түлк., Сайр.) жеребе салу, кезек алу. *Жеке меншіктегі егінді кезектесіп сугару үшін ч е к т а с т а л а д ы* (Шымк., Түлк.).

ЧЕКТІ[1] (МХР) шейін, дейін. *Дүкенге ч е к т і бардым. Малдар Чолақдарага ч е к т і жайылады* (МХР). Қ. чекім-чейін.

ЧЕКТІ[2] (МХР) қатарлы, сияқты. *Оны біз ч е к т і адамдар айтады* (МХР).

ЧЕКЧЕК (Қарақ., Қоң.) шегіртке. *Былтыр біздің колхозда ч е к ч е к көп болды* (Қарақ., Қоң.).

ЧЕКІЛДЕК//ЧЕКІЛДЕУІК (Сем.: Мақ., Үрж.) күнбағыс, шемішке. *Олчекілдекшагып отыр* (Сем., Үрж.). *Картопия, ч е к і л д е у і к сияқты егістердің тұқымы құйылмай жатыр* («Ж. ауыл», 7.03.1953). *Күні бойы ч е к і л д е у і к шағып, босқа сенделіп жүретін екі жігіт* (F. Мүсір., Оян. өлке, 126).

ЧЕКІЛДЕУІК Қ. чекілдек.

ЧЕКІМ-ЧЕЙІН (МХР) шейін, дейін. *Кешкі тоғызға ч е к і м-ч е й і н келіп қалар* (МХР).

ЧЕЛДЕУ (Шымк.: Түлк., Сайр.; Жам.: Шу, Мер.) жол ашу, егістің дөңдеу жеріне жіберілетін судың жолын ашу. *Кейде егіндік жерді ч е л д е п сугарамыз* (Шымк., Сайр.).

ЧЕМІРЧЕК//ЧЕРЧЕУ (МХР) танаудан болатын жылқы ауруы.

ЧЕНДЕЙ АЛМАУ (Алм., Шел.) жақындай алмау, жете алмау. *Ақтар бізді қанша қуганмен ч е н д е й а л м а й т ы н ы н біліп, кері қайтты* (Алм., Шел.).

ЧЕРБАУЫР (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) қойдың бауыры ақ болып қатып жүретін ауру. Алматы маңында *боз өкпе* деп атайды.

ЧЕРБЕК (Шығ. Қаз., Зайс.) үлкен ара. *Ағаш кесуге ч е р б е к жақсы* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЧЕРДАУАЙ Қ. кердағай.

ЧЕРНЕУ (Жамб.: Мойын., Шу) тағдыр, пешене. *Сүмбіле туып күз болмай көкорай шалғын сола ма? Ч е р н е у д е жазған аз нәсіп Дария құса тола ма?* (Жамб., Шу).

ЧЕРЧЕУ (Жамб., Шу) жылқының екі танауының шеміршегі осіп, тыныс ала алмай қалуы. *Ч е р ч е у дембе-дем өлтіреді* (Жамб., Шу). Қ. чемірчек.

ЧЕРІК (Шығ. Қаз., Күрш.; МХР) жолдас, серік, қосшы. *Алтай еліне барганда Омарбек менің черігім еді* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ЧЕТ БОЛУ (Жамб., Шу) үятты болу. *Бүгін кездесетін күнім еді, сіз келген соң, бара алмай ч е т б о л ы п қалдым* (Жамб., Шу).

ЧЕТЕН 1. (Алм., Кег.; Талд., Гв.) шеңгел. *Матай тауында тек ч е т е н шыгады* (Талд., Гв.). *Ч е т е н н і ң жапырағын ешкі сүйсініп жейді* (Алм., Кег.). 2. (Жамб., Шу) жуандау, биік болып өсетін ағаш. *Ч е т е н н е н құрық және үйдің төбесін салатын чабақ жасайды* (Жамб., Шу).

ЧЕТЕН БОЛУ (Жамб., Шу) төзімсіз, шыдамсыз. *Боран менен аязда, Өле салар оңайдан, суыққа ч е т е н б о л а д ы, Сақтамасақ сондайдан* (Ж. Жантобетов).

ЧЕТТІК (Жамб.: Мер., Шу) аласа келетін, беткейге шығатын тікенді бұта. *Ұрганы былай тұрсын азап қылып, жантақ, ч е т т і к үстімен сүйрелепті* (Жамб., Мер.).

ЧЕТІК (Талд., Панф.) мәсінің бір түрі. *Ч е т і к мәсі қусап тігіледі. Ч е т і к т і ң ішінде ішке тартар екі ұлтан, сыртында да ұлтан болады* (Талд., Панф.).

ЧЕШЕК (МХР) қойға шығатын күл ауруы. *Ч е ш е к адамда болатын қызылша, қарамық ауруы* (МХР).

ЧИАМБУ//ЧИАНПУ (МХР) бөз, жібі ірі қалың келген, ақ матаның бір түрі. *Чиамбуны киіз үйдің сыртына жабады* (МХР).

ЧИАНПУ Қ. чиамбу.

ЧИДЕМ (Шымк.: Түлк., Сайр.) шекпен. *Чидемнің астары талдырып, жұқалап басқан киізден істеледі* (Шымк., Түлк.).

ЧИДІН (МХР) электрошам. *Дүкенде чидін бар ма?* (МХР). Монғол тілінен (*чийдэн* электр лампасы) енген соз (**Б. Баз.**, Монғ. қаз. тілі).

ЧИЕНДЕУ (Жамб.: Қорд., Мер.) қайта көктеу. *Чиендеп чыға келеді* (Жамб., Қорд.).

ЧИЕН ЧӨП (Жамб.: Қорд., Мер.) күзде жауын күшімен қайта көктеген шөп.

ЧИЗАБУ (Сем., Аяг.) матаның жақсы сортының аты.

ЧИКІЛДІК (МХР) сарлық, қодас. *Нагашымның үйінде қазақ сиыр болмайды, ылғи чикілдік* (МХР).

ЧИМАЛДАУ (Жамб., Жам.) суық тию. *Бала чималдап қалыпты* (Жамб., Жам.).

ЧИМАЙ-ЧЫТПЫРЫҚ (Алм., Кег.) тымтырақай, бет-бетіне, қалай болса солай. *Жайылып жүрген бір топ тау ешкісі бізді көре салып, чимай-чытпырық болып қаша жонелісті* (Алм., Кег.).

ЧИНЕ (Алм.: Шел., Жам.) сүйреткі, арбаның жабайы, қарапайым түрі. *Бұрын чинемен астық тартатын едік* (Алм., Шел.). *Чинеге есекті чекші, тезек әкеліп алайық* (Алм., Жам.).

ЧИРА//ЧЫРА (Ауғ.; **Ир.**) шырақ. *Жарық болған соң чира жақпақшымыз* (Ауғ.).

ЧИРАТПА (МХР) бүрай, үзыншалап істелген бауырсақ. *Біздің кершінің чираттпас жұмсақ, дәмді болушы еді* (МХР).

ЧОҒЫЛТУ (Жамб.: Қорд., Мер.) жию. *Бәрін чоғылтып, бір жерге үйеміз* (Жамб., Қорд.).

ЧОЙ БАЛҒА (МХР) екі қолмен үстап ұратын үлкен балға.

ЧОҚА (Сем., Үрж.; МХР) үй сылайтын ақ балшық. *Үйде чоқа таусылып қалыпты.*

[*Чоқа* монғол тілінен енген сөз. Монғол тілінде *шохой, зуурсан шохой* әк, ақ бор (Монг.-рус. сл., 185)]. Қ. **чоқалау.**

ЧОҚАЙ (Жамб., Шу; Гур., Маңғ.; **Түрікм.**, Көнеүр.) сыртын ешкі, т.б. мал терісімен қаптаған және киіздің өзін сырып жасаған киіз етік.

ЧОҚАЛАУ (МХР) әктеу, ағарту. *Үйді біз бүгін чоқаладық* (МХР).

[Монғол тілінде *шохойдох* өктеу деген сөз (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 196)].

ЧОҚАН (Шығ. Қаз., Зайс.) жас келіншек, жас әйел. *Мен білетін бір чоқан бар еді* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Қалыңдық па, чоқан ба, әлде бойжеткен бе?...* (Ж. Тіл., Жоңғар дала., 301). Үйг. *чоқан* келіншек, жас әйел.

ЧОҚПА КОК (Жамб.: Мер., **Қорд.**, **Луг.**) тарының басы сияқты болып шығатын есімдік.

ЧОҚЫМ-ЧОҚЫМ (Алм., Кег.) аз, аздаған топ. *Көрші ауылдың тойына бала-шағалар чоқым-чоқым болып кетіп жатыр* (Алм., Кег.). *1916 жылғы уақиғаға байланысты чоқым-чоқым орыс байлары да шауып алды* (Алм., **Кег.**).

ЧОҚЫР (Гур., Маңғ.) қайла.

ЧОЛЫ (Алм., Үйғ.) лағманды сүзіп алатын талдан тоқылған шоміш.

ЧОҢ (Жамб.: Шу, Қорд., Мер., **Луг.**) үлкен. *Чоң быраш қарап, мені ауылға жіберді* (Жамб., Шу). Қ. шоң.

[Қырғыз тіліндегі *чоң* сөзінің бірінші мағынасы үлкен, зор, ұлы (Кирг.-рус. сл., 1965, 867)].

ЧОҢАЮ (Жамб.: Мер., Шу, Қорд., **Луг.**) үлкею, осу. *Чоңайдыма?* (Жамб., Мер.).

ЧОҢҚА (МХР) астықтың арт жағымен, түп жағымен тік түрған түрі.

ЧОРҚЫНДАУ (Алм., Кег.) аздау. *Бұрыңғы кезде чорқындау малы бар адамдар жайлауға көшпей осы маңайда отыратын* (Алм., Кег.).

ЧОТТЫҢ АЛАҚАНЫ (МХР) шот темірдің жалпақ шабатын жағы.

ЧОШАҚ (Сем.: Мақ., Үрж.) шемеле. *Чошақ саны молайды* (Сем., Үрж.). *Шөптің тек қана 130 гектары чошаққа салынды* («Қыз. жұл.», 1.10.1939).

ЧОЯН (Жамб., Жам.) шойын. *Бізде чоян құмыра бар* (Жамб., Жам.).

ЧӨБЕРЕ (Ақт., **Тем.**) сілтіні қайнатқанда түбінде қалатын ұсақ қалдығы. *Сілтіні қайнатып ішіндегі чөбересін шығарып, сабын жасайды* (Ақт., **Тем.**).

ЧОБІ ЕМІП ТҰРУ (МХР) шобі түрлену. *Ақсу арасаның чөбұ еміп тұр* (МХР).

ЧОГІРТЕК (Шымк., Сайр.) шабылған жоңышқаның түбірі, қалдығы. *Жоңышқаның чөгіртегі қатты болды* (Шымк., Сайр.).

ЧӨКЕ (Алм., Үйғ.) лағман, кеспе жейтін жіңішке, қысқа таяқша.

ЧӨЛ БИДАЙ (Алм., Үйғ.) суарылмай өз бетімен шыққан бидай. Қ. шөл бидай.

ЧӨМЕЛЕЙЛЕУ (Жамб.: Шу, Мер.) шөмелеге салу. *Қылча* (қ.) *кеуіп кетпес үшін жапырағымен қағып чөмелейлеп аламыз* (Жамб., Шу).

ЧӨМІШ ҚАБАҚ (Алм., Шел.) қайнатылған қабықтан жасалған ожау. *Ч ө м і ш қ а б а қ п е н су құямыз* (Алм., Шел.).

ЧӨНЕК (Алм., Шел.) темекінің тұқымы. *Март айында темекінің ч ө н е г і н тігеміз* (Алм., Шел.).

ЧӨҢГЕ (Шымк., Тұлк.) шогір, тікен. *Ч ө ң г е аяққа, қолға қадалды* (Шымк., Тұлк.).

ЧӨҢКЕ (Жамб., Шу; Сем., Мақ.) шойыннан жасалған ыдыс. *Ч ө ң к е г е сүт пісірейін* (Жамб., Шу). *Қалқам, көршінің ч ө ң к е с і н сұрап әкелші* (Сем., Мақ.). Орысша *чугун*.

ЧӨПТЕУ (Алм.: Шел., Кег.) бақшаны түптеу. *Картоптың ч ө п т е у і жақсы болса, түсімі де жақсы болады* (Алм., Шел.).

ЧУАЛ (Жамб.: Шу, Мойын.) шұбат. *Ч у а л д ы бізде көп жасамайды* (Жамб., Шу).

ЧУАЛЧАҢ (МХР) жауын құрты. *Жұтпаға чәнчитын ч у а л ч а ң қазып әкелші* (МХР).

ЧУЛЫҒАН (Алм., Шел.) айқай, шу. *Сен ч у л ы г а н қылмай тыныш отырчы. Ч у л ы г а н и а н құтыла алмадым* (Алм., Шел.).

ЧУУ (Жамб., Шу) қымыздың ширап, жақсы ашуы.

ЧУЫТУ (Алм., Шел.) шұбату, соза беру. *Шыңбай ескінің әңгімесін айтқанда талмастан, ч у ы т а береді* (Алм., Шел.).

ЧУБАЛАҢ (МХР) сылбыр. *Бір ч у б а л а ң байқұссың гой* (МХР).

ЧУГӨ//ЧУГЕ (МХР) шкаф. *Берік ч у г о екен* (МХР).

[Кытай тіліндегі шкаф мағынасындағы *chukyeй* сөзі монғол тілінде *шүүгээ* түрінде қолданылады (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 196)].

ЧҰЛҒАНУ (МХР) аяққа шұлғау орау. *Аяққа чұлғау ч ұ л г а н ы п алмасаң аягыңды қапсайды* (МХР).

ЧҰРҚАН Қ. шұрқан.

ЧҰРҚАНДАУ (Алм., Шел.) жанжалдасу. *Аз керілдесіп ч ұ р қ а н д а п барып тарасты* (Алм., Шел.).

ЧҰРҚАТ (Жамб., Жам.) шұңқыр, ой жер. *Құм араларында ч ұ р қ а т коп* (Жамб., Жам.).

ЧҰРҚЫЛТАЙ (Жамб.: Шу, Луг., Қорд.) өндіршектен төменірек, бұғанадан жоғары жер.

ЧҰБЕРЕК (Алм., Кег.) басқа тартатын орамал. *Сәуле, ана дәу ч ұ б е р е к т і әпер, басыма тартайын* (Алм., Кег.).

ЧҮЙШЕ (Түрікм., Небид.) балапан.

ЧҮКЕЛЕУ (Жамб., Жам.) шоқаю, шөкесінен отыру. *Олч ү к е л е п отырды* (Жамб., Жам.).

ЧҮКІМЕЙТ (МХР) кішкене ешкі асығы. *Ол бірнеше ч ү к і м е й т т і тігіп қойыпты* (МХР).

ЧҮКІР БОЯУ (Сем.: Мақ., Үрж.; Жамб., Мер.) томар тәрізді осімдік. *Ч ү к і р б о я у бұл маңда көп өседі* (Сем., Үрж.).

ЧҮМБЕ БИДАЙ (ҚХР) жаздық бидай.

ЧЫБЫҚ (МХР) бүркіттің езуіндегі сары сызық. *Бүркіттің ч ы б ы г ы ұзын болса, әскер* (к.) *қыран болады* (МХР).

ЧЫБЫҚ КЕСІСУ (Жамб.: Мер., Шу) уәделесу, серттесу. *Сені босатайық деп ч ы б ы қ к е с і с е д і Бірімқұлдар* (Жамб., Мер.).

ЧЫБЫР (Жамб.: Шу, Мер.) қырқа, тасы жоқ, су жоқ сай-сай болып келген жер.

ЧЫБЫРТҚЫ (Алм., Кег.) жіңішке қамшы.

ЧЫҒАН (Алм., Шел.) коптен, топтан. *Ахмет ч ы г а н н а н чыққан етікші еді* (Алм., Шел.).

ЧЫҒАНАҚ (Алм., Нар.) пәле. *Сүйтіп жүргенде, ол ч ы г а н а қ қ а ұрыпды* (Алм., Нар.).

ЧЫҒАН ТОҒАЙДА (Гур., Маңғ.) андасанда, оқта-текте. *Ч ы г а н т о г а й д а бір кез келеді* (Гур., Маңғ.).

ЧЫҒАРҒА ЧЫҒУ (Сем.: Үрж., Мақ.; Шығ. Қаз., Күрш.) сыртқа, есік алдына шығу. *Ч ы г а р г а ч ы г ы п жат, әкем* (Сем., Үрж.). *Ч ы г а р г а ч ы г а й ы қ, ол чыгарда отыр* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ЧЫҒУ (МХР) жара. *Мойныңа ч ы г у чыгыпты гой* (МХР).

ЧЫҒЫРЫҚ (Шымк., Тұлк.) шығыршық. *Құстың балақ бауында ч ы г ы р ы қ болады* (Шымк., Тұлк.).

ЧЫҒЫС (Алм., Шел.) туыс, жақын. *Біздің қалада ч ы г ы с адамдарымыз бар* (Алм., Шел.).

ЧЫЖМЫЖ (Тау., Қош.) ас үй. *Айнагүл асты ч ы ж м ы ж д а әзірлеп жатыр* (Тау., Қош.).

ЧЫЖЫМ (Тау., Қош.) сым, сым темір. *Біздің радионың ч ы ж ы м ы болек* (Тау., Қош.).

[Монгол тілінде *шижим* жуан сым арқан (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 197)].

ЧЫЙРАТПА (МХР) бүрап, ұзыншақтап істелген бауырсақ.

ЧЫҚ (Жамб., Шу) тұздық. *Етке ч ы қ құйып жібер* (Жамб., Шу).

[Қырғ. *чық* тұздық (Кирг.-рус. сл., 145)].

ЧЫЛАМА (Алм., Үйг.) тұзды, сортанды, ащы топырақты жер.

ЧЫЛАН БІТПЕУ (МХР) семірмеу. *Ч ы л а н б і т п е г е н мал екен* (МХР).

ЧЫЛАН ТҮСПЕУ (МХР) іркітке май түспеу. *Кешке дейін піскен бе, іркітке ч ы л а н т ү с п е д і* (МХР).

ЧЫЛАУ (Алм.: Шел., Кег.) былғау, араластыру. *Сорпаның бетіне тары ч ы л а п берді* (Алм., Шел.). *Боза жасау үшін оны көп ч ы л а у керек* (Алм., Кег.).

ЧЫЛАУЖЫН//ЧІЛӘУЖІН (Алм., Жам.; Жамб., Мойын.) шылапшын. *Қол жуғанда астына қоятын ч ы л а у ж ы н ы м ы з жоқ* (Алм., Жам.). *Ч і л ә у ж і н д і әпкел, балам, қол жуайық* (Жамб., Мойын.).

ЧЫЛАУЫШ[1] (Жамб., Шу) кір жуатын үлкен шылапшын.

ЧЫЛАУЫШ[2] (МХР) кимешек сыртынан тартатын, бас жағын бүріп басқа киетін киім.

ЧЫЛЖЫҢ (Жамб., Мойын.) қылжақ. *Бір нәрсе айтсаң, ч ы л ж ы ң г а айналдырады* (Жамб., Мойын.).

ЧЫЛАУЫШ (Жамб., Шу) кір жуатын үлкен шылапшын.

ЧЫЛЖЫРАУ (Шымк., Сайр.) судың баяу, аз-аздап ағуы. *Арыстың басындағы көк бастаудың суы ч ы л ж ы р а п ағады* (Шымк., Сайр.).

ЧЫЛИ//ЧІЛИ (Жамб.: Шу, Мойын.) тым, оте. *Коп сойлеу, ч ы л и жақсы емес* (Жамб., Шу). *Ч і л и олшеусіз, ч і л и тар қылмау керек үйді* (Жамб., Шу). *Ұзынқұлақ әңгіме ч і л и қысқаға айналып барады* (Жамб., Мойын.).

ЧЫЛ-ПАРАСЫН ШЫҒАРУ (Жамб.: Қорд., Мер.) быт-шытын шығару. *Садақпен атқанда, беліндегі белдігін қорамсағымен ч ы л п а р а с ы н ш ы г а р а д ы* (Жамб., Қорд.).

ЧЫМ (Түрікм., Небид.) тым. *Жүннің ч ы м ағы да болады* (Түрікм., Небид.).

ЧЫМДАНУ (Жамб., Шу) беку, ныгаю. *Селебеңді серте ұстап сендескен жауға бермедің, бейбіташілік қайта орнап ч ы м д а н д ы ірге белбеуің* (Ж. Жантөбетов).

ЧЫМЧЫМ (МХР) ыстық, чымчымдай әкелу (ыстықтай әкелу). *Чыжғырған құйрық майды ч ы м ч ы м д а й ұрттап-ұрттап жіберді* (МХР).

ЧЫН ЖАРА (Сем: Үрж., Мақ.) құлынның кебінесе иығы мен тамағыиа шығатын жара. *Құлында ч ы н ж а р а бар* (Сем., Үрж.).

ЧЫН КИІМ (Жамб., Қорд.) ақірет. *Ол ч ы н к и і м алмай жүр* (Жамб., Қорд.).

ЧЫНТАҚ[1] (МХР) бүркіттің тортінші саусағының аты.

ЧЫНТАҚ[2] (Гур., Маңғ.) теңіздің иығы, иіні, қолтығы.

ЧЫНЫ (Ақт.: Ырғ., Шалқ., Жүр.) бөтелке. *Ч ы н ы деген төсек астында қатарласып тұр* (Ақт., Жүр.).

ЧЫРА Қ. чира.

ЧЫРАҒДАН (Жамб.: Қорд., Мер., Луг.) малдың майын құйып жасаған шам. *Ч ы р а ғ д а н д ы жақпаса қараңғы болып кетті* (Жамб., Мер.). Алматы облысында *көршам*, Павлодар облысында *жыпылық*.

ЧЫРАЛЖЫН (Жамб.: Мер., Луг.) шөптің бір түрі. *Жеріне болжал қылған кеп қалар деп, Ер Бапан бұғып жатты ч ы р а л ж ы н д а. Жын-шайтан мекен еткен ч ы р а л ж ы н д ы, жайлауды сонан қайтып көргенім жоқ* (Жамб., Мер.).

ЧЫРАШ (Шымк., Сайр.) мертіккен құстың сынығын бекітетін желім. *Құстың аяғының мертіккен жері ч ы р а ш п е н бекітіледі* (Шымк., Сайр.). *Бүркіттің сынған аяғы ч ы р а ш т а л а д ы* (Шымк., Сайр.).

ЧЫРҒАНАҚ (Жамб.: Мер., Луг., Қорд.) бұтағы тікенді, аса жуан емес, іші сары, қатты ағаш. *Ч ы р ғ а н а қ Талас жақта көп өседі, Ч ы р ғ а н а қ т ы ыстық-суыққа дәрі есебінде қайнатып ішеді* (Жамб., Мер.).

ЧЫРПЫ (МХР) мәтке үстіне салатын ағаш, шабақ. *Мәтче үстіне ч ы р п ы саламыз* (МХР).

ЧЫРЫН (Жамб.: Луг., Тал., Мойын.) **1.** тәтті. *Бұл ч ы р ы н екен, сіз жеп көріңізші, – деп Адам атаға бидайды жегізеді.* **2.** мазмұнды, маңызды. *Ол әкесінің алпыстан асқан сөзін айтты, тіпті ч ы р ы н сөз.* **3.** тату. *Сырыңды жасырмаған ч ы р ы н досқа, Ч ы р ы н сөз айтылмаған кетер босқа Бізбенен көңіл ч ы р ы н Жұмағұл дос, Деген соң барып едім амалдалық* (Жамб., Луг.).

ЧЫРЫШТАЙ БОЛУ (Жамб., Мер.) көп болу, жиі болу. *Жұрт ч ы р ы ш т а й б о л ы п отыр екен* (Жамб., Мер.).

ЧЫТ//ЧІТ (Сем.: Аяг., Үрж., Мақ.; Шығ. Қаз.: Больш., Қатон.; МХР) орамал. *Мынау ч ы т тәуір екен* (Шығ. Қаз., Больш.). *Анау қызыл ч ы т т ы бала осында істейді* (Сем., Аяг.). *Бәзілага бір ч ы т алып, басына тартып бердім* (Сем., Үрж.).

ЧІКӘ (Түрікм., Красн.) күдік туғызатындай, шикілік. *Бұл істеп отырғаныңыздың ч і к ә с і бар екен, ол жағын келісіп ойластырайық* (Түрікм., Красн.).

ЧІКӘРТ (Жамб.: Мойын., Луг.) сырқат, науқас. *Бала ч і к ә р т болған соң, үйден шыға алмай отырмыз* (Жамб., Луг.).

ЧІКІЛДЕК (Сем., Үрж.) күнбағар. *Қазақорыстар ч і к і л д е к т і көп екті* (Сем., Үрж.).

ЧІКІРТТЕНУ (Алм., Кег.) ауру, наукастану. *Біздің үйдің баласына қылша чыгып, чікірттенгелі бес күн болды* (Алм., Кег.).

ЧІЛ (МХР) керосин шамның лампасы, әйнегі.

ЧІЛӘУЖІН Қ. чылаужын.

ЧІЛДЕ КҮЗЕТ (Жамб.: Шу, Мер., Луг.) туған жас баланы екі-үш күн күзететін әдет.

ЧІЛИ Қ. чыли.

ЧІЛТЕН (Жамб.: Мойын., Луг.) ауыртпалық, бейнет. *Балалардың чілтенін көрмейсің сен* (Жамб., Мойын.).

ЧІЛІК[1] (Жамб., Мер.) он сантиметрдей ағашты таяқпен үрып, үпай салып ойнайтын ойын.

ЧІЛІК[2] (Жамб.: Шу, Мойын.) сазды жерге, қамыс арасына майда, жіңішке болып шыққан ағаш.

ЧІЛІҢГІР ҮСТА (МХР) нағыз шебер үста. *Ол жігіт чіліңгір устаның өзі* (МХР).

ЧІМЧУІР//ҚЫСҚАШ (МХР) шок қысқыш.

ЧІРІК 1. (Сем., Мақ.) үдайымен екі жыл жыртылған аңыздың үшінші жылғы аты. 2. (Шығ. Қаз., Глуб.) тыңайтуға қалдырылған жер. *Қанша гектар чірік бар?* (Шығ. Қаз., Глуб.).

ЧІТ ТАСТАУ (МХР) белбеу тастамақ ойыны.

Ш

ШАБАДАН 1. (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.; Ақт.: Ырғ., Қараб.; Қ.орда: Арал, Қарм., Сыр.) сыртын оюлап жасаған, текшелеу келген үлкен киіз сандық. Ішіне көрпе, киім-кешек салынып, жүк үстіне жинап қояды. *Шабаданды жерден алып, кебеже үстіне қой* (Қост., Жанг.). 2. (Қарақ.) қол кілем не алашадан тігілген көйлек-көншек салып қоятын ыдыс.

ШАБА ЖАУУ (Тау., Қош.) күннің катты, жеделдете жаууы. *Шаба жауған жауын бір басылмады* (Тау., Қош.).

ШАБАЗ (Шымк.: Арыс, Кел., Сарыағ.; Өзб., Ташк.; Ақт., Байғ.; Маң.: Манғ., Шевч.; Қарақ.) сабаз. *Пай-пай, шабаз-ай, қалай-қалай көсіледі. Бердәулет пенен Жоламан ер зурмат шабаздан* (Маң., Маңғ.). *Уәкіл шабазының ериккені гой, колхоз егіске әпрелдің он екісінде кірісті деп өңештейді* (Ақт., Байғ.). *Шабаздың баласы-ай, пып-пысық* (Қарақ.).

ШАБАҚ[1] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Байр., Тедж., Мары; Орал, Жөн.; Қ.орда: Сыр., Жал.) үйдің тобесіне белдіктің үстін бастыра салынатын жіңішке ағаштар. *Үйдің тобесіне салатын шабағы болмай отыр. Шабақтың үстінен ши жабамыз* (Қ.орда, Сыр.).

ШАБАҚ[2] (Қ.орда, Арал) шығырдың бақалақтарын кигізетін тесіктері.

ШАБАҚ[3] (Өзб.) тосындар үстіне қағылатын тақтайша.

ШАБАҚ[4] (Алм., Талд.) арқалық үстіне салатын жіңішке ағаштар.

ШАБАҚ[5] (Талд., Панф.) арба доңгелегінің сыртқы нмск ағашы мен күпшекті қосып тұратын тіреуіш ағаштар.

ШАБАҚ АУ (Қ.орда, Арал) шабақ балық аулайтын ау. *Шабақ ауды торы жиі болады* (Қ.орда, Арал).

ШАБАҚБАС (Қарақ.) жүгерінің түрі.

ШАБАҚТАУ[1] (Маң., Маңг.) үйдің төбесіне сыргауыл төссу. *Жаңа салған бөлменің төбесін шабақтап бола алмай жатырмыз* (Маң., Маңғ.). Бұл – *шабақ* деген есімнен жасалған туынды етістік.

ШАБАҚТАУ[2] (Өзб.) шиге салынған алгашқы қара жүнді сабаумен тегістеу. *Екі кемпір шиге салынған жүнді асықпай шабақтап жатты* (Өзб.).

ШАБАҚША (Қарақ.) кесе салатын ағаш ыдыс.

ШАБАЛА (Қост., Семиоз.) көкпір, тесік ожау. *Жәмилаға айт, шабаласын бере тұрсын де* (Қост., Семиоз.). Бұл сөздің казақ жұрты тараған қоныстың әр жерінде *шолпы, май шолпы, кепкер, күи қалақ, кекпір* дейтін нұсқалары бар.

ШАБАНДОЗ (Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал., Қарм.; Жамб.: Жуа., Шу) көкпарға шабатын жігіт, кокпаршы. *Ол тақымынан көкпар бермеген шабандоздың нағыз өзі* (Қ.орда, Қарм.).

ШАБАН ТҮЙЕ (Қ.орда, Жал.) тумысынан не әбден картайғандықтан жүріске, үзақ жолға мініске жалқау түйе.

ШАБАН-ШАЛАҒАЙ 1. (Сем., Абр.) шалашарпы, нашар, шалағай. *«Қызыл қайың» колхозы мал қыстатуға шабан-шалағай әзірленгендіктен үлкен зиян тартты* («Солт. шаруа», 3.05.1941). 2. (МХР) шама-шарқы аз, ат-коліксіз. *Ертіс бойындағы керей мен уақтың шабан-шалағай ауылдары мен аргынның атығай, қарауыл рулары жаудың ат таганында тозды* (С. Тәу., Ақыр Жән., 124).

ШАБАН-ШАЛАЙ (МХР) ат көліксіз, халі мүшкіл шаруа. *Ш а б а н-ш а л а й адам* (МХР).

ШАБАЛАҢДАУ (Ақт., Ойыл; Қ.орда, Арал) шабалану, иттің үруі. *Оң қолдағы ашық ауладан бір ит бозалаң етіп жүгіре шықты, ізінше қайта кіріп, орнына жайғасқан соң ғана ш а б а л а ң д а п үріп қоя берді* (Ж. Нәжім., Кішк., 149). *Оған қалған иттер қосылып ш а б а л а ң д а п үрді* (Ә. Нүрп., Сең, 339).

ШАБАР (Қ.орда, Арал; Шымк., Арыс) шабарман. *Ол кісі бірсыпыра уақыт ш а б а р болып жүрді* (Қ.орда, Арал). *Ш а б а р келді дегенше, суық хабар келді десейші* (Шымк., Арыс).

ШАБАРА 1. (Жамб., Жуа.) тор, темір тор. *Зоопарктегі аңдар ш а б а р а д а турады* (Жамб., Жуа.). 2. (Өзб.) үйдің айналасын, бау-бақшаны қоршайтын сым темірден тоқылған тор.

ШАБАТА (Қост.: Жанг., Аман.; Орал: Чап., Жымп.; Қ.орда: Жал., Сыр., Қарм.; Сем.: Абай, Шүб., Кокп., Ақс.) жокеден, ағаштың кабығынан тоқылған, я кеннен бүріп тігілген жұмысқа киетін аяқ киім. *Ылғый ш а б а т а ң д ы сүйретесің де жүресің, оны неге тастамайсың* (Қост., Аман.).

[Орыс тілінің халық диалектілерінде *чеботы* аяқ киімнің бір түрі. Тат. *чабата* өкшесіз аяқ киім. Қазақстанның біраз жерінде осы мағынада *шарық, шәрке* сөздері қолданылады].

ШАБАШТЫҚ (Маң., Маңғ.) мал өсіретін, мал бағатын, мал шаруашылығымен шұғылданатын. *Маңғыстау елі бұрын тек ш а б а ш т ы қ ел болатын* (Маң., Маңғ.).

ШАБДАЛ (Қарақ., Қоң.) шабдалы. *Ш а б д а л ерте пісіп кетті, кәзір қауын бар, қауын жең* (Қарақ., Қоң.). *Ш а б д а л ағашта өседі* (Қарақ.).

ШАБУ[1] (Гур., Тең.) күру. *Ау шабу* – ау күру. *Ш а п қ а н ауыңа балық көп түссе, рақаттанып қаласың* (Гур., Тең.).

ШАБУ[2] (Қарақ., Қоң.) алтын, күміс жалату. *Күдерінің әр жеріне күміс ш а б а д ы* (Қарақ., Қоң.).

ШАБУ[3] (Қарақ.) орнату, отырғызу; жапсырып тігу.

ШАБЫҚ (Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал., Қарм.; Жамб.: Жам., Сар.; Шымк., Сайр.) арамшөп отағы. *Әйелдер ш а б ы қ қ а шықты* (Шымк., Сайр.). *Қауынның ш а б ы г ы н а мектеп оқушылары жыл да араласады* (Қ.орда, Шиелі). *Мен ш а б ы қ қ а шығатыннан бір күн бұрын мектепке келе жатып, ауыл алаңындағы мінбенің жанынан өттім. Қамбар кетпенін алып, ш а б ы қ қ а кірісті* (Қ. Әбд., Тәт. қауын, 19).

ШАБЫҚТАУ (Қ.орда: Шиелі, Сыр.; Шымк.: Сайр., Мақт., Шәу.; Жамб.: Шу, Жам.) отау, арам шөптен егістікті тазарту. *Мақташылар қозаны ш а б ы қ т а у д а күндік нормадан бір жарым, екі есе орындап, қажырлылықпен еңбек етуде* («Соц. егінші», 17.06.1956). *Қылшаны суарғаннан кейін ш а б ы қ т а й м ы з* (Жамб., Шу). *Арам шөбі ш а б ы қ т а л м а г а н жердің қауыны да нашар болады* (Қ.орда, Шиелі). *Бұл колхоздар осы күнге дейін мақтаның үшінші ш а б ы г ы н да аяқтамаған* («Соц. Шәуілдір», 1939, №71). *Қурамыстағы колхоздар мақта ш а б ы г ы н д а* («Кол-шы», 1933, №34).

ШАБЫН (Ақт., Ойыл) шабындық. *Шагыров Д-54 тракторымен бір сменада 40 гектар ш а б ы н шауып, тырмалап жүр* (Ақт., Ойыл).

ШАБЫНДЫЛЫҚ (Шық. Қаз., Тарб.) шабындық. *Теңдік колхозының ш а б ы н д ы л ы қ жерінде ішбір иелік жоқ* («Болын. кол.», 1939, №42).

ШАБЫНУ[1] (Қост., Жанг.; Шық. Қаз., Больш.) моншада денені сыпырғышпен үру. *Ш а б ы н у г а сібірткі де жоқ* (Шық. Қаз., Больш.). *Қырық шелектен су сыятын төрт үлкен күбі, сегіз кісілік ш а б ы н а р ы бөлсын* (F. Мүсір., Оян. өлке, 258).

ШАБЫНУ[2] (Қ.орда, Қарм.) келеге түсетін жараған бура мен үлектің аузынан ақ көбік атып, бөксесін шөмейте, кеудесін көтере, құйрығын ерсілі-қарсылы шапаттап, тісін қайрап, күркіреп, айбат керсетуі.

ШАБЫНШЫЛЫҚ (Маң., Маңғ.) шапқыншылық, жорық, дүрбелең. *Ш а б ы н ш ы л ы қ заманда Иса-Досан бастаған ел Хиуаға ауды* (Маң., Маңғ.).

ШАБЫР (Қар., Шет) қырқалы, адырлы, ойлы-қырлы жер. *Оның үйі ш а б ы р д ы ң ішінде еді* (Қар., Шет).

ШАБЫРА[1] 1. (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж., Мары) ешкі терісінен жасалған былғары. *Мәш тігуге ш а б ы р а д а н әздігі жоқ* (Түрікм., Тедж.). 2. (Өзб.) жүка былғары, шегірен. *Құлақшынның ш а б ы р а с ы жарыққа жылтжылт етеді* (Өзб.).

ШАБЫРА[2] (Қост., Об.; Ақт., Караб.) көрші. *Бұл кісі бір кезде менің ш а б ы р а м болған* (Қост., Об.).

[Орыс тілінде *шабер* сөзі «көрші» мағынасында қолданылады (Толк. словарь русского языка, т. IV)].

ШАБЫРА[3] (Қост., Жанг.) қалқа; қар тоқтату үшін қадалған қамыс.

ШАБЫРА[4] (Қ.орда: Қарм., Шиелі; Ақт., Шалқ.) күрке, қос. *Ат ш а б ы р а н ы ң қасында байлаулы тұр* (Қ.орда, Қарм.). *Күн өтіп ауырып қаларсың, ш а б ы р а ғ а кіріп отыр* (Ақт., Шалқ.).

ШАБЫРА[5] (Жамб., Жам.; Алм., Жам.) шыбықтан тоқылған ыдыс, себет. *Қораның есігіне ш а б ы р а тоқу керек еді* (Алм., Жам.).

ШАБЫРТ (Гур., Бақс.; Қост., Жанг.) шабыт, көңілдің қошы, адамның ықыластануы. *Кәзір өзімнің де ш а б ы р т ы м келмей отыр, шырақ* (Гур., Бақс.).

ШАБЫТ (Маң., Маңғ.) сай-салалы, таулы жер. *Ш а б ы т өлке. Итқұс ш а б ы т жерді паналайды* (Маң., Маңғ.).

ШАҒА (Маң.: Маңғ., Шевч.) қортпа балықтың құртшабағы. *Су жиегінде ш а ғ а лекілегімен жүр* (Маң., Шевч.).

ШАҒАЙ (Рес., Орын.) ағаш тығын, ағаш шеге. Мұның *сағай* деген нұсқасы да бар.

ШАҒАЛ[1] (Шымк., Мақт.) шиебөрі, қорқау қасқыр. *Бибіштің кеше бір тауығын ш а ғ а л жеп кетіпті* (Шымк., Мақт.). Қарақалпақ арасындағы қазақтар мұны *сағал* деп атайды.

ШАҒАЛ[2] (Қарақ.) құс ату.

ШАҒАЛДАҚ (Шымк., Түркіс.) жүгеріні үгіткеннен қалған отқа жағатын ағашы.

ШАҒУ[1] (Маң.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта; Сем.: Абай, Ақс., Шүб.; Шығ. Қаз.: Больш., Қатон., Марқ.; МХР) сындыру, қырату. *Байқа, кеселерді ш а ғ ы п алма* (Түрікм., Тахта). *Қонақ үйінің терезесі ш а ғ ы л ы п қалыпты* (Сем., Ақс.). *Жәуміттер елдің малын айдап, мұлкін шашып, қазанына дейін ш а ғ ы п кетіпті. Енді жыласаң басыңды ш а ғ а м* (Маң., Маңғ.). *Қолымнан түсіп кетіп, төрт-бес шыны бір-ақ ш а ғ ы л д ы* (МХР).

ШАҒУ[2] (Орал, Каз.т.; Рес., Сарат.) күнбағыс және соның дәні, шекілдеуік. *Ш а ғ у сатып алып отыратын* (Рес., Сарат.).

ШАҒЫЙ (Сем., Абай) шәйі, сырт киім тыстайтын жібек. *Мынау ш а ғ ы й шапанды кім?* (Сем., Абай). *Биік сүйек төсектегі ш а ғ и дүриялаған көмкерулер де сол дөңгелек бір санмен жиырма бестен жасалыпты* (М. Әу., Абай жолы, I, 749).

ШАҒЫЛ[1] (Маң.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары; Гур., Есб.) желмен сусып жататын өркеш-өркеш өсімдігі жоқ жалаңаш құм төбелер. Гурьев жағында *Қосшағыл, Ақшағыл, Саршағыл* сынды жер аттары кеп кездеседі. Сыр бойының елі *ш а ғ ы л* деп мал жайылатын құмды, от жерді айтады: *Мал ш а ғ ы л д а жатыр* (Қ.орда, Жал.). Шығыс Қазақстанда *ш а ғ ы л* таулы жердегі сусыма майда тастар: *Алтай тауында ш а ғ ы л көп, аяғыңмен бассаң, төмен қарай сырғи бастайды* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Қ ы з ы л ш а ғ ы л ғ а кірер-кірместе қойларды Көткеншек Көшен мен Сары Шая шашау шығармай иіріп ұстап отырыпты* (Ә. Нүрп., Сең). *Қашан еді баян көшіп, ән көшіп, елсіз ш а ғ ы л ортасына қонғаны* (Х. Ерғ.).

ШАҒЫЛ[2] (Шығ. Қаз., Күрш.) жарықшақ тастар, тау бетіндегі үсақ тастар, қорым тастар.

ШАҒЫЛЫП ҚАЛУ (ҚХР) жайсыздау, ауру.

ШАҒЫР[1] (Рес., Орын.) өсімдіктің сабағы. *Андыздың ш а ғ ы р ы н ы ң биіктігі бір метрдей болады* (Орын., Ад.).

ШАҒЫР[2] (Рес., Сарат.) жусан тәрізді сабағы каттылау өсімдік.

ШАҒЫР ТАРЫ (Қост., Об.) ірілеу келген тары сорты.

ШАДАЙ (Жезқ., Ұлы.) арық, ашаң (көбіне балаға қолданады). *Әй, ш а д а й, қыңқылдамай, мазаны алмай жайыңа өтыр. О, мына тыриған ш а д а й д ы қарай гөр* (Жезқ., Ұлы.).

ШАДАЙНАМА (Қарақ.) туу туралы куәлік.

ШАЖА (Талд., Қарат.; Жамб., Шу) таудың үшар басы, шың. *Алатаудың ш а ж а с ы, шоқының ш а ж а с ы* (Жамб., Шу). *-лы* жұрнағының көмегімен жасалған *шажалы* деген түлғасы да бар. *Матай – ш а ж а л ы тау* (Талд., Қарат.).

ШАЖАҒАЙ//АЖАҒАЙ (Алм., Талд.) найзағай, нажағай. *Ш а ж а ғ а й жарқырады* (Талд.).

ШАЙ (Алм., Жам.) матаның қымбат түрі, жібек. *Дүкенге ш а й түсіпті, содан алып көйлек тіктіремін деп едім* (Алм., Жам.).

ШАЙАЯҚ (Түрікм.: Таш., Тедж., Кенеүр., Красн., Тахта) шыны аяқ. *Сендерде тік аяқпен* (қ.) *ішіп, ш а й а я қ т ы қолданбайды білем* (Түрікм., Тедж.).

ШАЙБАС (Қ.орда, Қарм.) малдың төбелі маңдайындағы кішкене ғана қасқасы. *Ш а й б а с жалғыз сиырым бар* (Қ.орда, Қарм.).

ШАЙГЕРДЕН Қ. шайкерден.

ШАЙДА БОЛ (Орал, Орда) шай іш, шайға кел. *Нәсібалла жүр, ш а й д а б о л* (Орал, Орда).

ШАЙДОЗ 1. (Жамб.: Жуа., Жам.; Шымк., Мақт.) шай қайнатуға арналған биік мыс құман; кейбіреуінің шүмегі болмайды, түтқасы ғана болады. *Ш а й д о з ғ а шой демдеп қойдым* (Жамб., Жуа.). **2.** (Өзб., Ташк.) қара құман. *Шайды біз ш а й д о з ғ а құямыз* (Өзб., Ташк.).

ШАЙДЫ БОРДАУ (Тау., Қош.; МХР) шайға талқан қосу. *Ол Қаңтарбайға ш а й д ы б о р д а п берді* (Тау., Қош.).

ШАЙКЕРДЕН//ШАЙГЕРДЕН (Өзб.) пияла сияқты, ұзынша сабы бар ожау. *Қасым ш а й г е р д е н м е н су алып ішіп тұрды* (Өзб.).

ШАЙ КЕСЕ (Рес., Омбы) кішкене кесе. *Летр кесе деп дөкейін, ал ш а й к е с е деп кішісін айтамыз* (Рес., Омбы).

ШАЙҚАЛАУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) шайқау, шайқап қозғау. *Толқын қайықты қатты ш а й қ а л а ғ а н д а, тұрімнің ішінде жатып, сырттағы толқынның жалын тобедегі терезеден көріп жатасың* (Маң., Шевч.).

ШАЙҚАУЫШ (Талд., Қарат.) елеуіш, елек. *Ш а й қ а у ы ш т ы ң түбі жыртылып қапты* (Талд., Қарат.).

ШАЙҚОРА (Қарақ.) үсті ашық, жан-жағы қоршалған қора. *Ш а й қ о р а көбінесе қойешкінің өрісінде болады* (Қарақ.).

ШАЙ ҚУРАЙ 1. (Алм., Еңб. қаз.) аласа шөп, дәрі-дәрмекке пайдаланады. **2.** (Талд., Панф.) биік болып өсетін жапырағы үлкен басындағы бүрін шай ретінде пайдаланатын өсімдік.

ШАЙҚЫЛАУ (ҚХР) қалай болса солай сейлейтін, өз сөзін өзі қадағаламайтын, оған жауапсыз қарайтын адам.

ШАЙҚЫМАЗАҚ (Жамб., Шу; Маң., Маңғ.) сайқымазақ, қалжыңбас, күлдіргі. *Ол ш а й қ ы м а з а қ кісі екен* (Жамб., Шу).

ШАЙҚЫСУРЕЙ КІСІ (ҚХР) шайқымазақ, күлдіргі, қу тілді кісі.

ШАЙЛА 1. (Жамб., Тал.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қаз., Қарм.; Шымк.: Түркіс., Түлк.) қос, күрке. *Үйіміз болмағандықтан, ш а й л а д а отырмыз* (Жамб., Тал.). *Қауынның басына ш а й л а жасап жатамыз. Екі айға осы ш а й л а да жарайды* (Қ.орда, Сыр.). *Дағыстан халқы қашты енді, Баспана тастап ш а й л а н ы* (Рус. дас., 100). *Ш а й л а д а н шыға бере оның қолына әкесінің шоқайын* (қ.) *ұстатты* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 64). *Бұл ш а й л а нағыз жұмақта тұратындардың мекені сияқты* (Ш. Мұрт., Жүлд. көп.). **2.** (Шымк., Түркіс.) талдан қырқып, төбесін иіп барып жасаған үйшік. *Шөпшілер ш а й л а ғ а қарай беттеді* (Шымк., Түркіс.).

ШАЙЛАҒАН ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) жазда, күзде жайылымы жақсы болып, әбден семірген қомды түйе.

ШАЙЛАУ[1] (Павл., Ерт.; Қост., Жанг.) қойдың жосықсыз семіруі, семіздіктен жүре алмай, қойға ере алмай қалуы. *Қой ш а й л а ғ а н д а жүре алмай жатып қалады. Шөбі шұйғін, от-суы мол жердің қойының сарша тамызда ш а й л а п қалатыны болады* (Қост., Жанг.). Қ. шайырлау.

ШАЙЛАУ[2] (Орал, Чап.) шайға отыру, төрге шығу. *Төрге шығып ш а й л а ң ы з, ақсақал* (Орал, Чап.).

ШАЙМА[1] (Түрікм.: Қиян., Қулы., Бекд., Красн.) кенептен жасалған арқан. *Ш а й м а н ы ң ұшына якорь байлап, якорьдың әрбір тармағына ұзындығы құлаш жарымдай тақтай байлайды да, теңізге тастағанда желкенді қайық тоқтап тұратын болады* (Түрікм., Қиян.).

ШАЙМА[2] (Жамб., Луг.) зор күбі.

ШАЙМА МІНЕЗ (Маң., Маңғ.) байлаусыз, сөзінің тиянағы жоқ, тұрлаусыз мінез. *Ш а й м а м і н е з адамнан сақ болу керек* (Маң., Маңғ.).

ШАЙНАҚЫ (Шымк., Мақт.) қу. *Сен бала бір өте ш а й н а қ ы бала екенсің* (Шымк., Мақт.).

ШАЙНАМА (Орал, Чап.; Қост., Жанг.) нан, ет, сөк тәрізді қою тағамдар (сүт, айран, қымыз тәрізді сұйық тағамға қарама-қарсы мағынада). *Жері көп, наны аз аққа қараған қазақ ауылында кедей тұғіл орташалар жаздығұні ш а й н а м а ғ а жарымайды* (Ғ. Мұст., Дау. кейін, 91).

ШАЙПАЛУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) шайқалу, судың шайқалуы. *Теңіз сәл ш а й п а л д ы дегенше, қайық бұлтыңдай бастайды* (Маң., Шевч.). *Су ш а й п а л а д ы* (Маң., Маңғ.).

ШАЙ САНДЫҚ (Рес., Орын.) кіші сандық. *Ш а й с а н д ы қ т а й сандықтан кіші болады* (Орын., Ад.).

ШАЙТАН БАҚЫРАШ (Түрікм.: Красн., Қиян., Қулы., Бекд.) теңіз жағасындағы ұлу қабыршықтары.

ШАЙТАН ТАҢ (Рес., Сарат.) алакөбең, таңертең, ерте. *Ол ш а й т а н т а ң д а тұрып, көрмиттеуге кетті* (Рес., Сарат.).

ШАЙТАН ТИЕК (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) домбыраның бас тиегі. *Домбыраңның ш а й т а н т и е г і биігірек* (Түрікм., Таш.). *Ш а й т а н т и е к к е жалғас ілкі* (қ.) *қоңыр үнді төрт перне күй домбырасына*

ылайықтап бесеу болып тағылған екен (Ғ. Сл., Домб., 79).

ШАЙТАН ШАЛУ (Сем.: Көкп., Ақс.) зымырау, құстай ұшу, құйқылжу (аттың шабысы туралы). *Бұл ат шапқанда ш а й т а н ш а л а д ы* (Сем., Ақс.).

ШАЙ-ШАБЫТ (Тау., Қош.) шай-пай. *Отырыңыз, ш а й-ш а б ы т іше кетіңіз* (Тау., Қош.).

ШАЙ-ШАЛАҢ (ҚХР) шай-пай. Бұл *шай-шауқан* тұлғасында да қолданылады.

ШАЙ-ШАПҚЫТ (Сем., Абай) шай-пай. *Мен түскі дамыл кезінде Үмбетпен бірге ш а й-ш а п қ ы т ішуге үйге келдім* (Сем., Абай). Бұл Қазақстанның шығыс өңірінде *шай-шалақ, шай-шауғат, шай-сауат, шай-шауқын* болып түрлі нұсқада айтылады.

ШАЙ ШӨП (Қ.орда: Сыр., Жал.) шөптің бір түрі. *Ұзындығы 50-60 см, түсі жасыл ш а й ш ө п т і ң сүті ағып тұрады, мал өте сүйсініп жейді* (Қ.орда, Сыр.).

ШАЙЫР[1] (Қ.орда: Сыр., Жал.; Маң., Маңғ.) су толқынымен көл жағасына шығып қалған құм, тастар. *Сырдарияның жағасында ерте кезде пайда болған ш а й ы р л а р* (Қ.орда, Жал.).

ШАЙЫР[2] (Тау., Қош.; Рес., Орын.) сағыз. *Сен ш а й ы р д ы қайдан алдың? Тау сағызы да, қарағай сағызы да ш а й ы р деп аталады* (Тау., Қош.). *Ауызға салып шайнайтынды бізде ш а й ы р дейді* (Орын., Ад.).

ШАЙЫР[3] (Сем., Абай; Жезқ., Жез.) қуаң, шөлейт өлкелерде өсетін мал азықтық шөп. *Май айының аягында қолмен жұлып жинайды. Қыста нашарлаған малға ш а й ы р берсе, тез оңалып кетеді. Ш а й ы р – әсіресе ауру түйеге таптырмайтын ем шөп* (Сем., Абай).

ШАЙЫР[4] (Қ.орда, Жал.) түйе денесінен термен бірге бөлініп шығатын, кебе келе түйе жүні арасында желім сияқтанып, малды ыстықтан, суықтан қорғайтын зат.

ШАЙЫР[5] (Қарақ.) ағаштан алынатын желім.

ШАЙЫРҒАЛ (Қост.: Жанг., Аман.) сөзуар, тілмар, сөзге шешен, ақындығы да бар (адам). *Отыншы ш а й ы р ғ а л, шығарғыш кісі екен* (Қост., Аман.).

ШАЙЫРҒАЛЫ (Жамб., Жам.) егес, таластартыс, келісө алмаушылық. *Ол екеуінің арасында ш а й ы р ғ а л ы сөз бар* (Жамб., Жам.).

ШАЙЫРЛАУ (Қ орда: Сыр., Жал., Қарм.; Шымк., Түлк.) семіру, қойдың семіздіктен күйрығын көтере алмай қалуы. *Қойдың жазда ш а й ы р л а й т ы н мезгілі болады* (Қ.орда, Жал.). *Қой ш а й ы р л а п қалды* (Шымк., Түлк.). Қ. шайлау.

ШАЙЫРЛЫҚ (Рес., Астр.) ақындық. *Шашайды жоқтап өзінің ш а й ы р л ы ғ ы н айтып тұр гой* (Рес., Астр.).

ШАҚ[1] (Орал, Казт.; Ақт., Ойыл; Рес.: Орын., Волг.; Қост., Жітік.) шаққа, әрең, зорға. *Осында ш а қ келдім. Ш а қ бітірдім гой мынаны* (Орын., Ад.). *Өзім шаршап жатып едім, сендер есік қаққанда ш а қ тұрдым* (Орал, Казт.). *Аттың тартпасы ш а қ жетті* (Ақт., Ойыл). *Талай рет ұшып түрегеле жаздап, тек қана озін-озі тежеумен ш а қ-ш а қ ұстап отыр еді* (Ә. Нұрп., Күт. күн., 46). *Оқуға ш а қ түстім* (Қост., Жітік.). *Өткен жылдың пай жинау, кооперацияға мүше тарту планы 68-50%-ке ш а қ жеткен* («Күріш.», 1942, №3).

ШАҚ[2] (Шымк., Мақт.) бұтақ (мақта туралы). *Мақтаның ш а г ы и сындырмау керек* (Шымк., Мақт.). Қ. шақа[1].

ШАҚ[3] (Шымк., Түлк.) шағын, кішкене. *Ауырып өлген – денесі ш а қ қызыл қасқа қозы екен* (Шымк., Түлк.).

ШАҚ[4] (Алм., Кег.) арбаның доңгелегі. *Арбаның бір ш а г ы сынып қапты, жондету керек* (Алм., Кег.).

ШАҚ[5] (Өзб.) мүйіз. *Қошқардың ш а г ы н а н ұстап мойнын қайырып жіберді* (Өзб.).

ШАҚА[1] (Маң., Маңғ.; Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Байр.) ағаштың, мақтаның (қозаның) бұтағы. *Кешегі желден дарақтардың ш а қ а с ы сынып, жол үстінде шашылып жатыр* (Түрікм., Таш.). *Жусанның ш а қ а с ы н а мылтығын іліп қойып, көлеңкесіне дем алатын адам* (кішкентай, қортық адам туралы) (Маң., Маңғ.).

[Түрікменше *шаха* (Туркм.-рус. сл., 1940); езб. *шох* (Узб.-рус. сл., 1959); карак. *шақа* (Карак.-рус. сл., 1958)]. Қ. шақ[2].

ШАҚА[2] **1.** (Жамб., Тал.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) бақыр ақша. *Жаңа ақша келгелі қалтамыз ш а қ а г а толды гой* (Қ.орда, Қарм.). *Халыққа қайыр қылып үлестірді, қалдырмай алтын дүрдің бір ш а қ а с ы н* (Рүс. дас., 91). **2.** (Шымк., Түркіс.) ақша. *Балам, менің ш а қ а м д ы алып келші* (Шымк., Түркіс.).

ШАҚА[3] (Шымк., Түлк.) баға, ақы. *Дүкендегі кітаптың ш а қ а с ы қанша екен. Шайдың ш а қ а с ы н төлеңіз* (Шымк., Түлк.).

ШАҚА[4] (Ақт.: Жүр., Шалқ.) үрім-бұтақ, тұқым, зәу-зат. *Тілеу-Қабақтың ш а қ а л а р ы осы жерде* (Ақт., Жүр.).

ШАҚА[5] (Маң.: Маңғ., Шевч.) нәресте, жас сәби. «Бала-шаға» дегендегі *«шаға»* сыңары осы сөзбен төркіндес.

ШАҚА[6] (Маң.: Маңғ., Шевч.) жаңқа, шапқан ағаштың майда жаңқасы. *Былай жур, шауып тастаған ағаштың ш а қ а с ы аягыңа кіріп кетер* (Маң., Шевч.).

ШАҚА[7] (Орал, Чап.) арбаның мұрындық ағашы.

ШАҚА[8] (Орал, Жән.; Рес., Қалм.) арба дөңгелегінің мұрындық темірі. *Арбаның ш а қ а с ы түсті, ш а қ а с ы н ізден табайық* (Орал, Жән.).

ШАҚА[9] (Алм., Кег.) шелек. *Ол ш а қ а м е н суға барды* (Алм., Кег.).

ШАҚА[10] (Гур., Маңғ.) қортпаның шабағы.

ШАҚАЙ[1] (Ақт., Ырғ.) аңның бір түрі. Құлан тәрізді аң. *Ш а қ а й тауда жүреді. Ш а қ а й жүйрік аң* (Ақт., Ырғ.).

ШАҚАЙ[2] (Шығ. Қаз., Тарб.) шәркей, шәрке (сиырдың я жылқының бас терісінен істелетін аяқ киім). *Бұрын байлар малайларына ш а қ а й кигізетін, жөні тізу аяқ киім бермейтін* (Шығ. Қаз., Тарб.). Бұл сөз Қазақстанның көп жерінде *шоқай* деген үлгіде айтылады.

ШАҚАЛАҚ[1] (Шымк.: Кел., Сайр., Сарыағ.) нәресте, сәби, жас бала. *Кереуетте жатқан кімнің ш а қ а л а ғ ы* (Шымк., Кел.). *Биыл туған бір ш а қ а л а ғ ы м ы з бар* (Шымк., Сайр.).

ШАҚАЛАҚ[2] (Шымк., Түркіс.) жүгерінің дәнін алған соң қалған ағашы.

ШАҚАЛАП АЙЫРЫЛУ (Ақт.: Қараб., Шалқ.) жолдың тарамдалуы, жан-жаққа айырылуы. *Осы ауылдан шыға жол ш а қ а л а п а й ы р ы л а д ы, сендер солға қарай бұрыласыңдар* (Ақт., Қараб.). *Шалқардан Шілібасатқа шыға берісте жол ш а қ а л а п а й ы р ы л а д ы* (Ақт., Шалқ.).

ШАҚАЛАУ (Ақт.: Жүр., Шалқ.) өрбу, тарау, үдіреу.

ШАҚА НАР БҰРА (Қ.орда, Жал.) азғындаған нарлардың, шағын, күш-қуаты жағынан орташа тұқымдық буданының екінші ұрпағы.

ШАҚАП (Қарақ.) бір нәрсенің тарауы, бөлімі, тармағы. *Романның бір ш а қ а б ы н осы түнде бітіріп шығамын* (Қарақ.).

ШАҚАТ (Қ орда, Арал) шама-шарық, күш-қуат. *Оның ш а қ а т ы зор* (Қ.орда, Арал). *Тұруға ш а қ а т ы н ы ң бар-жоғын білгісі кеп, қол-аягын қозғап қимылдатып көрді* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 104). *Әттең, дарияға сол жерге, сол қонысқа пырылдап ұшып жетуге құстай қанатым жоқ, қармануға ш а қ а т ы м кеміс* («Больш. кол.», 1939, №4).

ШАҚАТТЫ (Қ.орда, Арал) маңызды, қажетті, негізгі. *Балық аулау мәселесі ш а қ а т т ы мәселенің бірі* (Қ.орда, Арал).

ШАҚАТЫ (Павл.) шөбі қырбық, сирек өскен жер. *Ш а қ а т ы жер-шөбі селдір* (Павл.). *Ш а қ а т ы қой бетеге, сайда қияқ. Жаудырап жағасында жидек пісіп* (И. Байз., Шығ., 302).

ШАҚАТЫ КЕЛМЕУ (Ақт.: Ырғ., Қараб.; Орал, Чап.; Гур., Маңғ.; Қ.орда, Шиелі) шамасы, мұршасы келмеу. *Бүгін ш а қ а т ы м к е л м е й отыр* (Ақт., Ырғ.). *Кәрілік жеңіп, ауыр жұмысқа ш а қ а т ы м к е л м е й жатыр. Қазір ш а қ а т ы м к е л м е д і деп отыруға бола ма* (Қ.орда, Шиелі). *Әбдірахман көз тоқтатып қарап байқаған да жоқ, байқауға ш а қ а т ы д а к е л м е д і* (Х. Есенж., Ақ Жай., I, 83). Қ. шарқаты келмеу.

ШАҚА-ШАҚА (Қост., Жанг.) жүйе-жүйе, сала-сала. *Ол әңгімені ш а қ а-ш а қ а с ы м е н айтады* (Қост., Жанг.).

ШАҚҚА[1] (Қ.орда: Арал, Жал., Сыр., Қарм.; Қост.: Жанг., Аман.; Ақт.: Қараб., Ойыл) әрең, зорға, әзер. *Үлкен қауын екен, үйге ш а қ қ а жеткіздім* (Қ.орда, Арал). *Қолымыздағы құралымыз былтыр ш а қ қ а жарап шығып еді, биыл олай емес* (Қост., Аман.). *Бөгет-сайдан картоп алып қайтамын деп, бір машинамен арнайы кетіп, 18 октябрь күні ш а қ қ а дегенде келді* («К-з жолы», №41, 1942). *Онда да «барайық» деп, әскер жаққа орнынан ұялғаннан тұрды ш а қ қ а* (Рүс. дас., 353). *Басқарма жеті күн ұдайы ізіне түсіп, мал дайындаудың емескі ақпарын ш а қ қ а алып отыр* («Екп. балықшы», 1932, №42).

ШАҚҚА[2] (Рес., Сарат.) тез, шапшаң. *Астауды ш а қ қ а жасап қойыпты* (Рес., Сарат.).

ШАҚҚАН[1] (Қарақ., Қоң.) пысық, өткір, елгезек, іскер. *Қасыңа бір ш а қ қ а н жігіт ертіп беремін, ешқандай гам жеме* (Қарақ., Қоң.).

ШАҚҚАН[2] (Қарақ.) түсі ақ күс.

ШАҚҚЫ (Қарақ.) бәкі, бүктелмелі пышақ.

ШАҚҚЫШ (Шымк., Түркіс.) қант шаққыш. Қ. шақпақ[2].

ШАҚМАҚ (Қарақ.) найзағай.

ШАҚПАҚ[1] (Жамб.: Жам., Луг., Шу) сіріңке, оттық, шырпы. *Ш а қ п а қ тартып шам жағып жібер* (Жамб., Шу).

ШАҚПАҚ[2] (Көкш., Қ.ту; Павл.) қант шаққыш, қант шағатын құрал. *Мынаны шағу үшін ш а қ п а қ керек екен* (Көкш., Қ.ту). Мұны Қазақстанның батыс бөлігі *қант қайшы* дейді.

ШАҚПАҚ[3] (Шығ. Қаз., Зайс.) мылтықтың серіппесі, шаппасы. *Мылтықтың ш а қ п а г ы н ашпа* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ШАҚПАҚ[4] (Шымк.: Мақт., Арыс) найзағай, нажағай. *Ш а қ п а қ жалтылдап тұр* (Шымк., Мақт.). *Күн ш а қ п а г ы н шақты* (Шымк., Арыс).

ШАҚПАҚ[5] (Қар.) сөзшең, сөзуар, тілмар. *Бұрыннан ш а қ п а қ, сөзге шебер жігіт, председатель болған соң өсе түскен* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 290).

ШАҚПАҚ САЛУ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр.; Ақт., Ырғ.) қауын, қарбыздың піскендігін байқау үшін пышақпен тесіп көру. *Балам, әуелі алдағы қауыныңа ш а қ п а қ с а л ы п көр* (Қ.орда, Сыр.). *Балалар қауынның піскен-піспегенін байқау үшін ш а қ п а қ с а л ы п т ы* (Ақт., Ырғ.). Қ. шақпақ ұру.

ШАҚПАҚ ҰРУ (Түрікм.: Байр., Мары, Көнеүр., Тахта, Таш.) қауын, қарбыздың піскендігін байқау үшін пышақпен тесіп көру. *Ш а қ п а қ ұ р ы ң, мұмкін шикі болар* (Түрікм., Таш.). Қ. шақпақ салу.

ШАҚПАҚ ШАҒУ (Шымк., Сайр.) күн жарқылдау, найзағай ойнау. *Ол ш а қ п а қ ш а қ қ а н д а шие теріп жүр еді* (Шымк., Сайр.).

ШАҚПАҚ ШЕКЕР (Рес., Қалм.) шақпақ қант.

ШАҚТАС КЕЛУ (Қ.орда: Жал., Қарм.) шақ келу, тең келу. *Тұрмағамбеттің оқығанына ш а қ т а с к е л е т і н бұ атырапта жан жоқ* (Қ.орда, Қарм.). *Олардың зәрелері ұшып кетті. Бұған жан шыдамас деп ш а қ т а с к е л і п* (Рус. дас., 268).

ШАҚТАУ (Шымк., Сайр.) бұтақтау, бұтақ жаю. *Мақтаның ш а қ т а у ы жақындап келеді* (Шымк., Сайр.).

ШАҚТЫ (Қарақ.) шама-шарық, күш-қуат. *Менің оған көзір ш а қ т ы м жоқ, кейін көрермін* (Қарақ.). Бұл сөз Алматы облысының Нарынқол ауданында *шақтысы* деген үлгіде айтылады: *Отын жинауға ш а қ т ы с ы келмеді.*

ШАҚША (Маң., Маңғ.) қайықтың түмсығындағы тесік.

ШАҚ-ШАҚ[1] (Шымк., Арыс) кішкене жыл құсы. *Ш а қ-ш а қ торғай шақ торғай, Сауысқаннан сақ торғай* (Шымк., Арыс).

ШАҚ-ШАҚ[2] (Рес., Қалм.) тез-тез.

ШАҚ-ШАҚ КҮЛУ (Қ.орда, Арал) сақ-сақ күлу. *Ой, оны қой. Ол қызыл пәле ғой деп ш а қ-ш а қ к ү л і п, ... құлап түскендей шалқалап барады* (Ә. Нүрп., Сең, 56). Осындағы еліктеу сөзден жасалған *шақалақтау* деген етістік те бар. *Тымағының құлағы желпілдеп бос даланы басына көтеріп ш а қ а л а қ т а п келеді* («Жұлдыз», 1987, №8, 35).

ШАҚШАҚАЙ (Алм.: Еңб. қаз., Жам., Қаск., Шел., Үйғ.) үлкендігі торғайдай кішкене құс. *Ұстарамен тықырлап алғызған басы ш а қ ш а қ а й д ы ң жұмыртқасыидай көгіс* (Алм., Еңб. қаз.).

ШАҚША ҚҰНДЫЗ (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта, Тедж., Байр., Мары) түсі қызыл қоңыр, сабағы тіп-тік, ұзын болып осетін, жапырағының тілімі 9 болек, майлы осімдік.

[Түрікменше *чакча гундуз* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ШАҚ-ШӘЛЕКЕЙ БОЛУ (Алм., Үйғ.) тасталқан болып ашулану.

ШАҚЫ[1] (Маң., Маңғ.) мүйіз, қошқардың мүйізі.

ШАҚЫ[2] (Тау., Қош.) есік алдындағы ат байлайтын қада ағаш. *Мына ш а қ ы д а ғ ы ат кімдікі?* (Тау., Қош.).

ШАҚЫЛЫ (Маң., Маңғ.) ай мүйізді (қошқардың мүйізі). *Әкең ш а қ ы л ы қошқарын қонаққа сойған мырза еді* (Маң., Маңғ.). *Ш а қ ы л ы қошқар, Сең-сең борік* (Қашаған сөзі).

ШАҚЫМАҚ (Шымк., Түркіс.) найзағай. *Мен ш а қ ы м а қ т а н қорқамын* (Шымк., Түркіс.).

ШАҚЫР (Қ.орда, Арал) шағыр; құмды жерге осетін түйе, қой-ешкі жейтін жусаннан биігірек шөп. *Мен шыққан құмда ш а қ ы р көп екен* (Қ.орда, Арал). Бұл – *шағыр* созінің бір фонетикалық нұсқасы. Торғай жағында *шағыр* деп жусан тәрізді, бірақ биік әрі бұталы келетін өсімдікті айтады. Оның *сары шағыр, қара шағыр* дейтін түрлері бар.

ШАҚЫРМА (Шығ. Қаз., Больш.) жолдың шақырымын көрсететін белгі ағаш. *Анау ш а қ ы р м а ағаштың басына қарасаң, жазуын коресің* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШАҚЫРЫҚ[1] (Қ.орда, Арал) түсі көк, еті адал, қазға үқсас дала құсы. *Ш а қ ы р ы қ т ы ң еті адал болады* (Қ.орда, Арал).

ШАҚЫРЫҚ[2] (Маң., Маңғ.) шақыру. *Бастық Ақботаны шақырып кел дегесін, Сәуле ш а қ ы р ы қ қ а кетті* (Маң., Маңғ.).

ШАҚЫРЫҚ БОЙЫНША КЕЛУ (ҚХР) үндеу бойынша келу.

ШАҚЫРЫСПА (Қ.орда, Арал) бас қосу, мәжіліс, кеңес. *Бейісов колхозшылармен ш а қ ы р ы с п а жасады* (Қ.орда, Арал).

ШАЛ[1] (Көкш.: Еңб., Щуч.) қамыстан токылған қоршау. *Ешкіні ш а л ы қорага кіргіз* (Көкш., Еңб.).

ШАЛ[2] (Қарақ.) алаша. *Қолдан тоқыған жақсы қызыл ала ш а л ы м ы з бар* (Қарақ.).

ШАЛАБАС (Қ.орда, Арал) егінге түскен шошқаны үркіту үшін оттың шаласын қыстырып, лақтыратын құрал.

ШАЛА БОЛУ (Шығ. Қаз., Зайс.) тапшы болу, кем болу, азайып қалу. *Бізде биыл су ш а л а б о л д ы* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ШАЛА БУЫРЫЛ (Қост., Об.) тарының бас алған кезі.

ШАЛАҒАЙ ТҰЙЕ (Қ.орда, Жал.) күші аз, әлсіз түйе. *Бота кезінде шала құтілген не күні жетпей туған немесе жүк көтере алмайтын мініске нашар түйені ш а л а ғ а й т ұ й е дейміз* (Қ.орда, Жал.).

ШАЛАМА-ШАРПЫ (Ақт., Байғ.) шалашарпы, шала-пұла. *Ш а л а м а-ш а р п ы білетін әріптеріміздің басын қосып-шатып жаза білсек болат та* (Ақт., Байғ.).

ШАЛА-МҰЛА (Тау., Қош.) шала-пұла, шала-шарпы. *Жұмысын ш а л а-м ұ л а бітірген болды* (Тау., Қош.).

ШАЛАН (Рес., Волг.) үлкен кеме. *Ш а л а н н ы ң ұзындығы 150 метр* (Рес., Волг.).

ШАЛАНДА (Гур., Тең.) балық қабылдайтын орын (теңіздің тереңінде түрып балық алатын үлкен ыдыс). *Екі-екіден қатар тұрған жігіттер балыққа толы носилкаларды котеріп әкеліп, ш а л а н д а ғ ы терең шаңға төгіп жатыр* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 3-4). Бұрынғы уақытта Каспиде орыс байларының *шаландалары* болатын, қазіргі уақытта *шаланда* деген соз балықшылардың тілінде сирек кездеседі.

ШАЛАҢ[1] (Қ.орда, Арал) колде, шалшық суда болатын құмырсқадай кішкене ақ құрт. *Маса, сона екі бастан, ш а л а ң да адамға зиянды* (Қ.орда, Арал).

ШАЛАҢ[2] **1.** (Қ.орда, Арал) теңіз түбінің ұзын-ұзын құрақ шөбі, балдыры. Теңіз шөбінің түріне қарай *саршалаң* деген сөз кездеседі. *Балам, немене мыналарыңның согысы с а р ш а л а ң арасында шабақты қуған шортандардай гой, ә? – деп балықшы шал күлді* (Ә. Нүрп., Курл., 418). **2.** (Қарақ.) су балдыры, су оты. **3.** (Маң.: Маңғ., **Шевч.**) теңіз жағасында толқынмен шығып қалған теңіз өсімдіктерінің қалдықтары, су жағасындағы салынды. *Айлақтың* (қ.) *ық беті толған ш а л а ң* (Маң., **Шевч.**). **4.** (Ақт., **Ойыл**) қара суларда өсетін жалбыз тәрізді шөп. *Қара суды ң ортасына барғанда қалың ш а л а ң г а кездестім* (Ақт., **Ойыл**).

ШАЛАҢҒЫРТ ЕСТІ (ҚХР) есі кіресілішығасылы, шала-пұла есі бар.

ШАЛАП (Алм., Шел.) ала-құла, бір тегіс емес, біркелкі емес. *Биыл жаңбыр аз жердің шөбі ш а л а п* (Алм., Шел.).

ШАЛАПОТНАЙ (Көкш., Қ.ту) іскө жүрдім-бардым, тындырымсыз, немқұрайды (адам туралы). *Ай, ш а л а п о т н а й адамсың-ау, ісіңді тиянақты бір істемейсің* (Көкш., Қ.ту). Бұл – орыс тіліндегі *шалопутный* сөзінің өзгерген түрі.

ШАЛАПҰТТАУ (Өзб.) іліп-шалып аузына келгенді сапыру. *Ол ш а л а п ұ т т а п не болса соны сөйлей берді* (Өзб.).

ШАЛАПҰШЫҚ (Шығ. Қаз., Больш.) шалапала, шала-шарпы, үстірт. *Ш а л а п ұ ш ы қ істеген жұмыстан не пайда?* (**Шығ.** Қаз., Больш.).

ШАЛА ПҰШЫҚ АЙТТЫ (ҚХР) шалапала, шет жағасын ғана айтты.

ШАЛА ПҰШЫП АЙТУ (Сем.: Көкп., Ақс.) шала-шарпы айту, тиіп-қашып айту. *Мен тұгел айтпай, ш а л а-п ұ ш ы п айттым* (Сем., Ақс.).

ШАЛАУ (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Ақт., Ырғ.) судың балдыры, шөп-шаламы. *Судың ш а л а у ы балықтарга үлкен қорек* (Қ.орда, Сыр.). *Балық су ішіндегі ш а л а у д а қорек етеді* (Ақт., Ырғ.). Қ. шылау[2].

ШАЛАУЛАУ (**Шымк.**, Шәу.) арықтың, жаптың ішіндегі шылауды жұлып тазалау, отау. *Жаптың ішін ш а л а у қаптап кетіпті, соны тезырақ ш а л а у л а у керек боп тұр* (Шымк., Шәу.). *Арықтарын таза ұстап, уақытылы ш а л а у л а п, ұйық басқан жерлерін тазалап...* («Соц. Шәуілдір», 1940, №35).

ШАЛ АУЫЗ ҚОЙ (Рес., Сарат.) үлкен азбан қой, қошқар.

ШАЛ БАСЫН ТЕРУ (Тау., Қош.) шалдармен әңгімелесу. *Ол ш а л б а с ы н т е р і п, ел қыдыра сөйлесіп жүр* (Тау., Қош.).

ШАЛҒАЙ (Қ.орда, Арал) етек. *Ш а л ғ а й ы ң д ы жина* (Қ.орда, Арал). *Сағындықов оны барып ш а л ғ а й ы н а н ұстап алды* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 171).

ШАЛҒАМ (Жамб.: Шу, Жам.; Қарақ.) редиска. *Біраз жерге ш а л ғ а м септім* (Жамб., Шу).

ШАЛҒЫ[1] (**Шығ.** Қаз., Зайс.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) мұрттың екі жақ ұшы, миық. *Мұртының ш а л ғ ы с ы таулаганда* (қ.) *құлағына жететін өзі де келбетті кісі еді* (Түрікм., Ашх.). *Мұртымды байқай ал,*

ш а л ғ ы м д ы қоса алып жіберме (Шығ. Қаз., Зайс.).

ШАЛҒЫ[2] (Қост., Жанг.; Қ.орда, Қарм.) мойынға жылылық үшін орайтын тоқыма бүйым, бөкебай (шарф). *Мойыңа ш а л ғ ы байла, балам, күн суық* (Қ.орда, Қарм.).

ШАЛҒЫ ОРАҚ 1. (Ақт.: Ойыл, Жүр., Тем.) шалғы. *Тарыны ш а л ғ ы о р а қ п е н де шауып жатырмыз* (Ақт., Ойыл). *Шөп шабатын машина жоқта, колхозда шөпті ш а л ғ ы о р а қ п е н шабатын* (Ақт., Тем.). **2.** (Жамб., Шу) шалғы жүзінен жасалған, мойнын шегелеп орнатқан орақ түрі. *Ш а л ғ ы о р а қ өткір болады* (Жамб., Шу).

ШАЛҒЫНШЫ (ҚХР) шолушы, барлаушы. *Ш а л ғ ы н ш ы жібер* (ҚХР).

ШАЛҒЫШ 1. (Шығ. Қаз.: Күрш., Зайс., Тарб.; Сем.: Абай, Шүб., Көкп., Аяг.) алжапқыш, белдемше, омырауша. Бұл соз Алматы облысының Кеген, Нарынқол аудандарында *алшалғы*, Шығыс Қазақстанның кей жерінде *алшалғыш* түрінде айтылады. **2.** (Алм., Іле) балықшылардың алжапқышы. *Асманды тасыганда алдымызга ш а л ғ ы ш байлаймыз* (Алм., Іле).

ШАЛДУАР[1] (Маң., Маңғ.) тастан, балшықтан жасалған үсті ашық, аласа мал қора. *Толді коктемде ш а л д у а р д а ұстаймыз. Тастан ш а л д у а р қалап жатырмын* (Маң., Маңғ.).

ШАЛДУАР[2] (Өзб.) бұзылған, тозған үйлердің лайдан түрғызған қабырғалары. *Біздің ескі қонысымыз анау көрінген ш а л д у а р л а р екен* (Өзб.).

ШАЛДЫРЛАУ (Гур., Мақат) салдырлау, салдыр-гүлдір ету. *Мына секілді ш а л д ы р л а г а н тасаяқ* (қ.) *бізде бұрын болган жоқ* (Гур., Мақат).

ШАЛДЫРЫС ҚЫЛУ (Қарақ.) келіспеу.

ШАЛЖЫЙМА (Маң., Маңғ.) қақпан. *Ш а л ж ы й м а с ы з мал жыйма* (Мәтел).

ШАЛМА[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) уықты байланыстырып тұратын тоқылған енсіз құр.

ШАЛМА[2] (Ақт., Қараб.; Қост.: Аман., Жанг.; Сем.: Көкп., Акс., Абай) мойын шалғы, бөкебай. *Магазинге жақсы-жақсы ш а л м а түсіпті* (Ақт., Қараб.). *Қыстығүні мен мойныма ылғи ш а л м а байлап жүремін* (Қост., Аман.). Бұл сөзге *-лы* жүрнағы жалғанып сын есім түлғалы *шалмалы* деген туынды соз жасалады. *Анау қызыл ш а л м а л ы бала біздің мұғаліміміз* (Сем., Абай). *Торде отырган ақ ш а л м а л ы кісі кім болады?* (Сем., Акс.).

ШАЛМА[3] **1.** (Павл.: Үрлі., Баян.) сәлде. *Басына ш а л м а тартқан кісі* (Павл., Үрлі.). **2.** (Қарақ.) әйелдердің орамалы.

ШАЛМА[4] (Өзб.) қора ішіне қыс бойы мал аяғының астында тапталып жатқан көңді кетпенмен шауып, көшіріп жайып тастаған тезек.

ШАЛМАН[1] (Гур., Мақат; Түрікм.: Красн., Небид., Бекд., Қулы., Ашх., Таш., Конеүр., Тедж.) бөрене, темір жол рельсіне төсейтін жуан ағаш. *Мықты болу үшін астына бір қатар ш а л м а н тосеп жіберу керек* (Гур., Мақат). *Үйінің жанындағы электр ш а л м а н ы құлайыи деп тур екен* (Түрікм., Красн.).

ШАЛМАН[2] (Павл., Үрлі.) тентек, бұзық, сотқар. *Соның кенже ұлы бір ш а л м а н еді, кәзір жонделейін деген бе қалай?* (Павл., Үрлі.).

ШАЛМА ТОР (Түрікм.: Красн., Қиян., Қулы., Бекд., Алт.) бекіре, шоқыр, қортпа аулайтын, козінің кеңдігі 20 см-дей ау.

ШАЛМУЫШ (Маң.: Маңғ., Шевч.) балықтың нашар түрлері. *Ш а л м у ы ш балықты аулаймыз, торга ілінсе, суга қоя береміз* (Маң., Маңғ.).

ШАЛОН (Ақт., Ойыл) қара суларда болатын балдыр шоп. *Атып алган үйрегімді алып шығайын деп, қара суга қойып кетіп едім, ортасына барганда қалың ш а л о н г а кездестім* (Ақт., Ойыл). Қ. шалаң[2].

ШАЛОРАҚ (Гур., Маңғ.) шалғы. *Біздің жердің шобі ш а л о р а қ қ а ілінбейді, ш а л о р а қ п е н қобысқа оскен қоганы, олеңді шабамыз* (Гур., Маңғ.).

ШАЛПЫ[1] (Ақт., Жүр.) қамыс, талды араластырып жасаған қора, аула.

ШАЛПЫ[2] (Маң.: Маңғ., Шевч.) шайпау, тілі ащы, ұрысқақ. *Мундай ш а л п ы әйелді кормедім. Ш а л п ы адамга соқтықпай тек жүргенге не жетсін* (Маң., Маңғ.).

ШАЛПЫ[3] (Қарақ.) қазаннан қамыр, ет, т.б. сүзіп алатын құрал. *Мұның күртік ш а л п ы, тары ш а л п ы, май ш а л п ы деген түрлері болады* (Қарақ.).

ШАЛПЫШ (Гур., Бақс.) қызыл балықтың майдасы. *Ш а л п ы ш т ы ң еті де дәмді болады* (Гур., Бақс.).

ШАЛТ[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Қ.орда, Арал) тез, шапшаң. *Ол жұмысқа ш а л т кісі* (Қ.орда, Арал). *Аягыңды ш а л т бас, қалып қойдың* (Түрікм., Таш.). *Азамат ш а л т қимылдап, үзеңгіге тақым соза берген оның қолтығынан демеп, ерге қонуына жәрдемдесті* (А. Мекебаев, «Жұлдыз», 1987, №9, 59).

[Түрікменше *чалт* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *шалт* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ШАЛТ[2] (Гур., Тең.; Рес., Сарат.) шат, қуаныш, көңілі көтеріңкі. *Ол бүгін көп алып, көңілі ш а л т көрінеді* (Гур., Тең.). *Бастыққа барсам ш а л т екен жақсы қарсы алды* (Рес., Сарат.).

ШАЛТӨН (Гур., Есб.) шалшық суда болатын майда балықтар. *Жайықтың жағасындағы шалшық суда ш а л т ө н керім көп* (Гур., Есб.).

ШАЛТТЫ (Гур., Маңғ.) көңілді, шат, қуанышты. *Ш а л т т ы сайлау* (Гур., Маңғ.).

ШАЛТТЫҚ (Қ.орда, Қарм.) шапшаңдық, жылдамдық. *Осы күйге ұшырарын алдын ала болжап қойғандай, дене бітіміне үйлесімсіз ш а л т т ы қ п е н тез басып табалдырықтан аттап жанына жеделдете жеткен* (А. Мекебаев, «Жұлдыз», 1987, №9, 59).

ШАЛТЫРЛАУ (Орал, Жән.) күн күркіреу, күн шатырлау. *Күн ш а л т ы р л а п кетті, жаңбыр жауса керек* (Орал, Жән.).

ШАЛУ[1] (Маң.: Маңғ., Шевч.) домбыра, қобыз, сырнай тарту. Бұл етістік көбіне *домбыра шал, күй шал* деген сияқты тіркес түрінде қолданылады. *Домбырага күй ш а л а білу үлкен өнер гой* (Маң., Маңғ.). *Домбыраны жақсы ш а л а т ы н көрінесің, енді бір ауыздап жіберің* (Маң., Шевч.). *Шатланып жүрген күнімде домбыраны қолға алғанмын, Оңсолға бұрап ш а л ғ а н м ы н* (Аралбай ақын). *Сыбызғы ш а л ы п отырған бала жүртқа ұнап қалды* (Маң., Маңғ.).

ШАЛУ[2] (Рес., Орын.) бидайды үшырған соң бетіндегі шөп-шаламын сыпырғышпен сыпыру, шарлау. *Бидай бетін ұзын сібірткімен ш а л ы п өтеміз* (Орын., Бөр.).

ШАЛУ[3] (Гур., Мақат) әңгіме айту, сөйлесу. *Абылгазы әңгімені көп жерден ш а л а д ы* (Гур., Мақат).

ШАЛУ[4] (Сем., Ақс.) жеу, тіске басу, шайнау. *Шаймен ш а л у ғ а нан әкел* (Сем., Ақс.).

ШАЛУ[5] (Маң.: Шевч., Маңғ.) от жер, малдың өрісі, шөбі шүйгін жер. *Бұл жердің шөбі ащылы-тұщылы түйенің нағыз ш а л у ы* (Маң., Шевч.).

ШАЛУ[6] (ҚХР) шолу. *Олар жанжағын ш а л ы п кім бар, кім жоқ екенін корді* (ҚХР).

ШАЛША (Шымк., Мақт.; Өзб.) кішкентай алаша. *Ш а л ш а н ы есік алдына шығарып сілік* (Шымк., Мақт.). *Жем түсірілетін жерлерге ш а л ш а л а р жайылды* (Өзб.).

ШАЛ-ШАБАН (Қост., Жанг.) шал-кемпір, шал-шауқан. *Қолхозда жас жігіттер аз, сөгыс кезінде ауылда көбінесе ш а л-ш а б а н д а р қалды* (Қост., Жанг.).

ШАЛ-ШАПҚЫТ (Шығ. Қаз.: Күрш., Больш.) шал-шауқан, шалдар. *Қар тазалау жұмысына көмектесіп жатқанда бала-шаға, ш а л-ш а п қ ы т түгелдей қалыс қалмауын өтінеді* (О. Бөк., Өз от. өш., 369).

ШАЛ-ШАПЫР (Түрікм., Красн.; Маң.: Маңғ., Шевч.) шал-шабан, шал-шауқан. *Осында түске дейін ш а л-ш а п ы р жиналып, өздерінше ырым-сырымын жасапты* (Түрікм., Красн.).

ШАЛ-ШАУҚАТ (Ақт., Қараб.) шал-шабан, шал-шауқан, шал-шапқыт. *Тойға жиналған ш а л-ш а у қ а т көп екен* (Ақт., Қараб.).

ШАЛЫ[1] (Рес., Орын.; Көкш.: Щуч., Еңб.; Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.) қамыстың түбін жерге я қарға көміп жасайтын төбесі ашық мал қора. Беріктік үшін қамысты шыбықпен буып, белуардан келетін жерден байластырады. Қарға тосқауыл болу үшін де ауылдың сыртынан *шалы* тартады. *Ешкіні ш а л ы қорага кіргіз* (Қ.орда, Арал).

[Құмық тілінде *шалы* «шарбақ, шетен» мағынасында қолданылады (Н. К. Дмит., Кумык. яз., 39)].

ШАЛЫ[2] (Қарақ.: Тақт., Шым.; Өзб., Ташк., Аққ.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) өсіп түрған күріш егістігі, жердің бетінде өсіп тұрған күріш. *Көп ұзамай ш а л ы оруга шығамыз* (Өзб., Ташк.). Бұл сөз *салы* деген нүсқада да айтылады. *С а л ы н ы ң шөбін отадық* (Қарақ.). *Биыл с а л ы д а н гүріш көп түсті* (Қарақ., Тақт.).

ШАЛЫҒУ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Қ.орда, Қарм.) шаршау, шаршап-шалдығу. *Қарағым, кейін әңгімелесейік, мен көзір отақтан келіп ш а л ы г ы п отырмын* (Қ.орда, Қарм.).

ШАЛЫ ҚОРА (Ақт., Ырғ.; Қ.орда: Арал, Сыр., Қарм.) қамыстан салынған қора. *Ш а л ы м е н землянкадагы шөпті жан-жағынан қоршаймыз* (Ақт., Ырғ.). *Ешкіні ш а л ы қ о р а г а кіргіз* (Қ.орда, Арал).

ШАЛЫМ (Рес., Сарат.) сенім. *Ш а л ы м ы кеткен адамша жалтақтай береді* (Рес., Сарат.).

ШАЛЫМ БЕРУ (Қарақ.) үқсау, сәйкес келу.

ШАЛЫСТЫРУ (Түрікм.: Ашх., Тедж., Байр., Мары, Таш.) шатастыру, ауыстыру, алмастыру. *Жаңағы бала кеуіштерімізді* (қ.) *ш а л ы с т ы р ы п кетіпті* (Түрікм., Тедж.).

ШАЛЫСУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары) тырысу, күш салу. *Планды орындауга ш а л ы с ы л д ы* (Түрікм., Төдж.).

[Түрікменше *чалышмак* тырысу, еңбектену, күш салу (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ШАМ (Ақт., **Ы**рғ.) арықтың қазылып бітпеген жері, қалдығы. *Мына қазылмай қалған ш а м д ы бүгін қазып бітірейік* (Ақт., Ырғ.).

ШАМАЖАЙ (Гур., Есб.) аяқ киімнің жұлығы. *Киейін десем, көлөшімнің ш а м а ж а й ы жыртылып тұрғаны* (Гур., Есб.).

ШАМАЙ (**Қ**арақ., **М**ой.) үсақ балықтың бір түрі. *Ш а м а й бұл маңда көп, бірақ оны онша аулай бермейміз* (Қарақ., **М**ой.).

ШАМАЙ АУ (Қарақ., **М**ой.) көзі тар ау (шамай балыққа құрады). *Козі тар, ұзындығы он құлаштай, ені бір жарым, екі метрден аспайтын ауды ш а м а й а у дейміз* (Қарақ., Мой.).

ШАМАЛ[1] (Түрікм.: Таш., Конеүр.; **Ш**ымк.: Лен., Кел., Сарыағ., Түлк., **М**ақт.; **Қ**арақ.) самал, қоңыр салқын жел, көбінесе жазда ыстықта кешке қарай соғатын желді айтады. *Алдымыздан бір ш а м а л соғып, денеміз рақаттанып қалды* (Түрікм., Конеүр.). *Бізде Шақпақтың ш а м а л ы дейтін болады, ол Шақпақтың үстірт жағынан соғады* (**Ш**ымк., Түлк.). *Құрттай ғана тесік болса, ш а м а л тартады* (**Қ**арақ.).

[Өзбекше *шамол* (Узб.-рус. сл., 1959); түрікм. *шөмал* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *шамал* жел мағынасында (Рус.-карак. сл., 1967)].

ШАМАЛ[2] (**М**аң.: **М**аңғ., **Ш**евч.; Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Ашх., Таш., Мары) шық, таң алдында жерге түсетін дымқыл. *Ш а м а л түскенде аңның ізі құмға қып-қызыл болып түседі* (Түрікм., Красн.). *Жерге ш а м а л түскен екен, етігім дым тартайын деді* (**М**аң., Маңғ.).

ШАМБА (Ақт., Ырғ.; Қост., Жанг.) шама, кайнатқан шайдың қалдығы. *Шайдың ш а м б а с ы н төгіп тастап, аққұманға шай сал* (Ақт., Ырғ.). *Құманшадағы ш а м б а н ы алып таста. Сәлім, шырағым, шайнектегі ш а м б а н ы төге салшы* (Қост., Жанг.). Қызылордa жағында бұл сөз *шәмбе* деген нүсқада айтылады.

ШАМБАЛ (Түрікм.: Алт., Бекд., Қулы., Қиян., Красн.) желкендердің ағашын бетіне жібермей, үстап түру үшін жасалған шығыршық.

ШАМБЫЛ (Кокш., Степняк) сиыр малының түсінің бір түрі. *Ш а м б ы л сиырды сатқалы отырмын* (Кокш., Степняк).

ШАМДА (Жамб., **Ш**у) кешке, ақшам кезінде, намаздығерде. *Малды ш а м д а жиып алмасаң, далада қалғаны* (Жамб., **Ш**у).

ШАМДАЛ (**Қ**ост., Об.; Ақт., Байғ.; Жезқ., Ағад.) аспалы шам. *Үйдің бұрыш-бұрышында тұрған алтынды ш а м д а л д а р д ы тегіс тұтатады* (**М**. Мағ., Алас., 555). *Ордасы коркем болсын деп Ақ мақпалдан жаптырған, Гаухардан ш а м д а л жақтырған* (**Н**. Байғ., Таңд. шығ.).

ШАМДАНСАҚТАНУ (Қост., Семиоз.) шамдану, тартыну, шам шығару (ат туралы). *Атың ш а м д а н с а қ т а н ы п аягын баспай тұр, өзің жүргізіп кор* (Қост., Семиоз.).

ШАМДАУ (**М**аң., **М**аңғ.) шамалау, долбарлау. *Күшіңнің қанша екенін ш а м д а й көр* (Гур., Маңғ.). **М**ұның *шемде* деген де нүсқасы бар: *уыстап ш е м д е, соның салмағын білесің* (**М**аң., **М**аңғ.). Қ. шемдеу.

ШАМ ЖОҚ (**Ш**ығ. Қаз., Больш.) шамы жоқ, шам шығармайтын, жуас, конбіс (ат туралы). *Атында ш а м ж о қ* (**Ш**ығ. Қаз., Больш.).

ШАМНЫҢ БАСЫ (ҚХР) шамның шынысы.

ШАМШЫЛ (Рес., Қалм.) ашушаң. *Бұл кісі тым ш а м ш ы л* (Рес., Қалм.).

ШАМЫРҚАНУ (Ақт., **Ы**рғ.) шымырқану, ренжу, кею, ашулану. *Үйге кіріп келсек, үй иесі ш а м ы р қ а н ы п отыр екен* (Ақт., Ырғ.). *Шамдансам жығар асаумын, Ш а м ы р қ а н с а м сынар болатпын* (Махамбет).

ШАНАБАС (Павл.: Ерт., Леб.) бірнеше шөмеле шоптің үйіндісі, тобе жағын су өтпеу үшін шошайтып үйеді. Осылай үйілген шопті Қазақстанның коп жерінде *шошақ* деп атайды.

ШАНАҒЫ ШАҚТЫ (ҚХР) әуселесі белгілі, шама-шарқы аз, білімі таяз.

ШАНАҚ[1] (Көкш., **Қ**.ту) шыбықтан тоқылған себет, қолға үстап жүру үшін жасалған түтқасы болады. Бұл сөздің өзге өңірлерде ел аузында орныққан мағынасы – домбыраның, қобыздың ағаштан ойып жасалған іші куыс болімі.

ШАНАҚ[2] (**Ш**ымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта талшығы жетіліп, ашылғанша, оны ыстықтан қорғап тұратын мақта қауашағы. *Кәзір қоза екі-үш ш а н а қ байлады* (**Ш**ымк., Сарыағ.).

ШАНАҚ[3] (**Қ**арақ.) төрелке. *Тостаған қайын бастықтың уақытында той беріп, жегенін жеді, жемегенін табақ пен ш а н а қ қ а салып алып кетті* (Қарақ.).

ШАНАҚ[4] (**Ш**ымк., Түркіс.) жүгерінің собығы. *Жүгерінің піскенін ш а н а г ы н а н байқайды* (**Ш**ымк., Түркіс.).

ШАНАҚ БАЙЛАУ (**Ш**ымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақтаның қауашақ салуы. *Қозамыз арам шөптен таза, ш а н а қ б а й л а у ы да ойдағыдай* (**Ш**ымк., Сарыағ.).

ШАНАҚ ТӨГУ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақтаның қауашағының курап түсіп қалуы. *Суаруды кешіктіруден қозаның ойдағыдай өспей қалатынын, ш а н а қ т ө г е т і н і н, сойтіп өнімнің төмендей кететінін әр уақытта ұмытпаңыздар* (Шымк., Түркіс.).

ШАНА ТАРТУ (Жезқ., Ұлы.) шанамен жүк тасу. *Мына ш а н а м е н қыста көмір т а р т а м ы з, пішен т а р т а м ы з* (Жезқ., Ұлы.).

ШАНАШ 1. (Акт., Ырғ.; Қ.орда, Сыр.; Алм.: Кег., Шел.; Қост.: Аман., Жанг.; Маң., Маңғ.) теріден жасалған ыдыс, қап. *Ш а н а ш қ а дұз саламыз* (Акт., Ырғ.). *Ш а н а ш толы ұн тұр* (Қост., Жанг.). *Ш а н а ш т а ыдыс-аяқ та тұрады* (Қ.орда, Сыр.). **2.** (Алм.: Кег., Шел., Жам.) торсық, мес, сусын құятын ыдыс. *Біздің жерде қымызды ш а н а ш қ а ашытады* (Алм., Жам.). *Бір ш а н а ш қымыз көбіне жетеді гой, бұл жастар қымыз іше ала ма, тегі* (Алм., Жам.).

ШАНБАУ (Сем., Аяг.) нанбау, сенбеу. *Қанша айтсам да маған еш ш а н б а й қойды* (Сем., Аяг.).

ШАНҒА (Гур., Тең.) ірі балықтың шеміршегі. *Балықтың ш а н ғ а с ы, ш а н ғ а қатты болмайды. Ш а н ғ а ірі балықтарда болады* (Гур., Тең.).

ШАНДА (Маң.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж., Таш., Көнеүр.; Алм.: Жам., Кег.; Жамб., Шу; Қ.орда, Арал; Сем., Абай) сирек, анда-санда. *Ондайлар ш а н д а кездеседі* (Түрікм., Көнеүр.). *Асылында бұл жерде қасқыр жоқ, ш а н д а бөрі бір көрініп кетеді* (Алм., Жам.). Бұл сөз кейде *шанда-шанда* түрінде қосарланып та айтылады: *ш а н д а-ш а н д а бір келетін қонақ қой, бұл балалар* (Маң., Маңғ.).

[Қырғызша *шанда* сирек (И. Бат., Грам. кирг. яз., 1940)].

ШАНДА БІР КЕЗІГЕТІН (ҚХР) ілуде бір кезігетін.

ШАНДАҒАЙ (Сем., Үрж.; Жезқ., Ұлы.) бытыраңқы, бөлек-бөлек. *Бәйге аттары әр біреулері әр жерде ш а н д а ғ а й келе жатыр* (Сем., Үрж.).

ШАНДАҒАЙЛАНУ (Сем., Үрж.; Жезқ.: Ұлы., Жез.) бытырау, бет-бетіне ыдырау. *Қой ш а н д а ғ а й л а н ы п жайылып жүр* (Жезқ., Ұлы.).

ШАНДАТҚАННЫҢ ӘКЕСІН ҚҰЙРЫҚ ҚОЛДАН ШЫҚҚАНДА КӨРЕРСІҢ (ҚХР) пәленің үлкені әлі алда.

ШАНДОЗ[1] (Орал: Казт., Жән.; Маң., Маңғ.) өдемі, сұлу, керемет. *Алматы ш а н д о з қала. Оның мінезі ш а н д о з жігіт* (Орал, Жән.). *Аттың не-не-не ш а н д о з ы н үкілі құйрық, майда жал, отанымды қорғауға өсірді, күтті, баптады* (Н. Байғ., **Шы**ғ., 369). *Кермиығым, кербезім, керіскендей ш а н д о з ы м* (Махамбет, 98). *Газиза ш а н д о з әйел* (Орал, Жән.).

ШАНДОЗ[2] (Рес., Сарат.) кербез, талғампаз. *Боз бала ш а н д о з, тамақ ішпейді екен* (Рес., Сарат.).

ШАНДЫР (Алм.: Жам., Еңб. қаз.) айыл, ердің шап айылы. *Ш а н д ы р д ы баса тартпасаң, ер мойынға кетіп қалады* (Алм., Жам.).

ШАНДЫР ТАРТПА (Талд.: Панф., Гв.) шөптің үстінен тартылып тұратын артқы тартпа.

ШАНДЫРУ (Орал, Жән.) куәландыру, қағазды куәландыру, растау. *Қолыңдағы договорды ауылсоветке апарып ш а н д ы р ы п кел* (Орал, Жән.).

ШАНЖА[1] (Жамб., Шу; Алм.: Нар., Кег., Еңб. қаз., Шел.; Талд., Гв.) сырғауыл, сырық. *Там салынып болды, бірақ төбесіне салатын ш а н ж а болмай тұр* (Жамб., Шу). *Ш а н ж а әкеліп антенна жасамасам болмас* (Алм., Кег.).

ШАНЖА[2] (Алм.: Кег., Нар.) белағаш, арқалық үстіне салынатын жіңішке ағаш.

ШАНТА (Маң.: Шевч., Маңғ.) балықтың ішек-қарны. *Балықтың ш а н т а с ы н алып тастауға да уақыт болмай тұр* (Маң., Шевч.).

ШАНТАҚ (Түрікм.: Красн., Бекд., Алт., Небид., Құмд., Жеб.; Маң., Маңғ.) фанерден істелген жәшік. *Поселке салуға ш а н т а қ істемелі еді, уағыт та жоқ* (Түрікм., Бекд.).

[*Чанақ* ағаштан ойылып істелген ыдыс (М. Қашқ., I, 402). Өзбекше *чунтак* қалта мағынасында. Оңтүстік өңірде бұл сөз *шөнтек* деген үлгіде айтылады].

ШАНТАЮ (Сем., Аяг.) жантаю, қисайып жату.

ШАН ТЕҢІЗ (Көкш., Еңб.) үшан теңіз. *Жұмыс деген ш а н т е ң і з, мұрын сіңбіруге мұрша жоқ* (Көкш., Еңб.).

ШАНТОЗ (Маң.: Маңғ., Шевч.) кербез, сыланып-сипанып отыратын адам. Бұл сөз Жайық бойында *шандоз* деген фонетикалық үлгіде айтылады: *Кермиығым, кербезім, Керіскендей ш а н д о з ы м* (Махамбет).

ШАНТУ (Алм., Жам.) шаншу, шаншып ауыру. *Бір қойдың етін бәстесіп жеп, ішім аздап гана ш а н т ы д ы дейді* (Алм., Жам.).

ШАНУ[1] (Ақт., Ойыл; Орал: Казт., Чап., Жымп.; Қ.орда: Сыр., Жал.; Рес., Қалм.) нану, сену. *Сен менің айтқаныма шынымен ш а н ы п отырсың ба?* (Ақт., Ойыл). *Мен оның ертең келем деген сөзіне ш а н ы п қалдым* (Қ.орда, Сыр.). *Кез келген адамның сөзіне ш а н а беруге де болмайды* (Қ.орда, Жал.). *Сенің бұл сөзіңе ш а н б а й м ы н* (Орал, Казт.). *Қазір электрге ш а н ы п шам ұстамаймыз* (Рес., Қалм.). *Колхозшылардың ш а н ы п тапсырған 400 қойын қыста бағып күттім* («К-з жолы»).

ШАНУ[2] (Алм., Ұзын.) тану, айтқан сөзінде тұрмау, тайсалу. *Уәдеден ш а н ы п цятқа қалып жұрмессің деп сенем* (Алм., Ұзын.).

ШАНШЫҒАН (Маң.: Маңғ., Шевч.) шанышқан, тікесінен тігіп қойған. *Тона тұрған өлген адамның басына ш а н ш ы г а н белгі гой* (Маң., Маңғ.).

ШАНШЫП-ШАНШЫП (Түрікм.: Ашх., Тедж., Мары, Красн., Көнеүр.) таңдап-таңдап. *Фермадан былтыр ш а н ш ы п-ш а н ш ы п өз пұлыма екі қаракөл терісін алдым* (Түрікм., Көнеүр.).

ШАНЫ (Алм., Жам.) айғағы, дәлелі. *Қараңғылықтың бір ш а н ы н а мысал: қазақ малы көп болса да баягыда жақсы тұра алмаған* (Алм., Жам.).

ШАНЫМ (Орал: Жән., Орда) илану, наным, сенім. *Басқармамыз колхозшылардың ш а н ы м ы н ақтады* (Орал, Жән.). Татар тілінде: *шан* деген етістік «илан, сен» деген магынаны білдіреді.

ШАНЫМДЫ (Гур., Есб.; Орал, Орда) сенімді, нанымды. *Махамбет Исатайдың ш а н ы м д ы серігі болды* (Гур., Есб.). *Тоқ басына ш а н ы м д ы адам қойдым, олар жақсылап қарауылдайды* (Орал, Орда).

ШАНЫШҚАҚ (Көкш., Қ.ту; Қост., Жанг.) сәйгел, оқыра (сиырдың жазда болатын ауруы). *Ш а н ы ш қ а қ тиіп, сиырларымыз саугызбай кетті* (Қост., Жанг.). *Әукім-әукім. Ш а н ы ш қ а қ па немене ... Неге шегінді, тебеме* (Б. Майл., Шығ., I т., 144). Бұл соз көбіне *шанышқақ тию* деген тіркестің құрамында айтылады. *Шанышқақ тиген* сиырлар құйрығын тігіп алып жүгіре береді. Қазақстанның біраз жерінде мұндай ауруды *сәйгел, оқыра* деп айтады: *сәйгел тию, оқыра тию, оқыралау* деген нүскаларда қолданылады.

ШАНЫШҚЫ 1. (Маң.: Маңғ., Шевч.) айыр. *Ш а н ы ш қ ы м е н шөп үйіп жатыр* (Маң., Шевч.). *Шанышқы* созі Қазақстанның солтүстік өңірінде тамақ ішетін аспапты, Қызылорда жағында балық аулайтын құралды білдіреді. **2.** (Алм., Балқ.) тайыз сулардан балық аулайтын ағаш сапты бас үш не төрт тармақты тсмір құрал. *Ш а н ы ш қ ы н ы ң жасалу формасы өр түрлі болады* (Алм., Балқ.).

ШАНЫШПАЙ БОЛУ (Қ.орда, Арал) шанышқымен балық аулау.

ШАНЫШПАЙЛЫ (Қ.орда, Арал) қорасаңға қарсы егу. *Кәзір балдардың бәріне ш а н ы ш п а й л ы жасап болды* (Қ.орда, Арал).

ШАНЫШПАЙ ШАРАЛАУ (Қ.орда, Арал) қорасанға қарсы егу.

ШАНЫШПА ҚОС (Көкш., Қ.ту) бірнеше уықты жерге шаншып жасаған қос. *Көшіп келе жатқанда жол-жонекей ш а н ы ш п а қ о с тігетінбіз* (Көкш., Қ.ту).

ШАҢ[1] **1.** (Қ.орда, Арал) балық түздайтын үлкен ыдыс. *Ш а ң г а бірдеи көп балық тұздауға болады* (Қ.орда, Арал). *Промыселда балық тұздайтын 9 ш а ң бар еді* («Екп. балықшы», №34, 1932). Орысша *чан* үлкен ыдыс. **2.** (Қарақ.) балықты түздайтын брезент.

ШАҢ[2] (Шығ. Қаз., Зайс.) қырман. *Ойдағы ш а ң н ы ң дұрыстайтын жері бар еді, соны дұрыстау керек* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ШАҢ[3] (Шығ. Қаз.: Заiiс., Тарб.) каток.

ШАҢАРАҚ (МХР) шаңырақ. *Сүйтсе де қоржын қайда кетер дейсіз. Осы ш а ң а р а қ-қ а жақсы ниетпен келіп отырмыз* (С. Тәу., Ақыр Жән., 114). *Ақ жаулықты кексе бәйбішелер еңіс жерге келгенде ш а ң а р а қ артқан кәрі атанның бүйдасын қағып: «Жылан жатыр, шөк-шөк!» десіп, алдыңғы топ ауыл ағаларының ізімен көшті бастап келеді* (С. Тәу., Ақыр Жән., 117). Қ. шаңғарақ.

ШАҢБАҚ (Маң.: Маңғ., Шевч.) теріден жасалған қауғаның аузын керіп тұратын темір шеңбер. *Ш а ң б а қ салынбаған қауға су алмайды* (Маң., Маңғ.).

ШАҢҒА[1] (Гур., Тең.) ірі балықтың сыртындағы тікенек канаты. *Мына балықтың ш а ң ғ а с ы н алып, қонақтарға асып бер* (Гур., Тең.).

ШАҢҒА[2] (Маң.: Маңғ., Шевч.) жакша тәрізді темір (тақтайдың жігін ұстататын темір). *Қайықтың тақтайларының жігін ш а ң ғ а м е н ұстастырады* (Маң., Маңғ.).

ШАҢҒАЛАҚ 1. (Түрікм.: Тедж., Байр., Мары, Көнеүр., Тахта, Таш.; Қарақ., Тақт.) өріктің, жаңғақтың дәнінің сыртындағы қабығы. *Мақтаның қауашығының сыртын да осылай атайды. Өріктің ш а ң ғ а л а ғ ы н д а ғ ы дәні майлы болады* (Қарақ., Тақт.). **2.** (Қарақ.) мақтаның сыртындағы қабығы.

ШАҢҒАРАҚ//ШАҢҒЫРАҚ 1. (Алм.: Кег., Шел., Талд.; Шымк.: Сайр., Сарыағ.) шанырақ. *Шаңғырағының ортаға түсірейін бе? – деп сырттан айқай салады* (Алм., Кег.). *Үйдің шаңғырағы тозған екен* (Шымк., Сарыағ.). **2.** (Жамб., Луг.) дөңгелектің шен темірінің ішіндегі имек ағашы.

ШАҢҒЫ (Орал: Чап., Жымп.) итарба, кішкентай балалардың үш аяқты арбасы. Қ. итарба.

ШАҢҒЫРАҚ Қ. шаңғарақ.

ШАҢҒЫТ (Қ.орда, Қарм.) жел, үйтқыған жел. *Бүгінгіден гөрі кешегі шаңғыт қатты болды* (Қ.орда, Қарм.).

ШАҢҒЫТУ (Қ.орда, Қарм.) шаңдату, шаң суыру. *Күн шаңғытып тұр* (Қ.орда, Қарм.).

ШАҢДАҚ (Маң.: Маңғ., Шевч.) түйенің жататын, аунайтын жері. *Анау шаңдағында жатқан түйелердің оң жағында көрінетін қара сол* (Маң., Маңғ.).

ШАҢДАТУ (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Ашх.) іс карау, іс котеру, іс қозғау. *Біткен істі қайта шаңдатпақшы сыңызға-у* (Түрікм., Бекд.). *Аудандық орындағы прокурор мен соттан бұл істі шаңдатуды, ісін ашық соттауды талап етеді* («Қарабұғаз.», 25.01.1937).

ШАҢДЫ АЯҚ (Маң., Маңғ.) қыдырымпаз, ел кезгіш. *Бұл кісіні бір ел кезген шаңды аяқ екен деп ұғып қалма, жұмыспен жүрген адам* (Маң., Маңғ.).

ШАҢ ЕТІК (Қарақ.) брезент етік. *Шаң етік салқын, жұқа жазда киюге жеңіл болады* (Қарақ.).

ШАҢҚЫ (Қарақ.) бірнеше басты пышақ, бәкі.

ШАҢҚЫРАУ (Рес., Сарат.) дәу, үлкен. *Алдында бір шаңқырау трактор тұр* (Рес., Сарат.).

ШАҢЛАҚ[1] (Қарақ.) шаңдақ, шаңды жер. *Шаңлақтың топырағы тез көтеріледі* (Қарақ.).

ШАҢЛАҚ[2] (Қарақ.) түйенің жататын жері.

ШАҢЛАТУ (Шымк.: Сарыағ., Кел.; Жамб., Тал.; Алм.: Еңб. қаз., Жам.; Қ.орда: Сыр., Тер.) шаңдату, шаң котеру.

ШАҢТАС (Сем.: Үрж., Мақ., Ақс., Аяғ., Көкп.) егін бастыратын тас. *Шаңтас та өнімді болады* (Сем., Мақ.). *Колхоз председателі комбайнға сеніп, астықты шаңтаспен бастыруды ұйымдастырмай отыр* («Қыз. жұл.», 13.07.1940). **Қ шөптас.**

ШАҢ-ШӘЛЕКЕТ (Алм., Кег.) астан-кестен. *Мен қызметтен келем дегеише балалар үйдің шаң-шәлекетін шығарып тастапты* (Алм., Кег.).

ШАҢЫРАҒЫҢА ШАҢ ТҮСПЕСІН (ҚХР) көңіліне кірбің түспесін.

ШАҢЫРАҚ САЛМА (Рес., Орын.) киіз үйдің кішісі. *Шаңырақ салманы жолжөнекей тіге салады* (Орын., Бөр.).

ШАҢЫРАҚ (Орал, Чап.) арба дөңгелегінің имек ағашы. Қ. тоғыт.

ШАҢЫРАҚ ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) арнайы шаңырақ артатын түйе.

ШАҢЫТ (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта, Тедж., Байр.; Маң.: Маңғ., Шевч.) шаңдатып, шаң борап түрған. *Күн бүгін шаңыт боп тұр екен* (Маң., Маңғ.). Маңғыстау өңірінде *Шаңытбай* деген кісі аттары да осы нүсқада үшырайды.

ШАП (Түрікм.: Қиян., Бекд., Қулы., Красн., Алт.) қайықтың ескегі.

[Түрікменше *чап* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *чов* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ШАПАҚТАУ (Алм., Қаск.) шапалақтау, шапалақпен салып қалу. *Өзін тегі, шапақтап жіберші* (Алм., Қаск.). Қ. шапаттау.

ШАПАН-ШАПҚЫТ (ҚХР) шапан-папан. *Сен чапан-чапқыты ң ды киіп қайда шықтың?* (ҚХР).

ШАПАРҚАТ (Ауғ.; Ир.) кереуеттің бір түрі.

ШАПАТА (Ақт., Ойыл; Қост., Жанг.) көннен, шикі теріден істелген өкшесіз кебіс. *Аягыңа шапатаңды іле сал* (Қост., Жанг.).

ШАПАТТАУ//ШАППАТТАУ (Қ.орда: Арал, Қарм.; Ақт., Ойыл; Жамб., Жуа.) сабалау, шапалақпен үрғылау. *Бетін шаппаттап жіберді* (Қ.орда, Арал). *Қолдарын бәрі қалды шапаттасып, Алтынның алғандайақ кенін тауып* (Т. Ізт., Рүс дас., 139). *Ұр, ұр – деп, екі қолын шапаттап айқай салды* (Т. Ахт., Шыр. сөнб., 42). *Анау қосаяқтап санын шапаттап келе жатқан Кенжекүл* (Ш. Мүрт., 41 ж. кел., 103). Қ. шапақтау.

ШАПАТЫ[1] (Ақт., Шалқ.) көннен істелген өкшесіз, қонышсыз аяқ киім. *Шапаты ны шөпшілер аягына киеді* (Ақт., Шалқ.). Қ. шапата.

ШАПАТЫ[2] (Қост., Жанг.; Маң., Маңғ.) шамалы, жүқалтай, болмашы, болар-болмас. *Шапаты гана күші бар* (Қост., Жанг.). *Шапаты жігіт* (Маң., Маңғ.). *Қазір нешедесің осы? – тақыр бас шапаты шалға таңырқағандай тесірейді* (Қ. Қар., Алт. ізд., 77).

ШАПАШОТ 1. (Рес., Астр.) ағаш шабатын шот. **2.** (Алм., Кег.) сабы кетпен сияқты үңғыға кигізілген шот түрі.

ШАПАШОТТАТУ (Сем., Абай) атты желдіру. *Жол қысқарсын десең, атымызды ш а п а ш о т т а т ы п алайық* (Сем., Абай).

ШАПҚЫ[1] (Қарақ., Мой.) жүйрік (ат туралы). *Тойдағы ат жарыста тағы да ш а п қ ы тарлан алдымен келді* (Қарақ., Мой.).

ШАПҚЫ[2] (Тау., Қош.; Қост., Жанг.) ағашты жонып тегістеуге арналған құрал.

ШАПҚЫ[3] (Жезқ., Ағад.; Қост.: Семиоз., Фед.) балта деген атаудың орнына қолданылатын сөз. *Біздің елде әйелдер балта деген сөзді көбіне ш а п қ ы деп айтады* (Жезқ., Ағад.). *Устаға апарып ш а п қ ы н ы қайратып әкелдім* (Қост., Фед.).

ШАПҚЫ[4] **1.** (Маң.: Маңғ., Шевч.) кескір, темір кесетін құрал. *Ш а п қ ы н ы асыл темірден жасайды* (Маң., Маңғ.). **2.** (Сем., Больш.) темір тескіш.

ШАПҚЫШ (Шығ. Қаз., Больш.; Рес., Омбы) шапашот, балта. *Ш а п қ ы ш т ы қайратып алу керек* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШАППА[1] (Сем., Абай; Шығ. Қаз., Күрш.) шөбі шауып алынған жер, шабындықтың орны. *Мынау көрші ауылдың ш а п п а с ы* (Сем., Абай).

ШАППА[2] (Түрікм.: Ашх., Гяу., Красн., Таш., Тедж.; Шымк., Сайр.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Рес., Орын.; Жамб., Тал.; Ақт., Шалқ.) бөкі. *Тырнақ алуға ш а п п а ң д ы берің* (Түрікм., Гяу.). *Дмитрий ш а п п а пышағын алып, алдымен сары табақтай қауынын тілді* (Ғ. Сл., Өмір., 99). *Жалма-жан қалтамдағы ш а п п а м д ы ашып жібердім де, өлгелі жатқан қойды бауыздай бастадым* (Қ.орда, Сыр.). *Ахмет, сен ш а п п а ң д ы маған бер. Оқушы дүкеннен ш а п п а алды* (Ақт., Шалқ.).

[Түрікменше *чапғы* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *шапқы, шаппа* (Рус.-карақ. сл., 1967)].

ШАППАТ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.; Қарақ., Шым.) шапалақ, алақан. *Тентек баланы ш а п п а т п е н жаққа тартып жіберген де дұрыс* (Қарақ.).

ШАППАТАЙ (Түрікм.: Таш., Конеүр.) кішкентай, титімдей. *Бойың ш а п п а т а й болып алып, айтатын сөзің тұйеден тұскендей екен* (Түрікм., Таш.).

ШАППА ТЕЗЕК (Талд., Панф.) қолмен жайған тезек.

ШАППАШОТ (Рес., Омбы) ағаш жонатын құрал. *Ерші саймандары ш а п п а ш о т, аталғы шот, шымшуыр, ығыру... есікке дейін шашылған* (С. Жүн., Ақан сері, 172).

ШАПТАРТПА (Шымк., Түркіс.) шаптан тартылатын қосымша тартпа.

ШАПТАСТЫРУ (Сем., Абай) пішіліп жатқан матаның жетпей қалған жерін қиюластырып құрау. *Жетпей қалған жеріне басқа матадан ш а п т а с т ы р ы п жіберіңдер* (Сем., Абай).

ШАПТАСУ (Сем., Абай) соңына түсу, айналысу. *Енді ол қырық уәзірмен ш а п т а с а д ы* (Сем., Абай).

ШАПТАУ[1] (Алм.: Кег., Еңб. қаз.) жапсыру. *Қамырды қолмен басып-басып алып, қызып тұрған тандырға апарып ш а п т а й д ы* (Алм., Кег.).

ШАПТАУ[2] (Қост.: Об., Торғ., Жанг.) шағыстыру, біреудің қолтығына су бүрку, біреуді біреуге айдап салу. *Сен кісіні ш а п т а м а й тыныш отыр* (Қост., Об.). *Адамды ш а п т а п-ш а п т а п біреудің соңына салғанды қоятын кезің болған жоқ па* (Қост., Жанг.).

ШАПТЫРМА АРҚАН (Қ.орда, Арал) жылым аудың екі жағына тағылған ұзын кеидір арқан.

ШАПТЫРУ (Рес., Қалм.; Гур., Тең.) арқанды жазу, жазып салу (жылымның арқанын суға жазып тастау). *Ол қашықта отырып арқанды ш а п т ы р ы п барады* (Гур., Тең.).

ШАПЧАҚ (Алм., Жам.) ыдыс, күбі (тері илейтін). *Ш а п ч а қ қ а коже құйып тері илейді* (Алм., Жам.).

ШАПША (Шымк., Мақт.) пісіп жетілмеген қауын, пісуге жақындап тұрған қауын. *Қауын әлі ш а п ш а ғой, әзір жеуге келмейді* (Шымк., Мақт.).

ШАП-ШҰП ЖЕТУ (ҚХР) зорға жету. *Бұрынғы кезде алатын ақшамыз тамақ пен киімге ш а п-ш ұ п ж е т у ш і еді* (ҚХР).

ШАПШЫ (Қарақ.) киізден істелген бұйымдарды жақсылап істеуші маман адам.

ШАПШЫМА (Шығ. Қаз., Больш.) құлама су.

ШАПЫЛДАҚ КЕУІШ (Ауғ.; Ир.) сүйретпе, тәпішке.

ШАР[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Құмд., Жеб., Ашх., Таш., Тедж.; Ақт., Ырғ.; Маң., Маңғ.; Қ.орда: Қарм., Сыр.) шарық, шарық қайрақ. *Ш а р д ы қайда жытырған шаппа* (қ.) *қайрайын десем* (Түрікм., Красн.). *Ш а р г а апар да шалғыны қайра* (Ақт., Ырғ.). *Ш а р д ы шөп басына ала барып, шеп машинасының шалғысын қайраймыз* (Қ.орда, Қарм.). *Мен бір ш а р г а ұстаған қара балта едім Шабуын таппай кетілдім, Қайраса тағы жетілдім* (Махамбет).

ШАР[2] **1.** (Тау., Қош.; МХР) шама, қайнатқан шайдың қалдығы. *Шәйнектегі ш а р д ы төгіп таста* (Тау., Қош.). *Уриаңхай халқы қамыстан, талдың сыптығыр бұтағынан өзді-өзін түйіп, шайдың ш а р ы н, сүт, басқадай сұйық заттарды сүзетін сүзгілер жасайды* (Қ. Шоб., Қаз. ур. хал. үлт. қол., 32). **2.** (Маң.: Маңғ., Шевч.; Шымк., Шәу.) қиқым-сиқым, шөп-шалам, қауыз. *Бидайдың ш а р ы и тазалап болдым* (Маң., Маңғ.). **3.** (Жамб.: Шу, Тал.; Шымк., Түлк.) егіннің шөп-шаланы, бидайдың шөп-шары.

ШАР[3] **1.** (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.; Гур., Тең.) шұбырған көп із. *Сол алған малды із жасыру үшін, Ырғыздың көп малының ш а р ы н а салыпты* (Ақт., Ырғ.). *Әйткенмен малдың осынша ш а р ы н а н жирен айғырдың ізін Сәкеннің ажыратқанына сенбейтіндігін жасырып, түсінбейтіндігін айтып салған* (Ж. Нәжім., Кішк., 87). **2.** (Өзб.) түнде боранда бөлініп кеткен қойлардың іздері. *Боран күшті болып, қойлардың ш а р ы н бөліп кетіпті* (Өзб.).

ШАР[4] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Ашх., Байр., Краси.; Сем., Үрж.; Маң.: Маңғ., Шевч.; Орал) ашулы, ызалы. *Құлан ш а р болды* (Түрікм., Көнеүр.). *Оның мінезі ш а р* (Сем., Үрж.). *Мынауың бір іздегені төбелес, мінезі ш а р жігіт қой* (Маң., Маңғ.).

[Түрікменше *шер* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ШАРА АЛУ (Орал: Чап., Жымп.) шара қолдану. *Осы балаға ш а р а а л м а с а болмайды* (Орал, Чап.). *Зиянды жәндіктерді құрту ш а р а с ы а л ы н д ы. Кемшіліктердің болу себебін ашып, оны жою ш а р а л а р ы н кезінде а л ы п отырмады* («Екп. колх.», 1.06.1958).

ШАРАЙ ТОП (Сем., Абай) шаршы топ. *Сөзді ш а р а й т о п алдында іркілмей сөйлеген жөн* (Сем., Абай). *Алдымызда ш а р а й т о п, қаулаған топ, лаулаған от тұр* (М. Әу., Абай жолы, II, 351). *Әуелі бас көтерер барлық боярлар мен князьдарды жинап алып, ш а р а й көзіне: «Өсекті бықсытушы сендерсің», – деп қатты айтыпты* (М. Мағ., Алас., 630).

ШАРАЙЫН (Қ.орда, Арал) үятқа қалдыратын, үят бастыратын мінез. *Осы жазда ат алып мінудің өзі ш а р а й ы н емес пе* (Қ.орда, Арал).

ШАРА КӨРУ (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Таш., Көнеүр., Ашх., Мары; Қ.орда, Арал) шара қолдану. *Мәстатына* (қ.) *жүрген шоферларға ш а р а к ө р у керек емес пе?* (Түрікм., Таш.). *Бұл фактілерге Сортастың школ директоры да ешқандай ш а р а к ө р г е н жоқ* («Қарабүғаз.», 8.03.1937). *Қуалыны бұзушыларға бірінші рет ескерту беріліп, екінші рет болса, әкімшілік ретпен ш а р а к ө р і л с і н* «Қарм.», 1939).

[Қарақалпақша *шара көр* (Н. Бас., Карак. яз., 330-331)].

ШАРАҚАЛАУ (Жамб., Жуа.) түбін босату, кетпендеу, қопсыту. *Қызылшаны ш а р а қ а л а п болдық* (Жамб., Жуа.).

ШАРАНА (Шымк., Түлк.) қойдың ай, күні жетілмей іш тастаған қозысы.

ШАРАНАДАН ШАЙҚАП ӨСІРГЕН (ҚХР) өз қолында өскен, бала күннен оз көз алдында өскен, жастайынан озі тәрбиелеп өсірген.

ШАРАШЫЙЫН (Қарақ.) лампаның шынысы.

ШАРБАҚ (Гур., Тең.) алаң (су алаңы), құрма аудың екі басының арасындағы бос алаң, бос жер. *Құрма аудың ш а р б а ғ ы. Ш а р б а қ құрма аудың екі басының арасында болады. Аушылар ш а р б а қ қ а қайықпен кіреді де, ауға түскен балықтарды алады* (Гур., Тең.).

ШАРБАЛ (Гур., Мах.) шалбар. *Талғат менің ш а р б а л ы м д ы жудырып қойшы* (Гур., Мах.).

ШАРБАС (Талд., Гв.) масағында қауызымен түрған бидайдың шоғы, келтегі.

ШАРБЫ АЯҚТАУ (Қ.орда, Жал.) жүрістің бір көрінісі. Көбінесе түйенің торт аяғын торт жаққа жіберіп қашуына байланысты айтады. *Бұл тазалық мәселесін ойламай мәдениеттіліктен ш а р б ы а я қ т а н ы п қашу гой* (Қ.орда, Жал.).

ШАРҒА (Маң., Маңғ.) шама-шарық, мүмкіндік, қабілет. *Тіліңді алдыра алмайтының бар, ш а р г а ң жетпейтін жердің даушарына неге араласасың?* (Ә. Кекіл., Үркер, 404).

ШАРҒА БӨЛІНУ (Алм., Шел.) екі жақ болу, екі үдай болу, бөліну. *Бұрынғы кезде ел ш а р г а б о л і н е т і н еді* (Алм., Шел.).

ШАРҒАСЫ ЖОҚ (Маң.: Маңғ., Шевч.) амалы жоқ, лажсыз, амалсыз. *Ш а р г а с ы жетпей жатыр гой, байғұстың, аянайын деп жатқан жоқ* (Маң., Маңғ.).

ШАРҒЫ (Тау., Қош.) христиан дінін үстанатын қазақ.

ШАРҒЫ ЖІП (Гур., Тең.) домалақтаған жіп. *Бала мысық босағада ш а р г ы ж і п тарқатып ойнайды* (Ж. Нәжім., Кішк., 98).

ШАРДАҚ 1. (Көкш.: Еңб., Щуч.) сымнан тоқылған тор. **2.** (Гур., Есб.) жермай

шамның шілтері. *Шамның ш а р д а г ы н алып, білтесін салып жаға гой, айнам* (Гур., Есб.).

ШАРЖАУ ҚАУЫН (Түрікм.: Тедж., Байр., Мары, Таш., Көнеүр., Тахта) ақсары түсті, сыртындағы торы сирек және торы тек сабақ жағына жақын жерде болатын қауын. Бұл сөз *Шаржау* деген жер атынан алынған.

ШАРҚ[1] (Гур., Есб.) қуат, әл, шама. *Ш а р қ ы ң келгенше жұмысыңды істе* (Гур., Есб.). *Шама-шарық* деген қос сөздің соңғы сыңарындағы *шарқ* – осы сөз. Өзге өңірдің қазақтарының тілінде бұл сез жеке қолданылмайды, тек қос сөз құрамында ғана келеді.

ШАРҚ[2] (Өзб., Бұх.) тегіс жіптің дөңгелегі (ағашы). *Екі жағы кесілген, Ортасы және тесілген. Бетіне екі жұз метр белбеуі бар, Шешуің тапсаң, шешілген* (Жұмбақ). Шешуі: *ш а р қ жіп.*

ШАРҚАЙ (Тау., Қош.; Сем.: Көкп., Ақс.) шәркей; жылқының не сиырдың шикі терісінен бүріп тіге салған аяқ киім. *Сенің аягыңдағы ш а р қ а й ы ң қайда?* (Тау., Қош.). *... еркек атаулы да тұгел тізімге тұсіп, леклегімен майданға аттанып жатқанда Қызылкөз де ш а р қ а й ы н сұйретіп селсебетке барған* (Қ. **Ы**скақ, Күренсе, 54). *Сол-ақ екен, ш а р қ а й ы н сірісінен басып жұрген пұшық пен керецдер, омпырайган ауыздар жетпіс жеті атасынан бері партияны мирас қып келе жатқандай жәрпілдесіп шыга келсін* (Сонда, 79). Қ. шақай[2], **щоқай**[2].

ШАРҚАТ 1. (Маң.: Маңғ., Шевч.; Гур.: Есб., Мақат; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Орал: **Қ**ара., Каз.) шәйі орамал (көбіне жас әйелдер басына тартады, ер адамдар белбеу етіп байлайды). *Басындагы қызыл ш а р қ а т ы н ы ң ұшын оң қолымен мытып ұстап апты* (Ә. Кекіл., Құс қан., 57). **2.** (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.; Рес., Орын.) тоқыма түбіт шәлі (көбіне әйелдер басына тартады, ерлер мойнына орайды). *Қысқа қарай аялдар басына бір-бір ш а р қ а т тоқып алады* (Орын., Ад.). **3.** (Өзб., Бұх.) шәлі, қыжым орамал. *Бұхара қазақтарында келіннің басына жабылатын жұқа орамал ш а р қ а т деп аталады* (Өзб., Бұх.).

ШАРҚАТЫ КЕЛМЕУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) шамасы, әлі келмеу. *Шаршап отырмын, сенің сандыгыңды көтеруге ш а р қ а т ы м к е л м е й д і* (Түрікм., Көнеүр.). **Қ**. шақаты **к**елмеу.

ШАРҚАЯ (Сем., Абай) бұзақы, үрыскақ, ашушаң. *Ол өзі осы елдегі ш а р қ а я әйелдің бірі* (Сем., Абай).

ШАРҚ ЕТУ (Шығ. Қаз., Больш.) шақ ету (мінез туралы). *Оган бір нәрсе десең, ш а р қ е т е қалады* (**Ш**ығ. Қаз., Больш.). Кейде *шарқ-шарқ ету* деп те айтылады: *Ол ш а р қ-ш а р қ е т і п басқалармен сөз жарыстырады да жатады* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШАР ҚОЙ (Рес., Қалм.) ту қой.

ШАРҚ-ШҰРҚ ЕТУ (Шығ. Қаз., Болып.) сарт-сүрт ету, сақыр-сұқыр ету.

ШАРҚЫЛДАСУ (Шығ. Қаз., Больш.) ұрсысу, керілдесу. *Ш а р қ ы л д а с у д ың керегі жоқ, одан не пайда, қойыңдар* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШАРҚЫЛДАУ (Сем., Ақс.) **1.** шаңқылдау, саңқылдау (адамның үн шығаруы туралы). *Өзің ш а р қ ы л д а м а й тыныш отыр* (Сем., Ақс.). **2.** сартылдау, тарс-гүрс ету (бірдеменің тарсыл-гүрсіл етуі). *Агашы ш а р қ ы л д а п сынып жатыр* (Сем., Ақс.).

ШАРҚЫРАУЫҚ (Қарақ.) маңдайша ағаш.

ШАРҚЫРАУЫҚ ҚАДЕ (Қарақ.) үйдің қабырғаларын қалап жатқанда терезенің үстіне ағаш қойған адамдарға бсрілетін торт-бес метрлік орамал. Орамалдың ұшына ақша түйіліп беріледі. *Ш а р қ ы р а у ы қ қ а д е н і үйдің қабырғаларын қалаушылар болісіп алады* (Қарақ.).

ШАРЛАҚ (Маң.: Маңғ., Шевч.) үйдің шатыры. *Тона корінген ш а р л а г ы бар үй – осы кісінің үйі* (Маң., Шсвч.). Бұл орыс тіліндегі *чердак* деген создің озгерген нүскасы. Маңғыстауда осы сөзден жасалған *шарлақты* (шатырлы) деген сын есім, *шарлақтау* (шатырлау) деген етістік те қолданылады.

ШАРЛАМА (Орал, Жән.) уызға ұн косып майға пісірілетін тағам.

ШАРЛАУ[1] **1.** (Шығ. Қаз., Тарб.; Алм.; Жамб., Шу; Қ.орда: Сыр., Жал.) қырмандағы астықты қызылдау, желге атып, үшырып шөпшардан арылту. *Қырмандагы бидай – ш а р л а н г а н бидай* (Алм.). *Бидайды ш а р л а п болысымен ауданга жонелтеміз* (Қ.орда, Сыр.).

ШАРЛАУ[2] (Шығ. Қаз., Тарб.) түгендеу, санау, есеп-қисабын алу. *Ауданнан есепшілер келіп мал ш а р л а п жатыр* (Шығ. Қаз., Тарб.). **2.** аралау. *Жайлаудагы малды тұгел ш а р л а п болдық* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ШАРЛАШ (Сем.: Кокп., Ақс.) бұзақы, тентек. *Сіздің айтып отырган балаңыз, менің білуімше, барып тұрган ш а р л а ш* (Сем., Акс.).

ШАРЛЫ (Шымк., Сайр.; Алм., Кег.; Талд.: Панф., Гв.) шоп-шаламы тазармаған, қауы-

зы аралас (астық туралы). *Ш а р л ы бидайдың ұны қаралау болады* (Шымк., Сайр.).

ШАРМАЙ: БЕТІНЕН ШАРМАЙ АЛУ (Қ.орда, Арал; Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Тедж.) беттен алу, шап ете қалу. *Адамның б е т і н е н ш а р м а й а л ғ а н ш а, сұйтіп жөніңді айтпайсың ба?* (Түрікм., Ашх.). *Судыр Ахмет қақпаңа тұскен сасық күзендей шаңқ етіп, Мөңкенің б е т і н е н ш а р м а й а л д ы* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 234).

ШАРПОТА (Қарақ.) ауа райы, күннің құбылуы.

ШАРП-ШҰРП (Гур., Бақс.) шарт-шұрт, сарт-сұрт. *Құлаққа бір ш а р п-ш ұ р п дыбыс келеді* (Гур., Бақс.).

ШАРПЫЛДАУЫҚ (Қарақ.) шапалақ.

ШАРТА: КӨЗІН ШАРТА ЖҰМУ (Жамб., Мер.) кезін шарт жұму, көзін тарс жұму. *Ал аудан орталығындағы оқу бөлімінің басшылары мұны білмегенсіп, екі к ө з і н ш а р т а ж ұ м ы п жатыр* («Стал. жолы», 1937, №93). *Алатаудың миуалы баурайына орналасқан Алматы қаласын гой к ө з і ң і з д і ш а р т а ж ұ м ы п тұрып тауып аласыз* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 7). Бұл сөзді Б.Соқпақбаев *шарта буыну* деген тіркестің құрамында да қолданған: *Жіңішке қайыс белбеумен белін тартып тұрып ш а р т а б у ы н д ы* (Сонда, 25). Бұл сездің *шарта жұгіну* деген тіркестің құрамында қолданылуы Қазақстанның барлық жерінде бар.

ШАРТАҚ[1] (Ақт.: Ойыл, Ырғ., Жұр.; Қост., Аман.) талдан тоқылған шарбақ, қоршау. *Балам, ш а р т а қ т а г ы қойды айдап жібер, шөпті басып тастайды* (Қост., Аман.). *Арбаларға жәшіктер орнатылсын, олар жеткіліксіз болған жағдайда арбаның ішіне ш а р т а қ, тоқыма ши, тағы басқа сондайларды бейімдеп жасау керек болады* (Ақт., Ойыл). *Ш а р т а қ тоқып, оны егістік жерге қағумен қатар күл, көң төгу жұмыстарын қолға алды* («Соц. ауыл», №3, 1941).

ШАРТАҚ[2] (Қост., Жанг.) шыбықтан тоқылған ақыр. *Ш а р т а қ т а ат жерлік шөп қалмапты гой, толтырып қоятын екен* (Қост., Жанг.).

ШАРТАҚ[3] (Қ.орда: Сыр., Жал.) құрт, қауын, жеміс жаятын сөре. *Қауыншекті ш а р т а қ қ а жайып кептіреміз* (Қ.орда, Сыр.).

ШАРТАҚ[4] (Шымк.: Сарыағ., Кел.; Жамб., Сар.) бәйге аттары келетін қарақшы, мәре. *Дәулетті кісіге ас бергенде ш а р т а қ қылатын үрдіс болушы еді, көзір* ол *да ұмытылып барады* (Шымк., Кел.).

ШАРТАҚ[5] (Шымк., Сарыағ.) бәйге. *Дәулетті адамға ас бергенде еліміз ш а р т а қ қылушы еді* (Шымк., Сарыағ.).

ШАРТАҚ[6] (Қ.орда, Арал) балық салатын кәрзеңке тәрізді ыдыс. *Ол ш а р т а қ т а н балық алды. Ш а р т а қ т ы талдан істейді* (Қ.орда, Арал).

ШАРТАЛАУ (Гур., Есб.) суармалы егістікті өңдеу, атыз-арығын жөндеу. *«Жаңа құрылыс», «Социализм», «Бірлік» колхоздарында егісті ш а р т а л а у, тұзеу жұмыстары кейін қалып келеді* («Соц. мал шар.», 1949, №15).

ШАРТА ПІСІРУ (Қарақ.) тез, жылдам пісіру.

ШАРТЫҚ НАР БУРА (Қ.орда, Жал.) сүйек тұлғасы жағынан өзгешелеу, біртума нарлардан кішірек шағын тұқымдық будан.

ШАРТЫЛ БОЛУ (Гур., Мақат) күн шатырлау, күн күркіреу, найзағай жарқылдау. *Күн ш а р т ы л б о л а й ы н деп тұр* (Гур., Мақат).

ШАРУ[1] (Рес., Орын.) шананың әр түрлі бөліктерін бір-біріне байлайтын бұрау шыбық. *Бас ш а р у бар ма?* (Орын., Ад.).

ШАРУ[2] (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) ұрсысу, балағаттасу, тасу, жанжалдасу. *Аузына келгенін айтып ш а р ы п жатыр* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШАРУАЛАСУ (Қост.: Аман., Жанг.) ақылдасу, шаруашылығының жайын айтып біреумен кеңесу. *Қолыңыз бос болса, мен сізбен ш а р у а л а с а й ы н деп едім* (Қост., Аман.).

ШАРУАЛАУ (Рес., Сарат.) жайғастыру. *Мен малымды ш а р у а л а й м ы н, уақытым жоқ* (Рес., Сарат.).

ШАРУАЛЫҚ (Ақт., Ойыл) шаруашылық, жұмыс, іс. *Райсоветке біраз ш а р у а л ы г ы м болып келіп тұрмын* (Ақт., Ойыл).

ШАРУА СОҚТЫ (Рес., Қалм.) әңгіме соқты.

ШАРУАСЫПАЛ (Алм., Кег.) шаруаға, іске ыңғайлы; жұмысына пысық. *Ш а р у а с ы п а л адам* (Алм., Кег.).

ШАРУАШЫ (Қарақ.) малшы.

ШАРШАҚ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн., Тедж.) шөп үйетін айыр. *Төрт тармақты ш а р ш а қ жоқ па?* (Түрікм., Гяу.).

[Түрікменше *чаршак* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ШАРШАУ 1. (Рес., Орын.) терезе пердесі. *Терезенің ш а р ш а у ы н бір жағына сырып қойшы* (Орын., Ад.). *Терезелердің ш а р ш а у л а р ы тұсіріліп, форточкалары жабылыпты* («Окт. туы», 8.10.1958). 2. (Кекш., Еңб.)

үйдің бір жағын боліп тұратын перде. 3. (Гур., Маңғ.; Шығ. Қаз., Тарб.) шымылдықтың балдағы. *Шымылдықтың ш а р ш а у ы бар. Шымылдыққа ш а р ш а у істелді* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ШАРШАУ ТАРЫ (Ақт.: Тем., Жүр.) тарының ұсақ, майда түрі. *Ұсақ болғанымен, ш а р ш а у т а р ы бәрінен дәмді келеді* (Ақт., Тем.).

ШАРШЫ[1] **1.** (Ақт., Ойыл; Маң.: Маңғ., Шевч.; Қост., Жанг.; Алм.: Шел., Кег., Еңб. қаз.) әйелдердің басына тартатын орамалы. *Анау ш а р ш ы сенікі ме екен, әлде менікі ме екен?* (Ақт., Ойыл). *Ш а р ш ы салатын әйел кәзір аз* (Алм., Кег.). *Артынша Торғын басынан сусып түскен ш а р ш ы с ы н түзеп тартты ма, қозғалақтап қойды* (Ә. Кекіл., Құс қан., 38). Матаны шаршылап барып пішетін болғандықтан *шаршы* аталып кеткен. 2. (Өзб.) ақ матаның екі енінен дайындалатын кемпірлер орайтын орамал.

ШАРШЫ[2] (Маң., Маңғ.) ойын картасының қиығы. *Қолында ш а р ш ы н ы ң жетілігінен басқа дәнеңе қалған жоқ* (Маң., Маңғ.). Алматы облысының кей жерлерінде картаның осындай белгісін *кірпіш* деп атайды.

ШАРШЫ[3] (Маң.: Маңғ., Шевч.) жиын, топ, қалың қауым. *Шын жүйрік ш а р ш ы н ы көргенде қызады* (Маң., Маңғ.). Бұл сез өзге жердің қазағының тілінде *шаршы топ* деген тіркестің бірінші сыңарында қолданылғаны болмаса, жеке айтылмайды.

ШАРЫҚ[1] (Рес., Орын.; Қост., Жанг.; Маң., Маңғ.; Шымк., Сайр.) шикі теріден тігілген аяқ киім, шәрке. *Шапқаны жаз бойына қамыс, пішен, Өткізіп жуан таспа ш а р ы ғ ы н а* (Орын., Бөр.). *Аяққа ш а р ы қ байладым, қызметке басты сайладым, Теке деген қалаға Сергейдің қойын айдадым* (Қашаған ақын).

ШАРЫҚ[2] (Қарақ.) құдықтан су тарту үшін орнатылған ағаш бұтағы.

ШАРЫҚШЫ (Сем.: Көкп., Ақс.) ұрысқақ, ашушаң. *Ш а р ы қ ш ы әйелден аулақ жүрмесең, басың бәлеге қалады* (Сем., Ақс.).

ШАТ[1] (Қост., Жанг.) таулы, адырлы жердегі аңғар; сайдың аңғары. *Ш а т т ы ң арасында аң көп, мылтық ала жүру керек* (Қост., Жанг.).

ШАТ[2] (Қарақ.) тікенекті ағаш.

ШАТА[1] (Қост., Жанг.; Қар., Қарқ.) мінезі шәлкез, тентек, шатақ шығарғыш. *Мінезі ш а т а гой өзінің: тиіп кетсең, өзіңе бас салғалы тұр* (Қост., Жанг.). *Оған соқтықпа – ол ш а т а кісі* (Қар., Қарқ.). *Әй, енеңді ұрайын, Маусымбектің ш а т а с ы не қыласың қылжақты* (С. Сейф. Шығ., V, 140).

ШАТА[2] (Қост., Жанг.; Көкш.: Щуч., Еңб.; Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Абай; Тау., Қош.; МХР) некесіз туған бала. *Сен туада ш а т а с ы ң, Айтпа өйтіп, қаралық! Іште келіп тұрғансың, Тегің - меркіт, жаралып!* (М. Сұл., Шыңғыс хан, 27).

ШАТАЙЛАУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) **1.** кеменің, қайықтың шайқалуы, ырғалуы. *Мінген қайығымыз ш а т а й л а п, жағаға араң жеттік* (Маң., Шевч.). 2. қыдырымпаздыққа, кезбелікке салыну. *Арақ ішіп ш а т а й л а п жүрген адамнан не жөн сұрайсың* (Маң., Маңғ.). Бұл – орыстың *шататься* деген сөзінің өзгеріңді түріне *-ла* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған сөз.

ШАТАҚ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Красн., Небид., Қулы., Ашх., Тедж., Көнеүр., Тахта, Мары, Байр.) жекжат, жақын. *О не, ш а т а қ болғысы келе ме?* (Түрікм., Тедж.). *Өзінің ш а т а қ т а р ы н жинап алып отыр* («Жұм-шы», 12.09.1939). *Үйіме бір ш а т а ғ ы м келіп еді* (Маң., Маңғ.).

[Түрікменше *чатык* жақын дос (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *чатмоқ* алыс туыстар (Узб.-рус. сл., 1959)].

ШАТАҚ-БҰТАҚ (Түрікм.: Красн., Ашх., Мары) жекжат. *Біздер бір-бірімізбен ш а т а қ-б ұ т а қ адамдармыз* (Түрікм., Таш.).

ШАТАҚ ҚОМ (Қарақ.) шатақ шығарушы бұзық адам.

ШАТАЛАНБАУ (Көкш.: Щуч., Еңб.; Қост., Об.) шатаспау, бетімен лағып сөйлемеу. *Сен ш а т а л а н б а, жайыңа отыр өзің* (Қост., Об.). Бұл етістіктің -с жұрнағымен келетін нұсқасы да бар: *Оған ш а т а л а с п а* (Сем., Шүб.).

ШАТАЛАНУ (Рес., Омбы) шатасу. *Нені сұрап едің, мен ш а т а л а н ы п айтып отырмын* (Рес., Омбы).

ШАТАЛАУ[1] (Орал, Жән.; Гур.: Есб., Бақс.) жаңылу, қателесу. *Қазір күйлерді тартқанда ш а т а л а п қала беретін болдым. Ол ш а т а л а п, аузындағы сөзін де дұрыс сөйлей алмады* (Орал, Жән.). *Орынғали аталарына тарата алмай әбден ш а т а л а д ы* (Гур., Есб.).

ШАТАЛАУ[2] (Қорда: Шиелі, Қарм., Сыр., Қаз.) шатасу, басы қату, өуре-сарсаңға түсу. *Баласы оқуға түсе алмай, қалада текке ш а т а л а п жүр екен* (Қ.орда, Сыр.). *Келгенін аузына ол да оталады, Сау басын саудаға ұрып ш а т а л а д ы* (Т. Ізт., Рус. дас., 162).

ШАТАЛУ (Орал: Жән., Казт.; Гур., Есб.; Ақт., Ойыл) істі болу, айыпқа килігу, қылмысқа ұрыну. *Інісі біраз күн ш а т а л ы п ауданға кетулі* (Гур., Есб.).

ШАТАС[1] (Қост., Жанг.) шатақ. *Мінезі ш а т а с екен* (Қост., Жанг.).

ШАТАС[2] (Павл., Ерт.) екі түрлі тұқымның араласуынан туған мал. *Аргымақ пен жабыдан туғаи ш а т а с басқа жылқыдан гөрі төзімді келеді* (Павл., Ерт.).

ШАТАС[3] (Маң.: Маңғ., Шевч.) қате, жаңылыс. *Ақбала күн бойы домбыра шалғанда шалысында бір ш а т а с болмайды екен дейді* (Маң., Маңғ.).

ШАТАУ (Маң., Маңғ.) шырмау, шатастыру. *Өзің анау деп, мынау деп ш а т а м а й отыр адамның басын* (Маң., Маңғ.).

ШАТҚЫЛ (Маң.: Маңғ., Шевч.) шатқал. *Қаратаудың ш а т қ ы л ы н а кіріп кеткен аң ұстатпайды* (Маң., Маңғ.).

ШАТПА (Маң., Маңғ.) киіз үй. *Бес қанат ш а т п а н ы ң іші мұнтаздай* (Ө. Кекіл., Құс. қан., 163). *Төрт қанат ш а т п а н ы ң сүйегіне, қара қазанына ғана тимеді* (Сонда, 62). *Өзінің төрт қанат ш а т п а с ы болғанда гой* (Сонда, 61).

ШАТПЫРАҚТАУ (Сем., Абай) шатпақтау, әр нәрсенің басын бір шалу. *Ей, әр нәрсені ш а т п ы р а қ т а м а й тыныш отыр* (Сем., Абай).

ШАТТАМА (Өзб.) тор. *Кәттің (кереуеттің) басымен аяқ жағына ескіріп қалған ш а т т а м а л а р тұтыпты* (Өзб.).

ШАТТАУЫҚ[1] **1.** (Қ.орда, Сыр.; Маң., Маңғ.; Жамб.: Тал., Сар.; Түркім.: Красн., Бекд., Қиян., Небид.; Қарақ.) шымшуыр, отқысқыш. *Ш а т т а у ы қ п е н самауырға от сала қойшы* (Маң., Маңғ.). **2.** (Жамб.: Мойын., Шу; Сем., Абай; Көкш., Қ.ту; Павл.: Ерт., Леб.) ұста дүкеніндегі қызған темірді ұстайтын құрал, қысқаш. Қордай жағында мұны *сапсалғы* дейді.

ШАТТАУЫҚ[2] (Орал: Казт., Чап.) жаңғақ. *Базарда ш а т т а у ы қ сатады екен. Мойылдың ішіндегі дәнді де ш а т т а у ы қ дейді* (Орал, Казт.). *Өз қиялым ш а т т а у ы қ ағашын ексе дегендей айтады. Тек шабан өсетін болса керек* (Ғ. Сл., Шалқ., 255).

ШАТТАУЫҚ[3] **1.** (Сем., Абай) талқы, илеген теріні жұмсарту үшін қолданылатын құрал. *Ш а т т а у ы ғ ы ң д ы құра бер, мен теріні әзірлейін* (Сем., Абай). **2.** (Қар., Қарқ.) іскенже. *Ш а т т а у ы қ қ а салып барып егемесе, былай егеу қиын* (Қар., Қарқ.).

ШАТУ (Қарақ.) байлау.

ШАТ-ШӘЛЕКЕЙ (Жамб., Жуа.; Алм., Еңб. қаз.) быт-шыт, тас-талқан. *Машина жүргізіп келе жатып мұлгіп кетсе, ш а т-ш ә л е к е й шығады* (Ш. Мұрт., Инт. наны, 78).

ШАТЫНАУЫҚ (Павл., Ерт.) темір ұстаханасындағы темірді қысып тұратын аспап, атауыз, іскенже. Қ. шаттауық[1].

ШАТЫР (Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.) қайықтың, кеменің желкені.

ШАТЫРАҒАН//ШАТЫРАҒАН ОРТА (Алм., Кег.) топ, жиын, халықтың жиналған жері. *Елдің ш а т ы р а ғ а н о р т а с ы н қақ жарып, Ұзақ батыр тайсалмастан губернаторға қарсы сөйлейді* (Алм., Кег.).

ШАТЫРАҒАН ОРТА Қ. шатыраған.

ШАТЫРАНЖЫ (Көкш., Қ.ту) дойбы. *Патшамыз қартқа басқа адам еді, ш а т ы р а н ж ы ойнап отыр, – дейді күтушісі* (Көкш., Қ.ту).

ШАТЫРАУ (Рес., Сарат.) үйдің төбесі. *Үйдің ш а т ы р а у ы н д а арқалық бар* (Рес., Сарат.).

ШАТЫРАУЛАУ (Орал, Жән.) шатырлау, үйдің төбесін шатырлап жабу. *Кәнай-құмға ш а т ы р а у л а п үй салдырған адам* (Орал, Жән.).

ШАТЫРАШ[1] (Қост.: Об., Тоб.; Павл., Ерт.; Қ.орда: Шиелі, Сыр., Жал., Қарм.; Ақт., Ключ.; Орал, Жән.; Рес., Орын.; МХР) дойбы. *Бұрын ш а т ы р а ш т ы тым жақсы ойнайтын едім, кәзір тосырқап қаппын* (Қост., Об.). *Ал біз ш а т ы р а ш тақтасындағы пидамыз* (М. Маг., Алас., 576). *Бір жаяуды жүремін Ойын болар порым жоқ. Бұл ш а т ы р а ш т а білемін, Мерзімдерге орын жоқ* (Ш. Құдайб., Шығ., 400). *Оқу үйінде тек қана 200-дей кітап пен үш ш а т ы р а ш бар* (Павл., Ерт.). *Ш а т ы р а ш ойнауды дайымшылық қылмадық* (Орын., Ад.).

ШАТЫРАШ[2] (Маң., Маңғ.) тентек, мінезі шатақ. *Мінезі ш а т ы р а ш – байқап сөйлеспесең болмайды* (Маң., Маңғ.).

ШАТЫРАШ[3] (Шығ. Қаз., Қатон.) қос, күрке. *Досының жаман ш а т ы р а ш ы «өз үйі өлең төсегіндей» болып, төрін босатқан жоқ* (О. Бөк., Өз от өш., 20).

ШАТЫР ХАТ (Қарақ., Мой.) медресе бітіргендерге берілетін куәлік, аттестат. *Ол ақын адам: медресе бітірген, ш а т ы р х а т алған оқымысты, молда* (Қарақ., Мой.).

ШАУ[1] (Қ.орда, Қарм.) кәрі түйе. *Ш а у түйені ертерек сойып алмаса, ешқандай кәдеге жарамайды* (Қ.орда, Қарм.). *Таңатар өзін соншалық сорлы сезініп жалғыз-ақ түнде*

ш а у болып шөгіп кеткендей еді (О. Бөк., Өз от өш., 275). *Шау тарту* «егде тарту, картая бастау» деген мағынадағы тіркестің сыңарындағы *шау* – осы сез. Бұл сөзді Абайдың мынадай бір өлең жолында кездестіреміз: *Шабан, шардақ жөне ш а у.*

ШАУ[2] (Өзб.) қайықтың ескегі. *Кішкене қайықты бір ш а у м е н есеміз* (Өзб.).

ШАУАШАЙ//ШАУШАЙ (Орал: Жаңғ., Казт.) бақай, башай. *Ш а у ш а й ы н тасқа согып алған бала жылап отыр* (Орал, Жаңғ.). *Шұлқаннан ш а у ш а й ы ң д ы көрсетпей, неге тігіп алмайсың* (Орал, Казт.).

ШАУ АШУ (Қарақ., Қоң.) дауыс қарлығу, даусы тарғылданып шығу. *Ойда жоқта ш а у а ш ы п қайдан келдің, кісәпір* (Қарақ., Қоң.). Қарақалпақша *шау* айқай-шу шығып, жанжалдасып жатқан жер.

ШАУҚАР[1] (Қ.орда, Арал) анда-санда. *Асылында, бұл маңда қасқыр жоқ, бәрі ш а у қ а р д а бір көрініп кетеді* (Қ.орда, Арал).

ШАУҚАР[2] (Шымк., Мақт.) шұбар жылқы. *Баратын болсаң, ш а у қ а р атты жегіп барасың* (Шымк., Мақт.). *Орамал сөлде салған ш а у қ а р бет ... диуана аяққа оралды* (Ш. Мұрт., Жүлд. көп., 43).

ШАУҚЫМ (Қарақ., Қоң.) айқай, шу. *Батыстан ш а у қ ы м шығып жатыр* (Қарақ., Қоң.).

ШАУЛАУ[1] (Шымк., Шәу.) еріншек, жалқау. *Ол өзі бір ш а у л а у адам. Істемейін демейді, бірақ ш а у л а у* (Шымк., Шәу.).

ШАУЛАУ[2] (Гур.: Бақс., Есб.; Маң., Маңғ.) саулау, саулап ағу. *Астында тесігі бар екен, сүт қазаннан ш а у л а п қоя берді* (Гур., Бақс.).

ШАУЛАУ[3] (Қ.орда, Арал) қазанға пісірілген нан, күймақгардың от күшінен күйіп кетуі. *Қазанның оты қатты жанып, пәтірім ш а у л а п кетті* (Қ.орда, Арал).

ШАУЛАУ[4] (Қ.орда, Арал) жылжыту, босату, түсіру, арылту. *Жылымның мұзын ш а у л а у* (жылымның мұзын босату). *Қыстығүні жылымның қатқан мұзын ш а у л а п суға қайта салады* (Қ.орда, Арал). *Жылымды қыста ш а у л а п отырмаса, ол тез шіриді* (Қ.орда, Арал).

ШАУЛЫ//ШӘУЛІ (Жамб., Жам.) көкпір, тесік ожау. *Етке салған қамырды, бауырсақты ш ә у л і м е н сүзіп алады* (Жамб., Жам.).

ШАУЛЫҚ (Қарақ., Тақт.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) шөбере. *Ол қарымай қайтсын, ш а у л ы г ы н ы ң өзі азамат боп қалды* (Қарақ., Тақт.).

ШАУ ТАРТУ (Қ.орда, Жал.) әбден семірген көрі түйе жіліктерінің тізеден төменгі жағын май басып, тұралап жүре алмай қалуы.

ШАУ ТҮЙЕ (Қ.орда, Жал.) міністен де, жүк кетеруден де қалған, денесі кішірейе бастаған көрі түйе.

ШАУШАЙ[1] (Жезқ., Ағад.) сәбіз төрізді түбірі жеуге жарамды, биіктігі 20-25 смдей өсімдік. *Ш а у ш а й д ы бала күнімізде шешелеріміз сүтке пісіріп беретін. Түбірін қоламтаға көміп те жейтінбіз* (Жезқ., Ағад.).

ШАУШАЙ[2] Қ. шауашай.

ШАШАЛ (Гур., Бақс.) мүз үстінде балық аулау үшін қолданылатын темірден жасалған айыр тәрізді құрал. *Қыстығүні балықшылар ш а ш а л д ы тастамай өзімен бірге алып жүреді* (Гур., Бақс.). *Ол ш а ш а л д ы алып, шанаға салды* (Гур., Бақс.). *Ш а ш а л д ы ң үшы екі айыр темір болады* (Гур., Бақс.).

ШАШАУЛАНУ (Қост.: Аман., Жанг.) шеткерілену, шетке шығып қалу. *Ол нағып бізден бүгін ш а ш а у л а н ы п жүр* (Қост., Аман.).

ШАШ ЕТУ (Түрікм.: Красн., Нсбид., Жеб., Ашх., Гяу., Таш.) түнделетіп жүріп келіп, сәске не түске жақын кезде керуеннің не жолаушының дем алатын кезі. *Бес қалаға бірнеше ш а ш е т і п жетуші ек* (Түрікм., Гяу.).

ШАШҚА (Шымк., Түлк.) шөп-шары, қауызы, шаңы толық арылмаған бидайдың қырмандағы үйіндісі. *Ш а ш қ а н ы қайта суырып болдық* (Шымк., Түлк.).

ШАШҚЫН (Алм., Шел.) шашыранды, шашырап, бытырап жаткан. *Колхоздың малы ш а ш қ ы н – әр жерді жайлайды. Қаңлы деген ел ш а ш қ ы н* (Алм., Шел.). Бұл сездің басқы дыбысы көрсетілген еңірде көбіне *ч* дауыссызымен айтылады.

ШАШМАР (Акт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) аңыз, егін салған жердің орны, егіні орылған жер. *Олар ескі ш а ш м а р д ы жыртып жатыр* (Ақт., Ырғ.). *Малды ш а ш м а р г а бақ қыз* (Қ.орда, Арал).

ШАШ ӨЛЕҢ (Ақт., Ырғ.) өлең шөптің бір түрі. *Ш а ш ө л е ң сиырдың ең сүйіп жейтін қорегі* (Ақт., Ырғ.).

ШАШПА[1] (Шығ. Қаз., Күрш.) қыста малға шөп шашатын жер, алаң. *Қойды қыста ш а ш п а г а жіберіп, шөпті шашып тастаймыз* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ШАШПА[2] (Гур., Тең.; Маң.: Маңғ., Шевч.) мырза, қолы ашық, береген. *Өзі ш а ш п а жігіт болушы еді, қолындағы барын елден аямайтын* (Маң., Маңғ.). *Ақкөңіл, қайырқом, оның*

үстіпе шамасынан тыс ш а ш п а (Ж. Нәжім., Ак шаң., 6).

ШАШПА АУ (Алм., Іле) екі қабат болып тоқылған қос көзді ау. *Бір күнде бірнеше рет ш а ш п а а у салуға болады* (Алм., Іле).

ШАШТАБАҚ (Ауғ.; Ир.) шашқа тағатын сәнді, зергерлі бұйым.

ШАШУ 1. (Тау., Қош.; Орал, Жән.) түқым себу, егін салу. *Шүй бойына егін ш а ш ы л м а й д ы* (Тау., Қош.). **2.** (Жамб., Луг.; Шымк., Түлк.) үлестіру, болін беру. *Бидайды еңбекке ш а ш ы п жатыр. Құмшекерді бәрімізге бірдей ш а ш т ы* (Шымк., Түлк.).

ШАШЫҚ[1] (Гур.: Есб., Тең.; Маң., Шевч.) сирек, шашыраңқы, бытыраңқы, сүйылыңқы. *Бұыл бұл түстың балығы ш а ш ы қ* (Маң., Шевч.). *Жайық бойында болмаса өзге былайғы жерде ел ш а ш ы қ* (Гур., Есб.).

ШАШЫҚ[2] (Шымк.: Түлк., Мақт.,) сүлгі. *Ш а ш ы қ т ы ң бет ш а ш ы қ, қол ш а ш ы қ, май ш а ш ы қ деген түрлері болады* (Шымк., Түлк.).

ШАШЫРАТҚЫ[1] (Жамб.: Сар., Жуа., Тал.; Алм., Жам.; Шымк.: Түлк., Мақт., Түркіс.) ұзын сабақты, басы бүршікті шөп. *Сабағымен егін баулайды, отқа да жағады. Ауырған балаларды тұнбасымен шомылдырады. Анау көрінген – ш а ш ы р а т қ ы жинап жүрген балалар* (Жамб., Сар.). *Бұл баланы ш а ш ы р а т қ ы г а салатын екен* (Шымк., Мақт.). *Бидайды ш а ш ы р а т қ ы м е н баула* (Шымк., Түлк.). *Ш а ш ы р а т қ ы күнсіген адамға, сүйек-сүйегі қақсаған адамға ем* (Шымк., Түркіс.).

ШАШЫРАТҚЫ[2] (Қарақ., Мой.) тоқты, шыбыш күйектен шыққанда қойшыға ырым қып беретін сыйлық. *Қараматау жесе, тоқты қашар, ш а ш ы р а т қ ы бермесе боқты қашар* (Қарақ., Мой.).

ШАЯ (Ақт., Ойыл) түқым сепкен кезде дән сирек түскен жерге тары шықпай қалады, егіннің арасындағы сондай жерді осылай атайды. *Мына бір жердің ш а я болып қалғанын қарашы* (Ақт., Ойыл).

ШАЯ БОЛУ (Өзб., Бост.) **1.** безірен, таяқ өтпеу. **2.** ағаш түбінің тамырдан өскен бұтақтармен қалың тартып кетуі. **3.** (Өзб., Бух.) жіптің шие байланып қалуы.

ШӘДДЕ (Шымк., Мақт.) ашушаң, күйгелек. *Өзі бір ш ә д д е болғанда машқара ш ә д д е екен* (Шымк., Мақт.).

ШӘЙГӨН 1. (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.; Рес., Орын.; Ман., Маңғ.) ақкүман. *Ш ә й г ө н і ң д е г і шәй кесілмей қалды* (Түрікм., Конеүр.). *Шоқ үстінде қызыл ала ш ә й г о н* (F. Сл., Кең өр., 66). *Ш ә й г о н і ң д е шайық тасып, төгіліп жатыр* (Маң., Маңғ.). **2.** (Сем., Ақс.) шай қайнататын құман. *Қой фермасы бастығының үйінде қидың шоғына бұрқылдай қайнаған ш ә й г ө н н і ң қызыл шайына терлеп отырып, өткен түннің оқиғасын... соза баяндады* (Ж.Тіл., Қайнар, 106).

ШӘЙКЕСЕ (Қарақ.) шай ішетін кесе.

ШӘЙҚАП ІШІП ЖЕУ (МХР) қалағанын ішіп жеу, молшылықта өмір сүру.

ШӘЙЛА (Қарақ.) жазда мал түратын қора.

ШӘЙЛАНУ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Гур.: Есб., Мақат; Қ.орда, Арал; Орал, Чап.) шай ішу. *Күн ыссы, әбден шөлдеп кеттік, бір ш ә й л а н ы п дем алып алмасақ болмас. Бәрі шаршап келіп ш ә й л а н ы п жатыр. Алдымыздағы ауылға соғып жақсылап ш ә й л а н ы п алмасақ, әлі жол ұзақ* (Маң., Маңғ.). *Асығыс бір ш ә й л а н ы п, түнгі салқынмен жүріп кетеміз* (Ә. Нүрп., Сең, 272).

ШӘЙЛӘ (Қ.орда: Арал, Қарм.; Шымк.: Арыс, Мақт.; Өзб.: Ташк., Ақк., О.шыр.) қамыстан, құрайдан, талдан жасалған күрке, қос. *Жазымен ш ә й л ә д ә жатып егін қордым, сондағы тапқан бір пұлым осы гана* (Шымк., Мақт.). *Ш ә й л ә н ы солқылдақ ұзын сырықтардың арасын үй орнындай етіп қадап, бастарын қайырып, бір-біріне байлап, көлденеңінде сондай сырықтар тастап, үстін қамыспен орап жауып жасайды* (Өзб., Ташк.).

ШӘЙМА (Қарақ.) сүйық тағамдардың бір ішуге жарарлық мөлшері. *Жар болғайсың жаппар-ақ, Тебіренгейсің тіл мен жақ. Терт ш ә й м а л ы қ дәнге Екі мың теңге болып-ақ* (Қарақ.).

ШӘЙ-МӘЙ (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.) шәй-пай. *Қуыс үйден құр шықпа деген, тым болмаса ш ә й-м ә й ішіп аттаныңдар* (Қ.орда, Жал.).

ШӘЙНЕК[1] (Рес., Омбы) шай қайнататын 3-4 литрлік ыдыс, шәугім.

ШӘЙНЕК[2] (Шымк., Түркіс.) шай шығаратын ыдыс, аққуман. *Ш ә й н е к отта бұрқырап қайнап тұр* (Шымк., Түркіс.).

ШӘЙПІ[1] (Қост., Жанг.) шайпау, ашушаң, ұрысқақ, жанжал шығарғыш. *Оның мінезі жаман, тілі ш ә й п і* (Қост., Жанг.).

ШӘЙПІ[2] (Көкш., Щуч.) шөптің бір түрі, қайнатып түнбасын пайдаланады. Қ. **шәлпи.**

ШӘЙСАНДЫҚ (Маң., Маңғ.; Түрікм., Көнеүр.) шай жабдығын салып қоятын сандықша.

Ыдыстарыңды ш ә й с а н д ы қ т ы ң ішіне салып қой (Маң., Маңғ.). *Ағаш үйдің кіре берісіндегі оң жақта ш ә й с а н д ы қ тұр* (Түрікм., Красн.).

ШӘЙ-СЕКЕР (Орал, Жымп.) шай-қант, шай жабдық. *Ногай Қарғалысындағы қожайыннан ақы төлеп бөлініп, сосын өзі сонда ш а й-с е к е р дүкенін ұстады* (Б. Аманш., «Жұлдыз», 1987, 83, 40).

ШӘЙТ ДЕМЕУ (Қ.орда, Арал) үндемеу, біреуде біреудің жұмысы болмау, қыңқ етпеу. *Әркім өз қалаған жеріне кетеді, ешкім ш ә й т д е м е й д і* (Қ.орда, Арал). Бұл тіркестің алғашқы сыңары Торғай жағында *шәй* деген нұсқада айтылады.

ШӘЙ-ШАМАЛАҚ (Алм., Нар.) шәй-пай, шәй-шапқыт. *Әкем-ау, келген соң Алматыдан ш ә й-ш а м а л а қ ала келмейсің бе?* (Алм., Нар.).

ШӘЙШӨП (Қар., Қарқ.) шайға түсі ұқсас жапырақты шөп.

ШӘЙЫМҒА КЕЛТІРМЕУ (Қарақ.) шыдатпау. *Ыбырай ойнаған екен, бізді ш ә й ы м ғ а к е л т і р м е д і* (Қарақ.).

ШӘЙІР (МХР) сағыз. *Ш ә й і р шәйнәп жүрегім қарайып тұр* (МХР).

ШӘККІ[1] (Шымк., Қызылқ.; Қ.орда, Арал) нашар, онімсіз. *Мақтамыз ш ә к к і болған жоқ* (Шымк., Қызылқ.).

ШӘККІ[2] (Шымк., Тұлк.) сүзбе.

ШӘКСІЗ (Сем.: Кокп., Ақс.) құмансыз, шүбәсіз, кәміл, қалтқысыз. *Нағима айтса, ш ә к с і з сенуге болады* (Сем., Көкп.).

ШӘКІРӘ (Павл., Үрлі.) жас лақ. *Жаңа туған ш ә к і р ә енесінің соңынан зорға еріп келеді* (Павл., Үрлі.). Ересектеу лақты Торғай жағында *шікірә* дейді.

ШӘЛДУАР (Маң., Маңғ.) шалдуар, ерке тотай. *Бір ауылдың балаларына түгел әлімжеттік жасап үйренген ш ә л д у а р баладай кекірейе қарайды* (**Ә**. Кекіл., Құс қан., 50).

ШӘЛДҮРІШ (Маң., Маңғ.) сөзі, ісі тиянақсыз (адам туралы). *Айтқан сөзінде тұрмайтын сол ш ә л д ү р і ш немеңді қойшы* (Маң., Маңғ.). Қ. шәлтіріш.

ШӘЛДІРЕКТЕНБЕУ (Сем., Абай; Тау., Қош.; Шыг. Қаз., Больш.) беталды, жауапсыз сөйлемеу. *Оныңа айтып қой, ш ә л д і р е к т е н б е й тыныш жүрсін* (Сем., Абай).

ШӘЛЕП-ШӘЛЕП (Ауғ.; Ир.) амалдапилалап. *Иран қайтқанда болса дәнділеніп* (сандалып) *қалдық, сонырақ ш ә л е п-ш ә л е п гөз араң* (тіршілік) *қылдық* (Ир.).

ШӘЛКЕ (Рес., Астр.) қамыт, шлия. *Арқан бар, парамға ш ә л к е г е жарайды* (Рес., Астр.).

ШӘЛКЕМ (Жамб., Шу) қате, жаңсақ, жаңылыс. *Ш ә л к е м сөз кісіге әбүйір бермейді* (Жамб., Шу).

ШӘЛКЕМДЕУ (Шымк.: Мақт., Арыс) егіннің бауын бір жерге жинау. *Ол үй бауларын ш ә л к е м д е п қойыпты* (Шымк., Мақт.).

ШӘЛКЕМ САЛУ (Шымк., Арыс) егіннің бауларын басын түйістіріп жинау. *Егіннің бауларын ш ә л к е м с а л ы п жинап қойды* (Шымк., Арыс). Осы тіркес Жамбыл облысының кей жерлерінде *шәркем салу* деген үлгіде айтылады.

ШӘЛКІ[1] (Гур., Есб.) шәлкес, қырсық мінез, қыңыр. *Өзің абай бол – мінезі ш ә л к і адам* (Гур., Есб.).

ШӘЛКІ[2] (Гур., Тең.) арқан. Жағаға тоқтағанда қайықты байлайтын орын. *Ол ш ә л к і тастады. Ш ә л к і н і тартып байлады* (Гур., Тең.). Орысша *чалка*.

ШӘЛПИ (Қост., Фед.) шоптің бір түрі, суға қайнатып түнбасын пайдаланады. Қ. шәйпі[2].

ШӘЛТІК[1] (Алм., Қарат.) бойы аласа, тапал.

ШӘЛТІК[2] (Өзб.) нәзік, әлсіз.

ШӘЛТІРІШ (Гур., Бақс.) шәлкес, қыңыр (адам туралы). *Өзінің ш ә л т і р і ш т і г і н білмей көрінгенге соқтығады* (Гур., Бақс.). Бұл соз кейде *шәлтүріш* деген дыбыстық нұсқада да айтылады: *Ханның қолтығының астына өңкей бір күзеген текедей тар шалбар киген ш ә л т ү р і ш оқыған жас төрелер дүмеп алды* (Б. Аманш., «Жұлдыз», 1987, №3, 33). Қ. шәлдүріш.

ШӘЛІК (Гур., Бақс.; Маң., Маңғ.) теңіздің жағасындағы суға сұғына кіріп тұрған құрғақ жер, жал, кейде жағадан бөлініп аралшық болып қалады, кейде түбек сияқтанып жағамен жалғасып жатады.

ШӘМБЕ (Қ.орда, Арал) қайнатқан шайдың қалған қалдығы. Бұл сөздің әр өлкенін қазағының тілінде айтылатын *шама, шамба, сама, сәме* секілді фонетикалық нұсқалары бар.

ШӘМБІЛ (Қарақ.) құс етінен ішіне картоп салып, қою-сұйығы бірдей қуырылып жасалатын сорпа.

ШӘНШӘР ҮЙ (МХР) киіз үйдің қазан жағына тігіп қоятын тік уықты, сүйір төбелі кішкене қосалқы киіз үй. *Ш ә н ш ә р ү й г е арқан, жіп артық жүк қойылады* (МХР).

ШӘНШУ (Қост., Жанг.) шаншу, түйреу. *Қолындағы шыбықты қарға ш ә н ш ы п жатыр* (Қост., Жанг.). *Еркек кіндіктіні кәрі-жасына қарамай найзаға ш ә н ш і п келе жатыр* (Қ. Жүм., «Жүлдыз», 1988, №4, 31).

ШӘНІК (Түрікм.: Ашх., Гяу., Тедж., Мары, Байр., Таш., Көнеүр.) оріктің сүйегі. *Қарасөнә, баланың ауызында ш ә н і к бар* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *шәнік* жемістің сүйегі (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ШӘҢГЕ[1] (Қост.: Семиоз., Фед.) арасына ет салып табаға көмген нан.

ШӘҢГЕ[2] (Көкш.: Еңб., Щуч.) иректірек болып сырма боранна кейін түскен шиыр кар. *Қыста ш ә ң г е жүргізбейді* (Көкш., Еңб.).

ШӘҢГЕК[1] 1. (Өзб.) дүкендегі ет іліп коятын басы кайырылған темір. 2. (Қарақ.) айыр не ашасы бар ағаш. 3. (Қарақ.) майдашүйде заттарды іліп қою үшін қабырғаға не үйдің төбесіне бекітілген, қозғалып тұратын ағаш. *Ш ә ң г е к т і ң ілгеіне ыдыс-аяқ, шелек, себеттерді іліп қояды* (Қарақ.).

ШӘҢГЕК[2] (Қарақ.) базардағы ет сататын дүкен. *Ш ә ң г е к т е ет қалып па еді. Сиырымды осы базар ш ә ң г е к к е өткізейін деп едім* (Қарақ.).

ШӘҢГЕР (Рес., Орын.) ерте туған лақ. *Ш ә ң г е р д і кейде қодыран лақ деп атайды* (Орын., Бор.).

ШӘҢГІЛ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта; Қарақ.) кружка. *Ш ә ң г і л д і бере тұр* (Түрікм., Көнеүр.).

[Қарақалпакша *шәңгил* асқабақ қабығынан жасалған ожау (Карак.-рус. сл., 1958)].

ШӘҢГІЛДЕК (Рес., Орын.) аспа бесік. *Ей, қыз, ш ә ң г і л д е к к е салып тербет мынаны!* (Орын., Ад.). *Ш ә ң г і л д е к к е салып тербеткен баланы* (Орын., Бөр.).

ШӘҢГІЛІК (Қ.орда, Қарм.) жігітшілік. *Жасы келсе де ш ә ң г і л і г і басылмаған адам* (Қ.орда, Қарм.).

ШӘҢГІШ//ШӘҢКІШ (Сем.: Аяг., Ұрж.; ҚХР) жемісті, миуалы өсімдік. *Біздің жеріміз-де де ш ә ң г і ш өсімдік болады* (Сем., Ұрж.).

ШӘПШӨР (Орал, Чап.) сандал сияқты аяқ киім.

ШӘПІК (Түрікм., Таш.) шәркей, өкшесіз жеңіл аяққиім. *Ш ә п ш і г і ң д і сыртылдатпай қызметіңді тез айтшы* (Түрікм., Таш.).

ШӘР (ҚХР) қала. *Сені ш ә р д е н келді деп естіп едім* (ҚХР). *Шәр* сөзі қала мағынасында Жамбыл облысының аудандарында да айтылады.

ШӘРБАҚА (Қ.орда, Қарм.) суда жүретін майда бақа.

ШӘРГІЛТІК (Рес., Астр.) кішкентай. *Ш ә р г і л т і к адам гой, кішкене гана* (Рес., Астр.).

ШӘРЕПКЕЛЕУ (Жамб., Жуа.) егілген нәрсенің түбін босату, қопсыту, жұмсарту. *Қызылшаның арасын ш ә р е п к е л е п жүрмін* (Жамб., Жуа.).

ШӘРКЕ (Қар., Қарқ.; Қост., Жанг.; Жезқ., Ағад.; Павл.: Леб., Майқ., Үрлі.; Көкш.: Еңб., Щуч., Уәлих.) ірі қараның терісінен жасалған өкшесіз жеңіл аяққиім, көбіне шөп шапқанда, т.б. жұмысқа киеді. Қ. шәркей, шоқай, шарық.

ШӘРКЕЙ (Алм.: Жам., Қаск.) ірі қараның иленбеген терісінен жасалған өкшесіз жеңіл аяққиім. *Ш ә р к е й і м д і майлап қойсам, ит алып кетіпті, қамыс шабуға не киерімді білмей отырмын* (Алм., Жам.).

ШӘРКЕС (Сем.: Абай, Шүб.) шәлкес (мінез туралы).

ШӘРМЕШ (Көкш., Щуч.) үрлық істейтін адам.

ШӘРМІК (Гур., Тең.) қарны шермиген. *Бәйгеге қосамыз деп жүрген солақпандай айгырдың қайдағы бір ш ә р м і к қарын биеден оза алмаганы ақылына сыймаса керек* (Ж. Нәжім., Ақ шаң., 64).

ШӘРПІ (Сем., Больш.) мойын орағыш. *Аудандағы дүкендерде ш ә р п і бар* (Сөм., Больш.).

ШӘРТ (Қарақ., Қоң.) шарт. *Екі колхоз бірімен-бірі ш ә р т жасасты* (Қарақ., Қоң.).

ШӘРТЕК (Өзб., Бүх.) шартақ, адам бойынан биік төрт бағанаға арқалықтар тастап, үстін қамыспен жапқан айналасы ашық баспана. *Ш ә р т е к т і көбінесе күннен қорғану үшін пайдаланады* (Өзб.).

ШӘРТІК (Орал, Қара.) шартық, қортық. *Қожаң мен ана ш ә р т і к төреңді айтам* (Б. Аманш., «Жүлдыз», 1987, №3, 51).

ШӘРШӘУ//ШӘРШЕУ (Сем.: Аяг., Ақс., Көкп., Абай, Шүб.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) шаршау. *Сен бүгін ш ә р ш е г е н шығарсың* (Сем., Көкп.). *Ш ә р ш ә г ә н жоқсың ба?* (Сем., Аяг.).

ШӘРШІ 1. (Шығ. Қаз., Больш.) шаршы. 2. (Көкш., Щуч.) ак матадан істелген басқа тартатын төрт бұрышты орамал.

ШӘРІМ (Талд., Панф.) сыйымдылығы екіүш литрлік ыдыс.

ШӘРІМ ЖЕР (Қ.орда, Арал) шөбі шүйгін, отты жер. *Бұзаулар ш ә р і м ж е р д е жайылып жүр* (Қ.орда, Арал).

ШӘТЕК (Өзб.) ауыртпақ, кергі қауғаны суға батыру және керіп түру үшін қолданылатын темір.

ШӘТЕН (Қарақ.) қозы, лақты қамайтын кішкене қора.

ШӘТКІ (Гур., Тең.) жылдам, шапшаң. *Ол бір өзі ш ә т к і жігіт екен гой, кім білген* (Гур., Тең.).

ШӘТІН (Гур., Есб.) кісі бойы қол ұсыным (ұзындық, тереңдік, биіктік өлшемі). *Ұзындығы жетпіс ш ә т і н ауымыз бар* (Гур., Есб.).

ШӘУГЕН (Маң., Маңғ.) шәугім, шай құман, шай қайнататын шүмекті металл ыдыс. *Бір ш ә у г е н шәйга шалымыз екеуіміз қанбай қаламыз* (Маң., Маңғ.).

ШӘУГІМ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) кішкене қазан. *Сүт пісіруге керек болған соң, базардан ш ә у г і м сатып алдым* (Түрікм., Көнеүр.).

ШӘУЕН (Маң., Маңғ.) кішкене қазан. *Ш ә у е н і м бос емес, ішінде тамақ тұр* (Маң., Маңғ.). Бұл – орыс тіліндегі *чугун* сөзінен дыбыстық жағынан озгерген түрі.

ШӘУЕШЕК (Тау., Түр.) шұңғыл аяқ (ыдыс).

ШӘУКЕНШЕК (Шымк., Мақт.) шұңғыл кішкентай табақ.

ШӘУКІЛДЕК (Орал, Қара.) үзақ, үзақ қарға. *Ш ә у к і л д е к келсе, жаз болады* (Орал, Қара.).

ШӘУКІЛДЕУ (Қарақ., Мой.; Қ.орда, Арал) дүпілдеу, лүпілдеу. *Ол баланың жүрегі келінді көргенде ш ә у к і л д е п тұрады* (Қарақ., Мой.). *Жүректері ш ә у к і л д е п, балалар айта алмады* (Қ.орда, Арал).

ШӘУЛЕ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Түрікм.: Тедж., Байр., Таш., Көнеүр., Тахта, Ашх.) күріштен жасалған тағам (майы, еті аздау болып келеді). *Қазақтар да ш ә у л е г е үйренді* (Түрікм., Ашх.). *Сыргүріш жасаймын деп ш ә у л е етіп алдым* (Қ.орда, Сыр.).

[Түрікменше *шүле* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *шәуле* (Карақ.-рус. сл., 1958)].

ШӘУЛІ[1] (Жезқ.: Жез., Ағад.) бүркіттің балапаны. *Асырап отырған ш ә у л і с і қанаттайын депті* (Жезқ., Жез.). *Бүркіттің ш ә у л і с і н асырап отыр екен* (Жезқ., Ағад.).

ШӘУЛІ[2] (Шымк., Түркіс.) еттің нанын сүзіп алатын темір қалақ. *Мен ш ә у л і н і қаладан ізденп таба алмай келдім, келсем, ауылда жатыр екен* (Шымк., Түркіс.).

[Ұйғырша *чойла* шыбықтан тоқылған түшпара сүзетін ожау тәрізді құрал]. Қ. **шаулы**.

ШӘУП-ШӘУП (Орал, Жән.) сиыр малын суарғанда айтылатын шақыру одағайы. *Құдық басында сиырын ш ә у п-ш ә у п деп суарып тұрған кім болды екен?* (Орал, Жәи.).

ШӘУШИГЕН (Жамб., Жуа.) шәутиген, кішкентай. *Ш ә у ш и г е н бетіндегі үлкен аузы томпайып шыға келді* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 192).

ШӘУІМ (Түрікм.: Таш., Тахта, Көнеүр.; Гур., Маңғ.) түбі тікше келген кішкене шойын қазан. *Соған бола қазан котермей, ш ә у і м г е ассаң да болады* (Түрікм., Көнеүр.). *Ш ә у і м н і ң қақпағы өзіне лайық* (Гур., Маңғ.).

ШӘУІШ[1] (Гур., Тең.; Маң., Шевч.) жүқа қабыршақ мүз, су жағасыида жаңа ғана іліккен мүз, жаңа ғана қатқан, қата бастаған мүз. *Ш ә у і ш жүрді, ш ә у і ш болса, балық шогырланады, ауга балық коп түседі* (Ж. Досқ., ҚТЖЕ, 11). *Күз түсіп озенге ш ә у і ш жүре бастағаннан бері бұл үнге біздің құлагымыз үйреніп те болған-ды* (**Ә**. Сәр., Тол. туғ., 321). Торғай жағында қар жаумай түрған кезде қатқан мүзды *кокше мүз* дейді.

ШӘУІШ[2] (Қарақ.) кішкене қазан. *Мосы шәуіш, плита шәуіш*, т.б. бар.

ШӘШ (МХР) шаш. *Және де әкімдердің созін сойлеп, қамшысын сілтеуші – «алып кел, беріп кел», «атып кел, шауып келге» жымсайтын, «ш ә ш ал десе» бас алатын шабармандары молайды* (С. Тәу., Ақыр Жән., 238).

ШӘШУ (МХР) шашу. *Ш ә ш у г е таласқан жастар опыр-топыр, қыран-топан!* (С. Тәу., Ақыр Жән., 55). *Тұмар бастаған ақ жаулықты аналар ақ дәм ұсынып, шашуын ш ә ш і п, батырлар батасын жаудырып, ақыл кеңес беруде* (С. Тәу., Ақыр Жән., 332).

ШЕБДЕУ (Гур., Мақат) шамалау, долбарлау. *Залда шамамен мың адам бар-ау деп ш е б д е д і к* (Гур., Мақат).

ШЕБЕЛЕНУ (МХР) шабалану (ит). *Таң сөгіліп келе жатқанда, ит ш е б е л е н г е н соң далага шықтым* (МХР).

ШЕБИ (Жезқ., Ағад.) шоже, тауықтың балапаны. Бұл соз осы мағынада коп жерде *шіби* деген үлгіде айтылады.

ШЕБІК[1] **1.** (Қост.: Жанг., Жітік.) тамақты аз ішетін адам. *Жанымдағы кісі де бір ш е б і к адам еді* (Қост., Жітік.). *Тамақ ішпейсің, өзің ш е б і к екенсің гой* (Қост., Жанг.). **2.** (Қост., Жанг.; Орал, Қазт.; Ақт., Жүр.; Қарақ.) арық, жүдеубас, жадау, нәзік, өлсіз. *Мына бала ш е б і к, тіпті жүдеу екен* (Қост., Жанг.).

Қайдағы ш е б і к шыбықтарды жинап келіпсің, неге жарайды олар (Қарақ.).

ШЕБІК[2] **1.** (Шымк., Мақт.) желімдеп жасалған жұқа тақтай. *Ол ш е б і к өкелуге кетті, ш е б і к жәшік жеңіл болады гой* (Шымк., Мақт.). **2.** (МХР) фанера. *Шәнді ш е б і г і м е н алды* (МХР).

ШЕБІЛ (Гур., Есб.) жол, қара жол. *Жері тегіс емес, ш е б і л д е н шығарсаң-ақ арба сынады* (Гур., Есб.).

ШЕГАРА АЖЫРАТУ (ҚХР) байланысты үзу, ат ізін салыспау, барыс-келіс жасамау, жауласу.

ШЕГЕ (Түрікм.: Ашх., Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары, Байр.; Қарақ., Тақт.) құм, құмды жер. *Аяқ бассаң, айналаның бәрі тау-тау ш е г е* (Түрікм., Байр.). *Қара ш е г е қатса, тас болар* (Қарақ., Тақт.).

ШЕГЕГӨЗ (МХР) тағаның шеге қағатын тесігі. *Сен соққан тағаның ш е г е г ө з і тар боп қапты* (МХР).

ШЕГЕ ҚҰЙМА (МХР) құйманы белбеуге қадап орналастыратын құйманың шегесі.

ШЕГЕ ҚҰМ (Қ.орда, Қарм.) ақ қиыршық құмдақ топырақ. *Там салуға ш е г е қ ұ м да жарайды* (Қ.орда, Қарм.).

ШЕГЕЛДЕК (Алм., Жам.) теміртікен. *Етігіңді киіп ал, аягыңа ш е г е л д е к кіріп кетпесін* (Алм., Жам.).

ШЕГЕЛЕҢ ЖЕР Қ. тезап жер.

ШЕГЕЛІ ӨГІЗ (Қ.орда, Арал) жеңіл жүру үшін бақайын тағалаған өгіз. *Ш е г е л і ө г і з жүк тартуға қолайлы* (Қ.орда, Арал).

ШЕГЕНЕ[1] (Рес., Орын.) шағын, аз. *Басымыз көп емес, ш е г е н е, алған пенсиямыз жетеді* (Орын., Бөр.).

ШЕГЕНЕ[2] (Өзб.) шана тәрізді, дөңгелексіз көбінесе жазда есекке тіркеп пішен таситын сүйреткі.

ШЕГЕНЕЛЕГЕН (Алм.: Кег., Шел.) аздаған, бірлі-жарым, болар-болмас. *Қолына қыста ш е г е н е л е г е н гана мал ұстайды* (Алм., Кег.).

ШЕГЕН ҚОРА (Қ.орда, Арал) екі жағы балшықпен сыланған қамыстан жасалған қора. *Есіктің қақ кезінде ылгида қамысы, сабаны шашылып қолбырап жататын ш е г е н қ о р а* (Ж. Нәжім., Кішк., 24).

ШЕГЕНШЕКТЕУ (Сем.: Абай, Шүб.; МХР) шегіншөктеу. *Оқы десе кежегесі кері тартып, ш е г е н ш е к т е й д і* («Ж. талап», 1979, №3, 15). *Енді семіздікті қойдан басқа көтермес дегендей, сырттап сырғақтай ш е г е н ш е к т е й жүргендей* (С. Мағ., Сүмбіле, 38).

ШЕГЕ-ШЕГЕ (Қ.орда, Арал) жүйе-жүйе, рет-реті. *Ол сөзді қашан да ш е г е-ш е г е с і м е н айтатын адам* (Қ.орда, Арал).

ШЕГУ[1] **1.** (Маң., Маңғ.; Гур.: Есб., Тең.; Рес., Сарат.) таразыға тарту, өлшеу. *Салмағын байқағың келсе, шеккіге* (к.) *ш е г і п көр* (Маң., Маңғ.). *Ләпкеші затты складтан ш е г і п алады* (Рес., Сарат.). Жайық бойы қазақтарында да бұл сөз айтылады. **2.** (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Ашх., Гяу., Таш., Көнеүр., Тедж., Байр., Мары; Гур.; Орал: Чап., Жымп.) қою, салу, өлшеу, тарту, т.б. *Колхоз бастық қол ш е к к е н* (Түрікм., Тедж.). *Бұл бала сурет ш е к к і ш* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *чекмек* (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *чекмоқ* (Узб.-рус. сл., 1954); қарақ. *шек* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ШЕГУ[2] (Гур.; Маң., Маңғ.; Сөм.: Аяг., Кокп., Ақс.; МХР) жегу, ат жегу. *Атты арбаға ш е г і ң д е р, тезірек аттанайық* (Сем., Көкп.). *Жылқыны әуелде Арқа жағы, базарлы е л ш е к т і, біздің е л ш е г у д і көпке дейін білген жоқ* (Маң., Маңғ.).

ШЕГУ[3] (Алм., Жам.) жегу, жұмысқа жіберу, қызметке тағайындау. *Ана жылы біздің баланы да Талдықорганга жұмысқа ш е к к е н* (Алм., Жам.).

ШЕГІЛТЕК (Маң., Маңғ.) қурап, кеуіп қалған, қаудыраған шөп. *Жаңбыр болмаған соң, даланың шөбі ш е г і л т е к* (Маң., Маңғ.).

ШЕГІМ[1] (Тау., Қош.) шейін, дейін. *Біз істің мәніне соган ш е г і м түсінбеппіз* (Тау., Қош.).

ШЕГІМ[2] (Қарақ.) шегара. *Совхоздың ш е г і м і осы арага дейін жетеді* (Қарақ.).

ШЕГІНШЕК (Маң., Маңғ.) түйе ауруының бір түрі. *Ш е г і н ш е к болган түйе жүре алмай шегіншектеп тұрып алады* (Маң., Маңғ.).

ШЕГІРЕН (Көкш.: Щуч., Еңб.) оң жағы гүлді, түкті, теріс жағы тықыр мата. Көбіне есікке перде істеуге тұтынады. Бұл орыс тілінде қолданылатын *шагрень* сөзімен астарлас сөз болу керек, орыс тіліндегі *шагрень* – былғарының жұмсақ түрі.

ШЕГІРШІН (Рес., Орын.) қатты, биік ағаш. *Мына көшелерге терек ектіріп жатыр екенсің, ш е г і р ш і н і және бар. Мұқит көзін сәл қыса тұсіп біреулері қараган мен ш е г і р ш і н е н ұкі тағынып, багзы біреулері ақ терек, көк теректерді басына әуелете көтерген болашақ көшелерді елестетті* (Ғ. Сл., Шалқ., 91).

ШЕДІРЕН (Рес., Омбы) бір жағы тықыр, өкінші жағы оюланған мата. Орысша *декоративная ткань*.

ШЕЖ (Гур., Есб.) мұздың астына құратын аудың бір түрі. *Мұз қатқан кезде балықты ш е ж б е н ұстаймыз. Біздің звено қыста жеті ш е ж б е н балық аулады* (Гур., Есб.).

ШЕЖДЕ ҚЫЛУ (Қ.орда, Арал) намаз оқу, құдайға құлшылық ету. *Ш е ж д е қ ы л ы п ығланбаған сол оңбаганды қойшы* (Қ.орда, Арал).

ШЕК[1] (Шымк., Мақт.) қамыттың шұжығы. *Қамыттың ш е г і созылып кетіпті гой, аттың мойнын қажап жүрмесін* (Шымк., Мақт.).

ШЕК[2] (Түрікм.: Красн., Небид., Құмд., Ашх., Гяу.) мүмкін, ықтимал. *Мынаның ылақ шығаруы ш е к, байқаң* (Түрікм., Гяу.). *Соган қарағанда таныс досы болуы ш е к* («Қарабұғаз.», 15.08.1937).

[Түрікменше *чак* мүмкін, ықтимал (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ШЕК[3] (Түрікм.: Таш., Окт.) өте көп білетін, әр нәрседен хабары бар адам. *Оның білмейтін әңгімесі жоқ, өте ш е к адам* (Түрікм., Таш.).

ШЕК[4] (Орал, Жән.) кез. *Осы ш е к к е дейін жетістіре алмады* (Орал, Жән.).

ШЕКЕ (Маң., Маңғ.) шеше, әже. Көбіне үлкен жастағы әйел адамға қаратпа сөз ретінде қолданылады. *Ш е к е, шөліркеп қалдық, шұбатыңыз болса құйып жіберің* (Маң., Маңғ.). Бұл – *шешеке* деген создің қысқарған түрі болу керек.

ШЕКЕДЕН ШЫҒУ (Шымк., Түлк.) миды ашыту.

ШЕКЕЙІН (Павл., Баян.; Жезқ.: Ұлы., Жез.; Кокш., Еңб.; Қост.: Тоб., Ордж.; Павл., Горьк.; Тау., Қош.) шейін, дейін. *Машина Қаракеңгірге ш е к е й і н барады* (Жезқ., Ұлы.). *Екеуіміз ауылга ш е к е й і н бірге барайық* (Қост., Тоб.). *Күн кәзір жаумаса да кешке ш е к е й і н бір жауар* (Павл., Баян.). Қ. шекті, шекім.

ШЕКЕ ҚАРАУ (ҚХР) тәкаппарлана қарау, менсінбей қарау, қораздана айбарлана қарау.

ШЕКЕЛДІК (Жамб., Тал.) жүгеннің кекілдігі, кекіл бастырғышы. *Атыңның жүгенінің ш е к е л д і г і жоқ екен* (Жамб., Тал.).

ШЕКЕМ (Түрікм.: Таш., Конеүр.) дейін, шейін. *Уақыт сірә кеш болган соң, олар бізді үйге ш е к е м мәшінмен жеткізіп салды* (Түрікм., Таш.).

ШЕКЕМ БОЛУ (Қост., Тоб.) сақтану, сақ болу. *Асылбек, сенің сөзіңнің түрі жақсы емес, біреуді кемітпе, кекете сөйлейсің, сенен ш е к е м б о л у керек қой* (Қост., Тоб.).

ШЕК ЕМЕС (Алм., Ұзын.) мәз емес, айтарлықтай емес. *Биылгы күнделігіміз, тегі, ш е к е м е с* (Алм., Ұзын.).

ШЕКЕМ ҚОРАЗДАНУ (Шығ. Қаз., Тарб.) шікірею, мардымсу. *Сен ш е к е м қ о р а з д а н б а. Тым ш е к е м қ о р а з д а н а берме* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ШЕКЕМТАС (Шымк., Түркіс.) бес таспен ойнайтын ойын, қақпатас.

ШЕКЕНЕ (Түрікм.: Тедж., Байр., Мары, Таш., Көнеүр.) жеке меншік мал. *Ш е к е н е малдарды адам қойып бақтырмалы* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *чекене* малдың аз ғана тобы (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ШЕКЕНКІ (Қарақ.) мақта түйнекті көп беру үшін өсіп келе жатқан сабағының үшын қырку.

ШЕКЕР ҚАЙШЫ (Көкш., Қ.ту) қант қысқыш, қант шағатын құрал. *Үлкен кісінің алдына қантты ш е к е р қ а й ш ы м е н шағып қой* (Көкш., Қ.ту).

ШЕКЕРПАРА (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Мары) көк түсті, піскені сыртай белгісіз, көлемі кіші, торларының арасы кең, сыртына шырыны шығып тұратын қауынның бір түрі.

[Өзбекше *шакарпалак* (Узб.-рус. сл., 1959)].

ШЕКЕСІНЕ БАТУ (ҚХР) коп сезілу, артық келу.

ШЕКЕСІНЕН ТЫҢДАУ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн., Тедж.) жүре тыңдау, күлак аспау. *Тіпті айтқан сөзді ш е к е с і н е н т ы ң д а й д ы* (Түрікм., Ашх.).

ШЕКЕСІ ТҮСУ (Шымк., Түлк.) басы қатты ауыру.

ШЕКЕ ТАМЫРЫ ЖІҢІШКЕ (ҚХР) мінезі жаман, ашушаң.

ШЕКЕТУ (Қост., Жанг.) белбеуге, жүген-құйысқанға, ер-тұрман, ат-әбзелге салатын зергерлік әшекей. *Әділдә Сепен, Жалтыр сенің шекең, Белбеуіңде ш е к е т у, іздегенің кекету* (Қост., Жанг.).

ШЕКЕТУЛЕУ (Қост., Жанг.) белбеу, ертұрман, жүген-құйысқан сияқты нәрселерге зергерлік әшекей салу. *Карттың ш е к е т у л і белбеуі әлі бар екен* (Қост., Жанг.).

ШЕКИДЕ (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн., Тедж., Мары, Байр., Таш., Конеүр.) сүзбе. *Базарда ш е к и д е сатушыдан көп зат жоқ* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *чикизе//чекиде* (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ШЕККІ[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Бекд., Жеб., Ашх., Таш., Мары; Орал; Маң., Маңғ.;

Рес., Сарат.) таразы. *Мұны бөлу де қиын, қолда ш е к к і де жоқ* (Түрікм., Мары). *Сатылған продукция кір ш е к к і м е н сатылып келеді* («Қарабүғаз.», 20.04.1937). *Мені ш е к к і г е шегіп қайтесің, етке өткізесің бе?* (Маң., Маңғ.). *Екі ш е к к і м е н бөлген дұрыс қой* (Рес., Сарат.).

ШЕККІ[2] (Жамб.: Жуа., **Шу**, Мер.) теріс, жонсіз. *Ш е к к і емес. Бұл сезің ш е к к і емес* (Жамб., Жуа.).

ШЕККІ[3] (Қарак.) тартпа бау.

ШЕККІЛІ (Түрікм.: **К**расн., Бекд., Небид., Ашх., Гяу., Таш., Мары) салмақты, таразы тартатын. *Колхоздың малы ш е к к і л і келеді, соларды осірген дұрыс* (Түрікм., Мары). *Өсербаевтың бақкан малдары басқа колхоздың малдарымен салыстырып қараганда ш е к к і л і болып шықты* («Жүм-шы», 6.07.1945).

ШЕККІ ТАРТПА//ШЕККІЛІ ТАРТПА (Маң., Маңғ.) айыл, айыл тартпа. *Ш е к к і т а р т п а ң босап кетіпті, қаттырақ тартып ал* (Маң., Маңғ.).

ШЕККІШ (Гур., Тең.) таразышы, безбенші, таразы тартушы. *Інім ш е к к і ш болып бір жыл жұмыс жасады. Балық көп болганда, ш е к к і ш т е р жұмысты күні-түні жасайды* (Гур., Тең.).

ШЕККҰРТ (Қар., Қарқ.) қой, ешкі ауруының бір түрі. *Ш е к к ұ р т болган қой союга жарамайды* (Қар., Қарқ.).

ШЕКПЕН (Гур., Маңғ.) токыма қап. *Ш е к п е н г е тары салу керек* (Гур., Маңғ.).

ШЕКПЕНШЕК (Қарақ.) бес тас ойыны, қақпатас ойыны.

ШЕК ТАСТАУ (Шымк., Арыс) жеребе салу, жеребе тарту.

ШЕКТЕЙІН (Сем., Абай) дейін, шейін. *Жайлауга ш е к т е й і н машинамен баруга болады* (Сем., Абай).

ШЕКТЕМЕ (Қост.: Фед., Семиоз.) талдан тоқып жасалған мал қора, ішіне шөп те жинайды. *Биыл шөп көп болган соң ш е к т е м е н і кең жасадым* (Қост., Фед.).

ШЕКТЕП БЕРУ (Шымк.: Түлк., Сарыағ.) жіктеп, талдап, бөлектеп беру. *Бақшалық егіске бірнеше адамды ш е к т е п б е р д і к* (Шымк., Түлк.).

ШЕКТЕСУ (Тау., Түр.) жанжалдасу, шатақтасу, үрсысып-керісу.

ШЕКТІ (Қост.: Жанг., Жітік.; Сем., Абай; Шығ. Қаз., Зайс.; **Р**ес., Орын.) шейін, дейін. *Сонау су жырган жарга ш е к т і барайық* (Қост., Жанг.). *Оган ш е к т і мынау екеуі осы арадан табылмайды* (М. Әу., Абай жолы, 741). *Тайым күзге ш е к т і жүрсе болды, содан кейін аламын* (Орын., Бөр.). *Осыган ш е к т і мен оны білмейтін едім* (Сем., Абай). *Жүз километрге ш е к т і созылган Ақжазықты Әсет бұрын аралап көрген жоқ* (К. Ораз., Ак жаз., 97). Қ. шекейін, шекім.

ШЕКТІРУ (Түрікм.: Мары, Байр.) созу. *Бұл істі ұзаққа ш е к т і р м е у керек* (Түрікм., Тедж.).

[Түрікменше *чекмек* созу, тарту (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ШЕКУ (Түрікм.: Таш., Кенеүр.) елшеу, таразыға тарту. *Күн бойы терген мақтаны бір ш е к і п алдық* (Түрікм., Кенеүр.).

ШЕКШЕК[1] (Рес., Орын.) ешкі ауруы. *Ешкі ш е к ш е к п е н ауырганда тыпырлап құлайды, оган ем жоқ, бірден пышаққа іліпеді* (Орын., Бөр.). *Шекшек болгыр* – қой, ешкіге айтылатын қарғыс сөз.

ШЕКШЕК[2] (Қ.орда, Арал) шегірткенің кішкене түрі. *Ш е к ш е к – егінге зиянды жәндік* (Қ.орда, Арал).

ШЕКІ (Шымк., Сайр.) ерсі, секет. *Менің айтқаным ш е к і м е?* (Шымк., Сайр.). Қ. шекейін, шекім.

ШЕКІЛДЕК (Сем.: Көкп., Ақс.; **Ш**ығ. Қаз., Зайс.) күнбағыстың дәні, шемішке. *Ш е к і л д е г і ң і з д і ң стаканы қаншадан* (Сем., Ақс.). *Биыл 88 гектар тары, 16 гектар ш е к і л д е к егілген* («Қыз. жүл.», 18.07.1946, №30).

ШЕКІЛДЕУІК (Қ.орда, Қаз.; Ақт., Ырғ.) күнбағыс дәні, күнбағыстың урығы. *Кооперацияга 140 мың пут ш е к і л д е у і к сатады* («Больш. кол.», 1940).

ШЕКІМ (МХР) дейін, шейін. *Кешкі тогызга ш е к і м келіп қалар* (МХР).

ШЕКІРЕ (Маң., Маңғ.) әлпештеген, алаканга салып аялаган ерке (адамға қолданылады). *Осыншама еркелік жасайтындай ол кімнің ш е к і р е с і еді?* Бұл келтірінді мағынадағы сез, негізгі мағынасы: күзге қарай ет алып семірген ірі лақ. Оның жоғарыдағы келтірінді мағынада жұмсалуы Торғай жағында да бар, мұнда ол *шікіре* деген фонетикалық нұсқада айтылады.

ШЕКІРЕЛЕНУ (Тау., Қош.) шекірею, менменсу, дандайсу. *Ол өзі бұрынгыдай емес тіптен ш е к і р е л е н і п қапты гой* (Тау., Қош.).

ШЕКІРТ (Орал, Казт.; Жамб., Сар.) шәкірт. *Ол озінің ш е к і р т і гой* (Жамб., Сар.).

ШЕКІРШЕКТЕНУ (Түрікм.: Таш., **К**онеүр., Тедж., Мары) аямау, ұялту. *Мөстатына* (к.) *кеткен шоферлерді ш е к і р ш е к т е т і п таңқыт* (к.) *қылмаса болмайды* (Түрікм., Тедж.).

ШЕЛ 1. (Түрікм.: Тахта, **К**енеүр., Тедж., Байр.; Қарақ.) атыздың терт жағынан ұзынша

етіліп үйілген топырақ. *Ш е л д і ң міндеті көрші атыздарға су жібермеу* (Түрікм., Тахта).

[Түрікменше *чил* (Туркм.-рус. сл., 1940). Өзбек тілінің жергілікті ерекшеліктерінде *чел шекара, шөп* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *шел* (Карак.-рус. сл., 1958)]. **2.** (Ақт., Ойыл) арықтың құлағы. Егістікке су жіберу үшін әр жерден бұрылған бұрылыс. *Звено мүшелері ерте көктемде двигательді ориатып, жаптар, ш е л д е р сала бастайды* (Ақт., Ойыл).

ШЕЛДЕУ (Шымк., Сайр.) егіске су жіберетін жолдарды, жаптарды, арықтарды қырнап тазалау. *Бұл жерді дұрыстап ш е л д е м е с е, су жүрмейді* (Шымк., Сайр.).

ШЕЛЕК[1] (Алм., Жам.) күбі, жіңішке ағаштан, жуан шыбықтан құрсаулап жасаған сүт тағамдарын қуятын ыдыс. *Ана май шайқайтын ш е л е к т і әперші* (Алм., Шел.).

ШЕЛЕК[2] (Шығ. Қаз.: Марқ., Күрш., Зайс.) күпшек, арба доңгелегінің күпшегі. *Арбаның ш е л е г і қырсауы кетіп, сынғалы тұр* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Арбаның ш е л е г і н е қырсау сал* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ШЕЛЕК ҚАП (Сем., Абай) алашадан жасалған қап. *Колхоз еңбек күнге жиырма ш е л е к қ а п бидай берді* (Сем., Абай).

ШЕЛЕКТІҢ ҚЫЛЫСЫ (Гур., Есб.) шелектің бауы, түтқасы. *Кордің бе, ш е л е к т і ң қ ы л ы с ы үзіліп кетіп, сүтті ақтарып алғанымды* (Гур., Есб.).

ШЕЛМІШ (Шымк., Сарыағ.) жүдеу, арық, әлжуаз (адам туралы). *Ол өзі жастайынан осындай ш е л м і ш кісі* (Шымк., Сарыағ.).

ШЕЛПЕК 1. (Тау., Қош.; Сем.: Көкп., Акс., Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.) етке салынатын жұқалап ысылған қамыр. Бұл сөздің әр жердің қазағында әр түрлі айтылатын: *іңкәл, күртік, құлақ нан, жұқа нан, еттің наны, қайыс нан* дейтін нұсқалары бар. **2.** (Сем., Абай; Қар., Қарқ.; Қост.: Жанг., Аман.) өлген кісінің асына бата оқырына, құдайысына пісірілетін доңгелек жұқа нан (майға куырылады). *Ш е л п е к т е р і н пісіртіп, дастарқандарын жайғызып, бір жеті бойында өз үйлерінде аза қылып отыратын* (М. Әу., Абай жолы, I, 184). **3.** (Алм., Еңб. қаз.) майға пісірілген доңгелек жұқа нан (мұның өліммен байланысты әдетғұрыпқа арнап пісірілуі шарт емес). *Май ш е л п е к к е тойып ал* (Алм., Еңб. қаз.).

ШЕЛПЕКТЕУ (Маң., Маңғ.) қамырды жұқалап жаю, жалпақтау. *Қамырыңды тезірек ш е л п е к т е п жіберіп, қонаққа нан пісіре гой, айнам* (Маң., Маңғ.).

ШЕЛТЕР (Талд.) керосин шамның шыны кигізетін ұясы.

ШЕЛ-ШЕБІР (Қарақ.) атыз-арық, жап. *Қитақтан кішісі ш е л-ш е б і р болып кетеді* (Қарақ.).

ШЕМ (Шымк., Түлк.) көйлек, камзолға тағылатын бағалы зат.

ШЕМДЕУ (Маң., Маңғ.; Гур., Тең.) шамалау, шамамен мөлшерлеу. *Менің ыдысымдағы балық ш е м д е г е н д е 50-60 центнердей болу керек. Ш е м д е п айтқанда мәтнеде 150 центнер балық бар* (Гур., Тең.). Қ. шамдау.

ШЕМЕКІ//ШЕМЕҢКІ (Ақт., Ойыл; Орал: Чап., Жымп.) күнбағыс, шемішке. *Колхоз 10 гектар ш е м е к і екті* (Ақт., Ойыл). *Біздің колхоз тары, күкуруза, бидай, ш е м е к і екті* (Орал, Чап.). Бұл – орыстың *семя, семячко* деген сөзінің өзгерген нұсқасы.

ШЕМЕКІЛЕУ (Гур., Есб.) шемішке шағу, күнбағыс дәнін шағу. *Үйдің ішін әбден ш е м е к і л е п шашып тастапсыңдар гой* (Гур., Есб.). Бұл – шемекі *«семечко»* деген есім сөзден *-ле* жұрнағының көмегімен жасалған етістік.

ШЕМЕҢКІ Қ. шемекі.

ШЕМШЕ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) қасық. *Қонақ етті қолымен жей алмаған соң, алдына ш е м ш е тастадық* (Түрікм., Таш.).

ШЕМІНЕ КЕЛТІРМЕУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) маңайына жолатпау. *Ол біз сияқтыларды ол кезде ш е м і н е д е к е л т і р г е н емес* (Маң., Маңғ.).

ШЕН[1] (Сем., Больш.; Көкш., Еңб.) арба доңгелегінің шеңбері. *Біз шеңберді ш е н дейміз* (Сем., Больш.). *Мен доңгелектің ш е н і н орнатуым керек еді* (Көкш., Еңб.). *Өткен жаз темір дүкенде арбаның ш е н і н тарттырып алғаннан кейін Кузнецовтың кім екенін жорамалдай тура Асқар оған қайтып соқпаған* (С. Мұқ., Таңд. шығ., III, 66).

ШЕН[2] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж., Мары, Ашх.) шама. *Ташауыз ш е н м е н айтқанда бұ йерден 100 километрден артық* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *чен* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *шене* өлшеу (Карак.-рус. сл., 1958)].

ШЕҢДЕУ[1] (Шымк., Қызылк.; Қ.орда, Арал) көбею, молаю, қаптап шығу, өсімдіктің түбінен тармақталып шығуы, осімдіктің сабақтарының көбеюі. *Бұл үзімнің түбі ш е н д е п кетіпті, күзде жақсылап қырқу керек* (Шымк., Қызылқ.).

ШЕҢДЕУ[2] (Алм., Шел.) ілесу, маңайласу, жету. *Олар бізге ш е н д е й алмады* (Алм., Шел.).

ШЕНЕЙ (Алм., Іле) маңай, төңірек. *Ой бағу үшін жайлаудың ш е н е й і н е келіп қондық* (Алм., Іле).

ШЕНИЮ (Жамб., Жуа.) шәнию, шікірею, шекірею. *Жұмысында орындыққа отырғандар шетінен ш е н и г е н кесірлер сияқты көрінеді* (Ш. Мұрт., Қара мар., 291).

ШЕННЕМЕС (Шымк., Мақт.) дұрыс, жөн. *Оның ш е н н е м е с шаруа болған екен* (Шымк., Мақт.).

ШЕНІ (Алм., Қаск.) маңы, маңайы, төңірегі. *Біз, тегі, қамбаның ш е н і н е де жоламаймыз* (Алм., Қаск.). *Сәске түстің ш е н і* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 36). *Қазір кешкі сағат тоғыз ш е н і* (**Б.** Соқ., Жекпе-жек, 155).

ШЕНІНДЕ (Алм., Жам.) өз кезінде, заманында, мезгілінде. *Ш е н і н д е мен жігіт, ол қыз болған, амал ие қазір көрілік келді* (Алм., Жам.).

ШЕНІНЕ АЛМАУ (ҚХР) менсінбеу.

ШЕҢБЕР[1] (Шымк., Түлк.) шоқайдың сыртынан қарға батпау үшін киетін аяқ киім.

ШЕҢБЕР[2] (Гур., Тең.) ағаш үйіндісімен толтырылған брезент. *Балықшылар ш е ң б е р д і суға батпау үшін қолданады. Қалқығыш ш е ң б е р д і тастап, суға түскен кісіні тартып алады* (Гур., Тең.).

ШЕҢБЕРЛЕУ (Гур., Тең.) бекіту. Аудың торын шеңберлеу, оны шыбыққа шеңберлеп қою (қабадан ауы туралы). *Қабаданның шеңбер ағашы болады. Оны шыбық, талдан істеп, тормен ш е ң б е р л е й д і* (Гур., Тең.).

ШЕҢГЕК[1] (Шымк., Мақт.) ет жаю үшін ағаштан, я темірден жасалған сөре. *Жеңеше, үйіме кісі кеп қап еді, ш е ң г е к т е іштеңеңіз қалған жоқ па еді?* (Шымк., Мақт.).

ШЕҢГЕК[2] (Қарақ.) үйдегі ондай-мұндай заттарды іліп қоятын аша ағаш немесе ілгек темір.

ШЕП[1] (Қост.: Фед., Семиоз.) талдан я қамыстан жасалған мал қора. *Малды ерте өргізейік, ш е п т е жас төлдері қалып қоймасын* (Қост., Фед.).

ШЕП[2] (Қарақ., Тақт.) сол жақ. *Ш е п к е айда мәшинеңді, ш е п к е айда. Біразырақ жүрген соң ш е п жағыңнан қасқайған қара жол шығады, соған түсіп ал да, тарта бер* (Қарақ., Тақт.).

ШЕП[3] (Қарақ.) теріс. *Бұл сөзімді ш е п демес, ақылы толық милы адам* (Қарақ.).

ШЕП ҚОЛ (Қарақ.) **1.** ештеңеге ебі жоқ адам. **2.** сол қол.

ШЕПТАС (Алм., Шел.) шектес, іргелес. *Біз отырған колхоз үйғырлармен ш е п т а с боп келеді* (Алм., Шел.).

ШЕПТЕУ (Қар., Қарқ.) дөңгелекті күрсаулау, дөңгелекке күрсау салу. *Доңгелегіңнің темірі сылқылдап қапты, ш е п т е п алмайсың ба?* (Қар., Қарқ.).

ШЕПШЕР (Түрікм.: Красн., Бекд., Қулы., Қиян., Небид.) үйге киетін өкшесіз аяқ киім. *Үйде жүргенде аягыңа ш е п ш е р д і неге кимейсің?* (Түрікм., Бекд.). **2.** (Гур., Маңғ.) көннен жасалған кебіс тәрізді аяқ киім. **3.** (Қарақ.) илеусіз түзға піскен тері, көннен жасалған аяқ киімнің сыртынан киетін қорғаныш. Шепшерді кейде *шарық* деп те атайды.

ШЕПІК[1] (Түрікм.: Красн., Бекд., Алт., Небид., Құмд., Ашх.; Маң., Маңғ.) тек табаны ғана бар, аяққа тікен кірмес үшін жасалған аяқ киім. *Ш е п і к т і башпай арасына жіппен байлап тұрғызады* (Түрікм., Бекд.).

[Түрікменше *чепек* сандал тәріздес қолдан жасалған аяққиім (Туркм.-рус. сл., 1940)].

ШЕПІК[2] (Шымк., Мақт.; Алм., Еңб. қаз.) арша тақтай, желімдеп жасалған жұқа тақтай. *Стансадан ш е п і к алып келу керек еді* (Шымк., Мақт.). Қ. шебік[2].

ШЕПІК[3] (Қ.орда, Арал) әлсіз, нәзік, ілбиген. *Жаңа туған лақ малдың ішіндегі ш е п і г і* (Қ.орда, Арал). *Кәзір нағыз ш е п і к ... ақ уыз шағы гой* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 64).

ШЕР[1] (Маң., Маңғ.; Шымк., Мақт.) ер жүрек, қайратты, жүректі, батыл. *Молдағали – ш е р жігіт* (Маң., Маңғ.).

ШЕР[2] (Ауғ.; Ир.) жұт, жұттың қызыл түсті түрі.

ШЕРБЕК[1] (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш., Қатон.) жуан ағаш кесетін екі түтқалы үлкен ара. *Екі адам ш е р б е к п е н қарағай кесетін едік* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ШЕРБЕК[2] (Қост.: Фед., Семиоз.) себет, шыбықтан тоқылған үлкен қорап. *Малдың қиын қыста ш е р б е к к е салып шығарамыз* (Қост., Фед.).

ШЕРЕ[1] (Орал: Казт., Орда, Чап., Жымп., Жән.; Гур., Есб.) желімдеп жасалған жұқа тақтай. *Ш е р е жәшік жеңіл болады* (Орал, Казт.). Қ. шебік[2], шепік[2].

ШЕРЕ[2] (Қ.орда, Арал) жәшік. *Бір ш е р е шай қайда кетті* (Қ.орда, Арал).

ШЕРЕБЕ (Түрікм.: Красн., Ашх., Гяу., Ани., Тедж.) түздық, тұзы ащы тағам. *Тұзды үйіп салып ш е р е б е қып қойыпты* (Түрікм., Ашх.).

ШЕРЕМ ҚАЛУ (Сем., Абай) жыртылған жердің арасында жай қалып қою. *Трактористерге жерді ш е р е м қ а л д ы р м а ң д а р деп жиі айтамын* (Сем., Абай). Торғай жағында мұны *шұй қалау* дейді.

ШЕРКЕШ БӨРІК (Маң.: Маңғ., Шевч.) жиегі қатырмалы ерлер киетін биік елтірі бөрік. Қ. тік бөрік.

ШЕР КҮШТІ (Көкш., Қ.ту) жетім қозы.

ШЕРҚҰРТ (Маң.: Маңғ., Шевч.) қой ауруының бір түрі. *Ш е р қ ұ р т болған қой ет алмайды* (Маң., Шевч.). *Ш е р қ ұ р т болған қой әзір жоқ. Ш е р қ ұ р т боп ауырған қозы шерміш болып өспей қалады* (Маң., Маңғ.).

ШЕРЛІК (Маң., Маңғ.) ер жүрек, қайраттылық. *Молдагали шер жігіт, ол армияда да ш е р л і к жасады* (Маң., Маңғ.).

ШЕРМАШ//ШЕРМЕШ (Қост.: Об., Семиоз.; Көкш.: Қ.ту, Щуч.) кісі тонаушы, қалтаға түсетін ұры.

ШЕРМЕНДЕ (Маң., Маңғ.) кісіні ұнатпағандықты, жақтырмаушылықты білдіретін кейіс сөз. *Ол бір жүрген ш е р м е н д е. Әй, ш е р м е н д е. О, құдайдың ш е р м е н д е с і. Қайда жүрсің көрінбей?* (Маң., Маңғ.).

ШЕРМІК (Гур., Бақс.) қампиған, торсиған (адамның қарны туралы). *Енесі де құлыны тәрізді бөрте буырыл, бірде-бір айыл жетпейтін ш е р м і к қарны бар* (Ж. Нәжім., Ақ шаң., 219).

ШЕРМІН (Қост., Об.) жауыз, арамза. *Өршеленген жұман ш е р м і н: «Өлтір, құнын береміз» – деді* (Б. Майл., Шың., II, 147).

ШЕРМІШ 1. (Тау., Қош.) кішкене адам. *Асқар дегеніміз анау ш е р м і ш кісі емес пе?* (Тау., Қош.). 2. (Сем.: Абай, Көкп., Ақс.; Маң., Шевч.) қарны қампиып, жүре алмай қалған, ауру, мешел бала. *Ол ш е р м і ш болыпты гой* (Сем., Абай).

ШЕРМІШТІК (Қ.орда, Арал) құлық, сұмдық, арамдық. *Анада сенің ш е р м і ш т і г і н і ң зарын тарттым* (Ә. Нүрп., Курл., 122).

ШЕРТ (Тау., Қош.) серт.

ШЕРТЕК I. (Түрікм.: Тахта, Таш., Көнеүр.) үйдің кіре берісіне көлеңке түсу үшін жалғастырып салған, тек төбесі ғана жабық құрылыс. *Тона, ш е р т е г і бар жай біздікі* (Түрікм., Көнеүр.).

[Өзбекше *чордоқ* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *шертек* үйдің шатыры мен төбесінің арасындағы бос орын (Рус.-қарақ. сл., 1967). Орыс тілінде қолданылатын *чердак* сөзі осы сезбен төркіндес]. 2. (Қарақ.) үсті жабылған жан-жағы ашық, жаз айларында күннің ыстығында отыратын жер.

ШЕРТЕШНІК (Ақт., Ойыл; Орал, Қара.) арбаның кіндік темірі. *Ш е р т е ш н і к к е жуан темір керек* (Ақт., Ойыл). Бұл – орыстың *сердечник* деген сөзінің өзгерген нұсқасы.

ШЕРТІК (Қост., Об.) қортық, қортиған. – *Ау, қатын-ау, мені тастаганда тілегенің мынау бір ш е р т і к пе?* (Б. Майл., Шың., IV, 253).

ШЕРУ (Талд.) мың кісілік әскер, мың кісілік қол. Бұл сөздің қазақ жерінің өзге өңірінде дәл осы мағынасы сақталмаған. «Шеру» дегеніміздің әдеби тілімізде жорық, аттаныс, жортуыл секілді мәнге ие екені мәлім.

ШЕРУЕН (Алм., Ұзын.) сом. *Сұйіншіге жұз ш е р у е н беріп, ол ерлеген болатын* (Алм., Ұзын.).

ШЕРУ ТҰЛІК (Алм., Жам.) торт түлік (малға байланысты). *Кент орнатып жеріне ш е р у т ұ л і к мал баққан* (Алм., Жам.).

ШЕРШЕУ (МХР) төс сүйектің төменгі жағындағы қалақша шеміршек.

ШЕРШІ (Қ.орда, Арал) бақалшы. *Баягыда ш е р ш і келгенше, жалаңаш жүретінбіз* (Қ.орда, Арал).

ШЕРІ (Сем., Аяг.; Шымк., Түркіс.) сері. *Ш е р і жігіт* (Сем., Аяг.). *Ш е р і гой ол бір жүрген* (Шымк., Түркіс.).

ШЕРІГІ (Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шүб.) ширегі, бір нәрсенің торттен бір бөлігі. Көбіне *шерігіне де келмейді, шерігіне тұрмайды* деген сияқты тіркестердің құрамында айтылады: *Үсен Асанның ш е р і г і і е тұрмайды. Асқанбай Жатқанбайдың ш е р і г і н е де келмейді* (Сем., Акс.).

ШЕРІК[1] (Шың. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; Сем., Аяг.) серік.

ШЕРІК[2] (Шың. Қаз., Зайс.; МХР) әскер, қол. *Жауга оз ш е р і к т е р і м е н жетіп келіпті* (Шың. Қаз., Зайс.). *Санағам жоқ, жұз қаралы ш е р і к бар-ау, сірә* (Ж. Тіл., Жоңғар дала., 78). *Ауылга м ы л т ы қ с а л г а н екі ш е р і к келді* (МХР).

ШЕРІК[3] (ҚХР) он бес минут, сағаттың торттен бірі. *Біз үйге он екіден ш е р і к еткенде келдік* (ҚХР). *Бір өзімді қамалап, Сансыз ш е р і к айдауда* (Бүркітбай).

ШЕРІЛУ (Гур., Есб.) шегерілу. *Сенен енді қырық тиін ш е р і л д і* (Гур., Есб.).

ШЕРІМ (Түрікм.: Тедж., Мары, Байр., Таш., Конеүр.) қолдан иленген тері, кон.

[Түрікменше *черим* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *шерім* (Карақ.-рус. сл., 1958); ар. иленген тері (Л. Буд., I, 474)].

ШЕРІМ ЕТІК (Қарақ.) кон етік. *Әуеде бұлт болса, жерде ш е р і м е т і к ұртын томпайтады* (Мақал).

ШЕРІН (Сем.: Кокп., Ақс.) ортақ, бөліске түскен үлес, сыбаға. *Табысыңды жасырмай айта бер, пайда ш е р і н болады деп қорқып тұрсың ба?* (Сем., Көкп.).

ШЕТ (Орал, Жән.) дала, далалық жер. *Ол маңда егінсіз ш е т жоқ па деп қалдым* (Орал, Жән.).

ШЕТ БАУ (Талд., Панф.) үзік пен туырлықтың төменгі жағындағы баулары.

ШЕТЕН[1] (Талд., Қарат.) ақыр, оттық (жылқыға шөп салатын орын). *Атын шетен ге қойды* (Талд., Қарат.).

ШЕТЕН[2] (Маң., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Таш., Көнеүр.) фанера. *Тонадағы шетен жәшікті не затқа жараттың?* (Түрікм., Ашх.). *Клубқа жақындай бергенде үлкендеу шетенге қағылған... сурет сияқты бір нәрсе көзіме елең еткендей болды* («Жұм-шы», 18.03.1939). *Иіруші қыз толған ұршықты шетен қорабқа біртіндеп тастап жатып: – әне, ана жақта, – деді* (Ғ. Сл., Заман., 95).

ШЕТЕН[3] (Шығ. Қаз., Тарб.) шікірейген, шытырайған (адам туралы). *Шетен адам* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ШЕТЕН[4] 1. (Жезқ., Ағад.; Қар., Шет; Шығ. Қаз., Тарб.) айналасы талмен, ағашпен қоршалған ашық қора. *Атты шетенге кіргіз* (Қар., Шет). *Ауылдың шетінде шетен қоршаған қорасының ішінде тінтінектеп жүретін* (Т. Ахт., Дала., 16). 2. (Рес., Орын.) тебесі жабық шыбықтан тоқылған қора.

ШЕТЕН[5] (Маң., Маңғ.) себет, шыбықтан тоқылған қорап. *Шетеннің бізде түрі көп: қыста оны-мыны салу үшін шананың үстіне орнататын шетен де болады* (Маң., Маңғ.).

ШЕТЕН[6] (Маң., Маңғ.; Қост., Жанг.) әлсіз, нашар. *Сен шетенсің гой, қағып кетсе жығылып қаларсың* (Маң., Маңғ.).

ШЕТЕН[7] (Сем., Абай) қауіпті, қатерлі. *Мынау бір шетен мәселе екен* (Сем., Абай).

ШЕТЕН[8] (Рес., Сарат.) сырты тікен балық. *Магазинге шетен балықтар түсіпті* (Рес., Сарат.).

ШЕТЕН[9] (Гур., Тең.) ескі аудың бір түрі. *Шетен өзенде гана қолданылады. Жылан балық шетенмен ауланады* (Гур., Тең.).

ШЕТЕН АЗБАР (Рес., Орын.) төбесі жабық шыбықтан тоқылған қора. *Бұзауларды шетен азбарға қамап келдім* (Орын., Бөр.). Қ. шетен[4].

ШЕТЕНБОЗ (Орал, Жән.) шыбықтан тоқылған қоршау, шарбақ. *Шетенбоз соқпаса, егісті мал жеп қояды* (Орал, Жән.).

ШЕТЕН ҚАЛПАҚ (Маң., Маңғ.) сабаннан тоқылған қалпақ. *Басқа күн өтпейтінге шетеи қалпақ жақсы* (Маң., Маңғ.). Қазақстанның батыс өңірінің көп жерінде шыбықтан тоқылған нәрсені *шетен* дейді. Ол *шетен азбар, шетен қора* деген тәрізді тіркестердің құрамында көп ұшырайды. *Шетен қалпақ* дегеніміз де осындай ретпен қолданылып кеткен тіркес.

ШЕТЕУ (Жамб., Сар.) тілге ергіш. *Шетеу адамға сене қоюдың өзі қиын жұмыс* (Жамб., Сар.).

ШЕТ ЖАҒДАЙ (Тау., Қош.; Сем., Абай) халықаралық жағдай. *Қалқам, шет жағдай дағаңалық қандай?* (Сем., Абай).

ШЕТ-ЖЕБІРЛЕП//ШЕТ-ШЕПІРЛЕП (Маң., Маңғ.; Ақт., Ырғ.) шет-жағалай, аз-аздап. *Ағаш атаулының жапырақтары шет-жебірлеп саргая бастаганы...* (Ө. Қан., Құд., 316).

ШЕТКЕМ (Орал, Шыңғ.) шеткері. *Бұл колхоздар қатынас жағынан шеткем алыс тұрады* (Орал, Шыңғ.).

ШЕТКЕ ТҰРҒЫЗУ (ҚХР) күманды деп қаралау, саясаттан шеттету, қатардан шығарып тастау.

ШЕТПЕР (Маң., Маңғ.) қап, қапшық. *Былтыр дүз елу шетпер астықты складқа өз қолымнан құйдым* (Маң., Маңғ.).

ШЕТТЕУІК (Орал, Орда) жеміс сүйегі, жемістің ішіндегі ұрығы. *Құрманың шеттеуігін жасымызда тіспен ұсататын едік* (Орал, Орда).

ШЕТТІК[1] (Жамб.: Сар., Тал.) тікенек өсімдіктің бір түрі. *Баланың аягына шеттік кіріп кетіпті* (Жамб., Сар.). *Жалаң аягын шеттік тікен жыра берген соң аяққиімді қайта киді* (Ш. Мұр., Қара мар., 170).

ШЕТТІК[2] (Жамб., Тал.; Алм.: Жам., Кег.) кимешектің жағына қадайтын күміс. *Ажардың кимешегі шеттік пен моншаққа әбден толған* (Жамб., Тал.). *Кимешегіңнің шеттігін кім салған* (Алм., Жам.). *Бұрын әйелдер кимешектің жағына шеттік тігетін* (Алм., Жам.).

ШЕТТІК[3] (Қ.орда, Арал) жылым аудың бір жақ жартысының жиі тоқылған бөлімі.

ШЕТТІК[4] (Маң., Маңғ.) жүгеннің ауыздығының екі жақ шығыршығына сулық орнына тігілетін былғары.

ШЕТТІК[5] (Қост., Фед.) айыл, айыл тартпа. *Түсемін деп аударылып қала жаздадым, шеттік тібос тартқан болуым керек* (Қост., Фед.).

ШЕТТІК[6] (Қост.: Жанг., Аман.) малдың көтені.

ШЕТТІК[7] (Қ.орда, Арал) мұрындықты бүйдаға жалғайтын жел бүйда орнындағы мықты жіңішке жіп.

ШЕТ-ШЕПІР (Маң., Маңғ.) шеті, шет-жағасы, ұшығы. *Ол дәуреннің шет-шепірін*

ол *кезде бала болганымеи Әбілқайырлар да көре қалған-ды* (Ә. Кекіл., Үркер, 199).

ШЕТ-ШЕПІРЛЕП (Маң., Маңғ.; Ақт., Ырғ.) шет-жағалап, аз-аздап. *Сол сапарларында қазақ даласын да ш е т-ш е п і р л е п көре қалған-ды* (Ә. Кекіл., Үркер, 54). **Қ.** шет-жебірлеп.

ШЕТІК (Талд.; Жамб., Шу; Алм., Еңб. қаз.) мәсі, былғары байпақ.

ШЕТІН (Сем., Шүб.) ойламаған жерден, төтенше. *Адам жай уақыттағыдан гөрі осындай ш е т і н жағдайларда әуесқой келеді* (М. Мағ., Көк кеп., 29). *Өстіп жүргенде ш е т і н бақытсыздыққа ұшырады* (Сонда, 124).

ШЕТІНЕ ШЫҒУ (Қ.орда, Арал) елден ерек, өзгеден бөлек. *Ол бір адам баласының ш е т і н е ш ы қ қ а н кісі* (Қ.орда, Арал).

ШЕШЕЙ (Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.) үлкен абысынын кіші абысыны осылай атайды; көбіне қаратпа сөз ретінде қолданылады. *Ш е ш е й-а у, менен жақсылығыңды аяймысың?* (Қост., Жанг.).

ШЕШУ (Маң., Маңғ.) доғару, атты доғару. *Атты ш е ш у керек* (Маң., Маңғ.). Қазақстанның батыс бөлігінің көп жерінде, сондай-ақ Маңғыстауда бұл сөздің *туару* деген де нұсқасы бар.

ШИ[1] (Түркм.: Ашх., Мары, Тедж., Таш., Көнеүр., Тахта; Қост.: Аман., Жанг.) егістікте жыртылмай калған жер. *Менің айдаған жерімнен ш и қалмайды* (Қост., Жанг.).

ШИ[2] (Жезқ., Улы.; Қост., Жанг.) арбаның төс ағашының ортасына салынатын кіндік темір.

ШИ[3] (Рес., Омбы) күрт жаю үшін және мал сойғанда ет астына салу үшін шыбықтан тоқылған төрт бұрышты тоқыма.

ШИ[4] (Жамб., Тал.) сіріңке, оттық.

ШИ[5] (Қост.: Об., Торғ.) шөптің мал жеген нен қалған ірісі, қырқынды.

ШИАМПУ (МХР) бөз. *Үйге көшкі істейтін ақ ш и а м п у әкеп бер* (МХР).

[Монғолша *цууямбуу*; қытайша *зу-янбу* (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 147)].

ШИ АРҚА ТҮЙЕ (Қ.орда: Жал., Сыр.) арқа сүйегі көрініп түрғандай жуқа, ені тар, әрі жіңішке будан түйелердің азғындарының бірі.

ШИ БАУЫРСАҚ (Сем., Абай) жіңішкелеп кесіп пісіретін кітірлек бауырсақ. *Ш и б а у ы р с а қ басқа наннан гөрі тез пысады, сондықтан жұмыс кезінде көбінесе ш и б а у ы р с а қ пысырамыз* (Сем., Абай).

ШИБІ (Шымк., Түркіс.) мақтаның дәні. *Мақтаның ш и б і с і н байқадың ба?* (Шымк., Түркіс.).

ШИГЕДЕК (Қост., Жанг.) шігесіне қорғасын құйған сақа. *Ш и г е д е к сақамен кенейді атсаң, дәл тиеді* (Қост., Жанг.).

ШИДАМ ШЕКПЕН (Шымк., Бост.) қолдан тоқыған жүн матамен тысталған күпі. *Әй, шал, үстіңдегі ш и д а м ш е к п е н и арқаңды қажай-қажай жауыр етіпті гой* (Р. Райым., Жап. жаңғ., I, 46).

ШИДЕ (Алм., Жам.) қамыс, құрақ. *Ш и д е сулы жерге оседі* (Алм., Жам.).

ШИДЕМ[1] (Рес., Орын.) шым. *Сабаумен ш и д е м д і аударады да кес үй жасайды* (Орын., Бор.).

ШИДЕМ[2] **1.** (Қост., Об.; Сем., Абай; Көкш.: Еңб., Щуч.; Павл., Леб.; Шымк., Сайр.; Түрікм., Небид.) күпі, жабағы салып сырып тіккен сырт киім. *Үстінде ... ш и д е м күпі* (Б. Майл., Шығ., III). **2.** (Қ.орда, Арал) түйе жүнінен тоқып астарлап немесе кейде арасына жұқалап қой, түйе жүнін салып, сырып тігілген қысқы киім, сыртынан киетін үлкен шапан.

ШИДЕН (Қарақ.) күрт жаятын кішкене ши.

ШИДОЛКА (Рес., Қалм.) ершік. *Ш и д о л к а с ы н жақсылап байла* (Рсс., Қалм.).

ШИДІН (МХР) электр лампасы. *Қоршанда ш и д і и бар ма?* (МХР).

[Монғолша *чийдэн* (Б. Баз., Монг. каз. тілі, 196)].

ШИДІҢ САҚАЛЫ (Қост., Жанг.) шидің қиығы. *Ш и д і ң с а қ а л ы н мал жақсы жейді* (Қост., Жанг.).

ШИЕ 1. (Рес., Сарат.; Орал, Жән.) шеше, ана. *Ш и е м і з айтқан өлеңші кісі еді* (Рес., Сарат.). *Колхоздың шаруашылық меңгерушісі Өтешевтің үйінде екі адам (әйелі мен ш и е с і) бар* (Орал, Жән.). **2.** (Рес., Сарат.) аналық (малдың). *О қозылардың ш и е с і барды гой қасына* (Рес., Сарат.).

ШИЕН (Жамб., Сар.) шалғын, кок шалғын. *Мына жердің жарықтық шөбі ш и е н екен* (Жамб., Сар.).

ШИЕНДЕУ (Алм.: Жам., Кег., Нар.) шөбі қаулап шығу. *Жерді шауып алысымен-ақ көк шөп қайтадан ш и е н д е п кетті* (Алм., Нар.). *Жоңыршқа тағы да ш и е н д е п қапты* (Алм., Жам.).

ШИЕСАБАҚ (Шымк., Түркіс.) өсімдік түрі. *Ш и е с а б а қ т ы ң бидайдан үлкенірек қып-қызыл шиесі болады. Ш и е с а б а қ т ы ң кенесін теріп жейді* (Шымк., Түркіс.).

ШИ ЖЕР (Рес., Орын.) жыртылмай қалған жер. *Мынау ш и айдалмаған ж е р екен* (Орын., Ад.).

ШИЗІЛДЕУ (Түрікм.: Көнеүр., Тахта, Тедж.) жыртылған жерді жүмсарту. *Мектеп участкесін ш и з і л д е м е с е, кесектеніп кетіпті* (Түрікм., Тахта).

ШИҚАНҚАЛАУ (Қарақ.) Қ. шекенкі.

ШИКІ КӨЖЕ (Сем.: Абай, Шүб., Аяг.; ҚХР) бидай кеже. *Күн ыстықта үй сайын ш и к і к ө ж е табылатын болады* (Сем., Абай).

ШИКІ КІРПІШ (Қост., Жанг.) балшықтан күйған күйдірілмеген кірпіш. *Ш и к і к і р п і ш т е н салған үй қыста жылы, жазда салқын гой* (Қост., Жанг.).

ШИКІ ҚАЙМАҚ (Қост., Жанг.) қаймақ, шикі сүттің бетінен алынған, я сүт машинадан тартылып алынған қаймақ. *Ш и к і қ а й м а қ қ а тары былгап берейін бе? Келісоққа ш и к і қ а й м а қ қосамыз* (Қост., Жанг.).

ШИКІ ҚЫШ (Жезқ., Ағад.) қолдан күйген кірпіш, балшықтан күйген кірпіш. *Олардың алдында тағы да екі-үш ш и к і қ ы ш т а н салынған үйлер тур* (С. Сейф., Шығ., V, 65).

ШИКІЛ (Маң., Маңғ.; Қост., Жанг.) сары (көбіне шикіл сары деп қолданылады, бүл – тек адамға айтылатын сөз). Маңғыстау жағында үлкен кісінің атын тергеп айтқан бір әйел «сары қайнаға Сарытастан сармай әкеле жатыр» дегенді *«ш и к і л қайнаға Сарытастан сармай әкеле жатыр»* деп айтыпты деген сөз бар.

ШИҚАН (Гур., Тең.) аязда теңіз мүзының қысымы мен шатынауынан пайда болатын мүз төбе, мүз үйіндісі. *Қатты аяздарда қатып жатқан теңіз шытынап жарылады да үлкен-үлкен сандық мүздар теңіз бетіне шығып кетеді, содан төбешік пайда болады, соны біз ш и қ а н дейміз* (Гур., Тең.).

ШИҚАНКІЛЕУ (Қарақ.) мақтаның гүлін (шиқанын алу) жүлу.

ШИҚАНЫНА АСЫҚ ҚЫЗДЫРЫП БАСУ (ҚХР) шамына тию, ызаландыру, жанына батыру.

ШИ ҚАСЫҚ (Маң., Маңғ.; Қарақ.) шай қасық, бал қасық, кішкене темір қасық. *Ертедегі күміс ш и қ а с ы қ т а н осы үйде екеуі бар* (Маң., Маңғ.).

ШИ ҚОРА (Маң., Маңғ.) шиден тоқылған төбесі ашық қора. *Ш и қ о р а ғ а қыста арық-торақ малды қамауға бола ма?* (Маң., Маңғ.).

ШИ ҚУРАЙ (Жамб., Шу) тарамдалып өсетін қурайдың бір түрі, сабағы жіңішке болады. Мүны Шу маңының халқы *сүт қурай* деп те атайды. *Ш и қ у р а й д ы ң жас кезінде сүті ағып тұрады* (Жамб., Шу).

ШИҚЫЛ ЖОЛ (Орал, Казт.) қары тапталған қысқа жол. *Қыстығүні ш и қ ы л ж о л атқа жеңіл болады* (Орал, Казт.).

ШИЛАН (Ақт., Ойыл; Орал: Жән., Орда, Казт.; Қ.орда: Қарм., Арал, Жал.; Гур., Есб.; Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Красн., Ашх.; Маң.: Маңғ., Шевч.) ақша салатын былғары қалта, әмиян (қ.), көмөжнік (к.). *Қалтасынан ш и л а н ы н түсіріп алыпты* (Қ.орда, Арал). *Қолдарына алып ш и л а н д ы, Аралады қарманын, Ақшаға алдым толтырып, Аямады барларын* (Қашаған). *Төс қалтасынан былгары ш и л а н д ы алып, Есейге ұсынды* (F. Сл., Заман., 25). *Қойын қалталарын кезек-кезек қарап, ш и л а н ы н ақтарып жатқан Атаман да Арманның мысқылын ұнатпай, көз қиығымен шолып өтті* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 81).

[Қарақалпақ тілінде бұл сез *шыжлан* деген үлгіде айтылады (Рус.-карақ. сл., 68)].

ШИЛЕУІТ (Шығ. Қаз., Больш.) ши өскен жер, шиі қалың жер. Бүл сөз Қазақстанның кей оңтүстік ауылдарында *шыйлауыт* деген үлгіде айтылады.

ШИЛІ БОЛУ (ҚХР) ығыр болу, зар соғу.

ШИМАНДАЙ (Жезқ., Ағад.; Қар.) шыпырлаған, анталаған, иін тірескен. *Қара көк аспанға ш и м а н д а й бөлып шыға келген жұлдыздар... ерекше бір көрік беріп тур* (F. Мүсір., Оян. өлке, 13). *Ш и м а н д а й елдің ортасында осы аттарды аңдып тұрған кім бар дейсің* (С. Сейф., Шығ., 59).

ШИМАТА (Қ.орда, Қарм.) үйдің төбесінің ішкі жағында салынатын шыпта. *Бөлмелердің бірсыпырасы ш и м а т а с ы з жабылыпты* (Қ.орда, Қарм.).

ШИН (Шымк., Түркіс.) өсімдік түрі. Шин шөбі өте қалың болып өседі. *Ш и н сулы жерде көп болады. Ш и н көкөністің шығуына кедергі жасайды* (Шымк., Түркіс.).

ШИНЕ[1] (Алм., Жам.) үйдің қабырғасын балшықтан құю үшін жасалатын қалып.

ШИНЕ[2] (Алм., Шел.) сүйреткі, артпа.

ШИНЕЛІСУ//ШИЕНЕЛІСУ (МХР) шиленісу. *Талдардан желек жамылған сұлу табиғат гана емес онда адам мен экология тартысы ш и е н е л і с е жүріп жатыр деуге болады* («Алау», 8.07.1990). *Жылқышы үкірдай ел ш и е н е л і с т і р м е у д і жөн көріп, Жәдік билерімен келісімге келді* (С. Төу., Арм. тау, 117). *Жігіт қыз «сәбилігіне» шәк келтіріп, айтысты ш и н е л і с т і р е түседі* (Монғ. қаз. әд.-3, 15).

ШИОТ (Жезқ., Ұлы.) сіріңке. *Дүкенде ш и о т жоқ екен, тауға барсаң, ш и о т ала келуді ұмытпа* (Жезқ., Ұлы.).

ШИ ӨҢІР (Қарақ.) киіз есіктің екі босағасы.

ШИПАЯ (Жамб., Жам.) сабағы семген (есімдік туралы). *Әлі күнге жекеленген ш и п а я болып сарғайып кеткен қызылша да аз емес* («Кол-шы», 1935, №51). *Біреуінің сабағы солғын, дәні аш, ш и п а я келеді* (Ш. Мұрт., Қара мар., 27).

ШИПАҢДАУ (Гур., Есб.) қипаңдау. *Өзің ш и п а ң д а м а й жөніңе отыр* (Гур., Есб.).

ШИПАСЫ БІТУ (ҚХР) дәрмені таусылу, қалжырау.

ШИПӘ (Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту) шипа, ем, дауа. *Майбалық деген көліміз бар, оның суы дертке ш и п ә гой* (Көкш., Зер.).

ШИ ПӘТІК (Қарақ.) үйдің тебесін іштен лаймен сылау үшін бірінші рет ши қағып сылау.

ШИПЛАШ (Қ.орда, Арал) шибарқыт. *Ш и п л а ш т а н шалбар тігіп берді. Ш и п л а ш т ы ң метрі 30-40 сом б о л а д ы* (Қ.орда, Арал).

ШИПР ТАМ (Шымк., Түркіс.) шатыры шипрмен жабылған үй.

ШИРАЗ//КӨК ШИРАЗ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Тедж.) қаракөл қойдың көк елтірісі.

[Қарақалпақша *шийразы* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ШИРЕК ИІН СУ (Жамб., Шу) бір иін судың (қ.) жартысы, екі-үш сағат уақыт пайдаланатын су.

ШИРЕТ (Ақт., Ойыл; Қост., Жанг.) кезек. *Ш и р е т к е тұрып кел, кешке дейін ш и р е т і ң келіп қалар* (Ақт., Ойыл).

ШИ САБАҚ ТАРЫ (Ақт., Ойыл) ши сияқты жеке-жеке, сирек өскен тары. *Мына ш и с а б а қ т а р ы л а р тарының сәнін бұзып тұрғаны* (Ақт., Ойыл).

ШИ СЫЛАУ (Қарақ.) салынған үйдің ішкі төбесін сылау.

ШИТ (Қост., Об.) тозаң. *Ш и т төрізді көзге бұлдырап зорға көрінеді* (Қост., Об.).

ШИТАҚАНДАЙ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Ашх., Таш., Кенеүр., Тедж.) кішкентай, құртақантай. *Ш и т а қ а н д а й болып саған не жоқ* (Түрікм., Тедж.).

ШИ ТАРЫ (Маң.: Маңғ., Шевч.) мысық құйрық. *Ш и т а р ы н ы мал сүйсініп жейді, дәмі тұщы болады* (Маң., Маңғ.).

ШИТКУ (Алм., Жам.) ... *Менің көңілім бір себеттен ш и т к і п қалды* (Алм., Жам.).

ШИТТЕЙ (Ақт., Ойыл) титтей. *Мына бір ш и т т е й шөйдің несін беріп тұрсың, өзің-ақ ал* (Ақт., Ойыл).

ШИТ ШІРУ (Шымк.: Түлк., Сарыағ.) мақта шитінің өнбей қалуы. *Көктемде ауа райы жаңбырлы суық болса, ш и т ш і р и д і, ондайда тұқымды қайта егеді* (Шымк., Сарыағ.).

ШИТІ (Шымк.: Кел., Сарыағ.) мақтаның дәні, ішінде мақтасы болады.

ШИХМЕТ (Орал, Жән.) хикмет, өңгіме, аңыз. *О кісі ш и х м е т т і жақсы айтады* (Орал, Жән.).

ШИХОН (Қарақ., Мой.) көзі 2,5 елідей, ұзындығы 10 құлаштай, ені 2 құлаштай ау.

ШИША[1] (Жамб.: Сар., Тал.) шөлмек, бөтелке. *Бір ш и ш а арақтың бәсі бұрын үш сомға жетпейтін еді гой* (Шымк., Кел.). *Қырық қыздан ішіп қырық ш и ш а бала әбден тояды* («Алпамыс» жыры).

ШИША[2] **1.** (Талд., Панф.; Шымк.: Шәу., Қызылқ., Кел., Сарыағ.) керосин шамға кигізетін шыны түтік. *Шамның ш и ш а с ы н күйе басып қапты, сүртіп қой* (Шымк., Шәу.). Оңтүстік еңірдің көп жерінде шыныдан істелген ыдысты *шиша//шише* деп айта беретін де ыңғайы көп. *Терезенің ш и ш е с і үшін бүгін ауданға жүргелі отырмын* (Шымк., Кел.). **2.** (Жамб.: Тал., Сар.) жермай шамның шыныcы, мойны. *Ш и ш а н ы ң күйесін сүртіп тазартып қою керек* (Жамб., Тал.).

[Парсы тілінде *шиша* шыны деген сөз (Пер.-рус. сл., 1983)]. Қ. қуық, құрай, қағанақ.

ШИШАҚПАҚ (Сем.: Ақс., Көкп.; Жамб., Жуа.) сіріңке, оттық. *Бірін шағып, бірін тастай беретін ш и ш а қ п а қ жоқ. Ш и ш а қ п а қ көрмегелі көп заман болды* (Ш. Мұрт., 41 ж. кел., 157). Сіріңке сөзінің қазақ жерінде кездесетін бірнеше нұсқасы бар. Мұндағы *шишақпақ* көбіне қытай қазақтарында жиі қолданылады.

ШИШЕ (Қарақ.) бөтелке. Қ. шиша[1].

ШИШКІ (Шымк., Түркіс.) күріштің жармасы. *Күріштің ш и ш к е с і н балапанға шаштым* (Шымк., Түркіс.).

ШИЫР (Жамб., Шу) егістік арасындағы айдалмай, жыртылмай қалған жер. Қазақтың бірқатар жерінде осы мағынада қолданылатын *ши, шүй* деген сөздер бар: *ш и қалған жердің шөбі қалың болады* (Қост., Жанг.). Ал *шиыр* деген сөздің ез басы дәл осы үлгіде кеп жердің қазағының тілінде малдың ізімен тапталған жер ұғымын білдіреді: *Малының ш и ы р ы бір елі.*

ШИЫРЛАУ (Маң.: Шевч., Маңғ.) қиқарлану, кері сөйлеу, керлен кекесінмен сөйлеу. *Ол кісіні билік айтқанда да сөзін ш и ы р л а п кері сөйлеп отыратын адам еді дейді* (Маң., Шевч.).

ШИЫРЛЫ (Маң.: Маңғ., Шевч.) жолы болмайтын, басынан қырсығы арылмайтын, маңдайының соры бар (адамға қатысты қолданылады). *Оразының* (қ.) *баласы он бесінде бас болады, Ш и ы р л ы н ы ң баласы жиырмасында жас болады* (Мақал).

ШИЫРУ[1] (Маң.: Шевч., Маңғ.) **1.** ширату, жіп ширату. *Арқан шиырғанда бір ұшын керегеге іледі де, бір ұшына ожау, қасық іліп ш и ы р а д ы* (Маң., Маңғ.). **2.** қағазға қол қою. *Мына қағазға қолыңды ш и ы р ы п жібер* (Маңғ., Шевч.).

ШИЫРУ[2] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.) қысымға алу, қыспаққа алу. *Бастық болсам, сені ш и ы р а м ы н деп жүр гой* (Түрікм., Көнеүр.).

ШИІН (Қ.орда, Арал) дәнді өсімдіктің азған түрі. Шиін егін арасына шығады. *Жағдайы келмесе, түбіндегі су азайып жылып кетсе, күріш ш и і н г е айналып кетеді* (Қ.орда, Арал).

ШИІРІМ ПӘШЕК (Түрікм.: Мары, Байр., Тедж., Таш., Көнеүр., Тахта) еті жұмсақ, әрі тәтті қауын.

[Қарақалпақша *шийрин пәшек* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ШИІТ (Шымк., Түркіс.) мақта өсімдігінің тұқымы.

ШЛИКЕ (Қ.орда, Жал.) арбаға жегерде түйенің мойнына салу үшін брезент, киіз сияқты берік материалдардан арнайы жасалатын әбзел.

ШОБЛЫҚ[1] (Маң.: Маңғ., Шевч.) үйдің төбесін жапқанда көлденең салынатын берік ағаш. *Ш о б л ы қ табылса, басқа ағаштар бар, үйдің төбесін тез жауып алмақпын* (Маң., Маңғ.).

ШОБЛЫҚ[2] (Гур., Бақс.) ұзын таяу ағаш. *Жалауды ш о б л ы қ қ а байлап көтер. Судың тереңдігін ш о б л ы қ п е н мерлеп корші. Кеше ол жігіт бір ш о б л ы қ т ы сындырып кетті* (Гур., Бақс.). *Теңізде адасқан аушылар көру үшін жалауды ш о б л ы қ қ а байлап жоғары көтереді* (Гур., Бакс.).

ШОБЫҚ[1] (Маң.: Маңғ., Шевч.) жүгерінің собығы, басы. *Жүгерінің дәнін үгіп алып, ш о б ы г ы н отқа жағады екен* (Маң., Маңғ.).

ШОБЫҚ[2] (Маң.: Маңғ., Шевч.) сөбіз тәрізді жабайы өсімдік, басын балалар отқа көміп жейді. *Ш о б ы қ құмды жерге шығады* (Маң., Маңғ.). Торғай жағында мұны *көсік* деп атайды.

ШОБЫР (Шымк., Мақт.; Тау., Қош.; Қ.орда, Қарм.) мықты түғыр ат. *Мал дегенде қолында жалғыз ш о б ы р ы бар* (Шымк., Мақт.). *Әрине, сіздер сияқты адамдар осы заманның аргымағы мен дүлділі тұрғанда ш о б ы р д ы қайтсын* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 403). *Сан көбейтер шабан ш о б ы р емес, өңшең сәйгүлік* (Р. Райым., Жап. жаңғ., 526).

ШОҒАЙ (Гур., Тең.) балықтың еркегі, аталық балық. *Ш о г а й д ы басқа балықтан ажырату қиын емес* (Гур., Тең.).

ШОҒАЙНА 1. (Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.) ошаған. Күзге қарай малдың түгіне, күйрығына, адамның үстіне жабысатын өсімдіктің тікенекті түйіршігі. **Көп** жердің қазағы *көрігыз* деп атайды. **2.** (Шымк., Түркіс.) өте сирек кездесетін, емдік қасиеті бар өсімдік. *Ш о г а й н а н ы бас ауырғанда емдеу үшін пайдаланады* (Шымк., Түркіс.).

ШОҒАЛ[1] (Шымк., Мақт.) қорқау қасқыр. *Кеше ш о г а л Бибіштің бір тауығын жеп кетіпті* (**Шымк.**, Мақт.). **Бұл** сөздің қазақ диалектілерінде *сағал, шағал* деген нұсқалары да бар. Мәселен, Қарақалпақстанда тұратын қазақтар бұл сөзді көбіне *сағал* деген үлгіде қолданады.

ШОҒАЛ[2] (Алм., Балқ.) балықтың жыныстық тұқымы. *Балықтың ішін жарғанда, ш о г а л шықса, оның еркек* (аталық) *екенін бірден білеміз* (Алм., Балқ.).

ШОҒАЯҚ (Ақт., **Ойыл**) ішіне шоқ салып шәйнек қоюға болатын төрт аяқты, әрі тұтқалы зат. *Ш о г а я қ т ы әкел де үстіне аққуманды қой, шайы тез шықсын* (Ақт., Ойыл).

ШОҒЫР (Гур., **Бақс.**) топ, топтану, балықтың шоғырлануы. *Ауды ш о г ы р г а төккен кісі балықты көп алады* (Гур., **Бақс.**).

ШОҒЫРМАҚ (Рес., Омбы) самаурынға салу үшін дайындап қойған ағаш. *Айналайын ш о г ы р м а г ы ң дайын ба, тағы да шай керек болды* (Рес., **Омбы**).

ШОДЫРА (Маң., Маңғ.; Гур., Есб.) сәйгел. Бұл сөз Қазақстанның әр жерінде *сәйгел, шошала, оқыра, шанышқақ* деген сияқты әр түрлі нұсқада айтылады.

ШОДЫРА ҚАЛ (Маң., Маңғ.; Гур., **Есб.**) адыра қал. *Ш о д ы р а қ а л, бойы шартиған мына қортықтың кісімсуін қара* (Маң., Маңғ.).

ШОЖБА (Шығ. Қаз., **Ұлан**) жұқалап майға қуырылған нан, шөлпек нан. *Ш о ж б а кәрі кісінің тісіне жұмсақ болады* (**Шығ.** Қаз., **Ұлан**).

ШОЖЫМ (Қар.) селдір мата. *Ш о ж ы м көйлегі шылқылдап бес баттам кірлепті* (Ғ. Мұст., Көз көр., 254). Бұл сөз Қостанай, Торғай жағында *шөжім* деген жіңішке үлгіде айтылады.

ШОЙНАҚ (Талд., Панф.) бір аяғынан бір аяғы қысқа ақсақ.

ШОЙТЫҚ (Қ.орда, Арал) ірі, зор денелі, батыр тұлғалы. *Ол өзі бір ш о й т ы қ жігіт болатын* (Қ.орда, Арал).

ШОҚ[1] 1. (Талд., Гв.) мол, коп. *Үлкен қатынымнан ш о қ балам бар еді, содан біреуі-ақ қалды* (Талд., Гв.). 2. (Жамб., Жам.) шорланған жер жынысы. *Ш о қ жер астында болады* (Жамб., Жам.).

ШОҚ[2] (Өзб.) сотқар, өжет. *Бала болса ш о қ болсын, шоқ болмаса жоқ болсын* (Өзб.).

ШОҚА[1] 1. (Ақт., Ойыл) әр жерге үйілген 10 баулық тары үйіндісі. *Тарыны ш о қ а л а п үйіп кете береміз* (Ақт., Ойыл). 2. (Ауғ.) тары үйіндісі. 3. (Рес., Сарат.) шөмеле, шөп үйіндісі. *Шөпті шапқан соң ш о қ а қылып үйеді* (Рес., Сарат.).

ШОҚА[2] (МХР) үй сылайтын ақ бор. *Ш о қ а таусылып қапты* (МХР). Қ. чоқа.

ШОҚАЙ[1] (Маң.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) бір тісті ағаш соқа. *Ш о қ а й д ы екі ат әрең тартады* (Маң., Маңғ.). Кейде мұны *шоқай ағаш* деп те атайды.

ШОҚАЙ[2] (Маң., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Ашх., Мары, Таш.; Алм.: Еңб. қаз., Кег., Шел.; Жезқ., Ағад.) көннен жасалған жеңіл аяқ киім. *Аңшылар тауға шыққанда аягына ш о қ а й киеді* (Алм., Шел.). *Ауылдан келген қазақы етіктер алдақашан жыртылып енді түгелге жақын ш о қ а й г а кешті* (Ғ. Мүсір., Оян. өлке, 232).

[Түрікменше *чоқай* (Туркм.-рус. сл., 1940)]. Қ. шақай[2], шарқай.

ШОҚАЙ АҒАШ (Гур., Маңғ.) жертіс, тіс ағаш. Қ. шоқай[1].

ШОҚАЙНА (Алм., Жам.; Шымк., Түлк.) тікенекті, жапырақты шоп. *Ш о қ а й н а н ы ң жапырағын қой жейді, сабағын отқа жағады* (Шымк., Түлк.).

ШОҚАЙТ (Ақт., Жүр.) бірнеше шөмеленің жиынтығы.

ШОҚАЛ 1. (Орал, Жән.; Гур., Тең.) төбешік, құмның арасындағы құмтебе. *Құмдағы ш о қ а л д ы ң арасында қоян көп болады. Ш о қ а л д ы жерде тазы жүгіре алмайды* (Орал, Жән.). *Екі шақырымдай жерде қамыс шоқы аты болмаса, қамысы шамалы, қиягы мен қаңбағы қабаттаса өскен үлкен-үлкен қос ш о қ а л бар* (Ж. Нәжім., Кішк., 191). 2. (Рес., Астр.) төбе, қыр. *Ана ш о қ а л г а жетейік күн батқанша* (Рес., Астр.).

ШОҚАН (Гур., Бақс.) бір құшақ. *Бір ш о қ а н тал әкеп бергеніне мәз боласың ба?* (Гур., Бақс.).

ШОҚАТ[1] (Қ.орда, Арал) төбешік, тебешік құм. *Малыңды ана көрінген ш о қ а т т а н асырып жайсаңшы* (Қ.орда, Арал). *Аракідік шеңгелді ш о қ а т т а р д а кездесіп қалып отырады* (Ө. Қан., «Жұлдыз», 1988, №4, 96).

ШОҚАТ[2] (Қ.орда: Қарм., Сыр.) екі-үш арбалық үйілген шоп. *Шөпті ш о қ а т қып үйеміз де, қыста трактормен бірақ тартамыз* (Қ.орда, Сыр.).

ШОҚПАҚТАЙ (Қост., Аман.) тоқпақтай. *Ол батырларға лайық денесі бар, мұрны да ш о қ п а қ т а й еді* (Қост., Аман.).

ШОҚПАР ТАРТЫСУ (Алм., Жам.) шоқпарласу, ұрыс салу, тебелесу. *Ол ш о қ п а р т а р т ы с у д а н аман ба?* (Алм., Жам.).

ШОҚТАЙ ИІРУ (ҚХР) езіне тартып әкету, иіріп әкету, билеп алу, бағындыру.

ШОҚТАУ (Талд., Гв.) үйдің мүлкіи орын-орнына қойып жақсылап жинау. *Үйді ш о қ т а п жиып, базарға кетті* (Талд., Гв.).

ШОҚША (Шымк., Қызылқ.) ширектің торттен бір болігі немесе бүтін нәрсенің он алтыдан бір белігі. Бұл соз кебіне сын есімнің *-дай* жұрнағын қабылдап, *шоқшадай* деген нүсқада айтылады: *Шайыңның ш о қ ш а д а й ы н берсең де болады* (Шымк., Қызылқ.).

ШОҚ-ШОҚ БАС (Алм., Жам.) басында айдары бар торғай.

ШОҚЫНШЫҚ (Қост., Жітік.) шоқынған, христиан дінін қабылдаған мұсылман. *Өй, ол арғы атасынан бері ш о қ ы н ш ы қ болып кеткен адам гой* (Қост., Жітік.).

ШОҚЫР 1. (Маң.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Бекд., Красн., Небид., Ашх., Тедж., Байр., Көнеүр.; Орал, Жән.; Қарақ.) қайла. *Біздің жерде ш о қ ы р д ы көп құлданбайды* (Түрікм., Бекд.). *...етік, ш о қ ы р сияқты құралдармен қамтемесіз етілмей отыр* («Жұм-шы», 28.01.1939). 2. шот, шапашот. *Жуан ағашты ш о қ ы р м е н ұңғіп шауып астау жасап аламыз* (Түрікм., Красн.). 3. (Рес., Астр.) кетпен төрізді құрал.

ШОҚЫР АУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) шоқыр деген үлкен балықты аулауға арналған ау (ұзыны 12 құлаш, ені 1,5 құлаш, көзі бір қарысқа жуық, жібі жуан ау. *Ш о қ ы р а у ы ң а түскен бірдеме бар ма, құр өуреленіп жүрген жоқсыңдар ма?* (Маң., Шевч.).

ШОЛА[1] **1.** (Жезқ., Ағад.) қысқа. *Ш о л а жіп байлауға келмейді* (Жезқ., Ағад.). **2.** (Сем., Абай) сирек. *Биыл егініміз ш о л а* (Сем., Абай). *Бұлт ала, жер ш о л а* дегендегі *шола* сөзі осы сөзбен төркіндес.

ШОЛА[2] (Гур., Тең.) азаю, сиреу (балық туралы). *Балықтың ш о л а с ы* (Гур., Тең.). *Кейбір жерде балық ш о л а болады* (Гур., Тең.). *Жер ала, балық ш о л а* (Гур., Тең.).

ШОЛАҚ ЖЕҢ (Алм., Жам.) камзол. *Сенің ш о л а қ ж е ң і ң тігіліп бітті ме, қашан киесің оныңды* (Алм., Жам.).

ШОЛАҚ ҰЛТАН (Қост., Жанг.) қысқа ұлтан. *Бір ш о л а қ ұ л т а н д ы қ былғарың бар ма?* (Қост., Жанг.).

ШОЛАЛАУ 1. (Гур., Тең.) аздау, сиректеу. *Бүгін балық ш о л а л а у. Балық ш о л а л а у болса, еңбек онбейді* (Гур., Тең.). **2.** (Қ.орда, Қарм.) оңаша, саяқ. *Түйе малы ш о л а л а у жерде жайылып жүргенді жақсы көреді* (Қ.орда, Қарм.).

ШОЛАН 1. (Рес., Орын.; Гур., Есб.) ауыз үй. *Ш о л а н г а есік салынған жоқ* (Орын., Ад.). **2.** (Қост., Об.) ас-су сақтайтын бөлме. *Ет ш о л а н д а* (Қост., Об.). *Ш о л а н д а қамауда отырған Боранбекті тысқа шығарып тастаңдар деп бұйырды* (С. Сейф., Шық., V, 2).

ШОЛАСЫ БОЛМАУ Қ. шоласы келмеу.

ШОЛАСЫ КЕЛМЕУ//ШОЛАСЫ БОЛМАУ (Алм.: Шел., Кег., Нар.) шамасы келмеу, шамасы болмау. *Барып қайтуға ш о л а м к е л м е й жатыр* (Алм., Нар.). *Мектепке барайын деп едім, ш о л а м к е л м е й үлгере алмай қалдым* (Алм., Кег.).

ШОЛПЫ 1. (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал., Қарм.; Шымк., Қызылқ.; Орал, Казт.; Ауғ.; Ир.) сүзгі, тесік ожау, кепсер (қ.), көкбар (қ.), май шолпы. *Көршінің ш о л п ы с ы н әкеле гой* (Қ.орда, Арал). *Тұрсынай, ш о л п ы н ы үйге апарып қойшы* (Орал, Казт.). *Бауырсақты ш о л п ы м е н былғап пісіреміз* (Қ.орда, Жал.). Бұл сөздің Қазақстанның әр жерінде айтылатын *көкпір, тесік ожау, күн қалақ, нан шәулі, шойла, кепсер* секілді нұсқалары бар. **2.** (Қарақ.) тамақты сүзуге пайдаланылатын талшыбықтан жасалған құрал.

ШОЛТАҚ (Алм., Жам.) шолақ ат; құйрығы кесілген я құйрығы түсіп, жұлынып қалған ат. *Ш о л т а қ ат озып келіп бәйге алып, жұртты таңдандырған еді* (Алм., Жам.).

ШОМ[1] (Алм., Кег.; Сем.: Аяг., Ақс.; Қ.орда, Жал.) жазы, түйенің үстіне артқан зат орнықты орналасу үшін жасалынатын құрал. Түйе беліне жүк батпас үшін қамыстан, қоғадан, не селеуден жұмырлап жасалып, жазыланған немесе қомдалған өркеш арасына салынатын қарапайым жондық. *Түйеге ш о м жасап отырмын* (Алм., Кег.). *Түйенің ш о м ы н алды* (Сем., Ақс.). *Ш о м д ы киізден, қоғадан, қамыстан жасайды. Ш о м д ы түйе өркешінің екі жағына қойса, жүк салмағы ш о м г а түсіп, түйенің арқасына жүк батпайды* (Сем., Аяг.). *Жамантік ш о м н ы ң үстіне шығып көз жанарына жас толып, қарасы үзілгенше қараумен болды* (Б. Майл., Шық., III, 217).

ШОМ[2] (Қ.орда: Сыр., Жал., Арал, Қарм.; Қост., Жанг.; Ақт., Ойыл) бума қамыс. *Қамысты ш о м жасап байлаймыз да, қора жасаймыз* (Қ.орда, Жал.). *Ол саздан ш о м тастап отті. Ол қамыстың бір ш о м ы н тастап кетті* (Қ.орда, Арал). *Колхоз ешкімге ш о м дайындап бере алмайды* (Қ.орда, Арал). *Аудан колхоздары өткен қыста қамыс дайындап алды және оны ш о м буып, құрылыс салатын жерлерге жеткізді* (Ақт., Ойыл). *Ол кезде біз үйді ш о м н а н буып салушы едік* (Қост., Жанг.).

ШОМ[3] (Қост., Жанг.) қара-қопсының айналасындағы коңмен араласып жатқан қоқыр-соқыр. *Ш о м н а н биік қып белете* (қ.) *согыпты* (Қост., Жанг.).

ШОМАЙҚЫ АУ (Қ.орда, Арал) майда балықтарды аулайтын ау.

ШОМАҚ (Рес., Астр.) түйелі арба, түйелі кіре. *1933 жылдан ш о м а қ қ а мініп дүз тарттық* (Рес., Астр.).

ШОМАҚАЙ (Түрікм., Красн.) тіп-тік, биік төбешік. *Бұркітті ш о м а қ а й г а шығып, соның басынан жібереміз* (Түрікм., Красн.).

ШОМДАУ[1] (Қ.орда, Жал.) түйе бөліне жүк батпас үшін өркешінің арасына немесе қомның екі жағына және ашамай астына қамыс, қоғадан, т.б. жұмсақ заттардан шомдап төсеніш белдік жасау.

ШОМДАУ[2] (Ақт., Ойыл; Қ.орда: Арал, Жал.) қамысты баулаған егін тәрізді буу. *Қамысты ш о м д а п байлаймыз* (Қ.орда, Жал.). *Қамысты ш о м д а п жатырмыз* (Ақт., Ойыл).

ШОМҚОРА 1. (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі) қамыс, шеңгел, топырақ араластырып жасаған қора. *Ш о м қ о р а н ы ң да төбесі ашық болады* (Қ.орда, Сыр.). **2.** (Шымк., Түркіс.) мал жеген шөптен қалған қырқындылардан, бопырдан жасалған қора. *Күндіз жас төлдерді ш о м қ о р а д а ұстайды. Қыста мал ш о м қ о р а д а күншуақтап тұрады* (Шымк., Түркіс.).

ШОМПЫ (Көкш., Қ.ту) асықтың оңқасы, асықтың оңқасынан тұруы.

ШОМ САЛУ (Гур., Есб.) үй салатын жерді биіктету. *Теңіз жағасынан үй салу үшін, үй салардан көп бұрын ш о м с а л ы п аламыз* (Гур., Есб.).

ШОМЫТ (Қост.: Жанг., Аман.; Қ.орда, Арал) ескі-күскы, шоқпыт. *Сыртын ш о м ы т п е н орап тастасаң, қымыз ыстықта сапсалқын боп тұрады* (Қост., Жанг.).

ШОНАШ (Алм., Жам.) мес (қымыз, айран құятын ыдыс). *Бір ш о н а ш қымыз деген немене – оны бірақ адам ішіп қояды* (Алм., Жам.).

ШОНДАН (Маң.: Маңғ., Шевч.) күйымшақ. *Қойдың құйрығын ойып алғанда, ш о н д а н ы қалмаса, басқа несі қалады* (Маң., Маңғ.). *Балалар шөккен түйенің ш о н д а н ы н а отырып мазасын кетіруін қара* (Маң., Шевч.).

ШОНЖЫР (Сем.: Абай., Шүб.) шонжар.

ШОНТАЙ 1. (Шымк., Арыс) қалта, дорба, қапшық. *Бір ш о н т а й тары. Ш о н т а й толы тұз* (Шымк., Арыс). **2.** (Қ.орда, Арал; Қарақ.) жылым аудың ішкі қуыс бөлігі, аудың қалтасы. *Ш о н т а й ы балыққа толғаннан соң жылымды жинайды* (Қ.орда, Арал).

ШОНТАЮ (Жамб., Мер.) шонтию, жолақ болып қалу. *Қабырға газетінің ш о н т а й ы п жұлынып түскен жерінде қандай хабар болды екен деп құмартып, білуге асығып тұрмыз* («Стал. жолы», 1937, №14).

ШОНТЫҚ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) шолақ, қысқа, келте. *Берген жібін ш о н т ы қ екен, бір құрмеге келмеді* (Түрікм., Таш.).

ШОҢ (Жамб.: Қорд., Шу) ірі, зор, үлкен. *Ол өзі бір ш о ң кісі болатын* (Жамб., Қорд.). *Жүзі күнге тотығып, ш о ң мұрнының үсті теңбілденіп, ерні жарылған бақбегі Антоша Жақсылықтың қасына кеп тұра қалды* (F. Сл., Шалқ., 95). **Қ. чоң.**

ШОҢАЙНА (Сем., Үрж.; Алм., Кег.) жапырақты, жұмыр тікені бар шөп. Мұны Торғай жағында *шоғайна* деп атайды, кей жерлерде оны *кәрігыз* дейді. Торғай елінде *кәрігыз* басқа бір тікенекті шөптің аты.

ШОҢҒАЛ (Маң., Маңғ.) шың, биік. *Олар таудың ш о ң ғ а л ы н а шықты, Алатаудың ш о ң ғ а л ы биік болады дейді* (Маң., Маңғ.).

ШОҢҒЫ (Қ.орда, Арал) қайықтың темір шығыршығы. *Мәштің арқаншасын ш о ң ғ ы ғ а аягымды іліп тұрып байладым* (Қ.орда, Арал).

ШОҢҚАЙ (Орал, Қара.) қоға шөптің тамыры. *Бұрын ел ашаршылық жылдарында ш о ң қ а й д ы жұмсатып, пісіріп азық қылып жепті* (Орал, Қара.). Мұны Торғай елі *атшоқай* деп атайды, аштық жылдары атшоқайдан талқан, нан жасаған.

ШОҢҚАЙМА[1] 1. (Қост.: Семиоз., Аман., Жанг.; Рес., Орын.; Көкш.: Еңб., Щуч.; Маң., Маңғ.; Түрікм., Небид.; Жезқ., Ағад.) әйелдер, жас жігіттер киетін биік окшелі етік. *Ш о ң қ а й м а н ы тігетін бұрынғы етікшілер көзір жоқ* (Жезқ., Ағад.). *Аягында ш о ң қ а й м а етігі бар, мысық жүн құлақшынды шекеге таман салып селтеңдеп мына біреу келе жатыр* (Б. Майл., Шығ., V, 118). **2.** (Қарақ.) өкшесі биік етік, не туфли.

ШОҢҚАЙМА[2] (Қарақ.) тауық ауруы.

ШОҢҚИЫП ОТЫРУ (Маң., Маңғ.) шоқиып отыру, жүресінен отыру.

ШОПАҚ (Ақт., Ырғ.; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Қост., Жанг.; Шымк.: Сайр., Қызылқ.; МХР) қауын-карбыздың дәні, ұрығы. *Ол қарбыздың ш о п а ғ ы н кептірді* (Ақт., Ырғ.). *Ірі қауынның ш о п а ғ ы н алып қалып келер жылы тігеміз* (Қ.орда, Жал.). *Бисембай қарт торламаның ш о п а ғ ы н жиып колхозға тапсырды* (Шымк., Сайр.). *Қауынның ш о п а ғ ы н жинап, ал ш о п а қ т ы шағып отырсыз ба?* (Қ.орда, Қарм.). Торғай маңында бұл сөз *шопақ құрлы көрмейді* деген тіркестің құрамында ғана айтылады: *Шегенді алған құдай Талпақты ш о п а қ құрлы корсін бе?* (Торг.).

ШОППАШ (Қарақ.) **1.** ерлердің жаз айларында немесе от басында киіп отыратын бас киімі. **2.** қозы терісінен істелген бас киім.

ШОРА (Қарақ.) сораң.

ШОРАҒАЙ (Қост., Жанг.; Қар., Тельм.) шортанның кішісі, орташа түрі. *Текеде ш о р а ғ а й бар деседі. Балалар көлге барып, ш о р а ғ а й аулап әкеледі* (Қост., Жанг.). *Сарыбала жалыққанда тазысын ертіп қоян аулауға жөнеледі немесе Көкталдың, Елшінің қарасуларынан ш о р а ғ а й дұзақтайды* (F. Мүст., Көз кор., 221).

ШОРАМ (Көкш., Қ.ту) жаздыгүні от жағып, ас істейтін үй (бөлме). *Ш о р а м д а от жағулы, қазан асулы тұр* (Көкш., Қ.ту).

ШОРАЯҚ (Маң.: Маңғ., Шевч.) қойдың аяғының ауруы. *Ш о р а я қ болған қой қойға ілесе алмай далада жатып қалуы мүмкін* (Маң., Шевч.).

ШОРБА (Ауғ.; Ир.) сүйық тамақ, сорпа.

ШОР ДҰЗІҚ (Түрікм., Красн.) үсті күмбез тәрізді томпақ жүзік, күмбезінің үстін сіркелеп алтынмен шаяды. *Дәулеті бар адамдар ш о р д ұ з і қ т і зергерге ақысына бірнеше тұйе беріп соқтырушы еді* (Түрікм., Красн.).

ШОРҚЫНДАҒАН (Алм., Кег.) аздаған, шамалаған, болар-болмас, шама-шарқы аз.

Бұрынғы кезде ш о р қ ы н д а ғ а н, шегенелеген малы бар адамдар жайлауға шықпай, осы маңайда қалады (Алм., Кег.).

ШОРМАҚ[1] (Қост.: Семиоз., Фед.) жөргем, жөргемдеген жіп. *Дүкенге барсаң, бір ш о р м а қ жіп ала кел* (Қост., Фед.).

ШОРМАҚ[2] (Қост., Фед.) бір қолтық агаш отын, бұталған отынның үйіндісі. *Самаурынға әзірше лаждайтын бір ш о р м а қ әкелдім* (Қост., Фед.).

ШОРПА (Жамб., Шу; Шымк.: Кел., Сарыағ.) ішіне ащылы-түщылы нәрселерді салып еттен жасайтын сүйық тағам, сорпа. *Ыстық ш о р п а ғ а тойып бемалал боп отыр екесің гой* (Шымк., Кел.).

ШОРПА-ПОРПА (Қарақ.) сорпа. *Ш о р п а-п о р п а ішіп кетің ақыр болмас* (Қарақ.).

ШОРТ-МЕЗІРЕТ (ҚХР) аралас, түсініксіз, түсінуі қиын.

ШОТ[1] (Сем.: Абай, Мақ., Үрж.; ҚХР) есіктің ілгегі. *Ш о т т ы іштен іліп алып, есігін ашпай қойды* (Сем., Үрж.). Торғай жағында есіктің ілгегін *шотке* дейді.

ШОТ[2] **1.** (МХР) ағашты адам өзіне қарай ыңғыырлап шабатын құрал. *Ағаш қазықтың үшін ш о т п е н шауып үшкүрде* (МХР). **2.** (Ауғ.; Ир.) агаш шабатын құрал.

ШОТАҒАШ (Көкш.: Қ.ту, Щуч., Еңб.; Қост., Фед.; Қарақ.) маядан қыста шөп суыратын құрал. *Қалқам, анау тұрған ш о т а ғ а ш т ы бері әперші* (Кокш., Еңб.). Қазақстанның біраз жерінде мұндай құралды *сыңғуір* дейді, *жұтпа* дейтін де жерлер бар.

ШОТАҚА (Рес., Омбы) шөп суыратын құрал.

ШОТАЯҚ (Қост.: Об., Жанг.; Қ.орда: Сыр., Жал.) шоп суыратын, басы ілмек құрал. *Мынау талдан ш о т а я қ істеп алу керек еді* (Қост., Жанг.). *Қыста шөпті ш о т а я қ п е н суырамыз* (Қ.орда, Сыр.). Бұл *шот-таяқ* деген екі сөздің бірігуінен жасалған сөз болу керек.

ШОТ КЕТПЕН (Рес., Орын.) бәйтесе, төсе. *Ш о т к е т п е н м е н қараған шабамыз* (Орын., Бөр.).

ШОТ ОРАҚ[1] (Түрікм.: Мары, Тедж., Таш., Көнеүр.) кетпен. *Жер қазуға ш о т о р а қ т а н көрі бел әздік ыңғайлы* (Түрікм., Көнеүр.).

ШОТ ОРАҚ[2] (Рес., Орын.) шалғы. *Ш о т о р а қ т ы шалғыдан істейді. Ш о т о р а қ п е н тал, бұталы шоп орады* (Орын., Бөр.).

ШОТ САЛУ (Түрікм.) күресте аяқтан шалу. *Темір ш о т с а л ы п бастап еді, анау оған конбеді* (Түрікм.).

ШОТ СОҒУ (ҚХР) ниетте болу, ойда болу, мақсат ету.

ШОТЫР (Орал, Қара.; Жамб., Жуа.) бүжыр, бетінде шешек дағы бар (адам туралы). *Шәй үстінде ш о т ы р қара кісі кіріп келді* (Орал, Қара.). *Өзі ш о т ы р, өзі соқыр соны, қайтып сүйесің, – деді біреу* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 181).

ШОШ (Алм., Балқ.) түзу ағаштан жасалған 5-6 метрлік тіреу. *Іле бойының балықшылары ш о ш т ы, әсіресе, шашпа ауды салғанда көп пайдаланады* (Алм., Балқ.).

ШОШАЙ МӘНСАП (ҚХР) шошақ мәнсап, кішкене мәнсап.

ШОШАҚ 1. (Павл., Ерт.; Қ.орда, Қарм.; Көкш.: Щуч., Еңб.; Қост.: Жанг., Аман.; Жезқ., Ағад.; ҚХР) шөптің маясының шағын түрі. *Бір ш о ш а қ шөп бір құлынды биені қыстан алып шығуға жетеді* (Қост., Жанг.). *Шөпті ш о ш а қ қ а ұю жұмысы күнде істелетін болсын* (Қ.орда, Қарм.). **2.** (Алм.: Кег., Шөл., Нар.) бірнеше шөмеленің жиынтығы. Қ. шанабас.

ШОШАҚ ЕР (Түрікм.: Небид., Көнеүр.) құранды ер.

ШОШАЛ (Қост., Семиоз.) ас-су қоятын үй, ас үй, кілет. *Балақай, ш о ш а л д а п сүт пен май әкел* (Қост., Семиоз.).

ШОШАЛА[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Гур., Тең.; Ақт.: Ырғ., Жұр.; Қ.орда: Арал, Қарм.; Рес.: Орын., Сарат.) сиырға тиетін шанышқақ, оқыра. *Мөңкігенің не ш о ш а л а тиген сиырдай* (Түрікм., Красн.). *Жаз айындағы ш о ш а л а д а н мал қатты ариды* (Қ.орда, Қарм.). *Сиырға ш о ш а л а тигенде, Жайық бойындағы тоғайға барып паналайды* (Орын., Бөр.). *Ш о ш а л а с ы бар сиыр жөнді оттамайды* (Қ.орда, Арал). *Сиырға ш о ш а л а тию уақты өтті* (Ақт., Ырғ.). Бұл сөздің *оқыра, шанышқақ, сәйгел*, т.б. бірнеше жергілікті нұсқалары бар.

ШОШАЛА[2] (Көкш.: Еңб., Шуч., Боров.; Сем.: Шұб., Абай, Ақс., Көкп.; Алм., Шел.; Жамб.: Мер., Шу, Қорд., Луг.; Қост.: Об., Жанг.; Жезқ.: Ұлы., Ағад.) ас-су қоятын үй, кілет, ас үй. *Бұл ш о ш а л а д а н келген түтін гой* (Көкш., Щуч.). *Ауыл үйлер ш о ш а л а д а, күн суық, Жел де азнап аш қасқырдай ұлып тұр* (С. Мұқ., Таңд. шығ., 79). *Кілет, ш о ш а л а, зәузенәй атаулыға Әйгерім қыс азығын ертеңді-кеш жигызып жүр* (М. Әу., Абай жолы, II, 386). *Ертеңгі-кеш мал жайлауға шыққан шалын бәйбішесі қақсап жүріп не қораның бұрышынан, не ш о ш а л а д а ғ ы жерошақтың басынан тауып алатын* (Қ. Ысқақ, Күреңсе, 54).

ШОШҚАНЫҢ КҮШІГІ (Рес., Орын.) торай. *Шошқаның күшігін ұстап алып келе жатыр* (Орын., Ад.).

ШОШҚА ТІКЕН 1. (Алм., Жам.) су бойына шығатын ақтікен, тікенегі инедей болады, мал жемейді. 2. (Шымк., Түркіс.) майда жапырақты тарбиып өсетін тікен түрі. *Шошқа тікен калошты тесіп кетеді* (Шымк., Түркіс.).

ШОШҚА ТІС (Ақт., Қараб.) шөп машинасының қиығы, таңдайы.

ШОШЫМАЛ (Қост., Жанг.) шошынып, елегізіп ауыратын ауру. *Шошымал болған баланы қожа молдаға ұшкіртіп жатушы еді, содан тәуір боп кететіні де болады* (Қост., Жанг.).

ШОШЫМЫЛДЫҚ 1. (Сем., Үрж.) тауға шығатын қызылша тәріздес өсімдік. *Шошымылдық қызылшадан айнымайды* (Сем., Үрж.). 2. (Шымк., Түркіс.) түбінде түйіні бар шөп түрі. *Шошымылдық құмды жерге де, таулы жерге де өсе береді* (Шымк., Түркіс.).

ШОЯН (Сем., Үрж.) білімді, көзі ашық, әр нәрседен хабары бар. *Мына балалар бір шоян балалар көрінеді* (Сем., Үрж.).

ШӨБАУЫЗ (Жамб., Луг.) төңкерістен бұрынғы халықтан жиналатын салықтың бір түрі (жылына бір рет жиналатын болған); түтін салығы.

ШӨБЕРЕ[1] (Жамб., Шу) торта, сары майды қорытқанда түбінде түнып қалатын қалдық. *Мынау шөбересін алған май ма, әлде шөбересі алынбаған ба?* (Жамб., Шу).

ШӨБЕРЕ[2] (Ақт.: Жүр., Тем.) тері бояйтын томар бояуды қайнатқанда, сілті қайнатқанда ыдыс түбінде қалатын түнба.

ШӨБІ ЕМІП ТҰР (МХР) шөбі емізіктеп тұру. *Ақсу арасының шөбі еміп тұр* (МХР).

ШӨБІРЕ (Гур., Тең.) балықтың тікені, қылқаны. *Шөбірге қара балықта көбірек болады* (Гур., Тең.).

ШӨБІ ТҮСУ (Түрікм.: Бекд., Алт., Красн., Қиян., Небид.) таланына кез келу. *Менің соған шөбім тұстіме, маған оқуға барасың деді* (Түрікм., Бекд.).

ШӨГЕРМЕ (Түрікм.: Көнеүр., Таш., Тахта, Тедж., Ашх.; Қарақ.) түрікмендердің басына киетін үлкен сеңсең бөрігі. *Мынауың шөгермесіне көміліп қалыпты гой* (Түрікм., Көнеүр.). *Қозының ұшы жазылмаған бұйра терісінің тұтін сыртына қаратып шөгірметі гі* (Қарақ.).

[Қарақалпақша *шегирме* (Карак.-рус. сл., 1958)].

ШӨГЕРУ (Қ.орда, Арал) салу (ау туралы); жылым шөгеру (жылым салу). Балықшылар қыстығүні суға жылым салады. Теңіздің мұзын ойып, көп еңбек жұмсап, жылымды су түбіне жайғастырады. Осыны Арал балықшылары *шөгеру* деп атайды. *Балықшылар үлкен ауды шөгеріп болды* (Қ.орда, Арал). *Балықшылар көп қиыншылықтарды жеңіп, жылым шөгерді* («Соц. Арал», 19.05.1952). Каспий балықшыларының тілінде *шөгеру* деген сөз көрсетілген мағынада кездеседі.

ШӨГІНДІ (Гур., Маңғ.) түйенің қиы.

ШӨГІР (Қост., Жанг.; Қарақ., Қоң.; Көкш.: Щуч., Еңб.) тікен. *Жалаңаяқ жүрем деп аягыма үлкен шөгір кіріп кетті* (Қарақ., Қоң.). *Кіршілдеп аягыма шөгір еніп, Болганмен қанша жансыз мүдіргенім* (С. Мүк., Таңд. шығ., 3 т., 187).

ШӨГІРЕ//ШӨБІРЕ (Маң.: Маңғ., Шевч.) аяққа, қолға, т.б. кірген тікен. *Аягына кірген шөгірені інемен алып таста* (Маң., Маңғ.).

ШӨГІРЛЕУ (Қ.орда, Жал.) аяғына шөгір кіру. *Балам, орылған қамыстың арасына кірме, шөгірлеп қаларсың* (Қ.орда, Жал.).

ШӨГІРТЕК (Қарақ.) 1. қамыстың мал жегеннен қалганы. 2. тіксн.

ШӨЖЕ[1] (Түрікм.: Ашх., Гяу., Таш., Көнеүр., Тедж.; Қ.орда: Жал., Сыр., Қарм., Арал; Шымк., Мақт.) баланан. Кобіне тауықтың балапанын айтады. *Тауықтың шөжелері шеңілдің арасынан көрінбейді* (Қ.орда, Жал.). *Талай тұқым* (к.) *жарылып, талай шөжер жетті* («Соц. ең.», 1955, №25). Қ. шөжек.

ШӨЖЕ[2] (Шымк., Түркіс.) түсі шүбарлау келген торғайдың бір түрі.

ШӨЖЕК (Шымк., Түркіс.) тауықтың балапаны. *Бұл жерде тауықтың балапанын шөжек деп атайды* (Шымк., Түркіс.).

ШӨЖЕ ТОРҒАЙ (Сем.: Ақс., Көкп., Абай) шөлде жүретін, көп үшпайтын торғай. *Шөже торгайлар Ақсуат ауданын мекен етеді* (Сем., Көкп.).

ШӨЖУ (Алм., Еңб. қаз.) сему, сену. *Шөжіп қалгаи бидай дәні* (Алм., Еңб. қаз.).

ШӨЖІК (Қ.орда, Арал) майда көк шебі мол жер. *Мұқаметжан, баспақты шожікке айдап апарып сал* (Қ.орда, Арал).

ШӨЖІМ[1] (Қост., Жанг.) жуқа матаның бір түрі. *Мынау – шожім, мынау – тібін, мына бір – астарлық...* (С. Сөйф., Әңгім., 146). Қ. **шожым.**

ШӨЖІМ[2] (Өзб.) бала. *Жақсы көрген баламды шөжім деймін* (Өзб.).

ШӨЖІҢКЕ//ШӨШІҢКЕ (Көкш.: Еңб., Щуч.) жібі ширатпалы, драптан гөрі жұқарақ мата.

ШӨЙГЕЙ (Рес., Орын.) жырау. *Сонда Баймагамбет бұл біздің ш ө й г е й і м і з еді дейді* (Орын., Бөр.).

ШӨК АТЫМ ЖЕР (Жамб., Сар.) оқ бойы жер.

ШӨКЕ АТУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Бекд.) жамбы ату. *Ат жарысқа кеткесін, ш о к е а т у басталады, соны корелік* (Түрікм., Красн.).

ШӨКЕЛЕТУ (Өзб.: Ташк., Бост.) жүресінен отырғызу. *Әзірейілдей зіркілдеген Бимен қарсы алдына ш о к е л е т і п отырғызып қойды* (Р. Райым., Жап. жанғ., II, 397).

ШӨКЕСІНЕН (Жамб., Тал.) жүресінен.

ШӨКЕ-ШӨКЕ (Маң., Маңғ.) ешкіні суға шақыру одағайы.

ШӨККІШ (Қарақ.) балға.

ШӨКТІРМЕ[1] (Алм., Балқ.) ауыртпалық байлайтын жіп. *Ш о к т і р м е н і ң ұзындығы теңіздің* (желі құрылатын жердегі судың) *тереңдігіне байланысты болады* (Алм., Балқ.).

ШӨКТІРМЕ[2] (Түрікм.: Қиян., Қулы., Бекд., Красн.) аудың суға бататын жағындағы арнаулы түрде байланған тастар.

ШӨЛӘ (Өзб.) палаудың демделмей езіліп кіреп кеткен түрі.

ШӨЛ БИДАЙ (Жамб., Шу; Көкш., Қ.ту) суарылмайтын бидай егісі. Торғай жағында суарылмай өсіретін егісті *шол егіс* деп атайды.

ШӨЛЕҢКЕ 1. (Тау., Қош.) түтқалы, іші эмальданған темір кружка. *Әке, маған бір ш ө л е ң к е суық су берші* (Тау., Қош.). **2.** (МХР) кесе. *Сусын ішетін ш о л е ң к е ап кел* (МХР).

ШӨЛ ЖАЛБЫЗ (Шымк., Түркіс.) шөл жерде өсетін осімдік түрі. *Ш ө л ж а л б ы з д ы қан тасыганда ем үшін пайдаланады* (Шымк., Түркіс.).

ШӨЛКЕ (Қост.: Жанг., Аман.) түйе қамыт. *Ш ө л к е н і кигізіп түйені арбага жек* (Қост., Жанг.).

ШӨЛКЕМ (Қарак., Тақт.) үйым, қоғам. *Ш ө л к е м құру керек* (Қарақ., Тақт.).

ШӨЛКЕМДЕСТІРУ (Қарак., Қоң.) үйымдастыру, біріктіру. *Жұмысты жақсы ш ө л к е м д е с т і р у керек* (Қарақ., Қоң.).

ШӨЛ ҚАҒУ Қ. шөл қақты болу.

ШӨЛ ҚАҚТЫ БӨЛУ//ШӨЛ ҚАҒУ (Маң.: Шевч., Маңғ.) шөлдеу, шөліркеу, сусау. *Құдығымыздан біразга дейін су шықпай малымыз ш ө л қ а қ т ы б о л ы п қалды* (Маң., Шевч.).

ШӨЛ ҚАЛДЫРУ (Маң., Маңғ.) сусыз қалдыру, су бермей қою. *Жылқыны бұл кездерде бір мезгіл де ш ө л қ а л д ы р у г а болмайды* («Ең. туы»).

ШӨЛ ҚАРСАҚ БӨЛУ (Маң.: Шевч., Маңғ.) шөлдеу, сусау, шөліркеу. *Көшіп қонганнан кейін екі күндей малымыз су іше алмай ш ө л қ а р с а қ б о л д ы. Жол журген кезде Жыңғылдыдан шығып кеткенше ш ө л қ а р с а қ көресің, әрмен қарай су болады* (Маң., Маңғ.).

ШӨЛ ҚОЮ (Түрікм.: Ашх., Таш., Конеүр., Тахта, Тедж.) суармау, сусыз қою. *Алдымен екі-үш күн ш ө л қ о я д ы* (Түрікм., Ашх.).

ШӨЛМЕК 1. (Сем.: Абай, Ақс., Кокп.) құмыра, көзе, балшықтан күйдіріп жасаған ыдыс. *Бір ш ө л м е к су, бір ш ө л м е к айран* (Сем., Ақс.). **2.** (Түрікм.: Таш., Конеүр.; Маң., Маңғ.) әйнек, шыны. *Терезенің ш ө л м е г і* (Түрікм., Көнеүр.). *Байқа, балалардың аягына ш ө л м е к кіріп кетпесін* (Маң., Маңғ.).

ШӨЛМЕҢ-ШӨЛМЕҢ ЕТУ (ҚХР) жаландау, тамсану, нысабы кету.

ШӨЛПӘРІ (Жезқ., Ұлы.) қызыл сары бидай. *Біздің колхоз жылда ш ө л п ә р і бидай егеді* (Жезқ., Ұлы.).

ШӨЛТІК (Павл., Баян.) үйдің қабырғасына жапсыра орнатылган кітап я басқа нөрсе қоятын тақтай, сөре. *Ш ө л т і к т е г і кітаптарды шаң басып қалмасын* (Павл., Баян.).

ШӨМ (Қарақ.) бір буда қамыс, қамыстың бауланған түрі.

ШӨМЕ (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.; Ақт., Ырғ.; Шыг. Қаз., Тарб.) шөмеле. *Бүгін қанша ш ө м е жидыңдар* (Сем., Абай). *Ш ө м е н і кебенге саламыз* (Ақт., Ырғ.).

ШӨМЕЙКЕ (Қ.орда, Арал) қылтанақты, тікенді кішкене балық (өндірістік мәні бар). *Ш ө м е й к е шілдеден бастап ұшанга* (қ.) *кетеді* (Қ.орда, Арал).

ШӨМЕЛЕЙ (Жамб., Жам.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Ақт., Ойыл; Рес., Орын.) шомеле. *Мен лейтенантпен қоштастым да, еңбектей жылжып, ш ө м е л е й түбіне барып жаттым* (Ә. Сәр., Офиц. күн., 63). *Бүгін ш ө м е л е й көп үйілпті* (Өрын., Ад.). *Бұлт өсерін тогетін болса, үйілмеген ш ө м е л е й д і шірітеді* (Ж. Тіл., Қайнар, 9). *Бүгін ш ө м е л е й көп үйілпті* (Ақт., Ойыл). *690 гектардың шөбі ш ө м е л е й г е салынып, 596 гектар скирдке үйілді* («Соц. ауыл», №58, 1941). *«Кіші буырыл» колхозы 90 гектар пішенін шауып, оны ш ө м е л е й г е салып, маялап өрі тасып жатыр* («Кол-шы», 1933, №39). Қ. шөме.

ШӨМЕЛЕЛЕУ (Талд., Панф.; Алм.: Шел., Кег.) шөпті шөмелеге салу.

ШӨМЕЛЕН (Өрал, Шығ.) шөмеле.

ШӨМШЕК (Тау., Қош.; Шығ. Қаз.: Күрш., Больш.; Сем.: Абай, Шүб.; Қар., Қарқ.; МХР) шөпшек; ағаштың қиқым-сиқымы, шырпы. *Әкемнің күні ш ө м ш е к терумен өткен* (Шығ. Қаз., Күрш.). Қазақ жерінің көбінде *шөмшек//шөпшек* деп кебіне шөп-шаламды айтады, ал *шөмшек* сөзінің ағаштың шырпысын білдіретін шығыс өңірде болмаса, өзге жерлерде кездеспейді.

ШӨМІШ (Қарақ.) ожау.

ШӨМІШ ҚАБАҚ 1. (Алм., Қарат.) қабақты қайнатып содан жасаған ожау. 2. (Талд., Панф.) ожау, шеміш үшін пайдаланылатын іші қуыс қабақ.

ШӨНДЕМДІ (Сем.: Абай, Шүб.) жендемді, жөндемі.

ШӨНЕК (Алм., Шел.; Сем., Үрж.) шағын арық. *Темекінің ш ө н е г і н тартып, су жіберіп, содан кейін көшетін отыргызады* (Алм., Шел.). *Суды ш ө н е к п е н агызып жатырмыз* (Сем., Үрж.).

ШӨНШІК//ҮШЕНШІК (Маң.: Маңғ., Шевч.) теріден жасалған дорба. *Мен өгіз терісі талыспын, сен бұзау терісі ш ө н ш і к с і ң* (Махамбет).

ШӨҢ (Талд., Ақсу; Шығ. Қаз., Больш.) ірі, зор, үлкен. *Қажымұқан ш ө ң кісі болыпты гой* (Талд., Ақсу). Тарбағатай жагында 20-жылдарда Сұлтанмахмут Торайгыров құрған «*Шөң* серіктігі» дейтін мәдени ағарту үйымының есіміндегі «*шөң*» созі – осы соз (Ж. Болатов, ҚТТДМ-2, 150).

ШӨҢКЕРІЛУ (Қост., Об.; Акт., Ырғ.) төңкерілу, аударылу, омақа асу, тоңқалаң асу. *Аттың үстінен ш ө ң к е р і л е құлады. Жүгі ш ө ң к е р і л і п қалды* (Қост., Об.). *Ортаға алаулата жаққан оттың жарығына бетін беріп, ш ө ң к е р і л е жүресінен отырған қария машық қимылмен үйректерді бұтарлай бастады* (Ө. Қан., «Жүлдыз», 1988, №4, 104).

ШӨҢТАС (Шығ. Қаз., Тарб.) егін басатын тас. *Бізде екі-ақ ш ө ң т а с бар* (Шығ. Қаз., Тарб.). Қ. шаңтас.

ШӨП АҒЫП КЕТУ (Тау., Түр.) шабылған шөптің құрап қалуы.

ШӨПЕКТЕУ (Маң., Маңғ.) оттау, жайылу (малға байланысты). *Қанша өріске айдасаң да ш ө п е к т е п жүріп тоюды білмейтін құзгын құрсақ қошақан...* (Ә. Кекіл., Үркер, 69).

ШӨПЕТТЕЙ (Өзб.) кішкене. *О баланың беті ш ө п е т т е й екен* (Өзб.).

ШӨПКЕПЕ (Талд., Панф.) үсті шөппен жабылып жасалған балаған, кепе.

ШӨПКЕР ҮЙ (Қарақ.) ағаштан, қамыстан салынған үй.

ШӨП-САЛАМ (Қост., Өб.) шоп-шалам, шоптің қалдығы, қоқыр-соқыр. *Есік алдында шоқитып үйілген ш ө п-с а л а м* (Б. Майл., Шығ., IV, 257).

ШӨПТЕН ТАУЫП ӨЛУ (Қ.орда, Арал) түйенің жаман шөп жеп уланып өлуі.

ШӨПТІҢ ШАРЫ (Шығ. Қаз., Больш.) шөптің шамасы, шөптің мөлшері. *Ш ө п т і ң ш а р ы белгілі, азайып қалды* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШӨПХАНА (Шымк., Түркіс.) шоп қоятын жер. *Ш ө п х а н а д а н өткен жылғы шөп қалдығын шығарып тастаймыз* (Шымк., Түркіс.).

ШӨПХӨР (Қарақ.) шөп жегіш.

ШӨП ШАБЫС (Алм.: Кег., Нар.) шөп шабу, шабық. *Бәріміз жабыла ш ө п ш а б ы с қ а шықтық* (Алм., Нар.).

ШӨП ШӘЙ (МХР; Сем., Мақ.) шай орнына қолданылатын жіңішке жапырақты осімдік. *Согыс кезінде ш ө п ш ә й ішкен күнде бөлды* (МХР).

ШӨП-ШӘҢГІ (ҚХР) оны-мұны, анаумынау. *Бұл мәшін ш ө п-ш ә ң г і шұңқырды тыңдамайды* (ҚХР).

ШӨП-ШӨБЕРЕ (Маң., Маңғ.) шөпшар, шөптің қиқымы. *Козім түйіле береді, ш ө п-ш ө б е р е түсіп кетпеді ме екен деймін* (Маң., Маңғ.).

ШӨП-ШӨЛЕҢ (Өрал, Чап.) шеп-шалаң, шөп-шар. *Қораның іші ш ө п-ш ө л е ң, қоқыр-соқыр* (Өрал, Чап.). *Шанадан төгілген ш ө п-ш ө л е ң н і ң беті ашылып жол аңгары үздік-создық қарауытып жатыр* (Х. Есенж., Ақ Жай., I, 88).

ШӨПІТУ (Маң., Маңғ.) шөпілдету, шөпілдетіп сүю. *Қалқан құлақтың ұшынан қайта-қайта ш ө п і т і п сүйсін-ай кеп* (Ә. Кекіл., Күс қан., 71).

ШӨРЕК[1] (Қарақ., Тақт.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) қазанға қарып пісірген жұқа нан. *Базардан бір-екі ш ө р е к ала келіп едім* (Түрікм., Таш.).

ШӨРЕК[2] Қ. шүрек.

ШӨРКЕ 1. (Алм.: Кег., Еңб. қаз.; Тау., Қош.; Сем.: Абай, Шүб., Ақс., Көкп., Аяг.) арамен кесілген кеспелтек ағаш. *Бүгін он ш ө р к е кестім* (Алм., Кег.). *Ш ө р к е н і тауып алып самауырға ағаш жарып жіберейін* (Сем., Абай).

Астыма кішірек бір ш ө р к е қойып, темір пештің арт жағындағы қуысқа тығылыңқырап отырып алдым (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 66). Бұл – орыс тіліндегі *чурка* сөзінің жергілікті халық тілінде игерілу формасы. **2.** (Шығ. Қаз., Больш.) ағаш жару үшін пайдаланылатын кеспелтек ағаш.

ШӨТЕК (Шығ. Қаз., Больш.) 250 грамдық ботелке.

ШӨТКЕ (Көкш.: Щуч., Еңб.; Қост.: Жанг., Аман.) есіктің ілгегі, есік ілгіш. *Есіктің ш ө т к е с і н салып қойдың ба?* (Көкш., Еңб.). *Есікке ш о т к е сал. Есіктің ш ө т к е с і н іліп қой* (Қост., Жанг.).

ШӨШІҢКЕ Қ. шөжіңке.

ШПАНКА БЕРУ (Түрікм., Тедж.) мақтаның арам бұтақтарын кесу. *Ш п а н к а б е р у мәусімі өтіп барады* (Түрікм., Тедж.).

ШТАТ (Қост.: Жанг., Аман., Арқ., Семиоз.; Жезк., Ұлы.) төңкерістен бұрынғы болыс сайлауы. *Ш т а т болғанда елге шар салдыру үшін болыстыққа таласқандар малын аямай төгетін* (Қост., Жанг.).

ШУАҚТЫҚ (Қост., Об.) шуақ жер, күн түсіп тұрған ық жер. *Арық малдар тысқа шығып ... ш у а қ т ы қ т а ғ ы ... шөпті тіміскіп жүр* (Б. Майл., Шығ., III, 39).

ШУАЛ[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Гяу., Таш., Көнеүр., Тедж.; Маң., Маңғ.; Өзб.) үлкен қап (қанар). *Қырыққан жүндерді салатын ш у а л жетіспей тұр* (Түрікм., Тедж.). *Екі үлкен ш у а л тезек әкелдім* (Маң., Маңғ.). *Қырқым қорасынан жүк тығылған ш у а л д а р бірінен соң бірі домалап шығып жатыр* (Өзб.).

[Әзірбайжанша *шуал* үлкен қап; пар. *жабу* (Л. Буд., I, 490)]. **2.** (Қарақ.) қап, қапшық.

ШУАЛ[2] (Сем., Абай) шошала, кілет. *Астық ш у а л д а* тұр (Сем., Абай).

ШУАЛ[3] (Қарақ.) кереге басына ілулі тұратын киім-кешек салатын тоқыма, түкті қалта.

ШУАЛАҢ (Жамб., Жам.) ұзын, шұбаландаған, саландаған. *Бір күні сол оқушы әйелді де ш у а л а ң тілімен бір «сыйлап» салғаны гой* («Кол-шы», 1937, №56).

ШУАЛШАҢ (Алм.: Жам., Еңб. қаз., Шел., Кег.) жауын құрт. *Ш у а л ш а ң тауып кел, балық аулауға барайық* (Алм., Жам.). Қ. шылаушын[1].

ШУАТ (Орал, Казт.) ыстық, күннің ысуы. *Бүгін ш у а т* (Орал, Казт.).

ШУАТТАНУ (Орал, Казт.) ысу, күннің ысуы. *Бүгін күн әбден ш у а т т а н ғ а н екен* (Орал, Казт.).

ШУАУ (Жамб., Шу; Шығ. Қаз., Қатон.) шұбау, шұбыру. *Көп үзамай жайлаудан мал ш у а й д ы* (Жамб., Шу). *Аягөз өңіріндегі елдің тайлы-таягы қалмай атты-жаяулы ш у а п келеді* (О. Бөк., Өз от.өш., 9).

ШУГЕ (МХР) шкаф. *Мынау берік ш у г е екен* (МХР).

[Монғолша *шүүгэ*; қытайша *chy-куей* шкаф (Б. Баз., Монғ. қаз. тілі, 196)].

ШУДАЛАУ (Орал, Орда) бір нәрсеге шуда жіп тағу, шуда жіппен бір нәрсені байлау. *Қосаяқты қаулап, Тал шойықты ш у д а л а п* (Шәңгерей ақын).

ШУЛАН[1] (ҚХР) қасқырдың ұрғашысы, қаншығы. *Бөлтірігін алма ш у л а н н ы ң, шұрқан салар қораңа* (МХР).

ШУЛАН[2] (Рес., Омбы) ас пісіретін үй. *Ендеше ш у л а н г а тосек салып берейік. Жоқ мен онда жатпаймын... суық қорада қамайтын мал емеспін* (С. Мүк., Өмір мект., 4).

ШУЛЫ АЯҚ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) сылбыр, жайбасар, жүріс-тұрысы ауыр, аяғы ауыр қозғалатын (адам туралы). Торғай жағында дәл осы мағынаны білдіретін *мал аяқ* деген тіркес бар.

ШУЛЫҒУ[1] (Қост., Жанг.; Жезқ., Ұлы.) түн асқан сорпаны ысытқан кезде дәмінің кермек тартуы, ашқылтымдануы, бірақ ашып кетуі емес. *Сорпаны тым ысытып жіберме, ш у л ы г ы п кетер* (Қост., Жанг.).

ШУЛЫҒУ[2] (Жамб., Тал.) шулау, у-шу көтеру. *Сондағы жұрттың ш у л ы қ қ а н ы н ерен де қылмай* (Р. Ниязбеков, «Жұлдыз», 1988, №10, 80).

ШУУ (Өзб.) аршу, ажырату. *Көндіз көсек жұлып, түнде көсек ш у и т ы н едік* (Өзб.).

ШҰБАЛАҢ (МХР) сылбыр. *Бір ш ұ б а л а ң байқұссың гой* (МХР).

ШҰБАЛЖАҢ//ШҰБАЛШАҢ (Алм., Нар.) жауын құрт. *Қармаққа ш ұ б а л ж а ң шаншып балық аулаймыз* (Алм., Нар.).

ШҰБАР[1] (Маң.: Маңғ., Шевч.) аса сирек, некен-саяқ, тым аз. *Бұл маңда жыр айтатын адам кәзір ш ұ б а р кездеседі* (Маң., Шевч.).

ШҰБАР[2] 1. (Қост., Жанг.) жазық далада кездесетін тобылғы, шағыр өскен, шөбі қалың, бұталы оян жер. *Шұбартүбек, Шұбарағаш* деген жер аттарындағы шұбар осы сөз. **2.** (ҚХР) отты жер. Біз сөз етіп отырған аймақта *шұбар* деген топонимикалық атаулар аса мол.

ШҰБАРАЯҚ (Рөс., Астр.) сырлы тостаған, сырлы аяқ.

ШҰБАРКЕЛЕУ (Гур., Тең.) жөрмеу, көктеу, көктеп тігу. *Ш ұ б а р к е л е п тіккен ау мықты болады* (Гур., Тең.).

ШҰБАРЛАУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) сиректеу, аздау, некен-саяқ. *Біздің ауылда да ол құсаған сөз білетін адам көп болмағанымен, ш ұ б а р л а у кездеседі* (Маң., Маңғ.).

ШҰБАРЛЫ (Көкш.: Щуч., Еңб.) жазық далада кездесетін ояң, шөбі қалың, бұталы жер. *Ш ұ б а р л ы жерге қар қыста көп тоқтайды, шөбі қалың болатыны сол* (Көкш., Еңб.).

ШҰБАРТУ (Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс.) бұлдырау, сағымдалу, буалдырлану, тұмандану. Бұл сөз көбіне *көз шұбарту* деген тіркестің құрамында қолданылады: *Мал қайырып жүргенде күн ыстық болса көзің ш ұ б а р т ы п кетеді* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ШҰБАТТАУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) сусындау (көбіне шұбат ішіп сусындау туралы айтылады). *Қонақтар, келің ш ұ б а т т а й ы қ* (Түрікм., Көнеүр.).

ШҰБАТЫ (Қост., Жанг.) күйдіргі ауруы. *Ш ұ б а т ы шыққан адамның басы айналып, денесі қатты қызады, ем қолданбаса, адам өліп кетуі де мүмкін. Бұл аурумен адам тек жаз айларында ғана ауырады* (Қост., Жанг.).

ШҰБЫН//ШОБЫН (Орал, Жән.) тұғыр (ат туралы). *Ш ө б ы н ат* (Орал, Жән.).

ШҰБЫРТУ//АҚБАСПА БОЛЫП ШҰБЫРТУ (Маң., Маңғ.) малды ақ қар, кок мүзда бір жерден екінші жерге айдау. *Ақбаспа ш ұ б ы р т ы п келе жатқан малын құмға ширген екен* (Маң., Маңғ.).

ШҰБЫТ (Орал, Орда) надан, қараңғы (адам туралы). *Көзір ш ұ б ы т адам жоқ, бәрі үкімет саясатын түсінеді* (Орал, Орда).

ШҰҒЫЛДАУ (Ауғ.; Ир.) шуылдау, шулау. *Бір түйір адам отса һәм ш ұ г ы л д а у нәдүрыс болады, бейәдептік болады* (Ир.).

ШҰҒЫНДЫР (Түрікм.: Тедж., Мары, Байр., Көнеүр., Тахта) қант қызылшасы.

[Түрікменше *шугундур* (Рус.-туркм. сл., 1940); пар. *қызылша* (Л. Буд., I, 478); тат. *шугундір* (Тат.-рус. сл., 1950)].

ШҰҒЫНЫҚ (Алм., Жам.; Шығ. Қаз., Тарб.) таулы жерге шығатын түбінде собығы бар өсімдік (собығын жеуге болады). *Тарбағатайдың етегінде ш ұ г ы н ы қ көп өседі* (Шығ. Қаз., Тарб.). *Ашаршылықта аштар ш ұ г ы н ы қ теріп жеп жан сақтаған* (Алм., Жам.).

[Ұйғырша *чуглуқ* (Уйг.-рус. сл., 1961)].

ШҰЖЫҚ[1] (Көкш., Қ.ту) есіктің құлып ілетін темірі. *Ләпкенің ш ұ ж ы г ы н жұлып алып кіргенін екі әйел көрді* (Көкш., Қ.ту).

ШҰЖЫҚ[2] (Сем., Ұрж.) сырға. *Ш ұ ж ы г ы м сынып қалды* (Сем., Ұрж.).

ШҰЖЫҚ[3] (Талд., Панф.; Алм., Шел.) қамыттың ішкі жағына, қамыт ағаш астына киетін жұмсақ киіз, астар.

ШҰҚАНАҚ ҚҰДЫҚ (МХР) қол шөмішпен су құйып алатын суы таяз құдық.

ШҰҚТАУ (Көкш., Қ.ту) ұшықтау. *Баламды бақсыға ш ұ қ т а т т ы м* (Көкш., Қ.ту).

ШҰҚЫНДАУ (Сем.: Абай, Шұб.; Тау., Қош.) шұқылау. *Жаңа балалар анау жерде бір нәрсені ш ұ қ ы ң д а п жүрген* (Сем., Шұб.).

ШҰҚЫР (Шығ. Қаз., Күрш.) шай ішуге арналған құлақты ыдыс (астында шыны аяғы болады). *Шәйді маған ш ұ қ ы р г а құйып бер* (Шығ. Қаз., Күрш.). Қ. шұңқыр.

ШҰЛАУЫШ (МХР) шылауыш. *Ал, сары бәйбіше өзінше сәнденген. Ш ұ л а у ы ш ы н ы ң құйрығына екі жерден маржан тізген сылдырлауық шолпы тағып, маңдайына қоңырау салпыншақты, күміс ай түйреуіш таққан көрінеді* (С. Тәу., Арм. тау, 85).

ШҰЛҒЫМА (Көкш., Қ.ту) дойбы ойынында жүрер жердің болмай қалуы, зәкет. *Сен ш ұ л г ы м а болып қалдың гой* (Көкш., К.ту).

ШҰЛҚА[1] (Түрікм.: Ашх., Тедж., Мары, Байр., Көнеүр., Тахта) мал жеміне жарайтын мақта қалдығы. *Мәшіндегі жүктелгендердің бәрі ш ұ л қ а* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *шулха* қабық, қауыз (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *шулха* мақта түқымы (Узб.-рус. сл., 1959)].

ШҰЛҚА[2] (Қарақ.) шиті дәнінің майлы қабығы.

ШҰЛҚА[3] (Рес., Сарат.) шұлық, шөлкей, носки. *Біздің балалар ш ұ л қ а с ы н киместен етігін суға салады* (Рес., Сарат.).

ШҰЛЫҚ (Өзб.) шопанның жәрдемшісі, екінші шопан. *Менің тәрбиелеп шығарған ш ұ л ы қ т а р ы м абырой, атақпен бас шопандыққа көтерілуде* (Өзб.).

ШҰМШУЫР (Көкш., Қ.ту) шымшуыр, отқысқаш.

ШҰҢҒЫМА (Орал, Жән.; Қост.: Жанг., Тоб.) судың терең жері. *Мына жер аса қауіпті – ш ұ ң ғ ы м а, байқап жүз, бала* (Қост., Жанг.).

ШҰҢҚЫР[1] (Көкш.: Еңб., Щуч.; Сем.: Абай, Ақс., Көкп.; Жезқ., Ағад.) фарфор, шәшкө-шынаяқ. *Шәйді кесемен емес, ш ұ ң қ ы р м е н ішкенді жақсы көреді екен, ш ұ ң қ ы р г а құйып бер* (Жезқ., Ағад.). Қ. шұқыр.

ШҰҢҚЫР[2] (Қарақ., Тақт.) өр нәрседен хабардар, білімді (адам туралы). *Бізбен әңгімелескеннен гөрі коп білетін Бақаң сыяқ-*

ты ш ұ ң қ ы р адаммен әңгімелескенің жөн (Қарақ., Тақт.).

ШҰҢҚЫР САЛМА (Орал, Жән.) кеспе сияқты сүйық тамақ. *Балалар, ет болмады, ш ұ ң қ ы р с а л м а ішесіңіздер* (Орал, Жөн.).

ШҰҢҚЫР ТАЛАС//ТОП ТАЯҚ (Жамб., Шу) балалар ойыны (бір-бір шүңқыр жасайды да ортасына үлкен шүңқыр қазады. Бәрінде де таяқ болады. Біреуі жұмыт ағашты, сүйекті таяғымен айдап келіп, ортадағы шүңқырға түсіреді, сүйтіп барып ұяға таласады). *Ш ұ ң қ ы р т а л а с т ы жасымда көп ойнадым* (Жамб., Шу).

ШҰҢҚЫЮ (Шымк., Сарыағ.) шүкшию, бір нәрсенің соңына ерінбей түсу. *Бір ерінбейтін адам еді, бір іске кіріссе, ш ұ ң қ и я д ы да жүреді* (Шымк., Сарыағ.).

ШҰРАТ (Жамб., Жуа.) жерүйық. *Қаратаудың бұл жағында...сахара шөлінде ойда жоқта гажайыптан пайда болған ш ұ р а т т а й* (Ш. Мұрт., Қара мар., 102). *Керіліп жатқан кең дүниеде сары реңді шөлден басқа толып жатқан ш ұ р а т т а р бар* (Ш. Мұрт., Жүлд. көп., 227).

ШҰРҚАН//ЧҰРҚАН (Шығ. Қаз., Күрш.) жанжал, бүлік, ұрыс-керіс. *Сен көп ш ұ р қ а н істейсің. Келе сала ш ұ р қ а н шығарды* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ШҰРҚАН ШЫҒАРУ (ҚХР) шу шығару, пәле тудыру.

ШҰРҚАТ (Жамб., Жам.) ой, ояң жер. *Құм арасында ш ұ р қ а т жер көп* (Жамб., Жам.).

ШҰГЕЙ (Қ.орда, Арал; Ақт., Ырғ.) жырау, халық жырларын жатқа айтатын адам.

ШҰДІГАР (Түркм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Байр.) күзде жыртылған жер.

[Түркменше *шудүгәр* (Рус.-туркм. сл., 1956); өзб. *шудгор* (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *шудигар* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ШҰДІГӘР (Қарақ.) жыртылған жер. Шу сөйленісінде *сүдігер* болып айтылады.

ШҰДІГЕР (Шымк., Түркіс.) сүдігер. *Биыл ш ұ д і г е р д і көбейттік* (Шымк., Түркіс.).

ШҰЙ[1] (Қ.орда: Сыр., Жал.; Ақт.: Ойыл, Ырғ., Қараб.; Қост., Жанг.) айдалған жердің арасында жол қалған жер. Жыртылмай қалған жер. *Жерді ш ұ й қалтырмай жыртуға тырысу керек деп бастық тәртіп беріп кетті* (Қ.орда, Сыр.). *Ш ұ й қалдырмай айда, әйтпесе маған бер, жерді мен айдайын* (Қост., Жанг.). *Сейтжанды жақсы трактористі деседі, жерді жыртқанда ш ұ й қалдырмаса керек* (Ақт., Қараб.). *Көптеген қолхоздарда пар мен зябь соншама тайыз және ш ұ й өңделді* (Ақт., Ойыл). *Біз жерді ш ұ й тастамай айдаймыз* (Ақт., Ырғ.). *Тырмашы жерді ш ұ й қалдырып тырмалаған* («Соц. ауыл», №36, 1941). *Егінді оруда ш ұ й қалдырмау МТС директорларына және ауыл совет, колхоз председательдеріне міндеттелсін* («К-з жолы», №33, 1942). Кей жерлерде бұл сөз *ши* деген үлгіде айтылады.

ШҰЙ[2] (Қост., Жанг.; Ақт., Ырғ.) өгіз қамыттың бір жағына кигізетін темір таяқша. *Өгіз жеккенде қамытты өгіздің мойнына ш ұ й м е н бекітеді* (Ақт., Ырғ.).

ШҰЙ[3] (Қарақ.) темір шеге.

ШҰЙ[4] (Қарақ.) арба дөңгелектерін үстап тұру үшін бөліктің екі ұшына сұғылатын темір. *Қаладан қайтып келе жатқанда арбасының ш ұ й і түсіп қалып қойыпты, қайтқан арбалардың ш ұ й і шұйіне қағысты* (Қарақ.). *Арбаңды бір рет бергенде, арбаңның ш ұ й і сына ма?* (Қарақ.).

ШҰЙГӨЙ (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) әңгімешіл, ескі әңгімені, жырды көп білетін адам (кейде жырауды да шұйгөй дей береді). *Сіз естігендеріңізді ұмытпайтын ш ұ й г ө й адамсыз гой* (Ақт., Ырғ.). Қ. шүгей.

ШҰЙДЕРКЕ (Ақт., Ойыл) ат жеккенде көтермені асып қоятын кішкентай ер тәрізді әбзел; оның екі кішкентай (жастықшадан) жасалатын түрі де болады. *Ш ұ й д е р к е н і салып, аттың белін мықтап байла* (Ақт., Ойыл).

ШҰЙЛЕҢКІ (Гур.) балықтың жон етінен жасалатын тағам. *Бүгін қонаққа ш ұ й л е ң к і пісір, қандай тамақ екенін көрсін* (Гур.).

ШҰЙЛЕУ (Сем.: Абай, Шүб.) біреуді біреуге айдап салу, біреулердің арасын ушықтыру, қайрау. *Бұл кісінің бізді ш ұ й л е у д е н басқа жұмысы жоқ* (Сем., Абай). *Әзімбай үй ішінде Тәкежан мен Қаражанды ш ұ й л е у д е н басқа, Ысқаққа айтатын сөздерін, есептерін алдымен Мәнкеге келіп айтатын* (М. Әу., Абай жолы, II, 309). *Базаралыны бұдан былайғы бір қимылға ш ұ й л е п, қайрап салудың анық сөзі осы* (Сонда 58).

ШҰЙЛІМ (Рес., Волг.) шөп түрі. *Теңізден ш ұ й л і м тердік, дәні дәмді* (Рес., Волг.).

ШҰЙМӘНДІ (Сем., Абай) іске татымды, жарамды. *Мынауың бір ш ұ й м ө н д і жұмыс болған екен* (Сем., Абай).

ШҰЙМЕ (Гур., Тең.) зәкірдің бір тармағына байланатын жуан арқан (зәкірді суырып алу үшін). *Зәкірге ш ұ й м е байлап тастамаса, кейін зәкірді көтеру қиын болады. Сен зәкірдің ш ұ й м е с і н тарт, мен шынжырын тартайын* (Гур., Тең.).

ШҮЙМЕК ТЕМІР (Гур., Тең.) дөңгелек темір, қайықтың рулін кигізетін темір. *Шұймек темір рульді ұстап тұрады* (Гур., Тең.).

ШҮЙШЕ[1] (Түрікм.: Ашх., Гяу., Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж.; Қарақ.; Ауғ., Ир.) шыныдан жасалған ыдыс, бөтелке.

[Парсыша үлкен табақ, кесе (А. Бор., 198)].

ШҮЙШЕ[2] (Ауғ.; Ир.) шамның шишасы.

ШҮЙШІ (Маң., Маңғ.) жермай шамның мойнына кигізетін шыны. *Еркем, шұйшінің күйесін тазалап сүртіп қой* (Маң., Маңғ.).

[Оңтүстік Қазақстан түрғындары тіліндегі *шиша*, түрікмен тіліндегі *чүйше* (Рус.-туркм. сл., 1956, 741); өзірбайжан тіліндегі *шүшә*, озбек тіліндегі *шиша* (Рус.-узб. сл., 1954, 835) создері бөтелкені және жалпы шыны дегенді білдіреді. Бұл сөз XIII ғасырдағы қыпшақ тілі грамматикасында да кездеседі (П. М. Мел., Араб..., 95)].

ШҮЙІГІН ҮЗУ (Сем., Үрж.) мейірін қандыру. *Мал құздан құлаған мөлдір бұлақтан ғана ішіп, шұйігін үзеді* (Сем., Үрж.).

ШҮЙІНШІ (Қарақ.; МХР) сүйінші. *Мәктәпке барған кезде артымнан шұйіншісұрап келді* (Қарақ.). *Айтпақшы, шұйіншіага! – Ала гой бауырым, ала гой! Тек жөнін тез айтшы?!* (С. Тәу., Ақыр Жән., 90). *Қолымда құнан атан шұйіншім бар, Ауылын қалқатайдың тауып берші* (Моңғ. қаз. әд.-3, 25).

ШҮЙІРМЕК (МХР) тува халқының сүзгек құрты. *Шұйірмек ашты болады* (МХР).

[Моңғол тілінде құртты *шүүрмэг* дейді (Б. Баз., Моңғ. каз. тілі, 197)].

ШҮКӘТІМ ЖЕР (Қост., Об.) бір аттам жер, қарыс жер. *Шүкәтім жерге барып келгенге сенің нең кетеді* (Қост., Об.).

ШҮКЕЙ//ШҮКЕЙТ 1. (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) ешкінің, киіктің асығы. *Шүкейден сақа шықпайды* (Түрікм., Көнеүр.). 2. (Қарақ.) кішкене асық.

ШҮКЕЙТ Қ. шүкей.

ШҮКРӘТ (Ауғ.; Ир.) кәмпиттің бір түрі.

ШҮКІМЕЙТ (Маң.: Маңғ., Шевч.) киіктің, қарақұйрықтың асығы. *Шүкімейт тұтып алдым* (Маң., Шевч.). Қ. шүкей.

ШҮКІМЕТТЕЙ (Қ.орда: Жал., Сыр.) кішкентай, титтей. *Біз отырған шүкіметтей кемпір-шалмыз, балалар болса жас* (Қ.орда, Сыр.). *Осы кезде баланың шүкіметтей кішкене мұрны тырбиып, томпиған бүйрек бетімен бірдей болып кетті* (Қ.орда, Жал.).

ШҮКІР 1. (Қ.орда: Арал, Сыр., Жал.) құмға, қатқылға шығатын ұзындығы 30 смдей, жуандығы білектей, тамыры қант қызылшасына ұқсас осімдік. *Шүкірмен көбінесе тері бояйды* (Қ.орда, Сыр.). *Жергілікті халық шүкірді қазып алып, қызыл бояу орнына пайдаланған және кептіріп үнтағын күйік жарага ем қылады* (Қ.орда, Арал). 2. (Тау., Қош.) шөптің бояуы. *Құдадан құттыны киемін деп жүріп, шөптің шүкірінен айрылыпты* (Мақал). Көп жердің қазағы мұны *тұмар бояу* дейді. Қ. ышқын.

ШҮЛГЕЛЕНУ (Қост., Об.) қырысу, қырысып-тырысу. *Осыны айтып Рақым жездесі құрсініп, маңдай терісі шүлгеленіп кіржие түсті* (Б. Майл., Шық., V, 156).

ШҮЛДІК[1] (Қост.: Аман., Жанг.) қол диірменнің ортасына орнатқан қада темір. *Диірменнің шүлдігі жоқ. Тиірменнің шүлдігі босап кетіпті* (Қост., Аман.).

ШҮЛДІК[2] (Ақт.: Ключ., Жүр.; Түрікм.: Конеүр., Тахта, Таш., Тедж.) балалар ойыны (торт бұрыштап сызған жердің ортасына ұзындығы 10-15 см үшталған ағашты лақтырып, таяқпен ұрып ойнау). *Балалар шүлдік ойнап жүр* (Ақт., Ключ.).

ШҮЛДІК САП (Ақт., Ключ.) шүлдікті (к.) ұратын таяқ. *Бала, қолыңдағы шүлдік сапты бері әкелші* (Ақт., Ключ.).

ШҮЛДІР (МХР) «р» дыбысына тілі келмейтін, оның орнына «и» дыбысын айтатын адам: *Күйт когейіп байа жатып (құрт көгеріп бара жатыр)*.

ШҮЛЕН[1] (Маң., Маңғ.; Сем., Абай) мырза, береген. *Шүлен жігіт* (Маң., Маңғ.). *Шөлден шүлен боп туған сергегім* (М. Әу., Абай жолы, I, 797). Бұл соз *шүлен тарату* (бірдемені тегін үлестіру) деп тіркестің құрамында Қазақстанның оңтүстік облыстарының көп жерінде кездеседі.

ШҮЛЕН[2] (Ақт.: Жүр., Тем.) бұрынғы кездегі діни адамдардың жұма күні намаз оқыганда әркімнің алып келген малдарын үлкен қазанға пісіріп, соны қарт-кәрілерге болып беру.

ШҮЛЕНСУ (Жезқ., Ағад.) мырзасу. *Мүсірәлінің шүленсіген сөзін естіген соң, мал сойылатынын сезіп, қызы мен келіні де кеңілдене қимылдады* (С. Сейф., Шық. IV, 51).

ШҮЛЖІҢ (Маң., Маңғ.) шолжың. *Кеңірдектеп шыққан қоңыр мақам кенет баяулап, тісі түскен кәрі кісінің ысылы көп шүлжің әңгімесіне ұласты* (Ә. Кекіл., Құс қан., 110).

ШҮЛІК Қ. шүлдік[2].

ШҮМЕК (Талд., Көксу) сеялканын дән түсетін жері.

ШҮМШҮІР (Павл., Леб.; Жезқ., Ағад.; Қар., Қарқ.) отқысқаш, шоқ қысатын аспап.

Бұл сөз Қазақстанның көп жерінде *шымшуыр, шімшуір, шұмшеуір* деген үлгіде біраз дыбыстық өзгеріспен айтылады. Ал лексикалық тұрғыдан алғанда оның қазақ айтылымдарынан *масатемір, шаттауық, әтішкір* сынды бірнеше нұсқасын кездестіреміз.

ШҮНӘҢ (Қ.орда, Арал) бүріскен, бүрсигеи, құшиған. *Кей балықтың аузы жайлықтай, кейбіреуінікі мұлдем ш ү н ә ң* (Қ.орда, Арал).

ШҮҢГУ (Шығ. Қаз., Күрш.) суңгу. *Үйрек ш ү ң г і п көрінбей кетті* (Шығ. Қаз., Күрш.).

ШҮҢГІЛ (Маң., Шевч.) шұңғыл. *Ш ү ң г і л коз туксиген біреу отыр торінде* (Маң., Шевч.).

ШҮҢГІЛДЕНУ (Қ.орда, Арал) шүңірею. *Жараланып қалың қабақ астынан ш ү ң г і л д е н і п, тым кішірейіп корінген көк көзі кірпігін аз қагады* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 83).

ШҮҢГІТ (Ақм., Есіл) судың терең жері. *Су тартылганда өзеннің ш ү ң г і т жерінде гана су қалады* (Ақм., Есіл).

ШҮҢЕЙТ (Қ.орда, Арал; Қост., Жанг.) **1.** терең. *Ш ү ң е й т су* (Қост., Жанг.). **2.** шүңірек көз, көзі шүңірейген. *Ақ қасының астынан ш ү ң е й т көк көзі жылтырап қулана күлімсіреді* (Ә.Нүр., Күт. күн., 8).

ШҮҢКЕ (Қост.: Фед., Семиоз.) шай ішетін шөшке. *Көршіден екі ш ү ң к е әкелші* (Қост., Фед.).

ШҮҢКИЮ (Гур., Тең.; Қост., Жанг.) бүрісу. *Жігіт әлгіні оз орнына жайгастырды да, озі сол жақ қолтығынан кіре ш ү ң к и е қойды* (Ж. Нәжім., Кішк., 140).

ШҮҢКІ (Гур., Тең.) су астындағы балықты іздейтін құрал. *Ш ү ң к і м е н су түбіндегі балықты іздеуді елдің бәрі біле бермейді* (Гур.). *Балықшы қайықтың тұмсығына отырып, ш ү ң к і н і суга салып, су астынан балық іздейді* (Гур., Тең.).

ШҮПЕК (Өзб., Ташк.) арық, тыриған, шынжау. *Кішілеу келген ш ү п е к жігіт тым қызып алыпты* (Р. Райым., Жап. жанг., II, 347).

ШҮПЕРЕК (Сем.: Аяг., Акс., Көкп.; Шығ. Қаз., Больш.) шүберек. *Маган бір көк ш ү п е р е к тауып беріңдерші* (Сем., Көкп.).

ШҮПІРЛЕТУ (Ақт., Шалқ.) шыпырлату, үйме-жүйме ету, қаптату. *Қойлар уәделесіп қойгандай біріне-бірі жалгаса толгатып, ш ү п і р л е т і п қозылап жатады* (Т. Ахт., Дала., 90).

ШҮРЕГЕЙ (Қ.орда, Арал; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) кішкентай, денө бітімі кішкентай, тапалтақ (адам туралы). *Ол кісіні еңгезердей біреу екен десек, ш у р е г е й гана адам екен* (Түрікм., Таш.). *Ол мұны істей алмас, ш у р е г е й адам гой* (Қ.орда, Арал).

ШҮРЕК//ШӨРЕК (Қ.орда: Арал, Қарм.; Қост.: Жанг., Тоб., Об.; Қарақ., Қоң.) үлкен домалақ бауырсақ. *Жол азыққа жақсылап ш ү р е к пісіріп алганбыз* (Қост., Об.). *Дастарқанга ш ү р е к сал* (Қост., Тоб.). *Бауырсақты ш ү р е к қылып пісір* (Қ.орда, Қарм.).

ШҮРПЕ (Қ.орда, Сыр.) тауықтың балапаны. *Балам, тауықтың ш ү р п е л е р і н қуып келші* (Қ.орда, Сыр.). Қ. шөже[1].

ШҮРШІТ БӨЗ (Ақт., Жүр.) қалың ақ бүршікті мата.

ШҮТІК (Қарақ.) шынысыз, пияласыз шам.

ШҮТІК ШЫРА (Қарақ.) шынысыз, пияласыз шам.

ШҮШІК (Ауғ.; Ир.) **1.** кәмпиттің бір түрі. **2.** тәтті тағамға қолданылатын сөз.

ШЫБАР (Шығ. Қаз., Марқ.; Сем.: Абай, Аяг.; Жезқ., Ағад.; Қост., Арқ.; МХР) **1.** шүбар. *Ш ы б а р ат жүрдек* (Шығ. Қаз., Марқ.). *Ш ы б а р тілмен сөйлемеу керек* (Жезқ., Ағад.). *Қақпасының өзі бір қабырғадай. Қызыл шаңқан бояулы. Ала ш ы б а р өрнек, айдаһардың суреті салынган* (С. Тәу., Арм. тау, 99). **2.** жазық далада кездесетін тобылғылы, шөбі қалың оян жер. *Мал ш ы б а р д а жатыр* (Жезқ., Ағад.). Семей жағында айтылуы мен жазылуы Шүбартау түрінде қалыптасқан жер атын сол өлкенің түрғын халқы *Шыбартау* деп атайды.

ШЫБЖЫҚ//ШЫБЫЖЫҚ (Қост., Жанг.; Маң.: Маңғ., Шевч.) шымшық. *Ш ы б ы ж ы қ жыл құсы. Ол көктемде ушып келіп, күзде қайта қайтып кетеді* (Маң., Манғ.). Маңғыстауда шымшықтың *сары шыбыжық, көк шыбыжық* деген атаулары бар.

ШЫБИ//ШШБИ (Ақт., Ырғ.; Қост., Жанг.; Ақт., Қараб.; Рес., Орын.; Сем., Абай) тауықтың балапаны. *Тауықтан асырап отырганы осы ш ы б и л а р гана ма?* (Ақт., Ырғ.). *Колхоздың 1500 ш ы б и ы н жалгыз багам* (Сем., Абай).

ШЫБЫЖЫҚ Қ. шыбжық.

ШЫБЫҚ ҚӨРА **1.** (Шымк., Түлк.) қозы қамайтын қора, шарбақ. *Қозы ш ы б ы қ қорага қамалды* (Шымк., Түлк.). **2.** (Талд., Коксу) қабырғасын шыбықтан тоқыған қора.

ШЫБЫҚШЫ (Қ.орда: Сыр., Жал.; Ақт., Ырғ.) жер өлшеуші, жер межелеуші. *Ш ы б ы қ ш ы н ы ң өлшеп кеткен жерін кешке дейін қазып бітіреміз деп жанымыз шыгушы еді* (Қ.орда, Жал.). *Ол кісі со кезде біздің ауылда ш ы б ы қ ш ы болган* (Ақт., Ырғ.). Бұл

сөздің пайда болуы орыс сөзі *землемер* дегеннің қазақ тұрмысына өне бастаған кезіне дөп келеді.

ШЫБЫН (Жамб., Мер.) ойын картасының кресі. *Менің қолымда екі ш ы б ы н, бір қарға қалды* (Жамб., Мер.).

ШЫБЫНЫ ТОРҒАЙДАЙ ШЫРЫЛДАУ (ҚХР) жаны шырқырау.

ШЫБЫНЫ ШИҚЫЛДАУ (Гур., Тең.) шыбын жаны шығу, бәйек болу. *Саған жаным ашыганда ш ы б ы н ы м ш и қ ы л д а п кетеді, сосын ниет білдіріп жатқаным* (Ж. Нәжім., Кішк., 242).

ШЫБЫРҒАН (Шымк., Түркіс.) жүзімнің жақсы сортының бірі.

ШЫБЫРТҚЫ (Қост., Жанг.; Ақт.: Жүр., Ойыл; Рес., Орын.) кейде өріп, кейде өрмей жасаған ұзын қамшы. *Немерем ш ы б ы р т қ ы ұстап қозы айдап жүр* (Ақт., Жүр.). *Өгізді ш ы б ы р т қ ы м е н айда* (Орын., Ад.). *Калинин атындағы колхоз 9 ат қамыт, 25 ш ы б ы р т қ ы өзірледі* («Соц. ауыл», 1941, №9).

ШЫБЫШ ҚҰЛАҚ СУ (Шығ. Қаз., Тарб.) аз ғана ағып жатқан су; жер астынан аздап шығып жатқан су, кішкене бастау. *Жолшыбай шөлдеп келе жатып, ш ы б ы ш қ ұ л а қ с у г а кез болдық* (Шығ. Қаз., Тарб.).

ШЫҒА БЕРІП ТҰРУ (Рес., Қалм.) шығайын деп тұру. *Шәлмектің тығыны атылып ш ы г а б е р і п т ұ р* (Рес., Қалм.).

ШЫҒАДА ЖАНЫ БІР (ҚХР) өте татутәтті.

ШЫҒАЙДА[1] (Қ.орда, Арал) ертеде, бұрынғы кезде. *Ш ы г а й д а осы Сыр бойында Жангожа батыр боп өткен екен* (Қ.орда, Арал).

ШЫҒАЙДА[2] (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Ашх., Тедж.) сирек, бірен-саран. *Төңіректе сиыр ұстаушылар ш ы г а й д а гана кездеседі* (Түрікм., Көнеүр.). *Ондай адам ш ы г а й д а біреу-ақ болар* (Түрікм., Тедж.).

ШЫҒАН[1] (Алм., Талд.) түбек, алқап. *Біздің Бектемір атамыз Майлыбай ш ы г а н ы н а қойылган* (Алм., Талд.).

ШЫҒАН[2] (Гур., Маңғ.) ең алды. *Көп қойдың ш ы г а н ы н д а көк қошқар жүр еді* (Гур., Маңғ.).

ШЫҒАНАҚ АТУ (Қ.орда: Сыр., Жал.) қауынның жапырақтарына оң кіріп қызғалдақтануы. *Қауын ш ы г а н а қ а т ы с ы м е н түйнек сала бастайды* (Қ.орда, Жал.).

ШЫҒАНДА[1] (Маң.: Маңғ., Шевч.) андасанда, оқта-текте. *Құм іші болмаса, бұл маңда қара құйрық ш ы г а н д а бір кездеседі* (Маң., Шевч.).

ШЫҒАНДА[2] (Алм., Еңб. қаз.; Сем., Абай; Ақт.: Ырғ., Қараб.) алыста, қашықта, қиянда. *Мал ш ы г а н д а жатыр* (Алм., Еңб. қаз.). *Сонау ш ы г а н д а қарауытып көрінген не* (Ақт., Ырғ.).

ШЫҒАНҒА ШЫҒУ (ҚХР) алысқа кету, биіктеп кету.

ШЫҒАННАН ШЫҚҚАН (ҚХР) шектен асқан, елден озған.

ШЫҒАН-ТОҒАЙДА (Маң.; Орал; Гур.; Рес.: Орын., Астр.) ілуде біреу, сирек, андасанда. *Ол жерде алма ш ы г а н-т о г а й д а бір кездесіп қалады* (Орын., Бөр.). *Кейбіреулері баласыи емізіп, қайсыбіреулері ш ы г а н-т о г а й д а бір кездескен құдықтардан аттарын суғарып, енді біреулері танысып жатты* (А. Фед., Жас гв., 62.).

ШЫҒАР (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Таш., Мары; Сем.: Ақс., Көкп.) тыс, дала, сырт, есік алды. *Тамның іші ыссы* (қ.) *кешке бойлай* (қ.) *ш ы г а р г а жатамыз* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *чыкалга* шыға берістегі орын (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ШЫҒАРҒА ШЫҒУ (Кокш., Қ.ту) далаға шығу. *Мен ш ы г а р г а ш ы қ с а м, есік алдында балалар ойнап жүр* (Кокш., Қ.ту).

ШЫҒАРҒЫ (Ман.: Мацг., Шевч.) ойдан шығарылған; жазып я ауызша құрастырған (олең, жыр, әңгіме туралы). *Ш ы г а р г ы сөзді көп білетін адам* (Маң., Шевч.).

ШЫҒАРУ (Жамб., Тал.; Шымк., Түлк.; Алм.: Жам., Кег.) доғару, жегулі көлікті доғару. *Жаңа гана ш ы г а р ы л г а н атты шөпке бірден қоюга болмайды* (Жамб., Тал.). *Ол атты жаңа гана ш ы г а р д ы* (Шымк., Түлк.).

ШЫҒУ 1. (Гур., Тең.; Қост., Жанг.) шиқан, сыздауық. *Мұның құлағы күйеуі барында кеткен. Бір жаман ш ы г у шығып, алланың әмірі...* (Ж. Нәжім., Ақ шаң., 18). **2.** (МХР) жара. *Мойнына ш ы г у шығыпты гой* (МХР).

ШЫҒЫНДЫРУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) шеттету, шетке шығару. *Елемей ш ы г ы н д ы р ы п жүрген оздерің* (Түрікм., Ашх.).

ШЫҒЫНУ (Гур., Тең.; Маң.: Маңғ., Шевч.; Қ.орда, Арал) беті ауған жаққа шығып кету, алыстап кету (кобіне жылқы, түйе малы туралы айтылады). *Жылқылар ш ы г ы н ы п кетпесін* (Маң., Маңғ.). *Мейлі, атың жоғалмаса болар. Аралдың маса-сонасы көп дейді – шыбындап жүріп, ш ы г ы н ы п кетпесе игі* (Ж. Нәжім., Кішк., 46). *Әлгі ит ш ы г ы н ы п кетті гой* (Ә. Кекіл., Құс қан., 140).

ШЫҒЫР (МХР) су доға (су құйылатын доға). *Ш ы ғ ы р су ағысымен айналған кезде су науаға құйылады* (МХР).

ШЫҒЫР ТАРТУ (Түрікм.: Таш., Кенеұр., Тахта, Тедж., Байр.; Маң.: Маңғ., Шевч.) терең құдықтан көлікпен (көбіне түйемен) су тартып шығару. *Мал суару үшін ш ы ғ ы р т а р т у ғ а бір тәйе бөлінсін* (Түрікм., Тедж.).

ШЫҒЫРШЫҚ[1] (Қост.: Аман., Жанг.; Түрікм., Красн.; Маң.: Маңғ., Шевч.) сырғаның кішкене түрі. *Құлағыңдағы ш ы ғ ы р ш ы ғ ы ң әдемі екен* (Түрікм., Красн.).

ШЫҒЫРШЫҚ[2] (Талд., Панф.) есікке құлып салу үшін жасалған жұмыр, ортасы тесік темір.

ШЫҒЫС (Маң., Маңғ.) шығын. *Бас малшының отарынан осы бір айдың озінде 5 бас тоқты ш ы ғ ы с болды* (Маң., Маңғ.). Бұл – кеңсе тілінде, публицистика тілінде жаңадан қалыптасқан сөз. Өзге өңірдің жергілікті халқы оны басқа ұлгіде айтуы мүмкін.

ШЫҒЫСУ[1] (Кекш.) араздасу. *Қызы өз әкесімен ш ы ғ ы с ы п бөлек отыр* (Көкш.).

ШЫҒЫСУ[2] (Алм., Еңб. қаз.; Шымк., Арыс) келісу, мәмілеге келу, пәтуәға келу. *Бір төсекке бірімен-бірі ш ы ғ ы с қ а н адам ғана жатады* (Шымк., Арыс).

ШЫҒЫТ КИІМ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Қарақ.) ұзатқан қызға, құда жаққа берілетін киім-кешек. *Қыз ұзатқанда бұрын ш ы ғ ы т тон, ш ы ғ ы т кеуішке дейін беретін еді* (Маң., Маңғ.). *Ш ы ғ ы т к и і м, ш ы ғ ы т көрпе, ш ы ғ ы т етік деп те айта береді* (Қарақ.).

ШЫДАЙСЫҢ ЕКЕН – ШЫДА (Ақт., Ойыл) шыдауға бел байлаған болсаң әлде де шыдап бақ. *Ш ы д а й с ы ң е к е н – ш ы д а, білмейсің екен – ұйрен* (Ақт., Ойыл). Бұл секілді синтаксистік құрылым – Қазақстанның батыс өңірінің біраз жеріне тән. Мұның колданылу аясы тұрақты тіркестен гөрі басқаша: құрылымның басында тұрған бірінші сөз басқа етістермен айтылуы да мүмкін: *айтасың екен – айт; көресің екен – көр*, т.б.

ШЫДАҚ (Гур., Мақат; Ман., Маңғ.) шытақ, әлеміш, әшекей (киімге, үй жиһаздарына жапсырылатын әшекей). *Сәукеленің әр жеріне ш ы д а қ жүргізеді* (Гур., Мақат). *Бұрын сәукеленің өр жеріне ш ы д а қ жүргізетін* (Маң., Маңғ.).

ШЫЖАҢДАЙ (Жамб., Жам.; Алм.: Жам., Еңб. қаз.) ығы-жығы, иін тірескен, сендей соғылысқан. *Бұлар эстрада алдына жеткенше ш ы ж а ң д а й адам Рысқұлов пен Фрунзенің келгенінен хабардар болып, көргісі келіп, ...бірін-бірі таптап кете жаздап, маза кете бастады* (Ш. Мұрт., Жұлд. көп., 262).

ШЫЖБАЙ[1] (Түрікм., Красн.; Маң., Маңғ.; Орал, Жән.) ою-өрнек, нақыш. *Керегенің астына неше түрлі ш ы ж б а й салынған мата тартылыпты* (Түрікм., Красн.). *Шыжбай* сурет, бейне (Н. Ильм., Материалы..., 148); сурет, өрнек (Л. Буд., I, 667).

ШЫЖБАЙ[2] (Қарақ.) текемет, түрлі түсті тұс киіз. *Киіздің ш ы ж б а й ы н а н біреуі бар еді, сатылып кетті* (Қарақ.).

ШЫЖБАЙЛАУ 1. (Түрікм.: Ашх., Анн., Гяу., Небид.; Маң., Маңғ.; Орал, Казт.) өрнектеу, өрнек салу, оюлау, ою салу. 2. (Маң., Маңғ.) шимайлау. *Әй, бала, кітаптың бетін ш ы ж б а й л а м а* (Түрікм., Анн.).

ШЫЖБАҚАЙ (Маң.: Маңғ., Шевч.) ою-өрнек, әшекей. *Тона* (қ.) *текеметтің ш ы ж б а қ а й ы жақсы салыныпты* (Маң., Шевч.).

ШЫЖБЫҢДАУ (Маң., Маңғ.) бұлтақтау, қозғаландау, тызалақтау. *Қашатын шыбышық құйрығындай ш ы ж б ы ң д а п тұрмауын* (Ә. Кекіл., Құс қан., 254).

ШЫЖ КӨБЕЛЕК БОЛУ (Маң., Маңғ.) шыбын жаны шырылдау, дегбірі қашу, мазасыздану. *Ауыл маңынан шашы сары, көзі көк жолаушылар өтсе, барып жолығып қалам деп ш ы ж к ө б е л е к б о л а д ы екен* (Ә. Кекіл., Үркер, 502).

ШЫЖЫМ[1] 1. (Қост., Жанг.) басына балық аулайтын тор байлап, қыста мүз астына жіберетін ұзын арқан. *Қыста жеке балық аулаушыларға ш ы ж ы м өте керекті* (Қост., Жанг.). 2. (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.; Алм.; Ақт., Ырғ.) жіп, кендір жіп. *Балықшылар ауды мықты ш ы ж ы м н а н төқиды* (Қ.орда, Сыр.). 3. (МХР) бір нәрсені байлайтын жіп немесе сым арқан. *Ұялсаңшы ел-жұрттан, Үйде қатты қызыңнан. Ибалы келін ол қайда, Сәлем етіп сызылған. Багдарсыз кетіп жүрсіңдер, Жіберген құстай ш ы ж ы м н а н* («Шұғыла», 1992, №4, 6).

ШЫЖЫМ[2] (Маң., Маңғ.) сыбыс, еміс хабар деген сөз. *Мен осы әңгіменің ш ы ж ы м ы н біреуден естіген сияқты едім* (Маң., Маңғ.).

ШЫЖЫМ[3] (Шығ. Қаз., Больш.) сым, сым темір. *Біздің радионың ш ы ж ы м ы бөлек* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШЫЖЫМДАП (Жезқ., Ұлы.) ақырындап, ептеп, жайлап қана. *Бірден қатты кетіп қалмай, елді жұмысқа ш ы ж ы м д а п тарту керек. Су ш ы ж ы м д а п ағып тұр* (Жезқ., Ұлы.).

ШЫЖЫМДАП ТАРТУ (Маң., Маңғ.) суды терең құдықтан екі жіппен тарту (бір қауғаға екі жіп байлап, екі адам қатар

тартады). *Екі жігіт ш ы ж ы м д а п т а р т ы п малдарын әрең суарып болды-ау* (Маң., Маңғ.).

ШЫЙ (Сем., Үрж.) ши. *Қияқтың ш ы й ы н суырып одан ш ы й тоқиды* (Сем., Үрж.).

ШЫЙТАҚАНДАЙ (Маң., Маңғ.) кішкентай, құйттай. *Ш ы й т а қ а н д а й болып үлкеннің ісін істейді* (Маң., Маңғ.).

ШЫҚАР 1. (Маң.: Шевч., Маңғ.; Сем.: Акс., Көкп.) сырт, тыс, есік алды. *Ш ы қ а р ғ а шығып салқындайық* (Маң., Маңғ.). *Күрек ш ы қ а р д а тұр* (Сем., Акс.). **2.** (Шығ. Қаз., Больш.; МХР) сырт, тыс, тысқары. *Ол үйден ш ы қ а р ғ а шықты* (Шығ. Қаз., Больш.). *Ш ы қ а р ғ а шық, ит үреді* (МХР).

ШЫҚБАЙТАЛ БОЛУ (Гур., Есб.) шетқақпай болу. *Бастығыңа жақпасаң, ш ы қ б а й т а л б о л а с ы ң* (Гур., Есб.).

ШЫҚ ЕТЕР (Қар., Тельм.; Жамб., Шу) асық ойынының түрі. *Ш ы қ е т е р сақаны сақамен кезек-кезек атып тигізеді* (Жамб., Шу). *Сәмет ш ы қ е т е р, омпа өлтір, бір табан сияқты атып ойнайтын ойындарға шорқақ болатын* (Ғ. Мұст., Көз кор., 38).

ШЫҚИЮ (Қ.орда: Жал., Қарм., Сыр.; Гур.) шелтию, шілтірею. *Не жұмыс жоқ, не оқу жоқ, бар болғаны көшеде қалтаға қолды салып ш ы қ и я д ы да жүреді* (Қ.орда, Жал.). *Гүлжан көрсе жүргеніңді ш ы қ и ы п, Пар өгізбен су тартуға жөнедің* (Қ.орда, Жал.). Торғай маңында бұл сөз *сықияды* деп қолданылады.

ШЫҚҚАНАСЫН (Қ.орда, Қарм.) шыққан сон, шыққаннан кейін. *Осындай талапқа ш ы қ қ а н а с ы н колхозға бармасқа амал жоқ* (Қ.орда, Қарм.).

ШЫҚҚЫР (Гур., Тең.) шыққыш, шешен (домбыра туралы). *Күй тартуың да жақсы, домбырың ш ы қ қ ы р-а у деймін* (Ж. Нәжім., Кішк., 201).

ШЫҚҚЫШ (Сем.: Абай, Шүб., Акс., Көкп.; Шығ. Қаз., Тарб.) саты, биікке шығу үшін жасалған баспалдақ. *Әкем, ш ы қ қ ы ш т ы әкеліп мында қойшы, маяның төбесіне шығайық* (Сем., Шүб.).

ШЫҚПАУ (Қ.орда, Шиелі) кірмеу. *Шу ш ы қ п а й т ы н сандық* (Қ.орда, Шиелі).

ШЫҚПЫРТ ТИГЕНДЕЙ (Тау., Қош.) көк ала қойдай, сау-тамтығын қалдырмай (ұру, соққыға жығу). *Ш ы қ п ы р т т и г е н д е й етінті* (Тау., Қош.).

ШЫҚТАСЫ (Гур., Есб.) шығасы, шығын. *Ш ы қ т а с ы нәрсе шықпай қоймайды, жазымышта солай болса, ғамалың жоқ* (Гур., Есб.).

ШЫҚТАУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) сіркіреу, жаңбырдың себелеп жаууы. *Кеше күн біраз ш ы қ т а п еді бүгін жер құлпырып көктеп қалыпты* (Маң., Маңғ.).

ШЫҚ-ШЫЛАҢ (Қ.орда, Арал) шық, қырау. *Түнде түскен ш ы қ-ш ы л а ң н а н....егін-шөптер бозамық тартып жатты* (Ә. Нұрп., Курл., 47).

ШЫҚ-ШЫЛАУ (Қ.орда, Жал.) шық, ылғал. *Күзде бүйерде ш ы қ-ш ы л а у көп болады* (Қ.орда, Жал.).

ШЫЛ (Жезқ.: Ағад., Үлы.; Шығ. Қаз., Больш.; Маң., Маңғ.) шіл. *Ш ы л үшып бара жатқанда саңғиды, «ш ы л д ы ң богындай ыдырап» деген соз содан болу керек* (Жезқ., Үлы.). *Қыран қуған ш ы л д а й* (К. Әзір.).

ШЫЛАМА[1] (Сем.: Абай, Шүб.) ішіне май араластырған тағамның майы аз болса, соны «шылама» дейді. *Келген қонаққа ш ы л а м а жасап берген байлықтың белгісі емес қой* (Сем., Шүб.).

ШЫЛАМА[2] (Талд., Панф.) **1.** тұзды, сортаңды, ащы топырақты жер. **2.** сор тұз. *Жалғыз Солтанқұлды ш ы л а м а жеген тұрсын балалары құртасыңдар ма? Ч ы л а м а д а н тұз қайнатады* (Талд., Панф.).

ШЫЛАН[1] (Рес., Орын.; Акт., Ырғ.; Қ.орда, Арал) қамыстан, талдан жасалған қора-қопсы. *Ш ы л а н д ы шетен, талдан тоқимыз* (Орын., Бөр.). *Ш ы л а н н ы ң есігін жап, үйге жел кірмесін* (Қ.орда, Арал). Бұл орыс тіліндегі *чулан* сөзімен төркіндес сөз.

ШЫЛАН[2] (Қарақ.) жіңішке. *Ш ы л а н, арық кісі еді, ешкі қайзаған талдай* (Қарақ.).

ШЫЛАН[3] (МХР) май. *Түскі қой оре сала піскен іркітке кешкі қой келгенше ш ы л а н түспеді* (МХР).

ШЫЛАН БІТПЕУ (МХР) шыр бітпеу, семірмеу, майланбау. *Ш ы л а н б і т п е г е н м а л екен мынауың* (МХР).

ШЫЛАН ТҮСПЕУ (МХР) іркітке май түспеу. *Кешке дейін піскенде іркітке ш ы л а н т ү с п е й д і* (МХР).

ШЫЛАПАЙ (Ман.: Манғ., Шевч.) құдық түбінде жылтылдап көрінетін болар-болмас қана су. *Бетінде ш ы л а п а й ғана суы бар құдықты қолмен көзеп те* (козін аршу) *жолаушылар су шығарып алатын* (Ман., Маңғ.). Бұл – *шыла* «дымда, сула» деген өтістіктен жасалған соз.

ШЫЛАРЖЫН (Талд., Панф.) биіктігі 50-70 см-дей, селеу болып бір түптен шығатын уак дөні бар шөп. *Ш ы л а р ж ы н тамыры жусан тамырындай түптеп шығады.*

Ш ы л а р ж ы н н а н сыпыртқы жасайды (Талд., Панф.).

ШЫЛАУ[1] (Ақт., Ырғ.; Рес., Орын.) тазалау. *Қырмандағы ұшырған бидайдың бетін бір кісі ш ы л а п тұрады* (Орын., Ад.).

ШЫЛАУ[2] (Қост., Жанг.) судың ішіндегі шөп-шалам, балдыр, таяз суда өсетін өсімдіктер. *Ш ы л а у басқан жерден жүзіп шығу оңай емес* (Қост., Жанг.). Қ. шалау.

ШЫЛАУ[3] (Алм., Балқ.) балықтын шырыны. *Балықтың ш ы л а у ы болғандықтан үстіне су жұқпайды* (Алм., Балқ.).

ШЫЛАУШЫН[1] (Алм., Кег.) жауын құрт. *Ш ы л а у ш ы н балық аулағанға таптырмайтын жем* (Алм., Кег.). Қ. шуалжаң.

ШЫЛАУШЫН[2] (Шымк., Мақт.) шылапшын, леген, шіләпшін. *Бір ш ы л а у ш ы н тола суды ақтарып алғаның не?* (Шымк., Мақт.).

ШЫЛАУЫШ[1] (Рес., Орын.) сыпырғыш. *Ш ы л а у ы ш п е н ұшырған бидайдың үстін тазалайды* (Орын., Бор.).

ШЫЛАУЫШ[2] (Орал, Қара.) баланың бетіне түсетін жара. *Бетке түскен ш ы л а у ы ш кешікпей жазылып кетті* (Орал, Қара.).

ШЫЛАУЫШ[3] (Шығ. Қаз.: Күрш., Зайс.; Сем., Мақ.; Талд., Гв.) шаршы, ақ орамал. *Бұрын ш ы л а у ы ш т ы жастар тарта беруші еді, соңғы кезде ш ы л а у ы ш т ы кемпірлер ғана тартады* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Ш ы л а у ы ш т ы сәукеле сыртынан тартады* (Талд., Гв.). 2. (Сем.: Абай, Ақс., Кокп.; Тау., Қош.) кимешектің сыртынан тартатын орамал. *Ш ы л а у ы ш әйелдердің ұнататын бас киімі* (Тау., Қош.). *Мынау кімнің ш ы л а у ы ш ы?* (Сем., Ақс.).

ШЫЛБЫР ҰСТАТУ (МХР) бәйгеге іліну. *Атың ш ы л б ы р ұ с т а т т ы ма?* (МХР).

ШЫЛБЫР ҰШЫН БЕРУ (ҚХР) көмек керсету, себін тигізу.

ШЫЛҒАУ (Сем., Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.) шүлғау. *Қыста етіктің ішіне қалың ш ы л ғ а у орамаса болмайды* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШЫЛҒЫ (Қост.: Жітік., Семиоз.; Кокш., Қ.ту; Сем.: Абай, Кокп., Ақс., Шұб.; Павл.) шыли, оте, тым. *Бұл шалың қажет десең ш ы л ғ и отірікке де баса береді* (Қост., Семиоз.). *Ш ы л ғ и асып-тасып кетуге де болмайды* (Қост., Жітік.). Қазақ халқы тараған аймақтың оңтүстігінде бұл ғ дыбысынсыз *шыли* болып айтылады.

ШЫЛҒЫ МЕС (Қ.орда, Қарм.) ысталмаған мес, ыс қаппаған мес. *Ш ы л ғ и м е с к е қымыз құйма, қымыз айнып кетеді* (Қ.орда, Қарм.).

ШЫЛДЫР (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Жеб., Тедж.) қауғаның кергішіндегі арқан байлайтын шығыршық. *Не істемелі, шаңғаның* (к.) *ш ы л д ы р ы жоқ* (Түрікм., Красн.).

ШЫЛИ (Алм., Еңб. қаз.; Шымк.: Қызылқ., Түркіс., Сарыағ.; Жамб., Қорд.) шылғи, тым, аса, өте. *Айтқаны ш ы л и өтірік* (Жамб., Қорд.). *Жұмысының аяқ жағын ш ы л и далитып жіберіпсің* (Шымк., Түрікм.). *Ол ш ы л и жадағай киетін* (Шымк., Қызылқ.) Бұл соз Қазақстанның теріскей, шығыс өңірі жергілікті халқының тілінде *шылғи* деген үлгіде ғ дауыссызымен айтылады.

ШЫЛҚЫРТА (Сем.: Көкп., Ақс.) шылқыта, мол-молдан (тамаққа қосылатын май туралы). *Қыр елі тамақтың майын ш ы л қ ы р т а жасайды* (Сем., Көкп.).

ШЫЛЫМ (Гур., Тең.) балықтың қабыршығында болатын жабысқақ желім тәрізді зат. *Қайықтың ішіндегі ауланған балықтың ш ы л ы м ы шығып былжырап жатыр* (Гур., Тең.).

ШЫЛЫМ АТУ (Кекш., Қ.ту) шылым тарту, темекі шегу. *Сен жаңа ғана ш ы л ы м а т ы п отыр едің ғой, оттығың қайда?* (Кекш., Қ.ту).

ШЫМАЙТ (Қар., Тельм.) шымдақ, шымды жер. *Оң жағы ш ы м а й т, қыртысты, бұталы, шиелі, шабынды жер* (F. Мұст., Дау. кейін., 263).

ШЫМАЛ (Шымк., Қызылқ.; Қ.орда, Арал) шіркей, шыбынның ең ұсағы. *Сазды, сулы жерлерде ш ы м а л көп болады* (Шымк., Қызылқ.). *Ш ы м а л бар, құмырсқа бар, шаян-дар бар, қанатты аң болмаса да көктен шүйген* (Қ.орда, Арал).

ШЫМБАЛ ПЕШ (Рес., Омбы) кішілеу пеш. *Кешегі үйде көргеніміз ш ы м б а л п е ш, ал мұны істен пеш дейді* (Рес., Омбы).

ШЫМ БОЛУ (Сем., Үрж.) шүмпілдеп тұру, ернеуімен бірдей болып толып тұру. *Арықтың суы ш ы м б о л ы п тұр екен* (Сем., Үрж.).

ШЫМ КЕСТЕ (Қар., Тельм.) ою-ернекті кесте. *Көйлегі шалбар ішінде, шалбары ш ы м к е с т е қара шұға* (F. Мұст., Дау. кейін, 260).

ШЫМҚАНУ (Рес., Омбы) орау. *Көнетоз жібек шалының ш ы м қ а н ғ а н әйел, селк етіп басын көтеріп алды* (С. Жүн., Ақан сері, 192).

ШЫМ ҚАРА (Маң.: Маңғ., Шевч.) шымқай қара, қап-қара. *Мен саған қаладан бір мойылдай ш ы м қ а р а бешпет-шалбар өкелдім* (Маң., Маңғ.).

ШЫМҚУ[1] (Қарақ., Қоң.) қымқу, шалыпшалып оттау (малдың жүріп бара жатып шөптің басын шалып оттауы). *Жабыла оттап, ш ы м қ ы п келе жатқан жылқылар көннен қаперсіз еді* (Қарақ., Қоң.).

ШЫМҚУ[2] (Гур., Тең.) уыстау, жиыра үстау. *Айна алдында о жер, бұ жерін ш ы м қ а п көріп, іліп тартып бір-аз аялдады* (Ж. Нәжім., Кішк., 58).

ШЫМҚЫМ (Орал, Казт.) болар-болмас, азғантай ғана, бір шымшым (кебіне бір шымқым деп қолданылады). *Үйде бір ш ы м қ ы м да ұн қалмады, ұн ала кел* (Орал, Казт.).

ШЫМ ҮЙ (Қост.: Камыш.; Торғ.: Жанг., Аман.; Көкш., Щуч.; ҚХР) шымнан қаланған үй. *Күзге қарай қыстауға жақын жерден ш ы м ү й тұргызып алдық* (Қост., Камыш.).

ШЫМ ШИ//ШЫМЫРАУ ШИ (Түрікм.: Ашх., Анн., Гяу., Тедж.; Қар., Тельм.) шым ораулы ши; боялған жүннен орап тоқыған мәнерлі, әшекейлі ши. *Енем ш ы м ш и д і әлі сәнді орайды* (Түрікм., Анн.). *Ол тоқыған ... ш ы м ш и д і кровать тұсына құрып қойсаң, персі кілемдеріңнен бір де кем емес* (Ғ. Мүс., Дау. кейін., 344).

ШЫМШУЫР Қ. шымшыру.

ШЫМ-ШУЫТ (Сем., Аяг.) қым-қуыт, бетбетімен.

ШЫМШЫҚ ДАУЫЛ (Қ.орда, Қарм.) сәуір айының орта тұсында соғатын дауыл, жел (шымшық торғай осы дауылдан кейін келеді деп есептейді).

ШЫМШЫҚТАУ (Шығ. Қаз., Больш.) шымшылау, шымшылап мазасын кетіру. *Сен жаныңдағы оқушыларды ш ы м ш ы қ т а м а й тыныш отыр* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШЫМШЫЛДЫҚ ҚАС//ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ ҚАСЫ (Көкш., Еңб.) шымылдықтың бас жағындағы ернекті желбіршегі.

ШЫМШЫРУ//ШЫМШУЫР (Қост., Жанг.) шымшуыр, отқысқаш. *Ш ы м ш ы р у жерошақтың қасында жатыр* (Қост., Жанг.). *Шымшыру* көбіне-көп балалардың тілінде байқалатын метатезалық құбылыс. Халық тілінде бұл сездің осындағы екі нұскасының екеуі жарыса қолданылады.

ШЫМЫЛДЫҚ (Рес., Омбы) терезенің пердесі. *Біз терезеге ш ы м ы л д ы қ ілеміз* (Рес., Омбы).

ШЫМЫЛДЫҚТЫҢ ҚАСЫ Қ. шымшылдық қас.

ШЫМЫЛДЫҚ ПЕШ (Түрікм.: Красн., Бекд., Ашх., Таш., Көнеүр., Тедж., Байр.) үйдің төрін кіре берістегі жерден беліп тұратын ұзын, әрі биік пеш. *Бір қат* (қ.) *үйге ш ы м ы л д ы қ п е ш орнатқан мақұл* (Түрікм., Бекд.).

ШЫМЫРАҢҚЫРАУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) қысыңқырау, сығыңқырау. *Суы тез құрғау үшін құртты қаттырақ ш ы м ы р а ң қ ы р а у керек* (Маң., Шевч.).

ШЫМЫРАУ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Небид., Таш., Көнеүр., Красн.; Гур., Есб.) шыңырау құдық, терең құдық (терендігі 40 құлашқа баратындары да болады). *Ш ы м ы р а у д ы ң суын ішкенде шекеңнен бірақ шығады* (Маң., Шевч.). *Адайлар Рукиннің көп әскерін ш ы м ы р а у г а тастап жіберген* (Маң., Маңғ.).

ШЫМЫРАУ ШИ Қ. шым ши.

ШЫМЫРАУЛЫ ШИ Қ. шымырауылша.

ШЫМЫРАУЫЛША//ШЫМЫРАУЛЫ ШИ (Маң., Маңғ.) шым ораулы ши, сыртына бояулы жүннен әшекей салынған ши. *Ш ы м ы р а у ы л ш а н ы бүгін тоқып бітіремін* (Маң., Маңғ.).

ШЫМЫРҚАНДЫРУ (Маң., Маңғ.) үркіту, елегізіту, үрейлендіру. *Тыныш жатқан қойды ш ы м ы р қ а н д ы р ы п, қайта-қайта қозғалақтай берме* (Маң., Маңғ.).

ШЫМЫРҚАНУ (Маң., Маңғ.) шіміркену, елегізу. *Ш ы м ы р қ а н д ы, бұрқанды, Мұздай темір құрсанды* (Халық жырынан).

ШЫМЫР ТҮЙЕ (Қ.орда, Арал) 1. жұмысқа мойымайтын жүк көтеріп жүрген сайын ширай түсетін жегін түйе. 2. еті тығыз, денесі ауыр тартатын семіз түйе.

ШЫМЫРУ (Ақт., Байғ.) боялған жүннен шиге өрнек салу. *Ауылда бір келін бар Жаңғақ деген, Ш ы м ы р ы п ши орайды бармақпенен* (Н. Байғ., Таңд. шығ., 32).

ШЫМЫРУЛЫ ШИ (Маң., Маңғ.; Ақт., Байғ.) боялған жүннен орап мәнер, әшекей салған ши. *Орнынан шыршық ата ұшып тұрып, киіз үйдің ш ы м ы р у л ы ш и есігін тарс ұрып шығып кетеді* (Ә. Кекіл., Құс қан., 113).

ШЫМЫШ (Ақт., Шалқ.) шыбыш. *Ешкілеріміздің біразы – ш ы м ы ш* (Ақт., Шалқ.).

ШЫН АЙТАЙЫНДА (Сем.: Көкп., Акс.) шынында, шындығында, расында. *Ш ы н а й т а й ы н д а оның жақсы іс екенінде күмән жоқ* (Сем., Кокп.).

ШЫНАҚАЙ ЖАСТЫҚ (Өзб.) шынтақ жастық.

ШЫНАМДАЙ (Алм., Жам.) ете кіші, кішкентай, мардымсыз. *Ш ы н а м д а й нәрсені үлкен етіп айту ұят* (Алм., Жам.).

ШЫНАР ҚОРЖЫН (Қарақ.) гүлді, өрнекті, ортасы түкті қоржын. *Ш ы н а р қ о р-*

ж ы н д ы сыпайы жігіттер ұстайды (Қарак.).

ШЫНАТАҚ ҚҰРАҚ (Өзб.) құрақ құрамы ете кішкене, майда тырнақ қатардан құралған түрі. *Ш ы н а т а қ құ р а қ диванның, кроваттың үстіне жайылады* (Өзб.).

ШЫНАЯҚ (Жамб., Сар.; Қост., Жанг.) шәй табақ. *Көзіңнен айналайын ай секілді, Құйылған ш ы н а я қ қ а шәй секілді* (Халық өлеңінен). *Шай ішіп отырған ыдыстары әр түрлі: бірінде кок қаңылтыр тұтқалы шұңқыр, бірінде дамулы кесе, бірінде ш ы н а я қ* (С. Сейф., Шығ., IV, 112).

ШЫНАШАҒЫН ШОШАЙТУ Қ. шынашағын шыйыру.

ШЫНАШАҒЫН ШЫЙЫРУ//ШЫНАШАҒЫН ШОШАЙТУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) қыз-келіншектердің шәйді ерекше ілтипат білдіре сызылып отырып құюы. *Жез самаурын алдында, ш ы н а ш а ғ ы н ш ы й ы р ы п біреу отыр* (Маң., Маңғ.).

ШЫНДАЙЫНДА (Рес., Орын.) шынында. *Ш ы н д а й ы н д а қалай деп атайды осыны* (Орын., Бөр.).

ШЫНДЫҚТЫРУ (Гур., Бақс.) шынықтыру, пысыту. *Қаймақты май ету үшін алдымен ш ы н д ы қ т ы р а д ы* (Гур., Бақс.).

ШЫНДЫҚТЫ ІС ЖҮЗІНЕН ІЗДЕУ (ҚХР) шындықты, ақиқатты нақты жұмыс барысында танып білу, сырттай тон пішпеу.

ШЫН ЖАРА (ҚХР) құлынның иығы мен тамағында болатын жара.

ШЫНЖАУ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Жамб., Жуа.; Өзб., Ташк.) нәзік, арық, ілмиген. *Ш ы н ж а у қозы пышаққа жарамас, соятын болсаң басқасын сой* (Маң., Маңғ.). *Көз алды бұлдырап, басы айналды да жіңішке, ш ы н ж а у денесі бұралып құлады* (Р. Райым., Жап. жаңғ., I, 25).

ШЫНЖЫР ҚАТАР (Қ.орда, Қарм.) текті, нәсілі тәуір, жақсы тұқымнан шыққан. *Ата-бабасынан бермен қарай нағыз ш ы н ж ы р қ а т а р д ы ң өзі* (Қ.орда, Қарм.).

ШЫНЖЫР ТІГУ (Өзб.) кесте тігу түрі. *Ш ы н ж ы р т і к к е н д е инені кері шаншып, екі қатар жіптің ортасынан алып тігеді* (Өзб.).

ШЫННАН (Жамб., Жуа.) шынында, шынымен, расында. *Тұрар оларға түнере қарап: «Ш ы н н а н көкемдікі ме?»... – деді* (Жамб., Жуа.).

ШЫННАНДА (Маң.: Маңғ., Шевч.) шынында, расында. *Ш ы н н а н д а, өзі солай ма? Шыннан айтам* (Маң., Маңғ.).

ШЫНТАҚ[1] (Жамб.: Шу, Мер.; Алм.: Шел., Еңб. қаз.) кернейдің (қ.) иіні. *Ш ы н т а қ т ы бұра тұс, қисайып қалды* (Жамб., Мер.). *Тұтін ш ы н т а қ т а н шығып жатыр, ш ы н т а ғ ы н балшықпен майлап таста* (Алм., Еңб. қаз.).

ШЫНТАҚ[2] (Рес., Омбы) жеңсіз камзолдың бір түрі.

ШЫНТЕМІР (Гур., Бақс.) арба дөңгелегінің шені. *Арбаның ш ы н т е м і р і босапты* (Гур., Бақс.). Алматы облысының кей жерінде мұны *шымтемір* деп атайды. Мұндағы *-шын, -шым* дегендер орыс тілінде қолданылып жүрген *шина* сөзінің өзгерген нұсқасы.

ШЫНТТАУ (Қ.орда, Арал) пысықтау, істі тиянақтау.

ШЫН-ШИҚЫМАН (Маңғ., Маң.) нағыз, кәдімгі. *Бұрынғы бұрынғы ма ш ы н-ш и қ ы м а н енді басталар* (Ә. Кекіл., Үркер, 544).

ШЫН-ШЫНЫ (Тау., Қош.) шын, айна қатесіз. *Оның осы айтқаны ш ы н-ш ы н ы* (Тау., Қош.).

ШЫНЫ[1] (Жезқ., Ағад.; Қост., Жанг.; Рес., Омбы) әйнек. *Терезелердің кейбірі сынық, жамаулы, бір-екі көздерінде ш ы н ы жоқ* (С. Сейф., Шығ., V, 40).

ШЫНЫ[2] (Ақт.: Жұр., Тем., Алға; Рес., Орын.) бөтелке. *Жартылық ш ы н ы н ы ң екеуін өткізді* (Орын., Ад.).

ШЫНЫ КЕБЕКТЕНУ (Алм., Қарат.) ақталу, тазарып шығу. *Ол осы жақында гана ш ы н ы к е б е к т е н д і* (Алм., Қарат.).

ШЫНЫ КӨЗ (Көкш., Қ.ту) кішкене ақ түйме. *Көйлекке ш ы н ы к о з түйме қадайды* (Көкш., Қ.ту). Қ. тана көз.

ШЫНЫҚТЫРУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) май шайқау, май былғау. *Қаймақты ш ы н ы қ т ы р ы п жатыр* (Маң., Маңғ.).

ШЫҢ[1] (Рес., Орын.) тас. *Пөгірепті бір метрден артық қаза алмадық, асты ш ы ң* (Орын., Бөр.).

ШЫҢ[2] (Қ.орда, Сыр.) есіктің ілгегін салатын орын. *Есіктің ілгегін ш ы ң г а оңдап кигіз* (Қ.орда, Сыр.).

ШЫҢ[3] (Рес., Омбы) дөңгелектің сыртындағы темір.

ШЫҢҒА (Өзб.) есіктің ілгегін салатын темір. *Аман есікке ш ы ң г а қағып, ішінен шегесін қайырып қойды* (Өзб.).

ШЫҢЖІП (Өзб.) пысық ширатылған кілемнің жібі. *Кілемге тек қана ш ы ң ж і п істетеміз* (Өзб.).

ШЫҢЫРАУ (Ақт., Ойыл) шырқырау, шырқау, сыңғырлау. *Ерке күлкі күнге шағылған күмістей... ш ы ң ы р а п көтеріледі* (Т. Ахт., Дала., 292).

ШЫП (Жамб., Тал.) шып-шып, шүмпілдеп, шүлтілдеген, толы. *Төсегінің бас жағында шып толы шөлмек тұр* (Б. Қойш., Дүние – кілт, 137).

ШЫПАЛАНУ (Орал, Жән.) шүбәлану, күмәндану, секемдену. *Жолаушысы бүгін келмейді гой деп ш ы п а л а н ы п отыр* (Орал, Жән.).

ШЫП ЕТПЕУ (Жамб., Жам.) бүлк етпеу. *Неге сабадың деген сырауға хулиган ...ш ы п е т п е й д і* («Кол-шы», 1937, №110). Қостанай, Торғай жағында осы мағынада қолданылатын *беті шылп етпеді* деген тіркес бар. Осындағы *шылп, шып* деген бір создің әр түрлі фонетикалық варианттары.

ШЫП ЕТУ (ҚХР) лып ету. *Ш ы п е т і п өтіп кетті* (ҚХР).

ШЫПТА[1] (Алм., Еңб. қаз.) ағаш қабығынан жасалған ыдыс жуғыш (кейде бүл үшін шүберекті де пайдаланады). *Шыпта* деп Торғай жағының қазақтары шым оралмай тоқылған шиді айтады.

ШЫПТА[2] (Маң., Манғ.; Ақт., Шалқ.; Қост., Жанг.; Көкш., Қ.ту; МХР) тоқылған ши (өрнексіз, жадағай ши). *Кигіз үйдің ас-су қоятын жағын осы ш ы п т а м е н тасалап қояды. Құрт жаятын өренің үстіне тосейді, тары, сақар (сілті) сүзу үшін де ш ы п т а н ы пайдаланады. Алдарына кенеп қапшыққа, ш ы п т а г а сататын дүние мүліктерін жайып қойған* (Т. Ахт., Үндістан..., 33). *Ш ы п т а н ы төсеп тастап, қап-қап жүн әкеліп үстіне жүқалап жая бастайды* (Ә. Кекіл., Үркер, 353). *Термелі қаптағы жас құрт пен ш ы п т а д а г ы сүзген ірімшікті шығара гой, Кекілік?!* (С. Тәу., Ақыр Жән., 64).

ШЫПТА[3] (Жамб., Луг.) жол жүруге арналған билет. *Ел арасында ш ы п т а с ы қалтада болса, поез қайда барады деп өзбек айтыпты деген сөз бар* (Жамб., Луг.).

ШЫПТА[4] (Қарақ.) қоғадан тоқылған зат. *Кара үйдің сыртынан айналдыра орайтын шиді бүл жақта қоғадан тоқиды. Оны ш ы п т а дейді* (Қарақ.).

ШЫПТАСЫНА ШЫБЫН ҚОНБАУ (ҚХР) түлдыр, тақыр кедей.

ШЫПТАХАНА (Жамб., Жуа.) темір жолдың билетін сататын жер (көбіне вокзалды осылай атайды).

ШЫПША (Қост., Об.) көсеу. *Бізге қабағын түйіп, түнеріп бір қарады да жүресінен отыра кетіп ш ы п ш а м е н пештің отын көсеп-көсеп қалды* (Б. Майл., Шық., III, 61).

ШЫПШЫҚ БОП ЖҮРУ (Акт., Байғ.) бәйек бс [illegible] *Оиың суды дүрыс пайдалана алмай, күйіп-жанып ш ы п ш ы қ б о п ж ү р г е н і* (Акт., Байғ.).

ШЫПШЫНАЙ (Жамб., Сар.) жылбысын, шала туған қозының елтірісі.

ШЫПЫЛДАҚ (Түрікм., Таш.) шәркей, үйге киетін өкшесіз аяқ киім. *Балалар ш ы п ы л д а қ т а р ы н кие-кие салды да, ойға қарай түсіп кетті* (Түрікм., Таш.).

ШЫПЫРЛАУ (Гур., Тең.) шыпшу, шымырлау, балықтардың шоғырланып шыпырлануы. *Балық коп болған жердегі судың беті ш ы п ы р л а п жататынын көруге болады. Су беті ш ы п ы р л а с а, ол жерге ау салынады* (Гур., Тең.).

ШЫПЫРТҚЫ (Сем.: Шүб., Абай) шыбыртқы, салт аттының үстайтын қамшысы.

ШЫПЫТСУ (Орал, Жән.) алдау, арбау. *Ол кісі ш ы п ы т с ы п отырып жүз мәнәтімді* (қ.) *алып кетті. Ол ш ы п ы т с у г а керемет адам* (Орал, Жән.).

ШЫПЫТУ (Қ.орда, Арал) шыпылдау, шып-шып үру. *Алақанын ш ы п ы т ы п согатын* (Ә. Нүрп., Курл., 424).

ШЫРА[1] (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) керосинмен жанатын шам. *Ш ы р а н ы ң шүйшісін* (қ.) *шағып алма* (Түрікм., Мары). *Майы таусылып, ш ы р а жағылмай қалды үйге* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *чыра* (Туркм.-рус. сл., 1940); қарақ. *шыра* (Карак.-рус. сл., 1958). Бүл соз казак тілінде *«козі шырадай жанды»* деген түрақты тіркестің құрамында сақталған, бірақ жеке колданылуы некен саяқ].

ШЫРА[2] (Шық. Қаз., Зайс.) үлпаланған ағаш жаңқасы, майда жаңқа.

ШЫРАҒДАН (Жамб.: Шу, Мер., Сар., Жуа.; Жезқ., Ағад.; Қарақ.; Павл., Леб.) май шам, шілтерсіз май шам, шырақ. *Ш ы р а ғ д а н д ы жақпаса, қараңғы боп кетті* (Жамб., Шу).

ШЫРАҒИЯ (Орал, Жән.) шырағым, қарағым. *Бетім-ау, мына Шоқай шатысайын деген бе, ш ы р а г и я-а у* (Қ. Қар., Алт. изд., 296).

ШЫРАДАЙ ТЫМЫҚ (Қ.орда, Арал) тып-тыныш, үф деген жел жоқ, тымырсық. *Күн ш ы р а д а й т ы м ы қ* (Ә. Нүрп., Сең, 25).

ШЫРАЙ АШПАУ (ҚХР) көңілсіздену, түнжырау.

ШЫРАЙ ЖАЗУ (ҚХР) жадырау, көңілдену, бетіне күлкі үйірілу.

ШЫРАҚ (Рес.: Сарат., Астр.) жарым. *Ол ш ы р а қ қой өзі!* (Рес., Сарат.).

ШЫРАҚ БОЛУ (Қ.орда: Қарм., Жал., Сыр., Арал) көңілдегідей болу, ойлаған жер-

ден шығу, сәті түсу. *Бұл жұмыс шырақ болғалы тұр екен* (Қ.орда, Қарм.). *Жылдағыға қарағанда бұлар биыл шырақ болды* (Қ.орда, Арал).

ШЫРАЛАУ[1] (Шығ. Қаз., Зайс.) жаңқалау, ағашты жарып жаңқалау. *Мына ағашты шыралап жібер, тамызық қылайық* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ШЫРАЛАУ[2] (Тау., Қош.) әурелеу, мазалау. *Сен ол кісіні албаты* (к.) *шыралама й тыныш жүр* (Тау., Қош.).

ШЫРАЛАУ[3] (Қарақ.) оңалу, семіру.

ШЫРАЛЖЫН (Жезқ., Ағад.) сыпырғыш жасайтын осімдік.

ШЫРАЛЖЫҢ (Ақт., Жүр.) шөптің бір түрі. *Қой шыралжыңды жерге сүйе жайылды* («Ст. эпоха», 1940, №13).

ШЫРАПАСЫН ШЫР АЙНАЛДЫРУ (ҚХР) қолынан еркін келу, тетігін білу.

ШЫРАПАТЫН БҰЗУ (ҚХР) шырқын бұзу, мазасын алу, тынышын кетіру. Қ. шырқын кетіру.

ШЫРАПАЯ (Қарақ.) шамның астына қоятын ағаштан жасалған ұзынша келген орындық.

ШЫРА ШӨЛМЕК (Түрікм.: Красн., Небид.) жермай шамның шынысы, мойны. *Шыра шолмек сынып қалып, кешеден бері жалпылдақ шаммен отырмыз* (Түрікм., Небид.).

ШЫРБАЗ (Өзб.) ерте туған төрт-бес айлық қозы.

ШЫРҒА[1] (Алм., Кег.) құсты (бүркітті) қайта қондыру үшін қажетті алдамшы қалта. *Шыргасыз бүркітті қолға қондыру қиын* (Алм., Кег.).

ШЫРҒА[2] (Павл., Ерт.; Қар.: Шет, Қарқ.; Көкш., Қ.ту) көрпенің жиегіне салатын бұлық.

ШЫРҒАЙ 1. (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем., Үрж.) кішкене бұта, ағаштың майда түрі. **2.** (Қост., Жанг.) үйдің төбесіне жабатын ұзын жіңішке ағаш, сырғауыл. *Үйдің тобесіне шырғай салу керек* (Қост., Жанг.).

ШЫРҒАЛ (Маң.: Маңғ., Шевч.) мінезі қыңыр, қырсық, кесір (адам туралы). *Өзі бір шырғал жігіт еді, айтқаныңа көне қойса жақсы гой, көнбесе не істейсіңіз?* (Маң., Шевч.).

ШЫРҒАЛАУ[1] (Көкш., Қ.ту; Қар., Шет) көрпеге бұлық салу, корпені бұлықтау. *Кеше күні бойы көрпе шырғалады м* (Қар., Шет).

ШЫРҒАЛАУ[2] (Қост.: Об., Торғ., Жанг.) сағалау, төңіректеу, айналсоқтау. *Қызмет басындағы адамды көрсе, шырғалып соның маңынан шықпайды* (Б. Майл., Шығ., IV, 203).

ШЫРҒАЛАУ[3] (Шығ. Қаз., Больш.) әурелеу, берекесін кетеру.

ШЫРҒАНАҚ[1] (Жамб., Жуа.; Тау., Түр.) өсімдіктің бір түрі. *Шырғанақ жынысындағы қырғауылдың шақырғаны анық естіледі* (Ш. Мұрт., Қара мар., 51).

ШЫРҒАНАҚ[2] **1.** (Талд., Панф.) бұтағы тікенді аса жуан келмейтін іші сары қатты ағаш. *Шырғанақты ыстық-суық болып ауырғанда дәрі есебінде пайдаланады* (Талд., Панф.). **2.** (Алм., Еңб. қаз.) сулы жерге шығатын жидеге ұқсайтын ағаш. *Шырғанақтың жапырағы уақ болады, басында дәні болады. Шырғанақтың биіктігі үш-төрт метрдей болады* (Алм., Еңб. қаз.).

ШЫРҒАНАҚ МАЙЫ (Тау., Түр.) шөп майы (дәрі ретінде пайдаланады).

ШЫРҒАСЫН ШЫҒАРМАУ (Шығ. Қаз., Зайс.) шып-шырғасын шығармау, түп-түгел, ештеңесін қалдырмау. *Шырғасын шығармай түгел жеткізіңдер* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ШЫРҒЫ (Гур., Есб.) көсеу, от көсейтін құрал. *Айнам, ана шырғаны бері әпере гой* (Гур., Есб.).

ШЫРДАЙ ҚЫЛУ (Орал, Чап.; Түрікм., Красн.; Маң., Маңғ.) басын қатыру, мазасын алу, берекесін кетіру. *Сол батыр осында келіп, бәрімізді шырдай қылды* (Түрікм., Красн.).

ШЫРДАМАЛ (Жамб., Жам.) сырмақ. *Шырдамалды сырып істейді* (Жамб., Жам.).

ШЫРДАН (Өзб.) қозының қарны. *Шырдан елтіріге сойылған қозыдан алынады* (Өзб.). *Шырданның ішіне бүйен сияқтандырып ет, май салады* (Өзб.).

ШЫРҚЫЛДАСУ (Тау., Қош.) үрсысу, керісу, жанжалдасу. *Сонша шырқылдасатын сендерге не болды?* (Тау., Қош.). Қ. кермалдасу.

ШЫРҚЫЛЖЫҢДАҒАН (Сем.: Абай, Шүб.) қырқысқан, тартысып таласқан, егескен, жанжалдасқан. *Ол бір кез екі елдің шырқылжыңдаған кезі еді* (Сем., Шүб.).

ШЫРҚЫН КЕТІРУ (Тау., Қош.) мазасын алу, мазасын кетіру.

ШЫРҚЫН ШЫҒАРУ (Көкш.: Щуч., Еңб.) зықысын шығару, тынышын алу. *Сенің шырқыңды шығардық-ау* (Көкш., Щуч.).

ШЫРЛАМА (Орал, Жымп.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) сүтке сок, үн салып пісірілген

қою тамақ; быламық; бөртпе. *Сиырдың уызына май араластырып пісірген ш ы р л а м а* (Орал, Жымп.). *Таңертең ш ы р л а м а г а тойып алып едім, қарным ашар емес* (Түрікм., Таш.).

ШЫРЛАУ (Қарақ.) шырылдау.

ШЫРМАУЫҚ (Шығ. Қаз., Больш.) құлмақ. *Мына ш ы р м а у ы қ өте жақсы өскен екен* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШЫРМАШАТУ БОЛУ (ҚХР) күрделі, түсінуі қиын болу.

ШЫРПУ (Маң., Маңғ.) сарқырау, бұрқылдау (ағып жатқан өзен, су туралы). *Екі аягымнан көтеріп тұрып кемерінен асып, ш ы р п ы п жатқан өзенге бір-ақ атсын кеп...* (Ә. Кекіл., Үркер, 194).

ШЫРПЫ[1] **1.** (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта, Тедж., Байр.; Қ.орда; Қарақ.; Алм., Қарат.) сексеуілдің шабылып алынған жас кезі. Сексеуілдің жіңішке басы. *Жас сексеуілдің басында ш ы р п ы с ы болады* (Алм., Қарат.). **2.** (Қост.: Жанг., Семиоз.) ағаштың майда бұтақтары. *Тогайдан ш ы р п ы теріп от жақтық* (Қост., Жанг.).

ШЫРПЫ[2] (Алм., Шел.) жаңқа. *Самауырға ш ы р п ы керек болып тұр, тез әкел* (Алм., Шел.).

ШЫРПЫ[3] (Қ.орда, Арал; Ақт.: Ойыл, Ырғ.; Қост., Жанг.; Рес., Орын.) сіріңке. *Алдабергең, ш ы р п ы ң д ы бере тұр, темекі тұтатып алайын* (Қ.орда, Арал). *Ш ы р п ы н ы сіздерде сіріңке дей ме, не дейді?* (Орын., Бөр.). *Түн мезгілінде машиналарға май құюға жарық жасау үшін ш ы р п ы жағуға тиым салынсын* («Екп. жол», 15.06.1958).

ШЫРПЫЛАУ (Шымк., Сайр.) қырку. *Миронос қойды бір-ақ рет ш ы р п ы л а й м ы з* (Шымк., Сайр.).

ШЫРПЫЛДАУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) шалпылдау. *Тук жел болмаса да теңіз өзінен-өзі жағаға ш ы р п ы л д а п соғып жатады* (Маңғ., Шевч.).

ШЫРПЫЛУ (Алм., Кег.) аздап кему. *Малымыздың арық-тұрағы ш ы р п ы л у д а гой* (Алм., Кег.).

ШЫРПЫНУ (Түрікм.: Красн., Таш., Ашх., Мары) айбат шегу. *Көктемде бура ш ы р п ы н г а н кезде оте қауіпті* (Түрікм., Красн.).

ШЫРПЫНЫ ШЫҒУ (Жезк., Ұлы.) жанын салу, бәйек болу.

ШЫРРЫҚ (Қарақ.) менменшіл, өркөкірек, шіреніп қалған адам.

ШЫРТА (Қ.орда, Арал) қар тоқтату үшін далаға тігілетін шарбақ, қар тоқтатуға қойылатын тоспа.

ШЫРТБАС (Маң.: Маңғ., Шевч.) күйгелек, ашушаң, кейігіш. *Ол секілді ш ы р т б а с мазасын ала берсең, озіңе айқай салуы мүмкін* (Маң., Маңғ.).

ШЫРТ ЕТПЕ (Жезқ., Ағад.; Көкш., Қ.ту) түйме орнына тағылатын бір-біріне кигізілетін металл тетік. *Жеңінің аузына ш ы р т е т п е қадап бер деп айттым гой саған* (Көкш., Қ.ту).

ШЫРТ ЕТУ (Жамб., Тал.) сырт ету, тырс ету. *Аягымның буындары ш ы р т е т е қалды* (Жамб., Тал.).

ШЫРТ ҚАРАҢҒЫ (Ауғ.; Ир.) қапқараңғы.

ШЫРТТАЙ ҚАРАҢҒЫ (Жамб., Жуа.) тастай қараңғы, козге түрткісіз қараңғы. *Тысқа шыққанда дала ш ы р т т а й қ а р а ң ғ ы екен* (Ш. Мүрт., Инт. наны, 74).

ШЫРТЫЛДАҚ[1] **1.** (Қост.: Об., Жанг.; Жезқ., Ағад.) аязда қатып түрған, қорытқан сарымай. *Шеше, тыңдаңыз сіздің үйге берілген жоспар: бір пұт ет, он қадақ ш ы р т ы л д а қ, он қадақ ескі темір, он қадақ ескі жұн* (Б. Майл., Шығ., IV, 174). **2.** (Рсс., Омбы) түшытылған май. *Еттіктен әкелген ш ы р т ы л д а қ май, құрт, ірімшік... қойылды* (С. Жүн., Ақан сері, 38).

ШЫРТЫЛДАҚ[2] (Шымк.: Түркіс., Шәу.) үлкеи ала қауынның бір түрі. *Колдей қораның ішінде осыдан бір жеті бұрын ондіріп қойған үндінің қара күләбасы, персінің қара баспалдысы, Амудариянық ш ы р т ы л д а г ы, Ауганның сары торламасының тұқымынан торт-ақ тұр қауын тікті* (Қ. Әбд., Тәт. қауын).

ШЫРТ ІЛГЕК (Түрікм.: Ашх., Гяу., Тедж., Мары, Таш.) көйлекке қадайтын металдан жасалған қосак, жабысқақ түйме (шыртылдақ түйме). *Оның ш ы р т і л г е к к е тұрмайды* (Түрікм., Ашх.).

ШЫРШАЙЫ (Ауғ.; Ир.) ақшыл қызыл.

ШЫРШЫҚ (Маң.: Маңғ., Шевч.) кісімсіген, тәккапар, менменсіген (адам туралы). *Озі бір сіресіп қалған ш ы р ш ы қ адам деп естимін* (Маң., Шевч.).

ШЫРШЫҚ САЛУ (Орал, Жән.) арандату, от салу. *Кеткенімен жай кеткен жоқ, бізге ш ы р ш ы қ с а л ы п кетті* (Орал, Жән.).

ШЫРЫҚ Қ. шыррық.

ШЫРЫМТАЛ (Қарақ.) жекен өсімдігінен жасалған жіп.

ШЫРЫН[1] (Қост., Жанг.) ірімшіктің сарсуын қойылғанша қайнатады да содан алынған қойыртпақты кептіреді, соны *шырын*

дейді. *Ірімшіктің ш ы р ы н ы тәтті болады* (Қост., Жанг.).

ШЫРЫН[2] (Шымк., Түркіс.) тәтті. *Шыбын да ш ы р ы н г а қонады* (Шымк., Түркіс.).

ШЫРЫНДАУ (Маң., Маңғ.) үйықтау. *Шырағым, азырақ жатып ш ы р ы н д а с а ң ш ы, кешеден ш ы р ы н д а г а н жоқсың* (Маң., Маңғ.).

ШЫРЫНСЫЗ ТҮЙЕ (Қ.орда, Жал.) семірмейтін, қанша жайылым, күтім көрсе де бойына шыр жұқпайтын азғын будан түйе.

ШЫРЫШ (Жамб., Тал.) мәткенің үстіне салынатын жіңішке ағаштар, шанжа, қабырға ағаш. *Біздің үйдің бір ш ы р ы ш ы сынып қалыпты* (Жамб., Тал.).

ШЫРЫШ БҰЗУ (Қ.орда, Арал) берекені алу, бүлік шығару, тыныштық бұзу. *Ол сұйтіп, ш ы р ы ш б ұ з г а н тентек атаныпты* (Қ.орда, Арал).

ШЫРЫШТАЙ ТОП (ҚХР) бір топ, көп адам.

ШЫРЫЮ (Маң.: Маңғ., Шевч.) етекжеңін жинай алмау, мұрнынан шаншылу. *Өзі алты үйді қатар салып ш ы р и ы п жатқанда, саған көңіл бөле алмас* (Маң., Маңғ.).

ШЫТ (Шығ. Қаз., Больш.) орамал, қол орамал. *Мынау ш ы т тәуір екен* (Шығ. Қаз., Больш.).

ШЫТА (Орал, Жән.) ағаш қалқан (егістік жерге қар тоқтату үшін қойылады). *Қыста қар тоқтатуға ықтама етіп ш ы т а құрамыз* (Орал, Жән.).

ШЫТҚЫЛ (Қост., Об.) суық аяз, бетті қарыған аяз. *Ш ы т қ ы л аяз дененің әр жерін бір шымшып өтіп, мазаны ала тұсті* (Б. Майл., Шығ., IV, 208).

ШЫТПА (Өзб.) қамыс секілді жіңішке өсімдіктен тоқылған ши. *Ш ы т п а н ы құрт жаюға, киіз үйдің айналасын орап жабуға, киіз басуға пайдаланады* (Өзб.).

ШЫТПЫРАТУ (Шығ. Қаз., Больш.) шатастыру, жаңылысу, шатып-бұту.

ШЫТТАЙ ЖАҢА (Сем., Абай) су жаңа, жап-жаңа. *Мына машина ш ы т т а й ж а ң а машина екен* (Сем., Абай).

ШЫТЫР[1] (Жамб., Қорд.) картаның кіресі. *Мына ш ы т ы р г а бір көзір салатын шығарсың* (Жамб., Қорд.).

ШЫТЫР[2] (Талд., Панф.) жоңышқа сияқты басында сары гүлі бар шөп. *Ш ы т ы р жаңбыр қалың болғанда, құмды жерге қаптап шығады. Ш ы т ы р қой малының жауы* (Талд., Панф.).

ШЫТЫРА (Көкш., Қ.ту; Жезқ., Ағад.) кимешектің айналасына қадайтын күміс. *Күміс ш ы т ы р а м е н әсемдеп... үкі тақған тақиялы қызыл бет Сұлейменнің қызы Зұлқия еді* (С. Сейф., Шығ., V, 154). *Жағына мөрі таймаған сары қағаш ш ы т ы р а бетіне, омырауына қызыл маржан қадаған кимешек ішінде... құбылып отыр* (С. Жүн., Ақан сері, 59).

ШЫТЫРАДАЙ (Жамб., Жуа.) аппақ, сүттей аппақ, шаңқан. *Үсті-басына ш ы т ы р а д а й ақ киіп... өзі келді* (Ш. Мүрт., Құс қан., 11).

ШЫТЫРАЛАУ (Сем.: Ақс., Көкп.) әшекейлеу, шытыра (қ.) салу, ою-өрнек салу, өрнектеу. *Ағаш төсектің бетін мүйіздеп ш ы т ы р а л а п тастайды* (Сем., Ақм.).

ШЫТЫРАЛЫ (Қар., Тельм.) әшекейлі, жылтыр металмен әшекейленген. *Күміс ш ы т ы р а л ы, екі құлақты дәу сары тегене өртайып баратса дереу еселейді* (Ғ. Мүст., Дау. кейін, 358).

ШЫТЫРМА (Көкш., Қ.ту) керосин шамның шілтері. *Шамның ш ы т ы р м а с ы майысып қалыпты* (Көкш., Қ.ту).

ШЫХЫ (ҚХР) итке айтылатын одағай.

ШЫШТАЗА (Қарақ.) тап-таза. *Ш ы ш т а з а кемзалым бар еді, шәй ішіп отырып ұрлатып алдым* (Қарақ.).

ШІБІ (Шығ. Қаз., Зайс.) мекиен, тауықтың мекиені. *Менің он бес ш і б і м бар, бір де әтешім жоқ* (Шығ. Қаз., Зайс.). Қазақстанның көп жерінде бұл сөз тауықтың балапанын білдіреді. Ж. Болатовтың көрсетуінше бұл сөз қытай тілінен енген (ҚТТДМ-2, 145).

ШІБІТ (Ауғ.; Ир.) укроп.

ШІГІЛТІК (Қарақ.) жабайы жиде.

ШІГІН (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) күрішпен қоса жарыса өсетін жабайы өсімдік.

[Қарақалпақша *шигин* (Карақ.-рус. сл., 1958). *Чікін* жүзімге ұқсас өсімдік (М. Қаш., I, 392)].

ШІГІР (Қарақ.) күрмек. *Шалы арқасында ш і г і р су ішеді* (Қарақ.).

ШІГІТ (Түрікм.: Тедж., Байр., Мары, Тахта, Көнеүр., Таш.; Қарақ.; Шымк., Түркіс.) мақта тұқымы.

[Түрікменше *чигит* дәнді егістер тұқымы (Туркм.-рус. сл., 1940); өзб. *чигит* мақта тұқымы (Узб.-рус. сл., 1959); қарақ. *шигит* мақта тұқымы (Карак.-рус. сл., 1958); *чігіт* мақта тұқымы (М. Қашқ., I, 337)].

ШІГІТ МАЙЫ (Түрікм.: Мары, Тедж., Байр.; Шымк., Түркіс.) мақта майы. *Маған да*

жарым литр ш і г і т майын ала келің (Түрікм., Тедж.).

ШІКЕРТ (Алм.: Жам., Кег.) сырқаттану, науқастану. *Ол ш і к е р т т е н і п отыр. Ол бала ш і к е р т т е н г е л і бірнеше күн болды* (Алм., Кег.).

ШІКЕДЕЙ Қ. шікідей.

ШІКІДЕЙ//ШІКЕДЕЙ (Түрікм.: Красн., Небнд., Жеб., Ашх., Таш., Мары; Маң.: Шевч., Маңғ.) кішкентай, құрттай. *Мәшіннің үстінде отырған ш і к і д е й баланың дұмшедей* (қ.) *басына дәңгілдей* (қ.) *әтішкірмен* (қ.) *салып кетіп, алдындағы жеп отырған аскелдісінің* (қ.) *башағын* (қ.) *тартып алыпты* (Маң., Маңғ.).

ШІКІЛДЕК (Алм.: Кег., Шел.) шемішке, күнбағыс дәні. *Өткен жұмада базарға барып бір қап ш і к і л д е к сатып келдім* (Алм., Кег.).

ШІКІЛДЕУІК (ҚХР; МХР) шікілдек, шемішке.

ШІКІРА (Жамб., Мер.) мерзімінен жай туған лақ пен қозы.

ШІКІРӘ[1] (Өзб.) бетке үстар, әздек, кнмас. *Сен кімнің ш і к і ә р ә с і с і ң?* (Өзб.).

ШІКІРӘ[2] (Жамб., Шу; Ауғ.; Ир.) кенже лақ.

ШІКІРЕ (Қост.: Жанг., Аман.; Жезк., Ұлы.; Маң.: Шевч., Маңғ.) ерте туған лақты жазға салым осылай атайды. *Бір ш і к і р е сойып қонағын жөнелтті* (Қост., Жанг.). *Сен кімнің шікіресі едің* деген түракты тіркестің құрамында келгенде, бұл сөз «еркесі», «әлпештеген» деген мағынаны білдіреді. Шу бойының қазақтарында бұл сөз *шікірә* үлгісінде айтылып, кенже туған лақты білдіретін де ыңғайы бар.

ШІЛӘУЖІН (Жамб., Сар.) шылапшын, леген.

ШІЛ БӨРІ (Жамб.: Сар., Тал.) қорқау қасқыр. *Ш і л б о р і н і ң бір озінің қойға әлі келе қоймайды* (Жамб., Тал.). Бұл атаудың қазақ жерінің әр түпкіріне тараған түрлі-түрлі нұсқалары кездеседі. Сырдың төменгі бойының қазақтары қасқырдың мұндай түрін *шағал* дейді, сол елмен іргелес қарақалпақ арасындағы казақтар кейінгі нұсқаны сәл озгертіп *сагал* деген түрде қолданады. Сондайақ мұның оңтүстік оңірде кездесетін *шие бөрі//шүйе борі* деген нұсқалары да бар.

ШІЛБІР (Тау., Қош.) шылбыр. *Ш і л б і р і н і ң ұшын қолына ұстатты* (Тау., Қош.).

ШІЛГЕ (Алм., Шел.) жылдам пісетін әңгелек қауын.

ШІЛДЕК (Рес., Омбы) **1.** шыбықтан тоқылып жасалған кәрзеңке тәрізді ыдыс. **2.** мал сойылғанда пайдаланатын торт бұрышты нәрсе.

ШІЛДЕКІ (Шымк., Түркіс.) ерте пісетін жүзімнің түрі. *Ш і л д е к і пісіп қойыпты, балалар теріп мәз болып жүр* (Шымк., Түркіс.).

ШІЛДЕЛІК (Орал, Қара.; Қост., Жанг.) баланың, әсіресе, емшектегі баланың бетіне түсетін жара. *Жас баласының бетіне түскен ш і л д е л і к т і құргата берсе тез жазылып кетеді* (Қост., Жанг.).

ШІЛДЕ ҚОҢЫЗ (Қ.орда, Қарм.) жаздың ыстық айларында шығатын қоңыздың түрі.

ШІЛДЕР (Сем.: Мақ., Үрж.) шілтер, токып жасалған керуеттің үстіне жабатын тор, жапқыш. *Кереуеттің ш і л д е р і он үш жұмыртқа тұрады екен* (Сем., Үрж.).

ШІЛДІРЕК (Орал, Жән.) әлжуаз, ілмиген, ыңыршағы айналып түрған. *Дәупірім шығар десе, кәдімгідей жәй пенде Тайсойғандағы жауырыншы Өтегали құсаған ш і л д і р е к сары екен* (Б. Аманшин, «Жұлдыз», 1987, №3, 20).

ШІЛЕНГЕР (Қост., Жанг.; Маң., Маңғ.) қолының епсегі бар, үсак-түйек темір соғатын шебер, ісмер адам. *Ш і л е н г е р адамға қайда барса да жұмыс табылады* (Қост., Жанг.).

ШІЛИ (Шымк., Макт.) тым, аса, оте-мөте. *Арықтың аяқ жағын ш і л и далитып жіберіпті гой* (Шымк., Мақт.). Солтүстік аймақтың қазақтары бұл сөзді *шылги* деген нұсқада колданады.

ШІЛИКЕ (Жамб., Шу; Қар., Шет; Павл., Ерт.) түйенің мойнына қамыт орнына кигізетін жалпақ күр тәрізді ат әбзел. Бұл – орыс тілінде қолданылатын *шлея* созінің өзгерген нүсқасы. Орыс түрмысында *шлея* ат жеккенде қамыт орнына пайдаланылатын ат әбзел.

ШІЛКЕЛІК (Шымк., Түркіс.) кекіліктің кішілеу түрі.

ШІЛТЕР[1] (Қост., Жітік.) торлы терезе пердесі. *Үйдің іші салқын екен, терезеге ақ ш і л т е р ұстаулы* (Қост., Жітік.).

ШІЛТЕР[2] (Қост.: Семноз., Аман., Жанг.) камзолдың жалпақ күміс ілгешегі (көбіне селдір қын жасаған ілгешекті айтады). Қостанай төңірегінің кей жерінде осындай ілгешекті *қапсырма* деп те атайды. Жалпы, торлап токылған, тор тәрізді селдір етіп жасаған нәрселерді сол өнірде *шілтер* дей береді.

ШІЛТЕР[3] (Рес., Орын.; Қост., Жанг.) шамның шыны мойнына кигізілетін тесік-тесік қып жасаған қалқан. *Тырнақшаиы ш і л т е р г е кигізіп қой* (Орын., Ад.).

ШІЛТЕР[4] (Қ.орда, Арал) самаурынның оттығы. *Самауырдың ш і л т е р і н е күл тығылып қалып, от алмай жатыр* (Қ.орда, Арал).

ШІЛТІК (Мақ., Маңғ.) шілбиген, арық, ынырша ғы айналған (ат туралы). *Ш і л т і к құм үсті-үстіне пысқырына берді* (Ә. Кекіл., Күс қан., 272).

ШІЛТІКЕЙ (Қ.орда, Арал) шілтиген, шелтірейген. *Әлгі... ш і л т і к е й бастығы... айласын асырып мұзға отырғызып кетіпті* (Ә. Нүрп., Сең, 159).

ШІЛІК (Алм., Шел.) олжаның артығы, үлеске болгеннен артығы. *Бүгін озара олжа үлестіріп едік, бір иәрсе үлестен ш і л і к қалды* (Алм., Шел.).

ШІЛІҢГЕР (Қ.орда: Сыр., Жал.; Шыг. Каз.: Қатон., Зайс.) іскер, шебер, үста. *Еліміздің күріш егісінің не бір ш і л і ң г е р і бар* (Қ.орда, Сыр.). *Қали ш і л і ң г с р адам* (Шыг. Каз., Қатон.).

ШІЛІҢГЕР ЫСТЫҚ (Сем., Абай) оте, тіпті ыстық. *Күн ш і л і ң г е р ы с т ы қ болуға айналды* (Сем., Абай).

ШІМҚОРЕК (Озб.) тамакты оте аз жеуші адам. *Бұрын мұндай емес еді, баламыз ш і м қ о р е к, қалада оқып бір шек болып кетіпті* (Өзб.).

ШІМШУІР 1. (Кокш.: Енб., Щуч.; Кост.: Фед., Семноз.) от кыскаш, шок кыскыш. *Ш і м ш у і р м е н ал да шоқты самауырынға салып жібер* (Қост., Фед.).

ШІМІРУ (Рес., Орын.) шерту, шертіп ату. *Асықты сақамен ш і м і р г е н д е асық алысқа ұшады. Жақын жерде тұрған асықты ш і м і р е д і* (Орын., Бор.).

ШІНЖАУ (Жамб., Тал.) жүдеген, арық, нәзік. *Ш і н ж а у малдардың қыстан шығуы қиын* (Жамб., Тал.).

ШІН ҰЛТАН (Кокш., Қ.ту) ішкі ұлтан, стіктің ішкі ұлтаны.

ШІҢГІРЛЕУ (Сем.: Акс., Кокп., Абаи, Шүб.) қатты ашу, быжынан ашын кету. *Алдындағыдай емес, бұл жолы қымыз ш і ң г і р л е п кетіпті* (Сем., Акс.).

ШІҢГІРШЕК Қ. шіңгіршік.

ШІҢГІРШІК//ШІҢГІРШЕК (Қ.орла, Арал) жүгерінің доні алынған собығы. *Ш і ң г і р ш і к т і кептіріп самаурын қайнатады* (Қорда, Арал).

ШІҢГІРІК (Түрікм.: Конеүр., Тахта, Тсдж., Таш.; Маң.: Маңғ., Шевч.; Қарақ.) жүгерінің собығы. *Жүгерінің ш і ң г і р і г і н і ң дәні толық екен* (Маң., Маңғ.).

ШІҢКІЛДЕК (Ақт., Ырғ.) саршұнақ, егін арасында болатын сары тышқан. *Ш і ң к і л д е к тарының басын қиып тастайды* (Ақт., Ырғ.).

ШІҢІЛТЕК (Орал, Қара.) ашы дауыс. *Хан жарлығы, – деді Жәңгір... ш і ң і л т е к, өткір дауыспен* (Б. Аманшин, «Жүлдыз», 1987, №3, 102).

ШІПТӘ (Ақт., Жүр.) тоқыған орнексіз, жадағай шп. Қ. шыпта[2].

ШІШШІК (Гур., Тең.) аудың арқанын жерге бекітетін қазық. *Ш і п ш і к құрма ауда болады. Оның әрбір қадасы ш і п ш і к арқылы бекітіледі* (Гур., Тең.).

ШІП-ШІКЕТАЙ (Маң.: Маңғ., Шевч.) кіпкішкентай. *Ш і п-ш і к е т а й болып өзінің үлкеннің ісін істеуін қарамайсың ба* (Маң., Шевч.).

ШІШІЛДЕУ (Жамб., Жуа.) шүпілдеу. *Қыздың әдемі мойыл козіне жас толып ш і п і л д е п тұр екен* (Ш. Мүрт., 41-ж. кел., 156).

ШІРЕУ (Ауғ.; Ир.) толу. *Аққұтыға су ш і р е п кетіпті* (Ауғ.).

ШІРКЕТ[1] (Түрікм.: Таш., Конеүр., Тахта, Ашх., Мары) агент. *Кәрі* (к.) *ш і р к е т болса да, құрыпсыз* (к.) *емес* (Түрікм., Таш.).

[Түрікменше *шерекет* бірлесу, қауымдасу (Туркм.-рус. сл., 1940); ар. *шіркет* бірлестік (Л. Бул., I, 668)].

ШІРКЕТ[2] (Қарақ.) тері, жүн, т.б. жинаушы кісі.

ШІРКЕТШІ (Қарақ.) Қ. шіркет[2].

ШІРІК (Шыг. Каз., Күрш.; Сем., Үрж.) аңыз, бірнеше жыл тынайтылған жер. *Ш і р і к жерге егін жақсы шығады* (Шыг. Каз., Күрш.). *Биыл ш і р і к коп айдалды* (Сем., Үрж.).

ШІРІН (Қ.орда, Қарм.; Шымк., Мақт.) шырын. *Бауыр ш і р і н, бас тәтті, Ағайынмен ішкен ас тәтті* (Шымк., Мақт.). *Жайдырып дастарқанды оларға зал Бергізді ш і р і н, шскер, шәрбат пен бал* (Т. Ізт., Рус. дас., 35).

ШІРІНЖІ (Қарақ.) бакша осімдіктеріне түсстін күрт. *Ш і р і н ж і үсті-басыңды дақалдақал қылады* (Қарақ.).

ШІРІНКЕНЕ (Шымк., Түркіс.; Жамб., Жам.) сауда жасайтын адамдардың арасына кірісін делдал болганы үшін алатын ақша. Қ. сіріңкс.

[Өзбекше *ширинкома* (Рус.-узб. сл., 1954)].

ШІРІНПӘШЕК (Қарақ.) собығы бар сүттіген шөп.

ШІРІҢКЕНЕШІ (Қарақ.) делдал, сауда арасында жүретін кісі.

Ы

ЫБҒАЛ (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) талай, тағдыр. *Әй, озіңнің ы б г а л ы ң біледі де* (Түрікм., Көнеүр.).

[Түрікменше *ыкбал* (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақ. *ыгбал* (Карак.-рус. сл., 1956)].

ЫБЫҒЫЗСУ (Гур., Маңғ.) қылымсу, ұялу. *Ы б ы г ы з с ы м а й бері отыр* (Гур., Маңғ.).

ЫБЫЛЫС (Жамб.: Шу, Мойын.) сайтан, ібіліс. *Сонда ы б ы л ы с т а болады* (Жамб., Мойын.).

ЫБЫЛЫСТЫРУ (Гур., Маңғ.) сапырылыстыру. *Үйдің ішін балдар ы б ы л ы с т ы р ы п тастапты* (Гур., Маңғ.).

ЫБЫН (Қ.орда, Арал) кейіп, түр, ұсқын. *Ы б ы н ы м ы з осы гой, көріп тұрсың* (Қ.орда, Арал).

ЫБЫРЫҚ (Қарақ.) құмыра.

ЫҒАЛ (Ақт., Ырғ.; Қост., Семиоз.) ылғал, дымқыл. *Су ы г а л ы жеткілікті болса, егін шығымды болады* (Ақт., Ырғ.). *Кладовщик ы г а л бидайды алмайды гой* (Қост., Семиоз.).

ЫҒУА (Гур., Маңғ.) бағыт, жол. *Осы амалды істеуге басқаға ы г у а берсе... сотталады* (Гур., Маңғ.).

ЫҒЫ (Гур., Маңғ.) реті, ыңғайы. *Бұркіт ы г ы келмесе, тұлкі ала алмайды. Ол сөздің ы г ы н тауып сөйлейді* (Гур., Маңғ.).

ЫҒЫ БАР (Жамб., Жам.) мәні бар.

ЫҒЫ-ЖӨНІ (Сем.: Мақ., Үрж.) ықшамы, ебі. *Әй, өзіңнің ы г ы-ж ө н і ң жоқ-ау, ә* (Сем., Мақ.).

ЫҒЫ-ЖЫҒАТЫ (Қост., Об.) ығы-жығы. *Үй-іші ы г ы-ж ы г а т ы болып жатыр екен* (Қост., Об.).

ЫҒЫЛАМ ЕТУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) баяндау, айтып беру. *Аз созбен ы г ы л а м е т с е ң де түсінем гой* (Түрікм., Таш.). *Ол өзінің хабарын былай деп ы г ы л а м е т т і* («Жұм-шы», 15.01.1940).

ЫҒЫЛАМ ҚЫЛУ (Жамб., Луг.) жариялау, жария қылу. *Келгенде 60 жасқа ы г ы л а м қ ы л д ы м, қазалын сезіп келіп халыққа жазып* (Жамб., Луг.)

ЫҒЫЛАНУ (Қ.орда, Арал) илану, сену. *Сен осы айтқанға неге ы г ы л а н б а й с ы ң?* (Қ.орда, Арал).

ЫҒЫН-ЖЫҒЫН Қ. ығын-жыйын.

ЫҒЫН-ЖЫЙЫН//ЫҒЫН-ЖЫҒЫН (Қарақ.) ығы-жығы. *Дүкеннің алды ы г ы н-ж ы й ы н* (Қарақ.).

ЫҒЫН ТАБУ (Алм., Кег.) ретін табу, жөнін қарастыру. *Біздің тұсымызда екі асу бар, ы г ы н т а б а алса малды сол асумен өткізуге болар еді* (Алм., Кег.).

ЫҒЫП ТҰРУ (Жамб., Қорд.) қалың болу, бығып түру. *Майбұлақтың сайында отын ы г ы п т ұ р, өзі ұзын* (Жамб., Қорд.). Қ. ығытын табу.

ЫҒЫР АТАН (Қ.орда, Қарм.) шаруашылыққа ертелі-кеш дамылсыз пайдалануданәбден мазасы кетіп, ығыр болғандығын білдіріп, ыңылдай беретін атан. *Көбіне, «мін де шап» дегендей, жыл бойына шаруашылыққа ат есебінде пайдаланғандықтан әбден мазасы кетіп, ығыр болғаннан мінез шығарып, жақындасаң жынын құсып, мінсең бақыратын болды, осы атаным. Мұны ы г ы р а т а н десе де болады* (Қ.орда, Қарм.).

ЫҒЫС (Гур., Маңғ.) жазғытұрымға салым мүздың теңіз бетінде қалқып жүруі. *Ы г ы с т ы ң талайында болдық қой. Ы г ы с т а аттың мықтысы жақсы болады* (Гур., Маңғ.). *Тор бие өткен қыс ы г ы с қ а ұшырағанымызда, екі құлаш жарықтан шанасымен қарғып шықты* (Ә. Сәр., Тол. туғ., 47).

ЫҒЫСЫ (Гур., Маңғ.) реті, жөні, қисыны, накышы. *Ай, осы балам сөздің ы г ы с ы н келтіріп айтады* (Гур., Маңғ.).

ЫҒЫТЫН ТАБУ (Түрікм.: Красн., Бекд., Ашх., Тедж., Байр.) ретін, ыңғайын табу. *Осы жігітті қайтсең де ы г ы т ы н т а у ы п жеткізіп сал* (Түрікм., Тедж.).

ЫДЫС[1] (Гур., Тең.) қайық, кеме (балық таситын). *Балық звеносының ы д ы с ы, ы д ы с т а балық бар. Теңізге қарай жүретін ы д ы с т а р бар гой* (Гур., Тең.).

ЫДЫС[2] (Рес.: Астр., Волг.) көлік, атарба. *Ы д ы с қ а мінетінбіз* (Рес., Астр.). *Бос ы д ы с т а р әкеліп қойылып, ертесіне жүк артты* (Рес., Волг.).

ЫЖҒЫН (Қ.орда, Қарм.; Ақт., Ырғ.) қатты жүру, жүргіш, жүрдек ат. *Ол жігіттер ы ж ғ ы н жүрді-ау* (Қ.орда, Арал). *Ертазаның тор жорғасы ы ж ғ ы н, маңайына жуытпайды* (Ақт., Ырғ.).

ЫЖЫ-ҒЫЖЫ (Гур., Маңғ.) ығы-жығы. *Клубтың іші ы ж ы-ғ ы ж ы, айқай-шу* (Гур., Маңғ.).

ЫЗА (Рес., Орын.; Ақт.: **Ы**рғ., Шалқ.; Гур., Маңғ.; Қ.орда: Жал., Сыр., Қарм.; Шымк., Арыс) сыз, дымқыл. *Тоғай арасы ы з а болады* (Орын., Бор.). *Қауынды ы з а жерге отыргызамыз* (Қ.орда, Сыр.). *Жердің әбден ы з а болганын оның бетіне шыққан көбік, сорынан білеміз. Жалгыз агаш деген жердегі ы з а г а қауын тігеміз. Ы з а н ы ң суы тұздай ащы* (Қ. Әбд., Тәт. қауын, 24). *Аз-маз діңкәс бар адамга мына жерден ы з а согады* (Ақт., Ырғ.). *Ы з а г а жатқан қой өкпе ауруына ұшырайды* (Шымк., Арыс). *Жердің ы з а с ы кеуіп кетіпті* (Гур., Маңғ.). *Далада, ы з а д а отыруга болмайды* (Шымк., Арыс). *Арғы жақтагы өзен жагасына тоніп келген көк майса ы з а н ы ң нақ жиегіне түсе қалып, атының ерін шапшаң сыпыра бастаган* (Х. Есенж., Ақ Жай., 178). Қ. зай, зәй, зәк.

ЫЗА БОЛУ Қ. ызалану.

ЫЗАЛАНУ//ЫЗА БОЛУ (Ауғ.; Ир.) сағыну. *Шет дәулетте жүргенде отенді ы з а л а н д ы қ* (Ауғ.).

ЫЗАЛАУ (Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм.) дымқылдау. *Қауын тігердің алдында жерді ең алдымен ы з а л а п аламыз. Ы з а л а н г а н жердің соры бетіне шығып жатады* (Қ.орда, Сыр.).

ЫЗАЛЫ (Орал, Чап.; Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) сызды, дымқылды. *Ы з а л ы жер* (Орал, Чап.). *Бұдан басқа да ы з а л ы, сулы жерлерді пайдаланып жатырмыз* («Соц. ауыл», №40, 1941).

ЫЗАЛЫ ЖЕР (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.; Шымк., Арыс) сулы, шабынды жер. *Жазды-гүні қой малына ы з а л ы ж е р керек қой* (Қост., Жанг.). *Ы з а л ы ж е р г е ыза согады* (Шымк., Арыс).

ЫЗА КӨТЕРІЛУ (Шымк., Арыс) су көтерілу. *Құдықтың суы молайды шамасы ы з а к о т е р і л д і-а у деймін* (Шымк., Арыс).

ЫЗА СОҒУ (Ақт., Ырғ.; Шымк., Арыс) сыз өту. *Аз-маз дімкесі бар адамга мына жерден ы з а с о г а д ы* (Ақт., **Ы**рғ.). *Ызалы жерге отырма, ы з а с о г а д ы* (Шымк., Арыс).

ЫЗАСЫ ҚАЙНАУ (Ақт., Байғ.) ызасы келу, ызалану. *Германия фашистерінің жүгенсіздік ісіне оздерінің ы з а с ы қ а й н а й т ы н д ы г ы н білдірді* (Ақт., Байғ.).

ЫЗАСЫ ҚОЗҒАЛУ Қ. ызасы түсу.

ЫЗАСЫ ТҰСУ//ЫЗАСЫ ҚОЗҒАЛУ (Шығ. Қаз., Больш.) ызасы келу, ашулану, бұлқан-талқан болу. *Оның бізге ы з а с ы т ү с і п жүр* (Шығ. Қаз., Больш.).

ЫЗАТУ (Рес., Астр.) ұзату. *Қызымды оз қолымнан ы з а т т ы м* (Рес., Астр.).

ЫЗА ШЫҒУ[1] (Шымк., Арыс) ылғал біліну, су шығу. *Мына жерден ы з а ш ы г у г а қолайлы гой* (Шымк., Арыс).

ЫЗА ШЫҒУ[2] (Алм., Талд.) шапшу, шапшып шығу. *Бұл ы з а ш ы г у ұзаққа созыла ма?* (Алм., Талд.).

ЫЗБАЙЛЫ (Гур., Маңғ.) сыпайы, нбалы, әдепті. *Аталық бір ы з б а й л ы жігіт* көрінеді (Гур., Маңғ.). *Ы з б а й л ы жас доктор кемпірге әдептілігімен гана ұнаган жоқ, мырзалығымен де ұнады* (Х. Есенж., Ақ Жай., 13).

ЫЗБАЙЛАНУ (Қост., Аман.) сүле болып ауыру. *Бала ы з б а й л а н ы п ауырып жүр* (Қост., Аман.).

ЫЗБАРЛЫ (Қост., Жанг.) тұйық. *Ы з б а р л ы адам деп шешіліп әңгіме айтпайтын, кісімен араласы аз адамды айтады* (Қост., Жанг.).

ЫЗБАРЛЫҚ (Қ.орда, Арал) ішараздық.

ЫЗБИКЕЛЕУ (Қост., Жанг.) шабақ балықты көлденең кесіп-кесіп қою. *Біз шабақты ы з б и к е л е п жейміз* (Қост., Жанг.).

ЫЗБОЙКА (Қост.) балық сүзетін құрал, сүзгіш.

ЫЗБҰРАЙ (Сем., Мақ.; Қост., Фед.) ертұрман. *Атшың ы з б ұ р а й ы н үйге басып тастайды* (Сем., Мақ.).

ЫЗБҰТ (Қ.орда, Арал) жон-жосық, келбет. *Ы з б ұ т ы тұзу, мұржесі қисықтау* (Қ.орда, Арал).

ЫЗБЫРАЙ (Рес., Омбы) аттың ер тұрманы. Орыс тіліндегі *сбруя* сөзі.

ЫЗҒАН (Жезқ., Ағад.) біріктірілген, құрастырылған. *Жәкеңнің атының айылы түрлі жіптерден ы з г а н екен* (Жезқ., Ағад.).

ЫЗҒАР СУ (Түрікм.: Таш., Тахта, **К**өнеүр., Тедж., Байр.) мақта көтерілген соң берілетін бірінші су. *Ы з г а р с у мол берілмей, тек жерді ылгалап өтеді* (Түрікм., Таш.).

ЫЗЫ-ҚАЙҚЫ (Гур., Бақс.) у-шу. *Көптік не сөйлеп тұрсың деп, ы з ы-қ а й қ ы болды* (Гур., Бақс.).

ЫЗЫҚУ (Жамб., Мер.) тал-тал болып таулы жерге шығатын өсімдік. *Ы з ы қ у д ы ң исі бір қысым* (Жамб., Мер.).

ЫЗЫНАП ТҰР (Қост., Торғ.) азынап тұр. *Жел іргеден ы з ы н а п т ұ р, суық тиіп қалмасын* (Қост., Торғ.).

ЫЗЫҢ-ШУ (Қ.орда, Арал) у-шу болу. *Қайықтагылар есі шығып, ы з ы ң-ш у болып жатты* (Қ.орда, Арал).

ЫЗЫТ (Орал, Жән.) ыза, ашу. *Ы з ы т ы жаман. Ол ы з ы т т ы кісі. Оның ы з ы т ы н келтірмей жай жүр* (Орал, Жән.).

ЫЗЫТТЫЛЫҚ (МХР) кекшілдік.

ЫЙАТ (Шымк., Түркіс.) ұят. *Енді ы й а т болатын болды-ау, а?* (Шымк., Түркіс.).

ЫЙВА ҚЫЛУ (Рес., Орын.) бір иәрсені там-тұмдап, аз-аздап беру. *Кеулінде көп нәрсе алам деп келгенде оның орнына аз нәрсе берсе, ы й в а қ ы л д ы гой дейді* (Орын., Ад.).

ЫЙЛА (Жамб., Сар.) айла. *Қарт адамның ы й л а с ы көп болады* (Жамб., Сар.).

ЫҚАР (Жамб., Мер.) наным, сенім.

ЫҚ БОЛУ (Қост., Аман.) пана болу. *Маған ы қ б о л ш ы* (Қост., Аман.).

ЫҚЗАР (Қ.орда, Арал) риза, ырза. *Мен оған мал бақ деп едім, ол ы қ з а р болмады, сондықтан мал багуга жібере алмадым* (Қ.орда, Арал).

ЫҚҚА КЕТУ (Рес., Астр.) далаға кету.

ЫҚПА//ЫҚПА АУ (Гур., Тең.; Рес., Астр.) ұзындығы 200-300 метр болатын үлкен, ағынды суға салатын ау. *Балықшылар ы қ п а н ы озендерде қолданады* (Гур., Тең.).

ЫҚПАЛ (Қост.: Жанг., Торғ.) ықлас. *Оның ы қ п а л ы түссе, бере салады* (Қост., Торғ.).

ЫҚПА АУ Қ. ықпа.

ЫҚПАНА (Қ.орда: Қарм., Жал.; Қарақ.) жел жағынан ық болу үшін салынған қалқан мал қора. *Ы қ п а н а н ы ң қатты желде үлкен пайдасы бар* (Қ.орда, Қарм.).

ЫҚПЫЛ (Гур.: Есб., Бақс.; Ауғ.; Ир.) ықпал. *Парторгтің ы қ п ы л ы қай жерде болсын күшті гой* (Гур., Есб.). *Бұл жұмысқа оның ы қ п ы л ы көп тиді* (Гур., Бақс.).

ЫҚТАЙ ЖАЛДАУ (ҚХР) имену, қорқу, ығына жығылу.

ЫҚТИҚАТ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) шыдам, төзім. *Мөшінді күте-күте ы қ т и қ а т ы м кетті* (Түрікм., Ашх.). *Бар сабыр шыдамынан айырылып, ы қ т и қ а т ы кетті* (Ә. Нүрп., Күт. күн., 58).

ЫҚТИЯР ЕТУ (Түрікм.: Красн., Бекд., Ашх., Таш., Конеүр., Тедж., Байр.) рұқсат ету. *Былтыр оқуга баруга ы қ т и я р е т п е д і* (Түрікм., Таш.). *Уай, қайда барасыңдар, кім ы қ т и я р е т т і қайықты, – деп айқайлады* («Жұм-шы», 22.11.1940).

[Түрікменше *ықтияр алмақ* (Рус.-туркм. сл., 1956)].

ЫҚТИЯР САЛМАУ (МХР) ырқына конбеу. *Бәріне өзім кінәлі, сүйем деп күйіп отырмын отқа. Әке-шешеге де ы қ т и я р с а л м а й келдім бұган* (М. Құрман., 39).

ЫҚТИЯТ ЕТПЕУ (Түрікм.: Небид., Красн.) рұқсат етпеу, мүмкіндік бермеу. *Біз музейді толық аралагымыз келгенмен, қыздар ы қ т и я т е т п е д і* (Түрікм., Небид.).

ЫҚТИЯТТЫ (Қост., Жанг.) бекем, тиянақты. *Бала, істеген ісіңе ы қ т и я т т ы бол* (Қост., Жанг.).

ЫҚТЫМАЛ (Сем.: Кокп., Ақс.) ықтимал. *Қабдолланың бізбен келісіп қалуы да ы қ т ы м а л* (Сем., Көкп.).

ЫҚТЫН (Талд., Гв.; Жамб.: Шу, Мер., Луг.; Шымк.: Сайр., Түлк.; Шығ. Қаз., Зайс.; Гур., Маңғ.) бидайдың ық жаққа үшып шыққан үшағы. *Ы қ т ы н д а г ы бидайды тазалау. Ы қ т ы н д ы бөлектеу, жекелеу* (Гур., Маңғ.). *Коп бидайга ы қ т ы н араласса, еңбегіміз бос кетпей ме?* (Шымк., Сайр.). *Бидайды бірінші рет тазалаганда чары чықса, екінші рет ы қ т ы н ы шыгады* (Жамб., Шу). *Қырмандагы бидайды үшырганда ы қ т ы н боліне бастайды* (Шымк., Түлк.). *Ы қ т ы н қызылдаган бидайдың ық жагына түседі* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЫҚТЫН ҚОРА (МХР) тау, тас етегіне ықтап жасаған қора.

ЫҚТЫРМА 1. (Рес.: Сарат., Орын.) лапас, бастырма. *Далалықта қойган оре киізден суықта ы қ т ы р м а жасаган* (Рес., Сарат.). 2. (МХР) пана, ық *Дәлүннің екі сауыншысынан басқа сауыншылар қалтқы, ы қ т ы р м а жасамагаи* («Ж. омір», 29.08.1983).

ЫҚТЫРМА ЖЕЛ (Рес., Астр.) Каспийдегі күшті жел.

ЫҚТЫСЫН (Гур., Есб.) ықтасын. *Жалт ойнаганда түйелер шагылдың ы қ т ы с ы н а иіріле қалды* (Гур., Есб.).

ЫҚЫЛДАТУ (Жамб., Жуа.) согу, үялту.

ЫҚЫРАР (Қ.орда, Арал) мойындау, өзі білу. В. Радловта: *ықрар* ес, ақыл (В. Рад., Опыт...).

ЫҚЫСТАУ (МХР) жалт беру. *Кездейсоқ үшырасқан адам ы қ ы с т а г а н атын шаужайлап жерге түсті де жақындай берді* («Ж. омір», 14.02.1985).

ЫЛАЖЫҚСЫЗ (Сем.: Кокп., Ақс.) ылажсыз. *Маган Қ. Шүқыжанов айтқан соң, ы л а ж ы қ с ы з кондім* (Сем., Кокп.).

ЫЛАЙ (Шымк., Мақт.) балшық. *Қыш құятын ы л а й қылу керек* (Шымк., Мақт.). *Үйді ы л а й м е н екі рет сыбаган едім, әлі қара дақтары жонді кетпеді* (Шымк., Мақт.).

ЫЛАЙ АЙДАУ (Сем.: Ақс., Кокп., Абай) ылай илеу, балшық жасау. *Шәкәрім колхозшыларымен бірге ы л а й а й д а п жатыр екен* (Сем., Ақс.).

ЫЛАЙ ЖАЮ (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.) сылау. *Үйдің төбесіне былтыр ы л а й ж а й г а н едік, енді су отпейді* (Сем., Абай).

ЫЛАҚҚЫЛАУ (Қ.орда, Арал) келемеж ету, кекесін ету, біреуге күлу. *Оралбай Серікке сөз айтқызып ы л а қ қ ы л а п отыр* (Қ.орда, Арал).

ЫЛАҢҒАДА (МХР) арасында. *Құмырсқадай құжынаған адамдардың ы л а ң г а д а даусы мен тар көшелерге сығылысқан кісі аягы арқылы бұрқыраған шаң, күзгі қапырық ыстыққа тұншығып тынысы тарылған Жәнібек, ...* (С. Тәу., Ақыр Жән., 260).

ЫЛАР (МХР) үлар (құс атауы). *Ыңғардың басына чықтың ба? Ы л а р етін жедің бе?* (МХР). *Ы л а р әдемі балақ джерге джаздырым чығып келе джатқанда көп чақырады. Көп чақырғанда джер көктейді дейді екен бұрынғыдар* (МХР).

ЫЛАТШЫЛЫҚ (ҚХР) ластық, былғаныштық. *Қазір елде ы л а т ш ы л ы қ жоқ қой* (ҚХР).

ЫЛБАУЛАТУ (Талд., Гв.) байқап басу. *Хасен аягын ы л б а у л а т ы п баспай, бұрын сынған аягын тағы сындырып алды* (Талд., Гв.).

ЫЛБАУЛАУ (Шымк., Түркіс.) тәрбиелеу. *Жас тұскен келінді бірер жыл ы л б а у л а с а, оздерімен өздері болып кетеді гой* (Шымк., Түркіс.).

ЫЛБЫРАҒАН СҰЛУ (Сем., Аяг.; ҚХР) үлбіреген сұлу. *Бұл ы л б ы р а ғ а н с ұ л у д а н қара торы артық* (Сем., Аяг.).

ЫЛҒАЙ (МХР) ыңғай.

ЫЛҒАЛ[1] (Қост., Камыш.; Қар., Қарқ.) мүкіс, кемістік. *Ол маған құлағымның ы л ғ а л ы жоқ ақырын сөйле деді* (Қост., Камыш.). *Өзі біраз ы л ғ а л д ы болып жұр* (Қар., Қарқ.).

ЫЛҒАЛ[2] (Сем., Абай) сулы, дымқылды жер.

ЫЛҒАЛ[3] (МХР) айырмашылық, өзгешелік. *Бір-бірінен ы л ғ а л ы жоқ* (МХР).

[Моңғолша *ялгал* айырмашылық, өзгешелік, реттеулік (Монг.-қаз. сөз., 393)].

ЫЛҒАЛДАНУ (Қост., Жанг.) ауырыңқырау. *Ол өзі кешеден бері ы л ғ а л д а н ы п жұрсе керек* (Қост., Жанг.).

ЫЛҒАП АЛУ (Алм., Шел.; МХР) таңдап алу, іріктеп алу, сұрыптап алу. *Бұрынғы уақытта байлар жалшылардың мықтысын ы л ғ а п а л а т ы н еді* (Алм., Шел.). *Олар малшылардың мықтысын ы л ғ а п а л д ы* (Алм., Шел.). *Дүкенге тұскен шайдың біреуін ы л ғ а п а л* (МХР).

ЫЛҒАУЛЫ (МХР) таңдаулы, іріктеулі. *Ы л ғ а у л ы нәрсе* (МХР).

ЫЛҒИ ҒАНА (Сем., Аяг.) өне бойы, үнемі. *Ол ы л ғ и ғ а н а осы киімімен жүреді* (Сем., Аяг.).

ЫЛҒИСЫНА (Сем.: Көкп., Ақс.) ылғи. *Ол мектепке ы л ғ и с ы н а ерте келеді* (Сем., Көкп.).

ЫЛДИ (Жезқ., Ұлы.) өсімдік аты. *Таулы жерде ы л д и көп өседі* (Жезқ., Ұлы.).

ЫЛДИЛАУ (Жамб., Мойын.) түсу, төмөн түсу, төмендеу, арзандау. *Көлемі 40 сом тұрады екен, ы л д и л а м а й д ы бағасы* (Жамб., Мойын.).

ЫЛДЫРМАҚ-СЫЛДЫРМАҚ (Гур., Маңғ.) сақина-жүзік. *Райхан саусақтарына ы л д ы р м а қ-с ы л д ы р м а қ т а р ы н тағып алыпты* (Гур., Маңғ.).

ЫЛЖЫРАУ (Сем.: Ақс., Көкп.) былжырау. *Ы л ж ы р а п бос тұрғанша, батыл сөйлесең болмай ма?* (Сем., Ақс.).

ЫЛЫҒУ[1] **1.** (Түрікм.: Бекд., Красн., Небид., Жеб., Ашх., Гяу., Анн., Тедж.) сену, нану. *Ол маған дайы* (қ.) *болғансын айта береді оның сөзіне ы л ы қ п а* (Түрікм., Красн.). *Құрманов жолдас... әркімнің айтқанына ы л ы қ п а й... ардақты міндетін... орындауы керек дейміз* («Жұм-шы», 13.03.1941). **2.** (Өзб., Ташк.) алдану, сеніп қалу. *Кейбіреулердің қыс жайлы болды дегеніне ы л ы ғ ы п, жайбарақаттыққа, салынбау дұрыс* (Өзб., Ташк.).

ЫЛЫҒУ[2] (Қост., Торғ.) иттің үйығуы. *Ит ы л ы ғ ы п жатыр* (Қост., Торғ.).

ЫЛЫҚТЫ (Қост., Торғ.) иттің үйығатын кезі. *Иттердің ы л ы қ т ы кезінде қасқыр да ылығады* (Қост., Торғ.).

ЫЛЫМ (Түрікм.: Ашх., Мары, Таш., Красн.) білім. *Қазіргідей ол кездерде ы л ы м д ы адамдар болды ма?* (Түрікм., Ашх.).

[Түрікменше *ылым* (Туркм.-рус., сл., 1956); өзб. *илм* (Рус.-узб. сл., 1947); қарақ. *илим* (Рус.-карак. сл., 1967)].

ЫЛЫМ-ЖЫЛЫМ (Қарақ.) жым-жылас, үшты-күйлі. *Осы үйде бар еді, ы л ы м ж ы л ы м жоқ болды. Ы л ы м-ж ы л ы м жоқ болып кеттің гой ат-жөніңді айтпай* (Қарақ.).

ЫЛЫМ-СЫЛЫМ (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш., Мары) алба-жұлба, өрім-өрім. *Ы л ы м-с ы л ы м болмай, киің киімдеріңді* (Түрікм., Красн.). *Устімде мынау... бүйірі жыртылған ескі көйлек, ы л ы м-с ы л ы м* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 234).

ЫЛЫП ЕТУ (ҚХР) лып ету. *Ы л ы п е т с е, егінге түседі* (ҚХР).

ЫМА (Шымк., Мақт.; Жамб., Шу) ым, ымдау. *Әй, сен олай ы м а л а м а й отыр*

(Шымк., Мақт.). *Бұрынғы кездің билері ы м а м е н де бірін-бірі тұсінетін еді* (Жамб., Шу).

ЫМАЯТ (Шымк.: Шәу., Қызылқ., Кел.) жәрдем, көмек. *Колхоз жұмысына ы м а я т беру үшін көп адам келді* (Шымк., Шәу.). *Мұсәпірге ы м а я т жоқ адам екен* (Шымк., Қызылқ.).

ЫМБАЛАУ (Алм.: Кег., Шел.) ымдау, ымдасу. *Ы м б а л а п отырып әзер тұсіндірдік* (Алм., Кег.). *Біздің балалар бір-бірімен ы м б а л а с ы п сөйлеседі* (Алм., Шел.).

ЫМБАУ (Алм., Кег.) ымдау, ым. *Осының бәрі ы м б а у м е н е н айтылған сөз екен* (Алм., Кег.).

ЫМҒА (Түрікм.: Красн., Небид., Таш., Көнеүр.) тау ешкісі. *Нелер ы м ғ а н ы ң көк қасқаларын кездестіріпті* (Түрікм., Небид.).

[Алтайша *югма* тағы ешкі (Л. Буд., II т., 384)].

ЫМҒЫР-ЖЫМҒЫР (МХР) жұмылған, құшық, қысыңқы. *Ы м ғ ы р-ж ы м ғ ы р дорбадарына не сияд дейсің!* (МХР).

ЫМҚАН (Қ.орда, Арал) мүмкіндік. *Ы м қ а н ы болса бүгін кешке, Баймырза, маған жолығып кет* (Қ.орда, Арал).

ЫМЫҚ (Қарақ.) тыныс. *Бүгін әгәр ы м ы қ болса ұқшатады* (Қарақ.).

ЫМЫРАЛАУ (Ақт., Ойыл) емірену. *Манағыға келіп едім, деп тұрсың ба, немеге тіл ұшынан ы м ы р а л а п иек қағып тұрсың* (Ақт., Ойыл).

ЫМЫРАСАЗДЫҚ (Жамб., Мер.) ымыраластық, ауыз жаласушылық.

ЫМЫРАТ (Жамб., Шу) ғибрат.

ЫМЫР-ЖЫМЫР (МХР) **1.** ұмар-жұмар. *Ы м ы р-ж ы м ы р нәстедер, кім білсін, не екенін* (МХР). **2.** сырт, таса.

ЫМЫРУ-ЖЫМЫРУ (МХР) нәрсені ішіне қарай жымып көрсетпеу. *Қолындағы нәстесін чүперекке ы м ы р ы п-ж ы м ы р а салды* (МХР).

ЫНДАУ (Шымк., Түлк.) май шығатын өсімдік. *Ы н д а у қонақ өсімдігінен гөрі ұсақ, сарғыл болады. Ы н д а у д ы екіп, одан май чығарып алады* (Шымк., Түлк.).

ЫНДЫЗ (Шымк., Арыс) тамыр. *Өріктің ы н д ы з ы н а құрт түскен* (Шымк., Арыс).

ЫНДЫҚ ӨТУ (Гур., Есб.) құрып кету. *Ай, ы н д ы қ ө т к і р-а й, тағы келдің бе?* (Гур., Есб.).

ЫНТАН (Қ.орда, Арал) ынта. *Жұмысты мен бар ы н т а н ы м м е н істеймін* (Қ.орда, Арал).

ЫНТЫҒЫ КЕЛУ (Шымк., Арыс) ынталану.

ЫНТЫҚ ҚАҒУ (Шымк.: Арыс, Сайр.) ынтық болу. *Жігіттер Құмісайға ы н т ы ғ ы н қ а ғ ы п жүр* (Шымк., Сайр.). *Ы н т ы қ қ а қ қ а н қыз едің, айдың қасқа, Тамағынан өтпейді чайдан басқа* (Қазанқап ақын).

ЫНТЫПАТ (Гур., Маңғ.) ықылас. *Зор ы н т ы п а т п е н осы істі саған сеніп тапсырдық* (Гур., Маңғ.).

ЫНТЫПЕЙІЛ (Алм., Шел.) шын көңіл, ықылас, ниет. *Айша колхозшылар жыйынында өзінің істеген жұмысты ы и т ы п е й і л і м е н айтты* (Алм., Шел.).

ЫНТЫ-ШЫНТЫ (Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж., Мары, Таш., Конеүр.) шын ниеті, ынтасы. *Әрине, ы н т ы-ш ы н т ы м е н оқымағансын адам не біледі* (Түрікм., Конеүр.).

ЫНЫҚЫ-МЫНЫҚЫ (Қ.орда, Арал) анау-мынау. *Біздің ы н ы қ ы-м ы н ы қ ы м ы з бар деп, жоқты айтады* (Қ.орда, Арал).

ЫҢҒАЙ (Қост., Фед.; Сем., Мақ.; Алм., Жам.) ылғи, үнемі. *Ой, әкем-ай, ы ң г а й өтірік айтасың* (Алм., Жам.). *Комсомолдар ы ң г а й д а жұмысқа ерте келеді* (Қост., Фед.).

ЫҢҒАЙ БӨЛУ (Қост., Аман.) бақылау, сақ болу. *Үйге ы ң г а й болыңдар, менің қолым тимейді* (Қост., Аман.).

ЫҢҒАР (МХР) заңғар. *Таудың ы ң г а р басына чықтың ба?* (МХР).

ЫҢҒЫ (Қост., Об.; Павл., Ерт.) ылғи. *Біздің бала ы ң г и далада ойнайды да жүреді* (Қост., Об.). *Тойда ы ң г и жастар отыр* (Павл., Ерт.).

ЫҢҒЫЛЫ ТӘУІР (ҚХР) ниеті түзу, ойдүниесі таза, көзқарасы дұрыс, үміті бар.

ЫҢҒЫРУДАУ (МХР) үңгу, ою. *Ағашты ы ң г ы р у д а у чотпен чабады* (МХР).

ЫҢҒЫРШАҚ[1] (Ақт., Жүр.) атты арбаға жеккенде бел котергіш қайыс өткізетін ершік. *Байтаза, ы ң г ы р ш а қ қайда, атты тез жегу керек* (Ақт., Жүр.)

ЫҢҒЫРШАҚ[2] (Қост., Жанг.) қыртыс. *Жолдастар, біз енді жұмыстың ы ң г ы р ш а г ы н айналдыра істеуіміз керек, әйтпесе болмайды* (Қост., Жанг.).

ЫҢҒЫТ (Гур., Маңғ.) рет, ыңғай. *Істің ы ң г ы т ы н білетін адам* (Гур., Маңғ.).

ЫҢҒЫТЫ КЕЛУ (Гур., Бал.) реті келу, істің жөні келу. *Жақай, сен айтқан жұмысқа менің ы ң г ы т ы м келмей жүр. Ы ң г ы т ы келгенде сен зауытқа келіп қайт* (Гур., Бал.).

ЫҢҚУ (Қ.орда, Қарм.) қатты қарқынмен істеу. *Қарап тұрмаңдар, жұмысты ы ң қ у керек. Ой, машина деген ы ң қ ы п жатыр* (Қ.орда, Қарм.).

ЫҢҚЫЛАП (Түрікм.: Таш., Кенеүр., Тахта, Тедж.) революция. *Осында ы ң қ ы л а п т а н бұрын келгендеріміз де көп-ақ* (Түрікм., Көнеүр.).

ЫҢУ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Гяу., Анн., Таш.) жосылу, шұбыру. *Осылардың әйелдері-ақ баласымен ы ң а т та жүреді* (Түрікм., Таш.). *Әрлі-берлі омыраулы, ерсілі-қарсылы ы ң ы п жүр* («Жұм-шы», 18.03. 1939).

ЫҢЫРШАҒЫ ШЫҚҚАН (Жезқ., Ағад.) арық, көтерем. *Бұл сиырдың ы ң ы р ш а г ы ш ы қ қ а н мал гой* (Жезқ., Ағад.).

ЫҢЫРШАҚ[1] (Сем.: Ақс., Көкп., Абай) арық, нашар. *Сенің мініп жүргенің бір ы ң ы р ш а қ ат қой* (Сем., Ақс.).

ЫҢЫРШАҚ[2] **1.** (Алм., Шел.; Қ.орда: Жал., Сыр.) ашамай, өгізге не атка салынатын ер тәріздес құрал. *Өгізге ы ң ы р ш а қ сал* (Алм., Шел.). *Бұрын өгізге ы ң ы р ш а қ салып, үстіне жүк артатынбыз* (Қ.орда, Жал.). *Қызыл өгізге әкем ы ң ы р ш а қ ерттейді. Мінгенің қиқы-шиқы ы ң ы р ш а қ ер* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 46). **2.** (Рес., Орын.; Қост.: Об., Торғ., Жанг.; Алм.: Кег., Шел.; Шығ. Қаз., Зайс.; Жамб., Шу) ершік. *Ы ң ы р ш а г ы н тастап кеттің бе? Ы ң ы р ш а қ пен доганы ала шық* (Орын., Бөр.). *Ы ң ы р ш а қ қ а керегe артып келеміз* (Алм., Кег.). *Бұрын өгізге ы ң ы р ш а қ ерттеп, үстіне жүк артатын* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Ы ң ы р ш а қ т ы өгізге арта салып мінетін* (Жамб., Шу).

ЫҢЫРШАҚ ЕР (Жамб.: Сар., Тал.) желқом ер. *Аттың ы ң ы р ш а қ е р і жоқ* (Жамб., Сар.).

ЫПЫН 1. (Рес., Орын.) береке. *Күн салқындаса ы п ы н ы м ы з қашады* (Орын., Бер.). **2.** (Қ.орда: Қарм., Сыр.) кейіп, түр, әлпет. *Небір ы п ы н с ы з адамдар болады екен* (Қ.орда, Сыр.).

ЫПЫРЫҚ-СЫПЫРЫҚ (Қарақ.) ыбыр-сыбыр. *Үйінің іші ы п ы р ы қ-с ы п ы р ы қ* (Қарақ.).

ЫПЫ-ТЫПЫ 1. (Гур., Бал.) жалма-жан, тез, абыр-сабыр. *Қайықтарды мұз соққанда аушылар ы п ы-т ы п ы мұзға түсті. Қайықтардың жанында коп тұрмай, ы п ы т ы п ы жүріп кетті* (Гур., Бал.). **2.** (Орал, Жән.) асығыс, жылдам. *Төлеген ы п ы-т ы п ы атқа мінді де, кетіп қалды* (Орал, Жән.).

ЫРА[1] (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Тедж.) оте, тіпті. *Ы р а қызық екен* (Түрікм., Таш.). *....Нұрлан нағашымның, ы р а ұғымсыз адамға айтар налысты сөйлемін қайталаймын...* (Ә. Сөр., Офиц. күн., 78).

ЫРА[2] (Гур., Маңғ.) төмен. *Таудан ы р а г а түсу, ы р а қылып ору* (Гур., Маңғ.). *Аспаннан бүркіт соргалап, келіп түсті ы р а г а* (Абай).

ЫРА БОЛУ (Қ.орда, Арал) разы болу. *Әуелі қауынга саудаласып көр, ы р а б о л м а с а сұрағанын беріп алып кел. Балалардың көңілі ы р а б о л с ы н, мен біраз әңгемелесейін* (Қ.орда, Арал).

ЫРАҒИЯ (Гур., Мақат) ырық, ерік. *Ертаза солардың ы р а г и я с ы н а көнбей жүреді екен* (Гур., Мақат).

ЫРАДУАН (Жезқ., Ұлы.) төрт аяқты үлкен арба. *Бізде сіздерді апарып салатын ы р а д у а н жоқ* (Жезқ., Ұлы.).

ЫРАҚ-ЖАРЫҚ (Орал, Казт.; Гур., Маңғ.) ашық-тесік. *Құдықтардың аузы әлі ы р а қ-ж а р ы қ* (Орал, Казт.). *Колхозшылардың ауыз су алатын құдықтарының аузы әлі ы р а қ-ж а р ы қ, әдейі қауга шелек қойылган жоқ* («К-з жолы», 29.06.1941, № 56).

ЫРАМ (Жамб.: Сар., Тал.) мейірім, рақым. *Қарағым, мұмкін болса ы р а м ет* (Жамб., Сар.).

ЫРАМАТ (Көкш.: Щуч., Еңб.) қазан төңкерісінен бұрынғы кезде халықтан жиналатын салықтың бір түрі. *Кедейлерге ы р а м а т төлеуге қиын болган* (Көкш., Еңб.).

ЫРАНДАП ҚАЛУ (Рес., Омбы) жараланып қалу. Орысша *раненый*.

ЫРАҢ[1] **1.** (Қ.орда, Арал; Сем., Аяг.; Жамб., Мер.) көктемнің басында шығатын дәнсіз, бойы аласа, жіңішке сабақты құм шөбі, құмдық бетеге. *Ы р а ң д ы жеген қой семіреді* (Қ.орда, Арал). – *Онда бозқараган да, қалың шығатын ы р а ң да болатын, – деп, Сағадат үлкен тәжірибелі ер адамдардай жер жөніндегі байқағыштығын да аңгартты* (М. Әу., Өск. өрк., 177). *Ы р а ң май айында құрап кетеді* (Жамб., Мер.). **2.** (ҚХР) дәмі қышқылтым болып келетін шөп.

ЫРАҢ[2] (Алм., Кег.) таңертең, ерте. *Біз ертең ы р а ң д а тұрып, сиыр сауамыз* (Алм., Кег.).

ЫРАТӨБЕ (Сем.: Абай, Шүб.) ылди, сай. *Біздің үй жақ ы р а т ө б е екен, бергі жақтың суының бәрі солай қарай ақты* (Сем., Шүб.).

ЫРАШ (Қарақ.) қазылған арықтың жағасы, не атыздың үсті.

ЫРҒАҚ[1] (Түрікм.: Таш., Красн., Ашх.; Гур., Есб.; Орал: Чап., Жымп.; Рес., Орын.; Ақт.: Жүр., Тем., Ойыл; Қост., Жітік.) бас жағын темірден иіп жасаған шөп суыратын құрал. *Қора, төбесіндегі ы р г а қ п е н шөп суырып*

малға бер (Ақт., Тем.). *Қолымдағы ы р ғ а қ п е н маядан бір-екі құшақ шөп босатып алдым* (Қост., Жітік.). *...бөшкі, ы р ғ а қ... міндетті турде қойылатын болсын* («К-зшылар үні», 20.07.1938, № 59-60).

[М. Қашқари сөздігінде *іргаг* судан, мұздан тартып алатын имек темір (М. Қашқ., 1, 102); Қазан тат. *ырғақ* ілгек таяқ, қармақ таяқ (Л. Буд., I, 29)].

ЫРҒАҚ[2] (Ақт., Ойыл; Орал, Чап.; Рес., Орын.) есіктің ілгегі. *Ы р ғ а қ т ы ң бағасы қанша?* (Орал, Чап.). Кейде *мөкөш* деп те атайды.

ЫРҒАҚ[3] (МХР) бүркітті үйретерде қондыратын арқан түйіні. *Бүркітті ы р ғ а қ қ а қондырады* (МХР).

ЫРҒАУ (МХР) қозғау. *Атынан түсіп, қалың шапанын шешіп, киімін жеңілдеткен соң тасты орнынан әзер ы р ғ а д ы* (С. Тәу., Арм. тау, 33).

ЫРҒЫН[1] (Жамб., Жам.) пайда, табыс. *Еңбек ет те, ы р ғ ы н тап* (Жамб., Жам.).

ЫРҒЫН[2] (Алм., Кег.; Жамб.: Тал., Шу; Шымк., Түркіс.) орасан, көп, мол. *Ел Үкіршіні жағалап ы р ғ ы н отыр екен* (Алм., Кег.). *Енді біраз жылда социализм секілді ы р ғ ы н ел орнайды деп білемін* (Б. Соқ., Біз де бал. бол., 38). *Мата деген қазір қай жер болса, сол жерде ы р ғ ы н* (Жамб., Шу). *Биылгы шоптің шығысы ы р ғ ы н* (Жамб., Тал.). *Біз барған жерде көкпар ы р ғ ы н болды* (Шымк., Түркіс.). *Ертесіне барсам, адам ы р ғ ы н екен* (Шымк., Түркіс.).

ЫРҒЫСУ (Қ.орда, Арал) алысу, жұлысу. *Екеуі сол жерде ы р ғ ы с ы п жатыр екен* (Қ.орда, Арал).

ЫРДУАН АРБА 1. (Рес., Орын.) сатылы арба. *Екі ы р д у а н а р б а н ы саламмен* (к.) *жапса болады* (Орын., Ад.). **2.** (Жезқ., Ағад.; Көкш.: Қ.ту, Еңб.) пар өгіз жегетін жіңішке үлкен арба. *Қазіргі кезде ы р д у а н а р б а жоқтың қасы* (Жезқ., Ағад.). *Бір ы р д у а н а р б а бидай алып келе жатыр* (Көкш., Қ.ту).

ЫРЗАШЫЛЫҚ (Қ.орда, Арал) ризалық. *Қарағым, ы р з а ш ы л ы қ етпейді екенсің, сол орнымда-ақ болайын* (Қ.орда, Арал).

ЫРҚУ (Гур., Маңғ.) лық толу. *Аяқ асқа ы р қ ы п тур* (Гур., Маңғ.).

ЫРҚЫЛДАУ (Ақт., Байғ.) тырқылдау. *Кейбір ауылдың қызметкерлері... жұмысқа жай барады, кеңседе құрттай отыра қалса, ы р қ ы л д а п келіп ертек айтады* (Ақт., Байғ.). *Бексұлтан тұрып, оқыс ы р қ ы л д а п күліп жіберді...* (Ғ. Сл., Шалқ., 58).

ЫРҚЫШТЕК (Қарақ.) реңі қызыл, майда жиде сияқтанған, еті тығыз, күзде пісетін, ағашы түттың ағашына ұқсас, тікенекті жеміс.

ЫРМАСТАУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) мазақтау. *Тимесін десең ы р м а с т а м а* (Түрікм., Көнеүр.).

ЫРУ-ТЫРУ (Қост., Жанг.) у-шу. *Осы үйдің іші-ақ ы р у-т ы р у болып жатады екен* (Қост., Жанг.).

ЫРЊАЙТ-ЫРЊАЙТ (Қ.орда, Қарм.) қойды қайырғанда айтылатын одағай. *Ы р h а й т-ы р h а й т, қайыр сол жағынан қорага қамайық* (Қ.орда, Қарм.).

ЫРЧЫТУ (Алм., Кег.) лақтыру. *Қырманга тышқан сиырдың богын дикаичы бір қолымен ы р ч ы т а д ы* (Алм., Кег.). *Қырмандағы сиыр тезегін ы р ч ы т ы п жіберемін* (Алм., Кег.).

ЫРШЫМА МЕН ШӘКІРТ (ҚХР) жүбы жазылмай бірге жүретін ерлі-зайыптылар деген мағынада.

ЫРЫЛДАУ (Қ.орда, Арал) зуылдау. *Атқан оғы тіпті ы р ы л д а п далаға кетті* (Қ.орда, Арал).

ЫРЫСҚАЛ (Гур., Маңғ.) ырыс, несібе. *Ы р ы с қ а л ы кету. Атакеңнің әсте ы р ы с қ а л ы кетіп көрген адам емес* (Гур., Маңғ.).

ЫС (Ауғ.; Ир.) ыстық. *Созақта болса қысы суық, жазы ы с болар* (Ауғ.).

ЫСҚАУЫР (МХР) кереге, уық қарнына бедер түсіретін темір аспап. *Арқалық ағашта «қиғаш кертпе» болады. Сол кертпеге уықты көлденең салып, уықпен бірге тұзеткіш білік ағашты «ы с қ а у ы р» қоса салып, уықтың қисық, шодыр жерлерін үйші қолдың жәрдемімен мықындай түседі* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 76).

ЫСҚАУЫРДАУ (МХР) кереге, уық қарнына бедер түсіру.

ЫСҚАЯҚ (Гур., Маңғ.) желі күшті ашық күн. *Бүгін ы с қ а я қ болатын түрі бар* (Гур., Маңғ.).

ЫСҚЫРЫҚ АЯЗ (Қарақ.) үскірік аяз, суық.

ЫСҚЫШ (Қост., Семиоз.; Шымк., Қызылқ.; Гур.: Маңғ., Шев.; Рес., Омбы) еттің нанын жаятын құрал. *Сөбілә ы с қ ы ш т ы қайда қойдың?* (Қост., Семиоз.). *Ы с қ ы ш т ы ал да нанды оқтаула* (Гур., Шев.).

ЫСПА 1. (Гур., Маңғ.; Акт.: Жүр., Ырғ.; Рес., Орын.; Қ.орда, Арал) шөп таситын құрал, сүйреткі. *Көбені ы с п а н ы ң алдына салу, әр ы с п а ғ а 12 ден көбе тиеу* (Гур., Маңғ.). *Шөмелені маяга ы с п а м е н апар* (Акт., Ырғ.).

Ы с п а м е н шөп тасиды (Орын., Бөр.). *Кімге болса да айта бар, ы с п а н ы дайындап отырмыз* (Қ.орда, Арал). 2. (Қ.орда, Қарм.) жазда атанға (өгізге, атқа) жегіліп, шөп тасуға пайдаланылатын, шалғын шөп пен ыспа құм үстімен жүретін шананың бір түрі.

ЫСПА АҒАШ (Рес., Омбы) еттің нанын жаятын ағаш.

ЫСПАҒАН (Шымк., Мақт.) өткір қылыш. *Қолымда ы с п а г а н ы м бар еді* (Шымк., Мақт.).

ЫСПА КӨРГЕН (Гур., Маңғ.) ысылған, көрген-білгені мол. *Біз сияқты ы с п а к ө р г е н адамдардың қолынан келмейтін жұмыс болушы ма еді* (Гур., Маңғ.).

ЫСПАЛАУ (Гур., Бал.) қысымға алу, сынау. *Жиылыста Бисенді біраз ы с п а л а д ы гой. Ол ы с п а л а н г а н н а н кейін жұмысты женге салды* (Гур., Бал.).

ЫСПАР (МХР) **1.** шебер, ісмер, іскер. *Әзірге кім неге ы с п а р болса, соны істей тұрсын* (МХР). *Аңшылар бригадасының құрамына суыр майын дайындайтын ы с п а р адамдарды тағайындау дұрыс* («Ж. емір», 11.08. 1983). *Жоңғар жұртында, «ханнан қазаншы ы с п а р» деген соз бар* (С. Тәу., Ақыр Жән., 153). *Ермек іске шебер, ас-судың жайына ы с п а р, қылықты қыз осіп, сындардай сұлу бой тұзеп, ер жетті* (С. Тәу., Ақыр Жән., 158). *Жау болса да шіркіннің найза қайтаруы ы с п а р, қолы мұндай қатты болар ма?* (С. Тәу., Ақыр Жән., 224). *Мұндайда ы с п а р, тапқыр, әнші, шешен, палуан енерлі жігіттерді ертеді. Мұның бәрі беташар айтқан жігіттің ы с п а р өнерлігіне байланысты болып келеді* (Б. Кәм., Мон. қаз. салт-дәс., 27). 2. пысық. *Күннен бұрын тағайындалған ыгайда-сыгай, ы с п а р жігіттер тойшыларды тосып алып, қолтығынан сүйеп түсіріп, аттарын кермеге байлап жүр* (С. Тәу., Арм. тау, 84). *Ала сиыр, жалғыз бұзау, жетім құлын үшеуін ы с п а р әйел күн сайын бағып, асырай беріпті* (Монғ. қаз. әд., 1). Қ. іспекер.

ЫСПАРА (Өзб., Ташк.) бас үйітетін ағаш. *Ы с п а р а ұзын болса, қол күймейді* (Өзб., Ташк.).

ЫСПАРЛЫҚ (МХР) ісмерлік, іскерлік, шеберлік. *Ы с п а р л ы қ т ы ң арқасында тіршілігім көрдім* (МХР). *Ы с п а р л ы қ жасап жолда жатқан жылқыны Монголдан тартып әкелді* (Церендор. Е. ул., 47). *...Әсіресе зоотехниктер салғырттықтан ы с п а р л ы қ қ а, сөзден іске, сылтаудан кемшілікті арылтуға, сиырды қалай осіремізі деген сары уайымнан сындарлы ұйымдастыруға көшер уақыт жетті* («Ж. емір», 3.03.1987). *Бір нәрсені бітіруге ы с п а р л ы г ы ұмытылмақ емес* («Шұғыла», 2.03.1987).

ЫССЫ 1. (Орал, Жаңғ.; Қост., Аман.; Түрікм.: Ашх., Таш., Красн., Мары; Ақт.: Шалқ., ЫІрғ.; Ауғ.; Ир.; Қарақ.) ыстық. *Мен шәйді жақсы көргеніммен ы с с ы іше алмаймын* (Орал, Жаңғ.). *Жаздың ы с с ы күндерін де қойды тәулігінде 3-4 рет суарады* («Екп. жол», 19.06.1958). *Күн ы с с ы екен* (Түрікм., Ашх.). *Естерінің* (қ.) *негып көзі қиды екен, шынымен ы с с ы суды құйғаны ма?* («Жұмшы», 17.01.1940). *Осы ы с с ы д а шұбыртпа ауыр емес пе, Гүлсім?* (Ғ. Сл., Домб., 114). *Күн ы с с ы д а қырманшылар үйіне шай-суын ішуге келеді* (Ақт., ЫІрғ.). 2. (Қарақ.) қышыма, қотыр.

ЫССЫБАЛАУ (Гур., Бал.) үнды суға салып, ішіне май қосып жасайтын тамақ. *Жұматай, бүгін ы с с ы б а л а у істегенсің бе?* (Гур., Бал.).

ЫССЫ КЕТУ (Өзб., Ташк.) қызып кету, ашумен істеу.

ЫССЫҚ (Рес., Орын.) ыстық. *Жаздыкүні ы с с ы қ жел согады. Күн ы с с ы қ болып баратыр, ауылға тез жетелік жігіттер, аттарыңызды ұрып отырыңыздар* (Орын., Ад.).

ЫССЫЛАЙ (Түрікм., Красн.) ыстықтай. *Тамақты ы с с ы л а й ішкеннің де онша пайдасы жоқ* (Түрікм., Красн.).

ЫССЫЛАУ (Гур., Тең.) ыстықтау. *Кемеде пеш бар, оның жатағында* (қ.) *отырған адам ы с с ы л а п отырады. Көрім, есікті ашып қойшы, ы с с ы л а п кеттік* (Гур., Тең.).

ЫССЫЛЫҚ (Гур., Маңғ.) ыстықтық, ыстық. *Ы с с ы л ы қ т а жалаңбас жүрсең, аулап қаласың* (Гур., Маңғ.).

ЫССЫНЫҢ КҮНІ (Гур., Маңғ.) ыстық күп. *Ы с с ы н ы ң к ү н і н д е шөп ұю оңай дейсің бе?* (Гур., Маңғ.).

ЫСТА (Шымк., Түркіс., Сарыағ.) ұста. *Ы с т а мына бызауды, қашып кетеді. Шырағым, мына қапты ы с т а с ы п жіберші* (Шымк., Түркіс.).

ЫСТАРА (Рес., Астр.) ұстара. *Ы с т а р а сырап тұр ол* (Рес., Астр.).

ЫСТИЯ (Рес., Орын.) шілия. *Мынауың шашақты ы с т и я екен гой. Аттың қамыт, ы с т и я, тогасы болсын, бәрін де жыйып-теріп бердім* (Орын., Бор.).

ЫСТЫ (Гур., Есб.) ыстық. *Бүгін күн ы с т ы екен* (Гур., Есб.).

ЫСТЫҚ 1. (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид., Ашх., Таш.) үй ішінде түтіннен, т.б. пайда болған кір, ермекші ауы, торы. *Күтпеген соң, үйдің бұрыштарына ы с т ы қ тұрып қалған* (Түрікм., Бекд.). *Жұмысшылардың үйлеріне барсақ, үй майлаусыз, ы с т ы қ, терезелері ашық-тесік тұрғанын коргенбіз* («Жұм-шы», 22.04.1953). 2. (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Таш.) күйе, шаң басқан кір жер (ыс). *Үйдің пәтегі* (қ.) *ы с т ы қ-ы с т ы қ, оны тазартумен де ісің жоқ* (Түрікм., Таш.). *Үй төбелері ы с т ы қ-ы с т ы қ* (Түрікм., Красн.). *Оқушылардың жатақ орындары ...ыстық-ыстық, лас* («К-зшылар үні», 12.02. 1938, № 14).

ЫСТЫҚ ҮЙ//БӘШІН (Шығ. Қаз., Больш.; МХР) қабырғасын тастан, ағаштан, кірпіштен жасаған, сыртын сылаған, қыста отыратын жылы үй. *Кірпіштен, ағаштан салынган ы с т ы қ ү й л е р* (Шығ. Қаз., Больш.). *Келіп қайттым аз жатып Жамин үйге Жұмыс жоқ хаттан өзге ы с т ы қ ү й д е. Жаминнен үйге қайтып барганнан соң Жолықтым сонан кейін әрбір күйге* (Ақыт, 93). *...қарсы алдымызда тұрган «қара қуркені» айналып ы с т ы қ ү й г е баруга ыңғайсызданып, бұйырганы болар» – деп, бұлт етіп түсе кеттік* (М. Күрман., 218). *Бізде үйі жыртылып тозган үш төрт адам бар. Бұлар Итбай, Есенбаймен, Таупиық. Олар қазір малда. Осыларга ы с т ы қ ү й салып беруіміз керек* (М. Күрман., 54). Қ. бәйшік.

ЫСУ (Қост.: Торғ., Семиоз.; Гур., Маңғ.; Ақт., Қараб.) нан илеу, жаю. *Нанды ы с ы п қойдың ба, келін* (Қост., Семиоз.). *Нанды ы с а тұс. Етке қамырды ы с ы п салды* (Қост., Торғ.). *Нан ы с у. Тезірек нан ы с ы п жіберің* (Гур., Маңғ.). *Ы с ы л г а н нанды стол үстіне жайып қойды* (Ақт., Қараб.).

ЫСЫҚ (Орал, Чап.; Рес., Орын.; Қ.орда, Арал) ыстық. *Шілдеде күн қатты ы с ы қ болады* (Орын., Ад.). *Сен маган ы с ы қ көрінесің* (Орал, Чап.). *Күн ы с ы қ болса да шыдауга тура келді* (Қ.орда, Арал).

[Көне түркі жазуларында *isig jos* ыстық жас (С. Мал., ПДП, 381)].

ЫСЫРМА (Қ.орда, Арал) үзарту, қысқарту үшін айылбасқа тағылған қайыс. *Ат жақсы тойынган екен, тартпаның ы с ы р м а с ы н біраз босатып қой* (Қ.орда, Арал).

ЫСЫТПА (Шымк., Макт.; Жамб., Шу; Қ.орда: Сыр., Жал.) безгек. *Қайнамаган су ішсең ы с ы т п а м е н ауырасың. Ы с ы т п а білінер кезде, кісіні қалшылдатып тоңдырады* (Шымк., Макт.). *Бурын ы с ы т п а ауруы жиі болушы еді, қазір байқалмайды* (Қ.орда, Сыр.). *Бір жылы ы с ы т п а м е н ауырып әбден азаптандым* (Жамб., Шу).

ЫТПИЮ//ЫТТИЮ (Қ.орда, Арал) көзі бақыраю, қатты қысылу, қорқу. *Ауыл шаруашылық уставқа байланысты талайдың көзі ы т п и д ы гой* (Қ.орда, Арал).

ЫТТИЮ Қ. ытпию.

ЫШПА-ЫШША (Қ.орда, Қарм.) есекті тоқтатарда, түргызарда айтылатын одағай сөз (түртүр деу мағынасында). *Ей, сен, ешекке ы ш а-ы ш а десей мына үлкен кісіге сөлем берейік. Ы ш а-ы ш а десең жатқан ешек тура қалады* (Қ.орда, Қарм.).

ЫШҚА//ЫШҚЫ ҚАМЫС (Қарақ.) қамыстың түрі.

ЫШҚЫ ҚАМЫС Қ. ышқа.

ЫШҚЫ//ІШКІ (Жамб.: Шу, Мойын.) талап, іс, өнер. *Адамды бекер жүрген қарамаймын, Наданды ы ш қ ы с ы жоқ қаламаймын* (Жамб., Мойын.).

ЫШҚЫ АУУ (Гур., Маңғ.) кеңілі ауу. *Бала, сенің осы қызга ы ш қ ы ң а у г а н екен* (Гур., Маңғ.).

ЫШҚЫН//ШҮКІР (Жамб., Шу) шашақты, түсі қызыл болып шығатын түбірлі өсімдік. *Коп жесе ы ш қ ы н ауыртады* (Жамб., Шу).

ЫШЫҚТЫ ЖЕР (Қ.орда, Арал) теңізде балық мол жер. *Ы ш ы қ т ы ж е р тауып алмай бола ма, балам-ау!* (Қ.орда, Арал).

І

ІГӘ (Қ.орда, Арал) ие.

ІГЕ (Жамб., Тал.) ірге. *Пышақ і г е д е жатыр* (Жамб., Тал.).

ІГІР ДЕ ЖОҚ, МІГІР ДЕ ЖОҚ (Гур., Тен.) ай-шай жоқ, айтпастан. *Ал енді әлгі баласының бір күні і г і р д е ж о қ, м і г і р д е ж о қ білегінен жетектеп әкеп, кіргізетін шәйке басы қайда?* (Ә. Кекіл., Таңд., 2 т., 80).

ІЖГІМ (Қост., Об.; Шығ. Қаз., Марқ.) ешкім. *Біздің үйге бүгін і ж г і м келген жоқ* (Қост., Об.). *Үйде і ж г і м жоқ* (Шығ. Қаз., Марқ.).

ІЖДЕНЕ (Көкш., Щуч.) ешнәрсе. *Бастың ауырганы і ж д е н е етпейді* (Көкш., Щуч.).

